

391/395/031

519

ҚАЗАҚТЫҢ
ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ
КАТЕГОРИЯЛАР,
ҰҒЫМДАР МЕН
АТАУЛАРЫНЫҢ
ДӘСТҮРЛІ
ЖҮЙЕСІ

энциклопедия

4
Қ-О





УДК 391/395(031)
ББК 63.5 я 2
Қ 19

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитеті «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару» бағдарламасы бойынша шығарылды

ҒЫЛЫМИ РЕДАКТОР ЖӘНЕ ЖОБА ЖЕТЕКШІСІ НҰРСАН ӘЛІМБАЙ

Редакция алқасы:

Әділ Ахметов, Рабиға Сыздық, Нұрсан Әлімбай, Сейіт Қаскабасов,
Әбдуәли Қайдар, Нұргелді Уәли, Рүстембек Шойбеков, Бейбітқали Қақабаев,
Бабақұмар Хинаят, Досымбек Қатран

Пікір жазғандар:

тарих ғылымдарының докторы Рахым Бекназар
филология ғылымдарының докторы Қыздархан Рысберген
филология ғылымдарының докторы, профессор Шәмшәдин Керім

ҚАЗАҚТЫҢ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ КАТЕГОРИЯЛАР, ҰҒЫМДАР МЕН АТАУЛАРЫНЫҢ ДӘСТҮРЛІ ЖҮЙЕСІ. Энциклопедия. – Алматы: РПК “СЛОН”, 2013. – (иллюстрацияланған)

ISBN 978-601-7026-17-2

4-том: Қ – О – 736 бет. 4-том: Қ – О – 736 стр. 4-volume: Қ – О – 736 p.

ISBN 978-601-7026-22-6


Энциклопедияның төртінші томы 856 мақаладан тұрады. Басылым қазақы (көшпелі) ортадағы қоғам, адам және коршаған табиғи ортаның арасындағы сан-салалы қатынастардың субъектілерін, объектілерін, сондай-ақ, осы қатынастардың жүзеге асырылу жолдары мен механизмін (ілкімді принциптері мен нормаларын) бейнелейтін этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларды қамтиды. Тиістісінше олардың этнографиялық мән-мағынасы сипатталады. Энциклопедия ғалымдарға, жоғарғы және арнайы орта білім саласының мамандарына, қалың көпшілікке арналып отыр.

ISBN 978-601-7026-22-6 (т.4)
ISBN 978-601-7026-17-2

© ҚР Мемлекеттік Орталық музейі, 2013
© Нұрсан Әлімбай және басқалар, 2013

Қ

ҚҰЖАТ – (араб. *حجة* *хужжа*) қоғамдағы, ұжымдағы және отбасындағы айтулы оқиғалар немесе жайттар туралы жазбаша куәландыратын, сондай-ақ субъектінің (субъектілердің) құқығын айғақтайтын әрі растайтын іс қағазының атауы. Дәстүрлі қазақы ортада Қ. деп арнайы, жауапты істерді бір адамның атынан басқа сенімді адамның атқаруына болатынын дәлелдейтін мөрлі қолхатты атаған. Ондай Қ.-тың, яғни, іс қағазының жасалуы арнайы рәсімдеу арқылы жүзеге асырылды. Жоғары топ өкілдерінің дені ондай қағаздарға жазылған мәліметті растау үшін жеке мөрлерін басып куәландырды. Ал қараша халықтың қарапайым өкілдерінің хат танымайтындары бас бармағын басып танбалайтын (қ. *Қол басты / Бармақ басу; Мөр*). Кейінгі кезде Қ. барлық іс қағаздарының жалпы атауы ретінде қалыптасты.



1860 ж. Батыс Сібір генерал губернаторына жазылып, сұлтандар қолы қойылған құжат. Семей. Хат көшірмесінің қол қойған нұсқасы Омбы архивінен (ОГИА. Ф.3. О.1. Д.4447)

XIX ғ.-дан бастап орыс отаршылдық жүйесі қазақ өлкесінде орныға бастауына байланысты әртүрлі субъектілердің арасында іс-қағазын жүргізу үрдісі қалыптаса бастады. Бұл жосын көшпелі ортадағы элеуметтік-экономикалық және саяси қатынастың бұрын болмаған соны атрибутына айналды. Мәселен, XIX ғ.-дың алғашқы жартысында Бөкей хандығында іс қағаздарын жүргізетін кеңсе болған. Жәңгір хан ұйымдастырған бұл арнайы кеңсе екі бөлімшеден тұратын. Біріншісі – ханның өз қол астындағы сұлтандармен жүргізілетін Қ.-тарды жүргізіп отырды. Екіншісі – ресейлік шенеуніктермен жүргізілген іс қағаздарын, қызметтік байланыстарын тіркеді. Олар түркі-шағатай және орыс тілдерінде әзірленетін іс қағаздары болды. Қазір Қазақстанның және шетелдің, соның ішінде,

әсіресе, Ресейдің мұрағаттарында, кітапханаларында және музейлерінде халқымыздың тарихына, этнографиясына, фольклорына және мәдениетіне байланысты аса құнды сан алуан Қ.-тар қорлары қалыптасты.

Әдеб.: *Ерофеева И.В.* Эпистолярное наследие казахских ханов и султанов конца XVII – середины XIX в.: происхождение, структура и видовые особенности // Роль поматов в формировании культурного наследия Казахстана. Научные чтения памяти Н.Э.Масанова. Сборник материалов Международной научной конференции, 23-24 апреля 2009г. Алматы: Print-S, 2010. С.57-94; Диалектологиялық сөздік. Жауапты ред.: Ғ.Әнес, А.Үдербай. Алматы: Арыс, 2007; КР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰЖЫРА – (араб. *حجرة* *хүджра*) медреседегі жоғары діни білім алып жүрген шәкірттердің тұратын жатақханаларының арнайы бөлмелерінің атауы. Сонымен бірге, сопылық ілімін ұстанған діндарлар (дәруіш, диуана, кәләндар) түнейтін қоналқасының бөлмелері де Қ. деп аталады. Қазақ жерінде орта ғасырлардан бастап ислам дінінің таралуына байланысты мешіттің жанында медресе салынып, онда шәкірттерге дәріс оқылатын арнаулы кең бөлме – *дәрісхана* ашылды. Бір-біріне тіркесе салынған бөлмелерде шәкірттер сабаққа дайындалатын. Мұндай Қ.-лар әрі жатын орны болды. Қазақстанның оңтүстігінде, Шолаққорғандағы Баба ата мешіт-медресесінің және Шаян ауылындағы мешіт-медресесінің Қ.-лары бүгінгі күнге дейін қаз-қалпында сақталып отыр. Сондай-ақ, Батыс Қазақстан өңірі, Үстірт, Маңғыстау, жалпы Арал-Каспий аймағындағы бұрынғы мешіт орындарымен бірге дәрісхана және құжыралардың ескі сілемдері қалғанын байқауға болады (қ. *Дәрісхана; Медресе; Мешіт*).




Аппақ ишан медресесінің құжыралары. Шаян ауылы. ОҚО. С.Жолдасованың суреті

Қ.-лар ғимараты қаз-қатар тіркестіріле мешіт ауласын қоршай немесе мешіт ғимараты сыртынан төртбұрыштала салынады. Оның, яғни Қ.-лар ғимаратының бір қабырғасы *мешіт* қабырғасымен жанасып салынады. Ұзынынан созылып, екі жақтап тіркесіп келген Қ.-лардың түйісетін бұрышында дәрісханаға арналған бөлме кең әрі еңселі етіліп салынады. Дәрісхананың төбежабыны тұтас саз балшықпен сылап тегістелінеді, суағары сыртқа шығарылып жабылады, ортасы күмбезделеді.



Әдетте, әр Қ.-ның төртбұрышты пішінді бөлмесінің іші шағын болып келеді (3×4 м), есік-терезесі аула жағына шығарылады. Жалғыз терезесі есік маңдайшасының жоғары жағынан шығарылады және оған *қарын әйнек* тартып, жіңішке ағаш тақтайшалардан жарық түсетіндей *торкөз* орнатылады. Ол *панжара* деп аталады (қ. *Панжара*). Қ. төбесі күмбездеп жабылады. Едені қалың сылақ жүргізіліп тегістеледі. Қ.-ның ішінде оның көлеміне байланысты шәкірттер жататын арнайы *сөрелер* орнатылады. Олар әдетте есік маңдайшасы деңгейінен жоғарылау тұсқа шамамен 2,2 м биіктікте құрылады. Есіктен бір құлаштай бос жер қалдырылады.



Баба ата медресесі құжыраларының сызбасы.
ОҚО, Шолаққорған ауылы. Сызған С.Жолдасова

Қ.-ның кірер есігінен сол жақ бұрышта *ошақ* салынады, мұржасы құрылыс жүргізу барысында қабырға кірпішінің ішінен жүргізіліп шығарылады. Ошақтың аузы кең, ашық болады. Өйткені күннің суығында, әсіресе, қыс кезінде, Қ. ашық оттың қызуы арқылы жылытылады. Есіктен оң жақ бұрышқа қарай *сөреге* көтерілетін саты орналасады. Қ.-лар ғимаратының аулаға қаратылған қасбеті сән-салтанатты болу үшін ұқыптылықпен салынады. Ұзынынан созылған *қасбет* қабырғаның әрбір Қ.-ға кірер есіктің доғаланып келген қыштан қаланған жақтауларына әртүрлі ойық, қуыс жасалады. Сонымен бірге, *тиястра* деп аталатын шығынқы келген бөліктері болады. Бұлардың бәрі әшекейленеді.

Ал, қабырғаларының үстіңгі қатары «дандана» әдісімен қаланып аяқталады (қ. *Дандана*). Бұл әдіс ғимаратқа беріктік әрі көркемдік береді. Бұл қабырғалар әдетте тұтас қаланады. Тек төбені сол сырт жаққа ылдилатып апарып, *уаттары* (суаққыштары) қабырғаның бетінен ілгері шығарылады (қ. *Уат*). Ерекше жағдайда ғана терезе ойықтары сырт қабырғадан шығарылуы мүмкін. Мысалы, мұндай айырмашылықты Баба ата медресесінің Қ.-ларынан байқауға болады.

Қожа Ахмет Иасауи қоналқасының (*парс. қунақә – ханака*) сопылар түнейтін Қ.-лары, сондай ақ, Маңғыстау мен Үстірттегі жер асты мешіттердің Қ.-лары қазірге дейін қаз қалпында сақталып отырғандығы белгілі жайт. Осы ретте айта кетер гәп – басқа діни ғимараттардың Қ.-ларына

қарағанда, Қожа Ахмет Иасауи ғимаратында қос қабатты Қ.-лар өзінің шебер архитектуралық шешімімен ерекшеленеді. Қазақстанның кейбір аймақтарында бүгінге дейін шағын үйді немесе үйдің тар бөлмесін Қ. деп атайды.

Әдеб.: *Логофет Д.Н.* Бухарское ханство под русским протекторатом. СПб., 1911. С.1-8; *Марғұлан Ә.Х., Бәсенов Т.К., Меңдіғұлов М.М.* Қазақстан архитектурасы. Алматы: Қазмембас, 1959; *Бартольд В.В.* Киргизы. Исторический очерк // Сочинения. Т.2. Ч.1. М.: Восточная литература, 1963. С.471-543; *Булатов М.С.* Геометрическая гармонизация в архитектуре Средней Азии IX – XV вв. (историко-теоретические исследования). М.: Наука, 1988; *Нұрмұхамедов Н.Б.* Ахмед Ясауи сәулет ғимараты. Алматы: Өнер, 1988; *Ажигали С. Е.* Архитектура кочевников: феномен истории и культуры Евразии. Алматы: Ғылым, 2002; ҚРМӨМ материалдарынан; ОМЭЭ материалдарынан.

ҚҰЙМА – қоспасы бар металды немесе кенді балқытып, қорытып барып қалыпқа құйып қатайту нәтижесінде алынатын металл кесегі. Қ. асыл металдан немесе жай металдардан жасалады. Халық шеберлерінің балқыған металды белгілі бір пішінге келтіру үшін алдын ала дайындап алған қалыбын *құймақалып* деп атайды. Құймақалыппен шикізат ретінде қолданылатын металл құймалары ғана емес, белгілі бір пішіндегі дайын бұйымдар да жасалады (қ. *Құймақалып*).



Құйма. ҚР МӨМ қорынан (КП 9191)

Ел ішінде қазақ зергерлері сомдап құйған, пішіні мен көлемі әртүрлі таза алтын, күміс Қ.-лары көп болған. Осыған байланысты Қ. әдетте алтын мен күміске қатысты жиі қолданылды. Оларды *құйма алтын*, *құйма күміс*, *алтын құйма*, *күміс құйма*, *қойтұяқ* (*қойтұяқ алтын*, *қойтұяқ күміс*), *аттұяқ* (*аттұяқ алтын*, *аттұяқ күміс*), *сом алтын*, *сом күміс* деп, ал сауда-саттыққа байланысты қытай, моңғол жұртынан ауысып келген құймаларды жалпылама түрде *жамбы*, оның түрлерін пішіні мен көлеміне қарай *алтын жамбы*, *күміс жамбы*, *желін жамбы*, *бесік жамбы*, *тайтұяқ жамбы* және т.б. деп атаған. Қазақ зергерлері *атбас жамбы*, *бесік жамбы*, *тайтұяқ жамбы*, *қойтұяқ жамбы*, *түйекөз жамбы*, *қойкөз жамбы* тәрізді түрлерін пайдаланған.

Алтын, күміс құймалары ертеректе асыл *қазына*, үлкен мұра деп есептелген; байлық пен биліктің белгісі болған. Оларды киіт кигізгенде құдаларға, жеңімпаз батырларға, ақын-жыршыларға сыйлады, жиын-тойда жүлдеге тікті, айыптың өтеуі ретінде төленді, азаға қосты. Мұндай бағалы заттар (алтын, күміс құймалары) көшпелі ортада арнайы сандықта сақталған. Оны ерте замандарда *қазына* деп атаған. Қазынаға байланысты мотивтер қазақ фольклорында

жиі кездеседі. «Алпамыс» жырында Байбөрі бай мен оның бәйбішесінің бала тілеп әулиелерге аттанайын деп жатқан тұсы былай суреттелінеді:

*Бәйбіше барды ақырын
Қазынаның аузын ашқалы
Таратты алтын, күмістен
Қалғанынша мысқалы.*



а) Құйма бұйымдар. ҚР MOM қорынан
а) КІП 12106; б) КІП 12104

Қазақ тұрмысында зергерлер тапсырыс берушінің қымбат бұйымдарын жасау үшін осындай құймаларды қайта балқытып, оларды шикізат ретінде пайдаланып, сан алуан сәндік бұйымдар жасаған.



Құйма сырға.
ҚР MOM қорынан (КІП 12111/3)

Шикізат ретінде қолданылатын алтын, күміс кесектерін қайта балқытып, арнаулы қалыптарға құйып дайындаған түрлі бұйымдар *құйма білезік, құйма жүзік, құйма сырға* және т.б. деп аталады.

Әдеб.: Қасиманов С. Қазақ халқының колөнері. Алматы: Қазақстан, 1969; Сыздықова Р. Сөздер сөйлейді. Алматы: Мектеп, 1980; Шойбеков Р.Н Қазақ зергерлік өнерінің лексикасы. Алматы: Қазақстан, 1993; ҚҰЭ. 6-том. Алматы: Қазақ энциклопедиясының Бас редакциясы, 2004; ҚӘТС. 10-том. Алматы: Арыс, 2009; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰЙМАҚ – ұннан жасалатын тағам түрі. Тұзды суға ұнды сұйық етіп езіп алып, жұқа май жағылған таба немесе қазанға белгілі мөлшермен құя қойып пісіреді. Осы кезде ыдыс түбіне жайыла түсіп пісе бастайды. Сұйық күйінде құйылатындықтан ол жұқа әрі дөңгелек үлгіде пісіп шығады. Сәл сарғая бастаған кезде келесі бетін аударып пісіреді. Көлемі алақандай және одан да үлкен болып келе береді. Кейінгі кезде ұнға жұмыртқа, кант, май, сүт қосып, суға араластырып сұйық күйінде қазан сияқты ыдыстағы майға да пісіреді. Тілге тәтті, тіске жұмсақ бұл дәм қарттар мен балалардың сүйікті асы. Қонақ келгенде дастарқанға

да қойылады. Тез піседі, суытпай, жылы, күйінде жесе өте сіңімді әрі дәмді болады.

Сондай-ақ, бие сүтінің әлі қымыз болмаған қалпын *саумал* десе, жаңа сауылған сиыр сүтін *саума* деп, түйе сүтінің жаңа сауылғанын да *құймақ* деп атаған.

Әдеб.: Қатран Д. Қазақтың дәстүрлі ас-тағам мәдениеті. Ғылыми редакторы және алғы сөздің авторы Нұрсан Әлімбаев. Алматы: ҚМӨҒЗИ. 2002; Кенжеахметұлы С. Қазақтың дарқан дастарқаны. Алматы: Алматыкітап, 2009; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.


ҚҰЙМАҚАЛЫП – зергерлердің металды қорытып, бұйымды белгілі бір пішінде құйып жасауға арналған құралы. Шеберлер Қ.-ты әртүрлі материалдардан өздері жасап алады. Қ.-тың ең қарапайым түрлерін қанылтыр темірден бедерлеп дайындаған. Бұндай қалыпқа балқытылған металл кірігіп, жабысып қалмауы үшін қалыптың ішкі жағын майлап қойған. Қ.-тар көбінесе сазбалшықтан, балауыздан, күйдірілген қыштан, қоладан жасалды. Сазбалшықтан, балауыздан жасалған Қ.-тар көшпелілерде ерте заманнан (сәк дәуірінен) жиі қолданылып, қазіргі күнге дейін келіп жетті.

Белгілі зергер, өнертанушы марқұм Д. Шокпарұлының түсіндіруі бойынша, сазбалшықтан Қ. жасау үшін арнаулы үлгіні қолдана отырып бұйымның нобайын ағаштан жасап алады. Оның сыртын майлап, жартысына дейін қолдан илеп дайындаған сазбалшыққа батырып, сол күйінде әбден кептіреді. Кепкен үлгіні сазбалшықтан шығармайды. Сазбалшық бетінің екі-үш жерін шұңқырлап ұя жасайды. Ол ұя *құлып* деп аталады. *Құлып* қалыптың екінші жартысын дәл беттестіруді қамтамасыз етеді. Осыдан кейін құлыптың орнын (ұясын) және сазбалшықтың үстіңгі қыры мен қалып үлгісінің бетін тұтастай майлап шығады. Қ.-тың бір бөлігі (немесе жартысы) осылай дайындалады.

Қ.-тың екінші жартысын жасау үшін дайын болған қалып бөлігінің үстіне тағы да сазбалшық жағып қаптайды. Сонда Қ. үлгісі толығымен сазбалшық ішінде қалады. Оны осы күйінде әбден кептіреді. Сазбалшық кепкен кезде бір шетінен металл құюға, екінші шетінен ауа шығаратын қуыс (тесік) жасайды. Ауа шығатын қуыстың көлемі кішірек болады. Одан соң металл құятын қуысты майлайды.

Әбден кеуіп, металл құятын тесігі майланған Қ.-тың екі жармасын еппен ажыратады да, ағаш үлгіні шығарып алады. Қалып бөліктерін оңай ажыратып алуға олардың жапсарласатын және құлыпқа ойылған жерлерін алдын ала майлап қоюдың себеі тиеді. Қалыптың ажыратылған екі жармасын қайта қосып, сыртынан орап, құрсаулап не байлап қояды. Балқыған металды қалыптың қуысынан құйып, суытуға қояды. Суыған соң орауды шешіп, қалыпты жігінен ажыратып, дайын болған құйма бұйымды алады. Сазбалшықтан жасалған бұндай Қ.-ты бірнеше рет пайдалануға болады. Ол үшін қалыпты қолданған соң ішкі жағын майлап қою керек.

Қ. жасауға қоланы да пайдаланады. Ондай жағдайда қалыптың қос жармасын біріктіріп тұратын топса орнатады. Қоладан жасалған Қ.-тың топсалы үлгісі Д. Шокпарұлының жеке коллекциясында сақтаулы.



ҚР MOM қорынан (КП 12105)
Құймақалып

Қ.-тын үлгісін білауыздан да жасайды. Оның да сыртына балшық жағып кептірін, жоғарыдағыдай тәсілмен балқытылған металды күйып бұйым дайындауға болады. Алайда осындай тәсілмен металды күйғанда, балауыз үлгі мен сазбалшық қалып сақталмайды. Өткені күйылған ыстық металдың әсеінен балауыз екінші тесіктен ағып кетеді. Ал ішіндегі қымдырып алады.

Қ.-тар дайындалатын заттын, әшекейдін түрі мен пішініне қарай *сәукеле шытақ алып* (сәукеленің шытырасын күйып жасайтын қалып), *көптеп қалып* (садақ оғы пішініндегі дайындама құятын қалып), *білезік қалып* (қалыпқа күйып білезіктің құйма білезік, *қос білезік* деп аталатын түрлері жасалған) деп аталады. Қазақ зергерлік өнерінің сөздігі. Алматы: Әдеб.: Шойбеков Р. Ғылым, 1991; Шойбеков Р. Қазақ зергерлік өнерінің лексикасы. Алматы: Ғылым, 1991; Шойбеков Р. Қазақ зергерлік өнерінің лексикасы. Алматы: Қазақстан, 1993; Шоқпар Д., Дәркембайұлы Д. Қазақтың қолданбалы өнері. Алматы: Алматыкітап, 2007; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰЙЫМШАҚ – омыртқаның белдемеден (бел сырты) кейінгі соңғы бөлігі. Қазақта омыртқалағы ауыз омыртқа, мойын омыртқа, арқа омыртқа (үзін омыртқа) және ең соңғы бөлігін Қ. деп топтастыра айтады. Қ.-тың сүйегі кәделік мәні бар мүшенің бірі. Жамбасты омыртқалармен байланыстырып тұратын Қ.-тын еті аз, есесіне өте ішкілі болғанымен сыбағалы мүшеге саналмайды.



Құймышақ
ішек. ОМЭЭ – материалдарынан

Күнделікті дастарқанда Қ.-ты әйел мүжиді. Бірақ, оның жоғарыда айтылғандай, кәделік мәні құдандалық жосындарында қайта ағиға ұсынылады. Той-мерекелік

дастарқанда Қ. көбінесе жаңа түскен келінге, жас әйелдерге тиесілі болған. *Беташар табағы* деп аталатын арнайы табакка Қ. сүбе, төс, мойын омыртқа, қарын, ащы ішекпен бірге салынып тартылады.

Қ.-ты «жеңілтек болады» деп ырымдап отбасын құрмаған жас қыз-жігіттерге ұсынбайды. Осыған байланысты болар, ер адамның Қ.-ты мүжуі сирек кездеседі.

Қ. сүйектері ажыратылып алынбаған, омыртқа етімен тұтас тұрған осы артқы бөлікті *ұша* деп атайды. Қырғыз, алтай халықтарында Қ. кәделі асқа саналады (қ. *Ұша*).

Майланып семірген мал қоң жинаған кезде Қ.-қа қарай ойысады. Осыған байланысты өте семіз малды «құймышағынан майы шыққан» дейді.

Әдеб.: Катран Д., Бейсенов А. Элементы традиционной культуры питания народов Центральной Азии (археологические и этнографические аспекты) // Орталық музей еңбектері: музей ісі, тарих, этнология, фольклортану, антропология, деректану, нумизматика. І шығарылымы (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде). Ғылыми редактор Нұрсан Әлімбаев. Алматы: Ғылым, 2004. 180-186 бб; *Кенжеасхметұлы С.* Қазақтың дарқан дастарқаны. Алматы: Алматыкітап, 2009; ҚӘТС. 10-том. Алматы: Арыс, 2009; *Әулетбаева Б.* Үлкен ас // Мәдениет. 2013. №1. 20-22 бб; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰЙРЫҚ – омыртқалардың артқы ең соңғы бөлігі. Жан-жануарлардың құйрық омыртқалары (құйымшақ) мен оның ет-майы және сыртқы терісіне өскен өсіпділерін (түк, қыл, қауырсын, т.б.) қоса Қ. деп атайды. Қ.-тын ұзындығы мен пішіндері де алуан түрлі болып келеді. Жануарлар құйрық омыртқасы *құймышақ* деп аталады (қ. *Құймышақ / Құйымшақ*). Ел арасында «жеңілтек болады», «аты мәңкігіш болады» деген ырымдарға орай «малдың құйымшағын үйленбегенберге жеуге болмайды» деген тыйым бар. Адамда және кейбір омыртқалыларда Қ. омыртқалары барынша қысқарып кеткенімен, оның жамбас тұсы Қ. деп аталады. Адамның құйрық омыртқалары тұтасып, *сегізкөз* деп аталатын сүйекке айналған. Сонымен қатар омыртқасыз жәндіктердің денесінің артқы бөлігін де Қ. деп атау қалыптасып кеткен.

Мал құйрығы түрлі қасиеттеріне орай кәдеге жаратылады. Мәселен, қазақы қой семіргенде құйрығына өте көп мөлшерде май жиналады. Осы май қорының арқасында қойлар қысқы маусымда қосымша шөп бермей-ақ жайылымда бағылып, қыстан аман шығып отырды. Мұндай қойларды сойғаннан кейін Қ.-тың майын шығғырып *құйрықмай* алады. Құйрықмайды түрлі тағам дайындауға, ем шараларына кеңінен қолданылған. Қ.-тың майы мен бауырдан кәделі тағам *құйрық-бауыр* дайындалады. Мұндай тағам құдандалық дәстүрінде міндетті түрде даярланып, құдалықты бекітетін ғұрыпқа айналған (қ. *Құйрық-бауыр; Құйрық-бауыр асату*). Суық тигенде құйрықмаймен сылау, отқа табына ерітіп немесе ыстық сүтке қосып ішкізу тәсілдермен емдейді (қ. *Құйрықмай*). Құйрығына май жиналмайтын қой тұқымдарын – *ешкіқұйрық, итқұйрық* қой деп атаған.

Жылқы құйрығы – ұзын тұтасып өскен *қыл* түрінде болады. Қ.-тың құймышаққа таяу тұсын – *ту*, ал ұшын – *шаша басар* деп атайды. Қазақы ортада Қ. пен жал



жылқының көркі, белділігінің көрінісі ретінде дәріптеледі. Тіпті жылқы түлігінің өзін кейде – *қылқұйрық* деп атайды. Жаксы өсуі үшін жастайынан жылқының құйрығы мен жалын арнайы күзеп отырған (к. *Күзеу*). Батпақты, лайсан, кейде тікенекті, бұталы жерлермен жүргенде ат құйрығы бүлінбес үшін түйіп қояды. Кейде аттың құйрығын сәндірек көрінуі үшін өріп қоюшылар да кездескен (к. *Құйырық-жалын өру / Аттың жал-құйрығын сәндеу*). Жылқы құйрығының ұзын-қысқалығы, қою-сұйықтығына орай түрлі сипаттамалар мен соған сәйкес жылқыларды атау да қалыптасқан. Мәселен, қалың құйрықты – *ұйыма құйрық*, жұқа құйрықты – *сымпыс құйрық*, шолақ әрі селдір Қ.-ты – *шал құйрық*, қалың әрі ұзын өскен Қ.-ты *тоқ құйрық* және т.б. деп атайды. Құйрығының бітіміне орай жылқыны да – *ақшолақ*, *көкшолақ*, *шалқұйрық* деп атау кездеседі. Күзеп алынған және сойылғаннан кейін қалған Қ. қылдары тұрмыста *арқан-жіп есу*, *қылтұзақ*, *сүзгі*, *жугыш жасау*, бұйымдарды *тігу* сияқты түрлі мақсаттарға қолданған.

Құстың құйрығы ұзын қауырсындар түрінде болып келеді. Қазақта «*құс қанатымен ұшып, құйрығымен қонады*» деген мақал бар. Құстың құйрық қауырсындары ұшуда тепе-теңдікті сақтау, бұрылыстар жасау сияқты түрлі әрекеттер үшін аса маңызды болғандықтан, құсбегілер баулыған құстың құйрығының жаксы-өсіп жетілуіне үлкен мән берген. Сондықтан құс түлеуі кезінде құйрық қауырсындарының дұрыс жетілуіне ерекше мән беріп, оны белгілі мерзімдерге орай арнайы тәсілдер қолданып түлетіп те отырған. Аңға салу барысында сынған-бүлінген Қ.-тарын қалпына келтіріп отырған.

Терісі бағалы аңдардың (түлкі, тиын және т.б.) құйрығы тонға *жаға жасау*, *жұрындау* үшін қолданылады (к. *Жаға; Жұрындау*). Ол үшін ауланған аңның терісін сыпырған соң Қ. терісін төменгі жағынан тіліп омыртқа сүйектерін алып тастайды да, терідегі қан, ет кесінділеріп, май және ластан тазартады. Содан кейін тегістеп керіп, шеттерінен шегелеп қойып кептіреді немесе *илейді* (к. *Тері илеу*). Осылай дайын болған Қ. терісін киімдерге түрлі тәсілдермен қондырады.

Аңшылар арасында суырды «*бұлған ату*» тәсілі қолданылатын болған. Ол үшін қасқырдың терісін жамылған аңшы суыр ініне жер бауырлап жақындайды. Бір қолымен таяққа байланған Қ.-ты қасқырға ұқсап арлы-берлі бұлғайды. Суыр ондайда қасқыр деп қабылдап, аңшының біршама жақын келуіне мүмкіндік береді. Осыны пайдаланған аңшы мылтықпен суырды атып алады.

Қазақта Қ. – арты, артқы жағы деген мағынада да жиі қолданылады. Мәселен, қолбасшылар арасында «*Құйрық жеу*» деп аталатын соғыс тәсілі қолданылатын болған. Ондайда кетіп бара жатқан дұшпан әскерінің артқы бөлігіне шабуылдап, қапыда тас-талқанын шығарады. Көбінесе артқы жақта келе жатқан азық-түлік, қару-жарак қоры және т.б. қажетті заттарды тасымалдап келе жатқан жабдықтаушы бөлімді басып алып немесе тонап кетіш отырған. Бұл бір жағынан аз шығынмен үлкен олжаға кенелтетін болса, екінші жағынан жаудың азық-түлік, керек-жарақтарынан

айырып, жеңіліске ұшырауына үлкен мүмкіндіктер жасайтын тәсіл болған.

Әдеб.: Қазақтың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері: откендегісі мен бүгінгі. Мақалалар жинағы. Құраст. С.Е. Әжіғали. Алматы: Ғылым, 2001; Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. I-II том. Алматы: Арыс, 2005; *Кәмәлашұлы Б.* Қазақтың дәстүрлі құсбегілігі және атбегілігі. Алматы: Өнер, 2006; *Кәмәлашұлы Б.* Қазақ халқының салт-дәстүрлері. Улаанбаатар. 2013; КР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰЙРЫҚ БОТҚА – сәби отыруға талпына бастағанда жасалатын ғұрып. Бала 6-7 айлық болғанда, яғни, құйрығын басып отыруға бейімделе бастаған кезде жасалады. Ол үшін күріштен не тарыдан жасалған жылы ботқаны шұңғыл келген тегеш немесе табаққа салып, оның бетіне ақ шүберек жабады да, баланың құйрығын ботқаға отырғызғандай сәл тигізіп көтеріп алады.



Құйрық ботқа. Суретшіі Е.Оспанұлы

Балаға қатысты атқарылатын жосындардың көбісінде құттың, молшылық пен тоқшылықтың символы саналатын кейбір тағам түрлері мен жекелеген заттар наным-сенімге сай ғұрыптық қызметтер атқарады. Атап айтқанда, май, бауыр, ішек, шөп т.б. баланың өсіп, ер жетуіне, бай-бақуатты болуына ықпал етеді деп саналады. Мұнан кейін құйрығын басқан балаға бауырынан табақ алу жосыны жасалады (к. *Бауыр аяқ / Бала бауырынан табақ алу*).

Әдеб.: *Қатран Д.* Қазақтың дәстүрлі ас-тағам мәдениеті. Ғылыми редакторы және алғы сөздің авторы Нұрсан Әлімбай. Алматы: КМӨҒЗИ, 2002; *Әжіғали С., Байғабатова Н.* Жетісу қазақтарының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары // Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. 1-том. Біртұтастығы және ерекшелігі. Құраст. С.Әжіғали. Алматы: Арыс, 2005. 176-202-бб; КР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰЙРЫҚМАЙ – құйрықтың түбіне, төңірегіне жиналған май. Қ. кейбір жануарларда май қорын жинайтын, сақтайтын бөлігі болып табылатындықтан құйрықтың төңірегіне жиналған майды Қ. деп атайды. Майды құйрыққа жинайтын ерекшелік қазақтың құйрықты қойларынан анық көрінеді. Бұл қазақы қой тұқымдарының жергілікті табиғаттың қатандығына бейімделгенін көрсетсе керек. Өйткені, олар қыста тебінде қажетті қорегін құйрығынан алып отырады. Құйрықты қойлар шектен тыс семіргенде



Қ-ғын көтере алмай, артқы аяқтары бүгіліп, Қ-ын жерге сүйретіп, зорға жүреді. Бұндай жағдайда оның құйрығына екі дөңгелекті сүйретпе танады немесе тіреу қояды (**к. Қой**).

Қ-ты жекелей немесе түрлі тағамдарға қосып та пайдаланады. Мәселен, қоламтаға көміп немесе қарынға салып пісіретін **қарынкөмбе**, **қарынбұрме**, **қарынбөртпе** сынды жеңсік тағамдардың ішіне дәмін келтіру үшін құйрық майды турап қосады (**к. Қарынкөмбе; Қарынбұрме; Қарынбөртпе**). Қазанға нан пісіргенде жабысып қалмауы үшін қызып тұрған қазанның немесе табанын ішін шикі құйрықпен майлап алады.

Қазақы ортада құдаласқан екі жақ құдалықты бекіту үшін **құйрық-бауыр асату** ғұрпын атқарады. Мұны қазақта «**Құйрық бауыр асату**» дейді (**к. Құйрық бауыр асату**). Өсылайша Қ. тағамның нәрлі де құнарлы түрі болумен бірге ырым-тыйымдар жүйесінде наным-сенімге байланысты болып келетін біршама қызметтер де атқарады. Өйткені, май – құттың, байлықтың, ырыс пен берекенің басы болып табылады (**к. Май**).



Құйрық. ОМЭЭ – материалдарынан

Құйрық майдың емдік қасиеті. Қазақы ортада жана туған нәрестені сылап-сипағанда Қ. м.-ды пайдаланады. Ол үшін оны ұсақтап турап, қазанға салып шығжырып, майын айырып алады. Осылайша алынған майды бөлек ыдысқа құйып сақтайды. Оны жас баланы сылап-сипауға қолданады. Ол үшін майды жылытып алып баланың денесіне, алақан, табандарына, құлақтарына жағып, ашып, жазып сылайды. Көшпелі ортада Қ. м.-мен сәбиді сылау үрдісінде тілек түрінде айтылатын магиялық мәнді төмендегідей өлең айтылды:

– Өс-өс, өс!
 Үйден пәле көш!
 Тәу-тәу, тәу!
 Сыламақ менен,
 Ширамақ сенен!
 Менің қолым емес,
 Би бәтімә пірімнің қолы!
 Тастай мықты бол!
 Темірдей төзімді бол!
 Сүттен ақ бол!
 Судан пәк бол!
 Дерт атаулы кірмесін!
 Ақ бөпеме тимесін!
 Өс-өс, өс!
 Үйден пәле көш! –

Қ. баланың жұмсақ балғын терісін жұмсартып, қан айналымын реттейді. Сонымен қатар, қол-аяғын керіп-созғанда баланың буындары жазылып, денесі сымбатты болып өсуіне ықпал етеді. Қазақтың «**Баланы – сылау, қарды – қылау өсіреді**» дейтіні осыған байланысты айтылса керек.

Қ. майды баланың **жауырынын ашуда** да қолданады. Сонымен қатар балалар мен ересектер салқын тиін ауырғанда ауырған жерге қыздырып Қ. жағады, ыстық күйінде қасықтап ішеді. Қыстың аязды күнінде бет үсімес үшін Қ. жағып қояды. Қол немесе аяқ тілінгенде, тілінген жерге Қ. тілімін таңып қойса жазылуға тез көмектеседі (**к. Жауырыны жабысу**).

Ергеректе жаугершілік заманда қазақтар Қ.-ды суыт жүрісте мініс аттарына қорек ретінде пайдаланғаны туралы деректер бар. Мәселен, Ұлытау мен Созақ арасындағы алты жүз шақырым жолды Кенесарының қолы бес күн ішінде жүріп өткенде мініс аттары әлсіреп, шөлдемес үшін Қ. жұтқызған. Бергін келе, қазақтар Ауғанстан мен Пәкістанға үдере көшкенде де, мініс аттарына осы әдісті пайдаланған деседі. Сонымен қатар, өздігінен тұра алмай қалған арық, көтерем малды әлдендіру үшін жеміне Қ. араластырып береді.

Әдеб.: Бөкейхан Ә. Таңдамалы (Избранные). Алматы: Қазақстан, 1994; Қатран Д. Қазақтың дәстүрлі ас-тағам мәдениеті. Ғылыми редакторы және алғы сөздің авторы Нұрсан Өлімбаев. Алматы: ҚМӨҒЗИ, 2002; Нұсіпоқасұлы А. Ағаш бесіктен жер бесікке дейін. Үрімжі: Шыңжан жастар-өрендер баспасы, 2006; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰЙРЫҚ ҰШЫН ТҮЙРЕУ – жылқы түлігінде кездесетін ауруларды емдеуде жиі қолданылатын қандауырлау тәсілі. Мұндай шара, әсіресе, *көтеу, шыжсың, тегене, шеміршек, тышқаныш, жауыр, зорығу және түтігу* сияқты жылқы түлігінің ауруларына қарсы тиімді тәсіл деп саналған (**к. Қандауырлау; Жылқы аурулары**).

Қ. ұ. т. жасалуы мынадай: жылқының құйрық қанатынан, яғни, құйрық омыртқаның біткен тұсынан бір тұтам жоғары жағына қандауырды бір елі тік піседі. Ем құйрық омыртқаның екі қырына да жасалады. Мұндайда қандауыр орнынан «бұзылған» қан тамшылайды.



Құйрық ұшын түйреу. ҚР МОМ материалдары бойынша суретті салған Б.Досымов

Аталған шараға қоса құйрықтың түбіне жақын жерде орналасқан барлау тамырды да қоса қанату шараның

тиімділігін арттыра түседі деп санаған. Ол үшін құймышақ пен құйрық омыртқа түйісінен төрт елі жоғары тұсына және жаянын қалың етінің арасындағы емшілер тілінде «құйрық түбі барлауы» деп аталатын тамырға жіңішке қандауырды теренірек тік шаншиды. Қазак емшілерінің мәліметіне қарағанда, бұл жылқының жон, сауыр тұсында өршитін жарақаттар мен кейбір тыныс жолы аурулары салдарынан болған қан айналысы бұзылуын ретке келтіретін көрінеді. Қандауырлаудың аталған екі тәсілі жылқы түлігіндегі «өлі тию» деп аталатын қауіпті ауруына қарсы тиімді тәсіл ретінде жиі қолданылған. Сондай-ақ құйрығын сымпитып, терісін жаралайтын бөген деп аталатын ауруды емдеу үшін құйрық ұшына жақын жерге мыс шегені қадап қоятын тәсіл бар (к. *Өлі тию; Бөген*).

Әдеб.: ЦГА РК. Ф.25, О.1, Д.4199, Св.387. О коневодстве в Тургайской области (20.03.1892 г. - 10.10.1895 г.) 187 л.; *Аргынбаев Х.* Қазақтың мал шаруашылығы жайында этнографиялық очерк. Алматы: Ғылым, 1969; *Хинаят Б.* Қазақтың дәстүрлі малдәрігерлік білім жүйесі (тарихи-этнологиялық зерттеу). Тарих ғылым. кандидаты дәрежесін алу үшін ұсынылған диссертациясының қолжазбасы. Ғылыми жетекші Нұрсан Әлімбаев. Алматы, 2001; КР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰЙРЫҚ-БАУЫР / МАЙ БАУЫР – ет тағамының бір түрі. Негізінен қой сойыла салысымен қақталып жасалатын женсік ас түріне жатады. Ал, құдалыққа байланысты түрлі жосын, салттар кезінде құдаларға асату үшін әзірлеу кезінде қазандағы суға баппен қайнатып пісіреді (к. *Құйрық бауыр асату*).



Құдаларға асату үшін әзірленген құйрық-бауыр. Жамбыл облысы. ОМЭЭ – материалдарынан

Қақтап пісіру үшін құйрық пен бауырды «торғайбас» етіп кесектеп бірдей етіп турап, үстіне тұз сеуіп араластырады да бір май, бір бауырдан істікке шаншып, шокқа, от жалынына ұстайды. Ол *май-бауыр* деп те аталады. Суға қайнатып пісіргенде қатты болып кетпесі үшін сүт пісірім уақыттан да аз шамада қайнатып, қазаннан түсіріп алған соң кесектеп турайды.

Әдеб.: *Қатран Д.* Қазақтың дәстүрлі ас-тағам мәдениеті. Ғылыми редакторы және алғы сөздің авторы Нұрсан Әлімбаев. Алматы: КМӨҒЗИ, 2002; *Кенжеахметұлы С.* Қазақтың дарқан дастарқаны. Алматы: Алматыкітап, 2009; КР МӨМ – материалдарынан, ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰЙРЫҚ-БАУЫР АСАТУ – құдаласуыны екі жақтың арасындағы құдалықты бекіту жосыны. Қ.-б. а. жосыны ертеде құдалық рәсімнің бекітілгендігін дәлелдейтін «айғақ» есебінде жүретін салт. Мұндағы *бауыр* – туыскандықты, *май* (құйрық) – байлықты, молшылықты білдіретін символдар. *Бауыр* сөзі қазақ тілінде туыс, ағайын және

іні деген ұғымдарды білдіреді. Бауырластық – туыстық, меймандостық ұғымдарына ұқсас түсініктер беретіні мәлім. Ет мүшелерінің ішінде бауырдың дәмділігі ерекше екені де белгілі. Сондықтан, бауырдай тату-тәтті болып, туыстасып, бауырласқанының белгісі ретінде бауыр тартылады.

Сонымен бірге, жайлы, жағымды, келісті, бай, ауқатты, берекелі сияқты т.б. ұғымдарды білдіретін «*майлы*» сөзі де қолданылатыны белгілі. Яғни, дүние, әлем, тіршіліктің жұп, қос негізді болатыны жөніндегі халық түсінігі бойынша осы ғұрып астарында *жақсылық-жамандық, қайырымдылық-зұлымдық, аспан-жер* сияқты категорияларға сәйкес келетін ақ-қара символикалары көрініс тапқан. Демек, дастарандас адамдардың бірге май мен бауыр жеу үрдісі олардың жақсылықта да, жамандықта да бірге болып, туыскандық жүгін бірге көтерісуге серт беріскендігін білдіретін символикалық ғұрып болып табылады. «*Құдай (уәде) дескен, құйрық бауыр жескен*» деген мақал осыдан қалса керек.



Құйрық бауыр асату. Суретші Е.Оспанұлы

Құдалар құйрық-бауыр жеген соң, дәстүр бойынша өзара келісілген уәде-шартты бұзуға болмайды. Егер құдалыққа уағдаласқан екі жақтың бірі уәде бұзып, би алдына жүгініске барса, «*ақ бата*» жасалып, *құйрық-бауыр жесісіп пе едіңдер?*»-деп сұраудың өзі ілгеріректе мұның аса маңызды ғұрып болғандығын дәлелдейді. Екі жақ құйрық-бауыр жегендерін мойындаса, *билер* бата бұзған тарапты *айыпқа* кесетін. Құдай десіп, құда болысқандықтарын әлгі ғұрыппен белгілегендіктен бұл жосынды бұзудың арты *дауға* ұласты. Сондықтан аталмыш құдалық жолынан екі тарап та айнымауға тырысады.

Құдаларға арнап сойылған малдың еті пісуге жақындағанда бауырды қазандағы ет арасына салып сүт пісірімдей уақыт қайнатып алады. Ал, құйрық май етпен бірге піседі. Құдаларға ет тартпас бұрын құйрық-бауыр асату жосыны атқарылады. Ол үшін бауыр мен құйрықты қазаннан алып, жапырақтап турап, табакқа салған соң әйелдер әндегін, құдаларға жақын келеді. Мұндайда айтылатын өлең жолдары төмендегідей:

*Құда, құда деселік,
Құйрық-бауыр жеселік,
Құйрық-бауыр жемесек,
Несіне құда деселік*



Құйрық-бауыр асату. ҚР МӨМ материалдары бойынша суретті салған Есенғали Садырбаев

Осы кезде ер азаматтың бірі өз қолымен бір май, бір құйрықтан құдалар аузына асатады. Құйрық-бауыр желінген соң құдалар жағы табакқа *кәде* салады. Бұны табак әкелгендер бөліп алады (к. *Кәде*). Кей жағдайларда *құйрық-бауырға қатық, айран* қосатын болған. Оның мәнісі батамыз ақ, *құйрық-бауырдай* тәтті, жақын болайық деген ниеттен туған. Уыстап асату кезінде ауызға сыймағанын күлкі тудыру үшін жасы кішілеу құдалардың бірінің бет-аузына жаға салатын болған (к. *Құда*). Құдаларға асатып болған соң үйдегі барлық адамға ауыз тигізеді. Осыдан бастап құдалықтың құқықтық күшіне енген, олардың өзара туыс болғандығы дала заңымен бекітілген болып есептеледі.

Дәстүрлі ортада шығыс және солтүстік өңірдегі қазақтар арасында құйрық-бауырдың алдында *төстік* берілетін салт болған. Ал, Жетісу және Оңтүстік Қазақстан облыстарында құдаларға арналып сойылған қойдың төстігін алдын ала сыпырып алып, темір *істікпен* отқа қақтап пісіреді де, табакқа турап, құдаларға шаймен қоса тартады. Ә.Т. Төлеубаев өз еңбегінде майлы жерден дәм ауыз тию болашақ отбасының берекелі, байлықта болуын қалаған ниеттен туған болуы керек деп көрсетеді. Негізінен алғанда, халық дәстүрі бойынша, «*төс*» күйеудің сыбағасы болып есептеледі. Жетісуда тартылған *төс* үшін күйеу әшекей салып келген болса, қазіргі кезде ондай табакқа ақша салып қайтаратын болды. Бұл ғұрып Оңтүстік Қазақстанда да осылайша атқарылады. Алайда, *төс түйістіріп,*

құда болыстық деген түсінік тұрғысынан қарағанда төс тартылуы жақын туыс болғандығын білдіретін символдық мәнге ие салт екендігін көруге болады.

Құдалық, құдаласу барысында атқарылатын әдет-ғұрыптар әдетте, әзіл-қалжыңсыз, ойын-сауықсыз өтпейтіндігі белгілі. Сондай-ақ, осы «*Құйрық бауыр асату*» кезінде қалжың өлеңдер мен қағытпалар да айтылмай қалмайды:

*Құда, құда дейсің-ау, әй,
Құйрық-бауыр жейсің-ау, әй.
Құйрық-бауыр жемесең
Несіне құда дейсің-ау, әй.
Үлкен құда әнекей-ау,
Кіші құда мінекей-ау.
Құйрық-бауыр асаттым,
Кәделерің кәнекей-ау!
Үлкен құда, бас құда,
Кіші құда жас құда.
Құйрық-бауыр әкелдім
Ауызыңды аш, құда.
Үлкен құда ардақты-ай,
Кіші құда салмақты-ай.
Құйрық-бауыр асатам,
Тістеп алма бармақты-ай.*

Қазақстанның әр өңірінде, ертеректе тіпті әрбір қазақ ауылында тұрмыс-салт жырларының мұндай үлгілері көп кездесетін.

Әдеб.: Мұқанов С. Халық мұрасы (тарихи-этнографиялық шолу). Тандамалы шығармалар. XV том. Алматы: Жазушы 1979; Төлеубаев А.Т. Реликты доисламских верований в семейной обрядности казахов (XIX-

начало XX вв). Алматы: Ғылым, 1991; *Жүнісов А.* Пәниден бакиға дейін // ҚӘ. 1992, 3-қантар; *Қатран Д.* Қазақтың дәстүрлі ас-тағам мәдениеті. Ғылыми редакторы және алғы сөздің авторы Нұрсан Әлімбаев. Алматы: ҚМӨҒЗИ, 2002; *Сұлтанияұлы М.* Керей қазақтарының ежелгі салт-дәстүрлері. Ұланбатыр: Сорхон Цагаан, 2008; *Кенжеахметұлы С.* Қазақтың дарқан дастарқаны. Алматы: Алматыкітап, 2009; *Кенжеахметұлы С.* Қазақ халқының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. Алматы: Атамұра, 2010; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰЙРЫҚ-ЖАЛЫН ӨРУ / АТТЫҢ ЖАЛ-ҚҰЙРЫҒЫН СӘНДЕУ – бәйге аты мен түрлі ғұрыптарға мінілетін аттың құйрығы мен жалының қылын және кекілін өру, түйю, сондай-ақ түрлі мата қиындылары мен үкі қауырсынын тағып сәндеу жосыны. Жылқының күші мен құты құйрық-жалында болады деген түсінікке байланысты оған қол да тигізбеген. Әйтпесе, күші қайтады, құты азаяды деседі. Сондықтан оны күзмей, жақсылап сүзіп сәндейтін дәстүр қалыптасқан (**қ. Жал; Бәйге аты; Жылқы күзеу**). Әдетте, нағыз жүйрікке «құлан жал, сидам құйрық сипат» тән, яғни жал-құйрығы онша ұзарып өспейтіндіктен оны сәндеу де қиынға соқпаған (**қ. Жүйріктің сыны**).



Құйрық-жалы сәнделген бәйге аты. Моңғолия, Баян-Өлгий аймағы. Kun P. Szelek szarnyan. A szteppi nomadok lovaskulturaja (Budapest: Arkadas, 2003) атты еңбектен

Жылқыны осылайша сәндеу ең алдымен оны тіл мен көзден сақтайды. Екінші жағынан бәйге барысында аттың құйрық-жалы оның шабыт қимылына кедергі келтірмейді. Ұзатылған қызға берілген немесе біреуге *миніс* ретінде мінгізген аттың жал-құйрығын сәндеуі оның ерекше қуанышты жағдайға байланысты атқарылып отырған ғұрыпқа байланысты екендігін білдіреді (**қ. Миніс мінгізу, киім кигізу**).

Қ.-ж. ө. үшін әуелі ағаш тарақпен сүзіп тарап, білтеленген тұстарын жазып реттейді. Жалдың дәл ортаңғы тұсынан екі-үш жерден түрлі түсті мата қиындыларын қосып өреді. Алтай қазақтары арасында алғаш рет бәйгеге қосылатын аттың құйрығын екіге жарып өретін тәсіл бар: құйрықтың ортаңғы (үштен бір) бөлігіне *ақтық* деп аталатын ғұрыптық мәні бар мата қиындылары қоса өріледі (**қ. Ақтық**). Ұшының өрілмей қалдырылған бір қарыстан астам бөлігі *күтеленіп* көрінеді.

Кекілі ұзын болып өссе, жарыс кезінде аттың көзіне түсуінен сақтандырып, оны түбінен шоктап «тікірейтін» байлап қояды. *Кекіл* мен *жалға* қоса тіл мен көз тиюден сақтайтын бір шок үкі қауырсынын тағады.

Кәнігі атбегілердің айтуына қарағанда, құйрық қылының ұзын болуы салдарынан ол аттың аяғына «оратылады» немесе топырақ, лай сумен ластанса, шабу кезінде оның екінін тежейді. Сондықтан құйрықтың ортан белінен ақ матамен бірнеше мәрте айналдырып буады.



Құйрық-жалы сәнделген бәйге аты. Моңғолия, Баян-Өлгий аймағы. Kun P. Szelek szarnyan. A szteppi nomadok lovaskulturaja (Budapest: Arkadas, 2003) атты еңбектен

Құйрық-жалды ерекше сәндеу жорға жарысына қосылатын аттарға, және пішілген жылқыға да жасалды. Ғұрыптық шара өткен соң мұндай «өрімдер» тарқатылып біраздан соң бастапқы қалыбына келеді. *Сәуірікті* пішкен соң құйрығының бір тұтамын өріп, оған жыныс безін қоса байлап жіберді (**қ. Мал пішу; Сәуірік**).

Әдеб.: *Джанторин С.* Очерки киргизского коневодства (окончание) // ЖК. 1883. №8. С.1-24; *Арғынбаев Х.* Қазақтың мал шаруашылығы жайында этнографиялық очерк. Алматы: Ғылым, 1969; *Жансүгіров І.* Құлагер. Алматы: Жазушы, 1974; *Әуезов М.* Жиырма томдық шығармалар жинағы. Алматы: Жазушы, 1985; Ер қанаты. Жинақ. Құраст. Аупбаев Ж. Алматы: Қайнар, 1987; *Дәдебаев Ж.* Тұлпардың бабы мен сыны. Алматы: Бастау, 1994; *Сартқожаұлы Қ., Айдаубайұлы Қ.* Сәйгүліктер (этнографиялық зерттеу) // Жұлдыз. 1995. №1. 153-172-66; *Kun P. Szelek szarnyan. A szteppi nomadok lovaskulturaja.* Budapest: Arkadas, 2003; *Хинаят Б.* Ат жалындағы мәдениет // Шахар-культура. 2004. №2. 78-82-66; *Carole Ferret.* Une civilisation du cheval. Les usages de l'équide de la steppe a la taiga. Paris: Belin, 2009; *Токтабай А.* Қазақ жылқысының тарихы. Алматы: Алматыкітап, 2010; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰЙРЫҚТЫ ЖҰЛДЫЗ / АЙДАРЛЫ ЖҰЛДЫЗ / САБАҚТЫ ЖҰЛДЫЗ / СҰРҚИЯ ЖҰЛДЫЗ – түнде көк жүзінде жарқырап көрінетін «құйрығы» бар аспан денесінің халық арасындағы атауы. Сондықтан ол өзге «жұлдыздардан» өзгеше, ерекше жарқырап көрінеді (**қ. Жұлдыз**). Қ. ж. ұдайы емес, оқта-текте ғана пайда болады. Қазақ арасында Қ. ж.-ды көріну сипатына қарай әртүрлі атай береді: бас жағы нокат тәрізді жарқырап тұратынын *айдарлы жұлдыз*, жалындай шұбатынын көрінсе *сабақты жұлдыз* деп аталады.



Құйырықты жұлдыз. Интернет материалдарынан

Қазақ этноастрономиясының негізін салушы Х.Әбішевтің еңбегіндегі Қ. ж.-ға қатысты ел ішіндегі есепші, жұлдызшылардың аузынан жазып алған деректерден қойдырылады. Қ. ж.-дың жарқыраған басы, жыланша шұбатылған, бірақ жұландай жіңішке, ақшылтым түсті құйрығы болады. Аспанда ұзақ тұрмайтын жұлдыздың бұл түрі «қурайды жаққанда ұшқындап, көкке көтерілгені жалыны тәрізді созылып көрінеді. Кейде ол қанаттанып, бытырап көрінеді. Ондайда аталған жұлдыздың жуан, сымпыс (шолақ) құйрығы байқалады».

Дәстүрлі ортадағы талғам-түсінік бойынша Қ.ж.-дың пайда болуы жақсылықтың нышаны емес, «бір сұмдыққа көрінеді». Соған байланысты оны сұрқия жұлдыз деп атау қалыптасқан. Дәстүрлі ортада Қ. ж.-дың көрінуін жұт, апат, індет сияқты кесепаттардың белгісі деп санаған. Ел аузындағы әңгімелерге қарағанда, алапат жұттар Қ. ж. көрінген жылдары болған деседі. Тіпті ақырзаман таяғанының белгісі деп те пайымдаған. Соған байланысты Қ. ж. көрінген кезде ертеде жаратқанға жалбарынып арнайы намаз өтеу және тасаттық беру сияқты мінәжат жасаған (қ. Ақырзаман; Намаз; Тасаттық).

Әдеб.: Куфтин Б.А. Календарь и первобытная астрономия киргиз-казацкого народа // ЭО, 1916, № 3-4. С.123-155; Әбішев Х. Аспан сыры. Алматы: Қазақ мемлекеттік саяси әдебиет баспасы, 1962; Nemeth G. Über altturkische Sternnamen // Acta Linguistica. Budapest, 1968. XVII. P.1-6; Никонов В.А. Материалы по космоимии Средней Азии // Ономастика Средней Азии. Вып.2. Фрунзе: Илим, 1980. С.290-306; Аронов К.Г. Этнолингвистическая природа народных космоимов в казахском языке. Автореферат диссертации на соискание ученой степени канд. фил. наук. Алма-Ата, 1992; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰЙЫН – айнала қозғалып, ұйытқи соғатын екпіні күшті желдің атауы. Қ.-ның соғуына қарай күші мен көлемі әр түрлі болады. Қ.-да жел болғанымен оның ерекшелігі айналып, үйіріліп соғатындығында. Осыған байланысты ел арасында қарды көтеріп астан-кестен сокқан құйынды ата құйын десе, топырақ пен құмды борататын Қ.-ды қара құйын деп атайды.

Қазақы ортадағы түсінік бойынша, үйіріліп келе жатқан Қ. ішінде сан алуан мал мен жанға зиянкес күштер мен жың-шайтан сияқты жағымсыз образдар жүреді-мыс. Қ. сокқанда оның манайында болған немесе арасында қалып қалған адамды Қ.-ның жыны соғады, бет-әлпеті қисайып қалады деп түсінгендіктен, оған қатысты бірқатар ырым-

тыйымдар атқарылды. Айталық, айнала сокқан құйынды көргенде «тфә!», «тфә!» деген сөздерді айтып, жерге үш рет түкіреді. «Таздың үйіне бар, таздың үйіне бар» деп Қ.-ның бағытын басқа жаққа бұрып жіберуге тырысады.



Құйын. ТС. 42 том (СПб., 1873) атты жинақтан

Қазақта қашанда ақ тағамды дүлей күштер мен табиғаттың тосын құбылыстарының бетін қайтаруда қолданды. Үйіріле сокқан құйын үйге қарай келе жатса «құйын, құйын соқ, пәленбайдың үйін соқ» сынды сөздерді айтып, оған қарата ақ шашатын. Сонымен қатар «пышақ, пышақ» деген сөздерді айтып пышақпен Қ.-ды «осып-осып» жібереді немесе ішіне пышақ тастайды. Сонда Қ.-ның жолы кесіліп, үйге немесе қора-жайға жақындай алмайды деп есептеген (қ. Ақ құю / Ақ шашу).



Құйынға қарсы пышақ тастау. ҚР МОМ материалдары бойынша суретті салған Б.Досымов

Ертеректе бақсылар сырқат адамның ауруын басқа жаққа көшіру үшін арбау өлең, бәдік өлең айтып емдейтін болған (қ. Бәдік айту). Осындай бәдік өлеңдердің ішінде ауруды Қ.-ға көшіру үшін мынандай жолдар айтылатын:

Бәдік, бәдік деседі,
Бәдік желдей еседі.
Асқар-асқар тауларға,
Айнала сокқан құйынға
«Ай, көш» десе көшеді.
Ай, көш!

Осындай өленді айтқанда адамға қонған дерт Қ.-ға көшіп, наукас дертінен айығады деп есептеген.

Әдеб.: *Абылқасымов Б.* Телкоңыр. Қазақтың көне наным-сенімдеріне қатысты ғұрыптық фольклоры. Алматы: Атамұра-Қазақстан, 1993; *Диваев А.* Из быта киргиз // ТВ. 1906. №118; *Мұқанов С.* Халық мұрасы (тарихи-этнографиялық шолу). Таңдамалы шығармалар. XV том. Алматы: Жазушы 1979; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰЙЫСҚАН – ер-тоқым аттың мойнына қарай сырғып кетпеуі үшін құйрыққа қыстырылып тағылатын, қайыстан жасалған тұрман. Қ. ер-тұрманның негізгі жабдығының бірі (қ. *Ат әбзелдері; Ер'*). Қ. ерді тартып, ұстап тұратындықтан оны қайыстан өріп немесе жалпақ қайыс таспалардан тігіп жасайды. Сонымен қатар ол мықты, берік болуы үшін *түю және өру әдісін* пайдаланып, екі қабат етіп өреді. Үстіңгі беті төрт немесе алты бұрым болады да, астыңғы бетін бір тұтас етіп «*жыланбауыр*» өрнегін жасайды (қ. *Қайыс өру*).

Қ.-ның жасалуына қарай «*құр құйысқан*», «*былғары құйысқан*», «*түймелі*», «*термелі*», «*шытыралы*», «*құймалы*», «*үзбелі құйысқан*», «*күміс*», «*алтын құйысқан*» деп атайды. Қ.-ның негізгі бөліктері – *екі жақтау, екі жырым, екі жаңбырлықтағы салтыншақ, бір боктық, екі айырғыш тоға, бір сауыр үзбе (топшы), екі жаңбырлық үзбе.*

Сауыр үзбе – Қ.-ның екі жақтауының ат сауырында тоғысқан жері. Оны *топшы* деп те атайды (қ. *Топшы*). Дәлірек айтсақ, жалпы ер тұрманда жақтаулар жылқының сауырының үстінде тоғысып, айқастырылады. Кейде оны басқа қайыспен топшылайды немесе тоғысқан тұстың астынан, үстінен қайысты салып қайып тігіп тастайды. Аталмыш әдістер арқылы жасауды *топшы* деп атайды. Ал тоғысқан тұсқа темір сақина, шығыршық, үзбелер салынатын болса, оны «*сауыр үзбе*» немесе «*төбелдірік*» деп атайды (қ. *Сауыр үзбе; Төбелдірік*).

Құйысқандық (боктық) – Қ.-ның аттың құйрығынан ілінші тұратын бөлігі. Аттың құйрығын қажап тастамас үшін боктық көбінесе жұмсақ қайыстан немесе былғарыдан жасалады. Кейде оның сыртын жұмсақ қайыспен қаптап қояды.

Айырғыш тоға – боктық пен сауыр үзбені жалғастырып тұратын дөңгелек шығыршық (қ. *Тоға*).

Жаңбырлық үзбе – құйысқандағы аттың екі жаңбырлығын үстінен басып тұратын үзбесіп «*жаңбырлық*» деп атайды. Аталмыш *үзбелердің* әр қайсысына Қ.-ның *сауыр жақтауы, боктық, салтыншақтардың* бір ұштары тоғысып тұрады. Жаңбырлық үзбе көлемі аттың айыл-тұрмандарының көлемі мен әшекей талғамына сай жасалады.

ҚР MOM қорындағы (КП 16660) Қ. қайыстан жасалған. Ол төрт салпыншақтан бес қайыс таспадан тұрады. Оларды пішіні дөңесті күмбез тәрізді дөңгелек үш қалыпталған *шытырамен* жалғастырған. Қайыс таспа, толқын тәрізді сызықтары бар күмістелген пішіні тікбұрышты болып келетін пластиналармен безендірілген. Салпыншағының ұштықтарының пішіні үшбұрышты болып келеді. Қайыс таспаға пластиналарды қалпақшасы бар *тойтарма шегелермен* бекіткен.



Құйысқан. ҚР MOM қорынан (КП 16660)

Келесісі – (КП 13330) таспадан және қайыстан өріліп жасалған құйысқан. Таспа мен қайыс екі металл шығыршықпен жалғастырылған. *Сауыр топшысындағы* пластинада толқын тәрізді сызықтары бар. Сондай-ақ қайыс таспалары мен шытыралары домалақ пішіндегі тікбұрышты пластиналармен безендіріліп, пластинасына толқын тәрізді өрнектер салынған. Пластиналары қайыс таспаға *тойтарма шегелермен* бекітілген.



Құйысқан. ҚР MOM қорынан (КП 13330)

Қ.-ға қатысты ескеретін жайт – қазақы ортада әйел ері Қ.-ы ерекше талғаммен жасалып, өте сәнді болады. Аталмыш Қ.-ның жасалуындағы басты ерекшелігі – *көспасына төбелдірік* немесе екі аша болып келетін *үзбе* бекітілуінде. Үзбенің екі жағындағы тесігіне әшекейленіп жасалған шашақты салпыншақтар ілінеді. Олар аттың жамбасынан төмен салбырап тұрғанда көзге өте тартымды көрінеді. Сонымен қатар таспадан немесе қалың былғарыдан жасалған Қ.-дың бетін түгелдей құйма күміспен күптеп, кейде түрлі түсті тастардан көздер орнатып безендіреді (қ. *Зергер*).

Әдеб.: *Тәжімұратов Ә.* Шебердің қолы ортақ. Алматы: Қазақстан, 1977; *Арғынбаев Х.* Қазақ халқының колонері. Алматы: Өнер, 1987; *Н. Нұрғалиұлы, Е. Еженбекұлы.* //АТ 1994 №48, 2- желтоқсан, 5-6 бет; *Қасиманов С.* Қазақ халқының колонері. Алматы: Қазақстан, 1995; *Ата салтыңды аяла.* (Қазақ салт-дәстүрлері туралы таным). Құраст. Н. Ақбаев. Алматы: Ана тілі, 1998; *Кенжеахметұлы С.* Жеті қазына жиган-терген. 2-кітап. Алматы: Ана тілі, 2003; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.



ҚҰЙЫСҚАНЫ КӨТЕРІЛУ – төлдейтін уақыты жақындаған буаз малдың дене бітімінде байқалатын өзгерістердің бірі. Оны казак малшылары үнемі назарда ұстап отырды. Қ. к. белгісі сиыр мен биеде анық байқалады. Буаз малдың *құйрық* тұсынан бастап *сауыры* жағы «үлкейеді», ал жамбастың бүйірі төмен қарай ойыстап түседі. Әрі, желіні үлкейіп түйін салады, яғни *желіндейді*. Ондай мал жатып-тұрып тағатсызданады, әрі бүйіріне қарағыштай береді. (қ. *Мал төлдету*). Қ. к. буаз малды ерекше күтімге алып, түнде күзетеді. Өйткені, буаз мал (әсіресе тұмсалары) иен далаға *бошалап* босып кеткен жағдайда төлі шығынға ұшырайды, мал басының өсіміне нұксан келеді (қ. *Бошалау*).

Әдеб.: ЦГА РК. Ф.25, О.1, Д.4199, Св.387. О коневодстве в Тургайской области (20.03.1892 г. - 10.10.1895 г.); *Добросмыслов А.И.* Верблюдоводство в Тургайской области. Оренбург: Типография П. Жаринова, 1895; *Жанәбілов Ш.* Қазақша мал атаулары. Алматы: Қайнар, 1982; *Хинаят Б.* Төрт түліктің мінез-құлықтарына қатысты дәстүрлі таным // *Жұлдыз*. 2000, №8-9. 123-129 бб; ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰҚЫҚ / ӘДЕТ-ҒҰРЫПТЫҚ ҚҰҚЫҚ / ӘДЕТТІК ҚҰҚЫҚ / БИЛЕР СОТЫ / ХАЛЫҚ СОТЫ / БИЛІК / БИЛІК АЙТУ / БИЛІК ЖҮРГІЗУ / ТӨРЕЛІК АЙТУ / ТӨРЕЛІК ЖҮРГІЗУ / БИ КЕСІМІ / ІС КЕСУ / ҚАҚЫ / ҚҰҚЫ – дәстүрлі қазақы ортадағы құқықтық қатынастың мазмұнын, оның институттарының құрылымдық және функционалдық табиғатын, сондай-ақ осы қатынастың жүзеге асырылу тәртібін (үрдісін) білдіретін категориялар (ұғымдар). Әлбетте олардың кейбіреулерінің қолданыс мәні мен қолданыс аясы бірдей емес.

Терминологиялық мәселе. Қарастырылып отырған категориялар желісінің осыншалықты сөз тұлғаларынан тұратындығын *құқық / әдет-ғұрыптық құқық / әдеттік құқық*, сондай-ақ, *билер соты / халық соты* сияқты тарихи юриспруденция мен нормативтік этнологияда (өкініштісі, соңғысы Қазақстанда мүлдем қалыс қалған ғылыми сала) қолданылып жүрген терминдермен бірге, қазақы төлтума ұғымдық нұсқалардың да беріліп отырғандығымен түсіндіруге болады. Өз кезегінде, қазақы төлтума ұғымдардың әртүрлілігі көшпелі ортадағы сан алуан тәртіп бұзушылық пен қылмыстарды әдет-ғұрыптық құқық жолымен реттеу жосынының (тиісті жазаға немесе айыппа кесу, шешімді орындау, бітістіру және т.б.) әр деңгейлік құрылымдық сипатына және функционалдық алуандығына байланысты болды.

Аталмыш ұғымдарды қолданыстық мәні, қолданыс аясы және когнитивтік орнығудың тарихи контекстісі (генезисі) тұрғысынан төмендегідей бес топқа жіктеуге болады:

- *құқық*;
- *әдет-ғұрыптық құқық / әдеттік құқық*;
- *билер соты / халық соты*;
- *билік / билік айту / билік жүргізу / төрелік айту / төрелік жүргізу / би кесімі / іс кесу*;
- *қақы / құқы*.

Құқық категориясынан басқа әр топқа жіктелген терминдер өз алдына бірыңғай синонимдік қатарды

(немесе желісті) құрайды. Дегенмен, осы синонимдік желістерге жататын ұғымдар мен құқық категориясы мән-мағыналық жағынан өзара байланысты болып келеді. Осы ретте ерекше екшеп айтарлық жайт – бұл байланыс осы ұғымдардың бір-бірінің қолданыс мәні мен қолданыс аясын пысықтайтын әрі дәйектейтін семантикалық функция атқарады. Демек, аталмыш мән-мағыналы байланыс осы ұғымдардың семантикалық бірыңғай өрісін құрайды. Себебі, бұл ұғымдардың бәрінің қолданыс объектілері мен субъектілері ортақ (құқықтық қатынас, осы қатынастың субъектілері мен объектілері, оның нормалары мен принциптері хәм процессуалдық тәртібі (механизмі) және т.с.с.). Сонымен бірге, *құқық* пен синонимдік желістерді құрайтын ұғымдардың өзара қолданыстық және мағыналық айырмашылықтары да бар: *құқық* пен әрбір синоним құқықтық қатынас пен оның процессуалдық-нормативтік механизмінің өздеріне «тиесілі» қыр-сырын ғана білдіреді. Мысалы ретінде қақы мен құқы синонимдік ұғымдардың көшпелі ортадағы құқықтық қатынастың тек тұлғалық субъектілеріне ғана қатысты қолданылатындығын айтуға болады.



*Болыстық старшинаның айырым белгісі.
Ұ.Жәкеевтің жеке коллекциясынан*

Жоғарыда аталған ұғымдардың ішінен *құқық, әдет-ғұрыптық құқық / әдеттік құқық* категориялары, сөз жоқ, өздерінің қолданыстық мәні мен қолданыс аясының ауқымдылығымен ерекшеленеді. Осы ретте *құқық* категориясы жөнінде бірер сөз. *Біріншіден*, бұл термин, біздің анықтауымызша, алғаш рет ХХ ғ.-дың басы мен осы ғасырдың 30-жылдары аралығында жарық көрген қазақ зиялыларының көрнекті өкілдерінің қоғамдық-саяси публицистикалық еңбектері мен қазақ жазушыларының шығармаларында ең алдымен қазақ жұртының хәм жеке тұлғаның (тұлғалардың) құқықтық міндетін, парызын, мүмкіндігін, еркін білдіретін ұғым ретінде қолданыс тапты (Ә.Бөкейхан, М.Дулатов, М.Шоқай, І.Жансүгіров, С.Сейфуллин және т.б.). Алайда, бұл ұғымның аталмыш мағынада қалыптасуының тарихи контекстісі, логикасы, семантикалық эволюциясы, сөз жоқ, арнайы когнитологиялық зерделеуді қажет етеді.



Ауыл старшинасының айырым белгілері.
Ұ.Жәкеевтің жеке коллекциясынан

Екіншіден, құқық термині отандық тарихи юриспруденция мен ішінара этнография (этнология) ғылымында дәстүрлі қазақ қоғамының құқықтық мәдениетінің болмыс-бітімін білдіретін әрі осы қоғамдағы құқықтық қатынасты және оның институттарының табиғатын зерттеу үшін де сирек те болса қолданылатын категория ретінде орнықты. Бұл тұрғыдан алғанда құқық термині *әдет-ғұрыптық құқық* немесе *әдеттік құқық* синонимдерінің ұғымдық эквиваленті болып табылады.

Үшіншіден, бұл термин советтік Қазақстан мен тәуелсіз Қазақстандағы құқықтық жүйелердің құрылымын, функционалды табиғатын және қоғамдық қатынастың әртүрлі субъектілері үшін мемлекет пен қоғам алдында міндетті болып табылатын заң нормалары мен принциптерін білдіреді. Орайы келгеннен сон айта кету керек, *құқықты* ұлттық заңнама термині ретінде (оның жоғарыда көрсетілген қолданыстық мәнінде) ХХ ғ.-дың 90-жылдарының орта шенінде ұсынған белгілі қоғам қайраткері Әбдуали Қарағұлов еді. Осыдан кейін бұл термин қазақ тіліндегі заңдық іс-тәжірибеде де, отандық заңтану ғылымында да әрі практикалық мәнді (онтологиялық), әрі зерттеудің эпистемологиялық «құралы» ретінде орнықты. Демек, *құқық категориясы әдет-ғұрыптық құқық* немесе *әдеттік құқыққа* қарағанда әмбебаптық мәнді категория болып табылады. Осы жайтқа байланысты *құқық* категориясы көшпелі қоғамдағы құқықтық мәселелерді зерттеуге қолданыла бермейді.

Қазақтың дәстүрлі құқықтық мәдениетіне арналған қазақ тілді зерттеулерде орныққан басты категория – *әдет-ғұрыптық құқық* немесе *әдеттік құқық*. Алайда, бұл синонимдер *құқық* термині сияқты таза ғылыми категория болып табылады. Бұл терминнің ғылыми категория ретінде орнығуы қазақтың дәстүрлі құқықтық мәдениетін зерттейтін отандық тарихи юриспруденцияның және этнология (этнография) ғылымының қалыптасуымен және дамуымен тікелей байланысты болды. Алдымен, патшалық Ресей, сонынан совет одағының қоғамдық ғылымдарының, соның ішінде тарихи заңтану және этнография салаларының тегеуірінді ықпалымен қалыптасқан қазақ тілді зерттеулерде

орныққан *әдет-ғұрыптық құқық* немесе *әдеттік құқық* синонимдері – орыс тілді ғылыми еңбектердегі «*обычное право*» ұғымының қазақша баламасы екендігін айтқан жөн. Дегенмен, аталмыш синонимдер қазақ қоғамындағы құқықтық мәдениеттің синкреттік табиғатын дәл білдіретін онтологиялық мәнді категория болып табылады. Оның дәстүрлі құқықтық мәдениетті зерттеу ісіндегі эвристикалық пәрмені мол бірден-бір эпистемологиялық категория ретінде де қолданылатындығы сондықтан.

Келесі *билер соты* мен *халық соты* терминдері дәстүрлі қазақы орта үшін жасанды, өйткені сырттан таңылған ұғым болды (**қ. Билер соты; Халық соты**). Тіпті, көшпелі социумдағы қатынастардың институционалды құрылымы ретінде ежелден орныққан құқықтық жүйеге, оның процессуалдық-нормативтік механизмінің төлтума табиғатына кереғар терминдер болды десек асырып айтқандық болмайды. Расында да, деректер, соның ішінде сан алуан этнографиялық мәліметтер *билер соты* мен *халық соты* терминдері орыс тіліндегі «*суд биев*» және «*народный судья*» немесе «*народный суд*» атауларының қазақша баламалары ғана екендігін айғақтайды. Яғни, қазақы ортадағы құқықтық қатынас пен олардың институттарының төл табиғатын білдіретін ұғымдар емес. Осы айтылған уәждің ең ілкімді дәлелі ретінде орыс тілінен ауысқан осы екі терминнің әлдеқайда бертін – совет дәуірінде ғана ішінара болса да қазақ тілінде жарық көре бастаған тарихи юриспруденция және нормативтік этнологиялық бағыттағы еңбектерде қажетті эмпирикалық материалдарды зерттейтін категория ретінде қолданыс тапқандығын айтуға болады (өкінішке орай, біраз еңбектерде аталмыш терминдер дәстүрлі қазақы құқықтық жүйенің болмыс-бітімін білдіретін ұғымдар ретінде де пайдаланылып жүр). Бұл түсінікті де: ХІХ ғ. – ХХ ғ.-дың 20-жылдары қазақтың өзіндік құқықтық жүйесіне қатысты еңбектердің барлығы дерлік орыс тілінде жазылды. Ал *билер соты* мен *халық соты* терминдері дәстүрлі қазақы ортадағы құқықтық іс-тәжірибенің төлтума табиғатын һәм функционалды ерекшеліктерін, жоғарыда айтылғандай, дәл беруге семантикалық дәрменсіз болғандықтан орныға алмады. Дәйекті мысал ретінде қазақтың әдет-ғұрыптық құқығының тарихи этнографиясына байланысты қазақ тілінде жазылған әзірше бірден-бір қолжазба дерек – әйгілі Саққұлақ биден қалған мәтінді (**қ. Жеті Жарғы**) және 1885 жылы мамыр айында Семей уезіне қарасты Қарамола елдімекенінде қабылданған белгілі Қарамола Ережесінің сол кезде хатқа түскен қазақша нұсқасындағы тиісті мәліметтерді келтіруге болады. Екі мәтінде де *билер соты* мен *халық соты* деген атаулар мүлдем кездеспейді. Есесіне, осы ереженің мазмұны (осы құжат қабылданған кезеңде қазақ қоғамының ежелгі құқықтық жүйесінің құрылымы да, функциясы да үлкен өзгеріске ұшырағанына карамастан) *билік*, *билік айту*, *бидің билігі*, *жан беру*, *күман ұстау*, *салауат*, *береке-бітім* сияқты сан алуан құқықтық мәнді ұғымдарға толы (**қ. Жан беру; Күмән; Салауат / Салауат айту**).



Осы ретте айта кетер жайт – қазан революциясына дейінгі әртүрлі ресми құжаттар, орыс шенеуніктерінің және зерттеушілерінің сан алуан жазбалары мен еңбектерінде кездесетін «народный судья» термині де қоғамдық іс-тәжірибеде шамамен XIX ғ.-дың 80-жылдары басында орныға бастаған сынайлы. Бірақ, бұл терминнің қазақша баламасы – *халық соты* термині жоғарыда айтылған жайтқа байланысты қазақы орта мүлдем қабылдамай қойды. Аталмыш Қарамола Ережесінің орысша нұсқасында «народный судья» термині бар болғанымен, оның осы ереженің қазақша мәтінінде ұшыраспауы сондықтан. Дәл осындай дәйектемені аталмыш кезеңде құқықтық мәселеге байланысты жарық көрген казак тіліндегі материалдарға, мысалы 1886 жылы 16 тамызда Семей мен Өскемен уездерінде өткен билер съезінде қабылданған Шар Күшік Ережесіне байланысты да айтуға болады. Осы қисынға қатысты ерекше назар аударар гәп – аталмыш Ереженің қазақша мәтінінде де *халық соты* терминінің орысша түпнұсқасымен «народный судья» деп берілуі айтылған уәждің тағы бір дәйекті дәлелі бола алады.



*Халық сотының айырым белгісі.
Ұ.Жәкеевтің жеке коллекциясынан*

Дегенмен, билер соты мен халық сотының орысша түпнұсқалары болып табылатын «суд биев» және «народный судья» немесе «народный суд» терминдері тарихта «Сперанскийдің Жарғысы» деген «авторлық» атаумен белгілі «Сібір қырғыздары [казактары] туралы Жарғыдан» бастау алатын XIX ғ. бойы казак өлкесінде әлденеше рет жүргізілген әртүрлі саяси-әкімшілік, әкімшілік-территориялық реформалардың нәтижесінде түбегейлі өзгеріске ұшыраған казак социумының құқықтық жүйесінің, соның ішінде, әсіресе, үкім-кесім шығару үрдісінің жаңа институционалдық болмысы мен бітімін дәл білдіретіндігін ерекше екшеп айтқан жөн. Осы қисын тұрғысынан, «суд биев» және «народный судья» немесе «народный суд» терминдерінің казак өлкесін Ресей басқару жүйесінде орнығу үрдісін аталмыш кезеңде Ресей империясының аса тегеуірінді ықпалына түскен дәстүрлі қазақы құқықтық жүйенің құрылымдық және функционалдық өзгерісінің **когнитивтік проекциясы** ретінде қарастыру қажет. Демек, аталмыш терминдерді ғылыми ізденістің эпистемологиялық категориялары, яғни, когнитивтік құралдары ретінде,

жоғарыда айтылғандай, тек Ресей империясы тарапынан күшпен таңылған саяси-әкімшілік факторлардың әсерінен болған дәстүрлі қазақы ортадағы құқықтық жүйесінің өзгерісін зерделеу үшін ғана қолданылуы тиіс. Сонда ғана олардың әрқайсысын қажетті зерттеу объектісінің, нысанының (предмет) танымдық кеңістігі мен уақытын һәм контекстің дәл айқындайтын әрі зерделейтін зерттеу құралы (тәсіл) ретінде пайдалануға болады. Бұл мәселені мүмкіндігінше егжей-тегжейлі тәпшістеуіміздің себебі сонда, жоғарыда ішінара айтылғандай, отандық тарихи юриспруденция, әсіресе, нормативтік этнологиялық бағытта жазылған біраз еңбектерде аталмыш терминдер қазақтың дәстүрлі құқықтық жүйесі мен оның институттарының төл болмыс-бітімін дәл білдіретін ұғымдар ретінде жосықсыз қолданылып жүр.



*Балыс сотының айырым белгілерінің әртүрлі нұсқасы.
Ұ.Жәкеевтің жеке коллекциясынан*

Ал дәстүрлі казак социумінде әуелден орныққан *билік, бидің билігі, билік айту* немесе *билік жүргізу* деп аталды. Бұл атаулар көшпелі ортадағы әртүрлі қылмыстық және қоғамдық тәртіп бұзушылықтың субъектілерін тиісінше жазаға кесетін бірден-бір тұрға (тұлғалар) би (билер) мен оның құқықтық функциясына байланысты қалыптасты (**к. Би**). Алайда, семантикалық өрісі бір бұл төрт синоним атаулардың қолданыс аясы айтылған жайттан әлдеқайда кең: олардың әрқайсысы бидің (билердің) құқықтық мәртебесі мен қызметін ғана емес, дәстүрлі сот пен оның шепімін жүзеге асыру жосынын да білдіреді. *Бидің билігі* ұғымының тағы бір мағынасы – бидің билік жүргізгені үшін алатын ақысының атауы. Мөлшері кесілген құн немесе айыптын 1/10 бөлігіне тең болды (**к. Құн**).

Сан алуан тарихи-этнографиялық деректерге қарағанда, бұл атаулардың *төрелік айту* немесе *төрелік жүргізу* деген

ұғымдық эквиваленттері де қолданыста болған (к. *Төрелік айту* / *Төрелік жүргізу*). Осы ретте ескере кетер жайт – қазақ тарихының хан билігі жүрген кезеңінде так иесінің Шыңғыс ханның тікелей ұрпағы болғандықтан, оның билігінің шәк келтірмес әділдігінің әрі хан жарлықтарының қабылдану үрдісін білдіретін ұғым ретінде орныкса керек. *Төрелік жүргізу* немесе *төрелік айту* синонимдерінің мән-мағынасын дәл айқындау үшін ежелгі түркілік жазба материалдарда және осы кезеңге қатысты сан алуан деректердегі тиісті мәліметтердің маңызы ерекше. Осыған орай 1969 жылы жарық көрген «Древнетюркский словарь» атты сөздіктегі төре ұғымына қатысты мәліметтер ерекше ден қойдырады. Онда қазақтың төре сөзінің көне түркілік бірнеше фонетикалық нұсқасы және тиісті мағынасы сипатталған: а) *törü* сөзі киіз үйдегі ең құрметті орынды, яғни қазақша төр деген ұғымды және заң мен ғұрып дегенді білдіреді (айта кетер жайт – осы сөздікте төр сөзінің фонетикалық және мағыналық жағынан айнақатесіз эквиваленті *tör* сөзі де берілген); ә) *türü* сөзінің қарастырылып отырған мәселеге байланысты алғашқы екі мағынасы (бұл термин барлығы төрт мағынада қолданылған) назар аудартады:

- *тәртіп, ереже, заң;*
- *ғұрып, заң.*

Шыңғыс хан және оның ұрпақтарының дәурені жүріп тұрған заманда, академик В.В.Бартольд айтпақшы, заң, тәртіп, ғұрып (үйдегі ең құрметті орында да) білдіретін *türü* ең алдымен көшпелілердің әдет-ғұрып құқығының атауы болды. Кейін аса көрнекті қазақстандық шығыстанушы В.П. Юдин ғылыми жан-жақты негіздеген шыңғысизм (чингизизм) идеологиясы мен әлеуметтік тәжірибесінің қағидаларына сәйкес осы ұғым Орталық Азиядағы ортағасырлық көшпелі ұлыстар мен көшпелі этномәдени ортада орныққан көзқарас бойынша әділдіктің, мәрттіктің, жомарттықтың, тектіліктің символы болған Ұлы қағанның ұрпақтарының сословиелік атауына айналды (к. *Төре*). Алайда, бұл ұғымды және осы ұғыммен семантикалық тектамырлас *төрелік айту* немесе *төрелік жүргізу* синонимдерін тек Шыңғыс хан ұрпақтарының әлеуметтік мәртебесі мен олардың көшпелі ортадағы билік қатынасы жүйесіндегі саяси артықшылығымен ғана байланыстыруға әсте болмас. Сан алуан этнографиялық, этнолингвистикалық және фольклорлық деректерге қарағанда дәстүрлі қазақы ортада *төре* сөзі әділдік, әділ билік, әділ билік жүргізу, әділ шешім шығару сияқты мағынада да қолданыла берді. Көшпелі тіршілік салтының дәурені жүріп тұрған кезеңде қоғамдағы әртүрлі кикілжіндер мен шиеленіс атаулының әділ шешімін табуы білдіретін, сондай-ақ, осындай жайтқа байланысты күні бүгінге дейін сирек те болса аға буын қазақтар арасында айтылып қалатын *төрелігін айту*, беделді тұлғаға жүгінгенде айтылатын *төрелігін өзің айт* дейтін сөз тіркестері жоғарғыдағы уәждің тағы бір дәйекті дәлелі десе де болады. Қазақ социуміндегі ханның ерекше мәртебесі мен билігін айғақтайтын, сондықтан да дәстүрлі қазақы орта айырықша қастер тұтқан *төрелік айту* / *төрелік жүргізу* атау-

синонимдері кейін хандық биліктің әлсіреуі мен жойылуына байланысты бірте-бірте билердің құқықтық мәртебесі мен құқықтық функциясын, сондай-ақ, *билік айту* және осы жосынның нәтижесін білдіретін ұғымға ұласқан сыңайлы (әлбетте, бұл ұғымның аталмыш семантикалық эволюциясы – арнайы когнитологиялық зерттеудің еншісі-ред.).



Даулы істі қарау. С.М.Дудиннің фотосы. Ұлы Петр атындағы антропология және этнография музейі (Кунсткамера) қорынан (1199-468)

Сонымен бірге тарихи-этнографиялық деректерде *би кесімі* және *іс кесу* деген терминдер арақидік болса да кездесіп қалады. Бұлардың мағынасы мен қолданыс *аясы билік, бидің билігі, билік айту, билік жүргізу, төрелік айту, төрелік жүргізу* терминдерімен бірдей. Демек, соңғыларымен бірге бірінғай синонимдік желісті құрайды.

Қарастырылып отырған ұғымдардың ішінде тағы бір ерекше ден қойдыратын сөздер, сөз жоқ, синонимдер болып табылатын *қақы* және *құқы* терминдері. Осы синонимдердің дәстүрлі қазақы ортадағы әуелгі төл мағынасы адамның парызы, кісілік міндеті, кісілік қарызы дегенді білдірсе керек. Яғни, көшпелі қоғамдық қатынастар жүйесіндегі тұлғалық субъектаралық байланыста іргелі моральдық-этикалық принцип (әрі норма) ретінде реттеуші және үйлестіруші функция атқарды. Кейін дәстүрлі қазақ қоғамына орыстың саяси-әкімшілік, идеологиялық, құқықтық және экономикалық әсерінің, әсіресе, XIX ғ.-дың соңғы он жылдығынан бастап айырықша күшеюіне байланысты аталмыш синонимдер енді мүмкіндік, еріктілік, міндеттілік, жауапкершілік деген сияқты құқықтық мәнге ие болды.

Аталмыш мәселе аясында тағы бір назар аударарлық гәп – XIX ғ.-дың аяқ шеніне дейінгі фольклорлық мәтіндердің мазмұны және әртүрлі этнографиялық мәліметтер *қақы* ұғымының *құқы* сөзіне қарағанда әлдеқайда басым қолданыста болғандығын айғақтайды. Осы уәждің дәйекті дәлелдерінің бірі ретінде паремологиялық формулалар болып табылатын «*кісі қақысы*», «*көрші қақысы*» деп келетін осындай және *қақы* ұғымына қатысты басқа да белгілі сөз тіркестерін айтуға болады. Егер кез-келген паремологиялық сөз орамы өзінің лексикалық, грамматикалық, синтаксистік, морфологиялық әлбетте



семасологиялық сияқты іргелі параметрлері тұрғысынан этностың сан ғасырлық тәжірибесінің сұрыптауынан өтіп барып қана қалыптасатындығын ескерсек, онда осы ретте негізгі семантикалық өріс құрайтын *қақы* сөзінің фонетикалық бітімінің қазақы ортада ежелден орныққандығын бажайлау қиын емес (өйткені, кез-келген пареманың (тұрақты сөз тіркесі) өзі де, оның құрамындағы семантикалық өрістің негізі болып табылатын сөз де (сөздер де) вербальдық байланыс жүйесінің ұрпакаралық этникалық информацияны қабылдаушы, тіркеуші әрі таратушы механизмінің когнитивтік тетіктерінің бірі болып табылады).

Дәстүрлі қазақы ортада *қақы* сөзінің қолданыс аясын, семантикалық өрісін айқындайтын әрі айғақтайтын төмендегідей паремологиялық сөз орамдары (жоғарыда келтірілген екі пареманы қосып алғанда) кездеседі:

- *көрші қақысы;*
- *кісі қақысы;*
- *мүсәпірдің қақысы.*
- *қазақтың төреде қақысы бар;*
- *қазақтың қазақта қақысы бар;*

Белгілі лексиколог ғалым, профессор Нүргелді Уәли аталмыш сөз тіркестерінің төмендегідей нұсқаларын ұсынады:

- *көршінің көршіде қақысы бар;*
- *қазақтың төреде қақысы бар;*
- *қазақтың қазақта қақысы бар;*
- *мұсылманның мұсылманда қақысы бар;*

Бірінші сөз орамдары мен Нүргелді Уәли нұсқаларындағы тиісті параллелдердің арасында ешқандай мағыналық айырмашылық жоқ. Айырмашылық жоғарыда және кейінгі келтірілген сөз орамдарының құрамын өзара салыстырғанда ғана айқындалады. Біріншісінде Нүргелді Уәли нұсқаларында кездеспейтін *кісі қақысы* және *мүсәпірдің қақысы* деген формулдық тіркестер бар. Ал соңғы Нүргелді Уәли нұсқаларындағы *мұсылманның мұсылманда қақысы бар* деген сөз орамы, біздің ойымызша, біріншісінде де, екіншісінде де берілген *қазақтың қазақта қақысы бар* деп келетін тіркестің «исламдық» түрленген нұсқасы ғана. Мұндай семантикалық түрленуді қазақ даласындағы исламдық фактордың әсерімен түсіндіруге болады. Рас, мұсылман ұғымының қазақ сөзіне қарағанда тарихи-мәдени-этникалық «географиясы» хәм қолданыс аясы кең болып көрінеді. Бірақ, осы ретте қазақы ортада ислам әсерінің күшейген заманында *мұсылман* ұғымы *қазақ* ұғымының, керісінше *қазақ* ұғымы *мұсылман* ұғымының орнына қолданыла бергендігін ерекше ескерген ләзім. Алайда, бұл гәпті қазақтың этникалық болмыс-бітімінің исламдануы деп қабылдауға болмайды. Өйткені, дәстүрлі қазақы ортадағы бірнеше деңгейден тұратын жалпыэтникалық айғақтылық (ethnic of identity – идентичность) бүкіл этностың әлеуметтік энергиясының негізгі көздерінің (әрі арқауларының) бірі хәм оны жұмылдыратын қуатты институционалдық механизм – туыстық қатынасқа негізделді. Ал бұл қатынас

қазақтың бөтен жұрттардан этномәдени «оқшаулығын» қамтамасыз еткен басты механизм болды. Сан алуан этнографиялық және тарихи деректер ислам факторы қазақ қоғамының дәстүрлі болмысы мен бітімін өзгерте алмағандығын айғақтайды. Керісінше, исламның ілкімді нормалары мен принциптерінің өздері дәстүрлі қазақы ортаның сан ғасырдан жалғасып келе жатқан талғамына икемделгені соншалықты, олар этностену үрдісіне ұшырап (бөтен этникалық элементтердің жана ортада этностену принципі бойынша), көшпелі социумдағы әлеуметтік қатынас жүйесінің құрамдас элементтеріне айналып кетті. Енді мұсылманшылық көшпелілердің тағы бір моральдық-этикалық қадыр-қасиеті ретінде дәстүрлі қазақ қоғамының идеологиялық тұғыры әрі негіздемесі болып табылатын «*ата-баба жолының*» да тегеуірінді бір нормасына (принципіне) айналды. Осындай жаңа ұстанымға сәйкес «*ата-баба жолынан*» таймаған қазақ баласы нағыз мұсылман санатында болды, керісінше, мұсылман қазақ «*ата-баба жолын*» берік ұстанған нағыз қазақ болып есептелінді. Айтылған қисын тұрғысынан «*мұсылманның мұсылманда қақысы бар*» деген тіркестегі мұсылман сөзін исламның әсеріне ұшыраған дәстүрлі қазақы ортаның қазақ деп қабылдағандығын парықтау әсте қиындық туғызбайды. Өйткені, қазақтың мұсылманшылығы көшпелі ортаның сан ғасырлық тіршілікке тәжірибесінің талап-талғамына бейімделген, сіңісті болған қазақыланған ұстаным еді. Бұл жайтты жоғарыда ішінара айтылған бөтен жұрттардан енген әртүрлі мәдени-рухани құбылыстар мен материалдық элементтердің қабылдаушы этномәдени ортадағы этностену үрдісімен (механизмімен, принципімен) түсіндіруге болады. Ал, этностену үрдісі, түптеп келгенде, сырттан енген бөтен этномәдени құбылыстар мен элемент атаулыны жаңа этникалық ортаның өз талғамына сәйкес бейімдеуі ғана емес, әлгі қабылдаушы этностың өзінің де айналасындағы сан алуан сыртқы әсерлерге де (саяси, мәдени, экономикалық және т.б.) бейімделуін білдіреді. Демек, мұсылман конфессиялық атауы мен қазақ этнонимінің өзара мағыналық эквивалентті ұғымдарға айналуын көшпелі ортаның сырттан келген исламдық тегеуірінді жосындарды әрі бейімдеу әрі оларға бейімделу стратегиясының бір қыры ретінде бағамдаған ләзім.

Енді *қақы* ұғымының қолданыстық мән-мағынасы жөнінде. Ең алдымен қакының жоғарыда айтылғандай тек тұлғалық субъектаралық байланыс жүйесінде ғана моральдық-этикалық норма (принцип) ретінде функция атқарғандығын, бұл принцип әлдебір себептермен бұзылған жағдайда ғана құқықтық мәнге ие болатындығын ерекше екшеп айту қажет. Осы ретте айырықша ескерер жайт – *қақы*, қазақы пайым бойынша, қоғам (ең алдымен ру-қауым – *к. Қауым; Ру*) мүшелерінің бір-бірінің алдындағы моральдық-этикалық мәнді *кісілік қарызын*, *кісілік борышын*, *кісілік парызын*, осылардан туындайтын *кісілік міндеті* мен *кісілік жауапкершілігін* білдіреді (бұл жерде *кісілік* сөзінің әрбір тіркесте қайталануын оның



тұлғалық-субъектілік, яғни адам деген мағынасында емес, көшпелі ортада орныққан кісілік концепциясына сәйкес ең алдымен адамгершілік қадір-қасиет атаулыны білдіретін іргелі этикалық категория болып табылатындығымен түсіндіруге болады). *Қақының* әлгіндей принциптерін ұстану әрбір көшпелі жан үшін шәк келтірмес тіршілік қағидасы болды. Өйткені бұл принциптер түптеп келгенде «*ата-баба жолының*» басты өсиетіне сәйкес қазақы орта қатаң ұстанған туыстардың арасындағы үйлесімділікті қамтамасыз ететін принциптер еді (қ. *Ата-баба жолы*). Өз кезегінде *қақының* әлгіндегі принциптерін ісі қазақтың бек ұстануының түпкі мақсаты туыстық-рулық қатынастың ілкімді нормалары мен принциптерін сақтау және дәріштеу болды. Ал шежірелік жосынмен әрі тарихнамалық әрі идеологиялық негізделген туыстық-рулық қатынастың нормалары мен қағидалары көшпелі ортадағы тіршіліктің институционалдық алғышарты, мәйегі және механизмі функциясын атқарды. Егер, туыстық-рулық қатынастың ұйымдастырушы, үйлестіруші, реттеуші функциялары ең алдымен жеті аталық экзогамиялық құрылым – ру-қауым, яғни социум ауқымында ғана жүзеге асырылатындығын ескерсек, онда осы ру-қауымның *қақы* нормасының (принципінің) негізгі институционалдық (функционалдық) кеңістігі болғандығына көз жеткізу қиын емес. Көшпелі ортадағы адамдардың бір-біріне деген жоғарыда аталған *бес қақысы* ең алдымен ру-қауым мүшелерінің бір-бірінің алдындағы моральдық-этикалық қарызын, борышын, парызын һәм міндеті мен жауапкершілігін білдіретіндігі сондықтан.

Қақының міндетті түрде орындалу императив-парадигмасы бойынша қақылық байланысқа түскен субъектілердің әлеуметтік болмыс-бітіміне және институционалдық мәртебесіне қарай осы ұстанымның (категория, принцип, қағида) атқарылу жосыны мен механизмінің өзіндік ерекшеліктері болды.

Көрші қақысы. Дәстүрлі қазақы ортада көршінің а) *іргелес көрші* немесе *жақын көрші*; ә) арасында екі-үш үй аралайтын *сыбай көрші* деген түрлері болды (қ. *Көрші; Көрші қақысы; Сыбай көрші; Іргелес көрші*). Сондай-ақ, бүкіл ауыл адамдары әуелден орныққан дәстүр бойынша көрші-қолаң болып есептелінді. Демек, көрші қақысы қағидасы ауылдағы «*от басы ошақ қасы*» иелерінің бәріне жүрді (қ. *От басы ошақ қасы*). Ал *көрші ауыл* деген ұғым, атынан көрініп тұрғандай, іргелес қоныстанған ауылдардың бәріне қатысты қолданылды (қ. *Ауыл*). Мұндай іргелес қоныс тепкен ауылдардың ара қашықтығы әдетте әрбір ауылдағы малдың түрлері мен санына қарай анықталатын жайылымдардың көлеміне қарай қалыптасты. Ал жайылымдардың көлемі жылдың төрт мезгілінде әрқалай болғандықтан іргелес көрші ауылдардың да ара қашықтығының мезгілдік мөлшері болды. Мысалы, қыс мезгілінде арасы 5-10 шақырым, далалық өңірлерде тіпті бұдан да үлкен қашықтықта орналасқан он шақты ауылдар (орыс отаршылығына дейінгі кезеңде 20-30 ауыл

шамасында) жаздың көгі көтерілген сәтте бірігіп үлкен ауылға айналып отырды. Алайда, аталмыш мезгілдік ерекшеліктерге қарамастан ауыл ішінде және ауыл арасында қақының «нормативтік» қолданысы жоғарыда аталған *іргелес (жақын) көрші, сыбай көрші және көрші ауыл* сияқты ежелден орныққан жіктеуге негізделді. Дәстүрлі қазақы ортада көршілер, әсіресе, *іргелес көршілер* мен *сыбай көршілер* бір-бірін «*құдай қосқан көрші*» деп *торқалы той, топырақты өлім* кезіндегі жосын-жоралғыларды және мерекелік шараларды бірлесе атқарысты (қ. *Торқалы той, топырақты өлім*). Ауылдастар, тіпті іргелес ауылдағылар міндетті түрде рулас, көп жағдайда жақын аталас туыс болып келетіндіктен көрші қақысының атқарылуы туыстық-рулық байланыстың категориялары мен принциптеріне негізделінді (мысалы, ауылдағы немесе көрші ауылдағы *үлкен үйдің жолы, көрші үйдің отағасының жолы, оның бәйбішесінің жолы, одан бөлек шыққан балаларының әрқайсысының жасына қарай анықталатын жолы, әр келіннің жолы, қызының (қыздарының) жолы* деген сияқты) (қ. *Бәйбіше; Отағасы; Үлкен үй; Келін; Қыз*). Сондай-ақ, кез-келген ауыл адамының өз басы немесе отбасы кешкен қиын-қыстау сәттерде оған *жылу, немеурін, қызыл көтеру, асар* ұйымдастыру сияқты ғұрыптық және шаруашылық-тұрмыстық мәнді көп болып көмек көрсету *көрші қақысы* қағидасы жүктейтін кез-келген көршінің әрі кісілік борышы, әрі кісілік парызы, әрі кісілік міндеті, әрі кісілік жауапкершілігі болып саналды (қ. *Отбасы; Асар; Жылу; Немеурін; Қызыл көтеру*).

Айтылғандардан шығатын қорытынды: көрші қақысы қағидасының түпкі мәні ауыл ішіндегі және іргелес ауыл тұрғындары арасындағы көп болып атқарылатын әртүрлі салттар, ғұрыптар, жосын-жоралғылар және сан алуан институттар арқылы социумдегі «*ата-баба жолының*» ілкімді нормалары мен принциптерінің қатаң сақталуын қамтамасыз етуге саяды (қ. *Ата-баба жолы*). Сонымен бірге, аталмыш жосындардың ауыл ішінде немесе іргелес ауылдар арасында «*ата-баба жолының*» ежелден жалғасып келе жатқан талабына сай атқарылуы көрші қақысы қағидасының орындалуының ең басты кепілі болды.

Кісі қақысы. Жоғарыда ішінара айтылғандай, көшпелілердің кісілік концепциясы бойынша кісі ұғымы, ең алдымен, жағымды қасиеттерімен ерекшеленетін, ел арасында өзгелерге жасаған жақсылығымен һәм өнегелі ісімен бедел жинаған жанға қатысты қолданылды. Ондай адамды *кісілігі мол, кісі ғой, нағыз кісі, тіпті, кісі адам* немесе *кісілігі бар адам* деп бағалап айырықша құрмет тұтты. Яғни, кісі – адамға тән ізгі қасиеттермен дараланатын және тағылымды атымтайжомарт істерімен көрінетін белсенді субъект (қ. *Атымтайжомарт; Жомарт; Қасымжомарт*). Осы тұрғыдан алғанда кісі ұғымы *жақсы адам* мағынасында қолданылды (және қазір де қолданылып жүр). Ал кісілік – көшпелі ортада адамның бойындағы адалдық, мәрттік, іскерлік сияқты қасиеттер кіретін «*ата-баба жолын*» берік ұстанған *қазақшылық*



болмыс-бітімді де, осындай қадір-қасиеттердің кісінің іс-әрекетіндегі көрінісін де білдіретін этикалық мәнді категория (өйткені, дәстүрлі кісілік концепциясы бойынша *ата баба жолына* берік жандарға ғана мәрттік, адалдық, іскерлік, атымтайжомарттық сынды ізгіліктер тән) (**к. Қазақшылық**).

Алайда, дәстүрлі қазақы пайым бойынша *кісі* – ең алдымен қазақ баласына қатысты ғана қолданылатын ұғым. Мұндай түсінік шежірелік жосынмен үйлестірілген бірнеше деңгейлік туыстық қатынас жүйесінің (бірата → жетіата → ру-тайпа → жүз → ел-этнос) идеологиясы мен концепциясына сәйкес теката Алаштан (кейбір шежірелік нұсқалар бойынша – қазақ) тарайтын «керегесі ағаш, ұраны Алаш» балаларының бәрі – бір атанын ұрпақтары болғандықтан қазақтар (**к. Жеміата**). Сонымен бірге, қазақ баласы тыныс-тіршілігінің бірден-бір алғышарты әрі кепілі – осы туыстық қатынас мамыражай тоқ тіршіліктің, яғни, көшпелі өмір салтының себебі де, салдары да болып табылатын «*ата-баба жолын*» берік ұстанғанда ғана баянды болмақ. Ал «*ата-баба жолынан*» таймай, өзге туыстарды да (қазақтарды да) адастырмай осы қақ жолымен жүру – шынайы кісілік болып табылатын *қазақшылықтың* нағыз өзі. Демек, *қазақшылық* жолы – «*ата-баба жолы*» – кісілік жолы.

Жоғарыда айтылған кісілік концепциясының басты қағидасы бойынша шынайы кісілік болып табылатын туыстыққа берік болу, түптеп келгенде, дәстүрлі қазақы ортадағы әлеуметтік қатынастың ең алдымен, «*ата-баба жолы*» өсиеттеген моралдық-этикалық мәнді нормалары мен принциптерін қатаң ұстануды білдіреді. Яғни, шынайы *қазақшылықтың* (сондықтан да кісіліктің) ілкімді қағидаларын. Сонда, *қазақшылыққа* берік болу кісілік жолды ұстану, керісінше кісілікті ұстану *қазақшылықты* ұстану болып табылады. Қазақтың *қазақшылық* қадір-қасиетін айғақтайтын кісілігі осында, – дегенге саяды шежірелік тарихнамамен және идеологиямен негізделген әрі «*ата-баба жолының*» сан ғасырлық ұлы тәжірибесімен дәйектелінген кісілік концепциясының түпкі мәні. Демек, *кісі қақысы* қағидасы жоғарыда аталған кісілік (немесе *қазақшылық*) ұстанымға сәйкес дәстүрлі қазақы ортада адамдардың тіршіліктегі бір-бірінің алдындағы *кісілік парызын, кісілік қарызын, кісілік міндетін* һәм *кісілік жауапкершілігін* өтеуді жүктейтін іргелі этикалық принцип болып табылады.

Мүсәпірдің қақысы. Көшпелі ортада ең алдымен ауыл ішіндегі тұрмысы төмен жандарға көп болып материалдық (мал-мүлік) көмек көрсетуді және әртүрлі қолғабыс жасап отыруды білдіретін іргелі ұстанымдардың бірі. Өсы ретте ең алдымен деп пысықтап отырудың себебі – мүсәпір жанның аталмыш қақысынан басқа дәстүр бойынша ауылда *көрші*, одан тыс жерде *кісі* және *қазақ* ретінде де қақылары болды. Сондай-ақ, мүсәпір жан жолаушылағанда жол-жөнекей қоныстанған үй иесінен құдайы қонақ ретінде тиесілі бөлінбеген еншіге – сый-сияпатқа қақысы жүрді.

Қазақтың төреде қақысы бар. Ең алдымен осы қағиданың қисынының бөлектеу көрінетін мән-мағынасы жөнінде бірер сөз. Бұл гәптің парқын бажайлау үшін ең алдымен төре деген жалпы сословиелік атаумен беріліп отырған көшпелі ортадағы жоғарғы саяси билік субъектілерінің – хандар мен сұлтанлардың басқару объектісі жеке тұлға емес, жоғарыда аталған жеті аталық экзогамиялық құрылым – ру-қауымдар болғандығын ерекше ескерген ләзім. Өйткені, көшпелі тіршілік атаулының табиғи субстанциясы – жерге байланысты меншік қатынасының бірден-бір корпоративтік (институционалдық) субъектісі, түптеп келгенде, осы ру-қауым болды. Ал *жеміаталық* ру-қауым көшпелі ортадағы материалдық және рухани игілік атаулыны өндіретін бірден-бір субъектілер – «*бірата*» деп аталатын патронимиялық құрылымдардан тұрды (патронимиялық құрылымға екі-үш ұрпақ ауқымында үш-төрт отбасы «бір атанын баласы» принципі бойынша ұйымдасты. Бұл құрылымның «бірата», кейбір өңірлерде «ата балалары» аталуы сондықтан. Этнология ғылымында мұндай құрылымды «үлкен отбасы» («большая семья») деп атау қалыптасқан). Сонда жетіаталық бірлестік-социумға ұйымдасқан бірталалардың арасындағы сан салалы және сан деңгейлі байланыстары, түптеп келгенде, осы ру-қауымның институционалдық, әлеуметтік, экономикалық құрылымы (немесе жүйесі) болып шығады. Өз кезегінде бұл байланыс-қатынастар көшпелі ортадағы тіршілікті ұйымдастыратын да, реттейтін де негізгі қоғамдық механизм ретінде функция атқарды. Демек, жетіаталық құрылым-социум осы байланыс қатынастардың ең негізгі ұйымдық (институционалдық) формасы болып табылады. Жетіаталық жүйенің, жоғарыда айтылғандай, көшпелі ортадағы адам тұтынысына қажетті игіліктердің бірден-бір өндірушілері – бірталалардың және олардың мүшелері адамдар тіршілігінің әлеуметтік-экономикалық, мәдени-рухани, институционалдық, тіпті экологиялық та кеңістігі болғандығы сондықтан. Осы қысқаша болса да айтылған қисын жетіаталық ру-қауымның социумдық болмыс-бітімін айғақтайды.

Шынтуайтында, руаралық, ру-тайпааралық, жүзаралық қатынас атаулы ең алдымен осы *жеміатаның*, яғни **ру-қауымның мүшелері болып табылатын ырыс ұстағандар мен игі жақыстар** деп аталатын *билер, ақсақалдар, рубасылар, батырлар* кіретін *билер кеңесі, ақсақалдар кеңесі, бидің билігі*, тіпті, *хан кеңесі* сынды институттар арқылы үйлестіріліп және реттелініп отырылды (кез-келген көшпелі ең алдымен жетіаталық құрылымның мүшесі болғандығын қаперге саламыз) (**к. Ақсақал; Ақсақалдар кеңесі; Батыр; Игі жақыстар; Ырыс ұстағандар; Рубасы; Хан кеңесі**). Бұл жайт жетіаталық құрылым-социумның көшпелі ортада айырықша үйлестіруші рөл атқарғандығын айғақтаса керек. Аталмыш руаралық, ру-тайпааралық, жүзаралық сынды сан деңгейлі және сан салалы институционалдық қатынастар жүйесіндегі *жеміатаның* осындай негізгі ұйымдастырушылық миссиясын оның көшпелілердің тіршілік кеңістігіндегі



жоғарыда ішінара сипатталған жасампаз субъектілік функциясымен, яғни экономикалық және институционалдық дербестілігі һәм қауқарлылығымен түсіндіруге болады. Осы қисыннан хандар мен сұлтандардың ең алдымен жетіаталық ру-қауымдар арқылы жоғарыда аталған институционалдық қатынастар жүйесін үйлестіріп және реттеп отырғандығын бажайлауға болады. Бұл жайт хандар мен сұлтандар билігі объектісінің ең бастысы жетіаталық ру-қауым болғандығын айғақтайды. Өсыған орай, сөз болып отырған «қазақтың төреде қақысы бар» деген тіркестегі казак жеке тұлға емес, әрбір көшпелі казактың жоғарыда айтылғандай ең басты және бірден-бір тіршілік кеңістігі болып табылатын жетіаталық ру-қауымның «тұлғаландырылған» метафоралық образы деуге болады. Демек, аталмыш сөз тіркесінің мәні төренің рулардың алдындағы моральдық-этикалық парызығ қарызы, борышы, міндеті, жауапкершілігі дегенді білдірсе керек.

Қазактың казакта қақысы бар. Бұл тіркестің мағынасы қақының басқа субъектаралық байланыстағы колданысы мен жүзеге асырылу жосындарымен салыстырғанда неғұрлым жалпы мәнді болып келеді. Өйткені, осы тіркестегі казак сөзі қақы ұғымының колданыс субъектілерінің болмыс-бітіміне қарай *көршіні* немесе *кісіні* немесе *төрені* немесе *мүсәпірді* білдіруі мүмкін (қ. *Төре*). Шынтуайтында, «қазақтың казакта қақысы бар» қағидасы жоғарыда аталған «көрші қақысы», «кісі қақысы», «мүсәпірдің қақысы» және «қазақтың төреде қақысы бар» атты ұстанымдардың әрқайсысы арқылы жүзеге асырылды. Бұл тіркестегі казак ұғымын аталмыш қағида-ұстанымдардың әрқайсысының шежірелік жосынының «қарға тамырлы казак» парадигмасына сәйкес «этноцентристік» негіздемесі ретінде қарастыруға болатындай.

Сонымен жоғарыда қысқаша болса да айтылған сипаттамалардан қақының аталмыш қағидаларының дәстүрлі қоғамдық қатынастың барлық деңгейлері мен салаларындағы субъектаралық байланыс жүйесін жұмылдырушы, ұйымдастырушы, үйлестіруші функция атқарғандығын парықтауға болады. Осы субъектаралық байланыстың қоғамдық қатынастың құрылымдық және функционалдық үйлесімділігін қамтамасыз еткен ең басты механизм екендігін ескерсек аталмыш қақы қағидаларының казак социуміндегі институционалдық рөлінің айырықша болғандығына көз жеткізу қиын емес. Расында да, жоғарыда айтылған қисындардың өзі-ақ қақы қағидаларының көшпелі ортадағы элеуметтік қатынастың этикалық және ғұрыптық мәнді дағдылы нормалары мен принциптерінің әр көшпелі жан үшін міндетті екендігінің әрі императивтік-идеологиялық негіздемесі әрі кепілдемесі ретінде функция атқарғандығын көрсетеді. Демек, қақы қағидаларын аталмыш нормалар мен принциптерді ұйымдастырушы әрі үйлестіруші институттар ретінде де қарастыруға болады. Қақы қағидаларының кез-келгенінің жоғарғыда айтылған *кісілік борыш*, *кісілік парыз*, *кісілік қарыз*, *кісілік міндет*, *кісілік жауапкершілік* сынды

принциптерінің әлдебір себептерімен бұрмалануы немесе бұзылуы оның құқық мәнді функциясының «іске қосылуына» алып келді. Бұл жайттың мәнісі – қақысы бұрмаланған немесе орындалмаған кез-келген адам оның себепкері болған адамнан әлгі қақының ежелден орныққан барлық шарттарын орындауға талап етуге құқылы болды. Бұл талабы орындалмаған жағдайда ол дәстүр бойынша ауыл ақсақалына немесе биге шағымдана алды. Сан алуан этнографиялық деректер, соның ішінде әдеттік құқыққа байланысты мәліметтер дәстүрлі казак ортаның қақының аталмыш қағидаларының қатан сақталуына ерекше мән бергендігін көрсетеді. Осындай жайтқа байланысты арнайы шақырылған *жүгініс* пен *билер кеңесі* кінәлі адамдарды тиісті айыпқа кесіп отырды (қ. *Жүгініс; Іс кесу*).

Қарастырып отырған термин-категориялардың ішіндегі дәстүрлі казак ортада ежелден орныққаны және колданылғаны, жоғарыда айтылғандай, *билік*, *билік айту*, *билік жүргізу*, *бидің билігі* болды. Алма-кезек колданыста болған осы казак төлтума терминдердің әрқайсысы дәстүрлі құқықтық жүйенің ең басты ұйымдық (институционалдық) негізі әрі формасы – сот пен оны ұйымдастыру, жүргізу, тиісті үкім-кесім шығару үрдісін білдіреді. Бұлардың арасында ешқандай мән-мағыналық, осыған байланысты колданыстық ерекшеліктер жоқ. Сондықтан да олар бірыңғай синонимдік (қатарды) құрайды (қажетті материалды ықшам әрі қисынды ұқсатып беру мақсатында бұдан әрі *билік жүргізу* термині ғана колданылады).

Қақы қағидаларының жоғарыда сипатталған мән-мағынасы мен *билік жүргізу* категориясының семантикалық өрісі олардың дәстүрлі құқықтық жүйенің құрылымын да, функционалдық табиғатын да толық білдіретіндіктерін айғақтайды. Біздіңше, көшпелілердің құқықтық жүйесін зерттеу ісінде осы категорияларды эпистемологиялық тұрғыдан өзара үйлестіре (шендестіре) танымдық тағылымы өте нәтижелі болар еді. Әсіресе, казак социумінде сан алуан тәртіпсіздіктер мен қылмыстық істер орын алған сәттерде элеуметтік қатынастың тиісті дағдылы нормалары мен принциптерінің құқықтық функциясын «іске қосылу» механизмін бажайлауға мүмкіндік береді (осы «іске қосылу» механизмі жөнінде сәл төменірек айтылады).



Жүгініс. С.М.Дудиннің фотосы. Ұлы Петр атындағы антропология және этнография музейі (Кунсткамера) қорынан (1199-465)



Билік жүргізу: ұйымдық түрлері (институттары), ұйымдастырылуы және жүзеге асу жосыны. Әртүрлі тарихи, этнографиялық және фольклорлық деректер қазақ социумінде *билік жүргізудің жүзініс* және *билер кеңесі* деп аталатын негізгі екі ұйымдық түрлері болғандығын көрсетеді. Қазақ хандығы дәуірінде билік жүргізудің аталмыш түрлерінен басқа *хан билігі* деген ең жоғарғы ұйымдық формасы да болды (қ. *Хан; Хан билігі*). *Хан билігі* терминінің *хандық билік* деп аталатын синонимі де қолданыста болған сыңайлы. *Хан билігін* ісі қазақ арасында, жоғарыда айтылғандай, *төрелік айту* немесе *төрелік жүргізу* деп те атады (қ. *Ісі қазақ*). Сонымен бірге, ханның тиісті құқықтық істің шешімін шығаруға байланысты атқарған билігінің ел арасында тараған тағы бір атауы – *хан байлаған іс* (қ. *Хан байлаған іс*). Бірақ, *хан байлаған іс* ұғымының өткен шақ әрі императивтік райда берілуіне байланысты оны *хан кесімі* немесе хан шешімі мағынасында ғана қабылдауға әсте болмайды (қ. *Хан кесімі*). Яғни, бұл ұғымдар синонимдер емес. Өйткені, *хан байлаған іс хан билігі* ұғымы сияқты ханның құқықтық үкім-кесім шығару жосынының ұйымдастырылуын да, тиісті шешімнің қабылдану үрдісін де білдіреді (қ. *Үкім-кесім*). *Хан билігі* немесе *хан байлаған іс* дәстүрлі қазақы ортада берекесіздік, іріткі туғызуы әбден кәдік *шектен шықты* немесе *шектен шыққан* деп есептелінетін әртүрлі қылмыстық істерді сараптап, тиісті үкім-кесім қабылдайтын құқықтық институт болды (қ. *Шектен шықты / Шектен шыққан*). Оның функциясы әдетте бүкіл елдің *ырыс ұстағандары* мен *игі жақсыларының* аса көрнекті өкілдері – *билері, ақсақалдары, батырлары*, сондай-ақ, *сұлтандар* бас қосатын хан кеңесі арқылы жүзеге асырылып отырылды (қ. *Ақсақал; Батыр; Сұлтан; Хан кеңесі*). Әлбетте, *хан билігі (хан байлаған іс)* аталмыш құқықтық функциямен шектелген жоқ. Бұл ұғым хан құзырындағы жоғарыда аталған құқықтық саладан басқа ел-жұртты басқарудың ежелден орныққан жөн-жосығын да білдіреді. Бұл гәпті көшпелі қоғамдық құрылымның, соның ішінде, институционалдық жүйенің синкреттік табиғатымен түсіндірген жөн (классикалық мысал ретінде көшпелі ортада әлеуметтік қатынастың сан алуан дағдылы нормалары мен принциптерінің әлдебір себептерімен бұрмаланғандығына байланысты қажетінше құқықтық функция атқара бергендігін, сондықтан да, осы қоғамның құқықтық жүйесінің өзіндік дербес нормативтік және процессуалдық кодификацияланған заңдар жүйесінің, осыған сәйкес, мамандандырылған жазалау және мәжбүрлеу институттары сияқты мемлекеттік ресми рәсімделген атрибуттарының болмағандығын айтуға болады). Тарихи юриспруденция мен нормативтік этнологияда (немесе құқық антропологиясы) дәстүрлі қоғамдағы, соның ішінде, көшпелі ортадағы құқықтық *әдеттік құқық (әдет-ғұрыптық құқық)* деп аталуы сондықтан.

Хандық биліктің орыс әкімшілігінің тегеуірінді отаршылдық идеологиясы мен практикасының тікелей әсерімен біржола келмеске кетуімен байланысты, жоғарыда атап айтылғандай *бидің билігі* немесе *билік жүргізу* көшпелі ортадағы сот ретінде функция атқарған бірден-бір институт

болып қалды (қ. *Сот*). Рас, хан билігінің көшпелілердің қоғамдық өміріндегі атқарған өзіндік рөлі мен маңызын ескергендіктен болар, Ресей империясының отаршылдық әкімшілігі 1806 ж. Кіші жүз қазақтары хандарына *билік жүргізу*, яғни, соттың құзырын берді. Ал 1824 ж. «Сібір қырғыздары [қазақтары] туралы Жарғысына» сәйкес қазақ өлкесінде хандық басқару жүйесінің мүлдем жойылуына байланысты дәл осындай билік жүргізу күзіреті енді жаңадан қалыптасқан институт – сұлтан-правительдерге берілді (қ. *Сұлтан; Сұлтан-правитель*). Алайда, қазақ жұртын сес қатырмай отарлаудың саяси экспериментін жүргізетін объектіге айналдырып жіберген Ресей империясының бұл әрекеті сәтсіз болып шықты. Өйткені, патша әкімшілігі Қазақ хандығы дәуіріндегі *хан билігі* мен *билік жүргізу* құқықтық институттарының арасында сан ғасырдан бері орнаққан иррархиялық үйлесімділікті елемеді. Сонымен бірге, отаршылдық жағдайда орыс әкімшілігі тарапынан ғана тағайындалған хандардың, кейінірек сұлтан-правительдердің қолдан жасалған соттық күзіреті дәстүрлі қазақы ортада ежелден жалғасып келе жатқан *билік жүргізу* институтының алдында мүлдем қауқарсыз екендігін парықтай алмады. «*Мұнан егер де хан мен би екі бөлініп таразының екі басына түсе қалса, ел ниеті қашан да би жағына отыратындығы көрінеді*», – деген өзінің мағыналы пікірін Қ.И. Сәтпаев осы жайтқа байланысты айтса керек.

Ал көшпелілердің институционалдық қатынасы жүйесінде *жүзініс* пен *билер кеңесінің* XIX ғ.-дың 60-шы, кейбір өңірлерде 70-ші жылдарға дейін сақталып келгендігін сол кезеңдегі осы жайттың тарихи контекстісімен – қазақ социумының әлі де болса қауқарлы күйде болғандығымен негіздеуге болады. Сонымен бірге, қазақ социумының тыныс-тіршілігінің осындай күйін қамтамасыз етіп отырған дәстүрлі институттардың бірегейлері, әрине, билік жүргізудің аталмыш түрлері – *жүзініс* пен *билер кеңесі* еді. Өйткені, *жүзініс* те, *билер кеңесі* де көшпелі ортадағы әлеуметтік қатынастың дағдылы нормалары мен принциптерінің үйлесімді қызметінің ең әлеуетті институционалдық факторлары болды.



Билік жүргізу. С.М.Дудиннің фотосы. Ұлы Петр атындағы антропология және этнография музейі (Кунсткамера) қорынан (1199-464)

Деректер *жүзінстің* құқықтық құзырының ру-қауым (жетіата) ішінде де, руаралық деңгейде де жүргендігін, ал *билер кеңесінің* руаралық және жүзаралық (яғни, бүкіл этностық) институционалдық қатынас жүйесінің ең негізгі құқықтық институты ретінде функция атқарғандығын айғақтайды. Сондай-ақ, *билер кеңесінің* ру-қауым ауқымында да тиісті *билік жүргізгендігі* жөнінде мәлімет кездеседі. Демек, *жүзінсі* ру-қауымдағы қатынас жүйесінде де, руаралық байланыс саласында да билік функциясын атқарған қос деңгейлі құрылым болды. *Билер кеңесі* ру-қауымнан бастап бүкіл ел-жұрт деңгейінде құқықтық функция атқарды. Расында да, сан алуан деректер, сондай-ақ, *билік жүргізудің* казак социумының құрылымдық және функционалдық табиғатынан туындайтын қисыны (логикасы) *билер кеңесінің*: а) ру-қауым; ә) руаралық; б) жүзаралық сынды үш деңгейлік институт болғандығын көрсетеді. Ал осы деңгейлердің ішінде «қалыс» қалған сияқты болып көрінетін тайпалық деңгей, шынтуайтында, қазіргі кейбір зерттеушілер мен тарихты әуес көретіндердің санасында ғана орын тепкен эфемерлік ұғым ғана. Өйткені, тайпаның өзі, түштеп келгенде, бірнеше рудың (жетіатаның) өздерін *біратаның балаларымыз* деген көзқарасын білдіретін әрі уағыздайтын идеология ғана болып табылады. Сан алуан мәліметтер, тіпті, жүздердің арасындағы күрделі деген даулы мәселенің өзін осы жүздердің тиісті руларының өзара келісімі бойынша ұйымдастырылған *билер кеңесі* ғана ісі казак мойынсұнған дағдылы нормалар мен принциптерге сәйкес, яғни, «*ата-баба жолымен*» шешіп отырғандығын айғақтайды. Осы ретте, ерекше ден қойдырар жайт – тараптар тек өз руларының мүддесі тұрғысынан ғана құқықтық қатынасқа түсіп отырды. Тіпті, жүзаралық деңгейде шақырылған *билер кеңесінде* де қарастырылғаны белгілі бір рудың немесе рулардың мүдделеріне кереғар, яғни, руаралық дау-дамай болды. Бірақ, осы ретте «*көп тоқтаған аталы сөз*» – тиісті үкім-кесімді үш жүздің *төбе билері* шығарып отырды (қ. *Би; Төбе би*). Ал осы үш бидің ішінде *төбе басы* деп аталатын құқықтық мәртебе, әдетте, шежірелік жосынмен негізделген *аға жолы* немесе *аға баласы* принципі бойынша Ұлы жүздің *төбе биіне* тиесілі болды (қ. *Төбе басы*). Бірақ, бұл қисыннан аталмыш жүзаралық деңгейдегі билер кеңесін басқарып отыру жосыны генеалогиялық категория аға-іні деп келетін шежірелік желіске ғана негізделді деген жаңсақ пікір тумаса керек. Мұндай деңгейдегі билер кеңесінің дйттеген мақсат-мүддесі әлгі руаралық дау-дамайдың тиімді құқықтық шешімін табу арқылы ел-жұрттың бірілігін қамтамасыз ету еді. Қарастырылып отырған руаралық даулы істің неғұрлым тиімді үкім-кесімін шығару мақсатында үш жүздің *төбе билері* өзара келісіп арасынан әлгі істің мән-жайына мейлінше қанық биді *төбе басы* сайлап отырғандықтары сондықтан.

Сонымен, билік жүргізудің *жүзінсі* пен *билер кеңесі* институттарының арасындағы құрылымдық және функционалдық айырмашылықтары төмендегідей:

– ең алдымен осы екі институттың әрқайсысының құзыретіндегі даулы істердің ауқымы мен күрделілігі әртүрлі болды. *Билер кеңесі* қызметінің объектісі кісі өлтіру, ел тонау, қарақшылық, *ұрлық-қарлық, жесір дауы, жер дауы*, көші-қон тонау сияқты қазақы орта *шектен шықты, шектен шыққан* деп бағалаған күрделі қылмыстық істерден тұрды (қ. *Жесір дауы; Жер дауы; Ұрлық / Ұрлық-қарлық*). Ал *жүзінстің* функциясы жазаның айып деп аталатын түрлеріне кесілетін даулы істерді реттеумен шектелді;

– *жүзінсі* пен *билер кеңесінің* арасында руаралық дау-дамайды қамту жағынан да үлкен айырмашылықтар болды: *билік жүргізудің* бірінші түрі тек бір жүздің ішіндегі ғана руаралық мәселелер деп қарастырған болса, екіншісі – *билер кеңесі* бір жүздің деңгейіндегі де, жүзаралық қатынастағы да руаралық даулы істерді реттеп отырды. Мұндай функционалдық айырмашылықты *жүзінсі* пен *билер кеңесінің* әрқайсысы қарастыратын даулы істердің жоғарыда айтылға ауқымдылығы һәм күрделілігімен түсіндіруге болады;

– *жүзінстің* құрамындағы билердің саны *билер кеңесіне* қарағанда біршама шектеулі болды. Қазан төңкерісіне дейінгі қазақтың *билік жүргізу* дәстүрін зерттеген ғалымдар мен орыстың отарлық әкімшілігі шенеуніктердің еңбектерінде *жүзінсі* пен *билер кеңесінің* құрамына кірген билердің санына байланысты әртүрлі пікірлер айтылады. Ш.Ш. Уәлихановтың қазақ өлкесінде патшалық режим тарапынан жүргізілген сот реформасының отаршылдық идеологиясы мен нәтижесін терең сипаттаған Ресей әкімшілігіне жолдаған әйгілі жазбасында дәстүрлі қазақы ортада *билік жүргізуге* қатысатын билердің санына шектеу болмағандығын ерекше атап қорсетті. Дәл осындай пікір Д.Андре атты орыс әкімшілігінің қазақ өлкесіндегі ерекше тапсырмалар жөніндегі оқілінің көшпелілердің *әдеттік құқыққа* байланысты жинаған материалында да бар. Ал ХІХ ғ.-дың 30-шы жылдарына дейінгі кезеңде жазылған Д.Я. Самоковасов пен С.Б. Броневскийдің еңбектеріндегі мәлімет бойынша *билік жүргізудің* құрамындағы билердің саны даугердің қалауымен, жауапкердің келісімімен таңдалған *бас биді* есептемегенде 6-ға дейін жетті. Сонымен бірге, С.Б. Броневский билердің аталмыш саны қылмыстық істердің аса күрделілігіне байланысты, мысалы, қазақ бекадаларының біреуі әлдебір себептермен кісі қолынан қаза тапқан жағдайда, билік жүргізудің құрамындағы билер санының көбейтілетіндігін атап өтті. Бірақ, осы автор да, жоғарыда аталған басқа зерттеушілердің бірде-біреуі де *билік жүргізудің* түрін нақты дәйектемеді. Сондықтан, олардың еңбектерінен *жүзінсі* немесе *билер кеңесінің* құрамы жөнінен толықмәнді түсінік алу мүмкін емес. Ресейдің көрнекті зерттеушілерінің бірі Л.А. Словоохотовтың Кіші жүз қазақтарының әдеттік құқығына байланысты жинаған мәліметіне қарағанда орыс отаршылдығының қазақы ортаға әсері соншалықты дендей қоймаған кезеңде *жүзінстің* құрамында 6-7-ге дейін би болса, *билер кеңесінің* құрамында 8-24 биге дейін болған



Қамшы тастау. ҚР МОМ материалдары бойынша суретті салған Е. Садырбаев

екен. Дәл осындай мәліметті Орта жүз казактарының құқықтық жүйесін зерттеген Н.И. Красовскийдің еңбегінде де кездеседі.

Жүгіністің де, *билер кеңесінің* де ұйымдастырылуының ежелден орныққан жөн-жосықтары бірдей болды. Айырмашылықтары – *билер кеңесі* құрамы жағынан ғана емес, ел-жұрттың тартылуы тұрғысынан да ауқымды ұйымдастырылды. *Билік жүргізудің* осы екі түрінің де ұйымдастырылуы ең алдымен даугердің негізгі биді таңдауына, онымен қарсы жақтың – *жасауыкердің* келісіміне негізделді. Осындай жолмен таңдалған *би* тағы да *даугер* мен *жасауыкердің* өзара келісімімен осы тараптардың әр жағынан беделді деген билерді *билік жүргізуге* шақырды (қ. *Айыныкер; Құныкер*). Сөйтіп, *билік жүргізудің* қажетті құрамы тегіс жиналған соң әлгі *билер* өзара кеңесіп, арасынан *төбе би* мен *ара билерді* сайлап алды (қ. *Би*). *Төбе би* болып әдетте алғашқы таңдалған *би*, қалғандары *ара би* болып сайланды. Бұл ретте ескерер бір гәп – *даугер* мен *жасауыкердің* билерге толық сенуі *билік жүргізудің* тиімділігінің басты шарттарының бірі болды. Осыған байланысты казактың әдет құқығын зерттеуге елеулі үлес қосқан Ақмола уезінің статистика комитетінің қызметкері И.А. Козловтың төмендегі мәліметі ерекше ден қойдырады: *Орынбор қазақтарында таңдалған билердің алдына даугер мен жасауыкердің қамшыларын тастайтын ежелден жасап келе жатқан көне әдет кездеседі. Бұл әдет, – автордың қисынды пікірінше, – әлгі тараптардың билерге кәміл сенетіндіктерін, өздерін билердің құзырына тапсырғандықтарын әрі олардың қандай да болсын үкім-кесіміне толық мойынсұнатындықтарын білдіреді (қ. Қамшы; Қамшы тастау)*. Осы мазмұндас материал Кіші жүз казактарының әдеттік құқығының өткендегісі мен оның орыс отаршылдығының дендеп

орныққан кезеңіндегі күйін сол уақыттағы Ресейдің ресми тарихнамасының идеологиясы тұрғысынан тәліштеп зерттеген Л.А. Словохотовтың еңбегінде де берілген. Шынтуайтында, *билік жүргізетін* билердің алдына *қамшы тастау* әдеті казак өлкесінің барлық аймақтарына тән үрдіс еді. Бұл әдет әлгі дау қушылардың билерге қана емес, *билік жүргізу* үрдісін жіті бақылап отырған дүйім жұртқа да берілген идеологиялық әсері үлкен серт іспеттес болды.

Дәстүрлі казак ортада *би* атану айырықша адалдық пен шешендікті, ұйымдастырушылық қабілетті бек біліктілікті қажет еткен аса тауқыметті үрдіс болды. Өйткені, болашақ *би* мейлінше объективті әрі қауқарлы сұрыптау механизмі болып табылатын халық таңдауынан сүрінбей өтуі тиіс еді. Сонда ғана үміткер *тура биде туган жоқ, туганды биде иман жоқ* және *сөз ұстаған, яғни, от ауызды, орақ тілді* шешен, сондай-ақ, *ел ерткен ер* немесе *ел ұстасы* сынды паремологиялық формулалармен берілген ел-жұрттың ежелден жасап келе жатқан талғам-талабына әбден сай *би* деген мәртебеге ие бола алды (қ. *Тура биде туган жоқ, туганды биде иман жоқ*). Осы айтылған қадір-қасиеттермен бірге болашақ бидің халықтың ежелден орныққан сан алуан салтын, ғұрпын, жосын-жоралғыларын әлбетте жөн-жосығын (тарихын) білуі ерекше бағаланды. *Би* әкеден балаға ауысып отыратын лауазым да, атақ та емес, ең алдымен, тума дарын мен жүре дарыған жоғарыда аталған қасиеттердің бидің сөзінде де, іс-әрекетінде де үйлесім тапқандығын білдіретін категория болып табылады. Сондықтан да, *би* – көшпелілердің қайнаған ортасында шыңдалып, халық таңдауымен суырылып шыққан бірегей әлеуметтік тұлға. Дәстүрлі казак ортада ата-бабаларынан бастап *би* болып келген әулеттер де аз болған жоқ. Өндай әулетті аталмыш ортада шынжыры үзілмеген *шынжырқатар* үрім-бұтақ деп атады (қ. *Шынжырқатар*).

Билік жүргізу үшін *даугердің* қалауымен, *жауапкердің* ықтиярымен есептескен билер әлгі дауласушы тараптардың бірінің руластары қоныс тепкен аймақтан арнайы ауыл белгіледі. Мұндайда әдетте бай ауыл тандалатын. *Билік жүргізу* сол ауылдың манайындағы ең көрікті деген төбеде өтті. Сан алуан этнографиялық деректер *жүгіністің*, әсіресе, *билер кеңесінің* салтанатты көрініс болғандығын көрсетеді. Көңіл аударарлық жайт – *билік жүргізу* үрдісінде қарастырылатын даулы мәселе неғұрлым күрделі әрі ауқымды болса, осы үрдістің салтанаты да соғұрлым келісті болды. Төбенің бетіне бір-біріне жалғастырыла төселген кілемдерге, текеметтерге, сырмақтарға жаңа туған жарты ай тәрзіді малдас құрып тізіліп отырған билер, олардың малынып киінген қымбат киімдері, билердің алдында жүгініп отырған даугер мен *жауапкер* және *билік жүргізу* үрдісін айырықша ыждаһаттылықпен баққан жұртшылық, ауыл ішінде билер мен басқа қонақтарға ас әзірлеу қамымен қарбаласқан әйелдер мен ер адамдар..., расында да, бұл көрініс кімнің де болса, әсіресе, бөтен жұрттан келін қалған адамдардың ынтызарын туғызар далалықтарға ғана тән сұлу сцена еді. Эстетикасы ерекше бұл сцена, сонымен бірге, көшпелі қазақтың ежелден жасап келе жатқан мәдениетінің «уақытын аялдатқан» кеңістігінің бар болмысы мен бітімінің жарқын көрінісі десе де болғандай. Мұндай салтанат *билік жүргізуге* ерекше қажетті психологиялық ахуал туғызды. Яғни, қарастырылатын даулы мәселенің «ата-баба жолының» ілкімді қағидаларына сай оңтайлы құқықтық шешім шығарудың мейлінше әсерлі психологиялық факторы болды. Расында да, *билік жүргізудің* осындай салтанатты ұйымдастырылуының түпкі мән-мақсаты екі рудің арасындағы даулы істің тікелей субъектілерін әлгі істі насырға шаптырмай, шежірелік *жөн-жосықпен* негізделген ағайыншылық принципмен бітістіру, тіпті болмаса, салауат жолымен ымыраға келтіру еді. Әртүрлі деректер сән-салтанаты келіскен *билік жүргізудің* ақыры тараптардың билердің үкім-кесіміне ризашылық білдіріп, бітімге келулерімен аяқталып отырғандығын айғақтайды. Қарсы тараптар әртүрлі себептермен бітімге келе алмаған жағдайларда да *билік жүргізудің* осындай салтанатты ұйымдастырылуы олардың бір-біріне қараулық жасап, озбырлыққа баруына психологиялық тұрғыдан мүмкіндік те, мұрша да бермеді.

Әлбетте, дауласушыларды, ең алдымен, екі руды ымыраластырудың бірден-бір жолы, *билік жүргізудің* әділетті шешімі болғаны сөзсіз. Бұл үшін әлгі үкім-кесімнің әділдігін *жәбірленуші* мен *жәбірлеуші* ғана емес, осы үрдісті «сырт көз» болып жіті бақылап отыратын *рубақсылар*, *ақсақалдар*, *батырлар* сынды ел-жұрттың игі жақсыларының да даусыз мойындаулары қажет еді (қ. *Сырт көз*). Себебі, билердің тиісті үкім-кесіміне игі жақсылардың мойынсұнуы, түптеп келгенде, дауға түскен субъектілердің, ең алдымен, әрине, жәбір көрсетушінің руластарының мойынсұнуы болып табылады. Бұдан аталмыш игі жақсылардың *билер кеңесінің* ісіне араласты деген жаңсақ

ұғым тумаса керек. Оған билік жүргізудің ежелден орныққан этикасы да, «процессуалдық-нормативтік» жөн-жосығы да жібермеді. Бірақ, *билік жүргізу* үрдісінің өзіндік қисыны тұрғысынан көшпелі ортада «сырт көз» деп есептелінген әлгі игі жақсылардың осы үрдістің барысын жіті қадағалап отыруының өзі билердің тиісті үкім-кесімінің «ата-баба жолынан» ауытқымауының тегеуірінді әлеуметтік кепілі әрі факторы болды. Басты гәп, игі жақсылардың қазақ социуміндегі айырықша беделінде болып отыр. Игі жақсылардың билік жүргізудің барысын қалтқысыз бақылап отыруын дауласушылар мен оның руластырының әлгі үкім-кесімінің әділдігінің еш күмәнсіз айғағы ретінде қабылдағандықтары сондықтан. Реті келген соң айта кету керек, *билік жүргізудің* салтанатты ұйымдастырылуына игі жақсылар айырықша ықпал жасады. Деректер олардың *билік жүргізудің* дәстүр қосқан сән-салтанатын келістіріп ұйымдастыруына өздерінің мал-мүлкімен де үлкен үлес қосып отырғандығын айғақтайды. Демек, *билік жүргізу* үрдісінің ұйымдастырылуына игі жақсылардың белсенді араласуы осы үрдістің әлеуметтік тиімділігінің маңызды факторларының бірі әрі көрсеткіші болды. Оларды *билік жүргізу* үрдісінің белсенді субъектілерінің бірі ретінде қарастырудың қажеттілігі осында.

Сан алуан тарихи, этнографиялық, фольклорлық деректер, әсіресе, *билер кеңесінің* деш руаралық, жүзаралық және жалпыэтникалық деңгейде ұйымдастырылған көшпелі ортаның ең ұлы дәстүрі – *ас беру* барысында өтіп отырғандығын көрсетеді (қ. *Ас / Ас беру*). Шынтуайтында, көшпелі ортада ешбір *ас беру* жосыны *билік жүргізусіз* (*билер кеңесі*) өткен де емес. Сондықтан да, *билік жүргізуді* *ас беру* үрдісінің ең маңызды институционалдық компоненті ретінде бағамдаған жөн. Осы қисынның өзі-ақ қазақ социумының «қолданбалы» моделі іспеттес *ас беру* жосынының көшпелі ортадағы әлеуметтік қатынастың барлық салалары мен деңгейлерінің үйлесімділігін қамтамасыз етіп отырған қоғамдық қауқарын айғақтаса керек (қ. кіріспе мақала: *Қазақтың тарихи этнографиясының категориялық-ұғымдық арқауы*).

Сонымен, *билік жүргізудің*, әсіресе, қоғамдағы аса күрделі руаралық даулы істерді қарастыратын *билер кеңесінің* салтанатты күйде ұйымдастырылуын көшпелі ортада руаралық (яғни, қауымаралық) қатынастың үйлесімділігіне айырықша мән берілгендігімен түсіндіруге болады. Өйткені, «ата-баба жолының» ең іргелі принциптерінің бірі болып табылатын мұндай үйлесімділік қазақ социумының ежелгі тіршілік ырғағын қамтамасыз етіп отыратын ерекше қауқарлы институционалдық механизм еді. Расында да, дәстүрлі қазақы ортада материалдық және рухани игілік атаулыны өндіретін бірден-бір корпоративтік субъектілер – жетіаталық экзогамиялық ру-қауымдардың әрқайсысының дағдылы тіршілігінің ең басты тірегі әрі факторы, түптеп келгенде, осы руаралық қатынас жүйесі болды. Яғни, осы руаралық қатынас жүйесінің үйлесімді функциясы әрбір ру-қауымның үйлесімді тыныс-тіршілігінің себепкері де,



салдары да болып табылады. *Жүгіністе* де, билер кеңесінде де көшпелі ортадағы ең шиеленісті деңгейдегі даулы мәселенің өзін «қарға тамырлы қазақ» деген шежірелік жосынмен негізделген принцип бойынша тек билер ғана емес, билік жүргізуге екі тараптан жиналған жұрт та мүдделі болғандығы сондықтан. Билік жүргізу жосынында қолданылған *береке-бітім, жар болу, қарындас болу*, екі рудың арасындағы ушыққан істі де бітістіруге тиісті *салауат айту* немесе *салауатқа шақыру* және т.б. сынды этикалық мәнді тәсілдер, шынтуайтында, аталмыш даулы істерді шешудің құқықтық механизмінің шынайы әдет-ғұрыптық табиғатын да, ерекшелігін де көрсетеді.

Осы ретте ерекше назар аударарлық жайт – даушыларды береке-бітімге шақыру және пәтуаға келтіру, осы арқылы олардың руластарын ымыраластыру үрдісі *жүгіністің* немесе билер кеңесінің алдында бұрынырақ жүргізіліп отырды. Ол үшін дауласушы тараптарға бейтарап үшінші рудың ең беделді деген ақсақалдары, билері, батырлары *ара ағайындыққа*, даулы іс өршіген жағдайда, тіпті, *сый ағайындыққа* жүрді (қ. *Ара ағайын; Сый ағайын*). Ежелден орныққан бұл жосын бойынша *ара ағайындық* пен *сый ағайындыққа* жүргендер әлгі тараптарды береке-бітімге келуге шақырды. Мұндайда *жауапкердің* арнайы дайындалған үйінде дауласушы тараптардың игі жақсыларының өздері алдын-ала сайлаған ең көрнекті өкілдеріне атап мал сойылып, дастархан жайылатын. Л.А. Словохотовтың материалына қарағанда, ас үстінде *ара ағайындыққа* немесе *сый ағайындыққа* жүргендер әлгі дауға түскендерді «*төреге барып, төбеге шықпайық*» десіп, даулы істің алдын-ала есептелінген шығынын жәбірленуші жаққа өтеуді *жауапкердің* беделді адамдарынан сұрайтын болған. Сонымен бірге, жәбірленуші тарапқа да «*алдыңа келсе атаңның құнын кеш*» деген қазақы орта ерекше дес көретін этикалық қағиданы қадап айтып, қарсы тарапқа кешірім жасауды өтінді. Осындайда, дәстүрлі қазақы орта үшін ең қисынды әрі ұрымтал уәждердің бірі «*керегеміз ағаш, тегіміз Алаштан тараған қазақ баласымыз*» (кейбір шежірелік нұсқаларда «*керегеміз ағаш, ұранымыз Алаш*» - ред.) деген формула, яғни, шежірелік жосынмен негізделген туыстық қатынастың ең іргелі принципі алға тартылды. Сөйтіп, тараптар ымыраға келуге (береке-бітімге, пәтуаласуға) шақырылды.

Айтылған қисынның жалғасы ретінде айта кетер гәп – деректер аталмыш бітімгершілікке шақыру жосыны тіпті ауыр қылмыс жасалған жағдайларда да атқарылып отырғандығын айғақтайды. Алайда, бұл жосын орыс отаршылдығы дендеп орныққанға дейінгі кезеңде көші-кон тонау, әйел затын зорлау, ауылды тонау, бір рудың мал-мүлкін шауып, алып кету, айуандықпен қасақана кісі өлгіру сияқты көшпелі ортада кешірім жасалмайтын қылмыстардың субъектілеріне жүрмеді. Олар әдетте билер кеңесінің үкім-кесімімен өлім жазасына бұйырылып отырылды (қ. *Өлім жазасы*). Тек, жоғарыда аталған «Сібір қырғыздары [қазақтары] туралы Жарғы» ережелерінің 1824

ж.-дан бастап жүзеге асырыла бастауына байланысты, әсіресе, ХІХ ғ.-дың 40-шы жылдарынан кейінгі кезеңде қазақ өлкесінде үдетіле жүргізілген саяси-әкімшілік, соның ішінде, сот реформаларының нәтижесінде аталмыш және басқа да ауыр қылмыстардың субъектілерін өлім жазасына кесу көп жағдайда құн төлеп өтеу жазасына алмастырылды (қ. *Құн; Құндас; Құныкер*).

Жоғарыда айтылғандай, дауласушы тараптарды бітімге шақырып отыру *билік жүргізудің* де ең басты құқықтық функцияларының бірі болды. Алайда, әлгі тараптарды береке-бітімге келтіру үшін билер даулы істің мән-жайын және себеп-салдарын өз қал-қадерінше әбден саралап-сараптап алатын. Бұл көшпелі ортада *билік жүргізудің* ертеден орныққан тәртібі еді. Егер, *билік жүргізудің* қарсаңында және осы үрдістің басында дауға түскен тараптарды ымыраға келтірудің барлық амалдары нәтиже бермесе, төбе би (төбе басы) жиналғандарға даулы істің мән-жайын түсіндіріп, ара билермен бірге әлгі істі сараптап, тиісті үкім-кесім шығару үрдісіне кірісті.

Қазан төңкерісіне дейінгі әртүрлі этнографиялық мәліметтерге қарағанда, ең алдымен жәбірленушіге сөз берілді. Ол өзінің көрген зәбірін, зорлық-зомбылығын және жауапкер тарапынан келген шығынның мөлшерін егжей-тегжейлі баяндап, дәйек ретінде куәлерін алға тартты. Одан кейін сөз алған жауапкер де өз дәлелдемелерін келтірін, бірге келген куәлерінің көрген-білгендеріне жүгінді. Жоғарыда аталған және басқа да деректер тараптардың әрқайсысының айтқандарын билер де, қоршаған жұртшылық та бөлмей мұқият тыңдағандарын ерекше атап өтеді. Соңынан екі дауласушы жақтың айтар уәжі аяқталғаннан кейін олардың әрқайсысы және куәлікке жүргендер алдымен билердің сұрағына алынды. Әсіресе, жиналған жұртшылықтың жәбір көруші мен *жауапкерге*, әсіресе, олардың әрқайсысының куәлеріне беретін сұрақтары ерекше мол болатын. Қарсы сұрақ деп аталатын бұл сұрақтың мән-мақсаты жәбірленуші мен жауапкерді де, олардың куәлерін де мүмкіндігінше састырып, даулы істің ақиқатын айғақтау еді. Әлбетте, тараптарға сұрақ билердің ең алдымен төбе бидің (төбе басы) рұқсатымен ғана беріліп отырды. Сөзден жаңылып, келтірілген айғақтары дәлелді болмаған жәбірленуші жеңіліс тауып жататын. Көшпелі ортада көпшіліктің алдында сындарлы әрі қисынды да дәйекті айтылған сөздің ерекше бағаланғаны соншалықты, кейде жәбірленушінің және оның көз көрген деген куәлерінің көзілікті айғақтарының өзі (мысалы, ұрланған малдың ескіре қоймаған ізі немесе малдың терісінің күдікті адамның үйінен табылуы деген сияқты) есепке алына бермейтін. Дегенмен, жасалған қиянаттың, ұрлық-қарлықтың, зорлық-зомбылықтың қай түрі болсын жерде жатпайды, «*ел құлағы елу*» деген емес пе, ерте ме, кеш пе бәрібір әшкереленетіні айдан анық деген сияқты қисынның құдіретін сөзсіз мойындаған көшпелі ортада орын алған тәртіпсіздіктер мен қылмыс атаулының дені ашылып, айыптылар әдеттік құқықтың жосынына сәйкес

тиісті жазаға кесіліп отырылды. Оның бер жағында, әсіресе, *билік жүргізу* үрдісінде міндетті түрде қолданылатын *ант беру* әдеті шешуші рөл атқарды. Қазан төңкерісіне дейінгі кезеңде қазақтың құқықтық мәдениетін зерттеген орыс ғалымдары мен шенеуніктерінің еңбектерінде жан беру үрдісін *билік жүргізудің* ең басты қозғаушы күші деп атауы осы жайтқа байланысты болса керек.

Ант беруді дәстүрлі *билік жүргізу* терминологиясы бойынша *жан беру*, ал ант берушіні *жанға ұстанған* деп атады. *Жан беру* ұғымы, қазіргі қазақ терминологиясының қалыбымен айтқанда, арын кепілге салу, ал *жанға ұстанған* – арын кепілге ұстанған кісі дегенді білдіреді (дәстүрлі қазақы ортада жан ұғымы ар мағынасында да қолданылды – ред.). *Жан беру* жосының дауға түскендердің куәлері атқарды. Қазан төңкерісіне дейінгі орыс зерттеушілерінің еңбектерінде *жанға беруді* дәлелдеу және тазарту (доказательная (подтвердительная) присяга и очистительная присяга) деп жіктеді. Сонымен бірге Торғай облысының әскери губернаторы Л.Ф. Баллюэктін қазақтың әдет-ғұрыптық құқығы туралы 1871 ж. жарияланған еңбегінде жан берудің *куәгердің анты* (свидетельская присяга) деген үшінші түрі де аталған. Алайда, *жан берудің* аталмыш автор ұсынған бұл түрі жасанды деп айтуға әбден болады. Себебі, жоғарыда аталған дәлелдеу және тазарту деген *жан берудің* екі түрінде де осы жосынды, түптеп келгенде, тараптардың куәлері ғана атқарды. Қазан төңкерісіне дейінгі орыс тарихнамасында айтылатын *жанға берудің* дәлелдеу мен тазарту деген түрлері болса, біздің ойымызша, бұлар таза ғылыми жіктеме ғана. Ал кошпелі ортада *жан беру* үрдісі функционалдық ерекшелігіне қарай жіктелген емес. Өйткені, *билік жүргізудің* дәстүрлі іс тәжірибесі мұндай жіктеуге мұқтаж бола қойған жоқ.

Осы ретте ерекше нақтылауды қажет ететін гәп – билік жүргізу үрдісінде екі жаққа да куәлікке жүргендерді екі топқа бөліп қарастыру қажет. Бірінші топ – даулы істің көз көрген болып есептелген куәгерлері екі тарапқа да жақын туыстар болмауы да мүмкін. Олардың, тіпті, басқа рудың немесе бірнеше рулардың өкілдері болуы да сирек кездескен құбылыс емес еді. Осыған байланысты *билік жүргізудің* дәстүрлі жөн-жосығына сәйкес төмендегідей жайт мұқият ескеріліп отырды:

– *сұлтан мен қожасынды ақсүйектер тұқымына жататын әлеуметтік категория өкілдерінің куәліктері жан беру рәсімінсіз-ақ шынайы айғақ ретінде қабылданды;*

– *билер, ақсақалдар мен ел-жұрттың арасында кіршіксіз бедел жинаған қорнекті тұлғалар да жан берген жоқ. Олардың куәліктері де дәлелді қажет етпейтін айғақ болып есептелінді;*

– *куәлікке жүргендер қарапайым адамдар қатарынан болса, олардың арасынан біреуі ғана куәгер бола алды. Бірақ, оның берген куәлігінің ақиқатына билер мен жиналған жұртшылықты кәміл сендіру үшін әлгі куәгердің жақын бір туысы міндетті түрде жан беру рәсімін атқаруы тиіс.*

Алайда, деректерге қарағанда, даулы істің шиеленісті өтуіне байланысты тараптардың уәждерінің растығын немесе жалғандығын дәйектеу мақсатында куәлікке тартылатындардың саны билер кеңесінің ұйғарымы бойынша өсуі де мүмкін болды. Мысалы, орыс әкімшілігінің ерекше тапсырмалар жөніндегі өкілі Д' Андреннің Кіші жүз, ішінара Орта жүз қазақтары арасынан 1846 ж. әдет-ғұрыптық құқыққа байланысты жинаған материалында ойнастық жасаған немесе әйел затын зорлау сияқты аса күрделі жайттар бойынша істі қарастыру үшін куәгерлердің саны 4 адам болуы қажет екендігі айтылған.

Жоғарыда айтылғандай, билер мен жұртшылық тарапынан қалың сұрақтың астында қалып, көп жағдайда тығырыққа тап болған жәбірленуші үшін *«жанға медет, көңілге демеу»* болған осы *жан беру* жосыны болды. Ол, *билік жүргізудің* ежелден орныққан жөн-жосығына сәйкес билерден *жан беруді* сұрады. Бұл жосын *теңдік* немесе *теңдік сұрау* деп аталған (**қ. Теңдік / Теңдік сұрау**). Жан беретін адам болып билердің пәрменімен, жәбірленушінің қалауымен міндетті түрде өзінің жақын туыстарының бірі тағайындалды. Бұл *жан берудің дәлелдеу* немесе *құптау* түрі болып табылады. Жан берудің осы түрін атқару барысында жәбірленушінің тарапынан келтірілген дәлелдемелер билер мен жұртшылыққа дәйексіздеу немесе мүлдем негізсіз көрінсе, ол жауапкер тарапынан да жан беруді талап етуге құқылы болды. Осыған орай жәбірленуші жауапкердің жақын туыстарының бірін билердің келісімі бойынша жан беретін адам ретінде таңдады. *Жан берудің* бұл түрі жоғарыда көрсетілгендей тазарту антына жатты. Өте-мөте шиеленісті дау-дамайда осындай жан берушіні жәбірленушінің куәлерінің арасынан таңдау мүмкіндігі жауапкерге де беріліп отырылды. Ескере кетер жайт – әдет-ғұрыптық құқықтың қағидаларына сәйкес осы куәлер де міндетті түрде жәбірленушінің жақын туыстары болуға тиіс. Осы ретте билер және жиналған жұртшылық жан беретіндердің, яғни, *жанға ұстанғандардың* тазалығына ерекше мән бергендігін атап өту қажет. *Ата-баба жолының* ұстанымдарына сәйкес *жан беруге* тек ел арасында таза әрі беделді адамдарға ғана рұқсат етілді. Мұндай адамды көшпелі ортада *дұрыс адам* деп атаған. Сонымен бірге әйел адамдарды, кәмелет жасқа, яғни, 13-ке толмағандарды (жоғарыда аталған және басқа да орыс зерттеушілерінің еңбектерінде қазақы ортадағы кәмелеттік жастың мөлшері 14 немесе 15 жас деп те көрсетілген), бөтен жұрттың өкілдерін, ақыл-есі кемтарларды және үй қызметшілері мен жалшыларды *жан беруге* дәстүр қоспады.

Жоғарыда айтылған қисынға орай төмендегідей түйткіл бір жайт жөнінде айтпай кетпеске болмайды. Қазан төңкерісіне дейінгі қазақтың әдет-ғұрыптық құқығына байланысты жарияланған орыс авторларының еңбектерінің кейбіреулерінде көшпелі ортада *жан берудің дәлелдеу* немесе *құптау* түрі ғана *жан айғақтың тазасынан* деп аталғаны айтылған. Біздіңше, дәстүрлі ортада *жан айғақтың тазасынан* деп *жан берудің* осы екі түрін де



атаған сынайлы. Өйткені, дәлелдеу (құптау) және тазарту анттарын беру рәсімдерінің атқарылу реті, мазмұны және «идеологиясы» мүлдем бірдей десе де болады.

Жан беру жанға ұстанғандар үшін моральдық-психологиялық тұрғыдан мейлінше ауыр жосын болды. Өйткені, бұл үрдіс бойынша (яғни, көшпелі ортада қалыптасқан дүниенің жаратылысы туралы концепцияға сәйкес) жанға ұстанғандар *жан беру* жосыны кезінде эруактар мен құдайдың сынағынан отеді. Олардың куәлігі жалған болса, өздері де, отбасы да міндетті түрде аруактар мен құдайдың кәріне ілігіп, бәле-жалаға ұшырайды. Осындай наным-сенімнің теңеуірінді ықпалындағы жан берушілер, жоғарыда аталған және басқа да орыс шенеуніктері мен зерттеушілері ерекше атап өткендей, жалған куәлікке жүре бермеген. Л.Ф. Баллюзектің жоғарыда аталған еңбегіндегі мәліметке қарағанда жан берудің төмендегідей түрлері болды:

– *жанға ұстанған адам билер мен жиналған жұртшылықтың алдында: «егер өтірік айтсам құдай атсын, о дүниеде иманым бұйырмасын, бұ дүниеде мал-басымның игілігін көрмей кетейін» деген сияқты психологиялық әсері мейлінше қуатты ант сөздерін айту керек;*

– *мылтықтың ұңғысын үнсіз сүюі тиіс;*

– *ата-бабасының моласын үнсіз үш рет айналып өтуі қажет;*

– *үйдің ішінде шымалдықпен арнайы қоршалған тұста ақырет киімін кююі тиіс болды.*

Әлбетте, билік жүргізу барысында жан берудің аталмыш түрлерінің біреуі ғана таңдалды. Билердің құзырында болған мұндай таңдау елдің (ауылдың, рудың, жүздің) шырқын бұзу деп есептелінген әртүрлі тәртіпсіздіктің немесе шектен шыққандыққа жатқызылатын қылмыстардың себеп-салдарына тығыз байланысты болды. Кейін исламның қазақ тіршілігі жүйесінде дендеп орныға бастауына байланысты дәстүрлі билік жүргізу үрдісінде құранмен де жан беру рәсімі қалыптасты.

Жан берудің жоғарыда келтірілген түрлерінің шарттарының қай-қайсысы болсын өзінің көшпелі органың «ата-баба жолын» ұстанған, яғни, құдайдың құдіретіне сөзсіз мойынсұнған, аруактарға риясыз табынып өскен адамы үшін айырықша ауыр сын болды. Сондықтан да болар, жанға ұстанғандарға билердің шешімі бойынша *жан беру* үшін әжептәуір уақыт та белгіленетін. Л.Ф. Баллюзектің мәліметіне сүйенсек, мұндай уақыттың мөлшері *жан берушінің* тұрағының қашықтығына байланысты болды. Ал біздегі қолда бар деректер бойынша, жан берушіге берілетін мерзім аталмыш жайтпен қатар даулы істің күрделілігі мен ауқымына қарай да нақтыланды. Л.Ф. Баллюзектің еңбегінде келтірілген қазақы ортада кең тараған «*жан бергенге жсай бер*» деген мақал айтылған қисынның мейлінше дәл берілген паремологиялық проекциясы деуге болады.

Жан беру шарттарының бар моральдық-психологиялық ауыртпалығы мен жамандыққа апаруы кәдік салдарын

сезінгендіктен жанға ұстанған кісі өзі куәлендіруі тиіс дауға түскен адамның әлдебір қараулығын сезіп қалса немесе оның ісінің ақ-қарасына көз жетпесе ант беруден *жан садаға* деп аталатын айып-қиыбын толеп дереу құтылуға тырысатын. Мұндайда, *билер кеңесі* куәгері *жан беруден* бас тартқан адамның өзінен жан беруді талап етті. Бірақ, осындай жайтта да әлгі адамның ар тазалығы қатаң ескеріліп отырылды. Егер, мұндай әрекеттен еш нәтиже шықпаса, әлгі тарап жеңілген болып саналып, тиісті жазаға кесілді. Екі тараптан да алынатын *жан беру* рәсімінің аяқталуы *билік жүргізудің* келесі соңғы сатысы даулы істің субъектілерінің дәйектемелерін талқылау және тиісті үкім-кесім шығару үрдісінің басталғандығын білдірді. *Билік жүргізудің* ежелден жалғасқан тәртібіне сәйкес мұндайда *ара билердің* әрқайсысы өз пікірлерін ортаға салатын. Айтылған пікірлерді талқылау өте тартысты жағдайда өтуі осы жосынның ең басты функционалдық ерекшелігі болып табылады. Шешуші үкім-кесімді *ара билермен* келісе отырып *төбе би* шығаратын. Осы ретте тағы бір ерекше екішөп айтар жайт – *билер кеңесінің* ұйымдастырылуының институционалдық деңгейі мен құрамы даулы істің күрделілігі мен ауқымына ғана емес, әлгі істің субъектілерінің әлеуметтік мәртебесіне де тікелей байланысты болды. Егер, даулы істің субъектілері сұлтан немесе қожа сынды ақсүйектер категориясынан болса, хан билігі жүріп тұрған кезеңде мұндай істі үш жүздің *игі жақсылары* мен *ырыс ұстағандарының* деңгейінде ең көрнекті өкілдері *сұлтандар, билер, рубасылар, батырлар* қатысатын *хан кеңесі* қарастырып отырды (**қ. Хан кеңесі**). Кейін, хан билігі әлсіреген заманда мұндай істің үкім-кесімін енді үш-жүздің деңгейінде ұйымдастырылған *билер кеңесі* шығарды. Мысал ретінде жоғарыда аталған автор Л.Ф. Баллюзектің еңбегінде, ішінара П.Е. Маковецкийдің зерттеуінде сипатталынған қазақ тарихындағы төтенше оқиғалардың бірін айтуға болады: Орта жүздің батыры Сырымбеттің Кіші жүздің ханы Әбілқайырды өлтіруіне байланысты үш жүздің *төбе билері*, көрнекті рубасылары, ақсақалдары, батырлары бас қосқан кеңейтілген *билер кеңесі* шақырылды. Кеңесте *төбе би* болып әйгілі Төле би сайланды. Әлгі даулы істі талқылау әжептәуір уақытқа созылғанға ұқсайды. Жоғарыдағы авторлардың еңбектерінде келтірілген аталмыш мәліметтің өрбіту қисынына (логикасына) қарағанда, *билер кеңесі* ханды өлтірген Сырымбет батыр мен оның руластарына шейіт болған Әбілқайыр ханның баласы Ералы сұлтанның пайдасына деп 7 құн төлеуге үкім-кесім шығарған (өйткені, қазақтың әдет-ғұрыптық құқығының қағидалары бойынша ханды өлтіргені үшін *құныкер* мен оның туыстары қараша халықтың құнынан 7 есе артық құн төлеуі тиіс. Ал қараша халықтың өкілінің құны 1000 койға немесе 100 жылқыға немесе 50 түйеге тең болды. Сонда Ералы сұлтан құныкерден 7000 кой немесе 700 жылқы, түйе басына шаққанда 350 түйе алуы тиіс еді). Бірақ, Ералы сұлтан билер кеңесінен өзіне тиесілі 7 құнның бірінін



орнына көшпелі ортада ежелден орныққан «қанға қан» принципі бойынша Сырымбет батырды өлтіруге мұрсат сұраған тәрізді. Л.Ф. Баллюзек келтірген мәліметтің қисынына ілессек, билер кеңесі Ералы сұлтанның бұл өтінішін қанағаттандырған сынайлы. Сөйтін, төбе би Төле бидің үкім-кесімімен Ералы сұлтан әкесін марқұм қылған Сырымбет батырды өз қолымен өлтіріп, үстіне қосымша 2 құн алған соң, қалған 4 құнды кешірді. Л.Ф. Баллюзек өзінің осы сипаттамасын айтылып отырған оқиғаның дәйегі де, дерегі де жеткілікті деп аяқтады.

Шыңғыс ханның істі болған ұрпақтарын жазаға кесуге тек ең жоғарғы әлеуметтік-саяси деңгейдегі билік жүргізу институттары ғана құқылы болғандығы осы ұлы қағанның билік құрған заманынан бастау алған жосын сынайлы. Расында да, хан билігінің дәуірі жүріп тұрған кезеңде де, тіпті, осы биліктің әлсіреген заманында да әлеуметтік-саяси әуеселсі әлі де қауқарлы болған Шыңғыс хан ұрпақтарының дауға түскен істерін, әсіресе, жоғарыда айтылған ханның кісі қолынан қаза тапқандығына байланысты аса күрделі істі руаралық деңгейдегі билер кеңесінің ғана қарастыруының институционалдық және моральдық-психологиялық мүмкіндігін елестетудің өзі мүмкін емес. Бұл дәстүрді Қазақстанның аса корнекті шығыстанушысы В.П. Юдин теориялық тұрғыдан да, деректік жағынан да қисынды негіздеген шыңғысизм идеологиясы мен практикасының ең басты элементі ретінде де қарастыруға болады.

Билер кеңесінің, әсіресе, кеңестің төбе биінің билік жүргізу үрдісіндегі шешуші рөлі осы мәселені арнайы зерделеген қазан төңкерісіне дейінгі орыс зерттеушілерінің еңбектерінде айырықша аталынып отырылды. Сан алуан құқықтық істерді, әсіресе, кісі өлімі, ұрлық-қарлық, жесір дауы, жер дауы сияқты шиеленісті мәселелерге байланысты билердің арасындағы даулы айтысты билік жүргізу дәстүрінде жиі кездесетін жайттардың бірегейі десе де болады. Бидің біліктілігінің де, кісілігінің де, «сөз ұстаған» шешендігінің де дүйім жұрттың алдында ерекше айғақталынағыны дәл осы сәт болды. Осы ретте, әсіресе, билік жүргізудің тек дәстүрлі қазақ қоғамына ғана тән процессуалдық түрі – билер айтысы болғандығын ерекше атап өткен ләзім. Бұл жосын билік жүргізудің әділ шешім шығаруының ең ілкімді кепілдерінің бірі болды. Осы кезеңде қазақ өлкесінде мұндай сан көріністің куәсі болған орыс зерттеушілерінің билер айтысын дәстүрлі қазақы ортадағы билік жүргізудің өзіндік процессуалдық болмысы әрі артықшылығы екендігін үнемі атап өгулері сондықтан болса керек. Мысалы, Кіші жүз қазақтарының әдет-ғұрыптық құқығын өз заманының методологиялық талғамына сәйкес дендеп зерттегендердің бірі Л.А. Словохотов билік жүргізу барысында айтысқа түскен билердің өздерін ерекше еркін ұстайтындығын, шындықтың шынайы жаршысы болған олардың сұлу сөздері ағын судай төгіліп жататындығын тамсана суреттеді. Осы автордың айтуынша, қазақ билері даулы істерге байланысты мәліметтерді өздері жинап жатпаған. Бірақ, олар дауға түскендердің айтқандарын

қалт жібермей өздерінің сан жылғы іс-тәжірибесі мен біліктілігінің тезінен бірден өткізіп, жұртшылыққа асқақ поэтикалық тілмен, әсерлі эстетикалық нақышпен жеткізуге тиіс болды. Оның үстіне бұл үрдістің билердің өзара айтыс түрінде өтуі, жоғарыда айтылғандай, олардың әрқайсысының сан жылғы әлеуметтік беделінің халық алдында сынға түсуі еді. Мұндайда, әрине, билердің үкім-кесімінің шындық болып шығатындығы көшпелі орта үшін айқын жайт болғандығы сондықтан. Төменде жазушылық шеберлігімен қатар, қазақ этнографиясына да әрдайым айырықша көңіл бөлген М.Әуезовтың «Әдебиет тарихы» атты еңбегіндегі билер айтысына арналған бөлімнің тиісті үзіндісін келтіруді жөн көрдік. Еңбек таза академиялық-ғылыми қалыппен емес, көпшілік әдебиеттің әсерлі тілімен жазылса да, өзінің тарихи-этнографиялық нақтылығымен де, дәйектілігімен де ден қойдырады.

«Билер айтысының қазірде барлық түрлері жиналып болмағандықтан, екінші бұл түрдегі айтыстар ерекше көп болғандықтан, бұл күнде түгел жіктеп, бөліп қоюға болмайды. Сондықтан, қазірде қандай түрлері кездесетінін айтамыз. Бірақ бұл жіктеу уақытша ғана жіктеу және ылғи ішкі мағынасына ғана қарап жасалған жіктер болады. Осы бетпен қарастырығанда билік айтыстары: бірінші, дау мен билікті қоса айтып, ру жігінің бетімен сөйлейтіндері болады. Мысалы Бұқар жыраудың Керейге айтқан тақпағы:

*«Керей қайда барасың,
Сырдың бойын көбелеп.
Сен қашсаң да мен қойман,
Арғымағым жебелеп.
Енді алдыңнан шығайын,
Жауған күндей себелеп.
Ақ мырзамды өлтірдің,
Ақ сойылмен төбелеп,
Мен арғын деген арыспын,
Азуы кере қарыспын.
Сен – бұзау терісі шөңшіксің,
Мен – өгіз терісі талыспын.
Абылай алдында бітіссен
Құдандалы таныспын.
Абылай алдында бітпесен
Атасын білмес алыспын.
Көшің кетер бір жаққа,
Малың кетер бір жаққа,
Көш соңына жете алмай,
Есің шығар сол шақта.
Жар басына қонарсың,
Жарты лашық тігерсің,
Ауызыңнан ас кетер,
Қара көзден жас кетер,
Бұл қылығың қоймасаң
Сонау кеудедегі дулығыдан бас кетер».*

Екінші, екі бидің әділ билікке таласып айтқан талас сөздері. Мысалы, Ақтайлақ, Солтабай билігі.

Ақтайлақ:

*Бай қонысын сұрасаң,
Батпақ сулы даласы.*



Кой қонысын сұрасаң,
Кекірілі Жантық шорашы.
Күйсадағы таусылмас,
Қыдырлы байдың сабасы.
Сірә да ұшпақ көрер-ау,
О сыны тапқан анасы, –

деп өзінің кеудесін түртіп:

Сен төрт кісі күмән ұстатсаң,
Мен тоқсан түйе құн кестім,
Сөзімнің болса расы.
Бүгін керей өлгенде,
Ертең найман өлмей ме,
Өлімді жанның мұрасы, – дейді.
Бұл сөзді Солтабай ұнатпағанда, тағы:

Ақтайлақ:

Әуелі бағыра ашылса,
Аққу шомар көлдерге.
Туысқаны кімнің көп болса
Үлкен медеу белдерге.
Қырық кез торғын жатыр ғой,
Ақ сандықтың түбінде.
Бәрін айт та бірін айт,

Сұлтанжан-ау, сар қасқа ап тұр ғой белдеуде, – дейді.

Үшінші, арбасып, ырғасып жұмбақпен, тұспалмен айтысатын талас билік, – мысалы, Қараменде мен Кеңгірбай билігі. Дадан руы Боқты деген кісінің бір ағайынынан, тобықтының мырза деген руы бір қысырақ ұрлап, қырып алыпты. Қуғыншы келгенде, мырза танып, алденеше жерде сөз болып, аяғы Қабекең мен Қарамендеге барып, екеуі біріне-бірі сөзін айтып, арасына қайта-қайта кісі жүріпті. Нағыз жарыққа түсетін екі куә болмай, ішек-қарын аршыған қатыннан шыққан сөз деп, Жұмағұл болып жабыла танған соң, күмәнге салайық десе Боқты көнбей, әбден ысқақ дауға айналған. Сол тақырыпты Қабекең Байғара Кенбайды Қарамендеге жұмсардың алдында, сендер Қарамендеге: «Шын болса желдеген тайы шығар. Өтірік болса қазақтың баяғы жала жатқан жайы шығар.

Батыр айғақ, бай шүгелі болмаған даудың жайы қалай болатынын Қараменде өзі айтсын» – деп айтыңдар. Сонда Қараменде айтар: «Бұл Қарекеңнің күмән ал дегені ме, не басқа жүзден келген дау емес. Тым болмаса өзге орта жүз дауы емес. Қараменде мен Кеңгірбай тобықтының бес тайын таба алмай, күмәнге салыныпты дегенге жанның бәрі күлмей ме. Онан да Қабекем өзі қақында, не бар, не жоқ қылсын, мен сөзімді сол кісіге билеттім» дер. Сонда сен ойланғансып отыр да: «Япыр-ай, бұрын да шатасқан антұрған дау еді. Енді екеуіңнің араңда жүріп, осы бес тай үшін өміріміз өте ме?». Бұл сөзіңізді айтқанда, Қабекең: «Қараменденің мұнысына рахмет, берді деп жұта салғаным лайық емес қой, мен өзіне бергенім десе тағы қайта келем бе. Бітімін айтып жіберсеңіз болмай ма. Қабекең сізге ғой» деңдер. Сонда Қараменде айтар: «Кеңгірбай бұл сөзді маған біржолата беріп отырған жоқ, онысын сөз қосып, құйрығынан ұстай беріп, отырғанынан білмеймісің, оның қасында көп жүріп, сырлас болып едің ғой:

«Құйрығын ұстап мал берсе,
Қолыма тиді деменіз,
Алақанын жаймай ас берсе,
Асатты ғой, деменіз», –

деп, Құттыбай би айтқан жоқ па. Бұл сөзді мен қыстамай-ақ өзі айтсын, бірақ:

«Қоңырды қағу кімге жөн,
Өмірді қағу кімге жөн
Осынымды айт», –

дер. Сонда сен: «Бұл соңғы сөзіңді Қабекеңе айты бармаймын. Мұныңыз Қабекеңнің өзін күмәнге ұстаға болмай ма? де де, ол сөз айтқанша: «Айтқандайы баяғыда Қазыбек би Әнет бабаңнан шаригатпен ескі қазс жолын үйренемін деп, кошп келіп, бір жаз үйреніп, қ қайта көшерінде:

«Табан ақыңды айт, бата бер» дегенде, бабаң не деп еді Соны ұмытып қалыптын, сұрай кел, осы сөзге не айтса ғ ұмытпай кел деп еді-ау», – дейді.

Кенбай Қарамендеге келіп, Қабекең сөзін айтса, д Қабекемнің айтады дегенін айтыпты. Үйретінді сөздер: дәл айтқандай шығыпты да: «Соңғы сөзіңді айтпаймы, бабаң Қазыбекке не деп еді?» дегенде, Қараменде: «Е деп тұра қалып: «Мен адасып отыр екенмін ғой. Бұл с Кеңбайшаның сөзі емес, Кеңгірбайшаның сөзі екен ғой, жәуласқан жатқа айтатын бітімсіз сөзін маған айтқан екен ғой:

Көбік ауыз боқты көнбес,
Көк ауру мырза бермес,
Кеңгірбай сөзі бұл болса,
Бұл ара қоныс болмас.

Кеңгірбайға сәлем де, бұл сөзді маған берсе, мен б тайды салауат қылдым. Ол үлкен болып қоныс алсын, м отау болып өріс алайын.

Күндердің күнінде
Көрісерге күн жақсы болсын.
Алыстан іздемесін,

Кезең астындағы кең қақтан табар, – депті, Әнет бабаң.

Қазақ жолы қанағат,
О да жолдан адаспас,
Қасаңдау емі шаригат,
Оған ешкім таласпас, –

деген екен.

Төртінші, дау мен билік тұсында, не жамандап, т мақтап айтатын сөздер. Мысалы Сабырбайдың Солтаба төреге айтқан өлеңі:

Алдияр біздің ауыл Берікқарада,
Белге соққан жылайдай екі арада
Тобықты күнде тиіп жылқы алады,
Иесіз иен елде ерік бола ма.
Шұбарым, арғымағым, арыстаным,
Сөзге бай ауыздыққа алысқаным,
Жасықты жанып-жанып тасқа салған,
Болаттың суын тапқан, данышпаным,
Шұбарым, арғымағым, кермаралым,
Өз заңынша полковник, жандаралым.
Кәпір қаулан болғанда мұсылман аз,



*Қайраңдап қазы құрттай жан қаларым,
Шұбарым, арғымағым, жүлде алғаным,
Арқауылдың жонындай күн шалғаным.
Асусыз тау, өткелсіз су келгенде,
Құйқылжып құларыңдай жол салғаным.
Шұбарым, арғымағым, сары жілік,
Арғын, найман арасы болды бүлік,
Ежел, тышқан қыстайды Құндыздыны
Иен тұр бабаң қонған қызыл шілік.
Солтеке, сеніменен қай төре тең,
Төренті ақыл, қараны қайратпен жең.
Жалды жылық, құйрықты қой жемеген,
Хан ием-ай сол мінезің Жайықтан кең.
Сотекем бесбайыстың қарағындай,
Әлібек, Айтақ қыстайды қара құмды-ай,
Қолына отты шала ұстап туган,
Жат бауыр қыла көрме Барағымдай-ай».*

Бұл айтыстарда екі жақтың бірдей айтуы шарт емес, затына дау мен талас, тартыс үстінде шыққан сөздер болғандықтан жалғыз бір-ақ жақтың сөздері өлеңмен айтылған болса да, билер айтысының мысалына аламыз».

Әлбетте, М.О. Әуезовтың аталмыш еңбегінің осы тұсы атауынан көрінін тұрғандай, әдет-ғұрыптық құқықтың қисыны тұрғысынан жазылмағандықтан, билер айтысының процессуалдық функциясының біраз қырларын камтымайды. Бірақ, жоғарыда айтылғандай, ұлы жазушы ғана емес, аса көрнекті ғалымның бұл сипаттаулары көшпелі ортадағы билік жүргізудің тарихи-этнографиялық образын мейлінше дәл бергендігімен құнды. Деректерге қарағанда, кісі өлтіру, әйел затын зорлау, көші-қон тонау, қаракшылық, біреудің әйелін оның келісімінсіз зорлықпен алып қашып кету және басқа да осы сияқты қазақ қоғамында кешірілмес ауыр күнә болып есептелінген қылмысты істерге қатысты *билік жүргізу* айтыс түрінде өтпеген сыңайлы.

Енді билік жүргізудің дәстүрлі категориялық-ұғымдық негіздемесі жөнінде бірер сөз. Осы ретте ерекше екшеп айтар жайт – дәстүрлі қазақы ортаның социумдегі сан алуан тәртіпсіздіктер мен тәртіп бұзушыларды хәм қылмыстар мен қылмыскерлерді түр-түрге жіктеген ежелден жалғасып келген өзіндік когнитологиялық классификациясы болды. Осы когнитологиялық классификацияның *билік жүргізу* үрдісіндегі қолданыс қисынын түсіну үшін тиісті категориялар, ұғымдар мен атауларды **субъектілік, функционалдық және пысықтауыш** деп шартты түрде үш топқа жіктеу қажет. Мысал ретінде *ұры, ұрлық* немесе *ұрлық-қарлық*, осылардың мазмұнын және жат әрекет ретіндегі салдарын білдіретін *ұры мұндар, ұрының арты ашық, ұрлық түбі қорлық, ұрының беті күйсін* деген сияқты және осы мәндес басқа да ұғымдарды айтуға болады. Мұнда *ұры** қылмысты істің субъектісі, яғни, субъектілік ұғым. *Ұрлық* немесе *ұрлық-қарлық* әлгі қылмыстың болмысын білдіретіндіктен функционалдық мәнді ұғымдар болып табылады. Ал паремологиялық формуламен берілген қалған ұғымдар *ұры* мен *ұрлық* немесе *ұрлық-қарлықтың* ата-баба жолының ұстанымдарына мүлдем жат *«шектен шыққан»* іс екендігін білдіретін пысықтауыш мәнді ұғымдар. Сан

алуан этнографиялық, әсіресе, фольклорлық деректердің қисынына қарағанда, *билік жүргізудің* іс тәжірибесінде осы және осы мәндес басқа да категориялар, ұғымдар мен атаулар көшпелі ортаға тән өзіндік силлогистік тәсілмен қолданылып отырды. Мысалы, қазіргі ғылыми қисынға салып шамалап айтқанда, *ұрлық жасаған адам ұры, сондықтан-да, ол – осындай жат іс-әрекетімен ата-бабаның жолына қарсы шыққан ұры мұндар, жаман адам* деген сияқты.

Сонымен бірге, *жаман іс, жаман адам, нашар адам, қаскүнем, жәдігөй, құлқынының құлы, қастық, залым, арам* сияқты *ата-баба жолының* этикалық қағидалары бойынша адам баласының бойындағы ең жағымсыз қасиеттерді білдіретін жалпы мәнді ұғымдар да *билік жүргізудің* іс-тәжірибесінде қылмыс атаулыға қатысты (соның ішінде, ұрлық немесе ұрлық-қарлыққа да) субъектілік және функционалдық ұғымдарды пысықтайтын функция атқарды. Рас, *билік жүргізу* тәжірибесі қоғамдағы *«ата-баба жолын»* бұзғандар мен бұзушылықтың дәл осындай когнитологиялық жіктелісіне мұқтаж болған емес. Бірақ, адамдардың бойындағы *«ата-баба жолына»* мүлдем жат қасиеттерін, қылықтары мен шектен шыққан деп саналатын қылмыстық істерін білдіретін сан алуан категориялар, ұғымдар мен атаулар, яғни этнокогнитологиялық бірліктер, сөз жоқ, *билік жүргізудің* өзіндік «процессуалдық-нормативтік» матрицасы іспеттес болды.

Сонымен, билер даулы істің ақ-қарасын жоғарыда сипатталған жосын арқылы анықтағаннан кейін тиісті үкім-кесім шығаруға кірісті. Бұл билердің арасындағы даудың аяқталып, бәрінің пікірі ортақ шешімге айналғандығын білдірді. Бірақ, *төбе бидің* тоқтаған шешімі осы үкім-кесімнің негізіне алынды. *Билік жүргізудің* дәстүрлі жөн-жосығына сәйкес, үкім-кесімді міндетті түрде төбе би ғана жариялайтын.

Қазан төңкерісіне дейінгі қазақтың әдет-ғұрыптық құқығын зерттеген орыс ғалымдары мен шенеуніктердің жарық көрген материалдарында, әсіресе, П.Е. Маковецкий мен Л.А. Словохотовтың еңбектерінде көшпелі ортада қылмыстық немесе бұзақылық істердің адамнан емес, оны азғырған шайтаннан, нәпсіден немесе Құдайдың жазмышынан көреді деп дәл айтылған. Яғни, авторлардың қисыны ден қойдырар пікірінше, қазақтар қылмыс пен бұзақылық атаулыны оны жасаған адамдардың шайтанға алдануымен немесе нәпсіге берілуімен байланыстырды. Дегенмен, авторлардың аталмыш гәп қылмыскерлердің жауапкершілігін төмендетеді дегендері болмаса, оны *билік жүргізудің* үкім-кесімінің ежелгі тәсілдері мен қолданатын жазаның мән-мақсатымен байланыстыра алмады. Расында да, көшпелілердің дүниенің жаратылысы, соның ішінде, кісілік концепциясы бойынша (мұны антропологиялық концепция десе де болады), адам баласының бұрынғы, қазіргі және болашақтағы болуы тиіс бүкіл іс-әрекеті Жаратқанның бұйрығымен алдын-ала жазылып қойылады екен. *«Жазмыштан озмыш жоқ»* немесе *«пешенеңе*



не жазса соны көресің» деген сияқты футурологиялық мәнді паремологиялық формулалар осындай жайтқа байланысты қалыптасқаны даусыз (**қ. Жазмыш; Жазу; Пешене; Пешенеңе не жазса соны көресің**). Сонымен бірге, Жаратқанның жарылқауына, аруақтар мен әулие-әнбиелердің қолдауына ие болғандар ғана *ата-баба жолын* ұстануға лайық (**қ. Аруақ; Аруақ қону; Әулие¹**). Ал жын-шайтан иектегендер – әлгі *ата-баба жолынан* ауытқығандар. Демек, адамның жаман іс, жат қылыққа, яғни, қылмыстық іс пен бұзақылыққа барғандығының бірден-бір себепкері, – аталмыш орыс зерттеушілері дәл айтқандай, – оны иектеген әлгі жын-шайтандар. Енді, осы айтылғандар *билік жүргізудің* үкім-кесімінің мән-мақсаты мен құқықтық салдарына қатысы жөнінде. Шынтуайтында, жоғарыда қысқаша да болса сипатталған көшпелілердің кісілік концепциясы *билік жүргізудің кінәлі* немесе *күнәһар* деп есептелінген адамға шығарылған үкім-кесімінің мәнін де, қолданылған жазасының мақсатын да түсінуге шексіз мүмкіндік береді (**қ. Күнә; Күнәға бату; Күнәні мойнына алу; Күнәкар / Күнәһар**). Ең алдымен бұл концепция дәстүрлі қазақы ортада адам кез-келген бұзақылық пен қылмыстық істің неліктен тікелей субъектісі ретінде саналмағандығының идеологиялық-қозғарастық түсініктемесі әрі құқықтық негіздемесі болып табылады. Осы концепцияның қисыны тұрғысынан сұмдық атаулының бар гәбі – қылмыс пен бұзақылық істеген адамда емес, осындай жаман іске апарған оның қаскүнемдігінде, залымдығында, қанішерлігінде және т.с.с., яғни, жын-шайтаннан келген зұлымдық қасиеттерінде. Сондықтан, *билік жүргізу* жосынында, түптеп келгенде, жазаға кесілетін және кесілген бұзақылықтың тікелей субъектісі адам емес, ең алдымен оның жаман іс-әрекеті мен осы іс-әрекеттен көрінген *ата-баба жолына* мүлдем қарағар қасиеттері хәм қылықтары. Тіпті, шектен шыққан деп саналатын қылмыс жасаған адам да билердің үкімімен ең алдымен осы қылмыстың тікелей субъектілік себепкері, яғни, субъектісі ретінде емес, жын-шайтан, албасты, марту сияқты зұлымдықтың иелері әбден иектеген азғын ретінде кесілді (**қ. Албасты; Жын; Жын-ие; Жын-пері; Жын-шайтан; Марту**). Осы айтылған уәждің ілкімді дәйегі ретінде көшпелі ортада ауыр қылмыс атаулының субъектілерінің ортақ атауы қылмыскер емес, *құныкер* екендігін, бұл атау, түптеп келгенде, кез-келген қылмыстың, мысалы, кісі өлімінің тікелей себепкері адам еместігін білдіретіндігін айтуға болады. Өйткені, осы және осы құралыптас басқа да қылмысты жайттар, жоғарыда айтылған «*жазмыштан озмыш жоқ*» немесе «*маңдайыңа не жазса соны көресің*» деген футурологиялық парадигмаларға сәйкес Құдайдың ісі болып табылады (бұл дәстүрлі «түсініктеменің» *албасты басты, аруақ атты, Құдай атты, Құдай қарғады, Шайтан иектеді, шайтанның ісі, нәпсіге ерді, нәпсіқұмар* және т.с.с. сияқты басқа да толып жатқан нұсқалары кездеседі). Жоғарыда көшпелі ортада адамды қылмыс немесе тәртіп бұзушылық атаулының тікелей субъектісі ретінде есептеген емес деуіміздің мәнісі осында.

Дәстүрлі *билік жүргізу* іс-тәжірибесінде жазаның *басымен тартатын жаза* және *малымен тартатын жаза* деген екі түрі қолданыста болды. Бірақ, сан алуан тарихи-этнографиялық және фольклорлық деректерде көшпелі ортада қылмыскер (*шектен шыққан*) немесе бұзақы (*жиын бұзған тентек, елдің шырқын алған тентек* және т.с.с.) деп саналған адамдарды жазалаудың дәстүрлі жіктемесі жөнінде зәредей болса да мәлімет жоқтың қасы. Ал әйгілі Сакқұлақ бидің ұрпақтары академик С.С. Зимановқа тапсырған қазақтың әдет-ғұрыптық құқығына байланысты әзірше белгілі бірден-бір жазба ескерткіш деп есептелінетін қолжазбасында жазаның дәстүрлі жіктемесі қайшылықты берілген. Мысалы, қолжазбаның «қылмыстарға берілетін жаза» деп аталатын IV-бабында *өлім жазасы* мен *масқаралау жазасы басымен тартатын жазаның* қатарына жатқызылса, үкім деген жеке тараушада *өлім жазасы* енді дербес *жан жазасы* деп берілген (**қ. Жан жазасы; Өлім жазасы**). Ал *масқаралау*, яғни, бетіне күйе жағылып, сиырға немесе қара есекке теріс мінгізіліп, мойнына құрым ілінген айыпкерді ауылды, кейде, жәбірленушінің өзін айналдыру рәсімі керісінше жеке *ар жазасы* ретінде көрсетілген (**қ. Жеті Жарғы**). Бұл мәселеге қазақтың дәстүрлі құқықтық жүйесіне байланысты арнайы материал жинаған және оны зерттеген қазан төңкерісіне дейінгі орыс шенеуніктері мен ғалымдары да мандымды көңіл бөлмеген. Мысалы, әдет-ғұрыптық құқыққа байланысты ең құнды дерек болып есептелінетін Өз Тәуке ханның Жеті Жарғысының орыс зерттеушілері Г.Гавердовский, Шүкірәлиев-Спасский, А.И. Левшиннің нұсқаларында да (этнолог Нұрсан Әлімбаидың *Жеті Жарғы* атты мақаласында жасалған классификация бойынша) *билік жүргізудің* үкім-кесімімен белгіленетін жазаның дәстүрлі қазақы жіктемесі мүлдем қарастырылмаған. Ал А.И. Левшиннен кейінгі кезеңде жарық көрген қазақтың әдет-ғұрыптық құқығына байланысты әртүрлі деңгейде жазылған еңбектер мен материалдарда аталмыш мәселенің кейбір аспектілері «жол-жөнекей» әрі жүйесіз сипатталған.

Советтік кезең мен тәуелсіздік жылдары Қазақстанда жарық көрген еңбектерде дәстүрлі қазақы ортада қолданылған жаза *құн* және *айып* деген ежелгі атаулармен екі категорияға жіктелінеді. Оларды тиістісінше кейде *құнмен өтеу жазасы* және *айыппен өтеу жазасы* деп те атайды. Сондай-ақ, аталмыш екі жазаның *мал-мүлікпен өтеу* немесе *мал-мүлікке кесу* деген жалпы атауы да кездеседі. Кейбір зерттеушілердің пікірінше, қазақ өлкесіне орыс отаршылдығы орныға бастауына дейінгі кезеңнің өзінде-ақ дәстүрлі жазалау жүйесінде *құн жазасы* қолданыста болмаған. Яғни, *құн жазасы* – қазақ жерінде орныға бастаған орыстың саяси-әкімшілік жүйесінің ықпалымен қалыптасқан соны құқықтық жосын. Біздіңше, бұл – советтік тарихнамада орныққан «Қазақстанның Россияға өз еркімен қосылуы» деп аталған сол кезеңде зәредей шек келтірмес бағдарлаушы-бағыттаушы тақырыптың идеологиялық тегеуірінді ықпалымен қалыптасқан



көзқарас. Әлбетте, дәстүрлі қазақы ортада қолданыста болған өлім жазасының жоғарыда айтылған отаршылдық «орыс факторының» әсерімен билік жүргізудің іс-тәжірибесінен бірте-бірте ығыстырылуын жоққа шығаруға болмас. Шынтуайтында, көшпелі қазақ соңиүміне және осы құралыптас басқа да әлем халықтарының дәстүрлі қоғамдық құрылымдарына байланысты сан алуан тарихи, этнографиялық және фольклорлық материалдардың өзара пендестіріле зерттелген қисындары дәстүрлі қазақы ортада (әлбетте, орыс отаршылдығына дейінгі дәуірде) жазаның кінәлі адамды тиістісінше өлімге кесу және айыпқа кесу деп аталған түрлерімен қатар, құнмен өтеу жазасының немесе құн жазасының да қолданыста болғандығын көрсетеді. Демек, жазаның соңғы құнмен өтеу түрі де қазақтың дәстүрлі билік жүргізу іс-тәжірибесінде ежелден орныққан құқықтық жосындардың бірі болып табылады.

Сонымен қатар, жоғарыда аталған орыс зерттеушілері мен шепеуніктерінің материалдарында көшпелі ортада қылмыс жасаған (мысалы, ұры) немесе бұзақылық іске барған адамдарды (мысалы, елдің шырқын алған тентек) билер кеңесінің үкім-кесімімен арнай жасалған ұраға қамау, масқаралау, дүрелеу, ел-жұрттан аластау (етегін кесіп, елден қуу), табанын тілу сияқты жазалау түрлерінің де қолданыста болғандығы жөнінде үстірттеу болса да мәлімет келтіріледі (қ. *Ұры / Баукеспе ұры*). Деректерге қарағанда, осы жаза түрлерінің ішінде, әсіресе, дүрелеу немесе дүре салу жазасы кең қолданыста болғанға ұқсайды. Осы ретте этнографиялық тұрғыдан ерекше ден қойдырар жайт ретінде тиісті қылмыстық істердің (көбінесе ұрлық-қарлықтың) және бұзақылықтың (жиын бұзған тентектің) субъектілерін дүрелеу жазасының көшпелі ортада билердің үкім-кесімімен жүзеге асырылатын «қазақы» және мұсылмандық түрлерінің қатар қолданылғандығын айтуға болады. Г.Загряжскийдің еңбегіндегі мәліметке қарағанда, жазаға кесілген адамға қамшымен дүре салу жұртшылықтың алдында үйден тыс жерде іске асырылып отырылды. Егер, жазаны мұсылмандық тәртіппен қожа немесе қази тағайындаса, дүре алдын-ала жатқызылған адамға салынды. Ал билердің үкім-кесімі бойынша, күнәлі деп саналған адамды белуарына дейін жалаңаштап тұрғызып қойып, арқасына дүре салған. Дүрелеудің осы қазақы түрі *тазғыр* деп аталады (қ. *Тазғыр*).

Сонымен, әзірге қолжетімді материалдардың қисынын негізге ала отырып, көшпелі ортада қылмысты (шектен шыққан) және бұзақы деп есептелінген адамдарды жазалаудың түрлерін *басымен тарту жазасы* мен *малымен тарту жазасы* деп аталатын екі үлкен категорияға жіктелінді деп айтуға болады. Басымен тартатын жазаға қылмыс атаулының және бұзақы істердің субъектілерінің тікелей өздері жазаланатындығын білдіретін төмендегідей түрлері жатады:

- өлім жазасы;
- ел-жұрттан аластау («етегін кесіп, елден қуу»);
- қамшымен дүре салу;

– қанға қан, жанға жан принципі бойынша қылмыскер жәбірленуші адамның денесінің мүшелеріне қандай зақым келтірсе, оған дәл сондай зақым жасалуы тиіс (мысалы, қолын сындырса, қолын, құлағын кессе, құлағын деген сияқты);

– масқаралау;

– сирек те болса қолданылған табан тілу;

Сонымен қатар, деректер аталмыш жазаның кейбіреулерінің бір-біріне ұласып қолданылғандығын да айғақтайды. Осыған орай төменде этнографиялық тұрғыдан да, әдет-ғұрыптық құқық жағынан да аса көрнекі бір жайтты мысал ретінде келтіруге болады: бір рудың (жетіата) ататектерінің шежірелік желісі жетіатадан әрі аса қоймаған жыныстық қатынасқа түскен қыз бен жігіт *ата-баба жолы* бойынша қазақ тіршілігінде орыс отаршылдығының тәртібі орныққанға дейінгі дәуірде билер кеңесінің үкім-кесімімен міндетті түрде өлім жазасына кесіліп отырды. Осы жазаның орындалуына дейін олар масқаралау жазасын өтеді: әшкере болған қыздың өрімі шорт кесілді. Бұл үрдіс оның ел-жұрттың алдында қарабет деген қас масқара атаққа ілінгендігін білдірді. Қарабет атауының жүзіқара деген синонимдік нұсқасы да кездеседі. Ал жігіттің мініс атының құйрығының құйымшақ тұсынан бастап шорт кесілуі әлгі жігіттің, бір жағынан, қас масқараға ұшырағандығының, екінші жағынан оның өскен ортамен, ел-жұртпен байланысының біржола үзілгендігінің айғағы іспеттес болды. Шынтуайтында, қас масқара болған қыздың бұрымының да, жігіттің мініс атының құйрығының да кесілуі олардың енді бұл дүниелік емес екендігінің символдық жосынымен білдірілгендігі болса керек.

Жазалаудың келесі *малымен тарту жазасы* деп аталатын екінші категориясына билер кеңесінің үкім-кесімімен кінәлі деп табылған субъектілер өздерінің қылмыстарын немесе бұзақылық істерін мал-мүлікпен өтейтіндігін білдіретін құн және айып деп аталатын түрлері кіреді. Осы ретте ескере кетер жайт – құн жазасының мәні тек кісі өлтіргені үшін қылмыскер тарапынан төленетін мал басымен ғана шектелмейді. Өйткені, құн жазасына, деректерге қарағанда, үшінші рет ұрлық жасаған баукеспе аталған ұры да, кісі өлтірген қылмыскерді жасырған немесе оның қашып кетуіне себепкер болған адам да кесіліп отырылған. Д.Я. Самоквасовтың 1824 жылы Орта жүз қазақтарының арасынан жинаған мәліметіне қарағанда, әлгі кісі өлтіргенді жасырған немесе оны қашырып жіберген адам билер кеңесінің үкім-кесімімен кісі өлтірушінің көмекшісі болып есептелініп, кісісі қаза болған тарапқа (руластарына, туыстарына) төрт түліктен тұратын жалпы саны 100 бас мал, екі тұтқын қалмақ, қосымша екі түйе және екі сауыт мөлшерінде құн төлеуге тиіс болды (дәстүрлі билік жүргізудің іс-тәжірибесі бойынша көмекші деп аталатын ұры-қарының серігі де ауыр қылмыстың субъектісі болып есептелінді). Билік жүргізудің үкім-кесімімен өзінің қылмыстық ісін құнмен төлейтін субъектілердің ортақ атауы – *құныкер* (қ. *Құныкер*). Құн жазасын өтеу үрдісіне



осы қылмыстық қатынастың тікелей тұлғалық субъектілері ғана емес, олардың руластары кейде, бір жүздің бүкіл *игі жақсылары* мен *ырыс ұстағандары* да тартылды. Құнның мөлшері өте мол болғандықтан оны өтеуге қылмыскердің руластары да өз үлестерін қосты. Бұл үлестің мөлшері қылмыскердің ру ішіндегі туыстық қатынастар жүйесіндегі шежірелік мәртебесіне де (мысалы, әлгі қылмыскер ауыл ішінде ерекше сыйлы әулет болып есептелінетін *үлкен үйдің* баласы деген сияқты), құн төлейтін руластарының ағайындығының алыс немесе жақындығына да тығыз байланысты болды (қ. *Үлкен үй*). Яғни, құнды ру ішінде бөлісіп төлеудің осындай жосыны ежелден қалыптасқан туыстық қатынастың ілкімді нормалары және принциптері арқылы ұйымдастырылып отырылды. Құнды өтеуге қатысқан қылмыскердің туған-туыстарының, руластарының ежелден орныққан ортақ атауы – *құндас* (қ. *Құндас*). Сонымен бірге, құн өзінің дәстүрлі отеліну тәртібі мен ретіне байланысты негізгі *құн*, *сүйек құны*, *өнер құны* және *қара құн* деген түрлерге жіктелінді. Бұлардың функциясы, түптеп келгенде, руаралық қақтығысқа, тіпті осы оқыс жайттың бүкіл ішкі этникалық шиеленіс пен дағдарысқа ұласуына себепкер болуы әбден мүмкін теріс факторлардың алдын алу, сөйтін, руаралық қатынастың ежелгі үйлесімділігін сақтауға бағытталды. Демек, билік жүргізу іс-тәжірибесіндегі нормативтік-процессуалдық тұрғыдан да, жүзеге асырылуы тәсілі жағынан да күрделі жосын болып табылатын *құн жазасы* көшпелі ортада руаралық қатынасты мәжбүрлеу тәсілімен реттеп отыратын аса маңызды құқықтық функция атқарды.

Малмен тарту жазасының келесі түрі айып жазасына жоғарыда аталған және басқа да көшпелі ортада шектен шыққан деп саналаған ауыр қылмыстан өзге жаман іске барған субъектілер кесіліп отырылды. Айып жазасының жүзеге асырылу үрдісі құн жазасының атқару жосынымен бірдей десе де болады. Айырмашылығы – айыптың кез-келгені болсын жәбірленушіге және оның руластарына төленуге тиісті мал-мүліктің мөлшері құнға қарағанда әлдеқайда аз болды. Сан алуан деректерде *айып жазасын кіші құн* деп те аталатындығы сондықтан. Дәстүрлі қазақы ортада айып жазасының ең ауыры мал ұрлаудың субъектісіне тағайындалды. Мұндайда әшкерә болған ұры мен оның жақтастары (руластары) жәбірленуші тарапқа *үш тоғызға* дейін, яғни, төрт түліктен тұратын барлығы 27 мал басын төлеу жазасына кесілді (қ. *Тоғыз*). Айып жазасының осы түрінің көшпелі ортада ежелден қалыптасқан атауы – айбана (қ. *Айбана*). Ал ең төменгі айыптың мөлшері бір қой мен бір кез бұл (мата) ғана болды. Мұндай айыптың «азусыз ат, жиексіз шапан» (кейбір деректерде – *жиексіз тон* деп те аталынады) деп аталуы сондықтан. Мұндағы *азусыз ат* деп отырғаны – қой, *жиексіз шапан* – бір кез бұл. Аса ірі ұрлық жасаған ұры мен оның сыбайластары аталған үш тоғыз айыпқа кесілумен қатар, билер кеңесінің ұйғарымымен бүкіл мал-мүлкінен де айырылу жазасына кесілді. Айыптың бұл түрі *шау алу* деп аталынды (қ. *Шау алу*).

Аталмыш құн жазасы мен айып жазасының үрдісінде *билік жүргізуді* ұйымдастырғандарға және ұйымдастыруға қатысқандарға *хандық*, *бидің билігі*, *жасауыл ақы*, *сырт айғаққа* – билерге немесе жәбірленуші тарапқа жасырып куәлік беретін субъектіге (субъектілерге) және *бет айғақ* деп аталатын ашық куәлікке жүретін субъектіге (субъектілерге) тиесілі *сүйінші*, сондай-ақ, *жасауыл ақы* сияқты арнайы ақылар төленді (қ. *Құлақ сүйінші*, *Сүйінші*¹; *Сүйінші*² / *Сүйінші ақы*). Бұл ақыларды айыптың түрлері ретінде атай береді. Хан билігінің дәурені жүріп тұрған заманда *хандық* ақысы ханның ел арасындағы бүкіл этникалық деңгейге ұласқан аса ірі даулы істі бітістірген үшін берілетін сыйақының атауы болса керек. Хан билігі жойылғаннан кейін бұл ақы енді сұлтандарға тиесілі болды. Осы ретте айта кетер жайт – хандық құн жазасының кез-келген түрінің жүзеге асырылу үрдісінің қажетті элемент болды. Бірақ, айып жазасының ең ауқымды әрі күрделісінде ғана толеніп отырылды. Деректерге қарағанда, егер айыпқа аталған тоғыздың құрамы түйеден басталса, хандыққа деген 1 түйе, әлгі тоғыздың басы жылқы болса – 1 ат аталынды. *Бидің билігі* ақысы хандықтың жартысына – шамамен *құнға* немесе *айыпқа* арналған мал басының 1/10-не тең болды (қ. *Билік ақы* / *Билік*). *Жасауыл ақы* – билік жүргізу үрдісіне куәгерлердің немесе күдікті деп саналған адамдардың тікелей қатысуын қамтамасыз еткені үшін жасауылдың тиісті жазаның өтеуіне аталған мал басынан алатын ақысының атауы. Оны *көт майы* немесе *ат майы* деп те атаған (қ. *Ат майы* / *Көт майы*; *Жасауыл ақы*; *Жет. Жарғы*). Деректерде, жасауыл ақының мөлшері жөніндегі мәлімет әрқалай берілген, яғни, нақты дәйектелінбеген. Дегенмен, аталмыш мәліметтерді өзара шендестіру және салыстырудан туындайтын қисынға қарағанда, оның орық отаршылдығына дейінгі мөлшері 1 жылқы мен 1 шапанның шамасында болған сыңайлы. Қазақ социумі отарлық жүйенің тәртіп-қалыбымен тіршілік құра бастағаннан кейінгі заманда жасауыл ақының мөлшері 1 қойға дейін төмендеді. Сонымен бірге, жоғарыда айтылған сырт айғақ пен бет айғақ деп аталатын қылмыстық істің куәгерлеріне берілетін *сүйінші ақысы* жәбірленуші тарапынан билік жүргізудің араласуынсыз да, билердің үкім-кесімімен де таайындалды. Куәгерлердің осы категориясының куәлігі айғақталынса, ол қылмыскердің жазасын өтеуіне аталған мал басының 1/4-не дейін алатын. Ал даулы істің мүлдем аяқталып, тараптардың береке-бітімге келгендігін айғақтайтын *даушыға жіп кесер* ақысы әлгі даулы істің ауқымы мен күрделілігіне, сондай-ақ, жазаны өтеуге аталған мал басының санына да байланысты болды. Бұл ақының мөлшері әдетте 1 қой мен 1 шапаннан аспайтын. Осы құқықтық ғұрып бойынша, даулы істің тікелей тұлға субъектілері алдын-ала дайындалған ала жіпті керіп ұстап тұрды. Билердің үкім-кесіміне сәйкес, ол жіптің ортасына кесу рәсімін атқару міндетті түрде ел-жұртқа сыйлы адал адамға ғана тапсырылды. Сан алуан тарихи-этнографиялық пен фольклорлық мәліметтер осы рәсімнің хан билігі жүріп



тұрған кезеңдерде басқаша – көшпелі ортада ежелден орныққан жосын бойынша атқарылып отырғандығын айғақтайды. Яғни, әлгі ала жіп қылмыскердің немесе бұзақының аяғына тұсалып байланатын. Бұл кінәлі адамның (немесе күнәһардың) билік жүргізудің үкім-кесімі жүзеге асқанға дейін жаман ой, арам пиғылдан арыла қоймағандығын, кесілген жазасының өтелмегенін білдірсе керек. Ала жіптің билердің және ел-жұрттың алдында кесілуі тараптардың арасындағы даудың енді мүлдем аяқталғандығының символы болды.

Дәстүрлі *билік жүргізу* үрдісінде *ала жіп кесу* рәсіміне дейін тараптардың арасындағы аса даулы істі бітістіруге (пәтуаға келтіруге) байланысты атқарылатын салауат немесе салауат шақыру деп аталатын әдет-ғұрыптық институттың орны мен рөлі айырықша болғандығын ерекше атаған ләзім. Бұл жосынды атқаруға (*билер кеңесі* арқылы), әсіресе, руаралық деңгейдегі ұзақ уақытқа созылған текетірес дауды реттеу үрдісіне ел-жұрттың (аса қат жағдайда үш жүздің де) бетке ұстар *игі жақсылары* мен *ырыс ұстағандарының* аса көрнекті өкілдері қатысатын. Олардың бүкіл жұртшылық мойындаған беделі көшпелі ортадағы ушыққан істің өзінің дауға түскен тараптардың әрқайсысы үшін қолайлы шешімін табуға мүмкіндік беріп отырды.

Алайда, билік жүргізудің үкім-кесімін әлдебір себептермен тиісті жазаға кесілген тараптың орындамау жайты сирек те болса кездесіп отырды. Мұндайда арнайы қайта шақырылған билер кеңесі жәбірленуші тарапқа көшпелі ортада ежелден жасап келген мәжбүрлеу тәсілі – *барымта* ұйымдастыруға рұқсат берді (қ. *Барымта*). *Ата-бабаның жолы* бойынша билер барымталанатын малдың мөлшерін және барымтаның атқарылатын уақытын белгіледі. Әдет-ғұрыптық құқықтың ежелгі жосыны бойынша, билер кеңесі белгілеген уақыттан бұрын немесе кейін барымта жасауға, әсіресе, аталған мөлшерден артық мал олжалауға қатаң тыйым салынды. Мұндайда артық мал алу жайты ұрлық-қарлық деп есептелініп, кінәлі барымташылар, ең алдымен оның басты ұйымдастырушысы әдет-ғұрыптық құқықтың осы қылмысқа байланысты қағидалары бойынша тиісті жазаға кесілді. Демек, барымтаны орыс отаршылдығы орныққанға дейінгі кезеңде дәстүрлі қазақы ортыды руаралық (ру-қауым аралық) қатынасты мәжбүрлеу тәсілімен реттейтін құқықтық институттардың бірі ретінде қарастыруға болады. Бұл институттың осындай реттеушілік функциясы Ресей империясының саяси-әкімшілік, экономикалық және территориялық тәртібінің көшпелі ортада орнығуына байланысты мүлдем өзгеріп кетті. Сөйтіп, *барымта* қазақ социумінің тіршілік кеңістігінің ерекше тарылуына байланысты, оның үстіне орыс әкімшілігінің тікелей арандатушылығының нәтижесінде, әсіресе, XIX ғ.-дың 70-жылдарынан бастап күшейе түскен руаралық қақтығыстың себебіне де, салдарына да айналды. Барымтаның шынайы институционалдық байыбына бойлай алмаған зерттеушілердің оны зорлық-зомбылық құралы ретінде қарастырғандықтары, өкінішке орай, әлі де қарастырып жүргендіктері сондықтан.

Дәстүрлі әлеуметтік қатынастың дағдылы нормалары мен принциптері – билік жүргізу жосынының идеологиялық әрі концептуалдық негіздемесі. Олардың «іске қосылуының» құқықтық механизмі. Қазақ социумының тыныс-тіршілігін ұдайы үйлестіріп және ұйымдастырып отыратын институционалдық қатынастар жүйесі болып табылады. Осы ретте ерекше екшеп айтар жайт – бұл жүйенің салт, әдет-ғұрып, жосын-жоралғы сияқты компоненттерінің басты функциясы, сайып келгенде, этностың әлеуметтік энергиясын социумдағы қатынастарды нығайта түсуге жұмылдыру болды. Ол үшін дағдылы нормалар мен принциптердің (ұстанымдардың) ата-бабадан жалғасып келе жатқан мызғымас тіршілік қағидалары екендігі, олардың жасампаз миссиясы сан алуан салттар, әдет-ғұрыптар мен жосын-жоралғылардың (мысалы, ас беру жосынының) көпшілікке ежелден үйреншікті де, аса көрнекі «тілімен» паш етіліп отырылды (қ. *Ас / Ас беру; кіріспе мақала: Қазақтың тарихи этнографиясының категориялық-ұғымдық арқауы*).

Ал институционалдық қатынастардың жоғарыда айтылған құқықтық мәнді нормалар мен принциптер деп аталатын элементтерінің функционалдық ерекшелігі сонда, олар көшпелі ортадағы сан деңгейлі, сан салалы әлеуметтік қатынас жүйесінің қалыпты қызметін субъектаралық шиеленістерді *жазалау, айыпқа кесу, мәжбүрлеу, бітістіру* сияқты құқықтық тәсілдермен «жөнге салу» арқылы қамтамасыз етіп отырды. Яғни, *билік жүргізудің* ұйымдастырылу және оның шешімінің жүзеге асырылуы үрдісінде дәстүрлі қазақы ортадағы әлеуметтік қатынастың ежелден дағдылы нормалары мен принциптерінің (ұстанымдардың) институттанған құқықтық болмысы мен бітімі ерекше көрінді. Расында да, аталмыш дағдылы ұстанымдар қоғамдағы алуан түрлі субъектаралық кикілжіңдер мен қылмыстық істерді *билік жүргізу* жолымен шешіп отыру үрдісінің өзіндік нормативтік-процессуалдық негіздемесі ролін атқарды. Осы қисын тұрғысынан, аталмыш нормалар мен принциптерді қоғамдық дағдарысқа ұласуы әбден кәдік субъектаралық шиеленістерді құқықтық жолмен реттеу *билік жүргізу* жосынының концептуалдық әрі идеологиялық матрицасы ретінде де қарастыруға болады. Демек, институционалдық қатынастар жүйесінің құрылымдық және функционалдық әлеуетін (қалыпты қызметін) қамтамасыз етуші басты механизм – құқықтық мәнге (ахуалды) ие болған нормалар мен принциптер. Түптеп келгенде, институционалдық қатынастар құрылымының реттеуші негізі (тетігі) осындай құқықтық мәнді нормалар мен принциптерден тұрады. Әдет-ғұрыптық құқықтың қоғам (қауым) мүшелерін «*ата-баба жолынан*» ауытқымауын қамтамасыз ететін, жөнге салып отыратын, реттейтін айырықша институционалдық қауқары да осында.

Жоғарыда *билік жүргізу* жосыны көшпелі ортадағы дағдылы нормалар мен принциптердің институттанған болмысы мен бітімін білдіреді деуіміздің мәнісі мынада:



дәстүрлі құқықтың функциясы элеуметтік қатынастар жүйесіндегі субъектаралық ахуалдық дағдарыс пен шиеленіс атаулыны институционалды-императивтік жолмен (қазақы ортада *билік, билік айту, билік жүргізу, іс кесу* деген сияқты әртүрлі аталатын институт арқылы) реттеу болып табылады. Яғни, ахуалдық құқықтық қатынасқа түскен субъектілердің (тұлғалар, ауыл, рулар, ру-тайпалар және т.с.с.) арасындағы дау-дамай, жанжал, шектен шыққан деп бағаланатын шиеліністің, қылмыс атаулының себеп-салдары, ауқымы мен зардабына қарай бидің (билердің) *билік жүргізуі* және осындай іс кесуді (шешімді) жүзеге асыру арқылы. Алайда, әдет-ғұрыптық құқықтың осындай реттеуші («*жөнге салу*») функциясы аталмыш дағдылы нормалар мен принциптерді осындай *билік жүргізу* деп аталатын қоғамдық маңызы айырықша ахуалдық сәтте «іске қосу» жолымен атқарылып отырды. Яғни, белгілі бір тәртіп бұзушылықтың (мысалы, қонақты дұрыс күтпеу, оны ренжіту) немесе шектен шыққандық деп есептелетін белгілі бір қылмыстың (мысалы, біреудің малын ұрлау) субъектілеріне *билік жүргізуге* негіз болатын қазақы ортадағы тиісті (қажетті) дағдылы нормалар мен принциптер міндетті түрде басшылыққа алынды. Осы қисынның көрнекі мысалы ретінде жесір дауының кез келген түрінің көшпелі орта үшін бірден-бір әділ шешімі болып табылатын *әмеңгерлік* пен *мұрагерлік* принциптерін мейлінше қатаң сақтау болғандығын айтуға болады (**қ. Жесір дауы**).

Жоғарыда дәстүрлі элеуметтік қатынастар жүйесіндегі осындай және осы құралыптас басқа да кикілжіңдерді *билік жүргізу* жолымен реттеу үрдісінде «іске қосылатын» дағдылы ұстанымдарды құқықтық мәнге ие болған нормалар мен принциптер деп қарастырудың қисыны осында.

Шынтуайтында, көшпелі ортадағы құқықтық қатынастың өзі де ахуалдық сипатта болды. Өйткені, біріншіден, осы қатынастың субъектілері де (*билер кеңесі, би (билер), ақсақалдар кеңесі, ақсақал (ақсақалдар), рубасы, жүгініс, айыптаушы (айыптаушылар), айыпкер (айыпкерлер) немесе қылмыскер (қылмыскерлер), құныкер (құныкерлер), куәгерлер, жан беруші (жан берушілер)* және т.с.с.) аталмыш ахуалдық сәтте *билік жүргізу* кезінде ғана өздерінің тиісті субъектілік құқықтық функциясын атқарды, яғни, ахуалдық құқықтық қатынасқа түсіп отырды. Екіншіден, субъектілердің осындай ахуалдық құқықтық байланыстары жоғарыда айтылған ахуалдық үрдісте «іске қосылған» дағдылы нормалар мен принциптерге негізделді.

Көшпелі ортадағы қоғамдық қатынастың салалары мен деңгейлері қаншалықты болса, *билік жүргізу* жосындарының да соншалықты «салалық» түрлері мен деңгейлері болды (мысалы, *жесір дауына, жер дауына, мал мен мүлік дауына, кісі өлтіру, әйел затын зорлау* сияқты *шектен шыққандық* деп есептелінетін тағы да басқа қылмыстарға, әртүрлі руаралық, ру-тайпааралық шиеленістерге байланысты тиістісінше өткізілетін жүгініс, ақсақалдар кеңесі, билер соты деп аталатын «билік

айтудың» түрлері мен деңгейлері және т.б. (**қ. Ақсақалдар кеңесі; Билер соты; Жүгініс; Шектен шығу / Шектен шыққандық**). Демек, дағдылы ұстанымдардың (нормалар мен принциптердің) тиістілері қоғамдық қажеттілікке байланысты *билік жүргізу* кезінде, жоғарыда айтылғандай, міндетті түрде «іске қосылып» отырды. Яғни, дәстүрлі қазақ социумінде ұдайы болып тұратын сан деңгейлі, сан алуан құқықтық жосын кезінде дағдылы нормалар мен принциптердің қажеттілері тиісті құқықтық функция атқарды.

Билік жүргізу үрдісі «іске қосылған» нормалар мен принциптерді ғана емес, осы арқылы басқа да ұстанымдардың қатаң сақталуын қамтамасыз етті. Демек, *билік жүргізу* үрдісінде «іске қосылған» нормалар мен принциптерді көшпелілердің күнделікті тіршілігіндегі өзара себеп-салдарлық байланыстағы басқа да дағдылы ұстанымдарының қалыпты функциясын қамтамасыз етуші құқықтық механизм ретінде қарастыруға болады. Олай болса, көшпелі ортадағы дағдылы нормалар мен принциптерді әдет-ғұрыптық құқықтың процессуалдық-нормативтік негізі әрі концептуалдық (идеологиялық) негіздемесі ретінде қарастырған ләзім. Айтылғандардан шығатын қорытынды:

– жоғарыда екшеп көрсетілгендей, дәстүрлі қазақы ортадағы элеуметтік қатынастың дағдылы нормалары мен принциптерінің *билік жүргізу* үрдісінің нормативтік-процессуалдық негізі әрі концептуалдық (идеологиялық) негіздемесі функциясын атқаруы әдет-ғұрыптық құқықтың дербес институт ретінде қалыптаса қоймағандығын айғақтайды;

– *билік жүргізу* және оның шешімінің («іс кесу») орындалу үрдісін (жазалау, айыпқа кесу, мәжбүрлеу, бітістіру және т.с.с.) әдет-ғұрыптық (дағдылы) нормалар мен принциптердің социумдегі субъектаралық шиеленіс атаулыны реттеуге бағытталған институционалды-императивтік функциясы ретінде қарастырған ләзім. Бұл үрдісті дағдылы ұстанымдардың қоғамдық қажеттілікке байланысты атқаратын құқықтық функциясын қамтамасыз еткен бірден-бір институционалды жүйе немесе субъектаралық шиеленістерді құқықтық жолмен реттеуші функциясының дәстүрлі қазақы ортаға тән бірегей институционалды формасы деп те бағалауға болады.

Сонымен, *билік жүргізу* жосынының (институтының) түпкі мақсаты дәстүрлі қазақ қоғамының концептуалдық негіздемесі әрі идеологиясы әрі идеясы болып табылатын «*ата-баба жолының*», яғни элеуметтік қатынастың ежелден жалғасып келе жатқан дағдылы нормалары мен принциптерінің (ұстанымдарының) қатаң сақталуын қамтамасыз ету болды (**қ. Ата-баба жолы**).

Жоғарыда келтірілген әркілі мәліметтер, осы мәліметтерге негізделіп айтылған пікірлердің, ойтұжырымдардың, сондай-ақ, болжамдық мәнді көзқарастың бірыңғай орайластырылған қисыны билік жүргізудің дәстүрлі қазақы ортадағы қоғамдық қатынастың



Билер кеңесі. ҚР МӨМ материалдары бойынша суретті салған Е.Садырбаев

ұстанымдарының құқықтық функциясын социумдегі даулы істерді реттеу қажеттілігіне байланысты «іске қосып» отыратын бірден-бір институт болғандығын дәлелдейді. Көшпелі қоғам жағдайында билік жүргізу бүкіл құқықтық жүйенің ең басты институционалдық негізі әрі функционалдық механизмі болды. Билік жүргізудің көшпелі ортадағы ежелден жалғасқан дәстүрлі ұйымдық құрылымы мен функционалдық күйі шамамен ХІХ ғ.-дың 50-жылдарының басына дейін сақталынып келді. Осы кезеңнен кейін, әсіресе, аталмыш ғасырдың 60-90-жылдары қазақ өлкесінде Ресей империясы тарапынан күшпен жүргізілген әкімшілік-саяси реформалар дәстүрлі билік жүргізу тәртібін түбегейлі өзгертіп жіберді. Осы ретте, ең алдымен, дәстүрлі қазақы ортада билік жүргізу жүйесінің құрылымдық және функционалдық қалпы мен күйін қамтамасыз еткен ең басты әрі бірден-бір фактор билердің көшпелілердің өздері таңдайтын ежелгі жосынының жойылғандығын ерекше екшеп айту қажет. Бұл көшпелі социум үшін зардап-залалы айырықша мол жайт қазақы ортадағы қоғамдық қатынастың әртүрлі деңгейлері мен салаларының өзара үйлесімділігін қамтамасыз еткен дәстүрлі институционалдық жүйенің тағы бір аса қауқарлы компоненті – билік жүргізудің өзінің ежелгі реттеушілік

функциясынан мүлдем айырылғандығын айғақтайды. Орыстың отаршылдық саясатын қазақ өлкесінде жан-жақты, терендете әрі үдете жүзеге асыруға бағытталған аталмыш жылдардағы реформалардың нәтижесінде көшпелі ортадағы даулы істің 300 рубльге дейінгі есептелінгендері ғана бидің қарауында болды. Осы сомадан жоғарғылары орыс әкімшілігі тарапынан сайланған болыстық билер соты мен ояздық соттың құзырына өтті. Орныққан жаңа құқықтық жүйе және соттау тәсілдері, түптеп келгенде, көшпелі қоғам үшін мейлінше тосын әрі жат институционалдық үрдістер болды. Ойткені, бұлар Ресей империясының құқықтық жүйесінің қазақ өлкесіндегі отаршылдық саясаттың институционалдық құралы ретінде ғана функция атқарды. Осы ретте ерекше атап өтер жайт орыс әкімшілігі тарапынан зорлық-зомбылықпен енгізілген билерді сайлау тәртібі және осы билердің кандидатураларының тек орыстың лауазымды шенеуніктерінің келісімен ғана бекітілуі дәстүрлі қазақы ортада бұрын мүлдем құбылыс – *парақорлықтың* пайда болуына алып келді. Әлбетте, пара бергендер – билік сайлауына түскен қазақтар, параны алғандар орыс әкімшілігінің жауапты қызметкерлері болды. Шынтуайтында, қазақ өлкесіндегі орыстың отаршылдық жүйесін қазақтарды паракорлық сияқты сұмдық қасиетке



баулыған өзгеше институционалдық механизм ретінде де қарастыруға болады (**қ. Пара; Паракор; Парақорлық**).

Аталмыш реформалардың қазақ социумінің табиғиына мүлдем кереғар екендігін бірден түсінген Ш.Уәлиханов және Абай сынды қазақ зиялыларының бірегей өкілдері кал-кадерінше әлгі реформаларға қарсылық көрсетті. Тіпті, қазақтың дәстүрлі құқықтық жүйесін арнайы зерттеген В.В. Григорьев, Л.А. Словохотов, И.И. Крафт сияқты орыс шенеуніктері мен ғалымдары да өздерінің еңбектерінде жоғарыда аталған реформалардың көшпелі қоғамның мүддесіне мүлдем жат өзгерістер (мысалы, парақорлық пен әділетсіздік) алып келгендігіне қынжылыс білдірді.

Осындай жайтқа байланысты билік жүргізудің және оның нормативтік-процессуалдық қағидаларының орыс отаршылдығының жаңадан қалыптасқан саяси-әкімшілік тәртібіне бейімделген нұсқаларын қолданысқа енгізуге XIX ғ.-дың 80 – 90-жылдары бірталай әрекеттер жасалынды. **Ереже** деп аталынған әдет-ғұрыптық заң нормаларының осы нұсқаларын жүйелеп жасақтауға қазақтың әдет-ғұрпын, салтын, жосын-жоралғысын һәм ежелгі дүниетанымын терең білетін білікті адамдар мен әйгілі билер және орыс әкімшілігінің жергілікті өкілдері қатысты (**қ. Ереже**). Бұл Ережелердің ғылыми-танымдық тағылымы өлшеусіз десек асырып айтқандық болмайды: олардың әрқайсысының нормативтік құрылымы мен мазмұны XIX ғ.-дың екінші жартысындағы қазақ социумінің әлеуметтік-экономикалық, саяси құрылымдарының, әсіресе, институционалдық жүйесінің жаңа отаршылдық ахуалға бейімделу үрдісін және денгейін мейлінше дәл білдіреді. Сонымен бірге, сан алуан экономикалық, саяси, мәдени және техногендік сыртқы факторлардың тегеуірінді ықпалына түскен көшпелі қоғамның бұрынғы қауқарынан айырыла бастағандығының да тарихи айғағы болып табылады. Осы айтылған қисынға орай төменде 1885 жылы мамыр айында Семей облысының Қарамола деген елді мекенінде заманында ұлық би атанған Абайдың өзі қатысқан арнайы шақырылған төтенше съезде қабылданған барлығы 73 баптан тұратын әйгілі Қарамола Ережесінің мәтіні беріліп отыр. Бұл мәтін алғаш рет «Абай» журналының 1990 жылғы I-нөмірінде жарияланды. Осы ретте айтар кетер гәп, аталмыш жарияланым Қарамола Ережесінің 1886 ж. Қазан университетінде басылып шыққан татар тілі аралас мәтінінің қазақшаланған нұсқасы болып табылады:

1-бап. *Болыстық съезде даулар үлкендігіне қарай, сомасына қарай бітіледі. Тетенше съездерде ұлықтардың әмірі бойынша бір ояз бір оязбен кезектесіп бітіледі, әр ояздың барша билерімен емес.*

2-бап. *Дауласқан әр екі тарап қалаған билерін таңдап алады. Бірақ би есебін Ереже бойынша ұлықтар шығарады. Сұраймыз, әр тараптан үш биден артық болмаса екен. Би шешімін шығармас бұрын үштік бимен жарасады. Егер даугерлер үштік би бітімімен бітпеймін десе һәм бітім болмаса, сонда жоғарыда айтылмыш бойынша билер таңдап шығарады. Екі жағының билері таласып, жұп*

болса, төменде айтылмыш рет бойынша бітіреді. Әр ояздың халқы орталарынан бір төбе басы би шығарады. Бұған қызметтегі һәм қызметсіз де құрметті кісілер сайлануға мүмкін. Егер билердің бітімі талас болса, сайланғандар екі төбе би шығартып алады, тиісті ояз халқынан. Егер бұлардың арасында талас болса, қалған ояздардың төбе басына жеребе салынып, шыққан кісі бітімдеріне араласып, сол кісінің ауған жағының бітімі орнығып, мақұл болады. Осы рет бойынша ояздық төтенше съездерде екі жағы тең талас болса, төбе басы би бір жағына ауып, тоқтатады.

3-бап. *Жауапкерлердің шақыру бойынша келмегендіктерін старшын мен болыстар куәландырып, келмегендігінің мақұл яки емесін билер тексереді. Егерде келмеген себебі тексеру бойынша сыйымды болса, билік айтылмайды, кейінге қалса керек. Егер келмегендігі сыйымсыз болса, сыртынан билік шығарылады.*

Бір бидің яки съездегі билердің сыртынан қылған биліктері тағайынсыз болмақ. Билік көшірмесі старшындар яки болыс арқылы мағлұмданады. Егер де жауапкер разы болса, билік тағайынды болып, бұзылмайды. Егер де разы болмаса, екі жұма арасында алғаш билік айтқан биге қайтадан арыз қылады. Сонда би жауапкердің хұзарына қайтадан билік айтады. Егер де жауапкер тексерілу бойынша азарса яки болыстық съезге тыңдатса, съез билерінің билігін ұнатпаса, сонда айыпты жағын шығынын қайтаруға міндетті қылып һәм жаза бұйырылады. Жалған айтқаны үшін жоғарыда айтылмыш рет бойынша болыстық съезд сырттай билік құрады. Разы болмаған тетенше съезге билігін сынаатады. Әр төтенше съездің шешімі ақырғы болып табылады.

4-бап. *Егер даугер шақырылған күнінде келмесе, сұралмыш дауын бос қалдырады. Сонда жауапкер арыз етсе, билердің ықтияры бойынша жауапкердің шығынын даугер бұйырып береді. Бірақ даугер ықтиярлы дауын қайтадан сұрамаққа сол дауи билердің тексеруі бойынша жалған шықса, даудың сомасына қарай һәм жауапкердің қадіріне қарай шығынын тартады.*

5-бап. *Бір старшын елдің ішінде даугер, жауапкерлердің барша жанжал, сұрау, дауларын сол старшын елінің биі бітірмекке міндетті. Бірақ би өзін мынадай жағдайда билік айтудан босатады: егер, дауласқан жағынан бірі туысқан жақыны болса, қайсыбірі ата-анасы, бір тума аға-інісі, әкесінің бір тума аға-інісі, жиені, немере баласы және туган құдасы һәм дұшпан, өштес адамдары, қайсыбірінің дұшпандықтары бұрын биге түсісіп, мойнына жаза салынып, анықталған болса, сыйымды болады.*

6-бап. *Әр старшын, болыс, ояз араларында болатын барша дауларды даугер болысқа айтуға тиісті. Сонда болыс даугер, жауапкерді алдына шақырып, жауапкерге ереже бойынша ықтияр береді. Бір болыс елден разы болмаған екі биін шығармаққа онан қалған билерден даугер бірін тыңдап, биліке түсіп, сол би билік айтады. Болыстық съезде билердің барлығы түгел болып билік*

айтады. Билік шығаруға мүмкін емес болған жағдайда төтенше съездің би саны ұлық ықтиярында болады, һәм билік шығарылмайды.

7-бап. Береке бітім салауат бітім қылуға мүмкін, салауат даудың уақытына қарай болады. Береке бітім һәм салауат съездерде жасалғандай болса, келесі уақытта қайтадан сөз қозғау мүмкін емес. Әмме даугер мен жауапкер бөтен ояздікі болса, екеуінің арасында уағда қылуға мүмкін елге барып бітпекке, бірақ бұл уағданы қызмет иелері куәландыруы керек.

8-бап. Бидің биліктерін болыстар орнына келтіруге міндетті болған себептен съез біткен соң биліктің көшірмелерін тиісті болысқа мағлұм қылады. Егер де даугер жауапкерлердің ықтияры бойынша, екі ел арасында кесім малдарын ойластыруға уағда кылса, сол уағда съез басымен бірлесе шешіледі.

9-бап. Бір би һәм съез биі биліктерін айғақ куәлігіне қарай бітіреді. Егер билер айғақ куәлігін мақұл көрмесе, онда оларды шақырмай-ақ істерді күмәнға салады. Яғни би куәні шақырып, тиісті жауабын алса, онда дауды күмәнға салуға мүмкін емес. Куәларды шақырудан бұрын куәліктен анықтауы керек. Куә болуға жарамайды: ақылынан адасқандар, 18 жасқа толмағандар, әр жастағы әйелдер, жақын-туғандар, құдалар һәм өштес, дұшпан кісілер. Куәлердің сыйымды, сыйымсызын билер шақыртпай, бұрын айыруы керек. Дұшпандық тұрғыдан, бос айтылған сөз қабыл алынбайды. Жұртқа белгілі дұшпандық мақұл көруге мүмкін, онан артық айыруға болмайды. Дауласушылардың куәлары бір болыстас болса, олардың куәлігі сыйымды-сыйымсызын би тексереді.

10-бап. Егерде көрсеткен куәге кісіні толымды көрмесе, сонда куәге айғақ орнына көруге мүмкін, егер жауапкер адам айғақтың сөзін қабыл көрмесе, айғақ сөзінің растығына дау сомасына қарай елі ара түсіп, бір кісі жан берсе керек. Қазақша айғақ жазасы деген дау аяғы күмәнмен тоқталады. Күмән өтпесе жауапкер күйеді, күмән өтсе азарады. Жауапкер адам айғақ өтірік айтқаны үшін үстінен арыз беруіне болады.

11-бап. Қазақ рәсімінде сүйінші алуға болады; бірақ сүйінші алған кісі куәлікке жарамайды, айғақ болуға мүмкін.

12-бап. Күмәнші растығын тексермекке һәм күмәншінің өтпек жерінің алыс, жуықтығына қарай, күмәннің құнын билер кеседі.

13-бап. Күмәннің саны – ер құнына төрт кісі, әйел құнын екі кісі, өзге даулардың һәммәсіне бір кісі. Күмәнға дау сомасына қарай ел түседі. Бір түйеге екі елу басыдан, бір қараның дауына бір елу басыдан күмән ұсталады. Қанша қара болса, сонша елу басынан ұсталады. Дау сомасы қанша көп болса, сонша ел елу басынан ұсталады. Дау сомасы қанша көп болса да, бір болыс елден күмән аспас күмәншіні даугер таңдайды. Күмәнға салатын бір елу басы яки бір болыс үшін жауапкер көрсетеді.

14-бап. Күмән жауапкердің елінің болыстық молдасының құранмен кесім айтылады.

15-бап. Күмән етілген уақытта даугердің көз болуы міндетті емес, бірақ молда даугердің келмегендегісін кітапқа жазып қойса керек.

16-бап. Күмәннің уақыты сол уағдалы күннің күн батуына дейін.

17-бап. Күмәнға ұсталмайды: молда, ел билеушілер, билер, қажылар, 18 жасқа жетпегендер, алтыс үштен асқандар. Төре қазақ үшін және қазақ төре үшін күмәнға жарамайды.

18-бап. Жауапкердің ықтиярында: күмәнға өз елін ұстата ма яки рулас елін ұстата ма?

19-бап. Күмәншіні күмәннен шығаруға болады, егер дұшпандығы халыққа мағлұм болып, бимен бірге күтілген болса.

20-бап. Әр күмән болыстың, молданың құзырында болады. Молданың қаталдығы, зұлымдығы болса, жұрт тексереді.

21-бап. Жалған күмән еткен кісіге айып салынады – түйе бастатқан бір тоғыз.

22-бап. Күмән етпесе, қанша нәрсе, қанша мал бұйырады, күмәнға кім ұсталған – барлығын толық етіп, билігінде анық етіп жазуға би міндетті.

23-бап. Күмәннің күнін ұзартуға сыйымды себебі болса, болыс яки өз елінің бір биінің куәландыруы бойынша мүмкін болады.

24-бап. Күмәнші жаншы, төреші болып даугердің ықтияры бойынша билік айтады. Мұның билігін жауапкер бұза алмайды. Бұл билік көшірменің сыртына жазылады.

25-бап. Құн, жесір даулары жиырма жылдан арғылары салауат. Өзге даулар он жылдан арғылары салауат. Билік айтқан күнге дейінгі төрт жылға созылған даулардың, анықталған малдардың толық басы қайтады. Шығынымен одан арғы үш жылдағы даулардың анықталған молданың үш бөлігінің екі бөлігі тиеді. Қалған үш жылдағы даулардың анықталған малынан үш бөлігі тиеді. 75 жыл һәм одан арғы болған даулардың барлығы салауат. Осы сияқты болып құнның малы да алынады. Жиырма жылдық құн малы үшке бөлінеді – бір бөлігі билік айтқан күнге жуық жеті жылдағы дауға, екінші бөлігі одан арғы жеті жылдағы дауға, үшінші бөлігі қалған алты жылға.

26-бап. Ойланып жүріп өлтірілген ердің құны жүз түйе болады. Мұның 25-і тайлақ, 25-і құнан атан, 25-і дөнен атан, 25-і бесті атан және ойланбай басқа себеппен өлтірілсе, оған 50 түйе құн. Мұның 25-і құнан атан, 25-і бесті атан.

Әйелдің құны – ер құнының жартысы. Қателікпен, оқыстан өлтірілген кісіге құн жоқ және ері әйелін өлтірсе яки әйелі ерін өлтірсе оған құн жоқ.

27-бап. Барымташыға һәм ұрыға, өлсе құн жоқ.

28-бап. Адам мүшесі мертікесе, үкімі шаригат бойынша айтылады. Шаригат айыруының қателігі болмасын деп сұраймыз. Бұл сөзді айырмаққа тапсырылса екен.



Семейдегі Ахмед Уәли Мұнасиф ұлына һәм Өскемен молдасы Мырзағали Ғаббас ұлына. Өлардың айырып берген Шаригаты осы ережеге тіркеліп жазылса екен.

29-бап. Бәлигатқа толмаған қызды зорласа, айыпқа лайықты қалыңмалының үш бөлігінің бір бөлігін береді. Бәлигатқа толған қызды зорласа, ат-шапаннан түйе бастатқан тоғызға дейін айып береді. Күйеудегі әйелді зорлағанға бір тоғыздан үш тоғызға дейін. Ойнас қылған еркек, әйелге екеуіне де дүре соғылсын, айып жоқ. Мұндай істер тексеріледі; егер әйелдің күйеуі яки әйелдің өзі, яки туысқаны, яки әке-шешесі арызданса, осы баптың басында жазылған екі дауды съезд билері бітіреді.

30-бап. Күйеуі бар әйелді біреу алып қашса яки өзі ойнасымен бірге қашса, ондай әйел өз елінің съезд билеріне тура қайтарылады. Билер әйел мен күйеуін жарастырады. Егер күйеуі әйелдің өзін алса, ал алып қашушы жігіттен бір тоғыздан үш тоғызға дейін айып салынады. Егер күйеуі әйелін алмаймын десе, әйел ойнасында қалады, бірақ алып қашушы әйелдің күйеуі төлеген толық қалыңмалын қайтарып береді. Әйел мәрден құр қалады. Егерде біреу біреудің айттырған жесірін алып қашса, алып қашушы қыз әкесіне толық қалыңмалын береді: елу жыртыс сот ақысымен. Егерде де әкесі жасау беруге ықтияр болмаса, қыз жасаусыз қалады және қыз әкесі бұрынғы күйеуінен алған қалыңмалын қайтарып, үстіне бір тоғыздан үш тоғызға дейін айып береді.

31-бап. Егер де біреу әке-шешесін ренжітсе, әке-шешесінің ықтияры бойынша қазақ зұрпына қарай жаза берілсін, егер молданы яки құрметті кісілерді ренжітсе, ат-шапанын, атан бастатқан тоғызға дейін айып береді. Тағы біреуді қол жұмсап ренжітсе, бір тоғыздан үш тоғызға дейін айып береді; егер айып алушы кесілген айыпты алмаймын десе, бір айға абақтыға отырғызады.

32-бап. Ұрыс, төбелес шығарғандар билердің билігі бойынша ат-шапаннан үш тоғызға дейін сұраушының пайдасына айып төлейді. Бірақ ұрыс-төбелестің басшысы өзге жолдастарынан гөрі айыпты артығырақ төлейді. Бұзықтық шығарған адамдар болыстың приговорымен яки ереже бойынша билердің билігінше ақшамен яки қаталашкамен абақтымен жазаланады.

33-бап. Қызмет уақытында старшиналардың тілін алмаса, билердің хукімі бойынша бес теңге айып яки жеті күн абақтыға отырғызып жазаланады. Болыс старшиналардың ықтияры бойынша жалдаған шабарманның тілін алмаса, жоғарыда айтылмыш жазаға кіріптар болады. Егер болыс старшиналарының ықтиярынсыз жалдаған шабарманның тілін алмаса, тіл алмағанның жазасы болыстың өз хукімінде болады. Егерде біреу болыстың тілін алмаған болса, оядың ықтияры бойынша, бір болыс елдің съезінің тексеруіне береді. Хукім айтқан уақытта бір биге яки съезд билеріне дәрекілік еткенде хақарат әлгі айтылмыш бойынша съезд биі арқылы жаза беріледі.

34-бап. Суга кетіп бара жатқандарға, орт уақытында, боран һәм суықта сол сияқты түрлі себептерде болысып, көмек етпегендер бас тоғызбен айыпталады.

35-бап. Мал өлімін тоқтатпақ үшін жасалған хукімдер бойынша жахат қылмағандарға болыстың хукімі бойынша 3 теңге айып жаза болады. Көрші елінде мал өлімі болған уақытта жахат етпегендерге жаза көбейеді, жеті күннен бір айға дейін абақты бұйырылады. Арық бұзғандарға, көпір, құдық бұзғандарға, өзге біреудің өз еңбегімен жасаған ибарларын бұзғандарға шығынынан басқа айып бұйырылады. Ат-шапан яки ақша бойынша 15 теңге.

36-бап. Қазақ арасындағы ұрлық үшін ұрлаған малын қайтарып, айып береді, мойнына қосақ, көтіне (артына) тіркеу, қанды ат, билік атымен, мойнына, артына тіркеу мал бағасымен бірдей болады. Жүйрік жорғаныкі орта атпен бірдей болады. Мал иесіне тиісті; һәм ұрының астындағы қанды аты әр ұрыдан алынып беріледі, билік ат ұры басы сайын алынып, билік айтқан билерге беріледі.

37-бап. Мал төлегеннен басқа ұрыларға жаза бұйырылады. Бір айға дейін абақты, алтыс шыбыққа дейін дүре. Билер бұл жазаны хукім айтқанда бұйырмаққа міндетті. Немере яки жиен болса, нағашысынан, ата, ағасынан мал алып қашса, оған жаза жоқ және алып қашқан малы қайтарылмайды; Екінші мәрте алып қашса, би арқылы нағашысы, ата, ағасының сұрауы бойынша жаза беріледі. Бұл хукім әйел жағынан жиенге және немереге тиісті.

38-бап. Жылқы құйрығын кескендер бір шапанан бір түйеге дейін айыпталады.

39-бап. Ұрлыққа жахат еткен адамдар ұрымен бірдей жаза тартады. Бірақ дүре, абақты серік болған уақытты кісілерге бұйыруға көбінесе тиісті.

40-бап. Жиырма жылқыдан артық барымта қылған кісілерден ұры басы бір қанды ат, бір билік аттан уә һәм үш тоғыз айып баршасынан алынады. Жиырма жылқыдан кем болса, жоғарыда айтылмыш 37-бапта мағлұмдүр. Жылқы басына бөлек.

41-бап. Қазақ рәсімі бойынша күйеуден әйелді айыруға болады. Күйеуі белсіз болса яки астының жазылмас ауруы болса. Мұндай науқастары болмаса, күйеуінің ықтияры бойынша шығады. Қалыңдық пен күйеуін айыруға мүмкін болады. Күйеу қыздан жиырма бес жас үлкен болса, яки бір мүшесі кем болса, қыз күйеуден тоғыз жас үлкен болса тағы да.

42-бап. Барша жесір турасындағы даулар некелілердің арасында күйеуінің елінде бітіседі. Некесі қиылмағандардың арасындағы даулар қыздың елінде бітіседі. Осы жоғарғы екі себепте съезд билері бітім айтады. Қазақ рәсімі бойынша анық неке молда алдында қиылған дұрыс болады. Волосной управительдің қолындағы кітаптан кесіліп берілген квансия әйелі күйеуіне тиісті екендігіне куәлікке жарамайды.

43-бап. Егер күйеуі қалыңмалын төлеп бітірмей тұрып қалыңдығын алып қашса, қалған малын беріп һәм қайын атасына келіп кеңшілік сұрауға тиісті. Егер күйеуі қалыңмалын төлеп бітіргеннен кейін қалыңдығын алып қашса һәм әке-шешесі қызын себепсіз бермей, көп ұстап

тұрған болса, алып қашқан күйеу айыпсыз һәм жасау сұрауға рұқсат. Егер қыздың әке-шешесі той жабдығымен ұзатуын лайықты жақсы кылып жөнелтемін деп кешіктірген себебі болса, күйеу айыпты болады, қайын атасын ұятты қылған себепті. Әрдайым мұндай жесір даулар зиян көрген жағынан арыз бойынша түседі.

44-бап. Ұзатқан қыз барған жерінде бала таппай өлсе, төркініне мінген ат, ер-тұрманы, артқан бір түйе сәукелесімен қайтарады.

45-бап. Егер қалыңдығы өліп қалып, балдызы жездесіне бармаймын десе, алған қалыңмалын қыз әкесі күйеуіне қайтып береді.

46-бап. Күйеуі өлген жесір әйелі сүйсе, күйеуінің бір туысқан бауырына яки ағайынына тиеді, егер де сүймесе, ықтияры өзінде.

47-бап. Егерде біреу құдалықты бұзса: қыз әкесі бұзса, күйеуден алған қалыңмалын айтарып береді, һәм дауласқан қалыңмалдың зұрпына қарай айып береді. Батасы қырық жеті байтал яки артық болса, бас тоғыздан үш тоғыз айып береді. Отыз жеті болса, екі тоғыз, жиырма жеті болса, бір аяқ тоғыз береді. Он жеті болса, бір ат-шапан береді. Егер де күйеудің әкесі яки өзі құдалықты бұзса, берген қалыңмалынан үш тоғызды қалдырып, қалған малын алады, егер де қалыңмалы қырық жеті болса, отыз жеті болса – екі тоғыз, жиырма жеті болса – бір тоғыз, он жеті болса – бір ат-шапан.

48-бап. Барша қарсы құда тұрасындағы дауларды билер бітірсе керек және келесі уақытта қарсы құда болынбасын. Яғни бұл ереже мағлұм етілгеннен кейін егер де құда болса, молда некесін қимасын.

49-бап. Құдалық уағдасы бекітіледі – құда түсіп, құйрық-бауыр жеген күннен кейін.

50-бап. Егер күйеуі өлген әйел баласы жоқ болса да, бар болса да күйеуге тимей отырса, күйеуінен қалған барша малға ие болып, билеп тұрады. Егер де күйеуі өлген әйел күйеуге тиемін, шығамын десе, барлық күйеуінен қалған малынан, баласы болса сегізден бірін, баласыз болса, алтыдан бірін алады. Киген киім, төсек-орнынан басқа қалған еркек балалары, қалған барша малымен әкесінің балаларына беріледі. Олар өз арасынан біріне ие қылып, баланы малымен сақтатады. Сол ие болған кісі қағазбен есеп беруге міндетті емес. Егер де малын орынсыз шашты деген дау сөз болса, сонда би арқылы барша туғандарының көрсетуі бойынша тексеріледі. Қыз бала қалса, әр уақытта анасына тиісті, анасы күйеуге беріп, қалыңмалын өзі алады. Қыз күйеуге тиекеш, үлкен атасының бауырларына, яғни қалған малды сақтап тұрушыға төркіндеп барып, әкесінің қалған малынан лайықты есе алады. Егер де әйел күйеуге тимей, өлген күйеуінің малына ие болып, бұзық тұрса яки малын шашса, өлген күйеуінің туысқанының біреуі ие болып сыртынан қарап тұрады. Ол ие болған кісі әйелді ие қылған малды ауылына яки үйіне кіргізіп алмайды. Лекин бұл әйелдің ауылында басқарып тұрады. Тұл әйел күйеуге тисе, екінші қалыңмал алынбайды. Егерде жесір

қалған үш қатыны болса, сонда сегізден бірін бәріне бірдей бөліп береді. Егер үш әйелдің біреуі күйеуге тиемін десе, төсек-орын, киген киімінен басқа жиырма төрттен бірін алады. Егерде екі жесір әйелдің бірі болса, он алтыдан бірін алады.

51-бап. Соыс, қонағасы қазақ рәсімінде бар. Бермеген кісі бір ат-шапаннан бір түйеге дейін айыпты болады. Лекинде бұлардың ішінен шығарылады һәм тракті жол үстінде, жәрмеңке қасында, қайық аузында һәм съезд мекенінде, қала қасында тұрушылар.

52-бап. Екі тамыр айырылысса, билердің тексеруі бойынша артығын алысар. Бір-бірінен айып жоқ.

53-бап. Қызметтегі адамдардың үстінен жала қылғандар билердің билігі бойынша шықса, анығын қайтарып береді. Мұндай жалаларды тоқтатарға бір себеп көрсетеміз. Сондай жалған арыздар, әсіресе, сайлау уақытында көп болады. Оның хақында сұраймыз ұлықтарда мұндай арыз тұрғысында істейтін анықтаманы жасатқанша, болыстың яки төтенше съездің билеріне тексермекке берілсе екен.

54-бап. Біреудің жерін жеген дауларды билер жері пәленшенікі деген елу басылардың куәлігіне қарай тексереді. Тексерген уақытта жерді билер өздері көреді яки сенімді кісінің куәлігі бойынша жеген жерінің сомасына қарай билік айтады. Шығынын қайтарып, үстіне һәм айып салады.

55-бап. Қонған ауылда қонақтың аты жоғалса ауыл күймейді, сенбесе, ат иесі ауылдан шаригат алады.

56-бап. Тоғыз деген айыптың малға шыққан саны мынау: **Бірінші** – бас тоғыз түйе бастатқан. 1 түйе, 2 құлын, 2 бие, 2 құнан, 2 тай.

Екінші – орта тоғыз, яғни ат бастатқан тоғыз, 1 жуан ат, 2 тай, 2 тайынша, 4 бойдақ қой.

Үшінші – аяқ тоғыз – 1 дөнен өгіз, 2 тайынша, 3 бойдақ қой, 3 тоқты, тоқал тоғыз болмайды.

57-бап. Мал басын былайша бағалаймыз:

Маңдай түйе – 3 ат және отыз қой.

Орта түйе – 3 бесті.

Дөнен атан – 2 бесті, бір тай.

Құнан атан – 2 бесті.

Тайлақ – құлынды бие 12 қойлық.

Бота – бір бесті.

Бәйге ат – орта бір түйеден бес түйеге дейін. Жорға ат – құлынды биеден төрт түйеге шейін. Жақсы ат – құлынды биеден бір түйеге шейін. Айғыр – құлынды биеден екі бестіге шейін. Бие құлындысы – он қой. Бие құлындысы – он тоқты.

Ат – тоғыз қой.

Бесті – жетіден сегіз қойға шейін. Дөнен – бес қойдан алты қойға шейін. Құнан – төрт қойдан бес қойға шейін. Тай – үш қойдан төрт қойға шейін. Құлын – екі қойға шейін. Атан егіз – 12 қой.

Бесті һәм дөнен егіз – 4 қойдан 8 қойға шейін. Тайынша – 2 қой.



58-бап. Үй, кілет бұзып, қастық ниетімен істесе, ұрлаған нәрсесінен басқа бір тоғыздан үш тоғызға дейін айып береді. Қора, кілет бұзбаған ұрлыққа ат-шапан айып береді. Ол аз, онан үлкен айып ұрлаған сомасына қарай.

59-бап. Билердің билігі бойынша кесілген қалып қалыбынша алып беріледі. Егерде жауапкер ықтиярымен бұйырылған малды бермесе яки шақыруына келмесе, мал алып беруші ауылдастарынан куә алдырып, сол куәлардан мал алушы бір қалыс кісіні таңдап алып осы жоғарыда айтылмыш баға бойынша алып беретін малды бағалайды. Егерде мал беруші кісі бермеймін деп қарсылық қылса, байлап қойып алып беруге де болады. Билік бойынша мал алып беруге ешбір қазақ рәсімінше үлгі жоқ.

60-бап. Ұрлық үшін кесілген мал алынып беріледі, ұрының өзінен һәм оған серік болған жолдасынан. Ұрының серік жолдасы болады ат беріп аттандырған, бірге ұрлыққа барып ептескен, ұрлаған жылқыны жасырған, істелген ұрлықты біле тұрып жасырғандар. Бұл кісілердің малы жоқ болса, мал төленуіне міндетті. Ұрланған атты біле тұрып сатып алғандар, егерде сатып алушылар ұрымен бір болыста болса, одан сол мал алынып беріледі. Сол ұрлықты қылған уақытта ауыл иесінің соның да малы жоқ болса, мал алушы даугер бөтен ояздыкі болса, сонда қызметте тұрушы адамдар һәм жұрты төлейді, старшын елі күйеді. Мал алушы бөтен болыстікі болып, бір дуандас болса, елу басы халқы күйеді. Даугер бір болыстікі болып, өзге старшындыкі болса да, мал алушы мен мал беруші бір старшындыкі болса, он басы халқы күйеді. Бұл қылған ынтымағымыз ұрлықты тыймақ үшін һәм мал иесінің малы түгел тиіп, ризалыққа жетпек үшін жасадық. Яғни шығын орнына кесілміш айыптарды алмақ хақында тағы да осы ынтымағымызды жасадық. Үш жылға шақ уақыт қойып яғни ұрлық тыйылғанша қызметтегі адамдарды мал төлеуден шығармаған себебіміз сол халықтың ішіндегі жамағат адамы болған хұқында халықтың мал төлейтін райы болады. Жоғарғы айтылмыш адамдардың малы жоқ болған уақытта, егер билер малы жоқтығына көздері жетіп айырған болса, жұртқа түсетін мұның қақындағы малды билер тексеріп біледі. Мұнан басқа ынтымақ қыламыз, елдегі барша ұрыларды һәм сенімсіз адамдарды түгендеп, сенімді адамдарға кепілге бермекке, кейбіреулеріне кепілге алмаймын деуі мүмкін емес, кепілге беруге тиісті. Басшы кісілерге, ауыл ақсақалдарына һәм оның ішінен қызмет иелеріне шығармаймыз. Сол кепіл кісілер ауыл иелерімен жұртқа тартқызбай тұрып, әуелі өздері күйсе керек. Ұры үшін кепілдікке тұрған адамдарға билік берілмесін. Мал алушыға ұрының қыстауындағы артық жері төлеуге алып беріледі. Уа, һәм билерге міндетті билік айтқан уақытта ұрыға жапнат қылған бай адамдарға дүре мен абақты бұйырмаққа: үш мәртебе ұрлығы мойнына қойылып, тыйылмағандарды жұрт үкім жасап, өз арасынан мүлде айдатса керек. Егер үкім бермеймін деген адам болса, сол ұры үшін міндетті. Ұрыға түскен барлық малды тартса керек.

61-бап. Сотта жесір турасынан һәм басқа даулар бойынша жоғарғы айтылмыш рәуише мал алып берерге болмайды. Әркім өзі үшін өзі күйеді. Малы жоқ деген сөз алынбасын. Бірақ құн турасындағы дауларда мал тартады, өлтірісіп серік болғандар.

62-бап. Қазынаға һәм даугер адамға кесілген айып, өзге кісіден күйдіріп алынбайды. Кескен адамның малы жоқ болса, айып орнына абақты бұйырылады.

63-бап. Жалғыз бидің болыстық һәм төтенше съездерінің көрсетілміш копия кесілетін кітаптың үлгісін бек ұнатамыз.

64-бап. Күмәннің етуі болыстық молданың тексеруінде. Молданың зұлымдығы халықтың тексеруіне тиісті. Күмәншінің уақытты күнінде күмән еткендігі жазарға бізге көрсетілген кітаптың үлгісін ұнатамыз. Сол кітапты молда алып жүрмей үйінде сақтаса екен. Қалай даугер сақтаса мені алғаннан соң молдаға барып кітабына тіркетсе керек. Егер даугер осылайша етпесе, ілгері уақытта күмән өтпеді деп арыз айтуға тиісті емес. Күмәнші уақытты күнінде молда үйінде бар болса да, жоқ болса да келгенін мәлім етіп, кітапқа жаздырса керек. Яғни молда күмәннің айтылмыш уақытты күнінде ләкин қадірінше үйінде отырса керек. Молда күмәннің еткендігін яки етпегендігін көшірменің сыртына жазумен куәландырып тұрсын. Осы баптағы айтылғандарды толық істемеу үшін билер билігінде күмәншінің атын, жөнін һәм уақытты күнін жазуға міндетті.

65-бап. Мүмкін болса метрический кінәгалар болыстық молданың қолында жүрсе екен. Бірақ кінәгәнің жазылуы көрсетілміш үлгімен мұсылманша жазылса екен. Егерде ұлықтар бұрынғыдай метрический кінәганы тілмашқа жаздыруға тиісті көрсе, сонда болыстық молданы біз міндетті қыламыз, қиылған некені кесілміш кінәгадан квитанцияның сыртына жазып, куәландырмаққа ләкин жалғыз тілмаштың кінәгаға тіркегені неке болмайды. Әйел мен еркек арасында моламен қиылса неке тахиық болады.

66-бап. Егерде бір үлгілі кінәгалар берілсе, сонда жалған көшірме беруге орны келмес, осыдан бұрын берілміш кошірмелер бидің мөрі яки қолы қойылса сыйымды болады. Екі бидің мөрі басылған көшірмелерде болыс яки съез бастығының жазылмыш куәлігі болмаса, съез – биінің көшірмесі деп сенуге мүмкін емес.

67-бап. Егер даугер биге тура арыз айтса, би жауапкерді шақыртып, керек қылса сонда ауылнай старшина айтылмыш жауапкерді жеткізіп берсін. Егер билігінде һәм кошірмесінде кесілген малдарды анықтап жазуға міндетті. Күмән етпесе де.

68-бап. Ұрлық хақында кесілміш билік аттан басқа өзге даулардан қиылған билік үшін оннан бірін алады. Билер кесілген өздеріне тиіс билік қақысын өз қолдарымен алса, зорлық һүкімінде болады. Билік қылған жерінде қақысы алып берілсін. Әр съезде билер бір қалыс кісіні билік қақысын жимаққа сайлайды.

Сол сайламыш кісі болыс, старшын арқылы билік қақысын жиып алып, би басына бірдей бөліп береді.



69-бап. Съезге шақырылған барша қызмет иелерінің ұстаған шығындары жұрт үстінен салынады. Сол шығындарды ел арасында старшын сиюшы болады... Кімде-кім тиісті түскен шығынын бермесе, билердің тексеруіне беріледі.

70-бап. Қазақтың өз арасында болынмыш дауларға орыстан яки ногайдан уәкілдік алып кіріспесін. Дәбернай боларға мүмкін өзімен ояздас қазақ адамға.

71-бап. Билердің билік бітімін орнына келтірмек уағда күні көшірмені болысқа яки старшинаға мағлұм еткен күннен есептеледі. Жалғыз бидің билігін орнына келтірмекке старшын міндетті. Съезд билерінікін болыс міндетті. Бір бидің билігінің орнына келтірмек уағдасы үш күннен жеті күнге шейін. Съезд билерінікі жеті күннен жиырма күнге шейін. Төтенше съездің билігін бір айға шейін.

72-бап. Егер жетім қызды ата-анасының тірісінде атастырған болса, біреуге әке-шешесі өлгеннен кейін құдалығын бұзған болса, алған күйеуі қалыңмалын айыбымен қайтарады. Егерде қыз бұрынғы атастырған күйеуіне тисе, сонда ешкім тиісті әкесінен қалған жасауын һәм мирасын алмаққа тоқтау қылмасын.

73-бап. Өсы ережедегі айтылмыш барша сөздер қазіргі съезге міндетті. Бөлек постановлениедегі жазылмыш сөздерден басқасы, ешбір тоқтатпайынша бітірмекке міндетті.

Бұл ереже мағлұм етілген соң, барша билерге съездерге, болыстарға, старшиналарға жаңадан ереже жасалғанға шейін, осы ереже жасалмай тұрып жазылған кошірмелер 67-бапта айтылған рәуіш бойынша сыйымды болады. Ләкин оның үшін осы 73-бапты ережені біздер жасадық. Қазақ рәсімінше, таза көңіліміз һәм әділетімізбен уа һәм бастығына сендіреміз. Павлодар оязының биі Жүсіп Бәтшіұлы, би Иса Бердіәліұлы, би Молдабай Сәрсенұлы, би Мұқатай Келдібекұлы, би Саняз Бабайұлы, би Смағұл Шоқпарұлы қолдарын қойды. Би Серғазы Тайсарыұлы, би Жалалиддин Рамазанұлы мөрлерін басты. Қарқаралы оязының биі Хакім Құдаймендеұлы, би Абай Майқыұлы, би Бөкеш Сыбанұлы, би Елеубай Қашқынбайұлы, би Билебай Тұманбайұлы, Абралы болысының кандидаты Шәкірұлы мөрлерін басты, би Оспан Атақозыұлы, би Баймұхамед Алдабергенұлы қолдарын қойды. Би Иса Шонтыұлы таңбасын басты. Семейполат оязының құрметті қазақтары Ибрагим Құнанбайұлы, Құдайберген Тастамбекұлы, Ибрагим Нүркенұлы, билер Бектоғай Ботабайұлы, Иса Сүтжанұлы, Айтқазы Бисенбайұлы, би Жұмақан Жарқымбайұлы қолдарын қойды. Би Сүйіндік Шақабайұлы, би Әлжан Назарұлы мөрлерін басты. Өскемен оязының болысы, хорунжа Сіләм Әлжанұлы, құрметті қазақ Құрманғали Жақыпұлы, би Жанкөдей Қотайоглы, би Ережеп Ноқайұлы қолдарын қойды. Болыс Иса Көнбасұлы, болыс Қабанбай Қошқарұлы, би Үсен Қалабайұлы мөрлерін басты. Құрметті қазақ Қалматай Есенқожаұлы таңбасын басты. Би Қаумен Аманұлы қолын қойды. Зайсан дуанының

баласы Бөкеш Шаянбайұлы, болыс Билеуші Босқымбайұлы, би Жұмахан Қисықұлы, би Қоқаш Есенкелдіұлы қолдарын қойды. Болыс Ақшал Қожанбергенұлы, болыс Тәркімбай Жақсыбайұлы, би Жайсанбай Елемісұлы, би Батбақбай Тілеуліұлы, би Қайрамбай Құлындыұлы мөрлерін басты. Съез бастығы, Өскемен оязы Маевский қолын қойды. Семей оязының лауазымын ада қылушы Казанцев Зайсан приставаның помещигі Нарбут, Қарқаралы оязының старший помошникінің лауазымын ада қылушы Атбакин қолдарын қойды һәм военный губернатор Шиклинский қолын қойды».

Мұндай әдет-ғұрыптық құқық ұстанымдарының ереже деп аталған жаңа нұсқаларының қабылдануын, жоғарыда айтылғандай, ең алдымен қазақ социумінің орыстың отаршылдық жүйесінің тәртібіне бейімделуінің институционалдық стратегиясының бірі ретінде қарастыруға болады. Алайда, осы және осы құралыптас әдет-ғұрыптық құқық қағидаларының отаршылдық ахуалға бейімделген сан алуан нұсқаларының қоғамдық іс-тәжірибеде қолданысы қажетті институционалдық механизмнің қауқарсыздығына байланысты жоғарыда аталған сыртқы факторлардың уытты уысына мықтап түскен көшпелі қоғамның тағдыр-талайына араша бола алмады.

Әдеб.: Гавердовский Я. Обозрение Киргиз-Кайсакской стени или Описание страны и народа киргиз-кайсакского // Рукописный отдел ЛОИИСССР, АН СССР. 1803. №495. С.106-113; Спасский Г. Киргиз-кайсаки Большой, Средней и Малой Орды // Сибирский вестник. СПб., 1820. Ч.9. кн. 1. С. 1-61; Кн.2. С.185-188; Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. В 3-х частях. Часть третья. Этнографические известие. СПб.: Тип. Карла Крайя, 1832. С.170-178; Баллюзек Л.Ф. Народные обычаи, имевшие, а отчасти и ныне имеющиеся Малой Киргизской орде силу закона // ЗОО ИРГО. Вып. II. Казань, 1871. С.45-167; Плотноков В.Н. Народные обычаи, имевшие, а отчасти ныне имеющиеся в Малой Киргизской орде силу закона // ЗЗСО ИРГО. Вып. II. Казань, 1871. С.45-167; Застряжский Г. Юридические обычаи киргизов. О народном суде у кочевого населения Туркестанского краяпо обычному праву (зан) // Материалы для статистики Туркестанского края. Ежегодник. Под. ред.: Маева Н.А. Вып. IV. СПб., 1876. С.151-202; Леонтович Ф.И. К истории права русских инородцев. Древний монголо-калмыцкий или ойратский устав взысканий (Цааджин-Бичик). Одесса, 1879; Маковецкий П.Е. Материалы для изучения юридических обычаев киргизов. Вып. 1. Омск: Тип. Окруж. Штаба, 1886; Крахалев А. Суд и следствие у киргизов сибиря // Юридический вестник, т.28, - кн.1 (май) 1888. С. 23-48. Гродеков Н.И. Киргизы и каракиргизы Сыр-Дарьинской области. Т.1. Юридический быт. Ташкент: Типо-Литография С.И. Лахтина, 1889; Леонтьев А. Обычное право киргиз. Судостроительство и судопроизводство // Юридический вестник, №5, 1890. С. 114-139. Он же. Управления и суда в сибирских степях // Юридическая летопись, 1892. - №7. С.18-35. Ломакин А. Обычное право туркмен. Ашхабад, 1897. С. 146; Израцов Н. Обычное право («адат») киргизов Семиреченской области // ЭО, 1897. - №3. С. 67-94. Он же. Обычное право («адат») киргизов Семиреченской области // ЭО, 1897. - №4. С. 1-36. Гурлянд Я. Степное законодательство с древнейших времен по 17-ое столетие. Казань, 1904; Седельников Т. Борьба за землю в киргизской степи. - СПб, 1907; Вяткин М.П. «Сказки» XVIII века как источник для Казахстана // Проблемы источниковедения. Сб. 3. М., Л., 1940. С. 45-60; Вяткин М.П. Батыр Срым. М., Л., 1947; Анполова Н.Г. Присоединение Казахстана к России в начале XVIII в. Алма-Ата, 1948; Култелеев Т.М. Уголовное обычное право казахов (с момента присоединения Казахстана к России до установления советской власти). Алма-Ата, 1955; Анполова Н.Г. Экономические и политические связи Казахстана с Россией во второй половине XVIII – начале XX в. М.: Изд. АН СССР, 1960; Древнетюркский словарь. Под ред.: В.М. Наделяева., Д.М. Наменова., Э.Р. Тенишев, А.М.



Щербак. Л.: Наука, 1969; Гуревич А.Я. Категории средневековой культуры. Москва: Искусство, 1972; Абай. Екі томдық шығармалар жинағы. 1-2 том. Алматы: Жазушы, 1986; Байболұлы Қ. Төле бидің тарихы // ҚӨ. 1991. 4-қаңтар; *Әзбекұлы С.* Тәуке хан. Жеті Жарғы. Алматы: Санат, 1994; Қазақ әдет-ғұрып құқығының материалдары. Қарамола Ережесі. Алматы: Жеті Жарғы, 1996. 54-68 бб; Қарамола Ережесі // Қазақтың ата заңдары: құжаттар, деректер және зерттеулер. 5-том. Алматы: Жеті жарғы, 2005. 186-196 бб; *Кенжалиев З.Ж.* Дәстүрлі қазақ қоғамындағы кошпелі құқықтық мәдениет. Алматы: Жеті жарғы, 1998; *Сұлтанов Т.И.* Поднятые на белой кошме. Потомки Чингиз-хана. Алматы: Дайк-Пресс, 2001; *Никишинов А.А.* Степной закон. Обычное право казахов, киргизов и туркмен. М.: Старый сад, 2000; *Зиманов С.З.* Қазақ хандары заңдарына шолу және олардың ерекшеліктері // Қазақтың ата заңдары: құжаттар, деректер және зерттеулер. 4-том. Алматы: Жеті жарғы, 2005.19-34 бб; *Зиманов С.З., Әсеров Н.* «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы» заңдары хақында // *Сонда.* 152-157бб; *Сол авторлар.* «Жеті Жарғы» – қазақ заңдарының жиыны // *Сонда.* 286-300 бб; *Сол авторлар.* Жеті Жарғы жөнінде // *Сонда.* 382-385 бб; *Сонікі.* Тәуке хан және оның билік құрған кезеңі // *Сонда.* 360-382 бб; *Сонікі.* Тәуке ханның «Жеті Жарғысы» // *Сонда.* 382-385 бб; *Сонікі.* «Жеті Жарғының» құрылымы және мазмұны *Сонда.* 453-475 бб; *Сонікі.* III. III. Уәлиханов атындағы тарих, этнография және археология Институтының қолжазба қоры. 12-дөптер; *Шүкірәлиев К.* Тәуке хан «Жарғысы» хақында мағлұмат // Қазақтың ата заңдары: құжаттар, деректер және зерттеулер. 4-том. Алматы: Жеті жарғы, 2005. 492-494 бб; *Сұлтанов Т.И.* «Семь установлений» – памятник права казахов XVII века // *Там же.* С. 408-417; История Казахстана в русских источниках XVI-XX веков. Первые историко-этнографические описания казахских земель. Первая половина XIX века / Сост.: И.В. Ерофеева, Б.Т. Жанаев. Алматы: Дайк-Пресс, 2007; *Зиманов С.З.* Полное собрание сочинений в 10 томах. Алматы: Заң, 2009; *Әлімбаев Нұрсан.* Көшпелі ортадағы қоғамдық қатынастардың ұйымдық тең қабырғалы үшбұрыш принципі // *Еуразия тарихы мен мәдениеті аясындағы Арал-Каспий аймағы. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған II халықаралық ғылыми конференция материалдары (Ақтөбе. 14-18 қыркүйек 2011).* Алматы-Ақтөбе: Арыс, 2011. 164-168 бб; Есім ханның ескі жолы / Есім хан салған ескі жол // Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 2-т. Алматы: РПК «Слон». 2012. 99-102 бб; *Жеті Жарғы // Сонда.* 373-389; Қасым ханның қасқа жолы // *Сонда.* 3-т. Алматы: РПК «Слон». 2012. 506-507 бб; *Нұрсан Әлімбаев* дұң қолжазбасынан; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

КҮЛ – иесіне тәуелді, еріксіз адам. Қ.-дар негізінен жаугершілікте қолға түскен қалмақтардан, сондай-ақ, Хиуа, Бұхарадағы құл базардан сатып әкелген ауған, тәжік, орыс сияқты т.б. халықтардан және қылмыс жасап, айып немесе күн төлемеген қылмыскерлерден құралатын. Сондай-ақ, кейбір деректерде қырғыздан да Қ. ұстағандығы туралы айтылады. *Тұлымдысын тұл қылды, Айдарлысын құл қылды* деген сөз орамы соғыс кезінде тұтқынға түсіп, олжа болғандардың Қ.-ға айналатынын білдірсе керек.

... Сол кезде ханиаңыз қатты састы,

*Жалғанда не өтпейді газиз бастан?!
Шақырып оңашада қасыма алдым,*

Бар еді бір қара құл қызылбастан

(Мәшһүр – Жүсіп)

Қазақтан Қ. ұстамау туралы және Қ. қақысы туралы «Жеті жарғы» заңдар жинағында былайша көрсеткен: «қазақ қазаққа құл, күң болмайды. Қазақтың мұсылман-сүнниттерді құл болғызуға хақысы жоқ. Құлдың істеген қылмысына иесі жауап береді. Кісі өлтірсе құнын иесі төлейді, Құл куәгерлікке тартылмайды» (қ. **Құл-құтан**). XIX ғ. орта шеніндегі қазақтардағы Қ. ұстау жөнінде келтірілген Л.П.Мейер дерегінде 1860 ж. жағдаймен

тұтқынға түсіп, құлдықта болған 223 адамның 41-і парсы, 56-сы ауған, 7-уі бұқарлық, 4-уі хиуалық, 2-уі қарақалпақ, 2 араб, 9 түркімен, 102 қарақырғыз болғаны туралы айтылады. Осы деректе 1861 ж. 50 құл болса (оның ішінде 16 парсы, 6 ауған, 2 бұқаралық, 2 араб, 5 түркімен, 19 қырғыз), 1862 ж. 31 құл (оның ішінде 3 парсы, 10 ауған, 2 өзбек, 1 қарақалпақ, 1 түркімен, 1 араб және тегі белгісіз 13 ұлт өкілі) болғаны баяндалады.

Қ. ұстау негізінен ауқаттылардың ғана қолынан келді. XVIII-XIX ғғ. ширегіндегі деректер бойынша орта есеппен бір Қ.-дың бағасы 75 қойға тең болған көрінеді. Қ.-дың бағасы оның жасына қарай аталған көрсеткіштің ар жақ, бер жағында аздаған айырмашылықта болды.

XVI ғ. бастап орыс жаулаушылары башқұрт жеріне келген кезде оларға бағынбай қашып келген башқұрттарды қазақтар өздеріне сіңіріп, құл ретінде ұстаған. Алайда, осыдан кейін көп уақыт өтей-ақ, іле-шала Ресей бодандығына енген қазақтар өз жерінде көшіп-қонғаны үшін Ресей патшалығына салық төлейтін болды. Осы салықтың зардабы жөнінде тарихшы Е.Бекмұқанов былай деп жазған еді: «... басқадай алым-салық әбден діңкелеткен қазақ кедейлері балаларын құлдыққа беруге мәжбүр болды. 1809 жылы шыққан приказ бойынша ұл бала 4-5 қанар, қыз бала 3-4 қанар қара бидай ұнына бағаланды».

Иелері Қ.-дарын *сыйлық, қалыңмал, жасау, күн және жүлде* құрамына енгізуіне, сатуына, басқа біреуге жұмысқа беруге құқылы болды. Мәселен, кісі өлтірген жағдайда төлейтін *құн* құрамында *мал, қару-жарақ* т.б. бұйымдар қатарында қалмақтан бір еркек, бір әйел құл (күң) беретіні жөнінде Батыс Сібір генерал губернаторлығында мемлекеттік істерді жүргізетін кеңесші болып қызмет атқарған Д. Путинцов 1823 жылы мәлімет қалдырған.

Дәстүрлі ортада Қ. ұстаған байлар Қ.-ды бағынышты студің бір амалы ретінде – оларды үйлендіріп, алдына мал салып беріп, меншігі ретінде қарады. Қ.-дар үйдің, шаруанылықтың барлық жұмысын таңдамай, еріксіз атқарған. Киер киім, ішер асы иесінің есебінен болды. «*Кедейдің ұлы болғанша, байдың құлы бол*», – деген мақал осыған орай қалыптасса керек. Қ.-дың малайдан айырмашылығы – оған ешқандай ақы төленбеді (қ. **Малай**). Қ.-дың бар мүлкі иесіне тиесілі болды. Қ. иесінің рұқсатымен ғана үйленеді немесе күйеуге тиесілі. Қ.-дың әйелі *күң* деп аталады (қ. **Күң**). Қ.-дың қызын иесі күйеуге беріп қалыңмалын өзі алды. Иесі өз күңіне бала таптырса, өз баласы болып есептелінді (қ. **Аяқ салу**). Егер күң иесінен басқа адаммен жақындасып қойып бала туса, бала *құл* есебінде *күң* иесіне тиесілі болды. Қ. мен күңнен туған бала да құлдықтан құтыла алмауы мүмкін. Құлдан туған немесе жаугершілік кезінде түрлі жағдаймен келін, оны біреу асырап алған бала «*киімді туған бала*» деп аталған.

Сонымен бірге, Қ.-ға бостандық берілетіндігі туралы мәліметтер бар. Яғни, біреудің босағасында жүрген Қ.-ға иесінің үшінші ұрпағында бостандық беріледі. Кейбір

ғалымдар «Қасым ханның қасқа жолы» деп аталатын әдет-құқықтық Жарғысында осындай бап болған деп есептейді (қ. **Қасым ханның қасқа жолы**). Бұл жайт, олардың пікірінше, «болар ұлға бұлдық жоқ, үш атадан кейін құлдық жоқ» деген әйгілі мақал түрінде жетін отыр. Алайда, бұл аталғандардан тыс Қ. иесінің рұқсатымен, оның рақымшылығымен құлдықтан босатылуы мүмкін. Кейде иесінің шарты бойынша Қ. мал, мүлік немесе ақша да беріп құтыла алатын көрінеді. Сөйтіп құлдықтан босату куәгерлердің қағысуымен ағқарылған.

Ал, ешқашан бостандық берілмейтін, еркі жоқ құлды – **құлақкесті құл** – деп атайды (қ. **Құлақкесті құл**). Ол – көбіне *ант* қабылдап немесе *жан сауға* бергеннен кейін антын бұзып, яғни, тағы да қылмыс жасағаны үшін **құлдыққа** салынған Қ. (қ. **Ант; Жан беру**).

Қ.-ды иесі өлтірсе де еш жауапкершілік болмады. Қ. мен күнге **құн** төленбегендігін Есім ханның замандасы, әрі әскербасы батырларының бірі Жиёмбет жырау Бортоғашұлының «Еңсегей бойлы ер Есім» атты толғауы да дәйектейтіндей:

*«... Мен өлсем құнсыз кетер деме сен
Кешегі өзің ұрып өлтірген
Тілеуберді құлыңдай!...».*

Алайда, біреудің Қ.-ын басқа біреу өлтірсе оның иесіне жарты құн төлеуі тиіс болған (қ. **Құн**). Бұл төленетін құн негізінен Қ.-дың жеке құқығына байланысты мәселеден гөрі иесінің меншігін «бүлдіруіне» немесе жоюына байланысты шығынды өтеу еді.

XIX ғ. басынан Патша үкіметі қазақ арасында Қ. ұстауға тыйым салып, құлдықты жоюды арнайы заңмен бекітті. Мысалы, 1822 жылғы 22 шілдеде шыққан «Устав о Сибирских киргизах» деп аталатын қазақтардың басқару жүйесін реформалауға негізделген Ережеде Қ.-дық туралы арнайы заң актісі №799-бапшен белгіленді. Онда былай деп көрсеткен: «1822 жылдың 22-шілдесіне дейін құлдықта болғандар бұрынғы бағынышты қалпында қалады да, осы аталған күннен бастап қыр қазағын (киргиз) құлдыққа алуға қатаң тыйым салынады». Бұдан кейін ішінара жалғасып келген Қ. ұстау –1867-1868 жж. Қазақстан аумағында жүргізген Патша үкіметінің екінші әкімшілік реформасы нәтижесінде жойылды.

XVIII-XIX ғғ. деректері Орта Азияның басқа халықтарымен салыстырғанда қазақ арасында Қ. ұстаудың өте аз болуын көшпелі тұрмыс пен мал шаруашылығының ерекшелігімен байланысты деп көрсетеді.

Әлеб.: Георги И.Г. Описание всех в Российском государстве обитающих народов. Ч II. СПб.: При импер. АН, 1799; ОГИА Ф.3. О.1. Д.317. Собрание киргизского законов и положение на Омского временного комитета в Аман-Карагай; Мейер Л.П. Общественный и частный быт киргизов // Материалы для географии и статистики России, собранные офицерами Генерального штаба. Киргизская степь Оренбургского общества. Ч.1. СПб., 1865. С.247-260; Загряжский Г. Юридические обычай киргиз // Материалы для статистики Туркестанского края. Ежегодник. Вып. IV. СПб., 1876. С.151-202; Бекмаханов Е. Қазақстан XIX ғасырдың 20-40 жылдарында. Алматы: Санат, 1994; Ибраев М. Қазақтың мәртебелі Қасым ханы // Қазақтың ата заңдары. 4-том. Алматы: Жеті Жарғы, 2005. 118-122 бб; Зобнин, Ф.К. Рабы и тюленгуты в казахской

степи. 2-е изд. доп. Астана: Алтын кітап, 2007; Зиманов С. Полное собрание сочинений. 10 том. Алматы. Медиа корпорация «Зан», 2009. 1 том; КР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰЛ² – Алланы бірден-бір Жаратушы деп танып, оған мойынұсынған адам. Қазақта - *адамның құлы болма Алланың құлы бол, дүниенің емес Алланың құлы бол, Алланың құлы, адамның баласы бол* деген сияқты тілектер мен сөз қолданыстар көп. Құл сөзінің екі түрлі мағынасы бар: *дүнияуи және діни*. Дүнияуи мағынада құл деп қоғамдағы әлеуметтік мәртебесі томен немесе мүлде жоқ, бас бостандығы мен бас еркінен айырылған мүшелерін айтады (қ. **Құл¹**). Ал діни мағынадағы құл сөзінің мағынасы терең. Бұл сөзде әлеуметтік мазмұннан гөрі рухани құндылықтық мазмұн басым.

Құл болудың терең мазмұны барлық негізгі діндерді уағыздайтын қасиетті кітаптарда айтылады. Ислам дінінде Алланың құлы болу деген Жаратушының сүйіктісі болумен пара-пар ұғым. Себебі мұсылман адам жер бетіне жіберілгендегі пенденің өмірінің мәні, мақсаты Аллаға құлшылық ету деп таниды. Құранда адамдар мен жындарды жер бетіне Алла тағаланың өзіне құлшылық ету үшін жаратқаны туралы аяттар бар: «**Жын мен адамзатты өзіме құлшылық етулері үшін ғана жараттым**» («Зәрият» сүресі, 56-аят). Осымен байланысты өзін мұсылманмын деген пенде өмірінің басты мақсаты – Аллаға құлшылық ету деп түсінеді. Бұндағы құлшылық Аллаға бағытталғанмен, өзі үшін жасалады. Себебі Ұлы Жаратушы құлшылыққа мұқтаж емес, ол ешнәрсеге мұқтаж емес, ол пендесінің құлшылығы болмаса да ұлы, кемел. Ал пенде оған құлшылық етуге мұқтаж. Бұл айтылғандар Аллаға құл болу түптің түбінде пенденің тура жолмен жүріп, осы дүние сынағынан сүрінбей өтіп, мәңгілік өмірде жанының жаннаттан табылуы үшін қажет дегенді көрсетеді.

Қазақы мұсылмандықта осы дүниенің рахатының соңына түсіп, о дүниенің бар екенін ұмытып кетуден сақтандыратын ұлы діни категориялардың бірі – **Алланың құлы** категориясы ерекше орын алып, ұлттық болмыс пен салт-санаға терең сіңіп бойлаған. Бұл категорияның теріс полюсті қарама-қарсы мағынадағы сыңары – «*дүниенің құлы болу*». Ұлттық санадағы Алланың құлы деген концептідегі құл кім, оның сипаттары қандай дегенде ең алдымен оны *дүниенің құлымен* салыстыра отырып, бинарлық оппозиция түріндегі қосақтың бір жағына қарама-қарсы белгілерді жинақтау керек. Құл дегенде қазақтың этноұжымдық санадағы мынадай білімдер жүйесі көрініс береді:

Бірінші, Алланың құлы – иманды құл. Қазақ мақалында: «*ұят кімде болса, иман сонда*», «*тура биде туған жоқ, туганды биде иман жоқ*» дейді. Ислам дінінің қағидасы бойынша, иман ең алдымен Аллаға, онан соң пайғамбарларға, періштелерге, қасиетті кітаптарға, ақырет күнімен тағдырға сенуден тұратын толыққанды мағынасын қамтиды. Алланың құлы ең алдымен иманның осы алты шартын орындауы тиіс. Сонымен бірге иман адам баласының бойына біткен барлық көркем



мінездердің: жанашырлық, камкорлық, адалдық, әдептілік, қарапайымдылық, еңбеккорлық, елгезектік, т.б. жиынтығын құрайды. Қазақы түсінікте иманды адам тәкаппар, менмен, өзімшіл емес, әдепсіз, жалқау, тұрақсыз емес. Сондықтан ұлттық санада иман тек қана Жаратушының барлығы мен бірілігін мойындап, жүрепкен, амалмен құлшылық ету сияқты діни мазмұнмен шектелмейтін адамгершіліктің, адамшылықтың үлкен белгісі, адамға тән барлық жоғары ахлақтық қасиеттердің көрінісі түріндегі өте күрделі рухани терең категория. Алланың құлының **екінші** белгісі – заттық дүниенің құлы болмау, қанағатшыл болу (**к. Қанағат**). Аллаға мойынсұнған пенде дүние қызықтарының барлығы да оған осы дүниенің сынағынан өту үшін Алладан берілді және олар өткінші, шынайы мәңгілік өмір о дүниеде болатынын түсінеді. Мәңгілік өмірінің жұмақта болуын қалаған пенде сынаққа берілген өткінші осы өмірдің қызықтарына қанағатпен қарайды, тойымсыздық танытып, дүние қызығының құлына айналмайды. Қазақта дүние (**к. Дүние**) туралы халық ауыз әдебиеті үлгілерінен сақталған: «Қудым сені қу дүние, ұстатпадың», «Дүние – қолдың кірі», «Бұлаңдаған түлкідейін қу дүние» деген сияқты дүниенің, яғни материалдық, заттық игіліктердің адам өміріндегі өткіншілігі, алдамшылығы, тұрақсыздығы туралы тұрақты сөз қолданыстар көп. Бұған қарама-қарсы, мәңгілік, тұрақты, әрі адамнан ешқашан айнып кетпейтін, өлгеннен кейін де қалатын құнды нәрсе – жақсы атақ, «жақсы адам еді» деген бір ауыз сөз, *жақсы аттылық*. Бұндағы жақсы аттылық, жақсы атақ адамның қоғамдағы жүріс-тұрысы, ортасымен қарым-қатынасы, еңбек-әрекетінің, тіршілігінің барлығында өзін жамандықтан алыс ұстау, игі амалдарымен көрінуден тұрады, ол үлкен дене еңбегінің, қайраттылықтың, ой еңбегінің әрі көркем мінезділігінің, өз бойындағы жаман қасиеттерден (нәпсілерден) тыйылудың жемісі. Бұл туралы қазақта *«аттан аттың несі артық, адымдап басқан ізі артық, адамнан адамның несі артық, жақсы бір ісі артық»*, *«Жаман атқа қалу оңай, жақсы атты болу қиын»*, *«Ғалымның хаты өлмейді, жақсының аты өлмейді»* деген нақыл сөздер бар.

Алланың құлының бойына тән қасиеттің **үшінші** белгісі – барлық жаратылыс иелерінің жаратушысы бір екенін, солардың ішінде өзінің де жаратылғандығын түсініп өзін басқа жаратылыстан жоғары қойып тәкаппарланбау. Өзінің де басқалар сияқты жаратылғанын білген ол, кез келген жаратылыс иесіне жанашырлықпен қарайды, зұлымдыққа бармайды. Керісінше барлық жаратылысты өзін қалай сүйсе, қадірлесе солай сүйеді, қадірлейді. Бұл жерде құл тек өзі тектес жаратылыс иелерін ғана емес, жалпы өз нығметіне берілген жаратылысқа да махаббатпен қарайды деген мағына жатыр. Ислам діні келмей тұрғанда да қазақ этножұмыдық санасында барша жанды, жансыз тіршілік атаулыға ерекше жанашырлықпен қарау берік қалыптасқаны белгілі. Қазақтың бүкіл тұрмыс-тіршілігі табиғатпен үйлесімділікке, қоршаған ортасының экологиясын сақтауға құрылған: мысалы, *малды теппе*,

көкті жұлма, төлдейтін кезде аңға шықпа, малды қинама, ағашты сындырма, құстың ұясын бұзба, суға түкірме, суға дәрет сындырма т.б. тыйымдары осының бір көрінісі. Ислам дінінің әсерімен бұндай экологиялық сана негіздері діни түсініктермен, ұғымдармен толығы түсті.

Ислам түсінігінде Алланың құлына мүлде жат әрі жеккөрінішті қасиет – тәкаппарлық. Өзін жоғары қояу. Діни аңыз бойынша барлық дүние жаратылғанда істелген алғашқы күнә да осы – тәкаппарлық саналады. Қазақтың көптеген фольклорлық шығармаларына арқау болған, Құранда және басқа да қасиетті кітаптарда берілген Адаматаның жаратылуы туралы аңызда алғашқы күнәні жасаушы – Ібіліс және бұл – өзін басқадан үстем көру күнәсі туралы айтылады: *Күллі жаратылысты жасаған соң Алла тағала, өзінің ең сүйікті жаратылысын – адамды топырақтан жасайды. Ол адамды жер бетінің халифы болуды ұйғарады, сосын оған періштелеріне бас ұруды бұйырады. Сонда тек қана ақылдан тұратын, нұрдан жаратылған періштелер ақыл мен нәпсіден тұратын топырақтан жаратылған адамға бас иіп, Алланың әміріне құлдық ұрады. Тек қана оттан жаралған Ібіліс (ол кезде Ібіліс періштелерден саналатын) өзін артық көріп адамға тағзым етуден бас тартады. Міне, сөйтіп барша жаратылыс атаулыда алғашқы күнә жасалады және оның аты – тәкаппарлық*. Сонымен барлық жаратылысты қадірлеу тәкаппарлықтан сақтайтын Алланың құлына тән қасиет.

Діни санадағы құл концептісінің мазмұны Мұхаммед (с.ғ.с) пайғамбардың бұл ұғымды байытуға, түсіндіруге қосқан үлесінсіз толыққанды бола алмайды. Хадистерден белгілі прецеденттер бойынша пайғамбар өзіне пайғамбарлық жүктелетін кезде құл пайғамбар немесе пайғамбар патша болудың екі жолынан біріншісін таңдаған екен. Мұндағы құл дегені дүниенің қызықтарына бой ұрмайтын барынша қарапайым, кішік, бар болмысымен Алланың әміріне бағынған дегенді білдіреді. Тарихи деректерден, жазба мәліметтерден Мұхаммед пайғамбардың өмірде өте қарапайым, кішіпейіл, ерекше көркем мінезді, адамдарға жайлы болғаны туралы белгілі. Оның осы өнегелі мінезі туралы көзін көрген шәкірттерінің хадистері қазақ әдебиетінде де көрініс тауып, тәлім-тәрбиелік мәні зор әнгіме-әпсаналарға, көркемсөз туындыларына арқау болып, қазақ халқының да игілігіне, адам ахлағын бағалаудың бір нормасына айналды. Осы прецедентке қатысты *«Ұлық болсаң кішік бол»* деген қазақ макалы белгілі. Ислам діні бойынша бойындағы осы ерекше қасиеті үшін де Мұхаммедке басқа пайғамбарларға берілмеген о дүниеде де өз үметіне шапағатшы болу мәртебесі нәсіп етілді. Бұл туралы “Пайғамбардың бұл таңдауын естіп қияметте сырнай үрлейтін Исрафил періште: “Расында Алла тағала осы кішіпейілдігіңіз үшін сізді қиямет күні адам баласының төресі етті. Және де ең бірінші жер жарылып қабірден шығатын кісі де, әуел шапағат ететін адам да сіз болдыңыз”, – деп айтқан екен» деген хадис бар. Сондықтан

діндар адамдардың санасында Алланың құлы дегенде ең алдымен Мұхаммед пайғамбардың бір сипаты деген ұғым туады. Мұсылмандықтың бірінші парызы – калима шахадат айту, яғни Алланың жалғыз құдай екенін, Мұхаммед оның елшісі екенін мойындауды бекітетін сөздерді жүрекпен және тілмен айтудың өзінде осы сипат бар. Калима шахадатта «Алладан басқа құдай жоқ, Мұхаммед оның құлы әрі елшісі» деген сөздер арабша айтылады. Бұнда Мұхаммед алдымен Алланың құлы, содан кейін барып елші деп айтылады, бұл пайғамбардың қарапайым адамдар санатынан екенінің және оның Аллаға бойұсынған тұлға екенінің көрсетеді. Сонымен бірге мұсылмандар Мұхаммед пайғамбарды «Алланың сүйікті құлы» деп те атайды.

Қазақта мұсылмандық дәстүр бойынша ат қою кең таралған. Осы дәстүр бойынша қазақтар кісі есімдеріне Алланың Құранда белгілі 99 көркем есімдерін қояды. Сонымен бірге мұсылмандық әдеп бойынша Алланың есімдерінің алдына құл немесе арабшадағы құл мағынасын беретін *әбді* сөздерін қосып қою дағдысы қалыптасқан. Осымен байланысты ұлттық антропомастикалық кеністікте Әбдірахман, Әбдіманап, Әбдіжамал, Құлқайыр, Құлмұхаммед, Құлсарива, Иманқұл, Рахменқұл деген сияқты кісі есімдері кең таралған. Бұл да қазақтың ұлттық санасындағы құл концептісінің бір көрінісі десе болады. Баласына осылай ат қою арқылы оған Алланың құлы бол деген ұстаным беретін болған, себебі Алланың құлы болмаған, Алладан басқаның құлына айналады деп сақтандырған

Әдеб.: Құран Кәрім. Х.Алтай аудармасы, Медине: Құран Шәриф, 1991; *Исаұлы М., Жолдыбайұлы Қ.* Ислам ғылымхалы. Алматы: Нұр – Мұбарак, 2008; Арабско-Русский словарь. Составил проф. Х.К. Баранов. М: 1958; Қазақтың макалдары мен мәтелдері (латын жазуында). Алматы: Қазмемкөркемәдебиет бас, 1935; Қазақтың мақал-мәтелдері. Алматы: Ана тілі. №11. 2004; *Жабықбай Ә.* Қазіргі кезеңдегі діндегі эволюция. Алматы: Полиграфия-сервис К°, 2011; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰЛ-ҚҰТАН – байырғы қазақ қоғамындағы әлеуметтік мәртебесі ең төмен топ. Сатып алынған құл және күң шапқыншылықта, соғыста қолға түскен *жесірлер* (*тұтқындар*), мүлкі, үй-жайы жоқ *малайлар* құл-құтан деп аталған (**қ. Тұтқын**). Құл-құтандарда азаматтық, әскери құқық болмаған. Оларға қару-жарак асынып жүруге тыйым салынған. Сондықтан халықтық жиындарға қатыса алмаған. Иесінің рұқсатынсыз құл ешқайда шыға алмаған. Адал қызмет етуіне қарай иесі құлға бостандық бере алатын болған. Ал ерік-бостандықтан мүлде айырылғандарын *құлақкесті құл* деп атаған. Соғыста, жаугершілікте қолға түскен тұтқындарды жесірлер деп атап, олардың ер адамдарын құл, әйелдерін күң етін ұстаған немесе құл саудасына салып, сатып та жіберген (**қ. Құл; Құлақкесті құл**).

Сұлтан, батыр, бай, мырзалардың «аяқ салған күңі» екіқабат болып, бала туса, күң делінбей тиісті құқықтарға ие болған (**қ. Бай; Батыр; Сұлтан**).

Құлдың өзі ғана емес, оның баласының да әлеуметтік мәртебесі өте төмен болған. Байырғы кездері құлдың баласын *құлшар*, күннің қызын *күңшаиш* деп атаған көрінеді.

Ел аузында *Құлшар өлсе, қожаның құлы* деген мақал сақталып қалған.

Әдеб.: ҚӘТС. 10-том. Алматы: Арыс, 2009; *Уәли Н.* Бұрынғыдан қалған сөз (қолжазба); ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰЛАДЫН – дене тұрқы қаршығаға ұқсас шағындау, тұмсығы мен тырнақтары қара, тұяқты құс. Құладың далалы аймақтар, бұталы шалғындарда, шұбарлы өзен аңғарларын мекендейді. Мекендеген жеріне қарай *саз құладыны, құз құладыны, қыр құладыны* делініп аталады. Түр-түсі де соған сәйкес азды-көпті өзгерініп отырады.



Құладың түрлері. ОМЭЭ – материалдарынан

Құладың көбіне *тышқан, саршұнақ, жылан, кесіртке* т.б. аулап күнелтеді. Егінді жерлерде тышқан, саршұнақтар жол бермейтін болғандықтан, егіншілер құладынды пайдалы құс деп біледі, ал саятшылар оны мақтаулы саят құстарының қатарына қоспайды. Дегенмен кейбір саятшылар құладың баптап, *қаз, үйрек* ілдіруге салады. Қазақ мақалында *«Құстың қоры құладың – әр төбенің қонағы, құстың зоры – ақиық әр төбенің қожасы»* дейді. Шамасы, қаршығадай, лашындай емес, құладының құс ілгеніне көргендердің айызы қанып, құмарынан шықпайтынға ұқсайды. Ақын, жыраулар шығармасында да құладың жағымсыз мағынадағы тұрақты тенеудің объектісіне айналған:

Соқса бір құрай сындырмас,

Құладың жаман қу аямас.

Құладың құдың теңі түгіл-ді,

Төбіренсе ауыр жұртын тындырмас ... (Алдаспан).

Асан қайғы мен Жәнібек хан туралы аңыз әңгімеде *«құладыңға қу ілдірдің, құладың құстың қоры, аққу құстың төресі»* деп, жаман ырымға жорып Асан ата Жәнібек ханның шақырған тойына бармаған деседі.

Шешендік сөз үлгілерінде сұлуды алған кісісі оның теңі болмай шықса, *құладың қу іліпті* деп тұспалдайды. Сырым батыр жайындағы бір аңыз-әңгімеде былай дейді:

«Сырым тағы бір жол сапарында жолдастарымен бір үйге келіп түсе қалады. Бұларға сый, құрмет көрсетіп жүрген келіншектің сүп-сүйкімді түріне, әдептілігіне іштей толқып отырған Сырым: «Шіркін-ай, мына келіншектің күйеуі қандай екен, дүниедегі армансыз жандай ма екен?» – дегендей ойда отырады. Кешікпей көзге қораш, егде тартқан бір адам кіреді. Келіншектің күйеуі сол екенін білген Сырым:

– Мәністің де мәнісі бар,

Мәнісідің мәніспенен не ісі бар?»



Құладың қу ілінті

Япырай, оның не әдісі бар? –

деп, жолдастарына сұрақ қойғандай болады. Бұл тұспалды түсіне қалған келіншек:

– Мәністің де мәнісі бар,

Мәңсіздің мәңсіпенен бір ісі бар.

Құладың қу ілсе, әдісі бар,

Тағы да бір аққу құстан дәмесі бар.» –

деп, сырт көзге қораш көрінгенімен, күйеуінің мәніссіз емес екенін тұспалдап білдірген екен.

Әдеб.: Алдаспан: XV-XVIII ғғ. қазақ ақын, жырауларының шығармалар жинағы. Құраст.: М.Мағауин. Алматы: Жазушы, 1971; Шешендік сөздер. Құраст. Б.Адамбаев. Алматы: Мектеп, 1977; *Марғұлан* Ә. Ежелгі жыр, аңыздар. Алматы: Жазушы, 1985; Халиди Қ. Тауарих хамса: Бес тарих. Ауд.: Б.Төтенаев., А.Жолдасбеков. Алматы: Қазақстан, 1992; *Бегалин С.* Әңгімелер. Көптомдық шығармалар жинағы: 3-том. Алматы: Балалар әдебиеті, 2008; *Уали Н.* Бұрынғыдан қалған сөз (қолжазба); ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰЛАҚ¹ – есту мүшесінің атауы, дәстүрлі ортада айтылатын *он екі мүшенің* бірі. Дәстүрлі ортада Қ.-тың естуге арналған ішкі бөлігі мен оның сыртқы шығыңқы оскен бөлігін коса бір мүшеге жатқызады. Қ. тіршілік иесінің сыртқы әлеммен байланысын қамтамасыз ететін аса маңызды дене мүшесі саналады. Қ.-тың есту қызметіне орай кемістігін – *керең, саңырау*, сыртқы бейнесіне орай кемісітігін – *шұнақ* деп атаған.

Қ.-тың сыртқы пішіміне орай түрліше атаулар бар. Мәселен адамның алдыға қарай ұмсынып тұратын қалқиған үлкен құлағын – *қалқан құлақ* деп атайды. Жылқыға қатысты (әсіресе, жүйріктің сынында айтылатын) *қабан құлақ, қамыс құлақ*, итке қатысты *жарғақ құлақ, шашақ құлақ, салпаңқұлақ, тікқұлақ* деген атаулары бар. Адам құлағының шеміршексіз ең томенгі бөлігі – *сырғалық* деп аталады. Қыздардың құлағының *сырғалығын* тесіп, түрлі металдар мен асыл тастардан жасалған *сырға* салатын болған (қ. *Құлақ тесу; Сырға салу*). Қазақта құлағының үлкен болуы оның ақыл-білімінің, ерік-жігерінің күштілігін білдіреді деген ертеден келе жатқан түсінік болған. Ерте замандарда қазақ даласында құлдардың құлағын кесіп, ең салу ғұрпы болған. Кейіннен бұл дәстүр ұмыт болғанымен ел арасында «*құлақ кесті құл*» деген сөз тіркесі бүгінгі күнге дейін сақталып қалған (қ. *Құлақ кесті құл*). Әрбір ру өз малдарын өзгелердікінен ажырату үшін құлағына *ен* салып отырған (қ. *Ен*). Сонымен қатар сакқұлақ, алғыр, батыл, қабаған болады деген сенім бойынша иттің құлағын кесіп тастау да кездеседі.

Қазақта әңгімелер, дастандар, жырлар, өлеңдер адамнан-адамға, ұрпақтан-ұрпаққа жазбаша емес, естігенін есте сақтап қалу арқылы жетіп келген. Ел арасында бір естіген ән-күйді, жырларды қағып алушылар көп болған. Өйткені қазақта есту арқылы есте сақтау қабілетінің өте ерекше дамуына мән берген. Сондықтан баланың «*құлағы түрік болсын*» деп ырымдап ет асқанда қойдың құлағын береді. Осылай баланы жастайынан әр нәрседен хабардар болып жүруге тәрбиелеп, енжарлық, немқұрайдылық, марғаулықтан аулақ болуына септігін тигізін отырған.

Құлақ күтімі. Ересек адамдар құлағын намаз оқыр кезде дәрет алу барысында үнемі жуып тазалап отырған. Сонымен қатар Қ.-тың ішінде пайда болатын *бұлық* (немесе *құлық*), сырттан қонған шаң-тозаңнан тазарту үшін арпадан жасалған арнайы *құлақ шұқығыш* пайдаланған. Нәрестенің қыркынан шыққанша жуындыру кезінде Қ.-тың қатпарларын, артқы жағын жақсылап жуып, құйрық майман сылайды. Сәбидің құлағының қатпарларын тексеріп, тесігінің ішіне шаң-тозаң, жәндіктердің кіріп кетпеуіп қадағалап, уақтылы тазалап отырады. Құлаққа жәндіктер кіріп кеткен жағдайда *сүт құю* тәсілімен шығару кең таралған. Ал суық тиіп Қ. ауырғанда қойдың *құйрықмайын* жағып емдеу атқарылатын басты шараның бірі болған (қ. *Құйрықмай*).

Құлаққа қатысты наным-сенімдер, ырым-тыйымдар және салт-дәстүрлер.

Құлағына сыбырлап ат қою – қазақта дүниеге келген сәбидің мұсылмандық дәстүр бойынша молда немесе үлкен адамдардың бірі азан шақырып, құлағына үш рет сыбырлап ат қояды (қ. *Азан шақырып ат қою / Азан шақырып, қазанның құлағын қағып ат қою*).

Құлақтың қызуы – адам құлағының өздігінен (суықтан, ыстықтан, ұялып қысылғаннан емес) қызарып, қызғанда қазақта біреулер мені сырттай сөз қылып (әңгімелеп, өсектеп) жатыр деп жору жиі кездеседі.

Құлақтың шыңылдауы / құлақтың шуылдауы – адамның оң немесе сол құлағының ара-тұра шыңылдауы. Адам құлағының шыңылдауына байланысты бірнеше түрде кездесетін ырым бар. Мәселен сол құлағы шыңылдаса – «*жаман хабар естимін*» деп жорып, «*алыстан-алыстан*», «*оң құлағым, оң құлағым*» деген сияқты сөздерді үш рет қайталайды. Оң құлағы шыңылдаса – «*жақсы хабар естимін*» деп жорып, іштей тілек тілейді. Сонымен қатар ердің оң құлағы, әйелдің сол құлағы шыңылдаса жақсылықтың белгісі, керісінше ердің сол құлағы, әйелдің оң құлағы шуылдаса жаман хабар келеді деп жору да кездеседі. Құлағы шыңылдаған адам өзгелерден «*қай құлағым шыңылдады*» деп сұрап, дәл тапса жоғарыда аталған жорулар орындалады, егер таппаса орындалмайды деген сенім де жиі кездеседі. Мұндай жорулардың әр аймақта және әр адамның өзінше қолданатын түрлері бар.

Құлаққа қатысты теңеулер. Қазақта Қ.-қа қатысты алуан түрлі теңеулер қалыптасты. Мәселен:

- дыбыстың, дауыстың құлаққа естілуіне орай – *құлағына келді, құлағына құйды;*
- дыбыстың күштілігіне орай – *құлақ жарды, құлақтан өтті;*
- дыбысқа назар аудару немесе аудармауына орай – *құлақ асты, құлағы елең өтті, құлағын түрді;*
- түсіну-түсінбеуіне, қабылдау-қабылдамауына орай – *құлағына кірді, құлағына кірмеді;*
- естігендерінің есте сақталу-сақталмауын білдіретін *құлағында қалып қойды, құлағынан кетпеді, құлағына сіңірді, құлағынан ағып кетті, ақпа құлақ;*

– дыбыстың жағымды немесе жағымсыздығын білдіретін құлаққа жылы тиді, құлағына жақты, құлақ құрышын қандырды, құлаққа түрпідей тиді, құлағын сарсытты (сасытты), құлақ етін жеді;

– дыбыстың аз немесе көптігіне байланысты – құлағы тыныш, құлағы шалды, құлағы қанды, құлағынан қиқу кетпеді;

– ескертуді – құлақ қағыс ету, құлағының естуінің нашарлауын немесе естімей калуын білдіретін – құлағы бітті, құлағы тас бітті деген сияқты тіркестер қолданылады. Мұнымен қатар басқа да көптеген сөз тіркестері (естір құлаққа ұят, құлағы түрік, құлағы үйренді, құлақ елеңдетер, ат құлағы көрінбейтін, ат құлағында ойнайтын, бас десе, құлақ дейді, жарғақ құлағы жастыққа тимеді, құлағымды кесіп берейін, құлағының ұшына дейін қызарды, құлағын бұрады, құлақ кесті құл, құлаққа ұрған танадай, құлақ шеке, кәрі құлақ, ұзын құлақ, құйма құлақ, сары құлақ) бар. Бастапқы және негізгі мәндерімен қатар мұндай теңеу сөздер қосымша немесе ауыспалы мағыналарымен де қолданылады. Әсіресе, мұндай тіркестердің жалғауларының өзгеруіне орай қолданылатын орындары да күрт өзгеріп отырады.

Әдеб.: Қайдар Ә. Халық даналығы (қазақ мақал-мәтелдерінің түсіндірме сөздігі және зерттеу). Алматы: Тоғанай, 2004; *Соныкі*. Қазақтар ана тілі әлемінде (этнолингвистикалық сөздік). 1-том. Алматы: Дайк-Пресс, 2009; ҚӘТС. 10-том. Алматы: Арыс, 2009; ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰЛАҚ² – көлемі үлкен судан шағын судың бөлінген тұсы, бұрмасы. Егіндікті суаруға, диірмен айналдыруға және т.б. мақсаттарда көлден, өзеннен, тоғаннан, арықтан қажетті судың бөлінген тұсын судың басы, судың құлағы, тоғанның құлағы деп атаған. Қ.-тан бөлініп аққан су арықтар арқылы егістікке, бау-бақшаға, су диірменіне ағып жетеді. Қ. бөлініп аққан осы суды қайтадан бұрып жіберуге өте қолайлы болып табылады. Ол үшін суды пайдаланып болған соң Қ.-ты таспен, шыммен, шөппен, топырақпен, кейде ағашпен, құм толтырылған қаптармен қайтадан бөгеу, бекітеді. Оны ел арасында *су жығу* деп атайды (қ. *Су жығу*). Қажет болғанда кедергі бөгеуді алып тастаса су арыққа қарай ағады. Осылайша арықтың құлағын ашып, суды жіберу – құлақ ашу немесе құлақ ағыту деп аталады. Кейінгі уақыттарда Қ.-қа арыққа жіберілетін судың көлемін реттеп отыруға лайықталған ашып-жауып отыратын арнайы ағаш, темір құрылғы орнатылатын болған.

Дәстүрлі ортада «құлақ су» деген ұғым бар. Бұл су шамамен алғанда суғару кезінде ие бола алатындай мөлшердегі, топырақтарды шайып, егінді ағызып, жыра жасап кетпейтіндей аз ғана көлемдегі суды айтады. Дегенмен, қазақ даласының жекелеген аймақтарында мұндай судың көлемі әртүрлі болып келеді (қ. *Құлақ су / Бір құлақ су*). Арықпен келген суды егін немесе бау-бақша өнімдеріне кезекпен жіберіп отыру үшін бірнеше құлақ байланады. Кейбір өңірде Қ.-ты *көмей* деп атау да кездеседі.

Әдеб.: Нақысбеков О. Жергілікті халық тіліндегі арық-атыз түрлеріне байланысты қолданылып жүрген сөздер жайында // Қазақ диалектологиясы. 1-басылым. Алматы: Ғылым, 1965. 160-179 бб; Хозяйство казахов на

рубеже XIX-XX веков. Материалы к историко-этнографическому атласу. Алма-Ата: Наука, 1980; ҚӘТС. 10-том. Алматы: Арыс, 2009; ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰЛАҚ³ – бұйымдардың ұстауға, ілуге және басқа да мақсатта арнайы жасалған шығыңқы бөлігін білдіретін атау. Қ. көбінесе бұйымды орнынан көтеру, қозғау, тасымалдау кезінде ұстауға ыңғайлы болуы үшін жасалады. Жүктерді салатын сандық түрлерін (*абдыра, кебеже*), асадал және басқа *жиһаздарды* көтеру үшін екі жағынан Қ. орнатылады. Қазанды екі немесе төрт құлағынан ұстап көтеретіндей жасайды. Мұндай ұстау үшін жасалған Қ.-ты *тұтқа* деп те атайды (қ. *Тұтқа*).



Төрт құлақты қазан. ҚР МӨМ қорынан (КППМ 4097)

Тымақтың құлақты жауып тұратын бөлігі де Қ. деп аталады. Тымақтың құлақтарының ұшына бау тағылып, осы баулары арқылы желке тұсынан байланады. Ауа-райы қатты суытып, боран соққанда тымақтың құлақтарын иектін астыңғы жағынан байлап, бетті суықтан қорғайды.



Тымақтың құлағы. ҚР МӨМ қорынан (КП 23163)

Домбыра, қобыз сияқты әуен-саз аспаптарының *ішегін* тартатын бөлшегі де Қ. аталады. Мұндай аспаптың дыбысын осы Қ.-ты бұрай отырып реттеп отырады. Қ.-қа домбыра немесе қобыздың ішегі оралады да, бұраған сайын барынша керіліп, әуенінде өзгерістер пайда болады. Мұны *құлақ күйін келтіру* деп атайды.



Құлақ. ҚР MOM қорынан (КП 22102/28/2)

Әдеб.: Қазақтың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері: өткендегісі мен бүгінгісі. Мақалалар жинағы. Құраст. С.Е. Әжіғали. Алматы: Ғылым, 2001; *Нәжімеденов Ж.* Қоңыр үнді домбыра. Алматы: Дайк-Пресс, 2008; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰЛАҚ СУ / БІР ҚҰЛАҚ СУ – егінге бір байламмен жіберген судың көлемін білдіретін шартты өлшем. Суландыру жұмыстарында суды құлақтарға бөлу арқылы реттеліп отырған. Егіншілікпен шұғылданатын түрлі аймақтарда Қ. с. өлшемінің нақты белгіленген мөлшері жоқ, ол тек көзбен шамалап қана «анықталады».



Құлақ су. А.Л. Мелковтың экспедициясы. 1928 ж. ҚР MOM қорынан (ФКП 172)

Орыс патша әкімшілігі ұйымдастырған қазақ жерінің шаруашылығын және экономикалық-әлеуметтік ахуалын зерттеген экспедиция материалдарындағы мәліметтеріне қарағанда, Қ. с. өлшемі әр өңірде әртүрлі болып келеді. Мысалы, Лепсі өңірінде Қ. с. деп жарты пұт астық (бидай) егілген аумақты суаруға жететін су мөлшерін атаған. Ал, Верный уезінде бір адамның шамасы келетіндей егісті суаруға жетерлік су мөлшерін бір Қ. с. деп атағаны көрсетілген.

Әр құлақтағы судың ол кезде дәл өлшемі болмаған, тек арықтың ені мен тереңдігіне қарай шамалап анықтаған. Судың арықтағы мөлшерін бірқалыпты ұстау үшін су келетін арықтың бас жағындағы ернеуіне судың деңгейін бақылайтын арнайы таяқшаларды тік қадап қояды. Оңтүстік Қазақстанның Майлықент болысы сияқты таулы аудандарда үлкен арықтан бөлінген құлақтағы су былай өлшенген: 0,5x0,25 немесе 1x0,5 аршын аралығына кеткен суды бір Қ. с. деп есептеген. Зайсан уезінде көлденең кимасы 05-0,75x0,25 аршын болып келетін арықты бір

құлақ деп есептеген. Алайда, егіске берілетін судың мөлшері қазылған арықтың қия беткейде немесе жазықта орналасуына және судың ағу жылдамдығына байланысты әрқалай болып келеді. Дегенмен, кейбір деректерде бір Қ. с. тәулігіне 0,5-6 десятина жерді суаруға жететіндігі айтылады. Ал, оңтүстік қазақтарының егіншілік дәстүрін арнайы зерттеген Б.Алтаевтың мәліметі бойынша, қазақ диқандары бір құлақ сумен 3-4 десятина жерді суғарған.

Кейбір өңірде Қ. с. мөлшерін белгілеудің мынадай тәсілі болған: белгілі бір мөлшерде шұңқыр қазып, оған сиятын су мөлшерін шартты түрде құлақ деп алынған. Оңтүстікте бір арыққа сиятын судың мөлшері орта есеппен бір құлақтан он екі құлаққа дейін жетіп отырған.

Берілген судың мөлшерін бірнеше түрге бөлген: *бір құлақ су, үлкен құлақ су* – бір құлақтан астам су, *екі құлақ су*, сондай-ақ, *баспа құлақ су* деген түрлерге бөледі. Мұндағы *баспа құлақ су* дегеніміз аса үлкен ауқымды егістікті суаруға жарамды су дегенді білдіреді. Сыздықтап ағып жатқан азғана суды *шыбыш* Қ. с. деп атаған. Суармалы егіншілікте берілетін су мөлшерін Қ. с.-дан *басқа дйірмен, кез, аяқ, иін су* сияқты дәстүрлі өлшемдерді қолданған (**Қ. Суару! / Егін суару**).

Әдеб.: *Петровский Н.П.* Ирригация. Туземная единица объема воды и способы деления ее // ТС. Статьи и заметки из русских и иностранных газет. Ташкент, 1897. Том. 527. С. 195-205; *Нақысбеков О.* Жергілікті халық тіліндегі арық-атыз түрлеріне байланысты қолданылып жүрген сөздер жайында // Қазақ диалектологиясы. 1-басылым. Алматы: Ғылым, 1965. 160-179 бб; *Хозяйство казахов на рубеже XIX-XX веков.* Материалы к историко-этнографическому атласу. Алма-Ата: Наука, 1980; *Кармышева Дж.* Земледельческая обрядность у казахов // Древние обряды, верования и культы народов Средней Азии. М.: Наука, 1986. С.181-208; *Сарыбаев Ш., Нақысбеков О.* Қазақ тілінің аймақтық лексикасы. Алматы: Ғылым, 1989; *Алтаев Б.Ә.* Оңтүстік Қазақстан қазақтарының егіншілікке байланысты дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. Тарих ғылым. канд. ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған диссертациясының қолжазбасы. Ғылыми жегекші Нұрсан Әлімбаев. Алматы, 1994; ҚӘТС. 10-том. Алматы: Арыс, 2009; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰЛАҚ СҮЙІНШІ – нақты емес жағымды жаңалықты иесіне жеткізген адамға берілетін кәде түрі. Ол ұзын құлақтан естігенін жеткізуі де мүмкін. Дәстүрлі ортада жақсы хабар айтып жеткізген адамға бұлайша төлем беру – жаңа *затқа, киімге көрімдік, байғазы* беру сияқты әлеуметтік қатынастарды реттейтін, ынталандыру мәнді қызмет атқарады. Қ.с. беру негізінен жоғалған, ұрланған малдың хабарын жеткізген адамға берілетін алғашқы сыйлық. Яғни, хабаршы жоғалған малды көрмей, оның қайда екенін естуі бойынша жеткізсе, Қ. с. алған. Ол бәлен жерде, бәленнің малының, үйірімен бірге жүр деген мәліметі рас болып шыққан жағдайда аз-маз сый-кәде алады. Егер жоғалған малды табуға, не ұрының мойнына қойып беруге уәде етін, сүйінші алған адам, уәдесін орындамаса, алған сүйіншісінің белгілі бір бөлігін қайтаруға тиіс (**Қ. Сүйінші!**).

Сүйіншінің мөлшері мал-мүліктің (егер жоғалғаны мал болса), бестен бір мөлшеріне тең болады.

Әдеб.: *Козлов И.* Общие основания киргизского суда (1882 г.) // Қазақтың ата заңдары: құжаттар, деректер және зерттеулер. 6-том. Алматы: Жеті жарғы, 2006. 319-338 бб; ҚР MOM – материалдарынан, ОМЭЭ – материалдарынан.



ҚҰЛАҚ ТЕСУ – сырға тағу мақсатында қыз құлағының сырғалығынан тесік тесу. Қ. т. ғұрпының түп төркіні туралы бірнеше көзқарастар кездеседі. Мәселен, қыздың құлағын тесіп, сырға тағу дәстүрі ертеде *құда түсу* кезінде атқарылатын жосындардың бірі болған деп саналады. Қыздың *айттырылып* қойғандығыш *«сырға салу»* ғұрпымен әйгілеп отырған (қ. *Сырға*). Яғни, құлағы тесіліп, сырға салынуы қыздың *айттырылғандығын* көрсететіндіктен оған өзгелердің *айттыра келуі* немесе *сөз салуы* орынсыз деп саналды (қ. *Айттыру; Құдалық*). Кейіннен қыздың құлағына әсемдік мақсатында *сырға тағу* кең орын алып кеткен. Келесі бір көзқарас бойынша, Қ. т. – қыз үшін бұрынғы ойын баласының енді есейгендігін білдіретін әлеуметтік мәнге ие ғұрып болған деп саналды. Болашақтағы ересектік өмірге бейімделуі және екінші жағынан шешесіне қолқабыс болуы үшін тұрмыстық шаруалар мен қолөнер түрлерін үйренетін жасқа өткендігін білдірген. Ел арасында жиі айтылатын көзқарастардың бірі бойынша құлағына *сырға тағу* қыздардың барлығына бірдей міндетті саналған. Қыздарын ерекше қадірлеген қазақ халқы олардың жүріс-тұрысы, киім-киісі, іс-әрекетінің неғұрлым әдемі, сәнді, жарасымды болуына ерекше мән берген. Оған құлағын тесіп сырға салумен бірге *алқа, шекелік* сияқты т.б. түрлі әшекейлер де тағылып, киетін киімі де өзгерін, сәнді бола түседі (қ. *Алқа; Әйел заты; Зергер; Шекелік*). Сырға тағу әдетте 9 жасқа дейін атқарылады. Қ. т. – мәні жағынан ұл баланы сүндеттеген ғұрыпқа тең болып келеді. Сондықтан дәстүрлі ортада *«құлақ тесу – қыздың сүндеті»* деп те аталған.



Құлақ тесу. ҚР МОМ материалдары бойынша суретті салған Б. Досымов

Қ. т. дәстүрлі ортада негізінен екі жолмен атқарылды. Ол үшін алдымен құлақтың сырғалығын саусақпен, бидаймен уқалап жансыздандырады да, отқа қыздырып залалсыздандырылған жуанырақ инемен тесті. Сонымен қатар, сырғалықтың екі жағынан екі тары дәнін бір-біріне дәлдеп қойып, еппен қысу арқылы тесу тәсілі де кең тарады. Жарақат орны жазылғанда тесілген тесік бітеліп

қалмауы үшін жіп өткізіп қояды. Жарақат жазылғаннан кейін құлағына сырға тағылады. Жарақат тез жазылуы үшін тескеннен кейін күміс немесе алтын сырға да тағылады.

Қ. т. кейде ұл балаға да атқарылуы мүмкін. Ол – бірнеше қыздың арасындағы *«жалғыз ұлға көз тимесін»* деген ырымға байланысты қалыптасқан ғұрып. Мұндайда тек ұлдың бір ғана құлағы тесіліп, сырға тағатын болған.

Әдеб.: Ескекбаев Д. Шығыс Қазақстан облысы қазақтарының отбасылық әдет-ғұрыптары // Қазақтың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері: өткендегісі мен бүгінгі. Мақалалар жинағы. Құраст.: С.Әжіғали. Алматы: Ғылым, 2001. 117-130 бб; Кенжеасхметұлы С. Ата мұрасы – асыл қазына. 1-кітіп. Астана: Аударма, 2005; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰЛАҚАРЫҚ – егістікке қарай тартылған арықтың кішілеу түрі. Негізінен үлкен арықтан келген суды егіндіктерге кезекпен жіберу үшін *құлақ байланып*, ол судың мөлшерін *бір құлақ су* деп атаған (қ. *Құлақ су*). Тоғаннан таралған *оқ арық* және *бас арықтан* салаланған *орта арық*, және *жан арық* сияқты бір-біріне жалғасқан арықтар арқылы су егін алқабына қарай жетеді.



Құлақарық. ҚР МОМ материалдары бойынша суретті салған Ж.Шәйкенов

Мұндай егістікке қарай жеткен арықты оңтүстік диқандары арасында Қ. деп атаса, Шу бойындағылар *қоларық*, Сыр бойындағылар *жан* деп атайды (қ. *Жан*). Қ. арқылы жеткен су егін арасына *арықша*, *атыз арық*, *бау арық*, *ауыздама*, *көтерме арық* аталатын ұсақ арықтар арқылы *атыз бен жүйектерге* таралады.

Әдеб.: Нақысбеков О. Жергілікті халық тіліндегі арық-атыз түрлеріне байланысты қолданылып жүрген сөздер жайында // Қазақ диалектологиясы. 1-басылым. Алматы: Ғылым, 1965. 160-179 бб; Алтаев Б.Ә. Оңтүстік Қазақстан қазақтарының егіншілікке байланысты дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. Тарих ғылым. канд. ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған диссертациясының қолжазбасы. Ғылыми жетекші Нұрсан Әлімбаев. Алматы, 1994; ҚӘТС. 10-том. Алматы: Арыс, 2009; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰЛАҚБАУ – қамыттың екі қапталындағы қайыстан тұйықталып жасалған бөлігі. Ол негізінен қайыстан ұзындығы сегіз қарыстай, жалпақтығы төрт елі шамасында тілінеді. Тілінген қайыс ұзынынан бір бүктеп алып, одан




кейін қос қабатталады. Бұдан кейін оны *қамытағашы* мен *шұжығының* ортанбелінен сәл төмендеу өткізіліп шалып екі ұшын түйістіріп келіп бір-біріне шалып байлайды. Қ.-дың қайыстан бұлайша мықты жасалуының себебі – арба-шанаға жүк артылғанда немесе осы Қ.-ға арқан бекітіп жүк сүйрегенде күш алдымен осыған түседі. Ал, бұл әлсіз болса жылқы малы бір ышқынып тартқанда үзіліп кетеді.



Құлақбау. ҚР МӨМ материалдары бойынша суретті салған Б. Досымов

Атты арба-шанаға жеккенде Қ.-ды бекітудің өзіндік тәсілдері бар. Алдымен *қамыт* жегін малының мойнына кигізіліп, *ершігі* салынады. Одан кейін ат *жетекағаш* ортасына тұрғызылады. Бұдан соң аттың мінер жак жетекағашы көтеріліп Қ.-дың үстінен келтіріледі. Қ. тұйығын жоғары көтеріп тұрып, Қ. астыңғы жағынан доғаның бір басы өткізіліп басы жетекағаштың сырт жағынан өтіп үстіне қарай келеді. Осы бойда доға басы жетекағаш пен қамыттың арасындағы Қ. арасынан өтеді. Осылайша Қ.-ға жетекағаштың бір жағы бекітіледі.



Құлақбауды бекіту реті. ҚР МӨМ материалдары бойынша суретті салған Ж.Шәйкен

Ал, бұдан кейін доғаның екінші басы жегін малының мойнынан *қамшылар жағына* қарай асырылады. Бұл жағының бекітілуі алдыңғысынан карағанда өзгешелеу болып келеді. Алдымен *доға* басы Қ. ортасынан өтеді. Бұдан кейін жетекағаш көтеріліп доғаның сырт жағынан, Қ.-дың астыңғы жағынан тақалып ұсталады. Артынша Қ.-дың тұйық басы тартылып келіп доғаның басына ілінеді. Осылайша қамыт Қ.-на жетекағашты бекіткеннен кейін қамыттың *тамақбауы* тартылып, *белкөтерме* көтеріліп, *делбесі* байланады (қ. *Тамақбау*).

Қамыт Қ.-ы кейде ұзын болып жатады. Ондайда Қ.-ды қысқартады немесе Қ. ширатқан сияқты бір-екі бұрап барып бекітеді. Бұраған кезде Қ. әжептәуір қысқарады. Ал, Қ. ұзын болса кейін қамыт тамақбауын тартып байлағанмен доға тігінен бірқалыпты тұрмай аттың шоқтығына қарай жантайып жатып қалады (қ. *Қамыт*).

Әдеб.: ҚӘТС. 10-том. Алматы: Арыс, 2009; ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰЛАҚКЕСТІ ҚҰЛ – қазақы ортадағы бостандық берілмейтін құлға қатысты қолданылатын ұғым. Көшпелі ортада құлдардың еңбегін пайдаланудың аса тиімді болмағандығынан олардың саны көп болмаған. Дегенмен түрлі себептермен құлдыққа салынушылар кездесіп отырған. Ауыр қылмыс жасауына байланысты жазасын еңбегімен өтейтін құлдар болған. Олар иесінің қойған шарты бойынша мал-мүлік беріп құтылуы да мүмкін. Төлей алмаса үш атадан кейінгі ұрпағына бостандық берілетін болған (қ. *Құл*). Ал жаугершілікте қолға түскен немесе шеттен әкелінген діні мен ұлты басқа құлдар арнайы таңбаланып отырған. Ондайда ертеде малға ен салған тәрзіді құлағын кесіп белгі салған. Қ. к. к. деген ұғым осыдан сақталып қалған. Дәстүрлі ортада біреуді өз сөзіне иландыру үшін *құлағымды кесіп* берейін деген сөз орамы қолданылатыны белгілі. Ол *басыбайлы құлын болайын* дегенді білдірсе керек.

Әдеб.: ОГИА Ф.3. О.1, Д.317. Собрание киргизского законов и положение на Омского временного комитета в Аман-Карагай; *Загряжский Г.* Юридические обычаи киргиз // Материалы для статистики Туркестанского края. Ежегодник. Вып. IV. СПб, 1876. С.151-202; *Бекмаханов Е.* Казакстан XIX ғасырдың 20-40 жылдарында. Алматы: Санат, 1994; *Зиманов С.* Полное собрание сочинений. 10-том. Алматы. Медиа корпорация «Заң», 2009. 1 том; ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰЛАҚМҰРАП – арықтардың суын пайдалануды реттеу ісін ұйымдастыру үшін арнайы сайланған мұраптың бірі. Бір-біріне жалғасып жатқан арықтар арқылы егінге берілетін су көлемі әр түрлі болып келеді. Осы берілетін су мөлшерін реттеудің басты жолы *мұраптарды* тағайындау болған. Дәстүрлі егіншілік тақырыбын зерттеген Б.Алтаевтың мәліметіне карағанда, Оңтүстік Қазақстанның жекелеген аймақтарындағы мұраптық басқарудың кіші дәрежесі Қ. деп аталған. Ол *үлкен мұрап* пен *қолмұрапқа* бағынған (қ. *Мұрап*). Суармалы егіншілік дамыған аймақтарда тоғаннан таралған арықтардағы (*оқ арық*, *бас арық* және басқа) суды пайдалану кезегін, уақытын және ұзақтығын дәлме-дәл белгілеу Қ.-тың негізгі қызметіне енді. Сол

сияқты Қ. қажетіне қарай арықтардың құлағын ашу және бекіту, арықтарды тазалау сияқты суаруға қатысты түрлі шараларды ұйымдастырған және өзінен жоғары дәрежелі мұраптардың нұсқауларын орындаған.

Әдеб.: *Алтаев Б.Ә.* Оңтүстік Қазақстан қазақтарының егіншілікке байланысты дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары // Тарих ғылым. канд. ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған диссертациясының қолжазбасы. Ғылыми жетекші Нұрсан Әлімбаев. Алматы, 1994; ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰЛАҚТАУ – жылқыны құлағынан бір қолмен қыса ұстап көндіктіру шарасы. Асау жылқыны үйірден құрықтың, шалманың көмегімен ұстағаннан кейін, арқанды тарта жаймен оған жақындайды. Бұдан кейін, үркітіп алмай ақырындап жалынан сипалап келіп, *мінер жақ* құлағынан ұстайды. Жылқының жанды жерінің бірі құлағы болғандықтан құлақтан мықтап ұстағаннан кейін олай-бұлай көп бұлқынбайды. Бұдан кейін оның басына нокта кигізу немесе *арқанмен нокталап байлау, жүген жүгендеу, ер ерттеу* онайырақ болады.



Жылқыны құлақтау. ҚР МӨМ материалдары бойынша суретті салған Б.Досымов

Сондай-ақ, кейбір жылқы ауыздығын салғызбай басын ала қашатын кездері болады. Ондайда құлағынан басып тұрып *ауыздықтайды*. Дегенмен бұндай жағдайды қайталай беруге болмайды. Себебі, үнемі құлағын ұстаудан запы болған жылқы басын ала қашатын әдет шығарады.

Сонымен бірге, Қ. шарасы жылқыға *ен* салғанда, жығып таңба басқанда, ишкенде т.б. кездерде қолданылады. Жылқыны жығып, аяғын байлағанмен, қызып тұрған темірді басқанда немесе пішкенде басын жерге ұрып көзіне, басына зақым келуі мүмкін. Сол себептен, бұндай жағдайда да құлағынан баса ұсталады (**к. Таңба; Таңбалау**).

Әдеб.: *Аргынбаев Х.* Қазақтың мал шаруашылығы жайында этнографиялық очерк. Алматы: Ғылым, 1969; ҚӘТС. 10-том. Алматы: Арыс, 2009; ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰЛАҚТЫ ҚАНАТУ – төрт түлікте кездесетін бірқатар ауруға қарсы жасалатын емдеу шарасы. Мал құлағында көрінетін кішкене тамырларын *қандауыр, біз, сүмсуір, ине және кездік* сияқты жүзі өткір құралдармен қанатады (**к. Қандауыр; Қанышы**). Орындау тәсілі қарапайым: мал құлағын алақанға жайған кезде үш қатар тамырдың бірін қанатады. Емшілер оның ортасындағысына бізді қиғаштата түйреп жібереді. Қазақ малшыларының тәжірибесіне

қарағанда, Қ. к. түрлі ауруларға қарсы өте жақсы нәтиже беретін көрінеді. Мысалы, желідегі құлын бота, бұзауға *күн өту*, соның салдарынан жағы қарысу, ал мініс атында жиі өршитін *жауыр, өлі тию* сияқты ауруларға қарсы жиі қолданылды. Торғай облысы жылқы шаруашылығы туралы мұрағат дерегінде Қ. к. тәсілін *өлі тию* деп аталатын жылқы ауруына бірден-бір тиімді шара деп санаған. «*Өлі тиген*» аттың құлағын қанатып, қан ағызған соң соңынан бүйіріне дейін келетін суға шомылдырды (**к. Өлі тию**).



Құлақты қанату. ҚР МӨМ материалдары бойынша суретті салған Б.Досымов

Ауру зілді болса малдың құлағының ұшын ен салғандай етіп кесіп тастау аса қатерлі топалаң індетіне шалдыққан малға жасалады. Қойдың бір құлағын түбінен кесіп алып садақа ретінде лақтырып тастайтын осындай ырымға байланысты «*Бастан құлақ садақа*» деген тәмсіл қалыптасқан сыңайлы.

Құлақ тамырларынынан қан ағызу адамда өршитін түрлі аурулар кезінде де жасалады. Австриялық зертеуші Р.Карутцтың мәліметі бойынша, Маңғыстау қазақтары өкпе сырқаттары кезінде құлақ түбінен (және көз асты мен таңдай тамырларынан қоса) қан алу емін жасаған.

Әдеб.: ЦГА РК. Ф.25, О.1, Д.4199, Св.387. Л.105. О коневодстве в Тургайской области (20.03.1892 г. - 10.10.1895 г.) 187 л.; *Карутц Р.* Среди киргизов и туркменов на Мангышлаке. СПб.: Изд. А.Ф.Девриена, 1911; *Аргынбаев Х.* Мал ауруларын емдеудегі қазақтың халықтық тәжірибесі туралы этнографиялық очерк // ТИИАЭ АН КазССР. Т.16. Вопросы этнографии и антропологии Казахстана. Алма-Ата, 1962. С.3-35; *Хинаят Б.* Қазақтың халық малдәрігерлігіндегі дәрісіз емдеудің дәстүрлі тәсілі— қандауырлаудың практикалық қыры // «Проблемы ветеринарной науки и практики в современных условиях» Материалы международной научно-практической конференции посвященной 10-летию независимости РК. Сборник научных трудов КазНИВИ. Том 49. Алматы, 2001. 394-403 бб; ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰЛАҚШЫН – қыстық баскіім түрі. Қ.-ның түрі қыстық бас кнiм малақайға ұқсас келеді. Бірақ малақайдың Қ.-ға қарағанда төбесі биік шошайған болады (**к. Малақай**). Көбінесе аң терілерінен тігілетін ерекше қыстық баскіім тымақтан айырмашылығы – оның жауырыңға түсіп тұратын үлкен келген желкелігінің болмайтындығында (**к. Тымақ / Тұмақ**).



Дәстүрлі ортада Қ.-ды ерлер мен ұл балалар киеді. Оны қыста киетін болғандықтан көбінесе козының елтірісі мен пұшпақ терілерден тігеді. Қ.-ның етек жағы тік төртбұрышты немесе қусырылып тігіліп, оған дөңгелек төбе қондырылады. Астары теріге өлшеп пішіліп арасына жүн, макта салып, сырып тігіп, сыртын терімен тыстайды. Құлақшалары қайырылатын немесе қайырылмайтын болып келеді. Құлақшаларының ұшына біріне-бірі түйістіріп байлау үшін бау тағылады. Кейде біреуіне түйме қадалады да, екіншісіне түймеге ілінетін *баудан* ілмек тағылады. Балалардың Қ.-ын түлкінің, қасқырдың терілерінен тігіп, сәндік үшін кейде төбесіне теріден бір шоқ күлте қадайды. Қазақы ортаның ауқаттылары Қ.-ды бұлғын, құндыз, жанат, түлкі, қарсақ, суыр сынды аңдардың терілерінен де тіккен.



Құлақшын. ҚР MOM қорынан (КП 19432)

ҚР MOM қорындағы (КП 19432) құлақшынның жоғарыда келтірілген құлақшыннан айырмашылығы – ішкі беті түлкі терісімен күсілген екі ұзын құлақшасы бар әрі *желкелігі* қысқа болып келеді.

Бұл да жасыл барқытпен тысталған, төрт *сайдан* құралған. Оның *бидайы* түлкі терісінен, төбесінің астары саржадан салынған. Төрт бұрыш болып қайырылған *маңдайшасы* түлкі терісінен күсілген. Сол жақ құлақшасының ұшына ширатылған жіптен ілмек тігіліп, оң жақ құлақшасының ұшына ілмекке ілінетін түйме қадалған.



Баланың құлақшыны. ҚР MOM қорынан (КП 21207)

ҚР MOM қорындағы келесі (КП 21207) баланың Қ.-ы қызыл түсті барқытпен тысталып, төрт *сайдан* құралған.

Желкелігі ұзындау келген, құлақшалары жоқ, төбесі биік кең тігілгендіктен баланың басына кигенде құлақты толық жауып тұрады. Қ.-ның ішін қойдың сұр түсті терісімен астарлаған. Шеттері айналдыра түлкі терісі күсілген және төбесіне бір шоқ күлте қадалған. Күлте Қ.-ның сәйін келтірумен қатар, баланың Қ.-ы екендігін байқатып тұрады.

Әдеб.: *Захарова И.В., Ходжаева Р.Д.* Казахская национальная одежда: XIX - нач. XX в. Алма-Ата: Наука, 1964; Қазақтың дәстүрлі киім-кешегі. Ғылыми каталог (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде). Ғылыми редактор және жоба жетекшісі Нұрсан Әлімбаев. Алматы: Өнер, 2009; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰЛАМА БЕСІН – күн маңдайдан ауып, еңкейген кез. Халық тілінде бесін деп, әдетте, күн қак маңдай тұсқа келген кезін айтады. Этностың уақытқа байланысты танымында антропоцентристік ұстаным ерекше орын алады. Мысалы, *күн төбеге келді, күн тас төбеге келді, күн төбеден ауды, күн маңдайға келді, күн маңдайдан ауды* деген атаулар уақытпен байланысты ұғымның қазақ танымында антропоцентристік негізде қалыптасқанын аңғартады. *Бесін* намаз, *бесін* ауды, *құлама бесін* дегендегі *бесін* парсы тілінде *пеш, пешін* «маңдай» деген ұғымды білдіреді.

«*Бесін келсе, күн тұрмайды, күйеу келсе, қыз тұрмайды*» деп, малшы қауым түстен кейінгі уақыттың тез өтетінін меңзейді. Қ.б. келсе малшы ауылдың қарбаласы көп шаруасы басталады.

Қ.б. кезінде қойшы отарын, сиыршы табынын (пыдасын) ауылға қарай бұрып «құлата» өрістеді, ал жылқышы жусаудан кейінгі үйір-үйір жатысын суғару үшін көлге, өзенге қарай құлатады. Таулы, қырат, қырқалы жердегі осы көрініс метафораланып, уақыттың белгілі бір шағын білдіретін тіркесті атауға айналса керек.

Әдеб.: *Уәли Н.* Бір тәуліктегі шақ атаулары және олардың этимологиясы // «Академик Ә.Т. Қайдар және тіл білімінің мәселелері» атты ғылыми теориялық конференция. Алматы: Дайк-Пресс, 2004. 143-153-66; *Уәли Н.* Бұрынғыдан қалған сөз (қолжазба); ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰЛАН – жылқы тұқымдастарына жататын, так тұяқты шөл және шөлейт жерлерді мекендейтін жануар (*Equus hemionus*). Қ. салмағы 120-127 кг, денесінің тұрқы (ұзындығы) 200-220 см, шоқтығының биіктігі 120-127 см, есектен үлкен, жылқыдан кішілеу. Түсі жирен сарыдан күрең құлаға шейінгі арада, бауыры, танау ұшы және сирақтары ақшылдау шабдар болып келеді. Қ. атауының түп-төркіні оның құла түсіне байланысты қалыптасқан деген пікірлер бар. Қ.-ның түгі жылы маусымда тықыр болады да, қыста ұзарып (5-6 есеге дейін) қоюлана түседі. Қ.-ның басы үлкендеу, құлағы ұзын болады. Жалының қылшығы сұйық, әрі тік, ал құйрығының қылы үш жағында аз ғана, «шыбынқағар» тәрізді болып келеді. Қ.-ның жалы қысқа, әрі қайратты болғандықтан тікірейіп, ал құйрық қылы ұшына дейін төгілмей білтеленіп шолтытып тұрады. Танауы мен иегіне союу тәрізді түк өседі. Денесі жинақы, ашаң, сирақтары ұзынырақ, қимыл-қозғалысы ұшқыр,

әрі әбжіл. Жонының шоктықтан бастап, құйрығының ұшына дейін қара түсті ұзыннан созылған жолағы бар. Жіліншіктері жінішке, тұяқтары сүйір болып келеді. Сауыры кішілеу, саны жалпақ. *сымпыс* болады.

Ашық далада мекендейтіндіктен Қ.-ның иіс сезу, түйсіну, алыстан есту және көру қабілеттері жете дамыған сак жануар. Қ.-дар шөлейт өңірдің табиғатына бейімделген. Дегенімен Қ. шөлді көтере алмайды, су іздеп шарқ ұрып, көптеген шақырым жердегі суаттарға барады, тіпті қысылғанда қактың суын, борық су, теңіздің тұзды суында ішіп шөлін қандыратыны белгілі. Ел арасындағы аңыз - әңгімелерге караганда Нарын құмының ойпатында Қ. суды тұяғымен тарпып шығарған екен. Такырдағы тұрып қалған қактың суын ішуге, топырлап, үймелеген құландардың бейнесі – «*қаққа жабылған құландай*» деген мәтелдің пайда болуына себеп болған сыңайлы. Қ.-дар жаздың күндері, қатты шөлдеген кезде, су іздеп, құмдағы қыстаулардың маңындағы «*соқыр*» құдықтарға түсін кетіп, шыға алмай қалатын жағдайлар кездесетін.



Құланың суреті. Т.С. 104 том (СПб., 1875) атты жинақтан

Қ.-дардың сыртқы пішіні, өмір сүру циклі жылқыға өте жақын болып келеді. Жылқы малы сияқты Қ.-дардың үйірі, бір айғырдан, 6 дан 11 ге шейін биеден және солардың ұрпағы құлын, тайлардан тұрады. Биелері құлынын жылқы малымен тұспатұс 11 айға тақау көтереді, құлындау мезгілі, жеріне қарай сәуірмен тамыз айының аралығында өтеді. Төлдері өте төзімді, тез аяқтанады. Ертедегі деректерде Қ. биесі асқан «*балажанды*» екендігі айтылады. Сондықтан да, құлынына қауіп төндірген адам немесе жыртқышты теуіп, тарпып өлтірген жайттар кездескен. Қысыр қалған бие құлынын екі жыл қатарынан емізеді. Жылқы малы сияқты Қ.-дардың да *байтал*, *құландары* үйірден қуылып, топтасып жаңа үйір құрайды

Қ.-ның жайылуы, су ішуі, оттауы құмды өңірдің жылқысына ұқсас. Ол шөлейт өңірлердегі *жусан*, *қалуен*, *бұйырғын*, *изен*, *теріскен*, *селеу*, *дүзген*, *бетеге*, *мия*,

итсигек, *көкпек*, *кермек*, *ермен*, *жыңғыл* және т.б. сияқты ащы отта жайылады.

Қ.-дар жусағанда біреуі караул болып төбе, дөңнің басында тұрады, қауіп төнген жағдайда үйіріне оскырып немесе кісінеп белгі береді. Үйірлі Қ.-дар дүбірлете шауып ұйымдаса қашады. Айғырлары үйір ұзап кеткенше қауіп төндіреші қасқыр, иттерге немесе адамға қарсы шауып, айбат шегіп, қорғайды. Әсіресе үйірінде жас құлындары бар Қ.-ның, *домбай* деп аталатын айғырлары, ерекше қайрат танытып ит-құсты аяғымен тарпып, теуіп мерткітіретін де болған. Ондай *домбайлар* оншақты итке, бірнеше қасқырға қарсы тұра алатындығы туралы ХІХ ғ.-да хатқа түскен бірқатар деректер кездеседі. Қ.-дар, жылқы сияқты, күннің ыстығында жусаған кезде, шеңбер құрап, бастарын төмен түсіріп, түйістіріп, сауырын сыртқа беріп, құйрықтарымен шыбын шіркейді қағып тұрады. Қыстың аязды немесе боранды күндері Қ.-дар дәл осылай шеңбер құрып, құлындары мен әлсірегендерін, ортаға алып, суыққа шалдырмау амалын жасайтынын табиғат зерттеуші ғалымдар атап көрсетеді.



Құланың үйірі. Алтын Емел қорығы
ОМЭЭ – материалдарынан

Осы мінез құлқының, биологиялық ерекшеліктерінің жылқы түлегіне ұқсастығы, Қ.-дарды басқа тұйықты аңдарға караганда дәстүрлі түсінікте ерекше орынға қоюға себеп болды. Тіпті дәстүрлі түсінікте Қ. жылқы түлігінің арғы тегінің бірі, немесе тағыланып кеткен, азғындаған түрі деп санайды. Осыған байланысты Қ. сипаты жылқымен салыстырмалы түрде болып келеді. Мысалы Қ.-ның төгіліп тұрған *жал*, *құйрығы* және *кекілі* болмауы, оның жүйріктігінің бір белгісі деген түсінік қалыптасқан. Ел ішіпде аттың жал-құйрығының сұйық, сымпыс болуы жүйріктіктің нышаны деп саналуы осыған байланысты болса керек. Дәстүрлі түсінік бойынша, керісінше, *қаба жал*, *қою құйрық* шабандау *жабы* жылқыға тән ерекшелік деп есептеледі (**қ. Жабы; Жылқы**).



Тарихи деректерде Қ.-дар казак жерінде батыста Нарын құмы, Мұғалжар тауларынан бастап шығыста Зайсан шұңқырына дейін, солтүстікте Сарыарқадан оңтүстікте Үстірт-Арал өңіріне шейін тарағаны айтылады. Әсіресе, Қ.-дар Торғай мен Ұлытау өңірінде көп болған деседі. Жазда солтүстікке қарай беттеген Қ.-дар, қысқа қарай оңтүстікке ойысып отырған. Яғни көшпелі казактардың көшімен үндес, қарайлас (**қ. Көш; Көш жолдары**). Қар калың жауған жұт жылдары Қ.-дар алысқа, тіпті Қызылқұм асып Әмударияның оң жағалауына Қаракұмға шейін ауатын. Осыған байланысты «Арқада қыс жайлы болса, құлан ауып несі бар?» деген сөз орамы қалыптасқан.

Тарихи деректерде ерте кезде казак жерінде Қ.-дардың мыңғырған табындары жүргендігі айтылады. Мезгілдік миграция кезінде Қ.-дар мыңдаған бас табындар құрып, күзде оңтүстікке Сыр, Арал өңіріне, көктемде солтүстікке Мұғалжар, Торғай, Арқа жаққа ауатын болған.



Құландар. ТС. 238 том (СПб., 1878) атты жинақтан

Қ. ертеде көшпелілердің тұрмыс қажеттілігін өтеу мақсатында ауланатын. Қ. аулаудың өзіндік ерекшеліктері болған. Ауыз әдебиет үлгілерінде Қ.-ға құрық салып, ұтылап қуып, дінкелеткен соң ұшқыр атпен шауып жетіп, құйрық-жалынан ұстап тоқтату, бұғалық, арқан лақтырып тақымдау сияқты жолдармен ұстағаны айтылады.

Қ.-дардың алыстан есту, алыстан көру қабілеті оларды жалғыз жарым аңшыға алдыртпайтын. Себебі үйірлі аңның бірі болмаса бірі қауіпті көріп, естіп уақытылы қашып кететін болған. Жоғарыда атап кеткендей, Қ. шөлге шыдамсыз болатындықтан, кәнігі аңшылар суаттың басында тығылып жатып бірлі жарым аң алатын болған. Үстірт жағында, қия жарлардың табанындағы суатқа Қ.-дар «құланжол» деп аталатын суат жолымен бірінің артынан бірі тізбектеле түсетін болған, осы қысылтаяң жерлерде торуылдаған аңшылар сай-жылғаға жасырынып жатып, Қ.-дар суға құлағанда, үйірдің артындағыларынан бастап атып, тізбектелген аңдарды тығырықта алатын болған (**қ. Суат**). Екінші кең таралған тәсілі – кең алқапта жайылған құландарды жан-жағынан қаумалап тықсырып ортаға үйіре отырып, ұтылап (кезектесе) қуу тәсілімен дінкелеткен соң құрықтап немесе қарумен атып алу.

Ерте кезде құлан аулау үлкен азықтық-экономикалық маңызымен қатар, әскери өнерді шыңдаудың бір түрі

саналғаны белгілі. Әсіресе орта ғасырлық әдебиет үлгілерінде көшпелілер топ болып шығып, ең далада Қ. аулағаны туралы мәліметтер кездеседі. Жүйрік те сак аңды алу үшін, кәдімгідей жоспар жасап, қараулышылар, қуғыншылар мен қағушылар, жақ тартатын садақшылар, найзагерлер сияқты жіктелген топтар құрып, оларды бірауыздан, жұмылдыра келісімді қимыл жасату кәдімгідей әскери тәртіпті, бас аңшының бұйрықтарының орындалуын талап етеді. Қ. сияқты тағы, әрі батыл жануарды қолға түсіру, ұстау ер-азаматтардың қайраттылығын көрсетуге лайықты сын болған. Қ. аулау барысында ер азаматтың қайраты мен ептілігі ғана емес, оның астындағы жорық аты, әбзел-жабдық, қару сайманы сыналған. Осылайша даланың тағысын аулау әскери өнердің шыңдалуының, әскери жорыққа дайындықтың бір тәсілі болды.

Қ.-дардың жылдық миграция жолдарына тастан қалап салынатын, стационарлы «аран» деп аталатын құрылғылар болған. Мұндай арандар рулы елдің меншігі болды. Кетілген жерлері жылда жөнделін, күтімді ұсталады. Жыл сайын Қ.-дардың күзгі миграциясы кезінде қауымдасып пайдаланылатын болған. Мұндай тәсіл ғалымдардың тұжырымы бойынша, ерте темір дәуірінде, яғни біздің заманымызға дейінгі бірінші мыңжылдықта қалыптасып біздің заманымыздың XVII ғасырына дейін сақталған. Үстірт аймағында орта ғасырдан қалған Қ. аулайтын ұзындықтары бірнеше шақырымды камтитын ересен үлкен арандардың орны осы күнге дейін бар (**қ. Аран**).

Қ. аулаудың ерекшелігі шежірелік аңызда да айтылады: «Жансақал есімді батыр аңшылықта Қ.-ды жалынан ұстап тоқтатпақ болғанда, қарсылық жасап тулай тартқан кезде жалы қақырап кеткен екен делінеді. Осылайша батырдың есімі жалайыр тайпасының атауына айналған екен».

Атақты «Ақсақ құлан» күй аңызында Қ. аулау тарихи оқиға желісінде баяндалады. Аңшылық кезінде ханның ұлы жараланған Қ.-нан мерт болады (бір нұсқасында үйірдің айғыры теуіп, екінші нұсқада аттан құлайды). Аңыздың түрлі нұсқаларында Алаш, Шыңғыс, Жошы, Жәнібек хандар тіпті Әмір Темірдің есімдері аталады. Ауыр қазаны ханға домбыраның сарынымен естірттіпті, қайғылы хан, қаралы хабарды жеткізген домбыраның көмейіне қорғасын балқытып құйып, содан домбыраның шанағында ойық пайда болған екен. Мұнан кейін қаһарына мінген хан үлкен ор қаздырып, Қ. біткенді соған қамап қырған екен дейді. Осыған орай, ел арасында таралған аңыздар, Ұлытаудағы Құланөтпес өзенінің пайда болуын Жошы ханның баласының қазасымен байланыстырады. Ат-нөпір құланды Қорғалжынның тұщы суына жеткізбес үшін қазылған ордың орнында аталған өзен пайда болған екен деседі. Озен көлге батыс жақтан құятын суы кері ағатындықтан Терісаққан деп атапты.

XIX ғ. соңына қарай Арал өңірінің қазақтары Қ. аулауда Сібір аңшыларының тәсілін қолданған. Қ. үйіріне қарай түр-тұлғасы ұқсас жылқыны жібереді де өзі жасырынып

жатады. Табиғатынан мәрт тағы, құла түсті үй жылқысына жақындаған кезде нысанаға алады.

Қ. - ның еті мен терісі жылқыдан кем бағаланбағандығы туралы орыс зерттеушілері (М.Леваневский, Э.А. Эверсман, Я.Полферов және т.б.) еңбектерінде баяндалады. Терісін өндеп, онан түрлі *жарғақ тон* мен *шалбарларды*, көн ыдыстарды жасаған. XIX ғасырдың ортасына шейін Қ.-ның терісінен ерекше *шегрен* былғары өндірілетін (**қ. Тон; Ыдыс; Шегірен**). Қ.-дардың саны азайған сайын мұндай тері қымбаттай түскенін көптеген зерттеушілер атап өтеді.

XIX ғ.-дың екінші жартысынан бастап отты қарудың таралуына байланысты Қ. үйірі де күрт кеміп, Қ. саны күрт азайып, таралған аумағы да тарылғанның үстіне тарылып, 1908-1917 жж. қазақ жерінде Балқаштың құмында (Қаратал, Іле, Ақсу күйғаны аралығында) ғана қалғаны белгілі. Қ.-ның ең соңғы тұяғы 1936-1937 жж. Іленің Балқашқа құяр сағасында ғана сақталып қалыпты. XX ғ.-дың ортасынан бастап, қазақ жеріне басқа елдердегі қорықтарда сақталған Қ. тұқымдарын әкеліп, жерсіндіру шарасы басталған.



Құлан. ТС. 583 том (Ташкент, 1910) атты жинақтан

Ертеде қолға түсірген Қ.-мен жылқыны будандастыруға талпынған. Қ.-ның биесіне жаңа туған құлынды еміссе, ол жүйрік болады немесе жорыққа мінетін ереуіл атқа айналады деген түсінік болған. Қ.-ның жүйріктігі мен төзімділігін бағалағаны соншалықты қолға үйретілген айғыр не биелерді қолдағы жылқыға «матау» жолымен жақсы тұқым алуға тырысқан. Соның тағы бір жолы Қ.-ға түр-түсі ұқсас биелерді тағы жануардың үйіріне қосып жіберу жолымен жақсы тұқым алғаны туралы ауызша мәліметтер кездеседі.

Қ. бейнесі қазақтың ауыз әдебиет үлгілерінде қайсарлықтың, ұшқыр жүйріктің тенеуі ретінде жиі кездеседі. «Құйрығы жоқ, жалы жоқ құлан қайтып күн көрер» немесе билердің сөз саптасындағы «Құйрығы жоқ құлан (кейде тұлпар) шығармын, құлағы жоқ сұңқар шығармын» деген сөз орамдары соның дәлелі.

Қ.-ның ыстыққа да, суыққа да айырықша төзімділігі фольклорлық туындылар мен жыраулар шығармаларында бейнелі тенеуге арқау болды. Мұндайда Қ.-ның образы батырлықтың, мәрттіктің, төзімділіктің символы ретінде сомдалады. Ілкімді мысал ретінде Бұқар жыраудың

«Айналасын жер тұтқан» деп аталатын толғауындағы ең айшықты төмендегі жолдарды келтіруге болады:

«... Құлан ойнар қу тақыр
Қурай бітпес демеңіз
Қурай бітпес құба жон.
Құлан жортпас демеңіз...».

немесе

«... Құлан жортпас құла түз...»

Әдеб.: Рычков П.И. Дневные записки путешествия капитана Николая Рычкова в киргиз-кайсацкой степи в 1771 году. СПб.: Тип. Импер. АН, 1792; Леваневский М. Очерки киргизских степей. Земледелие. М., 1894. Кн. IV; Полферов Я.Я. Охота в Тургайской области. Оренбург, 1896; Степняк Е. Охота на куланов // Природа и охота. 1896, № 3. С.69-72; Чорманов М. Заметка о киргизах Павлодарского уезда // ЗССО ИРГО. Кн.33. Омск, 1906. С.1-32; Афанасьев А.В., Бажанов В.С., Кроелов М.Н., Слудский А.А., Страутман Е.И. Звери Казахстана. Алма-Ата: ИздАН Каз ССР, 1936; Оренбургские степи в трудах Р.И.Рычкова, Э.А. Эверсмана, С.С.Неструева. М., 1949; Потанов Л.П. Особенности материальной культуры казахов, обусловленные кочевым образом жизни // СМАЭ. Т.ХІІ. М.-Л.: Наука, 1949. С.43-70; Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Алматы: Ғылым, 1977; Мұқанов С. Халық мұрасы (тарихи-этнографиялық шолу). Тандамалы шығармалар. XV том. Алматы: Жазушы 1979; Сотников В.Л. Кулан. Алма-Ата: Кайнар, 1986; Красная книга Казахской ССР. Редкие и находящиеся под угрозой исчезновения виды животных и растений. Часть I. Позвоночные животные. Алма-Ата: Кайнар, 1978; Әблсан Ә. Құландай ашы дауыстым // АТ. Тышқан жылы, Наурыздың 22-сі; Қазақ әдебиетінің тарихы. 1-том. Қазақ фольклорының тарихы. Жалпы ред. басқарған С. Қасқабасов. Алматы: ҚазАқпарат, 2008; ҚӘТС. 10-том. Алматы: Арыс, 2009; Тоқтабай А. Қазақ жылқысының тарихы. Алматы: Алматыкітап, 2010; Пржевальский Н.М. Путешествия в Центральной Азии. М.: Эксмо, 2010; КР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰЛАШ – халықтық дәстүрлі ұзындық өлшем бірлігі. Қ. деп адамның екі қолын екі жанына кере созғандағы мөлшері. Әдетте, өлшем бірлігінің бұл түрі адамның бойына сәйкес келеді. Мәселен, адамның бойының ұзындығы орта есеппен 165 см болса, құлашының ұзындығы да осы шамада болып келеді. Дәстүрлі ортада, шаруашылық және тұрмыстық заттардың ұзындығын Қ. өлшемімен есептеген (**қ. Өлшем**). Мысалы, киіз үйдің жіп-шуларын, бау-басқұрларын, арқандарын, сондай-ақ, көлемі ұзын мата, кездемелерді, көш сырмақ, кілем, алашаларды құлаштап санаған. Сонымен қатар, жерге көлбеу құрылған еңсіз тоқыма өрмегінің көмегімен тоқылатын алаша басқұр, жолдарының ұзындығын да құлаштап өлшеген (**қ. Алаша; Өрмек**).



Құлаш. Ахметжан Қ.С. Қазақтың дәстүрлі қару-жарағының этнографиясы (Алматы: Алматыкітап, 2006) атты еңбектен



Сондай-ақ, құрық, арқан, балықшылардың ауы сияқты т.б. шаруашылық заттарының ұзындығын өлшегенде Қ. өлшем бірлігін қолданған. Халық арасында Қ. өлшем бірлігімен қатар, *кере Қ., сала Қ. жарты Қ.* деген түрлері де қолданылды. Бұлардың бір-бірінен көп айырмашылығы жоқ.

Әдеб.: *Ақхошқаров Е.* Халық арасына кең тараған байырғы өлшемдер // Тілтаным. 2003. №2. 131-137-бб; *Ахметжан Қ.С.* Қазақтың дәстүрлі қару-жарағының этнографиясы. Ғылыми редактор және алғы сөздің авторы Нұрсан Әлімбаев. Алматы: Алматыкітап, 2006; *Сарбасова Г.* Қазақ және түрік тілдеріндегі халықтық өлшем атауларының этнолингвистикалық сипаты. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациясының авторефераты. А. 2010; ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰЛБАЗАР – қазақ жерінде мүлдем болмаған жайт. Алайда іргелес Хиуа, Бұқар, Самарқанд, Ташкент сияқты Орталық Азияның ежелден жасап келе жатқан қалаларында орыс отаршылдығы толық орныққанға дейін Қ.-дың болғандығын көптеген деректер растайды. Қ.-да көбінесе көрші елден жаугершілік кезінде тұтқынға түскен адамдар – ерлер мен әйелдер, тіпті балалар да сатылымға түсіп отырды. Ертеректе қазақтың кейбір *«шыңжыр балақ, шұбар төс»* байлары аталмыш және басқа да Ортаазиялық қалалардағы Қ.-дан бірден-саран құлдар мен күндерді алдырып отырған екен деседі кейбір кәрікұлақ көнекөз қариялар. XVI-XVIII ғ.-да дәстүрлі қазақы ортада қолға түскен тұтқындардың еңбегі құл ретінде пайдаланылды. Кейін бұлардың бәрі жаңа ортаға сіңісті болып, ауылдың бетке ұстарларының (билер, ақсақалдар және т.б.) ұйғарымымен өз алдына енші алып отбасын құруға мүмкіндік алды. Демек, қазақы ортадағы кезіндегі құлдар мен күндерді антикалық дәуірдегі Грек пен Рим немесе Ассирия, Египет, Месопотамия және т.б. сияқты ежелгі шығыс елдеріндегі құлдықтағы әлеуметтік категориялармен қандай жағынан болсын мүлдем салыстыруға болмайды (**қ. Құл**).

ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰЛҒАНА – ертеде адамдар арасында кездескен аса қауіпті жұқпалы аурулардың бір тобы. Бұл ауру *мерез, соз, жіңішке, көктүйнек, көкшешек, түйнек* сияқты қауіпті аурулардың қатарында аталады. Әсіресе, оны *мерез* ауруымен «қосақтап» *құлғана-мерез* деп те атайды. Бұл жайт екі аурудың негізгі белгілері мен сипатының ұқсастығынан болса керек. Аурудың қауіптілігі сонша, онымен ауырған адамның айығуы некен-саяқ болған. *«Құлғана келгір!»* деген қарғыстың айықпас ауруға ұшыра деген мәнде айтылғандығы сондықтан. Сол сияқты *«құлғанаға жолама, құлғанаға жоласаң, қу жаңын одан қалар ма?»* деген сөз орамдары әлгі аурудың қауіптілігін білдірсе керек. Ауырған адамның тамақ астының бездері ісініп кетеді. Осының салдарынан есту қабілетінен де айырылады.

Әдеб.: *Қайбарұлы А., Бопайұлы Б.* Қазақ ырымдары. Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1998; *Дулатов М.* Бес томдық шығармалар жинағы. Алматы: Мектеп, 2002-2004; ҚӘТС. 10-том. Алматы: Арыс, 2009; ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰЛЖА – қоңыр аң тобына жататын арқардың аталығы, қошқары. Қ. негізінен таулы, шоқылы өлкелерді

мекендейді. Бір үйірі он немесе он бестен құралады да, тіршілік етуде бірнеше үйірі бірлесіп жүреді. Қ. мен арқардың төлін *қозықа* деп атайды. Қ.-лар күздің соңғы айларында үйірге түседі. Алты айдан кейін арқары жалқы *қозықа* табады. Қой сияқты егіз табу арқарда сирек кездеседі (**қ. Арқар**).



Құлжа. ТС. 81 том. (СПб., 1873) атты жинақтан

Халық сенімі бойынша киесі, қасиеті бар деп танылатындықтан дәстүрлі ортада Қ. қоңыр аң ішіндегі киелілер қатарына жатқызылады. Сондықтан, оны бейберекет атуға тыйым салынып, күзде үйірге түскен соң ғана аулайтын. Мұның өзі көшпелілердің *табиғатпен үндестікте өмір сүру, табиғи тепе-теңдік пен өсімді сақтау* сынды халықтық білім тәжірибелерінен туындаған әрекеттері болып табылады.

Ел басына күн туған нәубет замандарда, жұт немесе ашаршылықта Қ.-ны тамақ үшін ғана аулаған. Тіпті жұт болған жылдары пана іздеп, қораға келген арқар, құлжаға тимей, керісінше, шөп тастап, жем беріп қамқорлыққа алатын. Бұл ырым жоғарыда аталған обал, сауап сынды түсініктерден туса керек. Ал оның етін қорек ету қажет болған жағдайда (көбіне күздікке) *«киесінен сақтасын!»*, *«сенде жазық жоқ, бізде азық жоқ!»* сияқты сөздерді айтып барып атады. Олардың бастаушысы болып жүрген Қ.-сы мен буаз арқарына тимейді. Керісінше, оларды жыртқыш аңдардан құтқарып жіберіп отырған. *«Жетімдіктен»* қорқып, қозықаларын енелерінен бөлмей, бірге атады.

«Ер тарғын» жырында жылқыны сипаттағанда:

Кебеже қарын, кең құрсақ

Құлжа мойын төгерек –

деген жолдар бар. Бұл жерде *«төгерек»* дегені жұмыр мойын дегенді білдіреді. Яғни, жақсы аттың мойнын Қ.-ның жұмыр біткен мойнына ұқсатады.

Қ.-ның асығы ірі, әрі салмақты, асықтан үлкен, сақадан кішілеу. Құлжа деп аталатын мұндай «асық» көбінесе алшы немесе тәйке түскіш келетіндіктен асық ойынында ерекше бағаланады (**қ. Асық ойыны; Сақа**). Қ.-ның мүйізіндегі сақиналардың санына қарап, оның жасын анықтайды. Құлжаның мүйізі тұрмысқа қажетті түрлі бұйымдар жасауға және сәндеуге қолданылады. Мәселен, *ожауға* немесе

пышакка сап, насыбай салатын *шақша*, әр түрлі кішкене *құтылар* тіпті шөміш те жасайды. Әсіресе, күміспен күптеліп, ерекше сәнделген Қ. мүйізінен жасалған *арқар шақша* жоғары бағаланып, оны көбінесе *сал* мен *серілер* ұстаған (қ. *Арқар шақша*).

Жоғарыда аталған ырымдарға байланысты Қ. өнімдерін пайдалануда белгілі бір реттілік сақталған. Мәселен, еркек те, әйел де белсіздікке ұшырайды деген түсінікке байланысты Қ.-ның терісінен төсеніш істемеген. Таулы өңірлердің казактары Қ. үйірінің тіршілік-әрекетіне карап, күн-райын да болжайды. Мәселен, Қ.-ның үйірі көбінесе ойға түсіп жайылса, келер қыс қатты болады деп есептейді.



Құлжалар. ОМЭЭ – материалдарынан

Қазакта *Қоңырқұлжа*, *Құлжабай* деген адам есімдерінің болуы құлжадай төгерек мойын, дене бітімі келіскен ер азамат болсын деп ырымдаудан шыкса керек. Сондай-ақ, Қ. деп аталатын жер аттарының көптеп кездесуі казак жері ежелден құлжалы өңірлерге бай екендігін көрсетеді.

Әдеб.: Аксауыт. Батырлар жыры. Екі томдық. Алматы: Жазушы, 1977; Шойбеков Р.Н. Қазак зергерлік өнерінің лексикасы. Алматы: Қазакстан, 1993; Қамалашұлы Б. Қазактың дәстүрлі аңшылығы. Өлгий, 1994; Қазак халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. 1-том. Біртұтастығы мен ерекшелігі. Құраст. С.Е. Әжіғали. Алматы: Арыс, 2005; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰЛҚЫН / ҚУ ҚҰЛҚЫН – қарабастың камы, өз пайдасын ойлаған обырлық дегенді білдіретін метафоралық атау. Қ. атауымен байланысты халық тілінде жағымсыз бағалауыштық мазмұнда айтылатын едәуір атаулар мен тұрақты сөз орамы қалыптасқан: *құлқыны құрыды*, *қу құлқынның құлы болды*, *құлқыны ашылды*, *құлқыны жаман*, *құлқыны бүлк етті*, *құлқыны құрыды*, *құлқына тақты*, *құлқыннан сезді*, *құлқынына күн құйылды*, *құлқыны тоймады*, *құлқыншал*, *құлқынбас* т.б.

Әуелде адамның тамағы, өңеші деген мағынаны білдірген *құлқын* (арабша – *хулкум* – *حلقوم*) сөзі ауыспалы мәнге көшіп (метафораланып) этномәдени семантикалық өрісте *ашкөздік*, *озбырлық*, *дүниеқоңыздық*, *тойымсыздық*, *парақорлық* т.б. антиморальдық ұғымдардың бейнелі атауы түрінде қалыптасқан, сөйтін этностың аксиологиялық (бағалауыштық) танымындағы бейқұндылықтар жүйесі

катарынан орын алған. Дәстүрлі казакы ортада *ата-баба жолына* мүлдем кереғар жағымсыз қасиет әрі іс-әрекет ретінде бағамдалды (қ. *Ата-баба жолы*).

Әдеб.: Кеңесбаев І. Қазак тілінің фразеологиялық сөздігі. Алматы: Ғылым, 1977; ҚӘТС. 10-том. Алматы: Арыс, 2009; Уәли Н. Бұрынғыдан қалған сөз (қолжазба); ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰЛҚЫН СӘРІ – таң қылаң берген шақ, күн ұясынан көтерілмей тұрған кез. Бұл шақта шаруа адамының таң ертенгі асын ішер-ішпестен күнделікті қауырт қарбаласы басталады: бие байланады, сиыр сауылып, табынға жіберіледі, кой-ешкі өріске айдалады. *Құлқын* араб тілінде «жұтқыншақ», «адамның тамағы» деген мағынаны білдіреді. Сөз аңғарынан казак тіліндегі Қ.с. атауының «*таң ертеңгі тамақ ішілетін мезгіл*» деген ұғымды білдіргенін байқауға болады. Жұмсала келе бұл атаудың мазмұны ықшамдалып, тек уақытпен байланысты «*таңғы уақыттың күн көтерілмей тұрған шағы*» дегенді білдірген.

Сондай-ақ, казак, қырғыз тілдерінде «*тойымсыз*, *ашкөз*, *қомағай*» адамға қатысты «*құлқыны ашылды*, *қу құлқынның құлы*», *құлқыны құрады* дейтін ауыспалы мәндегі сөз орамдары бар.

Әдеб.: Юдахин К.К. Киргизско-русский словарь. М.: Советская энциклопедия, 1965; Нұрмағанбетов Ә. Бес жүз бес сөз. Алматы: Рауан, 1994; Уәли Н. Бір тәуліктегі шақ атаулары және олардың этимологиясы // «Академик Ә.Т. Қайдар және тіл білімінің мәселелері» атты ғылыми теориялық конференция. Алматы: Дайк-Пресс, 2004. 143-153-бб; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰЛМАҚ – сабағы қырлы жатаған болып шырмалып өсетін тікенекті өсімдік (латынша атауы - *Humulus*). Өзен-су жағасы мен бұта арасында өседі. Жапырақтары жұмыртка пішінді, сабағының іші қуыс болып келеді. Бұр жарған кезде пайда болған көкшіл гүлдері уақыт өте келе сарғыш түске енеді.



Құлмақ. ОМЭЭ – материалдарынан

Оның адамның ұйқысы қашқан кезде тыныштандыратын әсері бар. Сондықтан Қ. гүлдерін, әсіресе ірілерін жинап алып, жастық жасайды. Онан ыстық суға ұзақ бұқтырылып дайындалған тұнбасы *ас сіңбеу*, *іш кебу* сияқты ауруларға қарсы шипалы ем деп саналады. Сол сияқты халық емшілерінің тәжірибесінде өкпе мен қуық ауруларына берілетін түрлі емдік шөптерге Қ. бүрін немесе сабағын қосады. Түркі тілдерінде бұл өсімдік *құлмақ* деп аталатындығы М.Қашқари еңбегінде



кездеседі. Қ. ертеден бері сусын дайындауға шикізат ретінде тұтынылған.

Әдеб.: *Ingeborg H. Botanika im Diwan lugat at turk // Journal of Turcology (Szeged, Hungary). 1994, Vol.2. №1. P.30-41; Қашқари М. Түрік тілінің сөздігі. 3 томдық шығармалар жинағы. Қазақ тіліне аударған, алғы сөзі мен ғылыми түсініктерін жазған А.Егеубай. Алматы: Хант, 1997-1998; Қалиев С. Емдік рецептер энциклопедиясы. Қазақ емінің рецептері мен Тибет медицинасының негіздері. Алматы: Арыс, 2010; ҚӘТС. 10-том. Алматы: Арыс, 2009; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.*

ҚҰЛПЫ¹ – алқаның (омырауға тағатын ешекейдің) халық тіліндегі көне атауы. Алқаның бұл атауы ел арасында *құлыбы, құлты, көйлек құлыбы* тәрізді сөз тұлғаларында қолданылған (**қ. Алқа**).

Әдеб.: *Жүнісов Н. Халық тілінің жергілікті ерекшеліктері. Алматы: Мектеп, 1981; ҚӘТС. 10-том. Алматы: Арыс, 2009; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.*

ҚҰЛПЫ² – түсі құлпырып тұратын жібек мата. Халық тілінде жібектен тігілген жеңіл шапанды да материалына қарай *құлты* деп атаған. Шапанның бұл атауы бүгінде қолданылмайды, оны тек халық ауыз әдебиетінің үлгілерінен кездестіруге болады. Мысалы:

*«... Сусар бөрік басында.
Үстіне кийт құлпыдан ...»*

(Қамбар батыр)

немесе

*«... Басыр-басыр басырды,
Атқа құлты жасылды
Сексен жігіт ал сонда
Төлегенді жасырды ...»*

(Қыз Жібек)

Әдеб.: Қазақ эпосы. Қамбар батыр. Алматы, 1958; *Шойбеков Р.Н. Қазақ зергерлік өнерінің сөздігі. Алматы: Ғылым, 1991; ҚӘТС. 10-том. Алматы: Арыс, 2009; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.*

ҚҰЛПЫРМА ТАС – жарқырап, құлпырып тұратын асыл тас, ақық. Қ.т.-тан қыз-келіншек көйлектерінің түймесі, моншақ жасалған, жүзікке көз қондырылған. С.Қасимановтың түсіндіруінше, Қ. т. – орысша «*перламутр*» деп аталатын тас. Бүгінгі геология ғылымында мұндай тастар *құлпырма* деп аталып, оған мынадай түсініктеме беріледі: Қ. «*белгілі бір бағалы қасиетімен (жоғары дәрежелі қаттылық, мөлдірлік, әдемі түс немесе түрлі түстердің құлпыра астасуы, жылтырлық, жарықты шашырату қабілеті, қырлауға не өңдеуге төзімділік т.б.) сипатталатын мейлінше мөлдір түсті және түссіз асыл яки эшекей минералдар мен тау жыныстардың жалтылама атауы болып табылады*».

Әдеб.: *Қасиманов С. Қазақ халқының колөнері. Алматы: Қазақстан, 1969; Шуман В. Драгоценные и полудрагоценные камни. Пер. с нем. М.: БММ, 2008; ҚӘТС. 10-том. Алматы: Арыс, 2009; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.*

ҚҰЛПЫТАС – бейіт басына арнайы қойылатын белгілердің бір түрі. Қ.-тың өңделген тастан арнайы бағана пошымында жасалуы оның бейіт басына қойылатын басқа белгілерден (қойтас, сандықтас және т.б.) өзгешелейтін бітімдік ерекшелігі болып табылады. Қазақстанда Қ. қою көптеген өңірлерде кездеседі. Дегенмен Қ. Оңтүстік, Оңтүстік Батыс, әсіресе, Батыс Қазақстан өңірінде мол сақталған. Қазақ жерінде Қ.-тардың типтік өзгешіліктерінің

көптігі олардың дәстүрлік, композициялық, семантикалық ерекшеліктерін жіктеуге, көне заманнан бері қалыптасу даму, өзгеру үрдісін анықтауға мүмкіндік береді. Қ. формаларының сәулеттік, композициялық көптүрлілігі ғалымдар арасында көптеген пікір талас туғызғаны белгілі. Оның себебі – Қ.-тарды қоюдың идеологиялық, мифологиялық және діни негіздемесінің ерте заманнан бастау алып, уақыт өте діни көзқарастың алмасуына байланысты өзгеріп отырғандығынан болса керек. Көне Қ. тарда жан-жануарлардың, адамның, осімдіктердің бейнесі негізгі композициялық үрдіс ретінде қолданылып келсе, мұсылман діни орныққаннан кейінгі кезеңде бұрынғы, негізгі декоративтік үрдіс ою-эпиграфикалық мәтінге, абстрактілі өрнектерге ұласты. Дегенмен, кейбір Қ. – тарда құрал саймандар, мал, мүліктің суреттері немесе ру таңбалары анық түсірілген.

Көптеген ғалымдардың пайымдауынша, Қ.-тардың негізгі идеялық мақсат-мүддесі мүрде қойылған жерге ескерткіш ретінде адам бейнесін қою болып табылады. Бұл ұстанымды кейбір зерттеушілер Қ.-дың кейбір түрлері антропоморфтық жіктеуге келетіндігі, яғни композициялық құрылымы бойынша – басы, денесі, аяқ-қолы деген сияқты адам мүшелерінен тұратындығымен негіздейді. Осыған байланысты Қ. тастардың генезисі, көне түркі заманынан сақталған балбал тастармен байланыстырылып, мұсылмандық идеологияның әсерінен өзгере келе, абстрактілі өрнектермен нақышталған Қ. түріне айналды деп пайымдалады.



Құлпытас. ОМЭЭ – материалдарынан

Қ.-дың келесі тобының негізгі мазмұндық идеясын, ғалымдар – ерте темір дәуірінен бастау алып, кейін шамандық дүние танымындағы әлемдік құрылымның арқауы болған, үш дүниені (жер асты, жер беті және аспан әлемі) өзара байланыстыратын әлемдік ағаш – *Бәйтерекпен* шендестіреді. Сонымен бірге *Бәйтерек* ұғымының *мама ағаш* ұғымымен (**қ. Мама ағаш**) ұштасып жатқанын атап көрсетеді. Яғни *мама ағаш Бәйтеректің* моделі, ал Қ. болса осылардың символы ретінде қарастылады. Зерттеуші С. Е. Әжіғали Қазақстанда ағаш Қ.-тардың да кездесетінін

(*Бекет ата зираты. Оғланды Батыс Қазақстан*), ал Сібір түркілерінде жоғарыда аталған үрдістің XIX ғ.-дың соңына дейін сақтап келгенін көрсетеді. Ғалым «Әлемдік ағаш» ұғымы ерте көшпелілік дәуірде космостық *мама ағаш* ұғымына ауысып кетуімен, сол дәуірде жылқының құрбандық мал ретінде ерекше орын алатындығымен байланыстырады. *Бәйтерек* ұғымының *мама ағашпен* ұштасатындығы және бақсылардың зікір салу сәтінде *мама ағаш* арқылы үш әлемді «кезетіндігі» көптеген зерттеушілердің еңбектерінде айтылады. Қ.-тың бұл типтері өзінің композициялық құрылымы және нақышталу жағынан *мама ағаш* – ағаш бағаналарды әшекейлеу ұстанымын сақтап қалғандығымен ерекшеленеді.



Құлпытас. ОМЭЭ – материалдарынан

Сөйтіп, бейіт басына Қ. қою, Евразия кеңістігінде кеңінен таралған дәстүрлер қатарына жатады. Қ. қою дәстүрінің идеологиялық өзгерістерге қарамастан сақталып келуін әдет-ғұрыптық рәсімдердің адам өміріндегі маңыздылығымен және консервативтік болмыс-бітімімен түсіндіруге болады.



Құлпытас. ОМЭЭ – материалдарынан

Қ. өзінің мөлшері (0,7 м ден 3,50 м. ге дейін), сюжеттерінің композициялық құрылымы (антропоморфтық,

өсімдік тектестік), эстетикалық ұстанымы (дәстүрлі ою өрнектер, қару-жарак, шаруашылық заттардың кескіндері) жағынан өзінің көп түрлілігімен ерекшеленеді. Бұл гәпті аталмыш ескерткіштің тарихи-мәдени контексімен, сан алуан идеологиялық, мифологиялық және әдет-ғұрыптық негіздемесімен түсіндіруге болады. Дейтұрғанмен, Қ.-тың жасалу және орнатылу жосынына байланысты мифологиялық-идеологиялық, әдет-ғұрыптық кешеннің болмыс-бітімі мен атқарылу үрдісі әлі де зерттеуді қажет ететін проблемалар қатарына жататынын атап кеткен жөн.

Әдеб.: Мендикулов М.М. Памятники архитектуры полуострова Мангышлака и Западного Устьюрта. Алма-Ата, 1956; Маргулан А. Х., Акишев К. А., Кадырбаев М.К., Оразбаев А.М. Древняя культура Центрального Казахстана. Алма-Ата, 1966; Басенов Т.К. Орнамент Казахстана в архитектуре. Алма-Ата. 1957; Әжигалиев С. Батыс Қазақстан ескерткіштері // Зерде. 1989. №12; Сорокин С.С. Семантика сэргэ (коновязей) и некоторых других памятников кочевого населения лесостепной зоны Азии (к проблеме этнической истории тюркоязычных народов Сибири) // Этногенез и этническая история тюркоязычных народов Сибири и сопредельных терр.: Тез. докл. конф. Омск, 1979; Ажигали С. Е. Архитектура кочевников – феномен истории и культуры (памятники Арало-Каспийского региона). Алма - Ата. 2002; Тасмағамбетов И. Құлпытас. Алматы. 2002; Самашев З. Монументальное искусство казахов Северо-Восточного Прикаспия (археолого-палеоэтнографический аспект изучения) // археологические памятники на Великом Шелковом пути. Алматы, 1993; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰЛЫҚ / ҚҰЛЫҚ АУРУ – қой түлігінің бақайының арасындағы бездің қабынуынан болатын ауру. Мұндайда бақай арасы ісініп, бітеу жара тәрізді бүдір пайда болады. Этнограф Х.Арғынбаевтың мәліметіне қарағанда «*бақай арасының ортасында, тесігі бар диаметрі 3-4 мм қошқыл дақ көзге шалынады. Бұл дақ құлықтың аузы ғана, ал тамыры (2 см) бақайдың арасымен өкшеге қарай кетеді*». Мұндай кесірлі түйірге ота жасалады: Қ.-тың аузын қандауыр ұшымен тіліп, іскен безін қышқашпен суырып алады да, оның орнына 2-3 түйір тотияйын салады. Сыртынан құрым киізбен орап тастайды. Қашанғы жазылғанға дейін ыстық майға араластырған дәрі жағып отырады. Қ. ауруы дұрыс емделмесе, малдың аяғы бақайдан төмен бүгілмей қалады. Ондай малды *қазықаяқ* деп атайды.

Әдеб.: Сейдалиев С. Ветеринария у киргизов // ВОВ. 1906. С.195-158; Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. Алма-Ата, 1959; Арғынбаев Х. Қазақтың мал шаруашылығы жайында этнографиялық очерк. Алматы: Ғылым, 1969; *Бабалықұлы Ж.* Мал ауруларының қазақша атаулары. Алматы: Қайнар, 1986; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰЛЫН – туғанынан бір жасқа (яғни, тай шыққанға) дейінгі жылқы төлінің атауы. Айғырдан шыққан бие он айдан кейін құлындайды. Қ.-ның туғаңынан қарақұлақтанғанға дейінгі, әлі қалт-құлт егіп, құлдыраңдап енесіне еріп, отыға қоймаған кезінде *құлыншақ* деп аталады. Ол кезде мінездері аңғал, қылықтары сәбиге ұқсайды. Ата-ана баласын жақсы көріп мейірленгенде, еркелеткенде *құлыншағым, құлыным* деуі осыған байланысты. Отыққан соң өсіп жетіле бастаған кезінде Қ.-ды ұстап, желіге байлайды.

Қ. бір қар басып, көктем шыққанға дейін *жабағы Қ.* немесе *жабағы* деп аталса, көктем шыққаннан бастап *жабағы тай, тай* деп атала бастайды. Бұл кезде олардың жал-құйрығы күзеліп, кейбірі мініске үйретіледі (**қ. Жабағы**).



Құлын. Интернет материалдарынан

Жаңа туған құлынды тұқымына, ерекшелігіне қарай *арғымақ Қ.*, *қарабайыр Қ.* және *қазақ Қ.* деп жіктейді, ал түр-түсіне қарап *тор Қ.*, *жирен Қ.*, *қара Қ.* деген сияқты түстейді. Кейбір биелер айғырдан ерте шығып қыс ортасында құлындайтын кездер де болады. Қыста туған Қ. көбінесе қорада күтімге алынады. Ондай ерте туған құлын ерте есейгендіктен *марқа Қ.* деп аталады. Ал, керісінше ең соңынан құлындаған биенің құлыны *кенже Қ.* делінеді. Құлындағаннан кейін енесі өліп немесе басқа да себеппен құлыны жетім қалса *жетім Қ.* делінеді. Сондай-ақ, қашып қолға ұстатпайтын құлынды *қашаған Қ.*; қолдан сүт ішіп үйренген құлынды *еміншек Қ.* немесе *тіленшек Қ.*; қолға ұсталмаған асауын – *шу асау Қ.* немесе *асау Қ.* деп атайды.



Желіге байланған құлындар. ҚР МОМ қорынан (ФКП 398)

Болашақта қандай жылқы болатыны Қ.-ның дене бітімінен, мінезінен, жүріс-тұрысынан байқалады. Егер *жорға* болатын болса құлынынан *қитыңдап* жорғалай бастайды. Бұндай құлынды – *жорға Қ.* дейді. Тіптен тәжірибелі атбегілер бие мен айғырға қарап туар Қ.-ның қандай болатынын деп басып айтып бере алған.

Төлі қарақұлақтанған соң бие байланады, арнайы керілген желіге әлі қолға ұсталып көрмеген шу асау Қ.-дар *құрық* немесе *шалма арқанмен* ұсталып байланады. Алғашында құлағын басып тұрып басына *ноқта* кигізілсе, біртіндеп жуасып кетеді. Желіге тұқырта байланғаннан Қ.-дардың мойны созылып және оралып қалмауын қадағалайды (к. *Бие байлау*). Қ.-дар осылайша күнделікті желіге байланып, сонда жусап, сауым аяқталғаннан кейін ғана ағытылады. Бие сауымы барысында кейбір өздігінен імейтін биелердің Қ.-ы салып сауылады. Қ.-ды енесіне емізуді *құлын салу* дейді (к. *Идіру*).

Күзгі бие ағытылған шақта кейбір Қ.-ды енесіне қосақтап сауатын кездер де болған. Бұндай тәсілді қолданудың мәні енесін еме алмаса да, онымен бірге жайылуға мәжбүр болған Қ. төлежіп өседі, тез қонданады. Кейде Қ. енесін ембес үшін оның тұмсығына *сірге* кигізеді. Ондай Қ. енесін емейін дегенде *сірге* ұшы енесінің желініне батып, тітіркендіретіндіктен оны жолатпайды. Бұл құрал Қ.-ға күндіз кигізілгенмен кешке жақын шешіліп алынады (к. *Сірге*). Күзде бие суалған кезде құлынды желіге байлау мерзімі аяқталады. Осы кезде *сіргежияр* деп аталатын жосын атқарылады: ет асылып, дастарқан жайылып, қымыз ішіледі, үлкендер мал-бастың амандығын тілеп бата береді.

Ал, қыс айларында бие сүті тартылып, суалатындықтан Қ.-ды өздігінен жолатпайды. Дегенмен де кейбір Қ.-дар келесі көктемге (тай шыққанға дейін), яғни енесі құлындағанға дейін енесін еміп жүре береді. Сондай-ақ енесі құлындағаннан кейін де енесін емуін тоқтатпайтындары да болады. Ондайда бие жас төлді жарытпайтындықтан, мал иесі оның мұрнын тесіп *мұрындық* деп аталатын құрал өткізеді.

Құлын терісінен тігілген киім түрі. Ерте кездерде Қ. терісінен *құлынжақы*, *құлынжарғақ* деп аталатын түгі сыртына қаратылып тігілген сырт киім түрлері жоғары бағаланған. Дәстүрлі ортада жас төлді соймайтындықтан, *құлынжарғаққа* көбіне өздігінен өлген Қ. терілері қолданылған. Дегенмен, ішінара аukatты байлар құрметті қонақтарына, күздікке сүтке тойған Қ.-ды арнайы соятын жайттар ішінара ұшырасқан.



Құлынжарғақ, ОМЭЭ – материалдарынан

Құлынга қатысты жосын-жоралғылар. Дәстүрлі ортада көктем шыға бие – құлындап, сиыр – бұзаулап, қой – қоздай бастаған шақта *көтенасар* деп аталатын рәсім малы бар әрбір шаңырақта кезекпен атқарылады. Бұл ғұрыптың мәні Құдайдан мал-басының амандығын тілеу болып табылады.

Қазақ арасында ертеректе жиеннің нағашы жұртына алғаш келген де *бәсіре* деп құлын немесе тай атайтын салт болған (к. *Бәсіре; Жылқы; Тай*).

Қ. қалыңмал есебінде де жүрген. Егер қалыңмалға құлынды бие берілсе, тіптен бие буаз болып құлындамағанның өзінде Қ.-ы қалыңмал есебіне кірген (к. *Қалыңмал / Қалың*).

Құлында кездесетін ауру түрлері. Кейде Қ.-дардың тамағының асты (алқымы) ісініп *сақау* деп аталатын ауруға ұшырайды. Бұл ауру Қ.-ның тынысын тарылтып, шөп жеуден қалдырады. Кейде *сақау* өздігінен жарылып жазылып кетеді. Ал, кейде *емсектер* оны бізбен шабақтап қанды ірінін сыртына шығарады (**қ. Сақау**).

Бие құлындағанда оның шуымен бірге *құлын еміздігі* бірге түседі. Оны кептіріп қойып әлсіреп ауырған малға суға қайнатып беретін болған. Ал, кейбір кездерде тұмса құлындаған бие шуына ет алмайтын, әлсіз баланы орайды.

Қыстың суығы мен тебіннің болмауынан арығы асқан кейбір биелер іш тастайды. Бұны халық тілінде *құлын тастады* деп атайды.

Әдеб.: *Ибрагимов И.И.* Этнографические очерки киргизского народа // РТ. Сборник, изданный по поводу политехнической выставки. Вып. II. Статьи по этнографии, технике, сельскому хозяйству и естественной истории. М., 1872. С.120-152; *Добросмыслов А.И.* Скотоводство в Тургайской области. Оренбург: Тургайский обл. стат. комитет, 1895; *Аргынбаев Х.* Қазақтың мал шаруашылығы жайында этнографиялық очерк. Алматы: Ғылым, 1969; *Толыбеков С.Е.* Кочевое общество казахов в XVII-начало XX века. Политико-экономический анализ. Алма-Ата: Наука, 1971; *Мұқанов С.* Халық мұрасы (тарихи-этнографиялық шолу). Таңдамалы шығармалар. XV том. Алматы: Жазушы 1979; *Жанәбілов Ш.* Қазақша мал атаулары. Алматы: Қайнар, 1982; *Шаханова Н.* Мир традиционной культуры казахов (этнографические очерки). Алматы: Казахстан, 1998; *Кейкін Ж.* Қазақ атаулар мен байламдар. Алматы: Өлке, 2000; ҚӘТС. 10-том. Алматы: Арыс, 2009; *Тоқтабай А.* Қазақ жылқысының тарихы. Алматы: Алматыкітап, 2010; ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰЛЫНДЫ ТЕМІР – жетім қалған құлынды басқа биеге емізу үшін жасалатын шара атауы. Бұл тәсіл кейде құлынынан жеріген биеге де қолданылады. Тіл зерттеуші Б.Бұқатұлының дерегі бойынша, құлынды «тоқым тарту» деп аталатын тәсілмен телиді. Ол үшін арқасына тоқым тартып байлаған биенің ұзақ жүргізіп терлетеді. Сонан әлгі тер сінген тоқымды құлынның жонына жабулап тастаса, оның арқасына биенің иісі сіңіп қалатындықтан бие оп-оңай қабылдайды. Төрт түлікте төлін телу барысында айтылатын арнайы телу жырының құлынға қатысты нұсқасы әзірге белгісіз (**қ. Телу**). Тек, құлынды телгенде «*гүру-гүру*» деген одағай сөз айтылады деген ғана мардымсыз дерек бар. Бұл шақыру-сөз, сірә, ересек жылқыға қатысты қолданылатын *құрау-құрау* шақыру сөзінің жұмсартылған нұсқасы болса керек.

Әдеб.: *Бұқатұлы Б.* Монғолиядағы қазақтардың тілі. Өлгий, 1991; *Хинаят Б.* Төрт түліктің мінез-құлықтарына қатысты дәстүрлі таным // *Жұлдыз*. 2000, №8-9. 123-129 бб; ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ материалдарынан.


ҚҰЛЫП – кілтпен ашылып-жабылатын, *есік, қақпа, сандық* тәрізді бұйымдарды бекітіп қоюға арналған темір құрал. Қазақ ұсталары ертеде Қ.-тың алмалы-салмалы және оймалы түрлерін қақтаған кара темірден жасаған.

Қажет кезінде алып-салуға ыңғайлап жасалған, есікке орнатылған шығырныққа, баспа темірге іліп қоятын құлыпты *аспа құлып*, ағашты ойып салған құлыпты *ойма құлып* дейді.

Аспа құлып екі бөліктен тұрады. Кілт сұғатын аузы бар негізгі бөлігін *құлып*, *алқа* деп айтады. Кілт салынатын негізгі бөлігінің жоғарғы жағына құлыпты ілетін имек, доға тәрізді *шаңбақ, құлақ* деп аталатын тетік орнатылады.

Қ.-тың халық арасында *құлып*, *алқа* (құлыптың батыс өңірлердегі атауы; шеңбер пішінді аспа құлып), *кілт* (құлыптың батыс аймақтағы және Ресей қазақтары тіліндегі атауы), *найша* (кішкене құлып түрі), *ілдірік* (Ауғанстан, Иранда тұратын қазақтар тіліндегі аты), *қақпа құлып* (қорғанның, қаланың қақпасына салынатын құлып), *темір құлып* (құлыптың темірден жасалуына байланысты аталуы), *қара құлып* (есікке, қақпаға салынатын үлкен аспа құлып) тәрізді түрлері мен атаулары кездеседі.

Есікке, қақпаға құлып салу (ілу) үшін жасалған, жұмыр темірден шеңберлеп соғылған темір бөлшек *шығыршық, шұжық, жанжыл, зұлпы*, ал сандыққа құлып салуға арналған бұндай тетік *баспа, баспа темір, кекіл* деп әртүрлі аталады (**қ. Баспа; Баспа темір**).



Құлып. ҚР МӨМ материалдары бойынша суретті салған Б.Досымов

Қ.-ты ашып-жабатын құралды *кілт* деп атайды. Кілттің атқаратын қызметіне байланысты оның *ашиқыш, ашар* деп қолданылатындығы ұшырасады. Қ. *кісен* деп аталатын темір тұсауға да салынады. Кісеннің құлын ашып-жабатын кілтті кей жерде *түртпе* деп айтады.



Сандыққа салатын аспа құлып. ҚР МӨМ материалдары бойынша суретті салған Б.Досымов

Ертеректегі қазақ тұрмысында есікке құлып салу әдет болмаған. Қ. салу бай адамдардың алтын, күміс қазынасы бар сандықтарында кездесетін. Есікті үйге адам жоқта ит-құс кіріп кетпесін деп сықырлауық қойып, жіппен байлай



салған немесе сыртынан ағашпен тіреп қойған. Тіпті жолаушының есігі құлыпталмаған иесі жоқ үйге кіріп, сусын ішіп шығуы әбестік саналмаған. Үй маңынан өткенде құлыпталмаған есіктен сығалап қарау әдепсіздікке жатады.

Кейбір оңірде қалыптасқан жосын бойынша, адам ай арасында (*өліарада*) қайтыс болса немесе кісісі өлген үйде тағы біреу қаза болса, соңғы адамды жерлегенде *ақымның* аузына құлып салып бекітіп, кілтін сыртқа тастайтын ырым болған.

Сөз болып отырған құралдың екінші түрі – формасы төртбұрыш етіп темірден соғылатын *тілшелі Қ*. Этнографиялық экспедиция барысында мәлімет берген ұста Ерсайын Бағдатұлының мәліметіне қарағанда, қорап тәрізді етіп соғылған алқасының ойыс етіп жасалған бөлігі *аңқа* деп аталады. Ал, Қ.-тың бір бүйірі тұйық болады, оған қарама-қарсы жатқан бүйіріне құлыптың *қақпағы* киіледі. Қ.-тың кілт сұғылатын тесігі бар жанына ұзыннан салынған темір *табалдырық* деп аталады, оның бойымен *кілт* «жүгіреді».

Тілшелі Қ.-тың негізгі тетігіне саналатын *қақпақ* оның қорабының бір жақ қырындағы арнайы «қонағына» сұғына жабылады. Қақпаққа перпендикуляр түрде *арқалық* және *қанат* деп аталатын тетіктер бекітіледі: арқалық құлыпталатын заттың баспа кекіліне киіледі. Ал, қанаттың бүйірлеріне серіппелі темірден бекітілген тіл немесе тілшелер қораптың шетіндегі арнайы тесіктен өткен соң «бекітіп» ұстап қалады. Қ.-тың сенімділігі оның қанатының санына және соғылған темірдің серпімділігіне байланысты. Ал ашар кезде Қ.-тың табылдырық тұсындағы тесіктен кілтті сұғып көтерген кезде, аталған серіппелі темір қысыла келіп, жоғары жағындағы тесіктен сырт етіп шығып кетеді.



Тілшелі құлып және оның тілі мен кілті. Тілінің құлағы мен екі тілшесі бар. ҚР МОМ қорынан (КП 27758/1, 7, 9)

Мұндай Қ.-тың кебежеге салынатын көлемі сіреңке қорабындай түрінен бастап, дарбазаға салынатын жұдырықтан үлкен болады. Үлкендеу түрлерінде қақпақ

саны төртке дейін болады және Қ.-тың жан-жақ қырынан қорапқа енгізіледі. Соған сай сонша дана кілт соғылады.

Салған кезде көзге көрінбейтін Қ. түрін ел ішінде жасырын Қ. деп атайды. Ол көбінесе ағашты қашап салатын соңғы кездері таралған Қ.-тарға тән.

Сайып келгенде, Қ. көшпелі тұрмысқа тән емес, басқа жұрттардан этномәдени байланыс барысында енген бұйым деуге болады. Оның *аспа* түрін орыс Қ. *тілшелі* түрін монғол Қ. деп те атау кездеседі.

Әдеб.: ҚСЭ 7-том. Алматы: Қазақ совет энциклопедиясының бас редакциясы, 1975; Қазақ тілінің аймақтық сөздігі. Алматы: Арыс, 2005; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰМ – 0,1-5 мм шамасындағы сусымалы, киыршық минерал жыныстар тобы. Қоршаған ортада Қ. көп тарағандығынан қазақта Қ. сөзі қосылған терминдер жиі қолданылады. Мысалы: «Құмған», «Аққұман» атауларында Қ. қыштын құрамдас бөлігі болғандықтан, осы сөздердің түбірі болып келеді.

Қазақта шөл және шөлейт жерлердің атауларында Қ. сөзі жиі қолданылады. Мысал ретінде қазақ жеріндегі Қызылқұм, Мойынқұм, Қарақұм, Лекқұм, Борсыққұм, Нарын құм сияқты атауларды айтуға болады.



Қызылқұм. Дүйсебай құдығы. ТС. 301 том (СПб. 1883 ж.) атты жинақтан

Қ.-дардың ерекше өзіндік бедері болады. Бекімеген Қ.-дар жал-жал болып желдің бағыты бойында төбелер, қыркалар, ойыстар түзеп, желдің әсерінен өзгеріп жатады. Мұндай жылжымалы шөлдерді қазақ *шағыл құм* деп атайды. Шағыл құм шаруашылыққа игеруге қолайсыз жерлер қатарына жатады. Бірақ, өсімдіктер өсіп, бекіген Қ.-дың белес-жондарында, сай-салаларында малға жайлы өсімдіктер тобы қалыптасып, кейбір жерлерінде бұлақ көздері, көлдері мен сорлары бар кішігірім құмды адырлар мен ойыстар мол кездесетіндігіне байланысты, әсіресе, қыс мезгілінде жайылым ретінде қолданылады. Тұран ойпатындағы Нарынқұм, Борсыққұм, оңтүстік батыстағы Қызылқұмда жер бетінен 0,5 – 1,5 шейін жақындықта жатқан тұщы су көздері кездеседі.



Құмдағы түйе жайылымы. ОМЭЭ – материалдарынан

Қ.-да негізінен *сексеуіл, қарабатқыл, қарасора, жаңғақ, күйреуік, жыңғыл, жиде, кекіре, тораңғы* сияқты ағаштар мен бұталар, сондай-ақ *балықкөз, алабота, бұзаубас, текесақал, қарасора, бозбота, торғайоты* сияқты шөптесін өсімдіктер өседі. Қ. өсімдіктері халықтық топтау бойынша *қара от* қатарына жатады. Оны *ащы от* деп те атайды. Мұндай өсімдіктер топтастығы малды қара күзден бастап қыс бойы жайғанға жайлы, азықтық қуаты мол болып келеді. Қыс мезгілі көктемге ауып күн жыли бастағанда және ерте көктемде Қ.-да өсетін эфемерлер (*наурызгүлдер тобы, жауқазын, қызғалдақ, көкек гүл* т. б.) малдың көктемгі отын құрайды (**к. От; Қара от; Наурызгүл.**)



Құмдағы шыңырау құдық.
ТС. 102 том (СПб., 1878) атты жинақтан

Шөлді және шөлейт жерлер аптап ыстыққа және судың тапшылығына байланысты жаз кезінде пайдаланылмайтын, ал қыстың күні керісінше, қары аз, сай салалары ықтасын болып, беткейлерінде шөбі көрініп тұруына байланысты қысқы жайылымға қолайлы болып келеді (**к. Жайылым**). Ертеден қалыптасқан дәстүр бойынша, қазақтың көшпелі мал шаруашылығында қысқы жайылымдардың басым көпшілігі шөл және шөлейт жерлерде орналасатын (**к. Қыстау**). Қ.-да қазақ малшылары қоралар салып (*Қызылқұм, Маңғыстау түбегі сияқты қысы жылы, қары аз өңірлерде қора салмай көңдерді пайдаланатын*), жер асты суларының жақын орналақан жерлерінде, қыстаулардың

маңынан мал суаратын үлкен *орпа* құдықтар қазып, қыстайтын болған (**к. Орпа; Көң**).

Ғасырлар бойы қалыптасқан қазақтың дәстүрлі мал шаруашылығындағы Қ. шағылдағы қыстау осындай экологиялық күйі мейлінше қатаң табиғи кеңістікті тиімді игерудің бірегей тәсілі болып табылады. Қазақтар Қ.-дарды мал шаруашылығына ғана емес, егіншілік мақсаттарда игерген. Ойпаңдарға егін егіп, бақша өсіретіндігіне Л. Чермак өз зерттеуінде ден қойған. Мұндай егіншілік тәсілі Сыр бойындағы Қ.-дарда да кеңінен қолданылғаны белгілі.

Әдеб.: Чермак Л. Оселдые киргизы – земледельцы на р. Чу // ЗСОИРГО. кн. XXVII. Омск, 1900. С.1-24; Аргынбаев Х. Қазақтың мал шаруашылығы жайында этнографиялық очерк. Алматы: Ғылым, 1969; Толыбеков С.Е. Кочевое общество казахов XVII – начало XX века. Политико-экономический анализ. Алма – Ата: Наука, 1971; Хозяйство казахов на рубеже XIX-XX веков. Материалы к историко-этнографическому атласу. Алма-Ата: Наука, 1980; Масанов Н.Э. Кочевая цивилизация казахов. Основы жизнедеятельности кочевнического общества. М.: Горизонт, 1995; КР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰМСАҒЫЗ – Қазақстанның шөлді және шөлейт жерлерінде өсетін, бойында ақ, сүт түстес шырыны бар, көп жылдық өсімдік (латынша атауы – *Chondrilla aveo*). Өсімдікке зақым тигенде (кесілу, үзілу т.б.), жараланған жерінен аққан шырының ауаның әсерінен қатайып, қоңырқай түсті буынтақиналарға айналады. Осы буынтақшаларды *сағыз* дейді. Халық ежелден *сағызды*, баланың ермегі ретінде, ал кейбір жағдайда тіс тазалығы мақсатта шайнайтын болған (**к. Сағыз**).



Құмсағыз. Интернет материалдарынан

Қ. кептірілген сабақтары мен тамырынан жасалған тұнбасы халық медицинасында іш өткенді тоқтату үшін қолданылады. Қ. көшпелі құмды тоқтататын өсімдіктер қатарына жатады, осы тұрғыдан экологиялық мәні өте жоғары.

Қазақстан жерінде құрамында табиғи латекс бар басқа да өсімдіктер кездеседі, оның ішінде *таусағыз (Scorzonera tausaghyz)*, бен *көксағызды (Taraxacum koksaghyz)* ерекше атап өтуге болады (**к. Таусағыз**). Ғылымға ХХ ғ.-дың 20-шы жылдары белгілі болған бұл өсімдіктердің латыншасында қазақша атаулары сақталған. Бұл өсімдіктердің құрамындағы табиғи латекстың пайыздық құрамы өте жоғары болғандықтан, ХХ ғ.-дың 30–50-ші жылдары Қазақстанның оңтүстік, оңтүстік шығыс аймақтарында техникалық дақыл ретінде өсірілгені белгілі. Синтетикалық каучукты өндірудің арзан технологиялары игерілген кезде өндірістік мәні жоғалып, бұл сағыздың түрлерін өсіру тоқтатылды. Әйтсе де, осы күні табиғи каучукқа



сұраныстың туындауына байланысты экспериментті түрде өсіру қайта қолға алына бастады.

Қ.-дың жоғарғы аталған өсімдіктердей өндірістік мәні болмаса да, дәстүрлі мәдениетте өзіндік орны болғаны белгілі. Қ. атауында көрсетіліп тұрғандай, балалардың, ермек үшін сағыз жасауға жинайтын өсімдік болған. Сағыз жасау үшін, әдетте Қ.-ды түбірімен жұлып алып көленке жерге кептіріп қоятын, сонда түбірдің үзілген жеріндегі сүтке ұқсас сұйықтық кеуіп қоңырқай түсті, қатқыл түйіршік болып кеуіп қалады. Соны жинап алып суға салып топырақ-құмынан арылтып тазаланғаннан соң шайнаса, бас кезінде аздаған ашқылтым дәмі болады да, біраздан соң жұмсарып, ашқылтым дәмі кетіп кәдімгі сағызға айналады.

ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰМА – жаугершілікте, соғыста хан, сұлтан, бек, т.б. тәрізді мәртебелі лауазым иелерінің қолға түскен әйелдері (ескіше қатындары) мен қыздары деген ұғымды білдіретін көне атау. Белгілі ғалым Е.Жанпейісов Қ. атауын ұлы суреткер М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясында *тоқал* сөзімен мазмұндас мағынада қолданғанын атап өтті. Зерттеуші түркі тілдерімен жазба ескерткіштерді салыстыра отырып, *тоқал* мен Қ. атауларының мағыналық жағынан шендесетін семантикалық өрісі болғанымен, олардың әртүрлі ұғымдар екендігін дәлелдеді.



Тұтқын құмалар. Н.Н. Карзиннің суреті. «Нива» журналынан. ҚР МӨМ – материалдарынан

Байырғы казак тұрмысында Қ.-лардың өзін ғана емес тіпті олардан туған балаларды да кемсіте қарағаны «Абай жолы» эпопеясындағы төмендегі жолдардан аңғарылады: «*Бөкенші, Борсақ құмадан туып па?; Ырғызбайда етек алған ел болды. Жатың емес, туысқаның! Есе бермей құмадан туып па?*» Шапқыншылықта, үркін-сүргінде қарсы жақтың хан, сұлтан, бек тәрізді әлеуметтік мәртебесі жоғары топтың, әулеттің, билеушілердің әйелдері мен қыздарын қолға түсіруге тырысқан (қ. *Бек; Сұлтан; Сүргін / Үркін-сүргін; Хан; Шапқыншылық*).

Қ.-лар соғыста қолға түскен үлкен олжаның бірі саналған. Академик Р.Сыздықованың айтуынша, Қадырғали би Жалайырдың тарихи жазбаларындағы мәліметтер бойынша, Қ.-ларды олжа ретінде хан, сұлтандар, бектер мен батырлар өзара үлесін әйел етіп алатын болған немесе

сауқат деп сыйға тартады (қ. *Сауқат; Сәлем-Сауқат*). Алайда қалыңсыз алған, некесіз әйел болғандықтан Қ.-лардың әлеуметтік мәртебесі қалың мал беріп, некелеп алған бәйбіше мен тоқалдай болмаған.

Әдеб.: Жанпейісов Е. Этнокультурная лексика казахского языка на материалах произведений М.Ауэзова. Алма-Ата: Наука, 1989; Сыздықова Р. Сөздер сөйлейді. Алматы: Мектеп, 1980; ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰМАЙ – өлексемен қоректенетін ірі құс. Көзі өткір өте жоғары биіктен жердегі қорегін көреді (латынша – *Gyps himalayensis*). Ұясын биік таулар мен қарлы шыңдардың басына салып, ақпан, наурыз айларында 1 немесе 2 жұмыртқа басады. Балапандары жұмыртқаны жарған соң, шамамен 50 күн өткенде қанаттана бастайды. Қ.-дың асқазаны сүйекті оңай қорытатындықтан өлекселермен қоректенгенде кесек еттермен қатар көмейінен өтетін ірі сүйектерді де қиналмай жұта береді. Қ.-дың тағы бір ерекшелігі жұқпалы ауруға шалдығып қырылып қалған жан-жануарлардың өлексесін жесе де, ауруға шалдықпайды, әрі ауруды таратпайды.



Құмай. ТС. 81 том (СПб., 1878) атты жинақтан

Халық арасына тараған аңыздарда Қ. ертеректе бүркіттен де үлкен жыртқыш құс болған екен. Ол уақыт өте келе адамға түскен. Сосын Жаратқанның қаһарына ұшырап, аяқтарының тырнақтары мұқалып, бүгіліп тек өлексемен қоректенетін құсқа айналып қалған деседі. Қазактың Құмай бүркіт болғанмен, түк ілмейді дейтіні содан қалса керек.



Құмай. ОМЭЭ – материалдарынан

Этнограф А.Токтабай мәліметіне карағанда, Қазақстанның шығысында Сайқан-Сауыр деп аталатын таудың бір жартасында ағаш бұтақтары мен шөптен салынған көлемі күркедей болатын үлкен ұя күні бүгінге дейін сақталған. Оны жергілікті халық «Құмай ұясы» деп атап кеткен. Үлкендігі күркедей үлкен ұя салған құстың өзі мен оның жұмыртқасы қандай болғаны таңданарлық жайт.

Дәстүрлі саятшылықта аңға түсетін тазылардың ішіндегі алғыр, қагілез, жүйріктерін құмай тазы деп атайды. Тазы итті осындай метафоралық сөзбен атау оның жүйріктігін, һәм алғырлығын Қ.-ға теңеуге байланысты қалыптасса керек (**қ. Құмай тазы**).

Әдеб.: Махамбет Жыр – семсер. Алматы: Жазушы, 1979; *Кәмәлашұлы Б.* //А.Т. 1994 ж. №2 13 қаңтар; *Токтабай А.* Қазақтардың аншылыққа, құсбегілікке, балық аулауға байланысты жора-жосындары // Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет ғұрыптары. 1-том. Біртұтастығы және ерекшелігі. Алматы: Арыс, 2005. 116-126 бб; ҚӘТС. 10-том, Алматы: Арыс, 2007; ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰМАЙ ШӨП – мақта арасында өсетін тары тектес көпжылдық арам шөп. Сыпыртқы құмай, бал құмай, шай құмай, қонақ құмай сияқты т.б. көптеген түрлерінің ішінде мал жесе тез қонданып семіретін, азықтық құмай түрі пайдаланылады. Оны әрі мал да жақсы жейді. Мақта арасына мал кіре алмайтындықтан, орып алып жем ретінде береді.

Әдеб.: ҚӘТС. 10-том. Алматы: Арыс, 2009; ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰМАЙЫҚ / ҚҰМАЙ ТАЗЫ – дәстүрлі түсінікте алғыр, жүйрік тазы атауы. Қазақ тілінде Қ. немесе құмай тазы ұғымы жүйрік, шапшаң деген мағынаға ауысқан. Мысалы, тілдік қолданыста *құмай ат* – жүйрік, төзімді ат, *құмай көңіл* – жүйрік көңіл, *ұшқыр қиял*, *құмай ит* – аңкөс, алғыр ит деген мағына береді.

Атаудың түптөркіні тазы иттің желдей жүйткіген ұшқырлығы мен ептілігін құмай деп аталатын құсқа теңеуден туған (**қ. Құмай**). Сөйтіп тазыны құстың жұмыртқасынан пайда болған деп түсіндіреді. Осыған қатысты аңыздардың бірі Қ. алып *қарақұстан* пайда болды десе, екіншісінде оны *ит (сары) ала қаздан* туды дейді (**қ. Ит ала қаз**). Ұғымның түптөркіні әлем халықтарының байырғы мифтерінде кездесетін бүркіт тұмсықты, арыстан сұлбалы алып *қарақұсқа* немесе *самұрыққа* (грифон) байланысты туғанға ұқсайды. Сондай алып құстың жұмыртқасынан Қ. күшік пайда болатындығы жайлы түсінік С. Қондыбайдың пайымдауынша, прототүркілік ортада қалыптасқан. Ол жаратқанның өсіп өркендеу идеясының бастауына саналатын *Ұмай* тәңірі ұғымымен астасады (**қ. Тәңірі; Ұмай**). М.Әуезов келтірген қазақ шопандары қиялдаған «*ерен-ерек жан иелері*» ретінде арман еткен төрт түлік пен үй жануарлары сияқты Қ. ит те (сондай-ақ, қасқырда сырттан) осындай мотивтен туындаған деуге болады (**қ. Қасқыр; Сырттан**). Түркімен, қырғыз сияқты жұрттарда кездесетін Қ. тазыға қатысты ұғым халықтық утопиямен сабақтастықта пайда болған (осындай ықпалмен парсы мифологиясында *гамаюн*, *хумаюн* туралы мотивтер қалыптасқан).

Саяндағы түркі жұрттарының космологиялық мифтерінде Қ. құстың жаралуы туралы архаикалық мотив – түркі

жұрттарының фольклорына ортақ. Хакас мифінде Енесай бойында ержеткен жетім батыр Көкөтай аспандағы сары ала қаздың ізімен ұясын тауып, күшіктей қынсылаған жұмыртқаны кездестіргені баяндалады. Одан Хубай-Хус пайда болуы тиіс. Хакастардың көне наным-сенімі бойынша, *саралақаздың* алғашқы балапанынан қанатты күшік шығады. Оны көбінесе құс өзі жеп қояды екен. Бір жолы жұмыртқаны қолтығына алып жылытқан Көкөтай батыр Қ. күшікке ие болады. Сөйтіп оған *бақ* қонып, *ырыс* тасып, тұрмысы оңалады. Өзіне іштей серт берген ол бірде Қ.-ты моңғол ханына сатып жібергеннен соң бағы қайтқан екен деседі. Бірақ, жаңа жерді жерсінбеген Қ. Енесайды сағынып қайтып келген екен. Оны маралға салғанымен жете алмапты. Сөйтіп Қ.-ты Көкөтай қарғаған екен дейді. Қарғысқа ұшыраған Қ. тасқа айналып кетіпті. Кейін олар *Ұшарқар-Таразы* жұлдызының элементтеріне айналған екен (**қ. Ұшарқар-Таразы**).



Құмай тазылар. ОМЭЭ – материалдарынан

Құстың жұмыртқасынан күшік пайда болуы туралы архаикалық ұғымның желісі *ит ала қаз* немесе *сарыала қазбен* байланысты өрбіді (**қ. Ит ала қаз**). Ә.Диваевтың қазақтардың арасынан жазып алған аңызында, ондай Қ. күшік ескі мазарларға немесе иен түздегі төбе тәрізді адам аяғы баспайтын жерлердегі иесіз қалған індерге салған *ит ала қаздың* жұмыртқасынан пайда болады. Оны құс қалдырып кететіндіктен оның көбі аштан мерт болады.

Қ. жолы болайын деген адамға ғана кез болады деп есептелінеді. Қ. иттің төсі кара немесе ақ болады, асқан епті, өзі ұшқыр, қуғанын ілмей қоймайтын нағыз тазының өзіне айналады. «*Ит төресі құмайық, құс төресі бидайық*» немесе «*Ер жігіттің үш жолдасы бар: жүйрік ат, құмай тазы, қыран бүркіт*» деген сөз орамдары Қ.-тың аталмыш қасиеттерінің дәстүрлі қазақы ортада ерекше қастерленгендігін көрсетеді (**қ. Бидайық**).

Қ. тазы иттің жүні тақыр, тықыр, жарғақ құлак, салық төс, мықыны тар, сирағы бұлшық етті, сіңірлі, жылдам әрі қагілез түрі Қ. т. деп саналады. Құмай тазымен аңға шығудың өзіне тән ерекшелігі бар (**қ. Тазы**).


Әдеб.: *Будагов Л.З.* Сравнительный словарь турецко-татарских наречий, со включением употребительнейших слов арабских и персидских и с переводом на русский язык. Т.1. СПб.: Тип. импер. АН, 1869; *Диваев А.А.* Ит-ала-каз // ЭО. 1908, №1-2. С. 149-150; *Турсунов Е.Д.* Происхождение носителей казахского фольклора. Алматы: Дайк-Пресс, 1973; *Жанпейсов Е.Н.* Этнокультурная лексика казахского языка на материалах произведений М.Ауэзова. Алма-Ата: Наука, 1989; *Тахо-Годи*



А. А. Грифоны // Мифы народов мира. Энциклопедия в двух томах. Т.1. М.: Советская Энциклопедия, 1991. С.336; *Бутанаев В.Я., Бутанаева И.И.* Эне-Сай кыргыздары: фольклор жана тарых. Бишкек: Кыргызстан-Сорос фонду, 2002; *Кондыбай С.* Казахская мифология: краткий словарь. Алматы: Нұрлы әлем, 2005; Қазақ әдебиетінің тарихы. 1-том. Қазақ фольклорының тарихы. Жалпы ред. басқарған С. Қасқабасов. Алматы: ҚазАқпарат, 2008; *Тойшанұлы А.* Түрік-моңғол мифологиясы. Алматы: Баспалар үйі, 2009; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰМАЛАҚ – қой мен ешкі түліктерінің домалақ пішінді киының атауы. Сәл сопақша болып келеді, диаметрі 1-1,5 см шамасында. Өте тығыз болатындығы соншалықты, жауын-шашынға төтеп береді. Осындай тығыздығына және көлемінің шағындығына байланысты формасы ұзақ уақытқа сақталады. Әдетте жас түскен Қ.-қа қарап малдың аш немесе тоқ екендігін бажайлайды. Малдың тойғандығы Қ.-тың ірі және дымқылдығынан көрінеді. Ашқұрсақ малдың Қ.-ы құрғақтау әрі кішірек түседі.

Қой-ешкінің жатын орнындағы көп жиналған Қ.-тар *қорда*, ал, әбден үгітілген күйге түскендерін *бопыр* деп атайды. Оны күрекпен жинастырып, бір жерге үйіп қойып мал астына төсеген. Астына құрғақ бопыр төселген малға сыз, тонның салдарынан суық өтпейді (қ. *Бопыр; Күбір / Қорда*). Қойдың астындағы *бопыр* тұяғымен тапталып, шындалып *қи* болып байланады. Көктем уақытында қиды ойып, сыртқа шығарып жинастырады да, кепкеннен кейін отын ретінде пайдаланды (қ. *Қи*).



Қой құмалағы. ОМЭЭ – материалдарынан

Дәстүрлі ортада нәрестені қыркынан шығарғанда арнайы дайындалған тегештің үстіне әлгі нәрестені ұстап тұрып басына қойдың қырық бір Қ. салынған ыдыстағы суды ептеп құяды. Ыдыстағы су құйылып болғаннан кейін тегештегі суға *теңге, жүзік, сақина, сырға* сияқты күміс бұйымдар салып, баланы шомылдырады. Бұл ғұрып бұған дейін «әрі-сәрі» күйде болған баланың сүйегі қатайып, еті ширап, «адамдар әлеміне келгенін» білдіреді. Осы жосынды адам қайтыс болғаннан кейін қырық күн өткен соң атқарылатын «*қырқын беру*» үрдісінің «көрі» параллелі ретінде қарастыруға болады (қ. *Қырқы/Қырқын беру; Қырқынан шығару*).

Мал қотырын емдеуге қой Қ.-нан *қимайы* алынады. Алынған қимайды қотырға жазылғанша оқтын-оқтын жағып тұрады (қ. *Қимайы*). Малдың іші түйілін ауыратын ауру түрі *құмалаққата* деп аталады. Ол мал жеген жем-шөптің тоқ ішекте тұрып қалуынан туындайды. Сонымен бірге Қ. халықтық өлшемге негіз болып, ұсақ заттарды *құмалақтай* деп атау қалыптасқан.

Ерте кездерде жас балалар түйенің, қойдың кепкен құмалағын жиып алып «*қой бағу*» ойынын ойнаған. Мұнда түйе Қ.-ы «қой», ал қойдың Қ.-ы «қозы» деп есептелінді. Балалар әлгі «қой» мен «қозыны» өздерінше «жайып», «қоралап», бір-біріне қосылып кетпеуін «қадағалады». Осылайша олар күнделікті өмірде көргенін өздерінше ойынға айналдырған (қ. *Ойын; Ойыншық*).



Тоғызқұмалақ тақтасы.
ҚР МОМ қорынан (КП 1703/1086)

Қ. құмалақ ашуға, тоғызқұмалақ ойынын ойнауға пайдаланылған. Қ. ашып сәуегейлік жасайтын адам *құмалақшы* аталады. Олар Қ. ашуға қой Қ.-ып пайдаланады және де оны арнайы тігілген *құмалақ дорбасына* салып өзімен бірге алып жүреді (қ. *Құмалақ ашу / Құмалақ салу; Тоғыз құмалақ*).

Сонымен бірге, халық арасынан жиналған мәліметтердің бірінде Қ.-ты ауаның ылғалдылығын болжауға да пайдаланғандығы айтылады. Ол үшін Қ.-ты ұзындау қылға байлап кереге басына іліп қойған және де Қ. салбырап тұрған төменгі тұсын кертіп белгілеген. Ауа ылғалдылығы артқан кезде Қ. ілінген қыл сәл де болса ұзарған. Осыған байланысты ауаның ылғалдылығы анықталып отырған. Бұл тәсіл әрі жауын-шашынның болатындығын алдына ала болжауға мүмкіндік берді.



Кереге көгіне ілінген қыл жабысқан құмалаққа қарай ауадағы ылғалдық мөлшерін шамалайды. ҚР МОМ материалдары бойынша суретті салған Б.Досымов

Ертеректе кейбір атбегілер жүйрік атты баптауда оның жана түскен «көк құмалағынын» (жас Қ.) бірін жанып жатқан отқа тастап, күл болып жанып біткенше жүйрікке от шалдырады екен. Одан кейін жайылтуды токтатып оны көлеңке жерге немесе қораға қаңтарып байлаған (**қ. Жүйрік бантау**).

Әдеб.: *Добросмыслов А.И.* Скотоводство в Тургайской области. Оренбург: Тургайский обл. стат. комитет, 1895; *Аргынбаев Х.* Қазақтың мал шаруашылығы жайында этнографиялық очерк. Алматы: Ғылым. 1969; *Толыбеков С.Е.* Кочевое общество казахов в XVII–начале XX века. Алма-Ата: Наука. 1971; *Төтенаев Б.* Қазақтың ұлттық ойындары. Алматы: Қайнар, 1994; *Қалшабаева Б.К., Байғабатова Н.К.* Жетісу қазақтарының отбасына байланысты әдет-ғұрып, салт-дәстүрлері // Қазақтың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері: өткендегісі және бүгінгі. Мақалалар жинағы. Құраст. С.Әжіғали. Алматы: Ғылым, 2001. 99-117 бб; *Калышев А.Б.* Семейная обрядность сельского населения Павлодарского прииртышья // Қазақтың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері: өткендегісі және бүгінгі. Мақалалар жинағы. Құраст. С.Әжіғали. Алматы: Ғылым, 2001. 131-143 бб; ҚҰЭ. 6-том. Алматы: Казак энциклопедиясы, 2004; ҚӘТС. 10-том. Алматы: Арыс, 2009; ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰМАЛАҚ АШУ / ҚҰМАЛАҚ САЛУ / ҚҰМАЛАҚ ТАРТУ – қазақы ортада кең таралған жорамал жасау, болжау тәсілі. Қ. а.-да қырық бір құмалақты белгіленген тәртіппен «мүшелеп» бөлген кезде тоғыз ұяшыққа түскен құмалақ шаршысындағы құмалақтардың санын есептеп, болжам жасайды. *Құмалақ шаршысы* деп аталатын тоғыз ұяшықтағы тастарды тігінен, көлденеінінен және диагональ бойымен қосып есебін шығарады: яғни, олардың өзара қатынасын, байланысы мен тепе-теңдігі қалыптасқан ұстаным бойынша талданып, болжам айтады. Қ. а. тіршіліктің барлық саласына жүрді.


Бал ашудың бұл түрімен айналысатын адамды *құмалақшы* деп атаған (**қ. Құмалақшы**). Ал, құмалақ болжам жасайтын бірден-бір құрал болды. Ертеде қазақы ортада мұндай бал ашуға, көбінесе, сақа қойлардың ірі құмалағы қолданылды. Ешкінің құмалағы «*дұрыс сөйлемейді*» деп пайдаланылмаған. (оның себебін аталған түліктің зиратқа шығады, тұяғы «*шайтанның кебісіне*» ұқсас және т.б. жағымсыз сипаттарымен байланыстырады).

Әлдебір төтенше оқыс жағдайға байланысты құмалаққа қол жетпесе, құмалақтың орнына *тұздың* ірілеу түйіршіктері пайдаланылды. Сондай-ақ, таспен де Қ. а. жосыны болды. Ол үшін әлгі тастарды адам аяғы баспаған жерден немесе өзен табанынан теріп алынады. Осыған байланысты бұл бал ашуды кейбір жерлерде «*тас ашу*» деп те атаған. Бірақ, таспен бал ашуды Қ. а. дәстүрі қоспады. Өйткені, тас «жынысы қатты» дүние болғандықтан дұрыс «сөйлемейді» деп есептеді. Біздіңше, таспен Қ. а. тым бергін – совет дәуірінде қалыптасқан атеизмнің уытына ұшыраған жасанды үрдіс сынайлы. Алайда, *өрік бұршақ, жүгері, бидай* сияқты астық дәндерін құмалақ орнына пайдалану дұрыс деп санайды. Өйткені, дән құмалақтан кейін жақсы әрі дұрыс «сөйлейтін» құралдың есебінде болды.

Қ. а.-ға арналған құмалақты ақ шүберекке орап немесе құмалақ *дорбасына* салып таза жерге сақтайды. Қ. а. кез келген жағдайда қолданылып отырылды. Ертеде

хан сарайларында *жұлдызшы, жауырыншымен* қатар *құмалақшылар* да болған деген мәлімет бар. Қ. а. арқылы адамның (және қауымның) алдағы өмірінен күтелетін жамандық пен жақсылық (ырысы, қуанышты немесе жұбанышты жайт, өлім, пәле-жала және т.б.) және кез-келген жағдайларға қатысты жайттарға (ұрланған мал-мүліктің қайда, жолға шыққан жолаушының жағдайы, аурудың емі, оның салдары) жорамал жасалды немесе болжанды.

Құмалақ ашудың негізі. Қ. а. – адамзатқа ортақ жосындардың бірі. Адамзатқа түскен қасиетті төрт кітапта сан мен цифрға негізделген болжам жасаудың астрологиялық негізі ретінде қарастырылады. А. Машанидің пайымдауынша, әрбір санның, әріптің (тіңгі есімнің де) өзінің анықтамасы, мәні бар деп келетін түсінікке негізделеді.



Құмалақ ашу. ОМЭЭ – материалдарынан

Кейбір зерттеушілердің пайымдауынша, Қ. а.-дың негізі мұсылман дініндегі араб алфавитінің өзгеше тізілу ретін көрсететін *абжад* жүйесіне ұқсас. Ол бойынша өзіндік иесі бар әріптерді біріктіріп құрастыру арқылы оларға иелік етуші сандарға ден қойған. Ел ішіндегі қарапайым құмалақшылардың айтуына қарағанда, «*Құран әліппесі мен құмалақ ашу арасында үндестік бар*».

Жалпы Қ. а. дәстүрі дүниедегі көптеген халықтарда, кездеседі. Мысалы, 43 тал бұршақпен бал ашу ертеде ирандықтарда болған. Орыстарда XVII ғ.-дан 41 бұршақпен бал ашу дәстүрі таралған. Оның бал ашу тәртібі мен құрылымы, тіпті түскен бұршақтың санына қарай болжам жасауы қазақтардың Қ. а.-мен үндес болып келеді. Ресейдегі магия мен бал ашуға қатысты тарихи деректерді зерттеген ағылшын ғалымы В.Ф. Райанның мәліметіне қарағанда, мемлекеттік іс басқару құжаттарында 1650 – 1680 жж. хатқа түскен бұршақпен бал ашу туралы деректер кездеседі. XVIII ғ.-дан бұл іспен тек әйелдер айналысқан деседі. Мұндай бұршақ, астық дәнімен бал ашу еуропалықтар арасында (геомантияда) онан бұрын белгілі болған. Алайда, орыстарда таралған мұндай бал



ашуда 41 тал бұршак қолданылғандығы ден қойдырады. Сонымен бірге, құмалақ салғандай үшке топтап, әр топты төрт-төрттен бөліп жіктейді. Әрі ұяшықтардың атауы сөз етіп отырған қазақтардың Қ. а. практикасымен өте жақын болып келеді. Мәселен, ұяшықтарға түскен бұршак саны тақ болса жақсылыққа, жұп болса келенсіз деп түсіндірген. Сондай-ақ, түскен шаршының ортаңғы қатарын қазақ құмалақшылары тәрізді атайды, олардың сипаты да өте жақын: бірінші ұяшығын қазақтар құмалақ мандайы десе, орыстарда «голова» дейді және адамның мінез-құлқын білдіреді деген. Ал, екіншісін – «сердце» (қазақ Қ. а.-да да *жүрек*) сезім мен сүйіспеншілікті білдіреді. Үшінші ұяшықты «рука» (оны қазақтар *құйысқан* дейді) – байлық пен дәулеттің көрсеткіші. «Қол» кейде аяққа да айналып кетеді: «нога в походе» деген қазақ құмалақшыларының «аяғы үзеңгіде» дегеннің эквиваленті.

Қ. а.-дағы ұяшыққа түскен сандардың нумерология үрдісімен сабақтас. Мәселен, Қ. а.-да жақсылыққа баланатын 3 саны немесе үштің үш мәрте қайталануы 9, сондай-ақ «жетіскеннің жетеуі» дейтін 7 санының адамға тигізер шарапаты, әкелер жақсылығы мол деп ырымдайды.

Қ. а.-дың қыр-сырына байланысты жариялаған А.Машани, Т.Өмірзақұлы, М.Қожахметова сияқты авторлар мен этнографиялық экспедиция барысында ел ішінен жинақталған материалдарды арқау ете отырып, оның практикалық қырына тоқталамыз.

Құмалақ ашу түрі. Қазақ халқында құмалақпен бал ашудың бірнеше түрі бар.

а) *Біртартар құмалақ* деп аталатын Қ. а. түрі жаугершілік заманында қысылтаян шақта тартылған. Екіге бөлген құмалақтың оң қол жақтағы бөлігін тартқаннан кейін бір құмалақ қалса, сәттілікті білдіреді деп есептеген. Бұл жорыққа шығуға жол ашылды дегенді білдірді. Ал, қалдық екеу болса, жорыққа шықпаған. Мұны ел арасында *Көтібар батырдың біртартары* деп те атайды.

ә) *Шашпа құмалақ.* Көрінкел бақсылар құмалақты есіктен төрге қарай жерге шашып қалған кезде ұйысып немесе шашылып түсуіне және құмалақтардың түр-түсіне қарай «сөйлеген» деседі. ҚР МОМ тарапынан ұйымдастырылған этнографиялық экспедиция барысында экспедиция мүшелеріне Алтайдың тұрғыны Ауғанбай есімді құмалақшының 41 құмалақты шашып жіберіп, белгісіз есімдерді (шамасы ру аталарын, аруақты адамдардың есімі) қайталай, оң қолының ортаңғы саусағын сілтей отырып болжау жасағанын көрудің сәті түсті.

б) *Ырым құмалақ.* Күн мен түннің көктемгі теңелген кезінде шыққан күнмен жарысып үш рет тартылатын бал түрі. Осы жосын бойынша, Тәңір, патша және аруақтардың пиғылына жорамал жасалған.

в) Сол сияқты Қ.а.-дың «*Бес қазан құмалақ*» деген түрін атқару кәнігі құмалақшылардың ғана қолынан келетін. Осы мәселеге байланысты М.Қожахметованың еңбегінде Қ.Арыстанұлы есімді құмалақшының төмендегідей ерекше

ден қойдырарлық мәліметі келтірілген: бес жерге бір-бір құмалақты қойған соң қалғанын үшке бөліп, оны кәдімгідей төрт-төрттен жіктейді. Егер жұп қалса тиіспейді, тақ қалғанын апарып, «*бес қазанның*» қасына апарып қояды. Оны үш мәрте жасаған кезде «*бес қазан*» түгел болса, «*қазан толды*», яғни ырыс-берекенің мол екендігін білдірді деп есептеді. Яғни, ниет еткен кісінің ісі «оңынан туып», жақсылығы алдынан шығады.

з) Дегенмен, Қ.а.-дың ел ішінде ең көп таралғаны – **қырық бір құмалақ.**

Құмалақ ашу рәсімі. Құмалақшы жерге төселген *кілем, сырмақ* немесе *маяуза* үстіне жайылған матаға құмалақтарын ұзақ араластырып, іштей ниет етіп, психологиялық тұрғыдан дайындық жасайды. Құмалақ салдырушы адамнан максатын және тілегін анықтап алады. Бірақ, өте тәжірибелі «арқалы» құмалақшылар әлгіндей әңгімеге түспей өз-өзімен сөйлеп, бірден құмалақ ашуға кірісіп отырған.Қ.а.-дың алдында құмалақ шаршысының маңдай алдына «*кедергі жіп*» деп аталатын зат қойылады. Әдетте «*кедергі жіп*» ретінде *қамшы* немесе *таспыяқ* жүреді. Құмалақ ашылатын үйде металдан жасалған заттар болмауы керек дейді. Өйткені, ол құмалақтың ашылып «сөйлеуіне» бөгет жасайды.

Іштей ниет етіп, күбірлеп сөйлеген құмалақшы «*бисмиллаһи- иррахман рахим*» деп бастаған соң мынадай бата айтады:

*Пайғампар ашқан бал едің
Қырық бір шөттің басы едің
Ақ сөйле! Ақ сөйлесең нақ сөйле!*

немесе

*Пайғампар ашқан бал болсаң,
Оңнан да, солдан да кез боп түс !*

Қ.а.-дың өзіндік қалыптасқан ережелері бар: құмалақшы маңдайын күнге тосып отырады немесе бетін Құбылаға қаратады, ал құмалақ салдырушы оған бүйірлесе жүгіне отырады, өйткені, құмалақ шаршысының басы күнге қарап түсуі жорамалдың дұрыс, нақты болуына септігін тигізеді деп санайды. Осыған қарағанда, Қ.а.-дың түпнегізі астральдық культке, Күнге табыну ғұрпына, яғни Күн жүйесіндегі планеталардың өзара байланысының жер бетіндегі адамның тағдыр-талайына, күллі болмысына әсер ететіндігі жөніндегі дәстүрлі таныммен байланысты деп қарастыруға болады. Осы қисынның бір дәйегі ретінде күн батқан соң құмалақ ашуға тыйым салынатын дәстүрді айтуға болады.

Құмалақты жіктеу. Құмалақшы «*құралын*» араластырып, ниет етіп, батасын айтқан соң 41 тал құмалақты мүмкіндігінше көлемін шамалас етіп үшке бөледі. Өз кезегінде әлгі бөліктегі құмалақты төрт-төрттен жіктеп бөлгеннен қалғанын оң жақтан бастап *ұяшықтарға* орналастырады. Қ.а. оңнан солға қарай салынады. Ұяшықтағы тас саны төрттен артық болмайды. Бірінші қатардағы тастардың жалпы саны 5 немесе 9 ғана болады (егер олай түспесе, құмалақ саны дәл емес деп, қайта түгендеп алған соң жаңадан бастайды).

Үш рет тартылып бөлінген құмалақ тігінен және көлденінен үш-үштен тұратын, барлығы тоғыз ұяшықты құрайды. Мұны құмалақ шаршысы немесе құмалақ тізбесі деп атайды (кейбір құмалақшылар ең соңында қалған тастарды тағы үшке бөлетін әдеті бар. Оның мәні туралы төменде тоқталамыз).

Тігінен түскен құмалақ қатарлары былай аталады:

– құмалақ салған адамның оң қол жағындағы қатар **оң қанат** (оны біз түсінікті болу үшін **а** деген әріппен белгіледік, **а** қатары) деп аталады. Ол құмалақ аштырушы адамның тарапын білдіреді (олар **1а-2а-3а** ұяшықтары);

– ортасындағы қатар – **құмалақтың өзегі** (бұл **ә** қатары) делінеді, (олар **1ә-2ә-3ә** ұяшықтары);

– ал, сол қол жақтағы қатар **сол қанат** (бұл **б** қатары) (**1б-2б-3б** қатары)

Көлденеңінен түскен үш қатар былай аталады:

– бірінші қатар – **құмалақтың қабағы**, **маңдайы** немесе **басы** (оны **1** деген санмен білгіледік);

– екінші қатар – **құмалақтың белдеуі** немесе **жүрегі** (оны **2** дедік);

– үшінші қатар – **құмалақтың аяғы** немесе **өкшесі** (ол – **3**)

	Сол қанат	Құмалақ өзегі	Оң қанат
Құмалақтың маңдайы немесе қабағы	1б	1ә	1а
Құмалақтың белдеуі немесе жүрегі	2б	2ә	2а
Құмалақтың аяғы немесе өкшесі	3б	3ә	3а

Құмалақ ашудың реті. Оңнан солға қарай тартқан кезде пайда болатын құмалақ шаршысының схемасы

Тігінен және көлденінен үш-үш қатарға тізілген құмалақтар шаршысының өзіндік атаулары жорамал жасаудағы басты назарда болатын «*кiлт*» іспетті. Өйткені, құмалақшы олардың өзара саны, үйлесімі, тепе-теңдігі және т.б. жайттарға сүйенеді. Айтар жорамалын бейнелі сөз, көркем тіркестермен жеткізеді.

Құмалақ шаршысының ұяшықтарының қалыптасқан атаулары мынадай:

– оң қанаттың бірінші қатарындағы ұяшық – **1 а** – **оң қабақ**, **оң иық** немесе **оң шеке**

– екінші қатары – **2а** – **оң бүйір**, **оң бүйрек**, **оң жақ қоржын**

– үшінші қатары – **3а** – **оң босаға**

Сол қанаттағы ұяшықтар да дәл солай аталады. Бірақ, сол жақ қанат құмалақ салдырушы адамның «*қарсы тарапы*» болып саналады: ол қарсы, дұшпан немесе өмірдегі келеңсіз (сырқат, жолы болмау, бөгет кедергі көбею, ырысы азайып, қаржы, табыс жағы кему және т.б.) жайттарға балаңады:

– сол қанаттың бірінші қатарындағы ұяшық – **1б** – **сол қабақ**, **сол иық** немесе **сол жақ шеке** деп аталады;

– екінші қатардағы сол жақ ұяшық – **2а** – **сол бүйір**, **сол бүйрек**, **сол жақ қоржын**;

– үшінші қатардағы сол жақ ұяшық – **3 а** – **сол босаға**.

Құмалақ тізбесінің тігінен алғанда *ортаңғы қатары* Қ.а.-да ерекше мәнге ие. *Құмалақтың өзегі* деп аталатын бұл қатар құмалақ салдырушы адамның өзі, оның жүретін жолын білдіреді. Ондағы ұяшықтардың атауы антроморфтық принципке негізделген: жоғарыдан төмен қарай оның

бірінші қатары – **1ә** – **маңдай**,

екінші қатары – **2ә** – **жүрек**,

үшінші қатары – **3ә** – **құйысқан** деп аталады.

	Сол қанат	Құмалақтың өзегі	Оң қанат
Құмалақтың маңдайы немесе қабағы	1б оң шеке, сол иық, сол қабақ, жақ иық, дұшпан басы	1ә маңдай	1а оң иық, оң иық, оң қабақ
Құмалақтың белдеуі немесе жүрегі	2б сол бүйір, сол бүйрек, сол жақ қоржын	2ә жүрек	2а оң бүйір, оң бүйрек, оң жақ қоржын
Құмалақтың аяғы немесе өкшесі	3б сол босаға	3ә құйысқан	3а оң босаға

Құмалақты мүшелеген соң пайда болған шаршысының атаулары

Құмалақ ашудағы жорамал жасаудың қағидалары: Қ.

а. үрдісіндегі жорамал жасауда құмалақ шаршысындағы ұяшықтардағы тастардың саны, тепе-теңдігі, өзара қатынасы, вертикалды, горизонталды және диагональ бойындағы құмалақтардың қосындысы, тіпті қанша тас шаршыға түскендігі, қалған қалдық және т.б. толығымен бал ашуға қамтылады. Яғни, 41 құмалақтың назардан тыс қалатындары болмайды.

Құмалақ шаршысы адам болмысының айнасы іспетті «түсіндіріледі». Онда тігінен орналасқан қатарды өзіндік мен, өзімнің жағым, қарсы жақ тәрізді дүниетанымдық-философиялық дуальдық антогонистік принцип бойынша қарастырады. Ал, құмалақ шаршысының көлденең қатары антропоморфтық принципке негізделеді. Тігінен алғандағы ортаңғы қатар жеке адамның «өзі» деп түсіндіріледі. Құмалақшы құмалақ шаршысындағы ұяшықтарды

1) *көлденеңінен*;

2) *тігінен*;

3) *диагоналинан*;

4) *құмалақтың ұяшықтарының тігі мен көлденең қатарын салыстыра отырып, жорамал жасайды.*

1) Құмалақтың көлденең ұяшықтарына қарап жорамал жасау.


Құмалақ қабағы. Қ. шаршысының бірінші қатарындағы оң және сол қабақтағы (немесе маңдай) санының жұп немес так болып түсуіне және қайсысы көп екендігіне ден қояды. Мысалы, оң жақ шеке (қабақ) (**1а**) аталатын ұяшыққа екі тас түсуін «*оң қабағы қарысуға*» балайды, яғни ұрыс-жанжал немесе ашуды білдіреді. Төртеу түссе, «*оң қабағы қатулы*», яғни ой азабында дегені. Біреу түссе, «*оң қабағы жарылған қуанышта*», сондай-ақ үш тас түссе, «*оң қабағы тартып тұр*», яғни құмалақ аштырушының қуанышты жағдайда екендігінің белгісіне балайды. Қазақ ырымында адамның оң қабағы немесе оң көзі тартса, алдағы күтілетін жақсылық



деп саналады (Балуан Шолақтың әніндегі «*Айым да сен Ғалия, күнім де сен, Оң қабағым тартады күлімдесең*» деген бейнелі жолдар осыдан туғандығы белгілі).

Құмалақ қабағының ортаңғы ұяшығы *құмалақ маңдайы* (1а) адамның болашағы, алдағы тағдыр-ғалайын білдіреді. Оған түскен тас санына қарап, оның Жаратқаннан не бұйыртқанын, маңдайына жазған «тағдыр жазуын» болжайды (қ. *Маңдай; Тағдыр; Жазмыш*). Құмалақ шаршысының маңдайына үш тас түссе де жақсылыққа жорылады, яғни *маңдайы ашық*, яғни бағы жанды, бақытты болды дейді. Ал, оған бір тас түссе, «*Қамбардың қара қасқасы*» атап, жолы болудың белгісіне теңейді (қ. *Қамбар*). Маңдайға екі тас бірден түссе, *басы жалаңбас* немесе *маңдайы қарысты* делінеді. Оның мәні – жолы онша емес, әрі-сәрі күйде, боғет кедергілер көп дегені. Құмалақ маңдайына төртеу түсуі, керісінше, келеңсіздікті *маңдайы жабық* екендігін білдіреді. Құмалақшылар бұл бағы жанбаған, жолы ауыр жандарға түседі дейді.

Құмалақ қабағының (1а, 1ә, 1б) үш ұяшығына тас үш-үштен түссе, жақсы ырымға жорылады. Аса сирек түсетін мұндай жайтты құмалақшылар *ашпас әліп* немесе *қарт құмалақ* деп атап, аяғына дейін ашпайды.




«Ашпас әліп» немесе «қарт құмалақ»

Егер құмалақ салдырушы «*ашпас әліпті*» соңына дейін ашқызам деп колқаласа, онда құмалақшы бірінші қатардағы жақсылықты меңзейтін ұяшықтарды шартты түрде «бөлін» тастағандай *ишарат* жасайды. «*Тіл-көзден аулақ!*» деп сақтандырған сөзін айтқан құмалақшы *құмалақ қабағы* қатарының төменгі жағына ши, шоп немесе жіп қоюы тиіс. Бұл рәсімдер адамға келгелі тұрған жақсылықтың «үркіп» кетпеуін қамтамасыз етеді деп есептейді. Осы рәсімнен кейін ғана құмалақты аяғына дейін салынады. Сақтық пен сабырлықты меңзеп айтылатын «*әліптің артын күтейік (бағайық)*» деген сөз орамы осыған байланысты қалыптасқан деуге болады. Ойткені, құмалақтың қырығы жұп та, біреуі тақ. *Тақ құмалақ ол әліпті білдіреді* деп пайымдайды. Құмалақты мүшелегенде әліп қай қатарда тұрса, болжауды соған қаратып айтады дейді. Демек, Қ.а.-дағы болжам немесе жорамал бір ғана құмалақ түскен ұяшықтың қай қатарда және қанатта орналасуына және оның басқалармен байланысына қатысты болады.

Сол сияқты, А.Машани еңбегінде құмалақ қабағының қос «*шекесіне*» (1а және 1б) екі-екіден, *маңдайға* (1ә) бір тас түсуін «*пешенесі бестен түсу, жас бала да қуанады*» деп атаған. Ол – бақытты адамдарға бұйыратын құмалақ. Ал, бес құмалақтың екі *шекеге* бір-бірден, *маңдайға* үшеу

түсуін құмалақшылар *Пайгампардың қара қасқасы* деп атайды. Бұл да *ашпас әліп* тәрізді аяғына дейін салуды қажет етпейтін жақсы түскен құмалақ деп есептеледі.




«Пайгампардың қара қасқасы»

Құмалақтың белдеуі (жүрегі). Құмалақ шаршысындағы көлденінен түскен екінші қатардың ортасы *жүрек* (2ә) екі шегі (2а және 2б) – *бүйір* немесе *бүйрек, қоржын*. *Құмалақ белдеуі* адамның көңіл-күйінен, ауру-сырқауы, бейнеті мен олжасы (ауырып жазылған жан олжа деген тіркестің Қ.а.-ға байланысты қалыптасуы мүмкін), ырыс-берекесі сияқты ұғымдармен байланыста қарастырылады.


Жүрек ұяшығына (2ә) түскен тас адамның қуанышын, не ренішін, толғаныс-тебіреністі білдіреді: егер жалғыз тас түссе, *жүректе қаяу* жоқ, үшеу болса, *жүрегі сүйіншіті*, ал төртеу түссе, *жүрегі күпті* (осал), көңілсіздіктің белгісі деп жориды.

Егер құмалақ белдеуіндегі үш ұяшыққа түскен құмалақ саны тек жұптан болса, оны құмалақшылар «*құмалақтың кесе түсуі*» деп жамандыққа жориды: ауру адамға арнап тартылса, оның көз жұматындығын, сау адамның ауру мен пәле-қалаға ұшырауын меңзейді.



Құмалақтың «кесе түсуі» – сәтсіздікті білдіреді

А.Машанидың мәліметіне қарағанда, екі бүйірде тепе-тең жұп тас түсуін «*қос аумас*» теңгеріс деп атайды. Ол тепе-теңдікті, итжығыс түсуді білдіреді.



«Қос аумас»


Құмалақты оң, сол бүйректерді салыстыру арқылы құмалақ аштырушының және оның қарсыласының бір-бірімен қатынасы, туған-туысқан, жақын адамдарымен байланысы, ауру-сырқауына жорамал жасауға негіз болады. Яғни, адамның жеке басы ғана емес, оның қауымдағылардың өзара байланысын, ондағы көңіл-күй атмосферасы, моральдық-этикалық күйі туралы да

«мәлімет» беретіндігі Бүйірдің оң жағына көп тас түсуі жақсылыққа, ал қарсы (сол) жаққа үш тас түсуі құмалақ аштырушы адам үшін жамандықтың белгісіне баланады:

– сол бүйірде үш тас түсуі – қарсы жақтың «аш бүйірден қадалып тұрғанын», яғни басым екендігінің көрсеткіші;

– оң бүйірде бір тас болса, оны «бүйір аш» дейді. Оның мәні тұрмыс етектен тартып, қаржы, дүниес-мүлік қолбайлау болып, денсаулығы осалдады деген сияқты жағымсыз жайттарды мензейді;

– құмалақ салдырушы адамның жағының, яғни оң бүйірде (2а) үш немесе төрт тас түсуін «оң бүйірі тоқ» дейді. Оның мәні – адамның қайғысы жоқ, дұшпаннан мерейі үстем, оның жақындарының бірлік, ынтымағы жақсы дегені. Қ. а. дағы төртеу түсуді жақсылыққа балайтын жорамал тек осы оң бүйір мен оң босағаға ғана қатысты айтылады. Қазақта өзінің «құмалағын төрттен қою» деген сөз орамы осыған байланысты туған. Яғни өз (оң) бүйіріндегі құмалақ тасы мейлінше көп болса, қарсы тараптан басым болады деген ұстаныммен тікелей байланысты.



«Оң бүйірі тоқ»

Құмалақтың аяғы (өкшесі). Бұл үшінші немесе астыңғы қатардағы ұяшыққа түскен тастар жол сапар немес қонаққа қатысты болжамға негіз болады. Құмалақ шаршысының көлденеінен үшінші қатарының ортасы *құйысқан*, оның екі шеті *босаға* делінеді. Бұл қатардың екі шетіндегі ұяшықтың атауы дәстүрлі баспанадағы ерекше семантикалық мәнге ие кеңістік босағаның атауымен аталады (қ. *Босаға; Киіз үй*). Оның бірі – оң босаға (3а) адамның өзі үйін, сол босаға (3б) бөтен (қарсы) жақтыкі деп тұспалданады. Сол жақ босағадағы (3б) тастың саны оң жаққа қарағанда көп болса, адамның аяғы үзентіде тұр, *құйысқаны көтерілгендігі*, яки жолға шығудың белгісі дейді.



Құйысқандығы көтерілудің белгісі

Мұндай құмалақ қызға арнап аштырған болса, оның тұрмысқа ұзатылатындығын білдіреді. Керісінше, оң жақ босағадағы (3а) тастар көп болса, қонақ келеді немесе ер жеткен ұлы үйленеді деген.

Құмалақшылар «құйысқанды – қонақ хабаршысы» деген. Ат әбзелінің атауымен аталған ортадағы ұяшыққа (3ә) байланысты (қ. *Құйысқан*) мынадай болжау айтылады: «құйысқандығы көтеріліп тұр» – сапарға шығуды білдірсе,

«құйысқаны берік» – керісінше, ауылдан алысқа ұзақ шықпайды дегенді білдіреді. *Құйысқанға* жалғыз тас түссе, «құйысқаны бос», ал үшеу түссе «құйысқаны берік» деп шамалайды. Сол сияқты екі *босағадағы* тастардың саны да құйысқанның көрсеткіші бола алады дейді. Оң және сол жақ босағада тастардың саны тепе-тең болса, ондай жағдайда да *құйысқаны берік* деп жорылады. Яғни, жуық арада жол жүру де, қонақ келу де жоқ. Оң жақ *босағадағы* тастар екеуден немесе төрттен түсуі де екі босағаның берік екендігін, яғни отбасы бүтін, ауру-сырқаудан ада екендігін, мал-жаның амандығын білдіреді.

Т.Өмірзақовтың мәліметіне қарағанда, құмалақ өкшесіндегі үш ұяшыққа төрт-төрттен тас түсуін құмалақшылар «оразаның он екі құмалағы» деп атаған сыңайлы. Талапты ізденгіш жандарға түсетін мұндай құмалақ оның діттеген мақсатына ертелі-кеш жететіндігінің көрсеткішіне балайды.

Құйысқан ұяшығына екеу, екі босағаға құмалақтың бір-бірден түсуін *құмалақтың жайылып түсуі* деп атайды. Ол ауру адамға жамандықты, ал жай адамға қонысын тастап кетуді білдіреді.

2) Құмалақтың ұяшықтарына тігінен қарап жорамал жасау.

Осылайша құмалақтың көлденеі үш қатарына түскен тастарға қарап негізгі жорамалды айқындап алған құмалақшы ендігі кезекте құмалақ шаршысының *тігінен* жатқан қатарына ден қояды. Олар – оң және сол жақ канаттары және құмалақ өзегі.

Құмалақ қанаты. Құмалақтың оң жақ қанатына адамның отбасын (оны *шеке*, яғни 1а көрсетеді), оның ырыс-берекесін білдіретін *қоржыны* (2а), амандық саулығын білдіретін *босағасы* (3а) деген шартты түрде аталған ұяшықтардың арасындағы қатынасқа ден қояды. Мысалы, оң канатта жеті тас түсуін «жетіскеннің жетеуі», он тас түсуін «ойындағысының келгені», яғни ойға алған істің оңынан болуына балайды. Ол сандар жақсылықтың нышанына әрбір санда жасырын сақталатын сипатпен байланыстырыла отырып, қарсы тараптағы канатпен шендестіріледі.

Құмалақтың оң қанатынан үш-үштен тоғыз (9) құмалақтың түсуі «үш бөрі» деп аталады. Ол аруақты, арқалы жандарға түсетін бал. Ондайда «ақ дегенің алғыс, қара дегенің қарғыс», сапар шексең де жолың болады деп жориды. Бұл тоғыз санының қазақ ұғымындағы киелі екендігімен астас деуге болады.



«Үш бөрі» түскен құмалақ шаршысы



Сол канатқа құмалақ біреуден ғана түсуін «аш бөрі» деп атайды. Оның мәні дұшпан (қарсы) тараптың жағдайы киын, бәрінен жұрдай болғалы тұрғанының көрінісі дейді.


Ал, сол жақ канат жақ қарсы тарапты білдіреді: ондағы түскен тас санының оң жаққа қарағанда көп болуы құмалақ салдырушы адам үшін жайсыздықтың нышаны. Яғни, оның «салы суға кетуі», қажып шаршауы, жеңілуі және әлсіздігі сияқты осал жақтарын көрсетеді.

Құмалақтың өзегі немесе тік шаршының ортаңғы қатарын балгерлер «жақсылықтың есігіне» балайды. Өйткені ол адамның өз тұлғасы деп саналады. Ендеше құмалақ өзегіне бір-бірден түскен құмалақ «жолдың басы», ақ жол мен ұзақ сапарды мензейді. Ал, үш-үштен түсуін «есіктен төрге дейін сүйінші» деп үлкен қуанышка балайды.



«Есіктен төрге дейін сүйінші» түскен құмалақ шаршысы

3) Құмалақтың ұяшықтарының диагоналына қарап жорамал жасау. Құмалақ шаршысында үш-үш ұяшықтан тұратын екі диагонали бар. Ондағы тастардың санына қарай қазақ құмалақшылары тілхат, хабар, жаңалық, кездесу тәрізді коммуникациялық жағдайларға жорамал жасаған. Мысалы, сол жақ шеке (16), жүрек (2ә) және оң жақ босаға (3а) деген сол оң жақтан бастап жоғарыдан төменге қиғаш ұяшықтарға бірыңғай жұп немесе тақ құмалақ түсуін «оң кез» деп атаған. Ол тез арада тіл, хабар келетіндігін білдіреді. Оң кезге қосымша, сол кезден (яғни, сол жақ босаға (3б), жүрек (2ә) және оң жақ шеке (1а) деген қиғаш ұяшықтарға) бірдей болып түссе, оны «тоғысу» деп атап, оны ерекше бағалайды. Ол – жолы болған жанға ғана бұйыратын бал.




Оңнан да солдан да кез болып түскен құмалақ «тоғысу» деп аталады

4) Құмалақ ұяшықтарының тігі мен көлденеңін салыстыра отырып, жорамал жасау. Бұл құмалақ қатары мен маңдайды немесе құйысканды қатар алғанда

оң немесе сол жақтың басым екендігін топшылайды. Оның кең тарағаны бірі – *шаңтимес*, екіншісі – *жеті әліп*. Құмалақ басы (1а, 1ә, 1б) мен құмалақ өзегінің (1ә, 2ә, 3ә) ұяшықтарына тек тақ тас түсуін құмалақшылар «шаңтимес» деп атаған. Оны Т.Өмірзақов «басына бақ, қолына дәулет қонатын кісіге түседі» дейді.

Ал, құмалақ шаршысының маңдайы мен оң канаттағы үш ұяшыққа құмалақтың тақ болып түсуін «жеті әліп» деген. Өте сирек түсетін мұндай жағдай «бақ пен мансап, дәреже, байлық қонатын адамға неше мыңдаған адам ішінен бір-ақ рет түседі» деген. Соған байланысты құмалақшылар арасында «жеті әліп – жерге түспейді, жерге түссе де, ерге түспейді» деген сөз орамы қалыптасқан.



«Жеті әліп» түскен құмалақ шаршысы


Құмалақ шаршысын кешенді қарастыра отырып, жорамал жасау. Құмалақтың жерге түскен саны неғұрлым көп тас түссе, соғұрлым жақсы деп жорылады. Әдетте, шаршыға түсетін құмалақ саны 13, 17, 21, 25 немесе 29 болады. Ал, қалған қалдық санға байланысты да болжайды. Қалдық 12 қалса оны жақсылыққа балайды, «ісі оңалатынның қолында он екі құмалақ қалады» деп ырымдайды.

Жазушы М.Қожахметованың мәліметіне қарағанда, Қ.а.-дың 153 түрлі комбинациясы белгілі. Оған мәлімет берген қызылордалық К.Арыстанұлының құмалақ сандарының қосындысына (тігінен, көлденеңі немесе диагонали бойынша) қатысты мынадай пайымдаулар бар: 12 – олжа немесе жиын-тойды кейде дау-дамайды, мәслихат кеңесті білдіреді; 11 – жағдайдың оңалып, жақсылыққа кенелудің белгісі; 10 – ойындағысының орындалуы; 9 – болып-толып, үйліп көбеюдің нышаны; 8 – сергелден; 7 – жетілу мен жетістік оңалудың нышаны; 6 – албарлылық немесе далбасылық; 5 – түгенделу, толысу; 4 – төбесі көкке жете қуану, кейде төрт тағандап тұралаудың белгісі.

Қ. а.-да шаршының көлденең және тігінен түскен қатарларындағы тастардың санын салыстыра отырып, оң қанат пен сол қанаттың қай жағы басым екендігіне жорамал жасайды. Әлбетте, ұяшықта бір немесе үш құмалақ түсуі көбінесе жақсы жорамал айтуға негіз етіп алынады (бұл тек оң және сол бүйірде өзгеше болып келеді). Мысалы, сол жақ шекеде бір немесе үш тас болуы, құмалақ


сандырушының қарсыластарының мықты екенін білдіреді. Мұндайда, құмалақшы «дұшпан жағы басым» дейді.

Бірақ, Қ. а.-да толыққанды сараптама жасау үшін құмалақ шаршысының қанаттары, өзегі, қабағы, белдеуі және өкшесі тәрізді негізгі құрылымдық элементтері мен диагоналынан есептегенде құмалақтың санын қарсы тараппен салыстыра білу қажет. Мысалы, құмалақ шаршының белдеуінде, яғни екінші қатарында 12 құмалақ болса, оны көлденең кеселеп жатқан дау немесе жаңжалға балайды. Ал, керісінше, құмалақ өкшесінде (көлденінен үшінші қатарда) 12 болуы, той немесе жиынның белгісі деп саналады. Нақты мысал келтірер болсақ, мынадай:




Сол қанаттағы 6 құмалақ қарсы жақты пұшайман күйінен хабар береді. Өйткені, оң қанаттағы құмалақ көбірек, яғни 9. Ал, құмалақ өзегіндегі 10 саны ойындағысының толық орындалатындығын көрсетеді. Өйткені, маңдайы ашық (оны 3 құмалақ айтып тұр), жүрегі қуанышты (өйткені, 2ә ұяшықта үш құмалақ), ал құйысқаны берік оны (3ә-дегі төрт құмалақ көрсетіп тұр). Бұларды екі шекеге (1ә және 1б) түскен бір-бір құмалақ «Ай мен күн қатар қуантатын» сүйінші қуаттап тұр.

Сол қанат пен маңдайға құмалақтың кілең екі-екіден түсуі сәтсіздік болып табылады. Ондай құмалақ жоғалған мал-мүлікке арнап салғанда түссе, үмітсіздікті, ауру адамға түссе қайғы қатерді көрсетеді.




Құмалақтың оң жақ қанаты мен өкшесіне және маңдайға кілең жұп құмалақ түсуін жақсылыққа баланады. Ол мынадай түрде түсуі мүмкін:




Бұл балды былай жориды: барлығы 29 тас түсуі мен 12 қалдық қалуы жақсылықтың нышаны. Құмалақтың өзегіндегі 11 тас мерейін үстем, барлығы өз бойында дегені, өйткені жүректе (2ә) үш тас қуаныштың нышаны. Мұндағы айнала түскен жеті жұп құмалақ сенің тарапыңда (оң қанатта) және маңдайына түсуі келетін бақ пен дәулетті мензейді.

Осыған ұқсас 29 тас түссе де, ұяшықтағы құмалақтардың сәл өзгеше орналасуын өзгеше болжанады. Оң бүйірі (2а) қатты қысылып тұр (оны төрт құмалақ білдіреді). Құмалақтың белдеуіндегі (екінші қатарындағы) 8 құмалақ сергелденді, сол бүйірдегі (3б) төртеу қарсы тараптың басым түсетіндігінен хабар береді.




Дегенмен, адамның жүрегі (2ә) қуанышта (өйткені үш құмалақ түскен), яғни дйттеген мақсатына жететіндігінің нышаны. Оны диагоналдағы (1б, 2ә, 3а) ұяшықтағы тастар қосындысы (тоғыз) қуаттап тұр. Оған қарсы сол диагоналға (1а, 2ә, 3б) он бір тас түсуі сіз жақтың басым екендігін қуаттайды.

Қ. а.-да түскен тастардың саны салыстырып жорамал айтудың бір үлгісі құмалақтың қабағы мен өзегін оның екі бүйірі мен босағасына қарап шамалайды.




Мұндай құмалақ шаршысының оң жағына карағанда сол қанатындағы құмалақ санының көп болуы «дұшпанның», яғни қарсы тараптың басымдылығын аңғартады. Оны оң бүйір мен оң босағаға қарап шамалауға болады.

Құмалақтың қабағы (1а, 1ә, 1б) мен құйысқанға (3ә) және сол босағаға үш-үштен түсуін де жақсы ырымға балапатын «жеті әліптің» бір нұсқасы деп есептейді.




«Жеті әліптің» екінші нұсқасы

Бұлай түскен құмалақтың сүйіншісі көп: құмалақ өзегіндегі жеті түсуі «есіктен төрге дейін сүйіншіні» білдіреді; сол шеке (16), жүрек (2ә) және оң босаға (3а) диагоналындағы алтау – сүйіншіні қоштап тұрғаны. Ол босағадағы екі құмалақ екі күн немесе екі ай деген уақытты білдіреді. Демек, қуаныштың күні алыс емес дегені.



Оны қуаттайтын нәрсе сол қанаттағы құмалақтың аз болуы, дұшпанның әлсіздігінің көрсеткіші; оң шеке (1а) жүрек (2ә) және сол босаға (3б) диагоналынан түскен жетеу қуанышты кездесуді (сүйіншіні) көрсетеді. Құмалақ өзегіндегі 8 тас бейнетті дегенмен, онан келіп кетер қатер жоқ екендігін жүрегіндегі қуаныш (бір құмалақ), құйысканы беріктігі (үш құмалақ) және оң шекедегі (төрт құмалақ) басымдылықты көрсетіп тұр

Біреуге арнап құмалақ салдыру. Бұл жиі кездесетін жайт. Атағы алысқа кеткен құмалақшыға өздері жете алмайтын жағдайда бір адам арнайы барып немесе алыстан дұғай сәлем айтып құмалақ аштырады. Мұндай жағдайда құмалақты арнап салып отырған адам құмалақ шаршысының оң қанаты болып саналады. Ниет егін бата жасаған құмалақшы мүшелеп салған соң, балын арнап салған адамға қатысты қырынан сөйлейді.



Мысалы, мынадай түскен шаршыдағы жорамал: сол қанаттағы құмалақ оң жақтан кем түсуі мен оң бүйірде (2а) үшеу болуы ол адамның қатты қысылып тұрғанын көрсетеді. Сол сияқты оның жүрек ұяшығына (2ә) түскен екі құмалақ оның көңілінің күптілігін білдіреді. Оған қоса сол қанаттағы көп құмалақ (саны –10) оның жағдайының маз емес (бәлкім ауру) екендігін меңзеп тұр. Өйткені оң қанатта құмалақ оннан кем, тоғыз ғана. Құмалақ өзегіндегі алтау албарындылықты білдіргенімен, оған қарсы уәж бар. Өйткені, екі бүйірдегі (2а және 2б) үш-үш құмалақ оның бүйірінің тоқ екендігінің көрсеткіші. Ең үлкен үмітті оң жақ босағадағы (3а) құмалақтың қарсы (сол) жақтан (3б) көп болуымен байланыстырып қарайды. Демек, құмалақ арнап салған адамның әзірге қалі мүшкілдеу болғанымен талай кедергі мен ауыртпалықтардан өте отырып, үмітіне жетеді, ауру қатері сейіледі, бәрін жеңіп шығады деген қорытынды жасайды (Қ.Арыстанұлының болжамы бойынша берілді).

Қ. а. дәстүрлі қазақы ортада ұрпақаралық алуан түрлі ақпараттар мен тілдік құндылықтарды сақтап келе жатқан мәдени құбылыс ретінде өзінің этномәдени қызметін әлі де болса жоғалта қоймаған үрдіс деуге болады.

Әдеб.: Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. В 3-х частях. СПб.: Тип. Карла Крайя, 1832; Каруц Р. Среди киргизов и туркменов на Мангышлаке. СПб.: Изд. А.Ф.Девриена, 1911; Уәлиханов Ш. Таңдамалы. Алматы: Жазушы, 1985; Жанпейсов Е.Н. Этнокультурная лексика казахского языка на материалах произведений М.Ауэзова. Алма-Ата: Наука, 1989; Өмірзақов Т. Қырық бір құмалақ. Алматы: Астана, 1989; Машанов А. Әл-Фараби және Абай. Алматы: Қазақстан, 1994; Қожасхметова М. Адам құпия. Алматы: Ана тілі, 1997; Қайбарұлы А., Бопайұлы Б. Қазақ ырымдары. Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1998; Қанарбаева Б. Қазақтың наным сенімдері. Алматы: Қағанат-КС, 1999; Әжіғали С., Байғабатова Н. Жетісу қазақтарының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары // Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. 1-том. Біртұтастығы және ерекшелігі. Алматы: Арыс, 2005. 176-202 бб; Ибраев М. Сарыарқа қазақтарының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары // Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. 1-том. Біртұтастығы және ерекшелігі. Алматы: Арыс, 2005. 141-151 бб; Райан В.Ф. Баян в полноч. Исторический обзор магии и гаданий в России. Пер с англ. М.: Новое литературное обозрение. 2006; Тәужейұлы С. Ата таным. Ұланбатыр, 2007; ҚӘТС. 10-том. Алматы: Арыс, 2009; Қарамендина М. Әліш таңба қыпташтың атағы озған Алаштан ... // Алаш. 2011.№4. 29-39 бб; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰМАЛАҚШЫ – құмалақ салу жолымен жеке адам немесе қауым өміріне қатысты кез-келген мәселені болжап, жорамал жасай алатын көріпкел. Қ. атану үшін құмалақ шаршысындағы тігінен, көлденеңінен және диагоналынан түскен қатарлардың арабайланысы, тепе-теңдігі нені білдіруі, олардың бір-бірімен қандай себеп-салдарлық байланыс болатынды сияқты қыр-сырларын меңгеру қажет (қ. Құмалақ ашу).

Құмалақты тарту, болжау, талдау тәсілі, жорамалының қаншалықты дөп келетіндігіне байланысты Қ.-лар да түрлі дәрежеге бөлінеді: ауыл арасындағы ұсақ-түйекті болжайтын қарапайым Қ., алымы үлкен алысты болжайтындары, ауру-сырқат пен пәле-жаланы болжап оның шешімін айтатын Қ., болашақты, заманды болжай алатын Қ. тәрізді «дәрежелерге» бөлінеді. Белгілі көріпкел қасиеті бар адамдар мен аруақ қонған адамдар

ғана құмалақшы, жауырыншы бола алады деп санаған. Құмалақшылардың ішінде «жындарын шақырып алып» сөйлесетін бақсы құмалақшылар да болғандығы туралы аңыз-әңгімелер кездеседі. Айтқан жорамалы мен болжамы дәл келетін Қ.-ның атағы алысқа кететін болған.

Ел ішінде айтылатын түрлі әңгімелерде ертеде мықты Қ.-ның аян беріп тұратын тылсымы көмекке келетіндігін, тіпті оның құлағына (сауысқан үніне ұқсас шықшылықтап тұратындығын) сыбырлап тұратындығы туралы айтылады. Мұндай тылсым иесі бар Қ.-ға ғана естіледі-мыс.

Қ. өз жорамалын қазақы ортада қалыптасқан дүниетанымдық-философиялық түсініктерден туындаған және моральдық-этикалық нормаларға сай қалыптасқан поэтикалық образды теңеу, метафора сияқты сөз орамдарымен жеткізеді. Мысалы, *есіктен төрге дейін сүйінші, құйысқаны берік, бүйірі тоқ, маңдайы ашық, жолы ашық, ай мен күн қатар шыққандай сүйінші, оңнан да солдан кез түскен қуаныш, оң қабағы тартып тұр* және т.с.с.

Адам болмысы мен тағдырын алдағы уақытта қандай сипатта өрбитіндігін, сол тәрізді, ел басына төнуі мүмкін қатер, ауыртпалықтарды (жұт, жаугершілік және т.б.) болжау ерекше көріпкел құмалақшылардың қолынан келген. Соған байланысты ертеде мемлекеттік маңызды істерді шешуде Қ.-ның жорамалымен санасқан. Әсіресе, басқа жұрттармен арадағы кикілжің, соғыс, жорық мәселелерінде Қ.-мен ауыз әдебиеті үлгілерінде айтылады.

Дәстүрлі наным-сенім бойынша, құмалақ шаршысына түскен тастардан сәуле шашырайды, солар жол көрсетін тұрады, ал оны бақылау тек мықты Қ.-ның қолынан келетін қасиет деп есептейтіндер бар. Соған байланысты құмалақ ашуға қолданатын «құралдарын» таза жерде немесе дорбада сақтайды.

Құмалақ ашудың негізгі шарттары, құмалақ шаршысының құрылымы, ұяшықтағы сандардың мәні сияқты негізгі жайттар көпке белгілі. Соған байланысты, қазақы ортада адамға ауыртпалық тудырып, көңілін алаңдатар тіршіліктің кез келген қырына қатысты құмалақ ашып, көңілін жұбататын жайттар жиі кездеседі. Атақты әнші Мәдидің түрмеде туған әнінде *«Ішінде абақтының біз жатамыз, Көңілді құмалақпен жұбатамыз»* деген жолдары соны меңзеп тұр.

Адам өзін мазалаған жағдайға байланысты болжам жасай алады. Мәселен, дүниежүзілік екінші соғыста тұтқынға түскен, майданда болған қазақ жігіттері айналасындағылардың көңілін күпті ететін жайттарға (отбасы, соғыстың аяқталуы, ауылына қашан қайтатыны, болашақ өмірі және т.б.) құмалақ ашуы ішінара кездескен.

Құмалақ аштырушы Қ.-ның алдында бір бүйірінен жүгініп отыруы тиіс. Бір адамға арнап үштен артық құмалақ ашпайды. Оның мәнін *«құмалақтың басы ауырады», теріс сөйлеп кетеді* деп түсіндіреді.



Құмалақшы. ҚР МОМ материалдары бойынша суретті салған Б.Досымов

Құмалақ ашу барысы. Қ. құмалақ ашар алдында ниет етіп, дәрет алады. Құмалақты белгілі бір уақытта, таза орында тартады. Әуелі өтініш жасай келген адамның аты-жөнін сұрайды. Қ. бал ашқан кезде дәреті ғана емес, көңіл-күйі де «таза» болуы керек. Сондықтан Қ. көңілін алаңдататын, зейінін бөлетін, ойкесті жайттардан бойын аулақ ұстайды. Әдетте көзін жұмып, ұзақ күбірлеп отыратын Қ.-ның әрекетін оның ой-қуатын жинауы, яки концентрация жасауы деп түсіндіреді. Сөйтiш *«О, қырық шілтен әулием, бісміллә»* дем бере көр» деп бастап, Құран аяттарынан күбірлеп оқыған соң кіріседі. Ақ шүберекке түйілген құмалақ тастарын араластырған соң оларды мүшелей бастайды. Көбінесе шаршының бас жағына қамшы немесе таспиық қояды. Олар жын-шайтанның иектеп, құмалақты теріс сөйлетуден сақтап тұрады деп ырымдайды. *«Құмалақ – Құдайдың хаты»* деген ұстаным бойынша Қ. нені «көрген» білгенін, аузына салғанын айтатынын құмалақ салдырушыға ескертіп қояды. Бұл, көбінесе, құмалақтың нашар түсуі кезінде, яғни келеңсіз, жағымсыз жайттарға байланысты орын алады.

Құмалақшылыққа қатысты наным-сенімдер. Қ. атадан балаға қонатын мираскерлік сипаты бар деп есептеледі. Яғни, атақты Қ. өзінің ұрпақтарының біріне өнерін үйретіп, батасын беріп аманаттап кетеді. Кейде ол адамға өзі келіп «қонады». Қ. болатын баланы құмалақпен ауыздандыру қажет деп саналған: бала дүниеге келген күні шөптің немесе ши, қурайдың басына шаншып қойған қойдың құмалағын жапсырып қойып, жеті күн өткен соң оны алып, ақ тағамға шылап баланың аузына тигізеді. Осылайша, құмалақпен ауыздандырған бала Қ. болу бақыты бұйырады екен деп сенген (**қ. Баланы ауыздандыру; Жауырыншы**)

Қ.-ды атанудың бір шарты бұл жолға ден қойған адам жорамал жасайтын атағы шыққан кез-келген (жауырыншы, балгер) адамға арнайы барып, оның ықылас батасын алуы дұрыс деп саналады.

Қазақы ортада қалыптасқан үрдіс бойынша бал ашудың түрлері тек күндізгі уақытта, күн шыққаннан бастап түс ауғанға дейін жүріледі. Күн еңкейгенде, әсіресе, түнде құмалақ сөйлемейді немесе теріс сөйлейді, өйткені шайтан иектейді деп салмайды. Сол сияқты аптанын сәтті күндерін



таңдайтындары да болады. Қазақы мұсылманшылықта жұма мен сейсенбі күндері құмалақ ашуды жөн санамайды. Сол сияқты, табиғаттың тосын жағдайлары, дауыл, бұрқасын, нөсер жаңбыр кездері, сондай-ақ аспан бұлтты күндер құмалақ салынбайды.

Құмалақ ашқызушылар құмалақшыға өз мүмкіндігіне қарай ақы төлеген. Қ.-ға берілетін кәдені **балбасы** деп атайды. Құмалақшы ырымдап бергенді қолына алмайды. Өйткені, құмалақ *«ақ сөйлемей қалады»* деп ырымдайды. Дәстүрлі түсінік бойынша, **балбасы** кәдесі Қ.-ға дем беріп тұратын *«құмалақтың иесін»* риза етеді, әрі бал ашу барысында шаршап, діңкесі құритын Қ.-ның еңбегінің өтеуі, әрі оның айтқан болжамының айнымай келуіне септігін тигізеді деп санайды. Ауруға ем, үлкен мәселені шешілу жолын айтқан немесе қауіп-қатерден сақтап қалған Қ.-ға кейін ризашылығы ретінде *«ат мінгізіп, шапан жауып»* сый-сияпат көрсету жайттары да кездеседі (**к. Ат мінгізіп, шапан жабу**).

«Құмалақшының өз балы өзіне жүрмейді», яғни өзінің етене жақын туғандары мен балаларына арнап ашқан балы келе бермейді деген түсінік бар. *Қырық бір шөптің басы болсаң, ақ басты қара қойдың құмалығы болсаң, ақ сөйле!* деп құмалаққа сыйынып, серттеседі.

Қ. бал ашатын құралдарын оған арнап арнайы жасалған шағын төсеніш үстіне жасайды. Немесе таза ақ матаның үстіне құмалақтарды мүшелейді. ҚР MOM қорындағы Қ. а.-ға арналған шағын киіз төсеніштің (тіркеу нөмері КП 937) ұзындығы 48 см, ені 36 см. Ол бірі үлкен, екіншісі кішірек сопақша келген екі бөлек ақ түсті талдырма киізді беттестіре тігіліп жасалған. Беті қоңыр түсті барқыт матамен тысталып, арасына қызыл түсті матадан бұлық салынған.



Құмалаққа арналған төсеніш.
ҚР MOM қорынан (КП 937) Музей экспозициясынан

Қ.-ға адамдар әртүрлі мәселелермен келеді: тауы шағылып, қысылған, басына іс түскен, жақыны немес туғанының түскен ауыр жағдайын шешудің жолын іздеген, ауру мен кесепатқа жәрдем сұрайтындар немесе мал-мүлкін жоғалтып қалай іздеудің жолын, алыс сапардағы жолаушының жайын білу сияқты толып жатқан тіршілік түйткілдеріне жол іздеу мақсатында келеді.

Әдеб.: *Левшин А.И.* Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. В 3-х частях. СПб.: Тип. Карла Крайя, 1832; *Карутич Р.*

Среди киргизов и туркменов на Мангышлаке. СПб.: Изд. А.Ф.Девриена, 1911; *Пиляр Ю.* Люди остаются людьми (книга вторая) // Юность (литературно-художественный и общественно-политический журнал). 1964, №3. С.5-29; *Уәлиханов Ш.* Таңдамалы. Алматы: Жазушы, 1985; *Жанпейсов Е.Н.* Этнокультурная лексика казахского языка на материалах произведений М.Ауэзова. Алма-Ата: Наука, 1989; *Өмірзақов Т.* Қырық бір құмалақ. Алматы: Астана, 1989; *Машанов А.* Әл-Фараби және Абай. Алматы: Қазақстан, 1994; *Қожахметова М.* Адам құпия. Алматы: Ана тілі, 1997; *Қанарбаева Б.* Қазақтың наным сенімдері. Алматы: Қағанат-ҚС, 1999; *Әжіғали С., Байғабатова Н.* Жетісу казактарының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары // Казак халқының дәстүрлері мен әдет ғұрыптары. 1-том. Біртұтастығы және ерекшелігі. Алматы: Арыс, 2005. 176-202 бб; *Ибраев М.* Сарыарқа казактарының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары // Казак халқының дәстүрлері мен әдет ғұрыптары. 1-том. Біртұтастығы және ерекшелігі. Алматы: Арыс, 2005. 141-151 бб; КӨТС. 10-том. Алматы: Арыс, 2009; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰМАН / ҚҰМҒАН – күнделікті тұрмыста суды пайдаланғанда (қол жуғанда, дәрет алғанда, шай қайнатқанда т.б.) қолданатын ыдыстар тобының жалпы атауы. Әдетте Қ. сыйымдылығы 0,4 – 0,8 литр аралығындағы, құлағы бар шүмекті ыдыс болып келеді. Қ.-дардың түрлі металлдардан (мыс, жез, темір, қола, күміс), қыштан жасалған түрлері пайдаланылған. Қол жууға арналған Қ.-дар алып жүргенде суы шайқалып төгілмес үшін мойны, шүмегі ұзыншалау келіп, тұрқы биік етіліп жасалса, шай қайнататын Қ.-дардың пошымы отқа қойғанда тез қызатындай және дастарқан басында шай құйғанға ыңғайлы болуы үшін пошымы жатағандау болып келеді.

ҚР MOM қорында сақтаулы (КП 1444) құманның өн бойына өсімдік өрнектері салынған. Биіктігі 34 см. Сырты ақ және сары металмен көмкерілген. Қ.-ның бүйірі шығынқы, мойын жағы жіңішкеленіп біткен. Қақпағы күмбез пішінді, жиегін айналдыра тістер қондырылған.



Жез құман. ҚР MOM қорынан (КП 1444)

Шай дайындағанда Қ.-ды қайнаған сумен бір шайып алады да, қайнап тұрған сумен жартылай толтырып, шай салып, баяу отта бір бұлк еткізіп алғаннан соң, біраз уақыт бұқтырып қояды. Шай құйғанда бірінші сүтін қатып, сонан

соң шай құйылып, соңынан қажеттілікке қарай, самауыр, шауғімнен кайнаған су қосып, шайдың қоюлығы әркімнің талғамына қарай реттеліп отырады. Шайдың көп уақыт ыстық болуы шартын ескере отырып, Қ.-ды жылуын тез жібере қоймайтын фарфор, фаянс сияқты қыш түрлерінен, металдан жасалады. Металдан жасалған түрлерін көбіне *жезқұман* деп атаса, қыштан жасалғандарын *аққұман* деп атау қалыптасқан.

Музей қорындағы КП 1441 нөмірлі шай демдеуге арналған Қ. қызыл мыстан жасалған. Биіктігі 14,5 см, ені 24,5 см. Ұстайтын тұтқасы, шүмегі бар. Қақпағы ұстайтын тұтқаға ірі тоқылған шынжырмен бекітілген. Қақпақтың жоғарғы жағында күмбез тәрізді домалағы бар.



Шай демдейтін жез құман. ҚР МОМ қорынан (КП 1441)

Ал күмістен соғылып жасалған аса қымбат Қ.-дар *күмісқұман* деп аталғаны белгілі. Осындай күміс Қ.-ның бірі қазақ зергерлік өнерінің бірегей туындысы АҚШ-тың Нью-Йорк қаласындағы Метрополитен музейінде сақтаулы.



Күміс құман. Батыс Қазақстан XIX ғ. аяғы. (Turkmen Jewels. Silver Ornaments from the Marshall and Marilyn R. Wolf Collection the Metropolitan Museum of Art (New York. 2011) атты кітаптан

XIX ғасырдың соңы XX ғ.-дың басында *аққұмандар*, фарфор кеселермен қатар, қымбат ыдыс аяқтар қатарына жататын, осыған байланысты мұндай ыдыстар, көшіккон кезінде сынып, жарылудан қорғау үшін арнайы қап – қапшықтарда сақталатын (к. *Аяқ қап*, *Кесе қап*). Қазақ шеберлері шытынап жарылған Қ.-дарды, асқан шеберлікпен, күміс немесе қалайы сыммен «жамап» бекітіп су ақпайтындай етіп жымдастырып, қолданыс уақытын ұзартатын.

Әдеб.: Карутиц Р. Среди киргизов и туркменов на Мангышлаке. СПб., 1911; Этнография питания народов Зарубежной Азии. Опыт сравнительной типологии. М., 1981; Пещерева Е.М. Гончарное производство Средней Азии. М.; Л., 1959; Шаниязов К.К. этнической истории узбекского народа (историко-этнографическое исследование на материалах кипчакского компонента). Ташкент, 1974. С. 279-280; Валиханов Ч.Ч. О состоянии Алтышара, или Шести восточных городов китайской провинции Нан-лу (Малой Бухарин), в 1858-1859 годах // Валиханов Ч.Ч. Избр. произведения. М., 1987; Жүнісов А. Бабалар дәстүрі: Қазақтың байырғы тұрмыс-салт тұрғыптары. Алматы, 1992; Бабажанов С. Этнографиялық мақалалар. Алматы: Қазақстан, 1993; Бушков Р. Ароматы Востока // Татарстан. 1992. № 11-12. С. 92,94; Абашинов С.Н. Чай в Средней Азии: история напитка в XVIII-XIX веках // Традиционная пища как выражение этнического самосознания. М.: Наука, 2001. С. 204-230; Қатран Д. Қазақтың дәстүрлі ас-тағам мәдениеті. Алматы: КМӨҒЗИ, 2002; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰМАР ОЙЫНЫ – ұтысқа ақша тігіп ойналатын ойындардың жалпылама атауы. Қ.о.-ның басқа ойын түрлерінен ерекшелігі, ұтыстағы құндылықтарды ұту (ақша, немесе кез келген құнды заттар), еңбектің немесе ақыл-ойымен есептеудің негізінде емес, ойнау құралдардың кездейсоқ түсуіне байланысты болып келеді. Ойынға берілген адамдар осы кездейсоқтықтың негізінде табыс табуға ынтыға беріліп азаматтық парыздарын тәрк етіп, Қ.о-ға толықтай тәуелді болып қалады. Қ.о.-на берілу қоғамда қылмыспен қатар саналып, моральдық-этикалық тұрғыдан алғанда үлкен күнәлар қатарына жатқызылатын. Қ.о.-на берілген адамдарды *құмарпаз* деп атаған. Осы күнгі медициналық анықтамаларда құмарпаздық «*лудомания*» деген атпен адам ауруларының қатарына жатқызылады.

Қазақ арасында әсіресе тарағаны – асықтармен, картамен ойналатын «*жиырма бір*» деп аталатын Қ. ойыны (қ. *Жиырма бір*). Қазіргі уақытта Қ. о.-ның түрлері көптеп дамып, ұйымдастырушылардың табыс табатын көзі болып, өзінше бір өндіріс түрлеріне айналды.

ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰМАРШЫҚ – қырдың құмында, құмайты жерлерде өсетін, қанбаққа ұқсас, дәні ұсақ қыр оты. Ол Нарынқұм, Сам, Қарақұм, Мойынқұм және т.б. аймақтарда өседі. Қ.-ты мал сүйсініп жейді. Жаздың соңғы (тамыз), күздің орта кезіне дейін (қыркүйек, қазан айлары) гүлдеп, тұқым береді.

Жергілікті тұрғындар Қ.-тың дәнін азық ретінде пайдаланған. Ертеректе Қ. піскен мезгілде ол өсетін жерлерге қазақ ауылдары жақындап көшіп баратын болған. Бұл жайтты ел аузында *құмаршыққа көшу* деп атаған.

Қ.-тың дәні толысып піскен кезде оны жұлып алып, жайылған қақпа алашаның үстіне үйеді де, сабау таяқшамен үстінен соққылайды. Қ.-тың дәні алашаға төгіліп түседі.



Жергілікті тұрғындар ұжымдасып Қ. қағысқаннан кейін зерен аяқпен теңдей бөліп үлестіреді. Жергілікті халық арасында бұл *бөтеке беру* деп аталады. Қ. дәнін қазанға қуырып, жейді, сүтке қосып, үстіне май салып *құмаршық көже* жасайды. Қуырылған Қ.-ты сүтке бөктіріп, *сүтбөкпен*, майға бөктіріп *майбөкпен* жасайды. Қ.-ты ағаш келіге салып ұнтақтайды, диірменге тартып ұн жасайды.



Құмаршықтың гүлдеген кезі. ОМЭЭ – материалдарынан

Қ. аса бітік шыққан кезде, онан май алынады. Оның майы *күнбағыс*, *мақта* майларынан кем бағаланбайды.

Әдеб.: *Аткинсон Т.* Еще три замечательных растения Среднеазиатских степей // ТС. Т.67. Сост. В.И. Межов. СПб., 1873. С.69-70; *Хайдарұлы С.* Ой ұшқындары: нақыл сөздер. Алматы: Өлке, 2008; *Уәли Н.* Бұрынғыдан қалған сөз (қолжазба); ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰМБҰЛАУ – халық емшілігінде кең таралған табиғи факторлармен емдеу тәсілдерінің бірі. Бұл суық зардабынан өршитін *жел-құз* ауруларын, әсіресе, буын мен ішкі ағзалардың созылмалы ауруларын емдеуге тиімді тәсілге жатады. Қазіргі медицинада «сұрғақ ванна» деп аталатын мұндай ем жаз шілдесінде жердің қыртысы толық қызған кезде атқарылады. Шөлейт жерлердегі *сусымалы құмға* арнайы барған адамдар күн төбеге жақындаған кезде ауру адамды басын ғана ашық қалдырып құмға көмеді. Оның басынан күн өтіп кетпес үшін үстіне *күркеше* тігіп, көлеңкелеп қояды.



Құмбұлау емін жасау. Аурудың басынан күн өтпес үшін күркешмен қалқалап қойған. ҚР MOM материалдары бойынша суретті салған Б.Досымов

Әдетте бір аптаға созылатын бұл үрдіс бірінші күні сүт пісірім уақытқа ғана жалғасады. Сонан күн сайын ұзарта отырып, бие сауымдай (бір сағатқа дейін) уақытқа дейін ұзартылады. Ем аяқтала саласымен құмға жақын жерге тігілген киіз үйге келіп тыныққан емделушіге күтуші адамдар сорпа, ас-су әзірлеп береді. Қ.-дан кейінгі сорпаланудан (қ. *Сорпалану*) кейін ағыл-тегіл терлеген адамға қымыз, шұбат сияқты қуатты сусынды молынан берсе күш жинайды деседі.

Халық емшілерінің айтуына қарағанда, Қ. емін қабылдаған адам ағыл-тегіл терлейтіндіктен ағзадағы зиянды қалдықтар денеден аласталады. Сөйтін, зат алмасу күшейіп, ағза тазарады. Осылайша, адамға жабысқан жел-құз салдарынан өршіген түрлі аурулардан тез айығады (қ. *Жел-құз*). Әсіресе, *құяң*, *буын сырқырау*, *сарып* сияқты түрлі созылмалы аурумен ауырған жандар Қ. емін бірнеше жыл үзбей жасаса ауруынан құлантаза айығады деп есептеді.

Әдеб.: *Ягшин А.* Киргиз-кайсацкие степи и их жители. СПб.: Тип. Карла Крайя, 1845; *Карутиц Р.* Среди киргизов и туркменов на Мангышлаке. СПб.: Изд. А.Ф.Девриена, 1911; *Алдашев А., Әлімханов Ж.* Қазақтың халық медицинасының құпиясы. Алматы: Қазақстан, 1992; *Арғынбаев Х.* Шынайы емшіліктің жөні бөлек // Зерде. 1989, №12. 20-21 бб; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰМҒАН СЫРҒА – құмған, құмыра пішінді құлаққа тағатын әшекей. Құмған сырға жасалу тәсілі жағынан құйма бұйымға жатады. Ол *құйма қалыпта* жасалады. Ондай Қ.с. салмақты болып келеді. Сондықтан құлақтың сырға тағатын төменгі жұмсақ тұсы (ол сырғалық, асандық немесе мүрсін деп аталады) жырылып кетпес үшін Қ.с. шағындау етіп құйылады. Оны жеңіл етудің тағы бір жолы – құмыра пішінді дүмбір тәрізді төменгі бөлігінің ішін қуыс етіп жасалады.



Құмған сырға. ҚР MOM қорынан (КП 27623/7а,б)

ҚР MOM қорындағы сақталған Қ. с.-ның бір нұсқасының (КП 27623/7а,б) пошымы сыртынан қарағанда расында құмғанды елестетеді: ілмек түріндегі сырғалық бөлігі құмғанның шүмегі іспетті. Ал, «құмғанның» дүмбір тәрізді төменгі бөлігінің бүйірі шығыңқы, ішкі жағы қуыс. Аталған бөліктің жоғарғы және төменгі жағында құмғанның түбі мен қақпағына «ұқсайтын» элемент металл түйіршіктерді дәнекерлеу тәсілімен бейнелеген. Бұл Қ.с.-ның жалпы ұзындығы 5,1 см, ені 1 см ғана.

Мұндай Қ.с. сирек кездеседі, таза күмістен жасалғандары ертеде жоғары бағаланған.

Әдеб.: *Шойбеков Р.Н.* Қазақ зергерлік өнерінің сөздігі. Алматы: Ғылым, 1991; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰМҚАТА – жылқы түлігінде кездесетін ката ауруының қауіпті түрі (**қ. Ката**). Катаның бұл түрі, әсіресе, жер көктемген жұт жылдары жиі кездеседі. Өйткені, аласа, әрі сирек өскен отты обырлана жеген жылқының ішіне құм мен тастың қиыршықтары түсін кетеді. Ішке түскен құм қиыршықтары ішек-қарынның көп иірім катпарларына шоғырланып шөгеді, сөйтін жеп-шөптің жүруіне кедергі келтіреді. Соның салдарынан жылқының іші кеуіп кетеді, жем-шөпке зауқы соқпайды, бүйіріне қарай береді. Мал аурулары туралы еңбегінде Ж.Бабалықұлы дерегіне қарағанда, Қ. болған жылқының ішінен көлемі кос уыстай 2,5-3 кг тас аралас құм алған. Қ.-ны дауалау жолы жоқтың қасы. Тек суарып, жерге аунатады. Аурудың беті қайтқан соң пышаққа іліндіреді. Әйтпесе, арам өліп қалуы мүмкін.

Әдеб.: ЦФА РК. Ф.25, О.1, Д.4199, Св.387. Л.74. О коневодстве в Тургайской области (20.03.1892 г. - 10.10.1895 г.) 187 л.; *Ведерников В.* Кум-ката – песочная болезнь // АВН. 1897. Кн.5. отд.IV. С.151; *Аргынбаев Х.* Қазақтың мал шаруашылығы жайында этнографиялық очерк. Алматы: Ғылым, 1969; *Бабалықұлы Ж.* Мал ауруларының қазақша атаулары. Алматы: Қайнар, 1986; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰМСАҒАТ / ҚҰМСАҒАТ ӨРНЕК – тұмарша түріндегі геометриялық өрнектердің сүйір ұштарының бір-біріне жалғаса түсін, *құмсағат* бейнесін елестететін өрнек түрі. Әдетте, мұндай өрнек кілем және тоқыма бұйымдарының жиегіндегі *қорғанына* салынады.



Қорғанына құмсағат өрнегі салынған тақыр кілем. XX ғ. 2-жартысы. Түркіменстан. Красноводск өңірі. ҚР MOM қорынан (КП 21367)

ҚР MOM қорында сақтаулы (КП 21367) тақыр кілемнің (ұзындығы 338 см. ені 205 см) *көліне* (ортасына) тор көз етіп қиық бұрышты *шаршы* өрнегі терілген. Шаршылардың ішіне *төртқұлақты қосмүйіз* өрнегі салынған. Жиегіне *алақұрт* өрнегінен екі қатар су жүргізіліп, арасындағы *қорғанына* ақ, қызыл түсті *құмсағат* өрнегі айналдыра өрнектелген. Кілемнің екі шетіндегі түксіз жалпақ жолағына ақ түсті үзік су жүргізіліп, желі жібінен шашақ шығарылған.

Әдеб.: *Касиманов С.* Қазақ халқының колөнері. Алматы: Қазақстан, 1995; Қазақ кілемдері мен тоқыма бұйымдары. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музей коллекциясынан. Ғылыми каталог (қазақ,

орыс, ағылшын тілдерінде). Ғылыми редактор және жоба жетекшісі Нұрсан Әлімбаев. Алматы: ICOS, 2012; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰМЫР – малдың кеңсірігінде өршитін ауру атауы. Көшпелі ортада түйе шаруашылығына үлкен зиян әкелетін, ішінара қой мен ешкіде де кездесетін ауру. Мұрағат деректерінде бұл аурудың шаң-тозаңы көп жерлерде кездесетін бөгелек пен құмыты шыбындар салдарынан өршитіндігі айтылады (**қ. Құмыты**). Аталған насекомдар түйенің танауына дернәсілін салудан оны кеңсірігі мен *кеужірінде* құрттар өсіп шығады. Олар танаудың шырышты қабаты мен ұсақ қан тамыршаларын зақымдайды. Ауру асқынған кезде танаудан сулы ірің ағады.

Қ.-ға арық түйелер жиі шалдығады, ал, семіздері пысқырып, ауру коздырғышын сыртқа шығарып тастайды. Қ.-ға шалдыққан мал басын шайқап, жыбырлаған тұмсығын кез келген затқа үйкелейді, тамағы қырылдап, пысқырғыш болады. Қазақ емшілерінің пайымдауынша, ауру әбден асқынған кезде коздырушы құрттар тыныс жолымен өкпеге жетеді. Мұндай қалға жеткен түйеге өлім қаупі туады.

Қ.-ды оташылық тәсілмен дауалаған. 1894-97 жылдары Торғайда учаскелік мал дәрігері болып істеген В.В.Лавровтың мәлімдеуінше, «*мұрны бітіп, пысқырған түйені жығып, сиырдың немесе жылқының шығжырылған майын танаудың екі тесігіне тамызады. Бұл шара 2-3 күн қатарынан қайталанып жасалады*». Бұл нәтиже бермесе, түйенің кеңсірік тұсына ұялаған құрттарды оташалық тәсілмен құртады: бет жарғағын тесіп, оған жіңішке түтікпен мүсәтір, күкірт немесе күшпәлә ұнтағын үрлейді. Мұндай «*бет сүйекті тесу*» деп аталатын оташылық түйенің танау, маңдай және үстінгі жақ сүйектерінің түйіскен тұсына жасалады. Ондағы сүйексіз жұқа жарғақ теріні дәлме-дәл анықтау шебер оташының ғана қолынан келген.



Құмыр болған түйенің бет жарғағын тесу отасы. ҚР MOM материалдары бойынша суретті салған Б.Досымов

Ауру асқынып өкпеге шапқаны белгілі болса, оны «*дәрі түтінімен ыстау*» шарасы жасалады. Ол үшін түйенің басын тұмшалаған соң күйдірілген дәрі түтінін қамыс түтікпен өкпеге қарай жібереді. Түрлі авторлардың мәліметтеріне қарағанда, Қ. сор мен тұз жеткіліксіз және



ашы от тапшы кездерде жиі өршиді. Сондықтан онан сақтану үшін түйені сорға немесе ашы отты жерлерге жаяды (к. *Ашы от*).

Әдеб.: ЦГА. Ф. 25 0.1 Д. 4219 св 392. Л. 91-92 Дело о состоянии верблюдоводства в Тургайской области по сведениям ветеринарных врачей; Диваев А. Из области киргизского скотоводческого хозяйства // ТВ. 1904. № 102; *Бабалықұлы Ж.* Мал ауруларының казакша атаулары. Алматы: Қайнар, 1986; *Хинаят Б.* Қазақтың дәстүрлі малдәрігерлік білім жүйесі (тарихи-этнологиялық зерттеу). Тарих ғылым. кандидаты дәрежесін алу үшін ұсынылған диссертациясының қолжазбасы. Ғылыми жетекші Нұрсан Әлімбай. Алматы, 2001; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ материалдарынан.

ҚҰМЫРА – сұйықтық және бидай, тары, талқан сияқты сусымалы ас-тағам салып сақтауға арналған ыдыс. Кейде сұйық та құйылады. Әдетте, Қ-ның аузы тар, мойны жіңішке, бүйірі кең, табаны тегіс болып келеді. Кейбірінің бүйірінде ұстауға арналған тұтқасы болады. Қ-ны саз бен балшықтан күйдіріп немесе қалыптың көмегімен мыстан, жезден құйып жасаған. Қ-ның саз-балшықтан жасалған түрін қызуы жоғары пешке салып күйдірген (к. *Қыш*). Оны *қыш құмыра* деп атайды. Үлкен Қ-ларға үш пұттан астам астық сиятын болған.

ҚР MOM қорында КП 27596/1 тіркеу нөмірімен сақтаулы мойны қысқа шар тәріздес құмыраның биіктігі 37 см, бүйірінің диаметрі 103 см. Оның табаны тегіс, бүйірі кең, ернеуі сыртқа шығыңқы. Бүйірінің орта тұсына көлбеулете жүргізілген екі қатар сызықтың ортасына ирек жолақ жүргізілген.



Құмыра. ҚР MOM қорынан (КП 27596/1)

Сондай-ақ, құдықтан немесе ылдида жатқан өзеннен жоғарыға су тартып шығаруға арналған шығырдың қауғасы да құмыра тәрізді етіп жасалды.



Шығырдың құмырасы. XIX ғ. ҚР MOM қорынан (КП 27638)

Музей қорындағы құдықтан су шығаруға арналған шығырдың қауғасы ретінде жасалған Қ-ның (КП 27638) түбі дөңгелек, бүйірі кең, мойны қысқа, ернеуі сыртқа шығыңқы. Мойын тұсында шығырға бекітуге арналған шағын тұтқасы бар. Түп жағында түйнек тәрізді екі бүртігі бар. Бұл Қ-ның биіктігі 41 см, ернеу диаметрі 11 см, түбінің диаметрі 9,8 см.

Әдеб.: Ә.Базарбеков. Тұрмыстық лексикаға байланысты кейбір ерекшеліктер. ҚР ҰҒА-ның Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. 2004. №1. 30-33 бб; Қазақстанның ежелгі көшпелілер мәдениеті. ҚР MOM археологиялық коллекциясы. Ғылыми басылым (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде). Жоба жетекшісі Нұрсан Әлімбай. Алматы: Ди-Пи-Эс, 2009. ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰМЫРСҚА – дәстүрлі түсінікте еңбеккорлығымен, илеуде топтанып тіршілік етуімен белгілі, дене бітімі бунақталып келген кішкене жәндік. Оның *қара Қ.*, *қызыл Қ.*, *қанатты Қ.* деген түрлері бар. Қ-дың топтасып тіршілік ететін жері *илеу* деп аталады. Қ-лар илеуін кураған шөп қалдықтарымен жерден көтеріңкі етіп, кішігірім төбешік тәрізді етін жасайды. Осылай жасалған илеуде бірнеше мыңдаған Қ. сапырылысып тіршілік етеді.



Құмырсқа илеуі. ОМЭЭ – материалдарынан.

Баяу қимыл мен ілбіген жүрісті – Қ. *аян*, баяу көшті – Қ. *көш*; қыз баланың жің-жіңішке, нәзік қыпша белі мен қынама етіп сәнделіп тігілген *көйлек*, *камзол*, *кебіс* сияқты киімді – *құмырсқабел*; құж-құж қайнаған сапырылысқан халық өмірін – Қ-ның *илеуіндегі*; қанша жасырын, құпия іс істесе де бәрібір ізі қалады дегенді – Қ-ның *тас басқаны* *Тәңірге аян* – деп келетін тұрақты тіркестерден Қ-ның халық танымында ерекше орынға ие жәндік екендігін байқауға болады.

Табиғаттағы күн райын алдын ала сезетін жәндік ретінде халықтық метеорологияда Қ-ларға қарап болжам жасаған. Мысалы, Қ. илеуде әдеттегіден көп көрінсе және де илеуіпе шұбырып кіріп жатса – күн райының бұзылып, жауын жауатынын нышаны. Ал, күздігүні Қ. илеуі әдеттегіден биік болса қыс қатты болатындығының, олар илеуін тастап кетсе жер сілкінуінің нышаны болып саналған. Сонымен бірге үйге қаптаған Қ. үйге ырыс келуінің белгісі деген. Дегенмен, шектен тыс қаптап кеткен Қ-дан құтылудың амалы жылқының екі тезегін уыққа іліп қоятын да болған.



Сондай-ақ, халықтың салған егіні қалай шығатынын болжау үшін мынандай ырым жасаған. Егістік маңындағы құмырсқа илеуіне ұзындығы әркелкі үш шыбық қадайды. Содан кейін құмырсқаның қай шыбыққа өрмелеп шығатынын бақылап қарап тұрған. Егер құмырсқа ең ұзын шыбыққа шықса өнім мол болады деп сенген.



Құмырсқа. ОМЭЭ – материалдарынан

Халық түсінігінде Қ.-ның илеуін бұзуға болмайды. Қ.-лардың адам денсаулығына пайдасы барын көп халықтар ерте кезден білген. Оны халықтың «*ауруды алып кетсін*» деген ырыммен күлше нанды ауырған адамның басынан айналдырып, Қ. илеуіне тастаса ауруынан айығады дейді. Сол сияқты буыны ауырған адам аяғын Қ. илеуіне салып шақтырса ем болады.

Малдың құлағына ең салған соң «*мал басы көп болсын, төлдердің кесілген жері тез жазылсын*» деген ырыммен құлақ киындыларын Қ илеуіне тастатады. Мал құлағының ұшынан немесе алды-артынан салынған ең түрі *құмырсқа* ең аталады. Осындай малға салынған ең нұскасынан *құмырсқа* деп аталатын өрнек түрі пайда болған.

Қ.-ға қатысты әртүрлі паремиологиялық тіркестер – мақалдар, мәтелдер, әсіресе, жұмбақтар мол кездеседі. Бұл жайтты Қ. жәндігінің қазақтың дәстүрлі дүниетанымы мен наным-сенім жүйесіндегі өзіндік маңызымен түсіндіруге болады. Мысал ретінде ертеректе қазақы ортада көп тараған төмендегідей жұмбақтарды келтіруге болады:

*Екі басы жұдырықтай,
ортасы қылдырықтай (Құмырсқа);
Елек-елек тарым бар,
көтере алсаң бәрін ал (Илеу);
Белең-белең, белең ат, белі бүкір күрең ат.
Тауға шықса таймайды, тайып кетсе өлмейді (Құмырсқа)*

Құмыты – қанатты құмырсқа. Құмыты жерде жүретін Қ.-ға ұқсас. Сол себептен де оны *қанатты құмырсқа* деп те атайды. Жоғарыда аталған қанатты Қ. ірі әрі қызыл түсті болса, бұл кішілеу әрі кара түсті болады. Құмыты күннің желсіз тымырсық уақытында «аспаннан жауады». Ол жауған кездерде адамның жұмыс істеуіне мүмкіндік бермейді. Төбеден жауған құмыты адамның мойнына, қойнына кіріп шағып, жыбырлатып әуреге салады. Ондай жағдайда ысқырып жел шақырады. Жел шыққан жағдайда құмыты желмен бірге ығып кетеді. Мұндай құбылыс дәстүрлі қазақы ортада күн жауатындығының нышаны болып саналды.

Әдеб.: *Аргынбаев Х.* Қазақтың мал шаруашылығы жайында этнографиялық очерк. Алматы: Ғылым, 1969; *Қасиманов С.* Қазақ

халқының колөнері. Алматы: Қазақстан, 1995; *Бөкей О.* Қайдасын қасқа құлыным. Повестер мен әңгімелер. Астана: Ел Орда, 1999; *Кейкін Ж.* Қазақы атаулар мен байламдар. Алматы: Өлке, 2000; *Шаймерденов К.Т.* Қазақтардың диканшылық кәсібінде кездесетін түрлі рәсім-кәде, салт-жоралғылар // Қазақтың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері: өткендегісі мен бүгінгісі. Мақалалар жинағы. Құраст. С. Әжіғали. Алматы: Ғылым, 2001. 191-201 бб; *Ажигали С.Е.* Религиозность и обрядность сельчан Казахстана в ближайшей ретроспективе: Жетысу, середина 80-х // Обычай и обряды казахов в прошлом и настоящем. Сборник статей. Алматы: Ғылым, 2001. С.35-98; Қазақ тілінің аймақтық сөздігі. Құраст.: Ғ.Қалиев, О.Нақысбеков, Ш. Сарыбаев, А.Үдербаев және т.б. Алматы: Арыс, 2005; *Манкеева Ж.А.* Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері. Алматы: Жібек жолы, 2008; ҚӘТС. 10-том. Алматы: Арыс, 2009; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

КҮН – дәстүрлі қазақы ортада қолданылған жазаның ең ауыр түрі. Әдетте, қылмыскердің кісі өлтірген күнәсінің мал басымен өтеуін білдіреді. Қазақтың әдет-ғұрыптық құқығына байланысты сан алуан деректерге қарағанда, **күн** жазасына кісі өлтірушіден басқа қылмыскердің төмендегідей категориялары кесіліп отырылды:

- кісі өлтіргенді жасырғандар;
- кісінің екі құлағын кескендер;
- кісінің екі көзін шығарғандар;
- кісінің тістерін түгел сындырғандар;
- үшінші рет ұрлық жасағандар;
- ұрлықты ұйымдастырушыны жасырғандар немесе оның қашып кетуіне себепкер болғандар.

Мұндай қылмыстардың субъектілерін билік жүргізу жосынының ежелден қалыптасқан дәстүр бойынша **құныкер** деп атаған (**к. Құныкер**). Қ. жазасына кесу үрдісінің ерекше күрделі әрі ауқымды сипатына байланысты оған **құныкер** мен айыптаушының руластары да, кейде үш жүздің ең беделді деген билері, рубасылары, батырлары сияқты көрнекті тұлғалары да қатысты. «**Ата-баба жолының**» қағидаларына сәйкес кесілген Қ.-ды **құныкерден** басқа оның руластары да бөліп төледі. Қ.-ды ортақтасып төлеуге қатысқандарды **құндастар** деп атады (**к. Құқық / Әдет-ғұрыптық құқық / Әдеттік құқық / Билер соты / Халық соты / Билік / Билік айту / Билік жүргізу / Төрелік айту / төрелік жүргізу / Би кесімі / Іс кесу / Қақы / Құқы; Құндастар**). Сан алуан этнографиялық және фольклорлық деректер көшпелі ортада Қ.-ның төмендегідей түрлерінің болғандығын көрсетеді:

- хан құны;
- сұлтанның құны;
- төре мен қожаның құны;
- ердін құны;
- әйел құны;
- өнер құны;
- сүйек құны;
- кара күн.

Сонымен бірге Қ. мөлшеріне қарай **толық күн, бір жарым күн, жарты күн, ширек күн, жарты ширек күн** түрлеріне жіктелді. Дәстүрлі билік жүргізу үрдісінде Қ. жазасының мөлшері ретінде **толық күн** негізге алынды. Оны **ердің құны** деп те атады. Мөлшері 1000 қой, жылқыға шаққанда 100 немесе 50 түйе болды.



Деректерге карағанда, ханды өлтіргені үшін *құныкер* мен оның руластары 7000 кой немесе 700 жылқы, түйе басына шаққанда 350 түйе төледі, яғни, караша халықтың өкілінің Қ.-ынан 7 есе көп болды (*к. Құқық / Әдет-ғұрыптық құқық / Әдеттік құқық / Билер соты / Халық соты / Билік / Билік айту / Билік жүргізу / Төрелік айту / Төрелік жүргізу / Би кесімі / Іс кесу / Қақы / Құқы*). А.И. Левшин мен П.Е. Маковецкийдің мәліметтеріне сүйенсек, сұлтанның Қ.-ы хан билігі жүріп тұрған заманда ханның Қ.-ымен бірдей болған сынайлы (*к. Жеті Жарғы*). Кейін казак өлкесінде орыс отаршылдық жүйесінің орнығуына байланысты хан билігі жойылғаннан кейін сұлтанның Қ.-ы 200 жылқыға дейін төмендеді (кой басына шаққанда 2000 кой; түйе басына – 100) ал әйел сұлтанның құны *қарашаның* құнымен бірдей болды. Жай төре тұқымы мен кожаның құны да 100 түйе немесе 200 жылқы, кой басына шаққанда 2000 койға тең болды. Осы ретте ескере кетер нәрсе – жоғарыда аталған хан билігі заманында, яғни, орыс отаршылдығы орныққанға дейінгі кезеңде, А.И. Левшиннің мәліметіне карағанда, кісі қолынан мерт болған кожа мен төренің Қ.-ына деп 350 түйе немесе 700 жылқы, кой басына шаққанда 7000 кой аталды. Яғни, ханның құнымен деңгейлес болған сынайлы (*к. Жеті Жарғы*). Ердің, яғни, карапайым караша халықтың өкілінің Қ.-ы, жоғарыда айтылғандай, 1000 кой, әйел үшін 500 кой мөлшерінде болды. Кісі қолынан каза болған адамның денесін кісі өлтіруші жасырған жағдайда (мәліп марқұмның туыстарына дер кезінде тимесе) ол билердің үкім-кесімімен косымша Қ. төледі. Бұл Қ.-ның түрі *сүйек құны* деп аталады. Мұндайда ер адамның мәйітінің жасырылғаны немесе дер кезінде туған-туыстарына жетпегені үшін П.Е. Маковецкийдің мәліметіне сүйенсек, *құныкер* мен оның руластарынан 10-20, ал өлтірілген әйел адамның денесі үшін 5-10 бас түйе мөлшерінде *сүйек құны* өндірілді. Ал әйгілі Сакқұлак бидің қолжазбасындағы материал бойынша ер адамның *сүйек құны* 1000 койға, әйел адамның – 500 койға тең болды (*к. Жеті Жарғы*). Сакқұлак бидің қолжазбасындағы мәліметке карағанда *сүйек құны* үстеме құн деп те аталды (*к. Сүйек құны / Үстеме құн*).

Кісі қолынан каза тапқан адам өнерлі жан болса, *құныкер* мен оның руластары әлгі өлген адамның Қ.-ына косымша *өнер құны* деп аталатын 1000 койға тең Қ. төледі. Егер өлтірілген өнер адамының мәйіті жасырылғаны анықталса немесе дер кезінде туған-туыскандарына жетпегені үшін *құныкер* мен оның руластары төлеген Қ.-ның мөлшері үш ер адамның Қ.-ына тең болды. Сонымен бірге өлген адамның сүйегін туған-туыскандары дер кезінде алмағаны үшін *құныкер* мен оның руластары *ер құны* мен *сүйек құнына* косымша *қара құн* деп аталатын Қ. төледі. Қара құнға міндетті түрде кісі өлтірушінің астындағы кісі өлтірген кезде мінген аты, өлтірген мылтығы немесе қылыш, садақ, найза сияқты қаруы, нар, қалы кілем, тон және *сары жсаулық* аталды (*к. Сары жсаулық*). Бұл Қ.-ның өзіндік ғұрыптық ерекшелігі төмендегідей болды: аталмыш аттын құйрығы міндетті түрде шорт кесілді. Ол *қанды қара шолақ ат* деген атауға ие болды. Кісі өлтірудің жоғарыда аталған құралдары *қанды қару*

(кейбір деректерде – *қанды шолақ қара мылтық*), аталған нар *қара нар*, кілем *қара қалы кілем*, тон *қара тон* деп аталды. Осы ретте ерекше ескерер гәп – *қара құн* *құныкер* тарапынан зардап шеккендер тарапына *ер құны* мен *сүйек құнының* алдында жіберілді. Бұл *құныкер* мен оның руластарының өзінің бар күнәсін мойындағандығын білдірді.

Жоғарыда айтылған қисын мен келтірілген мәліметтер Қ. жазасының ұйымдастырылу және атқарылу тәртібінің мейлінше күрделі үрдіс болғандығын айғақтайды (*к. Жеті Жарғы; Құқық / Әдет-ғұрыптық құқық / Әдеттік құқық / Билер соты / Халық соты / Билік / Билік айту / Билік жүргізу / Төрелік айту / Төрелік жүргізу / Би кесімі / Іс кесу / Қақы / Құқы*).

Әдеб.: Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. В 3-х частях. Часть третья. Этнографические известие. СПб.: Тип. Карла Крайя, 1832. С.170-178; Баллюзек Л.Ф. Народные обычаи, имевшие, а отчасти и ныне имеющие Малой Киргизской орде силу закона // ЗОО ИРГО. Вып. II. Казань, 1871. С.45-167; Маковецкий П.Е. Материалы для изучения юридических обычаев киргизов. Вып. I. Омск: Тип. Округ. Штаба, 1886; Леонтьев А. Обычное право киргиз. Судостроительство и судопроизводство // Юридический вестник, №5, 1890. С. 114-139. Он же. Управления и суда в сибирских степях // Юридическая летопись, 1892. - №7. С.18-35. Изразцов Н. Обычное право («адап») киргизов Семиреченской области // ЭО, 1897. №3. С. 67-94. Он же. Обычное право («адап») киргизов Семиреченской области // ЭО, 1897. №4. С. 1-36. Гурьянд Я. Степное законодательство с древнейших времен по 17-ое столетие. Казань, 1904; Антолова Н.Г. Присоединение Казахстана к России в начале XVIII в. Алма-Ата, 1948; Культелева Т.М. Уголовное обычное право казахов (с момента присоединения Казахстана к России до установления советской власти). Алма-Ата, 1955; Антолова Н.Г. Экономические и политические связи Казахстана с Россией во второй половине XVIII – начале XX в. М.: Изд. АН СССР, 1960; Абай. Екі томдық шығармалар жинағы. 1-2 том. Алматы: Жазушы, 1986; Есім ханның ескі жолы / Есім хан салған ескі жол // Қазактын этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 2-т. Алматы: РПК «Слон». 2012. 99-102 бб.; Жеті Жарғы // Сонда. 373-389; Қасым ханның қасқа жолы // Сонда. 3-т. Алматы: РПК «Слон». 2012. 506-507 бб.; Нұрсан Әлімбайдың қолжазбасы; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰНАЖЫН – үш жасар ұрғашы мал атауы. Бұл атау көбінесе сиырға қатысты айтылады. Қой-ешкіге қатысты қолданылуы сирек (оны көбінесе саулық деп жалпылама атайды). Ал, өзге де малдарға қатысты қолданылғанымен олардың қандай мал екендігі қосарлана айтылады. Мысалы, жылқыда Қ. *байтал*, түйеде Қ. *інген*, Қ. *мая*, Қ. *қоспақ* т.б. Ал, бұл атау сиыр малының өзіне де Қ. *сиыр* деп айтылады (*к. Сиыр*).



Құнажын. ОМЭЭ – материалдан

Қ. жасында құтпаннан шығады (**қ. Құтпан**). Осыған байланысты тілімізде біреуге-біреу тектен-тек жоламайды, ұрынбайды дегенді «*құнажын көзін сүзбесе, бұқа бұйдасын үзбейді*» деген сөз орамы туындаған. Сиыр, жылқы, түйе болсын көбінесе осы жасында төлдейді: алғаш төлдеген *тұмса Қ.* төлія қызғанғыш болады. Халықтық білімдегі тағы бір уәж, тұмса Қ.-ның төлі басқаларға карағанда, көбінесе, тұрпаты кішілеу болып келеді.



Құнажын байтал. ОМЭЭ – материалынан

Жылқы түлігін күзеген кезде Қ.-ды (құнанды да) күзеудің өзіндік ерекшеліктері бар: кекілі мен жалы құнанша күзеледі де, құйрығының жоғарғы жағынан «*жол көрсетер*» аталатын екі керткі қалдырылады. Ал, құйрық шыбығы «*шыбын қағар*» деп аталатын шашақ қалғанша сыпыра күзеледі.

Әдеб.: *Добросмыслов А.И.* Скотоводство в Тургайской области. Оренбург: Тургайский обл. стат. комитет, 1895; *Аргынбаев Х.* Қазақтың мал шаруашылығы жайында этнографиялық очерк. Алматы: Ғылым, 1969; *Жанәбілов Ш.* Қазақша мал атаулары. Алматы: Қайнар, 1982; *Жақыпов Ә.* Түйе өсірушінің түсіндірме сөздігі. Алматы: Қайнар, 1989; *Радлов В.В.* Из Сибири. Страницы дневника. М.: Наука, 1989; ҚР МММ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰНАН – үш жасар еркек малдың атауы. Атаудың түптөркіні алтай тілі дәуірінен қалған үш дегенді білдіретін түбірсөзбен байланысты. Бұл атау төрт түліктің бәріне қатысты қолданылады. Мысалы, үш жасар қойды *Қ. қой*, ал, ешкіні *Қ. серке*, сиырды *Қ. өгіз*, түйені *Қ. атан* деп атаған. Бірақ, қазақ ұғымында Қ. ең алдымен жылқы түлігіне қатысты қолданылады. Мал Қ. кезінде сүт тісі мұқалып тісей бастайды, малдың денесі толыса түседі, күші де артады (**қ. Малдың жасын анықтау**). Сондықтан дәстүрлі ортада Қ. мал құны жоғары бағаланады: әсіресе, біреуге сыйтарту, бәсіре беру сияқты балалар мен жастарға қатысты жосын-жоралғыларда Қ. тарту етеді. Дәстүрлі түсінікте Қ. малдың еті мен сорпасы кенеулі, әрі нәрлі болады. Осыған байланысты тілдік қолданыста «*құнан қойдың сорпасындай*» деген сөз орамы сақталған. Қалыптасқан үрдіс бойынша Қ.-ды бәйгеге қосады (керісінше, дөненді

жарысқа қоспаған). Қазақтың «*құнан шауып құр қалмас, байтал шауып бәйге алмас*» деген тәмсілі осыған байланысты қалыптасса керек. Қ. жарысының қашықтығы тым алыс емес, небәрі, сегіз-он шақырым шамасында болады. Оны Қ. шаптырым дейді. Бапкерлердің айтуынша Қ.-ды бұл жасында көп қинамай ары кеткенде үш мәрте ғана бәйгеге қосқан дұрыс. Өйткені, артық қинау оның сүйегінің толысып өсуіне нұқсан келтіреді.

Тіліміздегі малдың жас-шамасын білдеретін басқадай да тұрақты тіркестер орын алған. Мысалы, қымыздың әлі де болса ашуы жетпеген түрін *құнан қымыз* атау осыған байланысты қалыптасқан (**қ. Қымыз; Құнан қымыз**).

Әдеб.: *Диваев А.* Несколько слов о киргизском хозяйстве // РТ. Сборник, изданный по поводу политехнической выставки. Вып. I. СПб., 1899. С.80-86; *Аргынбаев Х.* Қазақтың мал шаруашылығы жайында этнографиялық очерк. Алматы: Ғылым, 1969; *Радлов В.В.* Из Сибири. Страницы дневника. М.: Наука, 1989; *Тлепин Б.Қ.* Қой-ешкі атаулары мен тіркесімдерінің этнолингвистикалық сипаты (қазақ және түркі тілдері негізінде). Филология ғылым. канд. дәрежесін алу үшін жазылған диссертациясының қолжазбасы. Алматы, 2004; Қазақ тілінің аймақтық сөздігі. Құраст.: Ғ.Қалиев, О.Нақысбеков, Ш. Сарыбаев, А.Үдербәев және т.б. Алматы: Арыс, 2005; ҚР МММ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰНАН ҚЫМЫЗ – ашытылу ерекшелігіне сай аталған, яғни, жуас қымыз түрі. Ашыған соң екі-үш күн шамасында үстіне сүт құйылмай жеке сақталған болып келеді. Қандай жағдайға байланысты ішілетініне сай қымыз түрлері ашытылып, бапталу және сақталу әдістерімен ерекшеленеді. Мәселен, көп адам қатысатын той-мерекелерге арнап ашытқан қымызды 4-5 күн бойы ұстап отырады. Ондай сақтау – жиналғандардың көңілін көтеру мақсатында қымыздың қуатын арттыра түсу үшін қолданылады. Мұндай күйге түскен қымыз *бесті қымыз* немесе *асау қымыз* деп аталады. Қ.к. – әдетте, ауыл адамдарына күнделікті ішуге арналып әзірленетін қымыздың «ақыра» қоймаған түрі. Оның *жуас қымыз* деп те аталатындығы сондықтан (**қ. Қымыз**).

Әдеб.: *Қатран Д.* Қазақтың дәстүрлі ас-тағам мәдениеті. Ғылыми редакторы және алғы сөздің авторы Нұрсан Әлімбаев. Алматы: ҚМӨҒЗИ. 2002 ; *Кенжеахметұлы С.* Ата мұрасы – асыл қазына 1-кітап. Астана: Аударма, 2005; ҚР МММ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰНДАК' / ҚҰС ҚҰНДАҒЫ – құсбегілікте, көбінесе саятта қолданылатын қыран құсты «бөлеуге» арналған құрал, құс «бесігі». Ол құсты канат шалғыларын зақымданудан қорғайды және аяз бен жауын-шашыннан сақтайды. Аңшылықта шаршап, жаураған құсты тынықтыру үшін пайдаланса, алыс жолға шыққанда ауырған, мазасы кеткен құстарды Қ.-қа бөлейді. Оның сұлбасы бесік тәрізді болады (**қ. Бесік**). Қ. екі түрлі тәсілмен жасалады:

- оның бір түрі – тақтай ағаштан *қайыстан* топса салынып кәдімгі бесікке ұқсатылып жасалады;
- екіншісі талдан дөңгеленте иіліп, *астаушаға* ұқсатып дайындалады.

Қ. көлемі қолданатын құсқа лайықталады: бүркітке арналған түрінің көлемі үлкендеу, *шәулі қырандардікі* өзіне сай шағын (**қ. Шәулі қыран**). Қ.-тың ағаш «қаңқасының» астына бесіктің жөргегі тәрізді сырылған киіз төселеді. Оған бөлеген құсты орай тартатын бау тағылады.



Құндақталған бүркітін арқасына асып алған құсбегі.
ҚР MOM материалдары бойынша суретті салған Б.Досымов

Құсты Қ.-ка бөлеуді құндақтау деп атайды. Ол үшін, ең алдымен, қыранның екі аяғынан бір колмен ұстап, құстың ту сыртын екі тізеге қапсыра тіреп, ықшамдап ұстаған соң қыранды шүберекпен (баланы бесікке бөлегендей етін) орап алады. Сонан жөргекке еппен жатқызған соң сыртынан қымтайды, ең соңында баумен босаңдау етіп байлап тастайды. Қ. түрлі жағдайдарда құстың тынығуына жайлылық тудырады, әрі оны тоңдырмайды және шалғы-канаттарының бүлінуден сақтайды.

Әдеб.: *Almasy György. Vándorutóm Azsia szivebe. Budapest, 1903; Чорманов М. Заметка о киргизах Павлодарского уезда // ЗЗСО ИРГО. Кн.33. Омск, 1906. С.1-32; Орехов И. Охота с ловчими птицами у киргиз // ТВ. 1910. №№ 66, 67, 68; Бегалин С. Саятшы әңгімелері. Алматы: Жазушы, 1979; Муканов М.С. Охота с ловчими птицами у казахов // Известия АН КазССР. Серия общ. наук. 1983, №3; Бабалықұлы Ж., Тұрдыбаев А. Саят. Алматы: Қайнар, 1989; Сауыржанұлы Т. Құсбегілік. Өлгий, 1990; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.*

ҚҰНДАҚ² – мылтықтың окпаны бекітілетін, мылтықты атуға ыңғайлы болу үшін, қолға ұстап, иыққа тіреп, окпанды бағыттайтын ағаштан жасалған бөлігі. Мылтықтың құндағын ағаштың қатты түрлерінен (алма, жаңғақ және т.б.) жонып жасаған. Жазба деректерде қазақтарда бұрынғы кезде мылтық құндақтарын жасайтын шебер болғаны туралы айтылады. Әр кездердегі мылтық құндағының формалары түрліше болып келеді. Сондықтан мылтық Қ.-ның формасы оның қолдану уақытын анықтауға мүмкіндік береді. Алғашқы мылтықтардың құндағы түзу жасалып, ату кезінде құндақты қолтықтың астына қысып ұстап тұратын болған. Көздеуге ыңғайлы болу үшін ату кезінде мылтық Қ.-ның түбін иыққа тіреп қою қажет болды да, кейін Қ.-тың окпаннан шығып тұратын бөлігін сәл төмен қарай иілтіп жасай бастады. Бұл жетілдіру қаруды қолдануды ыңғайлы қылып, атудың дәлдігін арттырды. Қ.-тын бұл иілген бөлігі «дүмі» деп аталады. Қазақ мылтықтарында Қ. дүмінің екі түрі кездеседі: бірі – барлық түркі халықтарына ортақ

түзу бүгілген дүм. Екінші түрі – дөңгелене иіле бүгілген дүм. Мұндай дүм формасы Орталық Азия халықтарының, соның ішінде иран мен үнді мылтықтарының ықпалы болуы мүмкін. Мылтық Қ.-ының дүмі кейде күйдіріп басылған немесе ойып салынған қарапайым өрнектермен әшекейленді. Сәнді мылтықтардың Қ.-тары күміс немесе алтын шытыралармен әшекейленіп, шұға матамен немесе терімен астарланды, кейде түгелдей сүйектермен немесе алтын, күміс пластиналармен қапталды. Осылайша әшекейленген алтын құндақ мылтықтар ауыз әдебиетінде айтылады.

*Күмісті мылтық қолға алып,
Көлден қулар ұшырдым.*

Махамбет Өтемісұлы.

*Алтын құндақ ақ берен,
Ата алмасам маған серт,*

«Қобланды батыр».

Қазақ мылтықтарында Қ.-тың окпан орналасатын бөлігі окпанның ұзындығымен бірдей болып, басы окпанның аузына сәл жетіңкіремей тұрады. Бас жағында, сирағы бекітілетін тұсында шығыңқы жасалады да, онда сирағы бекітілетін ойығы болады. Сирағы тұсында және дүмі тұсында қайыстан немесе металдан жасалған ілгектер бекітіліп, мылтықты иыққа асып алып жүруге арналған, қайыстан жасалған иықбау тағылады.



Мылтықтың құндағы. ҚР MOM қорынан (КП 1828)

ҚР MOM қорында (КП 1828) мылтық құндағы сақтаулы. Құндағы ағаштан жасалған, дүмі жоқ. Құндақтың бас жағында шайбалы, жуан бұранда шегемен бекітілген сирағының қалдығы бар. Окпан құндаққа қайыстармен байланған. Окпанның құндаққа бекітуге арналған теміртегі қазынасының түбіне бұралып бекітілген. Қазынасы мен ауызы жуандатылып соғылған. Мойнында сүмбіге арналған ойық бар. Қ.-тың астыңғы жағында екі тесігінде өткізілген қайыс ілгектерге иықбау тағылған. Аталмыш мылтық 1916 жылғы Пржевальск уезіндегі қырғыз көтерілісшілері мен орыс-қазақ әскерлерінің арасындағы қақтығыс кезінде алынған. Жалпы ұзындығы 136 см, окпанының ұзындығы 103 см, калибрі 1,4 мм.

Әдеб.: *Ахметжан К.С. История ручного огнестрельного оружия казахов // Валихановские чтения - 6: Сборник научных трудов по материалам международной научно-практической конференции. Кокчетая, 2001. (С. 40-143); Ахметжанов Қ.С. Жараған темір кигендер (батырлардың қару-жарағы, әскери өнері, салт-дәстүрлері). Алматы: Дәуір, 1996; Бес гасыр жырлайды: XV ғасырдан XX ғасырдың бас кезіне дейінгі қазақ ақын-жырауларының шығармалары. Үш томдық. Алматы: Жазушы, 1984-1985; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.*

ҚҰНДАҚТАУ – жас нәрестені орау тәсілінің бірі. Өл сәбидің буыны мен омыртқаларының дұрыс бекіп, жайлы

ұйықтап тынығуына мүмкіндік береді. А.Е. Алекторовтың мәліметінше: «Қазақтар жаңа туған нәрестені ең алдымен қой терісіне құндаққа салып, кейін бесікке бөлеген». Қазақы ортада сәбиді қырқыннан шыққанша құндақтайды. Себебі, сәби құндақталмай жатса, қол-аяғын сермеп қалғанда шошынып қалуы мүмкін. Екінші жағынан, құндақталған сәбидің жауырыны жабыспайды, суық тимейді. Қырқыннан шыққаннан кейін де ұйықтағанда баланы құндақтап қояды.

Нәрестенің денесі ыстықтап, терлеп, бөрітіп кетпеуі үшін шыт пен жұмсақ мақта-матадан жөргектер тігіледі. Қ. үшін алдымен ені мен ұзындығы тең келетін (шамамен 1 м) жұмсақ матаны төсеп, жоғарғы басынан бір қарыстай ішке қайыра бүктейді. Оның бетіне басын берік ұстау үшін орауға арналған шыт матаны үшкілдеп төсейді. Нәрестенің шаты пісіп, екі бұтының арасы қажалып кетпеуі үшін белінен төмен жұқа матамен жеке орап алады да, аяқ қозғалып кетпеу үшін шынтақпен басып тұрады. Басын орауға арналған жөргекпен маңдайын жаба екі шетінен қаусыра келіп, екі үшкіл ұшын тамақтың астына айкастыра басын бөлек орап алады. Осыдан кейін иығынан төмен сыртынан орайтын жөргектің екі ұшын кезек айкастыра қысып орайды. Бойынан қалған бөлігін кері қайыра отырып, аяқтың артын ала айналдырып байлайды.



Құндақталған нәресте. ОМЭЭ – материалдарынан

Қ. сүйегі қатпаған сәбидің бойын нық ұстауға, мойыны шалқайып кетпеуіне септігін тигізеді. Құндақталған сәби бесікте жатқандай жылы, жинақы жататындықтан бесікке бөленін үйренген нәрестені де бесік жоқ жерде құндақтап ораса жақсы ұйықтайды (қ. **Баланы құндақтау**).

Әдеб.: Алекторов А.Е. Основание брака и свадебные обычаи у киргизов // ОЛ. 1888. №11,12. С.185-195. Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалар. Құраст.: Б.С. Сүлейменов. Алматы: Қазақ ССР ҒА баспасы, 1955; Табылдиев Ә. Халық тағлымы. Алматы, 1992; Қалиев С., Оразаев М., Смайылова М. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. Алматы: Рауан, 1994; КР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰНДАС – құныкердің билердің үкім-кесімімен тағайындалған жазаның өтеуіне арналған малды құныкерден тыс бірлесіп төлеген оның руластарының атауы. Мұндайда әр Қ.-тың үлесі оның құныкерге туыстығының алыс-жақындығына тікелей байланысты болды. Әлбетте, жақын ағайындары басқа туыстарына қарағанда көбірек төледі. Демек, Қ.-тардың құн жазасына аталған мал басындағы

үлесі көшпелі ортадағы рулық-туыстық қатынастың нормалары мен принциптеріне негізделді (қ. **Құн**).

Әдеб.: Баллюзек Л.Ф. Народные обычаи, имевшие, а отчасти и ныне имеющие Малой Киргизской орде силу закона // ЗОО ИРГО. Вып. II. Казань, 1871. С.45-167; Маковецкий П.Е. Материалы для изучения юридических обычаев киргизов. Вып. I. Омск: Тип. Округ. Штаба, 1886; Изразцов Н. Обычное право («адат») киргизов Семиреченской области // ЭО. 1897. №3. С. 67-94. Он же. Обычное право («адат») киргизов Семиреченской области // ЭО. 1897. №4. С. 1-36. Гурлянд Я. Степное законодательство с древнейших времен по 17-ое столетие. Казань, 1904; Культелев Т.М. Уголовное обычное право казахов (с момента присоединения Казахстана к России до установления советской власти). Алма-Ата, 1955; Жеті Жарғы // Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 2-т. Алматы: РПК «Слон». 2012. 373-389; Қасым ханның қасқа жолы // Сонда. 3-т. Алматы: РПК «Слон». 2012. 506-507 бб.; Нұрсан Әлімбайдың қолжазбасы; КР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰНДЫЗ – өзен көлдердің жағалауында тіршілік ететін аң. Қ. негізінен балық, бақа шаян сияқты су жәндіктерімен қоректенеді. Қ. Қазақстан Қызыл кітабына енген азайып бара жатқан аңдар қатарына жатады. Қ. -дың баласын **құнай** деп атайды. Қ. көп уақытын суда өткізетіндіктен, түбігі мен қылшық жүнінің су өткізбейтін тығыздығымен, жалтыраған әсемдігімен ерекшеленеді. Жалпы Қ. терісі, ең бағалы терілер қатарына жатқызылып, халықаралық бағалы терілердің классификациясы бойынша беріктігі жағынан 100% деп есептеліп, эталон ретінде қабылданған.



Құнай. Интернет материалдарынан

Қылшығының түсі караға жақын, терісі өте бағалы болып келетін, сирек кездесетін Қ. түрі **«бәт құндыз»** немесе **«пат құндыз»** деп аталады. Қазақ халқы Қ. терісін ежелден кастерлеп, аса бағалы сырт киімдермен бас киімдерді тігуге қолданған.



Құндыз. Интернет материалдарынан



Қ. терісінің қылшық жүнінің жалтырап, құлпырып тұратындығы оны қымбат заттар қатарына жатқызып, поэзияда әрдайым асқан сұлулықпен көркемдікті суреттеуде теңеу ретінде қолданылғандығына негіз болды:

*Сен үшін ақтым талай жұлдыз болып,
Сырландым, құлтырдымда құндыз болып...*

(С. Сейфуллин)

*Құндыздай құлтырған шашыңыз,
Қиылған қап-қара қасыңыз...*

(Халық әні)

*Жақсы қыз жағадағы құндыз,
Жақсы жігіт аспандағы жұлдыз.*

(Мақал)

*Сақылардан сұлтан ал,
Құтпан жалдан ұлтан ал,
Пат құндыздан ұлпан ал.*

(Мақал)

Қ. негізінен әйелдердің киімін әшекейлеуге қолданылатын болған. Ер адамдардың киімінде Қ. қолданылмаған. Көне эпос, жырларда Қ. еркек кіндікке қатысты, кәметке толмаған ер балалардың, бозбалалық кезеңдерін суреттегенде аталады:

*- Қалды иесіз терім сіңген құндыз бөркім,
Түскен соң, қызыл сары құрсын көркім.
Біріндей бозбаланың Мақпал едім,
Басымнан билік кетіп, болмады еркім.*

(Базар жырау)

*Көбікті ханның баласы,
Құндыз бөркі басында,
Әскері бар қасында,
Өзі он бес жасында...*

(Батырлар жыры)

Салдар мен серілердің киімінде трансевиттік элементтердің көбінен қолданылғандығы белгілі. Осыған байланысты, Қ. терісінің, жыныс ерекшелігіне қарамастан, сал мен серілердің киімінде әшекей ретінде пайдаланылғандығын атап өту керек.

ҚР МОМ қорында сақтаулы құндыздалған сырт киімнің басым көпшілігі (90%-ға жуығы) әйелдер киімі. Атап өтетін бір жайт – Қ. терісі қыздардың *бөрік*, *зере*, *әсіресе сәукеле* сияқты бас киімдерін сәндеуге кенінен қолданылғандығына дәстүрлі ортада айрықша ғұрыптық мән берді. Қ.-дың *зороастризмде «udra – su uti»* деген атпен өте киелі жәндіктер қатарына жатқызылып, әйелдер мен отбасының желеп-жебешісі әрі су және өркендеу құдайы Ардвисура Анахитамен байланысты аталды. Ерекше қастерленгендігі соншалықты, Қ.-ды өлтіру адам өлтірумен теңестірілетін болған. Ежелгі көшпелілер мәдениетінде *зороастризм* айырықша маңызға ие болған діни, философиялық әрі идеологиялық ағым болды. Деректерге қарағанда, Авестаның және Ригведаның гимндерінде аталатын Қ. зороастризмнің идеологиясы мен практикасында өзіндік мифологиялық және әдет-ғұрыптық функция атқарды. Осы жосынның сілемі жоғарыда аталған Қ.-дың терісін сал мен серілердің және әйелдердің киімінде қолданылу ерекшеліктерінен аңғарылады.

Сондықтан да болар, кейбір мәліметтерге қарағанда, *«ерте кезде құндыздың оңай ауланатынына қарамастан, «киесі атады» деп аса қажеттілік болмаса, ұстауға тыйым салынды»*

Қ.-дың басқа аңдарға қарағандағы тіршілік ету ерекшелігі де халық арасында түрлі наным сенімдердің қалыптасуына себеп болды. Соның бірі – *«Құндыз қызын ұзатады»* деген наным-сенім: таулы аймақтарда тіршілік ететін Қ.-дар күзде өзен ағысымен төмен қарай суы тез ката қоймайтын терең жерлерге, ал көктемде өзен жағалап жоғары ауады. Қыс қатты болғанда Қ.-дар су айдыны қатпайтын өзендерге су айрықтары арқылы ауатын кездері де болады.



Ұялас құндыздар. Интернет материалдарынан

Осындай кезде ұялас Қ.-дар бірінің артынан бірі тізбектеле жүріп, қыңсылаған дыбыс шығарып өзара «тілдеседі». Сырт көзге қарағанда бұл үрдіс кішкентай көпші елестетсе, қыңсылаған дауыстары қыздың сыңсығанына ұқсайды. Мұндай жайтты қазақы орта *«құндыз қызын ұзатып жатыр»* деп санаған.

Әдеб: *Бразинский И.С.* Ардвисура Анахита // Мифы народов мира. Энциклопедия в двух томах. Т.1. М.: Советская энциклопедия, 1987. С.100-101; *Акишев А. К.* Лабирингы Арта Вираза // Степная цивилизация Восточной Евразии. Древние эпохи. Астана: Култегин, 20003. С.219-261; Қазақстанның қызыл кітабы. Алматы; 2002; Қазақтың дәстүрлі киім-кешегі. Ғылыми каталог (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде). Ғылыми редактор және жоба жетекшісі Нұрсан Әлімбаев. Алматы: Онер, 2009; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰНДЫЗДЫҚ – мал денесіндегі терінің тұяқпен, сондай-ақ мүйізбен ұштасып жатқан қыртысты бөлігінің атауы. Тұяқтан жоғары, жіліншіктің төменгі тұсында түктері жылтырап тұрады. Жұт жылдары Қ. зақымданудан сақтану үшін тебіндейтін малға теріден арнайы жасалған *тұяққап* кигізген (**қ. Тұяққап**). Аңдардың сирағындағы *пұшпақ* деп аталатын Қ. бөлігі берік тері ретінде жоғары бағаланады (**қ. Пұшпақ**). Атаудың түптөркіні осы тұстағы терінің құндыз терісіне ұқсап жылтырап тұратындығымен байланысты деуге болады. Расында Қ. терінің қыртысы қалың, әрі ұзындау келген қылдары қатты болады. Сондықтан оның көлемі шағын екендігіне қарамастан арнайы өңдеп, шаруашылық әбзелдерінің (анығында қосылған тұстарына) беріктігін арттыруға жиі пайдаланады.

Қ. малдың тұяғын түрлі жарақаттан сыртқы әсерден қорғап тұратын маңызды бөлігі. Онда пайда болған жарақат

ары қарай тұяқ жұлығын бойлап, тұра қапшығына қарай өтіп кететіндіктен малдың аяғын зақымдайды (**қ.Тұяқ**). Оның алдына алудың жолы Қ.-қа ыстық май басып, күкірт түтеткен немесе *ақжұмыр* және *ұқорғасын* сияқты улы шөптерді ұнтақтап сепкен.



Құндыздық, ОМЭЭ – материалдарынан.

Қошқар, текелер қатты сүзіскен кезде мүйіз түбінен тұқылдан жарқышақталып кетсе оған жалғасқан Қ. теріге қан жиналады. Осылай басталған жарақаты шаң-тозаңмен ластанса іріңді жараға ұласады. Оны емдеудің бір амалы – ақ тағамның сарысуымен жуып, улы өсімдіктің ұнтағын себу.

Әдеб.: ЦГА РК. Ф.25, О.1, Д.4200, Св.387. Дело о состоянии киргизского овцеводства в Тургайской области (11.11.1892 г. - 20.02.1895 г.); *Аргынбаев Х.* Мал ауруларын емдеудегі қазақтың халықтық тәжірибесі туралы этнографиялық очерк // ТИИАЭ АН КазССР. Т.16. Вопросы этнографии и антропологии Казахстана. Алма-Ата, 1962. С.3-35; ҚӘТС. 10-том. Алматы: Арыс, 2010; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰНДЫЗДЫҚ² – жылқы түлігінің артқы аяғының *қызбақай* тұсындағы азғана шоқ қыл атауы. Ал, алдыңғы аяқтағы бақайға біткен Қ.-ты *шаша* деп атайды. Қ.-тың бітісі мен оның аттың тұла бойындағы орналасу «симметриясына» қарай атсейістер жүйрікті сынаған (**қ. Атсейіс; Жылқы**). Тілзерттеуші Ә.Ермековтің мәліметіне қарағанда, түзу тұрған аттың ту сыртынан қарағанда артқы бақайдағы Қ.-тың біткен тұсы жоғары жағындағы құйысқандықпен бір (тік) сызықтың бойында жатса, жүйріктіктің белгісі деп саналды.



Жылқының артқы аяғындағы құндыздығының құйрық түбімен бір сызықта жатуы - жүйріктіктің белгісі. ҚР MOM материалдары бойынша суретті салған Б.Досымов

Яғни, омыртқаның аяқталған тұсы мен құйрық түбінің түйілісіндегі *құйысқандық* деп аталатын бөлігі аттың қызбақайының Қ.-ына дөп келсе, ондай ат кең тынысты болады – аламан бәйгеде талмай алысқа інабады деп есептейді. Ақын І.Жансүгіров жырына арқау болған *«құндыздық қалай біткен құйрыққа дөп!»* деген жолдар соның дәлелі.

Әдеб.: *Ермеков Ә.* Қазақтың малшылық лексикасы жөнінде // ҚМ. 1962. №2. 82-84 бб; *Жансүгіров І.* Құлагер. Алматы: Жазушы, 1974; ҚӘТС, 10-том. Алматы: Арыс, 2010; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰНЫКЕР – құн жазасына кесілген және оны өтейтін негізгі субъектінің атауы. *«Ата-баба жолының»* қағидаларына сәйкес кісі өлтірген адам мойына қан жүктеген адам немесе күнәһар болып есептелінді. Ондай адамды әдетте қанішер деп те атаған. Деректер мұндай қылмыскердің тараптардың дауға түскен кезеңінен бастап-ақ Қ. атанғандығын корсетеді. Яғни, қылмыскер тиісті билік жүргізу үрдісіне дейін Қ. атанды. Қ. тиесілі құн жазасын өтегеннен кейін қылмыскер болып есептелген жоқ. Бұл жайт және қылмыскердің Қ. деп аталуының өзі оның дәстүрлі қазақы ортада қылмыстың тікелей субъектісі болып саналмағандығын айғақтайды (**қ. Құқық / Әдет-ғұрыптық құқық / Әдеттік құқық / Билер соты / Халық соты / Билік / Билік айту / Билік жүргізу / Төрелік айту / төрелік жүргізу / Би кесімі / Іс кесу / Қақы / Құқы; Құн; Құндастар**).

Әдеб.: *Баллозек Л.Ф.* Народные обычаи, имевшие, а отчасти и ныне имеющиеся Малой Киргизской орде силу закона // ЗОО ИРГО. Вып. II. Казань, 1871. С.45-167; *Маковецкий П.Е.* Материалы для изучения юридических обычаев киргизов. Вып. I. Омск: Тип. Окруж. Штаба, 1886; *Израцов Н.* Обычное право («адат») киргизов Семиреченской области // ЭО, 1897. №3. С. 67-94. *Он же.* Обычное право («адат») киргизов Семиреченской области // ЭО. 1897. №4. С. 1-36. *Гурлянд Я.* Степное законодательство с древнейших времен по 17-ое столетие. Казань, 1904; *Культелеев Т.М.* Уголовное обычное право казахов (с момента присоединения Казахстана к России до установления советской власти). Алма-Ата, 1955; *Жеті Жарғы // Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 2-т. Алматы: РПК «Слон». 2012. 373-389; Қасым ханның қасқа жолы // Сонда. 3-т. Алматы: РПК «Слон». 2012. 506-507 бб.; Нұрсан Әлімбайдың қолжазбасы; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.*

ҚҰПТАН НАМАЗЫ – мұсылманның бес уақыт парыз намазының соңғысы. Құптан ақшам намазынан кейін күн батқан соң оқылады. Ол төрт рәкат парыз екі рәкат сүннеттен тұрады. Қ.н.-ның соңында орындалуы уәжін саналатын үш рәкат үтір намазы оқылады. Мұсылмандық шарттары бойынша құптанды түннің үшінші бөлігіне дейін кешіктіріп оқу сүннет, ал осы уақыттан асыру мәкрух, яғни күнә болатын іс саналады.

Әдеб.: *Исаұлы М., Жолдыбайұлы Қ.* Ислам ғылымхалы, Алматы: Нұр-Мұбарак, 2008; Ислам. Энциклопедиялық анықтамалық, Алматы: Аруна, 2010; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰР – ені екі-үш елі, ұзындығы көбінесе екі-бес құлаш келген таспа бау. Қолданыс мәніне қарай онан да ұзын болуы мүмкін. Әдетте, Қ. ширақ иірілген жіптердің бірнеше *тінін* қатарластыра қойып, тебенмен *жөрмеп* тігіліп жасалады. Қ.-ды берік болуы үшін оны құрайтын есілген тіндерді ширақ етін қыл араластырып еседі. Көбінесе, қойдың күзем



жүніне ешкінің қылшығын немесе жылқының күзелген жал-құйрығын қосып иіреді. Қ.-ды түрлі-түске боялған немесе ақ, кара түсті табиғи боялмаған жүн жіптерден құстаңдай өрнектеп, екі жиегіне су жүргізіп, көркемдеп жасайды. Екі ұшының сетінемеуі Қ.-дың ұшығына матадан қолқа салып шуда жінпен басып тігіледі.



Құрлар. ҚР МӨМ қорынан (КП 27577/1,5,6)

Қ.-дың дәстүрлі ортада қолданыс аясы мейлінше кең: тұрмыстың кез-келген саласынан бастап, шаруашылық саласында қолданылады. Әсіресе, киіз үй сүйектерін бір-біріне таңып байлауға, үзік, туырлықтарына бау орнына тағылады. Шаруашылықта нокта, айыл-тұрман, мал байлауға қолданылады (қ. *Киіз үй, Айыл-тұрман*). Төлдердің басына *мойынжіп, бас жіп* ретінде тағады. Төлдердің басына тағатын құр ноктаны ақ және кара түсті тіннен «алалап» жасаған. Халық ұғымында ала құр да, ала арқан сияқты төлді тіл-көзден, зиянкес жәндіктерден, итқұстан және ұры-қарыдан сақтайды деген сенім қалыптасқан. (қ. *Ала арқан / Ала жіп; Мойыншақ / Мойынжіп*). Халық арасында тоқыма өрмегінің көмегімен тоқылған таспа бауларды да Қ. деп те атай береді (қ. *Бау*).

Әдеб.: Народное декоративно-прикладное искусство киргизов // Труды киргизской археолого-этнографической экспедиции Т.В. Под ред.: С.В. Иванов, К.И. Антипина. М.: Наука, 1968; Мұқанов С. Халық мұрасы (тарихи-этнографиялық шолу). Таңдамалы шығармалар. XV том. Алматы: Жазушы 1979; Қасиманов С. Қазақ халқының қолөнері. Алматы: Қазақстан, 1995; ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰР [ҚУ] ҚАНЖЫҒА – жүйрік болғанмен, бәйге алмаған ат. Ат бәйгесінде озып келген жүйрікке тігілетін бірнеше тоғыздан бәйге болады. Рулық қоғамның этикалық, құқықтық нормасы бойынша бәйгеге тігілген сыйды әдетте бәйге атының иесі жеке өзі иемденбейді. Оны жөн-жоба билетін беделді ақсақалдың бірі сол елдің, рудын бетке ұстар адамдарына, атбегіне, атшабар балаға, мал иесіне деп бөледі. Сонымен қатар бәйге атының иесіне қанжыға сыбағасы деп сыйдың бір бөлігін арнайы атап береді.

Жүйрік ат, бәйге атының алған сыйы олжа деп аталады. Олжадан сол елдегі игі жақсылардың әрқайсының дәмесі болады. Мақалда: «Қатын қалжадан, жігіт олжадан дәмелі» дейді. Бұндайда олжадан дәмелі болудың этикалық норма бойынша әбестігі жоқ. Ақан серінің әйгілі Құлагер атын күллі «Атығай-Қарауылға олжа салған» деуі ел ішіндегі осы дәстүрлі жайтты аңғартады (қ. *Олжа салу*).

Жүйрік деп әспеттегенмен, бәйге алып, елге олжа салмаған атты әдетте қу қанжы дей отырып, одан жабыны артық санайтынын шешендік сөз үлгілерінен айқын аңғаруға болады:

*Жылуы жоқ тымақтан,
Баса киген бөрік артық.
Қу қанжыға жүйріктен
Қаба жалды бөрік артық.*

Бәйге қосылмаған, жүлде алмаған ат қаншалықты жүйрік болғанмен, оны қастықпен өлтірген немесе ұрлаған адам қу қанжыға жүйрік үшін бесті аттың ғана құнын төлейді. Ералы Саққұлақұлының қолжазбасындағы деректе Еңсегей бойлы Есімханның атакты Көкала бестісін ұрлаған ұрыға істі қараған би бір-ақ бесті кескені айтылады. Өйткені Ханның Көкаласы жел жетпес жүйрік болғанмен, бәйгеге қосылып жүлде алмапты.

Әдеб.: Саққұлақұлы Е. «Есім ханның ескі жолы» // Қазақтың ата заңдары: құжаттар, деректер және зерттеулер. 4-т. Алматы: Жеті жарғы, 2005. 145-152-бб; Уәли Н. Бұрынғыдан қалған сөз (қолжазба); ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰР АТ – жаз бойы ұзақ уақыт мінілмей, бос жүріп әбден семірген, күш-қайраты толысқан ат. Бұлай бос жүрген Қ. а.-ты күзге қарай қолға ұстап баппен жаратып мінетін болған. Жілік майы толысқан мұндай ат күздің суығы мен қыстың қалың қары, қақаған аязында ұзақ жолға, аңшылыққа т. б. минуте пайдаланылған. Ал құлындамаған немесе құлыны өліп, құлын тастап кеткен биені *құр бие* делінген.

Әдеб.: Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Алматы: Ғылым, 1977; Жанәбілов Ш. Қазақша мал атаулары. Алматы: Қайнар, 1982; Тоқтабай А. Қазақ жылқысының тарихы. Алматы: Алматыкітап, 2010; ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰР БӘЙГЕ – жылдық, ас беру кезінде ұйымдастырылатын ат бәйгесі (қ. *Ас/Ас беру; Бәйге / Бәйгеге ат қосу*). Қайтыс болған адамның асын беру дәстүрі бәйгемен аяқталатыны белгілі. Дәстүрлі ортада мүмкіндігіне қарай бәйгені қайтыс болған адам аттың дүбірін естіп жатсын деп, міндетті түрде зиратының жанынан өткізетін де салт болған. Осы Қ. б. деп аталады. Сөйтін, жас нәресте дүниеге келгенде «құнан бәйге» шаптырып той жасаса, жылын бергенде «құр бәйгемен» аяқтауы марқұмның ақырғы, соңғы жарысы деген мағына беріп, ұзатып салғанын білдірсе керек.

Әдеб.: Бабиұлы А. Таңдамалы шығармалары. Өлгий, 1987; ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰР НОҚТА – құлынның басына кигізілетін құрдан жасалған шағын нокта түрі. Басқа ноктадан ерекшелігі желіге байланған құлын қананғы жуасып мойынсұнғанша басын қажамайды. Қ.н. жасау да оңай: оған айналсоқ салудың қажеті жоқ (қ. *Айналсоқ*). Сәндеп жасалған құрдың тұйығын құлынның желке тұсына, екі ұшын тамағының

астына келетіндей етіп біріктіреді. Осы екі жақтауға ноктаның қасқалығын мықты жіппен қондырады. Қ.н.-ның алқымына ұзындығы бір құлаштай жіңішке қайысты екі бүктеп тағады. Осы бөлігі желінің арқанына байлайды. Егер желіге байланбайтын болса Қ.н.-ға ұзындау шылбыр тағылады.



Түйеге арналған құр нокта. Ұлы Петр атындағы Антропология және этнография музейі (Кунсткамера) қорынан (6701-3)

Петр атындағы РҒА Антропология және этнография музейінде сақтаулы (Кунсткамера) құрноктаның бас бөлігінің ұзынд. 26 см., ені 6,5 см., сағалдырығы мен мұрындығының ұз. 80 см, ені 3,5 см. Оның түйе басына кигізілетін бөлігі көп түсті (қара, қызыл, сары және жасыл) жүн жіптерден тоқылған құрдың екі ұшы біріктіріле тігілген. Сағалдырығы мен кеңсірігі сұр, қоңыр түсті жүнге қыл араластырып есілген құрдан бас бөлігіне тігіліп жалғанған.

Сыйға тартылған құлын немесе жуас тайларға сәнді жабумен қатар басына әдемі Қ.н. кигізеді.

Әдеб.: *Арғынбаев Х.* Қазақтың мал шаруашылығы жайында этнографиялық очерк. Алматы: Ғылым, 1969; *Шобай Қ.* Қазақ, урианхай халықтарының ұлттық колөнері. Өлгий, 1980; ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰРАЙЫЛ – нiрiлген жүн жіптердiн бiрнеше тiнiн қатарластыра қойып, жөрмеп тiгiп жасаған құрдан жасалған айыл түрi. Мұндай Қ.-ды қылы тығыз етiп есiлген тiндерден берiк етiп жасалады. Өйткенi, ұдайы аттың арқасында жүретiндiктен оған терi сiнiп үзiлуге бейiм болады. Қ.-дын бiр ұшына тiлшелi металл айылбас тоға қондырылады (қ. *Айылбас / Айылтоға*).



Құрайыл. Ұлы Петр атындағы Антропология және этнография музейі (Кунсткамера) қорынан (1287-53)

Петр атындағы РҒА Антропология және этнография музейінде сақтаулы (Кунсткамера) құрайылдың ұзындығы 158 см, ені 3,5 см. Ол ақ және қоңыр түсті есілген жүн жіптен таңдай өрнектеп тоқылған. Құрайылдың бір ұшына тері пұшағының көмегімен айылбас бекітілген. Екінші ұшы жіңішкеріп аяқталған.

Қ. тартпа түрінде ерге бекітілмей үстінен тартылатындай болса ол ұзын етіп (екі құлаштан кем емес) жасалады. Ерге бекітілген Қ. қысқа болады, екінші ұшындағы айылбас тоғамен қайыс жырымға бекітіледі. Сайып келгенде, Қ. беріктігі шамалы, сәндік жағы басым болғандықтан әйелдер мен балалардың ер-тұрманына тағылады.

Әдеб.: *Мұқанов С.* Халық мұрасы. Тарихи-этнографиялық шолу. Таңдамалы шығармалар. XV том. Алматы: Жазушы, 1979; *Арғынбаев Х.* Қазақ халқының колөнері. Алматы: Өнер, 1987; *Бабалықұлы Ж.* Ер-тоқым // Ер қанаты. Алматы: Қайнар, 1987; *Қасиманов С.* Қазақ халқының колөнері. Алматы: Қазақстан, 1995; *Нұрғалиұлы Н., Еженбекұлы Е.* Ат әбзелдері. Ер // Ата салтыңды аяла. Құраст. Н.Ақбаев. Алматы: Ана тілі, 1998; ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰРАҚ / ҚҰРАҚ ҚҰРАУ – түрлі-түсті мата киындыларын белгілі бір пішінге келтіре киып, өзара киюластырып, тұрмыстық бұйымдарды көркемдеп жасау тәсілі. Халықтық ортада құрау арқылы түрлі тұтыну бұйымдарын жасаған. Атап айтсақ көрпе, тұскиіз, қоржындар, жастық қаптар, кеудешелірдiн кейбiр түрi шеберлiкпен құралған. Сонымен қатар, құрақпен тұрмысқа қажеттi әртүрлi заттарды безендiруге де мол мүмкiндiк бередi.

Қ. к.-да негiзге алынатыны *құрақтың көзi* және *құрақтың суы*. Қ.-тың *көзi (көздiгi)* – құрақтың ортасына басқа түстен, не басқа матадан қондырылатын бөлiк. Ал Қ.-тың *суы* деп құрақтар арасына жүргiзiлетiн бiр түстi матадан кесiлiп алынған жiнiшке жолақтарды айтады. Қ. к.-да құрақ көздерiн жеке-жеке құрап алып, бiр-бiрiне жалғап тiгедi. Ал бөлiктердiң өзара қиылысуын геометриялық есеппен жасайды. Қ.к.-ды бастамас бұрын құралатын құрақтың жалпы көлемiн, түрiн алдын ала ойластырып, бөлшектерiн жеке-жеке пiшiп алады. Қиылған дайын бөлшектердi өзара беттестiрiп, матаның iшкi терiс бетi жағынан көктеп, жымдастырып тiгедi. Құрақ бөлшектерi өзара симметриялы болып келедi. Қ. тегiс шығып, онай құралуы үшiн шеберлер бiрыңғай маталардың қиықтарын құрауға тырысады. Қ.-тан жасалған тыстарды жуғанда созылып, не қысқарып кетпес үшiн Қ.к. барысында матаның өзiндiк ерекшелiктерi де басты назарға алынады. Негiзiнен Қ. к. үшiн *пүлiш, шибарқыт, торғын, қамқа, мақпал, қыжым, парша, шыт* және *сәтен* сияқты маталар қолданылады (қ. *Мата*). Дегенмен шеберлер қымбат маталармен, күдерiден құрақтың *көзiн* ғана жасаған.



Құрақ құрау ОМЭЭ материалдарынан



Сонымен қатар, Қ. қ.-да түс үйлесімділігін сақтаудың да маңызы зор. Сол себепті Қ.қ.-ды бастамас бұрын құрақтың түстері бір-біріне сәйкес келуіне, бірін-бірі ашып тұруына айрықша көңіл бөлінеді. Себебі халық ұғымында әр түстің мән-мағынасы бар. Дәстүрлі түсінікте көгілдір түс – аспанның, қызыл түс – оттың, өмірдің, жасыл түс – өсімдіктің, ақ түс – биіктіктің, сары түс – даналықтың, білімнің белгісі ретінде бағаланған (**қ. Түс**). Сол себепті, Қ.-та бұл түстер бір-бірімен тығыз байланысып, өзіндік мән-маңызға ие болады. Осыған орай Қ. көздерінің түстері де тек сән үшін емес, белгілі бір ырыммен таңдалып алынып отырады.

Тақырыпқа қатысты халық шеберлерінен алынған мәліметтерге қарағанда, құрақ құрау тәсілімен өрнектің 200-ден аса түріне қол жеткізуге болатын көрінеді. Соның ішіндегі *төртбұрыш*, *мүйіз құрақ*, *қиықша құрақ*, *үшбұрыш*, *аққу*, *торкөз*, *гүл құрағы* және *жұлдызша құрағы* сияқты түрлері жиі кездеседі. Колөнердің бұл түрі жақсы дамыған өңірлерде тігіншінің фантазиясы мен шеберлігіне қарай алуан түрі жасалады. Тіл зерттеуші Т.Айдаров жергілікті ерекшеліктерге байланысты *кекілік қас*, *қайшы құрақ*, *жұлдыз құрақ*, *тырнақ қатар*, *алма құрақ*, *қырық құрақ*, *гүл құрақ*, *бала құрақ*, *көз құрақ*, *тіс құрақ*, *қима құрақ*, *ши құрақ*, *шұбыртпа құрақ* т.б. сияқты түрлерін келтіреді.

Дәстүрлі ортада күрделі құрақтар көбінесе ауқатты адамдардың тапсырысымен арнайы тігіліп отырған. Ал күнделікті тұрмыста Қ.қ. алғашында көбінесе матаны ұқсату, тұтыну бұйымдарын жасау мақсатында кең пайдаланылған. Сонымен қатар, Қ. бұйымдардың әдемілігіне орай, түрлі геометриялық пішіндегі мата қиындыларынан құралып жасалған Қ. көрпелер қызға берілетін жасаудың біріне айналған. (**қ. Құрақ көрпе**). Халықтық ортада қыз бала өз жасауына қосылатын түрлі тұтыну бұйымдарын дайындауға атсалысқан. Жастайынан кесте тігіп, киіз басып, ою ойып, құрақ құраған. Өйткені, Қ.қ. қыз баланы жас кезінен төзімділікке, үнемділікке, шеберлікке баулып, ой-өрісін кеңейтеді.



Құрақ тұскиіз. ҚР MOM қорынан (КП 26529)

ҚР MOM қорында (КП 26529) *құрақ тұскиіз* сақтаулы. Тұскиіздің өн бойы тілікшелеп қиылған ақ және қызыл түсті гүлді маталарды астармен бірге бастырып тігу нәтижесінде шаршы өрнегі құрастырылған. Шаршы өрнектердің үстінен кереге көз түрінде сұр түсті матадан тышқан із өрнек бастырылған. Қасы П тәрізді қызыл матамен көмкерілген (Өлшемі 136 x 211 см).

Шеберлер арасында *«құрақ құрау – қалдық қалдырмау»* деген ұстаным бар. Ертеде қазақ даласында қымбат маталар тапшы болғандықтан қалған маталардың қиықтарынан ұсақ бұйым жасаған. Мысалы, *тойбастар*, *тәбарік* (*теберік*), *жыртмыс* сияқты жораларда үлестірілетін мата қиындыларын ырымдап әдейі жинап, кәдеге жаратқан. Бұл негізінен мата қиындыларын ысырап қылмау өз алдында, *«той жұғысты болсын»*, *«дүниеден өткен ата-бабалардың игі қасиеті жыртмыспен бірге кейінгі ұрпаққа дарысын»* деген сенімге байланысты қалыптасса керек (**қ. Жыртмыс; Тәбарік; Тойбастар**). Сондықтан Қ. Қ. өзіндік наным-сенімдік қыры бар колөнер туындысы болып табылады.

Әдеб.: Айдаров Т. Қазақ тілі лексикасының ерекшеліктері (өзбекстандағы қазақ говорларының материалдары бойынша). Алматы: Мектеп, 1975. 59-б; Сарыбаев Ш. Нақысбеков О. Қазақ тілінің аймақтық лексикасы. Алматы: Ғылым 1989. 56-б; Тоқтабаева Ш. Қазақтардың колөнерге байланысты әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері // Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет ғұрыптары. 1-том. Біртұтастығы және ерекшелігі. Алматы: Арыс, 2005. 126-138-бб; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰРАҚ КӨРПЕ – түрлі-түсті мата қиындыларынан құралып тігілген төр көрпе. Қ. қ.-нің әр көздігі жеке-жеке құралып, өзара қиықша үшбұрыш түрінде бір-бірімен жымдастырылып тігіледі. Қ.қ.-нің астары жұқа жүн матамен астарланады. Көрпенің құрақ құралған өң беті мен астарының арасына мақта немесе қойдың, түйенің жүнін салып, сырып тігеді. Жүн көрпенің ішіне тегіс түсу үшін көрпе енінің бір жағын тұтас тікпей қалдыра отырып, өң бетін ішіне қарата аударады. Осыдан кейін көрпенің үстіне тегістеп жүнді тартып алады да ені тұтас тігілген жағынан бастап жүнмен бірге орайды. Ені тігілмеген жағынан орап бітіп, астарын кері айналдырғанда, құрақтың оң беті сыртына қарай айналып шығады да, ішіне салынатын жүн, мақта сияқты заттар тегіс, біртұтас болып түседі. Көрпенің ішіне салынған жүн сырғап кетпеуі үшін тебен инеге сабақталған жуан жіппен қабып тігеді. Қ. қ. тұтыну қажетіне қарай қалың, жұқа, үлкен, кіші етіп жасалады.



Құрақ көрпе ҚР MOM қорынан КИ 22840

ҚР MOM қорында (КП 22840) құрақ көрпе сақтаулы. Қ.к. түрлі-түсті төртбұрышты мата қиындыларынан құралған. Құрақ көзінің жиегін айналдыра екі қатар сары түсті жолақ, яғни су жүргізілген. Шеті қызыл түсті жалпақ жолақпен жиектелген. Астары сәтен матамен астарланған (Ұзындығы 310, ені-110 см).

Сонымен қатар дәулетіне сай арзан, қымбат материалдан дайындайды. Осыған сай бала көрпе, шәлі көрпе, төсеніш көрпе, атлас көрпе деп те атала береді. Ішін ара жамылғыш көрпелерді де құрап жасайтын жайттар да кездеседі. Жамылғыш құрақ көрпенің беті қызыл және көк түсті көп сатылы фигуралармен өрнектеледі. Ерте кезде баласы өліп, тоқтамаған кісілер *«тіл-көзден аман болсын»* деген ырыммен қырық құрақ құрап, баласын соған ораған.

ҚР MOM қорында (КП 21859) сақтаулы құрақ көрпе көп түсті (көк, ақ, жасыл, сарғыш, күлгін, қоңыр) матадан жасалған. Көрпені құрауға шибарқыт, мақта-мата, жібек сынды маталардың қиықтары пайдаланылған. Астарына жолақты мата беттестіріле тігілген. Ішіне кой жүні салынып қабылған (Ұзындығы: 192 см., ені 92 см).



Құрақ көрпе. ҚР MOM қорынан (КП 21859)

Ел ішінде Қ. к.-ні қыз жасауына арнайы қосып беру дәстүрі сақталған. Ол *«жастар осы құрақ көрпе сияқты құралып, бір тұтас отбасы болсын»* деген ата-ана тілеуін білдірсе керек. Ұзатылған қыз жасауына махаббат нышаны ретінде *«аққу құрақ»* көрпесін қосу үрдісі де бар.

Халықтық ортадағы *«қалтақ абзалы – мұрақ, көрпе абзалы – құрақ»* деген сөз орамы Қ.к.-нің тұрмыста үлкен маңызға ие екенін аңғартады. Себебі қазақ дәстүрінде қонақ астына міндетті түрде көрпе төселеді. Осы көрпелердің қатарында Қ.к. зор маңызға ие. Ол бір жағынан қонақ келіп түскен отбасының бірлік пен берекеден құралған шаңырақ екенін танытса, екінші жағынан осы үйдің жақсы қасиеті қонаққа, қонақтың құты осы үйге жұғып қалсын деген ырымнан туындаған деген түсінік бар.

Әдеб.: Айдаров Т. Қазақ тілі лексикасының ерекшеліктері (өзбекстандағы қазақ говорларының материалдары бойынша). Алматы: Мектеп, 1975. 59-6; Сарыбаев Ш. Нақысбеков О. Қазақ тілінің аймақтық лексикасы. Алматы: Ғылым 1989. 56-6; Фиельструп Ф.А. Из обрядовой жизни киргизов начала XX века. М.: Наука, 2002; Тоқтабаева Ш. Қазақтардың қолөнерге байланысты әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері // Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. 1-том. Біртұтастығы және ерекшелігі. Алматы: Арыс, 2005. 126-138-бб; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰРАЛ – адам әрекеттерін жүзеге асыру үшін қажетті аспап, сайман. Қ.-дардың түрлері мен құрылымы, атқаратын

қызметі адам әрекеттерінің күрделілігімен, еңбектің салалық түрлерімен анықталады, өйткені әрбір құрал, аспап әрбір халықтың тұрмыс-салтындағы ерекшеліктермен байланысты қалыптасады. Қазақ халқының шаруашылығы мен қолөнеріне, емшілігіне, ас-тағам дайындауына және т.б. өмір-тіршілігін қамтамасыз етуге бағытталған мамандандырылған құрал түрлері көп.

Қ. түрлерін жинақтау, жалпылық ұғымда *құрал-сайман, құрал-жабдық* деп атайды. Кез келген әрекеттің нәтижесі құрал-сайманға тікелей байланысты. *«Құрал-сайманда қырық кісінің күші бар»*, *«Құрал-сайман саз болса, Машақатың аз болар»* дейді халық даналығы. Сондықтан күнделікті тұрмыста алдымен жұмысты атқаруға, белгілі бір кәсіппен айналысуға арнайы құралдар дайындалады. Құрал-саймандарды қазақ шеберлері металл, сүйек, тас, ағаш, мүйіз, тері және т.б. материалдардан жасаған.

Қ.-дар қолданысына (кәсіп түріне) және атқаратын қызметіне қарай бөлінеді. Қандай да бір шаруашылық, кәсіп саласында қолданылатын құралдар атқарылатын негізгі жұмыстың немесе өңдеудің түріне қарай жіктеледі. Мәселен, ағаш ұсталарының атқаратын негізгі қызметтеріше *кесу, шабу, жону, ою, тесу, сырлау, шегелеу, желімдеу, қару* және т.б. жатады. Осыған орай кесу жұмысы – *пышақтың, араның, шабу жұмысы – балтаның, шоттың* (оның түрлері *тесе шот, шаппашат, қуысқұлақ шот, әмбебап шот*), жону жұмысы – *сүргінің, аталғының, жонғының, тесу жұмысы бұрғының, үскінің* көмегімен орындалады. Егіншілердің жерді өңдеу жұмысы *кетпен, күрек, соқа, тырманың*, егістікті суару ісі – *шығыр, атпа, қолқауғаның*, егінді жинап бастыру жұмысы *орақ, айыр, шалғы, маланың* көмегімен атқарылады (**қ. Егіс; Егін суару; Егіншілік; Егіншілікте қолданылатын құрал-саймандар**).

Дәстүрлі қазақ тұрмысында құрал-саймандарға қатысты көптеген наным-сенімдер және соларға негізделген ырымдар мен тыйымдар қалыптасты. Әсіресе, *ұстаның* құралдары қасиетті саналған. Сондықтан ұстаның төсін көрген кезде оған жақындап келіп, табыну ырымын жасаған. *«Балта басқан жарымайды»* деген түсінікпен байланысты жерде жатқан балтадан аттап өтпеген, оны баспаған. Шошыған балаларды емдеу үшін көрікті пайдаланған. *«Бесіктегі бала шошымасын»* деп тосегінің жастық тұсындағы астына пышақ қоятын ырым болған. *Ерді* төңкеріш қоймайды және оның алдыңғы қасын іргеге қаратып қоюға болмайды, өйткені ерді теріс қаратып қою (теріс салып ерттеу) тұлдау жосынында орындалады. *Қамшы* мен *пышақты* біреуге сыйлап беруге болмайды, өйткені екі жақ араздасып кетуі мүмкін. Сондықтан оларды сыйлауға тура келгенде екі жақ сату-сатып алу ырымын жасаған. Осындай ұғым – түсініктер мен ырым-тыйымдарды байырғы тұрмыста қолданылған құрал-саймандардың негізгі түрлеріне байланысты кездестіруге болады (**қ. Аспан; Ер; Зергер; Ұста**).

Әдеб.: Қасиманов С. Қазақ халқының қолөнері. Алматы: Қазақстан, 1969; Тәжімұратов Ә. Шебердің қолы ортақ. Алматы: Қазақстан, 1977; Шойбеков Р.Н. Қазақ зергерлік өнерінің лексикасы. Алматы: Қазақстан,




1993; Шоқпарұлы Д., Дәркембайұлы Д. Қазақтың қолданбалы өнері. Алматы: Алматыкітап, 2007; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚ / ҚҰРАЛ-САЙМАН – әбзел, құрал, саймандардың жалпы атауы. Бұл тәрізді қосарланған сөздердің құрамындағы атаулардың әрқайсысы жеке қолданыста жалпы ұғымда жұмсалады. Халық тілінде *құрал, жабдық, сайман, әбзел* тәрізді жалпылық мәнде жұмсалатын сөздер тілдік қолданыста жеке тұлғасында ғана емес, қос сөз түрінде де қолданыла береді. Құрал – адам іс-әрекетінің жүзеге асуына қажетті сайман, керек-жарақтар, аспаптар (қ. *Құрал*).

Жабдық атауы халық тілінде кең мағынада қолданылады. Мәселен, үй ішінің дүние-мүлкін, заттың қосымша бөлік-тетіктерін, іске қажетті нәрсе, бұйымдарды, керек-жарақты, әбзел, тіпті құрал-саймандарды да *жабдық* деп атайды. Керек-жарағын даярлауды *жабдықтау, жабдығын сайлады* дейді. Бұның өзі *жабдық* дегеннің ұғымы құралға жақын болғанмен, бұйымды жасайтын аспап, сайман емес, қолдануға қажетті заттар, қосымша нәрселер дегенге саяды (қ. *Жабдық*).

Қолөнеріне қатысты алғанда жабдыққа іске қажетті нәрсе, бұйым, яғни материал, қосымша құралдар жатады. Айталық, *ершінің* құралдарынан басқа оның жұмыс істеуіне қажетті жабдықтарына ағаш, тері, темір, күміс тәрізді материалдар, *тігіншінің* жабдықтарына мата, тері, жүн, мақта секілді материалдар жатады және т.б.



Құрал-саймандардың түрлері. Ежелгі Отырар. Құраст.: Ж.Нұсқабайұлы, Ө.Жәнібек (Алматы: Рауан, 1997) атты кітаптан

Белгілі бір бұйымның сапалы әрі сәнді болып шығуына үлкенді-кішілі, негізгі және қосалқы құралдардың жеткілікті, түгел болуының әсері мол. Ол әсіресе *зергерлік* пен *ұсталықта* көбірек байқалады. Сайманның жабдықтан, құрал-жабдықтан айырмасы: сайман, негізінде, затты жасауға қолданылатын құрал, аспап ұғымында жұмсалады. *Құрал-сайманда қырық кісінің күші бар* деген мақал осыны аңғартады.

Жасаған бұйымдары талай көрмелерде жоғары бағаланған атакты зергер-ұста Д. Шоқпарұлы құрал-сайманның, соның ішінде *қара ұста* деп аталатын темір ұсталарының жұмыс үстінде үнемі кейде ретіне қарай анда-санда қолданылатын *көрік* (оның *қол көрік, мес көрік, аяқ көрік, қос көрік* тәрізді түрлерін), *төс* (*құстұмсық төс, шыңтөс*), *балға* (*қол балға, шой балға*), *қысқаш, шымшуыр, көзеуіш, үгіндірік, қож, қалақ, оқбақыр, қауашақ* (қанылтыр қалып), *шапқы, қадаубас, тескіш, бүркеншік, ашатемір, мөрқалып, нақыс салғыш, сызбар, атауыз, егеу, қайрақ* және т.б. ондаған түрлерін атап көрсетеді. Ал *зергерлердің* құрал-саймандары бұдан әлдеқайда көп болады. Өйткені олар – *қара ұстаның* да, *ақ ұстаның* да істейтін жұмыстарын түгел меңгерген шеберлер (қ. *Ұста*). Құрал-саймандардың шығуы туралы аңыз әңгімелер, наным-сенімдер пайда болған (қ. *Зергер; Зергерлік; Құрал*).

Әлеб.: ҚӘТС. 5-том. Алматы: Арыс, 2007; Шоқпарұлы Д., Дәркембайұлы Д. Қазақтың қолданбалы өнері. Алматы: Алматыкітап, 2007; ҚӘТС. 10-том. Алматы: Арыс, 2007; ҚӘТС. 12-том. Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2010; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰРАЛАЙ – киіктің лағынын атауы (қ. *Киік*). Қ. атауы көбінесе еліктің, маралдың қарақұйрық, бокеннің лактарына қатысты қолданылады. Шөппен қоректенетін түз аңдарының (киіктердің) баласы жетіліп туатындықтан, олардың туғаннан кейін бірер сағаттан соң енесіне еріп жүре беретін ширақ болады. Бірер күннен соң толығымен аяқтанып, үлкен киіктер сияқты оттап, қашқанда ит -құсқа ұстатпайтын жағдайға келеді. Үлкен табын болып, жүретін *бокен, қарақұйрық* сияқты *киіктердің* қысқа мерзім ішінде бір уақытта төлдейтіні, Қ.-ларының бір мезгілде жетіліп, үйірден қалмай жүруі, осы аңдардың эволюциялық даму нәтижесінде қалыптасқан, ашық далада өмір сүруге бейімделген жаратылыс деуге болады. Киіктердің жаппай төлдеуі, Қазақстанның орталық және солтүстік аймақтарында мамыр айының жиырмасына келеді де, он күн шамасында созылады. Өңірдің климаттық ерекшелігіне байланысты, аталған уақыт құбылмалы, жауын шашынды, ызғырық желді болып келеді. Қазақ халқы көктемнің осы ерекшелігін киіктердің төлдеуімен байланыстырып, аталған мерзімді «*Құралайдың салқыны*» деп атайды (қ. *Құралайдың салқыны*).

Аша тұяқты киіктердің Қ. ларының ширақтығы, ұзын кірпікті үлкен көздері, сырт келбетінің сүйкімділігі халықтың Қ. ды асқан сұлулықпен, ерекше сүйкімділіктің атауы ретінде қолдануына себеп болды. «*Құралай көз*», «*Құралайдай сұлу*» деген клишелік теңеулер халық поэзиясында жиі кездеседі. Киіктің лағын қақпанмен

аулауға немесе атып алуға обал болады деп тыйым салып отырған, өйткені – ол қазақ ұғымында киелі аңның төлі. Киік аулау лактардың әбден жетілген кезінде ғана ысырапсыз, есеппен жүргізілген. Киіктің лағы мен өзін ретсіз атып алудың адамға кесірі тиіп, киесі ұратыны жөнінде көптеген аңыз әңгімелер пайда болды (**к. Киік**).

Әдеб.: *Машанов А.* Аспан ертегілері // Жұлдыз. 1988. № 7. 103-115 бб; *Аманжолов С.* Вопросы диалектологии и истории казахского языка. Часть первая. Алма-Ата, 1959; *І. Кеңесбаев.* Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Алматы: Ғылым, 1977; Диалектологиялық сөздік. Алматы: Арыс, 2007; ҚӘТС. 10-том. Алматы: Арыс, 2009; *Қабисатұлы К.* Қазақ күнтізбесі // АТ. 2009, №11; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰРАЛАЙДЫҢ САЛҚЫНЫ / КИІКТІҢ ЛАҚ ӨРГІЗБЕСІ – көктемнің соңғы айының орта тұсындағы күн райындағы қолайсыз кезең, амал атауы. Бұл кез киіктің жаппай төлдеуі, төлін аяқтандыруы табиғаттың құбылмалы, салқын кезіне дөп келгендіктен бұл амал *құралайдың салқыны, құралайдың суығы, киіктің лақ өргізбесі* деп аталып кеткен (**к. Амал; Киік**).

Қ. с. амалында күн күрт бұзылып, таулы, шоқылы жерге қарай бұлт төнеді. Мұндай қолайсыздық бір аптаға, кейде оншақты күнге созылатын. Осы кезде төлдеуі жақындаған *қоңыр аңдар (киік, елік, ақбөкен)* бұлт төнген жерлерге қарай топтасатын көрінеді. Оның мәнін аңшылар қоңыр аңдардың күннің көзінен таса жерде төлдеуге ұмтылады деп түсіндіреді. Соған байланысты, ел арасында киік лақтаған жерге найзағай ойнайды деп ырымдайды. Қ. с. амалында бұлтпен араласа аздаған жел тұрады. Жаппай төлдеген киіктердің лактары желге қарсы жүгіріп, тынысын ашып, тез аяқтанып кететін көрінеді.

Қ.с. амалы кей жылдары суық жаңбырға ұласып мал мен жанға қолайсыздық әкеліп, әбігерге салатын кездері де болады. Махамбет акынның *«Мінкен ер»* атты өлеңінде Қ. с. амалының сипатын былай суреттейді:

*Көлденең жатқан Жайықтан
Құралайдың күнінде,
Еркек қойдай бөлініп,
Қырқарланып өткен күн*

Қ. с. амалы кезіндегі жауын-шашынды салқын кезде Маңғыстау казактары жақын маңдағы құдыққа қарай көшіп қонып үлгеруге камданады.

Әдеб.: *Диваев А.* Месяц по киргизскому стилю с обозначением народных примет // ИОИАЭКУ. Т.ХІІІ. Вып.ІV. Ташкент, 1896. С.283-286; *Куфтин Б.А.* Календарь и первобытная астрономия киргиз-казацкого народа // ЭО. 1916, №3-4. С. 123-155; *Руденко С.И.* Очерк быта казахов бассейна Уила и Сагыза // Казахи. Антропологические очерки: Вып.3. Л.: АН СССР, 1927; *Әбішев Х.* Аспан сыры. Алматы: Қазақстан, 1962; Махамбет Жыр – семсер. Алматы: Жазушы, 1979; *Өмірзақов Т.* Есепшінің есебі кісесінде // Наурыз: жаңғырған салт-дәстүрлер. Құраст. М.Қазбеков. Алматы: Қазақстан, 1991. 194-200 бб; *Сұлтаншәріп Н.* Қазақ күнтізбесіндегі ай амалдары // Ұлттар ынтымағы (Үрімжі). 1994, №4. 34-44 бб; *Фиельструт Ф.А.* Из обрядовой жизни киргизов начала XX века. М.: Наука, 2002; Тәукейұлы С. Ата таным. Ұланбатыр, 2006; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰРАМА ДУЛЫҒА – жауынгердің басын қарсыластың қаруынан қорғау үшін киілетін дулығаның бір түрінің атауы. Қазақ жауынгерлері дулығаны қорғаныс жарағы ретінде

XIX ғасырдың ортасына дейін қолданып келді (**к. Дулыға**). *«Құрама дулыға»* деп металдан соғылып, төбесі бірнеше сайдан (пластиналардан) құралып жасалатын дулығаны атады. Кейде құрама дулығаның төбесі және жиегі де бөлек жасалып құралып қосылады. Қ.д.-лар екі, төрт, алты немесе сегіз *сайдан*, кейде одан да көп жінішке тіліктерден құралып жасалуы мүмкін.

Дулығаны темірдің бірнеше тіліктерінен құрап жасау дулыға жасау үрдісін көп жеңілдетті. Дулыға жасаудың бұл технологиясы көшпелі халықтарда көне түркі заманынан белгілі. Қазақ батырларының жарағы ретінде Қ.д. ауыз әдебиетінде де айтылады.

*Құрама болат дулыға
Шекесіне қояды...*

(Қамбар батыр)

Орта ғасырлардың соңғы кезеңінен бастап осындай *«құмыра пішінді»* дулығалар әскербасыларының жауынгерлік бас киімі ретінде кең таралды.



Құрама дулыға. ҚР ОММ қорынан (КП 2067)

ҚР MOM қорындағы КП 2067 номерлі Қ.д.-ның жалпы биіктігі 25 см, төбесінің биіктігі 16 см, диаметрі 24x20 см, ал салмағы 950 ғр. Алматы (Верный) қаласының Кіші станица ауданынан табылған бұл Қ.д. XVII ғ.–XIX ғ. бірінші жартысына жатады. Төбесі сфероцилиндр формалы. Қалыңдығы 1,3 см темір қаңылтырдан жасалған 8 дана пластинкадан құралып, сегіз сай етіп жасалған. Бір-бірінің шетін бастырып келген әлгі сайлары тойтарма шегелермен бекітілген. Сайлардың төменгі шеті темір құрсаумен, үстіңгі шеттері төбелдірік тәрізді пластинамен шегеленіп ұстатылған. Төбелдіріктің ортасында диаметрі 4 см ашық тесік бар. Оған шоқталған жылқы қылы орнатылған. Жиегінің артқы және алдыңғы жағындағы үлкен тесіктерге қарағанда дулығада жауынгерлік бас киімнің осы типіне тән сөре темірі мен желкелігі болған (**к. Сөре темір**).

Әдеб.: *Кайдаров А.Г.* Доспехи и вооружение война-батыра в казахском эпосе и их этно-лингвистическое объяснение // Известия АН Каз ССР. Серия общественная. 1976. № 6. С. 24-35; *Ахметжан Қ.С.* Қазақ дулығаларының типтері мен жасалу технологиясы (типы казахских шлемов и технология их изготовления) // Қазақстан музейлері. 2003. №1; *Соныкі.* Қазақтың дәстүрлі қару-жарағының этнографиясы. Ғылыми редактор және алғы сөздің авторы Нұрсан Әлімбаев. Алматы: Алматыкітап, 2006; *Бобров*



Л.А., Худяков Ю.С. Вооружение и тактика кочевников Центральной Азии и Южной Сибири в эпоху позднего Средневековья и раннего нового времени (XV – первая половина XVIII в.). Под ред. В.П.Никонорова. СПб., 2008. КР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰРАН / ҚҰРАН КӘРІМ – (араб. *قرآن* – Құр‘ан) ислам діні ұғымында көктен түскен қасиетті төрт кітаптың бірі. Мұсылмандық сенім бойынша Құран – ислам дінін ұстанатын адамның өмір-тіршілігі мен ғибадат-құлшылығында негізге алатын, иман, сенім, шарифат үкімдеріне және пайғамбарлардың, өмірі жайлы аңыздарға қатысты сүрелерден тұратын Мұхаммед пайғамбарға (с.ғ.с.) Жәбірейіл періште арқылы аян (уахи) түрінде түскен Алланың адамдарға сыйлаған сөзі (қ. *Жәбірейіл періште; Иман; Мұхаммед пайғамбар (с.ғ.с.); Шарифат*). Мұсылмандар үшін Құранды араб тілінде ғана оқу – *шарт*, сонымен бірге Құран оқығанның өзі – Аллаға құлшылықтың бір түрі, мұсылмандық сенімде тіпті Құранның әрбір әрінін оқу – сауап деп саналады (қ. *Мұсылман; Алла тағала*). Осы білімдер ислам дінінің таралуымен байланысты дәстүрлі қазақы ортаға әбден таныс болды. Бүгінгі күнге дейін қазақ этногилдік ұжымында бірауыз Құран сүресін білмеу, әсіресе ер адам үшін сын саналады. Сондықтан хат таныған кезден бастап ер бала арабшаға тілін сындырып, Құран сүрелерін барынша ұқсатып жатқа айтуға тырысатын болған.

Қазақы ортада Құранды білу тек қана мұсылмандық шарттарын орындаудың амалы ғана емес, күнделікті тұрмыстық, өмірлік қажеттілікке де айналды. Себебі қазақ даласына ислам дінінің дендеп енуі оның барлық негізгі салттық ғұрыптарына мұсылмандық мазмұн мен тұрпаттағы жанашылдықтар кіргізді, адам мен рулық-туыстық ұжым өмірінің аса маңызды кезеңдеріне, оқиғаларына қатысты бірде-бір әдет-ғұрыпта Құран сүрелері оқылмай қалмайтын болды.

Қазақтың дәстүрлі діни түсінігінде Құран - барша мұсылманның жүріс-тұрысы, құлшылық әдебін белгілейтін, барлық әрекет-ісінде басшылыққа алатын, қадірлеп-кастерлейтін, адамзатқа Алладан араб тілінде жіберілген тасқа басылған қасиетті кітап. Өзін мұсылманмын деген әрбір отбасында Құранды бастан-аяқ оқып шығу ерекше сауап деп, олай болмаған күннің өзінде, әсіресе ер адамдарға Құранның жекелеген аяттары мен сүрелерін жатқа білмеу ұят, әрі күнә саналған.



Лауыққа қойылған Құран кітаптар

Дүниеауи білім діни білімнің аясында берілетін советтік дәуірге дейінгі кезеңде, қазақ балалары сауатын молдалардан ашқан (қ. *Молда*). Кейіннен медреселерде оқып, білімдерін жетілдірген. Молладан білім алған балаларға Құран сүрелерін жаттату үшін араб дыбыстары мен жазуын үйреткен. Осымен байланысты *Әлімті таяқ деп танымады, Ләм-мим демеді* деген сияқты араб әріптерінің аттарына қатысты мақалдар мен сөз қолданыстар қалыптасты. Сондықтан ел ішінде Құран аят-сүрелерін тек қана діни лауазым иелері ғана білді деуге болмайды. Молда балаға Құранның діни маңызын түсіндіріп, мұсылмандық шарттарын да оқытып шыққан

Қазақтың дін ғалымдары мен зиялылары насихаттаған ортодоксалды исламдық діни білімдер бойынша: Құран – адамзатқа Алладан түскен **соңғы** қасиетті кітап. Ол өзінен бұрынғы Тәурат, Інжіл, Зәбүр - қасиетті кітаптардың кемдігін толықтырып, бекітіліп түсірілген. Мұрсал пайғамбарлар – Иса, Дәуіт, Мұсаның және Адам атадан бастап Мұхаммедке (с.ғ.с.) дейінгі Нұх, Ыбырайым, Ысмайыл, Жүсіп, т.б. нәби пайғамбарлардың Алладан екені жокқа шығарылмайды, дәріптеледі (қ. *Мұрсал / Мұрсал пайғамбар; Мұса пайғамбар; Нәби / Нәби пайғамбар; Нұх пайғамбар*). Сонымен бірге басқа қасиетті кітаптардан айырмашылығы – Құран барлық адамзатқа түскен. Егер төрт мұрсал пайғамбардың алдыңғылары жекелеген ұлттар мен ұлыстарға жіберіліп, қасиетті кітаптары соларға арналса, Мұхаммед (с.ғ.с.) – бүкіл адамзат баласына жіберілген пайғамбар да, оған түскен кітап – барша адам баласына жіберілген Алланың ашық аяны. Құранда адам болмысының, бүкіл өлі-тірі жаратылыс иелері біршілігінің мәні, жаратылыс атаулыдағы адамның орны мен мақсаты туралы айтылған. Ғалымдар Құраннан Алла тағаланы танытатын, пайғамбарлар мен жаратылыстың тарихынан мәлімет беретін аңыз-эпсаналармен қатар адамгершілік мәселелерін, адамзат тарихын, діни ілімдерді, ғылымды, философияны, экономика, астрономия, медицинаны қамтитын мәселелерді анықтап келеді. Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарға Алладан берілген мұғжизалық қасиеттердің ең ұлысы – Құран. Ақындар мен небір сөзге шешен ділмарлар жайлаған араб елінде, Құранның сауат ашпаған Мұхаммедке (с.ғ.с.) түсуі оның Алладан берілген уахи екендігінің негізгі дәлелі ретінде көрсетіледі. Сондықтан Құран Алланың адамзатты шексіз адалдыққа жетелейтін, тура жол көрсететін, қияметке дейін өзгермейтін Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарға берілген мәңгі *мұғжизазы* деп танылады

Түсу тарихы. Құран сөзі араб тілінен қазақшаға аударғанда *естіп оқу, тақпақтама дауыстап оқу, мәнерлеп оқу* дегенді білдіреді. Оқы деп басталған, бірінші сүре Алланың елшісі Мұхаммедке (с.ғ.с.) 40 жасқа толғанда түсіп, 23 жыл бойы, әр кезде әртүрлі көлемде бірде толық сүре, бірде жеке аяттар түрінде аян етіліп, өмірінің соңына шейін созылды. Ең алғашқы уахи орны Мекке қаласы жанындағы Нұр тауындағы Хира үңгірі болса, уақыты дүйсенбі, 17, 21 немесе 24 рамазан (миләди

күнтізбесі бойынша 620 жылдың 10 тамызы) деп саналады, ал бұл жөнінде шииттердің көзқарасы бөлек, олар Құранның алғашқы аяны Ережеп айының 27 күні түскен деп есептейді. Алғаш болып Құранның *Алғаш* сүресінің алғашқы аяттары түсті.



Қолжазба Құран мұқабасы.
Коллекционер Ұлан Жәкеевтің жеке коллекциясынан

Бірінші аяннан кейін Мұхаммед пайғамбарға (с.ғ.с.) біршама уақыт бойы уахи түспейді. Осы аралықтағы, яғни уахи түспегендегі уақытты дін ғалымдары әртүрлі анықтайды. Біреулерінің пікірі бойынша бұл үзіліс үш жылға, екіншілерінің пайымдауынша алты айға созылды. Дін ғалымдары Мұхаммед пайғамбар (с.ғ.с.) *Алғаш* сүресінің алғашқы аяттарының түсуімен **пайғамбар** аталса, ал үзілістен кейінгі түскен Муззэммил сүресінің аяттары арқылы **елші (расул)** болды деп есептейді. Пайғамбар дүниеден озғаннан кейін хатқа түспеген Құранды оның аузынан естіген сахабалар да дүниеден өте бастайды, осымен байланысты Құранды жазып алу қолға алынады, бұны төрт шадиярдың бірі – Ғали Осман жүзеге асырады. Мұсылмандар Құран Кәрімнің XIV ғасырдан бері ешбір өзгеріссіз сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа жетіп келе жатқанына және оның жер бетіндегі сақталуына Алла тағаланың өзі қорған болып отырғанына кәміл сенеді.

Уахи және Құранның түсу сипаты. Ислам дінде Құран уахи арқылы түсірілген деп саналады (**қ. Ислам**). Уахи сөзі араб тілінен қазақшаға аударғанда *сыбырлау, жасырын сөйлеу, ишара ету, айту, сөйлеу* деген мағыналарды береді. Қазақтардың мұсылмандық сенімі бойынша Алла тағала өз жаратылыстарымен тікелей байланысқа шықпайды, үнемі екі жақ арасында жүретін аралық қызмет атқарушы күштер немесе тәсілдер болады, сол сияқты уахи Алла тағала мен пайғамбарлар арасындағы сөйлесу жолы. Ислам ғұламалары мұның шын мәнінде қалай болғаны толықтай беймәлім екенін айтады, алайда уахидің жолдары жайында пайғамбардың хадистерінен белгілі жайттар бойынша оның әртүрлі болғаны хадистерде былай көрсетіледі: **бірінші** – түс түрінде көру. Ең алғашқы аяндарды ол түсінде көріп, олар танның атуы секілді орындалатын болған. Уахидің бұл түрі оған пайғамбарлық міндеті берілмей тұрып келген. Осындай уахи басқа да пайғамбарларға келген. Оның мысалына Ыбырайым пайғамбардың түсінде ұлы Ысмайылды сойып жатқанын көруін соның әмірімен ұлын Алланың ризалығы

үшін құрбандыққа шалмақшы болғанын, артынан Алладан көктен қошқар түсіргені туралы аңызды келтіруге болады. Осы сияқты Жүсіп пайғамбардың түсінде күн мен айдың және 11 жұлдыздың өзіне сәжде еткені туралы түсі де уахи екені Құрандағы діни аңыздардан белгілі. Уахидің **екінші** түрі – сендіру, иландыру. Жәбірейіл періште арқылы кейбір аят, сүрелер Мұхаммед пайғамбардың ақылы мен жүрегіне жеткізіліп, сену түрінде аян етілген. Мұны Жәбірейіл көрінбестен пайғамбардың жүрегіне үрлейді деп де түсіндіреді. Бұндай уахи туралы белгілі хадисте Мұхаммед пайғамбар (с.ғ.с.): *«Шын мәнінде қасиетті рух маған адамның өз пешенесіне жазылған ризығын бітірмейтінше өлмейтінін иландырды...»* деп көрсетеді. («Хилйат әл-аулия», Әбу Нуғайм). Ал Құранның «Әш-Шуғара» сүресінде осыған қатысты *«Оны (Құранды) Жәбірейіл (Рухул Қудус) келтірді. Ескертушілерден болуың үшін жүрегіңе қондырды. Ап-ашық бір араб тілінде түсірді»* деген аят бар (26.Шуғара, 193-195). **Үшінші** түрі - періштенің аяңды адам кейпінде келіп жеткізуі. Танымал хадистерде Жәбірейіл періштенің Мұхаммед пайғамбарға (с.ғ.с.) аппақ киім киген, қара шашты ер адам түрінде келгені туралы деректер беріледі. **Төртінші** түрі — періштенің қоңыраудың үні сияқты дауыспен бірге келуі. Хадистерде мұндай уахидің әдетте пайғамбарға ескерту, қорқыту туралы аяттарға қатысты келетіні айтылады. **Бесінші** түрі – Жәбірейіл періштенің шынайы түрінде келуі. Бұл Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с.) өмірінде екі рет болғаны туралы деректер бар. Құранның өзінен және Айшадан айтылған хадистен белгілі болғандай, алғаш рет бұл уахи Хира үңірінде келсе, екінші рет Миғражда болады. Хадистерде пайғамбардың періштені алғаш өз кейпінде көргенде қорқыныштан талып қалғаны туралы айтылады. **Алтыншы** – Құранның аят-сүрелерінің енді бір бөлігі Алла тағаланың ешбір делдалсыз Мұхаммед пайғамбарға (с.ғ.с.) тікелей аян беруі арқылы уахи етілді. Бұған мысал ретінде бес уақыт намаздың парыз болған кезін айтуға болады **Жетінші** түрі – Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с.) Алла тағаламен жамылғының артынан сөйлесуі. Бұндай уахи Мұса пайғамбарға нәсіп етілгені туралы Құран аңыздарынан белгілі. Ал, Құран түсуіндегі бұл уахи Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с.) көккө сапарында жүзеге асты деп саналады.



Құран. Коллекционер Ұлан Жәкеевтің жеке коллекциясынан



Құранның Лауық-махфуздан түсірілуі. Діни білімі бар мұсылмандар Құранның Алладан түскен қасиетті кітап екенінің тағы бір ұлы дәлеліне оның ең алдымен көкте жазылғанын білдіретін Лаух аль-Махфуз (қазақша мәтіндерде *лауық, лауық, лаух, лауқы; махфуз, махпуз*) туралы ұғымды келтіреді. Қазақтың қисса дастандарында *Лауық Махфузды Лауық қалам* деп те қолданады. *Лаух* сөзі араб тілінен қазақшаға аударғанда – *тақта*, ал *махфуз* – *сақталған, жадында ұсталған* дегенді білдіреді де, екеуінің тіркесі – *сақтаулы тақта* деп аударылады. Ал діни ұғымда бұл Алланың жаратқан күллі *жаратылыс иелерінің тағдыры күнібұрын жазылып қойылған жазу тақтасы* дегенді білдіреді. Мәселен, Шәді төренің Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с.) өмірі жайында «Назым сияр шәріп» атты дастанында былай жырланады:

*«Аспан, Жер, Ғарыш-Күрсіні
Лаухы ғалам,
Сидырған жаннат, дозақ
Бәрін тамам»*


Осы жайт жөнінде Кердері Әбубәкірдің «Қазағым» атты шығармасында төмендегідей жолдар кездеседі:

*Лауқы үстінде ғалам-ды
Не жақсылық, жамандық
Жазулы сонда тәмам-ды.
Ғаршы, гүрсі, көк пен жер,
Жұмақ, тамұқ жаралды ...
...Адамның дүнияда не боларын,
Лауықта жазған екен тумас бұрын*

Ал әйгілі Қашаған ақынның өлеңдерінде бұл мотив былай өрбітілді:

*Дүниенің басы әуелде меруерт тас саналған,
Аспан, жер содан жаралған,
Адам, лаухы, ғалам абзал болып таралған
Он сегіз мың бұл ғалам*

Құран Лаух әл-Махфуздан Рамазан айы, Қадір түнінде түсірілген деп есептеледі. Сондықтан барша мұсылман қауымы сияқты қазақтар да оразаның соңғы он күндігінде аталатын осы бір қасиетті төрт түннің бірі – Қадір түнін ерекше ғибадаттармен атап өтеді (**қ. Қадір түні**). Қадір түнінде Алла тағала түнімен құлшылық етін тілек тілеген пенделерінің қалағанына тілектерін қабыл етіп, оның бір жылдық тағдырына өзгеріс енгізе алады деп сенетін мұсылмандар осы түнді намаз оқу, зікір айту, мешіттерге жиналып жамағатпен Құран оқып, насихат тыңдаумен атап өткізеді (**қ. Зікір; Намаз; Насихат**). Дін ғұламаларының Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с.) хадистеріндегі Лаух-әл-Махфуз туралы айтқандарынан және қазақтың діни қисса-дастандарындағы деректерден Құранның ең алдымен толықтай Лауқұл-Махфуздан жақын аспанға, содан барып, жерге түсірілуін Алла тағаланың адамдарға деген құрметі және оларды періштелердің алдында ұлықтауы, Алланың адамдар туралы ойлайтыны туралы ақпарат айқындалады. Сонымен бірге Лауқұл-Махфузда Құранға дейінгі барлық қасиетті кітаптар да жазылғандығы туралы Құран кәрімнің өзінде, Буруж сүресінің 22 аятында айтылған.



*Қолжазба Құран мұқабасы.
Коллекционер Ұлан Жәкеевтің жеке коллекциясынан*

Құранның құрылысы. Құран сүрелер мен аяттардан тұрады. Бір деректер бойынша Құранда 114 сүре, 6666 аят бар. Құран сүрелері мен аяттарын толық жатқа білетіндер қазақтың иман-ишандары болды. Олардың ішінде Құранды бастан-аяқ нақышына келтіріп, мәнерлеп оқитындарын қари деп ерекше діни атақпен атаған. Ал қарапайым халық әдетте Құранның алғашқы сүресі – Фатиханы және бірнеше қысқа сүрелерді, әсіресе «Ықылас», «Кәусар», «Нәс», «Фалак» сүрелерін жақсы білді.

Құранның ең қысқа сүресі үш аяттан тұратын «Кәусар», ең ұзағы 286 аяттан тұратын «Бақара» сүресі болса, олар кітапта белгілі сюжет желісімен орналаспаған. Құран кітабы «кіріспе» немесе «негізгі бөлім» деген әдеттегі бөліктерден құралмаған, тізбекті емес, тармақталған құрылымнан тұрады. Сонымен қатар Құрандағы сүрелер мен қиссалар біріне-бірі ерген түрде келмеген, аралары үзік. Діни қызметкерлер Құран Кәрімді рамазан айында қатым етуді немесе өлген кісінің аруағына бағыштап Құран аударуды жеңілдету үшін оны айдын отыз күніне немесе Құранды бірігіп оқитын адамдар санын сай келетіндей бірдей бөліктерге (параға) бөлген (**қ. Жерлеу; Қатым түсіру; Құран оқу; Құран аудару; Пара Құран; Рамазан**).

Құран кітаптың «Тәубә» сүресінен басқа барлық сүресі «Піссілләмен» яғни «бисми-Лләһ әр-Рахман әр-Рахим» (*Ерекше Рақымды, мейірімді Алланың атымен бастаймын*) деген сөзбен басталады. «Сөздің басы – биссімілә», «Биссімілләсіс іс бітпейді», «Аузында биссімілләсі жоқтан қорық» деген сияқты т.б. қазақ нақылдары мен кез келген істі «Биссімілә» айтып бастау, ас ішу, бата беру, көлікке мініп-түсу, есікті ашып-жабу, үйге сырттан келгенде, жұрт алдында сөйлегенде, т.б. жағдайларда осы сөзді айтып ырымдауы Құран сүрелерінің басындағы міндетті композициялық құрылымы болған «*Ерекше Рақымды, мейірімді Алланың атымен бастаймын*» сөз қолданысымен байланысты туындаған.



Құран. Коллекционер Ұлан Жәкеевтің жеке коллекциясынан

Мазмұны мен маңызы. Құран мазмұны жағынан негізінен күллі жаратылыс иесінің жерді, адамзатты, ғаламды, пері-періштелерді қалай жаратқаны, жер бетіне жіберілген пайғамбарлардың өмірі туралы аңыздардан, мұсылмандық ақида, әлеуметтік әрі отбасылық құқық негіздерін, әдеби мен ахлағының ұстанымдарын көрсететін сүре, аяттардан тұрады. Құран Кәрімнің кейбір аяттары сол аяттар түскеннен кейін болуы тиіс оқиғалар туралы баяндайды. Ислам ғұламалары бұндай хабарлардың бір бөлігі Мұхаммед пайғамбардың тірі кезінде-ақ жүзеге асып орындалғанын, ал басқа бөлігі ақыр заман таяғанда болатын оқиғаларды баяндайтынын айтады. Оларға сену мұсылманның міндеті саналады.

Мұсылмандар Құран Кәрімнің Аллаһ тарапынан Мұхаммед пайғамбарға түсірілген ақырғы қасиетті кітап екеніне иман келтіреді. Сондықтан олар Құранды тиләуәт етіп, яғни түп нұсқадағыдай араб тілінде оқу, оны тыңдау, оған сәйкес амал ету адамды Аллаһқа жақындататын, жүрегің тыныштандыратын ғибадат екеніне сенеді. Құранның артықшылықтары мен оны үйренудің сауабы туралы хадистер де көп, олардың бірінде: *«Сендердің ең жақсыларың Құранды үйреніп, басқаларға үйреткендерің Кімде-кім Алланың Кітабынан бір әріп оқыса, оған жақсылық жазылып, ол жақсылық он есе көбейеді»* деген, ал Құран оқыған адамға: *«Дүниеде қалай оқысаң солай оқы да (жәннатқа) көтеріл, шын мәнінде сенің орның соңғы аятты қай жерде оқысаң — сол жерде»*, *«Қандай да бір қауым Алланың үйінде жиналып Алланың Кітабын оқып, араларында үйренсе, оларға тыныштық түседі, Алланың мейіріміне бөлінеді, оларды періштелер қоршайды және Алла оларды қасындағылардың жанында еске алады...»* және т.б. хадистер бар. Мұсылмандардың сенімі бойынша әрбір адам Құранға мұқтаж; мұсылманның жүрегі Құранмен өмір сүреді, көзі нұрланып, тура жолға ілеседі. Мұсылман қазақтың бүкіл өмірі осы қасиетті кітаппен байланысты: оның сенімі одан сусындайды, ол ата-баба дінінің ғибадаттарын содан біледі, қарым-қатынас пен мінез-құлықтағы тура жолды көрсететін қағидаттарды содан алады.

Қазақы дәстүрлі ортада Құранмен сөйлеген адам — шындықты айтады, онымен үкім еткен — әділ болады, оған сәйкес амал еткен сауап алады, оған шақырған — тура жолға салынады деп есептелгенін Құранмен бекітілетін түрлі құқықтық рәсімдердің, амалдардың орнығуынан да байқауға болады. Мәселен, *дау* жиынына жиналған тараптар мен билер дауды шешу басталмас бұрын, кара койды құрбандыққа шалып, даудың әділ шешілуін тілеп Құран оқыған, сол сияқты билер сотында, қазылар сотын куәгер, айғақшы болған тұлғалар бастарын Құранға қойып сөздерінің растығын, шындығын дәлелдеген, жауғершілік Сак дәуірінен сақталып келген ант-су ішу рәсімі де ислам дінінің әсерімен Құран оқып баталасу арқылы толыққан (**к. Ант беру; Айғақ; Баталасу; Куә; Куәгер**). Мұсылмандар Құранда тура жол мен дүниелік мәселелерді реттейтін бұрынғы қасиетті кітаптарда келген барлық нәрсе жиналғанына сенеді. Бұған дәлел ретінде олар «әл-Мәида» сүресіндегі келесі аяттарды келтіреді: *«Саған Құранды шынайы түрде өзінен бұрынғы кітаптарды растаушы әрі қорғаушы түрінде түсірдік. Олардың арасында Алла түсіргенге сәйкес үкім қыл да өзіңе келген хақтан айрылып, олардың ойларына ерме. Сендердің әрбіреуіңе заң мен тура жол жасап қойдық. Егер Алла қалағанда барлығыңды бір ұммет қылатын еді. Бірақ сендерге келген нәрседе сынау үшін. Ендеше жақсылыққа ұмтылыңдар! Сендердің барлығың Аллаға қайтасыңдар да Ол сендердің таласқан нәрселеріңді білдіреді»*. Құранды тәпсірлеумен, түсіндірумен айналысқан ғалымдардың барлығы оның Забур, Тәурат, Інжіл секілді кітаптардың ішінде айтылған заттарды қамтитынын айтады.

Тәпсір, тәуил және тиләуәт. Құран жазбаша нұсқаға түсірілгеннен бастап, оның мазмұнын, құрамындағы аят, сүрелердің түсу себептерін түсіндіретін үлкен діни ғылыми бағыт пайда болды. Шарифаттағы тәпсір сөзінің мағынасы: қасиетті кітапты дұрыс түсінуге, аяттар мағынасын дұрыс жеткізуге және дұрыс үкімдер шығаруға көмектесетін барлық әдістерді қолдану арқылы Құранды түсіндіру дегенге саяды. Құранды түсіндіруші адамды тәпсірші дейді. Тәпсіршінің міндеті Құрандағы аяттың мазмұнындағы күңірттіктерді, түсініксіздіктерді ашып көрсету, астарлы немесе көп мағыналы, түсінілуі қиын, аз кездесетін сөздер мен сөз тіркестердің мазмұнын ашу. Сондықтан тәпсіршілер араб тіл білімі, соған қоса шарифат терминологияларынан жете білімдар болады. Тәпсіршіге тәуилді білу де абзал. Себебі механикалық түрде Құран мазмұнын терең түсіндіру жеткіліксіз, ол үшін логикалық, діни, тарихи білімдерді де шебер қолдану қажет болған. «Тауил» сөзі «негізіне қайтару» деген мағына береді. Бұл термин «аяттың өзінің ішіндегі мағынаға жүгінуі» деген мағына береді. Бұл сөз «ийала» (басқару) деген сөзден шыққан деген пікірлер бар, сонда сөзді түсіндіріп тұрған адам оны басқарып, мағыналарын орын-орнына қойып тұрған секілді болады. Құранды түсіну үшін тәуил қажеттілігі туралы Абай:



Құран рас, Аллаһтың сөзі дүр ол,

Тәуіліне жетерлік ғылымың шақ, – деп жырлаған.

Ислам канондары бойынша Құранды оқып түсінудің мызғымас шарты **тиләуәт** – Құранды араб тілінде, түпнұсқадағыдай оқып-үйрену. Діни наным бойынша Құранды араб тілінде оқу адамды Аллаға жақындататын ең басты құлшылық амалдардың бірі саналады. Құранды жатқа білудің артықшылықтары мен оны үйренудің сауабы жөнінде хадистерде: «*Сендердің ең жақсыларың Құранды үйреніп, басқаларға үйреткендерің*» («Сахих әл-Бұхари»); «*Кімде-кім Алланың Кітабынан бір әріп оқыса, оған жақсылық жазылып, ол жақсылық он есе көбейеді*» – «Сунан әт-Тирмизи».

Құранды арабша түпнұсқасынан өзгертпей оқудың ислам діні канонындағы қасиеттілігімен байланысты Құран жазылған араб әріптерін де қастерлеу қазақтың дәстүрлі ортасында кеңінен орнықты. Тіпті қазақ жыраулары мен ақындары олардың әрқайсысына ерекше қасиетті мазмұн беріп, «персонализациялаған» десе де болады, мәселен, *алиф – ұлтат, би – берекет, та – тәубе, т.с. (қ. Жазу)*. Араб әріптерімен жазылған Құран аяттары мен сүрелерінің үзінділерін ұжымдық ғибадат ету орындары – мешіттерден ғана емес, байырғы қазақ қоғамында баланың тал бесігінен, бойтұмарлардан, байрақтарымен байрақбасылардан, батырдың қару-жарағы мен сауыт-сайманынан көптеп кездестіруге болады (*қ. Бойтұмар; Байрақ; Байрақбасы / Сүлде / Бұншық*). Құранның жазба мәтіндерін, оның әрбір әріпін қасиетті санап, ол адамды пәле-жаладан, қырсықтан, кесірден, мезгілсіз ажалдан, апаттан сақтап, жанын қорғап тұрады деген сенімнен туындаған мұндай жазуларды емшілер, бақсы-абыздар да өз құралдарына айналдырды (*қ. Бақсы; Абыз*). Адам ауруын емдегенде дәл сол аурудың шипасына қатысты Құран сүрелерінен дұға біліп, дем салу өз алдына, оны сиямен араб әріптерімен қағазға жазып, сосын сол қағазды суға езіп ішірткі жасап емдеу бақсылардың көп қолданған емінен саналатын (*қ. Дем салу; Ішірткі*). Ауруды жеңілдетіп, кеселін қайтару үшін бүгінгі күнге дейін Құран аяттары сиямен жазылған қағазды ауырған жерге басып, ішінен дұға-тілек ететін емдеу түрі халық арасында белгілі. Тіпті араб әріптерімен емес, қазіргі қолданыстағы әріптермен терілген Құран сүрелерін, әуелі Құранда қолданылатын сөздер жазылған кез келген жазу, тасқа басылған дүние о бастағы араб әріптеріне көрсетілетін құрметтеу, қадірлеуден кем емес. Дәстүрлі ортада кез келген жазуы бар материалды аяқ астына тастамаған, оны жазудың, кітаптың киесі атады деп лас нәрселерді сүртуге, тазалауға пайдаланбаған.

Құран – қазақи діни санада әрі рухани, әрі материалдық құндылықтың объектісі түрінде көрініс тапты. Құранның **мазмұнын** түсіндіру арқылы оған рухани құндылық ретінде үлкен құрметпен қарау әдебі, қастерлеу сезімі қалыптастырылып отырды. Ал осы қасиетті мазмұнды

жеткізуші **форма**, яғни араб жазуы, араб қаріптері (графикасы), тіпті әріптер басылған материал (Құран сүрелері жазылған қағаз, газет, мата, дәптер, т.б.) – кітап та қасиетті саналды. Әрбір қазақ шаңырағында ата-бабадан қалған қара шаңырақ, домбыра, қамшы, белбеу, мылтық, т.б. киелі дүниелермен қатар қолдан-қолға беріліп отырған араб қаріпімен жазылған кітаптар да ерекше қастерлеудің нышанына айналды. Солардың ішінде Құран кітапты қастерлеудің орны бөлек. Қазақ танымында нанды қастерлеу қаншалықты маңызға ие болса, Құранды қастерлеу содан асып түспесе, кем түспеді. Діндар адамдардың отбасында Құран кітаптың әр күнде бір сүресін немесе аятын оқып шығып, сол беттерін ашып қою дәстүрге айналған. Бұның астарында Қасиетті Құранның әрбір сөзі, осы сөздерді құраған әрбір дыбысы, оны таңбалаған әрбір әріпі Алладан болған соң, оның нұрының бір бөлшегі; осы нұр Құранның әрбір сүресін оқыған сайын күнбе-күн жаңарып, үй-ішін нұрландырып, жын-шайтаннан қорғап тұрады деген діни түсінік жатыр.

Құранға қатысты әдеп және салт-дәстүр. Дүние есігін ашып, талбесіктен азан шақырып ат қойғаннан бастап, бақилыққа аттанып жер бесікке дейінгі адам өмірінің маңызды кезеңдерімен, оқиғаларымен байланысты қазақтың салт-жоралғылары, әдет-ғұрыптарының басым көбінде көне ұлттық (мифологиялық, тәңіршілдік) және жаңа діни (исламдық) түр-түрпат пен сипат-мазмұн ерекше синкретизммен астасып, ұласып кетті (*қ. Ас беру; Ат қою; Баталасу; Жаназасын шығару; Жаназанамазы; Мәйітті жерлеу; Құран аудару; Неке қию*). Сондықтан дәстүрлі қазақ қоғамының қарапайым мүшесі үшін Құран аят-сүрелерін білу тек діни ғибадаттарды орындаудың ғана емес, тұрмыс-салттық ғұрыптарды атқарудың да ажырамас маңызды шартына айналды (*қ. Иман айту; Кәлима айту; Тілін кәлимаға келтіру; Құрбан шалу; Ораза*). Қазақта өлім-жітімнің барлық жоралғыларында Құран бағыштап, Құран аударып отыруының бір себебі өлілерге тек Құран ғана көмектесе алады деген түсінік бар. Қазақтың дәстүрлі танымында Құранды теологиялық терең деңгейде толық түсінетіндер діни ғұрыптарды атқарушы, діндарлар, дін зиялылары, діни қызметкерлер өз ішінен ғана шыққанымен, барша басқа халық үшін Құран қашан да ерекше қасиетті кітап ретінде саналып, құрметтеудің нышаны болып келді. Дәстүрлі ортада Құран кітабы өзін мұсылман санаған әрбір қазақтың төрінен орын алған. Қазақтар Құранды ақ матаға орап қол жетпейтін жерге іліп қоятын болған. Дәстүрлі қазақтың үйінде арабша сауат ашқан бала болмауы кемде-кем еді. Сондықтан тек ғибадаттарда немесе Құран оқу сүннет саналған жұмада ғана емес, үй іші нұрға толады деп жай күндері де Құранның беттері аударылып, сүре, аяттары оқылып тұратын болған. Құранның өзін білумен қатар балаға жастайынан Құран әдебін, яғни Құран оқыған кезде сақтауы жөн ережелер мен міндеттердің жиынтығын да таныстырып, үйретіп отырған.

Оның көріністері казактың көнеден келе жатқан, тіпті исламға дейінгі мифтік санамен байланысты қалыптасқан әдеттері мен ғұрыптарынан, ырым-жырымдарынан көптеп табылады. Дәстүрлі казактық ортада баланың дүниеге келген кезінен бастап, ержетін, есейіп, елағасы болғанға, ақыр соңы осы дүниемен қоштасқанға дейінгі инициациялық рәсімдердің ішінде Құран қатыспайтыны кемде-кем. Құранды казактар тек олілерге бағыштап қойған деген отарлық тоталитарлық дінсіздендіру саясаты салдарынан туындаған теріс стереотипті жоққа шығаратын дәлелдерді көптеп келтіруге болады. *Мал сойғанда, дауды шешкенде, билік айтқанда, жерлегенде, келіндегенде, зират басын жаңартқанда, бейітті көргенде, куәлік еткенде, түс жорығанда, шектік шалғанда, жаңа туған нәрсетенің атын қойғанда, бата бергенде, әйел босанар алдында, баталасқанда, неке қиғанда, аурудан емдегенде, дау шешкенде, ас бергенде, сол сияқты мал ауруларын емдегенде немесе адамдағы ауруды малға көшіру ырымында, тіпті адыраспан тергенде де*, толып жатқан басқа да салт-жоралғыларда Құран сүрелерін оқып, жазып рәсімді бекітіп отырған, сөйтіп Құран казактың рухани этномәдениетінің ажырамас бөлігіне айналды.

Құран тыңдау әдебі бойынша Құранды естіген адам бағыныштылық танытып, Аллаһтың сөздері туралы ойланып, Құран оқылып біткенше күлкі мен бос сөзден сақтанған жөн. Әдеттегі казак шаңырағында Құранды құранқапқа салып немесе таза ақ матамен орап торге, биікке, көбінесе қос төсектің жоғары жағына іліп қою дағдысы қалыптасқан (**қ. Құранқап**). Мәселен, тасқа басылған Құран (кітап) бойынша:

*Құран кітапты жалаңаш қолмен ұстама;
Құран кітапқа дәретсіз жолама;
Құран кітап тұрған тұсқа артыңды берме,
Құран кітапты баспа,
Құран кітап беттерін жыртып,
Құран кітапты аяқтың астына тастама,
Құран кітап бар жерде қарқылдап күлме,
Құран кітап тұрған жерде жалаңаш жүрме,
Құран кітап сөздері жазылған дүниелерді аяқ астына тастама,*

Құран кітап сөздері, тіпті әріптері жазылған қағазды тұтынба, лас жерге апарма;

Құран кітап тұрған жерде өтірік айтпа.

Ал дыбысталған Құран бойынша:

*Құран оқығанда басқимсіз отырма,
Құран оқылып жатқанда сөйлемге,
Құранды айқайлап оқыма,
Құранды үстірт, ниетсіз оқыма,
Құран оқылғанда ниетсіз тыңдама,
Құранды дәретсіз оқыма,
Құран оқылғанда есінеме,
Құран сөздерінің айтылу мәнері мен мақамын бұзба,
Құранды дүниелік табыстың көзіне айналдырма*

деген т ы й ы м д а р д ы ң қатаң сақталуының астарында мұсылмандардың қасиетті кітабына қатысты исламдық

білімдер жүйесінің казак қоғамының қарапайым мүшесіне таңсық болмағандығы туралы ақпарат жатыр.

Құран және ахлақ. Ислам дүниетаным ғана емес, адамгершілік туралы ілім де болып табылады. Құранның ахлақтық қағидалары күнделікті өмірдің барлық қырын камтиды: отбасы қатынастары, туыстар арасындағы міндеттер, айналысатын пайдалы нәрселердің жиыны, өзге дін (христиан, иудей) өкілдерімен қатынас, саудамен және қолөнермен айналысу, тыйымдар, парызды өтеу және т.б. Шариатта «бес уақыт намаз адамды күнәдан айырады» деп айтылғандықтан намаз оқуға, ораза ұстауға құрметпен қарайды. Ең ауыр күнә - Құрандағы талаптардан ауытқу. Алланың ізгілігі мен қайырымдылығына қарамастан бұл күнә кешірілмейді. Ең жоғарғы қасиет - Алланың еркіне бағыну, шынайы сенім үшін өзінді құрбандыққа шалу. Мұсылмандарға ізгілікпен қарау және дінсіздерді қудалау - Құранның негізгі ерекшеліктерінің бірі. Ислам қағидасы бойынша тек құдайға қызмет жасап, құлшылық ету жолымен ғана бақытқа жетуге болады. Осыған орай, мұсылмандар дұрыс жолды таңдай алады. Бұл тезис мұсылмандық ойдың өзегін құрайды және ол ислам ізбасарларының рухани өмірінде маңызды рөл атқарды. Мұсылман дінінің моральдық-этикалық жүйесінің бүкіл іргетасы осы бағыныштылық талаптарымен құрылғаны белгілі. Мұсылман нағыз адам болу үшін, ол моральды тұрғыда таза, өз әрекеті мен сөздерінде адал болуы тиіс. Тек сонда ғана ол адамдар алдында да, Алланың алдында да құрметке ие болады.

Ортағасырлық және онан кейінгі дәуірлердегі мұсылман авторларының шығармаларының барлығы дерлік Құранның бірінші сүресімен басталады. Ақтамберді жыраудың, Үмбетей жыраудың, Бұқар жырау мен Қабан жыраудың және т.б. адамгершілік-этикалық көзқарастарында исламның ықпалы айқын байқалады. Ақын-жыраулар өздерінің адамгершілікке қатысты ойларын құдайдың, пайғамбарлардың атынан айтты және бұл казак қоғамында олардың көзқарастарының ықпалын күшейтті. Бұл, әсіресе Бұқар-жыраудың моралистік-дидактикалық шығармаларынан айқын байқалады. Исламға тән қайырымдылық, аяугершілік, ізгілік сияқты қасиеттер жыраулардың кейінгі шығармаларында мольнан ұшыраса бастады. Осылайша, ақын-жыраулардың шығармашылығы негізінен діни сипатта, оны рационалдандыру жолымен, моральдық-этикалық бағытта уағыздау мен насихаттау сипатында дамыды. Демек, казак ақын-жырауларының адамгершілік философиясы адамзаттың бүкіл тарихи дамуы барысында жинақталған адамгершілік идеялардан және философиялық-этикалық теориялардан арасы алшақ емес және казак халқы өмірінің тарихи жағдайларына сай келетіндей жоғарыдағы идеялардың заңды жалғасы мен қорытындысын білдіреді. Ақын-жыраулардың этикалық ойы қалыптасуының ең маңызды бастауларының бірі білім мен тәрбиенің, оның ішінде адамгершіліктің де қазынасы



мен энциклопедиясына айналған мақал-мәтелдер түріндегі фольклор болып табылады.

Құран және заң. Бұл айтылғандармен қоса, Құран Кәрім шарифаттың негізі болғандықтан, казактардың діни сот жүйесі – қазылықтың басты кодексіне айналды, мұсылмандықты көне заңдармен байланыстырған Жеті Жарғы сияқты ата заңдардың бір қайнар көзіне айналды (**қ. Жеті Жарғы**). Сөйтін казактың мәдениетінде тек қана таза діни сипаттағы дүние ретінде ғана емес, әлеуметтік-құқықтық нормаларды реттеудің де бір құралы ретінде де бағаланды. Осымен байланысты болар, ресми түрде ант бергенде Құран ұстау салты қалыптасқан (**қ. Құран ұстан / Құран көтеріп ант беру**).

Құран және тіл. Казак мәдениетінде *тасқа басылған* дүниелерді кастерлеу салты бұрыннан қалыптасқан. Казакты түсінік бойынша *ауызша сөз адами, ал жазбаша сөз құдайлық сипатқа ие*, бұл казак қоғамында қай кезеңде де жазу мәдениетінің болғанын және оның жоғары бағаланғанын, жазудың қоғам өмірінде ерекше қызмет атқарғанын көрсетеді. Ал ислам дінінің таралуымен араб жазуы мен жазу мәдениетінің басымдық алуы кітапқа деген көне құрметті Жаратушы Алла үкіміне деген діни құрметпен байыта түсті, сөйтіп, қасиетті Құран түскен араб әріптерімен тасқа басылған сөз – жазу болғаны үшін ғана емес, Жаратушының қасиетті кітабының әріптерімен терілгені үшін де кастерленетін болды. Құранға деген құрмет кітапқа деген құрметтің бір көрінісі болса, кітапқа деген құрмет Жаратушының үкімі болған қасиетті Құранға деген құрметпен ұштасып жатты. Содан болар, күні бүгінге дейін казакта аяқ астында жатқан жазба дүниелерді көрсе, көтеріп қояды, жазуы бар қағазды лас жерге тастамайды.

Құран және казак әдебиеті. Құран туралы білімдер жүйесінің казактың діни санасында қалыптасып, ділі мен тілінен ойып орын алуына казак даласында жасаған, аттары аңызға айналған, Мұхаммед пайғамбарды көріп, онымен бірге дін таратқан – сахабалардың, олардың шәкірттері – табиғиндердің, табиғин шәкірттері – табиғин табиғиндердің ұрпақтарынан шыққан әулие-әнбиелердің, ислам ойшылдары мен сопылардың, діни-ағартушылардың, кітаби ақындар мен назирашылардың, жожа, имам-ишандар, дінбасылар мен ғұлама ғалымдардың еңбегі зор болды.

Діни білімі бар немесе діндарлығы жоғары адамдардың түсінігінде Құран туралы білімдер жүйесі тұрмыстық санадағы білімдерден әлдеқайда толыққанды, теологиялық тұрғыдан жүйелі болды, әрі казак жерінде таралған әһли сүннет Имам ағзам Әбу Ханифа діни мектебінің (мәзхабының) исламдық ілім негізінен ауытқып кетпеді (**қ. Сүннет**). Құран Кәрім туралы бұндай білімдер тек дін иелері мен дінбасыларының уағыздары, мешіттердің қызметі арқылы ғана толыққан жоқ. Сонымен бірге казактың бай ауыз әдебиетінің озық үлгілері болған Қобыланды батыр, Алпамыс батыр, Қыз Жібек сияқты

т.б. жырларындағы діни прецеденттердің қолданылуы, Қожа Ахмет Яссауи, Жүсіп Баласағұни, Бақырғани, Ахмет Иүгнекидің шығармашылығы, Бұқар жырау, Омар Шораяк, Ақтамберді, Қашаған, т.б. жыраулар өлеңдері мен діни-ағартушылық және кітаби-назирашылдық дәстүрді жалғастырушы кітаби ақындар, шайырлар Ораз молда, Шәді төре Жәңгірұлы, Тұрмағамбет Ізтілеуов, Жүсіпбек жожа Шайхисламұлы, Майлыжожа Сұлтанқожаұлы, Ақылбек Сабалұлы, Кәшшәфуддин Шаһмарданұлы, Мәулекей Юмашыков, Әріп Тәңірбергенұлы, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Мәшһүр Мақыш Қалтайұлы, Ақыт Ұлымжыұлы, Молда Мұса Байзақұлы және тағы басқаларының діни қисса-дастандары, Абай, Шәкәрім, Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы, Ахмет, Міржақыптың философиялық туындылары арқылы қалыптасып, толығып жетіліп отырды.

Қазак ауыз әдебиетінде 20-дан астам діни дастандар бар. Олардың ішінде «Хазіреті Османнның (р.а.) Пайғамбарды қонаққа шақырғаны», «Пайғамбардың Исра Миғражға қонақ болғаны», «Зәйд пен Зәйнәб қиссасы», «Сияр Шәріп», «Бәдір қиссасы», «Ухуд қиссасы», «Хазіреті Айшаның түһматы», «Хазіреті Әли» және т.б. атап көрсетуге болады. Бұл қиссалар ескі кітаби жазба тілде араб әрпімен жазылған, Құран кәрімдегі аңыздарды, олардың кейіпкерлерінің ерлігін жырлайды. Мәселен, Мұхаммед пайғамбар, Омар, Әли секілді діни кейіпкерлер ортодоксалды діни мәтіндердегідей пайғамбар халифалар, елбасшылары сияқты ғана емес, сонымен бірге казактың ежелгі батырлар жырының негізгі кейіпкерлеріне ұқсас жау қолынан жеңілмес палуандар, батырлар сияқты сипатталып жатады. Сол сияқты Құран аңыздарының және олардың негізінде казак шайырлары жырлаған осы қиссалардың әсерімен халық ауыз әдебиеті үлгілеріндегі бұрыннан келе жатқан мифтік тұлғалар да исламдық сипат алып, образдары жаңартылды. Мысалы, көшпенділердің құдайы Тәңірі Алланың бейнесімен бірігіп кетсе, Албасты бірте-бірте исламның зұлым рухтарының қасиеттерін бойына сіңіріп, ал Бабатүкті Шашты Әзіз мұсылман әулиесіне айналады. Бұған мысал ретінде Үмбетай жыраудың мына бір өлең жолдарын келтіруге болады:

*Мойныңа кісен салғанда,
Бабатүкті Шашты Әзіз,
Содан бата алғанда,
Тілеуің қабыл болғанын
Басыңа Қыдыр қонғанын
Ұмыттыңба соны Абылай*

(Бөгенбай қазасын Абылай ханға естірту)

Сонымен Қ. қағидалары казак мәдениетінде діни ғана байланысты Қасиетті ұғымында ғана емес, казактың барша көнеден келе жатқан тұрмыстық салт-дәстүрінің ажырамас элементі (бөлшегі) ретінде қаралып, өзін мұсылман санаған әрбір казак этногилдік ұжымы мүшесінің кастерлеп, ұстанатын өмірлік ережелердің ең дұрысын көрсететін, яғни тура, дұрыс, адал жолға бастайтын ең маңызды орын алатыны, аруакка жер

бетіндегі тірілерде Қ. оқудан басқа ешқандай көмек қажет болмайды деген халықтық исламдағы діни түсінікке негізделеді. Қазаки ортадағы «аруак Қ. дәметеді», «Қ-ның сауабын марқұмның аруағына бағыштау», «артында Қ. оқитын ұрпақ қалсын» деген сөздерден Қ. оқу арқылы марқұмға жер бетіндегі жақындарының о дүниеде де көмектері болатыны туралы білімдер байқалады. Тіпті дүниеге ұрпақ әкелу сияқты өмірлік маңызды актінің өзінің де астарында, түбінде өзі өлгеннен кейін о дүниеде сол ұрпағынан қолдау көріп, ұрпағы бағыттаған Қ. арқылы Алла алдындағы күнәларынан кешірім алу сияқты мән жатыр.

Әдеб.: Баллюзек Л.Ф. Народные обычаи имеющиеся, а отчасти ныне имеющиеся, в малой киргизской орда силу закона // ТС. Т.76. СПб., 1873; *Валиханов Ч.Ч.* Тенгри (бог) // Собрание сочинений в 5-ти томах. Том I. Алма-Ата, 1984. С. 208-215; *Оңдасынов Н.Д.* Арабша-қазақша түсіндірме сөздік (қазақ тіліндегі араб сөздері). Алматы: Жазушы, 1-т.1984; *Баранов Х.К.* Арабско-русский словарь. М., 1985; *Мыңжанұлы Н.* Ислам дінінің қазақ халқына таралуы. Шынжан қоғамдық ғылымы журналы, 1990. №1. 22-29 бб; Құран Кәрім. Х.Алтай аудармасы, Медине: Құран Шәриф, 1991; *Көпеев М.Ж.* Екі томдық. 2-т. Алматы: Ғылым, 1992. 224 б; *Мұстафина Р.М.* Представления, культы, обряды у казахов (в контексте бытового ислама в южном Казахстане в конце XIX-XX вв.). Алма-Ата, 1992; Қазақ фольклорының тарихылыгы. Алматы: Ғылым, 1993; *Үлімжіұлы А.* Шығармалар. Шынжан халық баспасы, 2-кітап, Үрімжі: 1994; *Үлімжіұлы А.* Шығармалар. Шынжан халық баспасы, Үрімжі. 1-кітап, 1994; *Әлімбай Нұрсан.* Қазақтың өлікті жөнелтуге байланысты жосын-жоралғыларының этномәдени проекциясы // ҚР ҰҒА-ның хабарлары. Қоғамдық ғылымдар сериясы. 1994. №4. 36-48-бб; Абай. Энциклопедия // бас ред. Р. Н. Нұрғалиев. Атамұра, 1995; Абайдың дүниетанымы мен философиясы. Алматы: Ғылым, 1995; Халық қазынасы. 1-том, Бейжің, Ұлттар баспасы, 1997; *Ахмед А.* Құранның ғажайып қасиеттері // ислам әлемі, №8, 2005. 32 б; *Мұстафина Р.М.* Қазақи ислам // Қазақ халқының дәстүрлерімен әдет-ғұрыптары. 1-том, Алматы: Арыс, 2005. 23-36 бб; *Әжигали С., Оразбек Е.* Қазақтардың дінге сенгіштігі // Қазақ халқының дәстүрлерімен әдет-ғұрыптары. 1-том, Алматы: Арыс, 2005. 37-70 бб; Мұсылман ғалымдарының жетістіктері // Ислам әлемі, №4-5. 2006; *Жаназарасімдері.* Құраст. А. Зулай, Р. Мұхитдинов. Алматы: Әлбаракат, 2006; *Нүсіпқасұлы А.* Ағаш бесіктен жер бесікке дейін. Үрімжі, Шынжан жастар-өрендері, 2006; Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. 1-том. Алматы. ҚАЗАқпарат, 2007; *Ақытұлы Ф.* Құран Кәрімдегі ғылыми негіздер // Таңдамалы хадистер Мұхамед (с.ғ.с) пайғамбардың «Сахих» хадистері. Алматы: «ТоғанайТ» баспасы, 2007; *Михайлов Ю.А.* Пора понимать Коран (құранды түсінетін уақыт келді). М.: Ладомир, 2007; *Ахмед А.* Құран Кәрім хикаялары. Алматы: Әлбаракат, 2007; *Үмбетай жсырау.* Бөгенбай қазасын Абылай ханға естірту // Жеті ғасыр жырлайды. Алматы: Жазушы, 2008. 1-том. 75 б; *Кердері Әубәкір.* Өткен иманшылық заманды жоқтап // Жеті ғасыр жырлайды. Алматы: Жазушы, 2008. 1-том. 373-381 бб; *Жандарбек З.* Қазақ хандығы кезіндегі заңдар және олардың мемлекеттік құрылымдық жүйесіне ықпалы // Исауи әлемі, 2010. №1(2), 54-60 бб; *Жабықбай Ә.* Қазіргі кезеңдегі діндегі эволюция. Алматы: Полиграфия-сервис К^о, 2011; *Адам әлейһисаламнан бері қарайғы ұрпақ, руларға дейінгі шежіре //* Бабалар сөзі: Жүз томдық. Құраст. Әлбеков Т., Райыс Ф., Салтақова Ж. Астана: Фолиант, 2012. 81-том:шежірелік аңыздар, 157-173 бб; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰРАН АУДАРУ / ҚҰРАН ОҚИТУ – Құран аяттары мен сүрелерін оқу түріндегі мұсылмандық ғибадат. Қазақта марқұмның аруағына бағыштап Құран оқуды Құран аудару дейді. Аударылатын Құранның аят, сүре санына шек салынбайды. Бұндайда оқылатын аят, сүре айтылатын бата да өзгеше болады. Құран кімге бағышталғаны, ақы иелері кім екені, олар қабыл көргеніне кепіл екені сияқтылар ашық айтылады.

Жерлеу аяқталған соң, Құранды марқұмның туыстары немесе арнайы осы іс тапсырылған молда оқиды. Ертеректегі қазақ дәстүрі бойынша марқұмға арнап Құран бағыштайтын молдаға толы қап, кейде марқұмның тұрмыс жағдайына қарай одан да көп бидай, тары, арпа ұсынатын болған. Молда бұны орындауға үш рет уәде береді және сыйды (арпа, тары, бидай және т.б.) алады. Құран аударылып біткен соң марқұмның үйінің немесе оған Құран бағыштаған туыстарының дастарқанынан дәм-тұз ауыз тиеседі. Қазақта Құран аудару деп кез келген адамның өзбетіше қандай да бір ғибадат максатымен Құранды бастан аяқ оқып шығуын да айтады.

Әдеб.: *Баранов Х.К.* Арабско-русский словарь. М., 1985. С. 211; *Сайфуллина Г.* Бағышлау (посвящения) в контексте культуры народного Ислама волжских татар. Казань: Иман, 2005. С. 5; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰРАН ҚАП – Құран және діни кітаптарды салуға арналған әшекейлеп жасаған қалта. Әдетте, ол матадан немесе киізден бетіне түрлі өрнек салынып көркемдеп жасалады. Қасиетті кітаптарды адамның кіндік тұсынан жоғары жерде сақтау қажет деген қазақи исламдағы қағидаға байланысты киіз үйде діни еңбектер мен қолжазбаларды осындай қалталарға салған. Көлемі салынатын кітаптарға лайықталып жасалады: қалтаның қайырылып жабылатын аузы болады, оған түйме тағылады. Бет жағы сәнделеді, екі бүйіріне бір құлаштай ызылған бау тағылады. Сөйтіп бауынан киіз үйдің керегесінің басына, уықтың қарына немесе уықтың шалма бауына байланады.

ҚР MOM қорындағы Құран қап (КП 12508/2) ақ түсті талдырма киізден ортасынан екі бүктей беттестіре тігілген. Өлшемі 11,5x11,5 см. Бет жағына қоңыр, күлгін түсті маталардан *қиықшалар* бастырылған. Ал, жиегіне айналдырыла сары, қоңыр түсті матадан тұмарша түріндегі қиықшалар жапсырылған. Екі бүйіріне матадан ызылған бау тағылған. Сондай-ақ, халық арасында Қ.қ.-тардың киізден және матадан жасалған түрлері де кездеседі.



Құран қап. ҚР MOM қорынан (КП 12508/2)

ҚР MOM қорында КП 16040 тіркеу нөмірімен сақтаулы Құран қап артқы жағы сұр түсті талдырма киізден, оң беті кара барқыттан және қызыл түсті матадан конверт пішінді етіп тігілген. Өлшемі 46x39 см. Өң бетіне және оған жабылатын үшкілдене келген аузы деп аталатын бөлігіне түрлі түсті жіптерден көгеріс өрнек кестеленген. Жиегіндегі



қызыл түсті матаның бетіне *керегекөз* өрнегі сырылған. Құран қаптың кенересінің үш жағы айналдырыла қара барқытпен *көмкеріліп*, қызыл, қоңыр түсті жіптен *шашақ* төгілген. Іші матамен, артқы жағы кенеппен тысталған.



Құран қап. ҚР MOM қорынан (КП 16040)

Көшпелі ортада өзіндік функционалдық және ғұрыптық мәні болған Құран қаптардың кейбір үлгілері ел ішінде әлі де болса кездеседі.

ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰРАН ҰСТАП АНТ БЕРУ / ҚҰРАН КӨТЕРІП АНТ БЕРУ – қазақтың әдеттік құқығында ислам дінінің кең таралған кезінен бастап енген кепілдік берудің бір түрі ретінде қалыптасқан ғұрып. Әдетте өзінің ақтығын дәлелдеуші орынсыз жала жабылған адамның немесе *жан беруші*, яғни күнәсізді айғақтауға кепілдік берген кезде осы ғұрыпты жасайды. Ақсақалдар мен би немесе молданың қатысуымен бейіт басы, мешіт сияқты т.б. қасиетті орында мұсылманның қасиетті кітабын ұстап *«оллаһи»* деп қарғанып ант сөздерін айту түрінде өтетін рәсім. Рәсім шарттары бойынша Құран ұстап ант берген адам *«осы қылмысқа араласым болса, Құдайдың құлы, пайғамбардың үмбеті болмай кетейін, имансыз кетейін», «ақыретте Алланың рахымы, пайғамбардың шапағатына бөленбей, тозақ отында күйейін», «егер өтірік айтсам, Құдай атсын, о дүниеде имансыз болып, осы дүниеде мал-басымның игілігін көрмей кетейін»* деген сияқты сөздерді айтып өзінің немесе өзі кепілдік беріп тұрған адамның қаралып жатқан қылмысқа (іске) қатысы жоқ екендігін куәландырады қарғанады (**қ. Қарғыс**).

Сондай-ақ, билер сотында *Құранға бас қойып ант беру, Құранға қолын қойып тұру, Құранды сүю, Құран оқылған суды ішу, Құранды қолына ұстап тұрып, қазылған көрден ордан секіру* немесе нан жеу сияқты рәсімдік қимыл ишаратының бірін орындайды. Сонымен бұл құқықтық мәндегі діни сипаттағы рәсімдік ғұрыптың шарттарына: Құранды ұстау, Құранды ұстап тұрып нан жеу т.б. Құранға қатысты қимыл ишаратын орындау, ант сөздерін айтып қарғану түріндегі сөйлеу әрекетін орындау, белгілі бір қасиетті орында немесе көпшіліктің көзінше өту, яғни ерекше ортаның болуы,

рәсімді куәландыратын билік (сот) өкілінің немесе дін өкілінің қатысуы жатады.

Сонымен бірге бейресми жағдайда да Құран ұстап ант беру рәсімі кең таралған. Мұндайда ант беруші адам ақтығын, сөздерінің шын екендігін дәлелдеу үшін немесе сөзінде тұрып, уәдесін орындайтынына екінші жақты сендіру үшін Құран ұстайтын болған. Бұл оның кінәсіздігінің немесе сертте тұратындығының толық дәлелі, қарсы жақ адамдары оған сенеді. Бұл рәсімге жүгіну арқылы өз күнәсіздігін дәлелдеген адамнан кейде кешірім де сұрайды. Қазақтың *«Құран, нан ұрсын»* деп қарғануы осыдан шыққан. *«Ахметті ат-шапанымен аяғына жығып, енді ондай мінез шығармасқа Құран ұстатып, нан жегізіп, баяғы екі жүз теңгені кештіріп, ат-шапанға разы қылдың»* (С.Торайғыров).

Жалпы, қасиетті кітапты ұстап ант ішу рәсімі көнеден кең таралған, соның ізімен кейбір елдерде қазіргі заманғы құқықтық рәсім бойынша елбасы, өзге де мемлекеттік лауазымды қызметке сайланған немесе тағайындалған тұлғалар өз мәртебелі қызметтеріне кірісер алдында салтанатты жағдайда халқына, еліне Ата заңды ұстап ант береді.

Әдеб.: *Жандарбек З.* Қазақ хандығы кезіндегі заңдар және олардың мемлекеттік құрылымдық жүйесіне ықпалы. Ясауи әлсімі. 2010. №1. 54-60 бб; *Мұқайұлы Б.* Төрт би төренің заң ережелері // Алтай қаласының тарихи материалдары, Алтай: 2-кітап, 1998. 305 б; *Баллюзек Л.Ф.* Народные обычаи имюющие, а отчасти иныне имюющие, в малой киргизской орда силу закона // ТС. Т.76. СПб., 1873; *Бәби Т.* Абак керейдің заң ережесі жөнінде // Қазақтың ата заңдары. X том. Алматы: Жеті жарғы, 2009; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰРАН ТҮСІРУ – Құран сүрелерінің толық Фатихадан бастап Нас сүресіне дейін оқылып шығуы. Марқұм болған адамның аруағына бағыштауда ғана емес, сонымен бірге оразаның әр күнінде ауызашардан кейін Құранның бірінші аят, сүрелерінен бастап, оразаның соңғы күніне дейін Құранның соңғы аят, сүрелерін оқумен орындалатын рамазан айы бойы оқылатын тарауық намазын өтеуде де жүзеге асырылады (**қ. Қатым түсіру**).

Қазақы ортада қалыптасқан түсінік бойынша одүниелік болған адамның рухына кемінде жеті мәрте Құран түсіру дұрыс. Ол марқұмның жақындарына жүктелген міндет деп танылады. Ертеде діни сауаты аз қауым молда, қожаларға арнайы ақы төлеп Құран түсіруге тапсырыс берген.

Әдеб.: *Исаұлы М., Жолдыбайұлы Қ.* Ислам ғылымхалы, Алматы: Нұр-Мұбарак, 2008; Ислам. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: Аруна, 2010; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰРАНДЫ ЕР – өзіндік кескінмен, алдын ала дайындалған бірнеше бөлшектерден құрастырылып немесе бүтін ағаштан шабылып жасалған ер түрі. Қ. е. қазақ жерінің оңтүстік, орталық және оңтүстік-шығыс аймақтарында кең таралған. Сондай-ақ, ертеде саудасаттықпен сырттан да келген. Соған байланысты Қ.е.-дің кейбір түрлерін *бұқар ер, қоқан ер, әнжан ер* деген атаулармен де аталған (**қ. Ер; Қоқан ер**).

Осы жерде айта кететін бір мәселе, Қ. е.-ден басқа ер түрлері де бірнеше бөлшектерден құралып жасалады және де олардың сырт кескіндерінде де өзіндік ерекшеліктері

болады. Бірақ, ердің кейбір түрлері Қ.е. делінбей. материалы мен пошымындағы ерекшелікке қарай *ақбас ер*, *қозықұйрық ер* деп аталады.

Құранды ер жасау. Бірдей өлшемде шабылған ер бөлшектері ершінің ер дайындауына айтарлықтай жеңілдік туғызған. Яғни, ерші үшін ердің бұл түрі, бір қалыпқа түскен кәсібі деуге болады. Х.Арғынбаевтың дерегі бойынша, қазақ ершілері жасаған Қ.е. бөлшектері 18-20, ал сырттан келген ерлердің бөліктері 22-23-ке (тіпті кейбірінде онан да көп) дейін жететін көрінеді. Қазақ ершілері ерді құрап жасауға *тораңғы*, *жиде*, *терек* сияқты жұмсақ ағаштарды, ал шауып жасауға неғұрлым қатты ағаштарды жаратқан. Қ. е.-дің *артқы қасы* дөңгелене келген жалпақтау, ал *алдыңғы қасы* сүйір, *бас жағы* айырланған, жұмыр етіп жасалады. Шеберлерге ерді бұлайша құрап жасау техникасы олардың қолында бар ағашын кәдеге толықтай жаратуға мүмкіндік берген.

Ершілер ең алдымен оның екі қаптал ағашын бүтіндей шауып дайындап алады да, оған өзге бөлшектері рет-ретімен киюласып келтіріледі. Атап айтқанда, ердің алдыңғы оқпаны бір-біріне түйісетіндей екі бөлек етіліп шабылады: оның бірі – ер қасының оң жақ бетін, екіншісі – сол жақ бетін құрайды. Оларды бір-біріне беттестірген соң артынан *желкебасар* деп аталатын ағашпен қосып ердің алдыңғы қасының сұлбасын келтірген.



Құранды ер құрастыру барысы. Қызылорда обл, Тереңөзек ауданы. 2008. ОМЭЭ – материалдарынан

Бұдан кейін ердің *артқы қасы* (*керсен*) құралады. Ол үш бөлек дайындалады: оның ортасы өзінше бір бөлек дайындалады да, оның екі шетіне *қанат* деп аталатын бөлшектері желімделеді. Онан соң алдыңғы және артқы қастың ортасынан келетін *орта ағашы* (*ортанағаш* немесе *белағаш*) қиыстырылады.

Сөйтіп Қ.е.-нің негізгі бөліктері киюластырылғаннан кейін олардың артық-кем тұстары мұқият өңделеді. Ерші бөлшектерге жағылған желімі кепкеннен кейін құрастыруға кіріскен. Алдымен, ердің алдыңғы және артқы қасын *қаптал* ағашпен ұштастырып бекіту үшін *қоспа ағаш* аталатын ұзындау ағаш ердің екі жанынан бекітіледі. Бұдан кейін алдыңғы, артқы қастардың беріктігін арттыру үшін *тіреуіш ағаш* және *кепіл ағаштар* екі жағынан тепе-тең етіп қойылады.

Ер тұтасымен құралып болғаннан кейін тарамыс қосылған желіммен екі-үш мәрте мұқият желімденеді. Ершілер тілінде бұл үрдіс *сіңірлеу* деп аталады. Мұндай желімді ершілер өздері қолдан жасаған. Ер сүйегіне тарамыс араласқан желімді жағудың өз тәртібі болған: онда тарамыс талшықтарының айқыш-ұйқыш болып түсуіне ден қойған. Ерші тарамыс араласқан желімді ер ағашына алдымен бір бағытта жағып, көлеңкеде кептіріп алған соң, келесі қабатын оған көлденең жағады. Мұндай технологиялық тәсіл желімнің берік ұстауына, сөйтіп Қ. е. сүйегінің мықты болуына септігін тигізген.

Кейде ершілер ер сүйегін желімдемей-ақ, оның сыртын *көнмен* тартып шегелеп немесе көнді *таспамен* тігіп тастайтын болған.

Сөйтіп ер қаңқасы дайын болған соң оның сыртын қалың былғарымен қаптайды. Тапсырыс берушінің талғамына қарай кейде былғарыға *ою бастырады*, *қалпақбас шегелермен шегелеп*, *күміс құймалар* қондырады. Алдыңғы қастың дәл маңдайына асыл тастан *көз* қондырады. Күміс құймалармен сәнделіп ерекше жасалған Қ. е. бұндай түрлері *күміс ер* деп аталатын болған. Сонымен қатар, ердің қастары мен жиегін сүйекпен немесе мүйізбен де сәндеген.

Қ. е. басқа ер түрлерімен салыстырғанда пішіні жағынан ерекше, әрі мінген адамға ыңғайлы. Оның алдыңғы қасына *қамшы*, *шоқпар* сияқты заттарды бүлдіргесінен ілуге немесе сонымен қатар ат *тізгінін* іле салуға қолайлы болып келеді.



Құранды ер. ҚР MOM қорынан (КП 17598/а)

ҚР MOM қорындағы (КП 17598/а) Қ.е. артқы қасы доғалданып, әрі артқы жағы көтеріңкі жасалған. Оның биіктігі 32 см, ені 39 см. Ал, алдыңғы қасы артқы қасынан биіктеу әрі сүйір, басы айырланып, жұмырланып келген. Ер тұтастай қоңыр түсті былғарымен қапталып, жапсарлары майда шегемен шегеленген. Алдыңғы қасының жұмырланып келген басы мен беткі жағы күмістелген.

Музей қорындағы екінші бір Қ.е. (КП 24367/1) қоңыр түсті былғарымен қапталып, алдыңғы қасы мен басына күміс құймалармен сәнделген. Алдыңғы қастың бетін «көз» қондырылған. Ердің алдыңғы қасының биіктігі 27,5 см, артқы қасы 18 см биік, ал ұзындығы 45,5 см.



Құранды ер. ҚР MOM қорынан (КП 24367/1)

КП 26797/1 нөмерлі Қ. е.-дің алдыңғы қас жағынан өлшегендегі биіктігі 30,5 см, артқы қасынан өлшегендегі биіктігі 22,5 см, ұзындығы 53 см. Ер ағашы сірімен қапталып, оны түрлі бояумен өрнектелген. Ердің беріктігін арттыру үшін қастары мен үзеңгілік жиегін айналдыра сүйектелген. Ер қаптал ағашының алдыңғы жағынан қолқанжыға, ал артқы жағынан артқы қанжығаға және құйысқан бекітуге арналып шығыршық бекітілген.



Құранды ер. ҚР MOM қорынан (КП 26797/1)

Сонымен қатар, ҚР MOM қорындағы ер нұсқалары мен құжаттық фотоларға және этнографиялық экспедиция барысында алынған мәліметтерге ден қойсақ, Қ. е. тек бірнеше ағаш бөлшектерден құралып қана жасалмай бүтіндей бір ағаштан шабылып та жасалғандығына көз жеткізуге болады. Себебі, бұл ерлердің бірнеше ағаштан құралып жасалған Қ. е.-ден сырт пішінінде еш айырмашылық жоқ деуге болады. Демек, бұдан шығар қорытынды ердің бұл түрінің алғашында бірнеше ағаштан құралып жасалғандығына байланысты Қ. е. аталып, кейінен дәл осындай кейіпте бүтіндей шабылған ерге де осы атау сіңісіп кеткен деуге болады.



Бүтін ағаштан шабылған құранды ер.
ҚР MOM – материалдарынан

Уәжіміздің айқын дәлелінің бірі – ҚР MOM қорындағы КП 27026/1 нөмірлі Қ. е. Ол бүтін ағаштан шабылып жасалған.



Құранды ер. ҚР MOM қорынан (КП 27026/1)

Ер ағашы былғарымен немесе көнмен қапталмаған. Тек қызыл түспен боялып, аттығы (жамбас тиер бөлігі), алдыңғы қасы түрлі бояумен геометриялық және көгеріс орнектер түсірілді. Алдыңғы қасы қалпақбас шегемен сәнделген. Ердің алдыңғы қасының биіктігі 26,5 см, артқы қасының биіктігі 19 см, ұзындығы 40,5 см.

Әдеб.: Добросмыслов А.И. Скотоводство в Тургайской области. Оренбург: Тургайский обл. стат. комитет, 1895; Тәжімұратов Ә. Шебердің қолы ортақ. Алматы: Қазақстан, 1977; Мұқанов С. Халық мұрасы (тарихи-этнографиялық шолу). Таңдамалы шығармалар. XV том. Алматы: Жазушы 1979; Хозяйство казахов на рубеже XIX-XX веков. Материалы к историко-этнографическому атласу. Алма-Ата: Наука, 1980; Аргынбаев Х. Казак халқының көлөнері. Алматы: Өнер, 1987; Бабалықұлы Ж. Ер тоқым // Ер қанаты. Жинақ.Құраст.: Ж.Аупбаев. Алматы: Қайнар, 1987. 259-278 бб; Шойбеков Р.Н. Казак зергерлік өнерінің сөздігі. Алматы: Ғылым, 1991; Нәлібаев А. Ағаш ою. Алматы: Өнер, 1994; Grafik Imre. A nyereg (The saddle). Catalogi Musei Ethnographiae. Nepzajzi Muzeum. Budapest, 2002; Нарманов А. Қазақтіліндегі ерге байланысты кейбір атаулар // Көркем әдебиет тілінің өзекті мәселелері. «С.М. Исаев оқулары» аясында ұйымдастырылған ХҒТК материалдары. 2003. 78-80-бб; Kunt Péter. Szelek szárnya. A sztyeppei nomádok lovas-kultúrája. Arkadas, 2003; Шоқпарұлы Д. Теріден жасалатын бұйымдарды құрастыру технологиясы. Алматы: Кітап 2005; Шоқпарұлы Д., Дәркембайұлы Д. Қазақтың көлөнері. Алматы: Өнер, 2005; Сейдімбек А. Казак әлемі. Этномәдени пайымдау. Астана: Фолиант, 2010; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰРБАҚА – орман-тоғайдағы шалшықты жерлерде кездесетін үсті-басы безеу тәрізді қабыршықты, аяқтары тырбиган жәндік. Қазақ арасында Қ. денеге тисе сүйел шығады деп санайды.

Қ.-ны халық емшілігінде емге қолданылған көлбақаман шатастыру жиі кездеседі. Қазақ жерін отарлау барысында келген экспедиция құрамында болған, халық емшілігіне ден қойған авторлардың айтуына қарағанда, қазақтар көлбақаны аса қауіпті жара мен дене температурасының қызуын басуға қолданғандығы айтылады. Оның мәнін базданған іріңді жараны тазалайтын қасиеті бар деп санаған. Малда өршітін жазылуы қиын жара түрлеріне Қ. тартып емдеу 1960-жылдарға дейін батыс қазақтарында қолданылған.

Әдеб.: Ягшин А. Киргиз-кайсақкие степи и их жители. СПб.: Тип. Карла Крайя. 1845; Карути Р. Среди киргизов и туркменов на Мангышлаке. СПб.: Изд. А.Ф.Девриена, 1911; Қыдыралын Ү. Қазан төңкерісіне дейінгі Манғыстау қазақтары. Тарих ғыл. док.... дисс. қолжазбасы. Алматы, 1993; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰРБАН / ҚҰРБАНДЫҚ – құдай жолына арнап шалынатын мал. Көне діни ғұрыптарда, жаратушы

күдіретті күштерден жәрдем, қолдау және т.б. сұрап, қиналғанда медет табу үнін немесе қауіп-қатерден (жаратылыстық апаттан), аурудан және т.б. аман қалғанда, ризашылығын білдіру үшін садақа ретінде Қ. мал сойылады (қ. *Құдайы / Құдайы шалу; Тасаттық беру*).

Құрбан шалу – Ибраһим пайғамбардан келе жатқан үрдіс болса құрбан немесе құрбандық көне діни ғұрыптардың бірі. Қазақтар ата-баба аруағына арнап құрбандық шалған. Қуаншылық жылдары Жаратқаннан жауын тілеп тасаттық жасаған кезде ірі кара малды да құрбандыққа шалған. Қ. малының етін толықтай үлестірілуі қажет.

Әлеб: *Халифа Алтай*. Ғибадатул-ислам. Алматы: 2001; *Жабықбай* Ә. Қазіргі кезеңдегі діндегі эволюция. Алматы: Полиграфия-сервис К®, 2011; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰРБАН АЙТ – мұсылмандардың құрбандық шалу ғибадаты орындалатын күндеріне сәйкес келетін үш күндік діни мейрам. Қ. а. «ораз айттан» кейін 70 күннен соң басталып, 3 күнге дейін созылып, Меккедегі үлкен қажылықпен аяқталады. Мұсылман жұртының ең қасиетті діни мерекелерінің бірі болып есептелетін Қ.а.-та тек қана Ұлы Жаратушы Алланың өзіне берген сансыз ризықтарына шүкір етіп, күнәларына кешірім тілейді. Қ. а.-та құрбандық шалынады. Қайыр зекет беріліп, Құран оқылады. Қ.а.-та қарттар мен ауырғандардың, дұрдараз болғандар бір-бірінен кешірім сұрасып, ізгілік, рухани демеу, материалдық көмектер жасалады. Осы үш күнде бір-бірлеріне айттап барып, *айттарыңыз құтты болсын* айтса, үй иесі де *айтсын, бірге болсын!* – деген сияқты жауап қайтарылады.

Құрбан (араб тілінде) «*жақындау, Аллаһқа жақындауға себеб болған нәрсе*» деген мағынаны білдіреді. Ал, шариғаттағы терминдік мағынасы – «*Ғибадат ниетімен белгілі шарттары бар малды бауыздау*» деген.

Хадистерде жылдың ең қадірлі күні құрбан айттың алғашқы күні екендігі айтылған. Мұхаммед пайғамбар (с.ғ.с.) бұл жайында: «*Алла үшін күндердің ішіндегі ең ұлығы – Құрбан айттың бірінші және екінші күні*» – деген. Алла Елшісі (с.ғ.с.): «*Алла үшін (құрбандық ретінде) қан шығарудан ұнамды іс жоқ және ол (құрбан) қиямет күні алдынан шығады*»,– десе, тағы бірде: «*Адам баласы Қ. а. күні құрбандық шалу арқылы Алла Тағалаға жақын бола алады*» деген. Бұл Алла Тағалаға сойған малдардың еті мен жүні де қажет емес, тек құлының ақ-адал ниеті мен кең пейілінің өзі жеткілікті дегенді білдіреді.

Құрбандыққа шалынатын ірі кара мал ішінен жылқыдан басқа қой, ешкі, сиыр немесе түйе малдары пайдаланылады. Құрбан ретінде шалынатын қой және ешкі кем дегенде бір жасар, сиыр екі жасар, түйе бес жасар, алты-жеті айлық кепе қозы, бір жасар қой сияқты семіз болса, қой мен ешкінің еркегін, сиырдың ұрғашысын құрбандыққа шалған абзал. Елік, арқар сияқты аңдар мен тауық, қораз, қаз, үйрек сияқты құстар құрбан ретінде сойылуға жарамаған.

Құрбандық ретінде шалған малы қиямет күні мүйіздері, тұяқтары және жүндерімен келеді. Ағызылған

қан жерге тамбай тұрып Алла тағаланы құзырында ерекше жоғары дәрежеге жетеді. Сол себепті де Пайғамбар «*шын жүректен әрі ризашылықпен құрбандарыңды шалыңдар*»,– деп құрбандық шалудың қаншалықты сауапты іс екенін шегелеп айтқан. Бір малын қиып, кедей және мұқтаж бауырларына жәрдем беру арқылы жаман қылықтарын бауырмалдық, жомарттық, кішіпейілдік секілді жақсы қасиеттермен алмастырылады. Айт күні мұсылман халқы көрші-қолаң, туыс-туғанды қыдырыстап, «*Айт құтты болсын, иесі де айтсын, бірге болсын*» деген ізгі ниеттермен көріседі. Бұл күні мейлінше көтеріңкі көңіл-күйде, жылы жүзді, кешірімді болуға тырысады. Ренжіскен кісілер қайта табысып, бір-бірін кешірісе бастайды. Ауырып жатқан кісілердің көңілін сұрап, арнайы бас сұғу, жетім, жесір, мұн-мұқтаждарға қол ұшын беріп, көмектесе алса көмектесу арқылы оларға да айттың қуанышын сездіру өте сауапты істердің біріне жатқызылады. Бұған қоса, әке-шешесіне, отбасындағы жандарға, көрші-қолаң, жора-жолдастарына мүмкіндігінше кішігірім болса да сәлем-сауқат, сый-сияпат жасап айт мейрамын ерекше өткізуге де болады. Айтта осындай амалдарды жасау қоғамдағы адамдардың бір-біріне деген жылылығы мен сыйласымдықтарын ба-рынша арттырады.

Әлеб.: *Исаұлы М.* Құрбан айт қазақ арасында // Қазақ әдебиеті. 2002, №13, 29; *Жабықбай* Ә. Қытайдағы түркі тілдес ұлттардың діни ұстаным ерекшеліктері // Өркениеттер диалогындағы түркі әлемінің рөлі: Халықаралық ғылыми симпозиум материалдары, Алматы: 2009. 291-295 бб; *Қалиқызы Д., Боранханқызы С.* XX ғ-ың алғашқы жартысындағы Шынжаңдағы қазақ халқы және ислам діні // Қытай ұлттары журналы, 2002. №5. 54-69 бб; *Жабықбай* Ә. XX ғасырдың алғашқы жартысындағы Қытай қазақтары арасындағы ислам діні // Адам әлемі, Алматы: 2009. № 6. 76-81 бб; *Жабықбай* Ә. Шынжаңдағы ислам дінінің ұлттар мәдениетімен ғұрып-әдетіне болған әсері. ҚазҰУ // Материалы международной научно-практической конференции в рамках восьмых мустафинских политологических чтений. Алматы, 2007. 284-288 бб; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰРБАН АТ – бапталатын аттың жілік майының толыскандығын анықтау үшін оның қасына бірге жіберіліп, кейіннен сойылатын ат. Қ. а. көбінесе бәйгеге қосылатын аса жүйрік сәйгүліктер мен батырлардың тұлпарларын, кейде көкпар аттарын баптау кезінде пайдаланылған. Бапкерлер арасында атты ең жақсы бабына келтіру үшін алдымен оны жақсылап семіртіп, жілік майын толтырып алу керек деп санаған. Бәйгеге жиі қосылудан қатып-семген сәйгүліктер мен ұзақ уақыт бойы мініске пайдаланған жорық аты біржолата әлсіреп кетпес үшін біршама уақыт мінбей, жылқыға бос жіберіледі. Еркіндікке жіберілген бапталатын аттың қасына Қ. а.-ты бірге қосып жібереді. Қ. а.-тың мүмкіндігінше жасы, дене бітімі, түр-түсі және басқа да қасиеттері жағынан әлгі атқа неғұрлым ұқсас болуына да мән берген. Аттар отқа еркін жайылып жүріп әбден семірген кезде Қ. а.-ты ұстап алып, сояды да, жілік сүйегін шағып көреді. Жілік майының толысу, кеміктерінің жетілуі жеткілікті дәрежеде болса, бапталатын атты да ұстап, біртіндеп баптауға кіріседі. Егер, толық семірмеген деп танылса жүйрікті тағы да белгілі бір уақыт еркіндікке жібереді.



Қызылмай ауруына шалдыққан атты қайтадан толық жетілудің білу үшін жылқыға ұзақ уақыт бойы жіберген кезде оның жанына қосып жіберілетін күйі кеткен *жанаматты* ұзақ уақыт бойы «құр жіберіп, ақжілік болғанын» күтетін болған (қ. *Ақжілік ету; Бәйге! / Бәйгеге қосу; Қаракемік*). Үйірде жүріп, «домаланып» семірген ат екі-үш қыс бойы мінілмейді. Белгілі уақыт өткен соң толық айықты-ау деген кезде Қ. а.-ты ұстап сойып жілігін тазалап көреді. Егер оның жіліктерінің қак сүйегінде қаракөшкыл дақтың іздері жоқ, әрі сүйектің кемік басында қанталаған қошкыл рең болмаса, ауру белгісі толық қайтты, яғни *ақжілік* болғаны деп санайды. Мұнан кейін қызылмай болған ат ауруынан толық айықты деп есептеп, оны мініске пайдалана бастайды.

Әдеб.: *Арғынбаев Х.* Мал ауруларын емдеудегі қазақтың халықтық тәжірибесі туралы этнографиялық очерк // ТИИАЭ. Т.16. Вопросы этнографии и антропологии Казахстана. Алма-Ата, 1962. С.3-35; *Бабалықұлы Ж.* Мал ауруларының қазақша атаулары. Алматы: Қайнар, 1986; *Хинаят Б.* Бап пен жарату үйлеспуден пайда болатын жылқы аурулары // Маңмаңкер (Республикалық Ұлттық ат спорты Федерациясының журналы). 1999, №1. 45-49-бб; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰРБАН ШАЛУ / ҚҰРБАНДЫҚ ШАЛУ – Құрбан айт күндері Алла Тағалаға ғибадат ету ниетімен мал шалу. Құрбан сөзі араб тілінде «*жақындау*» деген мағынаны білдіреді. Ол әркімнің өз нәпсісінің өтемі ретінде шалынады. Шын ықыласпен құрбандыққа шалынған малдың ең бірінші аққан қанымен оны шалған мұсылманның бар күнәсі кешіріледі деп саналады. Мұсылмандық шарттары бойынша *нітір садақасы* кімге уәжіп болса, Қ. ш. да оған міндет. Алайда, құрбандық шалуға отбасының жағдайы келмесе, қарызданып қиналмағаны жөн.

Құрбандыққа шалуға болатын малдарға қой, ешкі, сиыр, және түйе жатады. Қой мен ешкі кем дегенде бір жасар, сиыр екі жасар, түйе бес жасар болуы керек. Қой мен ешкінің еркегін, сиырдың ұрғашысын шалу абзал.



Сиырды құрбандыққа шалу.
ҚР МОМ қорынан (ФКП 23)

Қ. ш. – Ибраһим пайғамбардан (а.с.) жалғасып келе жатқан сүннет. Қ. ш.-дың уақыты құрбан айттың бірінші күні айт намазынан кейін басталып, айттың үшінші күні ақшамға аз уақыт қалғанға дейін жалғасады. Белгілі себептерге байланысты құрбан айт намазына бара алмай қалған адамның намаз оқып болатындай уақыт өткеннен кейін құрбан шала беруіне болады.

Әдеб.: *Исаұлы М.* Құрбан айт қазақ арасында // Қазақ әдебиеті. 2002, №№ 13, 29; *Жабықбай Ә.* Қытайдағы түркі тілдес ұлттардың діни ұстаным ерекшеліктері // Өркениеттер диалогындағы түркі әлемінің ролі: Халықаралық ғылыми симпозиум материалдары, Алматы, 2009. 291-295 бб; *Қалиқызы Д., Боранханқызы С.* XX ғ-ын алғашқы жартысындағы Шыңжаңдағы қазақ халқы және ислам діні // Қытай ұлттары журналы, 2002. №5. 54-69 бб; *Жабықбай Ә.* XX ғасырдың алғашқы жартысындағы Қытай қазақтары арасындағы ислам діні. Адам әлемі, Алматы, 2009. № 6. 76-81 бб; *Жабықбай Ә.* Шыңжаңдағы ислам дінінің ұлттар мәдениетімен ғұрып-әдетіне болған әсері // ҚазҰУ. Материалы международной научно-практической конференции в рамках VIII мустафинских политологических чтений, Алматы, 2007. 284-288 бб; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰРБЫ – жасы қатарлас, замандас адамдар. Құрбылардың бір айда не бір жылда туып, жасты болуы шарт емес, бір-екі кейде үш-төрт жас үлкен немесе кіші де болуы мүмкін. Жас шамасымен бірге пікірлес, ойы бір жерден шығатын, бір-бірін түсінсе алатын адамдар өзара *тату құрбы* деп аталады.



Құрбылар. ҚР МОМ материалдарынан (КП 23396/55)

Қ.-лар арасында орынсыз қалжың, әзілден гөрі сыйластық жағы басым болады. Қазақтың дәстүрлі сөз этикетінде қыздар бірін-бірі *құрбым* дейді немесе *құрбыжан* дейді. Ал жігіттер қыздарға *құрбым*, *құрбыжан* деп тіл қатады, *құрдас*, *құрдасжан* демейді. Жасы қарайлас жігітке этикет бойынша қазақ қыздары *құрбым* деген қаратпа атаумен сөйлейді, *құрдас* демейді.



Құрбылар. ҚР МОМ материалдарынан (КП 10438/105)

Құрбылас ұғымымен байланысты қалыптасқан этикалық нормалардың жасы қарайлас адамдар арасындағы өзара қарым-қатынасты реттеп отыруда аса маңызды болған.

Әдеб.: Уәлиев Н. Сөз мәдениеті. Алматы: Мектеп, 1984; ҚӘТС. 10-том Алматы: Арыс, 2009; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰРДАС – жасы қатарлас, бір жылы туған ер адамдар. Өзара жақын Қ.-тар бір-бірімен қатты қалжыңдасады. Тіпті Қ.-ы сол жерде жок болса да сырттай отырып, қалжындай береді. Этикеттік норма бойынша олар қалжың сөзді кектемейді. «Әкесі құрдастың баласы да құрдас» деп құрдастар балаларына да әзіл сөз айта береді. Бұлардың әйелдері де Қ. есепте болып «құрдас» деп құрметтеп, әзілін де айта отырады. Қ.-тардың балалары оларды «әке» деп сыйлауы керек. Тағы бір айта кететін жайт әзіл-қалжыңы жарасқан құрдастық қатынас түркі халықтарының ішінде қазақта кең тараған деуге болады. Қ.-тар назы, сөзі бір-біріне өтімді болады. Қазақтар бір жылда, бір айда туғандарды *түйдей құрдас* деп атайды.

Бастапқыда құрдас атауы өзгеше мәнде жұмсалғандығы байқалады. Әйгілі ғалым М.Қашқари (ХІ ғасыр) сөздігінде құр сөзі «*дәреже*», «*лауазым*» (Древнетюркский словарь. Л., 1969, 467 б.) дегенді білдіреді делінген. Осындай дерекке қарағанда құрдас деп әуелде жасы қарайлас адамдарды емес, дәреже, лауазымы қатар кісілерді атаса керек. Ал құр сөзінің байырғы тілде «лауазым», «дәреже», мағынасын білдіруінің өзіндік себебі бар. М.Қашқаридің «Диванында» құр сөзі «*белбеу*» дегенді де білдіреді. Қазіргі тіліміздегі *құрсау*, *құрсақ*, *құрбы* осы құр сөзімен төркіндес екендігі еш күмән тудырмайды. Көне тілде құр сөзінің бірде лауазымды, бірде бұйым атауын (белбеу) білдіруі, әрине, кездейсоқ, бір-біріне байланыссыз нәрсе емес. Олай дейтініміз: *белбеу* (құр) белге буынатын бұйым болумен бірге ертеде лауазым, дәрежені көрсететін белгі де болған. Орда, сарай төңірегіндегілер өзінің лауазымына қарай асыл тас орнатып, күміс құйып, алтын жалатқан әшекей, зері әр түрлі белбеу (құр) таққан. Лауазым, дәреже, немесе тектілікті белбеу (құр) арқылы ғана емес, өзге де заттар арқылы білдіру салтының болғандығын байырғы мұралардан кездестіріп отырамыз. Туыстас қырғыз халқының ұлы эпосы «Манаста» («Көкөтайдың ертегісі»). Ш.Уәлиханов жазып алған бөлігі. Қазақшалаған академик Ә.Марғұлан. 1973 ж.). «Қобыланды батыр» эпосынан құрдас сөзінің ерекше қолданысын кездестіреміз:

Жая менен жсал құрдас,

Шекер менен бал құрдас.

Көбіктінің көп жылықы,

Олжа қоспай ал, құрдас.

Қазіргі тілдің нормасы тұрғысынан қараған адамға *жая мен жсал*, *шекер мен бал* құрдас деу қиынсыз көрінуі ықтимал. Шындығында, құрдас сөзінің байырғы кездегі этномәдени семантикасы дәрежелес, лауазымдас деген ұғымды білдірген, сондай-ақ «*қатар*», «*тең*», деген орайда да жұмсалған деуге болады *жая* да, *жсал* да, *жамбас* та

сыйтабакта «басы қосылып» тұрса, олардың орны ерекше екені, «*теңдес*» екені байқалып тұрады.

Әдеб.: *Қашқари М.* Дивану лугат ат турк. Перевод проф. С.Муталибова. Ташкент, 1960-1963 гг. (*Қашқари М.* Туркий сузлар девони. Т. 1-3. Тошкент, 1960-1963); Древнетюркский словарь. Л., 1969; *Марғұлан Ә.* Шоқан және Манас. А., 1971; *Уәлиев Н.* Сөз мәдениеті. Алматы: Мектеп, 1984; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰРЖАН ЖҰРУ – ер азаматтардың қарусыз жүруі. Дәстүрлі ортада ер адамның жанында қарусыз жүруі оның әлеуметтік мәртебесіне нұқсан келтіретін, абыройсыз іс қатарына саналған. Ертеде қарусыз құржан жүрген азаматтар жиынға қатысуға қақысы болмаған. Қатысқан күннің өзінде ондайларға сөз сөйлеуге мұрдат берілмеген (**қ. Би'; Пышақ**). Әз Тәуке ханның әйгілі «Жеті Жарғысында» әрбір ер азаматтың хан жарлығына сәйкес жылда өтуі тиіс құрылтайға бес қарумен келуі арнайы баппен негізделінді (**қ. Бес қару; Жеті Жарғы**).

Осындай қалыптасқан үрдіске байланысты қазақы ортада ер азаматтардың *пышақсыз* немесе *бәкісіз* жүруін дәстүр қоспады. Ол салақтық, құнтсыздық сияқты ер қасиетінің бір кемшілігіне саналды. Қазақ қоғамында отарлаушылар жүргізген саясат салдарынан *пышақ*, *кездік* түрлерін *кісе* белдікке тағуға немесе қынымен қонышына, қойынына салып жүруге шектеу қойылды. Ресей әкімшілігінің қолданыстағы заңына сәйкес, қазақтың ер азаматтарына қару ретінде тек (XX ғ. басынан бастап) *қамшы* ұстауға рұқсат етілді (**қ. Қамшы**).

ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰРҚОЛ БАРУ – шақырылған жиын тойға әйел адамдардың ештеңе алмай, бос баруын білдіретін этикеттік мәндегі ұғым. Алайда «*қолға қарайды*», «*алдымнан шыққан балаларға ұсынамын*» деп қазақ әжелері мен қыз-келіншектері жиын тойға міндетті түрде көйлек-көншегін, тәттісін алып барады. Сондықтан қонаққа Қ. б. халықтық ұғымға жат нәрсе. Тіпті алып баруға зағы болмаған жағдайда мал атау үрдісі қалыптасқан. Ал емізулі баласы бар әйелге Қ. қ. бармай «*дәметін қалады*» деп міндетті түрде жейтін нәрсе ала барады (**қ. Дәмету; Қонақ**).

Дәстүрлі ортада жас жұбайлар шаңырақ көтергеннен кейін оларды ағайын туыстары, маңайдағы үлкен үй көрсетіп, отқа шақырады (**қ. Отқа шақыру**). Мұндайда үлкендер «*бала-шағалар жақын екеніңді біліп жүрсін, араласып жүрсін*» дейді. Келін барған үйінің бәріне Қ. қ. бармай, әкелген жасауынан бір зат алып баруы шарт.

Сонымен қатар қазақ «*қуыс үйден құр шықпасын*» немесе «*орамал тон болмайды, жол болады*» деген қазақы ұстаным бойынша үйіне келген қонағын да Қ. қ шығармайды.

Әдеб.: *Қатранұлы Д.* Қазақтардың қазіргі кезеңдегі дәстүрлі-ғұрыптық тамақтану жүйесі // Қазақтың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері: өткендегісі және бүгінгі. Алматы: Ғылым, 2001; *Құдайбергенова А., Бекбалақ Қ.* Оңтүстік Қазақстан қазақтарының әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүр ерекшеліктері // Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. I том. Алматы: Арыс, 2005; *Сураганова З.К.* Обмен дарами в казахской традиционной культуре. Астана, 2009; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰРҚҰЛАҚ – ағзаның зат алмасуы бұзылу салдарынан болатын тіс ауруы. Ертеде дәстүрлі ортада сирек те болса



өршитін Қ. ауруының себебін бір түрлі тағамды азыққа ұзақ уақыт тұтынудан болады деп санаған. Ертеректегі мәліметтерге қарағанда, Қ. ауруы кейде қыс пен көктем айларында *ақ тағам* түрлері сарқылған кезде өршиді десе, кейбір деректерде оның себебін жас етті ұзақ тұтынбаудан болатындығы айтылады.

Қ.-қа шалдыққан адамның тісі мен қызыл иегі (мілігі) қанайды, қақсап ауырады. Ауру ұзаққа созылса, тістері түсіп, аузы *опырық* болып қалады, тіпті, сүйектері майып кететін жайттар да ұшырасады. Дәрігер А. Ягминнің жазуына қарағанда 1841 ж. Хиуа жорығына қатысқан орыс әскерлердің арасында Қ. ауруы көп кездескен. Оның пайымдауынша, даланың қытымыр күнрайына қоса еңсесі түсіп, уайымдау, ең бастысы қышқыл тамақтың жетіспеуінен деп түсіндіреді. Қ. қазіргі медицинада тағам құрамында дәрумен (С) жетіспеу салдарынан өршитін цинга (ғылыми атауы – *Skorbur*) ауруы деп аталады.

Қазақ емшілігінде Қ. болған адамға алуан түрлі тағам беру аурудың бетін қайтарудың бірден-бір амалы ретінде қарастырған. Мысалы, қыс пен көктемгі «ұзынсары» шақта ондай ауруға жанадан аулаған *аңның* жас етін берген. Семіз мал сойып, оның бауыздау қанымен қанап тұрған тістің етіне жакқан, бауырын шала пісіріп жегізген. Жас еттен *сорпа-су* дайындап берген. Егер мүмкіндік болса, жабайтайы бар қыс сауылатын биенің жаңадан суылған *саумал* сүтін берген (**к. Саумал; Сорпа-су**).

Әдеб.: Ягмин А. Киргиз-кайсацкие степи и их жители. СПб.: Тип. Карла Крайя, 1845; Карутц Р. Среди киргизов и туркменов на Мангышлаке. СПб.: Изд. А.Ф.Девриена, 1911; Алдашев А., Әлімханов Ж. Қазақтың халық медицинасының құпиясы. Алматы: Қазақстан, 1992; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰРҚЫЛТАЙ – дене тұрқы өте кішкене келген, ұясын өзіне лайықтап мұқият жасайтын торғай тәрізді құс (латынша атауы – *Remiz pendulinuz*). Биологиялық әдебиеттерде оның тұрқы 7-10 мм, салмағы небәрі 9 гр. Қазақ жерінде Еділ-Жайық және Ертіс-Алакөл аймағында кездеседі.



Құрқылтайдың ұясы. БКО. ОМЭЭ – материалдарынан

Қ. құс ұясын сан алуан дәрілік шөптерден тығыз етіп тоқып, сілекейімен бекітіп жасайды деседі. Ол аузы тар шәкене құс сыйып кететіндей сопақша пішінді келген ұяны адам аяғы жетпейтін жерлерге, ағаш бұтақтарына іліндіре тоқып жасайды. Соған байланысты қазақ арасында шапшағын, ыңғайлы етіп жасалған баспананы Қ.-дың ұясына тенеяді.



Құрқылтайдың ұялары. ҚР MOM қорынан (КП 5438)

ҚР MOM қорында сақтаулы КП 5438 нөмерлі Қ. ұясының биіктігі 16 см, ені 11 см. Өсімдік талшықтары мен жүн, түбіг қылдарынан тоқылған жасалған. Бір қарағанда, жүннен тоқылған қолғапқа немесе жүннен басылған бала пимасына ұқсайды. Ұяның құс кіретін аузының диаметрі 5 см. Музей қорына ХІХ ғ. 30-жж. түскен.

Халық емшілігінде Қ. ұясы көптеген ауруларға шипа болатын көрінеді. Мұқият алып сақтаған ұяны суға салып дайындалған тұнба *шемен* (**к. Шемен**) ауруына ем деп саналады. Сондай-ақ, мұндай тұнба адамның құрсақ қабырғасына жиналған сұйықты денеден аластауға көмектеседі дейді. Сол сияқты Қ. ұясы құяң, буын ауруларына, сондай-ақ қуық тұтылу, несеп бөгелу сияқты зәр жолдарының ауруына қарсы жақсы ем деп саналған

Әдеб.: Оразақов Е. Қазақ халық медицинасы. Алматы: Ғылым, 1989; Алдашев А., Әлімханов Ж. Қазақтың халық медицинасының құпиясы. Алматы: Қазақстан, 1992; КӘТС. 10-том, Алматы: Арыс, 2009; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰРМА АУ – теңіздерде құрылатын үлкен аудың бір түрі. Қ. а.-дың ұзындығы 500-800 метрдей болғандықтан, мол балық түсіру мақсатында суға кесе көлденеңінен құрылған. Тағы бір ерекшелігі жалпағырақ, тор көзінен үлкен балықтар өтіп кете алмайтындай етіп тоқылтындығы (**к. Ау / Жылы**).

Қ.а.-ды құрудың тәсілі де өзгеше: ең алдымен ауды бойлата *соқа* деп аталатын елушақты сырықты орнатып, оған ауды арқанмен байлап тастайды. Әрбір *соқаны* екі жағынан тартып *шіпшік* деп аталатын ағаш *қазықпен* бекітеді. Мұндай үлкен ау бірнеше бөліктен тұрады. Құрылған аудың екі басына негізгі бөлік *қазан* орналасса, оның ортасында *көл* деп аталатын су алаңы болады. Балықтар ауды бойлай *көлге* өтіп, одан кейін *қазанға* енеді.



Құрма ау. Ж.Досқараевтың еңбегі бойынша сызбасын салған Б.Досымов

Сонымен қатар құрма аудын кішірек, қарапайым түрі де болған. Оны қыста мұз астына, жазда суға құрған. Ол үшін аудын екі басына ағаш қада орнатып, суға батқан бөлігіне тас байлап қояды. Сонда аудын тор көздеріне балықтар тұрып қалады.

Әлеб.: Досқараев Ж. Арал, Каспий балықшыларының тіліндегі профессионалдык лексиканың материалдары // Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері. Алматы: ҚазССР ҒА баспасы, 1958. 83-162 бб; Айтазин Қ. Каспий балықшыларының тіліндегі ау, құрал-сайман аттарымен байланысты кәсіби сөздер // Қазақ диалектологиясы. I шығуы. Алматы, 1965; Казахи. Историко-этнографическое исследование. Алматы: Казахстан, 1995; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰРСАҚ ТОЙ / ҚҰРСАҚ ШАШУ – жас келіннің аяғы ауырлаған кезде ырымдап ауылдас әйелдердің қатысуымен арнайы өткізілетін кішігірім жосын. Дәстүрлі ортада келін түскен соң оның аяғы ауырлауын, яғни нәресте көтеруін бүкіл ауыл болып күтетіні белгілі. Егер келіннің аяғы ауырлағаны байқалса, *абысындары* енесінен *сүйінші* сұрайды (**қ. Сүйінші!**). Енесі келіні аман-есен босанып, жақсылық тойға ұлассын деп ырымдап, көршілері мен жақындарын шақырып, кішігірім *той* жасайды. Оны *құрсақ той* немесе *құрсақ шашу той* деп атайды. Қ.т.-ға келген туыс-туғандар аяғы ауыр келінге арнап түрлі *шашуларын* ала келеді. Қ. т.-да қонақтарға арналып дастарқан жайылады.

Аяғы ауырлаған әйелді *күмәнді*, *аяғы ауыр*, *ішінде көжесі бар* немесе *қара көже ішкен* деп тұспалдап айтады. Қ. т.-ға арнайы қой сойылады. Асылған қойдың еті қазақы дәстүр бойынша қонақтарға тартылып әлгі келінге асықты жілік пен қарынның ұлтабары және төстін басы сыбағаға ұсынылады. Үлкен апалар немесе әжелер «*Ұл тап!*», «*Аман-есен босан!*», «*Аяқ-қолын бауырына алсын!*» немесе «*Апаларыңның жолын берсін!*» сияқты жақсы бата-тілектерін айтады. Олар тіл-көз тимесін деп *дұға* жазылған *бойтұмар* жасатып, мойнына тағады. Кейде жеті ұсақ тасты тұмарша етіп тігіп, қамзолының жағасының астына, яғни көзге түспейтін жерге тігіп қояды. Осындай аталған ырым-тыйымдарға байланысты ертеректе Қ. т. жасауға ерекше мән берілген. Қ.т. ежелден бастау алатынын *Алпамыс батыр* жырында кездесетін жолдар да дәйектейді:

«... Құтты болсын деді де,
Құрсақ шашу жеді де,
Қайтадан халқы тараған...»



Құрсақ той. Суретші Е.Оспанұлы

Көшпелілердің ежелгі күнтізбесіне байланысты әйелдің бойына бала біткен күн, айынан бастап жас есептелетін. Аяғы ауыр келінді ерекше күтімге алып, оған қатысты әр түрлі тыйымдардың орындалуын қадағалайды. Мысалы, қас қарайған соң екіқабат келіншекті далаға жалғыз жібермейді, үйде ері жоқта жалғыз өзін жатқызбайды. Аталмыш түрлі ырымдар мен тыйымдар ұрпақ әкелуші ана мен оның құрсағындағы балаға деген қамқорлық болып табылады (**қ. Әйел; Нәресте**).

Қ. т. халықарасында күні бүгінге дейін сақталған. Келіннің аяғы ауырлағанын байқаған абысындары, жақындары, көрші-қоландары дастарқан басына жиналып, түрлі тілектер айтып, атап өтеді.

Әлеб.: Шаханова Н. Мир традиционной культуры казахов (этнографические очерки). Алматы: Казахстан, 1998; Кенжеахметұлы С. Жеті Қазына. Жиган терген. I кітап. Алматы: Ана тілі, 2003; Құдайбергенова А., Бекбалақ Қ. Оңтүстік Қазақстан қазақтарының әдет-ғұрпы мен салт-дәстүр ерекшеліктері // Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет ғұрыптары. 1-том. Біртұтастығы және ерекшелігі. Алматы: Арыс, 2005. 200-225 бб; Нүсіпқасұлы А. Ағаш бесіктен жер бесікке дейін. Үрімжі: Шынжан жастар-өрендер баспасы, 2006; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰРСАУ – көбінесе ағаштан жасалған іші қуыс жұмыр заттардың сыртынан айналдыра қысып ұстатқан темір шеңбер. Қазақ тұрмысында көбінесе ағаштан құрастырылып жасалатын *шығыр*, дөңгелек пішінді, іші қуыс, сырты жұмыр жабдық, зат, мүліктер – арба дөңгелегінің *тоғыны* (*тоғын* – шаңырақтың, дөңгелектің сыртқы ағаш шеңбері, оны *ұлтан*, *шаңырақ*, *қима* деп те атайды), *күбі* мен *кеспектің*, *күшпектің* сырты қолдан жасалған темір шеңбермен құрсауланады (**қ. Тоғын**). Оның кең тараған түрі – арба дөңгелегінің және келі мен күбінің сыртына салынатын Қ. Мұндай Қ. ағаш детальдарға түсетін қысым мен деформацияны бәсеңдетеді, сөйтіп оның беріктігін арттырады. Халық тілінде Қ. әртүрлі аталды. Мәселен, күбінің аузы мен түбіне салынған құрсауды *келі шығыршық* (**қ. Келі**), арба дөңгелегіне салынған құрсауды *шен*, *шентемір*, *шынтемір*, *абайма*, *табантемір* деп атайды (**қ. Арба; Абайма; Шен/Шентемір/Шынтемір/Табантемір**). Ертеде қашып кетпеу үшін тұтқынның екі қолы мен екі аяғына және бір жағын мойнына кигізетін темір бұғау да *құрсау* деп аталған. Бұндай құрсаудың мойын мен аяқ – қолға келетін жері кигізбелі болады (**қ. Бұғау; Кісен**).

Қ. көбінесе темірден соғып жасалады. Оны жасау барысында темірді *отқа қыздыру*, *сығу*, *сызу*, *жұқарту* (*жаптайту*), *ию*, *пісіру* тәрізді өңдеу тәсілдері қолданылады. Алдымен темірді қып-қызыл болғанша отқа қыздырады. Содан кейін темірді төске салып, балғамен соғып отырып ұзартады. Ұсталар тілінде қысқа темірді соғып ұзартуды немесе ұзарта соғуды *созу* деп атайды. «*Ағаш кессең, ұзын кес, қысқартуың оңай, темір кессең қысқа кес, ұзартуың оңай*» деген мақал темір өңдеудің осындай тәсіліне орай қалыптасса керек.

Темір созылған сайын жұқара түседі. Оның жан-жағын қайырмалап, екі шетін алма-кезек қырынан қойып соғу



арқылы қалың әрі жалпақ «таспа» пішініне келтіреді. Жеткілікті мөлшерде ұзартып алған соң оны иеді. Ию үшін оны қайта қыздырып, төстің тұмсығына салып, балғамен соғып майыстырады. Кейде оны аша темірдің арасына қысып қойып, ұста өзіне қарай майыстыра тартады, алға итермейді. Өйткені иілетін темірдің ұшы аша темірден тайып кетсе, күшпен итерген адам етпетінен құлап, аша темірге соғылып, жарақаттанып қалуы мүмкін.



Құрсау. ҚР MOM материалдары бойынша суретті салған Б. Досымов

Иілген темірдің екі ұшын *пісіріп* жалғайды. Місекер ұста Д. Шоқпарұлының былай түсіндірді: *«Темірді пісіріп жалғау үшін жалғанатын бетін бір-біріне дәлелдеп қиюластырып алу керек. Содан соң қиюласқан жерін егеп, мұқият тазалап алу керек. Әрі қараай суға езілген ақ дәнекерді жалғайтын жағына жағып, көріктің оттығына сол тұсын қатты қыздыру керек. Қызған темірдің тұсы ақшыл тарта бастаған кезде одан ұшқын шыға бастайды. Ұсталар осыны «жылт» деп атайды. Сол кезде дереу бұйымды оттан суырып алып, пісірілген тұсын балғамен жайлап соғып-соғып қою керек».*

Пісіріп ұстатуға көрік көлемі де әсер етеді. Көріктің үлкен болатыны және оған тас көмір жағылатыны сондықтан. Кішірек болса, темірді пісіру қиынға соғады.

Әдеб.: Қазақ совет энциклопедиясы. 7-том. Алматы: Қазақ совет энциклопедиясының Бас редакциясы, 1975; Қазақ тілінің аймақтық сөздігі. Алматы: Арыс, 2005; Шоқпарұлы Д., Дәркембайұлы Д. Қазақтың қолданбалы өнері. Алматы: Алматыкітап, 2007; ҚӘТС. 10-том. Алматы: Арыс, 2009; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰРСАУЛАУ – ағаштан жасалған заттар жарылып кетпес үшін темір шеңбермен (құрсаумен) қысып бекіту. Құрсау, әсіресе арба дөңгелегі тоғынының тез қажалудан сақтап, оның ұзаққа шыдауын қамтамасыз етеді (**қ. Тоғын**). *«Темір де тозады»* дегендей, құрсау тозғанда оны ауыстырып тұрады. Оны *дөңгелектің шенін тарту, арбаның шенін тарттыру, дөңгелегін құрсаулау, шептеу* деп атаған (**қ. Шен; Шен тарту/ Шептеу**).

Сонымен бірге, ағаш тақтайшалардан қиып, қиюластырып жасайтын күбіні міндетті түрде *құрсаулап* қояды. Мұндай құрсаулар темірден, кейде иілген талшыбықтардан жасалған. Тұрмыстық бұйымдарды, қару – жарақтарды *қаңылытырмен*,

күміспен, жезбен де құрсаулаған. Мәселен, *шаңырақтың* шеңберін құрайтын бөлшектерін, *адалбақанның* әр жерін *күмістелген құрсаумен* бекітіп қояды. Оны ертеде кей жерде *күміс білезікпен құрсаулаған шаңырақ, күміс құрсаулы адалбақан* деп сипаттаған (**қ. Адалбақан; Шаңырақ**). Сонымен бірге *қылыш қабы, мылтық дүмі, шақша* тәрізді бұйымдарды да осы тәсілмен құрсаулап, беріктігін арттырған.

Ертеректе кейбір ыдыс-аяқ түрлерінің тапшы кезінде уақытша пайдалана тұру үшін жарылған, шытынап сынған *кесе, шайнек* және үлкенді-кішілі *науа, астау, табақ, саптыаяқ* тәрізді ағаш ыдыстарды да қаңылтыр құрсаулармен бекітіп қоятын.

Әдеб.: Қазақ совет энциклопедиясы. 7-том. Алматы: Қазақ совет энциклопедиясының Бас редакциясы, 1975; Шоқпарұлы Д., Дәркембайұлы Д. Қазақтың қолданбалы өнері. Алматы: Алматыкітап, 2007; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰРТ¹ – сүттен әзірленетін азық түрі. Қой, ешкі, сиыр, тіпті түйе сүтінен де жасалады. Жаз маусымында мал сауылатын шақта дайындалып, қыстық азық қоры ретінде сақталады. Алынған сүмесіне қарай Қ.-тын дәмі өзгеше болады: қой сүтінен жасалған Қ. ерекше дәмді, майлылығы жоғары, үгіліп тұрады, кесек жармаларының ортасы қызғылт түсті. Ал, сиыр сүтінен әзірленгендері көкшіл түсті, қатайып кетеді.

Дәстүрлі ортада Қ. дастарқандағы жеңсік тағамның бірі ретінде ас мәзірінде үлкен мәнге ие болған: оның құрамындағы ағзаға қажетті азықтық заттар мен микроэлементтер көп. Кептірілген соң ұзақ уақыт бойы сапасы мен кенеулік қасиетін сақтауы оны тұтынуға қолайлылық тудырады. Сондықтан қозы жайған *қозышы* баладан бастап, *қойшы*, жолаушы, тіпті *жорықшы*, жауынгерлер қоржынында *жолазыққа* алып жүретін тағамның бірі болды.

Қазақы ортада ағайындар арасындағы сәлемдеме мен сауқатқа да Қ.-ты дәм ретінде салып жібереді. Той кезінде шашу салтанатына да басқа дәм түрлерімен бірге (сондай-ақ теңге, ұсақ ешекейлерді де шашады) құрт шашылатын. Қазақ азық-түлік атауларында оны *«құрт-май»* деп қоса дәріптеуінің өзі құрттың қазақ дастарқанындағы ерекше орнын көрсетеді. Сауын малы көп бай ауылдар мол дайындалған Қ.-пен майын келесі көктемге дейін тұтынған.

Құрт дайындаудың екі тәсілі бар. Бірінші тәсілі – сүзіп жасау. Ол тез әрі онай әзірленеді: піскен сүттен ұйытып әзірлеген айранды сүзіп кептірген соң кішігірім бөліктерге бөледі немесе қолмен сығып дайындайды. Сосын *өреге, тақтаға* жайып, аударыстыра отырып кептіреді. Мұндай Қ. сүзбе құрт деп аталады. Кей жерлерде сүзбе Қ. тұздалады да. Қ.-тың бұл түрінің әзірленуі климаттық ерекшелікке де байланысты болуы мүмкін. Мәселен, ыстық өлкелерде іркіт жинау мүмкін бола бермейді. Өйткені, күбідегі (саба) іркіт тез ашып, шағырмақтанып кетуі мүмкін.

Құрт қайнату – құрт әзірлеудің бірнеше сатыдан тұратын тәсілі. Ол бірнеше сатыдан тұрады. Сабаға немесе күбіге айранды жинап алған соң оны өңдеп екі түрлі өнім алады:

алдымен пісіп майын алады, әрмен қарай іркітін қайнатып Қ. алады.

Бұл тәсіл бойынша айранды бірнеше күн бойы сабаға немесе күбіге жинайды (қ. *Ас/ Тамақ/ Тағам; Май; Саба*). Іркіт пісетіндей көлемде жиналған соң пісіп май алады (қ. *Май!*). Пісіп майын алған соң оны түбіне май жаққан үлкен қазанға құйып қайнатады. Құрт қайнап жатқан кезде оның түбі күйіп кетпес үшін арнаулы құрт *былгауышпен* (басында қырғыш темірі болады) әлсін-әлсін қазанның түбін, ернеуін қырып араластырып отырады. Қайнай бастағанда жиі-жиі сапырып араластырып отырмаса іркіт сары суланып іріп кетеді. Іркіт баяу қайнауы қажет. Іркіттің жел көбігі таралғаннан кейін, іркіттік қасиеті жойылып, енді құрт қасиетіне айналады. Құртқа айналған соң көп сапыра бермей, анда-санда араластырып, сапырады (қ. *Іркіт*).



Құрт қайнату. ОМЭЭ – материалдарынан

Дәстүрлі ортада құрт қайнатқан үйден көбік жалаймыз деп, ауыл балалары жиналатын әдет болған. «Көбік жалау» деп аталатын әдет – қазандағы құрт қайнап жатқан кезде оның бетіне қалқып шыққан тәтті көбікті шөміш немесе ожау сыртын малып алып жұғынын жалау. Ол көбік қазан бетіне шыққан Қ.-тың маңызы болғандықтан аса дәмді болады.

Сондай-ақ, осы тәтті көбік шыққан соң қоюланған құртты ыстықтай, сары май салып, кейде кант қосып «құрт ішеді». Ал үлкендерге майлы көбікті қалқып кесеге құйып ұсынады. Ыстық құрт адам ағзасына аса пайдалы, ерекше қуат береді, әсіресе жел-құздан болған ауруларға бірден-бір шипалы ас деп саналады.

Құрт қайнаған сайын сұйығы азайып, қою күйге айналып суала береді. Үйіріліп қоюланған кезде қазан оттан түсіріледі де, қайнаған сұйық Қ. оны сүзетін арнайы кенеп немесе қылдан жасалған қапқа (дорбаға) шөміштеп қотарылады. Сол кезде құрттың құрамындағы органикалық заттар қаптың ішінде жентектеліп қалады да, Қ.-тың сарысуы ағып кетеді. Бірнеше күн бойы сүзілген қапта қалдырылған Қ. ылғалынан айырылып өзара бірігіп, бірегей массаға айналады. Сөйтіп кезде сүзілген Қ. әбден дегдіген соң қаптан шығарылып, ұсақталып бөлінеді.

Жарма деп аталатын Қ. түрін әзірлеу ерекше бапты талап етеді. Өйткені, ол қайнау барысында қоюланған соң сүт

құйып барып сүзу сияқты арнайы дәмдеу тәсілдері арқылы әзірленеді (қ. *Жарма!*).

Дегдіген Қ.-ты біркелкі етіп бөлу үшін екі қолдың саусағына іліп алған берік жіптің көмегімен бөледі. Бөлініп түскен ұсақтарын алақанға салып қосуыстап сықпалап жасаған ұсақ сықпа құртқа айналады. Онан соң Қ.-ты өреге кептіруге жаяды.

Құрт жаю – жармалап немесе ұсақтап бөлінген Қ.-ты әбден кепкенге дейін күні бойы өреге немесе киіз үйдің дөдегесінен жоғары тұсына жайылған шыптаға жаю. Бұл үрдіс апталап, тіпті жаңбырлы кездері екі аптаға созылады. Таңертең жайып кешке қайтадан жинап алады. Осы үрдіс халық жұмбағына да негіз болды. Мәселен,

Секірме тастың үстінде

Сексен тастың ізі бар

(жайылған құрт)

Бір-екі аптадан соң өредегі Қ. қапқа салынып, күн көзіне кептіріледі. Көгермей, қызбай біртегіс кебу үшін өреде жатқан кезде оны бірнеше рет аударыстырады. Осындай әдіспен қайнатып, кептіріп алған Қ. жыл бойына, кейде 2 – 3 жылға дейін сақтала береді.



Құрт. ОМЭЭ – материалдарынан

Қ. жаз басынан бастап күзге дейін үздіксіз дайындалады. Қ. дәмі тұпшы болғанмен жеуге сүйкімді әрі тамақ есебінде әрі шөл басуға да қолданылады. Қысқа деп қап-қап Қ. әзірлейді. Қысқы уақыттарда ыстық суға салып езіп, сорпаға қосып не өзін суытып, сусын ретінде ішеді. Теріні илеу үшін қоймалжың қылып жасап, тұз қосып, шел жағына жағады.

Құрт түрлері дайындау ерекшелігіне байланысты – ақ құрт, май құрт, қара құрт, қызыл құрт, көкшағыл, шағырмақ, шағылдақ құрт, ащы құрт, ақ түймеш және торақ құрт, шытырма, қораба құрт, ежігей құрт болып келеді.



Жарма құрт. ОМЭЭ – материалдарынан



Жасалған пішіміне қарай – *күлше, шүйірмек, жарма, баспа, сықпа, дөңгелек құрт* деген т.б. атаулары бар. Қысқы азыққа дайындалған, құрамына құрт та кіретін азық қорын «өлі ас» деп атайды (қ. *Ас / Тамақ / Тағам*).

Ж а с к ұ р т. Сүзбеде тұрған құртты сары маймен жентектеп бастырма ретінде шаймен бірге дастарқанға қояды. Әсіресе, кепкен құртқа, бауырсаққа тісі өтпейтін қарттар үшін жас Қ. құнарлы ас болып саналады. Ертеректе жас құртты мипалауға, құйрық-бауырға қосқан. Құрттың сарысуын сүт қосып қайнатып, ірімшік жасайды, ауырған малға ішкізеді, әйелдер бас жуады, сондай-ақ одан тері илеу үшін малма жасайды.

Ы с т ы қ қ ұ р т. Қайнап жатқан құртты алып, май қосып сапырып ішетін кенеулі ас. Өкпе ауруына, суық тиіп ауырған сырқаттарға ем саналған.

С ы қ п а қ ұ р т. Мұның қайнатқан құрттан айырмашылығы сол ашыған айран қапқа құйып сүзіледі де тұздалып, әр түрлі үлгімен бөлшектеліп тақшаға кептіріледі. Сықпа құрт та бастырма ретінде пайдаланылған. Мұндай құрт жайған әйел ауыл балаларына арнап дөңгелек жасап, жінке тізіп мойындарына іліп қуанту салты болған.

Е з г е н қ ұ р т. Сорпаға, тұздыққа, көжеге және басқа тағамдарға қосу немесе сұйық күйінде ішу үшін кепкен құрт астауға салып ұнталады, келіге түйіледі немесе кол диірменге тартылады. Езген құрт – ұлттық тамақтың жеңік бір түрі, әрі кенеулісі. Қыста кепкен құртты ыстық суға салып қойып жібiген соң бастың жақ сүйегімен немесе құрт малталайтын ағашпен еседі. Езген құрттың езіндісін бөлек алады. Оның суы шөл кандыратын сусын. Құрт қайнату мен кепкен құртты езіп сүт орнына қыста ішетінін көрген Гильом де Рубрук оны «құрғақ сүт» деп жазған.



Құрт үккіш (малдың бассүйегінен жасалған).
ОМЭЭ материалдарынан

М а л т а . Езілген құрттың таусыншақ түйіршіктері, ол әрі жұмсақ, әрі сүйкімді ас саналады. Ұзақ сапарларда ауызға салып суын жұтқан кезде әрі сусын, әрі қорек болған. Езілмейтін сірне малта құртты «жетім малта» деп атайды. Жетім малта ауызға салып малтап жүруге жақсы (қ. *Малта*).

А қ м а л т а . Езген құрттың ең соңғы шайындысы. Ол өте жұғымды және тез сіңетін тағам болып саналады, оны сол сұйық түрінде ішеді.

Ұ н т а қ қ ұ р т. Арнайы түйіп ұсатқан немесе қап түбінен жинап алған үгінді. Оны сүттің ішкен қаймағына былғап жейді.

Қ ұ р т - м а й . Сары майға батырып табак жасайтын кепкен сықпа жалпақ құрт. Оны асығыс кезде дәм таттыру

үшін немесе жеңіл-желпі түстік ретінде дастарқанға қояды. Кейде құрт, ірімшік, май тағамдарының қосындылары да құрт-май деп аталады.

Қ ұ р т - к ө ж е. Сорпаға, көжеге құрт езіп ішу казак арасында көп тараған және ол кенеулі, күшті, кадірлі ас (қ. *Құрткөже/ Құртаба*).

Қ ы з ы л қ ұ р т. Құрт қайнап жатқан кезде сүт мол құйылатын болса құрттың тұщы дәмі өзгеріп, тәтті, жұмсақ болып, өні қызыл күрең түске айналады.

Е ж і г е й қ ұ р т. Саба, күбіге жинақталған, майы алынбаған іркітті сары суы өз бойына сіңіп, қоюланғанша ұзақ қайнату арқылы эзірлейді. Сондай-ақ, іркіттен, айраннан және қатықтан да эзірленетін көрінеді. Қ.-тың бұл түріндегі ортақ тәсіл – сабаға жинаған шикі айранды қайнату арқылы алу эзірлеу болса керек (қ. *Ежігей*).

А қ қ ұ р т. Іркіттің сүті молдау, айраны аз, әрі піскен кезде майы әбден алынған жағдайда ақ құрт болып шығады.

Қ а р а қ ұ р т. Майы шала алынған іркіттен қайнатылған құрт майлы болғандықтан өні қаралтым болып келеді.

К ө к ш а ғ ы л қ ұ р т. Майы алынған, іркіттің сүті аздау, сұйық болған жағдайда алынады.



Ақ құрт. ОМЭЭ – материалдарынан

Қазақы ырым бойынша өредегі (яғни, кеппеген құртты) жеуге, алуға болмайды. Егер өреден құрт алып жесе, жауын жауады деген ырым бар.

Әдеб.: *Обычай киргизов Семипалатинской области* // Русский вестник. Т. 137. М., 1878; *Фиельструп Ф.А.* Молочные продукты турков-кочевников // Казахи. Сборник статей. Вып. XV. Л.: Изд-во АН СССР, 1930. С.263-301; *Қасиманов С.* Қазақтың ұлттық тағамдары. А.: Қайнар, 1977; *Қажыбеков Е.* Тағам атауларының да тарихы бар // Қазақстан әйелдері. 1982. № 9. 14-15-бб; Путешествие в восточные страны ПIANO Карпини и Гильом де Рубрук. А.: Ғылым, 1993; *Қатран Д.* Қазақтың дәстүрлі ас-тағам мәдениеті. Ғылыми редакторы және алғы сөздің авторы Нұрсан Әлімбаев. Алматы: ҚМӨҒЗИ, 2002; *Сейтбайұлы К.* Қазақы дастарқан. Алматы, Атамұра. 2011; КР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰРТ² – өте кішкене, көбінесе зиянды деп есептелетін жәндіктің атауы. Дәстүрлі түсінікте олар он сегіз мың ғаламның бір тобын құрайтын *мақұлықаттың* (оның санын алты мың дейді) үлкен бір шоғыры (қ. *Мақұлықат*). Қазіргі ұғымда бактерия, насеком, тіпті ұсақ паразиттерді ертеректегі медико-биологиялық түсінік бойынша Қ. деген жалпы атаумен атаған. Олардың түрі өте көп: көзге әрең көрінетін түрлерінен бастап, жерде жорғалайтын үлкендері (құмырсқадай, тіпті ұршықтың сабындай ірілері де) болады. Қ.-тардың *құмырсқа, өрмекші* сияқты түрлерінің көбі адамға зиянкес болып келетін түрлеріп *құрт-құмырсқа* деп атайды.



Дәстүрлі казақы дүниетаным бойынша, Қ. тоймайтын обыр келеді әрі шектен тыс көбейін өсе алады. Қ. адам мен жануардың бойындағы дерт атаулының басты себепкері болып есептелінді. Соған байланысты адамды ынтықтырып, қызықтыратын, нәпсіні тежеуге жол бермейтін аңсарды Қ.-ка тенеяді. Мәселен, адамды қызықтырып бауырайтын дүниені «көздің құртын алатын» деген теңеуге арқау етеді.

Құрттың бунақталған сегменттерін нышандайтын екі түсті контрасты түспен (көбінесе акпен және қарамен) өрнектелген, ұзынша созылған *алақұрт өрнегі* – дәстүрлі колөнерде жиі кездесетін мотив (**к. Алақұрт**). Мұндай өрнек көбінесе ою-өрнек композициясындағы түрлі мотивтердің арасын бөліп тұрады. Соған қарағанда, алақұрт өрнегі екі шекараның жақсы мен жаманның немесе *өз әлемі мен өзге әлем* арасын ажыратып тұрған маркер сызық, яғни өтпелі аралықты бейнелейді.

Қ. ұғымына қатысты тілдік және этнографиялық деректерге қарағанда, казақы ортада Қ.-тарды зиян келтіретін Қ. және пайдалы Қ.-тар деген екі үлкен топқа жіктелді:

а) бірінші топта Қ.-тардың басым көпшілігін құрайтын адам мен мал жан-жануарлардың ағзасына зиян келтіретін, ауру тудыратын түрлері бірнеше түрге бөлінеді:

- ауру тудыратын құрттар;
- ағашты жеп бүлдіретін ағаш құрты;
- күйіс қайыратын малдың ішек-қарнында болатын ішекқұрттар.

б) Зиян келтірмейтін пайдалы құрттар тобына төмендегілер жатады:

– күйіс қайырмайтын жылқы түлігінде болатын оның жемін қортуға пайдалы «*жылқының өз құрты*» (**к. Жылқы; Қарын**);

– топырақтың құнарлылығын қамтамасыз ететін *жауынқұрт* немесе *шуалшын*.

Зиянды құрттар. Қ.-тың бір тобы ауру тудырады. Олар организмнің тек терісіне ғана емес, ағзаға да еніп кетеді. Мал денесіне жұққан Қ. ағзаға тереңдеп ене алмаса да терінің бетінде тұрақтап онда *қотыр, қышыма, қысаға* сияқты ауруларды тудырады. Мал терісіне ұялаған құрт дорбаша ішінде қалса, оқыра (шаншақ, сәйгел деп те атайды) ауруына шалдығады (**к. Оқыра**).

Халықтық түсінік бойынша, ағзаға енген Қ. бүкіл денені көктей өтіп, белгілі бір жерге тиянақтап, сол тұста ауру тудырады. Қ. ағзаның қай жеріне тұрақтауына байланысты *ауру түрі* де әрқалай аталады. Мысалы, буынға тұрақтаған Қ. *буынқұрт*, тістің қызыл етіне ұялаудан *тісті құрт жеу*, тыныс жолын басудан *өкпеқұрт* сияқты аурулар өршиді. Ал, ағзаға тереңдеп енген Қ. салдарынан өршіген аурулар да сан түрге бөледі. Мысалы, *тамаққұрт, бөсірқұрт, бүйенқұрт, бауырқұрт, миқұрт, шекеқұрт, мұрынқұрт* және *ұмақұрт* деп аталатын Қ. аурулары аталады. Мал ағзасына еніп, тері мен қан, жұлын-тұта арқылы миға дейін жеткен кезде *миқұрт* ауруы өршиді. Жайылымдағы

арам шөпті жеген мал өті тасытып, бауырын қатайтатын *бауырқұрт* ауруына шалдығады (**к. Бауырқұрт; Миқұрт; Шекеқұрт**).

Ал, малдың қонды етті тұсының терісі жараланса, ол «құрттап» кетеді. Қ. ауруының мұндай түрін *ыстық басу* (арша немес ыстық су құю) жолымен дауалайды. Оның кен тараған амалы құрттаған дене бөліктеріндегі қоздырғыштарды арнайы таяқшамен (оны *құрттауыш* деп атайды) тазалайды (**к. Құрттауыш**). Сонан кейін улы шөптерден жасалған кайнатындымен жуады немесе сылама дәрілерді жағады.

Төрт түліктің ішінде *құрттау* әсіресе қойға тән екендігін «*қойын құрттап, айранын ұрттап*» деп келетін сөз орамында сақталған. Аталған емді жасаған соң таяқ немесе сабауды құрттаған қойдың мойнына байлап қояды (жауыр атқа байланған мойынағашқа функциясы мен нішіні ұқсас болып келеді (**к. Кескек; Мойынағаш**). «*Құрттаған қой далаға кетер, екі сабау бір бұршақты ала кетер*» деген мәтел осыған байланысты туған. Яғни, құрттаған қойдың емдеу барысында оның жарасын бүлдіруден сақтайтын сабау мен оны бекіткен жіпті білдіреді.

Көзге көрінбейтін Қ. түрінен пайда болатын аурудың ең қауіптісі – өкпеге немесе сүйекте өршіген құрт аурулары (**к. Құрт ауру / Өкпеқұрт / Көкірекқұрт**).

Соңғы кездері жасалған терминдік баламалар Қ. туралы халықтың білім мен тілдік мәліметтерді негіз ете отырып жасалған. Мысалы, *өлісыбағалы сорғыш, тірі құрт, сіңбе сорғыш, жерден жұғатын құрт, су құрты* және т.б. атаулары оларды ғылымдағы биогельминт, геогельминт, геогельминт түрлерінің баламалары орнын баса алады.

Күйіс малының ішегі мен қарнында кездесетін көлемі мен түсі әр түрлі Қ.-ты халықтық білімде *ішекқұрт* деп атаған. Ол ғылымдағы гельминт ауруының баламасы деуге болады. Ішекқұртты *аққұрт, қылқұрт, таспақұрт* және *жұмырқұрт* деген түрлерге бөлінеді. Ішекқұрт жұққан мал жалмандап ашқарақтанып тұрады, ішінен жалқак сұйық ағады (**к. Ішекқұрт**).

Құрт түрлерін емдеу және сақтандырудың рационалды және иррационалды жолдары бар. Денеге жабысқан құртты ағзадан аластау, айырықтыру немесе емдеудің алуан түрлі жолдарының ішінен кен таралғаны – емдік шөпті және дәрімен емдеу. Улы немесе күшті әсер ететін (*меңдуана, итсигек, шоңайна және кәріқыз* т.б.) шөптердің буымен булау, түтінімен ыстау, қайнатындысымен жуу сияқты тәсілдер Қ. тудырған ауруларды емдеудің рационалды тәсіліне жатады (**к. Ем**). Ал, дәстүрлі емшілікте ертеден кен қолданыста дәрінің *күкірт, алмас, сынап, мүсәтір, ашудас* сияқты түрлері болған.

Негізінен жаратылыстың қарам, лас түріне саналатын Қ.-тардың өте ұсақ түрі адамға және оның күнкөріс өзегі – төрт түлікке ауру әкеледі. Сондықтан олардан ұдайы қорғанып, сақтанып отыру жолға қойылған. Дәстүрлі ортада орын алған алуан түрлі ғұрыптық жораларды (*ыстау, отпен тазарту, аластау*) ұдайы жасап отырмаса, ауру асқынып кетеді деп түсінген.



Зиянсыз құрттар. Мұндай құрттардың тірі ағзаға тек жағымды әсері бар. Соның бірі *жауынқұрт* немесе *шуалшынқұрт* көктемде күн күркіреп найзағай ойнаған соң қара сірік топырақтың астынан шығады. Қыс мінілетін арқалы аттар жаздың ортасында қоңданған шағында ұстап алып, танауынан салып, сумен жұтқызып жібереді. А.Сейдімбектің мәліметіне қарағанда, ат етінің сартап болып жарап, ет алуына септігін тигізетін бұл тәсілді атбегілер *шуалшын салу* деп атайды (қ. *Шуалшын салу*).

Жылқы қарнындағы құрт. Жылқының ішек-қарнында кездесетін ұзындығы бір елідей, сыдырған тарамыс тәрізді таспа құрттарды қазақтар «*жылқының өз құрты*» дейді. Қазақы пайымда жылқының қазы, қартасы мен ішек-қарнының ерекше дәмді болуының басты себебін оның қарнындағы Қ.-пен байланысты дейді. Олар жеген жемін кортуға «көмектеседі». Жылқы қарнындағы құрттың қай тұста кездесетіндігіне қарай *қарынқұрт*, *тоғайраққұрт*, *кежігеқұрт* деген түрлерге ажыратады. Бұл құрттар адамның буын ауруларын емдеуге қолданылған: жылқыны сойған кезде қарнындағы жынына буынқұртпен ауырған адамның аяғын батырып қояды. Сонда қарнындағы жылқының «өз құрты» адамның аяқ буынындағы теріге тұмсықтарымен жабысып, ауруды қоздырып тұрған қоздырғыштардың салдарынан пайда болған сарысу мен каншымақ аралас сұйықты сорып алады деседі.

Дәстүрлі түсініктегі Қ. туралы ұғым сан қырлы және ауқымды екендігіне қарамастан, мұндай ұсақ жаратылыс түрінің адам мен төрт түлікке зиян келтіретін жақтары басым деп қарастырады. Дегенмен, Қ.-тың кейбір түрінің пайдалы әсері шартты жайт екендігін де ұмыт қалдырмаған. Қ. салдарынан пайда болған ауруларды халық емшілігінде әртүрлі рационалды және рационалды тәсілдермен емдеген. Мысалы, тістің құртын «шақырып» емдесе, өкпе құртына ота жасау, басқа Қ. ауруларына күшті дәрілер мен улы шөптерден жасалған емдерді қолданған (қ. *Құрт шақыру / Тістің құртын шақыру; Құрт ауруы / Өкпе құрты / Көкірек құрты*).

Әдеб.: Ягмин А. Киргизско-кайсацкие степи и их жители. СПб., 1845; Карутич Р. Среди киргизов и туркмен на Мангышлаке. СПб.: Изд. А.Ф.Девриена, 1911; *Бабалықұлы Ж.* Мал ауруларының қазақша атаулары. Алматы: Қайнар, 1986; *Аргынбаев Х.* Шынайы емшіліктің жөні бөлек // Зерде. 1989; *Оразақов Е.* Қазақ халық медицинасы. Алматы: Ғылым, 1989; *Алдашев А., Әлімханов Ж.* Қазақтың халық медицинасының құпиясы. Алматы: Қайнар, 1992; *Қинаятұлы Б., Мырзабеков Ж.* Дәстүрлі мал дәрігерлерлігінің ғылыми негіздерінің кейбір мәселелері // Жаршы. 1996. №1. 21-28 бб; *Хинаят Б.* Қазақтың дәстүрлі малдәрігерлік білім жүйесі (тарихи-этнологиялық зерттеу). Тарих ғылымдарының кандидаты дәрежесін алу үшін ұсынылған диссертацияның қолжазбасы. Ғылыми жетекшісі Нұрсан Әлімбаев. Алматы, 2001; *Қайдар Ә.* Қазақтар ана тілі әлемінде (этнолингвистикалық сөздік). 1-том. Алматы: Дайк-Пресс, 2009; ҚӘТС. 10-том. Алматы: Арыс, 2010; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰРТ³ / ҚҰРТ БОЛУ – жылқы түлігінде кездесетін ауру. Оған шалдыққан жылқының артқы екі аяғы шалынысып, белі шойырылғандай болып қисаландап қалады. Оның бірден бір белгісі – Қ болған жылқы күншығысқа қарап тұра береді, жем-суға зауқы соқпайды.

Мұндай ауруды емшілер *оташылық* тәсілмен дауалайды: белдеме, құйымшақ және жамбас түйіскен «*шорта*» деп аталатын үш сүйектің түйіскен тұсына жінішке қандауырды тігінен бойлата шаншиды. Сүйекке тірелген кезде құралды оңға-солға сәл бұраған соң суырып алады да, орнына қасқырдың кептірілген өтін ұсақтап шүберекке түйіп салады. Әлгі шүберектің ұшына байланған жіптің көмегімен біраз уақыт өткен соң дәріні алып тастайды. Мұны емшілер тілінде «*дәріні арқандап салу*» деп атайды. Кейбір жағдайда құмалақтай *тотияйын* тығады. Ж. Бабалықұлының мәліметінде Қ. болған биенің сауырына акбүйрек деп аталатын емдік шөптің бұршақтай түйірін салып емдеуге болады.

Мұндайда күшті дәріден мал уланып жығылса, аузына сүт құяды. Этнографиялық экспедиция барысында мәлімет берген емші Қ.Зиханұлының айтуына қарағанда, мұндай емнен соң бас-аяғы бір аптада оңала бастайды. Осы кезде жыланды суға қайнатып берсе жылқы ауруынан құлантаза айығатын көрінеді.

Әдеб.: *Бәделхан Қ.* Халықтық мал емдеу тәжірибелерінен. Өлгей. 1977; *Бабалықұлы Ж.* Мал ауруларының қазақша атаулары. Алматы: Қайнар, 1986; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰРТ АУРУ / ӨКПЕ ҚҰРТЫ / КӨКІРЕК ҚҰРТЫ – адамның өкпесі мен тыныс жолында *құрт* тәрізді қоздырғыштың салдарынан өршитін жұқпалы ауру. Ал Әбу Әли ибн Сина өзінің «Дәрігерлік ғылымның каноны» деген еңбегінде Қ. а.-ын тұқым қуалайтын аурулар қатарына жатқызған. Микробактерия салдарынан өршитін бұл аурудың атауы туберкулез.

Ертеде қазақтар арасында бұл аурудың өршу себебін халық емшілігінде *тұмаумен* байланыстырған. «*Тұман түбі – жұт, тұмау түбі – құрт*» деген сөз орамы осыны меңзейді (қ. *Тұмау*). Екінші себебін оған тазалықты сақтамайтын жерде жиі өршитіндігіне ден қояды. Лас салдыр-салақ адамдар қал қуаты кеміген кезде Қ. а.-на шалдыққыш болады. Онан басқа адамдарға ыдыс-аяқ, киім-кешекпен басқаға жұғады. Ауырған адам әлсіреп, күн енкейген соң мазасы кетіп, ұйқысы қашады, тершеңдік пайда болады. Ауру асқынған кезде қанды қақырық түседі, көкірек тұсы шағып ауырады. Дәстүрлі түсінікте Қ. а. кезінде тек өкпені ғана бүлдіріп қоймайды, сүйекке де өтіп, оны «кеміріп» жейді. Қ. а. сүйекке шапса, ондай адамның омыртқасы қисайып, бүкір болып қалады. *Сүйекқұрт* деп аталатын ондай ауруға ертеде дауа жоқ деген.

Қ. а.-на шалдыққан адамның демінен жағымсыз иіс шығады, арып, азады, терісі сүйегіне жабысып қалғандай аруақ кейпіне түседі. Ұдайы қыстығып жөтеледі, тіпті булығып қалады. Тұла бойының бездері ісіп кетеді.

Халық емшілігінде Қ. а.-н емдеудің амалы – *сорпалау және күтінү, теріге түсіп терлеу және ұзақ уақыт қымыз ішу*. Емнің ең жақсы, әрі бірден-бір жолы – кенеуі жоғары, әл беретін қуатты тамақ деген. Ауырған адамға семіз бағланның етін үзбей беру (оны халық тілінде «*сорпалау*» деп атайды) және тағамға қымыз, шұбат, ақ тағам түрлері ұзақ уақыт беру деп саналады (қ. *Сорпалау*). Әсіресе,



жыл бойы үзбей кымыз немесе биенің саумал сүтін ішу Қ. а.-н сап тыяды дейді. Бие сүтінің Қ. а.-на шипалылығын ескерген орыс жұртының өкілдері казак жеріне Қ. а.-нан емделуге келетін. Бие сауыла сала саумалын жылыдай ішеді, кымызды онша ашытпай күніге көп мөлшерде ішкен соң ауа алмасатын орында тынығып демалу дұрыс деп саналады (қ. **Қымыз**).

Қ. а. болған наукасты, ауруы асқынбағаны белгілі болса, құнан қойдың бітеу сойылған терісіне түсіреді. Оның алдында шөлейт жерде өсетін *есекмияның* тамырын ыстық суға қайнатып онан пайда болған сілті тәрізді қайнатындыдан бір кесе ішкізеді (қ. **Теріге түсіру**). Бұған қоса борсықтың немесе суырдың майын күніге ішкізеді. Ондай майлар тыныс жолындағы Қ. а.-дың «жеп» бүлдірген бөлігінің қалыпқа келуіне көмектеседі. Емшілер бұған тұншықтырып өлтірген борсықтың майының әсері жоғары болады дейтін көрінеді. Ал, суырдың майын көлеңке жерде баппен алынуы керек.

Қазак емшілері асқынған Қ. а.-на оташылық жасағандығы туралы құнды мәлімет «Русский вестникте» (1878) жарияланған. С.А. деп қол қойған автор наукас адамның желкесіне биіктеу жастықты қойып шалқасынан жатқызған соң пышақпен тілгендігін баяндайды. Адамның алкым тұсының терісін сиырып алып, кеңірдек сақиналар арасын еппен тілетін көрінеді. Сөйтіп пайда болған тесіктен өкпеге қарай жүгірткен қамыс түтікпен апиын ертіндісін жібереді. Кейде ем орнына сынап немесе темекі ертіндісін де құйған. Азғана ертінді өкпеге жайылды деген кезде кеңірдектің терісін ығыстырып тесікті жауып қояды. Мұндай отадан кейін Қ. а.-ның беті қайтатын көрінеді.



Өкпеқұрт ауруын оташылық тәсілмен емдеу. Кеңірдек сақиналарын тіліп, оған қамыс түтік жүгірту. ҚР МОМ материалдары бойынша суретті салған Б.Досымов

Қ. а.-ын емдеудің алуан түрлі халықтық жолы аурудан құлантаза айықтымаса да, оның бетін қайтаруға септігін тигізген. Халықтық санитарияның талаптары бойынша ауру адамды көптен окшаулап, оның тұтынатын бұйымдарын басқалармен араластырмаған.

Әдеб.: Ягмин А. Киргизско-кайсацкие степи и их жители. СПб., 1845; С.А. // Русский вестник. 1878. Т.137. С.54-62; Каррик Джордж А. О

кумысе и его употребление в легочной чехотке и других изнурительных болезнях. СПб.: Изд. К.Л. Риккера, 1903; Карутиц Р. Среди киргизов и туркменов на Мангышлаке. СПб.: Изд. А.Ф.Девриена, 1911; Пажин Б.Н. Очерки истории медицины и здравоохранения Западной Сибири и Казахстана в период присоединения к России (1716- 1868). Новосибирск, 1967; Галиев В.З. Медицинская деятельность ссыльных революционеров в Казахстане. Алма-Ата, 1982; Аргынбаев Х. Шынайы емшіліктің жөні бөлек // Зерде. 1989; Оразақов Е. Қазак халық медицинасы. Алматы: Ғылым, 1989; Алдашев А., Әлімханов Ж. Қазактын халық медицинасының құпиясы. Алматы: Қайнар, 1992; Сүлейменов Т. Дауасы бар әр дерттің // Халық емінің күдіреті. (жинақ) Алматы: Қайнар, 1993. 18-33 бб; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰРТ ШАҚЫРУ / ТІСТІ ҚҰРТТЫ ШАҚЫРУ – сөз магиясы мен рационалды емдеу тәсіліне негізделген құрттан болған ауруларды емдеудің дәстүрлі тәсілінің бірі. Мұндай емде арнайы арбау өлең жолдарын айтылады және меңдуана шөбі пайдаланылады. Әсіресе, халық емшілері мұндай тәсілмен ауыздың қызыл етінде «ұялап», тісті түсіруге дейін апаратын «*тісті құрт жсеу*» деп аталатын аурудың қоздырғыш құрттарын құртуға болатындығын айтады (қ. **Тіс**). Қ.ш.-дағы емдеу принципі мынадай: улы немесе күшті әсері бар емдік шөпті тұтатып, оның түтінін ауыз қуысына жібереді. Түтінмен ыстаған кезде ауыздан *алабас құрт* түсетін көрінеді. Осындай құрттың түскендігін байқау әрі оның қайта жұғуына жол бермеу үшін үлкен тегешке су құйып қояды. Оған түскен құртты теріп алып ыстық күлге тастау керек деп санаған.



Құрт шақыру. ҚР МОМ материалдары бойынша суретті салған Б.Досымов

«Тургайская газетада» 1903 жылы жарияланған аты-жөні белгісіз бір шенеуніктің Қ.ш. тәсілімен ауруды қалай емдегендігі туралы жазбасында біршама толық әрі қызықты мәлімет келтірілген. Ел ішінде жұмыс бабымен жүрген автор тісі қатты ауырып, беті ісіп кеткен казактың жүз шақырым жердегі дәрігерден гөрі жақын маңдағы тәуіпке жүгіндігіне куә болады. Тәуіп әуелі ұзындығы бір қарыс (мәтінде 1/4 аршын деген – *Ред.*) тал шиге мақта орап дайындады. Онан ешкінің майын ерітіп, оған емдік қасиеті жоғары улы шөп – меңдуананың дөнін араластырып қоспа дайындады (қ. **Меңдуана**). Мақта оралған шиді әлгі қоспаға матырып, оған әбден сіңірген соң нанға шаншып табақтағы суға салып «жүздіріп» қояды. Тісі ауырып жанын қоярға жер таппай тұрған аурудың басына жаулықты жауып, әлгі табақтың үстіне аузын аңқайтып ашып отырғызды. Оған карама-қарсы отырған тәуіп бір қолына ұстаған темір



ыдысты екінші қолындағы пышақпен соға отырып, өзіне тән ырғақпен әуендете жонелді. Тұмшалап жауып тастаған ауруды аузына жақындата отырып, шиді тұтатты. Майға араласқан меңдуана түтіні аурудың аузына қарай кетіп жатқан кезде оңға-солға теңселген тәуіп томендегідей арбау жолдарын айтты:

*Тұйғын, тұйғын, құйт, құйт,
Басар, басар, құйт, құйт,
Жетер, жетер, құйт, құйт,
Жетер, болсаң жетіп кел,
Алатаудан асып кел,
Алты бидай азығын,
Ала салып келедүр.
Жеті бидай жемісін,
Жерге салып келедүр
Мендуана жемісін
Ешкі майын жермісін,
Қызыл иек кемірген,
Жар жағалай жүгірген,
Ортан жілік, тоқ жілік,
Асық жілік, тақ жілік,
Арқырамай түсе қал,
Желке-де бар жеті құрт,
Желкілдемей түсе қал;
Жайшылықта жау алды
Қыстауын да ұры алды
Диірмен, диірмен, диірмен құрт,
Дұрман, дұрман, дұрман құрт
Шақырғанда келген құрт
Арбасам арбауыма көнген құрт,
Нар түйедей желген құрт
Келесің қайық кешкен құрт.
Ауанадан? аңы құрт,
Ақбозатқа міне кел
Ай, - хай-мин жаушы тие кел
Құйт, құйт, құйт, құйт.*



*Тәуіптің тістің құртын шақыру емін жасауы.
ҚР МОМ материалдары бойынша суретті салған Б.Досымов*

Тәуіп осы арбау жолдарын айтып біткенше екі ши де жанып таусылады. Емдеу сеансын тамашалауға жиналған жұрт жапатармағай табақтағы суды байқаса, күл аралас су бетінен құрт байқалды. Мұндайда ауыздан түсетін кішкене құрт саны оншақтыға жететін көрінеді.

Шара кезінде тұмшалап жапқан жабуды біреу көтеріп сығаласа, емнің әсері азаяды, яғни құрт аз түсетіндігін

айтады. Тәуіп мұндай емді екі-үш мәрте қайталаған дұрыс деп санайды. .

Қ.ш.-да қолданатын арбаудың академик Ә.Марғұлан жинаған үлгісі мынадай:

*Ала құрт, бала құрт,
Он екі басты қара құрт!
Тоғыз жолдың тоғауына кез келіп,
Келер болсаң, кел, құрт!
Кетер болсаң, кет, құрт!
Шүкіра құрт, шын құрт,
Шүкіра басты қара құрт,
Атқан оқтан жүйрік құрт,
Ағын судан рауан құрт.
Тақ Сүлеймен пайғамбардың
Демі бірлән түс, құрт!
Мәсбай мәсх құрт,
Тұр әлі, кезік құрт!*

Қазақ фольклорындағы арбау жанрын зерттеген Б.Абылқасымов Қ.ш.-да арбауға тән мактау, корқыту, бұйыру, өтіну немесе жалбарыну сарыны жокка тән екендігіне ден қояды. Керісінше, мағынасыз жолдар айтылады және оның ұйқасы да шамалы болып келеді. Арбау жолдарыны *құйт*, *күйт* немесе *көйт* деген сөздермен аяқталады және ол жиі қайталанатын.

*Қара бас, қара бас, күйт-күйт,
Ақ бас, ақ бас, күйт-күйт.
Жыбыр, жыбыр, жыбыр құрт.
Жыбырласа түсер құрт. Күйт-күйт!
Жайлауыңды өрт алды,
Қыстауыңды жау алды. Күйт-күйт!
Жыбыр, жыбыр, жыбырла,
Су жыландай қыбырла. Күйт-күйт!
Барар жерің қалмады,
Басар тауың қалмады,
Түспеген енді нең қалды? Күйт-күйт!*

Арбау жолдары айту кезінде «емнің» күшін үстемелей түсу үшін аузын ашқан аурудың алдына қойылған табактын ернеуіне айнала шырақ тұтатып қойса, ауруды қоздырып тұрған құрт оның жарығына қарай талпынады. Сөйтін, емді ұзағырақ жасаса, тістің етіне ұялаған құрттар бірінен соң бірі кезекпен түседі деп санайды.

Әдетте, емнің әсері меңдуана шөбінің әсерінен болатындығына кейбір деректерде мән берілмейді. Бірақ, меңдуананының емдік қасиетін бағалайтын тәуіптер тұтатудың орнына оның *тұнбасын* ішкізген. Онан кейін міндетті түрде арбау өлең айтады. Мұндайда айтылатын арбау мәтіндері бір-біріне ұқсас болып келеді. Мысалы:

*Тұйғын, тұйғын, құйт, құйт,
Аласұр, аласұр, құйт, құйт,
Лашын, лашын, құйт, құйт,
Жетер, жетер құйт, құйт,
Басар, басар, құйт, құйт,
Алақұс, алақұс, құйт, құйт,
Аласма тайдан ауып түс,
Ауыздағы отыз тіс,
Бірің қалмай шығып түс...*

Қ.ш. шарасында айтылатын арбау мен меңдуананың әсерінен тіс ауруының беті қайтып, наукас адам жай табады



деп санайды. Мұндай емдеудің әсері өте жоғары болуына байланысты емнің бұл түрі әлі де болса дәстүрлі ортада ішінара болса да кездесіп тұрады.

Әдеб.: Т-в. К (Вол. Писарь). Знахари-киргизи – дантисты и недостаток врачебной помощи (Каракутинская волость Тургайского уезда) // ТГ. 1903, №47; Васильев А. Народные способы и средства, употребляемые при лечении болезней киргизами Тургайской области // ТГ. 1901. № 6; Ветухов А. Заговоры, заклинания, обереги и другие виды народного врачевания, основанные на веру в силу слова. Варшава, 1907. Вып. 2. С. 253-254; Мареұлан Ә. Ежелгі жыр, аңыздар. Алматы: Жазушы, 1985; Аргынбаев Х. Шынайы емшіліктің жөні бөлек // Зерде. 1989; Абылқасымов Б. Құрт шақыру // Азия (газет). 1992. №5; Алдашев А., Әлімханов Ж. Қазақтың халық медицинасының құпиясы. Алматы: Қайнар, 1992; Сүлейменов Т. Дауасы бар әр дерттің // Халық емінің құдіреті.(жинақ) Алматы: Қайнар, 1993. 18-33 бб; Қазақ әдебиетінің тарихы. 1-том. Қазақ фольклорының тарихы. Жалпы ред. басқарған С. Қасқабасов. Алматы: ҚазАқпарат, 2008; ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰРТАҢ – қой түлігінде кездесетін құрт ауруынан жүдеп арықтаған қой. Құртан арық-тұрақ болғандықтан қыстан шыға алмайды. Сондықтан қазан-қараша айларында құртанды қазанасқа сойып алады (**қ. Қазанас**). *Қараша-қауыс кәрі-құртаңды тауыс* дейтін мақалдың мазмұны осы жәйтті білдіргеді.

Әдетте тәжірибелі шопан қойын құрт ауруына шалдықтырмас үшін ерте көктемде қой жөтеле бастасымен отарын ақбас жусанға жайып алады. Қойда болатын ішек құрт күзде көбейетін көрінеді. Мұндайда шопан қой отарын қопалы ашылауыт жусанға жаяды. *Қойды құртаң бүлдіреді, елді сұлтан бүлдіреді* деген мақалдың ой аңғарынан қойдағы құрт ауруының түрлері жұқпалы болатынын байқауға болады. Малшы қауым кәрі, арық-тұрақ малды қысқа қалдырмайды. Қыста сойған ондай малдың жілігі татымайды, сорпалығы болмайды. Сондықтан қалай да болмасын мал иесі құртаң қойды аз-маз сорпаға шығары бар кезде сойып алуға тырысады. Ақын І.Жансүгіровтің мына өлеңі ел тұрмысындағы осы жәйтты айқын аңғартады:

Қыз тапсаң арыз болам деп,

Әкең айтып қоймап па еді.

Күнге кіндік кестіріп,

Қалжаға құртаң соймап па еді.

Әдеб.: Жансүгіров І. Шығармалар: өлеңдер мен поэмалар. Алматы: Қаземкөркемәдеббас, 1958; Жансүгіров І. Құлагер. Алматы: Жазушы, 1974; ҚӘТС. 10 т. Алматы: Арыс, 2009; Уәли Н. Бұрынғыдан қалған сөз (қолжазба); ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰРТКӨЖЕ / ҚҰРТАБА – әрі сусын, әрі тағам түрі. Алдымен қанша әзірленетінін әркім мөлшерлеп білуі қажет. Мысалы, 4 немесе 5 литрдей көже дайындау қажет делік. Бұл үшін осы шамадағы суға татымына қарай тұз, қайнаған кезде аздап күріш немесе сөк салады. Енді бір басқа ыдысқа суық су құйып, оған 1-2 кесе ұн қосып, түйіршіктері кеткенше әбден араластырған соң қоймалжын тартып, сәл қоюланады. Мұны жоғарыда айтылған күріш (не сок) қосылған қайнаған суға қосып тағы араластырады. Сонда соңғы ұн қосылған су қайнап, пісіп қоймалжың көжеге айналады. Осыдан соң езетін құртты жуып, сыртындағы шаң-тозандары әбден тазартады. Құрт та әзірленген су мөлшеріне қарай алынады.

Қ.-нің дәмі, татымы оған қосылатын құртқа тікелей байланысты. Қой сүтінен жасалған құрттың тамақтық құнары, дәмі мен сапасы өте жоғары болады. Өкінішке орай, бұл күндері қой сауу мүлде азайды, тіпті жоқ десе де болады. Бүгінде құрт тек сиыр сүтінен жасалады. Сонымен жоғарыда айтылғандай, мөлшері ыстық суға бір аяқтай құрт салып, оны еседі. Қоюланып езілген құрт қайнатылған суға қосылады да, оның сұйығы езіліп жатқан құрт үстіне қайта құйылып, тағы да езіледі. Өсылайша бірнеше рет қайталанып, әркім қалауынша қою немесе сұйық етіп дайындайды. Қойылту қажет болса ұн, сұйылту қажет болса аздап су қосылады. Міне, енді осы езулі құртты қосқаннан кейін, көжені қайта ысытып, оған қажетінше сары май, шыжық салып сапырады. Осыдан кейін оны кесе, аяққа құйып ұсынады. Қ.-ні бұлайша әзірлеу оның қорегі мен кенеуін арттыра түседі. Қ. жанға шипа, бойға қуат беретін өте күшті, қадірлі тағам. Қ.-ні сорпаға да еседі. Ерте кездерде қысты күндері алыс жолға шыққан жолаушылар немесе далада айлап боран мен аязда жүретін жылқышылар күні бұрын Қ. ездіріп алып, арнаулы ыдыстарға (әсіресе тері ыдыстарға) құйып сақтаған. Қ.-ні қысты күндері ішсе тондырмайды. Әрі тонған адамды тез жылытады. Өл жөнінде төмендегідей әзіл әңгіме сақталған: аязды күні тоңып келген үй иесі екі-үш аяқ ыстық Қ.-ні тастап жіберін бойы жібіген кезде «бәйбіше, күн жылынды білем, боз аттың жабуын алып тасташы» деген екен.

Бір сөзбен айтқанда, қасиеті де, қадірі де мол *қыстың қымызы* деген де атқа ие Қ. орны бір бөлек ас.

Әдеб.: Катран Д. Қазақтың дәстүрлі ас-тағам мәдениеті. Ғылыми редакторы және алғы сөздің авторы Нұрсан Әлімбаев. Алматы: ҚМӨҒЗИ, 2002; *Кенжеахметұлы С.* Қазақтың дарқан дастарқаны. Алматы: Алматыкітап, 2009; ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰРТҚА – қасқырдың қаншығы. Қ. – қасқыр, бөрі тотемімен тікелей байланысты қалыптасқан ұғым екенін аңғаруға болады. Өйткені, *құрт* – оғыз тілдерінде қасқыр мағынасында қолданылады. Мәселен, Қобыланды батыр жырында оның жары Құртқаның сәуегейлік, абыздық сияқты тылсым қасиетке ие әйел екені баяндалады. Құртқа жылқы ішінен биені таңдап алуы, одан туған Тайбурылды бағып өсіруі, Тайбурылға мінген Қобыландының қай жерде, қандай жағдайға тап болатынын алдын-ала біліп отыруы сынды ерекше қасиеттер басқадай тарихи жырлардағы барлық батырлардың әйелдеріне тән. Соның бір айғағы Шыңғыс ханның жары Бөрте де ерекше қасиеті бар әйел ретінде сипатталады. Яғни, Құртқа, Бөрте атауларының бөрі ұғымына келіп тоқайласуы ерекше тектен жаралған деп саналатын ежелгі көкбөрі культіне байланысты наным-сенімнен туындаған атаулар болып саналады (**қ. Бөрі; Көкбөрі**).

Әдеб.: *Потанин Г.Н.* Казак-киргизские и алтайские предания, легенды и сказки. СПб., 1917; *Бичурин Н.Я. (Иакинф).* Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. Т.І. М.-Л.: Изд. АН СССР, 1950; *Кузеев Р.Г.* Роль исторической стратификациородо-племенных названий в изучении этногенеза тюркских народов Восточной Европы, Казахстана и Средней Азии. IX МКАЭН. Москва:Наука, 1973; Ақсауыт. Батырлар жыры. Екі томдық. Алматы: Жазушы, 1977; *Кубарев В.Д., Черемисин Д.В.* Волк в искусстве и верованиях кочевников Центральной

ҚҰРТТАУЫШ

Азии // Традиционные верования и быт народов Сибири начало XIX-XX вв. Новосибирск: Наука, 1987; *Марғұлан Ә.Х.* Шығармалары. 14 томдық. 3-том. Сарыарқа петроглифтері. Бөрі тотемі бейнеленген жартаc гравюралар. Алматы: Дайк-Пресс, 2003; *Қондыбай С.* Арғы қазақ мифологиясы. 4-том. Алматы: Дайк-пресс, 2004; *Ошанов О.* Көкпар // Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. 1-том. Біртұтастығы және ерекшелігі. Құраст. С.Е. Әжіғали. Алматы: Арыс, 2005. 273-290 бб; КР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰРТТАУЫШ² – түрлі себептерге байланысты мал денесінде пайда болған құрттарды тазалауға арналған ағаштан қалақ тәрізді етіп арнайы жасалған ұшы үшкір таяқша, құрал. Оны көбінесе сона шағу және басқадай жарақаттардың салдарынан пайда болған жараны тазарту үшін пайдаланылады. Ертеде казак арасында пайдаланылған ондай Қ. таяқшаның бір үлгісі Кунсткамера қорына түскен. Оның ұзындығы 24 см, бір жағы ұстауға ыңғайлы етіп жуантық, ал екінші ұшын үшкірлеп жонылған.



Құрттауыш таяқша. КР MOM материалдары бойынша суретті салған Б.Досымов

Мұндайда Қ.-нен жарадағы құрттарды шұқып, тазалаған соң айран немесе ірімшіктің сарысуымен жуады. Онан соң жараға күйдірілген тотияйын ұнтағын, қызылша мен жусан жапырағын салады. Соңында қышынған жарасын қасып бүлдірмеуі үшін жараланған малдың мойнына *кескек* деп аталатын ұзын ағаш сырық байлайды (**қ. Кескек**).

Әдеб.: *Потапов Л.П.* Особенности материальной культуры казахов, обусловленные кочевым образом жизни // СМАЭ. Т. XII. М.-Л.: Наука, 1949. С.43-70; *Хинаят Б.* Қазақтың дәстүрлі малдәрігерлік білім жүйесі (тарихи-этнологиялық зерттеу). Тарих ғылымдарының кандидаты дәрежесін алу үшін ұсынылған диссертацияның қолжазбасы. Ғылыми жетекшісі Нұрсан Әлімбаев. Алматы, 2001; КР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰРЫҚ – жылқышының шу асау, қашаған жылқыны ұстауға қажетті құралы. Қ. негізінен қайың, тал сияқты ағаштардың түзу өскен, етек жағы қолға ұстауға ыңғайлы жерінен, ұзындығы 2-3 құлаш шамасында қиылып дайындалады. Оның қабығы аршылып, бұтақталып кептіріледі.



Құрық. Ұлы Петр атындағы Антропология және этнография музейі (Кунсткамера) қорынан (1199-67)

Шалма арқан деп аталатын 6-7 құлаш арқанның күрмеп байланған тұйығын Қ.-тың сүйір басынан төрт қарыстай төмен өткізіп қояды. Шалма басы ашық болу үшін Қ. басына тағы бір шалып қояды. Ал, арқанның қалған бөлігін шумактап жиналып Қ. сабымен бірге қолына ұсталады. Жаяу немесе ат үстіндегі құрық салушы шалма арқанды ұсталатын жылқы мойнына еппен іліп жібереді. Мұны Қ. салу деп атайды. Осы мезетте шалма арқан Қ.-тан сусып шығып кетеді. Ал, жылқышы қолындағы шалма арқанның екінші ұшынан тартып жібермейді.



Құрық салу. КР MOM материалдары бойынша суретті салған Б.Досымов

Қ.-тың көмегі шалма тастағаннан тиімді болып келеді. Ойткені шиырып лақтырған *шалма арқан* көздеген мал мойнына бірден түсуі екіталай. Ал, Қ.-тағы шалма арқан жылқы мойнына бірден ілінеді. Дегенмен Қ.-тың көмегінің шалма арқанды жылқыға бірден түсіретін шебер *шалмашылар* қазақы ортада аз болған жоқ (**қ. Шалма**).



Құрық салу. Суретші Молдақымет Кенбаев

Сондай-ақ Қ. тек жылқышы үшін қашаған ұстайтын құрал ғана емес, сойыл ретінде де пайдасын тигізген. Сонымен бірге Қ. көмегімен ұяда мүлгіп отырған қаршығаны мойнынан ұзын Қ. басына ілінген тұзақ арқылы іліп құлатып та алған.

Дәстүрлі ортада Қ. ерекше ғұрыптық мәнге ие зат ретінде қастерленген. Оны жолға көлденең тастамаған және үстінен аттамаған. Көш барысында межелі орынға жетіу үшін жол-жөнекей аялдап, сол жерге қонып, кейде бірнеше күн ерулеп отырып қалатын кездер болған. Осындай кездерде көш басшысы тоқтайтын жердің шөбінің басын буып немесе Қ. *шаныш*п белгі салғызған.

Қазақы дәстүрінде *жиенқұрық* деп аталатын ғұрып болған. Бұл ғұрыптын мәні жиеннің нағашысынан «құрық салған», яғни қалаған, малын алуымен байланысты болып келеді.



Құрық сату. ҚР MOM қорынан (НВФ5641/15)

Ерте кездерде күндізгі уақытты күннің аспан көгіндегі қозғалысына қарай шамалап отырған. Күннің ұясынан жоғары өрлеген бір сәтін күн Қ. *бойы* көтерілді деген халықтық өлшеммен белгілеген. Қ.-қа қатысты *құрығы жеткен жер, құрығынан құтылған жоқ, құрығына түсті, мойнына құрық салды, құрығы ұзын, құрық көрмеген, құрық тимеген* деген тұрақты сөз тіркестері қалыптасқан.

Әдеб.: Хозяйство казахов на рубеже XIX-XX веков. Материалы к историко-этнографическому атласу. Алма-Ата: Наука, 1980; *Вайнштейн С.И.* Мир кочевников центра Азии. М.: Наука, 1991; КҰЭ. 6 том. Алматы: Қазақ энциклопедиясы Бас редакциясы, 2004; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰРЫҚБАУ – қалың малды ел жұртына айдап кетер кезде қыз әкесінің күйеу жігіт ауылынын жылқышысына беретін кәдесі. Құрықбау кесімі жоқ кәдеге жатады. Әуелде күйеу жігіттің әкесі қыз әкесіне алдына салып айдап кетер кезде қыз әкесінің қолына қырық жетіні алдын ала жылқышысына алдыртып, матауға қояды. Матаудағы жылқыны, малды жиналған жұрт көріп шығады. Қыз әкесінің арнайы алып келген *малтанушысы* матаудағы малдың қырық жетіге жарамды-жарамсыздарын, *баламаға* жүретін-жүрмейтінін, *бүкпеге* жататынын-жатпайтынын анықтайды. Ал ауылдың жалқышысы жігіт әкесімен келісе отырып, алушы жақ жаратпаған малды басқасымен ауыстырады. Қырық жетінің құрамындағы балама, бүкпе малды ауыстыруға мал жайын жақсы білетіндіктен байдан гөрі оның жылқышысы епті келеді.

Қалыңға берілетін малды таңдауға жәрдемдескен жігіт ауылының жылқышысына қыз әкесі *құрықбау* кәдесін беріп аттанады. Қолының ашықтығына қарай құрықбауға көбіне тай немесе *жабағы* береді.

Әдеб.: *Тәкежанұлы Қ.* Қазақтың ежелгі әдет-ғұрыптары. Алматы, 2005; *Уәли Н.* Бұрынғыдан қалған сөз (қолжазба); ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰРЫЛТАЙ – қазақ хандығы кезеңдерінде, ұлыстағы аса маңызды жайттарға байланысты (мысалы хан сайлау, жарғы қабылдау, халықаралық мәселелер, елдегі аса ушыққан әртүрлі дау-дамайды реттеу деген сияқты) жыл сайын ханның бастамасымен шақырылатын ұлы жиынның атауы. Деректер бұл үрдістің Шыңғыс хан заманынан бастау алғандығын көрсетеді. Аталмыш дәуірде көшпелі социумның институционалдық жүйесіндегі хан билігінен кейінгі ең маңызды институт болды. Бұл жиынға ұлыстың игі жақсылары мен ырыс ұстағандарының аса көрнекті өкілдері – билері, бектері, рубасылары, әскербасылары, батырлары қатысып отырды. Құрылтайды қоғамдағы жоғарыда аталған аса маңызды жайттарға байланысты ұйымдастырылатын хан билігінің институционалдық формасы ретінде де қарастыруға болады. Хан билігінің осынау төтенше ұйымдық формасы ру-қауым, ру-тайпа, жүз және жүзаралық деңгейдегі сан деңгейлі және сан салалы қатынастар жүйесінің үйлесімділігін қамтамасыз етіп отырды. Осы ретте хан билігі әр деңгейлі билер кеңесі, ақсақалдар кеңесі, жүгініс сияқты институционалдық қатынас жүйесінің басты институттарына негізделді. Демек, аталмыш институттарды хан билігінің жүзеге асыру механизмі ретінде де қарастыруға болады.

Деректер дәстүрлі қазақ қоғамындағы соңғы ең ұлы Қ. әйгілі Өз Тәуке ханның және үш жүздің төбе билері Төленің, Қаз дауысты Қазбектің, Әйтекенің тікелей бастамаларымен XVII ғ.-дың соңғы ширегінде «Жеті Жарғыны» қабылдауға байланысты шақырылғандығын дәйектейді (қ. **Жеті Жарғы**). Бұдан кейінгі дәуірде сан алуан сыртқы факторлардың тегеуірінді ықпалымен хан билігінің әлсіреп, соңынан мүлдем жойылуына байланысты Қ. көшпелі қоғамдағы билік қатынасының ең жоғарғы ұйымдық формасы ретіндегі өзінің әуелгі институционалдық қауқарынан айырылды.

Әдеб.: *Спасский Г.* Киргиз-кайсаки Большой, Средней и Малой Орды // Сибирский вестник. СПб., 1820. Ч.9. кн. 1. С. 1-61; Кн.2. С.185-188; *Левшин А.И.* Описание киргиз-казахских или киргиз-кайсацких орд и степей. В 3-х частях. Часть третья. Этнографические известия. СПб.: Тип. Карла Крайя, 1832. С.170-178; *Гурлянд Я.* Степное законодательство с древнейших времен по 17-ое столетие. Казань, 1904; *Вяткин М.П.* «Сказки» XVIII века как источник для Казахстана // Проблемы источниковедения. Сб. 3. М., Л., 1940. С. 45-60; *Аполлова Н.Г.* Присоединение Казахстана к России в начале XVIII в. Алма-Ата, 1948; *Она же.* Экономические и политические связи Казахстана с Россией во второй половине XVIII-начале XX в. М.: Изд. АН СССР, 1960; *Өзбекұлы С.* Тәуке хан. Жеті Жарғы. Алматы: Санат, 1994; *Султанов Т.И.* Поднятые на белой кошме. Потомки Чингиз-хана. Алматы: Дайк-Пресс, 2001; *Зыманов С., Өсерұлы Н.* «Жеті Жарғы» – қазақ заңдарының жиыны // Қазақтың ата заңдары: құжаттар, деректер және зерттеулер. 4-том. Алматы: Жеті жарғы, 2005. 152-157 бб.; *Сол авторлар.* Жеті Жарғы жөнінде // Сонда. 382-385 бб.; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.



ҚҰРЫМ КИІЗ – әбден ыс, күйе сіңіп қарайып, тозығы жеткен киіз үйдін туырлықтарының екінші реттік қолданысқа енгендегі атауы. Қ. к. баспана түрлерін (*жаппа, күрке және т.б.*) жабын ретінде қолданылады. Сонымен бірге, Қ. к. шаруашылықта *қом, шом, жады, жазы*, суықта жабатын *жабу* (жүйрікке жабылатын кежім және атжабу ак киізден жасалады) сияқты әбзел, жабу түрлері жасалады.

Халық арасында мұндай Қ. к.-ді өртеп, оның күлін адамның және малдың денесіндегі түрлі жараларына жағып емдеген (**қ. Киіз**). Қ. к.-ді қазақтың дәстүрлі әдет-құқықтық заңында ел ішіндегі теріс қылық жасаған бұзақыларды және күйеуінің көзіне шөп салған әйелдерді бетіне күйе жағып, өгізге теріс мінгізіп, мойнына Қ. к. жауып маскаралау жазасына қолданған (**қ. Жазу; Мойнына құрым киіз**).

Әдеб.: *Омари Ж. Жарғының негізгі өзегі // Қазақтың ата заңдары. IX том. Алматы: Жеті жарғы, 2008. 206-252 бб; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.*

ҚҰРЫМДАУ – кәдеге жарататын теріні кара кошкыл түске бояу тәсілі. Әдетте, дәстүрлі ортада теріні бояу ісі XIX ғ.-да қазақ жеріне керуен жолдары арқылы келе бастаған Қ. етік т.с.с. кара кошкыл түске боялған заттарға ұқсатып бояу өріс ала бастады.

Саба, көнек, торсық сияқты т.б. ыдыстарды және тұрмыстық, шаруашылық бұйымдарды жасауға арналған терілер құрымдалады. Ол үшін су құйылған қазанға мұржадан алынған *күйе, ашудас* және *тұз* салып кайнатады. Қайнаған соң астындағы оты алынып суытылады. Суыған суға, түгі ұстарамен қырылған жылқы, сиыр терісін қазанға толық батырып салып қояды. Бояу сіңген тері қанық кара кошкыл түске боялып, ширығып шығады. Қазаннан алынған теріні біраз уақыт көленкеде сорғытып, кептіріп *саба, көнек, торсық, бүркіттің тамагасы* сияқты т.б. түрлі қалыпқа келтіріп, түгін ішіне қарата пішіп, тарамыспен жөрмеп немесе қайып тігеді. Ішіне құм толтырып түйгілеп, сыртына мүйіз бастырмамен түрлі өрнек салады. Осыдан соң дайын болған ыдыс немесе бұйымға ыстау жұмыстары жасалады (**қ. Тері; Тері оңдеу**).

Әдеб.: *Қасиманов С. Қазақ халқының колөнері. Алматы: Қазақстан, 1995; Шоқпарұлы Д., Дәркембайұлы Д. Қазақтың қолданбалы өнері. Алматы: Алматыкітап, 2007.*

ҚҰРЫШ – дайындалу тәсіліне байланысты ерекше құрылымымен, аса беріктігімен, иілгіштігімен және өзіндік өрнегімен ерекшеленетін болат; болаттың берік түрі. Асыл құрышты *болат* деп атаған. Халық жырларында «кылыш», «семсер» мағыналарында қолданылатын *ақ болат, көк болат* немесе *ақ балдақ, көк балдақ* тәрізді бейнелі атаулармен бірге *көк құрыш* деп айту кездеседі. Бұндай атауларды көркем шығармалардан да кездестіруге болады. Мысалы: Жәнібек өзінің он мың атты әскерін ерсілі-қарсылы дүбірлетіп, көк құрыш алдаспанын найзағайдай жарқылдатты (І.Есенберлин. Алмас қылыш).

Дәстүрлі ортада құрыш беріктіктің, асылдықтың символына айналып, ердің қайтпас қайсарлығын, өткірлігін бейнелеуде қолданылған. Құрышжан деген кісі есімі де мықты, алғыр, өткір болсын деген ырыммен қойылған. Өткір

тілді, шешен адамды сипаттау үшін халық поэзиясында *құрыш береннің* жүзінде тәрізді теңеу қалыптасқан (**қ. Болат**).

Әдеб.: *Қазақ совет энциклопедиясы. 7-том. Алматы: Қазақ совет энциклопедиясының бас редакциясы, 1975; ҚӘТС. 10-том. Алматы: Арыс, 2009; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.*

ҚҰС – денесін мамық жапқан, тұрқы әртүрлі, қанатқауырсынды, екі аяқты, тұмсықты, көбіне ұшып-қонып жүріп тіршілік ететін қанаттылар. Қазақтардың байырғы дәстүрлі түсінігі бойынша қанаттылар атаулы алдымен *тұз құстары* және *үй құстары* деп бөлінген. Үй құстарына, жұртшылыққа мәлім, *тауық, қаз, үйрек, күрке тауық* жатады (**қ. Үй құстары**). Қазақтар әуелден тұз құстарын олардың табиғи қасиетін, ортаға, жер жағдайына байланысты, тұрмыс-тіршілігіне орай танып біле отырып топтастырған. Қанаттылар жайында халықтың таным-түсінігін академик Ә.Х. Марғұлан біргірлікпен жинақтап, жүйелеп берген. Сөздік мақалада осы жүйе ұсталынды, сондай-ақ этнограф жазушы С.Бегалиннің саятшылық жөніндегі әңгімелеріндегі деректер де пайдаланылды. Халық түсінігінде тұз құстарын ең алдымен *тұяқты құстар* және *желбезін құстар* деп, екі топқа бөлінеді.



Құстар. ТС. 358 том (СПб., 1883) атты жинақтан

Тұяқты құстар дейтіні – бұл топтағы құстар жемін тұяғымен іліп, қорегін тұяғымен табады. Академик Ә.Марғұланның сипаттауы мен дерегі бойынша тұяқты құстардың өзін к е р е к с і з з а т т ы л а р және к ы - р а н қ ұ с т а р деп іштей екі тармаққа бөледі. Керексіз заттылар деп аталатын себебі бұлар жыртқыш құстар болғанмен, саятшылыққа жарамайды. Олардың еті жеуге, мамығы пайдалануға келмейтіндіктен, бейкерек құстар деп те атайтын көрінеді. Бейкерек құстарға немесе керексіз заттыларға қарақұстардан *көкжере, күшеген, балтақұс, сақалдақ, субүркіт, саңқылдақ, сарышағыл, саржала, жалмансары, бөктерге кезқұйрық, құладың, күйкентай, ақсары, ақүкі, жапалақ* т.б. жатады.

Тұяқты құстардың енді бір тобына, халық түсінігінде, к ы р а н қ ұ с т а р (**қ. Қыран құс**) жатады. Бұл топтағы

құстарға негізінен, саят құстары, немесе аушы құстар енеді. Қыран құстарды құсбегілер дене тұрқының ірілігіне, алатын «жеміне», алу әдісіне қарай *бүркіт* (қ. *Бүркіт*) *тектілер*, *сұңқар тектілер*, *қаршыға тектілер* деп іштей үш тармаққа бөледі.

Бүркіттер өзі ішінде Оралдың ақиығы, Алтайдың мұзбалағы, Алатаудың шөгелдері деп аталатын үш топқа бөлінеді. Қазак саятшылары олардың өзін әрі қарай таратып он екіге топтайды. Құсбегі аспанда ұшып келе жатқан бүркіт канатының қауырсын астын, құйрығының тарамын, балық жүнінің түріне қарап, қай текті қыран екенінін айырады. Мысалы, *Алтайдың ақиығы ма*, *Қалбаның қарагері ме*, *Қарағайдың қанды көз қызыл балағы ма*, әлде *Самырсынның сасқалақ сарысы ма?* – деп ажыратып отырады. Бүркіттердің бұлайша топтастырылуына олардың мекені негіз болады. Бүркіт-мекеншіл қыран. Ол жүздеген шақырымға тоят іздеп кеткенімен, өзінің тұрақты мекеніне оралып, сонда ұя салып, балапан өрбітеді (қ. *Бүркіт*).

Құсбегілер бүркітті жерге қар алғашқы түскеннен бастап ақпанның ортасына дейін салады. Алғашқы сонарға аунамай түлкінің тері жүні құлпырмайды, өңі келмейді. Ал ақпан айының орта шенінен бастап түлкі ұйыға бастайды да, жағымсыз иіс шығады. Бүркіт өте иісшіл болғандықтан бұл кезде жиіркеншектеніп түлкіге түспейді.



Бүркіт. ОМЭЭ – материалдарынан

Сұңқар тектілерге *ақсұңқар*, *лашын*, *ителгі*, *бөктері*, *күйкентай*, *тұрымтай*, *жағалтай* жатады. Бұлардың ішінде әсіресе лашын (қ. *Лашын*) өзінен әлде қайда үлкен *аққу*, *қазы*, *үйрек*, *дуадақ* т.б. құстарды алуға шебер болады. Сұңқар тектілер олжасын әуе кеңістігінде алатын болғандықтан, теуіп алады. Дуадақты сұңқар тектілердің бәрі ала бермейді. Кейбірінің денелері шағындау болып, *торғай*, *бөдене* тәрізді ұсақтау құстарды алады.

Қаршыға тектілерге *қаршыға*, *қырғи*, *тұйғын*, *тұнжыр мықи*, *шәулі*, *қырыққара* т.б. қырандар жатады. Әсіресе қаршыға (қ. *Қаршыға*) *тұйғын*, *қырғи* тәрізді қырандар *бөдене*, *қаз*, *үйрек* т.б. олжасын іліп, бүріп алуға икемді болады.



Қаршыға. Интернет материалдарынан

Қаршыға ұясын қарағай ішіне салады. Қаршығаның алатындары: *қоян*, *қаз*, *үйрек*, *дуадақ*, *қырғауыл*, *шіл* т.б. Ірі аңдарды ала алмайды, өйткені қаршығаның қарымы шағын.

Қаршығаны құсқа салатын кез-көктем. Құстың жылы жақтан қайтқан, жұмыртқа басуға отырмаған шағы және жыл құстарының жылы жаққа бет алған, балапандарының қатайып, толысқан кезі. Күзгі балапан ұшырған қаз ұяшыл да күшті болады. Олар тобын жазбай қаршығаны сабалап ұрып өлтіріп те кетеді дейді. Мысалы, атакты Көкжентет қаршығаны ұялы қаз сабалап өлтірген көрінеді. Ал қаз алуға кейбір кәнігі қаршығалар қаздың канатының астына кіріп кетіп, айла жасайды екен. Қаршыға қазға түскенде тұяғын бауырлықтан салып, жерге қарай тарта жөнеледі. Саятшыға керегі айдын көл, қалың қаз, қатты жел. Лашын тектілердің көпшілігі алғыш, егер бір ұмтылғанын ала алмаса, жемінің соңына түсіп қумайды. Олар қалайда бір ұмтылғаннан жемін іліп түседі. Ал қаршыға болса, керісінше, қашан ілгенше тепендеп қуа береді.



Дуадақ. ОМЭЭ – материалдарынан

Құсбегілер тұйғынды *мырза тұйғын* және *құл тұйғын* деп екі топқа бөледі. Мырза тұйғын ақ түсті көзі қара, мойны мен құйрығы ұзындау келеді. Ал құл тұйғынның түрі сұрғылт, арқа тұсы қоңыр-көкшіл, мойны мен құйрығы қысқарак, денесі жұмыр дембелше келеді. Мырза тұйғын мен құл тұйғынның мінезінде айтарлықтай ерекшелік бар. Мырза тұйғын канатына, шалғысына кан тисе, батпак тисе, бір үйрек немесе бір қаз алғаннан кейін құсқа беттемей таранып, кербезденіп отырып алады. Ал құл тұйғын кан



тисе де үйрек, қаздан қалмай батпаққа үсті былғанса да елемей, ілетін құсына ұша береді.

Қырғи – қыран құстың ұсағы. Көбіне *бөдене, торғай* алады, *тарғақ, бұлдырық* іледі.

Тәжірибелі саятшылар *қаз, үйрек* ілдіретін қырандарын әдетте сокқан желдің бағыт-бағдарына орайластырып салады. Құс салуға қолайлы желді олар *құс айырған құбидың желі* деп атаған (к. *Құс айырған құбидың желі*). Тәжірибелі саятшылар мен құсбегі (к. *Құсбегі*) *лашын, ителгі* тәрізді қырандарды, С.Мұқановтың айтуынша, киік, елік тәрізді қоңыр аңдарға түсуге баулу үшін олардың мүйіздерінің арасына жем беріп үйрететін көрінеді.

Желбезін құстар халық өзінің өмір тәжірибесіндегі танымына қарай, олардың тіршілік етуі мен табиғи ерекшелігіне орай 1) *су құстары*, 2) *қыр құстары* немесе *су* мен *қыр құстары* деп іштей екі тармаққа таратады.

С у қ ұ с т а р ы суда тіршілік етіп, жалбыз, балдыр, балдырған, қазоты т.б. шөптер орып күнелтеді. Бұлардың ішінде үйрек-қаздың еті мен мамығы аса жоғары бағаланады. Әсіресе жабайы қаз-үйректің еті *үй құстарына* қарағанда аса дәмді болады. *Қаз тойғанына емес, органына семіреді* дегендей етінің дәмді, мамығының жұмсақ, сапалы болуы олардың «орған» шөбімен байланысты дейді. Қаз-үйректің көл, өзен жағасындағы оратын, жайылатын көкалсындағы шөбін *мырық* деп атайды. *Мырық* мал үшін мүлде қуаты жоқ ақ отқа жатады (к. *Мырық*). Мырық өскен көкалсынға жас бұзауды ғана арқандап қояды. Әлсіз, әлжуаз адамды, әдетте, *мырқымбай* дейді. Мырық, мырқымбай – бір түбірден өрбіген сөздер.



Қалбағай. ОМЭЭ – материалдарынан

Қорегін судан да құрлықтан да аулайтын бейкерек құстың бірі – *қарабай*. Оның түсі мөлдір қара, денесінің үлкендігі қоңыр қаздай, тұрқы қаз-үйрекке ұқсас болады. Судан балық, ал құрлықтан бақа, шаян аулайды. Сондықтан еті дәмсіз болады.



Саралақаз. Интернет материалдарынан

Қыр мен суды бірдей жайлайтын бейкерек құстардың қатарына *сарала қаз* жатады. Өзге қанаттылардан сарала қаздың ерекшелігі – жұмыртқасын інге салады да бетін көміп қояды. Сарала қаз әдетте жұмыртқа басып отырмайды. Құмдауыт жердің ыстығы өтіп, жұмыртқа жарып балапан шығады. Қазақтар сарала қаздың етін жемейді. Қыр мен суда жүретін қаздың бір түрі – *маңқа қаз*. *Маңқа қаз* – дауысы маңқылдап шығатындықтан, осылай аталған. Маңқа қаз көбіне кесіртке, жылан аулап қоректенеді. Қазақтар, әдетінше маңқа қаздың етін дәмсіз деп жемейді.



Ұлар. ТС. 81 том (СПб., 1873) атты жинақтан

Алайда көл, өзен жағалаған желбезін құстардың *бірқазан, қалбағай (қалбай), аққұтан, көкқұтан, керқұтан, әуілдек, шағала* т.б. түрлерінің еті дәмсіз, мамығы сапалы болмайды. Себебі бұлар сүлік, шабақ, жауынқұрт (шыллаумен) т.б. құрт-құмырсқамен қоректенетін құстар деп, *керексіз заттылар* қатарына жатқызылады. Су мен құрлықта жүретін, жемін судан аулайтын құстардың бірі – *қалбай (қалбағай)*. Бұлай аталатын себебі қалбайдың тұмсығы қасықтай жалпақ, ал тұрқы, түрі көкқұтанға ұқсас болып келеді. Бейкерек құстардың бірі – *бірқазан*, қорегін судан аулайды, жемсауын балыққа толтырып алады.



Кекілік. ТС. 81 том (СПб., 1873) атты жинақтан

Ұсақ құстар немесе **торғайлар** тобына халық танымында *шөже торғай, суық торғай, молда торғай, пайыз торғай, бозторғай, бозша торғай, суаяқ торғай,*

майкөт торғай, наурызек, қараторғай, қарлығаш, шымшық тәрізді құстар жатқызылған. Бұлбұл, құмыр, сандуғаш, бозторғай т.б. сайрауық құстарды *әнші торғайлар* деп, ерекше атаған.



Дала бозторғай. Ковшарь А. Ф., Ковшарь В. А. Құстар. Мектеп энциклопедиясы (Алматы: Атамұра, 2010) атты еңбектен

Құстарға қатысты мифтік таным-түсініктер жүйесінде *бақ құсы*, *дәулет құсы* деген ұғым ерекше орын алады. Бірақ бақ құсы немесе дәулет құсы казак мифологиясында нақты бір құстың бейнесінде көрінбейді. Байырғы қазақтардың, сондай-ақ өзге халықтардың да мифтік дүниетанымында әлемнің жоғары әлем (көк), орта әлем (жер), төменгі әлем (жер асты) деп үшке бөлінетіні белгілі. Құстардың өзге жан иелерінен ерекшелігі – олардың жоғары әлем мен орта әлемді жалғастырушы, аралық қасиетке ие деген мифтік түсінікпен ұштасып жатады. Жаратқан иенің «бақ», «дәулет» тәрізді «сыйы» жер бетіндегі пенденің біріне *бақ құсы*, *дәулет құсы* болып қонады деп ұғынылған. Сондықтан *басына бақ құсы қонды*, *басына дәулет құсы қонды* дейді. Атақты Шал ақын өлең сөздің өрнегіне сала отырып, дәулет құсы деген түсініктің мазмұнын былай деп ашады:

*Тыңдасаң, жақсы кеңес құлақ құрышы,
Тәтті ұйқы, қалың төсек жанның тынышы.
Жүйрік ат, тұзу мылтық, сұлу қатын,
Мал мен перзент – адамның дәулет құсы.*

Құдайдың жіберген бақ, дәулетін ұстай алмаған адамды *басынан бақ, дәулеті* ұшты дейді. Этностың мәдени-тілдік санасында «бақ», «дәулет» тәрізді бейдерек (абстракті) ұғымдыр осылайша метафоралану тәсілімен «құстың» қонуы мен ұшуы түрінде репрезенттенді. Ел ішіндегі салтта жаңадан үйленген жігітке жеңгелері оның келіншегін бақ құсына меңзеп қондырған құсың құтты болсын деп ізгі тілегін білдіреді. Бұл – этнос санасында «келіншек» ұғымының *бақ құсы* деген түсінікпен байланысты метафоралануы болып табылады.

Байырғы қазақтардың этномәдени санасында жыл құстарының келуімен, қайтуымен байланысты қалыптасқан түсініктер де бар (қ. *Жыл құсы*). Мысалы, жыл құстары келіп жатқан, қайтып жатқан кезде баланы сүндетке отырғызбайды. Себебі пышақ тиген жер тез қарақотырланбай, ұзаққа созылып, *құс көті* болып кетеді дейді. Сондай-ақ жүйкесі әлсіз адамдардың, «жінішке» ауыруы (өкпе сырқаты) бар адамдардың сырқаты қозады деп, құс келгенде, құс кайтқанда оларды ерекше күтімге алады.

Ел ішінде киесі бар құстарға *бүркіт*, *үкі*, *аққу*, *қарлығаш* тәрізді т.б. қанаттыларды жатқызған.

Бүркіт қырық қырсықтың бетін қайтарады деп, байырғы түсінікте қырсық шалған адамды бүркіттің жанына отырғызған; босаиа алмай жатқан әйелді *Марту басты* деп, жанына бүркіт әкеліп қоятын болған (қ. *Бүркіт; Марту*).

Үкі жын-шайтанды, басқа да зияндастарды жолатпайды деп, баланың бесігіне үкінің тұяғын байлап қоятын салт болған. Қыздың тақиясына тағатын үкінің қауырсыны әуелде сәндік үшін емес, ырым-жоралғыға байланысты түсініктен туған. Ел ішіндегі әңгімеге карағанда үкілі қызыл тақия киген қызға шүйіліп келе жатқан *бүркіт*, *үкі* қауырсынын байқағанда, тайқып шығатын көрінеді.

Аққуды киелі құс, киесі ұрады деген түсінікке орай қазақтар оны атқызбаған, атуға тыйым салған. Ауруға, науқасқа аққудың өті шипа болады деген себеппен аққуды атып алатындай болса, немесе *қаршыға*, *лашынға* ілдіретін болса, мал бауыздап, дұға оқытатын болған (қ. *Аққу*).



Аққу. ОМЭЭ – материалдарынан

Ел ішінде кең тараған аңыздардың бірінде Төле би шаңырағына ұя салған қарлығаштың балапандары қанаттанып ұшып кеткенше тіккен үйін жықпай, жұртта жалғыз үй отыра берген көрінеді (қ. *Қарлығаш*). Содан атақты би Қарлығаш би атанып кеткен деседі. Бұдан қазақтардың қарлығашты киелі тұтып, қастерлегені байқалады. Нұх пайғамбардың кемесі туралы діни аңызбен байланысты қарлығаштың адамға жақтасқаны туралы миф көптеген халықта бар, осыған орай қарлығашты киелі санап, ұясын бұзуға, өлтіруге тыйым салған.

Құс ұясы – құстың жұмыртқа салып, балапан шығаратын орыны. Ұяны қай жерге салатыны құстарда әртүрлі болады. *Балшықиы*, *бозторғай*, *саршымытық* жерді шұқырлап, жұқа төсенішті ұя салады. Құстардың көбінің ұясы ағаш басында болады. Осылардың ішінде *құрқылтай* ұясының құрылысы күрделі сопақша келген қолғап пішіндес болады, бұтақта салбырап «жінке» ілінгендей болып тұрады. Жел дауыл ұшырып әкетпейді (қ. *Құрқылтай*).

Көптеген құс ұясын ағаштың қуысына, ал *тоқылдақтар* тұмсығымен ағашты тесіп ұя жасаса, *қарлығаш* ұясын сілемеймен шөпті біріктіріп жарқабаққа, қораның төбесін жапқан ағаштарға жапсырмалата салады. Италақаз



жұмыртқасын інге көмеді. Бәбісек жұмыртқасын қордалы жерге салады, ал көкек жұмыртқасын еркегі жеп қоймас үшін басқа құстың ұясына бастырады (**қ. Көкек**). *Тазтырна* ұясын камыстан жасап, суда қалқып жүретіндей етіп салады. Бүркіт ұясын адам аяғы жетпейтін қия жартасқа, ал шәулі қырандар ұяларын көбінесе биік ағаштың басына салады (**қ. Қыран құс**). *Бүркіт* тәрізді кейбір ірі құстар бір ұяны бірнеше жыл, ал көптеген құс ұяны көбею кезінде ғана пайдаланады.

Құстар ұясын асқан баппен, әдемілеп, жылылап салатындықтан, халық тілінде «үй-жайы ұядай» деген тұрақты теңеу қалыптасқан. Құстың ұясын бұзғанды жаман ырымға санап, жасы үлкендер балаларды сақтандырып отырады.

Құс ұяларының ішінде құркылтайдың, үй қарлығашының, жар қарлығашының тастап кеткен, бұзылған ұялары, халық емшілерінің айтуынша, кейбір ауру-сырқауға ем көрінеді. Дала уалаятында (1888-1894) Ежелгі қытай жұртында қарлығаштың теңіз жағалауында дауыл бұзған, толқын шайған ұялары көптеп кездесетіні, ал оны сол жердің тұрғындары тағамдық зат ретінде пайдаланғаны айтылады.

Мақдұқат әлемін *жүгірген аң, ұшқан құс* деп, таптастыра отырып, халық өзінің ұзақ жылдық өмір тәжірибесінде құстар туралы өзіндік танымы мен пайымы қалыптастырылған. Қанаттыларды тіршілігі мен табиғи ерекшеліктеріне, адами тұрмыс тіршілігіне керектілігі мен бейкеректілігіне қарай жүйелеген.

Әдеб.: *Сатылғанов Ж.* «Қауырсын» – табиғат достарының клубы. Алматы: Қайнар, 1985; Қытайдың қарлығаштың ұясы туралы бұрынғыдан қалған сөзі // Дала уалаятының газеті. Әдеби нұсқалар. 1888-1894. Құраст. Ү.Субханбердина. Алматы: Ғылым, 1989. 166-167-бб; *Қасыманов С.* Алтай аңыздары. Алматы: Жазушы, 1995; *Марғұлан Ә.Х.* Саят құстары және олардың және олардың жаратылыстағы ерекшеліктері // ЕК. 2006, 22 наурыз; *Марғұлан Ә.Х.* Таңдамалы. 2-т. Алматы: Алатау, 2007; *Бегалин С.* Әңгімелер. Көптомдық шығармалар жинағы: 3-т. Алматы: Балалар әдебиеті, 2008; *Ковшарь А.Ф., Ковшарь В.А.* Құстар. Мектеп энциклопедиясы («Қазақстан жануарлары» сериясы). Алматы: Атамұра, 2010; *Уәли Н.* Бұрынғыдан қалған сөз (қолжазба); ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰС АЙЫРҒАН ҚҰБИДЫҢ ЖЕЛІ – қара күзде соғатын желдің саятшылар тіліндегі атауы, қазанның қара дауылы. Құс айырған құбидың желі қазан айында болады. Бүркіт текті қырандардың балапандары қанат қатайып, өз бетімен жемін алып жеуге машықтанып, азықтана алады. Сол күзгі жел соққанда жыл құстары терістіктің суығынан түстіктің жылылау жағына қарай қоныс аудара бастайды. Қоныр аң, су құстары да жылы жаққа ойысады. Солардың соңынан аушы құстар да жылыстап жол тартады.

Қара күзде қаз-үйрек тәрізді құстардың еті таралып, жазғы балапан құстың қанат-қауырсындары қатайып, бүтінделеді. Осы кезде саятшылар лашын, қаршыға тәрізді қырандарын баптап, қайырып құсқа салуға әзірлейді. Көл жағалаған саятшы алдымен желдің бағытын аңдап, желдің ұйтқи соққан сәтінде дауылпазын даңырлатып, көлден қазды үркітеді. Ат бауырлата шауып келе жатып, көлден көтеріле ұшқан қазға қарай қолындағы қаршығасын атып кеп жібереді. Қазға тұяғымен әп-сәтте жабыса түскен қаршыға қазды желдің ығына қарай тарта жөнеледі ал

қаршығамен арпалысқан қаз желге қарсы ұша алмай, қаршығаның ырқында кете барады. Этнограф жазушы С.Бегалиннің айтуынша саятшылықта қолданылатын қаршыға салудың бұл әдісін құс салушылар «түйе тіркеу» деп атайтын көрінеді.

Әдеб.: *Бегалин С.* Әңгімелер. Көптомдық шығармалар жинағы. 3-т. Алматы: Балалар әдебиеті, 2008; *Уәли Н.* Бұрынғыдан қалған сөз (қолжазба); ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰС БИІ / ҚҰСБЕГІ-ДАБЫЛПАЗ – құсбегілікті бейнелейтін халық биі. Саятшылық қазақ тұрмысында салтанат құрудың, демалып, көңіл көтерудің ерекше бір түріне саналғандықтан той-мерекелерде аңшылар мен бүркіт қимылын салған билер көп орындалатын (**қ. Би²**). Аталмыш би саятшылардың бала бүркітті баулуын бейнелейді. Бір қолына бүркіт немесе сұңқар ұстап, келесі қолымен жем беруі және ұшыруы сияқты қимылдар жасаған. Сондай-ақ, келесі қолына дауылпаз ұстай жүріп, құсты ұшырған соң дабыл қағып, көл құсын үркітіп «*қыран жапқан*» сияқты қимылдарды бейнелей билеген. Мұндағы дабыл құсты қолға үйрету барысында да, құспен аң аулау кезінде де қолданылатын құрал. Мысалы, құсты қолға үйретуде әбден титықтатып шаршату үшін дабыл қағып, ұйықтатпаса, кейін аңға салу кезінде «қызыл», яғни, ет көрсетіп дабыл қағып іліп түсуге, шүйілуге баулиды. Осы тәсілді «дабылдатып қызылмен баулу» деп атайды. Билеу кезінде «қызыл» ретінде қызыл шүберек пайдаланған екен. Бидің «құсбегі-дабылпаз» деп аталуы да осы тәсілге байланысты болса керек (**қ. Бүркіт биі**).



Құсбегі биі. Абиров Д., Исмайлов А. Казахские народные танцы (Алматы: КГИХЛ, 1961) атты еңбектен алынды

XX ғ. бас кезінде ақын Доскей Әлімбаев, биші Дүйсенбек Жанақов және құсбегі Көдебек сияқты адамдардың орындауындағы осы би үлгілерін өнер зерттеушілері көріп белгілеп алған екен. Осы негізде 1940 ж. А.Ысмайылов қазақтың эн-би ансамбліне бейімдеп сахнада қойды.

Әдеб.: *Абиров Д., Исмайлов А.* Казахские народные танцы. Алматы: КГИХЛ, 1961; *Джусулумбетова Т.А.* Танцы народов Средней Азии и Казахстана. Алматы, 1967. ҚСЭ.VII. Алматы, 1975. 66-б; ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.



ҚҰС ЖАСТЫҚ – құстың мамық жүнінен жасалған жастық. Қ.ж.-қа қаз, үйрек сияқты су құстарының және тауықтың жүні пайдаланылады. Әдетте, дәстүрлі қазақы ортада қол жетімділігіне байланысты жастыққа – кой, ешкінің жүнін көптеп пайдаланған. Сыртынан тоқыма өрмегінің көмегімен түрлі ою-өрнек тере тоқылған матамен немесе талдырма киізбен және жібек, мақпал, сәтен сияқты кестеленген матамен тыстаған.



Құс жастық. ОМЭЭ – материалдарынан

Құстың мамығын пайдалану отырықшылықпен айналысып, қолға үй құстарын өсіре бастаған ХХ ғ.-дың басынан басталады. Бұл жайында ХІХ ғасырда Торғай облысы қазақтарының тұрмысын зерттеген Б.Д. Дауылбаев былай деп жазды: «бай қазақтардың өзінде құс жүні салынған жастық болмаған, киізбен қапталып, өрнектелген, жүн салынған жер жастық болды». Яғни, ХІХ ғ. аяғына дейін Қ. ж. көп таралмағанға ұқсайды. Оның бір себебі, Қ. ж. жастану бас ауруды туындатады және қан қысымын көтереді деген түсінікке байланысты болуы мүмкін.

Әдеб.: Дауылбаев Б.Д. Рассказ о жизни киргиз Николаевского уезда Тургайской области с 1830 по 1880 г // ЗООИРГО. Оренбург, 1881; КР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰС ҚАЙЫРУ – қолға үйретіліп аң іліп жүрген қыран құсты алдағы аңшылық маусымға арнайы дайындау, аң ілуге лайықты күйге келтіру шарасы. Аңшылық маусымнан кейін түлекке отырғызылған қыран толық жетілген кезде Қ.к.-ға кіріседі. Түлекке ұдайы қансоқта жеп, қимыл-қозғалысы азайған қыран семіреді, мінез-құлқы өзгереді, яғни зорлықшыл, тағы болып кетеді (қ. *Түлек; Қансоқта*). Қ.к.-дағы басты шарт қыранға құнарсыз етіп өндеген жемді шектеп береді, керісінше қимыл-қозғалысын көбейте түседі. Қ.к. барысында күн сайын «жаттығу» жасау арқылы аң ілетін әдетін қайта жандандырады, сөйтін *етін қатырып*, біртіндеп аң алатындай күйге түсіреді.

Қазақ құсбегілері қыранды «қайыру» барысында құстың мінез-құлқы, физиологиялық және биологиялық ерекшеліктері және аң ілгіштігі сияқты ерекшеліктерін ескере отырып, әр құстың өзіне лайықталған қайыру шарасын жүргізеді. Шәулі қырандар жаздың ортасында қайырылады. Ал бүркіт жаздың соңынан бастап қайырыла бастайды (қ. *Қыран*).

Қ.к. барысында иесі қыранмен күніге ұзақ айналысады: балақбау тағып, томаға кигізілген (ол шәулі қырандардың кейбіріне кигізілмейді) қыран салқын жерде ұсталады.

Құсбегі қыранды қолға ұзағырақ сылап-сипап, ауыл маңына алып жүреді. Қайыру басталған кезде семіз құс аузын ашып ырсылдай беретіндіктен құсбегілер оның іші «қызып кетпес» үшін канатының астына және жотасына октын-октын суық су бүркіп отырады. Берілетін жемнің құнарын да, мөлшерін де біртіндеп азайтады: етті суға салып майы мен қан-сөлін арылтып, бозартып береді.



Күзгесалым бүркітті қайыру барысында құсты қолға алып төбелерге шығады. ОМЭЭ – материалдарынан

Кәнігі құсбегілердің айтуына қарағанда, қыранды біртіндеп арықтатса, оның қауырсын түбі мен үлпершегінде май қалмай біркелкі ариды. Жемнің құнарсыз, әрі шектеулі берілуіне байланысты қыранның іші мен бұлшық еттері де артық майдан арылады деп есептейді. Бұл шараны *етін қатыру* деп атайды. Етін қатыру баппен жасалса, қыран саят кезінде «ет сақтайды», яғни саят маусымының соңынан дейін болдырып-шаршамай аң-құс іле алады (қ. *Саят*).



Құс қайырушы жазіт. Қарқаралы өңірі. Fell E. Nelson. Russian and Nomad. Tales of the Kirghiz Steppes (London: Duckworth & Co, 1916) атты еңбектен

Қ.к. барысында жасалатын басты шаралардың бірі – қоя салу. Ол қыранның ішін түлек кезінде жеммен бірге түскен алуан түрлі қыл-қыбыр мен бөгде заттардан арылтады. Қояны ағаш, сүйек, шөп, күйдірілген мүйіз, тіптен киізден де дайындайды (қ. *Қоя; Қояба*). Қоя тастарда құс иықтары



комдап, мойынын созып талпына береді. Қоя түсі өзгермей түссе, қыранның іші тазарды деп санайды. Ал, қоя сарғайып немесе көгеріп кеткендігі байқалса, қыран ішінің әлі де таза еместігінің көрсеткіші. Ондайда қояны қайталап салады. Егер қыран бабына келмесе көмейіне *түтік* жүгіртіп, семіз құстардың *ішін шаю*, *саңғыту* шарасын қоса жүргізеді (**к. Түтік**).

Шәулі қырандарды қайыруға небәрі жарты айдай ғана уақыт қажет. Қайыру кезінде оларды қолда көбірек ұстап жүреді, ду-дыбырға үйірсек еткен соң 2-3 күннен кейін қоя салады. Қояға көбінесе қоянның сыдырылып жуылған табан терісін жұтқызады (**к. Қоя**). Түскен қоя көкшіл немесе сырғыш түске енсе, құстың бапқа келе бастағаны деп есептейді. Осы кезден бастап суға екі-үш мәрте жуылып, сөлінен арылған *сары бөртпе* деп аталатын жемді (етті) береді. Шамамен 7-10 күн өткен соң *ақжем* береді және кант араластырған сусын беріп отырады.

Қ. к.-да бапты анықтаудың тағы бір жолы қыранның реакциясына назар аудару: томаға тартқанда әрбір жәндікке тесіле қараса, қыранның бабына дұрыс келе жатқандығы. Ал қыранның *тарану* (яғни, тұмсығымен жүн қауырсындарды реттеу), *сілкінуі*, *қагілез сергектік* танытуы қайырудың дұрыс жүріліп жатқандығының көрсеткіші деп саналады. Құс жабырқаулы күй танытса немесе сілкінген кезде сылбыр қозғалса – қайыруда ақау бар екендігі.

Қайыру мен баптау кезінде қыранның *саңғырығын* байқап көреді: егер оның түсі сұрғылт немесе қошқыл болса, баптың әлі де болса келіспегені дейді. Саңғырығы ағарып тазаланса, әрі сипап көргенде құстың төс сүйегінің қыры біліпсе, сондай-ақ теріні сипағанда қауырсынның бастары білініп тұрса толық қайырылғаны дейді.

Еті қатып, саңғырығы ақ түске енген кезін құсбегілер тілінде «*құс талпынды*» деп атайды. Осы кезде аң-құсқа салып тексерін көреді. Мұндайда, қыран қолдан ұшқан кезде канаты сөлбеңдеп, абдырап ұшса, немесе түскен аңын әлі жетпей айырылып қалса, оның еті ояз, арық екендігінің көрсеткіші. Мұндайда бабын табу үшін аз-аздан қызыл жем берін «күйлендіреді», яғни семіртеді.

Қайырылған қыран аңшылық маусым жақындаған сайын бабы арта түсіп, нағыз толық бабына келуін, «зар күйіне» енді деп атайды. Қыранның қырағылығы артып, физикалық жағынан жараған күйін білдіреді. Қыранның күйі аңға салғанда айқындалады.

Әдеб.: *Altasy György. Vándorutóm Azsia szívebe. Budapest, 1903; Орлов В. Сары бие // ТВ. 1906, №137; Бегалин С. Саятшы әнгімелері. Алматы: Жазушы, 1979; Мұқанов С. Халық мұрасы. Тарихи-этнографиялық шолу. Таңдамалы шығармалар. XV том. Алматы: Жазушы, 1979; Бабалықов Ж., Тұрдыбаев А. Қырандар. Алматы: Қайнар, 1983; Юсупов М. Табиғат тағылымы. Алматы: Қайнар, 1986; Сауыржанұлы Т. Құсбегілік. Өлгий, 1990; Марғұлан Ә. Саят құстары // Таңдамалы. 2-том. Алматы: Алатау, 2007; ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.*

ҚҰС САЛУ – дәстүрлі аңшылықтың байырғы кең тараған түрі, қолға үйретілген қыран құстармен аң-құс аулау өнері (**к. Қыран құс / Қыран тектілер / Қыран заттылар**). Құс салу өнері қазақ арасында кең тарағанымен, негізінен оның кәсіптік сипаты басымырақ болды. Отаршылдықтың

күшейіп, жер қатынастары мәселелері күрделене түскен кезден Қ.с.-дың өресі тарыла бастады.



Қолбала қыранды таңертең-кешке ауыл маңына алып жүріп, мал мен адамға үйір етеді. ОМЭЭ – материалдарынан

Қ. с. өнерінде аң-құсқа салатын қыранның сипатына қарай негізінен екі түрге бөледі: *біріншісі* – аңды жерде бүріп ұстайтын бүркіт тектестермен аң алу. Қазақ арасында ондай құстарды *аушы құстар*, онымен аң алуды *аушылық* деп атайды (**к. Бүркіт**). *Екіншісі* бүркіттен басқа шәулі құстармен аулау. Олармен негізінен құстарды салады және басты ерекшелігі олар олжасын ауада іледі. Оны құсбегілер *саят құстары* деп те атайды. Шәулі қырандармен аңға шығуды *саят құру* немесе *саятшылық* деп атау орныққан (**к. Қыран құстар; Саят**). Шәулі қырандармен көбінесе *аққу*, *қоңыр қаз*, *үйрек*, *ұлар*, *бұлдырақ*, *шіл*, *кекілік*, *құр* және *қоян* сияқты еті ала аң-құстарды аулап, кәсіп еткен. Сондай-ақ *дуадақ*, *шіл*, *ұлар*, *безгелдік*, *жорға дуадақ*, *шыңырау*, *тарғақ*, *бөдене* және *бұлдырық* сияқты қыр құстары үлкен олжа орнында жүрген. Қ.с. жолымен алған жақсы терілер тарту немесе сый-кәдеге тартылған.

Қ. с. кейбір әлеуметтік жік өкілдері үшін саят сейілсеруен құрып, көңіл көтерудің тамаша жолына саналады. Олар үшін бапталған қыранның көкте самғап, аңға түсуін тамашалау жанға рахат сыйлайтын көрініс. Құсбегілік өнерін өздері білмейтін байлар сән-салтанатын көрсету, елге беделін арттыру мақсатында өзінің маңына *құсбегі* мен *құсшыларды* ұстаған (**к. Құсбегі; Құсшы**).

Жаугершілік, аштық, жұт жылдары алғыр қырандар дүйім елді «*асырағаны*» туралы әнгімелер көп. Аң-құстың етімен өзінің күн көрісін айыратын кедейлер де, аң олжасын сатып табыс тапқандар да болған.

Қ.с. машақаты көп, құстың жайын жан-жақты, әрі жете білуді талап ететін күрделі іс. Ұлы Абай Қ.с.-ды пәни дүниедегі «*ешкімге зияны жоқ*» қызық іс десе, М.Әуезов *адамды ақындық күйге жеткізетін, шабыт сыйлайтын өнер* ретінде бағалайды (**к. Саят; Сонар**). Көшпелі ортада Қ.с. ер жігіттің сәнінің бірі (жүйрік ат, қыран бүркіт, алғыр тазы), яғни қоғамдық беделінің көрсеткішіне саналған.



Қ. с.-дың негізгі мәнді тұстары мынадай :

- қыран құсты қолға түсіру;
- жуасытып, көндіктіру және қолға үйрету;
- тұз құсын қолға шақырып үйрету;
- ұядан алғандарын *шырғаға* (немесе далбай, кепке) түсіріп, аң алуға баули бастау;
- қозғалысы шектелген аң құс салу. Оның бірнеше түр бар: аңға салуды *тірлеу*, ал қанаты зақымдалған құсты ілуге үйретуді *есірік бастыру* деп атайды;
- әбден баулып үйретілген қыранды аңшылық маусым басталғанда, алғаш аңға салады, яғни «*бау ашу*»;
- саятқа немесе сонарға шығу;
- аңшылық маусымы аяқталағн соң түлекке отырғызып қайтадан жетілдіреді (**қ.Түлек**);
- қыранды келесі аңшылық маусымға дайындау немесе құсты қайыру (**қ. Құсты қайыру**)

Қыран құсты қолға түсіру. Оның екі түрі бар: бірі – *балапанды ұстау*. Балапан кезінде қолға түсіріліп баулыған құсты *қолбала қыран* деп атайды. Қолға түсірудің екінші тәсілі – аң іліп жүрген ересек қыранды қолға түсіру. Оны *тұз құсы* деп атайды.

Бірінші тәсіл бойынша балапанды ұядан ғана алады. Ол қыранның ұя салуына байланысты болады. Қыранның ұя салуында өзіндік ерекшеліктері бар: мысалы, көбінесе, *сұңқар* ұяны биік, суық аңғарға, *ителгілер* жайдақ текше тасқа, *бүркіт* таудың қия жартасына немесе шыңға, шәулі қырандар биік өскен ағаштың ұшар басына салады. Шөлейт жерде Қ. ұясын сексеуілдің бұтағына немесе биік жарқабақтарға салады (**қ. Ұя салу**). Тұйғын мен жағалтай ұяларын көбіне биік өскен ағаштың дініне салады. Қазақ құсбегілерінің пайымдауынша, қыранның алғырлары ұясын адам аяғы жете бермейтін қияға салады.



Ұядағы темірқанат күйге жеткен бүркіт балапандары. ОМЭЭ – материалдарынан

Ұядан балапан алу үшін құсбегілер құстың мекенін, яғни *құсқонағын* жіті бақылайды. Қыранның аталығы мен ұябасарының жұптасуы (оны *күйойнақ* деп атайды), ұяға жем тасуы, құстың ұшуы сияқты жайттарды алыстан бақылап жүреді. Қыран асыл текті құс болғандықтан көп өсіп-өнбейді, бір-екі ғана жұмыртқа салады. Балапан *ақұрпек*, онан *темірқанат* деп аталатын күйге жетті-ау деген кезде дауысын тыңдап көреді. Ұшуға талпынғанда ұядан балапанды алуға кіріседі.



Құлама құздағы ұядан балапан алу. ҚР МММ материалдары бойынша суретті салған Б.Досымов

Ұядан балапан алудың тәсілі көп: ұяға арқан байлап түсу, балапанды ұшырып алу, ұзын құрықпен мойынанан іліп алу, мүлгіп отырған балапанды шырақ жағып ұстау және т.б. Жартас құздарына салған ұяға түсу үшін оның бас жағынан ұзын арқанмен салбырап түседі. Арқанның бір ұшы ұяға түсетін адамның белінен байланады, екінші ұшы көмекшілерде болады. Кейде адам жаракаттанбас үшін оны киіз үйдің керегесіне таңып, қолына сырық ұстатады. Сырықпен қыран шабуылдаса қорғанады, әрі арқан айналып шиырығы жазылып кетпес үшін маңайындағы тасқа тіреуге (өйткені үзіліп кетуі мүмкін) пайдаланады. Сырғып ұяға жеткен адам балапанды *құндақтап* бөлеп алған соң көмекшілері оны арқанмен кері қарай тартып алады (**қ. Құндақ** ^{2/} **Құс құндағы**).

Ұядан алған балапанды баулуы оңай болғанмен, кейін оның аң ілгіштігі кемшін болады.

Тұз құсын қолға түсіру оңай емес. Бірақ, бүркітті қолға түсіру шәулі қырандарға қарағанда жеңілдеу. Ал шәулі қырандарды, көбінесе, *тор құру* тәсілімен ұстайды. Оған көздері тарлау етіп тоқылған ұзындығы 7 құлашқа жететін тор пайдаланылады. Оншақты тал шыбықты бастау етін, жерге қадаған соң оған торды айналдыра жабады. Сөйтін биіктеу етін құрылған тордың ортасына ағаш қазық қағып, оған ортасы тесілген айналып тұратын ағаш қадайды. Оның бір жағына үстіне қоянның кебін, екінші жағына «тіріні» байлайды. Тірі дегеніміз алдына ала ұстап алған құс немесе қоян. Оған көбінесе, қарға, кекілік, сауысқан, кейде түлкінің



күшігін де байлайды. Тор құрылған соң адам ізін жусанмен сыпырып тазалап арылтады.

Тірі (қарға) кептегі етті жұлқылап жеуге әрекет жасағанда тетік айналады. Алыстан қарға қоянмен жағаласып жүрген тәрізді көрінеді. Сөйтіп, қос олжаны қатар ілмекке бет қойған қыран құрылған торға ілініп аспақталып қалады. Торға шырмалаған құсты қанат-құйрығын сындырмай еппен шығарып алады (к. *Тор құру*).



Қыран құсты тор құрып қолға түсіру. Тордың ішіндегі айналмалы қаданың бір ұшына «тірі» сауысқан, екінші ұшына түлкі терісі байланған. Алматы обл, Сөгеті ауылы. ОМЭЭ – материалдарынан

Ал, түз бүркітін қолға түсіру шәулі қырандарға қарағанда оңайырақ бірнеше тәсілі бар: *тояттатып қуып ұстау*, *қақпанмен немесе тұзақпен ұстау*, *жемтұзақпен ұстау*, *сусоқты болып суга малышынған құсты қуып ұстау*, *жаба тоқып ұстау* және т.б. Шөлейт және жазық жерлерде бүркітті *жаба* деп аталатын талдан тоқылған шарбақ шатырша құрып ұстайды (к. *Жаба*). Кең таралған тәсілі бүркіт аң олжасын жеп «тояттағаннан» кейін шамамен сүт пісірім уақыт өткен соң ұшқыр атпен қуып, үстіне шапан лақтырып, қолға түсіреді (к. *Тояттатып ұстау*).

Дәстүрлі түсінікте қыранды қолға түсіру, тәпті оны үйге әкелу екінің біріне бұйыра бермейтін «бақ» деп саналады. Өйткені, қыран құс тәңірдің елшісі, онан жын-шайтан, пәле-жала қашады, құт пен береке әкелетін жақсы нышанға балайды (к. *Құт*).

Түз құсын жуасыту. Қазақ құсбегілерінің пайымдауынша, түз құсын үйрету аса қиын, сабырлылық пен тәуекелді қажет ететін іс. Әуелі қыранның аяқтарын қайыспен тұсап байлап, көнге аунатып, сабынды сумен жуып *құстың түздік иісін кетіреді*. Онан кейін адамға үйір етін, қолға көндіктіру үшін бастау керілген арқанға аяғынан байлап отырғызып қояды. Ол құрылғы *ырғаққа* немесе *селкілдек* деп атайды (к. *Ырғаққа отырғызу*). Оған қыран тиянақтап отыра алмай шаршайды. Сонымен бірге, құсты көндіктіру үшін ауыл адамдары түз қыраны тұрған үйге жиналып, түннің бір уағына дейін ән-күй айтып отырады. Бұл салтты *құстың ұйқысын алдыру* деп атайды. Сөйтіп, ары кетсе 3-4 күн өткенде ырғақта селкілдеп, түнде ұйықтамаған асау құс мең-зең болып қалжырап құсбегінің

ырқына көнеді. Сонан кейін қыранға аяқбау тағып, басына томаға (кейбір шәулі қырандарға томаға кигізілмейді) кигізіп тұғырға қондырады (к. *Аяқбау; Томаға; Тұғыр*).

Шәулі қырандарды баулуда оның көзінің терісінің астыңғы жағын жылқының қылымен жоғары көтерін, желкесіндегі шудасына байлап тастайтын ерекше бір амал бар.



Қыранды жуасыту үшін көзінен қыл өткізіп байлау. ОМЭЭ – материалдарынан

Қыран адам тосырқамайтын, денесіне тигенде шошынып, тітіркенбейтіндей қалге жеткенде әлгі жіпті қиып, көзін ашады. Мұнан кейін *саптыаяқтан* жем жегенге үйретеді. Күн ара қоя салып, аузына тұзды су бүркіп ішін тазалайды (к. *Қоя салу*). *Аяқбауына* қоңырау тағып, оны сілкілеп, аяғы байлаулы, яғни ерікті емес екендігіне біртіндеп мойынсұндырады.

Қолбаланы баулу. Ұядан алған балапанды баулудың өзіндік ерекшеліктері бар. Балапанды бір-екі айдай етпен жемдеп, қанаты қатайған соң *аяқбау* тағып, баулуды бастайды. Оған түз құсына жасалатын (*ырғаққа отырғызу*, *көзін тігу*, *ұйқысын алу* және т.б. сияқты) шаралардың қажеті жоқ. Ең бастысы қолбаланы аң-құсты ілуге баулиды.

Шақыру мен шырғаға үйрету. Қолдан жем беруге үйренген соң *шақыруға үйрету* тәсіліне көшеді. Ол былай жасалады: құсбегіге бауыр басқан құстың аяқбауына ұзын (жүздеген құлаш) арқан тағып қояды да, құсбегі өзі онан алысырақ барып, *биялайдың* алақанына бір кесек етті (оны *қызыл* деп атайды) ұстап, «кә-кә» деп дауыстап шақырады.



Баулыған қыранды шақырған кезде қолға келіп қонуға үйрету. ОМЭЭ – материалдарынан



Бұл шарада алдымен жаяу адамның сонан атты адамның қолына келіп конуға баулиды. Ондайда қыранның ұшып келетін қашықтығын біртіндеп алыстата береді. Сөйтіп, шақыруға үйренген соң қыранды үй маңындағы малдарға үйірсек етуге, соңынан атты адамның қолына алып жүруге үйретеді.

Қолбала құс шақыруға үйренген соң аңға түсуге баулуға көшеді. Оған анның жасанды бейнесі – *шырға, кеп* немесе *далбайдың* бірі пайдаланылады. Қыранды дәнкірту үшін аталған жасанды бейнеге бір түйір ет жапсырып қояды. Ұзын арқан тағып, сүйреткен кезде шырға ұмтылған құсқа оңайлықпен іліндірмес үшін жіпті оңды-солды іркіп, «ойнатады» (қ. *Шырға тарту*). Бұл қолбалаға аң ілуге қажетті айла мен дағды қалыптастыруға септігін тигізеді.

Уақыт өте келе тірі аңға салады: аяғы тұсалған қоян, аузы байланған түлкі немесе қасқырға салады. Оны *тірілеу* деп атайлы. Шәулі қолбаланы «тірілеуде» жардың астынан лақтырылған қанаты зақымдалған үйректі қақшып алуға үйретеді. Бұл тәсілді *есірік бастыру* деп атайды. Осы кезде дәнкірту үшін *тоят* деп аталатын кесек ет береді. Шырға тарту мен тірілеуді түз құсына жасау артық деп саналады (қ. *Тірілеу*). Тірілеу кезінде саят пен сонарда жаракат алса, көбінің жүрегі шайлығып, аң ілгіш қабілеті кеміп кетеді.

Осылайша, біртіндеп баулыған соң шыжым арқансыз тек қана балақбаумен ұшыруға көшеді. Ондайда құс қашып кетпес үшін *сүзу* деп аталатын тәсілді қолданады: қыранның екі қанаттың астына жіңішке «сүзу» *жіп* өткізіп алып, құйрықтың түп жағына айқастыра тұйықтап байлап қойса, қанатын еркін қаға алмайтындықтан құс алысқа ұшып кете алмайды. Сөйтіп толық үйретіліп бапталған қыран саят маусымында аңға салынады.



Қаршыға ұстаған құсбегі. Ұлы Петр атындағы антропология және этнография музейі (Кунсткамера) қорынан (1199-45)

Аңшылық аяқталған соң түлетіп семірткен соң қайта баптап күйін келтіреді (қ. *Құс қайыру*). Құс салу, таптау және оны қайырудың қатып қалған ережесі жоқ. Ол құстың жаратылысы мен мінез-құлығы, физиологиялық ерекшелігіне байланысты әрқалай болады. Әсіресе құстың табиғаты мінезі, аң ілгіштігі сияқты алуан факторлар

ескерілетін күрделі іс. Аңға салып көргенде кемшіліктер байқалса оны «түзету» мініскер құсбегілердің ғана қолынан келеді.

Аңшылық маусым аяқталған қыран жетіліп тынығу үшін түлекке отырғызады. Су жағасында екі тегеуірінінен айналсоқ тағып арқандаған қыранға ұдайы қансоқта (жас ет) үзбей беріп тұрады (қ. *Қансоқта*). Ж.Бабалықұлы мен А.Тұрдыбаевтың мәліметіне қарағанда, қырандар *қауырсын жүндерін* жыл сайын, ал *шалғы, қанат қауырсындарын* екі-үш жылда бір рет алмастырып отырады (қ. *Түлек*).

Шәулі қырандардың ішінде лашын мен ителгіні үнемі томағалап ұстайды. Саятка аттанар алдында қыранның жемсауын салқын сумен жуса, оның қырағылығы арта түседі.



Саятшылар. Суретші Есенғали Садырбаев

Шәулі қырандарды өзен-су, қақ, бидайық сияқты су құстары көп жерлерге салады. Лашын мен қаршыға тектестерді салуға *қолайлы мезет* – таңның атуы мен күннің көтерілуінің, сондай-ақ кешке қарай күннің еңкеюі мен бағуының арасы. «Құс салып, айдын көлді дабылдаттым» деген үкілі Ыбырайдың әніндегі жолдар сулы, шалшықты жерлерге таяған аңшы дабылын қағып, қамшысының сағырлатып тасадағы құстарды үркітуін бейнелесе керек. Дабыл дауысы *желбесін* құстарды састырып, қозғалысын тежеуге көмектеседі. Реті болса, *лашыннан* басқа шәулі қырандарды олжасына мейлінше жақын жерден жібереді.



Саят кезінде дамылдаған құсбегілер. Суретші Н.Н. Карзин



Үріккен құс топтанып ұшқанда жоны мен бауырынан қапсыра ұстаған құсбегі қолындағы қыранды сермей лақтырады. *Мүскектеп салу* деп аталатын бұл амал қыранның тез екпіндеп, ілетін құстарға жылдам жетуіне мүмкіндік береді (**қ. Саят**).

Кез келген қыранды аң-құсқа салғанда желдің бағытына қарсы жібереді. Әйтпесе «көтеріліп кетеді», яғни қашып кетуі мүмкін. Шәулі қырандарды жыл құстары балапанын басып, аяқтандырғанша салмайды. Ал аушы құсты қар түскен уақыттан қыс аяқталғанша салады. Өйткені қыс соңында жыртқыш аңдардың ұйығатын кезеңі басталатындықтан олардың денесінде жағымсыз иіс пайда болады және терісі де бүлініп нашарлай бастайды. Осы кезде қырандар шаршап болдыратындықтан аңшылық маусым аяқталады.

Әдеб.: *Загряжский Г.* Быт кочевого населения долинь Чу и Сырдарьи // ТВ. 1874, № 30. С.118; *Полферов Я.Я.* Охота в Тургайской области. Оренбург, 1896; *Almasy György.* Vándorutóm Azsia szivebe. Budapest, 1903; *Орлов В.* Сары бие // ТВ. 1906, №137; *Орехов И.* Охота с ловчими птицами у киргиз // ТВ. 1910. №№ 66, 67, 68; *Каруц Р.* Среди киргизов и туркменов на Мангышлаке. Перевод Е.Петри. СПб., 1911; *Сейтов М.Д.* Охота с ловчими птицами у казахов Семипалатинского края (с предисловием и замечанием И.А.Чеканинского) // Записки Семипалатинского отдела Общества изучения Казакстана (бывший СПО ИРФО). Том 1, 1929. Вып. ХУІІІ. Семипалатинск, 1929. С.65-74; *Құнанбаев А.* Шығармаларының бір томдық толық жинағы. Құраст. Ә.Жиреншин Алматы: Қазмемкөркемәдеббас, 1961; *Бегалин С.* Саятшы әнгімелері. Алматы: Жазушы, 1979; *Уәлиев Н.* Көнекөз сөздер // АТ. 19.04.1990; *Мұқанов С.* Халық мұрасы. Тарихи-этнографиялық шолу. Таңдамалы шығармалар. XV том. Алматы: Жазушы, 1979; *Бабалықов Ж., Тұрдыбаев А.* Қырандар. Алматы: Қайнар, 1983; *Жәңгірұлы Ш.* Алымыр құстар жөнінде // Ғылым және өнер. 1986, №4; *Камалашұлы Б.* Қазақтың дәстүрлі аңшылығы. Ғылыми редакторы Нұрсан Әлімбаев. Өлгий, 1994; *Симаков Г.Н.* Соколиная охота и культ хищных птиц в Средней Азии (ритуальные и практические аспекты). СПб.: Петербургское востоковедение, 1998; *Марғұлан Ә.* Саят құстары // Таңдамалы. 2-том. Алматы: Алатау, 2007; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰС СЫНШЫСЫ – қыран құстың жөн-жосығын, мінез-құлқын, бабын, аңкөстігін жетік білетін білікті адам. Ол қыран құстардың аң-құс ілуге лайықты қасиеттерін оның дене бітімі, түр-тұлғасы, мінез-құлқына қарай ажырата алды. Сонымен бірге Қ.с. қыранның ұшу және аң алу мәнері сияқты ерекшеліктерін айыра отырып, аң алу қабілетіне баға берді.

Ондай адам жастайынан қыранды *қолға түсіру, жуасыту, баптау, күту, аң-құсқа салу, түлету* сияқты құсбегілік шараларды атқара жүрін, сан алуан қырсырларды менгерудің арқасында осындай деңгейге жете алды. Сондықтан ел арасында *құсбегі* көп болғанымен, нағыз Қ.с. дәрежесіне ілеу де біреу ғана лайық болған.

Көшпелі ортадағы қыран культі мен құсбегіліктің маңызына байланысты Қ.с. да ерекше құрметтелген. Адамдар түрлі тәсілмен қолға түсірген *түз құсын* және ұядан алған *қолбала қыранын* Қ.с.-на сынатып алады. Қ.с. қазіргі түсінікпен орнитолог ғана емес, олардың көбеюін, мінез-құлқын, физиологиясы мен анатомиясын, қимыл-әрекеті, ұшуы, аңға түсуі сияқты жайттардан жан-жақты мағлұматты мол «зерттеуші» іспетті.

Қыранды сынау. Қ.с. құсты сынауда *атсейіс* тәрізді ең алдымен, олардың дене бітіміне ерекше деп қояды: *қыранның жалпы пошымы, сүйек бітімі, қанат пен шалғысының бітісі, қауырсын жүндерінің түр-түсі, қаттылығы мен серпімділігі, түйяқтары мен саусағының табиғи қалыбын* олардың өң-түсін мұқият қарап, ұстап сипап, тартып көреді. Оған қоса қыранның *дауысы, мінез-құлқына* қарай оның жынысы мен жасына баға береді. *Қыранның басы, көзі, қанаты, көзқарасы мен мінезі, дене бітімі, езуі, жемсауы, айыр сүйегі және дене буындарына* қарай оның сыны айтылады.



Құс сынау. 1913 ж. Романовтар династиясының 300 жылдығы құрметіне жиналған Жетісу өлкесінің игі-жақсылары. ҚР МОМ қорынан (КП 23396/9)

Әрбір қыранның өзінің орташарқы дене бітімінің өлшемдерінен ірілеу келсе, оның күшті қармаулы болуы ықтимал. Мысалы, бүркіттің тұлғасын кеудесінің жуандығымен өлшейді. Көкірек тұсынан өлшегенде 9 тұтамнан асса, ондай бүркітті «*балуан тұлғалы*» дейді.



Құс сыны. ОМЭЭ – материалдарынан

Қ.с.-ның тәжірибесіне қарағанда, әуелі қыранның басы мен тыныс мүшелеріне, сондай-ақ төс топшысы мен аяғына ерекше мән беріледі. Егер *қабағы биік, жанары өткір, маңдайы жазықтау, тұмсығы көкішіл сұр, мойны жуан,*



басы *етсіз* болса жақсы қырандықтың сипаты дейді. Танау тесігі кең және дөңгелектеу болса, тынысы кең, ал танау жебесі кенірек, жалпақ болса – қайратты екендігінің белгісі. Бүркіт тұмсығының екі жағы қысыңқы, орағы сүйірлеу болып келгені «кылыш тұмсық» деп аталады. Олар көбіне күй талғамайды деседі. Тұмсық үсті кошкардың тұмсығына ұқсап дөнестеу келген орақ тұмсықты қыранның бабы мен күйін келтіру екіталай дейді. Ал, тұмсық пен аяқ мүйіздерінен көкшіл рең байқалса, ол тектіліктің нышаны, бабы келіссе аң алғыш болады. *Қизақ* деп аталатын тұмсықтың езуге жалғасқан иек тұсындағы өткір бүдірлі бөлігінің жақсы дамуы – қырандықтың сипатының бірі.



Құс сыны. ОМЭЭ – материалдарынан

Қыранның мүшелерінің сипаты, түр-түсі және бітімін қарай отырып, сыншылар өзінше жорамал жасайды. Мысалы, көзі жайдақ, жалтақ қыран жасқаншақ келеді, керісінше, жанары шегір, отты, сұсты болып көрінсе, алғырлықтың белгісі дейді. Бүркіт тілінің түсі оның бапты қаншалықты талғайтындығын көрсетеді: мысалы, бүркіт тілі қаралтым түсті болса, ол күй мен бапты талғамайтындығын, ал қызғылт болса, тұрақты бапты талап ететіндігін білдіреді. Оны Ұлы Абай былай суреттеді:

... *Калың ерін, қара тіл, қанға тоймас,
Қанша қымбат алсаң да басын жоймас,
Жирен тұяқ шұбарды тауып салсаң,
Жаза ұстаса және ұшып әсте қоймас ...
Саңғыру жүні сабалақ, алқалы кер,
Тақысы, бүкісі жоқ қомағай ер.
Айыр сүйек ашамай арасы кең,
Болса жақсы, бұлдағы бір қараркер*

Қыранның саны кесек, жіліншігі шымыр, саусақтары бұдырлы келсе, ол алғырлықтың белгісі деп саналады. Әсіресе құс аяғының күшті болуы ондағы бұлшық ет, тарамыс, сінірлеріне, тұяққа байланысты. Құстың аяғы төрт саусақ: өкше жағындағы саусағын *тегеурін*, ішкі жағындағысын *жембасар*, ортаңғысын *сығым*, сыртқы жағындағы шынашағын *шеңгел* (кейде *ілгіш*) деп атайды. Саусақтың ең маңыздысы – өкше жағындағы *тегеурін*: іліп алатындар оны аңға қадайды, теуіп алатындар онымен теуіп, жарып жібереді

Саусақтың шодырайған иректеріне буынның сінірлері дәлме-дәл келіп жатса, ол саусақтарға ерекше күш береді дейді. Бұған коса тұяқтың ойық өзегін жақтаулаған доғал қырының бунақталып келген бұдыр саны көп болса қайратты екендігінің белгісі деп санайды.



Қара сонарда қырандарды сынау.
ОМЭЭ – материалдарынан

Қ.с. арасында айтылатын жақсы, алғыр бүркіттің сыны мынадай: сыртқы тұлғасы күдіс, алды қушық, төс сүйегі жалды, айыршағы кең, иығы шығыңқы, екі топшының басы қалың болса, күшті, әрі алғырлығының белгісі деп санайды. Саны бір тұтам, төрт еліден үлкен, аяқтарының арасы алыс, саусақтары бұйра қышырлы, тұяқтары инедей тұзу болуы бүркіттің алғыр күштілігін көрсетеді. Осыған байланысты дәстүрлі ортада бүркіт саусағындағы бездердің көмегімен анды қысып өлтіреді деген түсінік орныққан.

Әдеб.: *Орехов И.* Охота с ловчими птицами у киргиз // ТВ. 1910. №№ 66, 67, 68; *Бегалин С.* Саятшы әнгімелері. Алматы: Жазушы, 1979; *Бабалықов Ж., Тұрдыбаев А.* Қырандар. Алматы: Қайнар, 1983; *Сол авторлар.* Саят. Алматы: Қайнар, 1989; *Жаңғірұлы Ш.* Бүркіт және оның ерекшеліктері // Алқап. 1989, №8: Қазахи. Историко-этнографические исследование (коллектив авторов). Алматы: Казахстан, 1995; *Марғұлан Ә.* Саят құстары // Таңдамалы. 2-том. Алматы: Алатау, 2007; *Бабалықұлы Ж.* Дүниенің бір қызығы қыран бүркіт (Абайдың кейін табылған өлеңіне этнолингвистикалық талдау) // АТ. Доңыз жылы. Наурыздың 7-сі; КР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰС-ҚҰС, МАЙ ҚҰС! – ет жеп болған соң, жілік шағу барысында айтылатын сөз орамы. Малдың кәделі жілігі тартылып, ол желініп мүжіліп болған соң ортасынан бөліп, яғни жілікті шағып, ішіндегі жілік майын жеу дәстүрі бар. Олар негізінен *ортан жілік* және *тоқпан (тоқбас) жіліктерде* мол болып келеді. Бірақ, май асық жілікте азырақ, қар (кәрі) жілікте тіпті жоқтың қасы деуге болады. Осы аталған жіліктер мүжіліп, тазаланып болған соң ортасынан пышак сыртымен, кейде балғамен ұрып қас бөледі. Ішіндегі майын алып жеу үшін алақанына (қасық) сілкілеп түсіру кезінде аталмыш сөз орамы айтылады. Яғни, жілік майы тез, әрі жеңіл түсе қалсын, құсып бере қойсын деген тілек бойынша айтылады.



Жілік майын құстыру. ОМЭЭ – материалдарынан

Жілік майы деп аталатын осы май түрі таңсық асқа саналады. Халық түсінігі бойынша азғантай ғана болып келетін осы май өте құнарлы, әрі нәрлі болып келеді. Сондықтан, халық тәжірибесі бойынша ауру меңдеп әлсіреген үлкенге де кішіге де жілік майын берсе, әл-қуатын арттырып, тез сақайтады (қ. **Жілік; Ортан жілік**). Алайда, ырым бойынша балаға *әке-шешеге қайырымсыз болады және мұрынбоғы көп болады* деп бермей ырымдайтын да жәйт бар. Ол жоғарыда аталғандай дені сау, әрі жас, әрі тың балаға бергеннен гөрі үлкендер жесін деген түсінікке сай болса керек.

Әдеб.: Катранұлы Д. Ұлттық тағамның этномәдени қызметтері // Жұлдыз. 1994. №3-4. 188-199-бб; *Ғабитханұлы Қ.* Қазақтың наным-сенімдерге қатысты лексикалары // Тілтаным. 2000. №1. 117-121-бб; *Кенжеахметұлы С.* Ата мұрасы – асыл қазына 1-к. Астана: Аударма, 2005; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан

ҚҰСБАСШЫ – саят немесе сонарға, сондай-ақ салбурынға шыққан топ адамның ішіндегі басшы деп тандалған адам. Көптің арасынан аң-құстың және жердің жайын, ең бастысы аңшылықтың қыр-сырын жете білетін жасы мен жолы үлкен тәжірибелі адам Қ. етіп тандалады. (қ. **Салбурын; Саят**). Бүркіт салуға шыққан адамдар көбінесе *төрт* топқа бөлінеді және оларға нақты мәндет жүктеледі: бірі *ізішілер* аңның ізін кеседі, екінші топтағы *қағушылар* аңды қаумалап ашық алаңқайға қарай беттетеді; үшінші топ *тоқсауылшылар* қашқан аңға бөгет жасап, қорыс-қопаға немесе інге кіріп кетуіне мүмкіндік бермейді. Осы аталған үш топтың әрекетін төртінші топ болып саналатын *тұғыршылар* биік дөң, таудың қырқасы сияқты ұрымтал тұстан бақылап тұрады (қ. **Қағушы; Тұғыршы; Ізіші**).



Саятқа шыққан топ. ҚР MOM қорынан (ФКП 382)

Тұғыршы топтың арасында қыранын қолына ұстап, алдына тазы итін өңгеріп алғандардың ішіндегі Қ. төрт топтың әрекетіне басшылық жасайды. Ол алыстағы топқа алдын ала келісілген әртүрлі ишарамен белгі беріп отырады. Қ.-ның пәрменін күткен құсбегі мен тазы иесі аң ұрымтал тұсқа келген кезде қыранның томағасын алып ұшырады. Мұндайда қырандар бірінен соң бірі басқа олжаға «аттануын» Қ. қадағалайды. Ол қазақтың *жолдасу* немесе *жолын беру* сияқты бұлжымас қағидалары (принциптері) бойынша реттеледі (қ. **Жолдасу**)

Қ.-ның ұзаққа созылған *салбурын* кезінде жігіттердің даяшылық жасау, ертеңгі күнгі аңшылықты ұйымдастыру, сондай-ақ аң олжасын байлау сияқты сан алуан маңызды істерді ұйымдастыратын «міндеті» де бар (қ. **Қанжығаға байлау**). Саяттың шығынсыз өтуі, тазы мен қыран құстардың тіпті мініс аттарының мертлікпей, жараланбай аман-сау оралуы, ең бастысы аңшылықта «қанжығалары майланып» олжалы оралуы Қ.-ның ұйымдастыру шеберлігіне байланысты. Сондықтан дәстүрлі аңшылықта Қ. таңдауға үлкен мән берілген, оған тәжірибесі мол, беделді адамдар тандалды.

Әдеб.: *Мұқанов С.* Халық мұрасы. Тарихи-этнографиялық шолу. Таңдамалы шығармалар. XV том. Алматы: Жазушы, 1979; *Бабалықұлы Ж., Тұрдыбаев А.* Саят. Алматы: Қайнар, 1989; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰСБАУЛАП БАЙЛАУ / АРҚАНДАУ – жылқыны отқа қойғанда қолданылатын байлау тәсілінің бірі. Арқанның орта тұсынан кішілеу арқанды арлы-берлі жылжымайтындай етіп байлау немесе келесі бір атты шылбырынан арқанға байлай салу.



Құсбаулап байлау. ҚР MOM материалдары бойынша суретті салған Ж.Шәйкел

Жол жүрген кезде қазық пен арқан біреу ғана болса немесе ат арқандайтын тас, томпақ тәрізді табиғи зат та кездеспесе осы тәсіл пайдаланылды. Аялдап, дамылдаған кезде тек малшылар ғана емес, жауынгерлердің жорық кезінде де қолданылатын ұтымды, тиімді тәсілі болды.

ҚР MOM материалдарынан, ОМЭЭ-материалдарынан

ҚҰСБЕГІ – табиғаттағы адамның кәдесіне жарайтын қыран құстарды қолға түсіріп, оны өзінің ырқына көндіріп, баулып, аң ілдіретін кәсіби маман. Қ. ең алдымен құстардың

өсіп өнуі, биологиялық көбею ерекшелігін және мінез-құлығын жете білді. Қ. ең әуелі аңға салатын қыранды ұядан балапан кезінде алады, ал ересек құсты түрлі тәсілдермен қолға түсірді (қ. *Құс салу*). Қ. қыран балапанын қолға түсіргеннен бастап, *баулу, оны аң алуға үйрету және бабына келтіру, қайыру* сияқты негізгі шараларды атқарды. Сонымен бірге қыраннаң жемі, күтімі, бағымы тәрізді істерді мұқият қадағалап, үйлестірін отырды. Қ. қыранның жем-суын, демалысын үйлестірумен қатар, түрлі себептермен құс жарақаттану немесе сүйек сыну, сондай-ақ, түрлі ауруға шалдыққан жағдайда өздігінен шара қолданатын қабілеті болды (қ. *Құсшы*).

Қазақы ортада шеберлік деңгейіне қарай Қ.-нің *банкер* және *мініскер* деген екі түрін ажыратады:

– *банкер-құсбегілер* сыны жақсы, бап тілемейтін қыранды баптап, қайырады;

– ал *мініскер-құсбегі* қыранның қай түрін болсын тіпті сыны нашар құсты да баптай алатын жоғары деңгейдегі шебер құсбегі дегенді білдіреді (*мініскер ұғымы тек құсбегіге ғана қатысты емес, кез-келген шеберге қатысты да айтылады-Ред.*). Мініскер Қ.-нің тағы бір ерекшелігі – аң-құс іле алмаған құсты қайтадан қайырып бабын түзей алатындығы.



Құсбегі Әбілқаж Тұрлыбаев.
Суретші Есенғали Садырбаев

Қ. ең алдымен, қыранның мінез-құлқын жете жете танып білуі – оның кәсіби өресін көрсететін басты шарт. Өйткені, «*түз тағысы*» деп аталатын қырандар табиғатынан тәкаппар, әрі шақар ашушаң болып келеді. Алғаш рет *далбай* немесе *шырғаға* түскен *қолбала* құс қызғаншақ болып келетіндіктен сақтықты талап етеді. Сондықтан Қ.биялайын алдына көлегейлеп келіп, аяқ бауынан еппен ұстайды. Жазатайымда ашумен адамды тұяғымен бүріп алған бүркіттің басын оңға-солға бұрап еппен ажыратады. Ал, *шәулі қыранның* бүрген тұяғын ажырату үшін оның санын қатты қысады.



Құс бегілер. ТС. 145 том (СПб., 1878) атты жинақтан

Қыран құстарды баулуды өнер еткен адам оған қажетті жабдықтарды негізінен өзі дайындап алады. Олар – *томаға, аяққап, құндақ, балдақ, тұғыр, ырғақ, балақ бау, шолақ бау, сүзу жіп, шыжым (жіп, қайыс), жем сатты аяқ, биялай, жемқалта, тұзақ, түтік және т.б.* Шәулі қырандарды ат үстіне алып жүруге тұғырдың, ал кейбіріне томағаның қажеті жоқ (қ. *Томаға; Тұғыр*). Бүркітші биялайы қатты теріден, қолға кигенде шынтаққа жететіндей болса, шәулі қыранның биялайы күдері теріден қысқа ғана етіп жасалады. (қ. *Биялай*). Қ. аңшылықта қырандарды аяз бен жанбырға соқтырмауға тырысады. Сондықтан қыранға аяғын суықтан сақтайтын жабдықтарды лайықтап дайындайды: аяғына *аяққап*, топшысын қорғайтын *иыққап*, киіз төсеп, құс орайтын тартпа бау тағып жасаған бесік тәрізді *құндақ* (қ. *Аяққап; Иыққап; Құндақ²/ Құс құндағы*).



Құсбегілер. ТС. 581 том (Ташкент, 1910) атты жинақтан

Жыртқыш құс тобына жататын қырандар үшін маңызды нәрсе ет болғандықтан Қ. жыл бойы оны үзбей қамтамасыз етеді. Жем түрін *түлектегі жем, қайырудағы жем, зар күйінде берілетін жем* деп бөледі. Қандай мақсатпен берілетініне қарай етті өңдеп, сөлін ағызып құнарын азайтып береді. Соған байланысты құс жемінің *қансоқта, көксоқта, соқта, сусоқта, қызыл, құнар, бөртпе, тартпа, жанышпа, алажәукім, ағарттық, ақ жем, боз өкпе* сияқты



түрлерінің қай кезде берілетін өзіндік ережесін Қ. адам сақтауы талап етіледі (**к. Бүркіт / Бүркіт жемі; Құс қайыру; Қансоқта, Ақжем**).

Жоғарыда айтылғандай Қ. қыранға жемді үйлестірумен қатар оның бабы мен күйін ұдайы басты назарда ұстайды. Егер күйі бұзылғандығы байқалса, қыранға әртүрлі шараны өзі жасай береді. Оның кең таралғаны – *қоя түсіру және түтікпен тұзды су жүгіртіп ішін шаю*. Ішек-қарында пайда болған лас зат қоябаны мәжбүрлеп түсірту үшін құстарға ағаш, сүйек, шөп, күйдірілген мүйіз және киізден (*ағаш, шөп, киіз*) *қоя* дайындап салады (**к. Қоя; Қояба**).

Қ. қыран құсы ілген аң-құс олжасын біреуге тарту етуге бейім тұратын қолы ашық жан ретінде ел ішінде айырықша құрметтелген. Бірақ Қ. қыран құсының ең алғаш алған «*тырнақалдысын*» ешкімге бермейді. Өйткені, құстың қырандығы әлсірейді, сөйтіп олжасы азайып кетеді деп ұрымдайды.

Қ.-ні тілі шешен, қиялы жүйрік деп құрметтейді. Ол айналасындағы адамдарға табиғаттың сан қилы құпия сырларына катысты танымдық дүниелер мен басынан кешкен алуан оқиғаларды баяндап беріп отырды. Қ. өнері дәстүрлі мәдениеттің сан алуан салалары тоғысқан, ақпараттық мәні зор, тілдік, танымдық мәні жоғары ерекше құндылық ретінде кәсірленді. Отбасылық әулеттік сипаттағы бұл өнерді оған бейімі бар жақындарына немесе қалап өтінген жандарға Қ. кәсібінің құпия қыр-сырын үйретеді, қолданған құрал-жабдықтарын аманаттап қалдырды.

Әдеб.: *Полферов Я.Я.* Охота в Тургайской области. Оренбург, 1896; *Altasy György.* Vándorutóm Azsía szívebe. Budapest, 1903; *Орехов И.* Охота с ловчими птицами у киргиз // ТВ. 1910. №№ 66, 67, 68; *Бегалин С.* Саятшы әңгімелері. Алматы: Жазушы, 1979; *Уәлиев Н.* Көнекөз сөздер // АТ. 19.04.1990; *Мұқанов С.* Халық мұрасы. Тарихи-этнографиялық шолу. Таңдамалы шығармалар. XV том. Алматы: Жазушы, 1979; *Бабалықов Ж., Тұрдыбаев А.* Қырандар. Алматы: Қайнар, 1983; *Сол авторлар.* Саят. Алматы: Қайнар, 1989; *Муканов М.С.* Охота с ловчими птицами у казахов // Известия АН КазССР. Серия общ. наук. 1983, №3. С. 48-55; *Сатылғанов Ж.* «Қауырсын» - табиғат достарының клубы. Алматы: Қайнар, 1985; *Камалашұлы Б.* Қазақтың дәстүрлі аңшылығы. Ғылыми редакторы Нұрсан Әлімбаев. Өлгий, 1994; *Қазыханқызы Н.* Аңшылық хикаялары. Этнографиялық эссе. Алматы: Атажұрт, 2010; КР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

КҰСБЕГІ² – Орта Азия мемлекеттеріндегі ертедегі лауазым атауы. Бұл лауазым түрі қалыптасуы мен дамуы тарихи жағдайларға байланысты функционалдық және семантикалық өзгеріске еніп отырған Зерттеулерде оның пайда болуын Шыңғыс қағанмен байланыстырады. Оның империясының негізгі ядросын құраған этносаяси бірлестіктерге белгілеп берілген билік атрибуттарының қатарында таңба, киелі ағаш және қыран құс аталады. Фетиштік және тотемдік түсінікке байланысты орын алған бұл үрдістің мәні ертеде қыран құстармен аңға шығу тек сөйіл-серуен емес, әскери машықтың түрі ретінде мемлекет идеологиясында үлкен маңызы болған. Мұндай жауапты істі ұйымдастыру Қ. деп аталған жоғарғы лауазымды тұлғаға жүктелген. Кейін Ноғай ұлысы, Алтын Орда, тіпті олардың ықпалындағы орыс

князьдіктерінде осындай лауазым болған. Сол сияқты Шыңғыс династиясы билік құрған елдерде мемлекет басшысың (әмірдің) ісін басқару Қ. лауазымына жүктелген. Қ. лауазым ретінде бертінге дейін сақталған. ХҮІІІ ғ.-да Орта Азия елдерінде мемлекеттік билік жүйесіндегі күллі Қ. қазіргі ұғыммен бас министр лауазымы орнында жүрген.

Уақыт өте келе Қ. өзінің алғашқы мағынасынан алшақтап қала басшысы, иеліктің билеушісі мәніне ие болған. Әсіресе, Бұқара, Қокан хандықтарының иеліктерінде кең таралған. Атақты Төле би Ташкенттің Қ. болғаны тарихтан белгілі.

Әдеб.: *Бартольд В.В.* Сочинения. Т.2. Ч.1,2. М.: Восточная литература, 1963; *Абусейтова М.Х.* Баранова Ю.Г. Письменное источники по истории и культуре Казахстана и Центральной Азии в XIII – XVIII вв. Алматы: Дайк-Пресс, 2001; КР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

КҰСЖОЛЫ – жұлдызды аспанда шаң тәрізді болып көрінетін ақшыл түсті жарық жолақтың, яғни, жұлдыздар шоғырының халық арасындағы атауы. Дәстүрлі түсінікте оны жыл құстары ұшып келу және кері қайту кезінде қолайлылық үшін, Жаратқанның «*салып берген*» жолы, адастырмайтын сокпағы дейді. Сондықтан жыл құстары Қ.-н бағдарлап қараңғыда және жаңбырлы түнде де адаспай ұшады екен. Халық Қ.-н аспан күмбезінің киіз үйдің басқұры тәрізді құрсауына балайды.

Қ. туралы дәстүрлі түсінік оның құстан басқа әлемнің жаратылысымен, тіпті мақлұқаттардың жаратылысымен де байланыстырады. Мәдени және діни әсердің салдарынан басқаша атау да орныққан.

Аспан кеңістігінде түн қараңғысында көрінетін сансыз жұлдыздар шоғырынан тұратын бұл ерекше астрономиялық «түзілісті» әлем халықтары түрліше бағамдайды: латын, грек, славян мәдени кеңістігінде оны *Via lactae*, яғни «*сүт жолы*» деп атайды. Жер шарының оңтүстігін мекендейтін халықтар оны *алып жыланға* теңесе, үндіқытай халықтары *көктегі өзен* деп түсіндіреді. Ал, тундра халықтары Қ.-н аспандағы шаңғы ізіне балаған. Араб, парсы, кавказ жұрттарында жолда әрлі-бірлі тасыған кезде арбадан шашылып түскен *сабанға* теңейді. Соған байланысты кейбір халықтарда Қ.-н *Сабаныш жолы* деп атау қалыптасқан. Оңтүстіктегі қазақтар арасында Қ.-н *Сабаныш жолы*, *Саманыш жолы* деп атау осыған байланысты орнықса керек. Ал, фин-угор және түркі жұрттарында жыл құстарының, қаздың ұшып өтетін жолына теңеген. Моңғолдар оны «аспан тігісі», кейбір түркілер оны *аспанның жарығы* немесе *көктің жыртығы* деп түсіндіреді. Мажарстандық түркітанушы И.Дьярматидың мәліметіне қарағанда, аспан көгіндегі ерекше түзілістің түркі халықтарындағы атауы өзгеше, басқаға ұқсамайды: ертеде қыпшақтар *көк иолы* десе, түркілер *гөк қапысы*, *гөк иарығы*, *пөндере* (*көктегі бұлақ*), *ақлық* деген сияқты атаулары болған. Қ.-ның шұбатылған түтін тәрізді болып көрінетін түзілісінің *қап-қара болып көрінетін тұсын аспанның тесігі* деп түсінген.

Түркі халықтарының арасында Қ.-н *тырна*, *қаз*, *жабайы қаз*, *дала қаздары* сияқты жыл құстарымен

байланыстырады. Ол туралы алуан түрлі мифтік аңыздарда кездеседі. Шыңжанда тұратын халық мұрасын зерттеуші Б. Жұмабайұлының ел арасындағы (Көктоғай ауданы, Алтай аймағы) мәлімет берушілерден жазып алған дерегінде Қ.-н әуелі самұрық құс салғандығына ден қояды: *Жаратқанның рақымымен құстардың тұқымын өсіп-өнгені соншалықты, олар жер бетіне сыймай бір-бірімен қырқыса бастапты. Сол кезде құс төресіне саналатын самұрық Жаратушыдан ретке келтіруді сұрайды. Сонда «құстардың ырыздығы жерден, ал қалыптасқан жайдың шешімін өзің тап» деп үкім етілді. Мұнан соң самұрық күллі құстарды бастап аспанға көтерілген кезде сонан ақ түсті жолақ із қалыпты. Соған байланысты ол Құс жолы деп аталған екен.*

А. Сейдімбектің мәліметі де осыған ұқсас: *«Қызылхан» атты сыбызғы күйі аңызында жыл құстары адасып, үлкен бір шығынға ұшыраған соң оларды бастап ұшатын Қызылқан атты құстың сұрауы бойынша Жаратушының жасап берген жолы екен – дейді.*

Қ. жыл мезгілі мен түн уағына байланысты аспан көгінде әрқалай болып келеді. Қ. күз бен көктемде күн батқан және таң атар кезде солтүстіктен оңтүстікке қарай қазақтардың көш жолдары тәрізді бойлықпен бағыттас жатады. Қазақ этноастрономиясы туралы еңбегінде Х. Әбішев Қ. көрінуін ел арасында былайша суреттейтіндігіне ден қояды: *«күз іңірде солтүсті жағы аз, оңтүстік жағы жалпақ болып, арғы таусылар аяқ жағы тарамдалып, екі жағы жиіленіп жарығырақ болып көренеді».* Осы кезде құстар да көп ұшады. Ал, түн ортасында Қ. «аунап», бағыты өзгереді. Ол кезде батыстан шығысқа қарай көсілін жатады. Қ.-ның Темірқазыққа жақын тұстары онша көп ауытқымай, үнемі аспанның солтүсті жағында айналып жүреді». Қ.-ның осындай орналасу ерекшелігіне қарай иен далада түн қараңғысында бағыт айыруға негіз еткен.

Аспан көгінде байқалатын ерекше құбылыстың сипатын мифтік дүниетаным шаруашылық үрдісімен де байланыстырады. Қазақта Қ.-н ботасын жоғалтып, іздеп жүрген *«аруаның емшегінен аққан сүттен қалған із»* дейді. Ал, қырғыздарда Қ.-ын *қой жолы*, ал түркімендерде *ақ маяның жолы* деп те атау қалыптасқан. Демек, олар пір тұтқан түлігінің аспан көгіндегі ерекше құбылыспен сабақтастырып түсіндіретін жайт шаруашылық қарекетімен тікелей қатысты: ертеде қазақтардың төрт түліктің қамымен жайлау мен қыстау арасына көшуі көбіне бойлық бойымен жүрілді. Яғни, оңтүстіктен басталып Арқа мен Үшқиянды көктей солтүстікке жететін көш көктем айларынан басталып күздің соңына дейін толассыз жалғасқан. Ауыл көшінің ең қарқын алатын кезеңі *жыл құстарының келуі мен қайтуымен* тұспа-тұс келіп отырған (*қ. Көш; Көш жолы*). Соған байланысты қазақта Қ.-н *«Көш жолы»* деп те атау да ұшырысады.

Ислам діні ықпалы басымырақ өңірлерде ертеден бері араб-мұсылман әлемінің мәдени ықпалымен Қ.-ын түрліше атау үрдісі ұшырасады. Дәстүрлі қазақы ортада қалыптасқан жергілікті ерекшеліктерге байланысты Қ.-

ын түрліше атаған. Маңғыстау қазақтары оны құстардың Мекке жаққа ұшып баратын жолы деген. Қ.-ын *Қажы жолы, Қазба жолы, Мекке жолы, Хизаж жолы* (Мекке мен Медина орналасқан тарихи өңір атауы) деп атау үрдісінің нышаны қазақтар арасында ішінара аталады. Бұл үрдістің түптамбырын А. Вамбери орта Азиядан бастау алатын ұғым деп пайымдайды.

Әдеб.: Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. В 3-х частях. Часть третья. Этнографические известия. СПб.: Тип. Карла Крайя, 1832; Потанин Г.Н. Очерки Северо-Западной Монголии. Результаты путешествия в 1876-1877 гг. по поручению ИРГО. Вып. I-IV. СПб.: Тип. В. Безобразова и К., 1881-1883. Вып. II; Куфтин Б.А. Календарь и первобытная астрономия киргиз-казацкого народа // ЭО. 1916. № 3-4. С. 123-155; Әбішев Х. Аспан сыры. Алматы: Қазақ мемлекеттік саяси әдебиет баспасы, 1962; Nemeth G. Über altturkische sternnamen // Acta Linguistica. Budapest, 1968. XVII. P. 1-6; Никонов В.А. Материалы по космономии Средней Азии // Ономастика Средней Азии. Вып. 2. Фрунзе: Илим, 1980. С. 290-306; Исқақов М. Халық календары. Алматы: Қазақстан, 1980; Аронов К.Г. Этнолингвистическая природа народных космономов в казахском языке. Автореферат диссертации на соискание ученой степени канд. фил. наук. Алма-Ата, 1992; Gyarmati I. The names of the Milky Way in the Turkic languages // Acta Orientalia Academiae Scientiarum Hungaricae. Tomus XLVI. Budapest, 1992-1993. P. 225-233; Тойшаңұлы А. Түрік-моңғол мифологиясы. Алматы: Баспалар үйі, 2009; Сейдімбек А. Шығармалары. Алты томдық. Т. 3. Қазақтың күй өнері. Астана: Фолиант, 2010; Жұмабайұлы Б. Күй-шежіре. Деректі зерттеу. Алматы: Атажұрт, 2012; Березкин Ю.Е. Мифы глубокой древности // <http://www.ruthenia.ru/folklore/berezkin/>; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰСҚАНАТЫ¹ – мүйіз өрнектерінің түрлі өзгерістерге түсіп, стилденген қалықтап ұшқан құстың канатын бейнелейтін өрнектің атауы. Әдетте, мұндай өрнек зергерлік бұйымдардың бетін өрнектеуде және қоржын, керме, қаршын, басқұр сияқты т.б. тоқыма және сырмақ, текемет сияқты киізден жасалатын бұйымдардың бетіне салу үшін жиі қолданылады.



Қара ала сырмақ. Шығыс Қазақстан (Семей) обл. 1950 ж.
ҚР МОМ қорынан (КП 10338)

ҚР МОМ қорында КП 10338 тіркеу нөмерімен сақтаулы кара-ала сырмақтың ұзынды. 338 см., ені 144 см. Ол ақ және қоңыр түсті киізден ойыстырылып жасалған. Оның көліне қоңыр түсті үш шаршы ойыстырылған. Шаршылардың ішіне ақ түсті киізден төртқұлақты төбелмүйіз өрнегі салынған. Қолтықшаларына аталмыш төртқұлақты төбелмүйіз өрнегінің жартылай кескіні бастырылған. Сырмақтың екі басына және екі жанына құсқанаты өрнегі киюластырылған. Өрнектердің түйісінің үстінен қызғылт түсті кос жиік сырылған. Кенересі айналдырыла ақ, қоңыр



түсті құстаңдайлап өрген жиекпен көмкерілген. Астарына көп түсті киіз кесінділері құрастырылып салынған.

Әдеб.: Шнейдер Е.Р. Казахская орнаментика // Казаки. Антропологические очерки. Издание особого комитета Академии наук по исследованию союзных и автономных республик. Л.: АН СССР, 1927. С.135-172; Шойбеков Р.Н. Қазақ зергерлік өнерінің лексикасы. Алматы: Қазақстан, 1993; Қасиманов С. Қазақ халқының колөнері. Алматы: Қазақстан, 1995; Өмірбекова М.Ш. Қазақтың ою-өрнектері. Энциклопедия. Алматы: Алматыкітап, 2005; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан;

ҚҰСҚАНАТЫ² – дәстүрлі күнқайыру жүйесінде жыл құстары келетін кезіндегі екі-үш күндік амал (**ж. Амал**). Құстар жаппай келе бастаған шақта күнрайы күрт бұзылады: суық жел тұрады, оған қоса көбінесе қар аралас жанбыр жауады. Ондай қарды жататын қар емес, Қ.-ның белгісі дейді. Дәстүрлі түсінік бойынша, жыл құстарының топтасып ұшуынан олардың қанатынан жел тұрып, ол ызғырық суық пен боран әкеледі екен.

Есепшілердің бақылауына қарағанда, Қ. амалы жылдың сипатына қарай кейде ерте, ал қыс ұзаққа созылған жылдары кештеу келеді (**ж. Жыл қайыру**). Ол көктемде келетін *аласапыран* немесес *отамалы* сияқты амалдарға ұқсас болып келеді (**ж. Күнқайыру, Тоғыс; Ай аттары**). Қ. екі айдың арасындағы *өлара* шаққа дөп келсе үлкен қолайсыздық тудыруы мүмкін деп сақтанады. Осы кезде таулы өңірде мал төлдету қауырт жүрілетін шақта келетін күн райындағы тосын шақты малдың жаппай төлдеуімен байланыстырып, *күйектің жайы* деп те атайды.

Қ. амалы өткеннен кейін жер көктеп жайқала бастайды деседі.

Әдеб.: Төреханұлы Ә. Құсқанаты // АТ. 1997, №41; Сұлтанисәртұлы Н. Қазақ күнтізбесіндегі ай амалдары // Ұлттар ынтымағы. 2001. №4. 34-44 бб; Жүністеги К. Бұрынғы қазақтар ауа райын қалай болжаған // ЖА. 2003. №38. 29-наурыз; Әбенайұлы Т. «Наурыз» және Ай мен Амал // Мәдениет. 2008. №8. 8-11 бб; КӘТС, 9-том, Алматы: Арыс, 2009; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰСҚОДА – құс аулауға арналған құрылғының жергілікті атауы. Жалпы *қода* деп қазақ тілінде, тал шыбықтардан жасалған балық аулайтын құралды атайтыны белгілі (**ж. Қода**). Қ. ның *қодамен* конструкциялық (әрі тал шыбықтан жасалуы) ұқсастығы оның осылай аталуына негіз болса керек.

Қ. жасау үшін талдан биіктігі бір жарым метрдей етіліп цилиндр тәріздес арасы сирек *себет* тоқылады. Себеттің диаметрі 1 метр шамасында жасалады. Осылайша жасалған құрылғының бетіне диаметрі кішірек шеңбер *қақпақ* орнатылады. Қақпақ, тепе-теңдік ұстайтындай етіліп, шығыршықты білікшеге отырғызылып, себеттің ернеуіне бекітіледі. Осындай *аумалы қақпағы* бар себетті Қ. деп аталады.

Қақпақшаның бетіне *шетен, долана, алыша* сияқты жидек түрлері қыстырылады да, құс қонақтайтын жерге бекітіледі. Жемді көрген құстар қақпақшаның үстіне қонған кезде ол төңкеріліп, құс себеттің ішінде түсіп кетеді.

Қ. орманды алқапта, қыстың күні, шіл, құр сияқты орман құстарын аулауға қолданылады.



Құсқода түрлері. ҚР MOM материалдары бойынша суретті салған Б.Қақабаев

Қ.-ның және бір түрі 1850 ж. Қазанда басылып шыққан Эдуард Эверсманның *«Естественная история Оренбургского края»* атты еңбегінде келтіріледі. Онда Қ. ны, себет тәрізді емес, орман құстары қонақтайтын жерге, бас бармақтың жуандығындай шыбықтарды төңкерілген конус тәріздендіріп, жерге шеңберлеп қадап, жоғарғы, кең жағына аумалы қақпақ орнатып жасайтынын көрсетеді. Қақпақтың бетіне дәні бар сұлы сабандарын бекітіп қояды. Сұлыға қызыққан *құр, шіл* сияқты құстар қақпаққа қонақтаған кезде ол аударылып кетіп, құстар конус пішіндес қоданың тар жағына түсіп кетіп қанатын жаза алмай кептеліп қалады екен. Автор мұндай тәсілді Орынбор өлкесінің тоғай бойын мекендеген башқұрттар мен қазақтардың күздің соңында, қыс айларының бас кезінде қолданатынын жазады. Мұндай Қ.-ды уақытылы тексеріп, түскен құсты алып отырмаса *сусар, күзен* сияқты аңдардың тұтылған құсты алып кететінін атап өтеді. Қазіргі уақытта, ауыз екі тілде Қ. сөзі сақталғаныменен, өкінішке орай бұл құрылғы жайында деректер жоқтың қасы, сипаттамасы да кездесе бермейді.

Әдеб.: Э.Эверсман. Естественная история Оренбургского края. ч.1. Оренбург 1840 г. ч. 2. Казань, 1850; Қ. Игенбаев. Көне сөздер құпиясы // АТ. 2003 ж, 8-мамыр, №8; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰСНИХАТ / ХҰСНИХАТ ӨНЕРІ – көркем жазу (каллиграфия) өнері, мұсылман өнерінің бір саласы. Арабша «хусни» сөзі «әдемі, көркем» дегенді, «хат» сөзі – «жазу» дегенді білдіреді. Шығыста қашанда сөз өнерімен бірге жазу өнеріне де үлкен мән берілетін. Әдемі сөйлеу қалай жоғары бағаланса, әдемі жазу да солай жоғары бағаланды. Ислам дінін қабылдаған шығыс халықтары араб тілін, араб әліпбиін де бірге қабылдады. Мұсылман халықтарының Қ. өнері осы араб жазуына, араб әліпбиіне негізделеді.

Араб жазуы. Араб жазуының тарихы арабтардың мұсылмандықты қабылдауынан әлдеқайда ерте заманнан басталады. Көне араб жазуымен жазылған алғашқы ескерткіштер VI ғ.-дан жеткен, бірақ араб жазуының толық қалыптасып біткен уақыты VIII ғ., яғни, ислам дінін тарату барысында Араб халифатының құрылып, араб мәдениетінің гүлдену кезені. Араб әліпбиі 100 таңбасы бар 28 әріптен тұрады. Арабтардың төл жазуы қалай пайда болғаны туралы нақтылы ғылыми дерек жоқ. Ғалымдар оны көне «*набатей жазуынан*» дамып шыққан деп жорамалдайды. Ислам дінінің қалыптасуымен бірге пайда болған араб жазуының осы уақытқа дейін сақталған ең көне түрі «куфи» жазуы. Бұл жазу V ғ.-да пайда болып, шыққан жері Ефрат өзенінің бойындағы Куфи қаласының атымен аталған. Мұсылман аңыз деректері Адам атадан Ыдырыс пайғамбарға дейін қолданылған көне жазу түрін «*макили*» деп атайды да, ал «*куфи*» жазуын ойлап шығарған Хазрет Әлі ибн Абу Талиб деп санайды.

*Мұртаза /Әлі/ куфи жазуының негізін қалады
Және оның дамуы мен гүлденуіне әсер етті.
Шеберлер ойлап шығарған жазулардың
Барлық түрі осы куфиден шыққан деп біл.*

Сұлтан Али Мешхеди.
«Құснихат туралы трактат».

Көне Құран үлгілері осы куфи жазуымен жазылған. Мұхаммед ғалайһиссалам бұл жазуды «ал хатт нысф ул-илм» («дүниедегі білімнің жартысы») деп атаған. Куфи жазуының алғашқы үлгісін «геометриялық (немесе квадраттық) куфи» деп атайды, себебі Куфи жазуы негізінен төртбұрышты формаларға құрылған болатын. VII ғ.-ларда куфидің көркем түрлері «*әшекейлі куфи*», «*гүлденген куфи*» деген нұсқалары дамып шығады. Куфи жазуын ойлап шығарған Хазреті Әлі саналғандықтан, ол суретші-хаткерлердің пірі саналып, кейін де арабтың көркем жазуларының басқа да үлгілерін ойлап шығарған шеберлердің түсіне Әлі кіріп, аян берген делінеді.

X ғ.-да араб жазуының дөңгеленген формаларға құрылған жаңа нұсқалары пайда болды. Бұл жазу нұсқаларының «*наسخ*», «*сульс*», «*мухаккак*» деп аталатын түрлерін ағайынды араб каллиграфтары Али және Абдуллах ибн Муклалар ойлап шығарды. Оны шығарушы Али ибн Мукла түсінде Али ибн Талибтің кеңес беруімен жасаған. XI ғ.-да Абул Хасан Али ибн Халал ибн Бавваб «*рейхани*» жазуын, XIII ғ.-да Бағдадтың ақын және құснихатшысы Абул Фазл Диновари «*тоуги*» мен «*рика*» жазуын жасап шығарған. Сөйтіп араб көркем жазуының классикалық

алты үлгісі қалыптасады. Бұл жазуларды «*алтылық*»-«*ситте*» деген ортақ атпен атайды. Бұл жазулар үлгісін мешіт, медресе және т.б. ғимараттарда, кітаптарда, заттарда көруге болады. Бұлардың ішінде ең бірінші пайда болғаны «*сульс*» жазуы. Қалғандары соның негізінде дамып шықты. Сондықтан сульс «*умм-ул хутут*» – «жазулардың анасы» деп аталады. Сульс – «үштен бір» деген сөз, яғни кішкентай жазылатын әріптер үлкен жазылатын әріптердің биіктігінің үштен біріне тең, дөңгелектері үштен бір, ал түзулер үштен екі болып келеді. Сульс хатымен мешіт, т.б. ғимараттарды құран аяттары жазылған. Кейін «*мухаккак*» және «*тоуги*», қаламды жіңішке қылып ұштау арқылы «*наسخ*», «*райхани*» және «*рика*» хаттары пайда болды. Сульстың негізінде дамып шыққан «*наسخ*» хатының атауы «ығыстыру» дегенді білдіреді. Бұл жазу түрі куфи жазуын қолданыстан ығыстырып шығарғандықтан солай аталған. Осы уақытқа дейін Құран текстері насх жазуымен жазылады да, куфи жазуымен сүренің аттары, тараудың тақырыптары жазылатын болды. Сол себепті «*наسخ*» жазуын «*корани*» деп те атайды. «*Рика*» («төрт бөлігі» деген сөз) насхтың тез жазылатын варианты. «*Тоуги*» («мөр», «таңба» дегенді білдіреді) хатымен патша жарлықтары, сот шешімдері жазылды. «*Мухаккак*» сөзі «анық» дегенді білдіреді. «*Райхани*» (райхан гүл – базилик) – гүл аты. Классикалық алтылықтың куфиден айырмашылығы – шеңберге құрылып, дөңгелене жазылуында.

Кейін ислам дінін қабылдаған елдерде араб жазуын дамытуға басқа халықтар да үлес қосты. XIV ғ.-да Иранда араб жазуының парсылық нұсқасы (тоуги мен риканың негізінде) «*талик*» жазуы пайда болады. Оны ойлап шығарған Исфахандық каллиграф Тадж Салмани деп айтылады. Бұл хат түрімен көбіне кітаби ақындардың шығармалары, ғылыми еңбектер жазылатындықтан оны «*наме*» (кітаби деген сөз) деп те атаған. Ал XIV ғасырдың аяғында атакты құснихатшы Мир Али Тебризи насх пен таликтің қосылған түрі «*насталик*» (наسخ-е-талик) жазуын жасайды. Аңыз бойынша насталик жазуының жасалуы былай болған. Атакты суретші Мир Али Тебризиге түсінде Мұртаза Хазрет Әлі аян беріп: «*Ей Алланың құлы! Үйректің пішініне назар сал да, жазудың жаңа түрін жаса!*» – дейді. Ол: «*О әлемнің сұлтаны! Үйрекке қарап қалайша жазу шығаруға болады*» – деп сұрағанда Хазреті Әлі: «*Үйректің көзіне, тұмсығына, мойнына қара, олар қалай иіліп дөңгеленуіне назар сал. Жазуды солай қыл*» –депті. Шынында да үйректің бейнесін бір сызықпен салсақ, онда *насталик* хатының элементтерін көруге болады. Бұл аңыздың негізгі шындығы – мұсылман хаткерлерінің жазудың көркем үлгілерін жасауда айналадағы табиғаттың сұлулығына сүйенгені. Яғни, мұсылман суретшілері көркемдікті айналадағы табиғаттан үйренген. Кейін талик, насталик жазуларының тез жазылатын нұсқасы «*шикесте*» пайда болды. Оны жасаған – биік өнері үшін «*Шафиа*» деген лақап атқа ие болған иран хаткері Мұхаммед Шафи.



XIV-XVIII ғ.-ларда араб жазуын дамытуға түркі халықтары өзінің мол үлестерін қосты. Осман түркілері сұлтан сарайларында, дивандарында (жиналыстарында) қолданылатын ресми жазу түрі «дивани», «дивани джамил» жазуларын жасады. Тиын ақшаларға қолданылатын «иджазет», «гырма», сұлтан тұғраларын жазатын «туғраи» т.б. көркем жазу түрлері де шыққан. Түркістанда пайда болған көркем жазу үлгісі «сиягет» деп аталған.

Әртүрлі хат (жазу) үлгілерінің көлемімен, пішінімен, лигатуралық сипатымен, сызықтарының қалыңдығы мен иілуімен, әріптердің өзара орналасу әдістерімен айырықшаланатын өзіне тән қалыптасқан ерекшелігі, қолданылатын орыны, жазғанда қаламның ұшталу әдісі және т.б. тәсілдері болды. Әр жазу үлгілерінің өзіндік қолдану аясы болды. «Куфи» жазуымен құлпытастардағы, металл ақшалардағы, мемлекеттік мөрлердегі жазулар орындалған. XV ғасырға дейінгі қолжазбалық кітаптарда «куфи» жазуымен шығармалардың тақырыптары және тақырыпшалары жазылды. «Насх» жазуымен Құрандар көшірілді, ал «тауки» және «рнка» сияқты курсивтік жазулармен мемлекеттік кеңселердің іс қағаздары, сот шешімдері жазылған. «Талик», «насталик» жазулармен әдеби шығармалар жазылды. Ал көлеміне қарай үлкен жазулар – «жали», ұсақ жазулар – «хафи», өте кішкентай жазулар – «ғубар» деп аталған. Бір тексте әртүрлі жазу нұсқаларын, әр түрлі көлемін қолдануда жазудың көркемдігін арттырды. Өрнекті жазулар Қ-қа арналып, әшекейлі жазбалар тудырды. Мысалы, «куфи» хатының «әшекейлі куфи», «гүлденген куфи» деген көркем түрлері бар. Араб жазуының осы айтылған кең тараған үлгілерінен басқа, «тауыси», «бахор», «гюлзар», «хелали» т.б. сияқты әртүрлі көркем-фантастикалық үлгілері де болды.

Құснихат өнерінің пайда болуы. Араб жазуының көркемдік, сұлулық негізі оның өрнектік сипатында жатыр. Көркемдік сипат араб жазуының өзінде о бастан бар болған, осы жазу түріне ғана тән ерекшелік деуге болады. Егер Еуропа алфавиттерінің әріптері көлемі жағынан біркелкі болып, бір жол бойына жазылса, араб әлінбиінің әріптері көлемі жағынан әртүрлі, олардың ені, биіктігі, ұзындығы әрқилы болып келеді және жолдың астына да, үстіне де, бойында да жазыла береді. Әріптердің суреті сөздің басында, аяғында, ортасында келуіне байланысты да өзгеріп отырады. Араб жазулардың әсемдігі әліпби түрінде онша көрінбейді, тек жазғанда ғана ашыла түседі. Әріптердегі бұл өрнектілік сипат жазуды мың құбылтып, көркемдеп жазуға мүмкіндік береді. Араб жазуының осындай құбылмалығы шығармашылық ізденістерге және эстетикалық талаптарды қанағаттандыруға көптеген бейнелік-көркемдік мүмкіншіліктер берді және Қ. өнерін биік өнер деңгейіне көтерудің алға шарттары болды. «Алла сұлу, ол сұлулықты сүйеді» – деген Құран сөзін негізге алған мұсылман хаткерлері Құранның сүрелерін, аяттардың қасиетті сөздерін әдемі, көркем жазуға тырысты. Әріптердің әдемілігі оларды сұлудың, адамның дене мүшелеріне

теңеткізіп, қасиеттеуді туғызды. Мысалы, «әліп» әрпі – сұлудың сымбатына, «син» әрпі – сұлудың тісіне, «нун» әрпі – сұлудың қасына, көзіне тенеледі, «даль» әрпі – адамның еңкейген енесіне, «ләм әліп» – екі бұрымға т.б. сияқты. Мұсылман ақындары да өз жырларында сұлудың дене мүсінін араб әріптеріне теңеп жырлаған. Ертедегі ұлы Шығыс шайырларынан бастап, XIX ғ.-дағы Абайға шейін сұлуды араб әріптерімен, жазу белгілерімен сипаттау поэзияда көркемдік тәсіл болған. «Ол – құдырет, мүсіні – алиф, ауызы – мим, тұлымы – нун» («Кабуснаме». XI ғ.).

*Коз де берді. Тек адамның ісі ғып,
Жүрек берді – алсын деп түсінік.
Сезімде бар, көзің де бар, дауысың,
Екі аяқ бар – «әліп» әрпінен аумайсың»*

Муслихаддин Сағди

*Ләм-әлиф – Ла илаһа илалла деп.
Я – ярым, қалай болар жауап сөзің
Мәт – қасың, мәшһүт – кірпік, сәкін – көзің.
Үтір мен асты-үстілі жазу да бар,
Болуға асты-үстілі көңсең өзің.*

Абай Құнанбаев

Әдебиетте ғана емес, хуснихат өнерінде де әріптің бейнелілігін қолданып жазу арқылы адамның, жануардың, құстың суреттерін салу – бейнелік тәсілдің бірі болды. Мұсылман хаткерлерінің араб жазуының бейнелік мүмкіндігін толық қолданып, дамытып, оны көркемөнер дәрежесіне көтеруі заңды құбылыс еді. Көркем жазу өнері өмірдің бар саласын қамтыды, мұсылман хаткерлері көркем жазумен ғимараттарды, тұрмыстық заттарды, киім, қару-жарақтарды әшекейледі. Мұсылман хаткерлері көркем жазуды ғимаратта, кітап, тұрмыс заттарын әшекейлеуде қолданып қана қоймай, жеке өнер жанрын да қалыптастырып, каллиграфиялық шығармалардың өзіндік туындыларын да жасады. Қ. өнерінің алғашқы теориялық негіздерін ибн Муқла және ибн Бавваб жасаған болатын. Ал XIII ғ.-да белгілі араб хаткері Джамал ад-дин Якут Мустасими Қ. өнерінің теориясын әрі қарай дамытып, жетілдірді.

Құснихатшы қолданған жазу құралдары. Хаткердің басты құралы – қалам. Шығыста қалам кие тұтылып, қасиеттеліп, биік құрметтелді. Қаламды жерге тастамаған, басқаға бермеген, басқадан алмаған.

*Әлем дүниесі қалам арқылы даңққа бөленді,
Қалам болмаса әлем жоқ болар еді...
Заттық күші жағынан одан әлсіз болса да
Дәрежесі жағынан қалам семсерден жоғары.*

Мир Имад Казвини.

XV ғ.-дағы Иран құснихатшысы Сұлтан Али Мешхеиді өзінің Қ. өнері туралы трактатын осы қаламды мадақтаудан бастайды.

*О қалам жазатын тіліңді ұшта,
Екі дүниенің билеушісін мадақтау үшін,
Қаламды жаратқан иемізді.
Және сол қаламмен жаратылыс сөзін жазған.
Болған, бар және болатынның бәрін
Ол мырзалық дарындық кітабына жазды.*

Қалам ағаштан және қамыстан жасалып, жазудың түрлеріне сәйкес әртүрлі әдістермен ұшталды. Қаламды жонуға өткір пышақ және «нейгат» деп аталған сүйек тақтай қолданды (қ. *Қалам*). Қаламды хаткерлер «қаламдан» деп аталатын арнайы сауытта сақтады. Қ.-қа қажетті келесі материал – «сия». Қ.-қа арнап қолдан түрлі-түсті сиялар жасалып, сияны арнаулы сауытқа – *дәуітке* құйып пайдаланды. Көркем жазуға арналған қағаздың әртүрлі сорттарын да қолдан жасап, оларды түрлі-түске бояп өрнектеді. Мұсылман құснихатшылары бір тізерлеп отырып, қағаз салынған тақтаны тізесіне қойып жұмыс істеді.

өрнектің ролін атқарып тұрды. Жеке Қ.-тық туындыларда жазу күрделенгенде тіпті өрнекке айналып кетеді. Кейбір жағдайларда көпшілікке белгілі Құран аяттары бір сөзге дейін қысқартылып, бастапқы сөздермен немесе бір сөзбен-ақ берілетіні кездеседі, мысалы «Фатиха» сүресі «аль-хамду» (мадақ) сөзімен, «Бисмиллахи ар-рахман ар-рахим» сөздері «Бисмиллах» сөзімен беріледі. Құран сөздері, Алланың, пайғамбардың, алғашқы халифтардың аттары жазылған каллиграфиялық композицияларда жазудың күрделеніп, өрнектелгені сонша, кейде оқу да қиын болды. Мұндай туындылардағы мақсат – оның оқылуы емес, киелі жазумен затқа киелілік, қасиеттілік беру болған.

Құснихат өнерін үйрену әдістері. Мұсылман елдерінде көркем жазу өнеріне арналған, осы салада танымал болған шеберлер қаламынан туған көптеген ортағасырлық қолжазба «рисалалар» – трактаттар жазылды. Рисалаларда хаткерлікпен айналысам дегендер үшін көпғасырлық Қ. өнерінің дәстүрі, құпиялары айтылып, авторлардың жылдар бойы жинақтаған мол тәжірибелері жазылып, осы өнердің ережелері түсіндірілді. Бұл өнерде қолданылатын материалдар, жазу әдістері мен көркемдік тәсілдер сөз болды.



Құснихатшы құралдары. 1. Қаламдар түрлері. 2. Қалам салынатын сауыт – «қаламдан». 3. Сия сауыт «дәуіт» және қалам сауыт «қаламдан» салынатын пенал.

4. Қағаз дайындау. XVI ғ. Шығыс миниатюрасынан.

5. Құснихатшы жұмыс үстінде. XVI ғ. Шығыс миниатюрасынан.

Құснихат өнерінің негізгі қағидалары. Қ. өнері адамнан сауаттылықты, жаза білуді ғана емес, көркемдік дарын және шығармашылық қабілетті талап етеді. Қ. туындысын жазарда оның қолданылатын орны, қызметі ескеріліп, соған сәйкес композициялық шешіміне, орындауға қолданылатын жазу үлгісіне ерекше көңіл бөлінді. Жазу өрнекпен әшекейленді. Мақсатына қарай жазу кейде өрнектің *өрісінде* (фонында) алынса, кейде өзі



Құснихат өнерімен көркемделген мұсылман кітаптарының беттері.

1) Құран кітабының беті. XVII ғ. 2) Ходжа Зайн ал-Аттардың емдеу тәсілдеріне арналған кітабының көркемделген беті. Құснихатшы Мұхаммед Хусейн б. Ал-Миреки ас-Самарканди. Орта Азия. 1541 ж.

3) Хафиз Ширазидің «Диванының» беті. Кашир. XVIII ғ. 4) Рашид ад-дин Ватваттың «Меруерттер шашуы» атты кітабының көркемделген беті. Құснихатшы Султан Мұхаммед Хандам. Герат. XVII ғ. 5) Кітап бетінің қос парағы. XVII-XVIII ғғ.



Рисалалардың көбі өлеңмен жазылған. Белгілі рисалалардың ішінде Кази-Ахмед, Сұлтан Али Мешхед, Садиг-бек Афшар сияқты белгілі құснихатшы-суретшілердің трактаттарын айтуға болады. Қ. өнеріне үйретудің үш түрлі әдісі болды. Қ. жаттығулары: «калями» – көшіру, «назари» – жазу ережелерін көріп зерттеу және Қ. теориясын оқу. Барлық өнер сияқты бұл өнер де адамнан тұтастай берілуді талап етеді. Сонда ғана үлкен жетістікке жетуге болады. Бірақ та жазу өнерінің шеберлік құпиялары, сұлулық сырлары тек тікелей ұстаздан шәкіртке, көп жыл ыждағаттықпен үйрету нәтижесінде беріліп отырған.

Құснихат өнерінің жанрлары. Қ. өнерінің алғашқы қолданыс аясы, әрине, кітап безендіру саласы болды. Көркем жазумен ең бірінші Құран кітаптары көркемделді, кейін шайырлардың, тарихшылардың, ғалымдардың қолжазба кітаптары да безендіріле бастады. Шығыста қолжазба кітап құснихатшының, нақышшының және суретшінің өнерін біріктірген күрделі туынды болды.

Қ. жеке өнер түрі болып қалыптасуымен, осы өнер түрінің өзіндік жеке шығармалары жасалып, даму барысында олардың бірнеше өзіндік жанрлары пайда болды. Көркем жазумен әдемілеп жазылып, өрнекпен әшекейленіп жасалған Құран сүрелері мен Алланың, пайғамбарлардың есімдері, ұлы ақындардың өлең шумақтары, данышпандардың нақыл сөздері жазылған жеке Қ. шығармалары «кита» деп аталды, оларды өнер туындысы ретінде үйлердің қабырғаларына ілген. «Кита» көлемі 9x15, 20x3 см картонға желімделген қағазға жазылды.



Құснихат өнерінің жанрлары. 1,2. «Кита» – көркем жазумен жазылған ақын, ғалымдардың шығармаларының үзінділері. 3. «Муракка» – кыталардың альбом түріндегі жинақтары. 4. «Хилие» – Мұхаммед пайғамбар хадистерінің үзінділері жазылған құснихаттық туынды.

Осындай шығармаларды бір-біріне қосып, кітап секілді тігіп жасаған көркем альбомдар «муракка» деп аталды. «Мураккада» кейде жазу мен сурет беттері кезектесіп

келуі мүмкін. Көркем жазудың бір жанры – сұлтандардың фирмандарын, патша жарлықтарын көркемдеп жазу. Дарынды хаткерлердің (калиграфтардың) қолында бұлар нағыз өнер туындысына айналатын.

Хуснихат өнерінің ерекше жанры – пайғамбарымыз Мұхаммед ғалайһиссаламның сипаттарын бейнелейтін хадистерден үзінділер жазылған туындылар. Қ. өнерінің бұл жанрын «Хилие» деп атады. Онда пайғамбардың хадистерінен үзінділер жазылып, жиектеріне айналдыра пайғамбардың жақын серіктері, алғашқы халифтардың есімдері жазылды. «Кита», «муракка», «хилие» сияқты хуснихат туындыларын үйдің ішіне іліп қоған.

Қ. шығармаларының тағы бір түрі – «фирман». «Фирман» (казакша «пәрмен») деп патша, сұлтандардың арнаулы жарлықтарын атайды. Шығыста да, Батыс елдерінде де ерте кездерде әр түрлі маңызды жағдайларда арнайы патша жарлықтары шығарылып, оны жазуға шебер каллиграфтар, суретшілер тартылатын. Осы күні де адамдарды сіңірген еңбегіне қарай мемлекеттік грамотамен марапаттау сақталған. Мұсылман әміршілері де фирмандарды жазуды хаткер-суретшілерге тапсырғандықтан, бұл фирмандар да шынайы өнер туындысы болды.



Құснихат өнерімен жазылған түрік сұлтандарының тұғралары.

Жарлықтарға қойылатын, «тұғра» деп аталатын сұлтанның мөрі, тамғасы да Қ. өнерінің шығармасы, жеке жанры десе болады. «Тұғра» еуропадағы герб сияқты адамның жеке белгісі болды. Сұлтан, әміршілердің аты-жөні жазылған «тұғра» композициясы жағынан өте күрделі жасалды. Қиыннан қиыстыратын өрнектермен әшекейленіп жазылған «тұғра» да шынайы Қ. өнерінің туындысына айналды. Оны жасауға шебер суретшілер тартылды, бұл үшін «тұғра» деп аталған арнайы жазу түрі ойлап шығарылды. Қазіргі заманда өздерінің жеке белгі ретінде тұғраны билеушілер ғана емес, жай адамдар да қолдана бастады, олар да өз тұғраларын құснихатшы суретшілерге жасатады. Өте жоғары көркемдік деңгейде жасалған сұлтан тұғралары, фирмандар, кита, хилия сияқты Қ. өнері туындылары әлемнің көптеген музейлерінің қорында сақталуда.

Бірте-бірте хаткерлер жазулармен жануарлардың, аңдардың, адамдардың, құстың, ғимараттардың, заттың тұтастай бейнелерін сала бастады. Жазумен бейне сурет салу – Қ. өнерінің ерекше жанры. Мұндай Қ. туындыларында бейне сурет пен жазудың мағынасы косылып, түрлі ассоциациялар тудырып, шығармаға көпастарлы мағына беріп тұрды. Мұның бәрі хаткерлерден ерекше көркем қабілетті, шығармашылықты, біліктілікті талап етсе, мұндай Қ. туындысын тамашалау көрерменнен де зерделілікті, биік эстетикалық талғамды, білімділікті қажет етеді.



Мұсылман халықтарының құснихат өнеріндегі әр түрлі көркем жазу үлгілерімен салынған ғимарат, қайық, алма, адам, құс, аң бейнелерінің үлгілері

Жазу көркемдігі – жан көркемдігі. Қ. өнер ғана болып қойған жоқ, кемелденудің, рухани өсудің құралы да болды. «Жазу сұлулығы – жан сұлулығы» деп саналған Қ. өнері туралы мұсылман суретшілерінің трактаттарында суретшінің рухани тазалыққа ұмтылуы тиіс екені баса айтылады. Жазу өнерінің тірегі адамның әрекетінде, амалында. Жазудың тазалығы жанның тазалығына байланысты. Сұлтан Али Мешхеда Қ.-пен айналысатындарға былай кеңес береді: «...бір сағат та былғанышты болма, қашанда өтіріктен, жаман сөзден, жала жабудан аулақ болуды міндет сана». Хаткер-суретші ашкөздіктен, сараңдықтан алыс болып, жаман құмарлықпен күресіп, бұзық құмардан қашуы тиіс. Мұсылмандардың әміршісі Әли ғалайһиссалам: «Сендер үшін жазудың көркемдігі, шынында да жан азығының кілтіннің бірі» – деп айтқан екен

Мұсылмандық Шығыста Қ. өнері суретші-хаткерлердің ғана еншісі болған жоқ, көркем жазу өмірде ерекше

бағаланып, мәдениеттілік пен білімділіктің белгісіне айналды. Бұл өнер ғұламалықтың және дарындылықтың өлшемі болды. Ислам да Қ. өнерін киелі өнер санап, қолдап отырды, оның қасиеттілігі пайғамбардың «ал-Хатт нисф аль илм» – «Жазу – ілімнің жартысы» деген арнайы хадисімен дәлелденген. Хаткерлік мұсылман мәдениеті өкілдері үшін тек өнер ғана емес, адамның рухани өсуінің, кемелденуінің құралы болды, сондықтан Шығыстың ұлы ғұламалары, ақындары, философтары да бұл өнерді жақсы меңгерген. Олардың ішінде көркем жазумен өз шығармаларын өзі жазған Абд ар-рахман Жами, Амир Хисров Дехлевидің шығармаларын көшіріп жазған Хафиз Ширази, көркем жазудың бірнеше түрлерін меңгерген Мір Әлішер Науаи сияқты данқты есімдерді атаса да жеткілікті. Мәдениет қайраткерлері ғана емес мұсылман әміршілері де осы өнермен айналысқан. Олар Құранды өздері көшіріп жазып, Меккеге жіберіп отырған. Мұхаммед ғалайһиссалам мен Хазіреті Әліден бастап барлық мұсылман әмірлері мен сұлтандары семсерді де, қаламды да бірдей тамаша меңгерген. *Семсер мен қалам* («сейф ва қалам») мұсылман әміршілерінің атрибутына, символына айналды. Атап айтсақ, олардың ішінде тамаша Қ. туындыларын қалдырған Иранның шахы Тахмасп, «Хаттай Бабури» деп аталатын жаңа жазуы түріп ойлап шығарған Захир ад-дин Бабур падишах сияқты ұлы тұлғалар бар.

Мұсылман әлеміне кіріп, араб жазуын қабылдаған елдерде де Қ. өнері кеңінен дамып, көркем жазудың көптеген туындылары жасалды. Қ. өнері мұсылман халықтарында бүгінге дейін сақталып келеді. Иран, түрік, өзбек, татар, ұйғыр халықтарының хаткерлері, суретшілері бүгінгі заманда да тамаша Қ. туындыларын жасап, көрмелерін өткізіп, соңғы ғасырда кенжелеп қалған бұл өнерді қайта жаңғыртуда.



1. Алтын Орда ханы Тоқтамыс ханың жарлығы және оның жарлықтағы ал тамғасы (мөрі). 1381 ж.
2. Жүсіп Баласағұнның «Құтағу білік» шығармасының беті

Қазақ мәдениетіндегі құснихат өнері. Қазақстан территориясына араб жазуы ислам діні арқылы VII-IX ғ.-ларда таралған. Қазақ жерінен шыққан ортағасырлық



ғалымдар әл-Фарабидің философиялық трактат-туындылары, Махмұд Қашкаридің «Диуани лұғати-т-Түрк» сөздігі, Қожа Ахмет Ясауидің «Диуан хикмет», Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарихи Рашиди», Ахмет Йүгнекидің «Һибуаг-л-хакайиқ», Насыр ад-Дин Бурхан ад-Дин Рабғузидің «Қиссасу-л-әнбия», Жүсіп Баласағұнидің «Құтадғу білік» атты еңбектері және т.б. әйгілі туындылар араб хатының түрлі үлгілерімен жазылды. XX ғ.-ға дейін қазақтың ақын, ағартушы, тарихшыларының еңбектері де араб жазуымен басылып келді.

Ортағасырлық сәулет өнері ғимараттарының қатарына жататын Түркістандағы Қожа-Ахмет Ясауи кесенесі (XIII-XIV ғғ.), Тараздағы Қарахан ата кесенесі (X ғ.), Талас ауданындағы Қарақожа мешіті (XX ғ.) және Маңғыстау өңіріндегі Сейсен ата (XI-XX ғғ.), Шопан ата (XIII-XX ғғ.), Шақпақ ата (XIV-XX ғғ.), Ескі Бейнеу (XVIII-XX ғғ.) тарихи ескерткіштеріндегі құлпытастар, жер асты және жер үсті мешіт-медресе түрлері, мазарлар, сағанатамдар, бейіттер осы Қ. түрлерімен безендірілді.



الصلاة لله
العظيمة لله

الحكمة لله
الذكية لله

Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи кешенінің қабырғаларында әр түрлі көркем жазу түрлерімен жазылған киелі жазулар

Қазақстан территориясында әр кезеңдерде құрылған түрлі мемлекет билеушілерінің аттарынан соғылып шыққан теңгелер мен батыр бабаларымыз ұстаған тулар ұштықтары, олар ұстанған қару-жарақтар, әртүрлі бұйымдарға дейін көркем жазу үлгілерімен әшекейленген.



Көркем жазулармен безендірілген дулығалар

Ислам дінін қабылдап, араб жазуын қолданған барлық мұсылман халықтарындай, қазақтар да Қ. өнері дамып, қазақ хаткерлері де әсем жазумен өрнекті де бейнелі көркем шығармалар жасады. Араб графикасын қолданатын Қытайдағы бауырларымыз бұл өнерді бүгінге дейін сақтап келеді.



Қазақ құснихатшыларының туындылары. 1. Шығыс Түркістандық құснихат шебері Нұрман Аргынұлының авторлық еңбегі «Қазақтың кигіз үйі» деген сөз тіркесінен жасалған. XX ғ. Халифа Алтайдың жеке кітапшасынан алынған. 2. Шығыс Түркістандық құснихат шебері Түсіпхан Ұлықпанұлының еңбегі «Күй төгілген қазақтың домбырасы» деген сөз тіркесінен жасалған домбыра бейнесі. XX ғ.

Ал КСРО құрамында болған Қазақстанда кириллица әлінбиіне ауысумен бұл өнер ұмытылып, жоғалып кетті. Дегенмен кенес заманы кезінде де қазақ суретшілері кітап безендіруде кириллица жазуын араб жазуына сәйкестендіре стилизациялап, көркем жазу жасауға тырысты.

Әдеб: Казиев А.А. Трактат о каллиграфиях и художниках. М.: Искусство, 1947; Лоукотка Ч. Развитие письма. М.: Иностранная литература, 1950; Абай Құнанбаев. Шығармаларының толық жинағы. 2 том. Алматы: Қазақ ССР Ғылым академиясының баспасы, 1954; Шығыс жұлдыздары. Құраст. Қ.Жұмағалиев. Алматы: Жазушы, 1973; Казиев А.Ю. Художественное

оформление Азербайджанской книги XIII-XVIII веков. М.: Книга, 1977; *Восточная миниатюра* в собрании Института востоковедения имени Абу Райхан Беруни Академии наук УзССР. Ташкент: Издательство литературы и искусства им. Гафура Гуляма, 1980; Рукописная книга в культуре Востока. Очерки. Книга первая. М.: Наука, 1987; *Туякбаева Б.Т.* Эпиграфический декор архитектурного комплекса Ахмеда Ясави. Алма-Ата: Онер, 1989; *Мажеен Тлеухан.* Колжазба хаткерлігі. Үрімжі: Шынжан жастар-өрендер баспасы, 1991; *Кейкауыс.* Қабуснама. Өзбекшеден ауд. Т.Айнабеков. Алматы: Балауса, 1992; *Сұлтан Али Мешхеди.* «Трактат о каллиграфии» // Мастера искусств об искусстве. Избранные отрывки из писем, дневников, речей и трактатов. В семи томах. Том. 1. Средние века. М.: Искусство, 1995; *Ахметжанов Қ.С.* Сөз жаздым хұснихатпен (мұсылман каллиграфиясы – мың сипатты көркем жазудың үлгісі) // АТ. 1996. №3; *Соныкі.* Дүниедегі білімнің жартысы // Ислам әлемі (діни-мәдени көпшілік журналы). 1996. №2. 15-17 б.; *Қосманұлы Адал.* Көркем жазу қолданбасы. Үрімжі: Шынжан жастар-өрендер баспасы, 1998; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰСТАН ҚАНЖЫҒАСЫ ҚҰРҒАМАҒАН – құсбегінің үнемі алғыр қыранымен мол олжалы саятшылық құруын білдіретін сөз орамы. Прагматикалық тұрғыдан саятшылық, тіршілік қамы үшін маңызы ерекше кәсіпшілік, алайда, екінші жағынан саятшылық құмарлық, қызығы аса мол құмарлық. Сондықтан қыранның құс ілген тамашасын тек саятшы ғана емес, оған ерген былайғы адамдар да әуес көрін қызықтайды. Қыран мен бапкерді ауыл-аймақ аңызға айналдырады. Саятшылықтың бір қыры кәсіптік болса, екінші қыры қызықтаушылық (геоденистік) өнер болып табылады (**к. Құс салу; Саят**). Аты аңызға айналған әйгілі Көкжендет, Көкқұс тәрізді қыран қаршығалар бір күнде 20 қаз, 30 үйрекке дейін алатын болған. Саятшылық аңызда Көкжендет үйірлі қазға түсіп мерт болғанда, құстан қанжығасы құрғамаған иесі қатты қайғырып, Арка жеріндегі Балта ақынды шақырып, «Көкжендетке» арналған жоктау өлең шығартқан көрінеді. Сол жоктаудың мәтіні төмендегідей:

*«Көкжендет шалғың ұзын мойнақ қысқа
Қайырып салушы едім қайтқан құсқа.
Он бес қаз, отыз үйрек бір күнде іліп,
Дуадақ кез болмады сен байғұсқа.*

*Көкжендет тұғырың алтын маржан баулы,
Тұрушы ең ағаш үйде асыраулы.
Он бес қаз, отыз үйрек бір күнде алып,
Қайтпаған құстан бетің қыран шәулі.*

*Шығушы ем Көкжендетпен құсқа кешке,
Құс ұшса, Көкжендетім түседі еске.
Қаз сабан, қайран қыран жығылғанда,
Шығып ем қазды атам деп Қозыкөшке.*

Әдеб.: *Бегалин С.* Әңгімелер. Көптомдық шығармалар жинағы. 3-т. Алматы: Балалар әдебиеті, 2008; *Уәли Н.* Бұрынғыдан қалған сөз (қолжазба); ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰСТАҢБАЛЫ КҰМБЕЗ ҚАЛЫП – құстың дене мүшелерін бедерлеп құюға арналған зергерлік қалыптың түрі (**к. Қалып**). Әшекейлік бұйымдарда әдетте құстың тұғас бейнесі емес, оның белгілі бір мүшелері қолданылады.

Зергерлік бұйымдардың құрамдас бөліктері мен ою-өрнектерінде азаттық пен еркіндік және өзге де жағдайлардың нышаны ретінде құстың тұмсығы, таңдайы, қанаты, аяғы, тырнағы, тұяғы тәрізді мүшелері бейнеленеді.

Бейнеленуіне байланысты қалып түрлері – *құстаңбалы кұмбез қалып, құстұмсық қалып, даярланған бұйымдар – құсмұрын білезік, құсмұрын сақина, құстұмсық құйма жүзік*, ал ою-өрнектер – *құстаңдай, құсқанаты* деп құстың дене мүшелерінің атымен атала береді (**к. Зергер**). Құс бейнесін түсіретін қалыптар *құйма және соқпа* қалып түрінде жасалады.

Әдеб.: *Қасиманов С.* Қазақ халқының қолөнері. Алматы: Қазақстан. 1969; *Тәтімұратов Ә.* Шебердің қолы ортақ. Алматы: Өнер, 1977; *Шойбеков Р.Н.* Қазақ зергерлік өнерінің сөздігі. Алматы: Ғылым, 1991; *Соныкі.* Қазақ зергерлік өнерінің лексикасы. Алматы: Қазақстан, 1993; ҚР MOM материалдарынан; ОМЭЭ материалдарынан.

ҚҰСТАҢДАЙ – құстың таңдайына ұқсас өрнектің атауы. Қ. – *қоржын, керме, қаршын* сияқты т.б. шағын тоқыма бұйымдарында қосалқы өрнек ретінде қолданылады (**к. Ою-өрнек**).



Қоржын. 1950 ж. ОҚО. ҚР MOM қорынан (КПД 113).

ҚР MOM қорында сақтаулы қоржынның (КПД 113) ұзындығы 125 см., ені 53 см. Оның екі басының (қалталарының) өң бетінің орта тұсына түкті етіп *шаршы* теріліп, ішіне *гул* өрнегі салынған. Айналдыра екі қатар ақ, сұр, сары түсті *тұмарша* өрнегі бір-біріне беттестіріле тоқылып, жиегіне *аламоншақ* өрнегінен *су* жүргізілген. Астары сұр түсті жірілген жүн жіптен *тақыр* етіп тығыз тоқылған. Арқалығына қызыл, қоңыр, сары түсті жірілген жүн жіптерден *құстаңдай* өрнегі өрнектелген. Қалталарының ауызын ілмелеп байлауға арналған қоңыр түсті жірілген жүн жіптен жұмыр өрім бау тағылып, етегіне күлтелі шашақ тігілген.

Әдеб.: *Өмірбекова М.Ш.* Қазақтың ою-өрнектері. Энциклопедия. Алматы: Алматыкітап, 2005; ҚР MOM материалдарынан; ОМЭЭ материалдарынан.

ҚҰСТӨСЕК – құс жүнінен, (мамығынан) жасалған жұмсақ әрі жылы төсек. Қ. тігу үшін *тауық, қаз, үйрек* сияқты құстардың жүнін пайдаланды. Мамықты алдымен жұқа матадан әзірленген ішкі *бидайы* қабатына (төсек көлеміндей қап, қанар) салып, қашып кетпесі үшін ұзынынан және көлденеңінен әр жерден *шарбақтай* іліп, *көктеп* тігеді. Оның сыртынан тығыз матадан *тыс* ұсталады. Ішіндегі мамығы шықпас үшін тысына қалындау, ширақы мата пайдаланылады. Бір *көрпе* әзірлеу үшін көп мөлшерде мамық жинау қажет болғандықтан көбінесе, ауқаттылардың әйелдері тапсырыспен жасатып



пайдаланған. Төсектің үлкен-кішілігіне қарай бір кісілік, екі кісілік Қ. деп аталады. Тұтынылу барысында басылып қалатындықтан жұқарады, осыған сай жылуы да азаяды. Сондықтан, жиі-жиі күн көзіне қойып, жел кактырып отырса көтеріліп, күмпипіп тұрады.

Жылуды жақсы сақтайтынына байланысты ауырып төсек тартып жатқан адамды Қ.-ке жатқызған. Дәстүрлі ортада Қ. жиі тұтынылмаған. Бұған Х.Досмұхамедұлы келтіретін Исатай Тайманов айтыпты делінетін төмендегі сөз дәлел болғандай: *қазақ ел боламын десе, шай ішпесін, құстөсек төсенбесін, қималы етік кимесін*. Осыған карағанда, қазақ арасына көрші халықтар мәдениетінен енген заттың бір түрі болса керек.

Қ. ұғымы тілдік қолданыста жұмсақ, қалың, әрі жылы дегенді білдіретін теңеу ретінде қолданылады. Мәселен, бесіктің түбек тұсында болатын дөңгелек ойығындағы жөргектің үстінен төселетін төсенішті де Қ. деп атайды. Ондай төсеніштің арасына әдетте, жылы болуы үшін түйе жүні қабылатын.

Әдеб.: ҚСЭ, VII том. Алматы: Қазақ Совет Энциклопедиясының бас редакциясы, 1975; *Досмұхамедұлы Х.* Таңдамалы. Алматы: Ана тілі, 1998; ҚАТЭС. 10-том. Алматы: Арыс, 2009; ҚР МОМ материалдарынан, ОМЭЭ-материалдарынан.

ҚҰСТҰМСЫҚ ЖҮЗІК – жүзiктің саусақ ұшына қарайтын жағы құс тұмсығы тәрізді сүйір болып келетін түрі. Қ. ж.-тің *бауырдағына* дәнекерленетін үстіңгі бөлігін соқпа және құйма қалыппен (ондай қалып түрлерін жалпылама түрде *жүзiк қалып* дейді) күмістен жасайды. Бетіне *сірке* жүргізіліп, *қас* қондырылады. Бұндай жүзiкті ертеректе тұрмысқа шықпаған қыздар салған (**қ. Жүзiк**). Қалыңдық ұзатылғанда Қ.ж.-ін *сіңлісіне* таққан немесе *келін* болып түскенде тарту ретінде *қайынсіңлісінің* қолына салған. Кейбір келіндер қыз күнінде таққан Қ.ж.-гін сақтап қойып, кейінірек өзінің қызының немесе немересінің қолына салған. Басқаша айтқанда, Қ. ж. анасынан қызына мұрагерлікке қалып отырған. Бұл жүзiкті кейбір өңірде *құсмұрын жүзiк* деп те атаған. Құстұмсық жүзiктің пішіні мен ою-өрнектері еркіндік пен бақыттың нышаны ретінде танылады.



Құстұмсық жүзiк. ҚР МОМ қорынан (КП 11357)

ҚР МОМ қорындағы құстұмсық жүзiктің (КП 11357) бет жағы төрт шеңбермен, ширатпа және түйіршікті өрнектермен безендірілген. Бүйірлігі екі жақтарынан жалпақтанып келген.

Байырғы тұрмыста әртүрлі бұйымдармен бірге сәлемдемеге жүзiк жіберу салты болған. Ондай салттың болғаны ел аузындағы әңгімелерден, ауыз әдебиеті үлгілерінен мәлім. Сәлемдеме ретінде жіберілген жүзiк (соның ішінде Қ.ж.) белгілі бір ойды тұспалдап, қандай да бір белгі, ишарат қызметін атқарған. Ол туралы «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырында мынадай дерек кездеседі:

*Үш жүзiкті енді алып Айбас берді
Сәлемдеме үш қызға дұғай – дұғай.
Алтынды тон, жүзiгім белгі болсын
Қасына не қосады апам білсін.*

(Қазақ эпосы)



Құстұмсық жүзiк. ҚР МОМ қорынан (КП 26664/12)

ҚР МОМ қорындағы келесі бір құстұмсық жүзiктің (КП 26664/12) алақанның ортасына шыныдан көз қондырылып, жақтаулары көмкерілген. Жүзiктің беті және жаны геометриялық түйіршікпен сымқаптеу тәсілімен безендірілген.

Ертеде ұзатылған қыз белгілі бір уақыттан кейін *төркініне* сәлемдеме жібереді екен. Сәлемдеме жер шалғайлығынан туған хабар алысудың бір түрі болған. Жазу-сызу болмағандықтан ұзатылған қыз өз жағдайын түрлі бұйымдар мен ою-өрнек арқылы білдірген. Сәлемдемеге Қ. ж. келсе немесе құсты бейнелейтін оюы бар бұйымдар (тұскиіз, басқұр және т.б) келсе, төркін жұрты қыздың барған жерінде құстай еркін, бақытты өмір сүріп жатқанын түсінген (**қ. Әйел заты; Құс**);



Құстұмсық жүзiк. ҚР МОМ қорынан (КП 23183)

Қолөнер бұйымдарындағы құс бейнесі тарихи жағынан көне түркі халықтарында Көк, Тәңірі, тотем, кие тәрізді байырғы ұғым-түсініктерге байланысты шыққан.

Әдеб.: *Тәжімұратов Ә.* Шебердің қолы ортақ. Алматы: Өнер, 1977; *Шойбеков Р.Н.* Қазақ зергерлік өнерінің лексикасы. Алматы: Қазақстан, 1993; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰСТҰМСЫҚ ҚАЛЫП – құс тұмсығы пішіндес бұйым жасауға қолданылатын қалып түрі. Мұндай Қ. қ.-тар құйма және соқпа қалып түрінде де кездеседі. Оның білезікке және жүзiкке құстұмсық пішінін түсіретін түрлері болады.

Қ. к.-тың білезік дайындауға арналған түрінін басы сүйір, иілінкі болады. Оның соқпа түрі – қадаубас деп, ал құйылып дайындалатын түрі құстұмсық құйма қалып деп аталады. Соңғы түрі балқытылған металды сүйірлеу келген дөңес пішінге (құстұмсық пішініне) келтіреді. Ал, қадаубас пен құстұмсық бейнесін түсіру үшін бедерлі басын металға қойып, екінші басынан балғамен соғады (к. *Зергер; Құстаңбалы күмбез қалып*).



Құстұмсық қалып.
ҚР MOM қорынан (КП 11288/4)

ҚР MOM қорындағы XX ғ. бас кезіне жататын КП 11288/4 нөмірлі Қ. к, құйма қалып түріне жатады. Ортасы ойыс болып келген қалыптың дәл ортасына шеңбер пішіні түсіріліп, сүйір жағына қарай көгеріс өрнегі бейнеленген. Ойыстың жиегін айналдыра шығыршық бейнесі салынған. Өлшемі 4,3 x 3 см. Ақтөбелік (1898 ж.т.) Қали Оразов есімді зергерден музей қорына алынған.

Әдеб.: Тәжімұратов Ә. Шебердің қолы ортақ. Алматы: Өнер, 1977; Шойбеков Р.Н. Қазақ зергерлік өнерінің сөздігі. Алматы: Ғылым. 1991; ҚӨТС. 10-том. Алматы: Арыс, 2009; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰСТҰМСЫҚ ТӨС – зергерлер мен қару-жарак жасайтын ұсталар пайдаланатын шағын төс түрі. Оның тұмсығы жалқы (кейбір төстің қос тұмсығы болады), сүйір әрі ұзын болып келеді. Қ. т.-ті шеберлер металды қыздырып немесе салқындай өңдеуге жиі колданады. Оның беті суаруы жеткен, асыл болады. Өйткені оны күмісті қақтау, шюге ғана емес, кара темірден жасалған шалғы-орақты шыңдауға да колданады. Кей жерде бұл төс құсмұрын төс деп те аталады (к. *Зергер; Төс*).



Құстұмсық төс. ҚР MOM қорынан (КП 3589)

Үлкен төртбұрышты темірден жасалған, бір бүйірі құстұмсық тәрізді сүйірлене келген. Биіктігі 35 см, құстұмсық бетінің ұзындығы 17 см. Төмен жағы ағаш кеспелтекке отырғызылған. Торғайдағы А. Имановтың сарбаздарына қару жарақ жасауға пайдаланылған.

Әдеб.: Шоқпарұлы Д., Дәркембайұлы Д. Қазақтың колданбалы өнері. Алматы: Алматыкітап, 2007; Қазақ тілінің аймақтың сөздігі. Алматы: Арыс, 2005; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰСТЫҢ МАМЫРҒА ЖЫҒЫЛУЫ – жазға салым жыл құстары – қаз, үйректің көл жағасындағы көғалға, мырық отына жайылып, ескі қауырсынын тастап, түлеп семіруінен жөнді ұша алмай қалуы. Қазақ жерінің, әсіресе, Арқа аймағында қамысты, қоғалы көлдер, томарлар аз кездеспейді. Бұндай жерлер қаз-үйрек, аққу және т.б. жыл құстарының ұя салып, жұмыртқа басуына, балапандары мен көгілдірлерін ертуіне өте қолайлы мекен болып табылады (к. *Құс*). Жазға салым, мамырдың аяғында мырық отын орып семірген қаз-үйректер жаңа қауырсыны қатаймағандықтан көтеріліп ұша алмай қалады (к. *Мырық*). Осы кезде мамырлап қалған қаз-үйректі қайықпен жүріп-ақ ескекпен ұрып алады. Мамырлаған қаз-үйректер аңшы иттерге де оңай олжа болады.

Бір мезет құс етінен әзірленген жеңіл тағамдар дастарқанның әрін келтіреді. Көл жағасындағы, томарлы жерлердегі ауыл-аймақтың балалары көл жағалап етек-етек жұмыртқа жинайды. Мамырлаған қаз-үйректің мамығын жинап, әйелдер құс жастығын жаңалап алады.

Алайда мамырға жығылған құстың қызығына түсіп, қанаттыларды шамадан тыс аулауға ауыл үлкендері қатан тыйым салып, табиғаттың берген ризығын ысырап қылудан сақтандырып отырған. Дәстүр бойынша мамыр аулауға үлкендердің батасын алып шығады. Кей жылдыры көлді жайлайтын қаз-үйректер сирексі бастағанда жаппай мамыр құсын аулауға тыйым салып, тек қаз-үйректері қалын қопалы көлдердің бірінен ғана мамыр аулауға рұқсат берген.

Адал су құстарының ішінде аққу мамырға жығылмайтын көрінеді. Бұл туралы белгілі жазушы-журналист С.Әсіпұлының дерегі ден қоярлық: «Қарасаң көз тоймайтын сұлу, қасиетті құс шамадан тыс семірсе өті майланып, қауырсыны түлейтінін, сонан соң ит-құстың қолына түсіп қор болатынын біледі. Шөп-шылауды мөлшерлеп жейді. Суды аз ішеді. Сондықтан да ол семірмейді. Семірмеген соң қанат, құйрық қауырсындары түлемейді. Түлемеген құс мамыр болмайды».

Әдеб.: Әсіпұлы С. Бала аңшының әнгімесі // Жұлдыз, 2005. №1. 75-77-бб; Уәли Н. Бұрынғыдан қалған сөз (қолжазба); ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰСТЫҢ ЖАЙЫ – жыл құстары жылы жаққа қайтатын кезде байқалатын күн райындағы тосын құбылысқа байланысты қалыптасқан амал (к. *Амал*). Күздегі мизамшуақ шақта күн райы күрт салқындап кетеді: аспанды бұлт басып, өкпек жел соғады, жаңбыр жаууы да мүмкін. Қазақ жерінің солтүстік бөлігінде бұл амал ертелеу келеді, оңтүстікте сәл кештеу байқалады. Бұл амалды кейбір жерлерде қарашаның (қараша қаздың) қайтуы деп



те атайды. Сөйтіп құс қайтқан соң шөптің буыны катаяып, кара күз басталады (**к. Құс**).

Әдеб.: *Сұлтаниәртпұлы Н.* Қазақ күнтізбесіндегі ай амалдары // Ұлттар ынтымағы. 2001. №4. 34-44 бб; *Жүністегі К.* Бұрынғы қазақтар ауа райын қалай болжаған // ЖА. 2003. №38. 29-наурыз; *Хинаят Б.* Амал - фенологический календарь у казахов (тезисы докладов) // Сборник тезисов VII конгресса этнографов и антропологов России. Оренбург, 1 - 5 июля 2009 г. Оренбург, 2009; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰСШЫ – үйретіліп, бапталып қайырылған қыран құсты аң-құсқа салатын адам. Дәстүрлі ортада Қ. деп құсбегілік өнерден мағұлматы бар, бірақ оны арнайы машық, кәсіп етпеген, онымен жүйелі түрде арнайы айналыспаған, тек қызығушылығы бар жандарға ортақ атау ретінде айтылады. Сондықтан қыран құсты қолға түсіру, қолға үйрету, баптау сияқты негізгі шараларды біреудің жәрдемімен атқарады. Кейбір жағдайда дайын үйретілген құсты біреуден қалап немесе сатып алып, оны аң-құсқа салған. Қалай дегенмен, аңшылық пен саятка шығуды жаны сүйетін көпшіл адам. Кейбір Қ.-лар құс салуды сәнге немесе ермек үшін аз уақыт машық еткен.

Әдеб.: *Бегалин С.* Саятшы әңгімелері. Алматы: Жазушы, 1979; *Мұқанов С.* Халық мұрасы. Тарихи-этнографиялық шолу. Таңдамалы шығармалар. XV том. Алматы: Жазушы, 1979; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰТ – көп мағыналы категория: *тіршілік қуаты, рух, ырыс, ризық, игілік, аман-саулық, бақыт, сәттілік, табыс, жетістік, тіпті, молшылық, рахат өмір, рахат тіршілік, байлық* мәнінде де қолданылады. Бұл гәпті мифопоэтикалық сана тудырған көшпелілердің дүниенің жаратылысы туралы концепциясында кез-келген құбылыстың себеп пен салдары өзара ауыстырылып берілетін өзіндік «тәсілінің» табиғатымен түсіндіруге болады. Жоғарыда келтірілген мәліметтің қисыннан Қ. аталмыш ұғымдардың бәрінің мағынасын тікелей білдіреді немесе әрқайсысының синонимі деген түсінік тумаса керек. Шынтуайтында, Қ. категориясының қолданыс аясына ой жүгіртер болсақ, Қ.-тың адамның, оның отбасының, өскен ортасының мамыражай тоқ тіршілігінің жоғарыда аталған ұғымдарда көрініс тапқан сан алуан күйі мен қасиеттерінің бастауы әрі себепкері ретіндегі семантикалық болмысын парықтауға болады. Яғни, тіршілік қуаты – рух (бірақ аруақ емес!) Қ. субстанциясы аталмыш күй мен қасиеттер түрінде көрініп отырады. Мысалы, малға қонған Қ. оның жыл он екі ай бойы қондылығын ит-құстан, ұры-қарыдан, жұқпалы дерт атаулыдан амандығын және мол төлдеуін қамтамасыз етеді. Ал үйдің шаңырағына келген Қ. отбасының берекесіне, татулығына, аман-саулығына дастарқанның ризығына, әулеттің әр мүшесінің несібесі сияқты игі қасиеттер мен күйге айналады деседі. Демек, Қ. аталмыш күй мен қасиеттердің дәл өзі емес, олардың әрқайсысының болмыс-бітімінің себепкері, яғни, субстанциясы болып табылады. Бұл қисынды әрқайсысымыз жиі айтатын, бірақ шынайы мән-мағынасына бойлай бермейтін *құтты болсын, құт әкелсін, құт қонсын* немесе *құты қашты, құтынан айырылды* деген сияқты сөз орамдары да айғақтайтындай.

Сондай-ақ, айтылған қисынның дәлелді дәйегі болатын Қ. субстанциясына байланысты дәстүрлі қазақы ортадағы ежелгі наным-сенімге негізделген төмендегі ғұрыптық әрекеттерді мысал ретінде келтіруге болады:

– әрбір көшпелі қазақ әулетінің мал басының негізгі үш түлігінің құт қонған *құтпандары* – жылқыда *құтпан айғыр*, түйеде *құтпан түйе*, қойда *құтпан қошқар* болды (осы ретте ерекше екішеп айтар гәп – *құтпан* атауы қалған екі түлікке – сиыр мен ешкі малына қатысты қолданылмады (**к. Құтпан / Құтпан мал**)). Яғни, *құтпан* атау жосыны аталмыш екі түлікке жүрмеді. Бұл жайтты жылқы, түйе және қой малының көшпелілердің қоғамының болмысына мейлінше сәйкес және экологиясына әбден бейімделген тіршіліккамы жүйесінің негізгі объектілері болғандығымен түсіндіруге болады) (**к. Ешкі; Жылқы; Жылқы бағу; Қой; Мал; Сиыр; Түйе**). Мифопоэтикалық пайым бойынша, Қ. аталған айғырдың жалында, түйенің өркешінде, тоқ тіршіліктің символы қойдың құйрығында мекендейгін көрінеді. Әлгі *құтпан* малдың аталған мүшелеріне көшпелі қазақтың ерекше қамқор һәм тілеуқорлықпен көңіл бөлгендіктері сондықтан. Мысалы, *құтпан* айғырдың жалы үнемі күтіп-баптауда болды. Оны күзеудің немесе кесудің мүмкін еместігі былай тұрсын, қылшығын жұлуға да тыйым салынды. Ал *құтпан түйенің* өркешін жарақаттамау үшін оны жүк көлігі ретінде пайдаланбады. Сондай-ақ, *құтпан қошқардың* құйрығы да ерекше қамқорлықтың объектісі болды. Деректерге қарағанда, *құтпан қошқардың* арықтамауын, оның ит-құсқа жем болмауын және құрттамауын қадағалап жүру арнайы адамға тапсырылды. Әсіресе, *құтпан қошқардың* құйрығына құрт түсу жаман ырым ретінде есептелінді;

– дәстүрлі қазақы ортада сәбиге тұсауын кескеннен кейін дереу тақия кигізу қатаң ұстаным-ғұрыптардың бірі болды. Өйткені, көшпелілердің дүниетанымы бойынша, бойындағы *жан* түріне енген Қ. субстанциясы адамға аяқ тұстан кіріп, тәнінде мекендейді (**к. Жан**). Ол өлгенде бастың орай орналасқан тұсы – *еңбектен* шығып кетеді екен (қазақы «физиологиялық» түсінік бойынша, адам шығып бара жатқан әлгі жан-құтты көзімен шығарып салады. Оның көзінің бірте-бірте маңдайға қарай төңкеріліп барып жұмылатындығы сондықтан деседі). Бірақ, әлгі *жан* әртүрлі тылсым күш иелерінің жаман іс-әрекетіне байланысты адамның еңбек тұсынан кез-келген уақытта ұшып кетуі мүмкін болғандықтан ол міндетті түрде *баскиім* киіп жүруі тиіс (**к. Баскиім; Тақия**). Өйткені, *баскиім*, қазақы пайым бойынша, жоғарыда айтылған тылсым күш иелерінің пәле-жаласынан, жамандық әкелетін іс-әрекетінен сақтайды әрі *жанға* айналған Қ.-тың еңбектен шығып кетпеуіне сеп болады. Осы жайтқа байланысты дәстүрлі қазақы ортада *баскиім* ерекше қамқорлықтың және сан алуан ғұрыптық іс-әрекеттің объектісі болды. Мысал

ретінде, дәстүрлі наным-сенімге сәйкес *баскиімді жерге тастауға, киер жағын жоғары қаратып қоюға*, әсіресе, *біреуге сыйлауға* қатаң тыйым салуды білдіретін көшпелі ортада ежелден орныққан ғұрыптық жосындарды айтуға болады.

Келтірілген осы мысалдардан-ақ Қ.-тын адамға, оның отбасына және мал басына әкелген *молшылық, амансаулық, сәттілік, татулық, береке* сияқты жағымды жайттардың әрбіреуінің тікелей өзі емес, олардың әрқайсысының себепкер-субстанциясы ретіндегі болмысы мен «миссиясын» бажайлауға болады.

Қ. категориясының генезисі мен мифологиялық-ғұрыптық мән-мағынасын оңтүстік сібірді мекендейтін түркі жұрттарының этнографиясы және фольклоры негізінде зерттеген Ресей ғалымдары Э.Л. Львова, И.В. Октябрьская, А.М. Сағалаев, М.С. Усманова оның алғашқы нұсқасының адамның (ердің де, әйелдің де) физиологиясына тікелей қатысы болғандығын атап өтеді. Сонымен бірге, бұл категория туу, өсіп-өну және адамның жыныстық күш-қуатының маңызды екендігін айғақтап тұратын символ *іспеттес* болды. Ғалымдар одан әрі түркі халықтарының тілдерінің бәрінде дерлік Қ. сөзіне ұқсас *гөт (көт)* және оның бір түбірлік аффикстік туындысы *гөден (көтен)* сөздерінің кездесетіндігіне, олардың ер адам мен әйелдің нәрестенің пайда болуын және тууын қамтамасыз ететін жыныс мүшелерінің де (соның ішінде құйрық пен жатырдың да) ортақ атауы екендігіне ерекше назар аударды. Қ. морфемінің семантикалық өрісі адамның (ер мен әйелдің) жоғарыда аталған сәбидің пайда болуын қамтамасыз ететін жыныс мүшелері орналасқан денесінің бөлігімен шендесетіндігі сондықтан. Кейін нәрестенің пайда болуының және тууының физиологиялық үрдісі дәстүрлі социумде бүкіл органикалық дүниедегі зат, құбылыс пен қасиет атауының генезисін, әсіресе, тіршіліктің қалыптасуын түсіндірудің үлгі-моделіне айналды. Ал Қ. енді аспан әлемін мекендейтін ерекше қасиет, күш-қуат болып есептелінді. Бірақ, Қ. – рухтың ғана иелігіндегі күш-қуат ерекше қасиет. Қ. адам баласына рухтың көңілі түскенде, оның көңілін тапқанда ғана жіберіліп отырылады деседі. Аталмыш ғалымдардың мәліметіне қарағанда, түркі жұрттарының ежелгі дүниетанымы бойынша, Қ. адамдарға әрқилы күйде және әртүрлі қасиетпен беріледі. Мысалы, телеуттердің дәстүрлі пайымында Қ. адамға ұрық күйінде жеткізіледі екен.

Алайда, ғалымдар беймәлім себептермен Қ.-тың генезисіне қатысты осы категория мен жоғарыда аталған әйел мен еркектің жыныс мүшелерінің ортақ атауы *көт (көтен)* морфемінің арасындағы «өзі сұранып тұрған» себепсалдарлық байланысты талдамайды. Біздіңше, осы ретте кез-келген дәстүрлі этномәдени ортада адамның практикалық анатомиясы мен физиологиясының, оның маңызды мүшелерінің табиғат пен қоғамды моделдеудің, ондағы ерекше құбылыстар мен артефактілердің болмыс-бітімін білдіретін тиісті категориялар мен ұғымдардың қалыптасуының «антропологиялық» субстраттары болғандығын ерекше

ескерген жөн. Расында да, баланың пайда болуы мен туу физиологиялық үрдісінің дәстүрлі әлеуметтік-мәдени орта, мысалы, көшпелілер үшін теңдесі жоқ айырықша жайт ретінде бағаланғандығы соншалықты, бұл үрдіс бүкіл тіршілік атауының, ондағы айтулы құбылыстар мен артефактілердің генезисін түсіндірудің бірден-бір үлгілі моделіне айналды. Ал осы айырықша үрдісті қамтамасыз еткен ер адам мен әйелдің жыныс мүшелерінің жоғарыда айтылған *көт (көтен)* кәдуілгі анатомиялық атауы емес, бүкіл жұртшылық ерекше қастерлеген өркендеу, өсіп-өну идеясының символы болды. Демек, бұл атаудың адамның, оның отбасының, туған-туысқандарының, руластарының, мал басының мамыражай тоқ тіршілігінің қамтамасыз етін отыратын субстанцияның атауына, яғни, Қ.-қа ұласу қисыны түсінікті жайт болса керек.

Осы қисынға байланысты жоғарыда айтылған *көт (көтен)* атауының мифопоэтикалық дүниетанымының принциптерінің өңдеуінен өткен Қ. категориясының генезисінің «антропологиялық» негізі ретінде қарастыруға болатындай. Бұл тұста мифопоэтикалық дүниетанымының принциптерінің өңдеуінен өткен Қ. категориясы деп отырған себебіміз анатомиялық атау болып табылатын *көт (көтен)* морфемінің Қ. категориясына ұласуы, яғни, Қ.-тың генезисі, түптеп келгенде, оның аталмыш дүниетанымының болмысы мен бітіміне сай өңделу үрдісін білдіреді. Сонымен, жоғарыда айтылғандай, сәбидің пайда болуын және туылуын қамтамасыз етуге байланысты ер адам мен әйелдің жыныс мүшелеріндегі тиісті физиологиялық үрдіс қоғам мен табиғаттың генезисін мифопоэтикалық тәсілмен түсіндіретін «антропологиялық» модель ретінде қабылдануы осы жыныс мүшелерінің ортақ атауы *көт (көтен)* сөзінің бүкіл органикалық әлемнің, соның ішінде адам баласының күш-қуатын, рухын білдіретін субстанция – Қ. категориясының қалыптасуына негіз болған сыңайлы. Қ. субстанциясының жоғарыда аталған күй мен қасиеттерге айналу үрдісі Ф.Гегельдің әйгілі абсолюттік рухының материалдық шындыққа айналу («абсолюттік рухтың» өзіне-өзі сәйкестенілуі) қисынын еске түсіреді.

Әлеб.: Мотрошилова Н.В. Путь Гегеля к «Науке логики». Формирование принципов системности и историзма. М., 1984; Львова Э.Л., Сағалаев А.М., Октябрьская И.В. Усманова Н.С. Традиционное мировоззрение тюрков Южной Сибири. Человек. Общество. Новосибирск: Наука, 1989; *Torma J. Magic Etiology of the Bashkir Folk Medicine // Medicina Geographica. New-York, 1991. №22.; Соныкі. A tüznek mondom. A baskir népi orvoslas magikus élelmének mái rénszére (От ие жарылка. Башкұрт халық медицинасының жүйесі). Hisametdinova Firdaus Gilmetdinkizi közremuködesével. Budapest, 1997; *Torma И. Құттымыз қашпасын! (Башкұрт тіліндегі «құт» сөзінің мағынасы жайында) // АТ. 1996. №1; Алимбай Н., Муканов М.С., Аргынбаев Х. Традиционная культура жизнеобеспечения казахов. Очерки теории и истории. Алматы: Ғылым, 1998; Шаханова Н. Мир традиционной культуры казахов (этнографические очерки). Алматы: Казахстан, 1998; *Дәуіт Шомфай Қара. Жиырма шақты тілде сөйлейтінім рас // Айқын. 2011, 27 мамыр; Жан // Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 2-т. Алматы: РПҚ Слон. 2012. 206-209 бб; Жылқы // Сонда. 516-532 бб; Жылқы бағу // Сонда. 535-539 бб; Ешкі // Сонда. 124-128 бб; Баскиім // Сонда. 1-т. Алматы: DPS. 2011. 417-421 бб; Қой // Сонда. 3-т. Алматы: РПҚ Слон. 2012. 534-566 бб; ОМЭЭ – материалдарынан; Нұрсан Әлімбаидың қолжазбасы.***



ҚҰТПА – жұма намазда, діни мейрам күндері құдайы шалғанда және басқа да ерекше жағдайларда айтылатын уағыз. Жұма күні имам парыз намазының алдында мінберге шығып Қ. оқыса, ал айтта *айт намазынан* кейін Қ. оқылады. Онда Алла Тағалаға мадақ, мақтау ұлықтаулармен Мұхаммед (с.ғ.с) пайғамбарға дұға, тілектер айтылады. Имам жұма сайын әр тақырыпта жұртшылыққа жарты сағат уағыз жүргізеді. Уағыз тақырыбы мысалы ата-ана туралы болса, құран аяттарынан ата-анаға байланысты үзінділер келтіріледі. Сосын пайғамбар хадистерінен ата-ана жөніндегі бір хадисті келтіріп оқиды, соңында бүкіл мүмін-мұсылмандарға дұға бағышталады.

Қ. арабшадан аударғанда діни өсиет, уағыз делінеді, Қ.-ны тек имам ғана уағыздап қалмастан, діни сауаты бар адам белгілі тақырыпта бірнеше адамға уағыз жүргізуде Қ. болып есептеледі және оны әсерлі өткізудің өзіндік ережелеріне көңіл бөлген дұрыс. Қ. мәнерін келтіріп оқудың өзі өнердің бір түрі саналған.

Діни мерекеде, жұма намаздарында, діни басқосуларда, құдайы шалғанда айтылытын дін, адамгершілік, әдет, салт уағыздары.

Әдеб.: *Исаұлы М., Жолдыбайұлы Қ.* Ислам ғылымхалы. Алматы: Нұр-Мұбарак, 2008; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰТПАН / ҚҰТПАН МАЛ – дәстүрлі түсінікте торт түліктің аталығы, үйірдің басы дегенді білдіретін ұғым. Алайда, көшпелі ортада Қ. ауқымды мәнге ие категориялық ұғымға айналған. Адамның иелігіндегі түліктің құты, өсіп-өнуі мен өнім беруі олардың Қ.ы-мен байланыста қарастырылады. Яғни төрт түліктің құты ретінде кастерленген Қ. ұғымының негізгі мәні молшылық пен тоқшылықтың, сән-салтанат пен материалдық игіліктің негізгі арқауы дегенге саяды (**қ. Құт; Төрт түлік**).

Қ.-ның казак арасында культі ерекше болған. Қ. мал мен басқа (адамға) зиянын тигізетін қаскөй күштерді дарытпай тұратын айырықша қасиеті бар деген. Әсіресе, Қ. түлікті бәле-жаладан, ауру-сырқаудан, сондай-ақ итқұс пен ұры-қарыдан сақтайды деген. Онан *албасты, марту* сияқты зиянқас күштер, тіпті *пері* де сескенеді деп санаған. Ол туралы С.Сейфуллин өзі куә болған жайтты былай баяндайды: «.. *жал-құйрығы жерге төгілген ақ қарабас айғырды алып келгенде, ауыл адамдары, керметі әулие келгендей, «тәу етіп» сынып мұлайым болғанын көрдік*».

Қ.-ның осындай қасиеттері малдың өсін-өнуін қамтамасыз етеді деп есептеген. Яғни, Қ.-ды көшпелі ортадағы өндіріс қатынастарының тетіктері дұрыс қызмет етуіне әсер ететін басты фактордың бірі ретінде мән берген. Қ.-ға тән бір сипат үйірге қауіп төндірген итқұс пен ұрыға айбар шегіп қарсылық танытады, сөйтін үйірін қорғайды. Тіпті үйірге бөтен Қ. келсе де, қарсылық танытып, айқасады. Мұндайда *айғырлар* шайнап тастауға дейін барса, *қошқар* мен *бұқа* сүзіп, мүйіздеп үйірден қуыш шығуға бейім тұрады. Айғырға тән бір ерекшелік – қарлы бұрқасында үйірді ықтырмай адастырмай қайыратындығында. Жылқы түлігінің казак өміріндегі алуан түрлі функциясы мен маңызына байланысты оның Қ.-ын бүкіл *ауылдың құтына*

балаған. Әдетте құтпан айғыр деп бауырынан көп құлын өрбіген құтты айғырларды айтады (**қ. Айғыр; Құт**).

Қ.-ның осындай жан-жақты маңызына байланысты оны таңдаудың төмендегідей ұстанымдары қалыптасқан. Олар:

– қойылатын Қ.-ды «*өсімтал малдың*» тұқымынан таңдап алады (жетім малдан Қ. қойылмайды);

– өрбіген төлдердің түсі оған тікелей қатысты болатындықтан қойылатын Қ.-ның түсіне мән берген. Қалыптасқан үрдіс бойынша, Қ.-ның өн-түсі шұбар емес бірыңғай көк, құла, баран түсті, әрі жүні өскелең болғаны абзал. Суық өңірлерде аязға төзімді деп баран немесе қылаң түсті Қ. таңдалады. Өйткені баран түстен суық қашады дейді. Ақ түсті малды тойынбайтын әрі әлсіз (казак оны «*көк арын*» деп атайды) келетіндіктен өсімге қолайсыз. Р.Каруттің мәліметіне қарағанда, казактарда жалы мен құйрығындағы ақ қылы бар жылқының жалына құт қонады екен;

– дәстүрлі түсінікте «*қошқар қойсаң жүндіден қой, айғыр қойсаң үндіден қой*» деген ұстанымды негізге алады. Қошқар жүні қалың, теке малдың түбіті қалың жүндес малдан таңдалады (**қ. Қошқар қою**).

– тұлғасы ірілеу, әрі сымбатты келген малдан Қ. таңдалады. Мысалы, қошқар болар қозының денесі ірілеу, тұлғасы келісімді, жүні қою, әрі қалың болғаны дұрыс. «*Қошқар болар қозының маңдай тұсы дөң келеді*» немесе «*бұқа болар бұзау желкесі жуан келеді*» деген сияқты сөз орамдары соның айғағы. Ондай ұстанымдар малдың піріне сыйынған кезде айтылатын баталарда көрініс тапқан:

... Тағы бір тілейін,
Шын бергенін блейін,
Өңкей ала шұбардан,
Жал, құйырығы шұбалған,
Айғыр берсең байсалды,
Үйірі толған байталды...

(С.Сейфуллин)

Ал, сиыр түлігінің құтпанының жақсы сипаттары туралы казак фольклорында төмендегідей жолдар кездеседі:

Бұқалары әукелі,
Шүйделері блеудей,
Аяқтары тіреудей ...

Қазақтарда **құтпан қоюға** ерекше мән бергендігі соншалықты оған арнап арнайы рәсім жүргізген: таңдалған сәуіріктің басына, маңдайына, жалына және сауырына малдың сүті тамызылып, аузына ақ тигізіледі. Ал, қошқардың мүйізі, маңдайы, тұяғына, сәуіріктің сауырына *сары май* жағып, «*иә, жарықтық-ай, бауырың өссін!*» деген тілек айтады. Оның мәні май құттың тұрағы болса, сөз магиясы жақсы тілектің жүзеге асып, өміршең болуын қамтасыз етеді деген байырғы түсінікке байланысты болса керек (**қ. Мал құты**). Оған қоса игі тілек тілеп, шоқтығына дұғалық тұмар байлап, құйрығына *жеті тал үкі* байлап қояды.

Құтпанның күйі. Бура мен қошқардың күйі күн сәулесінің ықпалы азайған кезде келсе, басқаларында күн сәулесінің күшеюі олардың жыныс құлқын арттыра түседі. Қыстың аязы басталған шақта *бура* өздігінен жарап, келеге



түссе, бұқа мен айғырдың шабыты күн жылынған шақта козады. Қошқар мен текеге *күйек* байлап олардың саулыққа қосылуын реттейді. Алдағы қыстың қандай болатындығына байланысты олардың күйі кей жылдары ерте, кейде кеш келеді.

Құтпан мал үйірге түсу кезінде адам мен айналасындағы басқа малға қауіп төндіреді. Әсіресе *«жалбыраған шудасы, қаршылдаған бураның»* қылығын жіті бақылап, онан сақтанады. Күйті келіп келеге түсерде бура *«өңешін шығарады»* дейді (қ. *Келе?*). Расында, күйті келген бура аузынан көбік шашып, тісін шақырлатып қайрап, айбат шеккен кезде айналасындағы неге болса да (тіпті атты адамға да) қауіп төндіреді.

Мұндай жараған буралар күркіреп сонадайдан қарайған неге болса да келін соқтығады, аузымен шайнап, аяғымен тарпуы мүмкін. Адам мен малға қауіп төндірмес үшін бураның басына *«қаусыр»* деп аталатын аузының ашуын шектейтін нокта кигізеді, өркеш шудасына қызыл түсті мата байлап қояды (қ. *Түйе; Бура*).



Жараған бура. ҚР MOM материалдары бойынша суретті салған Ж.Шәйкен

Мал тұқымыны жақсарту, тұқымын асылдандыру үшін малшылар *«бауыры құтты»*, яғни онан өрбіген төлдерінен жақсы қасиеттері басым Қ.-ды үйірге уақытша қосуға сұрап алады. Мұндай жағдай, әсіресе жылқышылар арасында жиі кездеседі. Тұқым алу үшін үйірге уақытша салуға алған айғырды қайта алып келгенде, *«айғырдың қамшысына байлаған»* деп арнайы кәде әкеледі.

Әдеб.: Карутич Р. Среди киргизов и туркменов на Мангышлаке. СПб.: Изд. А.Ф.Девриена, 1911; Арғынбаев Х. Қазақтың мал шаруашылығы жайында этнографиялық очерк. Алматы: Ғылым, 1969; Уәлиханов Ш. Таңдамалы. Алматы: Жазушы, 1985; Төлеубаев А.Т. Реликты доисламских верований в семейной обрядности казахов (XIX-начало XX вв). Алматы: Ғылым, 1991; Абылқасымов Б. Телкоңыр. Қазақтың көне наным-сенімдеріне қатысты ғұрыптық фольклоры. Алматы: Атамұра-Қазақстан, 1993; Шаханова Н. Мир традиционной культуры казахов (этнографические очерки). Алматы: Қазақстан, 1998; Сейфуллин С. Коп томдық шығармалар жинағы. 7-том. Құраст. Т. Кәкішұлы, К. Ахмет. Алматы: Қазығұрт, 2007; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰТТЫ БОЛСЫН АЙТУ – адамның көрген жақсылығына, қуанышына ортақтасып, сый-сияпат тарту етіп, жақсы тілек білдіру салты. Қоғам мүшесі қай заманда

болсын ұжымдасып, бірлесіп еңбек етіп, бірлесіп өмір сүреді. Ондай қоғамның көпшілік қабылдаған, әдет-ғұрпы, қарым-қатынас жасаудың ежелден орныққан дәстүрі болады. Құтты болсын айту қазақтың тұрмыс-салтында дәстүрге айналған, байырғыдан бері келе жатқан қазақтың күнделікті өміріне тереңдеп енген, кеңінен тараған моральдық-этикалық норма. Мұндағы құт сөзі *«бақыт, береке»* деген көне мағынаны білдіретін, ескілікті атаулардың бірі (қ. *Құт*). «Алпамыс батыр» жырында Алпамыс еншіге алған Байшұбарын мініп келгенде Құлтай бабасы:

*Құтты болсын Шұбарың,
Мойнына таққан тұмарың, -*

деп құтты болсын айтады. Сондай-ақ Гүлбаршын да Алпамысқа:

*Айналайын қарағым
Құтты болсын талабың.
Алла тағала жар болып,
Оңынан тұрсын самалың, -*

деп құтты болсын айтып, ақ тілегін білдіреді.

Келін түсіру, қыз ұзату, бала сүю тәрізділерді дәстүрлі қазақ қоғамында адамның өмірде көретін бір жақсылығына балап, оған ерекше мән берген, сондықтан ондай қуанышқа ортақтасып, өз көңілін білдіріп, жақсы тілек айту міндетті түрде орындалатын императив нормаға айналған. Қуаныш иесі көрген жақсылығы мен қуанышын той етіп өткізіп, алыс-жақын туыстарын; нағашы, қайын жұртын; дос-жарандарын; сол жердің сыйлы, қадірменді адамдарын шақырып хабар айтқан. Олар қуанышқа құтты болсын айта келін, өз дәулетіне қарай тойға шашу деп, жандыдан *боталы түйе, құлынды бие, қозылы қой*, ал жансыздан *қалы кілем, құндыз ішік, астарлы шапан, қымбат кездеме* т.б. бағалы заттар әкелетін немесе атайтын болған.

Жайшылықта, әсіресе алыс-жақын туыстар *«ағайын бір өлі де, бір тірі де»* деп, қуаныш иесінің тойына бір шабылып қалады. Тойға деп, *саба-саба қымыз* әкелетін кездері де болады.

Қуаныштың қандай түрі болса да, қазақ оны елеусіз қалдырмайды. *Құрсақ тойы, шілдехана, сүндет тойы, бесік тойы, тұсау кесер тойы* т.б. жақсылықтарды арнайы атап өтіп, қал-қадары келгенше той етін өткізеді (қ. *Сүндет/Сүндетке отырғызу; Той; Тұсаукесер; Шілдехана*). Қуанышқа келгендер той құтты болсын деп, жақсы сөз, түзу тілектерін білдіреді, қуаныш иесінің көңілін көтеріп, қуанышын бөліседі. Әсіресе, қыз-келіншектер қауымы құрбылары жаңа көйлек кесе де елеусіз көрмей, *құтты болсын, иығыңда тозсын* деп жатады. Жаңа киім киген жас балаға да құтты болсын деп тілегін білдіреді.

Құтты болсын айту, бір жағынан, материалдық көмек, той шығынын көтеру болса, екінші жағынан, кім де болса, құтты болсын айтуды *«жақсы сөз-жарым ырысқа»* балайды. Жақсы тілек, көптің көзінше айтылған жақсы сөздің қадір-қасиетін ерекше қабылдап, қуаныш баянды болады деп түсінеді. Адамның наным-сенімін, көңіл-күйіне әсер ететін мұндай сугустивтер байырғы қазақ қоғамында құттықтау сөздің культке айналғанын байқатады.



Қазақ салтында ағайын-туыс, жекжат-жұрат, дос-жаран т.б. ішінде құтты болсын айтуға келмей қалғандар болса, той иесінің оған деген өкпе-қалдығы «қара қазандай» болады. Қуанышын, жақсылығын менсінбегендей, елемегендей кореді. Әйтеуір бір себеппен құтты болсын айтуға келе алмағандар калайда ертелі-кеш бір келін, көңілдегі кірбінді кетіруге тырысады, бет коріспей кетуден сақтанады.

Той-томалақтың қай-қайсы болмасын, қуанышқа ортактасуға келген адамның құтты болсын айту кезінде қолданатын *той құтты болсын, тойдан тойға жете бер, қуаныш құтты болсын, ұзағынан сүйіндірсін, көрер жақсылықтарын көп болсын* т.б. тәрізді этикеттік тұрақты сөз орамдарын қолданады. Құтты болсын айту салтында қолданылатын бұндай этикеттік формулалар той, қуаныш иесінің көңілін көтеру ғана емес, қоғам мүшелерінің арасындағы этикалық қарым-қатынасты реттеуде, моральдық нормалардан ауытқымауда маңызды рөл атқарған.

Әдеб.: Балақаев М., Уәлиев Н. Жақсы сөз – жарым ырыс (сөйлеу мәдениеті туралы) // Мәдениет және тұрмыс. 1980. №3. 19-б.; КР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰТТЫ ҚОНАҚ – түскен отбасында қандай да бір жақсылық, қуаныш орын алған қонақты білдіретін ұғым. Қазақта *қонақ* тікелей *құтпен* байланыста айтылады (**қ. Қонақ; Құт**). «Қырықтың бірі – қыдыр» деп қазақ үйіне қонақтардың жиі бас сұққандығын тілеген (**қ. Қырықтың бірі Қыдыр**). Таныс-білістігі жоқ *құдайы қонақтың* өзін аса құрметтеп, батасын алып қалуға тырысқан (**қ. Құдайы қонақ**). Қонақжайлық – туыстықты, сыйластықты, қарым-қатынастарды, елдікті нығайтудың басты құралы болған. Сондықтан да қазақ қонақты құтпен тікелей байланыстыра айтады. Ұрпағын «қонақпен бірге құт келеді» деп сендірген, соған орай аңыздар, салт-дәстүрлер, ырым-тыйымдар қалыптасқан. «Қонақ – атаңнан да үлкен» деп қонағын риясыз қадірлеген қазақ, қонақ келгенде үйдің иесі «қонақпен бірге құт кірсін» деп есікті өзі ашып, ішке кіруін өтінетін болған. Керісінше қонақ шығарда есікті үй иесі емес, қонақтың өзі ашып шығуын күтетін болған. Мұны «Қонақ үйден шығарда үй иесі есікті ашып берсе, құтты қонақпен бірге шығарып жібереді» – деп түсіндірген. Бұның түпкі мәні қонақты үйден қуғандай, құтылғанша асыққандай болмас үшіп қалыптасқан дәстүр болып табылады.

«Қонақты қондырмаса құт кетеді» деп қонақтың қонып кетуін дұрыс санаған. Сондықтан қонағынан қонатындығын сұрастырмай-ақ, бірден қонуын сыңайымен танытып, *қонақасын* беруге қазан көтеретін болған. Қонақтың құтпен байланысына қатысты қазақта түрлі ырым-тыйымдар да баршылық. Мәселен

- қонақ келгенде үй сыпыруға болмайды;
- қонақ барда баласына немесе басқа біреулерге ұрыспайды және ұрыспайды;
- қонаққа мін тақпайды, өкпесін айтпайды және т.б.

Егер бұлай істесе қонақпен бірге құт-береке де бірге кетеді деп түсіндіріледі;

Қонағын аса қадірлеген қазақ үнемі болып жататын істердің өзін келген қонағына таңу дәстүрі қалыптасқан. «Құтты қонақ келсе қой егіз табады, құтсыз қонақ келсе малын қырсық шалады» деп, қандай да бір жақсылық, қуаныш болса қонағына таңып, кәдесін беріп, кейде шапан жауып, ат та мінгізетін болған. Ондайда таныс-білістігі жоқ *құдайы қонақ* болса өзара достасып – *тамыр* болысқан (**қ. Тамыр**). Қонақ қонған күні жайсыз оқиға бола қалса қонақтың құты арқасында болуы мүмкін үлкен қайғының орнына осы шығынмен оңай құтылдық деп жоритын болған. Осыған сәйкес ел арасында мынадай бір аңыз-оқиға бар: «Сырым бала күнінде Моңке бидің үйіне қонаққа келеді. Ертеңінде бір тұсақтың үйелеп өліп қалғанын көрген Моңке: «Құтты қонақ қонса, қойы егіз табады, құтсыз қонақ қонса, малын қырсық шалады» – деген. Қызыл тұсақ үйелеп өліпті. Бала, құтсыз қонақ болдың. Енді үйімнен кет» – деп ызғар шашады. Сонда Сырым: «Олай болмас. Құтты қонақ қонса, малы өліп, басы аман қалады, құтсыз қонақ қонса, өзі өліп, малы иесіз қалады», – деген. Менің қандай қонақ екенімді өзіңіз біліңіз».

Әдеб.: Аргынбаев Х. Қазақ халқындағы семья мен неке (тарихи-этнографиялық шолу). Алматы: Ғылым, 1973; Қатран Д. Қазақтың дәстүрлі ас-тағам мәдениеті. Ғылыми редакторы және алғы сөздің авторы Нұрсан Әлімбаев. Алматы: КМӨҒЗИ, 2002. Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. Алматы: Арыс, 2006; ҚӘТС. 10-том. Алматы: Арыс, 2008; КР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰТТЫҚ – келін түсірген үй құда-құдағиларын аттандырған соң ауылдың бойжеткендері келіп, құтты болсын айтып, арнайы дәм әкелін сый жасайды. Сосын қыздарға лайық тағам, кесе-аяқ, көрпе-жастық, сақина-сырға сияқты әшекей заттар сұрайды. Қ. алатындар әдейі алыстан да келеді. Оларға мал, бағалы бұйымдар мен киімдер берілетін болған. Бұлайша сый беру ауқаттылардың ғана қолынан келетін іс. Ол құтты болсын, құт әкелсін деген және басқаларға да жұғысты болсын деген ізгі ойдан туған қазақы ырым, жоралғы (**қ. Шарғы салу**).

Әдеб.: Кенжеахметұлы С. Қазақ халқының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. Алматы: Атамұра, 2010; КР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰТЫ – ұнтақ зат салатын шағын ыдыс. Дәстүрлі ортада мұндай Қ.-ларға әтір, дәрі, ок дәрі, насыбай т.б. салынған. Оны мүйізден, сүйектен, теріден, ағаштан бедер салып, тінтен күміс, асыл тастармен әшекейлеп жасаған.



Құтылар (шақшалар). Ұлы Петр атындағы антропология және этнография музейі (Кунсткамера) қорынан (1199-275)

Қ.-ның аузы ағаштан не тоздан жасалған тығын арқылы тығындалған. Мойнына қайыстан немесе жібек жіптен бау тағылған. Мұндай құты түрлерін, ер кісілер кісе белдігіне тағып алатын болған. Қ. кішігірім ыдыс болғандықтан кейбір заттарды сипаттауда «құтыдай ғана» деген тенеуде колданылады.



Насыбай құты.
ҚР MOM қорынан (КП 21238)

ҚР MOM қорында (КП 21238) мүйізден жасалған насыбай Қ.-ның түбі ағаш кесіндісімен бекітіліп мүйіздің шетіне ала төрт жерінен шегеленген. Аузы ағаштан жонылып жасалған тығынмен тығындалады. Қ. сырты өңделген ақшыл қоңыр түсті. Ұзындығы 13 см, түбі 4-5 см.

Әдеб.: ҚҰЭ. 6 том. Алматы: Қазақ энциклопедиясы Бас редакциясы, 2004; КЭТС. 10-том. Алматы: Арыс, 2009; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚҰТЫРУ – адам мен жануарларда кездесетін аса қауіпті жұқпалы ауру. Ертеден белгілі болған ауруды көне түріктер *qutuz*, монғолдар *galiju* қыпшақ тілінде *qutur*, *qurutmak* деп атаған. Көшпелілер оны *қасқыр талау*, *ит қабудан* олардың сілекейі арқылы адамға жұғатындығын байқаған. Осыған байланысты иттің иесіне тап беруі Қ. ауруының белгісінің бірі деген. «*Ит құтырса иесін қабады*», «*құтырған ит айға қарап ұлиды*», «*құтырған бұра иесіне түседі*» деген сөз орамдары осыған байланысты қалыптасса керек. Қ. ауруына шалдыққан мал басқаларын тістеуге ұмтылады, есіріп, иесіз далаға беталды қашады. Олар жолда кездескен ағашты немесе тасты «кеміреді», ақыры шұңқыр немесе батпаққа құлап өледі.

Түркі халықтарында орта ғасырларда бұл індетке қарсы *сүттіген* атты емдік шөпті пайдаланған (қ. *Сүттіген*). Сонымен бірге Қ.-дан сақтанудың басқа амалдары да болған. Мысалы, ертеде Түркістан өлкесінде (Сайрамда) әулиелер зиратының арасында Қ.-ға қарсы ем жасаған: адамды етбетімен жатқызып қойып, үстінен арлы-берлі аттайды. Аттаған сайын аурудың арқасын табанымен аздап басады және камшымен соғады. К.Скрябин мәліметіне қарағанда, мұндай сеансқа біршама ақы төлеген.

Қ. ауруына қарсы түрлі магиялық шаралармен дауалау әрекеті кездеседі. Мысалы, Минусинск татарларында ит қапқан адам Қ. ауруына шалдықпас үшін қырық үйдің ошағын және 40 түп талды әрқайсысын үш мәртеден айналдырған соң қырық күн бойы адам пендесінен оқшау ұстайды. Ал, башқұрттар ит қапқаннан болатын қатерді 40 санын аралас арбау жолдарын оқу тәсілімен қайтарған.

Әдеб.: Катанов Н.Ф. Среди тюркских племен. СПб.: Тип. А.С.Суворина, 1898; Скрябин К. Способ лечения бешенства у киргиз // ВОВ. 1907. №21; Шалекенов У.Х. Казахи низовьев Амударьи и история взаимоотношений

народов Каракалпакии в XIII-XX вв. Ташкент: Фан, 1966; *Mandoky Kongur I. A kun nyelv magyarországi emlékei*. Karcag, 1993; *Ruth Meserve. Early Turkic Contributions on Veterinary Medicine // International Journal of Central Asian Studies. Volume 1. 1996. Institute of Asian Culture and Development. Seoul. P.127-140; Torma J. A tüznek mondom. A baskir népi orvoslas magikus éleméinek mái rëndszére* (От ие жарылка. Башқұрт халық медицинасының жүйесі). Hisametdinova Firdaus Gilmetdinkizi közremüködesevel. Budapest: Puski, 1997; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

КҮШНАШ – ауруға қарсы ем-дом жасаумен айналысқан тәуіптің бірі. Олардың емінің эффектісі төмен, керісінше қисынға келмейтін тылсым мен сиқырға толы ғажайыптарға сендіру жағы басым болып келеді. Яғни, Қ. әрекетінде дом жасауы басым (қ. *Домдау*). Мысалы, Қ. қояншық ауруына шалдыққан адамға тірі қоянды кеудесіне қыстырып қояды. Сәлден кейін босатып қоя берген қоян ауруды өзімен бірге ала кетеді деп сендіреді.

Олардың ауруға қарсы жасайтын амалдары, көбінесе ислам қанондарына қайшы келіп жатады. Мысалы, Құран дұғаларын қағазға немесе ыдысқа жазып беру, яғни «*ішірткі дайындау*» көбінесе Қ.-қа тән амал (қ. *Ішірткі*).

Әдеб.: Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. В 3-х частях. Часть этнографическая. СПб.: Тип. Карла Крайя, 1832; *Алдашев А., Әлімханов Ж.* Қазақтың халық медицинасының құпиясы. Алматы: Қазақстан, 1992; КЭТС. 10-том. Алматы: Арыс, 2010; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

КҮЯҢ – жұлын-тұта мен жүйке жүйесінің зақымдануы салдарынан өршитін созылмалы ауру. Ол омыртқа мен жамбасқа салмақ түсуден, сондай-ақ мертігу және сүйекке суық өту сияқты себептерден пайда болады. Ұзақ уақыт бойы ауыр жұмыс істеген жасы «*жер ортасынан асқан*» адамдарда көбірек кездеседі. *Сегізкөз бен белдеме* тұсындағы және жамбас тұсының сүйектері сыздап, қақсап ауырады. Асқына келе адамның белі бүгіліп-жазылмай сіресіп, шойырылып қалады.

Қ. ауруына қарсы көбінесе *жылымен емдеу* деп аталатын ем түрінің әсері жоғары деп саналады. Әсіресе, жаз шілдесінде құмбұлауға түсу, ыстық арасан мен тұзды көлдерге шомылу, ыстық балшықты тарту сияқты амалдар аталған емнің түрлері болып саналады (қ. *Құмбұлау*).



Құяң ауруын емдеудің дәстүрлі емінің бірі – жаңа сойылған қой терісін белге байлау. ҚР MOM материалдары бойынша суретті салған Б.Досымов



Қыс маусымында ондай жылы ем түрлерін жасау мүмкін болмаған. Сондықтан соғымға сойылған жылқы қарнының ыстық жынын тарту, жаңа сойылған малдың терісіне орану немесе дәрілік шөп (мысалы, *адыраспан*) салған ыстық суға түсу сияқты ем түрлерін жасайды. Теріге ауру адамды ет пісірім уақыт ораған соң үстіне иленген қамырды жағып тастаса, суық кірмейді. Сөйтіп денедегі жел-құздан айығады деп есептейді (қ. *Теріге түсу*). Жылымен емдеу тәсілінің мәні адам ағзасын жайлаған суықтың әсерін терлете отырып қуып шығуға болады деген халықтық тәжірибеге байланысты. Ал, жылқы қарнында болатын құрт буын мен етте ұялаған сарысуды өзіне сорып алады деп санайды. Расында аталған тәсілдер эффектісі жоғары ем ретінде қазақы ортада бертіңге дейін қолданылғанға ұқсайды.

Ел арасында Қ. ауруын емдейтін *құяңшы* деп аталатын арнайы емшілер болған. Олар адамның омыртқа жотасын сылап, омырқаларының жігіне қарай батыра отырып сипалап, Қ. салдарынан пайда болған сарысуларды бір тұсқа жинайды. Онан еппен тартып отырып, үзеді, яғни сартылдаған дауыс шыққанша созғылайды. Бұл тәсілді ел арасында *құяңды ұзу* деп атаған.

Әдеб.: *Карутиц Р.* Среди киргизов и туркменов на Мангышлаке. СПб.: Изд. А.Ф.Девриена, 1911; *Хажымұратов М.* Қазақстанда кездесетін улы өсімдіктер. Алматы: Қайнар, 1972; *Алдашев А., Әлімханов Ж.* Қазақтың халық медицинасының құпиясы. Алматы: Қазақстан, 1992; *Аргынбаев Х.* Шынайы емшіліктің жөні бөлек // *Зерде*. 1989, №12. 20-21 бб; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚЫДЫР АТА – халықтың байырғы мифологиялық танымында адамға ырыс, құт дарытатын, көксеген тілегін орындайтын, қысылып-қиналғанда дем беретін, қауіп-қатерден құтқаратын, қияметтің күніне дейін өлмейтін ең жоғары санаттағы әулие. Халық түсінігінде Қ. а. бірде бейшара елеусіз жанның, қарт адамның, мүсәпір жанның, арып-ашқан жолаушының кейпінде көрінуі мүмкін. Сондықтан оның кім екенін ешкім бірден біле бермейді.

Халықтың фольклорлық мұрасын арнайы зерттеген классик жазушы С.С. Сейфуллин ел аузынан естіген Қыдыр ата жайындағы бір аңызға тоқтала келіп: *«Пәленнің үйіне бір жаяу мүсәпір адам қоныпты, Наушар, жаяу қонақты үй иелері жөнді елементі. Ертең ерте елең-алаңда тұрғып, әлгі қонақ үй иесі кемпірге: «Бәйбіше, не нәрсеге мұқтаж, ділгірсіз?» деп сұрапты. Бәйбіше: «Байғұс, не нәрсеге ділгір болайық, тек бір-екі күннен бері ошағымның бір бұты түсіп қалып, сол гана ділгір болып тұр» депті. Қонақ қош айтып, шығып кетіпті. Қонақ кеткен соң қараса, ошақтың түсіп қалған бұтының орнына алтын бұт бітіп қалыпты. Үй іші жүгірісіп, аузын ашып аңқиып, санын бір-ақ соғып қалыпты. Қонақ Қыдыр екен» деген әңгімені бала күнімізде естіп, тамсанып нанып, көзімізді шарадай қылушы едік», – деп жазады.*

Аңыздың астарында мүсәпір, міскін жанға, арып-ашып келе жатқан жолаушыға шынайы мейіріммен қарау керек, бәлкім, ондай адам *қырықтың бірі Қыдыр шығар* дейтін ой аңғары жатқаны айқын байқалады.

Қ. а.-ның ел ішіне кең тараған әртүрлі бейнесі бар. Солардың бірінде Қыдыр әулие қалың қабақты, қабағы

көзін жауып тұрады екен. Өлдекандай біреуге назар салмақ болса, саусағымен қабағын көтеріп қарайтын көрінеді. Аңыз бойынша Қыдыр атаның бас бармағы сүйексіз болады, сол себептен сәлемдесуші сәлемдескенде сәлем алушының ұсынған қолын қос қолмен қысыңқырап ұстап амандасады. Төменгі Сыр бойы елінде Қыдыр атаның оң қолының саусағы алтау екен деп те айтады. Сөйтін, қырық адаммен сәлемдескенде, әйтеуір біреуі Қыдыр болса, бармағынан білесің дейді. Мұндағы қырық сөзі нақты сан мөлшерлік мағынада емес, көптік мәнді аңғартады.

Қыдыр ата шырақ жаққан жерге келеді деп, Ұлыстың ұлы күні Наурызда жұп шырақ жағады. Ондағысы – *Бақ қонып, Қыдырдың назары дарысын* деген пайымдаудан болуы ықтимал.

Ұлыстың ұлы күні Наурызда ақсақалдар қол жайып былай деп бата берген:

*Асың, асың, асыңа, берекет берсін басыңа.
Бөденедей жорғалап,
Қырғауылдай қарғалап,
Қыдыр келсін қасыңа.
Осы тұрған боз үйге,
Қыдыр ата дарысын!
Бәйбішесі бұл үйдің,
Он екі құрсақ көтеріп,
Ұлга көзі жарысын!
Қыдыр қияласың, барша шаңыраққа,
Бақ құсы ұяласың! Аумин.*

Ел ішіне таралған аңыздардың бірінде Қыдыр ата торт түліктің берекесін беруші бейнеде де көрінеді. Аңызда былай дейді: *«Ертеде жыртық үйлі бір кемпір-шалдың үйіне қонған Қыдыр ата «ертең күнбатыстан күншығысқа қарай қалың мал шұбап өтеді. Сол малдарға шамаларын келгенше ен салып алыңдар. Ен салған малдың бәрі сендердікі болады, ал ен салынбаған мал айдалаға кете береді»* деген екен деседі.

Енді бір аңызда Қ. а. егіншіге Дикан баба бейнесінде ұшырасатын көрінеді. Жаз жауынды болмай, құрғақшылыққа ұшыраған егін жөнді шықпаған диканның қырманы тым қораш болып, үйелменің жылдық азығына жетпейтіндіктен көңілсіз күйде отырса керек. Сол кезде сонау жерден келе жатқан ақсақалды, ақ таяқты бір қарт кетіп бара жатып, *Қырман қызылды болсын, Қыдыр дарысын* деп, таяғымен бір нұқып қалады. Сонда егінші «қырманның түбі көрініп жатқанда, несіне дарысын» – дейді. Өлден кейін қараса, қырманы қызылға толып, мол астықтың астында қалыпты Қырмандағы қызылды әлгі егінші ауылдастарымен бөлісіп ауыл аймағы аштықтан аман қалыпты. Содан бері егіншілер жерге дән сепкенде *«Менің қолым емес, Қыдыр бабаның (Дикан атаның) қолы»* дейді.

Г.Н. Потанин жинаған қазақ фольклорындағы деректерде Қыдыр атаның қолында қасиетті қамшысы болатыны. Қасиетті сол қамшысын Қ. а. «күн мен түн» теңескен сәтте көкке бір мәрте көтерсе, күннің көзі қызып, мұз құрсауы бұзылып, тобықтай шың, теңгедей мұз қалмай, қар еріп сай-сала суға толып, жер бусанып, жердің ажары кіретіні



Қыдырдың көтерген қамшысы жерге тиіп, көл, дарияның мұздары шарт-шарт сынатыны айтылған.

Сондай-ақ Қыдыр әр адамға үш мәрте кездеседі, бірақ ол адамдар көбіне білмей қалады екен. Осымен байланысты ел аузындағы әңгімеде Қыдыр адамның жастық шағында, орта жаста, кәрілікке жеткен шағында ұшырасатын көрінеді.

Бақ пен Қыдыр. Байырғы аңыздарда Бақ пен Қыдыр жұбы жазылмай бірге жүреді екен. Бақ адам тандауды білмейтін көрінеді. Ол пұшықтың мұрнына да, таздың басына да, ақылсыз жанға да қона беретін көрінеді. Ал Қыдыр атаның жетегінде жүрген Бақ әулиенің назары дарыған жанға қонады. Ондай адамды *Бақ қонып, Қыдыр дарыған* дейді. Ол адамның бағы баянды болады деп біледі. Ал Қыдырдың назары дарымаған адамға бақ қонғанмен, баянды болмай күндердің күнінде, басынан ұшып келетін көрінеді. Халық тілінде *Бақ қонып, Қыдыр дарыған* деген фразеологизмнің құрамында “Бақ” пен “Қыдырдың” қатарласа айтылуы осындай мәнділікті меңзейді.

Ел аузында Бақ пен Қыдырдың жолдас болып, бірге жүретіні туралы әртүрлі аңыздар бар. Сондай аңыздың бірінде скеуінің жанынан жолаушылап бара жатқан екі қыз өтеді. Бірі жүзіктің көзінен откендей сұлу, екіншісінің бет ажары көз тоқтайтындай емес, төмендеу екен. Сол кезде Қыдыр атаның назары сұлу қызға емес, оның қасындағы ажары пәстеу қызға түседі. Мұны байқап қалған Бақ “көз тартатын сұлуға қарамай, неге жанындағыға назар аудардың” деп мәнісін сұрайды. Сонда Қыдыр ата: “Сұлу қызға әу баста, ана құрсағына түспей жатып-ақ періштесі “Әумин!” деген ғой. Ал көңілі таза мына бейшара бұ дүниеден жақсылық көрмей өте ме деп назар дарыттым” – дейді. Қыдыр ата назар салған сол қыз жұртшылықты өнерімен тән еткен, ел құрметіне бөленген бақытты жан болыпты дейді.

Қыдыр мен әнбиелер (пайғамбарлар). Діни әдебиетте Қыдырды бірде әулиелер, бірде пайғамбарлар санатына жатқызады. Өмір суын ішкен Қыдыр ата ажалсыз, мәңгі жасайтын мифтік тұлғаға айналған. Ал қазақ фольклорында Қыдыр көбіне әулие мәртебесіндегі қаһарман түрінде көрінеді.

Ел ішінде өзінен де көп білетін адамға жолықсам деп тілеген Мұса пайғамбарды Алла Тағала әдейі Қыдырмен сапарлас етеді. Діни аңыз – әпсаналарда М ұ с а п а й ғ а м б а р Қыдыр (Қызыр) әулие мен сапарлас болып, ұзақ жолға шығып кемеге отырады. Қыдыр мен Мұса мінген кеме теңіз жағалауына жақындағанда Қыдыр әй-шәй жоқ, кеменің ернеу тақтайларын сындырады. Мұса шыдай алмай Қыдырдың қолын ұстай алады; тағы бірде келе жатып, Қыдыр ойнап жүрген баланы өлтіреді. Жазықсыз баланы неге өлтіресін деп, Мұса қапа болады. Әйткенмен Мұса Қыдырға ілесіп, сапарын әрі қарай жалғастыра береді. Бір шаһарға келгенде бала-шаға түнеп жатқан ескі бір үйдің қабырғасын құлатып тастайды. Бұған да Мұсаның аң-таны шығады.

Сөйтіп, бірнеше күн, бірнеше ай сапарлас болған Қыдыр мен Мұса жолайырыққа келіп, қоштасар сәтте Қыдыр әулие әлгі жасаған істерінің мәнін ашады: “Кеме ағашын

сындырғаным – залым патшаның қарақшылары оны тартып алмақшы еді, ал сынған кемеге олар қызықпайды; баланы өлтіргенім, ол жазықсыз елді қырып жоятын, қырғын салатын залым болғалы тұр екен; ал бала-шағалы ескі үйдің қабырғасын құлатқаным, оның астында мол қазына бар; құлаған жерін жөндемекші болып жүрін, әлгі қазынаны тауып алады, – дейді.

Сөйтіп, Мұса құбылыстың сыртқы көрінісі мен ішкі мәні бір емес екенін біледі. Қыдыр (Қызыр) әулиеден біраз нәрселердің байыбына баруды үйренеді (*қ. Жүз жиырма төрт мың пайғамбар*). Басқалардан да мен көп білемін деу астамшылық екенін ұғады.

Діни аңыз – әпсанада Қызыр (Қыдыр) әулие мен Ілияс пайғамбардың аты қосақтала аталады: Қызыр (Қыдыр) құрлықтағы құла дүзде қиындыққа душар болған жолаушыны, ал Ілияс пайғамбар теңіздегі кеме мінген, апатты жағдайға ұшыраған жолаушыны құтқарады. Алыс сапарға шыққан жолаушыға үлкендер *«Жолың болсын, Жолдасың Қыдыр (Қызыр) болсын; Қыдыр ата шылауында жүрсін»* деп тілек айтып, бата береді. Қыдыр әулие сияқты Ілияс пайғамбарға Алла тағала Қияметтің күніне дейін өлмес өмір бұйырыпты. Бірақ Ілияс пайғамбар өлместің суын ішпеген. Бір кезде жанын алуға келген Әзірейіл періштеге «Сен жанымды алмай қоя тұр. Алла тағалаға деген құлшылығым аз» – деп, зар жылапты. Оның зары шын жүректен шыққанын білген Алла Тағала Ілиясқа қияметтің күніне дейін өлместей өмір сыйлапты.

Кейбір діни аңыз-әпсаналарда Е с к е н д і р д і пайғамбарлар санатына қосады. Қ. а. өлместің суын іздеп, Е с к е н д і р п а т ш а мен сапарлас болады. Діни әдебиетте Ескендір әлем қалаларын алған, көп жерлерге шаһар салып, мұнара орнатқан ұлы патша, әулие, тіпті пайғамбар да делінеді. Бір сапарында мысықтың басындай бір тас Ескендірдің қолына түседі. Таразының басына қойғанда әлгі тасты небір ауыр, зіл батпан нәрселер баса алмапты. Сонда таразының екінші басындағы ауыр заттарды алып тастап, бір уыс топырақ салып, жұмбақ тастың құпиясын Қ. а. шешкен екен. Жарты әлемді билеген Ескендір патша ендігі жерден әскермен емес, ел-жұртты абаттандырумен, ізгілікті іспен, жүректің жақсылығымен жаулау керектігін түсінеді.

* * *

Сонымен, этномәдени ұжымының мифологиялық санасында Қыдыр ата тарыққан жандарға, қаріп-қасірлерге, алыс жол, қиын сапардағы жолаушыға жәрдем беруші, жақсылық жасаушы, ізгілікті әулие түрінде бейнеленген.

Аталмыш аңыз әңгімелер халық қиялында жай ғана қызықтаудан айтыла салған сөз емес. Бұндай әпсана-аңыздар қоғамдағы гуманистік, моральдық таныммен байланысты қалыптасқан түсінік, ұғымның Қ. а. бейнесі түріндегі көркем көрінісі деуге болады.



Бұндай ізгілікті істер халықтың аксиологиялық танымында ең жоғарғы құндылықтар қатарына жатқызылған. Қоғам мүшелерін ізгілікті істерге үндейтін, ақыл-кеңес айтатын пандатнама жанры тәрізді үлгілер көптеген елде аз кездеспейді. Қазақтың дәстүрлі өмір салтында адамды ізгі, игілікті істерге үндеу “*тарыққанға жәрдем ет*”, “*кемтар жандарға көмектес*” дегендей құрғақ өсиет, жалаң уағыз емес, көбіне кестелі сөз, астарлы ойға құрылып, көркем форма үлгісіндегі аңыз-әңгіме, жыр түрінде берілгені.

Әдеб.: *Василев В.* Бата сөз. Орынбор, 1905; *Мағжан Ж. Ә.* Диваев жинаған әдебиет түрлерінен тізілген оқу кітабы. Ташкент, 1924; *Сейфуллин С.* Шығармалар. 6-т. Құраст. Т.Көкішев. Алматы: Жазушы, 1964; *Казахский фольклор в собрании Г.Н. Потанина* (Архивные материалы и публикации). Алматы: изд. Наука КазССР, 1972; *Құдайбергенова А.* Сырдарияның төменгі ағысында тұратын қазақтардың әдет-ғұрпы мен салт-дәстүр ерекшеліктері // *Қазақтың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері: Өткендегі және бүгінгі.* Алматы: Ғылым, 2001. 143-156-бб; *Бата-тілектер.* Құраст. Н.Уәлиұлы. Алматы: Арыс, 2005; *Әдеби жәдігерлер.* 8-том; *Насируддин Бурхануддин Рабғузи.* Пайғамбарлар киссасы. Құраст. Т.Қыдыр. Алматы: Таймас, 2008; КЭТС. 10-том. Алматы: Арыс, 2009; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚЫДЫРМА ЖҰЛДЫЗДАР – планеталардың есепшілер тіліндегі халықтық атауы. Планеталарды есепшілер өз тілінде Қ. ж. деп Көк күмбезіндегі өзге жұлдыздардан ажырата қараған. Інір түсе қараңғы қоюланбай-ақ, басқа жұлдыздар көзге шалынар-шалынбай тұрғанда-ақ Қ. ж.-дар өзінің жарығымен «менмұндалап» тұрады. Қ. ж.-дарды оңтайлы жерден бақылаған есепшілер оның басқа жұлдыздар сияқты *темірқазықты* айналмайтынын, бірде ілгері, бірде кейін, бірде мүлде көрінбей кететін арлы-бері қозғалысын *жіті* бақылап біліп отырған. Қ. ж.-дардың кейбірінің халық тілінде бинарлық атауы болған. Мысалы, шығыстан таң ата жарқырап көрінген сұлу жұлдызды *Шолпан* десе, ал оның жазғы салым оңтүстік батыстан інір қараңғысы түспей жатып шақырайып көрінген кезін құрғақшылыққа жорып *Тұлқатын* деп атаған. Сондай-ақ Шолпанмен тайталаса Шығыс көк жиектен таң ата жарқырап көрінген қыдырма жұлдызды *Есекқырған* деп атаса, оның Көк күмбезінен оңтүстік батысқа қарай еңістеп, көкжиекке жақындай түскен кезін *Сарыжұлдыз* деп атаған. Қ. ж.-дардың ілгерілі-кейінді, кейде көрінбей кетуін, Қызыл жұлдыздың қыста шақырайа шыққанын т.б. белгілерді есепшілер күн райын болжауда, шаруашылық ұйымдастырумен байланысты жыл мезгілін дәл анықтауда ескерін, есепке алып отырған (**қ. Жұлдыз**).

Әрине, ғылыми астрономиядағы тоғыз планетаның (Меркурий, Шолпан, Жер, Марс, Юпитер, Сатурн, Уран, Нептун, Плутон) бәрін бірдей есепшілер біле бермеген. Дегенмен, халық астрономдары *Шолпан* (Венера), *Олпан/Болпан* (Меркурий), *Қызыл жұлдыз* (Марс), *Сарыжұлдыз* (Юпитер) тәрізді қыдырма жұлдыздардың қозғалысын, Жерге ұрымтал келген тұстарын жіті аңғарып отырған.

Әдеб.: *Абишев Х.* Элементы астрономии и погода в устном творчестве казахов. Алма-Ата: Наука, издательство АН КазССР, 1949; *Әбишев Х.* Аспан сырсы. Алматы: Жазушы, 2009; *Уәли Н.* Бұрынғыдан қалған сөз (қолжазба); ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚЫДЫРМА ҚОНАҚ – ауылдан-ауылды аралап жүрген кезбе қонақты білдіретін атау. «*Асың барда ел таны-беріп жүріп, атың барда жер таны-желіп жүріп*» деп ел-жұртпен аралас-құралас болып, ауыл-аймақты, жерлерді жақсырақ білу үшін мүмкіндік барда қыдыруды, қонақ болуды жөн санаған адамдар болған. Үйде отыра бермей, ел-жұртты аралап әңгіме-дүкен, сауық құрып қайтуды ұнататын адамдар ел арасында жиі ұшырасқан. Қазақ қонақтың қайсысы болмасын қабақ нытпай төріне шығарып, ас-сусынын беріп шығарып салған. Дегенмен *арнайы қонақ* пен *құдайы қонаққа* қарағанда Қ. қ.-ты күту біршама қарапайымдау болып келеді. Қазақы ортада Қ. қ.-тың сыйлылығы оның жеке басының қадір-қасиетіне орай болған. Қ. қ.-қа арнап мал соймаса да, қонаққа арнап сақталған сыбағадан, соғым етінен ауыз тигізетін.

Қ. қ.-тың бірі ауыл-аймақты аралап сауық құрып жүретін өнері бар сауықшыл адамдар болып табылады. Олар ауыл-ауылды қыдырып, барған жерінде ән салып, күй тартып, айтысқа түсіп, әзіл-қалжынымен қағытып, қонған жерін думандатып кететін сауықшыл жігіттер де болған. Мұндай Қ. қ.-тың беделі өзгелерге қарағанда ерекше болып, кейде ауылдарға қалап арнайы шақыратын да болған. Мұндай Қ. қ. келгенде мал сойылып, жақын маңдағы ел-жұрт жиналып тамашалаған.

Қ. қ.-тың ең кең тарағаны үйге күнара немесе апта сайын қыдырып келетін сыйлас ағайын-туыстар, дос-жарандар, абысын-ажындар болып табылады. Олар әңгіме-дүкен құрып, жаналықтарымен бөлісіп, ақыл-кеңес айтысып қонбаса да астан ауыз тиіп қайтатын «кіріп-шықпа» қонақтар болып табылады.

Аса бір сыйластығы мен жақындығы болмаса да бір үйден соң бір үйге соғып қымыз ішіп, түстеніп, қонып қонақасын жеп кететін, еріккен Қ. қ. та кездеседі. Ондай қонақ жалғыздан немесе топтасып жүріп әр ауылдан ас-ауқат ішіп қыдырғанды ұнататын, елге қыдырымпаздығымен танымал болған аса сыйлы емес қонақ ретінде қарастырылады. Мұндай қонақтарға кәделі табақ тарпаса да мүмкіндігінше қазан асып күтіп жіберуді әркім парыз санаған (**қ. Қонақ**).

Әдеб.: *Арғынбаев Х.* Қазақ халқындағы семья мен неке (тарихи-этнографиялық полу). Алматы: Ғылым, 1973; *Қатран Д.* Қазақтың дәстүрлі ас-тағам мәдениеті. Ғылыми редакторы және алғы сөздің авторы Нұрсан Әлімбаев. Алматы: ҚМӨҒЗИ, 2002. Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. Алматы: Арыс, 2006; КЭТС. 10-том. Алматы: Арыс, 2008; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚЫЗ – тұрмысқа шықпаған, әке үйінде оң жақта отырған бойжеткен. Қазақ тұрмысында бойжетіп, кәмелетке толғанға дейін де қызды *қыз бала*, *қыз* деп атай береді. Тіпті қартайған шағында да дәстүр бойынша төркін жұртына келген әйелдің *қыз* аты қалмайды.

Өдетте әйел босанған үйден ауылдастары «*ұл*» ма, «*қыз*» ба деп сұрайды. Қыз болса, тұспал сөзбен “*қырық жеті*”, ал ұл болса, «*ат ұстар*» дейді. Ондайда этикеттік норма бойынша *қыз-өріс*, *өрістерің кеңейсін*, *бауы берік*, *жасуы ұзақ* болсын деп, түзу тілегін білдіреді.



Шаңырақ тәрбиесіндегі қыз. Қыз әуелде ана бауырында отбасы тәрбиесінде болады. Оған ұлдан өзгеше тәрбие береді. Киімі де, ойнайтын ойыны да, ұлдан өзгешелеу болады. Қыз көбіне қуыршақпен ойнағанды тәуір көреді, анасына еліктейді. Сөйлеген сөзі де, қылығы да ұлдан басқашалау көрінеді. Сөйтіп, ана бауырында үй тәрбиесінде жүрген кезінен-ақ қыз әлеуметтен бастайды да, гендерлік жактан өзгешеліктері ойын баласы кезінен-ақ айқындала түседі. Қуыршақ ойнай жүріп, қыз бал ине-жіпке, кесте тігу, шілтер тоқуға үйір болады, ара-тұра бөпесін ойнату, су әкелу, дастарқан жаю сияқты жеңіл-желпі жұмыстарға араласып, үй шаруасына кәсіпті дағдылары мен ікемділігін арттыра береді, дегенмен халықтық тәрбиеде ешуақта қызды ертеден кешке дейін шаруаға салып қоймайды. *«Шай құйып отырған қыздың он саусағы мен беті ғана көрінеді. Сұлулығын да, балғындығын да, паш етпей тежеп ұстайтын қыз болу керек. Әлде сұңғыла қыз жасыра ұстаған сұлулықтың өлтіре қызықтыратын біле ме екен? Уысың толар жуан бұрымның астынан мойны ағараңдайды. Үлбіреген ақ саусақ емес, әр іске үйреніскен қолдары сенімді де оңтайлы қимылдайды»* (Ғ.Мүсірепов). Осы бір шағын мәтіннен қаламгердің шаңырақ тәрбиесін көрген қыздың бейнесін дәлме-дәл сипаттағаны айқын аңғарылады.

Ауыл-әулет тәрбиесіндегі қыз. Байырғы қазақ қоғамында қыз бала бір ғана шаңырақтың қызы ғана емес, туыстығы өте жақын бірнеше әулеттің, ауылдың қызы болып өседі. Осыған байланысты қыз тәрбиесі бір ғана шаңырақ тәрбиесі шеңберінде емес, әулеттің, ауылдың тәрбиесін көріп өседі. Ұлға қарағанда қызды аялап, мәпелеп, ұстайды, еркін өсіреді. Ана бауырында ойын баласы болып өсіп келе жатқан қыз уақыт өте келе жеңгелерінің ішінде әсіресе біреуіне жақын жүреді. Бой жете келе өзін жақын тартқан қадірлі жеңгесімен сырлас та болып кетеді. Бой жетін келе жатқан қызды туыс-туғандары, аға-жеңгелері, ауылдас ағайын туыстары көзден де, көңілден де таса қылмайды. Қызды құрметтей отырып, әдеп жолдарын үйретеді. Қыз, рулық-фратриялық қоғамда қалыптасқан этикалық қатынас бойынша бір ғана үйдің емес, күллі ауылдың, рудың қызы болып есептеледі, сондықтан *қызға қырық үйден тыю* деп, қыз тәрбиесіне ауыл-әулет болып көңіл бөледі. Ауыл-әулет болып әлпештеп өсірген қыз сол елдің мақтаншы, абыройы болып, *қыз өссе елдің көркі* саналады. Әсіресе алыс-жақын жеңгелерімен араласа, әзілдесе жүрін, оларға өзімсініп, өктемдеу сөйлейді. Қыз қой сауу, арқан есе білу, кілем тоқып, кесте тігу, қонаққа шай құю т.б. үй шаруасына үйреніп, жарасты сөзге, ашық-жарқын жүруге, әдемі әзілге де үйренеді. Қазақ өлкесін алғаш зерттеушілердің бірі А.И. Левшин қазақтардың қыз бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөлетінін айта келіп, қазақтардың қыздарды оқытуға, түрлі қол өнерін үйретуге, ою-өрнек, шілтер тоқуға, ас даярлауға жастайынан бейімдейтінін атап көрсетеді.

Әке үйінде жүргенде *қыз – қонақ* деп, оны жарасты киіндіріп, күйеуге ұзатылғанша төрге таман оң жақтан орын

береді. Ауыл арасындағы жиын-тойға барса, қасында қыз жеңгелері болып, көзден таса қылмайды.

Қыз – елдің көркі. *«Қыз өссе, елдің көркі, гүл өссе, жердің көркі»*, дегендей сырт қарағанда алдымен қыз ажары көзге бірден шалынады. Сұлулыққа, әсемдік, әдемілікке құптарлық адам баласының әуелдегі табиғи болмысына, табиғатына тән ерекшелік. Жұмақта жүрген Адам сәпи ең алғаш рет Хауаны көргенде оның сұлулығына құлай жығылады да, дегбірі қашып, Хауаны «қасыма кел» деп шақырады. Сонда Хауа «келсең, өзің кел» деп бер жағымен бәлсінгендей болыпты. Дегбірі кеткен Адам сәпи шыдамы жетпей, Хауаға жетіп барған көрінеді. Ал сәл ғана шыдағанда Хауаның өзі-ақ баратын еді», – дейді діни аңызда.

Бұл үйде Сара бар ма, шықсын бері,

Айтысуға келіп тұр Біржан Сері, –

деп екпіндете келген ақынның арынын айтыскер Сара: «Адам ата Хауа анаға бұрын барған «Кисса ул анбианы» оқымыған надан ба едің?» деп бір ауыз сөзбен тойтарады.

Қыз сұлулығын паш еткен ақын жыраулар да, Абай да сұлулыққа құштар көңілмен, ғашық сезіммен қазақ аруының бейнесін келістіре жазған:

Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы,

Аласы аз қара көзі нұр жайнайды.

Жіңішке қара қасы сызып қойған

Бір жаңа ұқсатамын жаңа айды...

Сөйлесе, сөзі әдетті һәм мағыналы

Күлкісі бейне бұлбұл құс сайрайды.

Жұп-жұмыр, ақ торғындай мойыны бар,

Үлбіреген тамағын күн шалмайды,

Тақтайдай жауырыны бар, иығы тік,

Екі алма кеудесінде қисаймайды.

Сорақы ұзын да емес, қысқа да емес,

Нәзік бел тал шыбықтай бұраңдайды...

Қолаң қара шашы бар жібек талды,

Торғындай толқын ұрып, жез таңдайлы.

Ашық жүз, ақша маңдай, күлім көз, оймақ ауыз, қиғаш қас, кербез кеуде, қос алма күлім көз, жұмыр мойын, алма мойын, ақ тамақ, тік иық, қыпша бел, нәзік бел, қолаң шаш, бұраң бел, білектей бұрым т.б. қыз сұлулығына қатысты халықтың эстетикалық танымындағы тұрақты нанымдар. Сондай-ақ қыз сұлулығының ерекше бір қыры майда тіл, сөз әдебімен, майдай мінезімен, жайдары көңілімен, ашық мінезімен, епті сөзімен т.б. сапаларымен бағаланады. Бұл нышандар халық санасындағы қыз сұлулығының ішкі әлемінің, жан дүниесінің ажары.

Болғанда өзі мұндай, жүрiс қандай,

Күлкісі көңіл ашар гүлістандай.

Алсаң да отырғызым алақанға,

Салмағы білінбейді бір мысқалдай, –

дейді Естай ақын.

Қыз – ел намысы. Байырғы қазақ қоғамында қалыптасқан рүшшілік туысқандық терминдер жүйесі бойынша қыз бір ғана шаңырақтың баласы емес, сол рудың алыс-жақындығына қарамастан бәрінің қызы есепті болады. Дәстүрлі этикеттік норма бойынша әулеттегі, рудағы жасы үлкендер *қызым*, рулас ағалары *қарындасым*, әйел



жынысты үлкендер *сіңлім*, кішілері *әпкем, тәтем, әпшем* деп іштарта сөйлейді. Қыз жегелері кайын сіңлісіне *Қызтөре, Қалқажан* деп жарасымды ат қойып жатады. Қазақтардың туыстық терминология жүйесіндегі бұл ерекшелік дәстүрлі казак қоғамында іштарта сөйлеу, тонның ішкі байындай жақындықты білдіру тәрізді ерекше қызмет атқарып, адамдар арасындағы қатынасты реттеп отырған. Ауылдастары, руластары арасындағы ер адамдар бөтен көзбен қызға сұқтанбайды. Туыстығы алыс болса да аға есепті, туыс есепті ер адам қыз намысының қорғанышы болған. Туыстық терминологиядағы мұндай жүйе қатаң (императив) нормаға айналған. Сондықтан казак қыздарының, әйелдерінің *пәренже, хиджаб, ниқаб* кимейтіні де сондықтан.

Қыз да ер адамдарды інім, аға, көке деп, ерекше сыйластықпен, әдеппен сөйлейді, туыстықтың «алыс» – «жақын» болуы шарт емес.

Әлдеқандай жағдайда бөтен рудың жігіті қызды пәктігінен айырып, абыройсыздыққа ұшыратса, күллі әулеттің, ауылдың, руластардың намысы козады, сүйекке таңба түскендей көреді. Олар қыз намысын таптатауға тырысады. Қыз намысын қорғау жалпақ елдің алдында олардың елдігіне сын болады.



Қыз баланың киім-кешегі. Семей обл. С.М. Дудин. 1907 ж.
Ұлы Петр атындағы антропология және этнография
музейі (Кунсткамера) қорынан (1199-34)

Дәулетті байлар, елдің игі жақсылары алыс елмен құда болып, қыз алысып, қыз беруді мәртебе санайды. Шалғай елден түскен келінді оның күйеу жұрты *Үйсіннің қызы, Арғынның қызы, Алшынның қызы* деп те атайды. Келін болып түскен қыз да көргенді елдің қызы екен деген атқа лайық болуға тырысады. Өйткені шаңырақ, ауыл-әулет тәрбиесі сондай. Бірақ казак қызы алған тәрбиесі бойынша барған жерінде өз елінің намысын жыртам деп өзеурей бермей, еліне деген тілекшілдігін, бауырмалдығын, сыйластығын жарастықпен білдіріп отырған. Олай болмаса, *өзі болған қыз төркініне танымастың* кебін киеді. Бұндайда қыз намысын келін боп түскен жұрты да теріс көрмей, құптап отырады, өйткені сол шаңырақ, сол әулетте дүниеге келген сәбиге туыстық жүйе бойынша қыздың

төркін жұрты нағашы болып, ел арасын дәнекерлей түседі. Сондықтан казакта *қыздан туганның қиығы жоқ*, «яғни бөтендігі жоқ» дейді.

Қазак қызы намысын таптатапай, қылжақ сөзді, намысқа тиетін сөзді басынан асырмаған. Қыз алдында небір майталман жігіттер аузын тыйып сөйлеген. Қазак қызы сөзге шешен әрі тапқыр болып келеді. Қыз бен жігіт айтысында, қайым айтыста, ұзын-сүре айтыста топ жарып жүлде алған айтыскер Ұлбике, ақын Сара сынды қыздар ел ішінде аз болмаған. Сөз сайысында олар өз намысын да, ел намысын да қорғай білген. Жаугершілік заманда ел қорғауға жігіттермен бірге аттанған өжет те, батыр қыздар да аз болмаған.



Қазак қыздары. С. Руденко экспедициясы. Ақтөбе губерниясы,
Адай уезі 1926 ж. ҚР МОМ қорынан (ФКП 85)

Ел намысы мен өз намысын қорғаған қазақтың ержүрек қыздары туралы аңыз әпсаналар ел ішінде аз кездеспейді. Сондай аңыздың бірінде *көл жағасында серуендеп жүрген қырық қызға жау әскері тұтқиылдан тап болады. Жау жерімізді таптамасын, бізді тірідей қолға түсіріп, намысымызды аяқ асты етпесін деп, қырық қыз бір ауыздан Тәңірге жалбарынып, жауды жібермейтін тас қамалдай болып, тауға айналайық, мыңғырған дұшпанның қолы тасқа айналсын депті. Сол сәтте қырық қыз қырық шөқылы тау тізбегіне, ал жау әскері етекте жатқан тасқа айналыпты.*

Қаратаудың Қазығұрт өңіріндегі Қырық қыз тау аты (ороним) содан калыпты деседі.

Қыз – өріс. Қыз өссе өріс, ұл өссе коныс дейді байырғы казак мақалы. Қызды кезінде, дер шағында ұзатып тұрмысқа беру жолымен ұрпақ өрбіту табиғи заңдылық. Алайда табиғи заңдылықтан басқа қоғам заңдылық болады, яғни әр елдің, әр халықтың ежелден калыптасқан өз салты, ата-бабалардан қалған ғұрыптары болатыны белгілі. Қазак тұрмысында күйеуге шыққан қыз бір шаңырақтың ғана алыс-беріс, барыс-келіс жасайтын өрісі ғана емес. Сол

қыздың келін болып түскен жеріне кез-келген руластары, әйтеуір ісі сол рудан болса болғаны, қыз берген елміз деп, үзенгі бауын алты қабат қылып келеді. Қазақ қоғамында қалыптасқан құдалық институтының тәртібі бойынша қыздың күйеу жұрты ондай қонақты қадірлеп қарсы алып, риза етіп аттандыруға тиіс. Қыз берген жақ «біздің қызымыздың барған жері, жиеніміздің елі деп, қызды «қонысқа» санамаса да, «өріске» санап отырады.

Қазақ елі қызды «өріске» балай отырып, руаралық өршіген дау-дамайды қыз алысып, қыз берісу жолымен шешіп, ел ішін бүтіндеген. Руаралық қатынасты жолға қойып, елді татуластырады. Баяғыда бір-бірімен өштескен, қоныс үшін таласқан екі арыс елдің арасындағы татулыққа қыздың дәнекер болғаны жөнінде әңгімеде былай дейді: «Елдің ақсақалдары, беделді билері жиылып, ел бүтіндігін сақтау үшін қыз алысып, қыз берісуден басқа жолды таппаған екен. Дәстүр бойынша бұндайда қызды қарсы жақтың ел тізгінін ұстап отырған ең беделді ақсақалына ұзатады. Ұзататын қыз тәрбиелі, көркіне ақылы сай болуға тиіс.

Бұндай да қыз да оңайлықпен табыла қоймайды. Дегенмен ел ішінен аты ауызға іліне бастаған бір қыздың бар екенін отырған жұрт еске алып, сол қызды билердің алдына шақырыпты. Ажарынан мін таппаған соң, жолы үлкен бидің бірі сөз бастап: «Қызым, таңдау саған түсіп отыр. Арғы беттегі елдің ақсақалына, егер келісіміңді берсең, өзіңді ұйғарып отырмыз» дейді. Сонда мән-жайға қанық қыз «Ел ішін бүтіндеуге дәнекер болып, септігім тиетіндей болсам, айтқандарыңыз болсын, би ағалар» – деп келісімін берген екен. Сөйтіп, ел ішінде тыныштық орнап, руаралық қатынас жөнге келуіне дәнекер болған қыздан қоқыр бай емес, дәулеті мен сәулеті сай, оқыған-тоқыған, өнегелі ұрпақ тараған» екен деседі. «Астың дәмін келтірген тұз әулие, екі елді жарастырған қыз әулие» деген мақал осы орайда айтылса керек дейді.

Қыз тек үй тұрмысы мен шаруа жайының қыр-сырына үйренумен қатар өнегелі сөзді, аңыз-әңгімелерді, жыр-дастандарды құлағына құйып өседі.

Қазақ қыздары мен балалары кем дегенде үш жыл оқып молдадан сауат ашады, имандылық тәрбиесін көреді, рухани дүниесі дамып кеңейіп, зеректігі, адал-парасатымен ел аузына ілінеді.



Тақия. ҚР MOM қорынан (КП 9096).

ҚР MOM қорындағы қыз баланың тақиясы (КП 9096) қызыл барқытпен тысталған, цилиндр пошымды етіп тігілген. Төбесі жалпақ, ортасына үкі кадалған. Төбесі мен керегесіне акшыл, зерлі жіптермен көгеріс өрнек кестеленген. Керегесінің етегі күміс оқа және таспамен жиектелген. Жоғарғы қырына шашақ төгілген. Керегесі мен төбесі қызғылт атласпен астарланған.



Бөрік. ҚР MOM қорынан (КППМ 3308).

ҚР MOM қорында жасыл барқытпен тысталған, жартылай шеңбер тәрізді, төбесі жалпақ қыз баланың бөркі сақтаулы. Оның төбесіне шокталған үкі кадалған. Астары ашық қоңыр түсті саржадан сырылып салынған. Төбесінде сайлардың қосылған тігісінің үстінен және кереге мен төбенің түйіскен қырына зертаспа бастырылып тігілген. Төбесіне дейін жеткен, тік келген биік керегесіне қырқылған қой терісінен жеке тігілген жалпақ жұрын қондырылған.



Көйлек. ҚР MOM қорында (КП 9756/1)

ҚР MOM қорындағы (КП 9756/1) көйлек белінен қосылып, ақ түсті жібектен тігілген қынайбел көйлек. Жеңі ұшына қарай қусырылып, көркем тігіспен әдіптелген. Жағасы тік келіп, бүрмеленіп тігілген. Алқымында тілігі бар кеуделігіне бүрмелі қақпақ салынған. Белінен төмен қатпарлы белдемше қондырылған, етегіне екі қатар бүрме салынған. Жеңінің, жағасының және етегінің жиектері қызғылт түсті жіппен сырылып әсемделген.



Қыздың кестелі етігі. ҚР MOM қорынан (КП 21134)

Сонымен қатар ҚР MOM қорында (КП 21134) қыз баланың биік өкшелі кестелі етігі сақталған. Аталмыш етік қара былғарыдан тігілген. Оның ішкі жағы сұр матамен астарланған. Қонышы мен өкшесі бірге, ал, басы жеке пішіліп, сырылған. Қонышы аузына қарай кеңі түскен. Қонышына негізінен қошқар мүйіз оюы мен су өрнегі бастырылып, сір өкшесіне сыңармүйіз кондырылған.

Әдеб.: Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. В 3-х частях. СПб.: Тип. Карла Крайя, 1832; Абай. Екі томдық шығармалар жинағы. 1-2 том. Алматы: Ғылым, 1977; КӘТС. 10 т. Алматы: Арыс, 2009; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚЫЗ АЛЫП ҚАШУ – қызды өз келісімімен немесе келісімінсіз әйелдікке алып кету. Қыз алып қашу әртүрлі жағдайларға байланысты болған. Оның ішінде ең көп тарағаны жігіттің *айттырылған* қалыңдығын алып қашуы. Егер жігіт қалыңмалын түгел төлеп бітпей айттырылған қызын алып қашса, қыз әкесіне *ат-тоннан* бір *тоғызға* дейін айып төлеген. Ал егер қалыңмалы түгел төленіп бітіп, қыздың әкесі қызын ұзатуға асықпаса, қалыңдығын алып қашқан күйеу жігітке қатысты екі түрлі жағдай орын алған:

- *біріншісі* ат-тон айып төлеп, қызды қайтарған және ұзатылу уақытын күткен;
- *екіншісі* бірнеше рет қызды сұратқанның өзінде түрлі себептермен ұзатуды кешіктірсе, ат-тон айып төлемей, қызды қалдырып, әкесінен тек қыз жасауын талап еткен.



Қыз алып қашу. Суретші Е.Оспанұлы

Сонымен қатар әлі айттырылмаған, ешкім құда түспеген қызды ұнатып алып қашқан жігіт, ата-анасымен келісіп,

қалыңмалын төлеп, үстіне айыпқа бір *түйе бастаған тоғызды* қосып берген (қ. *Қалыңмал; Тоғыз*).

Дәстүрлі ортада біреудің айттырылған қалыңдығын немесе *жесірін* алып қашу да ішінара кездескен жайт. Мұндайда арты дауға ұласып, екі рудың арасындағы қарама-қайшылыққа, тіпті дау-жанжалға әкелген (қ. *Жесір дауы*). Ондай жағдайда қыз алып қашқан жігіт күйеу жігіттің талабын орындауға тиіс. Егер айттырған жігіт қызды қайтаруды талап етсе, қалыңдығының үстіне бір қыз немесе бір қыздың қалыңмалын қосып берген. Қыздың әкешесі алып қашуға өздерінің қатыссыз екендігін, өз руы ішінен екі адамның ант беруімен дәлелдеген. Оны дәлелдей алмаған жағдайда қыздың әкесі де, алып қашқан жігіт те күйеу жігітке бір-бір қыз берген немесе бір-бір қалың мал қосып төлеген.



Қыз алып қашу. Н.Г. Хлудов. ҚР MOM қорынан (КП 3652)

Айттырылған қызды немесе жесірді алып-қашу лиро-эпостық жырларда кездеседі. Еңлік-Кебек оқиғасындағы Еңлік – найман ішіндегі матай руының айттырған жесірі. Сұлу Еңлік болашақ күйеуін менсінбей жүргенде тобықтының батыры Кебекпен танысып, бір-біріне ғашық болып, елден қашып кетеді. Матайдың рубасылары қол жинап, тобықты елін шауып кету қаупін туғызғанда, тобықты жағы Кебекке ара түсе алмайды, ақырында екі ғашық жазаға кесіледі. Сол сияқты «Айман-Шолпан» жырында батыр Көгібар әкесінің малын барымтаға алып айттырылған Айман қызды сіңлісі Шолпанмен бірге қашады. Айманның құдаласқан, сүйген жігіті Әлібек Көгібардың ауылын шабады. Осылайша бұл ру арасындағы тартысқа әкелген.

Қыз алып қашу заңсыз деп есептелінгендіктен оған қатысты адамдар ғұрыптық құқықтың нормалары бойынша қатаң жазаланған. Мәселен, молда алып қашқанын біле тұра некесін қиса, молда атағынан айрылып, тән жазасына кесілген, яғни қамшымен 75-90 дүре соғылған. Ал некеге куәгерлік еткен куәларға да 30-70 дүре соғылған.



Егер жігіт күйеуі бар әйелді алып кашса, әйел күйеуіне үш тоғызбен (түйе бастаған, ат бастаған, өгіз бастаған) қайтарылады. Ал егер күйеуі әйелін қайтадан қайтаруды талап етпесе, онда ол жауапкерден әйеліне кеткен қалыңмалды және үстіне үш тоғызды (түйе бастаған, ат бастаған, өгіз бастаған) қоса сұрайды.

Әдеб.: Баллюзек Л.Ф. Народные обычаи, имевшие, а отчасти и ныне имеющие в Малой Киргизской орде силу закона // ЗООИРГО. Вып. II. Казань, 1871. С. 45-167; Загряжский Г. Юридические обычаи киргизов. О народном суде у кочевого населения Туркестанского края по обычному праву (зан) // Материалы для статистики Туркестанского края. Ежегодник. Под ред. Н.А. Маева. Вып. IV. СПб., 1876. С. 151-202; Добросмыслов А.И. Суд у киргиз Тургайской области в XVIII-XIX веках. Казань: Тип. Импер. Университета, 1904; Зиманов С.З. Казак халқының әдет-ғұрыптары және дәстүрлері туралы деректер (академик С.З. Зимановтың қолжазба қорынан алынды. XX ғ. 60 жылдары жиналған, өзгертусіз берілді) // Қазақтың ата заңдары: құжаттар, деректер және зерттеулер. 9-том. Алматы: Жеті жарғы, 2008. 169-194 бб; ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚЫЗ БЕН ЖІГІТ АЙТЫСЫ – жастардың сыпайы әзіл-қалжыңына құрылған, бір-бір ауыз өлеңмен қысқа қайырылатын айтыс түрі. Қ. б. ж. а. -ында әзіл-қалжыңмен қатар әлеуметтік жағдай сөз болады. Ол кейде қайымдасу, жұмбақтасу түрінде жүреді. Ол алдымен сәлемдесін, танысып-білісіп, жөн сұрасудан басталады. Бір-бірінің аты-жөнін, руын сұрасуға үлкен мән береді. Халықтық ортада пәлен жерде ақын бар екен десе арнайы іздеп барып айтысатын жағдайлар да кездеседі.

Әйгілі Біржан мен Сара айтысынан мысал келтірер болсақ: Біржан:

*Бұл үйде Сара бар ма? – шықсын бері,
Іздеген келіп тұрмын Біржан сері.
Жолықпай сөзі өктемге жүрген шығар,
Аулында Тұрысбектің өлең жері.
Сайраған Орта жүздің бұлбұлымын,
Арғынның Алтай-қарпұқ ақтан кері.
Бабалар сөзі теңдес адам болса,
Көңлімнің тарқаушы еді қайғы-шері... –*

деп Сараның есігінің алдына келіп, оны айтысуга шақырады. Сара үлкендерден ұялып бірден шықпайды.

Сонда Біржан Сараның руына кекесін сөз тигізіп барып,

*Азаға іні келер біздің елде,
Көп бопп на сұрасуға есен-аман,
Баласы Қожағұлдың Біржан салмын,
Сен түгіл сенен артық құмар маған –*

деп Сараны сөзбен шағып, орап алмақ болғанда, Сара тапқырлық танытып:

*Ей Біржан кімге дәрі амандығың,
Сөз білсең бұл да сенің жамандығың,
«Қисағұл әнбиден» естімен не ең,
Белгілі малғұн болды надандығың.
Адамды топырақтан жаратты хақ,
Хауаға бұрын барған - Адам ата,
Естімеген екенсің мұны бірақ –*

деп жауап берген.

Қазак жастары көбінесе ірі жиындарда, тойларда жиналғанда айтысқан. Жастардың арасындағы бұл айтыс көбінесе әзіл-қалжыңға құрылғанымен, өзіндік әдептілікті сақтаған. Орынсыз қалжың, әдепсіз сөздер қолданылмаған.

Бір-бірінің, руының кемшілігін айтса, жанашырлықпен талаптандырып, мінін бетіне басқан. Өлең жолдарының қысқалығына орай Қ.б.ж.а көбіне жалтарма, екіұшты жауаптарға құрылады. Осындай айтыстың тағы бір үлгісінде жігіт:

*Жоғары біздің ауыл құм болады,
Етегім жаяу жүрсем шаң болады.
Осындай сәті түсіп, кез болғанда,
Сұрасам аты-жөнің кім болады? –*

деп сұрағанда қыз:

*Сақыр-сақыр қайнайды сайдың тасы,
Айтылмаса өледі сөз атасы.
Шын білуге құмартсаң танытайын,
Мен елімнің ерке бір қарлығашы –*

деп, жалтара жауап қайырады. Қ.б.ж.а-нда жұмбақты көбіне-көп қыздар ұсынса, жігіт бірден жауабын айтып, тапқырлық танытуы керек болған. Жұмбақты дұрыс шешкен жігітке әзіл сөзден жеңілген қыз жолы «сый тарту» ретінде, жеңілудің жолы ретінде орамал, түйме, тенге береді. Айтыс барысында қыз-жігіттің сөзі жарасып жатса, айтыс екі жастың көңіл жарастығымен аяқталып жататын кездері болған (қ. **Айтыс**).

Халықтық ортадағы қыз бен жігіт айтыстарының озық үлгілері ретінде Сүйінбай – Күнбала, Ұлбике – Күдері, Біржан – Сара, Әсет – Ырысжан, Жамбыл – Салиқа, Омарқұл – Тәбия, Ләтипа – Кенен, Әжек – Шәріпжамал, Мұса – Манат, Әсет – Ырысжан, т.б. айтыстарын атауға болады.

Әдеб.: Әуезов М. Айтыс өлеңдері // Қазақ әдебиетінің тарихы. Фольклор. 1-том. Алматы: Қазақ ССР Ғылым академиясының баспасы, 1948; Е.Ысмайылов. Ақындар айтысы // ҚӨ. 1964, 14 август; Айтыс, 1-т, Алматы, 1965; Тұрысенов Е. Қазақ ауыз әдебиетін жасаушылардың байырғы өкілдері. Алматы: Ғылым, 1976; Жармұхамедұлы М. Айтыс өлеңдерінің арғы тегі мен дамуы. Алматы: Мұраттас, 2001; ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚЫЗ ЖАСАУЫ – ұзатылған қызға ата-анасының беретін бір үйге қажетті дүние-мүліктері мен біркіер қымбат киім-кешектері. Бұндай дүние-мүліктер күйеу жігіт әкесінің беретін қалыңының (қалыңмалының) келісілген мөлшеріне қарай белгіленеді. Қыз жасауын қыз берген жақ кейде қалың малдың құнынан да асырып жібереді. Қырық жетіге берілетін жасау – қыз жасауының айтулы түріне жатады. Неке қиылып, ұзату тойы өткенше қыз жасауы да әзір болады. Той өткен соң ертеніне жасауды қыз көшінің түйелеріне арғас бұрын, оны күйеудің ілесіп келген жолдастарына көрсетеді (қыз жасауының құрамы жөнінде – **Қалыңмал**).

Қыз жасауының бұндай айтулы түрінде бір үйге қажетті бұйымдар мен жиһаздар, қыз киімі, мінер аты, көшке арнайы тіркелетін бірнеше түйе болады. Кейбір заттар тоғыз-тоғыздан болады. Қыз жасауының құрамын төмендегіше таратып көрсетуге болады:

– о т а у ү й. Қ.Тәкежанұлының дерегінде отаудың жабыны – туырлыққа, үзікке, түндікке арналған киіз жігіт әкесі жақтан болады. Ал отау үйдің боялған сүйегі түндіктің шет-шеттеріне шұға, қатипа тәрізді маталармен оюлап



бастыру түндіктің ширатылған төрт бауы, үзіктің жоғарғы жағын қызыл шұғадан ойып тігіп көркемдеу, үзіктің арасынан шұғадан ойылып мықты шүберекке тігілген ұзын құлдырауыш; Сондай-ақ үйдің ішкі жіп-шулары, үш қабаттап ширатқан ала түсті белдеу арқан, түндіктің төрт бауы, екі үзіктің алты бауы, үш туырлықтың алты бауы киіз есіктің бір бауы, керегенің таңғышы, жалпақ өрнекпен тоқылған, немесе қалың шүберекке қыжым, шұға ойып бастырған тегеріш, ою салынған іргелік, шаңырақтан шұбатылып жататын екі желбау, кереге мен киіз аралығына салынатын әдемі өрнектелген шым шилер, жарма ағаш есік пен сырты сырғылып ою бастырылған, болмаса оралған ши түріндегі есік т.б. жіп-шулар мен жарақтар қалыңдық әкесі жақтан болады.

– к и і м - к е ш е к: көйлек, желек, сәукеле, етік, шапан, тон, ішік, белбеу, мәсі т.б. Кейбір деректерде сырт киім 125 шапан, 25 ішікке дейін болады.

– т ө с е к - о р ы н: жастық (тоғыз), көрпе (тоғыз), шымылдық, түскііз, кілем, алаша, сырмақ, текемет (төсеніш бұйымдар тоғыз), жайнамаз;

– ж и һ а з: төсекағаш, сандық, жағылан, кебеже (тағам салынатын бұйым), абдыра (киім-кешек салынатын бұйым);

– к а з а н - о ш а қ: қазан қақпағымен, ошақ, мосы, құман, шымшуыр, шокаяқ, шелек;

– ы д ы с - а я қ: саба піспегімен, торсық, астау, табақ, аяқ, зерен аяқ, саптаяқ, шөміш, кепсер, қасық (тоғыздан), кесе (тоғыздан), тостаған (тоғыздан), дастарқан, аяққап, сыпыра, тұзбаспақ, келі-келсап, сүлгі (тоғыздан); Қазан-ошақ пен ыдыс-аяқтың құны киіз үйдің сүйегінен кем болмайтын көрінеді.

– е р - т ұ р м а н: ер, тоқым, үзенгі, өмілдірік, құйысқан, жүген, ноқта, атжабу, қамшы, бұйда, атдорба;

– ж а қ с ы а т: ұзатылған қыздың күйеу жұртына мініп баратын жорға атқа, қыз шешесі мен қыз жеңгесі мінетін аттарға шұғадан оюлап бастырған сәнді жамшы жабылады.

– т ү й е: ұзатылған қыздың жасауы – жүгі артылған көшке тіркелетін түйелер. Ы.Алтынсарин дерегінде жасау артатын 25 түйеге дейін деп көрсетілген.

Бұл айтылған қырық жетінің жасауы, ал отыз жетінің, жиырма жетінің жасауы, әрине, бұлардан едәуір кем, төмен болады.

Сән-салтанаты келіскен қыз жасауы туралы ел ішіндегі аңыздардың бірінде бір дәулетті адам жалғыз қызының жасау-жабдығынан еш нәрсесін аямай, барын салып, кілең бағалы заттардан, алтын-күміс, інжу-маржаннан жасатыпты. Өз үйінде көн тулақ пен көне алашадан басқа ештеме қалмаған көрінеді. Сөйтіп, келісті жасау-жабдығымен қыз көшін ауылынан аттандырыпты. Сәнді көш те қырдан қиялай асып, күйеу жұртына бет алған екен. Өлден уақытта, қыз көші бөтен елдің шетіне іліне бере, көш дамылдап, түйелердің комын шешіп, теңін шешпей бұлақ басына аялдапты. Қалыңдық салт бойынша қыз киімін шешіп, келіншек киіміне ауыстырады. Жасау жабдықтарын бір қарап шықпақ

болып, теңді шештіреді. Жасауға көзі де, көңілі де тойғандай болған қыздың көзі кенеттен итаяққа түседі. Сөйтсе, итаяқ ағаштан жасалған екен. Бұған риза болмаған қыз «итаяқты алтыннан жасатып берсің» деп, әкесіне ат шаптырып, адам жібереді. Бұған назаланған қыз әкесі: «итке алтын аяқ жарасушы ма еді, итке темір не керек» деп, қызының қылығына қатты қапаланыпты. Бұл – барып тұрған кесірлік екен, кесірліктің кесапаты елге тимесін, жасау жабдығымен тас бол депті. Сол сәтте-ақ салқар көш, шөгіп жатқан түйелер де, қыз да тауға айналыпты. Қаратау өңіріндегі *Келіншек тау* атауы содан қалған екен дейді. Содан бері итке темір не керек деген сөз ел аузында мәтелге айналған екен.

Аға буын этнограф ғалым Х.Арғынбаев байырғы қазақ қоғамында қыз жасауы, әйел киімі мен сән салтанаты, әлеуметтік ахуалмен байланысты айта келіп: «Негізінен қазақ халқы әйел салтанатына көп көңіл бөлетін десек қателеспейміз. Жоқшылық зардабын шеккен кедей әйелдерінің халінің мүшкіл, тағдырының адам төзгісіз нашарлығын халық характерінің қаталдығынан емес, әлеуметтік теңсіздіктен іздеу керек. Өйткені үй жұмысының ауырлығын жеке көтерген кедей әйелдерінің жағдайы тым нашар деген күнде, олардың ерлерінің көрген күні қандай? Өмір ауыртпалығын тең көтеріп жүрген жоқ па екен олар? Міне осы жағдайға көптеген орыс чиновниктері жазған еңбектерде мән берілмей, халық өмірін теріс, бір жақты баяндаған.

Сән-салтанат құруды көксейтін ірі байларды былай қойып, өз шаруасы өзіне жетерлік орта қазақ семьясының ең алдымен әйел салтанатына көңіл бөлгендігін кім жоққа шығарады. Шамасы келген семьяда киімнің асылын әйел киетіндігі, алтын-күмістен жасалатын өте қымбат сәнді әшекейлердің әйелге арналатындығын, өте әдемі және қымбат ер-тұрмандар мен жүрісі жәйлі жорғалардың, әдемі сәйгүліктерді парлап жеккен пәуескелердің әйелге арналатындығы кімге құпия? Әйел сыйламайтын халықта мұндай жағдай кездесер ме екен? Әрине жоқ. «Әйел ердің көркі» деген қағида халық творчествосында тегін тұмаған болар. Аты аңызға айналған ақылды, тапқыр аналардың ісін кейінгі ұрпаққа үлгі есебінде әңгіме-жыр ету ауыз әдебиет үлгілерінде өте жиі кездеседі. Халық оларды мадақтап, мақтан етеді», - дейді. Белгілі ғалымның дұрыс айтылған бұл пікірін қыз жасауы жөнінде деректер мен әртүрлі материалдар айқындап, айғақтай түседі.

Әдеб.: Алтынсарин И. Очерк обычаев при сватовстве и свадьбе у киргизов Оренбургского ведомства // ЗОО ИРГО. Вып.1. Казань, 1870. С.104-110; Алтынсарин Ы. Орынбор ведомствосы казактарының құда түсу, қыз ұзату және той жасау дәстүрлерінің очеркі // Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. 2-т. Ауд. Б.С. Сүлейменов. Алматы: Арыс, 2006. 175-183-бб; Арғынбаев Х.А. Жасау мөлшері мен оның құрамы // Қазақ халқындағы семья мен неке. Алматы: Ғылым, 1973. 262-271-бб; Тәкежанұлы Қ. Қазақтың ежелгі әдет-ғұрыптары. Алматы, 2005; Уәли Н. Бұрынғыдан қалған сөз (қолжазба); ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚЫЗ КӨРУ / ҚЫЗ ҚАРАУ – өнерпаздардың, ауқатты кісілердің балаларының оздеріне лайық жарды ел ішінен

өздерінің таңдау салты. Ел арасында қыз таңдау деп те аталады. Халықтық ортада көбінесе бала дүниеге келмей тұрғанда өзара сөз байласып, не бесікте жатқаннан-ақ құда түсіп қоятын дәстүр болғаны белгілі. Дегенмен, беделді, ауқатты кісілердің балаларының, сал-серілердің ел аралап өздеріне жар таңдауға мүмкіндігі болған. Ол үшін қасына достарын, өнерпаз жігіттерді ертіп, қызды ауылды аралап, қайсы ауылда бойжеткен қыз бар болса сол ауылға әдейі қонақ болған. Халық арасында бұл жігіттерді қызды ауыл салтанатпен қарсы алған. Бойжеткендер «*Мырзалар қыз таңдаған келсін мұнда*», «*Қыз көретін жігітті біз көрелік*» десіп, жігіттерді қонақ қылған. Ауыл жастары жиналып өзара айтысып, өнерлерін бөліскен. Ұнатқан жігіттер қыздарға көбінесе оның жеңгелері арқылы көңілін білдірген. Өйткені, ұнатқан қыздың атастырылып қоймауы шарт. Тарихта мұндай жағдайдың ру алалық дауға әкелгендігін білеміз. Сондай-ақ, қызды құдалыққа рұқсат етілген, қыз алысып, қыз берісуге болатын елден таңдаған. Сондықтан қыз таңдаған жігіт өзінің ата-тегіне қанық болуы керек. Ол да жігіттің тектілігін, көрегендігін көрсетеді. Осыған орай халық тілінде «*Тегін білмеген тексіздіктің кесірі, Жеті атасын білмеген жетімдіктің кесірі*» деген сөз орамы қалыптасқан. Қазақ қоғамында жеті атадан бері некелесуге жол берілмейді. Сонымен қатар таңдаған қыздың әке-шешесіне, отбасындағы тәрбиесіне де үлкен көңіл бөлінеді. Ол жөнінде ұлы Абай былай дейді:

*...Жасаулы деп, малды деп байдан алма,
Кедей қызы арзан деп құмарланба.
Ары бар, ақылы бар, ұяты бар,
Ата-ананың қызынан қапыл қалма...*



Қыз көші. ҚР МӨМ материалдары бойынша суретті салған Б.Досымов

Жасау түрінде берілетін дүние-мүліктері, үйдің керек-жарақтарының құны қыз әкесіне берілген қалыңмалдың құнынан артық болмаса, кем болмайды. Қыз көшін ауыл жастары, қыз жеңгелері ауыл сыртына дейін ұзатып салады. *Қыз аттандырар* кәдесін жасаған соң күйеу жігітке қыз жеңгелерінің бірі қалыңдығы мінген аттын шылбырып ұстатып қош айтысады. Қыз әдет бойынша артына бұрылып ел жағына қарамайды. Қыз көшін шаңырақ түйенің (шаңырақ артылған түйенің) бұйдасын ұстаған күйеу жігіт бастап жүреді. Көш көлігін мініс аттарын ою-өрнекте маталармен безендіріп, түйелерге жібек кілем жабады. Сондықтан ондай көшті *сәнді көш* немесе *салтанатты көш* деп атайды. Қыз көші айырықша құқықпен қорғалады. Қыз көшіне қарақшылық жасағандарға билер соты жазаның ең ауыр түрін кеседі. Басқа бір елдің шетіне ілінген кезде қыз көші дамылдап, біраз аялдап алады. Қыз үстіне киген *қыз киімін* ауыстырып, келіншек киімін киеді. Бұдан әрі қарай салтанатты көш *келіншек көші* деп аталады (**қ. Келіншек көші**).

Әдеб.: Уәли Н. Бұрынғыдан қалған сөз (қолжазба); ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚЫЗ ҚУУ – дәстүрлі ат ойындарының бірі. Қ. қ. көнеден бастау алатын ұлттық ойын болып саналады (**қ. Ат ойындары**). Аталмыш ойын біздің заманымыздан бұрынғы VIII – VII ғ.-ларда қазіргі Қазақстан жерін мекендеген ру-тайпаларда болғандығы жайлы деректер мен мәліметтер бар. Бұл ойынның пайда болуы қоғамда ер мен әйел рөліне байланысты шықса керек. Өйткені, бұл кезеңде рулар мен тайпалар арасында жиі қақтығыстар болып тұрғандығы белгілі. Сол кезеңде әйелдер де ерлермен қатар атқа қонып, жауға шапқан. Осылайша, қоғамда әйелдердің құқығы жоғарылап ерлермен теңесе бастаған кезеңде Қ.қ. ойыны пайда болған деген пікірлер қалыптасқан.

Қ. қ. ойының әйгілі *сақ* тайпаларынан бастау алады деген де деректер мен пікірлер бар. Өйткені сақтардың бүкіл



Қыз қору. ҚР МӨМ материалдары бойынша суретті салған Б.Досымов

«*Қызды кім көрмейді, қымызды кім ішпейді*» деген мақалға сай бойжеткен қызға бірнеше жігіттің сөз салуы мүмкін. Ал қыз өз ұнатқанына көңілін білдіреді. Жігіт пен қыз өзара бірін-бірі қалаған жағдайда құдалық жолы жасалады. Дегенмен Қ.қ. салтына қазақ қоғамында әрқез жол беріле бермеген.

Әдеб.: Қыдыралын У. Батыс Қазақстан қазақтарының ғұрыптарындағы ерекшеліктері // Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет ғұрыптары. 1-том. Біртұтастығы және ерекшелігі. Алматы: Арыс, 2005. 150-176 бб; Кенжеахметұлы С. Қазақ халқының тұрмысы мен мәдениеті. Алматы: Алматыкітап, 2010. ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.



өмірі жаугершілікпен өткен жауынгер халық. Сондықтан сақтарда тек ер адамдар ғана емес, сонымен қатар әйелдер де атқа қонып, еліп жаудан қорғаған. Осылайша сақтардың жауынгерлері ерлер мен әйелдерден тұрғандықтан, соғыстан тыс бейбіт өмірде олар атқа мініп алып, жаттығу мақсатында түрлі ойындар ойнаған. Осылайша аттылы қыз-жігіттер бірін бірі атпен қуып жүріп, аталмыш Қ.к. ойыны пайда болған-мыс.



Қыз қуу. Суретші Ералы Оспанұлы

Қ.к. ойыны ертеректе *қыз қашар*, *қыз қуалар*, кейін *қыз қуу* немесе *қыз қуар* деп аталды. Қ.к. ойыны атқа мінген қыз бен жігіт арасында болады. Ойынның шарты өте қарапайым. Қыз атпен қашады, аттылы жігіт оны қуып жетін бетімен сүюі керек. Бетінен сүйген жағдайда жігіт жеңген болады. Кейде жігіт қызды қуып жетіп, өзінің жеңгендігін білдіру үшін оның білегіндегі орамалды алуға тырысады. Алса, жеңген саналады. Ал, жете алмаса, керісінше, қыз жеңген болады да, жігітті қолындағы қамшымен сабайды. Аталмыш ойынның бар мазмұны осы ғана. Десек те, ертеректе Қ. к. қалыңдығын алатын жігіт тарапынан орындалатын шарттардың ең соңғысы болып есептелген. Яғни, үйлену үшін жігіт қайын жұрты қойған бірқатар міндеттерді атқарып, түрлі сындардан өткен соң, ақырында қалыңдығымен сайысқа түскен. Бұл сайыстың мазмұны осы Қ.к. ойынының шарты болып табылады, яғни жігіт атқа мініп қашқан қалыңдығын қуып жетіп, оның бетінен сүю керек. Жігіт қуып жетіп, қыздың бетінен сүйсе, онда ол жеңген болып есептеліп, қыз жағы өзара келісіп, ешқандай қалың малсыз-ақ жігітке тұрмысқа беретін. Ал, жігіт қызды қуып жетін, бетінен сүйе алмаған жағдайда, жеңілген саналып, ол қызбен некелесу құқығынан айырылған. Тіпті белгілі бір мөлшерде айып төлеуге мәжбүр болған. Сондықтан аталмыш кезеңдерде қалыңдық алатын жасқа жеткен жігіттердің міндетті түрде жүйрік аты болған. Егер қыз жігітті ұнататын болса, жігіт жете алмайтындығына көзі жетсе, басқаларға байқатпай, жай ғана атының тізгінін тартыңқырап ұстап, жігіттің қуып

жетуіне жол беретін кездері де болады. Бір жағынан алып қарағанда қыз бүкіл рулы елдің алдында жігіттің абыройын төкпеуді де ойлаған.

Қ. к. ойыны туралы басқа елдің қазақ жерінде болған бірқатар саяхатшы-ғалымдары өз еңбектерінде жазып қалдырды. Солардың ішінде А. Янушкевич қазақтардың жайлауға көшіп келген соң атқаратын бірқатар шараларына тоқтала келіп, өткізілетін той-думандарының ішіндегі Қ.к. ойыны жайлы көзімен көргендігін суреттеді.

Сонымен қатар Қ.к. ойынының көне бір мазмұны туралы Ә. Диваев өз еңбегінде тоқталып өтеді. Аталмыш ойынның ертеректегі нұсқасының тәпшіштеп сипатталуы оның еңбегінің ең құнды қыры деуге болады. Оның айтуынша, ұзатылғалы отырған қалыңдық өзінің атастырылған жігітін күтіп отырады. Мұндай кезде жігіт үстіне ең жақсы киімдерін киіп, аттылы жолдастарымен қыздың ауылына келеді. Күйеу жігіттің келгенін естіген қыздың әкесі «*Қыз қашар*», яғни Қ.к. ойынын өткізуді ұйғарады. Ол қызын ең жүйрік атқа мінгізеді. Жүйрікке мінген қалыңдықты бір-бір атқа мінген, әдемі киінген құрбылары қолдап, қошеметтеп жүреді. Осылайша күйеу жігіт жағындағы аттылы жігіттермен қалыңдық жағындағы қыздар топ болып ашық алаңқайға шығады. Сосын қалыңдық күйеу жігітке өзі шауып өтетін, яғни белгіленген жерді көрсетеді де өзі бірден шауып кетеді. Ал, күйеу жігіт болса оның артынан тұра қуады. Ойын шарты бойынша қалыңдық белгіленген жерге дейін күйеу жігітке жеткізбеуге тырысады. Егер жігіт жетіп алса, қалыңдығының бетінен сүйетіндіктен ол қолындағы қамшымен қорғанып, бетін сүйгізбеуге қарсылық жасаумен болады. Бірақ көп жағдайда мұндай арпалысқан текетірестерде күйеу жігіттер еш нәрседен тайынбай қалыңдығын сүйеді. Қалыңдық пен күйеуден кейін оларды қошеметтеп жүрген жігіттер мен қыздар жұптасып Қ.к. ойынына түседі. Олар да күйеу жігіт сияқты өздері қалаған бойжеткенді қуып жетіп, бетінен сүюге тырысады. Олар кезектесіп, бірінен соң бірі жарысқа түскенде той, томалақтағы көрермендердің барлығының назары осы Қ.к. ойынында болады. Сонымен қатар Ә. Диваев аталмыш ойын барысында болатын қызықты жайттарды да келтіреді. Оның айтуынша бойжеткен қыздардың ішіндегі кішкенесінен атқа мініп өскен, яғни аттың құлағында ойнайтындары Қ.к. ойынында жігітке айтарлықтай қарсылық көрсетеді. Айталық ойын барысында жігіт қызға қуып жетіп, оның бетінен сүюге әрекет жасап, қызды бас салғанда кейбір қарулы бойжеткен аса жылдамдықпен бұлт етіп, жігітті атынан аударып тастайды. Қызды қуып жеткен жігіттің ойының бәрі тек сүю болғандықтан, ол ойланбай тарпа бас салғанда өзіне қарсы қолданған қыздың әрекетіне тап болып, өз екпінімен атынан ауып түсетін. Диваевтың айтуынша мұндай маскара жағдайда қалған епсіз жігіттер ел алдында абыройы төгіліп, күлкіге қалып қана қоймай, тіпті айып ретінде мал сойып, қонақтарды сыйлауға тиіс болған.

Айта кететін жайт, дәстүрлі ортада аталмыш ойын кейде, үлкендер тарапынан да ұйымдастырылатын. Бұндағы мақсат

– жастарды жақынырақ таныстыру арқылы құдандаласуға жол ашу болып табылады. Мәселен, көрші отырған ауылдардың үлкен кісілері өздерінің некелесуге жарап қалған ұл-қыздарын жақынырақ таныстыру үшін, яғни *танысу салтанаты* ретінде Қ.к. ойынын өткізетін. Ойынды жігіттің ауылы бастайды. Ауылдан беделді екі-үш кісі қызды ауылға барып, ондағы ортаға сыйлы үлкен кісілермен жолығып, Қ.к. ойынын өткізсек деген ұсыныс айтады. Белгілі бір үлкен себеп болмаса, қыз жақ ауыл бұл өтінішті әркез дұрыс қабылдайды. Екі жақ келіскен соң, бүкіл жұртқа мәлім болып, ойынға жаппай дайындық басталады. Жарысқа қатынасатын жігіттер мен қыздар жүйрік аттарын баптап жаратады. Осылайша, арада он күн өткен соң екі ауылдың халқы ойын өтетін жерге жиналады. Ойыншылардың шауып барып, кері қайтатын көмбелері көрермендерге көрінін тұратындай жерден белгіленеді. Ортаға ойынға қатынасатын жігіт пен қыз шығып, ойын басталады. Бұл жерде де ойын жоғарыда аталған ережелер бойынша өтеді. Жарысқа түскен жігіт пен қыз бірін-бірі ұнатып жатса, аяғы жастардың некелесін, екі жақтың құда болуына әкеледі. Осылайша, аталмыш ойын ертеде қалыптасып, құдаласу салтында да белгілі бір рөл атқарған ұлттық ойын деуге болады.



Қыз қуу. ОМЭЭ – материалдарынан

Қазіргі таңда Қ.к. ойыны некелесуге алып бармаса да, мерекелік іс-шараларда міндетті түрде ойналатын ұлттық ойын болып қалыптасты. Ойын ені 30 немесе 40 адымдай, ұзындығы 300 немесе 400 адым болатын жазық жерде өтеді. Ойын шарты бойынша ойынға қатысушылар белгіленген жерге барып, кері айналып келуі керек. Олар айналып қайтатын жерге арнайы басына жалау байланған ағаш *сырғауыл*, *қазық* қағылады. Ол *қарақшы* деп аталады (**қ. Қарақшы**). Төрешінің бұйыруымен белгіленген көмбеге аттылы жігіт пен қыз шығады. Ойын шарты бойынша жігіт қыздан 10 немесе 15 адымдай кейін тұрады. Төреші белгі бергенде ойыншылар шаба жөнеледі. Айналып қайтар жерге, яғни қарақшыға жеткенге дейін жігіт қызды қуып жетіп, белінен құшақтай тартып, бетінен сүюі керек. Сүйсе, жігіт женген есептеледі. Ал, жігіт қызды қуып жете алмай оны сүйе алмаса, қарақшыны айналып қайыра шапқанда көмбеге жеткенше қыз жігітті қамшының астына алады,

яғни сабайды. Ойын барысында ойыншылардың шауып өтетін жолының екі жағына да қызықты көруге көрермендер жиналып, тізіліп тұрып тамашалайды. Жігіттер жағы айқайлап, ысқырып ойыншы жігітке дем берсе, қыздар жағы барынша қызға жақтасып, жан-күйер болады. Осылайша, Қ.к. ойыны көпшіліктің қолдауымен қызықты, әрі тартысты өтетіндіктен кейде жігіт әдейі қызға жете алмаған болады. Өйткені, қыз жете алмаған жігітті қамшының астына алуы көрермендер тарапынан қатты қолдауға ие болып, айқай шуға ұласады. Сондықтан, дүбірлі тойларда Қ.к. ойынына бірнеше жұп қатынасып, бірнен соң бірі халық алдында жарысқа шығып, дүйім жұртты дүрліктіріп, думанды қыздыра түседі.

Осылайша, дәстүрлі ортада көнеде қалыптасып, мазмұны әр түрлі болып келген Қ.к. ойыны, қазіргі таңда тойлар мен мерекелерде міндетті түрде ойналатын ұлттық ойын болып қалыптасып, жалғасын табуда.

Әдеб.: Янушкевич А. Дневники и письма из путешествия по казахским степям. Алма-Ата: Казахстан, 1966; Жолымбетов Ә. Ұлттық ат спорты туралы // Ер қанаты. Құраст. Ж. Аупбаев. Алматы: Қайнар, 1987. 212-213 бб; Төтенаев Б. Қазақтың ұлттық ойындары. Алматы: Қазақстан, 1978; Сағындықов Е. Қазақтың ұлттық ойындары. Алматы: Рауан, 1991; Диваев Ә. Тарту. Құраст. Ф.Оразасва. Алматы: Ана тілі, 1992; Нусіпоқасұлы А. Ағаш бесіктен жер бесікке дейін. Үрімжі: Шыңжан жастар-өрендер баспасы, 2006; КР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚЫЗ ОЯТУ – қонақтың, жігіт немесе бозбаланың түнде қызға келу жосыны. Ол *қойнына бару* деп те аталады. Оятқан соң жанына жантайып жатуды, қойнына қол жүгіртуді *қол салу* деп атайды. XIX ғ.-дың соңы XX ғ. басына дейін бірлі-жарым сақталып келген бұл әдет, сонау ілкі замандардан жеткен қатынастың айрықша түрінің сарқыншағы болса керек. Десе де, жастар арасында болатын мұндай ойнап-күлу кезінде шектен шығу болмайтын. Яғни, ер адам тарапынан қызға көрсетілуге тиіс құрмет, әрі парыз ретінде шартты түрдегі сезімін білдіру сынды ежелгі ғұрып еді.

Халық арасынан ауызша материалдар жинақтау барысында мәлімет берушілердің дені Қ.о.-ды негізінен ер азамат тарапынан жасалуы тиіс бозбалалық, жігітшілік әрекеті ретінде түсіндіреді. Мәселен, жасы үлкен адамның өзі қонып жатқан үйінде қызға қол салмаса да ояту ырымын жасап, осындай салт барын ескертін, ши немесе ағаш бұтағын төсегіне қойып ишара жасайтын көрінеді

Қ.о. хақында ауызша мәліметтер көп болғанымен, қағазға түскен тарихи-этнографиялық деректер бірен-саран ғана кездеседі. Соның бірі – XIX ғ.-дың 70-жылдары жарияланған зерттеуші И.Ибрагимовтың мақаласында аталмыш үрдіс жөнінде төмендегідей мәлімет берілген: «... үй иесінің қызы қонақтың арқасын қасиды, қытықтайды және аяғын уқалайды. Ата-анасы ұйықтап қалған соң қыздың төсегіне барып, «қойнына бару» деп аталатын әдет бойынша оның қойнына қол салады... Қыз қолын итеріп жіберсе, онда бұл мүлде қабыл алмау дегенді білдірмейді... Егер қыз еркектің қолын осылайша үш рет қағып тастаса, онда бұл түпкілікті қабыл алмау



дегенді білдіреді...». Сондай-ақ, XIX ғ.-дың орта шенінде және XX ғ. басы кезіндегі өмірде орын алған оқиғалар жөніндегі төмендегі әдеби шығармалардағы акпараттар да аталған автордың мәліметіне жақын. Мәселен, Бейімбет Майлиннің «Құрымбайдың жігітшілігі» деген әңгімесінде төмендегідей сюжет берілген:

– Сізге не болған?! Қойыңызшы! — деген Күләштің бәсеңдеу даусы шықты да, ол көрпесін қымтап жамылды. Күләштің бас жағына таман қалтыранып, жүрегі алып-ұшып үңірейін Құрымбай отыр. Сол қолы жерді тіреген. Тырнап алар деп қорыққан адамдай ол қолын ештеп қана созады. Көрпеге қолын жақындата бергенде, Күләш жиырылып итеріп тастайды...».

Алайда, айтылған қисыннан дәстүрлі қазақы ортада жыныстық қатынастың еркіндігіне жол берді деген жаңсақ пікір тумаса керек. Керісінше кез келген ойнастық, зинакорлық сияқты алабөтен қылық пен іс-әрекет шектен шыққандық болып есептелініп, ата-бабаның жолына мүлдем жат қылмыс ретінде кұнаһар адамдар билердің үкім-кесімімен өлім жазасына кесіліп отырды (қ. *Құқық / Әдет-ғұрыптық құқық / Әдеттік құқық / Билер соты / Халық соты / Билік / Билік айту / Билім жүргізу / Төрелік айту / Төрелік жүргізу / Би кесімі / Іс кесу / Қақы / Құқы; Құндастар; Масқаралау / Масқаралау жазасы; Өлім жазасы*).

Әдеб.: Ибрагимов И.И. Этнографические очерки киргизского народа // РТ. Сборник, изданный по поводу политехнической выставки. Вып. II. Статьи по этнографии, технике, сельскому хозяйству и естественной истории. М., 1872. С.120-152; Есенберлин I. Шығармалар жинағы: Сегіз томдық. Т. 3. Алматы: Жазушы, 1987; Геннеп А. ван. Обряды перехода. Систематическое изучение обрядов / Пер. с франц. М.: Восточная литература» РАН, 1999; ҚР МОМ – материалдарынан, ОМЭЭ -материалдарынан.

ҚЫЗ СЫНЫ – қыздың сұлулығын анықтайтын әрі айғақтайтын ғұрыптық мәнді шара. Ол «Түйе тарту (тайлак шешу)», «жез бұйдалы інгеннің биі», «түйе шешу» деп әртүрлі атаумен аталып келген ғұрыптардың құрамдас бөлігі (қ. *Түйе тарту / Түйе шешу*). Бұл ғұрып тек ірі астарда, үлкен тойларда өткізілген.

Ірі тойларда Қ.с. болғанын I. Есенберлин өзінің «Көшпелілер» атты трилогиясында былайша суреттейді: «... ат шаптырылды, жамбы атылды, көкпар тартылып, балуандар күреске шықты. Күміс таңдай, жез өңеш ақындар айтысқа түсті. ... Міне осы кезде бір қызық оқиға болды. Ендігі кезек сұлуларға жүлде берілетін көрмеөнер жарысы еді. Бұл сонау көне заманнан, ежелгі Қыпшақтардың ұшы-қиыры жоқ бозаң даласына адам бейнелес обатас орнатқан тұстарынан келе жатқан көңіл сауығы-ойыны еді». Бұл жарыс – Токтай хан мен Ноғайдың арасындағы соғыстың жеңіс құрметіне Токтайханның өткізген тойында орын алған. Мұнда әр тайпа, не әр рудың ерекше сұлу деген қыздары немесе келіншектері тырдай жалаңаш тойға жиналған халықтың алдынан өтеді. Арнаулы билер шешімі бойынша түрі де, денесі де ең сымбатты, көрікті дегендері бөлініп алынды: «... бұл сынға әр рудан сұлу деген отызға тарта қыз жалаңаш шықты. Отыз

қыздың ішінен түрі де, денесі де ең сымбатты, көріктілері деген үш қыз таңдалынды. Олардың көрсететін өнер түрлерін, ережесін билер бекітеді. Оның біріншісі – дереге байланған жүйріктің қыл шылбырын тісімен шешу, екіншісі тас байланған тақияны лақтырғанда садақпен атып түсіру болса, соңғысы – жетекте шапқан жайдақ аттың үстіне жалынан ұстамай отыру...»

Осы арулар өздерінің өнерлерін халық алдында көрсетеді. Сынақтың үшеуінен мүлтіксіз өтіп, бас жүлдені алған сұлудың үш тілегі, одан кейінгісінің екі тілегі, соңғысының бір тілегі орындалуы тиіс болған.

Бұл сында бас жүлдені Ноғайдың он алты жасар кенже қызы Інкәр–Айым ұтып алып, өз тілегін айтқан:

– Бірінші тілегім, Хан ием, өзі маған құда түссін дейді.

Оған хан келісімін берген соң,

– Екінші тілегің? – деген хан сұрағына:

– Хан ием, қойнындағы жұбайының әкесін өлтіріп ақ төсегінде қаннен қаперсіз жата алмас, ... егер әкем Ноғай тірі болса, оның қалған өмірін маған қисын! Үшінші тілегім жоқ деді жас сұлу масайрай .

Інкәр–Айымнан басқа қараторының және ақ сарының ең сұлуы болып таңдалған екі қыз бір-бір өнерден ғана көрсетіп, екінші және үшінші орынды иеленіп, өздерінің қалаған жігіттеріне қосылуға рұқсат алады.

Тағы бір ел аузындағы әңгімелерде жонғар шапқыншылығы тоқтағаннан кейінгі үш жүздің басы қосылып ойын-той, ас өткізілетін жерінің бірі «Көкірім съезінде» Абақ Керейлер жиі-жиі осындай Қ.с.-ын, түйе тарту ойынын өткізіп отырған. Арқа өңірінде өткен бір аста қыз сынына қатысқан жалаңаш жас келіншек ортаға шығып, ұзын шашын тарқатып жібергенде, шашы бүкіл денесін жауып кетіп, еті көрінбепті. Ол сол бойымен келіп түйені жетектеп өткенде нар тіккен жақ «жалаңаш шықпады» деп дау шығарып, биге жүгініпті. Сонда әділ би «келіншек киімімен шыққан жоқ, шаш әйелдің құдай жаратқан мүшесінің бірі, оған дау жүрмейді» деп, даугерлерді тоқтатқан екен деседі.

Қ. с. ғұрпының ірі астарда, тойларда өткізілуі – ежелгі наным-сенімнен туындайтын өркендеу идеясына байланысты жосын-жоралғылар санатына жататындығын көрсетеді.

Әдеб.: Есенберлин I. Шығармалар жинағы: Сегіз томдық. Т. 8. Алматы: Жазушы, 1987; Кенжеахметұлы З.С. Ұлттық әдет-ғұрыптың беймәлім 220 түрі. Алматы: Санат, 1998; Тоқтабаев А.У., Сейітқұлова Ж.М. Қазақтың төрт түлік төресі – түйеге байланысты жора-жосындары // Ислам әлемі. Алматы, 2001. №1. 29-31бб; Балғынбайұлы Б. Тобышак торы дастаны // Абай. Семей, 2001. № 3. 10-13 бб; Хлудов Н.Г. Шығармалар каталогы: кескіндеме және графика (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде). Жобаны жетекшісі, кіріспе сөзінің авторы Нұрсан Әлімбаев. Алматы: Эффект, 2003; Смағұлов Е.М. Тайлак тарту немесе «қыз сыны»: қазақтың ас беру дәстүріндегі алатын орны // Этнос және қоғам (тарихи этнологиядағы әдіс, дерек, этноәлеуметтік институттар мәселелері). Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2003. 83-87 бб; ҚР МОМ материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚЫЗ ТАБАҚ – қыздарға арналған ет мүшелері салынған табақ. Оған әдетте, тоқпан жілік, мойын омыртқа, қабырға және құйрық май сияқты негізінен қыздарға тиесілі болып

келетін ет мүшелерімен бірге *бастың жақ сүйегі* мен *тіл, жүрек пен бүйрек* сияқты бөліктері салынып тартылады (қ. *Ас / Ас беру; Ас / Тамақ / Тағам; Табақ; Табақ тарту*).



Қыз табақ. ҚР МОМ материалдары бойынша суретті салған Б.Досымов

Сонымен бірге, басты мүжіген адам көбіне тандайды алып қыз баланы шақырып алып, алақанына ұрып береді. Мұндағы әр мүшенің ырымдық мәні бар. Мәселен, *таңдай беру* – таңдай өрнегіндей кестеші болуды немесе шешен, әнші болсын дегенді ырымдағаны. Сондай-ақ, ержүрек, батыл болып өссін деп жүрек сыбағалайды.

Әлеб.: *Ғабитханұлы Қ.* Қазақ мифологиясының тілдегі көрінісі. Алматы: Арыс, 2006; ҚР МОМ материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚЫЗ ҰЗАТУ – қалыңмалдың уағдаласқан бөлігі берілген соң, қыздың ата-анасы той жасап, жасау-жабдығымен қызды күйеу жұртына аттандыру. Қыз ұзату тойына күйеу жігіт жора-жолдастарын ертіп *тоймалын, сұтақысын*, отау жабуға 10-15 ақ киізін ала барады (қ. *Сұтақы; Тоймалы*). *Тоймалы* – ұзату тойына қажетті мал (30-40-50 жылқы), мөлшері қалыңмалға қатысты анықталады. *Сұтақы* – қыздың анасына ақ сүтін беріп, тәрбиелегені үшін берілетін кәде, оның мөлшері бір ірі қара немесе қараға тұрарлық кілем, болмаса ішік.

Қыз ұзату тойын қыздың әкесі бүкіл туған-туыскандарын, құда-жегжаттарын, дос-тамырларын шақырып өткізеді. Алдын-ала тойға шақыртулар жіберіп, күні бұрын болатын уақытын хабарлайды. Тойға арнайы киіз үйлер тігіліп, келген жұрт *той шашуын* ала келеді (қ. *Құдалық*). Тойда мүше алып қашу, ат жарыс, палуан күресі т.б. ойындар өткізіледі (қ. *Мүше алып қашу*). Бұдан кейін әкесінің үйінің артына жасауы дайын қалыңдықтың отауы тігіледі. Отау тігу кезінде күйеу жігіттен *шаңырақ көтерер, отаужабар* кәделері алынады (қ. *Шаңырақ көтерер;*

Отаужабар). Отауға тоғыз-тоғыздан қалыңдықтың бүкіл жасауын орналастырып, қалыңдықтың жеңгелері ең әуелі қалыңдықты, кейін күйеу жігітті алып келеді. Дастарқан жайылып, жиналған жұрт дәм татып, *мойынтастар* ырымы жасалады (қ. *Мойынтастар*).

Қыз әкесінің үйінде *неке қию* ғұрпы өткізіледі. Некені сәрсенбі не бейсенбі күні қияды. Киіз үйдің төріне қалыңдық пен күйеу жігітті қатар отырғызады. Әкешелері солардың жанына, молда қарсы алдарына отырады. Киіз үйдің оң жағына есік жаққа қарай куәлар отырады. Қалыңдық пен күйеу жігіттің алдына су құйылған тостаған қойып, ішіне қалыңдықтың күміс сақинасын салады да, бетін орамалмен жабады. Молда неке дұғасын оқып, күйеу жігіт пен қалыңдықтан ризашылығын сұрайды. Артынан күйеу жігіт пен қалыңдыққа судан ұрттатып, одан кейін куәлар ішіп, қалғандарына береді (қ. *Неке қию*). Осылайша неке қиылып, қыздың әкесі молдаға *некеақы* береді. Некеақы Н.Гродеков бойынша 4 сом 40 тиын болса, П.Маковецкий бойынша 40 тиынды құрады.

Неке түнінен кейін қалыңдықтың әкесі күйеуді ресми түрде үйіне шақырады. Күйеу қайын атасының үйіне кіріп тағзым етеді, яғни етігінің басынан бастап тізесіне дейін сипап өтеді. Күйеуге қалыңдықтың жеңгелері отқа май құйғызады. Отқақуяр кәдесіне күйеу бес ұсақ мал береді. Қыздың ата-анасы күйеу көрімдікке шапан береді. Мал сойылып, дастарқан жайылып, күйеуге төс салынған табақ тартылып, ілтипат көрсетіледі. Күйеу кетерінде атасының үйіне *босаға шапан* кәдесіне бір жағалы киім іліп кетеді (қ. *Күйеу*).

Кешкісін жастар отауға жиналып, өлең айтып, айтысады. Осы отырыста екі жақтың арасында *тартыс* басталады. Бір жағы қалыңдықты бермей, екінші жағы тартып алуға тырысады. Қалыңдықтың жеңгелері осыны пайдаланып, қалыңдықты кілемге отырғызып алып кетеді. Күйеу кәде беру арқылы, 1-2 кездік мата, қалыңдықты қайта қайтарады (қ. *Тартыс*). Тартыстан кейін *қызқашар* ойыны өткізіледі. Қызқашарға ауылдан бір үй даярланып, қалыңдықты сонда жасырады. Күйеу ол үйдің қожасына ат мінгізуі немесе шапан беруі тиіс (қ. *Қызқашар*).

Ертесіне қалыңдықтың сұлу бір жеңгесі сәукелені киіп, күйеуден *сәукеле көрімдік* кәдесін алады (қ. *Сәукеле көрімдік*). Сол күні бүкіл ауыл болып күйеу мен қалыңдықты ұзатып аттандырады. Қалыңдық басына сәукелесін, үстіне салтанатты той киімін киеді. Сәукелені ұзату тойдан кейін, күйеуінің аулына кетерде ғана киген. Сәукеле – биіктігі бір кезден асатын, сопақша келген, бас киім. Сәукелені бағалы матадан тігіп, інжу-маржан, алтын, күмістен әшекей тағып, екі жағына маржаннан салпыншақ қондырып, төбесіне үкі қадаған. Сәукеле түгелдей кестеленіп, мильығы бағалы терімен көмкеріледі. Оның бағасы 400-700 күміс сом, кейде 2 мың сомға дейін жеткен (қ. *Сәукеле*). Үстіне киген тоны түлкі, бұлғын терісінен тігіліп, сырты қамқамен тысталған, тонның жиектерін құндыз, қамшат терісімен және жалпақ оқамен жұрындаған (қ. *Қамқа тон*). Қалыңдықтың астындағы



атына түгел жабатындай қызыл шұғадан немесе барқыттан жабу тігіледі. Жабу зермен кестеленіп, алтын шашақпен көмкерілген. Жабудың бас жағы аттың құлағына киіледі де, екі коздің арасымен маңдайға түсіріледі, төбесіне бір шок үкі кадалады. Ат әбзелдері күміспен күптеледі, байларда алтынмен апталады, үсті асыл тастармен әшекейленеді. Ақсақалдар батасын беріп, қыз елімен, жерімен, туған-туыстарымен қоштасып *сыңсу* айтады (қ. *Сыңсу*).

Ұзатылған қызбен бірге үйдің ырыс-құты кетпесін деп, ырымдап қалыңдықтың бір туысканы бір кесек ет немесе тағам салынған орамалды қыздың басынан 2-3 рет айналдырады. Кейін қалыңдықты қолтықтап алып, атына мінгізіп жібереді. Қалыңдықтың сіңілілері мен жеңгелері төбеден асқанша шығарып салып, *күйеу аттандыра*р кәдесін алады (қ. *Күйеу*). Қызбен бірге анасы еріп барып, біраз уақыт қонақ болып қайтады.

Әдеб.: *Ф.Л-ий*. Свадебные обычаи у киргизов Оренбургского воеводства // МВ. 1862. №151,154, 158; *Алтынсарин И.* Очерк обычаев при сватовстве и свадьбе у киргизов Оренбургского воеводства // ЗОО ИРГО. Вып.1. Казань, 1870. С.104-110; *Ибрагимов И.И.* Этнографические очерки киргизского народа // РТ. Сборник, изданный по поводу политехнической выставки. Вып. II. Статьи по этнографии, технике, сельскому хозяйству и естественной истории. М., 1872. С.120-152; *П.* Обычаи киргизов Семипалатинской области // РВ. М., 1878. №9. С.22-66; *Алекторов А.Е.* Основание брака и свадебные обычаи у киргизов // ОЛ. 1888. №11,12. С.185-195; *Гродеков Н.И.* Киргизы и каракиргизы Сыр-Дарьинской области. Т.1. Юридический быт. Ташкент: Тип. С.И. Лахтина, 1889; *Диваев А.* О свадебном ритуале киргизов Сыр-Дарьинской области // ИОАИЭКУ. Кн.4. 1900. С.1-27; *Зиманов С.З.* Қазақ халқының әдет-ғұрыптары және дәстүрлері туралы деректер (академик С.З. Зимановтың қолжазба қорынан алынды. XX ғ. 60 жылдары жиналған, өзгертусіз берілді) // Қазақтың ата-зандары: құжаттар, деректер және зерттеулер. 9-том. Алматы: Жеті жарғы, 2008. 169-194 бб; ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚЫЗҒАЛДАҚ – көктем туа гүлдейтін дені алқызыл болып келетін лала тұқымдастар тобына жататын гүлдер тобы (латынша атауы – *Tulipa*). Қазақстанда Қ.-тың 30-дан астам түрі кездеседі. Бойы шамамен 10-80 см аралығында. Қ. көктемде гүлдеп, бір айдай тұрады. Қ. гүлдегенде жер беті қызыл ала кілем жапқандай әсем күйге енеді. Гүлінің үлбіреген әдемілігіне орай Қ. халық тілінде «*қызғалдақ атты*», «*қызғалдақтай*» деген бейнелі сөзге арқау болған. Қыз балалардың бой жетіп тұрмыс құрғанға дейінгі қысқа әрі қызықты шағын «*қызғалдақ гұмыр*» деп ақындар жырға қосқан. Сондай-ақ, Қ. тез гүл жарып, тез солатындықтан, адам өмірін де Қ.-қа теңеген. М.Дулатов қамшының сабындай қысқа өмір дегенді *қызғалдақтай гұмыр шолақ* деп сипаттаған.

Қ.-тын кеш гүлдейтін кішкентай түрі жергілікті тілде «*ит қызғалдақ*» деп аталады. Оның гүлдері ұсақ, жапырағы жалпақтау, бойы кішкене болып келеді (сонымен қатар көлемі кішкене әрі кешірек пісетіндігіне байланысты *ит жүзім* және *ит қауын* деген жеміс-жидекке де қатысты айтылады). Қ.-тың қалың болып өсуі, алқапты алып жатқан гүлдері, балғын ірі жапырақтары, көктемгі жайылымды құлпыртып жіберетіні белгілі. Сонымен бірге «*қызғалдақ жемеген қозы арманда, қыз құшпаған жігіт арманда*» деген халық мақалынан Қ. қой төлі – қозының сүйіп жейтін шөбі екенін аңғаруға болады.



Қызғалдақ. ОҚО. ОМЭЭ – материалдарынан

Қазақтың дәстүрлі колөнерінде қолданылатын *нәбатат* ою-өрнектердің бір тобы Қ. гүлінің негізінде қалыптасқан, мұндай өрнектер көбінесе симметриялы екі жағына иілген гүл жапырақты болып келеді (қ. *Нәбатат; Ою-өрнек*).



Саптаяқ бүйіріне оймышталып түсірілген қызғалдақ өрнегі. ҚР МӨМ қорынан (КППМ 3882)

Сыртқы нышаны Қ.-пен үндес, атауы да осыған байланысты «*гүл*» немесе «*қызғалдақгүл*» деп аталады. Мұндай Қ. өрнектері әйелдердің сән-салтанатқа арналған көйлегінің, шапанының етек, жеңін және өңірін көркемдеп кестелеу үшін ұласпалы желі түрінде жиі қолданылады.



Қызғалдақ өрнегі кестеленген шапан. ҚР МӨМ қорынан (КП 13077/3)

Сондай бір шапанның (ҚР МӨМ қорында КП 13077/3 нөмірлі) алдыңғы өңірінің (өңірінің ені 61 см) етегіне зер жіптерден *қызғалдақ* және *көгеріс* өрнектер кестеленген. Кезінде Қазақ ССР халық әртісі Жамал Омарова тұтынған бұл шапанның жалпы ұзындығы 120 см, жеңі 58 см, екі иіннің аралығы 44 см, етегінің шалғайы 226 см.

Қ. дәстүрлі түсінікте әсемдік пен шаттықтың нышаны деп саналған. Жастар мен әйелдер тұтынатын бұйымдарға Қ. өрнегі жиі салынғандығы сондықтан.

Әдеб.: Чорманов М. Заметка о киргизах Павлодарского уезда // ЗССО ИРГО. Кн.33. Омск, 1906. С.1-32; Дулатов М. Бес томдық шығармалар жинағы. Алматы: Мектеп, 2002; Нақысбеков О. Түркістан экспедициясының материалынан // Ғылым. 2006, №2. 6-9 бб; Шоқпарұлы Д., Дәркембайұлы Д. Қазақтың қолданбалы өнері. Алматы: Алматыкітап, 2007; ҚР MOM материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан

ҚЫЗҒАЛДАҚ МАЙ – жазғытұрым мамыр айында алғашқы шайқалған майға көрші-қолаң әйелдерді шақырып ырымдап тамақ беру кәдесі. Әдетте қазақы ортада сиырдың сары майын қысқы азық ретінде жинап, қарынға салып сақтайтын болған. Себебі, қарынға салынған май өзінің жұғымдылық, дәмділік қасиеттерін жоғалтпай, қысқа дейін сақталатын. Тіпті құдағи, құдашалар арасында сары майды қастерлеп бір-біріне сыбаға ретінде беріп жіберу дәстүрі болғандығы белгілі. Ынтазар, кимастай болып сақтап келген затын «сары майдай сақтаған» сөз тіркесі осыған байланысты қалыптасқан болу керек.

Міне осындай сыйлы тағамның жаңа маусымда бірінші рет дайындалуы, Қ. м. жоралғысы, ауыл ішіндегі әйелдердің құт берекенің молаюына бағышталған жорасы болып саналады.

Әдеб.: Домбаев Е. Жаман жәутік. Алматы: Жазушы, 1980; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚЫЗКӨРСЕТЕР – қалыңдығын көруге ең алғашқы рет келген күйеуден қалыңдық жеңгелерінің алатын кәдесі. Кейбір деректерде Қ. кәдесін күйеу жігіттің жолдасы беретіндігі айтылады. Екі жақтың құдалары келісіп, қалыңмал мәселесі шешілгеннен кейін күйеу жігіт қайынатасының аулына кісі жіберіп, қызды көруге ниет білдіреді. Егер қалыңдықтың әкесі ризашылығын танытса, күйеу жігіт Қ. кәдесін алып, келе беруіне рұқсат алады. Ал қарсы болған жағдайда, қалыңдық әкесінің қызын көрсетпей қоюға құқысы бар. Келуге рұқсат алған күйеу жігіт салтанатты киініп, үш-төрт жолдасымен қайын жұртына аттанады.

Күйеу үлкендердің көзіне түспей, ауыл сыртында өзіне арнайы тігілген күйеу шатырға түседі (қ. *Күйеу*). Ауылға жақындаған кезде күйеу жігіт аттан түсіп, қалыңдық жеңгелеріне тәжім етеді. Қалыңдықтың екі жеңгесі күйеу жігітті қолтықтап, күйеу шатырға әкеліп, *қызкөрсетер* кәдесін сұрайды. Кейде ең алғашқы рет келгенде өзі күйеу шатырда қалып жора-жолдастарына Қ. кәдесін беріп, қалыңдық ауылына жібереді.

Қызкөрсетер кәдесіне бір ірі қара, шамасы жеткендер екі ірі қара береді. Дегенмен, әл-ауқаты төмендерден де кем дегенде бір ірі қара көлемінде алынған. Қалыңдық жағы берілген кәдеге көңілі толмаса күйеу жігітті қайтарып жібереді. Болмаса үстемелеп қостырған. Ризашылық танытса күйеу жігітті қалыңдық отырған киіз үйге апарды. Киіз үйге кірген бетте күйеу жігіт тағзым етін, қалыңдық жамылғысын түсіріп, жүзін көрсетеді. Кейін екеуі оңаша қалып, әңгімелесіп отырады. Осылайша күйеу жігіт қыз ұзатылғанша ұрын барып жүре береді. Қ. кәдесі алынғаннан кейін жігіттің ұрын келін тұруына рұқсат етіледі (қ. *Күйеу; Ұрын бару / Ұрын келу*).

Әдеб.: Алтынсарин И. Очерк обычаев при сватовстве и свадьбе у киргизов Оренбургского ведомства // ЗООИРГО. Вып.1. Казань, 1870. С.104-110; Гродеков Н.И. Киргизы и каракиргизы Сыр-Дарьинской области. Т.1. Юридический быт. Ташкент: Тип. С.И. Лахтина, 1889; Диваев А. О свадебном ритуале киргизов Сыр-Даринской области // ТС. 1916. Т.568. С.51-65; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚЫЗКӨТЕРЕР – күйеу жігіттің ұрын барғанда қыз жеңгесіне беретін кәдесі. Қалың малдың келісілген бөлігі берілген соң күйеу жігіт жора-жолдастарымен қалыңдықтың ауылына аттанады. Ауылдың сыртына келіп түскен күйеу жігітті қалыңдықтың жеңгелері қарсы алып, *күйеу шатырға* әкеледі (қ. *Ентікпе*). Ел жатып, жұрт тынышталған кезде қалыңдықтың жеңгелерінің бірі қалыңдық пен күйеу жігіттің кездесуін ұйымдастырып, дәнекерлік қызметі үшін жеңгейлікке кәде сый алады (қ. *Жеңгелік / Жеңгейлік*).



Қызкөрсетер. ҚР MOM материалдары бойынша суретті салған Б. Досымов



Қызкөтерер. ҚР MOM материалдары бойынша суретті салған Б. Досымов



Қалыңдықтың жеңгесі күйеу жігітті қалыңдық отырған киіз үйге кіргізгеннен кейін басқа жеңгелері күйеу жігіттен *төсексалар, қызкөтерер, қызқұшақтар, шашсипатар, арқажатар, көрпеқимылдатар* кәделерін алады (**қ. Күйеу; Қызқұшақтар; Шашсипатар; Көрпеқимылдатар**).

Н.Гродековтың дерегі бойынша, *қыздың жеңгелері күйеу жігітке қызды көтеріп төсекке отырғызуын сұрайды. Күйеу жігіт әйелді көтеру ер жігітке ұят саналады деп көтермейді. Сонда денелі, күшті әйелдердің бірі қызды көтеріп, төсекке отырғызады. Сол үшін күйеу жігіттен қыз көтерер кәдесін алады. Қ. кәдесіне екі кез мата беріледі. Бұл кездесуде қыз бен жігіт тек әңгімелесіп қана отырып, таң қылаң бере күйеу жігіт ауылдың үлкендеріне көрінбей киіз үйден шығып кетеді.*

Әдеб.: *Алтынсарин И. Очерк обычаев при сватовстве и свадьбе у киргизов Оренбургского вedomства // ЗООИРГО. Вып.1. Казань, 1870. С.104-110; П. Обычаи киргизов Семипалатинской области // РВ. М., 1878. №9. С.22-66; Гродеков Н.И. Киргизы и каракиргизы Сыр-Дарьинской области. Т.1. Юридический быт. Ташкент: Тип. С.И. Лахтина, 1889; Диваев А. О свадебном ритуале киргизов Сыр-Дарьинской области // ИОАИЭКУ. Кн.4. 1900. С.1-27; КР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.*

КЫЗҚАШАР – дәстүрлі ортада қыз ұзатылар алдында жастардың басын косып, арнайы өткізетін ойын-сауық салты. Қ.-дын шығу төркіні экзогамдық неке негізінде істі екі елдің тартыс, айтыс, жанжал арқылы шешуінен туындаған. Нәтижесінде екі тайпаның соңынан бітісіп, құдандал болу өте ертеден сақталған архаикалық ғұрыптың қалдығы. Осы мәселені зерттеген М.О. Косвеннің шікірінше бұл салт матриархаттан патриархатқа өту кезінде пайда болған.

Қалыңдықтың ауылына келген құдаларды қыз жағы күтіп, сый-сияпатын беріп, құдалық жоралғылары жасағаннан кейін, кешке жақын үлкендер жағы үйде қалады да, жастарға арнап, оларды өзара таныстыру мақсатында Қ. деп аталатын ойын-сауық өткізіледі. Қ. ойынын қоржынсөгерге арналған қоржын бетіне салынған кәдені алған адам ұйымдастырады. Бірқатар деректерде күйеудің әкелген осы кәдесін де Қ. деп атаған. Негізінен *қызқашар кәдесі* қалыңмалдан бөлек жүретін ерекше сыйлық. Кей жағдайда қызқашар кәдесін сұрап алады. Ол қыздың жеңгесі, көршісі немесе жігітке жақтасып жүрген қыздың басқа туысы болуы мүмкін. Оған ат немесе *тайтұяқ* күміс құймасын (кейбір деректерде дәулетіне қарай қойтұяқ) беріп, шапан жабады. Қазақтың ата заңында *«Қ. кәдесі шамасы келетін кісілерден бір ірі қарадан, яки оның шамасына тұрарлық (тон, ішік, шапан сияқты) жам дүниеден, мүліктен кем болмауы тиіс»* деп көрсетілген (**қ. Күйеу; Құдалық**).

Қ. өтетін үй алдын ала дайындалады. Ойын барысында қалыңдықтың жеңгесі немесе көршісі қалыңдықты басқа ауылға, не басқа үйге тығып, жасырып қояды. Халық арасында Қ. өткізілетін үйді *«болыс үй»* деп атайды (**қ. Болыс үй**). Қалыңдықтың жақтастары осы үйді айнала қоршап, қызды бермейді. Қыздың жағында құрбы-құрдастары,

жеңгелерінен, яғни, көбінесе қыз-келішшектерден тұрады. Қарсы топтың құрамында күйеу жігіттің жора-жолдастары, жеңгелері болады. Сонымен қатар, жігіт қызды тартып алу үшін өзінің жора-жолдастарымен бірге, сый-сияпат беріп басқа ауылдың жастарын да шақырады. Алекторовтың дерегі бойынша қалыңдықтың ауылындаға ер-жігіттер де күйеудің жағына өтіп кететін жағдайлар да болған. Күйеу жігіттің жеңгелері қызды тауып алып, екі жақтың жастарының арасында *қызға тартыс* басталады (**қ. Қыз тартыс**). Екі топ арасындағы тартыста екі жақ та тең түсіп, жеңе алмаса өзара айтысып, жекпе-жекке шығады.



Қызқашар. Суретші Ералы Оспанұлы

И.И. Ибрагимовтың дерегінде *«жігіттің жолдасы қыз жақтан үш жігітті жеңсе қалыңдықты беруге міндетті»* екендігі айтылады. Ы.Алтынсарин көрсеткендей: *«Екі жақтың арасы кейде жанжалға ұласуы да мүмкін. Дегенмен соңы әрқашан күйеу жағы жеңісімен аяқталады»*. Ал егер жеңе алмаса арнайы мал сойып *тоғыз тостағанмен* қой еті, май т.б. тағамдар әкеліп, сый-құрмет көрсетеді. Яғни, тоғыз табақ немесе тоғыз тостағанға салынған тамаққа сатып алады. Екі топ арасындағы бұл «қойылым» таңға дейін жалғасады. Қыз жақтастары қалыңдықты жібермеуге қанша тырысқанымен, тартыстың соңы жігіт жеңгелерінің қалыңдықты тартып алуымен аяқталады. Құрбыларының қолынан шығып бара жатқанын сезген қыз ғұрып бойынша дауыс шығарып жылайды, қимастығын білдіреді. Қалыңдық жылап-сықтап, қарсылық көрсетпесе «ата-анасынан, туған елінен кеткеніне риза болды» деп сөгеді. Оған қоса құрбы-құрдас, жеңгелері де қол созып, жылап қоштасады. Қалыңдықты тартып алған жігіт жеңгелері қалыңдықты кілемге отырғызып, әкесінің үйіне алып келіп, шымылдықты төсекке отырғызады. Қалыңдық ата-анасын құшақтап, жылап, кетуге мәжбүрлігін білдіреді. Полтарацкаяның мәліметінше *«Қ. ұйымдастырған адам Қ. кәдесін қыздың ата-анасынан осы кезде алады»*.

Қ. ойыны өтіп жатқанда күйеу жігіттің болуы міндетті емес. Күйеу жігіт қалыңдық ауылының сыртында өзіне

арнайы тігілген күйеу шатырда (Ф. Л-ий мәліметінше: «жолым үйде») күтеді (қ. Күйеу). Қалыңдықты әкесінің үйіне алып келгеннен кейін екі жас келіншек күйеудің отауына барып, оны да қайын атасының үйіне алып келіп, тиісті жоралғылар жасалады.

Этнограф Д.Б.Ескекбаев мәліметінше: «Орынбор облысы қазақтарында Қ. ұлттық ойын ретінде атастырылған «күйеу» мен «қалыңдықты» жақындастыру мақсатында ойналады. Жастар қол ұстаса шеңбер жасап, ішіне «қалыңдықты» сыртына «күйеу жолдасты» қалдырады да, қыз қашып, жігіт қуады. Шеңбер жасаушылар не қызға, не жігітке «жанашырлық» көрсетіп, не шеңберден өткізіп, не ұстап қалу арқылы ойынды қыздыра түседі. Егер «күйеу жолдас» «қалыңдықты» ұстаса оны «күйеуге» апарып табыс етеді».

Әдеб.: Л-ий Ф. Свадебные обычай у киргизов Оренбургского ведомства // Московские ведомости. 1862. *Алтынсарин И.* Очерк обычаев при сватовстве и свадьбе у киргизов Оренбургского ведомства // ЗОО ИРГО Вып. I. Казань, 1870. 117-122; *Ибрагимов И.И.* Этнографические очерки киргизского народа // РТ. Сборник, изданный по поводу политехнической выставки. Вып. II. Статьи по этнографии, технике, сельскому хозяйству и естественной истории. М., 1872. С. 120-152; *Тронов В.Д.* Обычай и обычное право киргиз // ЗИРГО ОЭ Т. XVII. Вып. II. СПб., 1891. С. 71-86; *Каруц Р.* Среди киргизов и туркмен на Мангышлаке. СПб.: Изд. А.Ф.Деврисна, 1911; *Диваев А.* О свадебном ритуале киргизов Сыр-Даринской области // ТС. 1916. Т. 568. С. 51-65; *Турсунов Е.Д.* Древнетюркский фольклор: истоки и становление. Алматы: Дайк-Пресс, 2001. 50-51 бб; *Косвен О.М.* Об одном обряде старинной казахской свадьбы // Орталық музей еңбектері. Алматы: Балалар әдебиеті, 2009. 410-429 бб; *Д.Б.Ескекбаев.* Қазақ халқының үйлену және қыз ұзату дәстүрлері (Орынбор облысы деректері бойынша) // ҚазҰМУ Хабаршы. Тарих сериясы. №12. 119-124 бб; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚЫЗҚУШАҚТАР – күйеу жігіттің ұрын барған кезінде қызды құшақтатқанда қыз қалыңдықтың жеңгесіне беретін кәдесі. Ұрын келген күйеу жігітті қыздың жеңгелері ауылдың сыртынан қарсы алып, кешкісін қалыңдығымен кездесуге жағдай жасайды. Жеңгейлікке кәде сый, ақша алған қалыңдықтың жеңгесінің бірі күйеу жігітті түнделетіп, қыз отырған үйге әкеледі. Киіз үйге кірген күйеу жігіттен қызкөтерер кәдесін алғаннан кейін қалыңдықтың жеңгелері қызқұшақтар кәдесін талап етеді (қ. Қызкөтерер).

Оған күйеу жігіт 3-4 кез мата береді. Аталған кәдені алғаннан кейін қалыңдықтың жеңгелері екеуін оңаша тастап, киіз үйден шығып кетеді. Бұл түні қалыңдық пен күйеу жігіт тек әңгімелесіп қана отырып, таң ата күйеу жігіт үлкендердің көзін көрінбей киіз үйден шығып кетеді.

Әдеб.: *Алтынсарин И.* Очерк обычаев при сватовстве и свадьбе у киргизов Оренбургского ведомства // ЗООИРГО. Вып. I. Казань, 1870. С. 104-110; *Л.* Обычай киргизов Семипалатинской области // РВ. М., 1878. №9. С. 22-66; *Гродеков Н.И.* Киргизы и каракиргизы Сыр-Дарьинской области. Т. I. Юридический быт. Ташкент: Тип. С.И. Лахтина, 1889; *Диваев А.* О свадебном ритуале киргизов Сыр-Дарьинской области // ИОАИЗКУ. Кн. 4. 1900. С. 1-27; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚЫЗОЙНАҚ – ұзатылатын қалыңдықтың құрметіне өткізілетін ойын-сауық түрі. Қ. күйеу жігіттің соңғы келуінде ойналады. Ол үшін ұзату тойдан бұрын қыздың құрбы-құрдастары жиналады. Құрбылары қалыңдықпен бірге оның жасауын жасап, жүгін түйіседі (қ. Жасау).

Кешкісін ән айтады және түрлі қызықты ойындар ұйымдастырады. Осындай ойындардың бірі – Қ. қыздың өзге елде келін аттанбастан бұрын, өз үйінде соңғы рет құрбы-құрдастарымен, дос-жарандарымен бас қосып, ойнап-күліп, бұлаңдаған қыз күнімен қоштасуы існетті жоралғы.



Қызойнақ. ҚР MOM материалдары бойынша суретті салған Б.Досымов

Ойын барысында жас келіншектер мен бойжеткендер үйдің бір жағына, ал жігіттер тобы екінші жаққа жарыла отырып өзара айтысып, кезекпен ән айтып, көңіл көтереді. И. Ибрагимовтің мәліметіне қарағанда, «...бойжеткен орамалмен ұру арқылы өзіне ұнаған адамды қалап алады. Қалап алған адам ортаға шығып оған ән айтады, сол үшін таңдап алған қазақ қызы оның бетінен сүйі керек, сондай-ақ, олар бір-біріне жұмбақ жассырады, бірінші жауабын шешикен ер жігіт жұмбақ берушінің бетінен сүйеді немесе керісінше жасауыты тапқан бойжеткен жұмбақты қойған ер жігітті сүйеді».

Әдеб.: *Ибрагимов И.И.* Этнографические очерки киргизского народа // РТ. Сборник, изданный по поводу политехнической выставки. Вып. II. Статьи по этнографии, технике, сельскому хозяйству и естественной истории. М., 1872. С. 120-152; *Диваев А.* Древние игры киргизской молодежи // ТВ. 1907. №54. С. 346-547; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚЫЗТАНЫСУ – ұзатылтын қыздың өз әкесінің босағасынан аттанардан бұрын жеңгесін, әпке-сінділерін ертіп, туған-туыстарымен, жекжаттарымен қоштасып, аралап шығу салты. Қ.т.-дағы негізгі мақсат басқа елге ұзатылып, жат жұрттық болғалы тұрған қызға үлкен болып, жанашыр ретінде ақыл айту (қ. Қудалық). Дәстүрлі ортада қыз баланы ерте жаста ұзағатындықтан басқа жерге үйренісудің қиын болатынын, оның жан-дүниесіне түрліше әсер ететінін үлкендер жақсы білген. Сондықтан қыздың барған үйі оған құрмет көрсетіп, жақсы тілектер тілеген. Екі елдің ортасында тұрған қызға «жат елдің адамы ретінде жаңадан таныса келді» деп қараған. Дәстүрлі ортада танысып, амандаса келген қызға туған-туыскандары «жасауыңа қос» деп кілем, мата, шапан сияқты бағалы сыйлықтар сыйлайтын болған. Сонымен қоса жақсы тағам беріп аттандырған.



Ертеде халық арасында Қ.т. салты өзінше ерекше, думанды ғұрып болған. *«Күйеу келтір, қыз ұзат, тойыңды қыл, қыз таныстыр – қызыққа жұрт ыржыңшыл»* – деген хакім Абайдың әйгілі этнографиялық суреттемесі осы жайтқа байланысты айтылса керек.

Ұзатылар қыз сәукелесін киін туыстарымен қоштасып әр үйге кіріп дастарқанынан дәм татты. А.Левшиннің мәліметінше, *«Кіші және Орта жүз ішінде ел-жұртымен қоштасуға шыққан қызды кілемге салып көтеріп жүрген. Қыздың аралайтын туыстары өзінше дайындалып, бірі балқаймағын қайнатса, екіншісі бауырсағын пісіріп, жаңа былғаған майы мен дәмді сықнасын, ірімшік, ежігеймен сыйлайды»*.

Әдеб.: Абай тілі сөздігі. Жалпы ред басқарған А.Ысқаков. Алматы: Ғылым, 1968; *Кенжеахметұлы С.* Ата мұрасы – асыл қазына 1-кітап. Астана: Аударма; 2005; *Қатран Д.* Қазақтың дәстүрлі ас-тағам мәдениеті. Ғылыми редакторы және алғы сөздің авторы Нұрсан Әлімбаев. Алматы: ҚМӨҒЗИ, 2002; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚЫЗТІЛІК – қауынның жұқа тілігі. Көбінесе қызға, әйел адамға ұсынатын кезде жеуге қолайлы болуы үшін жіңішкелеп тіледі.



Қызтілік. ОМЭЭ-материалдарынан

Қ.-тің бір қырынан табаққа салып қойғанда әдемі көрінетіндігіне байланысты да осылай аталса керек. Ширегін (1/4) тілсе, *дүздеу* деп аталады. (қ. **Қауын**)

ҚР МОМ материалдарынан, ОМЭЭ-материалдарынан

ҚЫЗЫЛ АЛМАС – шынықтырылған құрыштың ең асыл түрінің ауыз әдебиетінде кездесетін атауы. Түркі тілдерінде асыл құрышты *алмас/алмарс/албарс* деп атаған. Ауыз әдебиетінде қазақтарда қару-жарақтардың алмастан соғылғаны жиі айтылады.

*Алмасын арнап суарып,
Ақ сауыт соқса зергерім.*

(Ақтамберді жырау Сарыұлы)

*Алмас қылыш соқтырып
Күмістен қынын шақтатты.*

«Қобыланды батыр»

*Ақ сүңгі, найза қолыңа ал,
Жебесі алмас соқтырған.*

«Тама»

Кейін бұл атауды араб-парсы тілінен енген болат (ар. *фулад*) сөзі ауыстырды (қ. **Болат**). Дайындау әдісіне сәйкес алмас өзіндік ерекше құрылымымен өрнегімен, аса қаттылығымен және иілгіштігімен ерекшеленді. Шынықтырылу барысында пайда болатын сапасына байланысты алмас ақшыл немесе қызғылт түс қабылдайтындықтан, қазақтар алмасын «ақ алмас» және «қызыл алмас» деген түрлерін айырған. Сапасы жағынан алмасын ең асылы Қ.а. саналды. Қ.а.-тан асыл қылыштың

басы соғылған. Қазақтарда ертеде көне магиялық сенімдерден туындаған тілдік тыйымдарға байланысты, әскери кәсіпте қарудың жасалған материалын сипаттайтын атаулар қарудың өз атауының орынына қолданылатын магиялық эвфемистік атаулардың қызметін атқарған. Сондықтан ауыз әдебиетінде қылышты соғылған алмасына сәйкес Қ.а. деп атауын кездестіруге болады.

Қызыл алмас жан қияр

Қызыл талға қынаса.

(Ақтамберді жырау Сарыұлы)

Әдеб.: *Алдаспан.* XV–XVIII ғ.-лардағы қазақ ақын-жырауларының шығармалар жинағы. Алматы: Жазушы, 1970; *Қайдаров А.Г.* Доспехи и вооружение война-батыра в казахском эпосе и их этно-лингвистическое объяснение // Известия АН Каз ССР. Серия общественная. 1976. № 6; Аксауыт. Екі томдық. Алматы: Жазушы, 1977; *Шойбеков Р.Н.* Қазақ зергерлік өнерінің сөздігі. Алматы: Ғылым, 1991; *Ахметов Ә.* Түркі тілдеріндегі табу мен эвфемизмдер (салыстырмалы лингвистік зерделеу). Алматы: Ғылым, 1995; *Ахметжан Қ.С.* Қазақтың дәстүрлі қару-жарағының этнографиясы. Ғылыми редактор және алғы сөздің авторы Нұрсан Әлімбаев. Алматы: Алматыкітап, 2006; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚЫЗЫЛ АТ – шымқай ақ немесе шымқай қара түсті жылқы. Мұндай жылқы түгінің күн сәулесімен қызғылттым тартып көрінуіне байланысты Қ. а. деген атау қалыптасқан болса керек. Жылқы түсінде қызыл түске ұқсас келетін түстер болғанымен оларды *жирен, қан жирен, бұрыл* т.б. деген түспен аталады (қ. **Жылқы**). Ал, қызыл түс сиыр малына *қызыл сиыр, қызыл бұзау* деген атаулар қолданыла береді.

Әдеб.: *Кейкін Ж.* Қазақы атаулар мен байламдар. Алматы: Өлке, 2000; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚЫЗЫЛ ДӘН – дәнді дақылдарды үнемі бір жерге еге берудің салдарынан сапасының азып кетуі. Егіншілікте дәнді дақылдарды егу барысында мезгіл-мезгіл тұқымын жаңғыртып, егістік жерлерді ауыстырып тұру халықтық агрономияның ұстанымдарының негізгі шарттарының бірі болып келді. Кейбір жағдайларда осы ұстанымдар орындалмаған жағдайда, жердің құнарлылығы төмендеп, астықтың сапасы нашарлап, онім де азайып кетуге әкеліп соқтыратын. Сонымен қоса *қонақ, қара сұлы* сияқты, арамшөп қатарына жататын, жабайы дәнді дақылдар басып астықтың тазалығы төмендейтін. Мұндай жағдайда *масақтың* ішіндегі дәннің саны азайып, өзі ұсақтап, өсу қабілеті төмендеп кететін болған, міне осы азған дақылдарды қазақи ортада Қ. д. деп атап, тұқымды жаңғыртып тың жерге егу шаралары қолданатын болған.

Әдеб.: *Кармышева Дж.* Земледельческая обрядность у казахов // Древние обряды, верования и культуры народов Средней Азии. М.: Наука, 1986. С.181-208; *Алтаев Б.Ә.* Оңтүстік Қазақстан қазақтарының егіншілікке байланысты дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. Тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған диссертациясының қолжазбасы. Ғылыми жетекші Нұрсан Әлімбаев. Алматы, 1994; *Н. Уәли* //Жас қазақ, 11 мамыр, 2007; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚЫЗЫЛ ЖҰЛДЫЗ – халық астрономиясы бойынша қыдырма жұлдыздардың (планеталардың) бірі, Марс планетасының халықтық атауы. Қ.ж.-дың қыдырма жұлдыздар тобына жатқызатыны оның Көк күмбезінде бірде шығыстан шығып, қыста жоғарылап, күзде төмендеп,

әр тұстан бір көрінетіндігіне байланысты болса керек. Қ.ж. аталу себебі – оның түсі қызыл болып, көзге оңай шалынады. Түсі қызыл болғанмен, реңі құбылып, бірде бәсең қызыл, қоңырайған қызыл, бірде үрлеген шоктай, шақырайған қызыл болады. Қ.ж.-дың түсі тым шоктай болып шақырайған қызыл болса, есепшілер аяз қатты болады деп болжайды. Қ.ж. аязды өзімен ілестіре жүреді деп, малшы қауым оны ұнатпайды.



Қызыл жұлдыз. Интернет материалдарынан

Халық астрономиясын зерттеген белгілі ғалым Х.Әбішев Қызыл жұлдыздың (Марстың) жерге ұрымтал келуі, оның Күнге қарсы ұлы тұрысы кезінде (1877, 1892, 1909, 1924, 1939, 1956) болатынын, және шілде-қыркүйек айларының арасына келетінін айтады. Қ.ж. түсінің тым шақырайған қызыл болып, немесе бәсеңдеп, қоңырайып көрінуіне қарсы қазақ есепшілері қысқы күн райының қалай болатынын, жаздың қалай өтетінін болжап отырған.

Әдеб.: *Абишев Х.* Элементы астрономии и погода в устном творчестве казахов. Алма-Ата: Наука, 1949; *Әбішев Х.* Аспан сыры. Алматы: Жазушы, 2009; *Уәли Н.* Бұрынғыдан қалған сөз (қолжазба); ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚЫЗЫЛ ЖҰМЫРТҚА – көктемнің соңғы айы туған шақта байқалатын күн райындағы бір-екі күндік өткінші қолайсыздық. Оны оңтүстік өңірлерде амалдардың бірі ретінде қарастырады. Күн күрт салқындап кетуін ұя басқан желбесін құстардың әсіресе, үйрек пен қаздың балапан өргізуіне байланысты деп санайды (**қ. Амаз; Желбесін құстар**). Амаз атауы құс жарған жұмыртқадан шыққан балапанның *қызылшақа* түсімен байланысты қалыптасса керек. Қ. ж. ұғымы оңтүстік өңірлерде көп айтылады.

Әдеб.: *Жүністеги К.* Бұрынғы қазақтар ауа райын қалай болжаған // ЖА. 2003. 29-наурыз. №38; *Әбутәліп О.М.* Қазақ күнтізбе жүйесінің лексика-семантикалық бірліктері. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. Алматы, 2008; ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚЫЗЫЛ КӨТЕРУ – көшпелі ортадағы туыстық-рулық қатынастар жүйесіне негізделген әдеттік-ғұрыптардың бірі. Оны аталмыш қатынастар жүйесінің институционалдық функцияларының бірі ретінде де қарастыруға болады. Қ.к., әдетте, тұрмысы, әлеуметтік жағдайы төмен отбасында ірі қара малдың шығыны болғанда ауыл адамдарының тарапынан көп болып көрсетелген көмектің атауы.

Дәстүрлі ортада түрлі табиғи, әлеуметтік жағдайларға байланысты мал шығыны болып тұрған. Мал басы көп байлар үшін бұл оншалықты әсер етпегенімен, қолында бір-екі ірі қарасы мен ұсақ малы бар шаруаға ауыр тиген. Мұндайда шығынға ұшыраған малды ауылдастар бірлесе сойып, оның он екі жілігін өзара бөлін *сатып*

алу ғұрпын жасайды. Әрбір мүшенің көшпелі ортадағы ежелден қалыптасқан кәделік мәртебесіне байланысты тиісті ұсақ мал берілді. Оның он екі жілігі бір-бір ұсақ малға тең бағаланған. Мысалы, жамбас пен тоқпан жілік үшін марқа қозы, асықты жілік үшін қозы деген сияқты. Л.Ф.Баллюзектің келтірген мәліметі бойынша, *әр жілік үшін бір қозы төлейді – бұл құны 18 күміс рубльге тең келетін 12 қозы болады. Яғни егер орыстың ақшасына шақса, бір қозының құны 1 күміс рубль, ал осыған тағы да әдетте құны 3 күміс рубль деп бағаланатын ірі қара терісін қосқанда, шетінеген ірі қара малдан түсетін барлық түсім 21 күміс рубль болады.*

Бірақ, шығын болған малдың еті харам болып есептелгендіктен әлгі «сатып алынған» мүшелерді ешқандай кәдеге жаратпайды.

Әдеб.: *Баллюзек Л.Ф.* Народные обычаи, имевшие, а отчасти и ныне имеющие, в Малой Киргизской орде силу закона // ТС.Т.76. СПб., 1865. С.149; *Қыдыралын Ү.* Батыс Қазақстан қазақтарының ғұрыптарындағы ерекшеліктері // Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет ғұрыптары. 1-том. Біртұтастығы және ерекшелігі. Алматы: Арыс, 2005. 150-176 бб; ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚЫЗЫЛ ҚАЗАН – көшіп қонғанда, жол жүргенде, ашық оттың үстіне мосыға асып тамақ пісіруге арналған мыстан немесе жезден жасалған қазанның атауы. Қ.-ның шығыршықты екі құлақшасы немесе шәугім, шелектердікі сияқты сымнан иілген тұтқасы болды. Әдетте ыдыстың мұндай түрі мыстан немесе жезден соғылып жасалатындықтан жеңіл болып келеді. Қолданыста ұрылып, құлап қалған жағдайда шойын қазан сияқты морт сынбай, майысып қалған жерлерін қайта қалпына келтіруі оңайға түсті. Қ.к. сияқты ыдыстың түрі Қазақстан археологиялық қазба материалдарында да кездеседі. Тарихи-этнографиялық деректерге қарағанда, қазақ өлкесінде Ресейдің отаршылдық жүйесі дендеп орныққанға дейінгі кезеңде Қ.к. қазақтардың тұрмысында жаппай қолданыста болған ыдыстың бірі болған сынайлы.

XIX ғ.-дың екінші жартысынан бастап арзан және қолданыс мерзімі ұзақ шойын қазандардың кең таралуына байланысты мыстан жасалған қазан түрлері қолданыстан шыға бастады. Шойын қазаннан ажырату үшін Қ. қ. атауының да қалыптасу мерзімі осы кезге сай келетін болуы керек. Шойыннан құйылған қазандарды «*қара қазан*», ал *мыс қазандар* Қ.к. деп атаған. Бұл атаудың қалыптасуы Қ.к.-ның ерте кезден-ақ, көбінесе, қызыл мыстан жасалғандығына байланысты болды.



Қызыл қазан. ҚР МӨМ қорынан (КП 26525)

ҚЫЗЫЛ ҚАЗАН

ҚР MOM қорында сақтаулы мыстан жасалған (КП 26525) Қ.к. қабырғасы жұқа, табаны тегістеу келген. Қазанның мосыға асуға арналған екі құлағы бар. Диаметрі 36 x 39,5 см, биіктігі 28 см.

ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚЫЗЫЛ МОНШАҚ – біркелкі қызыл маржаннан немесе қызыл түсті асыл тастардан тізілген моншақ түрі.



Қызыл моншақ, ҚР MOM қорынан (КП 11239)

ҚР MOM қорындағы (КП 11239) қызыл түсті маржаннан тізілген моншақ 135 тал тастан құралған. Оның мойынға ілетін бөлігі біркелкі домалақ тастардан, ал қалған бөлігі сопақша тастармен аралас тізілген.

Қ.м.-ты тіл-көзден сақтану мақсатында кішкене балалар мен жас қыздар таққан. Халықтық түсінік бойынша қараған адамның көзі бірден қызылға түсіп, соған тиеді деп есептелген.

Әдеб.: Сәрсенбаев Ә. Атырау сазы. Алматы, 1975; Шойбеков Р.Н. Қазақ зергерлік өнерінің лексикасы. Алматы: Қазақстан, 1993; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚЫЗЫЛ ОТАУ – совет өкіметі орнағаннан кейінгі уақытта, жаппай сауатсыздықты жою, саяси, мәдени үгіт-насихат жұмыстарын қазақы ортада жүргізу мақсатында құрылған мекеме. Қ. о.-лар институты Қазақстанда 1921 жылдан бастап жұмыс істей бастады. Қ. о. аталуы осы кезеңде қоғамның барлық салаларында орныға бастаған совет өкіметінің символы болған қызыл түске байланысты болды. Ал, осы атаудағы «отау» сөзі қазақтарға совет өкіметі мен компартияның ұлттық саясатының жақын екендігін айғағы іспеттес болды.



Қызыл отау. Ақтөбе губерниясы. Темір бекеті. 1926 ж. ҚР MOM қорынан (КП 27229/2)



XX ғ.-дың 20-шы жылдары Қ.о.-лар үгіт-насихат жұмыстарымен қатар, малшылар арасында концерттер қою, сауық кештері мен революциялық мейрамдар өткізу, қабырға газеттерін шығару, кітап, журнал, газет оқып беру сияқты кешенді қызмет көрсету орталығына айналды.

Қ. о.-да «сауатсыздықпен күресу» науқаны өткізілетін. Тұрақты мектептер ұйымдастыруға мүмкіншілігі жоқ елді мекендерде, арнайы үй тігіліп, кешке жұмыстан босаған үлкендерді, күндіз бала-шағаны оқытып, білім берету шаралары іске асырылатын.



Қызыл отаудағы сабақ, Павлодар облысы. 1920 ж. Д. Багаевтың фотосуреті. Павлодар облыстық тарихи-өлкетану музейі қорынан

Уақыт өте келе Қ. о «қызыл үй» деп халыққа тұрмыстық қызмет көрсететін көшпелі шеберханаларды да атайтын болды.



Фотосурет. Қызыл отау. Павлодар облысы. 1929ж. Д. Багаевтың фотосуреті. Павлодар облыстық тарихи-өлкетану музейі қорынан

Қ.о. құрылған кезінен бастап-ақ большевиктік идеология мен практикасының қазақ ауылындағы жаршысына айналды. Осы қалпында Қ. о.-лар қазақ ауылдарында XX ғ.-дың 50-інші жылдарына дейін сақталып келді.

Әдеб.: Яндаров А.Д. Канапин А.К. Ликвидация неграмотности, создание новой системы народного образования и формирование социалистической интеллигенции // Канапин А.К., Яндаров А.Д. Расцвет культуры казахского народа: Общие проблемы культуры. Закономерности,



тенденции, особенности культурного строительства в Казахстане после Великой Октябрьской социалистической революции. Алма-Ата: Казахстан, 1977. С.87-104; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚЫЗЫЛ ШҮБЕРЕК БАЙЛАУ – көз сұғынан қорғайды деген түсінікке байланысты зат пен бұйымға қызыл түсті шүберекті байлап қою рәсімі. Қазақта адам сұқтана қараса жақсы заттардың қасиеті кемиді, тіпті, одан айырылып та қалуы мүмкін деген сенім-наным бар. Сондықтан «*көзді жаңылдыру*» үшін алуан түрлі заттарды (күйе, асыл тастар, әдемі сәндік бұйымдар), әсіресе, қызыл шүберек пайдаланған.

Қ.ш.б. төрт түлікке де қатысты жасалды. Әсіресе ботаға көз тигіш келеді деген түсінікке байланысты түйесі боталаған үйдің сыртына осындай шүберек байлау жиі кездесетін. Сонымен қатар, мұндай үрдіс *жеміс ағаштарына* және көрікке де жасалды. Қызыл түсті шүберек байланған *жеміс ағашы* мол жеміс береді деп есептелінді. Колданылмай бос тұрған *көрікке* де Қ.ш.б. оның киесін сақтайды-мыс (**к. Көрік**). Қызыл түс өсіп-өнудің, өркендеу идеясына байланысты қанның түсінің баламасы ретінде әлемдегі көп халықтарда қасиетті деп саналатын түс.

Әдеб.: ҚӘТС. 10-том. Алматы: Арыс, 2007; *Аргынбаев Х., Тоқтабай А., Сейітқұлова Ж.* Қазақтың мал шаруашылығына байланысты наным-сенімдері // Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет ғұрыптары. 1-том. Біртұтастығы және ерекшелігі. Алматы: Арыс, 2005. 73-94 бб; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚЫЗЫЛ ІРІМШІК – сүттен алынатын тағам түрі. Қ. і. алу үшін пісіп қайнап тұрған сүтке айран құйып ірітеді. Іріту үшін кейде туа сала шетінеген қозының *мәйегі* – уыз сақталған жұмыршағы да пайдаланылды. Ол үшін қозының мәйегін бөлек алып кептіріп алады да, сүтке езіп алып, ашытқан соң қайнаған сүтке қосып ірітеді. Сөйтіп, ірітілген сүт құйылған ыдыс баяу от жағылған отқа қойылып, сары суы өз бойына тартылып сіңгенше қайнатылады. Біраз қайнаған соң сары су сіңген ірімшік қызара бастайды. Қызыл ірімшік сүзілмей, ыдыста тұрып бір күн сорғиды. Сорғыған соң өреге жайып кептіріп, қайтадан дорбаға салып, бір аптадай және кептіреді (**к. Өре**). Кепкен ірімшікті ыстық сұйыққа салып, жібітіп жеу керек. Ол езілмейді. Кепкен ірімшікті келіге түйіп талқан жасауға болады. Талқандаған ірімшікті жентке қосады (**к. Жент**). Шайға қосып пайдаланылады. Қызыл ірімшіктен қалған сары суды әрмен қарай қойылғанша қайнатып тәтті «*сірне*» алады (**к. Сірне**).

Әдеб.: *Қатран Д.* Қазақтың дәстүрлі ас-тағам мәдениеті. Ғылыми редакторы және алғы сөздің авторы Нұрсан Әлімбаев. Алматы: ҚМӨҒЗИ, 2002; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚЫЗЫЛБАЛЫҚ – еті қылтанақсыз, ерекше дәмді, соған сай қымбатқа бағаланған балық түрлері. Қ. б. туралы өлеңде былай жырланады:

Біреуі он бір балық қызыл балық,

Бірінен бірі өткен ұзын балық.

Етіне бағаласаң ет жетпейді... (к. Балық өлең)

С.Хайдарұлының мәліметтеріне сүйенсек, қазақтар Қ. деп атаған топқа *бекіре, шоқыр*, пілмай (немесе мекіре), қарыш (немесе сүйрік), кертпе (немесе тоқалтұмсық) және *қорытпа* сияқты балықтарды жатқызған. Қ.Әлжанұлының

дерегіне қарағанда, қазақтар *Қ. тектестерге қызыл, алақанат, қашаған қызыл және миты* сияқты балықтарды қосқан. Қ.-тың тағы бір ерекшелігі көбінің, ұылдырығы (әсіресе бекіреде) мол болады.

Қ. ау құру және түрлі *қармақ салу* жолымен ауланады. Құрылатын аудың көзі кең, ұзындығы 10-15 құлаш, ені екі құлаш шамасында болады. Оны *ақан ау* деп атайды. Сондай-ақ *қорытпа, бекіре және шоқыр* сияқты ірі Қ.-ты желі әдісімен аулайды (**к. Желі әдісі**). Оның кең таралған түрі кендірден желі жасап, оның бойына 8-10 см сайын қаз-қатар байланған кара қармақтарға жем салмай құрса да Қ.б. жақсы ілінетін көрінеді.

Ағын судағы Қ. жағаға таяу жерде үйездеген кезінде балықшылар *шаппа қармақпен, серемен*, не болмаса *қыл тұзақпен* аулайды (**к. Қармақ; Сере; Тұзақ; Шаппа қармақ**). Үлкен тілді *қармақты* шыжым бауға байлап, суға лақтырған соң, ұшын ағашқа байлап қояды (**к. Шыжым бау**).

Әдеб.: *Берг Л.С.* Рыбы и рыболовство у устьях Сыр-Дарьи и Аральского моря (отчет управлению земледелия и государственных имуществ в Туркестанском крае). Отдельный оттиск Трудов императорского общества судоходства, промысл. Отд. Ч.2. 1900. СПб., 1900; *Досқараев Ж.* Арал, Каспий балықшыларының тіліндегі профессионалдык лексиканың материалдары // Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері. Алматы: ҚазССР ҒА баспасы, 1958. 83-162 бб; *Айтазин Қ.* Каспий балықшыларының тіліндегі ау, құрал-сайман аттарымен байланысты кәсіби сөздер // Қазақ диалектологиясы. 1-басылым. Алматы: Ғылым, 1965. 149-159 бб; *Сол автор.* Кәсіби лексика мәселелері. Алматы: Арыс, 2000; *Юсупов М.* Табиғат тағылымы. Алматы: Қайнар, 1986; *Хайдарұлы С.* Ой ұшқындары: нақыл сөздер. Алматы: Өлке, 2008. 128 б.; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚЫЗЫЛБАС ҮЙРЕК – басының жоғары жағында қызғылт жолағы бар жабайы үйрек. Қ.ү. жүзгіш, қамысты, қоғалы, қопалы көл мен өзен жағалауларында жүреді. Ұясын қалың қамыстың ішіне салады. Оның денесі әдеттегі қоныр үйректен үлкендеу, кішігірім қаз тәрізді болады. Саятшылар қызылбас үйректі көбіне *қаршығаға* ілдіреді (**к. Қаршыға**). Қамыс, қопаның ішіне түскен қызылбас үйректі аншы ит алып шығып, иесіне әкеледі.

Әдеб.: *Уәли Н.* Бұрынғыдан қалған сөз (қолжазба); ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚЫЗЫЛБҰЗАУ / ҚЫЗЫЛҚОЗЫ – дәстүрлі ортада жалға адам алғанда немесе қарыз, несие алғанда есеп айрысуда жүретін малдың өсім орнына бағаланатын туылмаған төлінің атауы. Көне деректерге қарағанда, жалшы мен жалға алушы шарттасқанда, әдетте, ақыға 5-6 қой немесе бір сиыр тағайындалатын болған. Осы келісілген малдың келер жылғы төлі «*қызыл*» сөзі қосылып қосымша төлем бірлігі ретінде есептелетін. Ауыл аралап сауда жасайтын *бақалшы, саудагерлерден* несиеге тауар алған кезде, қазақтар бір бас малға бағаланған тауардың ақысын, келесі жылы, есеп айырысқанда төлімен қоса беруге келіскен жағдайда, Қ. сиыр (*саулық*) беріледі деп айтыла беретін болған. Айта кететін жайт, келісім жасалып жатқан мезетте малдың буаз болуы шарт емес. Келісіліп, ен салынып алынған мал – *тайынша, қашар* немесе бойдақ *тоқты* болса да, есепке Қ. мен саналатын болған.



Қ. ұғымының жаңғырған бір көрінісі Советтік кезеңде орын алған. Мысалы колхоз банктен келер жылғы төлдің есебінен несие алса, ол ауыз екі «қызылбұзаудың (немесе қызыл қозының) есебінен алынған несие» – деп айтыла беретін.

ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚЫЗЫЛДАУ¹ – бастырылған астықты сабан-топаны мен қауызынан тазалау. Қырманда астықты *тұлықтас* немесе малдың тұяғымен бастырып, дәндерін сабағынан бөліп алады. Бастырылған астықтың бетіндегі сабандарын айырмен екшеп, сыпыртқымен сыпырып *майқандадаы* (қ. *Майқандау*). Майқандаудан қалған топаны аралас тазаланбаған астықты *майқан* деп атайды (қ. *Майқан*). Майқанды қызылдау, яғни, сабан-шөп қикымдары, топан, шары мен шан-тозандарынан арылту үшін желге қарсы ағаш күрекпен құлаштап лақтырады. Желге қарсы лақтырылған астықтың алысырақ түскен неғұрлым тазаларын бөлек үйіп, әлі толық тазармай қалған екінші аздау бөлігін бөліп алады. Мұндай толық тазармаған бөлігі екінші қайтара желге қарсы лақтыру арқылы тазаланады. Жел соқпаса Қ. ісі де тоқтайды. Сондықтан мұндай кездері ел арасында «ысқырса жел соғады» деген түсінік бойынша ысқырып отырады. Кейбір аймақта жел шақыру мақсатында арнайы *тасаттық* беру ғұрпы да атқарылған (қ. *Тасаттық*). Желдің соққанын пайдаланып қалу мақсатында кейде түнімен де Қ. ісі жалғастырылуы мүмкін. Ондайда қырман маңына от жағып қоятын да, оның жарығымен Қ.-ды жалғастыра беретін. Өйткені бастырылып алған дәнді тезірек тазартып, жауын-шашынға ұрындырмай сақтайтын орынға салып тастаудың маңызы ерекше. Осындай Қ.-дан өтіп тазарған астық *қызыл астық* деп аталып, қаптарға салынып сақталатын *қамба*, *ұра*, *жерқойма*, *көмбе* және т.б. орындарға жеткізіледі (қ. *Жерқойма; Көмбе Қамба; Ұра*). Астық бірнеше адамдікі болса, қызылданғаннан кейін бөліске салынады.

Әдеб.: *Кармышева Дж.* Земледельческая обрядность у казахов // Древние обряды верования и культуры народов Средней Азии. М.: Наука, 1986; *Алтаев Б.Ә.* Оңтүстік Қазақстан қазақтарының егіншілікке байланысты дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. Ғылыми жетекші Нұрсан Әлімбаев. Тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алуға ұсынылған диссертациясының қолжазбасы. Алматы, 1994; *Хлудов Н.Г.* Шығармалар каталогы: кескіндеме және графика (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде). Жобаның жетекшісі, әрі кіріспе сөзінің авторы Нұрсан Әлімбаев. Алматы: Эффект, 2003; *Ибраев М.* Сарыарқа қазақтарының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары // Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. 1-том. Біртұтастығы және ерекшелігі. Алматы: Арыс, 2005. 141-151 бб; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚЫЗЫЛДАУ² – бұйым жасауға арнап даярланған теріні қызғылт түске бояу. Бұл ишінің калауымен түрліше атқарылуы мүмкін. Ол үшін алуан түрлі өсімдіктердің (ағаштардың, шөптердің) қызғылт түс беретін бөліктерін: тамырып, сабағын, қабығын, жапырағын, бүрін және т.б. пайдаланылады. Олардан үгітіліп, қайнатылып дайындалған бояуға теріні бояу сінгенше батыра салып қояды. Мұны сонымен қатар *кермекке салу* деп те атайды (қ. *Кермек*). Қ.-дан кейін терінің түсі жасалған бояу мен оған

теріні ұстау уақытына байланысты ашық қызылдан бастап қою қызылға дейінгі аралықтағы түске боялып шығады (қ. *Тері илеу*). Көн ыдыстардың сыртына рең беру үшін *сәмбі тал*, *қарағаш* қабығының қайнатындысын жағу тәсілімен Қ. жиі кездесетін.

Әдеб.: *Қалиев Б.* Қазақ тіліндегі өсімдік атаулары. Алматы: Ғылым, 1988; *Шоқпарұлы Д.* Теріден жасалатын бұйымдарды құрастыру технологиясы. Алматы: Кітап, 2005; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚЫЗЫЛМАЙ / ҚЫЗЫЛМАЙ БОЛУ – көбінесе жылқының, қыран құстың, сиырдың, сирек те болса түйе түлігінің әбден қинау көріп, зорыққандағысы (қ. *Зорығу*). Әдетте, тойынған немесе суды қанып ішкен жылқыны жөн-жосықсыз алысқа шаптырып, зорықтырса, жануар Қ. болып кетеді. Мұндайда көнігі жылқышы *аттың терін артық алып қойыпсың, Қ. болатын болды* деп қатты кейітін. Бәйге атының бабын тауып, жаратамын деп, қызылмай етіп алатын жайттары өмір тәжірибесінде кездесіп отырады. *Алыс жорық, саят, салбурынға* шыққанда ұзақ жүрістен киналу, аязға ұрыну, жем-сусыз ұзақ жүру салдарынан да мініс аты Қ.-ға шалдығады.

Жүк артатын *түйелер* жиі шалдыққыш келеді. Кемікті сүйектері ісініп кететіндіктен жұмыс пен мініске жарамай қалады. Ондай малды қайта қалыпқа келтіру (емдеу) қиынға соғады.

Қазақ малшыларының тәжірибесіне қарағанда, Қ. б. себебі үйірден ұстаған соң *жын-тоғын бастырмай* етіп қатырмастан, яғни толық жаратпастан малды ауыр жұмысқа салудан болады. Екінші себебі, жылы маусымда мініс аты, атан түйе немесе өгізді бусанып терлеп келген соң суытпай тұрып суарудан болады.

Қ. б. болған мал ұнжырғасы түсіп, от пен суға зауқы соқпай қалады, қылшықтары өлгектеніп кеткен терісінің түгі сиреп, «тазғыраланып» қалады. Қ. б атауының төркіні, малдың еті, шелі мен май қабаттарының арасы *қанталап* кетуінен болады деседі. Көнігі емшілердің айтуына қарағанда, ауру зілді болса, жіліктерінің кемікті басына қан ұйып қалғандығы сойған кезде байқалады.

Мұндай ауруды ұзақ уақыт бойы емдеген. Оның таралған емі – мал денесінің ісініп қан ұялаған бөлігіне жақын жердегі барлау тамырларды *қандауырлап*, бұзылған қанды денеден аластау (қ. *Қандауырлау*). Сонан кейін Қ.б.-шалдыққан атты ұзақ уақыт бойы құр жібереді. Оның қасына *құрбан ат* деп аталатын бір атты қосып жібереді (қ. *Құрбан ат*). Белгілі уақыт өткен соң аттың сүйегі толық жетілді-ау деген кезде әлгі атты сойып көреді. Егер оның сүйектері толық жетілгені белгілі болса, оның жанындағы ат та толық айықты деп саналады.

Ал қыран құс арық болса, қызыл (ет) беріп әлдендіреді. Сөйтіп семізді майдан арылтып, жүйрік атқа сұлыға байлап, қара етке келтіреді, өйткені арық ат, арық қыран әлсіз болады, бүркітке ақжем беріп күйіне келтіреді. Сондықтан біршама күйлендіріп барып, етің түзейді. Ал майынан арылтам деп, мөлшерден шығып кетсе, ондай жүйрік ат, қыран құс зорығып, Қ. болады. Қинау көріп, бабы қайтқан



жүйрік пен қыран құсты ешқандай бапкер түзей алмайды. Бапкерлер бәйге атын Қ. қылып алмас үшін арасына ай салып, әлдендіріп барып, екінші бәйгеге қосады.

Қ.б.-дан сақтандырудың бірден-бір жолы – ат пен атанды жаратып баптау, ұдайы демалдыру, октын-октын әлдендіріп отыру.

Әдеб.: *Аргынбаев Х.* Мал ауруларын емдеудегі қазақтың халықтық тәжірибесі туралы этнографиялық очерк // ТИИАЭ. Т.16. Вопросы этнографии и антропологии Казахстана. Алма-Ата, 1962. С.3-35; *Бабалықұлы Ж.* Мал ауруларының қазақша атаулары. Алматы: Қайнар, 1986; *Хинаят Б.* Бап пен жарату үйлеспеуден пайда болатын жылқы аурулары // Манманкер (Республикалық Ұлттық ат спорты Федерациясының журналы). 1999, №1. 45-49-бб; *Уәли Н.* Бұрынғыдан қалған сөз (қолжазба); КР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚЫЗЫЛСУ – қыстыгүні өзен бетіне мұз жарығынан шығып қашқан судың атауы. Ол, көбінесе, қысы қатты аймақтардағы суы мол өзендерге тән. Қ. өзеніндегі су шығынының күрт көбеюіне, мұз астындағы қысымның жоғарлауынан сияқты гидрологиялық процестердің нәтижесінде пайда болады. Қ. кейде қар ерте және қалың түсіп, бетіне мұз қатпай қалған жер асты сулары мол саздауыт жерлерде де байқалады. Жер бетіне жақын орналасқан сулы қабаттың кейбір бөлігі қысы өте қатты және қарсыз жылдары қатып қалады. Ал, қар қалың түскен жағдайда қосылатын су үстіңгі қабатты жарып, жер бетіне шығады да, тон топыраққа сіңе алмай, Қ. болып жайылып, Қ. мұзына айналады. Сырдария, Шу өңірінде қысқы жайылымдарды Қ. басып қалатын жағдайлар жиі болып тұратын құбылыс болған.



Қызылсу. СҚО. ОМЭЭ – материалдарынан

Мұндайда қазақтар малды, қыстың күндері, өзен бойындағы қопалы, қамысты, шөбі шүйгін саздауыт жерлерден қырға шығаруға мәжбүр болатын. Желдің өті, шөбі аз құмдауыт жайылымдар әсіресе сиыр малына қолайсыздық туғызып, мал азып кететін. Осыған байланысты Қ. жайылған жылдар *жұт* деп есептелмесе де, соған жетеғабыл жайт деп есептелген.

Әдеб.: *Чермак Л.* Оседлые киргизы – земледельцы на р. Чу и заметки о пути через Голодную степь с картою // ЗСЦИРГО. Кн XXVII. Омск, 1900; КР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚЫЗЫЛСЫРАУ – жаз мезгілінде ұдайы ақ тағам тұтынудан болып адамның ет жегісі келуі, *etsireyei*. Көшпелілер организміндегі бұл құбылыс – негізгі азығы мал шаруашылығы өнімдерінен басым болуына байланысты қалыптасқан ерекшелік. Өйткені, ет пен сүт тағамдарының қолданылуындағы олардың ара салмағы көшпелінің шаруашылықты ұйымдастыруының ғылымдық маусымына тікелей байланысты болады. Малшы халықтарда бір жылдағы тамақтану режимін – жазғы және қысқы (жылы және суық маусымдағы) деп екіге бөлінеді. Жазғы тамақтану негізінен алғанда сәуірден қазан айына дейін, яғни, жазғытұрымғы мал төлдеген уақыттан бастап мал семірген жаз айының соңына дейінгі аралықты қамтиды. Осындай мал суалып немесе малдың сүті азайғаннан бас соғым сояр кезге дейінгі аралықта *ақ (сүт) тағамдар* (*қымыз, шұбат, айран, сүт, құрт, ірімшік* т.б.) көшпелілердің негізгі асы болды. Бұл мерзімдегі ас мәзірін негізінен сүт өнімдері және сирек тұтынылатын *ет тағамдары* құрайды. Жаз мезгілінде қазақтардың осындай ақ тағаммен ғана қоректенуін Швециялық ғалымдар И.Сванберг пен Л.Бенсон «жазғы диета» – *«lacta vegetarian»* деп атады. Олардың мәліметі бойынша, жазғы мәзірде ет небәрі барлық тағамның 5-10%-ын ғана құрап, яғни бір адам күніне 200 грамм, тіпті одан да аз мөлшерде ет тұтынып отырды. Сөйтіп, көшпелілердің негізгі жазғы тағамы *бауырсақ, құрт, сары май, айран, сүтті шай, жент* болды. Осыған байланысты адам ағзасының белокка мейлінше зәру болады. Көшпелілердің арасында айтылатын Қ. дегеннің мәнісі осы.

Ал, қысқы тамақтану кезінде негізінен етпен қоректенді. Тағамы, азық-түлігі дән дақыл сияқты т.б. егіншілік өнімдерінен дайындалатын ас-сусын түрлері қысы-жазы ас мәзірін қосымша толықтырып отырды. Ас мәзірінің осындай мерзімділігі Орта Азияның көшпелі мал шаруашылығын кәсіп еткен халықтарға тән.

Қ. жаз айларында көп орын алатын болса да халық тәжірибесі орынсыз мал сойып, ет жеуге тыйым салды. *Үркер тумай мал соймайды* деген түсінік осы жайтқа байланысты қалыптасты. Расында да, көшпелілер мамыр айының 10-дарында батқан Үркер 40 күн жерде жатып қайта көтерілгеннен кейін барып бірден-саран мал соя бастайтын. Осы кезде жазғы қырық күн шілдеде мал қонданады, ол су жүгіріп, шелдене бастаған соң союға жарамды болады. Ал, Таразы туған соң, яғни тамыздың ортасында мал союға әбден жарап тұрады. Дегенмен, Үркер тумай-ақ күй-қоны тәуір малды сойып отырды. Осы және Үркер туғаннан кейін де мал сойып, ет тағамын пайдалану үрдісін *тұяқ жібіту* – деп атайды (*қ. Тұяқ жібіту; Үркер*).

Сафуан Шәймерденовтің «Қызылсыраған қазақ» деген әңгімесінде Қ. былайша баяндалған: «..... қойлар әбден өтіп болды-ау деген кезде қозғала беріп едім, оң беттегі жарқабақтан бір нәһан қой қарғып машинаның бамперіне соғылды да төмен қарай домалап кеткені. Сарт еткізін тежемені бастым да, машина жәшігіндегі пышағымды



ала салып сереңдеп жатқан қойға жүгірдім. Ойым – қайтсе де арам өлтірмеу. Сол кезде дөңнен асықпай аяңдап салт атты қойшы түсті. Шоқша сақалына қарағанда бізден әлдеқайда үлкен.

– Ақсақал, қателік болды. Байқаусызда малыңды бастым. Қанша сұрасаң да құнын төлейін де, бауыздан багажнигіме салып алайын, – дедім.

Қойшы шырты түкірді. Содан кейін қалтасынан шақшасын алды да өкшесіне қағып-қағып жіберіп насыбай атты. Асықпай аттан түсті. Мен байғұста зәре жоқ. Бірақ шопан сасар емес. Қалтасынан өз бәкісін суырды. Осыдан кейін барып маған бұрылды да:

– Ертеден бері қызылсырап, мыналардың қайсысына ен тақсам деп келе жатыр едім, дұрыс болды. Ұзақ сапардағы бала көрінесің, жолыңнан қалмай-ақ қой. Жүре бер, – деп тытырлап жатқан қойға беттеді...

Дәстүрлі ортада күн қысқара бастаған күз айларында соғымға дейін қызылсырап қалмауы үшін күн суыта күздік сойып алып, етін пайдалана тұрды. Күздік малы – негізінен қыстан шықпай қалады-ау деген кәрі-құртаң және бірлі-жарым атып алатын арқар, тауешкі, киік және бұғы сияқты қоныр аңдар (к. *Күздік; Қоңыр аң; Құртаң*). Ауқаттылар некен-саяқ тай, құлын соятыны туралы мәліметтер бар. Алайда, ерекше жағдайда болмаса төл сою көп орын алмаған.

Қолға ұстаған аң-құсты да қызылсыратпауға тырысқан. Қ. олардың күйін төмендетіп жібереді деп санаған. Мысалы, түлекте отырған бүркіт (саят құсы да) қызылсырайды. Оларға аң, құс ұстап береді. Тышқан, саршұнақ сияқты т.б. ұсақ аң ұстап бере алмаса, жоғарыдағы аталған мерзім кезіндегі тыйымға қарамай мал да сойып беріп отырған.

Әдеб.: *Фильструп Ф.А.* Молочные продукты турков-кочевников // *Казак. Сборник статей.* Л.: Изд-во АН СССР. 1930. Вып. XV. С. 263-301; *Левин М.Г., Чебоксарев Н.Н.* Хозяйственно-культурные типы и историко-этнографическое области // *СЭ.* 1955. № 4. С. 3-18; *Муқанова Т.А.* Молочное хозяйство казахов в дореволюционный период. Дисс. канд. ист. наук. Алматы, 1970; *Крутник И.И.* О классификации, методах, изучения сущности пищевых систем // *Актуальные проблемы этнографии.* М.: Моск. филиал ГО СССР. 1973. С. 5-15; *Вайнштейн С.И.* Мир кочевников центра Азий. М.: Наука, 1991; *Коновалов А.В.* Казахи Южного Алтая. Алма-Ата: Наука, 1986; *Linda Benson, Ingvar Svanberg.* The Kazaks of China. Essays on a Ethnic Minority Uppcala. 1988. *Шаймерденов С.* Таңдамалы шығармалар жинағы: Үш томдық. 1-том, Әңгімелер. Алматы: Таймас, 2011; КР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

КЫЗЫЛША – адамның денесіне шығатын, ауа арқылы таралағын жұқпалы ауру түрі. Ертеде көшпелілер арасында онан бала өлімі көп болғанға ұқсайды. Ә.Төлеубаевтың мәліметіне қарағанда, адам өмірінде Қ.-мен ауруға тиіс деген түсінік болған. Егер ауырмаса, о дүниелік болғанда сүйегіне қызыл түсті дақ болып шығады екен деседі. Қазақтар Қ. ауруы жеті жылда бір айналып келіп отырады деп есептеді. Қ.-ның адам өмірі үшін аса қауіпті болғандығына байланысты аурудың атын тура атамай, «әулие» деп атады.

Қ. ауруы құлақтың артынан басталады, біртіндеп бүкіл денеге жайылады. Тіпті құлақтың ішіне, ауыз қуысына (тілге, таңдайға, өңешке дейін түседі), тырнақтардың

астынан да жарып шығады. Мұндай жараның ерекшелігі – қышымайды, әрі жас талғамай, үлкенге де, кішіге де шыға береді. Жасы ұлғайған кезде Қ.-мен ауыру қагерлі ауру ішке түсіп кетіп, өлімге әкеліп соқтыруы мүмкін. Сондықтан бала кезінде ауырғаны жөн деп санап, әдейі жұқтырып отырған (к. *Балалар ауруы*).

Егер үйде бір адам Қ.-мен ауырса «бірнәрсе шығып жатыр еді», «бір аурумен ауырып жүр едік» деп тұспалдап жеткізген. Ауруды өршітпеудің бір жолы атын атамай оны қызылша, қызыл қойлек деген тұспал атаулармен алмастырған. Емшілердің пайымдауынша, Қ. бөрткендерінің баланың денесіне шығуы – аурудың сыртқа шыққандығының белгісі. Ауру қайта бастаған кезде балаға қызыл түсті матадан киім кигізіп, үй ішіне әр жерден қызыл матаның қиындысын іліп қоятын. Бөрткендер мен оның айналасындағы терілердің қызғылт түсі өзгеріп, бозғылт немесе сұрғылт тартса, Қ. ұша бастағаны деп есептеді.

Қ. болған баланың күтіміне ерекше ден қояды: ауруға қарсы күш беретін *сорпа* және өте көп мөлшерде жылы *сусын* берген (к. *Сорпалану*). Ауырған баланы қымтап терлетсе, ауру зардабы тер мен несеппен бірге денеден шығып кетеді, яғни айығады деп санаған. Халық медицинасы Қ.-мен ауырған бала қайтадан ауырмайтындығын, яғни, ауруға қарсы иммунитет түзілетіндігін жақсы білді.

Әдеб.: *Оразақов Е.* Қазақ халық медицинасы. Алматы: Ғылым, 1989; *Төлеубаев А.Т.* Реликты доисламских верований в семейной обрядности казахов (XIX-начало XX вв). Алматы: Ғылым, 1991; *Алдашев А., Әлімханов Ж.* Қазақтың халық медицинасының құпиясы. Алматы: Қазақстан, 1992; *Ахметов Ә.* Түркі тілдеріндегі ауру атауларымен байланысы қалыптасқан табу мен эвфемизмдер // *ҚР ҰҒА Хабарлары. Тіл-әдебиет сериясы.* 1995, №1. 3-9 бб; *Қайдар Ә.* Қазақтар ана тілі әлемінде (этнолингвистикалық сөздік). 1-том. Алматы: Дайк-Пресс, 2009; КР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

КЫЗЫН-ҚЫЗЫНА – әдет-ғұрып құқықтағы құнға қосымша төленетін үстеме түрінің бірі. Ердін құнына қосымша төленетін 60 жылқы шартты түрде үшке бөлінген. Оларды «қатын-қарас», «қызын-қызына», «шығын-шығынына» деп атаған. Мұндағы «шығын-шығынына» жерлеуге жұмсалатын шығынды, ал «қатын-қарас» – қайтыс болған адамның әйелдеріне, «қызын-қызына» – марқұмның қыздарының жасауына кететін шығынға деп есептеледі. Оның әрқайсысының көлемі 20 жылқы. Кейін бұл айыптар біртіндеп жойылып, құнның да мөлшері өзгеріске түсті. (к. *Құқық / Әдет-ғұрыптық құқық / Әдеттік құқық / Билер соты / Халық соты / Билік / Билік айту / Билік жүргізу / Төрелік айту / төрелік жүргізу / Би кесімі / Ис кесу / Қақы / Құқы; Құн; Құндастар*).

Әдеб.: *Загряжский Г.* Юридические обычаи киргизов. О народном суде у кочевого населения Туркестанского края по обычному праву (зан) // *Материалы для статистики Туркестанского края. Ежегодник.* Под ред. Н.А Маева. Вып. IV. СПб., 1876. С. 151-202; КР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан

КЫЗЫРДЫҢ ҚАМШЫСЫ – ерте көктемнің алғашқы күндеріндегі бірінші рет күннің күркіреуі мен нажағай жаркылының метафоралық атауы. Г.Н. Потанин жинаған

деректерде казактардың дәстүрлі дүниетанымы бойынша, пайғамбар жылына камшысын бір мәрте ғана көтереді. Сол кезде көк жүзінде найзағай ойнап, күн күркірейді (қ. *Найзағай*). Жерде тобықтай тоң, тоқымдай қар қалмайды. Көкті жарып нажағай ойнайды дейді. Жерді жарып көк шығады. Бұл кезде жауған жаңбырды *рахмет жаңбыры* дейді (қ. *Рахмет жаңбыры*).

Ел арасына тараған мифтік аңыз-эпсаналарда бұл прецедентті есім бірде *Қызыр Ата* бірде *Қыдыр ата* деп аталады. Түркі тілдерінің тарихи дыбыс алмасуларында д/з/й сәйкестіктері ерекше орын алады: *адақ/азақ/айақ; қадын/қазын/қайың* т.б. Осы сәйкестікпен байланысты зерттеушілер тайпалар одағын *д*-мен сөйлейтін тайпалар, *з*-мен және *й*-мен сөйлейтін тайпалар деп бөледі. Прецедентті есімнің *Қыдыр/Қызыр* болып айтылуы тайпалар одағы тіліндегі айырмашылыққа байланысты деуге болады. Қазактың ауызекі тілінде *Қыдыр/Қызыр* болып, екі нұсқада айтылуы сондықтан. Алайда тұрақты сөз орамдарында тек бір ғана нұсқада айтылатыны байқалады: *Қызырдың қамшысы (Қыдырдың қамшысы* делінбейді), Наурыздағы *Қыдыр түнін (Қызыр түні* демеиді) деген сияқты.

Әдеб.: *Потанин Г.Н.* Казак-киргизская и алтайская предания, легенды и сказки. Петроград: Тип. В.Д. Смирнова, 1917. №45; *Уали Н.* Бұрынғыдан қалған сөз (қолжазба); ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

КЫЛ – шаруашылықта кеңінен қолданылатын жылқының жалы мен құйрығының ұзын қылшықтары. Қ.-дың серпімділігі әрі мықтылығы және әр талшығының ұзын болып келетіндігі оны шаруашылықта бірегей қолданыстық жабдық құралдар жасауда қолдануға негіз болды. Таза Қ.-дан есілген *шылбыр* мен *бұғалықтар* өзінің серпімділігімен, оралып шатыспайтындығымен ерекшеленеді. Сондықтан асау ұстағанда немесе аттың басын бос жібергенде таптырмайтын құрал болып табылады. Жортуылда немесе далада қонып қалған жағдайда *жылан, қарақұрт, бүйі* сияқты улы жәндіктерден қорғайды деп адам өзі жатқан жерді Қ. арқанмен айналдыра қоршап тастайтын болған. Қ. қосылып есілген арқандар ерекше мықты болып келеді (қ. *Арқан*).

Қ.-дан үй шаруашылығында пайдаланылатын түрлі *сүзгіш, елеуіш, кепсерлерді, қылауыштардың* арнайы түрлері жасалды. Ерте кезде *берен сауыттарды* арасына Қ. қосып жасаған. Бұл сауыттың мықтылығын және қорғаныстық қабілетін арттырды (қ. *Берен сауыт*). Ер-тоқымның *көпшігінің* жылқы Қ.-мен толтырылатын түрлері болғаны белгілі.

Халық арасында Қ.-дан есілген арқандарға қатысты ырым-тыйымдар да бар. Мысалы, қыл арқанды ұрламайды, егер ұрласа, *«аспаққа асылады, қыл мойнына қыл арқан түседі»* екен деседі (қ. *Қыл арқан*). Жылқының Қ.-ынан шыбын-шіркей қағатын *желпуіш, қазанқырғыш* және қыстағы аппақ қардан көздің қарығуынан сақтайтын *көзқарықтық* жасаған (қ. *Желпуіш / Қолаң; Көзқарықтық*).



*Шашақты текемет. ОҚО. 1966 ж.
ҚР МОМ қорынан (КП 11495)*

Жылқының жал-құйрығы түрлі түске бояп текемет, сырмақ сияқты киіз бұйымдарының шетін көркемдеу үшін шашақ ретінде де қолданылған. ҚР МОМ қорында сақтаулы шашақты текемет (КП 11495) қоныр түсті талдырма киіздің бетіне жүннен шүйкелеп түр салынып басылған. Өлшемі 358 x 180 см. Оның *көліне* (ортасына) кара, сары түсті *алақұрт* өрнегінен төрт *шаршы* оюы бастырылып, ішіне сұр түсті *шаршы* және *сыңар мүйіз*, сары түсті *итқұйрық* өрнектері салынған. Қолтықшаларына кара, сары түспен *сыңармүйіз, итқұйрық* өрнегі бастырылған. *Кенересіне* (шетіне) айналдырыла сары, қоныр, сұр түске боялған жылқы қылынан шашақ төгілген. Қ. шашақ бұйымға эстетикалық әр беретін қосымша ретінде салынған.

Әдеб.: *Аргынбаев Х.* Қазактың мал шаруашылығы жайында этнографиялық очерк. Алматы: Ғылым, 1969; *Мұқанов С.* Халық мұрасы (тарихи-этнографиялық шолу). Таңдамалы шығармалар. XV том. Алматы: Жазушы 1979; *Радлов В.В.* Тюркские степные кочевники. Астана: Алтын кітап, 2007. Жүннен жасалған бұйымдар. Құраст. К. Мұқанов. А.1990; *Шойбеков Р.* Малға, мал шаруашылығына байланысты кейбір тыйым сөздер // Профессор С.М Исаев және мерзімді баспасөз тілі. Республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары (19-наурыз 2003 ж). Қаз Мем ҚызПИ. 72-80 бб; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

КЫЛ АРҚАН – қой жүніне жылқы қылы қосылып ширатылған арқан түрі. Қой жүніне жылқы қылы қосылып ширатылатындықтан арқан берік болады (қ. *Қыл*). Қ.а.-ның қылы көп қосылып ширатылған ерекше түрі *шалма арқан* ретінде қолданылған. Ал, күнделікті тұрмыста пайдаланылатын арқанға қылы аздау қосылатын болған, себебі қыл көп болған жағдайда арқан қаттылау болып ширатылатын болған. Мұндай арқандар мал шаруашылығында, үй тұрмысында т.б. кеңінен пайдаланылған және оның ұзындығы мен жуандығы қолданылу мақсатына қарай әртүрлі етілін дайындалған. Қойдың ақ, кара жүніне қыл қосылып ширатылған арқан түрі *ала арқан* деп аталған. Мұндай ала арқан мен ала жіптің ғұрыптық мәні де болды (қ. *Ала арқан/Ала жіп*). Дәстүрлі шаруашылықта Қ.а.-нан өзге *қайыс арқан, кендір арқан* түрлері де кеңінен қолданылған (қ. *Арқан; Арқан есу; Арқан тарту*).

ҚР MOM қорында сақтаулы қоңыр түсті қыл арқанның (КП 22960/6) ұзындығы 1724 см. Ол қой жүніне жылқы қылы араластырылып ширатылған.



Қыл арқан. ҚР MOM қорынан (КП 22960/6)

Сонымен қатар, ҚР MOM қорында (КП 23043) сақтаулы қыл арқан (КП 23043) қара және қоңыр түсті иірілген қой жүніне жылқы қылы қосып есілген. Оның жалпы ұзындығы 16,55 см.



Қыл арқан. ҚР MOM қорынан (КП 23043).

Халық сенімі бойынша, Қ.а.-нан жылан, қарақұрт сияқты улы жәндіктермен қатар итқұс аттап өтпейді. Сол себептен Қ.а.-ды киіз үйге кенересіне айналдыра тастайтын. Жоғарыда айтылғандай, ит-құс малға тимесін деген есеппен мал қораланатын орынды да Қ.а.-мен айналдыра керіп қоршап қоятын болған.

Әдеб.: *Добросмыслов А.И.* Скотоводство в Тургайской области. Оренбург: Тургайский обл. стат. комитет, 1895; *Куфтин Б.А.* Киргиз-казаки. Культура и быт. Этнологические очерки. №2. Москва: ИЦМН, 1926; *Ысқаққызы Ә.* Сырмақ өнері. Алматы: Алматыкітап, 2007; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚЫЛАУ¹ – пышақ, қылыш, қанжар, балта сияқты құралдардың жүзіндегі егеуден кейін қалған ұсақ ұлпа бүршіктер, нәзік түрпі. Мұны былғары, қайысқа жанып кетіреді, әйтпесе жүзі қылпып тұрмайды. Шеберлердің тілінде «қылауы қайтқан құрал» дегеніміз оның өткірлігін білдіреді. Озінің тура мағынасынан басқа қылау сөзі тілімізде адамдардың ара қатынасын астарлап тұспалдайтын қосымша мағынада да қолданылып, қазақ тілінде «қылау» сөзіне байланысты фразеологиялық сөз тіркестері қалыптасты. Мысалы, *араларына қылау түсті* – көңілдеріне кірбін ілінді; *қылауына қыл түспеген* (оның мәні – бұрын өткірленген құралдың сапасын байқау үшін жүзіне қыл ұстап тексерген) – қатынастары әлі жаңа, көп уақыт өтпеген дегенді білдірді. Мәселен, құда болғандарына көп уақыт өтпеген құдаларды «қылауы түспеген құда» дейді. Ал, *қырық темірдің қылауы* деген тіркес әр түрлі, қырық ру ел деген мағынада қолданылды.

*Есіл өрлеп, жағалай тал шығатын,
Тілімді менің айтқан ашы, қатын;
Қырық темірдің қылауы жиналған жер,
Өзіне өзің сенсең баршы, қатын.*

Әдеб.: XV-XVIII ғ.-лардағы қазақ поэзиясы. Алматы, 1982. 177-б; *Шойбеков Р.Н.* Қазақ зергерлік өнерінің сөздігі. Алматы: Ғылым, 1991; *Ахметов Ә.* Түркі тілдеріндегі табу мен эвфемизмдер (салыстырмалы лингвистік зерделеу). Алматы: Ғылым, 1995; *Шоқпарұлы Д., Дәркембайұлы Д.* Қазақтың қолданбалы өнері. Алматы: Алматыкітап, 2007; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚЫЛАУ² – аузы шөпке тимеген, жас бұзаулардың тіліне шығатын теріскеннің атауы (қ. *Теріскен*). Қ. шыққан бұзау енесін емуден қалып, бір-екі күннің ішінде күйі кетіп әлсіреп қалады. Мұндай жағдайда төлдің тіліндегі қарайған теріскендерді ірі, қаратікен тұзбен қатты, қанын шығара үйкелеп, бірен саран қалып қалған бөріткендерді іскекпен жұлып алып тастайтын болған (қ. *Тұз; Іскек*).

Әдеб.: 1929-шы жылғы шаруа календары. Түзушілер Әбдолла, Бейімбет. Өңдеп түзеткен Б.Майлыұлы, Қызылорда, 1928; *Бәделхан Қ.* Халықтық мал емдеу тәжірибелерінен. Өлгей, 1977; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚЫЛАУ³ – емшектегі баланың аузына пайда болатын ауру. Баланың таңдайы мен қызыл иегіне тарының көліміндей ақшыл түсті бөрткен қаптайды. Олардың айналасы өнезденіп кеткен кезде сәби емуден қалып, әлсіреп кетеді. Егер Қ. бөрткендері біртұтас ұйысып бір-біріне ұласып кетсе, оны «*тамырланғаны*» деп бұл жайттың баланың өміріне қауіп төндіре бастағанының белгісі ретінде қарастырады.

Сондықтан ауру біліне салысымен бөрткен ұлғаймай тұрғанда отқа қыздырылған ине немес тебеннің жіңішке ұшымен Қ. түйірін жарып жібереді. Ал, Қ. жарасы қатайып беріштеніп кеткендігі байқалса, оны иненің көзімен жарып емдейді. Яғни, Қ.-дың қатты түйірінің үстіне иненің жіп сабақтайтын көзіп батырып жарып жібереді. Қатты жарадан тарының дәніндей кесірілі түйір түссе, аурудың беті қайтты деп есептейді. Мұнан соң бір-екі күн анасының омырауын еме алмай қалған бала біртіндеп аурудан айығып кетеді.

Әдеб.: *Есімболова М.К.* Ырым, тыйым және ем-домға байланысты кейбір сөздер // ҚРБ және ҒМ-ның Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. 2000. №2. 61-66 бб; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚЫЛАУЛАУ – алтынмен аптау үшін қақталған күміс бетіне алтын ерітіндісін түтікпен үрлеп жалату. Қ. күміс бұйымдарды алтынмен аптаудың бір тәсіліне жатады. Өйткені қазақ зергерлері алтын қақтамасын жапсыру, алтын ұнтағын себу, сынапқа сындырған алтынға (оны *сынық алтын, су алтын* деп атайды, оның мәнісі: алтынды сұйық сынапқа салып сіңіріп, арнайы қоспа алынады) яғни сынық алтынға (алтын суына) малып алған бұйымды отқа қыздыру арқылы (қыздырғанда сынап буланып ұшып кетеді де, алтын металл бетіне жабысып қалады) аптау әдістерін қолданғаны белгілі.

Әдеб.: *Шойбеков Р.Н.* Қазақ зергерлік өнерінің сөздігі. Алматы: Ғылым, 1991; *Шойбеков Р.Н.* Қазақ зергерлік өнерінің лексикасы. Алматы: Қазақстан, 1993; *Шоқпарұлы Д., Дәркембайұлы Д.* Қазақтың қолданбалы өнері. Алматы: Алматыкітап, 2007; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚЫЛБАЙРАҚ – түркі-монғол халықтарының әскерінде қолданылған әскери белгінің, байрақтың бір түрі (**қ. Байрақ**). Байрақ ағаш сапқа немесе найзаның басына тағылған түсті матадан (жібектен) тігілген бау немесе аттың, кодастың құйрығының қылынан жасалған шашақ түрінде болды. Байрақтың басы ай, шар, жебе түрінде жезден жасалып, сапқа шашақтың жоғары жағында орнатылды. Байрақтар найзаның басына жекеден немесе қосарланып тағылды. Белгінің қосарлануы байрақ дәрежесінің жоғарылығын білдірді. Қожа Ахмет Яссауи кесенесінің үлкен қазандық бөлмесінде кезінде осындай қыл шашақ және мата бау түріндегі қос белгіден тағылған тоғыз қазақ байрағы сақтаулы тұрған болатын. Аттың қылынан жасалған шашақ түріндегі байрақ Қ. деп аталды. Әскери рәміздің бір түрі болған Қ.-тар түркі-монғол халықтарында көне заманнан бастап ХІХ ғ.-ға дейін қолданылып келді. Байрақта қыл шашақтың саны біреу немесе бірнеше болуы мүмкін. Мысалы, жазба деректерде Шыңғыс ханның *«тоғыз құйрықты байрағы»* айтылады. Қ.-тар тудың дәрежесінің жоғарылығын білдіретін белгі ретінде әскери тудың басына да тағылып, тудың бір құрамдас элементі ретінде де қолданылды. Мысалы, ХІХ ғ.-да өмір сүрген Бұқарбай батырдың *туының* осындай қыл шашағы (байрағы) Қызылорда облысында тұратын батыр ұрпақтарында сақтаулы.

қысқалау жіп, арқан. Қ.-ды тақымға және т.б. жерге салып, қатты буып, бұрау салып қинауды *Қ. салу* деп атаған. Жазалаудың бұл түрі айыпкерге шындықты мойындату үшін қолданылған. Сол сияқты кей кездерде малдың тақымы мен ерніне де бұрау салуды оны көндіктіруге және т.б. жағдайларға орай пайдаланған. Мәселен, асау атты жуасыту үшін ерніне бұрау салады. Оны *шұралау* деп атайды (**қ. Бұрау; Шұралау**).




Қылбұрау. ҚР МӨМ материалдары бойынша суретті салған Б.Досымов

Халық аңыздарына сүйенсек, Қ.-ды жоғалған малды анықтау барысында да қолданған: *«... елдің көзінше қарулы жігіттерге бесті атанның тақымына қылбұрау салып бұраңыздар деп өтініш жасайды. Еңгезердей жігіттер атанды шөгереді де, айтқанын істейді. Бұрау жанына батқан атан боздағанда «бота кезінде жоғалттым» деген даугердің маясы көзінен жас парлаған бойда бұйдасын жұлқа тартып, атанның үстіне түсе қалады. Иіскелеп, қасына шөгеді. Ал, түйкекештің маясы басын бір көтереді де, сүйекті шөптерді қарпи асап тұра береді. Мына мая атанның шын анасы екен. Бұған дау болмаса керек».*

Әдеб.: Қазақтың ата заңдары: құжаттар, деректер және зерттеулер. 1-том. Алматы: Жеті жарғы, 2001; ҚӘТС. 10-том. Алматы: Арыс, 2009; ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚЫЛЖАРА – май өкшеге әдейі салынған жара. Тұтқынға түскен құл қашып кетпес үшін торғауыттар майөкшені терең тіліп, ат қылын қысқа турап тілікке салады. Тіліктің аузын қысып сірімен аша алмастай қысып таңып тастайды. Қыл шірімейді, құлды қой соңына салып қояды. Құл қаша алмайды, қатты жүрсе қылжара жанына батады. Қой соңында ілбіп, бір аяқтан ақсандап жүріп қой қайырады. Оқыс басса қыл қадалып қатты жүргізбейді. Жоңғар шапқыншылығы сипаттаған тарихи жырлардың бірінде торғауыттар қолға түскен орыс жігіті Денис пен казак сарбазы Қорамжаға Қ. салады:

*Тіліктің біткен аузын аша алмайды,
Өкшесін жерге жазып баса алмайды.
Ақсандап бір аяғын ұштан басып,
Жарты күндік жерге де қаша алмайды...*



Қылбайрақтар. 1. Түріктердің әскери қылбайрақтары. 2. Монғолдың әскери қылбайрағы. 3. Қожа Ахмет Яссауи кесенесінің қазандық бөлмесінде тайқазанға сүйеліп қойылған 9 қазақ қылбайрақтары. ХІХ ғ.-дағы фотосуреттен.

Қ.-тар бұрынғы замандарда көшпелі монғол тайпаларына көбірек тән болған. Қазақ ауыз әдебиетінде *«қыл байрақты қалмақ»* деп жоңғарларды атады.

Әдеб.: Ахметжанов Қ.С. Жаған темір кигендер (батырлардың қару-жарағы, әскери өнері, салт-дәстүрлері). Алматы: Дәуір, 1996; Базаров Б.В., Ням-Осор Н. Из истории символики и атрибутики монгольской государственности / ЭО. 2003; Бейхайм В. Энциклопедия оружия. СПб.: Санкт-Петербургский оркестр, 1995; ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚЫЛБҰРАУ – ертеде дәстүрлі құқықта жазалау түрі ретінде санды, шекені буып қинау үшін қылдан есілген



Торғауыттардың қолына түскен Абылай ханның сарбаздарының бірі Қорамжа жанына батқан қылжараға қарамастан қаһармандықпен қалмақтың атын тартып мініп, қаруын асынып Шақшақ Жәнібектің қосынына қарай тартады.

*Қылжара өкшедегі ауырар деп,
Қаша алмай аяңшықтап тұрар кез бе?
Ұзап бір шығып алса аман-есен,
Өкшедегі жара деген оған сөз бе?!..*

Әдеб.: Қазақ қолжазбалары. Авторлық тарихи жырлар. II-т. Алматы: Дайк-Пресс, 2010; Уәли Н. Бұрынғыдан қалған сөз (қолжазба); ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚЫЛЖУҒЫШ – ыдыс түбіндегі тамақтан, сүттен қалған қаспақты, қалдықтарды, қырып кетіруге арналған құрал. Қ. жасау үшін бір шок жылқының қылын дәл ортасынан қайыра бүктейді.



Қылжуғаш. ҚР MOM материалдары бойынша суретті салған Б.Досымов

Бүктелген жерінен қолға ұстайтындай етіп, тұтқа жасап, екінші ұшын өткір құралмен біртұтас етіп түзеген. Қ. тазартқыш ретінде қазан астындағы күйені тазартуға да пайдаланылған.

ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚЫЛКӨПІР – дәстүрлі қазақы дүниетаным бойынша қиямет күнінде тозақтың үстіне құрылған көпір. О дүниелік болған барлық адамдар жұмаққа жету үшін осы қыл көпірден өтеді. Яғни, жұмаққа жетудің өткелі ретінде түсіндіріледі. Қ. пенденің тіршілікте жасаған амалдарына байланысты жұмақ не тозақ отына айырады. Қиямет қайымда пайғамбарлар өз үмбетін қыл көпірден алып өтеді, мейірімді ізгі жандар қыл көпірден сүрінбей өтсе, мейірімсіз жауыздар қыл көпірден өте алмай тозақ отына құлайтын болады. Қазақтың дәстүрлі дүниетанымында Қ. «қылдан жіңішке, қылыштан өткір» түрінде сипатталады. Қ.-дің араб тіліндегі аудармасы Сырат. Сырат тозақтың үстінен өтетін жол, яғни көпір. «Сендерден тозаққа келмейтін (сыраттан өтпейтін) ешкім болмайды. (бұл) Раббыңа тұжырымды, міндетті бір үкім. Соңыра тақуа болғандарды құтқарамыз, да залымдарды тозаққа жүгіндіріп қоямыз» (19. Мариям, 71-72). Аятта тікелей сырат сынағының кімдерге қатқыл, кімдерге жұмсақ екені айтылып тұр. Сырат ұғымының ғұрыптық мәтіндегі суреттелуі мынадай:

*Дүниені жаратты
Пайғамбардың нұрынан.*

Жіңішке дейді, сыратты

Жылқының жарты қылынан.

Әдеб.: Құран кәрім. Х.Алтай аудармасы. Медине: Құран Шәриф, 1991; Көпеев М.Ж. Екі томдық. 2-т, Алматы: Ғылым, 1992; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚЫЛҚА¹ – жас ешкінің терісінің қылшықтарын жұлып, тек қана түбітін қалдырып, иленген тері. Өңдеудің күшімен түбітті тері биязыланып өте жұмсақ болып қалады. Ішкі көк еті бар жағын томарбояумен боялынды (қ. *Томарбояу*). Мұндай киімдердің түбіті ішіне қаратылып тігілді. Қ. тон өзінің мықтылығымен, жеңілдігімен және жылылығымен түлкі терісінен істелген киімдерден бір де кем соқпады

Әдеб.: Шорманов М. Казахские народные обычаи. 2-е изд. доп. (библиотека этнографии казахов) Т.4. Астана: Алтын кітап, 2007; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚЫЛҚА² – мезгілсіз уақытта, көбінесе, күзде туған лақтың жергілікті атауы. Бұл, негізінен Семей, Өскемен өңірінде жиі айтылады. Мұндай кенже туған лақ марқайып үлгермей, қыстың қысылтаян кездерінде ең алдымен шығынға ұшырайтындықтан, әдетте Қ. лақты семіртіп, суық түспей тұрып-ақ сойып алуға тырысатын. «Күздігүні қылқа жеу» деген тұрақты сөз тіркесі осы жағдайға байланысты қалыптасқан сияқты. Лаққа қатысты бұл атаудың қалыптасуы оның күзге қарай алынған терісі өңдеп қолдануға ең жарамды екендігіне байланысты болса керек.

Әдеб.: Қалабаева Қ. Қазақ тілінің диалектикалық фразеологиялық сөздігі. Алматы: Ғылым, 2001; Диалектологиялық сөздік. Жауапты ред.: Ғ.Әнес, А.Үдербай. Алматы: Арыс, 2007; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан

ҚЫЛҚАУ – адамның кеңірдек тұсындағы кішкене без қызметінің бұзылуынан болатын аурудың халықтық атауы. Бұл ғылымда қалқанша без деген калька атауға ие болған бездің қызметінің бұзылу салдарынан адам ағзасында йод пен микроэлементтің қалыпты мөлшерінің ауытқуынан пайда болады.

Ертеде қазақ арасында Қ. ауруын оның сыртқы белгілері бойынша ажыратқан. Адамның мойны жуандап білеуленіп байқалуы – Қ. ауруының басталғандығының белгісі. Біртіндеп ұлғайып өскен без уақыт өте келе құстың жемсауы тәрізденіп, көзге бірден шалынады. Мұндай бұғақтың салбырауы деп аталатын белгі Қ.-дың асқынып кеткендігін білдіреді. Оның тінтен үлкейіп, асқабақтың көлеміне жетуін қазақы ортада сиырдың салбыраған «аукесіне» теңейді. Халық емшілері Қ.-тың үлкейіп өспейтін жасырын түрі де болатындығын айтады.

Қандай түрі болса да Қ.-ға шалдыққан адамның көзі «балықкөзденіп» тұрады. Яғни, көз алмасы сыртқа теуіп бадырайып тұрады. Қ.-ға әсіресе әйелдер жиі шалдығады. Онымен ауырған адам көбінесе азып ариды, тершендік пен ашушандық пайда болады. Ауру асқынған кезде кеңірдекті қысып, адамның тынысын тарылтады, көзінің көру қабілеті де нашарлайды.

Дәстүрлі ортада Қ. себебін дәл анықтай алмаған. Тек кейбір өңірдің суында тұздың жетіспеуінен немесе тұтынатын тұз сапасының төмен болуынан деп есептейді.

Соған байланысты Қ. болған адамға тұз түрін және дәмі ащы емдік шөптердің тұнбасын берген. Ақ тағам мен түрлі тосап түрлерін және сорпа беріп, ерекше күтімге алған. Жаз мезгілінде жеміс-жидек түрлерінен тосап жасап берген.

Әдеб.: Ягмин А. Киргиз-кайсацкие степи и их жители. СПб.: Тип. Карла Крайя, 1845; Каруц Р. Среди киргизов и туркменов на Мангышлаке. СПб.: Изд. А.Ф.Деврисна, 1911; Искендіров Ә. Қазақстанның дәрілік өсімдіктері. Алматы; Қазақстан, 1982; Қазақ емішілігінде ұдайы қолданылатын дәрілер. Құраст.: М.Қанапиянұлы, А.Әнуарұлы. Үрімжі: ШТДДСБ, 1988; Оразақов Е. Қазақ халық медицинасы. Алматы: Ғылым, 1989; Алдашев А., Әлімханов Ж. Қазақтың халық медицинасының құпиясы. Алматы: Қазақстан, 1992; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚЫЛҚОБЫЗ – қазақтың көне музыкалық ыспалы аспабы. Қ.-дың мойыны имек келіп, көбінесе шанағы терімен қапталады, ішегі жылқы қылынан жасалады. Ішегін тырнақпен басып, қияқпен ысқанда қоңыр үнді дыбыс шығады. Қ.-дың ішегі мен мойнының арасы қашықтау болып келеді. XX ғ.-да замана талабына сай қобыздың құрылымы өзгеріп, жаңа түрлері қолданысқа ене бастады. Қ.-дың жаңа түрлерінің ішектері металдан жасала бастағандықтан ішегі жылқы қылынан жасалған дәстүрлі қобыздар Қ. атауына ие болды. Ал, қобыз атауы ішегі металдан жасалған пиколло қобыз, прима қобыз, бас қобыз сияқты қобыз түрлерінің жалпы атауына айналды (қ. *Қобыз*).

ҚР MOM қорында сақтаулы (КП 9057) қылқобыз Жаяу Мұсаға тиесілі. Бітеу ағаштан ойылған Қ.-дың ішегі жылқы қылынан жасалған. Көлемі 54x12,5 см, Қияғының ұзындығы 51,5 см.



Жаяу Мұсаның қылқобызы.
ҚР MOM қорынан (КП9057)

Дәстүлі ортада қоңырау, шытыра тағылған арнайы Қ.-дарды бақсы-балгерлер ем-домға кең пайдаланған. Олар Қ.-ды сілку арқылы ауру адамның бойындағы жындарды қашырамыз деп есептеген. Қобызбен адам емдеу мен жалпы қобыздың пайда болуы халықтық фольклорда Қорқыт есімімен тығыз байланысты (қ. *Қорқыт; Нарқобыз*).

Осыған байланысты көптеген аңыз-әңгімелер қалыптасқан. Халықтық ортада қобызды кие тұтып, аяқ

асты етпейді, үстінен аттамайды, біреуге сыйламайды. Ал қонырауы жоқ қарапайым Қ.-ды музыкалық аспап ретінде пайдаланған.

Әдеб.: Паллас П.С. Путешествие по разным провинциям Российской государства. Ч.2. Кн.2. СПб.: Тип. Импер. АН, 1786; Сарыбаев Б. Қазақтың музыкалық аспаптары. Алматы: Өнер, 1980; Қазақтың бақсы-балгерлері. Алматы: Ана тілі, 1993; Жұмабекова Л. Қылқобыз өнері қашан пайда болды? // Ақиқат. 2005. №10. 21-25 бб; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан

ҚЫЛҚҰЙРЫҚ / ҚЫДЫРА ЖАЛДЫ ҚЫЛҚҰЙРЫҚ – жалпы жылқы атаулыны, жылқы малы деген ұғымды білдіретін атау. Халық тілінде *қылқұйрық* атауымен қатар *қыдыра жалды қылқұйрық* деген сөз орамы эпикалық жырларда да ұшырасып отырады:

Қыдыра жалды қылқұйрық

Сенен озбас деп едім.

Екі аяқты, бір басты

Менен озбас деп едім

(«Қобыланды батыр»)

Қазақ антропонимдер жүйесінде *Жылқыбай*, *Қамбар*, *Қамбарбек* сияқты кісі есімдері, сондай-ақ *Жылқышы ата*, *Қамбар ата* тәрізді ағионимдер де кездеседі. Бұндай атаулар әуелде әйелдердің ат тергеу дәстүрі бойынша қалыптасуы ықтимал. Олар тыйым сөздерді тура атамай, *Қамбарды Жылқышы*, *Жылқышы ата*, ал *Жылқыбайды* айтпау үшін жылқыны *қылқұйрық* деп эвфемизммен атаған (қ. *Ат тергеу*).

Кейбір коммуникативтік жағдаятта сәйгүлік, бәйге атын әдейі елеусіздеу етіп көрсету мақсатында *қылқұйрық* атауы қолданылған. Мысалы, бапкер: «*Ел ішінен бұндай қылқұйрық табылмас деймісің?*» десе, мал иесі «*Бәйгеге қоссақ деп, бір қылқұйрықты баптатып отырмыз*» - дейді. Осындай сөз аңғарынан этикеттік нормаға тән эвфемистік құбылысты байқауға болады. Дәл осы тәрізді құсбегі де жұрт алдында мақтан сөйлеуден, көтеріңкі сөзден тартынып, тіл-көзден сақтанып, айтулы қыраннан «*екі қанат бір құйрық қой, тәйірі*» деп елеусіздеу етіп айтады.

Әдеб.: Қобыланды батыр: қазақ халқының батырлық эпосы. Құраст.: Н.В. Кидайш-Покровская. О.А. Нұрмағанбетова. М.: Наука, 1975; Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Алматы: Ғылым, 1977; ҚӘТС. 10 т. Алматы: Арыс, 2009; Уәли Н. Бұрынғыдан қалған сөз (қолжазба); ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚЫЛҚҰЙРЫҚ ШЫҒАРУ – соғыс, шапқыншылық, басқыншылықпен байланысты елге аса қауіпті жағдай төнгенде атқа мінуге жарайтындардың бәрін, жас демей, кәрі демей, майдан шебіне шығару. Хаң кеңесінің ұйғарымымен хан немесе ең жоғары лауазым иесі Қ.ш.жөнінде жарлық береді. Хан жарлығын жан-жақтағы елге ат шаптырып таратады, арнайы хабар жіберіп, жұртшылықтың жиналатын жерін белгілейді. Сөйтіп, қылқұйрық шығару арқылы әскердің қарасын көбейтеді. Қ.ш. ертеде *қылқұйрық ету* деп те аталған. Осыған байланысты «Ер Шора» батырлық жырында төмендегідей жолдар бар:

«... Шора сонда сөйледі:

Келді қуып Есім ер.

Қай жерде тосып аласың?

*Қылқұйрық етіп айдады,
Шаһар Қазан қаласын...*

Қ.ш. жөніндегі деректер Құрбанғали Халидтің «Тауарих Хамса» шығармасында, сондай-ақ Мәшһүр Жүсіптің жиған-терген жазбаларында кездеседі.

Әдеб.: Бабалар сөзі. Жүз томдық. 45 т. Батырлар жыры. Астана: Фолиант, 2007; *Халиди Қ.* Тауарих хамса: Бес тарих. Ауд.: Б.Төтенаев., А.Жолдасбеков. Алматы: Қазақстан, 1992; *Уәли Н.* Бұрынғыдан қалған сөз (қолжазба); ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚЫЛТАМАҚ / ЖАМАН АУРУ – адамның өнешінде кездесетін дауасы жоқ аурудың тұспал атауы. Ертеден қалыптасқан түсінік бойынша, ондай қауіпті аурудың атын атау жамандық әкеледі деген. Қ. ауруының пайда болу себебін тамақты ыстықтай күйдіріп обырланып ішуден және шала шайнап жеуден болады деп санады. Сонымен бірге, Қ.-қа тісінде ақауы бар адамдар шалдыққыш келеді деседі. Бұл аурудың тұқым қуалайтын жақтары бар деп те саналады. Оған ем-домның қонбайтындығын халық ежелден бажайлаған.

Әдеб.: *Алдашев А., Әлімханов Ж.* Қазақтың халық медицинасының құпиясы. Алматы: Қазақстан, 1992; *Ахметов Ә.* Түркі тілдеріндегі ауру атауларымен байланысы қалыптасқан табу мен эвфемизмдер // ҚР ҰҒА Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. 1995, №1. 3-9 бб; *Қайдар Ә.* Қазақтар ана тілі әлемінде (этнолингвистикалық сөздік). 1-том. Алматы: Дайк-Пресс, 2009; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚЫЛТАҚИЯ – қылдан даярланған баскиім, тақияның бір түрі. Мұндай тақия жылқының кесіп алынған қылынан тоқылған. Қылдарды шоқтап алып, сыртғын бірнеше қабат қылдан даярланған баумен орай байлау тәсілімен жасалады. Тақия төбесінен бастап тоқылады. Әрбір шоктың сыртғын буып байлай отырып, аяқталуға жақындағанда оған келесі шокты жалғай қосып бірге байластырып отырады. Сөйтіп, бір шеңберді буып шыққаннан кейін, оның сыртынан екінші қатар жүргізіліп, екеуін бір-біріне қосып тығыз етіп байластырып отырады. Осылай қайталай отырып, қылдан тақия пішінді баскиім даярлап шығады.



Қылтақия. Моңғолия, Баян-Өлгий аймақтық музейі қорынан

Қ.-ны өзге де тәсілдермен даярлау кездеседі. Бұл басты күн көзінен қорғауға арналған арзанқол баскиім ретінде қолданылған. Сәндік үшін кейде ақ түсті түбіттен, жүннен даярланған бауларды ара-тұра қосып та отырған.

ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚЫЛУЕТ – сопылықта бүкіл болмысын Аллаға арнап, дүниені тәрк етіп, іздену жолында оңаша қалу үшін салынған жер асты мінәжат орны. Ықыласын тек Алла жолына бағыштап, арнайы зікір арқылы ғұрыптарды орындау, мүридiнiң рухани халін, сыртқы әлемнен


жырақ, яғни жерден қазылған мекенде белгілі бір уақыт аралығында тәрбиелеу қылуette өтетін болған. Пайғамбар жасына (63-ке) келген Қожа Ахмед Яссауи жер бетіндегі өмір қызығын көруден бас тартып, шәкірттік (мүридтік) парыз сезімімен қалған ғұмырын Қ.-те өткізгені белгілі.



Қылует мешіті жобасы.

А.Л.Шмидттің 1940 жылғы макетінен алынған

Қ. араб тілінде *Халуәтүн* делінеді, яғни жалғыз, оңашаланып өмір сүруге ұмтылу деген мағына береді. Дейтұрғанымен, Яссауи тарикатында Қ. сопылық жұртшылықтан алыстау емес, адам өз бойындағы нәпсіден арылу, нәпсіні тию деген ұғымды білдіреді.



Қылует. «Ғар» бөлмесінің жарма көрінісі

Қ.А. Ясауидің Қ-ке түсіп кейінгі өмірін сонда өткізуі өзінен кейінгі сопылық мәдениетке ықпал етті (**қ. Сопы**). Соның негізінде Қ.-ке еліктеп салынған жерасты мешіттерін атауға болады (**қ. Жерасты мешіті**).



Әулие Құмшық Ата қылуетінің қалтына келтірілген түрі. ОМЭЭ – материалдарынан

Кейбір басылымдарда жерасты мешіттерін Қ. деп жаңсақ ағау кездеседі. Ескерте кетегін жайт, қазақ жерінде Қ. біреу, ол тек, Әзірет Сұлтан кененінде ғана бар.

Қ. – Түркістан қаласындағы ортағасырлық көне тарихы бар қазақ мәдениетінде ерекше орын алатын рухани тәрбиелік мәні зор сәулет ескерткіші.

Әдеб.: Кылуэт. Буклет. Түркістан: Әзірет Сұлтан мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайы, 2009; Тұяқбаев М. Түркістан сырлары. Алматы: 2000; Қ.А. Ясауи. Диуани хикмет. Ауд.: Қ. Қари, Тегеран. 2000; Кенжетай Д. Қ.А. Ясауидің дүниетанымы. Түркістан:ХКТУ, 2004. 276 б; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚЫЛША – түсін көп өзгертпейтін, жапырақтары бұта тәріздес, құрамында наркотикалық алкалоидтар бар өсімдік (*Ephedra equisenta bunge*). Көбінесе тастақ жерде өседі. Бұтақтары буылтықтанып, жіңішке болып өседі. Қ.-дан дайындалған қайнатпаны буын, жүйке, тыныс ауруларын емдегенде қолданады.



Қылша. ОМЭЭ - материалдарынан

Қ.-ны көктей отқа жағып, күлін насыбайға қосатыны оның құрамындағы наркотиктік заттардың әсерін пайдаланумен байланысты болса керек (**қ. Насыбай**). Халық емшілігінде Қ.-ның бұтақтарын күзде жинап алып кептіреді. Оған бидай масағына қосып сәл бұрк еткізін қайнатқан соң бұқтырып қойып ішсе, көп терлейтін тершеңдікті басатын ем ретінде қолданылатын болған. Қ. сабағының қайнатпасын тұмау, жөтел, демікпеге қарсы ем ретінде пайдаланады.

Әдеб.: Қожабеков М., Қожабекова Г. Дәрілік өсімдіктер. Алматы: Қазақстан, 1992; Есімболова М.Қ. Ырым, тыйым және ем-домға байланысты кейбір сөздер. ҚРБ және ҒМ-ның Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. 2000. №2. 61-66 бб; Қалиұлы Б., Үшбайұлы К. Дәрі-дәрмектік өсімдіктер. Алматы, 2005; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚЫЛШАН – жақтың оқтарын салып алып жүруге арналған жабдығы. Сақ-скиф, ғұн-сарматтар кезеңінде көшпелі жауынгерлер оқ пен жақты «ғорит» деп аталған ортақ жабдыққа салып алып жүрген. Оқтарды салуға арналған жеке жабдық – Қ. көшпелі халықтарда көне түркі заманынан (V-VIII ғғ.) бастап қолданыла бастайды. Көне түркілердің, қимақ-қыпшақтардың, ортағасырлық монғолдардың Қ.-дары түбіне қарай сәл кеңейтілген цилиндр пішінде, қайыңның тозынан оралып жасалды. Қылшанның түбі ағаштан жасалып, екі бүйірі тұсында ағаш планкадан жасалған қаңқасы болды. Бұл кезеңдегі Қ.-ға

оқтар жібесі жоғары қаратылып салынды. Кейбіреулері сыртынан терімен қапталып, қызыл түске боялды.

Ортағасырлық тоздан жасалған Қ.-дардың сәнді үлгілерінің сырты қырнау әдісімен салынған геометриялық өрнектермен, жануар, құс бейнелерімен әшекейленген сүйек пластиналармен көркемделді. Өрнектер мен суреттердің қырнанып салынған контурлары мен бейнелері түсті пасталармен толтырылды. Ал әлеуметтік статусы биік әскерилерге арналған салтанатты қылшандардың сыртқы беті алтын пластиналармен қапталып әшекейленді. Жақтың оғын салатын жабдық ретінде осындай Қ.-дар Алтын Орда, Ноғай ұлысы заманында да сақталды. Жауынгерлік жабдық ретінде қылшан атауы қазақ ауыз әдебиетінің ноғайлы заманына жататын үлгілерінде, сол кезеңдегі жыраулар поэзиясында кездеседі:

*Қарағайдан садақ бұдырып,
Қылшанымды сары жүн оққа толтырып,
Жанға сақтау болған жұрт.
Қазтуған жырау Сүйінші ұлы.*



Қылшан түрлері: 1 – қимақ-қыпшақ заманындағы қылшан. IX-XI ғғ.; 2 – Қазақстан аумағынан табылған қылшақ қылшандарының ілгектері мен сүйек әшекейлері; 3 – Алтын Орда кезеңіндегі әшекейлі қылшан. XIII-XIV ғғ. (А.Малиновскаяның жаңғыртпасы)

Көшпелі түркі-монғол халықтарының V-XIV ғасырларға жататын молаларынан табылған археологиялық материалдарда Қ.-ның қалдықтары, тұтастай сақталған үлгілері тұрақты кездесіп отырады. Оқ салынған Қ. жауынгерлік белдікке жақтың қабы – садақпен бірге, ауызы алдыға қаратыла, оң жақтан тағылады (**қ. Садақ**). Жақ пен оқ көшпелі түркі-монғол халықтарында мемлекеттік жоғарғы символ, хандық билік атрибуты болғандықтан, оларды салып алып жүретін жабдықтары да осындай символдық мәнге ие болды. Орта ғ.-ларда оқ салынған Қ. монғол мемлекетінің ең жоғарғы мемлекеттік символдары болған тоғыз ұлы белгінің («юсун еке белге») құрамына кірді. Қ. мемлекеттің өзін өзі қорғау мүмкіндігін символдады. Ортағасырлық монғол жазба ескерткіштерінде біреудің «қылшанын тартып алу» сөз тіркесі хандығын басып алуды тұспалдады. Түркі-монғол мемлекеттерінде бұл жоғары билік белгісі – Қ.-ды ханның жанында ұстап жүруге арнайы



адам – «қару ұстаушы» (құрчи) тағайындалып, ол жоғары дәрежелі сарай лауазымы болды. Кошпелі халықтарда бұл қызметке көбіне патша әулетінен немесе ақсүйектер әулетінен шыққан адамдар тағайындалды.



Қылшан (қорамсақ) ҚР МОМ қорынан (КП 1905)

ҚР МОМ қорында (КП 1905) XVIII-XIX ғасырға жататын қаңқасы (түбі, алдыңғы қыры, артқы қыры) ағаштан жасалып, сыртынан былғары терімен қапталған Қ. сақтаулы. Оның ауызы мен түбі кеңдеу, ортасы жіңішкелеу, түбі дөңгеленіп келген, ауызы фигуралы болып қиғаш кесілін жасалған. Оң жақ қырының орта тұсында ені 4 см жарты дөңгелек түрінде шығыңқы жасалып, оның ортасындағы тесігіне жалпақ қайысбаудан ілгек тағылған. Қылшанның бет жағы бедерлеу әдісімен салынған көгеріс өрнекпен әшекейленген. Қ.-ның артқы беті екі тілім теріден құралып тігілген. (Ұзындығы 56 см, қайысбауының ұзындығы 13 см, ені 24 см).



Қылшан ҚР МОМ қорынан (КП 1906)

ҚР МОМ қорындағы (КП 1906) Қ.-ның қаңқасы ағаштан жасалып, терімен қапталған, үстіңгі және сыртқы бөліктерінің бүйір жолақтарының шеттері ішке қарай бүгілген, тілімдері тарамыс жіптен тігілген. Қ.-ның ауызы мен түбі кеңдеу, ортасы жіңішкелеу, түбі дөңгеленіп келген. Ауызы қатты болу үшін беткі терісі жалпақтығы 1,4 см жиек түрінде сыртына қайырылып, жіппен тігілген. Аузының іш жағында оқтарды ұстап тұруға арналған, жіңішке қайыстардан тоқылып жасалған ұялы тор бар. Оң жақ қырының орта тұсы ені 5 см жарты дөңгелек түрінде шығыңқы болып, онда қайысбау тағуға ортасынан екі тесік жасалған. Қ.-ның алдыңғы беті бедерлеу әдісімен салынған көгеріс өрнекпен әшекейленген (Ұзындығы 62 см, ені 29,5 см. Салмағы 450 гр).

Әдеб.: *Алдаспан*. XV–XVIII ғ.-лардағы қазақ ақын–жырауларының шығармалар жинағы. Алматы: Жазушы, 1970; *Малиновская Н.В.* Колчаны XIII–XIV вв. с костяными орнаментированными обкладками

на территории евразийских степей // Города Поволжья. М.: Наука, 1974; *Кайдаров А.Г.* Доспехи и вооружение воина-батыра в казахском эпосе и их этно-лингвистическое объяснение // Известия АН Каз ССР. Серия общественная. 1976. № 6. С.25-34; *Бейхайм В.* Энциклопедия оружия. СПб.: Санкт-Петербург оркестр, 1995; *Базаров Б.В., Ням-Осор Н.* Из истории символики и атрибутики монгольской государственности / ЭО. 2003; *Соловьев А.И.* Оружие и доспехи: Сибирское вооружение: от каменного века до средневековья. Новосибирск: ИНФОЛИО-пресс, 2003; *Ахметжан Қ.С.* Қазақтың дәстүрлі қару-жарағының этнографиясы. Ғылыми редактор және алғы сөздің авторы Нұрсан Әлімбай. Алматы: Алматыкітап, 2006; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚЫЛШЫҚ – кой, ешкі, түйе сияқты төрт түлік малдың және қоныр аңдардың жүнін қайратты талшығы. Дәстүрлі қазақы ортада мұндай малдардан қыркып алынған Қ.-ты жүнін ысырап етпей, тұрмыстық, шаруашылық арқандар мен жіптерін есу үшін кеңінен қолданған. Қ. қосып есілген жүн арқан, жіптердің беріктігі жоғары болып келеді. Тоқымашылық өнерінде *кілем*, *алаша* сияқты тоқыма бұйымдардың *желісіне* арналған жібін қылшықталмаған жүннен иірген (**қ. Кілем; Алаша**). Сондай-ақ, Қ.-ты жүндерді байпақ жасау үшін қолданылады. Борсық, доньздың Қ.-тарынан бояу қылауыштарын жасаса, күзен, ақ тиын, сусар, бұлғын сияқты аңдардың Қ.-нан қылқалам дайындалады.


Әдеб.: *Аргынбаев Х.* Қазақтың мал шаруашылығы жайында этнографиялық очерк. Алматы: Ғылым, 1969; *Қасиманов С.* Қазақ халқының колөнері. Алматы: Қазақстан, 1995; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚЫЛЫШ¹ – басы бір жүзді, қайқы келген кесу-шабу-түйреу арқылы зақым салатын қару түрі. Қ. өзіндік ерекше қызметі бар негізгі үш конструктивтік бөліктен тұрады. Қарудың кесу-шабу-түйреу арқылы жарақат салуға арналған негізгі функционалдық бөлігі – «басы», ал қаруды қолға ұстауға арналған бөлігі – «сабы» деп аталады. Қарудың басы мен сабының түйіскен жерінде орналасқан, қылыштасқанда қарсыластың қаруын қағуға және жауынгердің қолына тіреу болуға арналған элементі – «балдағы».

Қ. көшпелі түркі халықтарында VII ғ.-да, жүзі түзу семсердің кесу күшін арттыру мақсатында оның басы бірте-бірте қайқыланып, сабы имек болып жасалынуы нәтижесінде пайда болды. Орта ғ.-ларда көшпелілерден атты әскермен соғыс жүргізу тактикасын қабылдау барысында Қ. атты әскердің кесу қаруы ретінде басқа халықтарға да кеңінен таралды. Ал XIV ғ.-дан бастап Қ.-тың қазіргі тұрақты формасы, негізгі типтері қалыптасты да, кейін белгілі бір унификацияға түсіп, әр халықтардың Қ. -ындағы этникалық айырмашылық негізінен әшекейленуінде көрініс тапты. XV ғ.-дан бері Қ. қазақ жауынгерлерінің басты шабуыл қаруының бірі. Қ. қазақтардың дәстүрлі қару-жарақты жіктеу жүйесінде «ер қаруы – бес қарудың» құрамына кіреді (**қ. Бес қару**).

Қазақ Қ.-тарының саптары сүйектен, мүйізден, ағаштан жасалды. Сабының қырлары жетесіне дәнекерлеп бекітілген күміс пластиналармен жабылып, әртүрлі әдіспен өрнектеліп, түбі гүл формалы металл түбекпен қапталып,

ұшына бүлдіргі тағылған. Балдағы темірден соғылып, алтын, күміс, асыл тастармен әшекейленді. Қ.-тардың бастары болаттан (алмастан) соғылды.



Қылыштың құрылымы.

ҚР МОМ материалдары бойынша суретті салған Қ. Ахметжан

Қ.-ты «қынап» деп аталатын арнаулы қабына салып, қайыстан не матадан жасалған «қылышбауы» (португезия) арқылы белге тағып немесе иыққа асып алып жүреді. Қ.-тың қынабы ағаштан жасалып, сыртынан түрлі материалмен – матамен, терімен және металмен қапталды. Қынаптың ауызында Қ. балдағын бекітіп ұстап тұратын мойнағы, қылышбауды тағуға арналған шығыршығы бар құрсаулары, қынаптың түбін бұзылудан сақтайтын түбегі сияқты металдан жасалған қосымша конструктивтік элементтері болады. Әдетте қынаптың бұл маңызды элементтері ою-орнекпен әшекейленіп көркемделді.

Функционалдық және конструктивтік ерекшелігіне сәйкес Қ.-тың бірнеше түрлерін айырады. Қазақтарда басы түзулеу келген *жатаған Қ.*, басының қайқылығы орташа Қ.-тар, «наркескен» деп аталатын бас өте қайқы болып жасалынған *кескір Қ.-тар* қолданылған. Басының ұшы екіге айырылып соғылған Қ. «*зұлтықар*» деп аталды. Қ.-тың бұл ерекше түрі мұсылман Шығысында Хәзірет Әлінің аты аңызға айналған Қ.-ын қасиеттеу, соған еліктеу барысында пайда болды. «*Алдаспан*» деп аталатын ауыр Қ. түрінің басы шапқанда ауыр болу үшін жүзінің ұш жағы жалпақ жалманымен жасалды. Қазақ батырлары бұл Қ. түрін өте жоғары бағалаған. Сонымен бірге әр Қ. түрлерінің *сабының, балдағының* әркілі формаларымен ерекшеленетін көптеген типтері болды. Типологизациялау белгілері ретінде әдетте Қ.-тың басының қайқылығы, сабы мен балдағының формасы негізге алынады.

Ертеде магиялық түсініктерге байланысты жорықта Қ.-тың өз атауын атауға лингвистикалық тыйым салынып, оның орнына эвфемистік жанама атаулар қолданылған. Сондықтан қазақ ауыз әдебиетінде Қ.-ты кейде жасалған материалының немесе басты бір бөлігінің атымен атай береді. Қ.-ты соғылған болатының реңіне қарай *ақ берен (көк берен), ақ алмас, қызыл алмас* деп, алтынмен әшекейленген балдағына сәйкес *алтын балдақ», «ақ балдақ» («көк балдақ»*) деп атау кездеседі. Бірақ бұлар Қ. типінің атауларына жатпайды, бұл қаруды қастерлеуден туындаған Қ.-тың эвфемистік жанама атаулары. Бұл эвфемизмдер алғашқыда тілдегі метонимиялық құбылысқа сәйкес заттың өз атауының орнына жүріп, кейін қарудың бір атауына айналып кеткен.

Бұрынғы кезде қазақтарда батырлар асынған қарудың әр түрінің белгілі бір әулие-пірлері бар деп түсінілген. Қазақтардың кейбір батырлық дастандарында ер *қаруларының пірлері* ретінде аңызға айналған батырлармен бірге мұсылман пайғамбарлары есімдері кездеседі. Мысалы, Қ.-тың пірі ретінде *Ер Дәуіт* (Дәуіт пайғамбар) аталады (**қ. Дәуіт ұста / Дәуіт пайғамбар**).

Қ.-тың соғыс құралы ретіндегі негізгі функциясы «*қылыш міндеті – кесу*» дейтін қазақ мақалында көрініс тапқан. Сонымен бірге қарудың этникалық мәдениеттегі символдық функцияны атқаруына сәйкес (**қ. Қару; Ер қаруы**) Қ. дәстүрлі қоғамда түрлі әлеуметтік белгі ретінде қолданылды. Орта ғ.-да көшпелілерде Қ. патшалық билік атрибуты болып, *әміршілердің* таққа отыру рәсімінде (интронизация салтанатында) патшалық регалия (дәреже белгісі) болған заттардың құрамына кірді.

Қазақ хандарын ақ киізге көтергенде де хандық дәреже белгісі ретінде олардың белдеріне Қ. байланған. Кейін қазақ хандығы орыс боданына өткенде орыс патша әкімшілігі де бұрыннан келе жатқан бұл дәстүрді жалғастырып, қазақ хандарын бекіткенде ханның дәреже белгісі ретінде оларға арнайы жазуы бар алтын Қ. тапсырды. Хандық (патшалық) регалия ретінде Қ. әміршінің өз территориясы мен халқын сыртта жаудан, іште қылмыскерлерден қорғаудың және дінді дінсіздерден (еретиктерден) қорғаудың белгісі болды. Яғни Қ. ханның әскери функциясын, соттық және полициялық функцияларын символдады. Көшпелі халықтарда мұндай мемлекеттік, хандық билік белгісі болған Қ. ты ханның жанында ұстап жүруге арнайы адам – «*қару ұстаушы*» (қорчи) тағайындалған.

Қоғамдағы түрлі әлеуметтік топтардың өкілдерінің арасындағы әлеуметтік қатынастардың бір түрі – сюзерендік-вассалдық қатынастарды белгілеу ғұрпында да Қ. символдық атрибут болды. Вассалға Қ. тапсыру немесе беліне Қ. байлау рәсімі оның сюзеренге әскери қызмет, әскери көмек көрсету, оның жауымен күресу міндеттерін жүктеді. Түркі мемлекеттерінде жоғары дәрежелі әскери қызметке тағайындалған әскербасыларға да лауазым белгісі ретінде Қ. тапсырылған. Әлеуметтік қатынастарды, адамның қоғамдағы статусын белгілейтін символдық зат ретінде мұндай Қ.-тардың әшекейлі, салтанатты, церемониальдық үлгілері арнайы жасалды. Яғни, қарудың дәстүрлі мәдениеттегі символдық, белгілік функциясы да – қару-жарактың түрін, типін және формасын анықтайтын факторлардың бірі болды.

Сақралдық зат ретінде Қ. көшпелі халықтардың көнеден келе жатқан ант беру салтында да қару ғұрыптық атрибут ретінде қолданылды. Қазақтар салтында адамдар қан құйылған ыдысқа Қ.-ты малып немесе куәгерлердің алдында *Қ.-ты сүйін серттесін*, бір-бірімен құда-анда болған. Ал қымбат бағалы зат ретінде салтанатты Қ. үлгілері әскерилерге жауынгерлік қызметі үшін *әскери сый, марапат белгісі (награда)* түрінде берілетін.



Қылыш. ҚР МӨМ қорынан (КП 1933)

ҚР МӨМ қорындағы (КП 1933) басы болаттан соғылған, қайкылығы аз Қ. желкесінің жанында сары металмен қақтау әдісі арқылы жазылған арабша жазу бар. Сабына жапсырылған балық терісінің іздері сақталған ағаш саптан, жезден жасалған балдақтан, саптың арқалығынан тұрады. Балдақтың алдыңғы ұшы тік бұрыштанып доғашаға ауысып, доғашаның ұшы саптың арқалығының айдаһар бейнесіндегі басының аузына кіргізіліп бекітілген. Балдақ доғашасына екі бүктелген жасыл, қою қызыл түсті жолақтары бар жінішке жүн жіптен тоқылған таспадан бүлдіргі байланған, оның ұшы жасыл жіппен оралған. Жіптердің ұшы алтындалған күміс қозадан шашақ түрінде шығып тұрады. Шашақ қозасының бес салпыншағы бар. Қынабы металдан жасалған, жоғарғы бөлігі иленбеген теріден жасалған баумен оралған (жалпы ұзындығы 94 см, басының ұзындығы 81,5 см, ені 3,5 см).



Қылыш қынабымен. ҚР МӨМ қорынан (КП 3595)

ҚР МӨМ қорындағы (КП 3595) Қ.-тың басы болаттан соғылған, қайкылығы орташа. Басының екі жағында да сайлары және төрт жырмасы бар. Сабы екі бөлікті сары түсті сүйектен жасалған. Балдағы темірден соғылған. Сабының басы темірден дулыға пішінді етіп жасалған, сірке салу және көгеріс ернегімен шекімеленіп әшекейленген. Қынабы екі жарты бөлік ағаштан жасалып, сырты қара түсті кедір-бұдырлы терімен қапталған. Төменгі ұштығы қалың кара-қоңыр түсті теріден жасалған. Қынаптың ағаш негіздігінде ойылып салынған, теріні желімдегеннен кейін анық білініп тұрған геометриялық бедері бар. Екі құрсауы темірден жасалған, жоғарғысына қайыстан шашақ тағылған. Қынап ұштығынан жоғарғы құрсауына дейін қайыс баумен оралған. Жалпы ұзындығы 103 см, басының ұзындығы 89 см, қынабы. ұз. 94 см, ені 4 см.

Әдеб.: Валиханов Ч.Ч. Вооружение киргиз в древние времена и их военные доспехи // Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений. В 5-ти томах. Алма-Ата: Издательство АН Каз ССР, 1961. Т.1; Он же. Следы

шаманства у киргизов // Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в 5-ти томах. Т.1. Алма-Ата: Издательство АН Казахской ССР, 1961; Вамбери А. Путешествия по Средней Азии. СПб., 1865; О туземном оружии в туркестанском крае // Русский Туркестан: Сборник. 1872. Вып. 2; Ибрагимов И.И. Этнографические очерки киргизского народа // Русский Туркестан. 1872. Вып 2, С. 120-152; Тэрнер Виктор. Символ и ритуал. М.: Наука, Гл.ред.вост. литературы, 1983; Хилал ас-Саби. Установления и обычаи двора халифов. М.: Наука. Гл.редакция восточной литературы, 1983; Бессонова С.С. О культе оружия у скифов // Вооружение скифов и савроматов: Сборник научных трудов. Киев: Наукова думка, 1984; Евланов В.А. Петров С.Д. Почетным оружием награжденные. М.: Просвещение, 1988; Традиционное мировоззрение тюрков Южной Сибири. Знак и ритуал. Новосибирск: Наука, 1990; Бейхайм В. Энциклопедия оружия. СПб.: Санкт-Петербург. оркестр. 1995; Флори Жан. Идеология меча. Предыстория рыцарства. СПб: Евразия, 1999; Базаров Б.В., Ням-Осор Н. Из истории символики и атрибутики монгольской государственности // ЭО. 2003; ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚЫЛЫШ² – пішіні қылышқа ұқсас етіп ағаштан жасалған тоқыма өрмегінің құралы. Қ. ұзындығы тоқылатын баудың жалпақтығына байланысты болады. Кейде 1 м-ге дейін жетеді. Ал, жалпақтығы 10-15 см, қалыңдығы 3-4 см шамасында. Қ. ағаштан бір қырын қылыштың жүзі секілді өңдеп жасалды.



Қылыш. ҚР МӨМ материалдары бойынша суретті салған Б.Қақабаев

Әдетте, Қ.-ты еңсіз өрмекпен басқұр, алаша жолақтарын тоқуда қолданды. Өрмектің қарсы (үстіңгі) және ерсі (астыңғы) жіптерін санап отырып, өрнек шығарып, әр қатары сайын арқау өткізгеннен соң, қылышпен ұрғыланып, тығыздалып отырады. Сонымен қатар, Қ. өрмектің астыңғы және үстіңгі жіптерін алмастырып отыру қызметін атқарды (к. Өрмек тоқу).



Қылыш. ҚР МӨМ қорынан (КП 18836/2а)

ҚР МӨМ қорында сақтаулы өрмек қылышы (КП 18836/2а) бүтін ағаштан бір жағына «жуз» шығарылып жылтыратып өңделіп жасалған. Бір ұшы сүйірлене келіп, екінші ұшында қолға ұстауға арналған сабы бар. Жалпы ұзындығы 86 см, ені 12 см.

Әдеб.: Шнейдер Е.Р. Казахская орнаментика // Казаки. Антропологические очерки. Издание особого комитета Академии наук по исследованию союзных и автономных республик. Л.: АН СССР, 1927. С.135-172; Мұқанов С. Халық мұрасы (тарихи-этнографиялық шолу).

Таңдамалы шығармалар. XV том. Алматы: Жазушы 1979; *Кенжеғалиева Қ. Терме және қақпа алаша // Жүннен жасалатын бұйымдар. Құраст. Қ. Мұқанов. Алматы: Қайнар, 1990. 70-98 бб; Қасиманов С. Қазақ халқының колөнері. Алматы: Қазақстан, 1995; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.*

ҚЫЛЫШБАУ – кылышты салып жүруге арналған арнайы шығыршықтары бар белбеу. Қылыштың ыңғайына қарай Қ. қарапайым, кейде әсемделіп жасалады. Қ. теріден, мықты, тығыз матадан (барқыттан) қабаттап тігіледі. Қ.-дың бір ұшы ілгек түрінде жасалып, қылышбаудың екінші ұшындағы тесіктерге кигізіліп тағылды. *Қынабындағы* екі шығыршықты құрсауы арқылы қылыш Қ.-дың екі қысқа бауына ілінді. Сәнді қылыштардың Қ.-лары өрнекті металл жапсырмалармен көркемделді.



Қылыш және қылышбаулы қынап. ҚР МОМ қорынан (КП 2064)

ҚР МОМ қорында (КП 2064) болаттан соғылған, басының ұш жағында жалманы бар, ұшы екі жағынан да өткірленген қылыш пен қылышбаулы қынап сақтаулы. Қылыш сабы кара-қоңыр түсті екі мүйіз бастырмалардан жасалған. Қынабы ағаштан жасалған, екі жарты жақтаудан тұрады. Қынаптың металдан соғылып жасалған, қайысбауға арналған екі ілмекті құрсаулары бар. Қынаптың Қ.-ы екі қабат бүктелген ақшыл күдеріден (замшы) тігілген. Қылышбаудың белдігінің ұштарында түбі фигуралы жасалған жез доғабастар бекітілген. Ұзын ұшындағы доғабасқа екі басты темір ілгек ілінген. Ілгектің бастары үйректің басы формалы болып жасалған. Қайысбаудың екі ұшы және бір құрсауға тағылған қайысы гүл формалы дөңгелек (диаметрі 5,2 см) темір үзбе арқылы қосылады, оның бетіне қалыптау әдісі арқылы геометриялық өрнек салынған. Қылышбаудың қайысына өткізілген, шығыршығы бар тағы бір дөңгелек шытыраға (диаметрі 4,4 см) екінші құрсауға тағылған қайыс ілінген.

Әдеб.: *Кайдаров А.Т.* Доспехи и вооружение воина-батыра в казахском эпосе и их этно-лингвистическое объяснение // ИАН КазССР. Сер. общественная. 1973. №6. С.25-34; *Шойбеков Р.* Зергерлік өнер лексикасы. Алматы: Ғылым, 1993. *Ахметжан Қ.С.* Қазақтың дәстүрлі қару-жарағының этнографиясы. Ғылыми редактор және алғы сөздің авторы Нұрсан Әлімбаев. Алматы: Алматыкітап, 2006; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚЫМЫЗ – бие сүтінен ашытылып дайындалатын қадірлі сусын түрі. Ол қазақы қонақжайлылықтың басты символдарының бірі десе де болады. Қ. иесінің дәулетін, сән-салтанатын, байлығын, мырзалығын және дастарқан берекесін білдіреді. Сондай-ақ, ол дертке шипа, жанға

қуат беретін сусын. Дәстүрлі ортада Қ.-ды дайындаудың ғасырлар бойы қалыптасқан әдіс, тәсілдері көп. Осыған сай олардың түрлері де мол болып келеді. Қ. дәстүрлі ортада тек күнделікті тұтынылатын сусын ретінде ғана емес, қонақ күту кезінде тартылатын құрметті де қадірлі суын болуына орай Қ. төңірегінде атқарылатын салт-дәстүр, ырымдар мен кәде-жоралар көп. Мәселен, дәстүр бойынша бие байланғаннан кейінгі алғашқы Қ.-ды үлкендерді шақырып, ауыз тигізін, батасын алу түрінде атқарады. Мұны *қымызмұрындық, қымызмұрындық мерекесі* деп атайды. Сондай-ақ, күзде бие ағытылған соң *сіргежияр қымыз* деп аталатын саба түбіндегі соңғы Қ.-ды ауылдастарымен бірге жиналып ішетін ғұрып бар (*қ. Бие байлау; Желі майлау; Қымызмұрындық; Сіргежияр қымыз*). Ас беру сияқты т.б. жалпыхалықтық мерекелерде оны өткізушінің ағайындары *сойыс малымен* бірге сабамен қымыз апаруы – жоғарыда аталғандай дастарқан берекесін арттыратын қадірлі сусын екенін дәлелдейді. Қонақ күту кезіндегіден тыс күнделікті Қ. ішуді бастаудың өзінде де арнайы жосын-жоралғылар бар (*қ. Қымыз ішу*).

Халық түсінігі бойынша Қ.-дың ерекше сіңімді, құнарлы, жұғымды және хош иісті сусын болуы – жылқы жануарының өзіне ғана тән табиғи асыл қасиетінде жатыр. Өйткені, адымы кең, өрісі ұзақ жануар шөптің шұрайлысын үзін, судың тұнығын ғана ішеді. Яғни, желден жаралған дейтін аңызға сай жаратылу ерекшелігіне, халықтық білімде ыстық райлы жануарға жатқызылуына және даланың сан алуан дәрі-дәрмектік шөптерімен қоректенуіне байланысты одан өндірілетін Қ.-да ерекше қасиетке ие.



Қымыз ішу. Ұлан Жәкеевтің жерке коллекциясынан

Қ.-дың көшпелілердің тамақтану мәзірінде орын алған мерзімін жылқыны қолға үйреткеннен кейінгі б.з.д. II-мыңжылдықтар кезеңінен басталады деуге болады. Оны археолог ғалымдар арнайы тәсілмен сол кезеңдерге жататын артефактілерге сүйене отырып (ыдыс түбінде қалған сүт өнімдері қалдықтары) дәйектеді. Ежелгі көшпелілер баққан малынан алынатын өнімдерінің бірі сүттен түрлі тағамдар әзірлеуді осы аталған дәуірде толық меңгерсе керек. Қ.-дың алғаш қалай пайда болғаны жөнінде Л.П. Потаповтың



төмендегі пікірінің қисындылығы ден қойдырады: «... торсыққа құйылған бие сүті ыстық күнде қанжығада байлаулы жүріп, үнемі шайқалудан болып ашыған сусынның ішкенде сергітетін, әрі аздап масайтатынын байқаған соң қымыз ашытып дайындаудың бірте-бірте жетілдірілген әдіс-тәсілдері дүниеге келді».

Аңыз бойынша, алғаш адам баласы жылқыны қолға үйреткен заманда биені сауып, сүтін кайнатып, құрт-ірімшік жасамақшы болыпты. Ол әрекетінен ештеңе шықпаған екен. Сонда Қамбар ата бие сүтінен қымыз ашытып, халыққа үйреткен екен деседі (қ. *Қамбар ата*).



Қымыз ішу. XX ғ. басы. Суретші Н.И. Ткаченко. Львович Дм. По киргизской степи (Петроград, 1914) атты еңбектен

Дәстүрлі ортада өтетін ас, дүбірлі той, мерекелерге арнайы апаратын сый-сияпат, *мырзалықтың* да бас белгісі де осы қымыз. Бұған келген мырзалар мен байлардың, игі жақсылардың қай дәрежеде келгені әкелген қымызы мен сойыс малы мөлшерімен есептелген (қ. *Игі жақсылар; Мырза*). Ол осы тектес үлкен шараларды атқаруда жұмыла көтеріп әкету сынды ежелден қалыптасқан елдіктің, бірліктің символы ретінде танылған. Яғни, *қосқаны, үлес қосып, атсалысқанының белгісі* болып саналды. Сырым Датұлының асына кеткен мал шығыны туралы А.Левшиннің жазуын қарағанда, *2500-дей қой, 200 жылқы, 5000 шелек қымыз ішіліпті. Сонымен қатар Орта жүз ішіндегі батыр Ханкелдінің асында 500 қой, 250 жылқы сойылыпты.* Ал, Шөмекей руында өткізілген атакты Кәрібай байдың асы туралы И.В. Аничковтің мәліметі төмендегідей: *осы асқа 200 қой, 40 жылқы сойылып, 200 пұт күріш даярланған, Қ.-дың көптігі сонша әр үйге бір-бір сабадан қойғанда оның саны 200-ден асыпты (қ. Ас / Ас беру).* Сондай-ақ, С.Кенжеахметұлының мәліметіне сүйенсек, *1860 жылы Ұлытауда Бағаналы Найман елінің белгілі азаматы Ерден Сандыбайұлының асында 1000 саба қымыз әкелінген екен. Сонда әр сабаны шамамен 100-150 литрден есептегеннің өзінде 100-150 мың литр Қ. дайындалған көрінеді.*

Қ. тасымалдауда ат, түйе жегілген арба пайдаланды. Шағын сабаларды атқа немесе түйеге теңдеді. *Алты атанға қымызды артып барып, асқа барғанда сабаны үйге*

орнықтырып, алты атанға артқан қымызды ішісіне сол жерде қояды екен – деп жазды Мәшһүр Жүсіп.

Ілкі дәуірлерде хан ордасын қымызбен қамтамасыз ететін арнайы адамдар болғаны жөнінде жазған В. Рубрук мәлімет құнды: *Бату хан өз ордасынан бір күндік қашықтықта күн сайын қымыз жеткізіп тұратын, әрқайсысы жүз бие байлаған отыз адам ұстаған. Яғни, хан ордасына күніне үш мың биенің қымызы жеткізіліп тұратын, сондай-ақ, хандыққа қарасты басқадай қарапайым адамдар да әр үш күн сайын қымыз әкеліп тұруы міндет болған.*



Хан ордасында қымызбен сыйлау. John Castle. Journal von der Ao. 1736 aus Orenburg zu dem Abul Geier Chan der Kirgis-Caysack Tartarischen Horda.. (1736 ж. Әбілқайыр ханға барған сапары) атты еңбектен

Дәстүрлі ортада ақ тағамдар қатарында Қ. арнайы ұсынылатын, сыбағаланатын ерекше қадірлі сусын түрі. Сондықтан, билерге, құрметті адамдарға ерекше баптаған қымызын сабамен арнайы жіберіп тұратын. Келіп Қ. іше алмаған қарияларға, келмегеніне біраз болған ауыл үлкендеріне торсықпен, сүйретпе немесе меспен Қ. жіберіш сый-құрмет корсетілді. Ол соғымнан сыбаға апаруға үндес келетін, дәм-тұзбен сыйлаудың ерекше түрі болып саналды. Сондай-ақ, алыстағы ағайын, құда-жекжат және достамырларына адам жіберіп *қымызға шақыратын.* Ондай кезде ән-күй, жыр сияқты т.б. ойын-сауық түрлері қоса жүретіні белгілі. *Құдалық* кезінде берілетін түрлі жосын-жоралғылар кезінде, әсіресе, *өлі-тірі* жібергенде т.б. барыскелістер кезінде қоржындағы басқадай дәм-тұзбен бірге торсықты Қ.-ды тараптар өзара жіберісін тұрды.

Қ.-дың қонақ күту кезінде тартылуының өз реті бар. Мысалы, бие байлап отырған үйге түскен адам қымыз ішуге келген адам емес, алыстан келе жатқан жолаушы,



яғни құдайы қонақ екені белгілі болса алдымен шай немесе қымыздың қайсысын құярын үй иелері сұрап білген соң ғана тартатын болған. Жолаушылап келе жатқан адам, көбінесе, шай ішіп, құрыс-тырысын жазып жадырап, біраз тыныстаған соң ғана Қ. ішетін. Алайда, қымыз ішіп отырғандардың үстіне келген жолаушыға міндетті түрде алдымен Қ. ұсынылады. Бұл тұста қонақтың мәңжайы мәлім болған соң сыбағалы асы үшін арнайы қазан көтерілегіні өз алдына (к. **Қонақ, Құдайы қонақ**).

Қонақ күтудің барлық деңгейлерінде Қ. тартылуы міндетті болған. Дәстүрлі ортада кішігірім бас қосу, мәжіліс-кенестердің өзі қымызсыз өтпеген. Тіпті, осындай бас қосуларға арнап *бесті қымыз, асау қымыз* түрлерін де әзірлейді.



Қымыз. Ә.Қастеев. Ә. Қастеев (репродукциялар альбомы)
(Алматы, Жалын. 1978) альбомынан

Бие байлау – құлындарды желіге байлап, енесін сауып қымыз ашыту шарасы. Жыл мезгілдеріне, шөп шығымына, мал күйіне қарай сауылатын биелерді мал иесі мен жылқышы іріктеп алады. Дәстүрлі ортада бие байлау мерзімі көкек айының аяғы, мамырдың басы, кейбір өлкелерде маусымның орта шенінде басталады. Бұл – шөптің нәрі толған, құлындар әбден марқайып жетілген кезі. Құлындар қарақұлақтанған, жер әбден көктеген шақта бие байлана бастайды.

Алынатын Қ. мөлшері – құлындаған бие, яғни, байланған бие санына байланысты. Әр үй, әр ауыл мүмкіндігіне қарай бие байлайды. Кедейлер мен орташалар бірлі-екілі биесін қосып байлайтын. Дәстүрлі ортада Қ. көптің асы саналатындықтан 5-7 биеден кем байламауға тырысқан. Ырым бойынша сауылатын биенің саны *тақ* болуы керек. Егер құлындаған биелер саны жұп болса, ішіндегі *кенже* туған құлыны бар бір биені байламай қалдырады. Ондай құлынды *арда емген құлын* деп атайды.

Бие байланатын күні ежелері сауылатын құлындарды шалмалап немесе *құрықтап* ұстап, *ноқталап* желіге байлайды. Құлыны байланған биелер кешке қарай құлын ағытылғанға дейін желі маңынан ұзап кетпейді. Биелерді

сауған кезде иіту үшін құлынды бие бауырына бір салып алып, қасында ұстап тұрады (к. **Иіту; Желі**). Бұл *құлын тарту* деп аталады. Ол үшін сауыншы әйелден тыс арнайы адам болуы керек. Оған көбінесе бозбалалар тағайындалады. Бірақ, кейде ахуалға байланысты үлкендер де жәрдемдесе береді. Бие байлаған ауыл міндетті түрде бие сауатын және құлын тартып беретін адамдарды басқа жұмыстан босатып қоятын. Өйткені, шамамен әр екі сағат сайын бие сауу оңай жұмыс емес. Биені негізінен жас келіншектер сауады. Олардың қолы тимей жатса ер адам да сауа береді. Алайда, ер адам басқа малды саумайды. Бие сауғанда сиыр сауудағыдай саусақ қарымы қажет емес. Басында қолды талдыруы мүмкін болғанымен кейіннен үйреніп кетеді. Бірақ, бие сауу ептілікті талап етеді. Жылдам саумай биені исіндіріп алса сүт шықпай қалуы мүмкін. Сондықтан бұрыннан үйренген әйелдер ғана сауған. Сондай-ақ, мол сүт алуы үшін кейбір тәжірибелі сауыншылар әр биенің сауу кезіндегі ерекшелігін жақсы меңгеруі тиіс. Және бие сауылып жатқан кезде сүт бөлінуін тежемеу үшін ақырын сөйлеуді, оғаш дыбыстар шығармауды, айғай-шудың болмауын қадағалайды. Құлынын салғанда да иімей тұрған биелерді иіту үшін тіл ұшын шыпылдата тұрып, «сал» деп жекіп қалады. Дағдыланған биелерден сүт ондайда саулай жонеледі деседі. Иітуге деп шешіп алған құлынды биені сауып болған соң сергіту үшін жетектеп біраз жүргізеді. Кейде енесінің бауырына салып, келесі бие сауылып болғанша емуге қалдыратын да жайттар кездеседі. Кейде дереу байлап, келесі құлынды шешеді. Жас құлындарды екі-үш сауыннан кейін босатып та жібереді. Ол жас құлындардың қоң жинауына бағытталған шаралар болып саналады. Сондықтан, қысы ерте түсетін өлкелерде құлындардың қыс мезгіліне дейін қоң жинауы үшін биені ертерек, яғни күздің басында ағытады. Өл құлындардың енесін емін, еркін жайылып семіруін қамтамасыз ету үшін, яғни шаруашылықты үйлестіруге байланысты туындаған сан ғасырлық тәжірибеден туған әдіс-тәсілдер. Ал, жылы өңірлерде бие қоңыр күзге дейін байлана береді. *Желінің* орнын жиі ауыстырып отыратын болған. Ол биебау маңында үйірлі жылқының жайылып тұруын және бір жерде тұра берсе, ол маңның тапталып шаңы шығып кетпеуін қамтамасыз етуден туған тәжірибе. Әдетте, бие бау үй маңынан едәуір қашық жерге орналастырылады. Биелер шамамен әр екі сағат сайын сауылатындықтан күніне орта есеппен 5-6 рет сауылады. Бір сауымда бір бие бір аяқ шамасында (жарты литр көлемінде) сүт берсе, күніне бір бие орта есеппен 2 ден 3 литрге дейін сүт бере алады. Алайда, ол мезгіл ерекшелігіне, атап айтқанда шөп жағдайына байланысты аталған мөлшерден молырақ та болуы мүмкін. Мәселен, күзде шөп құрғай бастаған кезде және биенің *іш алуына* байланысты бие сүті барлық жерлерде азая бастайтыны белгілі (к. **Іш алу**). Тіпті, шілде айынан бастап кеми бастайтын болған. Жабы тұқымының биелері сүтті болады (к. **Жабы**). Сондай-ақ, биенің жасы мен көп туғаны сияқты т.б. ерекшеліктері де биенің



сүттілігіне әсер етеді. Көп құлындаған мама биелер сүтті болатыны белгілі.

Кешке қарай құлындар желіден ағытылып түнде енесімен бірге жайылады. Таңертең ерте биені жинап әкеліп, құлындарды желіге байлаған соң екі сағатқа жуық уақыт өткеннен кейін бірінші сауымды сауады (**қ. Бие; Бие байлау, Құлын**).

Жыл сайын алғаш бие байлаған күні *бие байлар, желі майлар* деген мерекелер өткізілген. Ол күні сүр асылып, алдын-ала дайындық жасалады (**қ. Желі майлау / Желіқағар; Сүр/ Сүр ет**).

Қысыр сауу. Қыста қашпай қысыр қалған биелерді сауу – жылқысы көп, әрі қысқы шөп қорын мол жинаған ауқатты адамдарда болады. Өйткені, қыста қысыр сауу оңай шаруа емес. Қысырды кей жағдайларда қыста ауру-сырқау адамдарды емдеу мақсатында да арнайы сауады. Осы кездегі Қ. **«қысырдың қымызы»** деп аталады.

Дәстүрлі ортада *бие байлау, бие байлаған ауыл* деген ұғымдар Қ. ашытқан, Қ.-ы бар ауыл дегенді білдіретін. Ол шын мәнінде бие байлау емес, енесін сауу үшін құлынды желіге байлау арқылы енесін желі маңына *«жінсіз байлайтын»* шаруашылық тәжірибесін білдіретін ежелден қалыптасқан ұғым екенін баса айтқан жөн.

Қымыз қоры. Қ. ашытуға деп арнайы сақталған қордың *«ерібі», «ерібі қор», «қораба»* деген атаулары бар (**қ. Ерібі; Қор**). Қ. ашытуға ортан жіліктің сындырған үлкен басы, *қазы, қазының сынық сүйегі, жал майы, тары, бидай, құрт, айран, қатық, ашыған көже, рауғаш* тағы басқаларды ашытқы ретінде пайдаланады. Негізінен арнайы тұндыруға бірпеше күн қойған саба түбіндегі Қ. тұнбасының ірімегін кептіріп дорбаға қор сақтап отырады. Мәселен, кептірілген қорды жібіткен соң аз сүтке араластырып ашытуға қояды. Немесе бұрын Қ. құйылып жүрген ыдыстарға жылытып құйып қойса да, бір таң асқан соң, кейде бір күнде ашып кетеді. Сондай-ақ, ыдысқа қатырған *«тоң қымызды»* күн жылығанша сақтай отырып қор етеді (**қ. Қор**). Оны түйгіштей отырып баппен ерітіп алған соң, жылытып бие сүтінің үстіне құйып қор етеді. Кейбір тәсіл бойынша, күршіт қайнатып алып, оны сүзіп суына қант шекер салып сабадағы бие сүті үстіне бір шелек етіп құйса ашытқы ретінде жарай береді. Ал, кептіріп сақтаған қордан 5 литр шамасындағы жылытылған сүтке 3-4 қасық салып, жиі-жиі араластырып, жылы жерде бір күн ұстайды. Осы ашытқыны әдетте, 6-7 литр сүтке 1 литр ашытқы көлемінде келетіндей етін есептеп құйып, тағы да жылылап ұстап таң асырады. Келесі күні жаңа сауынның сүгінен үстемелеп құйып тағы да түн асырады. Қор сақтамаған, яғни, арнайы дайындығы жоқ үйлер Қ.-ы ашыған ауылға торсықпен бие сүтін апарып, оның орнына қор (ашыған Қ.) алатын дәстүр бар. Осы кезде қор алатын саба мойнына ішіне түрлі дәм түйілген *ақтық* байлап ырым етеді (**қ. Ақтық! / Ақтық байлау**).

Қымыз ашыту. Қ. ашыту үшін жаңа сауылған бие сүтін *сүзгіден* (әдетте, ыдыс аузына орай салынған жылқы қылынан) өткізіп, сәл қоя тұрып, бірақ жылы қалпында

сабадағы немесе күбідегі *саумалдың* үстіне құяды. Құйған соң сүт пен саумал әбден араласуы үшін міндетті түрде сүт пісірімдей уақыт пісу қажет. Одан соң аузын қымтап, жылылап орап қояды. Сауын сайын осылайша үстемелеп құя береді. Сонда ашу барысы біркелкі жүріп отырады. Таңертең сабаны тағы да мол пісіп алған соң ішілетін Қ.-ды мөлшеріне қарай *тегене, шараға* қотарып алады. Мол пісілгенінің белгісі бетінде май кесектері қалқып жүруі керек. Кейін *сүйретпе, мес* немесе *торсықтарға* құйып қойып ішерде тегешке, шараға шайқап-шайқап құйып алып, жақсылап көтере сапырған соң таратып құяды.

Қымыз түрлері. Қ. – дайындалуы мен бапталу ерекшелігіне және сақталу мерзіміне яғни, сапасына байланысты бірнеше түрге бөлінеді. Туған соң бие сүтінің уызы тарқамаған кезде ашытылған Қ. **«уыз қымыз»** деп аталады. Өны қою майлы болатындықтан *май қымыз* деп те атай береді. Ашыған Қ.-дың үстіне жаңа сауылған сүттен қосып пісу арқылы дайындап қарттар мен балаларға беретін жұмсақ Қ. **«саумал қымыз»** аталады. Сонымен қатар, *бала қымыз* – жаңа ашып келе жатқан Қ.; *жас қымыз* – жаңа ашыған, сабадан енді ғана қотарылған Қ.; *тай қымыз* – екі күн ашытқан Қ. Сабадағы Қ. үстіне саумал құйылып, пісуін әбден қандырып екі тәулік сақталғаны **«түнмел қымыз»**; үш түнегеннен кейін **«құнан қымыз»**; төрт күн болған Қ. **«дөнен қымыз»**; бес түнеген **«бесті қымыз»** деп аталады. Одан да күшті ашыған, бес күннен асқан Қ. **«асау қымыз»** деп аталады. Қ.-дың бұл түрін үлкен ғұрыптық немесе мерекелік жиындарға, мысалы, тойға арнап ашытады. **Жуас қымыз** – қатты ашымаған бапты Қ.-дың атауы.

Қ. неғұрлым сабада көп тұрған сайын бабына келсе де үнемі пісіп үстіне саумал құйып отырмаса *шағырмақтанып* ашып кетеді. Жоғарыда айтылғандай, қыста қысыр сауып ашытқан Қ. **«қысырдың қымызы»** деп аталады. Бұл Қ.-ды қолы жеткендер ішетін. Кей жағдайда ауру-сырқау адамдарға қуат беру үшін, мысалы, қанын толтыру мақсатында беретін. Сондай-ақ, қулық биенің (алғаш құлындаған бие) Қ.-ын **қысырақтың қымызы** дейді. Жас биенің сүті болғандықтан бұл бірнеше құлындаған биенің Қ.-ынан қуаты да жоғары болады. Қордың үстіне сүт құйып, бірнеше күн жиналған мол Қ. **қорбалы** немесе **қорланған қымыз** деп аталады. Жаз ортасында, шөп әбден пісіп буыны катқан кезде Қ.-дың түрі сарғылт тартып **«сары қымыз»** деп аталады. Оны ішкен адам терлегіш, көп ішсе масайрап әрі ұйқысырап қалады. Бие сүті қоюланған бұл кездегі Қ., өте сіңімді, жұғымды, қуаты күшті болғандықтан әртүрлі дертке дауа шипалық қасиеті мол болады. Қ.-дың бұл түрінің *бал татыған барқыт қымыз* деп аталуы сондықтан. Оның қасиетін сүлей жырау Жамбыл былай деп жырға қосқан екен:

*«..Үйірілген сары алтындай сары қымыз.
Ауруға – ем, сауға – қуат, дәрі қымыз..»*

Қ. ашытатын ыдыс ұдайы *ысталып* отыратыны белгілі. Сонымен бірге, арнайы *арша* немесе *адыраспан* сияқты емдік шөптермен ысталған сабада дайындалған Қ. түрін **ысталған**

қымыз деп те атайды. Ысталмаған, күтімсіз ыдыста немесе мезгілінде қотарылмаған көп тұрған Қ. өз қасиетін жойып бұзылады. Ондайды «айнымал», «айныған» немесе «татып кеткен», «татымал қымыз» деп атайды. Азғана көлемде ашытылған Қ. қолбала қымыз деп аталады. Қолбала қымыз деп отбасы мүшелерінің өздеріне ғана арналған дығына байланысты аталса керек.

Дайындалу ерекшелігіне байланысты қымыз түрлері.

Олар қосылған қоспаларына байланысты «бал қымыз» «көбіршек қымыз» «тосап қымыз» және «қарақымыз» деген т.б. түрлері бар. Бал қымыз жасауда Қ.-ға тәттілік дәм беру үшін бал, кант, өрік қосып піседі. Бал Қ. аталатын Қ. түрінің келесі бір тәсілі – жылқының сүр қазысын қосып әбден бабына келтіріп көп піседі. Бұл басқа Қ.-ға қарағанда сары әрі қою әрі дәмді әрі жұғымды әрі тұщы болады. Қ. қуаты күшейіп сапасы артады, ащы дәмі де азая түседі. Көп пісіліп ащы дәмі кеткен Қ.-ды өлтірілген қымыз дейді (қ. Қымыз өлтіру). Бұл өте жақсы деген ұғымды білдіреді.

Қ.-ға қаламтыр, күшлә салып піссе дәмі тіптен кіріп, емдік қасиеті артады. Балаларға жеңіл әрі дәмді болып келу үшін тостағандағы Қ. үстіне сиыр сүтін қосқанда көбіршіктеніп аса дәмді көбіршек немесе қойыртпақ қымызға айналады. Тостағандағы Қ.-дың үстіне биені сауып жібергенде көбіршіктеніп аса дәмді болып, жұмсақ бола түседі (қ. Көпіршік). Ал, тостағандағы аз Қ.-дың үстіне қой сүтін сауса желдірме болады. Сабадағы Қ.-ға жылқының қазы, қарта немесе үлпершек майын салып, сондай-ақ, сүр ет салып та піседі. Тосап қымызды негізінен әбден әлсіреген науқас адамға арнап дайындайды.

Қ.-ға шұбат қосып ашытып маңызын арттыра түсу ауқаттылардың ғана қолынан келді. Бұл алайда сусыннан гөрі азықтық құнарына мән беруден туындаса керек. Ол жөнінде А. Добросмыслов – Қ. түйе сүті қосылған соң қоюланып, масайтатын күшті Қ.-ға айналады деп жазды. Жаңа сойылған бір қойдың (кейде қозының) сүйегінен ажыраған сұрпы етін сабадағы Қ.-ға түгел салып қарулы жігіттерге күні бойы пісіреді (қ. Сұрпы ет). Пісудің нәтижесінде ақсөңке болған ет қалдығын алып тастап, Қ.-ды ішеді. Еттің сөлі Қ.-ға шығып, ол қышқылмен пісіле қанығып, әбден араласып, құнарлы да, қуатты асқа айналады. Осы Қ. жаққан адамның денсаулығы жақсы, жақпаған адамның бойында дерт бар деп есептеген. Кей жерлерде бұл Қ.-ды қызыл қымыз деп те атайтын көрінеді.

Қара қымыз. Көшпелілерде Қ. дайындаудың ежелгі дәстүрін скиф дәуірінен Геродот жазбаларынан көреміз: «биені сауған соң сүтін ағаш күбіге құйып, айналасына соқыр құлдарды отырғызып, пісіреді. Сүттің беткі бөлігі жоғары бағаланады да қалғаны онша бағалы емес». Орта ғ.-дағы Қ. дайындаудың осы тәсілін Гильом де Рубрук жазды: көшпелілер «... сыйлы, мәртебелі адамдарының қажетіне деп «қара қымыз» (текстінде-каракосмос-ред.) дайындайды. Оны майы бетіне шыққанша көп піседі. Одан кейін де көп пісетіні сонша, барлық қоюы шарап тұнбасы тәрізді түбіне тұнып, бетіне шыққан сұйығы жүзімнің

шырыны немесе сары су сияқты болады. Ұйқыны қатты келтіретін қоюы жалшыларға беріледі де, өте дәмді, жағымды дәмі бар, ішкенде күшті әсері бар болып келетін беткі сұйығын мырзалар ішеді». Ал, Гильом де Рубруктан едәуір бұрынырақ Еділдегі Алтын Ордада болған орыс князы Даниил Галицкий Бату ханның ордасына барғанда «қара қымызбен» сыйлағанын «Ипатьев жазбасында» келтірді.

Қ.-дың бұл түрінің қазіргі кездегісін іздестіруге мақала арнаған Ф.Фиельструп, Т.Мұқанова, С.И.Вайнштейн сынды ғалымдар болды. Ф.Фиельструп мәліметіне қарағанда, «Жетісу қазақтарында тұндырма қымыздың жасалуы кәдімгідей болғанымен, оны таң асырып, бетіндегі өте жоғары бағаланатын байлар ғана ішетін сұйығын шайқамай етпен құйып алады». Бұл жерде тұндырма Қ. деп отырғаны – қара Қ. Ал, Т. Мұқанова қара Қ. биенің түсіне қарай аталуы мүмкін дейді. С.И.Вайнштейн туваларда Қ.-дың бетіндегі сұйық – майлы, әрі күшті болатын қара Қ.-бен тек құрметті қонақты ғана сыйлайтынын айтады. Қ.-дың бетіне жиналған кесек майлары «каракталыр» деп атайтынын жазады (мәтінде – «появляются глазки, карак означает глаз»). Сонда жоғарыдағы каракталыр термині каракөз дегенді білдіреді). Қ. туралы басқа да зерттеулер негізінде И.Г.Добродомов «қара» сөзі «қатты», «күшті» дегенді білдіреді деп ежелгі мағынасын ашуға біршама жақындаған. Осыған орай, «қара қымыз» аталған ежелгі ұмыт болған Қ. -дың бұл түрі биенің «түсіне қарай емес» Қ.-ды көп піскен соң тұндыруға қойып, бетіндегі бағалы сұйығын пайдалануға байланысты аталған болса керек. Ол Қ. дайындауда сирек кездесетін тәсілге яғни, қуаттылығы мен күштілігіне байланысты аталып отыр. Ал, Қ. бетіне түскен майдың қара болуы бие сүтін пісіп, ашытатын ыдысты Қ.-ға ағаш (күбі) немесе тері (саба) дәмі шығып кетпес үшін үнемі ыстаудан пайда болады. Сонымен, ілкіде хан мен нояндарға арналған «қара қымыз» деп аталған аса қадірлы тұндырма немесе тұнба Қ.-дың түрі болған. Қазіргі кезде тұнба қымыз – түні асқан Қ. Ертеңінде оның бетіндегі суын қалқып алып ішсе, емдік қасиеті бар деп есептейді. Асқазаны ауырған адамдарға осы тұндырманы іпкізеді. Нәтижесінде әлгі адамның алғашқыда іші өтіп, тіпті құсуы да мүмкін. Бірақ, бұл жайт оның асқазан, ішек жолдарының және өтінің тазаланғандығын білдіреді.

Қымыз баптау және қымыз ыдыстары. Қ.-дың бапталып, күтілуі де үлкен ұқыптылықты талап етеді. Бие байлап, Қ. ашыту дайындығы күні бұрын жасалады. Әуелі сабаны жібітіп, түтінге ыстап, жылқы майымен майлап, баптайды. Ол арша, тобылғымен, қайың қабығымен жиі-жиі ысталып, майланып отырмаса Қ. дәмі өзгеріп татып кетеді. Ыс салу тобылғы бүршіктеген кезде басталған, яғни көктем кездерінде жүргізіліп отырды (қ. Ыстау; Ыс салу). Ол үшін қурамаған бүрлі тобылғы, көк пішен, ши, иіс сіңіру үшін жусан, адыраспан, арша қосып жаққан. Ыс әбден сіңген тері ыдыстардың түсі қызыл күрлендеп, кепкен мейіздей болады. Ал, жана саба тігу – біраз шаруа.



Ол үшін жылқы терісін пішу, тігу, қарақұлағын тазалап, кептіру сияқты біраз шаруа атқарылады (**қ. Саба**) (сабаның немесе торсықтың қайып тігілген тұстары, соның ішінде бұрыштарын **қарақұлақ** деп атайды). Қазақтың асының әрбір түріне арнайы ыдыс-аяқ пен жабдық арналды. Бие сауатын арнайы ыдыс **көнек** деп аталады (**қ. Көнек**). Теріден жасалған ыдыстың сыйымдылығы жағынан ең үлкені **саба**, одан кішірегін **сүйретпе**, одан кішісін **мес**, кішірегін **торсық**, жолға алып жүруге лайықталған, қанжығаға байланатынын ең шағынын **жанторсық** деп атайды (**қ. Жанторсық; Көнек, Мес, Саба, Торсық**). Сабадағы Қ.-ды қотарып құйып қою үшін, тасымалдау үшін **сүйретпе** немесе **мес** пайдаланады (**қ. Мес; Сүйретпе**). Қ.-ды **торсыққа, жанторсыққа** құйып, қанжығаға байлап ала жүріп, жолазығы, сусын ретінде пайдаланады. **Сүйретпе** ірі қараның, жылқы, түйенің мойын терісінен жасалады. Мес серкенің толық өңделген бүтін сойылған терісінен істеледі. Жоғарыда аталған барлық ыдыс түрлері көшпелі тұрмыста алып жүруге қолайлы болып келетін теріден жасалады. Биіктігі кісі бойына дейін жететін, үлкендігі **бес биенің сабасындай** деген теңеуге ие болған **тайжүзген** деп аталатын сабалар болған. Ол ханға, асқа Қ. апарғанда сән-салтанатын білдіру үшін дәулетті, байлығы асып-тасыған адамдар жасататын аса үлкен саба түрі. Байлаған бие саны көп, ауқатты үйлерде бірнеше сабаға қатарынан Қ. ашытады. Ондай үйлер бірін ыстаған кезде Қ.-ды келесісіне ашытып отыру үшін 6-7 сабаға дейін әзірлеп алады. Бір саба екі-үш жылдан артық қызмет ете алады. Кейбір Қ.-ы тати беретін сабаларды пайдаланбай айран, іркіт жинауға, көже ашытуға ғана пайдаланды.



Қымыз саба. Түсірген А.П.Туполев. XIX ғ. соңы – XX ғ. басы. ОҒҚ мұрағатынан (разряд 112, опись 1, №12)

Қ. пісетін ағаш **піспекті** қайыңнан немесе қарағайдың тошынынан (ұрысынан) ойып, сүйектеп, күміспен өрнектеп сәндеп, саба бойына шақталған ағашқа саптайды. Піспек – дәстүрлі ортада ерекше кастерленетін, символдық мәнге

ие, айрықша сәнделіп жасалатын бұйым. Қ. ыдыстары да бөлек ұсталып, оны **қымыз шара, қымыз аяқ, қымыз ожау** деп кастерлеп айтады. Қ.-ды піскен сайын бабына келетіні сияқты шараға құйған соң да мол сапырса хош иісі артып, тәбетті аша түседі. Сапыру – ашу барысында жиналған Қ. құрамындағы газды шығаруға бағытталған әрекет. Жақсы сапырылған Қ. ішкенде шыпырлап, танауды атады. Қ.-ды сапыру үшін **қосбүйірлі ожау** қолданылды. Оның **бүйрек ожау, қымыз ожауы** деген де атаулары бар. Ағаштан жасалған Қ. ашытуға пайдаланылатын келесі бір ыдыстың түрі – күбі. Бұл ыдыстың ауыз жағы тарлау, түп жағы кеңдеу етіліп жасалады. Оның сыйымдылығы 60-70 литр Қ. сыятындай шамасында. Одан да үлкен мөлшерде жасалған күбілер кездеседі. Бұл ыдысты арнайы тәсілмен кептіріп, май жағып, **тобылғы, дүзген, қоғажай** дейтін шоп түбінің түтінімен ыстап, үнемі күтімде ұстап отырады. Екі-үш күнде бір ыстап отырмаса бұл ыдыс та ашытылып отырған Қ.-ға басқа дәм бере бастайды. Темір ыдыстың таты шығып, Қ.-дың дәмін бұзатындықтан Қ. дайындауға, тұтынуға көп пайдаланбайды.



Қымызды сабасымен арбаға салып тасымалдау. Фотоны түсірген Антонов. ОҒҚ-ның Батыс Сібір бөлімшесінен музейге тапсырылған. Омбы Мемлекеттік тарихи-өлкетану музейі қорынан (фрагмент) (ОМК 4004-10)

Жаңа сауынның сүтін қор үстіне құйып, балаларға пістіреді. Қ.-дың бабы келу үшін 3000-5000 рет пісіледі деседі. Қ. қанша көп пісілсе сонша жұмсақ, дәмді болмақ. Қ.-дың бабы пісу мен сапыруға байланысты. Жиі-жиі піскен Қ.-дың дәмі кіре түседі. Пісуі жетпеген Қ. ірімтікпеніп, суы бір бөлек, тұнбасы бір бөлек болып, бұзылып сапасыз болады. Пісудің бір ерекшелігі – ашып кетті деген Қ.-дың өзін жұмсартып, ішуге қолайлы қалыпқа түсіретіндігінде. Пісуі қанған Қ.-ды жылы орап қояды. Бие сүті бірнеше сағатты қойып, бірнеше минут ішінде өзгеріске түсіп отыратындықтан аса көп сақтауға келмейтін сусын. Ең жақсы Қ.-дың дәмі сол қалпынша сақталуы 6-8 сағат шамасында ғана. Оның дәрілік қасиеті де соған байланысты.



Одан әрі оның сапасы алғашқы қалпында сақталуы мүмкін емес. Тәжірибелі жылқышылардың болжауына қарағанда Қ.-ды 0 С градуста, қозғалыссыз сақтаған жағдайда ғана оның байырғы дәмін біраз уақытқа созуға болатын көрінеді.

Белгілі тарихшы, этнограф Құрбанғали Халидтің Қ. баптау туралы пікірі құнды: «...шөбі қысқа бетегелі жердің Қ.-ы қуатты, мақтаулы, оның ең сапалысы Арқа тауынікі. Қ.-дың өз табиғатынан да артық қуатын тілеген кісі он шелек сүтке бір шелек суды қол күймес етіп ысытып, сабаға құйып, үш сағат тоқтаусыз піседі. Ертеңінде тағы сондай пісіп содан кейін ішсе табанда масайтады. Қ. ішкенде ет жеп, сорпа ішкен дұрыс, басқа тамақ ішті ауыртады. Жеміс-жидек пен күріш жеп Қ. ішуге болмайды. Адамның толысуына, ас ішетін қабілетін арттыруына Қ.-дың табиғаты бөлек». Осы мәтіндегі Қ.-дың жасалу технологиясы мен аталған сапасы оның **қара қымыз** екендігін дәлелдейтіндей.

Сонымен, ежелгі көшпелілер дәуірінде өмір сүрген Геродот, Шыңғыс ханның замандасы Гильом де Рубрук, XIX ғ.-дың 2-жартысында қазақтар мен қырғыздың этнографиясын көп зерттеген Фиельструп, тыва халқының тарихи-этнографиясының аса көрнекті маманы С.И. Вайнштейн сынды әр дәуірдің зерттеушілері сипаттаған Қ.-дың бетіндегі жоғары бағаланатын сұйығы дегендері түптеп келгенде **қара қымыз** болып табылады.

Қ.-дың сапасы жерге, шөпке, ауа райына тікелей байланысты. Көбінесе Арқа өңіріндегі салқын және таулы жерлерде жайылған биенің сүтінен мол әрі, бабы келіскен Қ. дайындалады. Ыстық жерде тез быжып ашып кете береді. Сондықтан Қазақстан территориясының ыстық аймақтарында салқын түскен күз айларында ғана бие байланады. Ал, қоңыржай климатты таулы өңір мен Арқа жері биені жаз бойы байлап Қ. дайындауға толық мүмкіндік береді. Осы орайда, қоршаған орта қолайына қарай айранды дайындаудың да тәсілдері әртүрлі екенін айтқан ләзім (**қ Айран**). Ыстық өлкелерде Қ. ашытуда, оны сақтау барысында саба, күбі, торсықтарды үй, тошала үй (шошала) ішінен қазылған шұңқырда ұстау тәсілдері кездеседі. Сондай-ақ, саба сыртын суға шыланған шөппен орап тастайтын тәсіл де қолданған.

Дәулетті адамдар Қ.-ды жазда да, қыста да ішін отырған. Кейбір мәліметтер бойынша бие сүтін шайға қосады ондайда шайдың өңі қызылкүрең тартады. В.Радловтың сөздігінде саумал тек алғашқы Қ. деген мағынада ғана емес, сонымен қатар Қ.-дың жалшы атауы ретінде де қолданылғандығы атап көрсетіледі. Қ.-бен ашытқан көжені *қымыз көже* немесе *көже қымыз* деп атайды.

Бие сүті мен қымыздың емдік қасиеті. Қымыздың шипалық қасиетін түрлі ауруларға қарсы ем үшін пайдаланады. Қымыз шипалы сусын ретінде өте ерте заманнан белгілі болды. Шотландиялық дәрігерлер Джордж А. Каррик, Джон Грив, ресейлік Н.В. Постников, Г.А. Захарьин, С.П. Боткин, В.А. Марассейн, Н.Н. Склифосовский, Н.О.Голубов және Д. Дмитриев сынды

ғалымдар мен дәрігерлер XIX ғ.-да қымыздың құрамын, шипалық қасиетін зерттеген арнайы еңбектер жазды. Қымызбен емдейтін алғашқы санаторий Н.П. Постниковтың басшылығымен Самарада (Куйбышев) 1858 ж. ашылды. Бұдан кейін Орынборда, Өфөде (Уфа), Қазанда, Семей және Көкшетау облыстарында ашыла бастады. Қымызбен емдейтін алғашқы емхана 1910 жылы Бурабайда және Торғайда ашылды. Жоғарыда аталған ғалымдар мен дәрігерлердің қорытындылары қымыз адамның денсаулығын күшейтетін, ауруды бәсеңдететін және адамды жасартатын, яғни, картаюды тежей алатын тағам дегенге саяды. Және ашытылған кезде сүттен жасалатын кез келген сусынның қоректілігі де арта түсетіндігін дәлелдейді.

XIX ғ.-дың бас кезінде жарияланған Ресейдің медициналық журналдарында Қ. жайында көптеген мақалалар жарияланған. Солардың бірінде М.И. Даль Қ.-дың адам ағзасына тигізетін шипалы әсерін былайша сипаттады: «... қыстан жүдеп шыққан көшпелілердің сүйегі шығыңқы бет ажары көктемнің алғашқы апталарында-ақ өзгеретіні сондай, тіпті өзіңіздің жақсы танысыңызды танымай қаласыз, ... жүдеу адамға қуат беретін қымызға тең келетін тағамды ойлап табуға болатындығына күмәнданамын».

Қ. азықтық сусын болумен қатар, әр түрлі ауруларға шипа болып, асқазанның ас қорыту қабілетін жетілдіреді, өкпе ауруына (туберкулез) қарсы антибиотиктік қасиеті бар. Сондай-ақ, қымызбен емдеу көбінесе ауру салдарынан әлсіреген, арықтаған, қаны азайған, адамдарға қолданылады. Яғни, организмге жан-жақты әсер етеді. Қымыздың шипалық қасиеті оның химиялық құрамына байланысты. Әртүрлі мал сүтінің ішіндегі қант құрамы жоғары, әрі май құрамы ең азы және осыған сай кенеуі де аз болып келетіні – бие сүті. Мәселен, дайын өнім пұбатта 789-991 ккал болса, сиыр сүтінің құнары 660 ккал, ал қымызда 499-528 ккал мөлшерінде ғана. Көшпелілердің басқа мал сүтінен жасалған сусын түрлеріне қарағанда Қ.-ды көп мөлшерде ішетіндігі сондықтан. Сонымен бірге, бие сүті өзінің құрамы жағынан 120-ға жуық химиялық заттарға бай болып келуімен ерекшеленеді. Бие сүтінің майында өзге малдың сүтінде кездеспейтін октодекадиен және басқа да қышқылдар болады. Ал, басқа мал сүтімен салыстырғанда бие сүті құрамындағы жоғары болып келетін қант құрамы ашу барысында алкогольге айналуына байланысты, ішкен адамды жадыратып, масайтады. Сондай-ақ, ашу барысында лактоза қантынан пайда болған қышқыл ішкен кезде газға айналып кекіргіп өт, ішек-қарын жүйесінің сіңіргіштік қасиетін арттырады әрі жұмысын жақсартады әрі тыныс жолдарына игі әсер етеді. Сиыр сүтіне қарағанда бие сүтінде лактоза 1,5 есе, С витамині 10 есе көп болады.

Өкпе ауруларын емдеуде ауасы құрғақ, бірақ жазда ыстық болып келетін далалы өлкелер таңдалды. Өйткені, жоғарыда аталған ғалымдар мен дәрігерлер ерекше атап кеткендей, жылы маусымда қымыз жақсы сінеді. Әрі құрғақ ауа өкпенің тазаруына қосымша ықпал етеді. Қымыздың құрамындағы



коректік заттар (белок, май, кант) толық қорытылады. Қымызда аурудың тәбетін ашатын В, Р, С витаминдер көп болады. Сондай-ақ оның антибиотик қасиеті организмнің түрлі жұқпалы ауруға төтеп беру қабілетін күшейтеді. Сөйтіп, түрлі бактерияларды жояды. Қымызбен емделу барысында қанда гемоглобин, эритроцит мөлшері артады. Қанда ақ қан түйіршіктері жоғарылаған болса қайта қалпына келеді. Холестерин құрамы өз қалпына келеді, тамырдың соғуы жылдамдап, қан қысымы көтеріледі, осыған орай жүрек, қан-тамыр жүйесінің жұмысы жақсарады. Несеп айдайды, яғни, бүйрек қызметі жақсарады. Ондай қасиет Қ. ашып дайын болғаннан кейінгі алғашқы 1-3 күннің ішінде бабында болады. Осы кезде антибиотиктік заттар көп түзіліп, бөлінеді. Яғни, емдік қасиеті осы күндерде өз күшінде болады. Одан кейінгі күндері бұл бөліну бәсеңдейді.

Дәстүрлі ортада қалыптасқан Қ.-бен емделудің қарапайым ережесі төмендегідей: қымызды алғашқы күндері аздап іше бастап, күн сайын бірте-бірте арттыра бастайды. Мәселен, күніне немесе екі күнде бір аяқ қымыздан арттыра отырып 20 күннен кем емес ішсе шипа болады деп санайды. Сонда күніне 2-3 литрден 7-8 литрге дейін, тіпті одан да көп ішетін жағдайға жеткендер болған. Осылайша жүйелі түрде ішудің әсерінен өкпенің сыйымдылығы ұлғайып, тыныс алу, организмнің зат алмасуы жақсарады. Жүйке жүйесі де тыс қалмай, Қ. ішкен адамның бойында сергектік пайда болады. Дәстүрлі ортада қалыптасқан түсінік бойынша, қымыз жақпаған адамның денсаулығында үлкен кінәрат бар деп есептеген. Халық тәжірибесі бойынша сүйегі сынып, мертіккен адамдарға бір жылға дейін Қ. ішуіне тыйым салған. Өйткені, жоғарыда аталғандай, Қ. сүйекті жібітетін қасиеті болғандықтан сынықтың бітуіне кедергі келтіретін сыңайлы.

Халықтық тәсіл бойынша қымызды молырақ ішкен соң майлы ет жеу керек. Ұлы Абайдың төмендегі өлең жолдары осы жайтты мейлінше этнографиялық дәлдікпен береді:

*Осы қымыз қазаққа,
Мақтаның ба, асың ба,
Қымызды басар артынан,
Ет даяр ма, қасында...*

Өт, іш жолдарын тазарту үшін жаңа сауылған бие сүгін ішеді. Ол алғашқы бір-екі күн бойы ішті судай ағызып барып тоқтаған кезінде іш тазарды деп есептеген.

Дәстүрлі ортада ерен жүйрік тұлпарларды баптау барысында бие сүгін, саумал немес Қ. ішкізеді. Ол үшін бір-екі күн баптаулы жүйрікті суармай шөлдеткен соң жоғарыда аталғандардан біреуін ішкізеді. Қ. ішкен адамның еті толысып, бетіне қан жүгіретіні, ас қорыту жолдарының жұмыс істеуінің жақсартатыны сияқты шипалық қасиеті жылқыға да солайша әсер етеді деп санаған. Мұндай шара, әсіресе, жүйріктің тыныс жолын кеңейтіп, өкпесін тазартады екен деседі. Батырлық дастандарда тұлпарды баптауда бие сүгін ішкізгені айтылады. Қобланды батыр жырында Құртқаның жүйрік атты баптағандығы былайша суреттеледі:

*Қырық күнге шейін Бурылға
Қулықтың сүгін емізді.
Және қырық күн біткенше,
Қысырдың сүгін емізді.
Сексен күні біткесін,
Тоқсан күні жеткесін,
Алмасын деп, талмасын,
Маңқа, қолқа болмасын –
Жеміне қосып, қыз Құртқа,
Қызыл дәрі жегізді....*

(Батырлар жыры)

Боз биенің сүгіне шомылу. Дәстүрлі ортада қолданылатын емдік шараның бірі. Ілкіде дегдарлар арасында бірлі-жарым орын алған бұл емдік тәсіл адамды жасартады деп есептеген. Әсіресе, әйел затын сұлуландырып, сымбатты етеді екен. Дегенмен, бие сүгіне, қымызға дәулеті асып-тасыған, аса ауқатты адамдар ғана шомылған. Көп жағдайда акты (сүт) қадірлеген ырым бойынша қарапайым халық ондайға барудан тартынатын. Алайда, өте әлжуаз, титықтап арықтаған адамды қымызға шомылдырса бойын жібітіп, сүйектерін балқытып, тез сақайтатын қасиетіне байланысты қарапайым халық арасында әлгі шара емдік мақсатта бірлі-жарым болса да жасалатын. Сондай-ақ, қымыздың сүйекті балқытатын қасиетін пайдаланатын оташылар теріс біткен сынық сүйекті жібітіп қайта салу үшін қымызға отырғызып ем-дом жасаған. Осы емдеу шарасы кезінде ауруға «аузы-мұрнынан шыққанша» қымыз ішкізетін тәсіл бірге қолданылады.



Аяқшы – қымыз құюшы

Бие сүгіне, қымызға байланысты әдет-ғұрып, жосын-жоралғылар төмендегідей болып келеді:

– бие байлар – құлын ұстап, бие байлаған күні желіге ақ тамызып, айғырдың жалына май жағып ырымдайды. Дәстүрлі ортада май – құт, берекенің белгісі саналды. Үйірдің басы – айғырдың жалына май жағу ырымы осы наным-сенімге байланысты болды. Бұл бие сүгінің, яғни, қымыздың мол, әрі жұғымды болуына бағышталған жосын болса керек;

– бие байлаған кезде арнайы бата беріледі:

*А, құдайым қолдасын, Қызыр атам қолдасын,
Кеткеніңді келтірсін, кемтігіңді толтырсын,*

*Биылғы жылы аз байласа, келесі жылы мол байлатсын,
Сабасы қаймақты болсын, піспегі салмақты болсын;*

– қымыз мұрындық – бие байланған соң алғашқы қымызды көпшілікпен ішу мерекесі (қ. *Қымызмұрындық*). Желіге ақ тамызын, айғыр жалына, бие желініне май жағады. Жасалатын ырымдары жағынан бие байлаған кездегі жосындарға ұқсас болғанымен бұл ғұрып жалпыхалықтық сипатта болып келеді. Осы ғұрып-мерекенің барысында әртүрлі ойындар ойналып, кең түрде аталып өтілетіндігі сондықтан;

– *жерге тамызу*. Ішпес бұрын тостағандағы қымызынан алдымен жерге тамызып ырым еткен соң ішеді. Егер ат үстінде қымыз ішуге тура келсе алдымен аттың жалына тамызып барып ішеді (В.Рубрук). Бұл жосын Жаратқанға, Жаратқан Ие саналатын – жер, су, көк киесіне, касиетіне табынуға орай табиғаттың осы тылсым күш иелері алдымен ауыз тиюі керек деген көне наным-сенімге байланысты атқарылды;

– *қымыз ішу, құю*. Қымыз көптің асы деген бойынша бие байлап, қымыз ашытып отырған үйге дәстүрлі ортада кез-келген адам түсіп қымыз ішуіне болады. Әдетте, түске таман ауылдағы жақын төңіректегі көрші ауылдардан қымызшылар жиналады. Қымызды ер адам құяды. Яғни, оң жақта жағалай отырғандардың ішіндегі ең жасы кішісі, шетінде отырғаны құяды. Құюшы жігіт *аяқшы* деп аталады.



*Қымызшылар және аяқшы. Ә. Қастеев (репродукциялар альбомы).
(Алматы, Жалын. 1978 ж.) альбомынан алынды*

– қымызды аяқшы құймас бұрын қымыз батасы беріледі:

Құйрығын сүйреткен бөриден сақта.

Құрығын сүйреткен ұрыдан сақта.

Не тілеген тілеуін қабыл қыл!

Мұратын асыл қыл! Әумин!

– «бұйырыңыз» деп қымызаяқ соғыстыру. Қымыз құйылып таратылып болған соң үй иесі төрдегі үлкеннен бата сұрайды. Бата берілген соң үй иесі үлкенге қарата *бұйырыңыз* деп сұрай, үлкеннің қымыз құйылған аяғымен өз аяғын түйістіреді. Содан соң барлығы іше бастайды.

– *қымыз сыбағалау* немесе *ұсыну* – топ адам қымыз ішіп отырғанда сәлем беріп кіріп келген жасқа үлкен өзі ішіп отырған аяғын ұсынады. Оны сол адам қос қолдап алып түгел тауысып ішіп, қайта толтырта құйғызып иесіне қайтарады да тиісті орнына отырады. Сәлем беруі немесе болмысы ұнаған жастарға үлкендердің пейілі түскен

мұндай сыбағалау әркімге бұйыра бермейді. Ал, атакты адамдардың (*би, шешен, батыр* т.б.) сабасынан, шарасынан, саптыаяғынан қымыз ішу құрметке, мәртебеге баланған. Яғни, үлкеннің *сарқытын ішу* деп келетін үлкен мәнге ие ырымға байланысты жасалатын болса керек. Ол мәнісі жағынан бастан құлақ ұсыну, жартылай кесілген жамбас етін шақырып алып беретін жосынға ұқсас келеді;

– *қымыз қысап ішкізу*. Бұл салттың бір қыры – *ет асату* тәрізді үй иелерінің қонаққа көрсеткен ықылас-пейілінің бір түрі болса керек. Көшпелілердің қымыз қысап ішкізуін Шыңғыс хан ордасында болған Гильом де Рубрук былай деп сипаттайды: «... егер олар біреуді қымызбен қысағысы келсе құлағынан қатты тартып, сол адамның алдында би билеп, қолдарын шапалақтайды. Құлағынан тартса көмейі ашылып, қымызға тәбеті артады деп санайды»;

– *ұмсындыру*, яғни, қымыз ұсына беріп тартып қалу. Дәстүрлі ортада қыз жағының жеңелері күйеуге қымыз ұсынарда жасалатын ойынға негізделген кәделік жосын. Дәлірек айтқанда, келіншектер ұсынған қымыз, айран, т.б. сусын құйылған аяқты күйеу ала бермек болған кезде ұсынушы ойын-күлкі үшін өзіне тартып қалады. Тіпті, бірнеше рет ұмсындыратын да кездері болады. Ондайда, отырғандар қыран-күлкіге көміледі. Мәнісі күлкі тудырып, отырған қонақтардың көңілін көтеру мақсатында жасалатын ойын-сауық жоралғысы болып табылады.



Күйеуге «аяқ ұмсындыру». ҚР МОМ материалдары бойынша суретті салған Өктем Нәби

Мұндай ұмсындыруды XIII ғ. Гильом де Рубрук басынан кешкен екен. Бұл жайт жөнінде автор мынадай мәлімет қалдырды: «... біреуді сыйлап, оның көңілін көтергілері келсе қолында қымыз толы ыдысы бар, екі жағында билеп, әндете жүрген екі адамы бар қымыз ұсынушы адам қонаққа жақын келеді. Қонақ қолын созып қымызды ала берген сәтінде ыдысты дереу тартып ала қойып, қайтадан ұсынады. Оны үштен төрт ретке дейін қайталап әбден қалжың етіп, діңкесін құртады. Осылайша қонақтың көңілін көтеріп күлдіріп, қымызға тәбетін арттырып барып қана береді. Қымызды берген кезінде әндетеді және тауысып ішіп болғанынша, аяғымен жер соға, қол шапалақтап тұрып алады»;



– құдалық кезіндегі ойын-оспақтардың бірі саумалды құдаларға беріп ішгерін айдататын болған;

– қымыз ішіп отырған кезде кіріп келген бейтаныс адамның жас шамасына қарай отырғандар арасынан оған ығысып орын босатып берін, тиісті орнына отырғызып сый құрмет көрсетеді. *Бұрын келген қонақ соңғы қонаққа орын береді* – деген тәмсіл осыған байланысты айтылса керек;

– бие байлаған үйге келген адамға алдымен қымыз құйылуы тиіс. Құйылмаса әлгі адам өкпе артып кетеді, ал үй иесі сөзге қалады;

– ас өткергенде қымыз әкелген саба, сүйретпеге сыбағалап кәрі жілік, ақтық байлап жібереді. Өйткені, тамақ салынып әкелінген ыдысты бос қайтармайтын ырым бар. Ал, қар (кәрі) жілік негізінен туысына, өз адамына тартылатын мүше болғандықтан *қарына тартпағанның қары сынсын* деген ұғымға байланысты өзіне жақын санап бергенінің белгісі (**қ. Кәрі жілік**);

– өлік жөнелту кезіндегі жосын-жоралғыларда Қ.-дың атқарар өзіндік ғұрыптық функциясы болды. Мәйіт жерленген күні ымырт түскен соң үйдің оң жақ босағасына марқұмның балалары мен жақындары қырық шырақ жағады. Ш. Уәлихановтың айтуынша, шырақ жағумен қатар, төселген ақ киіздің үстіне бір тостаған қымыз қояды. Ол рухты қоректендіруге байланысты атқарылатын көне салттың реликтісі болса керек;

– Қ.-ға қор алған не алатын адам торсыққа я сабаға ақтығын байлап әкеледі. Өйткені, айран ұйытқысы сияқты Қ. қоры үй, тіпті ауыл құтына баланады (**қ. Құт**). Сондықтан, қор деп емес, *ашытқы* деп сұрап келеді.

– *сірге жияр* – күзде бие ағытылған соң қалған қымыздан барлық туыс-туған, көрші-қолан ауыз тиюі шарт. Ол келесі жылы да мал-жанымызбен тегіс аман болып, тағы да *қымызмұрындық* және *сірге жияр қымызды* бөлісіп ішуге жазсын деген ырым бойынша жасалады. Қазақы наным-сенімдегі дәм, ас-тұз адамға тілеуқор болып тұрады деген сенімге байланысты сыбағалағаны іспеттес күрделі жосын болып саналады. Қымыздың бұл түрінің *сірге мөлдіретер* деген де атауы бар (**қ. Сірге жияр**);

– *Қ. ішіп бәстесу*. Той-домалақта жиналған жұрттың ортасында жүлде алу үшін немесе бәс тігіскен адамынан асып түсу мақсатында қарсыласымен көп Қ. ішіп жарысатын болған. Ондайда үлкен шара толы Қ.-ды бәстескен екі адамның ортасына қойып қай бұрын ішіп бітіргені есіктен шығып кеткенше немесе қайсысы құспай көбірек шыдағаны жеңегін;

– дастарқан басындағы оғаш мінез, қылықтары үшін тоғыз аяқ Қ. ішуге бұйырған;

– *биені, бие сүтін, қымызды тіл-көзден сақтауға* байланысты төмендегідей жосын атқарылады: а) сүтке көз тимесін деп көнекке тас байлайды; ә) ыдыс түбіне тас салып қояды; б) ыдысқа үкі қауырсынын қыстырып қояды;

– сабадағы Қ. ірі берсе ыдысын аршамен ыстап, отқа тұз салып үстінен айналдырып аластайды.

Ырымдар мен тыйымдар:

– тостаған түбіндегі Қ. сарқынын төгуге болмайды, ырыс кетеді, биенің желіні кетеді;

– асқа, тойға арнайы әкелінген Қ. толы сабаны түтел сарықпайды. Түбінде азғантай болса да сарқыт қалуға тиіс. Себебі, саба кеуіп, семіп қалмасын, саба кепсе, малдың желіні семіп, сүті тартылады, құт-береке кетеді және сарқыт ішер жан қалмайды;

– бие саууға қолданатын көнек пен үйдегі сабаны төнкермейді. Түбін қолмен немесе таяқпен қағып ұрмайды. Бұлай істегенде көнек пен саба түбіндегі құт ұшады, ақ тартылады, ырыс шайқалады;

– алдыға келген Қ.-ды күттірмей ішу керек. Ақ телміріп қалса, адам да аққа қарап телміріп, зарығатын болады;

– бие сүтін, Қ.-ды аяқпен басуға болмайды, құт кетіп, ақтың киесі атады, кепиет болады. Егер іріген, айнып бүлінген Қ.ды төгу керек болса жылқы ішіне апарып, шұқанақ қазып көмеді;

– көнекке жаңа сауылған бие сүтінің көбігін жаламайды, Қ. сұйық болып маңызы кетеді;

– саба аузынан аяққа Қ. құймайды. Сондықтан, қымыз сабадан әуелі тегене, шараға қотарылып, сонан соң сапырылып барып, аяқ, тостағандарға құйылуы тиіс;

– Қ. қалдығын итаяққа құюға болмайды, қымыз ірігіш болып кетеді;

– бие сауыны кезінде биебау басына адамның жөнсіз, албаты баруына болмайды, мал сүт бермей қояды. Бұл – бір жағынан тіл-көз тиесі деген де сақтандыру қамы.

Қымыз жайлы кейбір өлең-жырлар мен мақал-мәтелдер. Қ. жайлы ауыз әдебиетінде біршама мәліметтер кездеседі. Солардың бірі – төрт түлік мал айтысы. Бұл айтыста әр түлік өзінің адамға берер өнімдерін айтып мақтанады. Осыған орай, сиыр жылы мен жылқы жылының айтысын мысал ретінде келтіруге болады. Сиыр:

*Емшегім – сүт, терім – бұйым, денем – ет,
Сен, жылқы, мен тұрғанда адамға шет.
Әрбір үйдің әрдайым мен қасында,
Сен бір безбе, кісендеулі қашанда, –*

дегенде, жылқы кісінеп айтқан екен дейді:

*Жау келгенде жұртта қалдың сен сасып,
Жақсы болсаң, кетер едің бел асып.
Қымыз барда сүт қазаққа тамақ па?!
Сенің құның татымайды жармаққа...*

Сондай-ақ, дәстүрлі ортада ана айтатын бесік жырында Қ.-дың тұрмыстағы орны былайша сипатталады:

*...Бурыл тайға мін, бөпем,
Ақ қызы бар ауылдың
Балтаң, балтаң үйіне...
Бұралып барып түс, бөпем,
Қымызынан іш, бөпем.
Қымызынан бермесе,
Қызын ала қаш, бөпем.
Ашуланса ағасы,
Іштен шалып жық, бөпем.
Кекендесе жеңгесі,
Жынға басын тық, бөпем!...*

Сұлтанмахмұд Торайғыров «Қымыз» деп аталатын арнайы өлеңінде Қ.-дың қазақ тіршілігіндегі орны мен маңызын төмендегідей поэтикалық образбен әспеттеді:

*Алдияр аруағыңа еткем, қымыз
Сені ішкен мұратыңа жеткен,
Бас иіп айдыныңа ауыл-аймақ,
Қоясың қоғамыңды жіпсіз байлап.
Құдай иіп құлқынға түсе қалсаң,
Есілдей есіп, шалқып, ақақайлап...*

Сонымен қатар:

*Жылқы жаным
Қымыз қаным...*

(Ақтайлак би)

немесе

*Қымыздың құнын саба білсін қайдан,
Оған бір бас – қымыз бен іркіт, айран*

(М.Ж.Көпеев)

Сондай-ақ,

*Арудан асқан жан бар ма
Жылқыдан асқан мал бар ма
Биенің сүті сары бал –
Қымыздан асқан дәм бар ма!*

*Басыңнан қымыз кетсе, қызық кетер,
Сын-сыйлық, сәулетінді бұзып кетер.
Кешегі бәйек болып отырған жұрт,
Күдерін бүгін сеннен үзіп кетер*

(Бес ғасыр жырлайды)

Қымызға байланысты кейбір мақал-мәтелдер:

- берместің үйінде бесті қымыз тұрады
- бесті қымыз ішсең, белдеуден шықпай қаласың
- қымызы бар үйдің қызығы бар
- жас қымыздың қызуы түске шейін, желігі кешке шейін
- қылыш үстінде серт жоқ, қымыз үстінде кенес жоқ

Қымыз сөзінің шығу төркіні хақында. Қ.Халид:

«қымыз – арабша «хамуз» – дан алынған, мәні «ашқылтым қышқыл», қытайша «маниза» – жылқы сүті, монғол-қалмақ «чигин» деп атап, осыған қарай ноғай, қазақ, түрік, күрд халықтары «чигин» яки «шеген» атаған, соңыра исламмен бірге арабтар келіп «хамуз» атап, бұл азғана өзгерістерімен қымызға айналған. Қазір орыстар мен бүкіл европалықтар қымыз деп атайды» дейді. Алайда, Қ.Халидтің 1992 ж. қайта басылып шыққан кітабына берілген түсінікте тілші-ғалымдар бұлайша араб сөзімен шатастыруға болмайды, түркі тілінде **қым** сөзі «қышқыл», «ащы» деген мағына береді де, **-ыз** коптік жалғауы деп түйіндейді. Демек, Қ.-дың генезисі түркілік этномәдени ортадан бастау алады.

Әлеб.: *Левшин А.И.* Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. В 3-х частях. СПб.: Тип. Карла Крайя, 1832; *Мейер Л.П.* Общественный и частный быт киргизов // Материалы для географии и статистики России, собранные офицерами Генерального штаба. Киргизская степь Оренбургского общества. Ч.1. СПб., 1865. С.247-260; *Постников Н.П.* О кумысе и его свойствах и действии на человеческий организм. Самара, 1873; *Добросмыслов А.И.* Скотоводство в Тургайской области. Оренбург: Тургайский обл. стат. комитет, 1895; *Аничков И. В.* Поездка на киргизские поминки в 1892 году // ИОАИЭ. Казань, 1897-1898. Т. XIV. Вып. 2; *Голубов Н.О.* О кумысе. Москва, Первая женская типография. 1899; *Дмитриев Д.* На кумысь у киргизов. Брянск. Типография М.Юдина. 1901; *Каррик Джордж.* О кумысе. 2-е издание. СПб. Издание К.Л. Риккера. 1903; *Рубрук В.* Путешествие в восточные страны. СПб., 1911; *Фиельструп Ф.А.*

Кара-космос Рубрука // Этнография. 1926. № 12. С. 259 - 261; *Фиельструп Ф.А.* Молочные продукты турков-кочевников // Казаки. сборн. статей. Л.: Изд-во АН СССР. 1930. Вып. XV. С.263-301; *Потанов Л.П.* Древн. обычай, отражающий первобытнообщинный быт кочевников. // Тюркологический сборник. 1951. № 1. С. 164 -175; *Потанов Л.П.* Особенности материальной культуры казахов обусловленные кочевым образом жизни // СМАЭ. М.- Л.: Изд-во АН СССР. 1949. Т. XII. С. 43-70; Батырлар жыры. 1-том. Құраст.: М.Г. Ғұмарова, О.А. Нұрмағамбетова, Б.Уахатов Алматы: Қазмемкоркемәдеббас, 1959; Қымыз шұбат. Алматы, Қайнар, 1980; *Новгородова Э.Э.* Древняя Монголия. М.: Наука,1989; *Вайнштейн С.И.* Историческая этнография тувинцев. М.: 1972; *Муқанова Т.А.* Молочное хозяйство казахов в дореволюционный период. Дисс. канд. ист. наук. Алматы, 1970; *Құрбанғали Х.* Тауарих хамса (бес тарих). А.: Қазақстан, 1992; *Шарипов С.* Екі томдық шығармалар жинағы. 2-том. Алматы: Жазушы, 1982.; ҚСЭ. VII; *Добродомов И.Г.* «Черное молоко» в Ипатьевской летописи // Русская литература. 1982. № 3. С. 202-203. *Кадырабаев Р.Х.* Верблюжье и кобылье молоко в лечебной питании. Алматы: Қазақстан, 1985. *Асылбеков Б.* Қымыз – шипалы сусын. Алматы: Қайнар, 1986; *Қатран Д.* Қазақтың дәстүрлі ас-тағам мәдениеті. Ғылыми редакторы және алғы сөздің авторы Нұрсан Әлімбаев. Алматы: ҚМӨҒЗИ, 2002; *Тоқмабай А.* Қымыздың // Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. 1-том. Біртұтастығы және ерекшелігі. Алматы: Арыс, 2005; Қазақ әдебиетінің тарихы. 1-том. Қазақ фольклорының тарихы. Жалпы ред. басқарған С. Қасқабасов. Алматы: ҚазАқпарат, 2008; *Көпейұлы М.Ж.* Шығармалары. 2-том. Павлодар: ЭКО ҒӨФ, 2003; КР МОМ материалдарынан; ОМЭЭ-материалдарынан

ҚЫМЫЗ ӨЛТІРУ – саумал құйылған сабаны жорға атқа артып, біршама уақыт арлы-берлі жорғалату тәсілімен қымызды жарату. Халықтың ескілікті тұрмысын терең білетін белгілі аға буын жазушы Асқар Тоқмағамбетов «Жыр күмбезі» кітабында Қ.ө. әдісін былайша сипаттап көрсетеді:

«Кең дастарқан жайылып, кеңес қыза бастады. Сапырулы сары қымыз, беттен майы шығып кілкілдеп тостағанға құйылды. Қымызды күмпілдетіп пісуді өлік үстінде әбес көрді де, жеті-сегіз жорғаны қатар қойып сабалы қымызды жорғамен шайқап өлтірді. Жұтқанда жұмбақ көрінсе де ішке барғанда ашулы қымыз жеңіл-желпі адамдарды қаңбақ қып жіберді».

Байырғы қазақ тұрмысында дүбірлі той жасап, ас бергенде әр аймақ, әр тараптан топ-тобымен қонақтар ондап, жүздеп келін жатады. Ат арылтып, шөліккеп келген қонақтарды қазақ асының асылы деп, тойшы ауыл алдымен қымыз ұсынады. Үсті-үстіне келіп жатқан қонақтарға қымыз жаратып беру үшін саба-саба қымызды пісіп үлгеру қымызшылар үшін қиын болатыны белгілі. Бұндайда желі басындағы биешілер тақымы атқа үйір ересек балаларды саба артылған жорғаға мінгізіп, біршама уақыт ауыл маңайын арлы-берлі кездіреді. Жорға ырғағымен сабада бір қалыпты шайқалған қымыз үйде пісілген қымыздан дәмі артық болмаса кем түспейді.

Әлеб.: *Тоқмағамбетов А.* Жыр күмбезі. Алматы: Жазушы, 1975; *Уәли Н.* Бұрынғыдан қалған сөз (қолжазба); КР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚЫМЫЗ ШҮ – топты адамның қымыз ішу және осы кезде жасалатын жосын-жоралғылардың атқарылу үрдісін білдіретін атау. Ел жайлауға қонған соң жаз басында биенің байлануымен малшылар қауымы үшін қымыз ішу маусымы басталады (**қ. Жайлау**). Бие байланып, қымыз қоры молая бастаған соң-ақ, саба тұрған үйден келін әркімнің қымыз ішуі дәстүрлі ортада қалыпты жағдайға саналған. Ауыл



адамдары әсіресе, ерлер жағы түске таман бие байланған, яғни, қымыз сабасы тұрған осы үйге жинала бастайды. Алғашқы бір-екі адам келген соң, үй иесі сабадан тегенеге қымыз қотартып, қымыз ішудің қамын жасай бастайды. Әдетте, осындай түс әлетінде келген бірлі-жарым бейтаныс жолаушыларға шай демдеу сияқты ас-су қамы жасалатыны белгілі. Ал, қымыз ішуге келген ауыл адамдарына мұндайда кәдімгі дастарқан жасалмай, бірден қымыз құйылады. Өйткені, дәстүрлі ортада қымыз – көптің асы, ауыл-үй адамдары немесе бөтен, жат демей жаппай тартылуы тиіс береке. Қымыз ішуге келгендер де әдеттегі дастарқан басындағыдай әлеуметтік мәртебесіне, жас ерекшелігіне қарай төрден бастап отырысады. Күнделікті қымыз ішуді топты ортада бастаудың ғасырлар бойында қалыптасқан өзіндік жол-жоралғысы бар. Ол төмендегідей:

– ортаға қымыз құйылған тегене (шара), аяқ сияқты қымыз ыдыстары қойылып, аяқшы ыдыстарға қымыз құйып болған соң үй иесі төрдегі қонақтардың үлкеніне, яғни оң жағында отырған адамға өз тостағанын *бұйырыңыз* деген тілек айтып, түйістіреді. Осыдан соң басқалары да *бісімлә* айтып жабылып қымызға бас қояды. Бұл қымыз ішуді бастауға рұқсат сұрау, бата алу мәндес ғұрып болып саналады. Ал, алғашқы қымызды ауыл аймақ, ағайын-туыс болып жиналып, бата жасап ішетіні белгілі (**қ. Бие байлау; Қымызмұрындық**). Ал, күнделікті қымыз ішуді бастар алдында үй иесі мен сыйлы қонақтың осылайша *бұйырыңыз* айтып түйістіруі бата жасау мезіретін білдірсе керек (**қ. Бұйырыңыз**).

– қымыз ішу кезінде үйге кірген адамды жасына қарай араларынан ығысып орын шығарып, отырғызады. Ал, келген адам жолаушы болса, үй иелері қонақтан бірден қымыз ішетінін немесе шай ішетінін сұрайды. Сондай-ақ, осындай ду-ду қымыз ішіп жатқандардың үстіне келіп кірген ауыл жігіттеріне, жылқышы, қойшы бозбалаларға *ұсыну* деп аталатын үлкеннің өз ыдысындағы қымызын беретін салт бар. Ол көбінесе кіріп келгенде сәлем берісі, болмысы ұнағандарға жасалады. Кейбір қарттар өзінің жолсерігі, шабармандарына жасауы да мүмкін. Ондай несібе бұйырған жігіт ақсақалдың қымызаяғын қос қолмен алып, қымызын түгел тауысып ішкен соң, қайтадан толтырта қымыз құйғызып, иесіне рахметін айтып, қос қолдап қайтарған соң ғана барып, тиісті орнына отырады. Бұл бір есептен бата алғанмен тең келетін әдетке жатады. Үлкендердің ықыласы түскен мұндай *ұсыну* әркімге бұйыра бермейтін жағдай (**қ. Қымыз**). Мұның астарында үлкеннің батасын алған, дәлірек айтқанда, сарқытын ішкен сияқты түсініктердің жататыны белгілі. Мұндай *ұсыну* бұйыртқандардың кейін «*пәленнің қолынан ас ішкен*», «*пәленнің сарқытын ішкен*» деп үнемі айтып жүретіндігі сондықтан.

Әдеб.: Қатранұлы Д. Ұлттық тағамның этномәдени қызметтері // Жұлдыз. 1994. №3-4. 188-199-бб; Оспанов Д.М. Қазақстанның Оңтүстік аймағындағы қазақтардың дәннен жасалған ұлттық тағамдары (XIX ғ. аяғынан қазірге дейін). Тарих ғылымдарының канд. дәрежесін алу үшін дайындалған дисс. Алматы, 1997; Жилкубаева А.Ш. Этнолингвистическая характеристика некоторых терминов питания казахского языка, связанных с традициями, обычаями народа // ИАН КазССР. Серия филологическая,

1990. С.19-25; Алимбай Нурсан, Хатран Д. Этикет казахского застолья – дастархан // World Discovery. 2004. №1. С.70-73; Кенжеахметұлы С. Ата мұрасы – асыл қазына 1-к. Астана: Аударма, 2005; Хатран Д. Кумыс - ритуальный напиток Казахского дастархана (тезис) // Сборник материалов VII конгресса этнографов и антропологов России. Саранск, 9 – 14 июля 2007 г.; КР МОМ материалдарынан; ОМЭЭ материалдарынан

ҚЫМЫЗДЫҚ – орман алқаптарындағы тастак жерде өсетін, сабағы баланың бойындай болып тік өсетін, тамыры түсті қызғылт түсті шөп (латынша атауы – *Rumex*). Жапырағы кезектесіп, ұсақ гүлдері шоқталып өседі. Осыған байланысты Қ.-ты кейбір өңірде *сыырқұймышақ* немесе *тайқұйрық* деп те атайды. Қ.-тын қышқыл дәмі бар.

Халық емшілігінде пайдалынылатын Қ.-тын жапырағын жазда, тамырын күзде жинап алады. Оны суға қайнатып дайындаған қайнатындысын бауыр мен өттің қызметінің бұзылуына, әсіресе өтті айдататын ем орнына қолданылған. Сол сияқты қуық тұтылу және буын ауруларына қолданған.



Қымыздық. ОМЭЭ – материалдарынан

Әр түрлі жолмен өңдеп, басқа да ауруларға пайдаланады. Мысалы, Қ.-ты талқандап, адамның омырау сүтімен араластырып, көз қызарғанға ем ретінде пайдаланған. Ал Қ.-тын жаншып өңделген тамырын сыздауыққа таңған.

Қолөнерде қымыздықтың сабағын тері илеуге, түп тамыры мен жапырағын сары, қара бояу алуға қолданды.


Әдеб.: Большой С. О приключениях в плену у киргиз-кайсаков // Сын Отечества. Ч.76. М., 1882. С.168-303; Яроцкий С.А. Народная киргизская медицина // Народно-врачебная газета. 1836. №10; Қазақ емшілігінде ұдайы қолданылатын дәрілер. Құраст.: М.Қанапиянұлы, А.Әнуарұлы. Үрімжі: ШҒТДСБ, 1988; Массажетов П.С. Өсімдік әлеміне саяхат. Орыс тілінен аударған А.Бейсенбаев. Алматы: Қайнар, 1988; Қашев Б. Қазақ тіліндегі өсімдік атаулары. Алматы: Ғылым, 1988; Қожабекова М., Қожабекова Г. Дәрілік өсімдіктер. Алматы: Қазақстан, 1992; КР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚЫМЫРАН – сүттен әзірленетін қышқылтым дәмді сусынның атауы. Алайда, ол еліміздің әр жерінде әртүрлі аталады: Көкшетауда айран қосқан су, Шуда қымызға қосылған сиыр сүті аралас су, Маңғыстауда ашыған көже, Орынборда жылы су мен сиыр сүтін қосып қымызға араластырылған сусын, сондай-ақ бірыңғай түйе немесе сиыр сүтінен ашытып дайындаған сусын. Арал өңірінде тіпті, қымызды Қ. деп те атайды. Сиыр сүтінен ашытып әзірлеген осы сусынды кейде сиыр қымыз деп те атау қалыптасқан. Демек, Қ. қазақта әртүрлі тәсілмен ақтан

әзірленген қышқылды сусындардың түрлерінің ортақ атауы болып табылады. Ғылыми зерттеулерге қарағанда, ашытылған сүтте күрделі биохимиялық өзгерістердің нәтижесінде дәрумендер құрамы екі есеге артады екен. Қ. әсіресе, ас қорыту жолдарын жақсартады және өт тазартуда таптырмас ем болып саналады (қ. *Лисне*). Өкпесі ауыратын, демікпесі бар адамдар Қ.-ға күшала қосып пайдаланды (қ. *Күшала*). Қ.-ның оңайлықпен және жуырда ірі қоймайтын қасиеті бар. Шамамен бір аптадан ұзақ уақыт немесе әлдебір гигиеналық шарттың сақталмауына байланысты ғана іритін Қ.-ның көшпелі ортада ең көп тараған тағамның қатарына жатқандығы сондықтан.

Әдеб.: // ТС. Т.565. Ташкент, 1914. С.38; Жақыпов Ә. Түйе өсірушінің түсіндірме сөздігі. А. Қайнар. 1989; Қатран Д. Қазақтың дәстүрлі астағам мәдениеті. Ғылыми редакторы және алғы сөздің авторы Нұрсан Әлімбаев. Алматы: ҚМӨҒЗИ, 2002; ҚР MOM материалдарынан; ОМЭЭ-материалдарынан

ҚЫН – басы қысқа кесу қаруларының (*қанжар, кездік, пышақтарды*) салып алып жүретін жабдығы, қабы. Қанжар, кездік қындары ағаштан жасалды, кейде сыртынан *терімен* қапталды. Қанжар Қ.-ының теріден немесе металдан жасалып, түрлі әдіспен (бедерлеу, қырнау, баспалау) өрнектелген мойнағы және түбегі болады, түп жағы тері алақанмен бітіп, мойнағына белге ілуге арналған жалпақ қайыс ілгек тағылды.




Пышақ қындарының суреті. Суретші Қ.Ахметжан. ҚР MOM қорындағы материал негізінде салынды

Пышақтардың қындары екі бүктелген тері кесігінен тігіліп жасалды. Қазақ пышақтарының Қ.-дары інішінің, әшекейленуінің көптүрлілігімен ерекшеленеді. Қ.-ның ауыз тұсындағы мойнағы әдетте тері немесе металдан жасалды. Белге тағатын *қайысбауы* өте жалпақ болып келеді де, астыңғы жағы бірнеше ұзын *таспаларға* тілініп, қыннан төмен шашақ болып түсіп тұрады. Қынның ұшы *шашақпен* немесе әртүрлі пішінде жасалған жалпақ қайыс *алақанмен* бітеді. Қындардың беттері *бедерлеу, кестелеу*, түсті матамен астарлау әдістерімен көркемделіп, металл жапсырмалармен әшекейленді.



Пышақ қыны. ҚР MOM қорынан (КП 11280)

ҚР MOM қорындағы (КП 11280) пышақтың қыны қоңыр түсті теріден тігілген. Қынға пышақ сабымен кіріп тұрады. Қынның пышақ жүзі орналасатын бөлігі жапырақ формалы болып жасалып, беті теріге бедерлеу әдісімен салынған сызықшалардан құралған шырша пішіндес өрнекпен және дөңгелек металл *шытырамен* әшекейленген. Пышақтың сабы кіріп тұратын бөлігі конус формалы жасалған, ауыз тұсында металл *мойнағы* бар. Мойнағы қырнап салынған сызықтармен әшекейленген. Қын екі қабат теріден тігілген үлкен алақанға бекітілген.



ҚР MOM материалдары бойынша суретті салған Қ.Ахметжан

Алақанның беткі қабаты шетінің бойымен және ортасында он бір дөңгелек бедерлі металл шытыралармен әшекейленіп, жарты дөңгелек түріндегі жеті тесік жасалған. Алақанның арасынан тері таспа жіберіліп, оның үстіңгі жағы артына қайырылып тігіліп, белдікке тағуға арналған ілгек түрінде жасалынған. Астыңғы жағында тері таспа жеті жіңішке таспаларға бөлініп, шашақ түрінде қыннан төмен түсіп тұрады. Шашақтың жіңішке таспаларының беті бедерлеп салынған торлы сызықпен және сопақ формалы өрнекті бес металл шытыралармен әшекейленген. Жалпы ұзындығы 50 см, қынның ұзындығы 21 см, ені ортасында 4,5 см, ауызының диаметрі 9 см. Алақаны мен қайысбауының ұзындығы 21 см, шашақтарының ұзындығы 29 см.



Қанжар қынымен. ҚР MOM қорынан (КП 2059)

ҚР MOM қорындағы (КП 2059) қанжар қыны ағаштан жасалған екі жарты бөліктен тұрады. Қимасы төртбұрышты формада, бұрыштары доғалданған. Қынының жезден



жасалған ернеуі мен ұштығы бар. Қынның беті оймалап салған жолақ сызықтармен қарабайыр әшекейленген. Ұзындығы 45 см.

Әдеб.: *Кайдаров А.Г.* Доспехи и вооружение война-батыра в казахском эпосе и их этно-лингвистическое объяснение // Известия АН Каз ССР. Серия общественная. 1976. № 6. С.25-34; *Ахметжан Қ.С.* Қазақтың дәстүрлі қару-жарағының этнографиясы. Ғылыми редактор және алғы сөздің авторы Нұрсан Әлімбаев. Алматы: Алматыкітап, 2006; ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚЫНА¹ – Таяу Шығыстың, Солтүстік Африканың ыстық шөлейт жерлерінде өсірілетін, биіктігі екі метрден асатын, лавсония, хенна (*Lawsonia inermis*) деп аталатын өсімдіктің жапырағынан өндірілетін, күлгін жасыл түсті ұнтақ бояу.

Өсімдіктің дәнінен косметикалық май, жапырақтарынан жалпы атауы Қ. деп аталатын түрлі далаптық бояулар өндіріледі. Қазақ жеріне Қ.-ны импорттық тауар ретінде шығыс саудагерлері жеткізетін. Қ.-ның кептірілген жапырақтарының ұнтағынан тырнақты, шашты бояйтын бұйым дайындалатын. Қ.-мен тырнақтар қоңырқай қызыл түске боялып, 15-20 күн шамасында түсін сақтайды. Шашты бояу үшін Қ.-ны суға езіп, қаймақтың қоюлығындай қоймалжың етін шашқа жағып біраз уақыттан кейін сумен мұқият жуып тастаса, шаш қызыл мыстың реңіндей қызғылт тартып жалтырап, жұмсарып шығады. Бұл, бір жағынан, әдемілік берсе, екінші жағынан, шашты қатайтатын емдік әсері бар.

Қ.-ны қазақ жерінде ерте кезден кеңінен пайдаланылған әйелдердің дәстүрлі косметикасының қатарына жататын. Жас келіншектер мен қыздардың Қ.-мен тырнақтарын, шаштарын бояуы кеңінен өріс алған құбылыс болғаны белгілі. «Қыналы бармақ, жез тырнақ...» деген өлең жолдары Қ.-ның дәстүрлі ортадағы қолданысының ауқымын көрсетсе керек. Салдар мен серілердің де парсы елдерінің ер адамдарына еліктеп, сақал-мұртын Қ.-мен бояған жайты болды. *Қынаменде* атқару үрдісі күйеуді қарсы алған қыздың жеңгелері мен дос-жарандарының тырнақтарын Қ.-мен бояу дәстүрін білдіреді. Тіл зерттеуші мамандар «қынаменде» сөзтіркесінің түптөркінін аталмыш жосынмен байланыстыратындығы сондықтан (қ. *Қынаменде*).

Әдеб.: *Краузе И.* О косметических средствах // ТС. Том 52. Н.А.Маева. СПб., 1873 С.447-449; *Кох К.* Бухарская косметика // ТС. Том 465. Ташкент, 1908. С. 149-150; Диалектологиялық сөздік. Алматы: Арыс, 2007; ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚЫНА² / ТАСТЫҢ ҚЫНАСЫ – төменгі сатыдағы споралы өсімдіктер қатарына жататын организмдер тобы. Қ. саңырауқұлақтар мен микросубалдырларының симбиозы. Қ. құнарсыз тастақ жерлерде, тастарға, қу ағаштарға шығады. Қазақстанда Қ.-лардың 500-ге тарта түрі өседі. Деректерге карағанда, қазақтың халықтық медицинасында, Қ.-ның кейбір түрлерінен дәрілік тұнбалар дайындалған.

Қ.-ны үй шаруашылығында тері, жүн, ағаш бұйымдарды бояуға пайдаланған. XIX ғ.-дың екінші жартысынан бастап химиялық бояулардың кеңінен қолданысқа енуіне байланысты қазақ жерінде қолдан жасалатын табиғи бояуларды өндіру күрт төмендеп, тіпті кейбір бояуларды

дайындаудың дәстүрлі технологиясы ұмытылды (қ. *Ойраншоһ / Ләйлешоһ / Риян*). Осының қатарына Қ.-дан бояу дайындайтын дәстүрлі технология да жатады.



Тасқа шыққан қына. ОМЭЭ материалдарынан

Бояу жасау үшін шикізат ретінде Қ.-ны жинау, оның өсу ерекшеліктеріне байланысты (тасқа жабысып өсуі, ұсақтығы мен қаттылығы) едәуір қиындықтар туғызды. Бұл жайт бояу дайындаушылардан ерекше ыждағат пен шыдамдылықты қажет ететін. Дегенмен, деректерге карағанда, кәнігі бояушылар тастағы Қ.-ны жинаудың өзіндік тәсілдерін жақсы меңгергендіктері соншалықты, олардан кейін әлгі тас тап-таза болып қалатын. «Қынадай қырылды» деген сөз тіркесі осы жайтқа байланысты қалыптасса керек.

Әдеб.: *Краузе И.* О косметических средствах // ТС. Том 52. Н.А.Маева. СПб., 1873 С.447-449; *Кох К.* Бухарская косметика // ТС. Том 465. – Ташкент, 1908. С. 149-150; *Бабалықұлы Ж.* Мал ауруларының казакша атаулары. Алматы: Кайнар, 1986; Диалектологиялық сөздік. Алматы: Арыс, 2007; ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚЫНАЛЫ БАРМАҚ – қолы берекелі, ас-суды таза ұстайтын, киім-кешегін, үй-жайын күтіп қарайтын, дүние-мүлкін ысырапсыз пайдаланатын жақсы әйелдің сипатымен байланысты ұғымды білдіретін атау. Бұл туралы атакты ақын Шал Құлекеұлының өлеңдері, шешендік сөздерінде ұшырасады:

*Екінші әйел – қыналы бармақ деймін:
Аз нәрсені көптей қылады,
Көп нәрсені көлдей қылады,
Киіміне кір жұқтырмайды,
Асына қылшық тұрмайды,
Дүниесінің бәрі таза болады.*

Сондай-ақ қазақтың ескілікті жоқтау өлеңдерінде айтылатын *қыналы бармақ, жез тырнақ* дейтін тұрақты тенеу бар:

*Қыналы бармақ, жез тырнақ,
Күніне қанға боййын.
Албыраған ақша бет,
Сүйегіне таяйын.*

Ері өлген әйел дәстүр бойынша бетін осып, бармағын қанға бояп, жоқтау айтады. Бармағы қынаға боялғандай болады. Қаралы жыл өткен соң, әйелді жесір қалдырмай, әменгерлік жолмен, өзінің келісімін ала отырып, марқұмның ет-жақын туыстарының біріне қосады.

Егер жесір қалған әйел әмеңгерлік жолға келіспей төркін жұртына кететін болса, оның ұлын жібермей алып қалады, ал қызы болса, анасынан ажыратпай, төркін жұртына тиесілі мал-мүлкімен аттандырады.

Әдеб.: *Шал ақын Құлекұлы*. Шығармалары. Зерттеулер. Құраст. С. Қосанов, Т. Әлібеков. Алматы: Дайк-Пресс, 1999; ҚӘТС. 10-том. Алматы: Арыс, 2009; *Уәли Н.* Бұрынғыдан қалған сөз (қолжазба). ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚЫНАМА БЕЛ / ҚЫНАЙ БЕЛ – дәстүрлі киім пішуде қолданылатын әдіс. Қынама деген сөз белі тартылған, бүрілген, яғни, жиырылып тігілген дегенді білдіреді. Киімнің белін бұлай тігу қазақта көбінесе әйелдердің, әсіресе қыз балалардың камзол, көйлектерін пішуде кеңінен қолданылады (**к. Әйел заты; Киім-кешек; Қыз**). Яғни, Қ.б. деген қыздың жінішке, қыпша беліне байланысты шыққан. Қазақта бойжеткен қыздардың дене бітімін *қыпша бел* деп сипаттап, суреттеп жатады. Мысалы:

*Аулым көшіп барады Құрайкөлге,
Жарасар дүрия бешпет қынай белге.
Кеткенде аулым алыс, сәулетайым,
Көзіңнен айналайын жылай көрме –*



Бешпет. ҚР MOM қорынан (КП 661).

ҚР MOM қорындағы (КП 661) белі қыналып тігілген әйел адамның камзолы күрең қызыл жібек барқыттан, астары сиякөк түсті атластан тігілген. Белі қынай пішілген, жағасы тік. Жеңі шынтақ тұсынан бүрін тігілген. Ішкі беті, етегі,

өңірі мен жағасына қызыл түсті сәтеннен *бұлық* салынған. Желкесі мен иығына ішкі жағынан *иініш* салынған. Екі өңірінің шетіне, жағасына және етегіне айналдыра зертаспа басқан. Омырауының ішкі жағынан 10 түйме қадалған. Етегінің артқы жағында кішілеу келген жырығы бар.

Әдеб.: *Захарова И.В., Ходжаева Р.Д.* Казахская национальная одежда: XIX - нач. XX в. Алма-Ата: Наука, 1964; *Мұқанов С.* Халық мұрасы (тарихи-этнографиялық шолу). Таңдамалы шығармалар. XV том. Алматы: Жазушы 1979; Қазақтың дәстүрлі киім-кешегі. Ғылыми каталог (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде). Ғылыми редактор және жоба жетекшісі Нұрсан Әлімбаев. Алматы: Өнер, 2009; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚЫНАМЕНДЕ – күйеу жігіттің ауылына ұрын келуге рұқсат алғаннан соң қалыңдық отауына немесе қыз жеңгесінің үйінде оның алғаш келуін қарсы алып өткізетін жастардың ойын-сауық тойы. Күйеу жігіт қалыңдығының ауылына келу үшін құдаласу кезінде белгіленген *қалыңмалдың* бір бөлігін, қыз әкесіне деп жақсы ат пен қоржын, қыз анасының *сұтақы* кәдесін әкелуге тиіс (**к. Қалыңмал; Сұтақы**). Бұл әкелгендеріне қыз әкесінің көңілі толмаса күйеу жігітті ауылға кіргізбей, қайтарып жібереді, ал әкелгендері ойдағыдай болса, оның ұрын келуіне рұқсат беріледі (**к. Ұрын бару / Ұрын келу**). Онда да әдеп нормасы бойынша күйеу жігіт ауылдағы үлкендердің көзіне түспей жасырын жүреді. Ал, әртүрлі кәделерін берген соң күйеу жігіт қатар құрбылары, қыз жеңгелерімен ашық-жарқын жүреді. Ұрын келген күні кеш қараңғысы түсе арнайы белгіленген үйге қыздың қатар құрбылары ауыл жастары жиналып, ойын-сауық өткізеді.

*Күйеу келтір, қыз ұзат, тойыңды қыл,
Қыз таныстыр – қызыққа жұрт ыржаңшыл.
Қынаменде, жар-жар мен беташар бар,
Өлеңсіз солар қызық болама гүл –*

деп, Абай айтқандай, қызбен жігіт айтысы, өнерлі жастар ән шырмап, күй тартып кеш думанын қыздыра түседі. Қ. сауығында әзіл-күлкіні қызықты ән шырмап, домбыра шертуді, айтысты әуелі қыз-келіншектер жағы бастайды. Дөңгелене отыра қалып *мыршым, орамал тастамақ* т.б. ойындар ойналады.

Қазақтың Солтүстік, Солтүстік Шығыс аймақтарында Қ. тойы деп аталса, өзге жерлерде күйеу жігіттің ұрын келуімен байланысты *ұрын той* делінеді (**к. Ұрын той**). Күйеу жігіттің ұрын келгендегі тойдың Қ. деп аталу себебін қыз-келіншектер қызылды-жасылды киініп, тырнақтарын қынамен бояп келгендіктен солай аталған деген түсінік қалыптасқан.

Әдеб.: Абай. Екі томдық шығармалар жинағы. 1-2 том. Алматы: Жазушы, 1986; *Уәли Н.* Бұрынғыдан қалған сөз (қолжазба); ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚЫНАП – басы ұзын кесу қарулары семсер, қылыш, сапыларды салып алып жүретін жабдығы, қабы. Этимологиялық тұрғыдан келетін болсақ, бұл жауынгерлік жабдықтың атауы *қынау* орау, қаптау сөзінен шыққан.

Қ.-тың негізі ағаштан жасалып, сыртынан түрлі материалмен – матамен (барқытпен), терімен (сақтиян, көксауыр) және металмен қапталды. Қ.-тың ауызында қылыш балдағын бекітіп ұстап тұратын мойнағы,

кылышбауды тағуға арналған шығыршығы бар құрсаулары, қынаптың түбін бұзылудан сақтайтын түбегі сияқты металдан жасалған қосымша конструктивтік элементтері болады. Әдетте Қ.-тың бұл маңызды элементтері ою-өрнекпен әшекейленіп көркемделді. Дәреже белгісі, билік атрибуты ретінде қолданылатын салтанатты қылыштардың (семсерлердің, сапылардың) Қ.-тары алтын, күміспен қапталып, асыл тастардан (ақық, перуза (бирюза) көз салып әшекейленді.



Қынап

ҚР МОМ материалдары бойынша суретті салған Қ.Ахметжан

Қ.-ты қайыстан не матадан жасалған «қылышбауы» (портупейасы) арқылы белге тағып немесе иыққа асып алып жүрді. Қ. пен қылышбауға біркелкі материал қолданылып, бір стильде, бірдей әдіспен әшекейленді. Сәнді қылышбауларды күмістелген, алтынданған металл жапсырмалармен көркемдеген.

Көшпелі халықтардың дәстүрлі мәдениетіндегі қару-жарактың белгілік, символдық функциясына байланысты әлеуметтік қатынастар жүйесінде қылыш патшалық билік атрибуты ретінде патшаны символдаса, қылышты ұстап тұратын жабдық ретінде қынап елдің символы ретінде түсінілді.



Қынап. ҚР МОМ қорынан (КП 1950)

ҚР МОМ қорындағы (КП 1950) қылыш Қ.-ы екі бөлік ағаштан жасалып, сыртынан қарақоңыр түсті бүртікті сауыр терімен қапталған. Терінің тігісі ішкі жақ бетінде, беті тегіс болу үшін, ағашқа ойық жасалып, тігісі соған батырылған. Қ.-тың ауызында қылыш балдағының ұшы кіріп тұратын ойығы және қылыш оңай суырылуы үшін, ұзындығы 8 см жырымы жасалынған. Қынның түбінде жұқа күмістен жасалған ұштығы бар, оған баспалау әдісі арқылы көгеріс өрнек салынған. Қынды белге байлайтын қайысбаулар тағуға арналған, үстіңгі жағында шығыршықпен бітетін,

ортасы жапырақ формалы болып келген екі темір құрсаулары бар. Құрсауларының және түбегінің арасында қынап ағашына оймыштап сызық және доға түріндегі өрнек салынып әшекейленген. Жалпы ұзындығы 79 см, ені 4,2 см.

Әдеб.: Кайдаров А.Г. Доспехи и вооружение воина-батыра в казахском эпосе и их этно-лингвистическое объяснение // Известия АН Каз ССР. Серия общественная. 1976. № 6. С.25-34; Ахметов Ә. Түркі тілдеріндегі табу мен эвфемизмдер (салыстырмалы лингвистік зерделеу). Алматы: Ғылым, 1995; Ахметжан Қ.С. Қазақтың дәстүрлі қару-жарағының этнографиясы. Алматы: Алматыкітап, 2006; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚЫР – бір-бірімен ұласа созылып жатқан дөң-дөнесті, үстүртті қырат-қырқалы жер. Әдетте қыстың қарлы боранында, қатты аязында ықтасын, ал жазда сай-саласы сабатты, шұратты, самалды болып келетіндіктен, бұндай жерлер үйір-үйір жылқы, мыңғырған қой, келе-келе түйе өсіруге өте қолайлы және тиімді болып келеді. Қазақтың малы негізінен Қ.-ға жайылады. Сүйсіне жейтін шөбіне аялдап, өлең шөпке келген кейбір тұста шөп басын шала аттап өте шығады.

Қ.-дың әр алуан отына жайылған, таза бұлақ суын қана ішкен қырдағы малдың еті де, сүт өнімдері де аядай жайылымда қолда ұстаған қолбала малдың еті мен сүтінен әлдеқайда дәмді, әлдеқайда кенеулі болады. Сондықтан қазақы танымда қыр тек жағрапиялық ұғым ғана емес тіршілік көзі. Жердің отын, жан-жануарларды, тіпті адамның өзін де қыр ұғымымен байланыстырып, *қыр оты* (*қыр шөбі*), *қыр құстары*, *қыр аңдары*, *қыр адамы* деп ерекшелеп атайды. Елдің өзін *ойдағы ел*, *қырдағы ел* деп ажырата көрсетеді.

Қырдағы ел ойдағы елмен араласып,

Күлімдесіп, көрісіп, құшақтасып.

Шаруа қуған жастардың мойны босап,

Сыбырласып, сырласып, мауқын басып, –

деген еді Абай.

Қазақтың *қырдағы ел* дегені төрт түлік малдың ыңғайымен жүрген қыр төсіндегі жұртты айтқаны. Ал өзен, көл, дария бойын жағалап қоныс тепкен, малын қолда ұстайтын, егіншілікпен, балықшылықпен, бау-бақшамен айналысатын жұртты *ойдағы ел* деп атаған. Кейбір аймақта ойдағы елді *Сыр елі*, қырдағыны *қыр елі* деп те атаған. Қазак жерінің Жайық, Сыр, Ертіс, Жетісу сияқты дария, өзен алқаптарында ертеден-ақ малшылық пен егіншілікті ұштастыра шаруашылық жүргізген кентті, қалалы, шаһарлы жерлер аз болмаған. Қайсыбір өңірлерде қазақтың рутайпалары ежелден отырықшы елге яғни *ойдағы елге* айналып, тары, бидай, арпа өсіріп егіншілік мәдениетін дамытқан. Бұл жайт ойдағы ел мен қырдағы елдің мәдениеті мен әлеуметтік жағдайына өз әсерін тигізіп те отырғаны байқалады. Орта ғ.-дағы Жетісу елінде де солай болған. Мысалы, Жетісу еліндегі Баласағұн шаһарында жазылған түркі халықтарының көркем әдеби тілмен өрнектелген ұлы мұрасы Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік» атты даналық дастанында малшы қауым, яғни қыр елі шаһарлықтарға қарама-қарсы қойылып айтылады, басшының қыр елімен қандай қарым-қатынаста болу керектігі сөз болады:

... Малышлар бар берекелі іс тындырған,
Күллі жылқы алдарында мыңғырған.

Бәрі ақкөңіл, шыншыл, елдің адалы,
Адамдарға жоқ еш зиян, залалы.

Жемек, кимек, мінбек – айғыр, байталдар,
Жүк таситын жануарлар, шайқалған,

Қымыз, сүт-май, ірімшік, айран, сүзбе, құрт,
Киіз, перде – қолдарында күллі құт.

Бұл адамдар құтты жандар, пайдалы,
Ей, өркенді ер, араласқан жайдары ...



Қыр. Мұғаджар таулары.
ҚР МОМ жұмыс материалдарынан

Сонымен қатар даналық өлеңде қыр адамдарының шыншыл келетіні, бірақ даналықтан кенде екені; олармен шекіспеуге тырысу, жақсы қарым-қатынас жасау қажеттігі; оларға сұрағанын беру, керегіңді алу; өз өмір салтыңды үйрету керектігін айтады. Бірақ олармен сөйлессең, сырыңды ашпа, әңгіме-дүкен құр, жақсы қарым-қатынаста бол. Өйткені оларда заң мен белгілі бір бағыт жоқ. Оларға жақсы сөз айт, бірақ оларды досқа санама - дейді.

Осы бір өсиет сөзден кентті, шаһарлы (ойдағы) жұрттың қыр елі жөніндегі көзқарасы айқын көрінеді. Қыр елін шыншыл деп дұрыс бағалайды. Бірақ олардың тұрмыс-тіршілігімен етене араласпағандықтан, шаһарлықтар қыр елін даналықтан кенделеу, заңы мен тәртібі жоқ деп, кентті елдің көзімен, өз құндылықтар жүйесі бойынша шаһар салтымен баға береді. Алайда билік иелерінің қыр елімен жақсы қарым-қатынаста болу керектігін, олармен диалог құра білу қажет екенін, достық, экономикалық қарым-қатынас жасау керектігін өсиет етеді.

Әдеб.: Юсуф Баласағунский. Благодатное знание. Ответ. ред. акад. А.Н. Кононов. Изд. подг. С.Н. Иванов. М.: Наука, 1983. сс. 339-340; Жүсіп Баласағұн. Құтты білік. Көне түркі тілінен аударған және түсініктерін жазған А.Егеубаев. Алматы: Жазушы, 1986; Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. 1-том. Өлеңдері мен поэмалары. Алматы: Ғылым, 1977; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚЫРАН / ҚЫРАН ҚҰС – адамның ырқына көніп, қолға ұстап, баулып аңға салуға жарайтын жыртқыш құстардың тобы. Қ. ертеде қазақ арасында ерекше қастерленген, әрі адамның кәдесіне жараған «қазына» деп аталған категорияға енген (к. **Жеті қазына**). Академик Ә.Марғұланның мәліметіне қарағанда, дәстүрлі түсінікте екі үлкен топқа бөліп қарастыратын құс атаулының бір үлкен тобы **тұяқты құстар** деп аталады (ал, екінші топқа етін жеп, мамық жүнін кәдеге жарататын **желбесін құстар** жатады к. **Желбесін құстар**). Тұяқты құстардың қолға көндігіп аң алатындары **қыран заттылар** немесе **қыран құстар** деп аталады, ал қолға баулып, аңға салуға келмейтіндерін **керексіз затты құстар** деген.

Дәстүрлі түсінікте Қ. көктің иесі, аспанның киесі, жоғарғы әлемнің елшісіне саналды. Қ.-ның қырағылығы мен алғырлығын айырықша қастерлеген көшпелілер оның бейнесін биліктің символы ретінде байрақтарына салған (к. **Байрақ; Ту**). Әбілғазы Баһадүрханның «Шежіре-и түрік» еңбегінде Оғұз қағанның 24 ұл немересінің құсы мен таңбалары аталады: *сұңқар, күйгенек, көбек сары, тұрымтай, қырғи, қаршыға, күшіген, лашын, сарыша, баһари (қарға), су бүркіт, ала тұзанақ, бұғдайнақ, құмай, йағалбай, біқұ, ителгі, тұйғұн және қаршыға түрлері* аталады. Бұл Қ. атаулары қазақ тілінде сол күйінде сақталған (к. төмендегі мәтінде)

Шыңғысханның құсбегілік өнерді жоғары бағалағаны соншалық, құс салып аң аулауды әскери жаттығудың деңгейіне көтерген. Ұлы әміршіге Қ. түрлері сый, тарту ретінде келген, кейбір деректерде олар салық ретінде де салған. Құсбегіліктің дипломатия өмірінде жоғары маңызға ие болғаны соншалықты, Мәскеу княздері мен бекзадалары жақсы үйретілген құсты Еуропа патшалары мен шығыстың бекзадаларына тарту ретінде жіберіп тұрған. Ертеде қазақ даласына келген адамдарға әрқашан сый-сияпатқа қоса қолына Қ. құс қондырып, ат мінгізген.

Дәстүрлі халықтық білімде Қ.-ды топтаудың түрлі жүйелері бар. Мысалы, Қ.-ды *үлкен Қ. және кішірек Қ.* деп екі түрге бөледі. Бұл Қ.-ның аң ұстайтын қарымы мен ілу ерекшелігіне негізделген болса керек. Қазақ құсбегілері аң-құсты ілу сипатына қарай Қ.-ды *аушы құстар* және *саят құстары* немесе *шәулі қырандар* деп бөлді. Аушы құсқа аңды жерде бүріп ұстайтын *бүркіт* тектестерді жатқызады. Ал шәулі қырандарға олжасын ауада теуіп немесе ұрып ұстайтын құстарды жатқызды. *Шәулі* атауының мәні ұсақ дегенге саяды. Қ. құстардың ұя басып, балапан өрбітетен аналығы *ұябасар*, аталығыш *шәулі* (бүркіттікі *сарша* және *бұқатана*) деп аталады. Кез келген Қ.-ның ұябасары аталығына қарағанда денесі ірі әрі аң ілгіштігі басым болып келеді.

Халықтық білімде Қ.-ды жіктеудің алуан түрлі нұсқалары бар. Мысалы, Жетісу бойында 1900, 1906 жылдары зерттеу жүргізген венгр зерттеушісі Алмаши Дьөрдьтін



мәліметіне қарағанда, қазақтар Қ.-ды ұшуына қарай *биікке самғайтындар* және *аласада қалықтайтындар* деп жіктеген. Аласада қалықтайтындарға *жағалтай*, *тұрымтай*, *қырғиды* жатқызады (оларды «*по, по*» деп шақырады). Ал мұнан басқа қырандарды қазақтар биікке самғайтындар деген.

Қ.-ды жіктеудің кең таралған нұскасында Қ.-дардың жаратылысы, бітімі, түр-тұлғасы және аң ілуі сияқты қасиеттеріне қарай үлкен үш топқа бөледі:

- *бүркіт тектестер* (к. *Бүркіт*);
- *қырғи тектестер* (немесе *қаршыға тектестер*);
- *сұңқар тектестер* (олар көбіне биікке қалықтайтындар).

Сұңқар тектестер. Қазақтың құсбегілік дәстүрінде *сұңқар тектестерге* *сұңқар*, *лашын*, *жағалтай*, *тұрымтай*, *күйкентай*, *бидайық* және *ителгі* сияқты қырандарды жатқызады. *Сұңқар* – өте сирек кездесетін құс. Оның алғырлығымен қатар, биіктікке жылдам самғап, кілт шүйіле алатын қасиеті бар. Осыған байланысты сұңқар жемін ұшып жүріп аулайды. Сұңқардың жемі – құстар мен ұсақ аңдар. Әдетте, олар ұя жасамайды, көктемде қия жартасқа не бөгде құстың ұясына жұмыртқа салып, бір ай басады (к. *Сұңқар*).

Лашын – алғырлығымен аты аңызға айналған Қ. құс. Тұмсығы иілген, қияғы ұстарайды өткір, сарғыш түсті, тұяғы ұзын қыран. Қанаты ұзын, құйрық шалғысы қысқа. Түлеген сайын жоны сұрғылт, кеудесі сарғыш тартып отырады. Ең ұшқыр қыран ретінде ертеде бекзадалар арасында жоғары бағаланған (к. *Лашын*).

Жағалтай – лашынға ұқсас, бірақ дене тұрқы шәкене, арқасы көгілдір, бауыры ашық қоңыр, тамағы мен мойынында сары жолағы бар құс (к. *Жағалтай*).

Ителгі – дене бітімі кесектеу, шұбар ала түсті, ұябасары қоңырқай келеді. Аса биікке самғап, қатты шүйлігіп түсетін алғырлығына байланысты оны лашынның кішкене түріне балайды. «*Қаршыға қазан астырады, ителгі етек бұлғайды*» деген сөз орамы *ителгіні* қолға үйретудің машақатты екендігіне байланысты қалыптасса керек (к. *Ителгі*).

Тұрымтай – бауыры құлажирен, ту сыртынан қарағанда күнгірт көгілдір немесе қарақоңыр, аздаған сары жолақ жүндері болады (к. *Тұрымтай*).

Бидайық – төбесінде жирен, ал көзінің астында күрән түсті жолағы бар құс. Ол бозторғай, бұлдырық және кекілік сияқты құстарды аулайды (к. *Бидайық*).

Қаршыға тектестер. Қазақ құсбегілері *қаршыға тектестерге* *қаршыға*, *ақ тұйғын*, *қырғи* мен *тұнжыр* сияқты Қ.-дарды жатқызады. Оны кейбір деректерде *қырғи* тектестер деп те атайды. *Қаршыға* – орман тоғайлы, таулы жерді мекендейтін өте қырағы, әрі епті Қ. Денесі ықшам, канат-құйрығы артына қарай сүйірлене біткен, шұбар түсті, тамағы ақын, шекесі қарасұр болып келеді. Түстері әр алуан: соған байланысты *ақтұнжыр*, *қаратұнжыр*, *көктұнжыр* және інәлді далада қоян ұстап күнелтетін *тынар қаршыға* деген түрлері кездеседі (к. *Қаршыға*).



Шәулі қыранның бірі – қаршыға.
ҚР ОМЭЭ – материалдарынан

Тұйғын – орман-тоғай мен бұталы тау бөктерлерін мекендейтін шүйлігіш, шапшаң қыран. Түсі мен мінезіне қарай бірнеше түрге бөлінеді: бауыры аппак келетіні *мырза тұйғын*, сұрғылт қауырсыны бары *сұр кір тұйғын* және *құл тұйғын* деген түрлері бар (к. *Тұйғын*).

Қырғи – денесі кішілеу, кеуде жүндері көлденең белдеу жолақты, аяғы сарғыш, тұяғы қара түсті келген қыран (к. *Қырғи*).

Бүркіт тектестер. Бұл топқа қырандарының ең алыбы – *бүркіттер* жатады. Ұясын адам аяғы жете алмайтын жалаңаш құз жартастарға, сырғыма шағылдарға, қарағай, тоғайлы өңірді, су жайылмасы, сексеуілді шөлді жерлерге салады. *Бүркітті* аң ілудегі сипаты мен қырандығына қарай *ақиық*, *қыран*, *шегір*, *қаратау қыраны*, *ала баршын*, *зорлықшы қара*, *қой шегір* деген түрлерге бөледі (к. *Бүркіт*).

Қазақ құсбегілерінің тәжірибесіне қарағанда, бір түрлі Қ.-ның мекен еткен жеріне қарай тұлғасы мен түсі де өзгешелеу болады. Мысалы, *тау* немесе *құз бүркіті* нықты, аңғарлы, кесектеу келсе, *ой жердің бүркіті* немесе *қыр бүркіті* ықшам, жинақы, кішірек болады. Ұясын салған жеріне байланысты өрбіген Қ.-ның түсі де өзгеше болады. Әсіресе, *қырғи* мен *қаршығаның* ұясына байланысты түстері де өзгеріп тұрады.

Қ. құстардың сипатын жырау Шалкиіз Тіленшіұлы былай жырлады:

*Бүркіттен қыран құс болмас,
Баулуы жетпей бөрі алмас.
Бидайықтан алғыр құс болмас,
Бұйырмаса екеу түгіл бір де алмас.
Сұңқардан сұлу құс болмас,
Қауырсыны қатпай ұша алмас...*

Қыранның жаратылысы. Қ.-ның жаратылысы өзге құстарға қарағанда ерекше: көбінесе Қ.-ның денесі жинақы, төс сүйектері шығынқы, көздері өткір, көз ұясы кең, тұмсығы имек біткен, аяқтарының бұлшық еттері ширақ, саусақтары күшті, өздері қайратты, әрі жігерлі болып келеді. Халықтық білімге қатысты деректер қамтылған алуан еңбектер мен бүгінгі құсбегілердің мәліметіне қарағанда, қазақ арасында Қ.-ның төмендегі ерекшеліктеріне айырықша мән берген: Қ.-ның бас сүйектері бір-бірімен қайнаса бітісіп кеткен, шымыр қатты

болады. Желкеден төмен шүйдедегі *сыпырықтанып* келген шодырайып тұратын *төмпегі* басын барлық бағытта еркін, ширақ қимылдатуына мүмкіндік береді. Көру қабілеті ерекше дамыған. Қ.-дардың омыртқалары мен буын жіктерінің өзара байланысуы (тұтасу) ерекше. Төс пен жамбас бөлігінің жақсы дамыған бұлшық еттері оған талмай ұзақ ұшуға мүмкіндік береді. Дене бітімі аң ілуге бейімделген: сүйек қаңқалары мен салалы, саусақтары сіңірлер арқылы жымдаса біткен. Әсіресе, лашын мен сұңқар тұқымдастарының арқа омыртқалары кайнаса біткендіктен олар ұшқыр, әрі қармаулы келеді.

Сұңқар тектестердің денесі тығыз *қауырсынды*, канат *шалғыларының* ұшы сыдырғысыз, пішіні үшкіл болып келеді. Ал қаршыға тектестерде канаты доғалданып келеді. Соған байланысты құсбегілер тілінде оларды *сұңқар қанаттылар* және *қаршыға қанаттылары* деп те атайды.

Қ.-дың тұмсығы ілетін аңына, шокитын жеміне қарай әрқалай. Қаршыға, сұңқар тектестердің тұмсығының түп жағы келтелеу, соқталы, ал имек ұшы ұзынша, үшкір келеді.

Қаршыға, тұйғын және қырғилардың соншалықты шапшаң сыпылдап ұшатыны олардың *қанат сүйектерінің* (жілік, жіліншік, саусақ және бақалшықтар тұтасып кеткен) қолайлы, әрі берік бітісімен байланысты.

Шәулі қыран жемін көбінесе ауада ұстайды. Оның қолданатын тәсілдеріне құсбегілердің берген атауы – *ату*, *сыпырту* және *түю*. Құсбегілердің пайымдауынша, Қ. денесі епті, әрі ықшам, кеуде тұсы жұмыр, канат-құйырығы сыпырық, артына қарай сүйірлене біткендіктен ауада ұршық тәрізді үйіріліп, ұшқыр қимыл жасауға икемді болып келеді. *Қаршыға* тектестер құйын тәрізді ұйытқып, сыпылдап ұшса, *сұңқар* тектестерге сыпырта, ағыза ұшу мәнері тән.

Қ.-ды сынау және аң ілгіштігін дөп басып айту тек қана кәнігі құс сыншыларының қолынан келген (*к. Құс сыншылары*).

Қыран құстың аң ілуі. Қазақта «*қыран құс қисық ұшып, тұзу іледі*» деген сөз орамы бар. Оның мәні Қ. қолдан аттанғанда құлап немес қиғаштай ұшып барып, не астыңғы жағынан тебеді немесе жоғарыдан құлдिलाп ұрады. Соған байланысты Қ. құстардың аң ілуі үш түрге бөлінеді: *іліп алатындар*, *теуіп алатындар* және *бүріп алатындар*.

– *біріншісі* – іліп алатындар. Ондай қырандардың тұяқтары салалы, ұзын, әрі өткір қармақ тәрізді болады. Олар анды қуып жүріп, іліп түседі. Ондай сипат *тұйғын*, *қырғи* және *мықи* тәрізді қырандарға тән. Жетісу тауларында мекендейтін *тұйғынды* қырғауыл, қаз, үйрек сияқты құстарға салады.

– *екіншісі* – теуіп алатындар. Оған *ителгі*, *бидайық*, *лашын*, *жағалтай* және *сұңқар* жатады. Шүйіліп соғуға ыңғайлы, ықшам денесімен биіктен сорғалап жеміне көз ілеспес жылдамдықпен жетеді де, қайырылып келіп теуіп жібереді. Бұл топтағы шәулі қырандардың өзіндік аң ілу мәнері өзгеше: мысалы, *лашын* құсты ілгенде астыңғы жағынан жетін алып, тік көтерілген соң жоғарыдан оқша шаншылып түседі. *Сұңқар* тектестер көзіне көрінген құстарды түгелімен қырғанша тыным таппайды. Олар үйрек, дуадақ, қаз тәрізді ірі құстарды да іледі. *Қаршыға* олжасын төменнен жоғары қарай ұшып ұстайды. *Қаршығаның* басқа Қ.-дардан ерекшелігі – ілген құсын, қашанғы ілгенше тынбай тепендеп қуа береді.

Саятшылыққа баулудың бастауына саналған *жағалтаймен* қоян, кекілік, құр сияқты кіші құсты көбіне жас балалар ермек үшін алады. Саятка ерсен шабытпен



Саят. Суретші Есенғали Садырбаев



кірісетін қырғи бөдене мен торғай түрлерін жақсы іледі. Жақсы қайырылған ителгі көлдегі үйректің бірін де қалдырмай теуін құлатады. М.Д. Сейітов есімді автордың мәліметіне қарағанда, ителгі қашқан қоянды кеудесімен, тегеуірінімен бірнеше рет соғып омыртқасын үзеді.

Шәулі Қ.-дарға ең қиыны – қаз бен дуадақ алу. Павлодар облысы, Баянауыл өңірінің азаматы Шәйбай Аймановтың мәліметіне қарағанда, әсіресе, олардың бірін ілін жерге түскен Қ.-ды басқалары жабылып қанатымен сабалайды. Ал, дуадақтар өзіне қарсы ұмтылған Қ.-ға жүнін қорбитып «алдайды» немесе оның басына саңғып жіберетін көрінеді.

– үшіншісі – бүріп алатындар. Бұған бүркіт түрлері жатады. Бүркіт қашып бара жатқан аңды бір аяғымен бас жағынан тарпа бас салады, екінші аяғымен жотасын бүріп ұстап, омыртқасын үзуге тырысады. Дегенмен, бүркіттің аңға түсуі жер жағдайына байланысты әр түрлі: ол қалың бұталы жерде жоғарыдан шүйіліп түссе, далалы ашық жерде аңға іліп, тау қойнауында қаршығаша сыпыра түседі дейді мәлімет берушілер. Қ.-дығы басым бүркіт арқар, тау ешкі, елік, каракүйрық, қасқыр және түлкі алғандығы белгілі. Ірі аңға түскен бүркіт көбіне мерт болады.

Қ.-дардың құсбегілік кәдеге жарайтын уақыты да әрқалай. Сұңқар мен қаршыға шамамен 10-15 жыл, ұсақ түрлері бірекі жыл ғана аң алғыш қасиетін сақтайтын көрінеді. Атақты Садуақас Шормановтың Көкқұс атты бүркіті 22 жыл бойы аң қағушылық қасиетін сақтаған деседі. Қ.-ның алғыр кезі үшінші-бесінші түлек аралығында. Ілеуде біреуі болмаса шау тартқан құс тақыстанып аң ілуді азайтатын көрінеді.



Қыран құсты арулап көму. ҚР МОМ материалдары бойынша суретті салған Б.Досымов

Қазақ арасында Қ. үлкен сұранысқа ие болған. Біреудің Қ. құсына көзі түсіп, көңілі ауса оны қалап сұрап алады. Оның қарымтасына беретін кәдені «тұғыржабар» деп атайды (қ. *Тұғыржабар*). Ақан сері Қараторғай деген бүркітін Әлібек деген кісіден (ал, қара тазысын Сайрат деген төреден) қалап алған екен. Қ.-ды малға айырбастап немесе беделін салын алатын дәстүр ХХ ғ.-дың 20-жылдарына дейін болған. Мысалы, Г.Загряжскийдің мәліметіне қарағанда, 1910 ж. бүркіттің бағасы 200 сом, ал бапталғаны 5-6 түйеге дейін бағаланған. Сұңқар, қаршыға 1-2 түйеге парапар болған.

Үйретілген түз бүркіті қымбатқа, қолбаласы арзанға түскен. Қ.-ның денесі ірі, шымыр, түсі сарғын болса қымбатқа бағаланған (қ. *Құс сыншысы*).

Ұзақ уақыт бойы құсбегіге қызмет еткен, ел аузына ілінген алғыр Қ.-дар қолда ауырып олсе, оны адам аяғы баспайтын биік жотаға апарып көметін салт – қазақ құсбегілері арасында ежелден орныққан дәстүр. Оны адамның мәйіті тәрізді жуып тазалаған соң ақ түсті матаға құндақтап орап, көмеді. Бұл салтты қыранды арулап көму деп атаған.

Қазақы ортада Қ.-ға қатысты дәстүрлер әлі күнге дейін өзінің мәні мен маңызын жоймаған өміршен дәстүр ретінде жасап келеді (қ. *Бүркіт; Шәулі қырандар*).

Әдеб.: Загряжский Г. Быт кочевого населения долины Чу и Сырдарьи // ТВ. 1874, № 30. С.118; Вилькинс А.И. Охота с беркутом // Природа. 1876. Кн.2. С. 158-162; Полферов Я.Я. Охота в Тургайской области. Оренбург, 1896; *Altasy Gyobgy. Vandorutum Azsia szivebe. Budapest, 1903; Орлов В. Сары бие* // ТВ. 1906, №137; Каруц П. Среди киргизов и туркмен на Мангышлаке. Перевод Е.Петри. СПб., 1911; Орехов И. Охота с ловчими птицами у киргиз // ТВ. 1910. №№ 66, 67, 68; Сейтов М.Д. Охота с ловчими птицами у казахов Семипалатинского края (с предисловием и замечанием И.А.Чеканинского) // Записки Семипалатинского отдела Общества изучения Казакстана (бывший СПО ИРГО). Том 1, 1929. Вып. ХУІІІ. Семипалатинск; Бегалин С. Саятшы өңгімелері. Алматы: Жазушы, 1979; Уәлиев Н. Көнекөз сөздер // АТ. 19.04.1990; Мұқанов С. Халық мұрасы. Тарихи-этнографиялық шолу. Таңдамалы. шығармалар. XV том. Алматы: Жазушы, 1979; Бабалықов Ж., Тұрдыбаев А. Қырандар. Алматы: Қайнар. 1983; Сол авторлар. Саят. Алматы: Қайнар, 1989; Муканов М.С. Охота с ловчими птицами у казахов // Известия АН КазССР. Серия общ. наук. 1983, №3. С. 48-55; Сатылганов Ж. «Қауырсын» - табиғат достарының клубы. Алматы: Қайнар, 1985; Жәңгірұлы Ш. Алымыр құстар жөнінде // Ғылым және өнер. 1986, №4; Соныкі. Бүркіт және оның ерекшеліктері // Алқап, 1989, №8; Юсупов М. Табиғат тағылымы. Алматы: Қайнар, 1986; Бес ғасыр жырлайды: XV ғ.-дан ХХ ғасырдың бас кезіне дейінгі қазақ ақын-жырауларының шығармалары. Екі томдық. 2-том. Құраст.: М.Мағауин, М.Байділдаев. Алматы: Жазушы, 1989; Сауыржанұлы Т. Құсбегілік. Өлгий, 1990; Әбілғазы. Түрік шежіресі. Көне түрік тілінен аударған Б.Әбілқасымұлы. Алматы: Ана тілі, 1992; Ducz Laszlo. Kozottunk elo Turulmadar. Lakitelek, 1993; Кәмалашұлы Б. Қазақтың дәстүрлі аңшылығы. Ғылыми редакторы Нұрсан Өлімбаев // Өлгий, 1994; Симаков Г.Н. Соколиная охота и культ хищных птиц в Средней Азии (ритуальные и практические аспекты). СПб.: Петербургское востоковедение, 1998; Фиельструн Ф.А. Из обрядовой жизни киргизов начала ХХ века. М.: Наука, 2002; Josef Hiebeler. Der Steinadler in der falkneri. Wien, 2004; Марғұлан Ә. Саят құстары // Таңдамалы. 2-том. Алматы: Алатау, 2007; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚЫРАНҚАРАҚШЫ – қазақ этноастрономиясында маңызды мәнге ие *Жетіқарақшы* жұлдызының құрамындағы жұлдыздың атауы. Қ. түнде аспан көгінде тек қана бір жерде «тұратын» *Темірқазықты* айналып жүретін шөміш пошымындағы жеті жұлдыздың бірі. Қазақ космологиялық мифтік анызында Жетіқарақшы, соның ішінде Қ. туралы айтылатын алуан түрлі нұсқалар бар.

Қ. тек ұрлық тақырыбында сөз етіледі. Жер бетінде елге тыныштық бермеген жеті баукеспе ұрылар елден сескенін, аспан көгіне көтеріліп кеткен екен-мыс. Шөміш тәрізді шұбатылып көрінетін олардың алдыңғы төртеуі *бастаушысы*, оның ішінде ерекше жарқырап көрінетіні Қ. болса, оларға ерер-ермес болып жүрген үшеуі олардың *құйыршығы* деседі (қ. *Жетіқарақшы*).

Мифтік аңыздарда Қ. бірде байдың *алтынын*, бірде *Үлпілдек* есімді сұлу қызын, бірде *ешкіні* ұрлағаны туралы баяндалады. Ұрлығы үшін жерден аласталып көкке шығып жұлдызға айналғандардың бастаушысы Қ. онда да ұрлығын қоя алмай жүргендігі айтылады. Қ. бастаған жеті ұры (жұлдыз) ханның сұлу қызы Үлпілдекті қуумен әлек. Өйткені, Үлпілдектің мінген желдей ескен сұлу сары атына жүйрік жетпейді екен. Бір жетсе жететін жүйрік ағайынды *Ығай* және *Сығай* деген қос батырдың аттары екенін білген Қ. тобы соны торауылдап жүреді. Темірқазық жұлдызының екі бүйіріндегі *Ақбозат* пен *Көкбозат* деп аталатын екі жарық жұлдыз әлгі Ығай мен Сығай батырдың аттары екен деседі. Қ.-ның ұрламақ әрекетіне сол тұста жүрген ағайынды қос батыр мүмкіндік бермейді (қ. *Ақбозат пен Көкбозат*). Қос батырдың асқан қырағылығы мен бағырлығына байланысты дәстүрлі қазақы ортада әрі батыр, әрі қамқор, әрі ақылғөй жандарды Ығайлар мен Сығайлар деп атау қалыптасқан (қ. *Ығай мен Сығай*).



Жетіқаракшы және оның төңірегіндегі жұлдыздар. ҚР MOM материалдары бойынша суретті салған И.Рыспеков

Жетіқаракшы жұлдызын түнгі аспанда бағытты бағдарлауға арқау етеді. Ол үшін бір-біріне жақын орналасқан шөмішке ұқсас, әрі жарық болып келетін жеті жұлдызды түзу қатарының жоғары жағынан Темірқазықты анықтап табады. Сөйтіп Жетіқаракшыны анықтаса, көшпелі қазақ үшін «аспан сағаты» іспетті оларға қарап түн мезгілін шамалап анықтаған. Мысалы, Қ. бастаған төртеу жыл маусымына қарай түрлі позицияда орналасады. Көктемде олар таң ата Темірқазықтың үстіне шыкса, жазда таң ата Темірқазықтың үстінен ауады. Күзде төртеуі таңға жуық өрге шығады, үшеуі астында болады, қыста таңға жуық төбеге келеді (қ. *Темірқазық*).

Әдеб.: Беннигсен А.П. Легенды и сказки Центральной Азии. СПб., 1912; Куфтин Б.А. Календарь и первобытная астрономия киргиз-кайсацкого народа // ЭО. М., 1916. №3-4. С.123-155; Потанин Г.Н. Казак-киргизская и алтайская предания, легенды и сказки. Петроград: Типография В.Д. Смирнова, 1917. №45; Уәлиханов Ш. Таңдамалы. Алматы: Жазушы, 1985; Қазақтың мифтік әңгімелері. Алматы: Ғылым, 2001; Әбішев Х. Аспан сыры. Алматы: Жазушы, 2009; Тойшанұлы А. Түрік-монғол мифологиясы. Алматы: Баспалар үйі, 2009; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚЫРАТ – далалы аймақтардағы дөңес немесе жал болып келетін, биіктігі 200 метрге шейін жететін көтеріңкі жерлері. Қазақстанның Алтай, Жоңғар Алатауы, Іле Алатауы, Батыс Тянь-Шань тауларында, тау етегіндегі даламен ұласып жатқан төбе, дөңдерде Қ. деп аталады. Таулы аймақтарда Қ.-тардағы жайылымдар әдетте көктеу, күздеуде пайдаланылады, себебі батыс, күнгей жағының қары ерте еріп көктеуге жайлы болса, теріскей жағының шөбі қара күзге шейін қурамай, күзде мал жайғанға ыңғайлы болып келеді. Жетісу өңірінде Қ.-тардың аңғарларындағы өзен алқаптары ежелден суармалы егіншіліктің дамыған өлкесі болып келгені белгілі.

Әдеб. ҚР MOM - материалдарынан; ОМЭЭ - материалдарынан.

ҚЫРБАҚ СОНАР – қыс кешігіп түскен жылдары саят маусымы келген соң азғана жауған қырбақ қардан кейін бүркіт пен тазымен аңға шығудың алғашқы екендігін білдіретін ұғым. Ол құсбегі мен аңшы үшін қайырған құсы мен баптаған тазысын сынап көрудің тамаша сәті деп саналды. Оны қалың болып түскен айнала аппақ болып жататын қансонардың алдындағы дайындық деуге де болады. Жұқа қырбақ қарда ауыл маңын малдар шиырлап тастамай тұрған кезде танертең ерте аттанады.

Жауған қардың қалыңдығына қарай Қ. с.-дың екі түрін ажыратады:

- таңға жақын жауған азғана түскен қырбақ қардан кейінгісін *келте сонар*,
- ал, қалың түссе де, әлі де беки қоймаған қарда аңға шығу – *қырбақ сонар*.

Қ. с.-да аң-құсты іздеп табуға біршама қолайлы болғанымен, *із кесудің* үлкен тәжірибесін талап етеді. Кейде білінер-білінбес жатқан қырбақ қардағы ізге қарап із кеседі. Аң ізінің табан шұңқырлары мен ойықтарының ашаланған жағы аңның беталыс бағытына қарама-қарсы жататындығы ерекше ескеріледі (қ. *Із кесу*).



Қырбақ сонарға шыққан бүркітшілер. Суретші Есенғали Садырбаев

Қ. с.-дағы дәмелі олжаны нақты болжау қиын. Сондықтан *қағушы*, *ізіші*, *тосқауылшы* және *тұғыршы* деген топтағы адамдардың саны бірлі-жарым ғана болады (қ. *Қансонар; Құс салу*).

Әдеб.: Әуезов М. Абай жолы. Роман-эпопея. 1-4 кітап. Алматы: Жеті жарғы 1997; Бабалықұлы Ж., Тұрдыбаев А. Саят. Алматы: Қайнар, 1989; Юсупов М. Табиғат тағлымы. Алматы: Қайнар, 1986; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.



ҚЫРБАСТЫҢ ҚЫЗЫЛЫ – қар қалың, тұтас түскеннен кейінгі болатын алғашқы аяз. Халық тілінде бұл аязды *қырбастың қызыл шұнақ аязы* деп те атайды. Есепшілердің айтуынша Қ.к. үш-бес күнге созылып, сонан соң аяздың беті қайта бастайды. Қ.к. кезінде қолдағы малды аяз сынғанша өріске тым ұзатып жаймайды. Қ.к. тоғыс есебі бойынша 11 тоғысқа (қазіргі үрдіспен желтоқсан айына) сәйкес келеді (**к. Тоғыс**).

Әдеб.: *Жүністеги К.* Бұрынғы қазақтар ауа райын қалай болжаған // *ЖА.* 29-наурыз, 2003. №38; *Әбутәліп О.М.* Қазақ күнтізбе жүйесінің лексика-семантикалық бірліктері. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. Алматы, 2008; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚЫРҒАУЫЛ – қазақтың көптеген ертегілері мен мақал мәтелдерінің кейіпкері болып келетін, Қазақстанның барлық аумағында дерлік мекендейтін құс. Қ. жыл он екі ай бір жерде ғана мекендейтін құстардың қатарына жатады. Қазақ халқының аңыздары мен ертегілерінде Қ. образы жиі кездеседі. Ерте кезден Қ.-дың қауырсын жүндері *қарқара, жырга, сәукеле, жыға* сияқты салтанат бұйымдарын әшекейлеуде кеңінен қолданылып келді. Тіпті кей өңірде қарқара Қ. атауымен аталғаны белгілі (**к. Қарқара**). Қарқараның төрт бұрышын Қ.-дың қоразының құйрық қауырсынымен әшекейлеу қырғауыл байлау деп аталады (**к. Қырғауыл байлау**). Ресейдің Санкт-Петербург қаласындағы Ресей этнографиялық музейінің қорында, 1920-шы жылдары Алматы облысының Кеген ауданынан алынған кереметтей қалыңдықтың кнімі бар. Киім көйлек, бешмет, сәукеледен тұрады. Айта кететін жайт – қалыңдықтың сырты жібекпен қапталған ішіктің өңірі түгелдей Қ. қоразының қауырсыны алынбаған, мойын тұсының терісімен көмкерілгендігі. Мұндай көркем тігілген бірегей бешмент әзірше басқа жерде сақталғандығы анықталған жоқ. Күн сәулесіне шағылысқан шымқай жасыл және күрең түсті қауырсындар мойнағының аппақ ақ жолағымен бөлініп бешметке ерекше көркемдік беріп тұр. Жалпы қазақтардың құс терісін киім тігуде пайдалануы некен-саяқ, тіпті жоқтың қасы деуге болады. Тарихи, этнографиялық әдебиетте кездесетін деректерде мұндай жағдайларды көбінесе баксылық практикамен байланыстырады. Ал, Кеген бешментін Қ. жүнімен көркемдегенде әсемдік пен ғұрыптық мәнінің қайсысы басым екендігі өз зерттеулерін күтіп тұрған үлкен мәселе деп пайымдауға болады. Біздіңше, бұл бешмент құда түсу үйлену салттары, ас беру, шілдеhana сияқты этностің тіршілік циклінде атқарылатын өте көне архаикалық ғұрыптардың материалдық элементтерінің қатарына жататын сыңайлы. Яғни, қалыңдықтың бешментіндегі Қ.-дың бас терісі мен мойын жүнін пайдаланудың сакралдық, ғұрыптық мәні басым деп айтуға әбден болады. Аталмыш бешментке Қ.-дың жүнін пайдалану үрдісін Қ. құйрығын сәукеленің төбесіне немесе қарқараның төрт бұрышына тағу жосынымен үндес деуге болатындай (**к. Қарқара; Сәукеле**).

Қ.-ға байланысты күн райына жорамал жасайтын көптеген ұстанымдар бар. Мысалы, Қ. құрқылдаса, жаңбыр

жауады; Қ.-дың ұясында жұмыртқасы көп болса, қыс жайлы болады, керісінше жұмыртқа аз болса қыс қатты, жұт болуы мүмкін; Қ. қарға аунаса күн жылынады деген сияқты. Күн райын болжауда басқа құстарға қарағанда көбірек аталуы, Қ.-дың күнделікті тұрмыста ауыл маңында кездесетіндігімен және көп таралғандығымен байланысты болса керек.

Әдеб.: *Фиельструп Ф.А.* Скотоводство и кочевание в части степей Западного Казахстана // Казаки. Антропологические очерки. Издание особого комитета Академии наук по исследованию союзных и автономных республик. Л.: АН СССР, 1927. С.78-108. *Маргулан А.К.* Прикладное искусство казахов. А. 1984г. *Қукашев.Р.К.* К образу лебедя в казахском шаманстве. // Отан тарихы. 1999. №4. 1999. С.72-77. *Какабаев Б.С.* К семантике использования птичьих шурупов в отделке казахского костюма // Орталық музей еңбектері: музей ісі, тарих, этнология, фольклортану, антропология, деректану, нумизматика. II шығарылымы (казак, орыс, ағылшын тілдерінде). Ғылыми редактор Нұрсан Әлімбаев. Алматы: Балалар әдебиеті, 2009. 457-464 бб; *Басилов В.Н.* Избранники духов. М. политиздат, 1984; *Раушанов Е.* «Құстар – біздің досымыз». Алматы: Жазушы, 2007; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚЫРҒАУЫЛ БАЙЛАУ – *қарқараның* төрт бұрышына қырғауылдың қоразының құйрық жүнін байлап әшекейлеп, қоңырау орнатып, бата жасап ырымдау ғұрпы (**к. Қарқара**). Қ. б. жайлауға шығардағы салтанатты көшті жасақтау шараларының құрамындағы рәсім.



Қырғауыл байлау. Карзин Н.Н. От Оренбурга до Ташкента (СПб., 1886) атты еңбектен

Көктем уақыты қыстан арып шыққан малдың ауызы көкке тиіп, елдің аузы аққа жетіп, ұзақ қыстан аман-есен шыққан елдің қуанышты кезі болғаны белгілі. Жайлауға көшерде жазғы көшті («*барын киіп, байлауышын тағып*») барынша салтанатты өткізу ертеден қалыптасқан дәстүр болған. Ауыл үйдің үлкен-кішісі бір киерін киіп, қыз-бозбалалар ойын-сауық құрып, қонған жерде ерулік жасап, қыс бойы көріспеген, қонсы ауылдармен қауышып мәресәре жағдайда өтетін. Осы жағдайда көш бастаған түйенің бұйда жібіне шейін әшекейлеп, жүгін кілемдермен жауып, үстіне қарқара орнататын болған (**к. Қарқара**).



Қырғауыл байлап сәнделген көш. Н. Г. Хлудов. *Салтанатты көш суретінен фрагмент. ҚР MOM қорынан (КП 3621)*

Қарқараның сыңғыры, көштің әсемділігі ауылдың байлығын, елдің қондылығын көрсететін өзінше бір символдық мәнді ғұрып болып табылады. Сондықтан да көшті әшекейлеуге бүкіл ауыл адамдары қатысып, басқа ауылдардан асып түсуге тырысқан. Қ.-ға тек қырғауылдың құйрық жүнімен шектелмей, үкі, қолынан келгендері *тауыстың* (павлин) қауырсынын тағатын болған. Бұл рәсім Қ.б. деп аталған. Белгілі суретші Н. Г. Хлудовтың 1905 ж. салынған «*Салтанатты көш*» суретіндегі қарқара тауыс қауырсынымен әшекейленгені осының дәлелі (**қ. Тауыс**).

Әдеб.: Хлудов Н. Г. Шығармалар каталогы: кескіндеме және Графика(казак, орыс, ағылшын тілдерінде) Жобаның жетекшісі, кіріспе сөзінің авторы Нұрсан Әлімбаев. Алматы: Эффект, 2003 А. 2003; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚЫРҒИ – дәстүрлі саятшылыққа пайдаланылатын, шәулі қыран түрі (латынша атауы – *Accipiter nisus*). Дене бітімі шағын, небәрі көкектей ғана. Қ.-дың жаратылысы, тұрпаты мен мінезі, сондай-ақ аң ілуі *қаршығаға* ұқсас (**қ. Қаршыға**). Қ.-ды аса биік ұшпайтын қыранға жатқызады. Шапшаң сыпылдап ұшатын Қ.-дың саятшылықта маңызы аз. Оны балаларды құсбегілікке тәрбиелеу үшін және қыранға жаз уағында түлекте отырған кезінде «қызыл» (ет) беру үшін ұсақ құстарды ілгізуге жиі пайдаланылады.

Қ.-дың бауыры аксары, денесі қоңырқай сұрғылт түсті, кеуде тұсында көлденең жолақ бедері болады. Қабағының үстіңгі жағы қатпарлы болып келген көз бітімі халық түсінігінде әсімдіктің тенеуіне айналған. Қара өлеңде айтылатын «*көзіңнен айналайын қырғи қабақ, ойнаған су бетінде сен бір шабақ*» деп келетін тенеу соның куәсі.

Қ.-дың ұябасарының жоны қоңыр, құйрығының ұшы ақ, ал шәулісінің (еркегі) жоны көксұр түсті. Сирағы ұзын, әрі жіңішке, терісі сарғыш, жіліншігінің *желқағар* (алдыңғы) жағы бедерсіз. Саусақтары салалы, көзі сары. Қ. әсіресе, торғай тектестерге өш болып келеді. Сондықтан титықтап, тоз-тозы шыққан жағдайды «*қырғи қуған торғайдай*» деген теңеуге арқау болған.

Көкшетау, Ертіс бойы, Жоңғар Алатауы өңірін мекендейтін Қ. таулы жерге немесе қалың орманның арасына аласалау қу ағашқа салады. Орнитологиялық

әдебиеттерде Қ.-дың салмағы 186-245 гр, канатын жайғандағы ұзындығы 54-64 см. Мамырдың соңында 2-4 жұмыртқа салып, бір ай басып, тағы бір айдан соң қанаттандырады.

Орман-тоғайлы жерде Қ.-ды *ұядан алу* тәсілімен, қыр елі арасында тор құрып қолға түсіреді. Қ.-ды ұстау, баптау және қайыру тәсілдері қаршығаға ұқсас. Қолдан жем беру, сылап-сипап еркелету тәсілімен құсбегі өзіне бауыр бастырады. Онан соң шақыруға үйретеді. *Қолбала* Қ.-ға *есірік бастырып* үйретеді: су жағасында жардың астынан (тасадан) канаты қырқылған үйректі лақтырып, оны іліп түсуге баулиды. Сонан кейін еттен тоят кесіп берсе, дәнігіп ұшқан құсқа ұмтылатын әдет қалыптасады. Іле алмаған Қ.-дың алысқа ұзап беріп отыратын әдеті бар. Оны шырғамен кері шақырып алады.

Денесі ұсақтау, қораш екендігіне қарамастан қырандығы мықты болып келеді. М.Шормановтың мәліметіне қарағанда, Қ. бітіміне қарай үш топқа бөлінеді және соған сай құс іледі: *ұсақ Қ.* бөдене, шілді, ал *орташалары* – *бөдене*, *бұлдырық* және *кекілікті* іледі. Дене бітімі *кесектеулерін сырғақ Қ.* деп атайды. Соңғысы қарымдылау келетіндіктен *тарғақ*, *үйрек* тәрізді ірі құстарды да алады. Құсбегілер Қ.-дың торғайды ұстайтындарын аса епті қыран деп бағалайды. Ертеде Қ.-ды шөбі шабылған алқаптағы бөденелерге көп салған. Өйткені, көбіне қалың шөптің арасында жүретін бөденелер күзге қарай семіретін кезінде Қ.-мен ілдіруге қолайлы.



Қырғи ұстаған құсбегі.
ҚР MOM жұмыс материалдарынан

Әдетте оны атпен жүріп салады. Аулайтын құстарды үркітіп ұшыру үшін ердің сол жақ қапталына *дабыл* алып жүреді. Осы құсқа *шолақбаумен* ұшырады. Баянауыл өңірінен шыққан алғашқы дәрігерлердің бірі Шәйбай Аймановтың саятшылық туралы еңбегінде Қ. салудың



ерекшілігіне ден қояды: «Қ.-ды қолға ұстап «мүскектеп» салады. Яғни, сол қолымен құстың арқасын қапсыра, бауырын оң қолдың алақанына төсеп уыстай ұстайды». Салған кезде бетін желге қаратып, екпіндете лақтырғандай етіп ұшырады. Алатын құсқа жақындап барған соң жіберілген Қ. жер бауырлай барып, астыңғы жағынан атылып барып олжаны іледі. Күн ыстық немесе желді кезде және шаңқай түсте Қ.-ды салмайды. Өйткені, оның шабыты болмайды немесе қашып кететін жайт ұшырысады.

Құс іліп жүрген Қ. айнып ала алмай қалса, бабын түзейді. Ондайда көбіне семіртіп алған соң қайта қайырып бабына келтіреді.

Әдеб.: Полферов Я.Я. Охота в Тургайской области. Оренбург, 1896; *Almasy György. Vándorutom Azsia szivebe.* Budapest, 1903; Чорманов М. Заметка о киргизах Павлодарского уезда // ЗСО ИРГО. Кн.33. Омск, 1906. С.1-32; Орехов И. Охота с ловчими птицами у киргиз // ТВ. 1910. № 66, 67, 68; Айманов Ш. Қыран туралы хикая. Алматы: Қайнар, 1967; Мұқанов С. Халық мұрасы (тарихи-этнографиялық шолу). Таңдамалы шығармалар. XV том. Алматы: Жазушы 1979; *Бабалықұлы Ж., Тұрдыбаев А.* Саят. Алматы: Қайнар, 1989; Құсбегілік // Шаңырақ. Үй-тұрмыс энциклопедиясы. Бас ред. Р.Нұрғалиев. Алматы: ҚСЭ-ның бас редакциясы, 1991. 421-426 бб; Определитель хищных птиц Казахстана (коллектив авторов). Алматы, 1995; *Марғұлан Ә.* Таңдамалы. 2-том. Алматы: Алатау, 2007; ҚӘТС. 9-том. Алматы: Арыс, 2009; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚЫРҒЫ / ҚЫРҒЫШ – ағаш, темір бұйымдарды қырнап өңдеуге, тегістеуге арналған құрал. Қ. асыл болаттан жасалады. Қ.-ның жүзі қиғаш қайралған, өткір, дөңес кейде ойыс болып келеді. Қ.-ның көмегімен күмістің бетіндегі кедір-бұдырды тегістеп жылтыратады. Ағаштан ыдыс-аяқ, келі жасағанда, ішін қырып, ояды.



Қырғы. ҚР MOM қорынан (КП 2054)

ҚР MOM қорында (КП 2054) Қ. сақтаулы. Қ.-ның ағаш оюға арналған басы болат темірден жасалып, ұшы оюға ыңғайлы қырланып біткен. Қолға ұстайтын бөлігі ағашпен сапталған. Ұзындығы 24,5 см.

Ұстаның болат құрыш қырғышындай, Қадалар қызыл тілім өңменіңе-деген Көкей ақынның өлең жолдары Қ.-ның қызметін ашып көрсететіндей. Кейбір түркі тілдерінде Қ. әрі «пышақ», әрі «қайшы» орнына қолданылады.

Әдеб.: Шоқпарұлы Д. Теріден жасалатын бұйымдарды құрастыру технологиясы. Алматы: Кітап, 2005. 120 б; Шоқпарұлы Д., Дәркембайұлы Д. Қазақтың қолданбалы өнері. Алматы: Алматыкітап, 2007. 272 б. ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚЫРҒЫШЫ – ағаштан ыдыс-аяқ жасайтын шебер. Жалпы жекелеген саланы меңгеруіне орай ағаш шеберлері: үй жасайтын – *үйші*, ер жасайтын – *ерші*, арба жасайтыны – *арбашы*, ыдыс-аяқ жасайтындары – Қ. деп аталған. Бұл атау ыдыс жасаушының ағашты үнемі қырып, қырнап отыратындығынан қалыптасса керек.

Көшпелі ортада ағаш ыдыстар өзінің тез сынбайтын беріктігімен, жеңілдігімен, арзандығымен, қыш, мыс, темір ыдыстарға қарағанда кеңірек таралған.

Ағаш ыдыстар қолданысына қарай ет тағамдарына арналған – *астаулар, табақтар*; қымызға арналған – *қымызаяқ, ожау, қымыз тегене, керсен*, басқа да сұйықтықтарды құюға арналған *аяқ, саптыаяқ, тостаған* сияқты көптеген түрлерге жіктеледі.

Ағаш ыдыстарға қолданыс ерекшелігіне сай сапасымен қоса сәндік, эстетикалық талаптар қойылатын. Осыған байланысты күміспен күптеу, оймыштап өрнектеу, сүйек, мүйізбен әрлеп әсемдеу жиі кездесетін. Әсіресе, қымызға арналған ыдыстардың сырты ерекше ою-өрнектермен безендірілетін.

Ыдыс-аяқ жасайтын ағаштың өзін дұрыс таңдай білу, оларды қай уақытта жинау, қалайша келтіру, қандай тәсілдермен кесін-жону керектігін білмейінше сапалы ыдыс жасау мүмкін емес еді. Дұрыс жасалмаса, үнемі ыстық пен суықты, ылғал мен құрғақшылықты алма-кезек көріп отыратын ыдыс тез сызат алып, сұйықтық ағатын болады немесе кетіліп қалады.

Әдеб.: Катран Д. Қазақтың дәстүрлі ас-тағам мәдениеті. Ғылыми редактор және алғысоз авторы Нұрсан Әлімбаев. Алматы: ҚМӨҒЗИ, 2002; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚЫРКҮЙЕК – дәстүрлі күнкайыру жүйесіндегі күз тоқсанының басқы айының атауы. Жер өңдеу, жеміс-жидек терумен шұғылданған өңірдегілер «*тамыз бәрін пісіреді, қыркүйек табаққа түсіреді*» деп Қ. айын ерекше қадір тұтқан. Қазақы күнкайыруда Қ. айын он жеті тоғыс (айы) деп те аталады (**қ. Тоғыс**). Қазақ этноастрономиясы мен күнкайыруы туралы еңбегінде Б.А.Куфтиннің Қ. айы 27-28 күннен тұратындығына ден қояды. Бұл айдың мұсылмандық күнтізбе бойынша қалыптасқан *мизам* деген атауы да бар (**қ. Мизам**).

Қ. айының атауының мәнін дәстүрлі шаруашылық қарекетіне байланысты қалыптасқандығы айтылады. Соның бірі – *қырық+үйек*, яғни күзгі қою жүнді қыркумен байланыстырады. Сонымен бірге, ай атауының мәнін күйекке байланысты түсіндіретіндер де бар. Қазақ шопандары қошқар мен текеге күйек байланғаннан кейін 90 күн өткенде Қ. айы басталады деп санаған. Ай атауы осыған байланысты қалыптасқан деседі.

Қ. айында *мизамшуақ, кемпіршуақ* сияқты амалдар келеді (**қ. Мизамшуақ**). Жыл құстары қайта бастаған кезде күн райы күрт бұзылады (**қ. Құстың жайы**). Есепшілер осы амалдар кезіндегі табиғаттың түрлі құбылыстарына қарай отырып, алдағы күн райын болжауға әрекет еткен. Қ. айының бас кезіндегі табиғат құбылыстарына, жеміс-жидек пен шөптің сипатына, ал орта кезінен бастап, ағаш жапырақтарының өзгеруіне, айдың соңындағы *қаймақшып* қатқан мұзға (суық өңірлердегі) қарап күн райын болжайды. Әсіресе, ағаш жапырақтары – алдағы қыстың «жаршысы» іспеттес: егер олар ерте түссе, қыс та ерте басталады; егер түгел түспесе, алдағы қыс мал мен жанға қолайлы болатындығының белгісі деп есептейді. Жекеленген ағаштарға қарап алдағы көктемнің күн райын шамалайды: қайың жапырақтары басынан бастап сарғайса, алдағы көктем ерте келеді.

Қ.-тегі күн райына қарап, алдағы келер маусымдардың қалай болатындығын шамалап болжаған: ай басталғанда алғашқы күндері күн күркіресе, басталған күз жылы болады жориды. Ал, Қ. айы жылы, әрі жауын-шашынсыз болса, күз жылы болады екен дейді. Бұған қоса, қоныр аңдардың, құстардың әрекетін бақылай отырып, алдағы уақытқа болжам жасайды (қ. *Күнрайын болжау*).

Әдеб.: *Куфтин Б.А.* Календарь и первобытная астрономия киргиз-кайсацкого народа // ЭО. М., 1916. №3-4. С.123-155; 876. Уәлиев Н. Ай аттары асылымыз. Күн қайыру // АТ. 1991. №5, 8,10,12; *Жүнісұлы А.* Тағы да ай аттары туралы // ЕК. 1997, 5-қараша; *Құранбаев Е.* Ай аттарындағы жанылыс неден? // АТ. 2002, көкектің 18-і. № 16-17; *Әбуталин О.М.* Қазақ күнтізбе жүйесінің лексика-семантикалық бірліктері. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. Алматы, 2008; ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚЫРҚА ШАЛУ / ҚЫРҚАЙ ШАЛУ – күресте кен қолданылатын әдіс, амал. Аталмыш әдісті қолдану арқылы көп күш жұмсамай жеңіске жетуге болады. Қолданылуына қарай бұл әдістің жүзеге асуы да түрлі болып келеді. Көп жағдайда епті *палуандар* қарсыласы қызбалыққа салынып, көзсіз шабуылға шыққанда Қ. ш. әдісі арқылы оңай жығып кетеді. Ондайда аяқты іштен немесе сырттан шалу арқылы қарсыласты тізе бүктіруге тырысады (қ. *Балуан*).



Қырқа шалу. ҚР МӨМ материалдары бойынша суретті салған Б.Досымов

Қ. ш. әдісін қолданғанда көбінесе, белбеуден және жеңнен ұстайды. Айталық, қарсылас аяқтарын алшақ қойып, бір аяғын алға қойғанда немесе қатты итергенде аталмыш әдісті қолданған қолайлы. Ол үшін палуан қарсыласын белбеуімен жеңінен мықтап ұстайды. Сосын қағатын аяғының қатарына сол аяғын қоя сала, сол бойда бүгін, оң аяғымен оның жіліншігін немесе санын қағады. Осылайша қағып жіберісімен қарсыласын солға немесе алға қарай еңкейте сілкіп үйіріп әкеп құлатады.

Әдеб.: *Мұхитдинов Е.* Қазақша күрес. Алматы: Қазақстан, 1984; *Болғамбаев М.* Қазақтың ұлттық спорт түрлері. Алматы: Қайнар, 1985; *Матушак П.Ф., Мухиддинов Е.М.* Қазақша күрес. Алматы: Рауан, 1995; ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚЫРҚАР – қылыштың халық ауыз әдебиетінде кездесетін бір атауы. Дәстүрлі мәдениетте жауынгерлік қару қиелі саналып, адамдардың бұл қарумен қатынасы

ете ерте заманнан бастап ғұрыптық форманы қабылдады. Қазақтардың дәстүрлі мәдениетінде аңшылық кәсіпте, әскери істе кәсіби құралдарды – қаруларды қиелеу барысында олардың өз атын атауға тыйым салынып, оларға құпия жанама атаулар берілді. Бұл лингвистикалық табу ескі діни наным түрі – сөз магиясына, зат пен есімнің арасындағы материалдық байланысқа сенуге негізделді. Қарудың өз атауының орнына оны магиялық жанама атаулармен атау қарудың иесіне қауіптілігін зиянсыздандыру жолы болатын. Әскери істе қарудың өз атауын эвфемистік жанама атаумен ауыстырудың бірнеше әдістері болды. Солардың бірі – қарудың өз атауын заттың әрекеттік сипатын көрсететін сөзбен ауыстыру. Мысалы, қылыштың өз атауын оның негізгі зақым салу әрекетін көрсететін «*кескір*», «*қырқар*», «*кесер*» деген атаулармен ауыстырып қолданған. Алғашқыда әскери істе қарудың магиялық атауы болып қалыптасқан бұл сөздер кейін халық ауыз әдебиетінде поэтикалық троптарға айналып, қарудың қасиетін сипаттайтын эпитет ретінде көркемдік құрал қызметін атқара бастады.

Тілімізде эвфемизмге айналған қылыштың «қырқар», «кескір», «кесер» сияқты бұл магиялық жанама атауларында қару адам сияқты жанды саналып, белгілі деңгейде белсенділік пен еркіндікке ие болады, сондықтан жауынгердің қаруы өз бетімен әрекет ете алады деген көне анимистік сенімнің жаңғырығы да көрініс тапты. Бұл сенімдердің негізінде қазақтарда қаруға қатысты түрлі тыйымдар қалыптасты. Мысалы, қылыш, пышақтарды адамға бергенде басын, жүзін алға бағыттап беруге, немесе адамға кезеуге болмайды, себебі олардың жүзі ұзарып, адамды жаралау мүмкін деседі. Қазақтардың тыйым салттарында қылышты себепсіз біреуге көтеруге болмайды, қылышты көтергеннен кейін оны пайдаланбау адамның өзіне қауіпті саналды, суырылған қылыш тек қана шығарылып қана қынабына қайта салынуы тиіс. Этнографиялық деректерге қарағанда, аталмыш жайтқа байланысты жауынгер ертеректе тым болмағанда өз бармағын кесіп қан шығарып болғаннан кейін ғана қылышын қынабына салады екен.

Әдеб.: *Валиханов Ч.Ч.* Следы шаманства у киргизов // Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в 5-ти томах. Т.1. Алма-Ата: Издательство АН Казахской ССР, 1961; *Кайдаров А.Г.* Доспехи и вооружение воина-батыра в казахском эпосе и их этно-лингвистическое объяснение // Известия АН Каз ССР. Серия общественная. 1976. № 6. С.24-35; *Ахметов Ә.* Түркі тілдеріндегі табу мен эвфемизмдер (салыстырмалы лингвистік зерделеу). Алматы: Ғылым, 1995; *Ахметжан Қ.С.* Қазақтың дәстүрлі қару-жарағының этнографиясы. Ғылыми редактор және алғы сөздің авторы Нұрсан Әлімбаев. Алматы: Алматыкітап, 2006; ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚЫРҚАЯҚ – дәстүрлі қазақ күнқайыру жүйесінде кездесетін амал атауы. Алтай қазақтары арасында қыстың бас айының 10 және 15 жанасында келетін амал. Шынжандық зерттеуші Н.Сұлтаншәріп Қ. сипатын былай дейді: «... бұл мезгілде шыққан күнге шағылысып, жылтылдып көктен түскен қар ұшқыны көзді аштырмайды. Мұны қаңтардың (күнқайырудың ертедегі нұсқасы бойынша қаңтар деп



қазіргі желтоқсан айын атаған – ред.) қырқаяғы деп те атайды». Қазіргі күнқайыру бойынша желтоқсанда аяз басталған осы амалда қыстауға келін қонған ауылдар жаппай соғым соя бастайды (қ. *Соғым*). Соған байланысты Қ. амалын оны ел арасында *соғым кезі* деп те атайды. Қ. амалында сойылған малдың еті тез тоназып қалатындықтан сапасын ұзақ сақтайды. Қ. амалы өткен соң күннің қысқы тоқырауы келеді. Онан кейінгі кезекте қыс шілдесі басталады.

Әдеб.: *Сұлтаниәріп Н.* Қазақ күнтізбесіндегі ай амалдары // Ұлттар ынтымағы (Үрімжі). 1994, №4. 34-44 бб; Тәукейұлы С. Ата таным. Ұланбатыр, 2006; ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚЫРҚЫ / ҚЫРҚЫН БЕРУ – адам дүниеден өткеніне қырық күн толғанда атқарылатын ғұрып. Құдайы ас түрінде беріледі. Қ. бергенде Құран оқылып, туған-туыс жиналады. Қ. әдетте, тура қырық күн өткен соң емес, көбіне 3-5 күн ерте өткізіле береді. Бұған жетісіне қарағанда көп мән беріледі. Қыркына дейін марқұмның басына ескерткіш тасын немесе қоршау орнатады. Бұл, сірә, қырық күнге дейін өлген адамның жаны өз үйіне «келіп» жүреді, тек қырық күн өткен соң ғана түпкілікті тастап шығады деген көне нанымға байланысты болса керек (қ. *Жүзін беру*). Аруақ, рух, адам жаны және о дүние туралы түсінік-пайымдар алғаш пайда болған кезең қола дәуірінен бастау алады. Яғни, сол замандардан бастап аруақтарды қайырымды етуге тырысып, киіммен, тамақпен, түрлі бұйымдармен қамтамасыз етіп, басына үй (пана) тұрғызып келеді. Бұл ғұрыптардың бірлі-жарымы ислам діні орнығуына байланысты басқаша түрленіп өзгеріске түсті немесе мүлдем шығып қалды (қ. *Жерлеу*). Қ.-на дейін үйде *шырақ* немес *шамды* сөндіруге тырысады. Ол үшін он жақ босағада әр күн сайын *қырық шырақ* жағылды. Бұл марқұмның артында қалған «түтінін түтетер, жарығын сөндірмес» ұрпағы бар дегенді білдіреді. Сонымен қатар, егер қараңғыда қалдырса аруаққа зиянкес күштер қастандық жасауы мүмкін деген көне түсініктен туған жосын (қ. *Аруақ; Шам; Шырақ*).

Діни сенім бойынша осы кезде марқұм «о дүние сотында жауабын бере бастайды» деп есептелген. Нұрсан Әлімбаевтің пікірінше, кейбір адамның бұл дүниеде бітпей қалған тығыз шаруасы, кесілген дене мүшесі қалса Қ.-на дейін адамның жаны (рухы) ғарыш алаңына қарай көтеріле алмай қиналады екен. *Зерттеушінің ойынша, қырқынан шығару мен қырқын берудің идеясы ортақ болып келеді. Мұнда екі дүниенің арасын ажыратып тұрған әлдебір шекара бар. Адам баласы туғанда осы шекарадан бері қарай өтеді, ол өзінің о дүниелік киімін «ит көйлегін» шешеді яғни, о дүниенің күзетшісі болған итке береді, «ит жанын» қалдырады, ит кейінінен адам қалпына ауысады, оның орнына бұл дүниенің киімін «адам көйлегін» киеді. Өлгенде бұл кері бағытта жүреді: өлген адам бұл дүниенің киімін шешіп, оның орнына о дүниелік кебін, ол да – ит көйлек киімін киіп, әлгі шекарадан кері қарай өтеді, итке айналады.*

Көрдегі мәйіттің денесі 40 күнге дейін толық сақталып, 41-ші күннен бастап бұзылады деп есептеген. Қырық

күннен бастап бұзыла бастаған мәйіт әбден ағып біткен кезде, өлген адамның о дүниедегі «шын өмірі басталады» деп санаған. Дәстүрлі наным-сенім бойынша әр үйдің иесі болады. Үй иесі өлгеннен кейін орнына қырық күнге дейін пырақ жағып қоятыны сондықтан. Осы қырық күнге дейін адам жаны үйге келін тұратын көрінеді. Қырық күннен кейін молда келін, құран оқыған соң, үйден соңғы рет жылап шығып кетеді екен деседі.

Рух адамның тәнін өлерден қырық күн бұрын тастайды. Сөйтіп, құсқа (көгершінге) айналып, ұшып барып бәйтеректің жапырағында өз адамының есімі жазылған бұтаға қонады. Бұнда адамның аты жазылған қисапсыз жапырақтар көктеп-солып, алма-кезек ауысып тұрады. Жан адам өлгенде шыбын бейнесінде денеден шығып, үй ішінде ұшып жүреді (қ. *Жан; Құт; Рух; Сүлде*). Тек қырық күннен кейін барып, үйді біржолата тастайды. Бәйтеректің діңгегі арқылы әлгі жан жерге түсіп, не жерге шығып жүреді де, мезгілі болғанда әйелдің құрсағына қонады, сөйтіп, жаңа өмір пайда болады. Жануарлар да, өсімдіктер де дәл осылай өмірге қайта келеді. Жапырағына жан орналасқан осынау киелі терек туралы миф түрік халықтарына кең таралған. Қазақта басқаша бір нұсқасы тағы бар: *жер мен көктің кіндігінде жападан жалғыз өскен киелі бәйтерек бар. Бұл теректің басы аспанмен, түп тамыры жер астымен жалғасқан. Ол – көзге көрінбейтін киелі ағаш. Бұл бәйтеректе жайқалып өскен әрбір жапырақ жер жүзінде жасаған әрбір адамның өмір тіршілігінің нышаны, жер жүзінде тіршілік етіп отырған әрбір адам киелі теректің жапырағы жарылғанда өмірге келеді, жапырағы жайқалып өскенде өсіп, үлкейіп, кемеліне келеді, жапырағы мезгілсіз сарғайса, қайғы-қасіретке тап болады, жапырағы солса, қартаяды, жапырағы үзіліп, жерге түссе, қазаға ұшырайды* - деп аңыздалады.

Бұл жөнінде Ш.Уәлиханов былай деген еді: «Өлген адамның о дүниедегі хал-ахуалы жерленгендегі, жерленгеннен соңғы ырым-жоралардың салт-санаға тән бұзылмай орындалуына байланысты еді. Егер өлімнен кейінгі ырым-жоралар дұрыс орындалса, өлген адамның рухы жайбарақат күйге түсіп, өз үрім-бұтақтары мен туған-туысқандарына шапағатын тигізіп, жебеб жүреді, ал олай болмаған жағдайда жауығып, аруағы қарғап-сілейді».

Әдеб.: Древняя культура Центрального Казахстана. Алма-Ата, 1966; Ибраев Б. Космогонические представления наших предков // Декоративное искусство СССР. 1980. №8. С.40-44; Уәлиханов Ш. Тандамалы. Алматы, 1985; Төлеубаев А.Т. Реликты доисламских верований в семейной обрядности казахов (XIX-начало XX в.). Алматы, 1991; Әлімбаев Нұрсан. Қазақтың өлікті жөнелтуге байланысты жосын-жоралғыларының этномәдени проекциясы // ҚР ҰҒА-ның хабарлары. Қоғамдық ғылымдар сериясы. 1994. №4. 36-48-бб; Қазақ аңыз-ертегілері. Бейжіп: Ұлттар баспасы, 2002; Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы. Алматы: Арыс, 2004; Әмешов Ә. Өмір мен өлім туралы // Парасат. 2006. №2. 26-29 бб; Қазақ әдебиетінің тарихы. 1-том. Қазақ фольклорының тарихы. Жалпы ред. басқарған С. Қасқабасов. Алматы: ҚазАқпарат, 2008; Тойшанұлы А. Түрік-моңғол мифологиясы. Алматы: Баспалар үні, 2009; Нұрсан Әлімбаевтің қолжазбасынан; ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚЫРҚЫМ – қой жүнін қырқатын науқан кезі. Қырқымды халық тілінде *қырқым кезі, қырқым үсті, қырқым науқаны, қой қырқымы* деп әртүрлі қолданады. Қырқымға қатысып қой қырқатын адамды *қырқымшы, қырықтықшы* дейді. Қырқым жылдың маусымына қарай ауа райындағы ерекшелікті ескере отырып ұйымдастырылады. Соған орай қырқым *көктемгі қырқым, күзгі қырқым, күзем, қой күземі, қозы күземі* деп бөлінеді.



Қырықтық. Суретші Н.И. Ткаченко. Львович Дм. По киргизской степи (Петроград, 1914) атты еңбектен

Қырқымды табысты өткізу үшін дайындық жұмыстарын тиянақты жүргізін (қой-қозыларды тоғыту, қой қырқуға қажетті құралдарды дайындау), оған қатысатын адамдардың міндеттерін белгілейді. Қырқым науқаны күн ашық күндері өткізіледі (**қ. Қой; Қой қырқымы**).

Әдеб.: *Ермеков М.* Қазақстанның биязы және ұяң жүнді қой шаруашылығы. Алматы: Қазақ мемлекет баспасы. 1951; *Елемесов А., Ермеков М.* Қой шаруашылығы. Алматы: Қазақ мемлекет баспасы. 1954; *Медеубеков Қ.Ұ., Сарыбасов Т.И.* Қазақстанның қой шаруашылығы. Алматы: Қайнар, 1984; *Саудабаев С.Б., Нартбаев А.Н.* Қой мен ешкіні қолда өсіру. Алматы: Қайнар, 1988; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚЫРҚЫНАН ШЫҒАРУ – баланың дүниеге келгеніне қырық күн толғанда атқарылатын наным-сенімге негізделген ғұрып. Қырқынан шығарғанда баланың «*қарын шашы*», «*сүт тырнағы*» алынады. Қарын шашты тастамай шүберекке немесе өзінің киіміне түйіп қояды. Оны кейде тіл көзден сақтайды деп бесігінің басына, жейдесіне тұмар ретінде іліп, шошынғанда сонымен қағып аластап емдейтін болған. Кейбір дерек берушілердің мәліметінше баланың сәби шағының ескерткіші ретінде де сақтайтын болған. Негізінен «қарын шашы алынбаған баланың назасы қатты болады» деген сенімге орай қарын шашты түгел алатын болған (**қ. Айдар; Кекіл; Қарын шаш; Тұлым, Сүт тырнақ**). Қалыңмалы көп болсын деген ырыммен, қызды қырық күннен асырып, қалың малын аз төлейтін жерден қыз алайық, ер жігіт тез ер жетсін деп, ер баланы 37 – 39 күнде Қ. ш.-тын болған. Бұдан тыс қыз баланың ұлға қарағанда ширақ болатын ерекшелігін ескерген халықтық тәжірибенің де көрінісі бар деп санауға болады.



Қырқынан шығару. Суретші Ералы Оспанұлы

Баланың шашын, тырнағын алу мен шомылдыруға өнерлі, өжет, ісмер және пысық әйелдер таңдалады. Бұл осы игі қасиеттер балаға да жұғысты болсын, сол адамға тартсын деген ырым. Қ. ш.-арда арнайы алынған жаңа тостағанға жиналған үлкен әжелер мен қыз-келіншектер қырық қасық (кей өңірлерде қырық бір қасық) су құйып, әр қасық су құйған сайын жақсы тілектерін білдіріп отырады. Бала шомылдыратын үлкен ыдысқа осы қырық қасық сумен бірге еселеп тағы су құйылады. Бала малды болсын деген ырымға сәйкес осы суға қырық құмалақ (кей өңірде 41 құмалақты) салып, шомылдыру барысында әр құмалақты бір-бірлеп баланың басына қасық сумен бірге құяды. Бұл рәсім атқарылып біткеннен кейін осы қасық пен тостағанды шомылдырған адамдарға береді, сонымен қоса, жөн жосығына қарай әшекейлерден кәде береді. Ол үшін алдын-ала суға құмалақпен бірге күміс теңгелер, әшекей бұйымдар, асықтар салынады. Яғни, келін болып түскен соң ауылындағы туыстарының үйін аралаған кезде жасы үлкен апалар *итаяғыңа саларсың* деп берген әшекейлерін салады. Ол баланы шомылдырған табақты өркендеу, өсіп-өну идеясына байланысты итаяққа тенегені, келін итше күшіктеп көп балалы болсын деп алдын-ала тілеген тілегі еді (**қ. Итаяғына салу**). Салынған нәрселерді, әшекейлерді баланы шомылдырған кісілер бөліп алады. Қырқынан шығарылған суды аяқ баспайтын жерге немесе қой қораның ішіне төгеді. Ал, кейбір аймақта алғашқы шомылдырған суын *шілде суы* деп атап, одан ыдысқа құйып алып қалады. Кейін баланың денесінде қызарған жер, бөрткен пайда болса осы судан жақса шипа болады деп есептеген (**қ. Шілде су**). Сондай-ақ, осы суға сақтап қойған кіндігінен де езіп жағады. Бұл дәстүр осы күнге дейін сақталған. Баланың кіндік шешесі киігізген, қырық күн киген «итжейдесіне» әр түрлі тәттілер салынып, ит мойнына байланады. Итті қуалай ұстап алған балалар оның мойнына оралған тәттіні бөлісін жейді (**қ. Ит жейде**).



Халықтық наным-сенім бойынша өмірге келген адам қырық күнге дейін екі дүниенің ортасында тұрады. Яғни, қырық күннің ішінде бала әлі де табиғаттан адамдар әлеміне, өмірге өтпейді, өтпелі кезеңде болады деп есептеген (**к. Жерлеу; Жүзін беру; Қырқын беру**). Сол себепті қырқыннан шыққанша жаңа босанған әйел мен сәби үйден сыртқа шығып, елдің көзіне түспей ерекше бағым-күтімде болады. Қ. ш.-ға дейін «адамның қарнынан шыққан» деп баланы иіскеп, сүюге тыйым салынады. Қырық күннен кейін сәби мен анасы ширап, адам қатарына қосылады. Қырқыннан шыққан ана мен бала «қырық қадам аттап» қырық үйді аралап қонаққа барған. Барған үйлері «қуыс үйден құр шықпасын» деп әр түрлі сый тартқан.

Дәстүрлі ортада баланың қырқыннан шығар тойына әнші, ақындар шақырылып, ақсақалдан балаға азан шақыртып ат қойып бата беруді өтінетін. Баланың атын Қ. ш.-қан соң қою өмірге енді келгенін әйгілейтін наным-сенімге негізделген көне жосын болып саналады. Жиналғандар тойбастар айтып, арты кішігірім тойға ұласады.

Әдеб.: Әбуталиев Н. Қайран Нарын. Алматы: Жазушы. 1980; Еремина В.И. Историко-этнографические истоки мотива «вода-горе» // Фольклор и этнография. Л.: Наука, 1984. С.195-204; Әлімбаев Нұрсан. Қазақтың өлікті жөнелтуге байланысты жосын-жоралғыларының этномәдени проекциясы // ҚР ҰҒА-ның хабарлары. Қоғамдық ғылымдар сериясы. 1994. №4. 36-48-бб; Кенжеасхметұлы С. Ата мұрасы – асыл қазына 1-кітап. Астана: Аударма, 2005. Нақысбеков О. Түркістан экспедициясының материалынан // Тілтаным. 2006, №2. 6-11 бб; ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚЫРМАН – орылған егінді сабанынан, мекен-топанынан арылтып, дәнін алу үшін, арнайы дайындалып жабдықталған, ашық алаңқай орын. Қ.-ды тегіс, құрғақ, жан-жағы ашық дөңес жерде жасайды. Астықтың көлеміне қарай Қ.-ның үлкендігі әртүрлі болып келетін. Орташа аумағы диаметріде 8-10 м. шамасында болған. Қ. құру тәсілдері, кейбір жергілікті ерекшеліктеріне қарамастан, жалпы қазақ жерінде бір тектес болып қалыптасқан. Суармалы егіншілік дамыған (Сырдария, Арыс өзендерінің бойында) өңірлерде Қ.-дарды егістіктің ішінде немесе егістік қақпасында жасайды. Тәлімі бидай өсіретін Торғай және Ақмола облыстарында көбінесе қыстаулардың маңында жасалатын болған. Орал облысында егістіктердің дені жайлауда орналасқандықтан Қ.-дарды да жайлауда салатын дәстүр қалыптасқаны белгілі. Қ.-ға арналған жерді дайындаудыңда жер жағдайына байланысты ерекшеліктері болған. Қ. жасау таңдалынып алынған алаңқайды шөбінен тазалап, тегістеп, су сеуіп мұқият таптап, дәнді бастыруға жарайтын жағдайға жеткізу болып табылады. Шымы қалың жерлерде шымын ойып алып тастаған соң ғана тегістеу, таптау жұмыстарын жүргізетін. Қ.-ды таптау дегеніміз, шөбінен немесе шымынан тазаланып тегістелген жерге жақсылап су құйып, дегдiген кезде қалың қылып шөп төсеп, үстiн бiрнеше сағат бойы жылқылар немесе түйелермен бастыратын. Кейбiр жағдайда тас тиеген арбамен де таптайтын. Нәтижесiнде, шөбiн алып тастап, кептiрiлгеннен соң, Қ. бетi қатты болып қатып, сыпырып тазаланғаннан кейiн астық қабылдауға дайын болады.

Қ.-ның ортасына биіктігі 2 м. шамасында «оп ағаш» деп аталатын дiңгек орнатылып, дәнді бастыратын малдың бас жiбi оратылып қалмайтындай, темiр немесе талдан өрiлген шеңбер шығыршық орнатылатын. Кейбiр жерлерде, Қ. басына астықты уақытша сақтайтын *жапта* құрылатын (**к. Оп; Жанта**).



Қырманда. ҚР МӨМ қорынан (КП 6672)

Астықты Қ. басына арбамен немесе итарқалап қалап алаша сүйретпемен тасып, түйе, өгізге артып жеткізетін болған. Бауланған астық Қ. басына маяланатын, маялардың көлемі 15 тен 40 арбаға шейін болып келетін (**к. Астық; Астық баулау**). Қос өгіз жегілген бір арбаға 200 дей бау салынатын, түйеге артып тартқан жағдайда, бір түйеге 30-40 бау тең артатын. Астық Қ. басына түсірілгеннен соң астық бастыру басталады. Астық Қ. басына жиналып маяланғаннан соң, астық бастырардың алдында Қ. қандау рәсімі жасалған, ол үшін Қ. басында садақаға мал сойылып, қанымен құрал саймандарды қандап, құран оқылып, ет асылып Қ басында таратылатын (**к. Қырман қандау**).

Ерте кезде астықты көбінесе өгіз, түйемен, ал жылқылы елде жылқымен де бастыратын. Мұндай жағдайда бірден 5-6 бастан 10-15 басқа дейін мал айдалатын болған. Дән басатын малдың саны көп болған жағдайда біріншісі оп ағашқа байланатын да, одан соңғылары нокта, мұрындықтың шылбырын алдыңғысының мойнына байланып, бірімен бірі тіркесе, Қ. бойы көгенделе қосақталынып айдалатын. Әдетте 20-25 айналымнан кейін өгіздердің айналым бағытын өзгертіп отыратын. Оңтүстік өңірде оп ағашқа байланған басқы өгізді «оптыр өгіз» деп атап, науқан біткенше сол орнынан аустырмайтын. Астық бастыратын малдың айдаушылары әдетте жас өспірім балалар болатын. Орыстармен сауда саттық қатынастар орнаған кезде, (Ақмола, Семей облыстарында), солардан сатылып алынған *мала таспен* бастыратын болған. Шымкент, Әулие ата ояздықтарында, малы аз шаруашылықтарда, астықты *уалмен* бастыратын болған (**к. Уал**). Әдетте бір салым дән бастыру, екі-үш сағат уақытты алатын. Дән бастыру кезінде бастырылып жатқан бауларды аша, айыр тырмаларыменен копсытып араластырып, дәннің масақтан ажырауын қадағалап

отыратын. Осы аталған тәсілдермен бір Қ.-да күніне, орта есеппен 30 пұтқа дейін астық бастырылатын болған. (**к. Дән бастыру**). Астықтың түсімі мол үлкен шаруашылықтарда бауды бастыратын және *майқаны* ұшырып тазалайтын қатар орналасқан екі Қ. жасайтын. Астықты бастыру кезінде сабанымен масағынан айрылған дәнді бөліп алу жұмыстары мен салт рәсімдері астық *майқандау* деп аталады. Жартылай тазаланған астық майқан деп аталған (**к. Майқан**). Майқанды ұшыру, тазалау жұмыстары көп уақытты алатын, бірнеше сатыдан тұратын кешенді жұмыстар қатарына жататын (**к. Астық майқандау**). *Топанынан* айру үшін дәнді бірнеше рет ағаш күректермен желге ұшырып, біртіндеп тазалап соңғы ретінде алашаның үстіне ұшырып алып түрлі қалбыр, елек, елеуіштердің көмегімен бөтен қоспалардан тазартылатын (**к. Елек**).



Қырманда. ҚР МОМ қорынан (ФКП 5386)

Диқан өз қырманының астығын алып, пайдалануға кірісерде *«Диқан атаның»* атына бағынтай, құраннан аят оқиды, мұндай жосын жоралғыларды *«қырман көтеру»* деп атайды. Содан соң алғашқы өлшем қайыр-садақаға, *«аққұлаға»* бөлінеді. Бұл міндетті түрде кешкісін, қараңғы түскенде жасалады, күндіз жасалмайды (**к. Аққұла; Диқан баба; Үшір/Ғұшыр**).



Қырманда. Ақтөбе губерниясы. Қаратогай болысы. 1926 ж.
ҚР МОМ қорынан (КП 27229/16)

Қ.-ға байланысты салт жоралғылар егін шаруашылығының қазақ халқында өте көнеден қалыптасқандығының бірден бір айғағы. Жер жерлерде, Қ. деп атын атамай, ырыс, құт жібереді деп *«Диқан баба»* деп атаған. Мысалы, Қ. басында от жақпайды; бұлт шақырып, жаңбыр жуғызады деп су сақтамайды; қырмандағы бидайдың үстіне келін жатқан жыланға тиісуге болмайды, қайта оның басына ақ құйып жібереді. Халық сенімі бойынша жылан ырыс, байлық әкелуші, мол өнімнің кепілі болып саналған (**к. Жылан**). Қырман басына әйелдер табак, шара т.б ыдыстарымен келгенде іші бос қайтпасын деп ыдыстарына дән салып қайтарған. Қ. соғып, дәнді желге ұшырып, тазартқанда *жел пірі Мірқайдар* мен *желдің иесі Жалаңаш атаға* сыйынады (**к. Жалаңаш ата; Мірқайдар**). Мұнысы – дән көп болсын, қауыз топан аз болсын, *Майда ие* қолдай гөр дегені. *«Жел иесі – Мырқайдар. Қара тұман бұлтты айдар»* дейтін де ырым бар. Айдауны балалар, айдап жүрген малға арнап:

*« ... Оптыр майда, оп майда,
Майда болмай болмайды.
Сабаны саған пайда,
Дәні маған пайда.»* –

деп өлең айтатын.

Қ. басындағы қандай істі бастаса да *Диқан бабаға* сиынып бастау дәстүрі сияқты тағы да басқа көптеген ырымдар мен салттар болғаны белгілі. Бірінші басылған бидайдан көже, ботқа пісіріп Қ. басындағыларға тарату ырымы, астық түсімінің ырысты болуын тілеп істелетін шаралардың қатарына жатады (**к. Әлім ботқа**). Оңтүстік өңірде түсімге және егіншілік пірі *Диқан бабаға* бағышталған қырман тойын *«сасқор»* деп атаған (**к. Диқан баба; Сасқор**).

XIX ғ.-дың екінші жартысынан бастап, алғашында Ақмола, Семей облыстарында кейінірек, Қазақстанның барлық жерінде дерлік арнайы құралдар мен күрделі қондырғылар кеңінен пайдалана басталды. Орыс келімсектерінен ауысқан *лобогрейка, молотилка, вейлка* сияқты құралдар мен механизмдер енді. Торғай облысының Қостанай ояздығында 1910 жылғы мәлімет бойынша қазақтарда *96 ат жеккен молотилка, 195 жатка, 15 сноповязалка (баубайлағыш)* болғаны аталады. Тіпті XX ғ.-дың басында бұмен жұмыс істейтін локомбиль сияқты күрделі механизмдері де қазақ қырмандарында қолданылды. Сөйтіп, Қ. тақырланған алаңқайдан, күрделі инженерлік құрылымға айнала бастады. Бұл үрдіс совет өкіметі кезінде өзінің жалғасын тауып, Қазақстандағы Қ.-дар өз кезіндегі үздік технологиялық құралдармен жабдықталған күрделі құрылымға айналды. Қ.-дарда астық толық өндеуден өтіп камбаларға (*элеваторларға*) шикізат емес, толыққанды тауар ретінде жөнелтіліп отырды.

Әдеб.: Чермак Л. Оседлые киргизы – земледельцы на р. Чу и заметки о пути через Голодную степь с картою. ЗСОИРГО, кн XXV11. Омск, 1900. С.1-24; Краткий статистический обзор Тургайско-Уральского переселенческого района на 1908 г. Оренбург, 1909; Материалы по киргизскому землепользованию, собранные и разработанные



экспедицией по исследованию степных областей. Т. 5. Тургайская область. Кустанайский уезд. Воронеж, 1903; Материалы по киргизскому земледельческому, собранные и разработанные экспедицией по исследованию степных областей. Семиреченская область. Лепсинский уезд, Джаркентский уезд, Верненский уезд, Копалский уезд. СПб., 1911-1913; *Аргынбаев Х., Захарова И.В.* 1958 жылы Оңтүстік Қазақстан облысына ұйымдастырылған этнографиялық экспедиция жұмысының қорытындысы // ТИИАЭ АН КазССР. Т.12. Новое материалы по археологии и этнографии Казахстана. Алма-Ата, 1961. С.92-118; Хозяйство казахов на рубеже XIX -XX веков. Материалы к историко-этнографическому атласу. 1980. Алматы, стр. 204-252; *Кармышева Дж.* Земледельческая обрядность у казахов // Древние обряды, верования и культуры народов Средней Азии. М.: Наука, 1986. С.181-208; *Алтаев Б.Ә.* Оңтүстік Қазақстан Қазақтарының егіншілікке байланысты дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. Ғылыми жетекшісі Нұрсан Әлімбаев. Тарих ғылым. канд. Ғылыми дәрежесін алуға ұсынылған диссертациясының қолжазбасы. Алматы, 1994; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚЫРМАН КӨТЕРУ – қырман басында кептіріліп, тазаланып болғаннан кейінгі астықты бөлісу іс шаралары. Қ. к. дәстүрлі ортада мейлінше ритуалданған түрде өткізілетін іс шаралар қатарына жататын. Бұл құбылыс Қ. к.-дің егіншілікпен байланысты кешенді жұмыстардың финалы болғандықтан және шыққан өнімнің игілікті, ырысты болсын деген тілеумен байланысты болса керек. Әдетте Қ. к.-ге кешкі намаздан кейін, қас қарайғанда кірісетін. Қырман басында әйел адамдардың болмауы шарт болған. Қ. к.-ге *Диқан атаға* бағыштап дұға қылып, түсімнің ырзықты болуын тілеп құран оқылып кірісетін.

Астықты арнайы өлшеуіш тегештермен, ұжым болса, ұжым мүшелерінің мұраптың, егерде адам немесе көлік күші, құрал-құралғылар жалға алынған болса келісім-шарт бойынша беретін ақысының үлестерін жеке үйінділерге үйіп тәптіштеп есеп айрысатын. Құдайылық, Ұшыр, Акқұла (қ. *Аққұла, Үшір/Ғұшыр*) сияқты үлестер де осы кезде атқарылатын. Қырман иесі құрбан шалып, *қырман қандау* (қ. *Қырман қандау*) рәсімін жасап, жиналғандардың батасын алып құдайы тамақ беретін. Қ. к.-ге қатыскандар «*Қырман қызыл болсын, астық ырысты болсын*» деп бір-біріне тілек айтып, әркім өз үлесін қаптап, ұра, қамбаларына тасуды бастайтын.

Қ. к.-ді қараңғы түскенде бастау, әйелдерді қырман басына келтірмеу сияқты жосын-жоралғылар түсімді тіл көзден сактау шараларына қатысты өте ертеден қалыптасқан табулық тиымдармен байланысты рәсімдер қатарына жатады.

Әдеб.: *Аргынбаев Х., Захарова И.В.* 1958 жылы Оңтүстік Қазақстан облысына ұйымдастырылған этнографиялық экспедиция жұмысының қорытындысы // ТИИАЭ АН КазССР. Т.12. Новое материалы по археологии и этнографии Казахстана. Алма-Ата, 1961. С.92-118; *Кармышева Дж.* Земледельческая обрядность у казахов // Древние обряды верования и культуры народов Средней Азии. М. Наука, 1986; *Алтаев Б.Ә.* Оңтүстік Қазақстан Қазақтарының егіншілікке байланысты дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. Ғылыми жетекшісі Нұрсан Әлімбаев. Тарих ғылым. канд. Ғылыми дәрежесін алуға ұсынылған диссертациясының қолжазбасы. Алматы, 1994; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан

ҚЫРМАН ҚАНДАУ – егін орылып, астық қырман басына жиналғаннан соң қырман тойы аясында өткізілетін ғұрып. Қ. к. рәсімі Қазақстанның Оңтүстік өңірлерінде

ерекше орын алған. Қ. к. рәсімін «*құдай жолы*» деп құрбандық шалып, егіншілердің пірі *Диқан бабаға* бағыштап жасалатын рәсімдердің қатарына жатады.

Құрбандыққа, көбінесе еркек мал (қошқар, ісек, серке, марка еркек козы) шалатын. Астық үйіндісінің жанына бауыздалған малдың қанын жерге сіңіріп, бауыздау қанын астық үйіндісіне қалған, күрек, тырма, аша сияқты қырман басындағы құрал – саймандарға жағып, қырман басына құт тілейтін болған. Бұл өте ерте кезден сақталып келген «*құрбандық малдың қаны құт – береке әкеледі*» деген сеніммен байланысты болса керек. Сойылған малдың егі қырман басында асылып, көрші қолаң шақырылып, дұға оқылып, бата жасалып ас берілетін. Кейбір өңірде құрбандық малдың етіне жаңа орылған өмінен (*бидай, тары т.б.*) қосып пісіретін болған, мұндай ғұрыптық ас «*Әлім ботқа*» деп аталады (қ. *Әлім ботқа*). Жалпы Қ. дәстүрі, көрпі қолаңға тамақ беру салты «*қырман тойы*» деп те аталады. Қырман тойы кезінде мұрапқа тиесілі үлесі бөлініп берілетін болған (қ. *Мұрап*). Құрбандық малдың етінен және жаңа астықтан ырымдап келген елге таратылып берілетін.

Әдеб.: *Кармышева Дж.* Земледельческая обрядность у казахов // Древние обряды, верования и культуры народов Средней Азии. М.: Наука, 1986. С.181-208; *Алтаев Б.А.* Оңтүстік Қазақстан қазақтарының егіншілікке байланысты дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. Ғылыми жетекшісі Нұрсан Әлімбаев. Тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алуға ұсынылған диссертациясының қолжазбасы. Алматы, 1994; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚЫРМЫЗЫ ТОН – жас қыздарға арналып, қызыл түсті қымбат матадан ерекше сәндеп тігілген ғұрыптық киімнің атауы. Ол көбінесе масатыдан қаптал шапан тәрізді етіп тігіледі. Өшекейлену мәнері сәнді кестелі бешпетке ұқсас. Мұндай киім камзолдың сыртынан киіледі. Шапан тәрізді болғанымен, ерекше сәні мен ғұрыптық қызметіне байланысты оны тонның деңгейімен қарайлас деп бағаланған. Қ. т.-ның жағасы мен жеңін қымбат терімен әдіптеген. Өңіріне зерлі жіптермен кесте шегіп әшекейлеген. Ал, атаудың алдындағы анықтауыш *қырмызы* сөзі парсының ашық қызыл деген мағына беретін кірме ұғым.

Әдеб.: *Шәртөв Ж.* Бір мешпетім бар еді дүриядан // АТ. 1994, №4; Қазақтың киім-кешегі. Күйтін: Іле халық баспасы, 2005; Қазақтың дәстүрлі киім-кешегі. Ғылыми каталог (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде). Ғылыми редактор және жоба жетекшісі Нұрсан Әлімбаев. Алматы: Өнер, КӨТС. 10-том. Алматы: Арыс, 2009; 2009; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан

ҚЫРНАУ – ағаш, тас, сүйек өңдеу ісінде қолданылатын тәсіл. Ағашты қырнау негізінен ойып, дөнестеп шығаратын процестермен байланысты, яғни бұл Қ.-дың сүргілеуден негізгі айырмашылығы болып табылады. Осыған байланысты ағаш Қ.-ға арналған құралдардың жүздері түрлі пошымды етін жасалады.

Қ. кезінде негізінен ағаш сүрегінің жатыңқы бағытына қарай қырнау қажет. Егер сүрекке қарсы қырналған жағдайда құралдың жүзі ағашқа бойлай кіріп кетіп, бұйымның бетін бүлдіруі де мүмкін.



Қырнау. ҚР MOM материалдары бойынша суретті салған Б.Досымов

Оймыш жүзді қырнауышпен сырты қырналған оқтау, піспек, бақан сияқты бұйымдар қолға ұстағанға ыңғайлы, көзге әсем көрінеді. Сонымен қатар киіз үйдің сүйегін даярлауда керегенің, уықтың сыртын қарнау үшін де оймыш жүзді қырнауыш жиі қолданылады. Ал астау, тостаған, ағаш табак сияқты шұңғыл бұйымдарды қырнауда дөнес жүзді қырнауыштармен шапашоттар қолданылған (**қ. Қырнауыш; Шапашот**).

Тастың бетіне Қ.-ға әдетте жүзінің пошымы түрлі болып келетін қашаулар қолданылады. Тастың бетінен оймыш өрнектер қашалып, шекіліп түсіргеннен кейін тегіс болуы үшін өткір қырнауышпен тегістеледі. Сонымен қатар тегіс бетке таяз бедер түсіруде қырнау тәсілі қолданылған. Сүйекті өңдеуден негізгі тәсілі Қ. болып табылады. Себебі, сүйектің структуралық құрылымының ерекшелігі, қашау, шеку сияқты тәсілдермен өңдеуге мүмкіншілік бермейді.

Әдеб.: ҚӘТС. 11-том. Алматы: Арыс, 2009; Шоқпарұлы Д., Дәркембайұлы Д. Қазақтың қолданбалы өнері. Алматы: Алматыкітап, 2007; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚЫРНАУЫШ / ҚЫРНАҒЫШ – ағаш, сүйек және тастан бұйымдар жасау, әрлеу мақсатында қолданылатын темір құрал. Қ.-тар қолданысына қарай тегіс жүзді, ойма жүзді, дөнес жүзді етіліп асыл темірден жасалады.

Ағашты қырнауға арналған Қ.-тың жүзі біршама жалпақ болып келеді. Оның жүзі өңделетін ағашқа, яғни, жасалатын заттың пішініне орайластыра арнайы жасалады. Ал, жұмыр ағаштың сыртын қырнауға арналған болса жүзі сол ағаштың көлеміне, пішініне орайластыра ойыс, екі сапты болып жасалады. Бұл құралмен өңделетін ағашты орнықты қылып бекітіп, шебер Қ.-ты өзіне қарай тарта отырып жону арқылы өңдейді.

Шұңғыл, ойыс, түрлі күрделі өрнектерді салу үшін жүздерінің жалпақтығы әртүрлі, шапқы және қашау типтес Қ.-тар қолданылатын болған. Ағаш сапка қондырылған темір құралмен шеберлер сабынан ұстап, жүзін өңделетін тақтаға қиғаштай салып, дүмінен балғамен тоқпақтай отырып жұмыс істейді.



Қырнауыш. ҚР MOM материалдары бойынша суретті салған Б.Досымов

Сүйек пен тасты қырнауға арналған Қ.-тың жүздері тым жалпақ болып жасалмайды. Мұндай Қ. жиі мұқалатындықтан барынша шынықтырылған асыл темірден жасалады. Жұмыс барысында бұйым неғұрлым сапалы болуы үшін жиі-жиі қайралып отырады. Мұндай Қ.-пен тас пен сүйектің бетін қырнай отырып таяздау келген бұдырлы бедерлер түсіреді.

Әдеб.: Шоқпарұлы Д., Дәркембайұлы Д. Қазақтың қолданбалы өнері. Алматы: Алматыкітап, 2007; ҚӘТС. 11-том. Алматы: Арыс, 2009; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚЫРСЫҚ – байырғы қазақтардың исламға дейінгі мифтік наным-сенімдеріндегі жай көзге көрінбейтін адамға кесел келтіретін зиянды тылсым күш иесі, зиянкестердің бірі. *Қырсық, сор* адамды пәлеге ұшырататын, итермелейтін тылсым күш. Мифтік түсінікте бұндай зиянкес күш иелері екі топқа бөлінеді. Қ. – кей адамға жүре жабысатын зиянкес болса, сор – кей адамға туа бітті жабысқан зиянкестердің бірі дейді. Ал, соры бар адамды құдіреті күшті жасаған ие болмаса, оны еш адам сордан арылта алмайды екен. *Маңдайының соры бар, пешенесінің соры бес елі немесе байды кедей болды деме, сабасының таусылмайтын қоры бар, кедейді бай болды деме, маңдайының арылмайтын соры бар* дейтін халық тіліндегі тұрақты сөз орамдары осы түсінікті аңғартады.

Қ. туралы халық тілінде *қырсық шалды, қырсық тиді, қырсыққа ұшырады, қырсығы ұстады* дейтін сөз аңғарларынан қырсықтың мифтік санадағы бейнесі жанды нәрсемен, әрекет иесімен ұқсатылатыны байқалады. Қырсық тиген, қырсық шалған адам іске, жұмысқа қырсыз болады, дұрыс сөзге құлақ аспайды, тілазар болады, бәрін керісінше істеп, кері бағып жүреді. Омарқұл ақын мен ақын Тәбия қыздың айтысында:

Кет деген тілді қырсық алмайды екен,

Жабысып көшіп-қонсақ қалмайды екен.

Берекені кес-кестеп жіберместен,

Аяқты шанағымен жалмайды екен, –

деп, қырсық бір шалса, одан құтылудың қиындығын айтады.

Қырсық тиген адамдарды бүркіттің жанына отырғызып емдейді. Бүркіт адам көрмегенді көреді, адамның көк



желкесінде, иінінде отырған қырсықтан бүркіт арылтады деп түсінген. Ескі наным-сенімде *бүркіт қырық қырсықтың бетін қайтарады* дейді.

Әдеб.: Сейфуллин С. Шығармалар. 6-том. Құраст. Т.Кәкішев. Алматы: Жазушы, 1964; Мұқанов С. Қазақ қауымы. Алматы: Ана тілі, 1995; Уәли Н. Бұрынғыдан қалған сөз (қолжазба); ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚЫРШАҢҚЫ / ҚЫРШАУ – көбінесе қорада ұсталған жылқыларда кездесетін жұқпалы тері ауруы. Қ. қышыма түрінде байкалып, малдың мазасы кетіп қасынып, көрінген жерге қышыған жерін үйкелегеннен жүні сиреп, қайызғағы көбейеді. Қоңы тайып жүдеп кетеді. Өршіген жара дер кезінде емделмесе, *қарақотырға* айналып ушығып кетеді. Асқынған Қ. жараға айналса, ол қанап мазасы кетеді.

Малшылар Қ.-ны күз бен қыста қозатын *қотырдың* бір түрі дейді. Анығында, жылқы денесіне жұққан көзге көрінбейтін ұсақ *кенелер* қыс бойы тұла бойына ұялаудан, көктемге қарай мал арықтап иммунитеті төмендеген кезде өршіп кетеді. Жалпы алғанда Қ. тар қорада көп мал ұсталған жағдайда біріне-бірі жұқтырудан болады. Қ.-ның үдеуі әдетте қыстың соңы мен көктемнің басына сай келеді. Әдетте қазақ малшылары жайылымға шыққан кезде, дәстүрлі емдеу шараларын қолданып малды Қ.-дан қиындықсыз арылтатын.

Қ.-ны жалпы жұқпалы қотыр түрлерін емдеу тәсілдері мен дауалайды: қи майы, қайың майы сияқты май түрлерін жағады; немесе *итсигек*, *қараңдыз*, *усойқы*, *қылиша* тәрізді улы ащы өсімдіктердің түбірі мен жапырағы сияқты бөлінгін суға қайнатып жылыдай бірнеше күн қатарынан жуады (*қ. Ағаш майы; Қимайы; Қайың; Улы шөптер*).

Этнограф Х.Арғынбаевтың мәліметіне қарағанда, Қ. болған жылқыны терлеткен соң таң асырады да, жараның айналасын *қандауырмен* пісіп, жас шыбықпен солқылдата ұрады (*қ. Қандауырлау*). Сөйтіп арам қанын шығарған соң соңынан қыздырылған темірмен қарып тастаса тез айығады. Қ.-ны емдеу және онан сақтанудың бірден-бір тиімді жолы – тұзды, сорлы көлдерге жылқыны бірнеше күн қатарынан шомылдыру.

Әдеб.: Исследование озер в киргизской степи // Московский вестник. 1887, №260; ЦГА РК. Ф.25, О.1, Д.4199, Св.387. О коневодстве в Тургайской области (20.03.1892 г. - 10.10.1895 г.) 187 л.; *Добровольский П.В.* Поездка на озеро «Бес-сор» // ТГ. 1906, №30-31; *Арғынбаев Х.* Қазақтың мал шаруашылығы жайында этнографиялық очерк. Алматы: Ғылым, 1969; *Хинаят Б.* Қазақтың дәстүрлі малдәрігерлік білім жүйесі (тарихи-этнологиялық зерттеу). Тарих ғылымдарының кандидаты дәрежесін алу үшін ұсынылған диссертацияның қолжазбасы. Ғылыми жетекшісі Нұрсан Әлімбаев. Алматы, 2001; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ материалдарынан.

ҚЫРЫҚ – халықтың мифтік санасында киелі, қасиетті саналатын сандар тобының бірі. Қ. сөзі сандық мағынаны білдірумен қатар тұрақты сөз орамдарының жасалуына ұйтқы болып, адам өмірінің әралуан саласына қатысты ұғымда жұмсалған. Сәбидің ана құрсағында жатқан уақытынан бұғанасы қатып, есейін ер-азамат болған шағы, кәрілікке жетіп, о дүниелік болған кезіне қатысты қалыптасқан діни ұғымдар мен тұрмыстық түсініктер бар. Сондай діни, мифтік түсініктердің бірінде ана құрсағына біткеннен бастап сәби

жеті жұлдыздың (планетаның) әрқайсында *қырық күннен* қарамағында болады, ал әр жұлдызда 70 періште бар екен дейді. Сөйтіп, ана құрсағында сәби 280 күн (7x40=280) яғни тоғыз ай, тоғыз күн жеті жұлдыздың бақылауында, 70 періштенің қамқорлығында болады.

Ал ана құрсағынан жарық дүниеге келген сәбиді *Қырық Шілтен* күн сайын біреуден келіп, қырық күн күзетеді екен деседі. Қырық күн өткенде шілде күзет аяқталды деп, *шілдекүзет* немесе *шілдехана* тойын өткізеді. Кей аймақта қалжаға сойылған қой етінің қан көбігін сүзін алып, баланы шомылдыратын суға қосып, үстіне *қырық қасық су* құяды. Ел ішінде баланы шомылдыратын ыдыстың түбіне күміс тенге салып, баланың үстіне қырық қасық су құятын салт та бар. *Шілде суын* құйған әйел жақсы тілегін айтып, күміс тенгені өзі алады. Кейбір аймақта шілде суына қойдың қырық құмалағын салып, баланың басына, денесіне қырық қасық су құяды. Шілде суына дейін бала мазасы кетіп, дұрыс ұйықтай алмайды. Бұндайда нәресте шілде суын сағынып жүр екен дейді. Шілде суына түскен соң бала ширақ болып, ұйқысы жақсарады (*қ. Қырқынан шығару*).

Ал адам қайтыс болғаннан кейін, 40 күн өткен соң, *қырқын беру* салты міндетті салған. Олай болатыны марқұм болған адамның жаны қырық күн өткен соң қайта келіп кетеді деген түсінік болған (*қ. Қырқы / Қырқын беру*).

Қырық үйден тыйым көріп өскен тәрбиелі қызын ата-анасы «*қырық жетіні қырқа матап берген*» күйеу жұртына жөн-жоралғысымен, сән-салтанатымен ұзатқан. Айттырылған қыздың әкесіне берілетін қалыңмал мөлшері *қырық жеті* бас малмен есептелген: бас жақсы – он жылқы; он алты құлынды бие; құнан; құнажын (үш жасар жылқы мен бие) – жеті бас; тай-құнан – жеті бас; жеке ту бие, жанама жақсы (жылқы немесе түйе); аяқ жақсы – жеті бас; барлығы – қырық жеті бас (*қ. Қалың мал*).

Сөйтіп, қыз алып, қыз берген екі жақ дүбірлі той жасап, *отыз күн ойын, қырық күн тойын* өткізген.

Нағашысымен әзілі жарасқан жиен *қырық серкешін* даулаған.

Сондай-ақ *шөлмек қырық күн тұрып бір күн сынады; «Қырық жыл қырғын болса да, ажалды өледі»* деп сенген. Сонымен қатар қазақ *қырық кісінің ақылы бар* деп, *ханын* қадірлеп; *қырық шырақты* деп, *әйел затын* әспеттеп отырған.

Адам жасына қатысты *қырық жас* – қазақ түсінігінде ақыл тоқтайтын, даналық қонатын, дене күші толысатын кемел жас. Әйгілі Жетес шешеннің:

Қырық жас та – бір дәуір,

Ақ алмастай жарқылдадым,

Сөз кезегі келгенде маған адам жетпеді, –

дейтін шешендік толғауын бар. Сондай-ақ, қазақ халқының паремиологиялық қорындағы «*қымыздан артық ас жоқ, қырықтан артық жас жоқ*», «*жақсы қырқында толады, жаман қырқында солады*», «*отызда орда бұзбаған қырқында қамал алмайды*» деген мақалдарда қырық жасты күш-қуаттың эталоны іспетті таниды.

Күлпі пайғамбарлардың тәжі атанған Мұхаммед (с.ғ.с.) расульға Аллаһтан алғашқы уахи қырық жасында түскен. Ел ішінде мұсылмандықтың *қырық парызын* біліп, иманға ұйыған тақуа жандар аз болмаған.

Қырық ұғымымен байланысты ел арасында жасалатын ырымдар да кездеседі. Жазатайым қол-аяғы, сүйегі сынған адамға *қырық қазанның қылауы* деп, *қырық үйден* мертікәс әкеліп беретін болған (**к. Мертік ас**). Халық тілінде молшылық, көптік ұғымға қатысты айтылатын *қырық рулы ел, қырық пышақ болу, қырық қадам аттау, қырық саққа жүгірту, қырық құбылу*, т.б. біралуан тұрақты тіркестер бар.

Байырғы наным сыйыным бойынша қысылып-қиналғап, басына тауқымет түскен жан *Ғайып ерен, қырық шілтенді* шақырып, медет тілеген. Батырлар жырында:

Қыдыр ата жар болып,

Қырық шілтен қолдай гор,

Жолымды Құдай оңдай гор, –

деп жалбарынады.

«*Бақ – ауыс, ырыс – жұғыс*» деп ұққан қыр адамы құдайы қонағын *қырықтың бірі – қыдыр* деп, қуана қарсы алған.

Халық ауыз әдебиетінде «*Қырық өтірік*» ертегісі, «*Қырымның қырық батыры*» тәрізді эпостық жыры, «*Қорқыт ата*» жырындағы *қырық қыз*, т.б. қасиетті қырық санымен аталған. Бұндай жайт өзге де түркі халықтарының ертегі, аңыз-әпсана секілді халықтық мұраларда да кездесіп отырады.

Қазақ фразеологиясы ғылымының негізін салушы академик І.К.Кеңесбаев *қырық санымен* келетін фразеологизмдерді арнайы талдай келіп, «Қазақ ертегілерінде ұшырысатын *бойы бір тұтам, сақалы қырық тұтам, Тазияның қырық өтірігі* сықылдылар халықтың санасында ертеден орын тепкен. Мақал-мәтел, нақыл сөздер және басқа да сөз орамдары да бұл санның «әншейін» сан емес, бір кезде киелі молшері екендігін көрсетеді... Қырықтың діни ұғымы басқа тілдерде де бар» – деп пікір түйеді.

Сонымен, қырық санының халық түсінігіндегі сакральдік мәнін былайша бағамдауға болады:

– **қырық** – екі әлем (сәбидің ана құрсағындағы кезі мен жарық дүние келу уақыты);

– **қырық** – екі дүниенің, фәни мен бақидың шегі (қырқын беру);

– **қырық** – қасиетті мөлшер (қырық жеті);

– **қырық** – молшылықтың символы (*отыз күн ойын, қырық күн тойын* өткізу);

– **қырық** – қасиетті жас (жігіттің жетілу, кемелдену кезеңі).

Сонымен, ел аузындағы қырыққа қатысты сөз орамдары халықтың мифологиялық санасында киелі қасиетке ие ерекше сан түрінде қалыптасқандығын байқатады.

Әдеб.: Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Алматы: Ғылым, 1977; Негимов С. Шешендік өнер. Алматы: Ана тілі, 1997; ҚӘТС. 10-том. Алматы: Арыс, 2011; Молдабек Ж. Қырық жастың не құпиясы бар? // Халық сөзі. 3 мамыр, 2011; Уәли Н. Бұрынғыдан қалған сөз (қолжазба); ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚЫРЫҚ БИ – халықтың тапсыруымен елдегі ішкі, сыртқы аса маңызды төтенше істерді шешетін қырық биден құралған билер алқасы. Байырғы кезде «Қырық би» алқасы әкімшілік жолмен емес, халықтың өз қалауымен құрылса керек.

Ә.Диваевтың жинаған этнографиялық материалдарында бұрын қазақтардың аса маңызды ірі істерді *қырық бидің* шешуіне тапсыратын болған дейді. Кейін бұндай мәселелерді болыстық съезд шешіп отырған, бірақ ондағы билердің саны шектеулі болған. Соған қарамастан халықта *қырық би* термині әлі сақталғаны айтылады. Аткамінерлер болыспен сайлау ақысына келсе алмаған жағдайда, өздерін «қырық би» атап, болыстың үстінен «*қатыгез, артық ақша алады, түтін салығын көп алады*» деп халыққа шағымданады. Бұл кезде атқамінерге болыстың орнында қалу-қалмауы маңызды емес. Олардың мақсаты «қырық бидің» атын жамылып, шумен сайлау ақысын алу дейді.

Қазақ елі Ресей патшалығы билігіне қараған тұста «Қырық би» терминінің халықтық (демократиялық) мәні өзгергені байқалады. Ел ішіндегі даулы мәселелерді болыстық сиезде белгіленген билер шешетін болған. Олардың саны *жеті, тоғыз* болған сыңайлы. Алмажан Азаматқызының (1823 жылы туған) «Жетім қыз» дастанында *тоғыз би* атауы кездеседі:

Тоғыз жасар қыз едім,

Тұлымшағымды салмаған.

Он төртіме келгенде

Салихалы қыз бөлдім!

Жібектей шашым талдаған.

Пиялай кескен қолымнан

Сұңқарым қашып кеткен соң

Нарындағы тоғыз би

Біздерді келіп алдаған.

Сусынына шай ішіп,

Бастығына бал жеген –

деп, *тоғыз биден* корген зорлығын айтады.

Әдеб.: Этнографические материалы. Собраны и переведены А.А. Дивасым. Вып. I. С. 1-17; Алмажан Азаматқызы «Жетім қыз» поэмасы; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚЫРЫҚ ЖЕТІ - айттырылған қыздың әкесіне жігіт әкесінің беретін қалыңмалы. Құдаласу салтында екі жақтың әлеуметтік жағдайына (дәулетіне) байланысты қалыңмал үшін берілетін қырық жетінің негізінен ел ішіне тараған төрт түрі болады: *қырық жеті, отыз жеті, жиырма жеті, он жеті* (**к. Қалың мал**).

Құдалыққа жүруден бұрын алдымен екі жақ қалыңмалдың осы аталған төрт түрінің біріне тоқталады. Ежелгі құдаласу салты бойынша қыз әкесі мен жігіт әкесі жақ қырық жетінің осы аталған белгілі бір түріне тоқтасып, уағдаласады. Уағданы батамен бекітеді. Бата уағдаластықтың «мөрі» іспетті болады. бұны *баталы қырық жеті* деп атайды.

Осыдан кейін-ақ жігіт әкесі қалыңмалдың басым бөлігін құдасына беріп, «парыз-қарызынан» құтылуға тырысады. Сөйтін, сәті түскен кезде есік-төр көрсін, деп құдасын шақырады. «Шақыру» осылай деп аталғанмен, негізгі мақсат – беретін қалың малын құдасының алдына салып



беру. Қазак салтында жігіт әкесі құдасының ауылына қалыңмалды өзі айдап апармайды. Құдасының өзі, немесе сенімді адамдары келіп, айдап әкетуге тиіс.

Қалыңды алуға келгенде *баталы қырық жеті, баталы отыз жеті, баталы жиырма жеті, баталы он жеті* жөнінде әңгіме, дау болмайды, өйткені қырық жетінің бұл аталған түрлері құдалыққа жүрместен бұрын шешіліп, келісіліп қойған.

Қыз әкесі есік-төр көріп қайтар күні құдасы беретін қалыңын – қырық жетіні ме, отыз жетіні ме, жиырма жетіні ме, он жетіні ме, – әйтеуір келісіліп, баталасқан қырық жетінің бәріп матап қояды. Мал маталған жерге ауыл адамдары жиналады.

Дау немесе риза болмаушылық әдетте осы тұста матаулы малды көрген кезде аталған. Қырық жетілердің құрамына байланысты болады. Қалыңмалдың өзегі негізінен, қара мал («ірі мал» деген мағынада). Мысалы, толымды қырық жетінің қырығы - ірі мал, қалған жетеуі жабағы немесе тай болуы ықтимал. Ірі қараға қосылған ұсақтарын («жабағы», «тай» т.б.) *балама* деп атайды. Осы аталған балама көбейіп кетсе, қыз әкесі разы болмауы мүмкін, ұсынылған баламаға жабағы болса, тайға-тай болса байталға дегендей басқаға көңілі толмай, малға ауыстыруды талап етеді. Бұндай баламалы қырық жетіні ауыстыруға жігіт әкесінің жылқышысы еркек тайдың орнына ұрғашысын ұсынып, балама жол іздеуге епті келеді. Оның жанында матаудағы қырық жетіні келістіре мақтап балама малдың өзін әспеттеп, өткізуге тырысатын сөзге епті ауылдың қу ауызы болады, ал жігіт әкесі сөзге онша араласпай, бейтараптау тұрады. Матаулы малды көбіне оның арнайы ілестіріп алып келген *малтанушысы* баға беріп, анықтайды.

Қалыңға арналып маталған малға байланысты дауласу оның құрамындағы *бүкпеге* байланысты. Аталмыш қырық жетінің, я болмаса басқа да – жетілердің ішінде буаз бие, айғырдан шыққан байтал т.б. болуы мүмкін. Қалың беруші жақ оны да мал тұяғына санайды. Мысалы, баталасқан он жетінің ішінде айғырдан жуырда шыққан байтал болса, күйі келмеген арықтау болса, қалың алушы жақтың малтанушысы оны мал тұяғының санына қостырмай тастауы мүмкін. Ондайда жігіт әкесінің жылқышысы басқа малға, өзге бүкпеліге ауыстыра қоюдың ретін айтып, мал иесімен ақылдасады, өйткені мал иесінен гөрі жылқы жайын жылқышы жақсы біледі.

Егер қырық жетілердегі баламаларға, бүкпелілерге байланысты екі жақ келісе алмай жатса, онда екі жақта ауылдың беделді ақсақалдардың пәтуәсіне тоқтайды.

* * *

Қазақтардың байырғы құдалық салтында *қырық жеті* атауы екі түрлі ұғымда қолданылғаны байқалады. Біріншісі – қыз әкесіне берілетін қалың малдың жалпылама атауы, ал екіншісі – қалыңмалдың баталасқандағы нақты төрт түрінің бірі: баталы «қырық жеті», баталы «отыз жеті», баталы «жиырма жеті», баталы «он жеті». Бұлардың қай-қайсы да «қырық жеті» деген ұғымға саяды. Себебі өзекті малмен (ірі

малмен), баламасымен, бүкпелісімен, бәрін қосқанда қырық жеті болып шығады. Қырық жетінің аталмыш төрт түрінде де жеті саны жүреді. Өйткені әуелде өзекті малдың (ірі малдың) саны «40», «30», «20», «10» болып, балама мен бүкпелілер олардың әрқайсысының жетеуінен шығарылса керек.

Академик жазушы С.Мұқановтың қырық жетіні таратып айтқан талдауында, негізінен, кейбір айырмашылықты еске алмағанда, осы байыпталған жүйені байқауға болады: *бұзаулы сиыр, құлынды бие ме, баталы түйе ме, - ең алдымен балалайтын жеті мал беретін көрінеді. Бұған қой мен ешкі кірмейді. Мысалы, жеті бие береді дейік. Оның сыртында жеті құлын, жеті тай, жеті құнан, жеті дөнен болу керек. Сонда бұл отыз бес бас болды ғой. Балалайтын малдың іштегі төлін де есептейді екен. Оның атын «бүкпең дейді екен – бұ да жетеу. Сонда қырық екі болды ма? Бұған қосылатын малдар: Құда, болуға уәделескенде күйеудің әкесі қыздың әкесіне «уәдеміз шегедей мықты болсын деп «шеге атын дегенді мінгізеді, бұл бір; екінші, - қыздың әкесі құда түсуге келгенде «мініс атың дегенді береді; үшінші «жеке ту биең дегені болады, онысы қыздың әкесі үйінде қайтып той жасағанда сойыстыққа алатыны болуы керек; төртінші – «түс атың дегені болады дейді, онысы күйеу қайынатасының үйіне алғаш барып түскенде беретін айыбы болу керек; бесінші - «өлі-тірің дейтіні болатын көрінеді. Бұнысы – қыздың әкесі күйеудің әкесіне кеп құда түсіп жатқанда, құдасынан бір қойды алып қайтады да, елінің қатын-қалашына сойып беріп, бір топырақ етіне шейін, бір қасық сорпасына шейін таратып береді. Терісін де біреуге береді. Бұл малды тірі күйінде де, сойылғанда да қыздың көзіне көрсетпейді. Қызға еті түгіл сорпасынан да татырмайды. Бұл мал сойылып, еті мен сорпасын жұрт ішіп-жеп тарағанша қызды оңаша бір үйге қамап қояды. Сонымен, манағы балалы малдың саны қырық екі, мына соңғы әртүрлі ырымның малы бес... барлығы қырық жеті... Қазақтың қырық жетіні қырқа матап бердім дейтіні осыдан ғой»*

Жақсылы қырық жеті. Қырық жетінің ерте кездегі қазақтың құдалық салтында қырық жетінің жақсылы қырық жеті деген де түрі болған. Жақсылы қырық жетіні дәулеті асқан, сән-салтанаты жарасқан іргелі байлар беретін болған. Сірә, қырық жетінің бұндай түрінде *бүкпе, балама* мал ол туралы сөзде болмауы мүмкін. Өзекті малдың (ірі малдың) өзін қырық жеті етіп, оған бас жақсы мен аяқ жақсыны қоса беретін болса, *жақсылы қырық жеті* деп атаған. Жақсылы қырық жетінің бас жақсысына 5 түйе, жылқы құнына шыққанда, шамамен 25 ат, аяқ жақсыға 4 түйе, шамамен 20 ат беретін болған. Біздің байқауымызша, *бас жақсы* дейтіні қалыңдықтың сәузелесіне (бас киіміне) арналғандықтан осылай аталса керек, ал *аяқ жақсыны* қыз (келіншек) көшіне арналған мал (түйе) болуы мүмкін деп шамалауға болады.

Әдеб.: Мұқанов С. Өмір мектебі. Алматы: Қазмемкөркемәдеб., 1953; ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚЫРЫҚ КҮН ШІЛДЕ – қазақ халқының дәстүрлі күнтізбесі бойынша маусым айының 24-інен тамыз айының 4-іне дейінгі аралық. Жылдың бесінші айы, жаздың екінші

айы *шілде* деп аталатыны белгілі. *Қырық күн шілде* күннің қызуы ең жоғары шамасына жетіп, күшіне мінетін кез. Ми қайнататын *аңызак, әуір, керімсал желі* соғатын шақ.

Салыстырмалы тілдік деректерден *шілде* атауының парсы тіліндегі «чіллә» сөзінен шыққанын байқауға болады, мұндағы *чил* түбірі – «қырық» дегенді білдіреді екен. Халық астрономиясындағы *қырық күн шілде* атауының астарында осы ұғымның жатқанын аңғару қиын емес. Ол әуелде қырық күндік мезгіл ретінде айтылып, кейін ай аты ретінде қолданылып, қалыптасып кеткен. Қазақ есепшілерінің айтуынша, жаздың ыстығы мен қыстың суығы қырық күндік уақытпен есептеледі де 24 маусым мен 4 тамыз аралығындағы жаздың ең ыстық қырық күнін *жаз шілде*, ал 24 желтоқсан мен 5 ақпан аралығындағы қақаған қыс *қыс шілде* деп аталған. Қысқы шілденің желтоқсанның 24-інен басталатыны – көз байлана Үркер тас төбеден көрінеді. Содан кейін батысқа қарай бірте-бірте еңістей бастайды.

Жаз шілденің қырық күн болу себебі мамыр айының 10-12-сінен кейін Үркер мүлде көрінбей кетеді (қ. *Үркер*). Бұны «*Үркердің батуы*» дейді. Содан Үркер 22-24 маусымда күн батыстан таң ата көрінеді. Міне, осы кезден бастап 40 күн *шілде кірді* дейді, қырық күн шілде тамыздың 4-6-сында шығады. Үркер туып, жер құрғап, шоп буыны қатып, сарғая бастайды.

Шілденің шіліңгірінде соғатын ыстық желді халық *керімсал*, кей жерде *әуір* деп атайды.

Шілде айында шығатын қанатты қоңыз *шілдеқоңыз* деп аталады.

Әдеб.: *Уәлиев Н.* Халқымыздың байырғы күн қайыруы // АТ. Жылқы жылы. 1991. №№5,8,10,12; *Әбутәліп О.* Күнтізбе жүйесіне қатысты лексика-фразеологиялық бірліктер. Филол. ғылым. кан... авторефераты. Алматы, 2007; ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚЫРЫҚ ҚАЗАҚ – тарихи аңыз бойынша ертеде қазақтың Қырым жерінен ауып келген руы. Шежіре деректеріндегі аңыз бойынша Қондыкер – Қобан жұрты ыдырап, Қондыкер елі Қырым жерін жайлайды (қ. *Қондыкер-Қобан жұрт*). Қондыкер хан зерттеуші А.И. Левшиннің жазбаларында Кундугур, өлгеннен кейін балалары алты бақан алауыз болып, оның бәйбішесінен туған балалары еңші бөліскенде, тоқалдан туған жеті ұлды ренжіткен. Содан олар ел-жұртынан безіп, қырға шығып кеткен. Сол жерде өздері сияқты қуғын корген отыз үш кашқынмен бірлесіп, аламандық құрған. Аламандық құрып жүріп, «ұйқы бұзып жалқы алып, күйме бұзып жылқы алып», балалары көбейіп, үрім-бұтағы бір рулы ел болған. Сөйтіп, олар ел аузында *қырық қазақ* аталып кеткен.

Әдеб.: *Левшин А.И.* Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. В 3-х частях. СПб.: Тип. Карла Крайя, 1832; *Қондыбай С.* Казахская мифология: краткий словарь. Алматы: Арыс, 2005; ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚЫРЫҚ ӨТІРІК – ешкімге зияны жоқ, жай өтірік. Қайсыбір адамдар өзінің әңгімесінде кейбір нәрсені ақиқат дүниеде болмаса да қиялынан шығарып, шынға бергісіз қисынмен айтады. Бірақ оған біреу иланады, біреу иланбайды. Бұндай өтірікті зияны тимейтін болғандықтан,

әншейін қырық өтіріктің бірі ғой деп қабылдайды. Аталмыш фразеологизмнің «*Тазшаның қырық өтірігі*» деген прецедентті мәтін негізінде қалыптасқан.

Тазшаның *Қырық өтірік* – қазақ халқының қырық ауыз сөзден құралған күлдіргі тұрмыс-салттық ертегісі. Өмірде болмайтын қисынсызды қиыстырып айта білуі ерекше ой жүйріктігі мен тіл шеберлігіне салды. Ертегінің негізгі кейіпкері қара халықтың өкілі – тазша бала. Ертегідегі таңғажайып қызықты оқиғалар тазша баланың атынан баяндалады. Сондықтан ертегі «*Тазшаның қырық өтірігі*» деп аталады (қ. *Тазшаның қырық өтірігі*).

Әдеб.: Әдебиеттану. Терминдер сөздігі. Құраст.: З.Ахметов, Т.Шанбаев. Алматы: Ана тілі, 1998; *Уәли Н.* Бұрынғыдан қалған сөз (қолжазба); ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚЫРЫҚ ШЫРАҚ ЖАҒУ – исламға дейінгі наным-сенім бойынша қайтыс болған адамның аруағына арнап қырық күнге дейін, яғни қыркы өткенше шырақ тұтатып артын күту. Шырақ жағу жоралғысы марқұмның жаны қырық күн өткенше үйіне келіп, «*шырақ жағарым бар ма екен*» деп, үйдегілердің жай күйін - біліп жүреді деген түсініктен туған (қ. *Жаққаның шырақ болсын, мінгенің пырақ болсын*).

Өлік шығарған үй кеш қараңғысы түсе, есікті айқара ашып, оң жақ босағаға ақ киіз төсеп, аруақ дәметеді деп тостағанға қымыз құйып, шырақтың қасына қояды. Кей жерлерде күніне он шырақтан төрт күн жағады. Қайтыс болған адамды еске алғанда *ұстағаның шырақ, мінгенің пырақ болсын* дейді. *Қыз қырық шырақты, бірінен болмаса, бірінен бағы ашылады* деген қазақ мақалы аруақтардың бірі болмаса, бірі орайы келіп, сәті түспей, жолы ашылмай жүрген қызды қолдап, желеп-жебейді деген түсінікті аңғартады.

Әдеб.: *Валиханов Ч.Ч.* Собр. сочинен. В пяти томах. Т. I. Алма-Ата, 1961; *Уәли Н.* Бұрынғыдан қалған сөз (қолжазба); ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚЫРЫҚ ШІЛТЕН – мифтік түсінік бойынша көзге көрінбейтін, қиын-қыстауда ауызға алса, батырды қолдап, қорғап жүретін пір, әрі әулие. Қырық шілтен мифтік аңыздарда *Ғайып ерен қырық шілтен* деп те аталады (қ. *Ғайып ерен қырық шілтен*). Әуелде *Қырық шілтен* көзден ғайып (көзге көрінбейтін) кілең ержүрек қырық ер деген ұғымда жұмсалып, батырлардың сиынатын пірі болған. Парсы тілінде *чил* «қырық» деген мағынаны білдіреді. Эпикалық жырларда батырлар ұрысқа кірмес бұрын, жекпе-жекке шықпас бұрын Қырық шілтенді ауызға алып, былай деп пір тұтып сыйынады.

*Қыдыр ата жар болып,
Қырық шілтен қолдай көр.
Жолымды Құдай оңдай көр.*

Халық түсінігінде Қ. ш. о баста батырлардың пірі ретінде қолданыла келіп, кейіннен әулиелер санатына қосылып «қос функциялы қызмет» атқарған керек. Ал эпикалық шығармаларда Баба түкті пашты әзіз көбіне батырларды желеп-жебейтін әуле санатындағы бейне түрінде ұғынылады (қ. *Баба Түкті Пашты Әзіз*).

Әдеб.: *Уәли Н.* Бұрынғыдан қалған сөз (қолжазба); ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.



ҚЫРЫҚБУЫН – орманды жерде және жылға сайларда борпылдақ топырақты жерде биіктігі бір қарыстай болып өсетін шөп (латынша – *Equisetum arvense*). Қ. атауы, аталған өсімдіктің сабақтары буын-буын болып бунақталып өсуіне байланысты. Қ.-ның жайылымдық мәні жоқ, *жасық от* қатарына жатады (**қ. От**). Ерте көктемде шыққан өркеннен жазға қарай жапырақсыз жасыл сабақтар өседі. Бунақталып, онан шыққан буынға жіңішке ұзын жапырақ бітеді. Қ.-ды сабақтары әлденіп өскен кезінде жинап алып, көленке жерде кептіріп емдік шикізат дайындайды.



Қырықбуын. Интернет материалдарынан

Халық емпілігінде Қ.-ны сан алуан ауруларға қолданады. Мысалы, суға салып жасаған тұнбасын шемен ауруына қарсы, көз ауруларын емдеуге, аққан қанды тиюға, сондай-ақ ыстықты қайтаруға пайдаланады. Қ. тұнбасы көзге түскен акты жақсы кетіреді. Шемен ауруына шалдыққан адам Қ. тұнбасын ұзақ уақыт ішсе, іште жиналған кесірлі сұйықты денеден айдап шығуға көмектеседі дейді (**қ. Шемен**).

Қ. тұнбаларын дайындағанда, әсерін күшейту үшін *кекіре*, *долана* гүлдерінің тұнбаларын қосқан. Қ. қышыма тәрізді тері ауруларды емдегенде, оның қою қайнатындысын, жаралы жерге сыртынан жағылатын дәрі ретінде қолданатын.

Әдеб.: *Хажымұратов М.* Қазақстанда кездесетін улы өсімдіктер. Алматы: Қайнар, 1972; *Оразаков Е.* Қазақ халық медицинасы. Алматы: Ғылым, 1989; *Қожабеков М., Қожабекова Г.* Дәрілік өсімдіктер. Алматы: Қазақстан, 1992; *Қалиұлы Б., Үшбайұлы К.* Дәрі-дәрмектік өсімдіктер. Алматы, 2005; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚЫРЫҚПА ТЕРІ / ҚЫРЫҚПА – көктемгі және күзгі қыркымнан кейін сойылған малдың терісі. Көшпелі ортада Қ.т.-нің құны төмен болып келеді. Оны сатқанда да құны мардымсыз болған. Сондықтан Қ. т. көбінесе күнделікті тұрмыста, шаруашылықта арзанқол төсеніш ретінде пайдаланып, шаң, сыздауыт жерлерге отырғанда төсеніп отыратын. Заттарға сыз тимес үшін ылғалды жерге қойғанда астынан тосеп, жанбыр өтпеу үшін үстінен жабуға да пайдаланатын. Сонымен қатар *жүн сабау*, *астық ұшыру*, *астық қалбырлау* сияқты шаруашылық істерінде топырақ

немес шөптің үстіне *тулақ* ретінде төсеген (**қ. Тулақ**). Уақытша шағын баспана түрлерін (күрке, жабасалма, жаппа және т.б.) құрастыру үшін де қолжетімді арзан материал ретінде жиі қолданылған. Кейде мұндай теріні илеп, көктем мен күздің салқынында киетін жұқа арзанқол тон, шалбар тіккен.

Әдеб.: ҚӘТС. 11-том. Алматы: Арыс, 2009; *Шоқпарұлы Д., Дәркембайұлы Д.* Қазақтың қолданбалы өнері. Алматы: Алматыкітап, 2007; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚЫРЫҚТЫҚ – жүнді қырықп алуға арналған құралдың атауы. Бұл аспап негізінен көктем мен күздегі қой қыркымы кезінде жүнді қырықп алу үшін қолданылады (**қ. Күзем алу; Қой**). Сонымен қатар сойылған қойдың бас-сирағын үйітерде қалың жүндерін қыркуға да қолданылған. Қалың жүні қырықп алуға тез әрі біркелкі үйгіледі. Қ. кейде сойылған қойдың терісіндегі жүнді қырықп алу үшін де қолданатын болған. Өйткені кейде таза жүн қажет болғанда терідегі жүнді жақсылап жуып алып, дегдігеннен кейін жүнін қырықп алады. Мұндай таза жүн тұтаспағандықтан жіп иіру мақсатында *түтуді* әлдеқайда жеңілдетеді. Оның атауы да осы *қырку* сөзінен қалыптасқан.

Қ. жүздері бір-біріне қарама қарсы орналасып, қайшылай кесуге арналған құрал. Қ. жасау үшін үш тұтамдай темірдің екі тұтамға жуық бөлігін жалпақтап соғады да, бір жағынан өткір жүз шығарылады. Ал қолмен ұстауға арналған екінші тұтқа жақ бөлігін жұмыр күйде қалдырады да, ұшынан мұрындық өткізілетін тесік тесіледі. Осындай тәсілмен бірдей етіп даярланған екі бөлігінің жүздері бір-біріне қарама қарсы орналасатындай етіп арнайы тесілген тесігінен ағаш немесе темірмен мұрындықтайды. Қойды қырыққанда Қ.-тың бір ұшын терне жақынырақ жерден жүнге сұғындырады да, қолмен қысу арқылы жүнді қыркады. Осылайша қайталай отырып, барлық жүнді біркелкі етіп, жалбыратпай қырықп шығады. Малдың терісін кесіп кетпеу үшін Қ.-ты теріге тым тақауға және жүнге тым көп сұғындыруға болмайды. Қ.-тың жүзі мұқалған сайын қайрақпен қайрап отырады (**қ. Қайрақ**).



Қырықтықтар. Ұлы Петр атындағы антропология және этнография музейі (Кунсткамера) қорынан (1199-47)

XX ғ.-дан басынан екі бөлігін мұрындықтаудың орнына бір-біріне мықтап бекітіп тасталған Қ. таралған. Ол аса серпімді темірден жасалғандықтан қолмен қысқанда жүнды жақсы қыркатын және қолды босатқанда серпінімен қайта ашылатын болып келеді. Бұндай Қ. өте ыңғайлы болғандықтан қой қырку ісін әлдеқайда жеңілдеткен. XX ғасырдың соңына қарай электр тогының қуатымен жұмыс істейтін Қ.-тар пайда болғаннан кейін Қ.-ты ел арасында қол қырықтық деп атау қалыптаса бастаған.



Қырықтық. ҚР MOM қорынан (КП 21818)

Музей қорындағы темірден жасалған Қ.-тың (КП 21818) ұзындығы 38 см. Қырықтық ұқсас етін жасалған екі бөліктен тұрады және олар сабының артқы жағындағы арнайы дөңгелектей оралған бөлігіне «есек ағаш» өзек өткізу арқылы бір-бірімен байланысады. Екі бөлігінің де ұштары үшкірленіп, бір жағына жапырып қайрау арқылы жүз шығарылса, екінші жағы тұтқа қызметші атқару үшін жұмыр күйінде қалдырылған. Жүз салынған бөлігінің ұзындығы – 24 см, тұтқасы 12 см. Ағаш өзек орнатылатын шеңберінің ұзындығы 2 см.

Әдеб.: Хозяйство казахов на рубеже XIX-XX веков: материалы к историко-этнографическому атласу. Алма-Ата: Наука, 1980; ҚӘТС. 11-том. Алматы: Арыс, 2009; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚЫРЫҚТЫҚШЫ – қой қыркатын адамға қатысты қолданылатын ұғым. Кошпелі ортада қойды көктем мен күзде екі рет қыркып отырған (**қ. Қой қырку**). Көктемде *жабағы жүні* қыркылса, күзде *күзем жүні* алынған (**қ. Жабағы жүні; Күзем**). Жүнді қырку үшін қой қыркуға арналған арнайы құрал – **қырықтық** пайдаланылады (**қ. Қырықтық**). Сондықтан да қой қыркатын адамды *қырқымышы* және *қырықтықшы* деп айту қалыптасқан. Қ. қой қыруды жақсы меңгеріп, малды жарақаттамай, жүндерді біркелкі қаттап және өте жылдам қыркады. Өте баяу қырку еңбек өнімділігін азайтып қана қоймай, аяқтары байланған тоқ қойдың іші кеуіп кетуі де мүмкін.

Қой қырку науқанды түрде өтіп, оған барлық ер адамдар жұмылдырылатын болған. Сонымен қатар бұл істің тез арада бітуінің маңыздылығына орай кейде әйелдер де қатысып отырған. Қыркым кезінде ересек адамдардың қой қыркатын болса, балалар қыркылатын қойларды жақын маңда иіріп ұстайды. Қажет болғанда қыркылатындарын ұстап алып, Қ.-ларға жеткізін беріп отырған. Олар қойдың аяқтарын байлауға көмектесіп, қыркылған жүндерді қапқа салып, жинайтын орынға тасиды. Қыркым ісі жалықтырмас үшін Қ.-шылар өзара жақын бір немесе бірнеше орынға топтаса қыркып, өзара әңгіме-дүкен құрысып, қалжыңдасып отыратын. Келіндер ара-тұра Қ.-ларға сусын үлестіріп, уақытылы тамақтануларын қадағалаған.



Қырықтықшылар. ҚР MOM қорынан (ФКП 137)

Ел арасында өзінің қой қыркуда шеберлігімен көзге түскен адамға – *қырықтықшы* деген ат телініп айтылатын да болған. Ондай адамдар қойдың жүнін біркелкі тықырлап және малды жарақаттамай өте жылдам қырыққан. Шебер Қ.-ларды малы көп ауқатты адамдар арнайы жалдап, ақысына мал төлеп отыратын болған.

Әдеб.: *Аргынбаев Х.* Қазақтың мал шаруашылығы жайында этнографиялық очерк. Алматы: Ғылым, 1969; *Жәнібеков Ө.* Уақыт керуені. Алматы: Жазушы, 1992; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚЫРЫҚТЫҢ БІРІ ҚЫДЫР – Қыдыр ата туралы аңыз әңгімелер желісі негізінде қалыптасқан мәтел түріндегі сөз орамы (**қ. Қыдыр ата**). Қазақ халқының паремиологиялық қорында мәтел түріндегі бұл фразеологизмнің *қырықтың бірі* – *Қыдыр*, *мынның бірі* – *уәлі* дейтіп де нұсқасы бар. Мәтелдің мазмұн межесі көмегіне, жәрдеміне ділгір жандарға қарайлас, оларға істеген ізгілікті ісін «адамдардың бірнен болмаса, екіншісінен қайтарымы болады, бірінің болмаса, бірінің шапағаты тиеді» деген этикалық, моральдық ұстанымға қатысты мәнділікті аңғартады.

Кең-байтақ қыр елінде, әсіресе, жолаушы ас-су, қонатын үй, көлігіне жем-шөп тәрізділерге тым ділгер болған. Ерте заманнан келе жатқан ата-бабалар заңы бойынша құдайы қонақпын деген ондай жолаушыны кез келген үй, тіпті жыртық үйі, оншақты қойы бар ең жок-жітік деген жанның өзі қол қусырып қарсы алады. Қазақ халқының қонағуарлық мінезінің қалыптасуының, ғұрыптық, этикалық нормаға айналуының негізгі үш себебі бар.

Біріншіден, құдайы қонақ – ата-баба заңы бойынша қалаған үйге түсуге қақысы бар құқықтық субъект. Құдайы қонақ ретінде қабылдамаған үй иесінің үстінен құдайы қонақ биге шағымдала алады.

Екіншіден, әсіресе, алыс жолдан арылтып келген жолаушыдан сонау елдің жері, мал жағдайы, сол елдің бетке ұстар биі, батырлары, бай-бағыландары, сондай-ақ сол жақтағы әпсәна-әңгімелерді, өлең-жырларды, аңыз



шежірелерді үй иесі ғана емес, сол ауылдың адамдары аса құштар болады (**қ. Қонақ**). Құдайы қонақ яғни ақпарат тасымалдаушы қызметін атқарған.

Үшіншіден, Қ. б. Қ. санап, Қыдыр (Қызыр) атаның дұғасы мен батасын алуға тырысады. *Қыдырған Қыдырдың ізін басады* сол ізбен *Құт* ілесе келеді деп те түсінген. Қонақты қондырмаса, Құт кетеді деп, Қыдыр (Қызыр) атаның теріс айналып кетуінен бұрынғының адамдары қатты қорыққан. Қыдыр ата теріс дұға берсе, сол үйге ғана емес, оның үрім-бұтағына дейін құт дарымай, қиыншылыққа ұшырайды деп білген. Сөйтіп, құдайы қонақты *Қырықтың бірі Қыдыр* деп қабылдау қоғамдағы этикалық бұлжымас нормаға айналған.

Әдеб.: *Кеңесбаев І.* Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Алматы: Ғылым, 1977; Қазақтың қонақ күтуі турасынан // Дала уалаятының газеті (1899-1902). Әлеби нұсқалар. Құраст. Ү.Субханбердина. Алматы: Ғылым, 1992. 194-196-бб; *Уәли Н.* Бұрынғыдан қалған сөз (қолжазба); ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚЫС ШІЛДЕСІ – жыл бойындағы күннің ең қысқа болып тоқырауынан кейін аяздың күшейетін кезі. Кейбір мәліметтерде оны амалға жатқызады (**қ. Амал**). Өйткені, дәстүрлі түсінік бойынша, Қ. ш.-дегі күн райы да жаз шілдеге кереғар болып келеді. Яғни жазшілдесі құрғақ, аптап болса, Қ.ш. қарлы, әдеттегіден жылылау болады. Ал, керісінше, жазғы шілде жаңбырлы болса, Қ.ш.-сінде қарасуық күшті, аязды болады деседі

Әдеб.: *Кеңжеасметұлы С.* Халық ауа арайын қалай болжаған // Парасат. 2006, №10. 22-23 бб; *Әбутәліп О.М.* Қазақ күнтізбе жүйесінің лексика-семантикалық бірліктері. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. Алматы, 2008; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚЫСАҒА – сиыр және түйе түлігіне тән жұқпалы ауру, қотырдың түрі. Оның сиырда кездесетін түрі көбінесе бұзау мен тайынша жиі шалдығатындығына байланысты *бұзаутаз* деп аталады. Бұзаудың мандайы мен көз, ауыз айналасына пайда болған қабыршықтанған дақтар асқына келе құлағына дейін жайылады. Ал, Қ. түйедегі түрі өркешінің ұшынан басталады. Ауруға шалдыққан тері күс тәрізденіп тұрады, асқынған кезде ет пен тердің арасына сарысу ұялайды. Терінің қышығанына шыдамаған мал әрнеге үйкеп, жараны ұшықтырып жібереді.

Қ.-ның бірден-бір емі – ауруға шалдыққан терінің аузын тырнап, қанын шығарған соң жылқы немесе суыр майын жағу. Егер оған оттың қара күйесін және күйдірілген тотияйынды майға араластырып жақса, емнің әсері арта түседі. Сондай-ақ, тотияйынның күйдірілмеген ұнтағын асқынған Қ.-дың сулы жарасына себеді.

Әдеб.: *Алекторов А.Е.* Указатель книг, журналных и газетных статей и заметки о киргизах. Казань, 1900; *Бәделхан Қ.* Халықтық мал емдеу тәжірибелерінен. Өлгей, 1977; *Бабалықұлы Ж.* Мал ауруларының қазақша атаулары. Алматы: Қайнар, 1986; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚЫСҚАШ – ұсталық жұмыстар кезінде кез келген өңделетін бөлшекті ұстап тұруға арналған құралдар тобы. Қ.-тардың пошымдары мен үлкендігі қолданыс қажеттілігіне қарай әр түрлі болып келеді. Қ. - тардың негізгі жұмыс істеу принципі, ортасынан *мәймөңке (есек)* арқылы айкастыра

біріктірілген екі бөлшектің, өңделетін нәрсені қысып ұстап тұруына негізделген. Қ.-тың қолмен ұстайтын жағын *сабы*, затты қысуға арналған жағын *басы (аузы, тұмсығы)* деп атайды. Қолданылу мақсатына орай басы мен сабының ұзындықтары әртүрлі болып келеді. Затты қысуға арналған аузы істің ыңғайына қарай түрлі пішінде жасалады.




Қысқаш. ҚР MOM қорынан (КП 3260)

Ұсталық, зергерлік өнерінде қолданылатын Қ.-тың бірнеше түрі бар. Жұмыстың ыңғайына қарай мұндай Қ.-тардың көлемі мен тұмсығы (басы) әртүрлі болып жасалады және соған орай өзіндік атаулары да бар. Ұстаның қызған темірді немесе салқындай оңдейтін металл бөлшектерін қысып ұстайтын құралы. Темірді *көрікке* салып қыздыру, төске салып созу, созу, тесу, майыстыру, ию, дәнекерлеу, пісіру жұмыстарына аузы жалпақ немесе сүйір, сабы ұзын яки қысқа қысқаш түрлері қолданылады.



Темір бөлшекті қысқашпен ұстап тұрып өңдеу. ОМЭЭ – материалдарынан

Қызған темірді төске салып соғу үшін қысып ұстауға арналған ұста Қ.-ын әбден шыңдалған сом темірден даярлаған. От табына қол күймеу және неғұрлым мығым қысу үшін мұндай Қ.-тың сабын ұзын етіп жасайды. Қысып ұстауға ыңғайлы болу үшін, оны серпімді етіп жасайды. Ауыр затты бекем ұстау үшін сабына *шығыршық* кигізеді.



Қысқаш. ҚР MOM қорынан (КП 22498/4)

Мұнымен қатар Қ.-тың оттан шок алуға, шеге, мык суыруға, темір июге және т.б. максаттарға қолданылатын түрлері болады.

Әдеб.: Шоқпарұлы Д. Жетпіс өнер де аз // Пионер. 1981. №1. 31 б.; Шойбеков Р.Н. Қазақ зергерлік өнерінің лексикасы. Алматы: Қазақстан, 1993; Шоқпарұлы Д., Дәркембайұлы Д. Қазақтың қолданбалы өнері. Алматы: Алматыкітап, 2007; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.


ҚЫСҚЫШ – ағаш өндеуде, ұсталықта қолданылатын құралдың атауы. Қ.-тың бір жағы қозғалмайтын етіліп, ал екінші жағы винт арқылы қозғалатын болып келеді. Қ.-тың қысатын бөлшектерінің жүзі бүдірленіп, бір біріне паралель болып келеді. Пайдаланылу максатына қарай Қ.-тардың темірден, ағаштан жасалған түрлері болады. Әдетте Қ.-тар тұғырға тұрақты бекітіліп, бұйымдарды қысып қоятын құрылғы түрінде болып келеді.



Ұстаның қысқышы. ҚР MOM қорынан (КП 3590)

ҚР MOM қорындағы металды соғып шынықтыру, қақтау кезінде қысып ұстауға арналған Қ.-тың (КП 3590) ұзындығы 55 см, ені 20 см. Тұғыр ағашқа бекітілген.

Тұғырға орнатылған бекітпелі қысқаш өңделетін темірді қозғалтпай ұстап тұратындықтан, шеберлер өндеу үстінде екі қолмен бірдей жұмыс істеуге мүмкіндік алады. Бұндай қысқашты *қысқыш*, *шаттауық* деп те атайды.



Қысқым түрлері: а – қысқым; б – іскенже

Қ. - тың зергерлікте қолданылатын кішкентай түрінің бір атауы – *іскенже* (**қ. Іскенже**).

Әдеб.: Қазақ совет энциклопедиясы. 10-том. Алматы: Қазақ совет энциклопедиясының бас редакциясы, 1975; Шойбеков Р.Н. Қазақ зергерлік өнерінің сөздігі. Алматы: Ғылым, 1991; Шоқпарұлы Д., Дәркембайұлы Д. Қазақтың қолданбалы өнері. Алматы: Алматы кітап, 2007; ҚӨТС. 10-том. Алматы: Арыс, 2009; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚЫСТАУ – жыл мезгілінің ерекшелігіне байланысты, белгілі бір жер телімінде қыс бойы қонып отыруға қолайлы қоныс. Өте ертеден қалыптасқан көшпелі өмір салтының шаруашылық циклдарына байланысты, қазақтар бір жылдық кезенді жыл мезгілдерімен орайласқан және көшпелі мал шаруашылығының ерекшеліктеріне негізделген төрт кезенге бөледі: *қыстау*, *көктеу*, *күзек* (*күзеу*), *жайлау*. Осы аталған төрт ұғымның үшеуі (жайлау, күзеу, көктеу) жайылымдарды пайдалану барысында, көшіп қону үрдісімен байланысты болды.



Қыстаулардың меже белгілері.

Жаман Қызыл тау. Баянауыл. Павлодар оязы, Семей обл. Дудин, С. М. 1909 ж. Ұлы Петр атындағы антропология және этнография музейі (Кунсткамера) қорынан (1199-229)

Қ. ұғымы дәстүрлі ортада ата жұрт ұғымымен шендесіп жатқан кешенді ұғым (**қ. Атажұрт**). Енші бөлінгенде мал мен қоса Қ. белгіленіп шекаралары межеленетін. Мұса Шорманов өзінің этнографиялық жазбаларында Қ.-дың қазақтар үшін ең қастерлі орын екенін, ерте кездері руаралық ең үлкен дау жанжалдардың Қ.-ларды иемденушілікке қатысты жер дауы көбінесе «ата баба қонысы» деп есептелінген Қ.-лармен байланысты болғандығын ерекше атап өтті (**қ. Атақоныс / Атамекен**). Осыған дәлел ретінде ол Кіші жүз қазақтарының жаз жайлауын Орынбор маңында, Мұғалжар тауларында өткізсе, Қ.-ның Сыр өңірінде, Қарақұмда екендігін, ал Орта жүз қазақтары бір маусымда Семей өңірінен Троицкіге шейін барып қайтатынын жазды. Аталған аумақтағы үлкен қашықтықтарда көшіп жүргенде уақыттың көпшілігі көктеу, күзеу, жайлауға кететіндігін, бірақ аталмыш әрбір мезгілдік қоныста жайылымдардың жағдайына қарай белгілі уақыт қана отыратындығына ерекше назар аударды. Ал, ұзақ қоныстың Қ.-да болатындығын, сондықтан тұрақты құрылыстарының да Қ.-да салынатындығын айтып өтті. Қ. ұғымымен «ата қоныс» ұғымының қатар



қолданылатындығын тәпшітеп атады. Қ. атадан балаға мұра болып қалатын бірден бір құндылық болғандығы сондықтан. Қ.-дың шекарасы көбінесе жер бедеріне байланысты *өзен, сай, қырқалар* мен *жартастар* сияқты түрлі табиғи белгілермен шектеліп межеленетін болған. Сонымен қатар, тас үйіндісі сияқты белгілермен айқындалатын (мысалы, *Құнанбай тасы, Өскенбай қорымы* деген сияқты)

Дәстүрлі ортада Қ.-ды кенже бала иемденетін. Басқа ұлдарына еншісі бөлініп берілген жағдайда оларға жаңа жерден қыстаулық орын берілді. Белгілі этнограф Халел Арғынбаев өзінің «Баянауылдан Камчаткаға дейін» деп аталатын еңбегінде осы жайт жөнінде былай деген еді: «...бұл кезде *Ағыбай мен Арғынбай ғана Еспедегі «Жалғыз қора»* деген жерде жеке қыстау салып, әкелерінен еншілерін алып бөлініп шыққан. Ағайынды екеуінің ортақ қыстауын «*Екі отау»* атандырған еді. Қалған үш баласы үйленіп бала сүйгеніменен әке қыстауында бірге тұратын да, енші алыспаған еді...»

Қ.-лардың шекарасы ру ішінде қауым болып келісіліп айқындалатын. Қ.-лардың ру аралық шекараларының даулы мәселері әр рудың игі жақсыларымен, би, болыстарымен кеңесе отырып шешілетін. Руаралық араздыққа әкеліп соқтыратын дау-дамайдың себебі көбінесе жер дауы болып келетін. Әсіресе бұл мәселенің шиеленісе түскен уақыты орыс үкіметінің Ішкі Ресейден қазақ жеріне жаппай крестьяндарды көшіре бастау кезінде болды. Себебі келімсектерге егін егуге жарайтын ең құнарлы жерлерді алып беруге байланысты қазақтардың өрісі тарылып, құмды шөлейт жерлерге ығыстырыла бастады. Сөйтіп ежелгі Қ. көбі орыстарға беріліп кетті де, Қ.-ды қайта бөлу үрдісі көбейіп кетті.

Мұса Шорманов өз еңбегінде қазақтың атақонысының тарылғандығының себебін тікелей айтпаған. Дегенмен, автордың ерекше атап айтатын қазақтардың малының түліктік құрамының бірте-бірте өзгеруін, жылқының үлесі азайып қой мен түйенің үлесінің көбейгенін орыс келімсектерінің қазақтың құнарлы да, шұрайлы жерін тартып алуымен байланыстыруға болады. Нәтижесінде, автор Ақмола, Баянауыл ояздықтарындағы қазақтардың шаруашылық-тұрмыстық күйін мысалға келтіргендей, көшпелі қазақтар енді құмды, шөлейт жерлерге қоныстануға мәжбүр болды. Аталмыш жайтқа, яғни көшпелілердің тіршілік кеңістігінің тым тарылуына байланысты дәстүрлі көш жолдары мүлдем өзгеріп кетті. Бұл Қазақстанның көптеген жерінде елді жаппай жартылай отырықшылыққа, және отырықшылыққа көшуге мәжбүрледі. Осыған байланысты Қ.-дың жаңа жағдайда жерді тиімді игерудің өзіндік формасына айналды. Яғни, Қ. бұрынғы ен жерінен айырылған қазақтар үшін тіршілікқама жүйесінің бірден-бір кепілі болды. Бірақ, бұл гәп осы кезеңде, әсіресе, өрши түскен жер мәселесін шеше алмады. Осы жайттың дәйекті дәлелі ретінде аталмыш кезеңде жиілеп кеткен жер дауына байланысты руаралық қақтығыстарды айтуға болады.



Қыстау. С.М.Дудиннің фотосы. Ұлы Петр атындағы антропология және этнография музейі (Кунсткамера) қорынан (№1199-17)

Расында да Қ. жайлау, күзеу, көктеу сияқты ежелден қалыптасқан жайылымдардың, жоғарыда айтылғандай, мүлдем азаюына байланысты қыстың қолайсыз кезеңінде жайылымдық жерді экологиялық жағынан да, шаруашылық-тұрмыстық тұрғыдан да тиімді пайдаланудың бірден-бір тәсілі болды.

Қ. территориясына қысқы жайылымдар мен суаттар, үй-жай, қора-қопсы, маңайдағы орман-тоғай да кірді. Қ. орнын таңдағанда, әдетте, қыста түсетін қардың қалыңдығы, қысқы желдердің бағыты мен ұзақтығы, орман-тоғайдың, қопалы-қамысты ықтасындардың, суаттардың, жайылымға ыңғайлы қар тұрмайтын жондар мен қырқалар, түліктің түріне қарай пайдаланылатын өрістің табиғи ерекшеліктері сияқты факторлар қатаң ескерілді. Әлбетте осы аталған факторларды ескере отырып, Қ. қонысы ретінде өзен немесе көлге жақын маңдағы ықтасын жер таңдалатын. Қ.-дағы жайылымдар қолдағы төрт түлік малдың құрамына қарай ыңғайланып ұйымдастырылды. Мысалы қой малы қысқы күннің жарығында өрістеп қайтуы міндетті болғандықтан, қой жайылымы Қ.-дан ұзақ болмайтын. Қойтебін, қараш, өтек деп аталатын дәстүрлі қазақы ортада ертеден орныққан атаулар қысқы қой жайылымдарының малдың құрамына, қыс айларының мезгілдік ерекшеліктеріне және жердің табиғи болмыс-бітіміне сәйкес сегменттелу үрдісін білдіреді (**қ. Өтек; Өріс**). Жылқы малын алыстау жерде жылқышылар қоста түнеп жүріп бағатын (**қ. Жылқыны қоста бағу**). Сиыр тебіндемейтіндіктен қойдың соңынан салып, қой тебіндеген өріске жаятын, тіпті азын аулақ дайындалған шөпті де көбінесе сиыр малына беретін болған. Сиыр малының көшпелі қазақ ортасында, басқа түлікке қарағанда аздығы да осы малдың тебіндеп жайыла алмайтындығына байланысты болды. Тарихи деректерге қарағанда, экологиялық факторларға байланысты сиырдың ірі байлардың шаруашылықтарында пайыздық мөлшері өте төмен болғандығы айтылады. Ірі қараның көбінесе қары жоқ оңтүстік өңірлерде таралғандығын, жергілікті тұрғындардың арасында оны тек жатақтар

ғана ұстайтындығы аталынды. Расында да, сиыр түлігін ұстау жаз айларында шөп шабу, оны жинау, маялау сияқты машақаты көп жұмысты қажет етті. Ал, қазақы ортада қысқа қажетті мөлшерде шөп дайындау үрдісі XIX ғ.-дың соңына таман қалыптаса бастады. Шығыс Қазақстанның таулы аймақтарында қысқа шөп шабылатын жер телімдері *бәйек* деп аталатын. Бұл атау орыстардың паек сөзінің қазақыланған нұсқасы болып табылады.


Қ-лардың құрылымы Қазақстанның барлық аймақтарында ерте кезден бір типтес болып қалыптасты деп айтуға болады. Мұны көшпелі тіршіліктің ежелден бастау алатын технологиясының Қазақстанның барлық өңіріне ортақтығымен түсіндіруге болады. Әрине Қ. түрлерінің жергілікті өзгешіліктері де болды. Бұл өзгешеліктер, яғни, Қ.-дың құрылымы мен орналасу ерекшелігі және типі малдың түліктік құрамына және жергілікті құрылыс материалдарының түріне тығыз байланысты болды. Бірақ аталмыш өзгешеліктер түбегейлі болған жоқ.

Көнеден сақталған, сондықтан да шартты түрде архетиптік Қ. деп санауға болатын Қ. архитектуралық құрылымына (немесе кеңістігіне) тұрғын үй (немесе там), шаруашылық заттарды сақтайтын камба, шошала (немесе тошала), тамға тіркес салынған қора-қопсы және ашық котан кірді. Көбінесе *жертөле* түрінде салынатын там қора-қопсы мен шошала ағаштан, қамыстан, тастан, саз балшықтан тұрғызыла беретін (қ. *Жертөле; Шошала / Тошала*). Мал санына, түріне қарай қоралардың ашық және жабық түрлері болды.



Қыстау эволюциясы (жоғарыдан төмен қарай).
Ө. Жәнібеков. *Жолайырықта*
(Алматы: Рауан, 1995) атты еңбегі бойынша


Қ.-дың осындай қарапайым түрінің сипаттамасы С.И.Руденконың редакциялауымен 1927 жылы жарық көрген «Казаки. Антропологические очерки» атты кітапта келтірілген.



Адайлар қыстауының схемасы мен қимасы. II-ші Адай болысы.
А – тұрғын үй; В – жапсарлас тұрғын үй; С – малға арналған қаша ауыз үй; Д – қырман, шарбақпен және ормен қоршалған.
I – сабан маясы. Руденко С. Очерк быта казахов бассейна рек Уила и Сагыза // Казахи: Антропологические очерки.
Материалы особого комитета по исследованию союзных и автономных республик (Л.: АН СССР, 1927. Вып. 3. С.7-32)
атты еңбектен

Сызбада көрсетілген Қ. (қора-қопсысы қоса алғанда) тереңдігі бір құлаш шамасында қазылған шұңқыр ішінде орналасқан. Аталмыш құрылыстың екеуі – адамдарға арналған там. Шұңқырдан шыққан топырақтан әлгі шұңқырды айналдыра аласа соқпа қабырға соғылған. Екі тамның арасын тастан қаланған ұзыншалау етіп тұрғызылған бір кірер ауызы бар *ашық қора* бөліп тұрады. Шұңқырға кірер ауыздың оң қапталындағы тамның ені 2,5 м., ұзындығы 4,0 м. биіктігі 2,5 м. Ол терезесі жоқ, жалғыз есікті бөлмеден тұрады. Оның қабырғалары саман кірпіштен көтеріліп лаймен сыланған. Төбесіне сырғауылдар қатар-қатар қойылып, үстіне қурай-сабан қалың төселген соң топырақпен жабылған. Осы там үй тік мұржалы қазандықпен жылытылатын болған. Тамның есікке қарсы қабырғасына жапсарлас астық және шаруашылық құрал-сайман сақтайтын тастан қаланған шошала салынған.

Ал, шұңқырға кірер ауыздың сол қапталында отбасының жас мүшелеріне арналған там салынған. Оның бір қабырғасы тас, үш қабырғасы саман кірпіштен тұрғызылған. Бұл там ас үйдің де орнына жүрді. Ол құдықсыз тік мұржалы пешпен жылытылды.



Тамалардың қыстауының схемасы. А – тұрғын үй; Б – жабық мал қора; В – шөп сақтайтын орын; Г – ашық қаша; Д – жем салынған сусек; Е – пеш. Руденко С. Очерк быта казахов бассейна рек Уила и Сагыза // Казахи: Антропологические очерки. Материалы особого комитета по исследованию союзных и автономных республик (Л.: АН СССР, 1927. Вып. 3. С.7-32) атты еңбектен

Қ.-дың ең карапайым осы түрінің құрылымы Қазақстанның барлық өңіріне ортақ деп айтуға болады. Тіпті ауқатты деген әулеттің Қ.-ының құрылымы да осы құралыптас болды. Осы айтылғанның мысалы ретінде орташа әулетке тиесілі Қ.-дың С.И. Руденконың аталмыш еңбегінде берілген схемасын келтіруге болады. Бұл схема мен жоғарыда келтірілген Қ.-дың схемасының арасында архитектуралық айырмашылық жоқтың қасы. Дегенмен, соңғы Қ.-дың құрылымында ашық қорамен қатар, жабық қора да бар. Сонымен бірге тамдардың және қоралардың қабырғалары жер бетінде тұрғызылған. Әйтсе де, жоғарыда айтылғандай, бұлардың құрылымдарының арасында бәлендей айырмашылық жоқ деуге болады. Ал, Қ.-дың сапасы мен бітімі жергілікті географиялық ерекшеліктерге және материалға, әлбетте, әулеттің дәулетіне тығыз байланысты болды. Мысалы, Қазақстанның Шығыс, Орталық және Солтүстік орманды өңірлерінде үй құрылысына ағашты көптеп қолданылса, орман-тоғайы аз өңірлерде негізгі құрылыс материалы ретінде сары топырақтан жасалған саман кірпіш немесе пахсаны пайдаланылды. Сондай-ақ, Қ. құрылыстың қабырғаларын соқпалау тәсілімен тұрғызатын (қ. *Соқпа* / *Соқпа там* / *Соқпа үй*). Ауқатты адамдардың Қ.-ларында қыш кірпіштен тұрғызылған, төбежабыны шатырланып қаңылтырмен жабылған үлкен, әрі еңселі көп бөлмелі үйлер салдырылды.

Жиделі, талды, тоғайлары қалың өзен аңғарларында орналасқан Қ.-ларда үйлердің қабырғасы екі жағынан талдан өрілген шарбақтардан тұрғызылды. Ортасы топырақпен толтырылды. Мұны Қ.-дың өзіндік жергілікті түрі десе де болады. Ерте кезде, яғни орыс отаршылдығы орныққанға дейінгі уақытта Қазақстанның таулы-тасты

өңірінде Қ.-дағы тамның қабырғаларын тастан да тұрғызды деген деректер кездеседі. Тамдардың төбесі, әдетте, сырғауылдармен жабылып, оған бұтақтар салынып, соңынан шөп немесе сабанмен жабылып, үстіне қалың лай төселетін. Кейде сырғауылдың үстіне саман кірпіш немесе ойылған шыммен жабылды. Үсті лаймен сыланды. Төбежабынның түріне қарай *тоқал там*, *итарқа там* деп бөлінді. Тоқал тамдардың төбесі жайпақ тегіс болып келді. Ал, итарқа тамның төбесі көтеріңкі болу үшін ортасы жуан бөрене және сырықтармен сәл көтеріліп, екі жағы шатырлап еңістеу жабылатын. Үйлердің ішкі архитектуралық да жергілікті геоморфологиялық (ландшафтылық) және климаттық ерекшеліктерге байланысты болды. Сонымен бірге, көршілес халықтардың үй салу дәстүрі өзінің әсерін тигізді.



Қыстау. Отырықшы ауыл. XX ғ. басы. Суретші Н.И. Ткаченко. Львович Дм. По киргизской степи (Петроград, 1914) атты еңбектен

Бір бөлмелі там алғашында ашық ошақпен жылытылды. Оның төбесінде түтін шығатын ойып жасалған тесігі ғана болды. Кейін тік мұржалы қазандық пеш пайда болды. Сонынан осы пеш құдықты пешпен алмастырылды. Пештің құдықтары бөлмені екіге бөлетін қабырғаның орнына жүрді. Аталмыш екіге бөлінген бөлменің бір жартысы, әдетте, отағасының өзіне арналды, екінші жартысы отбасының қалған мүшелерінің жатын орны болды.



Бай қазақ Байдаулетовтың қыстауы. Қарқараты оязы. Семей обл. С.М.Дудиннің фотосы. Ұлы Петр атындағы антропология және этнография музейі (Кунсткамера) қорынан (№1199-123)

Қ.-дағы тамдардың казак арасында кең тараған бір түрі – қоржын үй немесе қарсы үй. Ортасы ас бөлменің орнына жүрген дәлізбен бөлінген екі бөлмеден тұратын үйлердің бұл түрі Қазақстанның барлық өңірінде қолданыста болғандығын зерттеушілердің дені атап көрсетеді. Тамның ішкі кеңістігінде отбасының әр мүшелерінің өзіндік орындары және ондағы тұрмыстық бұйымдардың орналасу реті дәстүрлі киіз үйдің тұрмыстық кеңістігінен еш айырмашылығы болған жоқ десе де болады.



Қыстау. Семей обл. Павлодар уезі. СОСК 1910-1911жж. ҚР МОМ қорынан (КП 10438/31)


Әлбетте, Қ.-дың құрамдас элементтері болып табылатын тошала, қора-қопсы, шөп және әртүрлі зат сақтайтын арнайы орындар, тұрақты ұстахана кейін қалыптасты. Бұлар тіршілікке жүйесінде аса маңызды шаруашылық-тұрмыстық функциялар атқарды.

Шошала, әдетте, салқын шаруашылық құрылым болғандықтан пешсіз қарапайым қалыппен салынатын. Шошаланы жергілікті құрылыс материалдарына қарай кесілген шымнан, тақта тастардан, саз балшықтан, ағаштан немесе тал шарбақтардан тұрғызыла берді. Шошаланың ішінде шаруашылық заттармен қатар, астық сақтайтын қамбалар, ет сақтайтын арнайы орындар болды (қ. Шошала).



Қыстау. С.М.Дудиннің фотосы. Ұлы Петр атындағы антропология және этнография музейі (Қунсткамера) қорынан (№1199-17)

Шаруашылық құрылымның Алтай өңіріндегі казактарда кездесетін бір ерекше түрі дүкен деп аталды. Дүкен – бөренеден қиюластырылып салынған бес бұрышты ағаш там. Қабырғасы жерден 1,5-1,8 м.-дей көтерілгеннен соң бөренелері бірге бірте қысқарылып қиюласа келеді де, ұшар басында шаңырақтың тесігі сияқты ойық қалдырылады. Құрылыстың бұл түрі өте ертеден сақталған архаикалық құрылысқа жатады. Ерте кезде тұрғын үй де осындай әдіспен тұрғызылған сынайлы. Дүкеннің ішкі құрылымы әртүрлі шаруашылық-тұрмыстық бұйымдар мен құрал-саймандар сақтайтын биіктігі 1 м.-ден аспайтын сегменттерге саман кіріішпен қаланып бөлінді. Оларда астық, тері-терсек, жүн, әртүрлі құрал-саймандар сақталынды. Төбесіне ілінген сырғауылдарға ет жайылды. Соғым еті көбінесе осы дүкен ішінде ысталды. Мұндай дүкен С. И. Руденконың 1927 жылғы экспедиция материалдарында схема түрінде қорсетіледі (қ. Дүкен).



Қыстаудың жоспары мен қимасы. бір нұсқасы. Адай болысы. А - тұрғын үй; В) жабық қой қора; С) жабық ірі қараның қорасы; Д) ормен қоршалған жем-шөп сақтайтын жер. Руденко С. Очерк быта казахов бассейна рек Уила и Сагыза // Казахи: Антропологические очерки. Материалы особого комитета по исследованию союзных и автономных республик (Л.: АН СССР, 1927. Вып. 3. С.7-32) атты еңбектен

Қ.-лардың функционалдық ең маңызды құрамдас бөлігі – мал қоралар. Олар ашық және жабық қораға бөлінді. Қоршаған ортаның климаттық жағдайына, жергілікті құрылыс материалдарына байланысты қоралардың түрлері де әркілі болып келеді. Сонымен бірге қора-қопсының архитектуралық бітімі мал түлігінің құрамына да байланысты болды. Қой, түйе, сиыр түліктерін, сондай-ақ мініс аттарды міндетті түрде жабық қорада ұстаған. Сырдария, Қарақұм, Қызылқұм, Арал өңірлерінде малды



негізінен ашық қораларда ұстады. Ал, жабық қоралар көбінесе жас төлге, ауру, көтерем, буаз, төлі жас малға арналып салынатын. Қора мен тамды өзара жалғастырып, төбесін тұтас итарқа пошымда жабу тәсілі терістік өңірлердегі Қ.-ларға тән үрдіс болып табылады (**қ. Итарқа**). Қ.-дың осындай архитектуралық ерекшелігін жергілікті экологиялық ықпалдың тегеуірінді әсерімен түсіндіруге болады.



Қыстау. С.М.Дудиннің фотосы. Ұлы Петр атындағы антропология және этнография музейі (Кунсткамера) қорынан (№1199-17)

Ашық қора салғанда, көбінесе, қажетті аумақта оны қоршай тереңдігі бір құлаш шамасында ор қазылып, шыққан топырақ ордын ішкі жағына үйіліп соқпаланып көтерілетін. Бұл қорадағы малды ит-құстан, ұры-қарыдан қорғауға қосымша сеп болды.

Ақтөбе мен Торғай өңірінде талдан тоқылған шарбақтарды желдің өтіне қарсы орналастырып, қар тоқтатты. Сөйтіп, үйілген қардан аққала тұрғызып, ықтасын немесе ашық қоралар жасалатын.

Қыс мерзіміндегі мал күтімі ұқыптылықты, уақытты, әлбетте, үлкен күш-қуатты, бек тәжірибені қажет ететін машақаты көп жұмыс болды. Мал шығарылған соң міндетті түрде қора тазаланатын, қойқораның ішіндегі көң мал шыққаннан кейін үйіліп, кешке мал келердің алдында қораның ішіне қайтадан біркелкі жаймаланды. Бұл малқораның жылылығын қамтамасыз етті. Сөйтіп, жас төл мен ауру-сырқау малды суыққа ұрындырмады. Бірнеше жылдар бойы салынған ашық қоралар мал санына қарай уақыты келгенде өзара алмастырылып отырылды. Бұл қорадағы қажетті гигиеналық режимді тиімді сақтауға мүмкіндік берді. Сонымен бірге, бірнеше қораны жоғарыда аталған ауыстыру тәсілімен пайдалану малшылардың тұрмысына айырықша қажетті отынның түрі – қиды мол жинап алудың өзіндік тәсілі болды (**қ. Қоң; Қи**).

Көшпелі ортадағы қысқы қоныстану жүйесінің, яғни Қ.-дың ең маңызды элементі, сөз жоқ, жайылым болды. Ғылыми әдебиетте жайылымды (территорияны) мал шаруашылығына негізделген тіршілікке жүйесінің әрі табиғи алғышарты, әрі ең маңызды элементтерінің бірі

ретінде бағамдалатындығы сондықтан (**қ. Жайылым**). Қ. маңындағы жайылымдарды қазақтар қызғыштай қорып, көктеуде, әсіресе күзеуде мал түсірмей сақтайтын.

«... Ерте барсам жерімді жеп қоям деп.

Ықтырмамен күзеуде отырар бай...» –

деп келетін Ұлы Абайдың өлең жолдары осы аталмыш жайтқа байланысты туындаса керек. Жайылымды жазға қарай құрай сияқты басқа да сояу шөптер басып немесе қопаланып кетпес үшін ерте көктемде ескі шөпке өрт салып жаңғыртатын.



Дудин. Аққелін шатқалындағы Шормановтар қыстауы. Баянауыл. Павлодар оязы. Семей обл. С. М. Дудиннің фотосы. 1909 ж. Ұлы Петр атындағы антропология және этнография музейі (Кунсткамера) қорынан (1199-38)

Қ. – қоныс жүйесінің тағы бір ерекше маңызды элементі өзен, көл сияқты су көздері болды. Осы су көздерін мал суаратын суатқа айналдыру малшыдан асқан тәжірибе мен біліктілікті талап етті. Әлбетте, қыстық жайылымды пайдалану қоршаған табиғи ортаның ландшафттық ерекшелікке және экологиялық мерзімдік факторларға негізделді. Мысал ретінде қой түлігін жаю үшін ауа райының мерзімдік жайы ғана емес, қардың қалыңдығы да қатан ескерілді.



Қыстау. Қарқаралы. Қарағанды облысы. ОМЭЭ – материалдарынан

Жаздыгүні жиналған шөпті үнемдеу және түлікті ширату мақсатында, әсіресе, қой түлігін оқтын-оқтын жаю қажеттілігі туындап отырды. Мұндайда ата-бабадан жалғасып келген тиімді тәсілі – қой жаюдың алдында жылқыны өрістетіп алу үрдісі қолданылды. Сөйтіп, жылқы тебіндеген жайылым енді қойдың жайылатын өрісіне айналды. Сиыр түлігі, көбінесе, қорада күтіп бапталынды.

Әдеб.: Якимов Н. Зимовье. Русская колония в киргизской степи (по сведениям, сохранившимся на месте) // Юридический вестник. 1887, №9. С. 68-86; Гейнс Д.К. Дневники 1865 года. Путешествие по киргизским степям // Собрание литературных трудов Д.К.Гейнса. СПб. 1898, Т.1. с. 323-338; Руденко С. Очерк быта казахов бассейна рек Уила и Сагыза // Казахи: Антропологические очерки. Материалы особого комитета по исследованию союзных и автономных республик. С.Ф.Баранов, А.Н. Букейхана, С.И.Руденко. Л.: АН СССР, 1927. Вып. 3. С.7-32; Жәнібеков Ә. Жолайырықта. Алматы: Рауан, 1995; Меңдіқұлов М. Казакстан архитектурасының XIX ғ.-дағы және XX ғасырдың бас кезіндегі сипаты жөнінде // Казакстан архитектурасы. Алматы. 1959; Жилище народов Средней Азии. М. Наука, 1982; Жүнісов А. Фәниден бақиға дейін. Алматы: Қайнар, 1994; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚЫСТЫҚ ҮЙ / ҚЫСТЫҚ – қысқы тұрақты баспананың жалпы атауы. Көшпелі ортада қабырғасының жартысы қазылған жерге жалғасқан *жертөле*, *жеркеле* деп аталған үйлер пайдаланылды. Археологиялық деректерге қарағанда, бұл үрдіс ежелгі көшпелілер дәуірінен бастау алады. Салынуы аса қиындықты қажет етпейтін мұндай үй Орталық Азияның классикалық көшпелі өмір салтын кешкен жұрттар үшін экологиялық жағынан да, тіршілікке тұлғасынан да өте тиімді баспана болды. Орыс отаршылдығы қазақ өлкесіне дендеп орныққаннан кейін Қ.ү.-дің аталмыш тиіі әжептәуір өзгерістерге ұшырады. Сөйтіп, әсіресе, XIX ғ.-дың 2-жартысында Қ.ү.-дің күрделі түрі пайда болды. Көшпелінің отбасы тұратын үйден басқа әртүрлі шаруашылық-тұрмыстық бұйымдар мен құралдар, ет тағамы, дәнді дақыл сақтайтын тошала (немесе шошала) деп аталатын арнайы құрылыс, сондай-ақ, қораның ашық және жабық түрлері тұрғызыла бастады. Бұл жайтты XIX ғ.-дың 70-жылдарынан бастап бұрынғы жайылымдық құнарлы жердің қазақ жеріне ағылып келген орыс келімсектеріне Ресей әкімшілігі тарапынан зорлықпен беріле бастауымен түсіндіруге болады. Осы үрдістің, әсіресе, XIX ғ.-дың 90-жылдары ерекше күшеюі көшпелі шаруашылықтың негізі – территорияның мейілінше тарылуына алып келді. Бұл қазақтардың отырықшы және жартылай отырықшылық тіршілік салтына көшуге мәжбүр етті. Сөйтіп, бұрынғы көшпелі қазақтар үшін қоныстанудың тұрақты жүйесі қалыптаса бастады. Алғашында балшықтан соққан там үйлер, оған жапсарлас қора-қопсы және жоғарыда аталған тошала пайда болды.

Бертін келе төбесін шатырлап жапқан ағаштан салынған үйлер көп тарады. Ағашы аз өңірлерде үйді саз балшықтан жасалған соқпамен соқты, ойылған шымнан тұрғызды. Кіре берісінде үйді жылытатын, қазан асып, тамақ әзірлейтін оттығы болған. Төбенің ошақ тұрған тұсында от салып, қазан асу кезінде түтін шығару үшін іштен ашатын қақпақты тесігі болды (**қ. Бағана; Балшық үй; Баспана**).



Төбесінде мұржасы көрініп тұрған қабырға пешпен ортасы бөлінген там үй. ҚР МОМ қорынан (НКП 1526)

Алғашқы кезде мұндай баспаналар, әсіресе, Алтай өңіріндегі қазақтарда киіз үй тәрізді дөңгелектеніп ағаштан көпбұрыштан қиыстырылып салынды. Ондай үйлердің арасында әредік қабырғасын дөңгеленте *кірпіштен* немесе *соқпадан* тұрғызып, төбесін уық тәрізді етіп сырғауылмен жауып сыртын сылап салған үйлер де болды. Ілкіде ондай үйлердің терезесі төбесінде болған. Кейін, орыс келімсектерінің әсерімен кірпіштен немесе ағаштан жасалған төртбұрышты үйлер тұрғызылды. Әсіресе, көп тарағаны *қоржын үй* деп аталды (**қ. Баспана; Қоржын үй**).



Дудин.С.М. Қоржын үй (мал қорамен тұрғын үй бір шатырдың астында). Баянауыл. Павлодар оязы. Семей обл. Ұлы Петр атындағы антропология және этнография музейі (Кунсткамера) қорынан (1199-2)

Бертін келе ұзынша етіп салынған үй ортасын бөліп тұратын қабырға пеш орнату қалыптасты. Баспананың осылайша жетілдірілуіне байланысты жоғарыда аталған дөңгелек бітімді қыстық үйлер кейіннен шаруашылық заттарын, азық-түлік сақтайтын *тошалаға* (шошала) айналып кетті.

Әдеб.: Жәнібеков Ә. Жолайырықта. Алматы: Рауан, 1995; Кызласов И.Л. Праторжские жилища. Обследование саяно-алтайских древностей. Москва - Самара, 2005; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.



ҚЫСЫР – түрлі себептермен буаз болмай қалған малдың жалпы атауы. Ұрғашы малдың қысыр калуына, күтімнің нашарлығынан, мал азығының құнарсыз және жеткіліксіз болуынан, кейбір ауруларға (бруцеллез, трихомониаз, каракаптал, киенкі) шалдығуынан қашпай калуы себеп болады. Күтімі жақсы, күйлі сиыр, биелерден таңдап сауынға деп әдейі Қ. қалдыратын жайт та жиі кездесетін. Мұндай әдейі Қ. қалдырылған мал суалмай, қыс бойы сауылып, отбасын ақпен қамтамасыз ететін. Асыл тұқымды малдың төлін тұқымға қалдыру керек болғанда да енесін Қ. қалдырып, төлді екі жылға тақау енесінен айырмайтын. Мұндай төлді «қысыр емген» деп, тай болса, *арда емген* деп атайды (қ. *Арда*). Кейбір жағдайда (бәйгеге, барымта – жорықтарға, жылқышылардың мінуіне т.б) жүйрік, ұшқыр биелерді айғырға салмай әдейілеп Қ. қалдырып отыратын. Мұндай малды *бедеуше*, *бедеу ат* деп атайтын (қ. *Бедеу ат / Бедеуше*).

Сонымен, малдың Қ. калуының төмендегідей екі түрлі себебін атауға болады: а) аналық малдың күйсіздігі; ә) шаруашылық-тұрмыстық қажеттілікке байланысты аналық малды әдейі Қ. қалдыру. Қ. малдың *бедеу малдан* айырмашылығы – күйлі болса келер жылы іш алып кетеді, ал бедеу мал толдеу қабілетінен мүлдем айырылады (қ. *Бедеу*). Түсік тастаған немесе төлі өліп қалған малдың атауына ту сөзін қосып атайды – *ту қой, ту бие, ту сиыр, ту ешкі*. Ту мал төлсіз болғандықтан ерте ет алып семіреді. Ондай мал қажеттілікке қарай (өлім-жітімде, сыйлы қонақ келгенде т.т.с.) сойысқа бірінші болып қолданылады.

Қазақ малшылары малдың Қ. қалмауына айырықша көңіл бөлді. Ол үшін аталық малдың санының қашатын ұрғашы малды қамтамасыз ететіндей мөлшерде болуын қадағалады. Сонымен бірге, малдың қашатын мезгілі жақындамастан бұрын малдың ауру-сырқауларын емдеп, күйлі болуына қам жасайды.

Ежелден мал баққан қазақтың «*мал басың аман ба?*», «*күйлі қуатты бармысың?*» деп жөн сұрасудың өзі көшпелі ортада малдың аман-саулығына айырықша мән берілгендігін аңғартса керек.

Қ. қалған биенің «*бойын түзеу*» үшін, яғни күзеу барысында кекілін төгілте қалдырып, жалын сыпыра күзейді. Құйрығын жоғарғы жағынан үш бунап күзеп, ұшын шырыппып қана тегістейді (қ. *Күзеу*).

Әдеб.: *Арғынбаев. Х.* Қазақтың мал шаруашылығы туралы этнографиялық очерк. Алматы. Ғылым. 1969; *Жанәбілов Ш.* Қазақша мал атаулары. Алматы: Қайнар, 1982; *Радлов В. В.* Тюркские степные кочевники. 2-е изд. доп. Т. 3. Астана: Алтын кітап, 2007; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚЫСЫРАҚ – қысыр қалған бие, ұрғашы тай мен ұрғашы құнанның ортақ атауы. Қ. малды келер жылы төлдету үшін ерекше күтімге алады. Сөйтіп, Қ.-тың күйі жеткеннен кейін оған алдына ала дайындалған айғырды қосады. Бұл үрдіс *қысырақ матау* деп аталады (қ. *Қысырақ матау*).

Әдеб.: *Жанәбілов Ш.* Қазақша мал атаулары. Алматы: Қайнар, 1982; Қазақ тілінің аймақтық сөздігі. Құраст.: Ф.Қалиев, О.Нақысбеков, Ш. Сарыбаев, А.Үдербәев және т.б. Алматы: Арыс, 2005; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚЫСЫРАҚ МАТАУ – ұрғашы байталардан іріктеліп айғыр салынған жаңа үйір. Жаңа үйір жасақтаудың басты ұстанымы қан араластырмау, яғни аталықтың немесе аналықтың өз кіндігінен тараған ұрпағын үйірге жолатпау болып табылады. Әдетте, үйірдегі айғыр ер жеткен төлін тістеп үйірден қуа бастайды. Сөйтіп, әккі айғыр бойдақ жас жылқыларды топтастырып, жаңа үйір жасақтайды. Жаңадан іріктелген мұндай үйірде «өз кіндігінен тараған» айғыр үйіріндегі тайлар мен байталдар да іріктелінеді. Өйткені айғырға тән қасиет ол өзінен туған тұқымдарына шаппайды. Мұндай инстинкт жайылымда еркін бағылатын жылқылардың қан тазалығын сақтауын қамтамасыз етіп отырды. Бұл үрдісті табиғи селективтік механизм десе де болады. Бір үйірде ұрғашы мал саны көп болса, бір айғыр аздық етеді. Осындай себептерге байланысты жаңа үйір салу қажеттілігі де туындап отырады (қ. *Айғыр; Айғыр салу*).

Әдеб.: *Добросмыслов А.И.* Скотоводство в Тургайской области. Оренбург: Тургайский обл. стат. комитет, 1895; *Жанәбілов Ш.* Қазақша мал атаулары. Алматы: Қайнар, 1982; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚЫТЫМЫР ҚЫЗЫЛ ИТ – діни аңыз бойынша Жеті ұйықтаушының соңынан ерген ит. Ел ішінде тараған діни аңыз бойынша Тур деген патшалықта жеті ағайында адамдар болды. Тур патшасы күндердің күнінде өзін зорсынып Құдаймын деп жариялап, патшалықтағы бағыныштыларына аяғына бас ұруды талап етіпті. Бірақ ағайынды жетеу адамды жаратқан Құдай, сондықтан Құдайдың пендесі еш уақытта Құдай бола алмайды деп, патшаның әміріне мойынсұнбайды. Оны «Құдай» деп, танығанша көз көріп, құлақ естімеген, патшаның табаны мен құрығы жетпейтін сонау жырақ жерге кетуді ойластырып, жолға шығады. Жолда келе жатып, қой бағып жүрген қойшыға кездесіп, өздерінің елден қашып бара жатқан себебін айтады. Сөйтіп, әрі қарай жолға аттанады. Сол кезде патшаның Қытымыр деген иті олардың соңынан қалмай ере береді. Ағайынды жетеу әлгі итке тас атып қуа бергенмен, олардың жандарынан кетпей қояды. Бұл ит біздің жасырынғанымызға үріп, дұшпандарымызға білдіріп қояды деп тас лақтырып, тіпті аяғын да жаралайды. Сонда итке тіл бітіп, «*Адамды жаратқан Құдай тағаланың өзі, Құдайдың жаратқан пендесі еш уақытта «Құдай» бола алмайды деген имандарыңызға менде иландым. Сендермен бірге бөлайын*» – дейді. Сөйтіп, Жеті әулиемен бірге итке үңгірде жатып жасырынады. Сонымен жеті ағайынды мумин жандар мен ит үңгірде үш жүз жыл ұйықтап ояныпты дейді аңызда. Әйгілі Қашаған жырау «*Еріп барған қасына Қытымыр деген қызыл ит жеті қазынаның бірі еді.*» – деп жыраудың *итті жеті қазынаның бірі* дейтін ел түсінігін діни аңызбен ұштастырғанын байқаймыз.

Әдеб.: *Казахский фольклор в собрании Г.Н. Потанина.* Алма-Ата: Наука, 1972; *Бұлұтай М.* Ата-баба діні. Түркілер неге мұсылман болды? Алматы: Білім, 2000; ҚӘТС. 7 т. Алматы: Арыс, 2007; *Уәли Н.* Бұрынғыдан қалған сөз (қолжазба); ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ҚЫШ – иленген саз балшықты қызуы жоғары пештерге салып, күйдіру арқылы алынған қатты зат. Мұндай жолмен құмыра, хұм, көзе, табақ, шара, саптыаяқ, шырагдан, сияқты т.б. тұрмыстық бұйымдарын жасаған. Саз балшықты илеп, оны түрлі ыдыс-аяқтардың формасына келтіріп алған соң қызуы жоғары пештерге салып күйдіріп, беріктігін арттыра түскен. Ертеде Қ.-ты кәдеге жаратып пайдалана бастау (б.з.б. IV мыңжылдық шамасында) адамзат қоғамы дамуында ерекше орын алды. Мұның бір айғағы ретінде археологиялық қазба жұмыстары кезінде Қазақстанның әр аймағынан көптеп табылған қыш ыдыстар мен оның сынықтарын атауға болады.



Көзеші шеберханасы. X-XII ғғ. Ақтөбе қалашығы. Жамбыл облысы. Реконструкция. ҚР MOM экспозициясынан

Дәстүрлі ортада қышшылық өнері XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап ақшалай-заттай сауда қатынастарының өрістей бастауына байланысты кәсіп етушілердің саны біршама көбейе түсті. Мұндай кәсіпті көбінесе, отырықшылық өмір сүрген өзбектермен этникалық байланысқа түскен оңтүстік тұрғындары яғни, Түркістан, Отырар, Сыр өңірінің қазақтары күн көріс көзіне айналдырған. Бұл кәсіп атадан балаға жалғасып отырған. Отырықшылыққа көшіп, егіншілікпен айналысқан оңтүстік аймақтарда арпа, бидай, тары сияқты дәнді-пақылдарды сақтауға арналған хұм деп аталатын үлкендігі адам бойындай қыш ыдыстар жасалған. Мұндай үлкен әрі ауыр хұмдар тасымалдауға қолайсыз болғандықтан арнайы жасалған *жертөлелерге* құммен көміп қоятын болған. Хұмдарға салынған астық келесі көктемге дейін бұзылмай жақсы сақталған. Қыш ыдыстардың келесі бірі – құмыра

және көзелер хұмдарға қарағанда көлемі шағын болып келеді. Кейбірінің бүйірінде ұстауға арналған тұтқасы болады (**қ. Құмыра; Көзе**).



Көзе. XIV-XVIII ғғ. ҚР MOM қорынан (КП 23678\3)

ҚР MOM қорында КП 23678\3 тіркеу нөмірімен сақтаулы жарты шар түріндегі қыш көзенің бүйірінің диаметрі 14 см., ернеуінің диаметрі 10 см., биіктігі 22 см, қалыңдығы 0,6 см. Оның бүйірі кең, ернеуі шығыңқы, түбі жайпақ болып келген.



Саз сырнай. ҚР MOM қорынан (КП 26287)

Сондай-ақ, қыштан *саз сырнай*, *үскірік* сияқты үрмелі музыкалық аспаптар да жасаған (**қ. Саз сырнай; Үскірік**).

Әдеб.: Кузнецова Э.Ф. *Тепловодская Г.М. Древняя металлургия и гончарство Центрального Казахстана*. Алматы. 1994; Поиски и раскопки в Казахстане Издательство «Наука» Казахской ССР Алма-Ата. 1972; Ә.Базарбеков. Тұрмыстық лексикаға байланысты кейбір ерекшеліктер. ҚР ҰҒА-ның Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. 2004. №1. 30-33 бб; Қазақстанның ежелгі қошпелілер мәдениеті. ҚР MOM археологиялық коллекциясы. Ғылыми басылым (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде). Жоба жетекшісі Нұрсан Әлімбаев. Алматы: Ди-Пи-Эс, 2009; Мендикулов М.М. Памятники архитектуры полуострова Мангышлак и Западного Устьюрта. А., 1956; Басенов Т.К. Орнамент Казахстана в архитектуре. Алматы, 1957; Маргулан А.Х., Акишев К.А., Кадырбаев М.К., Оразбаев А.М. Древняя культура Центрального Казахстана. Алматы, 1966; Әжгіалиев С. Батыс Қазақстан ескерткіштері // Зерде. 1989. №12; Самашев З. Монументальное искусство казахов Северо-Восточного Прикаспия (археолого-палеоэтнографический аспект изучения) // Археологические памятники на Великом Шелковом пути. Алматы, 1993; Жәнібеков Ө. Жолайрықта, Алматы, Рауан, 1995; Нұсқабайұлы Ж., Жәнібеков Ө. Ежелгі Отырар. Алматы: Рауан, 1997; Ажигали С.Е. Архитектура кочевников – феномен истории и культуры (памятники Арало-Каспийского региона). Алматы: Ғылым, 2002; Зайберт В. Ботай дала өркениетінің бастауында. Алматы: Балауса. 2011; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.



ЛАҒЫЛ – кызыл түсті асыл тас, кызыл жақұт. Л. ел ішінде *лағыл тас, лағлы, ләгіл, нағыл, нағын* тұлғаларында қолданылған:

– *Пенденің жетер емес ақыл – ойы,
Безентіп бейне жұмақтай ләгіл жақты*

(*Ғашық наме*)

Л. атауы қазақ тіліне араб тілінен енген. Қазақ зергерлері мен жалпыхалықтық тілде жақұттың кызыл түсті түрінің атауы болып қолданылады. Қазақ тіліндегі кызыл *жақұт*, яғни Л. орыс тілінде *яхонт, рубин*, көк жасыл жақұт *сапфир* деп аталады. Қазақ тілінде жақұттың әр түрін жинақтап білдіру үшін *лағыл-жақұт* деп қолданады.

Қазақт зергерлері лағылды алқаның, өңіржиектің, сырғаның, жүзiктің көздеріне орнатқан, аса жоғары лауазым иелерінің (хан, сұлтан) бас киімдеріне таққан. Халық арасында соған байланысты *лағыл сырға, лағыл алқа, лағыл тұмар* және т.б. әшекей бұйымдардың атаулары сақталған. Мысалы:

– *Лағыл сырға құлаққа ілуші едің жар-жар,
Барлық қыздың туындай, асыл еркем, жар-жар*

(*Ақан Сері Қорамсаұлы*)

– *Топырағым торқадай,
Тасым лағыл алқадай*

(*Н. Байғанин*)

– *Сізді іздеп бір жас оғлан келген-ді,
Мойнына таққан алтын, лағыл тұмарын*

(*Алпамыс батыр*)

Бірсыпыра халықтарда Л. асыл тастардың патшасы деп саналады. Орта Азия, Еуропа, Шығыс халықтарында Л. тасы туралы әртүрлі ұғым-түсініктер қалыптасқан.

Дәстүрлі дүниетаным бойынша, Л.-мен әшекейленген бұйымдар адамның мінез-құлқына, ақыл-ойына күшті әсер етеді, бойына күш-қуат береді, денесін сергітеді, көңілін орнықтырады, қайғы-мұңды қуады, басын біреудің дуалап қоюынан сақтайды, адамды билікке жеткізеді, билікті баянды етеді, әскерді желеп-жебейді, жеңіс әкеледі, халықты жаппай қырып жіберетін жұқпалы оба ауруынан, кейбір адамдарды қояншық ауруынан сақтайды және т.б. Сондықтан ол сиқырлы күшке ие қасиетті тасқа саналады, адам мен оның айналасына әсер етуі жағынан ең күшті тас деп есептеледі. Л. адам бойындағы кейбір қасиеттерді арттыра түседі деген нанымға байланысты әсершіл, мінезі шапшаң және қатал адамдарға оны тағуға болмайды деген түсінік қалыптасқан.

Әдеб.: Алпамыс батыр. Алматы, 1961; Ақан сері Қорамсаұлы. Шығармалар. Алматы, 1963; *Байғанин Н.* Шығармалар жинағы. Алматы, 1966; Ғашық-наме. Алматы, 1979; *Шойбеков Р.Н.* Қазақ зергерлік өнерінің сөздігі. Алматы: Ғылым, 1991; *Шойбеков Р.Н.* Қазақ зергерлік өнерінің лексикасы. Алматы: Қазақстан, 1993; Наурызнама. Аталы ойлар. Алматы: Жалын, 1993; ҚӘТС. 10-том. Алматы: Арыс, 2009; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ЛАҒЫНЕТ АЙТУ / ЛӘНЕТ / НАҒЫЛЕТ / НӘЛЕТ – жек қоретін, көңілін қалдырған адамына, қас жауына

жамандық тілеуі, балағат айтып, қарғыс жаудыруы. Лағынеттеу – мағынасы жағынан балағаттап, қарғап-сілеуді білдіреді. Сондықтан, қарғыс айтылуы – бағытталған адамға кесір әкелетіндіктен дәстүрлі ортада ренішті адамның да лағынетті жөн-жосықсыз, орынсыз айтуға болмайтындығы туралы түсінік орныққан (**қ. Қарғыс**). Қазақы ортада қатты ренжігенде көбіне *«лағынет жасусын»*, *«атаңа нәлет»* деп айту көп кездеседі. Ондай тіл тигізу тек өзіне ғана емес атасына, яғни, бүкіл ата-бабасына, үрім-бұтағына бағыттала айтылған балағат ретінде қабылданды. Мұндай ерсі қылық жасап, біреуді нақак балағаттағаны үшін адам әдет құқықтың қағидалары бойынша масқаралау жазасына кесілін отырылды (**қ. Масқаралау / Масқаралау жазасы**). Лағынет айтылған адам *қарғыс арқалаған адам, біреудің лағынетіне қалған, лағынет қамытын киген* деген жаман атқа ие болған. Тіпті, жамандығы мен зұлымдығы аса өтіп кеткендерге бағыттап лағынет оқитын да болған. Яғни, дұға оқып, қарғыс жаудырған. Оның халық арасында лағынетнама, лағынетхат, қарғыс және қарғау хат деген де аты бар.

Әдеб.: Казахский фольклор в собрании Г.Н. Потанина. Алма-Ата: Наука, 1972. 51-6; Махамбет Жыр – семсер. Алматы: Жазушы, 1979; *Қасқабасов С.А.* Миф пен әпсананың тарихилығы // Қазақ фольклорының тарихилығы. Алматы, 1993; Ағаш бесіктен жер бесікке дейін. 1-кітап. Алматы: Өнер, 2011. 143-144 бб; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ЛАЖЫЛАУ – түсі көгілдір, шыны түстес бояумен зергерлік бұйымдарды, ыдыстың сыртын, ернеуін, ат әбзелдерін және т.б. бояу, тыныкелеу. Қазақ зергерлері қоймалжың бояуды *тыныке* немесе *лажы* деп атаған. Л.-ны ертеректе шеберлер шыны үгіндігінен балкытып дайындаған. Шеберлердің Л. тәсілін жақсы меңгергендігі XVII – XIX ғ.-ларда жасалған зергерлік бұйымдар мен ат әбзелдерінен көрінеді. Л. ұзақ уақыт бойы өзінің түсін жоғалтпайды. Сондықтан, қазақ зергерлері кейде істен шыққан әшекейлі бұйымдардың Л.-сын қағып алып, оны қайта түйіш, қорытып, жаңа бұйымды лажылауға пайдалана берген. Лажыланатын бұйымның беті бізбен безеледі. Сұйық лажы осы ұсақ іздерге құйылып, суыған соң егеліп тегістеледі. Ең соңында ысқылап жылтыратып қояды (**қ. Зергер; Тыныкелеу**).

Әдеб.: *Шоқпарұлы Д.* Жетпіс өнер де аз // Пионер. 1980. №6. 28-29 бб; ҚӘТС. 10-том. Алматы: Арыс, 2011; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ЛАҚ – ешкі малының алты айға дейінгі төлі. Жаңа туған лақ үсті кеппей жатып-ақ аяқтанып, ширақтық танытып, енесінің желінін түрткілеп ауыздана бастайды. Отыққанға дейін лақ тек енесінің сүтімен ғана қоректенетіндіктен, енесінің алдына жем-шөп, суын беріп қорада бірге ұстайды немесе қоныс маңынан ұзатпай жаяды. Бірнеше күннен кейін енесін өріске жіберін, төлдерді көбінесе қолқабысқа жарап қалған балалар ауыл маңына жайып бағады. Ал қыс мезгілінде туған лақты төрт-бес күндей *жсеркенеде* ұстап, белгілі бір уақыт қана енесіне емізіп тұрған. Кейде

ұзақ уақыт күннің козі сынбай тұрып алған кездері айлап төлдерді жылы жерде ұстаған. Ерте лактаған ешкілердің бірен-сараны, кейде сол жылы күзде екінші рет лактайтыны болады. Мұндай кеш туған, жетіле қоймаған Л.-тың қыстан шығуы екіталай болғандықтан, көбінесе оларды семіртіп, қыстың басында көрші-қолан арасындағы «тоқым қазар», «бастаңғы» сияқты кішігірім той-томалаққа сойып алады. Осындай кеш туған Л.-тарды Семей өңірінде қылқа дейді (к. Қылқа).



Жайылымдағы ешкі – лақ (фрагмент). Өскемен уезі. ҚР МОМ қорынан (КП 10438/183)

Ешкіде туған лағын емізбеу сирек кездеседі. Керісінше, тәжірибелі малшылар бойында сүті мол ешкілердің өзінің төлінің үстіне, жетім қалған Л.-ты да салып үйретеді. Мұндай еңбек оң нәтижесін беріп, жетім қалған Л.-та тез аяктанып кетеді. Сондай-ақ, ене сүтіне жарымаған Л.-ка да әбден жем-шөпке ілініп кеткенге дейін қолдан қосымша сүт беріледі. Енелерін арықтатпау үшін, оттықса да емуін қоймаған ересектеу лақтарға сірге (к. Сірге) байлаған. Ол Л.-тың енесін еме алмауына кедергі жасаса, әрі оның сүттен шығуына септігін тигізген. Ешкі, Л.-ты «Шек! Шек!» деп қайтарады.

Х.Арғынбаевтың дерегіне қарағанда, ертеректе төрт түлік мал ұстаған дәулетті байлар, мал ішінде ешкіні аз өсіргендіктен оған аса назар аудармаған. Ал жатақ кедейлер болса, ешкінің бір жылда екі төлдеуі үшін текеге күйек байламаған көрінеді (к. Күйек'; Теке).



Қорадағы лақтар. ОМЭЭ – материалдарынан

Лағын ешкі бес ай көтереді. Ешкі малының жалқы, егіз тіпті үшеуден лактайтындары бар (к. Ешкі). Ел ішінде ерте туған лақты шәңгер немесе қодыраң лақ деп айтса, жыл ішінде екінші рет туған ешкінің төлін дағалай дейді

(к. Дағалай). Туғанына алты ай толған, тарттырылмаған еркек төл текелікке жарайтын болғандықтан лақ теке, ұрғашысы алты айлығында қашып, бір жасында төлдесе оны шыбыш деп атайды. Екінші жылғы Л.-ты серкеш деп атайды. Сонымен қатар, халық арасында Л.-тың күй-жайына байланысты қалыптасқан түрлі атаулар бар, мысалы, жаз мезгілінің соңына таман, сойысқа, болмаса сыйлауға немесе сатуға жарап қалғанын піскен лақ, аяғымен жайылған немесе бордақыланып әбден қонданғанын семіз лақ деген.

Күзге таман малшылар, семірген Л.-ты сойған кезде, оның бүйрегімен, беломыртқасын тұтасымен пісіріп жаубүйрек тағамын әзірлеген (к. Жаубүйрек).

Әдеб.: Добросмыслов А.И. Козоводство // Скотоводство в Тургайской области. Оренбург: тип. Жаринова, 1895. С. 268-281; Эйдригевич Е.В. Козы Казахстана и Средней Азии. Алма-Ата: Казахское Государственное издательство. 1951; Арғынбаев Х. Қазақтың мал шаруашылығы жайында этнографиялық очерк. Алматы: Ғылым, 1969; Жанәбілев Ш. Қазақша мал атаулары. Алматы: Кайнар, 1982; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ЛАҚА – орташа жас мөлшеріндегі жайынның атауы (*Silurus glanis*). Дене тұрқы шамамен бір құлаштай. Ересек жайынға қарағанда кішілеу болып келетіндігі сондықтан (к. Жайын). Сыр бойындағы қазақтардың арасында ежелден тараған атау. Кейбір мәліметтерге қарағанда, бұл атау қарақалпақтардан ауысқан сынайлы. Л.-ның тұмсығы дөңгелек, қос мұртты, басы мен денесі жалпақтау, бауыры теңбіл қоңыр болып келеді. Л.-ның ірі, әрі семіз болғанына қарамастан, балықты кәсіп етушілер болмаса, оны дәстүрлі ортада етін азыққа аса көп пайдалана бермеген. Л.-ны аумен, кейде жайын сияқты ірілерін қиратпа деп аталатын шанышқымен аулайды. Арал өңірінде лақаны қалаш, Каспийде лақашық деп те атайды. Л.-ның тұмсығының дөңгелек әрі жалпақ болуына байланысты халық арасында оның лақабас деген атауы да кездеседі. Дәстүрлі қазақы ортада басы жалпақ етіп тігілген етікті лақабас етік деп атау қалыптасқан (к. Лақабас етік).

Әдеб.: Досқараев Ж. Арал, Каспий балықшыларының тіліндегі профессионалды лексиканың материалдары // Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері. Алматы: ҚазССР ҒА баспасы, 1958. 83-162 бб; ҚӘТС. 10-том. Алматы: Арыс, 2009; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ЛАҚАБАС ЕТІК – басы жалпақ етіп тігілген етіктің атауы. Лақа деп аталатын басы мен денесі жалпақтау жайынға ұқсас болғандықтан осылай аталды. Оны жайынауыз етік деп те атайды (к. Жайын; Лақа).



Лақа бас етік. ҚР МОМ материалдары бойынша суретті салған Ж. Шәйкен



Тілдік қолданыста ондай балықтың басын өгіздің басына да теңейді. Малшы қазақ қыстағы қақаған күннің суығында аяғына жүн *байпақ* немесе шұлғау орап, Л.е. киді. Мұндай басы жалпақ етік киген бақташының немесе жолаушының аяғы суыққа алдырмайды (**қ. Саптама етік**).

Әдеб.: *Аргынбаев Х.* Қазақ халқының қолөнері. Алматы: Өнер, 1987; Қазақтың дәстүрлі киім-кешегі. Ғылыми каталог (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде). Ғылыми редактор және жоба жетекшісі Нұрсан Әлімбаев. Алматы: Өнер, 2009; ҚӘТС. 10-том. Алматы: Арыс, 2009; ҚРМӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ЛАҚЫТ / ЛАҚАТ / ЛАҚАТТЫ ҚАБІР / ЛАҚЫТТАП ҚАЗУ – жерлеудің оңтүстік, оңтүстік-шығыс және оңтүстік-батыс өңірлеріне тән түрі. Бұл жерлеу тәсілінің қалыптасуын аталмыш өңірлердегі жердің геоморфологиялық құрылымымен түсіндіруге болады. Бұл тәсілдің (немесе түр) мәні – қабір шұңқырының түп жағын ала қабырғалардың бірінен қуыс ойылып, мәйітті сол қуысқа қойып жерлейді. *Лажат, ляхад* - деген арабша атау. Оның *жандама, жандатпа, ақым* немесе *жанақым* деп аталатын түрліше қазақы атаулары бар (**қ. Жерлеу**). Жерлеудің мұндай түрі сақ дәуірінен бастау алады. Оның археологиядағы орныққан атауы – *катакомба*.

Лақат құрылымы. Ұзын бойы солтүстік-батыс пен оңтүстік-шығыс бағыты бойынша қазылған көр табанының (құдық) батыс жағынан, яғни сол қол жақтан адам кіріп-шыға алатындай ойық қазылады. Содан кейін ойықтың ішінің ұзындығын адам бойынан сәл артықтау, енін шынтақты жазғанда еркін келетіндей, ал биіктігін жүрелеп отырған адамның төбесі тимейтіндей етіп үңгиді. Төбесі тегіс немесе ортаңғы тұсы ғана биіктетіле ойылып, яғни *күмбезделе* қазылу түрлері кездеседі. Л.-тың деңгейі көр құдығының табанынан мөлшері бір тізедей томен етіліп қазылады. Ал, көр шұңқырының ұзындығы кісі бойындай немесе көбіне адам түсіп-шыға алатындай, яғни жан-жағы бір метр шамасындай шаршыны құрайды.




Лақат. ОМЭЭ – материалдарынан.

Көр шұңқырының тереңдігі түрегеп тұрған адамның *белуарынан* келеді. Бірақ, одан тайыз болмауы керек. Әйел адамға арналған көр одан да тереңірек, яғни кеуде тұсынан келетіндей қазылуы қажет деген ұстаным бар. Көр құрылысының және Л.-тың мұндай ерекшелігі қазақ арасына жаппай тараған деп айтуға келмейді. Ол

жер қыртысының ерекшелігіне, атап айтқанда, қатты-жұмсақтығына, тасты немесе құмды, құмдауыт болып келуі сияқты ерекшеліктеріне тікелей байланысты (**қ. Көр**).

Мәселен, жер қыртысы қатты өлкелерде немесе қыста ойық шығару мүмкін болмайтындықтан көр шұңқыры табанының ортасын, кейбір өлкелерде батыс, яғни сол жақ бұрышын сәл тереңдете қазу тәсілі қалыптасқан. Осы алаңқыға мәйітті қояды да бетін тақтаймен, тас тақтамен, кейінгі кезде соқпа, кірпішпен жабады. Егер бір бұрышынан қуыс жасаса тақтай немесе тас тақталармен көлбеулете, көр қабырғасына сүйей мәйіттің бетін жабады.



Лақат қазудың жер қыртысына байланысты қалыптасқан түрлері. ҚР МӨМ материалдары бойынша суретті салған Ж.Шайкен

Мәйітті жатқызар алдында «*көр топырақтан*» *жастықша* қойылып, бетін *Құбылага* қарата бұрып қояды. Мәйітті қойған соң ойылған қуыстың аузын таспен, шыммен, кірпішпен немесе тақтаймен жабады. Көр шұңқыры толтырылып көмілген соң Л. пен шұңқырдың дәл ортасына топырақты үйеді.

Л. қазу дәстүрінің шығу тегі сонау тас ғасырының соңғы кезеңінен (неолит) бастау алады. Мәселен, б.з.б. 5 мыңжылдық пен 4 мыңжылдыққа тән Ақтау қаласы маңындағы Қосқұдық-1 тұрағына жақын жерде орналасқан қабірде бүктістіріле сол жақ бүйірімен жерленген ер адам мәйіті Л.-қа қойылған. Сондай-ақ, темір дәуіріне тән ескерткіштерде (б.з.б. VII – V ғғ.), атап айтқанда, Есік обасында да Л. қазылып жерленіп, оның аузы бөренелермен жабылған.

Ілкіде жан мен о дүниелік өмір туралы түсінікке сай бұл құрылым мәйіттің бос кеңістікте жатуына, онда қойылған заттардың жақсы сақталуына әсер ететін. Отырғызылған мәйіттің жан-жағына қойылған ыдыс түрлері, ғұрыптық бұйымдар мен қару түрлері о дүниеде тұтынатын бұйымдары ретінде қойылатын. Генезисі тұрғысынан ғылымда «*атқа мінген адам отырысы*» (поза всадника) деп аталатын ерте замандардағы отырғызып жерлеу дәстүріне жетелейді. Археология ғылымы жерлеудегі мұндай ерекшелікті негізінен малшы-бақташылар мәдениетіне тән құбылыс деп есептейді. Осы тектес жерлеулер Еуразия құрлығының әр жерлерінде әркілы кезеңде орын алып отырғанын археологиялық қазба жұмыстарының нәтижелері айқындайды.

Исламдық сенім бойынша жерлеуге келгендер кеткен сон көрдегі марқұмды Мүңкір-Нәңкір келіп сұраққа алған кезде отырғызып қойып тергейді-мыс (қ. *Мүңкір-Нәңкір*). Осы кезде марқұмға жаны қайтып келетін көрінеді. Ілкі дәуірлерде өліктің жан-жағына тостаған сияқты т.б. ыдыс-аяқ, қару-жарак, әшекей бұйымдар қоятын. *Құдық* деп аталатын көр шұқырына құрбандық малы (кой, жылқы) көмілетін. Осы тұрғыда, көр шұңқырын ұйғырлар «таш өй» (тас үй), лақатты «ич өй» (ішкі үй) деп атайтыны көп жайттың басын ашады. Жерлеудің бұл түрі кейінгі уақытта ислам діні дендеп енгеннен кейін бұрынғыдай марқұмның тұтынған заттары жанына қойылмай, құрбандық малы немесе «о дүниелік асы» бірге жерленбейтін болып өзгерді. Бірақ, көр құрылымы сақталып қалды. Жоғарыда аталған көне әдеттер мұсылмандық шарттарға сай басқаша атқарыла бастады. Атап айтқанда, құрбандыққа шалынып көмілетін мал ендігі уақытта таратылды немесе қонақасыда желінді. Ал, мәйіт жанына қойылатын заттары «тәбәрік», «садақа», «сыйыт» және «жыртыс» болып жұртшылыққа таратылуы негізінде «тонын айналдырып киді». Отырғызып жерлеудің XIX ғ.-ға дейін бірлі-жарым орын алып келгендігі жөнінде И.Ибрагимовтың «...марқұмды құбылаға қаратып отырғызып жерлеген» деп жазғаны жете зерттеуді, анықтай түсуді қажет ететін құнды мәлімет.

Әдеб.: *Ибрагимов И.И.* Этнографические очерки киргизского народа // РТ. Сборник, изданный по поводу политехнической выставки. Вып. II. Статьи по этнографии, технике, сельскому хозяйству и естественной истории. М., 1872. С.120-152; *Нурмуханбетов Б.* Раннемусульманское кладбище близ городища Куйрыктобе // В глубь веков. Алма-Ата, 1974; *Смагулов Е.А.* Наземные склепы Борижарского могильника // Казакстан археологиясының мәселелері. 3-шығарылым. Ғылыми мақалалар жинағы. Алматы, 2011. С. 119-141; *Әжіғали С., Байғабатова Н.* Жетісу казактарының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары // Казак халқының дәстүрлері мен әдет ғұрыптары. 1-том. Біртұтастығы және ерекшелігі. Құраст. С.Әжіғали. Алматы: Арыс, 2005. 176-202 бб; ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ЛАПАС – қалқа және уақытша жасалған баспана, лашық, үйшік. Жан-жағы (қабырғалары) әркілы түрде, төбесі қолда бар материалдармен жеңіл-желпі жабылып пайдаланылды. Ол көбіне үй ауласында немесе түздік жұмыстар басында тұрғызылады. Л. егіс шетінде салынып, күннің көзі мен жаңбырдан паналау үшін, дамылдап демалу үшін де пайдаланылды.




Үй іргесіне шаруашылыққа арналып салынған лапас. Қызылорда обл. Қазалы. 2007 ж. ОМЭЭ-материалдарынан

Мұндай Л.-тар төрт қабырғасыз, өре тәрізді жасалған болып келеді. Л. жасау үшін төрт жерден орнатылған дінгектің үстіне арқалық салып, төбесін қамыспен, шөппен жабады. Дәстүрлі ортада мұндай көлеңкелі қалқаның астына бәйгеге жаратып отырған атты ұстаған және арба, қамыт, саймандарды сақтады. Жылы мезгілде көлеңкесіне тұздалған ет іліп, желге қақтап кептіретін болған. Сонымен бірге үйге жапсарластыра да салынады.

Әдеб.: ҚӨТС. 10-том. Алматы: Арыс, 2009; ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ЛАПЫЛДАУЫҚ – ауға байланған қалқыма, қалтқы атауы. Л. ауды су түбіне шөктірмей бірқалыпты ұстап тұратын міндет атқарады. Ол көбінесе төрт бұрышты, екі жақ шетінде жіп өткізетін тесігі бар, көлденені 10-15 см, ені 7-5 см етіп жеңілдеу ағаш түрінен жасалады



Лапылдауық. ҚР МӨМ материалды бойынша суретті салған Б.Досымов

Қазакстанның әр аймағында тұратын балықшылар **балберкі салтқы, қалтқы** деп те қолданады (қ. *Қалтқы*).

Әдеб.: *Айтазин Қ.* Каспий балықшыларының тіліндегі ау, құрал-сайман аттарымен байланысты кәсіби сөздер // Казак диалектологиясы. 1- шығуы. Алматы: Ғылым, 1965. 149-159 бб; ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ЛАУ – казак даласында XIX ғ.-да пайда болған жолаушыларды жеткізіп салуға арналған арнайы көліктің атауы. Қазак жері Ресей империясының құрамына толықтай өткеннен кейін, отаршылдық жүйе өздерінің басқару жүйелерін нығайта бастаған еді. Осыған орай бекіністер, бекеттер салынып, олардың араларын қосатын жолдар, көпірлер жасалған. Патшалық Ресей өз әкімшілігін күшейтіп, арнайы қызметкерлерін казак арасына көптеп жіберіп отырған. Осыған орай қызмет бабымен жүрген жолаушыны бекіністерге, бекеттерге, ауылдарға жеткізін отыруға арналған көлік түрлері пайда болды. Олар тезірек және ыңғайлырақ жету үшін аттарға жеңіл *арба* мен *шана* түрлері қосылатын болған (қ. *Арба; Шана*). Осыған орай көшпелі казак даласында отырықшы елдерге тән жолаушылар таситын арба мен шана түрлері пайда бола бастады. Қазак даласында *пәуеске, брешке, трэшпенке, рыдуан, фазтон, дрожки, кошевке* деп аталып кеткен көлік түрлері Л. ретінде кеңінен қолданысқа енген. Л. аттары мен көлік құралдарын қарап, олармен қажет болғанда жолаушыларды жеткізіп отыратын адамды *лаушы* деп атаған. Лау көлігімен жолаушыны жеткізуді – *лау тарту* деп атаған. Лаушылар қызмет бабымен жүрген адамдармен



қатар арнай құжаттар мен өзге заттарды арнайы орындарға жеткізіп отырған.

ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ЛАУАЗЫМ – мемлекеттік саяси жүйедегі атқаратын қызмет орны және соған орай берілетін арнайы атақ-дәреже. Қазақ хандығының мемлекеттік басқару жүйесінде сайланатын және тағайындалатын Л. иелері болған. Мұндай билік иелерін *лауазымды адам*, *лауазымды кісі* деп атап, оларға өзгелер тиісті құрмет көрсетуге, жарлық-бұйрықтарына бағынуға міндетті болған. Л.-ның әр түрлі *мәртебесі* болды. Қазақ хандығындағы ең жоғары мәртебелі Л. иесі – *хан*. Хандық Л. мұрагерлік жолмен хан тарапынан белгіленіп, халық тарапынан сайлау арқылы берілді. Яғни, хан қайтыс болғаннан кейін оның мұрагерін қоластындағы рудын беделді өкілдері жиналып, ақ киізге көтеріп хан сайлады. Хан өзіне *кеңесшілерін*, мемлекеттік істерді жүргізетін *уәзір*, әскерді басқаратын *қолбасшы* Л.-дарына қалаған адамдарын тағайындады. Сонымен қатар, хан төңірегінде *бақауыл*, *нөкер* сияқты түрлі Л.-дағы адамдар болған. Сұлтандар да аймақтарды басқара отырып, қоластындағы рулардың беделді өкілдерімен өзіне кеңесшілер тағайындайды. Қазақ даласының басқару жүйесінде ертеден келе жатқан *тархан*, *датқа*, *атишабар* және Патшалық Ресейдің енгізген *ага сұлтан*, *болыс*, *старшын* (*агаман*, *ауылнай*), сонымен қатар *қазы*; *ахун*, *ақалақшы* сияқты көптеген Л.-дар болған (**қ. Тархан; Датқа; Атишабар; Болыс²; Старшын / Агаман; Ауылнай; Ахун; Ақалақшы; Қазы² / Қазы**). Әскерді басқаруда *онбасы*, *жүзбасы*, *мыңбасы*, *түменбасы*, *қолбасшы* деген сияқты әскери Л.-дар болған. Бұндай Л.-дарға жауынгерлік өнерін жақсы меңгерген, батырлығымен аты шыққан адамдардан тағайындалған. Әскери Л. иелерінің жанындағы әскери жалауы мен байрақты ұстап жүретін арнайы адамдары да болған.

Л. иелерінің өзіндік белгілері және мөрі болды. Қазақта Л. иелерін *атқамінерлер* деп те айтатын болған. Сондықтан ертеде атак-дәрежесі бар Л. иелері астына *ақ боз* немесе *қызыл ат* (шымқай ақ немесе шымқай кара ат) мінгендігі жиі айтылады (**қ. Ақ боз ат / Ақ боз атан; Қызыл ат**). Адамның киген киімдері оның Л.-ынан хабар беретін болған. Мәселен, *мұрақ* – хан мен сұлтандардың салтанатқа киюге арналған баскиімі болған (**қ. Мұрақ**). Әсіресе, киімге немесе өзге де бұйымдарға орнатылған асыл тастар оның иесінің қоғамдағы орнын, Л.-ын, дәрежесін білдірген. Ш.Уәлиханов Л.-ына қарай асыл тас түрлері мен түстері әртүрлі болғандығын айтқан. Баскиімге қадайтын меруерт сынды асыл тастардан даярланған *көзотағаны* Л.-ды, атак-дәрежесі бар адамдар таққан. Сонымен қатар, *шоқ* қондырған баскиім және *шоқ белбеу* ертеде тектілікті, Л.- иесі екендігін білдірген. Мұнымен қатар Л.-ды білдіретін мойынға тағатын – *дан алқа*, бармағына тағатын – *жүзік* те болған (**қ. Дан алқа; Жүзік**). Ертеректе Л. иелеріне қаған тарапынан *байса* (*пайзы*, *пайса*) деп аталатын арнайы құқықтық белгі берілетін болған (**қ. Байса / Пайса / Пайзы**). Әскери Л. және дәреже белгілері – жауынгерлік қару, *ту*, *байрақ*, *дабыл* болған. Қолбасшылық Л.-ның дәрежен көрсету

үшін баскиіміне *жыға* тағылған (**қ. Жыға**). Қазақ даласындағы ежелгі дәуірлерден сақталып келген Л.-дар және соған орай Л.-дық айырым белгілері де саяси өзгерістерге байланысты жиі өзгерістерге түсіп отырған. ХІХ ғ.-дың басынан қазақтарда хандық биліктің біртіндеп жойылып, орнына Ресей патшалығының билік жүйесі енуімен Л. иелерінің айырым белгілері қолданыстан шығып, біржола жойылып кетті.

Әдебб: Ахметжанов Қ.С. Жараған темір кигендер (батырлардың қару-жарағы, әскери өнері, салт-дәстүрлері). Алматы: Дәуір, 1996; Қартаева Т.Е. Қазақ қоғамының дәстүрлі саяси құрылымы және лауазымдық белгілер («Туркестанские ведомости» газеті және ҚР Орталық Мемлекеттік Музей материалдары негізінде) // Орталық музей еңбектері: музей ісі, тарих, этнология, фольклортану, антропология, деректану, нумизматика. І шығарылымы (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде). Ғылыми редактор Нұрсан Әлімбаев. Алматы: Ғылым, 2004; Ахметжан К.С. Этнография традиционного вооружения казахов. Научный редактор и автор предисловия Нурсан Алимбай. Алматы: Алматыкітап, 2007; ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ЛАШЫҚ – уақытша пайдалануға тұрғызылған баспананың және қарапайым ғана салынған жұпыны үйдің жалпы атауы. Кішігірім, көзге қораш, нашар көріністі үйді де осылай атай берген. *Келемін десең лашық, кетемін десең жол ашық* деген сөз орамы соның дәлелі. Ол итарқа, қос, күрке тәрізді нақты құрылымы жоқ, қолда бар материалды пайдалана отырып түрлі тәсілдермен жасалған, тігілген бас паналайтын орын-жай (**қ. Баспана; Итарқа, Күрке**). Мысалы, Л. бірін-бірімен матастырып, буған сырғауылдарды немесе 2-3 керегені қабырға ретінде тік тұрғызып, үстіне қамыс шөп ескі киіз жауып жасаған *жапта* түрінде де болуы мүмкін.



Лашық (фрагмент). ҚР МӨМ қорынан (ФКП 134)

Сондай-ақ, уық үстіне киіз жабылып не екі керегенің басын біріктіріп, үстін туырлықпен жауып та пайдаланды. Тіпті, кедейлердің жаман-жұтық үйлерін де Л.-қа теңеп атаған (жарты л., жарым л., үш канат л. т.б.) Сондықтан, *ағайынның алтын сарайынан, ананың жсыртық лашығы артық* деген мақал туды.

Әдеб.: Муканов М.С. Казахская юрта. Алма-Ата: Кайнар, 1981; Жәнібеков У. Культура казахского ремесла. Алма-Ата: Онер, 1982; Жәнібеков Ө. Жолайрықта. Алматы: Рауан, 1995; ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ЛАШЫН – дене тұрқы орташа, түсі сұрғылт, қауырсындары көлденең дақты келген дәстүрлі аңшылықта жоғары бағаланатын ұшқыр қыран құс (латынша атауы – *Falco peregrine*). Ол саят құстарының ішіндегі ең шапшаң, әрі талмай ұзақ ұшатын алғыр құс ретінде ерекше бағаланды. Л.-ның сипатын туралы жазушы С.Мұқановтың «Өмір мектебі» шығармасында былайша суреттейді: «өзі жұдырықтай ғана бірақ, қанат, құйрығымен тұтас алғанда сүңгуір құйрықтай ұп-ұзын көрінетін, маңдайы жайпақтай келген, тұмсығы жолбарыстың тырнағындай иілген, сарғылттау, қияғының өткірлігі ұстарадай, қарақаттай мөлдіреген көздері бадырайып, бөтегесі жүйрік аттың омырауындай, сирақтары жіңішке, сарғылт саусақтарының басына имие біткен сұрғылт тұяқтарының ұштары егелген біздеі өткір, қанатының топшысынан арғы жағы қарлығаштың қанатындай ойыңқы біткен. Құйрықтары сауысқандікіндей ұзынша, қанатының түсі құлпырып, кейде қара сұр, кейде қара қоңыр болып көрінеді».

Қос жұдырықтың көлеміндей ғана шәкене қыран тұғырда сәл еңкіштеу отырады. Л.-ның кеудесі кең, төсі жалпақ, болса, құсбегілер оның күштілігінің белгісі деп есептейді. Оның аң ілудегі ерекшелігі өзге құстарға ұқсамайды: олжасына жоғарыдан шүйілін түсіп, теуіп құлатады. Аң алудағы ерекшелігі мен сирек кездесетіндігіне байланысты бекзадалар Л.-мен саят құруды ерекше ұнатқан.

Л. казак жерінің Алтай, Ертіс бойы, солтүстік өңірде кездеседі, оңтүстікте қыстайды. Оның ұябасарының салмағы 700-1090 гр, шәулісі 500-800 гр, қанатын жайғанда 110 см дейін жететіндігі айтылады. Л. ұясын тоғайдың жыныс нуына немесе жартастың тасасына салады. Ұя салардың алдында ауада сан түрмен қалыптап күйойнақ көрсетеді. Көктемнің соңына ала 2-4 жұмыртқа салып, бір айдай басады, тағы бір ай өткен соң балапаны қанаттанады.



Лашын. ОМЭЭ – материалдарынан

Л.-ды өзге құстарға карағанда қолға үйрету қиындау, әрі ұзақ уақытты қажет етеді (қ. *Құс салу*). Л. тәрізді алғыр қыранды елік, киік тәрізді қоңыр аңдарға салуға баулитын тәсіл болған деседі: мүйізімен қоса алынған аңның бас сүйегінің арасына жем беріп үйреткен. Кейін Л. аңға салғанда үйренген әдетімен қоңыр аңның басына қонып алып, көзін шоқып шығарып жібереді деген аңыз ел аузында сақталған.

Лашынның құс ілуі. Құсбегі қайта шақырған кезде қандай алыста болсын кері қайтып қолына келіп қонуға үйрету біршама қиындық тудырады. Әйтпесе, Л. қуған құсын қашанғы ілгенше тепендеп қуып, тынбай тым алысқа ұзап кететін әдетімен қайтпай қалатын жайт кездеседі. Л.-ды (және шәулі қырандардан *ителгі* екеуін) үнемі *томағалап* ұстайды, тек салар кезде ғана басынан сыпырады (қ. *Томаға*). Оны басқа қырандар тәрізді *мүскекпен салмайды*, яғни қолдан «лақтыра» ұшырмайды.

Л.-ның құс ілуі өзге шәулі қырандарға ұқсамайды. Оны құсқа қарай аттандырғанда бауырлай ұшуы төмен құлап бара жатқандай болып көрінеді. Сол зымыраған қалпында қашқан үйректерді тура қумай, қиғаштай тартады. Нысанаға алған олжасының дәл астына жетіп алған соң аспанға биіктеп тік көтеріледі де, биіктен төмен қарай атылған оқтай тік шаншылып екпінмен теуіп түсереді. Оны құсбегілер *шүйіліп түсу* деп атайды. Оның шапшаңдығы соншалықты, қуған құспен қалай айқасқанын шамалаудың өзі екіталай. Екі үш түлек кезінде алғыр болады. Шәулі құстар туралы құнды дерек қалдырған Шәйбай Айманов еңбегінде мынадай мәлімет келтіреді: *Л.-ның құстардың үрейленетіні соншалық, ол ұшқанда көлдегі құстар ұшпай тығылар жер іздейді, үйректер басымен емес, құйырығымен сүңгиді. Л. бір рет аттанғанда 15-20 үйректі теуіп түсіре алады.*

Л. басқа шәулі қырандардың әлі жетіп батылы бара бермейтін үйрек, қаз тәрізді үлкен құстарды аулауға шебер. Адамнан алысырақ жерде Л. қаздың біреуін ілген жағдайда, оның жанындағылары қыранды қанаттарымен сабалап ұрып қауіп төндіреді екен. Мұндайда, әккі қыран ілген қаздың қанатының астына тығылып қалатын көрінеді. Денесі кесек болып келетін дуадақты ілу – Л. үшін де қиын іс. Тақырыпқа қатысты еңбектердегі мәліметке карағанда, мұндайда дуадақ жүнін қорбитып айбар көрсетіп, қыранның басына саңғып жіберсе, беті қайтып қайта жоламай кетеді екен.

Л. – «қаны жерге тамбайтын» қыран. Оның қолға түскенін кім бұрын естісе бірнеше жүз шақырымнан ат арытып келіп, айтқан бағасына алатын болған. Ертеде Түркістан базарына Башқұртстаннан Л. көп әкелінген. Бапталмаған лашын бағасы 10-15 сом, баптап үйретілгені 80-100 сомға бағаланған

Әдеб.: Сейтов М.Д. Охота с ловчими птицами у казахов Семипалатинского края (с предисловием и замечанием И.А.Чеканинского) // Записки Семипалатинского отдела Общества изучения Казакстана (бывший СПО ИРГО). Том 1, 1929. Вып. ХУІІІ. Семипалатинск; Бегалин С. Саятшы әңгімелері. Алматы: Жазушы, 1979; Мұқанов С. Халық мұрасы. Тарихи-этнографиялық шолу. Таңдамалы. шығармалар. XV том. Алматы: Жазушы, 1979; Бабалықов Ж., Тұрдыбаев А. Қырандар. Алматы: Қайнар, 1983; Герцег Б. Охота в иллюстрациях. Братислава: Природа, 1984; Симаков Г.Н. Соколиная охота и культ хищных птиц в Средней Азии (ритуальные и практические аспекты). СПб.: Петербургское востоковедение, 1998; Флинт В.Е., Сорокин А.Г. Сокол в перчатке. М.:Эгмонт Россия Лтд, 1999; Марғұлан Ә. Саят құстары // Таңдамалы. 2-том. Алматы: Алатау, 2007; Ковшарь А.Ф., Ковшарь В.А. Құстар. Мектеп энциклопедиясы. Алматы: Атамұра, 2010; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.



ЛӘМБӨК / ЛӘМПӨК – киім-кешек тигуде колданылатын бағалы жылтыр кара мата. Қазақ жеріне маталар Ұлы Жібек жолы арқылы Шығыс, Оңтүстік Азия елдерінен керуендермен, кейін Ресейден сауда жолымен әкелінген. Бастапқыда киімдік және бұйымдық қажеттілікті өтеуде *жібек, барқыт, мауыты, масамты, шұғаны* пайдаланса, XIX ғ.-дың аяғында шыт, сиса, сәтен маталардың түр-түрі кеңінен тарала бастады (**к. *Мата; Бұл / Пұл***).

Сәтен маталардың ішінде ләмбөктен сырт киім, әсіресе бешпент, шапан тіге бастады. *Л.* – сапалы мақта жібінен тығыз етіп тоқылған жылтыр мата болғандықтан, әсемдік үшін әйелдердің ішігін тыстаған. Сонымен қатар *Л.*-тен әйелдердің белдемшелерін тигізіп, бір ерекшелігі оны кестелемеген. Батыс өңірлерде бұл мата ләмпөк, солтүстікте ләмбөк деп аталады.

Әдеб.: *Смешко Т.Н.* Ткани в одежде киргизов (вторая половина XIX – начало XX в.) // *Костюм народов Средней Азии: историко-этнографические очерки.* М.: Наука, 1979. С.211-228; *Кейкін Ж.* Қазақы атаулар мен байламдар. Алматы: Өлке, 2000; *Диалектологиялық сөздік.* Жауапты ред.: *Ғ.Әнес, А.Үдербай.* Алматы: Арыс, 2007.; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ЛӘҢГІ – салмағы 40-50 гр. шамасында, шүберектен, ешкінің қылы алынбаған тулағынан жасалған қақпақылды тіземен, топшының ішкі, сыртқы жағымен қағып ойнайтын балалар ойынының атауы. Сонымен бірге, әлгі қақпақылды да *Л.* деп атайды. *Л.*-нің жасалған материалына қарай бірнеше түрі болады. Ең қарапайым түрі – ішіне уак тас салып түйіп байланған шүберек. Келесісі – көлемі үлкен түймедей болатын қорғасынды ешкінің жүні қырқылмаған тулағынан кесіліп алынған кесегіне тігіп жапсырылған түрі.



Ләңгі. ОМЭЭ – материалдарынан

Әдетте *Л.*-ні ойын балалары аталған әдіс арқылы өздері жасап алатын. *Л.*-нің негізгі ойын шарты топшының сыртымен *Л.* ойынында белгілі бір ережелерге байланысты *бестік, ондық, жиырма бестік* болып ойналады. Ойыншы *Л.*-нің алғашқы бестігінде, қақпақылдаудың сатыларын бес мәртеден орындауы шарт.

Л. ойналғанда топшының іші сыртымен қақпақылдаудың қарапайым түрінен бастап, бірте - бірте күрделене түсетін бес сатыларысынан өтуге негізделген. Жай тебіс – аяқтың ішкі жағымен тебілетін қарапайым қақпақылдау. Екінші сатысы *шүкі* немесе *вис* деп аталып онда тобықтың ішкі жағымен аяқты жерге тигізбей қағу шарт. Үшінші *жұп* немесе *пар* деп аталатын сатысында ойыншы *Л.*-ні он және

сол тобықтың ішкі жағымен, немесе оң аяқтың тобығымен, сол аяқтың тізесімен кезек-кезек қақпақылдайды. Төртінші саты *лөр* немесе *люр* деп аталады. *Лөрді* орындағанда оң аяқтың тобығымен жай қақпақылдай отырып ыңғайлап алып сол жақа келтіріп алып, секірген күйде сол тізенің астынан, оң аяқтың тобығымен *Л.* қағу қажет. *Л.* - нің ең күрделі бесінші сатысы *қатар* деп аталады. *Қатарды* орындағанда ойыншы *лөрді* дайындықсыз, жамбастан асыра, қатарынан секіріп тебу керек.



Ләңгі тебу. ҚР МОМ материалдары бойынша суретті салған Б.Досымов

Осылайша әр жаттықтыруды. *Л.* ні жерге түсіріп алмай, бес мәрте қайталап барлық сатыдан өткен ойыншы келесі он, жиырма бес қайталауды орындап шығуы қажет. Ойын кезінде *Л.*-ні жерге түсіріп алған ойыншы кезегін келесі ойыншыға беріп отырады. *Л.*-ні түсіріп алған әр ойыншы, айналып кезегі келген кезде *Л.*-ні түсіріп алған сатысын қайталап, келесі сатыға өтіп отырады. *Л.* ойыншылардың біршама ептілігі мен күшін қажет ететін ойын түрлеріне жатады.

Аталмыш ойын шеберлік, шыдамдылық пен аяқтың ептілігін қажет ететіндіктен балалар қызығып ойнайтын ойынға айналды. *Л.*-ні балалар көбінесе көктемде күн жыли бастаған уақытта, қар еріп, жер ала-құла болып кебе бастағанда асық ойынымен бірге шала құрғақ алаңқайларда ойнайтын. *Л.* - ні дене шынықтыруға, қимыл - қозғалыстың координациясын дамытуға бағытталған спорт ойынына жатқызуға болады.

Қазір таңда *Л.* ұмыт бола бастаған ойындар қатарына жатқызылып, оны қайта дамыту үшін бір қатар шаралар атқарылуда. Мәселен, қазақтың ұлттық ойындары ойналатын мерекелік іс-шараларда *Л.* ойыны да қосылып, жастар арасында түрлі жарыс ұйымдастырылуда.

ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ЛӘШКЕР / ЛӘСКЕР – әскер, қол, сарбаз. Бұл көне атау көбіне тарихи жырлар, айтыс, батырлар жыры, байырғы акын жыраулар тілінде «әскер», «қол», «сарбаз» мағынасында қолданылады.

*Мақтаны берме сен Сарбас,
Ерегісің Саурықпен,
Байұзақтай батырдың
Қоқандай ләшкер құсбегі
Терекке байлап атылған,
Бәлеге басы шатылған, -*

дейді ақындар айтысында («Сарбас пен Жамбылдың айтысы»).

Әдеб.: Айтыс. Бірінші том. Алматы: Жазушы, 1965; ҚӘТС. 10-том. Алматы: Арыс, 2009; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ЛЕГЕН / ЛЕГЕН-ҚҰМҒАН – ернеуі қайырылған, түбі тегіс жайпақ ыдыс. Көбіне металлдан жасалып, кір жууға, үлкен түрін жуынуға, кішіректерін қол шаюға пайдаланады. Л. деп оңтүстік өңірлерде *табақ*, *тегене* мағынасында да жұмсалса, Шу бойы тұрғындарында жайпақ табақ, әрі қоладан жасалған шылапшын атауын да білдіреді. Қазақстанның басқа да өңірлерінде леген (*лэгән*, *лэген*, *ллеген*) сөзі орнына *шылапшын*, *кірлен* және *кірші* сөзі қолданылады (**к. Кірлен, Шылапшын**).



Леген. ОМЭЭ – материалдарынан

Қонақ күту кезінде ет келерде және ет желініп болған соң қол шайылуы қажет. Отырғандардың қолын жуғызу үшін бір қолына Л. және келесі қолына құман ұстап, иығына сулық асқан бала төрдегі үлкендерден бастап *қолға су құяды*. Киіз үй кеңістігінде сол жақ бөлікте ыдыс-аяқ тұратын болса, басқа уақытта Л мен құманның үйдегі орны оң жақ босаға (төрден карағандағы).

Әдеб.: Базарбеков Ә. Тұрмыстық лексикаға байланысты кейбір сөзшеліктер // ҚР ҰҒА-ның Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. 2004. №1. 32-36 бб; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ЛОҚҚЫ – мініс және көлікке жегілген ат пен өгіздің арқасында пайда болатын асқынған жауыр түрі. Жылқыда жиі кездесетін жауыр әбзелдің мал арқасына үйлеспей және күтімнің бұзылуы (мысалы, жұмыстан кейін суытпастан отқа қою, тынықтырмау) сияқты әртүрлі себептермен өршиді. Жауыр жарасы асқынған кезде көбіне шоктық пен иыққа қарай көшуінен Л.-ға айналады. Оны дер кезінде емдемесе, жауыр жарасы іріңге айналады. Ақыры жазылмайтын шилі жауыр деген ауыр түрін шабады (**к. Жауыр**).

Л. болған аттың арқасының пайда болған ірің толған дорбашықтан жағымсыз иісі бар сұйық ағып тұрады. Халықтық мал емдеу тәжірибесінде Л.-ға қарсы мынадай ем жасаған: сарышұнақты өлтіріп ішек-қарнын алып тастап, аузы шыққан локқыға 2 – 3 күн бойы тартып қояды.

Әдеб.: ЦГА РК. Ф.25, О.1, Д.4199, Св.387. О коневодстве в Тургайской области (20.03.1892 г. - 10.10.1895 г.); *Аргынбаев Х.* Қазақтың мал шаруашылығы жайында этнографиялық очерк. Алматы: Ғылым, 1969; *Қинаятұлы Б. Ж.* тобындағы сырат кінәраттарды емдеудің дәстүрлі тиімді тәсілдері // Жаршы. ҚР ҰААЗО ғылыми-теориялық журналы. 1997, №6. 23-32-бб; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ЛОҢҚА – дәстүрлі емшілікте қолданылатын аспап түрі. Л.-ның аузы тарлау, іші қуыс, әрі шағын етіп жасалады. Ол көбінесе қыш, әйнек тәрізді материалдан жасалған түрлері көп. Аспаптың көрші жұрттармен арадағы сауда-саттық барысында қазақ арасына таралуына байланысты оның атауы да кірме сөз есебінен қалыптасқанға ұқсайды.

Халық емшілерінің тәжірибесінде Л.-ны денедегі ұйыған қан мен сарысу ұялаған тұсқа қойып, сорғызып алуға пайдаланған. *Лоңқа төңкеру* деп аталатын емнің бұл түрі адамдағы *қан айналысы бұзылу*, *сақина ұстау*, *құяң*, *бас аурулары*, *аяқ сырқырау* сияқты ауруларды емдеуге нәтижесі жоғары тәсіл деп есептелді. Әсіресе, мұндай түрлі жарақат немесе ауру салдарынан дененің іскен, домбыққан, қан ұялаған бөлігін емдеуге бірден бір оңтайлы амал болды (**к. Қан алу; Қаншы**). Л. төңкерген кезде адам ағзасының бұзылған қан мен сарысуы көп шығуы үшін әлгі тұсты *қандауыр*, кездік немесе біз тәрізді өткір құралмен піседі (**к. Қандауыр**). Қанды сарысуды дұрыстап жинауы Л.-ның етке қатты жымдасып тұруымен байланысты. Сондықтан құтының ішіндегі желді айдап, вакуум қалпына ендіру үшін Л. ернеуіне түтікті (оны *сақны* деп те атайды) жүгіртіп желін сыртқа сорғызады немесе ағаш қабығын өртеп ауаны аластайды. Л. төңкеруді қайталап жасаса, қалдық сарысу мен қанды қалдырмай айдап шығатын көрінеді.

Әдеб.: *Ягмин А.* Киргизско-кайсацкие степи и их жители. СПб., 1845; Карутц Р. Среди киргизов и туркмен на Мангышлаке. СПб.: Изд. А.Ф.Девриена, 1911; *Аргынбаев Х.* Шынайы емшіліктің жөні бөлек // Зерде. 1989; *Оразақов Е.* Қазақ халық медицинасы. Алматы: Ғылым, 1989; *Сүлейменов Т.* Дауасы бар әр дерттің // Халық емінің құдіреті. (жинақ) Алматы: Қайнар, 1993. 18-33 бб; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ материалдарынан.

ЛҰҚПАН ХӘКІМ / ҰЛЫҚПАН ХӘКІМ – дәстүрлі түсінікте көп ізденіп, ілім игерген, әрі дертке дауа тапқан емші, оған ем-дәрі жасауды меңгерген, ауырмай ұзап жасаудың құпиясын ашқан ұлы емші. Осындай кемелдікке жеткен тұлға адамдарға ізгілік пен ғибратты өнегені уағыздаушы ретінде өзі де ұзақ өмір сүргендігі айтылады.

Ислам ілімінде Л. х.-ді пайғампар қатарына қосқанымен, оның пайғампарлығы күмәнді деп санайды. Дегенмен, ол Алланың сүйікті құлы, данагөй ретінде жүреді. Ол түрлі деректерде әрқалай баяндалады: түркі халықтарының арасында ол мәңгілік өмірдің құпиясын тапқан, яғни картаюды тежеп, алуан түрлі дәрілік шөптерді зерттей жүріп, адам ағзасын жасартатын дәріні ойлап тапқан екен. Ол ілімін қара кітап деп аталатын кітапқа топтастырған.



Л. х.-ді қызғанған жан алғыш періште бірде жолыққан кезінде оны итеріп қалып қолындағы еңбегін ағып жатқан суға (түріктер оны Жейхан өзеніне дейді) түсіріп жіберіпті. Осыдан кейін Л.х. Мысырдағы үңгірлердің біріне барып өмір сүрген. Оның қайда жерленгені туралы деректер бір-біріне кереғар.

Қазақ арасында таралған Л. х. туралы аңызда жастайынан оқу мен білімге құштар болған ол қырыққа келгенше жиһан кезін, ең мықты кітапханаларда болған. Сөйтіп барлық ілімді меңгерген оның ауруға шипа табуының екінші сыры – оған бақыт құсының келіп қонғандығымен байланысты. Бақыт құсы онан не қалайтынын сұрағанда ол емшілік өнердің кемелін сұраған деседі. Сөйтіп ол хакім атанып, өлім атаулыға араша тұрады. Тіпті балапандары аштан өлмес үшін қырғауылды ілмек болған қаршығадан қырғауылды арашалап алады. Ол үшін хакім өзінің сан етінен кесіп беріп, құсты жөніне салады.

Барлық тірі жан иесін осылай қорғап жүрген Л. х.-нің жалғыз ұлының жүрегінің басына мүйіз шығып ауырғанда оның шипасын таба алмай, онан айырылып қалады. Қалған өмірін сол дертке шипа іздеп ел кезіп кеткен хакім бірде тыныққан кезде *асатаяғын* топ құрайға сүйей салады. Ұйықтап кеткен хакімге өзі құтқарған әлгі қырғауыл аян береді. Оянып қараса, таяқтың сабындағы мүйіз бір шөптің әсерінен балқып ағып кетіпті де, тек темірі қалыпты. Сөйтіп Л. х. тағы бір аурудың шипасын тапқан екен.

Л. х. емшілік қасиеті туралы түркілер арасында құрметтеледі: түріктер дәрілік шөптер сағатын дәріхананы **Л. х. дүкені** деп атайды. Ал, түркімен ақыны Мақтұмқұлы жырға қосады (оған қазақ композиторы И.Омаров әуен шығарып, термеге айналдырған):

*... Ескендірдей алсақ жаудың қаласың
Лұқпандай тапсаң дерттің дауасың
Ақыры бір күн жермен жексең боларсың*

Арабтар Л. х.-ді мың жасапты (түріктер 560 жыл өмір сүрген, жеті «құзғынның жасын жасаған») деседі. Ал Л. х. өсиетінде өзінің жақсы жандармен дидарғайып болу, сұхбаттасу оған күш сыйлаған, қуат бергендігі арқасында осыншама жасқа жеткендігі уағыз ретінде айтқан.

Л. х. өмірде болған ұзақ жасаған жан ретінде уағыздалады. Оның есімі араб тілінде кездеспейтіндігі басқа жақтан (қара нәсілден) келгендігін байқатады дейтін пікір де бар. Дегенмен, мұсылман авторларының еңбектерінде Л. х. -ге қатысты алуан түрлі пікірлер бар: біреулер оны Ибраһим пайғампардың ұрпағы немесе Айып пайғампардың жиені дейді. Тіпті оны қарапайым еңбек адамы болған (тігінші, ағаш шебері және т.б.) дейді. Өте ұзақ жасаған Л. х. Дәуіт пайғампардың көзін көріп, оның ілімін үйренген жан ретінде құрметтеледі. Құран Кәрімнің 31-сүресі Лұқман

деп аталады. Онда Л. х.-ге шүкіршілшік ету даналық берілгендігі, оның пайғамбар емес, дәрігер екендігі және жамағатқа айтқан өсиеті баяндалады.

Сол сияқты Л. х. туралы аңыздың бір тобы оны мүлдем басқаша түсіндіреді. Мысалы, гректерден шыққан Эзоптың моральдық ғибратты мол трактаттары арабтар арасында Л. х. атымен таралған деседі.

Қалай дегенмен, мұсылман жұрттарының халықтық прозасында (хикая, ертегі, нақыл сөз) Л. х. дана, ұлағатты кейіпкер, тарихи тұлға ретінде моральдық-этикалық құндылықтарды уағыздаушы ретінде баяндалады. Қазақы ортада Л. х. адамға жәрдем беретін пір денгейінде құрметтеледі. Қазақы бата нұсқаларында Жаратқан мен пайғамбар серіктері және пірлер қатарында Л. х. де аталады:

*...Шәрияр болсын достасың,
Мұхаммед болсын қостасың.
Қыдыр болсын жолдасың,
Лұқпан болсын құрдасың ..*

Яғни, жақсылық пен ырыздық нәсіп болуы үшін оның қасында Л. х.-дей ақылшы, әрі аурудың емін тапқан жан бірге жүрсе адам ұзақ жасайды деген ойды меңзейді.

Әдебиеттанушылар Л. х.-ге қатысты аңыздар қазақ әдебиетіндегі Жиренше шешен мен Қарашаш сұлу жайындағы аңыздарға ұқсас болып келетіндігіне ден қояды. Қазақ ауыз әдебиет үлгілерінде Л. х.-ның даналық өсиеттері мен ғибраты туралы көптеген сюжеттер кең таралған. Мысалы, сондай бір ертегіде Құдайдың жіберген қаза-кәтеріне қарсы тұру құдайға деген қарсылық деген уәж айтады. Жұрт өз уәждерін айтып, хакімді жақтайды, қазыға апарып жазалатпақ болады. Сонда Л. х. тұрып мынадай ғибратты сөз айтады: « ... қашан да бір істі істегіңіз келсе, ол іске, әуелі ақылыңызды, онан соң көзіңізді жұмсаңыз. Сонан соң ақылыңыз дұрыстаса, көзіңіз көріп жөнін тауып, мақұл көрсе, тіліңізбен көңіліңізге сонда ерік беріңіз... рәуішті жансыз нәрселердің де керексіз жаратылғаны жоқ. Бір шөпті у етіп жаратты, екінші шөпті оған бастық етіп жаратты. Бұларды танып біліп, бұйырықты орнына жұмсамасаң, күнәлі боласың. Туісті орнына жұмсаудан күнә болмаса керек».

Әдеб.: Диваев А. Этнографические материалы. Легенды, былины, демонологические рассказы, приметы, пословицы и сказки Туземного населения Сарь-Дарьинской области // СМССДО. Вып.V. Ташкент, 1896. С.91-93; Васильев А.В. Образцы киргизской народной словесности. Молитвенных благожеланий «Бата соз». XII. Оренбург, 1905. С.7; Қасиманов С. Алтай аңыздары. Алматы: Жазушы, 1975; Лұқпан хакімнің айтқаны // ДУГ. 1888-1894. Әдеби нұсқалар. Құр. Ү.Субханбердина. Алматы: Ғылым, 1989. 497-498 бб; Лұқпан Хакім // ҚҰЭ. 6-том, Алматы: ҚҰЭ бас редакциясы, 2004; Қазақ әдебиетінің тарихы. 1-том. Қазақ фольклорының тарихы. Жалпы ред. басқарған С. Қасқабасов. Алматы: ҚазАқпарат, 2008; www.prohealthcourse.com сайты материалынан; КР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.



М

МАҒҰРІП / МАҒРИП – (араб. *мағриб*) күн батысы, батыс жақ, кеш мезгілі. Бұл атау, араб халифаты, өзінен батыс жақ өңірге билігін жүргізген заманда, әсіресе Солтүстік Африка жеріндегі елдер және Испан елінің басым бөлігі (*Омея әулетінің билігінен бастап, одан Аббас әулеті кезінде 8-12 ғғ. мұсылман елі болған*) бағынышты болған аталмыш өңірлер тұтасынан «Мәғриб» (Мавритания) елі деген атаумен әлем тарихнамасына енді.



Мағұрып. ҚР МОМ материалдары бойынша суретті салған Б. Досымов

Қазақ елі және көршілес мұсылман дінін ұстанған халқы бар мемлекеттерде мешіттердің құбыла қуысы (михрабы) М. жақтағы Меккенің Қасиетті Қағбасына бағытталады (**қ. Қағба; Құбыла**). Мұсылман қауымы ақшам уақытындағы кешкі намазды М. деп те атайды (**қ. Бейуақ; Намаз; Намазшам**). М. біздің елдің Аллаға мінажат қылатын немесе М.-ка бет ала жайнамазын жайып, бес парызының бірі – намазды атқару үрдісін де, мешітін *михрабына* (*құбыла қуысына*) карап Аллаға ғибадат еткенін де білдіреді. Демек, М.-пен *михраб* мағыналық жағынан өзара эквивалентті ұғымдар болып табылады (**қ. Михраб**).

Әдеб. *Шайх Сағиди*. Гүлістан. Аударған: Тұтқабекұлы Ж. Іле халықбаспасы, 2008; Арабско-русский словарь. Составил проф. Х.К. Баранов. М: 1958; Құран Кәрім. Х.Алтай аудармасы, Медине. Құран-Шәриф, 1991; *Көпеев М.Ж.* Екі томдық. 2-т. Алматы: Ғылым, 1992; Арабша-қазақша түсіндірме сөздік. Құрастырған: Оңдасынов. Н.Д. «Қазақстан» баспасы, Алматы, 1969; *Уотт У.М., Каккиа П.* Мусульманская Испания. М. 1976; *Бартольд В.В.* Ориентировка первых мусульманских мечетей. Собр. соч. М. 1966. Т.VI; *Ж.Шәйкен.* Қолжазба материалдарынан; ҚРМОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МАЗАҚТАМА – ойын балаларының бірін-бірі мазактағанда ойнап айтатын ұйқасты тақпақ сөзі. Бала тіліндегі дәстүрлі мазак сөзде көбіне сараң, жанғалақ, мақтаншақ, қызғаншақ, тілазар, корқақ, мешкей т.б. мінез, жағымсыз іс-әрекеттер танытқан балалар ажуаға айналады. Мысалы, ашқарақ баланы ойын балалары былай деп мазактайды:

*Ашқарақ-ау, ашқарақ,
Тамақ жеуің масқара-ақ.*

*Қанша ішсең, тоймайсың,
Енді қалай ойнайсың?*

Сондай-ақ жанғалақ баланың іс-әрекеті де балалар арасында мазакқа айналады:

*Жаңғалақ-ау, жаңғалақ,
Оң аяқта сол балақ,
Сол аяқта оң балақ.
Теріс киіп шалбарын,
Өзі соған таң қалад.*

Мазак сөзге ілінген бала мазактап тұрған балаға қарсы жауап ретінде, ол да мазак сөз айтады. Балалардың бойындағы мінез-құлқындағы орынсыз қылықтар мен іс-әрекеттерді мысқыл нысанасына алып, келемеждеуге әсіресе 6-12 жастағы балалардың ерекше әуес болатынын айта келіп, отбасы және балалар фольклорын арнайы зерттеген К.Исламжанұлы М.-ның мәніне байланысты төмендегідей пікір білдіреді: «*Балалар мазактамаларының астарында жеңіл әзіл жатады, тіпті айқын логикалық қисын да таныла бермейді, бірақ тілі жеңіл, ойнақы, көлемі шағын болып келеді. Бұл өлеңдер – бала психологиясының айнасы. Олардың әзіл-қалжыңға, күлкіге, дыбыс ойнатып ұйқастырылған тақпақ сөзге құмар жан дүниесі мазактамалар табиғатынан да сәуле береді. Демек, балалардың күнделікті тірлігінің бір қыры болып табылатын бұл жанрға жеңіл-желпі қарауға болмайды. Бірнеше ұрпақтың аузынан ауысып бүгінге жеткен таптаурын (товтология) болған өлең жолдарының да балаларға берер өнегесі мол. Олар бүлдіршіндерді жүйелі ойлауға, қисынды сөйлеуге, әр сөздің астарлы мағынасын аңғартуға баулиды. Жаман мен жақсының ара жігін ажыратып, әзілдей отырып ой айтуға, әзіл-оспақтың астарындағы сын-ескертпені, мысқылдақ мәнін аңғаруға үйретеді*», – деп ой түйеді.

Мазактаманы зерттеушілер балалар поэзиясындағы шағын жанрға жатқызады.

Әдеб.: *Исламжанұлы К.* Рухани уыз. Алматы: Ана тілі. 1995; Әдебиеттану. Терминдер сөздігі. Құраст.: З.Ахметов, Т.Шаңбаев. Алматы: Ана тілі, 1998; ҚР МОМ материалдарынан; ОМЭЭ материалдарынан.

МАЗАР – көзі тірісінде-ақ елге танымал әулие атанған бірегей тұлғаның бейітінің атауы (**қ. Бейіт**). Дәстүрлі түсінік бойынша, М.-лар сакралдық мәні жоғары, арнайы салынған кесенесі бар, қасиетті орын болып табылады. Дәстүрлі ортада жанға шипа, дертке дауа іздеген (*бала көтере алмаған әйелдер, түрлі ауруға шалдыққандар т.б.*) жандар М. басына барып әулиенің атын атап, құрбан шалып, дұға қылып, сиынып зиярат еткен (**қ. Зиярат**).

Рулық немесе ауылдық зират жеке бейіт, молалардан құралатыны белгілі (**қ. Зират**). Қабір басына белгі салу, яғни белгілі құрылым (*мола, қабіртас, бейіт* немесе *құлпытас*) тұрғызу ежелден қалыптасқан дәстүр (**қ. Қабір**). Зират, қорымдардың ішіндегі көптеген бейіт-молалардың ілуде біреуі ғана М. болуы мүмкін, тіпті зираттардың барлығында дерлік М. кездесе бермейді.



Мысалы, Шәуілдірдегі зиратта тек Арыстан Баб бейіті М. деп аталады. Жалпы Қазақстандағы М.-лардың негізгі дені жеке тұрған құрылымдар болып келеді.

Қалыптасқан дәстүр бойынша, әйгілі М.-лардың басында шырақшылары болады. Шырақшылардың міндеті М.-ды күтіп, ұқыпты ұстау, зиярат етіп келген адамдарды қарсы алып, жасалатын рәсімдерді орындауда көмек көрсету болып табылады (қ. *Шырақшы*).



Әулиеата мазарының кесенесі. С.Дудин фотосы (1906). РЭМ қорынан (54-14)

Қазақ жеріндегі М.-лардың басым көпшілігі мұсылман діні орныққаннан кейінгі уақыттағы құрылымдар қатарына жатады. Әйгілі М.-лар қатарында Түркістандағы Әзірет Сұлтан, Отырардағы Арыстан баб, Тараз қаласындағы Қара хан, Айша бибі, Бабаджа хатун, Орталық Қазақстандағы Алаша хан, Жошы хан М.-ларын атап өтуге болады. Дегенмен кейбіреулерінің, атап айтқанда, Қозы Көрпеш – Баян Сұлу М.-ы Қазақстанда мұсылман діні жаппай тарала бастаған кезде салынған сәулет өнері туындыларының қатарына жататындығын айта кету керек.



Арыстанбаб мазарының кесенесі. XX ғ. бас кезінде қайта салынған ғимарат. ҚР МОМ жұмыс қорынан

М. қазақ халқының дәстүрлі діни және рухани мәдениетінде ежелден өте зор рөл атқарғаны белгілі.

Советтік кезеңде, әсіресе XX ғ.-дың 30-50 ші жылдары, атеистік «*дінге қарсы күрес*» аясында көптеген діни құрылымдар – мешіт, медреселермен қоса М.-лар да қиратылды. Тек XX ғасырдың соңында, әсіресе, тәуелсіз Қазақстан Республикасы құрылғаннан кейін көптеген М.-лар қалпына келтіріліп, аты елге мәшһүр әулие-әнбиелер, батыр бабалардың басына жаңа мемориалдық ескерткіш М.-лар тұрғызыла басталды. Осы орайда, Алматы қаласындағы Райымбек ата, Өлмерек, Талдықорғандағы Ескелді би және т.б. М.-ларын атап кетуге болады.



Мазар. ҚР МОМ қорынан (КП 4821/14)

Жеке адамның рухына сиыну, тәу ету, жалпы ортодоксалдық исламның және оның өзге ағымдарының қағидаларына сай келмейтін болғанымен, бұл үрдіс, қазақ халқының дәстүрлі рухани мәдениетінің құрамдас бөлігі ретінде жаңғыртылып, халықтан қолдау тапқан жосындар қатарына жатады.

Әдеб.: Марғұлан Ә.К. Ежелгі жыр, аңыздар. Алматы: Жазушы, 1985; Уалиханов Ш. Тандамалы. Алматы: Жазушы, 1985; Төлеубаев А.Т. Реликты доисламских верований в семейной обрядности казахов (XIX нач. XX вв.) Алматы: Ғылым, 1991; Қоңыратбаев Т. Ертедегі ескерткіштер. Алматы, 1996; Ажигали С.Е. Архитектура кочевников – феномен истории и культуры Евразии (памятники Арало-Каспийского региона) Алматы: НИЦ Ғылым, 2002; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МАЗАРШӘРІП – ертеректегі Наурыз мерекесінің той таркайтын сегізінші күні. Ертеректе хандар мен патшалар қол астындағы елге 8 күн ұдайы той беріп, жаңа жыл тойын өткізген. Бұл күні әулие басындағы көлшікке қант төгіп, жұрт қант татыған суды жабыла ішіп, той тарқар болады екен. Бұл жөнінде Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы былай дейді:

«*Жиырма тоғыз жасымда Бұқарай Шәріпте Ғабдолла ханның Наурызнама тойының ішінде сегіз күн болдым. Ұдайымен жүреміте үш кісіні жыққанға бір шапан бәйге береді. Дәл сегізінші күн «мазаршариф» делінеді. Қожба Бәһуалдин әулиенің басындағы көлшікке қант төгіп, суды қант татытып жұрт жабыла ішіп, той тарқар болады. біздің қазақ жұрты үлгіні Бұқара жұртынан алған екен. Ертеректе біздің қазақ наурызының той-мереке, қызығы Бұқар мен Қоқандікінен асып түседі деп аңыз болыпты. Қайда атақты асқан бай болса, наурызнаманы сол байға қылдырады*

екен. *Үйсін Төлебилердің заманында наурызнаманың қадір-құны астан, тойдан ілгері болады екен».*

Әдеб.: Наурызнама. Аталы ойлар. Алматы: Жалын, 1993; ҚР МӨМ материалдарынан; ОМЭЭ материалдарынан.

МАЙ – жан-жануардан, сүттен алынып, түрлі қажеттіліктерге пайдаланылатын, наным-сенімде өзіндік орны бар пайдалы өнім. М.-ды сипаты мен өндірілуіне қарай төмендегіше жіктеледі:

- жануарлар майы (аң, құс, мал, балық)
- өсімдіктер майы (қайың майы, зығыр майы, т.б.);
- минералдық майлар (жермай);

Қолдану аясына қарай:

– азықтық майлар (пісіп, айырып және шыжғырып алған М.);

– өндірістік және тұрмыстық М.-лар (жермай, қайың; мал майлары);

– емдік майлар (қайың майы; ки май; құйрық май және т.б.);

Түрлі ғұрыптарды атқару кезінде пайдаланылатын М.-ды тұрмыстық мақсаттағы қолданыс түріне жатқызуға болады. Төрт түлік малдың М.-ы төмендегі ғұрыптарды атқару кезінде пайдаланылды: *өтқа май құю* (тамызу), құдалық барысында *құйрық-бауыр тарту* (*май-бауыр, құйрық бауыр асату*), айғырдың жалы, биенің сауырына, көген бұршақтары мен қазығына ырымдап май жағу және т.б. (**Қ. Айғырдың жалын майлау; Бие байлау; Желі майлау / Желі қағар; Көген той / Көген майлау; Күйеу; Құйрық-бауыр; Құйрық-бауыр асату).**

Дәстүрлі қазақы ортада тағамға тұтынылар М.-дың қорегі мен кенеуі және дәмділігі жоғары болуына байланысты басқа тағам, азық түрлерінен жоғары бағаланды. Сондықтан майлылығы жоғары семіз ет және сүтті өңдеу арқылы алған *сарымай* дәстүрлі ортада негізгі ас түрлерінің бірі болды. М. жеке өзі ғана тұтынылудан тыс, қоспа тағам түрлерін әзірлеуге, пісіруге кенінен пайдаланылды. Мұндай тағамдар тойымды, әрі құнарлы болатындықтан, азыққа деп сакталатын тағам өнімдерін әзірлеуге кенінен қолданылды. М. жылу мен қуат көзін және жарық беретін зат болғандықтан, оны шикізат ретінде де, өңделген калпында да тұтынды. Ал күнделікті тұрмыс-тіршілікте түнде жарыққа пайдалану үшін қолөнерде түрлі бұйымдарды өңдеуге, емшілікте – жағу, ішкізу, сылап-сипау сияқты емдік мақсатта кеңінен қолданылады. Оның суықты шығару, жараны жазу сияқты емдік қасиеттері де мол.

Тіршілік үшін қажетті жоғарыда аталған сан-салалы қызметіне, тигізер пайдасына орай және қоңдылық пен тоқтықтың белгісі болуына байланысты қазақы ортада М. ырыс пен молшылықтың, құт пен берекенің нышанына баланып, қасиетті заттардың қатарына саналады (**Қ. Құт; Майкөтен; Майлау; Майқұяр / Май жағу**).

М. дәстүрлі ортада жұмсалған күш-қуаттың бейнелі атауы ретінде қолданылумен де ерекшеленеді. Мысалы, *май, майын беру, майына міну, ат майы, көлік майы* біреудің көлігін мінін, затын, құрал-сайманын пайдаланғаны үшін ақы ретінде берілетін төлемдердің атаулары ретінде орнықты (**Қ. Майын беру**).

Көшпелі мал шаруашылығын кәсін еткен малшы қауымда пайдаланылатын май түрі негізінен малдан және оның өнімдерінен алынатын өнімдерден құралды. Майдың бұл түрімен бірге егіншілерде түрлі дән дақылдарынан алынған М. түрлері қолданыста болды (**Қ. Жуалдыз**). Дәстүрлі ортада мал өнімінен алынған М.-дан басқа М. түрлері бірлі-жарым өндірілді. Олар, көбінесе, сауда-саттық, айырбас жолымен келетін.



Май шыжғыру. ОМЭЭ – материалдарынан

а) Малдан алынатын май түрлері.

Түйенің майы – түйенің өркешінен, жілігінен, бақайынан алынатын М.-лар. Түйенің арқасына бір не, екі айыр болып жиналатын өркеш майы болады. Түйе жаз бойы М.-ын осы өркешіне жинап, қыста ұзақ шоп жемей, су ішпеген кездерінде сол бойындағы жинаған М.-ымен қоректенеді. Осы ерекшелігіне сай халық арасында емге пайдаланылды (ол жөнінде осы мақаланың төменгі тиісті бөлігінде айтылады).

Жылқының майы – жылқы малынан алынатын май. Жылқының майының қысы жазы қатпайтын қасиеті бар. Сондықтан жылқы қазақы жіктеме бойынша ыстық райлы мал болып есептелінді. Қазақы ортада әсіресе ерекше бағаланатыны *қазының майы* – жылқының төс етегінің майы. Қазы майының қалыңдығы – жылқы қоңының көрсеткіші. Қазы майының қалыңдығына қарай *«шынтақ», «бармақ», «екі елі», «төрт елі», «бес елі», «сере»* деп, арығын *«пышақ сырты қыртысы бар»* немесе, *«жылт етпе»* деп атайды (**Қ. Қазы**). Май жегіш (асағыш) адамдар болады. Оларды халық *мешкей* деп атаған. Олар: *«Кеңірдегіміз сасиды»,* – деп сиырдың майын, *«күпті боламыз»,* – деп қойдың майын аз қолданған. Соғымға сойып жатқан кезде жылқының майын білемдеп асайтын әдет бірлі-жарым әлі де кездеседі. *Іш тазалайды* деп жылқының ішек-қарны алынған соң қазының етегінен бір тілімін шайнайды, жүрек майын таспалап тіліп алып жұтып жібереді.

Шыртылдақ – жылқы етін асқанда сорпаның бетіне шыққан майы. Оны қалқып алып, бір бөлек жинап отырады. Жиналған майды қайнатып алған М. қандай аяз болса да қатпай, қоймалжың болып тұрады (**Қ. Шыртылдақ**). Оны талқанға араластырып жент жасауға пайдаланған (**Қ. Жент**).

Қымызды құнарландыра түсу мақсатында сабадағы қымызға жылқының қазы немесе қарға, үлпершек майын салып піседі.



Жылкы майы көшпелі ортада ауа-райының қолайсыздығынан сақтану және суық тигенде емделу үшін пайдаланылды.

Сиыр майы – сойылған сиырдың дене мүшелеріндегі майлар мен ішмайы. Дәстүрлі ортада сиыр майын шыжғырып, тоң май әзірлеп түрлі тағамдар жасауға пайдаланды. Тоң майды әзірлеу тәсілі төмендегідей: ұсақталып туралып, қазанда шыжғырылған соң, шыжығын сүзіп алып салқындатуға қояды. Суыған кезде қазаннан пышақпен кесек етіп бөліп алып қапта немесе дорбада сақтады (қ. **Тоңмай**).



Тоңмай. ОМЭЭ – материалдарынан

Қойдың майы – қойдың дене мүшелеріне біткен май. Оған осы түліктің сүтінен алынатын май да жатады. Қойдың етінен алынған М.-ы – **құйрықмай, шарбы май, бүйрек май** деп бөлінеді. Қойдың майын жеу өте ауыр келеді. Жаугершілік кезде жолға, жорыққа, шабуылға сүрленген құйрықмай алып жүретін болған. Ол адам азығы ғана емес, сусыз, нусыз шөлдерден өтер кезде жылқыға да білемдеп жұтқызып жібергені туралы мәліметтер бар.

Қойдың құйрық майы – қойдың құйрығынан алынатын май. Бұл май қойдың іш майынан шыжғырылған тоң майына қарағанда қатпай қоймалжын болып тұрады. Қойдың құйрық майы өте қатты қатпай, сылауға ыңғайлы қоймалжын болатындықтан оны **құйрық май** деп ерекшелеп атайды (қ. **Құйрықмай**).



Құйрық май бөлігі. ОМЭЭ – материалдарынан

Құйрықмайдың ғұрыптың мәні де ерекше. Қазақы ортада құдаларға құйрық-май асату ғұрпы бар. Оның мәнісі молшылық, тоқшылық болсын дегенді білдіреді. Сонымен бірге, бауырмен бірге тартып, бауырдай береке-бірлікте болудың да символы болып табылады (қ. **Құйрық**

бауыр асату). Жаңа туған бала омырау сүтіне тоймаған жағдайда тоқ жатсын әрі суық ұстамасын деп бесіктегі балаға да құйрықмай сорғызады. Құйрықмайды бөлек шыжғырып шайға катуға да пайдаланады. Сондай-ақ, суық тигенде ыстықтай бірнеше қасық ішеді. Өйткені, дәстүрлі адам емдеу жосыны бойынша, құйрық майды ыстық сүтке араластырып ішсе денедегі суықты шығарады деседі.

Ешкінің майы – ешкі малынан алынатын май. Күзде әбден семірген соң сойып іш майын алып, іштегі ыстықты шығару үшін **сылауға** пайдаланды. Ешкі суық райлы мал болғандықтан оның М.-ы басқа малдың М.-ынан тоңғақтығымен ерекшеленеді (қ. **Жаубүйрек**). Сондықтан ешкінің майын, майлы сорпасын ішкеннен кейін артынан суық су ішуге болмайды. Өйткені, ол май ішекке барып қатып қалады. Осының салдарынан, тіпті, адам өліп кетуі де мүмкін деседі (қ. **Жалбыз**).



Ет майы. ОМЭЭ – материалдарынан

ә) Малдың сүтінен алынатын май.

Сарымай – қой, ешкі, сиыр сүтінен түрлі тәсілдермен алынатын май. Көбінесе сүтті жинап, ашыған соң күбіге, сабаға құйып пісу әдісімен алынған. Сонымен қатар піскен сүттің бетіне тұрған **қаймақ** немесе шикі сүттің **кілегейін** шайқау арқылы алынатын болған. Ақ тағамдардың құрт, ірімшік сияқты азықтардың қатарында ұзақ сақталатын бір түрі де осы **сарымай**. Әйтсе де, ылғалдан сақтау сияқты күтімді қажет етеді.

Қой сүті басқа мал сүтіне қарағанда қою, майлығы көп болса да, бөлінін алынатын майы аз. Сиыр сүті басқа мал сүтіне қарағанда әлдеқайда сұйық болғанымен, бөлінетін май мөлшері мол болып келеді. Қазақ этнографиясын дендеп зерттеген орыс ғалымы П.И.Рычковтың айтуынша, «**сиырдың шаруашылықтағы үлес салмағы арта түсуіне байланысты оның сүтінен алынатын май да көбейе түсті. Әрі ол майдың түсі сары болып келуіне орай ақ түсті болып келетін қой майынан айыру үшін сарымай деп атаған**». Ешкі сүті қой сүтінен гөрі сұйықтау, соған сай бөлінетін май мөлшері де аз болып келгенімен, адамға жұғымды болып саналады.

Қымыздың майы – қымыздың бетінде қалқып жүретін май. Шұбат пен қымыздың бетіне пісуден, шайқалудан түскен май ашытатын ыдысын ыстауға байланысты қарақошкыл түсті болып келеді.

Сүттен май алу тәсілдері. Сүттен М. пісу, шайқау, бұлғау сынды әдістерімен алынады: а) М.-ды пісіп алу үшін сауылған сүтті сабаға не ағаш күбіге құйып жинайды. Сабаға жиналып толған іркіттің пісілуі сауылып отырған сауын малдың аз немесе көптігіне байланысты. Малы көп

үйлер барлық малдың сүтін араластырмай сиыр сүтінен немесе қой-ешкі сүтінен ғана іркіт жинайды. Ал «кедейлер, В.В.Радлов мәліметіне қарағанда, *май алу үшін барлық малдың сүтін бірге араластырып жібереді*. Бірыңғай қой сүтінен алынған май ақ түсті әрі молырақ болып келеді. Ол *ақмай* деп аталады.

Бірнеше күн тұрып ашыған сүтті сабаға немесе күбіге құйып, *піспекпен* жоғары-төмен жылдамдата сапырылыстыруды *пісу* дейді (қ. *Күбі; Піспек; Саба*). Сүт көп ашымай пісілсе құрт ащы болмайды. Сонымен қатар М. тез түсуі үшін, саба ішіндегі сүттің суық болмауы шарт. Ашыған сүтті отқа жылытатын болса іріп кетуі мүмкін. Сондықтан жылыту үшін ысытылған *сарысу* құйып пісуге де болады. Сабаны әбден піскен соң іртіктелген М. қалқып бетіне шыққаннан қалған сұйығы *іркіт* деп аталады (қ. *Іркіт*). М. түскен соң майды біріктіру үшін сабанын бүйірінен толқиды. Сонда сабаның ішінде бөлінген ұсақ майлар бірігеді. Бұл «саба толқу» деп аталады (қ. *Саба толқу*). Іркіттен май шала алынса құрт майлы қара түсті болып шығады. Май толық алынса құрт ақ болады (қ. *Құрт*). Сабадағы майды алу үшін иыққа дейін сыбанған білекті саба ауызынан сұғып қолмен алып, астауға, тегенеге салады. Алынған сары майдан іркітін сығып шығаруды «*іркіттеу*» деп атайды (қ. *Іркіттеу*). Сабаны пісуге көрші әйелдер мен балашаға түгел қатысады. М.-ы тез түссін деп біріншісін қолы берекелі, пысық әйелге пістіреді. Үйге сырттан келген кісі сабаны міндетті түрде бір-екі пісіп кетеді. Ш.Уәлиханов көшпелі ортадағы тоқшылық, молшылық идеясын білдіретін төмендегідей ырымды атап өтті: «*май көп болады деп көкек қонған бұтақты алып, сабаға тигізеді*». Алғашқы М. алынғанда дәмін татпас бұрын отқа тамызды. Бұл халық танымындағы *От Ананы* қадір тұтудан, отты киелі санаудан туған болса керек (қ. *Отқа май құю*). Бұдан кейін алғашқы М.-дан барлығы дәм татады. Ауыл, үй үлкендеріне *ірімшікке* жағып таратылса, балалардың алақандарына салып береді. Мұны «*май жалау*» деп атайды (қ. *Май жалау*). Алғашқы алынған майдан ауыл, үй адамдары түгел ауыз тиген. Бұл «*қызғалдақ май*» деп те аталады (қ. *Қызғалдақ май*). Бұл құт-береке, ырыс-молшылықтың үйден ажырамауын ырымдаудан туындаған болса керек.

Май шайқау. Халық арасында М.-ды пісіп алумен қатар *шайқау* алу тәсілі де кең тараған. Ол үшін арнайы жиналып, ашытылған сүттің бетіндегі маңызын дорбаға сүзіп алады. Дорбадағы қатық бір-екі күн тұрып сорғығаннан кейін шараға не тегенеге салып, іркітін езіп, оң қолмен шайқайды. Үстіне суық суды еселеп құйып шайқау нәтижесінде тегене бетіне М. түседі.

Май бұлғау. Сонымен қатар М. алудың тағы бір әдісі – пісірілген сүт бетіне түскен қаймақты жинап алып, бұлғап М. алу. Ол үшін қаймақты шара сияқты кең ыдысқа салып, ағаш қасықпен ары-бері бұлғап араластырады. Нәтижесінде қаймақ туырылып, М. түзіледі. Кей өңірлерде

қаймақ деп кілегейді атайды. Кілегейді шайқап алған май – *қаймақ май* деп аталады. Келесі бір май алу тәсілі – шараға құйылған қанжылым сүтті *атмау* аталатын арнайы аспаппен бұлғау арқылы алу. Ол үшін шараға құйылған қанжылым сүтке *атмауды* жартылай батырып, оны екі алақанның арасына салып ысқылайды (қ. *Атмау*). Дегенмен ел арасында майды сүттен ажыратып алуға арналған тәсілдердің орнын алмастырып айту жиі орын алады. Мәселен, кейде қаймақты *бұлғап* М. алуды да «*май шайқау*» деп айта береді.

Май қылшықтау. Осындай тәсілдермен алынған М.-ды қос алақандап сығып, домалақтап екінші ыдысқа салса іркіті бөлініп шығады. Қалған іркітінен тазарту үшін бірнеше қайтарып, суық сумен тазалап жуады. Жуылған М.-ды ши, кездік пышақ сияқты заттармен ары-бері тілімдеп қылынан тазартады. Пышақпен тазартқанда пышақ сыртымен арлы-берлі сүзеді. Мұны халық арасында *май қылшықтау* деп атайды.

Май қарындау. Іркіт пен суынан арылту үшін жуылған майды салқындау жерде біраз ұстағаннан кейін тұздап, қойдың үрленген қарынына немесе бүйенге салып жинайды. Бұл *май қарындау*, *май бүйендеу* деп аталады. Май салатын қарын алдын-ала тазаланып жуылып, қырылғаннан кейін, тұз салған сүтке 2-3 күн салып қояды, оны үрлеп дегдіген соң қолмен илейді. М. салатын қарын көлеміне қарай «*қой қарын*», «*қозы қарын*», «*бұзау қарын*» деп аталады (қ. *Қарын / Малдың қарны*). Қарынға май жинағанда майдың таза болуына, ішінде ауа қалмай тығыз салынуына үлкен мән беріледі. Егер қарындағы М.-ға басқа зат араласып кететін болса май бүлініп, көгеріп кетеді. Осыған орай халық арасында «*бір құмалақ бір қарын майды шірітеді*» деген сөз орамы қалыптасқан. Бұл тұрмыста елдің, халықтың, рудың т.б. атына кір келтірген адамға да қатысты қолданыла береді. Қарын майға толғаннан кейін, сыртынан тағы да тұздап, аузын байлап, салқын жерге қояды. Қарыннан артылған М. бүйенге салынады. Малдың етін *қарындап* сақтау сияқты мал М.-ын да малдың өз қарынында сақтауға болады. Қарындағы М. алыс жол жүргенде, көшіп-қонғанда алып жүру өте ыңғайлы. Ұзақ сақтауға арнап М.-ды арнайы тәсілмен өндейді. Ол торта деп аталады (қ. *Торта*). Ол кейде май бүлініп, бұзылып кеткен жағдайда да жасалады. Ондай М.-ды *қорытып*, тортасынан айырып алады. Бұл үрдістің мәнісі былай: сары майды қайнатқаннан кейін оның түбінде *торта* деп аталатын қоймалжың тұнба бөлініп қалады. Тортаның қышқылтым дәмі бар, әрі тәбет ашатын дәмді ас. Әсіресе жентке және басқа да тағамдарға қосса дәмді бола түседі. Сондай-ақ сары майға былғанған жент те өте дәмді, жұғымды болады. Ұзақ сақталуы үшін сары майды әдейілеп қайнатып, тортасынан айырады. Жас босанған әйелге қуат болсын деп жоғарыдағыдай жолмен қорытылған майды ішкізеді. «*Сен туғанда бір тостаған май іштім*» дейтін қазақ әйелдерінің балаларына айтатын базынасы осы жайтты білдіреді.



б) Жан-жануарлардан (ан мен күс) алынатын май түрлері:

– *иттің майы* – иттен алынған май. Ем-домдық мақсатта пайдалану үшін итті сойып, майын ерітіп алып пайдаланды;

– *жыланның майы* – жыланнан алынған май. Жыланның майын алу үшін оны ұстап алғаннан кейін шынылы ыдысқа салып, аузын жауып, күн көзі түсетін жерге іліп қояды. Күн көзінде тұрған жыланның бірте-бірте майы еріп ыдыс түбіне жиналады. Алынған жылан майы ем-домға қолданылды;

– *балықтың майы* – балықтан алынатын май. Жүген, кайыс майлауға қолданылады. Сонымен қатар балық майын дене мүшелеріне және көз ауруларына қарсы қолданылады;

– *борсықтың майы* – борсықты сойғанда алынған май. Борсықты ұстағаннан кейін оның терісін сыпырады. Етіндегі майларды сылып алып оны ыдысқа салып бетін жауып, бәсең отта ерітіп алады. Сондай-ақ, сылынған май салынған ыдысты қайнап тұрған суға малып қойып та ерітіп алатын тәсіл бар. Сонымен бірге шыжғырып та алады. Кейде борсықтың еті мен майын емдік қасиетіне байланысты зәруліктен жейді;

– *аюдың майы* – аюды сойғанда алынған май. Оны алудың тәсілі жоғарыда айтылған борсық майын алумен бірдей;

– *қаздың майы* – қазды сойғанда алынған май. Етін жеу үшін қайнатқанда сорпаға шыққан М.-ын немесе қақтаған кезде аққан майын бөлек алып сақтап қойып, емге пайдаланады.

в) Өсімдік майлары. Өр түрлі өсімдіктерден сығып алынған май *сұйық май* немесе *су май* деп аталады. Май дұрыс өңделмей, ашып қалатын болса арнайы жуа, пияз қосып тұшытады. Мұны *тұшытылған май* деп атайды. Сонымен өсімдіктен төмендегідей М. түрлері алынады:

– *мақта майы (шииті)* – мақтадан алынатын май. Мақта көбінесе қазақ жерінің оңтүстік аудандарында өсіріледі. Мақтадан алынған М.-ды *ақ май* деп те атаған. Жазда шыбын қонбас үшін етке қара бұрыш себуден тыс, күнбағыс немесе мақта майын да жағады;

– *күнбағыстың майы* – күнбағыстан алынатын май. Жергілікті тілде *күнбағар майы* деп те атайды. Ол жеңіл майға саналады. Тамаққа пайдаланады, бауырсақ пен шелпекті пісіруге қолданылады;

– *зығыр майы* – зығыр өсімдігінен алынатын май. Зығыр майын сығып алу үшін *жуаз* деген құрал қолданылады. Зығырдан майды сығып алғаннан кейін күнжарасын малға береді немесе отқа жағады (**қ. Жуаз**);

– *қи майы* – түрлі ветеринарлық мақсатта қолданылатын, малдың киынан өндірілетін, күрделі құрамды май тектес зат (**қ. Қи майы**).

М. деп аталғанымен заты мен табиғаты, алыну жолы басқа М. түрлері бар. Олар: *ағаш майы* – ағаштан арнайы тәсілдермен алып, шаруашылықта және емдік мақсатқа пайдаланатын М.-лар (**қ. Ағаш майы**). Өндірілетін ағаш

бұталардың атауына қарай ағаш майының өзі *қайың майы*, *тобылғының майы* деген сияқты бөлінеді (**қ. Қайың майы**).



Май сығатын құрылғы – жуаз. Жұмашев А. Есжан атаның жуазы (Алматы: Арыс, 2009) атты еңбектен

Сонымен, М. түліктің, аң мен құстың немесе өсімдіктің табиғатына байланысты жоғарыда аталғандай тағамға, ем-домға және тұрмыстық мақсатқа жаратылады.

Азыққа, тағамға жарататын М. – мал М.-ы және сүттен алынған М. деген түрлерге бөлінеді. Дәстүрлі ортада майлы, семіз ет ерекше сұранысқа ие болды. Бірақ мал семірмейінше жаз айларында ет тұтыну мейлінше аз болды, осыған байланысты көшпелілер бұрынғы жинап қойған М. қорын азық-түлікке пайдаланды.

Май қосып жасалатын тағамдар:

– *майшұрқан*. Семіз ет, құйрық май, бүйрек, өкпе ұсақтап туралып, сарымсақ қосылып, тұздалып, бұрышталып, қазанда пісіріледі. Тары талқанын салып, езілген құрт құйып әзірлеген тағамды «майшұрқан» деп атайды (**қ. Майшұрқан**);

– ақталған тарыны, қонақты, сөкті майға бөктіріп дайындайтын тағамды *майсөк* деп атаған (**қ. Майсөк**). Осы аталған құрамдарға ұнтақталған *қызыл ірімшік* қосып дайындаған тағам *жент* деп аталады (**қ. Жент**);

– мал жүрегінің қабы – *үлпершектің* ішіне ұсақталып туралған май мен ет тығып, пісірген тағам да ғұрыптық мәнге ие болып, келіннің сыбағасы делінеді. Бұл тағам үлпіршек деп аталады (**қ. Үлпершек**);

– жылқы, сиыр малының токішегін айналдырып, яғни, майын ішіне қарай аударып жасаған құнарлы да, нәрлі азық *қимай* немесе *шұжық* деп аталады (**қ. Қимай?; Шұжық**).

М. немесе майлы сорпа асқазанға ауыр келмеуі үшін құрт, қатық, қымыз сынды ақ тағам қосып та пайдаланған. Ол майлы еттен, майдан болған адам организміндегі қышқылды бейтараптандырады.

Халық арасында сиыр сүтінен алынған майды сары май, қой сүтінен алынған майды ақ май деп атайды. Ақ май – сары майға қарағанда сіңімді, әрі тағамдық қуаты өте жоғары.

М.-дың емдік мақсатқа пайдаланылуы. М.-ды азық, корек етумен бірге оны емдік мақсатқа пайдалану да ежелден келе жатқан халықтық тәжірибе. Мал М.-ынан басқа жан-жануарлардың да М.-ын алып ем-домға жаратты. Сонымен бірге, емдік шөптерден және ағаштан М. алып, ем-домға пайдаланды. Халықтық емде наукастың денесіне шарбы май орап, оның сыртынан сол малдың терісімен орау тәсілі қолданылды. Мәселен, бала көтермейтін әйелдің белінен төмен шарбы маймен орап, жаңа сойылған қойдың терісімен бүкіл денесін қымтап терлетіп емдеген. Осы кезде сорпа ішкізіп отырмаса ауыр тиеді деп есептелді. Бұл *теріге түсу* деп аталады (**к. Теріге түсу**). Емдеу шарасы аяқталған соң май мен теріні аулаққа көмген. Өйткені, дәстүрлі наным-сенім бойынша, адамға зиян келтірген кесел осы заттарға ауды деп саналды.



Тоқ ішек майы. ОМЭЭ – материалдарынан

Қойдың құйрық майы тұмау тигенде, суық өтіп, зертең (шаншу, қадақ) болғанда бойдағы суықты шығару үшін пайдаланылды. Ол майдың екі түрі бар: а) құйрық май және оны арнайы тәсілмен ерітіп (сұйық) немесе шығғырып алған тоң май. Емге пайдаланатын құйрық майды ұсақ етіп турап ыдысқа салып, осы ыдысты қайнап тұрған суға малып қойып ерітіп алады. Осындай жолмен алған майдың өңі ақ болып келеді де, шипалық қасиеті аса жоғары болады. ә) бұдан тыс ұсақ туралған құйрық майды қазанға шығғырып, шыжығынан бөліп те алады. Алайда, оның ыдыста ерітіп алған ақ майға қарағанда шипалық қасиеті төмендеу деп есептелді.

Осы аталған май түрлерін ішу (араластырып) және жағу тәсілдері арқылы емге пайдаланды. Мәселен, құрғақтан беті-қол мен өкше (*көбінесе, жалаңаяқ жүретін балаларда*) жарылғанда құйрық М. жақса бірден-бір дауа. Жөтелді басу үшін ыстық сүтке қойдың ақ майын (*тоң май*) салып, сапырып ішеді. Сондай-ақ, тамақ ауырған кезде жылытылған бір жұтым (бір үлкен қасық) құйрық майды аш қарынға ішеді.

Ерітілген маймен сәбиді қырқынан шыққанша күн аралата сылап отырады. Суық тиген дене мүшесінің сыртынан сылайды. Баланың және ересектің жел қарысқаннан іші бүріп ауырса қойдың шажырқай майы сыдырылмаған токішегі дөңгеленген күйінде кіндіктің үстіне қойып, сыртынан орап қояды (**к. Шажырқай**). Егер ішектің жылуы бәсеңдеп кетсе, ішектің үстіне жылы су құйған торсық басады. Бұл емді адам терлегенше бірнеше мәрте қайталайды.

Кішкентай баланың ішінен жел қарысып, суық тигенде, қойдың құйрық М.-ымен сылап емдейді. Сонымен қатар,

баланы қырқынан шыққанша күн аралатып қойдың құйрық М.-ымен сылап «өс-өс» деп ырымдап аяқ-қолын созып майлайды.

Дәстүрлі ортада малшылар жылқы майын шаңды, боранды күндері және қатты аязда бетке жаққан. Бетке жылқы М.-ын жақса бет шаң-тозаңнан қорғалып, жарылмайды. Сонымен қатар, жылқының М.-ы сүйекті жібітіп жіберетін қасиетке ие. Сондықтан сынықтан қиюласпай, қисық біткен сүйектерді немесе орнына дұрыс түспеген буындарды түзету үшін жылқының майын немесе ерітілген майын 5-7 күн тартып қойып жібітеді. Сылап жаға отырып та сіңіреді. Осылайша шеміршек сүйек немесе буындар жібіген кезде қайта сындырып, түзеп танады (**к. Ем / Емшілік; Сынықшы**). Жылқы М.-ы сыныққа, бүйі шаққанға, бұзауазаға, қышымаға қарсы жақпа ретінде қолданылды. Сондай-ақ, құрт ауруына, өкпе дертіне ем ретінде ішкізді. «Іш тазалайды» деп жылқыны сойып жатқан кезде жүрек майынан, бүйрек немесе шап майынан білемдеп кесіп алып, шикідей жұтып та жіберетін әдет болды. Жылқының майы қысы-жазы қатпайтын қасиетке ие. Ешкінің шел майы – күйік жарасына дауа. Ешкінің бүйрек майын асып жесе қырық бір ауруға ем делінеді. Шетпе болған баланы емдеу үшін шарбымен қарнын орайды. Тоқ ішегін кіндігіне орай салып, көк шүберекпен танады.

Халықтық ортада бала көтермеген әйелдер түйенің бақайшақ майын алып, оған түбіт жүнін шылап, айына бір рет бойы тазарғаннан кейін жатыр мойнына қойып емделген. Дәстүрлі түсінік бойынша мұндай ем бала көтеруге де ықпалын тигізеді екен. Сонымен қатар, өркеш М.-ы желді айдап, ісікті қайтарады деседі. Қарттардың ішкі денесін кара жел алып арықтап, тәбеті азайғанда түйенің өркеш М.-ына сүт, бал қосып қайнатып ішкізеді. Шетпе болған баланың кіндігіне түйенің жылытылған жілік майын таңып қойса, баланың ішіне жылу өтін, іші босайды. Сондай-ақ, түйенің жілік М.-ы ішек құртын жоюға қолданылады.

Ауызы шықпаған шикан, сыздауыққа аздаған тас майын жапсырып қойса ісікті қайтарады деп есептеді. Өйткені ішкі және сыртқы жараның аузын бітейтін қасиеті мол деседі. Сыздауық шыққанда аз мөлшерін суға езіп аш қарынға жеті күн ішетін тәсіл де қолданылды.

Қайыңның қара майын мал ауруларына, атап айтқанда қотыр сияқты тері ауруларын емдеуге пайдаланған.

Иттің майын қайнап тұрған сүтке екі-үш қасық қосып, ем ретінде ішкізіп, өкпе, тыныс жолдарын емдеуге қолданатын. Сонымен қатар, иттің майы – адамның сүйек-саяғы қақсағанда қолданылған ем. Борсықтың және суырдың майы адамның ағзасынан суықты шығару үшін, асқазан желіп шығару және өт ауруын емдеу үшін пайдаланылды. Борсықтың майы жөтелге де ем.

Аюдың майын сары ауруға шалдыққан адамға ішкізіп емдеді.

Шипалы өсімдіктерден, олардың гүлінен, жапырағынан, тамырынан дәрі-дәрмек жасағанда майға араластырады.

Мәселен, Ырғызбай емші Құнанбай қажының өт жолының бұзылғанын біліп, шөптен, жапырақтан, гүл мен тамырдан дәрі жасап, оны жылқының іш майына араластырып кайнатып, жеті түрлі дәмнен тосап дайындайды. Сөйтін Құнанбай қажыны ауруынан айықтырып алған екен (к. **Өт**).

Қаздың майы – қазды сойғанда алынған май. Оны құлақ ауруына емдік үшін пайдаланды. Құлақтың артынан жағады. Күйікке жақса тері бедерінің қотырланбай жазылуына жақсы әсер етеді деседі.

Жылан майы қотырға және буын ауруларына қарсы пайдаланылды. Халықтық ветеринарияда жыланның майын көтерем болып ауырып қалған малдың ауызына құйып емдеді. Жылқының аяғындағы сіңірі үзіліп кеткен жағдайда жылан майын жақса, сіңірлер өзара бітісіп кетеді. Сонымен бірге жыланның майы жүрек, қан тамырлары ауруы, қан қысымының жоғарлауы, киюласпаған сүйектерді, орнына түспеген буындарды түзету, сырылдақ, демікпе сияқты ауруларға ем болып есептелінді.

М.-дың тұрмыстық мақсатта, қолөнерде пайдаланылуы. М.-дың пайдалы қасиетін шаруашылықта, күнделікті тұрмыста, қолөнерде, мәселен, қайыс, ағаш өнімдерін ұқсатуға, өңдеуге, сақтауға кеңінен пайдаланды. Дәстүрлі ортада сабын әзірлеуде (бұлғауда) бірден-бір шикізат болды (к. **Сабын**).

М.-мен ағашты қаңсымас үшін, темірді тот баспас үшін, былғары, қайысқа су тиіп, созылып, өз қасиетін жоғалтпас үшін, жұмсарту үшін майлайтын болған. Мысалы, қаздың майымен аяқ киім майласа қар жұқпайды, былғарыға жақса жарылмайды. Ұсталар қақпанның темірі, аттың тағасы морт сынып кетпес үшін, майға, қайырған майға, желге суарып қақтады. Сонымен қатар тігіліп, дайын болған саба, көнек, торсықты пайдаланбас бұрын, ішіне құмды нығыздап салып, бірнеше күн қалыпқа келтіріп, кептіріп сірлендірді. Бірнеше күн жел мен күннің өтінде тұрғаннан кейін ішіндегі құмын төгіп, іші сыртын тұздалған сары маймен майлап, майы сіңгеннен кейін ғана ыстап, пайдаланды.

Сүйек майы. Сүйектің еті желініп болғаннан кейін сүйекті шағып майын жейді. Сонымен бірге, жиналған сүйектерді шағып, қазанға салып кайнатып, «сүйек майын» алған. Сүйек М.-ына алаботаны өртегеннен қалған ақ күлін қоса отырып кайнату арқылы сабын жасады. Алабота мен қатар шіріген теректің күлін де пайдаланды. Оны сақар деп атайды (к. **Сақар**). Май әбден ескіріп, жеуге жарамай қалғанды *қыжыл* кетті дейді. Оны да сақарға қосып жібереді. Сабын кір жуып, шомылуға қолданылғанымен қатар, түрлі жараларға, жаракаттарға жақсы көмектеседі деп есептеді. Сабынның қалған қалдығын *таусыншақ* деп атайды (к. **Таусыншақ**). Кішкентай, домалақ түрін *бұзаушық* дейді (к. **Бұзаушық**). Жасалған өнім үлкен *қара сабын* және *қол сабын* деп аталды (к. **Сабын**).

Майдың наным-сенімдік және ғұрыптардағы орны.

Майдың молшылық пен тоқшылық белгісі болуына сай дастарқанда май мол болу керек деп есептелді. Дастарқанда май тұрса жемесе де ауыз тию керек деп саналды. Әйтпесе,

май ренжиді, содан ырыс кемуі мүмкін делінеді. Ет желініп болған соң қолдағы май жұғынын тері (жарғақ) шалбарға, етік, кебіске жағу да ырыс-құт ырымына байланысты жасалатынын атаған ләзім. Сондай-ақ, қолдағы майды сүртетін арнайы сүлгі – майлық та жосын-жоралғылық мәнге ие (к. **Майлық**).



Бекет ата зиратының алдында орнатылған май қоңырсытуға арналған тас ошақ. Оғланды. Маңғыстау облысы. ОМЭЭ – материалдарынан

Майлау деп аталатын аса зор мәнге ие ғұрыптар жүйесі бар. Айталық «*өсіп-өнісін, артынан көп ұрпақ ерсін*» деп алғашқы туған немеренің, тұңғыш баланың артын, *өсім көп болсын* деп айғырдың жалын, *ақ мол болсын* деп желіні және қазықты майлады (к. **Айғырдың жалын майлау; Желі майлау / Желі қағар; Қазық (желінің қазығын) майлау; Майкөтен; Майлау**). Осы кезде *майлы болсын, желі майлы болсын, ақ мол болсын, мал-басы көп болсын, желіге байлар көбейсін, желің ұзара берсін* – деген тілек айтылды

М. халық ұғымында күш-қуаттын да символы болды. Оның кейде күш-қуат ұғымының мағыналық эквиваленті ретінде қолданылғаны сондықтан. Осыған байланысты басқа біреудің атын уақытша пайдалануды майын міну дейді (к. **Майын міну**).

Мал сойғанда кесіп алып, итке тастайтын без, жүректің айқұлағы тәрзді кейбір бөліктері болады. Осыларды

тастамас бұрын адам өзі ауыз тиген дұрыс деген сенімге орай, майдың кішкентай бөлігін шикідей, бітеудей жұтатын дәстүр бар. Оның астарында несібе алдымен адамның өзіне бұйыруын, бұйыртып жегізуін меңзейтін ырым жатыр.

Қарындалған майды алғаш бастап ашуға ерекше мән берді. Қарынды оразада, құрметті қонақтар келгенде, бала дүниеге келгенде ырымдап әдейі ашады. Мұндайда үй иесі «*қарын аштым*» деп мақтанышпен айтады. Көрнекті этнограф Х. Арғынбаевтың мәліметіне қарағанда, «*әйелдің толғағы жүйлей бастағанда енесі қазан көтеріп «жарыс қазан» жасайды. Мұндайда теңдер шешіліп, арнайы түйреген қарынның аузы ашылып май, қаптың аузы шешіліп құрт алынады*» (к. **Жарыс қазан**).

Қарын майды ауырған кісілерге қарынымен қоса тіліп беру үрдісі де бар. Ал сыйласқан ағайын, туысқа бір-біріне бір қарын май сыйлап жатады. Майдан босаған қарынға тұз сіңіп, дәмі кіріп тұратындықтан әйелдер мен балалар оны отқа қақтап жейді.

Қартайып, алжып жүрін-тұра алмай қалған иттің аузына бір кесек құйрық май тістетін қойып бауыздайды да, алысқа апарып көміп тастайды. Жеті қазынаның біріне саналатын итті өз қолымен өлтіру жақсы іс емес. Сондықтан, май тістету арқылы жақсылыққа бастасын деген ырым бойынша жасалады.

Малдан алынуына және ерекшелігіне байланысты май атаулары:

– **іш май** – іш майдың малдың қарнын орап тұратын *шарбы майы*, ішекті орап тұратын *шажырқай май*, бүйрек сыртындағы **М.** – *бүйрек май* түрлері бар. Бұның барлығын турап, шыжғырып – *тоң май* жасайды;

– **шарбы май** – қарынды орап тұратын жұқа **М.**;

– **бүйрек май** – малдың бүйрегіне жабыса біткен **М.**;

– **шажырқай май** – ішектерді орап тұратын **М.**;

– **жілік майы** – сойылған малдың қол және жамбас жіліктерінің ішіндегі **М.**

Адам қатты жүдеп, арықтап жүрсе жілік майы тауысылып жүр дейді. Кейде халық арасында арық, әлжуаз жігіттерді жілік майына жарымаған дейді (к. **Жілік; Құс-құс май құс!**).

– **төстің майы** – төсте және төстің етегінде болатын **М.** Шеміршектеу келетіндіктен жүрекке тимейді әрі дәмді болады.;

– **сүбе майы** – малдың сүбе қабырғасының **М.**-ы;

– **тоң май** – сиырдың, қойдың іш майын шыжғырғанда алынатын май. Ұзақ уақыт сақтау үшін шыжғырылып, қатырылған мал майы. Бөлінін алынған бұл **М.** қысы-жазы бір қалыпта қатып тұрады. Оны тоң май деп атайды (к. **Тоң май**). Тоң **М.**-ды ұзақ уақыт сақтауға болады. Күнделікті тұрмыста тамақ пісіруге, бауырсақ, шөлпек жүздіріп пісіруге қолданады. Сонымен қатар, тоң майға, қуырып, етті де ұзақ уақыт сақтауға болады.

– **сорпаның майы** – етін асқанда сорпа бетіне шыққан май. Ет желініп сорпа құйыларда оның бетіндегі майды қалқып тастап барып сорпаны құяды. Ол сорпа бетіне

шығып, суығанда қатып қалады. Оны сүзіп алып, тағы бір қайнатып жіберіп, қалған сорпасынан арылтып алады да тамаққа қолдануға болады;

– **жыланқарақ май** – сорпа бетінде әр жерде қалқып жүрген, яғни, арық малдың сорпасының бетіндегі болмашы май;

– **айырған май** – шыжғырылған **М.**;

– **шыжық** – мал майын ұсақтап турап, шыжғырған соң қалған қалдығы. Мұны да піскен ас ретінде нанға бауырсаққа қосып немесе нанның арасына салып жеуге болады (к. **Шыжық**).

М.-ға қатысты ырым-тыйымдар:

– жол ауыр, кедергілі болады-деп жол жүргенде сары май алып жүруді жөн санамайды;

– кенет, жаңылыспен қандай бір жақсы іс туралы біреу хабарласа ырымдап «аузыңа май астына тай» – деген сөздер айтылады;

– тамақ жеу кезінде біреу қақалып қалса «май қап» делінеді (к. **Май қап**);

– жіліктің майын миы аз, тілазар болады деп және әкешесіге қайырымсыз болады деп кішкентай балаларға жегізбейді;

– сары май жегеннен кейін су ішсе ішек түйіледі, «ішіне май қатады» дейді.

Майға қатысты тұрақты тіркестер:

– *аузы майға тию* – баю, жағдай жақсару;

– *аузынан ақ май ағызды* – ішкені алдында, ішпегені артында болды. Не ішіп, не жеймін дейтін уайымы жоқ дегенді білдіреді;

– *бір ұрты май, бір ұрты қан* – бірін жарылқап жатса, екіншісін тонап жатқан залым адам;

– *май басты, май бөкті* – денесін май басып қатты семіру, қондану;

– *майдан қылшық суыргандай* – жайлап, ақырындап, баппен жасауды білдіреді;

– *май жұтты* – қайғы-қасіретке батты;

– *майкат болды* – жолы болды, майлы аяқ болды;

– *май тоңғысыз* – жайма-шуақ, жылы күн;

– *майдай жағу* – жанына жайлы келу, қатты ұнау, ауруына шипа болу;

– *майға бөгу* – майға, майлы асқа қарық болу, кенелу;

– *майға жығу* – құрметті кісіні қолдағы бар майлы, дәмді асын беріп сыйлау;

– *аузыңа май!* – айтқаның келсін, айтқаның қабыл болсын деген мағынада. Жақсы хабар үшін айтылатын алғыс;

– *аузын майлау* – қандай да бір ерсі немесе күлкілі қылығы, ісі жұртқа мәлім болмасы үшін, яғни сол жайтты айтып, жария қылып қоймасы үшін соны білетін адамға ақы (ауызбастырық) беріп алдын алуы. Сондай-ақ, біреуге ісі түсер болса алдын ала қам жасап, сый-кәде жасап қоюды да аузын майлау деп атайды;

– *кереге басы майлы болсын, қоныс жайлы болсын!*, *сондай-ақ керегеңнен май кетпесін, үйіңнен бас кетпесін, дастарқаныңнан ас кетпесін!* – деген бата-тілектер



айтылады. Бұл түстенген үйге, үйдің иесіне, отбасына қонақтардың молшылық тілегенін білдіреді;

– қанжығаң майлы болсын, майлансын – аңшыларға айтылатын ізгі тілек.

Кейбір зағтар майды қолданылуына байланысты аталып кеткен. Айталық май шам (Қожа Ахмет Иасауи атамыздың кесенесінде бар), майлық (ет жеген соң қол сүртетін сүлгі), майшолпы (майға бауырсақ пісірген соң сүзіп алатын құрал, кепсер, тесік шөміш (ожау), және майшелпек, майшұрқан, майсөк деген тағам атаулары бар. (қ. *Майлық; Майшам; Майшолпы*).

Майдың ауыспалы, бейнелі түрде қолданылатын мағыналары.

М. тілдік қолданыста жұмсалатын күш-қуаттың баламасы ретінде жоғарыда айтылған май, майлау ұғымдары тәрізді *көздің майы* деген де ұғым бар (қ. *Май; Майын беру*). Ол аса зейін қойып, ыждағаттылықпен атқарылған іске байланысты қолданылатын ұғым. Көбінесе, ұзақ уақыт әзірленетін бұйымдарға, атап айтқанда, тұскиіз кестелеу, құрақ құрау сынды шүкшиіп отырып, көз майын тауысқан шаруаларға қатысты айтылады. *Көз майын ағызды, тауысты* – сарсылып, көп отырып еңбек етті деген мағынада қолданылады. Осы сынды оқу-жазуға байланысты қолданылатын *жүрек майын беріп* немесе *жүрек майын тауысын* деген сөздер қолданылады. Бұл сөз барын салып жазған немесе шығарған өлеңінің көкейге қонымды болу себебіне орай айтылса керек. *Сөз майы* – сөздің мазмұны, сөздің сөлі, шырынын айтып, дәл жеткізе білу дегенді білдіреді. Мысалы, Абай мен Шәкәрім сынды ақындардың шығармашылығында *өлең-сөздің майын шығарады* деген жолдар аталмыш мағынада қолданылған. Сондай-ақ, *сөздің майын тамызу* – өте шебер, шешен сөйлеу дегенді білдіреді.

Әдеб.: Рычков П.И. Дневные записки путешествия капитана Николая Рычкова в киргиз-кайсацкой степи в 1771 году. СПб.: Тип. императорской АН, 1792; *Потапов Л.П.* Особенности материальной культуры казахов, обусловленные кочевым образом жизни // СМАЭ. Т.ХІІ. М.-Л.: Наука, 1949. С.43-70; *Жубанов Х.* Исследование по казахскому языку. Алма-Ата: Наука, 1966; *Қасиманов С.* Қазақ халқының қолөнері. Алматы: Қазақстан, 1969; *Аргынбаев Х.* Қазақ халқындағы семья мен неке (тарихи-этнографиялық шолу). Алматы: Ғылым, 1973; *Мұқанов С.* Халық мұрасы (тарихи-этнографиялық шолу). Таңдамалы шығармалар. XV том. Алматы: Жазушы 1979; *Валиханов Ч.Ч.* Тенкри (бог) // Собрание сочинений в 5-ти томах. Ред. колл.: А.Х. Маргулан и др. Алма-Ата: Казахская советская энциклопедия, 1985. С. 208-215; *Радлов В.В.* Из Сибири. Страницы дневника. М.: Наука, 1989; *Нұрқеұлы Қ.* Ұлттық мирас – ата мұра. Өлгий, 1991; *Радлов В.В.* Алтын сандық. Алматы: Ана тілі, 1993; *Қатран Д.* Қазақтың дәстүрлі ас-тағам мәдениеті. Ғылыми редакторы және алғы сөздің авторы Нұрсан Әлімбай. Алматы: ҚМӨҒЗИ, 2002; *Кенжеахметұлы С.* Қазақтың дарқан дастарқаны. Алматы: Алматыкітап, 2009. *Сегізбайұлы К.* Қазақы дастархан. Алматы: Ата мұра, 2011; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МАЙ АНА – құт пен берекенің, от пен ошақтың иесі саналатын өсіп-өнудің жарылқаушы пірі, қамқоры. Ұмай ананың тағы бір атауы. Тіршілік көзіне баланатын от және май ұғымдары дәстүрлі ортада егіз қолданылды. Белгілі ғұрыптарды атқару кезінде М. а.-ның аты аталып, мінажат етіледі. Бұл жосын әсіресе, үйлену салтына байланысты әдет-ғұрыптар кезінде біршама мәнге ие бола

түседі. Мәселен, қайын жұртына ресми барғанда күйеуді, жаңа түскен келінді табалдырықтан оң аяғымен аттатып үйге кіргізген соң «*От Ана! Май Ана! жарылқа*» деп отқа май құйғызу жосыны бар (қ. *Май; Май құяр; Ұмай ана*). Сондай-ақ, екіқабат әйел толғағы ауырлап, созылып кеткен кезде – *От Ана! Май Ана жарылқа, күнәм болса кеше гөр, түйіншегім шеше гөр*, – деп жалбарынады. Өйткені, М. а. – аналар пірі деп саналуына байланысты өмірге ұрпақ әкеліп, оларды өсіріп-өрбітуші әйел затының жарылқаушысы, қамқоршысы. Осы түсініктің негізінде халықтық қолданыста *Май Әулие* деген де ұғыммен атала береді. Мысал ретінде аталмыш ғұрып кезінде айтылатын төмендегі магиялық мәнді сөз тіркесін келтіруге болады:

Май Әулие,

Май Әулие болмаса,

Жарылқайтын қай Әулие!?

Әдеб.: *Жубанов Х.* Исследование по казахскому языку. Алма-Ата: Наука, 1966; *Қатран Д.* Қазақтың дәстүрлі ас-тағам мәдениеті. Ғылыми редакторы және алғы сөздің авторы Нұрсан Әлімбай. Алматы: ҚМӨҒЗИ, 2002; *Оспанұлы Е.* Қазақ халқының салт-дәстүрлері. Алматы, 2009; *Кенжеахметұлы С.* Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдег-ғұрыптары. Алматы: Атамұра, 2010; Ағаш бесіктен жер бесікке дейін. 5 кітап (Бата-тілектер. Той-мерекелер. Ажал-өлім туралы) Алматы: Өнер, 2011; *Сегізбайұлы К.* Қазақы дастархан. Алматы: Атамұра, 2011; ҚРМОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МАЙ ЖАЛАУ – алғашқы май алынғанда жасалатын жосын. Көктемде мал төлдей бастаған соң, елдің аузы аққа тиеді. Төлдеген мал саны көбейген кезде, яғни сауылып алынған сүт мөлшері де едәуір артқан соң, оны жинап, май алуға мүмкіндік туады. Өсы алынған алғашқы майдан ежелгі дәстүр бойынша ауыл үлкендерінен бастап бала-шағаға дейін түгел ауыз тиюі керек деп есептелген. Бірақ, алғашқы алынған майдан ауыз тимес бұрын ең алдымен отқа тамызу ырымын жасайтын болған. Бұл үрдіс, дәстүрлі ортада майды құт-берекемен молшылықтың символы ретінде қарауға байланысты қалыптасқан (қ. *Май; Май жалау; Май құяр*).



Май жалау. ҚР МОМ материалдары бойынша суретті салған Б.Досымов

Отқа май тамызу – отты қадірлеп құрметтеуге байланысты жасалатын ғұрыптардың бірі. Жоғарыда айтылғандай, дәстүрлі мәдениетте май да, от та киелі дүниелер қатарына жатады. Отқа тамызып, «*От Ана, Май Ана Жарылқа!*» деп жалбарынғаннан кейін саусак ұшымен бір іліп алып ауыл үлкенінен бастап балалардың алақандарына салып береді. Май жалау төмендегідей ретпен жасалды: алақанға салынған майды келесі қолдың алақанына салған кезде алғашқы қолда қалған майдың жұғынын жалайды (қ. *Май*).



Май жалау. ОМЭЭ – материалдарынан

Сонымен М. ж. жосыны көшпелілердің аузы аққа тигендеріне шүкіршілік етуін, әрі мал басының өсіп-өніп, молшылыққа кенелуінің басы болсын деген ежелгі дәстүрге сай жасалатын тілегін әрі тәу етуін әрі жалбарынуын білдіреді.

Әдеб.: Рычков П.И. Дневные записки путешествия капитана Николая Рычкова в киргиз-кайсацкой степи в 1771 году. СПб.: Тип. императорской АН, 1792; Қатран Д. Қазақтың дәстүрлі ас-тағам мәдениеті. Ғылыми редакторы және алғы сөздің авторы Нұрсан Әлімбаев. Алматы: ҚМӨҒЗИ, 2002; Сегізбайұлы К. Қазақы дастархан. Алматы: Ата мұра, 2011; ҚРМММ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МАЙ ҚАП – тамақ ішіп отырып қақалып немесе шашалып қалған адамға қасындағылардың айтатын сөз орамы. Береке, құтпен байланысты сөзтіркестің мәні молшылыққа кенеле бер, байлық бітсін дегенді мензейді. Қақалған немесе шашалған кезде аталмыш сөзді айтып үлкеннің жауырынынан (арқасы) қағады, кішінің басынан сипайды. Ол бір есептен аузындағы асы өнешіне кетіп қалмасы үшін жасалатын қам болса, келесі мағынасы кенірдегіне тұрып қалған тамақ майдай сырғып, тоқтамай өтуін білдіреді. Сонымен бірге бұл жосын осы сияқты тосын құбылысты әрқашанда жақсылыққа жорып, келенсіз оқиғаның алдын алу сияқты магиялық мәнге ие жора болып саналады.

Кейде сілекейіне де шашалатын жайттер кездесіп жатады. Мұндайда әсіресе, келіншектерге «*төркініңнен сыбаға келеді екен*» деп қуантып жатады. Бұл сөз орамында майдың құт пен берекені, молшылық пен тоқшылықты нышандайтын қызметінің тағы бір қыры көрініс тапқан (қ. *Май; Май жалау; Май құяр*).

Әдеб.: Қатран Д. Қазақтың дәстүрлі ас-тағам мәдениеті. Ғылыми редакторы және алғы сөздің авторы Нұрсан Әлімбаев. Алматы: ҚМӨҒЗИ, 2002; Сегізбайұлы К. Қазақы дастархан. Алматы: Ата мұра, 2011; ҚРМММ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МАЙ ҚҰЯР / МАЙ ЖАҒУ – халық дүниетанымында майды кие тұтуға байланысты атқарылатын ғұрыптар. Халықтық түсінікте май қасиетті, киелі дүние деп саналағандықтан оны белгілі затқа жағу, тамызу сияқты жосындар жасалады. Мысалы, түрлі шаруашылық харекеттерін бастау кезінде, жанадан алған өнімді пайдаланар алдында, үйленуге қатысты жосын-жоралғылар кезінде жоғарыда аталған әрекеттер жасалады. Олар – үйлену салты жосындарына кіретін – күйеудің, келіннің отқа май құюы; жаңа үйленген екі жас құт-береке қонған бай-бақуатты отбасы болсын деген ырыммен отаудың екі босағасын майлау; бие байлау, қымызмұрындық мерекесі кезінде қазыққа май жағу, құю (тамызу), құлындар байланған желіге, айғырдың жалына, биелердің желініне, сауырына май жағу; ұстахананы жаңа орынға көшірген соң іс бастарда «дүкен майлау» деп аталатын майды отқа тамызу, көрік, төс сияқты бұйымдарға жағу; алғашқы алған сары майды алдымен отқа тамызу сияқты т.б. жосындар (қ. *Майлау*).

Осы аталған ғұрыптардың ішінде отқа қатысты атқарылғандары да бар. Ол оттың да, майдың да дәстүрлі ортада киелі де, қасиетті құбылыс, дүниелер қатарына жатқызылатындығында. Яғни, май мен от – басқадай тіршілік қамы үшінгі қажет дүниелердің ішіндегі жолы үлкендері. Сондықтан, ырыс-берекенің басы – майдың алғашқысы алынғанда оның дәмін татпас бұрын отқа тамызуы – Жаратқанға алғыс айтуын, оны бұйыртып жегізуін, жақсылыққа бастауын тілеген жосындарды білдіреді. Мұндағы от – жаңа дүние жасаушы, адамға тірлік нәрін беруші құбылыс. Алайда, онымен дұрыс қатынас жасамаса жазалаушы тылсым күш, киелі құбылыс та (қ. *От*). Мәселен, жаңа түскен келінді жігіттің екі жеңгесі екі қолтығынан ұстап ошақ басына апарып арнайы дайындалған майды отқа құйғызады. Отқа құятын май *сары май, құйрық май* және жеті дана *құйрық май* кесегі де болуы мүмкін. Мұндағы тарқатып айтар мәселе, дәстүрлі түсінікте от – жаңа отбасын білдірсе, май – осы отбасының берекелі болуын ырымдайтын бірлікте қарастырылуында. Сондай-ақ, олар ата-баба киесін сақтап, жеткізген мұра ретінде де қабылданады. Өйткені, берекелі отбасы туралы сөз қозғағанда айтатын – *қазаны майлы, дастарқаны майлы ауыл* – деп келетін сөз орамы сол ауылдың немесе жекелеген отбасының әл-ауқатын айқындайды. Семантикалық мәні зор, майға байланысты жасалатын осы архаикалық ғұрып туралы Ш.Уәлиханов мынадай мәлімет береді: «*Жаңа отбасына түскен келін, қайын атасының киіз үйіне кіріп, отқа бір қасық май құйып, «аруақ разы болсын» деп сәлем беріп, басын иеді. Оттағы май жанып жатқанда жігіттің анасы не жеңгесі май жалынына қолын жылытып, жаңа түскен келіннің бетін сипайды. Келін оттың құрметіне ошақ иесіне яғни, қайын атасына шапан сыйлайды*». Келін майды неғұрлым көбірек салса, ырысы соғұрлым көп болады деген де ырым бар (қ. *Май*).



Отқа май құю ғұрпы тек жаңа түскен келінге ғана қатысты қолданылып қоймай, күйеу жігітке де қолданылады. Қыз әкесі үйінің табалдырығынан аттап кірген күйеу, үш рет тәжім етін, қолына ұстатқан ожаудан шокқа май құяды. Мұны Ы.Алтынсарин: «*Бір кемпір сұқ қолын әуелі шоққа қарсылап, одан өзінің маңдайына, кеудесіне сұқ қолын басады. Бұдан соң күйеуді төсекке отырғызады. Өзге жұрт шығып кетіп, жеңгесі тамақ береді*» дейді. Ілкіде қалыңдық пен күйеудің отауы қалыңдық ауылында тігілгендіктен, «*жаңа отаудың, өз отауының түтінін түтетсін!*» деген ырым бойынша күйеу отқа май тамызатын. Осыған орай халық арасында «*түтінің өшпесін!*» деген тілек бар. Сондай-ақ, үй, отбасы ұғымдарын білдіруде *түтін* сөзі де қолданылады.

Ұстахананы жаңа орынға көшіргенде немесе белгілі үзілістен соң ұстахана жұмысын бастағанда көріктің шоғына май тамызады. «*Иә пірім, ер Дәуіт қолдасын, От Ана, Май ана жарылқасын!*» деген сыйыну сөздері айтылып, құрбандыққа мал сойылады. *Дүкен майлау* деп аталатын мұндай шараға көрші-қолан, ағайын-туыс арнайы шақырылады (қ. *Дүкен?*; *Дүкен майлау*; *Отқа май құю*).

Сонымен қатар, әйелдің толғағы ауыр болған кезде отқа май құйып «*От-ана, Май-ана, жарылқа, күнәм болса, кеше көр, түйіншегің шеше көр*» – деп сыйынған. Мұндайда келіннің толғағы жеңіл болсын деген сеніммен ауызы байланған қарын майдың, теннің, буылған жүктің де байлауы шешілетіні белгілі.

Әдеб.: *Алтынсарин И.* Очерк обычаев при сватовстве и свадьбе у киргизов Оренбургского ведомства // ЗООИРГО. Вып.1. Казань, 1870. С.104-110; *Гродеков Н.И.* Киргизы и каракиргизы Сыр-Дарьинской области. Т.1. Юридический быт. Ташкент: Типо-Литография С.И. Лахтина, 1889; *Қатран Д.* Қазақтың дәстүрлі ас-тағам мәдениеті. Ғылыми редакторы және алғы сөздің авторы Нұрсан Әлімбаев. Алматы: ҚМӨҒЗИ, 2002; *Құдайбергенова А., Бекбалақ Қ.* Оңтүстік Қазақстан қазақтарының әдет-ғұрпы мен салт-дәстүр ерекшеліктері // Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет ғұрыптары. 1-том. Біртұтастығы және ерекшелігі. Құраст.: С.Әжіғали. Алматы: Арыс, 2005. 200-225-бб; *Радлов В.В.* Турецкие степные кочевники. Астана: Алтын кітап, 2007; *Валиханов Ч.* Этнографические наследие казахов. Астана: Алтын кітап, 2007; *Сегізбайұлы К.* Қазақы дастархан. Алматы: Атамұра, 2011; ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МАЙ ШЕЛПЕК – шыжық қосылып жасалатын шелпек. Ашытқысыз иленген қамырдан үлкендігі алақандай жұқа шелпек жайып, бір жартысына ас қасық шамасында шыжықты жаймалап, күлшені екі бүктеп, шетін бүрмеленеді. Осылайша пошымы шелпекке ұқсаған М.-ті майға бауырсақ пісіргендей қуырады (қ. *Шелпек*). М. ш. жұмсақ болғандықтан тісі жок үлкендердің сүйікті асынын бірі саналады. Құнарлы тағам ретінде жол жүргенде, алыс сапарға шыққанда алып жүруге қолайлы тағамдар қатарына жатқызылады.

Халық арасында біткелі тұрған дайын істі жалғастырып әкетіп, атағын иемдегенді, немесе бір лауазымға оқыстан қол жеткізгендерді «*май шелпекке келді*» деп жатады. Бұл еңбексіз, бейпетсіз тиген зейнетті құнарлы да дәмді М. - пен тенестіруден туындаған мәтел болса керек.

ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МАЙДАМ-МАЙДАМ ҮРИТ, ҮРИТ СОҚ – қой түлігінің құтпаны қошқарлар өзара сүзіскен кезде оларды қыздыру үшін айтылатын сөз орамы. Кейбір деректерде «*майдам, майдам, үрит соқ*» деп те айтылады. Әдетте бір қора қойдың арасында бірнеше тіпті оншақты қошқар болуы мүмкін. Қошқардың мінез-құлқындағы түрлі жайттарға байланысты соқтығыс, қақтығыс, мүйіздеу сияқты жайттардың соны сүзісуге ұласады. Ондайда екі *қошқар* ашық майданға шыққандай көрініс орын алады. Қойлар оларға «мүмкіндік» жасағандай ошарылып шетке шығады. Қошқарлар шегініп барып бар пәрменімен келіп мүйіздері мен маңдайымен сүзіскенде оны байқаған қойшы аталған сөз орамын дауыстап айтып, дем беріп, онан бетер қыздырады.



Қошқарлардың сүзісуі. ҚР МӨМ материалдары бойынша суретті салған Б. Досымов

Мұндай жораның мәні мақлұқаттар арасында, әсіресе қоныр аңдарда үйірге түсерде осындай ашық майданға шығып, қай жеңгені үстемдікке ие болатын табиғат заңдылығына байланысты қалыптасса керек.

Мұндай «майданнан» кәртамыстары мен мүйізі жоқ тоқалдары қашып «жеңілгенін» мойындайды. Бастары ауырып, зеніп қалатындары, мүйізі жарақаттанып тұқылынан босап қалатын жағдай жиі ұшырасады. Ондай жайтқа жеткізбес үшін бастабында сүзісуін қыздыра түскен шопан ендігі кезекте оларды үркітіп ажыратып жібереді.

Әдеб.: *Хинаят Б.* Төрт түліктің мінез-құлықтарына қатысты дәстүрлі таным // Жұлдыз, 2000, №8-9. 123-129 бб.; ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МАЙДАН – соғыс жүріп жатқан жер, шайқас алаңы. Бұл сөз түркі, парсы тіліне араб тілінен енген. «*Мейдан*» арабша «*алаң*», «*ашық жер*» деген сөз. Парсы тілінде «*майдан*» сөзі ашық алаң, шайқас алаңы деген мағынада қолданылады. Қазақ тілінде де майдан сөзінің негізгі мағынасы – соғыс, шайқас алаңы. Сонымен бірге майдан сөзі тілімізде ауыспалы мағынада *соғыс*, *ұрыс* дегенді де білдіреді. Мысалы, *майданға кетті* – соғысқа кетті. *Майдандастар* – соғысқа бірге қатысқан адамдар. Майдан сөзінің тағы бір ауыспалы мағынасы – *қызу іс-әрекет* деген мағынада қолданылуы. Мысалы, *еңбек майданы* деген сөз тіркесіндегідей.

Түрік, парсы тілдерінде «майдан» деп әскери қазармалардағы әскери жаттығулар өтетін алаңды да, базардағы орталық алаңды да атаған. Түркі тілінен «майдан» сөзі славян тілдеріне де ауысып, орыс, украин тілдерінде маңызды істерді шешу үшін халық жыйналатын қаланың орталық алаңы, ел жиналатын ашық алаң, базар алаңы деген мағыналарда қолданылады.

Әдеб.: Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Жалпы редакциясын басқарған Т. Жанұзақов. Алматы: Дайк-Пресс, 2008; Словарь тюркизмов в русском языке. Составитель Шипова Е.Н. Алма-Ата: Наука Каз ССР, 1976; КР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МАЙЖАҚПА / МАЙЖАППА – ұннан жасалатын тағам түрі. Әзірлену тәсілі шелпекке жақын келеді. Бірақ, майға жүздіріп емес, қыздырылған табаға, қазанға жауып қарып пісіреді (қ. *Жұқпа; Қазанжаппай; Қазаннан*). М. деп аталуына сай зуала иленіп, жұқа етіліп жаймаланған соң пісірілер алдында қамырға май жағылып қыздырылған таба немесе қазанға жаба қояды. Пісірілу барысында үстіңгі бетіне де май жаққан соң аударып, келесі бетін пісіреді. Көлемі әртүрлі болып келе береді. Кейбір мәліметтер бойынша қарылып пісірілген шелпекке май жағып жесе, ол да М. деп аталатын көрінеді (*Жабасалма; Қарыма; Нан*). Тағамның бұл түрі ашытылмаған қамырдан жасалады. Үйге қонақ келіп қалғанда, дереу әзірлеп, шаймен бірге ұсына қоюға қолайлы тағам. Сонымен бірге, жасы үлкен қариялар мен балалар тісіне жұмсақ болып келеді.

Әдеб.: *Оспанов Д.М.* Қазақстанның Оңтүстік аймағындағы қазақтардың дәннен жасалған ұлттық тағамдары (XIX ғ. аяғынан қазірге дейін). Тарих ғылымдарының канд. дәрежесін алу үшін дайындалған дисс. Алматы, 1997; *Жилкубаева А.Ш.* Этнолингвистическая характеристика некоторых терминов питания казахского языка, связанных с традициями, обычаями народа // ИАН КазССР. Серия филологическая, 1990. С.19-25; *Қатран Д.* Қазақтың дәстүрлі ас-тағам мәдениеті. Ғылыми редакторы және алғы сөздің авторы Нұрсан Әлімбаев. Алматы: ҚМӨҒЗИ, 2002. 207 б; *Кенжеахметұлы С.* Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. Алматы: Атамұра, 2010; *Сегізбайұлы К.* Қазақы дастархан. Алматы: Атамұра, 2011; КР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МАЙЗОРЫҚ – күйлі, семіз жұмыс малын жаратпастан, етін қатырмай бірден ауыр жұмыстарға пайдалану салдарынан шалдығатын ауру атауы. Ол титықтап шаршаған мініс малының «суымаған», яғни терін баспаған кезінде суару немесе арқасындағы әбзел-жабдығын алып тастау сияқты себептерден болады. М. зорығудан немесе сузорықтан өзгешелеу: зорығу титықтата пайдаланғаннан болса, сузорық жазғытұрым дымды шөп беруден және суық сумен суарудан болады (қ. *Зорық / Зорығу*).

М.-қа шалдыққан ат, атан түйе немесе өгіз пайдалануға жарамайтындығы өз алдында, айығуы ұзаққа созылатын машақат. Этнографиялық экспедиция барысында мәлімет берушілердің дерегіне қарағанда, күздігүні еті қалың, қонданып май жинаған мал М. ауруына онай шалдығады.

М. ауруына шалдыққан атты емдеудің халықтық тәсілі мынадай: бір кесе күрішті шүберекке түйіп отқа жағып шаймен араластырып жұтқызады. Ондай атты көп мінбейді, жем-шөпті аз-аздан береді. Кейбір емшілер М.-тың асқынған түрін емдеудің бір жолы күре тамырынан және бауыр тұсындағы тамырдан (мысалы, үзенгі барлауын) көп

мөлшерде қан ағызса, бұзылған қан сыртқа шыққан соң ат біртіндеп ауруынан айығады деп санайды (қ. *Қандауырлау*). Ауру салдарынан ет пен терінің арасына жиналған ісікке кездік пісіп шабақтайды (қ. *Қан алу*).

М.-тан сақтанудың бірден-бір жолы – малды етін қатырып жарату. Ол үшін малдың жем-шөбін біртіндеп шектей отырып организмге жиналған түрлі қалдықтарды терлету арқылы денеден сыртқа шығарып, бұлшық ет пен ішкі ағзалар қызметін ретке келтіреді. Оның кең таралған дәстүрлі жолы – жаңбырдан кейін қара топырақтың астынан шығатын *шылаушын* құртты сумен қосып жұтқызу. Шылаушын салу деп аталатын мұндай әдіс аттың етін қатырып, сартап етіп жарауына септігін тигізетін көрінеді (қ. *Шылаушын салу*).

Әдеб.: *Аргынбаев Х.* Мал ауруларын емдеудегі қазақтың халықтық тәжірибесі туралы этнографиялық очерк // ТИИАЭ. Т.16. Вопросы этнографии и антропологии Казахстана. Алма-Ата, 1962. С.3-35; *Бәделхан Қ.* Халықтық мал емдеу тәжірибелерінен. Әлгей, 1977; *Бабалықұлы Ж.* Мал ауруларының қазақша атаулары. Алматы: Қайнар, 1986; *Хиняйт Б.* Бап пен жарату үйлеспеуден пайда болатын жылқы аурулары // Маңмаңкер (Республикалық ұлттық ат спорты Федерациясының журналы). 1999, №1. 45-49 бб; КР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МАЙКӨТЕН – артынан көп бала немесе тілеулі бала ерген ұл-қызға, немереге қарата айтылатын атау. М. есім ретінде қойылмайды, ол тек еркелетіп, ерекшелеп атау үшін негізгі атына қосымша ретінде қолданылады. Сонымен қатар бала тоқтамай жүрген кезде туған баланың соңынан ергендер діп аман болып жатса ол баланы да М. атап, *құтты, құт әкелген бала* саналды. Ондай баланың артынан бала көп ерсін деген тілек бойынша құйрығына май (сары май) жағу ырымын көп балалы ана атқарады (қ. *Ат қою; Бала тілеу; Құйрық май, Майлау*). Қазақ арасында осы тәріздес баласының алдын «*тұла бойы тұңғышым*», «*қаймағым*» десе, кенжесін «*қаспағым*» деп еркелеткен.

Дегенмен бұл атау халық арасында өзінен кейін ұл туған қыз баланы еркелетуге байланысты айтылады. Бұл жөнінде Шоқан Уәлиханов былай деп жазды: «*Үнемі қыз туа берген отбасында соңғы туған қызға ырымдап Ұлтуған деген ат қойып, сол ырым бойынша одан кейін ұл туса сол қызды әке-шешесі жақсы тілегінің орындалғаны ретінде Майкөт деп атайтын болған*». Мұндағы май ұғымы халық танымында құт-берекенің, молшылықтың белгісі ретінде қолданылатындығының тағы бір айғағы (қ. *Қазан; Май*). Сонымен бірге, жоғарыда аталғандай балаға қатысты түрлі ырымдарға байланысты балаға М. деген есім де берген жайттер ұшырасады.

Әдеб.: *Валиханов Ч.Ч.* Этнографическое наследие казахов. 2-е изд. доп. (библиотека казахской этнографии), Т.1., 1835-1865 г. Астана: Алтын кітап, 2007; КР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МАЙҚАН' – қырмандағы топанынан тазартылмаған астықты білдіретін атау. Орылып бауланған астықты қырманда жаймалап, *тұлықтаспен* немесе мал табанымен бастыру арқылы дәндерін сабағы мен қауызынан ажыратады (қ. *Астық; Дән бастыру; Тұлықтас*). Бастырылған астық дәндері астына қарай түсетіндіктен бетіндегі сабанын айырмен екшеп алып тастайды. Қалған топан, сабан



киқымдары, шөп-шалаң аралас бастырылған дән, яғни М. ағаш күрекпен қырманның бір шетіне қарай күреледі немесе қапқа салып тасылады. М.-ның ылғал мен суды тез сіңіріп алып, қызып, көгеріп немес шіріп кетуі жиі кездеседі. Сондықтан М. уақыт өткізбей тазартуды немесе құрғақ жерде сақтай тұруды қажет етеді. Астықты топанынан, сабан кикымдарынан тазалау ісі – *майқандау* деп аталады. Майқандау қырмандағы астықтың сабандарын айырмамен екшеп, сыпыртқымен сыпырып шөп-шарынан тазарту арқылы атқарылады. Кейде дұрыс бастырылмай қалған М.-ды тағы екінші мәрте бастыру да мүмкін. Дәстүрлі ортада майқандау уақытына және майқандаушы адамға қатысты *майқан, майқан уақыты, қырманшы майқан* деген атауларды қолдану кездеседі. Осылайша толықтай қауызынан ажыраған М.-ды желге қарсы күрекпен лақтырады. Сонда дәндер бірпама алысқа лақтырылса, топан, қауыз, сабан-шөп кикымдары желмен ұшып дәннен бөлініп қалады. Бұл көптеген аймақтарда *қызылдау* деп те аталады (**к. Қырман қызылдау**).

Әдеб.: *Досқараев Ж.* Күршім, Зайсан, Тарбағатай, аудандарындағы казактардың тіл өзгешеліктері // Қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктері. Алматы: Қаз ССР ҒА баспасы, 1951; *Алтаев Б.Ә.* Оңтүстік Қазақстан казактарының егіншілікке байланысты дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. Тарих ғыл. канд. ғылыми дәрежесін алуға ұсынылған диссертациясының қолжазбасы. Ғылыми жетекші Нұрсан Әлімбаев. Алматы, 1994; КӨТС. 11-том. Алматы: Арыс, 2009; Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. 1 том. Алматы: Арыс, 2005; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МАЙҚАН² – кірпіш кептіретін алаңқайдың атауы. Топырақтан кірпіштер құйылғаннан кейін М.-да кептіріледі. Кірпіштер неғұрлым тезірек кебуі үшін М.-ды күн көзі жақсы түсетін жерге жасайды. Сонымен қатар жаңбыр, жер асты суы жиналып қалатын ойпатты жерлерден аулағырақ, керісінеше су тоқтамайтын, аққан су жете қоймайтын дөңестеу жерлер таңдалатын болған.

Әсіресе бегі оңтүстікке қарай көлбеу жерлер М. үшін аса қолайлы болып келеді. М. ретінде мүмкіндігінше құрылыс салынатын орынға немесе кірпіш даярланатын топырақ қазылатын жерге жақын маң таңдап алынады.



Майқан. ОМЭЭ – материалдарынан



Майқан. ҚР MOM жұмыс қорынан

Құйылған кірпіштерді таптап кетпеуі үшін М.-ды күзетеді, кейде мал кірместей етіп қоршап та отырған. Майқанда кепкен кірпіштер бір шетіне қарай тасып немесе сол жерге биіктеп қаластырып жинап отырады да, орнына жанадан құйылған кірпіштер кепіріледі.

ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МАЙҚАНА – жұртшылықтың тамақтана отырып, қымыз, шай, шарап ішіп әртүрлі мазмұнда ақпарат алысатын арнаулы орны, үй-жай, әңгіме-дүкен құрып, көңіл көтеру үшінде бас қосатын жері. Бас қосып жиналғандардың ішінде сырнай тартып, домбыра шертіп, ән салатындар да болады. Торғайдан шыққан ақын Нұрқан Ахметбековтің (1903-1963) «Есім сері» дастанында М.-ның функциясын ашатын төмендегідей жолдар кездеседі:

*Шонжарлар майқанада басын қосқан,
Бірі айтып, бірі тыңдап, сөзін тосқан.
Құлдықта талайлардың күні кешіп,
Байлауда өткен қолы болмай бастан...*

Майқана үйі көбінесе жарменкелі, базарлы жерлердегі, сауда алаңдарында шаһарлы кенттерде, сонымен қатар «Жібек жолы» сияқты атақты керуен жолдарының бойында болған.

Әдеб.: *Ахметбеков Н.* Амангелді; Дастандар. Алматы: Жазушы, 1990; *Уәли Н.* Бұрынғыдан қалған сөз (қолжазба); ҚР MOM материалдарынан; ОМЭЭ материалдарынан.

МАЙҚОЛТЫҚ – ірі қарада кездесетін ауру. Бұл дәстүрлі шаруашылыққа үлкен шығын әкелетін, мініс және жұмыс көліктерінің пайдаланылуына нұқсан келтіреді. М. себебін халықтық білімде екі түрмен – жаракаттан сондай-ақ шектен тыс шайланып семіру салдарынан деп түсіндіріледі.

М.-тың бірінші түрі алдыңғы аяқтарының бұлшық еттеріне, әсіресе тоқбас жілік пен жауырын айналасындағы бұлшық еттердің жаракаттануынан (жаншылуынан) болады. «Қолы тусу» деп аталатын мұндай аурудан толық айықпаған жағдайда «ойнамалы» яғни қайталанып тұратын түрін ел арасында М. деп те атайды. Ондай мал тастақ жерде жүрген сайын ақсап немесе сылтып шыға келеді. Онан сақтанудың бірден бір жолы құмдауыт жерді қуып жүру. Оны ел арасында «көзтаға» деп атайды (**к. Қол тусу / Қолау; Таға**).

М.-тың екінші түрі шектен тыс семірген түйеде кездеседі. Ондай төсі мен қолының жауырын тұсын май жиналып семірген түйе аяғын сылтып, әрі екі жаққа ырғалып «солтақтап» басады (қ. *Шайлану*). М. болып семірген түйе тез терлейді, әрі болдырғыш болып келеді. Ертеде қазақ ауылдарынан керуен тартуға шыққан кірешілер ел-жұрттан түйені кіреге (жалға) алған кезде мұндай М. түйеге сұраныс болмаған. Өйткені, ондай түйені жаратып, бабын келтіріп, жұмысқа пайдалану оңай емес (керісінше, өгіз бен атты жарату әлдеқайда оңай деседі). Түйені жалға алу жаз уағында шамамен 10-15 сомды құраса, қыс мезгілінде оның құны 2-3 есеге дейін артқан (қ. *Кіре тарту*).

М.-тан сақтанудың бірден-бір жолы – аяқты малды мініс пен жұмысқа пайдаланбас бұрын етін қатырып, жақсылап жарату.

Әдеб.: *Арғынбаев Х.* Қазақтың мал шаруашылығы жайында этнографиялық очерк. Алматы: Ғылым, 1969; *Бәделхан Қ.* Халықтық мал емдеу тәжірибелерінен. Өлгий, 1977; *Жақыпов Ә.* Түйе өсірушінің түсіндірме сөздігі. Алматы: Қайнар, 1989; *Хинаят Б.* Қазақтың дәстүрлі малдәрігерлік білім жүйесі (тарихи-этнологиялық зерттеу). Тарих ғылымдарының кандидаты дәрежесін алу үшін ұсынылған диссертацияның қолжазбасы. Ғылыми жетекшісі Нұрсан Әлімбаев. Алматы, 2001; КР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МАЙҚЫ БИ – ру ақсақалдары мен билердің билігінде жүрген байырғы ру-тайпаларды үш жүзге біріктіріп, Алаш елі атандырған, «*Алаш!*» деген ортақ ұраны мен ту-таңбаларын белгілеген ру ақсақалдары мен билердегі ел билігінің тізгінін хандық биліктің қолына ұстатқан аса көрнекті би. Майқы би халықтың әдет-ғұрып, салт-дәстүрін, жол-жоралғысын, жөн-жосығын алғаш рет нұсқалы сөзбен түгелдеп, ел билеудің заңы мен ережесіне айналдырды. Ел құрау, басқару, қоғамдық-әлеуметтік қатынастарды реттеуде аса маңызды, ең қажетті деп саналатын салт-дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды жинақтап шешендік сөз өрнегіне түсіргендіктен Майқы би туралы осы кезге дейін ел аузында *Түгел сөздің түбі бір, түп атасы Майқы би* деген аталы сөз қалған. Майқы бидің туған жылы мен бақилық болған жылы белгісіз.

«Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» мақаласында Абай Майқы би Шыңғысты хан көтерген он екі бидің бірі болғанын атап көрсетеді.

Тарихи шығармалар мен шежіре аңыздарда Майқы би (*Байқу*, *Ұсун бек* деп те аталған) Шыңғысханның тұстасы және оны қолдаушы ретінде айтылады. 1206 ж. Онон өзенінің бойында Монғол бірлестігіне қарасты хандар мен нояндардың Ұлы құрылтайы өтеді. Тимучинге (Теміршіге) Чингизхан (Теңіз хан) деген атақ беріледі. Майқы би монғол жылнамасы «Алтын тобыда» *Ұсун эбуген* деген атпен аталады. Қиын кезде, мемлекет құруда, хандық билік орнатуға белсене ат салысқан ең сенімді адамдарын айта келіп, Шыңғысхан оларға берілетін артықшылықтар мен мәртебелі лауазымға тағайындайтынын осы Ұлы құрылтайда жария етеді. *Ұсун эбуген бек болсын, оған төрде ең құрметті орын берілісін, ол ақ киім, ақбоз ат мініп жүретін болсын* деп жарлық береді. Шыңғысханның *Ұсун қария* деуіне қарағанда, Майқы би жас жағынан Шыңғысханның үлкен болғанға ұқсайды. Ал Шыңғысханның 1555 ж. туып, 1206 ж. ұлы хан болғаны мәлім. Тарихи деректер осылай дейді.

Шыңғысханның тарихын жазған парсы тарихшысы Рашид ад-Диннің «*Жами ат-тауарих*» атты шығармасында Майқы би кошындық *Байқу* деген атпен аталады.

Осы аталған тарихи шежіреде Майқы бидің Шыңғысханның ел басқару ісіне көмектесін, ақылшы, жорықтарға шыққанда орнына қалдыратын биі болғаны, XIII ғ.-да *Жошы* ханның Батысқа жасаған жорығында монғол әскерінің оң қанатын басқарғаны айтылады. Ал әскердің оң қанаты *Жошы ұлысының*, яғни Дешті Қыпшақтың ұлан-ғайыр аймағын алып жатты. Сондықтан болу керек, Майқы биді қазақтармен қатар ауызша тарихнама бойынша өзбек, татар, башқұрт, қарақалпақтар да өздерінің арғы аталарымен байланысты деп есептейді.

Хальфиннің 1822 ж. Қазанда татар тілінде басылған «*Шыңғысхан мен Ақсақ Темір өмірі*» деген жылнамасында: Шыңғысхан әрбір бекке арнайы таңба, құс, ағаш, ұран үлестірген. Ол Қоңырат би оғұл Сенкелеге былай дейді: «*Әй, Сенкеле, сенің ағашың – Алма ағаш, құсың – Сұңқар, ұраның – Қоңырат, таңбаң – Ай болсын – депті, Майқыға таңбаң Сырық болсын депті*».

Майқы би туралы жазба тарихнамасындағы объективті сарын ауызша тарихнамада эпикалық сарынға ауысып отырады (қ. *Алаша (Алаш) хан*).

Шәкәрім Құдайбердіұлының «Түрік, қырғыз, қазақ хәм хандар шежіресі» атты кітабында [Орынбор, 1911] ... *Қарауыл өзенінің күншығыс жағындағы Хан биігінің басына ақ киізге салып, хан көтеріп, Шыңғысты алып шыққан. Сонда Ұлы жүз қазағынан Үйсін Майқы би барған екен [...]. Сонда Шыңғысхан бектеріне «ұран, құс, ағаш таңба берінті. Ұлы жүз Майқы биге: таңбаң «Сүргі», яғни малатемір болсын, құсың - «Бүркіт» болсын, ағашың – «Қара ағаш» болсын, ұраның – «Салауат» болсын» - депті.*

Мәшһүр Жүсіп хатқа түсірген аңыз шежіреде «*он сан ноғай бүлгенде, Орманбет би өлгенде*» дейтін заманда *Майқы би, Қондыкер, Қобан, Қотан, Қоғам* деген атақты билер болғаны, Майқы бидің өз қолынан тоғыз ханды таққа отырғызған айтулы би екені айтылады. Бұл билердің заманында Бұхараны билеп тұрған Қызыл Арыстан хан қызылаяқ деген елді шауып, сол елден алып келген күнге аяқ салады. Одан сауысканның аласындай ала болып бала туады. «*Ала туған бала еліңді ала тайдай бүлдіреді*» деп бәйбішесінің сөзіне ерген Қызыл Арыстан «өлсе, өлер, өлмесе, күнін көрер» деп анасы мен баласын Сырдарияның арғы жағындағы алыс жерге апартқызып тастатады. Бұлар Алатау мен Қаратаудың алабында жүріп күн кешеді. Сол баланы он екі жыл өткенде күндердің күнінде Майқы бидің баласы Үйсін көреді. Шежіре аңызда бұдан әрі қарайғы уақиға дәстүрлі шешендік тілмен баяндалады:

... Дәл он екі жасында Майқы бидің баласы Үйсінге оқтай кез болып, бір ауыз тіл қатпапты. Бала қала берінті, Үйсін үйіне барған соң, Майқы биге айтыпты:

– Бүгін далада ағаштың көлеңкесінде отырған баланы көрдім. «Ай дейін десем, аузы бар, Күн дейін десем, көзі бар», көрген кісі «бір қасық сумен, қызығып, жұтып



жібергендей» - құсбегі пішіп тіккен томағадай құнысын тұрған бір бала. Өзінде Әзірейілдің анық бір түгі бар, маңайына жан батып бара алмаса керек. Жалғыз-ақ айыбы - тілі жоқ екен! - деді.

Майқы би өзі ақсақ: өмірі арбамен жүреді екен. Арбасын көлікке салдырмайды екен, жаяу кісіге тартқызады екен.

– Сенің мына айтуыңа қарағанда, баяғы «сағымнан пайда болған Шыңғыстың шын ұлын да көріп едім. Мынау сонан соңғы жалғанға жалғыз қара болып келген жан екен! Мені арбаға мінгізіп, барыңдар, көрейін! - деп барыпты. Бала Майқы биді көрген соң, ұшып түрегеліп:

– Ассалаумағалейкум, «Хан біткеннің қазығы, бұқара жұрттың азығы!» - деп, сәлем беріпті.

Майқы би:

– Әлейкумассалам, әмсе аман бол! Болайын деп тұрған ұл екенсің! Қолына алып, қайырып салушың жоғыннан тұр екенсің! Кел, балам, қасыма мін! - деп, арбасына мінгізіп, үйіне алып келіп:

Төрткіл ошақ қаздырып,
Төбел бие сойдырды,
Төменгі елді шақырды.
Жорға бие сойдырды,
Жоғарғы елді шақырды.
Ала бие сойдырды,
Аймақ елді шақырды.

«Ердің ері, егеудің сынығы!» -

деп, баласы Үйсінді бас қылып, жүз жігіт қосып берді: - Қаратаудан арман қарай асыңдар! Ұлытау, Кішітау деген таулар бар, Қаракеңгір, Сарыкеңгір, Жүздікеңгір, Айдаһарлы, Құдайберді деген жерлер бар. Сол жерлерге барып, ірге теуіп, салық салыңдар! Ақ найзаның ұшы, ақ білектің күшімен ел болуды, жұрт болуды ойлаңдар. Күндердің күнінде осы бала хан болады, сендер қарашы боласыңдар. «Хан әділ болса, қарашысы табанды болса, қара жерден кеме жүргізеді!» - деген - деп, батасын беріп, жүргізіп жіберді.

Бұл жорықшылар Алатаудан асып, Шу мен Сарысудан көктей өтіп, Майқы бидің айтқан жерлеріне келеді. Шежіре аңызда олардың өз алдына үйлі-баранды болып, мал малданып, жан жанданып кететіні, бұлардан кейін Қотанұлы Болат сол жерге жүз жігітімен аттанғаны; Олардың соңынан көп ұзамай Қоғамұлы Алшын жүз жігітімен кетіп, сол жерде орнығып қалғаны айтылады. Сөйтіп, бұлар:

– Енді ел болғанымызды, жұрт болғанымызды жұрт көзіне түсірелік! – деп, баяғы ала баланы алашаға салып, Ұлытаудың басына алашамен көтеріп шығарып, хан сайлады. Оған: «Алаша хан» – деп ат қойды.

Бастапқы бір келген жүз жігіт: оның бастығы - Үйсін «Ұлы жүз - Үйсінді атап:

– Түп қазығы – салықшысы: Жауға шапқанда, бұлар шаппасын, тас-түйін болып тұрсын! – депті.

Ортанышы келген жүз жігіт, оның басшысы – Болатқожа.

– Бұл Орта жүз тосқауылышы, орта буында жүрсін, ханның бақташысы болсын! – деп, «Орта жүз – Ақжол» - атады.

Соңғы келген жүз, оның бастығы – Алишын.

– Беті қайтпайтын, жсаужүрек, жан қадірін білмейтін бұлар кезеуілші болып, қарсы алдында жүріп, жсауға шабатын болсын! – деп, «Кіші жүз-Алшын» – ат қойды.

Қазақтың «Үш жүз» аталған жері – осы. Бұрынғы заманда қазақтың «Жүз» – деген аталарының да аты болған, «Алаш» - деген де аталарының аты болған. «Жүз» – деген атты руға, «Алаш» – деген атын ұранға қойып: «Жауға шапқанда: «Алаш, Алаш!» – деп, шабыңдар! – деп, бата қылысыпты.

«Кеше Алаш – Алаш болғанда, // Алаша хан болғанда, // Үйіміз-ағаш, ұранымыз Алаш болғанда, // Үш жүздің баласы - қазақ емес пе ек?!» – деп айтылған сөз сонан қалған.

Бұл Алаша ханнан бұрын қазақ ел болып, жұрт болып, көзге көрініп, ауызға ілінген емес, өз алдына отау тіккен емес. Әр жұртқа қоңсы, бұратана болып жүрген ел. Енді бұл Үш жүз басын қосып, ел болып, жұрт болып, кейінгі шақырып жатқан Қызыл Арыстан, Майқы биге баруды қойып, ұмытып, өз алдына хан сайлап, жұрт болды.

Ауызша тарихнама (шежіре) мен жазбаша тарихнамадағы деректердің бір-бірімен астасып жатады. Майқының ел басқару ісіндегі кайраткерлік тұлғасы, шешендік бейнесі шежіре аңыз бен тарихи деректе сәйкес келіп жатады. Ру-тайпалық одақтар мен бірлестіктердің бірі ыдырап, бірі қайта құрылып жатқан кезі туралы тарихи деректер шежіре аңызда он сан ноғай бұлгенде, Орманбет би өлгенде деп фольклорлық-эпикалық формада беріледі. Сондай-ақ Дешті Қыпшақ жеріндегі Әбілқайыр хан ордасы Бұхара, Самарқанд, Үргенішті билеп, сол елдің дәстүрі мен салтына, отырықшылығына бейімделіп, ал қыр еліне қырын қараған шейбанидтер әулетінің сол тұстағы әрекетіне Майқы, Қотан, Қоғам ұлдары бірлесіп қарама-қарсы іс-қимыл жасап Алананы ақ киізге салып, Ұлытауда үш жүздің ханы көтерді. Майқы Ұлысқа кірген 40 руға таңба таратқан. Ұлыста бірінші туды ұстаған Үйсінге «Жалау», ортада жүретін Арғынға «Көз», жауға алдымен шабатын Алшынға «Найза» таңбасын берген.

1990 жылы Қытай Халық Республикасының «Іле баспасынан» сол елдегі белгілі ғалым Нығмет Мынжанұлы және Әбдірешіт Байболат, Даярбек Зиядаұлының құрастыруымен «Қазақ шежірелері» атты кітап жарық көрген. Осы кітап туралы қазақстандық оқырмандарды хабардар етіп, аталмыш шежіренің Майқы би туралы өлең сөзбен жазылған бөлігін қысқаша түсініктемемен әдебиетші ғалымдар Сәрсенбі Дәуітов пен Максұт Шафиғов «Егемен Қазақстан» газетінің 1991 жылғы 3 тамызындағы санында жариялаған.

Өлең шежіренің мазмұнына қарағанда Майқы би сол кездегі еларалық қатынасты, атап айтқанда қазақтар мен қалмақ елі арасындағы қатынасты құқықтық ереже жолымен реттеудің жөн-жобасын салған сыңайлы. Іргелес отырған екі елдің арасында кісі өлімі, мал барымтасы, жерге талас, қыз-келіншектерді олжалау, төбелес, жанжал тәрізді жайттар жиі болып тұрған. Бұндай келеңсіз жайттардың салдары соғысқа апарып соқтырмас үшін екі жақ мойындаған ереженің жобасы жасалғанға ұқсайды.

Мысалы тонаушылық, шапкыншылық жасаған жақ өлген адамның құнын «қанға-қан» ережесінің күшін жойып, жүз бесті төлеумен бітісу; Жарияланған соғыс жағдайында өлген екі жақтың адамдары түгелдей құнсыз болатыны; торе, бек, байбатшалардың құны қараға (жай адамға) қарағанда екі есе төленетіні; төбелес-ұрыста зақымданған мүшенің орнын мал төлеп бітісу; біреудің біреу қызын зорлықпен алып кетсе, орнына қыз беру; жер иеленуді мұрагерлік дәстүрі бойынша анықтау; жер құнының қысы-жазы қанша мал асыралатынымен, суаты, бұлағы, шүйінімен есептелетіні; жер, қоныс шекарасын белгілеуде асу, кезең, өзен, ұлы тау, ұлы дария негізге алынатыны айтылады. Ұрлық қылған адамның қолы кесілмей, өтірік куәлік бергеннің тілі кесілмей, көрдім деп өтірік куәлік бергеннің көзі тесілмей, малмен төленетіні; барымта негізсіз, себепсіз болса, ұрлыққа жатқызылып жазаланатыны айтылады.

Сондай-ақ, шежіреде бәйге атының үздігі – жүз қой; сабаз атан мен нардың құны бірдей – 25 қой; тоқ кара (бұзаулы сиыр) мен атан өгіздің құны – 10 қой, бесті аттың құны – сегіз қой деп, өлшем ретінде қой малы алынған.

Ел аузындағы осы шежіреде бұл ереже **М а й қ ы б и н н ж е т і б і т і м і** деп аталғаны айтылады:

*Дейді екен жоғарғыны жеті бітім,
Қолданды қазірге шек халық бүтін.
Әр дәуір таразысын өзі құрған,
Кейі жөн, кейі қате дерсің бүгін.*

*Басында жазған екен қалмақ үшін,
Қалмақтан тиісті үлес алмақ үшін.
Жасасты кәдірменен Майқы бітім.*

Кейінгі ел атқарды қалған ісін, - дейді шежіреде.

Бұнда да, байқауымызша, ауызша тарихнама (ауызша шежіре) мен байырғы жазба деректер астаып жатады. Жошы ұлысының оң жақ қанатындағы әртүрлі полиэтникалық қауымдастық (халықтар) арасындағы қатынастарды құқықтық, мәмлегерлік жолмен шешуге күш салған, «*ақ киім киіп, ақбоз ат мінген*» Майқы бидің елесін аңғаруға болады.

Әдет-ғұрпы, салт санасы, ата кәсібі бір, біртұтас халық тілінде сойлейтін, Алтайдан Атырауға дейінгі Ұланғайыр территорияны алып жатқан, бірақ бас-басына билер билеген ру-тайпаларды, көрнекті этнолог ғалым Н.Әлімбаев атап көрсеткендей, геналогиялық және географиялық факторға сәйкес Алаш деген атпен үш жүзге біріктіріп (бөліп емес), саяси бір орталыққа бағынған хандық мемлекеттің құрылымдық жүйесін өмір тәжірибесіне енгізген қайраткер тұлға ретінде Майқы би ел ішіндегі шежіре-аңыздарда ерекше дәріптелді (**қ. Жүз**).

Әдеб.: *Хальфин*. Жизнь Дженгаз-хана и Аксак Тимура. Казань, 1822; *Валиханов Ч.Ч.* Собрание сочинений в пяти томах. Т. 1, Алма-Ата: Казахская-советская энциклопедия, 1984; *Рашид-ад-Дин*. Сборник летописей. Т. 1, кн. 2. М.-Л., 1952; «Алтын топчи». 12, 14. М., 1973; *Лубсан Данзан*. Алтын топчи («Золотое сказание»). Перевод с монгольского, введение, комментарий и приложения Н.П. Шастиной. М.: Главная редакция восточной литературы издательства «Наука», 1973; *Кычанов Е.И.* Жизнь Темучжина думавшего покорить мир. М.: Главная редакция восточной литературы издательства «Наука», 1973; КСЭ. 10-т. Алматы, 1977; *Абай (Ибраһим) Құнанбаев*. Шығармаларының екі томдық жинағы.

II том. Алматы: Ғылым, 1977; *Дәуітов С., Шафигов М.* Майқы би // ЕК, 1991 ж. 3 тамыз; *Құдайбердіұлы Ш.* Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі. Алматы: Ғылым, 1992; Мәшһүр Жүсір Көпейұлы. Шығармалары. 10-т. Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2007; *Мағауин М.* Шынғысхан және оның замандасы. Деректі тарихи хикая. Алматы: Дәуір, 2011; ҚР МОМ материалдарынан; ОМЭЭ материалдарынан.

МАЙҚЫ ТАҢБАСЫ / ТАҢБАЛЫ НҰРА – Дәстүрлі қазақы ортадағы шежірелік жосын бойынша, Майқы бидің Бетпақ шөліндегі Нұра өзені бойында Үш жүздің құрамына кірген қырық рудың таңбасын жартасқа қашатып салдырған жердің атауы. Аталмыш топоним *Таңбалы Нұра*, *Нұра Таңбасы* деп те аталған. Майқы би Алашты хан көтеріп, қырық рудың бәріне ортақ *Алаш* деген ат беріп, «*Алаш!*» ұран атын қойған және қырық рудың әрқайсына таңба үлестірген. Ауызша тарихнаманың терең білгірі Мәшһүр Жүсіп бабаның хатқа түсірген шежіре аңызында былай дейді:

Бетпақ шөлінде «Таңбалы Нұра» – деген жер бар. Сонда тасқа басылған таңбалар бар. Үш жүздің баласы – қазақтың таңбаларында талас болса, сол тастан барып қарасады: «Алаша ханның тұсында басылған таңба» – дейді. «Мұнан бұрын «Сағымнан пайда болған» Шыңғыс хан да «Тоқсан екі баулы Қыпшаққа» таңба үлестірген, ұран қойып берген екен!» – деседі.

Әдеб.: Мәшһүр Жүсір Көпейұлы. Шығармалары. 10-т. Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2007; КСЭ. 7-т. Алматы: Қазақ Совет Энциклопедиясының бас редакциясы, 1975; ҚР МОМ материалдарынан; ОМЭЭ материалдарынан.

МАЙЛАУ – құт-береке, молшылық болсын деген ырыммен атқырылатын ғұрып. Май жұққан жерінен кетпейтіндігімен ерекшеленетіндіктен, ырыс та жұғымды болсын деген сенімнен туған. Халықтық ортада ырымдап алғашқы туған немеренің артын, айғырдың жалын, өгіздің мүйізін, жерошақты, көгенді, желіні, қазықты т.б. әдейі майлайды (**қ. Май құяр / Май жағу**).

Бала көтенін майлау. Баланың артынан іні-қарындасы көп болсын деп ырымдағандықтан бірінші туған немеренің немесе баланың көтенін майлау үрдісі бар. Оны көп бала босанған аналар, салиқалы әйелдер жасаған. Мұндайда әдетте құйрық май немесе сары май жағатын. Сонымен қатар тағы бір түрі алтымен артынан көп бала ерген баланың көтенін майлап алып сол қолымен екіншісінің көтенін майлайды (**қ. Майком / Майкөтен**).

Босаға майлау, табалдырық майлау. Келін алғаш табалдырықтан аттағанда атқарылатын ғұрып. Келін оң аяғымен босағадан аттап өткеннен кейін туыс әйелдердің бірі табалдырықты, босағаны майлайды. Бұл келін майдай жұғымды болсын, отбасымызға майдай сіңсін деген ырымды аңғартады. Босаға майлау құрметіне сол әулеттің сыйлы, абыройлы келіндері ие болады. Бұл ырымды орындаған адамға арнайы кәде беріледі.

Желі майлау, көген майлау, қазық майлау. Көктемде мал төдеп болған кейін, көген тартыларда атқарылатын ғұрып. Көген тартқан үй йесі көген басына арнайы дастархан жайып, туыс-туғандарын, көрші-қолыңын шақырады. Әулеттің әжелері «мал-басың аман болсын, төлің көп болсын!» деп ақ тілектерін білдіріп, көгенге



май жағып, ақ құйған. Ауыл ақсақалдары «*көгенің ұзын болсын!*» деп бата берген. Халықтық сенім бойынша көген майлауза үлкен мән берілген. Егер көген майланбай тартылса, оған көгенделген төл оралып, буынып өледі деген сеніп қалыптасқан. Көген басында дастарқан жайылып, эн-жыр айтуына орай көген майлауды көген той деп те атайды (**к. Көген той / Көген майлау**). Сонымен қатар, көктемде сиыр, қой, ешкіні арнайы сауынға қойған кезде қазық, жүгендерді маймен майлап, сүт, айран құяды. Бұл да ақ мол болсын, мал-жан аман болсын, өсім көп болсын деген сенімнен туған (**к. Қазық (желінің қазығын) майлау**). Бұл рәсім жылқы малы үшін, «*желі майлар*» «*бие бау*» деп те аталады. Алғаш бие байлаған күні ақ мол болсын деген ырыммен желіге ақ құйып, май жағады. Бие байланғаннан кейін бие бау басындағы барлық адамдар «желі майлау» деп өзара дәм алысып, жақсы тілектерін айтып, ауыл ақсақалдары батасын береді. «*Байлар көбейсін*», «*желі тартар көбейсін*» деп көрші-қолан да шашуын шашады. Ақ мол болсын деген ырыммен желіге май жағумен бірге биенің, айғырдың сауырына, жалына да май жағады (**к. Айғырдың жалын майлау; Бие байлау; Желі майлау / Желіқағар**).

Жерошақ майлау. Үлкен ас берілерде, той жасаларда «*От Ана, Май Ана жарылқасын! Берілер ас қабыл болсын! Той тойға ұлассын!*» деген сеніммен, ошаққа май құйып, жерошақтың бұтына май жағады. Жерошақ майлау ғұрпы «*жерошақ қоңырсыту*» «*ошақ майлар*», «*ошақ асы*», «*ошақ бәйге*» деп те аталады (**к. Жерошақ майлау**).

Соканы майлау, өгіздің мүйізін майлау – жерді алғаш жыртқан кезде, егін түсімінің мол болуын ырымдап соқа мен өгіздің мүйізін майлаған. Себебі халықтық ортада өгізді егіншіліктің құты ретінде бағалаған (**к. Егіншілік; Жер жырту / жер өңдеу; Өгіздің мүйізін майлау; Соқаны майлау**).

Сонымен қатар, жұмсартып, сапасын арттырып отыру мақсатында қайыстан жасалған заттарды майлайды. Дәстүрлі тұрмыста теріден жасалған қайыс арқан, тұсамыс, нокта, жүген, үзенгі баулары, шідер сияқты заттарды, тіпті етігін майлап отырса, құрғап кеуіп кетпей, жарықшактанбай ұзақ уақыт пайдалануға жарайтын болады. Әдетте, ет жеп болған соң майды осындай бұйымдарға жағатын. Бірақ, қамшы майлауға тыйым салынады. Өйткені, қамшы майлау – дау-жанжал, ұрыс-керіске бастайды деп есептеген.

Әдеб.: Катран Д. Қазақтың дәстүрлі ас-тағам мәдениеті. Ғылыми редакторы және алғы сөздің авторы Нұрсан Әлімбаев. Алматы: ҚМӨҒЗИ, 2002; Оспанұлы Е. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. Алматы, 2009; Кенжеахметұлы С. Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. Алматы: Атамұра, 2010; Ағаш бесіктен жер бесікке дейін. 5-кітап. (Бата-тілектер. Той-мерекелер. Ажал-өлім туралы) Алматы: Өнер, 2011; Сегізбайұлы К. Қазақы дастархан. Алматы: Ата мұра, 2011; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МАЙЛЫҚ¹ / МАЙЛЫҚ ОРАМАЛ – ет жеп болғаннан кейін қол сүртуге арналған сүлгі. Жергілікті тілде *шашық* деп те атайды (**к. Шашық**). Халықтық ортада М.-тың шағын және екі-үш құлашка жақын түрлері де болған. М.-қа күнделікті май сүртуге арналған зат ретінде ғана қарамай,

оны кестемен көмкерген. М. тұтыну бұйымы болумен қатар, үлкен ғұрыптық мәнге ие зат. Әдеп бойынша М.-пен қол сүрткенде қонақтар екі шетіне ғана сүртуі керек болған. Ал М.-тың ортасы үй иесінің құты есептелетіндіктен, қонақтардың біреуі қол сүртіп қоятын болса, «*отырғандар араз болады*» деп ырымдаған. Халық танымында май молшылық пен құт-берекенің нышаны саналғандықтан М.-қа майдың сіңіп тұруы дұрыс деп есептелген. Сондықтан дәстүрлі ортада М.-ты жиі жумаған (**к. Май**).



Майлық орамал. КП 27494

ҚР МОМ қорында (КП 27494) ақ мақта матадан тігілген М.о. сақтаулы. Орамалдың ұзына бойының екі жағына түрлі-түсті жіптермен айқас кесте кестелеген. Екі шетіне шілтер тігілген. (Ұзындығы-210 см, ені-41 см.).

Ал майы әбден сіңіп қара қайыс болған М. *шоқпыт* деп аталады. Ет тураған адам пышағы мен қолының майын, яғни, ашты кірін жеңілдету үшін алдымен шоқпытқа сүртеді (**к. Шоқпыт**).

Тамақ ішпестен бұрын немесе ас ішіліп болғаннан кейін жуылған қолды сүртетін орамалды сулық деп атайды (**к. Сулық**). Халық арасында майлық пен сулықты ауыстырып қолданбаған. Бұл жайында өткен ғасырда Қобда бетінде болып қайтқан Г.Е.Грум-Гржимайло «...*Абақ-кереілер астан бұрын және кейін қолын жуып «сулықпен» сүртсе, еттен кейін де «майлықпен» сүртуі заңдылық*» деп жазады. Ақ пен қараны, жамандық пен жақсылықты айыра білу керек деген қағида осыған байланысты айтылса керек.

Әдеб.: Шаханова Н.Ж. Традиционная пища казахов как историко-этнографический источник. Дис. ...канд. ист. Наук. Л., 1987. Катранұлы Д. Қазақтардың қазіргі кезеңдегі дәстүрлі-ғұрыптық тамақтану жүйесі // Қазақтың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері: өткендегісі және бүгінгі. Құраст.: С.Әжіғали. Алматы: Ғылым, 2001. 245-258 бб; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МАЙЛЫҚ² – балық аулайтын орын. Балық көп шоғырланған теңіз, өзен, көл жағасына үлкен ау салып, мол балық аулайтын болған. Балық жиналғанда балықшылар аудың екі жанындағы арқаннан тартып, ауды судың дәл ортасынан шығарған. Балық көп шығатын болғандықтан бұндай жерді М. деп атап кеткен. Осыған байланысты халық арасында *майлықтағы балық, ауланатын балық* деген мақал қалыптасқан. Каспий балықшылары арасында М.-ты *тартым* деп атайды (**к. Тартым**).

Әдеб.: Досқараев Ж. Арал, Каспий балықшыларының тіліндегі профессионалдык лексиканың материалдары // Қазақ тілі тарихы мен

диалектологиясының мәселелері. Алматы: ҚазССР ҒА баспасы, 1958. 83-162 бб. КЭТС. 10-том. Алматы: Арыс, 2011; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МАЙӨКШЕ ЖАРЫЛУ – қорада ұсталатын мініс жылқысында кездесетін табаны «күстенуден», яғни ластанудан болатын ауру. Лас қорада ұзақ тұрған аттын тұрасының табанына топырақ пен көң жабысып, бітеп тастаудан болады. Сөйтіп ауа кірмеген табан өкше жағынан борси бастайды. Оның белгісі тұяғы көстиіп кетеді. М. ж., әсіресе, тағаланбаған аттарда жиі ұшырасады. Оның дауасы оңай: аттын тұяғын арнайы қырғышпен жентектелген құм, топырақ, көң, қиыршық аралас кесектерден аршып алады. Сонынан суыр немесе борсық майын жағып, таза орынға қоралайды (**қ. Ат тұяғын тазалағыш**). Жара ізі байқалса, емдік заттарды жағып дауалайды.

Әдеб.: Қинаятұлы Б. Жүйрік жылқыда жиі кездесетін ауру-жарақаттарды емдеу // Жаршы. 1997, №12. 41-47 бб; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МАЙСА / КӨК МАЙСА – қалың жайқала өсіп келе жатқан көкті білдіретін атау. Көктемгі қар кетіп және жаңбырлы маусым басталғаннан кейін жерден қауырт көтерілген көк шөпті – М. және *көк майса* деп атаған. Қою өсіп келе жатқан балауса шөпті буыны қатайып, жетілгенге немесе сарғайып қурай бастағанға дейін осылай атау қалыптасқан. М.-лы жерді ел арасында *көгал* деп те атайды. Су көбірек сақталатын еңіс, ойпатты жерлерде, жерасты сулары жақын саздауыт жерлерде М. жыл бойы сақталынады. М. шөп балалардың ойнап, үлкендердің түрлі жұмыстарды атқарып, демалғандарына өте қолайлы болып келеді. Мұндай М. адам киімінің шан-топырақ болуынан жасқанбай төсенішсіз-ақ отыруына, жатуына мүмкіндік беретін жұмсақ, таза болып келеді. Сондықтан, дастарқан жайып, ойын-сауық құрып, сайыс түрлерін өткізгенге көк М.-лы жерлер таңдалатын болған.



Майса. Солтүстік Қазақстан облысы. ОМЭЭ – материалдарынан

Қазақ жер отының ерекшеліктеріне қарай өрістер мен қоныстарға ат қойып отырған. Мәселен, ел арасында көк майса қоныстарды – *көкбастау* деп атау жиі кездеседі (**қ. Жер**). Қазақта көк майсаны – *көк отқа* жатқызған. Негізінен өлеңшөптің әлі толық жетілмеген, жаңадан өсіп келе жатқан көгін М. деп жиі айтады. Қар астынан қылтып шыққан *қара отқа* жайса мал тез етейетіні белгілі. Бірақ,

бұл уақытта кейбір шөптерден малдың улануынан сақтану үшін майсалы келген *көк отқа* алмастырып жайған (**қ. Жайылым; От² / Мал оты**).

Әдеб.: КЭТС. 11-том. Алматы: Арыс, 2009; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МАЙСАРА-МАЙМЕНЕ – сол қол және оң қол (сол жақ және оң жақ). Бұл атаулармен түркі халықтарында әскери шептің негізгі бөліктері – сол қолы және оң қолы аталған. Түркі халықтарында дәстүрлі әскери лексикада түркілік атаулармен бірге олардың монғолша және арабша баламалары бірдей қолданылып келді. Монғолша әскери атаулар түркі халықтарында монғол шапқыншылығынан кейін қолданыла бастаса, арабша атаулар Монғол империясының түркі тілдес халықтарды біріктірген бөліктері – Жошы ұлысы, Алтын Орда мемлекеттерінің ислам дінін мемлекеттік дін ретінде қабылдаумен енген болу керек. Мұсылман әскерінде әскери шеп «қалб» (орта), «майсара» (сол қол), «маймана» (оң қол) деп аталған үш негізгі бөліктен тұрды. Әскери шептің бұл тәртібін арабтар VII ғасырдан қолдана бастаған. Ислам дінін тарату үшін жүргізілген соғыстары кезінде арабтардың әскери өнері өздерінің басты қарсыластары болған византиялықтардың, ирандықтардың, түркілердің әскери өнерінің жетістіктерін де қабылдап отырды. Араб әскерінің ұрыс шебінің қалыптасуына да аталған халықтардың әскери шеп құру әдістерінің ықпалы болды. Көшпелі түркі-монғол халықтарында әскердің ортаңғы қол, сол қол және оң қол болып бөлінуі біздің заманымыздың I – мыңжылдығының басынан қолданылып келеді. Әскердің және соғыс кезінде құрылатын ұрыс шебінің бұл түрікше атаулары монғолша «гол» (орта), «барунғар» (сол қол), «жоунғар» (оң қол) деп аталды, кейін орта ғасырда бұл бөліктердің арабша «қалб», «майсара», «маймана» атаулары қолданысқа енеді. Рашид ад-дин, Захир ад-дин Бабур, Қадырғали Жалаири сияқты ортағасырлық авторлардың еңбектерінде көшпелілер әскерінің және ұрыс шебінің осы үш негізгі бөлігінің бұл түрікше, монғолша және арабша атаулары бірдей кездеседі. Соғыс кезінде қажет болғанда бұл үш бөлік қарауыл, авангард және арьергард бөліктерімен толықтырылды.

Әдетте арабтар әскери шептің бөліктеріне аллегориялық, символдық атаулар берген. Араб тілінде «қалб» сөзі *жүрек* дегенді білдірді, яғни «қалб аль-джайш» әскердің жүреті деген сөз. «Маймуна» сөзінің негізгі мағынасы *бақытты, сәтті, құтты* дегенді білдірді. Бұл сөз осы қазақ тіліне мағынада да енген. «Майманасы асып-тасыр» деген фразеологиялық сөз тіркесі адамның «аса бақытты болуын» мағыналайды. Ал «майсара» сөзі *береке, молшылық* дегенді білдіреді. «Майса» *құнарлы жер, молшылыққа кенелу* дегенді мағыналайды. Осы сөзбен түбірлес «майсун» сөзі әдемі, сымбатты дегенді білдіреді. Бұл сөздер тілімізге осы мағыналарында да еңіс, қазақ тілінде бұл сөз шөбі шалғын жерді мағыналайтын *майсалы жер, көк майса* деген сөз тіркестерінде қолданылған. Мұсылман халықтарында, оның ішінде қазақтарда да, **майсара**, **маймуна** сөздері бақытты, құтты, әдемі адам мағыналарында әйелдердің есімі ретінде қолданылады.



Көшпелі түркі-монғол халықтарында әскери ұйым ғана емес, мемлекеттің халқын құраған тайпалар мен рулар да сол қол (сол қанат), оң қол (оң қанат) болып бөлінген. Жазба деректер бойынша монғолдардың сол қол және оң қол болып бөлінуі Шыңғыс хан заманынан бері болған. Алтын Орда хандарының жарлықтары халықтың бұлай бөліну тәртібі Алтын Орда мемлекетінде де сақталғанын куәләйді. Бұлай екі бөлікке бөліну түркі-монғол халықтарында XVIII-XIX ғ.-ларға дейін сақталып келді. Қырғыз халқын құраған рулар XIX ғасырдың аяғына дейін сол қол және оң қол болып бөлінді. Көшпелі түркі-монғол халықтарының мемлекетінде халықтың осындай екі үлкен бөлікке бөлінуі олардың әскери ұйымының құрылымына да негіз болды. Халықтың сол және оң қанатын құраған ру-тайпалардың жасақтары әскердің де сол және оң қолын құрады және соғыс кезінде ұрыс шебін құрғанда хан басқарған орталық жасақтың сол және оң қанатында орналасты. Кейде ішкі тартыстың салдарынан мемлекеттің ыдырауы барысында халықтың сол және оң қолын (қанатын) құраған ру-тайпалар өздері жеке мемлекет те құрып отырған. Мысалы, монғол халқының сол қанаты болған тайпалар XVII ғасырдың басында ойрат одағына бірігіп, ойрат мемлекетін құрды, сол қанат монғолша «жоуынгар» (зүүнгар) деп аталғандықтан бұл мемлекет тарихта «Жоңғар мемлекеті» деген атпен белгілі. Қазақтар да бұл мемлекетті құрушы монғол тайпаларын «жоңғарлар» деп атады. Жоңғарлардың шапқыншылығы қазақтарға кезінде көп зардап шеккізіп, сол соғыстағы қазақ батырларының ерлігі ауыз әдебиетінде көрініс тауып, халық жадында сақталған.


Түркі-монғол халықтарында мемлекеттің сол және оң қолдары (қанаты) болған ру-тайпалар басшылары хан сарайында да хан тағының сол және оң жағында орналасып, осы тәртіпке сәйкес тақтың екі жағы да *майсара* және *маймана* деп аталды. Мысалы, XVI ғасырдың аяғы – XVII ғасырдың басында түркі тілінде жазылған «*Жылнамалар жинағы*» атты тарихи еңбегінде Қадырғали Жалаири орыс патшалығының құрамында болған Қасым хандығындағы сол және оң қолды құраған рулардың өкілдерінің хан тағынның айналасында орналасуын көрсететін сызбасын беріп, тақтың сол және оң жағын **майсара** (сол қол), **маймене** (оң қол) деп аталатынын көрсетеді.

В.В.Бартольд «XVII ғасырдағы өзбек хандарының сарай рәсімі» атты еңбегінде ортағасырлық философ және тарихшы Махмуд ибн-Велидің парсы тілінде жазылған «Бахр ал-асрар фи маникиб ал ахиар («Асылтектілер абройларының телегей сырлары») шығармасынан XVII ғасырдың басында өзбек хандарының сарайындағы салтанатты мәжілістің тәртібі туралы үзіндісінің аудармасын береді. Бұл үзіндіде Махмуд ибн-Вели өзбек әміршісі Надир-Мухаммед ханның сарайында көшпелі өзбектердің ясасы мен жосыны бойынша жоғары лауазымды адамдар мен сарай қызметшілерінің және ру-тайпа өкілдерінің тақтың айналасында орналасу ретін түсіндірін, тақтың екі жағы «сол қол» және «оң қол» деп аталатынын айтып, бұл түрікше атаулардың монғолша баламалары – «*барунгар*» және «*джюнгар*» атауларын да келтіреді.


Бұл айтылғандар көшпелі түркі-монғол халықтарында халықтың екі үлкен бөлікке бөлініп «сол қол» және «оң қол» деп аталуы ертеден келе жатқан жора-жосын екенін, символдық тұрғыда мемлекеттің, халықтың тірегі саналған ханмен, хан ордасымен (орта) байланыстыра қарастырылатынын куәләйді.

Әдеб.: Будагов Л.З. Сравнительный словарь турецко-татарских наречий в двух томах. Т.1. СПб: Типография императорской Академии наук, 1869; *Рашид ад-дин*. Сборник летописей. М.-Л.: Издательство АН СССР, 1952. Т.1. Кн 2; *Валиханов Ч.Ч.* Извлечения из Джамии ат-таварих // Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в 5-ти томах. Редкол: А.Х.Маргулан и др. Т.1. Алма-Ата: Издательство АН КазССР, 1961. С.142-168; *Бартольд В.В.* Церемониал при дворе узбекских ханов в XVII веке // Бартольд В.В. Сочинения. Т. II, Часть 2. Работы по отдельным проблемам истории Средней Азии. М.: Наука. Главная редакция восточной литературы, 1964. С. 388-400; *Бабур*. Бабур-наме (Записки Бабур). Кн.2. Ташкент: Изд. ЦК КП Узбекистана, 1982; *Сыздыкова Р.Г.* Язык «Жами ат-тауарих» Жалаири. Алма-Ата: Наука, 1989; *Жалайыр Қадырғали*. Шежірелер жинағы. Алматы: Қазақстан, 1997; *Разин Е.А.* История военного искусства VI – XVI вв. С.Пб.: ООО «Издательство Полигон», 1999; *Ахметжан Қ.С.* Көшпелі халықтардың шайқас алдында ұрыс шебін құру әдістері // Рух-Мирас. Казахстанский ежеквартальный культурологический альманах. 2004. № 3. С. 26-39; Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / Жалпы редакциясын басқарған Т. Жанұзақов. Алматы: Дайк-Пресс, 2008; КР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МАЙСӨК – тары мен талқаннан жасалатын тағам түрі. Тарыны жылы сүтке немесе суға бөрттіріп алады да, сүзін алып мата үстіне жаймалап дегдітеді. Қаймақ қосып жасалатын қарапайым түрінен басқа, тарыға сары май немесе күйрық май қосып дайындалатын М.-тер кездеседі. М.-тің аталмыш түрлеріне, әдетте, қант немесе бал қосады.



1



2

1) Көшпелі түркі-монғол халықтарында әскердің соғыс кезінде құрылатын ұрыс шебінің негізгі үш бөлігінің түрікше, монғолша және арабша атаулары. 2) Орыс империясының қрамында болған Қасым хандығындағы түркі тілдес тайпалар өкілдерінің хан тағының сол және оң жағында орналасу тәртібі (Қадырғали Жалаиридің еңбегі бойынша)

Оның талқан қосып араластырып жасайтын түрі де көп тараған. М.-тің аталмыш түрлеріне кейбір өңірде мейіз де қосады. Сондай-ақ, М.-ті дайындаудың төмендегідей ерекше түрі де болды: қойдың құйрық майын турап шыжғырып алып, оған шыжығын бөлмей ақтаған тарыны немесе тарының сөгін салып қуырады.



Майсөк. ОМЭЭ – материалдарынан

М.-ті сол күйінде немесе шайға салып жеуге де болады. М.-тің осы түрін жылқының майына да, сары майға да немесе тортасын айырған майға да, кейде тіпті тоң майға да қуырып әзірлейді. Үлкенге де балаға да жұғымды, әрі нәрлі жеңік ас түріне саналады. Әсіресе, жол жүргенде таптырмайтын азық. Әзірленуі жентке ұқсас болып келгенімен, одан айырмашылығы – құрамына қызыл ірімшік қосылмайды (**қ. Жент; Талқан**).

Бұл тағамның дастарқанға әкелер алдында ғана дайындалатын да түрі бар: сокке сары май салынып, әбден араластырылады. Бірақ, сөк майды бойына бірден сіңіре алмағандықтан, сөк майға шыланып қана тұрады. Мұндай М.-тің жеген кезде тіске бататындығы сондықтан («қытырлап тұрады»). Осыған байланысты ол *құрғақ майсөк* деп аталады. Сондай-ақ, М.-тің *қазы майсөк* деген де түрі бар. Оны әзірлеу үшін ыдыстағы сөк үстіне пісіп жатқан қазының бетінен қалқып алынған майлы сорпа құйылады. Жақсылап араластырған соң ыдыстың қақпағын жауып, біраз бұқтырып қояды. Дайындалған М. тостағанға немесе кесеге салынып тартылады.

М.-тің ғұрыптық мәні де бар. Мысал ретінде Жанакорған және Түркістан өңірлерінде кездесетін баланы бесікке саларда көрші-қолан, ағайын-туыс, қыз-келіншектер мен әйелдер нәресте дүниеге келген үйге жиналып, М. тарататын ерекше ғұрыпты айтуға болады. Бұл жосын, сірә, М.-тің өсіп-өну, өркендеу идеясының символы болып табылатын дәннен және майдан жасалуына байланысты атқарылатын болуы керек. Расында да, қазақта М. ұлттық тағам түрі болумен бірге, халықтық-танымдық түсінікте «дән» ұғымымен байланыстырылып, өсіп-өнудің белгісі ретінде нышандалған. М. тарату жосыны осы мәндес мағынада қарақалпақтарда беташардан іле-шала үйлену тойында да, шілдеханада да және қайтыс болған адамды еске түсіру үрдісінде де шек деп аталатын ас таратқанда орындалады.

Әдеб.: Этнография каракалпаков XIX – нач. XX века (Материалы и исследования). Ташкент: Изд. Фан, 1980; *Ибадуллаева З.Ө.* Қазақ халқының құрамындағы кожалар (тарихи-этнографиялық зерттеу) тарих

ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Алматы, 2001; *Кенжеахметұлы С.* Қазақтың дарқан дастарқаны. Алматы: Алматыкітап, 2009; *Сегізбайұлы К.* Қазақтың дастарқаны. Алматы, Атамұра. 2011; *Капанова Д.Е.* Ұн тағамдық атауларының анықтағыш сөздігі. Павлодар: Кереку, 2012; ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МАЙТАБАН¹ – қасқырдың семірген кезіндегі атауы. Дәстүрлі ортада қазан мен қараша, яғни, күздің соңғы айлары жан-жануарлардың, жабайы аңдардың семіріп, қонданатын мезгілі саналады.



Майтабан қасқыр. ОМЭЭ – материалдарынан

Әйтсе де, М. деген атау тек қасқырға ғана қаратыла айтылады. Өйткені, аталмыш кезеңде қасқырдың табанына дейін май басады. Қасқырдың денесі ауырлап, табанына май жиналып, сіресіп қалатындықтан қатты жүгіре алмай қалады. Осыны пайдаланып, яғни, оның *майтабан кезінде* арнайы жаратылған жүйрік атқа мінген аңшылар қасқырды қуып жетіп, айбалта немесе сойылмен ұрып алады (**қ. Қасқыр; Қасқыр аулау**).

Әдеб.: *Бабалықұлы Ж., Тұрдыбаев А.* Саят. Алматы: Қайнар, 1989; *Бабажанов С.* Этнографиялық мақалалары. Алматы: Қазақстан, 1993; *Кәмалашұлы Б.* Моңғолиядағы қазақтардың салт-дәстүрлері. Өлгий, 1995; ҚӨТС. 11-том. Алматы: Арыс, 2009; ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МАЙТАБАН² – адам аяғында болатын кемістік. М. адамның табанындағы сүйек пен бұлшық еттің дұрыс жетілмеуінен болады. М. болған адам жүргенде табанның серпіліс қасиеті төмендеп, омыртқаға кері әсер етіп, уақыт өте келе, майып болып қалады. Әдетте М. түрлі дәрумендердің жетіспегендігінен, жас кезінде мешел болған балардың сүйек қаңқасының нашар дамуының салдарынан болады. Дей тұрғанымен дәстүрлі тұрмыста сирек болды деген мәліметтер бар, себебі, атқа мініп, аяқты үзеңгіге салғанда табанның басын тіреп отыратындықтан, табанның бұлшық еті үнемі қозғалыста болады да аталмыш ауруға көп шалдықпайды.

Қазақы ортада баланың М. екендігін байқаса, оны кезінде емдем тастауға тырысқан. Айталық, жазда жауыннан кейін жалаң аяқ жүргізеді, батпақ кештіреді. Тас бастырып, жұмыр ағашты табанның астына қойып ары-бері сыдыра қозғалтады. ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МАЙТАБАН³ / МАЙТАБАН АУРУЫ – түйе түлігінің табанының артынан алдына қарай сопақтала алып жатқан өте жақсы жетілген қыртысты бөлігінің атауы (латынша – *adiposus pulvinar*, орысша- пальцевой жировой мякиш). Оны *майшершеу* деп те атайды. Өйткені, аталған бөлік шеміршекке ұқсас серпімді болып келеді. Оның жаракатану салдырынан бүлінуін М. ауру немесе М. болу деп атайды.



Майтабан ауру немесе майтабан болу деп аталатын ауру түйенің М. түрлі жарылу, дүмпу немесе жарақат салдарынан жараға айналуудан пайда болады. Ол дер кезінде емдемесе, борсып немесе ірінден бітеу жара болып кетеді. Жарылып кетсе, ашық жараға айналады. Сөйтін, табанның көбесі тұсынан ірінді түйіндерге толады, буынға да шабады.

Ертеде түйе түлігімен кіре тарту, жүк тасымалдау барысында тастак және тікенекті жолда ұзақ жүрудан М. ауруы жиі өршіген. Әсіресе, ондай ауру түйенің табандауы, табан ұлтаны кету сияқты жағдайда өршиді (**қ. Табандау; Түйе**). Ондай мал жүрістен қалады, яғни иесіне экономкалық жағынан үлкен шығын әкеледі.

Оған қарсы жасалатын алуан түрлі дәстүрлі емдеу тәсілдері бар. Мысалы, М.-ға тікен немесе тас кірген жағдайда оған кара сабын тығып қойса, оның құрамындағы сілті жараны асқындырмайды (**қ. Сақар**). М. жараларын емдеудің екінші жолы бітелген ұсақ қан тамырларын аршу, яғни қанату. Оны емсектер «*майтабан көзін ашу*» деп атайды. Ол үшін тауешкі мүйізінен жасалған *сүмсуірді* жиі қолданады (**қ. Сүмсуір**).

Көшпелілер тәжірибесінде түйенің М. болудан сақтаудың бір ғана жолы – «*көзтағамен*» жүру, яғни құмдауыт жерлерді қуып, қолайсыз тұсты айналып өту. Екінші жолы шылғи (жас) терімен түйе табанын қаптау сияқты тәсілдер ертеде дәстүрлі ортада үлкен мәнге ие болған (**қ. Табандау**).

Әлеб: *Қинаятұлы Б. Жүйрік жылқыда жиі кездесетін ауру-жарақаттарды емдеу // Жаршы. 1997, №12. 41-47 бб.; Соныкі. Қинаятұлы Б. Қазақтың халық малдәрігерлігіндегі дәрісіз емдеудің дәстүрлі тәсілі – қандауырлаудың практикалық қыры // «Қазіргі жағдайдағы ветеринарияның ғылыми, практикалық мәселелері» атты ҚР егемендігінің 10 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. КМДҒЗИ ғылыми еңбектер жинағы. 49-том. Алматы, 2001. 394-403 бб; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан*

МАЙШАБАҚ АУ – ұсақ балықтарды ұстауға арналған қалталы аулардың жергілікті атауы. М. а-дың тор көздері уақ, кішкентай балық түрлері өтін кетпейтіндей етіліп тоқылады. Құрылымы жағынан жергілікті өзен көлдердің ерекшеліктеріне байланысты әр түрлі болып келеді. «*Сак*», «*бредень*» деп аталатын түрлері белгілі. Орыс тіліндегі бұл атаулар қазақы ортада да қолданылғанымен, олардың қазақ балықшыларының арасындағы көп тараған атауы – М. а. Бұл ауды, әдетте, саяз жерден екі-үш адам болып балық аулағанда қолданады. М. а.-дың өндірістік маңызы жоқ, отбасылық немесе әуесқойлық балық аулауға жататын түрі.

М. а.-мен өзен, көлдің саяздау жерінен екі жағын екі адам ұстап жағаға қарай сүзін ұстайды, тордың көзі әдетте ұсталатын балықтың түрлеріне қарай, жалпақ балықтардың ұзындығынан 5 есе, жіңішке балықтардың ұзындығынан 10 есеге шейін кіші қылып тоқылады. М. аудың ұзындығы 3 метрден 10 метрге дейін болып келеді, ені 1,0-1,5 м шамасында, екі жағына орнатылған ағаш сырықтарды ұстап, екі адам сүзе аулайды. Кейбір М. а.-дың орта тұсынан қалта жасалады. Жалпы ау құрылымының әр аймаққа тән өзіндік ерекшеліктері болатынын атап кету керек.



Майшабақ ау. ҚР МОМ материалдары бойынша суретті салған Б.Досымов

М. а.-дың тағы бір түрі Қазақстанның таулы өңірлеріндегі ағысы қатты өзендерде қолданылады. Мұндай аулар ұзын сапты қауға тәріздес болып келеді. Кірір аузының кендігі 1,2-2,0 м шамасында *қаттасының* (мотня) ұзындығы кірір енінен біржарым еседей ұзын етіп жасалынады, аудың тор көзін тоқу тәсілі М. а.-дың жоғарыда айтылған түрін тоқу тәсілімен бірдей. Қауға тәрізді М. а.-мен балық аулағанда, ағысы қатты өзеннің тарлау жеріне ауды тоспалап қойып, бір адам сабынан ұстап тұрады да көмекшілері ағыс бойымен балықты айдайды, балық кірді-ау деген кезде ауды көтеріп алады.



Майшабақ аумен балық аулау. Интернет материалдарынан

Айта кететін жайт, М. а. деп Каспий балықшылары ХХ ғ. 50-60 жылдары қилька аулайтын арнайы ауларды да атады. Қармақпен алабұға, шортанды аулағанда, қармаққа отырғызу үшін қажетті ұсақ шабақтарды ұстауға арналған кішкентай тор көз сүзбе ауларды да М. немесе «*майшабақ тор*» деп атайды.

Әлеб.: *Досқараев Ж. Арал, Каспий балықшыларының тіліндегі профессионалды лексикасының материалдары//Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері, Алматы, Қаз ССР ҒА баспасы, 1958.83-162б; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.*

МАЙШАМ – шүйкеленген қойдың жүніне немесе мақтадан ширатып жасаған пілтеге малдың майын шылап жасаған шамның атауы. Ертеде дәстүрлі қазақ қоғамында шамды қолжетімділігіне байланысты қойдың іш майы немесе құйрық майынан ерітіліп алынған тоң майды аздап ерітіп алып, бір қарыстай жүнге немесе мақтадан шүйкелеп жасалған пілтеге шылап, арнайы жасалған шырағданға салып жаққан (қ. *Пілте / Білте*). Уақыт өте келе, қазақ қоғамына XX ғ. ене бастаған керосинмен жанатын шамдарды да *майшам* деп атау дәстүрі қалыптасқан (қ. *Шам; Шамдал*).

ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МАЙШОЛПЫ – бауырсақты пісіруге және сүзіп алуға арналған *кепсердің* атауы. Жалпы қолданыс ерекшелігі болмаса М. басқа кепсер түрлерінен айырмашылығы жоқ. Бұл атаудың қалыптасуына, бауырсақ, шеппек пісіргеннен май сіңген ыдысты, көптеген жағдайда басқа мақсатта қолданылмағанымен байланысты болса керек. М. мен бауырсақты сүзіп алғанда қол күймеуі үшін сабы ұзын етіп жасалады. Сондай-ақ, от жалынына жақын тұрғанда сабы қызып кететіндіктен М. сабының қолға ұсталатын тұсы ағаштан не сүйектен сапталады. М.-ның әртүрлі металдан ойылып, сымнан тоқылып жасалған түрлері бар.

М.-ға май сіңіп қалатындықтан оны басқа ас інісіргеиде, күйген майдың дәмі шығады деп, пайдаланбайды (қ. *Май*).

ҚР MOM қорында сақтаулы (КП 21424) М. темір металдан ойылып жасалған. Дөңгелек пішінді болып келген қалағында төртбұрышты тесіктері бар. М.-ның сабы темірден жасалып, үш жерден күміс шытырамен әшекейленген. Басына ағаштан сап салынып, тайып кетпеу үшін оның екі жағынан сақина кигізілген. Сабының басына іліп қоюға арналған шығыршық орнатылған.



Майшолты. ҚР MOM қорынан (КП 21424)

Пайдалану аясына қарай, М.-ның тал мен қайын шыбықтарынан тоқып жасалатын түрлері де болған. Дегенмен халықтық ортада М.-ны мыс, алюминий сынды жұмсақ металл сымдардан тоқып, өріп жасаған.



Тоқылған майшолты. ҚР MOM қорынан (КП 1458)

ҚР MOM қорында (КП 1458) тоқылған М. сақтаулы. М.-ның қалағы домалақ, ойыңқы етіп жасалғандықтан бауырсақ сүзін алуға ыңғайлы. Оның сабы ағаштан жасалып, сыртынан сым оралған. Сабының басына ілуге арналған шығыршық орнатылған (ұзындығы 42 см).

Әдеб.: *Востров В.В.* Материальная культура казахского народа на современном этапе. Алма-Ата: Наука, 1972; *Аргынбаев Х.* Қазақ халқының көленері. Алматы: Өнер, 1987; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МАЙШҰРҚАН – ұннан немесе жармалардан түрлі қоспа (ұсақталып туралған ет, құйрық май, бүйрек, өкпе т.б.) қоса отырып дайындалатын тағам. Осы қоспа пісіп, қоймалжыңданған кезінде тұз, бұрыш қосып, біраз қайнатқан соң оттан түсіріп, суытуға қояды. Ескерте кететін жайт, М. пісіргенде ыдыстың түбі күймес үшін үнемі кепсермен араластырып отыру қажет.

Талғамына қарай дәмін келтіру үшін, қатық, езілген құрт қосып тұтынады. Көбінесе тұз асы ретінде жорықта, жылқы қосында және жол жүргенде азыққа пайдалануға қолайлы. Мұндайда М.-ды ағаш шелекке, кішкене меске т.б. салып алып жүреді. Сонымен бірге, тіске жұмсақ болып келетіндіктен қарияларға да арналып жасалады. Ол мақсатта жасалар болса, жоғарыда аталған М. құрамындағы ет өте ұсақ етіліп туралады.

Әдеб.: *Қалиев С., Оразаев М., Смайылова М.* Қазақ халқының салт-дәстүрі. Алматы: Рауан, 1994; *Қасиманов С.* Қазақтың ұлттық тағамдары. Алматы: Қайнар, 1977; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МАЙЫН БЕРУ – көлікті ақы төлеп уақытша пайдалану, біреудің затын, бұйымын, көлігін пайдаланғаны үшін төленетін ақы. Ол ақы төлеу түрінде немесе заттай, бұйым беру түрінде жасалды. Шаруашылық жүргізу барысында мінер, жегер көлік болмай немесе жетіспей жатқан жағдайда басқаның көмегіне жүгінуге тура келетіні белгілі. Бұл жағдай өз көлігі аз немесе жоқ, қолы қысқа адамдарда немесе кіре тартатын саудагерлерде кездеседі (қ. *Кіре; Кіре тарту / Кірелеу*).

Қазақы ұғым бойынша май құт-берекенің, ырыздықтың белгісі. Осыған сай, басқаның малын, затын, бұйымын пайдаланғаны үшін есесіне м а й деп аталатын ақы беру – бір қырынан наным-сенімге негізделген болса керек. Мәселен, мініс, жегін атын, тойға сән үшін мініп барар жорғаны немесе керуенге қажет түйе, арба немесе шана сияқты т.б. зат-мүлікті уақытша пайдалануға сұрай келеді. Оны қандай мерзімге дейін пайдаланатынын және ол үшін өзінің не бере алатынын айтып ұсыныс етеді. Мұндайда толенетін ақы, яғни берілер «майдың» мөлшерін екі жақ өзара келіседі. Озара келісім, уағда жасасып, мәмілеге келген соң ол затын алып қайтады. Келісімді мерзім біткен кезде келісілген бойынша аман-есен қайтаруы қажет. Пайдаланғаны үшін беретін ақысы – белгіленген көлемдегі қозы, тоқты сияқты мал-мүлкін де осы кезде ала келеді. Сонымен бірге, арқан есіп беруі, шідер түйіп беруі мүмкін, тіпті, бір қозы немесе қой беруі сияқты өз еркіне қарай да кәде жасала береді. Мұндай күш көлігін тұралатып, арықтатпай, ақсатпай, арба, шана болса бүлдірмей күтіп мінетін болған. Өйткені,



кейін қайтару кезінде дауға қалуы ықтимал. Сондай-ақ, мертіктіріп алу, қасқыр жеп кету сияқты жағдайларға тап болса, орнына дәл сондай мал береді немесе құнын төлейді.

Көт майы немесе **ат майы** – жасауыл ақының бір атауы. Айыптаушы, айыпкердің ауылындағы беделді адамға жүгініп, одан нәтиже шығара алмаса, екінші рет сол ауылдағы тағы бір беделді адамға сөз салады. Ол тағы нәтижесіз болса әлгі айыпкердің рубасына шағымданады. Оған жасауылды ертін барады (**қ. Жасауыл; Жасауыл ақы**). Айыптаушының айтқаны рас болса, айыпкер жасауылға **ат майы, көт майы** дегенді төлейді. Әйтпесе, айыптаушының өзі төлейді. Дәстүрлі сот жүйесінде қолданылатын құқықтық мәнді ұғымдардың бірі.

М. тек қана ересектер арасында болатын ауыс-түйістен тыс балалар арасында да жүреді. Ол негізінен ойынға байланысты болып келеді. Мәселен, балалар арасында тараған **сақаның майы** деген өсім түрін атауға болады (**қ. Сақаның майы**). Асық ату ойыны кезінде бір баланың қорғасын құйып баптаған «ұтқыр сақасы» болды делік. Осы сақаны келесі бала келісімді мөлшерде асық беретін болып, бірнеше рет атуға сұрап алады. Яғни, сақаны пайдаланып, майын береді.

Адамның күні адаммен деп келетін қауымдасып өмір сүрудің көшпелілердегі қалыптасқан принципі бойынша мұндай ауыс-түйіске ақы тағайындау пәлендей орын ала бермегенін айтқан ләзім. Әйткені, *бұзауға туган күн өгізге де туады. Яғни, барыспасаң-келіспесең жат боласың, алыспасаң-беріспесең сарт боласың* деген мақалда айтылғандағыдай қолдағы дүние-мүлікті пайдалану ортақ сипатқа ие болған. Осы тұрғыда, пайдалануға берілген дүниеден ақы алына бастау үрдісінің дәстүрлі қоғамдағы принциптер өзгерістерге түскен XIX ғ.-дан бастап орын алғанын атаған жөн. Атап айтқанда, отырықшылықтың белең алуы сияқты өндірістік қатынастардың өрбуіне, сауда-саттықпен айналысатын қазақтардың пайда болуымен байланысты болса керек.

Әдеб.: *Ибрагимов И.И.* Заметки о киргизском суде // Записки ИРГО по отделению этнографии. Т.1. Сборник народов юридических обычаев. СПб.: Тип. В. Киршбаума, 1878. С.233-257; *Төреханұлы Ә.* // АТ. 1997 ж. №33; *Касымбаев Ж.К.* О торговле России с Цинской империей через города Восточного Казахстана в 80-90-е годы XIX в. // Общество и государство в Китае. 12-я конференция, Ч. II. М., 1981. С.158-163; Қазақтың ата заңдары: құжаттар, деректер және зерттеулер. 6-том. Алматы: Жеті Жарғы, 2005; Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. Бес томдық. 3-том. Алматы: Атамұра, 2010; *Әсемқұлов Т.* Қылышмынның майын бер // ЕҚ. 2010. 13-сәуір; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МАЙЫП БОЛУ – мертігудің салдарынан, қозғалыс функцияларының шектелуінен кемтарлыққа ұшыраудың жалпылама атауы. М. б.-ға ұрынған адам әдетте жазылып кететін болғанымен, омыртқасының, қол-аяғының кемтар болуы сияқты жағдайлардан кейбірі *жарымжан, гарт* болып та қалады. Көшпелі ортада М. б. мініс көлігінен жығылуы және мал тебу сияқты сан алуан жағдайлардың салдарынан орын алады. Ондайда сүйектер мен буынның, ет пен сіңірдің, тіпті қан тамыры мен ақ тамырлардың (жүйке талшықтары) зақымдалуы сияқты бірнеше ауыр жарاقات қатарынан орын

алады. Сүйектері бірнеше жерінен сынуы және сынықтардың сипаты алуан түрлі болуы мүмкін (**қ. Сынық**).

Халық емшілігінде Майып болған адамды *оташы, сынықшы, тәуіп* сияқты емшілер емдеген. Емші алдымен сынған сүйектерді *жсиап* немесе «*санап*» орнына келтіріп салады, сонан соң түрлі таяқша, тақтайшалардың көмегімен орап бекітіп, сыртынан алуан түрлі ертінді жағады (**қ. Сорботқа; Ем / Емшілік**). Емдік өсімдіктер мен жануарлардан алынған емдік қасиеті бар заттарды (*тамыр дәрі, рауған, тамыр дәрі, қожашөп, тастың майы, самырсын қабығы және т.б.*) және түрлі минералдардан дайындалған қажетті дәрі-дәрмек береді. Дәрі-дәрмекті емшіліктегі шарттарға сәйкес *қайнатпа, тұнба, ұнтақ, тамшы, балиық, сылама және шарбат* түрлерінде қолданады (**қ. Ем / Емшілік**). Аурудың күтімі мен тамағына ерекше ден қойылып, көшіп қонған кезде ондай адамды арбамен, зузамен немесе арнайы зембілдермен тасымалдайды (**қ. Зузалау**).

Емдік іс-шаралары дұрыс жасалған адам жасына сәйкес күн өткенде беті бері қарайды. Яғни, қырық жастағы адам, қырық күн өткен соң қалыпқа келеді. Тағы сондай күнде әбден оңалып, қатарға қосылады.

М. б.-ды қанша емдегенмен оның зардабы қалады, Әсіресе, сүйектердің теріс бітуінен қисаю, қол-аяқтары дұрыс істемей қалу, көзі шадыр тіпті жүйке жүйесінің қызметі бұзылуына алып келеді. М. б. кесірінен жілік майы бұзылып, ол қанталауға ұшыраса, *қанжілік* деп аталатын емделуі екіталай қауіпті ауруға шалдығады. Сонымен қатар М.б.-ған адам мертіккен мүшесі оралып таңылып тастаудың салдарынан, буындары қатып илікпей қалу қаупі туады. Сондықтан, халық емшілері қатты мертігіп, жаракаттанған адам сүйектері икемге келе бастаған кезден күнделікті сылап-сипау, қыздыру, майлау, буындарын жазып, күшпен қимылдату арқылы жұмыс істеу қабілетін орнына келтіретін болған. Бұл күнделікті шынықтыру шараларын қажет ететін ұзақ процедуралар қатарына жатады. Дей тұрғанымен мұндай шараны қолданбаған жағдайда буынның сіресіп қалуынан (контрактура) адам мүгедек болып қалады.

Көңілжетер ағайындар мен құда-жекжаттары мұндай жағдайға душар болған адамның көңілін сұрап, мертік ас әкеледі (**қ. Науқастың көңілін сұрау**). Мертік ас әкелудің себебі басқа біреудің кесірінен болса ондай жағдайға жеткізген адам өздігінен кешірім сұрап, зардап шеккен адамның емделуіне қажетті шығынды бөлісетін болған. Әсіресе, ауру адамға арнап мал әкелін беруі және дәрі-дәрмекті іздеп табуға көмектеседі. Дәстүрлі ортада оны *сорпалық беру* деп атайды (**қ.-Сорпалық беру**). Айыпкер өздігінен мұндай әрекетке бармаған жағдайда зардап шеккен тарап дауды ақсақалдар кенесі немесе билер сотына беріп күн өндіріп алатын қақысы болған (**қ. Құн**).

Төрт түліктің де ауыр мертігуі – малдың М. б.-ы деп аталады. Ондай жағдайда *мал төркініне* обал болмас үшін арам өлтірмей сойып, етін кәдеге жаратады (**қ. Мал төркіні**). Егер, мұндай жағдайға кездейсоқ ұшыраған аяқты ірі мал болса, ондай жағдайда ауылдағы әрбір отбасы әлгі

малдың етін бөліп алады да, иесіне ұсақ мал береді. Қазақы ортадағы әлеуметтік қолдаудың мұндай түрін *жылы беру* деп атайды (**к. Жылу**).

Әдеб: *Левшин А.И.* Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. В 3-х частях. Часть 3-ая. СПб.: Тип. Карла Крайя, 1832; *Ягмин А.* Киргиз-кайсацкие степи и их жители. СПб.: Тип. Карла Крайя, 1845; *Карутц Р.* Карутц Р. Среди киргизов и туркменов на Мангышлаке. СПб.: Изд. А.Ф.Девриена, 1911; *Бабалықұлы Ж.* Мал ауруларының қазақша атаулары. Алматы: Қайнар, 1986; *Оразақов Е.* Қазақ халық медицинасы. Алматы: Ғылым, 1989; *Арғынбаев Х.* Шынайы емшіліктің жөні бөлек // *Зерле*. 1989, №12. 20-21 бб.; *Сәнік З.* Мұралар нені айтады Күйтін, 1991; *Ысмағұлұлы Ж.* Оташылық және оның емдеу тәсілдері // *Халық емінің құдіреті*. Жинақ. Алматы, 1993. 68-71 бб.; *Хинаят Б.* Қазақтың дәстүрлі малдәрігерлік білім жүйесі (тарихи-этнологиялық зерттеу). Тарих ғылымдарының кандидаты дәрежесін алу үшін ұсынылған диссертацияның қолжазбасы. Ғылыми жетекшісі Нұрсан Әлімбаев. Алматы, 2001; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МАЙЫР – лауазым атауы. 1821 жылы Ресей қазақ даласындағы бұрынғы, ескі билікті жойып, жаңа әкімшілік жүйе орнатты. Енді елді баяғыдай Шыңғыстың тұқымдары – төрелер емес, қара сүйектен шыққан аға сұлтандар биледі. Қазақ даласы округтерге бөлінді. Әр округтің әкімшілік орталығы болған. Аға сұлтанның кеңсесі осы орталықта болды. Сонымен қатар, Ресей үкіметі аға сұлтанның жанында отыратын кіші сұлтан институтын енгізді. Кіші сұлтан міндетті түрде орыс болады. Әскери шені – майор. Кіші сұлтан өзінің басшысы аға сұлтанның әрбір ісін, әрбір басқан қадамын аңдып, жоғары жаққа мезгілімен рапорт түсіріп отырды. Қазақтар кіші сұлтанды әскери иеніне қарап *М.* деп атаған. *М.* жұмысы көптеген жағдайда аға сұлтанның жұмысын қадағалау болғандықтан, ел арасында *М.* деген керемет бір биліктің өкілі болып саналды. Осыған байланысты халық кез келген шұбар төс, алпауытты *М.* деп атап кеткенге ұқсайды. Яғни *М.* ұғымы шексіз биліктің, кеңірек алғанда үкімет орындарының зорлықшыл өкілдерінің атау-символына айналды. Тіпті «*Майыр келе жатыр*» – деп бала-шағаны қорқытатын болған.

ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МАҚАЛ-МӘТЕЛ – мазмұны жағынан нұсқа, көлемі жағынан қысқа халық шығармашылығының ежелден бергі бір саласы, халық даналығының паремиологиялық қағидалар жүйесі. Мақал-мәтелдер - халықтың өзімен бірге жасасып, бабадан балаға, ұрпақтан-ұрпаққа қалдырып келе жатқан асыл мұрасы. Онда *адам, қоғам, табиғат әлеміне* байланысты халықтың өмір тәжірбиесінен алған білімі, ой-пікірінің түйіні жинақталған. Мақал-мәтелдер – шағын мәтін. Оның тақырыбы мен мазмұны халықтың дәстүрлі шаруашылығы мен кәсібін, тұрмыс салтын, наным-сенімдерін, дүниеге көзқарасын т.б. ұғымдар мен категориялар жүйесін қамтиды.

Мақал-мәтелдер қоғамдық өмірдің, жеке адам өмірінің сан-саласына байланысты болып келеді. Онда сөз болмайтын өмірдің саласы жоқ. Ел өмірінде ұшырасатын ұлылы-кішілі оқиғалардың баршасына мақал-мәтелдердің беретін лайықты өз жауабы бар.

Алғашқылардың бірі болып, мақал-мәтелдерді жинап тақырыптық топтарға бөліп, оны жеке кітап жариялаған жазушы Өтебай Тұрманжанов былай деп пікір түйген: *Мақал менен мәтелдерді, сара сөз бен нақылдарды халық ежелден жақсы көреді; сүттей ұйып, сүйсіне тыңдайды; «Сөздің көркі – мақал, жүздің көркі – сақал» деп қадірлейді, «Аталы сөзге арсы жасауап қайырады» деп сөз кәдірін білмейтіндерді қатал сынайды, «Өнер алды қызыл тіл» деп сөз өнерін жете бағалайды.*

Мақал менен мәтелдер халықтың өз перзенті, өзі жасаған баға жетпес қымбат қазынасы; ол өзіне жақын да, түсінікті де, сондықтан сүйікті де. Бұлар – сан замандар бойы заман сынынан өткен, керегіне жараған, өміріне өнеге болған, қисығына тез, ақ пен қараны ажырататын әділ таразы – айнымас заң, бүкіл өмірінің сан қырлы қырынан ережесі болған.

Мақал-мәтелдер мағына жағынан да, тілі жағынан да халықтың талқысына түсін, екшеуінен өтін, ұтқыр ойды тартымды тілмен беретін көркемдік деңгейге жеткен. Мақал-мәтелдердің әрі нұсқалығы әрі қысқалығы оның құрылымдық компоненттері болып саналатын мазмұндық және тілдік қырларының бір-бірімен үйлесімді болумен байланысты.

Мақал-мәтелдердің поэтикалығы. Мақал-мәтелдегі нұсқалық пен қысқалық дегеніміз көп ойланып, ұзақ баяндауды керек ететін қиын нәрсені бірауыз сөзге оп-оңай сыйдырып ұғындыра алу шеберлігі. Терең ой тартымды тілді қажет етсе, терең ойсыз тартымды тіл мақал-мәтел бола алмайды. Мақал-мәтелдер тілінің тартымды болуының шарттары халықтың эстетикалық таңымымен байланысты, әсіресе сөз әуездігі ерекше орын алады.

Мақал-мәтелді құрап тұрған сөздер бір-бірімен дыбыстық жақтан үндесімді әрі үйлесімді болып ішкі ұйқасқа құрылады. Тартымды тілдің алғышарттарының бірі – дыбыс үндесімі мен үйлесімі және әуезділік. Мысалы; *алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді* деген мақалда екі түрлі дыбыс ұйқасы бар. Біріншісі – дауыстылардың бірінғай ашық жуан дыбысты болып келуі: [a]лт[a]у [a]л[a] болс[a] [a]уызд[a]ғы кетеді дегендегі дауыстылар үндесімі мақалдағы сөзді дыбыстық жақтан бірегейлендіру арқылы өзара байланыстырып дыбыстық жақтан бір бүтінге айналдырған. Ал мақалдағы екінші компонентті құрап тұрған сөздер өзара дауыссыздардың үйлесімі арқылы жымдасып, бір бүтінді күтіп тұр: [т]өр[т]еу [т]үгел болса, [т]өбедегі келеді. Құрамы күрделі құстың қос қанатындай бұндай композиттер қос орамды немесе *қостағанды мақал-мәтелдер* деп атайды. *Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса төбедегі келеді* деген мақал-мәтел екі орамнан немесе екі тағаннан тұрады:

бірінші таған: *Алтау ала болса, ауыздағы кетеді,*

екінші таған: *Төртеу түгел болса, төбедегі келеді.*

Осы екі таған бір-бірімен байланысуының, сөйтіп бір бүтінге айналуының тілдік тиегі (механизмі) бар. Бірінші



тағандағы *алты* мен екінші тағандағы *төрт* сандық ұғымын байланысты бір семантикалық топқа жатады, сол тәрізді бірінші тағандағы *ауыз* бен екінші тағандағы *төбе* сематизмдері (дене мүшелерінің атаулары) бір семантикалық топқа жатады. Мұндай *төбе* таудың төбесі емес, «бастың жоғарғы жағы» деген мағынадағы сөз. Сөйтіп, *қосорамды* немесе *көпорамды* мақал-мәтелдердің орамдары (тағандары) мағыналық бір топ, семантикалық бір өріс құру арқылы бір-бірімен байланысып, бір бүтінге айналды. Сондай-ақ сөздердің қарама-қарсы мағынада болуы да семантикалық байланыстың ерекше түріне жатады: ... *аузындағы кетеді – төбедегі келеді*.

Бір-біріне қарама-қарсы мағынада жұмсалатын сөздердің мақал-мәтелдердің құрамында жиі кездесуінің бір себебі олардың қос орамды (қос тағанды) мақал-мәтелдердің тағандары арасындағы семантикалық байланысты күшейте түсуге септігін тиетіндіктен деуге болады. Мысалы: *Жақсыдан жаман туады, бір аяқ асқа алғысыз, жаманнан жақсы туады адам айтса, нанғысыз*. Осындағы дыбыстық ұйқасымдар мен мағыналық үйлесімдер (*жақсы-жаман, жаман-жақсы*) екі орамды (тағанды) өзара байланыстырып, бір бүтінге айналдырып тұр. Сөйтіп, дыбыстық үндесім мен мағыналық үйлесім, қысқаша айтқанда, мақал-мәтелдердің тіл өрнегінің тартымды, көркем болуына ерекше ықпалын тигізіп тұр.

Мақал-мәтел компоненттерінің дыбыстық жақтан үндесім, ұйқасымен, лексика-семантикалық бір топқа жататын бірліктердің өзара үйлесіммен айтылуы, ондағы сөздердің көбіне тура мағынада болмай, бейнелі сипатта қолданылуы поэтикалық тілге тән ерекшелік. Мақал-мәтелдерді зерттеушілердің біразы халық шығармашылығының бұл саласын поэзия жанрына жатқызуы да сондықтан.

Сонымен ішкі ұйқастарға – аллитерация, ассонанс, эвфонияға, сондай-ақ ұйқасқа – рифмаға құрылуы, яғни нұсқалы ойдың көркем тілмен көмкерілуі мақал-мәтелдердің поэтикалық қуаты болып табылады.

Мақал-мәтелдердің дидактикалығы. Мақал-мәтелдер тәрбиелік, өсиет мәнді мағыналарды астарлы, ишара, тұспал сөзбен ұғындырады. Дидактикалық мазмұндағы мақал-мәтелдердің тақырыптық, семантикалық топтары әр алуан:

– **к е н е с б е р е д і:** *Жеті рет өлшеп, бір рет кес* деп мәселесінің немесе бір істі байыбына барып орындау керектігін еске салады;

– **е с к е р т е д і:** *Аңдамай сөйлеген ауырмай өледі* дейді;

– **с а қ т а н д ы р а д ы:** *Жау жоқ деме, жар астында, бөрі жоқ деме, бөрік астында* деп дұшпандық табан астынан шыға келетінін, бейқам болмау керектігін еске салады. *Ауру астан, дау қарындастан* деп мұқият болуды, еске салып, елемей, ескермеудің арты қиын соғатынын меңзейді;

– **и л а н д ы р а д ы:** *Алып анадан, ат биеден туады; Күннің жаманы кетеді, ал адамның жаманы кетпейді* деп екі нәрсені салыстыру арқылы тыңдаушысын иландырады;

– **т а н ы т а д ы:** *Сойсаң, еті қалақтай, саусаң сүті бұлақтай* деп ешкі малының етіне қарағанда сүті тиімді

екенін, сойғанынан гөрі сауған жөн екенін ұғындырады. *Жылқы мен құланның жайылуы бір болғанмен, жұсауы басқа* деп, ұқсас зат, нәрсе, құбылыстың айырмасын тану керектігін меңзейді. Сыртына қарап емес, «ішіне қарап тану» керектігін меңзейтін мақал-мәтелдердің қатары едәуір. Мысалы, *Мал аласы сыртында, адам аласы ішінде; Танымаған жерде тон сыйлы, таныған жерде бой сыйлы* т.б.;

– **с ы н а й д ы, м і н е й д і:** *Жаман мерген бір теке атқан жеріне үш барады; Көсе көргенін істейді, көсеу түрткенін істейді* деп, адамның орынсыз істеген қылықтар мен істеген істерін сынап-мінейді;

– **б а ғ а л а й д ы:** *Жігіттің сорлысын аттың жолдысы теңейді; Ер қанаты – ат* деп жылқы малын ерекше қадірлеген. *Түйе-мырзалық, қой-байлық, жылқы-салтанат* (сәндік) деген теңеулерден төрт түліктің халық танымында ерекше құндылықтар жүйесіне жатқызылғанын байқалады. *Ер жігіттің белгісі – түзде мырза, үйде құл* деп, ер адамның жақсы қылығы бағаланса, *Астың дәмін келтірген тұз әулие, елдің сәнін келтірген қыз әулие* деген бағалаудан халықтың гендерлік айырмамен байланысты аксиологиялық танымы айқын аңғарылады;

Мақал мен мәтелдерде халық өзінің танымы мен түсінігіне байланысты жақсылық пен жамандықты, жауыздық пен ізгілікті, адалдық пен арамдықты, еңбеккерлік пен еріншектікті, жомарттық пен сарандықты, білімділік пен надандықты т.б. құндылықтар мен бейқұндылықтарды (антиқұндылықтарды) қарама-қарсы қоя отырып сөз етеді. Адамгершілік жолына нұқсан, мін келтіретін жамандық пен жағымсыз іс-әрекеттерді өткір сынап, әшкерелеп, қоғам мүшелерін адамгершілікке тән мінез, қылықтарды үлгі-өнеге етіп ұсынады.

Бұл жөнінде Б.Адамбаевтың пікірі мынадай: *«Мақал-мәтелде адамның ақыл-ойын жетілдіруге, мінез-құлқын түзетуге айрықша көңіл бөлінген, ол үшін еңбекке, өнер мен білімге үлкен мән берілген. Бұл тұрғыдан алғанда оны халық педагогикасы (астын сызған Ред.) деуге болады».*

Мақал-мәтелдердің ой нұсқалығы мен сөз қысқалығы. Мақал-мәтелдер аз сөзбен көп мағына беру принципіне негізделеді. Бұл ерекшелік мақал-мәтелдердің «*мағына сыйымдылығы*» деп аталады. Белгілі бір нәрсені, зат, құбылыс туралы ой-сезімді тыңдаушыға жеткізу сөзбен ұзақ баяндауды қажет етеді. Мысалы, қоғамда ел, ауыл-аймақ басшылары бірі келіп, бірі кетіп, ауысып, өзгеріп жатады, бірақ олар басқарған жұрт, ел өз орнында өзгермей қала береді. Табиғатта да жасый дүние жаңарып, жасарып жатады. Бірақ жер сол күйінде өзгермей қала береді. Осыған қарап өзгермейтін тұрақты нәрселер бар да, өзгеріп жататын айнымалы нәрселер бар десек, белгілі бір ойды ұзын сөзбен жеткізу болып шығады. Ал осы ұзын сөздегі ұзақ ойды *бетеге кетсе, бел қалар, бектер кетсе, ел қалар* деген бір ауыз, жарты ауыз сөзбен жеткізу мақал-мәтелдердің мағына сыйымдылығы деуге болады. Осы айтылған *қос тағанды мақал-мәтелдің* ел аузында үш тағанды түрі бар:

*Бетеге кетсе, бел қалар,
Бектер кетсе, ел қалар
Береке кетсе, не қалар?!*

Аталмыш ой күрделене түседі. Жердің де, бектің де, елдің де арқауы – *береке*. Берекесі кетсе ел де, жер де құт болудан қалады. Осы ой мақаладағы *береке кетсе, не қалар* деген жарты ауыз сөзге сыйып тұр.

Адам санасындағы белгілі-бір ой тілдік жақтан объективтеніп, мақал-мәтел форматына түскенге дейін, ойлау үрдісінің бастапқы кезеңінде шашыраңқы үзік-үзік болып, бірте-бірте жинақылана түседі. Шашыраңқы ой жинақыланып нұсқалы ой деңгейіне жеткенге дейін бірнеше сөз тізбегі түріңде болады. Белгілі бір құндақтағы ойдың нұсқалы форматқа түскенге дейінгі кезеңі болады. Ал мақалға айналар сәттегі сипатты қазақ мақал-мәтелдерінің тұңғыш рет түсіндірме сөздігін жасап, этнотілтанымдық тұрғыдан зерттеген академик Ә.Т. Қайдар былай ашып, сипаттамасын береді: *жау алдында тұлпар мініп, ту шайқаған батыр да қауқары кетіп, бағасы төмендейді. «Қазынасынан айрылған қайыршы мен қайраты кеткен кәрінің арасында бір аяусыз ұқсастық болады: қайыршы қасынан өткеннің бәрiнен садақа күмедi, ал кәрі кісі қарсы кездескен жаннан тегіс сәлем дәмемеді». Жұрт мені танып, тоқтап сәлем берсе екен, тым болмаса, бас изеп, ізет көрсетсе екен» дейді. Жанынан өткен жас адам сәлем берсе, шал шабыттанып, шаршағанын да ұмытып кетеді. Жанына қанат бітіп қайраттанып қалады. Өйткені, жас азаматтың сәлемі арқылы егденің елге сіңірген еңбегі еленеді; сәлем – қарт ұрпақтың жер бетінде қалдырған игі істеріне жас буынның ризашылығының белгісі. Ал қарт адамға бұрыңғы өткен-кеткенді еске алып, ойға түсіру өзгеше ганибет. Сондықтан да тұрғылас кісілер, бұрын істес, қызметтес болған адамдар, бір майданның жауынгерлері болған жандар бір-бірімен жолығып, жүздесуді аңсайды. Кездесе қалса, сыр шертісіп бір жасап қалады...». Қазақ дәстүрінде кішінің үлкенге танысын, танымасын, сәлем беруі әдептілік болып саналады.*

Ой жинақталып соңғы деңгейіне жеткенде осы жайт *батыр қартайса – пақыр, бастық қартайса – мүсәпір* деген нұсқалы ойға айналады. Бір кездегі батыр мен кешегі күнгі бастықтың психологиялық күйі осылайша нұсқалы ой қысқа сөзбен өрнектеледі.

Мақал-мәтелдердің жинақтаушылық (кумулятивтік) қызметі. Этномәдени ұжымның жаратылыс құбылыстарынан, күнделікті өмір тәжірибесінен, қоғамдық-әлеуметтік қатынастардан көріп-білген көңілге түйген сан алуан білімдері, салт-дәстүр, әдет-ғұрыптары мақал-мәтелдерде жинақталып, сақталады. Мақал-мәтелдердің бұл ерекшелігі, яғни «көнелікті» сақтауы оның кумулятивтік қызметі деп аталады. Мақал-мәтелдер, әдетте сөйлеу кезінде құрастырылмайды, ол тілдің әуелден құрастырылып қойған дайын күйдегі материалы. Сондықтан көнелікті жинақтап, сақтауда тілдің өзге бірліктерінен гөрі мақал-мәтел өз алдына ерекшеленіп тұрады. Мысалы, *батырдан сауға,*

аңшыдан сыралғы деген мәтел байырғы этнос өмірінде олжа бөлісуге байланысты салтты білдіреді. Жорықтан, жаудан жеңіспен қайтқан батыр мал-мүлік, құл-құтанды өзі ғана иемденбейді, ауылдастарына, руластарына *олжа салады*. Ортаға салған олжаны *батырдан сауға* деп ауылдастары бөлісіп алады. Олжа бөлісудің жөнін білетін ақсақал батырдың өз сыбағасынан бөлек, бес қаруының (*найза, қылыш, мылтық, садақ* т.б.) сыбағасы, қазан атының сыбағасын да ескереді.

Жаугершілікте қолға түскендер батырдан «жанымды ки», «өлтіре көрме» деп *жан сауға* сұрайды. *Қанжығасын қандап қайтқан аңшы* да алған аңын (түлкі, қасқыр, аю, жолбарыс, киік т.б.), ілген құсын (қаз-үйрек) өзі ғана иемденбей, ауылдастарымен бөліседі. Аңшыдан сыралғы сұрау, дәмету этикалық нормаға қайшы келмейді. Аңшылықтан тапқан олжасын сыралғы деп, қадірменді адамның қанжығасына байлап жібереді.

Мақал-мәтелдердің қай заманда, қандай жағдайда пайда болғаны жөнінде прецедентті есімдер мен тарихи уақиғалар елес береді: *Есім ханның ескі жолы, Қасым ханның қасқа жолы; Күлтөбенің басында күнде кеңес; Абылайдың асында шаппағанда атаңның басында шабасың ба; Өлдің Мамай қор болдың; Қайда барсаң да Қорқыттың көрі; Түгел сөздің түбі бір, түп атасы Майқы би; Алты Алаштың ағасымыз, Қазақ байдың баласымыз; Қазақ қайың сауғанда, қырғыз Фиссар ауғанда*, т.б. Бұл тәрізді паремиологизмдердің қазақ халқының тарихы, тарихи тұлғалармен байланысты қалыптасқаны байқалады. Онда ата-баба жолы, салт-дәстүрі уағыздалып, бабадан балаға мирастық «тілдік қалыпқа» құйғандай күйде сақталып отырған.

Мақал-мәтелдердің ұластырушылық қызметі мен өміршеңдігі. Мақал-мәтелдер халық даналығын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отырады. Қазақ мақалдарының басым бөлігі өткен бір заманның елесін танытады. Мысалы *аз елдің азанышысы болғанша, көп елдің қазанышысы бол* деген нұсқалы ой бүгінгі заман немесе кешегі күннің туындысы емес. Ас беру, дүбірлі той өткізуде жүздеген, мыңдаған адам қатысатын ұлы жиындарда *қазанбасы, қазанышының* атқарар қызметі аса жауапты, машақаты көп жұмыс болған. Көп адамға қызмет көрсетіп, тұрғаластығына, жолына қарай табақ жасап тарту көптің ризашылығын алу абыройлы, мардымды іске саналады. Қазіргі қоғамда *қазанышы* да, *азанышы* да болмағанмен, азшылықтың жұмысын малданғанша, көпке пайдасы тиетін іске аралас деген нұсқалы ой өткен заман, қазіргі заман, келер заман болсын, қай кезде де ескірмей кәдеге асады. Сондықтан бұндай нұсқалы ой бір ғана ұрпақтың игілігі болмай, келер ұрпаққа жетіп, халық даналығын жалғастырып жатады.

Ерте заманда жасалған мақал-мәтелдегі нұсқалы ой жаңа заманда да сұранысқа ие болып, жаңа ұрпақтың да рухани қазынасын еселеп тұрады. Қазақ халқының паремиологиялық қорында прецедентті есімдермен байланысты едәуір мақал-мәтелдер бар. Ел аузында



айтылып жүрген *Абылайдың асында шаптағанда атаңның басында шабасың ба?! Деген мәтел* Абылай хан заманында туғаны дау туғызбайды. Абылайдың *топырақ тойы* (асы) өз кезінде ұланғайыр тойға айналса керек. Оған ат жалын ұстаған қазақтың бірі қалмай барған болса керек. Бұндай ұлы жиын ұланасыр тойда бәйге алсын, алмасын ат жаратып әйтеуір бір шауып қалу исі қазақ атаулының сүйегіне сіңген ата салтының бірі деуге болады. Ел жадында сақталған осы бір прецедент мақал-мәтелге негіз болса керек. Ал заман өзгеріп, неше буын ұрпақ ауысқанмен, мақал-мәтелдегі салт-дәстүрмен байланысты «*үлкен жиын-тойда әу деп ән айтып, домбыра шертіп, әйтеуір бір көзге түсіп қалу қазақтың мінезіне сіңген дағдының бірі*» қазақ өміріндегі бұл дағды бүгінде де бар. Сондықтан Абылай заманы келмеске кеткенімен, мақал-мәтелдегі нұсқалы ой ескірмей жаңғыра береді.

«*Абыройлы істі атқаратын біреу, ал атағы басшыныкі*» деген нұсқалы ойды білдіретін *Жауды Бөгенбай батыр қашырады, атағы Абылай хандікі* деген мәтел бүгінгі замандағы жайтты да дәлме-дәл береді. Мақал-мәтелдердің өміршендігі дегеніміз – осы.

Билер айтқан шешендік толғаулар, ел құраған, ел сұраған қайраткер тұлғалардың нақыл сөздері, аса көрнекті ақын-жыраулардың өлең, жырларындағы сомдалған ой т.б. мақал-мәтелдердің қораба-қорын үзбей еселеп отыратын сарқылмас көзі.

Мақал-мәтелдердің әлеуметтік қатынастар жүйесіндегі орны. Белгілі бір қоғам мүшелерінің табиғи болмысы, биологиялық ерекшеліктері, әлеуметтік-экономикалық айырмасына т.б. жайттармен байланысты қоғамда әртүрлі жіктер мен топтар болады.

Табиғи-биологиялық ерекшеліктерімен байланысты қоғам *әйел-еркек, жас-кәрі* болып, үлкен екі жікке бөлінсе, экономикалық жағдайына қарай *бай-бағылан – кедей-кепшік, жарлы-жақыбай*, шаруашылық ыңғайына қарай *малшы-егінші*, қоғамдық-әлеуметтік мәртебесіне қарай *би, мырза, бек, сұлтан*; шығу тегімен байланысты *ақсүйек* (төре, кожа) – *қара сүйек* (қара халық), *құқықтық* мәртебесі жоқтар *құл-құтан* деп топтастырылған.

Қоғам ішіндегі әр алуан жіктер мен топтардың психологиялық ерекшеліктері, атқаратын міндеті мен ортақ мүддесі, қысқасы, қоғам тіршілікте өз орны болады. Бұлардың арасындағы әр алуан қатынасты дәстүрлі этикалық нормалар мен қалыптасқан заң, ережелер арқылы реттеуде мақал-мәтелдердің орны ерекше болып табылады. Мұндайда әлеуметтік жіктер мен топтардың іс-әрекетіне, табиғи болмысы мен жаратылыс ерекшеліктеріне, қоғамдағы орнына байланысты мақал-мәтелде баға беріліп отырады. Мысалы, қазақ халқының паремиологиялық қорында әйел мен ер адамның гендерлік ерекшеліктерімен байланысты мақал-мәтелдер едәуір орын алады. «*Әйелер адам*» тақырыбындағы мақал-мәтелдерде әйел мен ер адамның жаратылысымен отбасы, қоғамдағы

орны, байланысты айырмасы, артықшылықтары мен кемшіліктері қарама-қарсы қойыла айтылып, оларға баға беріледі. Мысалы, академик Ә.Т. Қайдар: «*Еркекте ұят жоқ та, ынсап бар, Әйелде ынсап жоқ та, ұят бар*» деген мақалдағы нұсқалы ойдың мазмұнына сүйене келін, «*Еркек табиғаты барлық уақытта да «ұят» деп аталатын ұғымның бәрін ескере бермейтін мінезі болса да, ынсап сақтауға, өзін көп нәрседен тиюға берік те; Әйелдер, керісінше, «ұят» саналатын қылыққа ашық бара бермейтін әдеті болса, «нәпсісін тию, ынсап-тауық сақтауға, барымен базар болуға» бара бермейтін қасиеті бар дегенді аңғартып тұр»* – деп ер адам мен әйелдің байырғы қазақ қоғамындағы гендерлік ерекшеліктерін дәлме-дәл ашады.

Сондай-ақ ғалым «*еркек қырқында қылық ашады (шығарады)*» деген халық мақалының имплицитті мағынасын былай деп көрсетеді: «*Ер адамның әйелдерге қарағанда дамуы, өсіп-өнуі, танымдық қабілеті әлдеқайда кеш дамиды. Сондықтан да, олардың жүріс-тұрысынан, мінез-құлқы, әдет-әдебінен әр алуан өзіндік өнер (қылық) көрсетуі де тым кеш (40-қа келгенде ғана) болады дегенді аңғартады*». Бұл ашылған мәдени кодтағы ақпараттардан әйел мен ер адамның гендерлік айырмасы жөнінде халықтың түсінігі айқын байқалады.

Мақал-мәтелдердің *құқықтық қатынаста* алатын орны ерекше. Байырғы қазақ қоғамында даудың жер дауы, жесір дауы, мал дауы, күн дауы, ар дауы, ел дауы тәрізді небір түрі болған. *Дау* болып отырған істің ақ-қарасын ажырату онайға соқпаған. *Дауласушы* қарсы жақтар өз ісінің ақтығын дәлелдеуде, дауды қарастырып ақ-қарасын тексеруші би де мақал-мәтелдегі нұсқалы ойға сүйенеді. Нұсқалы ойдың логикалық қисынын сөзіне тиянақ етіп алады. Сөз ұстаған би де, билік айтушы биде әдетте, ұзақ сөзбен ұтпайды нұсқалы ойға құралған қысқа сөзбен ұтады. Ойткені орынды қолданылған, жағдаятқа сайма-сай тауып айтылған мақалдың тыңдаушы жаққа тигізер әсері найзағайдың жарқ ете қалғанындай айрықша болады. Алайда шешендік сөзде, шешендік дауда мақал-мәтелдерді ділмәр сөйлеуші бірінен соң бірін үйіп-төгін қолданбайды, бір мәрте айтқан мақал бір-ақ сілтеген алмас қылыштай алып түседі. Ондай «*бірқолданар*» мақал-мәтелмен қиын даудың қисынын шешкен сөз үлгілері ел аузындағы шешендікте аз кездеспейді.

Балаби елінің бір жігіті Досбол руынан қыз алып қашып, елдің тынышы бұзылады. Досбол тізе көрсетіп, содан аз ата Балаби жағы Нұра бойына қашып тығылады. Әбигершілікте бір бала суға кетіп өледі. Осы жерде Досбол қуа келіп қызына қалыңмал және алып қашқаны үшін айып сұрайды. Сонда Балаби былай деп қарсы дау айтып тоқтатады:

– *Құнажын көзін сүзбесе, буыршың бұйдасын үзбейді. Артымнан сен қумасаң, алдымнан Нұра бумаса, менің Нұрада нем бар, Нұрадан аққан жырада нем бар? Жыраға кетіп балам өлді, алдымен адамның құнын төле, – дейді.*



Рулы елді дауға алдырмай, даудың бетін Балаби Бүлдіршін көзін сүзбесе, буыршың бұйдасын үзбейді деген бір ғана мақалдың күшімен қайтарған екен.

Қазақ халқының шешендік сөз өнері мен мақал-мәтелдерінің жинағын шығарған әдебиетші ғалым Балтабай Адамбаевтың «Қазақтың мақалдары мен мәтелдері сан ғасырлық халық тәжірибесінің жиынтығы, ақыл-ойының қорытындысы және қоғамдағы дау-талап мәселесін реттейтін заңы, кодексі (ерекшелеген – Ред.), бір сөзбен айтқанда қазақ өмірінің, санасының айнасы, шежіресі», – деп пікір түйі де сондықтан.

Ат жүйрігі асқа, тіл жүйрігі басқа дейді дәстүрлі халық макалы. Екі жүйріктің – бәйге аты мен дуалы ауыз билердің де жұртшылық алдында сыналатын кезі торқалы той да (ас беруде) болса керек. Шаршы топ алдында қара қылды қақ жарған «туғаны» жоқ билер жиналады. Бәйге атындай болып сөз жарыстырған олардың аузымен елдік, татулық, ата-баба жолы туралы толғаулар, өсиет сөздер, накылдар, мақал-мәтелдер айтылады. Билер сотында небір тіл жүйріктері мақал-мәтелдерді қолдана отырып, даудың ала жібін кеседі. Билер сотындағы шешендік сөз қазақ риторикасының ерекше саласы болып табылады. Сөйтіп, мақал-мәтелдер билер сотындағы шешендіктің мәйегіне айналған.

Мақал-мәтелдердің прагматикалығы. Мақал-мәтелдердің өзіне ғана тиісті тағы бір ерекшелігі оның өмірдегі нақты бір жағдаятқа байланысты айтылуы. Бұл – мақал-мәтелдердің прагматикалығы деп аталады. Өншейінде екінші бірі білетін жай ғана қарапайым мақал дәл орнына қолданған кезде тіпті күшті, пәрменді болып кетеді. Дәл айтылатын жерінде айтылғанда нар кескендей кесіп түседі. Біреудің асын ішуде алдымен жүгіретін ал жұмыс дегенде жалтарып жүретін жалқауды көп сөзбен мінеп-шенеудің орнына маңдайы терлемегеннің қазаны қайнамайды дегенді айта қойса, тыңдаушының көкейіне көп сөзсіз-ақ қона кетеді. Немесе көк жалқауды сөзбен сипаттаудың орнына ас ішіп, аяқ босатар дей қойса, әрі ықшам, әрі дәл айтылған болып шығады. Мақал-мәтелдер тілдік коммуникацияға түспей, сөйлеушінің санасында жеке тұрғанда қынаптағы тыныш жатқан қылыштай пәрменділігі онша байқала бермейді. Ал нақты бір жағдаятқа дөп айтылса, қынаптан қылыш суырғандай жарқ ете қалады. Жағдаятқа дөп айтылса ғана мақал-мәтелдің бағы жанады. Кез-келген мақал-мәтел айтылатын жерде орнының дөп тауып айтылуы шешендікке қойылар негізгі талаптардың бірі. Бұл – мақал-мәтелдердің прагматикасы деп аталады. Мақал-мәтелдің өлең сөзбен туыстығы бір, сондықтан зерттеушілер оны поэзия жанрына жатқызып жүр. Алайда мақал-мәтел сырт жағдаятқа (ситуацияға) тәуелді болса, ал өлең – қашан да өлең, ситуацияға тәуелді болмайды. Мақал-мәтелдердің пәрменділігі мен у қайтарар уыты жеке тұрғанда емес, айтылар жерінде айтылғанда ғана нысанаға дөп тиеді. Мысалы, *Жүйрікке мінген құдайын ұмытады* деген мәтелдің мағынасы да, ондағы нұсқалы ой да сөйлеуші үшін де, тыңдаушы үшін де белгілі. Ал айтылар

жерінде айтылса ғана уытты, айтылар жерін таппай айтылса нысанаға дарымаған оқ тәрізді, бейтарап күйде қала береді. *Жақсыдан бақсы туады; Жай сөзі жау шапқандай, әзілі жылан шаққандай; Жүйрік атқа жел – қамшы; Ағаштың жұмсағын құрт басар; Қатын мен қатын құдық басында кездеседі, отын мен су ошақ басында кездеседі; Ақымаққа күнде той; Жаман еркек – үйінде қонақ* т.б. тәрізді мақал-мәтелдер тек айтылар жерде айтылса ғана ондағы нұсқалы ой жарқырап ашыла кетеді.

Мақал-мәтелдердің аксиологиялық танымдар жүйесіндегі орны. Халық қай кезде болмасын адамға, оның өмір сүріп отырған табиғи ортасына, қоғам өміріндегі іс-әрекетіне, қоғамдағы құбылыстар мен уақиғаларға баға беріп, бағалаушылық сипатта ой-пікір түйіп отырады. Бұл – халық танымының ерекше жүйесін құрайды. Халықтың аксиологиялық танымында бір-біріне қарама-қарсы қойылатын оппозитивтер мақал-мәтелдердің мәтінінде ерекше орын алады. Этнотілдік ұжымның аксиологиялық танымында *әйел-еркек, жастық-кәрілік, жақсылық-жамандық, байлық-кедейлік, өмір-өлім, уақыт-кеңістік, өзім-өзге* т.б. ұғымдардың мазмұнында қоғамдық-әлеуметтік мәні бар бағалау болады. Мысалы, *Жүйрікке мінген құдайын ұмытады; Өзі болған қыз төркінін танымас* деген мақал «адамның бір нәрсеге қолы жеткенде, біреуден көрген жақсылығын ұмытып, лезде өзгере қалатын» теріс мінезіне қатысты берілген бағалау болып табылады. *Бас білетін өгізге өк деген – өлім; жүйрік атқа жел – қамшы* деген мақал «не істеу керектігін өзі білетін жанға жөн-жосық көрсету дұрыстыққа жатпайды» деп баға береді.

Қазақ халқының паремиологиялық қорында әйел мен еркекке қатысты «ожақсы» – «ожаман», «дұрыс-бұрыс» деп баға беретін мақал-мәтелдер аз кездеспейді. Мысалы, *әйелдің шашы ұзын, ақылы қысқа; Байтал шауып, бәйге алмас* тәрізді мақал-мәтелдердің бағалаушылық мәні советтік дәуірде саяси идеологиялық тұрғыдан түсіндіріліп, әлгіндей мақал-мәтелдер ескіліктің сарқыншағы, қазақ қоғамындағы әйел теңсіздігін көрсететін тілдік факт ретінде қаралды. Осындай қате түсініктің салдарынан мұндай паремиологизмдер мақал-мәтелдер жинағынан аластатылды.

Ал шындығында, қазақ мақал-мәтелдері әйел затын ұлттық құндылықтар қатарынан шығарып, антиқұндылықтарға тели қойған жоқ. Бұл жерде әңгіме гендерлік ерекшеліктермен байланысты әйел мен ер адамның отбасындағы, қоғамдағы орны әрбасқа екенінде болса керек. Қоғамдық өмірде ер адам атқаратын іске әйелдің килікпейтіні, әйел атқаратын іске ер адамның араласпайтыны этикалық норма болып табылады. *Әйел-үйдің көркі, еркек – түздің көркі; Әйелдің бір көркі – дастарқан* деген мақалдардың мазмұнынан ер адамның үй жұмысына, ал әйелдің түз жұмысына килікпейтіні анық аңғаруға болады. Этикалық нормаға қайшы келетін тұста *кейуана, бабасал бәйбіше*, қадірмен ана ауыл-үйдегі қыз-келіншектерге ер адамдардың ісіне араласатын орынсыз қылықтан сақтандырып, *байтал*



шауып бәйге алмас десе, Әйелдің шашы ұзын, ақылы қысқа деп күллі әйел затын емес, бір жағдаятқа байланысты кылығын байқаған тұста айтса керек.

Қазақ халқының паремиологиялық қорында *Алып анадан, ат биеден туады; Бір үйді қырық еркек толтыра алмайды, бір әйел толтырады; Әйел-жанның жұмағы; Жақсы әйел-жігітке біткен бақ, жақсы жер – құтты қоныс, алтын тақ* т.б. тәрізді әйел затын әспеттейтін, кадрлейтін мақал-мәтелдер көптеп кездеседі.

Бұндай мақал-мәтелдер әйел затының қоғамдағы орнын жоғары қойса, келесі бір мақалдарды *бірінші байлық – денсаулық, екінші байлық – ақжаулық; Бас екеу болмай, мал екеу болмайды* деп, олардың отбасындағы орны жоғары бағаланады. Сонымен қатар ер адам мал («дүние») тапқанмен, әйелсіз береке болмайды, дүние-байлықты құрайтын да, ұстайтын да әйел деп, әйелдің міндетін «заңдастырып» та отырады. Гендерлік ерекшеліктеріне байланысты еркек пен әйелдің отбасындағы міндеттері қазақ тұрмысында айқын, анық болып келеді. *Мал таппайтын еркек болмайды, құрарын айт, бала таппайтын әйел болмайды, тұрарын айт* дейтін мақал, түптеп келгенде, еркек пен әйелдің отбасындағы қарым-қатынасының «ережесі» іспетті деуге болады.

Қазақ халқының паремиологиялық қорында, сондай-ақ ер адамды, оның жағымсыз қылықтары мен істерін сынап-шенейтін мақал-мәтелдер аз кездеспейді. Солардың бір алуаны мына тәрізді: *Кісімсінген жігітті үйінде көр, кісінеген айғырды үйірде көр; Ит жаманы түз қорыр, жігіт жаманы қыз қорыр; Жаман теке сүзіскек, жаман жігіт ұрысқақ; Тамағы жаман жігіттің қабағы жаман* т.б.

Қазақ мақал-мәтелдерінің қатарында «кедей», «кедейлік», «бай», «байлық», тәрізді оппозитивтер едәуір орын алады. *Кедейдің түбі – жалқаулық* деп ұғындыра отырып, жалқау болудан сақтандырады. Сөйтіп, халық мақалы кедейлік пен жалқаулықты бір қатарға қойып бағалайды.

Кедейді бай болды деме, маңдайының арылмайтын соры бар, байды кедей болды деме, сабасының таусылмайтын қоры бар деп ескертеді халық мақалы. Бұдан байдың жоғары құндылықтар қатарында екені байқалады. Оны аталмыш мақалдағы этномәдени кодқа салынған ақпараттарды ашу арқылы аңғаруға болады. Мысалы, кедей болған бай дәулеті шалқып тұрған кезде ел-жұртқа бергені бар, қарайласқаны бар. Мақалда *«сабасының таусылмайтын қоры»* деп соны мензеп отыр. Ал бай болған кедейдің жоқ-жітік кезінде ел-жұрттан алғаны бар, соларды қайтару керек. Қарыз-құрызын қайтарамын деп, оның кедейленіп қалуы да мүмкін. *«Маңдайының арылмайтын соры»* деп соны айтса керек.

Жемесе де май жақсы, бермесе де бай жақсы дей отырып, *малым-жанымның садақасы, жаным-арымның садақасы* деп, дүние-байлықтан да ар, намыс тәрізді жоғары құндылық бар екенін ескертеді. *Бай – бір жұттық. Байлық – қолдың кірі* тәрізді мақал-мәтелдерден «бай» мен «байлық»-тың халықтың аксиологиялық танымында құндылықтар қатарынан шығып қалатын кезі де байқалады.

Халықтың ата кәсібіне байланысты болғандықтан, қазақ мақал-мәтелдерінің ішінен *төрт түлік* айтарлықтай орын алады. Олардың материалдық құндылықтар қатарындағы орны да ерекше айтылған. *Түйе – мырзалық, қой – байлық, жылқы – салтанат* деп жоғары бағаланған. Халықтың әр түлікке беретін бағасы да әртүрлі және өзді-өзінің айырмасы бар. Мысалы:

*Қой бақтым – қоңыраулаттым,
Ешкі бақтым – еңіреп бақтым,
Сиыр бақтым – сидаң қақтым,
Түйе бақтым – түйме тақтым,
Жылқы бақтым – жайраң қақтым.*

Бұл жерде малшы қауым сиыр мен ешкіні бағуы қиын деп материалдық құндылықтар қатарынан шығармаған. Нұсқалы ой тасасында этномәдени кодқа салынған ақпараттарды ашсақ, төрт түлікті өсіріп, өркендетуде оның қай-қайсы болмасын қыруар еңбекті қажет етеді. Бірақ малшының сіңірген маңдай терінің қайтарымы (экономикалық тиімділігі) әртүрлі. Солардың ішінде бағымы аса қиын жылқы малына жұмсалған бейнеттің зейнегі (қайтарымы) жоғары болса керек. Сондықтан да жылқышының *жылқы бақтым жайран қақтым (жорғалаттым* деп те айтады) деп, жылқы түлегіне баға беруі орынды көрінеді (қ. *Төрт түлік*).

Бір айта кететін жайт – халық тілінде мақал туралы мақалдар бар: *Сөз атасы – мақал; Мақал – сөздің атасы, үде сөздің опасы; Сөздің көркі – мақал, базар көркі – бақал, жігіт көркі – сақал*. Бұндай мақалдардан халықтың мақал-мәтелдерді аталар сөзіндегі даналық деп танып, рухани құндылықтар жүйесіне жатқызғанын аңғарамыз.

* * *

Қазақтың жинақталған мақал-мәтелдерінің соншалықты мол екенін, ал жиналып хатқа түспеген одан да көптігін айта келіп академик жазушы М.О. Әуезов *«Мақал-мәтелдердің молдығы, олардың тамаша поэтикалық формасы, шебер түрде берілген терең, тіпті философиялық мән-мағынасы – осындай тамаша үздік шығармалар тудырған қазақ халқының өзінің де асқан ақындық дарынының, оның сарқылмас даналығының анақ айғағы»*, - деп пікір түйеді.

Әдеб.: Қазақтың мақалдары мен мәтелдері. Толықтырылып екінші басылуы. Жинап құрастырған Өтебай Тұрманжанов. Алматы: Қазмемкөркемәдеббас, 1959; Мақал-мәтелдер (Қазақ халық әдебиеті: көптомдық). Құраст., алғы сөзі мен түсініктерін жазған Б.Адамбаев. Алматы: Ғылым, 1996; *Уәли Н. Бұрынғыдан қалған сөз (қолжазба)*; КР МОМ материалдарынан; ОМЭЭ материалдарынан.

МАҚЛҰҚАТ – фауна, жер бетіндегі жануарлар әлемі. Қазақтың көне діни дастандарында Алла тағаланың жер бетін, адамзатты жаратуы туралы Құрандағы аңыз көркем суреттелген діни аңыз бойынша Алла Тағала жер бетіндегі тіршілік атаулыны, 18 мың ғаламды үш үлкен түрге бөліп, кезең-кезеңімен жаратқан. Мұндағы *ғалам* деген сөздің мағынасы әлем, дүниедегі тіршілік түрлердің жиынтығы дегенге келеді. Яғни, 18 мың ғаламның 6 мыңы – *нәбәдат*: өсімдіктер әлемі, өсімдік дүниесі, 6 мыңы – *мақлұқат*, жануарлар әлемі, түрлері, ал 6 мыңы – *адамзат* дүниесі,

ұлттар мен ұлыстар. Қазақтың ғылыми сана қалыптасқанға дейінгі ғылымиға негіз болған жалпыхалықтық білімдер жүйесіндегі М.-тың өз ішіндегі топтастырылуы еуропалық жүйеден басқаша: *аң-құс, бақа-шаян, құрт-құмырсқа, шыбын-шіркей*. Аң-құстың өзін *жүгірген аң, ұшқан құс* деп топтастырады. Мұндағы жүгірген аңның өзі *үй жануарлары* мен *түз жануары* болып ажыратылады. Үй жануарын *адал, арам* деп екіге бөлген (*қ. Адал жануар; Арам жануар / Хайуан; Құс; Құрт; Қоңыр аң*). Адалының ішінде төрт түлік малдың мәртебесі ерекше жоғары. Яғни түйе, жылқы, сиыр, қой (ешкі) қазақтың көшпелі мәдениетінде тұрмыс-тіршілігінің көзі, ғасырлар бойғы қоғамының экономикалық құрылысының, тіпті шаруашылық, оның сыртында әлеуметтік қарым-қатынасының да негізіне айналды. Мәселен, түйе дәулеттің, ерекше ауқаттылықтың нышаны болды, яғни төрт түлігінің ішінде түйесі көп қазақ ауқаттылар санатына жатқызылды. Жылқы байлық пен сән-салтанаттың, әскери күш-қуаттың, сиыр тоқтықтың, аққа жарығанның, ал қой қай қазақтың болса да күнделікті азығының белгісі болды. Әрине, бұл жалпы берілген сипаттама, әрбір малдың қазақ өмірінде алатын орны, өзіндік ерекшеліктері мен артықшылықтары болды. (*қ. Төрт түлік мал; Жылқы; Түйе; Қой; Сиыр; Түйе*).

Сонымен, М. жіктеу жүйесі қазіргі заманғы биология ғылымында қабылданғандай емес, олардың тұтыну, функционалдық, физиологиялық ерекшеліктер негізінде жіктелген.

Әдеб.: Құран Кәрім. Х.Алтай аудармасы. Медине: Құран Шәриф баспасы, 1991; Ежелгі дәуір әдебиеті. Хрестоматия. Құраст. А.Қыраубаева, Алматы, 1991; *Толысбай К.* Ел аузынан: Шешендік сөздер. Ақындық голғамдар, аңыз әңгімелер. Құраст. Б.Адамбаев, Т.Жарқынбекова. Алматы: Жазушы, 1985; Қазақ әдебиетінің тарихы. Фольклорлық кезен. 1-том. Алматы: Қазақпарат, 2007; Ырысты Іле. Құрас: Таласбайұлы Қ, Әбілезұлы Ж. Үрімжі: Шынжан жастар-өрендер баспасы, 2000; ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МАҚПАЛ – жібектен, жүннен тоқылатын, түгі 0,8 мм ғе шейін жететін, бір түсті қымбат пүліш атауларының бірі (*қ. Пүліш*). Әдетте М.-ға шымқай қызыл, күрен, қоңыр, кара түсті пүліштер жатқызылады. М.-дың басқы ерекшелігі түгінің біркелкі шымқай қою түсті болып, жылтырамай тұратындығында. М.-ды *қарамақпал, қоймақпал, қырмызы мақпал* деп жіктеу кездеседі. *Қарамақпал, қырмызымақпал* деп түсіне қарай айырса, *қоймақпал* деп түгі жұқалау, қара барқыт матаны атайды. Жалпы қазақы ортада М. кез келген заттың биязы, жұмсақтықтығының метафоралық тенеуі ретінде қалыптасқан. Мысалы бірыңғай кара түсті жылқыны *«мақпал қара»* деп атау немесе жұмсақ биязы топырақты *«мақпал топырақ»* деп атау осыны көрсетеді. Дей тұрғанмен, М. сөзі қымбат пүліштің атауы, осыған байланысты көбінесе қымбат заттармен байланыстырыла айтылады. Өлім, тойда, құдандалықта кәделі қымбат заттар қатарында М. жыртыстар әдетте жағасыз киімнің орнына жүреді (*қ. Құда түсу; Ас / Ас беру; Күйеу; Күім*). М.-дан тігілген шапан, ішік, камзол, көйлек және бас киімдер әрқашан да бір киер салтанатты киім-кешек қатарына жатады. Қыз жасауына кіретін көрпе-жастық, тұскиіз,

бөстек-төсеніштердің бағалы, қымбат түрлері де М. матадан тігілетін болған (*қ. Жасау*). Елге сыйлы, жасы үлкен қария адамдар қайтыс болғанда *тәбәрік* деп тарататын жыртысқа М. матаны қолданатын болған (*қ. Жыртыс; Тәбәрік*). Әдетте мұндай тәбәріктен жиналған жыртыстан, *сол кісінің жасын берсін, сол кісі сияқты ырзықты болсын* деп ырымдап құрақ көрпе тіккенде құрамына енгізетін болған. Жалпы құрақ, құрақ көрпелер сакралдық мәні жоғары бұйымдарға жататын. Дәстүрлі қоғамда, құрақ ұғымының өзі жинақталған береке-бірліктің материалданған түрдегі символикасы ретінде қалыптасқандығын атап кеткен жөн. Осыған орай құрақтың құрамдас бөлшектеріне қымбат М. мата қосып тігу өзінің идеологиялық негіздмесін тапқан деуге болады. Балалары шетіней бергенде, ырымдап арнайы құрақ көрпе тігу жосыны да осы қатарлас шаралар қатарына жататыны белгілі (*қ. Құрақ; Құрақ көрпе*). Қорыта келгенде күнделікті өмірде қолданылатын маталардың ішінде М. ерекше орын алатын материалдық құндылықтардың қатарына жататынын атап өту керек. Яғни, М.-дан тігілген киім-кешек, тұрмыстық бұйымдар әрқашан да қымбат, бағалы заттар қатарына жататын. Түрлі, *құда түсу, құн төлеу, өлік жөнелту, ас* сияқты және де басқа да әлеуметтік маңызы бар жосын-жоралғыларды атқаруда қолданылатын материалдық құндылықтар шкаласында, М. және М.-дан жасалған заттардың өзіндік орны болғаны белгілі.



Мақпал телпек. ҚР МӨМ қорынан (КП 21885)

ҚР МӨМ қорында М.-дан тігілген киім-кешек, бас киімдер сактаулы. М.-дан бас киімдер тысталып, камзол, бешпент, шапан тігетін болған. ҚР МӨМ қорында қызыл күрен мақпалмен тысталған, мақта матамен астарланған ер баланың бас киімі (КП 21885) сакталған. Төбесінің сайлары төмен қарай тігінен, керегесі көлденеңінен сырылып тігілген. Биіктігі 14 см, мильк шеңбері 41 см.



Мақпал тақия. ҚР МӨМ қорынан (КП 21800)



ҚР MOM қорында қоңыр қызыл түсті М.-мен тысталған, макта матамен астарланған қыз баланың бас киімі бар (КП 21800). Керегесінің етегі алалы таспамен жиектелген. Сырылып тігілген төбесіне жапырақ тәрізді шытыралар қондырылған. Керегесін айналдыра шынжырға тізбектелген гүл бейнесіндегі калыпталған ұсақ әшекей салпыншақтар тағылып, басына шок үкі қадалған. Биіктігі 13 см, милық шеңбері 50 см.



Мақпал бешпент. ҚР MOM қорынан (КП 3389)

Музей қорындағы ашық қызыл М.-мен тыстап, гүл бедерлі шытпен астарланған әйелдің бешпенті ойма жағалы. Ұзын қондырма жеңді, жеңі астынан қусырылған, алқымы кенірдекке дейін ашық, желкеден төмен үшкілденіп келген. Екі бүйірінде киғаштай салынған ойық қалтасы бар. Жағасы, өңірі, жеңінің аузын, етегін айналдыра екі қатар ақшыл түсті оқа басылған. Өңір мен жең аузына жасыл барқытқа зер жіппен көгеріс өрнек кестеленген жолақ салынған. Жалпы ұзындығы 96 см, жең ұзындығы 53 см, екі иіннің аралығы 33 см, етегінің шалғайы 212 см, өңірінің ені (етегінде) 51 см.



Мақпал камзол. ҚР MOM қорынан(КП 9756/2)

ҚР MOM қорында тысы көк түсті мақпалдан, астары сұр түсті саржадан тігілген камзол сақтаулы. Қынайбел етегіне қарай сәл кеңейтіп пішіліп, екі жанына ойып қалта шығарылған. Алқымына қызыл түсті М.-дан жолақ жапсырған. Жағасы, жеңінің аузы, өңірі, етегі және қалталарының аузына қызғылт жіппен су өрнек сырылған. Жалпы ұзындығы 92 см, қолтық ойындысы (айнала) 54 см, екі иіннің аралығының ені 34 см, етегінің шалғайы 175 см, өңірінің ені (етегінде) 45 см.

Үй ішіне көрік беру үшін қызыл М.-дан тұскиіз, төсек жапқыш, бесік жапқыш, есік перде сияқты тұрмыста қолданатын бұйымдарды да тігетін болған.

Әдеб.: *Алтынсарин И.* Очерк обычаев при похоронах и поминках у киргизов Оренбургского ведомства // ЗООИРГО. Вып.1. Казань, 1870. С.117-122; *Дж-баев Н.* Свадебные обычаи киргизов // СЛ. 1893. №36,37; *Диваев А.* О свадебном ритуале киргизов Сыр-Дарьинской области // ИОАИЭКУ. Кн.4. 1900. С.1-27; *Кейін Ж.* Казақы атаулар мен байламдар. Алматы: Өлке, 2000; *Ерназаров Ж.* Особенности погребально-поминальной обрядности казахов Западного Казахстана // Обычай и обряды казахов в прошлом и настоящем. Сборник статей. Алматы: Ғылым, 2001. С.324-347; *Қазақтың дәстүрлі киім-кешегі.* Ғылыми каталог (казак, орыс, ағылшын тілдерінде). Ғылыми редактор және жоба жетекшісі Нұрсан Әлімбаев. Алматы: Өнер, 2009; ҚӘТС. 11-том. Алматы: Арыс, 2009; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МАҚСЫМ – жағымды қышқылтым дәмді, дәмді дақылдарды дайындалатын боза тектес сусынның атауы. М. дайындағанда, дәстүрлі технология бойынша, *тары, бидай арпа, жүгері* сияқты дақылдарды сулап, дымқыл күйінде үш-төрт күн өндіріп, өсіп шыққан уытын бөліп алғаннан соң, келіге салып түйіп алады да, соның негізінде ашытады. Әзірленуі бозаға ұқсас, болып келеді (**к. Боза**). М.-ның құрамындағы алкогольдің пайыздық көрсеткіші төмен болғандықтан, М. ішімдіктерге емес, жеңіл сусындар қатарына жатқызылады. М.-ның сапалы түрі қара тарыдан дайындалатын болған. Қазақтар *қара тары* деп ақталмаған, яғни қабығынан аршылмаған тарыны айтады. Дәстүрлі технология бойынша, ақтау кезінде *тарыны* ыстықпен өңдейтіндіктен (ыстық суда бұқтыру, қуыру) тарының өну қабілеті жойылып уыты шықпайды, сондықтан ақталған тары М. жасауға жарамсыз болып қалады.

Қазіргі кезде М. Қырғызстанда кеңінен таралған, көп жағдайда қырғыз халқының ұлттық сусыны деген атпен белгілі. Дей тұрғанымен, ерте кезде М. егіншілікпен айналысатын қазақтардың да жасағаны белгілі. Тіпті бозаны кей жерлерде М. деп атау кездеседі. Мысалы Қазтуған жыраудың «Жембойлық» атты толғауында М. ішімдіктер қатарына жатқызылғанын, яғни, «боза» сөзінің орнына қолданғанын көреміз:

*Алдаспан мен мақсым тапса,
Бұ Жембойлық дегенің
Алты атасын сатады.
Әлемге әлек келгенде,
Алып ноғайлым арқа бойында ...*

Майлықожа ақынның «Қоңыратым-ай» және «Дулатым-ай» атты өлеңдерінде бозаның ішімдік ретіндегі сипатын:

*Ассалаумағалейкум, Дулатым-ай,
Бозаны ішіп жатырсың шулатып-ай.
Он үйінде бір қара көрінбейді,
Құдайым қойған екен құратып-ай –*

деп жырлайды.

Әдеб.: Бес ғасыр жырлайды. Алматы, 1989; Сикалиев А.И. Ногайский героический эпос. Черкесск, 1994; «Оңтүстік Рабат» интернет газеті. Отырар. 07.11.2012; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МАҚТА – сабақтарында қауашақты ақ ұлпа, үлпілдек талшық өсетін техникалық дақыл. Осы өсімдіктен теріп алынатын ақ ұлпа талшық та *мақта* деп аталады. М. тек қысы қысқа, жазы ыстық, суы жеткілікті жерлерде өседі. Ауа райы қолайлы жерде өскен мақтаның биіктігі бір-бір жарым метрге жетеді. Оның негізгі бұтағынан көптеген (10-15) жанама бұтақтар өсіп шығады. Жапырақтары жүрек пішінді, гүлі сары не ақ түсті және ірі болады. Жер шарының ыстық аймақтарындағы адамдарға М. талшығы ерте замандардан белгілі болған. Ерте заманның өзінде оның ақ ұлпасын жинауды үйреніп, бірте-бірте мақта беретін өсімдікті қолдан еге бастаған. Алғашында М. Үндістанда, кейінірек Қытай мен Египетте, Орта Азияда өсіріліп, бірте-бірте басқа елдерге де тарайды.

М. өсімдігін осы техникалық дақылды өсіретін аудандарда *қоза* деп те атайды. Мақталы аудандарда осыған байланысты *қоза аралығы* (М. өсімдігінің әрбір түбінің арасы), *қоза баптау* (М. өсімдігін күту), *қоза егу* (М. өсімдігін егу), *қоза көшеті* (М. өсімдігінің түбі), *қоза қалыңдығы* (М. өсімдігінің түп санының тығыздығы), *қоза жаппай көріну* (М. өсімдігінің жер бетіне біртегіс болып шығуы), *қоза жапырағын түсіру* (М. өнімін машинамен жинау үшін химикат арқылы қозаның жапырағын тезірек қуратып түсіру) тәрізді жергілікті кәсіби мәнді атаулар қолданылады. Мақташылар мен мақталы өңірдің тұрғындары қозаның мақтасын теріп алғаннан кейін қалған сабағын *қозапая* дейді.



Мақта. ҚР МОМ қорынан (ФКП 4212)

М. коза сабағында (бұтақтарында) өркендейтін қауашақ ішінен шығады. Ол қауашақты *шанақ*, *көсек* деп атайды. Мақта егілгеннен кейін, әдетте 25-30 күннен кейін гүлдейді. Алғашында шанақ гүлдің үш жапырақшасынан құралып, үшбұрышты пирамида тәрізді болып келеді. Ол өте кішкентай болғандықтан көзге анық байқала да бермейді, алайда кейінірек үлкейе түседі. Осыған байланысты мақталы өңірдің тұрғындары арасында *«Ақ гүл қызыл гүлге айналады, Қызыл гүл шанақ болып байланады»* деген мақал пайда болған. Мақтаның қауашақ салуын *шанақ байлау*, *көсек салу*, *көсектеу* деп әртүрлі атаған. Үлпілдеп тұратын мақта өнімі алғашында қозада өсіп жетілетін шанақ, көсек ішіндегі шиітке оралған талшық түрінде болады. Талшықтар бір-бірімен берік жабысып, ұйысып жатады. *Көсектер* (мақта өсімдігінің ұлпа салатын, ашылмаған қауашығы) пісіп жетілгенде ашылып, ол құрғақ қауашаққа айналып, күннің, жылудың әсерінен ішіндегі мақта күпсіп, аппак болып үлпілдеп тұрады. Осындай М. өнімін қауашағынан ажыратып, саусақпен теріп алады.

Мақта өсіру. М. казактарға ертеден белгілі болғанмен, оны дақыл ретінде өсіру қазан төңкерісіне дейінгі кезеңде ауыл шаруашылығының дербес саласы ретінде толық қалыптасып болмаған. Алайда, XX ғ.-дың басынан бастап Оңтүстік Қазақстан өңірінде М. дақылы өсіріле бастады. М. өсіруге мақташылар *жерсағаш* (жер жыртатын құрал, қарапайым соқа), *кетпен* (топырақты қопсытатын ұзын сапты құрал) тәрізді еңбек құралдар пайдаланылған.

М. егетін суармалы жерлер ірі байлардың қолында болды да, оның бір бөлігін жалға беріп, түскен өнімнің төрттен үш бөлігін өздері алған. Теріліп алынған М. ол кезде қарапайым ғана шағын зауыттарда тазартылды. Мақталықтан алынған өнімді көлікпен зауытқа таситын адамдарды *кірендешілер*, М.-ны танаптың басынан көтерме бағаға сатып алып, зауытқа қымбаттау бағамен өткізіп пайда табушыларды *арбакештер* деп атаған.

1932 жылдан бастап М. шаруашылығы Оңтүстік Қазақстан аймағынан басқа Алматы, Қызылорда, Жамбыл облыстарына жолға қойылды.

XX ғ.-да мақта өсіру тоқыма және өндірістің әртүрлі салалары үшін құнды шикізат өндіретін ауылшаруашылығының бір саласы болып қалыптасты. М. өсіру жұмысын кәсіп етушілік *мақташылық*, мақта өсірумен шұғылданатын адамды *мақташы* дейді. Мақташылар мақта өсіру жұмысын жерді жырттып, өңдеуден бастайды. Жыртылған жер бетінің ірі кесектері маламен, тырмамен майдаланып тегістелгеннен кейін кішкене арықша, жүйектер алынады. Мақта тұқымы көктемде себіледі. Мақташылықпен айналыстан өңірде мақта тұқымы *шиит* деп аталады. Сырдария мен Әмудария өзендерінің арасында мекендеген кейбір тайпалар бұл сөзді ертеден бері қолданғандығы М.Қашқари (XI ғасыр), В.В. Радловтың еңбектерінде атап айтылады.

Мақта өсіруге қолданылған тұқымы түрлері. *Шиит* деп аталатын мақта тұқымы



колданылатын орны мен мақсатына қарай бірнеше түрге бөлінеді. Оңтүстік өңірде ертеректе *Мысыр мақтасының шиіті*, *Америка мақтасының шиіті*, *жайдары қоза шиіті* тәрізді мақта тұқымдары белгілі болған. Кейінірек Оңтүстік Қазақстан облысының ауа райы мен жер жағдайының ерекшеліктеріне байланысты Совет дәуірінде шығарылған жіңішке талшықты мақта сұрыбы егілетін болды. Шиіттердің түсі ақ, көк, көкшіл, сарғыш түсті болып кездеседі. Олардың үлкен – кішілігі де әртүрлі болады. Шиітті қабық қоршап тұрады. Қабық ішіндегі өзегін – *маңыз*, сыртындағы қысқа талшығын *түк* дейді. Шиіт сыртындағы түгіне байланысты *түкті шиіт* және *түксіз шиіт* деп ажыратылады. Оңтүстік Қазақстан облысында талшығынан, түгінен ажыратылған шиітті *жалаңаш шиіт*, *фабрикалық шиіт*, *техникалық шиіт* деп колданады. Өз уақытымен пісіп жетілген, күтімі жақсы мақталықтан жиналған мақта ұлпасынан ажыратылған шиіттің дәні толық, әрі сапалы болатындықтан оны келесі көктемде себуге колданады. Бұндай шиіт М. шаруашылықтарына зауыт арқылы жіберіледі. Оны *тұқым шиіт* дейді (қ. *Шуім*).



Мақта өсіру. ҚР МӨМ қорынан (КП 21346/5)

Тұқым шиіт немесе *тұқымдық шиіт* мақтаны суық ұрғанға дейін теріп алынған М.-дан алынады. Көктемде себілетін шиіттер *қабықты шиіт*, *қабықсыз шиіт*, *түкті шиіт*, *түксіз шиіт* (кейде *жалаңаш шиіт* деп те айтады) деп жіктеледі. Уақытында немесе дұрыс егілмесе, шиіт шіріп кетеді. Түгі алынбаған шиіт *түкті шиіт* немесе *ақ шиіт* деп аталады. Түкті шиіт түксіз шиітке қарағанда әлдеқайда кеш өнсе, түксіз шиіт тез өніп шығады. Тұқым себу, егу жұмысы дер кезінде дұрыс ұйымдастырылмаса, шиіт өнбей қалады. Шиіт өнбей қалған жерлер *алағат* болып көрініп тұрады. Мұндай жағдайды *шиіт шықпауы* дейді. Егілген М. тұқымы кей жылдары сәуір-мамыр айларындағы салқын ауа райы мен көп жауған жаңбырдың әсерінен топырақ астында шіріп, өнбей қалады. Себілген тұқымның бұндай күйге ұшырауы *шиіт шіруі* деп аталады. Шиіт шірісе, мақта тұқымы қайта егіледі.

Мақтаны күтіп-баптау. Мақта жер бетіне қылтып шыққан соң, бойлап өсіп кетпей тұрғанда оларды сирету

жұмысы жүргізіледі. Жүйек-жүйекке ұзынынан бойлай себілген мақта тұқымы, әдетте, ұзыннан-ұзақ қалың болып шығады. Оны *қоза жаппай көріну* дейді. Мол өнім алу үшін белгілі бір өлшемде бір-екі түп өскіннен қалдырып отырып, басқаларын қолмен жұлып тастайды, яғни, мақтаны жекелейді, сиретеді. Бұны *жегелену* дейді. Бұл жұмысты кеш қалдырмай, уақытында бітіруге күш салынады, өйткені күннің ыстығында өсіп үлгеруі керек.

Жегелену жұмысы аяқталған соң, сиретілген мақта тез көтеріліп өсе бастайды. Оның негізгі сабағынан 10-15 жанама бұтақ өсіп шығады. Өнім беретін бұтақтардың шығуы *буын тастау* деп аталады. Негізгі сабақ бірнеше буыннан тұрады. Күзге салым онда жиырма шақты буын аралығы болады (буын аралығы – бір бұтақ пен екінші бұтақтың ара қашықтығы). Олардың әрқайсысының ұзындығы 4-4,5 сантиметрдей болады. М. өсімдігінің биіктігі буын аралықтарының санына, жердің құнарлығы мен мақта сұрыбына байланысты.

Қоза алғаш түйіндегенде қоза көсегін орап тұрған жапырақты *бұр*, жапырақтың алғашқы өркенін *бұршік* дейді. М. өсімдігі бойлап өскен сайын өнім беретін бұтағы да жоғарылай береді. Алғашқы өнім бұтағы қозаның төменгі жағында болады және ол басқа бұтақтардан бұрын гүлдейді. Бірте-бірте жоғарыдағы бұтақтар да гүлдей бастайды. Бұны мақташылар *балағынан гүлдеу* деп атайды. Гүл жаратын бұршікті *гүлшанақ* дейді. *Гүлшанақ* – гүлдеу алдындағы өнімдік элементі.

М. гүлге кіргеннен кейін *көсек байлай* бастайды. *Көсек* – гүл орнында пайда болатын түйін, яғни *гүл түйіні*. М. көсекті көп салу үшін өсіп келе жатқан сабағының ұшын қырқып тастайды. Оны *шекәнкі*, *шекенкі* дейді. М. шекәнкілегеннен кейін негізгі сабағының өсуі тоқтайды, тым бойлап өсіп кетпейді; соның нәтижесінде бойындағы нәрі өнім беретін көсек байлауға жұмсалады. Шекәнкілегенге дейін мақтаны жекеленгеннен бастап мақта танабының арамшөбі бірнеше рет *оталады*, түбі кетпенмен қопсытылады. Бұл кезді *мақта шабығы*, *қоза шабығы*, ал оны осылай баптап – күтуді *шабықтау* деп атайды.

М. – бірнеше рет мол суаруды қажет ететін өсімдік. Сондықтан суарумен арнайы белгіленген, егін суару ісіне маманданған *сушы* айналысады. Сушылар мақталықты суаруда *бас арықтан* тартылатын *оқ арық*, *бел арық*, *орта арық*, *желке арық*, *жан арық*, *қол арық*, *жүйек* және т.б. тәрізді жергілікті тұрғындар тілінде әртүрлі аталатын суландыру жүйесін пайдаланады (қ. *Арық; Егіншілік*). Сушы үлкенді-кішілі арық-атыздардағы су мөлшерін қадағалап, құлақты (егінге су жіберетін арықтың аузы, көмейі) ашып немесе жауып отырады (қ. *Мұран*). Суды байлап, шыммен бекітіп қойған жерді ашуды *құлақ ашу*, *құлақ ағыту*, арық-арыққа су жіберетін жерді бекітуді *құлақ байлау* дейді. Судың қашпауын (*су қашу* – судың суарып жатқан жерден асып кетіп, айдалаға кетуі) қадағалау мақтаның біркелкі суарылуын қамтамасыз етеді.

Дұрыс суарылмау немесе судың жеткіліксіз болуы, түптеп келгенде, мақта өнімін төмендетіп жібереді. Мақта өнімін төмендетуге мақталық жерде кездесетін зиянкестер мен мақта аурулары да көп әсер етеді. Мақташылар оларға қарсы күрес шараларын жүргізеді.

Мақта зиянкестері. Мақтаны күтіп-баптау барысында мақта дақылдың қалыпты өсуіне зиян келтіретін біте, мақта бітесі, көбелек, мақта көбелегі, мақтаның күйе көбелегі деп аталатын жәндіктерге қарсы күрес жүргізіледі. М. бітесінің аналықтары, дернәсілдері арамшөптердің арасында қыстап шығып, көктемде күн жылына көбейіп, жаздың басында М. егістігіне көше бастайды. Тез көбейетін мақта бітесі қозаның жапырақтарын зақымдап, мақта талшығын бүлдіреді, өсуін тежейді. Оған қарсы шара ретінде арамшөптерді отайды, дәрі себеді.

Шөлді аймақтардан басқа барлық жерде кең таралған мақта көбелегінің қуыршақтары топырақ арасында қыстап шығып, көктемде (17-20 градус жылылықта) топырақ бетіне шығып, мақтаның сабағына, жапырағына жұмыртқа салады. Мақта көбелегінің жұлдызқұрттары мақтадан өзге 100-ден астам өсімдік, дәнді және техникалық дақылдарға зиян келтіреді. Жұлдызқұрттар мақта гүлін, түйіндерді зақымдайды; мақта жапырағын, қуашағын тесіп, ішіндегі тұқымын да жейді. Сондықтан ол кейде мақта қауашағының құрты деп те аталады. Оған қарсы күресу үшін мақталықтың (мақта егетін жердің) топырағы аударылып, кесектері ұсақталады, көктемде арамшөбі оталады, көсек салған кезде арнайы дәрілер бүркіледі.

Мақта дақылдың тағы бір зиянкестерінің бірі мақтаның күйе көбелегі деп аталады. Бұл көбелек түрі М. шаруашылығымен айналысатын басқа елдерде де кездеседі. Көбелек жұмыртқаларын М. жапырағы мен сабағына, гүліне салып, одан пайда болған жұлдызқұрттарының зиянкестік әрекетінен мақта гүлі, гүл шанағы түсіп, жетіле қоймаған қуашағы солып қалады. Оларды дәрі-дәрмекпен жою шаралары қарастырылады.

Ұйымшылдықпен дер кезінде баптау мен зиянкес жәндіктерге, дақыл ауруларына қарсы жүргізілген тиімді жұмыстардың нәтижесінде көктемде егілген мақта өсуін тоқтатып, тамыздың аяғына таман, қыркүйектің басында өнім бере бастайды.



Мақтаның қауашағы. ОМЭЭ – материалдарынан

Мақта жинау. М. өсуін тоқтатқан кезде көсектер жарылып, құрғақ қуашаққа айналып, одан жетілген мақта талшықтары шығады да, күннің қызуымен үлпілдеген ақ мақтаға айналады. Ауа райына байланысты көсектер кейде ерте, кейде кеш жарылады. Мұны көсектің ашылуы, мақтаның ашылуы деп, ерте-кеш ашылуына байланысты алғашқы ашылу кезеңі, жартылай ашылған көсек, көсектің жаппай ашылуы деп бөледі. М. жинау жұмысы көсектер ашылғаннан бастап қолға алынады. Осы кезден мақта терімі деп аталатын нақандық жұмыс басталады. М. теретін адамдарды терімшілер дейді. М.-ны қолмен теріп алу жұмысы қолтерім деп аталады. Өйткені мақта техниканың дамуына байланысты мақта теруге бейімдеп жасалған комбайнмен де теріледі. М.-ны қолмен теруге көп адам жұмылдырылады, өйткені мақта жауын-шашынға, суыққа қалса, сапасы төмендейді, жаз бойы еткен еңбек рәсуа болады. Көмекке келген адамдарды жәрдемшілер дейді.

М.-ны қолмен тергенде терімші алдына байлап алған аузы кеңірек қапшық-дорбаға салып жинайды. М. қауашағының М. тұратын жеке бөлігі, әрбір тармағы құлақ деп аталады. Тергенде құлақта М. қалдырмау керек. Құлақта жалбыраған М. қалса, шала терілді деп есептеледі. Шала терілген жердің М.-сын ысырап болмау үшін қайта теруге тура келеді. Сондықтан бұрын М. теріп көрмеген жәрдемшілерге, тәжірибесіз терімшілерге М.-ны қалай теру керектігі көрсетіліп, «тергенде құлақ қалмасын, мақтаның құлағын қалдырмай тер» деген тәрізді нұсқау беріледі.



Мақта. Мақтаарал ауданы. ОҚО. ОМЭЭ – материалдарынан

Мақтадан алынатын өнімдер. Мақта май деп аталатын тағамдық май түрі мақта тұқымынан өндіріледі. Шипітнен ажыратылған мақта – тоқыма өнеркәсібінің негізгі шикізаты. Оның ұзын талшықтарынан сәтен, бөз, шыт, бәтес және т.б. деп аталатын мата түрлері тоқылады, қысқа талшықтары жанғыш білте, жасанды жібек жіп, целлюлоза, пластмасса және т.б. жасауға пайдаланылады.

М. өсіретін аудандарда қос мақтаны береке деп түсіпеді. Қос мақта деп қауашақтары бір-біріне жабысып өскен,



бір сабақта өскен мақтаны айтады. Ол мақталықта сирек кездеседі. Мақта теріп жүргенде қос мақта тауып алған адам басқа бір терімшіге «*еңбек жемісті болсын*», «*мақта терімі молшылық әкелсін*» деген тілекпен ұсынады. Ол адам рахмет айтып, осындай мақтаны сыйлаған адамды шай ішуге шақырып жататыны болады. Қос мақтаны ырым етіп үйдің төріне, кілемнің жоғарғы жағына іліп қояды. Қос мақта ұсыну жастар арасында да кездеседі. Оны тауыш алған жігіт сырттай ұнатып жүрген қызына береді. Бұл жағдай екі жастың жақынырақ сөйлесін білісуіне, достасуына, бір-біріне шынайы сезімін білдіруіне себепкер болатыны да ұшырасады.

Әлеб.: *Мәшһүр Жүсіп*. Шығармалары. 2-том. Павлодар: ЭКО ҒӨФ, 2003; *Уалиұлы Н.* Әйелдердің мифтік санадағы бейнесінің паремиологиздердегі көрінісі (репрезенттілігі) // «Жалпы тіл білімі және түркі тілдерінің өзекті мәселелері» атты ғылыми конференция материалы. Астана, 2010. 266-274 бб; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МАЛ – казактың дәстүрлі құндылықтар жүйесіндегі материалдық игіліктерді толығымен қамтитын категория. М. атауы араб тілінде (*маль* – ل م ا) мүлік, дәулет, байлық деген мағынаны білдіреді. Түркі және моңғол көшпелілерінде М. жоғарыда аталған мағыналармен қоса тауар (товар) ұғымында да қолданылды. Тарихи-мәдени тұрғыдан материалдық игілік атаулының жалпылама ортақ атауы ретінде орныққан М. ұғымы казактың ауыз әдебиет үлгілері мен жырау, ақындар поэзиясындағы философиялық тақырыптарда жиі қаузалатын тақырып болды.

Көшпелі ортадағы адамның игілігіне қызмет ететін М. ұғымының өрісі кен: оған *ақша, бұйым, дүние мүлік, қаржы, қаражат* сияқты материалдық игіліктермен қоса *төрт түлік* енеді (қ. **Төрт түлік**). Өйткені, көшпелі қоғамның өндіріс қатынастарының негізгі арқауына айналған *төрт түлік* күллі материалдық игілік пен тіршілікқама жүйесіндегі тұтыныстық сұраныстарды қамтамасыз етін отырды. Сөйтіп, казактың ұғымда адамның ыркына көнетін, яғни бағу, өсіру барысында онан күнкөріс қажеттілігін (тұтыныс, азық-түлік, транспорт және т.б.) өтейтін сан түрлі өнім алуға жарайтын төрт түлік – М. категориясының эквиваленті болып қалыптасқан. Этнолог Нұрсан Әлімбаевтің сөзімен айтқанда «*төрт түлік көшпелі ортадағы айырбастық және бөлініс қатынасының негізгі тірегі, қоғамдағы әлеуметтік қатынастардың дәстүрлі нормалары мен қағидаларын реттеуші әрі нығайтушы, байлықты толықтырудың тиімді құралы болды*». Осыған орай ғалым мынадай реконструкция ұсынады: материалдық игілікті негізінен екі үлкен топта топқа бөлінді: біріншісі – *мал*; екіншісі – *мүлік*. Мұнда мал санатына төрт түлік еңсе, *мүлік* санатына үй-жай, қора-қопсы сияқты материалдық игіліктер (үй-жайдың санатына кірмейтін мүліктер *нәрсе* деп аталады) жатады. Расында төрт түлікті тіршілік кәдесіне жарату – көшпелі ортадағы қауым мүшелерінің еңбек және мүлік қатынастарының негізгі принципін айқындайтын басты факторға айналған. Соған байланысты М. көшпелі ортадағы экономикалық,

құқықтық, ғұрыптық және әлеуметтік байланыстарды жүзеге асыру үрдісінде ең басты «*құрал*» міндетін атқарды деуге болады. Мысалы, неке-құдандалық салтында *қалыңмал*, құқықтық қатынастарды реттеудегі *құн, айып* сияқты мәселелер М. арқылы реттеліп отырды. М. меншік қатынастары мен туысқандық жүйедегі *тарту-таралғы* мен *сый-кәденің* және жас отбасына берілетін *еншінің* негізгі бөлігін құрайды (қ. **Енші; Қырық жеті; Қалың**). Сонымен қатар, казакты ортадағы әлеуметтік, экономикалық, туысқандық қатынастар жүйесіндегі жосын-жоралғылар мен «*ата-баба жолымен*» қалыптасқан ғұрып, жосын-жоралғылардың атқарылуы *төрт түлік арқылы* жүзеге асырылып отырды. Мысалы, *жылу беру, байгазы, енші, қызыл көтеру, сый, мін төлеу, сүйінші, ақсарбас айту, жиенқұрық, сыбаға, ерулік* және т.б..



Мал. ҚР МОМ қорынан (КП 10438/32)

Осындай тарихи-мәдени, экономикалық себептерге байланысты М. (бұл ретте төрт түлік) санының көп, әрі сапасының жоғары болуы байлықтың және тоқ тіршіліктің символына айналды және әлеуметтік мәртебенің көрсеткіші ретінде бағаланды. Казактың тұрмыс-тіршілігі, әсіресе күн-көріс қамы төрт түлік малмен тікелей байланысты екендігіне жете мән берген көшпелілер мал мен жанды (адамды) бір-бірінен тығыз байланыста қарастырды (қ. **Мал-жан**). Ә.Диваевтың сөзімен айтқанда, «*казактың тіршілігінде малы жеткілікті болса ғана, оның тұрмысы мәнді, бақытты болады*». Сол сияқты «*Әуелгі байлық денсаулық, екінші байлық ақ жаулық, ақырғы байлық бес саулық*» деп М.-ды адамның тіршілігіне қажетті үш асыл мұраттың қатарына қосқан. М.-ға қатысты халықтық қағида жиі айталатын баталарда көрініс тапқан:

*Бай бол, малды бол,
Өз құрбыңның алды бол,
Ұл қызыңның қызығын көр,
Мал дүниенің рызығын көр.*

Төрт түлік көшпелінің тіршілігінің барлық саласына пайдаланылатын объект ғана емес, қауымның өзіндік болмысының ажырамас «атрибуты». Дәстүрлі түсінікте М. бағып-қағу, өсіру үрдістеріне қамти отырып, онан тіршілікқама қажетті шикізат пен тағамдық өнім алуға болатын (ең негізгі «өндіруші» нысаны), әрі көлік және

сұмыс күші (транспорт) ретінде пайдаланылатын жанды өндіріс құралы» дегенді білдіреді. Төрт түліктен көшпелі ауымының күнкөріске қажетті тағамдық және тұтыныстық тұқтаждықты өтеуге бағытталған әртүрлі өнім алады: азық үрлерін (*ет пен сүт өнімдері* алынады) және шикізат үрлерін (*тері, жүн түрлері*), сондай-ақ, қосалқы шикізат *мүйіз, сүйек, тұяқ, қи, тезек* және т.б.) сияқты көшпелі іршіліктің барлық саласына қажетті дүниелер (**қ. Аспағам; Сүт-сүме, Ақ тағам; Тері; Жүн**). Демек, мал өнімдерінің кәдеге жарамайтындары жоқ, яғни, көшпелі мал шаруашылығын «қалдықсыз өнім» беретін цикл деп тағалауға болады. Сөйтіп малдан алынатын тағамнан басқа мал өнімдерді ұқсата отырып, мүлік, бұйым, нәрсе жасау рқылы материалдық игілікке пайдаланды және айырбастау мен саудалауға шығарды. Осыған орай төрт түліктің арқайсысына халық мынадай баға берген:

*Түйе – байлық, салтанат,
Жылқы – сәндік, мақтан,
Сиыр – қанағат, ақтық,
Қой – қазына, мырзалық,
Ешкі – жеңілдік, жоқтың күні*

Мифтік санадағы мал. Төрт түлік малдың сан салалы маңызына байланыста осы өсірумен шұғылданатын құрттардың мәдениетінде ежелден алуан түрлі түсініктер қалыптасқан. Халық санасындағы түсінік бойынша *малдың желеп-жебеуші пірлері бар*. Кез келген адамның бақытсыздық пен келеңсіздікке душар болуын төрт түлікті қадірлемеуден, мал пірлерінің кәріне ұшыраудан немесе мал өркініне обал жасаудан болады деп түсіндірген (**қ. Мал пірі**).



Мал. ҚР МӨМ қорынан (КП 6469)

Мифтік сенім-наным бойынша ата-баба рухына арнап құрбандыққа шалған М. тірілер мен өлілер әлемінің арасындағы тылсым «байланыстың» дәнекері, тіпті медиаторы іспетті міндет атқарады деп саналады (**қ. Құрбан шалу**). Мұндай ғұрыпқа *демі ыстық мал* деген санатқа жатқызылатын жылқы мен қой түлігі шалынады жылқыны құрбандыққа шалу ислам канондарына қайшы екендігі белгілі). Дәстүрлі түсінікте адамның көзі тірісінде пайдаланылған *мал түлігі* (сондай-ақ, дүние мүлкімен және туыс-туғандарымен де) *о дүниеде қайта қауышады*

деген сенім-наным болған. Сондықтан, өлімнің артын күту ғұрыптарында оған арнап неғұрлым *көп мал құрбандыққа сойылса*, марқұмның күнәсі жеңілдей түседі деген түсінік бойынша аруақты мейлінше риза етуге тырысқан. Өлім ғұрыптарында бағыштап сойылған мал марқұмның жанын қияметтің қыл көпірінен аман өтуге көмектеседі, яғни адамның о дүниедегі «кәдесіне» асады деп сенген. Ал, осындай мақсатқа арнап құрбандыққа шалынған жылқы *өліктің рухын Тәңірге* киналтпай жеткізетін медиаторлық қызметі бар деп есептеген (**қ. Құрбан шалу; Аруақ; Жылқы; О дүние**).



Мал. Қарқаралы. Қарағанды облысы. ОМЭЭ – материалдарынан

Өліктің рухы мен қой арасындағы сакральды байланыс нәтижесінде белгілі уақыт өткен соң *адамның қайта жанданған рухы арқар, бұғы, тау ешкі*, елік қатарлы тағыларға көшеді деп санайды. Бұл жайында сан алуан аңыз, әпсаналарда қоңыр аңдарды Құдайдың малына теңестіреді. Сондықтан қоңыр аңдарды жөн-жосықсыз көп атуға болмайды деген тыйым осыған байланысты қалыптасқан (**қ. Қоңыр аң**).

Жалпы мал баққан, көшпелі елдің салт-дәстүрі төрт түлікке байланысты ырымдар мен тыйымдарды, оның басты принциптерін (*мал төркіні, обал, арам, сауап* сияқты категорияларды) қауым мүшелерінің бойына сіңіре отырып төрт түлік малды қадірлеу мәдениетін қалыптастырды (**қ. Адал; Арам; Обал; Сауап**).

Мал жаратылысы туралы қазақы түсінік. Ертеде мал да адамзат баласымен бірдей деңгейде болған деседі. Архаикалық мифтердің қатарындағы мал туралы аңызда оның неге шөп қоректі болғандығы былай баяндалады: *«Ертеде адамдар да малға ұқсап шөп жейді екен дейді. Келесі адам баласының ақылы толысып, айлакерлікті үйренген соң, аңдарды қуалап, өрісін тартып ап, өздері ғана иеленіп, мол шөп жинап, қор сақтайтын болған екен. Төгеріш көріп ашыққан аңдар жаратушыға арыз айтып барғанда құдай оларға «Ендеше, сендер шөп жейтін болыңдар, адамдар сендерді жейтін болсын» деп үкім шығарады.*

Малдың арғы тегі жайлы тағы бір аңызда былай делінеді: *«Ерте заманда ат та, сиыр да болмаған. Адамдар шөп жеп, өмір сүрген. Сиырлардың әкесі – Зеңгі баба Адам*



атаның тұсында өмір сүрген. Адамдар шөп жинап, Зеңгі бабаны тамақтандырып, сауып, сүтін алған. Ал жылқы кең далада жүрген. Оның аты – Жұпар. Ол адамнан: «Маған да шөп берші!» – деп сұрайды. Сонда адам: «Егер келіссең, мен сені ерттеп мініп жүріп немесе сатар едім», – депті. Ат келіседі де, адам аған шөп береді. Түйелердің арғы атасы – Ойсыл қара. Ойсыл қара – суға салса, батпайтын, ескі саба».

Аңыздарда М.-дың шығу тегінің метафоралық сипаттамасы, олардың ерекшелігіне қарай халықтық жіктеуге негіз болып табылады:

- жүйріктігіне қарай жылқыны желден шықты;
- төзімділігіне байланысты түйені сордан шыққан дейді;
- исламдағы негізгі құрбандық М. екендігіне қарай қой-бейіштен (көктен, Мекеден) немесе оттан шықты дейді;
- суды ұнататындығына қарай сиырды судан шықты дейді;
- таулы-тасты жерге бейімділігіне қарай ешкі-тастан пайда болған деседі.



Мал. ҚР МММ қорынан (ФКП 201)

Әр түлікке берілген қазақы мұндай «баға», сайып келгенде, олардың жаратылысындағы ерекшеліктің оларды бағудағы назарда болатын басты ұстаным деуге болады. Осыған байланысты оның бағып-қағудың өзіндік «машакаты» мен қай түліктің нендей жайылымды ұнататындығы фольклор үлгілерінде айтылады. Мысалы, сондай бір деректе түліктер өзара келісіп, қандай жерге, қандай адамға бітетіндігі жөнінде былай деген екен деседі.

Қой айтыпты дейді:

*Күңгейлі қара тасқа бітем,
Жүн жеп, жабағы тышқан насқа бітем*

Жылқы:

*Бетегелі белге бітем,
Найза ұстаған ерге бітем*

Түйе:

*Жалмаң құлақты сорға бітем,
Ел ішіндегі зорға бітем,*

Сиыр айтыпты дейді:

*Қалың қорық нуга бітем,
Қоры үзілген қуға бітем*

Яғни, жылқы өсіруге бетеге, көде, қаудан бітік өскен самал өскен жоталы жердің оты мен жайылымын ұнататындығын, әрі оны бағып-қағуға қайрат күші мол ер азаматтардың еңбегі қажет етеді. Ал, түйе шөлейт, құмды жерді сүйеді және құт берекесі, әлеуеті бар жанға бітеді дейді. Қой кен аумақты жерде, машакатпен еңбек еткен қарапайым жанға бітеді деп санайды. Сиырды шөбі қалың нулы жер болса қоры үзілген кедей де малдана алатындығы айтылады (қ. **Қой; Жылқы**). Ал сиыр қара мал, пұшық, сасық мал деп жағымсыз бейнеде сипатталады. Оның мәні аталған түліктің казак даласының табиғи-экологиялық жағдайы мен көшпелі мал шаруашылығының талаптарына аса үйлесе бермейтіндігімен түсіндіруге болады. Ноғайлы заманының жыраулары «сиыр деген мал шықты, ақша деген пұл шықты» деп сынауының мәні сиыр түлігінің жаугершілік пен отаршылдыққа байланысты классикалық көшпеліліктің аясының тарыла бастаған заманын меңзейді (қ. **Сиыр**).


Малды түрге бөлу. Көшпелі мал шаруашылығының талабына қарай төрт түлікті үлкен екі топқа жіктейді: біріншісі – ақ мал (жылқы), екіншісі – қара мал (қ. **Ақ мал, қара мал**). Сирақтағы тұра-тұқайының бітісіне қарай да екіге бөледі: айыртұяқ ашатұяқ немесе жұптұяқ десе, екінші топтағыларды жұмыртұяқ тақтұяқ немесе поэтикалық метафоралық образды атауы айтұяқ деп те атайды.

Ақ малға жататын жылқы иен далада коста бағылатын, аққұла қасиетті мал казак даласының табиғи ерекшеліктерінің үйлескен түлік ретінде жоғары бағаланды. Жылқы бойындағы эволюция негізінде қалыптасқан сипат – қыстың күні тебіндеп жайыла алатындығында (қ. **Жылқы**).



Мал. ҚР МММ қорынан (КП 10438/31)

Ал, қыста қораға қамалын бағылатын, тебіндеп жайылуы екіталай түйе, сиыр, қой және ешкіні, қазақы түсінікте қара малға жатқызды. Сондықтан оларды қары аз, өтек, койнау сияқты ой жерлерге және құмның арасына отарға шығарады, қарды аршып жайылтты (қ. **Ашатұяқ**). Қара малдың тағы бір ерекшелігі – күйіс қайыратындығында. Қара мал жем-шөпті отаған соң шала шайнап жұтып, қайта



Мал жайылымының картасы

кекіріп, күйіс қайырады. Жылқы күйіс қайырмайды, ондай «қызметті» жылқы қарынында жемді қорытатын құрттар атқарады.

Мал өнімдерін тұтыну мәдениетінде (сондай-ақ оларды емдеуге пайдалану) олардың жараталысындағы ерекшеліктеріне қарай түлікті *ыстық райлы* және *суық райлы* екіге деп бөледі. Ыстық райлы малға жылқы мен қой жатады. Қойдың ыстық райлы түлік санатына қосылуының себебі мифтік аңызда былай деп баяндалады: «*Ертеде адам да мал тәрізді отығады екен. Уақыт өте ақылы толыққан адам айлакерлікті үйренеді, аңдарды өрісін тартып алып, мол шөп жинап, қор сақтайтын болған екен. Ашыққан аңдар Жаратушыға арызданған кезде оларға «ендеше, сендер шөп жейтін болыңдар, адамдар сендерді жейтін болсын» деп үкім шығарады. Сонда, қой алдымен мақұлдап жаратқанның қолын іскеген екен. Қойды бауыздағанда үнсіз жататын себебі осыған байланысты*». Қазақтың дәстүрлі ас-тағам мәдениетіндегі бұлжытпас жоралар қатарында Жаратқанның қолын іскеген қойдың басын тартқан кезде оның киелі тұмсығын алдымен кесіп жеп, ырым жасайтыны ғұрып осыған байланысты қалыптасқан деседі. Дәстүрлі түсінік бойынша, ыстық райлы малдың қаны тасып тұрады және ет өнімдері ыстық болғандықтан жел құз бен суықтан пайда болған ауруларды емдеуге ыстық райлы малдың өнімдері, әсіресе еті мен сорпасы шипа болады деген. (к. *Жел құз*).

М.-дың меншік қатынастарына байланысты қалыптасқан атаулары субъектіге қатысты айтылады. Мысалы, дәстүрлі ортада отбасы иелігіндегі малды былай бөледі: малдың өзегін құрайтын атадан *еншіге алған мал* (бұл), сол малдан туғандарын «*тән меншік мал*», өсімге берген мал, кірлейтін мал – садақа, қайыр, зекет, жылу сияқты мақсаттарға берілетін мал

Малдың сипаты туралы дәстүрлі түсінік. Бұл сан салалы және көп қырлы күрделі ұғымдар кешенінен тұратын мәселе. Ең алдымен малға «жаны бар», яғни адам тәрізді саналы жаратылыс иесі деп қарайды. Бұл ұстаным малды пайдалану, сою, бағып-қағу технологиясына байланысты үрдістерде анық байқалады. Мысалы, қорадан мал әбден алыстап кетпейінше немесе мал қарап тұрған кезде (көзінше) мал бауыздауға тыйым салынады. Өйткені, малдың мінезіне кесірін тигізеді деп санаған. Сол тәрізді, соятын малға тұз жалатып, су ұрттатқан. Оны бақилық болар адамға *атаукересін* беру, өлген адамның басынан дәм-тұз айналдырып алатын ырымның параллелі ретінде қарастыруға болады (к. *Мал сою; Имансу; Атаукере*).

Мал туралы келеңсіз әңгіме айтылардың алдында «*мал құлағы саңырау*» деген магиялық мәндегі сөз орамын айтылған соң ғана жайсыз әңгімеге ойысады. «*Мал сою*» дегенді тура айтпай, «*тышқан мұрнын қанатпаймыз ба?*» деген эвфемизммен алмастырады. Сол сияқты тылсым күштерден сақтану үшін айтылатын жалбыру мәніндегі



бата-тілекте малдың атын тура атамай тұспалдап жеткізген. Мысалы:

*Бисмилла, Ай мүйізді,
Аша тұяқтым-ай,
Жұпар иісті, бауырсақ құлақтым-ай!
Сенде жазық жоқ,
Менде азық жоқ,
Аллаһу ақбар!–*

Сөйтіп, қой сояда алдымен мал пірлеріне жалбарыну сөзін, адал ниетін жеткізген соң оның рахымын сұраған соң ғана бауыздауға кіріседі.

Адам тәрзді малдың жаны да оның жүрегінде «тұрақтайды» деген түсінік бар (**к. Жан**). Соған байланысты малдың жүрегін жару мен айқұлағын алу бір мал бауыздаумен тең деп саналған. Сондықтан бұл рәсімді бауыздаған қасапшы емес, өзге ер азамат атқаруы тиіс. Өйткені, бір малдың қаны мен жанын бірдей бір адам жүктеу үлкен ауыртпалық болып саналады (**к. Мал сою**).

Дәстүрлі түсінікте малды саналыға балайды. Бұл түсініктің жұрнағы малға қатысты сенім-наным мен ырымдарда байқалады. Мысалы, төлін жеріген саулық малға бағыттап айтатын телу жырында малды саналыға балау, оған «ақыл» айту жайттары кездеседі. Мысалы, төлін жеріген саулық бағыттап былай дейді:

*Өзіңнен тұған бала гой,
Қарамасаң, бола ма?
Саған ақыл айтам деп,
Алып қалдым қораға (**к. Телу**).*

Қартайып өлген қадірлі ат пен атанның бас сүйегіне тас байлап терең суға салып жіберсе, «шөлдемей жатады» деп сенген. Демек, дәстүрлі түсінікте малда да рух бар деп есептеген. Адамға зардабын тигізетін алуан түрлі кесірлі рухтар мен жындар малға да үйір болып келеді деген түсінік бар. Мысалы, жанадан туған малға марту үйір, әсіресе жас ботаға оны шидің арғына жасырып ұстайды, құтты деп саналған малдың мойнына немесе басына тұмар тағып қоятын дәстүрдің түпкі мәні тіл мен көздің сұғы қадалудан сақтау болып табылады (**к. Марту; Бота; Жүйрік; Назаркерде**).

Әдеб.: Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. В 3-х частях. Часть третья. Этнографические известия. СПб.: Тип. Карла Крайя, 1832; Будагов А. Сравнительный словарь турецко-татарских наречий. Т.1. СПб., 1869; Загрязский Г. Очерки Перовского уезда // ТВ. 1872. №29; Добросмыслов А.И. Скотоводство в Тургайской области. Оренбург: Тургайский обл. стат. комитет, 1895; Диваев А. Легенда о Казыкуртовском ковчеге. Сборник материалов для статистики Сыр-Дарьинской области издание Сыр-Дарьинского Областного Статистического Комитета. Том V. Ташкент, 1896; Букейхан А.Н. Казахи Адаевского уезда // Казахи. Антропологические очерки. Издание особого комитета Академии наук по исследованию союзных и автономных республик. Л.: АН СССР, 1927. С.59-83; Сейфуллин С. Шығармалар. 6-том. Қазақ әдебиеті. Алматы: Қазмемкөркемәдеббас., 1964; Шахматов В.Ф. Казахская пастбищно-кочевая община. Алма-Ата: Наука, 1964; Аргынбаев Х. Қазақтың мал шаруашылығы жайында этнографиялық очерк. Алматы: Ғылым, 1969; Он же. Народные обычаи и поверья казахов, связанные со скотоводством // Хозяйственно-культурные традиции народов Средней Азии и Казахстана. М.: Наука, 1975. С.127-137; Толыбеков С.Е. Кочевое общество казахов в нач. XVII-нач. XX века (политико-экономический анализ). Алма-Ата: Наука,

1971; Мұқанов С. Халық мұрасы. Алматы: Қазақстан. 1974; Уахатов Б. Қазақтың халық өлеңдері. Алматы: Ғылым, 1974; Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Алматы: Ғылым, 1977; Хозяйство казахов на рубеже XIX-XX веков. Материалы к историко-этнографическому атласу. Алма-Ата: Наука Казахской ССР, 1980; Оңдасынов Н. Арабша-қазақша түсіндірме сөздік. Алматы: Қазақстан, 1984; Радлов В.В. Из Сибири. Страницы дневника. М.: Наука, 1989; Арабско-русский словарь. Ташкент: Камалат, 1994; Казахи. Историко-этнографическое исследование. Алматы: Казахстан, 1995; Масанов Н.Э. Кочевая цивилизация казахов. Основы жизнедеятельности кочевых обществ. М.: Горизонт, 1995; Қурьлев В.П. Скот, земля, община у кочевых и полукочевых казахов (вторая половина XIX – начало XX века). СПб.: Петербургкомстат, 1998; Алымбай Нурсан, Муканов М.С., Арейнбаев Х. Традиционная культура жизнеобеспечения казахов. Очерки теории и истории. Алматы: Ғылым, 1998; Алымбай Нурсан. Община как способ жизнедеятельности кочевников: о механизме реализации социальных отношений в кочевой среде // Отечественная история. 1999. №1. С.59-70; Қайдар Ә. Халық даналығы. Алматы: Тоғанай, 2004; Жанпейісов Е.Н. Төрт түлік төңірегінде // ҚР ҰҒА Хабаршысы. Тіл, әдебиет сериясы. 2005. №3. 3-9 бб; ҚӘТС. 10-том. Алматы: Арыс, 2009; ҚР МММ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МАЛ ҚОҢЫ – малдың дене толысымын, семіздігін білдіретін ұғым. М. к. көктемгі күйіне, тойымына (жайылымына) байланысты, яғни, күннің көзі жылынып, көкке тойынған малды – *қан семіз*; күн ысып, мал қондана бастағанды *ет семіз*; жаз соңында кей өлкелерде күзде әбден семірген малды – *май семіз* деп бөлген (**к. Төрт түлік**).

ҚР МММ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МАЛ ҚОРА – мал қамау үшін жасалған құрылысты білдіретін атау. Қазақта *қора* деп үй жануарларына қамауға арналған және өзге де шаруашылық пен тұрмысқа қажетті заттарды сақтау мақсатында салынған құрылысты айтады (**к. Қора**). Қоралар пайдаланылуына орай *отын қора*, *көмір қора*, *қи қора*, *шөп қора*, *жем қора*, *құс қора* деген сияқты түрліше аталады. Осындай үрдіске орай мал қамауға арналған қораны өзгелерінен бөліп көрсету үшін М. к. деп атау қалыптасқан. М. к. әр аймақта әртүрлі қолжетімді материалдардан жасалып, соған орай *тасқора*, *шымқора*, *соқпа қора*, *кірпіш қора*, ал жасалыну түріне қарай – *ашық қора*, *жабық қора* деп аталған (**к. Қора; Жабық қора**). М. к. өзі қамалатын түлік түрлеріне орай түрліше аталады. Мәселен, күнделікті мініс аттары тұратын – *ат қора*, сиырлар байланатын – *сиыр қора*, қойлар қамалатын – *қой қора* деген түрлері бар.

Мұндай қора түрлері кейде жеке-жеке салынса, көп жағдайда үлкен М. к. салынып, оның өзі ішінен бірнеше бөлмелерге бөлінеді. Мұндай М. к. ішіндегі бөлмелерінің арқайсысы қамалатын түлікке орай – *ат қора*, *сиыр қора*, *қой қора*, *төл қора*, *бұзау қора*, *қозы қора* деп атала береді.

М. к. негізінен отырықшы және жартылай отырықшылар арасында кең таралған. Көшпелі қазақтарда көбінесе қыстауға ғана салынған. М. к. негізінен суыққа төзімсіз сиыр түлігіне және ұсақ малдарға арналып жасалатын болған. Сиырлар түнгі мезгілде сиыр қоранын ішіне қатарластарыла байланады. Күндіз сыртқа шығарылып, түнгі жатар орнын тазалап, құрғақ төсеніштер төселуі мүмкін. Ал қой қорасының тек бопырларын қырып алып отыруы мүмкін. Көктеуге көшкеннен кейін қой қораның астына байланған ки ойылып алынып, қалған көңі қырып, сыпырып алып, арнайы орынға төгіледі (**к. Қоң; Ки**).



Мал қора. Суретші Қастеев Ә. ҚР МӨМ қорынан (КП 9257)

Осылайша келесі қысқа дейін күн түсіп, жел қағып қора ішінің әбден кебуіне мүмкіндік жасалады. Мал арасында қотыр сияқты жұқпалы аурулар шыға калғанда және кене тәрізді жәндіктер көбейіп кеткенде М. к. түгелдей сыпырып тазаланып, *итсигек* сияқты өсімдіктердің қайнатылған тұнбасын шашып тастайтын болған.

Әдеб.: *Арғынбаев Х.* Қазақтың мал шаруашылығы жайында этнографиялық очерк. Алматы: Ғылым, 1969; *Жәнібеков Ө.* Уақыт керуені. Алматы: Жазушы, 1992; ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МАЛ ҚҰНЫ – көшпелі ортадағы төрт түліктің экономикалық қатынастардағы бағасы, құны немесе эквиваленттік мөлшерін білдіретін ұғым. Төрт түлік негізгі экономикалық қатынастардың өзегі, әрі мен материалдық құндылық төрт түлік мал болғандықтан, малдың нарықтық бағасының өзіндік жүйесі қалыптасқан. Бұл жүйеде малдың баламалық құндылығы салыстырмалы түрде қолданылатын, мысалы жақсы ат он байталға бағаланса, бір байтал бес қойға бағаланған. М.к. есептегенде ең төменгі, негізгі өлшем бірлігі *қой басы* болып келетін. Ал қой басын есептік бірлікке алғанда, ісек, тұсақ, еркек қой, саулық деп және жіктелетін болғанын да атап кету керек. Сауда-саттықта, барымта немесе ұрлық-қарлықтың, ит-құстың немесе табиғи апаттардың себебінен болған шығын – кірісті санағанда да М. к. реттеуші бірлік болып келеді. Айырбас, неке-отбасылық қатынас, ең бастысы ғұрыптық құқықтағы төлемдер төрт түлік малмен есептелгенде, М. к. – түрлі түліктің бағалық эквиваленті, қой басымен саналатын. Мысалы атан түйенің құны он қой деген сияқты. Яғни жылқы, сиыр, түйенің бағасы оның жасы, жынысы, түр-түсі, жүйріктігі, сүттілігі, жұмыстық қабілеті сияқты жеке қасиеттеріне байланысты М. к. әртүрлі болатын. Бұл қағида «*Жеті Жарғыда*» кездесетін мал түріне байланысты төленетін құндар туралы бөлігінде нақты көрсетілген. Мысалы, «*ерен жүйрік, тайналған жорға аттың құны – жүз қой; белі мықты атан нар түйелердің құны – жесірме бес қой. Тоқ қара мен атан өгіздің нарқы он қой болса, бір бесті аттың құны сегіз қой болып белгіленеді*». Ірі қараның ортақ өлшемі бір бесті, бір бесті он қой, ұсақтың ортақ өлшемі тоқты мен ешкі делінген. Бұл арада малдың бітіміндегі бірлік баға өлшемі (сату, айырбас бағасы емес) дау бітірудің нақты жағдайына сайма-сай өлшенген.

Неке-отбасылық қатынаста қыз үшін берілетін қалыңмал байтал есебі бойынша жүргізілген. Қоғамдық-саяси жағдайға байланысты экономикалық дағдарысқа тап болған кезеңнен бастап *домалақ құда* жолымен жүргізілген (к. *Қалың; Жасау*). Қыз үшін берілетін қалың *қырық жеті байталмен* есептелген (к. *Қырық жеті*). Бірақ, ондай малды беру ауқатты қазақтардың қолынан келген. Шынтауайтында халық арасында мұндай қалыңмалды нақты малдың құнына шағыш «есептеген». Қазақы ортада қалыптасқан үрдіс бойынша жақсы ат жиырма бес байталға, атан түйе он байтал есебінде жүрген. Жеті, тоғыз, он бір тұқ малдан құралған қысырақ матап беретін жайттар да кездесіп тұрған.

Қалың қазақтан оқшауланып Манж-Чин ықпалында қалған Алтайдағы қазақтардың арасында кейінгі кезге дейін күшін жоймаған «*Төрт би төренің заң-ережелері*» деп аталатын қазақтың ғұрыптық құқықтың ережелері бойынша төрт түліктің өзара эквивалент өлшемін былай деп белгілеген: «*..бес жастан асқан атан түйе яки қайымал інген 30 қойға есептеледі. Дөнен атан, қысыр інген 15-20 қой, тайлақ 10-15 қой, боталы інген 30 қой есебіне бағаланады. Мініс аты мен бес жастан асқан буаз бие 10 қойға тең. Ал қарақұлақ болған (екі айға толған) құлыны бар бие 12 қойға бағаланады. Дөнен қысыр бие 8 қой, құнан, құнажсын байтал 6 қой есебіне, ал жабағы 4 қой есебіне бағаланады. Атан өгіз, бестіден өрлей бұзаулы сиыр 10 қой, дөнен өгіз, қысыр сиыр 8 қой, құнан өгіз, құнажсын сиыр 6 қой. Еркек ұрғашы тайыншаның бірдей 4 қой, бұзау 2 қой деп есептеледі*». Бір қой 2 тоқты, 3 жастан жоғары еркек қойдың бағасы 3 тоқтыға тең болады. Ал екі ешкінің құны бір жуан қойға тең болады. Екінші екі серкеші (6 ай болған лак) бір тоқтыға тең.

Төрт түліктегі ең қажетті құндысы деп саналған *мініс атының* белгіленген бір құны жоқ. Ол аттың нақты жағдайына қарай бағаланады: мысалы, ерекше жүйрік немесе жорғалардың бағасы 5 бесті атқа немесе жеті ірі қараға немесе 300 қойға дейін жеткен. Құтпан малдың құны басқаларынан ерекше бағаланған: сату, айырбас жасағанда немесе кастандықпен өлтірген жағдайда айырықша мән берілген (к. *Құтпан / Құтпан мал*). Шыңжаңдық зерттеуші Я.Құмарұлының мәліметіне қарағанда, бір бураның бағасы екі бесті атан; бір айғырдың бағасы екі бесті ат; бір бұқаның бағасы екі дөнен өгіз; бір қойның бағасы екі қойға тең.

Қазақы ортада біреуге берілген немесе біреуден алған несие, борыш бір-екі жыл өткен соң өсімімен қайтарылатын үрдіс бар. Айталық, қарызға алған қойын екі-үш жылда қайтарылса, оған бір қозы қосып береді. Ал қарызға алған бір тайды он жылда (!) қайтарса, бір жас қосылған құнан береді. Саулық малдың өсімі мұнан да көбірек болады. Қорыта келгенде М. к. дегеніміз дәстүрлі ортада түрлі материалдық қатынастарда қолданылатын экономикалық категория. М.К. бағасы әр жерде, әр уақытта өзгеріп отыратын нарықтық өлшем деуге саяды.

Әдеб.: *Левшин А.И.* Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. В 3-х частях. Часть третья. Этнографические известия. СПб.: Тип. Карла Крайя, 1832; Мейер Л.П. Общественный и частный быт



киргизов // Материалы для географии и статистики России, собранные офицерами Генерального штаба. Киргизская степь Оренбургского общества. Ч.1. СПб., 1865. С.247-260; *Балюзек Л.Ф.* Народные обычаи, имевшие, а отчасти и ныне имеющие в Малой Киргизской орде силу закона // ЗОО ИРГО. Вып. II. Казань, 1871. С.45-167; *Ибрагимов И.И.* Этнографические очерки киргизского народа // РТ. Сборник, изданный по поводу политехнической выставки. Вып. II. Статьи по этнографии, технике, сельскому хозяйству и естественной истории. М., 1872. С.120-152; *Гродеков Н.И.* Киргизы и каракиргизы Сыр-Дарьинской области. Т.1. Юридический быт. Ташкент: Тип. С.И. Лахтина, 1889; *Зиманов С.З.* Общественный строй казахов первой половины XIX в. Алма-Ата: Наука, 1958; *Сейфуллин С.* Шығармалар. 6-том. Қазақ әдебиеті. Алматы: Қаземкеркемәдеббас., 1964; *Диваев Ә.* Тарту (жинақ). Алматы, 1992; Казахи. Историко-этнографическое исследование. Алматы: Казахстан, 1995; КР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МАЛ ОТАРЛАТУ / МАЛДЫ ОТАРҒА ШЫҒАРУ – мал бағудың технологиялық тәсілдерінің бірі, азық тапшы, күн райы қолайсыздық тудырған кездерде малды ауылдан шалғай жердегі соны жайылымға уақытша бағуды ұйымдастыру. Отар жыл маусымы мен шаруашылық технологиясына қарай әртүрлі болып келеді. Оған малға табиғаты қолайлы, оты мен суы мол шалғайдағы (апталық, айшылық жерге) өріс таңдалады. Этнографиялық экспедиция барысында мәлімет берген көзқаракты информаторлардың айтуына қарағанда мал отарлатудың үш түрі бар: *күздік отар, қыстық отар және семірту отары.*

Семірту отары көктемде рахмат жаңбыры кеш жауып, құрғақшылық болған жылдары жаздықүні мал қонданып семіздік алмаған жылдары орын алады. Мұндайда малды жұтатпаудың бірден бір жолы – жақсы көктеген, әрі шөбі шүйгін, ащы мен суы мол аумағы кен жайылымы бар жерге отарға шығады. Бұған көбінесе сауынға камтылмайтын (к. *Сауын*) бойдақ, қысыр және құтпан малдар жіберіледі.

Күздік отар. Мұны *қой отары* деп те атайды. Жаз маусымында әр тараптан келіп үлкен жайлауларда тоқайласқан қазақ ауылдары Таразы көтеріліп, қозы қыркымы өткен соң, қой саууды доғарады. Шаруашылық технологиясының басты қағидалары бойынша жаз бойы ақ отқа жайылып, семіздік алып, қонданған мал ендігі кезекте ащы отқа жайылуына мүмкіндік туғызу дұрыс. Өйткені, жаз бойы ақ отқа жайылған қойдың қоңы «көбіршік» тәрізді болатындықтан оны *ащы отқа* жайса майлана түседі, сөйтіп еті «катады». Бұл үрдіс ұзақ уақыт бойы жалғасса, әлгі май шыныланып қатай түседі. Майланып, шынылап семірген қой қыстың аязы мен боранға қарсы тура алады, ең бастысы шөп-азық жетімсіз кезде азбайды. Яғни, майы малға қорек болады. Осылай семірген мал өнімді мол береді, ауруға қарсы тура алады, төлі де ширақ туып, тез марқаяды деген. Қазақ малшылары күздік отармен мал семіртудің ең үлкен маңызы аталған жақсы жақтарымен бірге мал тұқымының азуына жол бермейтін фактор ретінде бағаланады.

Отарда мал түнейтін «түнек» ұдайы алмастырылып тұратындықтан отқа әбден тойған мал күйіс қайырып тынығып жусай кетеді. Күн сайын ауылға қарай сабылтып ұзаққа айдауды қажет етпейтіндіктен қимыл-қозғалысы шектеулі болған сайын мал «еттің үстіне ет қосады», шайланып семіреді.

Қыстық отар. Ертеде қазақ руларының ақсақалдары өзара кеңесіп, түрлі жұттардан малды құтқарып қалудың амалы ретінде арнайы отарға шығуды ұйымдастырып отырған. Біреудің қыстаулық жерін жалға алса, оның өтемін берген. Немесе алдағы уақытта жайлау немесе күзеуге жайылым беру, ақы төлеу сияқты жолдармен шешімін тауып отырған. Бұл шара қазақ жұртының шаруашылығына үлкен зиян келтіретін ұдайы айналып соғып отыратын қоян және мешін жылдары келетін жұттардың алдын алуға бағытталатын (к. *Жұт; Есенші*). Қыстық отарға қар аз түсетін қойнау, өтек сияқты ықтасындар мен қарда тебіндеп жайылуға қолайлы жерлер таңдалады.



Малдың күзгі отары. КР МОМ қорынан (ФКП 380)

Жылқы түлігі судың тұнығын ішіп, оттың сонысын жемесе күйі қашатындықтан ауыл төңірегінде бағу мүмкін емес. Басқа түліктің тісі тиген жерге жайылмайды. Әрі, ойпаң жердің отын місе тұтпайтын жылқы үйірі жайылым іздеп алысқа сабылып кетеді. Сондықтан шілдеден бастап жылқы үйірін алыстағы шұрайлы жайылым мен соны өріс қуалап бағу үшін жылқышылар жеңіл қоспен аттанады. Мұндай жылқыны қоста бағу үшін қыстыгүнгі бірнеше жылқышы шығады (к. *Жылқы; Мырза қосы*)

Отарға шығу салбурын құру, қоста жылқы бағу тәрізді ер азаматтарға тән іс болып саналады. Әсіресе, қыстың алдында шығатын отарға үлкен дайындық қамдалады: жылы киім, аяғы тағаланған бірнеше арқалы ат, қару-сайман, азық-түлік сайлайды. Онай тігілетін жеңіл *абылайша, шаншыма қос, күрке* сияқты жеңіл баспана алып шығады. Жылы маусымда малсақ бозбалалар мен жас жігіттерді көмекшіге алады. Қыстық отарға тісқакқан, әккі малдың қыр-сырын, елдің жайын жетік білетін сырттан жігіттер шығады. Бір қора қойды күндіз жайып түнде күзетуге кемінде үш адам шығады. Арасындағы істің мән-жайын жетік білетін бірісін *отарбасы* ретінде барлық іске жауапты ретінде сайлайды.

Әдеб.: *Чорманов М.* Заметка о киргизах Павлодарского уезда // ЗСО ИРГО. Кн.33. Омск, 1906. С.1-32; *Диваев А.* Из области скотоводческого хозяйства // ТС. Т.440. Ташкент. 1907. С.83; *Жуанғанұлы С.* Мал бағудың халықтық тәсілдері сыры. Өлгий, 1965; *Аргынбаев Х.* Қазақтың мал шаруашылығы жайында этнографиялық очерк. Алматы: Ғылым, 1969; *Мұқанов С.* Халық мұрасы (тарихи-этнографиялық шолу). Тандамалы

шығармалар. XV том. Алматы: Жазушы 1979; Хозяйство казахов на рубеже XIX-XX вв.: Материалы к историко-этнографическому атласу. Алма-Ата: Наука, 1980; *Өмірзақов Т.* Мал бақсан өрісін тап // БжЕ. 1987. №10, 8-9 бб.; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МАЛ ПІШУ – өсімге қосылмайтын еркек малдың жыныстық қабілетіп түрлі тәсілдермен жою, үзу шарасы. Ол малдың аталық жыныс безін, яғни зауық безін сылып алып тастау немесе онымен жалғас ұрық түтігін үзу сияқты алуан түрлі тәсілмен атқарылды. М. п. мал шаруашылығын технологиялық тұрғыдан ұйымдастырудың маңызды бөлігі болып саналды. Кошпелі мал шаруашылығы жағдайында бейнелі сөзбен айтқанда «мыңғырылған» түліктің көбеюін дұрыс жолға қою, мал тұқымының жақсы қасиеттерін сақтау, мал өсіру үрдісін толық қамтамасыз етуге (үйірге қосу, төл алу және т.б.) М. п.-дің жанама түрде қатысы бар. Сондықтан М. п. *құтпан таңдау* және құтпан қою (айғыр қою, қошқар қосу және т.б.) сияқты шаралармен сабақтаса жүріледі (қ. *Құтпан*). Еркек мал белгілі жасқа жеткен кезде құтпан қояндарынан басқаларын бір мезгілде бүкіл ауыл болып науқанды шаруа ретінде өткізген. М. п.-дің маңызы мынадай:

– барлық құтпанның жаппай үйірге түсуіне жол бермейді, яғни сұрапталған тандалғандары ғана жіберіледі. Ол мал тұқымының сапасын сақтауын қамтамасыз етеді. Тұқым беруден қала бастаған құтпанды *шау тартты* деп санап, оларды пішіп тастайды. Мұндай пішілген құтпанды *азбан* деп атайды;

– екінші жағынан, піштірілген мал байсалды болады, мініс пен жұмысқа пайдалануға жарамды болады

– ең бастысы, піштірілген малдың етінде жағымсыз иіс-қоңыс болмайды, әрі дәмді болады (құтпан малдың етін көп жағдайда жеуге жарамсыз болады).

М. п. кезінде мал төркіні, құт, әрі өсіп-өркендеу идеясынан туындайтын сан алуан ұғымдар мен категорияларға байланысты қалыптасқан тыйым мен ырымдар қатаң қадағаланды. Ең әуелі, пішуге қолайлы мерзімді таңдау, пішілетін малды алдын ала дайындау, оны жығу, матау, пішу, онан кейінгі бағым-күтімін үйлестіру сияқты алуан түрлі практикалық шараларды мұқият үйлестіреді.

Пішу мерзімін таңдау. Халықтық малдәрігерлігі тәжірибесінде жылқыны дөненінде, бұқа 3, бура 4 жасында пішу дұрыс деген үрдіс қалыптасқан. Өйткені оған дейін ені жетіліп шонтай қалтасына түсіп, безден пайда болған «уызы» денеге жайылады, сөйтіп денесі шомбалданып өсіп жетілуіне септігін тигізеді. Яғни дәстүрлі түсінік бойынша, малдың қаны толып келе жатқан кезде пішеді. Керісінше, жетілмей тұрып ерте пішілген мал әлсіз мініс-тұрысқа олқы, қайрат күші кем болып қалады. Торғайдың мал шаруашылығын арнайы зерттеген А.И. Добросмыслов мәліметіне қарағанда, қазақтар жылқыны 4 жасында, кедейлер мініс пен жұмысқа салу үшін ертерек 3 жасында пішеді. Жылқыны құлын кезінде пішсе сұлу мүсінді болады деген деректерге қарағанда мұндай жайт ішінара болса да кездескендігін байкатады. Дегенмен, жылқының

екі ені де шонтай қалтасына түскен соң пішкен дұрыс делінеді. Бесті жасын «мүшел жас» деп ырымдап, ол кезде пішпейді.

Жас малды жазғытұрым немесе күз уағында, ал қозы лақты 2-3 айлығында пішеді. Торғайда еңбек еткен мал дәрігерінің бірі А.Кулин 1894 жылғы есебінде қозы-лақты тіпті, ерте – туғаннан соң 20 күннен кейін де тартқандығына ден қояды. Қозы мен лақты пішуге қолайлы кез – Үркер қайта көтерілгеннен бастап Таразы туғанға дейінгі аралық. Бұл – қозы-лақты өсіп жетіліп, «қарын жүнін», яғни алғашқы өлі жүнін тастаған, көбеңсіп семіздік ала бастаған кезі. Бұл кездің қозы-лақты пішуге қолайлы болатын себебін былай түсіндіреді: *Үркер жерде жатқан кезде* пішілген төлдің піше жарасы» құрттайтын қауіп болса, *Таразы* туғаннан кейін күнрайы суытып кететіндіктен түрлі ауыртпалықтар өршуі жиі ұшырасады. Жылқы мен сиырды, сондай-ақ шау тартқан азбан қошқар мен текені пішу жазғытұрым, дәлірегі *саратан*, *зауза* сияқты амалдардан бұрын, сондай-ақ жауын-шашын молаймай тұрған шақта жүріледі (қ. *Амал; Жұлдыз; Үркер; Таразы*). Ал түйені ең суық кезде қатты аяз түсерден бұрын желтоқсан айында пішеді. Түйені 6-7 жаста пішсе шудасы жақсы жетіледі. Сол сияқты, көшпелі ортаның қажеттігіне байланысты өгізді дөнен бестісінде пішсе жуанданып сапалы өгізге айналады, жұмысқа төзімді болады деп санаған.

Мал пішу тәсілдері. Дәстүрлі ортада М.п.-ге қатысты айтылатын атаулар мен ұғымдар төмендегідей: *ақтау*, *кесу тарту*, *сылу*, *мыту*, *жаншу*, *байлау (буу) уызын ағызу*; *бездеу*, *күйдіру*, *мыту*. Алайда, тілдік табуға байланысты, бұл әрекегті *сұлулату* деген балама сөзбен алмастырады. М.п. үрдісін арнайы маманданған адамдардың атқаруына байланысты бұл шараны ырықсыз етіс түрінде *піштіру* немесе *кестіру* деп атау қалыптасқан. Жылқыны пішуді қазақы ортада *ақталау* деп те атайды. Оның мәні көне түрік тілінде және ескі әдебиет үлгілерінде пішілген жылқы, ат деген мағынаны беретін *ақта*, *ақта* атауымен байланысты қалыптасқан.

Көшпелі ортада пішумен арнайы маманданған адамдар айналысқан. Ондай емсектер қазақтар *пішуші*, *оташы*, *кесікші*, *ақташы*, *кесуші*, *тартқыш* деп әр түрмен аталған. Оның себебі пішу тәсіліне байланысты екендігі салыстырмалы зерттеу арқылы анықталып отыр. Қазақтарда ондаған түрлі мал пішу тәсілдерінің алуан түрлерінің басты ерекшелігі жана заманғы кастрация әдістерімен толық шендесе алатындығы. Бұл тәсілдерді негізінен екі түрге топтап қарауға болады :

Біріншісі – *пышақ кездік жұмсай отырып пішу «кесу»*. Мұны қазіргі ветеринарияда *қанын шығара отырып пішу* (орысша – кравовые методы), қазақы құғымда *оташылық тәсілмен пішу* деп аталады. Оның халықтық малдәрігерлігінде төрт түрлі тәсілі бар. Оның екеуі жыныс безіне жалғасқан *енбауын* немесе *титантамырын* сылып алу, ал қалған екеуі *жыныс* (немесе *зауық*) *безін* толық кесіп алып тастау.



Мал пішудің дәстүрлі тәсілдері:

- а) оташылық жолмен пішу (I және II топтағы тәсілдер)
 ә) актау/акталау (III және IV топтағы тәсілдер)

Кесу	Тіліп кесу немесе сылу	Тарту	Жаншу
1. Кесу 2. Айналдырып ұзу және күйдіру	3. Сылу 4. Уызын ағыздыру	5. Тарту 6. Байлау, буу	7. Біздеу 8. Мыту

Енді бұл тәсілдерге жеке тоқталсақ:

1) зауық бездерін толығымен алып тастайтын кәдімгі пішу тәсілі және азбан құтнандарға кең қолданылатын кесу тәсілі.

2) ен мен ұманы толығымен түбінен кесіп алатын тәсіл аса дәрәкі қатыгез тәсіл болғанымен ауру азбандарды пішуде де сирек те болса қолданылған.

Зауық бездерін *жартылай алу*, яғни *сылу* да екі түрлі.

3) енге жабысқан қалақ тәрізді безді басқа бөлігінен ажыратып жекелей кесіп алу, яғни халықтық атауы «*сылу*» тәсілі.

4) ен немесе зауық безіне үшкір өткір жебелі біз қандауыр шаншып ойып, қалыпты қызметін бұзатын «*уызын ағыздыру*». Бұл оташының біліктілігін талап ететін күрделі тәсілге саналады.

Пішудің екінші тобына *қан шығармай пішу тәсілі* жатады. Мұрағат деректері мен этнографиялық экспедиция барысында жинақталған мәліметтерде оның да 4 түрлі тәсілі сөз болады. Оның жыныс безіне жалғасқан енбауын үзуге бағытталған екі түрлі тәсіл бар:

5) ұма қалтасының сыртынан ұрық түтігін (латынша атауы - *funiculus spermaticus*) тартып үзетін «*тарту тәсілі*». Бұл козы лақты пішуге өте қолайлы казак емшілеріне тән айырықша тәсіл болып саналады және ғылыми-практикалық маңызы жоғары екендігі дәлелденген (қ. *Тарту*).

6) *байлау* немесе *буу* деп аталатын тәсілдер жыныс безінің қуатын ұманың ту сыртынан әрекет ету арқылы үзеді.

7) кәдімгі бізбен енге 20-30 мәрте пісіп уызын ағызатын «*біздеу*» тәсілі азбан бұқаларды пішуге қолданылған. Пішуге арналған біздің жебесі жақсы суарылған темірден жасалады. Мұрағат мәліметтеріне қарағанда, XIX ғ.-дың 20-30 жылдары орын алған мұндай тұрпайы тәсілден шығын көп болған.

8) *мал пішудің дәстүрлі мыту* тәсіл ғылыми ветеринарияда компрессиялық кастрация деп аталады. Ұма қалтасынан сыртынан сыға (мыта) отырып, жыныстық қуатынан айыру көбіне шабы жарық малдарға қолданады (мыты етістігінің мәнін тілші Ә.Нұрмағанбетов парсының «мошт» жұдырық сөзімен байланысты жұдырықтау мағынысына жақын дейді).

Халықтық малдәрігерлігінде белгілі болған 8 түрлі тәсілдерден жылқы, түйе және сиыр тәрізді аяқты малды пішуге оташылық жолмен жүрілетін – *айналдырып үзген соң кесу*, *зауық бездерін сылу немесе кесу ұрық түтігін үзіп пішу* тәсілі жиі қолданылады. Ал, ұма қалтасын тілмей

жасалатын актаудың зауық безін *жаншу*, оған *біз пісу* сияқты тұрпайы тәсілдермен шабы жарық немесе шартық, азбандар ғана пішіледі.

Тарту тәсілімен пішу. Ұсақ малды жас кезінде, яғни туғаннан 4-5 ай өткен соң пішетіндіктен қан тамырын үзбей *ұрық түтігін* немесе *енбау* деп аталатын бөлігін тартып ұзу тәсілі жиі пайдаланылады. «*Тарту*» деп аталатын казак малшылары мен оташылары арасында кең таралған бұл тәсіл кей жағдайда тайыншаны да пішуге қолданылады (қ. *Тарту*). Пішілетін төлді таңертең өріске шығарылмай, қораға иіреді. Қозы-лақты пішкенде аяғын бумастан екі адам қозғалтпай ұстап тұрады.



Қозыны тарту тәсілімен пішу. ҚР МӨМ жұмыс материалдарынан

Тарту тәсілінде сол қолымен козының ұмасын тартып ұстаған оташы оң қолының сұқ саусағын ұрық түтігінің астынан ілмектеп өткізіп тұрып, қатты тартып үзеді. Бұл тәсілдің бірнеше артықшылық жағы бар: пышақ қолданылып, ота жасалмайтындықтан жара пайда болмайды. Екінші жағынан, жыныс безін жарақаттамайды. Соңғы зертеулерге қарағанда, бұл жыныс без құрамындағы гормондар мен биологиялық белсенді заттар бір-екі ай бойы төлдің денесіне сіңіп биоактивизатор міндетін атқарады, яғни жас организмнің өсімін жеделдетуге ықпалы жалғаса беретіндігі анықталған. Бұл тәсілмен піштірілген қойды *тарттырған ісек*, *тарттырған құнан қой* немесе *тарттырған серкеш*, *тарттырған серке* деп атайды.

Ашық тәсілмен пішу – ірі аяқты малды (жылқы, түйе және сиыр) пішуде қолданылатын оташылық тәсілі. Пішілетін малды әсіресе, азбандарын пішу үшін бірнеше күн қатарынан *жарату* дұрыс деп саналады. Пішілетін *сәуіріктің* құйрық, кекілін алдын-ала тарап тазалап, ақ матадан ақтық аталатын таспалар байланады. Пішілетін сәуірікті бұғаулай ұстаған соң таза орынға әкеліп жығып, аяқтарын матап байлады. Оташылық жасайтын құрал саймандарын отқа қақтап аластып тазартып, темір істікті немесе асыл темірді (қылыш, канжар, семсер тәрізділердің бірін) отқа салып қыздырып дайындап қояды.

Пішетін адам іске кіріспес бұрын оның оң қолының мойнына *ақтық* деп аталатын мата байлап қояды. Байлап



маталған пішпені бірнеше адам тыпырламайтындай етіп басып тұрады. Оташы пішілетін малдың шонтайын қолына алып, ұманың терісін бірнеше елідей етіп тілген соң, ен бездерін қоршап тұрған майлы, сірнелі *ақшөл* деп аталатын қабатты ашады. Мұнан кейін зауық безін алу мен оны енбаудан үзуді бірнеше жолмен жүргізеді: *бұрап үзу; сылып алу; пышақтың ұшымен кесіп үзу; қыздырылған темірмен қарып үзу; саусақпен тартып үзу; енбаудың астына тарамыс өткізіп тартып үзу және біздің жебесмін жүгіртіп бұрап үзу; сапсалғы деп аталатын ағаш құралмен буындырып үзу*. Мұндағы екі таяқшадан тұратын *сапсалғы* ен мен оның бауынын түйіскен тұсын қатты қысып жанын кетіреді. Сонан ұма қалтасынан көзге көрінген безді (енді) сыртынан қаумалай сығып шығарады. Екінші енін де солай шығарып алған соң қыса отырып, алдын ала дайындалған ыстық темірмен аталған бауды қарып (күйдіріп) үзеді. Түйені пішкенде (кейде жылқыда да) сапсалғы сол жеріне байланған күйі қалдырылады (**к. Сапсалғы**).

Кәнігі оташылардың айтуына қарағанда, ашық тәсілмен пішкенде бір ескерер нәрсе *енбаудың* түбін суырып тартқан кезде абай болу керек. Өйткені, енбауды соза тартқанда немесе бұраған кезде ол тым ұзын болып толық үзілмей қалса құрдан құр зауқы келеді. Ондай малды *шартық* деп атайды. Сол сияқты енбауы ту әріден түбінен үзілсе немесе зілі ауырлап кетсе өлім қауіпіне апарады. Сондықтан ең қауіпсіз тиянақты орындалатын амал – *сапсалғымен қысу және темірмен қару* екендігін әр өңірдегі малшылар тәжірибесінен орын алғандығы байқалады. Экспедиция барысында мәлімет берген Тоқтасын Зияұлының айтуына қарағанда, кәнігі оташылар пішу кезінде ауыртпалық болуы мен оның *кезеп алуын* байқаса, яғни, жараға айналып ісіп кетсе, ұрық түтігін тарамыспен қатты буып тастайды. Бұл қан кетіп өліп кетудің алдын алатын көрінеді. Сол сияқты енбауын темірмен қарыған кезде аттың құйрық қылының бірнеше талын салса, қан ақпай, тез тыйылады.

Пішпе жарасына *алабота* шөбінің өртелген ыстық күлін себеді де, ұмасын ішіне қарай аударып қояды. Кейде емдік шөп болмаса ас тұзынан бір қасықты салып жібереді. Ұма жарасының аузы бітеліп, ұма дорбасын ішіне қан ұйымас үшін тілік аузын ашып тұруға лайықтап кергіш деп аталатын айқыш түріндегі кішкене шырпына ілдіріп қояды.

Қалыптасқан үрдіс бойынша, жылқы пішкенде үзілген еннің біреуін аттың құйрығына байлайды, екіншісін үйдің оң жақ босағасының сынар керегесінің басына іліп қояды. Пішпе жарасы жазылған соң оны таза жерге көміп тастайды.

Пішілген малдың жарасы қашанғы толық жазылып, қон алғанға дейін оны *пішпе* деп атау қалыптасқан. Пішілген жылқы ат, сиырды өгіз, түйені атан деп аталады. Пішпе атты сол жылы әйел адамға мінуіне тыйым салынады. Атты айғыр үйіне жолата бермейтіндіктен ол бойдақ жылқыға қосылады. Пішпе жарасы жазылғаннан кейін өгіз бен атанды ауыр жұмысқа пайдаланады.

Түйені қыстың басында піпеді және оны *сыту* деп атайды. көктемде наурызда, ал күзге қалса қазан айында Ірі малды жерге жығып, аяқтарын байлап матайды, жынын шашпауы үшін бураның басына қаусыр деп аталатын нокта кигізеді. Бураның екі ені теріден әрі үлпершекке кездікті тигізбестен шап жақ қырынан жарады да, ен дорбасын бүлдірмей бүтін алып шығады. Енбауы мойнынан өткізген жеке-жеке байланған сапсалғыны қысқан күйі қалдырады. Салақтап жүрген ен уызы 5-6 күнде саркылған соң қурап қысқышпен бірге өздігінен түсіп қалады (**к. Түйе / Түйені пішу**).



Ат бол! Пішілген жылқыны тұрғызған соң жылқы тезегімен (бопайымен) ұру. КР МОМ материалдары бойынша суретті салған Д.Досымов

Мал пішуге қатысты ырымдар мен тыйымдар.

Дәстүрлі ортада мал пішу үрдісіне қатысты қалыптасқан тыйымдар мен ырымдар қоғамдық қатынастардың институтталған ұстанымдар қатарынан орын алған. Мұнда сәт таңдау, пішу кезінде еркек малдың жыныс мүшелерін атын атамау, сондай-ақ пішілген соң атқарылатын толып жатқан ырым, жоралар бар. Оларды пішуге дейінгі, пішу кезіндегі және пішпеге қатысты деген үш топқа бөлуге болады.

Пішуге дейінгі ырымдардың практикалық жағы басым. Мәселен, М. п.-ге сәт таңдауға баса назар аударады. Өйткені, пішілгеннен кейін, *«кезеп алу»* деп аталатын пішпе жарасының ауырлауы *Ай қозғалысының цикліне* тікелей тәуелді деседі (**к. Ай / Ай санау**). Туған айдың жанасына дейін пішу шарасын атқарса, *«кезеп алу»* (ауыртпалық) аз болады. Керісінше, Ай «аудандап», яғни 15-нен әрі кетсе немесе өліара шақта пішілген малдың *«пішпе жарасы»* ауырлап кетеді деп ырымдайды. М. п.-ге малшы қауым аптаның жұма, жексенбі, сейсенбі күндерін *ауыр күн*, яғни *сәтсіз күн* деп есептейді.

Пішетін малды жаратады, қозы-лақты суға тоғытады. Оның мәнін малшылар әрі тазалау, әрі тітіркеніс бере отырып ота жасауға дайындау деп түсіндіреді. Көктемде туған қозылардың арасынан таңдалған *көгенбасын* басқа қозылармен бірге пішпейді. Оны кейін бір күні арнайы пішеді (**к. Көгенбасы**).



Қозы пішкен кезде жаңылыстан пішілетін қозылар арасына ұрғашы қозы көгенделіш кетсе, мал пішуші адам сол ұрғашы қозы-лақты өзіне алуға құқылы. Бірақ, ондайда бір ғана қозы немесе лақты ала алған көрінеді.

Пішу үрдісі барысындағы тыйымдар аталық малдың зауық мүшелерінің бөліктерін атауымен байланысты. Дәлірек айтқанда, сыпайылыққа, теріс (келенсіз анайы) магияға қатысты тілдік табуларды тұспал сөздермен алмастырылады. Дәстүрлі түсінік бойынша ота жасалып жатқан кезде мүшелердің атын атау малдың қиналуын онан әрі күшейте түседі, тіпті малдың «құтын қашырады» деп санайды (к. *Құт*). Тыйым салынған атауларды көп мәрте қайталау өлімге душар етуі мүмкін деп түсінген. Аталық малдың зауық безінің бірін (себебі қайсысын айтатыны белгісіз) «еннің бүйрегі» немесе «бүйрек» деп тұспалдап айтады. Бұлайша атау-бездің сыртқы пішініндегі ұқсастығынан туындаған имитативтік меңзеу мен жыныс және зәр шығару мүшелердің қызметінің сабақтастығына байланысты деуге болады.

Ал осы зауық (жыныс) безімен байланысқан қан және нерв тамыры, бұлшық еттен тұратын шоғырды (ғылыми параллеллі орысша-семенной канатик, латынша – funiculus spermaticus) *еннің бауыры, бүйректің кіндігі, бездің тамыры* немесе *титан тамыр* деп келетін эвфемистік синонимдердің бірімен атаған. Мұндағы тілдік табуды алмастыратын эвфемизмдер шартты түрде ситуацияға байланысты қолданылады. Сондықтан қолданыс ареалы да шектеулі, мал шаруашылығымен шұғылданатын аймаққа ғана тән. Ондай табулар малды пішкен кезде ғана емес, қашанғы жазылып кеткенге дейін ұстанылады.

Бұл тыйымның түптөркіні табиғаттағы тірі мен өлінің барлығының пәсі бар делінетін анимистік түсінікпен және сөз магиясы, өсіп-өну магияларына және құт ұғымымен байланысты қалыптасқан. Қазақтар бақыт пен молшылықтың, сәттілік пен байлықтың бастауы, бақ пен тіршілік көзін құт идеясымен сабақтастырады. Көшпелі ортадағы тіршіліккамының арқауы – төрт түліктің өсіп-көбеюінің, молшыққа кенелуінің бастауында, әрине, аталық мал құтпан мал басты мәнге ие (к. *Құт*). Сондықтан да аталық малды ардақтаудан оның зауық мүшелерінің атын тұспалдап атай отырып, ерекше кастерлеуінің өзіндік құпиясы осында жатыр деуге болады. Көшпелі ортада тыйым салынған атауларды алмастырушы тұспал сөздер сәттілік пен табысты камтамасыз ететін фактор ретінде қабылданған.

Ерекше тыйымның бірі – М. п. кезінде әйел адам жақындап баруға болмайды.

М. п.-ге байланысты қалыптасқан тыйым мен ырымның бір тобы пішу аяқталған соң оның жарасының асқинуын азайтуға бағытталған. Әсіресе, жылқыны пішкенде ерекше жоралғы жасалады. Оның құйрығы мен кекіліне ақ және қызыл шүберектен *ақтық* байлап қояды (к. *Ақтық¹ / Ақтық байлау*). Пішілген соң оның құйрығына сыңар ені мен үкі тағады. Пішілген аттың аяғын шешіп тұрғызған

кезде жиналған еркек кіндіктері ат бопайын лақтырып, «*ат бол, ат бол, ат бол!*», «*тезекте кезек жоқ, тезекте кезек жоқ!*» деп үркітіп жібереді. Оның мәнін жылқының қара құмалағындай жеңіл болуын нышандайды.

Түйені пішкен соң оның артына *қоянның терісін* байлап қояды. Оның мәнін Маңғыстау тұрғындары арасына жүргізген экспедиция барысында мәлімет берушілер атан жуас болады, жүк артқан кезде оғаш мінез көрсетпесін деген ырымнан туған деп түсіндіреді.

М. п. аяқталған соң пішпенің зауық бездерін ашық тастамайды. Мал піштірген үйдің ұл балаларына уыстап үлестіреді. Балалар оған айран тамызып, құмырсқаның қалың илеуіне апарып көмеді. Оның мәнін мұндай жорадан кейін мал құмырсқадай қаулап өседі, ақ мол болады деседі (к. *Құмырсқа*). Кейбір өңірлерде пішілген мал қашанғы тыңайып, қатарға қосылғанша арнайы ыдыста сақталады.

Пішумен бірге оташылық шарасының бір түрі малдың құлағына ен салады. Оның қиындыларын да аяқасты етпей, құмырсқаның илеуіне апарып тастайды (к. *Ен салу*). Сол тәрізді түйе мен өгіздің танауын тесіп, *шығырық, сілбі* немесе *мұрындық* өткізу операцияларын да осы кезде қатар жасайды. Ірі малға таңба басылады (к. *Мұрындық¹; Таңба басу*).

Мал пішілген соң мал иесінің үйінен ақ тағам сыртқа шығарылмайды. көршілерге ұйытқыға айран, шайға сүт беру немесе ақ тағамды жолға алып шығу сияқты жайттарға тыйым салынады. Бұл тыйым жеті күнге жалғасады. Себебі, пішпе жарасы ауырлап, зілі ауырлай түседі деп ырымдайды.

Пішілген атты «*жыл уағына дейін*», яғни, бір жыл бойы әйел адам міңуге болмайды. Ен – аталық малдың жарты жаны деп саналғандықтан оған адам, әсіресе әйел адам мінсе, *пішпенің* жарасын ауырсындырады деп саналады. Қазақы ортада ерекше мән берілетін жайт – М. п.-ді атқарған оташыға ақтық беру. Оның бірі пішу үрдісі басталар алдында қолының мойнына байланады. Бұған қоса пішуші адамға арнайы ақы берілген. Оның көлемі мынадай: 10 түйені пішсе 1 кой тартылады немесе шапан жабылады. Орыс зерттеушілер оның көлемі жоғары екендігін, яғни ақшаға шаққанда 1 теңгеден кем емес пұлды (мал иесінің ауқаттылығына байланысты) төлейтіндігіне ден қояды. болған. Ол кезде кәрі түйе 20-25, айыр 35-40, жақсы жас нар 75-100 теңге тұрғандығын ескерсек, оташыға аз ақы төленбеген деуге болады.

Пішпе шай. Үрдіс аяқталған соң малын піштірген отбасылар жолы үлкен бір шаңыраққа «*пішпе шай*» деп аталатын жораға жиналады. Әрқайсысы орамалға түйген ас-тағамдарын және ақтығын алып (оны да дастарқан деп атайды) келеді. «*Ақтық*» деп аталатын ұсынған ақ матадан оташы қалағанын алып, басқасын адамдарға үлестіреді. Осылай басталған ғұрыптық аста ауылдағы ақсақалы «пішпе батасын» жасайды. Этнографиялық экспедиция барысында мәлімет берген Бұғыбай Әлдешұлынан жазып алған батаның бір үлгісі мынадай (бұл алғаш рет ғылыми айналысқа еніп отыр):

*Бисмилла, құдай жарылқасын,
Мал жанын аман сақтасын!
Пішпенің азабы жеңіл болсын.
Биылғы жылы аз піштірсе,
Келер жылы көбейе түссін.
Малы басы өне берсін!*

– деген тілекпен жиналғандар бетін сипап, тілек тілейді.

М. п.-ден кейін ота жарасының пышақ уытынан ісініп, жараға айналуы заңдылық деп саналды. Бірақ, ол пішушінің епектігіне, қолының ауыр-жеңілдігіне және мінез-құлқына байланысты делінеді. Пішілген малдың ұма тұсы піше салысымен ісіп кетуін «*тышақ уыты*» (орысша баламасы – раннее осложнение кастрации) дейді. Ол темірі жасық, суы қанбаған темірден жасалғанғана оташы құралынан болады деп санайды. Кезеп ісігі ет пен терінің арасымен құрсак қабырғасын бойлап, төс сүріншегіне жетеді. Пішу жарасына қанды ірің ұяласа, оғаш кергіш ағаш қояды, күн сайын тазалап тотияйын, темекі, ашудас, мүсәтір ұнтағын сеуіп отырады.

Әлеб.: ЦГА РК. Ф.25, О.1, Д.4199, Св.387. О коневодстве в Тургайской области (20.03.1892 г. - 10.10.1895 г.) 187 л.; Ф.25, О.1, Д.4200, Св.387. Дело о состоянии киргизского овцеводства в Тургайской области (11.11.1892 г. - 20.02.1895 г.) 192 л.; Ф.25, О.1, Д.4219, Св.392. Дело о состоянии верблюдоводства в Тургайской области по сведениям ветеринарных врачей. 92 л.; Ф.25, О.1, Д.4210, Св.390. Сведения о крупном рогатом скоте в Тургайской области (23.09.1893 г. - 2.06.1895 г.) 235 л.; *Добросмыслов А.И.* Скотоводство в Тургайской области. Оренбург: Тургайский обл. стат. комитет, 1895; *Диваев А.А.* Из области киргизского скотоводческого хозяйства // ТВ. 1904. №102; *Руденко И.С.* Очерки быта северо-восточных казахов // Казаки. Сборник статей антропологического отряда Казахской экспедиции АН СССР. Исследование 1927 г. Л.: АН СССР, 1930. С.1-72; *Аманжолов С.* Вопросы диалектологии и истории казахского языка. Алма-Ата: Наука, 1959; *Аргынбаев Х.* Қазақтың мал шаруашылығы жайында этнографиялық очерк. Алматы: Ғылым, 1969; *Толыбеков С.Е.* Кочевое общество казахов в начале ХУІІ—начале ХХ века (политико-экономический анализ). Алма-Ата: Наука, 1971; *Сыздықова Р.* Сөздер сөйлейді (сөздердің қолданылу тарихынан). Алматы: Мектеп, 1980; *Алашұлы Ш.* Хурга, ишиг, тугалыг «тарту» арғаар хөнгөлөх тухай (козы, лақ, бұзауды «тарту» тәсілімен пішу // Монголын ХААЯ сэтгүүл (журнал). Улаанбаатар, 1986; *Бабалықұлы Ж.* Мал ауруларының казахша атаулары. Алматы: Қайнар, 1986; Традиционное мировоззрение тюрков южной Сибири. Пространство и время. Вещный мир. Новосибирск, 1988; *Жақыпов Ә.* Түйе өсірушінің түсіндірме сөздігі. Алматы: Қайнар, 1989; *Хинаят Б.* Қазақтың дәстүрлі малдәрігерлік білім жүйесі (тарихи-этнологиялық зерттеу). Тарих ғылымдарының кандидаты дәрежесін алу үшін ұсынылған диссертацияның қолжазбасы. Ғылыми жетекшісі Нұрсан Әлімбаев. Алматы, 2001; *Соныкі.* Көне дүниетанымдық талғамнан туындайтын мал емдеуге қатысты табу мен эвфемизмдер // «Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясы» Профессор Б.Әбілқасымұлының 70 жылдығына орай ұйымдастырылған халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары (Алматы, 2001, қыркүйек. «Қайнар» университеті). Алматы: Арыс, 2001. 32-35 бб.; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МАЛ СОЮ – төрт түлік малды түрлі қажеттілікке байланысты *жығып, бауыздап, терісін сыпырып, мүшелеп, жіліктен бұзу* сияқты шаралардың ортақ атауы. Дәстүрлі ортада негізгі азық мал өнімдері, ал сол өнімдердің ішінде мал етінің алатын орны ерекше болған. Оны казак өмірінде күнделікті азыққа қолдануынан өзге, үйге келген қонаққа арнап мал сою, тіптен ас беруде мал басының көптеп сойылатындығынан аңғаруға болады.

М. с. кез-келген адамның қолынан келмейді. Бұл үрдіс тәжірибені, ептілікті қажет етеді. Өйткені әр түлікті союдың

өзіндік ұқсастықтары болумен қатар, ерекшеліктері де бар. Мал сойған адам малды жығып, бауыздап, терісін сыпырумен қатар ертеңгі күні қазанға салынар әр жілікті өз-өз орнымен шығара білуі керек болған. Сол үшін де, мал сойғанда оның әрбір мүшесін дұрыс шығару, оны бұзғанда олардың тиесілі еттерін бір-біріне ауыстырмай бөлу ерекше ұқыптылықты талап еткен. Осындай мал союды жетік меңгерген адам ел ішінде – *қасапшы* деп танылған (**к. Ет мүшелеу; Жіліктеу; Қасапшы**).

Сойыс малын таңдау. Сойыс малы ең әуелі оны таңдаудан басталады. Мал таңдаушы мал иесі болса, ол оны алдын-ала белгілеп, көздеп жүреді. Ал, сырттан келген адам оны аралап жүріп таңдап алуға мәжбүр болады. Мал таңдағанда оның семіздігіне, жасына, ауру-сырқау еместігіне ерекше мән беріледі. Таңдарға малы жоқ кейбір адамдар қолындағы барын соятын болған. Сондай-ақ, мал таңдағанда буаз малдар сойылмай өсімге сақталған. Тіптен ұятты қонақ келіп сояраға малы болмаған жағдайда «*тапса біреуін, таптаса екеуін сояды*» дегендей, буаз малды да сойысқа жаратқан.

«*Қонақ келсе, қой сой*» деген ұстанымға сай, келген қонаққа бата жасатып сойылатын негізгі мал – қой болған. Қонағына арналып отар ішінен таңдалған қойды мал иесі есік алдына әкеліп, бата сұраған. Жайшылықта ұсақ малға арнайы бата жасалмай-ақ, «*сенде жазық жоқ, бізде азық жоқ, Аллаһу ақбар!*» – деп бауыздала берген. Ал, соғымға сойылатын ірі-қараға арнайы бата жасалып барып бауыздалған (**к. Қой сою; Бата**).



Союға жығылған түйе малы. ОМЭЭ – материалдарынан.

Малды жығу. Сойыс малын бауыздар алдында жығады. Қой-ешкі сияқты ұсақ малды соятын адам ози-ақ жығып, төрт аяғын буып байлайды. Ал, түйе, жылқы, сиыр ірі-қараны жығуға бірнеше адам жұмылдырылады. Алдымен малды соятын жерге алып келіп, оның басын бір адам ұстап тұрып, екінші адам оның алдыңғы екі аяғын тұсап байлайды. Одан кейін арқанның ұзын жағымен оның қамшылар жақ артқы аяғынан шалып алып, алдыңғы екі аяқтың ортасынан өткізеді. Бұдан кейін оның бас жібінен, аяғына шалынған жібінен жабыла тартып жығады. Одан



кейін, бос қалған артқы аяқты да арқан ұшымен іліп алып, оны да тартып әкеліп төрт аяғын қосып тұрып байлап бекітеді (**қ. Жылқы жығу**).

Ірі-қара малдың ішінде түйені жығудың да өзіндік ерекшелігі бар. Соның бірі, түйе асау болған жағдайда оны қазыққа байлап арқанмен орап жығу тәсілі қолданған. Мұнда да түйенің төрт аяғын бірінің арасына бірін айқастырып кіргізе байлап бекіткен. Сондай-ақ түйе «қарулы мал» болғандықтан жаны ышқынып жанталасқанда арқанды үзіп жіберу мүмкін. Сол үшін оның буылған аяғының жоғарғы жағынан тағы бір буылып байлайтын болған (**қ. Түйе жығу; Түйе сою**).

Малды бауыздау. Қазақта бауыздалмаған малдың еті – арам саналады. Сол септен де, сойыс малын адалынан бұйыртып жегізсін деген ниетпен, басын құбылаға қаратып «*Бисмилла, сенде жазық жоқ, бизде азық жоқ, Аллаһу акбар!*» – деп барып, қасапшы бауыздауға кіріседі. Ұсақ малды жығатын кезінде Құбылаға ынғайлап жықса, ірі-қара малды жыққаннан кейін жал-құйрығынан тартып оңшап жатқызады.

Мал екі түрлі тәсілмен бауыздалады, бірі – *орып бауыздау*, екіншісі – *тесіп бауыздау*. Ұсақ малдар көбінше тамағын бірден орып бауыздалса, ірі-қара малдар көбінше қаны шашырап айналасын қан жасайтындықтан, тесіп бауыздалатын болған. Мал тамағы орылғаннан кейін қан сарқылып ағып, ет жанының шыққанша жұлындалмайды (**қ. Ет жаны**). *Ет жаны* шыққаннан кейін барып, жұлындалады. Бауыздалған мал жанының тез шығуы, шықпауы бауыздаған адам *қолының жеңіл* немесе *ауыр болуына* байланысты делінеді. Артынша малдың бауыздау қаны жуылып, аяғын байлаған жіп шешіледі.

Сондай-ақ, төрт түлік мал ішінде түйені бауыздау да өзгеше. Оны жығып алғаннан кейін бас жібінен бір адам тартып, екінші бір адам құлағынан құлақтап басып тұрады. Одан кейін басқа малдар сияқты тамағының астынан емес, кеудеге такалған омыраулықтан бауыздайды. Ал, осыдан кейін барып оның ұзын мойнынан қан толық ақпайтындықтан *алқымдықтан* тағы бауыздалатын болған.

Малды бауыздағанда аққан қаны – *бауыздау қан* деп аталады және ол арам қан болып есептеледі. Сол себептен де сойылған малдың *арам қаны* ас-тағам жасауға пайдаланылмайды. Ал, қанды итке беретін болса алдымен сол қанға бармақ батырып немесе мал етінен жасалған астан ауыз тигізгенен соң ғана берілген. Бұның мәні мал иесінің «*ырысым өзімде қалсын*» деген ырымнан туған.

Мал сою қажет болып, үйде ер кісі болмай қалған жағдайда әйел адам малды бақанға мініп тұрып бауыздаған (**қ. Бақан мініп мал бауыздау**). Сонымен бірге қазақтың құдаласу салтында сойылған қойдың бауыздау қанына екі құда саусақтарын малып анттасатын ғұрыптық мәні болған (**қ. Қанға қол батырысу**).

Малдың терісін сыпыру. Мал терісін сыпыру екі түрлі жолмен іске асады. Оның бірі – жерде сою (оны «жаяу сою» деп те атайды), екіншісі – іліп сою (артқы екі

тілерсегінен салбырата іліп). Іліп сою көбіне қой-ешкі союда қолданылады. Сондай-ақ, бұл тәсіл ешкі малының қыл-қыбыры көп болатындықтан оның терісін терісін сыпыруға өте қолайлы әдіс болып саналады.

Мал терісін сыпырарда алдымен төрт сирағын мен басын кесіп алып тастайды. Кейде терісіне іліндіріп қана қояды. Малды жерде сойғанда түйеден өзге малды шалқалата жатқызып, екі қапталдан тіреу қойылып терісі пышақтың және қолдың көмегімен іреп шығарады. Мал терісін *жұдырықпен іреу* теріні пышақ ұшымен шығарған қарағанда өнімдірек болады. Әрі теріге пышақ ұшы тимейді, әрі шел кетпей таза болады. Ал, ірі-қара малдың терісі қолмен іреуге қатты болғандықтан оны пышақтың ұшымен, сонымен қатар ақ балтаның шүйдесімен теріні керіп тұрып *ұру* арқылы шығарады.

Түйе малының терісін сыпыру басқа мал терісін сыпыру сияқты сирақтан басталмаған. Өйткені оның өркеші болғандықтан басқа малдар сияқты шалқасынан жатқызу мүмкін емес. Сол себептен де, оны шөгеріп қойып теріні сыпыруды қыр арқасынан бастаған. Осылайша қыр арқасынан түйенің астында басылып жатқан теріні сыпыруға мүмкін болмағанша түсірген. Бұдан кейін бір қапталындағы теріні керіп жайып сол жағына қарай түйені жыққан. Осыдан кейін барып түйе астында басылған теріні *іреу* мүмкін болған.



Қойдың терісін сыпыру сәті.
ҚР МОМ қорынан (НКП 2007)

Малдың ішек-қарны мен өкпе-бауырын алу. Мал терісі сыпырылып болғаннан кейін ішек-қарын мен өкпе бауырын алу үшін алдымен төс, одан кейін қызыл өнеш шығарылады. Сойылған мал өнешін шығарудың екі түрлі тәсілі бар. Оның бірі – мойын етті тіліп барып тартып шығарса, екіншісі – суырып алу, соңғысы көбінесе ұсақ малдарға қолданылады (**қ. Өкпе-бауыр**). Өнеш шыққаннан кейін оны түйіп, ішек-қарынды аударады. Ұсақ мал ішек-қарыны үлкен тегештерге аударылады. Ал, ірі-қара ішек-

карны терінің шетіне төселген таза төсенішке аударылады. Бұдан кейін қыз-келіншектер аударылған ішек-қарынның шарбы майын аршып алып, одан кейін жуып тазалайды (к. *Ішек қарын ариу*).

Мал етін мүшелеу. Сойылып жатқан малдың терісі толық сыпырылғаннан кейін, оның іші жарылып ішек-қарны мен өкпе-бауыры алынады. Ендігі кезекте әр мүшеге тиесілі етті басқа мүшесіне ауыстырып алмай рет-ретімен шығару басталады. Алдымен малдың төсі шығарылады. Қой мен сиырда төсті және оның етегі бірге шығарылса, жылқы мен түйеде өзгешелеу болады. Себебі, жылқыда төс етегі қазыға кетеді. Ол үшін алдымен төстің еті төс етек тұсына дейін жеке сылынып алынады, одан кейін төстің етегі дәл ортасынан шатқа дейін ұзынынан тілініп қазыға жіберіледі (к. *Қазы*). Ал, түйе малының төс етегі де сол тәсілмен тілінеді. Қой-ешкі төсін шығарғанда оның етегімен түйіскен тұсында дөңгеленіп келген жұқа шеміршек болады. Оны пышақпен сылып алып, маңдайшаға лақтырып жабыстырады (к. *Жүйрік² / Атжүйрік; Төс*). Одан кейін екі қолы шығарылып, қабырғалар жігінен сөгіледі. Артынша мойын омыртқа, бел омыртқа бөлек-бөлек ажыратылады. Ең соңынан санның шатқаяқ тұсы пышақтың немесе балтаның көмегімен ажыратылып екі сан екі бөлек ажыратылады (к. *Ет мүшелеу*).

Ал, түйенің ең алдымен өркешін арқа жонының үстімен омыртқалықтың тұсына дейін пышақты сұғындыра қак ортасынан бөліп, *қом майымен* қоса жеке сылынып алынады. Одан кейін қом майының астындағы екі қапталға біткен *жон еттерді* сылып алып, омыртқаларды шығарады. Бұдан кейін бір қырынан жатқызылып үстіңгі *қол жілік* шығарылады. Одан ары екі *сан жілігі* шығарылады. Мұндағы бір ерекшелік сан жілік басқа малда ең артынан шықса, түйеде олай емес. Сондай-ақ, басқа малда жамбас сүйек сан жілікте қалса, ал түйеде асықты жілік пен ортан жілік бөлек алынып, жамбас денеде қалады. Бұдан кейін түйе денесі келесі жаққа аударылып алдымен қол, одан кейін сан жілік шығарылады.

Мал етін жіліктеу (бұзу) және жаймалау. Сойылған мал еті мүшеленін болғаннан кейін, оның әр мүшесі бөлек-бөлек жіліктеледі. Мал мүшелері кейде терісінің үстінде жіліктеледі. *Жіліктеу* деп сойылған мал мүшесін әрбір сүйегін буынымен және әрбір мүшеге тиесілі етін бір-біріне ауыстырмай бөлу тәсілін айтады. Малды бауыздап, терісін сыпырып, мүшелеу кез-келген адамның қолынан келгенімен, сол мүшелерді одан ары жіліктеу білгірлікті қажет етеді. Ұсақ мал мүшелерін жіліктеуге пышақтың өзі-ақ жеткілікті болса, ірі-қара мал етін жіліктеуге істік темір мен балта болады.

Малдың қол жілігінде *кәрі жілік, тоқпан жілік, жауырын* болады. Ал, малдың санында *асықты жілік, ортан жілік, жамбас* болады. Бұлардың барлығы өз-өз ретімен жіліктеледі. Ірі-қара мал жіліктері кейін қазанға салғанда ыңғайлы болу үшін орталарынан бір бөлінеді (к. *Жілік*). Қабырғалар мен омыртқалар да бөлініп шығарылады

(к. *Жіліктеу*). Мал етін мүшелеу, жіліктеу барысында ет арасында кездесетін бездер алынып тасталады. Без алынбай қалған жағдайда ет базданып, иістеніп кетеді. Сол себептен, мал союшы бездерді алып тастап отыруға ерекше көңіл бөледі.

Бас-сирақты үйту немесе терісін сыпыру. Мал бауыздалғаннан кейін оның басы, төрт сирағы кесіліп алынады. Бас-сирақ қой, ешкі, сиыр малынікі болса, онда отқа үйтіледі (к. *Бас-сирақ үйту*). Ал, жылқы немесе түйе малынікі болса онда оның терісі сыпырылып алынады. Қой, ешкі басы үйтілгеннен кейін жағын айырып, мүйізі болса оны кесіп, тісін қағып (кейбір жерлерде қақпайды) жуып тазалайды. Ал, сиыр малынікі де дәл қой-ешкінің басы сияқты үйтіп, тазаланып жуылады. Бірақ бастың жағы айырылғаннан кейін тұмсық жағынан бір, шекесінің ортасынан ұзынынан екіге бөлінеді. Сондай-ақ, түйе мен жылқы малының бас терісі сыпырылғаннан кейін жоғарыда айтылған сиыр малының басы сияқты тұмсығынан, шекесінен бөлінеді. Бұлайша бөлінген соғым малының шекелері кейінен кәделі ет мүшелерімен қосылып *шекеге шақыруда, соғым басында* келген қонақтарға тартылады (к. *Соғымбасы; Шекеге шақыру*).



Бас-сирақты үйту. ҚР МОМ материалдары бойынша суретті салған Б.Досымов

Сойылған мал етін сақтау тәсілдері. Сойылған мал етін сақтаудың *қатыру, кептіру, ыстау, сүрлеу* сияқты бірнеше дәстүрлі тәсілдері бар. Соғымға сойылған мал еті жіліктеліп, тұздалғаннан кейін арнайы дайындалған орындағы *арсаларға ілінеді*. Ет онда сорғып, тобырсиды. Сондай-ақ, арсадағы ет жақсы сүрлену үшін оның астынан от жағып ыс қойылады. Ал күн жылы кезде сойылған етті жаймаланғаннан кейін ертелі-кеш жел қақтырып, кептіріп алады (к. *Ет сақтау*).

Әдеб.: Добросмыслов А.И. Скотоводство в Тургайской области. Оренбург: Тургайский обл. стат. комитет, 1895; Карутиц Р. Среди киргизов и туркмен на Мангышлаке. СПб.: Изд. А.Ф.Девриена, 1911; Мұқанов С. Халық мұрасы (тарихи-этнографиялық шолу). Алматы: Қазақстан, 1974; Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Алматы: Ғылым, 1977; Төлеубаев Ә. Қазақтың мал шаруашылығына байланысты кейбір көне сенімдері // ҚазССР ҒА-ның хабаршысы. 1984. №12. 56-60 бб.; Салғарин Қ. Қасапшылық. Алматы: Қайнар, 1990; Кәмалашұлы Б. Моңғолиядағы казактардың салт-дәстүрлері. Өлгий, 1995; Қатран Д. Қазақтың дәстүрлі



ас-тағам мәдениеті. Ғылыми редакторы және алғы сөздің авторы Нұрсан Әлімбаев. Алматы: ҚМӨҒЗИ, 2002; ҚӘТС. 13 том. Алматы: Арыс, 2010; *Кенжеахметұлы С.* Қазақ халқының тұрмысы мен мәдениеті. Алматы: Алматыкітап, 2010; *Сегізбайұлы К.* Қазақ дастарханы. Алматы: Атамұра, 2011; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МАЛ СОЯР КҮН – марқұмның жетісі, қыркы, жылы және асын беру тәрізді ғұрыптық шараларға арналған малды соятын күн. Қалыптасқан дәстүр бойынша мұндай ғұрыптық шаралардың өтетін күні алдын-ала белгіленіп қойылады (**к. Ас / Ас беру**). Марқұмның туыстары мен жақындары кеңесіп, шараның уақытын белгілеп, қанша ел шақыру, қанша мал сою, неше үй тігу және т.б. істерді ақылдасады. Осындай ақылдасу кезінде жақын туыстарына М. с. к.-ді де қоса ескертеді. Әдетте, М. с. к. ретінде бірер күн бұрынғы уақыт белгіленеді. Дегенмен, ел арасында аса танымал адамға арнап ас беру кейде үш – жеті, тіпті, тоғыз күнге дейін жалғасқандығы белгілі. Мұндайда, дәстүрлі ортада көбінесе ас берудің бірінші күні – «*ошақ қазар күн*» деп белгіленсе, екінші күні – М. с. к. деп аталады, үшінші күні – ет асатын күн т.с.с. XIX ғ. деректер бойынша ас беру көбінесе сәрсенбі күні басталатын көрінеді. Мәселен, И.В. Аничков: «*ас 4 күнге созылатын болса: сәрсенбі «ошаққазар күн», бейсенбі «мал соятын күн», жұма «табақ тартар күн», ал сенбі, жексенбідегі түрлі ойын жарыстар кезінде киіз үйлер жызыла бастап, жексенбіде тарқап кетеді*» – деген дерек келтіреді. Сөйтіп, астың алғашқы күні, яғни, *ошақ қазар күні* ет асатын қазан қоюға арналған жерошақтар (шұңқыр) қазылады, ошақ басындағы және барлық қонақ күтетін үйлер тігіледі, ырым етіп ошаққа ат шаптырып, бәйге ұйымдастырады (**к. Ас / Ас беру; Бәйге; Жерошақ майлау; Ошақ қазар күн**). Осы күннің ертеңінде сойылатын мал көлемін ақылдасып анықтайды. Алайда, *ошақ қазар күні* мен М. с. к. қатар, бір күнге дөп келетін жәйттер де кездеседі.

Сойылатын мал мөлшерін кейбір жағдайларда марқұм болған адам көзі тірісінде өзі белгілеп қоятын болған. Мысалы, малымның үштен бірін, төрттен бірін деген сияқты. Сонымен бірге, отбасының туыстары сойысқа деп малдай көрсететін көмектерін алдын-ала ас берілетін жерге күні бұрын жеткізетін. Сойыс малына тек туыстары ғана емес, ауқатты адамдар да аруақты сыйлағаны ретінде мал беріп жәрдемдескен. Көбінесе ас берілерден 10-15 күн бұрын ас өтеді деп белгіленген жерге қаралы үй тігіліп қойылады. Қаралы үй және қонақтарға арналған үйлер ошақтан 50-100 м қашықтықта орналасады.

Деректерді саралау барысында ең көп мал сойылған астардың бірі ретінде Сырым Датұлының асын атауға болады. Мысалы, осы аста 2500-дей қой, 200 жылқы сойылған, 5000 шелек қымыз ішілгендігі жөнінде А.И.Левшин дерек қалдырған.

Е.Смағұловтың ел аузынан жинаған деректері бойынша Мерке өңірінде өткен Әлібекұлы Сыпатай батырдың (1782–1867) асында сойыстыққа белгіленген малды қамап қойып, асқа келген қонақтар өздері қалағанын сойғызған. Қарағанды облысының Ақсу-Аюлы өңірінде XIX ғ. бас

кезінде Жапсар Қаракесек ішінде Қояншы тағай аталатын рудың басшысы Есбайға ас берген. Асында сойылған малдың көңігінеп Қармыс өзені қан-қызыл түске еніп, тұншыққан балықтар шоршып ауамен демалған деседі. Ел аузында қалған әңгімеден Ұлытау өңірінде Сандыбайға (1806-1862 жж.) берілген аста сойылған малдың өкпесін далаға тастаса сасиды деп суға ағызыпты деседі. Қанша қарқынды болса да күні-түні ағып жатқан өзеннің бетін басып кеткен көп өкпеден үркіп жылқы жаз бойы су ішпей қойғандықтан жылқышылар лажсыз қоныс аударған екен деседі. Ел арасында кездесетін мұндай аңыз-әңгімелер өліктің артын күту ғұрыптарында М. с. к.-нің алатын орнының маңыздылығын көрсетсе керек. Яғни, мал сою ісіне кейде бірнеше күн арналып, көптеген қасапшылардың тартылған.

Әдеб.: Аничков И. В. Поездка на киргизские поминки в 1892 году // ИОАИЭ. Казань, 1897–1898. Т. XIV. Вып. 2. С.203–218; Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей / Под общ. ред. акад. М.К. Козыбаева. Алматы: Санат, 1996; *Смағұлов Е. Ас* // Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. 1-том. Біртұтастығы және ерекшеліктері. Құраст.: С.Әжіғали. Алматы: Арыс, 2005. 245-265-бб.; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МАЛ СІЛЕКЕЙІН АЛУ – ертеде дәстүрлі ортада орын алған мал иесі мен түлік арасындағы тылсым байланыс туралы түсінікке қатысты қалыптасқан ғұрыптың атауы. Бұл ғұрып адамның өзіне біткен меншік малы басқа біреудің меншігіне өтіп бара жатқан кезде жасалады. Яғни, адамның өзіне біткен мал *шаңырақтың құтының* бір бөлігі деп келетін түсінікпен астас (**к. Құт**). М. с. а. контагиозды немесе парциалды мағия деп аталатын принципке негізделген ғұрып бойынша, малдың *қылының* бір шоғын сол малдың *сілекейімен шылап*, оны сақтап қойса, малдың жақсы қасиеті иесінде қалады деген. Яғни, құт ол шаңырақтан басқаға ауып кетпейді, малдың орны толады деп есептеген. Және малды алып бара жатқан адамның көзінше ашықтан ашық жасалатындығымен ерекше. Тағы бір айта кететін жайт, М. с. а. ғұрпында малдың *ноқта, жүген* немесе *бас жібi, бұйдасы* сияқты жетек әбзелі берілмейді, оны шешіп алып қалады.


Этнографиялық экспедиция барысында мәлімет берушілердің айтуына қарағанда, *сілекей* – құттың тұрақтайтын орнының бірі деп саналады. Мәлімет берушілер оны алып қалу «*малдың ендігі иесі сен болсаң да құт-берекесі өзімде қалсын*» деген ниеттен туған ырым деп түсіндіреді. Сөйтіп малдың жақсы қасиетінен мүлдем ажырап қалмауды қамтамасыз етуге болады деген. Бұл ғылымда *pars pro toto* деп аталатын жалпының орнынан бір бөлшегін қабылдайтын (нысанның немесе ұғымның) заңдылыққа байланысты басқаға иесінің ырқынсыз кетіп бара жатқан малдың жақсы қасиеті, яғни «бір бөлшегі» өзімде қалсын деген түсінікке байланысты орныққан деуге болады. Ал сілекей малдың ішкі жан дүниесінің «*айнасы*» іспетті, ол жем жеу, оны қортудың арқауы болып саналады (бұған байланысты біреудің *сарқытын ішу, аузына түкіру* сияқты ғұрыптарға ден қойыңыз). Әсіресе, малдың құты деп саналатын сүтті, етті малдардан және көп өскен құтпан мал мен саулықтан өрбіген жақсы қасиеттерге бай малдардан

міндетті түрде сілекейі алынады (сатып алған немесе айырбаспен келгендерге аса қатты мән берілмейді). Соның ішінде мал иесінің «тума малы», яғни өзінің малынан туған (сатып алу, тарту жолымен келмеген), әрі жақсы қасиеттері көп малдар «құтты» деп саналады (қ. *Құт*).

М. с. а. ғұрпының атқарылуы реті мынадай: малдың қаңқасының омыртқаға жақын бөлігінің бір жерінен (*арқа, мойын, сауыр, құйырық*) (өйткені, құйырықтың ұшында ма майда омыртқа тәрізді сүйектер болады) бір шок қылды (немесе жүнді) қырқып алған соң онымен малдың аузын «сүртіп» сілекейін жағып алады. Оны қайшымен қырықпайды, тек қана *пышақ* немесе *кездік* тәрізді өткір құралмен мал иесінің өзі ғана алады. Ол аларда, «*бисмилла, сілекейі өзімізде қалсын!*» деп айтып барып кеседі және мал иесі ғана жасай алады. Қазақы ортада әр түліктің сілекейін алудың өзіндік қалыптасқан жолдары бар:

- еркек малдың желке жүнінен;
- ұрғашы малдың тамақ жүнінен;
- жылқыда жалының қылынан;
- койдың арқа омыртқасы тұсынан;
- түйенің тамақ шудасынан алады.

Кейде түйе жылқы және сиырдың құтпанынын құйрық қылынан алатын кездері болады. Оның мәні, көп мәрте төлдеген өсімтал ұрғашы малдың жақсы қасиеті құйрық жағына жақын, яғни өсіп-өркендеу идеясына байланысты деп санаған. Басқаша айтқанда, ел ішіндегі көзқаракты информаторлар «*малдың үйі*» (жатыры дегені – ред.) оның сауыры мен құйрығына жақын орналасуына байланысты деп түсіндіреді ұқсайды.



Мал сілекейін алып, киіз есік арасына салу. ҚР МОМ материалдары бойынша суретті салған Б.Досымов

М. с. а.-дың өзіндік шарттары бар. Мынадай жағдайда мал сілекейі алынады: *мал сату, айырбастау, тарту ету, сыйға беру* сияқты түрлі жағдайда берілетін малдың бір белгісін өзіне қалдырады. Ал, керісінше, бәйгеге сый ретінде ұсынған, сондай-ақ, *зекетке, ерулікке* деп берген

малдан түрлі ауыр жағдайға тап болғандарға «*жылу*» және *қызыл көтеру* сияқты әлеуметтік қолдау мақсатында берілген малдардан сілекей алынбайды (қ. *Зекет; Ерулік, Жылу; Қызыл көтеру*). Сол сияқты, жиенге берілген *бәсіре*, жаңадан отау болып бөлек шанырақ көтерген отбасына әкесінің тарапынан берілетін *енші* мен туыстары тарапынан берілген «*еншіге қосары*» деп аталатын малдардан сілекей алынбайды. Үйірге уақытына қосылған малдан сілекей алынбайды (қ. *Енші, Бәсіре*). Ш.Уәлихановтың келтірген мәліметіне қарағанда, *көгенбасы* және *наурызтөл* немесе өте құтты деген малын құрбандыққа қимаған жағдайда, оның сілекейін алып екінші бір малға жаққан соң әлгі малды құдай жолына деп арнап сойған.

Мал сілекейін сақтау. Осылайша «мал сілекейі» жұққан жүн немесе қыл мал иесінің «есігіне» (босағасына) салып сақтайды. Ертедегі баспаналарда кең қолданылған сырты киіз, ішкі жағы ишіден жасалған *ергенек* деп аталатын есіктің арасына салып сақтайды (қ. *Ергенек; Есік; Киіз есік*). М. с. а. ғұрпының жиі орын алуына байланысты киіз есіктің орта шеніне арнайы қалта жасаған деген ауызша дерек бар. Осындай жолмен сақтаған мал сілекейі отбасы құтының есіктен шықпай сол босағада қалуын қамтамасыз етеді деп түсінген.

М. с. а. ғұрпына қатысты тілімізде сөз орамдарынан бұл архаикалық ғұрыптың жұқанасы (реликтері) сақталып қалған: мысалы, «*мал сілекейі қайтты*» деген тіркес жоғалған немесе басы дау-шарға түскен малдың басы толық болмаса да жарым жартылай болса да қайтты дегенге саяды. Ал, «*мал сілекейі қалды*» деген сөз орамы бұрынғы мал-дәулетінен оның *жұқанасы, аздаған тұяқ* қалды дегенді білдіреді. Екі ұғым да мал-дәулеттің жұрнағы немесе жұқанасы қалды дегенді білдіреді.

Әдеб.: Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Алматы: Ғылым, 1977; Валиханов Ч.Ч. Тенқри (бог) // Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в 5-ти томах. Т.1. Алма-Ата: Казахская советская энциклопедия, 1984. С. 208-215; Төлеубаев Ә. Қазақтың мал шаруашылығына байланысты кейбір көне сенімдері // ҚазССР ҒА-ның хабаршысы. 1984. №12. 56-60 бб.; Хиниятұлы Б. Қазақтардың төрт түлікке байланысты ырым, жосын-жоралғы, әдет-ғұрыптары // Қазақтың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері: өткендегісі мен бүгінгі. Алматы: Ғылым, 2001. 173-190 бб.; Аргынбаев Х., Тоқтабай А., Сейітқұлова Ж. Қазақтың мал шаруашылығына байланысты наным-сенімдері // Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет ғұрыптары. 1-том. Біртұтастығы және ерекшелігі. Алматы: Арыс, 2005. 73-94 бб.; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МАЛ ТӨРКІНІ – дәстүрлі халықтық түсінікте малдың арғы шығу төркіні деген ұғымды білдіретін ұғым. Алайда, оның нақты дерегі, табан тірер тиянағы жоқ, аморфты сипатта. Малды алғаш қолға үйреткен, кейін оның желеп-жебеушісі деп түсіндіретін мал пірлерімен байланысы жоқ. Тіпті малдың арғы тегі болып саналатын жабайы аңдар, дәлірегі *қоңыр аңдармен* де байланыстырмайды. Керісінше, төрт түлікке қатысты этикалық қағидалардың негізгі ұстанымдары М.т. туралы ұғымға барып тіреледі. Мұндағы ескеретін тағы бір мәселе, М. т. әсіресе *обал* және *сауан* деп аталатын мәні айырықша категориялармен байланыстырылады (қ. *Обал; Сауан*). Мәселен, малдың



орынсыз кинап, ауырған кезде емдемей кою немесе күтіп-баптамау немесе ұрып-соғу М. т. *обал* жасау деп бағаланады. Тағы бір ескеретін нәрсе, М.т. ұғымы саулық малға және оның онімдеріне қатысты жиі айтылады. Айталық, мал сүтін жерге төгіп алу, малды сауын уақыты келгенде саумай кою, төлін емізбеу немесе мал желінін тебу, ұру, жана туған малдың шуын көмбей кою, «үйі түскен», яғни жатыры сыртқа қарай шығып қалған малға дереу нақты шара жасамау сияқты жайттар М.т.-не жасаған үлкен қиянат болып саналады. М.т.-не обал жасаудан малдың пелері теріс айналады. Сөйтп, мұндай келеңсіздіктің кесірінен мал иесіне біткен құт қашып, түліктің өсімі де, өнімі де азаяды деп санайды (**к. Құт**).

Мал төркіні туралы діни эсхатологиялық мифтерде баяндалатын сюжеттерге байланысты қалыптасқан қазақы түсінік бар. Топан су басқан заманда Нұқ пайғампардың Қазығұртта қайырлаған кемесінде аман қалған *жетім бота, жұрын тоқты, қатпа тай, жалғыз тана* сияқты малдың сұрыбынан өсіп көбейген-мыс. Демек, осы аталғандар малдың төркіні деп санайтындар да бар.

Әдеб.: *Диваев А.* Легенда о Казыкуртовском ковчеге. Сборник материалов для статистики Сыр-Дарьинской области издание Сыр-Дарьинского Обласнаго Статистического Комитета. Том У. Ташкент, 1896.; *Уахатов Б.* Қазақтың халық өлендері. Алматы: Ғылым, 1974; *Сейфуллин С.* Шығармалар. 6-том. Қазақ әдебиеті. Алматы: Қаземкөркемәдеббас., 1964; *Кеңесбаев І.* Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Алматы: Ғылым, 1977; *Шаханова Н.* Мир традиционной культуры казахов (этнографические очерки). Алматы: Казахстан, 1998; Жанпейісов Е.Н. Төрт түлік төңірегінде // ҚР ҰҒА Хабаршысы. Тіл, әдебиет сериясы. 2005. №3. 3-9 бб; Қазақ әдебиетінің тарихы. 1-том. Қазақ фольклорының тарихы. Жалпы ред. басқарған С. Қасқабасов. Алматы: ҚазАқпарат, 2008; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МАЛ ТҮСТЕУ – малдың өң-түсіне қарай отырып бір-бірінен ажырату. Малға байланысты айтылатын түстердің өзіндік тәлімдік, ұғымдық, айырымдық ерекшеліктері көп. Қара өленде айтылатын «*Болмайды сиыр жирен, жылқы тарғыл*» деген паремологиялық формула дәстүрлі қазақы ортаның М. т.-ге айырықша мән бергендігін аңғартады. Сиырдың жирен түстісін *қызыл сиыр*, жылқының ақ түстісін *боз* дейді. Сиырдың *қоңыр* түсі жылқыда *қарагер* деп атау қалыптасқан. Түлік төресі делінетін түйеге қатысты айтылатын түстер өте аз. Бұл түйе түсінің бірыңғай *ақ, боз, көкшіл, қара* сияқты бірнеше түстердің кездесетіндігіне байланысты болуы мүмкін. Сиырда жиі кездесетін түстер – *ақ, көк, ала, қызыл, қара, шұбар, кер* және *қоңыр*. Ал қойдың негізгі түстері *ақ, боз, ала, қара, қоңыр*, ешкіде – *ақ, ор (ор ешкі), жасағал, ала, қара, көк* және т.б. (**к. Қой; Сиыр; Түйе**)

Мал алыстан қарағанда бозарып көрінсе «*қылаң*», қарайып көрінсе «*баран*» деп түстеген. Осы ашық және баран түс аралас болса «*ала*» деп атайды. Осыған орай мал түсін *қылаң, баран, ала* деген үш топқа бөледі (**к. Жылқы**).

Жылқы түлігін қатысты түр түс атаулары басқаларға қарағанда көп болды. Оның себебі жылқының көшпелі өмірдегі ролі ерекше болғандығынан. Ерте заманда, адам баласы салт мінуді игергеннен бастап, жылқыға материалдық тұрғыдан ғана емес, оған өз өмірімен рухани бірлікте қарауына байланысты болса керек. Яғни, адамның

рухани өмірінде жылқының өзіндік ерекше орны болды. Сондықтан-да, жылқы малының түстеуге байланысты атауларының көп болуы әбден заңды құбылыс. Бұл үрдіс тек қазақ халқына емес, өмір салтында жылқы малының мәні халықтардың бәріне дерлік тән құбылыс. Жылқыда жиі кездесетін түстер мыналар: *ақ, ақбоз, боз, кок, қызыл, күрең, кер, қарагер, құлагер (керқұла), шұбар, бұрыл, теңбіл, тарлан (тарланкөк, тарланбоз, бозтарлан), көк, қара, (қаракөк), қоңыр, ала, сұр, сары, торы, шабдар, жирен, күлдібадам*, т.б. Мұның сыртында ерекше белгілері болса, қасқа, төбел, көзіне қарап шегір деген сияқты айырым белгілерін мал түстеуде үлкен септігін тигізеді. Мысалы, *маңғыл қасқа* – мандайында төбелі, танауға жалғасқан қасқасы бар «белгі» сирек кездеседі.

Әдеб.: *Левшин А.И.* Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. В 3-х частях. Часть третья. Этнографические известия. СПб.: Тип. Карла Крайя, 1832; Мейер Л.П. Общественный и частный быт киргизов // Материалы для географии и статистики России, собранные офицерами Генерального штаба. Киргизская степь Оренбургского общества. Ч.1. СПб., 1865. С.247-260; *Добросмыслов А.И.* Скотоводство в Тургайской области. Оренбург: Тургайский обл. стат. комитет, 1895; *Букейхан А.Н.* Казахи Адаевского уезда // Казаки. Антропологические очерки. Издание особого комитета Академии наук по исследованию союзных и автономных республик. Л.: АН СССР, 1927. С.59-83; *Культегеев Т.М.* Уголовное обычное право казахов (с момента присоединения Казахстана к России до установления советской власти). Алма-Ата: АН КазССР, 1955; *Зиманов С.З.* Общественный строй казахов первой половины XIX в. Алма-Ата: Наука, 1958; *Мұқанов С.* Халық мұрасы. Алматы: Қазақстан. 1974; *Фукс С. Л.* Обычное право казахов в XVIII-первой половине XIX века. Алма-Ата: Наука, 1981; *Алимбай Нурсан, Муканов М.С., Аргынбаев Х.* Традиционная культура жизнеобеспечения казахов. Очерки теории и истории. Алматы: Ғылым, 1998; Сакқұлақұлы Е. Есім ханның ескі жолы // Қазақтың ата заңдары: құжаттар, деректер және зерттеулер. 4-том. – Алматы: Жеті жарғы, 2005. 145-152 бб; ҚӘТС. 10-том. Алматы: Арыс, 2009; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МАЛ-ЖАН – көшпелі ортадағы материалдық игілік пен оны иеленуші адам арасындағы бірегей, ажырамас байланысты білдіретін категория. Мұндағы мал – қазақы ортадағы материалдық игіліктерді толығымен қамтитын М. категориясының эквивалентіне айналған *төрт түлікті*, ал *жан* ұғымы оның иеленуші адам (кең мағынада отбасы, қауым) дегенді білдіреді. Сондықтан қоғам мүшелері арасындағы қатынас пен этика нормаларында төрт түлік қамына айрықша ден қойылады. Қазақы ортада адамдар бір-бірімен ұшырасқанда сәлемнен кейін «*мал, жан аман ба?*» деген қалыптасқан стереотиптік сөз орамын айтады. Яғни, ең алдымен төрт түліктің онан соң адамның амандығы көшпелілер үшін мал өзінің табиғи болмысының тікелей ажырамас бөлігі ретінде қарастырады. Мал мен жанның өзара бірлігі мен үйлесімін дәйектейтін қағидадан туындаған сөз орамы экономикалық қатынастың арқауына айналған төрт түлікті бағу-қағу үрдісінің бірқалыпты ырғақпен жүріліп жатқандығына (яғни аман екендігіне) мән берген. Бұлай тілек сипатындағы сәлемді көптен көріспеген ауылдас, елдес, рулас адам, тіпті бейтаныс жолаушы да көшпелі қазақпен ұшырасқан кезде айтуы тиіс. Этикалық үрдіс қатарынан орын алған бұлай сәлемнен кейін жекеленген жайттарға назар аударады.


Мысалы, мал шаруашылығын технологиясы тұрғыдан ұйымдастырудағы маусымдық маңызды (науканды) шаралардың барысы туралы қызықтайды. Мұндайда «*төл дін аман ба?*», «*жайлы қыстап жатырсыздар ма?*», «*жақсы жайлап жатырсыздар ма?*» деп жөн сұрасуға көшеді (қ. *Сәлем*). Мұндай сөз магиясына негізделген сәлемдесу, жөн сұрасудан кейін ситуацияға байланысты айтылатын этикалық мәндегі жайттарға қарай ойысады. Олардың қатарында «*көш көлікті болсын!*», «*қоныс жайлы болсын!*», «*қойың егіз тапсын!*», «*Айдар, бағар (байлар, сауар, көгендер) көбейсін!*» және т.б. сөз орамдары бар (қ. *Жөн сұрасу*).

Қазақтардың «*малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы*» немесе «*мал, малдан кейін ал*», «*ел сүйегін мал сақтайды, (мал сүйегін жал сақтайды)*» деп келетін сөз орамдары төрт түлікке қатысты идеализациялардың басты қағидасы ретінде көшпелі мәдениеттің айқындаушы басты атрибутының біріне айналды.

Әдеб.: Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. В 3-х частях. Часть третья. Этнографическое известие. СПб.: Тип. Карла Крайя, 1832; Загряжский Г. Очерки Перовского уезда // ТВ. 1872. №29; Диваев А. Несколько слов о киргизском хозяйстве // РТ. Сборник, изданный по поводу политехнической выставки. Вып.1. СПб., 1899. Букейхан А.Н. Овцеводство в Степном крае // Материалы по экономическому обследованию районов Сибирской железной дороги. Животноводство. Т.1. Вып.1. Томск, 1904; Сейфуллин С. Шығармалар. 6-том. Қазақ әдебиеті. Алматы: Қазмемкөркемәдеббас., 1964; Мұқанов С. Халық мұрасы. Алматы: Қазақстан. 1974; Уахатов Б. Қазақтың халық өлеңдері. Алматы: Ғылым. 1974; Кенесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Алматы: Ғылым, 1977; Радлов В.В. Из Сибири. Страницы дневника. М.: Наука, 1989; Сейдімбек А. Қазақ әлемі. Этномәдени пайымдау. Алматы: Санат, 1997; Алимбай Нурсан, Муканов М.С., Арғынбаев Х. Традиционная культура жизнеобеспечения казахов. Очерки теории и истории. Алматы: Ғылым, 1998; Алимбай Нурсан. Кочевая община казахов: проблемы этносоциологической реконструкции // Известия Российского государственного педагогического университета им. А.И. Герцена. СПб., 2009. №96. С.317-326; Хинаятұлы Б. Қазақтардың төрт түлікке байланысты ырым, жосын-жоралғы, әдет-ғұрыптары // Қазақтың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері: өткендегісі мен бүгінгі. Алматы: Ғылым, 2001. 173-190 бб; Қайдар Ә. Халық даналығы. Алматы: Тоғанай, 2004; ҚӘТС. 10-том. Алматы: Арыс, 2009; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МАЛА – жыртылған жердің кесектерін уатуға және тегістеуге қолданылатын егіншілік құралы. Ертеде заманнан бері М. ағаштан жасалған XIX ғасырдан бастап ауылшаруашылығында Ресей зауыттарында жасалған малалар ене бастады. Қазақ диқандары темірден жасалған М. шыққанға дейін жыртылған жердің топырағын майдалауға ұзындығы 2,5-3 метрдей болатын жуан сырғауылды пайдаланды. Оны *мала ағаш*, *ағаш мала*, деп атаған. Жерді тырмалау үшін мала ағашты жіппен немесе арнаулы тәрте арқылы көлікке жегіп, жыртылған жер үстінен көлденен сүйрететін. М. ағаштың салмағын арттыра түсу үшін оның ортасына тақтай, ағаш қағылып, үстіне ауыр зат байлап қоятын немесе тақтайға малалаушы адамның бірі шығып тұратын. Кейде мала ағаштың орнына үстіне салмақты зат бекітілген шенгел де қолданылды. Оны *шенгел мала* деп атаған. Қазақ егіпшілерінің жердің топырағын

уатуға бұтақты ағашты пайдаланғаны туралы А.Левшин мынадай мәлімет келтірді: *Тырманың орнына қырғыздар (қазақтарды айтып отыр) тал сояларын қатарластыра байлап атпен сүйрейді*, – деп көсетеді. А.Гейнс: *Екі ұшына қайыс байлап көлікке жегетін, «мала» деп аталатын жуан сырғауылды немесе бір-біріне байлаған бұтақтарды түб жағынан байланған дәрте арқылы атпен сүйретіп, жерді тегістейді*. Соңғы ғасырларда, әсіресе XIX ғасырда, қазақ ұсталарының ағаштан жасаған тісті малалары кең тарай бастады. Оны кей жерлерде *тырма* деп те атады. Өйткені маланың бұл түрі бұрынғыдай топырақты салмағымен езіп майдаламай, тісімен тырнап уататын еді. Тіпті Қазақстанның кейбір аймақтарында тырманың *тырнауық*, *тырнауыш*, *тырмақ* тәрізді балама атауларының қолданылуы осыған байланысты (қ. *Тырма*).



Мала. Хозяйство казахов на рубеже XIX-XX веков. Материалы к историко-этнографическому атласу (Алма-Ата: Наука, 1980) атты еңбектен

Тісті М. немесе тырма екі жуандау ағаш пен екі тақтайдан шаршы түрінде құрастырылады. Ол үшін әрбір ағаш екі шетінен тесіліп, оларға екі тақтай сұғылып, тақтайлар суырылып шығып кетпеу үшін ағаш шегемен бекітіледі. Тақтай сұғылмай тұрып әр ағашты жеті-сегіз жерінен тесін, ағаштан тіс орнатылады. Ағаштан жасалатын тісті М. біркелі жуандықтағы он шақты ағаш кесіндісінен де құрастырылады. Мұның пішіні де төртбұрышты болып, сыртқы төрт ағашынан басқалары бір өлшемде бірнеше жерінен тесіліп, оған ағаш тісті сұғып бекітеді.

Төрт ағаштан (екі сырғауыл, екі тақтайдан) жасалған М.-ның тіс қондырылған екі сырғауылы көп ағаштан құрастырылған мала ағашынан жуан болады. Сондықтан көлікке жегу үшін оған шығыршық қағылса, кейінгі М. түріпе жіпке байланатын темір құрсау немесе жіптің өзі қолданылады. Осындай қарапайым еңбек құралымен жыртылған жер бетінің топырағын майдалауды *малалау мала басу* дейді. Әдетте, жерді дән себудің алдында малалайды. Кейде көктемде жерді екі рет соқамен жыртып, соның нәтижесінде топырағы біршама майдаланған жерге тұқым сеуіп, себілген тұқымды бірден малалап тастаған. Кейбір аймақта дән себетін жер аударылмай-ақ, жердің ойлы-қырлысына қарамай арық-атыздар жүргізіліп, оған су



жіберіледі. Су жер бетіне сіңіп, топырақ беті аздап дегдіген соң оны майдалау мақсатымен малалап шығады. Осы уақытта қолданылуына орай маланы *сумала* деп те атаған.



Мала. ҚР MOM қорынан (ФКП 632)

М.-ның темірден жасалған түрінің пайда болуына байланысты мала ағаштар бірте-бірте қолданыстан шыға бастады.

Жер өңдеу жұмысында XIX ғасырдың соңына таман Ресейдің темір малалары пайдаланылды. Қазақ ұсталары кейде оларды жөндеу жұмыстарымен айналысты. Сонымен бірге егіншілік дамыған аудандарда темір М.-ны қолдан соғатын ұсталар да болды. Темір М.-лар арнаулы ұста дүкенінде соғылған.



Малағаш. А.Л. Мелковтың экспедициясы, 1928 ж.
ҚР MOM қорынан (ФКП 277)

Ұста алдымен М.-ға арналған жуандау шыбық темірлерді төрт қырлап соғып, белгілі бір өлшемге келтіріп қиып алады. Оларды кереге тәрізді етіп қойып, әрбір түйіскен жерлерін пісіріп бекітеді. Тор көзді қалың темірді тіс

орнату үшін әр жерінен белгілеп отырып тесіп шығады. М.-ның тісін жасайтын темірді біркелкі етіп кесіп, бір ұшын көрікте қыздырып алып төске салып соғып отырып үшкірлейді. Келесі ұшын кереге темірдің тесіктеріне сұғып, үстінен балғамен соғып тойтарып қояды. Сұғылған кезде ол сығылып тұруы керек. Темірдің тесікке сұғылатын бөлігінен төменгі жағы жуан күйінде қалғандықтан әрі оның ұшын балғамен соғып тойтарып қойғандықтан, малаға қондырған тіс берік ұстасып қалады. М.-ны сүйрету үшін жіп байланатын шығыршық орнатылады. Байырғы ағаш М.-лар тәрізді темір М.-ны да көлікке тіркеп пайдаланады. Темір М.-ны кей жерлерде *түрен тырма* деп атаған. Өйткені кейбір темір М.-дың қатты жерді де қопсыта алатын пышақ тәрізді өткір тістері болған. Әр қатары он – он екі өткір тістен тұратын бұндай М.-ның түрені үш қатар етіп жасалған.

Әдеб.: Левшин А.И. Описание киргиз-казахских или киргиз-кайсацких орд и степей. ч. III. СПб., 1832; Собрание литературных трудов А. Гейнса т.I. СПб., 1897; Хозяйство казахов на рубеже XIX – XX веков: Материалы к историко-этнографическому атласу. Алма-Ата: Наука, 1985; *Құсайынұлы Қ.* Қазақ шаруашылығы отаршылдық дәуірінде. Алматы: Дәнекер, 2001; *Алтаев Б.Ә.* Оңтүстік Қазақстан қазақтарының егіншілікке байланысты дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. Тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған диссертациясының қолжазбасы. Ғылыми жетекші Нұрсан Әлімбаев. Алматы, 1994; Қазақ тілінің аймақтық сөздігі. Алматы: Арыс, 2005; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МАЛАЙ – бұрынғы уақытта байдың есігінде жүрген, жалданып күн көретін әлеуметтік топ. М. – *құл (күң), жалшы, жұмыскер* тәрізді әлеуметтік топтарға ұқсас, бірақ олардан өзгешелігі бар әлеуметтік категория. Мұндай әлеуметтік топтардың атқаратын істері мен құқықтық жағынан өзара ұқсастықтары және өзіндік айырмашылықтары бар. Мәселен, *құлдың (күңнің)* бас еркі болмайды, ешқайда кетпейді, өмірі құлдықта өтеді; оған ақы төленбейді. Соғыста қолға түскен, сатып алынған, сыйға берілген басыбайлы адамдар ғана *құл* болады (*қ. Құл*). Ал *малай, жалшы, жұмыскерлер* бас еркіндігі бар әлеуметтік жікке жатады (*қ. Жалшы*). Кедей, тұрмыс жағдайы төмендеу адамдар алыс-жақын туыстығы бар ағайын, жамағайындарға *жалшы* болып кірген. Олардың бір тобы ұзақ мерзімге кесімді ақыға жалданып, баймен бірге көшіп-қонып жүрсе, бір тобы маусымдық жұмыстарға ғана жалданып, уақыты келгенде өз шаруасына оралып отырған. Өз руластарының, туыс-тумаларының арасында жүргендіктен *жалшының* шаруашылықта атқарған істердегі бағыныштылығы болмаса, күнделікті өмірде өзіндік орны бар, *сөз алу* (өз нікірін айту) құқығы сақталған болып келеді. Ал өз ісінің шебері болып, жұмысына сұраныс жоғары адамдар жұмысқа жалданса – *жұмыскер* деп аталған. *Жұмыскердің* жұмыс берушіге ешбір туыстығы болмаса да жалшыға қарағанда біршама беделді болды. Ал М.-дың оларға еңбек ету сипаты (жұмыстың ауыр – жеңілдігіне қарамай сан түрлі шаруаны атқара беруі) және байға кіріштар болуы жағынан ұқсайды. Оның атқаратын жұмыс түрі және алатын еңбекақысы анықтайды. М.-дың

жалшы мен жұмыскерлерден айырмасы: М.-ға әрдайым кесімді ақы төлемейді, оларды көбінесе үй шаруасына жұмсайды. Үй, қора ішіндегі жұмыстарды атқарумен бірге М.-лар отын тасумен, ас пісірумен, күл шығарумен, күндіз мал қараумен, кешке мал жайлаумен айналысады және т.б. жұмыс түрлерін орындайды. Олардың жұмысы жылқышы, түйеші, қойшы тәрізді түрге бөлінбейді. М.-дың негізінен үй шаруасымен айналысатынын есіктегі малай (өз еркі, дауысы жоқ адам), малайғып жұмсады (жеке басын төмендетті), малайлыққа жүрді (кісі есігінде жүріп күнелтті), малайлыққа жалданды (кісі есігінде жалшылықта болды), малайшылық істеді (кісі есігінде малайлықта жүрді) сияқты сөз орамдары аңғартады. Бұл сөз орамдары қазақ халқының малай туралы аксиологиялық танымын көрсетеді. Кісі есігінде жүретін М.-лар байдың еліне кірме, келімсек адамдар болған. Олардың бірсыпырасы отбасынан бөлініп жалғыз-жарым жүріп те (кейде ағалы-інілі адамдар) малайлыққа тұрған. Елден кетін, іздеп жүріп табатын жұмысты аяқкесіп деп атаған. Аяқкесіп іздеушілердің кейбіреуі малайлыққа кірген.

Кейде бай ағайынына қарызын өтей алмай кіріптар болған кедей адамдар малайлықта жүріп берешегін өтеуге мәжбүр болған. Сонымен бірге ертеректе жаугершілікте қолға түскен, жау жақтың әлеуметтік мәртебесі жоғары адамдардың малшы-жалшылары М. ретінде ұсталған. Малайлықта әйелдер де жүрген. Олар көбінесе үй шаруасында болып, күтуші, әртүрлі жұмыстарға көмектесу міндетін атқарған. Ертеде малайлықта жүрген әйелді ебей, бейнелі түрде есіктегі ебей, есіктегі ебесін деп атаған.

М.-ларды жыл маусымына қарай қар ашу, мал төлдету, шөп шабу, пішен тасу, қой қырку, жер жырту, қораконсыны жөндеу және т.б. мал және ауылшаруашылық жұмыстарына көмекке жіберіп отырған.

Мәселен, XX ғ.-дың басында жаңадан ашылып жатқан кен орындарына біршама жақындау өңірде тұратын байлар көбірек пайда табу үшін М.-ларын Жезқазған, Қарағанды тәрізді өндірісті жерлерге түйемен жүк тасуға да жіберген. Кен орындарында тұрақты жұмыс істейтіндерді жұмыскер деп атаған. Жұмыскерлердің жер астынан қазып шығарған кенін тиісті жерге (зауытқа) бай жіберген М.-лар түйемен тасыған. Ол туралы академик жазушы, қазақ тұрмысының ұлы суреткері Ғ.Мүсіреповтің былай деп жазғаны бар: «Жезқазған келсем, жұмыс қайнап жатыр екен. Шахты дегенің қасқырдың апанындай. Әр жерде жыбыр-жыбыр етеді. Қопарылған тас тау-тау болып, ойды-қырды басып барады. Айнала қыбырлаған жан. Шұбатылған түйелі кірекеш. Біреу құм тасып жүр, біреу ағаш тасып жүр. Бұрын еңбектің ауыры жердің үстінде болушы еді. Енді жердің астына түсіпті. Жезқазған ұзақ уақытқа әзірленген үздіксіз еңбектің ұясы секілденеді. Келісімен жұмыс қарастырдым. Жердің бетіндегі жұмыс подрядчиктердің қолында екен. Қазақтың жылпостары да ағылшынга подрядчик болып

кіріп алыпты. Жақыпбек, Молдабек деген ағайынды пысықтар жұмыскерлерді қойдай тоғытып жүр. Қойын-қоныштары қоқыған ақша. Жоғарыда айтқан Александр ағылшынның құрметті переводшісі, подрядчиктермен сыбайласы. Жұмыскерлерді жалдайтын әлгі подрядчик Жақыпбектер. Олар арзан бағаға жалдап, тас қопартады. Ағаш шаптырады. Көмір үйгізеді. Құм тасытады. Мен де сол подрядчиктерге келдім. Жұмыс сұрадым. Мені апарып құм таситындарға қосты. 4-5 шақырымнан құм таситын болдық. Күніміз 30-40 тиын. Құм таситын көлігі бар байлар, жайлауға шыға алмай қалған кедейлер де жалғыз түйелерін жетектеп алып, құм тасып күн көреді. Подрядчиктер жұмысты алдымен байларға береді. Керек болса, подрядчиктер де байлар. Байлар жылдап жалдаған жұмыскерлерін құм тасуға салады. Жылына қозылы қой ала алмайтын байдың малайлары байға күнінде құлынды бие тауып береді. Өйткені ағылшындар құмның пұтын бес тиыннан алады. Жиырма түйемен құм тасығанда 5 шақырым жерден күніне 6 ораламыз. Біз әкелгенде төрт жүз пұт құм әкелеміз. Жиырма түйеде айналасы 5-ақ адам жүреміз».

Сонымен, М.-дың әлеуметтік мәртебесі құлдан, ебейден, күннен жоғары, ал жалшыдан, сондай-ақ жылқышы, түйеші, қойшы тәрізді кәсіп иелерінен төмен болған.

Әдеб.: ҚСЭ. 4-том. Алматы: Қазақ совет энциклопедиясының бас редакциясы, 1974; ҚСЭ. 7-том. Алматы: Қазақ совет энциклопедиясының бас редакциясы, 1975; Мүсірепов Ғ. Өмір ертегісі//Тұтқын қыз: Повестер және ой-толғамдар. Алматы: Балауса, 1993; ҚӘТС. 11-том. Алматы: Арыс, 2009; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МАЛАҚАЙ – қыстық бас киім. М.-дың төбесі биік, шошайып келетіндіктен сыртқы түрі маусымдық баскиім күләпараға ұқсас келеді (**қ. Күләпара**). Оның қыстық баскиім құлақшыннан басты айырмашылығы да осында (**қ. Құлақшын**). Дәстүрлі ортада М. еркектер де әйелдер де кигенімен ол әсіресе, далада мал баққанда таптырмайтын баскиім саналды. Өйткені, оны көбінесе қозы мен лақтың елтірісіпен тігетіндіктен өте жылы әрі қолайлы баскиім болып табылады. Кейде М.-ды *түлкі, суыр, күзен, қоян* сынды ұсақ аңдардың терілерінен де тігеді. М.-дың екі құлағы доғалданып келген үлкен болатындықтан басқа кигенде құлақты толығымен жауып тұрады. М. *маңдай, екі құлақ, төбе, артқы құлақ* деген бөліктерден тұрады.

М.-ды пішудің өзіндік ерекшеліктері бар. Айталық алдымен иленіп дайындалған теріні төрт немесе алты қиық етіп пішіп алады. Сосын аталмыш қиықтарды біріктіреді, яғни құрайды. Қиықтардың қабысатын, яғни түйісетін ұштары үшкілденіп келеді де, етек жағы жалпақ, төрбұрышты болады. Сүйір ұштарын түйістіріп тіккен соң, артқы жалпақ бөліктерінің артық жерлерін қиып тастайды да, қусырып тігіп, дөңгелек төбе қондырады. Ал маңдайын пішкенде оны екі құлақтың дәл ортасынан шығарады. М.-дың артқы құлағы көп жағдайда маңдайынан қысқа келеді, кейде онымен теңдей етіп пішеді. Сосын аталмыш терінің көлемімен бірдей етіп М.-дың астарын пішіп алады да оған

МАЛАҚАЙ

мақта немесе жүн тартып, келесі бетіне *бидайы* шүберек салып сырады. Кейде М.-дың маңдайын сыртқа қаратып тігуде кездеседі. Оны М.-дың *маңдай түрмесі* деп атайды.



Малақай. ҚР MOM қорынан (КП 499)

ҚР MOM қорындағы (КП 499) М. жасыл барқытпен тысталған. Оның үшкірлене келген төбесіне етегі жапсырыла тігілген. Екі құлағы, желкелігі (артқы бөлігі) ішкі жағына қаратылып, бетіне түлкі терісі күсілген.

Төбесінің ішкі жағы жүн матамен астарланған. Дәл ұшар басына тоқыма мата киындысы бастырылып тігілген. Тысына төбенің төрт сайының қосылған тұстарына тігінен және етегін айналдыра көлденеңінен зертаспа бастырылған.

Әдеб.: Захарова И.В., Ходжаева Р.Д. Казахская национальная одежда: XIX - нач. XX в. Алма-Ата: Наука, 1964; Қазақтың дәстүрлі киім-кешегі. Ғылыми каталог (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде). Ғылыми редактор және жоба жетекшісі Нұрсан Өлімбай. Алматы: Өнер, 2009; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МАЛАТАС – орылған астықтың үстінен бастырып дәнін ажырататын тас құрал. М.-ты қазақ жерінің солтүстік, солтүстік батыс өңірлері еретеректе пайдаланса, бұл құрал оңтүстік-шығыс өңірлерге XX ғ. басында қолданысқа ене бастаған. М. негізінен ұзындығы шамамен 90-100 см болатын сегіз қырлы, жұмыр біліктен тұрады, ал оның диаметрі шамамен 40-50 см аралығында болған. Сондай-ақ, бұның ұзындығы 80-100 см, диаметрі 30-40 см болып келетін, алты қырлы түрлері де қолданыста болған. Сонымен бірге, кейбір деректерде М.-тың төрт қырлы болып келетін түрлері де кездесетіндігі айтылады. Бұл М.-тар екі басына сұғылған ұзындығы 15-20 см болатын жұмыр темір ағаш сынамен сыналанып ұстатылып, сол арқылы төртбұрышты жасалған қорапқа бекітілген. Ал бұл қораптың алдыңғы жағының екі шетіне екі дөңгелек темір бекітіліп, оған сүйрететін ұзын арқан немесе кайыс таспа байланған.

ҚР MOM қорындағы (КП 10616) М. ақшыл сұр түсті гранит тастан алты қырлы етіп жасалған. Оның екі басының ортасына *кіндік темір* бекітілген. Оның ұзындығы 102 см, ал ені 32 см.



Малатас. ҚР MOM қорынан (КП 10616)

Қазақтар бұндай М.-тарды базарлардан, сонымен бірге тас қашайтын шеберлерден сатып алатын болған. Шеберлер М. жасауға гранит сияқты қатты тастарды пайдаланған. Шеберлер тасты өте ұқыптылықпен әрі нақты өлшеммен қашап жасайдындықтан, кейіннен сынбай, ұзақ тұтынылған. М. кейбір өңірлерде *тас*, *дән бастыргыш*, *тоқылдақ*, *тұлықтас* деген атаулармен де аталған (**қ. Тұлықтас**).

Дәстүрлі ортада орылған егінді қырманға жайып, үстінен көлікке жегілген М.-ты жүргізетін болған. Астық бастыру *қырман айдау* деп те аталған (**қ. Қырман**). Бір немесе екі малға жегіліп сүйретілген М. ауыр салмағымен жиналған астықты жанши дөңгелеп отырған. Ал, бастырылған астық сабағы *ағаш айыр*, *тырма* комегімен бір шетіне бөлек жиналған. Бұндай тас құралдың қолданысқа енуі ат тұяғымен жаныштаудан қарағанда өнімдірек болған. Ал М.-қа жегілген жегін малы күніне екі-үш рет ауыстырылып тұрған (**қ. Егіншілік; Дән бастыру**).

Әдеб.: Хозяйство казахов на рубеже XIX-XX веков. Материалы к историко-этнографическому атласу. Алма-Ата: Наука, 1980; *Арғынбаев Х.* Қазақ халқының колөнері. Алматы: Өнер, 1987; *Бекназаров Р.А.* Қазақтың дәстүрлі тас қашау өнері. Алматы: ОП, 2005; ҚӘТС. 11-том. Алматы: Арыс, 2009; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МАЛҒҰН – қазақ арасында айтылатын демонологиялық тақырыптағы аңыздарда кездесетін мифтік бейне, шайтанның бір түрі. Араб тіліндегі М. атауы *қарғыс атқан*, *қудаланған* деген мағына береді. Көшпелі ортаға мұсылман дінінің таралуымен енгенге ұқсайды. Иасауи хикметтерінде М. туралы сөз болады. Ағиологиялық аңыздарда М. жер бетін топан су басқан заманда Нұқтың кемесі туралы аңызда айтылады. Пайғамбардың кемесіне қатарласып кіріп жатқанда есек кіре алмай басқаларын бөгеп қалады. Сөйтсе, есектің құйырығынан М. тартып тұрған екен. Сол сәтте пайғамбар «*кір малғұн*» деп зекіп қалса керек. Сөйтсе, М. деген шайтанның бір түрі екен. Осылайша, бұйрық алған М. есекпен ілесе Нұқтың кемесіне кірген сәтінде

оны байқап қалып кемедегі күллі жануар-жәндіктер қууға әрекет етеді. Бірақ мұнан ештеңе шықпаған соң Аллаға жалбарынып оны кемеден аластауды сұрайды. Бірақ жаратқан оған рақымшылық жасап, кемеді жүре берсін дейді. Сөйтіп, күллі мақлұқаттармен *топансудан* аман қалған М. адамзатпен бірге жасап келеді-мыс.

Әдеб.: Бабалар сөзі. 14-том, Діни дастандар. Астана: Фолиант, 2005; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МАЛДАС ҚҰРУ – отырудың кең таралған түрі. Адамның тізеден бүгілген екі аяғын айкастырып астыға басып, жамбасын жерге тигізіп отыруын малдас құру дейді. Дәстүрлі ортада М. қ.-ып көбінесе орта жастағы ер адамдар мен қариялар, ішінара жасы үлкен қарт әжелер отыратындықтан аталмыш отыру түрінің өзіндік ерекшелігі бар деп саналады. Ал жастарға қатысты М. қ.-ып отыруға байланысты белгілі бір шектеу болмағанымен, үлкендердің қасында бұлайша отыруға болмайды. Жастар екі тізесін бүгіп аяқтарын астына басып, тізерлеп отырады.



*Малдас құрып отырған ақсақалдар.
Ұлы Петр атындағы антропология және
этнография музейі (Кунсткамера) қорынан (ФКП 223)*

Айта кететін жайт, қазақы ортада дастарқан қашанда жерге жайылатындықтан жерде отырып тамақтанғанда аталмыш отырыс түрі өте ыңғайлы. Сонымен қатар, ақсақалдар ұзақ отыратын кенес, түрлі жиындарда М. қ.-ып отырады. М. қ.-ып отырғанда адамның омыртқасы тік тұратындықтан денсаулыққа пайдалы деп есептеледі.

Әдеб.: КЭТС. 11-том. Алматы: Арыс, 2009; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МАЛДЫҢ ЖАСЫН АЙЫРУ [АНЫҚТАУ] – халықтық білімге негізделген малдың жасын шамалап анықтаудың дәстүрлі тәсілдерінің атауы. Көшпелі ортада М. ж. а.-дың үш түрлі тәсілі белгілі:

а) малдың жасына байланысты тісінің өзгеруі мен тозуына қарап анықтау тәсілі. Оның дәлдігі біршама жоғары тәсіл, көбінесе, маңдай тістегі өзгерістерге негізделеді;

ә) сиырдың жасын мүйізі мен тұяғындағы сақиналарға қарап та анықтайды;

б) малдың тері мен жүннің кейіптеріне қарай малдың жасын шамалап анықтауға да болады.

Малдың жасын мүйізіне қарап айыру тәсілі мүйізінде кездесетін сақина тәрізді *керттік шығыршыққа* негізделген. Сиырдың мүйізі мен тұяғындағы мұндай «сақиналар» санына қарай неше мәрте бұзаулағанын шамалап білуге болады. Мысалы, мүйізінде төрт керттік сақина байқалса, алты жасар екен деп жатады. Онысы – көбінесе екі жасында бұқа ерді, төрт мәрте бұзаулағаны дегені. Этнографиялық экспедиция барысында мәлімет берушілердің айтуына қарағанда, қысыр қалған жылдары ондай сақиналардың арасы алшақ болып тұрады (**қ. Мүйізге қарап сиырдың жасын анықтау**).

Малдың жасын тісіне қарай анықтау кең таралған тәсілдің бірі. Ол тістің өсіп жетілуі, сүттістердің тұрақты тістермен алмасуы, ең бастысы жасқа байланысты тістің тозуы сияқты «заңдылықтарға» сүйенеді. Жылқыда 40, түйеде 34, сиырда және қой ешкіде 32 тіс болады. Сүттістердің саны әлдеқайда аз (**қ. Тіс**).

Малдың тісіндегі өзгерістер ортасынан бастап шетке қарай, алдымен астыңғы иекте содан соң үстінде жүріледі. Бұл – малдың жасын айыруда бірінші кезекте назарда болатын жайт. Тісеу барысында тістердің ортадан шетке қарай тісеуіне байланысты М. ж. а. амалдары орындалады.

М. ж. а.-дың басты мақсаттары мыналар:

– М. ж. а. мал өсімге қосуға жарамдылығын анықтау. Мысалы, ұрғашы малдың өсімге қосуға жарамды кезі: қой-ешкі үшін – жас жарым, сиырдың құнажын кезі, түйенің 4 жасы т.т. Шыбыш, тоқты, тай, тайынша сияқты жыныстық қабілеті толық жетілмеген малды өсіп жетілгенше бойдақ ұстайтын болған, себебі ерте төлдеу мал тұқымының азуына алып келеді;

– үйірге салған кезде құтпан мен ұрғашы малдың жасының сәйкестігі ескерілуі. Мысалы, қулық байталды 12 жастан аспаған айғырға матайды, 3 – 4 жасар саулықты 6 – 7 жасар қошқарға қосады және т.б. Мұндай «ережелер» мал тұқымының азбауына септігін тигізетін жайт ретінде қаралады.

М. ж. а.-дың қарапайым, әрі көпке мәлім тәсілдері малға қатысты туындаған кез-келген дау-дамайды реттеу, оған қазылық жасауда сараптамалық негіз болады. Ондай жайт әдет-ғұрыптық құқықта ақсақалдар немесе билер кеңесінде қаралған мал дауына қатысты істер ат жарысында ертеде жиі орын алған. Әсіресе, тай, құнан, дөнен жарысына қосылатын жүйріктердің жасын тісіне қарап дәл анықтап отырған (**қ. Ат жарысы**). Егер малды сойып тастаса, тіпті бас сүйегіндегі тіске қарап, жасын ажыратады. Сондықтан әккі ұрылар мал ұрлығының ізін жасыру үшін қолға түскен малдың (әсіресе, жылқының) маңдай тістерін қағып тастайтын жайттар ұшырасқан.

М. ж. а. мал айырбастау, сату және алыс-берістері кезінде де маңызы да бар. Айталық, 6 маңдай тісі жетілген сиыр 8 – 10 мәрте бұзаулайды, 8 тісті саулық қой 5 – 6 қозылайды.

Мал тісінің пішіні, тұрпаты жасына байланысты құбылуы жалпы заңдылық болғанымен, ол экологиялық факторларға



тікелей тәуелді. Әр өңірдің табиғи-экологиялық жағдайы мен мал тұқымына қарай көшпелі мал шаруашылығы жағдайында бағылатын малдың жасын тісіне, мүйізіне қарай анықтаудың әр аймаққа тән өзгешіліктері болады. Мысалы, шөбі селдір құмды жердің жылқысының тісі ерте тозады. Орман-тоғайлы жердің жылқысының тісі «құрт жеуден» ерте тозады. Ал, оты шүйгін өңірдің малының тісі табиғи қалыбын көпке дейін сақтайды.

Әдеб.: ЦГА РК. Ф.25, О.1, Д.4199, Св.387. О коневодстве в Тургайской области (20.03.1892 г. - 10.10.1895 г.) 187 л.; Ф.25, О.1, Д.4219, Св. 392. Дело о состоянии верблюдоводства в Тургайской области по сведениям ветеринарных врачей. 92 л.; *Добросмыслов А.И.* Скотоводство в Тургайской области. Оренбург: Тургайский обл. стат. комитет, 1895; *Диваев А.А.* Из области киргизского скотоводческого хозяйства // ТВ. 1904. №102; *Фиельструп Ф.А.* Скотоводство и кочевание в части степей Западного Казахстана // Казаки. Антропологические очерки. Издание особого комитета Академии наук по исследованию союзных и автономных республик. Л.: АН СССР, 1927. С.78-108; *Тойвоо Ц.* Возрастная краниология собственно монгольского крупного рогатого скота. Автореф. на соис. док. дис. биол. наук. Л., 1958; *Ермеков Ә.* Қазақтың малшылық лексикасы жөнінде // ҚМ. 1962. №2. 82-84 бб.; *Арғынбаев Х.* Қазақтың мал шаруашылығы жайында этнографиялық очерк. Алматы: Ғылым, 1969; *Fehér György.* Haziállatok funkcionális anatomiaja. T.II. Budapest, 1980; *Жақыпов Ә.* Түйе өсірушінің түсіндірме сөздігі. Алматы: Қайнар, 1989. *Базылхан Б.* Монғолиядағы қазақтардың тілі. Өлгий, 1991; Қинаятұлы Б. Тісіне қарап жасын біл // Ата салтынды аяла (Қазақ салт-дәстүрлері туралы таным). Құраст. Н.Ақбаев. Алматы: Ана тілі, 1998 91-96 бб.; *Хинаят Б.* Қазақтың дәстүрлі малдәрігерлік білім жүйесі (тарихи-этнологиялық зерттеу). Тарих ғылымдарының кандидаты дәрежесін алу үшін ұсынылған диссертацияның қолжазбасы. Ғылыми жетекшісі Нұрсан Өлімбаев. Алматы, 2001; КР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МАЛДЫҢ ҚҰТЫ – көшпелі ортада адамға біткен мал-дәулеттің тұрағы, оның тұрақтайтын орны дегенді білдіретін ұғым. Қазақтар бақыт пен молшылықтың, сәттілік пен байлықтың бастауы, бақ пен тіршілік көзін «құт» категориясымен сабақтастырады. Ұғымның түп төркіні «құт» категориясымен тығыз байланысқан (қ. *Құт*).

Дәстүрлі түсінікте М.к. дегенді ең алдымен қоралы (үйірлі) малдың жағымды ахуалы сияқты елестетеді. Өйткені, бөтен адам топ малдың ортасынан жарып өтсе немесе аралап жүрсе, малдың құты кашады деп санайды. Мал құты оның өсіп-өнуі, көбеюі, мол өнім беруі сияқты жақтары қамтамасыз ететін бірден-бір фактор деп санайды. Онсыз мал малдану, оның санын өсіру, яғни адамға мал бітуі бос әурешілдік немесе баянсыз жайт деп саналады.

Сондай-ақ, М.к. төрт түліктің ішінде ерекше бір малға және малдың мүшесіне, сондай-ақ малшының құрал-сайманына тұрақтайды деп санайды. Құт, дәулет, бақ бәрі бір кеш қана қонып жарылқап кетпейді, бір қонған шаңыраққа ұзағырақ орнайды деп санайды.

Малдың құты жанды және жансыз әртүрлі затқа тұрақтайды деп санауы байырғы анимистік және фетиштік түсінікке байланысты. Жандыдан малдың құты аталық немесе құтпан малда деген. Түліктің өсіп-көбеюінің, молшыққа кенелуінің бастауында, әрине, аталық мал орын алған. Сондықтан да қазақтар аталық малды «құтпан мал» деп ардақтаған (қ. *Құтпан*). Н.Ф. Катановтың мәліметіне қарағанда, қазақ-қырғыздардың түсінігінде әр шаңырақтың желеп-жебеушісі (мәтінде – духи-хранитель двора делінген) айғырдың жалында шырмалып жүреді деп санайтындықтан

оны күзеуге жол берілмеген. С.Сейфуллиннің дерегіне қарағанда, малдың ерекше оғаш түсті немесе нысаналы болып туған төлде М.к. болады деп санайды. Айырықша қасиетке ие деп сенетіндіктен ондай малдың өліміне мал иесі құтын жоқтап жылағаны туралы аңыз әңгімелер ел ауызында көп кездеседі.

Тіршілік күш-қуатының бастауы – «құт» ұғымы мен құтпан малға қатысты жоралғылар түркі халықтарында берік сақталған. Жансыздан көбінесе құт пен берекенің тұрағы *май* деп ұққан (қ. *Май*). Әр жыл сайын бірінші сауымнан алған иінді сүтті және бірінші рет саба пісіп алған майды сол шаңырақтың есігінің жақтауы мен маңдайшасына жағады. Сонда құт шаңырақта тұрақтайды, көбейеді деп санайды. Құттың тұрағы май дегенге байланысты төрт түлікке қатысты атқарылатын ғұрыптардың атауы майлау деп атау қалыптасқан. Мысалы, *қоныс майлау*, *қос майлау*, *көген майлау*, *желі майлау*, *кереған майлау*, *ат құйрығын майлау*, *айғырдың сауырын майлау*, *күйек шашу* және т.б. ғұрыптардың атқарылуында майдың жағылуының мәні шаңырақ иесі мен мал арасындағы белгілі бір байланысты бекітудің, дәлірегі бекемдеудің жолы деп саналады. Мысалы, *құтпан мал* қою рәсімінде оның сауырына *май* жағып (игі тілек тілеп, үкі, тұмар *тағады* (қ. *Құтпан / Құтпан мал*).

Мал құтының бір тұрағы – малдың тік ішегі деген. Өсіп өркендеу идеясына байланысты малдың көбею ағзаларына жақын орналасқан тік ішек пен май көбірек жиналатын құйрық бөлігі имитативтік мағынада *мал бастың құтының бір тұрағына* саналады. Сондықтан, малдың өсімі жолында ал, пірлері мен Жаратқанға құрбандық ретінде берілетін *уызқағанақ* және *көтенасар* сияқты ғұрыптарда соғым кезінде арнайы сақталған көтенішек пен сүрленген құйрық май тартылуы заңдылық ретінде орын алған (қ. *Мал пірі; Көтенасар; Уызқағанақ*). Мұндай сыбағалар ал төлдеу кезінде әр үйде берілетін *көтенасар* жоралғысында әуелі мал бағатын қойшыға сонан үй иесіне тартылатын сыбаға деп саналған.

Малдың құты мен жақсы қасиеттері оның әбзелдері мен жабдық тұрмандарына да сіңіп қалады деген қазақы пайым бойынша, оны сатқанда немесе ағайын-туысына сыйлағанда *ноқтасы* немесе *бас жібін* алып қалады. Себебі, малдың басындағы құты әбзелмен қоса (отбасының құты қазан деп оны бөгдеге сыйламайтын ырым тәрізді) ада болуы мүмкін деп сақтанады (*мал құтының бір тұрағы—келіннің аяғы мен қойшының таяғында* деген сөз орамы аллегориялық сипатта екендігін айта кеткен жөн).

Жанды деп танылған кез келген тіршілік иесінің киелі жақсы қасиеттері жете бағаланбаса, ол екінші түрге ауысып, кесір болып жабысады деп есептейді. Мысалы, қасиетті деп танылған *малға* қол жұмсау (шыбыртқымен осу, ұру, тебу) немесе кейіп балағаттауға болмайды. Себебі *мал киесі* теріс айналса ешқандай құрбандықпен, тасаттық ырыммен де қайырылмайды деседі. Осындай

жайттарға байланысты малдың құты қашады, ырыс ортады деген сенім бар. Демек, *киесі* ашуланған малдың өнімі азайып кетеді, түлікті ауру мен пәлекет шырмайды деп есептеген.

Әдеб.: Катанов Н.Ф. Среди тюркских племен. СПб.: Тип. А.С.Суворина, 1898; *Диваев А.* Несколько слов о киргизском хозяйстве // РТ. Сборник, изданный по поводу политехнической выставки. Вып.1. СПб., 1899. С.80-86; Қазақ ертегілері. 1-том. Алматы: Қазмемкөркемәдеббас, 1957; *Сейфуллин С.* Шығармалар. 6-том. Қазақ әдебиеті. Алматы: Қазмемкөркемәдеббас., 1964; *Мұқанов С.* Халық мұрасы. Алматы: Қазақстан. 1974; *Аргынбаев Х.* Народные обычаи и поверья казахов, связанные со скотоводством // Хозяйственно-культурные традиции народов Средней Азии и Казахстана. М.: Наука, 1975. С.127-137; *Уахатов Б.* Қазақтың халық өлеңдері. Алматы: Ғылым, 1974; *Кеңесбаев І.* Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Алматы: Ғылым, 1977; *Төлеубаев Ә.* Қазақтың мал шаруашылығына байланысты кейбір көне сенімдері // ҚР ҰҒА Хабарлары. 1984, №12. 56-б.; *Радлов В.В.* Из Сибири. Страницы дневника. М.: Наука, 1989; *Төлеубаев А.Т.* Реликты доисламских верований всемирной обрядности казахов (XIX-начало XX в.). Алма-Ата: Ғылым, 1991; Ақ бата: бата сөздер. Құраст.: Негимов С., Қазыұлы Т. Алматы, 1992; *Сейдімбек А.* Қазақ әлемі. Этномәдени пайымдау. Алматы: Санат, 1997; *Шаханова Н.* Мир традиционной культуры казахов (этнографические очерки). Алматы: Казахстан, 1998; *Алимбай Нурсан, Муканов М.С., Аргынбаев Х.* Традиционная культура жизнеобеспечения казахов. Очерки теории и истории. Алматы: Ғылым, 1998; *Жанпейісов Е.Н.* Төрт гүлік төңірегінде // ҚР ҰҒА Хабаршысы. Тіл, әдебиет сериясы. 2005. №3. 3-9 бб; Қазақ әдебиетінің тарихы. 1-том. Қазақ фольклорының тарихы. Жалпы ред. басқарған С. Қасқабасов. Алматы: ҚазАқпарат, 2008; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МАЛДЫҢ МІНЕЗІ – малдың дағдысын, кимыл-әрекеттерін сипаттайтын ұғым. Малшылардың пайымдауынша, М. м. әрбір малдың тұқымы мен жаратылысына және физиологиялық жай-күйіне, байланысты әртүрлі болады. М. м. қалыптасуына малды бағып-қағу ерекшеліктері, қолданыс ерекшеліктері, малды асырап отырған жердің табиғи (*құмды жер, таулы жер, орман, көл т.б.*) ерекшеліктері, күнрайы құбылыстары сияқты факторлар әсер етеді. М. м.-нің жайлы, қалыпты болуы мал бағуда, малды түрлі шаруашылық мақсатта пайдалануда әжептәуір жеңілдіктер береді. Осыған орай мал шаруашылығымен айналысатындар, мал басында жүргендер төрт түліктің жеке индивидуалдық өзгешіліктеріне қарай мінезі жағымсыз, пайдалану мен бағуға «кедергі» келтіретін сипатын адам мінезі тәрізді ажыратады. Мысалы, *жуас, тіркес, қыршаңқы, сабырлы, төзімді* және т.б. Сол сияқты малға ғана *кіді, кезді, үркек* және т.б. М. м. сипаты жиі қолданылады.

Тілдік деректер мен этнографиялық мәліметтерде М. м. сан түрлі атаумен айтылады. Мысалы, М. м.-індегі жағымсыз өзгерістерді білдіретін мынадай атаулар бар: *запы, зерігу, зеңу, зықысы кету, марғау, мелшию, өгейсу, зыр қағу, исіну, кеждену, күрсіну, кіртию, кіділену, күйзелу, қодыраңдау, селқостану, селкілдеу, өкіру, үздігу, қиқалақтау, қорыну, сағы сыну, салдырау, салғырттау, сәлмию, тағылану, ұрыну және т.б.* Ал шектен асқан шат кимыл әрекеттерін сипаттайтын *өбісу, өбу, саң ауу, шиыршық ату, шуақтау, түртіну, шамырқану* және т.б. атау көп.

Малдың күй-жайын, мінез-құлқындағы жағымды-жағымсыз өзгерістерін білдіретін атаулар мынадай: *исіну, мелшию, шуақтау, өкіру, қиқалақтау, жарау, тісін қайрау, итіну, кежегелеу, маңу, үйездеу, шалу, сүйкену, сенделу, оттау, оқыралау, осқыру, күшену, қасаңсу, қалаулау, алқыну, тыраңдау, безірею, бөгелектеу, тайраңдау, таласу, мөңку, сиыршылап тұру, жамырау, күйездеу, сақылдау, тұқыру, шабыну және т.б.*

Қазақ малшылары түліктің күйін, ауру немесе сау екендігін, аш немесе тоқ екендігін, сырт пішініне, кимыл-қозғалысына, отығуна қарап ажырататын және соған байланысты іс-шаралар қолданатын. Мысалы, малдың жүріс-тұрысында ауытқушылық байқалса (*жонын күжірейту, бүрісу, кегежектеп басын көтеру, жерге аунай беру, беталды лағу, бошалау, саяқсу, шегіну т.б.*) немесе *отығу, шөліркеуі* әдеттегісінен өзгерсе, ол малдың сау еместігінің белгісі деп, оның себебін анықтап қажет жағдайда аурудың алдын алатын емдік шаралар қолданылатын.

М. м.-н көшпелі шаруашылықтың талаптарына сай төрт түлікті *жуасыту, байлау, матау, шақыру, жүк арту, мініс пен жұмысқа үйрету* барысында әртүрлі дағды қалыптастырады. М. м. дәстүрлі шаруашылық әрекеті мен талаптарына үйлестіре білген. Мысалы, саулық малдың «аналық инстинктінің» (мұны қазақтар *мекірену, мейірлену* деп атайды) қалыпты қызметінің бұзылмауын қадағалау, *төлді емізу, сауу, бөлу, көгендеу, қырку, жуасыту* үшін аса маңызды. Яғни, ол – шаруашылық технологиясының бұзылмауының басты кепілінің бірі (**қ. Саулық мал**).

Төл кезінде қалыптасқан малдың мінез-құлқытары кейін олардың үйірге топтасуы барысында бірден байқалады деседі. Бір үйірдегілер бірге жайылады, қорғанады, бөтенін жасқап «жатырқайды». Сондай-ақ, үйірдегі *буаз мал, қысыр, саяқ малдар* және *бойдақ* деп аталатын топтар бөлек топтасып, жұбын жазбай жүреді. Түліктің мал бағу барысында айқын байқалатын әрекетіне қарай оны түрлі сипатқа бөледі. Мысалы, адамды көргенде аяқтарымен *жер тарпып, елегізіп, осқырынып* тұратын малды *тарпаң*, басқаларын сүзгілеп манайына жолатпайтын қойларды *шадыр* немесе *сүзеген*, ұстап алған кезде тағылық көрсететінін *асау* деп атайды. Мұндай *асау, тағылық* көбінесе малы сауынға қамтылмайтын және мініске үйретілмеген ауылдың малдарына тән (**қ. Бие байлау; Қой сауу; Асау үйрету**). Ондай мал адам көрінсе *үріккіш* немесе *қашаған*, ал саулықтар тыпыршып сауғызбайды. Бір топ үйірден оқшауланып өз алдына қаңғып кететін немесе бөлектеніп жүретіндерін *саяқ мал* деп атайды. Саяқ ұры-қарыға ілінгіш болады деудің мәні осыдан.

Көшпелі мал шаруашылығында түлікте «енелік құлқы (инстинкт)» жоғары болады. Төлдеуге жақындаған кезде інген, сиыр отықпай, иен далаға аулаққа кетуі, яғни, ауызекі тілмен айтқанда, «*бошалау*» қазақы мал тұқымына тән қасиеттің бірі (**қ. Бошалау**). Малшылар «*балажан мал*» деп аталатын ұрғашы мал мінезі байсалды келетіндіктен



ондайлар сүтті әрі өсімтал келеді. Сауған кезде тыпыршып тұратын мазасыз саулықтардың сүті аз болады және ондайлар ерте қожырайды, төлін де жарыта бермейді. Алғаш төлдеген тұмса малды саууға үйрету үшін артқы аяғын тұсау, басын байлап қою, биенің аяғын асып күрделеу сияқты тәсілдерді қолданады (қ. *Күрделеу / Күнделеу*). Енелік құлқы нашар дамыған малды малданудың машақаты көп. Өйткені, енелік құлқы нашар малда төлін *жеру, тастап кету, иімей қою* сияқты жайттар жиі орын алады. Ондай жайттарды ретке келтірудің басты амалы – *телу* шарасы. Ол жеріген төлін енесіне қабылдану, әлсіз төлдерді емізіп сақайту, төлі өлген саулықты желін ауруынан сақтау үшін аса маңызды. Қазақ малшылары тәжірибесінде телу барысында түлік ерекшелігіне байланысты қалыптасқан одағайларды қайталап айтқан: құлынды телігенде *гүру-гүру*, бұзауға *әукім-әукім*, лаққа *шөре-шөре*, қозыға *төйге-төйге (түйге-түйге)* және т.б. Құлынды «тоқым тарту» тәсілімен, ал бұзаудың арқасына шарана жағу жолымен орындайды (қ. *Құлын телу; Бұзау телу*). Ал қойға *телуде* оның шаранасын телінетін қозыға жаққан соң оларға бағыттап төйгелеу жырын белгілі ырғақпен орындайды. Жарты сағатқа созылатын бұл шарадан кейін саулық мал өзінің жеріген төлін немесе басқа төлді еш жатсынбай қабылдайтын көрінеді (қ. *Қозы телу / Телу*).



Жараған бұра. Басына қаусыр кигізіліп өркешіне «ту» байланған.
ҚР МОМ материалдары бойынша суретті салған Б.Досымов

Көз қарақты мәлімет берушілердің айтуына қарағанда, күйіс малының күйсеуіне қарай әккі малшылар олардың өрісте қалай жайылғанын бағамдауға болады деседі: шөпке тойған мал жынын қайтара обырланып ұзақ күйсейді; қыр шөбін көп отаған мал күйсеуінен тықылдаған дыбыс байқалады, бұта-бүрген жеген мал аузын еппен кимылдатуға мәжбүр болатындықтан бүлкілетіп күйсейді. Жұмсақ балғын от жеген мал күйсеген кезде жұмсақ үлпілдеген үн естіледі деседі. Қозының күйсеуі өзгеше: оның нәзік сүттісінен сақылдаған дыбыс естіледі.

М. м. төрт түліктің түріне (*жылқы, түйе, қой-ешкі, сиыр*), жынысына, жасына, үйірдегі немесе табындағы

иерархиялық орнына қарай қалыптасады. Осыған орай қазақ малшылары малдың селктивтік таңдау, немесе қолданыста мінезінің ұтымды жағын дамытып отыратын болған.

Бапкер атбегілердің айтуына қарағанда, бабына келген жүйрік алысқа «ұрлана» қарайды, иесі жақындаған кезде оған қарсы жүріп мойнын созады, керме ағашта күн көзіне маңдайын беріп «күнбағарша айналып» тұрады. Керісінше, бабына келмеген ат үріккіш, кашаған, тебеген, пысырғыш болып, оғаш мінез көрсетеді. Кәнігі атбегілер ондайларды бәйгеге қосып қинамайды.

Бір топ малдың ішіндегілер де жікке бөлінеді. Оның ішінде жынысына қарамастан үйірді немесе табынды бастайтындары, сүзіп, тебісіп «бүлік» шығаратыны, озбырлық жасап жанын күйттейтіндері және т.б. алуан түрлі «мінезділері» болады. Мұндай жайттар, көбінесе өріс тар, жайылымы нашар немесе қора-қопсы тар болған кездерде үдей түседі. Сондай-ақ, үйірді жаңадан ұйымдастырған кезде бір-біріне бауыр басқанға дейін *жатырқау* және *сүзу, тебісу* сияқты жайттар жиі орын алады. Әсіресе, сиыр мен ешкі табынында *қырқысу, соқтығу, сүзісу* сияқты «кылықтарға» баратындары көбірек. Оған қоса, суат пен жемге алдымен ұмтылатын *сұғанақтары* да болады.



Айғырлардың таласуы. ҚР МОМ материалдары бойынша суретті салған Б.Досымов

Малдың кимыл-қозғалысы мен мінез-құлықтарының ерекшеліктерін оны пайдаланатын орындарына сәйкес таңдайды. Мәселен, өлік жөнелту, қыз ұзату салттарында байсалды, кең мінезді аттарды мінсе, ал барымташылар мен ұрылар «жорыққа» шыққанда ширығып тұратын аттарды таңдайды.

Әдеб.: Павловский М. *Астрономические и метеорологические замечания киргиз-кайсаков // Оренбургские губернские ведомости. 1874, №23; Добросмыслов А.И. Скотоводство в Тургайской области. Оренбург: Тургайский обл. стат. комитет, 1895; Баялиева Т.Д. Доисламские верования и их пережитки у киргизов. Фрунзе: Илим, 1972; Сыздықова*

Р. Сөздер сөйлейді (сөздердің қолданылу тарихынан). Алматы: Мектеп, 1980; *Сартқожаұлы К., Айдаубайұлы К.* Сәйгүліктер (этнографиялық зерттеу) // Жұлдыз. 1995. №1. 153-172 бб; *Сабденев К.С., Смагулов С.М., Сағындықов К.А., Қинаятұлы Б.* Поведение овец в зависимости от погодных условий. Деп. в КазГосИНТИ от 18.04.1996. N 6881-Ка-96, 10 стр. // Депонированные научные работы. Реферативный сборник. Алматы, 1996. Вып.3. С.47; *Хинаят Б.* Төйгелеу-төрт түлікке қатысты көне ғұрып // ҚР ҰҒА-ның хабарлары. Қоғамдық ғылымдар сериясы. 1998. №6. 106-110 бб; Қазақ әдебиетінің тарихы. 1-том. Қазақ фольклорының тарихы. Жалпы ред. басқарған С. Қасқабасов. Алматы: ҚазАқпарат, 2008; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МАЛДЫҢ ПІРІ – қазақтың байырғы наным-сенімінде төрт түліктің желеп-жебеушісі және сол түлікті өсіріп бағатын малшының қолдаушысы дегенді білдіретін ауқымды ұғым. Кейде, М. п.-н түліктің жеке бақташысы, иесі немесе Жаратушының өсиеті мен ұстанымдарын жүзеге асыратын тылсым күш иелері деп те түсіндіріледі. Ұғымның түптөркіні әрбір жанды және жансыз жаратылыстың жебеушісі болады деген байырғы политеистік ұғымнан бастау алуы мүмкін. Ислам дінінің кең таралуы мен ықпалының күшейген заманынан исламдық тұлғаларға ауысқан. Пір туралы түсінік исламдық сопылық дәстүрдегі әрбір кәсіптің бастаушысы болған, кейінгілерді желеп жебейтін иесі, яғни пірі (мұндағы пір парсы тіліндегі қартайған, жасы ұлғайған кәнігі білгірі немесе қолдаушы, желеп-жебеуші деген мағынаны білдіреді) болады деген түсінікпен сабақтастықта орын алған (мысалы, ұстаның пірі *Дәуіт пайғамбар*, диканның пірі *Әзірет Жалман* немесе *Салық пайғамбар*; желдің пірі – *Жалаңаш ата* және т.б.) (қ. *Дәуіт ұста / Дәуіт пайғамбар; Жалаңаш ата; Жүз жырғама төрт мың пайғамбар (әнбие)*). Сол сияқты, М. п.-не мистикалық сипат беру, оның тылсымы мен ерекше қасиетіне ден қоятын *зоолатриялық* түсінік ислам қағидасына жат болса да, орталық Азиядағы мұсылмандар арасында, әсіресе *сопылық ағымында* өзіндік мәнге ие. Әр түліктің өз желеп-жебеушісі, қамқоршысы, иесі, персоналданған тұлғалар деп санау түркі халықтарындағы аттары бір-біріне жақын болып келеді: түйенің пірі – *Ойсыл қара*, сиырдың пірі – *Зеңгі баба*, жылқының пірі *Қамбар ата (Жылқышы ата)*, қойдың пірі – *Шопан ата*. Ал ешкі әдетте қойға қосылып, қой-ешкі атанып, бір-ақ түлік есептелгенімен, оның да пірі өз алдында жеке – *Шекшек ата* (түркімендер арасында М. п.-не қатысты түсініктің исламдық әсерінің күшті болғаны соншалық, олар қойдың пірі – *Мұса пайғамбар*, жылқышының пірі *Дүлдүл ата*) дейді.

Төрт түлік туралы баяндалатын этиологиялық мифтік сюжеттер мен фольклорлық үлгілерде әр түліктің пірлері туралы сөз болады. Малды бағу, өсіру, малдану барысында адам М. п.-н ұдайы еске алып, одан жәрдем жасауын сұрап, өтінсе тілегі қабыл болады деген. М. п.-не қатысты мәлімет тілдік және фольклорлық деректерде сақталған

Қолға үйретілген малды алғаш рет М. п. болып саналған тұлғалар өсірген екен делінеді. Төрт түліктің арғы піріне сенген заманда мадақ сөзін, жалбарыну ниеттерін жыр

түрінде, бәлкім әуенмен айтуы мүмкін. Байырғы сенім-нанымның ондай жолдары фольклор үлгілерінде және тәлдік мәліметтерде сақталып қалған :

*Тілімен мұрнын жалаған
Тілімен бойын тараған
Көкке мұрнын шүйіріп
Зеңгі баба өсірген
Әукешім менің қайдасың?
Аухау, Аухау!*

немесе

*Қой баласы – қоңырым,
Ұя бұзбас момыным,
Шопан ата түлігі
Қошақаным қайдасың?
Пұшайт, Пұшайт!*

Жойқын күш иесі «*Ойсылқара*» пірі қола дәуірінің ғұн обаларынан табылған жартылай адам, жартылай хайуан бейнесіндегі қола құймаларға негіз болып, мифтік сюжет арқауына айналуы оның көнеден көшпелілер болмысындағы маңыздылығынан туындаса керек. Зороастризмнің көне жазбасы Авестада *түйе* өсіп-өнудің әлеуетті күшіне телінсе, сопылық аңыз, әпсаналарда адам бейнесінде суреттеледі. Мұхаммед пайғамбардың өзі жақын тартқан замандасы Уайс әл-Қарани түйе бағудың қыр-сырын шебер меңгерген жан түйе піріне айналып кеткен. Орта Азиядағы түрік халықтарында түйе пірінің атаулары ұқсас: *Сұлтан Ваис*, *Вейс баба*, *Вейсел гара* (қ. *Ойсылқара*).

Сиыр түлігінің пірі Зеңгі баба туралы түсінік исламдық сипатта өрбиді. Ә. Диваевтың мәліметіне қарағанда, Бақырған қаласынан шыққан Сүлеймен хакімнің шәкірті екен. Кейбір аңызда Арыстан бабтың төртінші ұрпағы Зеңгі қарахан дәуірінде Орта Азияда ислам дінін таратушы болған деседі. Сол араны мекен еткен сиыр пірінің мазары ежелгі Шаш, қазіргі Ташкент қаласына таяу жерде орын тепкен. Ол танертенгі уақытта шығып, сиырларды айдап, алдын қайырмай, еркінше жіберіп, өзі Құдайға құлшылық етіп отырады екен. Аңыздарда Зеңгінің зікір құлшылығына жануарлар да қосылатыны айтылады. Қырғыздардың ұғымында сиыр пірі иесі жағымсыз жартылай адам, жартылай сиыр бейнелі болған десе, қазақтар да оны түсі қап-қара, көріксіз кісі, бірақ көзінде қасиет бар, назары түскен адамға қисапсыз сиыр бітеді деп санаған (қ. *Зеңгі баба*).

Шопан атаны Қожа Ахмет Иасауидің шәкірттерінің бірі, Маңғыстауға дін уағыздауға аттандырған екен. Әулиелігімен танылған оның қойлары өздері жайылып, кешкісін Шопан ата белгі берген кезде қораға келетін болған. Шөбі аз өрісте күйлі семіз болған қойлар мыңғырылып өскен деген мистикалық аңызды таңады (қ. *Шопан ата*).

Мал басының амандығы мен өнімінің көп болуын қамтамасыз ету үшін ертеде көшпелілер М.п.-не «сыйынып», оларға арнап түрлі мінәжат жасаған.

Мал пірі – мал басын түрлі қатер-кесепаттан қорғаушы. М. п.-леріне қатысты фольклорлық нұсқалардан байқалатын бір «заңдылық» пірлерден көмек күткен адам



ең әуелі тілекті беріп, түлікке пана болуды, оның өсімі мен қауіпсіздігіне жәрдемші болуды сұрайды. Әсіресе, түліктің өсіміне зиян келтіретін итқұс (бөрі), індет, жұт, дауыл, нөсер жаңбыр сияқты табиғи күштер мен жеті жұттан сақтауды «өтінеді».

Мал пірі – мал басының өсуіне жірдем жасаушы. Пірлер малды қолдайтын алапат күш пен тылсымға ие, яғни мал басының өсімі М. п.-лерінің қолдауының арқасында жүзеге асады деп санайды. Мысалы, Шопан атадан «Келтірмей қу, пір ата қойға топан» деп жалбарынады. Немесе, «мен бір тілек тілейін, сұрағанда бергеніңді білейін» деген жолдардан М. п.-нен жәрдем күтетіндігі байқалады. Қамбар ата түлігіне жәрдем күтетіндігі былай делінеді:

*Тілегенді өзің бер ақтан бата!
Өзің сақта ысқыран жел мен жаудан,
Қуғын-сүргін, сабылтан төтен лаудан*

Мал пірі – адамға дәулет бітіруші. Бұл, әсіресе, адамның тіршілік цикліне байланысты атқарылатын ғұрыптарда берілетін фольклорлық деректерде көрініс тапқан. Мысалы, мал мен бастың амандығы, отбасының ырыздығы мен құтының арта түсуін тілеген алғыс пен баталарда жақсы тілекті арнаған адамды М. п. желеп-жебеп, мал-дәулет бітіруін тілейді.



Шопан ата мешіті. ОМЭЭ – материалдарынан

С.Сейфуллиннің келтірген мәліметінде мынадай жолдар кездеседі:

*...Атың жақсы, Тәңірім,
Мен бір тілек тілейін.
Сұрағанда, бергеніңді білейін...
Ай мүйізі шақпақтай,
Шүйделері тоқпақтай,
Тегене құйрық қошқарлы,
Малды берсең, қойды бер*

немесе

*Шаруаның бір пірі – Ойсылқара,
...Ит-құс, пәле, індеттен аман сақтап,
Топ-топ болып көбейсін аруана!
Және бір тілек тілейін,
Бергеніңді білейін,
Қотанға сыймас түйе бер,
Түйе берсең, үйе бер!*

Жылқы түлігінің пірі қазақ пантеонында ерекше мәнге ие.

*Жылқышы ата – Қамбар,
Жарылқайтын өзіңнен кім бар,
Шірендіріп жатқыз, көсілдіріп тұрғыз.
Жаз жайлауын жасусыз ет,
Дүниеде мұңсыз ет,
Толғатқанын ұлды ет!
Тамырғанын май ет,
Бәледен сақта, жаладан сақта,
Қауіптен сақта, қатерден сақта,
Ашыққан бөріден сақта,
Аузы қанды ұрыдан сақта,
Дос болып, қас болғаннан сақта!
Шыққан тауын биік ет,
Кімді жарылқасаң, соның қасында ет!*

Ол Қамбар ата, кейде *Жұпар ата*, *Жылқышы ата* деп те айтылады. Кейбір мәліметтерде *Қамбар атаны* Әзірет Әлінің атбегі болған Ганбар есімді тарихи тұлғамен байланысты дейді. С.Қондыбай жылқы пірін жол сапар, су және музыка стихияларымен ұштастыра қарайды (қ. *Қамбар ата*). Ол жолдың да жердің де иесі, қысылғанда көмек беретін әулие де, толғатқан әйелге өмірге ұл әкелдіретін тылсым ретінде әспеттелетіндігі жырлардан белгілі (мысалы, Қыз Жібекте). Жауға шабарда немесе атпен аттанған кезде «Алла өзі жарылқасын, жылқының пірі Қамбар ата қолдасын» деп сыйынған деседі.

Сөйтіп, М. п.-не сыйынып, жалбарынған адамның тілегенін қабыл еткен жағдайда түліктің желеп-жебеушісінің рахымы түскен шаңыраққа мал бітуіне, соның ішінде жақсы сипаттары жақсылары көп болуын қамтамасыз етеді деп сенеді.

Мұндай вербальды «мәтіндер» өзімен қатар жүретін ғұрыптарда (бейвербальды әрекеттерге саналатын) ұдайы ауызға алынуы бір-бірін толықтырып тұратын компонент ретінде қарастыруға болады. Айталық, мал басының өсімінің баянды болуы үшін жасалатын – мал төлдеген кезде берілетін *көтенасар*, *уызқазанақ*, мал желінін түрлі аурулардан сақтау үшін арнайы берілетін *желінсадақа*, мал індеті мен жаппай келген аурудан сақтандырып, бетін қайтару мақсатында жасалатын *құдайы тамақ*, *құдайы шалу* сияқты ғұрыптар бар (қ. *Желінсадақа; Көтенасар, Уызқазанақ, Құдайы Тамақ*).

Әдеб.: Диваев А. Этнографические материалы // СМССДО. Вып.5. Ташкент, 1896; Потанин Г.Н. Покровители домашних животных // Казак-киргизская и алтайская предания, легенды и сказки. Петроград: Тип. В.Д. Смирнова, 1917. №45. С.114; Баялиева Т.Д. Доисламские верования и их пережитки у киргизов. Фрунзе: Илим, 1972; Аргынбаев Х. Народные обычаи и поверья казахов, связанные со скотоводством // Хозяйственно-культурные традиции народов Средней Азии и Казахстана. М.: Наука, 1975; Хайуанаттар туралы казак ертегілері. Алматы, 1979; Снесарев

Г.П. Хорезмские легенды как источник по истории религиозных культов Средней Азии. М.: Наука, 1983; *Уахатов Б.* Қазақтың тұрмыс-салт жырларының типологиясы. Алматы, 1983. *Төлеубаев Ә.* Қазақтың мал шаруашылығына байланысты кейбір көне сенімдері // ҚазССР ҒА-ның хабаршысы. 1984. №12. 56-60-бб.; *Марғұлан Ә.* Ежелгі жыр, аңыздар. Алматы: Жазушы, 1985; *Уәлиханов Ш.* Таңдамалы. Алматы, 1985; Мифы народов мира. Энциклопедия. Т.2. М.: ОЛИМП, 1998; *Хинаятұлы Б.* Қазақтардың төрт түлікке қатысты дәстүрлі ырым, жосын-жоралғы, әдет-ғұрыптары // Қазақтың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері: өткендегісі мен бүгінгі. Алматы: Ғылым, 2001; *Жанпейісов Е.* Төрт түлік төңірегінде // ҚР ҰҒА Хабаршысы. Тіл, әдебиет сериясы. 2005., № 3. 3-4 бб.; *Кондыбай С.* Казахская мифология: краткий словарь. Алматы: Нұрлы әлем, 2005; *Тоқтабай А., Сейітқұлова Ж.* Төрт түліктің қасиеті (қазақтың мал шаруашылығына байланысты әдет-ғұрыптар). Алматы, 2005; *Сейфуллин С.* Көп томдық шығармалар жинағы. Алматы: Қазығұрт, 2007; Қазақ әдебиетінің тарихы. 1-том. Қазақ фольклорының тарихы. Жалпы ред. басқарған С. Қасқабасов. Алматы: ҚазАқпарат, 2008; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МАЛМА – тері илеу үшін ашыған сүт өнімдері мен өзге де қоспалардан даярланған сұйықтық. Жануарлар терісін илеу үшін арнайы даярланған қоспаны жалпы – *и*, *иі* деп атағанмен оның неғұрлым сұйық түрін *малма* деп атау кең таралған. Қазақта теріні негізінен *и жағу* және *малмаға салу* тәсілдерімен илеген (**к. Иі**). Жұқа аң терілеріне қоймалжын иі жағып илесе, малдың, қоңыр аңдардың көлемді әрі қалың терілерін илеу үшін малмаға салады. М.-мен иленген тері – *қайыс*, *былғары* деп аталып, олардан киім-кешек, әбзелдер, үй бұйымдары және т.б. алуан түрлі заттар жасалады (**к. Балғары; Қайыс**).

М.-ның құрамы әркімнің қалауымен түрліше даярланған. М. үшін негізінен ұйытылған сүттен бөлініп шығатын қалдық – *сарысу*, кейде *ірікті* пайдаланылады (**к. Сарысу**). Сарысу немесе іріктіті ағаш немесе теріден жасалған көлемдірек ыдыстарға жеткілікті мөлшерге дейін құйып жинастырады. М. даярлау барысында жиналған сұйықтық бірнеше күнде ашып, божуы салдарынан өзіндік ерекше өткір иіс пайда болатындықтан, оны жатын үйден аулағырақ орынға қоятын болған. М.-ның сапасын арттыру үшін әркім қалауынша тұз, кейде *айран*, *ұн*, *кебек*, *қатық*, қыс уақытында *езілген құрт* және т.б. заттарды қосады. Көлемдірек астау, күбі сияқты ыдысқа дайын болған М.-ны құйып, теріні батыра салады да, бетін жабады. М. теріге жақсы сіңуі үшін мүмкіндігінше жылы жерге қойылды.

Иі біркелкі қануы үшін үнемі терінің толықтай батуын қадағалайды және жиі-жиі *сапсып* отырады. *Сансу* – деп малмаға салынған теріні араласатырып, аударыстырып отыруды айтады. Теріні тексерген кезде «*көкөязданған*» жерлері болса иі дұрыс қанбағандығының белгісі болып табылады. Ондайда теріні аударыстырып, қажет болса М.-ны үстеп құйып тағы да біршама уақытқа жылылап жауып қояды. Себебі, М. тимей қалған жерлері иі қанбағандықтан тобырсыған соң *қарақайыстанып* қатып қалады да, пайдалануға жарамсыз болып қалады. Терінің қалыңдығына, иінің сапасына, сыртқы ортаға (жылы, салқын) байланысты малмада ұстау уақыты әр түрлі болады. Шамамен алғанда түйе терісі малмада екі-үш апта жатса, жұқа терілері одан ертерек дайын болады. М.-ға салынған терінің жүні жидітіп түседі.

Терінің И.-ге қанғанын білу үшін түрлі тәсілмен тексереді: иі қанған терінің шөлі қабыршақтанып көтеріле бастайды, ине тебен пісіп көрген кезде теріге жеңіл кіреді және тесілген орын қайта бітелмейді. Сонымен қатар, үшкір затпен сызғанда ақ жолақ қалады.

Әдеб.: *Аргынбаев Х.* Қазақ халқының қолөнері. Алматы: Өнер, 1987; *Шойбеков Р.Н.* Қазақ зергерлік өнерінің лексикасы. Алматы: Қазақстан, 1993; *Қасиманов С.* Қазақ халқының қолөнері. Алматы: Қазақстан, 1995; *Әміргазин Қ.* Қазақ қолөнері. Алматы: Дайк Пресс, 2004; ҚӘТС. 11-том. Алматы: Арыс, 2009; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МАЛСАҚ – малға аса жанашырлықпен қарайтын, мал бағудың қыр-сырына жастайынан қанық малжанды адам. Көшпелі ортада тіршілік көзі болып табылған малды бағып-күтуді әркім-ақ жақсы меңгерген. Дегенмен, бала күнінен бастап-ақ, мал бағуға ерекше бейімі бар, олардың жай-күйімен етене танысып, тиісті шаруаларды дер кезінде ыждаһатпен атқарып отыратын адамдар кездескен. Ондай адамдар *малды өргізу*, *жусату*, *суару*, *қораға қамау* сияқты шаруаларды қай уақытта, қалай атқару дұрыс екендігін дәл аңғарады. Мұндай шаралардың жылдың мезгіліне, күн райының ерекшелігіне, жергілікті аймақтың өзіндік айырмашылықтарына орай үйлестіре білген. Сондықтан да М. адамдар баққан малдың жай-күйі үнемі жақсы болып, өсіп-өніп отыратын. М. адамдар малға келетін қауіп-қатердің барлығын алдын-ала анықтап, оған жол бермеудің жолдарын қарастырып отырған. Ондай адамдар малды табиғаттың қандайда болмасын тосын жағдайларынан қорғап отыру үшін тек малдың ғана емес, табиғаттың да қыр-сырын жақсы меңгерген. Қасат қар, үскірік аяз, көктайғақ, қар көшкіні, дауыл, құрғақшылық, нөсер, су тасқыны, аптап ыстық сынды алуан түрлі табиғат құбылыстарының малға қаншалықты ықпалдарын біліп қана қоймай, оның залалдарының тимеуін жіті қадағалаған. Қай түлікке қандай оттың қолайлы екендігін, қандай оттың теріс әсерлерінің болатынын, малды дұрыс жаймауынан жер отының тозып кетпей, ысырапсыз пайдаланылуын, олардың жетіліп үлгеруін қадағалай отырып жайған. Малдың тек күнделікті азығын ғана ойластырмай, болашақтағы тарықпауын дәл есептеп отырған.

М. адам жайылып жүрген және жусап жатқан малды үнемі қадағалап, қораға келгеннен кейін ұстап алып тексеру арқылы ауырғандарын, жарақаттанғандарын, құрттағандарын анықтап, дер кезінде емдеу шараларын қолданып отырған. Өрістегі малдың ішінде *қышыңған*, *жаталақшыған*, *айналышықтағандарын*, өзгелерге илесе алмағандарының себебін анықтап; қажетті емдеу шараларын қолданған. Мал арасындағы *буаздарын*, *қысырларын* дер кезінде бақылауға алып отырған. Малдардың төлдерін салу, сауу, қырку, күзеу сынды алуан түрлі күнделікті және *науқандық* шаралардың қолайлы уақыттарын, ұтымды жолдарын білген (**к. Науқан**). Ауқатты, бай, малы көп адамдар өз малын қадағалауды осындай М. адамдарға тапсыратын болған. Ел арасында осыған орай бір әңгіме таралған. Байдың малын өмір бойы бағып өткен бір М. кісі, ақырында байға ренжіп біржолата кетіп қалады. Ол

кетіп бара жатып өзге жігіттерге «*қаракер айғыр бүгін су ішкен жоқ, биелерді сауа салыңдар*» деп малға деген жанашырлығын білдіріп бара жатқан екен деседі.

Мал жайымен қоныс аудару көшіп жүрген қазақтар көш барысында М. адамдарға малдың жайын қадағалауды тапсырып отырған. Малдың қандай бағытпен, қандай жылдамдықпен жүруін қадағалаған. М. адамдар улы өсімдіктері бар аймақтан малды айналдырып немесе жайылдырмай жылдамдата өткізіп отырса, сулы-нулы жерлерде малды мүмкіндігінше отықтыра айдап отырған. М. жігіттерді алдын-ала жер шолып, көш барысында аялдайтын, ерулейтін, қоныстанатын жерлерді анықтап отыруға жіберіп отырған (қ. *Көш*). Тіпті ел арасында осындай М. адам ұзап кетсе-ақ болды малға шығын келе бастайды деген түсінік те болған.

Яғни, М. ол тек мал танитын, жай-күйін, бағым-күтімін меңгерген адам ғана емес, ол шын мәнінде малға жаны ашитын, аялай білетін адамға қарата айтылатын ұғым. Осыған байланысты жаңадан дүниеге келген нәрестенің кіндігін М. болсын деп *мал қораға* апарып көметін дәстүр болған (қ. *Мал қора*).

Әдеб.: ҚӘТС. 11-том. Алматы: Арыс, 2009; ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МАЛТА – құртты суға езгеннен қалған тағам түрі. Құртты суға езіп шөл қандыратын сусын даярлайтын болған. Ол үшін құртты шелектегі жылы суға салып, таң асырып қояды. Ертеңінде оқтаумен түйгіштегенде жібіп тұрған сырты жентектеліп түседі. Аз тұндырып қойып, сұйығын бөлек ыдысқа құйып алса шөлді жақсы қандыратын сусын болады. Содан соң М.-ны астауға салып бастың жақ сүйегімен тағы да еседі. Езілген қоймалжыңын сүзіп алып майлы сорпаға катады. Осыдан қалған езілмейтін қоңырқай келген сірне құрт қалдығын «жетім малта» деп атайды. М. түздегі малшы-жолаушылардың жиі тұтынатын тағамы болған. Жол жүргенде құртты торсыққа салып, салқын су құяды да, қанжығаға байлап алады. Аттың жүрісімен шайқалып, әбден езілгені сусын, түбіндегі М.-сы жейтін тағам болған.

Бұлдыры жоқ көжеге

Малта езіп қатамыз

Күніне бір татамыз –

деген жыр жолдарына қарағанда негізінен қыс, көктем мезгілінде, яғни мал төлдемеген, ақтың шықпаған кезінде тұтынғандығын аңғаруға болады. Сондай-ақ, Махамбет жырында:

... Атты малта ас болмай,

Өзіңнен туған жас бала

Сақалы шығып жат болмай...

Ерлердің ісі бітер ме? –

деген жолдары М.-ның жорық асы екенін дәлелдей түседі. Мәселен, М.Ж. Көпейұлы шығармаларында «*талай жорықта бір торсықтан малта жесіп жүрген жолдас еді*» деген жолдар бар. Орта ғасырларда көшпелілер арасында болған Гильом де Рубрук кепкен құртты езіп сүт орнына қыста ішетінін жазады.



Малта. ОМЭЭ материалдарынан

М.-ға байланысты салыстыру түрінде мылжындап көп сөйлеген адамға қаратыла – *малтаңды езбе* тіркесі қалыптасқан.

Әдеб.: Путешествие в восточные страны Платона Карпини и Гильома де Рубрука. Алматы: Ғылым, 1993; Қатран Д. Қазақтың дәстүрлі астау мәдениеті. Ғылыми редакторы және алғы сөздің авторы Нұрсан Әлімбаев. Алматы: ҚМӨҒЗИ, 2002; Кейкін Ж. Қазақы атаулар мен байламдар. Алматы: Өлке, 2000; ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МАЛТАТАС – көлемі 2,5 – 5,0 см шамасында келетін, өзен жағалауында кездесетін, жұмыр тастардың атауы. М. атауының қалыптасуына, тастардың пошымы мен үлкендігі кәдімгі малтаға езетін құртпен шамалас болуына байланысты болса керек.

ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МАЛШЫ – төрт түлікті бағу, күту, өсірумен шұғылданатын адам, кәсіп иесі. Бағзыдан бері санада орныққан төрт түлікке қатысты «киелі, қасиетті» жайттармен байланысты ұғымдар мен ырым және тыйымдар М. кәсібімен тікелей байланыста қаралады. Екінші жағынан, М. еңбегінің прагматикалық жақтары мал өсірудің технологиялық талаптарының шешуші факторына саналады. Яғни, М. кәсібінің иесі төрт түліктің сыр-сипаты мен мінез-құлқын, оның жаратылысындағы ерекшеліктерді, сондай-ақ оған қажетті өріс оты, тұз-сор, суат, жайылымы сияқты биоценоздық факторларды жете танып білу арқылы мал шаруашылығын табысты жүргізе алады.

Түліктің жайылымдағы қандай отты сүйіп жейтіндігін жыл маусымына қарай жайылымды арнайы сегменттерге (өрістерге) бөліп пайдалана отырып, ондағы алуан түрлі оттардың түліктің физиологиялық жағдайына қолайлы әсер ететін. Қазақы ортада М. мал басының өсімі үшін жан-жағынан жауапты деп саналды. Ойткені, М. еңбегінің нәтижесі малдың өсімімен тікелей байланысты. Мұндағы мал өсімі ұғымы ауқымды: ол мал тұқымының жақсы қасиеттерінің сақталуын, семіз болуын, түрлі ауруға шалдықпай өсуін, одан мейлінше мол өнім және жыл сайын төл алуды білдіреді. Малы шағын орташалар жылы маусымда малын біріктіріп бағады (қ. *Қойкөзек*). Ал мыңғырылған мал біткен байлар малы аз кедейлерді жалдап малын баққызады. Оларға кесімді еңбекақы төленеді және жаз маусымында сауынға мал беріледі.

Малшы түрлері. М. бағатын түлігіне қарай – *қойшы, жылқышы, түйеші, сиыршы* деп аталады. Әдетте қоймен бірге бағылатын ешкіні (оған байланысты «қойсыз ешкі

болмас» деген мәтел қалыптасқан) арнайы жеке бағатын адамды *ешкіші* деп атау кейбір өңірде кездеседі. Қазақ арасында кен таралғаны – қойшы кәсібі, ал ең жауапты, әрі қажыр-қайратты талап ететін кәсіп иесі – *жылқышы*. *Түйеші* шөлейт жән құмды өңірлерде өсіруге қолайлы кәсіптің біріне саналды (қ. *Жылқышы; Қойшы; Түйеші; Сиыршы*). М. саулық, бойдақ немесе құтпан мал бағатындығына байланысты аталмайды, тек түлікке қатысты ғана аталды. Мысалы, мыңғырылған қойы бар байдың малындағы жүздеген құтпанды күйек алар күнге дейін арнайы жеке бағушыны *қошқар баққан қойшы* деп атайды.

Әр түлікті бағудың өзіндік ерекшелігі мен «машақаты» бар. Ол балаларға арналған мынадай өлеңде байқалады:

*Ешкі бақтым – еңіреп бақтым,
Қой бақтым – қоңырау тақтым.
Сиыр бақтым – сйдаң қақтым,
Жылқы бақтым – жорғалаттым.
Түйе бақтым – түйме тақтым,
Лақ бақтым – жылап бақтым!*

Яғни, мазасыз ешкі түлігін бағудың машақаты мол болса, керісінше, жуас, маңғаз түйе баға отырып, киімге түйме қадап үлгеруге болады дегенді меңзейді.

М.-лардың жасы әр алуан болып келеді: негізінен бозбаладан қария жасқа дейінгі еркектер айналысды. Малшылық кәсіп кәмелетке жеткен ер азаматтарға жүктелді, кейде бойжеткен қыздар мен әйелдер де мал жаю немесе бағумен айналысқан. Әдетте, көшпелі ортада ойын баласы *малсақтыққа* тәрбиеленеді, жас күнінен ауыз әдебиетінің алуан түрлі дидактикалық үлгілері (өлең, ертегі, бата, санамақ, тәжікелесу және т.б.) мен ойын түрлері арқылы бойына сіңіріп отырады (қ. *Малсақ*). Есейіп ержетіп, «бұғанасы қатайған» соң балалар жылы маусымда, әсіресе жаздыгүні мал жаюға көмектесті.

Қазақы ортадағы негізгі кәсіп түрі және күнкөріс арқауы төрт түлікті өсіру ісімен жұрттың негізгі бөлігі айналысты. Соған байланысты нәресте дүниеге келгенде оның ұл немесе қыз екендігін білу үшін «жылқышы ма, сауыншы ма?» деген тұспал сұрақ қойылатын.

Топ болып мал бағатын адамдар арасында жас бозбалалар көмекші есебінен бастап, бірте-бірте мал бағудың қыр-сырына төселіп, жан-жақты тәжірибе жинақтау жолымен кәнігі, ысылған кәсіп иесіне айналды. Сөйтіп, кәнігі М.-ға малды отарда бағу, жылқыны қоста бағу, қыс маусымында мал қыстату, мал төлдету сияқты аса жауапты кезеңдерде мал бағуды сеніп тапсырды.

Қазақы ортада М. – мал басының өсіміне себепкер ерекше киесі бар кәсіп иесі ретінде бағаланды. Мал пірлерімен, жердің киесі, нәбатат (өсімдік) әлемімен тылсым байланысы бар қасиетті М.-ның «*баққан малы семіз, төлі егіз*», аурудан ада болады (қ. *Нәбатат*). Керісінше қырсық шалған М.-ның баққаны арық, саулықтары іш тастағын, түрлі ауру мен улы шөп үйірсек келеді, сөйтін мал басы кеміп, тұқымы азады. Мұның ақыры мал иесінің шаңырағынан құт тайып, ырысы азаяды деп санайды (қ. *Қырсық; Құт; Мал пірі*).

М. кәсібімен тікелей қатысты ырым мен тыйымдар түліктің өсімі мен амандығын «қамтамасыз етуге» бағытталған сан алуан шаралар атқарылды. Осындай шаралардың бірі – «*отпен аластау*». Қазақ этнографиясы туралы хатқа түскен орыс тілді деректерде қыстаудан көшкен соң, ауылдың көші мен мал-жаны қыс бойындағы ауыртпалықтар мен түрлі зиянкес күштерден құтылу үшін жанып тұрған оттың арасынан өткен (қ. *Отпен аластау*). Мал індеті өршіген кезде отпен қораны аластап, «ауруды адастыру» шарасын жасайды және түнде мылтық атып кесірлі жындарды үркітті (қ. *Індет*).

Құтпан малдың мінез-құлқын жете танып білген М. онымен «сырласады»: дыбыстап шақырған кезде үйірді қайырады, тоқтатып байырқалатады.

М. үшін маңызды бұлжытпай атқарылуы тиіс бір жайт – мал өсіміне қатысты ырымдар. Жыл сайын мал өнімін алған кезде (жылқы күзеу, қой қырку және т.б.), сондай-ақ, құтпанның мандайына май жағып (айғырдың жалына, бұқаның мен қопқардың мүйізіне, бураның шудасына) жаратқаннан мал басын аман етуді тілеп мінәжат жасады. Көктемде туған төл отыққан соң сауын маусымы басталарда жасалатын желі майлау, қосақ майлау сияқты ғұрыптарда жалбарыну сөздері айтылды (қ. *Құтпан; Желі байлау; Қой қосақтау*).

Ал, күзде қошқардың *күйегін* алғанда мал басының өсімі көп болуын нышандап оны атқаруды орта жастағы әйел адамға жүктейді және құтпанның аузына сөк немесе тары құяды Саулық қойға қошқар ергенін байқаған М. кешке өрістен қайтқанда мал иесінің әйелінен сүйінші сұрады. Көктемде мал төлдеген уақытта өрістен төлді кереғапка салып әкелген М.-ға арнайы кәде берді. Сондай-ақ осы кезде әр шаңырақта жасалатын *көтенасар* деп аталатын ғұрыптық аста М.-ға арнайы сыбаға тартылады. Онда өркендеу идеясына байланысты қалыптасқан жорада соғымға сойылған ұрғашы қойдың саны мен көтенішегі міндетті түрде қоса тартылды (қ. *Күйек алу; Шашыратқы; Көтенасар*).

М.-ның құрал-саймандарының өзіндік магиялық қасиеті бар деп саналды. Әсіресе, мал бағу ісінде маңызды функция атқаратын құралдар (*таяқ, құрық, шыбыртқы, арқан* және малды бекітуге арналған *шідер, тұсамыс, ноқта* сияқты құралдар) М.-ның ажырамас атрибуты болып есептелді. Оларды аяқасты ету, отқа жағу малдың амандығына нұқсан келтіреді деп түсінген. Сол сияқты «*құт қойшының таяғында*» деп келетін сөз орамы осыған байланысты қалыптасқан метафоралық тіркес деуге болады.

М. мал бағу барысында еңбекті жеңілдетудің бір жолы ретінде сол үйірді (немесе қоралы малды, келені немесе табынды) бағатын М. жасанды дыбыс рефлексін қалыптастырды. Саяқ немесе малдың соңында қалып кететіндерінің мойнына қоңырау байлады және болмашы қауіп-қатерден түлікті сақтау жолдарын қарастырды (қ. *Қоңырау; Тұмар*). Түлікті жыртқыш аңдардан (әсіресе, қасқырдан) қорғаудың әртүрлі амалдарына ауыл шетіне



қарақшы тұрғызу және түрлі магиялық шаралар жатады. Магиялық шараларға ауыл шетіне *ала арқан* тастау, күлді айналдыра төгін «шекара» жасау, қайшының аузына жүн орап қою сияқты амалдарды жатқызуға болады. Мұндағы соңғы амал «қасқырдың жағын байлау» деп аталды (**қ. Қарақшы; Қасқырдың жағын байлау**). Сол тәрізді М. адам малға қауіп төндіретін бүйі, қарақұрт, шаян және т.б. улы зиянкестер мен улы шөптерден түлікті қорғаудың алуан түрлі жолдарын алдын ала мұқият қадағалап отырды.

Әдеб.: *Левшин А.И.* Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. В 3-х частях. Часть третья. Этнографические известия. СПб.: Тип. Карла Крайя, 1832; *Загряжский Г.* Быт кочевого населения долины Чу и Сырдарьи // ТВ. 1874. №27,28; *Диваев А.* Этнографические материалы. Случка домашних в киргизском хозяйстве. Вып. VII. Ташкент, 1901; *Букейхан А.Н.* Овцеводство в Степном крае // Материалы по экономическому обследованию районов Сибирской железной дороги. Животноводство. Т.1. Вып.1. Томск, 1904; *Руденко И.С.* Очерки быта северо-восточных казахов // Казаки. Сборник статей антропологического отряда Казахской экспедиции АН СССР. Исследование 1927 г. Л.: АН СССР, 1930. С.1-72; *Фиельструп Ф.А.* Скотоводство и кочевание в части степей Западного Казахстана // Казаки. Антропологические очерки. Издание особого комитета Академии наук по исследованию союзных и автономных республик. Л.: АН СССР, 1927. С.78-108; *Қазақ ертегілері. 1-том.* Алматы: Қазмемкөркемәдеббас, 1957; *Зиманов С.З.* Общественный строй казахов первой половины XIX в. Алма-Ата: Наука, 1958; *Аргынбаев Х.* Қазақтың мал шаруашылығы жайында этнографиялық очерк. Алматы: Ғылым, 1969; *Толыбеков С.Е.* Кочевое общество казахов в нач. XVII-нач. XX века (политико-экономический анализ). Алма-Ата: Наука, 1971; *Мұқанов С.* Халық мұрасы. Алматы: Қазақстан, 1974; *Хозяйство казахов на рубеже XIX-XX веков.* Материалы к историко-этнографическому атласу, Алма-Ата: Наука Казахской ССР, 1980; *Радлов В.В.* Из Сибири. Страницы дневника. М.: Наука, 1989; *Курылов В.П.* Скот, земля, община у кочевых и полукочевых казахов (вторая половина XIX – начало XX века). СПб.: Петербургкомстат, 1998; *Алимбай Нурсан, Муканов М.С., Аргынбаев Х.* Традиционная культура жизнеобеспечения казахов. Очерки теории и истории. Алматы: Ғылым, 1998; *Қайдар Ә.* Халық даналығы. Алматы: Тоғанай, 2004; ҚЭТС. 10-том. Алматы: Арыс, 2009; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МАЛШЫЛЫҚ – қазақ халқының дәстүрлі шаруашылығының негізгі түрі. М. ұғымына төрт түлік мал өсірудің кешенді технологиялық әрекеттерінің жүйесі толық кіреді. М. дәстүрлі көшпелі қоғамда тұтыныстық мұқтаждықты толығымен дерлік қамтамасыз етіп отырған.

Таратып айтқанда, төрт түлік негізгі азық (*ет және сүт өнімдері*) және тұрмыстық шикізат (*тері, жүн түрлері*) көзі болып келді (**қ. Ас-тағам; Сүт-сүме, Ақ тағам; Тері; Жүн**). Сонымен бірге, мал материалдық ара қатынастың негізгі өлшем бірлігі болды. Ақша негізінде құрылған қатынастар түрі қалыптаспаған кезде, тіпті қаржылық қатынастар кірген кездің өзінде құндылықтардың эквиваленті ретінде малды атау көпке дейін сақталып келгені белгілі. Құдалықта, даулы жағдайларда құн төлемінің бірлігі мал түрлерімен және санымен айқалалатын болған. «Қырық жеті», «Бес жақсы» «Ат мінгізу» тағы осы сияқты нақтыланған құндылықтар категорияларында төрт түлік мал негізгі өлшем бірлігі болатын. Тіпті ақшамен есептесу толық енген кездің өзінде, оның көлемі аталған категориялардағы малдың нарықтық бағасымен реттеліп отырған. Осы аталған себептерге байланысты байырғы қазақ қоғамында М.-пен кәсіби еңбектің көптеген түрлері байланысты болды.

Қазақ жерінің табиғи-экологиялық жағдайы ғасырлар бойғы тәжірибенің негізінде Қазақстан жерінде классикалық көшпелі М.-тың қалыптасуына негіз болды. Көшпелі мал шаруашылығының басты ерекшелігі – төрт түлікті өсіруге бағытталған шаралардың белгілі бір аймақтың өзіндік ерекшелігіне сай бейімделуі болды. Яғни, көшпелі мал шаруашылығымен айналысушылар тау, шөлейт, құм, дала сияқты жер бедеріне мейлінше үйлесе отырып, табиғи ресурстарды тиімді игеруге тырысқан. Су мен *шөпті* жыл маусымына орай ұтымды пайдалану М.-тың басты талабы болды. Осыған орай қазақ жерінде жыл мезгілдерімен тікелей байланысты маусымдық жайылымдар қалыптасты.

Көшпелі М. тарихи бастауын энеолит дәуірінен алатынын айта кеткен жөн. Бұл көшпелі М.-тың қолайлы тәсілі болғандығын біздің заманымызға дейін өзгеріссіз сақталып келгендігін айғақтайды. Табиғи ортаға бейімделудің бірден-бір жолы жыл маусымына қарай жайылым мен өрісті жүйелі түрде алмастыру, осыған байланысты *көшіп-қону* болды. Жыл бойында бірнеше мәрте *көшіп-қону* малдың күй-қонын қажетті дәрежеде ұстауға бағытталған шара болатын.

Өңірдің табиғи-экологиялық мүмкіншіліктеріне байланысты қазақтардың малдары негізгінен қыс маусымында оңтүстік аймақтарда бағылса, жаз жайлауына солтүстік аймақтар қолайлы деп таңдалды. Қазақ жерінде М.-лықпен байланысты *көшпеліліктің* мынадай түрлері қалыптасқан:

– шөлейт пен дала арасында мыңдаған шақырымға созылған бойлық бойлап көшу;

– биік таулы аймақтарда вертикалды тау көшпелілігі;

– белгіленген қыстау мен жылы маусымда (әсіресе жазда) малға суат болуға жарамды аумақ арасында арнайы маршрут бойынша көшіп-қону жүйесі.

Көшіп-қону аймақтың табиғи (*жыл маусымдарының ауысуы, өсімдіктердің өсу циклы т.б.*) ерекшеліктері мен төрт түліктің биологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, қалыптасқан заңдылық бойынша жүргізілді.

М. кәсібін кешенді ұғым деп алсақ, мал бағу – оны ең негізгі құрамдас бөлігі. Мал бағу – түліктің ерекшелігіне қарай оның жайылымы мен суатын және қозғалысы мен өрістеуін үйлестіре отырып, қондылығын арттыру (немесе сақтау) және мол өнім алуға бағытталған технологиялық тәсілдер жиынтығы. Оның басты міндеті малдан мол өнім және өсім (төл) алуға бағытталған. Мал бағу малға өріс (ауылға қоныс) таңдау, көш-қон мәселесін тиімді ұйымдастыру, *жайылым мен өріс, суат, сор, тұз, от таңдау, ауру-індет түрлерінен сақтандыру* сияқты сан алуан шаралардан тұрады. М.-та түліктің бағым-күтіміне қатысты негізгі ұстанымдар «малды қыста – құмға, жазда – шымға айда», «оттың жайын жаққан білер, малдың жайын баққан білер», «мал шелді болмай – төлді болмас», «малдың аузы оттамайды, аяғы оттайды» және т.б. паремаларда көрініс тапқан.

М.-та әр малдың ерекшеліктеріне байланысты бағу қалыптасқан. Мысалы, ыстыққа төзімсіз келетін сиыр мен

жылқы түлігі мазасы кетіп, көленке іздеп, биік жон жерге, жел соғатын аңғарға қарай қашады, суға түсіп жан сауғалайды. Ондайда сүті азайып, қоңдылығы кемиді. ХІХ ғ.-дың соңғы шіерігендегі мәліметтерге қарағанда, қазақ ауылдары ерте көктемнен бастап шалғайдағы жайлауларына біртіндеп жылжып көше бастайды. Шілде шыға жайлау қонысына жеткен ауылдар Үркер қайта туған немесе Таразы туған шақтан (тамыз айынан) бастап кері қарай жылжиды. Мұндай ауылдардың көші орта есеппен 1500-2000 шақырымды құраған. Ал тау көшпелілігіне тән ерекшелік жаз бойы биік жайылымда болған малшы ауылдар шілде аяқталысымен төмен (етекке) қарай жылжып қоныс аударады (**к. Көш; Көш-қон**).

Ал керісінше, суықта аз көшіп, ықтасын, астында қалың көні бар қораларды таңдайды. Осыған байланысты «*жатар орын – жарым ырыс*» деген халықтық ұстаным бойынша қыс мезгілінде *қора* мен *көң* пайдаланылған (**к. Көң**). Қыстау мен мал төлдететін қонысқа жылы *қора*, *тас қаша*, *шөп қаша*, төлдің *үйшігі* және *қыстық үй* салынды. Осындай құрылымдарға байланысты қыстау әрбір отбасының меншікті жері ретінде саналады. Тек жыл бойы көшіп қонып жүретін Манғыстаулықтар мен құм ішінде қыстайтын азғана малшы ауылдарда тұрақты қыстық үй болмаған (**к. Қыстау**).



Жайлаудағы қойлар. Семей облысы, Абай ауданы.
ҚР МОМ қорынан (ФКП 4205)

М.-та, мал өрісі түліктің ерекшелігіне де байланысты таңдалады: мысалы түйе сортанды, жусанды аңы отты жайылымды ұнатады. Жылқы *бетеге*, *бидайық*, *тарлау сияқты* «боз оты» көп жерге, сиыр *өлең*, *қияқ*, *құрақ* өскен, сулы, шалғынды жерге тоқтайды. Қойды *изен*, *теріскен*, *ақ жусан* сияқты құнарлы отты жерге жаяды (**Қара от; Ақ от; Бозот**).

Белгілі бір маусымдағы жайылымды пайдалану үшін шартты түрде өрістерге бөлінген (**к. Өріс**). Ол әсіресе ұсақ малдың бағым-күтіміне байланысты қалыптасқан тәсіл. Ал түйе, жылқы, сиыр сияқты «*аяқты малдардың*» алысқа жайыла алатындығы ескерілді. Ауыл маңында ұстап тұруға қажетті жок деп тапса, аяқты мал елсіз, иен, соны өрістерде бағылады. Бұл үрдіс әсіресе жылқыға тән және

оны *жылқыны қоста бағу* деп атады (**к. Жылқышы қосы; Мал отарлату; Қойшы**).

Малдың жайылу ерекшеліктері. Малдың тісінің бітімі мен қарын құрылысының ерекшелігіне байланысты олардың жайылуы өзгеше болады. Қой шөпті іскектеп жұлады. Оның үстіңгі ерні жылдам қимылдайтындығы мен маңдай тістері өткір болып келетіндіктен шөпті тамырына дейін қырып жібереді. Сөйтіп, аласа шөптерді де жей алатындықтан қойды басқа түлік жайылған жайылымға жібереді немесе жылқы мен сиырмен қарайластыра олардың арасындағы аңызға жайды. Сөйтін, қойдың өрісті тез тоздыратындығына байланысты олардан тұяккесті болған жайылымды 2-3 жыл қатарынан пайдаланбай, қалыпқа келтірді (**к. Қорық**). Ал ешкі – шөптің басындағы нәрі мен гүлін теріп жейді, яғни өріске көп байырқаламай жүгіріп кететін мал.

Жайылымды тиімді пайдалану үшін өріске бөлумен бірге жайылым отының «тығыздығына» қарай малды шақтап қана жібереді және белгілі уақыттан соң тұяккесті етпеу үшін оны алмастырады. Шөлейттегі жайылымның көбі қара күзде және қыста пайдаланылады.

Малды өрістету және қоралау. Шопандар күннің жылы уақытында таң сәріден, суық кезде күн арқан бойы көтерілген кезде малын жайлап қорадан өргізеді. Жаз маусымында сауылатын қой-ешкіні кешке қарай (от шүйгін болса түсте де) қораға әкеліп сауатын.

Жайылып отқа тойған соң өріске шыққан мал жүрісі баяулап, самарқау жылжиды, яғни байырқалап тұрақтайды. Бұдан соң жусауға бейімделеді және бұл кезде шопан да тынығып, сусынын ішіп, қорықтығын жасайды. Кешке күн төбеден еңкейген соң ауылды бетке алады да баяу жылжып қас қарая малдарын қоралайды. Осы шақты қазақы ортада «*ел орынға отырған шақ (уақыт)*» деп атайды. Түнде жатар алдында қора немесе қотан шетіне қаракшы тігеді, қоралы малды түнде күзетеді (**к. Қарашқы; Қой күзет**).

Күн сәулесінің ұзақтығы мен оның күші малдың физиологиялық жағдайына тікелей әсер етеді. Күн қысқа, әрі күн сәулесінің әсері әлсіз болған сайын малдың қондану, майлануы арта түседі. Осыған байланысты мал жүнінің өсуі арта түседі. Сондықтан да, күзде қойды қырыққаннан кейін, оның қондылығының шегіне жетуі, яғни, *шайлануының* арта түсуіне мүмкіндік беру үшін күздігүні малды отарға шығарады (**к. Күзем алу; Отарға шығу**). *Отарға* шөбі шүйгін, суы таза, ащы мен соры мол шалғай жерлер таңдалады. Ал малшылар тәжірибесінде суат пен қыстауға жақын маңайдағы өріс қыс мезгіліне деп арнайы сақталады (**к. Жайылым; Өріс; Қорық**).

Мал суаруға сулы жерлерде өзен-көл сулары пайдаланылады. Ал, су тапшы өңірлерде *құдық қазу*, *қар тоқтату* және *шығыр құру* арқылы жер асты суларын пайдаланды. Шөлейт құмды өңірлерде мал суаруға арналған құдықтар әрбір 10-20 шақырым сайын болуы ескеріледі. Малшылар құдық қазуды өздері атқарады немесе арнайы маманданған құдық қазушыларды жалдайды. Құдықтағы



су қоры бір қора қойға (500-600 тұяқ) немесе екі жүздей ірі қараға есептеледі (қ. *Құдық; Шығыр; Суат*).

Әсіресе төлдеген мал сусағыш болады. Соған байланысты «құлындаған биеден құдықтағы су қалмайды» деген мәтел қалыптасқан. Суға түліктің ішінен ең төзімсізі – сиыр, төзімдісі – түйе. Сиыр күніне бір шелектен (15 л) бірнеше астау (40 л-ге дейін) су ішеді. Құнарлы өрісте жайылған коралы қойды 2-3 күнде бір мәрте суатқа түсірді.

Малдың бағым-күтімі жыл маусымына қарай жоғарыда айтылғандай өзіндік ерекшелігі болды. Оның барлығы түліктің қондылығының жоғары болуын, сол арқылы малдан мол өнім мен өсім (төл) алуға бағытталған. Малдың қонды болуы селекциялық-тұқымдық шараларды табысты ұйымдастырудың бір кепілі болып келеді. Сонымен бірге, қонды мал сыртқы ортаның (күнрайының) қолайсыз әсеріне (дауыл, аяз, қарлы жаңбыр, аптап және т.б.) қарсы тұра біледі. Жыл маусымына қарай табиғи қорларды пайдалану принциптері мен метеорологиялық факторларға қарай мал бағу технологиясы ұйымдастырылады. Тиістісінше, осыған байланысты М.-тағы еңбек қарекеттерінің маусымдық ерекшеліктері қалыптасқан.



Сиыр жайған малшы. Қарқаралы. ОМЭЭ – материалдарынан

Малдың көктемгі бағым-күтімі – бұл ерекше науқанды кезең, мал жаппай толдейді, арық-тұрақтар молаяды (оны малшылар *жазғытұрым* деп те атайды). Өйткені, казак жеріндегі бораны мен қара суық сияқты қолайсыз факторларының күшейетін кезеңі. Жылдың басқа маусымында басталған жұттың малға қауіп төндіретін, яғни шығынға ұшырататын кезі – көктем (қ. *Жұт*). Малшы ауылдың адамдары күні-түні дамылсыз еңбектенеді, абыр-сабыр болып, әлекке түседі: күндіз *керегаппен* өрістен туған төлді ауылға әкелсе, түнде туған төл қатып қалмас үшін ұйқысын бөліп күзетеді. Төлді ауыздандырып енесінің бауырына салады. Енесі жеріп, алмаған төлді басқа малға жағызу, телу, еміздікпен сүт беріп асырау сияқты күтім жасалады. Сөйтін төл алу науқаны мал басын қосудың бірден-бір факторы ғана емес, ол тиістісінше мол өнім алудың басы болып саналады. Оны табысты жүргізуге бағытталған алуан түрлі тыйымдар қатаң ұсталынады және көптеген жора кәделер атқарылады (қ. *Төл алу; Телу; Еміздік; Көтенасар*). Жылқының құйырық-жалын күзеу, түйе жүнін (шудасы) алу, малға ен-таңба салу, мал пішу

сияқты шаралар да көктемнің соңына қарай атқарылады (қ. *Мал пішу; Таңбалау; Жүн; Жылқы күзеу*)

Малдың күзгі бағымы. Күз М.-тағы аса жауапты кезеңнің бірі ретінде мал бағу технологиясының маңызды ережелерін сақтауды, мал организмін шынықтыру ең бастысы қыс маусымына «мал мен жанға» қажетті дайындықты қамдайтын кезең. Өйткені, алдағы қыс маусымына дайындыққа қамданатын кез. Арнайы қоршап суарған, арық қазып су жіберген *шабындықтарынан* пішен шауып, көлікке артып қыстауға жеткізеді. Малға қыста жалататын тұз, сор сияқты минералдар қыстауға жеткізіледі. Арық малға арналған *жабу*, төлге *баурынтақ* дайындалады (қ. *Пішен шабу*). Малдың қысқы жатар орны – қора-қопсының тесігін жамап, төбесін қымтап жөндейді, *қиын* ойып, қора сыртына *көңін* жалдап үйеді. Сондай-ақ, *үйшік, шарбақ, науа, астаулар* жонделеді (қ. *Жабық қора; Қора; Үйшік; Қи*).

Кәнігі малшылар күзде «қазан ұрған» соң жусан түрлері мол өскен «*қара отты*» жерге ұзақ жайылған малдың денесіне жиналған қон «*шыныланады*» (яғни, сапалық өзгеріске енеді) деп санайды (қ. *Қара от*). Аяз күшейгенге дейін семіз малдың организмін біртіндеп «шынықтыру» шаралары орындалатын болған. Оның мынадай жолдары бар: жылы қонге жатқызбастан ашық қораға қамау, таңертең ертерек (су суық кезде) суару, тұз, сор, ашы тәрізді минералдық заттарды көп беру сияқты іс шаралар. Әсіресе, күземнен кейін өзен суына тоғыту жолымен шынықтырылған қойдың суық жаңбыр мен аязға қарсы тұруы жоғары болатындығы өз алдында көктемге шалдықпай жетуіне кепіл болады (қ. *Тоғыту*).

Ал түйе мен жылқы түлігінің күзгі бағымында ескеретін басты нәрсе мініс пен жүкке пайдаланылатындарын арнайы жаратып, баптау. Ол үшін жайылуын шектей отырып, терін алып, біртіндеп етін қатырып, шынықтырады. Мұндай жаратудың тау мен далалы, шөлейт аймақтарда өзіндік ерекшелігі бар (мысалы, кіре тартатын атанды 15-20 күн, ауыл арасында жүк таситындарын 7-10 күн бойы жаратады).

«*Бай бір жұттық, батыр бір оқтық*» деген ұстаным бойынша көбінесе қыс пен көктемде болатын жұттың алдын алудың бір амалы жаз маусымында малды мейлінше семірткен соң күзде қондандыру, шайландыру амалдары қарастырылады. Ол үшін тұз бен сорға жаю, қара отқа жиі шығару екендігі малшылардың ұзақ жылдардағы іс-тәжірибесі барысында қалыптасқан бұлжытпас қағидалардың біріне айналған. Осыған байланысты төрт түліктің күйін сақтаудың қалыптасқан технологиялық шарасы – қоныр күзден бастап, шалғай жердегі соны, тың жайылымға малды отарға жіберу (қ. *Күздеу; Малды отарға шығару*).

Малдың қысты күзгі бағым-күтімі – жаз бен күз маусымында алған қонын сақтай отырып, жазғытұрымғы көкке ілінуге бағытталады. Ол түптеп келгенде түліктің физиологиялық калыбы мен биологиялық әуселесін бірқалыпты ұстап тұру дегенге саяды. Сонда мал тұқымы азбайды, өсімі (төл) мен өнімі шаруашылық талабына

сай болады деп санайды. Мұндай мал жұтқа қарсы тұра алады, қосымша күтімді қажет етпейді. Көшпелі мал шаруашылығы жағдайында «қолға қарайтын» арық-тұрақ мал, тоқты серкеш, мініс ат, сауын сиыр, тайынша торпақтар ғана жемделеді.

Қыс маусымында мал жайылымын арнайы тәртіппен бөліп пайдаланады: мысалы, қыс басында дөң, төбешіктерді, қыс ортасында қамыс-бұға өскен жер мен таудың күнгеі мен баурайын және ой жерлердегі жайылымға жаяды. Осылайша өрісті алмастырып пайдалану ондағы оттың толық оталуына мүмкіндік береді. Қар қалың түскен кезде тебіндеуге көшеді: ондайда қалың қарға алдымен жылқыны одан соң қой (қазақы қой тұқымы 10-12 см қарда тебіңдей алады), ақырында сиырды жібереді (қ. *Тебіндеу*). Қыста қар теуіп, оның астындағы сары шөпті қазудан ұсақ малдың тұяғы тесіліп, табандайтын жайт кездеседі. Ондайда малдың аяғын киізбен орап, қап кигізеді.

Қойға күрекпен жайылым ашып, түйені қабықпен жемдеп, сиырды үйінді-жиындымен асырау амалдары қыстың қысымшылығынан шығуына мүмкіндік береді. Қыс қатты, жем тапшы жұт кезінде әртүрлі органикалық қалдықтарды беріп, талғажау етеді: жылқының жас құмағы, малдың қан жыны, өкпе бауыры, суырдың майы, артық-ауыс сорпа-су, қара шай сияқтылар қолданылады. Арық-тұрақ малдар қалтырап тонбау үшін қар, мұз ертіліп, зәрі сынған соң беріледі. Өредік қара су, жылым сияқты ағынды суларға айдап суарады. Шөл, шөлейт өлкелерде қол құдықтар қазылады.

Малдың тойыну мен қоңдануы. Малдың семіздігі, немесе қоңы малдың көкке тоюы, семіру, шел жинап, қоңдануына тікелей байланысты. Осыған байланысты мал семіздігінің алуан түрі айтылады: күннің көзі жылынып, көкке тойынған малды *қан семіз*; күн ысып, мал қоңдана бастағанды *ет семіз*; жаз соңында кей өлкелерде күзде әбден семірген малды *май семіз* деп бөлген.

Жаңадан көкке тойып келе жатқан жаздың бас кезіндегі қалпын *көбең кезі* деп атайды. Даланың қатқыл табиғаты мен қысқы күн райының салдарынан арықтап шыққан малды көктемгі қарақатқақ шақта боранды суыққа ұрындырмай көкті қуалай жайылтады. Жаңа көктеген *қызғалдақ изен*, *жусан* жеген мал әлденген соң жел жүгіріп ет пен терісі «желденеді». Әсіресе ең жұғымды от – *раң*. Ол туралы «ранотқа үймелеген малдай» немесе «аты раңдап, елі тыраңдап» деген сөз тіркестері қалыптасқан (қ. *Раң*). Осы кезде малдың дауысы (түлікке қарай *маңырау*, *мөңіреу*, *кісінеу* немесе *боздауы*) көбейіп, дауысы аңы әрі қаттырақ шығады, терісі көпсіп, тамыр-тарамыстары сөлденеді.

Мал азғасында еттену (етею) белгісі білінген кезін *су жүгіру* біртіндеп *қызылдану* деп атайды. Жас көкпен бірге *сор*, *ащы*, *су* үйлессе мал тезарада ет жинай бастайды. Оның белгісі – малдың жүні құйқаланбай тез көтеріледі. Қойдың жүні шуаштанып, копсиды, түйе шудасы көтеріледі, ешкі, сиыр, жылқы түбігі кобырап, қылшығы майдаланып белгі береді (қ. *Жүндеу*, *Күзеу*). Малдың қылығы да өзгеріп

салады: түйе ерте өріп, ауыл төңірегінен ұзамай жайылады, суды байыппен қанып ішеді. Тай құнандар тебісіп, жылқы суға өзі құлайды, қағілезденеді.

Мал семірту. Жаздың ыстығы білінген кезден төрт түлікті ыстықта күйездемейтін, салқын жонды жердегі соны өріске шығарады. Малшының ескеретін басты мәселесі – жауынды күндері дымқыл орынға түнетпеу, яғни өкпе мен буынын суыққа соқтырмау. Жаз жайлауға шығарда малды қарасудан өткізіп тұяғын жібітіп тазалап, қатырып алады. Үркер жерге түсе, ел «қанжасайлауға» қарай беттеп, онда аз-маз аялдайды да, *ойжайлау*, онан әрі *төржайлауға* қарай теңіз деңгейінен биіктеп өрлей береді (қ. *Жайылым*; *Жайлау*).

Қой түлігін жүні әбден көтерілген соң суға тоғытып қыркудан кейін апталап аңылатып мейірін қандырған соң сары өріске жайса іші шарбыланып, майлана түседі. Малдың аса сүйіп жейтін азықтық қуаты мал шөптері туралы этнограф *Х.Арғынбаев* еңбектерінде мыналар аталады: *еркек* (*Agropyrum sibiricum*), *изен* (*Kochia prostrata*), *жусан* (*Artemisia*), *ебелек* (*Ceratocarpus arenarius*), *тепіскен* (*Eutoria cerotoides*), *жүзген* (*Calligonum setosum*). Тау бөктерінде өсетін нәрлі шөптер *бидайық* (*Dactylis glomerata*), *құртқамыш* (*Iris*), *беде* (*Trifolium*), *аюжүн* (*Verbascum*); *күйік сары*, *теңгежапырақ* (*Alchimilla*) *өссе тау етегін ала мия* (*Glucyrrhiza*), *қияң* (*Elymus giganteus*) *өседі*.

Жүні салаланып өскен соң тезірек тірі жүнін қырып алады. «*Қозы керек болса күзде қырық, киізді қажет етсең жазда қырық*» деген паремологиялық «формула» соның айғағы. Сапасы мен сұранысы жоғары қозы жүні «*талдырма жүн*» деп аталады. Ол киіз дайындауға таптырмайтын шикізат саналады (қ. *Жүн*; *Киіз*).

Үркер көкке көтерілген шақты шөп сүттенген кез дейді. Осы кезде малдың бүйрек майы «*бітеуленеді*», яғни майы ет пен тері арасына қарай өтеді деп есептеледі. Сонан кейін шел алады (қ. *Күнқайыру*; *Мизам*; *Үркер*; *Таразы*; *Шілде*). *Таразы туа* іші «*шарбыланып*» семірген мал кешікпей Сүмбіле туған соң күзекке түскенде шөп өзегі сүйектеніп буыны бекіген кезде *жусан*, *кекіре*, *мия*, *сиыркөз*, *шытыр* және *тарлау* сияқты ащы от өскен салқын өріске жайса, мал *шелденіп*, ет пен терінің арасына май жинайды деп есептейді. Мал қоңының арта түскендігін білдіретін бұл сатыны малшылар «*шыны май*» деп атаса, семірудің бұл кезеңін «*шынылану*» деп атайды. Бұл шыны майдың қуаты қыста мал жанын сақтайтындықтан «*күзгі шел – қысқы төл*» немесе «*күзде байланған май, қыста тон болады*» деген қазақ малшыларының мал өсірудегі іргелі қағиданың өзекті бір ережесіне айналған.

Шел мен шарбы әбден толысып үлгермеген күзгі *алшынға* тойынған малдың жүдеуі немесе семіруі де ондай. Ал күзде мал шел алмай орташа тойынуын *алшындау* деп атайды.

Дәстүрлі М.-та, әсіресе қой түлігі туралы «*қой жазда жүріп жайылады, күзде тұрып жайылады*» деген ұстаным бойынша малды күнде ауылға айдап келу қойдың қоң жинауына зиян



деседі. Сондықтан, малдың жеген шөп кенеуі козғалыс кимылмен зая болмас үшін алыс отарға жаппай шығу да осы кезге дөп келеді (**қ. Мал отарлату**). Малдың шайланып семіргендегінің белгісі әр түлікте түрліше байқалады: *қойдың құйрығы үлкейеді, ешкінің мойны жуандайды, түйенің өркеші мен қомы, жылқының сауыр мен жалы қалыңдап толысады* («*жаман атқа жал бітсе жанына торсық байлатпас*» деген пареманың мәні соған байланысты туған). Бұл қара өлен жолдарында көрініс тапқан:

*Самалы Сарыарқаның желтиді оңнан
Шайлайды жылқы сауыр, сиыр жоннан,
Жырылар қой құйрықтан, түйе қомнан»*

Шайланған қой *салтақтап* құйрығын көтере алмай аяғын мамырлап, яғни «еріне» әрен басып қалады.

Қыс басталысымен күзгі қоңы мен күйін сақтау қадағаланады. Қойнаулы, құнарлы жақынырақ жайылымдар аяз күшейіп, мал сүйегі жұқарған кезге сакталады. Жылы күндері жонға, желде күнгейге жаяды. Ащы сорға жиі тойғызып тұрмаса немесе ащы отқа жаймаса топырақ жалмаған қойлар *құмығып қаталайды* (**қ. Малдың бағым-күтімі**). Қыстан *мал қонды шықты* дегені – мал арық та емес, семіз де емес, бірқалыпты болып, жұтамай шықты дегенді білдіреді.

Азықтық мал өнімдері. Жоғарыда айтылғандай, төрт түліктен алынатын азықтық өнім – сүт-сүме мен еттің көшпелілер тіршілігіндегі маңызы зор. Мұндай азықтық өнімнің түліктін түріне, жасы мен жынысына қарай бір-біріне ұқсамайтын айырмашылықтары, өзіндік сипаттары болады. Мал етін қажетке жаратуда оны сою, өңдеу, сақтаудың өзіне тән технологиялық ерекше жақтары болды (**қ. Ет; Жілік; Мал сою; Соғым**).

Түліктің арасынан «*қойдың сүті – қорғасын*», яғни кою әрі кенеуі жоғары деп бағаланады. Сиырдың сүтін шикідей ішкен адамның денесіне сыздауық шығады. Керісінше, сұйық болып келетін бие сүтінің шипалық қасиеті жоғары, інгеннің сүті кою. Бұларды сауа салысымен тұтынудың немесе ашытып өндеген сайын тағамдық құндылығы арта түседі. Сол сияқты ешкі (соның ішінде ақ түстісінің) сүті жас сәбилер мен кәрі-құрғаң ауру адамдарға әрі кенеуі жоғары қорек әрі диеталық тағам ретінде берілген.

Мал сауу. М.-та мал сауудың түлік түрлеріне байланысты оз ерекшеліктері бар. Мысалы, қой ешкіні қосақтап сауады. Қосақтың *керме және шалма* (немесе *ілме*) *қосақ* деген екі түрі қалыптасқан. *Керме қосақты* жерге қағылған екі (кейде үш-төрт) қазық арасына керілген арқанға қой-ешкі тамағының астынан тақаған соң, екінші бір арқанды желке жағынан орай келіп әлгі арқанға іліп бекітеді. Ал *шалма қосақ* немесе *ілме қосақ* қарама-қарсы тұрған екі қойды ішектің жөргемін өргендей етін тұйықтап өткізін бекітеді. Жүзге жетпейтін ұсақты қосақталады. Ерекшелігі тез әрі оңай тарқатылып шешілетіндігінде. Бірнеше ондаған саулықты бұршағы ұзындау келген көгенге бекітіп сауады. Сиырды тәулігіне екі рет сауса, жылқы түлігі желінде

сүтін көп ұстамайтындықтан екі сағат шамасында уақыт салып, күні бойы алты – сегіз рет сауылады (**қ. Сауын; Қодш-Қодш; Идіру**).



Түйе сауыны. Торғай обл. ҚР МОМ қорынан (ФКП 377)

Мал сауған сауыншылардың үстіне немесе қораға, желі мен қосақ басына тосыннан келген адамдар: «*сауар қобейсін!*», «*ақ мол болсын!*» деген сияқты тілек айтып, жылы лебіз білдіреді. Сауыншы: «*айтқаныңыз келсін!*», «*айтсын!*» деп ықылас жауап қайтарады.



Көгенделген ешкіні сауу. Қарқаралы уезі. ҚР МОМ қорынан (КП 10438/231)

Малдан алынатын шикізаттар. М.-та малдан азық-түлік өнімдерінен басқа тұрмыс-тіршілікке қажетті *тері, жүн, қыл, сүйек, мүйіз* бен *тұяқтарын* да шикізат ретінде тұтынуға ерекше мән берілген. Яғни, тұрмыстық бұйымдар жасау мен киім кешек тігуге мал өнімдері пайдаланылатын болған. Мал терілерінен өңделуіне орай алуан түрлі қасиеттерге ие болған – *көн, былғары, жарғақ, қайыс, күдері* сияқты шикізат өнімдері алынып отырған (**қ. Былғары; Жарғақ; Көн; Қайыс; Күдері**). Түйенің, қойдың жүні, ешкінің түбіті, жылқының жалы сияқты шикізаттар киім-кешек, құрал-жабдық және басқа да тұрмыстық

бұйымдарды жасауға кенінен пайдаланылған (**к. Бау; Кііз; Кііз басу; Текемет; Кілем; Алаша; Кіім-кешек**).

Әдеб.: Левшин А.И. Описание киргиз-казахских или киргиз-кайсацких орд и степей. В 3-х частях. Часть третья. Этнографическое известие. СПб.: Тип. Карла Крайя, 1832; *Бларамберг И.Ф.* Земли киргиз-кайсаков Оренбургского ведомства (военно- статистическое обозрение). Т.14. Ч.3. СПб., 1848; Мейер Л.П. Общественный и частный быт киргизов // *Материалы для географии и статистики России, собранные офицерами Генерального штаба. Киргизская степь Оренбургского общества.* Ч.1. СПб., 1865. С.247-260; *Загряжский* Быт кочевого населения долин Чу и Сырдарьи // ТВ. 1874. №27,28; *Добросмыслов А.И.* Скотоводство в Тургайской области. Оренбург: Тургайский обл. стат. комитет, 1895; *Диваев А.* Пастухи // ТВ. 1905, №4; *Гейер И.И.* Весь Русский Туркестан. Издал С.Р. Конопка. Ташкент 1908; *Чермак Л.К.* Киргизское хозяйство в степном крае // Район железной дороги Петропавловск-Спасский завод в экономическом отношении. СПб., 1912. С.215-256; Сборник статистических сведений о движении населения, скота и урожая по КСССР с 1880-1922 гг. Центр. стат. упр. КСССР. Оренбург: Оренполигр, 1925. *Бужейхан А.Н.* Казахи Адаевского уезда // Казаки. Антропологические очерки. Издание особого комитета Академии наук по исследованию союзных и автономных республик. Л.: АН СССР, 1927. С.59-83; Руденко И.С. Очерки быта северо-восточных казахов // Казаки. Сборник статей антропологического отряда Казахстанской экспедиции АН СССР. Исследование 1927 г. Л.: АН СССР, 1930. С.1-72; *Фидельструп Ф.А.* Скотоводство и кочевание в части степей Западного Казахстана // Казаки. Антропологические очерки. Издание особого комитета Академии наук по исследованию союзных и автономных республик. Л.: АН СССР, 1927. С.78-108; *Аргынбаев Х.* XXII партсъезд атындағы колхоздың отарлы мал шаруашылығы жайында // *Материалы исследования по этнографии казахского народа.* Алма-Ата, 1963. С.3-29; Соныкі. Қазақтың мал шаруашылығы жайында этнографиялық очерк. Алматы: Ғылым, 1969; *Шасматов В.Ф.* Казахская пастбищно-кочевая община. Алма-Ата: Наука, 1964; *Толыбеков С.Е.* Кочевое общество казахов в нач. XVII-нач. XX века (политико-экономический анализ). Алма-Ата: Наука, 1971; *Хозяйство казахов на рубеже XIX-XX веков.* Материалы к историко-этнографическому атласу. Алма-Ата: Наука Казахской ССР, 1980; *Төлеубаев Ә.* Қазақтың мал шаруашылығына байланысты кейбір көне сенімдері // ҚР ҰҒА Хабарлары. 1984, №12. 56-6; *Радлов В.В.* Из Сибири. Страницы дневника. М.: Наука, 1989; Казахи. Историко-этнографическое исследование. Алматы: Казахстан, 1995; *Масанов Н.Э.* Кочевая цивилизация казахов. Основы жизнедеятельности кочевников. М.: Горизонт, 1995; *Курьлев В.П.* Скот, земля, община у кочевых и полукочевых казахов (вторая половина XIX – начало XX века). СПб.: Петербургкомстат, 1998; *Алимбай Нурсан, Муканов М.С., Аргынбаев Х.* Традиционная культура жизнеобеспечения казахов. Очерки теории и истории. Алматы: Ғылым, 1998; *Алимбай Нурсан.* Кочевая община казахов: проблемы этносоциологической реконструкции // Известия Российского государственного педагогического университета им. А.И. Герцена. СПб., 2009. №96. С.317-326; *Соныкі.* Мир кочевой культуры казахов // Казахстан: люди, животные и боги степей. Материалы Международной казахстанско-французской научной конференции. Париж: Гимэ, 2010. С.17-24; История Казахстана в русских источниках XVI-XX веков. Первые историко-этнографические описания казахских земель. Первая половина XIX века / Состав.: И.В. Ерофеева, Б.Т. Жанаев. Алматы: Дайк-Пресс, 2007; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МАМА АҒАШ – ат байлауға қолданылатын ағаш дінгектің атауы. Диаметрі 15-20 см, ұзындығы 180-190 см-ге дейін жететін жұмыр ағаш өңделгеннен кейін түп жағы жерге көміліп, әбден тығыздалып бекітілді. Сонда жердің бетінен есептегенде М. а.-тың биіктігі шамамен 150-165 см аралығында болды. Әдетте, М.а.-ты бас тұсы айналдырыла кертілді. Бұл байланған аттың тізгінінің немесе шылбырының шығып кетпеуіне кам жасағандықтан болса керек.



Мама ағаш. ҚР МОМ материалдары бойынша суретті салған Б.Досымов

М.а. – шаруашалық-тұрмыстық қана емес, әдет-ғұрыптық жағынан да мәнді бұйым. Дәстүрлі қазақы ортада М.а. міндетті түрде ауылдың ортасындағы шежірелік жосынмен негізделген ғұрыптық мәні мен функциясы айырықша *үлкен үйдің* шығар есігінің (шығысқа бағытталған) *оң қапталы* тұсында шамамен 30-40 м қашықтыққа орналастырылатын (**к. Үлкен үй**). М.а.-тың ауыл арасында сан алуан шаруашылық-тұрмыстық маңыздылығымен қатар, әдет-ғұрыптық функция атқарған *ұстахананың* маңында да орналастырылғандығы туралы да мәлімет кездеседі (**к. Ұста; Ұстахана**). Бұл жайт, ең алдымен, М.а.-тың әдет-ғұрыптық болмыс-бітіміне байланысты болса керек. Кейін М.а. өзінің осындай, сөз жоқ, өз кезіндегі ғұрыптық мәнді мәртебесінен ажыраған сынайлы: деректерге қарағанда, XIX ғ.-дың аяқ шенінен бастап-ақ М.а. ауылдағы әрбір үйдің шаруашылық-тұрмыстық мәнді атрибутына айналды. Дегенмен, М.а. аталмыш кезеңнен кейін қазақы ортаның сыртқы әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени әсердің тегеуірінді ықпалымен үлкен өзгерістерге ұшырағандығына қарамастан, өзінің кейбір ғұрыптық мәні мен функциясын XX ғ.-дың 60-жылдарының басына дейін сақтап келді:

- М.а.-ты айналуды болмайды;
- жылқыдан басқа түлікті байлауға тыйым салынды;
- М.а.-тың түбіне немесе оған қарата дәрет сындыруға болмайды.

Ертеректе, қазақ социуміне орыс отаршылдығының әсері әлі тие қоймаған заманда М.а. ауылда бакилық болған адамның көзі тірісінде жақсы көрген мініс атының жал-құйрығы күзеліп, тұлданатын және бір жыл толғаннан кейін марқұмның аруағына бағыштап *ас берудің* қарсаңында әлгі тұл аттың соңғы рет байланып, *құрбандыққа* шалуға «жіберілетін» арнайы ғұрыптық орны болды (аттың жал-құйрығының кесілу үрдісі *марқұмның* бұл дүниелік еместігін әдет-ғұрыптық «тілмен» жеткізілуі болса керек) (**к. Ас / Ас беру**). Ат байланатын осы ағаштың М.а. атануы, біздіңше, көшпелі ортада өсіп-өнудің, өркендеудің



символы болып табылатын *әйел* туралы ежелгі ұғыммен байланысты болды. Кейбір зерттеушілердің еңбектерінде кездесетін мұндағы *мама* сөзінің моңғол тіліндегі маму терминінен бастау алады деген пікірдің онтологиялық (бұл жерде «практикалық этнография») тұрғыдан да, методологиялық (эпистемологиялық) жағынан да еш қисынға сыймайтындығы даусыз. Ежелгі түркі сөздігінде (Древнетюркский словарь. Л.: Наука, 1969) *тати* қалыңдықты неке төсегіне ертіп апаратын әйелдің атауы, сондай-ақ, түркі тілдерінің этимологиялық сөздігі атты еңбекте (Этимологический словарь тюркских языков) осы *тати* сөзінің *тата* деген фонетикалық формасының *әже* (өзбек тілінде және ұйғыр диалектінде), *сақа бие* (қырғыз тілінде), *нәресте емізіп жүрген әйел* (өзбек диалектінде), *кіндік шеше* (әзірбайжан және халадж тілдерінде) сияқты мағынаны білдіретіндігі көрсетілген. Ал, қазақ тілінде *тата* ананың емшегін білдіретін ұғым екендігі әмбеге аян. Демек, семантикалық өрісі адам баласының дүниеге әкелетін әйел ұғымымен ғана шендесетін *тата* сөзі аталмыш М.а.-тың, ең алдымен, өркендеу идеясының символы болғандығын айғақтайды.



Мама ағашқа байланған ат. ОМЭЭ – материалдарынан

Ежелгі көшпелі салтаттылар мәдениеті мен көне түркілер кезеңдерінде М.а.-қа тек әлеуметтік-саяси статусы жоғары адамдардың мініс аттары ғана байланған сыңайлы. ХІХ ғ.-дың 60-70-жылдардың басында «*кәрі құлақ, көне көз*» қариялардың берген ауызекі мәліметіне сүйенсек, бұл жосынның сілемі дәстүрлі қазақы ортада да кездесетін. Әсіресе, *игі жақсылар* мен *ырыс ұстағандардың* ауылдарында келіп-кетіп жататын қонақтардың аттары, әдетте, *кермеге* байланса, М.а.-қа тек үй иесінің мініс аты ғана байланатын (қ. *Игі жақсылар; Ырыс ұстағандар*). Ежелгі көшпелілер мен көне түркі қоғамында ер адамдардың, әсіресе, *патша, қаған, бек, әскербасы* сынды бекзадалардың мініс аттары міндетті

түрде *айғыр* болғандығын сан алуан деректер айғақтайды (қытайдың көне династиялық хроникалары, Авеста, Ригведа, Шахнаме сынды фольклорлық шығармалар, сақ қорғандарынан, әсіресе, шығыс Қазақстандағы «Берелден» табылған археологиялық (остеологиялық) артефактілер, ежелгі түркілердің руникалық жазулары және т.с.с.). Мұндай салт өзінің әуелгі ғұрыптық-идеологиялық болмыс-бітімін жоғалта бастағанымен дәстүрлі қазақы ортада да сақталды: ұрғашы жылқыны, әсіресе, құлынды биені ер адамға маңызды әдет-ғұрыптық шараларға байланысты (мысалы, *ас беру, келін түсіру, шілдехана, өлікті жөнелту* сияқты тіршілік никлының ең ауқымды әдет-ғұрыптық жосындары және т.с.с.) мініс көлігі ретінде пайдалануды дәстүр қоспады. Демек, әйелдік қасиеттің символы болып табылатын М.а. пен оған байланған еркек жылқы ғұрыптық және дүниетанымдық мәні айырықша бірыңғай дихтомиялық жұп құрайды: байлаудағы ат М.а.-тың өркендеу идеясын паш ететін ғұрыптық функциясын әйгілеп тұрды.

Әдеб.: Древнетюркский словарь. Под ред.: В.М. Надеяева., Д.М. Наменова., Э.Р. Тенишев, А.М. Щербак. Л., 1969; Иванов В.В. Опыт истолкования древнеиндийских ритуальных и мифологических терминов, образованных от *asva* – «конь» // Проблемы истории языков и культуры народов Индии. М.: Наука, 1974. С. 75-138; Гамкрелидзе Т.В., Иванов Вяч. Вс. Индоевропейский язык и индоевропейцы. Реконструкция и историко-типологический анализ праязыка и протокультуры. Ч.І-ІІ. Тбилиси: Тбилисский университет, 1984; Акишев А.К. Искусство и мифология саков. Алма-Ата: Наука, 1984; Худяков Ю.С. Древнетюркские поминальные памятники на территории Монголии // Древние культуры Монголии. Новосибирск: Наука, 1985. С.168-184; Липец Р.С. Образы батыра и его коня в тюрко-монгольском эпосе. М.: Наука, 1984; Ригведа. в 3 томах. Т.1. Мандалы I-IV. М.: Наука, 1989; Т.2. Мандалы V-VIII. М.:Наука, 1995; Т.3. Мандалы IX-X. М.:Наука, 1999 (Перевод Т. Я. Елизаренковой); Әлімбай Нұрсан. Қазақтың өлікті жөнелтуге байланысты жосын-жоралғыларының этномәдени проекциясы // ҚР ҰҒА-ның хабарлары. Қоғамдық ғылымдар сериясы. 1994. №4. 36-48 бб; Ажигали С. Е. Архитектура кочевников: феномен истории и культуры Евразии. Алматы: Ғылым, 2002; Этимологический словарь тюркских языков. Общетюркские и межтюркские лексические основы на букву «Л», «М», «Н», «П», «С». Отв.ред А.В. Дыбо. М.: Восточная литература, 2003; Самашев З., Мыльников В.П. Деревообработка у древних скотоводов Казахского Алтая (материалы комплексного анализа деревянных предметов из кургана 11 могильнике Берел). Алматы: Берел, 2004; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МАМА БИЕ – дәстүрлі қазақы ортада кез келген жылқы ұстаған әулет ерекше қастер тұтқан сақа биенің метафоралық мәнді атауы. Көшпелі ортада ежелден қалыптасқан шаруашылық-тұрмыстық тәжірибе бойынша, жыл сайын құлындайтын өсімтал әрі сүтті мол беретін бие ғана М.б. деп аталды. Мұндай күйге бие бес жастан жететін. Халықтық ветеринария биенің аналық күш-қуаты, жылқы төліне ерекше қажет жершілдігі мен сезімталдығы, әсіресе, 6-9 жас аралығында көрінеді деп есептеді. Осындай толысқан (бабына келген) күй мен қасиетке жеткен М.б. табынның бас айғыры – құтпан айғырмен ғана серіктеседі және жұптасады (қ. *Жылқы; Жылқы бағу; Құт; Құтпан*). Сан алуан этнографиялық және фольклорлық деректерде М.б.-нің де құтпан айғырмен бірге табынды жайылымға және суатқа бастайтын, әлгі табынның жинақы жайылуын

қадағалайтын ерекше қасиеттері атап өтіледі. М.б.-нің, әсіресе, құтпан айғырмен бірге үйірді ит-құстан жанұшыра қорғаған батылдығы мен қайраты, хәм айлакерлігі жылқышылардың арасында аңызға айналды.



Мама бие. ОМЭЭ – материалдарынан

Дәстүрлі қазақы пайымға сәйкес, құтпан айғыр сияқты М.б. де бағымдағы жылқының құты болып саналды. Сондықтан болар, бабындағы М.б.-ні союды, сатуды немесе біреуге сыйлауды, сондай-ақ, оның жал-құйырығын күзеуді дәстүр қоспады. Мұндай биенің «мама» анықтаушының семантикалық өрісі көшпелі ортада ерекше кастерленген нәрестенің пайда болуы мен туу үрдісінің бірден-бір тікелей субъектісі – әйелдің жыныс мүшесінің атауынан бастау алатын сынайлы (қ. *Құт*). Демек, дәстүрлі қазақы ортада М.б. «генетикалық» жағынан да, тіршілікке жүйесінің утилитарлық-прагматикалық жөн-жосығы тұрғысынан да молшылықтың және өсімталдықтың символы болды. М.б.-ні көшпелі ортада ежелден орныққан өркендеу идеясының «тірі образдарының» бірі ретінде де қарастыруға болады.

Әдеб.: *Аргынбаев Х.* Қазақтың мал шаруашылығы жайында этнографиялық очерк. Алматы: Ғылым, 1969; *Он же.* Народные обычаи и поверья казахов, связанные со скотоводством // Хозяйственно-культурные традиции народов Средней Азии и Казахстана. М.: Наука, 1975. С.127-137; *Толыбеков С.Е.* Кочевое общество казахов в XVII-начало XX века. Политико-экономический анализ. Алма-Ата: Наука, 1971; *Линец Р.С.* Образы батыра и его коня в тюрко-монгольском эпосе. М.: Наука, 1984; *Львова Э.Л., Сагалаев А.М., Октябрьская И.В., Усманова Н.С.* Традиционное мировоззрение тюрков Южной Сибири. Человек. Общество. Новосибирск: Наука, 1989; *Алимбай Н., Муканов М.С., Аргынбаев Х.* Традиционная культура жизнеобеспечения казахов. Очерки теории и истории. Алматы: Ғылым, 1998; *Torma J.* A tüznek mondom. A baskir népi orvoslas magikus elemének mai réndszere (От не жарылка. Башқұрт халық медицинасының жүйесі). Hisametdinova Firdaus Gilmetdinkizi közreműködésével. Budapest, 1997; *Тоқтабай А.* Қазақ жылқысының тарихы. Алматы: Алматыкітап, 2011; *Жылқы // Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 2-том.* Алматы: РПК Слон. 2012. 516-532 бб.; *Жылқы бағу // Сонда.* 535-539 бб.; *Нұрсан Әлімбайдың қолжазбасы; ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.*

МАМЫҚ – құстардың денесіндегі майда, үлпілдек жамылғысының атауы. М. құстың денесін сыртқы ортадан және ыстық-суықтан қорғау қызметін атқарады. Қауырсынға карағанда М. жұмсақ келеді (қ. *Қауырсын*).

Дәстүрлі ортада түрлі зиянкес күштерден қорғайды деген магиялық наным-сеніммен үкінің М. жүндерін қауырсынымен қоса шоктап баланың, қыздың киіміне, бөркіне және акындардың, сал-серілердің, бақсылардың бөркіне, ұзатылатын қыздың сәукелесінің төбелдірігіне, жүйрік аттың кекіліне, бесіктің аркалығына, домбыраның, қобыздың басына т.б. қадаған (қ. *Ат кекіліне [құйрығына] үкі тағу; Бала; Бесік; Бөрік*).



Үкі мамығы қадалған қыз баланың тақиясы.
ҚР МӨМ қорынан (КП 20751)

ҚР МӨМ қорында сақтаулы қыз баланың тақиясының пошымы (КП 20751) цилиндр пішінді. Төбесі мен керегесі жеке-жеке пішілген. Ішіне катырма қағаз салып, іші қоныр түсті макта-матмен астарланған. Сырты қызыл түсті барқытпен тысталған. Төбесіне үкі мамығы қадалған. Өлшемі: биікт. 16 см., милық шеңбері 53 см.

Желбесін құстардың М.-ғын кәдеге жарату үшін әртүрлі тәсілмен өңдеп пайдаланады. Оның кен тараған түрі құстың мамығын жидітіп жұлу арқылы алса, екінші түрі – құсты бітеу сою арқылы алған. Жүні жидітіп алынған қаз, үйрек сияқты т.б. құстардың М.-ғын көрпе, жастықтың ішіне салу үшін қолданған (қ. *Құс жастық; Құстөсек*). Мұндай құс мамығынан жасалған жастық немесе көрпе жұмсақ, әрі жеңіл болып келеді.

Әдеб.: *Бабалықұлы Ж., Тұрдыбаев А.* Қырандар. Алматы: Жазушы, 2009; ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МАМЫР – халық күнтізбесі бойынша жылдың бесінші, көктемнің үшінші соңғы айы. Қыстан қысылып шыққан малшы қауым малын төлдетіп болады. Ауыл-ел малын айдап қыстаудан көктеуге қонып, жұрт жаңартады. Қыр оты әбден толысып, бойы көтеріліп қалады. Малдың аузы көкке, елдің аузы аққа жариды.

Қазақтың дәстүрлі күнтізбесін зерттеушілер ай атын көл жағалаған қаз, үйректің ұя басып, балапан шығаруымен байланыстырады. Үйрек-қаздың балапанын *мамыр* деп атағаны Кердері Әбубәкірдің мына бір өлең жолдарында кездеседі:

*Қазаны сахауаттың беті қайнап,
Миуа тұр еккен дәрхат күндей жайнап.
Өзінің кең жайына келін жатты,
Қаз ұшып, мамыр қонған, бұлбұл сайрап.*

Мамыр айының аяғына таман үйрек, қаз балапандарының семіріп, ұша алмай қалуын *құстың мамырға жығылуы* дейді (қ. *Құстың мамырға жығылуы*).



Мифологиялық таным бойынша қаһарлы қыстың қалған-құтқан суығын Үркер өзімен ала кетіп жерге түседі. Мамырдың ондарында Үркер батқанда жаңбыр жауса, жаз жаңбырлы болады. Күн жаңбырлы болмай құрғақ болса, Үркер тасқа батты дейді. Жаз қуаңшылықпен өтеді деп болжайды.

Мамыр айының алғашқы онкүндігінде қыр құстары жұмыртқа басып, балапан шығара бастайды. Бұл кезде екі-үш күндей күн суытады. Есепшілер бұл суықты *қызыл жұмыртқа амалы* деп атайды. Мамыр айының басында соғатын үш-бес күндік суық жел, есепшілердің күнтізбе жүйесінде *Құралайдың салқыны* деп аталады (**қ. Құралайдың салқыны**). Киік атаулы екі-үш күн ішінде түгелдей дерлік төлдеп болатын көрінеді. Аңшылардың айтуынша, енелері кез-келген құралайды бауырына алып, емізе береді деседі және Құралайдың салқыны кезіндегі амалда қасқыр тісейтін көрінеді. Сөйтіп, қасқыр ауызданып болғанша киіктің лактары аяқтанып үлгереді екен. Құралайдың салқыны мамыр айының ең суық кезі. Құралайдың мамырдың дәл осындай суығында төлдейтіні, қыр жайын жақсы білетін адамдардың түсіндіруінше, табиғаттың заңдылығымен орайлас көрінеді. Құралай салқында төлдесе, иіс-қоныс алысқа таралмай, төлі тез ширайды, ал төлдеуі сәл жылымыққа ұрынса, киіктер иісшіл қасқырға жем болатын көрінеді. Сондықтан мұндайда *«Киікті құралай бүлдіреді, итті дүрегей бүлдіреді»* дейді аңшылар мақалында.

Өсіп-толысқан көк, төлін ерткен мал, балапан өрбіткен құс, қырда жүгірген қоңыр аң, аққа кенелген ауыл-ел тәрзіді ақиқат дүние үзіктері мамыр айының этнос санадағы бейнесі іспетгі деуге болады.

Әдеб.: *Абишев Х.* Элементы астрономии и погода в устном творчестве казахов. Алма-Ата: Наука, 1949; *Кенесбаев І.* Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Алматы: Ғылым, 1977; *Кенжеахметұлы С.* Жеті қазына. Жіған-терген. Алматы: Ана тілі, 2000; *Әбішев Х.* Аспан сыры. Алматы: Жазушы, 2009; *Уәли Н.* Бұрынғыдан қалған сөз (қолжазба); ҚР MOM материалдарынан; ОМЭЭ материалдарынан.

МАНДАМ – жылқыда болатын жұқпалы аурудың атауы. Көбінесе, М.-мен мініске пайдаланылатын аттар шалдығады. Ұзаққа созылатын бұл ауру бірден білінбейді. М. жылқының иық, бас, кеуде терісінің астына ұсақ бүдір пайда болады. О біртегенде көбейіп, ұлғайып түйінге айналған кезде білінеді. Оның басқа аурулардан басты ерекшелігі, халықтық малдәрігерлік білімде «ақ тамыр» деп аталатын лимфа түйіндерін бойлап шығатындығында.

Әдетте М. болған жылқыны үйірден бөлін окшау ұстайды. М.-ның тамыр бойын қуалай бөртіп басталған кезін *желі мандам*, ал тұла бойға қаптап, бөрткендегісін *жаңбыр мандам* атайды.

Суық маусымға қарай М. өрши түседі. Ауру асқынған кезде ісінген түйіндер тұла бойға түгел жайылады, іріңге шауып, тесілген тері астынан ірің, қан аралас сарысу сорғалайды. Мұндай іріңді тазалау үшін, халық емшілігінде, жаранын бетіне құрбақа, тышқан, саршұнақ,

жылан, кесіртке сияқты жәндіктердің бірін тірідей тартып тастайды.

Ауру асқынып кеткен жағдайда, «мандам желісін қию» деп аталатын оташылық тәсілмен денеде пайда болған түйіндерді кездікпен сылып алады. Ол үшін, этнограф Х.Аргынбаевтың мәліметі бойынша, алдымен екі-үш рет малдың терін алып, таң асырады (**қ. Терін алу**). Сонан кейін әлгі малдың үстіңгі ерні, немесе көздің алдындағы желіні сылады. М. түйіндері байқалған денедегі «ақ тамырдың» айналасын сыла кесіп алады. Пышақ тиген жерге алмас немесе тотияйынның ұнтағын қыздырып себеді. Онан соң күкірт түтетеді. Емдеу барысында күніне екі-үш желіні ғана қияды. Осыған байланысты, емдеу уақыты М. түйіндерін түгелдей сылып алынғанша (көбінесе, бір жеті он күнге) созылады. Осылай емдеген малды, толық жазылып кеткенше, бір ай бойы бөлек арқандап ұстайды.

Әдеб.: ЦГА РК. Ф.25, О.1, Д.4199, Св.387. О коневодстве в Тургайской области (20.03.1892 г. - 10.10.1895 г.) 187 л.; *Тилло А.А.* Лечение болезней лошади у киргизов // ЗИРГО. 1873. №27. С.42-44; *Тельскевиц О.* Медицинский отчет по внутренней Киргизской орды за 1880 г. // АВН. СПб., 1881. №100. С.105; *Добросмыслов А.И.* Скотоводство в Тургайской области. Оренбург, 1895; *Аргынбаев Х.* Казактың мал шаруашылығы жайында этнографиялық очерк. Алматы: Ғылым, 1969; *Бәделхан Қ.* Халықтық мал емдеу тәжірибелерінен. Өлгей, 1977; *Ruth M.* Early Turkic Contributions on Veterinary Medicine // International Journal of Central Asian Studies. Vol. 1.1996. Seoul. Pp.127-140; 2001; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МАНСАП – басшылық қызметті білдіретін ұғым. М. ұғымы қазақ арасында Ресейлік империяның жаңа саяси жүйесінің енгізілуімен XIX ғасырдан бастап жиі қолданыла бастады. Жаңа басқару жүйесі бойынша ауылдарды – *старшындар*, болыстықтарды – *болыс* басқаратын болды. Осы кезден бастап басшылық қызметке таласу, сатып алу сияқты келеңсіз жайттар бел ала бастаған. Осыған орай ел арасында мансапқа қатысты *мансапқор*, *мансапқұмар*, *мансапшыл* деген ұғымдар жиі айтылып, ондай қылықты халық ұната қоймаған. Өйткені қазақ даласында ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүр бойынша негізінен мансапқа кез-келген адам сайланбайды немесе тағайындалмайды. Керісінше өзінің тектілігімен ел арасына танымал болған адамды халық мойындап, сырттай атақ беретін болған. Осыған орай ел арасында өзінің қадір-қасиетімен танымал болып, белгілі бір қасиеттеріне орай *батыр*, *би* деген атақтар ешбір сайлаусыз, тағайындаусыз сырттай таңылатын болған. Осындай адамдар өз кезегінде елағасы, рубасы, қолбасы, тайпа көсемі болып өздігінен қалыптасатын. Ел арасындағы осындай атқамінерлерді хан-сұлтаннар өз қалауымен белгілі бір жоғары *лауазымдарға* тағайындаған (**қ. Лауазым**). Көп жағдайда ертеден келе жатқан тектілігінің арқасында халық тарапынан қолдау тауып билікке қол жеткізгенімен, өзге жолдармен мансапқа қол жеткізу қазақ қоғамына ене бастады. Ал ер арасындағы ешбір қадір-қасиеті болмаса да, байлығын, таныстығын пайдаланып жаңа жүйе бойынша пайда болған мансапқа қол жеткізу ел тарапынан қабылдана қоймағандығы да осыған байланысты еді. Ресей тарапынан берілетін *шенді*

сатып алып, мансабын өзінің билікке жету үшін жұмсаған шығынын қайта толтыру мақсатында пайдаланып, халықтан алым жинау, қысым көрсету ісі осы Ресей империясының қазаққа таңған саяси жүйесімен келген кесел болды (**қ. Шен; Жүз пара; Пара**).

ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МАҢДАЙ – халық түсінігінде адамның тағдырына тікелей қатысты деп танылған, адам бетінің жоғары бөлігіндегі ашық жері. М.-ды *пешене* деп те атайды (**қ. Пешене**). Адам дүниеге келгенде оның бүкіл өмірін, тағдырын *Жаратушы маңдайына, пешенесіне жазып қояды* деген түсінік бойынша М. қасиетті деп саналды. Сол себепті, қазақта адамды маңдайға ұрмайды, жас баланын маңдайынан қақпайды. Бұл маңдайдың қасиетіне байланысты шыққанымен, бір жағынан бала еркін, өжет, батыр болып өссін деген тілекке де саяды. Сонымен қатар жасы үлкен кісілердің жастарды көбінесе маңдайынан сипайтыны да осы жәйтті аңғартса керек.

Дәстүрлі ортада біреудің ісі алға басып, өмірі баршылықта өтіп жатқандарды «*маңдайына бақ біткен*» немесе «*маңдайының бағы бар екен*» дейді. Ал, керісінше, өмірі азаппен, жокшылықта өткендерді «*маңдайының соры бес елі*», «*сор маңдай*» немесе «*маңдайы сорлы*» деп жатады. Мәселен, Батырлар жырында кездесетін:

*Сен де болдың сор маңдай,
Мен де болдым сор маңдай.
Жеті қабат аралда
Жатушы едік көңіл жай
Маңдайына сыймады –*

деген жолдар соны көрсетсе керек. Осыған орай, қазақта «*Бақ түссе маңдайдан, тас түссе талайдан*» деген бар. Сонымен қатар, адамның еткен еңбегі, еңбекпен тапқан тамағы немесе өз еңбегімен тақыр кедейден, дәулетті байға айналу сынды қағидаларды *табан ақ-маңдай тер, маңдай терімен тапқан, маңдай тері ақталды* сынды тіркестермен сипаттау орын алған. Қазақтың үйлену салтында да М.-ға қатысты түсініктер қалыптасқан. Айталық ер азамат үйленгенде оның алған әйелі *маңдайына жазылған жары* деп есептеледі. Бұған Шал акын өлеңдеріндегі:

*Жақсыдан қатын алсаңыз,
Алланың жауған нұрмен тең.
Жаман қатын алсаңыз,
Маңдайға біткен сормен тең –*

деп келетін жолдар дәлел болса керек.

Дәстүрлі ортаның құмалақшылары құмалақ салғанда адамды *маңдайы, жүрегі, құйысқаны* деп бөледі. Сосын оның маңдайына қарап сөйлегенде: «*маңдайы ашық екен*» -деп болжам жасайды (**қ. Құмалақ ашу**).

Әдеб.: Ақсауыт. Батырлар жыры. Екі томдық. Алматы: Жазушы, 1977; *Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы*. Шығармалары. 10 том. Павлодар, 2005; ҚЭТС. 11-том. Алматы: Арыс, 2009; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МАҢДАЙША – есіктің жоғарғы жағында орналасатын бөлігінің атауы. Киіз үй есігі жиналып қайта құрылатын, яғни, бөлшектері алмалы-салмалы болып келеді. *Сықырлауық* деп деп аталатын бұл есіктер – *босаға*,

табалдырық және М.-дан тұрады. Есік бөлшектері бір-біріне *ергенек, қаламдар* арқылы киілетіндей жасалады (**қ. Ергенек**).



*Киіз үй есігінің маңдайшасы (фрагмент).
ҚР MOM қорынан (НВФ 4851/114)*

Жиі алынып салынатындықтан, мұндай есіктердің бөлшектері оңайшылықпен жарыла қоймайтын қатты ағаштардан жасалатын. Себебі бір М.-ның өзінде уықтың алақаны сыйып тұратын 5-6 ұя жасалады және де оның астыңғы жағында екі босаға, сонымен бірге есік тетігі сұғынып тұратын 5-10 см-дей болатын қашамалары болады. Кей кездері М. үстіндегі ұяның орнына қаптал тұсынан уықты байлай салуға арналып ойық ойылады.



Маңдайша. ҚР MOM қорынан (КП 24108)

Есік ашылып жабылғанда, есікті кереге уыққа бекіткенде, жел соққанда, мал сүйкенгенде тесік, ойықтары жарылып кетпеуі үшін М. босаға, табалдырық сияқты есік бөлшектері әрдайым қайыңнан шабылып жасалатын. Жалпы сықырлауық киіз үйдің көрнекті бөлшектерінің бірі болғандықтан, мейлінше көркемделіп, әшекейленіп жасалатын. Осыған орай М.-ның ішкі жақтары күмістеліп, жылтырақ тастар орнатылып сәнделетін болған.


Кез келген отауды, үйді сыртқы дүниемен байланыстыратын (*жақсылық та, жамандық та есіктен кіреді деген ұғымға байланысты*) есік болғандықтан, дәстүрлі ортада есіктің құрамдас бөліктеріне қатысты ырым-тыйымдар бар. Мәселен, «*М.-ға асылма, М.-ға төбеңді тіреме*» деген сияқты тыйымдарды атап өтуге болады. М.-ға қатысты, осы аталған қатардағы бір ырым: «*Балгер жауырынды ашқаннан кейін киіз үй есігіне арқасын беріп отырып алып, басынан асыра артқа қарай жауырынды лақтырған. Осы сәтте жауырын есік М.-сына тисе, онда айтқаны дөп келеді*», – деген сеніммен байланысты. Сол сияқты, сойылған қойдың төсінің етегіндегі шеміршекті сылып алып, «*Атым жүйрік болсын*» – деп М.-ға лақтырып жабыстырады (**қ. Жүйрік² / Атжүйрік**).



Киіз үй есігінің маңдайшасы. Р. Карутиң *Среди киргизов и туркменов на Мангышлаке* (СПб.: Изд. А.Ф.Девриена, 1911) атты еңбектен

Сондай-ақ, шығыс өңірде мекен ететін қазақтар арасында кайтыс болған адамның жетісіне, қыркына немесе жылына сойылған малдың бас сүйегін молда жартылай мүжігеннен кейін қайтарады. Ал, мүжілген бас есіктің М.-сына немесе босағасына іліп қоятын болған.

Ғимарат есіктерінің құрылымы киіз үйдікімен бірдей болып келеді (қ. *Есік*). Олар да М.-дан, *табалдырықтан, босагадан* және бір немесе екі жармалы, ашылып жабылатын *есіктен* тұрады.



Арыстан-баб кесенесі кіреберіс қуысының маңдайшасы. ОМЭЭ – материалдарынан

Ғимарат М.-сы есіктің беріктігін қамтамасыз ететін негізгі элемент. Өйткені, оған есіктің жоғарғы жағындағы қабырғаның, үй төбесінің салмағы түседі. Сондықтан ғимарат М.-сы әдетте белді, мықты ағаштан жасалды. Сәулет өнерінде кіреберістің жоғарғы бөлігін де М. деп атау қалыптасқан. Сондай-ақ, қазақта бас киімнің маңдай тұсына келетін алдыңғы жағы, сәукеле маңдайына тағылатын асыл тас, күміс әшекейді де М. деп атайды.

Әдеб.: *Куфтин Б.А.* Киргиз-казаки. Культура и быт. Этнологические очерки. №2. Москва: ИЦМН, 1926; *Аргынбаев Х.* Қазақ халқының колөнері. Алматы: Өнер, 1987; *Шойбеков Р.Н.* Қазақ зергерлік өнерінің сөздігі. Алматы: Ғылым, 1991; Шанырақ. Үй-тұрмыс энциклопедиясы. Бас ред. Р.Нұрғалиев. Алматы: ҚСЭ, 1991; *Қасиманов С.* Қазақ халқының колөнері. Алматы: Қазақстан, 1995; Қазақ дәстүрлі мәдениетінің энциклопедиялық сөздігі. Құраст. А.Құралұлы. Алматы: Сөздік-Словарь, 1997; *Кейкін Ж.* Қазақы атаулар мен байламдар. Алматы: Өлке, 2000; *Райымханова К.Н.* Ата кәсіп: этнографиялық зерттеу. Алматы: Қазақстан, 2001; *Ескекбаев Д.* Шығыс қазақстан облысы қазақтарының отбасылық әдет-ғұрыптары // Қазақтың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері: өткендегісі және бүгінгі. Алматы: Ғылым, 2001. 117-130 бб.; *Қыдыралын Ү.* Маңғыстау қазақтары әдет-ғұрыптарының ерекшеліктері // Қазақтың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері: өткендегісі және бүгінгі. Алматы: Ғылым, 2001. 164-170 бб.; *Қыдыралын Ү.* Батыс Қазақстан қазақтарының ғұрыптарындағы

ерекшеліктері // Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет ғұрыптары. 1-том. Біртұтастығы және ерекшелігі. Құраст. С.Әжіғали. Алматы: Арыс, 2005. 150-176 бб.; *Манкеева Ж.А.* Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері. Алматы: Жібек жолы, 2008; ҚӘТС. 11 том. Алматы: Арыс, 2009; *Кенжеахметұлы С.* Қазақ халқының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. Алматы: Атамұра, 2010; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МАҢҚА – жылқы түлпігінде кездесетін жұқпалы аурудың атауы. Қазақта жылқы түлігіне ғана тән мұндай ауруды дөп басып айырудың, одан малды сақтандыру мен ауырғандарын емдеудің түрлі жолдары қалыптасқан.

М. себебін Торғай қазақтары жылқы танауына кіріп, кеуілжір кеңсірігіне тұрақтайтын құрттан және борсыған су ішуден болады деп санаған. Аурудың алғашқы белгісі – жылқының танау шеміршегі айналасында бозғылт түсті өнезденген бөрткендердің пайда болуы.

Халық сипатына қарай М.-ның үш түрін ажыратады: жөтелумен білінген түрін *көкірек маңқа*, ал танаудан іріп аққан түрін *танау маңқа* деп атаған. Ал *без маңқа* түрші емдеуге келмейтін ауыр түрі деп санайды. М. асқынған кезде малдың тамақ тұстарын ісік жайлап, ірің ағады, жүні қуан тартып, үрпіп кетеді әрі жүргенде тез болдырады. Этнограф Х.Аргынбаевтың мәліметіне қарағанда, жылқының танауын күн көзіне қаратып көргенде, кеңсіріктің орта шеміршегінің айналасында қаптаған бөрткен болады. Әбден асқынған кезде тамақ безінің түйіндері іріңдеп, бірте-бірте жарылып, онан қанды ірің ағады. Тағы бір белгісі аяқтарының ісініп, жуандап кететіндігі.

Емшілер М. асқынбай тұрғанда дереу емдеуге тырысқан. Оның бір тәсіл мынадай: атты таза суға шомылдырып таң асырады да, тұз бен тотияйын үгіндісін немесе құрғақ темекіні камыс түтікке салып тұрып танауының екі тесігіне қатты үрлеп жібереді. Кейде саусаққа киілетін темір оймақтың ішіне дәріні салып, жылқының танауына тығады. Сөйтіп дәрі әсерінен қатты пысқырған жылқының танауы М. ірінінен тазаланады. Емді екі-үш рет қайталап жасайды. Дәрі қолда болмаған жағдайда құрым киізді өртеп иіскетеді. Сонымен қатар, М. болған жылқының қолтық тамырынан қан алып, танауына қарандыз түбірінің қайнатындысын құйған (қ. *Қандауырлау*).



Маңқа болған атқа ота жасап, дәріні «арқандап» салу тәсілімен емдеу. ҚР МОМ материалдары бойынша суретті салған Б.Досымов

М.-ны емдеудің екінші бір жолы – алуан түрлі шөп пен жануарлардан алынатын өнімдерді пайдалану. Мысалы,

жыланды бөліп жұтқызу, тірі кесірткені аттың танауына тиіп тұратындай етіп кекіліне байлап кою сияқты тәсілдер бар. Кейде көктөбет, ақсырғақ деген емдік шөпті немесе жаншылған сарымсақты сиыр сүтіне шылап, жемдорбаға салып аттың басына іліп қояды. Мұндайда дәрі әсерінен ауырған жылқы елітіп жығылса ем қонғанының белгісі деп санайды. Мұны, емдік шөптің әсері кенсірік пен тыныс мүшелерін аралап, уыты денесіне таралатындықтан М.-ны қоздырушы құрт уланып қырылады деп түсіндіреді.

Асқынған М. түріне оташылық жолмен ем жасайды. *Көкірек М.* деген түрін емдеу үшін өткір алмас кездікпен кенірдектің сақиналарының арасын теседі. Ал асқынған *танау маңқаны* емдеу үшін танау кеужірінің жоғарғы тұсындағы сүйекті *қуысқұлақ бізбен* теседі. Сөйтіп, ауруының ошағына жақынырақ тұстан дәріні *«арқандап салу»* деп аталатын тәсілмен жеткізеді. Алмас немесе тотияйын тәрізді өте күшті дәрінің бидайдың дәніндей түйірін шүберекке түйіп, байлап оған жібек жіп тағып бойлатып жүгіртеді. Бұл емнің әсерін күшейтетін бірден-бір тәсілге саналған (*к. Дәріні арқандап салу*). Осындай жолмен М. жарасының бетін қайтарған соң жылқы танауына шырғанақтың майын тамызып отырады (*к. Шырғанақ*).

Жұқпалы деп санайтындықтан М. болған жылқының егін жемейді. Өлгендерінің жемтігін өртеп жібереді.

М. ауруына лас жерде ұсталып, құнарсыз жем берген саят құстары шалдығады. Оның белгісі құстың демі сасиды, сырылдап белгі береді. Оның себебін өкпеге жалғасатын кенірдектің ауызын құрт жегені деп түсіндіреді. Оның бір ғана емі – құстың кенірдегіне жылы суға езген апиынды түтікпен құйып жіберу болған.

Әдеб.: ЦГА РК. Ф.25, О.1, Д.4199, Св.387. Л. 73, 105, 1511. О коневодстве в Тургайской области (20.03.1892 г. - 10.10.1895 г.); *Потанин Г.Н.* Очерки Северо-Западной Монголии. Результаты путешествия исполн. в 1876-1877 гг. по поручению ИРГО. - СПб., 1881. Вып. II (материалы этнографические); *Сейдалиев С.* Ветеринария у киргизов // ВОВ. 1906, №4. С.196; *Кожжакин С.К.* История ветеринарии в Казахстане. Дисс. на соиск. ученого степ. канд. вет. наук. Алма-Ата, 1949; *Шалекенов В.Х.* Казахи низовьев Амударьи и истории взаимоотношений народов Каракалпакии в XIII-XX вв. Ташкент, 1966; *Аргынбаев Х.* Қазақтың мал шаруашылығы жайында этнографиялық очерк. Алматы, 1969; *Бабалықұлы Ж.* Мал ауруларын казакша атаулары. Алматы: Қайнар, 1986; *Ruth M.* Early turkic controbution on Veterinary Medicine // International journal of Central Asian Studies. Vol. 1. Seoul, 1997. 127-141 p.; *Хинаят Б.* Қазақтың дәстүрлі малдәрігерлік білім жүйесі (тарихи-этнологиялық зерттеу). Тарих ғылымдарының кандидаты дәрежесіне үшін ұсынылған диссертацияның қолжазбасы. Ғылыми жетекшісі Нұрсан Әлімбаев. Алматы, 2001; *Марғұлан Ә.Х.* Шырғамалары. II том. Алматы: Алатау, 2007; ҚР МММ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МАРАЛ – бұғының ұрғашысы. Халық арасында маралдың *миғақ* деген атауы да кездеседі. Маралдың мүйізі болмайды, құйрығы қысқа болып келеді. Мүйізсіз және қысқа құйрықты болуы оның бұғы бұқасынан айырмашылығын көрсетеді. Бұғының еркегі *бұқа, сұғын*, екі жасқа келген еркек төлі *бұғышар*, үш жастағы алты тармақты мүйізі бар еркек бұғы *алты айыры бұғы*, төрт жастағысы *дөнежін бұғы, дөнен бұқа, төрт қар басқан бұғы, тоғыз айыры бұғы*, кәрілері *он екі айыры бұғы, лақса бұғы*, ал бұғының жас төлі *қодыға, қозықа, қодық,*

бұзау (бұғының сүт еметін жас төлі), ұрғашы бұғылар жас ерекшелігіне қарай *тана бұғы* (бұғының екі жастағы ұрғашы төлі), *пәйке, пәйкел* (маралдың тайыншасы), *ана марал* (жас емес, бірнеше рет төлдеген марал) деп аталады.

«Бүлдіршінді *бура бұзар, пәйкелді бұғы бұзар*» деген қазақ мақалындағы *пәйкел* «маралдың тайыншасы», *бұғы* «бұғының еркегі, бұқасы» ұғымында қолданылған. Сонымен, *бұғы* еркек-ұрғашы бұғылардың жалпылама атауы ретінде (жалпылауыштық мәнде жұмсалатын *қой, жылқы* сөздері тәрізді) және бұғының еркегін аңғартатын сөз ретінде де жұмсалған.

Бұндай жағдай маралға да қатысты. Өйткені ауызекі тілде, сөйленістерде *маралдың еркегі, еркек марал, маралдың еркек-ұрғашысы* тәрізді қолданыстар кездеседі. Бұғы тектес жабайы және қолда өсірілетін жануарларды жалпылама түрде *бұғы-марал* деп атайды да, оларды жынысына, тұқымына, түріне қарай *бұғы, марал, теңбіл бұғы (ақтеңбіл бұғы)* және т.б. деп топтастырады. Өларды түрлі ерекшелігіне байланысты, мәселен бұғыны *ақ бұғы* (бұғының түсі ақшыл түрі), *ала бұғы* (жүнінде ойдым-ойдым болып көрінетін ақ дағы бар бұғы), *ақтеңбіл бұғы* (ақшыл жүні жол-жол болып, тарғылданып өскен бұғы), *алты айыры бұғы* (мүйізі алты тармақтан тұратын үш жасар еркек бұғы) десе, маралды *ақ марал* (жүні ақшыл түсті, дене бітімі сымбатты марал), *кер марал* (жүнінің түсі құла мен қоныр аралығындағы марал) деп бөледі. Қысқасы, халық тілінде бұғының ұрғашысын да, еркегін де *бұғы* деумен бірге *марал* деп те атай берген.



Марал. Интернет материалдарынан

Байырғы қазақ түсінігінде бұғының ұрғашысы – *марал* киелі ан. Оларды керегінше атып алуға, әсіресе буаз кезінде аулауға тиым салынады. Буаз маралды атып алған адам оның кәріне ұшырамай қалмайды, оның қарғысы ұрады. Бұғы-маралдың киелілігі жөнінде аңыз әңгімелерде, халық жырларында бірсыпыра деректер сақталған.

«Қозы көрпеш – Баян сұлу» тәрізді көне жырдың айтуынша жапан түзде аңшылық құрып жүргенде бір-бірімен кездесіп, танысып, ақиреттік дос болуға серттескен Қарабай кеше ата алмаған маралды атып



беруін Сарыбайдан өтінеді. Маралдың буаз екенін көрген Сарыбайдың атқысы келмегеніне карамай: «Мағшардағы күнәсі мен тартайын», «шынымен достықтан кеткенің бе?» деген сияқты өлердегі сөзін айтып атқызғанда, буаз маралдың ішінен егіз қозы шығады. Қарабай жүгіріп барып қодықтарды бауыздап келгенше орнында отырып қалған Сарыбай тұра алмай қалады. Бір-екі ауыз сөз айтады да өліп кетеді.

Халық жыры буаз маралды ату күнә болады, адам түрлі жамандыққа ұшырайды, тіпті опат болады дегенді аңғартады.

Марал қазіргі уақытта Шығыс Қазақстанның таулы, орманды жерлерінде (Оңтүстік Алтай), Сауыр, Тарбағатайда және Алматы облысының Жонғар, Күнгей, Теріскей, Іле Алатауында, Кетпентауда, Нарынқол аймағында кездеседі. Өткен ғасырдың 70-жылдарында бұл аймақтарда марал өсін-өнетін жер көлемі 3 мың шаршы километрдей болған. Басқа аудандарға қарағанда маралдар әсіресе Жонғар Алатауында көбірек ұшырасады. Шөпкоректі маралдар, негізінде, орман-тоғайлы, субальпілік, қоңыржай өңірлерді мекендейді. Алайда, маралдар Іле Алатауындағы Алматы, Оңтүстік Қазақстан облысындағы Ақсу-Жабағалы қорықтарында жерсіндірілген. Ертеректе жүргізілген бір есепке қарағанда (өткен ғасырдың 1968, 1970, 1971 жылдары жүргізілген есептің нәтижесі бойынша) сол тұста Қазақстанда 20 мыңдай марал мекендеген. Сол кездегі Талдықорған облысы аймағында 10 мың, Алматы облысында 6 мың, бұрынғы Семей облысында 700-800 бас, бұрынғы Шығыс Қазақстан облысында 2 мыңдай марал болған.

Маралдың дене тұрқы 1,5 метр, салмағы 150 килограмдай болады. Маралдар (ұрғашы бұғылар) бұғылармен (бұқасымен) күз, қыс айларында үйір құрып, топтанып жүреді. Осы уақытта әр үйірдегі бұғы-марал саны 40-ка дейін жетеді екен. Басқа уақыттарда олар шағын-шағын үйір құрып тіршілік етеді. Маралдар тобы *марал үйірі*, *марал табыны* деп аталады. Бұғы-маралдардың күйлеу кезі *күйек* деп аталады. Маралдың бұғымен шағылысатын кезіндегі күйін *маралдың күйіті*, бұғыға тоқтап, қашып кетуін *маралдың күйектен шығуы*, *күйек қайтару* дейді. Оны кейде *бұғыдан қашу* деп те қолданады. Күйек кезінде бұғыларының екі бүйірі қабысып, *күйек бабына түседі*. Күйек кезінде бұғының маралмен шағылысуын *күйекке түсу*, *күйекке түсерде бұғының «ааууаалап» дыбыс шығаруын күйек шақыру* деп атайды. Маралдардың күйек қайтару уақыты жылдың тамыз-қыркүйек айларына тура келеді. Күйек кезінде бұғылар киіктердің текелері тәрізді бір-бірімен қатты сүзisedі. Жөніп шыққандары күйекке түседі. Күйекке түсетін бұғылардың жекпе-жегі жазушы О. Бөкеевтің «Кербұғы» атты әңгімесінде әсерлі суреттеледі.

Дәл биылғы күйек тым қиын тиерін ертеден болжап білген, жылдар жылжып өткен сайын өзінің де алқуаты бопсаланып, кәрілік меңдей бастағанын сезетін. Сондығы ма, таңертең соқталы шайқасқа түспей-

ақ, барлық табынды өзімсіне ала жөнеліп еді, нәпсі сақал сыйлатпайды екен, жастау бұғылар өжіректен бастырмады ғой. Сонсоң ежелгі намыс қамшылап, теке тіреске жетеледі. Кәрілік құрғырда ұят жоқ екен, дәті алдындағы он екі салалы мүйізді сабалақ жүнді бұғыдан тайсақтады; соңыра шын айқасқа түсіп, ең соңғы екі дәу жеке-дара қалғандай болса қайтер еді. Кербұғы тағы да қарсыласына қарады. Бірақ екеуі де іштей сескеністерін бір-бірінен жасыра телмірісті де, оқыс шегініп, бар парменімен алға атылды. «Сарт!» Бұдан соң ілгерінді-кейінді сарт-сұрттан құлақ тұнар еді. Тең екіге бөлініп бетпе-бет тұрған бұғылар бұрынды-соңды болып көрмеген ұлы ұрысты бастап та жіберді. Шаңырақтана бастаған жасқылытым мүйіздер ауаны осқылап, қайыңның безіндей қатып-семген маңдайлар соғылысқанда, жарқ етіп от шыққандай болады. Өлім мен өмірдің екі арасындағы күйекке алғашқы болып түсу үшін жүріп жатқан майдан саф ерліктің, шын еркектің асқаралы үлгісіндей еді. Қолдан мүсіндегендей қаздиган бастар оқтай атылып түйіскенде, алтын кебісті бір-біріне ұрғандай әсем әрі аянышты. Алтай күзінің ертеңгілік қою тұманы арасында қараң-қараң жүріп жатқан жекпе-жек тура үш сағатқа созылғанда бәсеңсіді де, тұманмен қоса серпілді. Етегін сүйрете жынысқа сіңіп кеткен тұманнан арылған сары жасыл алаңқайда тек Кербұғы мен енді ғана күйектің иісі мұрнына келе бастаған Жасбұғы қалып еді. Өзгесі жеңіліс тауып, тұманмен қоса орманға босып кетіскен-ді.

Күйектен шыққан маралдар мамыр-маусым айларында төлдейді. Көбінесе жалқы туады. Тұмса емес, бірнеше рет төлдеген марал *ана марал* деп аталады.

Марал шаруашылығы – бұғы-марал өсірумен ұжым болып шұғылданатын ауылшаруашылығының бір саласы. Халық тілінде бұл кәсіп, шаруашылықты *бұғы шаруашылығы*, *марал шаруашылығы*, *бұғы бағу* деп, ал кәсіп иесін *маралшы*, *бақташы* (ол *бақташы* және *аға бақташы* деп бөлінеді), маралшылар тұратын шағын ауылды *бұғылы ауыл*, бұғылардың жайылатын жерлерін *бұғы өрісі* деп атайды. Бұғы-маралды, негізінде, бағалы дәрі жасалатын мүйізі мен еті, терісі үшін өсіреді. Маралды қолға үйрету Оңтүстік Алтайда 19 ғасырдың орта шенінде басталған.

Совет өкіметі тұсында Қазақстанда бұғы-марал шаруашылығы 1924 жылы ұйымдастырылған. Шығыс Қазақстанда бұғы-марал өсіретін Верхкатун және Катон қарағай марал кеңшарлары (ол кезде *совхоз* деп аталған) кезінде совет одағындағы ең ірі панты өндірілетін бұғы шаруашылықтары болып саналған. Мемлекетке өткізетін барлық панты өнімінің 30 пайызға жуығы осы екі кеңшарда дайындалған. Бұғылардың жас мүйізі мамыр-тамыз айларында қашада орналастырылған арнаулы станоктармен кесіп алынған. Орта есеппен әр бұғыдан 5-6 килограмм, кейбір бұғылардан 12-14, тіпті кейде 16 килограмға дейін мүйіз, әр жүз маралдан жылына 40-50-ден бұзау алынған. Қолда өсірілген бұғы-маралдың тек мүйізі ғана емес,

олардың ұрығы мен шыбығы, күйрығы, сіңірі де шығыс емшілігінде әртүрлі ауруларды дауалауға ертеден-ақ пайдаланылған.

Бұғы-маралдар өсімдіктің 250-ден астам түрімен қоректенеді. Басқа да жануарлар сияқты бұғы-маралдар да шөпті таңдап жейді. Мәселен, қолда бағылған ауру бұғыға тәжірибе ретінде орманда өсетін көптеген шөп түрлерін бергенде, ол солардың арасынан таңдап, емдік қасиеті бар түрлерін жеген. Сау бұғыларға да шөпті осылай бергенде, олар талғамай жей берген. Сол секілді буаз маралдардың көбіне дәруменге бай шөптерді таңдап жейтіні, үлкен мүйіздері өсетін кезде еркек бұғылардың құрамында әк мол кездесетін суды іздеп бірталай жер жүретіні байқалған. Маралдың әр маусымда жейтін шөп түрлері де әртүрлі болып, өзгеріп отырады. Жаз айларында тау беткейлеріне жайылып, *маралшөп, күреңот, қалуен* тәрізді және әртүрлі қияқ шөптерді тауып жейді. Сонымен бірге бұғы-маралдар кейбір улы шөптермен (жейтін азығының 25-30 пайыздайы) де қоректенетіні анықталған. Қысқа қарай бұғы-маралдар таңертеңгі және кешкі уақыттарда жайылып, күндіз орман-тоғай ішінде жусайды. Жазда марал, бұғылар тау басына, биік шыңдарға шыкса, қыста ойға түсіп, жазықта жайылады. Жыл маусымына қарай осылай жайылым ауыстырып отырады. Мүйіздің сапасы бұғы өрісінің шөбіне, жайылымның сонысына тікелей байланысты болып келеді.



Марал. Интернет материалдарынан

Бұғы-маралдар жазда биік қоршалған, көлемі үлкен аумақты алып жататын қоршау-аландарда бағылады. Осындай қоршауларды *қаша, саты* деп атайды. Қашаны ұзын-ұзын бөренелерден саты (баспалдақ) тәрізді етіп қадаларға (қазық ретінде орнатылған жуандау ағаш) бекітіп жасайды. Қоршаудың қабырғалары бөлек-бөлек ағаштан жасалған шарбақтардан да құрастырылады. Бұғы сатысының кейбір жеріне какпа орнатылады. Ретіне қарай бұғы-маралдарды жайылымда бағу әдісі де қолданылады. Жас төлдеріне қора салынады. Қыстауда маралдарды қолдан азықтандырады.

Марал шаруашылықтарында мүйіз отау. Марал шаруашылықтарында бұқалардың мүйізі мамыр-тамыз айларында бұрын қол арамен, кейінгі уақытта арнаулы

станоктармен кесіп алынған. Оны *мүйіз отау* дейді. Мүйіз отау үшін бұқаларды жайылымнан *қашаға* айдап әкеледі. Мүйіз кесуге арналған орынды да *қаша* дейді. Бақташылар бұқаларды қашаға айдап әкеліп, отайтын жерге кіргізу үшін құрық, арқан, сойыл тәрізді құралдарды пайдаланады, қажетті жерінде құйыскандап тартады. Қашаны биік етіп жасайды. Ол бөлек-бөлек бес шарбақтан тұрады.

Шығыс Қазақстандағы маралшылар еңбегі туралы баяндау барысында жазушы Қ.Ысқақов қаша туралы былай деп жазады: *Қашаның биіктігі бес метр. Бөлек-бөлек бес шарбақ. Бес шарбақта құма-құма бес есік. Ең соңғысы жалғыз атты сыймайтын тар дәліз, шегінетін бұлтарыс та жоқ, станокке әкеліп бір-ақ тығады. Тағының әзірейілі – қан сасыған осы станок, иісін алғаннан-ақ тік шапшып, үңірейген қуыстан аю көргендей үркеді. Ауызғы шарбақтағы он бұқаның оны да үңірейген қуысқа едірейісіп, төрт тағандап қатып қалыпты, бүйірінен сойылдың ұшы қадалғанда да тырп еткен бірі жоқ. Жігіттерді азатқа салған қос бұғы ауызға келіп кептелді де, әрмен қарай баспай қойды. Бірі – ақжон керіскедей дәу бұқа, мүйізі де қарағайдай, екіншісі сыттығырдай кер дөнен екен. Он ат келіп қыспаққа алғанда кес-кестеп орағыта берген дөненді ақжон бұқа алдыңғы аяқпен күрс еткізіп бір тартыған. Дөнен байғұс ұмтылып барып шөке түскенде, Старшой «пышақ» деп айғай салды. Ашулы ақжон бұқа бір тартығанда-ақ бел омыртқасын үзіп жіберген екен, кер дөнен қас қағымда пышаққа ілінді, қас қағымда мүйізі оталды (Қ.Ысқақов. Ақсу – жер жаннаты. Алматы: Жазушы, 1989, 387-б.).*



Марал. Интернет материалдарынан

Оталған мүйіздерді бір адам безбендеп, нақты салмағын анықтап қабылдап алады. Одан кейін жиналған мүйіздер өңделеді. Оны *мүйіз баптау* дейді. Дұрыс бапталмаған мүйіздің шипалық қасиеті сақталмайды. Шипалы дәрі алынатын мүйізді баптау оларды үлкен қазанға салып қайнатудан басталады. Одан кейін мүйіздерді қақтайды. Мүйіздер мүйіз қақтайтын моншада қақталады. Қақталған мүйіздерді мүйіз кептіретіп өреге іліп қояды. Мүйіз қайнату мен қақтаудың уақыт мөлшері қатаң сақталады. Мүйіз



баптаудың осындай үш түрлі жұмысы (қайнату, қақтау, кептіру) үш рет қайталанады. Онсыз мүйіз құнды емес деп саналады. Мүйіз отау, мүйіз баптау жұмысы қыркүйекке дейін созылып, қыркүйекте күйек алынады, қазан айында түскен өнім мемлекет қазынасына тапсырылады.

Мүйіздің сорпасын жел-құз, құян ауруларын емдеуге қолданады. Ол үшін ауру адам мүйіздің сорпасына түседі. Емделушілер мен жергілікті тұрғындардың, маралшылардың айтуынша, мүйіздің шым-шым сорпасына он-он бес минуттан он төрт күн шомылған адамдар құян, жүйке ауруларынан айығады. Сондықтан осындай ем алуға келушілер саны көп болған.

Әдеб.: Қозы қорпеш – Баян сұлу. Алматы: Жазушы, 1967; Қыдырбаев Х., Бекенов А. Қазақстанның аң байлығы. Алматы: Қайнар, 1973; Қазақ совет энциклопедиясы. 7-том. Алматы: Қазақ совет энциклопедиясының бас редакциясы, 1975; Бөкеев О. Кербұғы // Ұйқым келмейді. Алматы: Жазушы, 1990; Ысқақов Қ. Ақсу жер жаннаты. Алматы: Жазушы, 1989; Сәтімбекұлы Р., Ережепова Ф., Унасбаева Б. Тәрбие тағылымдары. Алматы: Нұрлы жол, 2002; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МАРАЛҚУРАЙ / МАРАЛШӨП / МАРАЛ ТАМЫРЫ (*Leuzea carthamodes*) – Қазақстанда Алтай тауларында өсетін, биіктігі 2,0 метрге шейін болатын, астра тұқымдастарға жататын бір жылдық өсімдік. Халық медицинасында М. жүйке ауруларына шалдыққан, күш қуаты әлсіреген, жыныстық қабілеті төмендеген адамдарды емдеуге қолданылады.



Маралқурай. ОМЭЭ – материалдарынан

М.-дың емдік қасиеті жайлы ел арасында көптеген аңыздар тараған. Бірінде әлсіреген маралдар тебіндеп М.-дың тамырын қазып жегенде жарасынан айығып, аңшыларға ұстатпай кеткендігі, оны адамдардың дәрі ретінде пайдалануына себеп болған десе, енді бірінде жүре алмай, тұралап қалған жас сәби М.-дың тамырын жеп бір мезетте тұрып қана қоймай, асқан күш иесі болып елін қорғапты делінеді. Жалпы Алтай өнірін мекендеген халықтарда (қазақтар, монғолдар, орыстар, телеуіттер т.б.) М.-тің емдік, дәрумендік қасиетіне ерекше мән беріп, емшілік практикада қолданысының кеңінен таралғанын атап кету керек.

Халықтық медицинада, М.-дың түрлі тәсілмен дайындалған сабағы, жапырақтары, тамыры қолданылады. Әдетте судың немесе спирттің негізінде дайындалған қайнатымдар мен тұнбалар болып келеді. Мәлімет берушілердің айтуы бойынша ашық жараларды емдеуге М.-дың ұнтақталған тамырын майға шылап таңып тастаса жақсы әсер етеді.

М.-тен жасалған түрлі препараттар қазіргі медицинада кеңінен қолданылатыны белгілі. «Сафлор тектес левзеяның тұнбасы» деген атпен М.-тің 70% спирт тұнбасы, адам ағзасы әлсірегенде қолданылатын дәрі ретінде қолданылады.

Әдеб.: Искендіров Ә. Қазақстанның дәрілік өсімдіктері. Алматы: Қазақстан, 1982; Исамбаев Ә. Дәрілік өсімдік // Қазақ елі. 9 тамыз 1996; ҚР MOM – қорынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МАРҒАУ / МӘУЛЕН – мысықтың баласы. Мысық балалағанда бірнеше М.-ды қатар туады. Көзін ашпаған мысық баласын жергілікті тілде *мақау, соқыр* деп те атайды. Бұлай атау М.-дың жай-күйіне байланысты болса керек. Өйткені мысықтың баласы оншақты күнге дейін көзін ашпайды. Сонымен қатар мысық баласы туа салысымен тез аяқтанып кетпей, дәрменсіз туып, бірнеше апта сылбыр қозғалады. Осыған орай адамды ұйқы басып, маужырап жүргенде *марғау тартты, марғаусыды* деп жатады.



Марғау. ОМЭЭ материалдарынан

Мысық жаңа туған М.-ын қызғанып, миаулап желкесінен тістеп алып, көзден таса жерлерге тасып жүреді.

Әдеб.: Қазақ тілінің аймақтық сөздігі. Алматы: Арыс, 2005; Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: Биология / Жалпы редакциясын басқарған профессор Е. Арын. Павлодар, 2007; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МАРЖАН – зергерлік бұйымдарға, киімдерді әшекейлеуге кеңінен қолданылатын асыл тас. М. казак зергерлеріне жартылай өңделген түрінде Таяу Шығыс елдерінен жеткізілетін болған.



Маржан. ҚР. MOM қорынан (КП 12511/5)

Біркіер қымбат киімдерді, матадан тігілетін бұйымдарды әшекейлеуде *М.* бастырып тігу қазақтың дәстүрлі қолөнерінде жиі кездескен. Оған негіз болған тіл-көзден сақтанудың магиялық шараларында *М.*-ның ерекше орын алғандығы болса керек. *М.*-ға ерекше қасиет телу ал қызыл *М.*-дардың араб елдерінен, яғни Меке жактан келуімен байланысты болса керек. Жалпы табиғатта *М.* алуан түсті болғанымен, қазақ арасында *М.*-ның ең көп тараған түрі Таяу Шығыстан жеткізілетін ал қызыл *М.* болатын. Ұзатылатын қыздың жасауын жасақтағанда оны әсемдеу мен тіл-көзден сақтау шараларына ерекше көңіл бөлген. Сондықтан, түрлі тұмарлар, үкі қауырсындарын, құндыз терісін, маржан моншақтар тағатын. *М.* өзінің алқызыл әдемілігімен өте жоғары бағаланатын асыл тас ретінде және қорғаныс қасиеттеріне байланысты сәукеле әшекейінде көптеп қолданылатын.

ҚР MOM қорында сақтаулы (КП 3427) сәукеленің негізгі әшекей тастары маржан моншақтардан тұратындығы осы аталған жайттың дәлелі болып келеді.

Біркелкі ұсақ *М.*-дарды тізіп *моншақ жасау*, *моншақтап тігу* секілді әшекейлеу жұмыстары байырғы уақытта жиі кездесетін. Осыған байланыста *маржан* деп *моншақты* да атай беретін болған.



Тұс кілем. Фрагмент. ҚР MOM қорынан (КП 13115а)

ҚР MOM қорында Семей өңірінен түскен маржан тұс кілем сақтаулы (КП13115а). Орта тұсы күдеріден, жиегі жасыл барқытпен көмкерілген, барқытты айналдыра құндыз терісімен жұрындалған. Кілемнің ортадағы күдеріден тігіліп кестеленген көлі – «игерілген ортаны» айналдыра жасыл барқытқа орнатылған *М.* гүлдер мен күміс әшекейлер шартты түрде бірінші қорғаныс «шебін» құраса, оның сыртын айналдыра көмкеріп тұрған құндыз жұрын қорғаныстың екінші «шебін» құрағандай болып тұр. Яғни, бұл жерде ерекше атап кететін жай жасыл барқыттың үстіндегі алқызыл *М.* гүлдер, қонырқай күдері тұс кілемге ерекше көрік беріп тұрумен қатар, үлкен қорғаныстық функциясын да атқарып тұрғанындығында.

Әдеб.: Фасмер М. Этимологический словарь русского языка. Том II. М., 1967; Қазақ совет энциклопедиясы. 7-том. Алматы: Қазақ совет энциклопедиясы-ның бас редакциясы, 1975; Баранов Х.К. Арабско-русский словарь. М., 1977; Шойбеков Р.Н. Қазақ зергерлік өнерінің

сөздігі. Алматы: Ғылым, 1991; Қазақ кілемдері мен тоқыма бұйымдары. Ғылыми каталог (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде). Ғылыми редактор және жоба жетекшісі Нұрсан Әлімбаев. Алматы: ICOS, 2012; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МАРҚА – ерте туылып, есейіп қалған қозы-лақтардың жалпы атауы. Қазақ *марқа қозы* деп көбінесе еті жетіліп, сойысқа жарап қалған қозыларды атайды. Әдетте, қозы-лақтың селдір-сұйық «*қарын жүні*» жетіліп қыркуға жараған кезінен бастап *М.* деп саналатын болған. Ерте көктемде алғаш туған төл, уақытылы туған «күйек төлге» қарағанда ерте жетілетіндіктен *М.* деп аталады (**қ. Төл**). Ал күзде кенже туған қозы-лақ келер жылдың көктемінде сарпаяқ *марқа* деген атауға ие болатын. Еті жеуге жараған *М.* қозыларды *бағлан* деп те атаған. Бір айта кететін жай, дәстүрлі ортада, *М.* лақтың етін тек Үркер көтерілгеннен соң тұтынуға болады деп саналған. Өйткені, аталған уақытқа дейін етінің «желі» көп деген ұғым қалыптасқан.

Шілде, қыркүйек айларының аралығында сойылған *М.* қозының терісі *сеңсең* деп аталады. Одан түрлі сырт киімдер тігіліп, мұндай киімнің атауына *сеңсең* сөзі қосылып айтылады. Мысалы: «*сеңсең ішік*», «*сеңсең тон*», «*сеңсең телпек*» және т.б. *М.*-ның жүні қалың, терісі жұқа болып келеді. Осыған байланысты *сеңсеңнен* тігілген жылы әрі жеңіл киім ел арасында көп таралған қысқы киімдер қатарына жатады (**қ. Сеңсең ішік; Телпек**). *М.* сөзіне байланысты бір айта кететін жайт, қазақ тілінде төрт түлік төлінің жетілуін «*марқаланды*», «*марқайды*» деген ұғымдар білдіреді.

Әдеб.: Чорманов М. Заметка о киргизах Павлодарского уезда // ЗЗСО ИРГО. Кн.33. Омск, 1906. С.1-32; Ермеков Ә. Қазақтың малшылық лексикасы жөнінде // ҚМ. 1962. №2. 82-84 бб; Жанәбілов Ш. Қазақша мал атаулары. Алматы: Қайнар, 1982; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МАРҚҰМ – о дүниелік болған адамға қатысты қолданылатын ұғым. *М.* – арабтың «алланың рахымына бөленген» деген сөзінің қазақшаланып, өзгерген түрі. Яғни, «ар-рахман, ар-рахим» – аса қамқор, аса мейірімді, екі дүниені де жарылқаушы деген мағынаны білдіретін сөзден алынған. Қазақы ортада *М.* ұғымы *о дүние*, *жан*, *рух*, *аруақ* ұғымдарымен тығыз байланыста болып келетіндіктен қайтыс болған адамның атын тікелей атамай, *М.* сөзін қосып айту салты орныққан. Яғни, *М.* ұғымы бақилық болғандықтың анықтаушы болып келеді. *М.* ұғымына, дәстүрлі ортада жағымды мағына беріліп айтылатын болғандығын атап кету керек. Яғни, бұл үрдіс – аруақты сыйлау, оның атын құрметпен атау мақсатында қолданылатын ұғым болып қалыптасқан (**қ. Жан**). Қазақы наным-сенім бойынша *М.*-ның жаназасын шығару кезінде немесе жалпы еске алған кезде оның тек жақсы істері мен қылықтары ғана айтылып, оң тілек білдірілуі тиіс. Алайда, жағымсыз қылықтарын «*қара жер хабар бермесін*» дей отырып қана айтады. Ол аруақты сыйлаудан және аруақ ренжісе тірілерге залал тигізуі мүмкін деген қорқыныштан қалыптасқан болса керек.

Қазақта адамның қайтыс болғанын білдіру үшін «*марқұм болды*» деп естіртіп немесе білмегендерге «*ол*



кісі марқұм болған» деп айту арқылы ескертіп отарады. Адам өмірден өткен соң көңіл айтуға келгендер егер әлі жерленбеген болса М.-ға бағыштап *иманы салауат болсын, иманы жолдас болсын, иманды болсын, арты қайырлы болсын, өлгенге иман, қалғанға береке берсін* деп көңіл айтады. Ал жерленгеннен кейін М.-ның туыстарына көңіл айтуға келушілер: *марқұмның жатқан жері жайлы, жаны жәннатта (пейіште) болсын, жаны жұмақтың төрінде болсын, топырағы торқа болсын, қараңғы қабірі нұр болсын, мінгені пырақ, ұстағаны шырақ болсын* деп ықыластарын білдіреді. М. болған адамды о дүниеге шығарып салу, яғни, жерлеу үрдісі көптеген жосын-жоралғылардан тұрады (**қ. Жерлеу**). Олардың қатарында жерленген күнгі *қонақасы*, кейбір өлкелерде *үші*, кайтыс болғаннан кейінгі *жетісі*, *қырқы*, кейбір өлкелерде *жүзі* және жыл шамасында *жылы* беріледі. М. тірісінде танымал, беделді адам болған болса *ас беріледі* (**қ. Ас беру / Ас**). Қазақы ортада осы аталған ғұрыптар кезінде құран оқып, дұға бағыштап, мал сойылып, *құдайы* беріледі, оған алыс-жақындағы ағайын-туыс, жегжат-жұрағат мейілінше түгел қатысуға тырысады. Мұсылмандық түсінікте бұндай жоралғылар Құран сүрелерінен бағышталған дұғалардың киелілігімен түсіндіріледі, артында қалғандар жиі еске алып, М.-ға арнап дұға оқып тұрса жыл уағына дейін *«амал дәптеріне жазыла береді»*, осы негізде мәңгілік мекенде *рухы жайланып, тыныштықта болады* деген сенім орныққан (**қ. Амал дәптер**). Дұға етуші немесе жоқтаушы өз сөзінде дұға арқылы М.-ның аруағын риза етуді ұдайы дәріптеді:

*Өлген адам мүсәпір,
Мұқтаж болып тұрады
Оқыған аят-дұғаға*

Сондай-ақ, осы наным-сенім *«өлі дұғаға тоймайды»* деген де мәтелге негіз болды.

Дәстүрлі ортада бейсенбі күні түс ауа немесе жұма күндері М.-дарға арнап *жеті нан* пісіріп, құран бағыштап, олардың ризашылығын алатын жосын-жоралғы жасайды (**қ. Бейсенбілік, Жұма**). Ол *иіс шығару (иіс қылу), майдың иісін шығару, май қоңырсыту* деп түрліше аталады. Жеті шелпектің «садақа нан» ретінде алтауын таратып, біреуін өз үйінде қалдырған. Ал қазақтың көп өңірлерінде бұл *«жеті шелпек»* – *«құдайы нан»* деп аталып, жетеуі де таратылған. Бұл *«құдайы нанды»* алушы *«құдайы қабыл болсын»* деген ниетпен қабылдауы тиіс болған.

М.-ның жеке киім-кешектерін, күнделікті тұрмыста қолданған заттарын, мінген атын *«тұлдайтын»* болған (**қ. Тұл**). Сонымен бірге, жоқтау айту, қыркын берген соң мәйіт шыққан үйге қаралы ту тігіп ас бермек болғанының белгісін орнатуы, әйелінің киім кию тәртібін өзгертіп аза тұтуы сияқты т.б. жосын-жоралғылар М.-ның аруағын мәңгілік мекенге шығарып салуға байланысты атқарылатын әдет-ғұрыптар болып саналады (**қ. Жоқтау; Қара тізу / Қара тұрғызу / Қара ту**). Дәстүрлі ортада ас беру кезіндегі осы аталған жосындардың жасалуы, ас беріліп, тұл ат сойылуы М.-ға арналған құрбандық шалудың соңы болып

есептелген. Өйткені, тұл ат М.-ның о дүниеде мінетін *пырағы*. Қайтыс болған адам жылы немесе асы өткен соң да ұмытылмай, онан кейінгі кезеңдерде де арнайы құран оқып, дұға бағыштайды. М.-ға деп атап садақа беріп, құрбан айттан үш күн бұрын арнайы *құрбандық шалып, шек беріп* отырады. Дегенмен, қазақы ортада М.-ның атын жөнсіз атай берудің *аруақты мазалау* деп есептеліндігі жөнінде де түсінік бар.

М.-дар жерленген мәңгілік мекен – *зират* қазақы ортада тірілердің аруақтарға сыйынып-жалбарынудың, яғни өлі мен тірі арасындағы қатынастың киелі орны ретінде қызмет атқарады (**қ. Бақи / Бақи дүние, Қабір**).

Әдеб.: Әлімбаев Нұрсан. Қазақтың өлікті жөнелтуге байланысты жосын-жоралғыларының этномәдени проекциясы // ҚР ҰҒА-ның хабарлары. Қоғамдық ғылымдар сериясы. 1994. №4. 36-48 бб; Әлімбаев Нұрсан. Қазақ этнологиясының қазіргі тарихнамалық және теориялық мәселелері // Гуманитарлық ғылымдар Академиясының хабаршысы. 1998. №1. 155-159 бб; Катран Д., Бейсенов А. Элементы традиционной культуры питания народов Центральной Азии (археологические и этнографические аспекты) // Орталық музей еңбектері: музей ісі, тарих, этнология, фольклортану, антропология, деректану, нумизматика. I шығарылымы (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде). Ғылыми редактор Нұрсан Әлімбаев. Алматы: Ғылым, 2004. 180-186 бб; Смағұлов Е. Ас // Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. 1-том. Біртұтастығы және ерекшеліктері. Құраст.: С.Әжіғали. Алматы: Арыс, 2005. 245-265-бб.; Қазақ әдебиетінің тарихы. 1-том. Қазақ фольклорының тарихы. Жалпы ред. басқарған: С. Қасқабасов. Алматы: ҚазАқпарат, 2008; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МАРЛАМҚАШ – жас жеткіншектердің ойыны. Аталмыш ойынды жазда түнгі уақытта ойнайды. Ойынға қыздардан гөрі ұл балалар көбірек қатысады. Ойыншылар екіге бөлінетіндіктен ойынға қатысушылардың санына шек қойылмайды. Екі топтың келісімі бойынша *жасырынатын топ* пен *іздеуші топ* болып іріктеледі. Екі топ ойыншыларының саны тең болады. Жасырынатын топ бір жерге сырт киімдерін шешіп тастайды да алысырақ жерге барып жасырынады. Олардың киімін ересек балаларға еріп шыққан жасы кіші балалар күзетіп қалады. Бұл жер *орда* деп аталады. Сосын іздеуші топтың ойыншылары дауыстап:

*Марламқаш,
Мені көрсең,
Тұра қаш!* –

деген сөзді жамырай айқайлап айтады да іздеуге шығады. Бұл ойын басталды дегенді білдіреді. Қараңғы болғандықтан іздеуші жасырынған ойыншының дәл қасына келіп, анық таппайынша ол қозғалмастан жата береді. Егер дәл үстінен түсер болса, жасырынған ойыншы бар жылдамдықпен тұра қашады. Ойын шарты бойынша ол қуғыншыға жеткізбей сырт киімін шешкен жерге, яғни жас жеткіншектер күзетін тұрған ордаға жету керек. Егер ол ордаға жетпей ұсталып қалса, қуып жеткен ойыншыны арқасына мінгізіп, ордаға арқалап келеді. Бұл жерде ұстап алған ойыншының мерейі үстем болады. Ал, керісінше, қашқан ойыншы оған жеткізбей ордаға келсе, оның топ алдында беделін көтереді.

М. ойынының ерекшелігі ойыншылар басқа ойындарға қарағанда өте қатты жылдамдықпен жүгіреді. Бір жағынан қарсыласын арқасына салып алып жүрудің өзі күшті қажет

ететіндіктен, ойын барысында жеңіске жеткен топтың қуанышында шек болмайды. Сондықтан, аталмыш ойынға екінің бірі қатыса бермеген. Топтың ішіндегі ешкімге жеткізбеген жүйріктеріне жақтастары «жүйрігіміз», «ұшқырымыз» деп аса құрметпен қарайды. Яғни, аталмыш ойында қатты жүгіретін, қуса жететін, қашса құтылатын жүйрік балалардың атағы көрші ауылдарға дейін жетеді. Кейде М. ойыны көрші тұрған ауыл жастарының арасында да ұйымдастырылады.



Марламқали. ҚР МОМ материалдары бойынша суретті салған Б.Досымов

Бұл жарысқа өз ауылдастырының ішінде жүйрік шыққандарын кәдімгі бәйгеге қосқан жүйріктей үкілеп қатыстырады. Ондай жүйрік балалардың мойнында тіпті тұмарлары да болады. Осындай жүйрік балалардың атағының шығып, ортада беделді болуы басқа балаларды да көп жаттығып, жүйрік болуға ынталандырады. Аталмыш ойын өсіп келе жатқан жеткіншектердің денесін шынықтырып, денсаулықтарының мықты болып өсуіне зор ықпал етері сөзсіз.

Әдеб.: Тәтенаев Б. Қазақтың ұлттық ойындары. Алматы: Қазақстан, 1978; Сағындықов Е. Қазақтың ұлттық ойындары. Алматы: Рауан, 1991; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МАРТУ – байырғы түсінікте адам мен малға қасқой болып келетін кейіпкер атауы. Кейбір мәліметтерде ол албастының бір түрі ретінде сипатталады. Мифтік аңыздарда М. әсіресе, жана босанған әйел мен төлдеген саулық малға қас жасайтындығы, дәлірегі олардың өкпесіндегі жанын ұрламаққа әрекет ететіндігі айтылады (қ. *Өкпе*). Яғни, М. жан алғыш албастының бір түрі. Ғалым Ә.Төлеубаевтың мәліметіне қарағанда, М.-ды қазақтар әйелдердің бедеулікке душар ететін басты себептерінің бірі деп санаған. Оның бір осал тұсы *қамшы*, *қылыш* сияқты қарудан, сондай-ақ бүркіт, үкі тәрізді мысы басым жыртқыш құстардан сескенеді, қашады деген түсінік бар. Сондықтан, босанған әйелді М. сияқты зиянкес, қасқой күштерден қорғайды деген мақсатпен оның қасына бүркіт, сұңқар текті құстарды әкеліп қойған. М.-дың тағы бір сескенетіні қабажалды құтпан айғырды әйел қиналып жатқан үйге

кіргізу сияқты амал жасау (қ. *Құтпан / Құтпан мал*). Жас босанған әйелдың төсегінің тұсына қару-жарак іліп қою, төсек сырмағына пышақ, кездік жасыру, үкі қауырсыны, бүркіттің тегеуіріні, аюдың тісі сияқты тотемдік заттарды сақтандырушы тұмар ретінде тұтынудың түпкі мәні, сайып келгенде адамға қас албастының түрлерін дарытпау, үркіту қорқыту дегенге саяды.

Марту басы. Төрт түліктен сиыр мен інген туғаннан кейін бәңгірін тұра алмай дел-сал болып қалуын ертеде қазақ малшылары «*марту басы*» деп атаған. Марту басып тұра алмай қалған саулық жүріс-тұрысынан айырылып, жем-суға зауқы болмай жатып қалады. Мұндайда малшы немесе сауыншылар саулық малдың желпіні мен сауыр тұсын, реті болса өне бойын қоға, қияқ сияқты шөптермен ысқылап ем жасаған. Сонан жылылап жабулап, жем-суды мол беріп, ерекше күтімге алады.

Егер мұндай шаралар нәтиже бермесе, «марту басқан» малға мендуана және ермен сияқты күшті әсер ететін шөптің түтінімен ыстайды. Яғни, оның жүйке жүйесіне тітіркеніс береді. Аурудың пайда болуы себебін мифтік тұрпайы түсінікпен байланыста қарастырғанымен, керісінше оған қарсы рационалды шара жасауы көшпелі ортадағы бақылау тәжірибелерімен байланысты қалыптасқан деуге болады. Яғни, дәстүрлі ортадағы М. туралы архаикалық түсінік тарихи-мәдени даму барысында трансформацияланып жаңаша ренге енгендігі байқалады.

Әдеб.: Колбасенко И.С. Некоторые киргизские обычаи и поверья, имеющие акушерские значение // Протоколы заседания акушерско-гинекологического общества в Киеве. Вып. V. Киев, 1889. С. 45-51; Баялиева Т.Д. Доисламские верования и их пережитки у киргизов. Фрунзе: Илим, 1972; Басилов В.Н. Албасты // Мифы народов мира. Т.1. М.: Советская энциклопедия. 1980. С.75; Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. Алматы: Ғылым, 1984; Уәлиханов Ш. Таңдамалы. Алматы: Жазушы, 1985; Төлеубаев А.Т. Реликты доисламских верований в семейной обрядности казахов (XIX-начало XX вв). Алматы: Ғылым, 1991; Абдашев А., Әлімханов Ж. Қазақтың халық медицинасының құпиясы. Алматы: Қазақстан, 1992; Абылқасымов Б. Телқоңыр. Қазақтың көне наным-сенімдеріне қатысты ғұрыптық фольклоры. Алматы: Атамұра-Қазақстан, 1993; Хинаятұлы Б. Қазақтардың төрт түлікке байланысты ырым, жосын-жоралғы, әдет-ғұрыптары // Қазақтың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері: өткендегісі мен бүгінгі. Алматы: Ғылым, 2001. 173-190 бб; Қазақ әдебиетінің тарихы. 1-том. Қазақ фольклорының тарихы. Жалпы ред. басқарған С. Қасқабасов. Алматы: ҚазАқпарат, 2008; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МАСАҚ¹ / ОҚТЫҢ МАСАҒЫ – жақтың (садақтың) оғының түп жағы. Оның былай аталуы оқтың түбіне бекітілген канаттарының формасы бидайдың масағына ұқсастығынан болу керек. Бұл сөздің халық ауыз әдебиетінде дәстүрлі қолданысы, оқтың басы мен ұшынан бөлек аталуы, «масақ»сөзі оқтың қауырсын бекітілген, кіріске өткізілетін жағының атауы екенін көрсетеді. Батырлық жырлар мен жырғаулар поэзиясында да бұл сөз осы мағынада қолданылады.

Бар еді Ғаждембектен қалған садақ,
Үш қырлы ұшы болат, оғы – масақ

(Жорұғлы)


Садақ толған сай кез оқ
Масағынан өткеріп



*Басын қолға жеткеріп
Созып тартар күн қайда!*

(Доспанбет)

Кейбір зерттеушілер «масак» сөзінің мағынасын Махмұт Қашқаридің көне түркі тілі сөздігінде берілген, оқ не найза ұшындағы темір деген мағынада қолданылған, «башақ» сөзімен байланыстырып, «масак» – оқтың басы, ұшы, үшкір жағы деп түсіндіреді.



1) Оқтың масағы. 2) Оқ-масак.

Өткен ғасырларда көне магиялық сенімдерге байланысты, түркі халықтарында аңшылықта, соғыста қарудың өз атауын атауға тыйым салынып, оның орнына эвфемистік атаулары қолданылды. Эвфемистік атау ретінде қарудың өз атауының орнына оның бөліктерінің атауы пайдаланылды. Мысалы, отауды, киіз үйді «шанырақ» деп атаған сияқты. Сондықтан жақты – адырна, садақ деп, оқты – жебе деп атайтыны секілді, ауыз әдебиетінде масак сөзі тұтастай оқтың атауы ретінде де қолданылуын кездестіреміз.


*Сар садақта сапа жоқ
Масақтан тұл болған соң...
Сусылдарған сармасақ
Садақтардан борар күн.
«Сырым батыр»
Садағын қалмақ алады,
Масағын мықтап қадады.
Қақ жүректің тұсы деп,
Шіреніп тартып қалады...*

(Қамбар батыр)

Көне сенімдерден туындаған тілдік тыйымдарға байланысты қарудың немесе оның бөліктерінің кейбір атауларының осылай бірнеше мағынада қолданылуы тілімізде жиі кездесетін құбылыс.

Әдеб.: Кайдаров А.Г. Доспехи и вооружение воина-батыра в казахском эпосе и их этно-лингвистическое объяснение // Известия АН Каз ССР. Серия общественных наук. 1973. № 6. - С. 24-35; Ақсауыт. Екі томдық. Алматы: Жазушы, 1977. – Т. 1: Батырлар жыры; Дала кемеңгері немесе Сырым туралы сыр. Алматы: Сөзстан, 1992; Байжанов Т. Қозы жауырын жебе // Ана тілі. Ұлт апталығы. 1997. № 25. – 7 б.; Қазақ халық әдебиеті. Көп томдық / Қаз ССР Ғылым академиясының М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты. Алматы: Жазушы, 1989.– Т. 4: Батырлар жыры. Көрұғлы; Қашқари Махмұт. Түрік тілінің сөздігі (Диуани лұғат-ит-турік). 3 томдық шығармалар жинағы. Алматы: Хант, 1997. – Т.1; Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / Жалпы редакциясын басқарған Т. Жанұзақов. Алматы: Дайк-Пресс, 2008; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МАСАҚ² – дәнді дақылдардың гүлшоғырының жалпы атауы. М. деп қазақы ортада дақылдардың дәндері орналасқан қауашағын атайды. Осыған байланысты арпа, бидай, күріш сияқты дақылдардың дәні байлана бастаған кезін *масақтану* деп атайды.



Масақ, ҚР MOM жұмыс қорынан

Дақылдардың гүлшоғырындағы байланған дәндерінің санына байланысты «астық толық М.-танды» немесе «шала М.-танды» деп жатады. Яғни, қаушақтардың дәнге толысуы, астықтың шығымын анықтайтын көрсеткіш болған (**Қ. Астық; Дән; Дәнді дақылдар; Келдек²**).

Әдеб.: Кармышева Дж. Земледельческая обрядность у казахов // Древние обряды, верования и культы народов Средней Азии. М.: Наука, 1986. С.181-208; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МАСАҚ ТЕРУ – егістікте қалып қойған өнімдерді екінші қайтара теруді білдіретін ұғым. Ертеректе астық орылып алынғаннан кейін, егіндікте шашылып қалған масақтарын теріп алатын болған. М. т.-ді көбінесе астық жинау науқаны аяқталғаннан соң әйелдер мен бала-шағалар атқаратын. Шаруашылықта аса маңызы бола қоймаса да, жерде масак қалдыру *обал* деп саналатындықтан М. т. міндетті болған. Кейде кедей-кепшіктер астығын әрен игеріп жатқан өзгелердің жеріне масак тере барып, жеткілікті мөлшерде қор жинап та алатын болған. Осыған орай халық арасында қалыптасқан *«ерінген диқаншыдан, ерінбеген масақшы артық»* деген сөз орамы да қалыптасқан.



Масақ теру. ҚР MOM материалдары бойынша суретті салған Ж. Шәйкен

Кейіннен М. т. ұғымы дәнді дақылдармен қатар жалпы кез-келген ауылшаруашылық өнімдерінің егіс басында қалып қойғандарын жинауға қатысты да қолданылатын болған. Осылайша, картоп, сәбіз, қызылшаның егіс басында қалғанын теріп алуды да М. т. деп атап кеткен.

Әдеб.: Алтаев Б.Ә. Оңтүстік Қазақстан қазақтарының егіншілікке байланысты дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. Тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған диссертациясының қолжазбасы. Ғылыми жетекші Нұрсан Әлімбай. Алматы, 1994. ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.



МАСАТ / МАСАТЫ – жұмсақ, түкті қымбат мата. М. ұғымы негізінен кілемдерді немесе шөбі жап-жасыл болып жатқан жерлерді сипаттайтын тенеу ретінде жиі қолданылады. Жалпы М. сөзі «масаты кілем» сөз тіркесінің негізінде қалыптасқан деген тұжырым бар. Етедегі жыр дастандарда, халық ақындарының өлең жырларында көбінесе «масаты кілем» тұрақты сөз тіркесі жиі қолданылатынын көреміз. Мысалы Шернияз жарылғас ұлының Баймағамбет сұлтанға айтқаны:

*«Кілемі масаты емес, құлпы жібек,
Төріне, есігіне төсеп салған.
Осыныша жұрттан озық бақ бергені,
Байеке, сіздерде де бар ма арман?!»*

Немесе Дулат Бабатай ұлының өлең жолдары:

*« Шөбіңді сенің татқан мал
Құлаңасы сусаған,
Масаты кілем жайғандай
Қоныстың шұрай жері едің!» –*

осының айғағы.


К.К Юдахиннің «Киргизско – русский словарь» сөздігінде «*машаты*» сөзінің мағынасын «*машаты кілем*» сөзінің құрамдас бөлігі деп көрсетіп, өз кезегінде «*машаты кілем*» – «*мешхедский ковер*» яғни – «*мешхед кілемі*» деп түсіпкітеме берген. Бұл орайда «*машаты*» сөзі қымбат бағалы кілемдер тоқылатын, Иранның Мешхед қаласымен байланыстырылады. Яғни «*Мешхеди кілем*» сөз тіркесі – «*машати кілем*» – «*масаты кілем*» болып өзгергенге саяды. Қазақ тілінде «*машаты*» сөзі дыбыстық өзгерістерден өтіп «*масаты*» күйінде қалыптасқан және аталған бұйымның сапасына және қымбатшылығына байланысты басқа да қымбат, сапалы түкті маталардың тіпті көк орай шалғын жердің метафоралық атауына айналып кеткен. Жалпы қазақ тілінде жағрапиялық атаулардың заттардың, немесе белгілі бір жұмысты орындау әдісінің ерекшелігінің атауы ретінде қолданылуы жиі кездеседі. Осыған орай, дәстүрлі ортада, сауда саттық негізде келген шет елдік бұйым, құралдардың атауларына олардың шыққан жерлерінің атауын қоса қолдану жиі ұшырасатын жағдай екенін айта кеткен жөн.

Қорыта келе М. сөзі жұмсақ, түкті, қымбат, немесе көңілге жағымды нәрсені көрсететін ұғым. Жер бетінің ерекше бір жағымды сәтін суреттегенде «*масатыдай құлтырған...*» сөз тіркесі немесе маталардың сипаттамасы ретінде «*масатыдай*» немесе «*масаты...*» деп атау жиі қолданылады.

Әдеб: Нұрмағанбетов Ә. Бес жүз бес сөз. Алматы, 1994; *Мәшһүр – Жүсіп*, Қазақ ауыз әдебиетінің үлгілері, Шығармалары, Павлодар, 2006, 7 т. 36 б.; Юдахин К.К. Киргизско – русский словарь, М. 1965. 386, 520 б.б.; Қазақ тілінің аймақтық сөздігі, Алматы, Арыс, 2005, 478 б; ҚӘТС. Алматы, Арыс, 2009, 11 т.; Қазақ кілемдері мен тоқыма бұйымдары. Ғылыми каталог (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде). Ғылыми редактор және жоба жетекшісі Нұрсан Әлімбаев. Алматы: ICOS, 2012; ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МАСАХАНА – масадан қорғану үшін дәкеден тігілетін көлемді шымылдық. М. төсектің көлемін толық жабатындай және маса-шыбын кірмейтіндей төрт жағы тұмшаланып, жабық шатыр тәрізделіп құрылады. Оның жоғарғы жағының

төрт бұрышына тағылған баулары үйдің керегелеріне немесе қабырғаларына керіп байланады. Томенгі жағы, маса-шіркейді өткізбейтіндей еденді толығымен тұмшалап жауып тұруы керек.



Масахана. ҚР МӨМ материалдары бойынша суретті салған Б.Досымов

М.-ны маса-шіркейі көп, өзен көлдің жағасында, сазды жерлерде де жиі қолданады. М.-ны далада немесе ашық сәкінің үстіне құру үшін мықты шыбықтардан төрт бұрышына тіреу тұрғызылып, жоғарғы жағынан өткізілген баулары жерге қазықшалармен керіліп бекітіледі.



Масахана. ҚР МӨМ материалдары бойынша суретті салған Б.Досымов

М.-ның кірер ауызын шалғайын кең етіп айкастыра тігеді. Сонда адам М.-ға кіріп-шықанда кірер ауыз айқара ашылмайтындықтан шыбын-шіркей еріп кіре алмайтын болады. Кейбір жерлерде М. бітеу тігілін, етегі түріліп кіретіндей етіліп жасалады.

Әдеб. ҚСЭ. 7-том. Алматы, 1975; ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МАСҚАРАПОЗ – базар, жәрменкелерде әжуа-калжың, сайқымазақ қойылымдарды орындайтын кәсіби маманданған адамдардың атауы. Осындай қойылымдарын көрсететін М.-дар қазақ жеріне көрші отырықшы елдерден келіп, өз өнерлерін көрсетіп отырған. Әсіресе, оңтүстік өңірдегі Шымкент, Тараз, Түркістан сияқты қалаларда, Қарқара жәрменкесінде М.-дар жиі өнер көрсеткен. М. көбінесе кимылмен түрлі жан-жануардың бейнесін, қылығын келтіріп немесе сықақ өлеңдер оқып, әр түрлі



дауыспен түрлі кейіпкерлердің образын көрсететін. Деректерде М.-дың көрермендердің көңілдерін көтеріп отыратын ойын-сауықтың түрі ретінде казактардың үлкен қошеметіне ие болғандығы айтылады. Қазактардың кәсіби түрде М.-дықпен айналысқандығы туралы деректер жоқ.

ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МАСҚАРАЛАУ/ МАСҚАРАЛАУ ЖАЗАСЫ / АР ЖАЗАСЫ – дәстүрлі казак ортадағы билік жүргізудің үкім-кесімімен қолданылатын жазаның түрі. Мұндай жаза негізінен бала немесе қыздың әке-шешесіне тіл тигізгені, сондай-ақ, қол жұмсағаны үшін тағайындалды. Мойнына құрым киіз ілініп, қара есек немесе сиырға теріс мінгізілген әрі бетіне қара күйе жағылған жазалы адам бүкіл ауылды айналдыра жүргізілгеннен кейін ел-жұрттан аластатылды. Осындай жаза ауылдың үлкендеріне әлгіндей бейбастық жасаған айыптыларға да қолданылды. Бұл жазаны *етегін кесіп, елден қуу* деп те атайды. Сонымен бірге, М. жазасының өлім жазасымен астасып, яғни, соңғысына ұласқан жайты да болды. Ата тектері жетіаталық туыстық желістен аспаған жыныстық қатынасқа түскен қыз бен жігіт көшпелі ортада ежелден қалыптасқан шежірелік жосынның ілкімді қағидаларына сәйкес ата-баба жолын өрескел бұзғандар, шектен шыққандар ретінде міндетті түрде өлім жазасына кесіліп отырды. Бұл жазаның алдында күнәһар болған қыздың қос бұрымы кесіліп, мойнына құрым киіз ілінді. Жігіттің мініс атының құйрығы шорт кесілді. Қыз жүзікара, ал жігіт қарабет атанды. Осы М. жазасынан кейін «жүзікара» мен «қарабетке» билердің үкім-кесімімен белгіленген өлім жазасының бір түрі қолданылды (**қ. Аспақтау; Өлім жазасы**). Сондай-ақ, ауылдағы отбасылы әйелмен зинакорлық жасаған адамға да қолданылған жазаны М. жазасына жатқызуға болады. Бұл үрдіс бойынша әшкерә болған әлгі адам бүкіл отбасымен ауылдан жырақ жерге қуылды. Мұндайда әлгі адамды *«жақсы үйге кіре алмаймыз, жаман үйге сыйа алмаймыз»* деген қағида бойынша ауылдағы ешбір үй кіргізбейтін. Сөйтіп, кінәлі адам өзінің отбасымен ауылдан алыс жерде тіршілік құруға мәжбүр болды. Ондай үй *шошай* деп аталды (**қ. Шошай**). Ал, ойнастыққа барған әйел өлім жазасына да кесілді.

Әдеб.: Баллюзек Л.Ф. Народные обычаи, имевшие, а отчасти и ныне имеющие Малой Киргизской орде силу закона // ЗОО ИРГО. Вып. II. Казань, 1871. С.45-167; Маковецкий П.Е. Материалы для изучения юридических обычаев киргизов. Вып.1. Омск: Тип. Округ. Штаба, 1886; Изразцов Н. Обычное право («адат») киргизов Семиреческой области // ЭО, 1897. - №3. С. 67-94. Он же. Обычное право («адат») киргизов Семиреческой области // ЭО, 1897. - №4. С. 1-36. Культелеев Т.М. Уголовное обычное право казахов (с момента присоединения Казахстана к России до установления советской власти). Алма-Ата, 1955; Нұрсан Әлімбаевтың қолжазбасы; ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МАТА – киім-кешек пен өзге де бұйымдарды тігу үшін жіңішке жіптерден тоқылған өнімнің казак атуы. Бір ескерер жайт, аталмыш атау жуан жіптерден тоқылатын алаша, кілем және баска да тоқыма бұйымдарға қатысты қолданылмайды.

Адамзат тариханда М. тоқу ерекше маңызды орын алады. Ғылымды табиғи талшықтарды иіріп жіп жасап,

оны тоқу арқылы табиғатта кездеспейтін сапасы ерекше зат – М. өндіру үрдісін адамзат дамуының ерекше сатысы ретінде бағамдалатыны сондықтан. М. тоқуда алғаш табиғи шикізаттардан (жүн жібек, мақта, зығыр, кендір немесе баска табиғи талшықтар) даярланған жіптер қолданылса, кейіннен өнеркәсіптің дамуына орай жасанды жолмен алынған жіптер де пайдаланылды.

XIX ғасырдың ортасына дейін казак ортада киім тігуге, көбінесе, *адрас, пайы, биқасап, шәйі* сияқты Орта Азиялық және Қытай М.-ларын пайдаланса, XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап тұрмысқа *сәтен, пүліш, сәрпенке, суса* сияқты Еуропалық және Ресейлік М.-лар көптеп ене бастады.

Дәстүрлі казак ортада отырықшы елдердегі сияқты М. тоқу өндірісі дамымағаны белгілі. Тек оңтүстік өңірлерде, ішінара, ішкі қолданысқа *бөз, дабы* сияқты бой киімдік М.-ларды тоқыған. Әсіресе, қойдың жүнінен тығыздап иірілген жіптерді пайдаланып шекпендік М. тоқу өнері біршама жақсы дамыды. Түйе жүн шекпеннің екі түрін тоқыған. Біріншісі – өрмекте тығыз тоқылып қосымша өңделмейтін түрі. Екіншісі – жіптерін бастау иіріп, сирек тоқылады. Осылайша тоқылған М.-ның бірнеше қатарын өзара тігіп енді, жалпақ кездеме түріне келтіріледі де, оны шиге төсеп, бет жағына үлпершек биязы жүнді немесе түбітті ұсақтап қиып, біркелкілеп салады. Сөйтіп, ыстық су сеуіп бастырады. Сонан соң жұмыр ағашқа орап, кәдімгі киіз басқандай алдымен ыстық су құйып, аяқпен «теуіп» басып, біраз уақыт жылы орап, баздандырып қояды. Уақыты өткеннен соң, білеу ағаштан босатып артық-ауыс жерлерін қиып, түзеп, шиыршықтай орап білектеледі. Жасалу үрдісі киіз басқанға ұқсас тәсілмен жасалған М. *«түйе жүн шекпен»* деп аталатын. Мұндай М. өте биязы, тығыз, жеңіл әрі қоңырқай түсімен ерекшеленетін. Осындай М.-дан тігілген шекпендер өте қымбат киімдер қатарына жататын (**қ. Шекпен**). Жалпы қой, түйе жүн шекпен М.-ны орыс көпестері «армячина» немесе «домотканное сукно» деген атпен ішкі Ресейге апарып сатқан. Бұл жерде атап өтетін жайт – «сукно» деп орыс тілінде міндетті түрде *«ваянный – басылған»* М.-ны атайтын. Яғни, шекпен тоқығанда, оны кәдімгідей киіз басқандай басып даярлайтын болған.



Шекпен. ҚР МӨМ қорынан (КП 26671/1)

ҚР MOM қорында (КП26671/1) кебенекше ойып, дәстүрлі пошымда пішілген, қоңыр түсті шекпен сақтаулы. Тысы қолдан тоқылған түйе жүн шекпеннің астары қоңыр түсті мата. Екі жағынан үшкіл шабу салынған. Тік жағалы, жағасы мен өңірі қоңыр барқытпен, ал өңірі мен етегі сұр түсті матамен көмкерілген.

Тарихи деректерде дәстүрлі қазақы ортада қолданыста болған көптеген М. түрлерінің қазақша атаулары кездеседі: *адрас, атлас, барқыт, бұлде, баршын, батсайы, биқасап (бекасап), бәтес, бөз, бомази, бояқ, борлат, дабы, дүрия, жібек, қамқа, қатипа, қойқын, құлты, қыжым, қырмызы, ләмбек, ләйлі, манат, мақпал, мауыты, насар, пайы, парша, пүліш, сәтен, сәрпенке, сәлдебоз, сиса, сыңсыма, сұрып, торқа, торғын, үлде, ұштап, шағи, шәйі, шибарқыт, шұға, шыт және т.б.*

Шұға, шекпен, масаты, қамқа, қыжым сияқты жүннен тоқылған М.-лар сырт киім тіккенге қолданылған. Қолданыста ең көп тараған мақтадан тоқылған М.-лар болды. Көрпе-жастық, ормал-сүлгілер, түскиіздер, шымылдық-перделер, сырт киімдер, бой киімдер, қаптар және т.б. шаруашылық заттары негізінен *бәтес, бөз, сиса, дабы борлат, бояқ* сияқты мақта М.-лардан тігілетін болған.



Бешпент. ҚР MOM қорынан (КП 3699)

Жібек маталардың өте көне заманнан қымбат заттар қатарына жатқандығы белгілі. Жібек М. түрлерінен қымбат киім-кешек, жасауға кіретін қымбат үй жиһазының бөліктері де тігілетін (қ. *Жібек*).



Шапан. ҚР MOM қорынан (КП 636)

ҚР MOM қорында жібекпен қапталған қымбат ішіктер, шапандар, бешпенттер (КП 636; КП 659; КП 13133; КП3699) жібек көйлектер (КП 5914; КП 239; КП 9752/6; КП 9375), ерлер киімдері(КП 10634/2) жібекпен тысталған тымак (КП 18864) сияқты көптеген жібек бұйымдар сақтаулы.

Әдеб.: Қазақтың дәстүрлі киім – кешегі. Ғылыми каталог(қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде) Ғылыми редактор және жоба жетекшісі *Нұрсан Әлімбаев*. Алматы. Өнер, 2009; *Арғынбаев. Х.* Краткий очерк материальной культуры переселенцев из России в Казахстан(по материалам Восточного Казахстана, вторая половина XIX – начало XX века). Вопросы этнографии и антропологии Казахстана. А.1962. С. 160-165; *Потанин. Г. Н.* Заметки о Сибирском казачьем войске. «Военный сборник». 1861. №5. С. 5; *Красовский, М.* Область сибирских киргизов, ч.1, с. 389-390. Ч. III. СПб. 1868; *Захарова И.В., Ходжаева Р. Д.* Казахская национальная одежда: XIX – начало XX в. Алма – ата; Наука, 1964г.; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МАУБАС – дәстүрлі қазақы ортада ұйқышыл, көп ұйықтайтын адамға берілген метафоралық мәнді атау. Сонымен қатар М. деп ақылы аздау *«қой аузынан шөп алмайтын»* керенау, ешкіммен шаруасы жоқ момын, аңқау адамды, кей жағдайда шабан қимылдайтын бос, ынжық адамды да атаған.

*«Ылғи боқты көтерген өмірінше,
Атан өгіз сияқты сен бір маубас.
Сен тойғанмен біреулер аш қалып жүр,
Деп ойлама түбінде теріңді алмас...»*

(Жамбыл)

Жан-жануарға, малға байланысты мінезінің, жүріс тұрысының ерекшелігін көрсететін анықтауыш ретінде М. сөзі ауызекі тілде көп қолданылды. Мұндай жағдайда М. сөзі марғаулықты, жайбасар шабандықты білдіреді. Мысалы, көп үре бермейтін жалқау итті *маубас төбет, маубас ит* деп атау жиі кездеседі. Қой, сиыр малына қатысты да М. сөзі қолданыла береді – *маубас өгіз, маубас қой* т.б.

ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МАУСЫМ – жылдың алтыншы айының халық күнтізбесіндегі атауы, жаздың бірінші айы. Бұл жерде жаздың бірінші айы деу шартты, өйткені нағыз жаз халықтың байырғы түсінігінде Үркер батқаннан кейін шығады. Ал Үркер қазіргі күнтізбе бойынша жай жылдары мамырдың онында ал кібісе жылдары мамырдың 12-сінде батады. Содан қырық күн жерде жатады, яғни қазіргіше айтсақ, қырық күнге дейін көк күмбезінен көрінбейді. Үркер тек маусымның 22/24 – күндері таң қараңғысында оңтүстік батыстан көзге шалынады. Малшы қауым маусымның бұл шағын күннің барынша ұзарып, ал түннің барынша қысқарып шегіне жеткендегісі дейді.

Әр айдың оты басқа дегендей маусым айының оты төрт түлік үшін аса құнарлы болып есептеледі, маусым айы кошкелі қазақ тұрмысында жаз жайлауы, шөптің басалмаған сонысы, қыр отының құнарлығы, ауыл-елде өткізілетін жиын тойдың көптігімен өзге айлардан ерекшеленіп тұрады. Ал шаруа адамы үшін ең басты белгі – Үркердің тууы. Үркер туа салысымен, маусымның аяғына қарай кошқарға күйек байлана бастайды (қ. *Күйек*).

Әдеб.: *Абишев Х.* Элементы астрономии и погода в устном творчестве казахов. Алма-Ата: Наука, 1949; *Кеңесбаев І.* Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Алматы: Ғылым, 1977; *Әбішев Х.* Аспан сыры. Алматы:



Жазушы, 2009; Уәли Н. Бұрынғыдан қалған сөз (қолжазба); ҚР MOM материалдарынан; ОМЭЭ материалдарынан.

МАУЫЗ – жатыпішер, жалқау, бойкүйез дегенді білдіретін ұғым. Сондай-ақ, халық тілінде мауыздай адам деген теңеу – талғамай жұтатын жалмауыз, мешкей немесе ірі, ерепейсіз дегенді білдіреді. Осындай бірнеше мағына беруіне қарағанда өзгенің арқасында күн көріп, еңбексіз семірген масыл адамға қарата айтылатын болса керек. Бұл ұғым көбінесе, біреуге ренжіп, кейіген сәттерінде әйел лексикасында қолданылады.

ҚР MOM–материалдарынан; ОМЭЭ-материалдарынан.

МАУЫТЫ / ШҰҒА – бет жағы түкті, калың мата түрі. М.-ны ертеде жәрмеңкелерде сатып алатын болған. М. матадан ауқаттылар бешпент, камзол, камзол, ішік, шапан сияқты сырт киімдер тігіп, өңіріне және етек, жеңіне зер жіптерден түрлі өрнек кестелеп түсірген. Көркемдік үшін асыл тастармен және зергерлік бұйымдармен әшекейлеп, жиегін аң терісімен жұрындаған (қ. *Бешпент / Бешмет / Мешпет; Кім-кешек*).

ҚР MOM қорында сақтаулы ер адамның қасқыр ішігі (КП 12767) қара түсті М.-мен тысталған. Пошымы трапеция пішінді. Жағасына қасқыр терісінен қайырма жаға салынған. Қондырма жеңінің ішіне қой терісі күсілген.



Мауытымен тысталған қасқыр ішік.
ҚР MOM қорынан (КП 12767)

Сондай-ақ, ұзатылатын қыздың киетін *сәукелесінің* сыртын М. матамен тыстап, зергерлік бұйымдар тағып, төбелдірігіне үкінің мамық жүнін қадаған (қ. *Сәукеле; Мамық*). Сонымен қатар, М. матаны *тұскиіз* сияқты тұрмыстық бұйымдар жасау үшін де кеңінен қолданған (қ. *Тұскиіз*).

Әдеб: Қазақтың дәстүрлі киім-кешегі. Ғылыми каталог (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде). Ғылыми редактор және жоба жетекшісі Нұрсан Әлімбай. Алматы: Өнер, 2009; Қазақ кілемдері мен тоқыма бұйымдары. Ғылыми каталог (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде). Ғылыми редактор және жоба жетекшісі Нұрсан Әлімбай. Алматы: ICOS, 2012; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МАЯ¹ – биік әрі көлемді етіп жиналған шөп үйіндісі. М. салу отырықшы және жартылай отырықшы мал шаруашылығымен айналысатын аймақтарда таралған. Қыста малға берілетін шөп жаздың соңы мен күзге салым шабылады (қ. *Шөп шабу*). Шабылған шөп дегдігеннен кейін су өтпейтіндей *шөмелеленіп*, кейінірек қора маңына тасып әкеліп М. салатын болған. Шөмелелерді тасу үшін негізінен ат, түйе, өгіз жегілген *арба, шана, сүйреткі* пайдаланылған (қ. *Көлік; Шөмеле*). Жаз уақытысында қора маңына жеткізу қиын аймақтарда (әсіресе батпақты, өзен-көлді аймақта) шөп сол шабылған маңға маяланып, күзгі жер қатқақта немесе қыста қар басып, мұз қатқан соң тасылған.



Мая салу. ҚР MOM материалдары бойынша суретті салған Б.Досымов

Шөпті *маялау* үшін алдымен жақын мандағы шөмелелерді арнайы орынға сүйреткімен сүйреп әкеліп, ұзынша төртбұрыш пішінде бірнеше қатар тізбектеп қойып шығады. Содан кейін тасып әкелінген өзге шөмелелерді олардың үстінен жинайды.



Шөпті маяға жинау. ОҚО. 2008. ОМЭЭ – материалдарынан


Маялау барысында бірнеше адам тасылған шөмелелерді реттеп қойып, үстінен аяқтарымен баса отырып нығыздап таптайды. *Айырдың* ұзындығы жеткіліксіз болғанда адамдар бірнеше сатылы тұрып, бір-біріне бере отырып М.-ны биіктете береді. Жаңбыр немесе қар суы ағып кетуі үшін

М. төбесін *жалдап шығарады*. Бұлайша төбесін үшкіл немесе доғал пішінді етіп жинауды *төбесін шығару* деп атайды. Төбесін шығару үшін шөптің көлемін екі жағынан тарылта жинайды. Төбесі дұрыс шығарылған М.-ға су сіңбейтіндіктен шөп көгеріп-шірімей ұзақ уақыт сақталады. Сондықтан төбесін шығару аса маңызды саналып, оны мүмкіндігінше тәжірбиелі адамдар атқарады.

Боран жиі соғатын аймақтарда шөптің беткі қабаттарын аударып кетпеуі үшін кейде бұта тәрізді ауырырақ заттармен уақытша бастырады. Шөп нығыздала тапталғаннан кейін төбесінен жанбыр мен қар суы өтпейтін болады. М.-ланған шөп тұтасып қалатындықтан одан шөпті алғанда үстіңгі бетінен бастап алады немесе шөп суырғышпен суыру, балталап кесу тәсілі қолданады. М.-ның айналасын мал үңгіп жеуден қорғау үшін айналдыра қоршау жасалады. Өйткені айналасын үңгіп жеген М. құлап, малды шөп басып қалуы және су өтіп шіруі мүмкін.

Әдеб.: ҚӘТС. 11-том. Алматы: Арыс, 2009; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МАЯ² – нар түйенің ұрғашысы. Яғни, дәстүрлі ортада жалпы түйе тұқымының ең асылы саналатын жалғыз өркешті нардың ұрғашысын М. немесе *аруана* деп атайды (қ. *Аруана; Нар¹; Түйе*). Аталмыш түйе тұқымының шығуы жайында Қазақстанның әр өңірінде түрлі пікірлер қалыптасқан. Мәселен Оңтүстік пен Батыс өңірлерде, сондай-ақ көршілес түркімен елі мен өзбек елінде М.-ны *біртума* мен *кердері* түйенің ұрғашысы десе, Шу өңіріндегі ежелден қалыптасқан пікір бойынша оны нар түйенің ұрғашысы дейді. Жоғарыда келтірілген М.-ның шығу тегіне қатысты қалыптасқан пікірлерден М. – тықыр жүнді нар түйенің ұрғашысы деп тұжырым жасауға болатындай. Өйткені қазіргі таңда М. деп Қазақстанның көптеген өңірлерінде нар түйенің ұрғашысын атайды. М.-да нар түйе сияқты жүк артуға немесе тасымалдауға төзімді келеді.



Мая. ОМЭЭ – материалдарынан

Тіпті олардың жүк тасып жүрін те боталай беретіндігі оның өте төзімді түйе малының тұқымы екендігін көрсетсе керек. Аталмыш қасиетінен бөлек М. басқа түйе тұқымдарына қарағанда сүтті келеді. Қазақы ортада қалыптасқан *Нар маяның жүні – жібек, сүті – бал, Нар*

жігіттің аймағы – ел, алды – мал немесе *Нар маяның шұбаты – Нардай ердің қуаты* деп келетін мақалдар соны көрсетсе керек. Мәселен Махамбет жырларында нар түйенің жүкке төзімді қасиеті туралы:

Қас үлектен туған қатенгі

Қара нар керек біздің бұл іске –

десе, М. жайында:

Аруанадан туған мая бар,

Асылын айуан десең нанғысыз –

деп келетін жолдар аталмыш түйе тұқымының тектілігін көрсетсе керек. Сонымен қатар Қобыланды батыр жырында кездесетін:

Үлектен туған маядай,

Мая жолдас тая ма-ай –

деп келетін сондай-ақ Алпамыста кездесетін:

Мұрындық, ноқта тимеген,

Түйелерін мінбеген,

Сексен мың екен маясы –

деген жолдардан аталмыш түйе тұқымының көнеден келе жатқандығын аңғару қиын емес.

М.-ның асыл тұқымды түйе екендігін оның төзімділігімен қатар ерекше жүйріктігіне байланысты қалыптасқан *желмая* деген аңызға айналған атауы нақты көрсетіп берсе керек (қ. *Желмая*). *Желмая* – өмір бойы «Жерұйықты» іздеп өткен Асан қайғының мінген көлігі. Аңыз желісі бойынша ол өзінің желмаясына мініп алып, жетпіс жыл бойы жаһанды кезсе керек. Мұндағы Асан қайғының мінгені М. екендігі түсінікті. Аталмыш аңызда М.-ның жүйріктігіне байланысты әсіреленіп аталуы желмая деп, желге тенеітін әспеттеуге ұласқан. Ежелде Асан қайғыдан басқа түйеге мініп, жер-жаһанды кезгендер мен Меккеге барғандардың мінгендері осы М. екендігі туралы деректерде кездеседі. Осылайша дәстүрлі ортада желмая аталған М.-ның «қара жердің қайығы» деген де атауы қалыптасқан.

Әдеб.: *Добросмыслов А.И.* Скотоводство в Тургайской области. Оренбург, 1895; *Добросмыслов А.И.* Суд у киргиз Тургайской области в XVIII-XIX веках. Казань: Тип. Императорского Университета, 1904; *Арғынбаев Х.* Қазақтың мал шаруашылығы жайында этнографиялық очерк. Алматы: Ғылым, 1969; Махамбет Жыр – семсер. Алматы: Жазушы, 1979; *Жақыпов Ә.* Түйе өсірушінің түсіндірме сөздігі. Алматы: Қайнар, 1989; *Жеті ғасыр жырлайды: Екі томдық.* Алматы: Жазушы, 2008. 1-том. Құраст.: Е. Дүйсенбайұлы; ҚӘТС. 11-том. Алматы: Арыс, 2009; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МАЯУЗА – көлемі кішкене, шағын сырмақтың жергілікті атауы. Мұндай шағын сырмақты М. деп атау дәстүрі Алтай казактардың арасында кең тараған. Әдетте, М. сырмақтың көлемі шағын болғандықтан *тақыр кілем, алаша, текемет, сырмақ* сияқты төсеніш заттардың үстіне тасталады. Ол тұтастай басылған киіздің бетіне ақ, қара түсті киіздерден кесіліп алынған ою-өрнектер қиыстырыла сырылады (қ. *Киіз*). Сондай-ақ, талдырма киіздің бетіне *мауыты, барқыт* сияқты қалың матадан қиылған ою-өрнектер бастырылып, сырылған түрлері де кездеседі. Әдетте, М. сырмақтың көлемі бір адам еркін отыратындай етіп дөңгелек, сопақша немесе төртбұрыш пішінді етіп жасалады (қ. *Сырмақ*). Осыған орай, мұндай сырмақты халық арасында *бір кісілік сырмақ* деп те атайды.




Маяуза сырмақ, ҚР MOM қорынан (КП 19586)

ҚР MOM қорында сақтаулы маяуза сырмақтың диаметрі 63 см. Оның өң бетіне ақ және қызыл-қоңыр түсті талдырма киізден көгеріс өрнегі ойыстырылып сырылған. Өрнектердің түйісінің үстішен жасыл түсті қос жиек бастырылған. Кенересі айналдырыла сары, кок түсті құстаңдайлап өрген жиекпен көмкерілген. Астарына ақ түсті талдырма киіз салынып, қабаттап сырылған.

Әдеб: Шобай Қ. Қазақ, урианхай халықтарының ұлттық қолөнері. Өлгий, 1980; Қасиманов С. Қазақ халқының қолөнері. Алматы: Қазақстан, 1995; Ысқаққызы Ә. Сырмақ өнері. Алматы: Алматыкітап, 2007. ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МӘДІ – дәстүрлі діни наным-сенімде «қайта оралу», «құтқару» деген түсінікті білдіретін атау. Мұсылмандар арасында кең тараған түсінік бойынша жарық дүние соңын ала әлемді Тажал билейді де жер бетінде зұлымдық орнайды, жер астынан қорқынышты хайуан шығады, жер бетін кара түнек басады, таң шығыстан емес, батыстан атады. Мұнан кейін Көктен Иса, Жерден Мәді «қайта оралып», Тажалды жеңеді. Жер бетінен зұлымдық атаулы жойылып, әділдік салтанат құрады. Сөйтін, Көкке ұшқан Иса, Жер астына түскен Мәді қайта оралып, құтқарушылық мессиясын атқарады. Бірақ көп ұзамай-ақ Исрапыл кернейі тартылып, тау шайқалып, теңіз тасиды, жұлдыздар ағып, Ақырзаман болады (қ. *Ақырзаман / Заманақыр*). Исрапыл кернейін екінші рет тартқанда Қияметтің күні туып, өлгендердің бәрі тіріліп, Ғарасат майданына жиналады. Адамдардың жасаған жақсылығы мен істеген зұлымдығы таразы басына тартылады. Діни түсініктегі «Қайта оралу», «Құтқару» идеясы Мәді туралы діни аңызға негіз болған. Бұл аңыз мұсылман елдеріне, оның ішінде Орта Азия мен Қазақстанға да кең тараған. Қазақтың халық тілінде «Дариға қыз» (Мәулекей Жұмашұлының нұсқасы) алғаш рет 1897 ж. Қазанда басылып шыққан, одан кейінде бірнеше басылымы жарық көрген. «Дариға қыз» бен «Шайхисламұлы нұсқасы» деп аталатын діни киссалардың мазмұны, оқиғасы бірдей, ал сөз саптасы, стилі, көлемі жағынан айырмасы бар. Ел ішінде Мәді жайындағы осы аталған киссаларды жатқа айтатындар болған. Діни дастанның мазмұны, тіл орамы эпикалық шығармаларға ұқсас келеді. «Бабалар сөзі» атты көптомдықта осы аталған киссалардың екі нұсқасы және прозалық түрі берілген.



Бабалар сөзі: көп томдық. Діни дастандар. (Астана: Фолиант, 2002) атты кітаптан

Мұхаммед (с.ғ.с.) расул Аллаһ заманында Қатран патшалығында Дариға атты асқан сұлу қыз болады (Жүсіпбек қожа нұсқасы).

*Өтіпті Қатыран деген патша,
Айтайын бір қиссаны жұрт ұнатса.
Бұ қиссаға құлағының құрышы қанар,
Естіген гашиқ болар дәмін татса.
Бұл өзі өлең қылған кітап сөзі,
Шаһарын Самарқанның биледі өзі
Бек балуан, сұлулығы туған айдай,
Бар еді Дариға атлы жалғыз қызы.*

Патша қыз сұлулығы мен қоса белдескеннің белін үзетін, алысқанды алып ұратын алып күш иесі болған екен. Және «мені кім жықса, соған ерге шығам» деп жар салатын көрінеді. Дариға қыздың даңқы Медина жеріне дейін жетіп, оны естіген Әлішер (арыстан Әли) Дариға қызды іздеп барып, күреспек болады да, пайғамбардан бата сұрайды. Сонымен үш айшылық жол жүріп, Самарқандағы Қатыран патшаның еліне келеді. Дариға қызды Алладан медет сұрап жеңеді де, мұсылман дініне кіргізеді. Алты ай шамасы өткен кезде Мединаға қайт, Фәтиманы ұмытпа деп Мұхаммед пайғамбар түсінде аян береді.

Кетерінде Хазірет Ғали Дариғаға ұл тусаң атын Мәді қой деп, тапсырады да өзінің аты жазылған жүзікті балам ержеткенде берерсің деп тастап кетеді. Содан жылдар өтеді. Мәді садақ тартып, қылыш асынатындай халге жетеді. Бір күндері нан көміп жүрген бір кемпірдің ошағының жанында ойнап, мазалай берсе керек. Сонда әлгі кемпір Мәдіге «бұлай жүре бергенше кеткен әкеңді іздеп тапсаңшы» деп ұрсады. Мән-жайды сұраған Мәдіге Дариға болған жайды баяндап, атасының (әкесінің) кім екенін, бабасының (ұлы атасының) кім екенін, Олардың Медине жақта тұратынын, мұсылман екенін айтып береді. Ата-бабасына сыйынып, бір Алла деп Мәді Мединеге жол тартады. Үш айшылық жол жүріп Мединеге де келіп жетеді. Шаһарды аралап жүрсе, бір кісі бір топ баланы күрестеріп жатқанын көреді. Солардың ішінде әсіресе бір балаға ешкім тең келмейді. Олардың күрескенін қызық көрген Мәді белдесуге рұқсат сұрайды.

Мықты дегендердің бәрін жығып, өзіне шақ келтірмейді. Жатжерлік баланың өз балаларын жыққанына қатты намыстанған әкесі Мәдімен өзі белдесті көрмек болады. Екеуі ұстаса кеткеннен-ақ жатжерліктің аспан күшті екені байқалады. Күш сынаса келіп, ақыры Мәді «Хазірет Ғали, бабам Мұхаммед деп сиынып» қарсыласын жығып, жауырынын жер искетеді. Бұл сөзді естіген Хазіреті Ғали «сен балам екенсің, атаң менмін», деп Мәдінің қолынан жүзігін көреді. Сол кезде «Ағаларымның, атамның жағасына қолым тиді», деп Мәді ұяттан өртеніп кете жаздайды да айдалаға қаша жөнеледі. Артынан дүлдүліне мініп «балам-ау» деп құзан Хазіреті Ғалиға жеткізбейді. Бір кезде тау екі айырылып, тас екіге жарылып, Мәді жердің астына түсіп кетеді. Содан Көктен Иса түскенде, жерден Мәді шыққанда жер бетінен зұлымдық жойылып, әділет орнайды, дейді.

Ел аузындағы аңыз-ертегі, діни kissаларда Мәді мен қатар Дариға қыздың бейнесі ерекше орын алады. Байырғы кездегі қазақ әйелдері Бибатпаға (бибі Фатимаға) сыйынумен қатар «Палуан қыз өзің қолдай гөр» деп, Дариға қызға да сыйынған.

Әдеб.: Бабалар сөзі. Көптомдық. 1-т. Діни дастандар. Астана: Фолиант, 2002; Ислам энциклопедиясы; Ислам. Энциклопедический словарь. М.: Наука, 1991; Мусульманская мифология // Мифы народов мира. Энциклопедия в двух томах. Т.2. М.: Советская Энциклопедия, 1991. С. 186.

МӘЙЕК – жас бұзау мен козы-лақтың ұлтабарынан (жұмыршағынан) дайындалатын, сүтке салып ірімшік жасауға қолданылатын ашытқы, ұйытқы. М. кейбір жерлерде *мәндір* деп те аталады. М. төлдің ұлтабарында ашыған уыз қалдықтарынан пайда болады. Төлден алынған М. пен ұлтабарды жуып-шайғанан кейін, ұлтабарға М. қайта салып, оның үстінен ашы уыз құйып, үстіне молдау етіп тұз салып дайындаған. Оны тұзы сыртына шығып, әрі ащып әбден кебу үшін іліп қойған. Одан кейін М.-ті ірімшік қайнатуға пайдаланған. Бабымен әзірленген М. бір-екі айға дейін қолдануға жарамды болған.

Ірімшік қайнату үшін сиырдың, қойдың немесе ешкінің жаңа сауылған сүтін қазанға құйылып, оған аталмыш М. салынған. Одан кейін астына жайменен от жағылған. От жанғаннан кейін сүт бірте-бірте іріп алдымен *ақ ірімшікке*, ары қарай қайната берсе *сары ірімшікке* айналған. Сары ірімшікті кептіріп, сақтап әрі дәмді, әрі нәрлі тағам ретінде ұзақ уақыт пайдаланылған (қ. *Ақ тағам / Ақ*). Сондай-ақ, мәйекті ерте кездерде сүтті ұйытуға, қымыз ашытуға да қолданылғаны жайлы ел арасында айтылады.

Төлдің енесінің уызына жарыған, жарымағандығы М.-інен белгілі. Сол себептен де уызға жарыған, сүтке тойған козы мен бұзауға – *М-ті қозы*, *М.-ті бұзау* деген атау қолданылады.

Сонымен қатар М.-ті мұрыннан қан тоқтамау, талма ауруы, улы жәндіктер шағу, іш сүзегі сияқты ауруларға ем үшін де пайдаланған. Мысалы, мұрыннан қан тоқтамаған жағдайда М.-ті езіп сұйылтып, оны мақтаға шылап мұрынды тығындап қоятын болған. Ал талма ауруында

М.-ті балға араластырып ішкен. Улы жәндіктер шаққанда М.-ті араққа араластырып ішсе, іш сүзегі ауруына М.-ті қатарынан бірнеше күн ішкен.

Әдеб.: *Левшин А.И.* Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. В 3-х частях. СПб.: Тип. Карла Крайя, 1832; *Кеңесбаев І.* Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Алматы: Ғылым, 1977; Хозяйство казахов на рубеже XIX-XX веков. Материалы к историко-этнографическому атласу. Алма-Ата: Наука, 1980; Қазақ емілігінде ұдайы қолданылатын дәрілер. Құраст.: М.Қанапиянұлы, А.Әнуарұлы. Үрімжі: ШФГДСБ, 1988; *Радлов В.В.* Из Сибири. Страницы дневника. М.: Наука, 1989; *Шаханова Н.* Мир традиционной культуры казахов (этнографические очерки). Алматы: Казахстан, 1998; *Қатран Д.* Қазақтың дәстүрлі ас-тағам мәдениеті. Ғылыми редакторы және алғы сөздің авторы Нұрсан Әлімбаев. Алматы: ҚМӨҒЗИ, 2002; *Троицкий Н.* Очерки Зауральской степи и внутренней, или Букеевской Орды // Этнографические заметки. 34 том. Астана: Алтын кітап, 2007. С.149-239; *Сегізбайұлы К.* Қазақ дастарханы. Алматы: Атамұра, 2011; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МӘЙЕК САЛУ – теңіз, көлдің айдынында балықшы, теңізшілердің түрлі тәсілдерменен (күндіз түтінмен, қызыл шүберекпен, түнде шаммен, немесе сырық басына жағылған отпен) белгі беру амалы. Бұл сөз тіркестің ішіндегі мәйек сөзі орыс тіліндегі «маяк» сөзінің қазақ тілінің фонетикалық заңдылығына сай өзгерген түрі.

Арал, Атырау балықшылары түнде балық аулағанда көрші балықшыларды көмекке шақырғанда немесе балықшы топтары бір-бірінен адасып қалмасын деп ағаш басына керосинге малынған шүберек орап, оны тұтатып, жоғары көтеріп белгі беруді де *мәйек салу* деп атаған. Мәйек салғанда от тек қызарып көрінсе, ол балықшылардың қай жерде жүргенін білдірген. Ал, от жағылған сырықты, 180 градус аралығында, арлы-берлі бұлғаса, ол басқа балық аулаушыларды көмекке шақырудың белгісі болып саналған.

Әдеб.: *Айтазин Қ.* Каспий балықшыларының тіліндегі ау, құрал-сайман аттарымен байланысты кәсіби сөздер // Қазақ диалектологиясы. 1-шығуы. Алматы: Ғылым, 1965; *Досқараев Ж.* Қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктері. 2-бөлім. Алматы, 1955; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МӘЙМӨҢКЕ¹ – шегенің басын тойтарып бүркеншіктейтін, металл бетіне күмбез, бүршік тәрізді өрнек түсіретін зергерлік құрал. М.-нің басы ойығы бар асыл темірден, сабы ағаштан жасалады. М.-нің сабынан жайлап бұрай отырып қағылған шегенің басын жылмағайлап күмбездейді. Күміс бетін бүршіктеп бедерлеу үшін де осы әдісті қолданады. Моңғолияда тұратын қазақ ұсталары шеге басын тойтаратын, темір тескенде астына салатын дөңгелек, төртбұрышты тесіктері бар темір аспапты да *мәймөңке* деп атайды.



Мәймөңке. ҚР МОМ материалдары бойынша суретті салған Ж. Шәйкен



М.-нің шығуы туралы белгілі шебер Д.Шокпарұлы ел аузынан естіген мынадай бір аңыз әңгімені келтіреді: Қай ауылдан дегені есімде жоқ. Баяғыда бір бай Мөңке деген кісі бопты. Күндердің күнінде әлгі бай қызын ұзатпаққа ниет етеді. Мөңке ауыл ұстасын шақыртып алып, қызына алтын-күмістен әшекей бұйымдар жасауға тапсырыс берген екен. Ол өзінің мынандай өтінішін қоса айтады. – Балқытылған күміске ойып бедер салу таңсық емес. Қызымның күміс әшекейлеріне ерекше өрнек керек. Ол оймышталып салынған өрнек қана емес, бүршік бедерлі де болсын! – дейді бай Мөңке.

Сонымен ауыл ұстасы бақуатты тұтынушысының ұсынысы төңірегінде небір шығармашылық қиялдарына ерік беріп, ақырында зергерлік бұйымдарға сырттан қондырылатын бедер үшін арнайы аспап ойлап табады. – Ауыл ұстасы жаңа құралын «Бай Мөңке» деп атаған екен. Уақыт өте келе ол атау тілдік өзгерістерге ұшырап, «Мәймөңке» атанып кетіпті.

ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МӘЙМӨҢКЕ² – пышақтың сабын ұстату үшін қағылған шеге. М. деп кей жерде пышак сабындағы үш шегенің ортаңғысын атайды. Әдетте, зергерлер пышақтың сабын ағаштан, мүйізден жасайды. Сапты ағаштан жасағанда сап пен жетесін үш жерінен бірге тесіп, үш шегемен бекітеді. Ортасындағы шеге мәймөңке деп аталады.



Мәймөңке. ҚР MOM материалдары бойынша суретті салған Б. Досымов

Көп жағдайда шеткі екі шеге босап не түсіп қалған жағдайда, ортадағы М.-мен ғана ұсталып тұрған пышақтың сабы былқылдап, жұмыс істегенде ыңғасыздық туғызады. Осыған байланысты, даулы бір нәрсенің шешімі тура айтылмай, екі ұштыланып кетсе немесе айтқан уәдеден тайқып кеткен жағдайларда, «жуып-шаю», «бұлталактау», «жұмсарту» мағыналарында ауыспалы мәнде жұмсалатын мәймөңке сөз, мәймөңкені қой, мәймөңкелемей турасын айт тәрізді қолданыстар пышақтың М.-сімен байланысты қалыптасса керек.

ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МӘЙМӨҢКЕ³ – тоқымашылық ісінде термелеп тоқуда кілемнің, алашаның жіптерін теріп отыратын басы қайқы, жұқа ағаш қалақша. Этнограф С. Касимановтың айтуынша, өрнекте мүйіз, өсімдік, геометриялық фигуралар тәрізді күрделі өрнектер тоқу кездеседі. Мұндай тоқуды «терме» деп атайды. Терме өрмегіне жоғарыда айтылған жабдықтарға қосымша «ілкек», «өткерме», «мәймөңке» деген жабдықтар қолданылады. Мәймөңке өте жұқа етіліп, жып-жылмағай, бұдырсыз естіледі. Өрнек жіптерін қиып, үзіп не шатастырып алмас үшін мәймөңкені өте ептілікпен қолданады.

Терме тоқудағы өткермелеу, ілкектеу, мәймөңкелеу жұмыстарының барлығы да есеппен санау арқылы, әрбір ілінген жіп санын ұмытпай есте сақтау арқылы орындалады. М.-мен өрнек жібінен санамалап отырып өрнек теруді мәймөңкелеу дейді.

Әдеб.: Касиманов С. Қазақ халқының колонері. Алматы: Қазақстан, 1969; Шойбеков Р.Н. Қазақ зергерлік өнерінің сөздігі. Алматы: Ғылым, 1991; Қазақ тілінің аймақтық сөздігі. Алматы: Арыс, 2005; ҚӘТС. 11-том. Алматы: Арыс, 2009; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МӘЙІТ – адамның қайтыс болған кейінгі денесін білдіретін атау. Қазақта М.-ті үш күннен қалдырмай жерлейді (қ. Жерлеу). Қазақы дәстүр бойынша М. жатқан үйдің оң жақ белдеуіне ұзын найзаның басына байланған ту көтеріп қоятын болған. Мұны қара тігу деп атаған. Марқұмның әлеуметтік беделіне, жас ерекшелігіне қарай тудың түсі әртүрлі болған. Мұсылмандық ғұрып бойынша қайтыс болған адамды жерлегенге дейін бірнеше рәсім атқарылады. М. жатқан орын ақ шымылдықпен көлегейленіп, оның астына жерленерде орап алып шығатын киізді төсейді (қ. Иманкитіз). М.-тің бетіп мұсылмандық шарттары бойынша құбылаға қаратып жатқызыш, бетіне ақ бүркеншік жабады. Жерлейтін уақыты келгенде марқұмның жаназасы шығарылады. Ол үшін алдымен М.-ті арулап жуып, кебіндейді (қ. Кебін). Осыдан кейін жаназасы шығарылып, алдын-ала қазылған көрге жерленеді (қ. Жаназалар / Жаназасын шығару).



Мәйіт артылған түйе. ҚР MOM қорынан (ФКП 5721)

М.-ті арулап жерлейтін жерден терен етіш қазылған орын – көр деп аталады (қ. Көр).

Әдеб.: Левшин А.И. описание киргиз-казахских или киргиз-кайсацких орд и степей. В 3-х частях. СПб.: тип. К. кария, 1832; Балаубаева-Гольховская А.М. погребальные обряды у казахов Акмолинской губернии // Сборник научного кружка при Восточном факультете САГУ. Вып. 1. Ташкент, 1928. С.17-30; Әлімбаев Нұрсан. Қазақтың өлікті жөнелтуге байланысты жосын-жоралғыларының этномәдени проекциясы // ҚРҰҒА-ның хабарлары. Қоғамдық ғылымдар сериясы. 1994. №4. 36-48-бб.; Абдуллина А. Жетісудағы жерлеу дәстүрі // Қазақ тарихы. 1997. №4. 70-71-бб.; М.Әуезов. «Абай жолы» романы 197 б.; Жаназалар рәсімдері. Құраст. А. Зулай, р. Мұхитдинов. Алматы: Әлбаракат, 2006; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МӘЙІТАҒАШ – түзде оқыс жағдайда қайтыс болған адамның мәйітін өз атының еріне отырғызып ауылына апаруға арналып кесіліп алынған ағаш атауы. Мәлімет

беруші Б.Исабеков тауда аңшылықта жүріп оқыстан қайтыс болған кісінің мәйітін өз атына мінгізіп, төрт аша ағашпен жан-жағынан таңып ауылға жеткізгендері туралы айтады.

М. үшін, өсіп тұрған кез-келген ағаштың бір басы аша келген, екінші басы тұзу, жуандығы шамамен білектей жерінен төрт ағаш қиылып алынатын болған. Оның бірінің ұзындығы мәйітті ерге тігінен отырғызғанда тамағынан (алқымынан) ердің қасына жететіндей, ал екеуі екі қолтық астынан үзеңгіге тірелетіндей, сондай-ақ соңғысы ердің артқы қасынан тамақ астынан келген ағашқа бекіте алатындай мөлшерде болған.



Мәйітағашпен таңылған мәйіт. ҚР MOM материалдары бойынша суретті салған Б.Досымов

Өйткені аяқ астынан қазалы жағдайға тап болғанда арба-шананың да табыла кетуі неғайбыл. Сонымен бірге қайтыс болған адам ер үстінде арлы-берлі былқылдап тұрмайды, әрі алдыға алған адамға қолайсыздық тудырған. Сондай-ақ мәйітті қой сияқты алдыға өңгеріп жүру ерсі, әрі мәйітті «кинаумен» бірдей болып саналған. Сондықтан да марқұмның тірі шағында онымен ере шыққан үзеңгілес серіктері оның осындай оқыс оқиғаға тап болғанын көріп, қайткенде де оны елге жеткізуге тырысқан. Сондай сәтте жақын маңда өсіп тұрған ағаш болса аша келген тұсынан төрт ағаш қиып алынып, мәйітті ер үстіне тануға кіріскен. Мәйітті таңарда алдымен абайлап көтеріп ер үстіне отырғызып, бір адам оны сүйемелдейді. Екінші бір адам алдын-ала дайындалған ағаштың *біреуін* алып, аша келген басын қолтығының астына келтіре, мәйітті тікелейткізіп, жоғары көтере (ер үстінде тірі адам отырғандай) екінші басын үзеңгіге тіреп алады. Бұдан ары тірелген жағын жіппен үзеңгіге аяғымен қоса мықтап тұрып байлап бекітеді. Сосын екінші қолтық астынан да дәл алдыңғысындай *екінші* аша ағаш байланады. Келесі кезекте *үшінші* ағашты алып, оның да аша келген басы мәйіттің тамағының астынан келтіріледі. Одан ары мәйітті тік отырғызып ағаштың екінші басы ердің қасына мықтап тұрып таңылады. Сонымен бірге мәйіт артқа қарай шалқайып кетпес үшін, ердің

артқы қасынан ағаштың *төртіншісі* тіреліп байланып, оның екінші басы тамақтың астынан келген ағаш басына айқастырыла жақсылап байланады. Осылайша мәйіт таңылып дайын болғаннан кейін бір адам атты жетекке алып жүрін отырған.

Демек, бұндай әдіс-тәсіл қолдану ерте кездегі ата-бабамыздың адамды тіршілігінде ғана емес, кеудесінен жаны шыққаннан кейін де аялап, ардақтап бұл дүниеден (жалған дүниеден) о дүниеге (шын дүниеге) тірінің парызы мен міндетін орындай отырып шығарып салу дәстүрінен туындаса керек. Сонымен бірге кесіліп алынған ағаштардың мәйітті тіктеп ұстап тұруына байланысты М. деп аталуы әбден мүмкін деген ой туады.

Әдеб.: Исабеков Ж. Мәйітағаш дегеніміз не? // АТ. №20. 17-23 мамыр. 2012 ж.; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МӘЙІТТІ ӘТІРЕЛЕП АРУЛАУ – ертеде казак арасында орын алған мәйітті жер қойнына бергенге дейін уақытша сақтаудың тәсілі. Бұл аманат жерлеу салтында және мәйітті өте алысқа тасымалдау кезінде орын алған (**қ. Аманат жерлеу**). Сондықтан сирек кездесетін бұл тәсіл туралы мәліметтер жұпыны. Мәйіттің ішкі ағзаларын алып тастайды да, оның орнына әртүрлі емдік шөптер салады. Ал, мәйіттің сыртын арнайы тәсілмен дайындалған емдік шөптер мен май араластырып жасаған тосаппен өңдейді (**қ. Тосан**). Өкінішке орай, оған қолданылатын емнің құрамы туралы нақты мәлімет алудың мүмкіндігі болмады. Шынжандық қаламгер Б. Жұмабайұлының жарияланымынан және этнографиялық экспедиция барысында көнекөз қариялардың аузынан жазып алған мәліметтерде мұндай тәсіл сирек те болса казак арасында ертеде орын алған көрінеді. Мысалы, Ор Алтайда 1867 ж. қайтыс болған атақты күйші, әрі би Бейсенбінің осындай тәсілмен жерленген екен. Ондайға баруына көрші халықтар тарапынан болмашы қауіптен сескеніп, бірнеше мәрте қайыра жерлеуге байланысты болған деп түсіндіреді. Мәйітін 1993 ж қазып алып қайта жерлеген кезде оның денесінің сартап болып қалғандығын өз қолымен атқарған ақсақалдар әңгімелеп берген.

Ел ішінде мұнан басқа деректер де кездеседі. Сондай-ақ 1924 ж. қажыдан қайтып келе жатып Семей өңірінде қайтыс болған Тұрым батырды солай әтірелеп дайындаған соң Ор Алтайдағы мекеніне жеткізген деседі. Мәйітті бұлай уақытша сақтау тәсілі елдің ырысын ұстаған жандар мен батырларға көрсетілетін құрмет, ортада қалыптасқан қым-қуат байланыстарға байланысты (**қ. Батыр; Ырыс ұстағандар**). Мысалы, рудың намысы, бөтен жерде қауымның белгілі адамдарының сүйегін қалдыру ру атына кір келтіретін («сүйекке таңба, бетке шіркеу» делінеді) өз жерінен аулақта дүниеден озған адамдардың сүйегін «еліне» жеткізу дұрыс деген үрдіс қалыптас ауқатты адамдар қымбат матадан күміс жіптерден бетперде жасайтын болған деген дерек алынды.

Әдеб.: Жұмабайұлы Б. қолжазбасынан; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.



МӘКРҮК – шариғатта құқықтық жазасы жоқ, бейәдеп әрекет. М.-ке ислам діні бойынша істемегені үшін сауап алатын, істегені үшін жауапқа тартылмайтын жағымсыз, теріс әрекет-қылықтар жатады. Әдепсіз сөйлеу, даңғазалық, жұрт алдында өзін дарақы ұстау, мақтаншақтық, өркөкіректік және т.б сияқты әрекеттер мәкрүк саналады. Мәкрүк харамға саналмағанмен, соған жақын болады. Алайда мәкрүк істер адамды діннен шығармайды. Мәкрүк – араб тілінде *шариғатта онша құп көрілмейтін істер* деген мағына да қолданылады (макрух). Мәкүрік ұғымы ислам этикасының қалыптасуында маңызды орын алып, мұсылман адамның рұқсат етілген (халал) әрекеттер мен тыйым салынған (харам) амалдар арасындағы іс-әрекеттерін қамтиды.

Ханафи ілімі бойынша мәкрүкке Құран мен сүннетте айқын, ашық күнә әрекет, харам ретінде көрсетілмеген, бірақ кейбір хадистерде жағымсыз деп белгіленіп кеткен нәрселер жатқызылады. Олардың өзі *тахриман* мәкрүк, *танзихан* мәкрүк болып екіге бөлінеді. Тахриман мәкрүк харамға жақын, сондықтан оның жазасы болады. Бұған түннің үтір уәжіп намазын оқымау жатады. Ал танзихан мәкрүктің жазасы болмағанмен, оны істемегені үшін Алладан сауап болатыны белгіленген. Бұндай әрекеттерге дәрет, ғұсыл алғанда суды ысырап ету, аузын ашып есінеу, темекі тарту, пияз, сарымсақ жеп, мешітке, көпшілік орындарға бару т.б. жатады. Осымен байланысты қазақ ұғымында мәкрүк сөзі нақтылы терминдік мағынасынан басқа «жиіркенішті», «ұнамсыз» деген мағыналарды да білдіреді, мысалы, «*Ауызға келген түкірік, қайта жұтсаң мәкрүк*» деген сияқты мақалда осы ұғым көрініс тапқан. Қазақтар бұл сөзді көбіне ораза ұстағанда сілекейін жұтуға болмайтынына қатысты айтады.

Әдеб.: *Исабаев Қ.* Қазақ сахаралық заңдарының жүйесі // Мұра. №4. Үрімжі, 1991. 61-63 бб; *Ислам. Энциклопедиялық анықтамалық.* Алматы: Аруна. 2010; *Жолдыбайұлы Қ.* Имани гүл. Алматы: 2010; *Жолдыбайұлы Қ.* Дін мен діл; ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МӘЛКЕ ТОТАЙ – балалардың ойыны. М. т. ойынына қатысушылар неғұрлым көп болса, соғұрлым ойын қызықты болатындықтан, ойынға қатысушылардың санына шек қойылмайды.



Мәлке тотай ойыны. ҚР МӨМ материалдары бойынша суретті салған Б.Досымов

Ойыншылар жиналған соң теңдей екі топқа бөлінеді. Сосын араға шамамен 20 немесе 30 қадымдай тастап екі топ біріне-бірі қарама-қарсы қолдарын керіп ұстап тұрады. Келісіммен ойынды бір жақ бастайды. Қарсы топтан біреуі келесі топқа қарап: «*Мәлке тотай*» деп айқайлайды. Оған қарсы топтан «*Саған кім керек?*» деген сұрақ жетеді. Ойын бастаушы жақ: «*Маған пәленше керек!*» деп, керек адамның атын атайды. Аты аталған бала тізбекті ұзу үшін бар күшімен қарсы топқа қарай жүгіреді. Егер тізбекті үзе алмай қалса, өзі сол топқа қалып қояды.

М.т. ойынының шарты бойынша бұл «құл» деп аталатындықтан ойыншының қарсы топқа қалып қалуы намыс саналады. Осылайша ойын кезектесе жалғаса береді. Аталмыш ойын дәстүрлі ортадағы *ақ серек, көк серек* ойынымен ұқсас, әрі сабақтас келеді (**қ. Айгөлек! / Мылқау тотай / Ақ серек, Көк серек**).

Әдеб.: *Диваев А.* Игры киргизских детей // ТВ. 1905. №152; *Тотенаев Б.* Қазақтың ұлттық ойындары. Алматы: Қазақстан, 1978; *Кәмәлашұлы Б.* Қазақ халқының дәстүрлі той-мерекесі, сауық-сайран, ұлттық ойын, тамашалары Алматы: Өнер, 2005; ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МӘЛІК / САЛАУМӘЛІК / КЕМПІР – сиыр түлігінде кездесетін індет түрінің атауы. Бұл індеттің түйе мен адамда кездесетін түрі *оба* (*Pestis bovina*) деп аталады (**қ. Оба**). Торғай облысы сиыр шаруашылығы туралы мұрағат деректерінде бұл індет орыс қыстақтарынан қазақ даласына қарай көп таралады делінген. Бұл індеттің – *сапармәлік* немесе *салаумәлік* деген атаулары кездеседі. М. атауының мағынасын орыс мамандарына мәлімет берген жергілікті қазақтар тез таралатын қауіпті індет дегенді білдіретіндігіне байланысты аталған деп түсіндірген. Өйткені, оның өршу себебін Жаратқанның әмірінен деп түсінген. Соған байланысты ол әмірді екі етпей, бұлжытпай орындауға *періштелер* жіберіледі деген. Періште ұғымының арабша атауы «*мәлика*», яғни М. тозақтың есігін күзетіп, отты қорып тұрады (**қ. Періште**).

М.-тің пайда болуының тағы бір себебі мифтік түсінік бойынша былай деп баяндалады: індет түнде мал қорасына қызын ертіп келген қаскөй кемпір бейнесіндегі зиянкес күштің кесірінен пайда болады. Соған байланысты бұл індетті ертеде «*кемпір*» деп те атаған. Ол туралы мәлімет Торғай облысында шенеунік қызметін атқарған өңірдің шаруашылығын жүйелі зерттеп, бірнеше еңбек жазған А.И. Добромисловтың еңбегінде айтылады. Жаңадан келген орыс мал дәрігерлерін жергілікті қазақтар аса ұната қоймайтын. Сондықтан оларды «*екінші кемпір*», яғни індет деп атаған. Себебі олар М.-тен өлген малдың еті де, жүні де берместен өртеп жібереді. Ондайда лажы қалмаған бишаралар «*Құдай жоғары, патша жырақ (орыстың мақалы, мағынасы басқа)*» деп көнбеске лажы жоқ. М.-ке қарсы жасалатын шара жоқтың қасы.

Сиырға қаратылып айтылатын қарғыс ретінде «*Мәлік келгір!*» деп айту індеттің зілділігін байқатады. Расында М.-ке шалдыққан сауын сиырдың сүті тартылып, жем-суға



зауқы болмай, мең-зен күй кешеді. Аузында күлдіреуік жаралар пайда болады, көбі-басы және терінің жұқа тұстары, әсіресе бездері ісіп кетеді, іші өтеді. Тынысы тарылып, ыныранып киналған мал тісін қайрайды. Бұған шалдыққан сиырға жасайтын дауа жоқ деп басқаларынан бөлектейді, күллі табынды ауылдан алыс оқшау жерге апарып бақылайды. Өлгендерін шұңқырға көміп, өртеп жібереді. Кейде оның зілділігі сондай тобымен қырылған сиырлар тау-төбе болып үйіліп қалады. Оларды қазақтар *сиыр обасы, жемтік көмген жер* деп атайды.

Әдеб.: ЦГА РК. Ф.25, О.1, Д.4210, Св.390. Сведения о крупном рогатом скоте в Тургайской области (23.09.1893 г.- 2.06.1895 г.) 235л; Добросмыслов А.И. Ветеринарный надзор в Тургайской области. Оренбург: Типо-литография П.Жаринова, 1897; *Айтбакин (Әміре)*. Тағын чума // ДУГ. 1900, №1-5; *Арғынбаев Х.* Қазақтың мал шаруашылығы жайында этнографиялық очерк. Алматы: Ғылым, 1969; *Бәделхан Қ.* Халықтық мал емдеу тәжірибелерінен. Өлгий, 1977; *Радлов В.В.* Из Сибири. Страницы дневника. М.: Наука, 1989; *Ахметов Ә.* Түркі тілдеріндегі табу мен эвфемизмдер (салыстырмалы этнолингвистикалық зерделеу). Алматы: Ғылым, 1995; ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МӘЛІН (*Otocolobus manul Pallas*) – мысық тектестерге жататын, үлкендігі үй мысығына пара-пар жабайы аң. Мысықпен салыстырғанда М.-нің дене тұрқы төртбақтау, аяқтары қысқа болады және жүні өте қалың болады. М.-нің үй мысығынан және бір айырмашылығы жарық кезде көзінің қарашығы сызат сияқты емес, дөңгелек қалпында болады. М.-нің түсі сарғылт, қоңырқай тік жолақты болып келеді. Қазақ тілінде М.-ді *дала мысығы* немесе *жабайы мысық* деп те атай береді.

М. Қазақстанның шөлейтті аймақтардың тастақ жерлерінде және қиыршық тасты таулы жерлерде мекендейді. Негізінен *кесіртке, ұсақ құстар, тышқандарымен, шірткелермен* қоректенгенімен, кейде *қырғауыл, қоянды* да аулайды. Қорегін ымыртта немесе түнгі уақытта аулайды. М. қаңтар немесе наурыз айларында мауығады да, сәуір, мамыр айларында балалайды. Балалары жаздың соңы, күзге қарай өз бетінше тіршілік етуді бастайды.



Мәлін. Интернет материалдарынан

Ертеректе М.-ді терісі үшін аулаған. Өйткені, аяқ қақсап ауырғанда оның терісімен аяқты орап қоятын болған.

Дәстүрлі саятшылықта М. бүркіттің өзіне қауіп төндіретін жыртқыш аң саналады. Өйткені, ол семіргенде майының қалыңдайтыны соншалық, терісі көлкілдеп босап

кетеді. Оны бүркіт бас салғанда, әсіресе мойнынан, басы кері айналып кетіп, бүркіттің кез-келген жерін тас-талқан етіп шайнап тастайды. Сондықтан тәжірибелі бүркіттер М.-ге түскенде, бірден оның аузын бүріп ұстап, бұрап өлтіреді.

Қазіргі таңда М.-нің саны өте аз болғандықтан, жойылып бара жатқан аңдар қатарына енгізіліп, қорғауға алынған.

Әдеб.: ҚӘТС, 11-том, Алматы: Арыс, 2009; ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МӘНТІ – ет, пияз т.б. ұсақтап турап, оған дәмдеуіштер қосып, төртбұрыштылап кесілген қамырға түйіп, *қасқанда* бұға пісірілетін тағам. Оны пісіруге арнайы жасалған, бірнеше табағы бар *қасқан* пайдаланылады. Түйілген мәнти тесіктері бар қасқан табақтарына тізіле салынады. Одан кейін табақтарды бірінің үстіне біріні кигізе қабаттап, қайнап тұрған қазанның буына қойылады (**қ. Қасқан**).

Әдеб.: Қазақ дәстүрлі мәдениетінің энциклопедиялық сөздігі. Құраст. А.Құралұлы. Алматы: Сөздік-Словарь, 1997; ҚӘТС. 11-том. Алматы: Арыс, 2009; ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МӘРЕ – белгілі бір жетуге тиісті шекті білдіретін ұғым. *Ат жарысы, жаяу жарыс, қуаласпақ* ойыны кезінде жүгірін өтуге тиісті меженің (аралықтың) соңғы шегін М. деп атаған. М. ретінде арнайы белгілер қойылады немесе белгілі бір тұрақты тұрған заттар белгіленеді. Мәселен, ат жарысында М. белгісі ретінде көбінесе сырыққа байланған мата – *қарақшы* белгі тұрғызылады. Соған орай М. ел арасында *қарақшы* және *көмбе* деп те аталады (**қ. Қарақшы**³).

Жаяу жарыста М. таспен, қазықпен және т.б. белгілермен белгілеген. Сол сияқты, балалар арасындағы *сөре-сөре* деп аталатын *қуаласпақ* ойынында төбешіктер, өсіп тұрған өсімдік (қурай, бұта, ағаш), су, ор, үлкен тас сияқты заттар М. ретінде белгіленеді. Мұндайда кейде М. ретінде айнала орналасқан бірнеше заттар белгіленіп, олардың арасындағы шартты сызықтармен айқындалады. Өсы М. сызықтарынан қашып өткен бала құтылған, ал жете алмай ұсталған бала тұтылған болып саналады (**қ. Сөре-сөре**). Сонымен қатар қандай да болмасын басталған істің соңын М.-ге тенеяді. Осыған орай аяқталған істі – *мәресіне жетті* деп айтады.

Әдеб.: *Жанпейісов Е.* Әуезов Мұхтардың «Абай жолы» эпопеясындағы кейбір этнографиялық атаулар ұғымы // ҚазССР ҒА Хабаршысы. 1973. №6. 34-42 бб; *Кәмелашұлы Б.* Қазақ халқының дәстүрлі күсбегілігі және атбегілігі. Алматы: Өнер, 2006; ҚӘТС. 10-том, Алматы: Арыс, 2007; ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МӘРЕ ТАРТУ – көкпар ойынында ортадағы көкпар серкені қарсы жақтың қақпасына апарып тастайтын сайыс түрі. Қырғыздар сайыстың бұл түрін *тарту* деп, ал қазақтар *мәре тарту* немесе *салым* деп атайды. Мәре тартуға екі жақтан ортаға саны бірдей адам шығады. Мәре тартуда ұпай өсіріп жеңіске жетеді (**қ. Көкпар; Салым**).

Әдеб.: *Әбділдаев О.* Сайыс/Көкпар. Алматы: Балауса, 1992; ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МӘРИ – күні жетпей шала туған қозының жүні қысқа, тықыр терісі. Шала туған төл басқа малда да кездеседі. Мәселен, шала туған лақ терісін де *мәри* дейді. Осымен байланысты мәрид ел ішінде *қозы мәриі* және *лақ мәриі* деп ажыратады. Сонымен бірге кейбір аймақта *мәри* деп жаңа туған қаракөл қозысының терісін айтады. Халық



тілінде күні жетпей шала туған қозы-лақ терілерінің бұдан басқа жылбысын, шыпшынай қарақұлше тәрізді атаулары кездеседі.

Шала туған қозы терісін өңдеу үшін алдымен оған тұз сеуіп, көлеңкеде дегдітіп, кептіріп алады. Кептірілген мәриді әрі қарай өңдеуге тері илеудің *иді жағып илеу* деп аталатын тәсілін қолданады. Өйткені қозы лақ мәрилері түлкі, бұлғын, қарсақ, қоян терілері тәрізді малмаға (немесе иге) батырып илеуге келмейді; себебі бұндай нәзік, жұқа терілер малмаға салғанда ылжырап, жүні жидіп түсе бастайды, пішінін жоғалтады (**қ. Малма; И**). Сондықтан мәриге иді қолмен бірнеше рет жағып, біраз уақыт бүктеп қойып иін қандырады. Кейде идің орнына суға езілген құртты пайдаланады. Бірер күннен кейін терінің иі қанады (әдетте бұндай терілер 1-2 күннен артық иде тұрмайды, түлкі терісінің тіпті 7-8 сағат ішінде-ақ иі қанады). Иі қанғанда терінің шелі қабыршақтанып көтеріле бастайды. Бұндай теріні шелінен газарту қиын болмайды. Қырғышты пайдаланбай-ақ көк еттері мен шелін қолмен алып тастайды. Мәриді иге қандырғаннан кейін тек қолмен уқалап өңдейді, талқыға салмайды (**қ. Талқы**). Қолмен өндегенде кебек қосып уқаласа, тері ағарып, өні жақсара түседі. Мәриді әртүрлі киімдер тігуге қолданады.

МӘРИ БӨРІК – жиегі қаракөл елтірісімен жұрындалған бөрік түрі. *Мәри* деп халық тілінде күні жетпей туған қозының жүні қысқа тықыр терісін айтады (**қ. Мәри**). Сонымен бірге кейбір жерде қаракөл қозысының терісін де *мәри* дейді. М. б.-ті жұрындауға қолданумен бірге одан *жалбай, далбай* (тымақтың немесе бөріктің сыртынан киегін жалаңқабат баскиім) *күләпара* деп аталатын бас киім түрі тігілген. Оны *мәри дабай* деп атайды. Кейде мәриден үлкен тымақ та тігілген.

Әдеб.: Дialectологиялық сөздік. Алматы: Арыс, 2007; *Шоқпарұлы Д., Дәркембайұлы Д.* Қазақтың қолтанбалы өнері. Алматы: Алматыкітап, 2007; ҚӘТС. 11-том. Алматы: Арыс, 2009; ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МӘРСИЕ – қажылық сапарында фәниден кетіп, бакилыққа жеткен жанға немесе қажылық парызын өтеп келгеннен кейін қайтыс болған адамға арнап өлең түрінде айтылатын жоқтау.

Қажылық парызын өтеуді ниет еткен адам аттанар алдында ел-жұртымен қоштасып, аманат сөзіп, өсиет сөзіп айтады (**қ. Қажылық**). Әдетте өсиет сөзін еліндегі ақындардың біріне айтып, өлең түрінде шығартады. Өйткені өлең сөзге түскен өсиет ел жадында жақсы сақталады. Сол сияқты мәрсиені де ауыл-елдің белгілі ақын-жыршылары шығарады. Мысалы, 1912 ж. 11 қазанда қайтыс болған «Есенғұлхажыұлы Қозыбай қажының мәрсиесі» ақын *Ысқақ Салибаев* шығарған, аққа көшіруші *Т.Һәмти* деп қол қойған (жазған).

Мәрсиені марқұм болған адамның әйелі, қыздары, апа-қарындасы тәрізді жақын адамдары мұңлы әуенмен айтады. Мәрсие мәтінінде діни ұғымды білдіретін атаулар молынан қолданылады, кейбірінде ескі қазақ жазба тілінің

элементтері жиі ұшырасады. Мысалы, хаж сапарында орат болған Өсербай қажыға арналған бибі Хамилә ханымның мәрсиесі былай басталады:

*«Салауат айтсам, сауандұр, шаһадат етпек парыздұр,
Дұрыстылық сөз тәубедұр, жаман сөздер қатадұр.
Лә иләһа илләллаһ Мұхаммед Расуллаһ
Салла аллаһу алейһи уә алаһи уә сахбихи уә сәллим
Құлағың сал жарандар, көңілімде қайғы жапам бар.
Шәһидте болған жан атам, бір қорға алмай болдым зар.
Қажы атамды қозғайын, сүннеттен асып озбайын,
Азлық сөйлеп Аллаға шариғат сөзін бұзбайын.
Қарадан туып хан болған, көргендерге таң болған.
Жетім қалған Хәмиләң бір көруге зар болған...».*

Аталмыш мәрсие Қазан қаласында 1892 жылдың қазан айында басылған. Сондай-ақ Ақмолла ақынның (1831-1895) «Дамулла Шаһыбеддин хазіреттің мәрсиесі» атты кітабы (1892) жарық көрген.

Кейбір мәрсиеде ескі кітаби тіл элементтері сирек кездеседі. «Әлқисса Бектұрған байға бәйбішесінің шығарған мәрсиесінде» жалпы халық тіліндегі діни атаулар қолданылады, бірақ ескі кітаби элементтері ара-тұра ғана ұшырасады. Бұндай өлең мәтіндердің әдеттегідей «жоқтау» делінбей мәрсие аталуы сол кездегі қазақ қоғамында қажыларды дәріптеп ерекше құрмет тұтқандығынан болса керек.

Әдеб.: Қазақстандағы ислам діні: Қажылық (XIX-XX ғ. басы). Материалдар жинағы. Алматы: Баспалар үйі, 2009; *Уәли Н.* Бұрынғыдан қалған сөз (қолжазба); ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МӘСТЕК – арқасынан ер, мойнынан қамыт түспей әбден таптаурын болған денетұрқы кішілеу жуас ат.



Мәстекке мінгескен қыздар. ҚР МӨМ қорынан (ФКП 332)

М. үй шаруасында арба-шанаға жегуге, бала-шаға мініп мал қайыруға өте қолайлы. М. ат үнемі оны-мұныға пайдаланылатындықтан тез жүруінің өзі қиын. Оған мінгенде үзеңгіні тебініп, үнемі камшылап отыруға тура келеді.

Сондай-ақ, оның аш-тоқтығы да білінбейді (**қ. Жылқы**). М. туралы халық арасында «бай жорға мінер, кедей мәстек

мінер» – деген мәтел сақталған. Ал, жастар арасында ойналатын *асау мәстек* ойынында М. керісінше асау ат орнында болады (**қ. Асау мәстек**).

Әдеб.: Кейкін Ж. Қазақы атаулар мен байламдар. Алматы: Өлке, 2000; Манкеева Ж.А. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері. Алматы: Жібек жолы, 2008; ҚӘТС. 12-том. Алматы: Арыс, 2010; ҚР MOM – материалынан; ОМЭЭ – материалынан.

МӘСТЕМІР – шокты қысып ұстауға арналған темір құрал, шымшуыр. Мәстемір аталатын құрал көбінесе Қазақстанның батыс аймағында *масатемір* тұлғасында айтылып, «шымшуыр», «қысқаш» мағыналарында қолданылады. Сонымен бірге батыс өңірдің кейбір аудандарында «көсеу» ұғымында жұмсалады. Монғолия казактары тұрмысында *мәстемір* деп зергерлердің қақтаған күміс түймешіктерді қысып ұстайтын шағын қысқашты атайды. Мәстемірдің басын жалпақтау, ішіне қарай сәл ойыстап, сабын ұзын әрі сертімді етіп темірден соғып жасайды. Өйткені оның негізгі қызметі – жанып жатқан оттан шок алу. Сондықтан ол үнемі ошақтың, самаурынның қасында жатады. Оны самаурынға шок салып тұтатуға, табаға нан пісіргенде жиі қолданады. Кейде оны көсеу орнына да пайдаланады.

Шокты қысып ұстауға арналған *мәстемір* атауы екі түрлі тұрмыстық бұйым атауының бірігуінен (*маса* және *темір*) пайда болған. Түркі тектес ноғай, құмық, татар, башқұрт халықтарында «қысқыш» ұғымында *маша* сөзі қолданылады. Бұл құрал түрі А. Старчевскийдің еңбегінде *маса тэмиръ* тұлғасында берілген. Айта кету керек, парсы тілінде де «қысқаш» ұғымында қолданылатын *машэ* сөзі кездеседі. Зерттеуші Ә.Нұрмағанбетовтің пікірі бойынша *мәстемір*, *масатемір* деп аталатын құрал атауы парсы тілінің «маса тәрізді шымшуыр» мағынасындағы *маса* және *темір* сөздерінің бірігуінен пайда болған сыңайлы.

Әдеб.: Старшевский А. Спутник русского человека в Средней Азии. СПб., 1878; Нұрмағанбетов Ә. Қазақ говорларындағы кейбір лексикалық ерекшеліктердің пайда болу жолы мен этимологиясы // Қазақ тіліндегі жергілікті ерекшеліктер. Алматы: Ғылым, 1973; Нұрмағанбетов Ә. Жергілікті тіл ерекшеліктерінің төркіні. Алматы: Мектеп, 1985; Шойбеков Р.Н. Қазақ зергерлік өнерінің лексикасы. Алматы: Қазақстан, 1993; Қазақ тілінің аймақтық сөздігі. Алматы: Арыс, 2005; ҚӘТС. 11-том. Алматы: Арыс, 2009; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МӘСУАҚ / МИСУӘК / МӘСУЕК – қазіргі таңда діни орталарда болмаса, кең-көлемде қолданылмайтын, араб елдерінде өсетін, тіс тазалайтын арнайы ағаш тамыры.



Мәсуақ. ҚР MOM материалдары бойынша суретті салған Б. Досымов

М.-пен тіс тазалау – осы өсімдіктің ерекше қасиеттерімен байланысты болып, тіс тазалығы мен қызылиек саламаттылығы үшін пайдалы. Екінші жағынан, діни ұстаным бойынша мұсылмандар үшін Мұхаммед (с.ғ.с) пайғамбардан қалған сүннет (мұсылмандық салт) саналады.

Әдеб.: Арабско-русский словарь. Составил проф. Х.К. Баранов. М: 1958; Türkçe Sözlük. Türk Tarihi Kurumu Basım Evi, Ankara, 1998; Ислам. Энциклопедиялық анықтамалқ. Алматы: Аруна, 2010; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МӘСІ – жұмсақ былғарыдан тігілген қонышты, кебіспен киетін жеңіл аяқкиім. М.-ні қазақ етікшілері қолдан иленген тері мен сатып алынған былғарыдан тіккен. М. тігуге көбінесе ешкі терісі қолданылған, алайда жылқы терісінен тігілгендері де болған. Қолдан иленген немесе сатып алынған былғарыны *мәсілік былғары*, *мәсілік көн* деп атаған. Өларды *сақтиян* (кей жерде *сапиян* деп те атайды), *шабыра*, *шерім* және т.б. деп ажыратады. Сапиян – М. тігуге арналған жылқы терісі. Одан М.-ге карағанда еркек-әйел етіктері жиі тігіледі. Ешкі терісінен жасалған былғарыны *шабыра шегірен* дейді. М. тігуге ең қолайлысы шабыра, шегірен деп саналады, өйткені ешкі терісі жұқа болады. Сондықтан одан тігілген М. жұмсақ, кебіспен немесе қыста саптама етік ішінен киюге қолайлы болып келеді.



Мәсі. ҚР MOM қорынан (КІП 1078)

Мәсі түрлері мен бөліктері. Ел ішінде М. тігілетін материалы мен тігу ерекшеліктері, атқаратын қызметіне қарай *ату* (осылай атау ноғайлар мен татарларда да кездеседі: ноғайлар әйелдердің сақтиян аяқкиімін, татарлар өкшесіз аяқкиімді *ату* деп те атайды), *былғары байпақ*, *іш байпақ*, *ішетік*, *мәш*, *мәші*, *сақтиян мәсі*, *әміркен мәсі*, *жарғақ мәсі*, *шетік* деп аталады. М.-нің бөліктері етік бөліктері сияқты *бас* немесе *намаздық* (М.-нің басы, тұмсығы; ал кей жерде *намаздық* деп мәсінің *сірісін* де атай береді), *қоныш* (М.-нің балтырды жауып тұратын бөлігі), *қонышбау* (кигенде оңай болуы үшін әрбір қоныштың екі жағынан тігілген, саусак сұғып тартатын былғары



бау; кейде М. коньшпауыз да тігіле береді), *алқым* (мәсі басының коньшпен жалғасатын алдыңғы жағы), *белтір* (мәсінің тобық пен балтыр аралығының тұсына келетін жері, жіліншік тұсы), *ұлтан* (мәсінің табаны), *жұлық* (ұлтан мен мәсінің үстіңгі бөлігінің жалғасқан жері; намаздық пен табанның ұштасқан жері), *сірі* (белтірден томенгі, табаннан жоғары өкшенің артқы тұсы; М. сірісінің халық арасында *күлшін*, *күлчін*, *үшкіл*, *намаздық* тәрізді балама атаулары да кездеседі) деп аталады (қ. *Емік; Емікуі*).

Мәсі тігу. М. тігуші етікшілер мәсіні жалаң қабаттап немесе қосұлтандап тіге береді. Қосұлтандап тіккенде ұлтан орнындағы ұлтарақшаны алқымынан бастап, басының іш жағын жара шаншып тігеді де, өкшенің айналасын қалыпқа салып қатырады. М.-нің ұлтарақшасын *ішперлік*, *ішкі ұлтан* дейді. Оның астына салып тігілетін ұлтан *сырт ұлтан* деп аталады. Ішкі ұлтан мен сырт ұлтан өте жұқа теріден жалаңқабат етіп тігіледі. М.-нің сірісі жұқа, кішкене былғарыдан жасалады. Ұлтанның өкшелік жағын шығыңқылау етін, шетін жымырып тігеді. Басы мен ұлтаны сыздық салынбай тігіле береді. Қонышы ішінен кенеппен астарланып, сырты оюланып, кестеленіп эшекейленеді. М.-нің өкшесі болмайды, нәл (таға) қағылмайды. Сырт ұлтан, негізінде, өкшесіз тігіліп, табанмен бірдей болып тұрады. Өйткені М.-ні кебіспен киеді. Сыртта М. киген адам кебіссіз жүрмейді, тек үй ішінде ғана мәсішең жүреді. Алайда, кейбір аймақта М.-нің бір қабат теріден аласа өкше қағылған түрлері де ұшырасады.



Мәсі тігу. ҚР МӨМ материалдары бойынша суретті салған Б.Досымов

Белгілі этнограф Х.Арғынбаев М. тігудің әдістерін екі топқа жіктеп көрсетеді: 1) ұлтаны жалаңқабат М.-нің басын ішінен тігу әдісі; 2) қос ұлтандап тігу әдісі. М.-ні ішінен тігу тәсілін қолданғанда етікші мәсінің коньшына басын, намаздығын (басын) тігіп алып, теріс айналдырады. Содан соң қалың былғарыдан ұлтан шегеленген қалыпқа

тартылады. Ұлтан мен М.-нің басын тарамыспен қайып тігеді. Тігіп болған соң мәсіні қалыптан суырып алып, М.-ні айналдырады. Қос ұлтандап тігу әдісі мынадай: коньшқа басы мен намаздығын тігіп болған соң, ішпектелген қалыпқа тартылады. Содан кейін сыртынан мықпен қалың ұлтан шегеленеді. Бұл М. ел арасында *шетік мәсі* деп аталады. М. тігуде *жөрмен тігу*, *жара шаншып өбістіре тігу*, *жымырып тігу*, *көмкеріп тігу*, *қайып тігу*, *кестелен тігу* тәрізді тігіс түрлері қолданылады.

М.-ні ертеректе аяқ тоңбау үшін әрі тазалық үшін көбіне-көп жасы ұлғайған кісілер киген. Сонымен бірге оны үйде және мешітте діни рәсімдер атқаратын намазшы мен намазхандар киеді. Бүгінгі күндері М. арнаулы кәсіпорындарда тігіледі.

Әдеб.: Қасиманов С. Қазақ халқының колөнері. Алматы: Қазақстан, 1969; Қазақ совет энциклопедиясы. 7-том. Алматы: Қазақ совет энциклопедиясының бас редакциясы, 1975; Нұрмағамбетов Ә. Жергілікті тұлғалардың ерекшеліктерінің төркіні. Алматы: Мектеп, 1985; Арғынбаев Х. Қазақ халқының колөнері. Алматы: Өнер, 1987; Қасиманов С. Илей білген теріні тон етеді//Қазақ әдебиеті, 1992, № 18, 1 мамыр, 15-6.; Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 6-том. Алматы: Қазақ энциклопедиясының Бас редакциясы, 2004; Қазақ тілінің аймақтық сөздігі. Алматы: Арыс, 2005; Кәмәлашұлы Б. Қазақтың байырғы баспаналары, үй жиһаздары, ұлттық киім-кешек, ыдыс-аяқ, ас-сусын, тамақ-тағамдарына қатысты салт-дәстүрлері. Алматы: Өнер, 2006; ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МӘТЕК – ойын кезінде төбеден немесе шекеден шертіп алатын ұпай. Оны *тайтұқыр* деп те атайды. Бастан шертіп ұпай алудың жеңіл және ауырырақ түрі болады.



Мәтек. ҚР МӨМ материалдары бойынша суретті салған Б.Досымов

Жеңіл түрін – *ешкі мәтек*, ауырырақ түрін *түйе мәтек* дейді. Қазақстанның оңтүстік-шығыс өңірінде *мәтек* – бас бармақтың көбесімен басқа түртіп ойнайтын ойын.

Әдеб.: Диалектологиялық сөздік. Алматы: Арыс, 2007; ҚӘТС. 11-том. Алматы: Арыс, 2009; ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МӘТЕЛ – белгілі бір ойды ауыспалы мағынада астарлап айту барысында қалыптасқан әрі нұсқа, әрі қысқа тұрақты сөз орамы. Мақал мен мәтелдің өзара ұқсас жақтары да, айырмасы да бар. Екеуінің ұқсастығы – нұсқалы ойдың әрі қысқа, әрі көркем үлгіде берілуі, сондай-ақ екеуінің

де мазмұны жағынан, өнеге, өсиет, ақыл-кеңес т.б. дидактикалық мәнде болуы. Сондықтан болар, халықтың өзі іргелес екі ұғымды жинақтап, қос сөз түрінде *мақал-мәтел* деп атаған. Сонымен бірге мақал, мәтел қосып мәнерлеп сөйлеуді *мәтелдеу* дейді.

Мәтелді мақалдан ажыратып тұратын негізгі айырым белгісі бар. Мысалы, мақалда өмірде болған, болып жатқан, болатын іс-әрекеттің өзін айта отырып, оның нәтижесін де көрсетін отырады. Мысалы: *Ерте тұрған еркектің ырысы артық, ерте тұрған әйелдің бір ісі артық. Ерте тұру* – іс-қимыл, (ерте тұрған ер адам кезекті шаруасын істейді), осы іс-қимылдың нәтижесі – ырыс (шаруа істеп біраз нәрсеге қолы жетеді). Логикалық қисынмен айтқанда себеп – «ерте тұру», салдар – «ырыс».

Ерінбегеннің еңбегі оңады, еңбегі оңанға Қыдыр қонады деген мақал да себеп-салдарлық қатынасқа құралған: «ерінбеу» – себеп, «оңу» – салдар; «оңу» – себеп, *Қыдыр қону* – салдар.

Ал мәтелде іс қимыл (себеп) айтылғанмен, оның нәтижесі (салдары) айтылмай тасада тұрады. Мысалы, *Сауда сақал сипаганиша* деген мәтелдің себебі бар да, салдары жоқ, бірақ тыңдаушы сөйлеушінің нені нұқсап тұрғанын нақты жағдаятқа қарай аңғарып отырады. Нақты бір жағдаятта, мысалы, саудада «сатты – бітті», қайтара алмайтын, қайтып ала алмайтын, я болмаса, аяқ асты, тез арада жасалған айырбаста, келісім шартта қайта қарауға болмайтын «өтті-кетті» іс-әрекетті, осыған ұқсас т.б. нақты жағдаятты меңзейді. Бірақ мәтел қорытынды шығармайды.

Ағайын ащы, мал тұщы дейтін мәтел кейде тату-тәтті ағайыннан мал-мүліктің жақын болып кететінін, осыдан өкпе-реніш, даудың шығуын тұспалдайды.

Сақалды құл жарытпас деген мәтелден «біраз жасқа келіп, әккі болған адам істі, жұмысты онша малдыта қоймайды, қол ұшымен ғана істейді» деген ойдың ұшығы аңғарылады.

Қанша жасырын нәрсе болғанмен, біреуден біреу естіп, жұртқа жария болып кететін жайтты *ел құлағы* – *елу* дейтін мәтел тұспалдап білдіреді.

Дау-дамай алыс емес, тап өзіңнің жақын ағайын-туыстарыңнан болатынын, ағайын-туыспен қарым-қатынастың нәзік қырлары бар екенін, оны елеп-ескеріп отыру керектігін тұспалдап: *Ауру астан, дау қарындастан* дейді.

Ағын суда арамдық жоқ деп, таза немесе таза емесіне көзі жетпесе де, амалсыздан ішуге тура келетін сумен байланысты жайтты аңғартады.

Негізгісін, ең бастысын құтқарып, аз шығынға ұшыраған, ұсақ-түйекпен құтылған жайтты *Бастан құлақ садақа* деген мәтел арқылы білдіреді. Бұл мәтел мал-мүлкінен айрылып басы аман қалған жағдаятта да айтылып, мал иесі *бас аман болсын* деп, шүкіршілік етеді.

Сөйтіп, мақал жоғарыда айтылғандай, мазмұны мен құрылымы толымды тұлғалы, яғни себеп – салдарлы болып келсе, мәтелдің мазмұны мен тілдік құрылымының толығы

жартылай тұлғалы болады. «Себеп» айтылғанмен, нәтиже айтылмайды, тасада тұрады бірақ мәні контексте ашылып нақтылана түседі.

Қыздың жолы жіңішке деп қазақ неге айтқан? – деген сауалға орай мәтелдегі тасада тұрған ойдың ұныған, тұспалын қаһарман қаламгер Б.Момышұлы былай деп ашады:

Баяғыда қыздар өте әдепті, биязы болған. Олардың әрбір сөйлеген сөзі, қимыл-қозғалысы, күлкесі айналасына тек қуаныш сыйлаған. Қазақ оларды келешек ұрпақтың анасы деп қатты қадірлеген. Кез келген қызды көргенде «даналар, батырлар, ақындар, ғалымдар – бәрі анадан туған. Бұлар да ұлы ана атанатын шығар» деп ерекше үміт артқан. Өйткені, қыз әдептілікке, адамгершілікке, ізгілікке жақын. Арамдыққа бармайды, жамандыққа жаны қас, көргенсіздік, ұятсыздық дегеннің бәрінен аулақ жүреді. Бұл жақсылық. Ал жақсылықты қолдаушылар аруақытта да аз, оған қарсы күресушілер көп. Сондықтан қазақ олардан абай, сақ болсын деп «Қыздың жолы жіңішке» деген. Олардың кез келгенін қазақ келешек даналардың, батырлардың, ақындардың анасы деп білген. Қысқасы қыздың жолы тек жақсылықтың жолы. Ол – шындық.

Сондай-ақ, сырт қарағанда, *түйені түгімен, биені бүгімен жалмады* («озбырлық, қомағайлық көрсетті»); *тұяқ серіптеді* («қыбыр етуге шамасы келмеді»); *атүсті қарады* («жұмысқа, іске жүрдім-бардым қарады»); *қанын ішіне тартты* («қатты ызаланып, кектенді») т.б. тұрақты тіркестермен мәтел өте ұқсас болып келеді. Тұрақты тіркестер (фразеологизмдер) де сөйлеу кезінде жасалынады, мәтел сияқты даяр күйінде қолданылады, жай сөйлем тұлғалы болады. Бұлардың ұқсастығы осы ғана. Ал фразеологизмдерде мәтелдегі тұспал, меңзеу, нұсқау болмайды да, белгілі мағынаны бейнелі түрде береді.



Сонымен, мәтелде көбіне айтылатын ойдың ұшығы, тұспалы ғана болады, бірақ көп жағдайды аңғартып, жеке адам өміріндегі, қоғамдық-әлеуметтік өмірдегі әр алуан құбылысты тапқырлықпен түйіндеп, тұжырымдап отырады.

Әдеб.: Қазақтың мақалдары мен мәтелдері. Толықтырылып екінші басылуы. Жинап құрастырған Өтебай Тұрманжанов. Алматы: Қаземкөркемәдеббас, 1959; Шешендік сөздер. Қазақтың тапқырлық, нақыл сөздері. Құраст. алғы сөзін жазған Б.Адамбаев. Алматы: Жазушы, 1967; *Кеңесбаев* І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Алматы: Ғылым, 1977; *Әуезов* М. 17 т. Мақалалар, зерттеулер (1933-1950). Алматы: Жазушы, 1985; Мақал-мәтелдер (Қазақ халық әдебиеті: көптомдық). Құраст., алғы сөзі мен түсініктерін жазған Б.Адамбаев. Алматы: Ғылым, 1996; *Қайдар* Ә. Халық даналығы (Қазақ мақал-мәтелдерінің түсіндірме сөздігі және зерттеу). Алматы: Толғанай – Т, 2004; *Әдебиеттану*. Терминдер сөздігі. Құраст. З.Ахметов, Т.Шанбаев. Алматы: Ана тілі, 1998; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МӘТКЕ – үй-жай, қора-қопсы сияқты құрылымдардың төбежабын сырғауылдардың басыш ұстап тұру үшін бөлменің қабырғасының үстіңгі ортасынан ұзынан қойылатын арқалық *белағаштың* атауы. Орыстың «*матка*» сөзінің қазақыланған сөз тұлғасы. Кей өңірлерде оны *мәтше* деп те айтады. Сонымен бірге М.-нің *белағаш, тосын, үрлік, сілеген* сияқты жергілікті атаулары кездеседі (**ж. Белағаш; Сілеген; Тосын;**

МӘТКЕ

Үрлік). Үйдін қабырғасы тұрғызылған соң, қабырғаның сырғауыл түсетін (*салмақ көтеретін*) жағына, ұзын бойына тактай немесе сырық ағаш қойылады (*осы күнгі атауы «мауэрлат»*). Ал бөлменің ортасынан екі басын көлденең қабырғаларға тіреліш М. орнатылады. Қажет болған жағдайда М.-нің орта тұсынан тіреуіш бағана орнатылады (**қ. Бағана**).



Мәтке. ҚР МӨМ материалдары бойынша суретті салған Б.Қақбаев

Сонан соң төбежабын сырғауылдар (*кейбір жерлерде «бөтелек» деп аталады*) бір басы қабырғаға, екінші басы М.-ге артылып, арасын 0,6 – 0,8 м. қылып көлденеңдеп салынды.



Қамыс там. 1928 жылғы А.Л. Мелков экспедициясы. ҚР МӨМ материалдарынан



Мәтке. ҚР МӨМ материалдары бойынша суретті салған Б.Досымов

Одан кейін сырғауылдардың үстіне тактай немесе бұта ағаштар салынып, оның үстіне сабан немесе қурайларды қалыңдата салады, үсті топырақпен жабылып, лаймен сыланады.

Осы орайда айта кететін жайт – М.-ні және сырғауылдарды шіруден қорғау үшін құрылыс кезінде олардың екі басын қабырғаның сыртына асырып шығарып қояды.

Әдеб.: ҚӘТС. 11-том. Алматы: Арыс, 2009; Диалектологиялық сөздік. Алматы: Арыс, 2007; ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МӘУЛІТ – Мұхаммед (с.ғ.с) пайғамбардың туған айы, туған күні. Мұсылмандар Мұхаммед пайғамбардың туған күнін, туған айын ерекше атап өтеді. Мешіттерде уағыз жүргізіледі, пайғамбардың өмірі мен дін жолындағы қызметі, хадистері дәріптеледі. Бұл айда пайғамбарға арнап салауат айтады. Мұсылмандардың қасиетті төрт түнінің бірі – Мәуліт түні. Ислам дінінде қабылданған күнтізбе жүйесі Айдың жерді айналуына негізделген. Аталған жүйеде бір жыл шамамен 354 тәуліктен тұрады, ал осы күнгі қолданыстағы, Жердің Күнді айналуына негізделген, григориан күнтізбесі бойынша бір жылда 365 тәулік бар. Осыған байланысты М. мейрамын атап өту жылда өзгерін отырады.

Қазіргі таңда бұл мерекені барлық ислам әлемі ерекше атап өтеді. М. мерекесін тойлау пайғамбарымыздың заманында болмағаны рас.

Жыл сайынғы мәулітке орай ұйымдастырылатын іс-шараларды түрлендіріп, мазмұнын сан алуан тақырыптар мен әрлендіріп, пайғамбарымыздың өнегелі өмір жолын жан-жақты ашып түсіндіретін, исламның асыл құндылықтарын насихаттайтын түрлі шаралар, рухани кештер мен жиындар ұйымдастыру – Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардың туылған күнін қасиетті мереке ретінде атап өту ислам әлемінде үрдіске айналды.

Әдеб.: Сайфуллина Г. Бағышлау (посвящения) в контексте культуры народного Ислама волжских татар. Казань: Иман, 2005; Ислам. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: Аруна. 2010; ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МЕДЕТ – көңіл-күйге арқау боларлық сөз немесе мақсатқа құрылған істің басқалар жағынан демеу, қолдау тауып, жәрдемге ие болуы. М. сөзі қолдау, көңіл-күйге арқау, сүйеу боларлық күш, қуат, көңіл алданышы, демеу деген мағынада жұмсалады. Араб тілінен аударғанда тікелей мағынасы «көңейген», «ұзарған», «созылған» дегенді білдіреді.

Он үш жасар Абай «*Физули, Шамси, Сайхали, Науаи, Сағди, Фирдоуси, Қожа Хафиз - бу һаммаси, Медет бер, я шагири фәрияд*» Шығыстың ғұлама ойшыл ақындарынан өз шығармашылығына демеу сұрайды. Мұндағы М. ұғымы қолдау, демеу деген мағынаға толық саяды. Қазақта Медет деген кісі есімі де осы мазмұнмен байланысты, яғни баланы бұлай атағанда ата-анасына қолдау, көңіл алданыны, жұбаныны болсын деп ырымдаған. М. ұғымының таза діни мазмұны да белгілі. Мәселен, *Алладан медет тілеу, Алланы медет тұту* деген тұрақты сөз қоланыстар мұсылман адамның Жаратушыға деген күнделікті құлшылығының, ғибадатының ажырамас мәнін, яғни үнемі өз ісінде, әрекетінде, ниетінде Құдіретті күш иесінен мақұлдау, қолдау сұрауды білдіреді. Осымен байланысты халық арасында қалыптасқан көптеген аңыз-әңгімелер бар. Мәселен, бір танымал аңызда: *баяғыда бір аулдың алтындай ұлдарын құлға айналдырып, күндей көркем, айдай сұлу қыздарын күң қылып, жан-жағын жайпаған шайтанды жеңетін ұл туыпты. Ол шайтанмен шайқасқа аттанарда Алладан медет сұрап, «Иншалла» деп, ауыл ақсақалдарының батасын алып кетсе көрінеді. Сөйтіп, ісі оңға басып шайтанды жеңіп, оған әуелі салық төлеттірген екен. Күнінде жиырма ділдәдан салық төлеп жүрген шайтан бір күні, уәделі төлемін әкелмей қояды екен. Бұған қатты ашуланған жігіт, шайтанмен тағы соғыспақ болып барғанда жеңіліп қалады. Енді ол жауының айтқанын орындап, ауылын алысқа алып көшуге мәжбүр болады. Сөндә жігіт өзінің жеңілгеніне сенбей, бұның себебі не деп сұрағанда, шайтан: сен алғаш менімен күш сынасқанда Алладан медет сұрап, Алланың ризашылы деп ниет қылдың, соңғысында өз пайдаң үшін аттандың, себебі осы, деген екен. Демек, М. деген сөздің діни мазмұнына ғидаттың бір түрі, яғни сыйыну да кіреді.*

Әдетте, әсіре исламшыл көзқарастағылар қазақтың әулие-әнбиелердің, рухы биік ата-бабаларының мазарын *зиярат* етіп, Олардың рухтарынан медет тілеуін Аллаға серік қосу деп бағалап жатады. Алайда, ислам шарифаты, Құран мазмұны мен пайғамбар хадистерінде мұндайды *харам* еткен дәлелді фактілер жоқ.

Бұған қоса, ислам ғұламалары әулиеден медет тілеу мәселесінде *уасила* – араға салу, *истиганат* – медет тілеу түсініктерін талқылаған. Бұл екі мәселе де тұжырымдалып, оң шешім тапқан. Сондықтан қазақтың исламға дейінгі сана-түсінігіндегі, сакралды мәдениетінде ерекше канондардың бірі – аруакты құрметтеудің нышаны ретінде қалыптасқан өлілерден медет сұрау ғұрыпы ислам

келгеннен кейін модернизацияланып, жаңа мазмұн алады. Бұл бойынша рухы биік, иманы күшті, еліне, жамағатына еңбегі сіңген, Алланың сүйікті құлдары бола білген, тақуа адамдардың рухы, өлгеннен кейін де жер бетіндегі басқа пенделердің Аллаға деген ғибадат тілектерін, дұғаларын періштелерге жеткізуші медиатор, басқаша айтқанда медет болу қызметін атқарады. Осындай діни түсінікпен байланысты қазақтарда әулие-әнбиелердің мазарын, кесенелерін аралап, Аллаға ғибадат етіп, олардың рухына Құран бағыштау әдеті қалыптасқан.

Қазақтан шыққан дін ғұламасы Мәшһүр Жүсіп Көпеев «Медет» деген өлеңінде бірінші Алла Тағаладан медет сұрайды, одан кейін Адам ата мен Хауа анадан, жер бетінде түсірілген ұлық пайғамбарлардан, соңында Мұхаммед пайғамбардан (с.ғ.с.), одан кейін төрт халиф Әбубәкір, Омар, Осман, Әлиден, одан соң Әлидің ұлдары Хасан (Касейін) мен Үсеннен (Құсейіннен) медет сұрайды. Бұдан кейін:

*Дін жолын Ол түзеткен,
Хақ зікірін берік тұтқан,
Халайыққа жол көрсеткен,
Ғаусул ағзам сенен медет, –*

деп, қазақтардың ұстанатын ислами мәзхабының негізін қалаушы Имам Ағзам Әбу Ханифадан сұрайды. Сонында:

*Кәміл дүр сенің пірлерің,
Барша білер сырларын,
Түркістан дүр жерлерің,
Әзірет Сұлтан сенен медет, –*

деп Алла тағаладан сұрап бастаған медетін Қожа Ахмет Ясауимен аяқтайды.

«Әулиеге екі дүние бір қадам», «Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді», «Жақсыдан шарапат, жаманнан кесапат», «Өлі разы болмай, тірі байымас» мақалдар әулие-әнбиелердің қадір-қасиетін, беделін, дәрежесін құрмет тұтудың, оларға зиярат ету амалын құптауды білдіреді. *Дұға жасап, гибрат алу мақсатында әулие аралап, сапарға шыққан мұсылмандарды – зияратшы, ал зиярат етілетін әулиенің қабірін – мазар деп атайды.*

Дұға-тілектің Алла алдында қабыл болуы, аруактың разы болуы – зиярат әдеп-тәртібінің дұрыс орындалуымен байланысты. Мұнда ең басты шарт ниет тазалығы – Алла ризалығы үшін әулие мазарын зиярат ету, өз дұғаларында барлық нәрсені Алладан сұрау, бұл тілегінің Аллаға барар жолында киелі аурақтан қолдау тілеу.

Қазақта сонымен бірге «*Түркістанда түмен баб, Сіздерден медет тілеймін, Сайрамдағы сансыз баб, Отырардағы отыз баб, Ең үлкені Арыстан баб, Сіздерден медет тілеймін*» немесе «*Бабтардың бабы Арыстан баптан медет тілеймін*» деген әулиеден демеу сұрау сөздері бар. Бұндағы Арыстан бап – Түркістандағы орталығы Қожа Ахмет Ясауи кесенесі болып табылатын ерекше діни-тарихи мазмұнды сәулет ескерткіші, қорық-мұражайында мазары жатқан сахаба ұрпағы, дін ғұламасы, Ясауидің ұстазы. Оның атындағы «Бап» сөзі қақпа дегенді



білдіреді. Яғни, иман қақпасы, пенденің иманы күшейген сайын, оның иманының қақпасы көкке қарай ашыла бермек. Иманы ең күшті Алланың сүйікті құлының қақпасы да көктің биігінде болмақ. Демек, оның рухы періштеге басқа пенденің тілегенін жеткізуге жақын тұрады. Қожа Ахмет Исауидің «Диуани хикметінде» тоқсаныншы хикмет Арыстанбаб өсиеттеріне арналған, бұнда Арыстанбаб адамдарды инсаниат жолына шақырып, алдына

*«иншалла, естірткендерді,
хақтан тілеп алармыз.
Шайтан жолынан алып,
хақ жолына салармын,
медет берсе, Мұстафа
күнәларын жуармын»*

деп мақсат қойғаны айтылады. Демек медет тек, иманы күшті, яғни рухы биік тұлғаның аруағынан сұралады.

Әдеб.: Құран Кәрім. Х.Алтай аудармасы. Медине: Құран Шәриф баспасы, 1991; Құнанбаев Абай. Өлеңдер мен поэмалар. Алматы, Ғылым, 1977; *Мәшһүр Жүсіп*. Шығармалары. 2-том. Павлодар: ЭКО ҒӨФ, 2003; *Қожа Ахмед Исауи*. Диуани хикмет (ақыл кітабы). Аударғандар: М. Жармұхамедұлы, С. Дәуітұлы, М. Шафиғи, Алматы: Мұраттас орталығы, 1993; *Мыңжани Н.* Ислам дінінің қазақ халқына таралуы // Шынжан қоғамдық ғылым журналы. 1990. № 1, 1990, 31-37 бб; *Ибадуллаев С.* Ақида (мұсылмандық таным тұғырнаамасы). Алматы: Ғибарат, 2009; *Шайх Сағиди*. Гүлістан. Аударған: Тұтқабекұлы Ж. Іле хатлық баспасы, 2008; *Ондасынов Н.Д.* Арабша-қазақша түсіндірме сөздік I Т., А., 1984; II Т., А., 1989; *Насирудин Бурханудин Рабғузи*. Пайғамбарлар қиссасы. Алматы: Таймас, 2008; Пайғамбарлар қиссасы. Құраст.: А. Қыдыров, Ж. Жакыпов, К. Қыдыралыұлы. Алматы: Кәусар-саяхат, 2010; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.


МЕДРЕСЕ – (араб. *مدرسة* *мәдараса* – оқып білу, тану, білім алу орны) жоғары ислами оқу орны. Орта категориялы М.-нің шәкірттері, Құран мен шарифатты оқып білімін жетілдіреді. Ал М.-нің жоғарысы – Құран мен шарифат жөнінде күрделі дәріс алу оқу орны болып табылады. М.-де діни біліміне қоса, басқа да пәндерді: *әдебиет, логика, математика, геометрия, жағрапия, астрономия, философия, қимия, медицина, т.б.* кеңінен оқытылып, оқушылардың білімдерін арттырады. М.-нің оқытушыларын *мүдәррис*, ал оқушыларды *мүрид, шәкірт* немесе *тәліп* деп атайды. Оқу мерзімі, оқуын жетілдіріп толықтырам дегендерге шектелмейді, 10-15 ж. дейін барады.



Баба ата медресесінің дәрісханасы мен құжыралары. Шолақорған. ОҚО. Ө.Ахметовтың суреті

Әдетте, М.-нің құрылысы мешіттердің жанында орын алады, оған қатысты *құжыралары, дәрісханасы* және т.б. қосымша қажетті ғимараттары бір ауланы қоршап, үлкен

кешен түрде салынады. Алғашқы медреселердің бірі Х ғ. Нишапур қаласында салынған екен. Мысалы; Әбу Наср әл-Фараби (IX ғ.) *Отырар* М.-сінде дәріс алғаннан кейін оқуын Дамаск қаласы М.-лерінде жалғастырып, жоғарыда айтылған пәндеріне қоса, ол көптеген өзге тілдерді үйренуден басқа жаратылыстану, этика, метафизика, музыка салаларынан білімдар болуға талпынған.



Қалжан ахун медресесі. Қазақстан Республикасының тарихи және мәдени ескерткіштерінің жинағы. Қызылорда облысы (Алматы: Аруна, 2007) атты кітаптан

Ұлы Абай 8 жасында, әкесі Құнанбайдың ұйымдастырып салдырған «*Ескітам*» М.-сінде дәріс алған. Содан 2 жылдан соң ол, Семей қ. *Ахмед Риза* М.-сінде 3 жыл оқиды; Ал, Әуезов М.О. жеті жаста ауылындағы мектепте әріп танып, сауатын ашып барып, Семей қ.-ндағы *Кәмаладдин хазірет* М.-сінде толық білім алған. С.Торайғыров 1912 ж. Баянаулдан Троицк қаласына барып, сондағы Ахун Рахмақули М.-сіне түседі. Ол, аталмыш М.-де бір жыл дәріс алады да, денсаулық жағдайына байланысты, ауылына оралуға мәжбүр болады. Содан соң 1914-1916 жж. Зайсан қ. М.-сінің тәлімгеріне дәріс беру үшін арнайы шақыртылады. Ақынның М.-ден алған білімі оның шығармашылығындағы діни желіске құрылған өлеңдерінен аңғарылып тұрады.

Әдеб.: *Сабитов Н.* Мектебі и медресе у казахов. Истор.-педагогич. очерк. Алматы, 1950; *Бартольд В.В.* Культура мусульманства // Сочинения. Т.VI М.: Восточная литература, 1966. С143-204; Абай. Энциклопедия. Алматы: Атамұра, 1995; ҚҰЭ, Он томдық, Алматы, 1998; *Шәйкен Ж., Ибраев Б.* Діни ғимараттар // Ислам энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: Аруна, 2010. 146-147 бб; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МЕЗГІЛ – табиғат пен адам өміріндегі белгілі бір заңдылықтар негізінде болатын құбылыстардың (өзгерістің, істің) өзіндік уақыты. Қазақ арасындағы түсінік бойынша табиғаттағы, адам өміріндегі тұрақты түрде болып жататын

немесе қайталанып отыратын барлық құбылыстардың, үрдістердің, қозғалыстардың, заңдылықтардың белгілі бір өзіндік уақыты, яғни, мезгілі болады деп саналады. Осыған орай, «*мезгілі жетсе, мұз ерір*» деп, өзіндік уақыты болған құбылыстың жүзеге асуы орынды және міндетті деп есептелді. Осыған орай, белгілі бір заңдылықтарға байланысты өз уақытында болған істі *мезгілді*, ал кездейсоқ, өзінің болуға тиісті уақытында болмаған істі *мезгілсіз* деп айту қалыптасқан. Мәселен, қардың қыста жаууы – мезгілді, ал көктемнің соңына қарай күн-райы әбден жылынғанда кезде жауып қалуы – мезгілсіз болып табылады. Сол сияқты адамның қартайып қайтыс болуы өз мезгілінде болатын табиғи жағдай деп саналса, жас күнінде қайтыс болуын «*мезгілсіз қаза*» деп айтылады.

Қазақта тіршілік әрекеттері үшін аса маңызды саналатын тұрақты табиғи құбылыстардың мезгілдерін анықтап, оларға арнайы атау беру үрдісі бар. Осылайша, жыл сайын және тәулік сайын тұрақты түрде қайталанып отыратын құбылыстардың өзіндік уақыттары түрлі М.-дерге топтастырылып, оларға арнайы атаулар берілген.

Тәулік мезгілдері. Тәулік бойындағы күн мен түннің алма кезек ауысып отыруы тіршілік әрекеттерінің белгілі бір жүйемен жүруіне ықпал жасап отыратыны белгілі. Сондықтан, Күннің қозғалысына орай орын алатын құбылыстарды анықтап, олардың белгілі бір М.-дерге бөліп, өзіндік атау берудің шаруашылық және ғұрыптық мәні зор болған. Ойткені тәулік бойында атқарылатын істердің дұрыс (қолайлы, тиімді, ыңғайлы) уақыттары болады. Малшылар қоғамында Күн ұясынан шыға мал *өрістетіліп*, аптап ыстықта *жусатылып*, аптап қайтқан соң қайтадан жайылып, Күн ұясына қонарда қайтадан қораға камалады. Сондықтан Күн қозғалысына байланысты тәулік бойында өтетін құбылыстардың мезгілдерін анықтап, оларды арнайы атау қалыптасқан.

Ел арасында аздаған айырмашылықтарымен қолданылатын М. атаулары бар. Дегенмен, ел арасында кең тараған тәулік мезгілдерінің атаулары кездеседі. Жалпы қазақта тәулікті *күндіз және түн* деп негізгі екі М.-ге бөледі.

1. Күндізгі мезгіл. Малдың (көбінесе қой-ешкі және сиырдың) негізінен күндіз жайылатындығы, соған орай олардың өрістетілетін, жусатылатын, сауылатын, өрістегі малдың «бас-аяғын» түгенделіп, қораға қарай айдалатын, камалатын мезгілдері болатыны белгілі. Осыған орай күннің ұясынан шыға бастағанынан бастап батыстағы ұясына батқанға дейінгі аралықтағы – күндізгі уақыттың өзін *таң, сәске, түс, түстен кейін, кеи* деп бірнеше мезгілге бөледі.

1. Таң мезгілі (таңертең, азан) – түн қараңғылығы біртіндеп сейіліп, күн ұясынан көтерілген аралық. Таңның атуымен малшылар ауылында қызу тіршілік басталады. Жылдың ыстық кездерінде таң мезгілі көптеген шаруаларды бітіріп алуға өте қолайлы. Өйткені күн көтерілмей тұрып айнала жарықтанғанымен, әлі де болса ыстық басталмағандықтан малдың жайылуы мен адамдардың жұмыс істеуіне өте қолайлы болып келеді. Әсіресе, малдың

неғұрлым ерте жайылымға шығуы аптап басталмай тойынуына мүмкіндік беріп, мал қоңының артуына жағдай жасайды. Осыған орай «*ерте тұрған әйелдің бір ісі артық, ерте тұрған еркектің ырысы артық*» деген мақал қалыптасқан. Таң мезгілінің өзі ел аузында бірнеше кезеңге бөлініп айтылады. Мәселен:

а) *Алагеуім, елең-алаң (алаң-елең), алағөбе* – айналанын әлі жарықтанбай, сәл ғана бозғылт тартқан кезі. Жылы маусымда таң алагеуімнен шаруа адамдары малдарын өріске шығарса, сапарға, аңға шығушылар аттануға қамданатын болған.



Алагеуім. ОМЭЭ материалдарынан

б) *Құланиек, құлан сәрі* – күннің көкжиектен жарқырап біліне бастаған кезі.

в) *Таң сәрі, құлқын сәрі* – жерге күн сәулесі түсе бастаған кез.



Таң сәрі. ОМЭЭ материалдарынан

2. Сәске – таң мен түс мезгілдерінің аралығындағы аралық кезең. Күн көкжиектен көтерілгеннен бастап түске дейінгі аралық – *сәске* деп аталады. Бұл кезең жыл мезгілдеріне орай ұзарып-қысқарып отырады. Жазда таң ерте ататындықтан түске дейінгі аралықты құрайтын бұл М. ұзарып, қыста таң жайырақ ататындықтан біршама қысқарады. Сәске көптеген істерді атқаруға тиісті кезең.



Мәселен, *науқастың көңілін сұрау, мәйітті жерлеу* сияқты істерді осы мезгілде атқарып үлгеру қажет.



Сәске. ОМЭЭ материалдарынан

Сәскенің өзі ел арасында бірнешеге бөлін атайды.

а) *Кіші сәске* – күннің ұясынан көтерілгеннен басталатын М.

б) *Сәске* немесе *қан сәске* – нағыз сәске уақыты, яғни, таң мен түстің дәл орта тұсы. Бұл жыл маусымдарына орай өзгеріп отырады.

в) *Ұлы сәске* – түске жақындаған М.

3. *Түс мезгілі* – күндізгі уақыттың орта тұсы, яғни, Күннің ең биікке көтерілген кезі. Бұл тәуліктің ең ысыған (жылынған) уақыт болып табылады. Ыстық маусымда түс мезгілінде барлық малдар жайылуын тоқтатып, көлеңкелі, сулы, желді жерлерге қарай айдап апарылады. Малдардың төлдері күн өтіп кетуі мүмкін болғандықтан көлеңкелі жерлерге камалады. Түс өзі ел арасында бірнешеге бөлініп айтылады.



Түс мезгілінде көлеңкелеген жылқы. ОМЭЭ материалдарынан

а) *Сәске түс* – аты айтып тұрғандай сәскенің аяқталып, түс уақыты басталған М. (қазіргі уақыт есептеу жүйесі бойынша шамамен сағат 12-лер шамасы).

б) *Тал түс, талма түс* – күн дәл төбеге келген М. (қазіргі уақыт есептеу жүйесі бойынша шамамен сағат 1 шамасы).

в) *Шаңқай түс* – күн төбден сәл ауытқып, нағыз жарқырап қызған М. (қазіргі уақыт есептеу жүйесі бойынша шамамен сағат 2-лер шамасы)

4. *Түстен кейінгі* немесе *түс ауған шақ* – күндізгі уақыттың екінші жартысына қатысты қолданылатын ұғым. Бұл күн төбеден ауып кеткеннен бастап ұясына қарай жақындағанға дейінгі М. Бұл мезгілдің ұзақтығы сәске тәрізді жыл маусымдарына орай айтарлықтай ұзарып немесе қысқарып отырады.

5. *Кеш* немесе *кешкі мезгіл* – Күннің батыстағы ұясына еңкейгеннен бастап қонғанға, яғни, толық батып кеткенге дейінгі мерзімі. Бұл да *таң мезгілі* сияқты шаруашылықтың аса маңызды мезгілдің бірі. Бұл мезгілде малшылар ауылында нағыз қарбалас басталып, мал сауу, төлдерін салу және қайтадан бөлу, қораға қамау сияқты шаруалар атқарылады. *Кешкі мезгілдің* өзі ел арасында бірнеше мезгілдерге бөлініп аталып, сондықтан олардың өзіндік атаулары қалыптасқан.

Кешқұрым, кешке таман, кешкілік – кеш түсуге жақындаған, яғни, күн ұясына қарай беттеген мезгіл. Күн ұясына бата қоймағанмен біртіндеп табы қайтып, ұясына жақындай бастаған мезгіл. Бұл мезгілде Күн ұясына әлі де болса қона қоймағандықтан жарық жеткілікті болады. Ыстық маусымда аптаптың беті қайтатындықтан бұл жұмыс істеуге аса ыңғайлы уақыт деп саналады. Осы мезгілде балалар ойнап, үлкендер әңгіме-дүкен құруға қолайлы болып келеді.



Кешкі мезгіл. ОМЭЭ материалдарынан

Кеш – күннің ұясына кіре бастағаннан бастап толық көрінбей кеткенге дейінгі М. Сондықтан да ел арасында күннің батуын – «*кеш батты*» деп те айтады. Тәуліктің күндізгі мезгілі *таңмен* басталып, *кешпен* аяқталады. Осыған орай ел арасында күндізгі уақытты «*таңның атысы, күннің батысы*» немесе «*таң атқаннан кеш батқанша*» деп те айтады. «*Батқан күнмен таласып іс қылуға болмайды*» – деп күн ұясына кіре бастағанда шаруаны тезірек бітіріп тастауға жұмылады. Егер үлгермейтін болса ертеңіне қалдырады. Өйткені осы күн ұясына батқан сәттен бастап қазақ ұғымындағы тәуліктің аса қолайсыз деп саналатын М. – *бейуақ* басталады.

II. *Беймезгіл* немесе *бейуақ* – күн батқанмен қараңғылық әлі түсе қоймаған, күндізге де, түнге де жатпайтын аралық

мезгіл (қ. *Бейуак*). Оны *күн мен түн таласқан шақ, екі кештің арасы, анақ-сапақ* деп те атайды. Бұл тәуліктің іс қылуға ең қолайсыз М. деп саналады. Бұл уақытта ешқандай да шаруа істеуге болмайды. Істелін жатқан істер токтатылып, ұйқыдағы адамды оятады. Бейуактың өзін табиғи құбылыстарына қарай отырып *ымырт, іңір, қызыл іңір* деп бөлгендігін байқауға болады.

Ымырт – күн ұясына батып кеткеннен кейінгі алакөлеңке басталған М. Қараңғылықтың белең ала бастауына қатысты қазақта – *ымырт үйірлді, ымырт түсті, ымырт жабылды* деген сөз тіркестері жиі қолданылады. Ымырт үйіріле бастағаннан-ақ адамдар істеп жатқан істерін тоқтатып, түнімен шашылып қалмас үшін айналасын жинастыруға кіріседі. Ертеңінде жалғастыратын істерін белгілеп, табиғат құбылыстары (жаңбыр, боран, шық, суық және т.б.) немесе түн қараңғылығында өзге де себептермен (адамдардың қараңғыда байқамай қалуынан, түнде азық іздеген жануарлардың бүлдіруінен) жарамсыз болып қалмауы жолдарын қарастырады (қ. *Ымарт*).

Іңір – айналаның барынша күнгірттеніп, қараңғылық бел ала бастаған кез. Заттарды сұлбасынан ажыратуға мүмкіндік болғанмен, түр-түсіш ажырату қиынға түсетін қараңғылықты – *іңір қараңғысы* деп айтады.



Іңір. ОМЭЭ материалдарынан

Бұл уақытты *ақшам* деп айту жиі кездеседі. Осы кезде кейбір көзінің кемдігі бар адамдар көрмей қалады. Ондай адамда *ақшам соқыр* деп атайтын болған. «*Іңірде жатқан ырыссыз қалар*» деген сөз ел арасында жиі айтылады. Осыған орай ел аузынан естуге болатын алуан түрлі түсініктер бар. Соның бірінде: «*бұл уақытта жаратушы тіршілік иелерінің несібесін бөледі екен. Ал осы уақытта ұйықтап жатқандар өлілер санатына жатқызылып, несібеден құр қалады*» – деген тәрізді діни сенімдермен түсіндіріледі (қ. *Іңір*).

Қызыл іңір – түн басталар алдындағы қараңғылықтың әбден қоюланған мезгілі. Бұл М.-де заттардың тек қараңдаған немесе ағараңдаған сұлбаларын ғана байқағанмен толық ажырату қиын. Кеш бата қойды ауылға қарай айдаған малшылар, дәл осы *қызыл іңірде* ауылға жететіндей есеппен жүріп отыратын болған. Кешкі салқынмен әбден жайылып,

тоғайып үлгерген мал көз байланар алдында ауыл шетіне ілініп, қораға қамалатын.

ІІІ. Түн мезгілі – Күн сәулесінің жарығы түспегендіктен толықтай қараңғылық басқан тәулік М.-і. Бұл М.-де айналаны тек Айдың немесе оттың жарығымен ғана көру мүмкіндігі қалады. Сондықтан адамның бұл уақытта барлық әрекеттері тек Айдың немесе оттың жарығымен ғана жүзеге асырылатын болған. Күннің батып, қараңғылық толық түскеннен бастап таңның бозарып атуына дейінгі аралықты – *түн баласы, түні бойы* деп атайды. Ел арасында түннің көбінесе үшке бөлініп айтылатындығын байқауға болады.

Жарым түн немесе *түн жарым* – көбінесе шамамен түннің алғашқы үштен бір бөлігіне қатысты қолданылатын ұғым. Шаруашылық қарекеттері толықтай тоқтағандықтан адамдардың тамактанып, әңгіме-дүкен құратын, жақын адамдардың өзара қыдыратын М.-і. Жастар жағылған оттың айналасына отырып ән айтып, күй тартып, әзіл-қалжыңмен сауық-сайран өткізген. Ай жарығымен ақсүйек ойнап, алтыбақан тепкен.

Түн ортасы – түннің орта тұсы болған М. Бұл кезде адамдардың барлығы жаппай ұйқыға кетін, тек күзетшілер ғана мал күзетіне қалып отырған.

Түн ауа – түн ортасы ауғаннан бастап таңға дейінгі мезгіл.



Түн. ОМЭЭ материалдарынан

Қазақта тәулікті осылайша шаруашылыққа қатысты М.-дерге бөлумен қатар мұсылмандық парыз намаздардың уақытына орай қалыптасқан тәуліктік мезгіл атаулары да жиі қолданылады. Парыз намаздар: *таң, бесін, намаздыгер, ақшам* және *құптан намаздарынан* тұрады. *Бесін уақыты* – күннің көктің ең жоғары тұсынан батысқа қарай ауа бастағанда басталып, барлық нәрсенің көлеңкесінің өзінен екі есе ұзаруына дейін жалғасады. *Намаздыгер* барлық нәрсенің көлеңкесінің өзінен екі есе болған сәттен басталып, күннің батқан уақытына дейін жалғасады. *Ақшам уақыты* – күннің толық батуымен басталып шапақтың жоғалуымен аяқталады. *Құптан намазының уақыты* – қызыл шапақтың жоғалған сәтінен екінші таңның атуына дейінгі М.



Жыл мезгілдері. Табиғаттағы аса үлкен өзгеріс жыл бойында өтетіндігі белгілі. Күн райының жылынуы, ысуы, салқындауы және суытуының адам өмірі үшін үлкен әсерін тигізіп отырады. Осыған орай жылдың өзін үлкен төрт М.-ге бөліп атаған. Күн райының жылынып, жаппай көк шығатын кезі – *көктем* немесе *жазғұтыры*. Күн райының барынша жылынатын, тіршілік үшін маңызды кезеңі – *жаз* аталған. Күн райының салқындай бастаған мезгілді – *күз*, ал барынша суытқан М. – *қыс* деп атау қалыптасқан. Осыған орай жылдың он екі айы үш-үштен төрт мезгілге бөлінген.

Көктем немесе *жазғұтыры* – аса суық мезгіл өтіп, жердің көктеп жандана бастайтын жыл М.-і. Ол наурыз, көкек, мамыр айларына сәйкес келеді. Бұл кезеңде көшпелі ортада коктеуге қоныс аударып, мал қонын қалпына келтіру, төлдету сияқты аса маңызды шаруаларға кіріседі (**к. Көктеу¹ / Көктем**). Қазақта бұл кезең аса сақ болуды талап ететін алдамшы М. ретінде ескертіп отырған. «*Жазғұтырымғы жел жардай атанды жығар*» деп қыстың катал кезеңінен әлсіреп шыққан мал мен жанның күннің шуактануына тым босаңсымау керектігін айтқан. Күн жылынғанымен бұл М.-де төсенішсіз жерге отыруға немесе жатуға мүлдем тыйым салынған. Күрт өзгертін құбылмалы бұл мезгілде адам мен малдың табиғаттың құбылыстарына төтеп бере алмай қалуы жиі кездесетін.

Жаз – жылдың барынша ысыған М.-і. Бұл мезгіл маусым, шілде, тамыз айларына сәйкес келеді. Көшпелі ортада бұл уақытта жайлауға көшіп, шаруашылықтан біршама босайтын кезең ретінде белгілі. Жаз шыға сауық-сайран да жиілеп, марқұмдарға арнап *ас* беріледі.

Күз – күн райының біртіндеп салқындайтын жыл мезгілі. Бұл қыркүйек, қазан, қараша айларына сәйкес келеді. Малшылар осы кезеңде күздеуге көшіп, қысқа қамданатын болған. Қажегіне қарай қысқыға арнап жем-шөп қоры жиналып, баспана мен жылы киімдер даярланатын.

Қыс – күн райының суытқан, малшылар үшін ең катал жыл М.-і. Бұл желтоқсан, қаңтар, ақпан айларына шамалас келеді. Малшылар қыстауларына көшіп, қыстық соғымдарын сояды.

Осылайша қазақта құбылыстардың өзіндік жүзеге асатын уақыты, яғни, М. болады деген ұғым бойынша орындалуы тиіс істердің М.-ін анықтап немесе белгілеп те отырған. Осыған орай шаруашылық пен тұрмыстағы істердің атқарылуы тиіс немесе атқарылуға қолайлы М.-дері қалыптасқан. Егер, мал төлдету, егін егу сияқты шаруалар көктем М.-інде атқарылатын болса, жиын-той өткізу жаз М.-інде, соғым сою қыс мезгілінде атқарылады. Істердің өз мезгілінен бұрын немес кеш атқарылуы оның нәтижесіне үлкен айырмашылықтар әкелуі мүмкін. Мәселен қозғаларға уақытында күйек байланбау қозғалардың мезгілсіз, яғни, төлдеу уақытынан тыс кездері тууына әкеледі. Бұл шаруашылықты дұрыс атқаруға өзіндік кедергілерін тигізіп, артық жұмыстың, қиындықтардың пайда болуына соқтырып отырған. Сондықтан атқарылатын

шаруаны өз мезгілінде орындауға тырысқан. Сонымен қатар бір істі атқару үшін нақты бір күнді немесе уақытты белгілеу мүмкін. Ол күнді *мезгілді күн* немесе *мезгілді уақыт* деп атайды.

Әдеб.: Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Алматы: Ғылым, 1977 *Уәли Н.* Бір тәуліктегі шақ атаулары және олардың этимологиясы // «Академик Ә.Т.Қайдар және тіл білімінің мәселелері» атты ғылыми теориялық конференция. Алматы: Дайк-Пресс, 2004. 143-153 бб; *Асқар Л.* Тәуліктегі шақ атаулары. Филология ғылым. канд. ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған диссертацияның авторефераты. Алматы, 2009; *Кенжеахметұлы С.* Қазақ халқының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. Алматы: Атамұра, 2010; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МЕЗІРЕТІ / МЕЗІРЕТ – дәстүрлі этикеттік қатынастардың атқарылу жосынын білдіретін ұғым. Яғни, М. деп адамдардың бір-біріне сый-құрмет білдіруі, астағаммен сыйлау арқылы немесе дәмге шақыру сияқты көрсетілген ілтипат, ықыласты айтады. Қазақтарда келген қонақты аттандырғанда, «ет жеп, қонып кетіңіз» деп ұсыныс айту міндетті М.-тік жосынға жатады.

Сонымен бірге, білдірілген ниет-пиғылдың көзбояушылықпен, «сүйкей салды» – немқұрайшылықпен айтылатын жағдайлары болады. Мұндай жағдайда, шын ниетімен қонақ етілмегендігін сезген, қонақасына көңілі толмаған адамдардың, жай ғана М. жасады деп өкпе білдіретіні болады. Сондай-ақ, жай ғана ілтипат білдіру ретінде, дәмге шақырудың ырымын жасайтын жайт те кездеседі. Бұл ілтипаттық білдіру рәсімі ғана болған жағдайда, екі жақ рахмет айтысып қостасады. Ондайды халық арасында «*сарт мезіреті*» деп атап кеткен. Өйткені, отырықшы қауымда, сырттан келген адамдарға әңгімелесіп болған соң айтылатын «*шай іш*» және «*үйге кір*» деген сөз тіркестер қостасу этикетінің бір құрамдас бөлігі болып қалыптасқан. Бұл мағыналық жағынан, көшпелі ортада қалыптасқан: «*сау бол, келіп-кетіп, хабарласып тұралық*» дегенге саяды. Осыған орай, қазақ арасында топты адам арасынан біреуі өз үйінің тұсына келгенде бөлінетін болып, ол адам басқаларына «*үйге кіріңдер, дәм татыңдар*» деп сөздің салтымен шақыра қалар болса, *сарт мезіреті ме, әлде шынымен бе* – деп қалжыңдайтын сөз көп тарап кеткен.

Әдеб.: *Қатран Д.* Қазақтың дәстүрлі ас-тағам мәдениеті. Ғылыми редакторы және алғы сөздің авторы Нұрсан Әлімбай. Алматы: КМӨҒЗИ, 2002; *Д.Байқадамова* // АТ, 2006 №35; ҚӘТС. 11-том, Алматы: Арыс, 2009; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МЕЙРАМ – салтанатты той, мереке (**к. Мереке**). Дәстүрлі қазақ ортада кез-келген М. әрқилы әдет-ғұрып, салт, жосын-жоралғы, ырым-тыйым, наным-сенім және осылардың концептуалдық әрі идеологиялық матрицасы іспеттес дәстүрлі дүниетаныма негізделінді.

ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МЕЙІЗ – кептірілген дәнегі аз немесе дәнексіз жүзім түрлерінің жалпылыма атауы. Қазақстанның жүзім өсіретін өңірлерінде мейіздің түріне қарай дәнексіз түрлерін киш-миш деп, ал бір екі тұқымы бар түрін жүзім деп атайды. Жалпы атап кететін бір жай, мейіздің пайда болуы Отралық Азияда мұсылман дінінің орнығумен байланысты.

Мұсылмандықта шарап ішуге тиым болғандықтан, ежелден жүзімнің шараптық сорттарын өсіретін елдер жүзімнен түрлі шербет жасаумен қатар, кептіру арқылы сақтау жолдары қалыптасты. Осының негізінде халықтық селекция жүзімнің қанттылығы жоғары, сүйексіз сорттарын шығарып, М. өндіре бастағаны белгілі. Дәстүрлі М. өндіру орталықтары негізінен Өзбекстан, Иран, Ауғанстан, Тәжікстанда орналасқанымен, Қазақстанның оңтүстік өңірлерінде дәстүрлі үй кәсіпшілігінің түрі болып қалыптасқан (қ. *Жеміс-жидек*).



Мейіз. ОМЭЭ-материалдарынан

М. дайындаудың кең тараған түрінің бірі шоғымен (*шақ* немесе *сабағы* деп те аталады) үзін алған жүзімді шидің үстіне аңызакты жерде көлеңкеге қойып кептіріп алады. Сонымен бірге, шоқ жүзімді шаң-тозаңынан арылтып, бір шайып алған соң ыдыста қайнап тұрған 2-3 пайыздық сілтлі суға малып алып, арнайы жайманың үстіне кептіруге қояды. Әбден кепкен М.-ді уыстай сыдырса сабағынан онай ажырайды. Жүзімнің түріне сай *сары мейіз*, *қара мейіз* деген түрлері бар.

Дастарқанға қойылған кептірілген жеміс түрлерін жалпылай *өрік-мейіз* деп атайды. *Жентке*, *майсөкке*, *палауға* дәмдегіш ретінде қосады. Тоқашка қосып пісірер болса иленген камырға араластырып немесе бөлінген кесектердің арасына тығып иісіреді. Қымыздың дәмін келтіру үшін оған өрік-мейіз қосып піседі. Мұндай қымыз тіл үйіретін дейтіндей дәмді болады.

Сонымен бірге, М.-дің тәттілігі мен жұмсақтығы қыз балаға осындай есім беруге негіз болса керек. Жақсы бапталып, жараған жүйрікке «мейіздей қатқан» деген теңеуді қолданады.

М. халық ауыз әдебиетінде «*Мақта қыз бен мысық*» ертегісіне негіз болды. Онда үйді жинастырып жүрген қыз мейіз тауып алып, мысығын шақырғанда бірден келмеген соң өзі жеп қояды. Оған ренжіген мысық қыздың қатығын төгуінен басталып, қыз мысықтың құйрығын кесіп алуымен жалғасатын ертегіні әрбір адам біледі.

Әдеб.: *Қасиманов С.* Қазақтың ұлттық тағамдары. Алматы: Қайнар, 1977; *Оспанов Д.М.* Қазақстанның Оңтүстік аймағындағы қазақтардың дәннен жасалған ұлттық тағамдары (XIX ғ. аяғынан қазірге дейін). Тарих ғылымдарының канд. дәрежесін алу үшін дайындалған дисс. Алматы, 1997; ҚӘТС. 11-том. Алматы: Арыс, 2010; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МЕЙІРІМ СУ – адам қайтыс болған кезіндегі алғашқы жуындыру, дәреттендіру. М. с. қайтыс болған адамды

жерлеуге дайындаудың алғашқы жосындарының бірі. Бұл жуындырудың ерекшелігі *арулау* кезіндегідей арнайы адамдар тағайындалмай, жағдайға байланысты бір-екі адам болса да атқара береді (қ. *Ақ жауып арулап қою (қому); Арулау / Ақ жауып арулап қою*). М. с. мәйітті *арулауға* дейін таза ұстау мақсатында туындаған шара болып табылады. Аталмыш шара жантәсілім етер алдында қиналған адамнан шыққан жан терінен (кейде болатын құсу, бойынан дәреті кетіп қалуы сияқты құбылыстардан) мәйітті тазартуға бағытталған.

Қайтыс болған адамды жатқызуға бөлек үй тігіледі. Алдымен марқұмның киімін шешеді. Мәйітті жуындыруға өз жынысынан 3 адам қатысады. Оның кемінде біреуі тәжірибелі, білетін адам болғаны абзал. Мәйітті жылы сумен қолына дәке орап жуындырады. Жуындыруды бетінен бастайды. Оң жағынан бастап дене мүшелерін кезек-кезегімен жуады. Су денесіне түгел тиюі қажет деп санайды. Су тимей қалған осы жер о дүниеде күйікке шалынады деген сенімге байланысты қалыптасқан ырым болып саналады. Жуған суы төсек астына қойылған шылапшынға ағады. Егер мәйіт ақ жаймада жатса, онда су ағу үшін тесік жасап қояды. Егер қайтыс болған адамның аузы ашылып қалса, онда жағын шүберекпен төбесінен танып қояды. Суықта ұстауы үшін және іште пайда болған жел көкіректі көтеріп керіп кетпес үшін кеудесіне тас қояды.

Осы жуындыру кезінде жүзін құбылаға қарата бұрып, қолын, саусақтарын жазып, аяқтарының үлкен башпайларын қосып байлап қояды. Ол о дүниеге кеткенін білдіретін жосын болумен бірге, дененің түзу жатуын қамтамасыз етеді. Өйткені, дене әбден суынған кезде *мәйіт* сіресіп қалады. Үй жағдайында болса осы кезде алғаш рет жуындырады.

Жуғаннан кейін жанадан жоңышқа, жалбыз сияқты шөп, ақ жайма төсеп, мәйітті жатқызып, үстін ақ жаймамен жабады (бетін жауып қояды). Арша тұтатып хош иіс аңқытып қоюға тырысады. Үйдің оң жақ бөлігіне жатқызған соң қайтыс болған адамның тұсына шымылдық тұтады (қ. *Жерлеу*). Ол тұрмыстағыдай жарма емес тұтас болады. Қас қарайғаннан бастап түнімен мәйітті жалғыз қалдырмай «күзетеді» (қ. *Күзету*).

Бұл дәстүр жалпы қазаққа ортақ қолданылатын салт. Бірақ, әр аймаққа байланысты әр түрлі аталады. Жетісудың Ақсу, Көксу, Сарқан және Алакөл өлкелерінде «*мейрам суы*» деп аталса, батыс жақта «*үш дәрет алдыру*» деп аталады. Жан тәсілім еткелі жатқан адамның аузына тамызатын су «*иман су*», «*аман су*» деп аталумен бірге *мейрам су* деп аталады.

Әдеб.: *Әлімбаев Нұрсан.* Қазақтың өлікті жөнелтуге байланысты жосын-жоралғыларының этномәдени проекциясы // ҚР ҰҒА-ның хабарлары. Қоғамдық ғылымдар сериясы. 1994. №4. 36-48 бб; *Ажигали С.Е.* Религиозность и обрядность сельчан Казахстана в ближайшей ретроспективе: Жетысу, середина 80-х // Обычайи и обряды казахов в прошлом и настоящем. Сборник статей. Алматы: Ғылым, 2001. С.35-98; *Бекбалак К.А.* Похоронно-поминальная обрядность казахов Южного Казахстана // Обычайи и обряды казахов в прошлом и настоящем. Сборник статей. Алматы: Ғылым, 2001. С.294-316; *Қалибаева Б.К., Байғабатова Н.* Жетісу қазақтарының отбасына байланысты әдет-

МЕКТЕП

Қазақтың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері: Ғұрып, салт-дәстүрлері, өткендегісі және бүгінгісі // *Ерназаров Ж. Османов* // *Обычаи и обряды казахов в прошлом и настоящем*. Сост. С.Е. MOM – материалдары.

Лакалалар жинағы. Алматы, Ғылым, 2001. 99-116 беті; *Обычаи и обряды казахов в прошлом и настоящем*. Алматы: Ғылым, 2001. С.324-344; ҚР АМЭА – материалдарынан.

МЕКТЕП – (араб. *мактаб* – жазатын орын, жазу столы) балалар, жас (бюро), оқу кабинеті, сауаттылықты мақсат еткендердің өспірімдер, хат тал. Бастапқы кездегі М.-терде тек қана білім алу, оқу орындары (хуснихат) жазуды үйрету, хатшы әріп тануды, құснұсқадайтын дүнияуи бастауыш оқу орны – шенеунік дайындаушы, мұсылмандық діни-рухани білім болып табылған. Әлі жерінде ислам діні кең таралуының беру М.-тері, қазақ бола бастады. Олар, үш категорияға ықпалымен пайд

бөлінді: **мактаб** (араб. *мактаб*) – әріп тану, жазу және жалпы а) **мактаб** (Мәдениетке) – төменгі бастауыш мектебі; сауаттылықты ашып, Құран жаттау және басқа пәндерден ә) **далаялхан** (Дала) – білім алу бастауыш мектебі; (арифметикадан, асиетті Құран кәрімді басынан аяғына б) **қарыхана** – үйрену және намаз оқу, дәрет алу, дейін жатқа айтып, дептерін біліп пайдаланудың арнаулы жалпы мұсылман мектебінде болады. М.-те оқу сабақтары, және оның қара жүргізіледі, егерде ауылмен мешіт мешіт ғимараты қашық болса, оған арнайы, ауылдағы аралығы тым алды, болмаса киіз үй бөлінеді. Қазақ жеке үйлердің діни оқытушысы, діни насихаттаушы, ауылындағы М. деп атайды, оның міндеттерін мешіттің ұстазды – **дәмолат** – **муәззин** атқарады, немесе сырттан, **имамы** әлде **азан** қызметіне **мұғаллим** шақырылады. арнайы ұстазды ауылдар өзара мектеп ашып, балаларын Кейбір, шалғайда, ауыл тұрғындары мұғалім жалдап, оқытатын болса, ігіл бір мөлшерлі ақыға келісіп, оның әр бала басына лардың өздері жиынап беретін болған. жалақысын, ата



Ауыл мектеп. Инфантьев П.П.

Еңбектері (СПб., 1870) атты еңбектен

Этнограф

Мәжіліс алдымен 28 әріптен тұратын М. оқушылар оны жазу мен оқуын үйренеді. Содан араб әліпбиін Құранды іркілмей қалтқысыз айтып кейін барып ыңша, жаттап шығады. Жазуды үйрену беруді жетілді



мәселесі; араб әліпбиі әріптерінің сөз басында, сөздің ортасында және сөздің соңында қалай жазылуының сызуымен жаттығып, немесе Құран-кәрім кітабынан *сүре* я *хадистерін* көшірумен шектелетін еді (к. **Жазу**). Араб тілінде жазылған «Шарифат-ул-иман» немесе «Иман-шарт» оқулықтар, негізгі оқу құралы болып табылатын. Мысалы, XIX ғ. соңынан бастап, Бұқара, Самарқан медреселерінде дәріс алған қазақ М.-терінің молда – оқытушылары оқуды «қадимше» (ескі оқу әдісімен) жүргізсе, ал Қазан, Уфада оқығандар «жәдидше» (жаңа оқу әдісі) жүргізетін болған. Мысалы, сол кездегі, баласының сауатын ашудың қамын ойлаған қазақ, М.-те оқытуға, әкесі баласын жетектеп алып келген сәтте, ол ұстазға: – Мен, баламды сізге тапсырдым. «Емі сіздікі, сүйегі менікі» – деп, аманат етеді

Ал М.-терде есеп «хисаб» (арифметика) пәні азынаулақ қана жүргізілді. Оның өзі, тек, арабша *цифр* санау және *төрт амалды* қолданып есеп шығаруды ғана үйретеді. Бұл пән, татар тілінде жарық көрген «Хисаб мәселелери» немесе «Хисаб меджүмәси» оқулықтары бойынша дәріс берілген. Жағрапия (география) пәніне «Бидаят жуграфия» немесе «Талим жуграфия» атты оқулықтарын пайдаланған. М.-тің білім беру мерзімі, біржылдықтан бастап бесжылдыққа дейін болған.



Мектеп. Молдалар. Труды Оренбургской ученой архивной комиссии. Вып. XIV (Оренбург, 1905) атты еңбектен

XIX ғ. бірінші жартысында (1841ж.), Орданың ханы Жәңгір алғашқы болып, қазақ балаларының сауатын ашу, оларға білім беру ісін мұқият қолға алды. Бұл Ордадағы алғашқы қазақ балаларына арналған училище ретіндегі оқу орыны «Жәңгірдің мектебі» деп аталған. Ойткені Жәңгірханның өзі арнаулы мұғалім шақыртып, оның еңбек ақысын өтеп отырған және училищенің кең, зәулім ғимаратын да салдырған екен. Мұнда, әр жыл сайын, желтоқсан айында оқу жылы аяқталғанда Жәңгірханның қатысуымен салтанатты түрде емтихан өткізілген. Ресей патшасына тікелей өтінуімен М. ісін қаржыландыру мәселесін шешкеннен соң, Ордаға қарасты үлкен-кіші елді-мекендерде бір шама М.-тер, 4-класстық училище, басқа да кәсіптік училищелер ашқызған. Осы училищенің оқушылары ислами оқуы басты пән болып есептелетін болса, оған қоса, міндетті түрде орыс тілі, арифметика, жағрапия, және басқа да ілімдерден дәріс алатын болған.

Жәңгірханның жасаған бір жаңалығы, оған алғашқы орманшылық кәсіпкерлерді даярлау М.-училище ашқызудың өзі, онайлықпен бола қойған жоқ. Себебі, мұндай кәсіптік оқу орынының қажеттілігі өте маңызды болған. Өйткені, Жасқұс мекенінің төңірегіндегі Нарын құмдары көшіп үйлерді басып қалатын қауып төнді. Бұл жағдайға, көшпелі құмды токтатуға, қарсы әрекет жасалынып, Жәңгірханның ықпалымен, Орданың айналасына қылқан жапырақты ағаштың көшеттерін егуге мәжбүр болған. Осы қолдың күшімен жасалған орманға күтім керегі болған соң, оны атқаратын мамандардың қажеттілігі туғаннан кейін, орманшыларды даярлайтын оқу орыны ашылды.



Ауыл мектебі. Торғай облысы, Қостанай уезі.
ҚР МӨМ қорынан (ФКП 171)

1883 жылы, Бөкей ордасында, алғашқы 1 класстық қыздар М.-бі (училище) және оның жанынан қоса 20 қызға арналған интернат ашылды. Бұл М. ағаш бөренеден тұрғызылған ғимараты осы күнге дейін ескерткіш ретінде бой көтерін тұр. Кенес өкіметінің заманы келген соң, оқу-ағарту түп негіздерінің ережелері өзгерген соң, аталмыш М.-тің де білім беру жүйесі күрт өзгеріп, жаңа заманауи оқыту мен тәрбиелеудің ордасына айналды. Мұнда, кезінде, белгілі *Алма Оразбаева*, *Мәншүк Мәметова* сынды қазақтың батыр қыздары оқығаны туралы М.-тің қабырғасындағы естелік тақтаға, олардың есімдері алтынмен аптап жазылып қойылған. Ал кейіннен 1894 ж. Нұралыханның қызы Хусни, өз күшімен М. ашып, қазақ қыздарын оқыта бастады. Бұл М.-ті ел-жұрты «*Хуснидың мектебі*» деп атаған еді. Осы Бөкей ордасында, бір Нарын құмның төңірегін алғанда, XIX ғ. орта шенінде ғана М.-тердің саны 154-ке жеткен екен. Ал мектеп мұғалімдері болып, арнайы жолдамамен, Қазан мұғалімдік семинариясын бітірген қазақ азаматтары қызмет атқарған. Бүкіл Бөкей орда аймағының бөлімшелерінде; Шолаққопа, Шонай, Қамыссамар, Уалықұм, Тал, Жаңа Қазан, Қанішкен сияқты елді-мекенді жерлерде жылдан-жылға М. саны өсе бастады, әсіресе, орыс-қазақ М.-терінің ашылуы орын ала бастады, бұл Ресей патша өкіметінің отарлау және басқа ұлттарды орыстандыру саясатын жүргізудің жолы болып табылады.

Орыс-қазақ М.-тері ашылуының себептерінің бірі ол, отар халықты орыстандыру және оның ұлттық мәдениеті дамуына қайткенде де жол бермеу саясатын ұстанған Ресей патшалығы, ең алғашқы азиялық бұратана

халықтарына арналған «орыс-тузем» (орыс-бұратана) М.-ті Омбыда, Ресей патшалығы басқару әкімшілігі, 1789 ж. «Азиялық мектеп» деп ашып, өзіне бағынған жергілікті әкімшіліктеріне маман дайындауды көздеп, қазақ ақсүйектері мен байларының балаларын оқытты. Ал XIX ғ. 50-інші жылдары, Омбы қ. тек қана қазақ балаларынан, *тілмаштарды* дайындауға «*Омбы училищесі*» атты арнаулы М. ашқан. Әсіресе жастардың сауатын ашу мақсатында, Орынбор, Троицкі, Омбы және басқа да қалалармен бірге дала бекіністері мен Сырдария бойындағы бекіністер (форгтар) маңынан бастауыш білім беретін М.-тер көбейе бастады. Әр М.-те жылына жиырма, отыз оқушыдан оқыған. М.-терде бастапқыда Шекара комиссиясының бекітуімен *орыс және татар тілдері, арифметика, ислам шариғаттары, іс қағаздарды толтыру* оқытылса, уақыт өте келе бұларға қосымша, *православ катехизисі, геометрия, жағрафия, жалпы тарих, сызу мен бейнелеу өнері* пәндері енгізілген. Ал сұлтандар мен құрметті қазақтардың (ақсүйектер) балаларына Орынбордағы Неплюев пен Омбыдағы Сібір кадет корпустарынан білім алуы үшін (мысалы, Ш.Уәлиханов), арнайы орын бөлінген, онда олар басқа да тәрбиеленушілермен қатар бір деңгейде білім алып, оқуды бітіргенде әскери (офицер) дәрежесіне ие болады.

М.-терде бастауыш білім алып жатқан қазақ балалары арасынан әлдеқайда қабілеттілерін іріктеп алып, олардың болашақта университеттерге түсе алуы үшін, халық шоғырланған аймақтарға жақын маңдағы гимназияларға жинап оқыту әлдеқайда тиімді болды. Себебі, мұндай жоғары білім алған адамдар өз ортасына оралған соң, қоғамдық қызмет атқарған соң, ол өз халқын қазіргі заманның озық оркениетті елдердің мәдениетімен таныстырып, өз халқының тарихын зерттеп-зерделеумен де айналысқан. Олардың қатарында, қазақтың бетке ұстар азаматтары: Ә.Бокейхан, Ж.Ақпаев, М.Тынышпаев, Х.Досмұхамедов, М. Дулатов, Ж.Досмұхамедов, Х.Ғаббасов, Ғ.Бердиев, Н.Ипмағамбетов және т.б. Ресей патшалығының жоғары оқу орындарында дәріс алып, еліне жанын беріп, болашақ ұрпаққа үлгі болғандай, зор қызмет еткен.

«**Мамания**» **мектебі** – Жетісу өңіріне әйгілі болған ірі оқу орынның бірі. Ол «Қарағаш» атты мекенде, Ақсу ауд., қазіргі Алматы обл. 20 ғ. бас кезінде жергілікті бұқараның балаларына хат тану, білім арттыру және иман тәрбие беру қызметін атқарған. Ел-жұрттың арасында Мамания М.-бі «Мамания медресесі», «Қарағаш мектебі» деп те аталатын болған. Бұл М.-ті, XIX ғ. Жетісу өңіріне белгілі би, алғашқы кәсіпшілік еткен қазақтардың бірі Маман Қалқабайұлының төрт мұрагері әке өсиетімен, Мекке – Мединеге қажылық парыздарын атқарып оралған соң, өз қаржыларына мешіт, мектеп салдырды. М.-тің оқу-ағарту жүйесі (оқу бағдарламасы, түрлі ережелері), тіпті ғимараттар құрылысы Уфа қ. «Ғалия» медресесінің білім беру жүйесіне толық сүйенген. Ал, Мамания М.-бінің ұстаздары, арнаулы мұғалімдік орындарынан білім



алғандар, М. оқушыларына дәріс берген. Сабақ кестесінде ислам дүниетанымы, шарият қағидалары, құснихат (араб.) жазуымен қатар жағрапия, есеп пәндері орын алады. Кейіннен, Кеңес үкіметі заманында билік өзгерген соң, Мамания М.-бі ұжымшар жастарының мектебі, соңынан жеті жылдық мектеп-коммунаға айналды.

Ал, XX ғ.-дың бас кезінен бастап халық ағарту ісіне А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, С.Торайғыров және т.б. қазақ азаматтары зор ұстаздық қызметтерін көрсете білген еді. Жалпы қазақ педагогикасы ғылымының негізін қалаған осы аталмыш тұлғалар деп айтуға болады.



Қазақ ауылындағы мектеп шәкірттерінің әріп жазуды үйренуі.
ҚР МӨМ қорынан (КП 23396/17)

Қазақ халқы арасында «Ұстаздың ұстазы» атанған Б.Алтынсарин Торғай облысы мектептерінің инспекторы қызметін атқарған кезінде, білім беру жүйесін арттыруды, әр болысқа бір-бір мектеп үйін салуды, тіпті 4 болыста тым болмаса бір мектеп ашуын патша әкімдігінен талап ете отырып, өзі де мұны іске асыруға белсене кіріседі. Ол шалғайдағы қазақ ауылдарын аралап, өзінің ел-жұртына, тек қана хат танумен шектелмей-ақ, заманға сай, кәсіптік білім алудың қажеттілігін және маңыздылығын түсіндіріп жеткізеді. Алтынсарин, халықтан ақшалай жиналған алымдардан түскен қаржыны жұмсап, дербес М.-тер салуды да қолға алды. Оның нәтижесі (1864 ж.), ауыл ара жабыла қаражат жинастырып, Торғай к. М. ғимаратын салуымен аяқталды. Бұл М.-ке, алғашқы оқушылары болып, 14 қазақ баласы білім алуға келді. Алыс-жақын ауылдардан келген балаларға арнаулы интернат ашылды. Алтынсарин, Торғай уезі бойынша халық ағарту жүйесінің бақылау қызметкері болып тағайындалғаннан соң, ол әкімдік орталықтарда М. немесе училищелер ашуына белсене кірісті де және оның іске асуына зор күш салысты. Сонан соң ол әр болыста бастауыш мектеп ашуын іске асырды. Бұл жөнінде Алтынсарин «Болыстық қазақ мектептері туралы жазба» атты еңбегін жазды. Қазақ ауыл М.-теріне сауатты оқытушылар жетіспегендіктен, оның ұсынысымен Ор қ.-сында мұғалімдер дайындайтын оқу орыны ашылды. Ол Торғайда колонер училищесін (алғашында, мұнда 10 бала оқытқан), бірнеше ауылшаруашылық училищелерін (біреуі Қостанайда), Ырғызда қазақ қыздарына арналған

М.-интернат ұйымдастырып ашқызды. Мұндай қыздар училищелерін Торғай обл. әр уезінде ашуды талап етеді. Бірақ оның бұл арманы дүниеден өткен соң орындалып, Ақтөбе, Қарабұтақ, Қостанай және Торғайда қыздар училищелері интернатымен қоса ашылды. Б.Алтынсарин, қазақ балаларын оқуға, білімді болуларына мұқият көңіл бөлулеріне, оның өздеріне, болашақтарына қажетті екенін жеткізуге тырысып, оны мынадай белгілі өлең жолдарымен жеткізді:

*«Бір құдайға сыйынып,
Кел, балалар оқылық.
Оқығанды көңілге,
Ықыласпен тоқылық.
Оқысаңыз балалар,
Шамнан шырақ жағылар.
Тлегенің алдыңнан,
Іздемей-ақ табылар...»*



Б.Алтынсарин салдырған мектеп. 1959 ж. Торғай қаласы.
ҚР МӨМ қорынан (ФКП 11545)

Б. Алтынсарин М.-тің оқу және тәрбиелеу жұмыстарына да, М. шаруашылығына да мұқият көңіл аударды. Оқушы балалардың тазалығы және денсаулық жағдайы жақсы болу үшін М. жанынан монша, емдеу, тамактанатын орындар ұйымдастыруды қарастырып, тіпті Ақтөбе, Елек М.-терінің жанынан аталмыш орындарды салдырып та берген. Ол, Ақтөбе, Торғай, Ырғыз өңірлерінде М.-тер ашып және олардың жанынан қоса шалғай ауылдардың балаларына, жатып оқуға арналған интернаттар ұйымдастырды. Торғай обл. М.-терінде тек қана мұғалімдер мен оқушыларға ғана емес, жалпы сауатты қазақ кітап алып оқи алатындай кітапханалар ашуына ықпал етті.

XIX ғ.-дың 90-ыншы жылдары, оқу-ағарту ісінің даму үрдісін мынадай көрсеткіштерден байқауға болады: Ақмола обл. – 13; Бөкей ордасы – 206; Жетісу обл. – 88; Семей обл. – 17; Сырдария обл. (бұл Әулиеата, Қазалы, Ақмешіт, Тәшкент, Түркістан, Шымкент ояздары және Өмүдәрия бөлімшесі, қазақтың тұтас шоғырланған жері) – 1497; Торғай обл. – 13 мектеп жұмыс істеп тұрды; қазақ М. негізі, сол заманның М.-теріне арналған күрделі ғимарат салуы сирек кездеседі. Қазақ М.-тері жазда киіз үйде, қыста соқпа немесе шымнан салынған үйлерде орналасты. Әдетте, бүкіл ауыл асар жасап, қайрымдылық ретінде М.-ке арнаулы үй салып беретін болған. Қазір, 19 ғ. бері сақталып келген,

казак тарихы және мәдениеті ескерткіштерінің қатарында орын алып тұрған М. ғимараттарының бірі – (1841ж.) Бөкей ордасындағы «Жәңгірдің мектебі» (1883ж.) 1 класстық қыздар М.-бі (жоғарыда ескертілгендей, кезінде казактын батыр қыздары оқыған); (1887ж.) казак кәсіптік М.-бі (қазіргі Батыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану музейі орналасқан); Қызылжардағы (Петропавл к.) жұмысшы жастар М.-бі және т.б.

XIX – XX ғғ. тоғысында казак М.-терінің білім беру тәжірибесі бағыт-бағдарын өзгерте бастады. Мұның, бір бағыты бұрынғы «ескі тәсіл» яғни шарифатқа қайшы келтірмеу, тек діни жолын ғана ұстану, ал екіншісі, мүлдем өзгеше «жаңа тәсіл» бағыты, жаңа оқу бағдарламасы үрдісті жүретін болды. М.-тің түрі өзгерді: жалпы білім беру, кәсіптік, мамандық білім беру; білім арттыру және жетілдіру көлеміне қарай *бастауыш, орталау және орта, жоғары* оқу орындары бір ғана «оқу орындары ережесімен» жұмыс жүргізетін болды.

Одан кейін, совет өкіметі дәуірінде жаңа білім берудің, жаңа ағарту жүйесінің негізі қаланды. Алдымен, «*жаппай сауатсыздықты жою*», сонан соң «*жаппай міндетті бастауыш білім*», бұдан кейін «жалпыға міндетті орта білім» халық ағарту ісін жүзеге асыру шаралары қолданылды. Совет заманының алғашқы казак М. жүйесі мынадай болған: *7 жылдық және 9 жылдық*; ал толық орта білім ала алмаған шаруа, жұмысшы жастарға жағдай жасап, жалпы орта білім алу үшін *жұмысшы факультеттері* ашылды. Сонымен қатар, казак ауыл арасында *көшпелі М.-тер* және ірі елді-мекендерде *М.-коммуналар* ұйымдастырылуы колға алынды. Кейіннен 20ғ. 60 ж. орта шенінде, жастарға өндірістен кол үзбей оқитын *кешкі М.-тер* ұйымдастырылды. Жаңа М.-те казактын жас буынына тәлім-тәрбие және білім беру жүйесі мен жіктеуі түбімен өзгертіліп, өзгеше бағдарламамен жүзеге асырылатын білім беру орынға айналды.



Нұралы ханның қызы Құсни өз мектебінің оқушы қыздарымен. XIX ғ. Таң-Шолпан (2011 №4) атты журналдан

Әдетте, казак халқы, қай заманда болсын, ұрпағына тек ислам діни жағынан білім беріп, бала біткен бәрінің жаппай діни қызметкері болуына мақсат еткен емес, жалпы баланың әріп танып сауаттылықпен қабылеттілігінің, сана-

сезімінің, ой-өрісінің дамуына, өзінің ұрпағына жанжақты әдеби және мәдени ілімін арттыруына, әрқашанда зор көңіл бөліп келген.

Әдеб.: *Михайлов М.* Киргизы //ТС 1868. Сост. В.И. Межовым. Т.ХVI. СПб., 1869; *Остроумов Н.* Мусульманские мектебы и русско-туземные школы в Туркестанском крае // Министерства народного просвещения, 1906, №2; *Сабитов Н.* Мектебы и медресе у казахов. Историко-педагогически очерк, Алматы, 1950; *Бартольд В.В.* Культура мусульманства. Соч. Т. 6, М., 1966; КСЭ. Алтынсарин. 1-том, Алматы, 1972; КСЭ. Мектеп. 7-том, Алматы: Казак совет энциклопедиясы, 1975; *Алтынсарин Ы.* Халық ағарту мәселелері жөніндегі ескертпелер // Таза бұлақ. Алматы: Жазушы, 1988; *Қасымбаев Ж.* Были ли мектебе и медресе очагами суеверия и фанатизма? // Вечерняя Алма-Ата. 1991. 31 мая, №125-126; «Школьный альбом Букеевской орды» // Таң-Шолпан, 2001. №4; Діни оқу орындары // Ислам энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: Аруна, 2010; КР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МЕКІРЕНУ – қой-ешкінің төліне еміренгенде шығаратын дыбысы. Мысалы, жаңа туған қой қозысының шаранасын жалап жатып мекіренін дыбыс шығарады. Мал төлін иіскелеп, мекіренгенде желііндегі сүт иіп, үрпіне қарай жиналады. Мал сауғанда төлін салып сауу, осы шартты рефлекті қолдануға негізделген. Төлінен жеріген мал, М.-бейді және көптеген жағдайда імегендіктен сүті тартылып кететін кездері болады (**қ. Қой; Төл салу**). Казак тілінде нәрестеге мейірленгенде айтатын сөздер мен дыбыстарды, адам баласына қатысты да М. деп атайды.

Әдеб.: *Жанәбілов Ш.* Қазақша мал атаулары. Алматы: Қайнар, 1982; ҚӘТС. 11 том. Алматы: Арыс, 2009; КР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МЕҢ – адамның терісінде кездесетін туа біткен немесе уақыт өте пайда болатын дақ. М.-нің түсі қошқыл қоңыр мен ашық сарғылт түстің арасында болады. М. деп әдетте беттегі, қолдағы ұсақ дақтарды айтады. Оның ірілеуін *қал* деп атайды (**қ. Қал**). Қазақы ортада ушығып жараға айналады деп М.-ді шұқылауға немесе тырнауға тыйым салынды. Халықтық тәжірибенің негізінде қалыптасқан бұл тыйымның ақиқатын осы күнгі медицина ғылымы толықтай дәлелдеп отыр. М. дәстүрлі қазақы орта үшін ғұрыптық мәнді құбылыс.

М. дәстүрлі ортада жағымды мағынада, поэтикалық сипатта қабылданады. М. жақсылықтың символы болды. Дәстүрлі дүниетаным бойынша, М.-і бар адам ерекше бақытты, ұрпағы көп болады. Сонымен бірге менді адам кеңпейілді, дархан, атымтайжомарт сияқты игі қасиеттердің белгісі іспеттес болды (**қ. Атымтайжомарт**). Осыған орай балаға Мендігүл, Менханым, Мендібай, Мендікүл деген ат қою дәстүрі жиі кездеседі.

КР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МЕНДУАНА – өте улы екі жылдық шөптесін өсімдік. Күлгін жасыл түсті, жабысқақ, түкті жапырақтары бар, жағымсыз иісті шөп (латынша атауы – *Hyoscyamus*). Биіктігі 20 – 80 см аралығында, бұтақтары көп, жапырақтары үлкен болады. Ұшар басындағы ортасы қара, сарғылт түсті ірі гүлдері болады. Пісіп жетілген кезде қауашақтарында ұсақ тұқымдар пайда болады. Тұқымдары дөңге ұқсас болғандықтан бала-шағаның улануы жиі кездесіп тұрады.

Ертеде қазақтар М.-ны адыраспан тәрізді тұтатып, түтінімен аластайтын қасиетті шөп ретінде пайдаланған.



Халық емшілігінде М.-ның тұқымы мен жапырағы пайдаланылады. Оның тұқымын піскен соң, жапырағын толық өскенде жинап алған соң қараңғы жерде кептіреді. М.-ның тұқымы тіс ауруларын емдеуде жиі қолданылған. Оны қолданудың екі тәсілі болды: біріншісі талқандап ұнтақтаған М. тұқымын темекі сияқты тарту (түтініні ішке жібермей), екінші түрі – М. тұқымын өртеп, оның түтіні ауызға жеткен кезде Құран аяттарын айтып емдеу. Соңғы тәсілді ел арасында «тістің құртын шақыру» деп атайды (қ. *Тістің құртын шақыру*). Тістен түскен құрттардың таралып басқаға жұқпауы үшін аурудың алдына қойылған табакка су құйып қояды.



Меңдуана. Интернет материалынан

Ішкірне деп аталатын құрсақтың түйнеп ауыртатын жіті сырқатына М. тұқымынан талқандап іпкізеді (қ. *Ішкірне*). Сол сияқты шикан аузын шығаруға тартады. М. тұқымын өсімдік майына араластырып жасаған сылама дәріпі буын ауруына қарсы қолданады.

М. шөбі халықтық мал емдеу тәжірибесінде де қолданылады. Мысалы, бөгелек, сәйгел сияқты қан сорғыштар жұқтырған малдың танауындағы құрттарды күйдірілген М. түтінімен ыстау жолымен емдеген.

Төлде кездесетін «сүт өкпе» деп аталатын тыныс жолы ауруын емдеу үшін *сырттақ* (бриони) деп аталатын шөптің түбірін қара М. дәніне араластырып ішкізген.

Жылан мен түрлі зиянды жәндіктер шаққан жағдайда М. жапырағын жаншып тартса, зиянкестерден болған уытты қайтарады деседі. Көзге көріне бермейтін өте ұсақ құрттардан болатын терінің қышыма түрлерін М. дәнінің түтінімен ыстайды немесе оның жапырағының тұнбасымен жуады.

Малды уландыратын қауіп бар М.-дан сақтандыру үшін ол көп өскен алқапты өртеп жібереді немесе көктемей тұрған кезінде оның түбірін құртады (қ. *Улы шөптер*).

Әдеб.: ЦГА РК. Ф.25, О.1, Д.4200, Св.387. Дело о состоянии киргизского овцеводства в Тургайской области (11.11.1892 г. - 20.02.1895 г.); Сейдалин С. Ветеринария у киргизов // ВОВ. 1906, № 4. - С.165. Хажымұратов М. Қазақстанда кездесетін улы өсімдіктер. Алматы: Қайнар, 1972; Искендіров Ә. Қазақстанның дәрілік өсімдіктері. Алматы: Қазақстан, 1982; Массажетов П.С. Өсімдік әлеміне саяхат. Орыс тілінен аударған А. Бейсенбаев. Алматы: Қайнар, 1988; Оразақов Е. Қазақ халық

медицинасы. Алматы: Ғылым, 1989; Алдашев А., Әлімханов Ж. Қазақтың халық медицинасының құпиясы. Алматы: Қазақстан, 1992; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МЕРГЕН – көздеген нысанаға дәл тигізетін шебер атқыш. Қазақтарда, жалпы түркі-моңғол халықтарында, садақпен ату шеберлігімен атағы шыққан, құралайды көзге атқан, оғын жүзіктің көзінен өткізген батырлар, жауынгерлер «мерген» атағына ие болып, оның есіміне «мерген» сөзі қосылып айтылатын болған.



Мерген. Суретті салған Қ.С. Ахметжан

Бұрынғы қазақ әскерінде осындай мерген жауынгерлерден жаудың қолбасшыларын, әскербасыларын, батырларын құрту сияқты арнаулы тапсырмаларды орындайтын мергендер қосындары құрылған. Мысалы, Абылай, Кенесары әскерінде мергендерден құрылған осындай ерекше әскери топ болып, оның басшысы «мергенбасы» деп аталған. Абылай ханның әскерінде садақшы мергендер тобын атақты мерген, батырлығына ақылы сай болғандықтан Адақ батыр аталған Еспембет батыр басқарған. Қазақ әскеріндегі мергендердің қызметі де қазіргі заман әскеріндегі мергендер тобының қызметі іспетті болды.

Әдеб.: Абылай хан: тарихи жырлар. Құраст. С. Дәуітов. Алматы: Жазушы, 1993; Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Жалпы редакциясын басқарған Т. Жанұзақов. Алматы: Дайк-Пресс, 2008; Хан Кене: Тарихи толғамдар мен пьеса, дастандар. Алматы: Жалын, 1993; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МЕРЕЗ – өте қатерлі, негізінен жыныстық қатынастар арқылы таралатын жұқпалы ауру. М. адамның терісіне, ішкі дене мүшелеріне, сүйектеріне, жүйке жүйесіне қауіпті зақым келтіретін аурудың түрі.

Қазақ жерінде М. XVIII ғ.-дың екінші жартысынан бастап кездесе бастаған көрінеді. Дәстүрлі ортада бұл ауру тұрмыстық заттар мен ыдыс-аяқ арқылы жұғып таралған. Себебін білмеген ел ауруды *Жаратқанның қаріне* ұшырағандарға жіберген жазаның бірі деп санаған. Осыған байланысты, оны *Құран аяттарын* оқу арқылы бетін қайтаруға әрекет еткен.

Бастапқыда білінбеген ауру асқына келе ауыз қуысын «бүлдіре бастайды». Соның салдарынан ауырған адамның

тамағы мен аңқасы қаңсиды, танауы бөртіп кетеді, қатты жаралар пайда болады, біртіндеп онан ірің ағады. Әбден асқынған М. науқастың буынан ауыртады, кеңсірік шеміршегін зақымдайды. Сөйтіп адамның «мұрны түсіп», пұшық болып қалады, үні міңгірлеп шығады. Бірде асқынып, біресе бәсеңдейтін М. қайта қозған кезде адамды *соқыр* немесе *сал* етеді.

Дәрігер А.Ягминнің мәліметіне карағанда, ертеде қазақтар ауру жанына батқан кезде ем іздеген. Мұндай емге деген сұраныстың жоғары екендігін байқаған Бұқарлық саудагерлер мен алдамшы емшілер құтыларға құйылған сынап пен алмас ертіндісін көптеп сатуға әкелген көрінеді.

М. ауруының жарасын емдеу үшін ауру адамды бөлек киіз үйде окшаулап ұстайды. Оны емдейтін адамды ел арасында ертеде *құлансүйек емші* деп атаған. Оның мәні мұндай емнен кейін науқас адамның құлантаза, әбден айығып жазылып кетсін деген сенімге байланысты қалыптасса керек. Қазақ тәуіптері М.-ге қарсы *тамыр дәріге* қосып *көкмияның* тамыры мен қабығын араластырып жасаған қайнатындыны берген. Бұл емнің дайындалу сырын емшілер құпия сақтаған. Емнің атқарылу реті де ерекше: адамның белуарынан келетіндей етіп қазылып, ішіне жүн төселген *ұраға* науқасты жатқызып, үстін терімен қымтап жабады. Ауруға арнайы дайындалған құтыдан күніне екі құты (*мәтінде 2 штоф делінген. 1 штоф шамамен 1,3 л – Ред.*) қайнатынды беріп отырған. Ем әсерінен науқас борша-борша терлесе, М.-дің зілді уыты қайтады деген. Үш апта бойы созылған ем барысында емделушіге уды қайтарып, аса көп мөлшерде шыққан тердің орнын толықтыратын сорпа, су, ақ тағам түрлерін береді.

М. ауруын емдеудің екінші тәсілі – сынаппен емдеу. Алдымен сынапты қамырға араластырып уқалап уытын азайтады. Оны емшілер *«сынапты өлтіру»* деп атайды. Осындай сынапты қайнатынды немесе булау тәсілмен қолданады. Асқынбаған М. жарасын емдеудің тағы бір тәсілі – алмас, күкірт, сынап сияқты улы заттарды тұтатып, оның түтініне М. жарасын ыстайды. Бұл тәсілді *ыстау* деп атайды. Қазақ емшілерінің тәжірибесінде мұндай ыстау емінің тиімді жолы – жылқының қу құмалағының ортасын ойып, оған дәріні салып тұтату. Бұл тәсіл тек М.-ді ғана емес, түрлі жараларды емдеуге де қолданылады (*қ. Ыстау*).

Әдеб.: Ягмин А. Киргиз-кайсацкие степи и их жители. СПб.: Тип. Карла Крайя, 1845; Палкин Б.Н. Очерки истории медицины и здравоохранения Западной Сибири и Казахстана в период присоединения к России (1716- 1868). Новосибирск, 1967; *Аргынбаев Х.* Шынайы емшіліктің жөні бөлек // Зерде. 1989, №12. 20-21 бб; Қазақ. Историко-этнографическое исследование. Алматы: Казахстан, 1995; *Қартаева Т.* Қазақтың халық медицинасы // Денсаулық. 1999, №11. 20-21 бб; КР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МЕРЕКЕ – жалпыхалықтық сипаты бар салтанатты мейрам, той-думан. М.-нің басты міндеті – халықтың немесе белгілі қауым мүшелерінің элеуметтік тұрғыдан ұжымдасып, өзара жұмыла түсуіне қызмет етеді. Белгілі жосын-жоралғы, ғұрыптар негізінде, ат шаптырып, балуан күрестіріп, көкпар тарту сияқты ойын-сауық түрлері өткізілу түрінде атқарылады. Мәніне қарай – діни,

халықтық, календарлық және шаруашылық іс-әрекеттерге негізделген той-мереке болып бөлінеді.

Діни мерекелер қатарына ауыз бекітілген күндер аяқталған соң болатын үш күн Ораза айты М.-сі және одан кейін жетпіс күннен кейін болатын Құрбан айт та кіреді (*қ. Ораза айт; Құрбан айт*).



Мереке. Пошта ашықхатынан. XX ғ. басы

Халықтық және календарлық мерекелерге тіршілік цикліне байланысты әдет-ғұрыптар кезіндегі жиын-тойларды да жатқызуға болады. Мысалы, қайтыс болған атақты адамдардың асын беру кезінде әр тарапқа сауын айтылып, аса көп адам қатысатындықтан ол жалпыхалықтық М.-ге саналған (*қ. Ас / Ас беру*). Сондай-ақ, қыз ұзату, үйлену тойларын шағын М.-ге жатқызуға болғандай. Ойткені, үйленуге қатысты шаралар руаралық деңгейде өтеді, яғни, онда қамтылған адам саны көп. Сондықтан, ауыл, белгілі қауым деңгейінде атқарылатын басқосу, думандарды шағын М. деп атауға болатындай. Ал, Наурыз мейрамы жыл басын қарсы алуға байланысты тойланатын халықтық та, календарлық та М. болып саналады. Ол Наурызнама (*наурыздама*) жаңа жылдың басында болатын осы мейрамды атап өту, тойлау мен осы М. кезінде жасалатын барлық ғұрыптар мен жосын-жоралғылардың да жалпылама атауы болса керек.

Шаруашылыққа қатысты мерекелер қауым мүшелері материалдық игіліктерді көп болып бірлесіп өндіруге байланысты әрекеттер кезінде көрініс табады. Мысалы, бие байлауға байланысты *қымызмұрындық* көшпелілердің жыл бойы күтегін ең ұлық М.-сі (*қ. Қымызмұрындық*). Күйек алу – әр шаруашылықта, яғни, әр ауылда бір мезгілде қатар жасалатын жұмыс. Осы кезде *шашыратқы* деп аталатын ғұрыптық жосын-жоралғылар жасалып, дастарқан жайылады. Сондықтан, ол да шағын М. санатына жатады.

Аншылардың М.-сі ретінде салбурынды атауға болады. Ойткені, оған ит жүгіртін, құс салатын барлық аңшы атаулымен (бүркітші, мерген т.б.) бірге, сал-серілер қатысып, тазысымен, қағушы сияқты көмекшілерін ертіп арнайы дайындықпен келеді. Қос артып, азық-түлік алып «артынып-тартынып», кішігірім көш тәрізді топ болып жүріп бірнеше күн думандатады. Ежелде күзде егін



жиналып болған соң Сабан той М.-сі өткізілетін болған. Кейбір мәліметтер бойынша түркі заманында жыл басы М.-сі күзгі күн мен түн теңелген қыркүйек айында тойланған болса керек.



Мереке кезіндегі балуандар күресі. ҚР МОМ қорынан (ФКП 11637)

М. ұғымы қазақы таным бойынша молшылық пен тоқшылықтың, қуаныш пен шаттықтың нышанына баланды. Сондықтан, береке сөзімен де мағыналас қолданылады.

Әдеб.: Мұқанов С. Халық мұрасы (тарихи-этнографиялық шолу). Таңдамалы шығармалар. XV том. Алматы: Жазушы, 1979; Наурыз: жаңғырған салт-дәстүрлер. Құраст.: М.Қазбеков. Алматы: Қазақстан, 1991; Кенжеахметұлы З.С. Ұлттық әдет-ғұрыптың беймәлім 220 түрі. –Алматы: Санат, 1998; Садохин А.П. Этнология: учебный словарь. –М.: Гардарики, 2002; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МЕРТІГҮ – адам немесе омыртқалы жануардың сүйек қаңқасының немесе буындарының бұлшық ет пен сіңіріне қоса жаралануы. Яғни, сүйек сынуға қоса өзгеше жарақат орын алуы: мысалы, *сүйектердің сынуы және буын таюу, буын созылуы немесе буын айналасындағы ұясы, сіңірі мен тарамыстары сияқты зақымдануы және т.б. (к. Жарақат; Жара; Сынық)* М. салдарынан сүйек, бұлшық ет, буын, сондай-ақ оның бетін жапқан жылтыр шеміршек пен оны «бұйдалап» ұстап тұрғаны буын қабы мен майда сіңір сияқты бөліктері зақымдалуы мүмкін. М.-мен бірге сүйектің бірнеше жерден сынуы және бірнеше ауыр жарақат түрінің орын алуын «*майып болу*» деп атайды (к. *Майып болу*).

Көшпелі орта М. жиірек кездескен. Оның көбі жұмыс немесе мініс көлігінен жығылу, зақымдау салдарынан болады. Әсіресе, жер бедері тегіс емес, ойлы-шұңқыры көп немесе аңның індері көп жерлерде, тасты таулы өңірде көбірек кездеседі. Төрт түлікте М. мініс және жұмыс малында, соның ішінде жылқыда жиі кездеседі.

М.-ге шалдыққан сүйекті сынықшылар сынық пен жарақат сипатына қарай емдейді: *созып салу, сорботқаға орау, қалақ ағаш салып сүйемелдеп таңу және т.б. (к. Сынықшы).*

Әдеб.: Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. В 3-х частях. Часть 3-ая. СПб.: Тип. Карла Крайя, 1832; Ягмин А. Киргиз-кайсацкие степи и их жители. СПб.: Тип. Карла Крайя, 1845; ЦГА РК. Ф.25, О.1, Д.4199, Св.387. О коневодстве в Тургайской области (20.03.1892 г. - 10.10.1895 г.) 187 л.; Палкин Б.Н. Очерки истории медицины и здравоохранения Западной Сибири и Казахстана в период

присоединения к России (1716-1868). Новосибирск, 1967; Арғынбаев Х. Шынайы емішліктің жөні бөлек // Зерде. 1989, №12. 20-21 бб; Ысмағұлұлы Ж. Оташылық және оның емдеу тәсілдері // Халық емінің күдіреті. Жинақ. Алматы, 1993. 68-71 бб; Қожалымов З. Шипагерлік дәстүрі және философиясы. Алматы: Шалкөде, 2009; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МЕРТІК АС – қол-аяғы сынып, мертіккен адамға берілетін ғұрыптық мәні бар ас атауы. М. а. сүйегі сыну, мертігу, майып болу сияқты ауыр жарақатқа душар болған адамға арналып атқарылады. Этикеттік мәні бар бұл жосынның әлгі адамның мейлінше көп үйдің дастарханынан дәм ауыз тисе ол ауруынан тез арада айығады деген халықтық пайымға байланысты қалыптасқан сынайлы. Ал М. а. берілмесе сынық, жарақат қайталана береді деп ырымдайды. Ол үшін берілетін дәмнің, яғни дәм әкелетін үйдің саны *жетсеу* болса, ауруға шипа болады деп саналады. Дәстүрлі сенім-наным бойынша, әр шаңырақтан келген әртүрлі дәм арқылы адам ағзасына қажетті азықтық құрамдар жиналып, сынығы тез жазылып кетеді деп санайды.

М. а.-ты ауру адамға ағайын-туыс, көрші-қоландар беру үшін жинайды. Сондай-ақ, мертіккен адам ұзақ уақыт бойы жазылмай азап шексе, оның туыскандарының біреуі арнайы ауыл-үй аралап дәм жинайды. Ауыл-үй аралаушы «*мертік ас алуға келдім*» деп ат үстінде тұрып берген дәмін алып кете береді. Қапелімде дайын тамағы жоқ болса, құрт-ірімшік, нан, тоқаш және т.б. бар дәмін береді. Тіпті, түгі жоқ деген адам жинаушыға тұзы болса да беруі қажет деп есептеледі.

ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МЕРУЕРТ – зергерлік бұйымдар жасауға, киім-кешектерді әшекейлеуге қолданылатын ақ, ақшыл түсті қымбат бағалы асыл тас. Халық ұғымында М.-ттен көз қойып жасаған бұйымдар, онымен әшекейленген киімдер адамның тектілігін білдіріп, асқак етіп көрсетеді; көз сүйелінен, ноғаладан, азғындықтан сақтайды. М.-тің әшекей бұйымдарында жиі қолданылуы осыған байланысты. Жасалған материалына қарай ондай әшекейлер *меруерт жүзік* (көзіне меруерт қондырған жүзік), *меруерт моншақ* (ақ М.-тен жібек жіпке тізіп жасаған моншақ), *меруерт сырға* (М.-тен жарқыраған көзі бар алтын немесе күміс сырға), *меруерт шытыра* (кимешек, сәукеле тәрізді бас киімдердің М.-тен көз қойып жасаған күміс әшекейі), *мөрлі меруерт* (лауазымды адамның М.-пен әшекейлеп жасаған мөрлі жүзігі) және т.б деп қолданылады. Инжуанның қабыршағын ел ішінде *сәдеп* деп айтады. Осыған орай *Сәдепсіз дүр болмас, Тікенсіз гүл болмас* деген мақал пайда болған (к. *Сәдеп*). Жел дауылдың әсерінен сәдеп су бетіне, жағалауға шығып та қалады. Бұл туралы азды-көпті мағлұмат қазақтың айтыс өлеңдерінде кездеседі. Мысалы: *Теңізден шығып тұрған сіз бір сәдеп, Нұр тамар қандай бұлттан ішіңізге* (Айтыс).

Асыл тас атауларының бір тобы (*меруерт, маржан, дүр*) араб-парсы тілінен, ал *інжу* қытай тілінен енген. Өйткені асыл тастардың бәрі бірдей қазақ даласында өндірілмеген, оларды дайын күйінде басқа елдерден сатып алған.



Меруерт. ОМЭЭ – материалдарынан

Сатып алынған тастарды сол елдегі атауы бойынша атаған, кейбіреуін сол тілдегі мағынасы бойынша қазақша атаған, қайсыбірін тіліміздің заңдылықтарына бағындырып өзгертіп алған. Сонымен бірге тілімізде басқа тілдерден өзгеріссіз енген асыл тас атаулары да ұшырасады. Қазақ тіліне *меруерт* аталатын тас атауы парсы тілінен енген. *Меруерт* парсының *морварид* деген сөзінен шыққан.

Әдеб.: Қазақ совет энциклопедиясы. 7-том. Алматы: Қазақ совет энциклопедиясының бас редакциясы, 1975; *Миллер Б.В.* Персидский словарь. М., 1953; *Шойбеков Р.Н.* Қазақ зергерлік өнерінің сөздігі. Алматы: Ғылым, 1991; *Шойбеков Р.Н.* Қазақ зергерлік өнерінің лексикасы. Алматы: Қазақстан, 1993; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МЕС – бітеу сойылған мал терісінен жасалған ыдыс. Әдетте М. сұйықтықтарды тасымалдауға және сақтауға арналып жасалатын. М. бітеу сыпырылған (мес етіп сойылған) ешкі терісінен дайындалды. М. жасайтын ешкі терісі пышақ тимеген, бүтін болуы тиіс. Алдымен теріні шелдеп, жүнін ұстарамен қырып тазартып алады. Одан кейін оны жерден қазылған «ошаққа» ысқа қояды.



Мес. Хозяйство казахов на рубеже XIX-XX веков. Материалы к историко-этнографическому атласу (Алма-Ата: Наука, 1980) атты еңбектен

М. ыстауға арналған ондай «ошақ» негізінен былай жасалады: оның бір басына от жағатындай етілін қазылып, оған жалғастырыла түтін жүру үшін 5-6 қадамдай жіңішке әрі түзу сай тартылады. Оның екінші басы дөңгелене қазылады. Ал тартылған сайдың үсті шыммен, топырақпен бүркеліп жабылып тасталады.

Шелденіп, жүні қырылған тері «ошақтың» дөңгелене қазылған екінші басына орнатылған үш шыбыққа (*мосы* тәрізді басы түйіскен) түк жағы ішіне аударылып кигізіледі. Бұдан кейін сыртын ыс шықпайтындай етіп жақсылап бүркейді. Бұдан кейін «ошақ» аузынан тобылғы немесе

қарағай бүрін тұтатып, бықсытып ыс жіберіледі. Жанған от қатты лапылдап жанып кетпеуі тиіс. Егер от қатты жанып кетсе, ыста тұрған тері күйіп те кетуі мүмкін. Ал, тері ыста бабымен тұрса іші-сырты қызғылтым тартып біртегіс ысталады.

Ысталып дайын болған М.-ті әркім әрқалай тігеді. Біреулер ысталған терінің мойын және алдыңғы екі аяқ пұшпағын бітеп, бөксе жағын түзеп кесіп ауызы ретінде пайдаланса, кейбірінің мойын жағын ауызы ретінде қалдырып, алдыңғы екі аяқ пұшпағын бітеп, артқы пұшпақтарын бөксе тұсынан түзетіп кесіп тігіп тастайды. Сонымен бірге, алдыңғы аяқ пұшпағының біріне, арнайы тығын әзірленіп шүмек ретінде пайдаланылатын кездер де болған.



Месті суда жүзуге пайдалану. ТС. 287 том (СПб., 1887) атты жинақтан

Ысталып, пұшпақтары тігіліп дайын болған М. жуып тазартылады. Бұдан кейін оны үй тұрмысына жарата беруге болады. Оған құйылған ақ тағам өзінің бабын жоғалтпай жақсы сақталады. М.-ті пайдаланбаған кезде оны жуып-шайып тазартып, көлеңкеге кептіріп, уқалап, керіп-созып, майлап қояды. Дегенмен М. казак үшін кәделі ыдыстар қатарына жатпаған.

Сондай-ақ, бітеу сыпырылған теріні *мескөрік* деп аталатын көрік түрін, *желқабыз* аталатын музыкалық аспап жасауға да жаратқан (**қ. Мескөрік**).



Меспен өзеннен өту. ҚР МОМ материалдары бойынша суретті салған Б.Досымов

Сонымен қатар ерте кездерде бітеу теріні үрлеп алып үлкен өзен-көлдерден жүзіп өтуге, ал бірнешеуін



қатарластыра байлап өзендерден жүк тасып өткізетін сал жасалғаны туралы ауызша мәлімет кездеседі.


Әдеб.: Мұқанов С. Халық мұрасы (тарихи-этнографиялық шолу). Алматы: Жазушы 1979; Хозяйство казахов на рубеже XIX-XX веков. Материалы к историко-этнографическому атласу. Алма-Ата: Наука, 1980; Арғынбаев Х. Қазақ халқының қолөнері. Алматы: Өнер, 1987; Жәнібеков Ө. Уақыт керуені. Алматы: Жазушы, 1992; Қасиманов С. Қазақ халқының қолөнері. Алматы: Қазақстан, 1995; Шоқпарұлы Д., Дәркембайұлы Д. Қазақтың қолданбалы өнері. Алматы: Алматыкітап, 2007; ҚӘТС. 13 том. Алматы: Арыс, 2010; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МЕСЕЛІ ҚАЙТУ / МЕСЕЛДЕСІ ҚАЙТУ – ниет еткен іс-әрекетінің басқа біреулер тарапынан қолдау таппай немесе қандай да бір кедергілер болуының салдарынан адамның көңілі қалып, ондай іске қайта беттей алмай қалатын адами құбылысты білдіретін ұғым. Дәстүрлі ортада *баланың меселін қайтаруды* қош қормейді. Мейлінше, сұраған, қалаған нәрсесін беріп, көңілін тауып, марқайтып жіберу тәрбиенің үздік құралы саналған. Бұл тектес ұстанымдардың бір үлгісі ретінде қазақы ортада нағашы жұртының «*жиеннің көңілін қалдырып, меселін қайтаруына болмайды*» деген жосынды атауға болады. Сонымен бірге, бір нәрсені білгісі келін немесе қызықтап, ұстап көргісі келген *баланың меселін қайтаруға* тыйым салынады. Ойткені, үнемі танып-білгісі келін тұратын бала көңілін қалдыру талпынысын тежеумен бірдей саналған. Сондықтан, әр дүниені, құбылысты тәптіштей айтып жеткізін, түсіндіріп беруге тырысу қажет деп саналады.

Әдеб.: Ағаш бесіктен жер бесікке дейін. 1-кітап. Алматы: Өнер, 2011; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МЕСКӨРІК – бітеу сойылған ешкі терісінен жасалған қарапайым көрік түрі. М. жасауға бітеудей сыпырылған ешкі терісі жаратылады. Сойылып алынған теріні тұздап, тұз сіңгеннен кейін, бірнеше күн малмаға салып қояды. Ал, бұдан кейін теріні уқалап, керін-созып әбден жұмсартады. Дайын болған терінің бөксе жағын (шабына таман) тегістеп кеседі. Бұдан ары, теріні беттестіре жазып, тегістей кесілген жағының ішкі жағынан екі жұқа ағаш шегеленіп, оның үстінен жіңішке тілінген жұқа киіз шегеленеді. Теріге бұлайша ағаш шегеленіп, терімен қапталуының себебі, кейін көрік аузын ашып-жабуға қолайлы болады әрі ағаш үстінен салынған жұқа киіз көрік аузын жапқанда желді ұстайды. Бұдан кейін көрік аузына бекітілген екі ағаштың біріне – бас бармақ сиятын, ал екіншісіне – қалған төрт саусақ сиятындай қайыс бүлдірге тағылады. Бұл бүлдіргелер көрік аузын қолмен ашып-жабуды жеңілдетеді. Бұдан ары, ешкі терісінің алдыңғы пұшпақтарына ағаштан тығын тығылып, сыртынан қайыс таспамен мықтап байланады. Осылайша, ешкі терісінен местің тағы бірі дайындалады.

Дайын болған екі месті мойын жағынан, іші жел жүретіндей ұңғылған аша ағаштың екі басына кигізіп мықтап байлап бекітеді. Ал, аша ағаштың ашық қалған бір басына (ашасы ұштасқан діңіне) темірден немесе қаңылтырдан көмей орнатылады. Бұлай істеудің себебі, кейінен көрікпен жұмыс істегенде көрік мойнындағы ағаштың отқа күймеуіне жақсы.



Мескөрік. Реконструкция. Суретті салған Д.Шоқпарұлы

Бұдан кейін, әбден дайын болған М.-ті үшбұрыш тала қағылған үш қазықтың ортасына қойып, қазықтың екеуіне екі месті пұшпағынан (тығын тығылған алдыңғы сирақтан) байлап, ал қалған біріне көріктің мойынын байлап бекітеді.

Осыдан кейін барып, көрік құрылын дайын болады. Ал, көрікті басатын адам екі местін арасына отырып алып, аузындағы бүлдірге саусақтарын өткізіп алады. Одан кейін алақанын ашып (осы кезде мес аузы да ашылады) месті жоғары көтереді. Бұл сәтте мес ішіне ауа толады. Ал, осы сәтте қолды жұмып (бұл кезде мес аузы жабылады), төмен қарай басады. Бұл кезде, мес ішіне толған жел, көріктің көмейіне қарай ағылады. Осылайша, екі қолдағы, екі месті бірінен кейін бірін басқанда, жел тоқтаусыз көрік көмейіне ағылып, от жақсы қызады. Бұндай М.-ті алып жүру, құру және жинау оңай болғандықтан көшпелі өмірде, жорықта қолдану тиімді болған (**қ. Көрік**).

Әдеб.: Шоқпарұлы Д., Дәркембайұлы Д. Қазақтың қолданбалы өнері. Алматы: Алматыкітап, 2007; Манкеева Ж.А. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері. Алматы: Жібек жолы, 2008; ҚӘТС. 11-том. Алматы: Арыс, 2009; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МЕСҚОБЫЗ – қобыздың үрмелі түрі. Оның кәдімгі қобыздан басты айырмашылығы үрлеу арқылы дыбыс шығарады (**қ. Қобыз; Нарқобыз**). Сонымен қатар оны ағаштан емес, қой немесе ешкінің терісінен дайындайды. Аталмыш қобыздың жасалуында да өзіндік ерекшеліктері бар. Айталық малды сойғанда мойын мен сирақтарынан теріні ажыратқан соң, оны бітеу етіп сыпырап алады. Сосын теріні *иге* немесе *малмаға* салып, әбден иін қандыра илейді (**қ. И; Малма**). Иі қанған дайын терінің қарын, яғни шап тұсын тұйықтап оны айналдыра ағашқа қабыстырып тігіп тастайды. Кейде дөңгелек, шеңбер тәрізді ағаш бөлек дайындалып, оны теріге тігіп те жасайды. Сосын келесі басына ағаштан арнайы жасалған тығын тығылады. Осылайша дайындалған М.-дың сыртқы пішіні *сабаға* немесе *меске* ұқсас болып шыға келеді. Оның М. деп аталуы да соған байланысты орнықса керек.

М.-дың мойнына жақын жеріне *сыбызғы* мен *сырнайға* ұқсас ағаштан жасалған түтіктің бір басын ішіне тығып, екінші басын сыртына шығарып бекітеді. Түтікті үрлегенде жел меске кіреді де оның келесі жағындағы сырнайдан сыртқа шыққанда дыбыс шығарады. Сырнайдың арнайы жасалған тесіктерін басу арқылы дыбысты реттеп белгілі бір әуен шығарады. Ертеректе көшпелі ортада М.-ды қолданғаны жайлы деректер, мәліметтер сақталған. Десек те, бүгінгі таңда М. әлі де зерттеуді қажет ететін, жойыла бастаған архаикалық музыкалық аспаптар қатарына жатады.

ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МЕШЕЛ – жас балалардың сүйектерінің өсуі және қалыптасу үрдісінің бұзылуынан болатын ауру. Зерттеушілер көшпелі ортада нәрестелердің М.-ге шалдығуы, отырықшыларға қарағанда мүлдем аз болғандығын айтады. Оның себебін көшпелі өмір салты жас балалардың күн көзінде ұзағырақ болуға мүмкіндік беретіндігімен түсіндіріледі. М. ауруына тек қыста, ерте көктемде туған балалар шалдығатын болған.

Ертедегі түсінік бойынша М. ауруының жас баладағы түрін «ит ауру», малдың төліндегісін «итию» деп те атаған. Оның мәні баланың М. ауруының себебі ит бейнесіндегі жыны бар адамның «көзі тиюден» болады деп түсіндірілетін. Сәбидің аяқ-қолдарының сүйектері, тіпті төсіне дейін қисайып кететін жайт кездеседі. Мұндай бала көпке дейін аяғын баса алмайды. М. болған баланың сипатын «аяғы шидей, басы қазандай, іші қабақтай (ұлкен)» деп суреттейді. Шашы да дұрыс өспей «өлгектеп» қалады. Бұл ауруды иттің көмегімен «емдеу», дәлірегі домдау шарасын жасаған: мысалы, балаға иттің қылын өртеп иіскету, күйесін бетіне жағу, құлағын кесіп қанын жағу және иттің бас сүйегі салған суға жуу сияқты шаралар қолданылған (**қ. Ит ауру; Домдау; Көз тию**).

Өсімі кешеуілдеп, мазасыз күйге түскен М. сәби жылауық болады, ұйқысы қашып жүдейді. Ондай баланың таңдайы көтеріледі деп санаған емшілер бір апта бойы күніге саусағын аузына салып «таңдайын басу» шарасын жасаған. М.-дің асқину себебін сәбидің емген сүті мен тағамдарының құнарсыздығымен байланыстырған емшілер гүрлі жолмен емдеуге тырысқан. М. болған баланың күтімін жақсартып, оған ақ тағамнан арнайы ашытып дайындаған айран, қымыран, қымыз және қатық сияқты түрлерін үзбей береді. Сонымен қатар, күріштің сүтке ашыған суын көбірек ішкізу дұрыс деп санаған. Қазақ тілінде М. сөзі көбіне жүріп-тұруы қиындап, баяу қимылдайтын адамға қатысты «Мешел болып қалдың ба?» деп қолданылатын сөз орамында кездеседі.

Уызға тоймаған, дұрыс аяқтанбаған малдың төлінде де «итию» ауруынан кейін кешікпей М. белгісі байқалады (**қ. Ити / Итию / Маймақ**). Ондай төлдің аяқ сүйектері майысып кететіндіктен бұл ауруды маймақ деп те атайды. Емшілер төлдің қисайған сүйектерінің тұсын киізбен орап, жінпен шандып тастайды. Оны қалыпқа келтіру үшін бағым-күтімін жақсартып, уыз сүт пен көк шөпті мол береді. Мал сүйегінің күлін және қасқырдың бауырын жемге араластырып берсе аурудан айығуға септігін тигізеді деп есептейді.

Әдеб.: *Арғынбаев Х.* Қазақтың мал шаруашылығы жайында этнографиялық очерк. Алматы: Ғылым, 1969; *Баялиева Т.Д.* Доисламские верования и их пережитки у киргизов. Фрунзе: Илим, 1972; *Толубаев А.Т.* Реликты доисламских верований в семейной обрядности казахов (XIX – начало XX вв). Алма-Ата, 1991; *Алдашев А., Әлімханов Ж.* Қазақтың халық медицинасының құпиясы. Алматы: Қазақстан, 1992; *Тоқтабай А.* Жылқы өнімдері – дертке дауа // Денсаулық. 1999, №6, 29 б.; *Хинаят Б.* Қазақтың дәстүрлі малдәрігерлік білім жүйесі. Тарих ғылым. канд. дәрежесін алу үшін қорғалған диссертациясының қолжазбасы. Ғылыми жетекшісі Нұрсан Әлімбаев. Алматы, 2001; ҚӨТС. 11-том. Алматы: Арыс, 2009; ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МЕШКЕЙ – аса көп мөлшерлі тамақ тұтынатын тойымсыз, қомағай, тамақсау адам. Ілкіде сал-серілер тобында биші, сиқыршы, балуан және ат құлағында ойнайтын шабандоздармен бірге елді таң қалдырып мол тамақ жеп, шелектен қымыз ішетін М.-лер де болған. Қымызмұрындық мерекесінде М.-лер жарысы өтетін. Ондайда алдын-ала бәс тігіледі. Белгіленген мөлшерлі асты жеп тауыса алғаны малдай, ақшалай жүлде алған. Әр ел палуан, мерген, қамшыгерімен, т.б. сайысшыларымен қатар мешкейлерін де жарысқа әкелген.

Сонымен бірге, халық арасында *мешкейдің өзі тойса да, көзі тоймайды* деген бойынша ол жағымсыз бейне ретінде де қабылданды. Осыған байланысты «*Мешкей деген жақсы ат емес, мешкейдің алдында ас қалмас, Тар қазан тасқалақ, мешкей адам ашқарақ* – сияқты мақалдар туды.

Шал ақын М. туралы бір өлең жолдарында былай дейді:

*Айта берсең таусығымас Шал кенесі,
Мешкейдің әсілінің өтер кең өңесі.
Алдына келген асты жаудай шабар,
Басқаның болса-дағы несібесі.*

Ж.Жабаевтың «Есенәлі мешкейге» деген өлеңі бар. Бірде Есенәлі деген бай дастарқандас болған Жамбылды ұнатпай, «Жамбыл май жемейді» деп, қазының бәрін өз алдына туратқызыпты. Сонда Жамбыл былай деген екен:

*Жаралғалы жегенің қазы, жамбас,
Қарның ашты дегенге адам нанбас.
Ет пен майды ішіңе сықап алып,
Адамшылыққа инедей орын қалмас.*

Халық аузында кең таралып, аңызға айналған бір сарынды әңгіме бар. Оның негізгі желісі төмендегідей болып келеді «*бір қойдың немесе бір тайдың етін тауыса жеген соң М. суға барып жатқанда, су бетіне май көлкіп шығыпты*». Осы әңгімені айтушы көп те, көзімен көрген адам кездеспеді. Десе де, *түйені түгімен, арбаны жүгімен жұтатын* М.-лер қай заманда да болғаны белгілі. Тіпті, қазір де бар. Оның дәлелі 2010 жылы шілденің 6-сы күнгі Астана күні меркесінде М.-лер жарысы ұйымдастырылды. Ол туралы «Заман-Қазақстан» газеті төмендегідей мәлімет берді: «*Жарысқа Шығыс Қазақстаннан, Қытайдан және Оңтүстік Қазақстаннан келген үш жігіт қатысты. Арнайы сойылған екі қой 3 жігіттің алдына теңдей бөлініп қойылды. Уақыттан шектеу болған жоқ. Оң жақтарына шара толы қымыз, сол қапталдарына тегене толы сорпа қойылды. Тәбеттері бар үш алып құныға жарыса жегенімен, бас жүлдеге біреуі ғана лайық деп табылды. Ол Қытайдан келген бауырымыз Абзал. Қарсыластары ықылық атып шегіне бастағанда, Абекең табақтан бас көтермей соғып жатты...».*

Әдеб.: *Добросмыслов, А.И.* Салы у киргизов // ИООИРГО. Оренбург, 1901. - Вып. 16. - С. 3-36; *Турсунов Е. Д.* Возникновение баксы, акынов, сэри и жырау. Астана: Фолиант, 1999.; <http://kazakzaman.kz>; ҚР МӨМ материалдарынан, ОМЭЭ материалдарынан.

МЕШПЕТ – жеңіл сырт киім. М. көйлектің үстінен киетін жеңіл сырттық киім атауының бір нұсқасы. Кейбір



өңірлерде М. деп атау кездеседі. Оның кең таралған атауы – бешпент (к. *Бешпент*).

Әдеб.: *Захарова И.В. Ходжаева Р.Д.* Казахская национальная одежда: XIX – начала XX в. Алматы: Наука, 1964; *Қасиманов С.* Қазақ халқының қолөнері. Алматы: Қазақстан, 1995; Қазақтың дәстүрлі киім-кешегі. Ғылыми каталог (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде). Ғылыми редактор және жоба жетекшісі Нұрсан Әлімбаев. Алматы: Өнер, 2009; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МЕШІН ЖЫЛЫ – жыл санау жүйесіндегі *мүшелдің* құрамына кіретін он екі жылдың тоғызыншысы. Қазақта М. ж. әр түрлі тосын оқиғаларға толы аса құбылмалы жыл болады деген түсініктер бар. Бұл жылы нақты бір жағдайдан үміттеніп, алдын ала құрылған жоспармен іс жасау өте қиын деп саналады. М. ж. күтпеген жақсылықтар мен жамандықтар да жиі ұшырасып отырса, кейде ешбір өзгеріссіз бірқалыпты тыныштықпен өтеді. Мәселен бұл жыл сәтсіздіктер мен жағымсыз оқиғалардың көп болғандығы, қысы суық, жазы құрғақшылықпен өтіп, малдың жұтқа ұрынуы жиі қайталанғандығы туралы ел аузында жиі айтылады. Сонымен қатар М. ж.-н жақсылыққа, ырыс пен берекеге толы жыл деп санайтындар да бар. Бұл жыл өткенде «*есіл жыл өтіп кетті-ау*» – деп отыратын болған. Бұл жылдың мал мен жанға өте қолайлы болып, өсіп-өнудің артқандығы туралы айтылып, аса қадірлеу де кездеседі.

Дәстүрлі дүниетаным бойынша, М. ж. туылған адамдардың мінездері алуан түрлі, құбылмалы болып келеді екен. Мәселен, бір жағынан өте ақылды, адал, епті және ойнақы мінезімен қандай қиын іс болмасын ақылға салып, ептілігін пайдаланатындықтан үнемі жеңістерге жете білетін және қандай жағдайларға болса да бейімделгіш адамдар ретінде танымал. Айналасындағыларды ойнақы, әзілқой, қалжыңбас, қуақы мінезімен өзіне тартып, жалықтырмайтын мінезі тағы бар. Дегенмен екінші жағынан айналасындағылардың барлығы бұл мінезін түсіне бермейтіндіктен оған алданып, ашуланып, кейде ең жақындарының өзі мезі болып, ығыры шығады. Ол тек оз дегенімен жүретін тәуелсіз және кез келген жағдайда адамдарға көмектескіш болып келеді. Сондықтан бұл жылғы адамдарды мінезі қандай болса дәл солай қабылдап, ренжімеу керектігі жөнінде айтылады. М. ж. туылғандарды ренжітетін болса іштей кек сақтап, сәті келгенде жақсылап тұрып есесін қайтаратын әдеті де жоқ емес.

Әдеб.: *Ысқақов М.* Халық календары. Алматы: Жазушы, 2009; *Камалашұлы Б.* Қазақ халқының салт-дәстүрлері. Улаанбаатар. 2013; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МЕШІТ – (араб. مسجد *мәсджәд*) ислам діншілдері, Аллаға табыну, жалбарыну, құлшылық етуіне арналған діни-ғұрыптық орын, діни ғимарат болып табылады. Ислам діни тарихында (б.з. VII ғ.), киелі «*Зәмзәм су*» бастауы және оның жанындағы, белгіленген қасиетті айларда келіп, тәуәп ететін «*құбыла*» (араб. *кеблә*) ғибадатханасы, «*мәсджәд*» (құдайға сыйыну) ету орынға «*Алланың үйіне*» айналған. Кейіннен, бұл Мекке жері және оның өңірі «*харам*» – қасиетті, киелі жер деп жарияланады (к. *Ғимарат; Ислам; Қағба; Құбыла*). Демек, бұл аталмыш аймақта ислам

ережелері мен шариғатқа және адамгершілік қағидаларға қайшы келетін соғыс-шайқастар және басқа да қылмыстар жасауға қатаң тыйым салынған өңірі болып табылады. Сол себепті, Меккедегі, бүкіл мұсылман әлеміне қасиетті, бас М.-і, «*әл-Харам*» деп аталуы да, сонымен байланысты деуге болады.

Негізі, М.-тер – мұсылман қауымы Құдайға *ғибадат* жасайтын, бес намазды оқитын, діни уағыз айтылып-тындайтын, жалпы мінажат етуге арналған және басқа да ислам рәсімдерін өткізетін *ғибадатхана* болып табылады (к. *Ғибадат; Ғибадатхана*).

М.-тер бірнеше категорияларға; *жамағат (жами)* мешіті; *намазғы (намазгах)* мешіті; *жұма* мешіті; *базар* мешіті; *махалля* мешіті; мерекелік М.-тер – *мұсалла (намаз орыны); идағх (мереке орыны); забия*; медресе немесе әулие қабырханасы жанындағы – *қоналқа (ханака)* мешіті және зират басындағы – *зияратхана* сияқтыларға бөлінеді (к. *Зиярат ету / Зиярат; Намаз*). Алайда, М.-тердің категорияларының қатарындағы «*зияратхананың*» кейбір елеулі айырмашылығы, мұндай атрибуттері қарастырылмайды. Осыған қоса, айта кетерлік жайт, намаз оқу алдында тазару рәсімін жасауға арналған М.-тің *дәретханасы* оңаша ғимарат болады әрі ол *әжетханадан* бөлек болуы қажет (к. *Дәрет алу*).



Мешіт. ҚР MOM жұмыс қорынан


Әдетте, М. ғимаратының құрылыс түзілімінің бөліктері – *мазүрін / михраб, мұнара, мінбер* қарастырылады, бұлар айырып-алғысыз ғұрыптық діни рәсімдерді атқаратын арнаулы атрибуттер болып табылады.

Мазүрін / Михраб – М.-тің ажыратылмас бөліктерінің бірі. Бұл атрибут Меккедегі Қағба жаққа қаратылып, М.-тің іңкі төріндегі қабырғаның қак ортасына ұйымдастырылған «*құбыла*» қуыс. *Мазүрін* қуысының маңдайшасы доғалданып жасалады, жиектемесі айналдыра өрнектеліп, немесе құснихат жазуымен әрленеді (к. *Құснихат*).

Қазақ елі жерінде Ислам дінінің енуіне байланысты VIII – XV ғғ. М.-тер салу үрдісі дами бастайды (к.

Ислам). Сол заманның, алғашқы М.-тердің құрылғы пішімдерінің түрлері қарапайым, тегіс жерге, биіктігі адам бойынан болар-болмас асырып; қыш, тас, т.б. құрылыс материалдарынан, жалғыз ғана бітеу қабырға салынады да, оның қас ортасына *мағұрпін / михраб* ұйымдастырылады. Құдайға құлшылық жасаушылар беталысын *мағұрпінқа* қарап намазға жығылады. Мұндай М.-тер *намазғы (намазгах)* деп табылады (к. *Қағба; Құбыла*).

Аталмыш қабырғалы М.-тердің сақталған түрлері Маңғыстау өңірі Кентібаба және Қаңғабаба қорымдарында «*зияратхана*» ретінде кездеседі. Мысалы; Кентібабадағы М.-тің құрылысы ұлутаспен бір қатар қаланған төртбұрышты дуал, оның оңтүстік-батыс жақ қабырғасының қас ортасына, биіктігі – адамның белінен келетін, жоғарғы жағы доғаланған, жалпақ тастан *мағұрпін* орнатылған.



Аптақ ишан мешіті. Шаян ауылы. ОҚО. ОМЭЭ – материалдарынан

М.-ті, әсіресе оңтүстік аймақтарда күннің ыстығынан, жауын-шашыннан қорғаныс ретінде, ағаштан, тастан әдемілеп оюлап қашалған ұстындар орнатып, оның төбесі ағаш арқалықтармен жабылып *айуан* түрде салады. Мұндай, үш жағы ашық М.-ті «*айуандық мешіт*» деп атайды (к. *Айуан*).

Арал-Каспий аймағындағы Маңғыстау, Үстірт өңірлерінде, исламда *сопылық* институты даму үрдісінен пайда бола бастаған; ұлутас, әк-борлы жартастың кабаттарынан үңгір тектес қашалып ойылған *Жерасты мешіттері* бүгінгі күнде де қызмет етуде (к. *Жерасты мешіттері; Сопылық / Сопы*).

Сонымен қатар, М.-терде *мектеп-медреселер* ұйымдастырылып, оқушыларға білім беру жұмыстарын, діни қызметшілері атқаратын болған. Кейбір, үлкен ірі М.-тердің карамағында *шәкірт, тәліп* дайындауға, жоғары білімді – *медресесі*; олардың, қазі-қарилерден дәріс алатын *дәрісханасы*; әрі шәкірттер тұратын *құжыраларының* ғимараттары да оңаша, жеке салынады (к. *Дәрісхана; Құжыра; Медресе; Мектеп; Шәкірт*).



Абдолла ишан мешіті. Үшарал ауылы. Жамбыл облысы. ОМЭЭ – материалдарынан

Бұрынғы кезде, казак даласындағы М.-терде діни парыздар атқарылуымен қатар, халық кеңесу жиындары өткізіліп, әлеуметтік жағдайылары ортаға салынып, ұлттық салт-дәстүрлерге байланысты азаматтық және өмірлік мәселелерін шариғат шегінде шешудің орталығы болғаны мәлім. Өйткені, ауыл арасында М.-пен теңдес, көпшілік жиын өткізетін еңселі, кең және зәлуім ғимараттар болған емес. Сол себепті, ұлт-азаттық көтерілісі кездерінде, қалың ел-жұрт М.-те, бес намаз аралығында, мәжіліс ұйымдастырып, түрлі кеңесулер өткізуді және күрделі мәселелер шешуін қарастырған. Мұндай жағдай, 1916 ж.-ғы ұлт-азаттық көтерілісі кезінде Торғайдағы Үрпек ауылында, Сарыбасқажы мешіті көтерісшілердің кеңесу орталығы болғаны тарихи деректерде көрсетілген.



Сарбас қажы мешіті. Ж. Шәйкентің мұрағатынан. 2001 ж.

Тағы да бір ескерілетін жайт, ол казактың дәстүрлі кошпелі ортада, Аллаға құлшылық жасайтын *діндар адамның* жол сапарында, жорықта, малдын сонынан жайлауда көшіп жүргенде, *бес намазға* жығылатын уақыттарда, қойнындағы *жайнамазы*, мешіттің рөлін атқарады (к. *Діндар / Діндар адам; Жайнамаз; Намаз*).

Әдеб.: Гродеков Н.И. Киргизы и каракиргизы Сыр-Дарьинской области. Т.1. Юридический быт. Ташкент: Тип. С.И. Лахтина, 1889; *Логофет Д.Н.* Бухарское ханство под русским протекторатом. Т.2, С-Пб.1911, С. 8-31; *Марғұлан Ә., Бәсенов Т., Меңдіәулов М.* Қазақстан архитектурасы. Алматы, 1959; *Бартольд В.В.* Культура мусульманства // Сочинения. Т.VI М.: Восточная литература, 1966. С143-204; *Беляев Е.А.* Арабы, ислам и арабский халифат в раннее средневековье. М.: Наука, 1966; *Мейендорф Е.К.* Путешествие из Оренбурга в Бухару. М.: Наука, 1975; *Маньковская Л.Ю.* Хазира – комплексы Средней Азии // Культурные связи народов Средней Азии и Кавказа (древность и средневековье), М.,1990. С.115-



124; *Нұсқабайұлы Ж., Жәнібек Ө.* Ежелгі Отырар, Алматы: Рауан, 1997; *Байпаков К.М.* Ұлы Жібек жолындағы Қазақстанның ортағасырлық қалалары. Алматы: Ғылым», 1998; *Ажигали С.Е.* Архитектура кочевников – феномен истории и культуры Евразии (памятники Арало – Каспийского региона). Алматы, 2002; *Шәйкен Ж.* Қарақожа мешіті // ҚҰЭ. 5-том. Алматы, 2003. 583 б; *Соныкі.* Памятники культурного наследия в событиях 1916 года // «Национально – освободительное движение 1916г.: история и современность». Международная научно-теоретическая конференция, посвященная 140 – летию со дня рождения Абдыгапара Джанбосынова (г. Алматы, 29.05.2010г.), I-бөлім, Алматы, 2010, 172 б; *Соныкі.* Памятники казахской архитектуры Торғая // Материалы 1 и 2 Симпозиумов по казахскому памятниковедению. Атырау, Ағатай баспасы, 2012. 105-114 бб; *Нұртазина Н.* Мешіт // ҚҰЭ. 6-том. Алматы, 2004, 500 б.; *Дербісәлі Ө.* Қазақстанның мешіттері мен медреселері: рухани шамшырақтар (IX – XX ғғ.). Алматы: Аруна, 2009; *Шәйкен Ж., Ибраев Б.* Діни ғимараттар // Ислам. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: Аруна, 2010, 146-147 бб; КР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МИ – адам, жан-жануар, аң-құс т.б. ағзасындағы басындағы аса маңызды мүше. Халық танымында адамның ақыл, ой, санасы осы М.-дың қызметімен байланысты екендігі айтылады. Адамға қатысты айтылатын ақылсыз, мисыз деп келетін сөздер оның ой-санасының төмендігін, танымының аздығын білдіреді. Оны халықтың қарапайым сөйлеу тілінде жиі ұшырасатын «*Миы жоқ*», «*есектің миындай миы жоқ*», «*есектің миын жеген*», «*көк ми*», «*су ми*» деп келетін теңеу сөздерінен байқауға болады. Ал түк ұқпадым, түсінбедім дегенді «*миға кірмеді*», «*миға қонбады*», керісінше бір нәрсені ұқтым, түсіндім дегенді «*миға кірді*», «*миға қонды*» деп жеткізген. Сонымен бірге күннің қатты ыстық екендігін білдіру үшін «*ми қайнатар ыстық*» деген сөз қолданылған.

Сойылған төрт түліктің басы қазақтың ас-тағам жүйесінде ең кәделісі болып саналады. Түйе, жылқы малы сойылса оның бас терісін сыпырып, ал сиыр қой, ешкі болса онда оны отқа үйтіп, жуып-шайып алады. Бұнда іріқара мал бастары жағы айырылғаннан кейін тұмсығынан, шекесінен үшке бөлінсе, қой, ешкі басы жағы айырылғаннан кейін бүтін күйінде сақталады. Бұдан кейін оны сойылу мәнісіне қарай бас табақтағы ет үстіне қойып тартылады. Қой-ешкі басы мүжілгеннен кейін шүйде жағындағы жігінен (ми сауыты) ашып М.-ы желінеді, ал іріқара мал шекесі сойғанда екіге бөлінетіндіктен М.-ы ашық тұрады. Сондықтан да іріқара басын ұсақ малдың басы сияқты ашып жатпайды. Сонымен бірге іріқара мал басын ет асылатын қазанға салғанда да төңкермей, М.-ын түсіріп алмай дұрыстап салады.

М.-ді көбіне «*ми сияқты былжырап қаласың*», «*миың аз болып қалады*», «*миың божып кетеді*» деген желеумен жас балаларға бермейді. М.-дан *миналау* деп аталатын тағам жасалады. Оны жасау үшін алдымен миды ыдысқа салып, үстіне еттен, құйқадан, ұрт еттен, көздің майынан, құйрық майдан, бауырдан ұсақтап турап салынады. Кейде М.-ға тек құйрық майды ғана турап дайындайтын болған. Одан кейін үстіне тұздық құйып, әбден араластырған. Осылайша дәмді тағам түрі әзірленеді. Бұл тағам ет желінгеннен кейін қонақтарға тартылып, одан дастарқан басында отырған барлық адам ауыз тиген (**қ. Миналау**).

Әдеб.: *Қасиманов С.* Қазақтың ұлттық тағамдары. Алматы: Қайнар, 1977; *Қатран Д.* Қазақтың дәстүрлі ас-тағам мәдениеті. Ғылыми редакторы

және алғы сөздің авторы Нұрсан Әлімбаев. Алматы: ҚМӨҒЗИ, 2002; ҚӘТС. 11-том. Алматы: Арыс, 2009; КР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МИҒРАЖ / МИҒРАЖ ТҮНІ – Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с.) жеті қат аспанға және мешіт ал-Ақсаға түнгі ғажайып саяхаты. Арабша *ал-Исра ва-л-Мирадж* (түнгі саяхат және аспанға көтерілу) деп аталады. Бұл оқиға туралы Құранда айтылған: «*Құлын бір түні өз белгілерімізді көрсету үшін Мәсжід Харамнан біз айналасын мұбарак қылған Мәсжід Ақсаға апарған Алла, әр түрлі кемшіліктерден пәк*» (17-Есра сүресі. 1 аят). Миғражды басқаша «*көкке сапар*» деп те атайды. Құранда айтылғандай Алла Тағала түндердің бірінде пайғамбарды қасиетті мешіт ал-Ақсаға апартызады. Аңыз бойынша хижра жыл санауынан бір жыл жарым бұрын бұл түні Мұхаммед с.ғ.с. Қағбаның жанында ұйықтап жатқанда, Алланың бұйрығын орындау үшін оған қанатты жануар Пырақпен (ал-Бурақпен) (**қ. Пырақ**) бірге Жәбрейіл періште келеді. Пайғамбарымыз Пыраққа мініп Меккеден Құдыс (Иерусалим) қаласына Ақса мешітіне сапар шегеді. Онда ол Мориа тауына келіп, басқа пайғамбарлар – Ыбраһым, Мұса, Иса пайғамбарлармен бірге намаз оқып, оларға имам болып намазға жетекшілік етеді. Ол жерде періштелер Мұхаммедтің кеудесін ашып, оның жүрегін алып, жуып, қайта салады. Сосын Бурақты Иерусалимде қалдырып, Мұхаммед пайғамбар Жәбірейіл періштенің көмегімен жеті қат аспанға, үлкен ғарыштық әлемге (макрокосмос) көтеріледі. Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарды жеті қат аспанның әр қабатында Адам атадан бастап өзіне дейінгі бүкіл пайғамбарлар қарсы алып, оның артықшылығын мойындайды. Осы сапарында ол ғарыш әлемін көріп, басты періштелер – Макаил, Исрафил, Әзрейілмен және басқа барлық періштелермен кездеседі. Аспан Қағбасын, дүниені тәждеп тұрған Сыдыратул ағашын, Каусарды көреді, сегіз жұмақ, жеті тозақты аралайды, жұмақтағы тақуалардың рахаты мен шаттығын және тозақтағы құнаһарлардың азабын көреді. Ең соңында ол Алланың алдына барады, қасиетті жүзін көріп, онымен тілсіз сөйлесіп, пайғамбарлық қасиет алып, діннің негізін қабылдап, өз үмбеттеріне хедия (сый) ретінде бес уақыт намазды парыз етіп қайтады. Құран Кәрімде ол туралы былай делінеді: «*Расында ол Раббының ірі белгілерін көрді*» (52-Нәжім сүресі. 18 аят).

Діни аңыз бойынша осы Миғраж түнінде Мұхаммед пайғамбар көкте Аллаға ең жақын отырған Ибраһим пайғамбарды ортаға салып, Алланың алдына үмметі үшін сұратып 9 рет барғызып, әр барған сайын бес намаздан қыскарттырып, жеңілдеткізіп өз үмметіне Алладан бұйырылған күніне 45 рет оқылатын намазды 5 рет болатындай етіп алған. Мұсылмандар үшін Миғраж түнінің маңызы өте зор, себебі бұл түн Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарға басқа пайғамбарларға ерекше берілген ұлы мұғжизаның белгісі. Сонымен бірге пайғамбарымыздың тозақ пен жұмақтың, қылқөпірдің қандай болатынын өз көзімен көріп, мұны үмбетіне жеткізуі мұсылмандардың иманының күшейе түсуіне айрықша ықпал етті.



Мешіт ал-Аксаға қайтып келген соң Мұхаммед пайғамбар (с.ғ.с.) тағы да Пыраққа мініп Меккеге қайтып оралады. Аңыз бойынша пайғамбарымыз бұл сапардан оралғанда тұрып кеткен төсегіндегі орны суып үлгермеген, ал Жебрейіл періштенің қанаты қағып кеткен ыдыстағы су жерге жетіп үлгермеген деп айтылады. Яғни ғарыштағы көп уақыттық саяхат кезінде жерде қас-қағымдай ғана уақыт өткен. Қазіргі таңда ислам ғалымдары арасында, Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбар Миғражға денесімен бе, жоқ әлде рухымен көтерілді ме деген сұрақтарға көзқарас әртүрлі. Фихх ғалымдарының көбі дене, рух екеуімен де бірге көтерілді деген уәжге тоқтаған.

Миғраж түні оқиғасы мұсылмандық әдеби шығармалардың, діни аңыздардың негізгі сюжеттеріне айналды. Бұл аңыз суфийлік шығармаларда да жиі кездеседі. Суфийлер бұл сюжетті жанның ғарышка саяхаты, оның құдаймен бірігуі, тазаруы және денеге қайтып оралуы деп түсінеді. XII ғ.-дағы шығыс шайыры Низами өзінің «Жеті сұлу» атты суфийлік дастанында осы Миғраж түнін сипаттауды дастанның алдыңғы тарауы ретінде алып, оны дастандардың мағынасына ашатын кілт (код) ретінде қолданады.

*Ол нұрлы тәж шапағына оранған
Хақ тағаланың ғажайып жүзін көрді,
Әлемнен жоғары тәнсіз нұрды көріп,
Тілсіз, сөзсіз ақ Алладан құпияны естіді.*

(Низами. «Миғраж түні»)

Суфийлік философияда Миғраж түні пайғамбардың аспанға саяхаты адамның ақиқат жолындағы саяхатын тұспалдайды. Суфий ілімі бойынша адам Алламен бірігу жолында 7 халден өтеді. 7 қабат аспан сол 7 халдың символы. Дастандағы жеті сұлуға махаббат сол Аллаға махаббаттың жеті деңгейі. Суфийлік түстер символикасына сәйкес әр дастанның, әр сюжеттің қарадан аққа дейін өзгеретін жеті түстік мәні де бар.

Халықтық исламда Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с.) бұл ғажайып түнгі сапары кең танымал болып, Мұхаммедтің (с.ғ.с.) аспанда, жұмақта, тозақта не көргені туралы түрлі ауызша, жазбаша әңгімелер кең таралған. Қазақтың белгілі халық ақыны, халық қазынасын жинаушы Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының «Миғраж» атты дастанында да осының бәрі сипатталады.

*Алдына пырақ келіп, даяр болып,
Үстіне расул мінді, оны (аны) көріп.
Қағыбадан Мұқаддасқа апармаққа,
Жебірейіл пайғамбармен жүрді еріп...
Жебірейіл онан (анден) кейін қасына ерді,
Миғражға пайғамбарды алып келді...
Мәкәтіл періштеде жоқ еді сан,
Сап түзеп қызметінде бәрі тұрған.
Жебрейіл шылауындар сол құ(дай)да,
Миғражға қадамдарды Пырақ бірлән.*

Мұсылман өнерінде де Миғраж түні жиі бейнеленетін ең сүйікті тақырыптың бірі. Бұл тақырыпқа көптеген белгілі мұсылман суретшілер қалам тартқан. Миғраж түні – Низами сияқты суфий шайырлардың дастандарына,

басқа да мұсылмандық діни шығармаларға салынған кітаби миниатюраларда, халықтық суреттерде ең көп кездесетін сюжет. Суфийлік әдебиеттегі сияқты, бейнелеу өнерінде де бұл суреттің астарлы мағынасы – адамның Аллаға көтерілуі, сол жолда екі дүние байлығына ие болуы. Сол себепте бұл сюжет кейде пайғамбарсыз да салынуы мүмкін. Бұл суреттер әр адам пайғамбарымыздың жолымен өтуі керек дегенді тұспалдайды.

*«Рухыңмен мәңгілік патшалыққа жетуге тырыс,
Ол үшін пайғамбардың жолымен, оның ізімен жүр».*
(Низами. «Миғраж түні»)



1

2

«Миғраж». Низамидің «Хамсе» шығармасына салынған миниатюралар. 1. Иран суретшісі Султан Мұхаммед. 1939-43 жж. 2. Иран суретшісі Абдал-Раззак. 1494-95 жж.

Мұсылман өнерінің бейнелеу каноны бойынша Алла жіберген қасиетті жануар – Пыраққа мінген Мұхаммед ғалайһиссалам суреттің ортасында, періштелердің қоршауында бейнеленеді. Оның беті көбіне перделелулі болады – яғни оның ақиқат бейнесі жасырын екенінің белгісі, бірақ кейде ашық болып та көрсетіледі. Алдында жол бастаушы Жебрейіл періште. Киелілігінің белгісі ретінде Пайғамбардың басын қоршай жалын бейнеленеді. Мұсылмандардың түсінігінде бұл әлемнен бұрын жаратылған Мұхаммедтің (с.ғ.с.) нұры, ол Алланың өз нұрынан бөлінген. Барлық пайғамбарларға осы нұрдан берілген. Ол туралы Құранның Нұр сүресінде былай делінеді: «Нұр үстіне Нұр. Алла қалаған кісісін өз нұрына бөлейді» (24 – Нұр сүресі. 35 аят). «Ендеше Аллаға, елшісіне және біз түсірген нұрға иман келтіріңдер» (64 – Табәун сүресі. 8 аят). Бұл нұр Жебрейілдің басында да, Пырақтың басында да салынады.

Пайғамбарымыздың Миғражы (Ғаршыға саяхаты) оның ерекше кереметтілігін танытқан Алла тағаланың мұғжизасы. Бұл түн Ислам әлемінде қасиетті төрт түнінің бірі саналады, орны ерекше даталы күн ретінде аталып өтіледі. Мұсылман жыл санауы бойынша Миғраж түні ережесі айының 26-сынан 27-сіне қараған түн. Ал миғраж күні деп 27-сі күнін айтады. Әрбір мұмин-мұсылман бұл түннің құрметіне «Жашиық» намазынан соң 12 рекіғаттық «Хәжат» намазын оқиды.



3



4

3. Жәбрейіл періште Миграж түні Мұхаммед пайғамбарды жеті қат аспанға көтеріп барады. Суретші Ахмед Мұса. Стамбул. XIV ғ. басы.

4. Мұхаммед пайғамбар Миграж түні тозақта азап шегіп жатқан күнаһарларды көруде. «Мираджнама» атты шығармаға салынған миниатюра. 1436 ж. Париждегі Ұлттық кітапхана қорынан

Әр рәкіғат сайын «Фәтихадан» соң 10 рет «Ықлас» сүресін оқып отырады. Намазда екі рекағаттан соң бір сәлем беріледі. Намаздан соң «Тәсбих дұғасын», «Істиғфар-шәріфті», дұға, салауаттарды жүзге дейін оқу аса сауапты саналады. Бұл «Хәжәт» намазы: «*Иә, Алла, өзіңнің ризалығын үшін «Хәжәт» намазын өтеуге ниет еттім. Бұл түні сүйікті пайғамбарымызды өз сұзырыңызға шақырып, жеті қат Көкті және оның бүкіл тарапындағы әлеметтерді көрсеттіңіз. Сол Расулыңыздың құрметіне газиз құлыңыз болушы менің күнәларымды кешіріп, өміріме саулық-берекет беріп, өзің жебей көр! Аллаһу әкбар*» – деп ниет етіледі. Ал ертеңінде, яғни 27-ережепте ораза ұстап, бесін мен екінгі арасында төрт рекіғаттық нәфіл намаз оқиды.

Әдеб.: Ибадуллаев С. Ақида (мұсылмандық таным тұғырнамасы). Алматы: Гибараг, 2009; Ислам: Энциклопедический словарь. М.: Наука: Главная редакция восточной литературы, 1991; Қасиетті үш ай // Шарапат (Моңғолия мұсылман қоғамының үні). 1993, №1-2; Құран Көрім. Қазақша мағына және түсінігі. Медине: Құран Шәриф басым комбинаты. 1991; *Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы*. Шығармалары. 5-том. Павлодар: ЭКО ҒӨФ, 2005; *Сонықт*. Шығармалар жинағы. 13 том. Павлодар: ЭКО ҒӨФ, 2008; Миниатюры к «Хамсе» Низами. Составитель альбома и автор предисловия к. ф. н. Фазила Сулейменова. Ташкент: Издательство Фан, 1985; *Низами Гянджеви*. Хамсе. Миниатюры. Бакы: Язычы. 1983; *Пугаченкова Г., Галеркина О.* Миниатюра Средней Азии в избранных образцах (из советских и зарубежных собраний). М.: Изобразительное искусство, 1979; *Халиди Қ.* Тауарих хамса: Бес тарих. Аударғандар: Б. Төтенаев, А. Жолдасбеков. Алматы: Қазақстан, 1992; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МИЗАМ – күздің бас айында өтетін амал. Дәстүрлі түсінікте М. жылы маусымның суыққа қарай алмасатын тұсы деп саналады. Расында, түн салқындайды, шөптің басына шық тұрғанымен күн шығып жер жылыған соң шуақты күнрайы сақталады. Бұл кезде далада ұзыннан-ұзын мизамдар шұбатылады. Осыдан көп кешікпей күн мен түннің тенеледі.

Кейбір мәліметте М. -ды амалға жатқызбайды, керісінше алдағы қыстың қандай болатындығының көрсеткіші деп есептейді. Осы кезде төрт түліктің кимыл-әрекетінде

байқалатын өзгерістерге қарап, алдағы қыстың қалай өтетіндігіне болжайды (қ. *Күнқайыру; Күн райын болжау*). Мысалы, қалыптасқан түсінік бойынша, сол күні мал желге қарап қарап жатса қыс қолайлы болады деп жорамалдайды. Ал, егер ыққа қарап жатса – қолайсыз болатындығының белгісі. М. туған соң түнде түйелер төрт аяғын созып жайлы жатса, келер қыс жайлы, ал егер ықтап мазасыз жатса, керісінше қатал болады деп жориды. Сондай-ақ түйелер ойнақшып тоқтамаса, алдағы қолайсыздықтың белгісі дейді. Ел аузында жиі айтылатын «*атан түйе ойнақтаса жұт болады*» деген сөз орамы осындай халықтық пайымға байланысты туса керек.

М. кезінде күнрайының қолайлы болуын халық арасында *мизамшуақ* деп атайды. Күздің қоңырқай тартқан бұл кезі семірген малдың қоң жинайтын кезі деп саналатындықтан, төрт түліктің бағым-күтіміне ерекше ден қояды. М.-нан кейін көп кешікпей Сүмбіле туады, күн біртіндеп суи береді.

Әдеб.: *Жүністегі К.* Бұрынғы қазақтар ауа райын қалай болжаған // *ЖА.* 2003. №38. 29-наурыз; *Әбуталип О.М.* Қазақ күнтізбе жүйесінің лексика-семантикалық бірліктері. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. Алматы, 2008; *Хинаят Б.* Амал - фенологический календарь у казахов (тезисы докладов) // Сборник тезисов VII конгресса этнографов и антропологов России. Оренбург, 1-5 июля 2009 г. Оренбург, 2009; ҚӘТС. 11-том. Алматы: Арыс, 2009; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МИЗАМША КИІНУ – оқыған қазақтардың киім кию үрдісінің еуропалық мәнерінің атауы. Бұл үрдіс көбінесе мемлекеттік немесе әкімшілік қызметтегі (шенеуніктер, тілмаштар, секретарлар дәрігерлер, мұғалімдер т.т.) қазақтарға тән болды. XIX ғ.-дың 90-ж.-дары қалыптасты. XX ғ.-дың басында, тіпті, қазақ зиялыларының жалпы атауына да айналды. Оларды *мизамша киінгендер* деп те атады.

М. атауының пайда болу тарихы 1868 жылғы 12 маусымда шыққан патша өкіметінің – «*Положение об управлении Туркестанским краем*» және 1891 жылғы 25 наурызда шыққан «*Высочайшее утвержденное Положение об управлении Туркестанским краем*» заңдарының жариялануымен байланысты. Бұл реформалар бойынша, патша үкіметі қазақ өңіріне ішкі Ресейде қалыптасқан әкімшілік басқару жүйесін енгізді. Бұл реформалардың негізінде – округтар жойылып, облыстар, ояздықтар, болыстықтар, нөмірленген ауылдар пайда болды. Сот жүйесі өзгертілді, әкімшілік басқару жүйесінің жаңаша ережелері қабылданды. Болыстықтардың бұрынғы рулық (мысалы, *Айдабол, Бәсентіін*) атауларының орнына жағрапиялық (мысалы, *Ақкелін, Далба, Қызылтау*) жер атаулары (топонимдер) қолданыла бастады. Осы реформалар қазақ жерінде – «*Жаңа мизам*» заңы деген атпен әйгілі болды. «Жаңа мизам» заңдары бойынша әкімшілік аппарат толықтай жаңғыртылып, жаңа жергілікті басқарушы органдар құрылды. Сондай-ақ, аталған заңдарға байланысты реформаларды жүзеге асыруда орысша сөйлейтін татар, қазақ, башқұрт тілмаштарының ролі ерекше болды. Қазақша-орысша бірдей сөйлеген тілмаштар

орыс әкімшілігімен қазақтардың арасын байланыстыратын дәнекер болды. Аталған уақытта мемлекеттік қызметтегі тілмаштардың ресми киімі Ресейдің шенеуніктерге арналған «Табель о рангах» деп аталатын құжаттың талабына сай реттелетін. Сөйтіп, еуропалық үлгіде тігілген сырт киім қазақ қызметкерінің шенін анықтайтын айырым белгісі рөлін атқарды. Осы орысша киінген тілмаш – шенеуніктер тобы қазақы ортада *мизамша киінгендер* деп аталынды.



Суретте ақсақалдың екі жағында мизамша киінген екі жас жігіттің бейнесі берілген. Орталық Қазақстан. XX ғ.-дың басы. ҚР MOM қорынан (ФКП 411)

Кейінірек, Қазан, Уфа, Орынбор сияқты қалаларда білім алған жастар да сол жақтағы ұлттық интеллигенцияның киім киісіне еліктеп киінетін. Осылай «жәдидтік» жаңаша оқу тәсілдерін енгізуші жастарды да *мизамша киінгендер* деп атау қалыптасты. *Мизамша киінгендер* осы аталған қалаларда мұсылманша білім алған соң, жәдидизмнің ағартушылық қағидаларын қазақ даласына енгізуге талпынған жастар болды.

Қазандағы «Ғалия», Орынбордағы «Хусаиния» сияқты жаңа үлгідегі медреселерде Ресей ықпалындағы түркі халықтарына, оның ішінде қазақ жастарына заман талабына сай оқу тәсілдерін қолданылып, кәсіби білім беру кең орын ала бастағаны белгілі. Мұндай медреселерде діни пәндерге қоса математика, физика, химия сияқты пәндер енгізіліп халыққа өмір талабына сай білім беру мақсатында мұғалім-молдалар дайындалды. Бұл ағым өз заманында өте прогрессивтік, либералдық ағым болды. Жаңаша оқыған мұғалімдер ел арасында нағыз ағартушылықпен айналысып, жаңа медреселер мен мектептер аша бастады.

Ахмет Байтұрсынов, Мұхамеджан Тынышпаев, Әлихан Бөкейхан, Мұхамеджан Сералин, Мұстафа Шоқай сияқты көптеген ұлттың мақтанышы болған азаматтар осы жаңаша оқудың түлектері және идеологтары болды.

Ескіше дәріс беретін жожа-молдаларға қарағанда, жаңа әдістемені негіз еткен ұстаздар Ресей түркі халықтарының, соның ішінде татар, башқұрт, интеллигенциясына еліктеп еуропаша киім киюмен бірге, шаш қою, сақал мұртын басу

мәнерімен өзгешеленіп тұрды. Мұндай мәнер М. к. үрдісіне жаңаша мазмұн берді. Қазақ арасында қалыптасып келе жатқан қазақ буржуазиясының өкілдері мен зиялыларының киім киісіне, жүріс тұрысына байланысты халық арасында көптеген атаулар қалыптасты. Оның кейбіреуі әжуа, мысқыл мағынасында болса, кейбір атаулар мизам киінгендердің киім киісіне немесе олардың қолданысындағы көзге түсетін ерекше заттарына қарай айтылатын. Мысалы ретінде «қара таяқ» деген атаудың қолға сәндік үшін ұсталатын балдаққа байланысты, «шолақ етектің» еуропалық кондырма жеңді қысқа сүртіктің пошымымен байланысты қолданылғандығын айтуға болады (к. *Қара таяқ; Шолақ етек*).



Мизамша киінген қазақ әкімшілік қызметкері орыс шенеунігімен киіз үй жанында. Орталық Қазақстан. XX ғ. басы. ҚР MOM қорынан (НКП 609)

Мизамша киінгендер көбінесе тар шалбар, кондырма жеңді сүртік, еуропалық үлгімен пішілген шекпен мен бешпент, бәтіңке және төпли, татар такиясы, шляпа сияқты киімнің түрлерін пайдаланды. Сөйтіп, XX ғ.-дың басында қазан төңкерісіне дейінгі кезеңде М. к. уақыт өте келе еуропалық үлгімен киінетін тіпті қазақ зиялыларының жалпы атауына айналып кетті. М. атауы XX ғ.-дың басындағы көптеген әдебиет үлгілерінде кездеседі.

Әдеб.: *Какабаев Б.С.* Должностной знак народного судьи в дореволюционном Казахстане // Орталық Музей еңбектері, 1-том. Алматы, Ғылым, 2006, 364-369 бб; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МИҚҰРТ – мал миында пайда болатын жұқпалы аурудың бір атауы. Бұл аурудың басқа атаулары бар: казак жерінің шығыс бөлігінде *жынды*, оңтүстік-батыс пен Жетісу өңірінде *тентек*, *айналма*, *айналышық*, кейбір өңірде *айланнас* деп аталады (к. *Айналма*). М. аталуы қалташа түріндегі *жылауық* деп аталатын құрттардың мал миына жетіп, үлкейе бастайтындығына байланысты болған (к. *Жылауық*). М.-қа шалдыққан малдың бір орында айнала беруі, қорқып-үркүден қалуы сияқты белгілеріне қарап ажыратқан. М. болған малдың етін ұзақ қайнатып қана тұтынған. Ауру таралмас үшін М. болған малдың басын



адамның және өзге де жануарлардың жеуіне жол бермеу үшін отқа өртеген немесе жерге көміп тастаған.

Әдеб.: *Ибрагимов И.* Киргизский способ лечения некоторых болезней скота // Особое приращение к АОВ. 1890; Қой аурулары. Құраст. *Н. Жанұзақов.* Алматы: Қайнар, 1977; *Хинаят Б.* Қазақтың дәстүрлі малдәрігерлік білім жүйесі (тарихи-этнологиялық зерттеу). Тарих ғылым. канд. дәрежесін алу үшін ұсынылған диссертацияның қолжазбасы. Ғылыми жетекшісі Нұрсан Әлімбаев. Алматы, 2001; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МИЛАУЫТ – былқылдап, асты тартпа болып жататын сазды жер. Жазға салым қар кетіп, жер беті жібігенде кейбір сазды жердің балшығы былқылдап қайнап жатады. Милауыттар сор көлдердің маңайында, сор бұлақтың аяқситын жерлеріндегі сазда болады да қар, жаңбыр суымен жіпсиді. Милауыт көл жағалауларында, орманды жерлерде де ұшырасады. Байқаусызда милауытқа аяғы тайып түсіп кеткен адамның одан шығуы, біреу келіп құтқармаса, тым қиын болады. Қолмен қарманар, аяқ тірер ештеме таппайды. Милауыттың тартпасы сәл қозғалып, ұмтылған сайын теренге тарта береді. Ауыл маңайындағы бұндай милауытқа түйе, жылқы, сиыр малы түсіп кетсе, ауыл адамдарының малды милауыттан шығаруы тым қиынға соғады. Арқа жерінде сондай милауытқа түйе батып кеткен саз *Түйетайған* сазы деп аталып, ел есінде қалған.

Бір кездері осы милауытқа бәйге аты түсіп кетіп, күллі ауылды дүрліктірген екен.

Уақиға таң ертеңгілік кезде болса керек. Бәйгеге қосуға жаратқан ат желдеп жүрін милауытқа түсіп кетеді. Оны көрген жылқышы «Қаракер!» – деп шауып ауылды дүрліктіреді. Мән-жайды біле қойған адамдар тез арада үй-үйден киіз туырлықтар, арқан жинап, әп-сәтте милауытқа жанұшыра жетеді. Қаракердің бөксесіне дейін миға батып кеткенін көреді. Мидың үстіне бірнеше киіз туырлықты төсеп жіберіп, атқа шауып жүрген аяқ-қолы жеңілдеу деген баланың қолына нығына оралған арқанын бір ұшын ұстатып, ары қарай не істеу керектігін үйретеді.



Милауыт. ҚР МОМ материалдары бойынша суретті салған Б. Досымов

Сөйтп, малшы адамдардың ақыл-айласы, тартқан арқаны, төсеген киіз туырлығы ауыл аймаққа олжа салатын

бәйге атын ажал аузынан құтқарып қалады. Бұндай жерде, милауытқа төсеуге кез-келген киіздің жарамайтыны белгілі: су өтіп, батпаққа батып кетіп, тиянақ болмайды. Киіздің нығыз, мықты, көлемді басылған түрі ғана іске жарайды. Ауызекі деректерде киіздің нығыз, қалың әрі ширақ басылған су өткізбейтін, төзімді әрі көлемді түрін *керіске* / *керіскен* деп атағанға ұқсайды. Киіз үйдің туырлығын осы керіске киізден пішеді. Алмас тілді ақын Махамбет Өтемісұлының Исатайға арнаған «Тарланым» өлеңінде:

Кермиығым, кербезім,

Құландай ащы дауыстым!

Керіскедей шандозым!

Құлжадай айбар мүйіздім, – деп қайраткер батырды *керіскедей шандозға* тенейді.

Әдеб.: *Бегалин С.* Көп томдық шығармалар жинағы. 3-том. Алматы: Балалар әдебиеті, 2008; *Махамбет.* Шығармалары. Алматы: Арыс, 2001; *Уәли Н.* Бұрынғыдан қалған сөз (қолжазба); ҚР МОМ материалдарынан; ОМЭЭ материалдарынан.

МИЛЫҚ¹ / БАС КИІМНІҢ МИЛЫҒЫ – баскиімнің төменгі «ернеуі». Бас киімнің *сай* немесе *кереге* деп аталатын бөліктері бірігіп М.-тың орамын құрайды. Ол баскиімнің өлшемін білдіреді. Сондықтан бас киім сайларын М.-қа сәйкестіріп пішіп дайындалады. Басқа киілгенде баскиімнің М.-ы адамның маңдай тұсын қауып тұратындай қонымды болуы керек.



Тақия милығы. ҚР МОМ қорынан (КППМ 3513)

Сәукеле, тақия, кепеш сияқты маусымдық жеңіл бас киімдердің М.-ының сырт жағы зерлі таспа, оқа бастыру көмкеру, кестелеу және маржан моншақтар қадау сияқты тәсілдермен әшекейленеді. Ал маусымдық бас киімдердің М.-ы бағалы аң терілерімен жұрындалады. Қыста киілетін тымақ құлақтарының (дәстүрлі пішімдегі қазақы тымақтың артқы бөлігі де құлақ деп аталады) оның «сайы» деп аталатын бөлігімен түйсетін тұсы М.-ты құрайды (**қ. Бас киім; Тымақ**). Тымақтың маңдайын көзге қарай түсіре киюді *«милықтата кию»* деп атайды.

М. шығарылмай тігілетін бас киімдер де бар. Оған ерекше тәсілмен пішіліп тігілетін жабасалманы мысал ретінде келтіруге болады (**қ. Жабасалма**).

Әдеб.: *Захарова И.В., Ходжаева Р.Д.* Казахская национальная одежда: XIX – нач. XX в. Алма-Ата: Наука, 1964; *Аргынбаев Х.* Қазақ халқының колонері. Алматы: Өнер, 1987; *Толыбаев Қ.* Бабадан қалған бар байлық. Алматы, 2000; Қазақтың дәстүрлі киім-кешектері. Іле халық баспасы, 2006; Қазақтың дәстүрлі киім-кешегі. Ғылыми каталог (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде). Ғылыми редактор және жоба жетекшісі Нұрсан Әлімбаев. Алматы: Өнер, 2009; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.



МИЛЫҚ² / ЖҮГЕННІҢ МИЛЫҒЫ – сәнделген жүгенге тән құрылымдық бөлік атауы. М. жүгеннің екі жақтауының арасын қоса сағалдырық тұсына қарама-қарсы орналасады. М. деп аталуының себебі жүген аттың басына киілген кезде оның ми тұсына келетіндігіне байланысты болған. М.-ты кейбір аймақтарда *кекілдік*, *кекілбасар* деп те атайды.



Милық. ҚР MOM материалдары бойынша суретті салған Ж.Шәйкен

М. кейде былғарыдан қарапайым етіп жасалса, кейде алуан түрлі тәсілдермен әсемделеді. Сәнделіп жасалатын М.-тар әбзелге айырықша сән береді. Ал неғұрлым сәнделген жүген ат иесінің әлеуметтік дәрежесін білдіретін көрсеткіштердің бірі болғандығы белгілі.

М.-қа сәнді көрінуі үшін құйма шытыралар қондырылады. Күміспен сәнделіп жасалған жүгеннің М. бөлігіне салбыратылған ұзынша маңдайша жасалады. Маңдайшаға күміс құймалы жеңіл салпыншақтар орнату үрдісі де кездеседі. Ондай кішкентай сәнді салпыншақты *шекелік* немесе *маңдайлық* деп атайды. Сәнді жүгендерде кейде М. мен *желкеліктің* және М. мен *кеңсіріктің* арасына қосатын *қасқалық* деп аталатын бөлік те салынады.



Милығына күмістен маңдайша және салпыншақ әшекей салынған жүген. ҚР MOM қорынан (КП 11876/4)

ҚР MOM қорындағы КП 11876/4 нөмерлі М.-ына күміс құйма орнатылған сәнді жүген XIX ғ.-дың 40-шы

жылдары Жетісу өңірінде жасалған. Жүген милығының ортасына бір үлкен, екі кішілеу *алақан* орнатқан. Ортадағы *маңдайшаға* (оның ұзындығы 10,6 см, ені 3 см) төрт дана *салпыншақ* бекітілген. Маңдайшаның қасқалықпен түйіскен тұсына үлкен *көзтас* орнатқан. Оның екі жағына *лажылау* және *түртпелеу* тәсілімен өрнек бедерленген. Маңдайшаның төменгі жағындағы төрт тесіктің әрқайсысына бетіне күміс шабылған темір *салпыншақ* ілінген. Олардың ұзындығы 9 см, ені 1,4 см. Аттың *кеңсірігін* жараламас үшін оның астыңғы бетіне тері қабатталып салынған. Маңдайшасының екі жағына көлемі шағындау (4,6x1,4 см) алақан және олардың арларына айқас (крест) пішінді бунақты құйма шытыра орнатылған. М.-тың жүген жақтауына бекітілген тұсыннан оң жақта сағалдырық, сол жақта тоға қосылады. Олардың түйісетін тұсына + (қосу) белгісі тәрізді пластинка қондырылған.

М. тек жүгенге ғана емес түйе ноктасына да жасалады. Көште жүк артылатын бас түйеге кигізілетін қылдан жасалған ноктаның М. тұсын әдемілеп сәндейді. Оған жіптен жасалған шокталған шашақ тогеді немесе әртүрлі түйін жасап сәндеген. Оны сәндеудің мәнін ел ішіндегі көзқаракты мәлімет берушілер түйе түлігін тіл мен сұқтан сақтауға септігін тигізеді деп түсіндіреді.

Әдеб.: *Аргынбаев Х.А.* Қазақтың ер-тұрман жабылқтары // Қазақстан в XV-XVIII вв.: вопросы в социально-политической истории. Алма-Ата: Наука, 1969. С.171-202; *Бабалықұлы Ж.* Ер тоқым // Ер қанаты. Жинақ. Құраст.: Ж.Аупбаев. Алматы: Қайнар, 1987. 259-278-бб; *Нұрқұлы Қ.* Ұлттық мирас – ата мұра. Өлгий, 1991; *Шойбеков Р.Н.* Қазақ зергерлік өнерінің лексикасы. Алматы: Қазақстан, 1993; *Базарбеков Ә.* Қазақ тіліндегі ат әбзелдеріне байланысты атаулар // Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясы (профессор Б.Әбілқасымовтың 70 жылдық мерейтойына арналған ХҒТК материалдары) Алматы, 2001. 266-269-бб; *Шоқпарұлы Д.* Теріден жасалатын бұйымдарды құрастыру технологиясы. Алматы: Кітап, 2005; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МИПАЛАУ – қойдың миын бастың басқадай етімен араластырып жасаған тағам. Соғым басына шақырғанда, қонаққа қой сойғанда ұсынылатын сыйлы тағамдардың бірі. Аты айтып тұрғандай негізгі құрамы миға құйқа, май және т.б. ет қоспасынан әзірленетін тағам. Қорытылуы жеңіл, құнары жоғары болғандықтан көбіне қариялар асы саналады.

Қонаққа тартылған бастың құйқасынан отырғандар түгел ауыз тиін, құлақ, тандай, көз сияқты сыбағаланып ұсынылатын әр мүшесі таратылып болған соң бас ұстаған қонақ басты үй иесіне қайтарады (*қ. Бас тарту*). Оны үй иесі балаларының біріне миын алу үшін береді. Ол адам басты барлық ет, құйқаларынан тазартып мүжіген соң мисауыты сүйегін ашып миды табакқа салып қояды да, бастан алынған құйқа, шүйде, аршылған тіл, бауыр, май, ет турап қосып, тұздығын құйып, қолмен мытып араластырады. Кейде айран, сүзбе, құрт, қатық тіпті қымыз қосып дәмін арттыра түсетін болған. Осылайша дастарқан үстінде дайындалған М. ды қонақтарға ұсыну қазақы ортада түрлі дәммен сый көрсетудің бір үлгісі болып саналады. М.-ды аяқ сияқты шұңғыл ыдысқа, тостағанға құйып ішіне бірнеше қасық салып, үлкен кісілерден бастап ұсынғанда,



жағалай ауыз тиеді. Кейбір аймақтарда М. істеп, одан дәм тату – екі елдің ауыз бірлігін, ынтымақтастығын көрсететін символ ретінде қалыптасса керек.

Әдеб.: Қасиманов С. Қазақтың ұлттық тағамдары. Алматы: Қайнар, 1977; Қатран Д. Қазақтың дәстүрлі ас-тағам мәдениеті. Ғылыми редакторы және алғы сөздің авторы Нұрсан Әлімбаев. Алматы: ҚМӨҒЗИ, 2002. Кенжеахметұлы С. Қазақтың дарқан дастарқаны. Алматы: Алматыкітап, 2009; Сегізбайұлы К. Қазақы дастарқан. Алматы, Атамұра. 2011; КР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МИРАС – материалдық және рухани құндылықтардың кейінгі ұрпақтарға беріліп отыруы немесе жалғасын табуы. М. ұғымы казакта *мұра* ұғымымен мағыналас болып қолданылады. Дегенмен, қазақы ортада бұлардың қолданылуында өзіндік орындарын байқауға болады. Мұраға қалдырудың өзіндік қағидалары бар. Әдетте ол әке жағынан туыстыққа негізделген. Яғни, әкеден балаға және ол арқылы немере-шөберелеріне (кейде шешеден балаға, ағадан ініге) мұраға қалдырылатын болған. Бұдан мұраға қалдыруда туыстық принципін сақталатындығын көруге болады (қ. *Мұра*). Осыған орай кез-келген материалдық, рухани иелдіктерді иелену құқығы бар және иеленген ұрпағын *мұрагер* деп атайды. Сонымен қатар бұл әкеден қалған биліктің, қызметтің заңды иегеріне (тақ *мұрагері*) де қатысты жиі қолданылады (қ. *Мұрагер*). Ал ұрпақтан-ұрпаққа тікелей туыстық байланысыз беріліп отырған материалдық, рухани құндылықтарға, өнер-білімге қатысты М. ұғымы қолданылады. Яғни, М. ұғымының мұрадан бір ерекшелігі белгілі бір бекітілген заңдылықтарға, қағидаларға бағынышты еместігі. Мәселен кез-келген адам өзімен туыстық байланысы жоқ адамнан өнер-білімді, шаруашылық пен сауық-сайранға қатысты алуан түрлі тәжірибелер мен жолдарды үйреніп, өзіне М. етіп алғандығын айтып отыратын. Ол өзін сол үйренген адамның *мирасқоры* боламын деп санаған. Ол тінтен өзі үйреген, білген құндылықтарының иесін көрмеген болуы немесе тіптен танымауы да мүмкін. Қоғамдағы барлық өнер-білімін, ата-баба жолы, ұстанымдар (салт-дәстүр, наным-сенім, ырым-тыйым, жол-жоралғылар мен өмірге деген жеке көзқарастар, таным-түсініктер) кейінгі ұрпақтарға *мирас* болып қалып отырады. Халық арасында бұл ұғымдарды өзара алмастырып немесе қатар қолдану кездесіп отырады.

Әдеб.: Нұркеұлы Қ. Ұлттық мирас – ата мұра. Олгий, 1991; ҚӘТС. 11-том. Алматы: Арыс, 2009; КР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МИХРАБ – мешіттің намаздық бөлмесіндегі *құбыланы* білдіру үшін қабырғадағы ойып жасалатын қуыс. Жамағат намазында имам осы михрабқа қарап жұрттың алдында тұрып, намазға жетекшілік етеді. М. тек мешітте ғана емес, кейде медресе, мектеп сияқты қоғамдық ғимаратта да, бейіттерде де жасалып, құбыланы көрсетіп тұрады.


М. үш бөліктен: маңдайшадан, оны ұстап тұратын, бастары әсемделіп жасалған екі ұстыннан (колоннадан) және олардың арасындағы қуыс кеңістіктен тұрады. Михрабтың маңдайшасы арка, үшбұрыш немесе төрт бұрыш пішінді болып жасалады. М. – діни архитектурада мұсылман

архитекторлары қолданған алғашқы жаналықтарының бірі болды. Пайғамбардың кезінде алғаш М.-тар қазіргідей қуыс емес, біртегіс болып, мешіттің *құбыла жақ* қабырғасында белгі түрінде немесе қабырғаға арнайы белгі салынған тастармен қаланып жасалған.



Михраб. 1. Йезд қаласындағы Жұма мешіттің михрабы. Иран. XV ғ. 2. Стамбулдағы Ая-София мешітінің михрабы. Түркия. XIV ғ. 3. Ортаазиялық мешіттің михрабы. XVIII ғ. 4. Түркістандағы Қожа Ахмет Иасауи кесенесіндегі михрабтың суреті. XV ғ. «Б.Т Тұяқбаеваның кітабынан». 5. Михраби өрнегі салынған жайнамаз

Өрнектелген М.-тар Омеядтар әулетінен шыққан халифтар кезінде жасала бастады. Селжұқтар мен Осман сұлтандары кезінде М.-тар өрнектелген қыш такталармен безендірілетін болды. Бірінші михраб 644 жылы (24 хиджра) пайда болған. Ал 672 жылы халиф әл-Уалид ибн Абд-ул-Мәліктің нұсқауымен Мединедегі Мұхаммед пайғамбар (с.ғ.с.) мешіті толығымен жаңартылып, М. қабырғадағы қуыс үлгісінде салынды. Осы кезден бастап М.-тар барлық мешіттерде қуыс үлгісінде салынатын болды. Қазіргі тұрақталған пішінінде М. ислам архитектурасында 708 жылдан қолданылады. Содан бері М.-тың ғасырлар бойы пішіні өзгермей, тек әшекей элементтері ғана түрліше жасалып келеді. Әдетте М.-тың беттері оймалап өрнектелген мәрмәр тастармен немесе кірпіштермен қаланып, бедерлі, әшекейлі, түсті қыш такталармен безендірілді, М.-тың маңдайшасы Құран аяттарымен көркемделді. Көркем жасалған мұндай М.-тар нағыз өнер туындысына айналды. Мысалы, Түркістандағы Қожа Ахмет Иасауи мешітіндегі М.-ты осындай көркем жасалған М.-тың үлгісі ретінде атауға болады. Оның маңдайшасы, жақтауы Құран аяттарымен, түрлі-түсті өрнектермен өрнектелген.



Қарқаралыдағы Құнанбай қажы мешітінің михрабы.
ОМЭЭ – материалдарынан

Жайнамаз мешіт сияқты мінажат етуші адамның намаз оқитын орнын басқа кеңістіктен бөліп тұратындықтан, М. бейнесі «михраби» деп аталатын негізгі өрнек түрінде жайнамазда да салынды. Мешіттен басқа жерде намаз оқығанда жайнамаз осы өрнегімен Мекке жаққа қаратылып жайылады да, адамның беті М.-қа, яғни құбылаға бұрылып тұрады.

Әдеб.: Ислам: Энциклопедический словарь. М.; Наука: Главная редакция восточной литературы, 1991; Туякбаева Б.Т. Эпиграфический декор архитектурного комплекса Ахмеда Ясеви. Алма-Ата: Онер, 1989; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МИЯ – қарама қарсы орналасқан қандауыр тәріздес жапырақтары бар, бұршақ тұқымдасына жататын, сыртқы пішіні біріне бірі ұқсас, көп жылдық шөптесін өсімдіктер тобы. Түрлерінің өзгешілігіне қарай қызыл мия, мия тамыр, шекер мия, көк мия деп бөлінеді.



Қызыл мия. Интернет материалдарынан

Қызыл мия/миятамыр/шекермия (Glycyrrhiza тобына жатады) – тамыр сабағы жуан болып өсетін, өнімдері халық емшілігінде қолданылатын М.-лардың тобы. М. сортаң топырақты өңірде өзен бойларындағы құмайт жерлерде тұтасып шығады. Оның ерекшелігі тамыр сабақтан жерді кеулей жан-жаққа өркендер тарайды. Жуан түбірден оншақты ұзын сабақ таралады. Жер бетіндегі биіктігі топырақтың құнарына байланысты: екі қарыстан бастап баланың бойындай болып өседі.

Сыртқы қабығы аталған екі түрге байланысты қызыл қоңыр немесе жасыл түсті болғанымен сындырып көргенде өзегі сарғыш болып көрінеді. Бір сабаққа жұмыртқа пішінді жапырақтар бір-біріне қарама-қарсы орналасады. Жапырақтарының қолтығында күлгін түсті гүл селдір-селдір. Гүлдері ірілеу, түсі көкшіл. Қабығы бар бұршақ тәрізді сырты түкті дән береді.

Тамырын күзде күрек немесе кетпенмен қазып алып, көлеңкеде кептірін тазалап дайындайды. Кепкеннен соң опырылғыш болып тұрады. Осылай өңделген М. тамырын бірнеше жыл бойы сақтап, ем ретінде пайдалануға болады. Қажетіне қарай опырып алып, суға қайнатып ем жасайды, таулы өңірде араның балын араластырып пайдаланады.

Халық емшілігінде М. қолданысы өте кең. Оны мынадай ауруларға ем ретінде пайдаланған: ол жүректің ыстығын басып, уытты қайтарады, көкбауырды, асқазан-ішек жолын әлдендіреді, жөтелді басады, асқазан-ішек жолдарының жұмысын жақсартатын әсері бар деп саналады. Әсіресе, тыныс жолы қабынғанда, қақырық түсіретін ем орнына жиі пайдаланады. Ондайда суға қайнатып немесе басқа шөптермен араластырып, ем дайындайды. Асқазан, ішек жарасына қызылмияны жұмыртқа қабығы мен сасық мендуанаға араластырып ұнтақтап пайдаланады.

М. шөбі піскен кезде жинап алған тұқымды күйдірген кезде пайда болған майды қышыма қотыр түрлеріне, әсіресе теміреткіге жағады. Ал, тұқымын жаншып алған соң суға қайнатып дайындаған қайнатындымен іріңдеген сыздауықты жуса шипа болады деп есептейді.

Көк мия (Pimpinella saxifraga) - улы көп жылдық шөптесін өсімдік. Жапырақтары мен гүлдерінің сыртқы пішіні басқа М. түрлеріне ұқсас болып, тек түстерімен өзгешеленеді, көк мияның жапырақтарының рені көкшіл, гүлдері ақшыл сары болады.



Көкмия. ОМЭЭ – материалдарынан

Көк мияны мал жемейді, астықтың дәніне араласып кетсе адам уланады. Қазақ егішілері осы жағдайды ескеріп, астық ұшырғанда, көк мияның дәні араласып кетпеуін өте мұқият қадағалап, тазартатын болған. Орыс переселенеушілерінің, жергілікті өсімдіктердің қасиетін жете білмегендіктен, көк



мияның тұқымы араласып кеткен астықтың ұнымен улану, алғаш кезде жиі орын алғанын, XX ғ.-дың бас кезіндегі орыс агрономдары жазады.

Қорыта келе *Glucyrrhiza* тобына жататын М.-лардың дәстүрлі медицинада өте ертеден қолданылатын бірден бір әмбебап дәрілік өсімдіктер. М.-ның дәрілік қасиетін ғылыми медицина оның құрамы адам ағзасына өте пайдалы гликозидтермен полисахаридтерден тұратындығын анықтады. Осы күнгі фармакологияда М. негізінде жасалатын көптеген дәрілер жасалады.

Әдеб.: Қазақ емшілігінде ұдайы қолданылатын дәрілер. Құраст.: М.Қанапиянұлы, А.Әнуарұлы. Үрімжі: ШҒТДСБ, 1988; *Массагетов П.С.* Өсімдік әлеміне саяхат. Орыс тілінен аударған А.Бейсенбаев. Алматы: Қайнар, 1988; *Қалиев Б.* Қазақ тіліндегі өсімдік атаулары. Алматы: Ғылым, 1988; *Қалиұлы Б., Үшбайұлы К.* Дәрі-дәрмектік өсімдіктер. Алматы, 2005; *Қалиев С.* Емдік рецептер энциклопедиясы. Қазақ емінің рецептері мен тибет медицинасының негіздері. Алматы: Арыс, 2010; КР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МИЯТ ЖАРИЯЛАУ – ру-тайпалар арасында асқынып бара жатқан дауды қарастыру үшін дауласушы жақтардың істің ақ-қарасын ажырататын белгілі билерді өздерінің құқықтық мүддесін қорғау үшін шақыруы.

Елдің тұтастығына қатты қауіп төндіретін даулардың бір саласы әсіресе шешімі қиын жер дауымен байланысты болды (**қ. Жер дауы**). Сондықтан дауласушы жақтар билер сотында өздерінің сөзін ұстап баратын бидің кім болатынына ерекше көңіл бөлген. Дау атаулының дұрыс шешімі шындық пен әділдікке негізделді. Даудың түр-түріне қарай бидің ұстанатын әдіс-тәсілдері әрқилы болды. Сонымен бірге елді аузына қаратқан атакты билердің өзі саралай келгенде бірі күн мен жесір дауына, бірі мал дауына майталман болса, жер дауының жүйесін жақсы білетін жер межесінің белгілерінен жаңылып, жаза баспайтын билердің орны бөлек саналған.

Алдымен екі жақ та миятқа шақырған билерін саралап дайындап алады. Бұның өзі әр жақтың өз ішінде ұзақ айтыс талқылаудан отеді. Мысалы, академик С.Зиманов «Билер соты төрелігінің он үлгісі» деген мазмұнды мақаласында Матай мен Жалайыр руларының арасындағы жер дауының қалай басталып, қалай мұратына жетін тынғанын талдап, саралап береді. Матай Найман руы мен Жалайыр руларының арасында Алтын Емел жер дауына байланысты екі жақтан да кісі өлімі болып, даудың одан әрі өршіп кету қаупі туады. Екі жақ та өздерінің құқықтық мүдделерін қорғайтын билерге мият жариялап, шақыру жібереді.

Жалайырдың сөзін ұстайтын бұл дауға Ысты Бөлтірік би бастаған, оған серік болып Кебек би, қасына еріп Байғазы билер баратын болып келісіледі. Ал Матай тайпасының басты өкілі болып Тобықты Құнанбай би, Құсбек төре, Тәнеке би баратын болып шешіледі. Сөйтіп, белгіленген мерзімде келісілген жерге арнайы киіз үйлер тігіліп, екі жақтың билері келіп түседі. Алыс елдегі ру-тайпалардан әдейілеп келген қонақтардың да саны едәуір болады. Бұдан әрі қарайғы уақытының барысы заңгер академик С.Зимановтың жазбаларында былайша баяндалады:

«*Матайлықтар Қоянкөз атты қотанның бір жағына арнайы салынған киіз үйге түседі. Қотанның келесі жағына жалайырлықтар тоқтайды. Олардан бөлек түрлі ру-тайпалардан әдейі келген қонақтар қаншама. Оларға да ондаған киіз үйдің шаңырағы көтеріледі. Сот өтетін жердің тұрғындары елшілер мен басқа да келушілерді, дәстүрге сәйкес, қонақжайлылық танытып, қарсы алумен болады. Соттың жартылай ресми бөлімі екі жақтың алғашқы елшілерінің – Бөлтірік би (1771-1854) мен Құнанбай бидің (1804-1885) кездесуімен ашылады. Келіссөздер, әдеттегідей, мейірбандық пен сыйластық шеңберінде жүріп, даулы іс бойынша ортақ шешімге келу мақсаттарын айқындайтын қисынды-фәлсафалық сөз жарыстарын өткізеді. Ақыр соңында, Төбе би болып Бөлтірік би сайланады. Осы лауазымға тағайындалмас бұрын ол «Мен айтсам істің дәлелін, биліктің әділін айтам» деп ант етеді. Қолда бар деректерге сүйенсек, ол осы антынан таймаған. Бөлтірік би Алтын-Емелдің тарихын суреттеп, оның көп жасырған бергі иелерін атап, шатқал және құдықтардың атауларын және Алтын-Емелде мекен еткен талай халық жайлы сыр шертетін көктастарда сақталған жазу-белгілерді мысалға ала отырып, өз сөздерін бекіте түседі. Сол халықтардың ішінде Жалайыр одағы да бар-тын, соңғы жүзжылдықтарда салынған мазар-бейіттерде олардың ата-бабасының аты-жөні жазылып, сақталғаны да рас. Би шешімі айғақ пен дәлелге толы болғандықтан, келесі жақ амалсыз келіседі».*

Осылайша қазақ қоғамында бүтін елдің тұтастығына, тұтас елдің бүтіндігіне қауіпті болған ру-тайпааралық жер дауы, күн дауы т.б. дауларға байланысты қарама-қарсы екі жақтың да мият жариялап шақырған білікті билер соты шындық пен әділдіктің негізінде дұрыс шешімін, әділ төрелігін тауып отырған (**қ. Би**¹). Қазіргі әдеби тілде «сүйеніш, тұлға, тірек» мағынасында қолданылатын *мият* сөзі байырғы билер заманында құқықтық нышаны бар, халықтық юриспруденция термині болып жұмсалған.

Сонымен, елдің игі жақсыларын асқа, торқалы тойға шақыруды сауын айту десе (**қ. Сауын айту**), ал ел ішін дауға алдырмас үшін білікті билер мен беделді ақсақалдарды дау мәселесін өз іштерінде алдын-ала қарауға шақыруды *мият жариялау* деген.

Әдеб.: Зиманов С.З. Билер соты төрелігінің он үлгісі // Қазақтың ата заңдары. IX том. Алматы: Жеті жарғы, 2008. 55-66-бб; *Уәли Н.* Бұрынғыдан қалған сөз (қолжазба); КР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МОҒАЛ ОШАҚ ҚАЗУ – ескі наным-сенім бойынша Наурыз мейрамында атқарылатын міндетті төрт жоралғының (ритуалдың) бірі. Академик жазушы М.Әуезов көрсеткен деректерде олар, атап айтқанда, *жұп шырақ жағу; кетік аяқты сындыру; төрт көз итті өлтіру, моғал ошақ қазу (қ. Наурыз)*. Наурыз мейрамында ескі-құсқыны ас әзірлейтін ошаққа тастап өртемейді. Даладан арнайы ошақ қазып, ескі-құсқыны бастан үш айналдыра аластап, сондағы жанған отқа тастап өртейді. Бұл жерде «ескі-құсқыға зиянды күш иелері үйір» деген түсінік бар. Ал *от* адамды тазалаушы, жамандықтан арылтушы киелі күш ұғымында түсініледі.



Моғал ошақ қазу. ҚР MOM материалдары бойынша суретті салған Ж. Шәйкен

Моғал ошаққа қазан асып, ас пісірмеу үшін оны қайта көміп тастайды. Кесір, кесепат, жамандықтың бәрі

*Жанған отпен кетсін,
Соққан желмен кетсін,
Аққан сумен кетсін,*

Батқан күнмен кетсін, – деп Тәңірден тілек тілейді, өйткені халық түсінігінде *жанған от, соққан жел, батқан күн, аққан су* еш уақыт қайта оралмайды. Кесепат та, жамандық та осылармен оралмастан бірге кетеді.

Әдеб.: Мұхтар Әуезов. Жиырма томдық шығармалар жинағы. 16-том. Алматы: Жазушы, 1985. 42 б; Уәли Н. Бұрынғыдан қалған сөз (қолжазба); ҚР MOM материалдарынан; ОМЭЭ материалдарынан.

МОҒОЛ ЫҢҒЫРУ – ағашты үңғу үшін басы имектеліп әрі өткірленіп жасалған ыңғыру түрі.



Моғол ыңғыру. ҚР MOM материалдары бойынша суретті салған Ж. Шәйкен

Бұны ағаштан жасалған ыдыстар мен домбыраның шанағы сияқты т.б. заттардың қуыстап жонуға пайдаланады (қ. **Ыңғыру**).

Әдеб.: Нығмет М. Қазақтың ұлттық колөнері. Өлгий, 1991; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МОЖЫ – халық емшілігінде қолданылатын ыстық өңірлерден әкелінетін өсетін түгі бар, көлемі бармақтай, ащы дән. М-ны қазақтар алуан түрлі аруларға қолданған: оны майдалап талқандап ашық жараға сепсе, қанды тияды. Сол сияқты тамақ қабынса ауызға салып малтайды, ішектің қырна (кірне) ауруына *можы* пайдаланады.

М.-ны сірке суына қайнатып, піскен соң жаншып, тістің құрт жеген жеріне нығырлап салатын болған. Жас баланың кіндігінің шығуына *можыны* суға қайнатып, жанышқаннан кейін кіндікке тығады. М. қайнатқан сумен ағарған шашты жуса қарайтады.

Әдеб.: Қазақ емшілігінде ұдайы қолданылатын дәрілер. Құраст.: М.Қанапиянұлы, А.Әнуарұлы. Үрімжі: ШҒТДСБ, 1988; *Қайдар*

Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде (этнолингвистикалық сөздік). 1-том. Алматы: Дайк-Пресс, 2009; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МОЙНАҚ¹ – түйенің алқымынан басына дейінгі мойын терісі. Түйені, әдетте басқа малдарды бауыздаған тәрізді алқымнан ғана емес, екі жерінен бауыздайды. Алдымен түйенің омыраулықтан бауыздайды. Омыраудан бауыздағанда түйенің ұзын мойнындағы қан толық ағып кетпейді. Ал мұсылмандық шарт бойынша бауыздалған малдың қаны денесінен толық ағып бітуі керек. Сондықтан мойын қаны толық ағып кетсін деп түйенің алқымынан екінші рет бауыздайды. Одан кейін мойын мен басты бөлек-бөлек кесіп алады (қ. *Түйе; Түйе сою*). Мойын терісін ұзынынан тіліп жармай, тұтас сыпырып алады және оны *мойнақ* деп атайды.

Кейде түйені халық тілінде *мойнақ* деп те атайды. Үш-төрт түйесі бар адам басқа біреуге түйесінің санын айтқанда түйені өз атымен атамай, елеусіздеу етіп «үш-төрт мойнағымыз бар» дейді. Мойнақтан шеберлер көнек (қ. *Көнек*), қауға (қ. *Қауға*), торсық, дорба, қалта тәрізді бұйымдар тігеді. Мойнақтан тігілген ыдыстың байырғы түрлерін халық ауыз әдебиетінен кездестіреміз. *Тоқтамыс хан Жанбай бидің бұл сөзін мақұл деді, жиырма үй тігіп, той жасады. Сол тойды жасайын деп әңгімелескенде, Аңғысын ішінде бар еді. Сосын Аңғысын оны Едігеге келіп, «енді қызық болды», – деді, – «енді тез үйге бар да бір мықты семіз нарыңды сой», – деді. «Оның мойнын бітеу ал», – деді. Сосын оның бір жағын тастай қылып тіктіріп, бір бұрышына жіп тағып, бір шетін ышқырыңа, бір жағын тамағына байла. Тамағыңның астындағы шеті ашық болсын, ішің қабақтай болсын деді. Сонда Едіге торсықты байлап алып тамақ тартуға шықты. Отырған жұрт әрқайсысы Едігеге асатам деп ет берсе, Едіге оны асамайды, торсығына сала береді көрсетпей. Түйенің мойын терісінен тігілген, батырма тәсілімен өрнек салынып, алтын немесе күміс шытыралармен әшекейленген, қымбат бұйымдарды сактайтын дорба ертеректе *мойнақ, түйе мойнақ* деп аталған.*

Түйенің мойын терісімен шалғыорақтың сабындағы белтірінді (*белтірін* – шалғы сабының ортан беліне таман орнатылған, оң қолмен ұстауға арналған ағаш тұтқасы) орап, қысып қояды. Соған байланысты алақанды қажымау үшін түйенің мойын терісімен мойнақтаған (орап койған) үлкен орақ түрін халық тілінде *түйе мойнақ орақ* деп атайды.

Әдеб.: Семенов Ф. Түйе және оның әбзелі туралы қазақша атаулар // Известия АН КазССР, Серия языка и литературы. 1944, № 1; Мұқанов С. Қазақ қауымы. Алматы: Ана тілі, 1995; Едіге батыр. Алматы: Ғылым, 1996; Ахметов Ә. Дәстүрлі наным-сенімдермен байланысты қалыптасқан табу мен эвфемизмдер // ҚР ҰҒА Хабаршысы, 1999, № 2; Қазақ тілінің аймақтық сөздігі. Алматы: Арыс, 2005; КӨТС. XI-том. Алматы: Арыс, 2009; *Салғарин Қ.* Қасапшылық. Алматы: Қайнар, 1990; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МОЙНАҚ² – ұста, зергерлердің металл өңдеуде жиі қолданатын көрігінің жел үрлейтін өңеші. Ол *үрімпар* деп те аталады (қ. *Көрік*). Сонымен қатар, ел арасында пышақтың,



қырғының, қашаудың, егеудің және т.б. құралдардың сабына салынатын сақина, шығыршықты да осылай атау кездеседі. Сабына сақина кигізілген пышақ өзінің бөлшегінің атымен байланыстырылып *мойнақ пышақ* деп аталады. Сапқа салатын сақиналарды қалыпқа соғып жасайды. Ондай қалыпты шеберлер *мойнақ қалып* дейді.

Әдеб.: Мұқанов С. Қазақ қауымы. Алматы: Ана тілі, 1995; Ахметов Ә. Дәстүрлі наным-сенімдермен байланысты қалыптасқан табу мен эвфемизмдер // ҚР ҰҒА Хабаршысы. 1999, № 2; Шоқпарұлы Д., Дәркембайұлы Д. Қазақтың қолданбалы өнері. Алматы: Алматыкітап, 2007; Шойбеков Р.Н. Қазақ зергерлік өнерінің сөздігі. Алматы: Ғылым, 1991; ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МОЙНЫНА БҰРШАҚ САЛУ – бала көтере алмаған әйелдің өз мойнына көген *бұршағын* салып жаратушыдан бала сұрау ғұрпы. Жүкті болып бала көтеру үшін істеген түрлі амалдар (*емделу, әулие басына түнеу, бақсы-молдалардың ем-домдары т.б.*) нәтиже бермегенде Құдайдан, әулие-әнбиелерден бала тілеп жалбарынудың аталмыш ғұрыпы атқарылған.



Мойнына бұршақ салу. ҚР МӨМ материалдары бойынша суретті салған Б.Досымов

Қазақта мойынға арқан-жіп (*кісе белдік, шылбыр, көген бұршағы т.б.*) салуға қатаң тыйым салынды. Мойнына арқан салу тек аса ерекше жағдайларда ғана атқарылатын болған. Мойынға арқан салу, қайтпас шешім қабылдап, істің жолында басын тіккендігін көрсететін белгі болғандығын атап кеткен жөн. Өлім мен өмір арасындағы қиын шешім қабылдарда бидің өз мойнына белдік салып билік айтуы қабылданған шешімнің қаншалықты маңызды екенін, осы шешім жолында еркіндігі мен жанын қиюға дайын екендігін меңзеудің ишарасы болды. Сондай ақ, қазақ фольклорында, баласы жоқтықтан көрінгенге таба болған адам өз мойнына белдік салып, Құдайдан бала тілеп елден безіп кеткені туралы айтылады. Шора батыр туралы жырдың Ә.Сариев нұсқасында аталған жағдай төмендегідей суреттеледі:

*... Інісі «қубас» деген соң
Осындай сөзге күйген соң.
Нарекемді жың ұрды,
Айрылып қалды есінен.
Мәз болып тұрсын несінен
Әр нәрсе түсті ойына,
Алтынды белдік, ақ кісе
Алып бір салды мойнына.*

Көптен бала көрмей жүрген адамдар ұрпақты болуды Жаратқаннан жалбарына сұраған кезде мойнына *«арқан»*

салып жалбарыну сөздерін айтады. Бұл жерде атап кететін жайт, ер адам болса кісе, кемер белдіктерін салады, ал әйел адамдар көгеннің *бұршағын* салады (**к. Көген**). Қазақ тұрмысындағы көптеген арқан-жіптің ішінен көгеннің *бұршағын* тандауда терең мағына жатқан болуы керек. Оның себебі, көген *бұршағы* халық түсінігінде оркендеудің символы болуымен байланысты керек.

Кейбір деректерге сүйенсек, М. б. с. бала тілеген әйелдің өзі ғана емес, оған тілеулес әйел жынысты адамдардың да қатысканы белгілі. Яғни кезінде бұл ұжымды түрде өткізілетін рәсім болған деп топшылауға болады. Осы орайда ақын М.Жұмабаевтың Ақан сері туралы жазбасындағы, Қорамсаның шешесі тоғыз қызымен қосылып, М. б. с. ұлына бала тілегені куә болады: *«Ұлы Қорамсадан көпке шейін бала болмаған соң Жарқынбай бәйбішесі хәм тоғыз қызымен көгеннің бұршағын мойнына салып, таңірден немере тілейді».*

Әдеб.: Батырлар жыры. 45-том. Қисса Нәрікбай - Шора (Майкөт - Ә. Сариев нұсқасы). Астана, Фолиант, 2007; Жұмабаев М. Тандамалы. Үш томдық. Алматы: Білім, 1996-1997; Ғабитханұлы Қ. Қазақ мифологиясының тілдегі көрінісі. Алматы: Арыс, 2006; Кенжеахметұлы С. Ата мұрасы – асыл қазына 1-кітап. Астана: Аударма, 2005; ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МОЙНЫНА ҚОСАҚ, КӨТІНЕ ТІРКЕУ – ұрланған малға төленетін айып түрі. Істі қараған би мал иесіне ұрланған мал санына қарай ұрыға әр малдың үстінен *мойнына қосақ* деп бір малды, *көтіне тіркеу* деп екінші бір малды төлететін болған. Мысалы, Н.И. Гродековтың материалы бойынша, ұрланған мал жылқы болса, оның үстінен *мойнына қосақ* деп бір бесті (бес жасар ат), *көтіне тіркеу* деп құнан (үш жасар ат) берілген. Сонымен қатар, келесі бір деректерде барымтаны бастаған ұрыбасы бір тоғыз төлесе, қалған ұрылар *мойнына қосақ, көтіне тіркеу* айыбын төлейген.

Әдеб.: Гродеков Н.И. Киргизы и каракиргизы Сыр-Дарьинской области. Т.1. Юридический быт. Ташкент: Типо-Литография С.И. Лахтина, 1889; ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МОЙНЫНА ҚҰРЫМ ІЛУ – қазақтың дәстүрлі әдет-құқығында маскаралау жазасының бір түрі. Ар жазасының мұндай түрі моральдық-этикалық нормаларды бұзған, ата-баба жолына жат ерсі қылық жасағандарға қолданылған.



Мойнына құрым іліп ауыл айналдыру. ҚР МӨМ материалдары бойынша суретті салған Б.Досымов

Шектен шыккан тентектің бетіне күйе жағып, мойнына құрым ілген соң есекке немесе қара сиырға теріс мінгізін, ауылды аралатады. Мұндай жазадан соң жазықты болған адам көбінесе басқа жаққа қоныс аударып кететін жайт жиі орын алған (**қ. Құқық / Әдет-ғұрыптық құқық / Әдеттік құқық; Масқаралау / Масқаралау жазасы / Ар жазасы**).

Әдеб.: Баллюзек Л.Ф. Народные обычаи // Собрание сочинений о Туркестанском крае вообще. Сопредельных с ним стран Средней Азии. Составляемый Межовым В.И. // Т.С. Т. 76. СПб., 1865; ОГИА. Ф.3, О.1, Д.317. Законы существующие у киргиз по преданиям; Омари Ж. Жарғының негізгі өзегі // Қазақтың ата заңдары. 9-том. Алматы: Жеті жарғы, 2008. 206-252 бб; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МОЙЫЛ / ШОМЫРТ – тау шатқалдары мен өзен бойында биік болып өсетін, қарақоңыр түсті домалақ жеміс беретін бұта (латынша атауы – *Prunus padus*). Сопакша келген жапырағы кезектесіп орналасады. Жемісінің ішінде дән, сыртында шырыш болады. М.-дың жемісі мен бұтасының қабығын халық емшілігінде пайдаланады. Жаздың басында ақ түсті ұсақ гүл бүр жарады, шілде өткен соң жемісі піскен кезде жинап алып, көлеңке жерде баппен кептіреді. Жемісі тәтті, суық райлы, ал бұтасының қабығы кермек дәмді, жылы райлы деп саналады. Соған байланысты емшілер М. бұтасының қабығынан дайындалған тұнбаны қан қысымын төмендететін және несепті айдайтын ем деп санайды. М. гүлін теріп алып, тұндырып бір кесе қайнаған суға бір қасықтай гүлді салып ұзақ уақыт қояды. Осылай дайындаған тұндырмаға таза шүберекті малып алып көзге таңса, түрлі ауруға ем болады.



Мойыл. ОМЭЭ материалдарынан

Ал М. жемісін қайнап тұрған суға дайындаған сусынды қан қысымын реттеуге және ас қортуды жақсартуға тұтынады. Сол сияқты оны суық тигенге қарсы және ыстық түсіретін дәрі орнына да пайдаланады. Ертеректе М. қайнатындысынан пайда болған ертіндіні жүн бояуға пайдаланған.

Әдеб.: Қазақ емшілігінде ұдайы қолданылатын дәрілер. Құраст.: М.Қанапиянұлы, А.Әнуарұлы. Үрімжі: ШҒТДСБ, 1988; *Массажетов П.С.* Өсімдік әлеміне саяхат. Орыс тілінен аударған А.Бейсенбаев. Алматы: Қайнар, 1988; *Қалиұлы Б., Үшбайұлы К.* Дәрі-дәрмектік өсімдіктер. Алматы, 2005; *Қалиев С.* Емдік рецептер энциклопедиясы. Қазақ емінің рецептері мен тибет медицинасының негіздері. Алматы: Арыс, 2010; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МОЙЫН ОМЫРТҚА – ғұрыптық мәнге ие қойдың мойын омыртқасы. Күнделікті және қонақ күту кезінде отбасы мүшелері жейтін, сый табаққа салуға, үлкендерге тартуға болмайтын ет мүшесі.

М. о. қазақы ортада дүниеге келу мен үйлену сияқты жосын-жоралғылар кезінде ерекше ғұрыптық сипатқа ие болды. Бала туған соң сәбидің мойыны тез және түзу бекісін деген ырым бойынша қалжаға сойылған қойдың М. о.-сын тұтасымен асады. Босанған әйел М. о.-ны буындарынан ажыратпай тазалап мүжиді. Содан соң, М. о.-ның тесігінен шыбық өткізіп, оның екі ұшын қосып жіп байлайды да, кереге басына (немесе басқа да биік жерге) ілін қояды. Бұл М. о. баланың мойны қатқанша ілулі тұрады. Көші-қон кезінде оралып сандыққа салып, үй тігіліп болған соң орнына қайта ілінеді. Мұндай М. о.-ны итке тастауға болмайды (**қ. Қалжа**).



Мойын омыртқа. ОМЭЭ – материалдарынан

Үйлену дәстүрі кезінде қыз жақ жасауға деп әзірлеген бұйымдардың бірі – отау көтереді. Ұзатылар алдында отау көтеру тойына сойылған малдың М. о.-сы күйеуге тартылады. Ол тазалап мүжиген соң бір жеңгесі М. о.-ны матаға түйеді. *Күйеуді* ортаға әкеліп тізерлетіп отырғызып, қолына түйіншектегі М. о.-ны ұстатады. Қыздың екі жеңгесі екі жағынан келіп тұқыртып төмен қаратып отырғызған қалпында М.-ны шаңырақ күлдіреуіштерінің арасынан сыртқа дәлдеп лактыруды сұрайды. Бірден шығара алса қыз жеңгелері «*атқан оғың құр кетпейді екен...*» деп әзілмен қағытып, маркайта түседі. Мойын сүйекті түндік тесігінен шығара алмаса тағы да лактыртады немесе қыз жеңгелеріне айып төлейді. Ол *мойынтастар* деп аталады (**қ. Мойынтастар**).

Әдеб.: *Ибрагимов И.И.* Этнографические очерки киргизского народа // РТ. Сборник, изданный по поводу политехнической выставки. Вып. II. Статьи по этнографии, технике, сельскому хозяйству и естественной истории. М., 1872. С.120-152; *П.* Обычаи киргизов Семипалатинской области // РВ. М., 1878. №9. С.22-66; *Гродеков Н.И.* Киргизы и каракиргизы Сыр-Дарьинской области. Т.1. Юридический быт. Ташкент: Тип. С.И. Лахтина, 1889; *Аргынбаев Х.* Қазақ халқындағы семья мен неке (тарихи-этнографиялық шолу). Алматы: Ғылым, 1973; *Жүнісов А.* Пәниден бакига дейін // КЭ.1992, 3 қантар; *Шаханова Н.* Мир традиционной культуры казахов (этнографические очерки). Алматы: Казахстан, 1998; *Қатран Д.* Қазақтың дәстүрлі ас-тағам мәдениеті. Ғылыми редакторы және алғы сөздің авторы Нұрсан Әлімбаев. Алматы: ҚМӨҒЗИ, 2002; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МОЙЫН СУ – егіннің екінші мәрте суарылуы. Қазақстанның әр аймағының өзіндік ерекшеліктеріне қарай егіс алқабы бірнеше мәрте суарылған. Осыған байланысты маусымдық егін суарудың түрлі атаулары бар. Мәселен, егістік алқабын жыртпай тұрып суаруды *жер суы* деп атаған. Алайда, қар мол түсіп, жауын-шашынды болған жылдары егістік алқабына *жер суын* беру міндетті болмаған



(к. *Жер суы*). Егістік алқабына дән себіліп, қылтып шыққаннан кейін бірінші рет суаруды *топырақ су* деп атаған (к. *Топырақ су*). Егістіктің екінші мәрте суарылуы *мойын су* немесе *желке су* деп аталады. М. с. деп аталу себебі, егіннің бас жарып, мойын созып қалған уақытына сай келеді. Осы су берілгеннен кейін егістік тез көтеріліп, сабағы нығая түседі (к. *Желке су / Мойын су*). Егістіктің үшінші рет суарылуын *орақ су* немесе *сарын су* деп атайды (к. *Орақ су*).

Әдеб.: *Александров Н.Н.* Земледелие в Сыр-Дарьинской области. Описание приемов земледелия преимущественно Ташкентского хлопкового и сухоземледельческого района // Туркестанское сельское хозяйство за 1916-18 гг. Ч.1. Общие приемы земледелия. С.1-247; *Досқараев Ж.* Күршім, Зайсен, Тарбағатай, аудандарындағы қазақтардың тіл өзгешеліктері // Қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктері. Алматы: Қаз ССР ҒА баспасы, 1951. 28-80 бб; *Нақысбеков О.* Жергілікті халық тіліндегі арық-атыз түрлеріне байланысты қолданылып жүрген сөздер жайында // Қазақ диалектологиясы. 1-басылым. Алматы: Ғылым, 1965. 160-179-бб; *Алтаев Б.Ә.* Оңтүстік Қазақстан қазақтарының егіншілікке байланысты дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. Тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған диссертациясының қолжазбасы. Ғылыми жетекші Нұрсан Әлімбаев. Алматы, 1994; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МОЙЫНАҒАШ¹ / ӘКПІШ / ИІНАҒАШ – ауыр заттарды иыққа салып тасу үшін ағаштан жасалған құрал. Ауыр заттарды тасуға, кен орындарында, алтын шайқайтын орындарда, су тапшы аудандарда су тасуға қолданады. М.-тың кармағы ағаштан, ілгегі қайыстан жасалады.



Мойынағашпен су тасу. ҚР МОМ жұмыс материалдарынан

Сонымен қатар кейде ауыр шелектердің салмағын адам көтере алмаған жағдайда аттың мойнына артып алып жүретін жағдайлар болады. Қазақы ортада М.-тың *әкпіш*, *иінағаш* деген атаулары жиі қолданылады (к. *Әкпіш; Иінағаш*).

Әдеб.: Қазақ тілінің аймақтық сөздігі. Алматы: Арыс, 2005; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МОЙЫНАҒАШ² / МОЙЫНСА – жауыр аттың мойнына байланатын ағаштан жасалған құрылғы. Жауыры қышыған жылқы мойнын бұрып тісімен қасып жараны ушықтырмауы үшін М. байланады. Ол үшін төрт дана таяқты қос-қостан бір-бірімен айкастырып жіппен байлайды.



Мойынағашты жауыр аттың мойнына байлаудың бір тәсілі. ҚР МОМ материалдары бойынша суретті салған Ж.Шәйкен

Сөйтіп екі айкас ағашты аттың мойнының екі жағына жабыстырып тұрып, өзара тамақтың асты мен желкенін үстінен баумен тартып байлап тастайды. Бұл жауыр аттың басын кері қарай бұрып аркасындағы жарасын қасуына мүмкіндік бермейді. М. жара әбден жазылғанша аттың мойнынан алынбайды.



Мойынағаш. Ұлы Петр атындағы антропология және этнография музейі (Кунсткамера) қорынан (1287-57)

М.-тың жергілікті *жауырағаш* деген де атауы кездеседі (к. *Жауыр*). М.-тың бір түрі Санкт-Петербургтегі Кунсткамера (Ұлы Петр атындағы этнография және антропология музейі) қорында (3378-15 нөмермен сақтаулы) сақталған.

Әдеб.: *Потапов Л.П.* Особенности материальной культуры казахов, обусловленные кочевым образом жизни // СМАЭ. Т.ХІІ. М.-Л.: Наука, 1949. С.43-70.; *Қасиманов С.* Қазақ халқының қолөнері. Алматы: Қазақстан, 1969; *Тоқтабаев А.* Жылқы ауруларын емдеудің халықтық тәсілдері // Маргулановские чтения. 1989. 279-283; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МОЙЫНДЫҚ / МОЙЫНОРАУЫШ – жылылық ретінде мойынға киюге арналған қосалқы киім. М. қазақ арасында батыстық киім үлгісімен киіне бастаған уақытта пайда болған. М.-тың пішіні көбінесе ұзынша, мойынға орайтындай болып келеді. Сонымен қатар М.-тың бастан киюге арналған бітеу түрі де болған. Мұндай М.-ды бітеу пішінде бастан киілетіндей етіп тоқып, алдыңғы және артқы өңірлері қажетінше тағы ұзартылады. Мойынға киілуіне орай жергілікті тілде *мойынқап*, *мойынша*, *мойыншалма* деп те атайды.



Мойындық, ҚР MOM материалдары бойынша суретті салған Б.Досымов

М. көбінесе ешкі мен түйе түбітінен тоқылады. Сондай-ақ, М.-тың аңның құйрығынан, теріден, шүберектен тігіп геген түрлері де болады.

Әдеб.: Жақытов Ә. Түйе өсірушінің түсіндірме сөздігі. Алматы: Қайнар, 89; Қазақ тілінің аймақтық сөздігі. Алматы: Арыс, 2005; Кәмәләшұлы Қазақ халқының салт-дәстүрлері. Улаанбаатар. 2013; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МОЙЫНЖІП / МОЙЫНШАҚ – ірі кара малдың жас ілінің мойнына тағатын жіптің атауы. Есілген немесе ірдан тағылатын М-ті итқұстан және түрлі зиянкес андіктерден қорғайды деген мағиялық сеніммен ақ, қара есті жүн жіптен алапаласаған (қ. *Ала арқан / Ала жіп; ас жіп; Құр*). Әдетте, М.-тің ұзындығы екі құлаштай ұшылып келеді.



Мойынжіп. ҚР MOM материалдары бойынша суретті салған Б.Досымов

М. әркімнің қолдағы бар материалына қарай, қайыстан немесе бірнеше тін жіптерден біріктіре есілген жіптен және ірдан да тағылады (қ. *Жіп; Жіп шу; Құр*).

Әдеб.: Досқараев Ж. Күршім, Зайсан, Тарбағатай аудандарындағы зақтардың тіл өзгешеліктері // Қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктері. Алматы: Қаз ССР ҒА баспасы, 1951. 28-80 бб; Қасиманов С. Қазақ халқының өнері. Алматы: Қазақстан, 1995; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ материалдарынан.

МОЙЫНСЕРІК – ХХ ғасырдың 20-жылдарының отасынан бастап қазақ шаруаларын коммунистік партия мен совет өкіметінің ресми доктринасына айналған лениндік саясатының қағидаларына сәйкес ұжымдастырудың ағашқы түрінің атауы. Артель деп аталатын колхоздың оғары түрінен айырмашылығы – адамдардың өздері мес, еңбек құралдары – малы мен құрал-саймандары оқтақастырылды. Әуелі, кошпелі тіршілікке үйренген азақтардың талғам-талабына сәйкес ұйымдастырылған ұйлышаруашылығы өндірістік мекеме болып саналғанымен, партия мен өкімет тарапынан күшпен таңылған бұл

құрылым ешқандай нәтиже бермеді. Керісінше, қазақ ауылының ежелгі тіршілікқамы жүйесін түбегейлі бүлдіртіп, жергілікті тұрғындарды аштыққа ұшырауға және адам шығынына алып келді. ХХ ғ.-дың 30-жылдарының бас кезеңінде М. колхоздастырудың компартиялық көзқарас тұрғысынан жаңа жетілген формасы болып есептелінген артельге ұласты.

Әдеб.: Турсынбаев Б.А. Победа колхозного строя в Казахстане. Алма-Ата, 1957; Дахилейгер Г.Ф. Социально-экономические преобразования в ауле и деревне Казахстана. Алма-Ата: Наука, 1965; Амантаев Б.А. Социализм и коренное преобразование социальной природы казахского крестьянства. Алма-Ата: Наука, 1969; Тулепбаев Б.А. Торжество ленинских идей социалистического преобразования сельского хозяйства в Средней Азии и Казахстане. М.: Наука, 1971; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МОЙЫНТАСТАР – жаңа құрылған отаудың «түтіні түзу шықсын», яғни, ырысты болсын, құтты, берекелі болсын, отау иелері «бірауыз» тату болсын деген тілеумен орындалатын ырым-жоралғы.

Қыз ұзату тойы болатын күні қыз әкесінің үйінің сыртынан күйеу жігіт пен қалыңдыққа арналған отау тігіледі. Отау тігіліп болғаннан соң түрлі ырымдар, салттар атқарылып, үй тігуге қатысқан әйелдер «отау жабар», «шаңырақ көтерер» сияқты кәделерін алатын (қ. *Отау; Отаужабар*). Отау көтеру тойына арнап сойылған қойдың мойыны күйеуге тұтастай тартылады. Тазалап мүжігеннен кейін күйеу омыртқаны жібек орамалға орап, шаңырақтан сыртқа лақтырып жібереді. Әдетте жібек орамалды күйеуге мойынды ұсынған жеңгелер кәде ретінде алады. Лақтырылған мойын омыртқа шаңырақтан бірден етуі жақсы ырымға баланған. Зерттеуші Х.Арғынбаевтың пайымдауына бұл ырым «оты өшпесін» деген тілектен мұсылмандықты қабылдағанға дейгі уақытта қалыптасқан. Бұл жерде шаңырақтан асырып лақтырудың мәні «түтін түзу түтетілсін» деген тілеу болса, омыртқаның мәнісі, қаншалықты көп бөлшектерден құралса да, жас отау «мойын омыртқадай біртұтас» тату болсын деген тілектен туындаса керек.



Мойынтастар. Суретші Е.Оспанұлы



Кейіннен М. жоралғысынын түпкі мәні көмескіленіп, ол жеңгелер атқаратын эзіл-қалжың деңгейіндегі іс-шараға айналған болса керек. Енді мойын омыртқаны шаңырақтан лақтыру кезінде күйеу жігіт жүрелеп отырады да құда жағының жеңгелері иығынан басып тұрады. Күйеу жігіт омыртқаны төмен қарап отырған күйі, арқасынан асырып, жоғары қарай лақтырады. Әрине, мұндай жағдайда омыртқаны шаңырақтың тесігіне бірден дәлдеп тигізу онай емес. Құда жағының қыз-келіншектері мұндайда эзілдеп «*күйеу жігіттің мергендігіне*» шүбә келтірін сынап жатады. Бұл жердегі күйеу жігіттің омыртқаны шаңырақтан көздеп лақтырмауы М.-дың алғашқы мәнінің көмескіленіп, тек жігіттің ептілігінің сыны ретінде қаралатын мәні қалған деген қорытынды жасауға болады.

Әдеб.: *Ибрагимов И.И.* Этнографические очерки киргизского народа // РТ. Сборник, изданный по поводу политехнической выставки. Вып. II. Статьи по этнографии, технике, сельскому хозяйству и естественной истории. М., 1872. С.120-152; П. Обычаи киргизов Семипалатинской области // РВ. М., 1878. №9. С.22-66; *Гродеков Н.И.* Киргизы и каракиргизы Сыр-Дарьинской области. Т.1. Юридический быт. Ташкент: Типо-Литография С.И. Лахтина, 1889; *Аргынбаев Х.* Казак халқындағы семья мен неке. Алматы: Ғылым, 1973; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МОЙЫНТҰМАР – әйелдердің мойнына тағатын сәндік бұйымы. М. түрлі металдардан дөңгелек кейде үшбұрыш болып жасалады (**қ. Тұмар**). Жоғарғы бөлігіне дөңгелек *тойнақ* орнатылып, оған мойынға тағатын шынжыр өткізіледі. М.-ды зергерлер көбінесе тапсырыс берушінің талғамы бойынша жасайды. Кейде оның бетіне асыл тас кондырылады, ою-өрнектермен барынша әшекейленеді. Әйел адамдар М.-ларының ішіне *жалапәледен, тіл-көзден сақтайды* деп ырымдап молдаларға оқытылған немесе дұғалар жазылған қағаз салып тағады.



Тұмар. Батыс Қазақстан обл. XIX ғ. (КП 26801/19)

ҚР MOM қорында КП 26801/19 тіркеу нөмірімен сақтаулы үшбұрышты мойынтұмардың іші қуыс. Оның екі бетіне *көгеріс* өрнектері және дөңгелек, үшбұрышты сызықтармен бедерленген. Тұмардың томенгі жағындағы шығыршықтарына ширатпа сым арқылы домалақ металл моншақтар тағылған. Жоғарғы ұшында ілгегі бар. ұзындығы 6,5 см, ені 5,6 см.

Әдеб.: *Масанов Э.А.* Кузнечное и ювелирное ремесло в казахском ауле (вторая половина XIX – начало XX вв.) // ТИИФЭ АН КазССР. Т.12. Алма-Ата, 1961; *Тәжімұратов Ә.* Шебердің қолы ортақ. Алматы: Қазақстан, 1977; *Аргынбаев Х.* Қазақ халқының колөнері. Алматы: Өнер, 1987; *Шойбеков Р.Н.* Қазақ зергерлік өнерінің лексикасы. Алматы: Қазақстан, 1993; *Қасиманов С.* Қазақ халқының колөнері. Алматы: Қазақстан, 1995; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МОЙЫНТҰРЫҚ / МОЙЫНДЫРЫҚ – жегін құралдарына қосарлап жегу үшін көлік малының мойнына салынатын ағаш эбзел. Соқамен жер жыртқанда, арбамен немесе шанамен аса ауыр жүктерді сүйрегенде көлік малын М.-пен қосарлап жеккен.



Мойынтұрықпен жегілген өгіздер. ҚР MOM қорынан (ФКП 6036)

Өйткені жұмыстың ауырлығына орай екі, төрт, кейде одан да көп күш көліктерін бірге жегу еңбек өнімділігін әлдеқайда арттыратын. М. көбінесе өгіз және түйені жегу үшін пайдаланылған.

М.-тың үстіңгі ағашы ауыр жүкті сүйрегенде сынып кетпейтіндей есеппен неғұрлым қатты ағаштан шабылып дайындалады. Тым ауыр М. тек артық салмақ болып көліктерді тез шаршататын болса, әлсіздері тез сынып кететін болады. Сондықтан, М. жасайтын ағаштың жуандығын атқарылатын жұмыстың ауырлығына, ағаштың қаттылығына және көлік малының күшіне орай таңдап алынады. Ал М.-тың ұзындығы көлік малдырына байланысты ұзынды-қысқалы болып келеді. Түйеге арналған М.-тың ұзындығы өгіздікіне қарағанда біршама ұзындау болады. М.-тың ортасына *жетекегаиш* өткізілетін шығыршық темірге бекітіледі.



Мойынтұрықпен жегілген түйелер. ҚР MOM жұмыс қорынан

М. екі жағынан көлік малдары мойындарының екі апталдарына сәйкес келетіндей есеппен екі-екіден төрт есік тесіледі де, оған жұмыр ағаштар немесе темірлер ткізіледі. Оның шеткі екеуі көлікті жеккенде алынып-алынатындай етіп жасалады.

Бұлардың төменгі ұштарын көлік малының алқымына елетін екінші ағаш біріктіріп тұрады. Жеңілірек жүктерді артатын М. кейде тек үстіңгі ағаштан даярланып, өменгісінің орнына баумен байлау тәсілі қолданылатын а болған.

М. кейбір өңірлерде *жарма, жармау, мойынағаш, юйынша* деген атаулармен де аталады.

Ефрон мен Брокгауздың Энциклопедиялық сөздігінің Жұмысшы мал» атты мақаласында қазақ жерінде жалғыз гізді жегетін М. болғанын айта келе, «белге салма» деп талатын, жоғарғы жағынан ағытылып кигілетін, арнайы гіз қамытпен ағаш ершіктің көмегімен жегілетін әбзелдің олғанын атап көрсетеді (қ. *Өгіз қамыт*).

Әдеб.: Хозяйство казахов на рубеже XIX-XX веков. Материалы к историко-этнографическому атласу. Алма-Ата: Наука, 1980; *Қасиманов* . Қазақ халқының қолөнері. Алматы: Қазақстан, 1995; Қазақ тілінің ймақтық сөздігі. Кұраст.: Ғ.Қалиев, О.Нақысбеков, Ш. Сарыбаев, .Удербаяв және т.б. Алматы: Арыс, 2005; Диалектологиялық сөздік. Сауапты ред.: Ғ.Әнес, А.Удербай. Алматы: Арыс, 2007; *Манкеева Ж.А.* Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері. Алматы: Сібек жолы, 2008; ҚӘТС. 11-том. Алматы: Арыс, 2009; *Кенжеахметұлы С.* Қазақ халқының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. Алматы: Атамұра, 010; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МОЛА – оңаша жерге жерленген адамның басына қойылған белгіні білдіретін ұғым. Ертеде жындары еліп аруақты мазалайды деген түсінікке байланысты *қақсылардың моласы* зираттан оқшаулау жерде жалғыз-қарым тұрғызылатын болған. Абай өлеңінде:

Моласындай бақсының жалғыз қалдым...—

деген өлең жолдары осының поэтикалық бейнесі десе де болады. Исламдық қағидаларына сәйкес мұсылман елдерінде өзіне-өзі қол салғандар, шоқынғандар, пұтшылдар, ызтеке болғандар, харам судан (арақ), нашақорлықтан өлгендерге жаназа шығармай, мұсылмандардың зиратына керлемей жалғыз қалдыратын болған. Сондай-ақ, қазақта өлген адамды зират басына уақытында жеткізу мүмкіндігі болмағанда мәйітті *топырық бұйырған жеріне* қойып, белгі орнататын.

Мұнымен қатар М. туралы тағы бір тарихи жайтты айтуға болады. XVIII ғ. ортасында, Қытайдың Алтай өңірінде уған Арқалық батырдың өлер шағында артында қалған ұрпақтарына мынадай өсиет айтыпты: *мен моңғолдармен тоғыз барысында, олардың бетке ұстар батырлары мен арбаздарын өлтіріп, қылышымды көп рет қанға боядым. Менің өлгенімді естисе, өлар мені қара жер қойнында тыныш жатқызбайды, Арқалықтың сүйегін тауып беріңдер деп, қанды кекпен іздеп келеді. Сондықтан, маған иен сайдан жалған мола жасап қойыңдар, жау әскерлері келгенде, оларға осы Арқалықтың моласы еді деп көрсетіңдер, иын бейітімнің қайда екенін жан баласына сездірмеңдер дейді. Тағы бір нәрсені ескертейін дегенім, маған жасалған*

жалған моланы иен сайға тұрғызуды ұмытып, зиратқа қойсаңдар, жау әскерлері ашу, ызалық пен бейіт біткенді қопарып тастауы әбден мүмкін. Сол үшін, менің жалған моламды иен сайға тұрғызыңдар деп айтқан сөзімнің мәнісі міне осында дейді.



Бақсы тамы. Ж. Шәйкениң архивінен. 1980 ж.

Мұндай М. жаугершілік заманның ықпалымен болған белгі болып табылады.

Әдеб.: *Алтынсарин Б.* Орынбор казактарының өлген адамды жерлеу және ас беру дәстүрінің очеркі // таңдамалы шығармалары. Алматы: Ғылым, 1994; *С. Әжғали, Е. Оразбек.* Қазақ халқының дәстүрлерімен әдет-ғұрыптары. Алматы: Арыс, 2005; *Құнанбаев А.* Өлең сөздің патшасы. Жидебай, 2008; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МОЛАҒА НАЙЗА ШАНШУ – казактардың жерлеу ғұрпында орындалатын салт. Көшпелі халықтарда қаруға табыну салты жерлеу ғұрпымен тығыз байланысты, ер қаруы жерлеу құрылымына кіретін негізгі заттардың бірі болды.



Найза шаншылған қазақ моласы. Суретші М.С.Знаменский. XIX ғ.



Сақ-скиф, ғұн, түркі, оғыз-қыпшақтардың жерлеу ырымында өлген жауынгерлер өзі ұстаған және соғыста олжалаған қару-жарағымен жерленіп, молаларының қабырғаларына, еденіне семсер, оқтар, найзалар қадалып қойылған. Ғұрыптық қару ретінде жерлеу ғұрыптарында кей жағдайда қарудың өзі емес, оның ағаштан, тастан жасалған нұсқалары пайдаланылды.



Молаға найза шаншу. Л.А.Мелковтың экспедициясы.
ҚР МОМ қорынан (ФКП 27)

XVIII-XIX ғасырларға дейін қазақтар да мәйітпен бірге оның қару-жарағын жерлеген. Жазба деректер XVIII-XIX ғасырларда қазақтар батырлардың моласына жауынгерліктің белгісі ретінде желекті найзаларды қойғанын куәлейді. Мысалы, А.И. Левшиннің мәліметіне қарағанда: *«кейде мәйітпен бірге қару-жарақты, ат әбзелдерін, марқұмның киімдерін жерлейді», «зираттарға жақ, оқ, найза қойылады»*. *«Қырғыз зираты саяхатшы үшін таңқаларлық көріністің бірі. Бір жерде ол желкілдеген аттың жалы, баулар және желектер байланған найзаларды кездестіреді. Даңқты салтаттының моласынан ол найза мен ерді, садақты, жебені тапса, құсбегінің моласынан қаршыға мен бүркіттің бейнесін, ал нәрестенің моласынан бесікті көреді»*. Ал, П.И.Рычковтың айтуынша: *«Қазақтардың XVIII ғ.-дағы молаларында қадаулы тұрған найзалар мен қылшандағы оқтар өлген адамның батырлығының белгісі болды»*. *«Кезінде Ұлқияқ өзенінің бойында, Орск бекінісінен 470 шақырым жерде орналасақан Әбілхайыр ханның зиратының үстінен күмбезді төрт бұрышты ғимарат салынып, оның астына денесімен бірге қылш, найза және жебелер қойылған»*. Осындай мәлімет Ы. Алтынсариннің еңбегінде де кездеседі: Орынбор ведомствосының қазақтары жерлеу салты бойынша найза ер адамдардың бейітіне қойылған.

Әдеб.: Алтынсарин Ы. Орынбор ведомствосы қазақтарының өлген адамды жерлеу және оған ас беру дәстүрінің очеркі // Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. 2 том: дүниеге келгеннен өмірден озғанға дейін (отбасылық әдет-ғұрыптар ертеректегі авторлардың

еңбектері бойынша). Алматы: «Арыс» баспасы, 2006. - 253-256 б.; *Ахметжан Қ.С.* Қазақтың дәстүрлі қару-жарағының этнографиясы. – Алматы: «Алматыкітап» ТОО, 2006; *Дневные записки путешественника* Капитана Николая Рычкова в киргизь-кайсацкой степи, 1771 году. СПб: Императорская Академия Наук, 1772; *Левшин А.И.* Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей (под. общ. редакцией академика М.К. Козыбаева). Алматы: Санат, 1996; Прошлое Казахстана в источниках и материалах / Под ред. проф. Асфендиярова С.Д. и проф. Кунте П.А. – 2-е издание. Алматы: Қазақстан, 1997. - Сб. 1: (V в. до н.э.-XVII в.н.э.); ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МОЛДА – көшпелі қазақы ортада исламдық ғұрыптарды атқаратын, мұсылманшылық қағидаларды уағыздайтын дін өкілдерінің атауы. Жалпы қазақы ортада *имам, қалпе, хазрет* деген сияқты діни лауазымдардың жіктелуі белгілі болғанымен, халықтық исламда, ауызекі тілде барлық дін өкілдерін М. деп атай берген. Қазақ жерінде жекеленген мүфтият немесе басқа да орталыктанырылған діни басқарма болған жоқ. Сондықтан, мұсылмандық жолы жеке адамдардың біліктілігімен тікелей байланысты болды. М.-лардың негізгі функциясы *шілдехана, сүндетке отырғызу*, үйленуде – *неке қию*, өлімде – *жаназа шығару* сияқты мұсылмандық ғұрыптарды өткізумен шектеліп отырды. Қазақтардың дінге Орталық Азия тұрғындарындай аса беріле қоймаған, рационалды түрде қарайтынын Қазақ жерін зерттеген көптеген ғалымдар өз еңбектерінде атап өтеді.

Қазақтың салт-дәстүрі, әдет-ғұрыптары, таным-түсініктерімен астаса отырып қалыптасқан қазақы исламның ерекшеліктерін ескерместен ел арасына отырықшы елдерге кең таралған мазғабтардың қағидаларын енгізуге тырысқан және өзінің білімсіздігімен, оғаш қылықтарымен аты шыққан М.-лар да ел ішінде жиі кездескен. Бұл өз кезегінде қазақы ортада М.-ға деген сыни көзқарастардың қалыптасуына әкелді. Мұны ел арасынан шыққан көптеген мақал-мәтелдерді айтуға болады. *«Өлеңді жерде өгіз семіреді, өлімді жерде молда семіреді», «Молданың істегенін істеме, айтқанын істе», «Аңқау елге – арамза молда»* сынды мақалдар осының куәсі.



Молдалар. Труды Оренбургской ученой архивной комиссии. Вып. XIV (Оренбург, 1905) атты еңбектен

Дей тұрғанымен дін өкілдерінің, оның ішінде М.-лардың ел арасында имандылық жолын үйретуде, сауат ашуда, хат тануда атқарған рөлі ерекше бағаланып, халық М.-лардың сөзін екі етпей орындап, уағыздарын ұйып тындайтын болған. Көптеген жағдайда көшіп-қонып жүрген қазақ ауылдарында мектеп, медресе ашып бала оқыту мүмкіншілігі болмағандықтан, ауыл болып бірігіп немесе рудың байларының қаражатына М. жалдап бала оқыту дәстүрі кең тараған. Ең төменгі сатыдағы сауат ашуды қазақ «*әптиек оқыту*» деп атап, ол ауыл балаларының міндетті білім алу деңгейі саналатын болған. XIX ғ.-дың соңы XX ғ.-дың басында қазақ жерінде мектеп, медреселер ашылып білімді маман оқытушылар пайда болған кезде де М.-лар өзіндік орнын сақтап қалды. М. институтының маңызы Совет үкіметі кезінде де көрінді. Қаншалықты атеистік іс шаралар жүргізілгеніне қарамастан исламдық ғұрыптарды атқарудың негізгі орындаушылары М.-лар болғаны белгілі. Советтік үгіт-насихаттың «дін миды улайтын апиын» деп жариялауына қарамастан, *сүндетке отырғызу, жаназа шығару* сияқты негізгі рәсімдер үзілместен атқарылып отырды. Көптеген жағдайда бұлардың бәрін іс жүзіне атқарушылар елден шыққан ресми атағы жоқ көзіқарақты азаматтар болса да ел оларды М. деп атайтын. Сонымен, М. қазақ халқында ерекше кастерлі, сыйға бөленген діни тұлға болып табылады.

Әдеб.: *Левшин А.И.* Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. В 3-х частях. СПб.: Тип. Карла Крайя, 1832; *Карутич Р.* Среди киргизов и туркменов на Мангышлаке. СПб., 1911; *Мұқанов С.* Халық мұрасы. Алматы: «Қазақстан», 1974; *Радлов В.В.* Из Сибири. Страницы дневника. М.: Наука, 1989; *Алтынсарин Ы.* Орынбор ведомствосы қазақтарының өлген адамды жерлеу және оған ас беру дәстүрінің очеркі // Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. 2 том: дүниеге келгеннен өмірден озғанға дейін (отбасылық әдет-ғұрыптар ертеректегі авторлардың еңбектері бойынша). Алматы: Арыс, 2006. 253-256 бб; *Исаұлы М. Жолдыбайұлы*, Ислам ғылымхалы. Алматы, Нұр-Мүбәрәк, 2008; *Исаева Ж.И.* Паремнологиялық түсіндірме сөздік (Қазақ мақал-мәтелдерінің этно-лингвистикалық талдауы). Алматы: Нұр-Әлем; 2009; КР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МОНДАНАҚ / МОДАНАҚ – жастардың ойыны. М. ойынын қыздар мен жігіттер жастар кешінде немесе арнайы бас қосқанда ойнайды. Ойын шарты бойынша ойынға қатысушылардың саны он шақты болады. Ойыншылар жиналған соң, ашық көгалды алаңқайға аяқтарын біріктіріп алға соза отырып, тізелерін сәл көтеріп, дөңгелене шеңбер жасап отырады. Осылайша отырғанда ойыншылардың аяқтарының түйісер ұштарының арасында кішкене ашық орын қалады. Сол орынға ойынды жүргізуші отырады. Сосын бір ойыншы ортадағы жүргізушіні қолындағы орамалымен салып қалады да, орамалды тізесінің астына тығы сала: «*Әне кетті монданақ*» дейді. Өзге ойыншылар да оған жамырай қосылып: «*Әне кетті монданақ*», «*Міне кетті монданақ*» деп әндетіп, тізелерінің астынан орамалды көрсетпей біріне бірі өткізіп отыра береді. Жүргізуші болса, олардың тізелерінің астына қолын жүгіртін, орамалды тауып, ұстауға тырысады. Егер ол орамалды кімде екенін дөп басып ұстап алса, онда екеуінің орны алмасады.



Монданақ ойыны. КР МОМ материалдары бойынша суретті салған Б.Досымов

Кейде ойыншылар орамалмен ұсталған ойыншыға *айын төлету* мақсатында талап қояды. Ойыншы олардың қойған талабын орындап шыққан соң, жүргізуші болып ойынды жалғастырады. Аталмыш ойын қыз балалар мен ұлдардың сүйікті ойыны саналады.

Әдеб.: *Төтенәев Б.* Қазақтың ұлттық ойындары. Алматы: Қазақстан, 1978; *Кәмәлашұлы Б.* Қазақ халқының дәстүрлі той-мереке, сауық-сайран, ұлттық ойын, тамашалары Алматы: Өнер, 2005; КР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МОНТАНЫ – періге ұқсас адамға қас жын түрінің және сырт көзге жуас пәлесі ішінде жатқан адамның атауы. Жын м. айкезбе адамды жетектеп ертін кететін каскөй ретінде суреттеледі. Яғни, ай толған кезде түн ішінде ұйқысырып тұрып жүріп кететін, тіпті әртүрлі қылықтарға баратын, адамдарға үйрісек келеді деген сенім болған (**қ. Айкезбе; Жетек**).

Этнографиялық экспедиция барысында көзқаракты жандардың берген мәліметтеріне қарағанда М. момақан, сырт көзге еш нәрсе білмеген сезбеген жуас тәрізді, сыры ішінде жатқан адамның мінездемесі ретінде қолданылады. Сүйкімді жан ретінде көзге көрінетін М.-ның адамға келтіретін зияны мен «ішкі пірі ішінде», яғни арамдығы көбірек. Ол ұрымтал сәтте адамды ертіп, жетектеп алып адастырып кетеді. Тілдік мәліметтерде монтансу, монтию, монтай, монтандық түрінде айтылатын ұғымдар момындық, жуастық, момақан деген мағынада қолданылады. Қашаған Күржіманұлы (1841-1929) бір сопының сарандығы мен ұсақ мінезін көріп, былай деп шенеген екен:

... Ел аралап жүргенде,
Сендей, сендей монтаны
Сұпыларды көп көрдім.
Қонағы келген кет дей ме?!
Тәубем көп деп мақтансаң
Барсисаны да Құдай қарғаған,
Азғырып шайтан алдаған.

Яғни, дәстүрлі түсінікте М. шайтанның азғыруына көнетін, адамға қас жаратылыс иесі ретінде және сырт көзге жұғымды, жуас істеген ісі керісінше жамандыққа толы адам



деп түсіндіріледі. Окінішке орай, М.-ға қатысты зерттеулер мен мәліметтер шектеулі.

Әдеб.: Абай тілі сөздігі. Жалпы ред. басқарған А.Ысқақов. Алматы: Ғылым, 1968; *Абай*. Екі томдық шығармалар жинағы. 1-2 том. Алматы: Жазушы, 1986; ҚӘТС. 11-том. Алматы: Арыс, 2009; ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МОНША – адамдар жуынуға арнап арнайы жасалған кешен. Қазақ жерінде жуыну үшін арнайы жабдықталып жасалған М.-лар ерте замандардан-ақ белгілі болған. Негізінен бүгінде *шығыс моншасы* деген атаумен танымал болған үлгідегі М.-лар салынған. Шығыс М.-ларында жуынатын бөлмелердің, жатып қыздырылатын сәкілердің астынан арнайы *морлар* жүргізіліп, сырттан орнатылған *пейштер* арқылы отпен қыздырылады. Сәкілер тастармен немесе арнайы қыш тақтайшалармен қапталады. Адамдар осындай сәкінің үстіне отырып немесе жатып денелерін қыздырған. Шығыс М.-сында шаштараздық, қан алу, сүлік салу, денеге түрлі майлар жағып, сылау, буындарды укалау сияқты кешенді қызметтер де көрсетілетін болған.



Моншадағы диспут. Камаледдин Газургани «Маджлис ул – уишак» жинағынан. XVII ғ. соңы.

М.-да адамдар жуынып қана қоймай, әңгіме дүкен құрып, демалатын болған. Сопылық әдебиетте, оның ішінде қазақ арасына кең тараған Қожа Насырға байланысты ауыз әдебиет үлгілеріндегі М. ішінде өтетін оқиғалар осының куәсі. М.-лардың іші киініп-шешінетін, жуынатын, қыздырылатын, дем алатын бөлек бөлмелерден тұратын.

Қазақ жерінде М.-ға түсу ертеден келе жатқан дәстүр. Әсіресе, оңтүстік өңірлердегі отырықшы мекендерде қоғамдық М.-лар көптеп кездеседі. Қазақ жеріндегі шығыс М.-лары орта ғасырлық Отырар, Құлан, Тараз қалаларының археологиялық қазбаларында кездеседі. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Орталық музей экспозициясында Құлан қаласындағы археологиялық қазба кезінде аршылған М. жаңғыртпа макеті қойылған. Түркістан қаласындағы дәстүрлі шығыс М.-сы XX ғ.-дың 70-жылдарына дейін жұмыс істеп келгені белгілі. Тараз қаласында 20 ғ.-дың басында жұмыс істеген монша сақталынған. Бұл Түркістан қаласындағы XVI ғ.-да салынған көне моншаға өте ұқсас болып келеді. М.-ны XX ғ.-дың алғашқы он жылдығында Қали Жүніс деген адам

салдырған. Ғимарата кіре беріс бөлме, демалыс бөлмелері, қуыстары бар жуыну бөлмелері, дене қыздыру бөлмесі бар. М. еден астынан жылытылатын болған.



Ортағасырлық хамам (монша). XVI ғ. Түркістан қ. Суретті түсірген Қуандықов Т. Ж. Шәйкеннің архивінен

Орыстармен аралас, қоңсы отырған Солтүстік, Шығыс өңірлердегі елді мекендерде, XIX ғ.-дың соңына қарай негізінен орыс М.-лары кең тарай бастағаны белгілі. Мұндай М.-ларды көбінесе отбасылық жеке М. ретінде әркім өз ауласына салатын болған.

Белгілі ғалым, қоғам қайраткері Өзбекәлі Жәнібековтың «Жолайырықта» атты кітабында, жазушы Эрнест Төрехановтың мәліметіне сүйене отырып, Нарынқол өңірінде, төрт киіз үйді тіркестіріп *монша* құрастырған деген дерек береді. Сонымен қатар осы өңірдің тұрғыны М.Жайнақовтың айтуынша, ертеректе шағын киіз үйді М. ретінде пайдаланған. Ол үшін неғұрлым шағындау киіз үй тігіліп, кейде киізбен жабылған күркелер даярланатын. Сыртқа от жағып, оған ірі тастар тасталған. Тастар қызғанда тігілген үйге кіргізіп ортаға үйіледі және жуыну барысында су шашып отырады. Осы кезде сыртта келесі кезекте жуынатын адамдарға арнап тастар қыздырылып дайындалатын болған. Жалпы айтқанда қазақ жерінде М. сан ғасырлар бойы пайдаланылып келген құрылым болған.

Әдеб.: *Жәнібеков Ө. Жолайырықта*, Алматы: Рауан, 1995; *Байпақов К. Қазақстанның ежелгі қалалары*, Алматы, Аруна, 2005; *Пугаченкова Г.А. Среднеазиатские миниатюры. 12-18 веков в избранных образцах*. Ташкент. Главная редакция энциклопедии. 1994; ҚРМӨМ – материалдарынан, ОМЭЭ – материалдарынан.

МОНШАК – әсемдік үшін түрлі түсті уак тастарды жіңішке жіпке тізіп жасалатын әшекей.

Ертеде М. тағу салты әртүрлі наным-сенімге байланысты шыққан. Жіпке тізетін түрлі түсті тастарға үкі, бүркіт тұяғын, қасқырдың тісін және т.б. қоса байлап, оны адамға қас күштерден, жаманшылықтан сақтану үшін таққан. Қазақ, өзбек, қырғыз және т.б. түркі халықтарында *көз моншақ*, қарашай – балқарларда қолданылған *қараңғылық моншақ* (қараңғыда қорықпау үшін тағылатын М.), тәжік халқындағы *чашми* (тәжік тілінде *чашми* «көз», «көз тию» деген ұғымдарға

байланысты қолданылады) деп аталатын М.-тарды тіл-көзден сақтану үшін пайдаланған. М. Қашқаридың көрсетуінше түркі халықтарында М. «*аттың мойнына тағылатын тұмар, қымбатты тас немесе жолбарыс тырнағы*» деген ұғымда қолданылған.

Қазақ тұрмысында М. мойынға салатын әшекей болғанмен, ол қолға (білекке), бас киімге, аяқ киімге, сырт киімдерге, кейде киімнің астарына да тағылған. Киім – кешекті М. тағып әшекейлеуді *моншақ төгу, моншақтау* дейді. Бас киімге және т.б. бұйымдарға салпыншақ ретінде тағылған М.-тар *шұбыртпа* деп аталады. Халық тілінде М.-ты *ызғын* деп атайтыны да ұшырасады.

М. тағу, әдетте, жас балаларға, қыз келіншектерге тән. Ересек адамдардың арасында тек сал-серілер бөркі мен тымағына М. қадаған.

Қазақта құда түсуге байланысты кәделердің бірі *тана тағар, сырға тағар* деп аталатындығы белгілі. Алайда қалыңдық айттырып, құдалыққа келіскен кезде оны ресми бекіту үшін жігіт жағы болашақ келінінің құлағына сырға салған немесе тана (үлкен күміс түйме), үкі тағумен бірге кейде оның орнына М. тағады яки білегіне білезік салады. Бұлардың қайсысын тақса да ол қыздың айттырылғанының белгісі болып саналған. Сондықтан бұл кәде тағылатын заттың түріне қарай *моншақ тағар* немесе *үкі тағар* деп те атала береді.

Халық шеберлері кейбір зергерлік бұйымдарға, саз аспаптарына және т.б. түсті тастарды тізген М. тәрізді орнатып немесе М. тағып, олардың көркемдігін арттыра түседі. Соған байланысты М. қондырған сақинаны *моншақты сақина*, домбыраны *моншақты домбыра*, тақияны *моншақты тақия* деп атайды. Қайсыбір бұйымдарға қондырылатын М.-тардың халық тілінде жекелеген атаулары қалыптасқан. Мәселен, ел ішінде білезікке орнатылған қызыл М.-ты *добия*, жүзіктің ортасындағы сопақша, жұмырлау пішінді тасты *есек моншақ* деп, яғни жіпке тізілмеген, зат бетіне орнатылған жеке-жеке тастарды да *моншақ* деп атаған.

Материалына қарай М.-тар *ақық моншақ, күміс моншақ, меруерт моншақ*,), *інжу моншақ* және т.б. деп ажыратылады. М. жасауға тас, күміспен бірге өсімдіктер де пайдаланылған. Мәселен, қалампырдың дәнін араластырып тізген М. түрін *қалампыр маржан* деп атаған. Оның себебі: ертеде халық арасында кейбір өсімдіктер, атап айтқанда жиде, қалампыр, арша, тұт, жаңғақ, долана және т.б. жемісі, тұқымы қасиетті саналған. Осындай өсімдіктерден жінке тізіп М. жасап, оларды тұмар ретінде таққан. Оның мойынға тағатын бұйым болғандығы туралы халық жырларында: *Қыздар тағар мойнына Қалампыр маржан текшелен*, -деп сипатталады.

Оңтүстік онірде ертеде жүзімнің дәнінен тізілген М.-ты *әңгір моншақ* деп, оны көбінесе тіл-көзден сақтау үшін жас балалардың білегіне, киіміне таққан. Кейбір аймақта *әңгір моншақ* деп әйелдер тағатын күміс М.-ты айтады.

М.-ты түсіне қарай *ақ моншақ, қызыл моншақ, ала моншақ*, деп атай береді.

Тағылатын орнына қарай М.-тар *жақмоншақ, бетмоншақ, шашмоншақ* деп жіктеледі. *Жақмоншақ* – асыл тастармен бұршақтап, алтын-күміс қозалармен үзбелеп жасалған, әйелдердің бас киім әшекейі. Қырғыз халқында бұндай әшекейді *жаак* дейді.

Қазақ тұрмысында сәукеленің, кимешектің екі жағына және маңдайына салбырата қадап қоятын М.-тар болған. Оны *бетмоншақ*, кейде *сәукеленің бетмоншағы* деп атаған. Бұндай М.-тың қатар саны, ұзындығы қыз әкесінің дәулетіне байланысты болған. Бетмоншақ жас келіншектің бас киіміне тағылған. Келген қонақтарға қызмет етіп отырған жас келіншектің бетмоншағының абайсызда үзіліп, түсіп қалуы жұрт алдында үлкен ұят саналған. «Ұялды, қатты қысылды» деген ұғымда қолданылатын *бетмоншағы түсті, бетмоншағы үзілді*, «беті ашылмаған, жас, ұяң» деген мағынада айтылатын *бетмоншағы үзілмеген* тәрізді бейнелі сөз орамдары бетмоншақ тағушының жас ерекшелігі мен ұқыпты-ұқыпсыздығына байланысты пайда болған.

Қыз келіншектер өрілген шашының ұшына *шашмоншақ* деп аталатын әшекей таққан. Ол жөнінде «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырында: *Кұдай қосқан жарыңа барамын деп, Баянның шашмоншағын қолына алды*, – деп айтылады. Бұл әшекей «чач мончок» деген атаумен, қырғыз халқында да кездеседі.

Асыл тастан М. жасау, моншақ тізуде әртүрлі әдістер қолданылған. Мәселен, зергерлер моншақ тізуге пайдаланатын тасқа кейде кішкене ақ бұршіктен көз қондырады. Оны *көзмоншақ* дейді. Көзмоншақты көз тимесін деген ырыммен көбінесе жас баланың бас киіміне кейде білегіне тағады. Бас киім мен сырт киімдерге тағылатын М.-тарды бірнеше қатар етіп дайындаған. Ондай М.-ты *тал-тал моншақ* деп атайды. Тал-тал М. көбінесе жас балалар мен қыздардың тақиясына тағылады.

Әдеб.: Қазақ эпосы, 5-кітап. Алматы, 1957; Арамзон С.М., Антипина К.И. Быт колхозников селений Дархан и Чичкан. М., 1958; Қошғарий М. Девону Луғотит турк. 1- том. Ташкент: Фан, 1960; Қазақ совет энциклопедиясы. 8-том. Алматы: Қазақ совет энциклопедиясының бас редакциясы, 1976; Отаров И.М. Профессиональная лексика карачаево-балкарского языка (на материале названий одежды и обуви). Нальчик, 1978; Шойбеков Р.Н. Қазақ зергерлік өнерінің сөздігі. Алматы: Ғылым, 1991; Шойбеков Р.Н. Қазақ зергерлік өнерінің лексикасы. Алматы: Қазақстан, 1993; ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МОР¹ – үйшінің кепкен ағаштарды жұмсарту үшін қажетті қоламтасы немесе арнайы жасалған пеші. М. қазақ жерінің әр аймағында әртүрлі тәсілмен жасалған.

Кей жерде М.-ды шұңқыр етіп ұзыннан қазылған жерге құрғақ қой қиын тұтатып, үстіне дымқыл қи үйш, бықсытып қана жағады. М. тез жанып кетпес үшін оның үстіне жылқы жас тезегін майдалап салып, ауық-ауық бықсытып, тұншықтырып отырады.

Қазақ жерінің солтүстік аймақтарында М. тақыр жердің үстіне жасайды. Ол үшін жердің бетіне биіктігі мен көлденеңін 30-40 см, ұзындығы 3,5 м шамасында пеш



сияқты етіп кірпіш қалайды да, оның бір басынан биіктігі 2,5 м-ге жететін тіп-тік мұржа шығарады. Оны үйшілер мойын дейді.



Мор. ҚР MOM қорынан (ФКП 4884)

Жұмсартатын үй ағаштарын осы мойынға тігінен салып, М. «пешінін» аузынан от жағады. М.-ға салынған, яки қозға салынған ағашты қатырмай тұрып ең алдымен *тезбен* түзетін немесе қалаған пішінге келгенше иеді. Өндеудің бұл түрін *тезге салу* деп атайды (қ. *Тез*).

Әдеб.: Тәжімұратов Ә. Шебердің қолы ортақ. Алматы: Қазақстан, 1977; Муканов М.С. Казахская юрта. Алма-Ата: Кайнар, 1981; Қасиманов С. Қазақ халқының колөнері. Алматы: Қазақстан, 1995; Қазақ дәстүрлі мәдениетінің энциклопедиялық сөздігі. Құраст. А.Құралұлы. Алматы: Сөздік-Словарь, 1997; Қазақ тілінің аймақтық сөздігі. Құраст.: Ғ.Қалиев, О.Нақысбеков, Ш. Сарыбаев, А.Үдербаев және т.б. Алматы: Арыс, 2005; ҚЭТС. 11-том. Алматы: Арыс, 2009; Кенжеахметұлы С. Қазақ халқының тұрмысы мен мәдениеті. Алматы: Алматыкітап, 2010; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МОР² – жауын суы үй ішіне кірмес үшін іргеден айнала қазылған шұқанақ, шағын таяз ор. Көбіне киіз үйге айнала жасалады. Мәселен, жауын суы түндіктен, киіз үй үзігінен ағып келіп, туырлықтан өтіп үй іргесіне жинала бастайтыны белгілі.



Киіз үйге айнала қазылған мор. ҚР MOM материалдары бойынша суретін салған Ж.Шәйкен

Осындай жауын суы үйге кірмес үшін дәл іргеліктен тереңдігі сынық сүйемдей көлбеу келген шұқанақ үйді айнала қазылып келіп, су жиналатын еніс тұсынан сыртқа қарай ағып кетуі үшін арықша тартылып, оның ұшы жайдақылана, тарамдала аяқталады. Сондай-ақ, үй орналасқан жердің жоғарғы беткейінен ағып келген су да үйге кірмей осы М.-ға құйылып айналып ағып кетуі қажет. М. қазу тәсілі дәстүрлі ортада арнайы іргетассыз салынатын ежелгі қыстық үйлерге, жертөлелерге, ұраларға де пайдаланылды. ХІХ ғ.-дың екінші жартысынан бастап тұрақты баспанаға іргетас салына басталғаннан соң, үйлердің бұл түрін айналдыра морлау да қолданыстан шықты.

Киіз үйдің жұрты тағы бір жағынан осы мордың сорабымен де көзге бірден түсетін. Осы белгісіне қарап өткен жылғы өз жұртының маңына қона беретін. Ал, бөтен, бөгденің жұртына, тіпті оған жақын қонуға болмайды деген тыйым бар. Яғни, осы маңға киіз үй тігуге болмайды. Ол тыйым бойынша жұртқа жың-шайтан үйір болады, немесе ол жұртта бұрын жамандық болған болса (өлім-жітім, жұқпалы ауру т.б.) пәле-халасы жұғады деп есептеген.

Әдеб.: Ағаш бесіктен жер бесікке дейін. 1 кітап. Алматы: Өнер, 2011; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МОСЫ – бір жақ басы біріктіріле бекітілген үш таяқшадан тұратын тұрмыстық құрал. М. жол жүргенде, көш уақытында тамақ пісіру үшін қолданылады. Мұндайда темірден жасалған М.-ның ілгешегіне *қызыл қазан*, *шауғім* сияқты ыдыстарды іліп, астына от жағып тамақ пісіретін болған.



Мосы. ҚР MOM қорынан (КП 6459)

Әдетте, М.-ны ұзындығы 100-120 см., ені бір елі көлеміндегі үш жұмыр ағаштан немесе темірден бастарын біріктіре байлап немесе тесіктерінен шығыр өткізіліп жасалды. Түйіскен тұсынан ілмек темір салбыратылады.

Беріктігін арттыра түсу, әсемдеу мақсатында тағандарының әр жерінен бұрама ширатпаланып дайындалды. Оның бір айғағы ретінде ҚР MOM қорында КП 17462 тіркеу нөмерімен сақтаулы М.-ны атауға болады. Ол төрт қырлы үш жұмыр темірдің бастары, тесіктері бар темірмен біріктірілген. Жұмыр темірлердің әрқайсысы үш жерінен і бұратылған. М. тағандарының аяқ жағынан мойын тұсынан және басынан ілмектеп иілген темірден *қошқармүйіз* тәрізді әшекей дәнекерленген. М.-ның бастары біріктіріп ұстап тұрған пластинаның орта тұсы дөңгелектеп тесілін, оған ұштары шығыршықтала иілген екі бөлек темірден ілмек салбыратылған. Ұзынд. 104 см.



Мосы. ҚР MOM қорынан (КП 17462)

Кейде М.-ның ағаштан жасалған түрлері де кездеседі. Мұндай ағаштан жасалған түрлерін, басқұр және алаша жолақтары сияқты заттарды тоқу үшін құрылған еңсіз өрмекке қолданылады. Ол керілген өрмек желісінің орта тұсынан үш тағандап қағылады. Ілмегіне өрмектің астыңғы жібі *ерсісі* (ұрғашы жібі) шалынған *қузағаш* көтерілін, ілінеді (қ. *Қузағаш*; *Күзүжің*; *Өрмек құру*).

Әлеб.: *Карутиц Р.* Среди киргизов и туркменов на Мангышлаке. СПб.: Изд. А.Ф.Девриена, 1911. 189; *Шнейдер Е.Р.* Казахская орнаментика // Казаки. Антропологические очерки. Издание особого комитета Академии наук по исследованию союзных и автономных республик. Л.: АН СССР, 1927. С.135-172; *Дудин С.М.* Ковровые изделия Средней Азии // СМАЭ. Т.VII. 1928. С.71-166; *Тәжімұратов Ә.* Шебердің қолы ортақ. Алматы: Қазақстан, 1977; *Мұқанов С.* Халық мұрасы (тарихи- этнографиялық шолу). Таңдамалы шығармалар. XV том. Алматы: Жазушы 1979; *Муқанов М.С.* Казахские домашние художественные ремесла. Алма-Ата: Қазақстан, 1979; *Маргулан А.Х.* Казахское народное прикладное искусство. Т.1-3. Алма-Ата: Онер, 1986-1990; *Кенжеғалиева Қ.* Түкті және тақыр кілем // Жүннен жасалатын бұйымдар. Құраст. К.Мұқанов. Алматы: Қайнар, 1990. 56-64 бб; *Қасиманов С.* Қазақ халқының колөнері. Алматы: Қазақстан, 1995; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МОҺ-МОҺ – жылқы түлігін жемге шақырғанда айтылатын сөз. Ауылдың маңына бос жіберілген қолға үйренген мініс аттарының иелері осы сөзді дауыстап шақырған кезде өздігінен жетіп келеді.



Жайылып жүрген атты иесі шартты сөзді айтып шақыруы. ҚР MOM материалдары бойынша суретті салған Б.Досымов

Әу баста жемдорбаға жем салып, шақыру арқылы шартты рефлекс қалыптастырған мінезі байсалды жуас аттар иесі қолына жемдорбаны ұстап, алыста жайылып жүрген атын қатты дауыстап, «моһ-моһ» деп шақырады.

Әдеб.: *Жанәбілов Ш.* Қазақша мал атаулары. Алматы: Қайнар, 1982; ҚӘТС. 11-том. Алматы: Арыс, 2009; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МОШАБА – күрішке ет және май араластырып жасалатын ғұрыптық тағам атауы. Кейбір өңірлерде оны ботқа деп те атайды. Қазанға белгілі мөлшерде етті салып пісірген соң, сорпасына күрішті салады. Сорпасы әбден тартылғанша күрішті араластырып тұрады. Дайын болған М.-ны түсіріп, табакқа салады да үстіне кесек-кесек еттерді қойып, келген қонақтарға тартады (қ. *Ботқа*).

Құдай тамақ, марқұмның қонақасы, сондай-ақ өліктің артын күту рәсімдеріндегі (жетісі, жүзі және жылы) ғұрыптық тамақ ретінде М. тарту Сыр бойы қазақтарының арасында кездеседі. Күріштен жасалатын бірақ ашыту тәсілімен дайындалатын суық көже түрін де М. деп атау кездеседі.

Әдеб.: *Әлдашев А., Әлімханов Ж.* Қазақтың халық медицинасының құпиясы. Алматы: Қазақстан, 1992; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МӨЛШЕР – қандай да болмасын заттың, құбылыстардың, қасиеттің, қашықтықтың шамамен алғандағы өлшемдері. Қазақы ортада өлшеудің көптеген түрлері мен тәсілдері бар. Бірақ ондай өлшем бірліктерінің қалыптасқан нақты және дәлме-дәл көрсеткіші жоқ. Оның барлығы тек шамамен, дәлірек айтқанда, белгілі бір өлшеу тәсілінің көрсеткіштеріне тең шамамен ғана есептелген. Мұндай тәсілдермен өлшеуді қазақта *мөлшерлеу*, ал анықталған көрсеткіштерді – М.-і деп атайды.

Қазақта өлшеу үшін алуан түрлі тәсілдер қолданылған. Заттың көлемін (ұзындығын, енін, биіктігін) анықтау үшін өлшеудің өзіндік тәсілдері қолданылған. Қазақта ол үшін негізінен қолды және қолдың саусақтарын, адам мен аттың бойын қолданған. Заттың ұзындығын анықтауды көбінесе ең қысқа өлшем бірлігі ретінде *елі* пайдаланылады. Елі – саусақтың жалпақтығындай аралықты айтады. Одан



кейін тұтам, сынық сүйем, қарыс, сүйем, жарты құлаш, құлаш сияқты өлшем бірліктері қолданылған (қ. *Елі; Жарты құлаш; Құлаш; Қарыс; Сүйем; Сынық сүйем; Тұтам*). Биіктікті (көбінесе шөптің) немесе тереңдікті (судың, ордың, батпақтың) көрсету үшін – *тобықтан келетін, балтырдан келетін, тізеден келетін, белуардан келетін, алқымнан келетін, аттың шашасына дейін, аттың бауырынан келетін* деген сияқты өлшеу бірліктері қолданылатын болған. Қашықтықты өлшеу үшін – *адым, таяқ тастам, құрық бойы, ат шаптырым, күндік жер, айлық жер, қозы көш жер, көш жер* сияқты өлшеу тәсілдері қалыптасқан. Заттың көлемін өлшеу үшін – *шөкім, шымшиым, уыс, қос уыс, бір құшақ*, ал уақытты өлшеу үшін – *бие сауым, сүт пісірім, ет асым* деген сияқты өлшеу бірліктері пайдаланылды. Дегенмен мұндай тәсілмен өлшенген жағдайда ол заттың нақты өлшемі болып табылмайды. Өйткені аталмыш өлшеу тәсілдерінің өзінде нақтылық жоқ. Мәселен, заттың ұзындығын, енін, биіктігін анықтау үшін қолданылатын қолдың, саусақтың, бойдың ұзындығы әр адамда әрқалай болатындығы белгілі. Мәселен, қолы ұзын адамның он құлаш деп өлшеген арқаны, қолы қысқа адамның өлшеуімен одан артық шығатыны белгілі. Демек, дәстүрлі ортада қалыптасқан тәсілдермен өлшеу барысындағы көрсеткіштер нақты өлшем емес, мөлшерленген өлшемі яғни, мөлшері болып табылады.

ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МӨР – кез келген құжаттағы мәліметтерді бекіту, растау үшін басылатын белгі және сол белгіні түсіретін арнайы құралдың қазақы атауы. М.-лерде мемлекеттің, мекеменің немесе жеке адамның аты-жөні, лауазым белгісі, кейбір жағдайда таңбасы (*идеограммасы*) беріледі. М.-дің бетіне түсірілетін белгі «*айнатеіс*» түрінде түсіріледі. Сөйтіп, М.-ді қағаз бетіне басқанда оқылатындай қалыпқа түседі.

М.-лерді аталған белгілерді бедерлеп ойып жазуға лайықты резина, пластмасса сияқты материалдардан жасайды. Дәстүрлі қазақы ортада көбінесе ағаштан және күміс, қалайы сияқты жұмсақ металлдардан жасайтын. М.-лердің бедерленген қасбеті қолға ұстауға ыңғайлы сапка орнатылады. Ертеректе жеке адамның М.-і сакина түрінде жасалып иесінің қолына тағылып жүретін.



Кіші жүз ханы Айшуақтың мөрі, «Шергазы бин Айшуак хан»

М. құжаттардың бетіне арнайы бояулармен басылады, кейбір жағдайда, аса құнды құжаттарға сургучты

балқытып тамызып арнайы бедерлі М.-ді басытын болған. Сургучпен бекітілген М. морт сынғыш болғандықтан қалпына келмейді. Мұндай жағдайда сургучтың астына арнайы қиынды қағаз немесе бау салып, түйіншегін М.-дің астына келтіре басытын болған, бұл үрдіс осы күнге шейін сақталғанын атап кету керек. Мұндай М. басылған құжаттардың кезінде куәлік сенімділігі өте жоғары болды.

Деректерге қарағанда, хан дәуірі кезінде және Қазақстан тарихының орыс отаршылдығы заманында М.-лердің қолдану аясы өте кең болған. Мемлекеттік мекемелердің барлық құжаттары тек М. басылғаннан соң ғана заңды құқыққа ие бола алады. Заңды тұлғалардың арасындағы кез келген келісім шарттар, актілер, басқа да іскерлік арақатынастық құжаттар өз күшіне М. басылғаннан соң ғана енеді.

Қазақтың дәстүрлі билік жүйесінің орындаушы, атқарушы функциясында М.-дің ролі өте жоғары болғанын сол заманнан сақталған құжаттардан көруге болады. Ресей, Қазақстан мұрағаттарында сақтаулы ресми құжаттардың барлығы дерлік мемлекеттік немесе жеке М.-лермен бекітілген.

Бізге жеткен деректерге қарағанда, Ресей империясына бодан болған кезеңде де, қазақ даласында билік жүргізу системасында М. ролі ерекше болды. Барлық үкімдер мен шешімдер міндетті түрде М.-мен бекітіліп отыратын. Осыған байланысты төрелердің және старшын, би, болыс сияқты лауазым иелерінің барлығында дерлік жеке М.-лері болды. Мұндай М.-лер көбінесе күмістен жасалатын.

Қазақ М.-іне иесінің аты, лауазымы, көбінесе араб әрнімен, жоғарыда аталған *айнатеіс* тәсілімен түрде ойылып түсірілетін. Кейбір М.-де иесінің ру таңбасы қоса түсірілді.

ҚР МӨМ қорында сақтаулы М.-лер саны 98 дана, бұл М.-лер жасалынған материалдарына, қолданыс мақсаттарына қарай түрлі болып келеді. Мысалы белгілі қоғам қайраткері Әліби Жангелдиннің жеке басына қатысты құжаттарды куәлендіретін жеке мөрі сақталған.



Мөр. ҚР МӨМ қорынан (КП 26358/1)

КП 26358/1. Жүзік мөр. Түпнұсқа. Күміс. XIX ғ. аяғы – XX басы. Арабграфикалы мәтін «*ی ش اب ز و ی اب ن اش ن*» – «Нышанбай йүз башы Мұхаммад Сабырбай оғлы».



Мөр. ҚР МӨМ қорынан (КП 26358/2)

КП 26358/2. Жүзік мөр. Түпнұсқа. Күміс. XIX ғ. аяғы -XX басы. Арабграфикалы мәтін: «*دحا مي داربا نوحا مساق*» – Қасым ахун Ибраһим Ахад оғлы ақсақал.



Мөр. ҚР МӨМ қорынан (КП 8023/8)

КП 8023/8. 1867-1916 жж. №2 Ауыл старшинасының мөрі. Қола, ойма. d – 3,5 см., h – 3,7 см. Дөңгелек, ұстайтын ұзын сабы қиылған. Бет жағында төрт жол жазу бар: «Аулынаго старшины №2 аула» Айналдыра жазу: «Карабалыкск. вол., Николаевск. уез. Тургайской обл.»



Мөр. ҚР МӨМ қорынан (КП 25936/5)

КП 25936/5. «Алаш» партиясының көрнекті саяси қайраткері, дәрігер Х. Досмұхамедовтің (1883-1939) жеке мөрі /факсимиле/. Ақ металл, d-2,3 см., h-6,5 см. Айналдыра жазу: «Врачъ Х.Д. Досмухамедовъ».

Әдеб.: *Ерофеева И.В.* Қазақ мемлекетінің рәміздері (кейінгі орта ғасыр және жаңа заман). Алматы, Аркайым, 2001; *Касымбаев Ж.К.* Государственные деятели казахских ханств XVIII – первой половины XIX вв. // Хан айшуак (1719-1810), Т. 2; Алматы, Жеті жарғы, 2001; *Какабаев Б.С.* Должностной знак народного судьи в дореволюционном Казахстане // Труды Центрального музея, т.1, Алматы, Ғылым, 2004. С. 364-368; Белтенов Ж.М. Мөр - уақыт таңбасы / Әдебиет айдыны газеті. Республикалық әдеби-мәдени, қоғамдық-саяси апталық. 2006. №20; ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МӨРЛІ ЖҮЗІК – дәстүрлі қазақы ортада хан-сұлтандардың, би, әскербасы сынды лауазымды кісілердің жазған хат-қағазын куәландыру үшін мөр басатын арнаулы

жүзігі. Мөрлі жүзіктің көзіне оның иесінің арнаулы таңбасы құйылады. Ол таңба адамның аты-жөні, қызмет дәрежесін көрсетеді. Мөрлі жүзік туралы деректер казак эпостарында кездеседі. Мысалы: *Хат берген даулы жерге мөр басатын Қолында қызыл алтын жүзігі бар* (Қазак эпосы. Алматы, 1958, 485-б.). Бұл тәрізді деректер мөр басуға арналған жүзіктің алтын, күміспен әшекейленіп жасалатынын да аңғартады, өйткені жүзікке қондырылған асыл тас пен оның материалы, әшекейленуі таққан адамның әлеуметтік дәрежесін білдіреді (қ. *Жүзік*). Жүзік атауының құрамындағы *мөр* сөзі араб тілінен (арабша *муһр*) ауысқан.



Мөрлі жүзік. ҚР МӨМ қорынан (КП 12138)

Мөрлі жүзік материалы, пішіні жағынан әртүрлі болады. Мәселен, оның бір түріш металдан қомақтылау етіп арнаулы қалыппен құйып жасаған. Алайда оның бауырдағы жіңішке, ал таңба түсірілген беті әрі қалың әрі дөңгелек кейде шаршы пішінді болады. Мөрлі жүзік оң қолдың саусағына тағылған.



Мөрлі жүзік. ҚР МӨМ қорынан (КП 23454)

Лауазымды кісілердің мөрлі жүзік тағу салтының әсерімен кейінгі ғасырларда лауазымды емес, қарапайым адамдар да өзінің аты жазылған жүзік таға бастаған. Ол, әрине, мөр басу үшін емес, зергердің біреуге арнап соққан естелік ретіндегі жүзік болған. Мұндай жүзікті хат білмейтінтер мөр басуға пайдаланған.

Әдеб.: Наурызнама. Алматы: Жалын, 1993; *Фахретдинова Д.А.* Декоративно-прикладное искусство Узбекистана. Ташкент, 1972; *Шойбеков Р.Н.* Қазақ зергерлік өнерінің сөздігі. Алматы: Ғылым, 1991; *Шойбеков Р.Н.* Қазақ зергерлік өнерінің лексикасы. Алматы: Қазақстан, 1993; ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МУФТИ (арабша – фатуа беруші) – шариғаттың түбірлі шарттарына сүйене отырып, даулы пікірлерді шешіп, пәтуға келтіретін, шариғаттың өзекті қағидаларына түсінік беретін білгір адам. М. алғаш рет Мысырда ел басшылары мен қазылардың ерекше кеңесшілері ретінде халиф Омар II (717-720) билігі кезінде Египетте



тағайындалған. Мұсылман мемлекеттілігінің дамуымен және оның ұйымдастырылу жүйесінің жетілуі барысында әр үлкен аймақтарда муфтилер тағайындалып, олар шарият тұрғысынан аймақ әкімдерінің әрекетінің заңдылығын бақылап, шешімдері сол аймақтың басшылары мен халқының бәріне міндетті болды. Мемлекетте немесе басқарылатын елді мекендерде бірнеше муфти болса, олардың біреуі бас муфти саналып, басқаларының шешімдеріне төрелік жүргізді.

Қазіргі кезде әрбір мұсылман мемлекетінде үкіметтің іс-әрекетіне діни бақылау жасап отыратын Бас муфти қызметі бар. Кеңес Одағы кезінде де мұсылман халқы бар Орта Азия мен Қазақстанда, Кавказ елдерінде де мұсылман қауымының басшысы муфтий деп аталды. Ал шиитік бағытты ұстанатын Кавказ елдерінде мұсылман қауымының басшысын шайх ал-ислам деп атады.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін 1990 жылғы 12 қаңтарда өткен Қазақстан мұсылмандарының тұңғыш құрылтайы өтіп, Қазақстан мұсылмандарына діни-руханияттық басшылық жасайтын республикалық бірлестік – Қазақстан мұсылмандарының дербес діни басқармасы құрылып, Басқарманың басшылық жұмысын атқаратын Бас муфти қызметі, атқарушы орган ретінде муфтият тағайындалған.

Әдеб.: Ислам: Энциклопедический словарь. Москва: Наука, 1991; Дәстүрлі атаулар. Анықтамалық жинақ. Автор-құрастырушы – Наурызбай Ақбай. Алматы: Арда, 2005; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МҰЗ ҮСТІНДЕ САҚА АТУ – асық ойынының түрі. Аталмыш ойын асық ойыны болғанымен, оның ерекшелігі аты айтып тұрғандай мұздың үстінде ойналады. Ол үшін мұздың жылтыр әрі тегіс қатқан алаңқайын тандап алады. Ойыншылар шеңбер немесе арнайы сызық сызып, сызықтың, шеңбердің ішіне асықтарын тізін шығады. Сосын тізілген асықтан қашығырақ жерге келіп, атағын жерді белгілеп, кезекпен сақаларын мұз үстімен сырғаната жіберіп, асықтарды атады.



Мұз үстінде сақа ату. ҚР МОМ материалдары бойынша суретті салған Б.Досымов

Сақа салмақты болса, түзу сырғып, асықтарды ұзаққа ұшыратындықтан сақаларына қорғасын құйып ауырлатып алады. Ойын шарты бойынша сақаны жібергенде ол асықтарға тиіп, сызықтың, шеңбердің сыртына шығарып жіберсе, шыққан асықтарды сақа атқан ойыншы ұтып алған болып есептеледі. Осылайша, келесі ойыншы кезекпен атып, ойын жалғаса береді. Ойын көп асық ұтуға негізделген.

Бұл ойынның мұз үстінде сақа соғыстыру деп аталатын түрі бар. Оның жоғарыдағы аталған ойыннан өзгешелігі ойынды екі адам тек сақаларымен ғана ойнайды. Ол үшін ойыншылар ірі қара малдың немесе ірі қоңыр аңдардың сақаларын (асықтарын) қорғасын құйып ауырлатады. Өйткені, ойынның мақсаты қарсыластың сақасын ұтып алу. Деректерге қарағанда, ауқаттылардың балалары тіпті алтын немесе күмістен құйылған сақалармен де ойнаған. Ойын шарты бойынша екі ойыншы мұздың бетіне сызық сызып, карама-қарсы отырады. Сосын бірінің сақасына бірін дәлдеп, бір уақытта сақаларын сырғытып жібереді. Екі сақа соқтығысқанда кімнің сақасы белгіленген сызықтан шығып кетсе, ол ойыншы «ұтылды» саналып, сақасы қарсыласына отеді. Аталмыш ойын балаларды ептілік, мергендікке үйретумен қатар, батылдық, өжеттілікке тәрбиелейді (**қ. Асық ойыны**).

Әдеб.: Төтенаев Б. Қазақтың ұлттық ойындары. Алматы: Қазақстан, 1978; Кәмәләшұлы Б. Қазақ халқының дәстүрлі той-мереке, сауық-сайран, ұлттық ойын, тамашалары Алматы: Өнер, 2005; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МҰЗКЕПЕ – балық сақтайтын орын. Мұзкепені салу үшін терең етіп, ер адамның кеудесінен жоғары келетіндей жерді дөңгелете қазады. Сосын одан шыққан топырақпен қазылған шұңқырдың ернеуін айналдыра дөңестеп биіктетеді. Қазылған шұңқырдың ішін мұзбен толтырып, үстін тал бұтақтарымен, камыспен жауып, топырақпен бастырған. Балықшылар күн жылыда осындай мұзкепке балықтарды сақтаған. Уақыт өте келе мұзкепе атауы өзгеріске түсе бастады. Мұзкепенің көлемінің ұлғаюына байланысты Арал балықшылары мұз қала десе, Каспий балықшылары мұз үйетін орынды биқұт немесе бейқұт деп атап кеткен.

Әдеб.: Досқараев Ж. Арал, Каспий балықшыларының тіліндегі профессионалды лексиканың материалдары // Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері. Алматы: ҚазССР ҒА баспасы, 1958. 83-162-бб; Жәнібеков Ө. Жолайырықта, Алматы: Рауан, 1995; ҚР МОМ – қорынан, ОМЭЭ – материалдарынан.

МҰЙЫҚ / ҰЙЫҚ – қыстағы суықтан аяқты қорғау үшін, етік сыртынан киетін аяқ киім. М.-ты иленген қой немесе аң терісінен жүнін ішіне қарата тіккен. М.-ты етік сыртынан кигендіктен көлемі үлкен болып тігіледі. Аяқтан сыпырылып түспеуі үшін мойнына қайыстан немесе жүн жіптен ызылған бау байланады. М.-ты атты адамның киюіне қолайсыз болып келеді. Оны тек қыстағы күннің суығында мал күзетінде, жолаушылар түйемен немесе шанамен алыс жол жүргенде және кірешілер кіре тартқанда киген. Ол жайында әдеби шығармаларды:



*Қыс болса, кірекештер киер мұйық,
Ысқақжан, аталдың сен «қызыл жүйірік»... –*
деген өлең жолдары кездеседі.



Мұйық. ҚР MOM қорынан (КП 26300/6 а,б)

ҚР MOM қорында сақтаулы Монғолияның Баян-Өлгий аймағының қазақтарынан алынған М. (КП 26300/6 а,б) иленген қой терісінен жүнін ішіне қаратыла жасалған. Оның табаны және екі жақтауы жеке-жеке пішіліп, құрастырылып тігілген. Мойнына қыл араласқан жүннен ызылған бау тағылған. Өлшемі: қонышынның алды 27 см., арты 45 см., табан ұзынд. 32 см., ені 19-27 см.

Әдеб.: Диалектологиялық сөздік. Алматы: Арыс, 2007; Қазақ әдебиетінің тарихы. 1-том. Қазақ фольклорының тарихы. Жалпы ред. басқарған: С. Қасқабасов. Алматы: ҚазАқпарат, 2008; Қазақтың дәстүрлі киім-кешегі. Ғылыми каталог (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде). Ғылыми редактор және жоба жетекшісі Нұрсан Әлімбаев. Алматы: Өнер, 2009; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МҰНАРА – еніне қарағанда биіктігі бірнеше есе артық мөлшерде тік құбыр түрінде тұрғызылған құрылыс бөлігі. Тарихи тұрғыдан алғанда М. тұрғызу көп елдерде сыртқы жаудан қорғану, айналаны бақылау және белгі беру мақсатымен байланысты шыққан.



Сакей мұнарасы. Қызылорда облысы. ОМЭЭ – материалдарынан

Қазақ даласында ертеректе Өтырар, Сауран, Сүткент және т.б. қала-камалдардың бәрінде көз жетер жерді көзбен шолып, бақылап тұратын биік мұнаралар болған. Оны *қарауыл мұнара* деп атаған.

Қауіпті жағдай байқалғанда, қарауыл тез хабар беріп, даладағы мал-жан ішке кіргізіліп, камалдың қақпалары бекітілген. Кейінірек мұнаралардың діни мақсатта қолданылатын түрлері пайда болды. Пішімі жағынан мұнаралар тік құбыр, күмбез, пирамида тәріздес болып тұрғызылады. Олардың қазақ даласында кездесетіні – құбыр және күмбез пішінді мұнаралар.



Жаманқара мұнарасы. Қызылорда облысы

Мұнара күйдірілген қыштан іші қуыс құбыр, күмбез тәрізді өріліп, жамағат болып намаз оқитын мешітпен бірге көтеріледі. Жоғары шығу үшін ішінен баспалдақ жасалады. Мәзін (азаншы) баспалдақпен жоғарыға шығып, күніне бес рет намаз оқитын уақыттын болғанын хабарлау үшін азан айтады (шақырады).



Мұнара. ТС. 102 том (СПб., 1873) атты жинақтан



Азаншыға арнап жасалған мешіт мұнарасы *минарет* деп аталады. Минареттің түрлі бояулармен, асыл тастармен әшекейленген түрлері кездеседі. Мешіттің минареті болмаса, азаншы немесе имам биіктеу жерге шығып, жұртты намазға шақырады (қ. *Азан; Азаншы; Мешіт*). Алыстан көрінетін асқақтығына байланысты халық біралуан заттар мен құбылыстарды мұнараның қасиет-белгісімен салыстырып, ұзын бойлы адамды *бойы мұнарадай* деп бейнелейді. Кей жерлерде жібектен тігілген ұзын шапанды *мұнара шапан* дейді.

Әдеб.: Марғұлан Ә.Х., Бәсенов Т.Қ., Меңдіқұлов М.М. Қазақстан архитектурасы. Алматы: Қазақстан, 1959; Қазақ совет энциклопедиясы. 8-том. Алматы: Қазақ совет энциклопедиясының бас редакциясы. 1976; КЭТС. 11-том. Алматы: Арыс, 2009; Жәнібеков Ө. Жолайырықта. Алматы: Рауан, 1995; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МҰРАҚ – ертеде хандар мен сұлтандар, кейінірек (XIX ғ.-дың екінші жартысынан бастап) билер киген сәнді, ерекше қастерлі қалпақ түрі. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық музей қорындағы қазақтың дәстүрлі киім-кешегіне байланысты шыққан ғылыми каталогтың алғысөзінің авторы Нұрсан Әлімбаевтің пікірінше: «... Әсіресе, Шыңғыс қағанның ұрпақтары саналатын төрелер ғана тұтынатын (XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап «қарасүйек» қазақ шонжарлары да кие бастады) мұрақтың қадір – қасиеті айрықша болды. Дәстүрдің барлық талабына сай тігілген мұрақтың сыртқы пошымы қой түлігінің басы әрі құтпан-құты саналған қошқардың ай мүйізін еске салады. Сонау сақтар заманынан бері пірге саналған қошқардың Тәңірі мекендеген көксеңгір аспан әлемі мен адамдар тіршілік ететін ортаны байланыстыратын дәнекерлік (медиатор) функциясын ескерсек, Тәңір қадір тұтқан арқар (!) ұранды қаһарлы Шыңғыс ұрпақтарының ғана «қошқармүйіз» мұрақ кию мәртебесіне ие болуы көп жайтты аңғартады. Осымен байланысты Хандар киер мұрақты, Қарашы киер құрақты...». тәрізді бұрынғыдан қалған сөз бар. Халық арасында мұрақ *сәукеле қалпақ, айыр қалпақ* деп те аталған. Мұраққа қарап жұрт мансап – дәрежені айырған. Мұрақты тек арнайы тігілген шошақ төбелі қалпақтың сыртынан киген. Сондықтан ол ғұрыптық, салтанаттық қана маңызы болған баскиім түріне жатады.



Мұрақ кигендер. 1891, ТС. 45 том. 753-5 атты жинақтан

Мұрақтың төбесін биік, етегін кең пішіп және оны жоғары қайырып қоюға ыңғайлы болу үшін екі жерінен жырық етіп қымбат бағалы маталардан тігеді. Тысына жасыл, күлгін, қызғылт барқыт, сары түсті, жылтырап тұратын парша, ол астарына барқыт қолданылады. Мұрақтың сайы (мұрақты құрастыратын, төбесін шығаратын бөліктер) мен қайырмасы кейде бүтін пішілген екі бөліктен, кейде төрт бөліктен тұратын матадан тігіледі. Кигенде мұрақтың пішіні жақсы сақталу үшін сайларының ұштасып күмбез немесе жайпақтау төбе жасап тұратын бөлігіне қатты қағаз, керегесіне жұқа киізден бидайы салынып, төбесінен бастап қайырмалы кең етігінің жиегіне дейін барқытпен астарланады.



Мұрақ кигендер. ТС. 238 том (СПб.,) атты жинақтан

Сырты барқыт, паршамен тысталған мұрақты алтын, күміс жіптермен зерлеп тігу арқылы өсімдік бейнесіндегі ою-өрнектер жүргізіледі (қ. *Зер; Зерлеп тігу; Алтындап тігу*). Мұрақты құрастыратын сайларының жігі жымдастыра тігілген соң, үстінен зертаспамен, керегей мен қайырмалы етегіне ұсақ асылтас бүршіктері қадалады, жиектері ширатпазермен әшекейленеді. Мұрақтың осындай мол әшекейленуіне, қымбат бағалы, асыл киім түріне жататындығына байланысты *Қалпақ абзалы – мұрақ, көрпе абзалы – құрақ* деген мақал қалыптасқан.



Мұрақ. XIX ғ. басы. ҚР МОМ қорынан (КІП 530)

ҚР MOM қорында КП 530 тіркеу нөмерімен сақтаулы сұлтан Баймұхамед Айшуақовтың мұрағы қызғылт-күлгін және жасыл түсті барқытпен тысталған. Ол конус пішінді, биік шошақ төбелі, етегі кең етіп қайырылған. Төрт сайдан тұрады. Сайлардың түйісіне және жиегіне зергаспа басылған. Сайларының төбесінен бастап етегіндегі түрмесінің шетіне дейін зер жіптен көгеріс өрнек кестеленген. Тұрпатын сақтау үшін төбесіне картон қабатталған, керегесіне киізден бидайы салынған, етегінің ішкі беті жасыл барқыттан салынған. Биік. 46 см, милық шеңб. 55 см.



Мұрақ. XIX ғ. ортасы. ҚР MOM қорынан (КП 3428)

ҚР MOM қорында сақтаулы келесі бір мұрақ КП 3428 тіркеу нөмерімен сақтаулы. Ол өрнекті жылтыр сары түсті паршамен тысталған, биік төбелі, етегі кең етіп қайырылған. Сайы мен қайырмасы бүтін пішілген екі бөліктен тұрады. Жиіктері мен сайларының қосындысына ширатпа зер тігілген. Төбесі қызыл барқытпен, ал милығы сары барқытпен астарланған. Әр жерлеріне металл бүртіктер қадалған. Биік. 42 см, милық шеңб. 54 см.

Әдеб.: Жәнібеков Ә. Қазақ киімі. Алматы: Өнер, 1996; Қазақтың дәстүрлі киім-кешегі. Ғылыми каталог. Алматы: Өнер, 2009; Кәмәләшұлы Б. Қазақтың байырғы баспаналар, үй жиһаздары, ұлттық киім-кешек, ыдыс-аяқ, ас-сусын, тамақ тағамдарына қатысты салт-дәстүрлер. Алматы: Өнер, 2006; Кейкін Ж. Қазақы атаулар мен байламдар. Алматы: Өлке, 2008; Қазақтың дәстүрлі киім-кешегі. Ғылыми каталог. Ғылыми редактор және жоба жетекшісі – Нұрсан Әлімбаев. Алматы: Өнер, 2009; ҚР MOM – қорынан, ОМЭЭ – материалдарынан.

МҰРАП – егін суару істерін ұйымдастырушы тоғанбасы адам. М. сөзінің түп-төркіні (этимологиясы) арабтың «әмир» – басшы және «аб» – су деген қос сөзінен шыққан. Яғни, «судың басшысы» деген мағынаны білдіреді. Әдетте, М.-ты арық ақсақалының ұсынуымен жер жағдайымен (рельефімен) жете таныс халық арасынан беделді адамды бір жылға сайлаған немесе тағайындаған (қ. Арық ақсақалы). Халық танымында М. Алланың халыққа жіберген ерекше қасиетті адамы, халықтың асыраушысы деп біледі. Ол еңістегі суды тау беткейіне қиналмай шығаратын керемет құдіретке толы күш иесі ретінде үлкен образға ие. Осыған орай, М. халыққа сыйлы, қадірлі адам болған.

Мұраптың құқықтық мәртебесі. XIX ғ. аяғында М.-тар үлкен құқықтық мәртебеге ие болды. Патшаның 1896 ж.-дан бастап тағайындаған «Мұрап» атты арнайы

төсбелгісіз тағынып жүретін болған. М. ауыл тұрғындарын көктемде арық тазалау жұмыстарына жұмылдыру, арықтың бағытын өзгертін, басқа жаққа қарай бұру жұмыстарын ұйымдастырып, басшылық еткен. Сондай-ақ, сушыларды кезекке қою, диқаншылардың суаратын егіс алқабының көлемін анықтау, бөлінген құлақ суын дұрыс пайдалану және қадағалау сияқты жұмыстарды атқарған (қ. Құлақ су). Қазылған немесе тазартылған арыққа су жіберер алдында мал сойып, құрбандық шалып қанын суға ағызған. Арық басына дастарқан жайып, Жаратқаннан астықтың шығымды болуын тілеп дұға оқып, құрбандық малының етін жеп тарасқан (қ. Арық).



«Мұрап» төсбелгісі. Коллекционер Ұлан Жәкеевтің жеке коллекциясынан

М.-тар атқарған жұмысына қарай, арық ақсақалының белгілеуімен ақы алып отырған. Ол ақшалай немесе күзде егін піскен уақытта астықтай төленген. Алатын ақысы әртүрлі көлемде болып келген. Бұл жайында Қазақстанның оңтүстік өңірі қазақтарының егіншілігінің қыр-сырын зерттеген этнограф Б.Алтаев: «...Мұрабтарға төленетін заттай ақының өлшемі тұрақты емес еді. Мысалы, Қазығұрт болысындағы бір қос жерден 1/2 пұт астық, ал Қарамұрт, Қарабұлақ болыстықтарында бір қос жерден екі пұт астық мұрабтардың қызметіне деп есептелді. Болыстықтардың басым көпшілігінде мұрабтар осы астықты өздері жинап алуға тура келді. Түркістан ақсақалдығы мен Байырқұм болыстығында мұрабтар үшін бір қос жеке бөлініп, ондағы бүкіл жұмысты қауымның өзі атқарып отырған. Сосын сол жерден түскен өнім түгелдей мұрабтың жеке өзіне қалдырылған. Сондай-ақ су мұрабтарының «кепсен» не болмаса «қап салу» әдеті болған. Бұл үшін мұрап қырманда үйіліп жатқан астықтан шапанына сыйғанша салып алатын болған. Кей жерлерде әр шаңырақтан белгілі бір мөлшерде астық алып отыру құбылысы да бой көрсеткен еді» – деп, жазады (қ. Егіс / Егістік; Өлшем).

Халық арасында М.-қа байланысты көптеген паремиологизмдер мен нақыл сөздер қалыптасқан. Мәселен, Жақсы мұраптың артынан су ереді, Жаман мұраптың артынан дау ереді.



*Су патшасы мұрап,
Түн патшасы шырақ.*

*Әкең мұрап болса да,
Су құлағының басына орналас.
Бағбан жемісті ағашын айтар,
Мұрап суының сағасын айтар,
Шопан өсірген қойын айтар,
Өлеңші өлең айтқан тойын айтар,
Ұста соққан тамын айтар,*

Диқан шығымды еңбегінің бабын айтар –

деген сөз орамдары мен накыл сөздер кезігеді.

Әдеб.: Александров Н.Н. Земледелие в Сыр-Дарьинской области. Описание приемов земледелия преимущественно Ташкентского хлопкового и сухоземледельческого района // Туркестанское сельское хозяйство за 1916-1918 гг. Ч.1. Общие приемы земледелия. С.1-247; ҚТТС. Алматы. ҚазССР ҒА баспасы, 1961. 2-т. Алтаев Б.Ә. Оңтүстік Қазақстан қазақтарының егіншілікке байланысты дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. Тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған диссертациясының қолжазбасы. Ғылыми жетекші Нұрсан Әлімбаев. Алматы, 1994; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МҰРАТ – алдағы жетуге тиісті ізгі мақсатты білдіретін ұғым. Мақсат алуан түрлі болғанымен, оның ішіндегі ізгілікті, табиғи және қоғам тарапынан дұрыс деп танылатындарына қатысты М. ұғымы қолданылады. Қазақы ортада әрбір адам өмірін босқа өткізбей, белгілі бір М.-қа жетуді алдына қойып, соған ұмтылуды дәріпттейді. «*Жан қиналмай – жұмыс бітпес, талап қылмай – мұратқа жетпес*», «*Іздеген мұратына жетер, жалқаудың өмірі босқа кетер*» демекші М.-қа жету үшін ерінбей-жалықпай табандылықпен ұмтылу қажет деп түсіндіреді. Әрбір адамның, жанұяның, қоғамның, сонымен қарар, әрбір істің қалыптасқан М.-ы болады.

Жеке адам мұраты. Әрбір адамның басты мұраты – бақытты болу. Адам мұратына жетпейінше бақытты бола алмайды. Мұнда мұрат – адамды бақытқа бастайтын жол, тартатын күш деп қарастыруға болады. Адамның мұраты әр алуан болғандықтан, бақыттың да соған сәйкес өзгеретіндігін байқауға болады. Кейбір адамдар бақыт деп байлықты түсініп, осы жолда еңбек етеді. Келесі біреулер өз елінде, өз жанұясының ортасында ғұмыр кешуді шын бақыт деп санайды. Яғни, *бақыт* бұл – адамның мақсат-мұратының іске асуы (дәулетке кенелуі, үрім-бұтағының өсіп-өнуі, атақ-дәрежеге, абыройға ие болуы сияқты өзінің өмірлік құндылықтарына қол жеткізуі) болып саналады (**қ. Бақыт**). Сонымен қатар адам өмірінің әрбір кезеңдерінің, ұстанған жолының, тінті, істеген әрбір істерінің мұраты болады. Мұны қазақта айтылатын жыр-дастандардан, ертегі-аңыздардан жиі байқауға болады. Батырлар жырында өзінің елі мен жері үшін күрескен батырдың жауын жеңіп, «*мұратына жеткені*» баяндалады. Лирикалық жырларда қос ғашықтың аса қиындықпен, асқан төзімділікпен өз мұраттарына жету үшін күрескендігі және қосыла алмай арманда кеткендігі немесе қосылып «*мұратына жеткендігі*» туралы жырланады. Сонымен қатар, аңыз-әңгіме, ертегілерде де кейіпкер туралы айта келін, «... *мұратына жетіп, бақытты ғұмыр кешкен екен*»

деп аяқтайды. Бұдан көретініміз, мұндай шығармалар кейіпкердің бүкіл өмірін көрсетуге емес, оның тек асыл мұратын және оған жетудегі қажырлы іс-әрекеттерін бейнелеуге ғана арналғанындығы. Мұндағы туынды оның өмірінің аяқталмағандығын, тек асыл мұратына жету арқылы тек маңызды бір кезеңінің ғана аяқталғандығын көрсетеді. Одан кейінгі өзінің осы асыл мұратын жол етіп ұстанады немесе келесі бір мұратқа ұмтылады. Яғни, қазақы түсінік бойынша адам мұратына жеткеннен кейін тоқтап қалмай оны ары қарай жалғастыруы немесе келесі М.-қа ұмтылуы қажет. Мұратсыз адам өмірінің, істеген істерінің барлығы жеміссіз, зая деп саналған.

Қазақта әрбір адамның ұмтылған мұратының неғұрлым мәнді де маңызды болуын қалаған. Осыған орай «*асыл мұрат*», «*асқақ мұрат*» деген ұғымдар бата-тілектерде жиі қолданылады. Мәселен ел арасында таралған бағаның бірінде былай деп келтіріледі:

Кетпес ырыс, кең пейіл берсін.

Кеткенін келтірсін,

Кемтігін толтырсын.

Мал аман, бас түгел болсын.

Тілегі қабыл, мұраты асыл болсын!

Ата-ананың мұраты. Қазақта әрбір ата-ананың алғашқы мұраты – бала сүю. Балалы болғаннан кейін, ұл-қызын өсіріп, өз бетімен күн көретін дәрежеге жеткізу. Осы жолда өз балаларын «ата-баба жолы» негізінде дұрыс тәрбиелеп, саналы, өнерлі, білімді етіп өсіруді мұрат еткен. «*Әке көрген оқ жсонар, шеше көрген тон пішер*» деп тәрбие ұрпақ бойына – әке мен шешенің, ата мен әженің үлгі-өнеге көрсетуімен, отбасының тәлімімен сіңіп, қасиет болып қалыптасатындығын меңзеген. Бұдан кейінгі асқақ М. – ұлын үйлендіріп, келін алу және қызын күйеуге беріп, құтты орнына қондыру. Осыдан кейін немере, шөбере сүйіп, ұрпағын жалғасқандығын көзімен көруді мұрат ететін болған. Осылайша бір мұратына жеткеннен кейін, тоқталмастан келесі мұратқа ұмтылып отырады. Мұның өзін қазақтағы мына бір шумақтан көруге болады:

Бесіктегі баланың

Күлгенін көрген бір мұрат.

Алдына түсіп ананың

Жүргенін көрген бір мұрат.

Қазақ қоғамындағы әлеуметтік топтардың мұраты. Қазақта қоғамдағы әлеуметтік топтардың қалыптасқан өзіндік М. болатындығы белгілі. Мәселен, қазақ қоғамындағы аса беделді топтардың бірі билер мен батырлар болған. «*Дау мұраты – бітім*» демекші қоғамда туындап отырған дау-жанжалдарды ушықтырмай, бітімге келтіріп отыратын қоғамдық топтар болған. Қазақта өзінің ата-баба жолын жақсы меңгерін, әділдігімен аты шыққан осындай адамды «*би*» деп атап, есіміне осы атау (атақ, дәреже) қосылып айтылатын болған (Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би және т.с.с.). Дау-дамайды шешкенде «*тура биде туған жоқ, туганды биде иман жоқ*» деп, «*ақ*» пен «*қараның*» ара жігін дәл ажыратып,

әділ шешімін шығарып отырғандар ғана халық тұрғысынан тиісті бағасын алған. Өзінің басты мұраты етіп – «елдікті», «әділдікті» алған адам ғана би атанып, халық тарапынан шынайы абыройға ие болған. Билер жеке адамның, ағайын-туыс пен өзге де жақын-жуықтарының, рудың мүддесін қорғауда тек осы асыл мұраттың ауқымынан шықпай бітімге келтіріп отырған.

Ел мен жерді қорғау, оның намысы мен абыройын қорлатпауды мұрат тұтқан адамдардың келесі бір тобы – *батырлар* болған. Батырдың өмірлік басты мұраттары: ерлік, батылдық, халыққа қызмет ету, адалдық, тектілік, елі мен жері үшін жан қию. Міне осындай асыл мұратқа ұмтылып қана қоймай, оны өмірінің мәні ретінде ұстанған адам ғана қоғам тарапынан – «батыр» деп мойындалған (Бөгенбай батыр, Қабанбай батыр, Қарасай батыр, Райымбек батыр және т.с.с.). Ал, өзінің алапат күші мен ептілігіне, батылдығына қарамастан аталмыш қасиеттерді М. тұтпаған, оларды өмірлік жолы ретінде ұстанбаған адамдар қоғам тарапынан ешқашан «батыр» деп мойындалмайды. Керісінше оларға дүлей, содыр, жуанжұдырық, ұрдажық, әпербақан деген сияқты теңеулер қолданылуы да мүмкін. Яғни, «батыр» қазақ қоғамында сайланатын, тағайындалатын атақ-дәреже емес, ол адамның қол жеткізген және өмірлік жолы ретінде ұстанған асқақ игі мұратына орай халық тарапынан мойындалатын атақ болған (**қ. Батыр**). Халық ауыз әдебиетіндегі батырлар жырында, дастандарда, ертегілер мен аңыз-әңгімелерде батырлардың аталмыш мұраттары кеңінен сипатталады.

Қазақ қоғамында *қыздың* аса қадірленгендігі белгілі (**қ. Қыз**). Қазақ қашанда қызын сыйлап, үйдің төрінен және оң жағынан орын берген. Әрбір ата-ана қыздарының тәрбиесіне ерекше мән беріп, инабатты, шаруашылықты игеруге бейімі бар болып өсуін ғана емес, бұландыған ерке болып бой жетуіне де мән берген. Оның мүддесін қорғау мақсатында *қыздың* және одан туған *жиеннің назасы* қатты болады деген түсінік те қалыптасқан (**қ. Қыз; Жиен; Наз**). Дегенмен қыз қанша сыйлы болғанымен «*қыз мұраты – кету*», «*қыз – қонақ*» деп қыздың ерте ме, кеш пе әйтеуір ата-ана шаңырағынан кетіп, өзге жұрттық болатынын жастайынан құлағына сіңіріп, өмірлік мұраты ретінде белгілеп берген. Осыған сәйкес, «*қайта шапқан жсау жаман, қайтып келген қыз жаман*» деп, өзге жұртқа келін болғаннан кейін қыздың барлық қиындыққа қарамастан сол елдің түтінін түтетіп, сол елге «тастай батып, судай сіңуін» тілеген. Тек осындай жағдайда ғана қыз мұратына жеткен болып саналған. Өз еліне қаншалықты қадірлі болса да қыздың *оң жақта отырып қалуы* немесе ұзатылғаннан кейін *қайтып келуі* оның мұратына жетпегендігінің, яғни, оның бақытты болмағандығының белгісі ретінде қабылданған.

Қазақ қоғамының мұраты. Халық ауыз әдебиеті үлгілері, салт-дәстүріндегі, наным-сеніміндегі көптеген мәліметтерді қарап отырсақ қазақ қоғамының ұмтылған, кеңінен дәріптелген М.-тары болғандығын

көреміз. Соның ең бастыларының бір ретінде қоғамдағы гуманизмнің негізі саналатын – «*жақсылық*» дәріптелген. «*Жақсылық*» адамзатта кездесетін барлық игі қасиеттердің (*адамгершілік, инабаттылық және т.б.*) жиынтығын білдіретін ұғымы ретінде қолданылып, «*жақсы іс*», «*жақсы адам*» тәрізді ұғымдардың қалыптасуына негіз болған. Сондықтан да «*жақсы болса ағайын, мұратыңа жетерсің, жаман болса ағайын, бет-бетіңе кетерсің*», «*жақсы адаммен жолдас болсаң, жетесің мұратқа, жаман адаммен жолдас болсаң, қаларсың ұятқа*» деп, бала жастан адамгершілікті қасиеттерді бойына сіңіруді дәріштеп, соған орай сан-алуан жол-жоралғылар, ырымдар мен тыйымдар жүйесі қалыптасқан. Ал жағымсыз қасиеттер қоғам тарапынан сынға ұшырап, әшкереленіп отырады. Мұның өзі қазақ қоғамының келесі бір басты мұраттарының бірі – «*ата-баба жолын*» сақтауға әкеледі. Сан алуан салт-дәстүрлерден, әдет-ғұрыптардан, ырымдар мен тыйымдардан, жосын-жоралғылардан тұратын «*ата-баба жолын*» ұстану ғана тұтастықты, бірлікті, татулықты, ауызбіршілікті, яғни, жалпы алғанда *елдікті* сақтап қалады деп саналған. Яғни, елдігін сақтап қалу үшін ата-баба жолын бұзбау, оны қадірлеп-кастерлеу керек. Елдік болғанда ғана сол елдің, сол қоғамның мүшесі ретінде әрбір адам өзінің М.-ына жете алатындығын, әйтпесе тоз-тоз болып, М.-ына жетпек түгілі өзгенің құлына, жалшысына айналып, кіріптар ғұмыр кешетіндігін айтқан. Көшпелі қазақ қоғамында тек өсіп-өнген, ағайын-бауырлары көп отбасылар шынайы қиыншылықтарға төтеп бере алатын, ал аз адамдар кіріптарлыққа жиі ұшырап отыратын еді. Әр отбасында баланың көп болуы сол рудың күшті болуы, рудың күшті болуы елдің күшті болуы деп санаған. Сондықтан да қазақ қоғамында дәріптелетін асқақ мұраттардың бірі – қауымдағы әрбір отбасының «*өсіп-өнуі, көбеюі-көктеуі*», яғни, оздерінің артына неғұрлым көп ұрпақ ерту қажеттігі болып саналған. «*Бір бала – жоқ бала, екі бала – жарты бала, үш бала – бір бала*» дегеннен-ақ артында ұрпағын қалсын, елдің өсіп-өнісін десен үш баладан көп болуы керектігін айтады. Бата беріп, тілек тілегенде міндетті түрде өсіп-өнуді, көбеюді тілеп отырған. Бұл сол заманның талабы еді.

Іс-әрекеттердің мұраты. «*Жол мұраты – жету, сауда мұраты – ұту*» деген мақалдан көретініміздей әрбір істің, әрекеттің өзіндік түпкі М. болады. Жол жүрген адамның мақсаты әр түрлі болуы мүмкін, бірақ мұраты дйттеген жеріне жету болса, сауда жасаған адам қайткенде ұтуы қажет. Онсыз бұл істердің бәрі орындалмаған, зая жасалған және М.-ына жетпегендік болып саналады. Сондықтан да тілек тілегенде, бата бергенде оның мұратына жетуін тілейтін болған.

Әлеб.: Қазақтың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері: өткендегісі мен бүгінгісі. Мақалалар жинағы. Құраст. С.Е. Әжіғали. Алматы: Ғылым, 2001; Қайдаров Ә. Халық даналығы (қазақ мақал-мәтелдерінің түсіндірме сөздігі және зерттеу). Алматы: Тоғанай, 2004; ҚӘТС. 11-том. Алматы: Арыс, 2009; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.


МҰРЖА – пештің, жерошақтың түтін шығатын мойны, түтіндік. Ертеректе қыстауда, отырықшы елді мекендерде



қоржын үй, қоржын там, тіркеспе, қыстық, қыстау үй деп аталатын үйлерді қысқы суықта жылыту үшін арнайы пеш салдырған. Пеш үйдің ішіне салынатындықтан, үйдің итарқасын (төбежабынын) жапқанда алдын ала тесік қалдырып немесе артынан тесіп, түтін шығатын М. орнатады. Пештің М.-сы ұзын (үйдің төбесінен айтарлықтай шығып тұрады), сыртқа орнататын жерошақтың М.-сы қысқа болады. Жерошақ кейде мұржасыз да соғыла береді. Киіз үй ошағының М.-сы болмайды. Киіз үйдің ортасында үш аяқты темір ошаққа қазан асылып, от жағылғанда түтін сыртқа үйдің түндігі арқылы шығады.

Пеш М.-сын күйген қыштан қалап жасайды, өйткені қам қыштан, кесектен (күйдірілмеген қыштан) қаланған М. жаңбыр, қар суынан тез езіледі (кейінгі кездері мұржаға темір құбырды да пайдаланып жүр). Пештің түтін жолы халық арасында құдық, құбыр, мор, мора, моры, моржа, мөрже, өңеш, түтіндік, кен, мойын деп әртүрлі аталады. Ел ішінде М.-ның үй төбесінен (шатырынан) шығып тұрған бөлігін сыртқы мойын немесе үстіңгі мор, үй ішіндегі бөлігін ішкі мойын немесе астыңғы мор деп атау да кездеседі.

Пеш М.-сы әртүрлі пішінде, атап айтқанда, түтіндігі көлбеу, ирелең, тік болып соғылады. Соған орай пеш түрлері кейде түтін жолының пішініне қарай жаппа (түтін жолы көлбеу соғылған пеш), қарғыма пеш (түтін жолы ирелеңдеп жасалған пеш), құдық пеш (түтіндігі тік, тура шығатын пеш) деп бөлінеді (қ. Пеш).



Мұржа. ҚР МОМ материалдары бойынша суретті салған Б.Досымов

М.-ның түбіндегі пешпен жалғасатын иіліңкі жерін мойын, мойындық дейді. Мойынның түбін құдық деп атайды. Сонымен бірге құдық «пештің айналмасы, жылу аралайтын жері» ұғымында жиі қолданылады. Пештің

құдығынан (мойын түбінен) М. жоғары қарай тік, түзу өрілсе, пештің және үйдің жылуы ұзақ сақталмайды, тез суып қалады. Сондықтан пештің құдығын (түтін жүретін айналма жолын) үш, бес кейде жеті құбырдан тұратын етіп соғады. Мойын түбінен жоғарыға тік шығарылған М.-ға ыс, күл көп жиналмайды. Бірнеше құдықтан тұратын пештің М.-сы мен оның әрбір құдығының айналмасына ыс, күйе, күл көп жиналып қалады. Сондықтан оны жылына 1-2 рет мұқият тазалап отырады. М. кең болса, түтін жақсы жүреді, пеш түтіндемей, от жақсы жанады.

М. мен пеш құдығына жиналған қап-қара күйені құрым дейді. Құрымды тері бояуға қолданады. Тері тон, тері шалбар, қара саба аталатын бұйымдарды қара түспен бояу үшін М.-ның құрымын жинап алып, қазандағы суға салып, оған тұз, ашудас қосып қайнатып алады. Су суыған кезде бұйым жасайтын теріні бірнеше күн бойы қазанға салып қояды. Тері бояудың осы әдісін құрымдау дейді. Құрымдалған тері қара түске боялып шығады (қ. Құрымдау). Сары түстің бір реңкі ретінде айтылатын құрымсары деген түс атауы да «мұржадан шыққан күйе, ыс» мағынасындағы құрым сөзімен байланысты қалыптасқан тәрізді. Өйткені М.-дан шыққан түтін де су отын бықсып жанғанда қара күйеленіп, бауыры ақсарғыштанып, қызара жалқынданып, түрлі түспен көрінеді.

Әдеб.: Қазақ тілінің аймақты сөздігі. Алматы: Арыс, 2005; ҚӘТС. 11-том. Алматы: Арыс, 2009; Жәнібеков Ө. Жолайырықта. Алматы: Рауан, 1995; Шоқнарұлы Д., Дәркембайұлы Д. Қазақтың қолданбалы өнері. Алматы: Алматыкітап, 2007; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МҰРСАЛ / МҰРСАЛ ПАЙҒАМБАР – жер бетіне адамзат баласына әр кезде Алла Тағаладан жіберілген пайғамбарлардың ішінде уахи арқылы кітап түскендері. Кітап түскен пайғамбарларды мұрсал пайғамбар деп атайды. Төрт мұрсал пайғамбар Мұса (ғ.с.) оған Тәурат, Дәуіт (ғ.с.) оған Зәбүр, Иса (ғ.с.), оған Інжіл және Мұхаммед (с.ғ.с.) оған Құран түскен (қ. Жүз жиырма төрт мың пайғамбар; Мұхаммед пайғамбар; Мұса пайғамбар). Адамзат баласының жер бетіндегі тіршілігінің әр кезеңінде түрлі үмметтерді Алланың хақ жолына бастау міндетін үстілеріне алды. Сол жолда өздерін жаратқан Алланың барлығын және оның үнемі өзінің жаратқан пенделерін ойлайтынын жеткізу үшін, Алланың Ұлы Жаратушы екенін естеріне салып отырды. Дүниелік рақаттарды ғана ойлап, мәңгілік өмірдің бар екенін ұмыттырмау үшін Алланың әмірімен жер бетіндегі адамзат өкілдерінен пайғамбарлар шығып отырған. Мұрсал араб сөзі. Алла Тағала, уахи әкелуші пайғамбар дегенді білдіреді. Мұрсал пайғамбар тұтастай бір ұлтқа, үлкен қауымға, мемлекеттегі қоғамға Алланың әмірін жеткізу үшін жіберіледі. Ал мұрсалдардың ішіндегі ұлы пайғамбар Мұхаммед (с.ғ.с.) жалпы барлық адамзатқа жіберілген. Нәби пайғамбарлар Мұрсал пайғамбарларға қызмет етеді. Мұрсалдарға Алла Тағала ерекше мұғжизалар берген.

Әдеб.: Ондасынов Н.Д. Арабша-қазақша түсіндірме сөздік I Т., А., 1984; Құран Кәрім. Қазақша мағына және түсінігі. Медине: Құран Шәриф басым комбинаты. 1991; Сағындықұлы Б. Ғаламның ғажайып сырлары. Алматы: Ғылым, 1997; Қиссас ул-әнбие. Әдеби жанрлар. 20-томдық,

Алматы: Таймас, 2008; *Исаұлы М. Мәңгі мұғжиза. Ислам мәдениеті мен білімін қолдау қоры*, Алматы, 2011; *Қалмаханұлы С. Пайғамбарлар тарихы*. Алматы: Көкжиек-Б, 2011; *Жолдыбайұлы Қ. Имани гүл*. Алматы: АСТ Полиграф, 2011; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МҰРТ – адамның жоғарғы ерінінің үстіндегі түктің арнайы қойылған түрі. Ер адамға кәмелетке толғаннан кейін шыға бастайды. Сондықтан, казақы ортада түк шыға бастағанын байқаған кезде «*мұрт шығып қалыпты, мұрт тебіндеп қалыпты*» – деп бозбалалық шаққа жетіп, ересейіп, жігіт бола бастағанын пайымдаған. Дәстүрлі ортада екінші мүшелге толмай М. қоюға болмайды деп есептелді. Сондықтан, қырып тастап отырды. Қарапайым ортада бұрын М.-ы болмаған адам М. қойса сәнденің, серіленіп жүргенінің белгісі ретінде қабылданды. Ал, М. қойып жүрген адам мұртын бірден қырып тастау сирек кездесетін жайт. Олай бола қалса, өмірінде бір өзгеріс болды ма деген күдік туатын. Кейбір жастар арасында ересек көріну үшін М. қоятын серілері де кездеседі.

Көне наным-сенім бойынша айдар, тұлым және кекіл қою сияқты сақал-мұрт қою ер адамның құты, күш-қуаты деген түсінікпен байланыстырылатын (қ. *Айдар; Кекіл; Тұлым*). Көшпелілер тарихында М. қою үлгілерін тарихи ескерткіштерден көруге болады. Сақ, түркі, қыпшақ дәуірлерінен жеткен сызбалар мен тасқа қашалған бейнелерде М. ұзын әрі қою болғанын көруге болады. Тоң мұздың аркасында түгел сақталған б.з.д. IV ғ. тән Берел ескерткішінен алынған мүрденің мұрты ширатылып тұрғаны белгілі болды. Ол адам Алтай өңірінде сол кезде өмір сүрген көшпелі тайпаның көсемі болған.



Мұртты тасмүсін. VII–VIII ғғ. Алматы облысы, Райымбек ауданы. ҚР МОМ қорынан (КП 16489)

Кейінгі дәуірлерде жоғарыда аталған М. қоюдың ежелгі түріне өзгерістер енді. Мәселен, ислам діні енгеннен кейін көшпелілердегі М. қою үлгісі өзгеріп, жалпы мұсылмандарға тән қысқарып, жіңішке бола бастады. *Бірде:*

– *Ақсақал кім боласыз, – деген Тіленші бидің сұрағына Жәнібек батыр:*

– *Мұсылманбыз, – деп жауап бергенде, Тіленші бидің:*

– *Мұсылмандығыңызды мұрт қойысыңыздан танып тұрмын, – дегені аталмыш жайтқа болса керек.*

М. үлгілері дәстүрлі ортада әлеуметтік топ өкілдерінің мәртебесін айқындаған ерекшелікті білдірді. М. қою түрлерін – билік иелеріне тән, әскери иерархия өкілдеріне тән және қарапайым адамдар қоятын тұрмыстық үлгі деген үш топқа бөлуге болады. Басқа халықтардың әскерилері сияқты көшпелілердің қолбасылар мен батырлары да мұрттарын ұзын қылып өсіріп, сұсты, айбарлы көріну үшін ұшын жоғары қайырып тікірейтіп қоятын. Кейбір үлгілерінде ұшы дөңгелене шиырылып, не жоғары не төмен қайырылуы мүмкін. Ұштары құлаққа дейін жеткен М.-тарды қыпшақ обаларынан табылған дулығаларға бекітілген темір бет-бейнеде де көруге болады (сызбадағы 5-сурет).



Көшпелілер әскерилерінің мұрт қою үлгілері: 1,2 – сақтар; 3- көне түркі; 5-қымақ; 4-қыпшақ; 6-Алтын Орда. Сызба – Ахметжанов Қ.С. Жараған темір кигендер (батырлардың қару-жарағы, әскери өнері, салт-дәстүрлері). Алматы: Дәуір, 1996 – атты еңбектен алынды

Дәстүрлі ортада ересектер М. қою болса казақы түсінік бойынша бірқатар ережелерді ұстану қажет болған. Мысалы, М. қойғанда су ағары ашық болуы керек делінеді. Мұрт суағары – еркек мұрнының (танау) желбезек қырының астындағы, еріннің үстінгі жағындағы, мұрын арасындағы тұсы (Танау қуысынан ерінге дейінгі аралықтағы екі жолақты – еңіреу деп атайды. Ол «Еңіреуден екі ат келеді» деген жұмбаққа негіз болды (Мұрынбок). Казақы түсінік бойынша мұсылман адам мұртының суағарын қырып, таза ұстауы тиіс дейді. Ол негізінен гигиеналық тұрғыдан тазалықты дәріптеген халықтық ұстаныммен байланысты ереже болса керек. Мұсылмандық хадистерде М. қоюға қатысты «сақал мұртты таза, жарасымды әрі ретімен



қойындар» деп мұсылман адамға сүннет, уәжін ретінде белгілеген. Бірақ, Құранда бұл туралы айтылмаған, нақты ереже көрсетілмеген. М. қою, күтіп баптау туралы Құран хадисінде арнайы атамаса да: «*Хазіреті пайғамбар мұрт, сақал және ақ қылдарды жұлуга тыйым салынады*», делінген (Муснәд, VI). М. пен бірге сақал қоюдың жас және әлеуметтік ерекшелікті айқындайтын қырлары қазақы ұстанымда да, ислам шарттарында да анығырақ көрініс тапқан (қ. Сақал).

Қазақы ортада ересектердің М. қою үлгісін нақтылаған, атап айтқанда, қандай да бір шектеу, тыйым салынған немесе осылай болуы керек деген мәліметтер кездеспеді. Дегенмен, әркім өз қалауы бойынша М. қойды дегеннің өзінде қалай болғанда да әлеуметтік жағдайы ескерілетін. Мысалы, құл-құтанның ширатып қою М. қоймайтыны сияқты т.б. Осыған орай М. түрлері де көп болды: *жез мұрт* – сары мұртты атады, *қара мұрт*, *қияқ мұрт* – жіңішке, *қырма мұрт* – қысқа М., *мысық мұрт* – селдір М., *ұзын мұрт*, *шалғынды* немесе *шалғы мұрт* – ұшы жіңішкере келген ұзын мұртты атаса, *қайқы мұрт* – ұшы қайқая келген М., *ширатпа мұрт* – деп ұшы иіріле, дөңгелене келген мұрт.



Мұрт қою үлгілері: а - қияқ мұрт; б - қоңыз мұрт; в - шалғы мұрт; г - селдір мұрт; д - қайқы мұрт

ҚР МОМ материалдары бойынша суретті салған Б. Досымов

Қойған М.-ты үнемі қысқартып, яғни бастырып реттеп отыру қажет. Ол *мұрт басу* деп аталып, мұрт қылдарының ерінді басатындай ұзын болып кетпеуін қадағалау дегенді білдіреді. Қырсыздыққа саналған осы әрекетті Абай төмендегідей өлең жолдарымен сынады:

*Қалың елім қазағым қайран жұртым
Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың...*

Ел аузында сақталған айтыс түрінде бір қыз жігіттің Абай айтқан осындай М.-қа байланысты ерекшелігін, атап айтқанда, қырсыздығын тілге тиек етеді. Жаңбырлы күні қатырлаған шекпенімен үйге кіріп келген, сақал-шашы өскен бір жігітті қыз сынап:

*Шекпенің жаңбыр жауған кепкен болар,
Қатынын жаман еркек тепкен болар.
Сақалын, мұртын қосып, күзеп алсаң,
Балаға он бес жасар шекпен болар –*

деген екен.

М.-ты ұшынан қыршып қиятын құрал іскек деп аталады. Сондықтан, «*мұртына қарай іскегі, сабасына қарай піснегі*» деген мәтел қалыптасты.

М. адамның мінез-құлқы мен көңіл-күйінің түрлі ахуалдарын сипаттауға, іс-әрекеттердің жай күйін аңғартатын сөз тіркестеріне де негіз болды. Мәселен, *мұртын шиыру* деген сөз – ойланып отыруды білдірсе, *мұртын ширату* – ширғып, дағдарып отырған адамның дағдысы ретінде қабылданды. *Бір мұрт* – қыңыр-қисық адамдарға қаратыла берілген халықтық анықтама. Қоғамда орнықты жағдайы бар, ешкімнен қорқып, ыға қоймайтын адамдарға қарата – *мұртын балта кеспеу*, *мұртын балта шаптау*, *мұрты бұзылмау* – деген ұғымдар қолданылды. Қандай жағдай болмасын ештеңесі де кетпегендігін, қыңқ демегенін білдіретін – *мұрты қисаймау*, *мұрты сынбау* ұғымдары қолданылды. Ал, *мұртынан күлу* деп шаруасын бітіріп алып, сол іске қатысты біреуді сыртынан әжуалап, мысқылдай күлін, жайдары қалыпта отырған адамға қарата айтылды. Осыған ұқсас біреуді сықак етуді *мұртының астына жасырды* деді. *Мұртын сындыру* деп бір істі бастап, аздап игергенін білдірді. Осы тектес егінді ұқыптап мұқият жинап алу сияқты т.б. тап-тұйнақтай етіліп жасалған іс-әрекеттерге байланысты *мұрт қалдырмау* деген ұғым қолданылды. Ісін бітіру үшін атқамінерлердің аузын алу (майлау), пәре беру – *мұртын майлау* деп аталды. Іскекпен қиғанда ұшқан М. қылына ұқсатып теңеу ретінде *мұрттай ұшты (түсті)* деген тұрақты тіркес қолданылды. «*Мұртқа өкпелеп жүргенде, сақал шықты*» – деген мәтел бір нәрсеге разы болмай жүргенде келесі мәселенің бой көтеруін білдіреді.

Әдеб.: Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Алматы: Ғылым, 1977; Ел аузынан. Шешендік сөздер, ақындық толғамдар, аңыз әңгімелер. Алматы: Жазушы, 1985; Айтыс. 2-том. Құраст.: Ә.Алмасов, С.Дәуітов, М.Жармұхамедов, Ғ.Мамутова, Ф.Оразаева. Алматы, 1988; Ахметжанов Қ.С. Жараған темір кигендер (батырлардың қару-жарағы, әскери өнері, салт-дәстүрлері). Алматы: Дәуір, 1996; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МҰРЫНДЫҚ! – түйені, өгізді басқару үшін, танауын тесіп өткізілетін ұзындығы бір қарыстай жіңішке ағаш құрал. Мұрындық жасауға тобылғы, жүзген, жиде, шынар, қайың, тал сияқты ағаш түрлері пайдаланылған. Оның екі айыр тұсын кесіп алып, қабығын аршып, айыр екі басын қысқартып кеседі. Ал екінші жағын мал танауына шақтап барып үшкірлеп жонып, қайыс *бүлдіргі* (шеттік) немесе ширатылған *желбұйда* байланатындай етіп кертеді немесе теседі. Сондай-ақ, халық мәтелінің бірінде «*Түйеден жерігің келсе, мұрындығын киіктің мүйізінен жаса*» деп те айтылады.

ҚР МОМ қорындағы (КП 21777/1) М. талдан жонылған. Оның мал танауынан өтетін бас жағының 3 см жері үшкірленіп, арт жағы тығылдырық ұстайтындай кертіліп жонылған. Осы кертілген жердің деңгейімен мал танауына өтіп тұратын ортасы келесі басына дейін жұмырлана жонылып келіп 1,5 см жері тығылдырық тірелетіндей дөңес күйінде қалдырылған. Сонымен бірге оған қалыңдығы 5 мм, ені 2,5 см, ұзынд. 4,5 см болатын тығылдырық өткізілген.



Мұрындық. ҚР MOM қорынан (КП 21777/1)

Ал, ҚР MOM қорындағы (КП 212326) келесі бір М. ағаштан жонылып жасалған. Оның жалпы ұзынды. 13 см, ал оның үшкірленіп жонылған ұшының 2 см жерінен кейін кертіліп, ол артқы басына дейін керткі денгейімен жұмырланып жонылған да, артқы жағынан тығылдырық тұратындай 1 см жері дөңес күйінде қалдырылған. Сондай-ақ, бұның екі басында 4x4 см шамасындағы тығылдырықтары бар.



Мұрындық. ҚР MOM қорынан (КП 212326)

М. өткізерде малдың танауындағы шеміршекті бәкімен тесіліп алады (кейде М.-тың үшкір ұшының өзімен де тесетіп болған). Одан кейін алдын-ала дайындалған М.-тың тұйық жағына былғарыдан, киізден немесе қайыстан *тығырық* кигізіліп мұрындықталады. *Тығырық* мал танауынан М. өтіп кетпеуі үшін жасалады. Ал бұдан кейін екінші басына да *тығырық* кигізіліп, оған қысқа жіптен *желбұйда* немесе қайыстан *бүлдірге* тағылады. *Желбұйдаға* малды басқаруға, жетектеуге арналып *бұйда* тағылады. М. пен бұйданың арасын жіңішке келген *бүлдірге* немесе *желбұйда* деп аталатын жіңішке жіп жалғастырырып тұруының өзіндік себебі бар. Өйткені түйе, сиыр малын бұйдасынан байлап қойғанда бір нәрседен үркіп немесе өздігінен тартынып қалғанда жіңішке жіп үзіліп кетеді. Ал, бұлай болмаған жағдайда М. малдың танауын жырып кетеді. Бұны «*Айыр інген кез келсе, мұрындығы қалар жырылып*», – деген халық мәтелінен аңғаруға болады.



Тайлаққа мұрындық өткізу. ҚР MOM материалдары бойынша суретті салған Б. Досымов

Екі жасар құнан-тайлақтарды үйретудің басы олардың кеңсірігін тесіп, М. өткізуден басталған. Оларды шалма салып ұстап, алдыңғы аяғының біріне тіз салып шөгеріп алатын болған. Бұдан кейін барлық аяқтарын тіздеп алған. Ал, оның басын дінгекке мықтап таңып байлап тастаған. Осыдан кейін барып істік темірмен түйе кеңсірігін тесіп, М. өткізген. М. өткізілгеннен кейін кеңсірігі жазылғанша оны бір-екі жеті бос жіберген. Одан кейін асау тайлақ қайта ұсталып, тіздеп шөгеріліп, М.-тағы бүлдіргіге екі құлаштай кескек таяқ байланған. Бұдан ары оған бір адам мініп оның қолына *кескек* таяқты ұстатады да, аяқтарын тіздеген жіптері шешіледі. Осылайша түйе малына бас білдіреді (**к. Кескек**). Ал, «Алпамыс батыр» жырында:

... Жиделі Байсын жерінде,
Қоңырат деген елінде
Байбөрі деген бай бопты,
Төрт тұлғі сай бопты.
Тоқсан мың екен қорасы,
Мұрындық, ноқта тимеген,
Түйешілер мінбеген
Сексен мың екен маясы –

деп келеді. Онан М. көрмеген түйелерінің көп екендігі аңғарылады.

Сондай-ақ, кейбір сиыр малдарына танауындағы тесігінен М. орнына дөңгелек шығыршық өткізін оған бұйда таққан. Тіптен кейбіріне М.-та, шығыршық та өткізілмей танау тесігінен бірден бұйда байланып пайдаланылған.

Дәстүрлі ортада ұзатылып келе жатқан келіпшек көшінің жолындағы ауыл адамдары аттың шылбырынан, болмаса түйе бұйдасынан ұстап тұрып *түйемұрындық* кәдесін сұраған (**к. Түйемұрындық**). Сондай-ақ осы көшті бастап келе жатқан қыз анасы немесе жөңгесі *мұрындық ана*, *мұрындық ана* деп аталған.

Әдеб.: Добросмыслов А.И. Скотоводство в Тургайской области. Оренбург: Тургайский обл. стат. комитет, 1895; *Арғынбаев Х.* Қазақтың мал шаруашылығы жайында этнографиялық очерк. Алматы: Ғылым, 1969; Қазақ совет энциклопедиясы. Бас ред. М.Қ. Қаратаев. 9-том. Алматы: ҚСЭ, 1976; Хозяйство казахов на рубеже XIX-XX веков. Материалы к историко-этнографическому атласу. Алма-Ата: Наука, 1980; *Жақыпов Ә.* Түйе өсірушінің түсіндірме сөздігі. Алматы: Қайнар, 1989; Шанырақ. Үй-тұрмыс энциклопедиясы. Бас ред. Р.Нұрғалиев. Алматы: ҚСЭ, 1991; Қазақ дәстүрлі мәдениетінің энциклопедиялық сөздігі. Құраст. А.Құралұлы. Алматы: Сөздік-Словарь, 1997; Қазақ тілінің аймақтық сөздігі. Құраст.: Ф.Қалиев, О.Нақысбеков, Ш. Сарыбаев, А.Үдербәев және т.б. Алматы: Арыс, 2005; *Манкеева Ж.А.* Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері. Алматы: Жібек жолы, 2008; ҚӘТС. 11 том. Алматы: Арыс, 2009; *Кенжеасхметұлы С.* Қазақ халқының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. Алматы: Атамұра, 2010; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МҰРЫНДЫҚ² – ұршық басына, арба дөңгелегіне т.б. заттардың басына көлденеңінен өткізілген темір немесе ағаш тетік. М. ұршық басында жіпті іліп қою үшін өткізілсе, ал арба белтемірінің басындағы тесікке өткізілген М. дөңгелектің шығып кетпеуі үшін өткізіледі. Сол сияқты басқа да заттарға өткізілген М.-тың кез-келгені оның шығып кетпеуін қамтамасыз етеді. Бұлайша мұрындықтап қана қою күнделікті қолданыстағы кейбір заттарды оңай шығарып алуға немесе тез арада бекіте салуға жеңіл әдіс

МҰРЫНДЫҚ

болып саналады. Мысалы, күнделікті ашылып-жабылатын есіктерге де ағаштан не темірден М. өткізе салу жиі кездеседі.

Ұршықтың басына өткізілетін М. ұзындығы бір елідей ғана, жінішке ағаш болады. Жүн иірінде жүнді шүйкелегеннен кейін оның бір шетінен созбалап алып, шүйкені сол қолдың сыртынан саусаққа шалып алады да, шүйке ұшын ұршық М.-на іледі.



Ұршық мұрындығы. Ұлы Петр атындағы антропология және этнография музейі (Кунсткамера) қорынан (1199-204)

Бұдан кейін сол қолмен жіпті көтеріп тұрып, оң қолмен ұршықты санның сырт қапталына сүйкей айналдырады. Осылайша иірілген жүн ұршық тасын басып өтін сапка оралады. Ал, жүннің иірілген жағы ұршық М.-нан қайта ілініп, шүйкелі жүн қайта созбаланып иіру жалғаса береді. Жіп ұршық сабына толғанда аталмыш М. суырылып, одан кейін осы жақтан ұршық тасы алынып, жіпті шығарып алады (қ. **Жүн; Ұршық**).

Әдеб.: Қазақ Совет энциклопедиясы. Бас ред. М.К. Қаратаев. 9-том. Алматы: ҚСЭ, 1976; Шаңырақ. Үй-тұрмыс энциклопедиясы. Бас ред. Р.Нұрғалиев. Алматы: ҚСЭ, 1991; Қазақ дәстүрлі мәдениетінің энциклопедиялық сөздігі. Құраст. А.Құралұлы. Алматы: Сөздік-Словарь, 1997; Қазақ тілінің аймақтық сөздігі. Құраст.: Ғ.Қалиев, О.Нақысбеков, Ш.Сарыбаев, А.Үдербаев және т.б. Алматы: Арыс, 2005; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МҰРЫНДЫҚ АПА / МҰРЫНДЫҚ АНА – ұзатылған қыз (келіншек) көшін бастап келе жатқан қыз анасы немесе жемгесіне, сонымен бірге жігіт жақтан шаңырақ түйені бірінші болып ұстаған адамға айтылатын атау. Ұзатылған қыз көші ауылынан ұзап күйеу жұртына жақындағанша *қыз көші*, ал жігіт ауылына жақындағаннан бастап *келіншек көші* деп аталатын болған. Осы салтанатты көшті бастаған түйе басқаларынан карағанда ерекше безендіріліп, оған келінге тігілетін отаудың шаңырағы артылған. Бұл түйе *шаңырақ түйе* деп аталатын болған. Шаңырақ түйені әдетте атқа немесе түйеге мінген адам жетектеп жүрген. Көш жолында кездескен ауылдың әйелдері, жастары шаңырақ артылған түйені жетектеп келе жатқан ат ноктасынан немесе түйе бұйдасынан ұстап кәде сұраған. Кәдені қыз шешесі немесе жемгесі беретін болған. Олар келіншек пен күйеуге бақыт тілеп, жол болсын айтады.

Келіншек көші жігіттің ауылына жеткенде, шаңырақ түйені ауыл-үйде беделі бар егделеу әйел бұйдасынан ұстап есік алдына жетелеп келеді. Қыз шешесі немесе жемгесі оған арнайы әкелген *«түйемұрындық»* кәдесін береді. Бұл әйелді келін жақсы көріп М. а. атаған (қ. *Келін; Қыз көші / Келіншек көші*).

Әдеб.: Диваев А. О свадебном ритуале киргизов Сыр-Дарьинской области // ИОАИЭКУ. Кн.4. 1900. С.1-27; Құдайбергенова А., Бекбалақ Қ. Оңтүстік Қазақстан қазақтарының әдет-ғұрпы мен салт-дәстүр ерекшеліктері // Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет ғұрыптары. 1-том. Біртұтастығы және ерекшелігі. Құраст. С.Әжіғали. Алматы: Арыс, 2005. 200-225 бб; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МҰРЫНСА – етік тігуге арналған қалып үстіртінің халық тіліндегі атауы. Оны етікшілер алмалы-салмалы етіп бөлек ағаштан жасайды (қ. *Емікші; Үстірік*).

ҚР MOM қорындағы (КП 10419/1) етік қалып ағаштан екі бөлек етіліп жасалған. Бір бөлігі қалыптың «табан ағашы» болса, оның бас жағынан әрі үстіңгі жағынан беттесіп келетін екінші бөлігі М. деп аталады.



Мұрынса. ҚР MOM қорынан (КП 10419/1)

М. табан ағашқа жінішке тілінген былғары таспамен ұстатылған. Етік қалыптың ұзындығы 24 см, биіктігі 9 см.

Әдеб.: Диалектологиялық сөздік. Алматы: Арыс, 2007; ҚӘТС. 11-том. Алматы: Арыс, 2009; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МҰСА ПАЙҒАМБАР – (Муса, Моисей) – қазақы таным бойынша Алланың ерке пайғамбары деп ат алған әрі Құранда аты белгілі болған, кітап түскен төрт мұрсал пайғамбардың бірі. Пайғамбарлар туралы аңызда тұңғыш рет Алла Тағаланы көру талабын білдірген Мұса (ғ.с.)-ға Мысыр жерінде от болып елестейді. Хақтың әмірімен Мұса пайғамбар бір құдайлық діпді насихаттай бастайды. Оның көмекшісі өзінің інісі Харун болған. Мұса (ғ.с.) пайғамбарға Синай (Тұр) тауында Алла тарапынан қасиетті кітап Тәурат түсті. Аңызда Мұса пайғамбарды перғауын еліне бір Аллаға мойынсұнуды уағыздауы тиісті екенін жеткізеді. Ол Исрайыл еліне түскен пайғамбар (қ. *Жүз жиырма төрт мың пайғамбар*). Халық арасында Мұса, Мұсабек, Мұсахан, Мұсайын, Мұсажан деген есімдер кезігеді.

Әдеб.: Құран кәрім. Х.Алтай аудармасы, Медине: Құран Шәриф, 1991; *Насируддин Бұрхануддин Рабғузи*. Пайғамбарлар қиссасы. Алматы: Таймас, 2008; *Баранов Х. К.* Арабско-русский словарь. М., 1985; *Оспанов С.И.* Арғы тектану негіздері. Алматы: Полиграфия сервис ик, 2009; *Қалмаханұлы С.* Пайғамбарлар тарихы. Алматы: Көкжиек-Б, 2011.

МҰСЫЛМАН – ислам дінін ұстанушыларды білдіретін ұғым. *Ислам* дінін ұстанған М.-дар негізінен *сунниттер* мен *шииттер* болып екіге бөлінеді (қ. *Ислам*). Оның

ішінде сунниттер өз ішінен: имам ағзам Әбу Ханифа мазһабы, имам Шафи мазһабы, имам Мәлики мазһабы, имама Ахмет Ханбали мазһабын ұстанушылар болып төртке бөлінеді. Бұлардың барлығы мұсылмандықтың ең тура да дұрыс жолдары ретінде сан ғасырдан бері келе жатыр.

М.-дар күллі ғаламды, бүкіл тіршілік әлемі мен құбылыстардың барлығын жаратушы және олардың әміршісі – Алла Тағала деп түсінеді (қ. *Алла Тағала*). Сонымен қатар, Алла Тағала адамдарға жол көрсетіп, өмір сүру қағидаларын үйрету үшін елші ретінде пайғамбарларды жіберіп отырған және олардың ең соңғысы Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбар деп мойындайды. Сондықтан, әрбір М. «*Ла иллаһа иллаллаһ, Мұхаммәду расулаллаһ*» («Алладан басқа құдай жоқ, Мұхаммед оның елшісі») деп Алла мен оның соңғы елшісіне деген шексіз сенім белгісі ретінде айтылатын қысқаша сиыну сөзі *кәлиманы* жиі қайталап айтып жүреді (қ. *Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбар; Кәлима айту / Кәлимаға тілін келтіру*). М.-дар арасында Алланың адамдарға сыйлаған сөзі ретінде белгілі қасиетті кітабы – *Құран Кәрімнің* 23 жыл бойы Жәбірейіл періште арқылы Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарға түсірілгендігі айтылады (қ. *Құран / Құран Кәрім*). *Құран Кәрім сүрелері* мен сүрелердегі *аяттарда* айтылған, қойылған талаптарын М.-ның бұлжытпай орындауы міндетті саналады (қ. *Аят; Сүре*). М.-дар өз ғұмырында – Аллаға *иман келтіру, намаз оқу, ораза ұстау, зекет беру және қажылыққа баруды* міндеттейтін исламның *бес парызын* орындап отырады (қ. *Мұсылманның бес парызы*). *Құран Кәрім* қағидаларына қайшы істерді істеу – *күнә* (қ. *Күнә*). *Құраннан* кейінгі екінші тұрған *Сунна (суннат, сүннет)* – Мұхаммед (с.ғ.с.) айтқан қағидалары мен шешімдері болып табылады. Оны – *хадистер* деп те атайды (қ. *Хадис*). *Сунналарды* орындамау *күнә* болып саналмағанмен, *Қиямет Қайым күні* Мұхаммед пайғамбардың шапағатына бөлене алмайды деп саналады (қ. *Қиямет Қайым / Қиямет күні*). *Хадистерде* кез-келген істі «*бисмиллаһир рахманир рахим*» деп бастау, *әдепті болу, таза жүру*, ер кісілердің бес уақыт намазды *жамағатпен* оқулары сияқты алуан түрлі қағидалар айтылады (қ. *Жамағат / Жамғат; Намаз оқу*). М.-дар арасындағы құқықтық істерді қарастыру үшін *Құран мен Сунналар негізінде* құрастырған *Шарифат* нұсқаулар жинағы (зандары) пайдаланылады (қ. *Шарифат*).

Қазақ даласындағы мұсылмандық.
Қазақ даласына Х ғ.-дың басынан бастап ислам діні таралып жергілікті тайпалар мұсылмандана бастаған. Қараханид мемлекетінің билеушісі Сатук Богра Қарахан 960 жылы исламды мемлекеттік дін деп жариялады. XII ғ.-да Ясы (Түркістан) қаласында өмір сүріп *әулие* деп танылған Әзірет сұлтан, яғни, Қожа Ахмет Иасауи (1103 – 1166) қазақ даласының жаппай мұсылмандыққа бет бұруына аса зор ықпалын тигізді. Қожа Ахмет Иасауи *Құран мен шарифатты* түсіндіруге арналған *Диуани*

хикмет (Даналық кітабы) атты еңбегін жазып, ол кітап қазақ даласының мұсылмандықты кенінен менгеруіне үлкен мүмкіндік жасады (қ. *Әзірет сұлтан; Әулие*). Қазақ даласындағы мекендеген ру-тайпалар сунниттің төрт мазһабтың бірі – *Әбу Ханифа мазһабын* қабылдай бастады.



Меккедегі әл-Харам мешіті және қағба. ҚР МӨМ жұмыс қорынан

Қазақ даласындағы ру-тайпалардың мұсылмандануының өзіндік ерекшеліктері болған. Мұнда Исламның негізгі қағидалары әскери басқыншылықсыз, күштеусіз, жазалаусыз-ақ орнықты. Адамдар бұл дінді өз ықтиярымен, тіпті ынта-жігерімен қабылдады. Сондықтан да ислам дінін насихаттаушыларды *қожжа* деп танып, ерекше құрметтегендіктен оларға ерекше әлеуметтік орын беріліп – *ақсүйектер* қатарына жатқызылған. Қожалар қазақ қоғамында құқықтық жағынан көптеген артықшылықтарды пайдаланған (қ. *Ақсүйек'; Қожжа*). Мәселен, қожалар мұсылмандықты таратушылар болғандықтан ешқашан өлім жазасына кесілмейтін. Ал қожаны өлтіргені үшін 2000 қой төлеу жазасы кесілетін болған (қарапайым қазақтың құны 1000 қой болып есептелген). Молдалар мен өзге де мұсылмандық дін өкілдерінің уағыздарын халық ыждаһатпен тыңдап, қалтқысыз атқарып отырған. Олардың мұндай құқықтық артықшылықтары Ресейдің отарлауына байланысты ғана біртіндеп төменшіктеліп, Кенес үкіметінің билігі орнағаннан кейін ғана жойылып, қуғын-сүргінге ұшырады.

Қазақ даласына тараған Әбу Ханифа мазһабы – ежелден келе жатқан көшпелі ортаның тіршілік әрекетіне сәйкес қалыптасқан көне салт-дәстүрлерінің (ғұрыптарын, ырымдар мен тыйымдардың) негізгі бөлігін теріске шығармай, түбегейлі өзгерістерге ұшыратпай, олармен өзара ықпалдаса отырып енді. Яғни, ежелден келе жатқан салт-дәстүрлер мен исламның қағидалары өзара бейімделіп, Ислам діні қазақ жеріндегі ежелге дүниетанымға, наным-сенімге өзіндік тұрғыдан



түсінік бере бастаған. Осылайша ежелден келе жатқан ырым-тыйымдар мен мұсылмандық қағидаларының араласып кеткені соншалықты көпшілігін ажырату мүмкін емес. Тіпті, ертеден келе жатқан ырым-тыйым, жол-жоралғыларды мұсылмандық деп тану бел алған. Шокан Уәлиханов казак даласындағы мұсылманшылық жайында былай деген еді: «...Шаман діні қазақтарда мұсылман нанымдарымен араласып кеткен. Сөйтіп әбден араласып алып, мұсылман діні деп аталатын бір дін болып шыққан. Сонымен қатар аруақтарға сиынып, мұсылман әулиелерінің моласының басында мал соятын болған. Бақсыға сеніп, Мұхаммед қожаларын құрметтеген, олар отқа табынған, ал бақсылар аруақ, жынмен қатар мұсылман періштелерін де шақырып, Алланы дәріптеген. Міне, бұл сияқты қайшылықтар бір-біріне еш кедергілік жасамаған, ал қазақтар осылардың бәріне бірдей сене берген». Қазақтың көне наным-сеніміндегі Тәңірінің орнына ислам дінімен Алла Тағала атауы келгенімен, казак даласында аталмыш атауларды мағынасы бір сөздер ретінде қолдану дәстүрі қалыптасты. Яғни, мұсылмандықты қабылдай отырып Алла Тағаланы білдіру үшін казактар көне түркілік – Тәңір, Жаратқан ие, Жасаған деген атауларды және сонымен қатар парсылық Құдай сөзін де қатар қолданған (к. Тәңірі; Құдай; Жасаған; Жаратқан). Осылайша аталмыш көне түркілік атаулар қолданыста қалып қойып, халықтың ұғымында олардың мағыналары бір Алланы білдіретін болып кетті. Бүгінде бұл ұғымдар тек ғылыми тұрғыдағы зерттеулерде ғана ертедегі мағынасында қолданылады.

Қазак даласындағы ру-тайпалардың елдігіне, бірлігіне, тыныштығына үлкен пайдасы болған көптеген

қағидаларға ислам тарапынан жеңілдіктер жасалған. Мәселен, мұсылмандықтың өзге ағымдары бойынша қатты тыйым салынған істердің бірі – «бейіт жаңғыртуға болмайтындығы». Қазақы ортада ескірген, қираған бейіт құрылыстарын құрбандық шалынып, Құран бағышталып, түрлі ғұрыптық шаралар атқарғаннан кейін қайта қалпына келтіру орын алып отырған. Оның мәні бір жерде орнықпай, үнемі қоныс аударып жүрген казак руларының өз ата қоныстарының заңды түрде ертеден келе жатқандығын дәлелдейтін бірден бір куә – осы ата-баба бейіттері болған. Әркім өзінің кіндік қаны тамған жерінде жерленетін болған. Әрбір ру-тайпа осындай бейітті көрсете отырып бұл жердің де ертеден мұраланып отырғандығын дәлелдеген. Өйтпесе, рулар арасында жерге талас-тартыс туа қалғанда, оның оң шешімін табу өте қиынға түскен болар еді. Сондықтан да көбінесе руға танымал болған беделді адамдардың бейіттері табиғи және басқа да себептермен жойылып бара жатқан жағдайда жаңғырту шаралары жүргізіліп отырған (к. Бейіт жаңғырту). Осыған ұқсас өзге де ертеден келе жатқан салттар ел арасында мұсылманшылықпен астаса отырып жалғасын табуы кездесіп отырады.

Қазак даласындағы мұсылман діни иелері. Қазак даласына мұсылмандықтың келуімен ерте заманнан бері қалыптасқан көптеген сенімдер мен салт-дәстүрлер кейбір белгілерінен айырылып, өзгеріске түсуі, салт-дәстүрлердің мұсылмандық көрініс табуы діни адамдардың ықпалымен жүзеге асқан. Діни адамдар мұсылманшылықты *уағыздап*, өз *насихаттарында* барлық құбылыстарды мұсылмандық тұрғыдан түсіндіріп отырған (к. Уағыз; Насихат). Уағыздар Құран Кәрім



Арыстан баб. ОМЭЭ – материалдарынан



мен хадистерді түсіндіру, діни аңыз-әнгімелерді баяндау, хисса-дастандарды жырлау сияқты түрлі жолдармен атқарылған. Қазақ даласында аса білімді *діндар* адамдар шығып, мұсылмандықты барынша кең тарату үшін мешіт-медреселер салынған (**к. Діндар / Діндар адам**).

М.-дардағы аса беделді діни тұлғалар – *әулие* деп аталған. Мұсылмандарда әулие-әнбиелер қатарына Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардың серіктері мен үрім-бұтақтары да жатқызылады. Мұндай ерекше тылсым қасиет иелерін жалпы – *әулие-әнбиелер* деп атаған. Қазақы ортада оларға коса өздерінің көрінкелдік, алдағыны болжағыштық, көрегендік, сәуегейлік және т.б. қасиеттерімен ел арасында беделге ие болған адамдар әулие аталған. Бұған әулеттің, рудың, тайпаның ата тектері деп саналатын тұлғалар және игі-өнегелі істерімен танылып, ел аузында қалған адамдар, сопылар, бақсылар, дауагерлер, молдалар және басқалар да кірді (**к. Әулие; Әулие-әнбие**). Қазақ арасында көп айтылатын әулиенің ең әйгілісі – Баба түкті шашты әзіз болған (**к. Баба түкті шашты әзіз**). Ол адамды қолдаушы, желеп-жебеуші әулие әрі асқан батыр деп айтылады. Сонымен қатар әулиелік ел арасында өзге де заттарда болады деген түсінік бар. Өзінің пайдасымен танымал болған орындар, ағаштар және т.б. да әулие ұғымымен білдіріледі. Мәселен мола, бұлақ басына немесе айдалада жалғыз өскен ағашта *әулиеағаш* деп атаған. Ондай ағашқа ырымдап ақтық шүберек байлайды (**к. Ақтық / Ақтық байлау**). Сонымен қатар әулиелі орындар деп, арнайы үңгірлер мен молаларға барып түнеген, құран бағыштап отырған.

Ислам дінін уағыздаушы сақабалардың тағы бір тобы – *баб* деп аталды. Қазақстанның оңтүстік өлкесінде ерекше үлкен беделге ие болды. Арыстан Бабты барлық бабтардың атасы ретінде қарайды. «*Сайрамда бар сансыз баб, Түркістанда түмен баб, Бабтар бабы – Арыстан баб*» деген сөз ел арасында жиі айтылады. Арыстан Бабтың көп шәкірттерінің бірі Қожа Ахмет Ясауи қазақ даласына мұсылмандықтың тереңдеп енуіне жол салған. Халық арасында Бабтар беделі әулие-әнбиелерге тең айтылады (**к. Баб**).



Әзірет Сұлтан . Т.С. 275-том (СПб., 1879) атты жинақтан

Діни тұлғалардың ішінде ертеректе өте атақ-абыройлы болғандар *сопылық* жолды ұстанушылар болды. Ертеден

бастау алатын сопылық жол кейіннен мұсылманшылықпен біте қайнасып, жаңа сипатта көрініс берді (**к. Сопы**). Сопылық ұстаным бойынша мұсылмандықтың бес парызымен қатар *зікір* де міндетті түрде атқарылған (**к. Зікір**). Ел өмірінде өзіндік орыны болған келесі бір діндар адамдар тобы діни сауаты аса жоғары – *ишандар* болды. Олар мұсылмандықтың имандылық-тәрбиелілік қасиеттерін үгіттеумен, халықтың діни сауатын ашумен айналысып, діни оқу орындарын – *медреселерді* басқарды (**к. Медресе**). Ишандардың арасынан ертеден сақталып келе жатқан дәстүрлі ем жасау тәсілдерін мұсылмандық тұрғысынан түсіндіріп, құран сүрелерімен емшілік жасай білетін аса беделді ишандар да болған (**к. Ишан**). Дін ғұламасы болып саналатын ишандар мен өзге де діни қызметкерлердің ізбасар-шәкірттері – *мұриттер* деп аталған (**к. Мұрит**). Мұсылмандықтың жолын ұстанып, өмірін тек қана дінге арнаған келесі бір діндар адамдардың тобы – *дәруіштер* болды. Олар бұл дүниенің барлық қызығынан бас тартып, бар өмірін құдай жолына арнаған. Олар үйсіз-күйсіз ауыл-ауылды аралап күнін көріп, діни үгіт-насихат жүргізген (**к. Дәруіш**). Мұндай дәруіштерді қазақ халқы мүсіркеп, ешқандай жамандық жасамайды. Керісінше қонақ етіп қондырып, тамақтандырып, азық-түлігін беріп шығарып салып отырған. Діндар адамдардың осыған ұқсас келесі бір тобы – *диуаналар* болды. Диуаналар шамандық пен сопылықты қатар алып жүретіндер ретінде танылған. Ол бақсылық салттың (емшілік, сәуегейлік, көрінкелдік) жұрнағын жалғастырушы, дәнекерші тұлға ретінде де белгілі (**к. Диуана**).

XVIII ғ.-дың екінші жартысынан бастап қазақ даласында діни ұстаз және молданың қызметін атқарушы діндар адам – *ахундар* болған (**к. Ахун**). Олар қазақ даласына Орта Азияны билеген Бұхар хандығынан келген лауазым. Кейінгі уақытта елдегі мұсылман қауымының басшысы ретінде *мұфти* лауазымы кең тарай бастады (**к. Мұфти**). Мешітті басқаратын әрі намаз үрдісін ұйымдастыратын діни қызметші – *имам* деп аталған. Имам намазға сауатты басшылық жасай алатын, ислам қағидаларын жетік біліп, оны ел-жұртқа дұрыс түсіндіре алатын, діни ғұрыптарды жақсы білетін адамдардан тағайындалған. Қазақ даласында Имам сүнниттердің жолы бойынша жамағат-намаздарда алда тұрып намазды басқарады. Жамағат болып намаз оқығанда имам болмаса, онда міндетті түрде өз арасынан «имам» ретінде намазды басқарушы адам сайлаған (**к. Имам**). Ел арасында дінді түсіндіріп, түрлі мұсылмандық ғұрыптарды атқаруға басшылық жасап отыратын діни адамдар – *молдалар* болды. Қазақ діни сауаты бар, қазақтың арасындағы қалыптасқан барлық діни ғұрыптарды білетін адамды – *молда* деп мойындап, оның айтқандарын басшылыққа алып отырған (**к. Молда**). Көшпелі қазақ қоғамында молдалар әсіресе адамды ақыреттік сапарға шығарып салуға қатысты ғұрыптарды атқаруда, неке кию және сүндет тойларына міндетті түрде шақырылып, ғұрыптардың дұрыс атқарылуына басшылық

жасаған. Сонымен қатар, молдалар ел арасында бала оқытумен айналысып, құран мен хадистерді және басқа да мұсылмандық ғұрыптарды үйретуші басты діни тұлға ретінде танымал болған.



Әзірет Сұлтан мешіті михрабы.
ОМЭЭ - материалдарынан

Мұсылманда дін жолындағы қызмет істейтін адамдардың бірі негізінен отырықшылық аудандарға тән – қазы болып табылады. Қазақ қоғамында даудамайларды мұсылмандық құқық қағидалары бойынша шешу қазының қолында болған. Қазының билігі тек ғана шарият заңдылығына сәйкес жүргізілді. Қазақ қоғамында дауды шешу негізінен ел тарапынан мойындалған билер жүргізсе, қазыларды басшылар арнайы тағайындайтын болған (қ. *Қазы*² / *Қазы*).

Қазақ даласындағы діни қызметкерлердің киімі өзгелерге қарағанда басқаша болған. Олардың киген киімінен-ақ діни қызметкер екендігі анық байқалып тұратын. Дін қызметкерлері киген киімдеріне *лапас*, *мәлле*, *женде*, *кемер*, *ихрам*, *дастар*, *сәлде* т.б. жатады (қ. *Дастар*; *Ихрам*; *Сәлде*).

Қазаққа мұсылмандықпен келген ұғымдар, түсініктер, салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар.

Мұсылмандық адамды игі істерге бастайтын дін. Осыған орай мұсылмандық ұғымдар, түсініктер, қағидалар негізінде сан алуан салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар, ырымдар мен тыйымдар жүйесі қалыптасқан. Қазақ жерінде ерте дәуірлерден келе жатқан даланың қатаң тәртіптерін біртіндеп енген мұсылмандық біршама жұмсартып, қазақ қоғамының өзгеше жолмен дамуына жол ашты. Енді қазақ даласындағы мызғымас қатаң тәртіп пен қатаң жазаның орнына біртіндеп кешірімшілдік, адамгершілік, көркем мінезділік сияқты

гуманистік қағидалар бой ала бастады. Қазақтың заңдар жүйесіндегі жазалаудың ауыр түрлері жекелеген салаларда біртіндеп жойылып, орнына жазаның жеңіл түрлері мен өтемін беру дәстүрлері енді. Осылайша қазақ ежелден келе жатқан «қанға – қан, жанға – жан» принципінегі даланың қатал заңдары негізінде қалыптасқан «ата-баба жолы» мен кешірімшілдікке, кішіпейілдікке негізделген «мұсылманшылық жолды» қатар ұстанып, нәтижесінде бұл екі жол өзара астасқандығы соншалықты, оның ара-жігін ажыратудың өзі оңай емес (қ. *Ата-баба жолы*). XIX ғ.-дан бастап мұсылманшылық жол үстемдік алып, көптеген ертеден сақталып келе жатқан дәстүрлер ығыстырыла бастады. Мұсылманшылықты Патшалық Ресейдің шоқындыру саясаты мен совет өкіметінің дінсіздендіру саясаты тоқырауға ұшыратты.



Қызылорда қаласындағы Айтбай мешіті.
Қалпына келтірілген. ОМЭЭ - материалдарынан

Қазақ арасында ислам дінімен келген көптеген қасиетті саналатын ұғымдар (жерлер, айлар мен күндер) бар. Мұсылмандарда үш қасиетті ай қатар келеді. Олар, *ережеп* – Алланың айы, *шағбан* – Пайғамбардың айы, *рамазан* – жалпы мұсылмандардың айы ретінде айтылады. Мұсылмандардағы құрметті айдың бірі – *ережеп айы*. Бұл қасиетті айларда мұсылмандар құлшылығын күшейтіп, түрлі ғұрыптар атқарған. Қазақы ортада осы мезгілде үш күндік нәпіл ораза ұстау дәстүрі қалыптасқан (қ. *Ережеп айы*). *Ережеп* пен *рамазан* айын жалғастыратын қасиетті ай – *шағбан айы*. Бұл ай алдағы рамазан айының келетіндігін білдіреді (қ. *Шағбан айы*). Қасиетті төрт айдың бірі Ораза айын – *рамазан айы* деп те айтады. Ислам дінінің бес парызының бірі бойынша рамазан айында отыз күн *ораза* ұстайды (қ. *Ораза*). Осы айда адамдар ашу-ызасын ұмытып, араздық болса татуласады, қателіктерді кешіреді. Ораза кезінде кешкісін бір-бірін кезекпен *ауызашарға* шақырысып отырады (қ. *Ауыз ашар*). Кешкісін немесе түнде ұл балалар үй-үйді аралап *жарапазан* айту дәстүрі бар (қ. *Жарапазан*). Сонымен қатар, әрбір адам

мешітке *нітір садақасын* апарып беріледі (**к. Пітір; Садақа**). Мұхаммед пайғамбарға (с.ғ.с.) пайғамбарлық ету бұйырылып, Құран Кәрім түскен мұсылмандардың қасиетті төрт түнінің бірі саналатын – *қадір түнін* қазақтар ғибадат етумен өткізін, таңға дейін ұйықтамай тілек тілеген. Қазақта *қадір түні* деп белгіленген түні мол дастарқан жайылып, туған-туыстарымен, көрші-қоландарымен бірге намаз, дұға оқып, әңгіме-дүкен құрып түнді өткізу үрдісі қалыптасқан (**к. Қадір түні**). Оразаның ақырғы түні *арапа* деп аталады. Қазақ арасында кей аймақтарда айт алдындағы күні кешке дастарқан жасап, қонақ шақыруды *арапаға шақыру* дейді. Ораза айы біткеннен кейін үш күндік *Ораза айты* мерекеленеді. Айттық таңғы намаздан басталады да, адамдар үйді-үйге кіріп, айтқа арнап жайған дастарқаннан дәм ауыз тиеді (**к. Айт; Айт намазы; Ораза айт**). Айттық күндері әр үйде дастарқан жайылып, таза киінген адамдар бір-біріне *«Айт мүбәрәк болсын, айт мереке болсын! Айт құтты болсын! Айтсын, жақсылығы бірге болсын!»* деген сияқты жақсы тілектер айтылып, өзара құттықтасады. Ораза кезінде және айт күндері қайтыс болғандар иманды адамдар деп саналады. Қажылыққа баратын ай – *зұлхижа* деп аталады. Ертеректе осы айда Мекке қаласына жететіндей есеппен қажылыққа аттанатын болған. *Қажылыққа бару* – мұсылмандардың негізгі бес парызының бесіншісін өтеу болып табылады. Онда Меккедегі қасиетті орындарға зиярат етіп қайтатын болған. Қажылыққа аттанушыларды көптеген ел жиналып, арнайы шығарып салған. Қажылық сапары ұзақ та ауыр болғандықтан жасы үлкен адамдар «жолда қайтыс бола қалған жағдайда қасиетті туған жердің бір уыс топырағы бұйыртысын» – деп топырақтан орамалға түйіп немесе тұмар етіп тігіп алатын болған (**к. Тұмар**). Қажылыққа барып қайтқан адам – *қажы* деп аталып, ел ішінде ерекше беделге ие болған (**к. Қажы; Қажылық**). Қажылықтан оралған адам өзімен бірге Меккедегі қасиетті құдықтан алынатын *зәмзәм* суын ала келетін. Сондықтан еліне орала салысымен барлық туыстары мен жақындары жиналып, осы зәмзәм суынан ауыз тиетін дәстүр бар (**к. Зәмзәм**). Мұндайда зәмзәм суы көпшілікке жетуі үшін бір ұрттамнан ғана ауыз тиген немесе үлкен ыдыстағы таза тұнық суға қосып, араластырып жіберіп таратылатын. Қазақтар арасында сирек те болса қажылықтың – *бәдел қажылық* деп аталатын түрі кездескен. Мұндайда қажылыққа өсиет етуіне байланысты өзінің емес, өзгенің атынан барып келген (**к. Бәдел қажы**). Қажылықтың – *умра қажылық* деп аталатын жылдың кез келген уақытында орындалатын түрі де орындалған (**к. Умра қажылық**). Мұнымен қатар қазақы ортада *кіші қажылық* деген ұғым кездеседі. Бұл жөнінде ел арасында түрлі пікірлер бар. Кейбіреулер *кіші қажылық* деп – умра қажылықты айтса, келесі біреулер өз еліндегі исламдық әулиелердің, қадір-қасиеті аса жоғары танымал орындарға баруды түсінеді. Осыған орай ел арасында Түркістандағы Арыстан баб пен Қожа Ахмет Иасауидің кесенесіне барушылар

көптеп кездеседі. Сонымен қатар кіші қажылық деп Иерусалимдегі мұсылмандар арасындағы аса қасиетті деп саналатын үш мешіттің бірі – әл-Ақса мешітіне бару жөніндегі пікірлер де кездеседі (біріншісі Меккедегі Қағба мешіті, екіншісі Мединедегі Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) мешіті). Меккеге қажылық айының аяқталуына сәйкес *Құрбан айт* мейрамы келеді. Бұл мейрам кезінде адамдар жағдайына қарай құрбандық шалып таратады. Құрбан шалушыға *«Құрбандық қабыл болсын!»* деген тілек айтылады (**к. Құрбан айт**).

Қазақтар арасында өзге мұсылмандар тәрізді әр аптаның жұмасы қасиетті күн болып саналады және бұл күні кір жуу сияқты шаруашылық және тазалық істеріне тыйым салған. Отырықшы елді мекендерде міндетті түрде мешітке барып, жамағатпен *жұма намазын* оқып, уағыз тыңдаған. Көшпелі ортада жұма күні *жеті шелпек* пісіріп, аруақтарға Құран бағыштап *дұға оқу* кең тараған (**к. Жеті шелпек; Дұға**). Бұл негізінен бейсенбі күні түс ауа және жұма күні түске дейін орындалатын болған. Аруақтар Құран дәметеді деп, осы күнге орайластырып *құдайы тамақ* та таркатады (**к. Жұма; Құдайы тамақ**). Осыған орай кісі қайтыс болған үйде сол адамның қырқына дейін әр бейсенбі күні дұға бағыштап, тамақ беру дәстүрі де бар (**к. Бейсенбілік / Бейсенбісін беру**).

Қазақта дұға оқығаннан кейін және бата берілгенде *қос қолды жайып*, артынша *әумин* деп бет сипау әдеті бар. Бұл *қабыл болсын* дегенді білдіретін діни ғұрыптық сөз болып табылады. Қазақы ортада жолы немесе жасы үлкен адамнан бата тілеген жас бала бас салынған табакты тартар алдында *әмин* дейді (**к. Әумин / Әмин**). Осыдан кейін аска бата беріледі (**к. Бата**).



Айшық орнатылған киіз үй. ҚР МОМ қорынан (ФКП 1499)

Қазақта Құранның аяттарын емдеу, арбау үшін пайдалану дәстүрі бар. Ол үшін дұғаны оқу немесе қағазға жазу тәсілдері қолданылған. Дұға жазылған қағазды *тұмар* ретінде пайдалану немесе суға салып *ішіркі* жасау тәсілдері кең тараған (**к. Ішіркі**).

Қазақта құдайға құлшылық етіп, *тасбих* тартып отыру кең таралған. Тасбих – жінке тізілген 33 дана моншақ



түрінде болады. Ол жеміс сүйектерінен, асыл тастардан және т.б. заттардан даярланған (к. *Тасбиx*).

Мұсылман дінінің белгісі ретінде саналатын *айшық* мешіт күмбезінің, қабір басына орнатылған ескерткіш құрылыстардың ұшар басына, қоршауларына орнатылып, *қабіртастарға* кашалып салынатын болған (к. *Қабіртас*). Қазақтардың әскери байрақтарының ұшына айшық бейнесі салынып, Алла есімі, Құранның аяттары жазылған (к. *Айшық*).

Қазақта мұсылманшылық дәстүр бойынша *адал* және *арам* деген ұғым қалыптасқан (к. *Адал; Арам*). Осыған орай тамақ ретінде жаратуға болатын немесе болмайтын жануарлар мен тағамдар бар. Мұсылмандық принциптерімен шөпкоректі аң-құсты «адал» жануарларға жатқызады (к. *Адал жануар*). Адал жануарлардың етін азыққа пайдаланудың да өзіндік қағидалары бар. Мұндай жануарларды тек жаны шықпай тұрып *бауыздалған* және еті *арамданбаған* болғанда ғана азыққа пайдаланған. Ол үшін алдымен малға бата жасалады. Көбінесе бата: «*Бисмилла, сенде жазық жоқ, менде азық жоқ, Аллаху акбар!*» – деп қысқаша жасалады да, малдың аяғын байлап, басын құбылаға қаратып тамағынан пышақпен бауыздайды (к. *Бауыздау; Бата; Мал сою*). Бауыздау кезінде ағатын бауыздау қан *арам қан* болып саналады (к. *Бауыздау қан*). Құрт-құмырсқалармен, өлекселермен қоректенетін, ін салатын және жыртқыш аң-құстар «арам» жануарлар болып саналады. Сонымен қатар мұсылмандық тыйымға орай кейбір шөпкоректі жануарлардың (есек, шошқа) етін пайдалануға тыйым салынған. Арам өлген малдың, аң-құстың *өлігі*, сасып-шіріген *өлексесі*, арам хайуандар (ит жалап кеткен) мен жәндіктер тиген тағамдар, қан, жын, дәрет тектес нәрселер тамған азық-түліктер, арақ-шарап сияқты естен айыратын ішімдіктер арамға саналып, оларды тұтынудан бас тартқан (к. *Адал ас*). Арам ретінде саналатын нәрселерді тек *зәрушілікке* (жоктыққа, емдікке) орай пайдаланған (к. *Зәрушілік*).

Қазақта атқарылатын мұсылмандық ғұрыптар. *Азан шақырып ат қою.* Қазақта мұсылмандық дәстүр бойынша жаңа туған нәрестеге *азан шақырып ат қоятын* болған. Баланың басын Құбылаға қаратып, ұл баланың оң, қыз баланың сол құлағына қойылатын есімді үш мәрте қайталап айтады. Келесі құлағына Құранның сүрелер оқылады. Бұл рәсім үш рет қайталады да, артынша дұға оқылады. Одан кейін үлкендер бата беріп, баланың жақындарына тілектер айтылады (к. *Азан шақырып ат қою / Азан шақырып, қазанның құлағын қағып ат қою*).

Сүндеттеу (*сүндетке отырғызу*) – ұл балаға қатысты орындалатын мұсылмандық ғұрып. Қазақтар сүндеттеуге ерекше құрметпен қарап, адам өміріндегі маңызды кезең саналған. Осы кезден бастап балаға *мұсылман болдың* дейтін болған. Сүндеттеу ұл бала 3, 5, 7 сияқты так

жасқа келгенде орындалған (к. *Сүндеттеу / Сүндетке отырғызу*).

Мұсылмандық түсінік бойынша қыз бала тоғыз жаста, ұл бала он үш жаста *балиғатқа* толады. Осыған орай қазақта «*он үште отау иесі*» деген мақал да айтылады. Дегенмен, мұнымен қатар қазақты дәстүр бойынша бұл сәл өзгешедеу де айтылады. Көбінесе қазақта қыз бала он үш жаста, ұл бала он төрт-он бес жаста балиғатқа толады деп есептелген (к. *Балиғатқа жету*). Балиғатқа толғаннан кейін адам балалықтан кетіп, өзіне-өзі жауап бере алатын, ақыл-есі өз ықтиярындағы ересек ретінде саналған. Балиғатқа толғаннан кейін үйленіп, өз отбасын құруына құқылы болған.

Неке қию. Қазақ ерлі-зайыпты болып шаңырақ көтеруді шарифат жолымен бекітіп – некелерін қиған. Мұсылманшылық бойынша неке қию үшін адамдар балиғат жасына толған және мұсылман болуы шарт. Сондықтан да қазақ өзге діндегілерге қыздарын өз еркімен бермеген және әйелдікке алар болса алдымен мұсылмандықты қабылдатын болған. Неке қиярда молда екі жақтың келісімдерін сұрап біліп, оған куәгерлікке адам талап етеді. Екі жақтың келісіміне көз жеткізгеннен кейін, молда дұға оқылған *неке суын* ішкізіп, куәгерлерге куәлік сөзін айттырады (к. *Неке*). Неке қиылған сәттен бастап олар ерлі-зайыпты деп танылады.

Намаз оқу. Мұсылмандықтың жүктелген бес парызының бірі бойынша намаз оқиды. Отырықшы аймақтарда ислам қағидасы бойынша бес уақыт намаз мезгілі келген сайын *азаншы* (немесе *имам, молла*) *мешіт* мұнарасында тұрып *азан* шақырады (к. *Мешіт*).

Азанды естігеннен кейін мұсылмандар дәрет алып, намазға жығылады (к. *Азан; Азаншы*). Намаз оқудың алдында алдымен сумен *дәрет алады* (к. *Дәрет алу*). Су жоқ болған жағдайда намаз оқудың алдында *дәйім соғып* дәрет алудың нышанын жасаған (к. *Дәйім соғу*).



Мешітте намаз оқу. ОМЭЭ – материалдарынан



Мұсылмандық қағида бойынша дәрет алу тек намаздың алдында ғана емес, сонымен қатар дәреті бұзылғанда, жаназаға қатысканда, мешітке, киелі орындарға барғанда да орындалса, қазақтар арасында емші тәуіптерге, балгерлерге барар алдында да атқарылып отырған. Әрбір мұсылманның намаз оқу үшін өзімен бірге ала жүретін *жайнамазы (сәжде)* болады (қ. **Жайнамаз**). Мешіт жоқ жерлерде таза жерге жайнамаздың бір ұшын *құбылаға* қарата төсеп, екінші жағына өзі құбылаға қарап тұрып *сәждеге жығылады*. Құбыла деп Меккедегі қасиетті Қағбаның орналасқан бағытын айтады және мұсылмандар үшін аса қасиетті болып саналады. Сондықтан да, қазақта ұйықтағанда басын қаратып жататын тұс құбылаға сәйкес келуін қатаң қадағалап отырған. Сонымен бірге мәйітті жерлегенде оның бетін құбылаға қаратып жатқызған (қ. **Құбыла**). Құбыла әр елде әр бағытта болғандықтан, оны шатыстырмау үшін мешітін құбыла жақ шетіне қабырғадан ойылған қуыс – *михраб* жасалады (қ. **Михраб**). Михрабқа қарап осы мешіттегі Құбыла бағытын анықтайды.

Жасы ұлғайған адамдар қайтыс бола қалған жағдайда қажет болар деген барлық ғұрыптық заттарын алдын-ала даярлап қоятын. Жыртысқа қажетті *мата, кебін мен оны тігетін ине-жіп, иманкиіз, шымылдық, сабын, қалампыр*, таза ыдыстар сияқты арулауға қажетті дүниелер *ақырет сандыққа* салып сақталған (қ. **Ақырет сандық; Ақырет / Ақырет кебін; Кебін**). Мұсылманда әл үстінде жатқан адамның қиналысын жеңілдету үшін молдаға дем салғызған. Құран сүрелерін оқи отырып дем салғанда, өлім аузында қиналып жатқан адамның демі кеңіп, біршама тынышталады деп есептеледі (қ. **Дем салу**²). Ондайда адам *тілін қалимаға келтіріп, иманын үйретін* болған (қ. **Иман айту / Иман үйіру**). Сонымен қатар қиналып жатқан науқасқа дұға оқытылған *имансуын* аузына тамызып отырады (қ. **Имансу**). Қазақстанның кейбір аймақтарында имансуды *«мейрам суы»* атау да кездеседі (қ. **Мейрам суы**). Ертеректе өлім аузындағы адамға берілетін асты кей өңірлерінде *атаукере* деп атаған (қ. **Атаукере**).

Мұсылманшылық бойынша қартайып, өз ажалынан қайтыс болуды – *ақ бұйрықты өлім* деп атаған (қ. **Ақ бұйрық[ты] өлім; Өлім**). Қазақта имансуын ішіп, балашаға, туыс-туғандарының алдында армансыз көз жұмған жандарға *«ақ бұйрықты өлім бұйырған екен»* дейді. 63 жастан асып қайтыс болған адамның туыстарына *«пайғамбар жасынан асты»* деп басу айтқан. Ал қазақ арасында елі мен жері үшін аянбай шайқасып қаза тапқан адамдардың өліміне қатысты – *ақ өлім* деген ұғым жиі қолданылған (қ. **Ақ өлім**).

Адам қайтыс болғаннан соң оны жерлеуге байланысты мұсылмандық ғұрыптар атқарылады. Қазақта ер адам қайтыс болса *аза тұтылады* (қ. **Аза**). Мұсылмандық бойынша мәйітті бетін құбылаға қарата үйдің оң жағына арнайы қойылған төсекке жатқызып, төсек алдына шымылдық ұсталады. Өлікке арналған шымылдық тұтас болады (қ. **Шымылдық**). Бұл үрдісті *«оң жаққа салу»* деп

атайды. Осыдан бастап жерлегенге дейін күндіз де, түнде де мәйітті «жалғыз» қалдырмайды. Марқұмның жақын әйел туыскандары қас қарайғаннан таң атқанша көз ілмей «күзетіш» отырады (қ. **Күзету**² / **Мәйітті күзету**). Қазақстанның салқын және қоңыржай аймақтарында мәйіт *ерулеп жерленеді*. Ерулеп жерлеуде алыста тұратын туған-туыстары *топырақ салуға* үлгерсін деген мақсатпен үш күн үйінде қондырылады (қ. **Жерлеу; Ерулеп жерлеу; Топырақ салу**).

Мұсылманшылық бойынша қайтыс болған адамды *ақ жауып арулап қояды* (қ. **Ақ жауып арулап қөю (көму)**). Ақ жауып арулау үшін мәйітті алдымен жуындырады. Қазақта мәйітті жуындыруға қатысуды – *сүйекке түсу* деп атайды (қ. **Сүйекке түсу**). Тазалап жуылғаннан кейін алдын-ала дайындаған кебінмен *кебінделеді* (қ. **Ақырет / Ақырет кебін; Кебін**). *Ақырет* кигізілген мәйітті үйден шығарудан бұрын, *марқұмның* бұл дүниедегі қаза болған намазы, ұсталмаған ораза күндері үшін күнәсін жеңілдету мақсатында молда *«ысқат»* оқып, *дәуір* жүргізеді (қ. **Марқұм; Дәуір жүргізу / Дәуір айналдыру; Ысқат**). Кебіннің сыртынан иманкиізбен немесе кілеммен оралады да, *бесікке* салып сыртқа шығарылады (қ. **Бесік; Иманкиіз**). Осыдан кейін молда марқұмның *жаназасын* шығару салтын атқарады (қ. **Жаназа / Жаназасын шығару**). *Жаназа* намазына жиналған көпшілік дәрет алып, бірнеше қатар болып сап түзеп тұрады. Әр қатардағы адамдар араларын ашпай иыктаса тұрады. Егер аралары ашық болса шайтан өтіп кетеді деп санаған. Жаназа шығаруда молда көпшіліктен: *Бұл кісі жақсы адам ба еді?* – деп сұрайды. Оған: *Жақсы адам*, – деп жауап беріледі. Сонымен қатар: *«марқұмның ешкімге қарызы, берешегі жоқ па?»* – деп сұрап, бола қалса, жақындарына өтеуін тапсырады. Жаназасы шығарылғаннан кейін ер адамдар мәйітті көтеріп немесе түйеге, атқа артып жерлетін қабірге алып келеді (қ. **Қабір**). Мәйітті *көрге* түсірер алдында иманкиізді шешіп алады да, мәйітті *ақымға* кіргізгенше күн сәулесінен қалқалау үшін жайып ұстап тұрады (қ. **Ақым; Көр**). Өлік жерленгеннен кейін кейін молдаға *пидия* беріледі (қ. **Жерлеу; Пидия**).

Өлікті жерлеп болғаннан кейін марқұмға арнап *жетісі, қырқы, жылы, ас беру*, кейбір аймақтарда мұнымен қатар *үші, жүзі* беріледі. Қабірдің басына белгі қойылады немесе кесене тұрғызылады. Мұны ел арасында *басын тұрғызу, тасын тұрғызу* деп түрліше атайды. Мұның бәрі тірінің парызы болып саналады (қ. **Өлікті жөнелту**).

Әдеб.: Алекторов А.Е. О рождении и воспитании детей у киргизов, о правах и власти родительской // ОЛ., 1891. №31, №33; Диваев А. Из области киргизских верований: Баксы, как лекарь и колдун (этнографический очерк) // Известия общества археологии, истории и этнографии. Т. XV. Вып.3. Казань, 1899; Балгымбаев Г. От колыбели до могилы (Очерки киргизского быта) // ТГ. 1904, №48, №50; Кажылык // Қазақ газеті. 1913. №33; Кастанье И. Из области киргизских верований // ВОУК. Оренбург, 1913. №4, 5-6; Диваев А. К вопросу о наречении имен у киргизов // ТВ. 1916, №438; Климович Л.И. Ислам. Очерки. М., 1962; Валиханов Ч.Ч. О мусульманстве в степи. Собрание сочинений. Т.4. Алма-Ата: КСЭ,



1985; *Рассудова Р.Я.* К истории одежды среднеазиатского духовенства // Памятники традиционно-бытовой культуры народов Средней Азии, Казахстана и Кавказа. Л., 1989; *Иссауи Қ.А.* Диуани хикмет. Алматы: Мұраттас, 1993; *Құдайбердіұлы Ш.* Мұсылмандық шарты. Алматы, 1993; Қазақ бақсы балгерлері. Алматы: Ана тілі, 1993; *Толубаев А.Г.* Реликты доисламских веровани в семейной обрядности казахов (XIX – начало XX вв). Алма-Ата: Ғылым, 1994; Шариат. Құраст.: *Н.Осерұлы.* Алматы: Қайнар, 1996; *Қанарбаева Б.* Қазақтың наным-сенімдері. Алматы: Қағанат-ҚС, 1999; *Нуртазина Н.Д.* Ислам в истории средневекового Казахстана (историко-культурологическое исследование). Алматы: Фараб, 2000; *Ибайдуллаева З.Ө.* Қазақ халқының құрамындағы кожалар (тарихи-этнографиялық зерттеу). Тарих ғылым. канд. дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның қолжазбасы. Алматы, 2001; *Өсерұлы Н.* Мұсылмандық қағидалары. Алматы: Өнер. 1994; *Мустафина Р.* Бытовой ислам в Казахстане // Обычай и обряды казахов в прошлом и настоящем. Алматы: Ғылым, 2001; *Исаұлы М.* Жайнамаз // КӨ., 2002, №13; *Әжісәли С., Оразбек Е.* Қазақтардың дінге сенгіштігі // Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. 1-том. Алматы: Арыс, 2005; Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары: біртұтастығы мен ерекшелігі. 1-том. Алматы: Арыс, 2005; *Әлімбаев Нұрсан, Мұхтарова Г.* Қазақстандағы қажылық: XIX – XX ғасырдың бас кезені (қысқаша тарихи очерк) // Қазақстандағы ислам діні: қажылық (XIX – XX ғ. басы). Материалдар жинағы. Ғылыми ред. Нұрсан Әлімбаев. Алматы: Баспалар үйі, 2009. 3-19 бб; Ислам энциклопедиясы. Алматы: Аруна, 2010; *Жолдыбайұлы Қ.* Дін мен діл. Алматы, 2010; *Исаұлы М., Жолдыбайұлы Қ.* Ислам ғылымхалы. Алматы: Ислам қоры, 2011; *Ұтысханұлы А.* Ережеп – Рамазан айын сүйіншілейді // Семей орталық мешітінің сайты. 2011; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МҰСЫЛМАННЫҢ БЕС ПАРЫЗЫ – мұсылмандар бұлжытпай орындауға міндетті *иман, намаз, зекет, ораза, қажылықтан* тұратын басты парыздар. Ислам діні бес парызға негізделген.

«Иман». Арабша «Иман» сөзі «сену», «білу», «илану» дегенді білдіреді. Яғни «білін, илану арқылы пайда болған берік сенім». Иманның *алты шарты* бар. *Бірінші шарты:* Алладан басқа құлшылық ететін тәңірдің жоқтығына, Мұхаммед ғалайһиссаламның Алла тарапынан бүкіл адам баласына жіберілген пайғамбар екеніне сену. Бұл сенімнің негізі «Ла иллаһа иллаллаһ, Мұхаммәду расулаллаһ» деген сөйлем түріндегі куәлік сөзде жинақталған. «Ла илаһа иллаллаһ» сөзінің аудармасы «Алладан басқа тәңір жоқ», ал мағынасы – «Жалғыз Алладан басқа құлшылық қылуға лайықты тәңір жоқ». Яғни, Алла Тағала шынайы Құдай, ал Одан өзге құлшылық қылынатын «құдайлардың» барлығы да бекер немесе жалған деп білу. «Мұхаммаду расулаллаһ» куәлігінің аудармасы «Мұхаммед Алланың елшісі» ал, мағынасы – «оның хабарлағанын рас деп білу, бұйырған нәрселеріне бағынып, қайтарғандарынан аулақ болу және оның көрсеткені бойынша Аллаға құлшылық-ғибадат ету». Бұл куәлік Ислам дінінің кілті, сондықтан бұл мұбарак сөйлемді тілімен айтып, жүрегімен бекіткен адам Ислам дініне кірген болады. Иманның *екінші шарты* – Алланың періштелеріне сену. Алла Тағала періштелерді нұрдан жаратқан. Оларда жыныстық қасиеттер жоқ, олар еркек те емес, ұрғашы да емес, пішіп-жемейді, күнә қылмайды. Періштелердің әрқайсысы әртүрлі қызмет атқарады. Оладың ішіндегі ең ұлылары төртеу – Жәбірейіл (Алланың сөзін пайғамбарларға жеткізеді), Исрафил,

Әзірейіл (ажалы келгендердің жандарын алады), Мекаил. Періштелер Алла Тағаланың әмірімен әр түрлі суретке кіре алады және көзге де көрінбейді. Періштелердің кейбіреулері адамды қорғау үшін солардың айналасында болады. Кейбіреулері адамның істеген жақсылық, жамандықтарын жазады. Иманның *үшінші шарты* – Алла тарапынан жіберілген кітаптардың баршасына сену. Алла Тағала пенделеріне тура жолды ұқтыру үшін әрбір замандарда пайғамбарлардың кейбіріне киелі кітаптар жіберіп отырған. Бұл кітаптардың ең үлкендері төрт кітап: біреуі – Мұхаммед пайғамбарға жіберілген Құран, екіншісі – Мұса пайғамбарға жіберілген Таурат, үшіншісі – Дәуіт пайғамбарға жіберілген Забур, төртіншісі – Ғайса пайғамбарға жіберілген Інжіл. Бұлардан басқа Адам пайғамбарға, Ибраһим пайғамбарға және басқаларына жіберілген Сағиф дегендері де бар. Бұларды кітап деп атағанмен олар біржолата кітап түрінде түскен емес, олар Алла Тағаланың пайғамбарларға періштелер арқылы білдірген сөздері, әмір, бұйрықтары түрінде болды. Кейін олар тасқа, қағазға түсіріліп, кейбіреулері кітап, кейбіреулері парак қылып жазылған. Кейінгі түскен кітаптың – Құранның сөзі бұрынғы кітаптардың кемдігін толықтырып, кейінгі заманға біржолата бекітіліп айтылған. *Төртінші шарт* – Алланың бүкіл пайғамбарларына сену. Алла Тағала пенделеріне тура жол көрсету үшін әр заманда түрлі пайғамбарлар жіберген. Алғашқы Адам атадан бастап Мұхаммед ғалайһиссаламға дейін жүз жиырма төрт мың пайғамбарлар болған деп саналады. Қанша болса да мұсылман адам Алла Тағаланың жіберген пайғамбарларының бәріне жүрекпен сену керек. Олардың жиырма сегізіннің есімдері Құранда айтылған. Олар – Адам, Нұх, Һуд, Лут, Зулһафил, Салық, Ибраһим, Аюп, Ысмағұл, Ысқақ, Жүніс, Ыдырыс, Якуб, Жүсіп, Ілияс, Әлисағ, Дәуіт, Сүлеймен, Мұса, Нарун, Жакия, Ғайса, Шұғайып, Зікрія, Мұхаммед ғалайһиссалам. *Бесінші шарт* – Ахирет күніне (өлгеннен кейін тірілуге) сену. Адам өлсе де оның жаны өлмейді. Ахиретте адам Аллаға, Пайғамбарға және дініне байланысты сұраққа тартылады, жақсылығы, жамандығы таразыланады. О дүниеде әркімнің жаны өз әрекетіне сәйкес пейіш пен тозаққа кірген соң, біржолата сонда қалады. *Алтыншы шарт* – Тағдырға, яғни жақсы-жаман әр нәрсенің Алладан болатындығына сену. Алла адам баласына таңдау еркін берген, адам қалағанын істеуге ерікті. Сондықтан адам әр істеген нәрсесіне жауапты. Кісі не жақсылық, не жамандық істегісі келсе, Алла оны жарата қояды. Жақсы-жаман Алладан деп осыны айтады. Бұл сенімді «**Иман**», ал мұндай сенімге ие болған кісіні «**мүмин**» деп атайды. «Мүслим» – Исламды мойындаушы деген мағына берсе, «мүмин» – иман келтіруші деген ұғымды білдіреді. «Иман» мен «Ислам» ұғымдары бірін-бірі толықтырады, «Иман» – имани негіздерге жүрекпен иланып, іштей сену болса, «Ислам» – сол сенімді жария ету және

Жаратқанның әмірлеріне толық мойынсұнып, амал-әрекет ету болып табылады. Сондықтан «мұсылман» мен «мүмин» сөздері өзара мағыналас. «Мүмин» Ислам діні бойынша әмір етілген міндеттерді түгел орындау арқылы толық «мұсылман» болады, және де жоғары дәрежеге жете алады. Алла Тағала мүминдер жайында «Ниса» сүресінің 162-аятында былай дейді: «Мүминдер іштерінде ғылымда озат болғандар және иман еткендер, саған түсірілгенге әрі сенен бұрынғы түсірілгендерге сенушілер, және намазды орындаушылар, зекет берушілер әрі Аллаға, ақырет күніне сенушілер, әрине соларға зор сыйлық береміз». Толық мұсылман болу үшін адам осылардың бәріне шын жүректен күдіксіз сеніп иман келтіруі шарт. Егер адам бұлардың бәріне шын сенбей, құр тілмен ғана айтса ол мұсылман емес. Құранда Бақара сүресінің бір аятында: «Кейбір адам Аллаға һәм ақирет болатынына иман келтірдім десе де, ішкі ықыласы нанбай тұрса, мұсылман емес» – делінген. Сол үшін адам баласы оның барлығына иман келтіріп, орындамаса немесе тиісті амал істемесе шынайы Мұсылман бола алмайды.

Намаз оқу. Тәулігіне бес рет оқылатын бес уақыт намазды Алла Тағала Өзінің пенделеріне Өз хақысының өтелуі үшін, берген нығметтеріне шүкірлік қылуы үшін және мұсылманмен Раббысы арасында байланыс болсын деп бекітті. Сонымен қатар намаз – арсыздық пен жамандықты тыюшы. Аллаһ Тағала намаз оқыған адамға дінінің көркемдігімен иманының ізгілігін және сауабын реттейді. Мұсылман адам бес уақыт намаз арқылы бұл дүниеде де, ақыретте де оны бақытты қылатын рухани және дене рахатына ие болады.

Зекет беру. Зекет дегеніміз - байлығы, мал-дүниесі белгілі дәрежеге жеткен дәулетті мұсылманнан кедей, кембағалдарға жылына бір рет беріліп тұратын садақаны айтады. Негізінде зекет садақасы бай, дәулетті адамдарға ғана уәжіп болады. Ал, малы, байлығы зекет берілетін мөлшерге жетпеген пақыр-кембағалдарға зекет беру міндетті емес. Зекет садақасы адамның мұсылмандығы толық болуы үшін, өздері мен мал-мүліктерін түрлі апаттардан сақтау және күнәларынан тазалануы үшін беріледі. Сондай-ақ зекет садақасы мұқтаж адамдарға және пақыр, кедейлерге қарайласу оларға демеу ретінде болады.

Ораза тұту. Барлық мұсылмандар нижаһра есебімен жылдың тоғызыншы айында ораза тұтады. Бұл айда барлық мұсылмандар ішіп-жеу, жыныстық қатынастар сияқты өздерінің табиғи құмарлықтары мен шәһуаттарынан тан атқаннан күн батқанша тиылады. Оның есесіне Алла Тағала Өз пенделерінің дінін толық әрі мықты етіп, оларды Өз рахымына алады және оларға Өзінің құрметімен көптеген сауаптар жазады. Сондай-ақ олардың иман байлықтарын арттырып, күнәларын жарылқайды да, дәрежелерін көтеріп қояды. Және де ораза тұтқандары үшін дүниемен ақыреттің көптеген жақсылықтарынан береді.

Қажылық өтеу. Ислам шариғатында қажылық деп - белгіленген уақытта ниет қылып, белгіленген ғибадаттарды орындау үшін Меккедегі Алланың үйі – қасиетті Қағбаны зиярат қылуды атайды. Алла Тағала қажылықты жағдайы келген әрбір мұсылманға өмірінде бір рет орындауын парыз еткен. Қажылықты орындау үшін мұсылмандар әлемнің әр түкпірінен жер бетіндегі ең қасиетті мекенге жиналып, бәріне бірдей ортақ, жалғыз Раббылары – Аллаға құлшылық етіп, бірдей киім киеді. Сондықтан, қажылықта басшы мен бағынышты, бай мен кедей, ақ пен қараның араларында ешбір айырмашылық болмайды. Олардың барлығы Арафат тауында тұру, мұсылмандардың құбыласы Қағбаны тауаф ету, Сафа мен Маруа арасында жүру тәрізді қажылық амалдарын орындайды. Мұсылмандар үшін, қажылық екі дүниеде де пайдалы, онда санауға ешкімнің есебі жетпейтін көптеген сауаптар жатыр.

Әдеб.: *Ғылымхал* (исламның бес парызы). Истанбұл, 1991; *Ислам: Энциклопедический словарь*. М.: Наука, 1991; *Құдайбердіұлы Ш. Мұсылмандық шарты*. Алматы: «Қазақстан», «Мерей», «Ақиық», 1993. *Құран Кәрім*. Қазақша мағына және түсінігі. Медине: Құран Шәриф басым комбинаты. 1991; *Халифа Алтай Ғақыл ұлы*. Ғибадатул-ислам. Алматы: Берен, 1994; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МҰХАЖЫРЛАР – исламды ұстанған діни көзқарасы үшін Меккеде қудалауға ұшырап, Мұхаммед пайғамбардың соңынан Мединеге қоныс аударғандар. Мединеге қоныс аударушы мұхажырлардың саны бастапқыда жүзге тарта ер адам болды. Олардың ішінде жетпістей адам Бадра шайқасына қатысқан.

Меккедегі дүние-мүлкін, үй-жайын тастап, туған-туысқандарына да қарайламай, бір ғана Алла Тағаланың хақ жолын бек ұстанған олардың беделі Медине жерінде аса жоғары болып, Мединеліктердің құрметіне бөленді. Мұхажырлар жоқшылыққа шыдап, қиындыққа төзе білді. Олар Мединеде исламды қабылдаған ауқатты, бай адамдардың садақа, пітірімен күн көрді. Мұхажырларға қол ұшын беріп, көмегін аямаған ізгі жандар *ансарлар* деп аталды.

Ислам діні жалпыхалықтық сипат алып нығайған кезде мұхажырларға едәуір артықшылық беріліп, жалақы белгіленді. Ислам дінін қабылдаған түркі халықтарының антропоним жүйесінде *Мұқажыр* атты кісі есімдері аз кездеспейді. Мұның өзі мұхажырлардың Хақ жолын берік ұстанғанына халықтың құрметпен қарағандығын байқатады.

Әдеб.: Ислам. Қысқаша анықтамалық. Ауд.: Қ.Тұтыбаев, О.Жолдыбаев, Е.Естаев. Алматы: Қазақстан, 1988; Ислам. Энциклопедический словарь. М.: Наука, 1991; *Уәли Н.* Бұрынғыдан қалған сөз (қолжазба); ҚР МОМ материалдарынан; ОМЭЭ материалдарынан.

МҰХАММЕД (с.ғ.с.) ПАЙҒАМБАР – діни түсінікте ең соңғы пайғамбардың аты. Яғни, ақырзаманға дейінгі барлық адамзатқа түсірілген ұлы пайғамбар. Оның дәлелі Өған берілген үлкен мұғжиза Құранда жазылған. Адамата пайғамбардан (с.ғ.с.) бастап соңғы Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарға дейін 124 мың пайғамбар келген. Құран Кәрімде оның 25-інің аты аталған. Бұл пайғамбарлардың бәрі Алланың бірлігін және соңғы пайғамбардың хақтығын әрі оның келетінін айтқан.



Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбар ислам дінінің негізін салушы, бүкіл мұсылман дүниесінің Алла Тағаладан кейінгі рухани қосемі. Сали ғалейки ассалам (с.ғ.с.) сөзінің аудармасы – *Алланың нұры, шапағаты жаусын* деген мағынаны білдіреді. Алғашқы уаһи хазірет Мұхаммед (с.ғ.с.)-ға Меккеден үш шақырым жердегі *Хира* үңгірінде ғибадат етіп отырған түні, таң алдында, Рамазан айының соңғы қадір түнінде түсті (**қ. Қадір түні**). Жәбірейіл періште арқылы Алладан өзінің Елшісіне келген алғашқы әмірі еді. 622 жылы Мұхаммед өзінің жақтастарымен бірге Меккеден Мәдине қаласына қоныс аударады. Бұл күн кейіннен ислам жыл санауының басы деп есептелді. Оның арабша атауы «Хиджра» жыл санауы, яғни, *қоныс аудару* деген сөз. Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарға берілген екінші бір үлкен мұғжиза – Миғраж түні (**қ. Миғраж түні**). Мұсылмандардың қасиетті төрт түнінің бірі – Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардың Алланың берген мұғжизасымен Иерусалимдегі Құдс мешітінен көкке көтерілген түн. Миғражды басқаша көкке сапар деп де атайды. Бұл түні ұйқыда жатқан Мұхаммед пайғамбарды Құдіретті күш иесі Жәбірейіл періштенің көмегімен жеті қат көктен арыдағы кеңістікке, үлкен ғарыштық әлемге (макрокосмос) шығарып, жаратқан Хақ Тағаламен кезіктіріп, сөйлестіреді. Ол өз көзімен жұмақты, тозақты көреді. Діни аңыз бойынша осы Миғраж түнінде Мұхаммед пайғамбар өз үмметіне Алладан бұйырылған күніне 45 рет оқылатын намазды 5 рет болатындай етіп көкте Аллаға ең жақын отырған Ибраһим пайғамбарды ортаға салып, Алланың алдына үмметі үшін сұратып 9 рет барғызып, әр барған сайын 5 намаздан қысқарттырып, жеңілдеткізін алған. Мұсылмандар үшін Миғраж түнінің маңызы зор, себебі бұл түн басқа пайғамбарларға берілгеннен ерекше ұлы мұғжизаның белгісі. Сонымен бірге тозақ пен жұмақтың, қылкөпірдің қандай болатынын өз көзімен көріп, мұны үмбетіне жеткізуі мұсылмандардың иманының күшейе түсуіне айрықша ықпал етті.

Қиямет-қайымда өз үмбеттерінің білмей істеген күнәлары үшін Алладан араша тілеу Мұхаммед пайғамбарға берілген үшінші үлкен мұғжизаның бірі. Басқа пайғамбарларға мұндай мұғжиза берілмеген. Қазақта Алланың рахымымен пайғамбардың шапағатына бөленіңіз деген тілек сөзі міне осыған айтылса керек.

Ислам дінінде Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардың атын құрметпен атайтын бірнеше аты келтірілген. Мәселен, *Мұстафа (таза, нұрлы, сипатты), Расул (елші), Хабибулла (Алланың сүйіктісі), Сагидулла (Алланың көмекшісі), хазірет Мұхаммед (дін басы, көсем, мәртебелі)* т.б. эпитет есімдерімен қоса *Махмұд, Ахмед, Сәруар* деген қосалқы аттары бар. Діни түсінікте *әуеліде Мұхаммед, соңында Мұхаммед* деп айтылып жатады. Бұл сөздің діни мәніне үңілетін болсақ, жер мен көктің жаратылуынан бұрын Мұхаммед пайғамбардың нұры жаратылып қойған. Мұхаммед нұры әлемнің негізі болған. Міне осыған байланысты *әуеліде* Мұхаммед

делінсе; ақырзаманға дейінгі пайғамбар, одан кейін пайғамбардың болмайтындығына байланысты *соңында* Мұхаммед деп аталған. Кез келген қазақ Алланың бір, пайғамбардың хақ екендігін мойындайды. Сонымен бірге Мұхаммед пайғамбардың Алланың елшісі әрі құлы екендігіне куәлік береді. Құран мен пайғамбардың хадисін негізге алады.

Әдеб.: Құран Кәрім. Х.Алтай аудармасы, Медине: Құран Шәриф, 1991; *Насируддин Бурхануддин Рабзуи*. Пайғамбарлар қиссасы. Алматы: Таймас, 2008; *Баранов Х.К.* Арабско-русский словарь. М., 1985; *Өмірәлиев Қ.* көне түркі ескерткіштері туралы зерттеулер. Алматы: Арыс, 2010; *Оспанов С.И.* Арғы тектану негіздері. Алматы: Полиграфия сервис ик, 2009; *Қалмаханұлы С.* Пайғамбарлар тарихы. Алматы: Көкжиек-Б, 2011; *Исаұлы М, Жолдыбайұлы Қ.* Ислам ғылымхалы. Алматы: Дәуір, 2010; Абай. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Алматы: Жазушы, 1-том, 1995; КР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МҮЙЕТ – малдың арқасында пайда болған әр түрлі жарақат немесе жараны асқынудан сақтау үшін оны айналдыра қойылатын, ортасы тесік дөңгелек пішінді зат. Қазақ малшылары М.-ті, көбінесе, алақанның көлеміндей құрым киіздің ортасын тесіп немесе қыл аралас түбітті суға шылап біріктіріп, шығырық пішінді етіп жасайды. Осындай сақина пішінді, қалындау затты мал арқасына орналастыратын амалды *мүйет қою* деп атайды. Көшпелі мал шаруашалығы жағдайында мініс немесе жұмыс малының арқасында (әсіресе, ат, атан және өгізде) кездесетін жазылуы екіталай, ұзаққа созылған жауыры бар малды пайдаланған лажсыздықтан жасалатын тәсіл. Әсіресе, арқасы кету, жауыр сияқты мініс малының арқасында пайда болған жара түрлері кезінде осындай тәсілмен амалдауға тура келеді (**қ. Арқасы кету; Жауыр; Лоққы**).

М. ат арқасындағы жараны «қоралай» айналдыра қойылады. Оның бетіне малдың (оған қолайлысы серкеш немесе тоқтының жұқа терісі) немесе қоян, қарақұйрық, суыр тәрізді аңның жұмсақ етіп иленген терісінің майда бетін қаратып салады. М.-тің үстінен тоқым мен ердің қапталы салынған кезде олар жараның бетіне тиін, оны бүлдірмейтін болуы ескеріледі. Сондықтан жараның сипатына және оның қыраққа, қаптал, жотаның қай тұста екендігіне байланысты М. ердің астындағы өң немесе терлік, ішкілік қабаттарының біріне салынады.

М. лажсыздықтан, қиындықтан туған амал екендігін ел аузында сақталған мына жолдар аңғартады:

*Жақсы күнде жаман еді ниетің,
Жаман күнде құтты болсын,
Құрымнан құйған мүйетің*

Жүк артатын түйенің арқасы қажалып жараға айналмасын деп басқұрды шиыршықтап орап қоятын да болған.

Мініс немес жұмыс малының арқасындағы жараның бүліну, асқыну сияқты жайттардан сақтайтын М.-ке қоса басқа да амалдар қатарынан жасалуы мүмкін. Мысалы, М. салған кезде ердің қаңқасы аттың арқасына бататын жағдай ұшырасса, ердің қапталының астына қабатталған жалпақ киіз салады. Мұны *тығылдырық қою* немесе «*кепіл киіз қою*» деп те атайды. М. қойғанға келмейтін

шилi, асқынған жауыр жарасы кезiнде iшпек пен өндi тiптi, тоқым киiздi де ойып тесуге тура келедi. Бұл *ойма жасау* деп аталады.

Әдеб.: Қасиманов С. Қазақ халқының қолөнерi. Алматы: Қазақстан, 1969; *Бабалықұлы Ж.* Ер тоқым // Ер қанаты. Жинақ. Құраст. Ж.Аупбаев. Алматы: Қайнар, 1987. 259-278 бб.; *Базылхан Б.* Монғолиядағы қазақтардың тiлi. Өлгий, 1991; *Нұрғалиұлы Н., Еженбекұлы Е.* Ат әбзелдерi. Ер // Ата салтынды аяла (Қазақ салт-дәстүрлерi туралы таным). Құраст. Н.Ақбаев. Алматы: Ана тiлi, 1998. 96-113 бб.; ҚӘТС. 11-том, Алматы: Арыс, 2009; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МҮЙІЗ – жұп тұяқты жануарлардың кейбіреулерінің бас сүйегінен өсіп шығатын қатты өсінді. М. жануарлардың тегіне қарай әр түрлі болып келеді. Арқар, таутеке, сиыр, қой, ешкінің мүйіздері қайқыланып кеді және үлкендігі, шығуы жынысына, жасына қарай әр түрлі болып келеді. Елік, бұлан, бұғылардың мүйіздері бұтақталған пошымымен және жыл сайын түсіп қалып қайта өсіп шығумен ерекшеленеді.



Мүйізінен бұйдаланған өгіз. ҚР МОМ қорынан (КП 10438/99)

Өте қысқа мүйізді – *тұқыл мүйіз* деп атайды. М. негізінен шөпқоректі жануарлардың еркектерінің өзара сайысуына және жыртқыштардан қорғануға қажетті қаруы ретінде пайда болатындықтан өте берік, серпімді, ұшы үшкір болып келеді. Бұғы, арқар, таутеке тәрізді аңдардың еркектері күйек кезінде өзара сайысқа түседі. Олар бір-бірімен мүйіздерін немесе сүзісіп, ең күштісі өзгелерін жеңіп шығады. Ондай күштілері үйірді иеленеді де, өзге әлсіздері оған бағынуға немесе бөлек кетуге мәжбүр болады. Қазақтың кәнігі аңшылары осындай үйірдің басшысын атуға тыйым салып, негізінен өзге еркектерін аулаған. Үйір басшысы мен ұрғашыларын ауласа (әдетте өте алыстан ұрғашыларын М.-інің жоқтығынан ажыратқан) олардың *киесі* ұрады деп ескертіп отырған. Мұндай сайысқа түсетін жануарлардың М.-і тек еркектерінде ғана болады. Бұғы, бұлан, сиыр тәрізді ірі жануарлардың М.-і қасқыр, тіпті аю тәрізді жыртқыштарға қарсылық көрсетуге жарарлықтай қатерлі қару болып табылады. М.-ін қару ретінде пайдаланатын жануарлардың жынысына қарамай ересектерінің

барлығында М. болады. Мәселен үй жануарларының ішінде барлық ересек сиырдың мүйізі болады және сондықтан да сиыр малын – *мүйізді ірі қара* деп атайды. Топтасқан қасқыр болмаса, жалғыз-жарымының сиырға тиюі сәтгі бола бермейді. Қасқыр тигенде сиырлар өкіріп, бірден топталып қарсы шығады. Ондайда, ересектері тана-торпақтарын ортаға ала доңгелене тұрып алады да, мүйіздерін шайқап қасқырларды жолатпайды. Мүйізді ірі қараны байлау үшін *бұйдамен* екі М.-інен шалып байлайды немесе тұзақтап алып М.-деріне кигізеді де, бас сүйекке таяу тұсынан тартып қыса салады.

Сирек те болса кездесетін мүйізсіз ірі қараны – *тоқал тана, тоқал бұқа, тоқал сиыр* деп атайды. Қой түлігінің тек қошқарларында ғана М. болғанымен, сирек те болса *мүйізді саулықтар* да кездеседі.

Малдардың ішінде кездесетін сүзегендерінің балаларға, кейде тіпті ересек адамдарға да қатер төндіретіні бар. Көшпелі ортада ер адамдар үнемі атпен және қамшы ұстап жүретіндіктен сүзеген малдардан қауіптен қоймайды. Сүзеген малдар көбінесе теке, қошқар, бұқалардың арасынан шығатындықтан, олардан жас балалар мен әйелдердің аулағырақ жүруін қадағалаған. Адам мен өзге де малдарды қатты жарاقاتтауы мүмкін болғандықтан тым сүзеген малдардың мүйіздерінің ұшын кесіп тастайтын да болған. Кейбір малдарда мүйізінің ұшы өзінің бас сүйегіне қарай бағытала өсетін жағдайлар да кездеседі. Ондай малдың мүйізін қауіп тудырмайтындай молшерде кесіп отырған.

Қазақтар М.-ді қолөнерге қажетті шикізат және сағатын табыс көзі ретінде пайдаланған. Қолөнершілер көбінесе ірі қара, серке, арқар, ақбөкен және таутеке сияқты жануарлардың мүйіздерін әдемі түр-сипат бере отырып бұйымдар жасауға және алуан түрлі бұйымдырды мүйіздеуге қолданған. Мүйіз жонуға, июге, қалыпқа салуға, тесуге, шегелеуге өте ыңғайлы және оны оюлап өзге заттарға киюластыру да жеңіл. Мәселен, сиыр, серке мүйіздерінен *шақша, тарақ*, ақбөкен мүйізінен қамшының сабы, арқар және таутеке мүйіздерінен *қымыз ожау, қасық* сияқты бұйымдар және *пышақ, бәкі, семсер, қанжар, қылыш саптары* жасалады. Мүйізден жасалған немесе мүйізбен әшекейленген заттарды соған сәйкес, яғни, *мүйізді пышақ, мүйізді садақ* деп атау да қалыптасқан.

М. табыс көзі ретінде әсіресе Қытаймен шекаралас аймақтарда орын алған. Қыс аяғында бұғының мүйіздері түсіп, жаз ортасына дейін қайтадан өсіп шығады. Күзде ауланған бұғының мүйізін қытайлар қымбат бағаға алатындықтан, осы кезде бұғы аулауға адамдар көптеп шығатын болған. Далалы аймақтарда мүйізі үшін киікті (ақбөкен) жыл бойы аулай береді. Киіктің мүйіздерін ел аралаған саудагерлерге, базар мен жәрменкелерге өткізіп отырған.

Қазақта мүйізге қатысты түсініктер мен теңеулер баршылық. Мәселен, мүйіз негізінен құтпан малда болатындықтан оны – *құттың, күштіліктің, мықтылықтың, байлықтың* белгісі саналады. Осыған



орай өте күшті, беделді, аса шебер, маманданған, көпті көрген мықты адамдарға қаратыла – *мүйізі қарағайдай* деген теңеу де қолданылады. Мұсылмандардың арасында Ескейдірдің мүйізі туралы әпсананың бірнеше нұсқасы таралған. Әпсананың қазақ арасындағы нұсқасының қысқаша мазмұны былай болып келеді: *«Күндердің-күнінде Ескендір патша басына мүйіз өсіп келе жатқанын байқайды. Түсінде басындағы қос мүйізі қос қанатқа айналып, көптеген әлемді шарлатып шығады. Көп ұзамай-ақ Ескендірдің құдіреті артып, түсінде көрген жерлерді түгел бағындырады. Ескендір басына шыққан мүйізін ешкімге білдірмеу үшін тәжіні ешқашан шешпей, шашын алған шаһтараздарды түгел өлтіріп отырған. Сондай шаһтараздың біреуін тірі қалдырады. Іштегі құпиясын сақтауға шыдай алмаған шаһтараз бір күні қамыстың арасына барып: «Ескендірдің мүйізі бар! Ескендірдің мүйізі бар!» – деп айқайлаған екен. Қамыс-қоға оның дауысын дереу іліп әкетіп, желмен әлемге жайылып кетеді. Осылайша қазақта «30 тістен шыққан сөз, 30 рулы елге таралыпты» – деген мақал қалған екен». Қазақта *мүйіздеу* деп мүйізімен сүзуді білдіргенімен, бұл ұғым біреуді өзгені сөзбен қағытып, күш көрсетуін білдіру үшін жиі қолданады. Яғни, айналасындағы адамдарға әдейі сөзімен, қылығымен, ісімен тиісіп, маза бермеуін, күш көрсетуін – *«айналасындағыларды мүйізден алды»* деген теңеумен білдіру қалыптасқан.*

М. қазақтың алуан түрлі ұлттық ою-өрнектерінің қалыптасуына негіз болған. Мүйіз өрнектер ең жиі кездесетін және ертеден келе жатқан түрі. Мұндай өрнектердің түрлі жануарлардың мүйіздерінің сипатын бейнелейтін *қошқармүйіз, қосмүйіз, сыңармүйіз, сынықмүйіз, оркешмүйіз, арқармүйіз, аймүйіз, қыңырмүйіз, тармақмүйіз, қисықмүйіз* деген сияқты түрлері де бар (**к. Мүйіз өрнегі**). Сонымен қатар М. өрнектер көптеген өзге де өрнектердің түпкі тегі болып табылады. Мәселен, М. өрнектер – *сыңарөкше, сырға, тортқұлақ, түйетабан, қосалқа, құс қанаты, қазтабан* және т.б. ою-өрнектердің жасалуына арқау болған (**к. Ою-өрнек**). Жалпы мүйіз өрнектер колөнердің барлық саласында пайдаланылады. Алтын-күміс тәрізді қымбат металдардан жасалған тым нәзік болып келетін зергерлік бұйымдарда, ағаш, сүйек, мүйіз, тері сияқты тәрізді материалдардан жасалған орташа көлемдегі заттарға да, сырмақ, текемет, алаша, кілем тәрізді ірі көлемдегі бұйымдарға да салынады. Қазақта екі жағы мүйіз түрінде, ал түбі дөңгеленін жасалатын торсықтың – *мүйізторсық* деген түрі де бар. Қазақ оюларының ішінде мүйіз өрнектердің кең таралуының себебі мал шаруашылығы мен аңшылықтың кең дамығандығынан болса керек.

Терінің ойылуы, қажалуы салдарынан катаяып, көнденіп, сіріленіп, кетуін – *мүйіздену* десе, мүйізденіп кеткен қатты теріні – *мүйізгек* деп атайды. Адамда кездесетін *мүйізгектерді* май жағып немесе жылы суға

ұзақ уақыт салып жібітеді де, қырып немесе еппен сылып алып тастайтын болған.

Мүйіз өңдеу. Мүйіз өңдеу үшін шеберлер оны алдымен жұмсартып, балбыраған күйге келтіріп алады. Шеберлер тілімен айтқанда мүйізді *жібітеді, балқытады*. Қазақ шеберлерінің арасында мүйіз балқытудың сазбалшыққа, батпаққа көму, суға қайнату, морға салу тәрізді тәсілдері қолданылған.

Мүйізден түрлі бұйым жасау үшін шеберлер, әдетте, жазда атылған киік, күзде атылған арқар, соғымға сойылған сиыр, қолға түскен серкенің және жылқының тұяғы мен түйенің табан мүйіздерін жыл он екі ай бойы жинап жүреді. Оларды күн тимейтін, көзден қаға берістеу қалтарысқа қояды. Өйткені далада көп жатып әбден курап, қабыршақтанып кеткен мүйіздер сапалы бұйым жасауға жарамайды. Мүйізді морға салып жібітіп балқытады. Қоламтада мүйіз күймей, өз бабында балку үшін оны суға малынған киізбен орап қояды. Мүйізді суға қайнатып та балқытады. Қайнатылатын мүйізді бір аптадай уақыт суға салып жібітеді. Мүйіз өңдеуде сүйек және ағаш шеберлерінің құралдары пайдаланыла береді (ара, шаппашот, біз және т.б.), алайда оларға қосымша мүйіз өңдейтін қалып түрлері көбірек болып келеді. Өңделетін мүйізді суығанша *қысқы* деп аталатын құралмен қысып, жалпақ пішінге келтіріп түзетеді. Жасалатын заттың ыңғайына қарай суыған мүйізді пышқымен тіледі, шапқымен немесе пышақпен жонады, шыны сынығымен, киізбен ыспалап өңдейді.


Мүйіз ұқсатуға арналған құралдарды пайдалана отырып шеберлер қымызға салқын леп беретін, өңез жабыспайтын, шыбын конбайтын, күнге қызбайтын *мүйіз ожау (к. Ожау)*, пышақ пен қылышқа *мүйіз сап (к. Пышақ)*, насыбайға *мүйіз шақша (к. Шақша)*, мүйіз тарақ (**к. Тарақ**), мүйіз қобди, мүйіз түйреуіш, түйме, тиек және т.б. көптеген бұйымдар жасайды. Сонымен бірге ұста-шеберлер мүйізді оюлап басқа бұйым беттеріне киюластырып, кейде өзге материалдарды ойып алып мүйізге жапсыру тәсілдерін алма кезек қолданып, затты көркемдей түседі. Атап айтқанда, шеберлер бірсыпыра бұйымдарды жасау үшін мүйізді ағашпен және сүйекпен киюластырады. Мүйіз бұйымдарды алтын немесе күміс шегелермен сәндеп, алтын-күміс шығыршықтармен құрсаулап қояды. Балқыған мүйізді өрнегі бар қысқымен қатты қысып бедер түсіреді, үскімен тесіп көз шығарады, сол көзге асыл тас қондырып әшекейлейді.

Мүйіз өңдеу ісі қазақтың дәстүрлі колөнерінде жеке кәсіп ретінде бөлінбеген. Қазақта үйші, зергер, ерші ұста аталатын колөнер шеберлерінің көбі-ақ сүйек, мүйіз ұқсатуды да жақсы меңгерген. Сондықтан бірсыпыра заттарды мүйіздің өзінен жасаумен бірге онымен әшекейленетін бұйым түрлері де (адалбақан, асадал, аяқ (ыдыс-аяқ), жұкаяқ, дауылпаз, домбыра, есік, ер, қобди, қын, маңдайша, окшантай, піспек, таралғы, ұршық және т.б.) мол кездеседі.

Әдеб.: Қасиманов С. Қазақ халқының колөнері. Алматы: Қазақстан, 1969; Арғынбаев Х. Қазақ халқының колөнері. Алматы: Өнер, 1987; Мұқанов С. Халық мұрасы: тарихтық және этнографиялық шолу. Алматы:

Қазақстан, 1974; Дала уялаятының газеті: Адам, қоғам, табиғат. Құраст. Ү. Сүбханбердина. Алматы: Ғылым, 1994; Шоқпарұлы Д., Дәркембайұлы Д. Қазақтың қолданбалы өнері. Алматы: Алматыкітап, 2007; ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МҮЙІЗ ИНЕ – керегені көктеуге қолданылатын мүйізден жасалған ине түрі. Оны үйшілер кереге көктеу үшін мүйізден арнайы жасап алатын болған. Керегені көктер алдында алдын ала дайындалған ұзын әрі жалпақтау таспаны, яғни *көкті* су бүркіш жібітіп алады.



Мүйіз ине. ҚР МӨМ материалдары бойынша суретті салған Б.Досымов


Көк жібігеннен кейін оның бір ұшын аталмыш М. и. көзінен өткізеді. Ал, көктің аяққы ұшынан көк бойына туралай әрі көк еркін өтетіндей тіледі. Одан кейін М. и.-дегі көкті осы тесік арқылы түгел өткізгенде, ұшында түйін пайда болады.

Бұдан ары М. и.-дегі көкті айқасып келген кереге сағанасының көзінен астынан жоғары қарай өткізіп алады. Оны қатты тартып тұрып керегенің үстінгі сағанағының тұсынан тағы тесіп, М. и. осы тесік арқылы қайта өткізіліп алынады. Бұл кезде кереге сағанағының үстінен де түйін пайда болады. Екі жағы нық түйілген кереге көгі кепкенен кейін тас болып қатып қалады. Мұндай көк тозып үзілмесе, өз бетімен ешуақыт шешілмейді.

Әлеб.: Тәжімұратов Ә. Шебердің қолы ортақ. Алматы: Қазақстан, 1977; Аргынбаев Х. Қазақ халқының колөнері. Алматы: Өнер, 1987; Райымханова К.Н. Ата кәсіп: этнографиялық зерттеу. Алматы: Қазақстан, 2001; ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МҮЙІЗ ӨРНЕГІ – мүйізді бейнелейтін өрнек түрлері. Әдетте, М. өрнегі қошқардың қос мүйізі сияқты екі жаққа симметриялы түрде және *төртқұлақты қосмүйіз*, *сыңармүйіз*, *сынықмүйіз*, *сыңарөкше*, *тармақтымүйіз*, *тұлғамүйіз*, *құсқанаты* түрінде стильденіп өрнектеледі. М. өрнегі халық түсінігінде ұрпақ жалғастырудың, өсіп-өрудің, молшылықтың, сондай-ақ, бақыт пен байлықтың және құт-берекенің нышаны ретінде үлкен магиялық-ғұрыптық мәнге ие (**қ. Ою-өрнек**). Сондықтан М. ө.-ін колөнер бұйымдарының барлық түрлерінде *зергерлікте*, *ерқосу өнерінде*, *тоқымашылықта*, *кесте өнерінде*, *киім-кешекте*, *ағаш ұқсатуда*, *киіз басуда*, *қару-жарақтардың* және теріден жасалатын, киізден басылатын тұрмыстық,

шаруашылық бұйымдардың бетін өрнектеуде көптеп қолданылады. Халық арасында М. өрнектерінің түрлі атаулары бар. Мәселен, *қошқармүйіз* (немесе *қосмүйіз* деп те аталады) өрнегінің тек бір сыңары өрнектелсе – *сыңар М.* өрнегі деп атайды. М. ө. геометриялық пошымда сынық бұрыш жасай өрнектелсе – *сынық М.*, ал, желісін үзбей көп тармаққа шашырай өрнектелсе, – *тармақты М.* дейді. Аяқ киімнің бір сыңары түрінде өрнектелетін түрін – *сыңар өкше* өрнегі деп атайды. Сондай-ақ, М. ө.-нен адамның тік тұрған дене пішіні сияқты антропоморфты өрнек түрін *тұлғамүйіз* өрнегі десе, құстың қалықтап ұшқан пошымын елестететін түрін *құсқанаты* өрнегі дейді.



Мүйіз өрнегінің түрлері. а) Қошқармүйіз б) Тұлғамүйіз в) Сынықмүйіз г) Құсқанаты д) Сыңармүйіз е) Сыңарөкше д) Тармақтымүйіз е) Төртқұлақты тұлғамүйіз

ҚР МӨМ қорында сақтаулы сырмақтың (КПД 148) *көлінің* (орта тұсының) ақ түсті шаршылы *төсегіне* (фонына) төртқұлақты *тұлғамүйіз* өрнегі ойыстырылған. Қолтықшаларына аталған өрнектің жартылай көрінісі бастырылған. Сырмақтың ұзына бойы екі жанына *сыңарөкше*, екі шетіне *тұлғамүйіз* өрнегі сырылған. Түйістеріне қызыл түсті шалып өрілген жиек бастырылған. Өлшемі: ұзынд. 313 см., ені 169 см.



Сырмақ. Жамбыл обл. XX г. орт. ҚР МӨМ қорынан (КПД 148)

М. ө.-мен түрленіп өрнектелетін үй бұйымның бірі қалы кілем. ҚР МӨМ қорында сақтаулы қалы кілемнің (КП 15701) *көліне* төрт *шатыргүл* өрнегі терілген. *Шатыргүл*

МҮЙІЗ ӨРНЕГІ

өрнегінің ішіне *төртқұлақ*, *тышқанізі* өрнегі салынған. Қолтықшаларына *үшжапырақ* өрнегі өрнектелген. Кілемнің жиегіне айналдырыла *тіс* өрнегінен екі қатар *су* жүргізіліп, арасындағы *қорғанына* жасыл, қызыл, сары түсті *төртқұлақты қосмүйіз* өрнегінен тұратын *шаршы* айналдырыла тізбектелген. *Кенересі* айнала кара түсті жүн жіптен түкті етіп тоқылып, екі шетіне желі жібінен шашақ шығарылған. Өлшемі: ұзынд. 410 см., ені 220 см.



Қалы кілем. XX ғ. 2-жартысы. ОҚО.
ҚР MOM қорынан (КП 15701)

М. ө.-нен түрленіп өрнектелетін тұрмыстық үй бұйымының келесі бір түрі – *аяққап*. ҚР MOM қорында сақтаулы *аяққап* төрт бұрыш пішінді, үшкілдене келген қақпағы бар. Ол ақ киіздің (КП 925) бетіне қызыл түсті матадан М. өрнегінен түрленіп, *сыңар мүйіз*, *қосмүйіз*, *сыңар өкше*, *үш жапырақ*, өрнектері бастырылып тігілген. Жиегіне кара түсті матадан *тұмарша* өрнек бастырылған. Шеті қызыл түсті матамен көмкерілген. Өлшемі: ұзынд. 60 см., ені 47 см.



Аяқ қап. ҚР MOM қорынан (КП 925)

ҚР MOM қорында сақтаулы сандықтың (КП 16917) беті сары түсті бояумен тең қабырғалы үш шаршыға бөлініп, ішіне үшкіл шаршы салынған. Шаршының ішіне дөңгелек ою және сары, кара-көк, жасыл түсті *тұлғамүйіз*, көгеріс өрнек салынып, бетіне М. ө. аяқ киімдердің бетіне де түрленіп өрнектеледі.



Сандық. ҚР MOM қорынан (КП 16917)

ҚР MOM қорында сақтаулы әйел адамның аяқ киімінің (КП 21081-а,б) қонышы М.ө. өрнектелген. Оның қонышы кара былғарыдан, қисық табанды. Ішкі жағы түкті ақ матамен астарланған. Қонышы мен өкшесі бірге, ал керсені (басы) жеке-жеке пішіліп, машинкамен сырылған.



Қонышы мен өкшесі мүйіз оюымен өрнектелген әйелдің етігі. ҚР MOM қорынан (КП 21081-а,б)

Қонышының аузына қарай 8,5 см. көлеміндегі бөлікте қызыл түсті матадан стильденген мүйіз өрнегі, одан төменіректе ені 2 см. көлемінде *су* өрнегі сырылған. Сірөкшесіне сыңармүйіз оюы салынған. Табаны тас ұлтанмен ұлтарылған. Өкшесіне салынған ұлтан мен резенке шегемен ұстатылған.

Әдеб.: Шнейдер Е.Р. Казахская орнаментика // Казаки. Антропологические очерки. Издание особого комитета Академии наук по исследованию союзных и автономных республик. Л.: АН СССР, 1927. С.135-172; Муканов М.С. Казахские домашние художественные ремесла. Алма-Ата: Казахстан, 1979; Әбдігапарова Ұ. Оюмен ой айтқан елміз // АТ. 4-сәуір 1993. 1-5 бб; Қасиманов С. Қазақ халқының колөнері. Алматы: Қазақстан, 1995; Өмірбекова М.Ш. Қазақтың ою-өрнектері. Энциклопедия. Алматы: Алматыкітап. 2005; Шевцова А.А. Казахский народный орнамент: истоки и традиция. М.: Казахская диаспора, 2007; Қазақтың дәстүрлі киім-кешегі. Ғылыми каталог (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде). Ғылыми редактор және жоба жетекшісі Нұрсан Әлімбай. Алматы: Өнер, 2009; Қазақ кілемдері мен тоқыма бұйымдары. Ғылыми каталог (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде). Ғылыми редактор және жоба жетекшісі Нұрсан Әлімбай. Алматы: ICOS, 2012; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МҮЙІЗГЕ ҚАРАП СИЫРДЫҢ ЖАСЫН АНЫҚТАУ – халықтық малдәрігерлігіндегі малдың жасын анықтаудың бір тәсілі, сауын сиырының жасын шамалаудың өзіндік бір

жолы. Халықтық тәжірибеге қарағанда, сиырдың арбаған мүйізіндегі күн козіне қарағанда байқалатын сақина тәрізді *кертіктер* оның жас шамасына тікелей қатысты болады. Мысалы, сиырдың мүйізінде кертік сақина тұрса, бес жасар екен деп шамалайды. Оның мәні үш сақина оның сонша мәрте бұзаулағанының көрсеткіші. Ал, екі жасында бұқаға қосылған сиыр 3 мәрте бұзауласа, бес жасар сиыр екен деп шамалайды. Бұл жыл сайын бұзауламайтын сиырларда өзгешелеу: қысыр қалған жағдайда сақиналардың арасы алшақ орналасқанынан біледі. Ондай сақиналардың қалыптасуы, малдың маусымдық өзгерістерге байланысты жемінің құрамының, температуралық әсердің өзгеруіне байланысты болатындығын, халықтық тәжірибе негізінде мал баққан ел ерте кезден ақ анықтаған. Яғни, жыл маусымында ауа райының қаталдығы мен жем-шоптің тапшылығы салдарынан мүйізге қоректі зат жетіспеуден пайда болады деген тұжырым жасайды.

Этнографиялық экспедиция барысында мәлімет берушілердің мәліметіне қарағанда, сауын сиырдағы байқалатын тағы бір ерекшелік оның бақайында да осындай сақиналар саны неше мәрте бұзаулағанын көрсетеді.

Әдеб.: *Тойвгоо Ц.* Возрастная краниология собственно монгольского крупного рогатого скота. Автореф. на соис. док. дис. биол. н. - Л., 1958; *Хинаят Б.* Қазақтың дәстүрлі малдәрігерлік білім жүйесі (тарихи-этнологиялық зерттеу). Тарих ғылымдарының кандидаты дәрежесін алу үшін ұсынылған диссертацияның қолжазбасы. Ғылыми жетекшісі Нұрсан Әлімбаев. Алматы, 2001; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МҮЙІЗГЕК / ҚАШАҚ – ұрғашы малдың бедеулікке душар ететін ауру түрі. Дәстүрлі малдәрігерлігінде М.-тің басты себебі ұрғашы малдың қынабына шыққан беріш, түйіннің салдарынан болады деп санаған. Емшілер М.-ті туа біткен және жұғудан пайда болған деп екіге бөледі. Атаудың сөз төркіні мүйізге ұқсас, қатты шеміршекпен байланысты болса керек. М. атауы көбінесе, түйеге қатысты айтылады. Бұл ауру сиыр, қой және ешкіде қашақ, биеде *қасаң* деп аталады. Бұл аурудың қысырлықпен байланысты басқа аурулардан айырмашылығы – М.-ке шалдыққан ұрғашы мал, құтпан малдан қанша шықса да күйлеуі қайтпайтындығында және ұрық байланбайтындығында.

М. болған малды халық емшілері көбінесе оташылық тәсілмен, емдейтін. Әдетте, ұрғашы малдың жатырының сабағына жақын тұсында өршитін кесірлі түйінді анықтап алған соң, жемесі ұзындау келген бізбен қаттылау түйірді түйреп тұрып, кездікпен кесіп алып тастайтын болған. Көптеген жағдайда, осы шарадан соң мал М.-тен айығып келесі жылы, құтпаннан шығып, буаз болатын.

Әдеб.: *Арғынбаев Х.* Қазақтың мал шаруашылығы туралы этнографиялық очерк. Алматы: Қайнар, 1969; *Жанәбізов Ш.* Қазақша мал атаулары. Алматы: Қайнар, 1982; *Бабалықұлы Ж.* Мал ауруларының қазақша атаулары. Алматы: Қайнар, 1986; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МҮЙІЗКЕСЕР – мүйізді өңдеп, әртүрлі бұйым жасайтын ұстаға қолақысы ретінде берілетін кәде. Мүйізкесер тапсырыс берушінің шама-шарқына қарай заттай немесе ақшалай берілген.

Әдеб.: КЭТС. 11-том. Алматы: Арыс, 2009; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МҮЙІЗҚАП – аяз қатты қысқан кезде сиырдың мүйізін суықтан сақтау үшін киілетін киіз немесе теріден жасалған жабдық түрі. Қазақстанның суық аймақтарында қыс ерекше аязды болған жылдары сиырларға М. кигізу сирек те болса кездесіп отырған. Өйткені мұндай суықтан сиырдың мүйіздері түсіп қалатын жайттар кездесіп отырған. Мүйізден суық өтіп сырқырамас үшін ауру немесе кәрі-құрғақ сиырдың мүйізіне де кигізілетін. М. екі балағы мүйізіне киілетіндей, ал ортасы маңдай мен төбені жабатындай етіп жасалады. Оны көбінесе кнізден пішіп алып, шуда жіппен тігіп жасайды.



Мүйізқап кигізілген сиыр. ҚР MOM материалдары бойынша суретті салған Б.Досымов

Сол сияқты қошқар, текелер қатты сүзіскенде олардың мүйіздері түбінен, яғни тұқылдан жарқышакталған кезде жұқа материалдан М. дайындап «кигізеді». Ол мүйіз түбі мен оған жалғасқан құндыздықта ұйыған қан шаң-тозаңмен ластанып жараға айналумен сақтайды.

Әдеб.: *Хинаят Б.* Қазақтың дәстүрлі малдәрігерлік білім жүйесі (тарихи-этнологиялық зерттеу). Тарих ғылымдарының кандидаты дәрежесін алу үшін ұсынылған диссертацияның қолжазбасы. Ғылыми жетекшісі Нұрсан Әлімбаев. Алматы, 2001; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МҮЙІЗСЫРНАЙ – мүйізден жасалған үрмелі аспап. М.-ды көбіне сиырдың кейде ірі қоныр аңдардың мүйізінен жасайды. Ол үшін мүйізді алдымен тұқылынан жақсылап тазартады. Қажетіне қарай ыстық суда қайнатады немесе отқа балқытып түзейді. Мүйіздің ұшы, яғни, сүйір жағын ауызға салып үрлейтіндей етіп теседі. Кейде оған ауызға салатын арнайы мүштік салады. Ал, түбі, яғни кең жағы кернейдің аузына ұқсас кеңірек келеді. Оның сүйір жағын ауызға салып үрлегенде, кең жағы жоғары қарап тұрады.



Мүйізсырнай. ҚР MOM қорынан (КП 22319-4)



ҚР MOM қорында (КП 22319-4) М.-дың қарапайым түрі сақтаулы. Ол сиырдың мүйізінен жасалған. Іші қуыс, тұқылынан тазартылған. Сырты арнайы құралдармен егелін, тегістелін, өңделген.

Дәстүрлі ортада М. алғашында жаугершілік замандарда кеңінен қолданылған. Көп жағдайда жорыққа немесе сапарға шыққанда белгі беру үшін сырнайлатып, дабылдатып жаудың үрейін алатын болған. Сондай-ақ аңшылар аңды үркіту үшін де М.-ды қолданған. Оған арнайы бау тағып, мойынға асып жүрген. Аталмыш кезеңде М.-дың өте қарапайым түрі пайдаланылып, оны ауызға салып үрлегенде тек бір түрлі дыбыс шығаратын болған.

М. уақыт өте келе музыкалық аспап ретінде қолданыла бастады. Оның сыртқы түрі өзгеше етіп жасалатын болды. Айталық, орта тұсынан саусақпен басу арқылы шыққан үнді өзгертіп тұратын тесіктер тесетін болды. Сосын оның бетіне ою-өрнектер салып, түрлі реңдерге келтіріп бояп әсемдейді. М.-дың бұл нұсқасын басқа саз аспаптарымен қатар қолданғанда көбінесе, сүйемелдеу рөлін атқарады. Яғни, оның арнайы тесіктерін басу арқылы әуенді өзгертіп отырады.



Мүйізсырнай. ОМЭЭ – материалдарынан

Қазіргі таңда М. сырнай басқа аспаптармен бірге кеңінен қолданылатын музыкалық аспаптар қатарына жатады.

Әдеб.: Сарыбаев Б. Қазақтың музыкалық аспаптары. Алматы: Өнер, 1981; Аргынбаев Х. Қазақ халқының көлөнері. Алматы: Өнер, 1987; Ахметжанов Қ.С. Жараған темір кигендер (батырлардың қару-жарағы, әскери өнері, салт-дәстүрлері). Алматы: Дәуір, 1996; Жәкішева З.С. Қазақтың дәстүрлі музыкалық аспаптары. Алматы: Алматыкітап, 2009; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МҮЛІК – тұрмыстық бұйымдардың жиынтық атауы. Ертеде қазақы ортада М. деп үйде және үйдегі тұрмыстық істерде қолданылатын бұйымдарды айтқан. Сондықтан, үй мен оның ішіндегі барлық бұйымдарды топтастыра *үй-мүлкі* деп атау кең тараған. Ал жанұяның күнделікті тұрмыстық қажеттілігіне қолданылмайтын (*қазына*), үйден тысқары пайдаланылатын (*шаруашылық құрал-саймандары*) және жеке адамдарға тиесілі (*киім-кешек, қару-жарақ, әшекейлер*) бұйымдар мен өзге материалдық игіліктер (үй мен өзге де баспана түрлері, жер, қора-қопсы, мал, үй жануарлары, ақша) М. ретінде саналмаған. Ал тұрмыста қолданылатын М.-герден өзге бұйымдарды топтастыра *дүние, дүниелік* деп аталады. Сондықтан әрбір жанұяға тиесілі барлық бұйымдарды *дүние-мүлік* деп топтастыра

атаған. М.-тер өзге дүниелермен, яғни, материалдық игіліктермен (мал, қазына, киім-кешек, құрал-сайман, қаржы, астық және т.б.) бірге байлықтың, дәулеттің бір бөлігі және оның айқын көрінісі болып табылады. Яғни, ауқатты, дәулетті, бай отбасының шаңырағына бас сұққанда үй ішіндегі жарқыраған сән-салтанатты М. бірінші көзге түсетін болған. XX ғ.-дан бастап М. ұғымының мағынасы кеңейіп барлық материалдық игіліктердің жалпылама атауына айналған. Осыған орай *қоғамдық мүлік, мемлекет мүлкі, жылжымалы мүлік, жылжымайтын мүлік, үй мүлкі* деген сияқты ұғымдар қалыптасты.

Үйдегі М.-тер әрқайсысы жекелей және қызметтеріне орай топтастырылып та айтылады. *Кілем, тұскиіз, сандық, кебеже, абажа, адалбақан, асадал, абдыра, жұкаяқ, жастыққағаш* сияқты көптеген М.-тер негізінен жекелей аталады. Бұған қоса кейбір М.-тер атқаратын қызметтеріне орай жалпылама топтастырылып та айтылады. Мәселен:

Ыдыс-аяқ – ас-су ішуге, тағамдар даярлауға және оларды салып сақтауға, тасымалдауға қажетті бұйымдар жатады. Бұл үйдің негізгі М.-тері болып табылады. Оған *мес, саба, күбі, торсық, астау, табақ, тостаған, саптыаяқ* және т.б. жатады (**қ. Ыдыс-аяқ**).



Ыдыс-аяқтар. ҚР MOM экспозициясынан

Қазан-ошақ – ас әзірлеуге қажетті бұйымдардың жалпылама атауы. Аты айтып тұрғандай оған үйдегі барлық ірілі-ұсақты *қазандар, ошақ* және оған от жағуға қажетті *қышқаи, көсеу, қалақ, балта* сынды жабдықтары жатады.

Төсек-орын / Көрпе-жастық – отырғанда, жатқанда төсенуге және жамылуға қажетті *төсек, көрпе, көрпеше, жастық* сынды мүліктердің жиынтық атауы.

Жапқыштар – әсемдік үшін, ластанудан қорғау және қалқалау мақсатында бұйымдардың бетін бүркеу үшін қолданылатын үй мүліктері. Оған *төсек жапқыш, дастарқан, перде, шымылдық* тәрізді үй бұйымдары кіреді.

Төсеніштер – отырған және жатқан адамға жұмсақ әрі жайлы болуы, суықтан, ылғалдан, шаң-топырақтан қорғауы үшін және және сәндік мақсатта қолданылатын мүліктердің жиынтық атауы. Төсеніштерге *алаша, киіз, текемет, сырмақ, тулақ, бөстек, көпшік* және т.б. мүліктер жатады.



Үй мүліктері. ҚР МОМ қорынан (ФКП 261)

Көшпелі қазақ киіз үйде тұрған және оның ішіндегі мүліктердің әрқайсысының орналасатын орны болған. Абажа, сандық сияқты мүліктер кереге жағалай орналасып, олардың үстіне көрпе-жастық жиналған. Мұндай жиналған мүліктерді *жүк* деп атайды. Үйдің оң жағында (төрден караганда) төсек орналасады. Одан төменірек киім-кешек ілетін бақан, құрал-саймандар салынатын сандықша, кобдилар қойылады. Үйдің сол жағында жалпы ас-суға қатысты М.-тер: *кебеже*, *асадал* және ыдыс-аяқтар мен оларды салатын *кесеқап*, *аяққап*, *қоржын* сықылды қап түрлері орналасады.

Көшіп-қонған кезде М.-тер көлікке тиейтіндей немесе түйеге, өгізге артатындай етіп жинастырылады. Ұсақ және шағын заттар *сандық*, *тоғанақ*, *қаптарға* салынып және *тең* жасап буылып-түйіледі. Кейбір дүние-мүлікті уақытша сақтау үшін жерден арнайы қазып жасалған орын көміп кетіп те отырған. Мұндай орындар *көмбе*, *ұра*, *қойма* деп аталады (қ. *Көмбе*²; *Қойма*). Үй М.-терін *жиһаз* деп те атайды (қ. *Жиһаз*).

Мүлік даярлау. Ертеде қарапайым М.-терді әркім өз мүмкіндіктеріне қарай даярлайтын. Іс өнімді болуы үшін М.-терді жасауда көпшілік болып бірлесіп атқару да жиі кездеседі. Мәселен, *киіз басу*, *кілем тоқу*, *ши орау*, *көрпе жасау* сияқты істерді науқанды түрде өткізетін болған (қ. *Науқан*). Көшпелі ортада үнемі қоныс ауыстыру кезінде ыңғайлы болуы үшін үй мүлкі барынша жеңіл әрі берік болуы ескерілген. Осыған орай М. жасауға неғұрлым берік, төзімді, жеңіл табиғи материалдар қолданылған. Әсіресе тиімді әрі қолжетімді материалдар жануарлардың терісі, жүні, қылы мен әртүрлі ағаштар болған. Көн теріден жасалған ыдыс-аяқтар (*саба*, *торсық*, *мес*, *көнек* және т.б.) көшпелі қазақтың үнемі тасымалдап жүретіндіктен қажалуға, сынуға өте төзімді, салмағы жеңіл әрі қолжетімді арзан болып келеді (қ. *Көн*; *Ыдыс-аяқ*). Өңделуі оңай, берік әрі жеңіл болғандықтан ағаш та М. жасауда (*тостаған*, *шара*, *астау*, *саптыаяқ*, *сандық*,

кебеже, *төсек* және т.б.) аса көп қолданылған. Қойын жүнінен басылған киізден алуан түрлі М.-тер даярланған. Ал темірдің тым ауырлығына байланысты М. жасауға аса көп қолданылмаған.

«*Жылқының көркі – құйрық, үйдің көркі – мүлік*» деп М.-тер тек тұрмыс қажетін өтеу үшін қажетті бұйымдар ретінде ғана жасалмай, олардың эстетикалық мәніне де көңіл бөлген. Сондықтан мүмкіндігінше М.-тің сәнді, әсерлі етіп жасалуына да ден қойған. М.-тердің сыртын бояп, *оймыштап* алуан түрлі ою-өрнек бедерлерін түсірген, түрлі інішідерге келтіріп отырған (қ. *Ою-өрнек*). Көбінесе шеберлікті, машықты талап ететін әсем де берік М.-ді ақысын төлеп арнайы шеберлерге жасататын. Сонымен қатар М.-ті ел аралаған *саудагерлерден*, отырықшы елді мекендердегі *базарлардан* және ауық-ауық ұйымдастырылып отыратын *жәрмеңкелерден* сатып алып отырған (қ. *Базар*; *Базаршы* / *Базаркеш*; *Жәрмеңке*; *Саудагер*). Мұндай жағдайларда жасатқан М.-тің ақысына мал беру және дайын М.-ті малға айырбастап алу кең тараған (қ. *Айырбас сауда*). Айырбасқа көбінесе қой, кейде өзге түліктер де қолданылған.

Мүлікке иелік ету. Қазақта ортада ұлы жеке отау құрып немесе қызы тұрмысқа шыққанда ұлдың ата анасы – *енші*, қыздың ата-анасы – *жасау* бөліп береді. Ұлға әдетте *енші* ретінде үй, мал және шаруашылық құралдары беріледі (қ. *Енші*). Кенже бала әкесінен қалған барлық мал-мүлікке және үйге ие болып, *қара шаңырақтың иесі атанады* (қ. *Қара шаңырақ*). Ал қызға жасау ретінде тұрмысқа қажетті М. беріледі (қ. *Жасау*). Жасау ұзатылған қыздың М.-тің жетіспеушілігінен қиыншылық көрмеуі үшін беріледі. Сондықтан жасау беру әрбір қыз ата-анасының міндеті саналып, оған барынша мұқият қараған. Жалпы жасау ретінде қандай М.-тер берілетіндігі нақты белгіленбеген. Оны әркім өз шама-шарқына, оған төленген қалыңмалдың мөлшеріне қарай даярлайтын. Әдетте қыздың жасауы ретінде берілетін М.-тердің жеті немесе тоғыз заттан (тоғыз жамылатын көрпе, тоғыз жастық, тоғыз төр көрпе және т.б.) болуы ескеріледі (қ. *Төсек-орын апару*; *Бір қабатын беру*). Қыз ұзатылдарда берілетін жасауды туыстары арнайы жиналып қарап, сыннан өткізген. Кейбір жетіспейтін М.-терді ағайын-туыстары қосқан немесе қосу керектігін ескертіп отырған. Тұрмыс құрғаннан кейін қыз әке-шешесінен алған М.-терге өзі иелік еткен. Оны қалаған адамына беруге, айырбастауға құқылы болған. Жас отбасылардың енші және жасау ретінде алған мал-мүліктері жетіспей, әлдеқандай себептермен шығынға ұшырап жатса ағайындарынан көмек ретінде М.-тер ала алады (қ. *Жұртшылық*; *Көмек*; *Немеурін*).

Жасаудан басқа жинаған М.-тер отбасына ортақ болып табылады және одан үйленген ұлдарына енші, қыздарына жасау бөліп беріледі. Ер адам қайтыс болса бар мал мен мүлкі оның ұлдарына, негізінен кенжесіне мұрагерлікке қалатыны белгілі. Егер ұлдары кәмелет жасына толмаған болса әйел қайтадан тұрмысқа шықпаған жағдайда күйеуінен қалған мал мен мүлікке иелік еткен.



Қазақта ерлі-зайыптылардың ажырасуы сирек болған. Дегенмен түрлі себеппен ажыраса қалған жағдайда шарифат және дәстүр бойынша мал-мүліктен тиісті үлес алу құқығын ажырасу себептеріне орай анықтаған. Ерлі-зайыптылар ажырасқан жағдайда әйел өзінің жасауына өзі иелік еткен. Оған қоса күйеуінен мүліктен және малдан енші алған. Егер күйеуі мен әйелінің арасы мүлдем ушығып кетсе, ол жас әйел алып, бұрынғы әйелі мен балаларына енші ретінде үстеме дүние-мүлік беріп бөлек шығарған (қ. **Ақымар**). Ал әйел төркініне кеткісі келсе рұқсат берілген.

Қазақта М.-ке де түрлі пәле-жала жабысады, өзгенін сұғы тиеді деп сенген. Сондықтан М.-ті *аластау* ғұрпы атқарылып отыраған. Ол үшін ара-тұра арша, адыраспан сияқты қасиетті саналтын өсімдіктерді жағып, оның жалынымен үйдің ішіндегі М.-тердің үстін айналдыра «алас, алас, пәле-жаладан алас, тіл мен көзден алас» деп қайталап отырады. Көшпелі қазақ қоныс ауыстырғанда мал-мүлікті жағылған оттың ортасын өткізіп аластаған (қ. **Аластау; Көш**).

Әдеб.: Михайлов М. Киргизы // ТС. 1868. Том XVI. СПб., 1869; Гродеков Н.И. Киргизы и каракиргизы Сыр-Дарьинской области. Том I. Юридический быт. Ташкент, 1889; Мякутин А.В. Юридический быт киргизов. Оренбург, 1910; Материалы к определению товарности киргизских хозяйств Актюбинской губернии. Под ред. Я.Д. Левченко. Издание Актюбинского Гобисполкома. Актюбинск. 1925; ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МҮҢКІР-НӘҢКІР – діни түсінікте өлік жерленгеннен кейін, адамнан қабірде сұрақ-жауап алуға, оның дінге сенімін анықтауға келетін екі періште. Ислами түсінік бойынша қабір сұрақтары мен жауаптары: *Рабың кім Рабым? Алла Тағала. Дінің қандай? Ислам. Пайғамбарың кім? Пайғамбарым Мұхаммед (с.ғ.с.). Құблаң қайда? Құблам Мекке Мұһаррәмдағы Қағбада. Кімнің ұрпағысың? Хазіреті Адам (ғ.с.)-ның ұрпағымын. Қай үмметтенсің? Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардың үмметіміз. Қашаннан бері мұсылмансың? Әлмисақтан. Сені кім жаратты? Сені, мені он сегіз мың ғаламды жаратқан Аллах Тағала. Қай мәзһабтансың? Имам ағзам Әбу Ханифаның рахметуллаху ғәләйһимнің мәзһабынанмын. Кімнің досысың? Төрт халифаның: Әбубәкір, Ғұмардың (Омар), Ғұсманның (Оспан), Фалидың (Әли) досымын. Егер де екі періштенің сұрағына дұрыс жауап берсе, көрдегі адамның көрі жарық болып, ақыретке дейін жаны қиналмайтын болады. Ал, сұраққа дұрыс жауап бере алмаса, көрі қараңғы болып, ақыретке дейін қабір азабын (азаб ал-қабр) шегетін болады. Құдіретті Жаратушының бұйрығымен Мүңкір мен Нәңкір өлген адамды қабірде қайта тіріліп, тіршілігінде ауыр күнәсі барына баратын жерің тозақ деп, тозақты көрсетсе, иманды ізгі жанға баратын жерің жаннат деп, жаннатты көрсетеді. Ақыретте тозақтық болатын адам ақырзаман мәңгі болмаса екен деп армандаса, жаннаттық болатыны адам ақырзаман, қиямет-қайымның болғаны әділеттілік деп қарайды. Қабір азабы – құнаһарлардың жаһаннамда (о дүниеде) тартатын жазасының басы саналады. Жалпы қабір азабындағылар қасынан өтін бара жатқан тірі адамдарға *бізде сендей болғанбыз, сен де бізде боларсың!* дегенді*

айтып, дұға оқуын, Алладан өзінің азабын жеңілдетуді сұрауын қалайды екен. Оған жауап ретінде тірі мүміндер Жаратқанға жал ұрып, өлгендердің қабір азабын жеңілдетіп, тезірек құтылуын тілеп, *қиямет-қайым жақын деп, үш рет қайталап айтып, ақырзаман ертең деп бір рет айтып*, соңын дұға-тілектермен доғарып, бет сипайды. Мүңкір-Нәңкір жұрт өлген адамды жерлеп, бейіттен қырық қадам алыстағанда келеді деп саналады.

*Кім қалар өлшеулі өмір толған күні,
Кім жолдас көрде жазғыз қалған күні.
Білгіш деп қызыл тілім сонда айтармын,
Сайрасаң мүңкір-нәңкір сұраған күні.*

*Ел-жұртым жиылып көмді,-дейді,
Құдайым қатты азап берді,-дейді.
Ел-жұртым қырық қадам кеткеннен соң,
Басыма екі кісі келді,-дейді.*

Құранда М. мен Н. аты аталмайды, бірақ кейбір аяттарда құнаһарларды қабірде періштелердің жазалайтыны айтылуы соларды түспалдайды деп саналады. Мысалы: «Періштелер олардың беттеріне, арқаларына ұрып, жандарын алғанда қалай болар еді!» (47- Мухаммед сүресі. 27 аят) (қ. **Көр құран**).

Әдеб.: Арабско-русский словарь. Составил проф. Х.К.Баранов. М. 1958. Дәстүрлі атаулар. Анықтамалық жинақ. Автор-құрастырушы Наурызбай Ақбай. Алматы: Арда 2005; Ислам. Энциклопедиялы анықтамалық. Алматы: Аруна, 2010; *Құран Кәрім*. Қазақша мағына және түсінігі. Медине: Құран Шәриф басым комбинаты. 1991; *Мәмежанов Қ.Ш.* Ислам тағылымдары. Алматы: 2003; *Шайх Сағиди*. Гүлістан Аударған: Тұтқабекұлы Ж. Іле халық баспасы, 2008. 273 б; ҚР МӨМ - материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МҮРДЕ – аруланып, жуылып, кебінделіп жерлеуге дайын болған және жерленген мәйіт. О дүниеге жөнелту жосындары жасалмаған, жерленбеген өлі дене *мәйіт* қалпында қалады (қ. **Мәйіт**). Қатты ренжіткен адамға бағыттап «жер қап, мүрдем кет» деп қарғыс айту – жең жастанып, оле қал деген мағынада қолданылады.

Халықтың нақыл создерінде осы атау да орын алған:


*Суалмайтын көл де жоқ
Бұзылмайтын мүрде жоқ
Басы жұмыр пенденің
Өлмейтіні мүлде жоқ*

М.-ні жерлеуге алып кеткен соң көму жүріп жатқан кезде өлік шыққан үй дереу басқа жерге ауыстырылып марқұм М.-сі жуылған жерге от қойып, тазаланған. Ол жерді қазып, үстіне топырақ үйіп, адамның, малдың баспауы қадағаланған. Егер ол жерді басса, ауруға шалдығады деп ұққан. Мұндай жер «арулаған жер» деп аталған.

Әдеб.: Гродеков Н.И. Киргизы-и каракиргизы Сыр-Дарьинской области. Ташкент, 1889; Аргынбаев Х. Қазақ халқындағы семья мен неке Алматы, 1973; Көңіл күй лебіздерін сөз орамдары. / Құраст. С.Бизақов Алматы: Самара-Принт, 2007. -308 б; ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МҮРДЕХАНА – бір әулеттің адамдарының мүрделерін ұрпақ жалғастыру негізінде қоюға арналған, арнайы құрылыстың атауы. М. деп аталу себебі, мүрде жерленбейді тек еденге қатар қатар етілін кебінге оралған күйінде қойылады да беті топырақпен жабылмай ашық қалдырылып

құрылыстың арнайы жасалған есігі ғана қышпен қаланып, жабылып тасталады. Әулетке, бір ата ұрпақтарына арналып салынатындықтан, мұндай құрылыстар бірнеше ұрпаққа қызмет атқаратын болған. Оған мысал ретінде М.Тұяқбаев, жетпісінші жылдары табылған «Белгісіз сағана» (XVI ғ.) құрылысынан әр кезеңде қойылған жеті адамның мүрдесі, Рабия Сұлтан Бегім кесенесінің М.-нан бес адамның, Есімхан кесенесінің М.-нан үш адамның сүйектері көмілмей, ашық жатқан күйінде табылғаны жөнінде мәлімдейді.



Мүрдехана сызбасы. Тұяқбаев М. Новый подземный склеп XVI-XVII вв. // Вопросы истории и археологии Западного Казахстана (Уральск. 2011. №1) атты еңбектен

М.-сы бар аталмыш ескерткіштердің мерзімі Қазақ хандығының тұсына сай келетін көрінеді. М. шаршы формасындағы құрылыс, қабырғаларының қалыңдығы 40-тан 50 см-ге дейін өзгеріп отырған. Сондай-ақ, жер астынан төрбұрышты етіп М. жасалғаны жайында археолог Б.Н.Нұрмұханбетов өз мақаласында көрсетеді. Ол шикі қыштан құрылған (өлшемі: қалыңдығы 8-10 см, ені 16-20 см, ұзындығы 32-40 см)

Көптеген жағдайда М. лардың үстіне салынған құрылыстар уақыт өте ғибадатханаларға айналғаны белгілі. М. үстіне мазар тұрғызып, кесене салу арқылы жасалған сақаналап жерлеу дәстүрі Орталық Қазақстанда 20 ғ.-ға дейін жалғасып келді (қ. Көр).

Әдеб.: Нұрмұханбетов Б.Н. Раннемусульманское кладбище близ городища Куйрыктобе // В глубь веков. Алма-Ата. Наука. 1974, 87-91 бб; Тұяқбаев М. Түркістан сырлары. Алматы. 2000. 52-55 бб; Тұяқбаев М. Новый подземный склеп XVI-XVII вв. // Вопросы истории и археологии Западного Казахстана. Уральск. 2011. №1-2; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МҮРИД – (бойсұнушы, ұмтылушы) сопылық ағымның мүршидтері мен пірлерінің ерікті шәкірті. «Мүрит/мүрид» деп әдетте сопылық бірлестікке кіру үшін арнайы дайындықтан өтетін шәкірттерді атаған. Мүрит өзінің ұстаздарымен (пір, мүршит) адал, кісілікті қарым-қатынаста болып, оған сөзсіз бағынуға, олардың айтқанын бұлжытпай орындауға міндетті болды. Мүридтің өзіне деген сенімі мен ықыласын ұстаздары кейде саяси және экономикалық мақсатта пайдаланған. Мүрид сөзі кең мағынада «сопы» дегенді

де, «қатардағы мұсылман» деген ұғымды да білдіре береді.

Әдеб.: Дәстүрлі атаулар. Анықтамалық жинақ. Автор-құр. Наурызбай Ақбай. Алматы: Арда, 2005; Ислам: Энциклопедический словарь. - М.; Наука: Главная редакция восточной литературы, 1991; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МҮСӘТІР – қазақтың дәстүрлі ұсталық, зергерлік колөнерінде қолданылған зат. М. түрлі дәнекерлеу жұмыстарын жасағанда және мыстан, темірден жасалған ыдыстарды қалайылағанда пайдаланылды. Дәстүрлі ұсталықта ыдыс-аяқ қалайылауда М. қолдану көп таралған тәсіл болды. Қалайыланған темір және мыс ыдыстар тотықпайды, жалтыраған аппақ күйін сақтап ыдыстарға ерекше көркемдік беріп тұрады. Әдетте, қалайыны жағардың алдында шаң-тозаңнан, кірден, даттан мұқият тазартылған металл қыздырылып, бетіне М. сеуіп балқытылады. Сонан соң қыздырылған ыдысқа балқытылған қалайы біркелкіленіп жұқалап жағылады. Кейбір тостаған, құмғандардың бетіне қалайы ойып ою-өрнектер түсірілген. Уақыт өткен сайын өрнектің ойылған жерлеріндегі мыс тотығып, ақ қалайының бетінде өте әсерлі әрі реңді болып көрінеді.

Әдеб.: Арғынбаев Х. Қазақ халқының қол өнері, Алматы: Өнер, 1987; Парасат, 2001, №2.25.; Шоқпарұлы Д. Дәркембайұлы Д. Қазақтың қолданбалы өнері, Алматы: Алматыкітап, 2007; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МҮШЕ АЛЫП ҚАШУ – той кезінде өткізілетін ойын түрі. Мүше алу тойға жиналған жұрт ас-су ішіп, балуан күрес, жамбы ату, қызқуу, көкпар және т.б. түрлі ойындар басталар кезде жиналған жұртты сыртқа шығару, қыздыру, делебесін қоздыру мақсатында ойналады. Бұл ойын көбінесе қыз ұзатар тойда өткізіледі. Атқа қонған жас жігіттер қалыңдықтың үйінен мүше талап етеді. Мүше деп отырғаны қойдың кәделі бір жілігі. Бір жілік етке – жамбас, асықты жілік, сүбе қабырғалары кіреді. Көбіне оған қойдың ортан жілігін береді. Қалыңдықтың шешесі матаға мүшені орап, жігіттің қолына ұстатады. Үлке тойларда матаға бір жілікті ораса, кіші тойларда ішіне тәтті, дәнді-дақылдарды салған түйіншек береді.



Мүше алып қашу. ҚР МОМ материалдары бойынша суретті салған Б.Досымов



Мүшені қолына ұстаған жігіт «*мүше, мүше*» деп айғайлап, тұра қашады. Осы кезде қалған жігіттер «*жетті, жетті*» деп қашқан жігітті өкшелей қуып, апыр-топыр ойын басталады. Аттың жүйріктігі, жігіттің ептілігі арқасында мүше бір қолдан-бір қолға өтіп, ойын жалғаса береді. Ешкімге жеткізбей орағыта қашқан жігіттердің бірі бұл мүшені сол қалпында (түйіншек болса ішіндегі дәнін шашпай) өз руының ақсақалының, жолы немесе жасы үлкен кісілердің бірінің алдына әкеліп тастайды. Ауыл ақсақалдары жеңген жігітке шапан кигізеді.

Әдеб.: П. Обычай киргизов Семипалатинской области // РВ. М., 1878. №9. С.22-66; *Бекимов М.* Свадебные обряды киргизов Уральской области // ИОАИЭКУ. Т.ХХІ. Вып.4. 1905. С.382-392; Казак баласы казакша ойнауы керек // Алтын Орда. 2005. №23; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МҮШЕ ТАРАТУ – қыз алып жатқан жақтың, қыз беріп жатқан жаққа беретін кәделерінің бірі. Н.И. Гродековтың көрсетуі бойынша, Перовск оязында қыз ауылы жігіттерінің, *күйеу жігітті* жорта қорқытып алатын кәдесі М. т. деп аталған. Ал Л.З. Будаговтың «Түрік-татар тілдерінің салыстырмалы сөздігінде» *мүше* деп қыз беріп отырған елге таратағын кәдені айтады. Ең сиы, үлкен мүшені (әдетте жібек шапан немесе жылқы) ру басына тартады, ол өз кезегінде елін басқарған сұлтанға тарту етеді. Содан кейінгі мүшелерді үлкенінен бастап кішісіне қарай ел ішіндегі аталарға үлестіреді. Ең соңғы кішкене жыртты ауылдың елгезек жігіттерінің бірі алып қашады. Оны қуа шапқан жігіттер бірінен соң бірі алып, ең соңында астындағы ағы жүйрігі бұл *мүшені* иеленеді (**к. Мүше алып қашу**). Қорыта келгенде, М. т. деп ағайын туыс, отбасы ғана емес, қыз беріп отырған рулы елге беретін кәдені тарату салтын айтса керек.

Әдеб.: *Алекторов А.Е.* Основание брака и свадебные обычаи у киргизов // ОЛ. 1888. №11,12. С.185-195; *Гродеков Н.И.* Киргизы и каракиргизы Сыр-Дарьинской области. Т.1. Юридический быт. Ташкент: Типо-Литография С.И. Лахтина, 1889; *Будагов Л.З.* Сравнительный словарь турецко-татарских наречий, со включением употребительнейших слов арабских и персидских и с переводом на русский язык. Т.2. СПб.: Тип. импер. АН, 1871; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МҮШЕЛ – жыл санауы он екі хайуанның атына сәйкес аталатын он екі жыл. М. атауының түп торкіні туралы әртүрлі болжам бар. Алайда, біздің пайымдауымызша, әуелде бұл атау *мүшелі жыл* түрінде айтылған. Сөз дыбыстық жақтан ықшамдалып, *мүшел жыл, мүшел жас* болып қалыптасқан (үнді [л] дыбысымен қатар келген жіңішке [і] дауыстысы айтылмай түсіп қалуға бейім тұрады). Сөз қолданыста ретіне қарай *мүшелі* деп те айтылады. Мысалы, Балам *екі мүшелінде үйленді*; немесе *атамыз сегіз мүшелінде қайтыс болған еді* дегендегі М.-ді грамматика бойынша *мүше-лі-н-де* деп морфемдерге талдауға болады. Олай болса, М. сөзі әуелдегі түбірі мүше екені даусыз. Ал мүше сөзі «адамның, жан-жануарлардың ағзалары» деген ұғымды білдіреді.

Ал он екі жыл циклының *мүше* ұғымымен байланысты болуы, яғни циклдың бірнеше «мүшеден» құрылатын себебі, аңыз бойынша он екі хайуан жиналып келіп, түйенің өзіше ұнаған мүшелерін бөлісіп алған екен. Содан мүшеге кірген

хайуандар түйенің мүшесімен ұқсас болған: түйенің құлағы – тышқандікі, бақайы – сиырдікі, кеудесі – барыстікі, ерні – қояндікі, мойны – жыландікі, шудасы – жылқының жалынікі, жоны – қойдікі, бөкесі – мешіндікі, төбесі – тауықтікі, саны – иттікі, құйрығы – доңыздікі болып шыққан. Бұл ұқсастық қазақтың халық жұмбағына негіз болған.

Жұмбақ жасырушы былай дейді:

*Бір кезде он екі хайуан басын құрап,
Барлығы бір орнынан тапты тұрақ.
Адалы араммен кезектескен,
Өзінен әркімдер жүр жасын сұрап.*

Жұмбақ шешуші былай деп шешеді:

*Өлеңнің ұзыны бар, қысқасы бар,
Сөздің де айта алатын ұлтасы бар.
Қарағым, сен білмесең, мен айтайын
Түйеде он екі жылдың нұсқасы бар.*

Аталмыш жұмбақтың шешуі: құлағы – *тышқан*, бақайы – *сиыр*, тірсегі – *барыс*, ерні – *қоян*, шөккендегі өркеші – *ұлу*, көзі – *жылан*, төбесі – *жылқы*, тісі – *қой*, жүні – *мешін*, мойны – *тауық*, табаны – *ит*, құйрығы – *доңыз*.

Түркі-монғол фольклорындағы параллелизмдерді салыстыра зерттеген ғалым А.Тойшанұлы он екі хайуандағы түйенің мүшелеріне тән ұқсастықтың монғолдағы нұсқасын былай деп көрсеткен: *Барыс* бақайлы; *Қоян* ерінді; *Ұлу* (айдаһар мойынды); 4. *Мешін* 5. *Жылан* көзді; 6. *Жылқы* басты; 7. *Қой* мінезді; 8. *Тауық* айдарлы; 9. *Ит* азулы; 10. *Доңыз* құйрықты; 11. *Тышқан* құлақты; 12. *Сиыр* қарынды.

Төрт түліктің төрісі атанған түйеден он екі хайуан мүше алған. Халықтық терминнің *мүшел жыл* деп аталуының себебі осы аталған прецедентті мәтінмен байланысты болуы да ықтимал. Белгілі этнолингвист ғалым Е.Жанпейісов аталмыш жұмбақтың шешуіне сүйене келіп: «*Келтірілген халық даналығына қарағанда: түйе жылдан құр қалмаған, қайта оны жоғарыда аталған он екі түрлі жан иесінің жиынтық нұсқасы, яғни мүшел он екі жылдың символдық-синтезі десе де болғандай. Ботасын бойында он екі ай көтеретіні де мүмкін осы санмен орайлас заңдылық болар*», деп пікір түйеді.



Алматыдағы бір мүшелдегі жыл атауларын көрсететін мүсіндер жиынтығы. ОМЭЭ материалдарынан

Сонымен, аңыз бойынша, он екі жылдың атауы түйенің он екі мүшесі он екі хайуанға үлестірген жомарттығымен байланысты болып шығады. Қазақ халқының «түйе, арыстан, қасқыр және түлкі» деген ертегісінде түйе өзін құрбандыққа беріп, тағы бір жомарттық жасайды. Байырғы тұрмыстық санасында жылқыны – салтанат, қойды – байлық, ал түйені – жомарттық деп таныған халық. Түйе түлігін қой мінезді, кең пейілді, жомарт жанды деп, осылайша мүшел жылдан құр қалдырмаған.

Әдеб.: Жігітке өнер де өнер: Қазақ қара өлеңдері. Үрімжі, 1989; Қазақтың қара өлеңдері. Құраст., алғы сөзін жазған Асқар Оразақын. Алматы: Жалын, 1997; Жанпейісов Е. Төрт түлік төңірегінде // ҚР ҰҒА Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. 2005. №3, 3-12-бб; Тойшанұлы А. Түрік-монғол мифологиясы. Алматы: Баспалар үйі. 2009; Уәли Н. Бұрынғыдан қалған сөз (қолжазба); ҚР МОМ материалдарынан; ОМЭЭ материалдарынан.

МҮШЕЛ ЖАС – жыл қайыру есебі бойынша адамның әрбір он екі жыл аралығындағы жас мөлшері. Адамның жас шамасына қарай айтқанда мүшел жасының мөлшеріне байланысты атайды. Мысалы, *жас шамасы бес мүшелден асқан, төрт мүшелдің ішінде* т.б. дейді. Жас шамасын салыстырғанда қария адамдар «*бір мүшел үлкен*», «*екі мүшел кіші*» деп отырады. Байырғы дәстүр бойынша мүшел жас былай деп аталады:

бір жастан он үш жасқа дейін – *бір мүшел* (1-13);
он үштен жиырма беске дейін – *екі мүшел* (13-25);
жиырма бестен отыз жетіге дейін – *үш мүшел* (25-37);
отыз жетіден қырық тоғызға дейін – *төрт мүшел* (37-49);
қырық тоғыздан алпыс бірге дейін – *бес мүшел* (49-61);
алпыс бірден жетпіс үшке дейін – *алты мүшел* (61-73);
жетпіс үштен сексен беске дейін – *жеті мүшел* (73-85);
сексен бестен тоқсан жетіге дейін – *сегіз мүшел* (85-97);
тоқсан жетіден жүз тоғызға дейін – *тоғыз мүшел* (97-109).

Әдетте, бірінші мүшелді 13 жыл деп алады да оған 12 санын қосып екінші мүшелді шығарады. Сөйтіп, келесі мүшелге де 12 санын қосып отырады. Бірінші мүшел жастан 13 болуы баланың ана құрсағындағы кезі бір жылға баланады.

Ел ішіндегі наным-сенім бойынша «өтпелі кез» деп мүшел жаста (25, 37, 49, 61 ...) ұзақ жол, қиын сапарға шықпайды, беталды тәуекелге де бара бермей, сақтанады. Ойына алған әлгідей мақсатын *мүшел жастан шыққан* соң орындауға тырысады.

Әр мүшелдің сан атауынан басқа ел аузында балама аты да бар. Мысалы:

бір мүшелді *бала мүшел* (1-13);
екі мүшелді *бозбала мүшел* (13-25);
үш мүшелді *жігіт мүшел* (25-37);
төрт мүшелді *жігіт ағасы мүшел* (37-49);
бес мүшелді *саркідір мүшел* (49-61);
алты мүшелді *жерорта мүшел* (61-73);
жеті мүшелді *таусыншақ мүшел* (73-85);
сегіз мүшелді *сарқыншақ мүшел* (85-97) деп сипаттап атайды.

Бала мүшелдің нәресте, сәби, бөбек, бөпе деген атаулары *қам сүт шақ* дегенді, яғни баланың «*нісірліген*

сүт емес, емшек сүтімен қоректенетін кезін» білдіреді. Бала мүшелдің бұдан кейінгі кезеңі *балғын шақ, балдәурен шақ* деп аталады. Бала 7 жас пен 13 жастың аралығында ата-анасына қолқанат бола бастайды.

Бозбала мүшелдің 13 пен 17 жас аралығы *жеткіншек*, ал 17 мен 25-тің аралығы *ержеткен, ересек шақ*; ал 20 мен 25 жас аралығы *албырт шақ* делінеді.

Жігіт мүшелдің жас дәурен, қызулы шақ деген атаулар 25-30 жас аралығына қатысты болса, одан кейінгі 30 бен 37-ның аралығына қатысты *кемел шақ, кемеліне келген, кер жорғасына мінген шақ* деген атаулар қолданылады.

Жігіт ағасы мүшелдің 37-45 жас аралығын *қырма сақал кермиық* деп атаса, одан кейінгі 45-49 жас аралығы *қос ағасы, ауыл ағасы* деген тұрақты сөздермен сипаттайды бұндай атаулар *толысып, ысылған, ел қамын ойлаған, есейген, естияр шақ* деген түсінікті аңғартады.

Сарыкідір мүшел жасындағы ер адамның сақал-шашына ақ түсе бастайды. Бұндай нышанды *жігіттіктің арты, кәріліктің алды* дейді.

Жерорта мүшелдегілер «өрім кетіп, ылдиым қалды» деп отырады. Мүшел жастың бұл шағындағылар *үлкен кісі, қария, ақсақал* деп құрметпен аталады. Шал Күлекеұлы алты мүшелдің «ылдилаған» сипатын былай деп ашады:

*Алпыс бір мүшел келді мерттей болып,
Өтпедің сол мүшелден сертттей болып.
Кешегі дулап жүрген ер Құлеке,
Су түген сөне қалдың өрттей болып.*

Таусыншақ, сарқыншақ мүшелдерді, яғни жеті мүшелден бастап былайғы мүшелдерді *сұрауы жоқ мүшел* деп атайды. Бұлай дейтіні жас ұлғайған сайын ауызға күш түседі, яғни кейбір кәрілік жасындағылар көбірек сөйлеп кетеді; ақыл айтқыш болады; сыншы болам деп, міншіл болып кетеді. Бірақ оның айналасы, ортасы «сұрауы жоқ мүшелде ғой» деп, оған түсіністікпен қарайды.

Әдеб.: Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Алматы: Ғылым, 1977; Уәли Н. Бұрынғыдан қалған сөз (Қолжазба); ҚР МОМ материалдарынан; ОМЭЭ материалдарынан.

МҮШЕЛ ЖАС ЕСЕБІ – туған жылды немесе белгілі бір тарихи уақиғаны он екі жылдық жыл қайыру бойынша есептеу. Мүшел есебін шығару үшін туған жылды он екіге бөледі. Егер қалдықсыз бөлінсе, – *Мешін* жылы болады. Ал бір қалдық – *Тауық* жылы, екі қалдық – *Ит (Онадар)* жылы, үш қалдық – *Доңыз (Қаракиік)* жылы, төрт қалдық – *Тышқан* жылы, бес қалдық – *Сыыр* жылы, алты қалдық – *Барыс* жылы, жеті қалдық – *Қоян* жылы, сегіз қалдық – *Ұлу* жылы, тоғыз қалдық – *Жылан* жылы, он қалдық – *Жылқы* жылы, он бір қалдық – *Қой* жылы болады. Мысалы, Махамбет Өтемісұлы 1804 жылы туған. Мүшел жылын табу үшін 1804-ті 12-ге бөлеміз: төрт қалдық қалады. Алдаспан жыраудың мүшел жылы – *Тышқан жылы*. Ұлы Абайдың туған жылы 1845 жыл. 1845-ті 12-ге бөлеміз: тоғыз қалдық қалады. Абайдың мүшел жылы – *Жылан жылы*. Жыр атасы атанған Жамбылдың туған жылы – 1846 жыл. 1846-ны 12-ге бөлсек, он қалдық қалады, сонда Жамбылдың мүшел жылы – *Жылқы жылы* екен.



Ел өміріндегі ұлы тарихи уақиғаны осы тәрізді мүшел есебімен шығаруға болады. Мысалы, 1991 жыл – Қазақстанның Тәуелсіздік алған жылы. Мүшел есебі бойынша 1991-ді 12-ге бөлгенде: он бір қалдық қалады, сонда еліміз Тәуелсіздігін *Қой жылы* алған.

Мүшел жылдардың ретін ұмытпас үшін есептеуші:

[Т]үйе [с]еніп [б]ойына,
[К]алған [ұ]мыт [ж]ылдардан.
[Ж]атпа [қ]арап, [м]ойыма,
[Т]айма [и]меніп [д]ілмардан –

деген өлең жолдарын жаттап алады. Бұндағы

[Т]– Тышқан жылы

[С] – Сыйр жылы

[Б]– Барыс жылы

[К] – Қоян жылы

[Ұ] – Ұлу жылы

[Ж] – Жылан жылы

[Ж] – Жылқы жылы

[К] – Қой жылы

[М] – Мешін жылы

[Т] – Тауық жылы

[И] – Ит (Опадар) жылы

[Д] – Доңыз (Қарақийк) жылы

Қазақ халқының дәстүрлі мүшел есебінде он екі санының алатын орны ерекше, мүшел 12 жылдан, әр жыл он екі айдан, ал әр тәулік он екі шақтан тұрады. Халық тілінде *он сегіз мың ғалам, он екі сәт* деген ескілікті сөз орамы бар. Осындағы *сәт* «шақ» мағынасын білдіреді деп жорамалдауға болады. Ал он сегіз мың ғалам – «алты мың *нәбәтат*, алты мың *мақұлықат*, алты мың *жамигат*» болып бөлінеді. Кәрі құлақ қариялардың түсінігінше бір тәуліктегі он екі сәттің (шақтың) жарты бөлігі он сегіз мың ғаламның тіршілік ететін, ал жарты бөлігі олардың тыным алатын сәті (шағы) болса керек.

Әдеб.: Мүшел есебі // ҚСЭ. 8-том. Алматы: Қазақ Совет Энциклопедиясының бас редакциясы, 1976. 239-240-бб; Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Алматы: Ғылым, 1977; Уәли Н. Бір тәуліктегі шақ атаулары және олардың этимологиясы // «Академик Ә.Т. Қайдар және тіл білімінің мәселелері» атты ғылыми теориялық конференция. Алматы: Дайк-Пресс, 2004. 143-153 бб; Уәли Н. Бұрынғыдан қалған сөз (қолжазба); ҚР МОМ материалдарынан; ОМЭЭ материалдарынан.

МҮШЕЛІГІН ШЫҒАРУ – діни түсінік бойынша қайтыс болған адамның күнәсін жеңілдету үшін берілетін садақаны жасына қарай белгілеу. Бұл ұғым кейбір аймақтардағы *дәуір айналдыру // жүргізу; ысқат; дәлел шығару* тәрізді діни жоралғылармен байланысты (**к. Дәуір жүргізу; Дәлел шығару**).

Марқұмның тірі кезінде намазын қаза қылғаны, Ораза айында ауыз бекітпегені, біліп, білмей жасаған т.б. күнәсын жеңілдету үшін оның ет жақын адамы ақша, мал түрінде садақа береді. Садақа марқұмның әр жасаған жасына қарай беріледі. Марқұмның жалпы жасаған жасынан бірінші он үш жыл, яғни *бала мүшел* шегеріліп тасталады да қалған жасы есептеледі. Себебі, адамның балиғатқа толмаған кезі күнәдан пәк делінеді, күнә жасағанның өзінде күнәлары

үшін жауап алынбайды. Сонымен қатар, марқұмның мүшелігін шығару хижра есебімен есептеледі.

Мысалы, жерленетін адамның жасы миләдише 85 - те болса, хижра есебімен 88 жасады (85+1+2) деп есептеліп, 88 жастан балиғат жасын, яғни бала мүшел жасы – 13-ті алып тастайды, сойтіп, садақа марқұмның 75 жасына есептеліп беріледі. Ораза айына тән садақаның мөлшері жай айдағыдан көбірек болады. Мүшелікке шығарылған садақаны алған молда марқұмға бағыштап құран оқиды. Ал мешітке апарып берілген садақаны қаріп-қасір, кем-кетік, бейшара жандарға үлестіреді.

Әдеб.: Әлімбаев Нұрсан. Қазақтың өлікті жөнелтуге байланысты жосын-жоралғыларының этномәдени проекциясы // ҚР ҰҒА-ның хабарлары. Қоғамдық ғылымдар сериясы. 1994. №1. 36-48 бб; Ажигали С.Е. Религиозность и обрядность сельчан Казахстана в ближайшей ретроспективе: Жетісу, середина 80-х // Обычай и обряды казахов в прошлом и настоящем. Сб. ст. Алматы: Ғылым, 2001. С. 35-98; Бекбалак К.А. Похоронно-поминальная обрядность казахов Южного Казахстана // Обычай и обряды казахов в прошлом и настоящем. Сб. ст. Алматы: Наука, 2001. С. 294-317; Ибраев М. Сарыарқа қазақтарының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары // Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. 1-том. Біртұтастығы және ерекшелігі. Құраст. С.Әжіғали. Алматы: Арыс, 2005. 141-151-бб; ҚР МОМ материалдарынан; ОМЭЭ материалдарынан.

МЫҒАУ / МЫҒАЙ ЖАЗАСЫ – сатқындық немесе опасыздық жасағаны үшін берілетін жаза түрі. Көбінесе жақыны мен досына опасыздық жасағанға, елін сатқан сатқындарға қолданылған. Мұндай жаза кесілген адамның аяқ-қолы байланып, ағашқа немесе керегеге таңылады. Егер ол адам сарбаз, жауынгер болса үш жерден шаншылған найза астына тізерлей отырғызылып, мықшита баса отырып, найза басын буып қояды. Жиылған жұрт оның бетіне түкірін, лағынет айтып, қарғыс жаудырады, қариялар теріс бата оқиды. Қолданылуы жағынан «етегін кесіп (тіліп) елден қуған» деп аталатын жаза түріндегідей туыстуғанынан ғана емес, елі-жұртынан да аластатылып, адам қатарына қоспай, қаңғытып жібереді. Содан қоз көріп, құлақ естімейтін алысқа кетіп, басқа атпен (есім) бөгде ортаға барып, ол жақта жоқ бір рудың атын жамылып, кірме болып сіңіп кетеді (**к. Жаза**).

Әдеб.: Кеңжахметұлы С. Қазақ халқының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. Алматы: Атамұра, 2010; Мығау жазасы // Алаш айнасы. 4-қазан, 2013. №174; ҚР МОМ материалдарынан; ОМЭЭ материалдарынан.

МЫҚ – ағаштан жасалған ұсақ шеге. Ағаш шегенің жергілікті тіл ерекшелігі ретінде *шағай, сағай* тәрізді атаулары да кездеседі. Етіктің, мәсінің ұлтанын шегелеу үшін қолданылатын М.-ты етікші қайың, емен, арша, тобылғы, ұшқат, ырғай тәрізді оңайлықпен суға шірімейтін қатты ағаштардан жасайды. Етікке қағылатын М. мәсіге қағылатын шегеден ірірек болады. Тіпті етікке қолданатын М. та екі түрлі етіп жасалады, яғни ұлтан мен өкшеге екі түрлі мық қағылады. М.-тын орнын тесетін біз де М. түрлеріне сәйкес етіп дайындалады. Өкше бізі жуан әрі ұзындау, ал ұлтан бізі қысқа әрі жінішке, түптері төрт қырлы болып келеді.

М. дайындау үшін таңдап алынған жұмыр ағашты белгілі мөлшерде *пышқы* деп аталатын ұсақ тісті арамен кесіп алады. Ағаш кесінділерін *шегелік, шегелік ағаш* дейді. Шегеліктерді

шетінен бір-бірілеп алып, үстіне пышақтың жүзін қойып, балғамен шекиді. Осы тәсілмен барлық шегеліктерді көлденен емес, бойлай жарып, жұп-жұқа тақтайша пішініне келтіреді. Одан кейін етікші тақтайшаның бір жақ қырынан жүз шығарып жонады. Пышақпен жүз шығарып жонып жарғанда тарақтың тістері тәрізді шегелер тізіліп тұрады. Қаз-қатар тұрып қалған шегелерді пышақпен ажыратып, кептіруге қояды. Қыс уақыты болса, оларды қалбырға салып, пешке қойып кептіреді. Осындай тәсілмен жасалған М.-тың әрбіреуінің бір басы үшкір, екінші басы торт қырлы болып шығады. М.-ты қағар алдында оған шайыр (ағаштан алынатын желім) жағады.

Қазақтың көне жыры «Қозы көрпеш – Баян сұлудың» бір нұсқасында мық қағылған етік түрінің атауы сақталған:

*Мықы бар сауыр етік табанында,
Құдайға құлшылық қыл заманында.
Қарабай, Сарыбаймен бай өтіпті
Ноғайлы ертеде өткен заманында*

(Қозы көрпеш – Баян сұлу)

Халық тілінде етік пен кебістен басқа ердің қасына сәндік үшін әрі беріктік үшін қағылатын басы бүркеншікті әшекейлі шегелер мен ағаш есікке, байырғы қоқан арбалардың донғалағының табанына, асадалға және т.б. бұйымдар мен құралдарға қағылатын шегелер де *мық* деп атала берген. Жасалатын заттың түріне қарай шегелер ағаштан, сүйектен, темірден, мыстан, жезден, күмістен дайындалған. Оларды жалпылама түрде *мық*, *шеге* деп, ал «ұсақ шеге» ұғымын білдіру үшін *мық шеге* деп қолданған.

Зергерлердің металдан шеге жасайтын қалыбы да *мық қылып* деп аталған (**ж. Шеге**). Кейін келе *шеге* атауы жиі қолданылатын болды да, *мық* атауы етікшілер, ершілер тілінде және аймақтық ерекшелік ретінде сақталып қалды.

Әдеб.: Қасимов С. Қазақ халқының көлөнері. Алматы: Қазақстан, 1969; Арғынбаев Х. Қазақ халқының колонері. Алматы: Өнер, 1987; Шойбеков Р. Н. Қазақ зергерлік өнерінің сөздігі. Алматы: Ғылым, 1991; Қазақ тілінің аймақтық сөздігі. Алматы: Арыс, 2005; Шоқпарұлы Д., Даркөмбайұлы Д. Қазақтың қолданбалы өнері. Алматы: Алматыкітап, 2007; ҚӨТС. 11-том. Арыс, 2009; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МЫҚАН АҒАШЫ – мифтік танымда тіріге тірек болып, жәрдем көрсететін, өліге өмір беретін қасиетті ағаш. Қазақтардың байырғы мифтік санасында ағашты қасиет тұтқанын аңғартатын бір алуан ертегі, аңыз-әңгімелер, сондай-ақ *Ө.Тұрманжанов* (1959 ж.), *Б.Адамбаев* (1996 ж.) құрастырған қазақтың мақал-мәтелдер жинақтарында «*Іздеген мықан ағашын табады*» деген көне мақал бар.

Мәшһүр Жүсіп халықтың сан-салалы асыл мұрасын жинастырып, хатқа түсіріп қана қойған жоқ, олардың кейбіріне талдау жасап, этномәдени мазмұнын ашып отырған. Аңыз-эпсаналардың кейбірін өлең тілімен өрнектеп, қайсыбірін ауызша әңгіме жанры стиліне салып, көркем шығармашылық туындыға айналдырған. Оларды М.Жүсіптің авторлық нұсқасы деуге болады.

Мәшһүр Жүсіп өзінің осындай авторлық шығармасында *мықан ағашы* деп қолданған. Автор «Ертөстік» ертегісін көркем ауызша проза тілімен әңгімелеген. Ертөстіктің осы

айтылған авторлық нұсқасында Мұтышпақ байдың тоғыз ұлы болады. Бай тоғыз ұлына тоғыз қызы бар бір үймен, бір шаңырақпен құда болуды армандап, ой түбіне жете алмай, үйінен шыға алмай жатып алады. Сонда хан айтады:

Ойыңды білдім, байеке! Ойың оң, тілеуің дұрыс болсын! Ой түбіне ешкім жете алмайды. *Сенің үйде отырып ойлаған ойыңды кім біледі? Жатқанға жан жуымайды, || Қимылдаған қыр асады. || Іздеген мықан ағашын табады, - деген бар емес пе?! Елден елді қыдырып, іздесең болмай ма? – деп, ақыл береді.* Бір өкініштісі, ертегінің аяғы жоғалып кеткен.

Осындай ертегі аңыздардан М. а.-н іздеу сарыны болғаны байқалады. М. а. қиындық көрген ақ ниет адамға жәрдем береді, сондай-ақ өлген адамды тірілтеді, адал ниеті жазықсыз жанға ақыл айтады. Аңыз, ертегі кейіпкерлері М. а.-на кездейсоқ та кездесіп, көмегін көреді.

Солардың бірі Ә.Диваев жариялаған (1892 ж.) «Жақсылық пен Жамандық» деп аталатын ертегі. Ертегінің қысқана мазмұны: *Жақсылық пен Жамандық ұзақ жолға шығып, сапарлас болады. Жақсылық, Жақсылықтың атының өзі айтып тұрғандай, еш арамдығы, қылдай қиянаты жоқ жаны жомарт жан болса, ал Жамандық, керісінше, өз пайдасын көздейтін, басынан бақайшағына дейін арамдық пен зұлымдыққа толы қара ниет жан. Бірнеше күн Жақсылықтың атына мінгесіп, өзінікіне тимей Жақсылықтың жол азығын жейді. Оның жол азығы біткенде, мінген атын сойдырады. Оны тауысқан соң Жақсылықты алдап-сулап көндіріп, оның құлағын кесіп, көзін ойып жеп, сау тамтығын қалдырмайды. Ақыр аяғы, Жамандық көзі жоқ, құлағы жоқ жолдасын жол бойындағы бір дүм тоғайдың ішіне тастап, өзі кете барады. Өлден уақта, түн қараңғысы түсе, жолбарыс, қасқыр, түлкі жақын жердегі ағаштың түбіне келіп көрген, білген, естігендерін әңгімелейді. Олардың біреуі өздері отырған ағаштың түбінде аса мол алтын көмілгенін, ал біреуі сол ағаштың қасиетті екенін, көзі жоққа көз беретінін, құлағы жоққа құлақ беретін қасиетін айтады. Түнімен қалың ұйқыға беріліп, таң атарда олар жан-жаққа тарап кетеді. Ал Жақсылық болса, олардан естіген ағаштың бұтағымен ойылған көзін, кесілген құлағын, дене бойын бүтіндеп алып сау адам қалпына келеді, алтынды қазып алып, бай болып мұратына жетеді. Ал Жамандық азып-тозып жүріп, бір кездері сапарлас болған Жақсылықтың дәулеті шалқыған бай болғанын естіп, одан байлыққа қолының қалай жеткенін сұрайды. Жақсылықтың істегенін біліп алған соң, ол да қараңғы түсе әлгі қасиетті ағаштың маңайында жасырынып жатады. Алайда оны сезіп қойған жолбарыс, қасқыр, түлкі Жамандықтың сол сәттен-ақ қол-аяғын пәршектеп тастайды да, өздерінің жемі етеді.*

Ертегі тілінде *мықан ағаш* немесе *әулие ағаш* деп айтылмағанмен, бірақ ағаштың «қасиетті ағаш», «мықан ағашы» екені ойша аңғарылып тұрады.



Мықан ағаштың бейнесі (елесі) «Әби мен Тәби» ертегісінде де кездеседі. Ертегінің тек орысша нұсқасы Г.Потаниннің (1908 ж.) жинаған материалында сақталған, қазақшасы жарияланбағанға ұқсайды. «Баяғы өткен заманда Әби мен Тәби деген ағайында жетім болыпты. Күндердің күнінде жолда келе жатып адасып, жолайырыққа келгенде бір жазуды көреді. Бір жолда «барсаң, келерсің» деп, екінші жолда «барсаң, келмессің» деп жазылған екен. Ағайынды екеуі қай жолға түсерін білмей, таласа келіп, үлкені «барсаң, келерсіңнің», кішісі «барсаң, келмессіңнің» жолына түсіп, екеуі екі айырылады.

Сөйтіп, үлкені бір шаһарға келеді. Сол жерде баласы жоқ бір адамға кезігіп, соған бала болады. Саудамен айналысып байыпты, бір бай қалыңдыққа үйленеді. Асырап алған әкесі асыранды баласына байлығын мұраға қалдырады.

Кіші бала өз жолымен келе жатып, бес ешкісі мен кемпірі бар бір шалға кездеседі. Соның үйінде тұрып, ешкісін бағады. Бала ол жерде батып, шығатын күннен басқа еш уақытта батпайтын тағы бір күн бар екенін көреді, бірақ шал ол жайында сұрауға болмайтынын айтып, тыйым салады. Кемпір-шал баланың ұйықтап тұрған төсегінен елу алтын ақша тауып алады. Ол кемпір-шалдан кетуге рұқсат сұрайды. Бірақ олар баланы жібермейді. Ертеңіне олар баланың төсегінен тағы да елу алтын ақша тауып алады. Келесі күні бала батпайтын күннен басқа ақбоз үйді көреді. Кемпір мен шал баланың төсегінен жүз алтын ақша тауып алады. Кемпір мен шалдың алтын ақшасы бес жүзге жеткенде, ақыры бала олардан кетеді.

Сөйтіп, бала бір елге келеді. Келсе, бір ханның қызы күйеуге тимек болып, жігіт таңдап жатыр екен. Келген жігіттердің бірде-біреуі ханның қызына ұнамапты. Әлгі бала тазша болып келіп қыз үйінің босағасында үш күн бойы ертеден қара кешке дейін отырады. Қыз тазша баланы таңдайды. Оған қыздың шешесі де келіседі. Бірақ қыз әкесі тазша балаға қызын бергісі келмей «Сен қандай баласың, нендей өнерің бар?» – деп сұрайды. Қыз әкесіне жалынып өзін тазшаға беруді сұрайды. Алайда әкесі оған келіспейді. Сонда қыз тазшаға: «Әкемнің кілем жапқан тағына отырып, қолымызға асатаяғын алып, ұшайық» дейді. Содан қыз бен бала ұшып отырып, бір бәйтеректің түбіне келіп түседі. Сол жердегі бұлақтан балық аулап күн көреді. Бірақ күндердің күнінде қыз әкесіне қайтадан ұшып кетіп келмей қояды.

Бала жалғыздан-жалғыз қалып қарны ашады. Сол кезде әлгі бәйтеректің бұтағына қырық бозторғай келіп, өзара сөйлесіп, бәйтерек [ред.: яғни М. а.-ның] бұтақтарының ерекше қасиетін айтады: мына бір бұтақты алсаң, ұшқыш таққа айналады, онымен ойлаған жағыңа әпсәтте ұшып бара аласың, ал мына бір бұтақты алсаң, адамдарды жануарға айналдыратын сиқырлы таяқ болады, – дейді. Қырық бозторғайдың айтқандарын тыңдаған

бала бәйтеректің (мықан ағашының) бұтақтарын кесіп алады да, ханның еліне ұшып келеді, әлгі таяқпен оның адамдарын түртіп, биеге айналдырады. Сол биелерді бір жылқышыға береді. Сөйтсе, ол өзінің ағасы Әби екен. Тәби бие болып жүргендерді сиқырлы таяғымен қайтадан адам қалпына келтіріпті», – дейді. Г.Потанин бұл ертегінің аяғына *Серембет* деп жазған. Шамасы, Сырымбет еліндегі бір адамнан жазып алса керек.

Сөйтіп, бакыт іздеп «барса келместің жолына» түскен Тәби мүлде басқа әлемде өмір сүреді. Бұл жерде «барса келместің жолы» деп, мәңгілік дүниені меңзеп отыр. Ол жақта бірі бататын, бірі батпайтын екі Күн, сыры жұмбақ ақбоз үй болады. Таңертең ұйқыдан тұрса төсегінде алтын ақша жатады. Осының бәрі Тәбидің жалған дүниеде емес, басқа бір мәңгілік дүниеде жүргенін байқатады. Осы мәңгілік дүниеден Тәби қасиетті Бәйтеректің яғни мықан ағаштың бұтағымен жалған дүниеге келіп, ағасы Әбимен қайта табысады. Бұдан бәйтеректің жалған дүние мен мәңгілік дүниені жалғастырушы екені байқалады.

Бұндай қасиетті ағаштың тағы бір аты *Шоқтерек* деп аталған. Қозы Көрпеш-Баян сұлу жырында *Шоқтерек*–Қозының қиындықта паналаған орны, ал өлгенде қайта тірілген қасиетті жер.

«Қозы Көрпеш хәм Баян сұлу» ең көне нұсқалардың бірі. Кезінде жырдың бұл нұсқасын Ш.Уәлиханов жазып алған. Жырда былай дейді:

*Мекен іздеп, жігіттер, кел кетелі,
Ортасында Көктөбе белгі етелі.
Азаматым, ерінбей тыңдасаңыз,
Қозы Көрпеш – Баянды тербетелі.*

Аталмыш жырдың мекен іздеп, жігіттер, кел кетелі деген бірінші жолындағы мекен сөзі жансақ басылып кеткен бе деп күмәнданамыз. Дұрысы мықан іздеп, жігіттер, кел кетелі болса керек.

Жырдағы осы жолдардан этнос санасындағы дүниенің мифтік бейнесінің (картинасын) үзгіні (фрагментін) былайша жаңғыртуға болады: *Жер – Жердің кіндігі – Көктөбе, Көктөбеде Жер әлемі мен Көк әлемін Мықан ағашы жалғастырып тұрады. Мықан ағашын қазақ мифологиясын зерттеушілер, атап айтқанда, ғалымдар Т.Жұртбаев, И.Нұрахмет Бәйтеректің байырғы бір атауы деп таниды.*

Тілдік семантикалық кеңістікте бәйтерек зор, үлкен терек (дарак) деген мағынаны білдіреді. Салыстырсаңыз: *бәйбіше, бәйтөбет* дегендегі *бай* үлкен дегенді, ал этномәдени семантикалық кеңістікте «қасиетті» дейтін мағынаны аңғартады.

Кейбір ертегі-аңыздарда қасиетті ағаш та адамдар тәрізді сөйлеген. Көне мифологиялық түсінікте ағаштың сөйлейтін жан иесі түрінде ұғынылуын фетишизмнің көрініс деуге болады. Ә.Диваевтың жинаған этнографиялық материалдарында (1902 ж.) қасиетті ағашқа қатысты мифтік аңыз бар. *Даугер мен жауапкер ісінің ақ-қарасын, сөзінің рас немесе жалған екенін адам-*

ша сөйлейтін сол ағаш айтып береді екен. Кейінен қилы заман өтіп әлгі ағаш сөйлемес болыпты. Солай бола тұрса да даугер мен жауапкер дүйім жұрттың алдында сол ағаштың түбіне барып дауларын айтысатын көрінеді. Дауды тексерушілер күмәнға алынған адамға сол ағаштың шыбығын қидырады екен. Қара ниет болса, шыбықтай қиылады деп ырымдайды. Бұл жоралғы Қайқы биден қалған деседі. [ред.:Майқы би болса керек]. Ол ағаш бұл заманда табылмайтын көрінеді. Солай бола тұрса да, Қайқы биден (Майқы биден) қалған шыбық қию жоралғысы өздері қасиет тұтқан бір ағаштың түбіне барып істелетін болыпты дейді.

Сөйтп, «Қилы заман өтіп, ағаш сөйлемес болыпты» деседі. Бұл сөздің мазмұнында «тасаланған» мәннің бар екені байқалады. Әрине, ақиқат дүниеде ағаштың сөйлемесі белгілі. Дегенмен ерте заманда бір ағашты белгілеп, ғажап қасиетке ие көп құдайдың бірі деп танып, оған табынған. Өртүрлі ғұрыптық салттарды сол ағаштың түбінде өткізін, абыздар мықан ағаштың не сөйлеп тұрғанын жиналғандарға жеткізетін болған. Абыз (бақсы, қам) мықан ағаштың теренге, жер астына тартқан тамыры арқылы жерастыны әлеміндегі әр алуан күштермен, ал мықанның көкке бойлаған ұшарбасы арқылы Көк Тәңірі әлемімен байланыс жасаған. Өлген адамның жаны жер асты дүниесінде қиналып, тәннің ырқынан азат бола алмай, Көк Тәңірінің әлеміне жете алмай жатқанын, я болмаса Көк Тәңірі әлемінің «қақпасы» ашылмай тұрғанынан хабар алып, жер үстіндегілердің не істеу керектігін М. а.-ның атынан айтатын болған. Мысалы, құрбандыққа қандай мал, оның қандай түсін шалу керектігін жеткізеді. Сондықтан үш әлемді жалғастырып тұрған бұндай ағаш кейбір халықтарда шаман ағашы делінеді. Мықан ағаш, түптеп келгенде, абыздардың үш әлемнен хабар алатын «медиатор» қызметін атқарған.

Әрине, қазақтарда шаман, шаман ағашы деген атау жоқ. Ал шаман ұғымы қазақтарда, кейбір түркі халықтарында ертеректе қам, қамшы деп аталған. Мал айдайтын қамшы атауының әуелдегі этномәдени семантикасы «шаман», «қамшы» («бақсы») деген мағынаны білдірген.

Кейіннен «қилы заман өтіп» ол қасиетті ағаш «ағаш табылмайтын болыпты» деседі, себебі халықтың діни, мифтік санасы дін исламмен жаңарып, Г.Потанин, Мәшһүр Жүсіп, Ә.Диваев сынды ғалымдардың жариялаған, жинаған ертегі, аңыз әңгімелерінде М. а.-ның «елесі» сақталып қалған.

Сөйтін, қасиетті М. а.-ның бейнесі мифтік санада көмескілене келін, әулие ағаш түрінде жаңғырса керек. Бірақ байырғы қазақияда кез-келген ағашты қасиет тұтпаған. «Жапанда жалғыз бұтаны дарақ қылған Құдайым» дегендей құла түзде жалғыз тұрған даракты немесе алыстағы жол бойы, бұлақ басында өскен саялы ағашты қасиет тұтып, оған ақтық байлап, әулие ағаш деп атаған (к. Әулие ағаш). Өмірден баз кешкен әулиенің жаны өлгенде ағаштың бойында болады деп түсінген. Әулиенің

аяғы тиген жер, әулие саялаған жер деп ол жерлерді қасиетті санаған. Сонымен қатар ел ішінде байырғы кезде әулиенің аяғы тиген жер, әулиенің рухы жүрген орын деген түсінік қалыптасқан тәрізді. Өсындай түсінікпен байланысты әулие ағашты кеспейді, оның маңайын ластанмайды, жанында дәрет сындырмайды. Өйткені әулиенің кәрінен қорқады. Алыста көрінген әулие ағашқа келіп жолаушы аздап та болса аялдайды. Монғол еліндегі қазақтар жапанда жалғыз өскен ағашты киелі санап, *сетер тал* дейді екен.

Мықан ағаштың сөз төркіні (этимологиясы) ашылмаған. Дегенмен, сөз төркінін ашуға тілдік фактілер біршама ерік береді. Мықан сөзінің, түптеп келгенде, түбірі қам деуге болады. Қам түбірі, жоғарыда айттық, қамшы сөзімен түбірлес өйткені қамдар қолына шыбыртқы ұстап ойнайтын болған (к. Қамшы). Кейбір түркі тілдерінде қамшы «шаман» («бақсы») деген мағынаны білдірген. Әуелде мықан ағаш атауы қам ағаш түрінде айтылып, метатезалық өзгеріске ұшыраған. Метатезалық алмасу деп отырғанымыз – сөз ішіндегі дыбыстардың «орын (позиция) алмастыруы» (шахматшылардың тілімен айтқанда «рокировка» жасауы). Мысалы: қам ағаш > мықамағаш > мықа(н) ағаш болып метатезалық өзгеріске ұшыраған. Мықан ағаш, сайып келгенде, қам ағаштың («шаман ағаштың») дыбыстық жаңғырығы деп жорамалдауға болады. Бұндай дыбыстық жаңғырулар қақпан < қаққан; айлан, < айнал, текпішек < тепкішек тәрізді метатезалық өзгеріске түскен біркатар сөздерде кездеседі.

Әдеб.: Диваев А.А. Этнографические материалы // Сборник материалов для статистики Сыр-Дарьинской области. Вып. I. Отд. I. Ташкент, 1891. С.68-106; Диваев Ә. Қазақ ырымдары. Өртүрлі жағдайлардағысы. 1902. X-т. II-б. 44-65-66; Потанин Г. Аби и Таби // Труды Оренбургской ученой архивной комиссии. Вып. XIX. Оренбург, 1908. 144-146 с.; Қазақтың мақалдары мен мәтелдері. Құраст. Ө.Тұрманжанов. Алматы, 1959; Диваев Ә. Тарту. Құраст. алғы сөзін және түсініктемелерін жазған ғfk Ф.Оразаева. Алматы: Ана тілі, 1992; Мақал-мәтелдер. Құраст. Б.Адамбаев. Алматы: Ғылым, 1996; Козы Көрпеш – Баян Сұлу. Астана: Фолиант, 2002; Нұрахмет И. «Мықан ағашы» // Ұлыстық әдебиеттен ұлттық әдебиетке дейін. Астана. 2005. 144-145-66; Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 6-т. Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2005; Жұртбай Т. Мықан ағашы. Қазақ әдебиеті. №11 (2963). 17.03.2006; 24.03.2006; 07.04.2006; Уәли Н. Бұрынғыдан қалған сөз (қолжазба); ҚР МОМ материалдарынан; ОМЭЭ материалдарынан.

МЫҚТЫҢ ҮЙІ – Алтай тауларынан Мұғаджар тауларына дейінгі қазақ сахарасында кездесетін қорымтөбелердің халықтық атауы. Қорымтөбелер бірпепе тас обадан тұрады. Жергілікті елдің адамдары мықтың / мұқтың үйі деп аталатын қорымтөбелерді Шыңғысхан, Жоңғар заманынан қалған белгі шығар деп те жорамалдайды. Алайда қалмақ, торғауыттармен іргелес отырған өлкелердегілер мықтың үйін олардікі емес, одан да көне замандардан қалған ескілік деп біледі, өйткені қалмақ, торғауыттарда қабірдің үстіне белгі орнату дәстүрі болмаған дейді.

Тарихнамашы Құрбанғали Халидтің Қарқаралы тұрғыны Уәли Бекматовтан естіген дерегінде былай делінеді: «Қарқаралыдан сөзі сенімді Уәли Бекматов айтады:



біз жақта орыс пен қазақтар Муқ төбесін көп қазды, ашты. Біреулері үш, кейбірі төрт қабат болып, бірінші қабатта тек сүйек пен шөлмек сықылды ыдыстар шықты, екіншісінен еңбек құралдары, үшіншісінен қымбат бағалы нәрселер, алтын-күміс аспаптар табылады. Бір мәйіт (өлкі) төртінші қабатта екен, күміспен кебіндепті, енді бір мәйіт тас кереует үстінде қойылған екен, қолында білезік, мойнында аштын алқа, шашы басының екі жағына төгілген екен деді».



Мықтың үйі. Марғұлан Ә.Х. Шығармалары. 3-4-том. Алматы; 2003 ж.

Бірнеше қабаттан тұратын қорымтөбедегі обаның бірінші қабаты ыдыс, құрал-жабдықтар болғандықтан халық оны мықтың үйі деп атап кеткенге ұқсайды. Ең төменгі қабатта сандық пішінді тастың ішіне мәйіт қойылған. Жерасты қабатынан төбесі тақтайдай жонылған тастармен жабылған делінеді. Қабірді қабат-қабат етін мәйіт қою, тасты тақтайдай етіп жону өнері арғы-бергі замандағы елдерде кездеспейтін жұмбақ құбылысқа жатқызады.

Ал, сырт қарағанда, қорымтөбедегі обалар төбенің беткей тұсында, бір-бірінен бір, біржарым шақырым шамасындай қашықтықта болады. Әрбір обаның көлемі көбіне үй орнындай болып келеді де, айнала тақта тастармен дөңгелете қоршалады, ортасына әртүрлі тастар үйіледі.

Академик Ә.Х. Марғұланнның айтуынша: «Түркі дәуірінен сақталған тас мүсін белгілерінің ең қызықты түрлері Мық пен Айыршоқының аралығында, маңайын Арғанаты тауының жоталары қоршап тұрған кең жазықта кездеседі. Бұл жерде тас шарбақ пен мүсін тастың екі тобы бар. Олар Атбасар жолының бойында, Мық тауынан 3 км, Тұлпартастан 2,5 км жердегі алаңда тұрады. Тегінде Мық тауының аты осы таудың бауырындағы тас мүсіннен шыққан болу керек, өйткені мық деп ту баста сөл жерде тұрған зәулім алып тастарды айтқан. Мық-мықты, алып деген сөздің бір мағынасы. Сондықтан ол жердегі мүсіндер тас алып, тас батыр, мық тас деп аталған».

Бұл жайында сөз қозғаған көне көз, кәрі құлақ қариялар мықтың үйін Нұх заманының белгісі болар дейді. Ойткені қорымтөбеден табылған сүйектер аса ірі көрінеді. Үлкен тастарды таудан қопарып әкеліп ағаштай жонып, қиюластыру, бір-біріне ұстату топан судан кейін жер бетінен

жоғалып, жойылып кеткен мық қауымының өнері шығар деп жорамалдай отырып мық атауын «мықты», «мық шеге» сөздерімен ұштастырады.

Әдеб.: Халиди Қ. Тауарих хамса: Бес тарих. Ауд.: Б.Төтенаев, А.Жолдасбеков. Алматы: Қазақстан, 1992; Ұлытау төңіріндегі тас мүсіндер 4-т. Ә.Х. Марғұлан. Шығармалары. 3-4 тт. Алматы: Дайк-Пресс, 2003; Бегманов Қ. Этнографпен әңгіме. Алматы: Дәстүр, 2010; Уәли Н. Бұрынғыдан қалған сөз; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МЫҚШИМА – басы қайқы, өкшесі биік келген аяқ киім. М.-ның басқа етіктерге қарағанда өкшесі биік болады (қ. *Етік*). Оның өкшесінің түбі, яғни табанына жабысқан жері жуан келіп, ұшы, жер басар жері жіңішке болады. Басы жоғары қарай қайқиып тұрады. Ескеретін жәйт аталмыш етіктің М. деп аталуы өкшесін мықшитып, яғни маймита тігуге байланысты шыққан деген де нікір қалыптасқан. Дәстүрлі органын етікшілері аталмыш етікті тіккенде қонышы мен өкшесін көксауырлап тұмсығына қатырғы салады. Сосын етіктің күлпініне, қажетіне қарай қонышына ою тігеді (қ. *Етік тігу; Етікші; Күлші*). Осылайша дайындалған етік әдемі әрі көзтартатын болғандықтан оны қазақы ортада көбінесе сал-серілер, әншілер, ойын-сауықшыл, өнерлі жас-жігіттер киген. Көп жағдайда М.-ны атағы шыққан шебер етікшілерге тапсырыс арқылы тіктіретін. Мәселен Абайдың «Ескілік кнімі» атты өлеңінде кездесетін:

Мықшима аяғымда былғары етік,

Киіз байпақ тоңдырмас ызғар өтіп.

Үлкен кісе белімде жез салдырған,

Шақпағым, дәндәкуім жарқ-жұрқ етіп. –

деп өлеңге қосуы М.-ны дәстүрлі ортада қарапайым адамдардан гөрі жоғарыда атап өткендей ақын немесе серілердің кигендігін көрсетсе керек. Сондай-ақ аталмыш өлең жолдарынан М. тек сәнді болып қана қоймай, сонымен қатар аяққа ыңғайлы етік екендігін де аңғару қиын емес.



Мықшима етік. ҚР MOM материалдарына бойынша суретті салған суретші Ж. Шәйкен

Дәстүрлі ортада әйел адамдардың да М. кебістері болды. Оны қыз-келіншектер ерлер сияқты той-думанда сәндік үшін киетін. Аталмыш кебістің қонышы тобықтан сәл асатын, артқы жағы алдынан биік келеді. Басы ерлердікіндей өте қайқы болмайды. Өкшесі де биіктеу

келеді. М. кебістер етік сияқты оюланып қана қоймай, оның басы мен қонышына жылтыр темірден немесе жезден гүл тәрізді кондырмалар жапсырылады.



Мықшима кебіс. Маргулан А.Х. Казахское народное прикладное искусство. Том 1. Алма-Ата. «Өнер» 1986. атты еңбектен. Жамбыл өлкетану музейі қорынан

Қазіргі уақытта М.-ны күнделікті тұрмыста кимегенмен той-думаннар мен сән-салтанатта әншілер мен өнерпаздар киеді.

Әдеб.: Аргынбаев Х. Қазақ халқының қолөнері. Алматы: Өнер, 1987; Қасиманов С. Қазақ халқының қолөнері. Алматы: Қазақстан, 1995; Шойбеков Р.Н. Етікшілік өнеріне байланысты кейбір атаулар // Тілтаным. 2006. №3; Қазақтың дәстүрлі киім-кешектері. Іле халық баспасы, 2006; Қазақтың дәстүрлі киім-кешегі. Ғылыми каталог (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде). Ғылыми редактор және жоба жетекшісі Нұрсан Әлімбаев. Алматы: Өнер, 2009; Старостина О.В. Обувь в традиционной культуре народов Средней Азии и Казахстана (XIX – первая треть XX в.). Автореферат. Санкт-Петербург, 2009; КР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МЫЛҚАУ – туа біткен, немесе жүре пайда (аурудың, шошынудың немесе жарақаттанудың себебінен) болған адамның сөйлеу қабілетінің жоқтығымен байланысты кемістік. Туа біткен М.-лық, сәби дүниеге келгенде құлағының есту қабілеті жоқтықтың салдарынан болады. Мұндай саңыраулық кеселге душар болған адамдар, айналасындағылардың сөздерін естімеу салдарынан, сөйлеу қабілеті дамымай М. болып қалады. Осы қатарға сәби кезінде қылша, тұмаудың ушығу салдарынан керек болып, сөйлеу қабілеті дамымай қалған адамдар да жатады. Мұндай адамдарды М. деумен қатар «*тас керек*», «*меңіреу*» – деп те атайды.

Аурудың, шошынудың немесе түрлі жарақат салдарынан, сөйлеу мүшелерінің (жұтқыншақ, тіл, жақтың кейбір бұлшықтары жүйке тамырлардың т.б.) істемей қалғандығынан сөйлей алмай қалғандарды да М. дейді. М. -дың мұндай түріне шалдыққандарды қазіргі уақытта көбінесе емдеп жазады.

Мылқаулық адамның ой-өрісіне, ойлау қабілетіне, ақыл ойына, жалпы денсаулығына әсерін тигізбейді. Мұндай кемістігі бар адамдар өмірге бейімделін – ымдау, қолымен түрлі ишара жасау арқылы айналасымен «сөйлесін» араласатын болады.

Осы күнгі медицина мен арнайы педагогика, туа М. адамдарды арнайы методикамен оқытып, дыбыстап сөйлеуге, оқуға, ишара арқылы тілдесуге үйретеді. Арнайы оқу бағдарламасымен оқыған адамдар қоғамның

толыққанды мүшесі болып, тұрмыс кешуіне мүмкіндік алады.

Дәстүрлі ортада М.-лық аса бір кемістік – кінәрат ретінде қаралмағаны белгілі. Қазақ фольклорында М. адам көбінесе аңғал, аңқаулау дүлей күш несі ретінде суреттеледі. «Соқырдың қолына түспе, мылқаудың астына түспе» – деген мақал осының бір куәсі ретінде айтылады.

Зілзала, өрт, сел, тасқын сияқты жойқын апат түрлерін қазақ жанама атаумен «*тілсіз жау*» кейде «*мылқау күші*» деп атайтыны, мұндай апаттың кенеттен, тұтқиылдан үнсіз келетіндігімен байланыстырылса, екіншіден мылқаулықты әлемет күштілікпен теңеудің салдарынан қалыптасса керек.

*«Жанға жауап бермейтін,
Дүлей мылқау сияқты,
Қиял мінез тұйықсың».*

(*Батырлар жыры // ҚӘТС 11т.*)

Әдеб. ҚӘТС., Алматы: Арыс, 2009. 11-том; КР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МЫЛТЫҚ – оқдәрімен атылатын отты қару. Бұл қару түрінің атауы арабтың *мултук* сөзінен шыққан. М. түріндегі қолға ұстап қолданатын от қаруы ең алғаш араб елінде XV-XVI ғ.-ларда пайда болып, кейін бүкіл Шығысқа тарады. Қазақтар М.-ты XVII ғ.-дан қолдана бастады да, ер қаруы – бес қаруда мылтық бірте-бірте жақтың орнын басты. М. негізгі екі конструктивтік-функционалдық бөліктен тұрады. Металдан жасалып, тұтанған оқ-дәрінің күшімен оқ атуға арналған бөлігі – «оқпаны», ату процесі кезінде оқпанды қолда ұстап тұруға арналған, ағаштан жасалатын бөлігі – «құндағы».



Мылтық. Верецагин, 25

М.-тың құндағы қатты ағаш түрлерінен жасалды. Оның ату кезінде иыққа тірейтін жағы «дүмі» деп аталады. Қазақ М.-тарында дүмінің пішінімен айырықшаланатын М. құндағының екі түрлі типі кездеседі. Біріншісі – жалпы түркі халықтарына ортақ, тік бүгілген төртбұрышты пішінді М. дүмі. Бұл пішінді М.-тың дүмі алтай, қырғыз халықтарына, шығыс қазақтарына тән. Екіншісі – жұмырлау келген, сәл иілген мылтық



дүмі, бұл форма иран мылтығының ықпалы мен қалыптасқан болу керек, көбіне батыс қазақтарының М.-тарына тән. Сәнді мылтықтардың дүмі де, құндағы да сүйектермен әсемделіп, түрлі түспен боялып, күміс жапсырмалармен немесе металл шегелермен, күйдіріп басылған ойма өрнектермен әшекейленеді. Кейде металл әшекейлердің астыт-үсті матамен (шұға, барқыт) астарланды. Ескі М.-тардың бас жағында ағаштан жасалып, ұштары, жерге тіреу үшін, мүйізбен немесе темірмен қапталған жиналмалы «сирағы» болды. М.-тар колдану мақсатына қарай екі топқа бөлінеді - камал қорғанысында қолданылатын оқпаны жуан, ауыр мылтықтар және оқпаны ұзын, қолға ұстап атуға арналған жеңіл мылтықтар. Ертедегі мылтықтардың бәрі аузынан оқталды. Қазақ М.-тары оқпанындағы дәріге от беруге арналған тетігі – *шүрінпе* жүйесімен айырықшаланатын бірнеше түрге бөлінеді. Оқпанның қазынасындағы оқ-дәріге шоктанған пілтемен от беру арқылы атылатын М.-тар *бідтелі/нілтелі мылтық*, ал дәріні шақпақпен тұтататын мылтық *шақпақты мылтық*, капсюльмен (пистонмен) атылатын мылтық *шті мылтық* деп аталды.

Сонымен бірге ауыз әдебиетінде қазақ жауынгерлері қолданған М.-тардың «жезайыр», «құлдыр-мамай», «қозыкеш», «самқал» (шамқал) деп аталатын түрлері айтылады. Кейін Еуропада патронды М.-тар пайда болған соң, қазақтар орыстың армиялық Бердана жүйелі шүріппелі М.-тарын қолданып, оны «берденке» деп атады. Мылтықтар өткен ғасырларда қазақтарда соғыста және аңшылықта пайдаланған.

Қазақтардың дәстүрлі мәдениетінде М. «жетіқазынаның» – дәстүрлі қасиетті символдардың бірі саналады. Қасиетті мүлік ретінде М.-тар атадан балаға мұра болып қалып отырған. Құдалықта беретін киіптердің, қыздың жасауының құрамына, түрлі бәйге-жарыстарда берілетін жүлделердің құрамына М. бағалы зат ретінде кірген.

Берденке – оқпаны қырлы ұңғылы, қазынадан оқталып, бір зарядты унитарлық патронмен ататын М. түрі. XIX ғ.-дың 70-90 жылдарында орыс армиясы американдық қару жасаушысы полковник Х.Берданның ойлап шығарған шүріппе жүйесі қолданылған, калибрі 4,2 линиялы (10,67 мм) унитарлық патронмен атылатын винтовкамен қаруланған болатын. Орыс армиясында Бердана жүйесіндегі винтовканың 1868 жылғы Бердана №1 және 1870 жылғы Бердана №2 деп аталған үлгілері қолданылды. Орыстар бұл винтовкаларды ауызекі тілде «берданка» деп атады.

Ал XIX ғ.-дың аяғы мен XX ғ.-дың басында осы орыстың армиялық М.-тарының ықпалымен қазақтар арасында да «Бердана» шүріппе жүйесі бар М. қолданыла бастайды да, оны қазақтар да «берденке» деп атады. Орыс берданкаларының негізінде жасалып, атауы орыстікі болғанмен, қазақтар қолданған берденкелер өзінің конструкциясы жағынан орыс винтовкаларынан өзгеше болды. XIX ғ.-дың аяғындағы қазақ берденкелерінде

орыстың «Бердана» жүйесіндегі заводтық шүріппесімен мен ескі қазақ М.-тарының өзгертілген оқпандары киюласты, құндағы мен дүмі де қазақтың ескі М.-тарының дәстүрлі формасында қолдан жасалды. Сондықтан бұл М.-тардың патронға салатын оқтары, дәрісі қазақтардың өздерінікі болды. Кейін қазақ берденкелерінің дүмі мен құндағы, кейін оқпаны да орыс берданкаларының заводтық үлгілеріне жақындатылып жасала бастады.

XX ғ.-дың басында қазақтар орыстардың Бердана жүйелі заводтық винтовкаларын пайдаланды. Бірақ бұл енді қазақ мылтығы болмағанмен, қазақтар оны да дәстүрлі үлгіге сәйкестендіруге тырысып, дүмін өзгертіп, оқпанын дәстүрлі әдістермен күміс не алтын қақтап, өрнектеп әшекейлеп отырды. Бұл М.-ты қазақтар аңшылықта жиі қолданды, кейін 1916 жылғы көтеріліске қатысушылар да осы М. түрімен қаруланған болатын.

ҚР МОМ қорындағы (КП 3466) Берденке (Бердан жүйесіндегі) М. 1916 жылғы Торғай көтерілісшілерінің қаруы. Қазақстан. XIX ғ. аяғы – XX ғ. басы. Болат, алтын, күміс, ағаш, тері. Соғу, қақтау, жону. Жалпы ұзындығы 100 см, оқпанының ұзындығы 63 см, калибрі 11 мм.



Берденке мылтық. 1,2) Орыстардың Бердана шүріппе жүйесі орнатылған винтовкалары. 3) Бердан 2 шүріппе жүйесінің қимасы. 4) Қазақтардың берденке мылтығы. 1916 жылғы Торғай көтерілісшілерінің қаруы. ҚР ОММ қорынан (КП 3466)

Оқпаны темірден соғылған, ұңғысы тегіс. Оқпанының үстіңгі жағы үш қырланып жасалған. Оқпанының қазынасы тұсында екі шығыңқы рельефі және ойық сызығы бар. Қазына және ауыз бөліктері алтынмен және күміспен қақталып жасалған шырмауық пен доғалар түріндегі көгеріс және геометриялық өрнекпен әшекейленген. Қарауылы төртбұрышты, темірден жасалған. Көздеуіші жок. Оқпанның түбі бекітпе қорабына бұралып орнатылған. Бекітпесі Бердан жүйесінде жасалған, шүріппесі және шүріппе доғасы зауытта өндірілген. Оқпан құндаққа

бекітпенің түбі жағында бұранда шегемен және бір металл құрсаумен ұстатылған. Құндағы ағаштан, қолдан жасалған, дүмі еуропалық үлгіде. Дүмінің мойнында және құндақтың орталық бөлігінде оймалап торлы сызықтар салынған. Шүйделігі металл пластинадан жасалған. Дүмінде иықбауға тағуға арналған шығыршығы бар металл ілгек орнатылған. Оқпанды құндаққа бекітетін құрсауда тағы сондай бір ілгек бар.

Берен мылтық – оқ атқанда жарылмас үшін оқпаны береннен (асыл болаттан) соғылып жасалған М. Берен болаттан соғылған оқпанда асыл болаттың әр түріне тән өзіндік өрнегі көрініп тұрады. Мұндай М.-тарды қазақтар өте жоғары бағалаған. Бағалы мүлік ретінде берен М. көшпелі қазақ қоғамындағы түрлі әлеуметтік қатынастарды белгілейтін ғұрыптық сый-тартулардың құрамына кірген. От қаруының дамуы барысында М.-тар оқпанының зауытта жасалуымен бұл М.-тар қолданыстан шығып кетті.

Бесатар – XIX ғ. аяғы мен XX ғ. басында қолданыста болған М. немесе тапанша түрі. 1891 жылы конструктор С.И. Мосин жүйесі бойынша жасалған 7,62-мм калибрлі винтовка. Оқсауытына 5 оқ салынып атылатындықтан, қазақтар оны Б. деп атаған. Оқ жүретін оқпанының ішкі ұңғысы бұрандалы болып келетін бұл қару жетілдіріліп, XX ғ. ортасына дейін қолданылған. 1891-1930 жж. Б. үлгісінің салмағы 4,5 кг, минутына 10-12 оқ ата алады, нысаналық қашықтығы 2000 м болған.

ҚР МОМ қорында (КП 16787/13) сақтаулы, ол XX ғ. бас кезінде Ижевск қару-жарак зауытында жасалған. Оның жалпы ұзын. 123 см, калибрі 7,62 мм. Ол иір ойықты ұңғылы оқпаннан, оқпан қорабынан, бекітпеден, құндақтан және мағазинді қораптан тұрады. Құндағы қайын ағашынан жасалған. Дүмі ағаштан, сүмбісі болаттан жасалып, мойын астына бекітілген.



1



2

Бесатар мылтық. ҚР МОМ қорынан (КП 16787/13). Бесатар мылтықтың шүріппе жүйесінің қимасы, патроны және оғы. В.Ивановтың суретінен

Білтелі мылтық / Білте мылтық / Пілте мылтық – оқпандағы оқ-дәріге білтемен от беру арқылы атылатын М. түрі. Білтелі М.-тың пайда болуын зерттеушілер XV ғ.-дың II жартысына жатқызады. Б. м.-тар XV-XVI ғғ. Орта Азия, Иран, Түрік мемлекеттерінде кен қолданысқа еніп, ал бұл елдермен тығыз байланыста болған көшпелі халықтарда бұл М. түрі XVI ғ. қолданыла бастайды. Б. м. оқпанының аузынан оқталды. XVII ғ.-да білте М.-та алғаш рет ату процесін жеңілдеткен, оқпандағы оқ дәріге от беруге арналған арнайы тетіктер жүйесі – М.-тың құндағында орналасқан *білтелі шүріппе жүйесі* пайда болды.



1




2

Білтелі мылтық. 1) Білтелі мылтық ұстаған батыр. Ағылшын саяхатшысы Дж. Кэстльдің суретінен. XVIII ғ. 2) Қазақтың білте мылтығы. ҚР МОМ қорынан (КП 1817)

Шығыстық білте М.-та оқ-дәріге от беру екі иінді рычагтан тұратын шүріппе арқылы іске асты. Шүріппенің жоғарғы иінінің ұшы – шаппасы екі айыр болып жасалып, арасына мақтадан жасалған, тез тұтанғыш «білте» (пілте, фитиль) қыстырылды, ал шүріппенің төменгі иінінде оны кері қайтарып тұратын серіппе бекітілді. М.-ты ату үшін шүріппенің шаппасында қыстырылған білтені «шақпақпен» тұтатып, шүріппені басып оқпанның құлағына салынған тұтатқыш дәріге тигізіп от бергенде, оқпанның түбіндегі тесік арқылы оқпан ішіндегі негізгі оқ-дәрі тұтанып М.

атылды. XVIII ғ.-ға дейін М.-тың білтелі шүріппесінің құрылымында еш өзгеріс бола қойған жоқ. Кейін шүріппенің үш інінен тұратын күрделі түрі пайда болады.

Білтелі М.-тардың құндағы ағаштан жасалады, дүмінің оң жағында, теріден жасалған, пілте салуға арналған «қалтасы» болды. Білте қалтамен бірге дүмнің оң жағында ойып жасалынған, беті тері қақпақпен жабылатын, түрлі қосымша жабдықтар салатын (оқпанның тұтатқыш тесігін тазалауға арналған «тескі», жөндеу жұмысына керек «бұрандағыш» т.б.), сауыт, сол жақта кішкентай саймандар байланатын кішкентай тері қалташа орналасты.



Шақпақты мылтық. 1) Шақпақты мылтықты оқтап жатқан аңшы. 2) Шақпақты шүріппе жүйесі. 3) Қазақтың шақпақты мылтығы. К.С.Ахметжанның суреттері

ҚР МОМ қорындағы (КП 1817) білтелі М. XVIII-XIX ғғ. жасалған. Оның жалпы ұзындығы 136 см, оқпанының ұзындығы 93 см, диаметрі 4,4-2,5 см, калибрі 16 мм. Оның оқпаны темірден қырланып соғылған, ұңғысының іші тегіс. Қазынасы дөңгелек, сәл жуандатылған. Ауызының ұшы кеңейтіліп соғылған. Қазына және ауыз бөлігінің шеттері жез жұп жарты сақиналармен белгіленген. Олардың арасы геометриялық өрнекпен әшкейленген. Көздеуіші шығыңқы қыр түрінде оқпанның түбімен бірге тұтастай соғылған, үстіңгі жағында көздеуге арналған тесік, одан жоғары ойық жасалынған. Қарауылы темірден, домалақ формалы. Оқпанның түбіне оң жақтан тұтатқыш тесік жасалып, тұтатқыш дәріге арналған сөресі дәнекерленген. Шүріппесі білтелі, серіппелі, шаппасының ұшы білте қыстыру үшін екіге айырылып жасалған. Оқпаны құндаққа үш жерден тесіктерден өткізілген қайыстармен байланып бекітілген. Құндағы ағаштан қарабайыр жасалынған. Дүмі түзу, төмен бүгілген. Білте қалтасы жоқ. Дүмінің оң жағында ұзындығы 7,5 см жіңішке ойығы бар. Дүмінің сол жағында бекітілген темір ілгекке шығыршық тағылған. Шығыршыққа ұзындығы 13 см қайыс байланған, қайыстың ұшы жырылып, ортасына төртбұрышты тері алақан тігілген. Құндақтың бас жағында М.-тың сирағын бекітетін төрт бұрышты шығыңқы жері бар, оның тесігінде жез шайбасы мен темір өзегі сақталған, бірақ сирағының өзі сақталмаған. Оқпанның астында құндақта сүмбіні кіргізіп қоятын ұясы бар, сүмбісі жоқ. Құндақтың астыңғы жағында, екі тесіктерге байланған иықбау тағуға арналған қайыс ілгектері бар.

Шақпақты мылтық – шақпақты шүріппелі ескі М. түрі. Шақпақты М. шүріппесі (кремневый ружейный замок) XVI ғ.-да арабтарда пайда болып, XVIII ғ.-дан бастап шақпақты М. бүкіл Шығыста кеңінен тарай бастайды.

Шақпақты М.-та шүріппе шаппасының басы шақпақты бекітуге арналған, бұрандамен тартылатын қысқаш түрінде жасалды, тұтатқыш дәрі салатын құлақ оқпанға емес, шүріппе тақтасына орнатылып, оқпан қазынасының тұтатқыш тесігімен жалғасты. Құлақтың үстінде ашылып жабылып отыратын арнаулы темір оттық түріндегі қақпағы болды. Шүріппені басқанда шаппаның шақпағы оттыққа ұрылып, соққыдан шыққан от ұшқыны құлақтағы тұтатқыш дәріні жандырып, одан тесік арқылы оқпандағы дәрі зарядына от берілді. Пілтелі шүріппемен салыстырғанда шақпақты шүріппе жүйесі арқылы М.-тың атылуы біршама жеделдетілді.

Қазақтарда мұндай М. түрі XVIII ғ.-дың аяғынан қолданыла бастады. Шақпақты М. қазақ жауынгерлерінің қаруы ретінде жазба деректер мен ауыз әдебиетінде айтылып, қазақтардың этнографиялық суреттерінде бейнеленеді. Қазақтың шақпақты М.-тарының құндағы мен дүмі дәстүрлі формада жасалып, жылжымалы сирағымен болды. Шақпақты М.-та көбіне пілте М.-тардың ескі оқпандары өзгертіліп қолданылып, пілтелі шүріппенің орнына шақпақты шүріппе қойылды. Қазақтың ескі М.-тарында шығыстық шақпақты шүріппелері де,

орыстың армиялық М.-тарының шақпақты шүріппелері де пайдаланылды. Бұл М.-тар да оқпанның ауызынан оқталды, сондықтан М.-ты оқтауда қолданылатын сүмбісі болды.

Шиті мылтық – казактардың капсюльды шүріппелі М. түрі. М. оқпанындағы оқ-дәріні тұтатуға арналған жарылғыш капсюль XIX ғ.-дың басында Еуропада ойлап шығарылған болатын. Капсюль - ішінде қатты тиген соққыдан тез тұтанатын, сынап қолданылған тұтанғыш құрам бар металл қалпақша (пистон) түрінде болды. Бұл тұтатқыш элементті М. оқпанындағы оқ-дәрі зарядына от беруге пайдалану арқылы, XIX ғ.-дың ортасында Еуропада капсюльді шүріппе жүйесі орнатылған М.-тар қолданысқа енді. Капсюльді М.-та оқпанның түбінде ұшы шығып тұрған тесік өзегі бар тегіс түріндегі құтыша орнатылды. М.-ты ату үшін өзектің ұшына капсюль-пистон кигізіліп, шүріппені басқанда М. шаппасының соққысынан капсюльдегі жарылғыш құрам тұтанып, от ұшқындарынан оқпандағы дәрі зарядына от берілді. Алғашқыда аңшылық М.-тарда қолданылған капсюль, жетілдірілгеннен кейін әскери М.-тарға да пайдаланылды.

Шиті (капсюльді) М.-тар казактарда XIX ғ.-дың аяғынан қолданысқа енді. Қазактардың шиті М.-тарында көбіне орыстың қару зауыттары (Тула, Златоуст, Сестровецк) шығарған капсюльді М. шүріппелері қойылды, бірақ М.-тың оқпаны ескі М.-тардың оқпанынан өзгертіліп жасалып, М. құндағы да дәстүрлі пішінін сақтады. Оның себебі, М.-тың оқтарын, дәрісін казактар өздері жасайтын болғандықтан зауыттан шыққан оқпандар казак М.-тарына жарамайтын. Қазактарда шиті М.-тардың оқпаны күміспен, алтынмен қақтау әдісімен өрнектеліп, құндағының дүмі оймаланып, металл шегелермен әшекейленді. ҚР MOM қорында казактың осындай шиті М.-тарының бірнеше нұсқалары бар.



Шиті мылтық. ҚР MOM қорынан (КП 3468)

ҚР MOM қорындағы шиті (капсюльді) М. (КП 3468) XIX ғ. соңында жасалған. Оның жалпы ұзындығы 98,2 см, оқпанының ұзындығы 62 см, калибрі 11 мм. Оның оқпаны темірден соғылған, үстіңгі жағы қырланған, ұңғысы иір қырлы. Көздеу тетігі қазына бөлігінде орнатылған көздеуіштен және ауыз тұсындағы қарауылдан тұрады. Шүріппесі соққылы-капсюльді. Оқпан құндаққа екі металл құрсаулармен бекітілген. Құндағы ағаштан жасалған, мойны ұзын, оқпанның ауызының ұшына дейін жетеді. Дүмі еуропалық үлгіде жасалған. Дүмінде металл пластинамен жабылған ойығы бар. Құндақ мойнының орта тұсында сирағы орнатылған, сирақтарының ұштары

темірден жасалған. Иықбауы теріден жасалып, қалыптау әдісімен жасалған әшекейлі күміс шытыралармен (24 дана) безендірілген. 1916 жылғы Торғай көтерілісінің жетекшісі Амангелді Имановтың мылтығы.



Шиті (капсюльді) мылтық. ҚР MOM қорынан (КП 3594)

ҚР MOM қорында сақтаулы шиті (капсюльді) М. (КП 3594) XIX ғ. жасалған. Оның жалпы ұзындығы 91 см, оқпанының ұзындығы 59 см, калибрі 12 мм. Оқпаны болаттан дөңгелек формалы етіі соғылған, ұңғысының іші тегіс. Қазына бөлігі сегіз қырлы жасалған, түбі теміртегі бар қазына бұрандасымен бекітілген, теміртегінде шегеге арналған тесігі және ойығы бар. Көздегіші төртбұрышты, үстіңгі жағы ойықты. Қарауылы жезден, дөңгелек формалы. Көздеуіші мен қарауылы оқпанның үстіңгі жағында кертік ойыққа кіргізіліп орнатылған. Шүріппе жүйесі соққылы-капсюльді, шүріппесі жоғалған, оның орнына екі жез шегесі бар металл пластина кіргізіліп қойылған. Шүріппенің қорғағыш доғасы да жоқ. Капсюль кигізілетін өзегі бар тұтатқыш түтікше қазына бұрандасына орнатылған. Оқпан құндаққа теміртегіндегі шегемен және бір металл құрсаумен бекітілген. Құндағы ағаштан қолдан жасалған, дүмі еуропалық үлгіде. Құндақтың қолға тұтар мойны сынғандықтан жалпақ терімен тартылып, қайыспен тігілген. Құндақ мойнының екі жағында қолдың бармақтарына арналған ойықшалар жасалынған. Құндақтың дүмі мен бас жағында қайысбауға арналған екі тесік бар. Сүмбісі жоқ. М.-ты 1916 жылғы Торғай көтерілісшілерінің басшысы А.Иманов ұстанған.

ҚР MOM қорындағы келесі бір шиті (капсюльді) (КП 25844) М.-тың ұзындығы 114 см, оқпанының ұзындығы 80 см, диаметрі 2,3-1,9 см, калибрі 15 мм. Оның оқпаны темірден соғылған, ұңғысының іші тегіс. Қазына бөлігі сәл қырланып, ал ауызының ұшы жуандатылып соғылған. Қазына бөлігінде қырнау әдісімен сызықтар түріндегі белдеушелер салынған. Ауызының ұшында мыстан жасалған домалақ қарауылы, қазына бөлігінде жартылай дөңгелек, жоғарғы жағында тесігі бар биік көздеуіші орнатылған. Шүріппесі соққылы-капсюльді, еуропалық үлгіде, зауытта өндірілген. Шүріппе пластинасы қырnap салынған көгеріс өрнектермен және жазумен әшекейленген. Шүріппе доғасында иықбау тағуға арналған ілгегі бар. Оқпан құндаққа жезден, мыстан және темірден жасалған жеті құрсаумен бекітілген. Құндағы ағаштан жасалған, мойны ұзын, оқпанның ұшына дейін жетеді, дүмі түзу бүгілген. Дүмі кішкентай жез шегелермен және шайбасы бар үлкен ақ шегелермен әшекейленген. Дүмінің шүйделігі екі мүйіз пластинадан жасалған. Құндағының бас жағында

сирағы бар. Сирағы диаметрі 1,1-1,2 см темір түтікшелерден жасалған, ұштарында металл стерженьдер орнатылған. Сирақтың екі аяғы орта тұсында металл пластинамен қосылып, ұштары мыс сыммен байланған. Құндақтың сирағы бекітілген тұсында иықбауға арналған шығыршығы бар ілгек бұралып орнатылған. Құндағында сүмбіні салуға арналған ұзын тесік түріндегі ұясы бар. Сүмбісі темірден жасалған, бір ұшында төртбұрышты тесігі бар, екінші ұшы дөңгелек жалпақ табанмен біткен. Ұзындығы 80 см, диаметрі 7 мм. 1997 ж. 24-желтоқсанда А.С. Тұманшаевтан алынған. Алматы обл, Жамбыл ауд, Ұзынағаш стансасы.



Шүмі (капсюльді) мылтық (1). ҚР МОМ қорынан (КП 25844). Шүмі мылтықтың шүрінге жүйесі (2)

Мылтыққа байланысты ғұрыптар. Ер қаруының бірі және киелі зат болғандықтан, М. дәстүрлі мәдениетте түрлі магиялық ғұрыптарда, өмір циклі ғұрыптарында ғұрыптық атрибут ретінде де қолданылды. Мысалы, адамның кінәсін анықтау мақсатында «жанберу» ғұрыпында кінәлі адамды оқтаулы М. оқпанының аузын жалатып ант бергізген. Егер адам кінәлі болса М. атылып адам өледі деп сенген.

Халықтың дәстүрлі мәдениетінде түрлі объектілерді киелеудің, қадірлеудің бір белгісі – адамның, жануардың, заттың өз атын атамай, оның ерекше сипатын білдіретін жанама, жасырын атты қолдану. Бұл лингвистикалық табу ескі діни наным түрі – сөз магиясына, сөз сиқырына, зат пен есімнің арасындағы материалдық байланысқа сенуге негізделген. Қазақтың халық мәдениетіндегі бұл құбылыстың бір айқын көрінісі – ат тергеу, келіннің қайын аталарының, қайындарының есімін атамай, олардың өзінің немесе есімінің ерекше қасиетін білдіретін (сырғалым, кекілдім, т.б. сияқты) сөздермен жанама ат қою дәстүрі. Табуациялау барысында тыйым салынған заттың, құбылыстың, іс-әрекеттің тура атауын, адамның есімін эвфемистік жанама атаулармен ауыстырады. Адамдардың

жұмысында да ғұрыптық мәнді объектілерге осындай жанама ат беріледі.

Түркі халықтарында аң аулау кезінде де кәсіби саймандардың, құралдардың, қарулардың атын атауға да тыйым салынып, оларға да құпия жанама атаулар берілген, аң аулау біткенше олардың үйреншікті аттары ұмытылып, жанама аттар пайдаланылды. Бұл өмірге ғұрыптық көзқарастан туындаған, аңшылық кәсіпті ғұрыппен белгілеу болды. Архаикалық дәстүрде сөз белгілі бір әрекетті тудырады деп сенілді, сол себепті ғұрыптық тіл арқылы адам нақты оқиғаның ағымына ықпал етуге тырысты. Затты жаңаша атпен атау бөтен заттың мәндік сипатын өзгертіп, оның зияндық қасиетін жойып, оны адамға бағындырудың әдісі болды. Осы аңшылық кәсіпке байланысты тыйымдар кейбір түркі тілдерінде кәсіптік құпия тілдердің немесе кәсіби шартты лексиканың қалыптасуына әкелді. Сөз сиқырына сену қазақтарға да тән. Бұрынғы кездерде қазақтарда да аңшылық кезінде осындай сенімге сүйеніп, М.-тың өз атауының орнына әртүрлі эвфемистік жанама атаулар пайдаланған.

Жетімқұндақ – М.-тың эвфемистік бір атауы. Байырғы заманда қазақтар аңшылықта «мылтық» деп өз атын атаса аң-құс үркіп кетеді деп, өз атын атауға тыйым салып, оны «жетім құндық» деген эвфемизммен айтқан. Себебі аңшылықта бір ғана М. ұстайтындықтан ол жалғыз жүреді, сондықтан солай атап кеткен деседі.

Жетімшора – М.-тың эвфемистік бір атауы. Бұрын қазақтар аңшылықта М.-тың өз атауын атауға деген табу (тыйым) салып, оны тергеп айтқан шартты атауын қолданып, оны «ұзын қару», «жетім инора» деген эвфемизммен айтқан.

Қазақтардың аңшылық кәсібінде қарудың күшін сақтау немесе күшін ұлғайту мақсатына арналған М.-қа қатысты «мылтық қандау», «мылтықтың қырсығын шығару» сияқты бірнеше магиялық ырымдар да орындалды.



Мылтық қандау. ҚР МОМ материалдары бойынша суретті салған Б. Досымов

Мылтық қандау – аңшылықта жасалатын ғұрып. Аңшы аңды атқан соң дереу мылтығының аузын «бисмилла» деп аңның қанына тигізіп «мылтық қандау» рәсімін жасайтын. Анимистік сенім бойынша М. та тірі зат, оған аңның қанын ұрттатса ол мерген тиеді деген ұғым қалыптасқан. Кейіннен қаруды қандау сияқты ғұрыптар құрбандық рәсімінің бір түріне айналып кеткен.

Мылтықтың аузын жыланға шақтыру – аңшылықта жасалатын ғұрып. «Мылтықты қырсық шалса» немесе «аузы жеңіліп кетсе» оны домдау мақсатында аңшы қарудың аузын жыланға шақтырып домдайды. Өйткені, ежелгі дүниетанымда «арғы әлемнің өкілдері» қасқой рух-иелер М.-тың аузына кесір тигізіп, сондықтан ол бөгетке ұшырайды деген наным бар. Сондықтан, қарудың аузын жыланға шақтырғанда пәле-қалалар қорқып қашады деген сенім болған.



*Мылтықтың аузын жыланға шақтыру.
ҚР МОН материалдары бойынша суретті салған Б.Досымов*

Мылтықтың қырсығын шығару – аңшылықта жасалатын ғұрып. Атылған аңның етінен екікабат әйел жесе М. тимей қырсығып қалады деп санаған, ондайда егіз туған әйелдің ышқырынан түсіріп балағынан шығарып алса, М.-тың қырсығы шығады деп сенген.

Батыс Қазақстандағы қазақтардың құлпытастары мен сағанатастарында М. суреттері жауынгерлік қару ретінде М.-тың жерлеу ғұрпымен де байланысын көрсетеді. Бұрынғы кездерде ерқаруы ретінде М.-ты жауынгер өлгенде моласына бірге жерлеген. Кейін заттың өзі оның құлпытастағы бейнесімен ауыстырылды.



*Қазақ құлпытастарындағы мылтық бейнелері. Батыс Қазақстан.
XIX ғ. (И.Тасмағамбетовтың кітабынан)*

Әдеб.: Ахметжан К.С. История ручного огнестрельного оружия казахов // Валихановские чтения 6: Сборник научных трудов по материалам международной научно-практической конференции. Кокшетау, 2001. С.140-143; Ахметжан Қ.С. Қазақтың пілте мылтықтары // «Мәдени мұра/ Культурное наследие». Мәдени-танымдық және ғылыми-көпшілік журнал. 2012. №2(41). 61-69 бб; Будагов Л.З. Сравнительный словарь турецко-татарских наречий в двух томах. СПб.: Типография Императорской Академии наук, 1986; Валиханов Ч.Ч. Вооружение киргиз в древние времена и их военные доспехи // Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений. В 5-ти томах. Алма-Ата: Издательство Академии наук Каз ССР, 1961. Т.1 С.464-466; Валиханов Ч.Ч. Следы шаманства у киргизов // Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в 5-ти томах. Т.1. Алма-Ата: Издательство Академии наук Казахской ССР, 1961; Казахи: историко-этнографическое исследование. Алматы: Казахстан, 1995; Кайдаров А.Г. Доспехи и вооружение воина-батыра в казахском эпосе и их этно-лингвистическое объяснение // Известия АН Каз ССР. Серия общественная. 1976. № 6; ҚР МОН – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МЫЛТЫҚ ДӘРІСІ – жоғарғы қысымда жанатын қопарғыш құрам. Ол ауа қатынасынсыз жанып, көп мөлшерде ыстық газ бөліп шығарады. Мылтық дәрісі отты қаруларда оқтар мен снарядтарды ату үшін қолданылады. Мылтық дәрісінің құрамы селитрадан, күкірт қоспасынан және ағаш көмірінен тұрады. Өткен ғасырларда қазақтар мылтық дәрісін өздері де жасаған және басқа елдерден де сатып алып отырған. Қазақтар мылтықты атуға қолданылатын оқдәрінің екі түрін: ақ және қара дәрі жасаған. 1771 жылы қазақ даласында болған орыс капитаны Н.П.Рычков қазақтардың мылтық дәрісінің екі түрін – кәдуілгі қара дәрі ғана емес, ақ дәрі де жасайтынын жазған. «Дәріге келетін болсақ, оны қырғыздар (қазақтар) өз ұлыстарында өздері жасайды. Менің білуімше олар екі түрлі дәрі: ақ және қара дәрі дайындауды біледі. Бірақ



басқа халықтарда белгісіз бұл жаңалықтарын олар құпияда ұстайды. Мен бұл іс туралы бірдеңе анықтайын деп едім, бірақ бұл қызығушылығымды қанағаттандыра алмадым... «Біз дәріні сіздің елде жасайтындай жасаймыз... Дәрі жасауға керектінің бәрін өз жерімізден өндіреміз» деді». Орыс генералы С.Б.Броневский: «Кейбір болыстықта жеткілікті жақсы дәрі жасайды, күкірт пен селитраны әлі біздің ғалымдар зерттемеген таулардан алып, бірақ көбіне Қытайдан, Бұқарадан және Россиядан сатып алады», - деп жазады. А.И.Левшин де қазақтардың дәріні өздері де жасайды және Хиуа, Бұқара, Персия, Ташкент пен Қашқардан алады, ал селитраны олар қонақ моладан алады деп жазады.

Ш.Ш.Уәлиханов өз еңбектерінде қазақтардың мылтық дәрісін жасау әдісін тиянақты сипаттап жазып кеткен. Оны толығымен келтірейік. «Қырғыз-қайсақтардың оқ дәрісінің құрамы сордан (селитра), көмірден және күкірттен тұрады. Сорды қазақтар ескі қыстаулардан көңінің ішінен немесе көне «қалмақ» обаларынан жинайды, көмір тек тал ағашынан пайдаланылады, ал күкірт орыстікі, татарлар арқылы алынады, күкірт мұнда ташкент базарынан да сатып әкелінеді, бірақ ол әлсіз саналады. «Қалмақ» обаларында ертеде адамдар тұрған деп санайтындықтан қайсақ қап алып оны толтырады, ол үшін алдымен екінші қабаттан бір уыс топырақты отқа тастап, сордың бар екенін тексеріп алады, оны жалынынан қарап айырады, Топырақты жинап алып, отқа қазан қойып, оны қажеттілігіне сұға толтырып, жинаған топырақты салып қайнатады. Топырақ қазанның түбінде қалады, ал су сары түс қабылдайды. Осылайша қайнатып, ол қазанды оттан алады да суытып қояды, нәтижесінде әрине, топырақ судан бөлініп, түбіне тұнады; содан кейін топырақ қалмас үшін сары түсті су таза киізбен сүзіліп, содан кейін таза қазанда тағы да қайнатылады да таза астауға немесе басқа ыдысқа құйып алынады, үстінен шимен аздап крест түрінде тесіктер қалдырып жабылады. Сор шиге жабысып кристаллизацияланады да ұзындығы бір елі шеге тәрізді, ал жуандығы қаздың қауырсынындай болады. Қалған су қайта қайнатылып, тағы да астауға құйылады, осылайша жеті рет қайталанады; әр қайнату және тұндыру барысында бір терең табақтан кем емес селитра шығады. Қажетті сорды алған соң оны шойын қазанға төгіп, тәулік бойы булыжнікпен немесе басқа қатты таспен тоқтаусыз түйеді. Өте ұсақ қылып түйілген сорды дайындап, тек талдан – қайсақтар өте жұмсақ және дәрі жасауға жарайды деп санайтын ағаштан – күйдірілетін көмірді дайындауға кіріседі.

Сор сияқты көмір де өте майда үгіндіге үгітіліп, оны үгіту үшін, қайсақтардың айтуы бойынша, бес адам күні бойы шаршағанша жұмыс істеуі керек. Таразыны алып сордың, көмірдің және күкірттің мөлшерін өлшейді немесе мөлшерлейді. Екі жарым фунт дәрі алу үшін бір фунт сор, жарты фунт көмір және бір фунт күкірт салынады.

Бұл құрамды бөліктерін өлшеп алған соң оның бәрін қазанға салып, құрамның тұтанып кетпеуін сақтай қыздырады да, сәл су себу арқылы дымқылдығын сақтай отырып тәулік бойы түйеді. Мұның бәрін майда үгіндіге дейін түйгенде, ол дәрінің түсін қабылдай бастайды, сосын аттың жалынан немесе құйрығынан бірнеше тал қыл алып, тарының дәніндей түйіршіктер пайда болғанша сонымен ысқылайды, құрамның дымқылдығын сақтау үшін үгіндіге су сеуіп отырады.

Қажетті көлемде пайда болған дәріні өте ірілерінен бөліп алып, оларды қайта таспен түйіп, қайта дымқылдантып, қажетті көлемдегі үгінділер пайда болғанша қайта қылмен түйеді. Дәрінің қалған жұмсағын лақтырғысы келмесе, су сеуіп қайтадан қолмен ысқылайды. Ең соңында дәрі түйіндерін жұмсағынан тазалау үшін құрғақ күні жеңіл желде ұшырады, сонда дәрі өз қызметіне және қолдануға дайын болады». Қазақтар мылтық дәрісін жасаудың осы тәсілін XIX ғ. -дың аяғына дейін қолданылып келген.

Әдеб.: Валиханов. Ч.Ч. Составные части киргиз-кайсацкого пороха // Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. Т. 3. Алматы: Гылым, 1972; Дневные записки путешественника Капитана Николая Рычкова в киргизь-кайсацкой степи, 1771 году. СПб.: Императорская Академия Наук, 1772; Материалы по истории Казахских ханств XV-XVIII веков (Извлечения из персидских и тюркских сочинений) / Составители: С.К. Ибрагимов, Н.Н. Мингулов, К.А. Пищулина, В. П. Юдин. Алма-Ата: Наука Каз ССР, 1969; КР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МЫҢБАСЫ / МЫҢБЕГІ – ертедегі түрік-монғол әскерлеріндегі бір мың жауынгерден тұратын «мындық» жасақты басқаратын әскербасы. «Мындық» жасақтың жиналуымен, ұйымдастыруымен және әскери жаттығуымен айналысады.



Мыңбасы. Қ.С.Ахметжанның суреті

Көшпелі халықтарда бұл әскербасылық қызметке соғыс ісін жетік меңгерген адамдар, әскери іспен кәсіби тұрғыда айналысатын білікті әскерилер – батырлар (бахадурлар) тағайындалған. Әскербасылық дәрежеге батырлар өзінің жауынгерлік ерлігімен, соғыс өнерін білетін қолбасылық қабылетімен, соғыс әрекетін жүргізу біліктігімен ие болды. М.-ның қоластында он жүзбасы болды. Он мыңбасы жиылып келіп түмен басшысы – түменбегіге бағынды.

Түркі халықтарында М. әдетте «бек», «әмір» мансабын иеленіп, мыңдық әскер шығаратын ұлысты, территорияны басқаруға тағайындалды. Сондықтан түркі халықтарында М.-ны кейде «мынбегі» деп те атады.

Жаугершілік заман аяқталғаннан соң да мыңбасы/мыңбегі лауазымы әкімшілік билік шені ретінде кейбір жағдайларда кейін де сақталды. Мысалы, Қытай менен Монғолиядағы казактар шектеулі автономия аясында болды. Осы автономиядағы билік жүйесінде шамамен жүз шаныраққа (әр үйде он адам болады деген есеппен) бір мыңбасына тағайындайтын болған.

Әдеб.: Ахметжанов Қ.С. Жараған темір кигендер (батырлардың қару-жарағы, әскери өнері, салт-дәстүрлері). Алматы: Дәуір, 1996; Аманжолов К., Тасболатов А. Қазақстанның әскери тарихы. Алматы: Білім, 1999; Қушқумбаев А.К. Военное дело казахов в XVII-XVIII веках. Алматы: Дайк-Пресс, 2001; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МЫҢҒЫРАҚ – металл бетіне безеуішпен түсірілетін өрнек атауы.



ҚР МОМ материалдары бойынша суретті салған Б.Досымов


Оны кейде *безеуөрнек* деп те атайды (қ. *Безеуіш*). Сонымен бірге М. атауы Монғолия казактары тілінде «*безеу біз*» (түрлі пішіндер сызуға, өрнек түсіруге қолданылатын біз; оның ұшы өткір болаттан жасалады да, сабын бұрай отырып өрнек түсіреді) ұғымында жұмсалады.

Әдеб.: Қазақтың ұлттық қолөнері. Өлгий, 1991; Шоқпарұлы Д., Дәркембайұлы Д. Қазақтың қолданбалы өнері. Алматы: Алматыкітап, 2007; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МЫҢДЫҚ – тактикалық әскери құрама. Жеке жауынгерлік құрамы 1000 жауынгерден тұрды. Көшпелі түркі-монғол халықтарының әскери ұйымы ондық жүйеге негізделді. Бұл жүйе бойынша әскер ондыққа, жүздікке, мыңдыққа және түменге (онмыңдыққа) бөлінді. Халықты құрайтын тапалар, рулар және оның бөлімдері өз ішінен осы он, жүз, мың, он мың жауынгерден тұратын әскер бөліктерін

шығарып, оларды соғысқа қажетті жабдықтармен жабдықтауға тиісті болды. Бұл әскер бөліктерін басқаруға онбасы, жүзбасы, мыңбасы, түменбасы деп аталған әскербасылар басқарды.

Әскери құрама ретінде мыңдық он жүздіктен, әр жүздік он ондықтан, әр ондық он жауынгерден тұрды. Әр мыңдықтың өзінің киелі әскери белгісі – әскери туы болды.



Мыңдық әскер құрамының құрылымдық сызбасы

«Мыңдық» көп халықтарда ертеде әскери ғана емес қоғамдық ұйым формасының бірі болған, яғни әскери ғана емес әкімшілік-территориялық бірлік те болды. Түркі халықтарының құрамындағы кейбір рулардың «мың» аталуы ертеде «мыңдық» та түркі халықтарында қоғамдық ұйымның, мыңдық әскер шығара алатын рулық-территориялық әкімшілік құрылымның бір түрі болғанын куәләйді. «Мыңдық» құраманың әскербасысы «мыңбасы» деп аталып, «бек» мансабын иеленді, осы мыңдық әскер шығаратын ұлысты, территорияны басқаруға тағайындалды. Сондықтан түркі халықтарында мыңбасыны кейде «мынбегі» деп те атады.

Әдеб.: Ахметжанов Қ.С. Жараған темір кигендер (батырлардың қару-жарағы, әскери өнері, салт-дәстүрлері). Алматы: Дәуір, 1996; Аманжолов К., Тасболатов А. Қазақстанның әскери тарихы. Алматы: Білім, 1999; Қушқумбаев А.К. Военное дело казахов в XVII-XVIII веках. Алматы: Дайк-Пресс, 2001; Разин Е.А. История военного искусства VI – XVI вв. С.-Пб.: ООО «Издательство Полигон», 1999; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МЫҢҚОЙ – малдың танау қалқаны ішіндегі торланған кеужір сүйектің иірілген шытырмандардан тұратын қағажак (пластинкалы) бөлігінің атауы. М. атауының төркіні, мәлімет берушілердің айтуына қарағанда, қойдың, соның



ішінде оның құтпанының мүйізіне ұқсаған, иірілген пішініне байланысты қалыптасқан. Халықтық білімде М.-дың негізгі қызметі тыныс жолындағы ауаны сүзін тазалайды әрі ішке қарай құрт, лас тозаң тәрізді ауру тудыратын коздырғыштарды сүзін алатын қызметі бар дейді. Әсіресе, мал ауруларын емдеумен айналысатын емшілер М.-дың зақымдалуы салдарынан *көмейқұрт*, *шекеқұрт* және *құмыр* сияқты аурулар пайда болады деп санайды. Олардың ортақ белгісі – танаудан су ағады, мал пыскырына береді. М. зақымдалғаны немесе ауруға шалдыққаны белгілі болған жағдайда емші *ыстау* шарасын жүргізеді. Оның кең тараған түрі *күшәлә*, *меңдуана*, *адыраспан* сияқты күшті әсер ететін емдік шөптерді тұтатып, түтінімен ыстайды (**к. Ыстау; Құмыр; Шекеқұрт**).



Қойдың бас сүйегінің кеужірін аршып, мыңқойын тексеру.
ҚР МОМ материалдары бойынша суретті салған Б.Досымов

Халықтық білімдегі М. мен онда кездесетін аурулар туралы тәжірибенің дәстүрлі ас-тағам мәдениетінде өзіндік орын алған. Малдың басын тартқан кезде ірі малдың бас сүйегінің танау тұсын шауып, кеужірін алып тастайтын салт осыған байланысты қалыптасса керек. Өйткені, М.-да өршитін жоғарыда аталған аурулар, әсіресе, аяқты мал (жылқы мен түйе), сондай-ақ, ірі карада көбірек кездеседі. Ал, қойдың басын тартқанда мүжілген соң оның танауын пышақпен бөліп алып, М.-дың арасын тексеріп көреді. Оның мәні сойысқа ілінген қоралы қойдың бірін «тексер» отырып, басқа қойлардың танауы мен тыныс жолында ауру сипатының бар екендігін анықтау болып табылады (**к. Бас; Бас тарту; Ет; Мал сою**).

Осыған байланысты қазақы ортада ерте көктемде немесе мал тойынбай тұрған кезде сойылған қойдың бас сүйегін абайлап тұтыну қажет деген ұстаным қалыптасқан. Өйткені, күй төмен, арық-тұрақ кездегі қойдың М. арасында ғана емес кесел-кінараттар миында да кездесуі мүмкін. Халықтық түсінік бойынша, мал әбден толық семірмейінше оның өн-бойындағы кейбір ауру тудыратын себептерден толығымен арыла қоймайды деп санайды. Ерте көктем мен жаз жайлауда қазақы ортада малды соя бермейтіндігі осындай халықтық санитариялық ұстанымдардың бір қырын көрсетеді.

Әдеб.: Хинаят Б. Қазақтың дәстүрлі малдәрігерлік білім жүйесі (тарихи-этнологиялық зерттеу). Тарих ғылымдарының кандидаты дәрежесін алу үшін ұсынылған диссертацияның колжазбасы. Ғылыми жетекшісі Нұрсан Әлімбай. Алматы, 2001; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МЫРЗА – бірнеше мағынада қолданылатын ұғым. А) дәстүрлі қазақы ортада көбінесе ырыс ұстағандар мен игі жақсылардың арасында және қарапайым халық өкілдерінің дәулетті немесе лауазымды адамға қарата қолданылатын сөз. М. категориясы ағалымыш субъектаралық байланыстың сыпайылығын және сыйласымдылығын қамтамасыз еткен қағиданың функциясын атқарды. Яғни, осы қисын тұрғысынан М. этикалық мәнді категория болып табылады. Ә) Деректерге қарағанда, М. қоныртөбел тіршілік қана кешкен жұртшылықтың «*бақ-дәулеті қасында, одан асса басында*» дейтіндей байлар мен институционалдық мәртебесі жоғары адамдарды М.-лар, ал жеке тұлғаны М. деп атаған (билер, рубасылары, кейбір батырлар және т.б.). Демек, М.-ның қолданыс аясы тұрғысынан көшпелі ортадағы әлеуметтік жіктелісті де білдіретін ұғым ретінде қарастыруға болады. Б) Сонымен бірге, өзінің *атымтайжомарттығымен* де, ел қамқоры бола білгендігімен де, шебер ұйымдастырушылығымен де, мәрттігімен хәм батылдығымен де, адалдығы бек әділдігімен де ел-жұрттың арасында ерекше абыройға ие болған тұлға М. атанды (**к. Атымтайжомарт; Жомарт; Қасымжомарт**). Әдетте, мұндай тұлға дәулетті немесе лауазымды адам болды. Мұндайда *иісі қазақ* әлгі сыйлы адамның басындағы байлығын да, қолындағы билігін де оның көпшілік мойындаған *мырзалық* қадір-қасиетінің тікелей нәтижесі ретінде бағалады (**к. Иісі қазақ**). Иісі қазақ үшін сондай мырзалардың бірегейі, сөз жоқ, ұлы Абайдың әкесі «*қарадан шыққан хан*» атанған әйгілі Құнанбай еді.

Әдеб.: Құнанбаев А. Шығармаларының бір томдық толық жинағы. Құраст. Ә.Жиреншин Алматы: Қазмемкөркемәдеббас, 1961; Янушкевич А. Дневники и письма из путешествия по казахским степям. Алма-Ата: Казахстан, 1966; Абай. Энциклопедия. Бас ред. Р.Нұрғалиев. Алматы: Қазақ энциклопедиясының бас редакциясы. Атамұра, 1995; Әуезов М. Абай жолы. Роман-эпопея. 1-4 кітап. Алматы: Жеті жарғы 1997; Абай туралы естеліктер. 1-ші кітап. Семей: Абай мемлекеттік қорық-мұражай, 2010; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МЫРЗА БАҚТАШЫ – жыл бойы жылқы бағумен айналысатын жылқышы кәсібінің метафоралық атауы. Көп жылқы біткен ел пішіндегі ауқатты бай адамдар өзінің үйір-үйір жылқысын бағып-қағуды ең сенімді, әккі, қайратты ержүрек жігіттерге ғана тапсырады. Өйткені, мындаған жылқыны даладағы итқұс пен ұры-қарылардан сақтау өз алдында, қыстың аязы мен боранды кездерінде бағу үлкен қажырлылықты талап етеді. *Аяқты мал* деп аталған жылқы табынының бағым-күтімін тиімді үйлестіру үшін орасан үлкен аумақтағы жайылым мен жер-судың қыр-сырын жете танып білуі керек. Тағы бір гәп жылқы түлігі түнде де жайыла беретіндіктен оны бағудың өзіндік машақаты көп.

Осындай жауапкершілікті мойындарына алған жылқышылар таңдаулы жігіттерден сайланады (**к. Жылқышы**). Иесінің сенімінен шыққан ондай М.б.-лар үйірдегі таңдаулы аттарды ауыстырып мінеді, семізінен таңдап ас-ауқатына сойып алады. Олардың қосына мал иесі де оқта-текте сейілге шыққан кезде соғып, М.б.-лардың сый-сияпатына бөленеді. Яғни, ауылдағы адамдар үшін жылқышылар түздегі нағыз еркіндіктегі *мырзаға* тән тірлік

деп бағаланады. Жылқышылар қосының *мырза қосы* деп аталуының себебі де осыған байланысты. М.б.-лар күндіз жайылып, түнде күзетілетін түліктің маңайынан шықпайды: бірі тынықса, екінші жылқышы алмасып, үйірді жаюмен немесе күзетумен ұдайы айналысады.

Әдеб.: *Мұқанов С.* Халық мұрасы (тарихи-этнографиялық шолу). Таңдамалы шығармалар. XV том. Алматы: Жазушы, 1979; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МЫРЗА КҮМӘН / МЫРЗА КҮМАНҒА ҰСТАУ – адам өліміне немесе кошпелі ортада ірі қылмыс деп есептелінген мал ұрлығына байланысты сезікті деп саналған тараптың (рудың) ең беделді де бетке ұстар адамдарынан билердің үкім-кесімімен таңдалған адамды (немесе адамдарды) төрт адамның күманға (кепілге) ұстау жосынының атауы. Бұл жайт – тек абақ-керейлерге тән жосын болса керек. Өйткені, қазақтың басқа ру-тайпаларында осындай немесе осы құралыптас құқықтық жосынның атқарылғандығы туралы әзірге дерек табылған жоқ. Абақ-керей ру-тайпасына байланысты этнографиялық мәліметтерге қарағанда, кісі өліміне байланысты М. к.-ға ұстауға кінәлі деп табылған ру жағынан ең беделді деген төрт адам, ал мал ұрлығына – бір адам белгіленді. Мұндайда әлгі сезікті тараптың адамдары жапа шеккен тараптың алдын ала белгіленген ауылдағы үлкен үйге түстенеді. Жоғарыда айтылғандай, кінәлі деп есептелген рудың сыйлы адамдарын таңдау, олар түстенетін үйді және уақытты билер белгілеп отырды. Назар аударар гәп – әлгі түстенген адамдар ас ішпеуі тиіс. Осы жосынды атқару даудың береке-бітіммен аяқталғандығының айғағы болып табылады. Егер, осы таңдалған адамдар белгіленген шаңыраққа түстенуден бас тартса, олар кінәлі болып есептелінді. Кісі өлтірді деп айыпталған тараптың төрт адамының да, мал ұрлады деп есептелінген рудың бір адамының да осы жосынды атқару реті бірдей болғанымен, олардың жәбірленуші тарапқа төлейтін құн мен айыбының айырмашылығы әжептәуір болды. Кісі қанын жүктеген деп саналған тараптың төрт адамның бірі жапа шеккен тарапқа міндетті түрде құны 20 қойға пара-пар тайтұяқ берді. Сонымен бірге, олардың руластары қосымша 4 тайтұяқтың құнына тең *мырза садақасы* немесе *күмән садақасы* деп аталатын айып толеді (к. *Мырза садақа / Күмән садақа*). Ал ұрлық жасаған деп есептелген тараптың әлгі адамы аталмыш жосынды орындаудан, яғни, күманға түсуден бас тартса, ол 8 қой айып төлеуге кесілді. Бұл жосында атқару М. к.-ға ұсталған адамдар үшін моральдық-психологиялық жағынан ерекше ауыр болды. Себебі, олар дәстүрлі қазақы ортада ерекше қастерленген жан беру немесе қасам ішу деп аталатын құқықтық ант беруге тиіс (к. *Жан беру / Жанға салу / Ант беру; Қасам ішу; Құқық / Әдет-ғұрыптық құқық / Әдеттік құқық / Билер соты / Халық соты / Билік / Билік айту / Билік жүргізу / Төрелік айту / Төрелік жүргізу / Би кесімі / Ис кесу / Қақы / Құқы*). Дәстүрлі наным-сенім бойынша, аталмыш анттың шартын орындамағаны үшін ант берушілер Құдайдың, әулие-әнбиелердің және әруақтардың кәріне ұшырайды деп санағандықтан, мұндай жосынды атқаруға әркімнің жүрегі дауалай бермеген.

Әдеб.: Төрт би – төренің заң-ережелері // Қазақтың ата-зандары: құжаттар, деректер және зерттеулер. X-том. Алматы: Жеті жарғы, 2009. 524-534 бб; *Жан беру / Жанға салу / Ант беру* // Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 2-т. Алматы: РПК Слон. 2012. 209-210 бб; *Қасам ішу // Сонда*. 3-т. Алматы: РПК Слон. 2012. 501 б.; ОМЭЭ – материалдарынан; Нұрсан Әлімбайдың колжазбасы.

МЫРЗАҚАМАҚ – тұтқындалған адамды уақытша бас бостандығынан айырудың бір тәсілі. Ертеде көшпелі ортада қамау жазасы көп қолданылмаған. Дегенмен, қандайда бір себеппен ұсталған адамдарды (қылмыскер, дұшпан, жансыз деп саналған күдікті және т.б.) жаза тағайындалғанша немесе басқадай жолдармен тағдыры анықталғанша уақытша қамап қою кездескен. Ондайда киіз үйге, қораға, жергөлеге, жерден қазылған ұраға, зынданға қамаған. Мұндайда тұтқындалған адам қас жауы болмағанда, тағылған кінәсі аса ауыр болмаса немесе өте беделді болғанда қамаудың неғұрлым жеңілдетілген түрі М. қолданылған. М.-қа көбінесе хан-сұлтандар, би-батырлар мен рудың өзге де беделді өкілдері, төрелер, қожалар қамалған. Өйткені, мұндай адамдардың сұрауы көп болғандықтан арты кек алуға, үлкен жанжалдарға ұласуы мүмкін еді. М.-тағы адамның қашып кетпейтіндігіне немесе өзгелердің келіп құтқарып әкетпейтіндігіне сенімді болғанда көбінесе тек ауылдан немесе үй маңынан ұзап кетуге тыйым салып, бос жіберілген. Ондай адам өзгелердің бақылауында (андуында) болады немесе жанына арнайы күзетші қойылады. Басына арнайы үй беріліп, уақытылы тамақтануына, жуынып-шайынуына жағдайлар жасалуы да мүмкін.

Қазақ даласына XIX ғ.-дан бастап Патшалық ресейдің әкімшілік жүйесі еніп, абақтыға (түрмеге) қамау жазасы пайда бола бастаған. Осы кезде қазақ даласына қылмысты, кінәлі, күдікті адамдарды өзгелерден бөлек ұстау мақсатында оқшаулауға қатысты М. ұғымы қолданыла бастады.

Әдеб.: *Омарханов Қ.* Қазақ елінің дәстүрлі құқығы. Астана: Елорда, 2003; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МЫРЗА ҚОСЫ – ауылдан алыста, оты шүйгін, суы мол жерде жылқы бағумен айналысқан жылқышылардың шағын баспанасы. Жылқышылар жылқының жайылымы үшін үнемі бір жерден, екінші бір жерге көшіп жүруге тура келген. Сондықтан да оларға жығылуы мен тігілуі тез әрі ықшам баспана түрі керек болған. Ол күрке, жаппа, абылайша түрінде болса да, оны М. к. немесе жылқышы қосы деп атаған. Атаудың мәні жылқышы кәсібінің екінші атауымен байланысты туған. Әрі, ауылдан алыста жүрген, күндіз-түні мыңдаған аяқты малдың бағым-күтіміне жауап беретін жылқышылар үшін ас-ауқат кез-келген жағдайда мол болатындығында. Жолы түсіп, мұндай қосқа сокқан адам риза болмауы екіталай. Яғни, олар мырзалық пен молшылықтың не екенін бір еске алып өтеді.

Мұндай қостар қарамағындағы бағылатын жылқы санына байланысты бірнешеу болуы мүмкін. Ондай қостарды қыстың аязында жылы болу үшін қабат-қабат киіз немесе тері жабылады. М. қ.-ндағы бақташыларға сейілсеруен құрған жігіттер арнайы барып, қонақасы тәрзіді



тағам жейді. Оны ел арасында «жылқы күзет жесегі» деп атайды.

Әдеб.: Мұқанов С. Халық мұрасы (тарихи-этнографиялық шолу). Таңдамалы шығармалар. XV том. Алматы: Жазушы, 1979; Хозяйство казахов на рубеже XIX-XX веков. Материалы к историко-этнографическому атласу. Алма-Ата: Наука, 1980; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МЫРЗА САДАҚА / КҮМӘН САДАҚА – жәбірленуші тарапқа кісі қанын жүктеген деп есептелінген тараптың төлейтін айыбының атауы. Бұл айып *мырза күманға ұстау* деп аталатын жосынды әлгі тараптың билер кеңесінің үкім-кесімімен алдын ала таңдалған ең беделді деген төрт адамының атқармағандығы үшін олардың руластары төледі (қ. *Мырза күман / Мырза күманға ұстау*).

Әдеб: Төрт би – төренің заң-ережелері // Қазақтың ата заңдары: құжаттар, деректер және зерттеулер. X том. Алматы: Жеті жарғы, 2009. 524-534 бб; *Жан беру / Жанға салу / Ант беру* // Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 2-том. Алматы: РПК Слон. 2012. 209-210 бб; Қасам ішу // *Сонда*. 3-том. Алматы: РПК Слон. 2012. 501 б.; ОМЭЭ – материалдарынан; Нұрсан Әлімбаевтың қолжазбасы.

МЫРШАЙ – түлкінің баласы. Халық арасында түлкінің баласын *мыршай*, *жәутік*, *жәудір* деп атау қалыптасқан. Бірақ аталмыш атаулар оның жасын нақты анықтап бере алмайды. Бұлай атау бір жағынан аймақтық ерекшеліктерге, екінші жағынан түлкі күшігінің жай-күйінің өзгеріске түсуіне байланысты қалыптасса керек. Өйткені, жәутік деп жүні сабалақ, қарға әлі аунамаған түлкінің күшігін атайды. Бұл кезде оның түрі сиықсыз әрі денесінен сасық иіс шығып тұратындықтан, оған тілгі бүркіт те түспейді. Ол қарға аунаған соң, сасық иістен арылып, жүні құлпыра түседі. Дәл осы жастағы, яғни қарға аунағаннан кейінгі түлкінің баласын М. деп атайтын болса керек. Бұл кезде ол шақар әрі ызакор болып, ересек тарта бастайды.



Мыршай. ҚР MOM жұмыс қорынан

Дәстүрлі ортада адам мінезіне байланысты қалыптасқан *мыршайдай ашушаң, мыршайдай шақар* деген теңеулер осы жәйтті аңғартса керек (қ. *Түлкі*).

ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МЫРЫҚ – өзен, көл жағалауындағы қаз-үйрек жайылатын көгал, қаз-үйректің оты, өлең шөптің бір түрі. Мырық отына жайылған қаз-үйректің еті аса дәмді болады.

Сұқсыр, қызылбас үйрек қамыс-копаның ішінде жайылып, мырық отын оруға тек кеш түсе шығады.



Мырық. Қарқаралы. ОМЭЭ – материалдарынан

Мырық отына көл жағалаған адал құстар жайылады. Ал тырна, қарабай, шағала, қоқиқаз т.б. керек затсыз құстар көбіне балық, бақа-шаян т.б. жәндіктермен қоректенетіндіктен еті дәмсіз болады.

Әдеб.: Мұқанов С. Қазақ қауымы. Алматы: Ана тілі, 1995; *Уәли Н.* Бұрынғыдан қалған сөз; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МЫРЫШ – көгілдір түсті жылтыр металл. М.-тың қосылыстары мен қорытпалары, мәселен жез ерте заманнан белгілі (мырышты таза күйінде алғаш рет 1721 жылы неміс металлургі И.Генкельдің алғаны мәлім). 100-150 градус ыстықта иілгіш, созылғыш болса, қалыпты температурада сынғыш, морт келеді. Мырышты балқытқанда (қазіргі ғылыми анықтамалықтардың көрсетуі бойынша мырыштың балқу температурасы 419 градус), басқа металдармен араласып, әртүрлі қорытпалар түзеді. Мырыш қорытындылары қазақ шеберлеріне ертеден таныс болғандығын халық жырларында кездесетін.

Қамқа бірдей бола ма,

Қаламы мата бөзбенен.

Қосылып алтын қорылмас

Мырышпен, мыс жезбенен

(Үш ғасыр жырлайды. Алматы, 1965, 99-б.) тәрізді этномәдени мәні бар деректен байқауға болады.

Кейінгі кездері қазақ зергерлері М.-ты әртүрлі мақсатта қолданады. Мәселен, қалыппен құйып жасалатын әртүрлі дайындаманың ұясын, ойықтарын мырышты балқыту арқылы толтырады. Зергерлер мырышты ұсақ түйіршік күйінде де пайдаланады.

Балқыған мырыш салқындағанда, оның деңгейі төмен түседі. Мырыштың осындай физикалық күйін ұсталар *шөгу* дейді. Тәжірибелі шеберлер мырыштың осы қасиетін алдын ала ескереді. Атап айтқанда шеберлер металға мүсәтір сеуіп қыздырып, мырыштан жасалған сымның бір ұшын шымшуырмен қысып алып, екінші

ұшын дайындаманың ойығына тигізе ұстап, толтыра түседі. Металл бетіндегі ойық-ұялар толғанда қыздыруды тоқтатады. М.-тың беті қаймақтана бастағанда үстіне бір шымшым мүсәтір себе қояды. Сол кезде мырыш тегістеліп, жылтырап, қайта балқып, дайындаманың қуыстары біркелкі толады.

Мырыш дайындаманың ұясының ернеуіне дейін толмаса, шымшуырмен қысып алған бірнеше түйір мырышты толып болғанша қосып отырады. Оны шеберлер *еселеп отыру* дейді.

Металл бұйым бөліктерін біріктіруге қолданатын дәнекердің құрамына мырыш қосылады (**қ. Дәнекер**). Атақты зергер, өнертанушы Д. Шокпарұлының сөзімен айтқанда: *Дәнекердің өзі тез балқитын жұмсақ және баяу балқитын дәнекер болып екіге бөлінеді. Тез балқитын дәнекерлер қатарына қорғасын, қалайы, мырыш жатады. Ал баяу балқитын дәнекерлерге мыс-мырыш қоспасы, мыс-күміс қоспасы жатады. Бұл дәнекерді қазақ шеберлері кепсер деп атайды. Алтын бұйымдарды дәнекерлегенде кепсерді күміс пен алтынның қоспасынан жасайды. Кепсерді әр шебер өзі жасап алады.*

Қазақ шеберлерінің мырышты қолдану тәсілдерін ертеден жақсы меңгергендігін жоғарыда келтірілген жыр жолдары да нақтылай түседі.

Әдеб.: Қазақ совет энциклопедиясы. 8-том. Алматы: Қазақ совет энциклопедиясының бас редакциясы, 1976; *Шойбеков Р.Н.* Қазақ зергерлік өнерінің сөздігі. Алматы: Ғылым, 1991; *Шоқпарұлы Д., Дәркембауұлы Д.* Қазақтың қолданбалы өнері. Алматы: Алматыкітап, 2007; ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МЫРЫШ-МЫРЫШ – жастардың ойыны. М.-м. ойынын бозбалалар мен бойжеткендер үлкен той жиындарда, үйлену тойларда ойнайды. Ойыншылар топтасып, ашық алаңқай немесе оңаша киіз үй таңдап алып, бір қыз, бір ұл болып доғал тәрізді отырады. Ойын шарты бойынша арнайы жүргізуші тағайындалып, ойын тікелей оны басқарушыға байланысты болады. Жүргізуші ойыншылар арасынан ортаға ұл немесе қызды шығарып, оның көзін байлап, отырғызады. Сосын оның аузына тиын тістетін қояды да, отырған кез келген бір ойыншыны көрсетіп, *«мырыш»* дейді. Яғни, бұл көзі байланған ойыншыға қаратыла айтылған сөз. Егер ол аузындағы тиынды біреуге бергісі келсе, жауап ретінде *«мияу»* дейді. Ал, бергісі келмесе, *«мырыш»* деген сөзді қайталайды. *«Мияу»* деген кезде жүргізуші көрсеткен ойыншы ортаға келіп, тиынды аузымен алады да, орнына тез барып отыра қалады. Көзін шешкенде тиын алған ойыншыны дәл тапса, екеуінің орны алмасып, ойын жалғасады. Керісінше, таба алмаса, онда айыпты саналып, ортада басқа ойыншыларға өз өнерін көрсетеді. Кейде отырған ойыншылардың талабы бойынша олардың айтқанын жасауға мәжбүр болады. Мәселен, ән айтады би билеп береді немесе қызықты әңгіме айтып, оларды күлдіруге тиіс болады. Осылайша ойын жалғаса береді.



Мырыш-мырыш ойыны. ҚР МӨМ материалдары бойынша суретті салған Б.Досымов

Аталмыш ойынның тек бозбалалар мен бойжеткендер арасында ойналуы тегін емес. Өйткені, ортадағы көзі байланған ойыншы ұл болса, жүргізуші *«мырыш»* деп, отырған ойыншылардан тек қыздарды, ал ортада қыз болса, онда ұлдарды көрсетеді. Сонымен, М.-м. ойыны дәстүрлі ортадағы жастардың ең қызықты ойындарының бірі саналып, осы кезде де жастар кештерінде ішінара ойналады.

Әдеб.: *Төтенев Б.* Қазақтың ұлттық ойындары. Алматы: Қазақстан, 1978; *Кәмәлашұлы Б.* Қазақ халқының дәстүрлі той-мерекесі, сауық-сайран, ұлттық ойын, тамашалары Алматы: Өнер, 2005; ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МЫС¹ – қызғылт сары түсті жұмсақ металл. Қазақта М.-тың түсіне байланысты *қызыл мыс, қызғылт мыс, сары мыс* тәрізді атаулар қалыптасқан. Бұлардың ішінде *қызыл мыс, қызғылт мыс* қоспасыз таза мыс екенін білдіру үшін қолданылады. М.-тың мырышпен және басқа металл қоспаларымен араласқан қорытпасы – *сары мыс* немесе *жез* деп аталған. М. ертеде *бақыр* деп аталған. Көне түркілерде *«бар – бақыр, жоқ – алтын»* деген мақал қолданылған. Мыстың көне заманнан келе жатқан *бақыр* атауы казак және басқа да түркі халықтарында күні бүгінге дейін қолданылып келе жатыр.

Ертеде қазан, ожау тәрізді бұйымдарды бақырдан (мыстан) жасаған. Одан жасалған қазан, ожау, шелек, металл ақша, тенге сияқты бұйымдар жасалған материалының атымен *бақыр, бақыраш* деп аталған. Бұрынғы кезде жылқы қосында қазан асып, жылқышыларға тамақ дайындайтын көмекші жасөспірімдерді *бақыршы бала*, ересек кісілерді *бақыршы* деп атаған. Мыс кенінде жұмыс істейтін адамды немесе темір-терсектен ұсақ-түйек жасауды кәсіп еткен адамды білдіретін – *бақыршы*, кенді тазалау, жууды білдіретін – *бақыр шайқау* секілді сөздер де мыстың байырғы атауына (бақыр) байланысты қалыптасқан (**қ. Бақыр; Бақыршы**).

Кейінгі уақыттарда бақырдың орнына *мыс* атауы қолданылуына байланысты осы материалдан жасалатын бұйымдар *мыс бақыр, мыс сақина, мыс шеге* және т.б. түрінде аталатын болды. Мәселен, *мыс бақыр* – мыстан жасалған қазан мен шелектің (жергілікті халық тілінде шелекті әлі күнге дейін *бақыр* деп атайды) және *бақыр*



ақша – мыс тиындардың атауы. *Мыс сақина* – мыстан соғылған сақина, балдақ. Мыстан тұрмыстық заттар көбірек жасалады. Алайда мыстан соғылған зергерлік бұйымдар да кездесетін-ді. Сәндік және тұрмыстық бұйымдардың бөліктерін бір-біріне бекіту және көркемдігін арттыру үшін мыстан шегелер жасалған.

Халық арасында бұрынырақта бұйымдарды көбінесе мыстан жасайтын, ұсақ-түйек заттар дайындайтын ұстаны – *бақыршы*, *мыскер* деп те атаған. Қазақтың ұста-зергерлері М.-тан әртүрлі бұйым жасаумен бірге оны дәнекерлеуге қажетті қоспаны жасауға, мыс бұйымдарға белгілі бір түс, реңк беруге (тотықтыруға), металдарды шауып бөлгенде астына төсеуге және т.б. пайдаланады. Дәнекерлеуге қолданатын қоспа (дәнекер) тез балкитын және баяу балкитын дәнекер деп ажыратылады. Оның тез балкитын түрі қорғасын, қалайы, мырыш қоспасынан, ал баяу балкитын түрі мыс-мырыш немесе мыс-күміс қоспасынан дайындалады. Баяу балкитын дәнекерді зергерлер *кепсер* деп те атайды. Бүгінгі күндерде қазақ зергерлері мыс бұйымдарды қара қоңыр, қара сұр, сұрғылт, қызғылт қоңыр түске тотықтыру тәсілдерімен жасап шығарады. Бұндай тәсілдердің білгір маманы, дархан ұста Д.Шоқпарұлының түсіндіруі бойынша мыс, жез бұйымдарды қара қоңыр, қара сұр түске тотықтыру үшін: «Қаңылтыр қауашаққа бір өлшем күкірт ұнтағын, екі өлшем поташ қосып, ағаш таяқшамен араластыру керек. Содан соң қаңылтыр ыдысты отқа қыздырып, ішіндегісін араластыра отырып қуырады. Қуырған кезде күкірт буы тұтанып, лап етіп жанып, көгілдір жасыл түсті жалын шығарады. Оны сөндіріп әуреленудің қажеті жоқ. Ол тотықтырғыштың сапасына нұқсан келтірмейді. Шамамен 10-15 минут қуырған соң, отты сөндіріп, қуырылған күкірт – сақар қосындысын суытып, ұнтақтау керек. Міне осыны «қуырған күкірт» деп атайды.

Ерітінді әзірлеу үшін 1 литр суға 15-20 грамм қуырылған күкірт қосып езу керек. Қуырылған күкіртті талқандап, ұнтақ күйінде аузы нығыз жабылатын әйнек ыдысқа салып сақтап, қажет кезінде суға езіп пайдалануға болады.

Қуырылған күкірт қосылған ерітіндіге түскен жез, мыс, қола сұр түстен-қара сұр түске, қоңыр түстен қара қоңыр түске дейін тотығады. Қажетті түске тотықтырып алып, металл бұйымды таза сумен жуып, кептіріп, жұқалап майлап қою керек.

Мыстан жасалған бұйымды сұрғылт түске тотықтыру үшін 1 литр суға 2-3 ышымшым (гр) ас тұзын ерітіп (езіп), осы ерітіндіге мыс бұйымды салса, ол сұрғылт түске тотығып, көне бұйымның түсіндей болып (имитация) шығады.

Мыс бұйымдарды қызғылт қоңыр түске тотықтыру үшін бір өлшем хлорлы мырыш (хлористый цинк), бір өлшем тотиялынды (медный купорос) араластырып, екі өлшем суға езу керек. Осындай ерітіндіге түскен мыс әдемі қоңыр қызыл түске тотығады».

Қазақ халқы М.-ты емдік мақсатта кеңінен қолданғаны белгілі. Мұндай жағдайда мыс тотықтарының қасиетін пайдаланған. «Оренбургский листок» газетінің 1892 ж.-ғы №49 санында қазақтар арасында емдік мақсатта М.-ты кеңінен қолданылғаны туралы баяндалады. Ерекше қасиеті бар деп саналатын *мыс білезік* буын ауруын емдейді деп саналды. Сол сияқты ол тіл-көзден қорғайтын зат ретінде қолданылады. Буындары ауыратын адамның қолына салған білезігінің орнында көкшіл түсті дақ қалса, аурудың қайтуына әсер етіп жатқандығы деп санайды. Кезінде қазақтарды шоқындырушы саясатының бір құралы ретінде ел арасына мыстан жасалған крест таратуын жатсынбай қабылдағанын орталыққа қуана хабарлаған орыс әкімшілігінің қызметкерлері оның байыбына кейін жеткендігі туралы мұрағат дерегінде мәлімет бар. Мыс крестерді көбірек беруді сұраған қазақтардан мәселенің байыбын сұраған кезде, одан буын ауруға қолданатын білезік, сақина жасайтындықтарын айтқан. Мыс бұйымдары буынды ғана жазып қоймай, қан қысымын төмендетуге көмектеседі деп саналады.

М.-ты магиялық қасиеті бар деген түсінікке байланысты тіл көзден сақтау үшін балалардың киіміне М.-тан құйылған әшекейлік бұйымдар таққан. Тамақ адал болуы үшін әйелдердің қолында М. немесе жез жүзік болуы керек деген түсінік те болған.

Халықтық мал емдеу іс-тәжірибелерінде М.-пен түрлі қотырларды емдеген. Мыс шегені *бөген* болып құйрық қылдары түсіп, сымпыстанған жылқының құйрық түбіне шаншып қояды. *Талақ*, *ноқала* белгілері білінген аттың құйрық омыртқаларының біткен жеріне М.-ты орап қояды.

Әлеб.: *Сатпаев К.И.* Доисторические памятники в Джезказганском районе//Народное хозяйство Казахстана. 1941, №1; *Мұқанов С.* Халық мұрасы. Тарихи-этнографиялық шолу. Тандамалы шығармалар. XV том. Алматы: Жазушы, 1979; *Арғынбаев Х.* Қазақтың мал шаруашылығы жайында этнографиялық очерк. Алматы: Ғылым, 1969; *Шоқпарұлы Д., Дәркембайұлы Д.* Қазақтың қолданбалы өнері. Алматы: Алматыкітап, 2007; *Шойбеков Р.Н.* Қазақ зергерлік өнерінің сөздігі. Алматы: Ғылым, 1991; *Шойбеков Р.Н.* Қазақ зергерлік өнерінің лексикасы. Алматы: Қазақстан, 1993; Қазақ совет энциклопедиясы. 8-том. Алматы: Қазақ совет энциклопедиясының бас редакциясы, 1976; ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МЫС² – аспап, құрал, қару-жарактың кесетін, шабатын жүзі. Бұл атау қазіргі тілімізде бейнелі сөз орамдарының құрамында сақталып отыр. Әрбір құрал-сайман, қару-жарак түрлі бөлшектерден тұрады. Әрбір бөлшектің атауы болады. Олардың кейбіреуі қазіргі тілдік қолданыста түсінікті сөздер болса (мысалы, *сап*, *жете*, *жүз*, *қыр* және т.б.), байырғы атаулардың кейбіреуі жеке қолданылмайтын дәрежеге жеткен, тұрақты сөз тіркестерінің құрамында сақталып қалған. Тарихи тұрғыдан қарастырғанда тіліміздегі бірсыпыра тұрақты сөз тіркестерінің (*мысы басты*, *мысы құрды*, *пысы басты*, *міз бақпады*) шығу төркіні қазақ ұсталарының ертеден жасап келе жатқан еңбек және әскери құралдардың бөлшектеріне байланысты қалыптасқан. Алайда бұндай тұрақты сөз тіркестеріндегі зат бөлшектерінің байырғы атауларының мағынасы көпшілікке түсініксіз.

Ертеде кескіш құрал, аспаптардың кесіп түсетін яки шабатын жүзі қазақ және басқа түркі тілдерінде *мыс/міз/пыс/nic/нес* тұлғаларында жұмсалған. Бұл тұлғалардың бұрын жеке қолданылғандығын байырғы жырлардан ұшырастыруға болады:

*«Қожантыны көріп не ең
Заманасы түзуде
Адам алар нес не еді.
Айдының қаттысы
Алдынан адам кесіп өтпеді».*

(XV-XVIII ғ.-лардағы қазақ поэзиясы. Алматы: Ғылым, 1982, 222-223-бб.) Жырда қолданылған *қожанты* бұрынғы уақытта халық тілінде «үлкен пышақ» деген мағынада қолданылған. Оңтүстік, оңтүстік-шығыс аймағындағы қазақтар тілінде қолданылған пышақтың бұл атауы Ходжент қаласының атымен байланысты шыққан. Оңтүстікте ертеде Ходжент өңірінен әкеп сатылған өрікті *қожантының өрігі*, Жетісу өңірінде пышақтың бір түрін *қожан пышақ* деп атаған.

М. атауының шығу төркінін академик Ә.Т. Қайдаров тарихи-салыстырмалы әдіспен көне түркі және қазіргі бірқатар түркі тілдерінде *мыс/міс/міз/быс/біс/пыс/піс* және т.б. дыбыстық тұлғада сақталып, пышақ, қылыш тәрізді кесетін, шабатын аспап-құралдардың өткір жүзін білдіретіндігін дәлелдеп берген. Қазақ тіліндегі *мысы басты* (біреуден қаймықты, тайсалды, үндей алмады, аруағы басты), *міз бақпады* (бүлк етпеді, бідірейді де қалды) тәрізді тұрақты сөз тіркестері о баста кескіш, шапқыш құралдардың қылпып тұрған өткір жүзінен «қаймықты», «тайсалды» немесе «жалаңдаған жүзінен ықпады, селт етпеді» сияқты тура мағыналардың негізінде жасалып, идиоматикаға айналған. Сол секілді *мысы қайтты* (беті қайтты), *мысы құрыды* (амалы таусылып, дінкесі құрыды) тұрақты тіркестері ертеректе тура мағынасында «жүзі майысты», «жүзіне қаяу (кетік) түсті», «жүзі құрыды» легенді білдірген.

Әдеб.: Қайдаров Ә. Міз // Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі. Алматы: Ғылым, 1966; Шойбеков Р.Н. Қазақ зергерлік өнерінің лексикасы. Алматы: Қазақстан, 1993; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МЫСҚАЛ – ертеде қолданылған ең жеңіл салмақ өлшемі. Қазақстан мен Орта Азияда бір мысқал ретінде бір-бірінен айырмасы аз әртүрлі салмақ мөлшері белгіленген. Мәселен, Хорезмде мысқалдың баламасына 4,45 грамм, Бұхарада 4,8 немесе 5 грамм, Самарқанда 4,46 грамм алынған. Қазақ жерінде, негізінен, Бұхара өлшемі қолданылған. Салмақ өлшемінің *мысқал* атауы о баста араб тілінен енген. Қазақ жерінде осы ауырлық өлшемінің ертеден қолданылып, тілімізге сіңісті болып кеткендігі «Алпамыс» жырындағы этномәдени деректен байқалады:

*Таратты алтын күмістен
Қалғанынша мысқалы –*

М. асыл тастарды, алтын мен күмісті және зергерлердің жұмыс барысында қолдан жасайтын әртүрлі металл қоспаларын (мәселен, дәнекерлеуге арналған металл

қоспалары, пісіруге арналған металл қоспалары), түрлі бояуларды, дәрі-дәрмек ретінде пайдаланатын дайындамаларды өлшеуге қолданылған. Салмақтың осындай заттарға арналған жеңіл өлшемін пайдаланып мөлшерлеуді *мысқалдау*, *мысқалдап өлшеу* деп атайды. Мысқалдың аз ғана мөлшерді білдіретіндігіне байланысты халық арасында ерте кездерден-ақ *Ауру батпандап кіріп, мысқалдап шығады* деген мақал қалыптасқан. Бүгінгі күндерде де «кішкентай», «титтей», «аз» ұғымын білдіру үшін *бір мысқал* деп қолданады:

*«Сондықтан да жырғатқан
Жол аш жаңа тұрмысқа.
Өтіріктен бір батпан
Шындық қымбат бір мысқал».*

(Қ. Мырзалиев, Мәңгі майдан).

Салмақ мөлшерінің *мысқал* дейтін атауы уақыт өте келе халық арасында ауырлықты өлшейтін құрал атына ауысқан. Басқаша айтқанда, таразының бір түрі байырғы тұрмыста *мысқал* деп аталғандығы, оның өлшейтін затты салатын құрамдас бөлшегі (табағы) *келі* деп аталғандығы ауыз әдебиеті нұсқаларында сақталған. Мысалы «Қобыланды батыр» жырында:

*«Келесі түзу мысқалдай,
Ай мүйізді қошқардай,
Тілеп алған, жалғызым,
Қозым, сенен айырылдым».*

деген жолдар кездеседі. Ал, мысқалға (таразыға) салатын тасты (таразы тасын) *мысқалдық* деп атаған.

Әдеб.: Қасиманов С. Қазақ халқының колөнері. Алматы: Қазақстан, 1969; Қазақ совет энциклопедиясы. 8-том. Алматы: Қазақ совет энциклопедиясының бас редакциясы, 1976; Аққошқаров Е. Қазақ арасына кең тараған байырғы өлшемдер // Тілтаным, 2003, № 2; Шойбеков Р.Н. Қазақ зергерлік өнерінің сөздігі. Алматы: Ғылым, 1991; Шойбеков Р.Н. Қазақ зергерлік өнерінің лексикасы. Алматы: Қазақстан, 1993; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МЫСТАН / МЫСТАН КЕМПІР – фольклорлық шығармаларда, әсіресе мифтік әңгіме мен хикаяттарда жиі айтылатын әйел бейнесіндегі жағымсыз персонаж. Мифтік әңгімелерде М. алапат жаратылыс иесі ретінде бейнеленсе, ертегілерде ол қаской, адамдар арасындағы эзәзіл, іріткі салып, жақсылыққа қарсы тұратын образ ретінде суреттеледі. Қазақ этноастрономиясын туралы еңбегінде Б.А. Куфтин М.-ға қатысты мынадай мифтік сюжетті келтіреді: *«Аспан қатты жаратылыс онда адамдар тұрады. Олар белбеуді тамағының астына байлайды. Арасында бір алып кемпір тіршілік етеді. Оның бойы сұңғақ, бір рет жегенде қырық қойдың етін, қырық таба нан жеп, қырық мес қымыз ішеді. Танауының тесігінің өзі екі салт атты қатар сиятындай үлкен. Есімі – Мыстан кемпір. Бұл кемпірдің түрлі-түсті қойлары көп-ақ. Ол қойларын ылғи жаңбырдан кейін қосақтап сауады. Жауын-шашыннан кейін көзге көрінетін кемпірқосақ – сол».* Яғни, М. жаратылысы ерекше алып деп саналады.

Ал қиял ғажайып ертегілерде М. билеуші немесе батыр адамның сеніміне кіріп алған соң оған оп-оңай жауыздық жасайтын образға айналады. Мысалы, батырды арбап, жау



ханның қолына түсіреді, немесе сүйген жарын аздырып ажыратады, туған балаларын алмастырып жібереді. Мысалы мынадай сюжеттер жиі кездеседі: *«Ертеде бір ханның қызының кедей жігітпен көңіл бірлігін сезіп қалады, жігітті дереу дарға астырады. Екіқабат болып қалған қыз мезгілі жетіп босанады. Оны аңдыған мыстан кемпір егіз баланы көз көрмес, құлақ естімес, алыс жерге апарып, жап-жасыл үлкен бәйтерек басына ұлды батысқа, қызды шығысқа қаратып іліп кетеді»*. Мұндай мотивтер бәйтеректің құрауы немесе домбыраның пайда болуына қатысты аңызда және Мұңлық-Зарлық киссасында М.-ға қатысты айтылады.



Мыстан кемпір. ҚР МОМ материалдары бойынша суретті салған Б.Досымов

Бұған қатысты академик С.Қаскабасовтың пікіріне ден қойсақ, М.-ның билеушіге ақыл айтып, жол сілтеуші әрі дұшпанның сыр-сипатын танып білетін кореген болып есептелуі бір кездегі әйел қауымы үстемдігінің, аналардың культке айналуына байланысты қалыптасқан. Ал, матриархат дәуірінен кейінгі замандарда әйелдерді қас күш, опасыз бейне ретінде көрсетудің сипат алуымен байланысты туған М. образы түрлі жағымсыз сипатқа енген. Яғни ол жақсылыққа кедергі жасайтын, мейлінше жексұрын болып сипатталады. Ертегілерде М.-ды мынадай формуламен суреттейді: *«ыстық ішкен, суық тышқан, қабағы тырысқан, көрінгенмен ұрысқан, кенеп дамбалы артына қатқан, туғаннан құдай атқан, басы мүйіз, бөксесі киіз, тізесіне шекпені жетпеген, басынан жаманшылық кетпеген, бір кез ширекбойы бар мыстан кемпір»*

М. образында жалмауыз кемпірмен астасатын тұстары бар. Онан өзгешелігі мынадай: жалмауыз кемпір сиқыры көп, алапат күш иесі болса, М. оны әбден әлсіреп, бұрынғы күш қуатынан айырылған «картайған» түрі ретінде бейпеледі. Сондықтан ол өте айлакер әрі қулығы арқасында адамның сеніміне кіріп алып, сан түрлі қастандық ойластырады. Керісінше, жалмауыз кемпір ашық күреске шығады, жанына қас жасап, суға батырады (қ. *Жалмауыз кемпір*).

Мәселен, Алпамыс жырында Тайшық хан Алпамыстан қорқын, көмектесетін адам іздейді. Оған М. көмекке келеді. Қолынан келмейтіні жоқ, айлалы М.-ды қаскөй екенін сезген Алпамыстың аты оны қосаяқтап теуіп жібереді. Алпамысты тек айламен ғана алуға бекінген М. қулықпен оны мас қылып, ұйықтатады.

М. бейнесі қырғыз, татар, өзбек сияқты түркі халықтарының фольклорында да кездеседі.

Әдеб.: *Куфтин Б.А.* Календарь и первобытная астрономия киргиз-казацкого народа // ЭО. М., 1916. №3-4. С.123-155; Казахские сказки. Т.3. Алматы, 1964; *Каскабасов С. А.* Казахская волшебная сказка. Алма-Ата: Наука, 1972: Соныкі. Қазақтың халық прозасы. Алматы: Ғылым, 1984; Мифы народов мира. Энциклопедия в 2-х томах. Т.1. М.: Советская энциклопедия, 1988. С.468-471; *Тойшанұлы А.* Түрік-моңғол мифологиясы. Алматы: Баспалар үйі, 2009; *Оспанұлы Е.* Төрт мүшел – Four mushel. Графика. Шымкент, 2009; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МЫСЫҚ – ерте заманда қолға үйретілген үй хайуаны. Көне заманда М.-ты қолға үйретудің бірден бір себебі, оның кеміргіштермен қоректенетіндігі болған. М. атжалман, тышқан сияқты кеміргіштермен күресу үшін асыралған. М.-тың дене тұрқы ықшам, құйрығы ұзын, көбінесе тықыр жүнді болады. М. сыртқы түсіне қарай *тарғыл мысық, ала мысық, қара мысық* және т.б. деп аталады. М.-тың ерекше қасиеті бір көрген жерін, жолын есінде сақтап қалатындығы. М.-ты басқа біреуге апарып берсе, жолды дәл тауып қайтып келді. Мысықтың баласын *марғау, мақау* деп атайды. М. – үй мысығы және жабайы мысық болып бөлінеді. М.-тардың қазақ жерінде *мәлін, жабайы мысық* деп аталатын тағы түрлері мекендейді (қ. *Мәлін*).

Қазақта М.-тың тышқан аулауына байланысты көптеген мақал-мәтелдер таралған: *«ажалды тышқанға аш мысық кезігеді», «өлетін тышқан мысықтың құйрығымен ойнайды», «мысық жоқта тышқан құтырады»*. М.-тың аулаған тышқанын бірден жемей, біраз уақыт ойнап барып жейтін қылығы *«мысыққа ойын, тышқанға өмір керек», «мысықтың ойыны тышқанға өлім»* деген мақалдарға негіз болған. Бұл сөз орамы күштінің әлсізге күш көрсеткенінде қолданылады.

Мысықтың қимылына ұқсата отырып адамның епті, жылдам қозғалысын *мысықтай, мысықша* қимылдайды деп бейнелеп айтады. Ал дыбысын білдірмей ақырындап келсе – *мысықтабандап* келді деп айтады. Адамдар өзара араздасып қалса *арасынан қара мысық* өтті дейді. Ал адамдарды өзара шағыстырып, ұрыстырып қойғанда *«арасына ала мысық жүгіртті»* деп жатады.

Халық арасында М.-тың көзге көрінбейтін дүниелерді сезетін қабілеті бар деген түсінік қалыптасқан. Ертедегі сиқыршылар *«мысықтың көзі басқа әлемнің көрінісі, өзге дүниеге апаратын жол»*, – деп сенген. Осыған орай, көптеген халықтарда М.-қа қатысты сан алуан ырым-тиымдар қалыптасқан. Халықтықтық дүниетанымдағы М. жағымды және жағымсыз бейнеде кездеседі.

Мысықтың жағымды жағы. Ислам аңыздары бойынша Пайғамбар ұйқыдағы мысықты оятпай, мысық ұйықтап жатқан шекпенінің етегін кесіп тастап кеткен екен. М.-тың ерекше бір қасиеті қанша биіктіктен түссе де, төрт тағандап

түсетіндігі. Мұндайда халық М. «жауырының жерге тимесін деп пайғамбардан бата алғандығынан» дейді. Халық М.-ты үнемі табанын жалап, бетін жуып – «дәрет алып жүретін» тазалықшыл хайуан деп мадақтайды.



Кііз үйдегі мысық, Дудин экспедициясы

Әлем халықтарының көпшілігінде М. өзі тұратын үйдің тыныштығын сақтап, аластап, түрлі дүлей күштерден қорғайды деп есептеледі. Сонымен қатар, үй салған кезде, М. барып жатан жерге үй тұрғызса, ол жер жайлы болады делінеді. М. адамның ауырып тұрған жерін біліп, оны емдеуге тырысады деп санаған. Адамның ауырған жеріне М. жатып алып, теріс қуаттарды өзіне тартып алады, буын, бас ауруын емдеп, қан қысымын реттеуге септігін тигізеді деген сияқты сенімдер бар. М.-тың адамның жолын кесіп өтуі төнін тұрған қауіп-қатерден сақтандырып, сездіргені деген пікір де бар.

Мысықтың жағымсыз жағы. Отырықшы елге қарағанда көшпелі ортада М. асырау кең таралмаған. Соған орай М.-қа байланысты жағымсыз пікірлер көшпелілер арасында жиі айтылатын болған. М.-тың «тілеуі жаман» деп көбінесе асырамауға тырысқан (қ. **Мысық тілеу**). М. «бала мыжғылап, жұлмалайды, бұл үйдің баласы болмаса екен, барлық көңіл өзімде болып, сүтті мен ғана ішсем» деп, ал күшік керісінше «сыртқа шығып сүйегін берер, кішкентай бала болса» деп тілейді екен-мыс деген әңгімелер жиі айтылатын болған (қ. **Ит**). Сонымен қатар М.-қа тамақ бергенде «ертең ұмытып кетесің» деп маңдайынан шертін береді. Себебі діни түсінік бойынша адам дүниеден өткеннен кейін, о дүниеде адамның бүкіл денесі, ит, мысық және т.б. куәлік етеді. Мысық: «күлден басқа бермеді, тозақ отына күйдір» деп, иесіне опасыздық жасайды, ал ит құйрығымен отқа сеуіп, адамды тозақ азабынан құтқаруға ұмтылады деген сөз бар. Сондай-ақ, халық түсінігі бойынша жын-шайтан бақа, кесіртке, жылан, түлкі, ешкі, М. сияқты бет-бейнеде көзге елестейді. Сондықтан кешқұрым, түнде осы тіршілік иелерін көрсе «Бісімілә!», «Кұдай сақтасын!» деп айналып өтеді. Көшкенде, жол жүргенде «жолы ауыр» деп М.-ты алып жүрмейді.

Мысыққа қатысты ырым-тиымдар:

- М. бетін жуса, қонақ келеді;
- Мысық тіреу, не босаға тырнаса ауа райы бұзылады;

– Мысық иіріліп жатса немесе тұмсығын бауырына тығып ұйықтаса, жауын-шашын болады;

– Алдынан қара мысық кесіп отсе жолы болмайды дейді.

Әдеб.: Қазақ ертегілері. 1-том. Алматы: Қазмемкөркемәдеббас, 1957; Топоров В.Н. Кот, кошка // Басилов В.Н. (В.Б.) Чильтан // Мифы народов мира. Энциклопедия в двух томах. Т.2. М.: Советская энциклопедия, 1988, С.11; Шаңырақ. Үй-тұрмыс энциклопедиясы. Бас ред.: Р.Нұрғалиев. Алматы: ҚСЭ, 1991; ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МЫСЫҚ ПЕН ТЫШҚАН – балалардың ойыны. Ойынға ұл балалар мен қыз балалар да қатынасады. Қатысушылардың санына шек қойылмайды. Аталмыш ойын ашық алаңқайлар мен көгалды жерлерде ойналады. Ойыншылар тізбектеле қол ұстасып, дөңгелек шеңбер жасап тұрған соң, араларынан бір ұл, бір қызды ортаға шығарады. Ойын шарты бойынша ұл бала – «мысық», қыз бала – «тышқан» болып сайланады. Ойын басталғанда «тышқан» шеңбердің ортасында, яғни ішінде тұрады. Ал, «мысық» болса шеңбердің сыртында айнала жүгірін, *мияулап* (мысықша үн шығарып), «тышқанды» жеу үшін қайта-қайта шеңберді бұзып кіруге ұмтылады. Шеңбер болып қол ұстасып тұрған ойыншылар болса, қолдарын мықтап ұстап, «мысықты» қақпайлап кіргізбеуге тырысады. Егер ұрымтал тұсты пайдаланып, «мысық» ішке өтін кетсе, онда ойыншылар тез арада тышқанды» сыртқа шығарып жібереді. Енді «мысық» шеңбердің ішін айнала шыға алмай тышқанға ұмтылумен болады.



Мысық пен тышқан. ҚР МӨМ материалдары бойынша суретті салған Б.Досымов

«Мысықпен» қандай арпалыс болса да, шеңбер құрып тұрған ойыншылар ұстасқан қолдарын босатпаулары тиіс. Егер мысыққа сәті түсіп, тышқанды ұстап алса, онда ойыншылар арасынан басқа екі жұп таңдалып, «мысық» пен «тышқан» болып, ойынды жалғастырады. Аталмыш ойын балаларды өжеттілікке үйретін, серпілтіп, ширектірады. Сондай-ақ, әлсізге жанашыр, қорған болуға тәрбиелейді.

Әдеб.: Төтенеев Б. Қазақтың ұлттық ойындары. Алматы: Қазақстан, 1978; Кәмәлашұлы Б. Қазақ халқының дәстүрлі той-мереке, сауық-сайран, ұлттық ойын, тамашалары Алматы: Өнер, 2005; ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МЫСЫҚ ТІЛЕУ – адамға, қоғамға жаманшылық тілеу. М. т. адамды халықтық ортада қара ниет, ниеті жаман



адам деп те жатады. М. т. деп аталу себебі мысық туралы аңыздарға қарағанда ол «*бұл үйде бала болмасын*» деп тілеп, о дүниеде адамға опасыздық жасап сатып кететіндігі айтылады (қ. **Мысық**). Осы сияқты ниет тілегі бір емес адам, көбінесе қызғаныштан біреудің жеткен жетістігіне іштарлық танытады. Мұндайда кейде сыртынан қарғап, жаманшылық тілейді. Осыған орай бір адам келесі біреудің жеткен жетістігін көре алмай қызғанғанда «*ішін қара мысық тырнады*» дейді.

ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МІН / МІН ТӨЛЕУ – адамның дене мүшесіне зақым келтіргені үшін төленетін айып түрі. Дәстүрлі әдеттік құқықтар жинағы Жеті Жарғыда жапа шектірген адам, яғни қылмыскер жәбірленушіге төмендегідей М. төлейтінін атап көрсетеді:

- біреудің көзін шығарса құнның төрттен бірін, екі көзін шығарса жарты құн төлейді;
- бір қолы сындырылса бес қара, бір аяғы сындырылса алты қара айып тартады;
- әйелдің бір бұрымы кесілсе немесе күрек тісі сынса, құнның төрттен бірін төлейді, ал, екі бұрымы немесе мұрыны кесілсе құнның жарты мөлшерінде М. төлейді;
- ал, бір құлағы кесілсе оның айыбына бір қыз береді, болмаса қыздың толық қалыңмалы төленеді – деп көрсетілген (қ. **Қалыңмал / Қалың; Құн**).

Сондай-ақ, мал ұрлаған адам сол ұрлық кезінде болған қактығыстан өлсе, оның жоқтаушылары, яғни талапкерлері белді, беделді атаның ұрқынан болса, жауапкер жақтан толық «үш тоғыз» деп аталатын мін (айып) алатын болған. Осы төлем түрін Жеті Жарғы заңдар жинағында құн емес, оған жатпайды деп арнайы көрсеткен (қ. **Жаза; Жеті Жарғы**).

Әдеб.: Зиманов С.З., Осеров Н. «Жеті Жарғы» – казак заңдарының жиыны // Қазактың ата заңдары: құжаттар, деректер және зерттеулер. 4-том. Алматы: Жеті жарғы, 2005. 286-300 бб; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МІН ЖАЗАСЫ – дәстүрлі қазақы ортада қолданыста болған жазаның бірі. Бұл жазаны, әдетте, ауқымына қарай билер кеңесі немесе жүгініс кесіп отырды. Деректерге қарағанда, адамның тісі нақақтан сындырылса, құлағы немесе мұрны кесілсе, сондай-ақ, әйел мен қыз баланың бұрымдары қыркылса М. ж.-на кесілді. Бұл жазаның мөлшері құнның жартысына дейін болды (қ. **Құқық / Әдет-ғұрыптық құқық / Әдеттік құқық / Билер соты / Халық соты / Билік / Билік айту / Билік жүргізу / Төрелік айту / Төрелік жүргізу / Би кесімі / Іс кесу / Қақы / Құқы; Құн**). Сондай-ақ, мал ұрлаушы ұрлық үстінде жәбір көруші тарапынан қазаға ұшыраса, әлгі тарап үш тоғызға дейін мін айыбын төлеген (қ. **Тоғыз**).

Әдеб.: Зиманов С., Осеров Н. Проблемы обычного права. Алматы: Наука. 1989; Солар. «Жеті Жарғы» – казак заңдарының жиыны. Қазактың ата заңдары: құжаттар, деректер және зерттеулер. IV-том. Алматы: Жеті жарғы, 2005. 286-300 бб; ОМЭЭ – материалдарынан.

МІНӘЖАТ – халықтық түсінікте жаратушы құдіретті күш иесіне сыйыну, сұрану, жалыну, жалбарыну. Қазак қоғамындағы политеистік – көпқұдайшылдық және монотеистік – бірқұдайлық ілімдер болған кезендермен

байланысты әртүрлі сипат алып отырған. Көпқұдайшылық дәуірінде адамдардың табиғат күштерінің иесі саналған «ағаш құдайы», «от құдайы», «су құдайы» сияқты әртүрлі құдіреттерге мінәжат етуі белгілі болса, бір құдайшылдық дәуірінде барлық жанды-жансыз дүниенің, ғаламның иесі жалғыз Құдайға ғана құлшылық ету керек деген түсінік берік орныққан. Алайда этномәдени ұжымның санасында көпқұдайшылық кезеңдегі, яғни мифтік сана дәуіріндегі түсінік, ұғымдар бірқұдайшылық, яғни діни сана дәуірінде бірден жойылып кете қойған жоқ. Олар бір құдайшылықтың ұстаным, түсініктерімен ұжым санасында қайшылыққа келместен, үйлесім табуға тырысты, қайшылыққа келгендері ұмыт қалса керек. Міне, осымен байланысты қазақтың байырғы қоғамында ислам діні келгеннен кейін де ислами түсінік, діни ырымдар мен көне тәңірілік түсінік, культтер астасып, бір-бірімен үйлесіп қолданыс тауып жатты.

Мәселен, байырғы казак қоғамында «жеті пірге», «ғашықтардың пірі – сәруәрға», «әулие әнбиелерге», «ата-баба аруақтарының рухына» т.б. мінәжат етіп, сыйынып, құрбандық шалу арқылы, яғни тасаттық беріп, ақсарбас шалып жалбарыну ырымдары көп болғанын көне жыр, қисса, дастандардан анық байқалады. Бұндағы Мінәжат адамның Жаратқан құдіретті күштен басқа, адам мен Жаратушы арасында жүретін, пенденің тілегін Оған жеткізуге құзіретті, рухы жағынан адамнан жоғары, Жаратушыға пенденің тілегін жеткізе алатын қасиеттері бар аралық (медиатор) күштер (әулие-әнбиелер, машайықтар, пірлер, ұлы адамдардың аруақтары, т.б. рухынан) қолдау сұраумен байланысты. Демек, казак этномәдени ұжымы санасында мифтік сана мен діни сана көріністері осылай үйлесім тапқан болу керек.

Сонымен, мінәжат етудің этномәдени ұжым санасындағы бейнесі мифтік сана дәуіріндегі мәдениетпен және діни (исламдық) мәдениетпен маркерленген (бөгенайлы) екі бөліктен құралса керек.

Халықтық исламдық түсініктегі мінәжат етудің (яғни біреуден емес, Жаратушыдан тілек тілеудің) екі түрі болады.

Біріншісі, Жаратқаннан көңілі қалағанда, белгілі бір себептерге байланысты өз бетінше тілек тілеу. Бұнда адам өз күнеларын кешіру, тіршілігіне қажетті нәрсені сұрау, жақындарының амандығын тілеу, қиындықтан шығатын жол көрсетуді сұрау үшін Жаратқаннан өз сөздерімен өтінін тілек тілейді. Тілек іштей, сөз жүзінде еркін түрде бола береді. Мұнда белгілі бір тәртіп, ереже сақталуы міндетті емес, ең бастысы, пенденің ниетінің болуында.

Екіншісі, діни канондар бойынша, барлық тәртібі мен Жаратушы мен пендесі арасындағы этикеттік нормаларды сақтай отырып, «ережеге сәйкес» тілек тілеу. Екіншісінде мінәжат кезінде жиі дұға оқу қолданылады. Дұға оқу - Құдайға құлшылық етудің бір түрі; қасиетті кітаптардағы аяттар мен сүрелерді оқып ғибадат ету. Дұға оқу адамның ой-өрісін бір бағытқа шоғырландырып, Құдайға мінәжат

ету арқылы өзінің нәзік болмысын тазартуға мүмкіндік береді. Намазда міндетті түрде құбылаға бас қойып, мінәжат етеді.

Сонымен, *діни канондар бойынша мінәжат етуде* ең алдымен дұға оқылады, дұға оқылмас бұрын Аллаға мадақ айтылады, сұрағанда Алланың тек өзінен ғана оның қасиетті аттарымен немесе сипаттарымен сұрау рұқсат етіледі, дұға оқыған адамның әдетте таза жерде болуы, дәреті болуы кұпталарды.

Әдеб.: Мұра журналы. 1984, № 2, 1984, № 2,45-6; Құран Кәрім. Х.Алтай аудармасы. Медине: Құран Шәриф баспасы, 1991; Ежелгі дәуір әдебиеті. Хрестоматия (Құрастырған А.Қыраубаева), Алматы, 1991, 176-б.; *Ондасынов Н.Д.* Арабша-қазақша түсіндірме сөздік I Т., А., 1984; II Т., А., 1989; Zajaczkowski A. Le traite arabe Mukaddima D'Abou-l-Lait As-Samarkandi. – Warszawa, 1962, 108 б.; *Насирудин Бурханудин Рабғузи.* Пайғамбарлар қиссасы. Алматы: Таймас, 2008; *Шайх Сағиди.* Гүлістан. Аударған: Тұтқабекұлы Ж. Іле хатлық баспасы, 2008; Пайғамбарлар қиссасы. Құраст.: А. Қыдыров, Ж. Жакыпов, Қ. Қыдыралыұлы. Алматы: Кәусар-саяхат, 2010; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МИНІС АТ – дәстүрлі ортадағы әрбір ер азаматқа тиесілі мініс көлігі, аты. Ер азаматтың ұзақ сапарларға шыққанында, жорыққа аттанғанында, саят пен аңшылыққа, сонымен бірге *«асың барда ел таны беріп жүріп, атың барда жер таны желіп жүріп»* дегендей, ауыл-ауыл болып қоныстанған ел ішіне қатынасуы үшін мініс атының маңызы зор болды. Сол себептен, дәстүрлі ортада *«ат – ердің қанаты»* делініп, әрбір ер адамның мініс аты болу міндетті саналды. Ер бала 4-5 жасқа келгеннен оған *бәсіре* аталған. Ол аталған тайын өзі мініп, ол өзінің жеке М. а.-ы болған. Оны күтіп-баптап, өзіне серік ете білді. Ал, мініс аты жоқ адамды *«ең құрығанда бұртартары жоқ»* деп мінелген.



Миніс ат. ҚР MOM қорынан (ФКП 4884/160)

Қазақ дәстүрінде егде адам қайтыс болғанда оның асына дейін өзі жақсы көріп мініп жүрген М. а.-ын *тұлдап* (жал-құйрығын күзеп) жіберетін болған. Ал егер мініс аты болмаған жағдайда басқа жылқыны арнайы атап оны тұлдап, бос жіберген. Тұлданған ат асқа дейін бос жүріп оңалған, оған ешкім тиіспеген.

Тұлданған ат қайтыс болған адамның өзінікі болған жағдайда, оны асқа соярада басына ноктасын кигізіп,

шылбырынан жетектеп, үйді бір айналдырып әкеліп бауыздалған (**қ. Ас / Ас беру; Мама ағаш**). Одан кейін ат басындағы ноктасы бауыздау қан аққан шұңқырға тасталып көмілген.

Асқа бұлайша ат союдың бір мәні марқұмның тірі кезінде мініп жүрген аты ол өмірден қайтқаннан, яғни о дүниеге барғанда да *«серігі болсын, мініп жүрсін»* деген түсініктен туса керек.

Әдеб.: Қазақ дәстүрлі мәдениетінің энциклопедиялық сөздігі. Құраст. А.Құралұлы. Алматы: Сөздік-Словарь, 1997; *Кейкін Ж.* Қазақы атаулар мен байламдар. Алматы: Өлке, 2000; *Әжіғали С., Байғабатова Н.* Жетісу казактарының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары // Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет ғұрыптары. 1-том. Біртұтастығы және ерекшелігі. Құраст. С.Әжіғали. Алматы: Арыс, 2005. 176-202 бб; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МИНІСКЕР – он саусағынан өнері тамған, шебер. *«Ұста», «шебер»* мағынасындағы *миніскер* атауы халық поэзиясында сақталып келеді және Оңтүстік Шығыс өңірінде қолданылады.

*Алдырып жеті жұрттың мініскерін,
Қалдырмай дүниенің еш өнерін,
Жақұттан безек басып, жанар беріп,
Келтірді жасаушылар тым мәнерін*

Халық тілінде мініскер бір нәрсемен жақсы таныстықты, бірденеге үйір болушылықты білдіреді. *«Ұста», «шебер»* ұғымы осыған байланысты қалыптасса керек.

Әдеб.: Ә. *Найманбаев.* Шығармалар. Алматы: Жазушы, 1968; *Шойбеков Р.Н.* Қазақ зергерлік өнерінің сөздігі. Алматы: Ғылым, 1991; Қазақ тілінің аймақтық сөздігі. Алматы: Арыс, 2005; ҚӘТС. 11-том. Арыс, 2009; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МИНІТ МІНГІЗУ, КИІТ КИГІЗУ – дәстүрлі құдандалық салтында ертеде орын алған жора атауы. Құдандалы болуға уағдаласып, келісілген қалыңмалдың белгілі мөлшерін берілгеннен кейін *«құдаға төр көрсету»* салты бойынша жігіт жағының адамдары қалыңдықтың ауылына топ болып арнайы барады. Сойтіп екі тарап өзара баталасып, құдалық рәсімдерін жасайды (**қ. Көрісе келу / Құда шақыру**). Қыздың әкесі жаңа құдаларына сый-сияпат көрсетеді: құдаға тартқан кәділі сыбағалы асы мен көңіл көтерер ән-күйін *сыйыт* деп атайды. Оған қоса «құдалықтың басты белгісінің бірі ретінде киім немесе киімдік маталардан тарту етеді. Ол киіт кигізу деп аталады (**қ. Киім**).



Миніт мінгізу. ҚР MOM материалдары бойынша суретті салған Б.Досымов



Бас құда мен құдағиға, тіпті келген адамдардың барлығына ат немесе атан сияқты мініс көлігін тарту етеді. Оны *мініт мінгізу* деп атайды. Оның мөлшері құдалардың әлеуметтік мәртебесі мен дүние-байлығына тікелей байланысты болады. Аукатты адам құдалыққа келгендерге келеден таңдап түйе, үйірден таңдап жүйрік мінгізу ел ішінде орын алған. Ол туралы фольклоршы Ә.Қоңыратбаевтың мәліметіне қарағанда, мініт мінгізуді байлар және «үлкен орынды жердегі сыпайылар істейді». Ал, дән-дәулеті орташа немесе ортадан төмендер шамасына қарай барлығына болмаса да, бас құдаға мініт, онан кейінгілерге ұсақ мал тарту еткен.

Әдеб.: *Дужан К.* Свадебные обряды у киргизов Кокбектинского округа // Северная пчела. 1855. №92.С. 471-473; *Ибрагимов И.И.* Этнографические очерки киргизского народа // РТ. Сборник изданный по поводу политехнической выставки. Вып 2-ой. Статьи по этнографии, технике, сельскому хозяйству и естественной истории. М., 1872. С.120-152; *Алекторов А.Е.* Основание брака и свадебные обычаи у киргизов // ОЛ, 1888. №11,12. С.185-195; *Бекимов М.* Свадебные обряды киргизов Уральской области // ИОАИЭКУ. 1905. Т. XXI. Вып. 4. С.382-392; *Қоңыратбаев Ә.* Қазақтың құдалық кәдесі // Жас кайрат (журнал). 1924 №1; *Гродеков Н.И.* Киргизы и каракиргизы Сыр-Дарьинской области. Т.1. Юридический быт. Ташкент: Типо-Литография С.И. Лахтина, 1889; ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МІР¹ – моншақ тізуге арналған жіп. Жіңішке жіптің бұл атауы. Қазір осы мағынасында сирек қолданылады. Дегенмен, көркем шығармаларда кездеседі. Мысалы:

"Сөзімді гауһар деген нана алмасаң,

Сен де бір тесік тассың мірге өтпеген"

(И. Байзақов)

«*Біркелкі, сүйкімді*» деген ұғымды білдіру үшін *мірге тізген моншақдай* тенеуі, «*өткір, жанаға қатты бататын сөз*» дегенді аңғарту үшін *сөзі мірдің оғындай* тәрізді сөз орамы қолданылады. *Мірдің оғы* деп жіпті өткізуге қолданылатын сүйек не ағаш ине тәрізді құралды атаған.

Әдеб.: *Байзақов И.* Құралай сұлу. Алматы, 1971; *Шойбеков Р.Н.* Қазақ зергерлік өнерінің сөздігі. Алматы: Ғылым, 1991; ҚӘТС. 11-том. Алматы: Арыс, 2009; ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МІР² – халық тілінде ертеректе қолданылған жалпы бақыр ақша және бес тиындық бақыр ақшаның атауы. Бұндай металл ақша *қарабақыр* деп те аталған (**қ. Бақыр**).

Әдеб.: *Шойбеков Р.Н.* Қазақ зергерлік өнерінің сөздігі. Алматы: Ғылым, 1991; Диалектологиялық сөздік. Алматы: Арыс, 2007; ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МІРҚАЙДАР – дәстүрлі егіншілікте қалыптасқан түсінік бойынша желдің пірі. Яғни, егіншілер М. деп желдің иесін атайды. Қазақы ортада төрт-түліктің пірінен бастап ошақ пірі, яғни иесі – От ана, бесік пірі – Ұмай ана, су иесі – Сүлеймен, жел иесі – Мірқайдар деп танылған. Ескеретін жәйт Оңтүстік өңірлерде желдің иесін М. деп атаса, төменгі Сырдария қазақтары *Жалаңаш ата* дейді (**қ. Жалаңаш ата**). Ежелгі мифологиялық таным бойынша Жалаңаш ата үнемі тоқтамастан желіп жүреді-мыс. Ол жалаңаш жортып жүріп қыста қарды жастанып, жазда шөгіт немесе ағашты тұрақтап не тоңбай, не күймей жүре беретін көрінеді. Қазақ жерінің егіншілікпен айналысқан Оңтүстік өңірлерінде егіншілер бидайды суырғанда жел иесі М.-ды немесе Жалаңаш атаны

шақырғанда белгілі бір өлең жолдарын айтады (**қ. Жел; Жел шақыру**).

Мәселен, Жалаңаш атаны шақырғанда айтылатын өлең-сөздер төмендегідей болып келеді:

Уа, Жалаңаш ата,

Ысқырып та шақырамын,

Шығыс, батыстан ұйытқып соқ.

Тау шыңынан ұйытқып соқ.

Тездетіп соға гөр менің желім,

Жыландай ысқырып тез жет,

О, тәңірім желді көмекке тезірек жібере гөр...

Бұл өлең үлгісін Ә. Диваев қағазға түсірген. Ал М.-ды: «*Мірқайдар, Мірқайдар, кел, Мірқайдар*» – деп шақырады. Яғни осылайша жел шақырып тұрып, ұзын сапты, басы жалпақ ағаш күрекпен бидайды қауызынан айыру үшін аспанға ата шашады. Бидай жерге түскенше оны жел қақса, шашылып түскенде қауызынан дән оңай ажырайды. Мұны бидай суыру деп атайды. Сонымен қатар кейде аңызға жел тоқтамастан соғып, қолайсыздық тудырғанда аталмыш жел шақыруға қарсы оны тоқтататын наным-сенімге байланысты қалыптасқан дәстүр болған. Мәселен Оңтүстік өңірлерде желді тоқтататын күдіретті күш иесі *Ақшаһ кемпір* деп танылған. Яғни желді тоқтату үшін оған да қарата өтініш айтқанда желді тияды деген түсінік қалыптасқан.

Қазақта жонсіз ысқыруды *жел шақырма* деп тежейтін тыйым ертеден қалыптасқан. Ал бидай суырғанда желдің иесін М.-ды немесе Жалаңаш атаны шақыру ғұрпы киелі жел дәнді тазартуға көмектесін, диқаншыларды қолдайды деген дәстүрлі наным-сенімге байланысты қалыптасса керек.

Әдеб.: *Диваев А.* Поверье // ТВ. 1891. №25. С.98-99; *Диваев А.* Заклинание и призыв ветра. Из киргизских поверий // ЭО. 1910. №12. С.131-133; *Мұқанов С.* Халық мұрасы. Тарихи-этнографиялық шолу. Алматы, 1979; *Алтаев Б.Ә.* Оңтүстік Қазақстан қазақтарының егіншілікке байланысты дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. Тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған диссертациясының қолжазбасы. Ғылыми жетекші Нұрсан Әлімбаев. Алматы, 1994; *Мыңжанұлы Н.* Қазақтың мифтік аңыздары. Шыңжан халық баспасы, 1996; *Қайбарұлы А., Бопайұлы Б.* Қазақ ырымдары. Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1998; *Кармышева Дж.* Қазақтардың егіншілікке байланысты әдет-ғұрыптары // Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. 1-том. Алматы: Арыс, 2005. 94-115 бб; ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

МІСЕ ТҰТУ – дәстүрлі қазақы ортада жеке тұлғаның өзін іштей моралдық тұрғыдан тежеп, ата баба жолының ұстанымына мойынсұнуын білдіретін ұғым. Моралдық принциптер мен ұстанымдардың бұндай өресі адам тәнін сау, жанын іштей тәртіпте, рухани құндылықтармен үйлесімділікте, қоғам тыныштығы мен тұрақты дамуы үшін қажетті саламаттылықта ұстайды. Місе тұту – *барға риза болу, басқаның қолындағысынан дәмемтеу, өзінде барды місе тұту, өзгенің ризығына қол сұқпау, өз нәпақасына шүкірлік айту, тойымсыздықтан бойын аулақ ұстау* дегенді білдіретін діни мәнді де ұғым (**қ. Қанағат**).

Әдеб.: Құран Кәрім. Қазақша мағына және түсінігі. Аударған: Х. Алтай. Медине: Құран Шәриф басым комбинаты, 1991; Сүйінбай. Таңдамалы шығармалары. Құраст. Садырбаев С. Алматы: Білім, 1996; ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

Н

НАҒАШЫ ЖҰРТ – балаға шешесінің төркін жұртының туыстығы. Ер жігіттің үш жұрты бар. Олар *өз жұрты, нағашы жұрты, қайын жұрты (қ. Жігіттің үш жұрты)*. Осылардың арасында *нағашы жұрт* ең сыншылы әрі қамқоршысы. Анасының құрметі үшін *жиен нағашының* жолын кесіп өтпейді. Ал нағашылар жиенін әрқашан еркелетіп, сұрағанын береді, тілеулес болып жүреді. Осыған орай халық арасында *«нағашы бәйтерек, жиен қотыр тай»* деген сөз орамы қалыптасқан. Жиен тек туған нағашысына ғана емес, сол руға жиен аталады. Нағашының жолы үлкен. Нағашы жиенін күндемейді, керісінше, оның азаматтығы мен ізгі істеріне сүйінін, мақтанып, мақтап отырады. Нағашы жиен арасында күндесік, бақталастық, қызғаныш болмайды. *Жиенді ұрғанның қолы қалтырайды* деп жиенге қол көтермейді. Нағашысынан жиені үш ретке дейін көңілі түскен нәрсесін (жүйрік ат, қыран бүркіт, қаршыға, алғыр тазы, берен мылтық т.б.) қолынан *қалап алуға*, ал сұраған бұйымтайын бермесе, жиендікпен *жолынан алуға* ерікті. Мұны халық арасында *жиендік жасау* деп атайды (қ. **Жиенқұрық**). Сонымен қатар қазақта *«нағашымен күрескенде жиен жығылады»* деген сөз бар. Бұл нағашы алдындағы жиеннің әдептілік пен ізеттілікті сактайтынын білдірсе керек.

Жиеннен туған жиеншарға әкесінің нағашылары *түп нағашы* немесе *тағай* деп аталады. *«Ер тағайына тартады»* деген мәтел генетикалық жақындастықтың тығыз өрбитіндігінен хабар береді. Нағашы мен жиен арасындағы мұндай қарым-қатынас бағзы замандағы аналық рулық құрылыстың авункулаттық қалдығын аңғартады және оның бірнеше ұрпақ өтсе де өміршеңдігін байқатады. Оның дәлелі жиеннен туған ұрпақты *дегеншар*, оның баласын *көгеншар* әрі қарай *жүрежат*, *туажат* деп бірнеше буынға дейін белгіленуі болып табылады.

Нағашы жұртына қатысты негізгі атаулар.

Нағашы ата. Бала шешесінің әкесін немесе нағашысы жағындағы қарт адамдарды, мысалы, атаның аға, іні, рулас адамдарын *нағашы ата* деп атайды.

Нағашы әже. Шешесінің шешесі немесе нағашысы жағындағы кексе, жасы үлкен әйел адамдарды (әжесінің әпке, сіңлілерін) *нағашы әже* деп атайды (кейбір аймақта *нағашы ана* деп те аталады).

Нағашы аға. Балаға шешесінің туған және ағайындас бауырлары *нағашы аға* болып келеді.

Нағашы әкпе. Шешенің барлық апа-сіңлілері балаға – *нағашы әкпе* (кейбір аймақта *нағашы ана* деп те аталады) болып келеді.

Нағашы жеңге. Анасының аға-інілерінің әйелдері балаға *нағашы жеңге* болып келеді.

Әдеб.: Зиманов С.З. Общественный строй казахов первой половины XIX в. Алма-Ата: Наука, 1958; Аргынбаев Х. Қазақ халқындағы семья мен неке (тарихи-этнографиялық шолу). Алма-Ата: Ғылым, 1973; Маркрян Э.С. Теория культуры и современная наука (логико-методологический

анализ). М., 1983; Жігіттің үш жұрты: (туыстық қатынастар хақындағы әңгімелер жинағы). Құраст. А.Есенов. Алматы: Қайнар, 1994; Аргынбаев Х., Мұқанов М., Востров В. Қазақ шежіресі хақында. Алматы: Атамұра, 2000; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

НАҒАШЫЛАП БАРУ – жиеннің нағашы жұртынан бәсіреге атаған малын, жиенқұрығын алғалы әдейілеп баруы. Қазақ қоғамында ұзатылған қыз алғаш төркіндеп келгенде тұңғыш ер балаға нағашылары *мал атайтын* болған. Бұл кәдені *бәсіре* деп атайды. Бәсіреге аталған малға арнайы ен салып, мініс, жегінге пайдаланбаған (қ. **Бәсіре**). Кейде жиенге бәсіре малын *сүндет тойдың* алдында атап беретін болған. Бірақ ол жиен өсіп, атқа мінуге жараған кезде берілген. Осыған орай халық арасында *«нағашыма барайын, тайлағымды да үйрете келейін»* деген сөз орамы қалыптасқан. Нағашылар жиенді туғанындай сыйлап, әр келгенінде кішігірім сый-сыяпатын беріп аттандырады (қ. **Нағашы жұрт**). Қазақта *«нағашылап келдің бе?»*, *«жиендік жасайын деп жүрсің бе?»* деген сөздер осыдан қалған.

Негізінен нағашы жұрты жиенге *бәсіресін* беретін уақытты белгілеп, әдейілеп шақырады. Бұл Н. б. әдеттегі барыс келістен бөлек, өзіндік жөн жосығымен болады. Қазақ қоғамында жиеннің нағашыдан алатын еншісі *жиеннің қырық серкеші* деп те аталады (қ. **Жиен**). Нағашылап келген жиенді нағашылары құрметпен қарсы алады. Нағашылап келген жиен шешесін, жеңгелерін, кейде жора-жолдастарын ертіп келеді. Жиенге арнайы мал сойылып, дастархан жайылады. Нағашылап келген жиен өзін еркін ұстап, барынша еркелейді. Ішінара нағашыларына өкпе-назы болса айтып, сынап та алады. Мұндайда *«жиеннің назасынан қорқатын»* нағашы жұрты, жиеннің аузын қақпай, сұрағанын береді. Дегенмен жиен де нағашылардың алдында артық кетпейді. Еркеліктің жөнін білін, нағашыларына жолын беріп отырады. Осы тұрғыда халық арасында *«балалығың ұстаса-нағашыңа бар»* деген сөз бар. Жиен нағашы елінде бірнеше күн тұрақтап, қыдырып, тиесілі еншісін алып, алғысын білдіріп ауылына қайтады.

Бірақ нағашы жұрты бәсіресін бермей ұзақ жүрін алса жиен нағашысынан қалағанын алып кетуге ерікті болған. Мұндайда халық *«жиен құрығына ілінгенін алады»* дейді. Сондықтан халық арасында жиенге берілетін бұл сыбағаны *жиенқұрық* деп атайды (қ. **Жиенқұрық /Жиенсыбаға**). Нағашысынан жиені үш ретке дейін көңілі түскен нәрсесін алуға мүмкіндігі болған. Ал сұраған бұйымтайын бермеген жағдайда жиен қалаған затын алуға ерікті болған. Бұл орайда қазақтың *«Жиен келгенше жеті бөрі келсін»* деген қалжыңға негізделген мәтелін айтып кетуге болады. Ол үшін нағашысы жиеннің алғанын даулап, бидің алдына барса да жиенді айыптамаған. Мұндайда нағашы *«қырық серкешіңді өтедім»* деп арыздануға



құқылы болған. Бірақ халық арасында мұндай жағдай өте сирек кездесетін ұятты іске саналып, оған жол бермеуге тырысқан.

Әдеб.: Тронов В.Д. Обычай и обычное право киргиз // ЗИРГО ОЭ. Т.ХVII. Вып. II. СПб, 1891. С.71-89; Якутин А. И. Юридический быт киргизов. Оренбург, 1910; Мұқанов С. Халық мұрасы (тарихи-этнографиялық шолу). Таңдамалы шығармалар. XV том. Алматы: Жазушы, 1979; Шаңырақ Үй-тұрмыс энциклопедиясы // Бас ред.: Р.Нұрғалиев. Алматы: ҚСЭ, 1991. Кенжеахметұлы С. Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. Алматы: Атамұра, 2010; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

Наз – қыздар арасынан шыққан сал. Сал қыздар кейде *керімсал* деп те аталады. Қазақтың өнерпаз, сауықшыл, сәнқой, сұлу қыздарының *наз* және *керімсал* деп екі түрлі аталуының өзіндік себептері бар. Наз сөзі «өкпе», «базына», «әзіл», «қалжың» деген ұғымдардан басқа ертеде «өлең» мағынасында қолданылғандығы бүгінде ұмыт болып, байырғы халық жырларында сақталып қалған. Мәселен, «Қобыланды батыр» жырында Құртқаның елімен қоштасуы:

*Ел-жұртымен қоштасқан
Құртқа сынды сұлудың
Жұрт таң қалды назына,
Сөйлеген сөзі базына, –*

деп суреттеледі.

Наз халық тілінде ерке мінезге (*қылығы наз* – мінезі ерке), еркелей күлген әсем күлкіге (*наз күлкі* – сынғырлаған әдемі күлкі), өзімсінуге (*назы бар* – тілегі, ұсынысы бар), базыналыққа (*наздық қылды* – базыналық жасады) байланысты қолданылады. Кейбір өңірде қыз-келіншектердің сұлулығын білдіру үшін *назын сөзі* жұмсалған. Жергілікті тұрғындардың ауызекі сөйлеу тілінде сұлу әйел туралы *мына әйел өте назын екен* дейді. Сол сияқты *назын қыз* (сұлу қыз), *назын келіншек* (шырайлы келіншек), *назын әйел* (сұлу әйел) тәрізді сөз қолданыстар бүгінде ұмыт бола бастаған.

Сал-серілердің аса сәнқой келетіні белгілі. Қазақ жерінің әртүрлі аймақтарында айтылатын *керім* сөзі «жақсы», «тамаша», «әдемі», «ғажап», «таңғажайып», «кербез», «сылқым», «сәнқой» тәрізді ұғымдарды, *керімсал* атауы «кербез», «маңғаз», «керемет», «ғажап» секілді ұғымдарды білдіреді. Осыған байланысты «сал» ұғымында жұмсалатын *наз* және *керімсал* атаулары әнші, күйші, сазгер, өзі сұлу, өзі сәнқой қыз-келіншектердің ерке, еркін мінез-кұлқын, ерекше сәнді киініп хор қызындай сұлу көрінуін, кербез қимылы мен сүйкімді қылығын, өнері мен бүкіл сән-салтанатын, сауықшылдығын камтитын сөз ретінде қалыптасқан. Бұл атау осындай мағынада бұрынғы ақын-жыраулар тілінде ұшырасады: *Ерлер киер кебене, Наздар киер келеме* (Бұхар жырау). Оларды (наздарды) кейде *сал, сері* деп те атағандығы ел аузындағы деректерде кездеседі.

Қазақтың халық ақыны Кенен Әзірбаевтың жадында сақталған әңгімелердің бірінде Бердібек деген кісі Қотан төренің ауылында күй тартып, өлең айтады. Сол Бердібек күйші төренің тоқалына сөз айтқанда оны өзі сияқты сері деп бағалайды:

*Ай, Ибағұл, Ибағұл,
Ер серісі мен едім,
Әйел серісі сен едің.
Әйелім өліп аңырап
Алты қанат үйім тұр.
Базардан алған бүлделі
Асыл таза бұйым тұр.
Желіні сыздап сауусыз
Боз інгенім тағы тұр.
Тоқалдықты тасташы,
Бір жақсылық басташы
Маған жәр боп қаушаңшы –*

дейді. Алайда, наз қыздарды сөйлеу тілінде *сері* деп айтқанмен, олар шын мәнінде сері емес, салдар. Өйткені сал мен серінің айырмасы: серілер сәнді киініп, сән-салтанатпен жүрумен бірге жүйрік ат, ұшқыр тазы, қыран құс ұстап, саятшылық та құратын өнерпаз, сегіз қырлы, бір сырлы жігіттер. Қыздың салдық құруы қазақ-қырғыз халықтарында ортақ болған. Оң жақта отырғанда бірнеше жыл салдық құрған. Сондай өнерлі қыздардың аты шыққан еркек сал-серілерімен өнер жарыстырғандары да аз болмаған. Оны *салдық салыстыру* дейді. Өзіне лайықты, айналасына таңдап алған бір топ қыздарымен және он-он бес қызметші жігіттерімен ел-елді аралап, сән-салтанатпен жүріп ойын-сауық құруы, жұрт алдында өнер көрсетуі *салдық құру* деп, ал салдық құрған қызды *сал қыз* деп атаған. Салдық құратындар байлардың қыздары болған. (**қ. Сал; Салдық салыстыру**).

Қазақтың Дәурен деген салы мен қырғыздың сал қызы Қырмызының бір-бірін қонаққа шақырысуы туралы ел ішіндегі әңгіменің бірі мынадай:

Дәурен ел-жұртын жинап: «Ер намысы – ел намысы» деген, мынау іргелес жатқан қырғыз елінен менің салдық даңқымды естіп бір байдың сал-сері қызы көшіп келіп, ірге теуіп, қонып жатыр. «Көп түкірсе-көл», ағайын, сіздерден жәрдем күтемін, – деген. Дәуреннің бұл тілегін ел қабылдаған. Сонымен, Дәурен сал бір сазға ақ үй тіктіріп, мама ағаштарды күмістетіп, керме арқанды жібектетіп, тартқызып тастайды.

Үйге түрікмен кілемдер ұстап, есікпен төрге дейін жапқызып, атлас шайыдан көрпе әдіптетіпті, кестелі ақ шайымен тысталған жастық жиыпты. Үйдің бау-басқұрларын нақыштатып, уық-керегенің бастарын күмістетеді. Түйемойнақ он шақты сабаны оң жақтағы босағаға орнатып, сабаға қос піспек салып, оның басын да күмістетеді.

Сөйтіп, Қырмызы салды ауылмен шақырып күтеді. Дәурен сал Әулиеатадан бергі өзіне мінездес сері жігіттерді: Майкөт, Майлыққожа, Сарбас, Тоқтағұл ақындарды, Балқыбек, Сауытбек, Жидебай сияқты шешен, жырау құрбыларын шақыртады.

Қысқасы, қырғыз-қазақтың ортақ жайлауы Сусамырда екі сал, сері бір-бірін қонаққа шақырып, жайлау сары жұрт болғанша түрлі сауық-салтанатын құрысып, тамашалап жатады. Тамаша үстінде ақын, әншілер бірінен соң

бірі суырылып шығып өнер көрсетеді... Қырмызы қыз сүйріктей ақ саусағымен шаңқобызын қағып, сазды күйлерін тартады. Той тарқап, еліне жүрер алдында:

*Аспара, Меркі жеріңіз
Дулат, Ботбай еліңіз.
Дәурен сал сіз екенсіз
Іздеп келдім даңқыңа
Ризамын халқыңа.
Атыңыз көп жасайылған
Іздеп келдім айылдан.
Ағалықтың жолын бер,
Аман болғын асыл ер,
Ата-анамды барып көр,
Мен бір сұңқар тұғырда
Томағамды алып бер, –*

деп, Дәурен салды қонаққа шақырады. Дәурен салдың ұмытпасқа бір белгі беріп кет деген өтініші бойынша сал қыз Дәуренге сақинасын беріп, туған жерінің нақты орнын айтады. Сөйтіп, бір жұма салдық салтанатын көрсеткен қырғыздың сал қызы Қырмызы риза болып, еліне қайтады». Байырғы көшпелі тұрмыста сал-серілердің өнерпаздардан топ құрып, ауыл-ауылды аралап тамаша, қызық көрсетуі қазіргі таңдағы театрдың, ансамбльдің, цирктің орнына жүрген. Өйткені олардың құрамында әнші, күйші, ақын, сайқымазақ, балуан, мерген тәрізді неше түрлі өнерпаздар болған. Олар халықтың рухани сұранысын өтеуге қызмет еткен.

Қазақтың ауқатты отбасынан шыққан жігіттері мен қыздарының салдық құру дәстүрі байырғы қазақ қоғамы үшін әлеуметтік, этикалық және эстетикалық мәні бар құбылыс болып саналады және оның гепдерлік сипатын аңғартады.

Әдеб.: Диваев Ә. Тарту. Ташкент, 1924; Жұбанов А. Қазақ композиторларының өмірі мен творчествосы. Алматы, 1942; Затаевич А. 1000 песен Казахского народа. Алма-Ата. 1963; Ысмайылов Е. Ақындар. Алматы, 1956; Қазақ совет энциклопедиясы. 7-том. Алматы: Қазақ совет энциклопедиясының бас редакциясы, 1975; Әзірбаев К. Аңыздар сыры. Құрастырып, әдеби жағын өңдеген Н.Төрехұлов. Алматы: Қазақстан, 1969; Керімов Ш. Сал-серілік дәстүрдің этнографиялық кырлары // Қазақ фольклорының тарихылығы. Алматы: Ғылым, 1993. 310 – 320 бб; Қазақ тілінің аймақтық сөздігі. Алматы: Арыс, 2005; ҚӘТС. 11-том. Алматы: Арыс, 2009; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

НАЗА – адамның белгілі бір жағдайларға сәйкес күйіншіті, ренішті, кейісті, ызалы көңіл күйі. Қазақта «ананың, қыздың, жиеннің назасы қатты болады» деген сенім бар. Сондықтан анасын, қызын, жиендерін ренжітпей, бетін қайтармай, барынша сыйлау дәстүрі қалыптасқан. Осыған орай анасының сөзін екі етпеу, қадір тұту әрбір қазақтың қанына сіңген әдет. Сонымен қатар, жиеннің де *нағашыларынан* қалағанын алу, осыған орай *жиендік жасау* сынды дәстүрлердің және *жиеннің меселін қайтаруға болмайды, жиенге қол көтеруге болмайды* деген сынды тыйымдардың қалыптасуына себеп болған (**қ. Жиен; Нағашы**). Қыздың назасына қалмауға тырысқан қазақ өз қызының тұрмысқа шыққаннан кейін де таршылық көрмеуіне бар күшін салған. Сондықтан да қызы үшін *күйеу жақтан қалың мал* талап етіп, сол қалың малды өз

қызының тұрмыс-тіршілігіне қажетті *жасау-жабдық* даярлауға жұмсаған (**қ. Жасау; Қалың мал**). Қазақта қыз жасау-жабдығының алған *қалыңмал* құнынан асып кетуінің бір себебі де қызын қадірлеуден, оның назасына қалмауға тырысуынан деуге болады. Сонымен қатар, қызды қашанда есік жаққа отырғызбай, аға-жеңгелерінен, тіпті күйеуінен де жоғары отырғызуы сынды қазаққа тән дәстүрлердің қалыптасуына әкелген.

Қазақта қоғамдық қатынастарды реттеп отыруда Н. туралы наным-сенімдер жиі қолданыс тапқан. Біреуді нақақтан-нақақ *назаландыру*, оның *назасына қалу* дұрыс емес деп саналады. Ешбір себепсіз, кінәсіз біреуді *назаландыратын* болсаң, оның *назасына қалып (назасы тиіп, назасы атып, назасы ұрып)*, түбінде өзің немесе жақындарың кесапатқа жолығады деп түсіндіреді. Ондай жағдайда міндетті түрде назалы адамнан кешірім сұрап, білмей немесе андаусызда істеген әрекеті болса түсіндіруге, өзара түсіністікке қол жеткізуге тырысқан. Осыған орай Н. жөніндегі түсініктер дәстүрлі құндылықтардың қалыптасуына өзіндік ықпалдарын жасаған. Соның бірі үлкенді сипап, кішіні аялау дәстүрінің қатаң сақталуына Н. туралы түсініктің өзіндік әсері бар. Мәселен, жасы мен жолы үлкенді сыйламау және кішілерге қысастық жасау олардың *назасына қалдырады* деп түсіндіреді. Осыған орай «*Ақсақалдың назасына қалма – сақалының ағы ұрады, хан иенің жазасына қалма – өзі ұрмаса да, астындағы тағы ұрады*» деген нақыл бар. Бұл жөнінде Жамбыл Жабаевтың мына бір өлең жолдарын да мысалға келтіруге болады:

*Өнегеде үлкенді сыйламасаң,
Жолығарсың шоқпардай назасына.*

Дәстүрлі ортада назаға қатысты басқа да тыйымдар ұшырасады. Мәселен ертеректе қызға сөз салу үшін жігіттер оның жеңгелерімен ақылдасып, *жеңгетайлық* жасауын сұрайтын болған. Жеңгелер өзінің қайын сіңілілерін жігіттермен таныстыруға, олардың жолығуына көмектесіп, арақатынастарын тікелей бақылауында ұстайтын. Осындайда қыз жігітке жауап қайырмай, *созбаққа салса, жеңгелері ««ұзын арқан, кең тұсау салып» созбақтай беруге болмайды, тым созса «аттың теріне, жігіттің назасына қаласың»»* – деп ескертін отыратын болған. Ондағысы жігітті босқа әурелеп, қайта-қайта келіп атын да, өзін де шаршатпай, келіскен-келіспегендігін айту қажеттігін меңзейтін.

Сонымен қатар ел арасында «*халықтың назасына қалма*», «*аруақтың назасына қалма*» – деген ескертулер жиі айтылады. Мәселен, тектілер арасында «*халқыңның назына қалсаң да, назасына қалма!*» – деген нақылды қатаң ұстанған. Ата-баба аруақтарын ашуландыратын әрекеттер жасап, шамдандыратын болса *аруақтың назасына қаласың* деген түсінік те кездеседі. Сондықтан әрбір адам ата-бабалары жерленген орындарды қорлатпауға, аруақтардың атына кір келтірмеуге тырысып отырған. Өйткені қазақта күйінген адам «*атаңа нәлет!*» деп қарғайтын болса ата-



бабанның аруағы тыныш жата алмай, назаланады деген сенім болған.

Әдеб.: Сүйіншіден – көңіл айтуға дейін. Құраст. Н.Төреқұл. Алматы: Қазақстан, 1998; *Нусіпоқасұлы А.* Ағаш бесіктен жер бесікке дейін. Үрімжі: Шыңжан жастар-өрендер баспасы, 2006; ҚӘТС. 11-том. Алматы: Арыс, 2009; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

НАЗАРКЕРДЕ – ерекше назар салып қарағанда адамды мерт ететін, көз сұғы өткір адам. Назаркерде көз сұғып қадап қараса, ондай адам көз тиюден көп ұзамай бірер күнде мерт болады. Сондықтан көз назары өткір адамдар жан баласына сұғын қадап көз салмауға тырысады. Алайда ондай адамдардың байқаусызда таңдана, таңырқай қарап қалатын кездері болады. Байырғы жыр-дастандарда Кенесары ханның назаркерде адам екені айтылады.

Хан Кененің інісі Наурызбай төре кіші жүздің Тілеуқабак елінен желі қиып жылқы алмаққа қырық жігіт Н.-імен аттанады. Ақыл-парасаты артықша жаралған Тілеуқабак қызы Ханшайым елінің жылқысын айдап бара жатқан қырық жігіттің құрығынан құтқарып, қайтарып алады. Қыздың ақылына тәнті, сұлулығына ынтық болған Наурызбай төре ақыр соңында Ханшайым екеуі жарасып, оны еліне алып қайтады. Келінді көрген жандардың көркіне таңданып, таңырқап жатқанын естіген Хан Кене Ағыбай батырға киіз үйдің жабығын көтертіп сығалай қояды. Ханшайым сұлуға көзі түскен Хан Кененің сол кездегі таңқалысын қиссашы Жүсінбек кожа Шайхисламұлы (1854-1936) былай деп сипаттайды:

*– Басқа әйел түлкі болса, құндыз екен,
Аспанда анық Шолпан жұлдыз екен.
Туды деп адамзаттан кім айтады,
Перизат бейне мынау хор қызы екен.
Науанжан жарын тауып алған екен,
Әйелден бар құдайым салған екен
Деуші еді қосылмайды екі жақсы,
Айтқаны бұрынғының жалған екен.*

Осы сәтте Ағыбай батыр киіз үйдің жабығын жаба қояды. Хан Кене де өз-өзінен секем алады. Сол түні ақ Ханшайым ханшаның өң түсі бұзылып, екі өкнесі қарайып, қаза тағдырына жетеді.

*Кісі еді Назеркеде Кенесары,
Көзінің сол уақытта өтті зары.
Қадалып бүйрегінен шаниу болып,
Бұзылып сала берді сонда әрі*

Ел ішіндегі наным-сенімде әсіресе назаркерде адамдардың көзсұғы жас балаларға тигіп болады. Ондайда ол адамның аяқкиімінің жұлығынан бір тал болса да қиық алып отқа тұтандырып балаға иіскетеді. Назаркерде адам балаға байқаусызда қарап қалса, дұға оқып, ұшықтап, үшкіріп көз сұғын қайтарудың әртүрлі ырымын жасайды (**қ. Көз тию**).

Әдеб.: *Жүсітбек кожа Шайхисламұлы* Қисса Наурызбай төре. Хан кене. Тарихи толғамдар мен пьесса, дастандар. Алматы: Жалын, 1993; ҚӘТС. 11-т. Алматы: Арыс, 2009; *Уәли Н.* Бұрынғыдан қалған сөз; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

НАИП / НАИБ – мешітте діни үрдісті жүргізетін имамның орынбасары. Оның қызметі – діни мерекелерді басқару, жамағаттың дін тақырыбындағы сұрақтарына

жауап беру, азан шақыру, баланы сүндетке отырғызу, неке қиу сынды діни рәсімдер (құран, аят, сүре, шарифат) мен ғұрыптық дәстүрлерді жүргізеді.

Әдеб.: Қазақстан. Ықшам энциклопедиялық сөздік / бас ред. Б. Аяған, Алматы: казак энциклопедиясы, 2005; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

НАЙ¹ – үрмелі музыкалық аспап, сырнайдың түрі. Н. деген атпен Евразия кеңістігінде, әр түрлі халықтарда, құрылымы жағынан әр түрлі үрлемелі аспаптар тобы белгілі. Қазақтар Н. деп көбінесе көршілес өзбек халқының сырнай тәріздес аспабын атайды. Аспаптың сыбызғы, сырнайдан өзгешілігі, түтігінің бір басы бекітіліп, үрлейтін тесігі жанында болады, яғни, Н.-ды көлденең ұстап, бүйірінен үрлеп ойнайды. Бір айта кететін жәйт, «най» түбірі көптеген үрлемелі аспаптардың құрамында бар, мысалы: *сырнай, керней, зурна*. Бұлардың бәрі сырт пошымы таяқшаға ұқсас үрмелі музыкалық аспаптар. Яғни, сөздің түбірі көне парсы тілінен енген «шыбық», «таяқша» деген сөзді білдіреді. Қару-жаракқа жататын («Найза», темекі тартатын «най» атауларының түбірі осы мағыналас сөзден тараған (**қ. Найза**)).


Әдеб.: ҚР МОМ материалдарынан; ОМЭЭ - материалдарынан.

НАЙ² – темекі тартатын мүштек, түтік. Н. казак жерінің қалмақтар ықпалы көбірек болған аймақтарына тараған, яғни, қалмақтардан келген деген мәлімет қалыптасқан. Мәселен, Ш. Құдайбердиев шығармасында:

*Арқаға біткен қайыңды
Білемін қалмақ жайыңды
Обада жатып өлуші ең
Көлденең тістеп найыңды –*

деген жолдар соны көрсетсе керек.

Н. темекінің ұнтағын салып шегуге арналғандықтан екі бөліктен тұрады. Оның бір бөлігі түтік, екінші бөлігі ішіне темекі ұнтағын салатын түтікке жалғанатын имек басы. Мұндай басы тастан, темірден немесе отқа шыдамды ағаштан жасалады. Н.-дың басы мен түтігінің жалғасатын жеріне сәнді көрінуі үшін, әр түрлі ренді, көбінесе сары түсті сақина киіледі.



*Ұнтақ темекі шегуге арналған басы имек най.
ОМЭЭ – материалдарынан*

Дәстүрлі ортада Н.-дың әсіресе, арнайы кымбат тастардан жасалған түрлері жоғары бағаланып, тарту-таралғы ретінде жүрген.



Сүйектен жасалған темекі шезуге арналған най. ҚР MOM қорынан

ҚР MOM қорындағы сүйектен жасалған Н.-дың ауызға салатын жағы жіңішке келіп, арнайы тіске қыстыра тістейтін кертгігі бар.

Әдеб.: Құдайбердиев Ш. Шығармалары. Алматы: Жазушы, 1988; ҚӘТС. 11-том. Алматы: Арыс, 2009; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

НАЙЗА – түйреу-шаншу арқылы зақым салатын қару түрі. Металдан соғылып жасалатын, зақым салуға арналған жебеден және ұзын ағаш саптан тұрады. Қару ретінде Н. тас дәуірінде пайда болған.

Алғашқыда басы үшкірленген таяқ түрінде болды да, кейін басына тастан жасалған жебе орнатылды. Көшпелі түркі-монғол халықтарында жауынгерлік қару ретінде Н. біздің дәуірімізге дейін I мыңжылдықтан бері қолданылып келді. Қазақстанды және көршілес территорияны мекен еткен көшпелі ру-тайпалардың тұрақтары мен обаларынан табылған археологиялық материалдарда Н. жебелері тұрақты кездесіп отырады. Қола дәуіріндегі көне Н.-лардың жебелері қоладан құйылып жасалса, кейін темірді қолданумен Н. жебелері темірден, болаттан соғылып жасала бастады. Байырғы көшпелі халықтарда – сак, ғұн, сарматтарда Н. жебелерін жасауға сүйекті де қолданған. Орта ғасырларда қарсыластың жарактануына сәйкес қолданылатын Н. жебелерінің көлемі әртүрлі формалары мен типтері қалыптасты.

Қазақтар Н.-ны жауынгерлік қару ретінде XX ғ.-дың басына дейін қолданды. Н. қазақтарда «ер қаруы – бес қарудың» бірі саналады. Түйреу-шаншу қаруының атауы ретінде «найза» сөзі қазақ тіліне парсы тілінен енген. Бұл қару түрінің түркі тіліндегі атауы «сүңгі» сөзі түйреу қаруының сауытпен жарактанған қарсыласқа қолданылатын түрінің атауы болып сақталып қалды да, найза сөзі түйреу қаруының сауытсыз қарсыласқа қарсы қолданатын түрінің атауы ретінде қолданылады.

Қазақтың халықтық дәстүрлі қару терминологиясында Н.-ның түйреу арқылы жаракат салатын, металдан соғылатын негізгі бөлігі «жебе» деп аталды. Жебенің конструкциясына байланысты «ұшы», «жүзі», «қыры» және «ұңғысы» деп аталатын элементтерін айырады. Кейбір Н. мен сүңгі жебелерінің ұшы мен ұңғысының арасында домалақ келген «күмбезі» болды. Жебенің бұл элементі қарумен түйрегеннен кейін оны кейін тартып алу оңай болу үшін, жебенің адам денесіне сұғұлуын белгілі бір мөлшерге інектеуге арналған. Н.-ның ағаштан жасалатын, қолға ұстап қаруды жұмсауға арналған екінші негізгі бөлігі – «сап». Саптың бөліктеріне келетін болсақ,

жоғарғы бөлігі – «басы», оның ортасы (қолға ұстайтын тұсы) – «белі», төменгі жағы – «дүмі (түбі, табаны)». Жебе ұңғысының Н. сабымен түйіскен жері «сағағы» деп аталды. Конструктивтік маңыздылығына байланысты қазақтың халықтық қару-жарақ терминологиясында түйреу қаруының осы бөлігіне арнаулы атау берілген. Қару жұмсағанда түсетін күштен түйреу қаруының осы тұсы көбіне сынатындықтан оны металмен құрсап, қынап бекітіп қоятын болған.




Найза және оның бөліктерінің атаулары. Қ.С.Ахметжанның суреті

Қазақтарда Н. жебелері әдетте темірден және болаттан (алмастан) соғылып жасалды. Асыл Н.-лардың жебелерін соғуға сапасына байланысты түсінің реңкімен ерекшеленетін ақ болат (ақ алмас) немесе қызыл болат (қызыл алмас) қолданылған. Жебелердің осы жасалған болатының немесе темірінің түсіне сәйкес қазақтың батырлық жырларында «ақ найза» («ақ сүңгі»), «көк найза» («көк сүңгі») деген жанама атауларын кездестіреміз. Н. сабына ағаштардың қайың, қарағай, емен сияқты қатты түрлері қолданылды. Соған байланысты қазақ ауыз әдебиетінде «қайың найза», «қарағай найза», «емен найза» деген атауларды, найзаның сабы көбіне жауынгерлік түс – қызыл түспен сырланатындықтан «сырлы найза», «қызыл найза» деген атауларды кездестіруге болады. Н. сабының қолға ұстайтын тұсына (ортасына) және төменгі жағына қайыстан «іпектер» тағылды. Жорықта жүргенде Н.-ны сол іпектерінен қолдың қарына және етік пен үзенгінің басына іліп алып жүреді. Қазақ Н.-ларының әдетте ұзындығы 150-195 см, саптарының диаметрі 3-3,5 см болып келеді.



Найзаны жорықта алып жүру әдісі. Қ.С.Ахметжанның суреті

Қазақтың Н. жебелері ұштарының пішінімен ерекшеленетін бірнеше түрлерге бөлінеді. Жебенің ұштары үшбұрыш пішінді, кырсыз, жалпақ болып жасалған түрі; жінішке ұзынша жапырақ түрінде, ұшы дөңгелене жінішкерген, төртқырлы болып жасалған түрі; ұшы ұзынша асимметриялы ромб түрінде, үш кырлы жасалған түрі; ұшы жалпақ жапырақ пішінді төртқырлы жасалған түрі; сопақ алтыбұрыш пішінді жасалған түрлері болды. Майыспайтын берік болу үшін, кейбір жебелердің ұшының ортасында екі жағынан дөңес қыр салынды. Н. жебесінің әр түрінің ұшы мен ұңғысының арасында бір немесе екі күмбез жасалған үлгілері болды. Н. жебесінде ұшының және ұңғысының ұзындықтары әр түрлі болып соғылды, соған байланысты әр түрінің көптеген нұсқалары кездеседі. Қазақтардың Н. жебелерінің жалпы ұзындықтары 27-57,5 см аралығында болып келеді.



Қазақтың найза жебелерінің типтері мен үлгілері (музейлік және бейнелік материалдар бойынша). 7,11,12,15,19. ҚР МОМ қорынан. XIX ғ. 13,14,20. ҚР ПМО қорынан. XIX ғ. 2-6,9-10, 16-17, 21. Құлпытастағы суреттерден. Батыс Қазақстан, XVIII-XIX ғ. 18. П.М.Кошаровтың суретінен

Н. қолданудың барлық әдістерін шебер меңгерген жауынгерлерді қазақтар «найзагер» деп атаған. Жазба және ауызша деректерде осындай мықты *найзагерлер* қаттығыста қарсыласының денесіне жара салмай, найзаның ұшымен оны киімінен іліп алып аттан түсіріп тыстап отырғаны айтылады. Фольклорлық деректерге сүйенсек Олжабай батыр осы тәсілді жаумен айқаста да жиі қолданған. Көбіне мұндай тәсілді найзагер жігіттер кісі өлтіруге болмайтын барымтада қолданатын.

Көшпелі халықтарда Н. тек жауынгерлік қару ғана емес, оған тағылған түрлі белгілермен, арнайы әшекейленуімен оны ұстаушы адамның әлеуметтік статусының, әскери дәрежесінің, лауазымының белгісі де болды. Н. басына әртүрлі дәреже және айыру белгілері ретінде *ту*, *байрақ*, кыл не жібек *шашақ*, *жалау* (желек) тағылған. Қазақ ауыз әдебиетінде, батырлық жырларында батырлардың қаруы және олардың дәреже белгісі болған *тулы найза*, *жалаулы найза*, *байрақты найза* жиі айтылады. Олардың бейнелері қазақтардың құлпытастарында, XVIII-XIX ғғ.-дағы суреттерде кездеседі. Ту – қолбасылық, байрақ – әскербасылық *дәреже белгісі*, ал түсті жалау – әскер бөліктерінің *айыру белгісі* болды. Көшпелі халықтарда жоғары дәрежелі әскери лауазымның белгісі болған ту, байрақ, тағылған Н.-лар әскербасылық, қолбасылық лауазымға тағайындалған адамға басқа дәреже белгілерімен бірге тапсырылды. Батырлық жырларда, жыраулар туындыларында жебесінің түбіне қонырау тағылған «*қоныраулы найза*» да айтылады. Осындай қоныраулы найза ұстаған жауынгер бейнесі көне түркілердің тастағы суреттерінде де кездеседі. Кейін жоғалып кеткендіктен Н. тағылған бұл қоныраудың атқаратын функциясын қазір тап басып айту қиын, бірақ ертеде бұл да бір арнайы әскери белгі болғанын топшылауға болады.



Бастарына түрлі әскери белгілер тағылған найза ұстаған жауынгерлер. 1 - шашақты найза ұстаған қазақ жауынгерінің бейнесі (мешіт қабырғасындағы суреттен, Батыс Қазақстан, Маңғыстау, XVIII – XIX ғғ.). 2 - жалаулы найза ұстаған қазақ жауынгерінің суреті, Батыс Қазақстан, Маңғыстау, XVIII – XIX ғғ.. 3 – жалаулы найза ұстаған қазақтар (XIX ғ. салынған суреттен)

ҚР МОМ қорында (КП 1971) XVIII-XIX ғғ. жататын, жебесі темірден соғылған найза сақталған. Жебенің басы созылған үшбұрыш пішінді, төрт қырланып жасалған,

кимасы ромб түрінде. Ұңғысы конус формалы, киылыскан шеттері ұсталық әдіспен дәнекерленіп бекітілген, ұңғының төменгі жағында шегеге арналған екі тесігі бар, берік болу үшін төменгі шеті жіңішке құрсаумен күшейтілген. Жебенің басы мен ұңғысының арасында диаметрі 1,3 см дөңгелек күмбезі бар, оның асты мен үсті дөңес қырлармен жиектелген. Жебе ағаш сапқа орнатылған. (Сабының ұз. 106 см., жебесінің ұз. 34 см, жебенің басының ұз. 18 см, ұңғысының ұз. 16 см.) Қырланған жіңішке жебелі найзаны казак жауынгерлері қарсыластың металл сауыттарын тесуге қолданған.



Найза. ҚР ОММ қорынан (КП 1971)

Жауынгерлік каруды киелеу мен көне анимистік, магиялық түсініктерден туындаған казактардың әртүрлі магиялық, тұрмыс-салттық ғұрыптарында Н. ғұрыптық құрал ретінде қолданылды. Казактардың жерлеу ғұрпында адам өлгенде Н.-ға қаралы ту тағып, шаңырақтан шығарып қоятын болған, адам жерленгеннен кейін «найза сындыру» ырымы жасалған (қ. *Найза сындыру*). Жазба деректер XVIII-XIX ғғ. казактар батырлардың моласына жауынгерліктің белгісі ретінде желекті Н.-ларды қойғанын куәлейді. А.И. Левшин: «Қырғыз зираты саяхатшы үшін таңқаларлық көріністің бірі. Бір жерде ол желкілдеген аттың жалы, баулар және желектер байланған найзаларды кездестіреді. Даңқты салтаттының моласынан ол найза мен ерді, садақты, жебені тапса, құсбегінің моласынан қаршыға мен бүркіттің бейнесін, ал нәрестенің моласынан бесікті көреді» – деп жазады. П.И. Рычковтың айтуынша: «Қазақтардың XVIII ғ.-дағы молаларында қадаулы тұрған найзалар мен қылшандағы оқтар өлген адамның батырлығының белгісі болды». Батыс Қазақстанда жауынгерлердің моласында карудың орнына құлпытастарда Н.-ның бейнелері салынды.

Әдеб.: Ахметжан Қ.С. Казактың дәстүрлі кару-жарағының этнографиясы. Алматы: «Алматыкітап» ТОО, 2006; Байжанов Т. Военная лексика в казахском языке: Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата филологических наук. Алма-Ата, 1973; Валиханов Ч.Ч. Вооружение киргиз в древние времена и их военные доспехи // Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений. В 5-ти томах. Т.1. Алма-Ата: Издательство Академии наук Каз ССР, 1961; Казахи: историко-этнографическое исследование. – Алматы: Казахстан, 1995. Кайдаров А.Г. Доспехи и вооружение воина-батыра в казахском эпосе и их этно-лингвистическое объяснение // Известия АН Каз ССР. Серия общественная. 1973. № 6; Курылев В.П. Оружие казахов // Материальная культура и хозяйства народов Кавказа, Средней Азии и Казахстана. СМАЭ XXXIV. Л.: Наука, 1978; Семенов Г.И. Оружие, военная организация и военное искусство казахов в XVII-XVIII в.в. // Вопросы военной истории России XVIII и первой половины XIX веков. М.: Наука, 1969; ҚР МОН – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

НАЙЗА СЫНДЫРУ – казактың дәстүрлі мәдениетінде жерлеу салтында орындалатын ғұрып. Казактардың жерлеу салттары бойынша адам қайтыс болғанда оның киімдері, кару-жарактары, ер-тұрмандары және басқа жақсы заттары үй ішінде ілініп, үйдің сол жағында қаралы белгі тағылған ұзын найза шаңырақтан ұшы сыртқа шығарылып қойылды. Бұл салт туралы «Тауарих хамса» атты кітабында Құрбанғали Халидұлы: казактар «өлікті қойып болған соң «қара» тұрғызады. «Қара» дегені найза ұшына белгі байлау, мәйіт жас болса – қызыл, ересекке – ақ, орта жасар болса бір жағы қара, бір жағы қызыл, не ақ матадан құрап тігеді. Бұл қара қазақтың белгісі. Төрелер тірісінде қай ту ұстаған болса өлігіне сол ту байланады, төрелерде жас пен кәрісі бірдей. Өлікке тігілген белгі қай түрлі болсын «қара» деп аталады, «қаралы күн» тудының белгісі» деп жазады. Ыбырай Алтынсариннің мәліметіне қарағанда: «Найзаның ұшына үлкен орамал байланады, егер өлген адам жас болса – қызыл, орта жастағы болса – қара, қарт болса – ақ орамал байланады. Мұның мәнісі – бұл үйде қандай жастағы адамның өлгенін осы белгі бойынша жүргізішілерге білдіру. Бұл заттардың бәрі кейде бүкіл жыл бойы сол қалпында тұра береді... Бәйгеден кейін қонақтар тарайды, олген адамның үйіне ілініп қойылған заттардың бәрі жиналып алынады, ұшына белгі тағылған найза сындырылады». Бұндай қаралы белгілер әйелдер өлгенде қойылмаған. Адам жерленгеннен кейін қайтыс болған адамның үйіне ілініп қойылған заттардың бәрі жиналып алынып, ұшына белгі тағылған «найзаны сындыру» ырымы жасалды.



Найза сындыру. Суретші Е.Оспанұлы

Тереңірек алып қарастырсақ орамал, мата тағылған найза адамның өлгенін білдіретін қаралы белгі ғана емес, бұл ғұрыптың астарында көшпелі түркі халықтарының басқа да көне діни наным-сенімдері жатыр. Көне мифологиялық түсініктерде жауынгерлік кару әлемнің үш зонасын байланыстырып тұратын әлем ағашының изоморфы саналды. Және ертеде көшпелі халықтар каруда жауынгердің жаны орналасады деп сенген. Жер мен аспан



әлемін байланыстыратын және адамның жаны орналасқан зат ретінде қаралы белгі тағылып, шаңырақтан шығарылып қойылған найза адамның жанын о дүниеге, аспан әлеміне кедергісіз өткізуге арналған деседі. Сөйтіп, найзаны сындыру барысында о дүниелік болған адам жанының бұл дүниеге қайту мүмкіншілігі кесілді.

Әдеб.: *Алтынсарин Ы.* Таза бұлақ: өлеңдер, әңгімелер, хаттар, очерктер. Алматы: Жазушы, 1988.; *Ахметжан Қ.С.* Қазақтың дәстүрлі қару-жарағының этнографиясы. Алматы: «Алматыкітап» ТОО, 2006. Қазахи: Қазахи: историко-этнографическое исследование. Алматы: Қазақстан, 1995; *Халид Құрбанғали.* Тауарих хамса (Бес тарих). Алматы: Қазақстан, 1992; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

НАЙЗАГЕР – соғыста найзаны қолданудың әдіс-тәсілдерін шебер меңгерген жауынгер. Жауынгерлік қарулардың әр түрімен жеке айқас жүргізу өнері – ұрыс өнері соғыс ісінің маңызды құрамдас элементтерінің бірі болды. Өткен ғасырларда, от қаруы пайда болғанға дейін, соғыс негізінен суық қару түрлерімен жүргізілгендіктен, әр шайқас өз шырқау шегінде қоян-қолтық айқасқа ауысып, жауынгерлердің жекпе-жек сайыстарына бөлшектенетін де, ұрыстың тағдырын түптеп келгенде әр сарбаздың жауынгерлік, моралдық және психо-физикалық дайындығының деңгейі шешетін. Жауынгердің жеке ұрыс жүргізу өнері соғыста әскердің жеңіске жету шарттарының бірі болды, сондықтан жауынгерлік қарудың әр түрін дұрыс пайдаланып, ұрыс кезінде онымен шабуылдаудың және қорғанудың айла-тәсілдерін шебер игеру жауынгерден шынайы кәсіпкерлікті қажет етті.

Жауынгерлік қарудың бірі – *найзамен* шабуылдау және қорғану тәсілдерін шебер меңгерген жауынгерлерді қазақтар «*найзагер*» деп атаған.

Көбіне ғылыми зерттеулерде көшпелі халықтардың әскери ұйымының құрылымын сипаттағанда негізінен әскердің ондық жүйемен бөлінуі ғана айтылды. Бұл көшпелі халықтардың әскери құрылымның көлемдік сипаты ғана, яғни сандық көрсеткіші ғана. Қазіргі замандағыдай, бұрынғы кездерде де көшпелі халықтарда әскердің құрамы жауынгерлік қарудың жеке түрлеріне қарай бөлінген. Әр қаруды жете меңгерген жауынгерлерден арнайы *садақшылар, найзагерлер, қылышкерлер, айбалташылар, шоқпаршылардан* тұратын әскери бөліктер, қосындар құрылған. Мысалы, «Манас» жырында қырғыз, қазақ және басқа түркілерден құралған жетпіс мың әскердің құрамында 20 мыңы садақшылар қосыны, 30 мыңы мылтықшылар қосыны, 5 мыңы гүрзішілер қосыны, 15 мыңы найзагерлер қосыны және 15 мыңы қылышкерлер қосыны болғаны айтылады. Түркі халықтарының басқа да жырларында мұндай деректер кездеседі. Әскерді бұлай қару түріне қарай бөлу қазақтарда да болғанын тарихи жырлар деректері дәлелдейді. Жазба деректер де Абылай, Кенесары әскерлерінде де осындай қару түріне сәйкес бөлінген топтар болғанын көрсетеді. Әскер бөліктерінің қару түріне қарай бөлінуі көшпелі халықтардың әскери құрылымның сапалық сипаты, ал бұл сипат оның әскери-техникалық деңгейін анықтайтын көрсеткіш болып табылады.

Көшпелілердің соғыс өнерінде бүкіл әскердің ашық майдандағы айқасы, оның тактикасы осы жауынгерлік қарудың әр категориясының мүмкіншілігін барынша нәтижелі қолдануға құрылды. Ұрыс алыс қашықтықтан садақпен атысудан басталып, адамдары, аттары шығынға ұшыраған жау әскерімен жақын қашықтықта бетпе-бет айқаста найзаласумен жалғасты, одан әрі қарай қоян-қолтық шайқаста қылышпен шабысу, айбалта, шоқпар сілтеу секілді тәсілдерге көшетін. Дәстүрлі соғыс өнерінде қолбасшылар майдандағы ұрысты жүргізуді ойластырғанда шабуыл қаруының жеке түрімен қаруланған әскер бөліктерін шайқас барысында нәтижелі қолдану мүмкіншілігін ескеріп, әскери тактиканы соған негіздеген. «Әмір Темір аманаты» атты ортағасырлық жазба ескерткіште былай делінеді: «Жақсы қолбасшы, жау әскербасыларының санын біліп, оған өзінікін қарсы қоюы тиіс, ол қай қарумен қаруланған жауынгерлерді, олар *садақкерлер, найзагерлер* немесе *семсермен қаруланғандар* бола ма, айқастың басына кімді қоятынын жақсылап ойластыруы керек». Соғыс кезінде найзагерлер қосынының бетпе-бет соққысы әдетте шайқас тағдырын шешетін басты тактикалық соққы болды, сондықтан әскери істе найзагерлік өнердің маңызы зор болып, жауынгерлердің бұл өнерді шебер меңгеруіне көп көңіл бөлінді.

Қазақтың найзагерлік өнерінде найзамен шабуыл жасау және қорғанудың бірнеше қалыптасқан әдістері мен тәсілдері болды. Қазақ жауынгерлерінің найзамен айқасу шеберлігі өзінің ата-бабалары болған көшпелі халықтардың көпғасырлық найзагерлік дәстүріне негізделді және оның заңды жалғасы десе болады. Көшпелілерде найзаны қолданудың түрлі әдістері (техникалары) ғасырлар бойы қалыптасып, әскери тәжірибеде жетілдіріліп отырды.

Найзамен шабуылдау әдістері. Ұрыс кезінде найзаны ұстаудың екі әдісі болды – *бір қолмен* және *екі қолмен* ұстау. Әдетте бір қолмен – найзаны, ал екі қолмен ұзын сүңгіні ұстаған, тек өте күшті, қайратты батырлар ғана сүңгіні бір қолмен ұстап айқаса алатын. Жазба және ауызша деректерде, мысалы, осындай үлкен күш иесі болған Наурызбай батырдың (Кенесары ханның інісі) сүңгіні әрқашан тек бір қолмен ұстап айқасатыны ерекше атап айтылады. Ал күшпен соққы салу үшін кейде найзаны да екі қолмен ұстап жұмсаған.

Табандап орынында таймай тұрды,

Қаранай қос қолдап найзаны ұрды.

(*Бөгенбай батыр*).

Найза жұмсап зақым салудың төрт тәсілі болған. Бірінші тәсіл – «*түйреу*». Бұл тәсілде қарумен жасалатын соққы қолдың алға қозғалуы арқылы іске асады. Екінші тәсіл – «*шаншу*». Бұл соққы кезінде қару қозғалысы жоғарыдан төмен қарай бағытталады. Бұл екі тәсілмен де соққылар төрт бағытта: алға және артқа, оңға және солға бірдей жасала береді. Түйреу, шаншу әдістерінде қолдың қозғалысы мен аттың қозғалысы қосылып жұмсалады. Түйреу қаруын қолданудың келесі тәсілі – «*тіреу*». Бұл әдісте қару ұстаған

жауынгердің қолы қозғалмайды да, соққы шауып келе жатқан аттың қозғалыс екінімен салынады. Сондықтан бұл соққының күші қатты болып, қарсыласты аттан ұшырып түсіретін болған. Қатты соққы кезінде қаруды түсіріп алмас үшін оны екі қолдап қозғалтпай ұстау қажет болды. Бұл әдісті батырлар әдегте «сайыста» – найзамен өтетін жекпе-жекте қолданған. Шайқас кезінде бұл әдісті найзагерлер қосыны қарсыластың әскери шебін аударып тастайтын бетпе-бет (тарандық) соққыда пайдаланған. Найза жұмсаудың келесі тәсілі – «ілу». Бұл тәсілде қарсыластың денесіне жарақат салмай, оны найзаның ұшымен киімінен іліп алып, аттан түсіріп кете береді. Жауынгерлік өнерде қару қолданудың басты мақсаты адамды өлтіру емес, өмірді қорғау болғандықтан жекпе-жек ұрыста мақсат қарсыласты құрту емес, оны әрекетсіздендіру және өзінің қару жұмсауда басымдығын көрсету. Сол себепті «ілу» тәсілі найза қолданудың жоғары шеберлігі саналды. Өткен ғасырлардағы орыс авторлары қазақ жауынгерлерінің «оншақты салт атыларды денесіне зақым келтірмей найзамен киімінен іліп алып, аттан түсіріп кете беретінін» жазады. Фольклорлық деректерде бұл тәсілді Олжабай батырдың жиі қолданғаны айтылады. *«Қырып-жойып жүргенде қылатын ісі найзагерлік екен. Найзамен түйреп шанышпай, қалыбы шанышпай екен де, киімінен түйреп түсіреді екен, оның сөйтіп түсірген жаны атқа мінуге жарамай қалады екен»*. Кенесары ханның інісі Наурызбай батыр да бұл тәсілді шебер меңгерген. Сондықтан оларды «найзагер» – найзаның шеберлері деп атаған. Батырлық жырларда найза жұмсаудың «шабақтау» деп аталатын тағы бір түрі айтылады. Бұл тәсілде ұшы жалпақ болып келетін найза жебелерінің өткір жүзімен адам денесіне кесу арқылы зақым салынады.

*Әр жерімнен қан ақты
Найзаменен шабақтап.*

(Қарғабойлы Қазтуған)

Фольклорлық мәліметтер бұрынғы уақытта қазақтарда түйреу қаруын жұмсау тәсілдерінің жылдамдығы мен дәлдігіне машықтандыратын арнайы жаттығу әдістері де болғанын көрсетеді. Мысалы, «Қарғабойлы, Қазтуған» жырында найза жұмсау шеберлігін баптаудың осындай бір әдісі айтылған. Ұлы жоқ болғандықтан, жауға кетін, оралмаған әкесінің соңынан іздеп, кеңін алуға аттанбақшы болған қызының найза жұмсау шеберлігін тексермек болып, анасы одан сынақ алады. Шешесі қойдың құмалағын шашып жібергенде, қызы оларды жерге түскенше бір-бірлеп найзамен шанышпауға тиісті болады. Қызы осының бәрін орындап, өзінің найзагерлік өнерін көрсетеді, айқасқа дайын екенін дәлелдейді.

*Шанышпандығым білінсін,
Сынасын көріп шешем деп.
Шешесіне бұрылып,
Қолыңа ал деп құмалақ,
Найзамен түйреп көрейін,
Түскенше жерге домалап.
Шешесі құмалақ алады,*

*Лақтырып жерге қалады...
Ыңғайланып қыз дағы
Тұлпарға қамшы салады.
Түскенше жерге құмалақ
Біреулеп шанышпай алады.
Ат зырылдап өткенше,
Он-он бесін еңкейіп,
Құмалақтың алады.*

(Қарғабойлы Қазтуған)

Бұл жаттығу түрі жауынгерді қару қолдануда шапшаңдыққа және қарумен соққыны белгілі бір нүктеге дәл тигізуге машықтандырған болу керек. Бұл жаттығуды әйелдердің қолдануы оның жалпы көпшілікке белгілі, яғни жиі, тұрақты орындалып жүрген жаттығу тәсілі екенін куәлайды.

Сонымен бірге, қару жұмсағанда соққыны дайындау үшін және бір соққыны аяқтап келесісіне бірден ауысу үшін қолданылатын, найзаны ойнатудың мынандай бірнеше қимыл-тәсілдері болған: «үйіру» – қаруды бастан жоғары ұстап қатты айналдыру; «толғау» – қарудың басымен шеңбер не қос дөңгелек сыза айналдыру. «Толғау» қимылы арқылы бір соққының қимылының аяғы екінші соққының басталуына үлесіп отырған. Бұл тәсілдер түйреу қаруымен айқасқанда өте жиі қолданғандықтан ауыз әдебиетінде түйреу қаруларын «толғамалы найза» («толғамалы сүңгі») деп атау жиі кездеседі. Жасалатын соққылардың арасын жалғастырып тұратын бұл қимылдар қарсыластың қаруынан қорғану тәсілдері қызметін де атқарды. Түйреу қаруын жұмсау кезінде қолданылатын бұл айтылған тәсілдер мен қимылдар әрине қару ойнатудың біртұтас комплексін құрап, қару жұмсаудың нәтижелігін арттырды. Найзагер қару қолданудың бұл элементтерінің бәрін жақсы меңгеруі тиіс болған. 1889 жылдары Қазақстанды аралаған ағылшын саяхатшысы Томас Аткинсон өз кітабында оған жолбасшы болып жалданған, ал кезінде Кенесары ханның сарбаздарының бірі болған кәрі қазақ жауынгерінің осындай найзагерлік өнерін таңдана сипаттап жазады. *«Жолбасшымыз казактардың біреуінің найзасын алды да, біздерге оны қалай шебер қолдана білетінін көрсетті. Ол атты қатты шапқызып, шауып келе жатып найзаны басының үстінен үйіріп айналдырды. Содан кейін ол найзаны түсіріп, түп жағын үзеңгіге бекітіп, шабуылға дайындық жағдайын қабылдады. Ұранын айқайлап, ердің үстінде төмен еңкейді де алға құйындап жөнелді, аты да оның талаптарын бұлжытпай орындайды екен; ол атты аспанға шашытып, ән-сәтте шұғыл бұрылды да, найзасын кезей маған қарай ұмтылды. Найзаны жақсы меңгеретін (орыс) казактар да оның бұл қимылдарын сүйсіне, таңдана бақылап тұрды. Соған қарағанда Кенесары қырғыздардан тамаша жауынгерлерді дайындаған болу керек. Дәл осындай найза және жауынгерлік балта жұмсаудағы керемет ептілігі Кенесары жігіттеріне күші әлдеқайда басым жаумен өте нәтижелі соғысуға мүмкіндік берді деп маған көп адамдар айтқан болатын. Егер жақсы офицерлері болғанда қырғыздар әлемдегі ең жақсы кавалерияны құрап еді»*.



Көшпелі жасауыңгерлерінің найзаны жұмсау әдістері. Скиф (5), түркі (1,4), орыс (2) өнері ескерткіштерінен және XVI-XVIII ғғ. Шығыс миниатюраларынан (3,6). Қаруды бір қолмен (1,4-6) және екі қолмен (2,3) ұстап жұмсау. Алға (2,3) және артқа (4) түйреу. Алға (5) және артқа (6) шаншу

Найзамен қорғану әдістеріне келетін болсақ, әдетте қарсыластың қаруынан қорғану үшін оны ішке немесе сыртқа «қағу» тәсілін қолданған. Қазақ жауынгерлері кейбір найза мен сүңгілердің бас жақтарында қарсыластың қаруының сабын кесуге арналған өткір болат жүз орнатқан. Найза мен сүңгілердің басына әскери белгі ретінде тағылатын түсті шүберектен жасалған жалау және кыл, жібек шашақтардың қозғалысын жауынгер соққы жасау кезінде қарсыластың назарын қарудың жұмсалған бағытынан аудару үшін де пайдаланған. Бейнелеу өнері ескерткіштерінен көшпелі жауынгерлерінің найзаны бір қолмен немесе екі қолмен ұстау әдісін және найза жұмсаудың шаншу, түйреу, тіреу әдістерін көруге болады.

Әдеб.: Абылай хан: Тарихи жырлар. Алматы: Жазушы, 1993; *Алмас қылыш*: Батырлар жыры. Алматы: Жалын, 1973; *Аткинсон Т.* Путешествие в казахские степи // Простор. 1972. №3. С. 36-52; *Ахметжан Қ.С.* Қазақ батырларының жауынгерлік өнері // Рух-Мирас. Казахстанский ежеквартальный культурологический альманах. 2004. № 3. С. 39-50; *Өмір Темір аманаты*. Алматы: Жазушы, 1991; *Кенесарин А.* Кенесары и Садык. Уральск: Диалог, 1992; Қазақ халық әдебиеті: Көп томдық. Т. 6: Батырлар жыры (Мұрын жыраудан қалған мұралар). Алматы: Жазушы, 1989; *Манас*. Киргизский героический эпос. Книга 2. М.: Наука, 1988; *Хан Кене*: Тарихи толғамдар мен пьеса, дастандар. Алматы: Жалын, 1993; ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

НАЙЗАҒАЙ – жаз маусымында аспанда күн күркіреу құбылысымен қатар жүретін бұлт ішіндегі жаркыл. Аспанды бұлт торлап, күнгі жел тұрған соң жаңбыр алдында немесе

онан кейін Н. тұрса, күн күркірейді, жаркылдап жасын ойнайды. Н. ұшқыны жер бетіндегі жанды және жансыз дүниелерді соғуын *жай түсті* дейді (**қ. Жай түсу**). Түркі тектес халықтардағы байырғы түсінік бойынша күннің күркіреуін «*Көк айғырдың кісінеуі*», Н.-дың жаркылын «*Тәңір қамшысының ізі*» деп түсінген (**қ. Көк айғырдың кісінеуі**). Әдетте, күшті Н.-дан соң қатты жаңбыр жауады. Бұл құбылысты халық жұмбақта былайша жасырады:

Әуеден күбі түсті,

Күбінің түбі түсті.

Ш. Уәлихановтың мәліметіне қарағанда, қазақтар күннің күркіреуін *періштенің айқайы*, ал найзағайды оның шайтандарды қуып жүріп атқан *оғы* (хакас, алтай, моңғол, қырғыз сияқты жұрттарда да солай) деп түсінген.

«*Тургайская газета*» басылымындағы И.В.Денисов есімді автордың жарияланамында Н.-ға қатысты құнды мәлімет айтылады. Оның айтуы бойынша Н. – бұлттарды билеуші кішкене *періштенің* ісінен болады. Періште жер анаға жауын-шашын қажет екендігін қорған кезде өз мейірімімен жауын жауғызу үшін қолына шыбыртқы алып бұлттарды қажетті бағытқа қарай осып қуалайды-мыс. Осы кезде бұл әрекетіне шайтан қарсылық көрсетеді екен. Қасқой *шайтанның* ізіне түсіп қаһарланған періште оны нысанаға алып *оқ атады*. Періштенің оғынан зәресі ұшқан шайтан үйге, адамға немесе малға бой тасалап тығылатын көрінеді. Оның ізінен түскен періште қаһарланып айқайлаған дауысы жерге күркіреп естіледі, ал Н. періштенің бұлтты ұрып-соққан шыбыртқысының ізі.

Н. түскен жердің оты күйіп кетеді, кейін ол жерге «*қылтанақ*» та шықпай қалады. Н. ойнаған кезде адам мен малдың биік жерде болуы қатерлі. Әсіресе, атты адам үшін қауіпті. Себебі Н.-дан қашқан шайтан жылқының тұяғына кіріп паналайды-мыс. Онан сақтанудың бір жолы иен түзде *атпен келе жатқан жсолаушы аттан түсіп оның тұяғына зәр сындырса, шайтаннан ада болады* деген ырым бар. Сонымен қатар, аттың басындағы металы бар құймалы жүген мен ер-тұрманын алып қояды.

Н. жаркылы кезінде адам «*сұбхан алла*» айтады немесе білетін дұғасын оқиды. Н.-дан сақтанудың бір жолы үйдегі жарқырайтын заттар мен айнаны, сондай-ақ темірден жасалған ыдыс, бұйымдарды жауып қымтап тастау. Оның мәні *темір текті* заттар Н.-дың ұшқынын өзіне тартады деген түсінікке байланысты қалыптасса керек. Н. ақ түсті нәрсеге түскіш болады деген нанымға байланысты *ақ тағамның* бетін, тінгі акбоз түсті аттың үстін (төрт түліктің ішінен жылқыға Н. үйірсек деседі) жабулап қымтап қояды.

Көктемнің соңында жаздың басында алғаш рет Н. жаркылдаған кезде ерекше жора жасайды. Оның мәні жазтоқсаны (көктем) аяқталып, нағыз жаз басталғандығы, яғни жылы маусымның басталуы деп саналады. Этноастроном Ә.Хасеновтің мәліметіне қарағанда, осыған байланысты жаз маусымын *жайтоқсан* деп те атаған. Н. мен күн күркіреу жер астынан көкті көтереді (мұнан кейін шөп сөлденін, мал шелдене бастайды дейді).



Н. жаркылы кезінде «жер көк болсын!», «ақ көп болсын!» деп тілек тілеген. Бұл арбау сияқты сактандыру сөзінен кейін үйдегі қазанның құлағын, сондай-ақ үйді айналып, дөдегесін шөмішпен қағады және қазан жақ босағаға сүт тамызады. Бұл рәсімнің мәні ақ молайсын, тоқшылық болсын дегені (қ. *Күн күркіреу*). Бұған қоса, періште оғынан қанып үйді паналаған шайтанды қуу үшін үйдің іргесін *отпен* аластайды (қ. *От*). Жаз маусымында Н. жиі жаркылдаса, алдағы қыс жұмсақ өтеді деп санаған. Н. дауысын алғаш естіген соң ауру адам бір темірді алып ауырған жеріне басса немесе жаңбыр суына жалаңаяқ жүрсе сырқатынан айығады деп ырымдайды. Маңғыстау қазақтарының түсінігінде даладан кәдімгі садақтың *жебесін* тауып алса, оны періштенің оғына балаған. Яғни, жебе періште шайтанды қуып жүріп атқылағаннан қалған қалдық. Сондықтан оны ырымдап сандықта сақтайды немесе баланың, малдың, көбінесе түйенің мойнына тұмар етіп тағып қояды (қ. *Жебе*).

Найзагай ұшқынына шалыну. Н. ұшқынына ғана шалынған адам немесе мал дереу ісіп кетеді. Оған көмек көрсетудің жалғыз ғана жолы бар. Ол үшін шымды жерді қазып, кеудесі көтеріңкі келетіндей етіп, басын ғана шығарып көмеді.



Найзагай ұшқынына шалынған мал.

ҚР МОМ материалдары бойынша суретті салған Б.Досымов

Жер құрғақ болса қазғаннан соң сол шұңқырға су құю керек. Бір сағаттай уақыттан соң шығарып суық сумен жуады. Қажет десе, бұл шараны қайталап жасайды. Н. ұшқын азғана шалған адам жарымжан болып қалады. Ал, малға түскен жағдайда оның жүні түсін, одан ары ұзын жүн шықпайды. Егер өлмей қалса қырық күннен соң сойысқа ілінеді.

Әдеб.: Потанин Г.Н. Очерки Северо-западной Монголии. Результаты путешествия исполн. в 1876-1877 гг. по поручению ИРГО (материалы этнографические). Вып. II. СПб., 1881; Денисов И.В. Киргизы о грозе // ТГ. 1897. №107; Каруц Р. Среди киргизов и туркменов на Мангышлаке. СПб.: Изд. А.Ф.Девриена, 1911; Әбішев Х. Аспан сыры. Алматы: Қазақ мемлекеттік саяси әдебиет баспасы, 1962; Бәделхан Қ. Халықтық мал емдеу тәжірибелерінен. Өлгей, 1977; Алексеев Н.А. Ранние формы религий

тюркоязычных народов Сибири. Новосибирск: Наука, 1981; Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в 5-ти томах. Т.1. Алма-Ата: Казахская советская энциклопедия, 1984; Төлеубаев А.Т. Реликты доисламских верований в семейной обрядности казахов (XIX-начало XX вв). Алматы: Ғылым, 1991; Шаханова Н. Мир традиционной культуры казахов (этнографические очерки). Алматы: Казахстан, 1998; Хинаятұлы Б. Қазақтардың төрт түлікке байланысты ырым, жосын-жоралғы, әдет-ғұрыптары // Қазақтың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері: өткендегісі мен бүгінгі. Алматы: Ғылым, 2001. 173-190 бб; Бопайұлы Б. Қазақ кәдесі. Алматы: Бастау, 2003; Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: География және геодезия. Алматы: Мектеп, 2007; ҚҰЭ 7-том. Алматы, 2005; Қазақ әдебиетінің тарихы. 1-том. Қазақ фольклорының тарихы. Жалпы ред. басқарған С. Қасқабасов. Алматы: ҚазАқпарат, 2008; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

НАЙМАН ТӨЛЕУ – казак руларының арасындағы әртүрлі шиеленістің салдарынан жазатайым кісі өліміне байланысты үлкен даулы іске түскен тараптарды береке-бітімге келтірген билік жүргізудің озық үлгісінің метафоралық атауы. XIX ғ.-дың 80-жылдары керей, тобықты, уақ руларының мықты жігіттері бірігіп найман руының бір қонысын барымталапты. Барымта барысында найман жағының қуғын жасаған бір кісісі сайға құлап мерт болыпты. Бұл жайт аталмыш тараптардың арасындағы үлкен дау туғызды. Осы кезеңде төбе би атағы исі қазақтың арасына тараған Абай осы дауға билік жүргізді. Нәтижесінде кездейсоқ болса да кісісі қазаға ұшырап, қатты ашынып, құн даулаған найман билерін Абай кінәлі тараптан аз ынғын шығарып үлкен пәтуаға келтірді. Бұл билік жүргізудің Н. т. аталуы сондықтан. Кейін мәтелге айналған Н. т. атауы қазақы ортада билік жүргізудің озық үлгісіне айналды. Томенде осы жайтқа байланысты академик С.Зимановтың ғылыми жетекшілігімен Қазақтың ата заңдары: құжаттар, деректер және зерттеулердің 4-томында жарық көрген материалды ықшамдап беруді жөн көрдік:

«... найман руынан талапкер ретінде Борсықбай, Торсықбай, Сасай деген билердің Тобықты; Уақ, Керей руларының адамдары мынандай малымызды барымталады, ұрлады, және кісі өлімі болды деген шағымы олардың бір топ билерінің қатысуымен қаралды.

Жауапкер жағы найманның билеріне: – Не дауларың бар? Не талап етесіздер? Ұрланған малдарыныңның белгісі бар ма? Ұрыны ұстадыңдар ма? Сайға құлап өлген адамдарының да құнын сұрайсыздар ма? – депті. Найманның билері Борсықбай мен Торсықбай кезек-кезек сөйлеп, түйіні: – Бүгінге шейін бұл рудың басшыларына сөзіміз өтпеді, қолымыз жетпеді, малымызға төлеу, кісімізге құн ала алмадық. Енді Абайдың алдынан ағын тілеп отырмыз деп, шығымдарын баяндайды. Бірақ та талас сөзге найманның «кісіміз сайға түсіп өлді» дегені дәлелді, ұтымды болып шықпайды. Сол кезде Сасай би артынан сөз алады: – Әй, тобықты, уақ, керей! Айқайлап жылқымызды алмасаң, ел шауып қиқуды салмасаң, жатқан төсектен сасып тұрып, артыңыздан құмаса, жыра мен сайға жығылып, кісім өлмес еді. Нақақтан кісім өлмесе, жалған жала жабар ма едім? Сақалыммен бұнда келер ме едім? Уа, Абай мырза, билігіңе құлдық, кеміне де артына көндік: дауласа-дауласа шаршадық, – депті.



Абай орнынан қозғала түсіп: – Уа, бұл сөйлеген кім еді? – деп сұрайды.

– Найманның Сасай деген бұл – осы кісі, – депті біреу.

Абай билігінде: – Уа, ала жіпті аттамайтын Сасай би жүзініске келсе, мынау сөзді Сасай би айтса, тобықты, уақ, керей, найманға «аз беріп, көп жарылқар» деп кесім айттыпты. Бұған түсініп, екі жақ та көніпті.

Төлеу беріп, бітім малын алғанда: Ер құнына нар беріпті, түйеге тайлақ, атқа тай, қойға қозы, сиырга бұзау беріпті. «Аз беріп көп жарылқардың» мәнісі осы екен. Абайдың бұл айтқан билігі «Найман төлеу» аталып қариялардың айтуынша, осы күнге шейін мақал болып келеді. «Ұры сүйгіш адамдарға ризалығы жоқ еді» – дегендеріне осы айғақ».

Деректерге қарағанда, аталмыш Н. т. билігі ел арасында Абайдың билік жүргізудегі іс-тәжірибесінің ең озығы деп саналған. Кейін осы деңгейде атқарылған осы құралыптас билік жүргізу үрдістерін Н. т.-ге теңелгендіктері сондықтан болса керек. Сонымен бірге бұл мәтінде сипатталған оқиғаны билік жүргізудің ерекше формасы болып табылатын билер айтысының озық үлгісінің бірі ретінде қарастыруға болады.

Әдеб.: Найман төлеу // Қазақтың ата заңдары: құжаттар, деректер және зерттеулер. 4-том. Алматы: Жеті жарғы, 2005. 544 б. ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

НАҚ – көшпелі қоғамдағы дәстүрлі билік жүйесіндегі ханға қызмет ететін билер кеңесінің шешімі бойынша ханға арнайы бөлінген сайлауыт жігіттер тобының атауы. Н. ханның ең сенімді серігі ретінде Н., жасауыл, сақшы әрі оққағар, атарман, шабарман сияқты сан түрлі функция атқарады. Осыған орай Н. бес қаруы сайлаулы, яғни қару-жарағы мен аксессуарлармен қамтамасыз етіледі. Н. болатын жігіт өз қауымы ортасында сыналған моральдық-этикалық жағынан көшпелі ортаның талаптарына лайық, психологиялық тұрғыдан шыңдалған сенімді жан ретінде рудың абыройын қорғай отырып, ханға адам қызмет етуі тиіс. Шыңғыс хан заманында ұлы қағанға қызмет жасаған ру-тайпалар кейін қазақтың этникалық құрамында *ноқта ағасы* деп аталатын мәртебеге ие болды деген пікір кездеседі (**қ. Ноқта ағасы**).

ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан

НАҚАҚ / НАҚАҚТЫҚ – күнәсі жоқтық, пәктік, кінәсіздікті, жазықсыздықты білдіретін ұғым. Нақақтан-нақақ біреуге залал келтіру құдай алдында жауапты іс ретінде саналған. Өзгеге нақақ жала жабу, ренжіту, жазалау теріс әрекет ретінде саналып, мұндай әрекеттерге айып салынған немесе тиісті жаза кесілген. Дәстүрлі ақсақалдар, билер соты жүйесінде адамның нақақтан-нақақ жазалауына аса мән берген. Сондықтан шара қолданарда міндетте түрде істің анық-қанығына жету үшін кез-келген іске қатысты дәлелдер, айғақтар мен куәгерлердің болуын талап еткен. Егер дәлелі мен куәгері болмаса *жан беру сияқты* ғұрыптық шаралармен дәлелдеуді талап еткен (**қ. Жан беру**).

Әдеб.: ҚӘТС. 10-том. Алматы: Арыс, 2007; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

НАКСҮЙЕР – тоқалдан кейінгі үшінші әйел. Дәстүрлі ортада ауқаттылар бірінші әйелден, яғни *бәйбішеден* кейін екінші әйел алып, оны *тоқал* деп атаған (**қ. Бәйбіше**). Кейде түрлі себептерге байланысты үшінші әйел алған. Оны *нақсүйер* дейді. Яғни, Н. деген ағы айтып тұрғандай күйеуінің аса жақсы көретін сүйіктісі дегенді білдіреді. Н. жасы кіші болғандықтан оған күйеуі жиірек келіп, көбірек көңіл бөлетіндіктен оның күйеуі алдындағы беделі жоғары. Бірақ жолы кіші болғандықтан бәйбіше мен тоқалға тәуелді болып, әсіресе тоқал тарапынан әркез қысымшылықта болады.

Дәстүрлі ортада көп әйел алушылық көбінесе шаруашылыққа қатысты шыққан. Өйткені, малдың жай-күйін жасау үшін төрт-түлікті ыңғайына қарай бөліп бағатын. Сосын әрбір бөлінген малдың басына әйелдерін жеке-жеке бала-шағаларымен орналастырып отырған.

Әдеб.: ҚӘТС. 11-том. Алматы: Арыс, 2009; *Кенжеахметұлы С.* Қазақ халқының тұрмысы мен мәдениеті. Алматы: Алматыкітап, 2010; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

НАҚЫЛ / НАҚЫЛ СӨЗ – өмір тәжірибесіне, даналық тұжырымға, логикалық қисынға, өнеге-осиетке құрылған, терең ойлы, авторлығы белгілі ғибрат сөз. Нақыл мақал-мәтелге өте жақын даналық сөз. Айырмасы – мақал-мәтел халық даналығы болса, нақыл сөздер Абай сынды ақылман, данышпан тұлғалардың даналығы болып саналады. Әдетте, нақылды қолданған сөйлеуші кімнің айтқанын көбіне қатар атап отырады. Мысалы, сөйлеуші (коммуникант)

Ақырын жүріп, анық бас,

Еңбегің кетпес далаға.

Ұстаздық қылған жалықпас,

Үйретуден балаға, - «деп Абай айтқандай...»

деген сілтемеге сүйену арқылы өзінің айтпақ ой-пікіріне нақылды түпқазық, тірек етіп отырады. Сондай-ақ нақылды шығарған тұлғаның (прецедентті тұлғаның) халыққа танымал есімін бедел тұтып, тыңдаушыға әсер етуді көздейді.

Даналардың, ақын-жыраулардың, билер мен батырлардың айтқан нақыл сөздері хатқа түскен, түспегеніне қарамастан халық жадында сақталып отырады. Алайда қайсы бір нақыл сөздердің авторлығы бірте-бірте тасада қалып, көп мақалдың бірі ретінде ұлттың паремиялогия қорына қосылады.

Әдебиетші ғалым Ө.Күмісбаев нақыл сөзді даналық қорытындыға құрылған, мейілінше жинақы әрі мағыналы сөз екенін айта келін, осы ұғым жөнінде Әбу Насыр әл-Фарабидің замандасы түркістандық Исхақ әл-Фарабидің «Әдеби жинақ» атты еңбегіне сілтеме жасайды: *«Нақыл сөз деп болмыстағы белгісіз бір жұмбақ нәрсенің сыры ашылып, сөз қауашағына тұрақтауын айтамыз».* Мысалы:

Адамның басшысы – ақыл,

жетекшісі – талап,

иолушысы – ой,

сынаушысы – халық,

қорғаушысы – сабыр,

таусылмайтыны – арман,

*ең қымбаттысы – ар,
барлығынан ардақтысы – өмір.*

Бұдан байқалатыны, академик Ә.Т. Қайдар айтқандай, нақыл сөздер мақал-мәтелдердің өлшем-өрнегіне дәл келе бермей, құрам-құрылымы жағынан төрт жолдық өлең не одан да көп сөздермен баяндалуында. Кейде, жоғарыдағы мысалдан аңғарылатындай, ішкі дыбыстық ұйқас шарттылығы кара сөз түріндегі нақылда сақтала бермейді.

Нақыл сөздер кара сөз үлгісінде де, нақыл өлең үлгісінде де ұшырасады. «Қазақтың ауыз әдебиеті дәстүріне сүйенген ақындар поэзиясында осындай нағыз халықтық үлгідегі нақыл сөздер тізбегіндей болып келетін өлеңдер жиі кездеседі» дей келін, академик З.Ахметов нақыл өлеңге әйгілі Бұқар Қалқаманұлы жыраудың мына жыр жолдарын жатқызады.

*Ақшам батпай күн шықпас,
Ажал жетпей жан шықпас.
Етекпен кессең, жең болмас,
Ежелгі дұшпан ел болмас.
Екі жақсы дос болмас,
Дос болса, түбі бос болмас.*

Нақыл сөздердің тұрпат межесі, яғни сырт құрылымы әр қилы болады. Сондай-ақ нақылдың мазмұн межесі де яғни мағыналық қырлары әр алуан болып, жеке адам тіршілігінің, қоғамдық өмірдің сан алуан саласын қамтиды. Абай афоризмдерінің (нақыл сөздерінің) арнайы қарастырған белгілі ғалым Құлмат Өмірәлиев тақырыптық мазмұнына қарай ұлы ақынның авторлық нақылдарын төмендегідей төрт топқа бөледі:

– м о р а л ь д ы қ: *Еңбек етсең ерінбей, Тояды қарның тіленбей; Тамағы тоқтық, жұмысы жоқтық аздырар адам баласын;*

– э с т е т и к а л ы қ: *Білгенге маржан, білмеске арзан; Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы;*

– с а т и р а л ы қ: *Жат айбынар ісі жоқ; Жау айдынар күші жоқ; Тұлпардан тұғыр озбас шабынса да, күшік ит бөрі ала ма жабылса да;*

– э т и к а л ы қ: *Ақырын жүріп, анық бас, Еңбегің кетпес далаға, Ұстаздық қылған жалықпас, үйретуден балаға.*

Өзге де даналардың, ұлт тұлғаларының шығарған нақылдары, шамамен, осылайша таптастырылуы мүмкін. Өйткені нақыл сөз көбіне қоғамдағы моральдық-этикалық нормалардың бұзылмауын, эстетикалық сананың жоғары болуын дәріптейтін, қоғамның қалыптасқан этикеттік нормаларына қайшы келетін жағымсыз қылықтарды мінеп-шенейтін қызметі айрықша тиімді тілдік құрал болып табылады.

Әдеб.: *Өмірәлиев Қ.* Абайдың нақыл сөздері. Алматы, 1958; Әдебиеттану. Терминдер сөздігі. Құраст.: З.Ахметов, Т.Шаңбаев. Алматы: Ана тілі, 1998; *Қайдаров Ә.* Халық даналығы (қазақ мақал-мәтелдерінің түсіндірме сөздігі және зерттеу). Алматы: Тоғанай, 2004; *Уәли Н.* Бұрынғыдан қалған сөз; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

НАҚЫРА КҮМІС – таза күміс, саф күміс. Күмістің сапасына байланысты бұл атау көне жырларда сақталып, бүгінгі күнге жетіп отыр. Бұл туралы көне әдеби мұраларда төмендегідей өлең жолдары кездеседі:

*Қазығын қалайыдан қақтырып,
Тоқпағын сом алтыннан соқтырып,
Нақыра күміс шаттырып,
Былғары саба піштіріп,
Шыныаяқпен іштірген...*

Нақыра күміс атауы ертеде *нақыра күмүш*, *нуқра күміс*, *нақыра күміс* тұлғаларында қолданылады. Мысалы:

*Қазығын ақ күмістен қақтырған,
Нұқра күміс жаттырған...*

Әдеб.: *Шойбеков Р.Н.* Қазақ зергерлік өнерінің сөздігі. Алматы: Ғылым, 1991; *Жүнісов Н.* Халық тілінің жергілікті ерекшеліктері. Алматы: мектеп, 1981; (XV-XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясы. Алматы, 1982, 226-б.). ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

НАҚЫС / НАҚЫШ – ою, өрнек, бедер, әшекей. Нақыс немесе нақыш қатты материалдардан тасқа, күйген қыштан салынған құрылыс – сәулет кешендерінің қабырғалары мен күмбездеріне, байырғы қала қорғандарының дуалдары (қабырғалары) мен қақпаларына, хан ордаларына, киіз үй сүйегі мен ағаш жиһаздарға, ыдыс-аяқтарға, сүйек бетіне, темір, алтын, күміс, мыс бұйымдардың бетіне, ат тұрманына, жұмсақ материалдардан көн, былғары, киіз, кездеме беттеріне салынады. Нақышталған бұйымдар *нақышты әшекей* (ою-өрнекпен әшекейленген бұйым), *нақышты мұнара*, *нақышты қалпақ*, *нақышты сәукеле*, *нақышты етік*, *нақысты бау-басқұр*, *нақышты ер-тұрман*, *нақышты есік*, *нақышты етік*, *нақышты асатаяқ* және т.б түрде *нақыш* сөзімен тіркесіп айтыла береді. *Нақыс*, *нақыш* атаулары құрылыс-сәулет өнері мен қолөнері бұйымдарына байланысты «әшекей» мағынасында қолданылады. Сонымен бірге шешендік өнердің теңеуі ретінде де қолданыла береді. Осыған орай *нақысына келді* (үйлесім тапты, сәні кірді), *нақысын келтірді* (сәнін келтірді, мәнерледі), *нақышына келтіріп сөйледі* (көркемдеп, мәнерлеп айтып берді), *нақышын тапты* (ақын-жазушының, басқа да өнер адамының өзіне ғана тән мәнерімен, ерекшелігімен көрінуі) тәрізді сөз орамдары қалыптасты.

Әдеб.: *Қасиманов С.* Қазақ халқының қолөнері. Алматы: Қазақстан, 1969; *Арзынбаев Х.* Қазақ халқының қолөнері. Алматы: Өнер, 1987; *Тәжімуратов Ә.* Шебердің тілі ортақ. Алматы: Қазақстан, 1977; *Шойбеков Р. Н.* Қазақ зергерлік өнерінің сөздігі. Алматы: Ғылым, 1991; *Шоқпарұлы Д., Дәркембайұлы Д.* Қазақтың қолданбалы өнері. Алматы: Алматыкітап, 2007; Қазақ әдеби тілінің сөздігі. XI том. Алматы: Арыс, 2009; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

НАҚЫС САЛҒЫШ / НАҚЫШ САЛҒЫШ – металл бетіне бедерлеп, ойымштап ою-өрнек түсіретін зергерлік құрал. Нақыс салғышты зергердің өзі темір шыбығынан жасап, бір басына шекіп отырып түрлі ойық, бедер, геометриялық пішін (үшбұрыш, айқыш, қиықшаршы т.б.) түсіреді де, отқа қыздырып алып суғарады. Сонда нақыш салғыштың бедерлі басы тез мұқалмайтын болатқа айналады.



Нақыш салғыш. ҚР MOM материалдары бойынша суретті салған Ж. Шәйкен

Металл бетін өрнектеу немесе бедерлеу үшін нақыс салғыштың бедерлі басын металл бетіне қойып, екінші басынан балғамен ақырындап соғады. Айта кету керек, металл бетін оймыштап бедерлеуге нақыс салғыштан басқа қадаубас, түртпе, бізбілдік тәрізді құралдар да пайдаланыла беруі мүмкін (к. *Зергер; Зергердің қолданатын құрал-саймандары*).

Әдеб.: Шойбеков Р.Н. Қазақ зергерлік өнерінің сөздігі. Алматы: Ғылым, 1991; Шоқпарұлы Д. Дәркембайұлы Д. Қазақтың қолданбалы өнері. Алматы: Алматыкітап, 2007; ҚӘТС. 11-том. Алматы: Арыс, 2009; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

НАҚЫСШЫ / НАҚЫШШЫ – заттың бетіне ою-өрнек, бедер, таңба түсіруді жете меңгерген шебер. Дәстүрлі ортада жасаған бұйымдарының көркемдік дәрежесінің жоғарылығына орай ұсталар мен зерттеледі ертеректе *нақысшы, нақышшы, нақышбенд* деп атаған. *Нақышбенд* атауы бір кездері ою-өрнекпен безендіруші ғана емес, сәулет-құрылыс жұмыстарында *бас ұста, бас шебер, бас сәулеткер* ұғымдарында жұмсалған. Нақышшылар туралы деректер «Ғ ашықнаме» жырында мынадай түрде сақталған:

*Кажир патша жұртына әмір берді,
Ұсталар, нақышшылар – бәрі келді.
Бұл жаһаннан өрнегін артық қылып,
Айтқанындай бір сарай салғын келді.*

Жұмсақ материалдардың бетін оюлап, кестелеп, сырмалап көркемдеушілерді көбінесе *оюшы, кестеші* деп атаған.

Әдеб.: Шойбеков Р.Н. Қазақ зергерлік өнерінің сөздігі. Алматы: Ғылым, 1991; ҚӘТС. 11-том. Алматы: Арыс, 2009; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

НАҚЫШТАУ – заттың бетіне өрнек түсіру, бедерлеу; ою-өрнекпен әшекейлеу, көркемдеу. Әшекейлеуге байланысты бұл атау *нақыстау, нақыс салу, нақыш салу, нақыш шабу, нақыш жүргізу* деп әртүрлі аталады. Қазақ тұрмысында ою-өрнекпен әшекейленген, сәнділігі көз тартатын зат, бұйым түрлері өте көп болған. Жалпы, кейбір шаруашылық құрал-сайман, бұйым түрлері болмаса шеберлер қолынан шыққан заттардың бәрі дерлік ою-өрнекпен безендіріледі. Атап айтқанда, киіз басушылардың өрнектеуге байланысты *түр салу, жиек басып тігу, жапсырып тігу, шұбарлау*, кілемшілердің *су жүргізу, шалып тоқу, аштархан теру, құстаңдайлап тоқу*, тамшылардың (тас қашаушылардың) *пишіндеп ою*,

жазықбедерлеп қашау, екі қырлы оймыш қашау, көзешілер мен құрылысшы-сәулетшілердің *шыңылтыр астын оюлау, қалып басу, ойып әрлеу, өрнектеп қалау, басқұр тарту, ағаш, темір ұсталары мен зергерлердің сызып өрнектеу, қарып өрнектеу, кертіп ою, оймыштау, ырып қақтау, сұғынды ыру, сіркелеу, безеулеу, батқы салу, қарала жүргізу*, тігіншілердің *кестелеу, ойма кесте, бөртпе кесте, шым кесте, жұлдызша тігу* және т.б. көркемдеуге қолданатын толып жатқан әдіс-тәсілдері нақыштауға жатады (к. *Ою-өрнек*). Яғни *нақыштау* көркемдеу, безендіру, әшекейлеу ұғымында жалпылауыштық атау ретінде қолданылады.

Әдеб.: Қасиманов С. Қазақ халқының қолөнері. Алматы: Қазақстан, 1969; Тәтімұратов Ә. Шебердің қолы ортақ. Алматы: Қазақстан, 1977; Арғынбаев Х. Қазақ халқының қолөнері. Алматы: Өнер, 1987; Шойбеков Р.Н. Қазақ зергерлік өнерінің сөздігі. Алматы: Ғылым, 1991; Шоқпарұлы Д. Дәркембайұлы Д. Қазақтың қолданбалы өнері. Алматы: Алматыкітап, 2007; Қазақ әдеби тілінің сөздігі. XI том. Алматы: Арыс, 2009; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

НАМАЗ – мұсылманның бес парызының екіншісі, дін дінгегі. Н. – бірнеше рет қайталанатын қимыл ишараттарды орындау барысында Құран сүрелері мен аяттарын оқу арқылы ішкі және сыртқы парыз шарттары бойынша жүзеге асырылатын тәкпірмен басталып, сәлеммен аяқталатын мұсылман адамның маңызды ғибадатының түрі. Н. сөзі араб тілінен аударғанда «дұға ету, жақсы дұға ету» дегенді білдіреді. Н. *балиғат жасқа толған, ақыл-есі дұрыс мұсылман адамға парыз етілген. Н-дың сыртқы шарттарына немесе парыздарына дәреттің болуы, намаз оқитын орынның, киімнің таза болуы, әурет жердің жабық болуы, Құбылага бет бұру, намаз уақытының сәйкес келуі, адамның намазға ниет етуі, ал ішкі шарттарына немесе парызына намазды араб тілінде орындау, тәкпір айту, қиямда тұру, қыргат оқу, бел бұғу, сәждеге бас ұру, ақырғы отырыс жатады.* Н.-дың осы қимылдарының бір мәрте орындалуын рәкәт немесе бір бас намаз дейді. Ең қысқа намаз екі бас (рәкәт) болады.

Н.-ды өтеу барысының өзіне тән парыздарымен қатар уәжіптері, сүннеті, мәкруктері мен намазды бұзатын харам нәрселері де бар. Мәселен, Әбу Ханифа мектебі бойынша әр бас намазда Фатиха сүресін оқу, намаз соңында екі иығының ұшына қарап сәлем беру, т.б. уәжіп болса, ер адамдар үшін намаз алдында азан оқу сияқтылар сүннет, ал лас жерде намаз оқу, себепсіз сүйену, қозғалу т.б. мәкрук (харамға жақын немесе харамнан қашық) нәрселер. Кез келген жағдайда сөйлесу, ішіп-жеу, құбыладан бұрылу, күлу сияқты әрекеттер мүлде намазды бұзатын харам әрекеттерге жатады. Намазды тал түсте, күн ұясына кірер шақта, тәңертен күн шыққан кездер де оқуға болмайды.

Н.-дың парыз етілген тәулік уақыттарына қарай бес түрі казакта *таң намазы, бесін намазы, екінті намазы, ақшам намазы, құтпан намазы деп аталады.* Қазақтар намаз уақытын тәуліктегі күннің қозғалысы бойынша межелеп отырған. Мәселен, *таң Н. күннің алғашқы шапағы қызарып көрінген уақыттан басталып, күн көкжиектен көтерілгенге дейінгі уақытта орындалуы*



арыз. Бесін намазы күн тас төбеге көтерілгеннен басталса, екінті намазының уақыты заттың көлеңкесі ол заттың ұзындығынан екі есе ұлғайғанда кіреді, ақшам намазының уақыты күн еңкейіп, батуға таянған лакеуімде басталады, ал құптан намазы жұлдыз шыққан әттен бастап оқылады.



Намаз. ҚР МОМ қорынан (ФКП 5702)

Әрбір Н. парыз рәкаттардан, сүннет және уәжіп етілген рәкаттардан араласып тұрады. Мәселен, таң Н. екі бас парыз және екі бас сүннет Н., бесін торт сүннет, төрт парыз және екі сүннет Н. екінті торт парыздан, ақшам ғи парыз, екі сүннеттен, құптан болса, төрт парыз, екі сүннет, үш үтір уәжіп Н.-дан тұрады. Н-ың парыз етілген рәкаттарының оқылуы және оларды кешіктіргенде қазасын өтеу міндетті саналады, ал оқылмағаны үшін жазасы бар. Ал сүннет намаздардың оқылуы пайғамбардың сүннетімен белгіленген, олар оқылмаған жағдайда қазасы өтелмейді, шайда себепсіз оқылмаса, жауапқа тарттыратын Н.-дар. Уәжіп Н. түннің үштен бірінде немесе құптаннан кейін оқылатын, оқылуы сауап, оқылмауы күнә, қазасы өтелетін І. түрі.

Бұдан бөлек мұсылман адамның өз қалауымен Алланың мизашылығы үшін оқылатындары нәпіл намазы деп аталады. Діни аңыз бойынша о дүниеде пенде ең алдымен І.-ы бойынша сұралады. Сол кезде оның қаза болған парыз Н.-дың орынын сүннет Н.-ы, ал сүннет орнын нәпіл І.-ы толтыра алады екен. Сондықтан мұсылман адам үшін парыз, сүннет, нәпіл Н.-дың қай-қайсысының орны ерекше. Әр жұма, Ораза, Құрбан айт күндері оқылатын және марқұмның жаназасын шығарған күні оқылатын Н.-дың эіне тән тәртінтері бар. Мәселен, жұма Н.-ды адамдарға парыз етілген, оның уақыты жұма күнгі бесінге сәйкес келеді, шарты бойынша мешітте жамағатпен оқылады. Н-ы жамағат болып оқу ислам дінінде ерекше қуатталады, себебі оның сауабы бір өзі оқыған Н.-дан 27 есе артық деп есептеледі. Жамағатпен оқылған Н.-да имамның Н.-ды бастап, мұсылмандардың иық тіресе орналасқан

саптарының алдында тұруы сүнниттер бойынша шарт болып саналса, шейіттерде ол міндетті емес.

Қазақтарда мешітте немесе жамағатпен басқа жерде оқылатын Н.-да алдыда міндетті түрде имам тұратын болған, басқалары сол имамға қарап ұйыған. Имамдықтың бір дәлелі ретінде халық арасында кең таралған «пайғамбар да күйеу баласын сыйлаған» деген прецедентті (тарихи немесе аңыздық оқиға негізі бар) мақалды келтіруге болады. Бұл мақалдың шығуына Мұхаммед пайғамбардың жамағатпен оқыған Н.-да білімділігі мен тақуалығын құрметтеп, алға тұруға Әзіреті Әлиді шығаратыны туралы тарихи оқиға себеп болған. Ал Әзіреті Әли пайғамбардың күйеу баласы болғандығы тарихтан белгілі. Сондықтан бір қарғанда бұл мақал күйеу баланы сыйлау ұлттық дәстүрмен қатысты көрінгенмен, оның астарында Н. шарттарымен байланысты сүннеттердің діни дәстүрі де жатыр. Сондай-ақ, жамағатпен оқылғандағы имамның болу шарты жөнінде Абайда:

«Имамсыздық намазда –
Қызылбастың салған жол.
Көп шуылдық не табар,
Билемесе бір кемел?»

деген өлең жолдары бар. Бұл шейіттерде имамның алда тұрмайтыны, ал сүннеттерде имам болатыны туралы ойдан құралған өлең жолдары. Бұндағы қызылбас деп отырғаны халық арасындағы шейіттердің атауы. Ал қазақтың батырлық жырында айтылатын Қызылбастар ұлысы 12 шиит имамының құрметіне тігілген 12 қызыл баскиім киюіне байланысты аталған. Қызылбастар Иран, Сирия, т.б. кіші Азия елдерінде тайпалар бірлестігін құрған. XV ғ.-дың ортасына қарай осы түркі тайпаларының әскери әрі діни туыстығына айналған шииттік – Севефи әулетінен шыққан қызылбас билеушілері бүкіл парсы мемлекетін өзіне қаратып алады. Парсы жұртын қызылбастар деп атау да осыдан шыққан.

Дәстүрлі қазақ қоғамының дүниетанымы мен тұрмыс-тіршілігінде, салт-дәстүрінде, ахлағы мен әдебінде ислам мәдениетінің елеулі орын алғаны белгілі. Бұл кеңестік тоталитарлық идеология салдарынан бұрмаланып, қоғамда қазақтар «шала мұсылман» деген түрлі теріс көзқарастар арнайы орнықтырылды.

XIX ғ.-дың екінші жартысы мен XX ғ.-дың басында қазақ жерінде ғылыми іссапармен болған зерттеушілердің пікірі бұны растамайды. Мәселен, белгілі шығыстанушы В.В. Радлов: «Ежелгі наным-сеніміне соңғы бірнеше ғасырдың ішінде кіріп, берік орныққан исламдық әсердің арқасында қазақтар (мәтінде – киргизы) басқадай көшпелі түркі халықтарынан ерекшеленеді. Мұндай ислам дінінің шарттарын олар мүлтіксіз шын ықыласпен атқарады...» дейді.

Ал, Р. Карутц осыған ұқсас ой қорытады: «Қазақтар мұсылман дінін өте қатаң ұстанады. Айталық, намаз оқығанда Меккеге қарап отырады және намаз оқу барысында өған ешбір адам кедергі келтірмеу керек, яғни Мекке тарапына қарап құлшылық етушінің ойын бөлуге



тыйым салады. Сондықтан, құлшылық етуші намаз оқуын бастамай тұрып, алдына ағаштан жасалған асасын белгі ретінде орнатады. Ол белгінің бас жағы Меккенің күмбезіне ұқсас, ал төменгі жағы мықты ұстап тұру үшін темірден жасалған. Мұндай асатаяқтар атадан балаға мұра ретінде қалдырылып отырылған».



Намаз. Туркестанский альбом. По распоряжению Туркестанского генерал-губернатора К.П. фон Кауфмана 1-го 1871-1872 гг. Часть этнографическая. Туземное население в русских владениях Средней Азии. Сост. А.Л. Кун (СПб.: Тип. И. Мордуховского, 1872) атты еңбектен

О баста мұсылмандарға таң намазы мен екінді намазы парыз етілген, кейіннен Пайғамбардың көкке сапарынан Михраждан кейін оның саны бес рет болып бұйырылады. Аңыз бойынша Мифражда Алла тағала о баста мұсылмандарға күніне 45 рет Н. оқуды парыз етеді. Ал Ибраһим пайғамбардың ескертуімен бұл бес уақытқа дейін шегерілетіні жайлы баяндалатын хадис бар. Бұл хадис Бұхари, Мұслим сияқты ең сенімді кайнар көздерде бар.

Әдеб.: Исаұлы М., Жолдыбайұлы Қ. Ислам ғылымхалы, Алматы: Нұр – Мұбарак, 2008; Уәлиханов Ш. Сахарадағы мұсылмандық туралы // Таңдамалы. 2-бас. Алматы: Жазушы, 1985. 197-202 бб; Ислам. Энциклопедиялық анықтамалық, Алматы: Аруна, 2010; Айтбаев О. Дінтану. Қарағанды: Гласир, 2010; Рифағи М.Ф. Ислам мәдениеті. Алматы: Көкжиек, 2007; Сейтбеков С. Иман негіздері. Ислам мәдениеті

мен білімін қолдау қоры, Алматы: 2011; Валиханов Ч.Ч. Тенгри (бор) // Собрание сочинений в 5-ти томах. Том I. Алма-Ата, 1984; Әжигали С., Оразбек Е. Қазақтардың дінге сенгіштігі // Қазақ халқының дәстүрлерімен әдет-ғұрыптары. 1-том, алматы: Арыс, 2005. 37-70 бб; Құрманбаев Қ. Хадис ілімі. Алматы: Нұр-Мұбарак, 2010; Исаұлы М. Мәнгі мұғжиза. Алматы: Ислам мәдениеті мен білімін қолдау қоры, 2011; КР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

НАМАЗШАМ – ақшам, кешкі намаз уақыты. Парсы тілінен аударғанда кешкі намаз дегенді білдіреді. Намаз-шам – күннің толық батуымен басталып күн шапағының батуымен аяқталады. Қазақта бұл кезді бейуақ мезгіл дейді. *Бейуақта алысқа жолға шықпау, бейуақта ұйықтамау, бейуақта далаға құл шығармау* және т.б. ырымдар айтылады (қ. **Бейуақ**).

Әдеб.: Исаұлы М., Жолдыбайұлы Қ. Ислам ғылымхалы, Алматы: Нұр – Мұбарак, 2008; Ислам. Энциклопедиялық анықтамалық, Алматы: Аруна, 2010; Уәли Н. Бір тәуліктегі шақ атаулары және олардың этимологиясы // академик Ә.Т. Қайдар және тіл білімінің мәселелері атты ғылыми теориялық конференция. Алматы: Дайк-Пресс, 2004; Әбішев Х. Аспан сыры. Алматы: жазушы, 2009; КР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

НАМЫС – адамның адамгершілік қасиеттерінің бірі, этикалық категория. Яғни, Н.-тың қолданылу аясы адамдар арасында, субъектаралық қатынастарда басты орында қолданылатын *ар*, *ұят* категорияларымен қатар жүреді (қ. **Ар**; **Ұят**).

Дәстүрлі ортада қалыптасып, ұлттық санаға сіңген түсінік бойынша ер жігіттің ел-жұрты алдындағы Н.-сы әр кез жоғары тұрды. Өйткені қазақта қашанда Н.-ты жігіт әр кез қандай жағдай болмасын алдымен өзінің бағып-қаққан әке-шешесінің, сосын өзі туып өскен жерінің, ел-жұртының, халқының Н.-ын жоғары қойды. Бұл көнеден бастау алатын үрдіс ұрпақтан ұрпаққа *ертегі*, *дастан*, *қисса* сынды ауыз әдебиетінің жанрлары арқылы жетіп, әлі күнге дейін жалғасын тауып келеді. Сонымен қатар қазақы ортада Н.-қа қатысты айтылған мақал-мәтелдер мен нақыл сөздердің де көбі осы *ер жігіттің намысына* байланысты айтылады. Мәселен, *Атты қамшы айдайды, ерді намыс айдайды; Ат – шабысына қарай шабады, ер – намысына қарай шабады; Ерді – намыс өлтірер, қоянды – қамыс өлтірер; Жігітке жар қымбат, намыс пен ар қымбат; Ел намысы – ер намысы; Жалған намыс – қасиет емес, ар сақтаған – қасиет; Ер жігіт елінің ұлы, намысының құлы.* – деп келетін мақал-мәтелдер осы жәйтті көрсетсе керек.

Жоғарыда келтірілген нақыл сөздердің ішіндегі *Ат – шабысына қарай шабады, ер – намысына қарай шабады* дегенді батыр әрі шешен Сырымның айтқандығы тарихтан белгілі. Сырым Орта жүзге барғанда атакты Балаби деген биіне жолығады. Екеуі бірін-бірі сырттай естігендері болмаса, бұрын-соңды кездеспегендіктен ұзақ отырып әңгіме дүкен құрса керек. Балаби шешен Сырымды сынамақ мақсатта сұрақтың астына алса керек. Ол Сырымның тегінен тартып бірқатар сұрақтарды қоя келе:

«*Ат пен ер қандай жерде, не үшін шабады?*» – деген сұрақ қойғанда Сырым бөгелместен:

«*Ат – шабысына қарай шабады, ер – намысына қарай шабады*» – деп жауап берсе керек.

Қай кезеңде болмасын дәстүрлі ортаның ақындары мен жыраулары Н., ар мен ұят сынды адамгершілік категорияларды өз қоғамының адамдарының санасына сіңіріп, одан айырылып қалмауды баса айтып отырды. Яғни, өз қоғамының кемшіл тұстарын қатаң сынға алғанда аталмыш категорияларды алға қойды. Мәселен, Қабан жырау:

*Намысқа тұрар ер бар ма,
Ер көтерер бел бар ма?!
Қақырата шапса дұшпанға
Тозбайтын мүттем жең бар ма? –*

деп толғаса, Базар жырау:

*Аздыра ма халқыңды, ішіңнен шыққан ер болса.
Намысыңды жібермес, Екіталай жер болса –*

деп түйіндейді.

Адамның адамгершілік қасиетін бейнелейтін *ар*, *ұят*, *намыс* жайында Абай аз қалам тартқан жоқ. Ол аталған қасиеттер адамды басқалардан ерекшелеп тұратындығын ескертті. Абай өзінің *отыз тоғызыншы қара сөзінде* өзі өмір сүріп отырған қоғамның кемшіл тұстарын сипаттап келтіреді. Қоғамның мұндай кемшіл тұстарының болуына адамның азғындап, жеке басының қасиеттерін жоғалта бастағандығынан деп түсіндіреді. Ол ойын қоғамды өткенмен салыстыра отырып адамның екі мінезді жоғалтқандығын айта келе, екінші мінез – Н. деп, оны төмендегідей жолдармен сипаттайды: *«Екінші мінезі – намысқорлық екен. Ат аталып, аруақ шақырылған жерде ағайынға өкпе, араздыққа қарамайды екен, жанын салысады екен. «Өзіне ар тұтқан жаттан зар тұтады» деп, «Аз араздықты қуған көп пайдасын кетіретер» деп, «Ағайынның азары болса да, безері болмайды», «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді» десіп, «Жол қуған қазынаға жолығар, дау қуған пәлеге жолығар» десіп. Кәнеки, енді осы екі мінез қайда бар? Бұлар да арлылық, намыстылық, табандылықтан келеді. Бұлардан айырылды. Ендігілердің достығы – пейіл емес, алдау, дұшпандығы – кейіс емес, не күндестік, не тыныш отыра алмағандық»* – деп қоғамдағы адамдардың іс-әрекеттеріне ашынған Абай:

*Қызығы кеткен ел бағып,
Қисыны кеткен сөз бағып,
Ендігі атқа мінгендер,
Күнде ертеңге талмайды.
Бас қосылса арысқа,
Кім шабады намысқа?
Жатқа қарар беті жоқ
Жалынбай тұрар к...і жоқ. –*

деп Н.-ын жоғалтқандарды сынға алады.

Абайдан соң Н.-ты өлеңдеріне қосқан Шәкәрім болды. Оның Абайдан өзгешелігі Н.-қа нақты анықтама беріп төмендегідей сипаттады:

*Намыс сол – өзің қорлан кемдігіңе,
Құрбыңмен ұмтылып бақ теңдігіңе.
Алмай өз алдыңғыңның аяғынан,
Соқтықпай өзің ізден еңбегіңе.*

Сонымен қатар ол Абай сарынында өзі өмір сүрген қоғамдағы адамдардың намыссыздығын:

*Ар қайда, ақыл қайда, намыс қайда,
Өңкей итке жалындың, табыс қайда?
Ана байға қит кетсе – күнің қараң,
Онда қашып тығылар қамыс қайда? –*

деп сынға алды.

Дәстүрлі ортада ежелден қалыптасқан дәстүр бойынша ел арасындағы шешендік дауларға *жер дауы*, *жесір дауы*, *құн дауы*, *мал дауы* сындыларға *ар*, *намыс дауы* да қосылды. Мәселен ел арасындағы даулы мәселелерді шешуде немесе келісімдер жүргізгенде өз елінің атынан жүретін адам алдымен елінің Н.-ын қорғайды.

Әдеб.: Абай. Энциклопедия. Алматы: Атамұра, 1995; *Фабитов Т.К.* Қазақ мәдениетінің типологиясы. Алматы: Қазақ университеті, 1998; КР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

НАН – ұннан әзірленетін тағам түрлерінің жалпы атауы. Н. дәнді дақылдар (бидай, арпа, жүгері және т.б.) ұнынан иленген *қамыр* және одан түрлі тәсілдермен пісірілген тағам түрлерінің барлығын білдіретін ұғым болып табылады. Мұндай Н. түрлерінің даярлану ерекшеліктеріне орай өзіндік атаулары (*жайма*, *бауырсақ*, *шелтек*, *таба нан* және т.б.) қалыптасқан. Н. дәстүрлі қазақы ортада аса қадірлі де қасиетті саналып, түрлі жосын-жоралғыларда өзіндік ерекше орны бар символикалық функция атқарды. Н. сөзі қазақ тіліне «нон» деген парсы тілінен еніп, орнықты. Сондай-ақ, Н. өнімдері мен оны пісіруге байланысты – хамр (қамыр), фатир (пәтір) сияқты арабы атаулар да көптеп енген.

Түркі халықтарының дәстүрінде Н. өнімдерін негізінен майға, шоққа және қазанға пісіру көп таралған. Егіншілікті кәсіп еткен оңтүстік өңірлерден тыс көшпелі ортада Н. тағамын тұтыну бауырсаққа қарағанда соншалықты көп таралмаған еді. Тек XIX-ғ.-дың соңғы ширегінен бастап Н.-ды жаппай тұтыну кең етек жайды. Ол ұнның қазақ арасына тарала бастауымен тығыз байланысты еді. Нәтижесінде тұрмыста Н. пісіретін түрлі құралдар мен саймандар пайдаланыла бастады. Ол жайында 1820-жылғы «Сибирский вестник» журналында жарияланған Г.Спаский мақаласында айтылады: *«... нанды тұрақты пайдаланбайды, ұннан жасалған тағамдарды, сондай-ақ, қара бидай, бидай, тары, арпадан жасалған көжелерді қыста және мейрамдарда ғана пайдаланады»* деп баяндайды. Осы мақаладан соң, арада жүз жыл өткенде 1912 ж. оңтүстік өлкеде болған В.М. Бензин деген тарихшы да жазады. Ол мақаласында – Н. пісіру кең таралмағандығын, көбіне ұннан немесе жармаланған дәннен *ботқа*, *быламық* жасағанын, ұнды және дәнді (арпа, бидай) майға *қуырып* жейтінін жазады.

Н.-ды тандырға пісіру (таннур, тандур, тоныр) тәжік, өзбек, сарттармен этномәдени байланыс арқылы қазақ арасына келген тәсіл болды. Тандыр Н.-ын пісіру үшін балшықтан, соқпадан арнайы пеш соғу қажет болады. Ал мұндай тандырда Н. пісірудің көшпелі мал шаруашылығымен шұғылданатын қазақтарға ыңғайсыздығына байланысты оңтүстіктен басқа өлкелерде тарамды. Яғни, тандырда Н. пісіру отырықшыларға тән тәсіл болды. Сонымен бірге,



парсы, тәжік, өзбектердегідей Н.-ды пышақ тигізбей қолмен ғана бөлу (үзу) сияқты ырым-жоралар этномәдени байланыстар нәтижесінде қазақ арасына кейін енген құбылыстар болды. Сондықтан, оңтүстік өңірдегі қазақтар арасында көрші өзбек, тәжіктердегідей тандыр нан беру кәде болса, басқа өңірдің қазақтарында *бауырсақ, шелпек* жоғары бағаланды. Яғни, отырықшыларда қадірленетін Н. тағамдарымен көшпелілердегі Н. тағамдарының тұтынылуы мен қастерленуінде өзіндік айырмашылықтары болды.

Қазақ даласында ертеде Н. өнімдерін ашытқысыз пісіру кең таралған. Қамырды ашыту тәсілі этномәдени байланыстардың нәтижесінде қазақ арасына кейінірек енген. *Ашытқыны* пайдалану қазақ даласының оңтүстік өңіріне иран-тәжік-сарт сияқты көрші елдерден ертеректе келген болса, теріскей мен күншығыс қазақтарына орыс мәдениеті арқылы кешірек (яғни, XIX ғ.-дан бастап) енді (қ. *Ашытқы*).

Н. өнімдерін тұтыну ерекшелігіне, яғни, арнаулына қарай күнделікті және ғұрыптық Н. түрлері деп бөлуге болады. Олардың әзірленуінде айырмашылығы жоқ. Тек саны және тұтыну кезіндегі атқарылатын жосын-жоралғыларымен ерекшеленеді (қ. *Жеті нан / Жеті шелпек*).

Қуырылған, қайнатылған дән және дәл осылайша ұннан жасалған тағамдар Н. тағамы түрлеріне жатқызылмайды. Осы ретте, Н. тағамдарының төмендегідей әзірлену технологиясының ретін келтіре кеткен жөн. Яғни, алдымен дән → одан ұнтақталған ұн → иленіп қамыр жасалуы және → пісіру арқылы әзірленген тағамдары ғана Н.-түрлеріне жатқызылатындығын қайталай айту орынды.

Нан илеу / қамыр илеу. Н. пісіру үшін *бидай, қара бидай* сияқты дақылдардың дәнінен тартылған ұн пайдаланылады (қ. *Бидай; Дән; Ұн*). Әзірленетін нан көлеміне сай мөлшерленген ұн тегенеге салынып, електен өткізіледі. Осы ұнға татытымына қарай тұз езілген жылы суды аз-аздан құя отырып *қамыр илейді* және оны *нан илеу* деп те атайды. Н.-ды көбінесе ашытылған қамырдан жасайды. Қамыр ашытылатын болса суға тұзбен қоса *ашытқыны* да езіп қосады. Қамыр қажетіне қарай қатты немес жұмсақ болып иленеді. Қатты иленген қамырдан пісірілген Н. нығыз және тойымды болып келеді. Нан жұмсақ болып пісуі үшін және қатты қамырды жазып, жау қолайсыз болғандықтан кейде *қамырды* жұмсақ етіп илейді. Егер илеу барысында *қамыр* тым жұмсақ болса мөлшерлеп ұн сала отырып қажетті бабына жеткізе илейді. Ал *қамыр* тым қатты болып кетсе су құя отырып жұмсарты илейді. *Иі қану* үшін кейде 5-10 минут бойы қамырды аударып-төңкеріп күшпен басады. Иі қанған қамыр тұтасып, су аз тиген тұстары жымдасып, іртіктері жазылып кетеді. Ашытқы қосылған қамырды *иі қанған* соң сыртынан жылылап орап, *ашытуға* қояды. Қамырдың ашығандығын қамырдың *көтерілгендігіне* қарай отырып анықтайды. Қамыр ашығаннан кейін қажетті көлемдегі бөліктерге бөліп, тағы бір қайтара илейді. Ашыған қамырды қайтара илеу оның арасында қалған ауаның нанды пісірілуі барысында көтерін, күмпітіп жібермеуі үшін жасалады.

Бөліктерге бөлінген қамыр *тындыруға* қойылады. Егер қамыр ашытқы қосылмай иленген болса аз тындырылуға қойылған соң зуалаға бөлініп қайта басылады (қ. *Зуала; Қамыр*).



Қамыр. ОМЭЭ-материалдарынан

Нан пісіру. Дәстүрлі ортада дайын болған *қамырдан* нан өнімдерін пісірудің төмендегідей тәсілдері бар:

- қоламтаға *көміп пісіру* (көне тәсіл);
- табаға, қазанға, таска (көшпелілердің ежелгі тәсілі) және кейін енген тандырға *жауып* пісіру;
- тоң майға, өсімдік (сұйық) майына *қуырып* пісіру;
- қайнап тұрған сұйыққа (сорпа, сүт, су т.б.) *салып* пісіру. Қолданылған пісіру тәсілдеріне қарай даяр болған нанның аты да түрліше болып келеді.

Нанды қоламтаға пісіру. Нанды қоламтаға көміп пісіру көшпелілер арасында ежелден пайдаланылып келе жатқан және кең таралған тәсіл болып табылады. Мұнда қамырды дөңгелектей жазып шокқа қойып немесе оттың шок араласпаған ыстық қоламтасына көміп пісіреді.

Күлше нан / күлше. Қамырды шағындап (жұдырық мөлшерінде) кесіп, шокқа қойып немесе көміп пісірген нан – *күлше* деп аталған. Күлшенің өзіндік ерекшелігі – жұқа әрі шағын болғандықтан тез пісетіндігі. Халық арасында оны – *тоқаш, қоламта нан* деп те атау кездеседі.

Көмеш / көмпеш / көмбеш. Н.-ды көлемдірек (қос жұдырықтан үлкенірек) кесіп алып, қоламтаға көміп пісірген нан – *көмеш (көмбеш, көмпеш)* деп аталған. Ел арасындағы «*ерулінің ерулігі болса, көштің көмеші бар*» – деп келетін сөз орамы *көмештің* жол жүрген кезде жиі әзірлегендігіне байланысты қалыптасқан (қ. *Көмеш; Көмбеш / Көмеш*).

Нан жабу. Қазақы ортада қамырды оттың табына пісіруді *нан жабу* деп атайды. Қамырды от табымен пісіру үшін *табаға, қазанға, тандырға* салып пісіру тәсілдері қолданылады. Ол үшін дайын болған қамырды пісіретін нанның түріне, көлеміне сәйкес *күлшелеп*, яғни, белгілі бір пішіндерге келтіріп алады. *Күлшеленген* нанды *табаға (көмбеге), тандырға, қазанға* салып пісіреді. Кейде бұндай тәсілдермен пісірілген нандарды *жаппа нан* деп те атайды (қ. *Жаппа нан*). Жаңа піскен ыстық нан суығанша ашық жерде қойылып, әбден салқындағаннан кейін ғана арнайы орынға жиналады. Қазақы ортада ыстық нанды үзіп, арасына сары май салып үлестіру әдеті жиі кездеседі.

Таба нан. Нан пісіруге арналған қос табаны отқа қойып, қызған соң қамыр жабысып қалмасы үшін таба ішін құйрық



май кесегімен айналдыра жағып шығады. Таба көлеміне шақтап кесіп алынған камырды ыдысқа жаймалап салып да, бетіне келесі табаны жауып шоқтың арасына қояды. Салынған камырдың көлемі табаның 2/3 бөлігіндей болуға тиіс. Өйткені камыр пісен сайын ұлғайып, үстіңгі табаны көтеріп кетуі мүмкін. Таба Н.-ды кейде *құйрықмай* қосып та пісірген. Ол үшін табаға салынған камырды бармақпен әр жерінен тесін, сол жерге бармақ басындай құйрық май салынып пісіреді. Мұндай нан ерекше хош иісті әрі өте дәмді келеді (**қ. Кәмбе нан / Таба нан**).

Тандыр нан. *Тандыр* деп аталатын арнайы жасалған пеште оттың қызуына пісірілетін Н. түрі. Тандырға от жағып ішін қыздырып алғаннан кейін күлшеленген камырларды арнайы құрал – *сыпырамен* (оңтүстікте – *рабинат*, ұйғырда – *жеңлік*) ішкі қабырғаларына ұрып жапсырып шығады (**қ. Сыпыра²**). Оқтың-оқтың Н.-ның түсіп қалмауын бақылап тұрады. Нан жылтырап пісуі үшін шоққа аздап су бүркеді (**қ. Тандыр; Тандыр нан**).



Тандырға нан пісіру. ОМЭЭ-материалдарынан

Тас нан. Қалыңдығы бір-екі елідей жалпақ тасқа қарып пісіретін ең ежелгі тәсілмен әзірленетін Н. түрі. Тас қызған соң сол тастың көлеміндей жаймаланған камырды үстіне қояды да, бетін таба, тегене немесе осы тәрізді жылу шығармайтын ағаштан жасалған бұйыммен қымтап жауып пісіреді.

Қазанжаппай. Қазанның астына от жағылып қыздырылады да ішіне түгел дерлік тұзды су сеуіп немесе май жағып шығады. Қалыңдығы бір еліге жетер жетпес жайылған камырды қазанға басып салады. Оның бетіне жұқалап сары май немесе қаймақ жағылып, ортасы саусақ ұшымен тесіледі. Содан соң қазанның бетін темір қақпақпен жауып, оның үстіне шок тасталады. Н.-ның асты күйіп кетпеуі үшін қазанның астына шоқтың азғана бөлігін қалдырады. Бабымен піскен қазанжаппайдың бегі де қызғылт тартып тұрады. Піскеннен кейін қазаннан ептеп алынып, суытуға қойылады. Қазанжаппай шикі болып қалмау үшін көлемділерін суығаннан кейін ғана үзеді. Шағын *қазанжаппайға* ыстық күйінде сары май жағып жесе өте дәмді әрі құнарлы болады (**қ. Қазанжаппа / Қазанжаппай**). Мұның *қазан төңкерме* деген де атауы бар.

Қарма нан. Әзірленуі *қазанжаппайға* ұқсас болғанымен көбіне ашытылмай және жұқа етіп қарып пісіріледі. Қонақ келіп қалғанда лезде әзірленетін тағам болып табылады.

Қатырма нан. Қазанға қатырып істейтіндіктен, *қазақтың қара қатырмасы* деген де аты бар. *Қазанжаппай, жұқпа нан, қаттама нан* істеудің жолдары ұқсас.

Өтпек нан. Табаға пісірген Н.-ның Оңтүстік өлкедегі жергілікті тағы бір атауы.

Пәтір нан. Қазанға немесе табаға пісірген жұқа Н. Қызған қазанға бір қасықтай май салып қатты иленген камырды арлы-берлі аударып қуырады. Сырты қатайған соң пештің жиегіне инок шығарып, соның үстіне қазанды қойып сарғайғанша пісіреді. Кейде сырты қатайған соң қазаннан алып, шоққа көмін те пісіреді. Ол қазақта *шүрек* деп аталатын тағаммен ұқсас. Алдын-ала сыртын жоғарыдағыдай майға шылап қарып алуы – күл жабыспасын деген амал болып табылады.

Аламыш нан. Жүгері мен бидай ұнынан аралас иленген камырдан пісірілген Н. тандырға да, табаға да пісіріле береді.

Зағара нан. Жүгері ұнынан ашытылмай жасалған Н. (**қ. Зағара**). Табаға да, тандырға да, шоққа көміп те пісіреді.

Кісе нан. Камыр ішіне ет, сарымсақ (пияз), бұрыш, күріш т.б. салып, шетін бүрмелеп пісірген Н. түрі. Кісе Н.-ды табаға немесе қазанға бетін жауып пісіреді. Кісе Н. жұқа етіліп пісіріледі.

Камыр жаймаға малдың, құстың етін орап, пешке пісірген – *балши* (ертеректе *бүйрек, бүйрекше, бүрме (бүрек)*) деп аталады.

Бүркеме нан. Жаңа піскен ақ ірімшікті камырға орап, жалпайтып, бетіне май жағып, табаға салып, қоламтада пісіреді.

Пияз нан. Камырға ұсақтап туралған пияз қосып, таба немесе қазанға жауып пісірген Н. түрі.

Нанды майға пісіру. Көшпелі ортада Н. тағамдарын майға пісіру ежелден кең таралған үрдіс. Майға қуырылып пісірілген Н. тағамы – *бауырсақ* (кейбір аймақта *тоқаш*) және *шелтек* деп аталған. (**қ. Бауырсақ; Шелтек**). *Бауырсақ* пен *шелтек* қазақ арасында Н. деп атала береді. Мәселен, *садақаға, құдайыға* арнап пісірген *жеті шелтекті* – *жеті нан* деп те атайды (**қ. Жеті нан / Жеті шелтек**).

Қаттама нан. Бірнеше қатпар етіліп пісірілген Н. түрі. Жаймаланған екі бөлік камырды май жағып беттестіреді де шиыршықтай орап бірнеше бөлікке бөледі. Осы бөліктерді жазып тағы да оқтаумен жаймалайды да, май жағып қыздырылған табаға пісіреді. Ол піскен кезінде қатпарлар пайда болуатындықтан *қаттама нан* деп аталған.

Нанды сұйықтыққа (сорпа, сүт, су т.б.) салып пісіру. Камырдан түрлі пішінде жасалып, сүт, сорпа, су тәрізді сұйықтарға салып пісірген тағам түрлерін де жалпылама Н. деп атау орныққан. Ет піскен соң астына Н. салып тарту қазақ арасында бертінірек, яғни ХІХ ғ.-дың соңында қалыптасқан әдет болып саналады. Аталмыш тағамның қазақ арасында түрліше айтылуы сондықтан болса керек. Мәселен асылған етке қосымша ретінде беру үшін сорпаға салынып пісірілген камырды да Н. немесе *ет наны, жайма, камыр, жұқа нан, шелтек, құлақ нан, күлшетай,*



іңкәл, күртiк және т.б. деп түрлiше айтады. Мұның казак арасында бiгiмi әркелкi болып келгенi болмаса, әзiрлену және дастарқанға тартылу тәсiлi бiрдей (**к. *Ет тағамдары; Ет тарту / Табақ тарту; Жайма нан***).

Салма нан / нан салма – етке қосымша салатын 2-3 нан жайманың бөлiктерiн суға қайнатып пiсiрiп алады да, шолпымен сүзiп алып, табаққа салып, үстiне алдын-ала бөлек ыдыста қайнатылған немесе қуырылып дайындалған ет кесектерiн салып тұтынады. Бұл тәсiл Оңтүстiк қазақтарында, өзбектерде көп тараған.

Бармақнан – көже сияқты сұйық тағамға қосымша салынатын Н. тағамының түрi. Қамыр ашытылмай иленген соң бөлiпiн алынған зуаланы бармақ және сұқ саусақпен қыса үзiп алып, қайнап тұрған сорпаға салады.

Үзбе – қамырдың ұсақ кесектерiн сүтке, сүт қосылған суға немесе сорпаға салып пiсiретiн көже түрi. Осы бөлiктердi *үзбе нан* деп атаған.

Үзбен – кеспе көже түрi. Кейбiр жерде жайылған қамырды ұзыншалап кесiп, суға қайнатып, сүт қосып пiсiретiн көже.

Нанға қатысты ырымдар. Дәстүрлi ортада Н.-ға қатысты түрлi салт-жоралғылар жасалады. Мәселен, әйелдер тандырға нан жабарда: *«Менiң қолым емес, Бибiфатиманың қолы. Домалақ анамның (ене) қолы»* деп iске кiрiседi. Егер бұлай жасамаса, Н. дұрыс пiспейдi деп ырымдаған. Н.-ды басқанды құдай атады, қарғысқа ұшырайды, өзегi талып өкiредi деп ұғады. Сонымен қатар Н.-ның қоқымы, қалдығы түсiп қалса, жолда, жерде жатқанын көрсе «қырыс» болады деп ырымдайды. Мұның себебi былайша түсiндiрiледi: *«бiр адам қуырған бидайдың бiр дәнiн жерге түсiрiп алып, оны ұзақ уақыт iздегенмен таба алмайды. Тәңiрiне сиынып, ертең келiп iздеймiн деп, бидай түскен жерге таяғын қадап кетiптi. Ертеңiне келген таяғының алтыңға айналғанын көрiптi. Сөйтiп жаратушы Тәңiрiнiң ризығы түскен әлгi адамға бақ-дәулет қоныпты-мыс»*. Қазақы ырым бойынша ондай Н.-ды көтерiп жоғарыға қою керек.

Дәстүрлi ортада Н.-ның киелiлiгi жөнiнде төмендегiдей аңыз сақталған: *«ерте, ерте, ертеде бiр адам кездейсоқ оқжыланның ордасына тап болып, оларды жазықсыздан жазықсыз талқандап, қастық жасайды. Жапа шеккен жаралы жыландар сол адамның соңына түсiп, шағып өлтiруге серттеседi. Қаскөй пенде жыландардан қашып, шыбын жанына сауға тiлеп, дүниенiң төрт бұрышын шарласа да, қуғыншылардан құтыла алмайды. Қайда барса да, алдынан ысқырынып, заһарын шашып, қаптаған қалың жылан өрiп шығады. Шарасыз халге тап болған пақыр бұл жайтты айтып, әулиеге барып паналайды. Әулие «Жайын жатқан жыланның құйрығын өзiң басқан екенсiң. Ордалы жыланның жолына ешкiм тосқауыл бола алмайды. Атылған оқжылан тасты да, болат темiрдi де бордай үгiтiп, тесiп өтедi. Бiрақ дүниеде ешкiмнiң аттауына, таптауына болмайтын бiр гана ұлық нәрсе бар. Ол – нан. Нанды өсiрген диқанның кетпенi де қасиеттi, – дейдi. Содан қария ауылдастарын жедел жинап,*

қазанға қарыма нан пiсiртiп, қазанды төңкерiп, iшiне жiгiттi жатқызып, сол нандармен қазанды қаптап, оның сыртынан кетпендермен қоршап қояды. Жыланның келетiн жолына қарап, адамдар Аллаға сыйынып отырады. Бiр заманда ысқырынып, айбат шегiп, тұқым-тұяғын бастап ордалы жыланның патшасы келедi де, бар нәрменiмен қара кетпенге қарай атылады. Кетпеннiң темiрiн қас-қағым сәтте қағаз гұрлы көрмей, қақ ортасынан тесiп өткен оқжыланның тұмсығы нанға тигенде майырылып, ирелең ете түседi. Бұны көрген адамдар «тәуба, тәуба!» деп жаратқанға жалбарынады. Осылайша жеңiлiс тапқан жыландар керi шегiнiп, қайтып кетедi. Содан кейiн қазақ баласы нанды бұрынғыдан да қадiр тұтып, қасиетiне бас ұратын болыпты-мыс».

Н.-ның қоқымын баспау, оның үстiне басқа нәрсе қоймау, лақтырмау деген т.б. тыйымдар Н. қадiрлеуден туса керек. Сонымен қатар, Н.-ды қадiрлеудiң кесiрi – кепiет болады, ашаршылыққа ұшыратады деп иландырды. Осы ырымдар еңбекпен келген (тапқан) Н.-ның, жалпы астық пен дәннiң, тағамның қасиеттiлiгiн танытқан. «Нанға қолың жетпесе, аяғыңның астына Құранды қойып ал» немесе «құранды қойып нанды алуға болады, нанды қойып құранды алуға болмайды» – деген ұстаным ас-тағамды ерекше қадiрлейтiн таза қазақы ортада туған мәгел. Алайда, iс жүзiнде мұндай iс-әрекеттiң болғаны туралы естiп-бiлiп, көрген адам жоқ. Дастарқан жайғанда ең алдымен Н. қойылу керек. Үйге келген адамға да дәм ауыз тигiзгенде алдымен Н. ұсынылады. Бұрынғы наным бойынша қауiптi, алыс сапарға шыққанда немесе ауырып емделуге кетiп бара жатқанда қазақтар бiр тiлiм Н.-ның жартысын жеп, жартысын үйiне таза жерге қалдырып кетедi. Бұл ырым бойынша әлгi Н. жолаушының аман-есен қайта оралуына, яғни «сол адам аман келсе екен, менi өзi жесе екен» деп тiлеп күтiп жатады деген сенiм орныққан. Ал аман келген адам әлгi Н.-ды дұға оқып өзi жейдi. Ол адамның мақсатына жетуiне тiлектес болып тұрады деп санаған. Дастарқанға Н.-ды төңкермей, тек оңынан қояды. Н.-ды жалғыз қолмен басып, бұрап үзуге болмайды. Оң қолмен алып, сол қолмен ұстап тұрып үзiп жейдi. Саусағы тиген бiр жапырақ Н.-ды тауысуы керек. Өйтпесе, несiбе шала қалады деп жорылады. *«Нанның қоқымын жеген бай болады»* деп үгiтiлген Н. қоқымдарын сыпырып жеп отыратын болған. Н.-ның киелi саналауына орай дәстүрлi құқықтық қатынастарда ант беру, серттесу сияқты ғұрыптарды атқаруға өзек болды. Мәселен, *нан ұрсын (атсын)* немесе *нанның кесiрiне жолығайын* деген сияқты т.б. ант беруде көрiнiс тапты.

Нанға байланысты мақал-мәтелдер. *Ақымақ жылынса – тон киместей, тойса – нан жеместей; Аузың тола тiсiң барда қатқан екен нан деме; Кедей нан тапса, ыдысын таппас; Нанға түйiлсең суға жүгiр, Суға түйiлсең – көрге; Нан да нан, ұсағы да нан; Нанды еңбек табады; Нан жемекшi болсаң отын тасудан ерiнбе; Нан қадiрiн аш бiлер, Киiм қадiрiн жалаңаш бiлер; Нан қан болса, қан – жан; Нан молдығы ел тоқтығы; Нан пiскенше күлше*

күйеді, Рас сөзге барша жұрт бас иеді; Нан тамақтың атасы, Ынтымақ көптің батасы; Наубайдың көңілі нанында, Керуенінің көңілі нарында; Наубай жанқан нан біледі, піскені мен қамын біледі, сатушы оның санын біледі; Ақымақ жылына – тон қиместей, тойса – нан жеместей; Кедей нан тапса, ыдысын татпаса.

Әдеб.: Спасский Г. Киргиз-кайсаки Большой, Средней и Малой Орды // Сибирский вестник. СПб., 1820. Ч.9. кн.1. С. 215-216; Бензин, В. М. Хлеба Туркестана: Доклад В.М.Бензина, читанный в заседании 1 отделения И.В.Э. Общества. - СПб.: Тип.М.П.Фроловой, 1912; Әуезов М. Уақыт және әдебиет. Алматы: Қазмемкөркемәдеббас, 1962; Древнетюркский словарь. Под ред.: В.М.Наделяева, Д.М.Наменова, Э.Р.Тенишев, А.М.Щербак. Л., 1969; Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков. Общетюркские и межтюркские основы на гласные. М.: Наука, 1974; Қасиманов С. Қазақтың ұлттық тағамдары. Алматы: Қайнар, 1977; Этнография питания народов зарубежной Азии. Опыт сравнительной типологии. М.: Наука, 1981; Бейсенбиева К. Ақ босаға. Алматы: Қайнар, 1988; Сариев И. Дастархан. Алматы: Қайнар, 1989; Қашқари М. Түрік тілінің сөздігі. 3 томдық шығармалар жинағы. Қазақ тіліне аударған, алғы сөзі мен ғылыми түсініктерін жазған А.Егеубай. Алматы: Хант, 1997-1998; Шай дастарканы. (Құрастырған З. Башбаева). Алматы: Қайнар, 1994; Тілемесов Х. Қазақтың ұлттық тағамдары. Алматы: Қайнар, 1995; Оспанов Д.М. Қазақстанның Оңтүстік аймағындағы қазақтардың дәннен жасалған ұлттық тағамдары (XIX ғ. аяғынан қазірге дейін). Тарих ғылымдарының канд. дәрежесін алу үшін дайындалған дисс. Алматы, 1997; Жилкубаева А.Ш. Этнолингвистическая характеристика некоторых терминов питания казахского языка, связанных с традициями, обычаями народа // ИАН КазССР. Серия филологическая, 1990. С.19-25; Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі. Тамақ өнеркәсібі және тұрмыстық қызмет. Алматы: Мектеп, 2002; Тойшанұлы А. Түрік-моңғол мифологиясы. Алматы: Баспалар үйі, 2009; Капанова Д.Е. Ұн тағамдық атауларының анықтағыш сөздігі / Павлодар: Кереку, 2012; ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

НАНЖИДЕ – жиденің үлкен түрі. Н.ж.-нің кәдімгі жидеден айырмашылығы үшеуден артық жесе ауыз тұтылып, су ішуді қажет етеді. Кәдімгі жидеге карағанда Н.ж.-нің көлемі үлкен боп келетін болса, жиденің кішісі *жгілдік* деп атайды.



Нанжиде. ОМЭЭ – материалдарынан

Жиденің қара жиде, қызыл жиде деген де түрлері бар. Н.ж.-нің емдік қасиеті бар болғандықтан қолдан да егеді. Кептіріп, түйіп ұнтақтап сақтап қоюына байланысты Н.ж. деп аталса керек. Негізінен іш ауруына қарсы, атап айтқанда тышқакқа қарсы емге қолданады (қ. *Жиде талқан*). Ағашын ер құрастыруда желім тез әрі жақсы сінетін қолайлылығына байланысты найдаланды. Сондай-ақ, қолөнердің басқа түрлерінде де жиі пайдаланады. Сондықтан, Н.ж. жемісінің ағашын қолдан егетін болған. Ол жөнінде мәліметті жырдан көруге болады:

Баталы, Бағаналы ел аман бол,
Бақалы, балдырғанды көл аман бол!

Теруші ем еріккенде, ермек етіп,
Екпе жиде, алма ағашы, гүл аман бол!

Аталмыш жеміс ағашы көптеп өсетін жерлерді Жиделі деп атау көп орын алғаны белгілі. Соның қатарында, Асан қайғы Жерұйық деп белгілейтін Жиделі Байсын жері Алпамыс жырына да өзек болған.

Әдеб.: Б.Жүстова. Түркістан төңірегіндегі өсімдік атаулары // Тілтаным – Языкознание. 2001, №1, 72-77 бб); ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

НАНСОҒАР – қолынан іс келмейтін, кез келген жұмысты енжар, немқұрайды істейтін, ас ішіп, аяқ босатумен ғана жүрген босбелбеу адамды сипаттайтын ұғым. Дәстүрлі ортада басқа біреудің еңбегіне сүйеніп, шалағай жұмыс жасаумен күн көріп, жүрген адамды да Н. деп атаған. Осындай жайтты Бейімбет Майлин «Сейттің сыры» атты әңгімесінде былай баяндайды: «Қолыңнан еш нәрсе келмейді, құр нан соғарсың!» деп әкем маған кеуді шығарды. Мен намыстандым. Қалаға бардым, қызмет қылып әкеме олжа түсірудің жайын қарастырдым...».

Ондай адам қауымның сынына ілікті. Н. деп аталуының себебі – енжарлықпен еңбек етіп, алдына келген астан басқаға қызықпайтын, «нан жеумен» ғана жүрген адам деген халықтық мінездемемен байланысты болса керек.

Әдеб.: Ел аузынан. Шешендік сөздер, ақындық толғамдар, аңыз әңгімелер. Алматы: Жазушы, 1985; Оспанов Д.М. Қазақстанның Оңтүстік аймағындағы қазақтардың дәннен жасалған ұлттық тағамдары (XIX ғ. аяғынан қазірге дейін). Тарих ғылымдарының канд. дәрежесін алу үшін дайындалған дисс. Алматы, 1997; ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

НАНСҮЗГІ / НАН ШӘУЛІ / НАН ҚАЛАҚ – еттің нанын, майға жүздіріп пісірген бауырсақты сүзіп алатын тесік ожаудың тағы бір атауы. Кейбіреулерінің көлемі шөміштей те болады. Ол негізінен ағаштан жасалады, тал шыбықтарынан да тоқылып жасалады. Металлдан жасалған түрлерінің қазақ арасына көп тараған *көпсер*, *кәкбір*, *шолты*, *майшолты* атауларымен қатар *күнғалақ* деген де аты бар (қ. *Кәкбір / Көпсер*). Талдың шыбығынан тоқылып жасалған, іші шұңғыл, көлемді келген шөмішке ұқсас түрін *шойла* деп атайды. Шу өңірінде *шәулі*, *чәулі* сөздері қолданылса, шығыс өлкенің қазақтары тесік шөміш деп атайды (қ. *Майшолты*).

Әдеб.: Аргынбаев Х. Қазақ халқының қолөнері. Алматы: Өнер, 1987; Базарбеков Ә. Тұрмыстық лексикаға байланысты кейбір ерекшеліктер. ҚР ҰҒА-ның Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. 2004. №1. 30-34 бб ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

НАНТАҚТАЙ – жайылған қамырды кесетін, нан турайтын жалпақ тақтай. Оны жарылмайтын қатты ағаштан жасайды. Н.-ды жасарда тақтай бетін жақсылап сүргілеп тегістеп алады, одан кейін тақтай бетіне сызбасы сызылып, арамен кесіледі. Кесілген Н.-дың ағашын одан ары кем-кетігін түзеп, кейбір жерлерін жонып қалыпқа келтіреді. Оның кейбірінің бір шетінен іліп қоюға арналып құлақ шығарылып, бау да тағылады.

Әдеб.: Қазақ тілінің аймақтық сөздігі. Құраст.: Ғ.Қалиев, О.Нақысбеков, Ш. Сарыбаев, А.Үдербасев және т.б. Алматы: Арыс, 2005; *Кәмәлашұлы Б.* Қазақтың байырғы баспаналары, үй-жиһаздары, ұлттық киім-кешек, ыдыс-аяқ, ас-суын, тамақ-тағамдарына қатысты салт-дәстүрлері. Алматы: Өнер, 2006; ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.



НАР¹ – жалғыз өркешті түйелердің жалпы атауы. Н. таза қанды аруана мен бурадан немесе асыл тұқымды інген мен үлектен туған түйе тұқымы. Н.-дың ұрғашысын *мая* немесе *аруана*, еркегін *үлек*, кейде нар деп атай береді (қ. *Аруана; Мая; Үлек*). Н. түйелердің ішінде айыр түйе мен нардың ең мықты қасиеттерін бойына сіңірген тұқымын *біртуған* деп атайды (қ. *Біртуған*).

Н. түйелер өте сүтті келеді. Жүндері аз болатындықтан ыстыққа төзімді, қатты аязға шыдамайды. Н. басқа түйе тұқымдарына карағанда ірі әрі күштілігімен ерекшеленеді. Сондықтан көшпелі ортада Н.-ды көбінесе жүк тасуға пайдаланған. Айталық, Шал ақынның өлеңдеріндегі:

*Жарға біткен жантақты
Жаннан безген мал жейді.
Қабырғадан саз кешті,
Жүк сүйреген нар жейді*

– немесе Махамбет өлеңдерінде кездесетін:

*Қас үлектен туған қатепті
Қара нар керек біздің бұл іске*

– деген жолдар соны көрсетсе керек. Сонымен қатар, дәстүрлі ортада «*Жүк ауырын нар көтерер*», «*Нар жолында жүк қалмас*», «*Нар сәулеті ашамай*» сынды нақыл сөздер қалыптасқан.



Нар. ТС. 578 том (Ташкент, 1910) атты жинақтан

Нардың жүк артуға төзімді қасиетінен көшпелі ортада *нар* сөзі өте күшті, өте ірі, аса қайратты деген ұғымдарды білдіретін тенеуге айналған. Қазақта халыққа еңбегі сіңген хандар мен батырларды *қара нар* немесе *нар атан* деп оның тұлғалық қасиетін айқындау орын алған. Мәселен, Абыл ақынның Сүйінқара батырды жоқтау өлеңінде кездесетін:

*Сен барда сүйеулі еді арқам жарға-ай,
Қатепті қайыспайтын қара нардай.*

немесе Есет бидін:

*Қатарға салсаң, қайыспас
Қас қара нар мен едім –*

деген өлең жолдары соның дәлелі болса керек.

Аталмыш түйе тұқымының жоғарыда келтірілген басты қасиеттері көшпелі ортада Н.-дың *жаманы*, *нашары болмайды* деген түсініктің қалыптасуына негіз болды. Яғни, Н. байлықтың, дәулеттің басы, сондай-ақ төрт түлік

малдың киелісі деп есептелді. Осылайша, төрт түліктің ішінде Н. түйесі бар адам асқан бай болмаса да, хал-ахуалы жақсы, берекелі саналды. Оған кошпелі ортада «*Нары бар, нары бардың бәрі бар*», «*Нарым қымбат, нарымнан арым қымбат*», «*Нарды сөкпе, нанды теппе*» деген мақал-мәтелдердің болуы дәлел болады.



*Жүк артылған нар. На скотном дворе. Актюбинск. 1929 г.
Открытка. РНБ. Санкт-Петербург*

Н.-ға жүк артқанда оның арқасына бастанас үшін сом ағаштан арнайы жасалған түрі ыңыршаққа ұқсас әбзелді қолданады. Оны *ашамай* деп атайды (қ. *Ашамай*²). Сондай-ақ, нардың үстіндегі жүктің салмағын оның екі жағына теңдей етіп бөліп тұратын *қатеп* немесе *кәтеп* деп аталатын әбзел түрі де қолданылады. Қатептің жоғарыда аталған ашамайдан бір ерекшелігі Н. үстіндегі жүкпен шөккенде немесе жүргенде кедергі келтірмейді. Сондықтан көшпелі ортада Н.-ға жүк артқанда көбінесе осы қатепті пайдаланған (қ. *Кәтеп / Қатеп; Кәтеп / Кәтеп*). Сонымен қатар, Н.-ға жүк артқанда сатыға ұқсас *наруан* деген құрылғы қолданылады. Аталмыш құрылғыны батыс өңірде *наруан десе*, оңтүстікте *зеңгі* деп атайды. Наруан Н.-ға жүк арту жұмысын жеңілдетеді әрі ыңғайлы етіп жасалатындықтан ұзақ көштерде өте тиімді (қ. *Наруан*).

Дәстүрлі ортадағы әдет-ғұрып заңдары бойынша күн төлеуде *қара нар*, *қалы кілем* деп аталатын күн түрі бар. Кісі өлтірген жағдайда айыпты жақтың құнынан басқа міндетті түрде төленуге тиіс жеті түрлі нәрседен тұратын *сүйек құны* деген айып түрі болған. Соның ең біріншісі – *қара нар* деп аталуы да Н.-дың көшпелі ортада малдың, яғни төрт-түліктің басы саналғандығын көрсетсе керек (қ. *Қара нар, қалы кілем*).

Әдеб.: *Добросмыслов А.И.* Скотоводство в Тургайской области. Оренбург, 1895; *Добросмыслов А.И.* Суд у киргиз Тургайской области в XVIII-XIX веках. Казань: Тип. Императорского Университета, 1904; *Аргынбаев Х.* Қазақтың мал шаруашылығы жайында этнографиялық очерк. Алматы: Ғылым, 1969; Махамбет Жыр – семсер. Алматы: Жазушы, 1979; *Жақыпов Ә.* Түйе өсірушінің түсіндірме сөздігі. Алматы: Қайнар, 1989; *Жеті ғасыр жырлайды: Екі томдық.* Алматы: Жазушы, 2008. 1-том. Құраст.: Е. Дүйсенбайұлы; ҚӘТС. 11-том. Алматы: Арыс, 2009; КР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

НАР² – адам отыру және жату үшін арнайы биіктеп жасалған орын, сәкі, сөре. Н. негізінен отырықшы аймақтарда таралған. Күн ыстық мезгілдерде далада отыруға және жатуға арнап Н. жасалып, түнде ұйықтайтын

болған. Н. көбінесе үйдің немесе талдың көлеңкелі жағына жасалатындықтан күндізгі уақытта демалу үшін де таптырмас орын болып табылады. Н. астына тастан, кірпіштен, ағаш кесінділерінен түрлі тіреулер қойылып, бетіне тақтай төселіп жасалады. Жерден біршама биігірек жасалуы оның үстіне түрлі жәндіктердің шығып кетуінен сақтандырып, жаңбыр суы жайыла қалғанда былғанбауына мүмкіндік туғызады. Н.-дың көлемі адам отыратындай және жататындай болып түрліше жасалады. Қажеттілігіне қарай бірнеше адам сыйатындай ауқымдырақ болып та келеді. Отырғанда және жатқанда жұмсақ болуы үшін үстіне киіз төселіп, оның бетінен алаша, кілеп сияқты төсеніштер жабылады. Оның бетіне отыруға арналған көрпе, бөстек, көпшік тасталады. Көлеңкелі орын болмаған жағдайда Н.-дың үстіңгі және күн түсетін жағы жабылып, *жапта* жасалуы да мүмкін. Салқынырақ мезгілде оның жел жағын түрлі материалдармен қымтап жабатын болған. Н. тек үй маңында ғана емес, егіс басына да құрылып, онда жұмыс жасаушылар мен күзетушілердің тамақтануы, демалуы, ұйықтауы үшін пайдаланылған. Көшпелі казактарда Н. тек қыстауларда ғана кездеседі. Қыстауларда көбінесе ағаштан биіктеп еден төселмей, тек табанының қара сылақпен сыланатындығына байланысты бөлменің бір бөлігіне ағаштан Н. жасалатын болған. Адамдар Н. үстіне отыратын, тамақтанатын және ұйықтайтын болған. Мұндай еденнен жоғарырақ жасалған нар қара жерге қарағанда біршама жылы болады және бөлменің аяқ киім, ерте туып қалған төлдер тұратын бөлігінен біршама жоғарырақ жатуға мүмкіндік беретін. Яғни, мұндағы Н. қыстаудағы үйдің жартылай еденделген түрінде болып келеді.

ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

НАР КІЛЕМ – көші-кон барысында түйеге теңдеп артқан жүктің үстіне жабуға арналған кілемнің атауы. XX ғ.-дың басына дейін дәстүрлі көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан казак қауымы көшке үлкен мән берген. Негізгі күш көлігі болған түйеге теңдеп жүк артып, үстіне көштің сән-салтанатын келтіру үшін көркемдеп тоқылған *кілем-кілше*, сондай-ақ, *көш сырмақ* жапқан (**к. Көш; Көш сырмақ**). Кейде, Н. к.-ді *қуырша кілем* деп те атайды (**к. Қуырша кілем**).



Нар кілем. Фрагмент. В.В. Верещагин.

Ұлы Петр атындағы антропология және этнография музейі (Кунсткамера) қорынан (И-674-126)

Әдеб.: Қасиманов С. Қазак халқының колөнері. Алматы: Қазакстан, 1995; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

НАРЕЛ – балық аулайтын аудың екі қанатын бір үкіден екінші үкіге айдап отыратын балықшы құралы. Нарелді түзу ағаштан жасайды. Оның ұзындығы 25-30 метрдей болады. Қыстыгүні нарелді бір ойықтан екінші ойыққа (үкіге) тура апару арқылы ауды жазып қояды. Әйтпесе мұздың астынан аудың қанатын іздеп әуре болады. Қыс кезінде балыққа ау құруды *жылым шашу* деп те атайды. Каспий, Арал балықшылары нарелді *прагон* деп атаған.

Әдеб.: *Айтазин К.* Каспий балықшыларының тіліндегі ау, құрал-сайман аттарымен байланысты кәсіби сөздер // Қазак диалектологиясы. 1-шығуы. Алматы: Қазак ССР-нің «Ғылым» баспасы, 1965. 149-159 бб; Қазак тілінің аймақтық сөздігі. Алматы: Арыс, 2005; ҚӘТС. 11-том. Арыс, 2009; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

НАРКЕСКЕН – басы өте қайқы болып соғылған қылыш түрі. Қылыштын бұл түрінің қайқылығы бірден алқымынан басталады, сондықтан кесу күші жоғары болады. Қазактар мұндай қылыштарды «*наркескен*» деп атаған.

Науанга және берді алмас қылыш.

Наркескен балдағы алтын – болат, құрыш.



1) Наркескен. 2-4) Батыс Қазақстанның құлпытастарындағы наркескендердің бейнелері. XVIII-XIX ғғ. 5) Наркескен ұстаған батыр (Дж. Кэстльдің суретінен). XVIII ғ.

Омар Шипин. «Наурызбайдың Досбол датқаны шақыра барғанда жолбарысты шанышканы».

Жанбатыр ұлы Тұрсынбай

Дулыға, сауыт соғады.

Соқтырды арнап ақ алмас,

Зәһәріне жылан суарды.

Жатқан нарды шапқанда,

Күйсеуімен қалады.

Иманжан Жылқайдарұлы.

(*Кенесары, Саржан*)

Наркескендерді казактар өздері де соққан, баска елдерден, баска халықтардан да сатып алып отырған. Болатының өте қайқы болып келуі әдетте *исфахан* (иран) қылыштарына тән болды. Ш.Ш. Уәлиханов казактардың мұндай қылыштарды да «*наркескен*» деп атағанын

жазады. Қазақ жауынгерлері өткір исфахан кылыштарын да жиі қолданған. Осындай *аспахан* (исфахан) кылыштар батырлық жырларда да айтылады.

*Толғамалы көк сүзгі,
Шанышса, қанға тоймаған.
Аспахани наркескен
Домалантып баспен ойнаған.*

(Кенесары, Саржан)

*Ұста жиып патша болсам періге
Аспанаңдай соқтырсам өткір қылышты.*

(Көрұғлы)

*Аспанаңды сілтегенде жауыңа
Ұзарады сол уақытта сегіз кез.*

(Қисса Көрұғлы)

Түркі тілді халықтардың ішінде «наркескен» сөзі қырғыз тілінде кездеседі. Қырғыз тілінің сөздігінде бұл атау «наркескен» және «наркескен» тұлғаларында беріліп, өткір, асыл кылыш деп түсіндірілген. «Ұстаменен дос болсаң, наркескенін аларсың» деген қырғыз макалы бар. Қырғыздарға наркескен атауы қазақтардан ауысуы мүмкін.

Әдеб.: *Валиханов Ч.Ч.* Вооружение киргиз в древние времена и их военные доспехи // Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений. В 5-ти томах / Редкол: А.Х.Маргулан и др. Алма-Ата: Издательство Академии наук Каз ССР, 1961. Т.1. С.464-466; *Киргизско-русский словарь.* В двух книгах. Около 40 000 слов / Составил проф. К.К.Юдахин. - Кн. 2. Л-Я. Фрунзе: Главная редакция Киргизской Советской Энциклопедии, 1985; *Қазақ халық әдебиеті:* Көп томдық / Қаз ССР Ғылым академиясының М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты. Алматы: Жазушы, 1986. Т. 4; Батырлар жыры Көрұғлы. 1989; *Хан Кене:* Тарихи толғамдар мен пьеса, дастандар. – Алматы: Жалын, 1993; *Ахметжан Қ.С.* Қазақтың дәстүрлі қару-жарағының этнографиясы. Алматы: Алматыкітап, 2006; ҚР ММ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

НАРКӨЗ – кішкене тостағанның, табақтың халық тіліндегі атауы. *Наркөз* деп көбінесе балаларға арнап жасалған ағаш тостағанды айтады (қ. *Тостаған*). Сонымен бірге кішкене тостаған табақтар ел ішінде *көзгелдек*, *көзгентай*, *көздей*, *көзелдек*, *көзенек*, *көзілдірік*, *ларен*, *чашек*, *чек* (Қытайдағы қазақтар тіліндегі *чек* – жас балалардың тостағаны), *шауқеншек* деп аталады.

Әдеб.: Қазақ тілінің аймақтық сөздігі. Алматы: Арыс, 2005; ҚР ММ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

НАРҚОБЫЗ – қобыздың үлкен түрі. Н. төмен дыбысты диапазонда ойналады. Оның ішегі мен қияғы жылқы қылынан жасалады (қ. *Қобыз*). Н.-дың төменгі жағы көнмен қапталатын болған, көн бұл жерде резонатордың ролін атқарады. Флажолетті ойнау тәсіліне байланысты Н. тембры адам даусына жақын дыбыс шығарады. Н.-дың даусы қоңырқай үнді, төменгі даусты дыбыстардан құралады. Қазақ тілінде ол дыбыстарды сипатына қарай *сарын* деп атайды. Осыған байланысты Н.-бен ойналған әуендерді де *сарын* дейді. Жалпы Н. ерте заманда көбінесе бақсылық музыкалық аспап болғаны белгілі, бұған бір жағынан Н. тарту арқылы түрлі жәндіктердің дауысының имитациясын жасау да негіз болған сияқты. Себебі бақсылық сарында жындардың, аққу-қаздың даустарын келтіріп басқа әлемнің тіршілік иелерімен тілдесу негізінде түрлі емдік, болжаулық амалдарды атқаратын болған. Бақсының Н.-ның жай музыкалық Н.-дан ерекшелігі оның

шанағының іш жағына айна сынықтары жабыстырылатын, бұл іс-шара бақсыны қорғайды деген сенім болған. Себебі айна сынықтарында көрінетін ұсақталған көптеген бейнелер жындардың бірігін кетуінен, яғни олардың күші шамадан тыс асып кетпеуінен сақтудың амалы деп қарастырылған. Осы қатардағы амалдарға Н.-ға бекітілген түрлі қоңыраушулар мен сылдырмақтар да жатады. Н.-ды ем домға пайдалануды Қорқыт есімімен байланыста қарайды (қ. *Қорқыт*).



Нарқобыз. ҚР ММ қорынан (КП 20265)

ҚР ММ қорында (КП 20265) Н. сақталған. Оның мойыны имек келіп, жылқы қылынан ішек тартылған. Шанағы терімен қапталып, артын айналдыра теріден жасалған баумен айқастырып, өріп байлаған. (Ұз. 149 см, ені 56 см, ішегінің ұз. 92).

Әдеб.: *Сарыбаев Б.* Қазақтың музыкалық аспаптары. Алматы: Өнер, 1980; *Қаймолдаұлы О.* Қорқыт Ата нарқобызы // ҚМ 1994, № 6. 53-54б; Ә. *Марғұлан.* Қорқыт: аңыз және ақиқат // Қорқыт Ата. Энциклопедиялық жинақ, Алматы: 1999; ҚР ММ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

НАРҚОСПАҚ – қос өркешті түйе мен нардың арасынан шыққан түйе малының тұқымы. Яғни, Н. – будан түйе. Дәстүрлі ортада аталмыш түйе тұқымының шығуы туралы пікірлер көп. Ол қазақ жерінің түйе өсіретін аймақтарына байланысты қалыптасақан.



Нарқоспақ. ОМЭЭ – материалдарынан

Айталық, кей жерлерде Н.-ты *нар маяға бураны шөгергеннен шыққан* десе, ал басқа өңірлерде оны *нар мен*

қоспақтан шыққан тұқым дейді. Бұдан шығатын қорытынды Н. белгілі бір түйе тұқымдарын будандастырудан шыққан азғындаған қоспақ. Н.-тың азғындаған қоспақ екендігін Махамбеттің Баймағамбетке айтқан төмендегідей жыр жолдардан да көруге болады:

...Сендей нарқоспақтың баласы,
Оңаша жерде маған кездесең,
Қайраңнан алған шабақтай,
Қия бір соғып ас етсем...

Сонымен, Н.-ты көшпелі орта түйешілерінің нар мен қос өркешті түйені будандастырудан шыққан түйе тұқымы деуге болады (қ. Түйе).

Әдеб.: Арғынбаев Х. Қазақтың мал шаруашылығы жайында этнографиялық очерк. Алматы: Ғылым, 1969; Махамбет Жыр – семсер. Алматы: Жазушы, 1979; Жақыпов Ә. Түйе өсірушінің түсіндірме сөздігі. Алматы: Қайнар, 1989; ҚӘТС. 11-том. Алматы: Арыс, 2009; ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

НАРПОСТАУ – колөнершілікте киімдік теріні қызғылт, күрең қызғылт түске бояу. Қазіргі уақытта ұмыт бола бастаған *нарпостау* сөзі байырғы кездегі той-томалақ, сауық-сайранның сәні болған қара өлеңдерде ұшырасады:

Шай тостаған дегенде шай тостаған,
Үстімде бешпетім бар нарпостаған.
Арғы атамды сұрасаң, қол бастаған,
Қолдан қиын болып на той бастаған?

Осындағы *нарпостаған* – *анар* және *пос* (*пост*) парсы сөздері. Анар «қабығы қалыңдау күрең қызыл түсті жеміс», ал *пос* (парсыша *пост*) – «тері», «қабық» деген мағынаны білдіретін атау. Сөйтіп, *анар+пост* тіркесі «анардың қабығы» деген сөз болып шығады. Әдетте екі сөз біріккенде, күрделі дыбыстық өзгерістер пайда болады да, олардың дыбыс құрамы жаңа сапаға көшеді. *Анар + пост* дегендегі сөздің ұшар басындағы дауысты түсіп қалып, сөздің буын саны ықшамдалған, сөз аяғында дауыссыздар қатар айтылмай, қазақ тілінің дыбыс заңдылығы бойынша «жұтылып» кеткен. Сонымен, дыбыстық жақтан ықшамдала келіп бұл тіркес *нарпос* болып айтылған.

Ертедегі колөнершілер, ауызекі деректе, анардың қабығын бояулық зат ретінде пайдаланып, мата, тері т.б. заттарды бояу үшін қолданған дейді. Ал кейбір деректерде *нарпостауды*, анардың түсіндей «қызыл түс алу» дейді. Күзде алма ағаштың қызғылт сары жапырағын қайнатып, теріні күрең қызыл түске *нарпостаған*.

Пост сөзі әр түрлі дыбыстық нұсқада (*бост*, *бұст*, *пұст* т.б.) көптеген тұрақты тіркестер мен мақал-мәтелдердің құрамында, жекелеген сөздердің түбірлерінде сақталып қалған. Мысалы: *жеті ата, жеті пұстаныңнан бері* деген тұрақты тіркес «түп-түкияныңнан бері» дегенді аңғартады. Мұндағы *пұстан* «тері» мағынасын білдіреді. Сондай-ақ «*Сене берме достыңа, сабан тығар постыңа*» деген мақалдағы *пост* сөзінің мағынасы да – «тері». «Алпамыс» жырында:

Атқа салдым пыстанды,
Мен кеткен соң, атажан,
Ақыры жерсің пұшманды, –

деген сөздер бар. Мұндағы *пыстан* «ердің үстіндегі көпшікті бастырып тұратын жалпақ қайыс», кей

жерлерде оны *тартпа* дейді. *Пыстан* сөзінің түп төркіні *пост* «тері» дегенді білдіреді. Міне, осылайша заттың атауы оның қандай нәрседен жасалғанын мезгеп тұрады.

Қазақ тілінде «жүнін үстіне қаратып, теріден жасалған жұмсақ төсенішті *бөстек* деп атайды.

Терісін ақбөкеннің бөстек қылған,
Ақ қыз оюлатып сырмақ салған.
Арқаларын бумалы жүкке сүйеп,
Отырды екі мейман барып соған

(И. Байзақов)

Бөстек сөзінің түбірі *бөст*, түптеп келгенде, парсының *пост* «тері» дегенімен төркіндес болып шығады.

Сөйтін, *пос* сөзінің (*пос[m]*, *пұс[m]*, *пыс[m]*, *бөс [m]*) түрлі дыбыстық әрі мағыналық нұсқаларының тұрақты сөз тіркестерінде, сондай-ақ халық шығармашылығында ақын өлеңдерінде ұшырасуы аталмыш атаудың көнелігін көрсетеді. Халық тілінің сөздік құрамындағы мұндай ортақ белгілер түркі және иран тілдес халықтардың өте ерте заманнан шаруашылық, мәдени, рухани байланыста болғанын байқатады.

Әдеб.: Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі. Алматы: Ғылым, 1966; Байзақов И. Екі томдық шығармалар жинағы. 2-т. Өлеңдер мен естеліктер. Құраст. М.Хасенов. Алматы: Жазушы, 1983; Уәли Н. Бұрынғыдан қалған сөз; ҚӘТС. 11-том. Алматы: Арыс, 2009; ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

НАРТ ЛАҒЫЛ – қып-қызыл шоқтай жайнап тұратын лағыл (тас); қызыл жақұт. Нарт лағылды жоғары лауазым иелері бас киімінің маңдайына дәрежелік белгі ретінде таккан: – *Қақ маңдайдағы* бармақтай нарт лағылы мен үстіндегі асыл желені ғана өзге. Сонымен бірге қазақ тұрмысында қызыл түсті лағылды текті тұқымнан шыққан адамдардың әшекей бұйымдарына (жүзік, алқа, сырға) орнатқан (қ. *Лағыл*).

Бас киімге қадаланған қып-қызыл лағылды халық тілінде *шоқ*, *қызыл шоқ* деп те атаған. Текті тұқымның немесе қызмет дәрежесі жоғары адамдардың лағыл тасты белбеуі *шоқ белбеу*, бөрікі *шоқты бөрік* деп аталып, ондай бұйымдар әлеуметтік айырмашы-лықтағы адамдардың киіну салтын білдірген (қ. *Шоқ*; *Шоқ белбеу*).

Н. л. атауының құрамындағы *нарт* сөзі кейде *нар*, кейде *нарт* түрінде «қызыл», «шымқай қызыл», «қып-қызыл» деген ұғымдарда жеке сөз ретінде және біріккен сөз сынары ретінде де жұмсала береді. Мәселен, оңтүстік өңір қазақтары тез пісетін кішкене қызыл бидайды *нарқызыл бидай* дейді. Ал күннің тым қызарып батуын күн *нарттанып батты*, қып-қызыл боп шығуын күн *нарттанып шығып келеді* деп сипаттайды. «*Қызыл*», «*қып-қызыл*», «*шоқтай жайнаған*» мағынасында қолданылатын *нарт*, *нар* сөздері, зерттеуші Ә. Нұрмағамбетовтің айтуынша, моңғол тілінде «күн» мағынасын білдіретін *нар*, қалмақ тілінде «бұлтсыз ашық күн» мағынасында қолданылатын *нарта* сөздерінен алынған.

Әдеб.: Кекілбаев Ә. Бір уыс топырақ. Алматы, 1974; Шойбеков Р.Н. Қазақ зергерлік өнерінің сөздігі. Алматы: Ғылым, 1991; Қазақ тілінің аймақтық сөздігі. Алматы: Арыс, 2005; ҚӘТС. 11-том. Алматы: Арыс, 2009; Нұрмағамбетов Ә. Бес жүз бес сөз. Алматы: Рауан, 1994; ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.



НАРУАН – көшпелі ортада нар түйеге жүк артуға арналған саты тәрізді құрылғы атауы. Бұл атау қазақ жерінің батыс өңірінде айтылады. Н.-ды Қазақстанның оңтүстік аймақтарында *зеңгі* деп атау қалыптасқан (қ. *Зеңгі*). Н. алыс қашықтыққа, ұзақ уақыт бойы ауыр жүк тиеп жеткізуге мүмкіндік береді. Оның мәні Н. кіре тарту барысында жолай уақытша аялдаған кезде жүк артқан нардың белін жазуға бірден-бір септігін тигізетін маңызы үлкен құрылғыға саналады. Екінші жағынан, керуенге жүк артуды әрі жеңілдетеді, сөйтін еңбек өнімділігін арттырады. Күніне бірнеше ондаған шақырым жерді жүріп өтетін керуенге жолай бірнеше мәрте аялдаған сайын түйенің үстіндегі жүкті түсіру, арту-тарту қиындық туғызатыны белгілі. Н. көмегімен ондай машақаттан құтылады.



Наруан. ҚР МОМ материалдары бойынша суретті салған Б.Досымов

XIX ғ.-дың ортасынан бастап қазақ жеріндегі алуан түрлі сауда-экономикалық байланыстардың дамуы кіре тарту жолымен жүк тасымалдау ісін дұрыс жолға қоюдың нәтижесінде қарқын алды (қ. *Кіре тарту*). Әсіресе, қазақ жеріндегі қалалар мен жәрмеңкелерге, Ресей мен Орта Азиядағы және Шыңжаңдағы базарларға жүк тасымалдаумен айналыстаны арнайы кәсіп иелері – кірешілердің қалыптасуы барысында Н. тәрізді еңбек өнімділігін арттырып жұмысты жеңілдететін құрылғылар олардың іс-тәжірибесінде енгенге ұқсайды (қ. *Кіреші*). Өйткені, бірнеше адам көтеріп теңдей алатын үлкен сауда тоғанақтарын күніне бірнеше рет арту және түсіруді Н.-сыз елестету мүмкін емес (қ. *Тоғанақ*). Мәселенің екінші қыры – кірешілер өзінің ауылдастары мен туыстарынан жалға алған түйелерді зорықтырмай бірнеше ай бойы пайдалану үшін де Н.-ның маңызы үлкен болған.

Кіре тартуда басты міндетін атқарған түйе түлігінің екі түрінің өзіндік ерекшелігін болды. Айыр түйеге карағанда нардың жүк көтерімділігі мен төзімділігі ерекше бағаланды. «*Нар жолында жүк қалмас*» деген ерекше сөз орамы осыған байланысты қалыптасса керек.

Жүк артылған нар түйенің арқасы мен өркешін қорғайтын *ауыт*, *ашамай*, *кәтеп*, *жазы* (немесе *жады*) сияқты әбзел-жабдықтар киізден немесе теріден жасалған төсеніш тәрізді етіп жасалынады. Олардың нар өркешіне нық тұруы үшін қой жабағысын немесе қоғамен толтырылған «дорбаша»

көмегімен тиянақталады (қ. *Жазы*; *Жабдық*). Өркешке түсетін жүк салмағын бөліп тұруға арналған *жазыағаш*, ком үстіне орнатылатын *ауыт* немесе *ашамай* (ыңыраш) сияқты жабдықтар салынады. Артқан жүк салмағы ашамайға, онан жазының шабағына түсіп, оның ауырлығы түйенің жонына көлбей түседі (қ. *Жүк арту*). Бұл азғана жүкті тиеуге және жақын қашықтыққа тасымалдауға жарамды болғанымен, ауыр жүкті алысқа жеткізу үшін Н. сияқты арнайы құрылғы ғана жарамды.



Наруан. Страницы старого альбома (Оренбург, 2009) атты еңбектен

Қазақ тілінің түйе түлігіне қатысты лексикасын зерттеген Ә.Жақыповтың еңбегінде Н. туралы мынадай мәлімет бар: «*түйенің шөккендегі биіктігінен сәл жоғарылау айқастырып жасалған екі сатыға қажетті жүктерді теңдейді де, оны (наруанды) төрт кісі төрт жақтау аяғынан көтеріп, шөккен түйенің үстінен қоя салады. Наруанның салмағы шөккен түйеге емес, төрт аяғымен тікелей жер бетіне түседі. Түйе жүктің салмағын орнынан тұрса ғана сезеді*». «*Ұзақ жолдың түйесі наруанда жатып демалар*» деген мәтел Н.-ның осындай маңызды қызметіне байланысты қалыптасқан. Н.-ға үлкен тең мен тоғанақты байлап сонан соң түйеге артуды *зеңгілеу* немесе *зеңгілен арту* деп атайды.

Әдеб.: Пантусов Н. Перевозочные средства в Туркестанском крае (по сведениям 1872, 1873 гг.) // Материалы для статистики Туркестанского края. вып. II, СПб., 1876. С. 124; Жақыпов Ә. Түйе өсірушінің түсіндірме сөздігі. Алматы: Қайнар, 1989; Касымбаев Ж.К. Казахстан-Китай: караванная торговля в XIX – нач. XX вв. Алматы: Өлке, 1996. С.128-149; Карағұлова Б.С. Тарихи жырлардағы кейбір әскери терминдер // ҚР ҰҒА Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. 1999. №5-6. 65-66-бб; Шығыс Сарыарқа, Қарқаралы өңірінің өткені мен бүгінгі. Алматы: Эверо, 2004; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

НАРЫН – ет пен кеспе немесе жайма қосындысынан әзірленген тағам. Н.-ды еліміздің көп өңірі біле бермейді. Ет асылғанымен, сорпасына қамыр турап жеу тек оңтүстік өңірлерде ғана сақталған тағам түрі болса керек. Басқа аймақтарда әзірленуі жағынан осы тағам түріне ұқсастары бар. Олардың «*үзбе*», «*кеспе*», «*салма*», «*салма нан*» деген т.б. әртүрлі атаулары бар.

Н. тағамының дайындалу әдісі төмендегідей: Ол үшін арнайы ет бөлініп, қазанға асылады. Тағамның негізгі дәмін

жылқы еті келтіретіні белгілі. Сондықтан сүйек-саяк емес, кара кесек ет асылады. Сүрленген ет болса, дәмі тіптен кіре түседі, тағамға өзіндік дәм беріп, сорпасы да құнарлы болады. Ет піскен соң сүзіп алып, бөлек ыдыста суытады. Ал көбігі алынған майлы сорпаның үстіне қайнаған су құйып, мөлшерін көбейтіп алады. Себебі салынатын қамырдың суы мол болуы керек. Бұл жайылған арнайы қамырдың жабысып қалмауы үшін жасалады. Н.-ның қамыры қатты болып иленуі керек. Әрі қалыңдау етіп жайылады. Сонда қамыр езілмей, біркелкі етіп түседі. Ары қарай піскен қамырды ыстықтай майлап, жая бастайды. Қолды күйдіріп алмау үшін бөлек ыдысқа салқын су құйып, қолды малып отырады. Жағылатын май құйрық немесе өсімдік майы болуына болады. Аса көп майлау қажет емес. Тек қамыр жабысып қалмайтындай жұқалап жақса жарайды. Әрі қарай жаймаланған қамырды әбден суытады. Салқындаған қамырды орап, жүзі өткір пышақпен кеспе секілді жіңішке етіп турау керек. Н. неғұрлым жіңішке болса, соғұрлым жақсы. Келесіде ет туралады. Ет те ұсақ туралуы керек. Ет туралып болған соң, туралған қамырмен бірге араластырылады. Енді сорпасын дайындау керек. Ол үшін қамыр қайнап болған сорпаны майда көзді сүзгіден өткізу қажет. Сонда сорпа таза болады. Туралған нарыннан аяққа, табаққа (шұңғыл) салып, бетіне ыстық сорпаны құйып, піскен қазы болса екі-үш тілім салып, тартуға дайын етеді.

Кей жағдайда қонақтан қалған етті келесі күні ұсақтап турап та Н. жасауға болады. Ондайда бөлек әзірленген кеспе немесе қиықналап кесіліп пісірілген жаймаға қосып, үстіне ыстық сорпа құйып та тұтынуға болады. Осындай түрімен қатар жалпы Н.-нды қыстың күндерінен тыс, бірер күнге сақтауға болады. Н.-нға деп әзірленген етті ұсақтап турап, салқындатып алады. Ал жұқа жаймаланған қамырын, қатты ыстық емес қазанға жеңіл қарып дегдіткен соң немесе қайнап жатқан ыдыстың бетіндегі ыстық қақпақтың үстіне кептіріп алған соң кертеді. Содан салқындатылған ет пен кеспені араластырып тегене сынды шұңғыл ыдысқа салып, бетін жауып салқын жерге қояды. Қажет кезінде сорпаны ысытып жіберін мөлшерлі ыдысқа құйып араластырып тұтынады.

Оңтүстікте ет жеуге байланысты қалыптасқан бір ерекшелік бар. Ет келген кезде «турап жейміз бе, әлде үрімдей жейміз бе» дейді. Еттің нанын турамай, етін де кесектей қалпында жеу – *үрімдей жеу* деп аталады. Ал турап жесе Н. болады, Яғни, Н. жіңішке, жіңішкелеп турау деген сөз. Қырғыздар етті ұсақтап, үгіп, тіпті, түтін тұрайтындығымен аты шыққан. Осыған сай «*өзбек пісірсін, қырғыз турасын, қазақ жесін*» – деген мәтел қалыптасқан. Кеген, Шелекте бірлі-жарым тараған ұсақ турау мен ет наны ретінде кеспе пайдалану бар. Соған қарағанда, Н. этномәдени байланыстар нәтижесінде енген еліміздің оңтүстік өңіріне тән тағам түрі болса керек.

Әдеб.: *Касиманов С.* Қазақтың ұлттық тағамдары Алматы: Қайнар, 1977; *Бейсенбиева К.* Ақ босаға. Алматы: Қайнар, 1988; *Сариев И.* Дастархан. Алматы: Қайнар, 1989; *Жилкубаева А.Ш.* Этнологическая

характеристика некоторых терминов питания казахского языка, связанных с традициями, обычаями народа // ИАН КазССР. Серия филологическая, 1990. С. 19-25; *Тлемесов Х.* Қазақтың ұлттық тағамдары Алматы: Қайнар, 1995; *Оспанов Д.М.* Қазақстанның Оңтүстік аймағындағы қазақтардың дәннен жасалған ұлттық тағамдары (XIX ғ. аяғынан қазірге дейін). Тарих ғылымдарының канд. дәрежесін алу үшін дайындалған дисс. Алматы, 1997; *Капанова Д.Е.* Ұн тағамдық атауларының анықтағыш сөздігі / Павлодар: Кереку, 2012; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

НАС – ұқыпсыз, салақ, өзін былапыт ұстайтын адам. Сонымен бірге, дәстүрлі ортада пиғылы, ниеті жаман адамды да осы ұғыммен белгілейді. Н. ұғымы арқылы тіршілік еткен ортадағы қалыпты жағдайдан өзгеше, адаминылыққа қарама-қайшы болып келетін іс-әрекет пен мінез-құлықты белгіледі. Лас деген сөзбен мағынасы жағынан ұқсас. Н. тілімізге парсы тілінен енген сөз. Ол адами мінез-құлыққа қайшы келетін, жағымсыз әрекеттердің иесі – кір, арам, лас, рақымсыз деген мағыналарды білдіреді (**қ. Албасты, Марту**).

Нас басу. Адамның керенау тартқан, енжар күйдегі қалпын білдіретін ұғым. Бұндай сергектіктен айырылып, еңсесі басылып, қолайсыздыққа тап болу және ұйқы басу сияқты құбылыстарды халық түсінігінде көбінесе адамға әсер ететін тылсым күш иелерімен (зиянкес) байланыстырады. Мәселен, іске кірісіп кетпей *кежегесі кейін тартып* жалқаурап, еріншектеніп отырған адамға қарата «*әй, нас басып отыр ма, тұр, қимылда*» деп жататыны белгілі. Яғни, әбден әлсіреген адамның күйін білдіретін – *құр сүлдері қалды* сөзі сияқты *жан* ұғымымен тікелей байланысты болуы сондықтан. Бірақ, Н. – ауру-сырқау адамның әлсіз күйін емес, әл-қуаты бойында, дені сау адамның енжар күйге түсуін айтатынын ескеру ләзім. Лас, салақ адамның қылықтарына байланысты «*нас басқанды бит басар*» деген мақалмен белгілеп, ондай адам есін жиып, серпілмесе әдетке айналатынын меңзеген. Ал, ноғай халқында албастының еркегін *кіркөйлек* деп атауына қарағанда адамға зиян келтіріп, қастандық жасайтын жаман күш иелерінің Орта Азия халықтарына тән ортақ сипатын аңғаруға болады. Қазақы ортада қарғыс айтуда «*нас басқыр*» деп қолданады (**қ. Қарғыс; Нәлет**).

Әдеб.: *Оңдасынов Н.* Парсыша-қазақша түсіндірме сөздік. Алматы: Қазақстан, 1974; *Қасқабасов С.* Қазақтың халық прозасы. Алматы: Ғылым, 1984; *Мустафина Р.* Представления, культы, обряды у казахов. Алма-Ата: Қазақ университеті, 1992; *Сағындықұлы Б.* Ғаламның ғажайып сырлары. Алматы, Ғылым. 1997; *Құсбегин Б.* Зука Батыр. Алматы: Атажұрт, 2000; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

НАСАЙ-ТОПЫР – киіктердің үйірге түсетін мезгілінде текелерінің сүзісіп, таласқа түсін жатқан көрінісі; киік текелерінің шайқасы. Бұл мезгілді халық тілінде *теке бұрқылдақ* деп бейнелеп айтады. Теке бұрқылдақ күздің соны мен қыстың бас кезіне тура келеді. Тілдік қолданыста «*берекесіз, бей-берекет, апыр-топыр*» деген ұғымды білдіреді (**қ. Киіктің матауы**).

Әдеб.: *Кейікін Ж.* Қазақы атаулар мен байламдар. Алматы: Өлке, 2000; ҚӘТС. 11-том. Алматы: Арыс, 2009; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

НАСИХАТ – қазақтың төл мәдениеті тұрғысынан алғанда, ең алдымен ел-жұртты игі іске бастайтын, ахлақ (мораль) жолына шақыратын ақын-жыраулардың, би-



шешендердің, имам-ишандардың ауызша сөз өнерінің туындылары мен ұрпақтан-ұрпаққа таралып жеткен аңыз-әңгіме, әпсаналар деген түсінік көрініс береді. *Араб тілінен алынған бұл сөз аударғанда кеңес беруші, шын көңілімен қараушы деген мағынаны білдіреді. Қазақ тілінде оның негізгі мағынасы кеңес, ақыл дегенді қамтиды. Бұның негізінде осы сөзде өсиет, уағыз деген екінші мағына да қалыптасқан.* Бұлардың барлығының дені адамды бір әрекеттер мен амалдардың, мінез-құлық қасиеттердің пайдалылығын дәріштеуге немесе зияндығын түсіндіруге саяды. Әдетте, Н.мағынасындағы мұндай туындылар тыңдаушысына әсер етудің тиімді тәсілдерін қолданады. Н. айтушы теріс әрекеттерден сақтандыру үшін бұйрық формасын, тікелей сол әрекеттерді бірден терістеу құралдарынан гөрі өзінің не басқаның өмір тәжірибесіндегі осындай теріс әрекеттің қайғылы салдарын немесе осы салдардан туындаған өзінің қайғылы жан күйзелісін, игі істерді орындаудан алған оң нәтижені, жақсы сыйлықты сипаттап дәріптейді. Яғни, зиянды әрекетке қатысты табиғаттағы басқа дүниелермен параллель келтіруді жиі қолданады. Мәселен, Шәкәрім Құдайбердіұлының Піл мен маймыл деген қысқа туындысында соңғы әдіс қолданылған: *Пілдің бар жақсы көретұғын жемісін жүретұғын соқпаққа шұбатып шашып, оны тереңдеп барып тұйық жар қылып қойса, піл жемісті тере-тере тұйыққа қамалады. Сонда артын бекітіп қойып біреу ұрған болып, біреу арашалап алып әлгі жемісті беріп, үйір қылып алып көп жүк артып һәм ойнатып жетелеп жүреді. Маймыл адам не істесе, соны істеуге құмар. Оны білетіндер маймылға көрсетіп тұрып өзін торға орап, шырмап тұрып бірдемнен соң тордан шығып анандай қашықтық жерге барып қарап тұрса, құды адамның істегенін маймылда қайталап торға оралып жатқанда маймылды ұстап алып үйретіп неше түрлі ойын ойнатқызады. Қалаға барғанда екі маймылды ойнатып жүрген адамды көрген де шығарсыз. Енді бұл екеуі бір нәпсісі үшін, тамақ үшін құл болды. Бірі не көрсе соған құмар боламын деп құл болды. Шайтан да бізді сөйтіп алдап дәндетіп үйір қылады. Алдын-ала сақтану керек. Піл артынан кейін шегінуді білмегеннен ұсталды. Біз шегіне білеміз ғой. Шегініп қаралық. Маймыл құмарлығын қоя алмады, ұсталды. Бізде сабыр бар ғой, Аллаһқа сыйынып алдатпай гадет (әдет) қылған күнәні қалдырып көрелік.*

Дәстүрлі қазақ қоғамында Н. ерекше қызмет атқарған. Ол қазіргі заманғы біржола саяси сипат алып кеткен насихаттан принципті түрде ерекшеленген. Н. айтудың ең басты қызметіне жеке тұлғаның бойындағы сабыр, ар-ұят, иман, еңбек сүйгіштік, алғырлық, адалдық, батырлық, т.б. жақсы қасиеттерді дәріптеп, еріншектік, берекесіздік, корқақтық, ұятсыздық, бос сөздік, ездік, т.б. жаман қасиеттерден сақтандыру арқылы қоғамдық ахлақтың (мораль) саламаттылығын сақтап отырған. Сол арқылы қоғам тұтастығы мен бірлігін қамтамасыз етіп отырған. Бұл маңызды істі жүзеге асырушылар дәстүрлі

қазақ қоғамының «зиялылылары» ақын-жыраулар, би-шешендер, имам-ишандар болған. Сонымен бірге Н. айту әрбір әулеттің ақсақал қарияларының да ұрпақ алдындағы міндетіне айналған. Үлкен кісілер әдетте өз өмірінің мысалынан, басқалардың мысалынан үлгі келтіріп, жастарды тәрбиелейтін, олардың рухын, дінін, ділін ұлттық негізде қалыптастыратын кеңестері мен ақындарын айтып отырған. Мұндай мазмұндағы әңгімесіз көптің басы қосылған ешбір жиын, тіпті думанды дүрмектің өзі өтпейтін. Кез келген кәрі-жастың басы қосылған салттық жиындарда Н. айтылмай қоймайтын. Н-ың негізгі тақырыптары *адамның бойындағы жақсы-жаман қасиеттер (ахлақ мәселелері), елге пайдалы адам болу (азаматтық, әлеуметтік мәселелер), қазақ болу (ұлттық тәрбие мәселелері), мүмін болу (діни тәрбие), жақсы жігіт, жақсы ер, жақсы әйел, жақсы бала (отбасы тәрбиесі) мәселелеріне саяды.*

Ислам дініндегі Н. ұғымында шын көңілімен, таза ниетімен қарау деген де мағына бар. Бұл туралы Мұхаммед пайғамбардың хадистерінде де айтылады. Шарифат бойынша насихат – *адамға шын көңілден жанашырлықпен, арам пияғысыз, өтірік қоспасыз айтылған, ешбір пайда көздемейтін ақыл-кеңес.* Бұл – игі тілектестік пен мейірімділік нышаны. Ең алдымен Аллаға деген шынайы қарым-қатынас. Осы туралы белгілі хадисте насихатты, яғни қайырлы істі кім үшін жасау керек деген сахабалардың сұрағына пайғамбар (с.ғ.с) «Аллаһ үшін, пайғамбар үшін, мұсылмандардың имамдары және үмбет үшін» деп жауап береді. Демек, *ислами түсініктегі насихат ең алдымен «Аллаһ үшін» болуымен ерекшеленеді. Бұның мәнісі Хақ тағаланы таныту және өзгелердің көңілінде Оған деген шексіз сүйіспеншілік сезімін оятуға талпыну дегенді білдіреді.* Сондай-ақ, мұсылманның насихаты *сөз жүзінде ғана емес, амал-ғибадаттары, өзінің үлгілі жүріс-тұрысы, сырт қалыбы мен ішкі жан-дүниесінің үлгісі арқылы да жүзеге асады. Басқаша айтқанда, мұсылман адам бар болмысымен Аллаға насихат (дұрыс қатынаста болу) жасау керек.*

Әдеб.: Тұрсынов Е. Қазақ ауыз әдебиетін жасаушылардың байырғы өкілдері. Алматы: Ғылым, 1976; Арабско-Русский словарь. Составил проф. Х.К. Баранов. М: 1958; Ш. Құдайбердиев. Шығармалары. Алматы: Жазушы, 1988; Ш. Құдайбердіұлы. Мұсылмандық шарты. Алматы: Қазақстан, 1993; Нүсіпқасұлы А. Ағаш бесіктен жер бесікке дейін. Үрімжі, Шыңжаң жасар-өрелдірі, 2006; Ибадуллаев С. Ақида (мұсылмандық таным тұғырнаması). Алматы: Ғибадат, 2009; Исаұлы М. Мәңгі мұзжиза. Алматы: Ислам мәдениеті мен биімін қолдау қоры, 2011; Құрманбаев К. Хадис ілімі. Алматы: Нұр-Мұбарак, 2010; КР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

НАСЫБАЙ – темекі ұнтағына түрлі өсімдік қоспаларын араластырып жасайтын, құмарлық үшін тұтынатын зат. Н. қазақ даласына орыс, қытаймен сауда дамыған кезеңде келді. Н.-дың адамды өзіне елітіп, құмар қылатындығы оның көшпелі ортаға тез таралуына ықпал етті. Өйткені, Н.-ды атқанда адамның қан қысымын көтеріп жіберетіндіктен, ұйқыны қашыратын әсері бар. Сол себепті Н.-ды аруды адам тез арада әдетке айналдырады.

Насыбай ұқалау. Н.-ды дайындау үшін арнайы ағаштан жасалған кішкене ыдыс колданылады. Оны *насыбайшелек*, *насыбайкелі* немесе *насыбай тостаған* деп атайды. Насыбайшелекті талдан немесе теректен жасаған. Ол үшін ағашты таңдап алып, оның түзу жерінен кесіп алады. Насыбайшелек мықты, берік болуы үшін оның екі ұшына батпақ немесе сиырдың жапасын жағып, көлеңке жерде кептіреді. Ол әбден қаңғырап кепкен соң ортасын арнайы құралдармен кеулеп, үнгиді. Сосын сыртын ыдыс түріне келтіріп жасайды. Насыбайшелек әдемі көрінуі үшін қойдың *құйрықмайын* жұкалап жағып біраз уақыт қойғанда, ол кеуіп, жалтырап шыға келеді. Кейде сырты тегіс әрі жылтыр болуы үшін қайыспен әбден ысқылайды. Дәстүрлі ортаның насыбайшылары насыбайшелекті бірінен-бірі сұрап пайдаланатын. Аталмыш ыдысқа кепкен темекі жапырағын салып ұнтақтайды. Сосын ұнтаққа *қылыша*, *тобылғы*, *сексеуіл*, *ариша* немесе *қайыңның күлін* қосып, белгілі бір мөлшерде суды араластырып отырып эзірлейді. Осылайша, дайындалған Н.-дың белгілі бір мөлшерін еріннің астына салады да, оның сөлі бөлінетіндіктен ауық-ауық түкіріп отырады. Ал Н. еріннің астында тұра береді. Белгілі бір уақыттан соң оны түкіріп немесе алып тастайды. Бұны *насыбай ату* деп атайды. Кейде оның әсері күшті болуы үшін тілдің астына салып та атады. Темекі ұнтағына жоғарыда аталған өсімдіктердің ұнтағы қосылған соң дайындалған заттың иісі де ерекше ащы әрі өткір болатындықтан, оны атпай, иіскеп те құмардан шығатын болған. Мәселен, қария кісілер немерелерінің *насыбайын атып қоюы* Н.-ға деген құмарлықтан шыққан. Дәстүрлі ортада осылайша, Н.-дың зияндылығы ескерілмей, қариялардың Н. атуы ерсі саналмаған. Уақыт өте келе, көшпелі ортада Н.-ды түнде мал күзеткендер, жолаушылап жолға шыққандар, сондай-ақ көңіл-күйді қалыптыдан да көтергісі келгендер тұтынатын болды. Осылайша, Н. қазақтар арасына кеңінен таралып, оны атушылардың саны көбейгенін *«Адам көңілі бір атым насыбайдан қалады»*, – деген мәтелден де көруге болады.



Насыбай. ОМЭЭ – материалдарынан

Н.-дың бұйра насыбай деп аталатын түрі де бар. Бұлай атау оның сыртқы түріне байланысты шыққан. Оның ерекшелігі жоғарыдағы әдіспен дайын болған өнімді арнайы жасалған тесік қалбырдан, яғни елеуштен өткізетіндігінде.

Н.-ды үнемі ататындар оны арнайы жасалған *құтыға* (*ыдысқа*) салып өзімен бірге алып жүреді. Оны *шақша* немесе

насыбайшақша деп атайды (**қ. *Насыбайшақша; Шақша***). Дәстүрлі ортаның шеберлері насыбайшақшаны көбінесе сиыр мен ешкінің мүйізінен жасаған. Шақшалардың ішінде арқардың мүйізінен жасалғаны жоғары бағаланған. Арқар шақшаны көбінесе, сал серілер мен ауқаттылар ұстаған.

Шақшаны шеберлер кейде тапсырыс бойынша да жасаған. Тапсырушының талабына сай күміспен күптелін, алтынмен апталған түрлері де жасалады. Олардың бетіне түрлі өрнектер басылады (**қ. *Арқар шақша***).

Әдеб.: Қасиманов С. Қазақ халқының колөнері. Алматы: Қазақстан, 1995; Кенжеахметұлы С. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. Алматы: Алматыкітап, 2004; ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

НАСЫБАЙШАҚША – насыбай салуға арналып жасалған ыдыс. Н.-ны *шақша* деп те атайды (**қ. *Шақша***). Дәстүрлі ортада кепкен темекінің жапырағына қылша күлін қосып түйіп дайындап, құмарлық үшін тұтынатын затты *насыбай* деп атайды (**қ. *Насыбай***). Насыбайды үнемі тұтынатын, яғни ататындар оны арнайы жасалған құты, ыдыстарға салып өзімен бірге алып жүрген. Бұндай ыдыстарды *насыбайшақша* десе, ал насыбай ататын кісілерді *насыбайшылар* деп атайды. Насыбайшылар Н.-ны ішінара өздері жасағанымен, көбінесе арнайы шеберлерге жасататын. Н.-ды ешкінің, сиырдың мүйізінен жасаған. Мәселен ҚР МӨМ қорындағы Н. (КП 5956) сиырдың мүйізінен балық түрінде жасалған. Түбінде мүйізден істелген тығыны бар. Ал, сүйір жағын балықтың басына ұқсас етіп жасап, балықтың көзі кейпінде дөңгелек жез орнатылған.

Н.-ны жасағанда алдымен мүйізді жақсылап тазартады. Сосын балқытып, қажетті пішінге, қалыпқа келтіріп, қырып, жонып өңдейді. Н.-ға ауыз, яғни тығын жасап оны белдікке тағып жүру үшін кішкене шынжыр мен мойнынан іліп қояды.



Сиырдың мүйізінен жасалған шақша. ҚР МӨМ қорынан (КП 5956)

Н.-ны іс тапсырушының талабы бойынша екі бетін алтын немесе күміспен қаптап та жасайды. Кейде жезбен де көмкерін жасайды. Асыл қымбат тастарды орнатқан түрлері де кездеседі. Осылайша Н. жасалуына байланысты *сары шақша*, *жез шақша*, *алтынды қара шақша*, *күміс шақша*, *арқар шақша* деген түрлерге бөлініп, ерлердің қымбат бағалы бұйымына айналды.

Әдеб.: Шойбеков Р.Н. Қазақ зергерлік өнерінің лексикасы. Алматы: Қазақстан, 1993; Қасиманов С. Қазақ халқының колөнері. Алматы: Қазақстан, 1995; Кенжеахметұлы С. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. Алматы: Алматыкітап, 2004; Қазақтың шеңендік сөздері. Құраст: Адамбаев Б. Алматы: Ана тілі, 2007; ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.



НАУ – әсіре даукес, дауласуға тым шебер адамдардың жиынтық бейнесінің атауы. Бұндай жандар түймедейді түйедей етіп, шешімі киын дауда ұтып та кетеді. *Нау құрымай, дау құрымайды* дейді қазақ мақалында. Әр түрлі аңыз әңгімелерде айтыла келіп, Нау – жалқы есімнен жалпы есімге айналған атау.

Мәшһүр Жүсіп кезінде ел аузында айтылып жүрген Нау туралы аңызды көркем де, кестелі тілмен хатқа түсірген. Сол аңызда өзен жағалап, құс салып жүрген екі саятшының қолқа алысайық, тамыр болысайық, деп, бір-біріне барғаны, насыбай шақшасынан насыбай атқаны, сөйтін жүріп, шақша иесінің қалауға қара жорға тай алғаны, сол тайдың түбінде топжарған атақты бәйге аты болғаны айтылады. Ас пен тойда бәйгенің алдын бермейтін қара жорғаны көргенде бұрынғы тай иесі де, оның ауылдастары да іштері күйеді. Ақыры тамырынан қалауына елеулі нәрсе алмақ болып, қолқа салып кісі жібереді. Бірақ әлгі тамыры қалауына насыбай шақшасын бергенін айтып, құр қол қайтарады. Ақыр соңында екі тамыр бірі талапкер, бірі жауапкер болып бидің алдына жүгініске барады. Жауапкер тамыр кезінде қалауына қаражорға тайды бұл күнде бәйге аты болған қара жорғаны, оған қоса қозылы қойды алғанын мойындай отырып, бірақ талапкердің сол кезде қолқа салып, насыбай шақшасын қалауға алғанын айтып міз бақпайды. Біреуінің қалауға жорға алғаны, екіншісінің қалауға насыбай шақша алғаны биге де, жиналған жұртқа да қисынсыз көрінеді. Сонда би:

– *Жаным, шақшаның не артықтығы бар еді? – дегенде.*

– *Шақшамды айтайын, – депті, – Шақшам серке мүйізінің тақысы еді, қозылы қой өзінің ақысы еді. Орай салған жезі бар еді, тоқсан маржан көзі бар еді. «Толық бір тайды, соны жез» – деп, маржандаған ұстаның қолқасына берілген кезі бар еді. Және: «Өзін сатса, бір түйе, бір атқа алар едік-ау!» – деген әркімнің сөзі бар еді. Және онымен қойды ма?! Бір шақшаны істеп бергендігіне тайды азсынып: «Тау жайлаймын» – деп, наршамды алды, «Ой қыстаймын» – деп, шотымды алды, «Қыр қыстаймын» – деп, балтамды алды. «Қалауым» – деп, бөрте атымды алды, «Жау шауып кетті!» – деп, торт атымды алды. Қайқы келген қара атымды алды, тілік құлақ сары атымды алды. Сары аттың енесі кішкентайына – бие еді, әкесі тұлпарға жиен еді. Енді сол шақшамды өзіме қайырса, мен қара жорғасын да, қозылы қойын да өзіне қайырып беріп, шақшамды өзіме бергендігі үшін, үйіме ертіп барып, қалаған атын мінгізейін, үстіне тон кигізейін! – дегенде, отырған жұрт: «Бұған не айтасың?» – дегенде:*

– *Сөз тапқанға қолқа жоқ, сөз тапқанға қолқа жоқ! – деп, тұра жөнелді дейді.*

Шақша иесінің аты Нау екен. «Нау құрымай, дау құрымайды» – деп жұрт аузына ілінген алаяқ екен.

Қазіргі халық тілінде көне атауға айналған бұл атау «Қазақ шежіресінде» ұшырасады:

*Халықта әрбір түрлі дау болады,
Шешпесең даудың арты жау болады.
Әрбіреу өз ісін тура дейді,
Таластан қалай адам сау болады?*

*Таразы сөзді өлшейтін шындық керек
Кейбіреу дауға шебер Нау болады.
Кезінде ушықтырмай, шешпеген іс,
Үйіліп, бара-бара тау болады.*

Нау құрығанмен қазақ қоғамында Нау тақылеттес адамдардың типтері пайда болды. Әсіресе Ресей отаршылығы заманында, одан берідегі Совет дәуірінде арызқойлар, домалақ арызшылар тәрізді типтер пайда болды.

Әдеб.: *Мәшһүр-Жүсіп Көнеіұлы*. Шығармалары. 5-том. Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2005; Қазақ шежірелері. ҚХР. «Іле» баспасы, 1990; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

НАУА – төрт түлік малға жем, тұз, су беруге арналған ұзынша ыдыс. Н.-ны ұзыншау етіп жалпақ тактайдан құрастырады немесе бүтін ағаштан шауып, тіптен темірден иіп, тастан қашап та жасаған. Н.-ны ағаштан құрап жасағанда табанына ұзынынан тактайлар төселіп, екі қапталы және екі басы ағаштармен жабылып жасалған. Ал ерте кездерде *қасшы* деп аталатын тас қашаумен айналысатын адамдар тастан *диірмен*, *тұлықтас* т.б. заттар жасаумен қатар *тас Н.* жасауды да кәсіп еткен. Сонымен бірге кейінгі уақытта қалың қаңылтырды қиып жапсарларын жымдастырып *темір Н.-лар* да жасалған. Н. ішіне кейде ұсақ мал түсіп алатындықтан, оның үстінен ұзынынан жіңішке ағаш кесіндісінен арқалық жасалған.



Құдық басындағы науа. ҚР МОМ қорынан (НКП 3020)

Н.-ның екі шетінен де мал жем жеуге, тұз жалауға, су ішуге қолайлы болып келеді. Малға тұз салып қою үшін жасалған Н.-ның түрі *ащы Н.* деген атаумен де аталған. Бұндай Н.-ларды қой қораның ортасына, желінің маңына т.б. мал келетін орындарға қойып тұз салып қойған (*қ. Ащы науа*).



Темір науадан су ішіп жатқан қозылар.
ОМЭЭ – материалдарынан

Сонымен қатар күмісті ерітетін, күміс құятын кішкене темір ыдыс пен балықшылардың балықтарды бір-екі күн тірідей сақтауға арналған ағаш ыдысы да Н. деп аталған.



Ағаш науа. ҚР МОМ материалдары бойынша суретті салған Б.Досымов

Қазақ жерінің кейбір аймақтарында суды көбінде құдықтан алатындықтан, мал суару үшін құдық басына үлкен астаулар қойылған. Оған толтырылған суды Н.-ға күйіп малға беретін болған.

Әдеб.: Қазақ совет энциклопедиясы. Бас ред. М.Қ. Қаратаев. 9-том. Алматы: ҚСЭ, 1976; Шойбеков Р.Н. Қазақ зергерлік өнерінің сөздігі. Алматы: Ғылым, 1991; Қазақ дәстүрлі мәдениетінің энциклопедиялық сөздігі. Құраст. А.Құралұлы. Алматы: Сөздік-Словарь, 1997; Қазақ тілінің аймақтық сөздігі. Құраст.: Ғ.Қалиев, О.Нақысбеков, Ш. Сарыбаев, А.Үдербаев және т.б. Алматы: Арыс, 2005; Қамалашұлы Б. Қазақтың байырғы баспаналары, үй-жиһаздары, ұлттық киім-кешек, ыдыс-аяқ, ас-сусын, тамақ-тағамдарына қатысты салт-дәстүрлері. Алматы: Өнер, 2006; ҚӘТС. 11-том. Алматы: Арыс, 2009; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

НАУАТ – қантты балқыта қайнатып қатырған, түсі мұз секілді мөлдір, дәмі тәтті, кесек әрі қатты тағам. Н. бауырсақ, құрт, ірімшік, қаныт, кәмпітпен бірге дастарқанға уатып салынады (қ. *Аққұйрық шай*). Оны уатуға кейде кішкене кешілер пайдаланған (қ. *Бәйбіше келі*). Н.-тың тәттілігіне үйір бала-шағадан өзге, оны ата-апалар ауызының дәмін кіргізу үшін шүберекке түйіп жан қалтасына, тіптен апалар кішкене сандықшасына салып сақтап қояды. Ал, оны бөлуге арналған апалардың кемпірауыз аспабы сияқты кішігірім *науатшаққыштары* болады.



Науат. ОМЭЭ – материалдарынан

Сонымен бірге Н.-тың мөлдірлігіне, тәттілігіне балап, сондай болып өссін деген ниетпен қыз балаларға Науат есімі беріледі.

Әдеб.: Қазақ дәстүрлі мәдениетінің энциклопедиялық сөздігі. Құраст. А.Құралұлы. Алматы: Сөздік-Словарь, 1997; Кейкін Ж. Қазақы атаулар мен байламдар. Алматы: Олке, 2000; Манкеева Ж.А. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері. Алматы: Жібек жолы, 2008; ҚӘТС. 11-том. Алматы: Арыс, 2009; Кенжеахметұлы С. Қазақ халқының тұрмысы мен мәдениеті. Алматы: Алматыкітап, 2010; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

НАУБАЙ – нан пісіретін орын. Ертеде нан пісіріп сататын адамды *наубайшы* десе, кейде *наубай* деп те атау кездеседі. Н. тек отырықшылар арасында ғана болған. Көшпелі ортада негізінен ет-сүт өнімдерін көп мөлшерде тұтынғандықтан, нанды аса көп пісіре бермегендіктен, қазақтар арасынан Н. көп кездеспейді. Қазақ нанды аса қадірлегенімен, оны сатумен айналыса қоймаған. Қазақ наубайшылары малы мен күш көліктерінен айырылған *жатақтардың* арасын ғана кездесіп отырған. Қазақ арасында бұл кәсіпті көп кездесе бермейтін, таңсық кәсіп ретінде қарайтындықтан: «*Қайта-қайта нанды айтасың, акең наубайшы ма еді?*» – деген сөз орамы да қалыптасқан.

Н.-шылық негізінен қазақ даласына келген ұйғыр, өзбек, орыс сияқты өзге отырықшы халықтардың арасынан жиі шыққан. Олар қазақ даласындағы қалалар мен ауылдарда орналасып, өздерінің *наубайханасын* ашып, нан өнімдерін сатумен айналысқан. Мұндай наубайшылар нан пісіруді кәсіп еткендіктен көшпелі қазақтарға қарағанда нан түрлерін өзгешелеу жолдармен даярлаған. Олар қазақтар сияқты нанды неғұрлым құнарлылығына, тойымдылығына қарай емес, адамды тартатын дәмділігі мен хош иісінің болуына баса назар аударған. Неғұрлым аз ұн жұмсап, барынша көмпейте ашытып, дәмін кіргізетін қосиалар қосқан. Сондықтан да олардың наны жұмсақ әрі дәмді, хош иісті болып келген. Көбінесе Н. базар мен жәрмеңке маңына шоғырланған. Базар мен жәрмеңке маңында көзге бірден байқалатын керуеншілер мен осы Н. болған. Осыған орай «*наубайдың көңілі нанында, керуеншінің көңілі нарында*» – деген мақал бар. Қазақ өзінің малы мен мал өнімдерін сату, айырбастау мақсатында базарлар мен жәрмеңкелерге келін, Н.-дың нанын қызық көріп сатып алатын болған. Сондықтан да Н.-шылық кәсіптің өзі қазақ арасында кең таралмаса да, халық оны жақсы білген. Н. көбінесе пісірген нанын өзі, кейде арнайы сатушы арқылы сататын болған. Осыған орай



қазақта: «*Наубай жасаған нанын біледі, піскені мен қамын біледі, сатушы оның санын біледі*» – деген нақыл сөз де бар.

Кеңінен таралған шағын Н.-да негізінен кішірек *тандыр* мен *орыс пеші* ғана орналасқан. Кейде мұндай тандырлар мен пештер арбаның үстіне де орнатылып, қалаған жеріне сүйретін апаруға мүмкіндіктері болған. Оған пісіретін қамырды бірер күн бұрын үйде даярлап қоятын болған. Даяр қамырдан нан түрлері жасалғаннан кейін Н.-ға әкелін, тандырдың немесе пештің ішіндегі жанған оттың табына пісіріп отырған. Осылайша жаңа піскен нанның хош иісімен алушыларды өзіне тартып, нанды көбірек сатуға мүмкіндік жасаған. Мұнымен қатар кейде нанды табаға, майға пісіру тәсілдерімен де даярлаған.

Қалалық жерде бірнеше адам жұмыс атқаратын тұрақты үлкен Н.-лар да болған. Ірі Н.-ды нан сатумен айналысу мақсатында жеке адам меншігінде және шіркеу, әскери казармалар, интернаттар сияқты қоғамдық орындарда болған. Мұндай Н. арнайы үйде орналасқандықтан ұн, отын-су сақтайтын, нан илейтін және ашытатын орындары болады.

ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

НАУҚАН – белгілі бір уақыт аралығында жаппай қауырт атқарылатын іс. Қазақы ортада көптеген істерді Н. ретінде өткізу кеңінен тараған. Н.-дық істер нақты бір мезгілде және белгілі бір мерзімде атқарылуы қажет болғандықтан көбінесе көпшілік болып бірлесіп жүргізілетін және ондай істерге жарамды адамдардың барлығы да атсалысатын болған. Н. шаруашылық, ғұрыптық, саяси және т.б. сипатта орын алып отырған.

Көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан қазақта малды жаю, қору, емдеу сияқты малдың бағым-күтіміне байланысты көптеген күнделікті шаруалардан бөлек малды *төлдету*, *тоғыту*, *күзеу*, *пиштіру*, *ен салу*, *қырқу*, *күйек байлау* сияқты науқандық істер атқарылады. Оған қоса *дән себу*, *астық ору* (*орақ науқаны*), *астық бастыру* сияқты егіншілікке қатысты жұмыстар да болған. Н. кезінде атқарылатын жұмыстың ауқымдылығына байланысты мүмкіндігінше іске қатысуға тиісті адамдар түгел жұмылдырылды. Өйткені кейбір шаруалардың ауқымдылығына қарамастан белгілі бір уақыт аралығында неғұрлым тез бітіріп алу қажет болған. Әйтпесе қалыпты шаруашылық үрдісінде кешігушілік зардаптары өзге істерге тиуі, шығындардың болуы мүмкін. Сонымен қатар ауқымды істердің ұзаққа созылып, мезі етпеуі үшін Н.-ға барлық күшті жұмылдырып, тезірек бітіріп тастаудың да өзіндік артықшылықтары болған. Н.-ға адамдар көбірек араласуы үшін кейбір жағдайда *асар*, *үме* ұйымдастырылады (*қ. Асар; Үме*). Сонымен қатар сырттан өзге де қолы бос адамдарды көмекші ретінде арнайы алдырып немесе жалдап та отырған. Өзінің малы аз, егіні шағын кедейлер арасынан өзге дәулетті адамдарға *мал төлдету*, *қой қырқу*, *шөп шабу*, *егін ору* тәрізді қосымша жұмыс күшін қажет ететін Н.-дық жұмыстарға жалданатын *науқаншылар* шыққан. Олардың ішінде нақты бір іске өте шебер, жақсы маманданған адамдардың болғаны белгілі. Мұндай науқаншыны істейтін ісіне орай – *қырықтықшы*,

орақшы, *шалғышы*, *сақпанышы* деп атап, тиісті науқанды жұмыстарға арнайы ақы төлеп жалдап отырған. Осыған орай «*еріншек егіншіден, ерінбеген науқаншы озады*» деген мақал да қалыптасқан. Қазақта Н. үстіне келіп қалған адамдар *қол қуатты болсын!*, *қырқар көбейсін!* *қазар көбейсін!*, *алар көбейсін!* деген сияқты тілек білдіріп дәстүрі бар. Тілегін білдіріп, амандық-саулық сұрасқаннан кейін оның мұндай науқандық шараларға міндетті түрде көмектесіп жіберуі, ең болмағанда *қол ұшын тигізуі* тиі деп саналады. Егер олай істемесе «*баласының белі бүкі болып қалады*» деген ырым да бар.

Көктемгі алғашқы ірі науқанның бірі мал төлдету болып табылады. Көктемдегі мал төлдеу Н.-ының басталғандар арнайы *котен* асып, ауыл адамдары дайындалған тамаққа шақырылады. Бұл ғұрып *көтенасар* деп аталады (**қ. Көтенасар**). Жылқы, сиырға қарағанда қойдың төлдеу қосымша адам күшін қажет ететіндіктен Н. ретінде өтетін болған. Қойдың төлдеуін – *қоздау* деп атасе көктемгі жаппай қой қоздату Н.-ын – халық арасында *қоздау науқаны*, *төл науқаны*, *туыс науқаны*, *туым*, *қо туымы*, *сақпан уақыты*, *қой төгіні* және т.б. атайды. Қо қоздату Н.-ы көп еңбекті талап ететіндіктен қойшыларға жәрдемдесуге көмекшілер тағайындалады. Қоздау науқанында қойдың дұрыс тууын бақылап, дер кезінде қозының аузын үрлеп, тұмсығын шаранадан тазалайды. Қозының ауыздануын, тоя емуін бақылап, күн райы салқын болса жылы *күркеге* қамайды. Өрісте туылған қозылардың сөз, салқын жерге жатып қалмауын, отардан қалып қоймауын қадағалап, қажет болса атқа өңгерілген қоржынға салып, ауыл маңына жеткізіп отырады. Көшпелі мал шаруашылығында малдың белгілі бір уақытта жаппай төлдеуінің маңызы ерекше. Негізінен қой-ешкінің төлдеу уақытының тым созылып кетпей, бір мезгілде қауырт атқарылғандығы мал төлінің амандығын қамтамасыз етіп қана қоймай, шаруашылықтағы қалыптасқан көпі-қонға ісіне, төлдету Н.-ына кедергісін келтірмеуіне байланысты туындаған. Сондықтан қой-ешкінің белгілі бір уақытта ғана қашуына мүмкіндік беру үшін жазға салым қошқар, текелерге *күйек байлау* арқылы реттелін отырады.

Қазақта сауын науқаны да әр түрлі ғұрыптармен басталады. Мәселен, алғаш сауылған сүттен «*уыз көже*» пісіріп тарату дәстүрі бар (**қ. Уыз көже**). Биенің алғашқы сүтінен «*қымызмұрындық*» даярланып таратылатын болған (**қ. Қымызмұрындық**). Сүт сауу науқаны аяқталғанда «*сірге жияр*» деп аталатын ғұрыптық ас беріледі (**қ. Сірге жияр**).

Жазғұтырым төлдер отайғаннан кейін немесе күзге салым еркек төлдерді *пиштіру* науқаны өткізіледі. Аталық мал ретінде қалдырылатындарынан басқа барлық төл сол жылы піштіріледі. Малы көп ауқаттылар аталмыш науқанды бірнеше күнде өткізген.

Жазғұтырым атқарылатын шаралардың бірі қой қырқу Н.-ы – *қырқым*, *қой қырқымы*, *қырқым кезі*, *қырқым науқаны* деп аталады. Қой қырқымын ұзаққа созбай,

жанбырға, боранға ұрындырмай неғұрлым тезірек аяқтауға тырысады. Бұл жұмысқа қатысатын адамдарға мүмкіндіктеріне қарай қойды ұстап-байлап беретіндер, қыркушылар, жүнді жинаушылар сияқты міндеттер жүктеледі. Күзге қарай екінші мәрте қой қырку Н.-ы – *күзем, күзем алу, қой күземі, қозы күземі* деп аталады. Бұл да көктемгі қыркым науқаны тәрізді атқарылады. Қыркым науқанына қатысушыларға дастарқан жайылып, қыркымның аяқталуына орай кешкісін думан ұйымдастырылады. Күзем алу науқаны кезінде қойлары қыркылған үйде өткізілетін мұндай тамақ беру салты – *тулақшашу, күзем шай* деп аталады (**қ. Күзем шай / Тулақшашу**).

Сонымен қатар, ерте көктемде күн жылынып, бірақ шыбын-шіркей шықпай тұрғанда жылқыны *күзеу, ен салу, таңбалау* науқандары да атқарылады. Жуас жылқының құйрық-жалын күзеу көп қиындық тудырмағанмен, тай, құнан, байтал және қысыр қалған асау биелерді күзеу үшін жігіттердің күші қажет. Мықты жігіттер үйірілген жылқыны шетінен ұстап, асауларының аяғын *тұсау, шідерлеу* немесе *күрделеу* сияқты тәсілдермен бекітеді. Содан кейін жылқының жалы, кекілі, құйрығы оның жасына орай күзеп алынады (**қ. Күзеу**). Таңба басылмаған жабағы, тай, құнан және жаңадан қосылған өзге де жылқылар таңбаланады. Ен-таңба салу үшін жылқыны ұстау, байлау, жығып, төрт аяғын мықтап бекіту қажет болғандықтан жылқылы байлардың мұндай істі Н. ретінде өткізуі жиі кездескен (**қ. Таңбалау**).

Күзге қарай *киіз басу, ши тоқу* сияқты шаруалар да науқандық сипатта жүзеге асырылады. Қыркып алынған күзем жүн ысырап болмас үшін тездетіп қажетті киіз басылады. Бұл шаруаны негізінен ауылдың қыз-келіншектері бірлесіп атқарады. Күзде киіз үйді жабатын, төсеніш ретінде пайдаланатын және сонымен қатар алуан түрлі бұйымдар жасалатын киіздердің түрлері даярланып, қысқа қамданады. Күзде атқарылатын шағын Н.-ның бірі *ши тоқу*. Күзде жетілген шиді жаппай жинап әкеліп, кептірген соң тоқып отырған (**қ. Ши тоқу**).

Отырықшы және жартылай отырықшы өңірлерде атқарылатын Н.-дық шаруалардың өзіндік ерекшеліктері бар. Мұндай аймақтарда малмен қатар егін шаруашылығы, бау-бақша өсіру кеңінен тарағандығы және тұрақты баспаналар салғандығы белгілі. Ондай аймақтарда әсіресе жазда малға арнап қыстық *шөп шабу* Н.-ы жүргізіледі. Шөп шабу науқаны кезінде Н.-ға *шалғышылар* мен *шөпшілер* жаппай атсалысады. Шөп шабу Н.-ында шопгі дер кезінде шауып қана қоймай оны *бөкестеп, шомелелеп*, қора маңына жеткізіп *маялауға* дейінгі істер атқарылады (**қ. Мая; Шомеле; Шөп шабу**). Жаздың соңы мен күздің ортасына дейін созылатын бұл Н.-ды да барынша көңілді өткізуге тырысқан. Өзара бірлесе кезекпен шөп шауып, кешкісін ойын-сауық өткізу жиі кездесіп отырған.

Көктем шыға *астық себу*, яғни *егін егу* науқаны басталады. Ол үшін *жер жыртып, кесектер уатылып*,

тырмаланып даярланған соң ұқыптылықпен дән себіледі. Бұл шаруаларды атқару үшін егіс басына арнап қос тігіледі. Н.-ның басталуына орай қос басына дастархан жайылып, дәм татысады. Бұл ғұрып *қос көже* деп аталады (**қ. Қос көже**).

Егіншілер арасындағы келесі үлкен Н. – *астық ору* болып табылады. Астық отуда астықтың ерте-кеш пісетіндігіне орай адамдар өзара бірлесіп оратын болған. Кейбір адамдардың егіні жер жағдайына, суарылу молшеріне, еккен егінінің түріне (бидай, арпа, тары және т.б.) байланысты әртүрлі мерзімде пісетіндіктен бір-біріне өзара көмектеседі. Егін оруды уақытынан өткізіп алса ысырап болып дәнi түсіп, жауынға (жаңбыр, бұршақ, қарға), малдың таптауына, отқа ұрыну қаупі де арта беретіндігі белгілі. Мұндайға жол бермес үшін өзара селбесу, қажет болса өзгелерді *жалдау, асар, үме жасау* арқылы науқанды түрде тездетіп бітіріп алуға тырысқан.

Отырықшы аймақтарда атқарылатын Н.-ның бірі *үй салуға* қатысты болған. Тұрғылықты баспана мен қора-қопсы салу үшін бірлесе кіріші құйып, қажетті ағаштарды жеткізесіні болған. Жер үйді (*жертөле, жеркене*) жасап кіру жеке отбасы үшін ұзаққа созылатын ауыр жұмыс болғанымен, Н. ретінде өткізгенде бірнеше күнде қазылып, қажетті ағаш, тас жеткізіліп, ағаштары даярланып қалатын болған.

Балық аулаумен айналысатын аймақтарда балық аулауды да науқан ретінде өткізіп отырған. Мәселен өзендердегі балықты бірнеше ауылдар бірлесе отырып *айдау* тәсілімен аулаған (**қ. Балық айдау**).

Шаруашылық барысында атқарылатын Н.-нан бөлек ғұрыптық Н. да бар. Қазақстанның шығыс аймақтарында, Моңғолия қазақтарында Н. деп *өлікті жөнелтуге* байланысты атқаратын ғұрыптар жиынтығын айтады. Яғни, адам қайтыс болғаннан бастап туған-туыс, жақындары бірлесіп атқарылатын *жерлеу, жетісіп. қырқын, жылын, асын беру* сияқты барлық ғұрыптарды Н. деп атап, оған жақындарының барлығы түгел қатысуға тырысқан.

Патшалық ресейдің саяси жүйесі ене бастағаннан кейін қазақ даласында саяси науқандар бел ала бастады. Соның бірі *ауылнай, болыс сайлау* Н.-ы болып табылады.

Әдеб.: Алтаев Б.Ә. Оңтүстік Қазақстан қазақтарының егіншілікке байланысты дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. Ғылыми жетекші Нұрсан Әлімбаев. Тарих ғыл. канд. ғылыми дәрежесін алуға ұсынылған диссертациясының қолжазбасы. Алматы, 1994; ҚӨТС. 10-том. Алматы: Арыс, 2007; Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. I том. Алматы: Арыс, 2005; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

НАУҚАС – *ауыру* немесе *мертігу* салдарынан денсаулығы нашарлаған адам. Адамның түрлі *аурудың* немесе қандай да болмасын себептермен *мертігуінің* салдарынан ағзасының жұмыс істеу қабілеті өте нашарлап, жүрін-тұруы қиындап, тіптен төсек тартып жатып қалуын қазақы ортада – *науқастану* деп атайды. Дегенмен, жеңіл-желпі мертккен және ауырған адамдар Н. деп саналмайды. Ел арасында Н.-тарды науқастануының себебіне қарай



– *ауырып қалу, мертігіп қалу*, Н.-тың ағзасына тигізген ауыртпалығына орай: *ауыр науқас, жатып қалған науқас, төсек тартып қалған науқас, әл (һәл, һал) үстінде жатқан науқас* деген сияқты күйге жіктеген.

Қазақта *ауру* салдарынан науқастанған адамды – *ауыру, ауыру адам* деп те атайды және оған қатысты бірнеше ұғымдар қалыптасқан. Кез-келген сыртқы әсерлерге (ыстық, суық, ылғал және т.б.) төзімсіз, жұқпалы ауруларға қарсы тұру қабілеті әлсіз, жиі ауыратын адамды – *аурушаң* дейді. Қазақта адам аурушаң болмас үшін жастайынан жақсы тамақтанып, ыстық-суыққа пісіп, шынығуы керек деп санаған. Науқастану уақытының созылуына қарай – *сырқат, дімкәс, ұстамасы бар* деген сияқты ұғымдар қалыптасқан. Ұзақ уақыт ауырған Н.-ты – *сырқат, сырқаттанған адам* деп атайды. Ондай Н.-ты жақсылап күтімді деп, емін дәл дапса құлан таза айығып кетеді. Ал асқындырып жіберсе зардабы өте ауыр болуы ықтимал. Белгілі бір аурумен жиі ауыратын (немесе жазылмайтын) және оның салдарынан кемтар, жарымжан болып қалған Н.-ты – *дімкәс* деп атайды. Ара-тұра кілт қайталанатын ауруы бар Н.-ты *ұстамасы бар* дейді. Ертедегі түсінік бойынша сыртқы тылсым күштің әсерінен науқастанған адамды – *дерт жабысқан* дейді. Дерт әдетте жын-шайтанның, перінің, тіл-көздің, дуаның және т.б. тылсым күштердің әсерінен жабысады деп саналған. Мұндай Н.-ты емдеу үшін негізінен *бақсы-балгерлерге* жүгінген. Бақсы-балгерлер науқастануының себебін анықтап, *дертті иесін қуу, ұшықтау, дертті көшіру, аластау* сияқты мағиялық ем-шараларды атқарып отырған (**қ. Көшіру**). Қандай да бір дене мүшесінің бұзылуынан, дұрыс жұмыс жасамауынан науқастанған адамға қарата – *кінәраты бар* деген ұғым қолданылады. Емшілер мен тәуіптер мұндай Н.-тың *тамырын ұстау* тәсілімен және алуан түрлі белгілеріне қарай отырып қай жерінің кінәраты бар екенін анықтап, соған сәйкес ем-дом жасаған. Ауруынан жазылғанымен оның келтірген зардабынан ара-тұра науқастанып қалатын адамды – *кеселі бар* деп атайды. Ондай аурудің *кеселінен* құтылу үшін қызметі бұзылған мүшеге игі әсер ететін, қызметін ретке келтіріп, өз қалпына келуіне көмектесетін дәрі-дәрмектер пен емдік шараларды қолданған. Қазақы ортада жұқпалы ауруларды – *індет* деп атап, індетке шалдыққан Н.-қа тек ең жақындары ғана күтімді жасап, өзгелер мүмкіндігінше жолықпауға тырысқан.

Мертігу – адам денесінің ауыр *жарақаттануының* (*жаралану, сыну, буыны таю, созылу, жаншылу, ұсу, күйу, үзілуінің*) зардаптарынан да болуы ықтимал (**қ. Жарақат; Мертігу**). Жаралану – өткір заттардың кесуінен және үшкір заттардың тесуінен орын алады. Ауыр жараланған адам қан жоғалтып және жарақатының асқынуынан науқастануы мүмкін. Жарақаты жазылмаса іріңдеп, *қанға шабуы* мүмкін делінеді. *Сыну*, яғни, сүйектің сынуы адамның науқастануының бірден-бір себебі болатын ауыр жарақат түрі болып табылады. Әдетте қазақтың *сынықшылары* сынықты орнына келтіріп

таңу арқылы қайтадан дұрыс бітуіне мүмкіндік жасап отырған (**қ. Сынықшы**). *Буыны таю*, әсіресе омыртқа буындарының таюы, адамды қатты науқастандыруы мүмкін. Мұнымен қатар адамның терісінің, бұлшық еттерінің, сіңірлерінің *созылу, үзілу, жаншылу, ұсу, күйу* де ауыр зардаптарға соқтырып, адамның науқастанып қалуына жиі соқтыратын болған. Адамның денесіне түскен мұндай ауыр жарақаттарды емдеу үшін осімдіктер мен жануарлардан және өзге де заттардың алуан түрлі дәрі-дәрмек жасап пайдаланған және өзге де ем-шаралар қолданылған.

Науқас күтімі. «*Науқастың көңілі жарым*» деп қазақта науқастанған адамға ерекше көңіл бөлген. Н.-ты күтіп-бағатын арнайы бар адам үнемі қасында болуы ескеріледі. Ол Н.-тың уақытылы тамағын, дәрі-дәрмегін беріп, өзге де жағдайын жасап отырады. Н.-ты дұрыстап күте білудің өзі үлкен сын. Әдетте Н.-ты шешесі, келіндері, қыздары, яғни әйел адамдар күтеді.

Н.-ты емдеу үшін науқастануының себеп-салдарына қарай алуан түрлі емдеу тәсілдері қолданылған. Оның ішінде сорпа ішкізіп терлету, қойдың құйрақ майымен, борсықтың, суырдың, қаздың майымен сылау немесе ерітіп ішкізу, теріге түсіру (жан-жануарлардың терілерімен орау), шөптерді қайнатып тұнбаларын ішкізу сияқты тәсілдер ел ішінде кеңінен танымал болған. Ал Н.-қа мұндай халықтық қарапайым емдеу тәсілдері әсер етпеген болса *емші-тәуіптер, бақсы-балгерлер* шақырылып, өзге де алуан түрлі емдеу шаралары қолданылған. Н.-тың емделуіне дейін мүмкіндігінше тыныштықта әрі оңаша болуына ерекше көңіл бөледі. Артық айғай-шу шығарып, ән салып, думан өткізіп мазаламауға тырысады. Тіпті, Н. бар үйдің *құдайы қонақты* қабылдамауы да кешірімді саналады. Сонымен қатар Н.-тың жиын-тойға қатыспауы, ауыл-аймақ болып бірлесіп атқаратын шаруаларға араласпауы, өзге Н.-тың көңілін сұрап бармауы, тіпті қазаға байланысты көңіл айтуды кейінге қалдыруы да кешірімді саналады. Н. ауыр халде жатқан болса жақындары кезектесіп *күзету* дәстүрі бар (**қ. Күзету² / Ауруды күзету; Науқасты күзету**).

Қатерлі жұқпалы аурумен ауырған, яғни індетке шалдыққан Н.-ты көбінесе жұртта қалдырып, қоныс ауыстыратын немесе ауа көшіп кететін болған. Дегенмен, мұндай Н.-ты қараусыз қалдырмай, жақындарымен қоса бүкіл ауыл-аймақ болып көмектескен. Жел жақ шетінен келіп, құрықпен ас-суын, дәрі-дәрмегін және өзге де қажетті заттарын беретін болған. Жұқпалы аурумен ауырған Н. жазылғаннан кейін жатқан үйіне арша, адыраспан жағып *отпен аластау* ғұрпын атқарған және тіпті қатерлі аурулар болса мұндай үйлердің өзін өртеп жіберу де кездескен.

Науқастың көңілін сұрау. Н.-тың туған-туыс, құда-жекжат, дос-жаран, таныс-тамырларының арнайы келіп, оның *көңілін сұрап* қайтатын дәстүр бар (**қ. Көңіл сұрау / Аурудың көңілін сұрау**). «*Тісі ауырғанның көңілін сұрамайды*» – демекші ауырған немесе мертіккен адамның

барлығының емес, тек Н.-тың ғана көңілін сұрайды. Адам науқастанып қалған жағдайда жақындары арнайы хабар таратып, оны естіген адамдар келеді. Бұл дәстүр бойынша көңілін сұрауға тек түске дейін ғана бару керек деген қағида қалыптасқан. Түстен кейін, әсіресе кешкісін көңіл сұрау жақсы ырым емес деп саналады. Өйткені қазақта әл үстінде жатқан Н.-қа ғана уақыт таңдамай, мүмкіндігінше тезірек келін жүздесіп, бақұлдасып қалуға тырысатын болған. Дегенмен бұл қағида тек аяқ жетер жақын маңдағы, түске дейін келуге мүмкіндігі бар адамдарға қатысты болып табылады және алыстан арақонып немесе күнұзақ жүріп жететін адамдарға түсіністікпен қаралады. Н.-тың көңіліп сұрай келу Н. көңілін сергітеді деген түсінік бар. «Жаман сөз – жанға кірген тікен, жақсы сөз – таптырмайтын ем» деген түсінікке орай келген адамдар Н.-тың көңілін аулау үшін барынша жақсы сөздер айтуға тырысады. Мұндайда ел арасында қалыптасқан «сауығып кетіңіз», «тезірек жазылып кетіңіз», «еміңіз шипа болсын» деген сынды сөз тіркестері жиі қолданылады. Жақсы сөздермен тілектестігін білдіріп, ақыл-кеңестерін айтумен қатар, кейде, «жата беру саған жараспайды, тезірек тұрып бала-шағаңа бас-көз болсаңшы» деп күшқайрат беруге тырысатын жайттар да кездеседі. Кейде Н.-ты жұбатып, көңіліне тыныштық беру үшін жұбату сөздері де айтылады. Ел арасындағы аңыздарды бірі былай деп өрбітіледі: «Бірде шешек шығып төсек тартып жатқан Н.-қа досы келіп «қол сынып, көз шықпаған соң шешек деген не тәйірі» – деп жұбату айтып кеткен екен. Бұған ренжіген науқас жазылғаннан кейін бір көзін шығып кетті деп көзін байлап жатып қалады. Сонда досы тағы келіп «е, құдайға шүкір! Бір басқа бір көз де жетеді. Сүйекті жарып шыққан шешектің кеткенін айтсаңшы» – деген екен».

Мүмкін болса білегін ем-шараларымен, дәрі-дәрмектерімен бөлісін, қолдан келген көмектерін көрсетіп отырған. Керісінше Н.-қа өлім туралы, осындай аурудан шеккен зардаптары, еменің табылмайтындығы және т.б. жағымсыз жайттар туралы айтып Н.-тың сары уайымға салынуына жол беру аса әбестік ретінде саналынады.

Жасы бір мүшелден аспағандарды әлі бала деп есептеп, ондай Н.-тың көңілін сұрау міндетті емес. Тек оның әкешесі және басқа да жасы үлкен жақындарынан хал-жағдайын біліп отыру жеткіліксіз саналады. Сонымен қатар аса қатерлі жұқпалы ауру жұқтырған Н.-тың көңілін сұрау міндетті саналмайды. Ондай адамдар жазылғаннан кейін ғана көңілін сұрауға барып, денсаулығының жақсы болуына тілектестігін білдіріп қайтатын болған. Жасының үлкендігіне, денсаулығының жарамсыздығына, мүмкіншілігінің жоқтығына байланысты Н.-тың көңілін сұрап келе алмаса, өзгелерден сәлем жолдап, ниетін білдіру үшін ауруына шипа болатын заттарын немесе сойыс малын беріп жіберетін де болған. Бұндай жақындары тарапынан жасалған материалдық және моральдық демеушілік Н.-тың көңіліне медеу болып, марқайтып тастайды, тезірек

жазылуына септігіп тигізеді деген түсінік қалыптасқан.

Әдеб.: Очерки по истории народной медицины Казахстана. Алма-Ата, 1978; Толеубаев А.Т. Реликты доисламских верований в семейной обрядности казахов (XIX нач. XX вв). Алматы: Ғылым, 1991; Алдашев А. Әлімханов Ж. Қазақтың халық медицинасының құпиясы. Алматы, 1992; Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет ғұрыптары. 1-том. Біртұтастығы және ерекшелігі. Алматы: Арыс, 2005; ҚӘТС. 11-том. Алматы: Арыс, 2009; Әбдуәли Қайдар. Қазақтар ана тілі әлемінде (этнолингвистикалық сөздік). 1 т. Адам. Алматы: Дайк-Пресс, 2009; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

НАУҚАСТЫ КҮЗЕТУ – қатты науқастанып жатқан адамның қасында болып, қамқорлық жасап отыру дәстүрі. Әдетте қатты науқастанып жатқан адамның жақындары бір сәтке де қараусыз қалдырмай, үнемі қасында отыратын болған. Мұндай күзететін адамдар кезектесе отырып, күндіз ғана емес түнімен қасында болады. Мұны қазақы ортада «бар міндеті кісіде қалған» деп айтатын болған. Яғни, бұл ұғым науқастанған адамның атқаратын міндеттерінің барлығының басқа адамға жүктелгендігін білдіреді. Күзетіп отырған адам науқастың қалып үнемі бақылап, оған қарны ашса тамағын, шөлдесе су беріп, терлесе терінің қатып қалмауын қадағалап, суық болса көрпе жауып, қымтап, киімдерін ауыстырып, мүмкіндігінше бар жағдайын жасап отыруы міндеті болып табылады. Н. ауыр сырттананып, ұзақ уақыт төсек тартып жатып қалса денесінің «тесіліп» кетуіне жол бермеуі тиіс. Яғни, уақытты тазалығына көңіл бөліп, денесін жуып-сүртіп, жатысын өзгертуге, отырып-тұруына көмектесіп отыруы тиіс. Мұндайда балалар мен ер адамдар да көмектеседі. Егер денесі тесіліп кететін болса, өзге жақындары сынап, ескерту жасап отырады. Н.-ты жақсы күтсе алғыстарын білдіріп, ел арасында мадақтап айтып, батасын беретін де болған.

Ел арасында қартайып қатты науқастанған кісілер алладан «ақ өліміңді бере көр» немесе «ақ бұйрықты өліміңді бере көр» деп сұрайтын да болған. Ондағысы жасы келгендіктен алладан ұзақ төсек тартып жатқызып, өзін де, өзгені де қинамай, «бар міндеті кісіге артып», масыл болдырмай, уақытымен «О дүниелік» болуын тілегендігін білдірсе керек (к. Ақ бұйрық[ты] өлім).

Әдеб.: Очерки по истории народной медицины Казахстана. Алма-Ата, 1978; Толеубаев А.Т. Реликты доисламских верований в семейной обрядности казахов (XIX нач. XX вв). Алматы: Ғылым, 1991; Алдашев А. Әлімханов Ж. Қазақтың халық медицинасының құпиясы. Алматы, 1992; Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет ғұрыптары. 1-том. Біртұтастығы және ерекшелігі. Алматы: Арыс, 2005; ҚӘТС. 11-том. Алматы: Арыс, 2009; Қайдар Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде (этнолингвистикалық сөздік). 1 т. Адам. Алматы: Дайк-Пресс, 2009; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

НАУРЫЗ – ерте заманда отырықшы иран тілдес халықтарда қалыптасқан, егіншілік ғұрыптарымен байланысты мейрам. Н. мейрамы күн мен түннің теңелуіне негізделген, яғни қыс қайтып көктемнің келуі, табиғаттың тірілумен шендестіріліп, егін егу науқанының басталуы үлкен мейрам болған.

Уақыт өте келе Н. мұсылман түркі елдерінің «Ұлыстың ұлы күні» деген мағынада төл мерекесіне айналды. Қоңе заманнан бері Н.- ды күн мен түннің теңелген уақытында, яғни жанаша наурыздың 22-сінде (ескіше наурыздың 9-ы)



жыл басы ретінде тойлап келе жатқан айтулы мейрамы. Жыл он екі айдын бас айындағы бұл мейрамды қазақ жұртшылығы байырғы замандардан бері *Ұлыстың ұлы күні* деп атаған. Бағзы бір замандардан дейтініміз, Наурыз мейрамымен байланысты айтылатын аңыз-әфсаналар, мақал-мәтелдер, бата-тілектер, наным-сенімдер, салт, ырым-жоралғылар ел ішінде аз кездеспейді. Мұндай тілдік және тілдік емес деректердің аса мол болуы Наурыз мейрамының әлеуметтік-мәдени маңызының аса зор болғанын, тарихилығын көрсетеді.

Наурыз жайында жазылған, оның жеке-жеке қырын сөз еткен пайымдау мен ой-пікірлер қазақтарда аз емес. Оның бір қаншасы жалпыхалықтық мейрам екені, халықтық күнтізбеде *жылдың бас айы* болып саналатыны, онда орындалатын салт, жоралғылары, наурызбен байланысты мифтік наным-сенімдер жайында болса, енді бір алуан әңгіме наурыздың шығу тегі жөнінде деуге болады. *Жылдың бас күні* ретінде тойланып, мейрам түрінде өткізу мәдени қарым-қатынастың барысында парсы жұртынан ауысқан деген көзқарасқа саяды. Иә болмаса, *наурыз* атауы бұрын қазақта болмаған, *Ақтабан шұбырынды, Алқа көл сұлама* кезінде Бұхара, Хиуаға ауған қазақтар өзінің ата қонысына қайта қоныстанғанда наурыз атауын өзімен бірге ала келген деген жансак пікірлер де айтылып жүр. Арғы Иран-Тұран, Алып Ер Тона (Афрасиаб) заманын былай қойғанда, Шыңғыс хан тұсындағы көпэтникалы Хорезм патшалығында қыпшақ, қаңлы, алпын, найман деген атпен жүрген қазақтың көптеген ру-тайпалары, одан кейінгі кезде Моғолстандағы алшын, арғын, дулат, найман, жалайыр ру-тайпаларының азам елдерімен саяси, мәдени қарым-қатынаста болғаны тарихи жазбалардан кеңінен мәлім жайт.



Наурыз тойына дайындық. Вахруман патша тұсындағы (VII. ғ.) сарай қабырғасына салынған сурет (түстік беті). Самарқанд. Афросиаб музейі. Мустафокулов С.И. Афросиебнинг махобатли суратлари // Мозийдан садо. 1 (Тошкент, 2013) атты еңбектен

Наурыздың қадым заманнан келе жатқан халықтық мейрам екені жөнінде ұлы Абай: *«Біреп сөз қазақтың қайдан шыққаны туралы»* деген тарихи мақаласында *Наурыз тарихын көшпелі халықтардың сонау «хибаги», «хұзаги» деп аталған заманға дейін апарып: «Ол күнде Наурыз деген бір жазғытұрым мейрамы болып, наурыздама қыламыз деп, тамаша қылады екен. Сол күнін «Ұлыстың ұлы күні» дейді екен», – деп жазады.*



Наурыз тойына дайындық (фрагмент). Вахруман патша тұсындағы (VII. ғ.) сарай қабырғасына салынған сурет. Самарқанд. Афросиаб музейі. Мустафокулов С.И. Афросиебнинг махобатли суратлари // Мозийдан садо. 1 (Тошкент, 2013) атты еңбектен

Қалай десек те, қазақтың күнтізбесінде Наурыздың жыл басы ретінде танылып, мерекеленетіні мәдени қарым-қатынаспен байланысты алыс-берістік екені ешбір дау туғызбайды. Төркіні бөтен жұрттан мәдени-рухани керегіне қажеттісін ала білуі халықтың «балалығы» емес, даналығы деп түсіпуге болады. Қысқасы, Наурыз парсы жұртының күллі иран халықтарына, мұсылман дініндегі түркі елдеріне тартқан сыйы деген байламға қол қою шындықтан алшак кетпейді. Бірақ Наурызға байланысты салт, ырым, жоралғыларды, мерекелік түрлендірулерді, табиғатпен байланысты ұғым-түсініктерді азам жұртынан сол күйі соламайымен қотарып алды деу қатеге ұрындырары сөзсіз.

Өзінің тіршілігі мен рухани дүниесіне сай келмесе, қыр елінің, сахара жұртының бұндай ауыс-түйістікті алмауы мүмкін. Қалауы да басқа болар еді.

Т а б и г а т т а. Наурызда күн мен түн теңеледі, *жұлдыздар теңеседі*, яғни Сүмбіле, Үшарқар-Таразы, Үркер және Сұлу Сары бір түзудің бойында тізіле орналасады. Есепшілер жұлдыздардың теңесуінен күн мен түннің теңелуін байқаған. Жаңа күннің жарығы мен жылуы қытымыр қысты ығыстырып, жер бетін жылылық жайлап көк қаулайды. Күн өткен сайын Күн белдеуі (күннің жүретін жолы) жоғарылай түседі.

Есепшілер наурыздың келгенін күн мен түннің теңелгенін жан-жануарлардың қылығынан да байқайды. Қазақтың Батыс өлкесінде Наурыздың 14-інде сарышұнақ інінен шығады, күн суық болса, ін аузынан ұзамайды, күн жылы болса, ұзағырақтау жерге шығады.

Ал тасбақа болса, күн мен түн теңелгенде інінен аузына шөп тістеп шығады. Шөптің аты *мәриям шөп* деп аталады. Оны еппен алған адам бақытты, дәулетті болады деген сенім бар.

Тағы бір ерекшелік этнограф ғалым Мәшһүр Жүсіптің Бұхар жұртынан келтірген дерегінде күн мен түн теңелгенде, балық аунап түседі. Кейбір елдерде күн мен түннің теңелгенін осы құбылыстан байқайтын көрінеді.

Жиырма тоғыз жасында Бұхарай шәрифте болған Мәшһүр Жүсіп өзі байқаған жайын: «*Наурыздама той қылатұғын жұрттың патшалары тірі балықты көп қылып ұстатып алып, бір керсен суға салып, көптің алқасына қойдырады. Отырған көп әлеумет сол балықтарға көздерін тігіп қарап отырады. Бір мезгілде балық біткен бірі қалмай теп-тегіс шалқасынан жата қалады. Қарындары жарқырап, лезде балықтар аунаған жағынан екінші жағына қарай аунап түседі. Сонан соң патшалар барабан соқтырады: «Ескі жыл шықты, жаңа жыл келді!» - деп, сегіз күн ұдайымен қол астына қараған жұртқа той, тамаша береді: «Жаңа жыл тойы!» - деп жазады.*

Күн мен түннің теңелуі – Наурыз мейрамындағы орталық ұғым. Шаруа бағып ұзақты күнді далада өткізетін малшы, егінші қауым күннің қаншалықты ұзарғанын, түннің соншалықты қысқарғанын шамалап біліп отыратын шоқы, төбе, адыр, өзен, бұлақ т.б. табиғи белгілері болады. Күннің қай тұстан шығып қай тұстан батқанына қарап, күндізгі уақыттың қаншалықты ұзарғанын пайымдай алады. Олай болмаса қарбаласы көп шаруашылықтың қырын табу оңайға түспейді. Малшы өрісін, қонысын дәл уағында жаңартып отырады. Малды суыққа не ыстыққа ұрындырмас үшін күн райының алдамшы амалына алданып қалмауды ойлайды.

Егіншіде күннің өткініші амалына алданып қалмай, жылдағы дағдысы бойынша не ерте, не кеш емес, дәл уақытында жерін баптап, дәнін себеді. Түнде Көк күмбезіндегі жұлдызды, ал күндіз табиғи белгілердің уақыт межесі егіп алады. Көк күмбезіндегі Үш Аркар – Таразы, Үркер, Сұлу Сары жұлдыздары бір түзудің бойына келіп түзілген кезіне қарап, күн мен түннің теңелгенін біледі. Осы аталған жұлдыздардың көкжиекке жақындауын межелей отырып, жаздың шығуына неше күн қалғанын да есептеп біледі. Қыр елінің, сахара адамдарының күн мен түннің қай уақта теңесетінін, қай кезден бастап күннің ұзарып, түннің қысқаратынын қадым заманнан білгендігіне еш шүбә келтіруге болмайды.

Ұзарған күннің көзі, түн қараңғысының қысқарып, орнын жарыққа беруі, жер бетінің жылып, көктің қаулап шығуы жасарудың, жаңғырудың белгісіндей көрінеді. Жер мұздың, қардың құрсауынан арылып бусанады. Жер дүниені елжірететін де, бусандыратын да тіке түскен күн сәулесі. Күннің қызуы өтіп бара жатқан шақта Көк жүзін сары бауыр, қара барқын бұлт басып назағай ойнап, күн күркіреп жаңбыр төгеді. Сусаған, кеберсіген жер-дүние шөлін басып, жер беті одан сайын түрлене түседі. Бұл – ақиқат дүниенің этнос санасындағы перцептивті-сенсорлық қабылдау барысында қалыптасқан семантикалық таңбалардың тізбегінен тұратын мәтін түріндегі көрінісі (біз бұл жерде мәтінді жазба тілдік мәтінге айналдырып, объективтендірік).

Алайда санада түйсік арқылы қабылданған көктемгі картина сол күйінде қалып қоймай, әрі қарай ақпараттық-танымдық «өңдеуден» өтеді де қоғамдық санада әртүрлі

мазмұндағы мәтіндер пайда болады. Мысалы, таным үрдісінде табиғаттағы Көк пен Жердің арасындағы бұл ғажайып құбылыстың болмысын ізерлеу «іске қосылады»: халықтық антропоцентристік танымы бойынша Көк пен Жер персонификацияланады. Көк Тәңірі – «ер», Жер Тәңірі – «әйел» бейнесінде ұғынылып, екеуі қауышып жақындасады. Сөйтіп, көзі ашылған Көк Тәңірі ұйқыдағы Жер Тәңірін (әйел Құдайды) оятып, оған тіршілік нұрын дарытады.

Наурыз мейрамы Совет билігі кезінде «репрессияға» ұшыраса да, халық оны ұмытқан жоқ. Тұтастай болмаса да, халықтың этномәдени санасында «Наурыз» мейрамы үздік-создық (редакцияланған) мәтін түрінде сақталып келген.

Себебі елдік (мемлекеттік) идеологиядағы өзіндік орны болғандықтан Наурыз өміршең болады. Қоғамдағы саяси, құқықтық, этикалық, діни т.б. көзқарастар мен идеялар жүйесінің қалыптасуы мен дамуына оның тигізер өзіндік әсері аз болған жоқ. Бұл тұста абыздардың, дінбасылардың, ру ақсақалдарының қоғам идеологтары болғанын еске алмауға болмайды. Өз кезіндегі қоғамдық идеологияны қалыптастырған белсенді тұлғалар ретінде олар Наурызды тек қызық-думан қуған шаралар «жиынтығы» түрінде тойлау емес, қоғамдағы әлеуметтік қатынастарды реттеушілік мәнге ие мейрам түрінде мерекелеудің халықтық тұжырымдамасын қалыптастыруға күш салды.

Наурыздың түп негізі әуелде табиғатпен тығыз байланыста болады яғни «күн» мен «түннің» теңелуі табиғи белгі ретінде алынды.

Алайда Күн мен Түннің жазғытұрымғы теңелуі бар да, күзгі теңелуі (22/24 қыркүйек) бар. Олардың күзгі теңелуді алмай жазғытұрымғы теңелуге ден қою табиғаттағы тіршіліктің жаңару мен жасару, өсіп-өну, өркен жаюымен байланысты болды. Күзгі теңелуде ондай табиғи нышан жоқ. Табиғаттағы жаңару, өсіп-өркендеу, өркен жаю құбылысын қоғаммен байланыстыру «Наурыздың» халықтық тұжырымдамасында ең өзекті идея болды. Бұл қоғамның ө с у , ө р к е н д е у и д е я с ы м е н ү н д е с болды.

Табиғаттағы «теңесу», жасару, жаңару, өркен жаю үрдісі өздігінен болмайды. Ол Тәңірдің күллі тіршілік иелеріне жасаған жақсылығы деп ұғындырылды. Соған орай адамдарға, жалпы тіршілік атаулыға құт-береке дарытатын Қыдыр Ата бейнесі қайта жаңғырады. Қыдыр Атаның ақ құйған, дән толтырылған ыдысқа назары түссе, мал төлді болып, егін жақсы шығады деген түсінік қалыптасып, *Қыдыр түні* жеке ыдысты дәнмен, таза бұлақ суымен толтыру жоралғысының тоқшылық, м о л ш ы л ы к т ы к ө к с е у идеясын аңғаруға болады.

Қазан толы *наурыз көже*, жоралғысы тоқшылық мәнін ғана емес, этномәдени семиотикалық таңба ретінде білдіретін имплицитті мағынасы – елдің татулығы мен бірлігі. Өйткені бір қазаннан дәм татқан жандар «тұз-дәм» культі бойынша ол үйге жамандық жасамауы тиіс. Ерте заманда атақты байлар, бек, сұлтандар, хандар ұлан-асыр той жасап, қарапайым халықтың көңілін көтерген.



Наурыздың ас-су шығынын өз мойнына алған. Бұл – т а т у л ы қ - ы н т ы м а қ а с т ы қ идеясының Наурыз көже жоралғысы (ритуалы) түріндегі көрінісі.

Наурызбен байланысты қоғамның т а з а р у и д е я с ы н а айрықша мән берілгені байқалады. *Кетік аяқты сындыру, ескі-құсқыны моғал ошақта өртеу*, арылу тазару идеясының жоралғысы (ритуалы) деуге болады. Бұл - адамдар арасындағы қатынасты реттеудің, жаулыққа жол бермеудің, жамандықтан тазаланудың отпен жоралғыланған (ритуалданған) көрінісі.

Наурыздағы Ұлыстың ұлы күнінде құл мен күнге бас бос-тандығын беріп, азаматтық құқығын қайтару салты негізінде қоғамды і з г і л і к к е бастау идеясы іспетті деуге болады.

Сондай-ақ ұжымдасу арқылы жол бойына ағаш егу, көпір салып, өткел жасау - ізгілікке үндеу идеясының бір көрінісі.

Бұлақтың көзін ашу, көкті жұлмау, таптамау, өсіп тұрған ағашты беталды кеспеу, ысырап жасамау, ұшқан құс, жүгірген анды қырып-жоюдан сақтау т а б и ғ а т т ы а я л а у и д е я с ы н ы ң қазіргіше айтқанда экологиялық көзқарастың бірден-бір көрінісі. Олардың Киесі мен Иесінің болатыны, сұраусыз болмайтынын ел ақсақалдары үнемі еске салып жас буынды сақтандырып отырған.

Қоғам да. Наурыз мейрамында қауымдасып, бұлақтың көзін ашады, ағаш егеді, арық тазалайды. *«Атаңнан мал қалғаниша, тал қалсын»* деп, тоған бойына, бұлақ басына ағаш егеді. Көпір салады, бұзылған көпірді, жолды жөндейді. Сөйтіп, табиғатқа да, қоғамға да пайдалы іс атқарылады. Адамдар үй-ішін, қора-қопсысын тазартады. Жылы аймақтарда жерді ертеректе омашпен (ағаш соқамен) жыртып, дән егеді.

Адамдар жаңа киімдерін киіп, көрші-қолаң, ағайын-туысты жаңа жылмен құттықтайды. *Ұлыстың күні құтты болсын* деп, бір-біріне түзу тілек, ақ ниетін білдіреді. *Жасыңа жас қосылды, жасың құтты болсын* деген тілек айтады. Өйткені қазақта туған күн тойлау деген болмаған.

Көрмесең – жат, көріспесең – ұят деп, ағайын-туыс бір-бірімен амандасып, көрісіп жатады. *Құлға да бір күн бостандық* деп, *құл құрықтан, күң сырықтан құтылады*. Ер-азаматтар қос қолдасып амандасып, төс қағыстырса, әйелдер жағы құшақтасып, бір-біріне игі тілектер айтады, арнайы даярланған дастарқаннан дәм ауыз тиюге, бірін-бірі жегі дәмнен әзірленген наурыzkөже ішуге шақырады. Ауыл ақсақалдары араларына жік түскен бауырлас ел, руларды, ағайын, дос-жарандарды бір дастарқаннан дәм таттырып, табыстырған. Адамдар бір-біріне деген ренішін кешеді, өкпе-қалдықтарынан тазарады жалғыз жарым жегімдерді үйлендіріп, жеке отау еткен. Кембағал, мүгедектерді жақын туыстарының қарауына арнайы міндеттеп тапсырған. Жұтқа ұшырап қиналғандарға жылу жинап берген. Алтыбақан басында ән айтылып, күй тартылады. *Аударыспақ, күрес, қыз қуу, алтыбақан, тартыспақ, тең көтеру*, т.б. дәстүрлі ұлттық ойындар ойналады.

Таң ата көпшілік биік *төбенің* басына шығып, атқан танды қарсы алады.

Наным-сенімдер. *Төрткөз сараяқ итті өлтіреді, моғал ошақ қазады, кетік аяқ, кетік шөмішті сындырады.* Қыдыр түні *Жұп шырақ жағады*.

Жоғарыда келтірілген әр түрлі деректердің кейбірінің мәні түсінікті болғанымен, қайсы бірінің арғы мәні белгісіз. Мысалы, ұлы жазушы, халықтық дәстүрді терең білген М.Әуезовтің көрсетуінше, жұп шырақ жағу дегені оттай иеге арналған тілек. Кетік ыдыс-аяқты сындыру ескі күннен қалған қиындықтар мен бәле-жаладан арылу дегенді меңзейді.

Наурыз көже неге жеті түрлі дәмнен жасалады? Наурыз тойланатын елдерде 362 әулиенің ішінде *Ғайып Ерен, қырық шілтен, жеті әулие* ерекше деп танылады, мұндағы жеті әулие *абрар* деп аталады. Наурыzkөжедегі жеті дәмнің арғы мәнінде жеті әулиені пір тұту жатады, деп жорамалдауға болады.

Ал неге төрткөз итті өлтіреді? Мұның себебін діни дастан-киссаларда айтылатын аңыздармен байланысты қарауға болады. Атақты Жүсіпбек қожа Шайхысламұлының Кербала трагедиясын дастан етіп жазған «Кисса уақиға Кербала» жырында Хазіреті Ғалидің Фатимадан туган баласы Хұсайынды Кербала шөлінде қинап өлтірген және шейіт болған сейітзадалардың дүние-мүлкін тонаушылар Хақ Тағала құдіретімен доңызға және төрткөз итке айналатыны айтылады. Солардың бірі Шәймір төрткөз ит кейпінде жүреді.

*Шәймірің төрткөз ит боп Кербалада,
Жүр дейді әлі сусап жүр одалада.
Ғамири мен Хайназардың басын кесті,
Мұсылман ұстап алып сол арада*

(Бабалар сөзі. Алматы, 2002. 365-б.)

Сондай-ақ индоиран мифтерінде төрткөз итті ажалы жеткен адамдарға жібереді екен.

Бұл күнде архисемасы (түпкі мәні) ұмытыла бастаған м о ғ а л о ш а қ қ а з у, біздің жорамалдауымызша, – кем-кетік, ескі-құсқы заттар өртеліп, артынан беті топырақпен жабылатын жерошақ болуы мүмкін. Себебі бәле-жаланы аластау мақсатында өртелетін ескі заттар үйдегі ошаққа тасталмаған (қ. *Моғал ошақ қазу*).

Күн шығардан бұрын Қ а й р а х а н д ы к ө ш і р у жоралғысы жасалады. Ыдысқа сүт құйып *«көш, Қайрахан, көш!»* деп, ыдыстағы сүтті төніректің төрт бұрышына – батысқа, шығысқа, терістікке, түстікке қарай шашады. Қайраханدى жаманшылықтың исі деп түсінеді.

Ұлыстың ұлы күнгі *Қ ы з ы р т ү н і* қара қазанның түбі бос болмасын деп, май тамызып, үйдегі ыдыстарға ағарған (сүт, айран, уыз т.б.) құйып қояды. Қайсыбір ыдысқа бидай, арпа, сұлы толтырып, бақырға бұлақ суын толтырады. Бұл жоралғы жыл бойы молшылық болсын деген тілеуді аңғартады.

Наурыз салттары. Наурыз дастарқанына жасы үлкен қариялар *«Ұлыс оң болсын, Ақ мол болсын»* деп, наурыз батасын береді. Ұлыс күні әйелдердің *Ұзынсарыға* деп, сақтаған қысқы соғымның шекесі асылады, бүйендегі, қарындағы сарымайды бастайды. *Ұзынсары* деп, әдетте

әйелдер «наурыз айындағы ұзарған күнді» айтады. Ауқатты, бай адамдар ауыл-аймақты шақырып, Ұлыстың ұлы күніне арнап той өткізеді. Оны наурыздама деп атайды. Діни наным-сенім бойынша аруақтарға арнап құран оқытылады, жетін нан таратылады. Бұл күндері әр жерге үлкен от жағылып, отқа май құйылады.

Наурыз таңын қарсы алмаққа жиналған қыздар жағы уыз дәмді «Ұйқыашар» дайындайды. «Ұйқыашар» дайындап, өздеріне құрмет көрсеткен жас жігіттер сақина, сырға, білезік сияқты әшекей бұйымдарды сыйға таратады. Ол жігіттің «жаман» ойын сезген сезімтал қыздар, әрине, «селк» ете қалады. Сондықтан да бұл сый «селт еткізер» деп аталады.

Наурыз көже – наурыздың 21-нен 22-сіне қараған түні молшылықтың жоралғысы ретінде әрбір шаңырақта міндетті түрде қазан толы наурыз көже әзірленеді. Дәстүр бойынша наурыз көже қыстан арнай сақталған соғым еті, оған бидай, тары, арпа дақылдары қосылады. Наурыз көже кем дегенде жеті дәмнен жасалады. Су, тұзды да дәмге қосады. Наурыз көже құрамы жеті түрлі дәмнен артық та болуы мүмкін. Бірақ дәм тақ сан түрінде болады. Өйткені наурыз «береке, бірлік» идеясын білдіреді де, тақ болінбейгін, сан деп ұғынылады. Қыстан қалған, наурызға деп қап түбінде сақталған соғым еті қыстың дәмі, деп ұғынылса, ал ең соңында наурыз көжеге қосылатын ағарған (айран, қатық, құрт) келер жаздың дәмі деп ұғынылады. Жасы үлкен ауыл, ел, әулет, әулет қарияларының кейбірінің аты Наурыз, Наурызбай болса, келіндер жағы эвфемизммен *көпкөже, тілеу көже* деп атайды.

Көрісу – Ұлыстың ұлы күні атқарылар салттың бірі. Этикет бойынша жасы кішілер алдымен үлкен шаңыраққа барып жасы үлкенмен көріседі. Үлкен адамның ұсынған қолын қос қолдап, сыртынан аялап алып, төс қағыстырып амандасады. Әйелдер құшақ жайып амандасады. Ұлыстың Ұлы күнгі көрісу салтын халық мұрасында өлеңмен дәлме-дәл өрнектелген:

*Ұлыс күні кәрі-жас,
Құшақтасып көріскен,
Жаңа ағытқан қозыдай,
Жамырасып өріскен,
Шалдар бата беріскен.*

Қазақ елінің батыс өлкесінде Маңғыстау, Атырау жағында бір үйдегі жандар Ұлыс күнгі таң ата ұйқыдан тұра салысымен бірін-бірі құшақтан көрісетін болған. Ал алыстағы ағайын, жекжат-жұратымен Наурыз айының ішінде, я болмаса келесі Наурызға қалдырмай, «*Көріспесең – жат, бармасаң – ұят*» деп көрісуді қатаң ұстанған.

Наурызда ақсақалдар бата беріп ізгі тілектерін айтады. Наурыз ба т а с ы н ы ң мазмұны Ұлыстың ұлы күнімен байланысты болады. Ұлыс күні ұлы кісіден бата алса, ол жыл олжалы жыл болар деп ырымдап, жасы кіші жасы үлкеннен бата тілейді:

*Ұлыс оң болсын!
Ақ мол болсын!
Бәле-жала жерге енсін!*

*Күніміз ұлысты болсын!
Жеріміз ырысты болсын!*

*Дәулетті бас берсін,
Бақытты ас берсін,
Ұлыстың ұлы күнінде,
Ұлың оңға қонсын,
Қызың қырга қонсын.
Қыруар малың өріске толсын,
Дәулетіңді асырсын,
Душпаның басылсын,
Менің берген бұл батам,
Ұлыс күнге сақтап жүрген сұр батам:
О, жаратқан ием!
Алдымен атыңы атап жалбарынам!
Бүгінгідей ашық күн
Жайнай берсін көгімде,
Осы күннің астында
Жайнай берсін елім де!
Жүрсін ләйім әмісе,
Бақыт қапа серік боп!
Тұрсын ләйім әмісе,
Қуанышы көрік боп!
Арандатқан адамды
қаскүнемдер жойылсын!
Мал-басымыз аман боп,
Ел ырысқа тойынсын!
Өрісіміз малқа бай, дүбірлі болсын!
Келіндеріміз жанға бай,
Үбірлі-шүбірлі болсын!
Ер жігіттің ту етер
Ар-тұрағы болсын!
Қанат беріп түлетіп
Арғымағы болсын!
Берген батам қабыл болсын! Әумин!*

Ұлыстың Ұлы күні – «Наурыз» мерекесімен байланысты концептуалды ұғымдардың бірі. Ұлыстың ұлы күні деген сөз орамбындағы Ұлы күн, Жылдың бас күні. Ең абзал, ең мәртебелі болып ұғынылғандықтан қазақтар Ұлы күн деп атаған. Ал ұлыс сөзі жұрт, ел, халық білдіретін жиынтық ұғымның атауы. Ұлыс оң болсын дегендегі ұлыс осы айтылған мағынаны білдіреді. Қысқасы, сөз бір-бірімен байланысып, тіркесіп барып «Наурыз» мейрамы дегенді білдіреді. Мәшһүр Жүсіп: «Қазақта Наурыз деген кісі аты болған. Келін-кепшіктер атай алмай «Ұлы күн» – деп, Ұлыстың ұлы күні деп кеткен. «Ұлыс» – Түркінің ата-бабаларынан қалған ескі тіл. Біздің қазақта Ұлыстың ұлы күні – «Наурыз» – дейді.

Наурыз да м а т о й ы – «Наурыз» мерекесіне қатысты негізгі ұғымдардың бірі, наурыз көжеден басқа. Әдетте, ел ішіндегі аса бай, дәулетті адамдардың наурызды той қылып өткізуін наурыз да ма дейді. Наурыздама тойы бір аптаға созылып, сегізінші күні тойға келгендер тарай бастайды. Арқа еліндегі дәулетті Тәтидің наурыздама тойын өткізген деп, арғынның атақты биі Едігені жүз кісісімен күткендігі жөнінде Мәшһүр Жүсіп жазбаларында мынадай дерек бар: *Сіз бір жақтан бір жаққа бара*




жатқан жолаушы емессіз, әдейін наурыздама қылдыра келдіңіз! Ұдайымен сегіз күн қылмаған соң, мұның қылуға не сәндігі бар?! – деп, сегіз күн күтіп, сыйлап, бір күнінен бір күнін асыра беріпті.

Тәти мырза алдырған түлкілерінің ішінде бір қара түлкісі бар, наурыздаманың үстінен келіп қалыпты. Қара түлкі алдырып келгеніне бір қуанып, «Наурыздама қылдырамын!» – деп, Едігенің келгеніне қуанып:

Бұл наурыздама Баяудікі болды. Мен ұрғашы наурыздамасына ортақтаспаймын!» – деп, басы Едігенің өзіне түйе бастатқан тоғыз, онан кейінгісіне: бірине ат, жүз кісіден бір кісіні құр қойған жоқ. Ең аяқ атышыларға бір-бір матадан үлестіріп: – Міне – менің наурызым! – деп, сый қылыпты.

Міне, сондай жақсы күнде тасып кетіп алған дуа ұрпағынан Шорман шығып, Мұса шығып, байлық, беклік таласа қоса шығып, жалпақ Сүйіндікке құт ауыл, ұйытқы ауыл болып, тұр. Бұл күндегі пәленшекем, түгеншекемнің пейіліне қарағанда, тағалы торы тай ұстап тұра алмайтұғын пейіл бар. Атасына, бабасына тиген осы екен. Оңған, ілгері басқан біреуді: «Шіркін атасына, бабасына дуа тиген тұқым зой!» - дейді.



Наурыз тойы. ОМЭЭ – материалдарынан

Халықтың Наурыз мейрамындағы салт-ғұрыптардың бір алуаны табиғатпен «тіл табысу», оны қасиеттеу мағынасында болса, енді бір алуаны адамдар арасындағы этикалық-моральдық қатынастарды реттеу, нормаларын нығайту, жолға қою мақсатына бағытталады. Жүректен // көңілде өткен күннен дақ, реніш, өкпе-қалдықтың қалмауы, бұларды дер кезінде жүректен // көңілден кетірмесе, аяғы араздыққа, дау-жанжалға, қатыгездік пен қастандыққа апарып соқтырады. Сондықтан Наурыз мейрамында кешірім сұрау, кешіру тәрізді адамгершілік акциясы өткізілген. Мұның өзі жүректі таза ұстау, кір шалдырмаудың халық ұғымында соншалықты маңызды екенін көрсетеді.

Әдеб.: Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. Т. 16., Алматы: Жазушы, 1985; Мәшіһур Жүсіп Көпеев. Көп томдық. 12-том. Палодар, 2009; ҚӘТС. 6-том. Алматы: Арыс, 2007; Уәли Н. Бұрынғыдан қалған сөз (қолжазба); ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

НАУРЫЗ АЙЫ – халықтық күнтізбедегі жылдың бас айы, көктемнің бірінші айы, ал қолданыстағы күнтізбе бойынша жылдың үшінші айы.

Наурыз айының басында күн жылып, қыс бойы жатқан жолдас қардың көбесін сөгетін алтын күрек жел еседі. Қар кеткен жерлерде көк шыға бастайды. Қар астынан қылтиып бәйшешек шығады. «Былтыр көрген кісім әлі жүр екен» демесін деп, алғаш көрінген бәйшешектің бірін ырымдап жұлып тастайды. Жыл құстарының ішінде көктемнің хабаршысында болып алдымен келегін сарбауыр көкала торғайды түстік жақтарда наурызек, наурыз торғай деп атайды. Наурыз айындағы «елжіреген» күннің көзіне малшы, егінші қауым аса сене бермейді.

Наурыз айының әсіресе алғашқы онкүндігі халық тілінде түске дейін мүйіз, түстен кейін киіз; ая мейіз алты күн, қырналса қатты күн деп сипаттайды. Қар күрт еріп, жер лайсаң тартып жатқанмен, артынша-ақ алай-түлей қар борап аласапыран болып кетеді. Наурыз айының 10-15-терінде өтетін бұл амалды халықтық метеорологияда отамалы деп атайды. «Қара жерге келсем, қар әкелемін, қарға келсем, қар әкетемін» деген отамалының серті бар дейді есепшілер.

Малшы қауымның қарбаласқа толы тыным көрмейтін шағы наурыз айында басталады. Қой түлігі наурыздың ортасынан аса жаппай төлдей бастайды. Оны қой төгіні деп атаған. Төгіндегі қозыны тәрбиелеуге келетін сақпаншылар жаңа туған қозының аузын үкіп, аяғын сырып жылы орныға жайғастырады, шаранасын жағып енесіне табыстырады.

Егіншілер дән себетін егістік жерін баптап, тоған, арық-атыздарын тазалайды, атыздағы көтермелерін топырақ үйіп жаңартады.

Саятшылар құс салмайды, аңшылар аңға шықпайды.

Наурыз айының 22-күні ескіше наурыздың 9-ында Наурыз мейрамы тойланады (қ. **Наурыз мейрамы**). Көктемнің бірінші айы қазақ жерінің әр өлкесінде Амал (батыста), отамалы (Арқада), көкек (Жетісуда) әртүрлі аталып келген. Алайда бұл ай наурызда өтетін мейрамның атымен аталып, жалпыхалықтық сипат алды.

Әдеб.: Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Алматы: Ғылым, 1977; Уәлиев Н. Ай аттары асылымыз. Күн қайыру // АТ. Жылқы жылы 1991. №№5, 8, 10, 12; Уәли Н. Бұрынғыдан қалған сөз; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

НАУРЫЗ КӨЖЕ – наурыз мерекесі күндері әзірленетін ғұрыптық мәні бар тағам. Наурызды жыл сайын халықтық мейрам ретінде әр түрлі ойындармен, өлең-жырлармен және дәстүрлі әрі ғұрыптық тағам Н. к.-сімен тойлайды. Қазақ наурыз мерекесіне үлкен мән беріп, жылдың басы, ұлыстың ұлы күні мерекесі ретінде атап өткен. Бұл мереке күнінің қарсаңында әрбір үйде Н. к. әзірленуі тиіс. Адамдар үлкендері бар үйден бастап, сәлем беріп, жас құтты болсын айтысып, бір-біріне тілек тілеседі. Наурыз мерекесі күндеріндегі басты жосын – Н.к.-ден ауыз тию міндетті болып саналады. Әр үйге әркім жасына қарай тобымен барып, ақсақалдар бөлек, әже-апалар өз алдына жеке топ болып дастарқанға отыратын болған, сол сияқты ерлер,

әйелдер бала-шағасымен және жастар да бөлек топталып жиналып отырған. Н.к.-ні ішерде де осы салт сақталады.

Сонында молшылық тілеп, ақсақалдар бата бере жүріп, әр үйден көже ішіп шығуға тырысады.

Ұлыс күні қазан толса,

Ол жылы ақ мол болар.

Ұлы кісіден бата алса,

Сонда олжалы жыл болар.

Өлеңнің алғашқы екі жолында, наурыз күні тамақты мол дайындап, сол жылы ақ мол болуын тілеген. Ал соңғы жолдары Ұлыс күні Қыдырдың батасын алса, олжалы болады деген ырымға байланысты айтылған. Мереке кезінде ақсақалдар мен қарттар мал басының көбеюін, мал мен егіншілік онімдерінің мол болуын тілеп, татулыққа, ынтымақтасқан берекелі еңбекке шақырған баталар беріп, жастарға арнап әр түрлі өнегелі өсиеттер, ақыл-кеңестер айтқан, оларды ата-бабадан сабақтасып, мұра болып келе жатқан жақсы салттарды сақтап, дамытуға шақырған. Мәселен, көже ішіліп болған соң ас қайыру да бата түрінде өткенін көруге болады:

Көже істеген келіндер,

Көпке жаққан елілі бол,

Бозторғайдай төлілі бол,

Кірсе, байқар көзді бол,

Ағайынға тұрар сөзді бол!

Қыстан қысыраладық

Жаздағыдай жадырамадық...

Өткен күн өзімен кетіп,

Келген күн жарылқасын!

Күнікей – Наурыз жарылқасын!

Аллауғбар!

Наурыzkөже және жеті дәм. Кейбір өлкелерде Н.к.-ні құдайы көже, көп көже, қос көже және жылы көже (оңтүстікте) деп атаған. Н.к.-нің ғұрыптық маңызы оның жеті түрлі дәмнен құралуы керек деген наным-сенімдік қырында. Ол жеті дәм қазақ арасында әрқилы белгілене береді. Дейтұрғанмен негізгілері табиғаттың берген сыйы ретінде қабылданатын, өмірдің жеті түрлі бастауын нышандайтын, адамзаттың ежелден негізгі қорегі болған – су, тұздан басталады. Содан кейінгі кезекте ет, қатық, құрт және уыз сияқты ақ (сүт) тағам, май, дән (бидай, арпа, тары сияқты астық түрлері) және көкөніс (пияз, сәбіз т.б.) деген құрамдарды белгілейді. Сондай-ақ, бидай, арпа, тары, күріш сияқты дән дақылдарын, тіпті бұршақты да жеке қосу керектігін атайтын жайттер бар. Тіпті, кейбір жағдайда су мен тұздан басқа, 7 не 9 түрлі азық-түлік (бидай, тары, ет, сүт, күріш, май, т. б.) қамтылуы қажет деген де түсінік бар. Алайда, Н.-ге байланысты жеті өлшемнің шартты түрдегі сипат екенін атаған ләзім. Яғни, көп болуын мензеген ұғым ретінде қабылданған. Олар сонымен бірге, ырыс-береке, молшылық, бақыт, сәттілік, даналық, денсаулық, байлық, өсіп-өну, өрге басу ұғымдарын, тәңірдің жарылқауын білдіреді. Ақ тағам құрамына мал төлдеген кез болғандықтан уыз да жек дәм ретінде жүреді. Уыз тіршілік нәрі. Сондықтан, жаңа төлдеген малдың уыз сүті Жаңа жылды білдірсе, қыстан қалған сүр ет ескі

жылды елестетеді. Сөйтіп, осыдан былай көшпендінің еті таусылып, аузы аққа тиеді (к. *Қызылсырау*). Яғни, қыс кетіп, жаз келгені.

Ұлыс күні жоғарыда аталған жеті түрлі дәмнен барымен базар болып көже пісіріледі. Н.к.-нің сүр ет салып пісірілуі - қыс тағамымен (етпен) қоштасуы, құрамына ақтық қосылуы жаз тағамымен (сүт, ақ) қауышудың мәнісін білдіреді. Ал Н.к.-ні тойып ішу «жыл бойына тоқшылық болсын» деген ұғымға саяды. Бұл тағамды дайындаудағы басты мақсат алдағы егіс мол өнім берсін және пісіруте қатысқан адамдардың, ойлағаны іске асын деген де тілек. Дәстүрлі ортада дастарқанда дәм қанша мол болса, ырыздық, несібе де соншалықты көп болады деген наным-сенім орныққан.



Наурыз көже. Суретші Е.Оспанұлы

Көжені суытып айранға араластырып немесе суға езілген құртпен де араластырып ішкен. Ауқатты адамдар арнайы мал сойып, ауылдың ақсақалына асылған малдың басын тартқан. Көжеге қысқы соғымнан қалған етті де қосып берген. Н.к.-ні үлкен тайқазандарда асып, бүкіл ауыл адамдары ауыз тиген. Көжені суытылған түрде ашытылған сүт (айран) қосып немесе сумен араластырылған құртпен бірге ішкен. Бай адамдар арнайы мал шалып (өгіз немесе қошқар), ет асқан. Құрбандық малдың пісірілген басын ауылдың ең құрметті ақсақалына ұсынған. Қысқы соғым етінен Н.к.-ге қосуға арнап арнайы бөліктерін қалдырған. Кейбір жерлерде Наурызда көрші ауылдан туыскандарының ішінен сыйлы ақсақалды қонаққа шақырып, айдың аяғына дейін қонақ қылатын әдет болған. Қонақ өз отбасында қанша жан болса, сонша шыны-аяқ көже ішетін болған. Кейбір жерлерде кісілерді үйден дәм татыратын болса, енді біреулер асты ашық далаға, биіктеу төбе үстіне алып шығатын болған. Мұнда бірнеше үйдің бәйбішелері Наурызға арнап дайындалған дәмдерін ыдыстарымен ала келіп, туыскандарын, көршілерін және жай жүргіншілерді де өздері әзірлеген жаңа жылдық көжеден дәм татуға шақырған. Кейде бір үйге көршілері дайындаған көжелерін ала келіп, бүкіл ауыл болып ішетін болған. Соған қарағанда жиын болатын жер ауа-райына байланысты таңдалатын болуы керек.

Мереке барысында ешқандай жалбарыну рәсімі байқалмаған. Дикан баба мен о дүниелік ата-бабаларының



аруактарына бағыштап Құрашпан қысқа сүре оқып, барлығы тілек пен жаңа-жылдық дәм «Дикан баба мен әруақтарға тие берсін» деп ниет еткен.

Көктем ерте келген аудандарда Наурызды тойлап болысымен, егіншілікке кіріскен. Наурызды тойлау 3-4 күн, ал басқа бір деректер бойынша 7-10 күнге созылған. Көктем ерте түскен аудандарда егіншілер наурызға дейін жерді өңдеп, дайындап қойған соң Н.к.-ні егіншілік жұмысының барысында егіс басында ішкен.

Наурыzkөже және қазан. Дәмге үлкен мән беріп, кие, касиетін ерекше бағалап кадрлеуге байланысты халықтық түсінік бойынша әр ел (ру) арасында бір тайқазан болған. Мереке, мейрамдардан тыс уақыттарда да қандай да бір ерекше оқиғалар кезінде қазан, тайқазандар жосын-жоралғылық қызмет атқарғаны белгілі (**қ. Айрылыс қазан / Айрылыс ас; Қазан**). Қазанның наурыз мерекесі кезінде де жосын-жоралғылық мәні арта түсетіні белгілі. Яғни, ілкіде әр үй өзінің 7 түрлі тағам қосып, пісіріп әкелген көжелерін ел игілігі, құт-берекесі саналатын қазанға құятын. Қазаннан қайтадан таратылып, жиналған халық болып бір мезгілде ішіп-жеп, түрлі шараны атап өтетін. Ол береке-бірліктің, татулықтың нышаны болып саналатын ғұрыпқа байланысты атқарылатын. Осы дәстүр бойынша бір ауылдың, туысқандардың әкеліп қосқан ортақ дәмінен әзірленген көжесінің тағы бір атауы ретінде *көпкөже* деп те аталған болса керек.

Әдеб.: Обзор Сыр-Дарьинской области за 1892 г. Ташкент, 1894; *Диваев А.* Приметы // Сборник материалов для статистики Сыр-Дарьинской области. V т.. Ташкент, 1896; МКЗ. Сыр-Дарьинская область. Казалинский уезд. Ташкент, 1913; Наурыз: жаңғырған салт-дәстүрлер. А.: Қазақстан, 1991; *Оспанов Д.М.* Қазақстанның Оңтүстік аймағындағы қазақтардың дәннен жасалған ұлттық тағамдары (XIX ғ. аяғынан қазірге дейін). Тарих ғылымдарының канд. дәрежесін алу үшін дайындалған дисс. Алматы, 1997; *Қатран Д.* Қазақтың дәстүрлі ас-тағам мәдениеті. Ғылыми редакторы және алғы сөздің авторы Нұрсан Әлімбаев. Алматы: КМӨҒЗИ, 2002; *Кенжеахметұлы С.* Қазақтың дарқан дастарқаны. Алматы: Алматыкітап, 2009; Қазақ фольклорының тарихы. Алматы: Қазақпарат, 2008; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

НАУРЫЗ МЕЙРАМЫ – иран және мұсылман түркі халықтарының, оның ішінде қазақ елінің көне заманнан бері наурыздың 22-сі (ескіше наурыздың 9-ы) күнін *жыл басы* ретінде тойлап келе жатқан айтулы мейрамы. Жыл он екі айдың бас айындағы бұл мейрамды қазақ жұртшылығы байырғы замандардан бері *Ұлыстың ұлы күні* деп те атаған. Бағзы бір замандардан дейтініміз Н. м.-мен байланысты айтылатын аңыз-әпсаналар, мақал-мәтелдер, бата-тілектер, наным-сенімдер, салт, ырым-жоралғылар ел ішінде аз кездеспейді. Мұндай тілдік және тілдік емес деректердің аса мол болуы Н. м.-ның әлеуметтік-мәдени маңызының аса зор болғанын әрі тарихилығын көрсетеді.

Наурыз жайында жазылған, оның жеке-жеке қырын сөз еткен пайымдау мен ой-пікірлер де аз емес. Оның бір қаншасы жалпыхалықтық мейрам екені, халықтық күнтізбеде *жылдың бас айы* болып саналатыны, онда орындалатын салт, жоралғылары Наурызбен байланысты мифтік наным-сенімдер жайында болса, енді бір алуан әңгіме Наурыздың шығу тегі жөнінде деуге болады.

Жылдың бас күні ретінде тойланып, мейрам түрінде өткізу мәдени қарым-қатынастың барысында парсы жұртынан ауысқан деген көзқарасқа саяды. Иә болмаса, *Наурыз* атауы бұрын қазақта болмаған, *Ақтабан шұбырынды, Алқа көл сұлама* кезінде Бұхара, Хиуаға ауған қазақтар өзінің ата қонысына қайта қоныстанғанда Наурыз атауын өзімен бірге ала келген деген жаңсақ пікірлер де айтылып жүр. Арғы Иран-Тұран заманын былай қойғанда, Алып Ер Тона (Афрасиаб) кезінде тұрандықтардың (түркілердің) Н.м.-н тойлаған көрінеді. Бұл жөнінде әйгілі Афрасиаб (Алып Ер Тона) қорғанының оңтүстік қабырғасында «Наурыз» деген жазуы бар сурет сақталып қалған. Тұран мен Иран жұртының едәуір бөлігін билеген көпэтникалы Хорезм патшалығында қаңлы, қыпшақ, алшын, найман деген атпен жүрген қазақтың көптеген ру-тайпалары, одан кейінгі кезде Моғолстандағы дулат, алшын, арғын, найман, жалайыр ру-тайпаларының азаматтарымен саяси, мәдени қарым-қатынаста болғаны Шыңғыс хан заманымен байланысты тарихи жазбалардан кеңінен мәлім жайт.

Наурыздың қадым заманнан келе жатқан халықтық мейрам екені жөнінде ұлы Абай: *«Білер сөз қазақтың қайдан шыққаны туралы»* деген тарихи мақаласында Наурыз тарихын көппелі халықтардың сонау «хибаги», «хұзағи» деп аталған заманға дейін апарып: *«Ол күнде Наурыз деген бір жазғытұрым мейрамы болып, наурыздама қыламыз деп, тамаша қылады екен. Сол күнін «Ұлыстың ұлы күні» дейді екен»*, - деп жазады.

Наурыз шежіресін Мәшһүр Жүсіп Нұх пайғамбардың заманымен, оның қайырлаған кемесімен байланыстырады:

«Бұл наурызнама той болып, қай заманда басталған жұмыс. Жоғарғы жақта сөйленген Нұх пайғамбар еркегі, ұрғашысы аралас сексен қаралы жолдаспен кеме жасап мініп, алты ай, он күн суда жүзіп, су тартылып кемесі Қазықұрт тауына кез болып, соған тоқтап, құрғақшылық көріп, қара жерді басқан. Біреудің әкесі, біреудің баласы, біреудің бауыр-туысқаны қырылып қалып, салт атты, сабау қамшылы судан шыққан тышқандай сүмірейіп шыққан соң тамақтарынан ас жүрмеген. Енді біз тірі болғанда неменеге жараймыз деп уайым-қайғыда болған.

Сонан соң бір үйретуші табылып, арақ жасап ішкен. Арақ ішкен соң, ішкен мас, жеген тоқ, уайым да жоқ, қайғы да жоқ. Бұрынғы күннің жаманын, жақсысын ұмытқан. Өздерінің аман қалғанына қызық-мереке той жасаған. Сөйтсе сол күні ай есебімен санағанда Мұхарам айының оны екен де, жылдыз есебімен санағанда күннің Хамал бұрышына кірген күні – бірінші Хамал болып табылған. Нұх пайғамбардың тұңғышы Сам деген баласы. Ғарап, Ғажам сол Самның ұрпағы, біреуі ай есебін ұстап, жыл басын Мұхарам деп санап, оның оны ғашора күні деп, мейрам қылып ұстап қалған. Біреуі Ғажам жұрты бұл жылдыз есебін ұстап, бірінші хамал жыл басы деп мейрам қылып ұстап қалған. Мұның ұстап қалған күні «число» есебімен марттың тоғызына дәл келіп, қыс пен жаздың аударыс-төңкерісіне тұп-тура дәлме-дәл шыққан. Мұны біздің

қазақ Бұқар есебі дейді. Бұл есептен біздің қазақ жұрты орысқа қарағанша аумай-жаңылмай ұстап келген».

Ай да он екі, жыл да он екі, он екі жылдың басына он екі хайуанды ие қылған, оған ат қойып, айдар таққан.

Осылайша Мәшһүр Жүсіп баба араб жұрты мен ағам жұртында жыл басын атап өтудің айырмасын айтып берген. Сонымен қатар ол Нұх кемесімен байланысты уақиғаның ақыр соңын күллі адамзат қоғамының жаңғырып жаңаруы деп таныған.

Жылдың басы араб елдерінде ай жүйелі күнтізбе бойынша *мұхарам айы*, ал мейрам *ашура* деп аталады. Мұхарам айы ай жүйесіне негізденгендіктен, бірде көктемге, бірде жазға, бірде күзге немесе қыс айларына ауысып отырады. Мұсылман шейттер ашурада Хасан, Хусейннің Кербалада азаппен өлтірілгенін аза тұтады.

Ал жұлдыз жүйелі күнтізбеде жыл басы саналатын ай «жыл араламай» тұрақты болады. Жұлдыз жүйелі күнтізбе ағам, араб, түркі жұртына ортақ болып саналады.

Қалай десек те, Наурыздың жыл басы ретінде танылып, мерекеленетіні Иран-Тұран арасындағы қарым-қатынаспен байланысты мәдени ауыс-түйістік екені ешбір дау туғызбайды. Төркіні ботен жұрттан мәдени-рухани керегіне қажеттісін ала білуі Тұран елінің «балаңдығы» емес, даналығы деп түсінуге болады. Қысқасы, Наурыз парсы жұртының күллі иран халықтарына, мұсылман дініндегі түркі елдеріне тартқан сыйы деген байламға қол қою шындықтан алшақ кетпейді.

Омар Наям (1048-1122) Наурыздың тарихы жөнінде «Наурызнама» деген шығармасында былай деп жазады:

«Күн Амалдан шыққан мезгілде [...] дүние дидары өзгерді және жарық дүние жасанған, жасарған қалыпта жаңа нәрселер пайда болды. Ағам патшалары дәл осы күнді айырықша атап өту үшін әрі екінің бірі бұл күнді оңайлықпен таба алмасын біліп, оны белгілеп, айдарлап қойды. Мұны баршаға мәлімдеп мейрам деп жариялады.

Аңыздың айтуына қарағанда, Кайумарс жыл есебінің басталуы себепті бұл күнді жария еткенде, үш жүз алтыс бес күннен тұратын бұл жылды әрбірінде отыз күн бар он екі айға бөлді де оларды Изид тағаланың [Құдай тағала – ред.] өзі жаратқан он екі періштенің атымен атады. Кейін, ол үш жүз алтыс бес күннің (күндіз-түнінің) ширегінен тұратын ұлы дәуірді «ұлы жыл» деп атады да оны төрт бөлікке бөлді. Үлкен жылдың төрт бөлігі өткенде үлкен Наурыз болады. Бұл кезде дүние жаңаланады.

Патшалардың бір рәсімі бар: жыл басында олар жақсылыққа бағыштап әрі жыл есебін белгілеп алу үшін, тыныштық өмір үшін баршаға қатысты діни жиындар өткізулері лазым. Кімде-кім Наурыз мейрамдап құшуақ жүрсе, келесі Наурызға дейін тыныш, бейғам гұмыр кешеді. Патшалар үшін бұл күнді галымдар белгілеп берген».

Алайда Наурызға байланысты салт, ырым, жоралғыларды, мерекелік түрлендірулерді, табиғатпен

байланысты ұғым-түсініктерді, ай аттарын ағам жұртынан Тұран елдері сол күйі соламайымен қотарып алды деу қатеге ұрындырары сөзсіз.

Өзінің тіршілігі мен рухани дүниесіне сай келмесе, қыр елінің, сахара жұртының бұндай ауыс-түйістікті алмауы мүмкін. Қалауы да басқа болар еді.

Қазақ халқының таным түсінігінде **Наурыз – табиғат** пен **қоғамның** бір-бірімен біте жарасқан рухани дүниесі, яғни табиғаттағы құбылыстың қоғамдағы моделі іспетті

Т а б и г а т т а. Наурызда күн мен түн теңеледі, *жұлдыздар теңеседі*, яғни Сүмбіле, Үшарқар-Таразы, Үркер және Сұлу Сары бір түзудің бойында тізіле орналасады. Есепшілер жұлдыздардың теңесуінен күн мен түннің теңелуін байқаған. Жаңа күннің жарығы мен жылуы қытымыр қысты ығыстырып, жер бетін жылылық жайлап көк қаулайды. Күн өткен сайын Күн белдеуі күннің жүретін жолы жоғарылай түседі.

Қойшы Күн мен Түннің теңелгенін отардағы қойдың жаппай маңырап, аспанға қарата бастарын көтеретін қылығынан байқайды. З.Ахметованың ел аузынан келтірген дерегінде былай делінеді: *«Ұлыстың ұлы күні – Наурыз кіреді. Халықтық таным-наным бойынша күн мен түн тепе-теңдікке жеткен кезде әуеде гажайып бір діріл мен гуіл естіледі, сол үнді «әз» дейді. Әз өткенде бүкіл жан-жануар, күллі өсімдік дүниесінде, жалты тіршілік әлемінің бойына қан жүгіріп, қайта түлеп жаңарады, ескінің ауырлығы кетеді. Әздің жүргені әдетте байқала бермейді, оның өткенін қой малы алдымен сезеді екен. Қой аспанға қарап жамырай маңырап, тұрып қалатын көрінеді. Соны көрген малшы «жаз хабары келді» деп қуаныпты. «Әз болмай, мәз болмайды» немесе «Әз болмай жаз болмайды» дейтін нақыл сөз содан шығыпты». Шынында, ел аузындағы бұл дерекке күмәнмен қарауға болмайды, қой баласының осыған ұқсас қылығын Күннің ұзарып, шарықтау шегіне жеткен кезі - 22-ші маусымда, яғни Үркер оңтүстік батыстан таң ата алғаш көрінгенде байқауға болады. Отардағы қошқар тұмсығын көкке көтереді. Осы кезде малшы қауым қошқарға күйек байлауды меже етіп алады.*

Қазақ елінің Батыс өлкесінде Наурыздың 14-інде сарышұнақ інінен шығады, күн суық болса, ін аузынан ұзамайды, ал күн жылы болса, ұзағырақтау жерге жайылады.

Ал тасбақа болса, күн мен түн теңелгенде інінен аузына шөп тістеп шығады. Шөптің аты *мәриям шөп* деп аталады. Оны еппен алған адам бақытты, дәулетті болады деген сенім бар.

Күн мен Түннің теңелгеніне байланысты тағы бір табиғи белгісі Мәшһүр Жүсіптің Бұхар жұртынан келтірген дерегінде айтылған.

Жиырма тоғыз жасында білім, ғылым іздеп Бұхарай шәріпте болған Мәшһүр Жүсіп өзі байқаған жайын айта келіп: *«Наурыздама той қылатұғын жұрттың патшалары тірі балықты көп қылып ұстатып алып, бір*



керсен суға салып, көптің алқасына қойдырады. Отырған көп әлеумет сол балықтарға көздерін тігіп қарап отырады. Бір мезгілде балық біткен бірі қалмай теп-тегіс шалқасынан жата қалады. Қарындары жарқырап, лезде балықтар аунаған жағынан екінші жағына қарай аунап түседі. Сонан соң патшалар барабан соқтырады: «Ескі жыл шықты, жаңа жыл келді!» – деп, сегіз күн ұдайымен қол астына қараған жұртқа той, тамаша береді: «Жаңа жыл тойы!» – деп жазады. Сонымен, кейбір елдерде Күн мен Түннің теңелуін балықтың аунап түсуінен байқайтын көрінеді.

Күн мен Түннің теңелуі – Наурыз мейрамындағы орталық ұғым. Шаруа бағып ұзақты күнді далада өткізетін малшы, егінші қауым күннің каншалықты ұзарғанын, түннің соншалықты қысқарғанын шамалап біліп отыратын шоқы, төбе, адыр, өзен, бұлақ т.б. табиғи белгілері болады. Күннің қай тұстан шығып қай тұстан батқанына қарап, күндізгі уақыттың каншалықты ұзарғанын пайымдай алады. Олай болмаса қарбаласы көп шаруашылықтың қырын табу оңайға түспейді. Малшы өрісін, қонысын дәл уағында жаңартып отырады. Малды суыққа не ыстыққа ұрындырмас үшін күн райының алдамшы амалына алданып қалмауды ойлайды.

Егінші де күннің өткінші амалына алданып қалмай, жылдағы дағдысы бойынша не ерте, не кеш емес, дәл уақытында жерін баптап, дәнін себеді. Түнде Көк күмбезіндегі жұлдызды, ал күндіз табиғи белгілердің уақыт межесі етіп алады. Көк күмбезіндегі Үш Арқар – Таразы, Үркер, Сұлу Сары жұлдыздары бір түзудің бойына келін түзілген кезіне қарап, күн мен түннің теңелгенін біледі. Осы аталған жұлдыздардың көкжиекке жақындауын межелей отырып, жаздың шығуына неше күн қалғанын да есептеп біледі. Қыр елінің, сахара адамдарының Күн мен Түннің қай уақта теңесетінін, қай кезден бастап күннің ұзарып, түннің қысқаратынын қадым заманнан білгендігіне еш шүбә келтіруге болмайды.

Ұзарған күннің көзі, түн қараңғысының қысқарып, орнын жарыққа беруі, жер бетінің жылып, көктің қаулап шығуы жасарудың, жаңғырудың белгісіндей көрінеді. Жер мұздың, қардың құрсауынан арылып бусанады. Жер дүниені елжірететін де, бусандыратын да тіке түскен күн сәулесі. Күннің қызуы өтін бара жатқан шақта Көк жүзін сары бауыр, қара барқын бұлт басып назағай ойнап, күн күркіреп жаңбыр төгеді. Сусаған, кеберсіген жер-дүние шөлін басып, жер беті одан сайын түрлене түседі. Бұл – ақиқат дүниенің этнос санасындағы перцептивті-сенсорлық қабылдау барысында қалыптасқан семантикалық танбалардың тізбегінен тұратын мәтін түріндегі көрінісі (біз бұл жерде мәтінді жазба тілдік мәтінге айналдырып, объективтендірдік).

Алайда санада түйсік арқылы қабылданған көктемгі картина сол күйінде қалып қоймай әрі қарай ақпараттық-танымдық «өңдеуден» өтеді де қоғамдық санада әртүрлі мазмұндағы мәтіндер пайда болады. Мысалы, таным

үрдісінде табиғаттағы Көк пен Жердің арасындағы бұл ғажайып құбылыстың болмысын ізерлеу «іске қосылады»: халықтық антропоцентристік танымы бойынша Көк пен Жер персонификацияланады. Көк Тәңірі – «ер», Жер Тәңірі – «әйел» бейнесінде ұғынылып, екеуі қауышып жақындасады. Сөйтіп, көзі ашылған Көк Тәңірі ұйқыдағы Жер Тәңірін (әйел Құдайды) оятып, оған тіршілік нұрын дарытады.

Халықтың когнитивтік санасындағы осындай антропоцентристік түсінікті Мәшһүр Жүсіп былайша дәлме-дәл сипаттаған: *«Он екі айды бір жыл дейді. Бір жыл бір кісінің өмірі есепті. Бір Құдайдан басқаның бәрі бірінен бірі туып, өсіп-өнбек. Туып, өсіп, өнетұғынның бәрі де қартаймақ, өлмек! Көк – байы да, жер – қатыны. Солай болғаны үшін: «Көктен жасудырсын, жерден өндірсін!» - дейді.*

Аспанда бұлтқа бұлт шағылысады, сөйтіп жаңбыр жауады. Жаңбыр көп жаумайтын жылы: «Бұлт қысырап қалды» – деп, күн бұрын айтып отырушылар болады. Жаралған: Жанды, жансыз – бәрі де жұп жаралған. «Жұп» мәнісі – «ерлі-байлы» – деген сөз.

Жыл – өзі. Жазғытұрым – жаңа туған жас бала. Үш айға шейін солай. Үш айдан соң жігіт болып жетілгені. Ол өмірі – үш ай. Онан кейін: егде, моқал, бұрыл бас болғаны. Мұндай болған уақытын: «күз күні» - дейді. Бұл өмірі де – үш ай. Онан кейін: «қыс-зымстан» - деп атайды. Қар астында қалғандығы – ол -өлгені. Он екі ай бітумен бір жылдың өмірі бітеді. Жыл басына кесілген өмір он екі айдан аспақ емес. Он екі ай бітіп, бір жылдың өмірі таусылды. Енді жаңа жыл туады. Бұл – туатұғын – былтырға өткен жыл емес. Онан басқа, бөлек жыл. Бұл жыл басында туатұғын күн де бұрынғы күн емес. Күн бүгін туған – жаңа күн. Сол жаңа туған жылын, жаңа туған күнін құттықтап, қуанып той қылса, сол жыл да, сол күн де бұл құттықтаған, қуанғанды қолтығына қысып, құшағына алып сый-құрметпен, қызық дәуренмен өткізуге міндетті, борышты». Бұл айтылғандардан халықтың антропоцентристік танымдағы «Жыл»-дың адам түрінде кейіптелген моделін айқын аңғаруға болады.

Наурыздың түп негізі әуелде табиғатпен тығыз байланыста болды, яғни «Күн» мен «Түннің» теңелуі табиғи белгі ретінде алынды.

Алайда Күн мен Түннің жазғытұрымғы теңелуі бар да, күзгі теңелуі (22/24 қыркүйек) бар. Олардың күзгі теңелуді алмай жазғытұрымғы теңелуге ден қою табиғаттағы тіршіліктің жаңару мен жасару, өркендеу, жасампаздық идеясымен байланысты болды. Күзгі теңелуде ондай табиғи нышан жоқ, яғни өркендеу, жасампаздық идеясымен қабыспайды. Табиғаттағы жаңару, өркендеу өркен жаю құбылысын қоғаммен байланыстыру «Наурыздың» халықтық тұжырымдамасындағы ең өзекті идея болды. Сөйтіп, қоғамның өркендеу идеясымен үндесе түсті.

Абыздар, дінбасылар табиғаттағы «теңесу», жасару жаңару, өркен жаю үрдісі өздігінен болмайды, ол

Тәңірдің күллі тіршілік иелеріне жасаған жақсылығы деп ұғындырды. Соған орай адамдарға, жалпы тіршілік атаулыға құт-береке дарытатын Қыдыр Ата бейнесі қайта жаңғырады. Қыдыр Атаның ақ құйған, дән толтырылған ыдысқа назары түссе, мал төлді болып, егін жақсы шығады деген түсінік қалыптасып, *Қыдыр түні* деп аталатын мифтік түсінік пайда болды. *Қыдыр түні* жеке ыдысты дәнмен, таза бұлақ суымен толтыру жоралғысының тоқшылық, молшылықты көксеу идеясын аңғаруға болады.

Қазан толы *наурыз көже* жоралғысы тоқшылық мәнін ғана емес, этномәдени семиотикалық таңба ретінде білдіретін имплицитті мағынасы – елдің татулығы мен бірлігі. Өйткені бір қазаннан дәм татқан жандар «түз-дәм» культі бойынша ол үйге жамандық жасамауы тиіс. Ерте заманда атақты байлар, бек, сұлтандар, хандар ұлан-асыр той жасап, қарапайым халықтың көнілін көтерген. Наурыздың ас-су шығынын өз мойнына алған. Бұл – татулықынтымақтастық идеясының Наурыз көже жоралғысы (ритуалы) түрінде объективтенген көрінісі (репрезентациясы).

Наурызбен байланысты қоғамның тазару идеясын айрықша мән берілгені байқалады. *Кетік аяқты сындыру, ескі-құсқыны моғал ошақта өртеу* арғылу, тазару идеясының жоралғысы (ритуалы) деуге болады. Бұл – адамдар арасындағы қатынасты реттеудің, ескіден келе жатқан жаулыққа жол бермеудің, жамандықтан тазаланудың отпен жоралғыланған (ритуалданған) көрінісі.

Наурыздағы Ұлыстың ұлы күнінде құл мен күнге бас бостандығын беріп, азаматтық құқығын қайтару салты негізінде қоғамды ізгілікке бастау идеясы іспетті деуге болады. *Құлға да бір күн бостандық* деп, *құл құрықтан, күң сырықтан* құтылады

Сондай-ақ ұжымдасу арқылы жол бойына ағаш егу, көпір салып, өткел жасау – ізгілікке үндеу идеясының бір көрінісі.

Бұлақтың көзін ашу, көкті жұлмау, таптамау, өсіп тұрған ағашты беталды кеспеу, ысырап жасамау, ұшқан құс, жүгірген аңды қырып-жоюдан сақтау табиғатты аялау идеясының, қазіргіше айтқанда экологиялық көзқарастың, бірден-бір көрінісі. Олардың Киесі мен Иесінің болатыны, сұраусыз болмайтынын ел ақсақалдары үнемі еске салып жас буынды сақтандырып отырған.

Қоғамда. Ұлыстың Ұлы күні – «Наурыз» меркесімен байланысты концептуалды ұғымдардың бірі. *Ұлыстың ұлы күні* деген сөз орамындағы Ұлы күн, «жылдың бас күні» деген мағынаны білдіреді. Ең абзал, ең мәртебелі болып ұғынылғандықтан оны қазақтар *Ұлы күн* деп атаған. Ал *ұлыс* сөзі жұрт, ел, халық деген мағынаны білдіретін жиынтық ұғымның атауы. Бір хандықтың құрамында бірнеше ру-тайпадан тұратын әкімшілік-территориялық бірлік ұлыс деп аталған. Ұлысты, әдетте, *ұлысбегі* басқарды. *Ұлыс оң болсын* дегендегі *ұлыс* «ел, халық» деген мағынаны білдіреді. Қысқасы, *Ұлыс, Ұлы*

күн атаулары бір-бірімен байланысып, тіркесіп барып «Наурыз» мейрамы дегенді білдірген. Мәшһүр Жүсіп: *«Қазақта Наурыз деген кісі аты бөлген. Келін-келшіктер атай алмай «Ұлы күн» – деп, Ұлыстың ұлы күні деп кеткен. «Ұлыс» - Түркінің ата-бабаларынан қалған ескі тіл. Біздің қазақта Ұлыстың ұлы күні – «Наурыз» - дейді.*

Н.м.-нда қауымдасып, бұлақтың көзін ашады, ағаш егеді, арық тазалайды. *«Атаңнан мал қалғаниша, тал қалсын»* деп, тоған бойына, жол жиегіне, бұлақ басына ағаш егеді. Көпір салады, бұзылған көпірді, жолды жондейді. Сөйтіп, табиғатқа да, қоғамға да пайдалы іс атқарылады. Адамдар үй-ішін, қора-қопсысын тазартады. Жылы аймақтарда жерді ертеректе омашпен (ағаш соқамен) жыртып, дән егеді.

Адамдар жаңа киімдерін киіп, көрші-қолан, ағайын-туысты жаңа жылмен құттықтайды. *Ұлыстың күні құтты болсын* деп, бір-біріне түзу тілек, ақ ниетін білдіреді. *Жасыңа жас қосылды, жасың құтты болсын* деген түзу тілек айтады. Өйткені қазақта туған күн тойлау деген болмаған, бәрінің, баршаның туған күні Наурыз деп есептеліп, *«Жасың құтты болсын»* дейді.

Ауыл ақсақалдары араларына жік түскен бауырлас ел, руларды, ағайын, дос-жарандарды бір дастарқаннан дәм таттырып, табыстырған. Адамдар бір-біріне деген ренішін кешеді, өкпе-қалдықтарынан тазарады жалғыз жарым жетімдерді үйлендіріп, жеке отау тігеді. Кембағал, мүгедектерді жақын туыстарының қарауына арнайы міндеттеп тапсырып отырады. Жұтқа ұшырап қиналғандарға жылу жинап, жұртшылық жасайды (**қ. Жұртшылық**). Алтыбақан басында ән айтылып, күй тартылады. *Аударыспақ, күрес, қыз қуу, алтыбақан, тартыспақ, тең көтеру, т.б.* дәстүрлі ұлттық ойындар ойналады. Таң ата көпшілік биік *төбенің* басына шығып, атқан таңды жақсы сөз, түзу тілекпен қарсы алады.

Наурыз нанымдары өркендеу (плодородия) идеясы мен Тіршілік әлемін әспеттеуге байланысты қалыптасқан. *Ұлыс күні аң ауламайды, саятшылық жасамайды; шаш, тырнақ алмайды. Алайда, өркендеу идеясымен қабыспайтын болғандықтан, ерте кезде ажал әкелуші деп төрткөз итті өлтірген. М.Әуезов келтірген деректе Төрткөз саряқ итті өлтіретіні, моғал ошақ қазатыны, кетік аяқ, кетік шомішті сындыратыны, Қыдыр түні Жұп шырақ жағатыны айтылған.*

Жоғарыда келтірілген әр түрлі деректердің кейбірінің мәні түсінікті болғанымен, қайсы бірінің арғы мәні белгісіз. Мысалы, ұлы жазушы, халықтық дәстүрді терең білген М.Әуезовтің корсетуінше, *жұп шырақ жағу* дегені От иеге арналған тілек. Кетік ыдыс-аяқты сындыру ескі күннен қалған қиындықтар мен бәле-жаладан арылу дегенді меңзейді.

Наурыз көже неге жеті түрлі дәннен жасалады? Наурыз тойланатын елдерде 362 әулиенің ішінде *Ғайып Ерэн, қырық шілтен, жеті әулие* ерекше деп танылады, мұндағы жеті әулие тобы *абрар* деп аталады. Наурыз көжедегі жеті



керсен суга салып, көптің алқасына қойдырады. Отырған көп әлеумет сол балықтарға көздерін тігіп қарап отырады. Бір мезгілде балық біткен бірі қалмай теп-тегіс шалқасынан жата қалады. Қарындары жарқырап, лезде балықтар аунаған жағынан екінші жағына қарай аунап түседі. Сонан соң патшалар барабан соқтырады: «Ескі жыл шықты, жаңа жыл келді!» – деп, сегіз күн ұдайымен қол астына қараған жұртқа той, тамаша береді: «Жаңа жыл тойы!» – деп жазады. Сонымен, кейбір елдерде Күн мен Түннің теңелуін балықтың аунап түсуінен байқайтын көрінеді.

Күн мен Түннің теңелуі – Наурыз мейрамындағы орталық ұғым. Шаруа бағып ұзақты күнді далада өткізетін малшы, егінші қауым күннің каншалықты ұзарғанын, түннің соншалықты қысқарғанын шамалап біліп отыратын шоқы, төбе, адыр, өзен, бұлақ т.б. табиғи белгілері болады. Күннің қай тұстан шығып қай тұстан батқанына қарап, күндізгі уақыттың каншалықты ұзарғанын пайымдай алады. Олай болмаса қарбаласы көп шаруашылықтың қырын табу оңайға түспейді. Малшы өрісін, қонысын дәл уағында жанартып отырады. Малды суыққа не ыстыққа ұрындырмас үшін күн райының алдамшы амалына алданып қалмауды ойлайды.

Егінші де күннің өткінші амалына алданып қалмай, жылдағы дағдысы бойынша не ерте, не кеш емес, дәл уақытында жерін баптап, дәнін себеді. Түнде Көк күмбезіндегі жұлдызды, ал күндіз табиғи белгілердің уақыт межесі өтіп алады. Көк күмбезіндегі Үш Арқар – Таразы, Үркер, Сұлу Сары жұлдыздары бір түзудің бойына келіп түзілген кезіне қарап, күн мен түннің теңелгенін біледі. Осы аталған жұлдыздардың көкжиекке жақындауын межелей отырып, жаздың шығуына неше күн қалғанын да есептеп біледі. Қыр елінің, сахара адамдарының Күн мен Түннің қай уақта теңесетінін, қай кезден бастап күннің ұзарып, түннің қысқаратынын қадым заманнан білгендігіне еш шүбә келтіруге болмайды.

Ұзарған күннің көзі, түн қараңғысының қысқарып, орнын жарыққа беруі, жер бетінің жылып, көктің қаулап шығуы жасарудың, жаңғырудың белгісіндей көрінеді. Жер мұздың, қардың құрсауынан арылып бусанады. Жер дүниені елжірететін де, бусандыратын да тіке түскен күн сәулесі. Күннің қызуы өтіп бара жатқан шақта Көк жүзін сары бауыр, қара барқын бұлт басып назағай ойнап, күн күркіреп жаңбыр тогеді. Сусаған, кеберсіген жер-дүние шөлін басып, жер беті одан сайын түрлене түседі. Бұл – ақиқат дүниенің этнос санасындағы перцептивті-сенсорлық қабылдау барысында қалыптасқан семантикалық танбалардың тізбегінен тұратын мәтін түріндегі көрінісі (біз бұл жерде мәтінді жазба тілдік мәтінге айналдырып, объективтендірдік).

Алайда санада түйсік арқылы қабылданған көктемгі картина сол күйінде қалып қоймай әрі қарай ақпараттық-танымдық «өңдеуден» өтеді де қоғамдық санада әртүрлі мазмұндағы мәтіндер пайда болады. Мысалы, таным

үрдісінде табиғаттағы Көк пен Жердің арасындағы бұл ғажайып құбылыстың болмысын ізерлеу «іске қосылады» халықтық антропоцентристік танымы бойынша Көк пен Жер персонафикацияланады. Көк Тәңірі – «ер», Жер Тәңірі – «әйел» бейнесінде ұғынылып, екеуі қауышып жақындасады Сөйтіп, көзі ашылған Көк Тәңірі ұйқыдағы Жер Тәңірі (әйел Құдайды) оятып, оған тіршілік нұрын дарытады.

Халықтың когнитивтік санасындағы осындай антропоцентристік түсінікті Мәшһүр Жүсіп былайшы дәлме-дәл сипаттаған: «Он екі айды бір жыл дейді. Бір жыл бір кісінің өмірі есепті. Бір Құдайдан басқаның бәр бірінен бірі туып, өсіп-өнбек. Туып, өсіп, онетұғынны бәрі де қартаймақ, өлмек! Көк – байы да, жер – қатыны Солай болғаны үшін: «Көктен жасудырсын, жердегі өндірсін!» - дейді.

Аспанда бұлтқа бұлт шағылысады, сөйтіп жаңбыр жауады. Жаңбыр көп жаумайтын жылы: «Бұлт қысырап қалды» – деп, күн бұрын айтып отырушылар болады. Жаралған: Жанды, жансыз – бәрі де жұп жаралған «Жұп» мәнісі – «ерлі-байлы» – деген сөз.

Жыл – өзі. Жазғытұрым – жаңа туған жас бала. Үш айға шейін солай. Үш айдан соң жігіт болып жетілгені. Ол өмірі – үш ай. Онан кейін: егде, мосқал, бұрыл ба болғаны. Мұндай болған уақытын: «күз күні» - дейді. Бұл өмірі де – үш ай. Онан кейін: «қыс-зымстан» - деп атайды. Қар астында қалғандығы – ол – өлгені. Он екі ай бітумен бір жылдың өмірі бітеді. Жыл басына кесілсе, өмір он екі айдан аспақ емес. Он екі ай бітіп, бір жылды өмірі таусылды. Енді жаңа жыл туады. Бұл – туатұғы. – былтырға өткен жыл емес. Онан басқа, бөлек жыл. Бұл жыл басында туатұғын күн де бұрынғы күн емес. Күн бүгін туған – жаңа күн. Сол жаңа туған жылын, жаңа туған күнін құттықтап, қуанып той қылса, сол жы да, сол күн де бұл құттықтаған, қуанғанды қолтығын қысып, құшағына алып сый-құрметпен, қызық дәуренмен өткізуге міндетті, борышты». Бұл айтылғандарда халықтың антропоцентристік танымдағы «Жыл»-ды адам түрінде кейіптелген моделін айқын аңғаруға болады.

Наурыздың түп негізі әуелде табиғатпен тығы байланыста болды, яғни «Күн» мен «Түннің» теңелу табиғи белгі ретінде алынды.

Алайда Күн мен Түннің жазғытұрымғы теңелуі бар де күзгі теңелуі (22/24 қыркүйек) бар. Олардың күзгі теңелуді алмай жазғытұрымғы теңелуге ден қою табиғаттағы тіршіліктің жаңару мен жасару, өркендеу, жасампазды идеясымен байланысты болды. Күзгі теңелуде онда табиғи нышан жоқ, яғни өркендеу, жасампазды идеясымен қабыспайды. Табиғаттағы жаңару, өркендеу өркен жаю құбылысын қоғаммен байланыстыр «Наурыздың» халықтық тұжырымдамасындағы ең өзекті идея болды. Сөйтіп, қоғамның өркендеу идеясы ме үндесе түсті.

Абыздар, дінбасылар табиғаттағы «теңесу», жасару жаңару, өркен жаю үрдісі өздігінен болмайды, о

Тәңірдің күллі тіршілік иелеріне жасаған жақсылығы деп ұғындырды. Соған орай адамдарға, жалпы тіршілік атаулыға құт-береке дарытатын Қыдыр Ата бейнесі қайта жанғырады. Қыдыр Атаның ақ құйған, дән толтырылған ыдысқа назары түссе, мал толді болып, егін жақсы шығады деген түсінік қалыптасып, *Қыдыр түні* деп аталатын мифтік түсінік пайда болды. *Қыдыр түні* жеке ыдысты дәнмен, таза бұлақ суымен толтыру жоралғысының тоқшылық, молшылықты көксеу идеясын аңғаруға болады.

Қазан толы *наурыз көже* жоралғысы тоқшылық мәнін ғана емес, этномәдени семиотикалық таңба ретінде білдіретін имплицитті мағынасы – елдің татулығы мен бірлігі. Өйткені бір қазаннан дәм татқан жандар «түз-дәм» культі бойынша ол үйге жамандық жасамауы тиіс. Ерте заманда атақты байлар, бек, сұлтандар, хандар ұлан-асыр той жасап, қарапайым халықтың көңілін көтерген. Наурыздың ас-су шығынын өз мойнына алған. Бұл – татулықынтымақтастық идеясының Наурыз көже жоралғысы (ритуалы) түрінде объективтенген көрінісі (репрезентациясы).

Наурызбен байланысты қоғамның тазару идеясына айрықша мән берілгені байқалады. *Кетік аяқты сындыру, ескі-құсқыны моғал ошақта өртеу* арқылы, тазару идеясының жоралғысы (ритуалы) деуге болады. Бұл – адамдар арасындағы қатынасты реттеудің, ескіден келе жатқан жаулыққа жол бермеудің, жамандықтан тазаланудың отпен жоралғыланған (ритуалданған) көрінісі.

Наурыздағы Ұлыстың ұлы күнінде құл мен күнге бас бостандығын беріп, азаматтық құқығын қайтару салты негізінде қоғамды ізгілікке бастау идеясы іспетті деуге болады. *Құлға да бір күн бостандық* деп, *құл құрықтан, күн сырықтан* құтылады.

Сондай-ақ ұжымдасу арқылы жол бойына ағаш егу, көпір салып, өткел жасау – ізгілікке үндеу идеясының бір көрінісі.

Бұлақтың көзін ашу, көкті жұлмау, таптамау, өсіп тұрған ағашты беталды кеспеу, ысырап жасамау, ұшқан құс, жүгірген аңды қырып-жоюдан сақтау т а б и ғ а т т ы а я л а у и д е я с ы н ы ң, қазіргіше айтқанда экологиялық көзқарастың, бірден-бір көрінісі. Олардың Кпесі мен Исесінің болатыны, сұраусыз болмайтынын ел ақсақалдары үнемі еске салып жас буынды сақтандырып отырған.

Қ о ғ а м д а. Ұ л ы с т ы ң Ұ л ы к ү н і – «Наурыз» меркесімен байланысты концептуалды ұғымдардың бірі. *Ұлыстың ұлы күні* деген сөз орамындағы Ұлы күн, «жылдың бас күні» деген мағынаны білдіреді. Ең абзал, ең мәртебелі болып ұғынылғандықтан оны қазақтар *Ұлы күн* деп атаған. Ал *ұлыс* сөзі жұрт, ел, халық деген мағынаны білдіретін жиынтық ұғымның атауы. Бір хандықтың құрамында бірнеше ру-тайпадан тұратын әкімшілік-территориялық бірлік ұлыс деп аталған. Ұлысты, әдетте, *ұлысбегі* басқарды. *Ұлыс оң болсын* дегендегі *ұлыс* «ел, халық» деген мағынаны білдіреді. Қысқасы, *Ұлыс*, *Ұлы*

күн атаулары бір-бірімен байланысып, тіркесіп барып «Наурыз» мейрамы дегенді білдірген. Мәшһүр Жүсіп: *«Қазақта Наурыз деген кісі аты болған. Келін-кешіктер атай алмай «Ұлы күн» – деп, Ұлыстың ұлы күні деп кеткен. «Ұлыс» – Түркінің ата-бабаларынан қалған ескі тіл. Біздің қазақта Ұлыстың ұлы күні – «Наурыз» – дейді.*

Н.м.-нда қауымдасып, бұлақтың көзін ашады, ағаш егеді, арық тазалайды. *«Атаңнан мал қалғаниша, тал қалсын»* деп, тоған бойына, жол жиегіне, бұлақ басына ағаш егеді. Көпір салады, бұзылған көпірді, жолды жөндейді. Сөйтіп, табиғатқа да, қоғамға да пайдалы іс атқарылады. Адамдар үй-ішін, қора-қопсысын тазартады. Жылы аймақтарда жерді ертеректе омашпен (ағаш соқамен) жыртып, дән егеді.

Адамдар жаңа киімдерін киіп, көрші-қолан, ағайын-туысты жаңа жылымен құттықтайды. *Ұлыстың күні құтты болсын* деп, бір-біріне түзу тілек, ақ ниетіп білдіреді. *Жасыңа жас қосылды, жасың құтты болсын* деген түзу тілек айтады. Өйткені қазақта туған күн тойлау деген болмаған, бәрінің, баршаның туған күні Наурыз деп есептеліп, *«Жасың құтты болсын»* дейді.

Ауыл ақсақалдары араларына жік түскен бауырлас ел, руларды, ағайын, дос-жарандарды бір дастарқаннан дәм таттырып, табыстырған. Адамдар бір-біріне деген ренішін кешеді, өкпе-қалдықтарынан тазарады жалғыз жарым жетімдерді үйлендіріп, жеке отау тігеді. Кембағал, мүгедектерді жақын туыстарының қарауына арнайы міндеттеп тапсырып отырады. Жұтқа ұшырап қиналғандарға жылу жинап, жұртшылық жасайды (**қ. Жұртшылық**). Алтыбақан басында ән айтылып, күй тартылады. *Аударыспақ, күрес, қыз қуу, алтыбақан, тартыспақ, тең көтеру, т.б.* дәстүрлі ұлттық ойындар ойналады. Таң ата көпшілік биік *төбенің* басына шығып, атқан таңды жақсы сөз, түзу тілекпен қарсы алады.

Наурыз нанымдары өркендеу (плодородия) идеясы мен Тіршілік әлемін әспеттеуге байланысты қалыптасқан. *Ұлыс күні аң ауламайды, саятшылық жасамайды; шаш, тырнақ алмайды. Алайда, өркендеу идеясымен қабыспайтын болғандықтан, ерте кезде ажал әкелуші деп төрткөз итті өлтірген. М.Әуезов келтірген деректе Төрткөз саряқ итті өлтіретіні, моғал ошақ қазатыны, кетік аяқ, кетік шөмішті сындыратыны, Қыдыр түні Жұп шырақ жағатыны айтылған.*

Жоғарыда келтірілген әр түрлі деректердің кейбірінің мәні түсінікті болғанымен, қайсы бірінің арғы мәні белгісіз. Мысалы, ұлы жазушы, халықтық дәстүрді терең білген М.Әуезовтің көрсетуінше, *жұп шырақ жағу* дегені От иеге арналған тілек. Кетік ыдыс-аяқты сындыру ескі күннен қалған қиындықтар мен бәле-жаладан арылу дегенді меңзейді.

Наурыз көже неге жеті түрлі дәннен жасалады? Наурыз тойланатын елдерде 362 әулиенің ішінде *Ғайып Ерен, қырық шілтен, жеті әулие* ерекше деп танылады, мұндағы жеті әулие тобы *абрар* деп аталады. Наурыз көжедегі жеті



дәмнің арғы мәнінде жеті әулиені пір тұту жатады деп жорамалдауға болады.

Ал неге төрткөз итті өлтіреді? Мұның себебін діни дастан-қиссаларда айтылатын аңыздармен байланысты да қарауға болады. Атақты Жүсіпбек қожа Шайхысламұлының Кербала трагедиясын дастан етіп жазған «Қисса уақиға Кербала» жырында Хазіреті Ғалидің Фатимадан туған баласы Хұсайынды Кербала шөлінде қинап өлтірген және шейіт болған сейітзадалардың дүние-мүлкін тонаушылар Хақ Тағала құдіретімен доңызға және төрткөз итке айналатыны айтылады. Солардың бірі Шәймір төрткөз ит кейнінде жүреді.

*Шәймірдің төрткөз ит боп Кербалада,
Жүр дейді әлі сусап жүр далада.
Ғамири мен Хайназардың басын кесті,
Мұсылман ұстап алып сол арада*

Сондай-ақ байырғы индоиран елдерінде төрткөз итті ажсалы жеткен жан иелеріне жібереді деген мифтік наным бар.

Индоиран мифтік деректерін көне Қаңлы, Қытшақ, Қимақ елімен байланысты салыстыра қарастырған белгілі тарихшы Ю.А. Зуевтің зерттеуіндегі келтірген Йама мен Йами туралы Көне Үнді елінің мифінде төрткөз ит кездеседі. Онда былай делінеді:

Адамзаттың негізгі Йама және оның егізі Йами деген қарындасы болған дейді. Йама ең алғашқы адам, ажсалы жеткенде өлуге тиіс. Ал Йами құдайлар санатында болғандықтан еш уақта өлмейді екен. Йами құдайлар санатында болғанмен, әйелге тән сезіммен Йамаға қосылғысы келеді. Көк пен Жер де егіз болған, бірге туған, солар сияқты болайық, Жаратушы иенің өзі бізді құрсақта жатқанда қосып қойған деп Йаманы көндіруге тырысады.

Күндердің күнінде Йама өледі, ал Йами күні бойы жылаумен болады. Ол кезде түн болмаған, тек күндізгідей жарық болған. Йами көз жасын көлдетіп жылай берсе, Жер мен Көкті су алып кетеді деп, Құдайлар Түнді жаратады. Түн болғанда Йами өлген сыңарын іздеп жыламайтын болады.

Ал Йама о дүниеде, өлілер патшалығында жүреді. Бірақ Йама жасаған ізгілікті істері Құдайға ұнап, оны Көк әлемінде тұратын құдайлар санатына қосады. Ол түстік жақтағы аруақтар патшалығын билейді. Оның қолында арқан тұзағы бөлады. Уақыты жеткен жан иелерін сол тұзағын салып о дүниеге әкетеді. Ал оған төрткөз екі ит көмектесіп жүреді дейді.

Орталық Азия халықтарының біразына тараған өсы тәрізді индоиран мифтері аз кездеспейді.

Наурызда төрткөз саряқ итті өлтіру жоралғысының шығу тегі өсы аңызбен байланысты болуы ықтимал. Төрткөз ит тірі жан иелерінің ажсалына себепші болатындықтан, оның Наурызда өлтірілуі Өркендеу идеясына қайшы келмейді. Төрткөз итті «қан шығармай-ақ» күшала беріп те өлтіретін болған. Жайшылықта қазақтар төрткөз итті өлтірмейді, бірақ асырамай, қуып жібереді.

Бұл күнде архисемасы (түпкі мәні) ұмытыла бастаған м о ғ а л о ш а қ қ а з у, біздің жорамалдауымызша, - кем-кетік, ескі-құсқы заттар ортелін, артынан беті топырақпен жабылатын жерошақ болуы мүмкін. Себебі бәле-жаланы аластау мақсатында ортелетін ескі заттар үйдегі ошаққа тасталмаған (**қ. Моғал ошақ қазу**).

Қ а й р а х а н д ы к ө ш і р у жоралғысы Күн шығардан бұрын жасалады. Ыдысқа сүт құйып «*көш, Қайрахан, көш!*» деп, ыдыстағы сүтті төңіректің төрт бұрышына – батысқа, шығысқа, терістікке, түстікке қарай шашады. Қайраханды жаманшылықтың иесі деп түсінеді.

Қ ы з ы р т у н і қара қазанның түбі бос болмасын деп, май тамызып, үйдегі ыдыстарға ағарған (сүт, айран, уыз т.б.) құйып қояды. Қайсыбір ыдысқа бидай, арпа, сұлы толтырып, бақырға бұлақ суын толтырады. Бұл жоралғы жыл бойы молшылық болсын деген тілеуді аңғартады.

П ы ш а қ қ а н д а м а у. Наным-сенім бойынша Наурызда – Ұлыстың ұлы күнінде – мал бауыздамайды. *Өлі етті*, яғни Наурызға дейін сойылған малдың етін асады. Себебі мал сойып пышақ қандау халықтың «Наурыз» концепциясындағы - Өркендеу, жасампаздық идеясына қайшы келеді. Наурыздама тойын жасағандар қысқы соғымның шеке, жілік тәрізді кәделі мүшелері мен қазы-қарта, жал-жаяны, сондай-ақ Наурызға дейін сойылған малдың етін пайдаланады.

Наурыз салттары. К ө р і с у – Ұлыстың ұлы күні атқарылар салттың бірі. *Көрмесең – жат, көріспесең – ұят* деп, ағайын-туыс бір-бірімен амандасып, көрісіп жатады. Ер-азаматтар қос қолдасып амандасып, төс қағыстырса, әйелдер жағы құшақтасып, бір-біріне игі тілектер айтады, арнайы даярланған дастарқаннан дәм ауыз тиюге, бірін-бірі жеті дәмнен эзірленген наурызкөже ішуге шақырады. Этикет бойынша жасы кішілер алдымен үлкен шаңыраққа барып жасы үлкенмен көріседі. Үлкен адамның ұсынған қолын қос қолдап, сыртынан аялап алып, төс қағыстырып амандасады. Әйелдер құшақ жайып амандасады. Ұлыстың Ұлы күнгі көрісу салтын халық мұрасында өленмен дәлме-дәл өрнектелген:

*Ұлыс күні кәрі-жас,
Құшақтасып көріскен,
Жаңа ағытқан қозыдай,
Жамырасып өріскен,
Шалдар бата беріскен.*

Қазақ елінің батыс өлкесінде Маңғыстау, Атырау жағында бір үйдегі жандар Ұлыс күнгі таң ата ұйқыдан тұра салысымен бірін-бірі құшақтан көрісетін болған. Ал алыстағы ағайын, жекжат-жұратымен Наурыз айының ішінде, я болмаса келесі Наурызға қалдырмай, «*Көріспесең – жат, бармасаң – ұят*» деп көрісуді қатаң ұстанған.

Н а у р ы з к ө ж е. Наурыздың 21-нен 22-сіне қараған түні молшылықтың жоралғысы ретінде әрбір шаңырақта міндетті түрде қазан толы наурыз көже эзірленеді. Дәстүр бойынша наурыз көже қысқы соғымнан арнайы сақталған еті асылады, оған бидай, тары, арпа дақылдары қосылады. Наурыз көже кем дегенде жеті дәмнен жасалады. Су, тұзды

да дәмге қосады. Наурыз көже құрамы жеті түрлі дәмнен артық та болуы мүмкін. Бірақ дәм тақ сан түрінде болады. Өйткені наурыз «береке, бірлік» идеясын білдіреді де, тақ бөлінбейтін, сан деп ұғынылады. Қыстан қалған, наурызға деп қап түбінде сақталған соғым еті қыстың дәмі, деп ұғынылса, ал ең соңында наурыз көжеге қосылатын ағарған (айран, қатық, құрт) келер жаздың дәмі деп ұғынылады. Жасы үлкен ауыл, ел, әулет қарияларының кейбірінің аты Наурыз, Наурызбай болса, келіндер жағы Наурыз демей эфемизммен тағамның атын *көпкөже, тілеу көже* деп атайды.

Наурыз дастарқанына жасы үлкен қариялар «*Ұлыс оң болсын, Ақ мол болсын*» деп, наурыз батасын береді. Ұлыс күні әйелдердің *Ұзынсарыға* деп, сақтаған қысқы соғымның шекесі асылады, бүйендегі, қарындағы сарымайды бастайды. «Наурыз айындағы ұзарған күнді» әдетте, әйелдер *Ұзынсары* дейді.

Ұ з ы н с а р ы деп «күн мен түн теңеліп, әрі қарай күн ұзара түскен кезін, сондай-ақ өткен жылғы азық-түлік салынған алақаптың түбі қағыла бастаған кезден мал жаппай төледеп, елдің аузы аққа жарығанға дейінгі көкөзек шақты айтады». Наурызда туған төрт түліктің төлін *төлбасы* деп қастерлеп, күтімге алады. Мал иесі алғаш туған *наурыз төлін* сатпайды, сыйға да бермейді.

Ауқатты, бай адамдар ауыл-аймақты шақырып, Ұлыстың ұлы күніне арнап той өткізеді. Оны *наурыздама* деп атайды. Діни наным-сенім бойынша аруақтарға арнап құран оқытылады, жегін нан таратылады. Бұл күндері әр жерге үлкен от жағылып, отқа май құйылады.

Наурыз таңын қарсы алмаққа жиналған қыздар жағы *Ұ й қ ы а ш а р* деп аталатын *уыз дәмді* дайындайды. *Ұйқыашар* дайындап, өздеріне құрмет көрсеткен қыздарға көрші ауылдың жас жігіттері сақина, сырға, білезік сияқты әшекей бұйымдарды сыйға таратады. Ол жігіттің «түпкі» ойын сезген сезімтал қыздар, әрине, «селк» ете қалады. Сондықтан да бұл сый *с е л т е т к і з е р* деп аталады.

З.Ахметованың келтірген дерегінде Наурыз тойының гедонистік қырлары айқын ашылған: *Бір ауылдың жастары көрші ауылдың жастарын Наурызнамаға шақырып, құрмет көрсетіп, көңіл сыйлайды. Наурызнаманың ойын-сауығы әдетте «Қалтырауық қамыр кемпір» және «Ақ боран» деп аталатын дәстүрлі ойыннан басталады. Бұл ойын екі топтың бәсекесі, тартысы арқылы қыстың бой жаздырмас қаталдығының жеңілдегенін бейнелейді. Мерекеге қатысушы екі ауылдың адамдары келісіп, екі топқа бөлінеді. Бір топтың аты «Ақ боран» да, екіншісінің аты «Қалтырауық қамыр кемпір» деп аталады. Әр топ алдын ала өздерінің сайысқа түсетін ақын, палуан, мерген, әнші, күйші секілді өнерпаздарын іріктеп алады. Ең алдымен, бұл екі жақтың ақындар айтысымен басталады. Айтыстың түр-түрі айтылады. Наурыз-жыр, наурыз-айтыс, наурыз-жұмбақ тағы басқа да суырыпсалма өлеңдер, әзіл-қалжың, арнау, мадақ өлеңдері болып,*

жалғаса береді. Өзге-өзге, өлеңге келгенде қазақ дес бере ме, оңайлықпен ешкім жеңіле қоймайды. Сөйтіп, мерекеде жоғарыдағы айтылған өнердің барлық түрінен қызу тартыстар өтеді де, жеңген жақ сараланады.

Н а у р ы з б а т а с ы н ы ң мазмұны Ұлыстың ұлы күнімен байланысты болады. Ұлыс күні ұлы кісіден бата алса, ол жыл олжалы жыл болар деп ырымдап, жасы кіші жасы үлкеннен бата тілейді:

*Ұлыс оң болсын!
Ақ мол болсын!
Бәле-жала жерге енсін!
Күніміз ұлысты болсын!
Жеріміз ырысты болсын!*

*Жолыңды наурыз оңдасын,
Оңдағанның белгісі –
Қойларың мыңдап қоздасын.
Сексен інген боталап,
Сегіз келін қомдасын!
Маң-маң басқан, маң басқан,
Шудаларын шаң басқан,
Артқы өркешін қом басқан,
Ботақанның анасы –
Түйе бітсін үйіңе!
Тұяқтары талыстай,
Құлақтары қамыстай.
Құлынишақтың анасы –
Бие бітсін үйіңе!
Мүйіздері жалтылдап,
Тұяқтары сартылдап,
Бұзауқанның анасы –
Сыыр бітсін үйіңе!
Құйрықтары қазандай,
Қозылары сазандай,
Қошақанның анасы –
Саулық бітсін үйіңе!*

*Үлкенің мен жасыңа
Береке қонсын басыңа!
«Наурызға» келген халайық.
Жамбылдың жеткін жасына.
Ырыс, дәулет мол болсын.
Жылда осындай той болсын.
Мейрамды енді бастайық,
Ал, қанекей, жол болсын!*

*Дәулетті бас берсін,
Бақытты ас берсін,
Ұлыстың ұлы күнінде,
Ұлың оңға қонсын,
Қызың қырға қонсын.
Қыруар малың өріске толсын,
Дәулетіңді асырсын,
Душпаның басылсын,
Менің берген бұл батам,
Ұлыс күнге сақтап жүрген сұр батам:*



*О, жаратқан ием!
Алдымен атыңды атап жалбарынам!
Бүгінгідей ашық күн
Жайнай берсін көгімде,
Осы күннің астында
Жайнай берсін елім де!
Жүрсін ләйім әмісе,
Бақыт қапа серік боп!
Тұрсып ләйім әмісе,
Қуанышы көрік боп!
Арандатқан адамды
қаскүнемдер жойылсын!
Мал-басымыз аман боп,
Ел ырысқа тойынсын!
Өрісіміз малға бай, дүбірлі болсын!
Келіндеріміз жанға бай,
Үбірлі-шүбірлі болсын!
Ер жігіттің ту етер
Ар-тұрағы болсын!
Қанат беріп түлетер
Арғымағы болсын!
Берген батам қабыл болсын! Әмин!*

Наурыз да м а т о й ы – «Наурыз» мерекесіне катысты негізгі ұғымдардың бірі, наурыз көжеден басқа. Әдетте, ел ішіндегі аса бай, дәулетті адамдардың наурызды той қылып өткізуін наурыз да м а дейді. Наурыздама тойы бір аптаға созылып, сегізінші күні тойға келгендер тарай бастайды. Арқа еліндегі дәулетті Тәтидің наурыздама тойын өткізгені, арғынның атақты биі Едігені жүз кісімен күткені жөнінде Мәшһүр Жүсіп жазбаларында мынадай дерек бар: *Сіз бір жақтан бір жаққа бара жатқан жолаушы емессіз, әдейі наурыздама қылдыра келдіңіз! Ұдайымен сегіз күн қылмаған соң, мұның қылуга не сәндігі бар?! – деп, сегіз күн күтіп, сыйлап, бір күнінен бір күнін асыра беріпті.*

Тәти мырза алдырған түлкілерінің ішінде бір қара түлкісі бар, наурыздаманың үстінен келіп қалыпты. Қара түлкі алдырып келгеніне бір қуанып, «Наурыздама қылдырамын!» – деп, Едігенің келгеніне қуанып:

Бұл наурыздама Баяудікі болды. Мен ұрғашы наурыздамасына ортақтаспаймын!» – деп, басы Едігенің өзіне түйе бастатқан тоғыз, онан кейінгісіне: бірине ат, жүз кісіден бір кісіні құр қойған жоқ. Ең аяқ атишыларға бір-бір матадан үлестіріп: – Міне – менің наурызым! – деп, сый қылыпты.

Міне, сондай жақсы күнде тасып кетіп алған дуа ұрпағынан Шорман шығып, Мұса шығып, байлық, беклік таласа қоса шығып, жалпақ Сүйіндікке құт ауыл, ұйытқы ауыл болып, тұр. Бұл күндегі пәленшекем, түгеншекемнің пейіліне қарағанда, тағалы торы тай ұстап тұра алмай тұғын пейіл бар. Атасына, бабасына тиген осы екен. Оңған, ілгері басқан біреуді: «Шіркін атасына, бабасына дуа тиген тұқым гой!» - дейді.

* * *

Міне, осылайша Наурыз мейрамына байланысты және оған катысты

- Күн мен Түннің теңелуі;
- қыдыр түні;
- Қыдыр ата;
- жұп шырақ жағу;
- ұлыстың ұлы күні;
- көрісу;
- наурыз көже;
- наурыздама;
- моғал ошақ қазу;
- кетік аяқты сындыру;
- төрткөз сараяқ итті өлтіру;
- Қайрақанды көшіру;
- селтеткізер;
- ұйқыашар;
- уыздәм;
- ұзынсары;
- қалтырауық қамыр кемпір;
- «ақборан» ойындары;
- наурыз батасы;
- аз жүру (отардағы қойдың түн мен күннің теңелгенін білуі);

– саршұнақтың 14 наурызда іннен шығуы;

– тасбақаның іннен шығуы;

– мәриям шөп;

– жансызда Самарқан көктасының жібуі;

– жандыда балықтардың бір аунап түсуі;

– наурыз төлі, төлбасы т.б. ұғымдар мен түсініктер этнос санасында құрылымдана келіп, Наурыз концептісі түзілді. Бұндай этномәдени семиотикалық таңбалар бір-бірімен таным үрдісінде өзара байланыса келіп, этнотілдік ұжымның санасында фрейм-сценарий форматында мәтін түрінде қалыптасты.

Н.м. Совет билігі кезінде ескіліктің сарқыншағы ретінде «репрессияға» ұшыраса да, халық оны ұмытқан жоқ. Тұтастай болмаса да, халықтың этномәдени санасында «Наурыз» мейрамы үздік-создық (редакцияланған) мәтін түрінде сақталып келді. Осының негізінде 1988 жылы Н.м. бүкіл халықтық мереке түрінде тойланды.

Елдік (мемлекеттік) идеологиядағы өзіндік орны болғандықтан Наурыз өміршен болады. Қоғамдағы саяси, құқықтық, этикалық, діни т.б. көзқарастар мен идеялар жүйесінің қалыптасуы мен дамуына оның тигізер өзіндік әсері аз болған жоқ. Бұл тұста байырғы замандағы абыздардың, дінбасылардың, ру ақсақалдарының қоғам идеологтары болғанын еске алмауға болмайды. Өз кезіндегі қоғамдық идеологияны қалыптастырған белсенді тұлғалар ретінде олар Наурызды тек қызық-думан қуған инаралар «жиынтығы» түрінде тойлау емес, қоғамдағы әлеуметтік қатынастарды реттеушілік мәнге ие мейрам түрінде мерекелеудің халықтық тұжырымдамасын қалыптастыруға күш салды, соған демеуір болды.

Халықтың Наурыз мейрамындағы салт-ғұрыптардың бір алуаны табиғатпен «тіл табысу», оны қасиеттеу мағынасында болса, енді бір алуаны адамдар арасындағы

этикалық-моральдық қатынастарды реттеу, нормаларын нығайту, мейрамды ата-баба жолымен қабыстыру максатына бағытталады. Жүректе // көңілде өткен күннен дақ, реніш, өкпе-қалдықтың қалмауы, бұларды дер кезінде жүректен // көңілден кетірмесе, аяғы ел ішіндегі араздыққа, дау-жанжалға, қатыгездік пен қастандыққа апарып соқтырады. Сондықтан Н.м.-нда кешірім сұрау, кешіру тәрізді адамгершілік акциясының қоғамдық маңызы ерекше болды.

Наурызға байланысты атқарылатын салт-ғұрыптар, жосын-жоралғылар, наным-сенімдер де, сайып келгенде, ата-баба жолын дәріптеу, рушілік, руаралық қатынасты реттеу, елдің бірлігі мен тұтастығын сақтау максаты көзделді. Сөйтін, Өркендеу, Жасампаздық идеясы негізге алынған **Наурыздың қазақы моделі** жасалды.

Әдеб.: Әуезов М. 17-том. Мақалалар, зерттеулер (1933-1950). Алматы: Жазушы, 1985; Абай. Екі томдық шығармалар жинағы. 1-2 том. Алматы: Жазушы, 1986; *Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы*. Наурыз (дайын. С.Дәуітұлы) 7-16 бб; сонда: *Омар Хайям*. Наурызнама (өзбекшеден казакшаға ауд. И.Сапарбаев) 17-23 бб // Наурызнама: аталы ойлар. Алматы: Жалын, 1993; *Исламов О.Е.* Наурыз. Қазақтың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері: өткендегісі және бүгінгі. Мақалалар жинағы. Алматы: Ғылым, 2001. 15-28-бб; *Зуев Ю.А.* Ранние тюрки: очерки истории и идеологии. Алматы: Дайк-Пресс, 2002; Бата-тілектер. Құраст. Н.Уәлиұлы. Алматы: Арыс, 2005; *Өмірзақов Т.М.*; *Тоқтабай А.* Наурыз. Казак халқының дәстүрлері мен әдет ғұрыптары. 1-том. Біртұтастығы және ерекшелігі. Алматы: Арыс, 2005. 11-22 бб; *Мәшһүр Жүсіп Көпеев*. Көп томдық. 12-том; КӨТС. 6-том. Алматы: Арыс, 2007; *Ахметова Зейнеп*. Бабалар аманаты. Алматы: Санат, 2012; *Уәли Н.* Бұрынғыдан қалған сөз; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

НАУРЫЗГҮЛ – ерте көктемде, қар ери сала шешек ататын гүлдердің жалпы атауы. Н. деп әр өңірде әртүрлі гүлдерді атай бергенімен, бұл топқа негізінен бәйшешек (*Crocus, Galanthus*) пен жауқазын (*Primula*) тұқымдастарына жататын өсімдіктер тобы кіреді. Көктем келген кезде ери бастаған қармен «арпалыса» шыққан көктің арасынан бірінші болып қылтыш көрінетін гүлдердің малға азықтық маңызы соншалықты болмағанымен, **аз наурыздың** хабаршысы ретінде қыстың суығынан қажыған елге қуаныш әкелетін гүлдер.



Наурызгүл (бәйшешек). ҚР МОМ жұмыс қорынан

Н. тобына кіретін өсімдіктердің қар кете салысымен гүлдеуі олардың басты ерекшелігі болып табылады. Осы ерекшелігіне байланысты Н.-дер ботаникалық тұрғыдан алғанда әр түрлі өсімдіктер тобына жатқанымен, олардың өсу циклы, әсіресе, гүлдеу мерзімі наурыз мейрамының қарсаңына сәйкес келетіндіктен, дәстүрлі түсінік бойынша, олар күн мен түннің теңесуінің маркері әрі күннің жылудың символына айналды (**қ. Наурыз**).

Әдеб.: Ботанический атлас. Москва-Ленинград, Издательство сельскохозяйственной литературы, журналов и плакатов, 1963, 212, 285, 286 бб; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

НАУРЫЗЕК / НАУРЫЗ КӨК / НАУРЫЗ ТӨРҒАЙ – наурыз айында ұшып келетін көктем құсы, торғай. Ел ішінде наурыzkөк, наурыз торғай, жылқышы құс немесе көкқұс аталатын жұдырықтай ғана жыл құсы өкпек есіп, қар ери бастағанда өзгелердің алды болып ұшып келеді. Қарасы шағын ғана, жеп-жеңіл, ұшқалақтап тұрған аяғы жіңішке, құйрығы ұзын, көк ала кішкентай құс. Оны жаздың келген белгісі ретінде күтіп жүреді. Н. келген соң күннің суығы сына бастайды, өте бір суық, боранды күндер болмайды. Оны алғаш көргендер «*Наурыzkөгім келдің бе?*» деп шақырады, жем шашады. «*Наурызек, қайтып келдің бе, анаңның көзі жазылды ма?*» деп сұрайды екен (**қ. Жыл құсы**). Н.-ті ешкім қумайды, үркітпейді, оны бақыт құсы қатарына қосады. Оның анасы – Жер-Ана дейді аңызда. Н. ұясын көбінесе шөп арасына салады. Жұмыртқа ашар кезде еркегі ұясы мен жұбын қатты қорғауға алады, өзі шамалас құстардың біреуін де жолатпайды (**қ. Наурызек**).

Әдеб.: *Абишев Х.* Элементы астрономии и погода в устном творчестве казахов. Алма-Ата: Наука, 1949; *Уәлиев Н.* Ай аттары асылымыз. Күн қайыру // АТ. Жылқы жылы 1991, №5; №8; №10; Қой жылы 1992, мамырдың 30. №12; *Раушанов Е.* Құстар – біздің досымыз. Алматы: Жазушы, 2007; *Әбішев Х.* Аспан сыры. Алматы: Жазушы, 2009; Алаш айнасы. Республикалық қоғамдық-саяси күнделікті газет. 2010.20 наурыз, №46(272); ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

НАУРЫЗТӨЛ – наурыз мейрамы қарсаңында туған, ерекше қастерленетін төл атауы. Ол көбінесе қозыға қатысты айтылады. Көшпелі ортада ертеде ерте көктемде алғашқы туған ұрғашы қозылардың арасынан түсі келіскен, енесі өсімтал деп саналатын біреуі **көгенбасы** деп таңдалған (**қ. Көгенбасы**). Түптөркіні мал басының өсіп-өркендеу (яғни көбею) идеясына байланысты туған бұл жорада Н.-дерге таңдау түседі. Өйткені, казак жерінің табиғи-климаттық ерекшелігіне байланысты көп өңірлерде малдың жаппай төлдеуі күн мен түн теңескен, аяздың беті қайтқан шаққа тұспа-тұс келеді. Себебі, онан ерте туса төл шығындалуы көбірек, ал Наурыздан көп кешігіп басталса төлдер кенжелеп қалады да, жайлауға көшу-қону, алдағы қысқа дайындалу барысында көптеген қиындықтар туғызады (**қ. Көш; Төл алу**).

Қазақы ортада Н.-ді ерекше күтін қастерлейді, бөгдеге сатуға, тарту етуге жол берілмейді. Мұндай малды көбінесе өз қызық, тойына, құрбан айты күндерінде сойып, ырым етеді. Кейбір өңірлерде Н.-ді көгенбасы ретінде таңдамаса да оны ерекше қастерлеген. Мысалы, Н.-дің жонына көгенбасы тәрізді қырыққан кезде оны ерекшелейтін белгісі



ретінде *келепан* деп аталатын бір шок жүнді әдейі қалдырып кетеді. Ол төлді қорғайтын символдық функция атқарады (**к. Келепан**).

Әдеб.: П. Обычай киргизов Семипалатинской области // РВ. М., 1878. №9. С.22-66; *Карути Р.* Среди киргизов и туркмен на Мангышлаке. СПб.: Изд. А.Ф.Девриена, 1911 (перевод Е.Петри); *Аргынбаев Х.* Народные обычаи и поверья казахов связанные со скотоводством // Хозяйственно-культурные традиции народов Средней Азии и Казахстана. М.: Наука, 1975. С.127-137; *Кенжесахметұлы С.* Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет ғұрыптары. Алматы: Атамұра, 2010; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

НАУШАРУАНДАЙ ӘДІЛ – байырғы халық танымында кара қылды қақ жарған, әділдіктің өлшемі ретінде танылған тұлға. Аты аңызға айналған Наушаруан – араб, парсы, шағатай тіліндегі әдеби шығармалар арқылы түркі халықтарына, соның ішінде қазақ қоғамына кең тараған прецедентті есім.

Наушаруан – VI ғ.-да өмір сүрген Иранның Сасани әулетінен шыққан патшасы – Хосрав I Анушерванның халықтық атауы. Хосрав I Анушерван сол кездегі ресми деректерде ең әділ патша деген атаққа ие болған делінеді. Пехлеви тілінде Анушерван сөзі «өлмес рух» деген мағынаны білдіреді екен.

XI ғ. өмір сүрген атақты Кей Хаустын «Қабус-наме» шығармасында (1082-1083 жж. жазылған) Наушаруан әділдің сөзі деп 38 өсиет сөз берілген.

«Қабус намань» өзбек халқының атақты ақыны Огахи 1860 ж. парсы тілінен ескі өзбек тіліне аударған екен. Оны өзбек ғалымы Сүбітай Далимов 1973 ж. қазіргі өзбек тіліне тәржімалап жариялаған. Осы нұсқаны негізге ала отырып, Т.Айнабеков аталмыш шығарманы қазақ тілінде сөйлеткен (1992). Кейбір тарауын 1898 жылы Қазан баспасынан шыққан Әбунасурұлы Әбдіқайымның (Хажом Насрий) татар тіліндегі нұсқасымен толықтырған. Қабус намада былай делінеді:

Бір күні Маһмун халифа Ануширован Әділдің қабірін көру үшін барады. Оның құлпытасына ұзақ бір кисса жазылған еді. Маһмун оның мүрдесін ашып көрді. Анушированның денесі бір тақтаның үстінде топырақ болып *жатыр екен. Тақтаның үстінде құлпытас дуал қабырғасына орнатылып, бірнеше сөз пехлевий тілінде алтынмен жазылыпты.*

Маһмун пехлевий тілін жетік білетіндерді шақыртып алдырады. Олар жазылған хатты оқып, араб тіліне тәржіма етеді. Бұл тәржіма ажам халқы арасына кең тарап кетеді. Ол жазылған таста мына бір сөзді айтышты. «Тірі уақытымда, патшалық құрып тұрғанымда, құдайдың жаратқан пенделерінің бәрі бағынышты болып, әрқайсысы тек менің жарлығыма сай қызмет істеп, тек менің билігіме сай үлесін алатын еді. Мүсәпірлік уақыты жетті. Енді бұдан басқа лаж таппағандықтан, осы сөздерді құлпытастың бетіне алтынмен ойып жаздым. Егер кімде-кім мені зиярат етіп келсе, осы жазылған сөздерді оқысын, білсін және бұл сөздерді пайдалансын. Менің бұл өсиетім зыярат ете келген кісінің қадамына сыйлаған сыйым болады» депті. Анушированның үгіт-насихаты мына төмендегілер еді:

– *дәулет ертелі-кеш келуі де, кетуі де мүмкін, барлық жағдайдың алмасып және өзгеріп тұруына таңданба. Яғни шаттық кетіп, қайғы келсе; қайғы кетіп, шаттық келсе, оған мән берме;*

– *халық не үшін бір рет опық жеген істен қайтадан опық жейді? Егер бір істі істеп, өкінішті жағдайда болсаң, оны екінші қайталама;*

– *адам тіршілігі өмір талабына сай болмаса, не үшін ол өзін тірімін деп есептейді?*

– *халықтың қамы үшін өз рақатынан айрылған адамды дұшпан деме;*

– *өнерсіз жанмен дос болма, өйткені өнерсіз адам достыққа да, дұшпандыққа да жарамас;*

– *өзін дана санаған наданнан түңіліп, сақтанғын;*

– *ащы болса да сөздің ақиқатын айт;*

– *сырыңды дұшпан білмесін десең, досыңа айтпа;*

– *құлды иесі базарға салып сатады, біреу сатып алады, ал құл әуелгісінен бостандық алған сияқтанады;*

– *үмітсіз кісінің еккенін жегеннен, аш жүрген жақсы;*

– *наданның өзіне істеген ісін ақылды жан дұшпанына да істемейді;*

– *әр адамның білімі болғанмен ақылы болмаса, ол білімі өзіне зиян келтіреді;*

– *егер адам баласын тұрмыс ұстазы дана қылмаса, оған ешбір дана ақыл үйретемін деп әуреленбесін, әуреленген жағдайда еңбегі зая кетеді;*

– *наданнан өз тәніңді сақтағандай, одан барлық нәрсені де аулақ сақтау оңай;*

– *сен туралы халық жақсы сөз айтсын десең, сен өзің алдымен халық туралы жақсы сөз айтқын;*

– *халық үшін істеген еңбегің босқа кетпесін десең, саған халықтың істеген еңбегі босқа кетпесін;*

– *егер дос-жарансыз қалғың келмесе, кінәмишыл болма;*

– *егер қайғысыз болғың келсе, қызғаншақ болма;*

– *өміріңді қиналмай өткізгің келсе, қол жеткен табысыңды қолдан берме;*

– *егер өзіңді азаптан құтқарғың келсе, бітпейтін іске қол ұрма;*

– *егер өзіңді қайыршы деп айтпауын тілесен, табылмайтын нәрсені іздеме;*

– *егер абыройдан айрылғың келмесе, жақсылық жасауды ұмытпа;*

– *егер масқара болғың келсе, істемеген істі істедім де;*

– *егер пердем жыртылмасын десең, біреудің пердесін жыртып;*

– *егер сыртымнан жұрт күлмесін десең, қол астыңдағыларға рақымды бол;*

– *егер ұзақ өкінетін жағдайдан сақтанғың келсе, көңілің нені қаласа, соны істеме;*

– *егер зерек болғың келсе, жүзіңді халық көзімен көр;*

– *егер қадірлі болғың келсе, халықтың қадірін біл;*

– *халық сенің сөзіңе сай іс қылсын десең, сен өз сөзіңе сай іс қыл;*

– *халыққа жақсы көрінгің келсе, өзіңнің құпия сырыңды ақылсыз жанға әшкере қылма;*

– егер жалпы халықтан жоғары дәрежелі болғың келсе, атағыңды шығару үшін дүниеңді көбейткін;
 – жомарттықты қаласаң, опасыз болма. Біреуден аламын деп дәмеленбе;
 – егер айыпсыздар қатарында болғың келсе, жеке басының қамын ойлайтын нәпсінің құлы болма;
 – әділеттілер қатарында болғың келсе, қол астыңдағыларды өз қамқорлығыңа алып, топтастыра біл;
 – егер халықтың жаман сөздерінен өзіңді аулақ ұстағың келсе, олардан еш нәрсені зорлықпен тартып алма;
 – егер халықтың сүйіктісі болғың келсе, көпшіліктің мұң-мұқтажын жақтап сөйле;
 – егер халықтың жақсысы болғың келсе, олардан еш нәрсені аяма;
 – егер тілім ұзын болсын десең, қолың қысқа болмасын.

Н. э. осы өсиет сөздерімен жұртшылыққа кең тарап аты аңызға айналған.

Наушаруан заманына сай игілікті істер атқарған, әсіресе ғылым-білімге кеңінен жол ашып, Грекия, Үндістан (Индия) елдерінен медицина, математика жөнінде көптеген кітап, қолжазбаларды алдырып, пехлеви (орта парсы) тіліне аударған.

Наушаруан ақыл, өсиет, нақыл жазылған кітаптарды ел-елден жинатып, алдырып отырған. Ондай кітап, қолжазбалардың бар екенін естісе, асқан құмарлықпен алдырмай қоймайтын болған. Соның бір мысалы, Үндістан патшасының қазынасында сырт көзден тасада сақталған өсиет, даналыққа толы кітапты (Панчатантраны-«Бес кітап») астыртын түрде ең сенімді адамын (Бурзоени) жіберіп алдырған екен. Аңдар мен құстарды, хайуанаттарды сөйлете білген, өсиетке толы бұл кітап пехлеви тілінен көптеген өркениетті елдерге «Кәлилә мен Димнә» деген атпен тараған.

С.Талжановтың айтуынша, Кәлилә мен Димнә кітабының кейбір тарауларын «Бес бәйіт» деген атпен ескі қазақ жазба тілінде Жәһәңгерұлы (Жәңгірұлы) Шәді төре (1855-1933) сөйлеткен.

«Кәлилә мен Димнә» араб тілінде, осы араб тілінен көне еврей, грек тілдеріне, көне латын тіліне аударылған. Одан орыс тіліне (1762), 1816 ж. француз тілінен орыс тіліне тәжімаланған. Крыловтың кейбір мысалдары осы аудамадан алынғанға ұқсайды.

1888 жылы өзбек тіліне ташкенттік Фазыл-улла Иса аударса, 1889 ж. татар тіліне Рабдулгаллам Фаизханұлы аударды.

Бұндай тәлім-тағылымдық мәні, көркемдігі жоғары шығарманың әлем тілдеріне кең тарағаны Наушаруанның (Анишеруанның) бір кездегі жасаған игі істерінің бірі себеп болса керек.

«Кәлилә мен Димнәнің» толық нұсқасы белгілі аудармашы ғалым С.Талжановтың аудармасымен 1966 ж. жарық көрді.

Сөйтіп, «Кәлилә мен Димнә» өзге де әйгілі «Қауыснама», «Тотынама», («Тотының тоқсан тарауы»), «Мың бір

түн» шығармалары тәрізді қазақ жұртшылығының рухани қазынасына қосылды.

Наушаруан XVIII–XIX ғғ.-дағы ақын-жыраулар поэзиясында әділдіктің символы ретінде қолданылған:

*Жамандыққа – жақсылық,
 Көктемеген Әділді айт,
 Қара қылды қақ жарған
 Наушаруандай әділді айт.*

(Бұқар жырау)

Дәстүрлі қазақ поэзиясында Атымтай жомарттықтың символы болса, Наушаруан әділдіктің символына айналған тұлға болды.

*Хатымтай орын алды қоңыр жайдан,
 Сақи боп пақырға мал шашқанменен.
 Наушаруан гәділдікпен болып патша,
 Жақсы болды адасқанды қосқанменен.*

(Қожабай Тоқсанбайұлы)

Наушаруан туралы ел ішіндегі аңыздардың бірін Перовск уезінің қазағы Мақан Тоқтыбаевтың қолжазбасынан Ә.Диваев орысшаға аударып жариялаған (1896). Аңыздың қысқаша мазмұны төмендегідей:

«Бір күні Шайтан баласынан «Осы біздің азғыруымызға ермеген адам жер бетінде қалды мекен?» – деп сұрапты. Сонда баласы азғыруға екі адамның еш көнбей жүргенін айтады, бірі Атымтай жомарт, бірі Наушаруан әділ болса керек. Екеуі екі елдің патшасы, төс қағыстырған, құшақтасқан дос екен. Сөйтіп, Шайтан мен баласы екеуі екі жақтап Атымтай мен Наушаруанды азғырып, бір-біріне қас дұшпан қылуға келіседі. Шайтан өсек пен өтірікті өрбітіп, сырттан азғырса, Шайтанның баласы іште жүріп, қызғаныш, күншілдік пен өшпенділіктің отын жағады. Ақырында Атымтай мен Наушаруан бірін-бірі өлтіретіндей қалге жетіп, жауыға бастайды. Сөйтіп, жүрген Атымтай мен Наушаруан күндердің күнінде жапан түзде, жол үстінде кездейсоқ кездесіп қалады. Атымтайдың қолында алмас қылыш, ал Наушаруан құр қол бөлсе керек. Алмас қылышымен Атымтайдың шауып тастауға әзір тұрғанын байқаған Наушаруан:

– Сені асқан жомарттықпен атағы шыққан ер деп естіп едім, сол рас болса, қолыңдағы қылышыңды бер, – дейді. Атымтай қылышын бермесе, жомарт атағы жәй әншейін екен деп, ел-жұртының түңілетінін ойлайды. Берсе, жаны қалмайтынын біледі. Атымтай Жомарт деген атымды жоғалтқанша жанымды пидә етейін деп, қылышын Наушаруанға ұстатады да: Наушаруан сені қара қылды қақ жарған, теңдесі жоқ әділ деуші еді, мына қылыш әділдігіңе сын, – дейді. Атымтайды қолындағы қылышымен шауып тастағысы келген Наушаруан сол сөзден кейін әділдікті арындай көріп, райынан қайтады. Сөйтіп, Шайтанның азғыруымен бірін-бірі өлтіре жаздаған бұрынғы екі дос құшақтарын ашып, төс түйістіріп, араларынан қыл өтпестей тату болады».

Бұл аңыздан жомарт жандар мен әділ адамдар ешпақытқа зұлымдыққа бармайды деген ой аңғары байқалады.



Ал қоғамдағы этикалық-моральдық қарым-қатынаста *жомарттық* пен *әділдікті* халықтың жоғары құндылықтар қатарында қарағаны аңғарылады.

Әдеб.: *Диваев А.* Этнографические материалы // Сборник материалов для статистики Сыр-Дарьинской области. Вып. V. Ташкент, 1896. С. 1-60; *Кеңесбаев І.* Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Алматы: Ғылым, 1977; *Қабуснама.* Қазіргі өзбек тілінен аударған және алғы сөзін жазған Айнабеков Тұрсынәлі. Алматы: Балауса, 1992; *Талжанов С.* 3 томдық шығармалар жинағы. 2-том. Құраст. Е.З. Қажыбек. Астана: Ер-Дәулет, 2008; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

НӘБӘТАТ – күллі өсімдік әлемі ұғымының халық тіліндегі байырғы атауы. Н. әлемі этностың когнитивтік базасы құрылымындағы негізгі компоненттердің бірі саналады. Исламдық діни түсінікте әлемдегі күллі тіршілік атаулыны алты мың *мақұлықым* (жан-жануарлар), алты мың *нәбәтат* (өсімдік), алты мың *жәмадат* (адамзат) деп, бәрін он сегіз мың ғаламға топтастырған. Прецедентті бұл ұғым әйгілі жырау Қашаған Күржұманұлының төкпе жырында былайша сипатталған:

*Он сегіз мың ғалам болғанда,
Үш бөлім болып тараған.
Алтауы болар жәмадата,
Алтауы болар нәбәтат,
Алтау болар айуанат.*

Н. әлемі (өсімдіктер дүниесі) халықтың байырғы тұрмыстық санасында ақиқат дүние үзінін ерекше бейнесі (картинасы). Сандығы бұл үзік томаға-тұйық жатқан «бейне» емес, ол этностың мал-жаны, күн көрісі, денсаулығы, баспана-қоражайы және жер бедері т.б. тәрізді ақиқат дүниенің өзге де үзіктерімен астасып, шектесіп жатады.

Өсімдіктер әлемі қоғам мен табиғаттың, қоғам мүшелерінің тыныс-тіршілігімен тығыз байланысты. Халықтың аксиологиялық түсінігінде күллі Жан иелері керегін өсімдіктерден алып отырған. Сондықтан этностың аксиологиялық пайымдауында шөп, мейлі, ол улы/усыз; жеуге жарамды/жарамсыз; малға жұғымды/жұғымсыз болсын, бәрі бір, тіршілік үшін бәрі керек, бәрі қажет.

Халықтың өсімдіктер дүниесін өмір тәжірибесінде танып, білім жинақтауы, оны сала-салаға таптастыруы (категориялауы), оларға баға беруі ең алдымен төрт түлікпен – ата кәсібімен байланысты болған.

Айталық, орман, тоғай ағаштары баспанаға, көш көлікке аса қажетті кәделік ағаш ретінде бағаланып, құндылық ретінде танылған. Ал мыңғырған малды бағу үшін орнықты үйден («стационар» үйден) гөрі ағаш сүйекті киіз үй түріндегі «мобильді» баспана әлде қайда тиімді болды. Ақиқат дүние кеңістігіндегі жердің түгін (өсімдік дүниесін) халық өмір өз тәжірибесінен жинақтаған танымы бойынша *орман, тоғай, бұтасын, шөптесін, шоп* түрінде модельдеген. Ақиқат дүниенің өсімдік галереясы субъект санасында осылайша бейнеленіп, олар өз ішінде іргелі ұғымдарға таптастырылған.

Орман. Тоғай. Шұбар. Өсімдіктер дүниесі халық танымында әрі қарай түрлі-қасиеті, ерекшеліктеріне қарай топтастырылып, категорияланады. Кең алқапты алып жатқан жерлер ну ағашты жерлер *орман, тоғай, шұбар* деп атаған.



Қайыңды орман. ОМЭЭ – материалдарынан

Орман деп халық тілінде қобіне, тау бөктерлерінде, жазық жерлерде кездесетін сүректі, жуантық келген кең алқапты алып жатқан қалың ағашты айтады. Ондай жерлерде ағаштың біркелкі түрі өссе, мысалы, *қарағайлы орман* дейді.



Қарағайлы орман. ОМЭЭ – материалдарынан

Тоғай деп, негізінен, тал, терек, жиде тәрізді әртүрлі ағаш ұйыса өскен, кей жері ит мұрны батпайтын жынысты болып келетін жерлерді айтады. Бұндай жерлер өзен, көл жағалауларында үздік-создық болып кездеседі. Еділдің, Торғайдың, Ойылдың, Сырдың, Ертістің бойы, Арқа мен Жетісу, Алтай өңірінде тоғайлы жерлер жиі ұшырасады.

Шұбар деп халық тілінде қобіне өзен-бұлақты қуалай, сай-салына сағалай өскен ағаштарының діні жіңішкеулеу, жуантықтары сиректеу бұтасындары жиі ұшырайтын жерлерді айтады. Суға жазықтау жерлерінде ағаштың тал, қайың сияқты түрлері жиі ұшырасады.

Тоғай мен шұбардың іші қыста малға ық, жазда саялы болып келеді. Тоғай, шұбар, орманның қай-қайсысында болсын үй тұрмысына, шаруашылыққа қажетті *кәделік ағаштар* болады. Мысалы, үйші тоғай аралап, киіз үйдің сүйегіне керекті ағашты белгілейді. Арба, шана жасау үшін ағаш шебері тоғайлы жерді аралап, доғаға, шананың қайқы басына керектілерін тал, қайыңды қайыспен, жіппен байлап, келесі жылдың жазы не күзіне қарай кесіп алады. *Тал*

шағында имесең, таяқ шағында бүгілмес; Тоғай аралаған үйші, ел аралаған сыншы болады дейді мақалда.

Ауыл тұрғындары маңайдағы орман, тоғай, шұбардағы құраған кәрі ағаш, сынған бұталарды отын-суға жаратқан.



Шұбар. ОМЭЭ – материалдарынан

Сексеуіл өскен жерлерді *сексеуіл тоғай*, Батыс өлкеде *сексеуілді түлей* деп атаған. Сексеуіл жерді құм көшкінінен сақтаған. Сексеуілдің түбінде өсетін *қасқыржем* тамырындағы кісінің жұдырығындай бадананың ішінде шырыны болады. Балалар оның дәмін әуес көріп ішеді. Сексеуілдің қызуы күшті болғандықтан сексеуілді отынға пайдаланған. Қысты күндері сексеуілді тоғай малға пана, оты малға азық болған.

Бұтасындар қырат-қырқалы жерлердің сай-саласында тобылғы, шөлейт жерлерінде *жыңғыл*, *ырғай*, *баялыш* тәрізді *бұтасындар* өседі. Бұтағы қатты болатындықтан, тобылғы, ырғайдан камшы сеп жасайды. Наным-сенім бойынша жыңғылды көлеңкенің түбінде отырма, ұйықтама, *жыңғылды жерде жын жүреді* деп ескертеді. Халық мақалы:

Жыңғылмен мал айдама,

Кендірмен мал байлама.

Жыңғылмен мал айдасаң,

Кендірмен мал байласаң,

Мал бітер деп ойлама, - деп ақыл-кеңес береді.

Шырғанақ, шеңгел тәрізді бұтасындар шоғыр-шоғыр, үзік-үзік болып, сай-саланы сағалай өседі.

Шөп. Шөптесіндер. Өсімдіктанушы ғалымдар казак жеріндегі өсімдік дүниесінің әр алуандығына, баска жерлерде кездеспейтін түрлеріне айрықша мән берген. Атақты Қаратауды ботаниктердің арманы деп білген. Шағындау жердің өзінен өсімдіктің қаншама түрі кездесетінін олар таңырқай жазған. Қазак жерінің тауы мен тасын, құмы мен шөлін, миуалы сай-саласын аралап төрт мың шақырымдай жер шолған П.С. Массажетов:

«Мына күн күйдіріп тастаған өсімдіктердің ішінде үш жапырақты қызыл мияның қалың жас бұтасы, жоғарырақта – мүйіз-көкнәрдің өрнекті дегелектері тұр. Оның екі жылдық дербестері гүлдеп болып, ұзын дәл қабықтарын шетке жайыпты, ал сәл жоғарыда әлгі мүйіз-көкнәр ірі, ашық сары гүлмен көзге түседі. Жол бойында

жылға ағып жатыр, онда су жиегінде кәдімгі шөптер: жиек жалбыз, нарқайсар, бөденешөп, қуатты сүттіген мен биік, қабығы сыдырылып сабақта тұрған күреңот, ал жолдың жағасында – түлкі құйрықтанған гүл шоқтары бар бір топ әдемі таспашөп өсуде. Таспашөптің мұндай қисапсыз көп түрлері әлемде осыдан басқа еш жерде жоқ», – деп жазады.

Арнайы ботаникалық білімі болмаса да, зерттеушінің айтуынша, қарапайым қазақтың өсімдіктанығыштық зеректігі осал болмаған. Арыс, Бөген алқабындағы дерменені ерекше құштарлықпен зерттеген ботаник ғалым П.С. Массажетов жергілікті казак жігіті Кәрібайдың «егер дермене ылғалы мол су басып кеткен жерлерге өссе, бейнесін өзгертіп, *шағыр жусан*, сабақтары жайылған *ақбас жусан*, егер дөңесте өссе, түктеніп, *боз жусанға* айналады, ал құмда өссе, түгі аз *кер жусан* болады, сөйтіп, дермене қайта туады», деп түр өзгерістерін айтып бергенін, бұндай талдау өзіне ой салып, таңырқатқанын атап жазады. Ғалым жалпы, қазақтардың *дермене* деп «дәнін» айтатынын, ал өсімдіктің өзін *қызыл жусан* дейтінін сұрай отырып, анықтайды.

Өзен, көл, көлшік, дария жағалауларында, суда, суға таманғы жерлерде камыс, қоға тәрізді шөптесінді қопалары жиі кездеседі.

Шаруашылық, тұрмыста қамыстан салған қораны *шалы* деп атаған. Қамысты буып итаркалап үйдің төбесін жапқан. Буылған қамысты мұздың үстіне төсеп, дариядан күзер салып өткен (**к. Күзер салу**). Еденге төсеу үшін қамыстан тоқылған төсенішті *бойра* деп атаған. «Кім үлкен?» деген казак ертегісінде *«жансызда қамыс үлкен, ал жандыда балық үлкен»* дейді.

Малазықтық өсімдіктерді жете танып білген шаруа адамы өсімдіктер дүниесін төрт түлік малдың ыңғайымен жүйелеп, малдың жеуіне, шөптің жұғымдылығына, малдың ашшылауы мен тұшшылауына қарай шөп атаулыны *ақ от, қара от* деп таптастырған.

Қара от. Ақ от. *Қара отқа* шөлейтте, құмды жерлерде, құмайта өсетін қыр шөбін жатқызады.

Қара от деп *баялыш, көкпек, алабота* т.б. көбіне сабағы сүйекті шөптерді атаса керек. Ал қыр шөбіне *көде, шал көде, бетеге, ақселеу, ебелек, жауылыш, тарлау, ши, қызғалдақ, жұмыр қияқ* т.б. жатады. Бұлар малға, әсіресе жылқыға, сіңімді қыр отына жатады. Қыр отының ішінде *жалманқұлақ, сарысозаң, қараматау, көкпек, алабота, жусанның түрлері* ащы шөпке, қара отқа жатады. Бұлар тұздауыт, шөлейт жерлерде өседі. *Қараматауды* жеген көй күйленіп, тез көтеріледі *қараматау жесе, тоқты қашар, қараматау жемесе, боқты қашар* дейді казак мәтелінде. *Мық жусан* – қыр шөбі, аласалау болып өседі. Қой малы (түлегі) сүйсініп жейді. Сорлы, тұздауыт жерлерде ащы шөпке жатады. *Ши, қараған* (қияк) *көкпек* түйенің жейтін қыр шөбі.

Ерте көктемде қойлардың өкпесінде қылқұрт пайда болады да қой жөтеле бастайды. Бұндайда тәжірибелі шопан



кой отарын *ақбас жусанды* өріске қаптата жайып алады. Ал күз айларында қойдың бауырында жалпақ ішеккүрттар болуы мүмкін. Малды бұндай кеселге шалдырмас үшін шопан қойын жусанды қопалардың үстіне жаяды.

Түйе малының аса сүйсініп жейтін оты – жантақ. Қырдың кара отының ішінде жантақ туралы *Жар басында жантақты жаннан кешкен нар жейді* деген мақалдың мазмұны осыны аңғартады. Адам да сол, өзінің құмартқан нәрсесіне қауіп-қатерге карамастан тәуекел етеді. Ал қалақайды жеген түйе дөңбекшіп құлап түсетін көрінеді.



Қара от. ОМЭЭ – материалдарынан

Ақ отқа малшы шаруа көбіне сулы, саздауыт шалғынды жерлерде өсетін өсімдікті жатқызса керек. *Ақөлең, қараөлең, бидайақ, майөлең, жонышқа, бояусабақ, тілқияқ* – бұлар шалғынды жердегі шөптерге жатады.

Шытыр – малдың жеуіне жарамсыз улы қыр шөбі. Оны кой-ешкі, түйе қазан ұрғыннан кейін ғана жейді. Сондықтан ол маусымдық отқа жатады. Әсіресе жаңбыр көп жауған көктем айларында қайсы бір жерлерге шытыр көп шығады да байқаусызда жеген малдың іші кеуіп өледі. Әсіресе ақбөкен сияқты қоңыр аңдарға шытыр көп шыққан жылы қауіптірек болады.

Кеуректің дегелекті жапырағын қыста сиырға беру үшін дайындайды. Ерте көктемде оның жас жапырақтарын кой-ешкі жейді.

Шошқатікенді кой жесе, ауырады, жұлыны бар жерлер сарғайып келеді. Алайда сиыр жеген кеуректің сүтінде ұнамсыздау ііс болады, бірақ сүті денсаулыққа өте пайдалы деп есептеледі.

Қамыс, қоға, құрақ сулы жердің өсімдігі. Құрғақшылық болып, шөп тапшы болған жылдары дайындалған қамыс кой-ешкіге азық болған.

Шалу сиыр малы шалуда жайылады. Шалу дегеніміз қоғалы, қамысты жердегі биік болып өскен өлең шөп.

Шалы қора, шалу, шалғын, шалкөде деген атаулардың түбірі – *шал*. Өсімдік семантикасында бұл түбір «ақ», «боз» деген мағынаға саяды.

Мыңбас шырмауықтың дәні нанға түссе, адамдардың басы ауырып, әлі кетеді. Сулығы түссе аттар қатты тыпыршып мазасызданады.

Итсигек мал үшін аса қауіпті улы шөп. Әсіресе шөлді, сортаң жерлерден келе жатқан кой отарды итсигек қопаларының үстінен айдап өту аса қауіпті. Қаулай шығып көгеріп тұрған балауса итсигекке қойлар бірден лап қойып ауыз салады, сөйтіп, жүздеген кой қырылып қалады. Сондықтан тәжірибелі шопан итсигек қопаларының үстінен айдамай, айналып өтеді. Қазақ малшыларының танымдық тәжірибесінде итсигекті мүлдем керексіз, пайдасыз, аса зиянды деп түсінетін бағалауыштық (аксиологиялық) пайымдауы малшылық аясындағы салыстырмалы түрдегі көзқарас деуге болады. Итсигек ел тұрмысында отын ретінде пайдаланылады. Оның күлінен сахар қайнатып, сабын алады.

Ал бау-бақшалы отырықшы ел тұрмысында мыс тотияйыны табылмаған кезде итсигектің қайнатпасын бау-бақшаға шашып, бақ зиянкестерін аластайды.

Итсигек болмаса, аса пайдалы *қызыл жусан* (дермене), *тобылғы, шырғанақ* т.б. бұтасындарды тұрғындар отынға пайдаланар еді. Сондықтан ауыл-ел ақсақалдары итсигек болған жерде бұтасындарды отын ретінде пайдалануға тыйым салып отырған. Бұл жайт халықтың өсімдіктерге байланысты экологиялық ұстанымын байқатады.

Азықтық және тағамдық зат ретінде өсімдіктер кейбір түрі кеңінен қолданылған. Халық өзінің өмір тәжірибесінде азықтық зат ретінде *құмаршық, қонақтың дәнін; жаужұмыр, ат шоңқай, көсек* тәрізді көгеріштердің тамырларын, *қозықұйрықты*, сонымен бірге орман-тоғайдың жеміс-жидектерін, мәуесін әуесі келгенде жейтін тағамдық дәм ретінде пайдаланылған.

Атшоңқай өзен жағалауындағы сызды, балшықты жерде өседі. Оның тамырын қазып алып, шоққа көміп пісіріп жейді. Ол адамға күш қуат беретіндей нәрлі болады. *Жаужұмырды* да отқа көміп жейді дейтін деректер бар. *Атшоңқай* мен *жаужұмыр* бір өсімдіктің атауы ма, әлде әр бөлек пе, бұл жағы этнотілдік тұрғыда айқындалмаған. Құмайт жерлерде өсетін, түбірі сәбізге ұқсас, өсімдікті *көсек* деп атаған. Көсектің тамырын да жеуге жарамды деп білген.

Құмаршық құмды жерде өсетін, азықтық маңызы бар өсімдіктің түріне жатады. Құмаршықтың дәні піскен кезде, оны сабағынан қазып, тазалап әртүрлі тағам дайындайтын болған (*к. Құмаршық*).

Жуаның сабағы жаңа толып келе жатқандар әуес көретіндер оны айранға турап жейді, былайда өзін жейді, ал пиязшығын жеуге жаратпайды. Шамалы уақыттан соң сабағы қатайып, пайдалануға жарамсыз болып қалады. Жабайы жуаның халық тілінде *тарғыл жуа, сиыр жуа, қой жуа* деген атаулары бар. Жабайы қыр жуасы сиыр малы жейтін маусымдық отқа жатады. Жуаға жайылған сиыр сүтінің нсі жағымсыздау болған мен, оны денсаулыққа аса пайдалы деп таныған.

Ертеде шөл даланы басып өткен керуен *түйежантақ* өскен жерге аялдап, дамылдайтын көрінеді. Өзімен бірге кірешілер қарбыз шопағын да ала келеді. Жантақтың

сабағын кесіп алып, жуандау жағын жарыңқырай тіліп, қарбыз шопағын салады да оны тереңірек етіп өсіп тұрған жантақтың түбіне шаншады. Екі үш айдан соң, қайтар жолда әлгі жантақтың түбінен қарбыз өсіп шығатын көрінеді. Оны *шөл қарбыз* деп атаған. Бұл дерек белгілі жазушы Д. Досжановтың «Жібек жолы» романынан алынды. Онда былай делінген: *Осы шұбырынды керуен сорабын «Жау жолы» деп атайды. Жол ылғи құм жотасын бөктерлеп, сексеуілі сирек шабырды қамшылар жаққа қалдырып күнгейге тартады да отырады. Ертеде бұл «Жау жолымен» жас кірекештің бабасы керуен тартқан. Інжу бойындағы Отырардан ерте аттанады екен, күз түспей тұрып Бұхар, Самарқан, әрісі Бағдат, Мысыр елен аралап сауда жасап қайтатын; мәмлiк қытшақтарымен құрдай қатынасын жататын. Сондай ұзақ сапарда аңызшақ шөлден опат болмау амалын жасайды-мыс. Қонған жерінен түйе жантақ деген шөл шөбін іздейді екен. Тапқан түйе жантақтың қау жағын қырқып, сабағын қалдырған. Сол сабақтың өзегін бәкімен қақа тіледі, арасына шөлқарбыздың шопағын қондырады екен, сосын сабақтың бетін құммен қайта көмген. Керуен кейін қайтар жолда шілденің аңызшағына ұшырайды, кірекештердің көзіне ажал елестейді. Өліп-өшіп көктемгі қонып өткен жеріне жетеді... қараса... жантақ сабағына отырғызып кеткен дақыл дәні көктеп, өркен жайып, пәлек арасынан бұлтиып шөлқарбыз көрініп жатады. Кірешілер жантаққа біткен шөлқарбызбен сусындап алып келесі қоналқыға жетуге асығатын, сосын келесіге.*

Шипалық қасиеті бар өсімдіктерді қазақ шипагерлері өзінің тұрмыстық танымында кеңінен қолданған. Қазақ жерін аралаған Б.А. Федченко, П.С. Массажетов сынды өсімдіктанушы ғалымдар қазақ жеріндегі ғылымға бейтаныс өсімдіктерді қазақ шипагерлерінің ауру-сырқауға қарсы қолданған шөптерін мұқият жазып алып, олардың танымының негізсіз емес екенін атап айтқан. Алтайдан бастап Жетісу, Қаратау қойнауына дейін өсімдіктер дүниесін «сүзіп» шыққан белгілі ботаник ғалым П.С. Массажетов қолының жаракатын қазақ әйелі көкемаралдың қайнатпасымен екі күнде жазып бергенін айтады.

Адыраспан қайнатпасы қосылған су булауды буын (ревматизм) ауруларын емдеуде ел ішінде кеңінен қолданған.

Зерттеушілердің, өсімдіктанушы ғалымдардың көрсетуінше, қазақ шипагерлері *текесақалды* қартаң адамдардың ішін жүргізу; *итсигектің* тұнбасымен малдың құрттай бастаған жарасын жазу; қызылша-шекенмен демікпе, буын ауруларын емдеуде, *қымыздықты* көкірек ауруын, ал *сарботқаны* осы аурудың асқынған түрін емдеуде пайдаланған. Ал *мамыршөпті* балаларға күл (қызылша) шыққанда қолданған ғалымның экспедициялық материалдарында, жазбаларында қазақта шипагер айтты деген «...мамырым болса, балам өлмес еді-ау» дейтін прецедентті мәтіндер кездеседі. Сонымен бірге

гүлқайырды қотырға, *қарашырыштың* баданын ісікке жағатыны, *қарандыздың* түбірін қайнатып, буын сырқатына қолданатыны т.б. халық емшілігі туралы деректер бар.

Халық шипагершілігінде іріңді жараларды тез жазу үшін *түйетабанды* пайдаланған.

Халықтың тұрмыс-тіршілігінде *күшала*, *қорғасын*, *меңдуана* тәрізді өсімдіктерді емдік маңызы ерекше болған. Күшаланы қазақ тәуіптері, емшілері суық тигеннен болған аурудың емі ретінде қолданған.

Аңшылық кәсіпте *күшала*, *қазоты* сияқты улы өсімдіктерді де қолданған. *Қазотын* қайырған майға қосып, садақтың жебесіне жаққан, жаралы аң алысқа қашып кете алмаған. Күшаланың емдік, уландырғыш қасиетін білген қазақ аңшылары қасқырлар тым көбейіп кеткен жылдары күшаламен улап аулаған. Мұса Шорманов өзінің жазбаларында қасқырды күшала беріп уландырып аулайтыны туралы былай деп жазады: *Күшала қосылған бір күлше нанды 30-40 күндей қойға жегізіп, күшала қой етіне әбден сіңгенде қойды сойып, белгілі бір жерге тастайды. Еттің иісін сезген қасқырлар үйірімен келіп, - бір үйірде 5-10 қасқыр болады, - етті ашқарақтана жеп уланады. Сондай-ақ күшала сіңген етке аттың қылын майдалап тұрып қосатын көрінеді.* Бұндай тәсіл қасқырды тез уландырады дейді.

Қаншық иттер көбейіп кетпес үшін күшаланы итке де берген. Күшала жеген ит әдетте бұралып, қиналып жатып уланып өледі. Халық тілінде осы көріністен туған *күшала жеген иттей* деген тұрақты теңеу бар.

Қолөнер кәсібінде шеберлер *томарбояу*, *түйежапырақ* т.б. өсімдіктердің тамыры мен жапырағынан бұйымдарды әрлеуде қолданатын бояулық зат ала білген.

Сонымен қатар *томарбояу*, *түйежапырақ*, *алабота* тәрізді өсімдіктердің тұрмыстық шаруашылықта маңызы аз болмаған. Томарбояу батпақты жерде өседі. Сырты қара қошқылдау, іші сарғыш болып келеді. Тамырын қазып алып, қайнатқанда сарғыш-қызыл реңкті түс пайда болады. Осы бояуды қолөнер саласында тері, жүн бояғанда пайдаланады. Томарбояу мен боялған бұйым өңін бермейді, басқа нәрсеге жұқпайды, күн көзіне, суға төзімді болады, ал тоғайлы жердің жоғарылау тұсында өсетін самалықтың тамырын тері илеу үшін қолданған.

Шеттік тікен гүлдеген кезде кетпенмен шауып алып, су құйған қазанға салады. Қазандағы судың ішіне тот басқан ескі темірді тастайды. Осы әдіспен одан жүн бояйтын қанық түсті қара бояу алады.

Атқұлақтың түбірінен бояулық зат алады. Ал аса қатты қурамай тұрған кезде қазанға тастап үстіне жүн салып қайнатады. Жүн он күндей қазанда тұрады. Бояу әбден сіңген жүн жап-жасыл түске енеді.

Түйе жапырақ деп аталатын, тауда өсетін өсімдіктен де бояулық зат алатын болған. Түйежапырақтың тамыран қайнатып, одан алған сары түсті боямен түсті киімдерді бояған. Ал күлі көп түсетіндіктен *итсигек*, *алабота* күлінен сақар қайнатып, сабын жасаған.



Халық өзінің тұрмыстық санасында топырақты жердің құйқасы, ал одан өсіп шыққан сан-алуан өсімдікті, жердің түгі деген. Төбесін көкке тіреген Зәулім қарағайдан бастап қылтиған қынаға дейінгінің бәрін жердің түгіне жатқызған. Орман, тоғай мен шұбарлы жерлер, ондағы ағаш пен бұтасын, ойлы, қырлы жерлердегі шөптесін мен шөп халық санасындағы сенсорлық-рецептивті компоненттер ғана емес, логикалық-танымдық компоненттер. Сондай-ақ өсімдіктер әлемінің этнос санасында эстетикалық, аксиологиялық-бағалауыштық таныммен байланысты қырлары бар.

Бұл айтылғандар арыны тау суындай дарынды акын Илияс Жансүгіровтің Жетісу суреттері топтамасындағы «Жердің түгі» өлеңінде айқын аңғарылады:

*Ағашта өзің білген қарағай, тал,
Жалғыз-ақ неше алуан түрлісі бар.
Долана, үшқат, шетен, ыргай, арша,
Ақ сасық, қызыл қайың, барша, шынар.*

*Шырганақ, сөңке, терек, сөгет, емен,
Үйеңкі, шырғай, балғын, тораңғылар.
Сарыағаш, қойқарақат, жиде, шетен,
Тобылғы, түйеқұйрық, бауырқұрттар,
Қараған, бозқараған, шеңгел, шілік,
Сықылды ағаштардың талайы бар.*

*Биікте бітед шөптен сарыкүйік,
Тістеніп жатыр жұлып малы сүйіп,
Қымыздың сарыкүйіктің ішеміз деп,
Албандар қоныстайды құстай биік.*

*Тауқонақ, шәйшөп, маңқа, құлынембес,
Сүттіген, еңлік, мейіз, кізкіік,
Ақшалғын, көкемарал, бетеге, раң,
Жапырақтаңғе, бұйра, қисық иық.*

*Балдырған, уқорғасын, атқұлақты
Елік жүр сонысында соын қиып,
Жұлкеуір, бәрпі, шырыш, шытыр,
Сауыны биеемшектің кеп тұр иіп.*

*Мыңтамыр, жуа, рауаш, жсаужапырақ,
Балауса, сорғыш, сейдір, ермен, бақбақ,
Сыбызғы, жалбыз, құлмақ, қара қияқ,
Шоқайна, меңдуана, сора, шақпақ,
Ішінде сол құрайдың сұлу солар,
Шырмауық, кендір, қылша, жыланқияқ.*

*Қанжыға, қоға, сасық, аққой болып
Бөлінед жуалар мен таусарымсақ.
Қымыздық, қызсаумалдық дейтіндерге,
Ат қойған тау елінде сүйіп шын-ақ.*

*Өріске біткен осы өңкей сүттің
Ішінде бір сүйкімсіз отыр бір-ақ:
Қалақай қара тарғыл ол айтқаным,
Сүйеді сүйкенгенді шымыш, бұрап.
Өзге жан өмірі оған жоламайды,
Дөңбекшіп түйе жесе қалар құлап.*

*Шалқиды шалғын көлдің қамысындай,
Атқұлақ Тасарықтың тарысындай.
Үш қырлы, сұлу сырлы айылқияқ,
Кіндігі қырғыз өрме қамшысындай.*

*Селтеңдеп сепсеқурай сырға қадап,
Саржағал сәлемдесед танысындай.
Жуалар шайқаңдаған ол бір кербез,
Шалма орап мұсылманның абызындай.*

*Құстаңдай самал соқса сыбырласад,
Әзліді әйел, ажын-абысындай.
Солармен судырласып ойнайды жел,
Дүрмектің көкпар тартқан шабысындай.*

*Неше елді аттандырған құтты қоныс
Әлді тұр әсемдігі таусылмай.
Суретін сөз баяндап жеткізе алмас,
Жерінің Жетісудың бәрі сондай.*

Әр алуан, сан түрлі шөп, шөптесін, бұтасын атаулыны өлеңмен өрнектеген Кенен Әзірбаев, Өр Алтайдың жасыл әлемін жыр жолдарына бөлеген Халифа Алтай сынды қазыналы қариялардың рухани жан-дүниесі халықтың түсінік-түсінігі, бағалауыштық ұғымы, эстетикалық талғамымен астасып жатады.

Халық акыны Ж.Жантөбетовтің Қызылқұм түгін, С.Мұсабековтің Арқалық, Айыртау өлкесіндегі шолдін түгін сипаттаған өлеңдері өзінің айрықша танымдық мәнімен ерекшеленеді.

Өсімдіктің ономастикалық атауларға негіз болғаны халықтың таным-түсінігімен байланысты екенін көрсетеді. *Мойынты, Шұбар, Шұбарағаш, Шұбарқұдық, Жуалы, Қарағаш, Аришалы, Сарыағаш, Көкпекті* т.б. атаулардың уәжділігі өсімдікпен байланысты екені өздігінен-ақ көрініп тұр.

Мәртүк деген өсімдік көп шыққан жер болғандықтан, Ақтөбе жеріндегі Мәртөк елді мекен атауы осылай аталғанын айтады. Шындығында Мәртөк әуелде Мортық (Мортықбаз) деген өсімдік атауымен байланысты болуы ықтимал. Орыстардың қоныстануымен байланысты Мортықтың орыс тілінің дыбыстық ыңғайымен Мартук атанып кетуі мүмкін.

Қазақ қыздарының *Қарақат, Гүлдана, Нұргүл, Гүлмайдан, Гүлім* т.б. дәстүрлі есімдері, сондай-ақ ою-өрнектердің «жауқазын», «қызғалдақ», «жұлдызгүл», «арпабас» т.б. деп аталуы халықтың өсімдікпен байланысты эстетикалық талғамы мен танымын аңғартады.

Әдеб.: Крыжановский Н.А. Клевер, как растение кормовое и промышленное в Туркестанской области // ТС. Т.67. Сост. В.И. Межов. СПб., 1873. С.64-68; Аткинсон Т. Еще три замечательных растения Среднеазиатских степей // ТС. Т.67. Сост. В.И. Межов. СПб., 1873. С.69-70; Материалы по киргизскому землепользованию, собранные и разработанные экспедицией по исследованию степных областей. Т. 8. Семипалатинская область. Зайсанский уезд. СПб., 1909; Жансүгіров И. Шығармалар: өлеңдер мен поэмалар. Алматы: Қазмемкөркемәдеббас, 1958; Соныкі. Құлагер. Поэмалар мен өлеңдер. Құраст. фғк. Б.Сахариев. Алматы: Жазушы, 1974; Әзірбаев К. Таңдамалы өлеңдері. 1-т. 1984; Массажетов П.С. Өсімдік әлеміне саяхат. Алматы: Қайнар, 1988; Халифа

Алтай. Алтайдан ауған ел. Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы. Алматы, 2000; Қалиев Б. Өсімдік атауларының түсіндірме сөздігі. Алматы: Сардар. 2012; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

НӘБИ / НӘБИ ПАЙҒАМБАР – ислам діні бойынша Алла тағала жіберген пайғамбарлардың ішіндегі кітап түспегендері. Кітап түскен пайғамбарларды мұрсал пайғамбар деп атайды. Ал Құран Кәрімнен белгілі жиырма бес пайғамбарлардың ішінде төртеуінен басқалары Н. п. болып саналады. Төрт мұрсал пайғамбар Мұса (ғ.с.) оған Тәурат, Дәуіт (ғ.с.) оған Зәбүр, Иса (ғ.с.), оған Інжіл және Мұхаммед (с.ғ.с) оған Құран түскен. Ал бұдан басқа жүз жиырма төрт мың пайғамбарлар адамзат баласының жер бетіндегі тіршілігінің әр кезеңінде түрлі үмметтерді Алланың хақ жолына бастау міндетін үстілеріне алды. Сол жолда өздерін жаратқан Алланың барлығын және оның үнемі өзінің жаратқан пенделерін ойлайтынын жеткізу үшін, Алланың Ұлы Жаратушы екенін естеріне салып отырды. Дүниелік рақаттарды ғана ойлап, мәңгілік өмірдің бар екенін ұмыттырмау үшін Алланың әмірімен жер бетіндегі адамзат өкілдерінен пайғамбарлар шығып отырған. Нәби – араб сөзі. *Құдай, аян жеткізуші пайғамбар* дегенді білдіреді. Нұрдан жаратылған тек ақылдан тұратын періштелерге емес, топырақтан жаратылған, ақылымен бірге нәпсіден де тұратын адамға пайғамбарлық қызметті жүктеудің мәнісі қандай деген сұрақтарға да діни аңыздарда жақсы жауап берілген. Пайғамбарлар адам баласынан болуының негізгі мәнісінде пенделердің өзі тектестен уағыз естігені әлдеқайда иланымды болады деген ұстаным жатыр. Себебі жаратылысы бөлек, нәпсіден ада періштелер уағыздайтын болса, адам қоғамынан Алланың жолына түсу тек ақыл иелерінің ғана қолынан келетін нәрсе деген бұзық ойларды туындатады, яғни нәпсісі бар адам тек ақылдан тұратын періштемен тең емес, сондықтан ғибадат ету адамға мүмкін емес деген күрпірлік ойлар туындауы мүмкін. Міне, сондықтан Ұлы Жаратушының жолына бастау үшін адамзаттың өз ішінен пайғамбарлар таңдалған.

Адамзат баласына Алланың әмірін жеткізушілердің ішінде елшілер де болған. Елшілер өздеріне бұйырылған үметтеріне Алланың жіберген аяндарын жеткізіп отырған, сөйтіп өз миссияларын аяқтаған. Ал пайғамбарлық елшіліктен қарағанда әлдеқайда күрделі әрі ауыр миссия болып табылады. Сондықтан пайғамбар болу миссиясы жүктелген адамдардың барлығы мұндай ауыр міндеттің салмағын көтере алмағанын діни аңыздардағы кейбір прецеденттерден білеміз.

Ал Құран Кәрімде аттары аталған, өмірлерінен аңыз-әпсана түріндегі деректер қалған Н. п.-лардың шоқтығы биіктеріне Адамата (ғ.с.), Ыдырыс (ғ.с.), Нұх (ғ.с.), Һуд (ғ.с.), Салих (ғ.с.), Ибраһим (ғ.с.) және оның ұлдары Исмайыл мен Ысқақ (ғ.с.), Лұт (ғ.с.), Айюб (ғ.с.), Жақып пен Жүсіп (ғ.с.), Шұғайып (ғ.с.), Сүлеймен (ғ.с.), Зәкәрия мен Яхия (ғ.с.), т.б. атауға болады.

Н. п.-лардың миссиясына өз үмметтерін Алла жолына бастау кіреді. Әдетте нәбилердің міндеттері тек өз азғындаған тайпасына ғана таралады, ал мұрсалдар

тұтастай бір ұлтқа, үлкен қауымға, мемлекеттегі қоғамға Алланың әмірін жеткізу үшін жіберіледі. Ал мұрсалдардың ішіндегі ұлы пайғамбар Мұхаммед жалпы барлық адамзатқа жіберілген. Қазақтың діни аңыз әңгімелері мен кисса дастандарында нәбилердің әдетте Құдайын ұмыта бастаған, бұзылып бара жатқан қоғамға келетіндіктері туралы айтылады.

«Замана, шаруа, мінез күнде өзгерді,

Оларға кезегімен нәби келді.

Қағида, шарияты өзгерсе де,

Тағриф Алла еш жерде өзгермеді». –

демек, бұл жерде Абай заманға байланысты, дүниеге әрқилы жаңалық енуіне, өзгеруіне байланысты қағидат, шарияты да өзгеріп отырғанымен, Алланы танудың жолы өзгерген жоқ деп отыр. Енді, кезегімен нәбилер – жаңағы пайғамбарлар келді. Сонымен бірге Н. п.-ларға Алла тағаладан аян болады. Ал мұрсал пайғамбарларға уахи түседі. Яғни, нәбилерге Алланың барлығы мен құдіреті туралы хабарлар берілетін болса, мұрсалдарға тұтастай бір жүйелі кітаптар жіберіледі. Сондай-ақ пайғамбарлардың барлығы да Алланың құдіретін тікелей қарым-қатынас жасау арқылы емес, пайғамбарлар мен Алла тағаланың қарым-қатынасын жүзеге асыру міндеті жүктелген. Аллаға жақын төрт періштенің бірі – Жәбірейіл періште арқылы түйсініп, бұйрықтарынан хабар алып отырады. Н. п.-лар өздерінің бұзылып бара жатқан қоғамын иман жолына шақырады, бұндай миссияны олар өздігінен атқармайды, Алланың әмірімен атқарады.

Нұх пайғамбар туралы аңыздардан белгілі болғандай, Нұх өз елін хақ жолына 950 жыл уағыздайды. Соңында адасқан үмметінен иман келтірген 80 адамды ғана алып, Алладан келген аян бойынша топан судан сақтанып, кеме жасап, ол кемге адамзаттан, мақлұқаттан, нәбататтан қажеттілерін отырғызып, Алланың қаһарынан болған алапат судан аман қалады. Бұл аңыз бойынша нәби пайғамбар Нұх сол кезде өзінің ішінен шыққан баласын да, әйелін де құтқара алмаған екен. Себебі олар иман келтіргендерден болмай шығады, сөйтіп, Алланың әмірін өз баласының өмірінен де жоғары қойған Нұх пайғамбардың өмірі жалпы пайғамбар атаулының өмірінің өнегесін көрсетеді. Абай айтқандай олар «атасының балалары емес, адамның баласы», яғни жаратушы өмір берген әрі сол жаратушыға мойынсынған жаратылыс иесі Адамның балалары бола білген, бұнын сыртында кез келген адамның қолынан келе бермейтін Алланың жауапкершілігі жоғары бұйрықтарын қалтқысыз, бұлжытпай орындап отырған, Ұлы әміршісіне бүкіл жан-тәнімен, болмысымен мойынсұнып, берілген, сол арқылы өз халқын бұрыс жолдан сақтандырып, тура жолға салмақшы болған. Осы миссиясының жолында бұл дүниенің қызығын ұмытып, тіпті өмірлерін де киюға дайын болған, асқан жанкештілік танытқан. Нұх, Жүсіп, Жүніс, т.б. Н. п.-лар туралы қазақтың аңыз-әңгімелерінің негізінде Құран Кәрімнен алынған пайғамбарлар туралы аңыздар жатыр. Мәселен, Жүсіп пайғамбардың Алладан берген ерекше сұлулығы, түс жору қасиеті,



Сүлеймен пайғамбардың аң-құстың тілін білуі, жындарды басқаратын жүзігі, Жүніс пайғамбардың алып нәһанның (киттің) ішінен аман шығуы, Нұх пайғамбардың алып кемесі сияқты өздеріне тән Алладан берілген қасиеттері болған, бұлар қоғамдық діни санада әр пайғамбардың атрибутикасына айналған. Мәселен, балықты көргенде суды еске алатынымыз сияқты Нұх пайғамбарды кемесімен, Сүлеймен пайғамбарды жүзігімен еске аламыз, т.б. Аталған ерекше қасиеттер пайғамбарларға өз миссияларын орындауда Алладан берілген көмек іспетті болған.

Алайда олардың мұндай ерекше қасиеттерін мұрсал пайғамбарларға берілген ұлы мұғжизалармен шатастырмау керек. Мұғжизалар ұлылығы жағынан бұл қасиеттерден әлдеқайда жоғары тұрады.

Сондай-ақ, Н. п.-ларға кітап түспегенімен, Алла жолында жүріп-тұрудың ережелері сияқты шариғат негіздері аян етілген. Мәселен, Нұх пайғамбарға топан судан аман қалған үмметімен жаңа қоғам құрудың негізі ретінде шариғат аян етілген.

Қазақтың діни санасында ойып орын алған нәби пайғамбарлар туралы білімдер жүйесі қоғамның рухани ұйымдасуының, ахлақтық реттелуінің көп мәселелеріне қатысып отырды. Мәселен, қазақ шежірелерінің бастауында Адамата, Нұх пайғамбар тұрады. Сонымен бірге қазақтар арасында Нұх пайғамбардың қасиетті кемесі Қазығұрт тауының етегіне келіп тоқтаған, Нұх үмметінің жаңа қоғамы осы жерде құрылған деген аңыз берік сенім иеленген. Сонымен бірге Нұх ұрпақтарының ішінде Хам, Сам, Яфеттің соңғысынан, яғни Яфеттен тұрандықтар тараған деп санайды да, өздерің ұлы нәби пайғамбардың тікелей ұрпағы деп түсінеді.

Қазақтың діни санасында Құран Кәрім арқылы адам баласына аян болған барлық пайғамбарларға деген құрмет зор болғанын кейінгі халық ауыз әдебиеті шығармаларынан байқауға болады. Пайғамбарлардың өміріне, пайғамбарлық жолындағы күрестеріне, діни соғыстарға арналған тілі көркем діни қиссалардың байырғы қазақ өмірінде ерекше қызмет атқарғаны осыған дәлел бола алады. Егер жырлар мен дастандардың сол кездегі әр қазаққа танымал, кез келгені жатқа айтатын қоғамдық өмірде эстетикалық, ақпараттық, ұйытушылық, т.б. көптеген қызметтерді атқарғанын ескерсек, онда қазақ қоғамының кеңестік кезеңге дейінгі барлық дәуірлерінде қазақтар діни тұлғалар туралы, олардың өмірлері мен өнегесі туралы әрдайым хабардар болып отырғанын дәлелдеп керек емес.

Әдеб.: Құран Кәрім. Қазақша мағына және түсінігі. Аударған: Х.Алтай. Медине: Құран Шәриф басым комбинаты, 1991; Абай. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Алматы: Жазушы, 1-том, 1995; Киссас ул - энбие. Әдеби жанрлар. 20-томдық, Алматы: Таймас, 2008; Исаұлы М, Жолдыбайұлы Қ. Ислам ғылымхалы. Алматы: Дәуір, 2010; Қалмаханұлы С. Пайғамбарлар тарихы. Алматы: Көкжиек-Б, 2011; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

НӘДІР-ШОЛАҚ – мифтік наным бойынша атакты Қойлыбай бақсыға көмектесетін перілердің қалың қолының (әскерінің) қолбасшысы. Байырғы шамандық түсінік

бойынша жындар мейірімді жындар және зиянкес жындар деп екі топқа ажыратылады. Мейірімді жындар – бақсыға жәрдем беретін жындар. Жындар тегіне қарай жын, шайтан, пері деп бөлінеді. Қойлыбай бақсының жындары осы үш топтан (жын, пері, шайтан) құралады екен. Әрбір бақсының өзіне ғана бағынатын, тапсырмасын орындайтын, тек өзіне ұнайтын жындары болады (**қ. Жын**). Қойлыбай бақсының жындарының ішінде ылғи перілерден тұратын қолды – Нәдір-Шолақ, шайтандардан тұратын қолды – Ер шойлан, жындардан тұратын қолды Көкеман басқарады екен.

Нәдір-Шолақ туралы ең алғаш Ш. Уәлиханов түсінік берген. Қазақтың көне наным-сенімдеріне қатысты ғұрыптық фольклорын зерттеуші Б. Абылқасымовтың бақсы, жын туралы Ш. Уәлихановтың жазғандарын жинақтай отырып айтуынша: Жеңілген жақтың қолы жеңген жаққа өтіп отырған. Бір ұрыста Нәдір-Шолақ албастыларды быт-шыт етіп, патшасын Қойлыбайға байлап-матап әкеліп береді. Қойлыбай оны қызметке алып, албастылардың патшасы етін қояды. Сөйтіп, оған бағынышты жындар саны өсе береді.

Әдеб.: *Валиханов Ч.* Избранные произведения. Под редакцией академика АН КазССР А.Х. Маргулана. Алма-Ата: Казгосиздат Художественной литературы, 1958; *Абылқасымов Б.* Телқоңыр (қазақтың көне наным-сенімдеріне қатысты ғұрыптық фольклоры). Алматы: Атамұра-Қазақстан, 1993; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

НӘЗІР – киені қадірлеу, аруақ ризашылығын алу, жаратқаннан кешірім сұрау сияқты наным-сенімге негізделген ғұрыптық жосын. Н. – үй салу, жер қазып арық тарту сияқты т.б. үлкен іс-шара бастар алдында ауылдағы үлкен кісілерді арнайы шақырып, құран оқытып, қан шығарып, ас-сүмен сыйлап, батасын алып, құрбандық берудің, садақа шығарудың бір түрі. Ал, исламдық діни ұғымда – *атау, белгілеу, ниет ету, құлшылық* деген мағынада жүреді. Мысалы, *Алла разылығы үшін төрт рәкат нәзіл намазын оқимын* - деп нәзір (атау) етеді.

Дәстүрлі ортада күрделі жұмыс бастамас бұрын сол адам немесе ауыл болып «Тәңірім, ісімді оңдай көр», «Қайырлы ете көр» деп Н. жасаған. Ол негізінен наным-сенімге байланысты Құдайдың жаратқан жеріне тиісу, бүлдіру сияқты істер кезінде кешірім сұрау мағынасында анық көрінеді. Өйткені, қазақы таным бойынша жер қазу, шөп жұлу сияқты т.б. әрекеттер – жаратқанға қиянат жасау деп танылатын. Сондықтан, бұрын игерілмеген тың жерге егін салар болса, су келтіру үшін арық қазарда, үй саларда Жаратқанға жалбарыну ретінде атқарылатын наным-сенімдік мәні аса зор ғұрыптар қатарына саналады.

Мысалы егін салғанда) бұрын әр адам «Нәзір» дегеніміз ауылдас адамдарын шақырып, бір малын сойып өзінің бастағалы отырған ісінің мән-жайын айтып әруақтарға дұға оқытып, көпшіліктен бата тілейді. «Көп тілегі – көл» дегендей жиналғандар оған «алла риза болсын», «тілегің қабыл болсын», «ісің оңға бассын» деген сияқты ізгі, баталы, аталы сөздерін айтып, ризалық көңілдерін білдіреді. Өзінің әр ісіне ыждаһатпен, сеніммен, шын берілгендікпен қарайтын халықтық осы ізгі жол ұлтымыздың жақсы

дәстүрі мен әдеп-салтының қасиетін айқындай түсетін тағы бір елдік нұсқа.

Әдеб.: *Мехмет Соймен*. Ғылымхал. Қазақшаға аударған Халифа Алтай. Истанбұл, 1991; Сағындықұлы Б. Ғаламның гажайып сырлары. Алматы, Ғылым. 1997; *Ахиади Ж.* Жүрек қартайса, ажал аңду салады. Алматы, 2000; Калыш А.Б. Ислам в социокультурной жизни современного населения Туркестана (по материалам этносоциологического исследования) // «Проблемы духовности и место религии в современной общественной жизни». Труды международной научно-практической конференции, посвященной 10-летию независимости РК. Т.2. Шымкент, 2001. С.172-174; Қатран Д. Қазақтың дәстүрлі ас-тағам мәдениеті. Ғылыми редакторы және алғы сөздің авторы Нұрсан Өлімбаев. Алматы: ҚМӨҒЗИ, 2002; Ислам. Энциклопедиялық анықтама. Алматы: Аруна, 2010; *Айтбаев О.* Дінтану. Қарағанды: Гласир, 2010; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

НӘЛ – аяқкиімнің өкшесі мен тұмсығының астына қағылатын темір таға. Өл көбінесе етік өкшесі мен тұмсығының тез желінбеуі үшін, қисаймауы үшін қағылады. Осыған байланысты *Етікті нәл сақтайды, Жігітті әл сақтайды* деген мақал қалыптасқан. Н. қақталған, жұқа темірден жарты ай бейнелі пішінде жасалады. Үш жерінде шеге қағылатын тесігі болады. Ол тесікті *шегекөз* дейді. Шегекөздің беті сәл ойыстау етіп жасалады. Шегені қаққанда оның бүркеншігі ойысқа еніп, сыртқа шығып тұрмайды (қ. *Етік*).



Табанына нәл қағылған саптама етік. ҚР МОМ қорынан (КП 10414)

ҚР МОМ қорында (КП 10414) ер адамның қоныр түсті саптама етігі сақтаулы. Ол екі бөліп пішілген: бірі - етіктің басы мен қоныш алды бірге, екінші - қоныштың артқы (балтыр) бөлігі мен сірөкшесі бірге тұтас пішілген. Бұл екі бөлік бүйірінен тігіспен біріктірілген. Сірөкшенің ішкі жағына тасұлтаннан сірі қабат салынған. Қатты көннен салынған табаны және қабатталған өкшесі мық шегемен бекітіліп, үш шегемен үшбұрыш пішінді Н. қағылған. Өлшемі: қонышы: алды 55 см, арты 52 см, табан: ұз. 27 см, ені 5-8,5 см, өкше биікт. 3,5 см.

Әдеб.: *Қасимов С.* Қазақ халқының қолөнері. Алматы: Қазақстан, 1969; *Арғынбаев Х.* Қазақ халқының қолөнері. Алматы: Ғылым. 1991; *Шойбеков Р.Н.* Етікшілік өнеріне байланысты кейбір атаулар // Тілтаным, 2006, №3. 55-60 бб; Қазақтың дәстүрлі киім-кешегі. Ғылыми каталог (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде). Ғылыми редактор және жоба жетекшісі Нұрсан Өлімбаев. Алматы: Өнер, 2009; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

НӘЛЕТ / НӘЛЕТ АЙТУ – ренжіткен адамға қаратыла айтылатын қарғыс, лағынет, зәрлі сөз (қ. *Қарғыс*). Лағынет,

қарғыс тәрізді тілден шыққан ең улы сөз, адамның ашу үстінде айтқан кейіс сөзі.

Өзіне жамандық істеген адамға қаратыла айтылған жаман сөздің өзі Н.-ке, былапыт, бейпіл сөзге саналады. Мысалы, оңбаған, жексұрын, сұмырай, сұмпайы, сұркия, албасты, мыстан, жалмауыз, көксоққан, жетесіз, тексіз, көргенсіз, жынды, антұрған, сияқты т.б. ауыр сөздер айту Н. деп аталады. Яғни, қазақы ортада біреуден мұндай ауыр сөз естіретін қылықтар жасап, Н.-ға мәжбүрлеу түбі жақсылыққа апармайды деп жат, кері кеткен, жеккөрінішті әрекеттер жасауға тыйым салған. Тіпті, ондай сөздерді *тіл-көз, бәле-жала* сияқты адамға зиян келтіретін күш деп есептеген (қ. *Лағынет айту / Ләнет / Нағылет / Нәлет*). Дәстүрлі ортада боғауыз сөз көп бағытталған, яғни, жаман сөз көп естіген адамды халық арасында сыртынан *нәлет соққан* деп атайтын болған. Яғни, теріс қылықтарымен танымал болып, көптің қарғысын алған, наласына қалған адам деген түсінік қалыптасқан. Тіпті, халыққа бұзықтығының зары әбден өтіп кеткен адам қайтыс болған соң да артынан кейбіреулер Н. айтатын жайт кездеседі. Ондайда айтылатын «көріңде өкіргір» деген Н. ең ауыр қарғысқа жатады.

Жұртшылыққа қарсы әрекет жасаған хан-сұлтандарға, ұрлық жасап елдің берекесін алған ұры-қары, қарақшыларға, шеттен келген басқыншы, шапқыншыларға халық болып нәлет жаудыратын. Мәселен, ресей отарлаушыларымен жақын қатынас орнатуы көптеген адамның наразылығын тудырған Жәңгір хан сол кездегі ел бастаған батырлардың қарсылығына тап болды. Осы тұрғыда, «Жәңгір ханға» деген өлеңінде Махамбет:

Атаңа нәлет, Жәңгір хан!

Қара қазақ баласын

Шетінен тізіп айдады-ау!

Орынбор деген қалаға – деп өзінің жеккөрініштілікке, лағынетке толы, ашынғаннан туындаған өшпенділік қарым-қатынасын осылайша жеткізгені белгілі.

Парасатты, білімді де мәдениетті адамдар қандай жағдайда болмасын нәлет айтып, боғауыз сөз шығармауға тырысады (қ. *Балағат сөз / Боқтау / Боқтық сөз*). Некен-саяқ айтса да, ашуланған кезінде ойын бұрып – «*көбейгір*», «*тұқымың өскір*», «*бар болғыр*» сияқты т.б. бір қарағанда тілек-батаға ұқсас сөздерді қолданатын. Сондай-ақ, балаға, малға, кейбір дүние-мүлік, құрал сайман сияқты заттарға да шын ниетімен жамандық тілемейтін, зілсіз, кексіз, кейіс білдіргені түрінде әншейін айтыла салған Н. түрлері де болады. Олар – ойын балаларына қарата айтылатын *о топалаң, алда ғана жүгермек-ай, көк шешек-ай*», *көк түйнек болғыр* т.б. Сондай-ақ, қомағайға қарата айтатын – *қарныңа қара пышақ кіргір* сияқты т.б. сөз саптаулар бар. Шаршап-шалдыққан кезде де малға қарата зілдену-ашынуудан гөрі кею мәнді – *жамандатқыр, қарасан келгір, борша болғыр* деген сияқты т.б. сөздер айтылатыны бар. Ыңғайына келмеген, қайт-қайта бүлініп, қисайып мазасын алған зат-мүлікке қатысты – «*өртеніп кеткір*» деген де Н. сөз қолданылатыны бар.



Қалай болса солай Н.айту халық ұғымында жақсылыққа әкелмейді, тіпті, айтушы адамның өзіне де зиян болып, бақытсыздыққа душар болады деген сенім орныққан. Өйткені, халық сенімі бойынша қарғыс, боғауыз, лағынет және Н. айту кезінде адамға қаской болып келетін, зиянкес күштер бел алады, олар айтушыны да, бағытталған адамды да қоршап алады, яғни, жамандық үйірсеқ болады делінеді. Беті қайтпас Н. те болады деп есептеген. Ашу үстінде тілден артық кетіп айтылған сөзге артынша дұғасын оқып, кешірім сұрайтын болған. Тіпті, көшпелі ортада қалыптасқан этикет бойынша осы тектес сөздердің өзін жайшылықта қолданар болса, оны басқаша атап «*иару сөз*» ұғымымен белгілеген. Яғни, мұндай ұғымның өзін жөнсіз, бей-берекет айтуға тыйым салынады. Қалай болғанда да, қандай жағдайда болмасын тілге сақ, айтар сөзді аңдап сөйлеген абзал деген ұстаным орнықты. Сондай-ақ, балаға ұрсып, жеку кезінде *миғұла, көкми, көксоққан, ынжық* сияқты т.б. сөздерді қолданудың өзі Н. саналып, баланы сол айтылғандай күйге апарады-мыс деп сақтандырды. Ол жоғарыда айтылғандай сөз сиқырының, тылсым күштің әсеріне ұшырайды деген түсінікке байланысты қалыптасты.

Сонымен бірге, шамасы келмейтін іске араласып, кіріспеске кірісіп, ол ісінен кейін нәтиже шықпай қалғанды *басына тауқынәлет артты* деген де ұғыммен белгіледі. Өл ел-жұртты әуре-сарсаңға салып, көптің ренішіне қалғанды білдірді.

Әдеб: Казахский фольклор в собрании Г.Н. Потанина. Алма-Ата: Наука, 1972. 51-6; Махамбет Жыр – семсер. Алматы, «Жазушы», 1979. 45 б; *Қасқабасов С.А.* Миф пен әпсананың тарихилығы // Қазақ фольклорының тарихилығы. Алматы, 1993; Ағаш бесіктен жер бесікке дейін. 1 кітап. Алматы, «Өнер». 2011. 143-144 бб; Көңіл күй лебіздерін сөз орамдары. / Құраст. С.Бизаков. Алматы: Самара-Принт, 2007; *Айтқұл Қ.* Қазақтың жерлеуге байланысты жосын-жоралғылары // «Отандық археология және этнология: зерттеулер, жаңалықтар, талдаулар» атты «Ү Оразбаев оқулары» республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. 26-67- сәуір 2013 ж. Алматы. Қазақ университеті, 2013. 429-434 бб; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

НӘПАҚА – ұсақ-түйек кәсіппен айналысып, қосымша табыс табудан түскен кіріс. Түрлі себептермен малынан айырылған қазақтар күнделікті тіршілігіне қажетті ризығын айыру үшін түрлі шаруашылықтарға жалданып қызмет етті. Қазақ даласында ХІХ ғ.-дан бастап кен орындары, балық шаруашылығы, тұз өндіру мен мал өнімдерін өңдейтін шағын өндірістер көптеп ашылған соң жоғарыда аталған әлеуметтік топ мүшелері көктемнен күз аралығында жалданып жұмыс жасады (**қ. Жұмысыи**). Сондай-ақ, осы тектес жұмысшылардың, қызметкерлердің алып жүрген жалақысы аз болып жатса *Н.-лық қана болып тұр* деп айту қалыптасқан. Яғни, күнкөріске толық жетпейтін кіріс деген мағынада қолданылды. Сонымен бірге, жұмыс көлеміне және бір-екі күнге жалданып та табыс тауып, күнделікті ұн-шайын айыруға байланысты тапқан ризық та Н. деп аталды.

Н. қазақ тіліне араб тілінен енген сөз. Мағынасы – азық-түлік, жұмсалған нәрселер және үй отағасының отбасын қажетті нәрселермен камтамасыз етуі дегенді білдіреді.

ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

НӘПСІ – пенденің тән құмарлығы мен жан құштарлығы. Дәстүрлі этномәдени санада тән құмарлығы немесе тән талабы тамақ, ұйқы, күлкі, жыныстық қатынас тәрізді табиғи қажеттілікке, ал жан құштарлығы атақ пен даңқ, байлық пен билік тәрізді әлеуметтік-қоғамдық қажеттілікке байланысты түсінікті камтиды. Халық түсінігінде Н. – күрделі әрі қайшылықты ұғым. Бір жағынан, Н.-сіз пенде болмайды, Н. жұмыр басты пенденің бәріне тән дей отырып, екінші жағынан, нәпсіні тойымсыздық, қанағатсыздық деп біледі (**қ. Пенде**).

Дәстүрлі этномәдени түсінікте Н. дегеніміз пендені тән талабын өтеуге деген құштарлыққа, атақ пен даңққа қызығушылыққа, байлық пен билікке деген құмарлыққа итермелейтін адам болмысындағы ерекше күш дегенге саяды. Н.-нің адам болмысындағы бұндай қозғаушы (итермелеуші) күш екені халықтың діни санасындағы ұғым түсініктермен байланысты айқындалады.

Ел аузындағы айтылған мына бір әпсананың мазмұнын Н.-нің пенде болмысындағы ерекше «күш» екенін аңғартады. *Ертеде откен пайғамбарлардың бірі өз қауымын бір ғана Аллаға құлшылық етіп, хақ жолын ұстануға уағыздайды. Алайда оның бұл ісіне пенделердің нәпсісін қоздырып жүретін шайтан үнемі кедергі келтіре береді. Ақыры, пайғамбар Алла Тағалаға жалбарынып, жын-шайтан атаулыны қапасқа қамап тастауды сұрайды. Алла Тағала жалбарынушының бұл тілегін орындап, шайтан атаулыны қараңғы қапасқа бекітіп тастайды. Сөйтіп, пайғамбар өз қауымы жиналған жерге келсе, жарық дүниеге селт етпейтін, бастарын көтермей мүлгіп отырған сүлесоқ пенделерді көреді. Дабыр да жоқ, дұбыр да жоқ, әдетте, көпке дейін қызуы басылмайтын базар да үнсіз, тілсіз қалған. Сол сәтте әлгі пайғамбар Алла Тағаланың себепсіз еш нәрсені жаратпағанын ұғынып, өзінің бұл тілегінің теріс екенін біліп, Жаратушыға қайта жалбарынып, өзінің қателігін мойындап, бәрін қайта қалпына келтіруді сұрайды.*

Бұдан этномәдени санада Н.-нің қозғаушы «күш», тіршіліктің көзі деп түсінгенін аңғаруға болады. Сондықтан адамның болмысынан Н.-ні мүлде аластау мүмкін емес, бірақ Алла Тағала адамды жаратқанда ақыл-парасат пен коса Н.-сін де бірге жаратқан. Жаратушы ие ақыл-парасатты пендесіне Н.-сін менгеру, ауыздықтау үшін берген екен дейді. Этномәдени санада *ақыл, ашу, иман, нәпсі* тәрізді бейдерек (абстракті) ұғымдар халық шығармашылығында метафораланып, тұрмыстағы, өмірдегі нақты заттар арқылы деректенін отырады:

Ақыл – «таяқ»,

Ашу – «пышақ»,

Иман – «қой».

Нәпсі – «қасқыр».

Бұл жерде нақыл сөз *ашу* мен *нәпсіңді* ауыздықтай білмесен, ақылыңнан да, иманыңнан да айырыласың деген ойды мензеп отыр.

Н.-нің жетегінде кете бермей, оны жеңе білген жан діни түсінікте *Құдайдың құлы, иманды құл* делінеді. Дәстүрлі

орғада нәпсісін менгере білген пендені *малдың құлы емес, ардың құлы* деп, мықтылыққа балаған.

Мықтымын деп мақтанба, ақыл билсең,

Мықты болсаң, өзіңнің нәпсіңді жең.

Іші тар көре алмастың біреуі сен,

Ондай кісі бұл жерге келмейді тең, –

дейді Абай.

Егер нәпсі ауыздықталмаса, жағымсыз қылық, жаман әдеттер туындай береді де, катыгездік, мейірімсіздік, зорлық-зомбылық қоғамдық дертке айналып кетеді. Ақыл, ар-ұят туралы қоғамдық санада қалыптасқан ұғым мен түсінік жүйесін пенденің нәпсіқұмарлығы реттеп, шектеп отыратын этикалық-моральдық нормаларға айналдыруға күш салған белгілі билер мен беделді ақсақалдардың, сондай-ақ халықтың аса бай фольклорлық мұрасының, діни мазмұндағы қисса-дастандардың, ақын-жыраулар шығармашылығының бұл ретте маңызы аса зор болды (**қ. Ар**). Сөйтiп, нәпсіқұмарлықтың қоғамда етек жайып, бұқаралық сипат алып кету қаупіне жол бермеген.

Әдеб.: Абай тілі сөздігі. Жалпы ред басқарған А.Ысқаков. Алматы: Ғылым, 1968; Абай. Екі томдық шығармалар жинағы. 1-2 том. Алматы: Жазушы, 1986; *Есім Ғарифолла*. Шәкәрімнің білімділерден бес түрлі сөзін шешуін сұрауына академик Ғарифолла Есімнің жауап-толғамы // Шәкәрім. Энциклопедия. Семей: Тенгри, 2008. 826-862-бб; *Шаңбай Т. Нәпсі // Шәкәрім*. Энциклопедия. Семей: Тенгри, 2008. 579-580 бб; ҚӘТС. 11-том. Алматы: Арыс, 2009; *Уәли Н.* Бұрынғыдан қалған сөз (Қолжазба); ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

НӘПІЛ – парыз да, уәжіп те, сүннет те емес, мұсылман адамның өз еркімен жасайтын амал, ғибадаты. Мысалы, *нәпіл ораза, нәпіл намаз, нәпіл садақа*. Нәпіл сөзінің араб тіліндегі мағынасы *Аллаға сый* дегенді білдіреді.

Әдеб.: *Исаұлы М., Жолдыбайұлы Қ.* Ислам ғылымхалы, Алматы: Нұр-Мұбарак, 2008; Ислам. Энциклопедиялық анықтамалық, Алматы: Аруна, 2010; ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

НӘПІЛ НАМАЗ – есептелетін бес парыздың рет санынан сырт, ерекше құлшылық ретінде оқитын намаз. Әр пенде нәпіл намазын өз саналығымен, жаратушының ризалығына кенелу үшін оқиды.

Діни аңыз бойынша о дүниеде пенде ең алдымен намазы бойынша сұралады. Сол кезде оның қаза болған парыз намаздарының орынын сүннет намаздары, ал сүннет орнын Н. н.-дары толтыра алады екен. Сондықтан мұсылман адам үшін *парыз, сүннет, нәпіл* намазының қай-қайсысының орны ерекше.

Әдеб.: *М.Ф. Рифағи*. Ислам мәдениеті. Алматы: 2007; *Айтбаев О.* Дінтану. Қарағанды: Гласир, 2010. 448 б; *Сейітбеков С.* Иман негіздері. Алматы: 2011; ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

НӘПІЛ САДАҚА – пітір садағасымен зекет беруден басқа жағдайда берілетін садақа. Отбасында ауру қарап жатқан қиыншылығы бар жандар мен мүгедектерге, панасыз жетім-жесірлерге, жарлы-жақпайларға Н. с. беріледі.

Әдеб.: *М.Ф. Рифағи*. Ислам мәдениеті. Алматы: 2007. 240 б; *Айтбаев О.* Дінтану. Қарағанды: Гласир, 2010. 448 б; *Сейітбеков С.* Иман негіздері. Алматы: 2011. 376 б; ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

НӘРЕСТЕ – дүниеге келген баланың алғашқы айлардағы атауы. Шартты түрде бала жасқа толғанша Н. саналғанымен, көбінесе буыны бекімеген, оң-солын танымаған, ойы

былғанбаған кішкене балаларды жалпылама Н. деп атайды (**қ. Бала**). Халық арасында дүниеге Н. келгенде «*бауы берік болсын деп!*» деп тілек айтады. Н.-нің өсіп-дамуына, ақыл-ойының жетілуіне қарай, қырқынан шыққанға дейінгі кезең және одан кейінгі кезең деп қарауға болады. Қырқына дейін Н. екі дүниенің ортасында болады деген сенімге орай халық арасында баланы қырқынан шығаруға, оған дейінгі бала күтіміне ерекше назар аударады. Дүниеге келген Н.-нің кіндігі түскеннен кейін қырық күн бойы шомылдырып, қойдың құйрық майымен сылап, қол-аяғын созады (**қ. Баланы сылау**). Қырық күн толғанда баланы қырқынан шығарады. Қырқынан шығарғанда қарын шашы, сүт тырнағы алынады. Денесіне батпасын деп тігісін теріс қарата тігетін *иткөйлегін* шешеді (**қ. Баланы қырқынан шығару; Иткөйлек; Қырқынан шығару**). Халықтық ортада қалыптасқан үрдіс бойынша Н. қырқынан шыққаннан кейін азан шақырып ат қояды. Діни түсінік бойынша азан шақырып ат қойғаннан кейін баланың құлағы ашылады. Халықтық ортада Н.-ге ат қойып, есім берудің өзіндік жосын-жоралғысы қалыптасқан (**қ. Балаға ат қою / Есім беру**). Халық арасында қырқынан шықпаған Н.-ні *қызылшақа, шарана, шақалақ* деп те айтады. Кейде емшек сүтінен басқа тамақ жей алмайтын Н.-ні *емшектегі бала* деп те жатады.

Жаңа туған Н. жылы жатып, жел қарыспау үшін құндақтап орайды (**қ. Баланы құндақтау; Құндақтау**). Сонымен қатар таза жатып, қол-аяғы түзу болып өсуі үшін бесікке бөлейді. Бұл кезде Н.-ні *бесіктегі бала, бөпе* дейді. Бесіктегі бала бес рет түлейді деген мақалға сай бала бесіктен шыққанша түр-сипатын сан рет өзгертін, күн сайын түлеп өседі. Осы кезде кейде атасына, кейде әкесіне, бірде анасына ұқсап «алдайды». Сонымен қатар Н. бесіте жақтан кезінде де айналасындағы дүниені танып, құлағымен естіп, бойына сіңіреді. Сондықтан бесікте жатқан, құндақтаулы Н.-ні жұбатқанда бесік жырын айтады. Бесік жыры арқылы баланың бойына елін сүю, ұлтын құрметтеу, үлкенді сыйлау сынды қасиеттер сіңеді деп есептеледі (**қ. Бесікке бөлеу; Бесік жыры**).

Әлди-әлди, ақ бөпем,

Ақ бесікке жат бөпем

Жылама, бөпем, жылама

Жілік шағып берейін... –

деген бесік жырларынан бөпе сөзі қаратпа сөз түрінде қолданылатындығын аңғаруға болады. Бөпе сөзі бесік жырларында Н.-ге жалпылама қаратыла айтылғанымен, негізінен ұлға *бөбек*, қызға *бөпе, бүбі* деген түрде қолданылады. Кейін келе бибі сөзіне ұласып, дәстүрлі ортада көбінесе ақсүйек әйелдерге деген құрметті білдірген (**қ. Бөпе; Бибі**). Осыған орай қыздарға ат қойғанда Бибіфатима, Ақбөпе, Нұрбүбі, Айбике т.б. деп қою үрдісі қалыптасқан. Н.-нің бөпе атауы жергілікті тілде *бона* деп те кездеседі. Бесікке бөленген Н.-ні көшін-қонғанда аттың алдына бесігімен бөлеп алып жүреді. Шал ақын: «*Бір жаста, екі жаста бесіктемін*» – деп сипаттағандай халықтық ортада бала кейде екіден асып, бесіктен аяғы шығып кеткенше бесікте жатады (**қ. Бесік**).



Әлі тісі шықпаған Н.-ні *қызылик* дейді. Н.-нің тісі негізінен төрт-бес айынан тастап шыға бастайды. Ондайда көбіне бала мазасызданып, ыстығы көтеріледі. Н.-нің тісі тез жарып шығу үшін, жарып келе жатқан тұсынан ағаш қасықтан ақырындап соғып, тыныштандырады.



Нәресте. ҚР МММ жұмыс материалдарынан

Ал жеті-сегіз айында (кейде одан кешірек) Н. еңбектеп, құйрығымен жылжи бастайды. Осы кезде Н. бауырын тез көтеріп, аяқтанып кетсін деген ырыммен бауырының астынан ішіне ас салынған табақты ары-бері өткізеді. Бұл дәстүр «*табақ алу*» деп аталады (қ. *Бауыр аяқ / Бала баурынан табақ алу*). Әлі есі кірмеген, өздігінеп жүре алмайтын, не аяғын ақырын-ақырын басып жүрген нәрестесі бар ананы *аяққа оралған баласы* бар деп жағайды. Н. қаз тұрып, аяғын баса бастағанда «*малды болсын*» деп тоқ ішекпен, «*біреудің ала жібін аттамасын*» деп ала жіппен, «*өніп-өссін, ұрпақты болсын*» деп көк шөппен тұсауын кеседі (қ. *Тұсау кесу*).

Жас Н.-нің маңдайының үстінде, төбесіне қарайғы бөлігі былқылдап тұрады. Оны *еңбек* деп атайды. Н.-нің еңбегінің үстінен басуға тиым салынады. Еңбек Н.-тің тілі «тас» деген сөзге келгенде қатады деп есептеледі. Халықтық түсінік бойынша ер баланың құты осы еңбегі мен орайында тұрақтайды деп Н.-ні жалаң бас жүргізбеуге, еңбегін жарқыратып көрсетпеуге тырысады. Осыған орай Н. еңбегінің үстіне кекіл, орайына айбар қалтырылады. Дегенмен *қарын шаптық қарғысы қатты, қарын шапшы қалдырылған баланың назасы қатты* болады деген сенімге орай негізінен қыркынан шағарғанда Н.-нің қарын шашын түгелдей алып тастайды. Н.-ге айдар, кекіл, тұлым келесі өскен шаштан қойылады (қ. *Айдар; Кекіл, Тұлым*). Негізінен балаға айдар, кекіл, тұлымды тіл көзден сақтау үшін қалдырылады. Себебі, балаға сұқтана қараған адамның назары осыған ауады деп есептелген. Дегенмен кішкене Н. көзді, сөзді көтере алмайды деп оған сұқтана қарамаған, жақсы көріп тұрғанның өзінде «*тіңә-тіңә*», «*тілім тасқа*» деп түкіріп, «*жаман бала*», «*күшік*» т.б. деп атайды. Н.-ге тән жұпар иісін иіскегенде «*сасық екен*» деп тамсанады. Өйткені Н. өзіне аударылған кішкене назарды, қарата

айтылған сөзді көтере алмай ауырып қалады. Сонымен қатар «*тіл тас жарар, тас жармаса бас жарар*» деген мақалға сай Н. тіл көзден аман болсын, тіл тасқа тисін деген ырыммен бас киіміне, бой киіміне қасиетті саналатын бұлақтан жеті тас алып, шүперекке орап тігіп қояды. Мойнына тұмар, моншак тоғып қояды. Үйге қонақ келерде, не қонаққа, көпшілік болатын орынға барарда маңдайына, желкесіне қара қазаннан, ошақтан күйе алып жағады. Өйткені кейбір адамның көзінде қалы болады. Осындай адам балаға сәл қарағанның өзін көтере алмай ауырып қалады (қ. *Назаркерде*). Сондықтан «*Көзінде қалы бар адамның қарағы тегін жібермейді*» деп, Н.-сі бар адам үйге осындай белгісі бар кісінің келуінен сақтанады. Сонымен қатар, халық арасында тіл-көзден сақтау үшін Н.-нің бесігіне, киіміне тұмар ретінде қасқырдың тісін, жыланның басын, үкі, күміс тиындарды іледі. Егер *көз тиді* деп секем алса, Н. қолды аяққа тұрмай шырқырап жылап кетсе «*ау тиді*» деп келген адамға түкіртеді, не ұлтарағынан, т.б. затынан кесіп алып тұту, есіктің тұтқасын сумен шайып, суды сыртқа шашу сынды ырымдарды жасап, ұшықтайды, отпен аластайды (қ. *Ау тию; Ауылау / Аушау*). Мұндайда көбінесе тіл-көз Н.-нің денесіне көз сияқты жара болып шығады. Әжелеріміз *көз жараның іште қалмай, сыртқа шыққаны жақсы болған. Көз жара іште қалса адамды өлтіріп жібереді* деуі осыдан болса керек. Дегенмен Н.-ге жұрттың назары түспеу үшін, көбіне оны көзден тасалап, оған ескі-құсқы киім кигізіп қояды. Н. тіл-көзден аман болсын, шошынбасын деген ырыммен Н.-нің жастығының астына пышақ, қамшы сияқты заттар қояды. Егер Н.-ге тіл-көз тигенде уақытында емдей алмаса Н. шетінің шетінеуіне әкеледі. Мұндайда көбінесе Н.-нің арқасы қарайып кетеді (қ. *Көз тию / көз-сұқ тию*). Халықтық ортада нәресте шетінегенде өлік жөнелтуге қатысты жосын-жоралғылар толық атқарылмайды (қ. *О дүние*).

Әдеб.: *Алтынсарин И.* Очерк обычаев при похоронах и поминках у киргизов Оренбургского ведомства // ЗООИРГО. Вып.1. Казань, 1870. С.117-122; *Алекторов А.Е.* О рождении и воспитании детей у киргизов, о правах и власти родительской // ОЛ. 1891. №31; *Аргынбаев Х.* Қазақ халқындағы семья мен неке (тарихи-этнографиялық шолу). Алматы: Ғылым, 1973; Абай. Екі томдық шығармалар жинағы. Алматы: Жазушы, 1986.1-2 том; *Аргынбаев Х.* Қазақ халқының колөнері. Алматы: Өнер, 1987; *Әмірғазин Қ.* Қазақ колөнері. Алматы: Дайк-Пресс, 2004; *Шоқпарұлы Д.* Дәркембайұлы Д. Қазақтың қолданбалы өнері. Алматы: Алматыкітап, 2007; Шәкәрім. Энциклопедия. Бас ред. Е.Б.Сыдықов. Семей: Тенгри, 2008; ҚР МММ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан

НӘСКҮРІК – ағаш жонатын сүргінің халық тіліндегі бір атауы. Сүргіні Н. деп атау сыр бойы мен Қостанай өңірінде кездеседі. Сүргілеу жұмысы жергілікті тұрғындар тілінде *нәскүріктеу* деп аталады. Ал орал өңірінде тұратын қазақтар сүргіні *нәстүрік* дейді (қ. *Сүргі*).

Әдеб.: Қазақ тілінің аймақтық сөздігі. Алматы: Арыс, 2005; ҚР МММ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

НӘСПІ – жазған, жазмыш және бұйрық сияқты ұғымдарды белгілейтін жиынтық атау. Ол көбіне жақсы тілектің, оның орындалуын және орындалуына деген ниетті білдіретін ұғым. Сондықтан, діни түсінік, наным-сенімге қатысты сөз саптауларда жиі қолданылады. Несіп сөзімен бір қарағанда



ұқсас келгенімен, мағына жағынан едәуір айырмашылығы бар. Мысалы, қандай да бір іс-әрекеттің, болмыстың бұйырық болмай, яғни, бұйырмай басқаға тиесілі болып кетуін төмендегі аңыз жолдарынан көруге болады: Періште айтыпты: ... *Жер жүзінің түн жағында, қараңғылықта бір бұлақ бар. Содан су ішкен адам ақырзаманға дейін гұмыр кешер*», – деп. *Табамын деп әрекеттенген Зұлқарнайынға бұл сунәсіп болмай, Қызыр ғ.с.-ға несіп болып, сол суды ішті. Сөйтін, ол ақырзаманға дейін тірі болатын болды* – деп келеді діни аңыздарда. Сонда, екі ұғымның алғашқысы бойынша Зұлқарнайынға бұйырмай, екінші айтылған ұғым бойынша Қызыр ғ.с.-ға ырзық болып, несібе ретінде тиесілі болды деген қолданыстық ерекшелігін байқауға болады (**қ. Несібе; Несіп**).

Осы дүниеде де Алла тағала пендесіне игіліктерді нәсіп еткен және олардың қызығын көруге тыйым салмаған. Тек қана оларды адам игілігіне жарату мақсаты болуға тиіс, яғни пенде Алланың осы дүниеде берген жақсылықтарын (несібе, ризық, Н.) тыйым салынған күнәлі мақсаттарға пайдаланбауы керек. Сонымен бірге тек рақат іздеп кетпей, оларды өзінің ғана емес, айналасының игілігіне жарата білуі талап етіледі. Жердегі адамға нәсіпті де Тәңірі бұйыртады. Яғни, Тәңірі жазғанынан асып кете алмайсың деген түсінік кей жағдайда қанша тырыссаң да маңдайға жазбаған дүние бұйырмайды деген де түсінік бар. Алайда, *кәсіп болмай, нәсіп болмас* мақалы еңбек етіп, тырмысқан адамға Құдайдың берері бір бұйырады, яғни *жүргенге жөргем ілінеді* деген сияқты мәнде айтылатыны тағы бар.

ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

НӘУБЕТ – халық тілінде «ырзық», «ырыс», «несібе», «бақ-дәулет» және «қиындық», «ауыртпалық», «кесапат» тәрізді бір-біріне мүлде қарама-қарсы ұғымдарды білдіретін атау.

Қарсы бір қарады ма жау бетіме?

Жаралған жәһан менің нәубетіме.

Қай дұшпан қылды екен еркі жетіп,

Шығыстың шұбар төсі әулетіне, – дейді Қ.Бекхожин.

Бұл жерде маңдай алды белгілі ақын Қалижан Бекхожин *нәубет* атауын «ырыс», «бақ-дәулет» мағынасында қолданса, ал майталман жырау Кердері Әбубәкірде «ауыртпалық», «апат», «кесапат» мағынасында жұмсалған:

Ақ патша кеңдік етсе, дәулеті көп,

Әгереше тарлық етсе, нәубеті көп.

Жүзінде жеті ықлым ұлық патша,

Жетерлік бұ ғаламға құрметі көп.

Нәубет атауы байырғы «Батырлар жырында» да осыған жуық мағынада айтылады:

Қаниа патша болса да

Жетіскен ажал нәубеті

Өзімен кетті ілесіп,

Падышалық сәулеті.

Полярлық қарама-қарсылықтағы мағыналардың бір атаудың мазмұнына енуінің уәжі болуға тиіс. Бұлай болу себебі, байқауымызша, халықтың табиғаттағы, жеке адам, қоғам өміріндегі қайсыбір құбылыстардан өзара ұқсастық тауып, оларды бір атаудың мазмұнына ендірген.

Мысалы, табиғатта өсімдік өсіп-өнеді, жемісін береді. Халық түсінігінде бұл да бір кезегімен болатын нәубет.

«Бауырында неше түрлі гүл, жеміс, неше алуан нәубеттер оседі», – деп М.Әуезов нәубет атауын «гүл, жеміс, дән-дақылдың жиынтық атауы» ретінде қолданған. Бірақ бұл нәубет уақытша: өйткені қара күз келіп, қазан ұрады өсімдіктің гүлі ұшады, жемісі солады, жапырағы қурайды т.б. Сөйтін, тіршілік иесі болудан қалады. Бұл да бір кезегімен болатын нәубет.

Жеке адам да осы сияқты, туады, өседі, өсіп өнеді. Адамның несібесі, келер жақсылығы, кемелді шағы өзінше кезегімен болатын бір нәубет. Бірақ ауыртпалық, қиындық көретін кезі де өмірден озатын, бақилыққа жететін шағы да болады. Бұл да кезегімен келіп жететін нәубетке жатады. Бұл нәубетті *өлім бар да қаза бар* деп мойындайды.

Қоғам өмірінде де осыған ұқсас жайттар болады. *Ит басына іркіт төгіліп, қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман* болады. Бұл да кезегімен келген бір нәубет. Атақты билер құрған билік (Майқы, Ормамбет, Едіге т.б.) хандық билікке ауысып қоғамда әр алуан өзгерістер болады. Қайсы бір заманда аумалы-тоқпелі жағдайға ұшырап ел басына ауыртпалық түсіп, дағдарысқа не күйзеліске ұшырайды. Мәңгілік нәрсе жоқ деп, бұны да кезегімен келген нәубетке жатқызады. Ел аузындағы аңызда *он сан Ноғайлы* елінің гүлденген кезі де, уақыт өте келе барша әлеуетін сарқып он сан ноғайлының күйзеліске ұшырап, ыдыраған шағы, күйреген кезі де болған. Бұл да кезегімен келген бір нәубет. Оны халық *Ормамбет би өлгенде, он сан ноғай бүлгенде* деп өз жадында зерделеген.

Сонымен, байырғы халық түсінігінде өз кезегімен болып жататын табиғаттағы, жеке адам өміріндегі, қоғамдағы нәубеттің қарама-қарсы екі жағы бар. Табиғатта біріншісі – өсіп-өну, гүлдену болса, екінші жағы – солу, түгесілу, тіршілігін тоқтату; жеке адамда бір жағы – туу, ырзық-несібесін көру, екінші жағы – қиындық, ауыртпалық, бақилық болу. Қоғамда бірі жағы – қалыптасу, даму, өркендеу, екінші жағы – дағдарыс, күйзеліс, күйреліс. Бұлар халық түсінігінде кезігімен болып жататын нәубеттер.

Халық танымында өз кезегімен болатын нәубет ұғымынан тыс *көлденең келген кесел-кесапат* деген ұғым бар. Табиғатта бұршақ ұрып, шегіртке қаптап егістікті баудай түсіріп жойып кетсе, мезгілінен қар ерте жауып, ағаштың бұтақтары сынып қалса т.б. тотесінен болған жайтты *набыт* дейді. Жеке адамның түскен кезегі мен болмаған ауыртпалық, апатты тағдырдың тауқыметі, тағдырдың жазуы; Ал қоғамға келген соғыс, үркіншілік, індет, қуғын-сүргінді зобалаң дейді.

Ел жайы, жер жайы туралы ескілікті көп білетін кәрі құлақ, көңілі даңғыл қариялар *«көлденең келген кесапат-кеселден сақтасын»* деп отырады.

Діни контекстегі түсінікте жаппай болған көлденең келген кесел кесапатты Алла Тағаланың адамдарға жібергені зауалы деп ұғады.

Абайласаң, жігіттер,

Болатын сүйітін кезінде,

Әр кемелге – бір зауал

Осыларды ойламай,



*Ақылсыз кейбір ақымақтар,
Алдағанға мәз болар*

(Базар жырау).

Құдайды мүлде ұмытып немесе өздерін «Құдай» санаған, о дүниенің бар екенін мүлде естен шығарған; еркек пен еркек, әйел мен әйел жұптасып, шектен тыс азғындық жолға түскен қауым, елді Алла Тағаланың көктен не жерден жіберген зауалына (жер сілкінісі, өрт, су тасқыны, дауыл т.б.) апатты жағдайға ұшырап, жер бетінен мүлде жойылып та кеткен. Қоғамды, елді азғындық жайлаған сайын Алланың Көктен, Жерден жіберетін зауалы жиілей береді.

Өтірік, өсек, зорлық-зомбылық, ұрлық-қарлық жайлаған ел, тіпті олар өздерін мұсылман елміз деп санаса да, өз ішінен бүлініп, бірін-бірі қырып, бірімен бірі соғысып жатуы бұл да Алла Тағаланың сол елге, сол қауымға жіберген зауалы.

Әдеб.: Уәли Н. Бұрынғыдан қалған сөз (Қолжазба); ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

НЕКЕ – бір-бірімен отасып, тұрмыс құрған ерлі-зайыптылардың отбасылық құқықтары мен міндеттерін белгілейтін және реттейтін рәсім. Қазақ қоғамында неке тәртібі сол кездегі қоғамда қалыптасқан этикалық, құқықтық қатынастар жүйесімен және дәстүрлі дінімен байланысты болды. Дәстүр бойынша жеті атаға толмаған қыз бен жігіт некелік қатынастың субъектілері бола алмаған (**к. Жеті ата; Қауым; Ру; Рубасы**). Сондай-ақ некелік қатынастың субъектілері болып саналатын ерлі-зайыптылардың өзді-өзіне тән отбасындағы міндеттері айқын болды. Өйткені, ата-баба жолының ежелден қалыптасқан тиісті принциптері мен нормаларына негізделді әрі әдеттік құқықтық ілкімді қағидаларымен реттелінін отырылды (**к. Құқық / Әдеттік құқық / Қақы**). Ежелгі қазақ қоғамында бір әйел некелестігімен қоса көп әйел некелестігі қатарынан орын алған. Көп әйел некелестігіне кішілік некелестігін, яғни әйел үстіне әйел алушылықты, әменгерлік некелестігін, күнмен некелестікті жатқызуға болады (**к. Әйел заты; Әменгерлік; Жесір дауы**).

Бір әйел некелестігі. Материалдық мүмкіндігі шектеулі ер адамдардың едәуір бөлігі бір ғана әйел некелестігімен тоқталған. Жігіттің ата-анасы жас кезінен атастырып қойып, қыз кәмелетке толғаннан кейін некесі қиылса **жсамағат** деп аталады.

Ас-су әзірлеу, ыдыс-аяқ пен қазан-ошақты ұстау; көрпе-жастық, киім-кешекті бүтіндеу, үйдің бау-шуын, киіз-алашасын тоздырмай, жаңғырту; әсіресе балаға қарау **үй адамы** ретінде әйелдің міндетіне жатса, үй ішінің материалдық қажеттігі түгелімен **түз адамы** ретінде еркектің мойнында болды. *Бала таппайтын әйел жоқ, тұрарын айт, мал таппайтын еркек жоқ, құрарын айт* деген мақалдан ер адамның тапқан малы, пұлын құрау әйелдің міндеті екені айқын аңғарылады. Өсындай міндетті жөнімен атқара білген, бір-біріне адал жар бола алған ерлі-зайыптылардың отасуы баянды делінеді.

Халық санасындағы осы түсінік атақты Шоң бидің «Сәлі молдаға жауабы» дейтін нақыл сөзінен айқын аңғарылады:

- Еркектің бақытты болмағы неден?
- Әйелден.
- Еркектің бақытсыз болмағы неден?
- Әйелден.
- Еркектің өрісі неден?
- Әйелден.
- Еркектің кәрісі неден?
- Әйелден.
- Еркектің абыройы неден?
- Әйелден.
- Еркектің абыройсызы неден?
- Әйелден.

Молда аз бөгелін, сұрағын жалғастырыпты:

- Әйелдің адал болмағы неден?
- Еркектен.
- Әйелдің надан болмағы неден?
- Еркектен.
- Әйелдің үйі болмағы неден?
- Еркектен.
- Әйелдің би болмағы неден?
- Еркектен.
- Әйелдің күң болмағы неден?
- Еркектен.
- Әйелдің сымбатты болмағы неден?
- Еркектен.
- Әйелдің қымбатты болмағы неден?
- Еркектен.
- Әйелдің базарлы болмағы неден?
- Еркектен.
- Әйелдің ақылды болмағы неден?
- Еркектен.
- Әйелдің бақылды болмағы неден?
- Еркектен.

Осы жерде Сәлі молда:

Сізге дауа жоқ екен, – депті. Сұрағыңызға қарай жауап, өзіңізге де сауап, – депті би. «Әйелден», «еркектен» дей бересіз. Түсіндіріп таратып айтпайсыз ба, бұл бір ауыз сөзіңізге кім түсінеді депті молда ренжіңкіреп.

Сонда Шоң былай деп жауап қатыпты:

«Көп сөз – көмір, аз сөз – алтын» дегендей, сұрақтарыңызға жеке-жеке тоқтала, ұзақ-сонар әңгіме берсем, таң атып, күн шықпайды. Ертелеп жол жүруім керек, әзірге осы жауапты қанағат етерсіз – дейді.

Бір әйел некелестігінде әйелі қайтыс болған ер адам балдыз қалың беріп балдызына үйленетін жайттар кездеседі. Бұндай да некелік қатынастың субъектісі жезде - балдыз болады. Егер балдызы болмай, басқа бір рудың күйеуі жоқ әйеліне үйленсе бұндай некелік қатынастың субъектісі - **үйі сынық** (ер адам) - **есік көрген** (әйел) (**к. Есік көрген; Үйі сынық**).

Кішілік некелестігі. Бір еркекке күйеуге шығып отырған көп әйелдің ішіндегі ең алғашқысын **бәйбіше** деп атайды (**к. Әйел заты; Бәйбіше**). Ал одан кейінгі алған әйелдері **кіші әйел** делінеді. Ол кейде жас шамасы

бәйбішеден үлкен болса да сол рет жолымен кіші әйел болып қала береді. Некелік қатынастың субъектісі ретінде бәйбішенің отбасындағы, әулеттегі беделі кішілікке алған өзге әйелдерден жоғары болды. Одан туған балалардың да мәртебесі кіші әйелдердің балаларына қарағанда жоғары тұрады. Егер бәйбіше бала қотермеген болса, кішілікке алған әйелдің тапқан баласын бауырына салып, өз баласы атандырады. Исламға дейін де қазақ қоғамында көп әйел алушылық болды. Байырғы қазақ қоғамында егде ер адамдардың рухани, материалдық шамасы жетіп тұрса, екі, үш, төрт әйелге дейін алатындары болған. Бірінші әйелін бәйбіше десе, екінші-үшінші әйелдерін *тоқал; тоқалдыққа алу* демей, әдеп тілімен *кіші; кішілікке алу* деп атаған (**қ. Кішілікке алу; Тоқал**).

Түптеп келгенде, көпнекелік бала сүю арқылы әулеттің адам күші әлеуетін арттыру руаралық қатынасты реттеу мақсатын көздегендіктен деуге болады.

Әмеңгерлік некелестік. Қазақ дәстүрінде ері қайтыс болған әйел бір жылға дейін ерін аза тұтып, марқұмның жылын берген соң, әмеңгерлік жолмен басқа ер адамға шығуға ерікті болады. Бұндай жағдайда қазақ әйелдері «ерден кетсе де, елден кетпеу» қағидасын ұстанады. Сөйтіп, балаларын жетім атандырмас үшін әмеңгерлік жолмен күйеуінің ең жақын туыстарының біріне қосыла алады. Ондай әйелді ауыл-елдің адамдары тоқал демей, құрметтеу нышанымен *қыналыбармақ* деп атаған (**қ. Қыналы бармақ**).

Әлеуметтік-қоғамдық тұрғыдан қарағанда құдаласқан елдің (рулардың) арасында некелік туыстықтың үзілуіне әмеңгерлік салты жол бермеді (**қ. Әмеңгерлік; Мұрагерлік; Жестір дауы**). Қазақ отбасында әмеңгер некелік қатынастың субъектісі болды, ал әмеңгерлік руаралық туыстық байланысты қамтамасыз студің механизміне айналды. Бұндай салттың ежелден келе жатқанын шежіре деректерінен де көруге болады. Мысалы, *Кіші жүз шежіресінде Кетебикенің күйеуі Байсары қайтыс болады. Одан Бозаншы деген ұл қалады. Ол Қаракете деп аталып кеткен. Әмеңгерлік салт бойынша Кетебикені Байсарының ағасы Әлім әмеңгерлік жолмен алады. Одан Тойқожа дейтін бала туады. Ол ел аузында Ақкете деп аталып кетеді. Әлім бақиға жеткен соң Кетебикені әмеңгері Шөмен алады. Одан Құлыс деген ұл туады. Сөйтіп, Кете бикеден Қаракете, Ақкете деген рулы ел тарайды. Осылайша елдің алғысы мен ризалығын алған Кетебике ананың атымен рулы ел Кете деп аталған*.

Әмеңгерлік некелік қатынастың субъектісі *қайнаға - келін; қайны - жеңге* болады (**қ. Жеңге; Келін; Қайнаға**). Қайнысы бұрын үйленбеген болса, әмеңгерлік некемен қосылған жеңгесін *жеңгелей* алған дейді.

Күңмен некелестік. Исламға дейінгі байырғы қазақ қоғамында күңге аяқ салу салты болған (**қ. Аяқ салу**). Бұл салтты құмарлық қажеттігін өтеумен шектеу - әбестік. Әдетте ер адамдар балаларының көп болуын қалаған. Көбінесе жасы егде тартқан ауқатты бай есіктегі күңге

аяқ салып, бала сүйгісі келеді. Күң бала туса, күңмен некелеседі. Ол әйелді күң демей байдың өзге тоқалдарымен теңестірген. Одан туған бала құл делінбей, байдың өзге де тоқалдарынан туған ортаншы ұлмен дәрежелес мұрагерлік құқығы болған (**қ. Мұрагер; Мұрагерлік**).

Ислам халықтың дәстүрлі дініне айналғаннан бері ерлі-зайыптылардың от басындағы міндеттері, құқығы, басқа да жөн-жосықтары шарифаттың ілкімді қағидаларына сәйкес нақтыланып, реттеле түсті. Көп әйел алушылық мұсылманшылықта парыз да, харам да емес, рұқсатқа жатады. Рұқсат етілетін себебі көпнекелік қоғамда харам іске жататын жезөкшелік, зинақорлыққа жол бермейді. Тұрмысқа шыға алмай жүрген қыздардың, жесірлердің саны көбеймей, шектеледі. Сондай-ақ пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с) Қияметтің күнінде үмбетінің көптігіне қуанып тұрады деген түсінік болған.

Көпнекелікте ерлі-зайыптылық қатынас шарифат үкімімен, ата-баба жолы тәртібімен үйлестірілді. Исламда ер адамның дәрежесі әйелге қарағанда артық, еркек әйелді билеуші делінеді. Әйелдің ердегі қысына (құқығына) қарағанда еркектің әйелдегі қысына артығырақ. Бұлай деу халықтың түсінігінде әйелді кемсіту емес, еркекке жауапкершіліктің көбірек жүктелуінен. Әйелге игі істер жасау, көбірек қамқорлық көрсету, аса мейірімді болу үшін ер адамдарға көбірек артықшылық берілген. Әйел – бір жағынан, ер адамға берілген, Алла Тағаланың, екінші жағынан, ата-ананың аманаты. Еркек сондықтан өзіне берілген құқықтық артықшылықты теріс пайдаланып, әйелді қорлау, қалаған ісін істететін, құлша пайдаланса, еркектің ісі шарифат үкіміне қарсы делініп, харам іске саналады.

Шарифат бойынша ері өлген әйел *идда мерзімін*, яғни етеккірі үш мәрте келін, тазаланған соң басқа ер адаммен некелесуге құқықты болады. Ері өлген әйел төркініне кетуге де ерікті. Ондайда, қажет көрсе, төркінінен келген жасау-жабдығын да ала кетеді. Ақмар (мәһір), яғни жасау-жабдық әйелдің өз меншігі болып есептеледі (**қ. Ақмар; Әйел заты**). Марқұмның артында ұл, қыз қалса, қызды анасы өзімен төркініне ала кетуге құқықты, ал ұл баланы мұрагерлік тәртібі бойынша алып кетуіне рұқсат етілмейді.

Сондай-ақ Имам Ағзам мазһабын ұстанған мұсылман халықтарында *уақытия* некені заңсыз деп таниды. Осыған сәйкес қазақ қоғамында *уақытия некелік* болған жоқ.

Көп әйел алушылықта ер адам *төсек кезегін* қатаң сақтайды. Әйелдің төсек кезегін талап ету құқығы болған. Тек әйел еріне салқын қабақ танытса немесе тиісті үйде атқарылатын міндеттерін дұрыс орындамаса, төсек кезегі бұзылуы мүмкін (**қ. Төсек кезегі**).

Шарифат үкіміне сай еркек әйелден өз құқығын талап етуі мүмкін. Ерлі-зайыпты екі жақ бірге тұрмыс кеше алмайтындай болса, *талақ ету құқығы* еркекке берілген (**қ. Құқық / Әдеттік құқық / Қақы; Талақ**). Талақ – некелі әйелінен ажырасу үшін ер адамға берілген құқық.



Ерлі-зайыптылық катынасты тоқтатып, ажырасуға бел байлағанда талақ айтылады. Талақ сөзі ашу-айқайсыз, сабырлы, ұстамдылықпен айтылуға тиіс. Некедегі әйел күйеуіне талақ жариялай алмайды. Күйеуінен ажырасқысы келсе, оған жетерлік дәлелі болса, күйеуінен талақ етуін өтіне алады. Күйеуі келіспеген жағдайда әйел биге, қазыға барып, күйеуінің талақ беруін сұрауға құқылы.

Қазақ қоғамында көп әйел алушылық салтында шарифат үкімімен байланысты әділдік, адамгершілік ұғымы орныға түсті. Отбасында әйелдің біреуіне қысым, зорлық көрсетіп, екіншісіне артықшылық көрсету – әділдікке жатпайды делінеді. Шарифат үкімі ер адамнан әділдікті талап етеді. Әділдікке киіндіру, ішкізін-жегізу, керекті жиһаздарының болуы т.б. жатады. Ал жүрек қалауы мен болатын сезім дүниесіне шарифат үкімі жүрмейді. Рас, қазақ қоғамында исламға дейінгі көпнекелік салтында бәйбіше, тоқал мәртебесі, әйелдер арасындағы күндестік; еркектің әйелге қамшы жұмсауы, берген қалыңмалын бұлдап міндетсіну тәрізді негативті жайттар да ұшырасып отырған. Бұндай кедір-бұдырлар шарифат үкіміне сай түзеле түсті.

Бұның өзі дәстүрлі қазақ отбасындағы көпнекелікпен байланысты исламға дейінгі және исламдық кезеңдегі этикалық катынастар мен нормалардың үйлесімді болуына ықпалы мен оң әсерін тигізбей қойған жоқ.

Әдеб.: *Арғынбаев Х.* Қазақ халқындағы семья мен неке (тарихи-этнографиялық шолу). Алма-Ата: Ғылым, 1973; *Өсерұлы Н.* Қазақтың әдет-ғұрпына шариаттың әсерін зерттеу. Заң ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алуға жазылған диссертациясының авторефераты. Алматы, 1997; Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 7-том. Алматы: Қазақстан Ұлттық энциклопедиясының Бас редакциясы, 2005; *Қайдар Ә.* Қазақтар ана тілі әлемінде (*этнолингвистикалық сөздік*). Адам. Алматы: Дайк-Пресс, 2009; *Канған М.А.* Жұбайлар шаттығы / араб тілінен ауд. А.Ахмад. Алматы: Кәусар-саяхат, 2010; Қазақ күнтізбесі. Алматы: Қазақстан, 2013; ҚРММ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

НЕКЕАЯҚ – некесуын құятын, ғұрыптық мәні бар ыдыс. Халықтық ортада Н.-ты ағаштан, күмістен жасаған. Н.-қа күнделікті қолданыстағы ыдыстарды қолданбаған. Н.-ты арнайы жасатып, оюлап көмкереді. *Неке қиярда* молда Н.-тың ішіне су құйып, үшкірін, дұға оқиды. Ішіне аздап қант пен тұз салынған бұл су *некесу* деп аталады (**қ. Некесу**). Оның беті ақ матамен жабылып, ішіне күміс жүзік, сақина, сырға сынды әшекей бұйымдар, жебенің ұшы, сондай-ақ кейде ішірткі салынады. Х.Қустанаевтың мәліметі бойынша: «Неке дұғасы оқылатын су құйылатын аяқ ағаштан жасалады». Халықтық ортада молда неке киюды бастамас бұрын бата жасайды. Күйеу жігіт пен қалыңдық бір-біріне «қабыл қылдым, қабыл тұттым» деп жауап бергеннен кейін, ағаш аяқтың ішіне құйылған суға дем салып, «үшкіріп» екеуіне бір жұтымнан ішкізеді. Салт бойынша некесуын күйеу жігіт пен қалыңдық Н.-тың бір жерінен ішеді. Бұл судан куәлар да дәм татады (**қ. Некеқияр**). Неке қиылып болғасын неке ыдысындағы әшекейді қайта алып, оны некелерінің белгісі ретінде сақтайды. Н.-тың бетіне жабылған ақ орамалды куәлар алады. Н.Қалмаков бойынша неке ыдысына сақина немесе сырғаны қалыңдықтың өзі тастайды, дұға оқылып біткен

соң ыдыстағы заттар шығарылып барып, күйеу мен қалыңдық неке суынан ұрттайды. Куәлікке келгендер де некесуынан ауыз тиеді. Қалыңдық Н.-ты ішіне салынған заттарымен қоса алып некелерінің куәсі ретінде сақтайды. Сонымен қатар кейбір өңірлерде той иесі молдаға малдай не ақшалай берілетін «неке қиярына» қосып, Н.-ты да беретін жағдайлар кездескен.

Әдеб.: *Баллюзек Л.Ф.* Народные обычаи, имевшие, а отчасти и ныне имеющиеся в Малой Киргизской орде силу закона // ЗОО ИРГО. Вып. II. Казань, 1871. С.45-167; *Дж-баев Н.* Свадебные обычаи киргизов // Степной листок, 1893, №36-37; *Қустанаев Х.* Этнографические очерки киргиз Перовского и Казалинского уездов. Ташкент: Тип. Бр. Порцевых, 1894. 52 с; *Қалмаков Н.* Некоторые семейные обычаи киргизов северных уездов Сыр-Дарьинской области // Кауфманский сборник, изданный в память 25-ти лет, истекших со дня смерти покорителя и устроителя Туркестанского края генерал адъютанта К.П. фон-Кауфмана 1-го. М., 1910. С.221-228; ҚРММ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

НЕКЕЖАУЛЫҚ – күйеу жігіт пен алғанқы төсек кездесуінде қыздың пәктігін айғақтау үшін төсектеріне төселетін бір шарыны ақ жібек мата. Күйеу жігіт пен қыз жағынан алдын-ала белгіленіп қойған құданалардың бір-екеуі жігіт пен қыздың алғанқы төсек кездесуінен тұрған соң, Н.-ты тексереді. Н.-тағы «қасқалдақтың қанындай» белгіні көрсе, қыздың неке пәктігіне көздері жетіп, қыз шешесінен «*қызыңыз пәк шықты*» деп сүйінші сұрайды.

Алайда қалыңдықтың ауылына ұрын келін жүргенде күйеу жігіттің өзі қалыңдығын пәктігінен айырса, оны күйеу жігіттің өзі қыз жеңгелерінің біріне айтып, алдын-ала ескертеді. Бұндай жайт сирек те болса кездесін қалады. Ондайда қыздың жақын құрбылары күйеу жігітке қоқан-лоқы жасап, тіпті мініп келген атын жарып тастамақ болады. Олардың бұндай «бопсасынан» күйеу жігіт әртүрлі сыйлықтар беріп құтылады.

Ал қалыңдық күйеу жігітпен алғашқы төсек кездесуіне дейін неке пәктігінен айрылған болса, тексерушілер қыз шешесі мен жеңгелеріне «*қыз болмай, қатын шықты*» деп, неке жаулықты алдарына тастайды. Бұның арты биге жүгінетін үлкен дауға айналады. Құқықтық ереже бойынша қыз жағы алған қалың малын, оған қоса той шығындарын қайтарады. *Шеге шапан, құдалықтың қарғы бауы* баталастыққа дейінгі ниет жолы болғандықтан, қайтаруға тиісті алыс-беріске жатпайды (**қ. Қарғыбау² / Құдалықтың қарғыбауы; Шеге шапан**). Сондай-ақ *кесімі жоқ кәделер де алыс-беріске* жатқызылмайды. Қыз жағы, сонымен, қалың малдың алған бөлігін, той шығынын қайтаруға, оның үстіне бидің кескен тоғыз түріндегі айыбын төлеуге тиісті болады (**қ. Құн; Тоғыз; Үш тоғыз**).

Кей жағдайда ауыл-ел ақсақалдарының пәтуаласуымен қыз жақтың айттырылмаған кіші қызы (қалыңдықтың сіңлісі) болса, соны ұзатып, дауды тындырудың жолын табады (**қ. Қалың мал**).

Әдеб.: *Арғынбаев Х.* Қазақ халқындағы семья мен неке (тарихи-этнографиялық шолу). Алматы: Ғылым, 1973; *Өсерұлы Н.* Қазақтың әдет-ғұрпына шариаттың әсерін зерттеу. Заң ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алуға жазылған диссертациясының авторефераты. Алматы, 1997; Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 7-том. Алматы:

Қазақстан Ұлттық энциклопедиясының Бас редакциясы, 2005; *Қайдар Ә.* Қазақтар ана тілі әлемінде (*этнолингвистикалық сөздік*). Адам. Алматы: Дайк-Пресс, 2009; *Канган М.А.* Жұбайлар шаттығы / араб тілінен аудар. А.Ахмад. Алматы: Кәусар-саяхат, 2010; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

НЕКЕҚИЯР – күйеу жігіт пен қалыңдықтың жұпты болып, тұрмыс құруын заңдастыратын ғұрып. Әдетте, некелесушілердің дені сау, ақыл-есі бүтін, өмірге ұрпақ әкелуге қабілеттілігі, қыз абыройының өзінде болуы, жеті атаға толуы, екіқабат еместігі (шарифат бойынша) т.б. шарттар алдын-ала анықталады. Қазақ дәстүрінде неке қию рәсімі күйеу жігіт пен қалыңдықтың некесі қыз әкесінің үйінде өтеді. Ұзату тойы болады деген күні бесін ауған шақта күйеу жігітті қыз женгелері қыз әкесінің үйіне ертіп келеді. Босағадан аттай бере күйеу жігіт қолының ұшы етігінің басына жеткенше шапыраққа, қыз әкесіне, қыз анасына үш мәрте иілін тәжім етеді. Бұл рәсім әулетті, қыздың ата-анасын құрмет тұтуды білдіреді. Неке қиылмас бұрын міндетті түрде отқа май құю жоралғысы жасалады: егделеу әйел күйеу жігітті ошақтың жанына әкеліп, қолына май құйылған бақырашты ұстатып, білегінен сүйемелдеп отқа май құйғызады. Оттың алауына алақанын қақтап, күйеу жігіттің маңдайына, жүзіне сипай тигізіп, «От ана, Май ана өзің жарылықай гөр!» деп, отқа тәу ету ырымын жасайды (**қ. Май!**; **Май ана**). Бұдан кейін күйеуді оң босаға жақтағы бірінші кереге мен екінші керегенің жапсарына отырғызады. Бұл жосын «екі елдің дәнекері болдың» дегенді білдіреді.



Неке қию. Суретші Е.Оспанұлы

Осы сәтте, көп ұзамай, қыз женгелері үйге қалыңдықты алып кіреді. Шарифат бойынша, қыз кәмелетке толған болса, қалыңдық екіқабат болмаса, молда неке қиюға келіседі. Неке қиюға шақырылған молда шарифат заңы бойынша жиналғандардың ішінен екі адамды (кейде үш адам делінеді) куәлік беруге шақырады.

Молда қалыңдықтың, әкесінің атын айтып, күйеу жігітке, – оның да аты-жөнін айтып, некелі жар болуға ықтиярлығын сұрайды. Қалыңдық әдеп сақтап үндемесе де, куәлік берушілер «келісімін берді» деп бір ауыздан жауап береді. Хадисте де «*Оның ризалығы - үндемегені*» деген риуаят бар (**қ. Риуаят**).

Куәлар молданың тапсыруымен қалыңдық пен күйеу жігіттің бұл фәниде бір-біріне адал жұпты, қамқоршы, отбасына жауапты екенін айтып, олардан ант алады да мұны молдаға жиналған көпшілікке жария түрде жеткізеді. Әр сұрауға жауап алған сайын куәлік берушілер төмендегідей куәлік сөзін айтады:

*Куә, куә, куәдүрміз,
Куәлікке жүрәдүрміз.
Таңда Хақ алдында,
Бүгінде халық алдында
Ақ куәлік берәдүрміз.*

Бұл кезде, беті ақ түсті жібек орамалмен жабылған некеаяқта неке суы дайын тұрады (**қ. Некеаяқ; Некесу**). Некеаяқтағы суға, әдетте, бір шымшымдай тұз бен қант қосылады. Судың өз семантикасы бар. Су – тазалықтың; *қант* – «тату-тәттіліктің» нышаны; ал *тұз* – «опасыздық болса, дәм-тұз атсын» деген мәнділікті білдіреді. Некеаяққа күміс теңге, сақина, жүзік салынады.

Куәлік сөзден соң алдын-ала дайындалған некеаяқтағы неке суын алдымен жігітке, одан соң қалыңдыққа ішкізеді. Қалыңдық ыдыстың күйеу жігіт ішкен жерінен ауыз тиеді. Қалған судан басқалар да ауыз тиеді. Жиналғандардан молда: *куәсіңдер ме?, куәлікке жүресіңдер ме?* деп сұрайды. Олар бірауыздан куәміз деп жауап береді. Бұдан соң молда «құтба» дұғасын оқиды (**қ. Құтба оқу**). Молда, сойтіп, қалыңдықты жігіттің *Құдай қосқан ақ некелі әйелі*, ал жігітті қалыңдықтың *Құдай қосқан ақ некелі жары* болғанын, екеуін халал жұпты деп жариялайды. Некеаяқты ішіндегі күміс тиындарымен молда алады. Ал некеаяқтағы жүзік, сақина, сырғаны, ақ жібек орамалды некенің белгісі ретінде некелесушілер алып сақтайды. Молданың иығына *екі баулы шапан* жабады. Некеқияр аяқталған соң қыздың әкесі күйеу балаға *қолыңызға бір сүйек бердік*, бұны жақсылап күтіп бағыңыз, азар беріп ұрма, беймаз жаман сөйлеме! дейді, ал қызына: «балам, жаман болма, атаңа нәлет келтіресің» деп ақылын айтса, қыз анасы күйеу балаға: «*Баламды алған баламсың, сен де балам боларсың*» деп маңдайынан иіскейді, ал қызына «*Құдай ошағыңның үш бұтына берсін!*» – дейді. Мұндағы ошақтың үш бұты – *күйеу, қыз және ертеңгі көретін балалары*. Әйелдер «Қосағыңмен қоса ағар!» деп құрт, ірімшік, өрік-мейізден *шашу* шашады (**қ. Шашу**). Бұдан кейін «оң жақта» жүрген күйеу жігіт ендігі жерде күйеу деп аталады.

Әдеб.: *Баллозек Л.Ф.* Народные обычаи, имевшие, а отчасти и ныне имеющие в Малой Киргизской орде силу закона // ЗОО ИРГО. Вып. II. Казань, 1871. С.45-167; *Загряжский Г.* Юридические обычаи киргизов. О народном суде у кочевого населения Туркестанского края по обычному праву (зан) // Материалы для статистики Туркестанского края. Ежегодник. Под. ред.: Маева Н.А. Вып. IV. СПб., 1876. С.151-202; *Гродеков Н.И.* Киргизы и каракиргизы Сыр-Дарьинской области. Т.1. Юридический быт. Ташкент: Типо-Литография С.И. Лахтина, 1889; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

НЕКЕСУ – дұға оқылып, қиылған некені бекітетін су. Н. дайындау үшін суға аз мөлшерде су мен қант қосады. Қант «*екі жастың өмірі де тәтті болсын*» деген ырыммен салынса, тұз киелі саналғандықтан, «*опасыздық еткенді*



тұздың киесі атсын» деген сеніммен салынған. Ал сакина неке ескерткіші, некені мәңгілік еске түсіріп тұратын белгі ретінде саналған. Н. арнайы некеаякқа құйылады (қ. **Некеаяқ**). Халықтық түсінікте күміс тазалықтың нышаны болып табылатындықтан, «екі жастың арасына сызат түспесін», деген ырыммен некеаякқа құйылған суға күміс әшекей бұйымдар, тиындар салынады. Су барлық дұға тілекті бойына сіңіреді деп, судың ішіне дұға, құран аяттары жазылған ішірткі салады (қ. **Некелесу**). Н.-ына молда дұға оқып, үшкіргеннен кейін неке бекітілгенінің белгісі ретінде күйеу жігіт пен қалыңдық, куәлар Н.-ын ішеді. Күйеу мен қалыңдық Н.-ын некеаяқтың бір жерінен ішу керек. Бұл олардың ендігі жерде бірге болатындықтарын білдіреді. Н. киелі саналғандықтан некеаяқтың ішіне суды қалдырмай, төкпей тауысып ішеді. Қазақы ортада ақты кие тұтқандықтан Н.-ымен қатар ағарған да ішкізеді.



Неке оқу. Ә.Қастеев. ҚР МӨМ қорынан (КП 17223/1)

Әдеб.: Баллюзек Л.Ф. Народные обычаи, имевшие, а отчасти и ныне имеющие в Малой Киргизской орде силу закона // ЗОО ИРГО. Вып. II. Казань, 1871. С.45-167; Загряжский Г. Юридические обычаи киргизов. О народном суде у кочевого населения Туркестанского края по обычному праву (зан) // Материалы для статистики Туркестанского края. Ежегодник. Под. ред.: Масва Н.А. Вып. IV. СПб., 1876. С.151-202; Дж-баев Н. Свадебные обычаи киргизов // Степной листок, 1893. №36-37; Гродеков Н.И. Киргизы и каракиргизы Сыр-Дарьинской области. Т.1. Юридический быт. Ташкент: Типо-Литография С.И. Лахтина, 1889; Карутц Р. Среди киргизов и туркменов на Мангышлаке. Пер с нем. Е.Петри. СПб.: Издание А.Ф.Девриева, 1910; ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

НЕМЕНЕ – адамның өзінен санағанда алтыншы ұрпақты білдіретін туыстық атау. Әкеден бастағанда оның ұрпақтары: бала – немере – шөбере – шөпшек – немене болып жалғасады. Ертеде «он үште отау иесі» деп балаларын өте ерте үйлендіру жиі кездесетін болған. Сондықтан осындай дәстүр сақталып ерте үйленіп отырған жанұяларда, әсіресе ауқаттыларда ұзақ жасаған қариялардың Н.-сін көріп кету де кездескен.

Әдеб.: ҚӨТС. 11-том. Алматы: Арыс, 2009; Әбдуәли Қайдар. Қазақтар ана тілі әлемінде (этнолингвистикалық сөздік). 1 том. Адам. Алматы: Дайк-Пресс, 2009; ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

НЕМЕРЕ – адамның өзінен бастап санағанда үшінші ұрпағын білдіретін туыстық атау. Қазақта ұлынан тараған балаларды жынысына қарамастан Н. деп атайды. Қазақ қоғамында Н. мен ата-әженің арақатынасы ерекше болып келеді. Әрбір ата мен әже өз Н.-лерінің тәлім-тәрбиесіне ерекше көңіл бөліп, оған тікелей атсалысып отырған. Сондықтан да әрбір дүниеге келген Н. міндетті түрде өзін әке-шешесінің емес, тек атасының баласы ретінде ұғынып өскен. Қазақ әрбір баладан міндетті түрде кімнің баласысың деп сұрап отырған және ол тек атасының баласы екенін айтып, атасының атын атап отыратын болған. Осыған сәйкес әке мен шеше өз баласына ата мен әжесінің көзіңше өз балаларына ешқандай құқығын таныта алмаған. Тіпті баласын ата-әжесінің көзіңше «балам» деп айту, жақсы қоретіндігін көрсету әбестік ретінде танылған. Әке мен шеше өзінің балаларын барынша қатаң тәртіпте тәрбиелеп, үлкенді сыйлап, кішіге ізет көрсету сияқты қалыптасқан алуан түрлі құқықтық нормаларды сақтауға, тыйым салынған барлық әрекеттерден аулақ болуға тәрбиелеуге тиіс болған. Ал ата мен әже өзінің өмірлік тәжірибелерін, білген-түйгендерін пайдаланып Н.-сінің қоғамда өзіңдік орны бар адам болып қалыптасуына бағыт-бағдар берген. Сондықтан әке-шешесі тым қатал қараған Н.-лерін олардан қорғап, бұйығы өсуіне жол бермеген. Тым еркелетіп, еркінсітіп жібергендеріне қаталдық танытып, ақыл-кеңестерін беріп отырған. Ата-әже Н.-леріне ғасырлар бойы қалыптасқан аңыз-әңгімелерді, жыр-дастандарды, ертегілерді үйретіп, жастайынан қоғамдық өмірге тәрбиелеген. Көпшіліктің арасына жиі-жиі апарып, елмен аралас-құралас болуды, халықтық құндылықтарды жастайынан көріп, біліп, ұғынып өсуіне бала күнінен жауапты осы ата-әжесі болған. Тек рухани тұрғыда ғана емес, сонымен қатар шаруашылықтың қыр-сырын түсіндіріп, өнерге баулитын да ата мен әже болған.

Қазақта алғашқы Н.-сін өз баласы ретінде бауырына басып, асырап алу кең таралған салт. Мұндай Н.-сін өзінің ұлы ретінде жариялап, барлық жерде оның жолын ұлдарымен теңестіріп отырған. Мұндай ата-әжесінің қолында өскен Н. өзінің әке-шешесімен жолын тең деп санап, олармен аға-жеңге ретінде қатынаста болған. Сондықтан ондай Н. нағашылары ретінде шешесінің туыстарын емес, әжесінің туыстарын мойындаған. Өз кезегінде ондай «нағашылар» онымен жиен ретінде қарым-қатынас орнатқан. Қазақта ата-ана үшін ұлына қарағанда Н. ыстық деп, оған балаларына көрсетпеген мейірімін арнайтын болған. Осыған орай Н. ата-әжесіне еркелеп, еркінсіп өсуі де жиі кездескен. Бұдан қазақта «немере етін жеп, сүйегін қалдырады» деген мақал да қалыптасқан.

Әдеб.: ҚӨТС. 11-том. Алматы: Арыс, 2009; Әбдуәли Қайдар. Қазақтар ана тілі әлемінде (этнолингвистикалық сөздік). 1 том. Адам. Алматы: Дайк-Пресс, 2009; ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

НЕМЕРЕ АҒАЙЫН – әкелері бірге туған адамдардың арасындағы туыстықты білдіретін ұғым. Н. а. ұғымы қазақ даласының көптеген аймақтарында жиі қолданылады. Қазақта кісінің бірінші ұрпағы – бала, екінші ұрпағы –



немере деп аталатындығы белгілі (қ. *Бала; Немере*). Бір ата-ананың балалары бір-біріне *аға, іні, қарындас, сіңлі* болып келеді және олар өзара *ағайынды* деп саналады (қ. *Аға; Ағайындылар; Қарындас; Сіңлі; Іні*). Кісінің осы ағайынды балаларының біреуінен туған немерелері келесі баласынан туған немерелеріне – *немере ағайын* болып келеді. Н. а.-дардың жастарының үлкен-кішілігіне орай бір-біріне *немере аға, немере іні, немере қарындас, немере әкпе, немере сіңлі* болып аталады. Осы Н. а.-дардың арасында кімнің жолы үлкен немесе кіші екендігін анықтайтын факторлар бар. Мәселен, Н. а.-дар арасында қайсысының әкесінің жасы үлкен болса, соның жолы үлкен болып табылады. Сонымен қатар кейде жасы ең кіші кенже ұлдың ата шаңырағының мұрагері болып қалуына орай өзге үлкендерінің балалары оған *жолдарын беру* де жиі ұшырасады. Қазақта осы принцип негізінде Н. а.-нан кейінгі келесі ұрпақтарының арасындағы бір-біріне деген туыстықты – *шөбере ағайын* деп атау ұшырасады. Одан кейінгі жеті атаға толып, боз биенің қанына қолдарын батырып құдаласқанға дейінгі ұрпақтар бір-біріне *ағайын, ағайын-туыс* болып келеді.

ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

НЕМЕУРІН – әке-шешесінен енші алып, бөлек шыққан жас отбасына туған-туыстарының беретін көмектің атауы. Дәстүрлі ортада үйленіп отбасын құрған ұлдың ата-анасы жастарға *еншісін* беріп, бөлек шығарарда туған-туыстарын *құдайы тамаққа* шақырады (қ. *Енші*).



Немеурін. ҚР МӨМ материалдары бойынша суретті салған Б.Досымов

Отау тіккен жастарға туған-туыстары *«Құтты болсын!»* айта келіп, көмек ретінде көрпе-жастық, кілем-кілше сияқты т.б. қажетті тұрмыстық бұйымдар және төрт түлік мал түрлерін алып келген. (қ. *Жұртшылық; Көмек*). Мұндай көмек беру туған-туыстарға міндет емес, әркімнің еркі саналған. Өйткені, отау тіккен балаларына енші беріп, бөлек шығару әркімнің басына түсетін жағдай болғандықтан, кімде кім қолдағы бар мүмкіндіктеріне қарай

жас отбасына көмек беріп, қол ұшын созған. Осылайша, ел болып жиылып жас отбасының аяғынан тұрып, ары қарай үй болып кетуіне жағдай жасаған.

Әдеб.: *Гродеков Н.И.* Киргизы и каракиргизы Сыр-Дарьинской области. Т.1. Юридический быт. Ташкент: Типо-Литография С.И. Лахтина, 1889; *Құралұлы А.* Салт-дәстүрге, тарихқа, дінге байланысты терминдермен сөз тіркестерінің түсіндірме сөздігі. Алматы: Өнер, 2006; ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

НЕСІБЕ – жаратушыдан әрбір адамға бұйырылған үлес (сыбаға, ырыс). Дәстүрлі ортада қалыптасқан түсінік бойынша бұл өмірге келген адамның *Жаратқаннан несібе еткен сызығы* бойынша біреу бай, біреу кедей болып өмір сүреді делінеді.

Алғаш дән егу кезінде *«менің қолым емес, Діқан бабаның қолы»* деп жасалатын ырым бойынша:

*Бісімйле,
Көптің несібесіне,
Діқан баба жолына, –*

деп жалбарынған.

Бага беру дәстүрінде:

*Ынтымақ серік болсын,
Шаңырақ берік болсын.
Несібесі иіп келсін.
Дастарқаның кең болсын,
Қызықшылық тең болсын.*

Дәстүрлі ортада бұл өмірде сыбағасы мен ырыздығы мол болсын деп ырымдап бала дүниеге келгенде Несібелі деген ат қою кең тараған.

Әдеб.: Ел аузынан. Шешендік сөздер, ақындық толғамдар, аңыз әңгімелер. Алматы: Жазушы, 1985; *Манкеева Ж.* Мәдени лексиканың ұлттық сипаты. Алматы, 1997; ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

НЕСІП – несібе, ырзық деген ұғымды білдіретін атау. *Кәсібі көптің несібі көп* деген мақал жоғарыда айтылған ұғымдармен қатар табыс, кіріс сияқты да мағына беретінін көруге болады (қ. *Несібе*). Несіп ұғымымен мағына жағынан ұқсас сияқты болғанымен дәстүрлі ортада қолданылу тұрғысынан аздаған айырмашылығы байқалады. Мысалы, несіп – бұйырған, жазған, жазмыш сияқты рухани дүниелерге катысты қырынан айтылатын болса, Н. – нақты, материалдық дүниеге байланысты жайттарды білдіретіндігін төмендегі өлең жолдары айғақтайды (қ. *Нәсіп*):

*Мына бесік – бұл бесік – жаңа бесік
Бұл бесіктей бесік жоқ берер несіп.
Жаңа өмірдің бесігі құнды емес пе,
Тербетеді талайды жаңаша өстіп ...*

Яғни, бесіктің балаға берер несібі – денсаулық, тазалық және тәтті де, тыныш ұйқы және т.б.

Кедейленіп, мал-мүлкі азайып, ырыздығы кемуді – *Н. кетті* деп есептелінеді. Н. дәстүрлі тілдік қолданыстағы *бақ, құт* ұғымдары тәрізді мағынаға да ие екенін байқауға болады.

Дәстүрлі ортада бұл өмірде сыбағасы мен ырыздығы мол болсын деп ырымдап бала дүниеге келгенде Несіпбек, Несіпхан, Несіпті, Несіпгүл деп келетін ат қою кең тараған.

Әдеб.: *Кармышева Дж.Х.* Земледельческая обрядность у казахов // Древние обряды, верования и культы народов Средней Азии. М., 1986.



С. 45-56; Манкеева Ж. Мәдени лексиканың ұлттық сипаты. Алматы, 1997; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

НИЕТ – адамның мақсатқа жету, түпкі ойын жүзеге асыру үшін ойлаған ойы, істейтін әрекеттеріне жетекшілік ететін қозғаушы күш, пейіл, ықылас.

Адамның нақтылы бір әрекеттерді жасауына, мақсатқа жетуіне оның Н.-і тікелей басшылық етіп отырады. Яғни адам ниетіне қарай алдына белгілі бір мақсат қояды және ол жолда әрекеттерін де тікелей ниетіне сәйкес жасайды. Н. әркімде туа біткен немесе өмір жолында қалыптасқан мінез-құлығына, сана-сезіміне, ақыл-ойына, таным-түсінігіне орай сипат алады. Осыған байланысты қазақы ортада *ақ ниет* (*ізгі ниет, игі ниет, жақсы ниет, адал ниет*) және *қара ниет* (*ниеті жаман, ниеті бұзылған, арам ниет*) деп бөледі. Ақ ниет – бұл ешкімге залалсыз, тек жақсылық қана әкелу бағытындағы әрекеттердің қозғаушы күші.

Адамның қандай ниеті бар екендігін білмейінше, оның қандай мақсатқа бағыт алғанын, істеген әрекеттерінің мәнін түсіну қиын. Дәстүрлі ортада билер, сұлтандар әр түрлі істерге байланысты төрелік жүргізуде адам ниетінің ақ немесе қаралығын ескерген. Өйткені ниеті ақ бола тұра мақсатқа жету жолында адамның кейбір теріс әрекеттерге баруы да кездеседі. Мәселен араздасқандарды татуластыру, кектескендерді бітістіру, тарыққанға көмектесу, әлсізді қорғау үшін кейбір адамдар өтірік айтуы, алдауы және басқа да теріс әрекеттерге баруы мүмкін. Ондай әрекеттері кейде зиян әкеліп, әшкере болып, істері ақсақалдар мен билер сотына қаралар болса, оның ниетінің ақтығы ескеріліп жазасы жеңілдетілуі немесе жазадан мүлде босатылуы да жиі кездескен. Керісінше өзінің қара ниетін жүзеге асыру үшін істеген барлық жақсы істерін оның мақсатына жету жолындағы жасаған әрекеті ретінде түсініп, тиісті жазасын беріп те отырған.

Аса қонақжай қазақ қонағынан асын аямаған, барын ұсынған. Дегенмен, қонақты тек қана аспен ғана сыйлау қазаққа жат. Ол қонақты бар ниетпен күтін алып, ризашылықпен шығарып салуды дәріптеп отырған. Яғни, шын ақ ниетті астан да жоғары қойған. Осыған орай қазақта:

Асыңа тойғызбасаң да ниетіңе тойғыз.

Берген ас түске жетпейді, ниет естен кетпейді – деген нақыл сөз де қалыптасқан.

Қазақ ежелден ата-баба аруағын сыйлап, оны ешқашан да ұмытпай құран бағыштап отырған. Қайтас болған адамға арнап жетісін, қырқын, жылын, асын бергенде және еске алып жеті нан пісіргенде, құрбандық шалғанда келуші адамдар *«Ниет қабыл болсын!»* деген тілектерін білдіретін болған. Сонымен қатар діни түсінік бойынша құдай алдындағы парызын өтеу үшін адамның соған іштей дайындалып, ынта-ықыласымен құлшынуын *ниет ету* деп айтады. Осыған сәйкес ораза ұстағанда, қажылыққа аттанарда да *«Ниет қабыл болсын!»* деген тілектерін білдіретін болған.

Әдеб.: Сейфуллин С. Көп томдық шығармалар жинағы. Алматы: Жазушы, 1964; Уәлиханов Ш. Таңдамалы. А., 1985; Абрамзон С.М. Киргизы и их этногенетические и историко-культурные связи. Фрунзе, 1990; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

НОҒАЙЛЫ / ОН САН НОҒАЙ – Алтын Орданың ыдырауымен пайда болған Ноғай Ордасының халқын құраған түркі-монғол текті тайпалардың ортақ атауы. Қазақтың, қырғыздың, қазан және қырым, сібір, астрахан татарларының, башқұрттар мен қарақалпақтардың, түркмендер мен қалмақтардың, Солтүстік Кавказ халықтарының көпшілігінің ата тегі болған тайпалар осы Ноғай Ордасында бірге болып, «ноғайлы» деген жалпы атаумен аталды. «Ноғайлы» этнонимін қазақ ауыз әдебиетінде кейде «он сан ноғай» деп те атайды, бұлайша атау бұрынғы кездерде қазақтарда ел, ру, тайпалардың атауларының алдына олардың қаншалықты көп екенін білдіретін «сан» сөзін қосып айту үрдісінен туындаған. Мысалы: «қырық сан қырым», «тоғыз сан торғауыт», «отыз сан оймауыт» деген сияқты. «Сан» сөзі халықтық тілде «көп» деген мағынаны берген. Ел, тайпа, ру атауларындағы сандық мағынадағы бұл сөздер кейін тілдегі тұрақты (тілдік) эпитеттер болып қалыптасты. Алғашқыда халықтық тілде бұл эпитеттердің нақты бір мағынаға, этникалық топтың тоғыз, он немесе отыз, қырық ру–тайпадан құрылғанын көрсететін мағынаға қатысы болған болуы керек, бірақ, келе-келе бұл анықтауыштар тұрақты тіркес компонентін құрап, поэтикалық фразеологизмге айналған. Бұл тіркестердің пайда болуына тілдегі аллитерациялық заңдылық та негіз болған сияқты.

Евразияны мекен ететін түркі тілдес халықтардың көпшілігі өз тарихында ноғайлы заманын ерекше кезең ретінде санайды. Әртүрлі тайпаларды біріктірген бірлестіктің атауына айналған «ноғайлы» ұғымының қалыптасуы XIII ғ.-дың екінші жартысында Жошы ұлысының (Алтын Орданың) батысында басталды. Бұл кезеңде Жошы ұлысының Доннан Дунайға дейінгі батыс бөлігі Жошының кіші ұлдарының бірі Бувалдың шөбересі Ноғайдың иелігінде болатын. Ноғай ұлысының халқы сол кездегі түркі тілдес әртүрлі тайпалардан тұрды. Ноғай Жошы ұлысының сол қол бөлігінің беглер бегі дәрежесінде болса да, жеке дербес саясат жүргізгендіктен оған бағынышты кейбір елдер, (мысалы, орыс княздіктерінің көпшілігі) оны хан дәрежесінде санаған. Осыдан барып «Ноғай Ордасы» ұғымы пайда болып, Ноғайдың қол астындағылар «ноғайлы» деп атала бастайды. XIII ғ.-дың аяғында Ноғай Ордасы Жошы ұлысының билігінен бөлектенуге тырысты. 1300 жылы кезінде өзі таққа отырғызған Тохта ханмен шайқаста Ноғай қаза болуымен бұл процесс біразға дейін тоқтап қалған болатын.

XIV ғ.-дың аяғында Ноғай Ордасының қалыптасуы мен күшеюі Едігснің есімімен байланысты. Ол да беглер бегі дәрежесінде болып, хан дәрежесін иемденбесе де, бірнеше жыл бойы Алтын Орданың билігін қолына ұстап келді. Едіге және оның ұрпақтарының бірнеше буыны Алтын Орда хандарының беглер бегі болды. XIV ғ.-дың 90 жылдары Едіге Тоқтамыс ханмен күресі барысында, оны жеңгеннен кейін Алтын Орданың шынайы билеушісіне айналып, 15 жыл (1396–1411) билік құрады. Едігенің

билігі кезінде Ноғай Ордасының иелігі кеңейіп, шекарасы Батыс-Сібір ойпатына дейін жетті. Осыдан кейін «ноғайлы» термині Қара теңізден Ертіске дейінгі қыпшақ тілді тайпаларының өзіндік ортақ этникалық атауына айналды. Ноғайлының құрамында қазақтың кіші жүзі мен орта жүзінің қазіргі біраз рулары мен тайпалары – қыпшақ, қытай, найман, үйсін, қаңлы, алшын, арғын, жалайыр, кереит, қият, қоңырат, кенегес, тама, қанжығалы, сүйіндік т. б. болды. XIV аяғы – XV басында Ноғай Ордасы Алтын Ордадан дараланып, бөлектеңіп шықты, тәуелсіз мемлекет дәрежесіне жетпегенмен, оның жерлері тәуелсіз феодалдық иелікке айналды. Ноғай ордасына кірген түркі тайпалардың ішінде «маңғыт» тайпасы жетекші роль атқарған болатын, сондықтан «ноғай» және «маңғыт» атауы синоним сияқты түсінілді, кейде басқа хандықтар да маңғыттарды ноғай деп атады. Едіге осы маңғыт тайпасынан шыққан. 1390 (1391) жылдардың бірінші жартысында Едіге басқарған маңғыттар Жайық және Ембі өзендерінің бассейнінде, Батыс Қазақстанның далаларында орнығып, Алтын Орданың құрамынан шығып өз мемлекетінің негізін қалады, олардың саяси орталығы Сарайшық қаласы болды. Бұл көшпелі иелікті кейде «Маңғыт Жұрты» деп те атады. Оларды көрші халықтар осы атымен білген. Орыс тілді әдебиетте «ноғай» деп тек Маңғыт жұртының халқын атаған. Ноғайлы тайпалары шығыста Жайықтың сол жағалауында, солтүстік шығыста Батыс Сібір ойпатына дейін, солтүстік батыста Қазан хандығына дейін, оңтүстік батыста Арал мен Каспий бойына дейін көшіп жүрді. Едігенің ұлы Нұрадың билігі кезінде Ноғай Ордасы Алтын Ордадан толықтай бөлініп шықты, ал Едігенің шөбересі Мұсаның кезінде Ноғай Ордасы тәуелсіз ел болды. Ноғайлы Ордасының басшысы – би деп аталды. Бұл билікке ол бүкіл халықтық құрылтайда сайланды. Ноғай ордасы *мырзалар* басқаратын бірнеше ұлыстарға бөлінді, мырзалар бүкіл мемлекеттің билігін қолына ұстаған биге бағынды. Маңызды мәселелер туралы шешімді би мырзалармен кеңесіп барып қабылдады. Орданың лауазым жөнінен екінші тұлғасы – *нұрадын* деп аталды. Бұл атаудың шығу тегі Едігенің ұлы Нұрадыңмен байланысты, оның міндеті оң қанат әскерін басқарып, елдің оң қанатын, батысын жаудан қорғау болды. Ордадағы үшінші лауазым иесі – *кейкуат*, бұл лауазым да Едігенің екінші ұлы Кейкуаттың есімімен байланысты пайда болған. Оның міндеті – сол қанат әскерін басқарып, сол қанатты (елдің шығысын) жаудан қорғау болды. Төртінші лауазым иесі *тайбұға* деп аталды.

Орыстар Қазан және Астрахан хандықтарын басып алғаннан кейін XVI ғ. -дың ортасында шығыс Ноғай Ордасы бірнеше дербес иеліктерге бөлініп кетті. Ноғайлардың бір бөлігін Орақтың ұлы, Мұсаның шөбересі Қазимаңғыттардың дәстүрлі көшіп жүрген жерлері болған Солтүстік Кавказға көшіріп әкетіп, Кіші Ноғай Ордасын құрды. Ал Еділ мен Жайық бойындағы Ноғай Ордасы «Үлкен Ноғай» аталды. Үлкен Ноғай Ордасының

шығысында Шейх-Мамайдың алты ұлы өз иеліктерімен дербестеніп, біршама еркін, бірақ әлсіз саяси құрылым – Алтыұлы ұлысын құрады.

Ноғай Ордасының толықтай ыдырауы Орманбет бидің қаза болуынан кейін болды. Орманбет би (Ораз Мұхаммед) - Еді енің ұрпағы Дінмұхаммедтің үшінші ұлы, 1590-1598 жылдары Ноғай Ордасының биі болған. Орманбет би өлгеннен кейін Ноғай ордасындағы ішкі тартыс күшейіп, Ноғай ордасының тарих сахнасынан жоғалып кетуіне алып келді. Бұл оқиға қазақ ауыз әдебиетінде «Орманбет би (хан) өлген күн, он сан ноғай бүлген күн» деп аталады. М.Ж.Көпеев қазақ шежіресіне арналған «Бұл қазақ қай уақытта «Үш жүз» атанған» атты еңбегінде: «Қырық сан Қырым, отыз сан Рұм, он сан Оймауыт, тоғыз сан Торғауыт, қырық сан кара Қалмақ, он сан Ноғай бүлгенде, Орманбет би өлгенде, Ноғайлының елі алаша тайдан бүлініпті», - деп жазады. Ноғай ордасы және Қазақ хандығы дәуірінде өмір сүрген, қазақ жыраулық поэзиясының атасы Шалкиіз Тіленшіұлы (1465-1560) бұл кезеңді өз жырларында:

*Орманбет би өлген күн,
Он сан ноғай бүлген күн,
Жез қарғылы құба арлан
Жетіп түлкі ала алмай,
Жалған аңын ала алмай,
Қорашыл төбет болған күн...*

деп суреттейді. Ал XIX ғ. -да өмір сүрген айтыскер ақын, жырау Мұрат Мөңкеұлы (1843-1906) «Үш қиян» атты өлеңінде оны былайша жырлайды:

*Өлеңтінің аяғы,
Шідертінің қоспасы,
Аңқатының басы – Тасоба
Он сегіз жыл атысып
Орманбет бидің өлген жер,
Он сан ноғай бүлген жер.
Орта бойы сырланған,
Оқ жаңбырдай жауған жер.
Мұсылманның басынан
Дәреже қайтып ауған жер!
Қырық таңбалы Қырымның
Он таңбалы Ұрымның,
Он екі баулы өзбектің,
Бұрынғы он сан ноғайдың
Кетейін десе жөн таппай
Адыра қалғыр, Үш қиян,
Қол ұстасып жүрген жер!*

Кезінде бір мемлекеттің құрамында болған қыпшақ тілді туыстас тайпалар кейін бөлініп, кейбірі ноғай болып Ноғай Ордасында қалды, кейбірі қазақ болып Қазақ хандығын құрды. Ағайынды екі халықтың, қазақ пен ноғай елінің айырылысуы сол кезде «қазақ-ноғай айырылған» деп жырланатын күйлер мен жырларды тудырады. Шәкәрім қажы Құдайбердіұлы өз шежіресінде «Әз Жәнібек қазақты алып ауарда, Ноғай аталған туыскандарымыздың жақсылары қазақтың жақсыларымен көрісіп, амандасып жылапты. Соны біздің қазақ домбырашылары ноғай-қазақ айырылғандағы жылау күйі деп, домбырамен «Ел айырылған» атты зарлы күй тартады» – дейді.



*Жылау да жылау мына күй,
Жылаған зарлы мынау күй,
Қазақ-ноғай айырылды,
Қазақ сыртқа қайырылды.
Ноғайлының ну елі,
Күңіренді қайғырды.
Қара Қытшақ Қобыланды
Қара орнынан айырылды. –*

деп, Асан Қайғы «Ел айырылған» деген күй шығарып, Қазтуған «қайырлы болсын сіздерге, бізден бір қалған Еділ жұрт» деп анырап айырылысқан.

Күшейген ішкі тартыстардан, көрші елдермен (Қырым және Қазақ хандықтарымен, орыс мемлекетімен, әсіресе қалмақтармен) қақтығыстардан Еділ мен Ембі аралығындағы Ноғай ордасы мүлде әлсіреп, құлдырап, біржола ыдырады. XVII ғ.-дың басында Еділ мен Жайық бойындағы ноғай жерлерін қалмақтар басып алды. «Ноғайлы», «ноғай» этнонимін иеленгендердің көпшілігі көрші халықтардың бәрінің құрамына енді. Ноғайлардың біразы башқұрт, татарлар арасында сіңін кетті, бір бөлігі орыс патшалығына бағынды, біразы қалмақтардың қол астында қалды. Хақназар хан тұсында Қазақ хандығы күшейіп, Ноғай одағына қарасты көшпелі тайпалардың көп бөлігі: қаңлы, қыпшақ, тағы басқалар Қазақ хандығына келіп қосылып, қазақтың Кіші жүзінің құрамына енді. Бұған қазақтың Кіші жүзінің толықтай бұрынғы Ноғай ордасының территориясында орналасуы да негіз болды. Ноғай Ордасы халқының қазақтар ортасында сіңіп кетуі XVII ғ.-дың аяғы – XVIII ғ.-дың басы болатын. Қазақ хандығына кірген ноғайлылар енді «қазақтар» болып атала бастады. XVII ғ.-дан «ноғай» этнонимі Солтүстік Кавказда өз ерекшелігі сақтап қалған тайпалар тобының ғана атауы болып бекіді. Бірақ қазақтарға қосылған ноғайлылардың ішінде өзінің ноғай атауын сақтап қалғандар да болды, бүгінде қазақтың Кіші жүз құрамында «маңғытай» (маңғыт), «ноғай» рулары бар. Бұлар қазақтарға XVIII ғ.-дың ортасында келіп қосылған ноғайлар болатын. Бүгінгі Солтүстік Кавказдағы ноғай халқы мен қазақ халқының мәдениеті өте жақын. Туыстас болған екі халықтың ұлттық киімдерінде де ұқсастықты көруге болады. Олардың ұлттық киімдерінің негізгі ерекшелігі осы ноғайлы заманында қалыптасқан сияқты. «Қобланды батыр» жырында мынандай сөздерді кездестіруге болады:

*Қобыландыдай батырың
Тайбурыл атқа мінеді,
Ақ сауытын киеді,
Беліне семсер іледі,
Ноғай бөркін киеді.*

Қазақтың ұлттық бас киімдерінің ішінде «ноғай бөрік» деп аталатын бөрік түрі бүгінге дейін сақталған.

«Ноғайлы» аталып бірнеше ғасыр басқа түркі халықтарымен бір мемлекеттің құрамында болған кезең қазақтың этникалық санасында «қаһармандық кезең» болып ұзаққа сақталып қалды. Ш.Ш. Уәлиханов бұл кезеңді қазақ тарихының «алтын дәуірі» деп атаған. М.Ж. Көпейұлы

өзінің «Қазақтың тегі туралы бір әңгіме» атты шежірелік әңгімесінде қазақтардың «ноғайлы» заманы туралы түсінігіне қатысты мынандай дерек келтіреді: «Және қазақ жұрты ескіден бір сөз сөйленсе: «Бұрынғы ноғай, қазақ заманында десіп келеді. «Бұл ноғай, қазақ демектің мәнісі немене?» - деп, қариялардан сұрасақ: «Ноғай, қазақ әуелінде бір тұқымдас болған» – дейді. Сол қазақпен тұқымы бірге болған ноғайлар: «Қызлар ноғайы», «Құндырау ноғайы», «Аштархан ноғайы», «Қара ноғай», «Қырым ноғайы», «Ормамбет ханның жұрты» [84] – қадимнан келе жатқан ноғайлар - осылар!» - дейді. Жеті атаның ұлы ноғай бар. Олар қазақпен түбі бірге тұқымдас, – бәрі бір атадан таралған. Қыпшақ та тоқсан екі баулы ел болған. Ноғайлы да тоқсан екі баулы ел болған. «Жұрт жұрт болғанда, Қыпшақтан көп, мұнан дәулетті (дәулетлі), зор болған жұрт жоқ!» – десін келеді. Бұл Еділ, Жайық – Қыпшақтың қонысы». Қазақтардың ноғайлыны қыпшаққа теңеп, қыпшақты ноғайлы санауы да тегін емес. Ноғай Ордасын көптен зерттеп жүрген орыс зерттеушісі В.В. Трепавлов он сан ноғай тайпаларын біріктірген маңғыттарды шығыстық қыпшақтар деп санайды. Сондықтан кезінде «ноғайлы» аталған түркі-монғол текті ру-тайпалардың бәрі де қыпшақ тілін қабылдаған.



1

2

Солтүстік Кавказдағы ноғайлардың ұлттық киімдері.
1,2) Қараноғайлар. Суретші М.Тилькенің суреттері.
1910 ж. Грузияның Мемлекеттік музейі қорынан

Ноғайлы заманында Еуразияның қазіргі қыпшақ тілді түркі халықтарының (ноғай, татар, башқұрт, қазақ, қарақалпақтардың) Едіге мен оның ұрпақтары туралы айтылатын, «ноғайлы циклы» деп аталған қаһармандық эпосының ортақ мұрасы қалыптасты. Ноғайлы құрамында болып, кейін XVI-XVII ғғ.-да Қазақстанның басқа аймақтарына, Орта Азия мен Солтүстік Кавказға таралып, бүгінгі бірнеше түркі тілдес халықтардың қалыптасуына негіз болған ірі рулық-тайпалық топтар мен жекелеген ру-тайпалар ноғайлы жырларының бастапқы нұсқаларын жаңадан қалыптаса бастаған қазақ, қарақалпақ, ноғай, т.б. халықтардың фольклорына бастапқы материал ретінде енгізді. Бұл күнде бұрын ноғайлы әдебиеті делініп келген

туындылардың көпшілігі қазақ әдебиетінің қорында сақталып, оның төл туындыларына айналып кеткен. Мысалы, «Ер Төстік», «Жиренше шешен», «Алдар Көсе» т.б. ертегілер мен аңыздар және «ноғайлы» тарихына және «ноғайлы» батырларының тарихына арналған көптеген қаһармандық эпостары «Алпамыс», «Қобыланды батыр», «Қамбар батыр», «Ер Тарғын», «Ер Қосай», «Ер Сайын», «Едіге», «Қырымның қырық батыры», «Ер Жабай», «Ер Шора», «Орақ-Мамай» сияқты эпостық жырлар – сол ноғайлы заманының мұралары. Бұл батырлық дастандар ноғайлы бірлестігінде болған тайпалардан құралған халықтардың бәрінде: татар, ноғай, башқұрт, каракалпак, қырым татарларында таралған. Бірақ бұл эпостық жырлардың ең көп сақталғаны казактарда.

Қазақтың эпостық жырларында ноғайлы бірлестігінің құрамында болған тайпалардан шыққан батырлар: карақыпшақ Қобланды батыр, алпыс үйлі арғыннан шыққан Қамбар батыр өз ерліктерін бүкіл ноғайлы халқы үшін қалмақтармен соғыста көрсеткен. Жырларда олардың шыққан руының атауы да аталып, сонымен бірге олардың «ноғайлы» екені де айтылып отырады. Мысалы «Қамбар батыр» жырында:

*Ер жетті де ер Қамбар –
Әлімбаидың баласы.
Алтыс үйлі арғынның,
Тоқсан үйлі тобырдың,
Қабыл болды тобасы. –*

деп оның арғын тайпасынан екені айтылса, басқа жерде оның ноғайлы екені айтылады:

*Қазақ емес, сарт емес
Қамбардың түбі ноғайлы.
Ноғайдың Қамбар деген батыры бар,
Ел бастап көтерілсе бұзар шырық.*

(Қамбар батыр).

«Қамбар батыр» жырында кезінде казактар бөлініп шыққан он екі баулы (кейде тоқсан екі баулы деп те аталады) көшпелі өзбек тайпалары ноғайлымен туыстас, қатар көшіп жүрген ел ретінде аталады.

*Теңіздің бойы ноғайлы,
Ел екен өскен жағалы.
Он екі баулы өзбекте
Әзімбай еді қара көк –
Арғы атасы асыл тек...
Ат шаптырды Әзімбай
Он екі баулы өзбекте.
Ат кекілін өрмекке,
Шақырғанның мәнісі –
Назым деген сұлуды
Сүйгеніне бермекке,
Ноғайлы салған шабарды, –*

(Қамбар батыр).

Ноғай Ордасының негізін қалаған Едіге тұлғасы халық ауыз әдебиетінде ел қамқоршысы ретінде бейнеленеді, казактарда «Едіге деген ер еді, елдің қамын жер еді» деген ұғым қалыптасқан. «Қырымның қырық батыры» эпостық жырларында аталатын антропонимдер – Нұрадын, Мұса, Орақ, Мамай, Смағұл, Ормамбет, Қарасай, Қазы, Шора,

Алшағыр, және т.б. өмірде болған адамдардың есімдері. Олар – Едігенің ұрпақтары, Ноғай Ордасының билері мен мырзалары, олардың бәрі дерлік дербес эпостық жырдың тақырыбына айналған. «Қырымның қырық батыры» деп аталуына қарағанда бұл жырлардың саны өте көп болған болу керек, бірақ қазіргі уақытқа дейін аз ғана бөлігі жеткен.

Сыпыра жырау, Асан қайғы, Қазтуған, Доспамбет, Шалкиіздердің өлең-жырлары да осы ноғайлы заманында дүниеге келді. Доспамбет, Шалкиіз, Қазтуған жырауларды ноғай да, қазақ та өзінікі деп санайды. Жыраулық дәстүр қазақ пен ноғай бөлінбеген кезде екі халыққа ортақ болды. Ертегі-аңыздарда айтылатын Асан қайғы мен Әз Жәнібек, Жиренше шешен мен Қарашаш ноғай-казактар еді.

Қазақтың музыкалық мұрасының ең көне үлгілері: «Аксақ құлан», «Жошы ханның жортуылы», «Шора батыр», «Әмір аксақ», «Қамбар күйі», Асан қайғының «Ел айырылған», Қазтуғанның «Сағыныш» сияқты күйлері осы ноғайлы заманына жатады.

XVII-XIX ғғ.-да казактарда бұл күй-жырлар қайта қорытылып, жаңаша орындалып, нақты тарихи ноғайлы заманын емес, қазақтың көне қаһармандық дәуірін сипаттайтын ұлттық дүниесіне айналды.

Әдеб.: Аксауыт. Екі томдық. Алматы: Жазушы, 1977; Бес ғасыр жырлайды: XV ғасырдан XX ғасырдың бас кезіне дейінгі қазақ ақын-жырауларының шығармалары. Үш томдық. 1-том. Алматы: Жазушы, 1984; Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений. В 5-ти томах. Т. 1. Алма-Ата: Издательство Академии наук Каз ССР, 1961; Журминский В.М. Тюркский героический эпос. Л.: Наука, 1974. Исин А. Казахское ханство и Ногайская Орда во второй половине XV–XVI в. Семипалатинск, 2002; Көпейұлы Мәшһүр Жүсіп. Көп томдық шығармалар жинағы. 10-том: Қазақ шежіресі. - Алматы: Алаш, 2010; Третьяков В.В. Золотая Орда в XIV столетии. М.: Квадрига, 2010; Третьяков В.В. История Ногайской Орды. М.: Издательская фирма «Восточная литература» РАН, 2002; Шәкәрім Құдайбердіұлы. Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі. Алматы: «Қазақстан» және «Санат», 1991; ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

НОҒАЛА – ішкі мөлдір шеміршегі өсуіне байланысты көзді шел басып қалатын ауру түрі. Төрт түліктің ішінде Н.-ға жылқы түлігі жиі шалдығады, себебі астыңғы кірпіктердің болмауына байланысты, шаң тозаң аттың көзі мен қасында сауыстанып көз бездеріндегі түтікшелері бітелін қалып, көз шарасын шайып тұратын сұйықтық шықпай қалу салдарынан болады. Яғни, құрғала берген шеміршек асқынып



Көздің ноғаласына ота жасау. ҚР МӨМ материалдары бойынша суретті салған Б.Досымов

Н.-ға айналады. Қатайып құрғалаған шеміршек көздің қасаң қабағын жаралап көз алмасын қажайды. Сөйтпеш көзді



қорғап тұрған дәнекер қабықтың ішкі бетіндегі қатпары (оны ғылымда үшінші қабық – *palpebra tertium*) мен оны ұстап тұрған шеміршек (*cartilago palpebrae tertium*) өсіп кетеді (Н.-ның ғылыми атауы – *Entroporium palpebrae*). Осының салдарынан көз шеміршегінің жиегі қатайып ішке қарай майысып, көретін өте нәзік бөліктерін жарақаттайды. Аттың көзі жасаурап, кірпіктері сауыстанып, көзін ашып-жұмуы қиынға соғады. Тіпті, көзі көрмей қалуы мүмкін.

Малдәрігерлік іс тәжірибесінде Н.-ны оташылық жолмен сылып тастайды. Атты көзі сау жағына қарай жығып, аяқтарын байлап матаған соң отаны көздің өскен шеміршегін тебеннің ұшымен көз алмасынан еппен тартып көтереді. Сонан шеміршектің қара түсті жиегінен өткір ұстарамен кесіп алады. Ж.Бабалықұлының мәліметіне қарағанда, жансыз қара шеміршекті басып кессе қан шықпайды. Әлбетте, 1-2 см шамасындағы, доға тәрізді шеміршек сылынады. Оған қосымша мұрнынан қан ағызған дұрыс деп саналады. Мұндай отадан кейін ат ауруынан құлантаза айығады.

Әлеб.: *Бәделхан Қ.* Халықтық мал емдеу тәжірибелерінен. Өлгей, 1977; *Бабалықұлы Ж.* Мал ауруларының қазақша атаулары. Алматы: Қайнар, 1986; *Хинаят Б.* Қазақтың дәстүрлі малдәрігерлік білім жүйесі (тарихи-этнологиялық зерттеу). Тарих ғылымдарының кандидаты дәрежесін алу үшін ұсынылған диссертацияның қолжазбасы. Ғылыми жетекшісі Нұрсан Өлімбаев. Алматы, 2001; ҚӘТС. 12-том, Алматы: Арыс, 2012; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

НОҚАНА – жылқы түлігінде жиі кездесетін ауру. Мініс атының мұрын желбіреуінің астыңғы жағында және көздің алдыңғы қиығына шеміршекке ұқсас өсінді пайда болады. Халықтың мал дәрігерлігіне қатысты этнографиялық және тілдік деректерде бұл аурудың *ноқана*, *ноқала*, *шершеу*, *кершеу*, *желбірішек*, *шеміршек*, *шеміршек қата*, *ақ шершеу* сияқты нұсқалары кездеседі. Алайда кәнігі емсектер Н.-ны екі түрге ажыратады: *ноғала* – көз шеміршегінің өсуі, *ноқана* – танау шеміршегінің өсуі дейді. Дегенмен, Н.-ның бұл екі түрінің пайда болу, өршу және сыртқы белгілері мен оларға қарсы жасалатын халықтық емдеу шаралары да ортақ.

Н.-ның негізгі себебі мініс малының пайдалану мен бағым-күтімі нашар болудан күйі кетіп, әлсіреуден болады. Н.-ға шалдыққан ат тынысы тарылып, танауын әрнеге үйкелейді, пысықырып мазасы кетеді, жата қалып тепкіленеді, қиналып терлеп кетеді. Ат үріккіш, шошығыш, секемшіл болады.

Аурудың зілділігіне қарай емдеу тәсілін таңдайды. Егер танау мен көз тұсынан қатар өсіп келе жатқаны байқалса көзге де мұрынға да ота жасау дұрыс деп санайды.


Н. болған атқа ота жасау үшін оны жығып аяқтарын байлап алады. Мұрын желбіреуінің екі жағының терісін кездікпен бір-екі елдей тілген соң, еттен сыдырын алған шеміршекке ине немесе тебенді өткізіп іліп тұрып, өскен артық бөлігін сылып алады. Содан соң атты екінші жағына аунатып отаны мұрынның екінші тесігіне қайталайды. Жараны бір-біріне жымдастырып сыртынан байлап қояды. Аздаған қан ағып басылады.

Н.-ға ота жасағанда әккі оташылар ұзын ине немесе тебенді отқа қыздырып ұшын жіңішкелеп майыстырған

соң малдың мүйізіне саптап *көзілгек* жасап алады. Оның мәні қолдануға ыңғайлы әрі мұндай асыл текті темір көздің ноғаласын бүлдіріп жараламайды (**к. Көзілгек**).

Әлеб.: *Ермеков Ә.* Қазақтың малшылық лексикасы жөнінде // ҚМ. 1962. №2. 82-84 бб; *Арғынбаев Х.* Қазақтың мал шаруашылығы жайында этнографиялық очерк. Алматы: Ғылым, 1969; *Бәделхан Қ.* Халықтық мал емдеу тәжірибелерінен. Өлгей, 1977; *Бабалықұлы Ж.* Мал ауруларының қазақша атаулары. Алматы: Қайнар, 1986; ҚӘТС. 12-том, Алматы: Арыс, 2012; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

НОҚТА – ірі малды байлап қою және жетектеу үшін басына кигізілетін әбзел. Жүгенге ұқсас болғанымен, негізгі айырмашылығы Н.-да ауыздық болмайды. Н. жалаң қабат, екі қабат қайыстан сәнді етіліп түйілін, қабатталған қайыстан, былғарыдан, жүн жіптен ызып, қайыс таспадан өріп жасалған. Жасалуына байланысты ызып жасалған ноктаны *ызба нокта*, өрілген ноктаны *өрме нокта*, ал түйіліп жасалған нокта *түйме нокта* деп аталады.



Ноқта құрылымы. ҚР МОМ материалдары бойынша суретті салған Б.Досымов

Н.-ны түйгенде тілінген қайыстың екі шетін ішіне қарай қайырып бүктелген екі-үш қайысты жарыстыра отырып, сағалдырық, кекілдік, кеңсіріктерін әр түрлі әдіспен өткермелеп отырып түйіп шығады. Ал Н.-ны ызып жасағанда оны сәнін арттыру үшін қайыстың сыртын былғарымен қаптатып жасататын болған. Н.-да жүгендікі тәрізді екі *жақтауы*, *мұрындығы* (*кеңсірігі*), *сағалдырығы*, *төбелдірігі* (*шекелік*) болады, тек сулық пен ауыздық, тізгіні болмайды. Н.-ның негізгі бөлігі жақтауға қалған бөліктері бекітіледі. Н. жақтауының аттың қамшылар жағынан ат желкесін орай келген ұзын бөлігі *желкелік* деп аталады. Ол мінер жақ жақтауға тоға арқылы немесе байланып бекітіледі. Бұл Н.-ны ат басына шақтап кеңейтіп, тарылтуға арналған. Н.-ның ат басынан сыпырылмас үшін жасалатын бөлігі *сағалдырықтың* ұзын жағы қамшылар жақ жақтауға, ал қысқа жағының басына тоға немесе түйікталып жасалып

мінер жақ жақтауға бекітіледі. Бұл аттың алқымын орап келіп тоға арқылы бекітіледі немесе тұйықтан өткізіліп шалынып байланады. Ал, Н. екі жақтауды жалғай ат кеңсірігін орап тұрған бөлігі *мұрындық* деп аталады, ал *төбелдірік* кейбірінде болмайды. Н. жақтауларының шылбыр тағуға лайықталған орны *сағақ* (*алқымдық*) деп аталады.



Жүген астынан қайыстан қос қабатталып түйілген ноқта кигізілген ат. ОМЭЭ – материалдарынан

Н.-ның сулығының орнына (екі жағына да) дөңгелек шығыршық, айналсоқ бекітіледі, кейде ноқтаның сулық тұсы тұйықталып келіп, оған шылбыр тағылады. Н.-ға тағылған шылбырмен малды байлауға, жетектеуге, тіптен кейбір жуас малдарды ноқталы күйінде мінуге де болады. Сондай-ақ арқанмен малдың басынан Н. тәрізді етіп байлауды *ноқталау* әдісі дейді.

Н. ат басына жүгеннен бұрын кигізіледі. Кейде, Н.-сыз жүгеннің өзі пайдаланылады. Бірақ жылқыны жүген тізгінінен байлағанда кейде үркіп оны үзіп немесе басынан сыпырып кетеді. Ал, осындай жағдайларда Н. өз пайдасын тигізетін болған. Сонымен бірге, ат басына Н. кигізілмеген жағдайда, шылбырды жүген сулығынан өткізіп барып, мойнынан күрмеп байлайды (*қ. Жүген*).



Құлынның ноқтасы. ҚР MOM материалдары бойынша суретті салған Б.Досымов

Ерте кездерде көштің сәнін келтіру үшін, түйеге арналып жасалған кейбір сәнді Н.-лар түрлі-түсті жіптен тоқылып, құндызбен көмкерілетін болған. Сонымен бірге, бағалы тастармен, күміспен әшекейленген. Желіге байланатын құлын, бота басына шақталып Н. дайындалады. Басына Н. кигізілген құлын желіге сағағынан тиек немесе оған тағылған бау арқылы байланған. Сонымен бірге желіге, айғырдың жалына, сауырына май жаққанда құлын Н.-на да май жағылатын болған (*қ. Желі майлау / Желіқағар*). Бота ноқтасы тіл-көз тимесіп деген ниетпен түрлі-түсті жіптен өріліп, тоқылып, сонымен бірге ала жіптен есіліп жасалған. Тіптен оған қоңырау тағылған (*қ. Бота жабдығы*).



Ноқта. ҚР MOM қорынан (КП 972)

Егер, малды сататын болса оны байлаған бас жібін, жүгені мен Н.-сын өзіне алып қалады. Түркі халықтарының көпшілігіне тән болып келетін жердүниенің жаратылуы туралы аңыздың бірінде, жердің жетпіс мың Н.-сы бар, әр Н.-ны жетпіс мың періште ұстап тұрады делінеді.

Сондай-ақ, қазақтың байырғы ас беру ғұрыпында марқұмның тұлданған атын асына сойған соң оның басындағы ноқтасын кесіп алып, аттың қаны аққан шұңқырға тастап көмген немесе отқа жағып жіберген.



Қылдан өрілген ноқта. ҚР MOM қорынан (КП 10241)

ҚР MOM қорындағы (КП 10241) ноқта қой жүніне жылқы қылы араластырылып есілген тіндерден өріліп, түйіскен жерлері жіппен тігілген. Оның шылбырымен қоса ұзындығы 2 метр.

Әдеб.: *Добросмыслов А.И.* Скотоводство в Тургайской области. Оренбург: Тургайский обл. стат. комитет, 1895; *Аргынбаев Х.* Қазақтың мал шаруашылығы жайында этнографиялық очерк. Алматы: Ғылым, 1969; Қазақ совет энциклопедиясы. Бас ред. М.Қ. Қаратаев. 9-том. Алматы: ҚСЭ, 1976; *Мұқанов С.* Халық мұрасы (тарихи-этнографиялық шолу). Алматы: Жазушы 1979; *Хозяйство казахов на рубеже XIX-XX веков.* Материалы к историко-этнографическому атласу. Алма-Ата: Наука, 1980; Шаңырақ. Үй-тұрмыс энциклопедиясы. Бас ред. Р.Нұрғалиев.



Алматы: ҚСЭ, 1991; Қасиманов С. Қазақ халқының колонері. Алматы: Қазақстан, 1995; Қазақ дәстүрлі мәдениетінің энциклопедиялық сөздігі. Құраст. А.Құралұлы. Алматы: Сөздік-Словарь, 1997; Кейкін Ж. Қазақы атаулар мен байламдар. Алматы: Өлке, 2000; Әжіғали С., Байғабатова Н. Жетісу казактарының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары // Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет ғұрыптары. 1-том. Біртұтастығы және ерекшелігі. Құраст. С.Әжіғали. Алматы: Арыс, 2005. 176-202 бб; Манкеева Ж.А. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері. Алматы: Жібек жолы, 2008; ҚӘТС. 11-том. Алматы: Арыс, 2009; Кенжеахметұлы С. Қазақ халқының тұрмысы мен мәдениеті. Алматы: Алматыкітап, 2010; ҚР МОН – материалдарынан; ОМЭЭ– материалдарынан.

НОҚТА АҒАСЫ – дәстүрлі қазақы ортада символикалық жетекші мәртебеге ие болған ру-тайпалардың атауы. Шежірелік жосынға сәйкес Ұлы жүздің Н.а. – Жалайыр, Орта жүздің – Тарақты, Кіші жүздің – Табын ру-тайпалары болып есептелінді. Жүздік құрылымда Ұлы жүздің ежелден жасап келе жатқан генеалогиялық ағалық статусына сәйкес оның құрамындағы Н.а. Жалайыр бүкіл үш жүздің де Н.а. мәртебесіне ие болды. Үш жүздің игі жақсылары мен ырыс ұстағандары бас қосқан сан алуан құқықтық, ғұрыптық, мерекелік, әскери жиындардың (*ас, ас беру, хан кеңесі, билер кеңесі, ақсақалдар кеңесі*, сондай-ақ *келін түсіру, нәрестенің дүниеге келуі, өлік жөнелту* сияқты тіршілік циклына жататын жосындарға байланысты т.с.с.) алдында ортамызда Жалайырдың тумалары бар ма? деген *сұрау салу* көшпелі ортада ертеден орныққан жосындардың қатарына жатады (**к. Игі жақсылар; Сұрау салу; Ырыс ұстағандар**). Осы ретте ерекше назар аударарлық жайт – жиналған жұртшылыққа Жалайыр ру-тайпасының өкілдерінің бар екендігі мәлім болса да, аталмыш *сұрау салу* міндетті түрде атқарылып отырылды. Бұл жосын шежірелік тарихнама және идеологиямен негізделген үш жүздің деңгейіндегі Н.а. мәртебесінің иегері – Жалайырларға әлгі жиналған игі жақсылар мен ырыс ұстағандардың ресми көрсеткен құрметін білдірсе керек. *Ата-баба жолы* бойынша келесі жол Орта жүздің Н.а. Тарақты ру-тайпасының, онан кейінгісі – Кіші жүздің Н.а. Табын ру-тайпасының өкілдеріне тиесілі болды. Н.а. жосынын руаралық, ру-тайпааралық және жүзаралық қатынас жүйесінің үйлесімділігін қамтамасыз еткен институт ретінде қарастыруға болады.

Дәстүрлі қазақы ортадағы Шыңғыс ханнан таралған ұрпақ болып есептелген төре тұқымдарының тарақ деп аталатын тарақ пішінді таңба Жалайыр, Тарақты және Табын ру-тайпаларының да төл таңбасы екендігі – ғылыми тұрғыдан ерекше назар аударарлық жайт. Бұл гәп, сірә, қазақ өлкесінде орыс отаршылдық жүйесінің орнығуына дейінгі заманда көшпелі социумінің басқару жүйесінде аталмыш Н.а.-лары өкілдерінің Шыңғыс хан ұрпақтарынан кейінгі дәрежеде билік жүргізу статусы болғандығын айғақтайтындай. Осыған орай аталмыш кезеңде хан билігі Н.а. мәртебесін ұстанған ру-тайпалардың игі жақсылары мен ырыс ұстағандарының көрнекті өкілдері – билері, рубасылары, ақсақалдары мен батырлары арқылы да жүзеге асырылып отырды деуге болады. Н.а.-н ұстанғандардың билік функциясы ғұрыптық-символикалық функцияға ұласуы кейін болған сыңайлы.



Дәстүрлі қазақ қоғамындағы билік жүйесінің схемасы (версия)

Осы қисын тұрғысынан Н.а. институтын көшпелі ортадағы институционалдық қатынас жүйесінің қауқарлы элементтерінің бірі ретінде қарастыруға болатын сияқты.

Сонау Шыңғыс хан билік құрған заманнан бастау алатын шежірелік тарихнамада Жалайыр ру-тайпасының ұлы қағанға жақын жүрген және тікелей қызмет атқарған этникалық бірлестіктердің қатарында болғандығы айтылады. Осы ру-тайпаның көрнекті өкілдерінің, мысалы, әйгілі қолбасы Мұқалы (немесе Мұқан ноян) Шыңғыс ханның ең жақын сенімді серіктерінің бірі болғандығы тарихи белгілі жайт. Ал атақты «Бабырнамада» Жалайыр Хасан Әлиді ортағасырда билік ұстағандардың бірегейлерінің бірі Захир ад-дин Мухаммад Бабырдың бек сайлағандығы, ал Ядгар Мухаммад Гератка билігі жүріп тұрған кезеңде құсбегі болған Жалайыр Хасан Өлиден мәртебесі асқан жанның болмағандығы жөнінде ерекше ден қойдырар мәліметтер бар (осы ретте еске сала кетер жайт – сол кезеңнің билік номенклатурасында *құсбегі* әмірден кейінгі статусты иемденді). Ортағасырлық тарихнамада осы және осы мәндес мәліметтердің көп кездсетендігі Жалайырлардың Шыңғыс хан және одан кейін билік ұстағандардың сүйеніші, ал осы ру-тайпаның беделді өкілдері ұлы қаған мен одан кейінгі хандар мен әмірлердің *нағы* функциясын атқарып отырғандықтарын көрсетсе керек (**к. Нақ**). Бұл жайтты Жалайыр ру-тайпасының казактың жүздік құрылымында Н.а. мәртебесіне ие болуының әлеуметтік-саяси және шежірелік негіздемесі ретінде бағамдауға болады.

Сондай-ақ, Тарақты мен Табын ру-тайпаларының аталмыш жүздік құрылымда Н.а. мәртебесіне ие болуының да айырықша ден қойдырарлық шежірелік негіздемесі бар. Кейбір шежірелік жосын бойынша, Тарақты Жалайырлардың құрамында болған екен. Ал, тағы бір шежірелік нұсқалардың қисыны Тарақтыны Жалайырлардан таратады. Осы және осы мазмұндас шежірелік қисындарға сәйкес, аталмыш жайтты Тарақтылардың Орта жүздің Н.а. мәртебесіне ие болуының негізі деп қарастыруға болатындай. Ал, Табындардың Кіші жүздің Н.а.мәртебесін алуын аталмыш шежірелік тарихнама осы ру-тайпаның Тарақтыдан өрбігендігімен түсіндіреді. (**к. Таңба; Ру**).

Әдеб.: Савельев. П. Монеты джучидов, джагатаидов, джелаиридов и другие обращавшиеся в Золотой Орде в эпоху Тохтамыша. Вып.1. СПб., 1857; Вып. 2. СПб., 1858; Марков А.К. Каталог джелаиридских монет. СПб.: Тип. Лештуковская Паровая Скоропечатия П.О.Яблонского, 1897; Сыздыкова Р. Язык Жами ат-Тауарих Жалаири. Алма-Ата: Наука, 1989; Бабурнаме. Записки Бабур. Ташкент: Фан, 1993; Алимбай Н., Муканов М.С., Арғынбаев Х. Традиционная культура жизнеобеспечения казахов. Очерки теории и истории.

Алматы: Ғылым, 1998; *Алимбай Нурсан*. Казахское шежире как фольклорный жанр (вопросы изучения шежире как исторического источника) // Орталық музей еңбектері: музей ісі, тарих, этнология, фольклортану, антропология, деректану, нумизматика. II шығарылымы (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде). Ғылыми редактор Нурсан Әлімбай. Алматы: Балалар әдебиеті, 2009. 373-386 бб; *Аргынбаев Х., Мұқанов М., Востров В.* Қазақ шежіресі хақында. Құраст. Ә.Пірманов. Алматы: Атамұра, 2000; *Сейдімбек А.* Қазақтың ауызша тарихы. Астана: Фолиант, 2008; *Мағсулин М.* Шыңғыс хан және оның замандасы. Деректі тарихи хикая. Алматы: Дәуір, 2011; Қазақ ру-тайпаларының тарихы. Табын. II-том. 1-кітап. Алматы: «Алаш» тарихи-зерттеу орталығы, 2006; Қазақ ру-тайпаларының тарихы. Жалайыр. VIII том. 1-кітап Алматы: «Алаш» тарихи-зерттеу орталығы, 2007; Қазақ ру-тайпаларының тарихы. Арғын. IX том. 3-кітап Алматы: «Алаш» тарихи-зерттеу орталығы, 2007; *Алтысбес М.А.* Казахское шежире как исторический источник. Автореферат дис. доктора ист. наук. Алматы, 2007; *Беляков А.В.* Чингизиды в России XV-XVII вв.: просопографическое исследование. Рязань, 2011; ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

НОҚТАЛАП БАЙЛАУ – малдың басын шылбырмен, арқанмен нокта тәрізді етіп байлау тәсілі. Байлаудың бұл түрі малды ырыққа көндіруге, сонымен бірге буынып қалмауына өз септігін тигізеді.



Ноқталап байлау тәсілдері. ҚР МӨМ материалдары бойынша суретті салған Б.Досымов

Мысалы, кейбір асау жылқылар мойнынан ғана байлап алып жүруге көндіге бермейді. Сондай-ақ, сиырды сауғанда оны идіру үшін бұзауы салынады.



Желіде ноқталанып байланған бұзаулар. ҚР МӨМ қорынан

Бұзаулар кішкене кезінде енесіне салып, тартқанда жеңіл болғанмен, ересек тартқаннан кейін оларды да тарту қиынға түседі. Осы секілді себептерге байланысты Н.б. тәсілі дәстүрлі мал шаруашылықта жиі қолданылады.

Әлеб.: *Мұқанов С.* Халық мұрасы (тарихи-этнографиялық шолу). Алматы: Жазушы 1979; ҚӘТС. 11-том. Алматы: Арыс, 2009; ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

НӨКЕР – әскербасының жанында қызмет атқаратын жауынгер. Түркі тілдес халықтарға, оның ішінде қазақ тіліне «нөкер» сөзі Алтын Орда заманында монғол тілінен енген, монғол тілінде «нухур» сөзінің мәні «дос, жора-жолдас»,

әдетте «өз көсеміне қызмет етуге міндет алған азат, еркін жауынгер» дегенді білдірді. XII-XIII ғасырларда Монғолияда феодализмнің қалыптасуы кезеңінде Н.-лер феодалданған аксүйектердің – әскери көсемдердің қызметіндегі әскери қызметшілері болды. Жазба және ауызша деректерде Н.-лер ханның немесе феодалдардың әскери қызметінде жүрген кәсіби жауынгерлер ретінде айтылады. Б.Я.Владимирцовтың айтуынша нокор – монғол ноянының тұрақты әскери серіктері, олар өзінің көсемімен бірге өмір сүріп, оның құрметті қызметтерін атқарды. Олар көсемімен бірге аң аулауға қатысты, елдің ішінде және басқа отырықшы елдермен шекарада болған шапқыншылықта бірге соғысты, оның күзетшісі болды, тойларға қатысты, маңызды кеңестерге қатысып ақыл-кеңес берді. Соғыс кезінде Н. ең алдымен кәсіби жауынгер болды, ал бейбіт кезде күзет, қорғаныс ісін атқарды. Н.-дің негізгі кадрлары үстем таптан шыққандар болды, бірақ олардың құрамына шығу тегі қарапайым адамдар да кіре алған. Кейде ата-аналары өз балаларын кішкентайынан бір көшпелі ноянға нөкерлікке беретін болған. Көбіне Н.-лер қызмет етуге шешкен ноянды ауызша келісіммен өздері таңдаған. Бұл келісім «антпен» немесе «сертпен» орындалатындықтан еуропаның рыцарлар сословиесіндегі сюзерендік-вассалдық қатынасты бекітетін «оммаж» салтын еске түсіреді. Ортағасырлық көшпелі мемлекеттерде нөкерлік институты феодалдық институттың бірі болды. Әскери қызметі үшін алғашқы кездерде Н.-лер феодалдар тарапынан тамақ, киім және қарумен қамтамасыз етілді, кейін әскери олжаның бөлігін иеленді, ал ірі әміршілерден Н.-лер елді-мекендерді, жер бөліктерін (халқымен бірге) уақытша иелікке (бенефиций сияқты) алды. Әскери қызметте көрсеткен ерліктері үшін «баатур», «мерген» және «білге» деген титулдарды иеленді. Бұл оларды ірі феодалдардың әскери қызметін атқаратын вассалына айналдырды. Әр түрлі рулардың өкілдерінің өзара қатынасын белгілегенде нөкерлік қызмет сол рулардың өзара тәуелділік-билік жағдайы ретінде де қарастырылды. Н.-лерінің саны мен сапасы көсемдердің, нояндардың беделі мен күшін анықтады. Дала көсемдері арасында әрқашан жайылым мен мал үшін, көрші тайпаларға ықпалын жүргізу үшін тұрақты тартыс жүріп отырды. Бұл жағдайда әскери достастықты құрайтын Н.-лер, монғолдардың көшпелі қоғамында феодалдық қанауға мүмкіндік беретін экономикадан тыс бағындырудың көзі мен құралы болды.

Түркі халықтарында да Н. «әскери серік», «әскери қызметші» деген мағынаға ие. Жазба және ауызша деректерде Н.-лер ханда немесе феодалдарда әскери қызметте жүрген жауынгерлер ретінде айтылады. Түркі халықтарының эпостарында Н. ханның, батырдың, ханшаның, ханшайымның жанындағы серіктері ретінде сипатталады. Әдетте, олардың саны 40 болып келеді.

*Хан қалпағың басыңда,
Қырық нөкерің қасыңда.*

«Нәрік»

Орта Азиялық түркі мемлекеттерінде (Бұқар әмірлігінде, Хиуа, Қокан хандығында) «нөкер» деп мемлекеттің әскери қызметінде болған жауынгерлерді атаған. XVI-XIX ғғ.-да өзбектерде нөкерлік феодалдық институттардың бірі болды және оның XII-XIV ғғ.-дағы монғолдардың нөкерлік



институтымен көптеген ортақ сипаттары бар. Ортағасырлық монғолдардағы сияқты ортаазиялық Н.-лер «көсемдердің тұрақты әскери қызметшілері». Сондықтан олар тек соғыс жағдайында жиналатын, «қара шерік» деп аталған халық жасағынан бөлек жағдайда болы. Н.-лер әскери сословиялық топ ретінде қоғамда белгілі бір артқышылыққа ие болып, әскери қызметі үшін түрлі алым-салықтан босатылды. Бірақ әлеуметтік жағдайы жағынан Н.-лер біркелкі болған жоқ, Әбілғазы «қарапайым» және кедей Н.-лер, бай және «ақсүйек» Н.-лер болғанын айтады. Әбілғазының жазғандарына сүйенсек феодалға Н.-лік қызмет ету өзбек руларының тәуелді жағдайының белгісі болған. Н.-лік қызметті хиуалық тарихшылар да осы мағынада қарастырады. Н.-лік институты Хиуа және Бұхар хандықтарында ХХ ғ.-ға дейін сақталды. Соңғы кезеңде Хиуада Н. деп бейбіт кездерде төменгі полиция қатарында, ал соғыс жағдайында әскерде қызмет ететін ауыл тұрғындарынан шыққан кейбір адамдарды да атаған.

Көшпелі халықтарда нөкерлік институты кәсіби әскерилер үшін жауынгерлік мектеп болды. Батырлардың кәсіби жауынгер болып қалыптасуы осы «нөкерлік» институты арқылы іске асты. Әскери кәсіп жолына түскен жас батыр атакты, тәжірибелі батырға Н. болып, әскери іске, соғыс ісіне үйренген. Әскери көсемнің әскери серіктері болған Н.-лер кейін оның жеке гвардиясының және әскерінің негізін құрады. Әр Н. қажетті дайындықтан өткен болашақ офицер және қолбасшы болатын. Шыңғыс хан өз империясын құрғанда әскери және әкімшілік билікке басшылық құрамды өз Н.-лерінен іріктеп отырған. Көшпелі түркі-монғол халықтарының әскерінде әскербасылар осы нөкерлік мектебінен өткен тәжірибелі батырлардан тағайындалған.

Көшпелі түркі халықтарының тілінде «нөкер» атауына «жора», «шора» атауы сәйкес келеді. Қазақ, қырғыз ауыз әдебиетінде жора, шора – эпостық батырлардың әскери серіктері. Бірақ қазақ ауыз әдебиетінде осы мағынада «нөкер» сөзі де қолданылады.

*Өзім бір бөлек жайласам,
Жігіттен нөкер сайласам...
Тоскейде кеңес топтанып,
Жақсылар үйде баптанып,
Нөкерлер жүрсе сап түзеп,
Қос-қосымен шаттанып...
Қиодан ақыл алатын,
Қиыннан айла табатын
Ерлерден салсам нөкерді
Дұшпаннан кекті алатын!*

Ақтамберді жырау Сарыұлы

Қазақ хандығында Жаңа замандағы әлеуметтік қатынастарда нөкерлік институты батыршылдық институты формасында жалғасын тапқан. Бұл институттардың сипаттарында көптеген ұқсастықтарды көруге болады. Көшпелі қазақ қоғамында кәсіби әскерилер әлеуметтік тобының өкілдері болған – *батырлар* ханның әскери серіктері болып, оның тірегіне айналып, әскери қызметінде жүрді. Қазақ тарихында әр ханның есімімен бірге оның айналасындағы батырлардың есімдері қоса айтылады. Есім ханмен оның белгілі батырлары Қоңырат Алатау батыр,

Дулат Жақсұғұл батыр, Жанай батыр, Қарасай батырды айтсақ, Абылай ханмен Бөгенбай, Қабанбай, Жәнібек, Малайсары, Баян батырлар есімдері байланысты, Кене хан есімімен Ағыбай, Наурызбай, Бұғыбай, Иман батыр есімдерін еске аламыз. Батырлар хан жанындағы әскери кеңес мүшелері, түрлі мемлекеттік лауазым иелері болып, мемлекеттің ішкі, сыртқы саясатын анықтауға араласып, түрлі мемлекетаралық қатынастарға қатынасып, елшіліктерге жүрді. Қазақ хандығы мен Орыс патшалығының ара қатынасына байланысты архивтік құжаттарда ру басшылары ретінде көптеген батырлардың аттары аталып, қолдары қойылып, мөрлері басылған. Кәсіби жауынгерлер ретінде батырлар қазақ әскерінің негізін құрады, соғыс кезінде олар жасактардың әскербасылығына тағайындалды. Батырлар көп жағдайда рубасылар болып, өз рулары шығарған халық жасағын басқарды. Дегенмен бұл мәселелер әлі де тереңдеп зерттеуді қажет етеді.

Әдеб.: *Алдаспан*. XV–XVIII ғасырлардағы қазақ ақын-жырауларының шығармалар жинағы / Құраст., баспаға әзірлеген, алғы сөзін, түсініктерін жазған М. Мағауин. Алматы: Жазушы, 1970; *Владимирцов Б.Я.* Общественный строй монголов. Монгольский кочевой феодализм. Л.: Академия наук СССР, 1934; *Қазақ халық әдебиеті*: Көп томдық / Қаз ССР Ғылым академиясының М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты. 5-том: Батырлар жыры. Алматы: Жазушы, 1989; *Словарь тюркизов в русском языке* / Составитель Шипова Е.Н. Алма-Ата: Наука Каз ССР, 1976; *Сооданбеков С.С.* Общественный и государственный строй Кокандского ханства. Бишкек, 2000; *Федоров-Давыдов Г.А.* Общественный строй Золотой Орды. М.: Издательство Московский университет, 1973; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

НӨПІР – қағылған дабыл үнімен шеруге жиналған әскери топ, жиын. Ертеректе *нөпір* (нефир) әскери жорықтарда жиі қолданылатын дабыл құралдарының бірі болған. Белгілі бір жағдайда, мысалы, шеруге аттанарда әскерлерге Н. немесе *керней* (бұлар негізінен мүйізден жасалады) үнімен түрлі белгі береді. Әскерлер тартылған *кернейдің* немесе Н.-дің үнін естіп, жан-жақтан топ-топ болып жинала бастайды. Батырлар жырындағы мына бір көрініс осыны көзге айқын елестетеді:

*Қараман шықты қаладан,
Кернейлері бақылдап.
Байрақты тулар көтерген,
Алтыннан қалқан жарқылдап,
Сыбызғы, сырнай шақылдап
Екі жүз жігіт жиып ап,
Керней-сырнай тартады.*

Мұндағы *керней-сырнай тарту* сауық-сайран емес, әскери дабыл дегенді білдіреді. Қазақ сарбаздары жорыққа аттанарда белгілі тәртіппен қағылған дабылға Н. топ болып жиналған. Қазақ тіліндегі Н. түрік тілінде «*керней*» деген мағынаны білдіретін *нефир* сөзімен дыбысталуы жағынан ұқсас екендігі байқалады. Бірақ бұл кездейсоқ дыбыстық ұқсастық емес. Түрік тіліндегі «*керней*» мағынасын білдіретін *нефир* мен қазақ тіліндегі «топ», «топыр», «жиын» дегенді білдіретін *нөпір* сөздерінің арасында мағыналық-тарихи байланыс бар.

Сонымен, әуелде Н. «дабылға жиналған әскери топ» дегенді білдірген. Кейіннен, бұл атау жай ғана жиналған «топ», «жиын», «көпшілік» деген ауыспалы мағынада жұмсалған. М.Әуезов бұл сөзді *топ, топыр, сондай-ақ, ас,*

тойға жиналған адамдар мағынасында қолданған. «Дом болып жарап алған есік пен төрдей ұзын торы ат көлденең тұр. Қос құлағын қамыстай шанышылтып, арттағы нөпірге «бассаңдаршы» дегендей қарайды» (М.Әуезов «Абай жолы»). Кейде бұл атау *топ* деген сөзбен тіркесіп *нөпір топ* деп те қолданылады. Сондай-ақ, ат мінген адамдардың жиынын, тобын *ат нөпірі* деген.

Әдеб.: Турецко-русский словарь. М., 1977; Әуезов М. Абай жолы. Роман-эпопея. 1-4 кітап. Алматы: Жеті жарғы, 1997; Уәли Н. Бұрынғыдан қалған сөз (Қолжазба); ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

НҰХ ПАЙҒАМБАР – есімі топан су оқиғасына байланысты айтылатын, сан алуан әпсана, аңызға кейіпкер болған, әлемдік діни түс алған, нәби пайғамбарлардың бірі. Нұх (Нух, Нұк, Ной) – Інжілдегі секілді Ислам аңыздарында да бұл пайғамбардың есімі жиі ұшырайды. Құранның 71-ші сүресі осы пайғамбар мен оның әулеттеріне арналған. Сондай-ақ, ол туралы басқа да діни әдебиеттерде біраз деректер айтылған. Нұх дүние жүзі халықтарына белгілі болған аңыз бойынша, Алланың жәрдемімен жер бетін топан су қаптайтынын алдын ала сезеді. Іске бірден кіріскен Нұх пайғамбар, алып кеме – *күтшекті* жасайды да, күнәсіз адамдар мен мақұлқаттан, нәбататтан әр түрінен жұптан алып, кемесіне мінгізеді, осы кемеге мінген тіршілік иелері апаттан аман қалып, өмір өз жалғасын табады.

Дін жолын Нұхтың балалары – *Хам, Сам, Яфеттен* тараған ұрпақ ұстап қалады. Нұх пайғамбардың 950 жылдай бойы жүргізген уағызының арқасында көпірлердің арасынан не бары сексен адам мұсылман болып, кемеге отырады. Нұх пайғамбарға кеме жасау бұйрығының берілуі – Нұхтың пайғамбарлық миссиясының аяқталғанын яғни, пайғамбарлық міндетінің орындалып болуын көрсетеді.

Топан су азайғанда, *Нұхтың кемесі менің төбеме қайырлайды* деп биік таулар өзара таласқан. Нұх аласа тауға тоқтау жөнінде бұйрық алады. (**к. Жүз жиырма төрт мың пайғамбар**) «Аласа тау дегені осы болуы мүмкін» деп Нұх пайғамбар кемесін *Жуди* тауына қайырлатады. Бұл таудың қай тау екені әлі күнге дейін бізге беймәлім. Зер сала қарасаңыз, жер бетінде көптеген халықтар Нұхтың кемесін іздеу үстінде. Тіпті көптеген елдің өз *Жуди* тауы бар. Армяндар *Арапат* тауында тоқтаған деген болжам айтады. Мысалы, қазақ халқының өзі *Қазығұрт* тауын Нұх тауы деп «*Қазығұрттың* басында кеме қалған» деп ата-бабасынан қалған сөзді айтады.

Қазығұрттың басында кеме қалған,

Ол әулие болмаса неге қалған.

Жетім қозы басында жатып қалып,

Шопан ата таралып содан қалған... –

деп аңыз қалдырған болар. Бір-бірімен жолыққанда алдымен «мал-жаның аманба?» деп есендік сұрасатын қазақ халқының *Қазығұрт* тауын төрт түлік малмен байланыстырып жырлауының астарында үлкен тәрбиелік мән жатыр.

Қорытып айтқанда, қазақтың діни санасында ойып орын алған Нұх пайғамбар туралы білімдер жүйесі қоғамның рухани ұйымдасуының, этикеттік реттелуінің көп мәселелеріне қатысып отырды. Мәселен, қазақ шежіресінде

Адаматадан кейін Нұх пайғамбар тұрады. Қазақтар арасында *Нұх пайғамбардың қасиетті кемесі Қазығұрт тауының етегіне келіп тоқтаған, Нұх қауымының жаңа қоғамы осы жерде құрылған* деген аңыз берік сенім иеленген. Сонымен бірге Нұх ұрпақтарының ішінде *Хам, Сам, Яфеттің* соңғысынан, яғни *Яфеттен тұрандықтар* тараған деп санайды да, өздерін ұлы Нұх пайғамбардың тікелей ұрпағы деп түсінеді.

Әдеб.: *Баранов Х. К.* Арабско-русский словарь. М., 1985; Құран кәрім. Х.Алтай аудармасы, Медине: Құран Шәриф, 1991; *Насируддин Бурхануддин Рабғузи.* Пайғамбарлар қиссасы. Алматы: Таймас, 2008; *С.И. Оспанов.* Арғы тектану негіздері. Алматы: полиграфия сервис ик, 2009; *Омірәлиев Қ.* Көне түркі ескерткіштері туралы зерттеулер. Алматы: Арыс, 2010; *Қалмаханұлы С.* Пайғамбарлар тарихы. Алматы: Көкжиек-Б, 2011; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

НҰКТЕ ҚАЛЫП – әшекей бұйымның бетіне батыра соғу тәсілі арқылы шұңғыл ұя, нүктелер салатын қалып. Кей жерде ол *нүкте салғыш, сірке қалып, сіркелі қадаубас* деп аталады. Н. қ. соқпа қалып түріне жатады. Оны жуан металл шыбығынан бір басын ұсақ түйіршіктер түрінде бүршіктеп жасайды. Екінші басына ағаштан сап орнатады. Балғамен сабынан жайлап соққанда, екінші басындағы бүршіктер металға батады да, нүкте тәрізді бедер, ою пайда болады (**к. Сірке қалып**).



Нүкте қалып. ҚР MOM қорынан КП (12101)

ҚР MOM қорында (КП 12101) Н. қ. сақтаулы. Қалыптың бітімі басынан ұшына қарай сүйірлене біткен. Қалыптың бұйым бетіне сірке түсіруге, яғни, бедер салуға арналған ұшы үшкірлене келген. Екінші ұшы балғамен ұруға лайықталып, жалпақтау етіп жасалған. Қалыптың орган белінен саусақпен қысып ұстауға арналған ұзынша келген ойығы бар.

Әдеб.: *Қасиманов С.* Қазақ халқының колонері. Алматы: Қазақстан, 1969; *Тәжімұратов Ә.* Шебердің қолы ортақ. Алматы: Өнер, 1977; *Аргынбаев Х.* Қазақ халқының колонері. Алматы: Өнер, 1987; *Шойбеков Р.Н.* Қазақ зергерлік өнерінің сөздігі. Алматы: Ғылым, 1991; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

НҰР ЖАУСЫН – Алланың нұры жаусын, бақытты бол деген мағынадағы бата, алғыс-тілек. Нұр парсы тілінен аударғанда жарық, сәуле деген мағынаны білдіреді. Сондай-ақ, Алла Тағаланың 99 сүйікті есімінің бірі болып табылады (**к. Нұр**). Осыған орай халық арасында жер бетіне жарық түсіп, күн шыққанда «Алланың нұры шуағын шашты», жаңбыр жауғанда «Алланың нұры жауып тұр» деп жатады. Дәстүрлі ортадағы Көк Тәңірінен «нұр жаусын» деген магиялық сипаттағы тілектен, құда келгенде, келін түскенде және т.б. жақсылықтарға *шашу* шашу үрдісі пайда болған. Ертеректе шашуға күміс тиындар шашқан. Құдалыққа қатысты барлық той-томалақ кезінде, қуанышты құттықтап, ортақ болуға келген әжелер мен келіншектер шашу шашып, жас балалар тіпті үлкендер де жапа тармағай таласып жерге шашылған құрт-ірімшік пен қант-көмпитті, тиындарды теру дәстүрі бүгінде кең тараған (**к. Шашу**). Жаңадан отау тігіп, шаңырақ көтерген жастарға айтылатын Н.ж. деген тілек екі



жасқа Алланың нұры жауып, бақытты отбасы болсын деген ізгі тілекті аңғартады. Сонымен қатар, қуаншылық болып, жаңбыр жаумай кеткенде халық тасаттық беріп, Н. ж. деп дұға тілейді (**к. Тасаттық**). Н.ж. деген тұрақты тіркес көптеген баталарға арқау болған: Айталық Наурыз батасындағы:

Нұр жаусын!

Ел көңілі шалқысын,

Күн нұрына балқысын.

Перзенттері тік тұрып,

Қызмет етсін халқы үшін.

деген жолдар көктем келуімен, жаңбырдың мол жаууы, ырыс-берекені арттырып, игі іске бастау болатындығын аңғартады.

Әдеб.: Төлєнова С. Алғыс мәнді тұрақты тіркестер // ҚМ. 1974 №6. 17-21 бб; Ақ бата: бата сөздер. Құраст.: С. Негимов, Т. Қазіұлы. Алматы: Жазушы, 1992; Кейкін Ж. Қазақы атаулар мен байламдар. Алматы: Өлке, 2000; ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

НЫҒМЕТ – адам баласына Алла Тағаладан берілген барлық игілік, рақымшылық пен бақыт. Н. сөзі араб тілінен аударғанда *рақым, игілік, бақытты өмір* дегенді білдіреді. Қазақ халқында Н. пен нәсіп, несібе, ризық ұғымдары бір-біріне жақын мағыналас болып келеді және үлкен діни-философиялық категорияның құраушы элементтері болып табылады. Бұл категорияны жалпы «Алланың адамға берген игілігі» деп атауға болады. Мұндағы Н. – Алладан берілген игілік тек қана материалдық емес, адам баласының осы дүниедегі және о дүниедегі барлық рақаты, соның ішінде рухани ләззаттары. Яғни адам тәнінің, жанының, рухының ләззаттары мен рақаттары осы игілікке жатады. Алла тағала адам баласына ішіп-жеу, көзбен көріп, құлақпен естіп, қолмен ұстап сезіну, т.б. ләззаттарын, жүрекпен түйсінін рақат табуды сыйлады. Бұлардың барлығы – Н., адамға берілген игіліктер, олар адамға осы дүниеде де, о дүниеде де беріледі. Алланың адам баласына жер бетінде де, өлгеннен кейін о дүниеде де сан түрлі Н.-терді беруі оның өз жаратылыстарының ішінде адамды ерекше сүйгендігін көрсетеді. «Атаңның баласы болма, адамның баласы бол», яғни Алла сүйіп жаратқан Алланың сүйікті құлының – адамның атына лайық бол, сондай-ақ «Махаббатпен жаратқан адамзатты, Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті», яғни сені сүйгенді сен де сүйсең «жаннан тәтті» рақатқа бөленесің деген мағынадағы сөздері арқылы Абай «Аллаға деген махаббаттың мұсылмандықта жауапсыз, біржақты еместігін» осы Н. ұғымымен байланысты ерекше мән беріп түсіндіріп кеткен. Аңыз-эпсаналардан қазаққа белгілі мұсылмандық-діни білімдер бойынша Алла адамды махаббатпен жаратып қана қоймай, тәубеге келсе, күнәсін кешірген. О баста жұмаққа қоныстандырып қасына ет жақын болсын деп, Адаматаның қабырғасынан жасап әйел затын жаратқан, күнә істеп, жер бетіне қуылғаннан кейін де бүкіл жер бетінің халифы етін, барлық басқа жаратылыстарды адамның игілігіне берген. О дүниеге өткеннен кейін де жер бетіндегі сауапты істеріне қарай Н. белгілейді. Осының бәрі Алланың пендесіне деген махаббатының ашық дәлелі болса, қазақтың діни санасы бойынша пенденің өз Жаратушысына деген махаббатының көрінісі – иман деп танылады. Сол иманның өзі де бір қарағанда адамның қолындағы дүние

сияқты көрінгенмен, о баста Алладан адамға берілген рухани Н. Иман – Н.-тің ұлысы. Бірақ барлық басқа да Н.-тер сияқты иманды да Алла адамға бұйырғанымен, оның сақталуы, бұзылмай, кемімей, артын отыруы адамның қолдында деп, иманды ұлы Н.-тердің бірегейі ретінде сақтауға зор мән берген. «Иманды құл азбас», «иман кеткен жерден ұят кетеді», «имандының беті жарық, имансыздың беті – көншарық», «иман екі дүниеге де керек», «тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген мақал-мәтелдер, сенімді адам туралы «аузында иманы бар», «иманжүзді», ал керісінше сенімсіз, ұятсыз адам туралы «имансыз» деген қазақтың сөздері осының дәлеліне жүре алады.

Сонымен тән (дене) Н.-теріне адамның нәпсілерін қанағаттандыруға қатысты дүниеліктер жататын болса, жан мен рух Н.-іне иман, көркем мінезділік, көркем ахлақтық, құлшылық сияқты заттық емес дүние рақаттары жатады.

Н. – жалпы адамзат атаулыға ортақ нәрсе әрі Алланың адамға деген махаббаты қаншалықты ұлы болса, соншалықты шексіз. Алайда әрбір пенде осы бұйырылғаннан өзінің шамашарқының жеткенін ғана алады. Сонымен бірге материалдық игіліктерді Алла тағала адамға жер бетінде өз еңбегімен табуды бұйырған. Әр пенде Алланың берген сансыз Н.-терінің барлығын ала алмайды, ол тек өзінің еңбегімен таба алғанын немесе тағдырына жазғанын ғана пайдаланады. Рухани Н.-тер де дәл солай: Алланың рақымына, Алланың ерекше махаббатына бөлену үшін де оған ұнайтын істер жасау керек, ғибадат құлшылығы қаншалықты көп, иманы қаншалықты терең болса, жүрекпен алатын ләззаты, жан рақаты да соншалықты тәтті бола түседі. Міне, бұл рух пен жан Н.-і. Жер бетіндегі өмірінің тазалығы мен адалдығына, ғибадаттарының толықтығына, сауапты істерінің санына қарай иендені о дүниеде де Н.-тер күтеді. Бұны терең түсінген қазақ халқында Алланың махаббатын ерекше жоғары бағалаған. Сол себепті ауызекі сөзде біреуге риза болғанда «Саған Алла сондай риза болсын» «Маған жасаған жақсылығың Алладан қайтсын», «Алланың сүйікті құлы бол», «Алдыңнан жарылқасын», «Менен көре алмаған жақсылықты Алладан көр» деп Алланың Н.-терін тілеп, сондай-ақ, Алладан бұйырылған жақсылықтары көп болсын деп перзенттерінің аттарын да «Нығмет» қойып жатады.

Осы Н.-тердің ішінде адамға тиесілі болғаны, адам игілігіне алынғаны – *нәсіп*. Нәсіптің үш үлкен арнасы бар. Біріншісі адамның **еңбегімен** алынады. Нәсіп пен еңбек ұғымдары қазақ санасында бірімен-бірі тығыз байланысты ажырамас бірліктер түрінде орныққан. Нәсіп адам баласының өзіне бұйырылған Н.-тердің ішінде еңбекпен тауып тұтыңғаны, өзіне тиесілі етіп алғаны. «Алла нәсіп етсін» деген тілек жиі айтылып жатады. Мұндағысы Алланың шексіз Н.-терінің ішіндегі «осындайы» жеке басына тиесілі болсын, өз игілігіне айналсын дегенді білдіреді. Нәсіптің бірінші түрі адамға өздігінен бұйырмайды. Ол еңбекпен келеді, осымен байланысты «Кәсіп түбі – нәсіп», «Кәсібі бардың нәсібі бар», «Кәсіп болмай, нәсіп болмас» деген мақалдар бар.

Екіншіден, нәсін **ниетке** қарай беріледі. Адам тағдырына бұйырылған Алланың игілігі, рақымы деген де ұғымды білдіреді. Мысалы, әркімге өз ниет-әрекетіне қарай иман нәсіп етіледі. Ал Н. етілген иман – ұлы, шексіз. Әулиелер мен тауқа діндар адамдарда олардың амалдарына, жан еңбегі мен рух еңбегіне қарай иман да күшті, зор болады. Ал амал-ғибадаты әлсіз, ниеті теріс адамның иманы да әлсіз болмақ. Демек жүрек ләззаты да терең болмайды. Сондықтан да рухани байлықты жоғары қойған қазақтың ең жақсы тілектерінің біріне *«Алла ниетіңе қарай берсін», «Екі дүниенің абыройын нәсіп етсін», «ниетке қарай береді, ниетке қарай алады»* деген сияқты тілектер жатады. Дәл солай материалдық рақаттар да адамның еңбегіне қарай азайып, көбейіп отырады.

Үшіншіден, нәсіп пендеге Алладан **өз қалауымен** пенденің еш қатысынсыз белгіленеді. Мәселен, қазақта *«Саған Алла ұрпақ нәсіп етсін», «Бейбіт өмір нәсіп етсін»* деген тілектер бар. Бұдан адамның өз еңбегімен не ниетімен байланыссыз, тек Алланың қалауымен болатын бұйырылатын Н.-тер болатынын анық байқаймыз. Адам баласы отанды, ата-ананы да өзі таңдамайды, олар адамға Алланың нәсін еткен Н.-тері. Сонымен нәсін Н.-ке қарағанда тар мағынадағы ұғым, Н.-тің ішіндегі адамға еңбегімен келгені, амал-ниетіне қарай белгіленгені немесе Алладан өздігінен тағдырына жазылғаны (**қ. Нәсін**).

Қазақ этнотілдік қауымының санасындағы Н. концептісіне **несібе** ұғымы да кіреді. Несібе мен нәсіп ұғымдары бір-біріне ұқсас көрінгенмен, алайда несібенің нәсіптен аздаған айырмашылығы бар. Ол айырмашылық несібемен келетін мынадай сөз қолданыстардан байқалады: *«Әркімнің өз несібесі бар», «Біреудің несібесіне қол салма», «Несібесі көп болсын», «Несібесі артсын», «Несібесіне жазылғаны»*. Бұндағы несібенің мазмұн-межесінде Алланың Н.-терінің ішінде пендеге нәсіп етілгендердің жекелігі, даралығы, тек сол пендеге ғана тәндігі, біреудің несібесінің екіншіге несібе бола алмайтындығы. Демек несібе әркімге жазылған нәсіп, әр пенденің жеке тағдырына бұйырылған Алланың Н.-ті. Барша адам нәсібін кәсіппен табады, бірақ әркімнің өз несібесі болады. Егіншілік кәсібімен нәсібін тапқан екі адамның несібесі бірдей болмауы да мүмкін. Несібені Алла тағала белгілейді. Біреуді кедей, біреуді дәулетті ете алады, сондықтан қазақ этикеті бойынша біреуде барға «менде неге жоқ» деп қызғану біреудің несібесіне сұқтану болып саналады, күнәға жатады. Немесе керісінше, «мен артық болған соң менде бар да, онда жоқ» деп, басқаны тең көрмей, тәкаппарлану да күнәға жатады. Себебі, несібе Алладан. Несібе кемиді, артады. Несібесі артсын деп, қазақтар балаларының, әсіресе қыздарының аттарын «Несібелі» қойып жатады. Діни наным бойынша Алланы ұмытқан құлдардың несібесі кемиді, несібесінің берекеті кетеді, ал керісінше Аллаға жаққан құлдың несібесі артады, артпаса, бұйырылған несібесінің берекеті болады деп сенген. Осымен байланысты қазақта *«Несібең артсын», «Несібеңнің берекетін берсін»* деп тілек айтып жатады. Алланың бұйырғанын басқадан жоғары қоятын қазақи түсінікте «Бұйырған кетпейді» деген де мақал бар, демек, несібесіне белгіленген дүниені пендеден басқа ешкім тартып ала алмайды деп сенген, сондай-ақ біреудің дәулеті арам жолмен емес, таза жолмен немесе бір жағдайларға

байланысты екіншінің қолына өтсе, және сол екінші адам бұл үшін ешқандай арам істерге бармаса, *«соған бұйырып тұр екен», «несібесіне бұйырыпты»* деп ондайға сабырлықпен қараған. Алма кезек дүние деп, материалдық игіліктердің бірде артып, бірде кеміп отыратын өзгермелі қасиетін ерекше философиямен түсінген. Дүние қызықтарының өткіншілігін түйсінгендіктен, несібесі тасығандарға сұқтанушылық сияқты теріс пиғылдан ада болған. *«Дүние қолдың кірі», Жаратушы «біріңнің несібеңді екіншілеріңнен алып толтырамын, біріңнен алып біріңге беремін»* деген екен деп заттық дүниенің құлына айналмаған (**қ. Несібе**).

Осы қатарда ризық деген ұғымның да Н.-ке қатыстылығы айқын. **Ризық** Алланың Н.-терінің ішіндегі адам баласына ішіп-жеуге берілгені. Ризықты адам еңбекпен тапқаны абзал. Алайда еңбексіз келетін ризық та болады. Мұндай ризықты қазақтар екіге бөліп қараған. Бірі арам жолмен табылған ризық, екіншісі – Алланың рақымымен пендеге ешбір күш жұмсамай бұйырылғаны. Біріншісіне қоғамда теріс қатынас қалыптасқан. Ішіп-жемін лас жолмен тапқан адамды айыптаған, оның ризығынан алуды күнә санап, қол тигізбеген. Ал адамға еңбексіз, өздігінен бұйыртқан ризықты Алла берді деп шүкірлікпен қабылдаған. *«Адамның күні адаммен»* деген мақалда адам баласының ризық табуда күні басқаға түсіп тұратынын, қоғам болған соң селбесін күн көру, тіршілік ету, адамдардың бір-біріне себеп болушы екенін көрсетеді. Сондай-ақ, Құрандағы «кедейміз деп балалы болудан қашпаңдар, оларды мен ризықтандырамын» дегенге саятын Алланың сөздерін терең түсінген әрі мұнысын өзінің исламға дейін қалыптасқан рулық мәдениетімен ұштастырған қазақ халқында *«Қой егіз туса, бір жусанның басы артық шығады»* деген мақал ризықтың – Алладан нәсіп етілетініне зор сенімнің дәлелін көрсетеді. Алланың адамға нәсін еткен ризығы мол, алуан түрлі. Бірақ, соны ұқсатуға да қазақ халқында ерекше мән берген. Ризықты шүкірлікпен қабылдауға үйрететін тәрбиелік-этикалық мәні жоғары тыйымдар көп болған. Мәселен, қазақ әдебінде «мынау – аз» немесе «мынау – дәмді емес» деп тамаққа қарата ешқашан теріс мағынадағы сөздерді қолданбаған. Кез келген ішіп-жем Алланың бұйырғаны деп, оған қандай болса да, құрметпен қараған. Сондықтан қазақ ас ішерде *«ас болсын»* деген тілек айтқан, яғни *ол бойыңа сіңсін, басқа емес, асыңа айналсын* дегенді білдіреді. Ең алдымен оның ас бола алуы маңызды, ал дәмділігі, тәттілігі маңызды саналмаған, себебі асқа, қандай болса да, риза болу керек деген ахлақтық әдеп жоғары болған. Осы тұрғыдан алғанда кейінгі кезде жиі қолданылып жүрген «Ас дәмді болсын» түріндегі тілектің қателігі айқын байқалады. Сонымен бірге, қазақта ризықты ысырап қылуға қаталдықпен қараған. Себебі, кез келген ризық Алладан болған соң оның сұрауы болады, обалына қаламыз деп, әсіресе ақты төкпеген, нанды ақ астына тастай қастерлеген. Міне, асқа қатысты қазақтың әдептерінің көбі Н. категориясын құрап тұрған ризық концептісі бойындағы білімдер жүйесінің негізінде қалыптасып, байып отыр.

Сонымен, қорыта айтатын болсақ, қазақ этномәдениеті мен ұжымдық санасындағы Н. деген үлкен категория *нығмет, несібе, нәсіп, ризық* ұғымдары жүйесінен құралады. Бұлардың барлығының ядролық концептілері исламдық діни және ғасырлар бойғы ұлттық мәдениетте қалыптасқан ұғымдардың



синкреттілігімен ерекшеленеді. Бір атап өтерлігі, бұл категория мен оны құраушы негізгі ұғым-түсініктер қазақ қоғамының ахлағының саламаттығын сақтауға (*иманды нығмет деп білу, берілген нығметке риза болып, оны арттыруға тырысу, адамдардың әртүрлі дәулетте болуын түйсікпен қабылдап, оған қарсылық білдіріп, қоғам тыныштығын бұзбау, өзіне тиесілі нәсібін еңбекпен табу, қолда барын өзінің арқам деп тәкаппарланбау, қайта керісінше, Алладан берілген деп, басқамен бөлісу*, т.б.), ізгі, адам сүйгіш әдеб нормаларын белгілеуге (*біреудің несібесіне сұқтанбау, қызғанбау, ризықты ысырап етпеу*, т.б.), демографиялық ахуалының дағдарысқа ұшырамауына (*дүниеге бала келгенде, оның ризығы Алладан белгіленіп келеді, ризығын қалай табам деп бала туудан бас тартпау*, т.б.) негіз болған қоғамдық қызмет жүгі ауыр, мазмұны терең мәңгілік құндылықтар қатарын құрайды.

Әдеб.: Баранов Х. К. Арабско-русский словарь. М., 1985; Ш. Құдайбердіұлы. Шығармалары. Алматы: Жазушы, 1998; Құрманбаев Қ. Хадис ілімі. Алматы: Нұр-Мұбарак, 2010; Исаұлы М. Мәңгі мұғжиза. Алматы: Ислам мәдениеті мен білімін қолдау қоры, 2011; Сейітбеков С. Иман негіздері. Алматы: 2011; Сейітұлы Қ. Пайғамбарлар тарихы. Алматы: Көкжиек-Б, 2011; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

НЫМША – жеңсіз қысқа, денеге шап-шақ болып тұратын қыз-келіншектер киімі; камзол. Белі барынша қыналып тігіледі. Белінің қынама болып келуі жас қыздар киіміне тән ерекшелікті көрсетеді. Камзолды Н. деп қолдану Өзбекстан, Тәжікстан қазақтары тілінде кездеседі (**қ. Камзол**).

Әдеб.: Қазақ тілінің аймақтық сөздігі. Алматы: Арыс, 2005; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

НЫСАНА – дәлдеп атып үйренуге арналған нысан (объект). «Нысана» сөзі «белгі», «бейне» деген мағына беретін парсы тіліндегі «*нышан*» сөзінің қазақ тіліндегі өзгерген нұсқасы.



Қазіргі заманда мылтық атып үйрену үшін қолданылатын нысаналар.

Қазақ тілінде «*нысана*» сөзі бірнеше мағынада қолданылады:

– жақ немесе мылтық атуды үйрену, жаттығу үшін қолданылатын жасанды Н. (орысша *мишень*). Бұрынғы кезде көшпелі халықтарда мұндай Н.-лар дөңгелек немесе төртбұрышты қалқанша түрінде теріден, кейде жануар

немесе адам пішінде ағаштан жасалған. Қазіргі заманда мұндай Н.-лар түсті сурет түрінде қағаздан жасалады.

– отты қарулардың әр түрімен атқылап жою үшін мақсатқа алынған қарсыластың әскери нысаны.

– ауыспалы мағынада алға қойылған мақсат.

Әдеб.: Казахско-русский, русско-казахский терминологический словарь: Военное дело. Алматы: Рауан, 2000; Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: Әскери іс. Алматы: Мектеп, 2001; Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / Жалпы редакциясын басқарған Т.Жанұзақов. Алматы: Дайк-Пресс, 2008; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

НЫШАН – адам мен жан-жануарлардың дене бітіміндегі кездесетін қалыптан тыс өзгеріс, органикалық ауытқушылық. Халықтың дәстүрлі түсінігінде сирек кездесетін мұндай ауытқушылықты тұқым қуалаушылықтан болатын және кездейсоқ болатын деген екі түрге бөледі. Адамда кездесетін түрінің артық саусақ немесе башпай, шектен тыс көп мең және қал, мұрын мен құлақтың түрлі өзгешеліктері сияқты Н.-дар арақидік кездеседі. Оны қазақтар тұқым қуалаушылықпен байланыстырады.

Дәстүрлі ортада төрт түлікте іштен туғанда қалыптан алшақ нысаналы болып туған төлге көбіне ерекше мән береді. Мысалы, аузында артық тіс болу, қол аяғының башпайлары артық немесе үш мүйіз сияқты Н.-дар жақсылықтың белгісіне теңеліп, оған ерекше мән берген. С.Сейфуллиннің дерегіне қарағанда, малдың ерекше оғаш түсті немесе *нысаналы* болып туған төлде малдың құты болады деп санайды. Этнограф Ә.Төлеубаевтың мәліметіне қарағанда, нысаналы болып туу ол малдың «ешкімге берме» дегенді білдіреді. Сондықтан, Н.-ы бар малды себепсіз пышаққа іліндірмейді. Ал союға тура келсе оны ауылдан алысқа апарып сойып, етін мал иесінің отбасы мүшелері ғана жеп, сүйек-саяғын көміп тастайды. Н.-ды мал орынсыз шығынға ұшыраса, мал иесі құтын жоқтап жылайтын жайттар да кездескен екен (**қ. Құт**).

Ал Н.-ның шектен тыс ауытқушылығы елге келген *пәлекет* ретінде қабылдайды. Ондай Н.-ға төлдің үш немесе бес аяқты (көбіне кеуде тұсында артық аяқ тәрізді өсінді салбырап тұрады), көзі төбесінде, доңыз іспетті (оны халық доңызит деп атын атамай тергеген), егіз төлдің бір-бірімен қыр арқасымен жабысуы және т.б.

Мұндай пәлекетті мал иесі көрген бойда олтіріп, реті болса ешкімге білдірмей қоралы малдың өріске шығар жолына немесе тоғыз жолдың торабына апарып көмеді. Осылай еткенде ғана төнін тұрған кесір, «пәлекет» мал аяғымен аласталып, тозып жоғалады деп санайды. Жаман Н.-ның ел ішінде жиі қылаң беруінен шошыған ел ертеде мал атау, құрбандық шалып, діни рәсім атқару жолымен пәлекеттің бетін қайтаруға тырысқан.

Әдеб.: Төлеубаев Ә. Қазақтың мал шаруашылығына байланысты кейбір көне сенімдері // ҚазССР ҒА-ның хабаршысы. 1984. №12. 56-60 бб; Хинаятұлы Б. Қазақтардың төрт түлікке байланысты ырым, жосын-жоралғы, әдет-ғұрыптары // Қазақтың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері: өткендегісі мен бүгінгісі. Алматы: Ғылым, 2001. 173-190 бб; Құсбегин Б. Зука батыр. Алматы: Атажұрт, 2005; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

О

О ДҮНИЕ – қайтыс болған, яғни *бұ дүниеден* өткендердің әлемі. Ықылым замандардан жеткен ежелгі түсінік бойынша өлім арқылы адам жаны немесе әруағы жаратылыстағы алғашқы жағдайына, яғни мәңгілік өміріне қайтып келеді. Уақыт өте келе мұндай ежелгі түсініктер бірте-бірте күрделене түсті. Адамның өлуін *қайтыс болды, қайтпас сапарға аттанды, бақилыққа аттанды, дүниеден өтті (озды), дүние салды және жан тапсырды* деп келетін сөз орамдарының қолданылуы оның мәңгілік мекеніне барғандығын білдірсе керек (**к. Бақи дүние / Бақи**). Осылайша қайтыс болған адамның жаны ендігі уақытта тірілер үшін *әруақ* ретінде қабылданды (**к. Аруақ**). Адам бойындағы жанға қарағанда өлгеннен кейінгі әруақ әлдеқайда қуатты, күшті деп есептелін, ол құдіретті, киелі деген түсінік қалыптасып, қастерленіп, қадір тұтылды.

Ислам діні о дүниені *жәннат* пен *тозаққа* бөліп түсіндіреді. Яғни, о дүниеге барған соң жаны жәннатта (пейіште) өмір сүруі үшін, бұ дүниеде таза да, адал өмір сүру керек деген қағиданы басты ұстаным етеді. Ал керісінше болса жаны тозақта қалады (**к. Әзрейіл; Жәннат; Жұмақ; Тозақ**). Ислам түсінігі бойынша мұсылман адам әркез о дүниеге дайын болады. Өйткені, ол тек осы тіршілік үшін ғана жаратылмаған. Мұндағы басты мақсат – екі дүниенің өлшемдеріне қиянат жасамай, ислам дініндегі ұстанымдарды дұрыс сақтай білу. Өмірден осылай өткен адамдар ғана ақырет бақытының кілтін таба алады, яғни, екі дүниенің қызығын көре алады-мыс. Ислам діні мен ұлттық дәстүрде қатар өрбіген бата-тілекте *«Алланың рақымы мен пайғамбарымыздың шапағатына бөлен»* деуі ақырет-мақшарда білмей істеген күнәлары үшін Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардан араша тілесе, оның шапағатына, Алланың рахымына бөленін, тозақтан босатылады. Ал, ежелгі тәңірлік наным-сенімдер жүйесіндегі аруақ туралы түсініктің исламнан айырмашылығы – о дүние ұрмақ және тозақ деп бөлінбесе керек. Керісінше, аруақ белгілі мерзім аралығында белгілі бір кеңістікте болады. Әр кеңістіктен тірілердің көмегі арқылы арнайы жосын-жоралғылардың негізінде келесісіне өткізіледі делінеді.

О д. туралы түсінік ертегілер мен мифтік аңыздарда да баяндалады. Мәселен, Ш.Уәлиханов келтіретін «Өлі мен Тірінің достығы хақында» деп аталатын мифтік аңызда жоғалған қысырақтың үйірін іздеп жүріп, зират басына түнеуге қалған байдың кіші ұлы ұйқыдағы кезінде өлілер әлеміне барып, сонда шейіт болған өлі жігітпен достасатыны, қонақ болып, ас-су ішіп, сарайға бергісіз, кірсе шыққысыз, керемет сәнді киіз үйде қонып қайтатыны баяндалады. Оның өлілер әлемінде болған кезіндегі бастан кешкен осындай оқиғалары халықтың о дүние туралы түсінігінен мәлімет берсе керек. Сондай-ақ, мифтік санада көрініс тапқан су, жол (жолаушы) иесі және жылқы пірі, желеп-жебеушісі деп танылатын Қамбар атамен де Ө

д.-нің байланысы бар болса керек. Өйткені, көне аңызда жер астына түсіп кеткен Әзірет Әлінің атбегісі Қамбар мен көктегі Қамбар жұлдызының байланысы бар-мыс (**к. Қамбар ата; Қамбар / Қамбар жұлдызы**).

Ә.Диваев еңбектерінде кездесетін адам қайтыс болған соң көңіл айту кезінде айтылатын төмендегідей өлең жолдары да О д. жөнінде біршама мәлімет береді:

Аққу ұшып көлге кетті

Сұңқар ұшып шөлге кетті

Ол әншейін кеткен жоқ

Бәріміз барар жерге кетті

Осында айтылған *бәріміз барар жер* – осы уақытқа дейінгі өмірден озғандардың барлығы барған, яғни ата-бабалар мекені деген де түсінікпен тығыз байланысты ұғым екенін аңғаруға болады. Қазақы ортаға тән тіршілік циклінде атқарылатын сан алуан салттардан, ғұрыптардан, ырымдар, тыйымдар мен жосын-жоралғылардан бастап, әр түрлі әулие-әнбиелерге, әсіресе, аруақтарға тәу етудің түпкі мәні, леймотиві *өткендегіні* дәріптеуге, сол арқылы өткендегінің өзгермей *«әруақ қолдаған»* бүгінгісін әспеттеуге саяды. Дәстүрлі әлеуметтік ортадағы тұлғаның пайымдауынша, көсегесі көгерген өткендегі, яғни «ата-бабалар жолы» деп аталатын ұлы дәстүр қай кезеңде ғұмыр кешкен ұрпақ болсын қасиетті үлгі-ұстаным болды. Өйткені, «ата-бабалар жолын» айрықша қастерлеу, әрі қатаң ұстану ғана көшпелі қауым-социумның ежелден үйреншікті өмір салтын ілкі қалпында сақтаудың басты кепілі еді (**к. Ата-баба жолы**). Тіпті, адамның қайтыс болуына байланысты атқарылатын сан алуан салттар, ғұрыптар мен жосын-жоралғылардың түпкі мәні ата-баба жолының дәстүрлі болмыс-бітімін сақтауды қамтамасыз етуге саяды. Яғни, бұл қоғамның дағдарысына жол бермеу дегенді білдіреді. Мұның айқын мысалы қазақ мәдениетіндегі ең ұлы салт-дәстүрлердің бірі – ас, ас беру. Ас берудің идеологиялық негізі – аруақтарды айырықша құрмет тұту, оларға «ата-баба жолымен» тіршілік етудің кепілі ретінде табыну. Жалған дүниеден о дүниеге, бақилық «мәңгілік өмірге» «кеткен» адамның артынан атқарылатын көптеген салттық ғұрыптардың ішінде астың алатын орны ерекше (**к. Ас / Ас беру**).

Жоғарыда айтылған ата-баба мекені деген ұғымды нақтылай түсетін жайт – жантәсілім етер алдында қиналып жатқан адамға ет жақынының немесе балаларының бірі *«қидым, аталарыңның (ағаларыңның) қасына барыңыз»* деп айтылатын сөз дәлел болса керек. Бұның мәні – жаны бірден шықпай, бұ дүниені, бала-шағасын, отбасын қимай жатқан адамның қиналмай жантәсілім беруін мензейді (**к. Жерлеу**). Мәселен,

Үмбетай атам, Жәнібек

Бабалардың рухы

Болар ма екен қауышқан –

деп келетін жоктау жолдары о дүниенің бабалар мекені деген түсінікпен де қабылданатындығын айғақтай түседі.



Өлер алдында жеген, ішкен соңғы асы – бұ дүниеден кетерде татқан соңғы дәмі ретінде *атаукере, атаулы асы* деп аталады. Ал, жантәсілім етер алдында ислам шарты негізінде аузына тамызылатын суды – *имансу* дейді. Аталмыш екі жосынының мәні – бұ дүниеден өтерде татқан соңғы дәм, о дүниелік дәмнің басы болатындығында (қ. *Атаукере*).

Халықтық бұрынғы таным-түсінік бойынша жан денеден шыққаннан соң о дүниенің төменде келтірілген белестеріне бірте-бірте өтетін болса керек (*исламдық таным аралас баяндалады*):

– **үй маңында** (жерленуге дейін және жерленгеннен соң қырқына дейін);

– **мола басында** (қырқынан кейін жыл уағына дейін);

– **тәңіріге, көкке кетуі** (жылынан соң).

Адам қайтыс бола салған соң үйінің оң жағына салынуынан басталып, мәйіттің күзетілуі, аруланып, жаназа шығарылуы, бейіт басына апарылып жерленуімен жалғасатын кезде рух немесе әруақ үй маңында болады-мыс. Яғни қырқын бергенге дейін марқұмның әруағы келіп-кетіп тұрады, құлағы ашық болып, бәрін естіп-біліп, көре алады деп есептеледі. Исламдық түсінік бойынша жерлеп болғандар бейіттен қырық қадам ұзап кеткен соң Мүңкір мен Нәңкір марқұмды отырғызып қойып сұраққа алады. Екі періштенің сұрағына дұрыс жауап берген, яғни, бұ дүниеде жақсылықпен өмір сүргендердің көрі нұрланып кеңіп, жұмаққа баратын жолға бағыт алады. Ал арамдықпен өмірін өткізгендер көр азабын (ақірет азабы) тартып қиямет қайым күнгі ақырғы бөліну күнін күтіп жатады (қ. *Қиямет қайым / Қиямет күні*).

О д-лік болған марқұм аруағының келесі күйі – қырқы өткен соң аруақ тәннен толық ажырайды деп келетін түсінікке байланысты. Яғни, осы уақыттан бастап марқұмның рухы жыл мезгілі толғанға дейін мола басында болады деп саналады (қ. *Қырқы / Қырқын беру*). Алайда, кейбір рухтар әркез үйіне келіп-кетіп тұрады деген де түсінік қалыптасқан.

Тәңірілік түсінік бойынша дүние салғанына жыл толғаннан бастап марқұмның аруағы келесі кезеңге өтеді деп есептеледі. Осы кезге дейін жер астында болған марқұмдардың жанын енді көкке, тәңіріге жіберу ғұрпы жасалады. Ол ғұрыпты бақсының қатысуымен боз биеден (тұл ат) құрбандық шалып, бақсы ойнап, дұға оқып жалбарыну арқылы атқаратын болған (қ. *Тұл ат*). Ойнау барысында бақсы марқұмның басының орай тұсындағы төбе шашынан ұстап, жер астынан алып шығып, рухын Көкке, Көк Тәңіріне, аспанға жібереді-мыс. Сол себепті айдар киелі саналып, оған бөтен біреудің қол тигізуіне тыйым салынатын (қ. *Айдар*). Осы ғұрып қайтыс болғандардың рухына арнап ас беру түрінде ғана бізге жетті. Белгілі ғұрыптар орындалған соң осы күннен бастап марқұммен қоштасқаны, оны мәңгілік әлеміне табыс еткені іспеттес саналды.

Исламдық танымнан тәңірілік түсініктің басты айырмашылығы да осы кезеңге, белеске байланысты. Яғни, марқұмның жетісін бергеннен бастап мінген аты *тұл* етіледі, қаралы ту тігіліп, тіріде киген киімдері тұлданады. Тұлданған киім мен жылқы, жиналған зат-бұйымдар (сеп жию) асын (жылын) берген күні аса зор маңызға ие болады (қ. *Қара тігу / Қара тұрғызу / Қаралы ту*). Яғни, *қаралы ту сындырылып, тұл шешіліп*, жиған мүлік *сеп бұзылады (қаралы тең)*. Сонымен қатар марқұмның киімі мен жеке заттары, мүлкі таратылады, *тұл ат* сойылады. Аталмыш ғұрыптардың жасалуының мәні – марқұмды о дүниеге шығарып салу. Әрі қазаға және аза тұтуға байланысты ғұрыптардың соңы болып саналады. Сындырылған ту – марқұмның мына фәни жалғанмен байланысының үзілгенін, ал келесі мәні – оның билігі үрім-бұтағына ауысқанын білдіреді (қ. *Ас / Ас беру; Қара жығу / Қаралы туды сындыру*). Марқұмның меншікті заттарын сындырғанда, өлген адамның «жанымен» бірге өліктер еліне бірге жететін заттардың да «жанын» азат етуге көмектестік деген сенім бойынша жасалатын болса керек. Алайда, о дүниедегі аруақтар артында қалған туыс-туған, ұрпақтарын көріп-біліп отыратындықтан, қиын-қыстау кезеңде жәрдемге келін, желеп-жебеп жүреді делінеді. Атақты, даңқты болып өткен адамдардың аруағы о дүниеде де күшті болады деп есептейтіндіктен, оған арнап үш жыл өткен соң да ас беру салты бар. Тіпті, ондай адамдардың аруағы отыз жылдан кейін де айналып соғады деген ежелгі түсініктер қалыптасқан.

Кісі қолынан өлген адамның жақындарына айыпты жақ өлгеннің сүйек құны ретінде төлем төлеген (қ. *Қазан; Қалы кілем; Қара мылтық; Қара нар; Құн*). Бір жағынан ол аруақты риза ету үшін де атқарылған. Осы жөнінде өлгеннің кегін артында қалған жақындарының қайтарып беруі, өшін алуы сынды ғұрыпты *«театрландырылған көрініске ұқсайды»* – деп жазған Сәбетқазы Ақатаев мәліметі өте құнды: *«... біздің жазбамыз бойынша Шығыс Қазақстандағы керейлер арасында болған оқиға төмендегідей өрбіген: кісі өлтірген жақтың адамдары өз руына тиесілі деп танылатын жердің шекарасына айыбының өтеуі ретінде әкеліп қаралы үй тігеді. Белдеуіне қара жабулы қара ат байлап, қара түсті бұйымдардан жасалған үй жабдықтарын қойып, ошақтағы қара қазанға ет асып қояды. Кісі өлтіргеннің бір туысына қара киім кигізіп, қолын байлап киіз үй ішіне отырғызып кетеді. Қандай бір жолмен жапа шеккен жақты хабардар еткен соң, олар ести сала қара үйге қарай жетуге асығады. Келе сала байлаулы адамды бас салады, жылап, жоқтау айтып, қайтыс болған адамның атын айта жүріп белдеуін қиып, үзік-туырлығын кескілеп сытырып, үй ағашын тас-талқан етіп сындырып, шаңырағын ортасына түсіріп, міндетті түрде ет асулы қара қазанды ішіндегі етімен аударып төгіп, қазанды төңкеріп тастайтын болған. Аталмыш ғұрыптың қай кезде атқарылғанын ғалым ашып жазбаса да бұл шара марқұмның жылдығын беру кезеңінде*

атқарылатын болса керек. Өйткені, жоғарыда айтылған қаралы тудың жығылуы мен сындырылуы сияқты өлікке қатысты ғұрыптардың кульминациялық шарықтау шегіне жеткенін білдіретін мәнге ұқсас келін тұр. Сондықтан да, о дүниелік болған адамның аруағын тыныштандыру мақсатында, ақтық қоштасу тұрғысында орындалатын ғұрыптардың қатарына жатады.

Ал, ислам діні бойынша барлық аруақ жоғарыда айтылғандай қиямет-қайым күнін күтіп кабірде болады. Яғни, оған дейін тазарудан өтеді деп есептеледі. Осы түсінік бойынша қабір – жұмақ пен тозаққа баратындар рухының қиямет-қайым күніне (махшар күні) дейін мәңгілік мекенге бөлінуін күтіп жататын уақытша тұрақ. Қиямет-қайым күні жақсылығы мен жамандығы таразыға салынып өлшеніп, жауапқа тартылып, жұмақ немесе тозаққа баратыны анықталады. Алдымен Исафил зұры көрдегілерді оятады, яғни өлілер тіріледі. Қиямет-қайымда бұл дүние мен о дүниедегі адамдар кездеседі. Ол *ақырет-махшар күнгі табысу* деп аталады. Ғашық болып табыса алмағандар табысады. Бірақ, үйленсе де неке суын ішпегендер табыса алмайды делінеді. Бұл күнгі басты мәселе әр адамның тірі кезінде істеген жақсылығы мен жамандығы, қайырымдылығы мен зорлық-зомбылығы жазылып отыратын кітап бойынша қаралып, таразыға тартылуы. Осы негізде тірідегі қарым-қатынасының есебі шығарылады. Мәселен, біреудің есесі біреуге кеткен болса, зорлық қылғанның мойнындағы сауабын жәбір көргенге алып береді де, жәбір көргеннің күнәсі бар болса, оны керісінше зәбір көрсеткеннің мойнына артып беру сияқты істермен теңестіреді делінеді. Ол әдетте, халық түсінігінде әбден жәбір көрін, есесі біреуде кетіп бара жатса *«ақыретте есемді алам»* деп айтса, ол сөз серт ретінде қабылданатын болған. Яғни, Алла тағаланың алдына барғанда ол серт міндетті түрде ескеріліп, алдынан шығып, есесі қайтарылады деген түсінік қалыптасқан. Осылайша, көр азабын тартушылар қайта жауапқа тартылып, тірідегі әрекеттері таразыға тартылып, пейішке (*жұмақ, жәннат*) жіберілуі мүмкін делінеді. Яғни, пейішке лас, нас денені жібермейтіндіктен пенделердің асыл денесі көр азабын тартқаннан кейін тазарады, пәк қалпына келеді деп есептеледі. Марқұмның артында қалған жақындары тек жақсы қылықтарын ғана еске алып, дұға бағыштап оқып тұрғаны жақсы, ол амал дәптеріне жазылып, күнәларының кешіріліп, жазасының жеңілдеуіне септігі тиеді деп саналады (*қ. Амал дәптері*).

Дүниеден озған баланың аруағы туралы түсінік дәстүрлі ортада басқаша сипатталады. 2-3 жасқа дейінгі кішкентай қайтыс болса *«Шапағатшы болсын»* деп көңіл айту қалыптасқан. Оның себебі шетінеген бала о дүниеде періште кейпінде ұшып жүреді де, кейін әке-шешесі қайтыс болғанда қарсы алып, қанатымен көлегейлеп, арашашы болып шырылдап, шапағатына бөлейді екен деген түсінікке байланысты қалыптасса керек. Қазақы түсінік бойынша жеті жасқа толмаған бала шетінесе жұмаққа барады деп саналады. Бірақ, исламда алғашқы мүшеліне толмай

қайтыс болған бала да періштеге баланады, яғни пенделік істерге барып, күнаға батқан жоқ. Алайда, тағы бір түсінік бойынша қыз бала 9 жастан, ұл бала 13 жастан күнаға батады деп саналады (*қ. Періште*). Сонымен бірге, туа сала өлген шақалаққа қатысты қалыптасқан жосындар бар. Туа сала шетінеген сәби егер дауыс шығармаса оны бұл дүниеге келгенге есептемей, жаялыққа орап, зират басындағы жақындарының бірінің кабірі жанынан шұқанақ қазып, төмпешіктей көме салады. Ал, дауыс шығарған соң барып өлген болса, бұл дүниеге келгенін әйгілеген болып есептелуіне байланысты *Тірлік, Тіршілік, Өмір* деген сияқты т.б. өзгеше ат қойып, жаназа шығарып, бір-екі адам бейіт басына апарып жерлейді. Мұндағы басты көзқарас – дүние есігін ашып үлгергендігіне сай о дүниеге қажетті жосын-жоралғымен аттануы тиіс деген таным-түсінікке байланысты. Бірақ, жетісін беру сияқты т.б. сатылы ғұрыптар атқарылмайды. Өйткені, жаратушы табиғаттан тірілер әлеміне толық өтетін белес ретінде танылатын кезең – қырқынан шыққан жоқ. Сондықтан да, қайтыс болғанның о дүниеге өтетін бір белесі – *қырқын беру* де өмір-өлім сияқты қарама-қайшы құбылыстардың өтпелі кезеңдері ретінде есептелетін ежелгі түсінікке байланысты атқарылатын жосын-жоралғы еді.

Діни түсінік бойынша құдайдың құдіретімен болады деп саналатын найзағай түсуден күйіп өлген немесе өртеніп өлген адам жәннатқа тура кетеді делінеді. Сондай-ақ, ізгілікті іс жолындағы соғыста және дін жолында құрбан болғандар шейіт саналып, олардың орны жұмақ төрінде деп есептеледі. Ислам дінінде қасиетті күн саналатын жұма күні қайтыс болған немесе жұма күні жерленген адамдар да халық түсінігі бойынша о дүниеде пейішке тура кетеді-мыс. Өйткені, жұма күні пейіштің есігі ашық тұрады делінеді.

Исламдық діни сенім бойынша бұл дүниедегі көптеген жұмбақ сырлар о дүниеге барғанда ғана шешіледі. Жаратушы ие сүйген пенделеріне о дүниеде ғана көрінеді. Діни түсінік бойынша Алла *өлім* мен *өмірді* адамның ізгі амалдармен өткізетінін сынау үшін жаратқан. Адам баласын бос тастамаған. Яғни, ірілі-ұсақты әрбір әрекеті жазылып отырады делінеді. Күні келгенде кісінің өзі үшін алдын ала не дайындалғаны қаралады. Зилзала сүресінің 7-8 аяттарында былай дейді: «Сонда кім тозаңның түйірінің салмағындай жақсылық істеген болса, ол оны көреді». Яғни сынақ үшін жаратылған мына уақытша өмірдің соңында ақырет күні үлкен сот болмақ. Егер ақырет күні болмаса, дүниедегі сансыз сауалдар мен әділетсіз істер жауапсыз қалар еді деп түсіндіреді. Барлық рух қылкөпірден өтеді. Ол жамандарға қылдай жіңішке, пышақтың жүзіндей өткір, жақсыларға дүниедей даңғыл, кең. Күнәсіздер жеңіл өтін кетеді, күнәлілер көпір астындағы құзда жанып жатқан отқа түсіп, өртеніп те, күйіп те кетпей бықсып жатады.

Байырғы ортадағы о дүние туралы түсінік қайтыс болған адамды жерлеу салты кезінде атқарылатын сан алуан жосын-жоралғыларда көрініс тапқан. Исламға дейінгі дәуірлерде о дүниеде тұтынады делінетін марқұмның



тірісінде пайдаланған бұйымдарын жанына қойып жерледі. Олар – мәйіттің жап-жағына ішіне тамақ (ет, дән,) салынып қойылған ыдыс түрлері. ғұрыптық бұйымдар мен қару-жарақ т.б. Бұлайша жерлеу о дүниеде де барлық керек-жарағымен қамтамасыз етілген болуы қажет деген ежелгі түсінік бойынша атқарылатын еді. Жерлеудің бұл түрі кейінгі уақытта ислам діні дендеп енгеннен кейін (XIII-XV ғғ. бастап), бірте-бірте бұрынғыдай марқұмның тұтынған заттары жанына қойылмай, құрбандық малы, яғни «о дүниелік асы» бірге жерленбейтін болып өзгерді. Жоғарыда аталған көне әдеттер мұсылмандық шарттарға сай басқаша атқарыла бастады. Атап айтқанда, құрбандыққа шалынып көмілетін мал ендігі уақытта таратылды немесе қонақасыда желінді. Ал, мәйіт жанына қойылатын заттары ислам дендеп енгеннен кейін *тәбәрік, садақа, сыйыт, киімін беру және жыртыс* болып жұртшылыққа таратылуы негізінде «тонын айналдырып киді». Ежелгі дүниетаным бойынша жылқы адамның бұл дүниедегі ғана серігі емес, о дүниеде де көкке, Көк Тәңіріне тез жеткізетін және мініп жүретін көлігі, пырағы еді. Осы салт кейін ислам діні енгеннен кейін өзгеріске ене отырып, қайтыс болғанда, асын (жылын) бергенде жылқы сойылу түрінде жетіп отыр. Жылы (ас) берілу барысында жоғарыда аталған қазақы ортада жылқы сою дәстүрі көшпелілер мәдениетінің ілкі замандардан бастау алатын наным-сеніміне байланысты қалыптасқандығын атаған жөн. Өйткені, адам баласында алғаш жылқының қолға үйретілуі еуразия даласында болғаны белгілі. Мысалы, Қазақстанның Солтүстігіндегі неолит дәуіріне тән (б.з.д. V-III мыңжылдық.) Ботай қонысынан табылған көптеген құрбандық жылқыларының сүйек қаңқалары дәлел болмақ. Алайда, кейбір зерттеушілер өлікке арнап жылқы союды үнділік Ашмаведха дәстүрінен бастау алады деген тұжырым ұсынады. Өз бастауын ежелгі арийлердің ведалық мифологиясынан бастау алатын аталмыш философиялық танымның пайда болуы б.з.д. II мыңжылдық мөлшері деп белгіленген болса, жоғарыда келтірілгендей оған дейін де (б.з.д. V-III мыңжылдық) о дүниелік ас ретінде жылқыны құрбандыққа шалу – көшпелілер дүниетанымның жемісі екенін атаған жөн. Сонымен бірге, сол заманда-ақ, көшпелі малшыларға мінсе көлік болған, кісе киім, ішсе сусын, жесе тамақ берген жылқының ерекше қадірленіп, о дүниеде де марқұмның қанаты, серігі болуы қажет деген түсінік тегіннен-тегін қалыптаспаса керек. Жылқы тек ас беру кезінде ғана емес жерлеуге қатысты ырым-жоралар кезінде де ғұрыптық сипатқа ие болады. Мәселен, мәйітті үйден шығарар кезінде марқұмды күнәсінен тазартатын қазақша *дәуір айналдыру (жүргізу)*, исламдық атауы *нідия* деп аталатын ғұрып атқарылады (қ. *Дәуір айналдыру / Дәуір жүргізу*). Бұл жосын есік алдына әкелінген аттың шылбырын алдын ала ескертілген, үй ішінде отырған адамға ұстатып қойып, молда – «марқұмның осы уақытқа дейін (келген жасын атап) жасаған күнәларын өзіне ала ма» – деп үш рет сұрау кезінде шылбырды да үш рет қағу арқылы жасалатын.

Исламға дейін үй жанына әкелінін, іргеге, есік алдына қойылған 7 немесе 9 жылқыны құрбандыққа шалған болса, ислам орныққаннан кейін бұл мал құрбандыққа шалынбай, кедей-кепшікке берілетін болып өзгерді. Тіпті, XIX-ғ-дан бастап ысқат оқыған молдалар алатын болып кетті. Бұл марқұмның бұл дүниедегі күнәларын өзіне аударып, құдай алдындағы қарыз-парыздарын өз мойнына жүктеп, о дүниеге таза жіберуден туындаған күрделі жосын еді (қ. *Нидия; Ысқат*). Осылайша ғұрыптық мәнге ие болған жылқының қазақы танымдағы – «*асыл екі нәрсеге – бірі адамға, екіншісі жылқыға паналаған*» – деуі тегін емес. Осы тектес ғұрыптардың негізінде марқұмның аруағының риза болуы ғана «ата-баба жолының» сақталуының кепілі бола алады. Яғни бақилық болған адамның аруағына «*аруақ риза болмай, тірі байымайды*» идеологемасына сәйкес, бүкіл ел-жұрт болып құрмет көрсету. Бұл ұстанымды өлік жөнелтуге байланысты барлық жосын-жоралғылар үрдісінің идеясы да, идеологиясы да деуге болады.

Кейбір мәліметтер бойынша дәстүрлі ортада аттың шылбыры немесе ала жіп марқұм мен оның қарыз-парызын, күнәсін алушы адамның арасына тартылған болса керек. Ала жіп немесе ала арқан ежелгі түсінік бойынша олім мен өмір (о дүние, бұл дүние), жақсы мен жаман (зиянкес күштер мен қорғап-сақтаушы), дау-дамай мен келісім-бітімгершілік сияқты т.б. істерде тылсым күші бар дүние ретінде танылуына байланысты түрлі ғұрыптарды атқаруға пайдаланылатын (қ. *Ала арқан / Ала жіп; Ала арқан қию*). Мәселен, суға кетін өлген адамның мәйітін тауып, судан алып шыққан соң аяғына жіп байлап оның бір ұшын суға салып қойса жанның жер бетіне шығуына ықпал ететін көрінеді деген оғыз түркілеріндегі жерлеу салтын баяндаған Бируни мәліметі құнды. Бұл жерде ерекше жағдайда өлген марқұм аруағының суда қалмай, жерлену кезінде әдетке сай болуы деген наным-сенімге байланысты, яғни, о дүниеге қалыпты жағдайда аттану деген түсінікке сәйкес атқарылып отырғанын коруге болады.

Марқұмды жерлеуге, яғни о дүниеге жіберуге байланысты наным-сенімдер жерлеу құрылыстарының қазылу ерекшелігінде айрықша көрінді. Қорған салу, кесене тұрғызу сияқты марқұм жерленген көрдің үстіне салынған ғимараттар ол адамның тірідегі мәртебесін айқындап тұрды. Тіпті, көрдің өзі – *құдық* (шұңқыр), *үй* сияқты бөліктерден құралды (қ. *Ақым; Бейіт, Зират; Қабір; Лақат / Лақыт; Сағана / Сақана*). Көне дәуірлерден жеткен мұндай ескерткіштерге Алтайдағы Пазырық, Берел, Шілікті, Жетісудағы Беспатыр, Есік қорғаны сияқты т.б. ірі жерлеу орындарының тұрғызылуы куә. Түркі дәуіріне тән бейіт басына тұрғызылған тас мүсіндерге қолына тостаған ұстаған адам бейнесі салынды. Ол марқұмға арнап құрбандық шалу кезінде тірілер тарапының біргеміз деген мағынаны білдірді.

Өліктің артын күтуге байланысты жосын-жоралғылардың барлығы жоғарыда айтылғандай, марқұмның аруағын немесе рухын о дүниенің келесі сағыларына өткізуге,



ұзатуға, тыныштандыруға бағытталған шаралар болып табылады. Қазақы ұғым бойынша о дүниелік болған адамның аруағы әркез оралып, марқұмның жақындарын желеп-жебеп жүреді (қ. *Жан*). Бұл жөнінде Ш. Уәлиханов: «Марқұмның о дүниедегі хал-ахуалы жерленгендегі, жерленгеннен соңғы ырым-жоралардың салт-санаға тән бұзылмай орындалуына байланысты еді. Егер өлімнен кейінгі ырым-жоралар дұрыс орындалса, өлген адамның рухы жайбарақат күйге түсіп, өз үрім-бұтақтары мен туған-туысқандарына шапағатын тигізіп, жебеп жүреді, ал олай болмаған жағдайда жауығып, аруағы қарғап-сілейді», – дейді.

Өлік жерленген күні ымырт түскен соң үйдің оң жақ босағасына марқұмның балалары мен жақындары қырық шырақ жағады. Жерлеуге үлгере алмаған марқұмның балалары, ет жақындары болса, соларға жетісіне дейін күніне алты шырақтан жағу мүмкіндігін береді. Ол марқұмға арналған ғұрып болып, *артыңда отыңды өшірмей, түтіңді түтететін ұрпағың бар* деген белгі еді. Ш. Уәлихановтың айтуынша, шырақ жағумен қатар, төселген ақ киіздің үстіне бір тостаған қымыз қойып, осы жосын-жоралғы қырық күнге дейін қайталанатын. Қонақасын беру, жетісі, қырқы, жүзі және ас (жылын) беру мен әркез еске алып, қан шығарып құрбандық беру, садақа тарату, жұма күндері иіс шығарып, жеті шелпек пісіру сияқты ғұрыптардың барлығы о дүниелік болған аруақтарға бағышталып, олардың ризашылығын алуға тырысудан туындаған жосындар мен ырым-жоралар. Ілкі таным бойынша аталар аруағы белсенді әрекет пен күшке ие деп танылып, екі түрлі жағдайда көрсетілді: жақын-жуығын қолдап, қамқорлық көрсетеді, я болмаса, өштесіп, залал келгіреді. Мұның барлығы тірілердің оған деген қарым-қатынасының сипатына байланысты деп түсіндірілді. Ұзатылар қыз немесе түскен келін ұрпақ өсіріп, көбейтуге тікелей қатысты жан болғандықтан үйлену ғұрыптарына қатысты жосын-жоралғылар кезінде аруақтарға арналған әдет-ғұрыптар жасалды. Мысалы, қалыңмалдың біразы төленген шақта күйеу жақ қалыңдық жағының аруақтарының ризашылығын алу үшін «өлі-тірі» деп аталатын құрбандық малын әкелген. Бұл малдың етінен қыз ауыз тимеуі қажет. Өйткені, қалыңдық әлі күйеуінің жұртына келіп болып түскен жоқ, жаңа ортаға қабылданған жоқ, ол жақ үшін шымдылықпен көлегейленген, беті бүркеулі жабық, беташар ғұрпы жасалған жоқ. Яғни, әлі де аралықта тұрғандықтан аруаққа арналған астан ауыз тиіп қою – серт бұзу, күпіршілік жасауға барабар деп танылады. Сондықтан ол қалыңдық үшін тыйым. Жоғарыда айтылғандай қалыңмалдың біраз бөлігі алдын-ала келісілген бойынша төленіп болған кезде «өлі-тірі» әкелінеді. Ол ауқатына сай бірнеше мал, тіпті құрамында жылқы да болуы мүмкін (қ. *Өлі-тірі*). «Өлі-тірі берілсе өлі күйеу құр жатпас» деп, қайын жұрты тарапынан ресми күйеу ретінде танылып, енді ұрын емес, ашық көрініп, еркін келіп-кетіп тұруына мүмкіндік алады. Кейбір

мәліметтер бойынша өлі-тіріге сойылған қойдың терісін жігіт жағы алғызып алып, кейін келін босаға аттағанда осы «теріге отырғызатын» жосынын атқарады. Бұл жосын қалыңдықтың басқа ортаға келгенін әйгілеумен бірге, аруақ алдында да міндет жүктелетінін білдірсе керек.

Қатты дауыстап жылап, жоқтау айту қайтыс болған адамға естірту үшін жасалатын исламға дейін болған көне салттың бірі. Мұндай аза тұтып, жоқтау айту салты жөнінде Л.Я Штернберг былай дейді: «*Өлім – өмірдің жалғасы саналып, өлік бәрін естіп, көріп жатады, яғни физиологиялық тұрғыдан тыс жаны тірі деген ұғым бойынша, өлікпен сөйлесу үшін әдейі қатты дауыстап, оларға мұң-мұқтажын, қайғысын, өкініштерін сарынмен айрықшалап жеткізу түрі*». Яғни, жоқтау да о дүниелік болғандардың аруақтарымен тілдесудің, олардың ризашылығын алудың тағы бір жолы ретінде танылды. Марқұмның атын тұлдау, дүние мүлкін қойып – сеп жинау, киімін іліп қою арқылы киімін тұлдау, жылын бергенше жесірдің жоқтау айтуы сияқты аза тұтуға байланысты жосындардың барлығы аруақты құрметтеуге байланысты атқарылды. Марқұмның асын бергенге дейін жесір көш кезінде жоқтау айтып, марқұмның тұлданған киімдері жабынған тұл ағы жетектеп көш алдында жүріп отырды (қ. *Жоқтау*). Жесір о дүниелік болған күйеуімен жылы өткенге дейін осылайша байланыста болады деген түсінікке сай күнделікті тіршіліктегі көптеген істерге араласа бермеген. Тіпті, марқұмның отбасы мүшелері де туыстары тарапынан мұндай қамқорлыққа ие болған. Ол өз руластары арасында ғана емес, жоғарыда аталғандай көші-қон кезінде жолдағы ауылдардан сый-құрмет көріп, азық-түлікпен қамтамасыз етілуі тиіс сияқты көріністерден мейлінше байқалып отырды. Яғни, жесірге, қаралы отбасына құрмет – аруақты құрметтеу болып саналды. Ал, ас берген күндердің ең басты оқиға тұл аттың сойылуы еді. Соярдан бұрын «*тұл*» атпен, найзамен және қаралы тумен марқұмның әйелі мен қыздарының көрісу рәсімі жоғарыда айтылған марқұмның рухын жоғары әлемге ақырғы рет шығарып салып тұрғанының белгісі еді.

Көне түсінік бойынша бұ дүниені, яғни, тірлікті, тіршілікті жарық дүние деп, күнмен байланыстырып, атқан таңға балады. Әдетте, қазақы таным бойынша өз ұрпағын өмірінің жалғасы ретінде есептеуге байланысты балаларын, немере-шөберелерін *күнім, жарығым, ағарған таңым, атқан таңым* сияқты т.б. осыған ұқсас атпен атау орын алды. Сондықтан, қоршаған орта, өмір сүрген кеңістікке байланысты қалыптасқан көне дүниетанымдық көзқарастар мен түсініктер бойынша өлімді, о дүниені батқан күнмен байланыстырды. Мысалы, мұрдені күн аумағы тұрып көму, көмер кезде күн түсірмей шымдылықпен көлегейлеу, марқұмның басын күнбатысқа қарату мен таңертең ерте және күн батарда дауыс қылу – күн культіне байланысты туған түсініктердің көрінісі. Күннің батуын өлімге балау түсінігінен келіп батыс жақ жерлеу кезінде өзіндік мәнге ие болды. Яғни, өлген адамға қаратыла айтылатын *дәм-тұзы*



таусылу ұғымымен бірдей қолданылатын күні батты деп келетін ұғымға сай – батыс өлілер әлеміне, о дүниеге апарар жолға баланды. Сондай-ақ, жылын берерде сойылар жылқының басын күнбатысқа қаратып қойып, күннің шапағы көрінген сәтте сою әдеті де тірілердің аруақпен әркез атқан танды бірге қарсы алатынын, бірге екендігін білдірді.

О дүниеге қатысты ырым-тыйымдар. Дәстүрлі ортада тірісінде жасаған күнелары мен адамгершілікке қайшы келетін әрекеттері үшін о дүниеде жауап береді деп келетін ырым түрлері көп.

– адамға корек беретін дәнді сыйламай, шашып-төгетін болса о дүниеге барғанда әрбір дәнді түйенін үстінен тергізеді деген ырым бар. Мұнда әсіресе, пайғамбардың тісінен жаралған деп есептелетін күрішті төгуге болмайды деген тыйым қалыптасқан.

– махшар күні о дүниелік болғандардың барлығын ғарасат майданына (алаң) жинап, жақсылығы мен жамандығы таразыға салынып өлшенетіндігі жоғарыда айтылды. Бұған қосымша халық түсінігі бойынша осы кезде әркімнің жасаған ісіне куәлер тартылады. Олар көршілері, баққан малы, адамның өз мүшелері, жануарлардан ит пен мысық. Жақсы пікір айтып жақтайды делінетіндер *көршілері* және *ит* пен адам мүшесі *қас*. Мәселен, жақтамайтын, яғни, теріс пікір беретін мысық – түк берген жоқ, жақсылық көрмедім, қарамады деп танатын көрінеді. Сондықтан, әдетте мысыққа тамақ бергенде шекесінен шертіп, ұмытпа дегендей ескертіп барып бер деген ырым сақталған. Ал, бұ дүниеде де иесіне адал деп саналатын ит те о дүниеде тек жағымды, жақтаған пікір беретін көрінеді. Сондай-ақ, қас жұлуға болмайды деген тыйым бар. Ол – қасынды жұлатын болса о дүниеде жақтаушысыз қаласың деген ырым бойынша.

– ғарасат алаңында жиналған кезде күн ыстық болады. Барлық адам жалаңаш болады. Дене күйетіндей ыстықтан жиналғандар пайғамбар туының астына паналай алады. Осы кезде әйел затының тірісінде шашы қаншалықты ұзын болса қиямет-қайымда сол шашы денесін жабады деп есептеледі. Яғни, әйел затының ұзын шашты болуын дәріптеп, шаштарын киюға тыйым салды.

– егер бұ дүниеде он екі мүшесінің бірі иесінен болып майып болған, ауру-сырқау күйге түскен болса қиямет күні сол мүшесі иесінің жаман әрекеттеріне куәлік береді деп саналады.

– алынған тырнақты шашпау, қайда болса сонда тастамау керек деген тыйым – о дүниеде сол шашылғанды жинатады деп есептеледі. Өйткені, құдайдың жаратқан кезде берген денесі о дүниеге бүтін қайтуы керек деген ырым бар.

– жоғарыда аталғандай амал дәптеріне жазылатын пікірлерге байланысты кейбір адамдар да куәге тартылудан қашатын ырым бар. Ол бойынша біреу марқұмның оғаш қылықтарын айтуға тура келсе «қара жер хабар бермесін»

деп бастайды. Өйткені, ол осы сөзді айту арқылы, амал дәптеріне тіркеліп, қиямет күні куәлікке жүруден сақтанғаны ретінде жасалатын ырым.

– баласы өлген әйел көп жылауға болмайды. Ойткені, ол бала о дүниеге әке-шешесін күтіп алуға кеткен деген сенім бар. Сондықтан көп жылай берсе, көз жасынан пайда болған қолға батып, әке-шешесін күтін ала алмай қалады деп ырымдайды.

– қатты ренжіткен адамға қарата *екі дүниенің қызығын көрмей кеткір* – деп айту қарғыстың ауыр түріне саналды.

– жолаушының алдынан өлікті жерлеуге әкетіп бара жатқандар кезіксе жол болмайды деп ырымдайды. Ондайда өзінің жолы болуы үшін теріс сөйлеу деген ырым-тыйымға негізделген жосын бойынша «*қояр көбейсін*» деп айтатын болған. Осылай айтса дәстүрлі ортада қалыптасқан түсінік бойынша өлім азаяды деп те есептелді. Бұл сөзді әсіресе, сал-сері, бәдіктер осы тектес жайттерде қолдануы дәстүрлі ортада қалыпты жағдайға саналған.

О дүние, адам өлімі туралы халық арасында төмендегідей аңыз сақталған:

Күндердің бір күнінде бір жолаушы төсек тартып ауырып жатқан анасына шипа боларлық дәрі іздеп алыс сапар шегінті. Содан бір елдің шетіне келсе ұлан-асыр той болып жатқанын көріпті. Байқап қараса, бір адам қайтыс болған екен. Бұл қалай деген сұрағына «бізде адамның өлімін келген жағуына қайтып баруы, яғни, топырақтан жаратылғандықтан сол топыраққа қайтарылуы деп есептейміз. Сондықтан, мәңгілік өмірге бара жатқандықтан той жасап шығарып саламыз» деп жауап берген екен. Халық арасында сақталған осынау аңыз-ертегі халықтың о дүние туралы түсінігін нақты ашып көрсеткен деуге болады.

Әдеб.: Штернберг Л.Я. Первобытная религия в свете этнографии. Л.: Ин-т народов Севера ЦИК СССР им.П.Г.Смидовича, 1936; Қазақ ертегілері. 1-том. Алматы: Қазмемкөркемәдеббас, 1957; *Бируни Абу Райхан*. Избранные произведения. Ташкент, 1963. Т. 2.; *Кеңесбаев І.* Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Алматы: Ғылым, 1977; *Валиханов Ч. Ч.* Тенгри (Бог) // Собр. соч. в пяти томах. А., 1984. Т. 1. С. 208-215; *Уәлиханов Ш.* Таңдамалы. 1-том. Алматы, 1985; *Байтұрсынұлы А.* Жоқтау. Алматы, 1993; *Әлімбай Нұрсан.* Қазақтың өлікті жөнелтуге байланысты жосын-жоралғыларының этномәдени проекциясы // ҚР ҰҒА-ның хабарлары. Қоғамдық ғылымдар сериясы. 1994. №4. 36-48 бб; *Сағындықұлы Б.* Ғаламның ғажайып сырлары. Алматы: Ғылым, 1997; *Топоров В.Н.* Ведийская мифология // Мифы народов мира. Энциклопедия в 2-х томах. Т.1. Гл. ред. С.А. Токарев. М.: Большая Российская энциклопедия, 1998. С.220-226; *Соныкі.* Ашмаведха // Мифы народов мира. Энциклопедия в 2-х томах. Т.1. Гл. ред. С.А. Токарев. М.: Большая Российская энциклопедия, 1998. С.143; *Смагулов Е. Ас* // Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. 1-том. Біртұтастығы және ерекшеліктері. Құраст.: С.Әжіғали. Алматы: Арыс, 2005. 245-265-бб; Көңіл-күй лебіздерін білдіретін сөз орамдары. Құраст. С.Бизақов. Алматы: Самара-Принт, 2007; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ОБА¹ – ежелгі дәуірлерден жеткен жоғары топ өкілдерін жерлеу ескерткіштері. Мұндай жерлеу құрылыстары тастан, топырақтан үйіп жасалған. О.-ның көлемі мен биіктігі әр түрлі төбешік түрінде болып келеді. Дәстүрлі түсінікте О. ата-баба жерленген орын ретінде қабылданатындықтан аруаққа сыйынып, дұға да бағыштайтын болған.



Оба. Алматы облысы. Кеген ауданы. ОМЭЭ-материалдарынан

Сондықтан, О.-лар қазақы ортада бабалар мекені сияқты ұғымды айқындап, ол жер межесін белгілеуге қызмет етті. Мысалы, Бесоба, Обалы, Қараоба сияқты т.б. жер атаулары бар. Тіпті, құрғақшылық жылдары тасаттық беріп, күн жайлату сияқты ғұрыптарды осындай О.-лар басында атқарған деген мәліметтер де кездеседі.

Әдеб.: Тарихи ескерткіштер мен археология ескерткіштерін сақтау жөнінде (жетекші және анықтама материалдар жинағы). Алматы: Қазмембаспа, 1951; Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. 5 томдық. Алматы: Атамұра, 1998-2010; Археологические исследования в Казахстане, Таджикистане, Туркменистане и Узбекистане. Под ред. Н.Борофки и С.Хансена. Берлин, 2010; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ОБА² – ертеде қазақ жерінде кездескен қатерлі індет түрі. Ертедегі мифтік түсінік бойынша О. індеті рақымсыз қаскөй рухтар әрекетінен туады деген. Әсіресе, О.-ның шөлейт аймақтары соның ішінде кеміргіштер көп өңірлерде кездесетіндігі байқалған. Сондықтан ондай жерге мал да жаймаған. Расында да, ғылымда бұл аурудың қоздырғыш бактериялары түскен жерінде ұзақ уақыт сақталып қалатындығы дәлелденген. Ондай табиғи ошақтан кеміргіштердің денесіндегі бұрғелер арқылы қасқыр, түлкі немесе қоңыр аңдарға таралған ауру қоздырғышы мал мен адамға жұғады. Бұл жайтты байқаған қазақтар анды атып алып, оны бауыздаған соң, әсіресе терісін алатын бағалы аңдарды «денесі әбден суығанша» біраз уақытқа қалдырып қояды. Аңның денесі суыған соң одан бит, бұрғелер қашып шығады. Сонымен қатар аталмыш дерт тез жұғатындықтан анды сойған кезде қолын кесіп алудан сақтанады.

Ертеректе О. індеті салдарынан бір отбасы мүшелері, тіпті бүкіл ауыл тұрғындары қырылып қалатын жайттар кездескен. Түрлі деректерге қарағанда, ХХ ғ.-дың басынан қазан төңкерісіне дейінгі аралықта қазақ жерінің түрлі өңірлерінде О. індеті жыл сайын бой көрсетіп тұрған. О.-ның қатерлі салдары туралы мәлімет тұрақты сөз орамдарында сақталған: *обадай опты, обырдай опырды* мағынасы түк қалдырмай жалмап кетті; Шын мәнінде атаудың төркіні оп-обу-ашкөздеңе жұту, жалмау дегенді білдірсе керек.

О. көбінесе жылы маусымда оршиді. Онымен ауырған адамның ыстығы көтеріліп, іші өтеді, ұйқысы қашады. Шаппен қолтығының «бездері» (лимфа түйіні) ісініп кетеді. Үсті-басына пайда болған бөртпелер мен дақтар біртіндеп

жараға айналады. Осының салдарынан адамның үсті-басы түрлі-түске еніп кететіндігіне байланысты О.-ны *көгала ауру* деп те атаған. Көгала атауы балаға қатысты айтылатын қарғыста сақталған (**қ. Көгала келгір**).

О. індетіне қарсы жасалатын шара жоқтың қасы. Сондықтан үрейленген ел О.-мен ауырған адамды иен жұртқа тастап, жан-жаққа үдере көшеді. Айдалада жалғыз қалған адамның алыстан айқайлап қалін сұраған. Оған тамақ-асты жел соғатын жағынан әкеліп, ұзын құрықтың басына іліп ұсынған. Аурудың тұтынған бұйымдарын киімі, ыдыс-аяғы жеке заттарынан дереу өртеп жібереді. Ал, жеке-жеке үдеріп кеткен ауылдар қонақ қабылдаудан бас тартады. Тыйымның белгісі ретінде басына қызыл түсті жалау тағылған сырықты (бақанды) ауылдың шетіне орнатып қоятын болған.



Айдалада қалдырылған обамен ауырған адам.
ҚР MOM материалдары бойынша суретті салған Б.Досымов

О. төрт түліктің ішінде көбінесе сиырда көбірек кездеседі. Оны қазақтар *мәлік сапрмалік* немесе *салаумәлік* деп атаған (**қ. Мәлік / Салаумәлік / Сапрмалік / Кемпір**).

Індеттің қауіптілігін танып білгендіктен оған қарсы *қуу, аластау, көшіру* сияқты барлық індетке жасалатын мағиялық амалдар жасағаны туралы дерек жоқ. Жасалған бір ғана шара – О. індеті келген қоралы малды екі жерден лаулата от жағып, арасынан өткізіп отпен *аластау*. Сол сияқты, әулие тұтқан адамдардың зиратының басына Құран оқып, құрбандық шалған соң малды түнету сияқты шаралар жасау болып табылады (**қ. Отпен аластау; Адастыру; Көшіру**).

Әдеб.: Ягмин А. Киргиз-кайсацкие степи и их жители. СПб.: Тип. Карла Крайя, 1845; ЦГА РК. Ф.25, О.1, Д.4210, Св.390. Сведения о крупном рогатом скоте в Тургайской области (23.09.1893 г.- 2.06.1895 г.) 235л.; О сувериях киргиз // КСГ. 1894, №47; *Александр А.Е.* Скотоводство киргизов // ОЛ. 1888. №17-19. С.65-74; *Айтбакин (Әміре)*. Оба ауруын емдеу туралы // ДУТ. 1901, №19, 22; *Палкин Б.Н.* Очерки истории медицины и здравоохранения Западной Сибири и Казахстана в период присоединения к России (1716- 1868). Новосибирск, 1967; *Аргынбаев Х.* Қазақтың мал шаруашылығы жайында этнографиялық очерк. Алматы: Ғылым, 1969; *Алдашев А., Әлімханов Ж.* Қазақтың халық медицинасының құпиясы. Алматы: Қазақстан, 1992; *Досмұхамедұлы Х.* Таңдамалы. Алматы: Ана тілі, 1998; *Хинаят Б.* Қазақтың дәстүрлі малдәрігерлік білім жүйесі. Тарих ғылым. канд. дәрежесін алу үшін қорғалған диссертациясының қолжазбасы. Ғылыми жетекшісі Нұрсан Әлімбаев. Алматы, 2001; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.



ОБАҚАН – жабайы жыртқыш құстар қонуы үшін арнайы орнатылған тұғыр. Бұл негізінен жазық далалы жерлерде жыртқыш құстарды ұстау мақсатында пайдаланылады. Биігірек келген дөңестеу жерлерге, төбелерге жыртқыш құстар қонатындай етіп тұғырлар орнатылады. Оған кез-келген ағаш түрлерінің жуантық келген бұтақтары, томарлары жарай береді. Кейде биіктеу етіп тастар да үйілуі мүмкін. Орнатылған О.-дарды бақылап жүріп оларған қандай құстардың жиі қонатындығын анықтап алады. Осыдан кейін сол құсқа арналған ұстау тәсілін қолданып қолға түсіреді. Мұндайда көбінесе *тор*, *жаба* құрылады немесе өзге де алуан түрлі тәсілдер қолданылуы мүмкін (**к. Тор құру; Жаба**).

Сонымен қатар қыстау маңындағы егіске дәнді дақыл егілгеннен кейін, оны айналдыра О. орнатылады. Мұндай О.-ға күйкентай, бөктергі, кезқұйрық тәрізді жыртқыш құстар қонақтап егістікке тышқандар мен дәнмен қоректенетін құстардың көп шоғырлануынан кориды, астықтың ысырап болмауына септігін тигізген.

Әдеб.: *Сатылганов Ж. «Қауырсын»* – табиғат достарының клубы. Алматы, 1985; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ОБАЛ – казактың дәстүрлі кісілік концепциясының *адал*, *арам*, *сауап* категорияларымен бірге негізгі төрт принципін құрайды. О. аталмыш категориялардың ішінде сауап категориясымен тек адамаралық байланыста ғана теза – антитезалық мәнде жұптасады. Яғни, олардың аталмыш байланыс аясында ғана бір-бірін өзара пысықтап әрі дәйектейтін мән-мағынасы бар. Себебі сауаптың адамға ғана қатысы болғандықтан оның мағынасы О. категориясының семантикалық өрісінен әлдеқайда шектеулі болып келеді. Ал субъектінің О. ұстанымының объектісі адаммен (адамдармен) ғана шектелмейді. Сонымен бірге, көшпеліні қоршаған табиғи ортадағы тіршілік атаулының иелері де, адамның ас-тағам жүйесіне жататын компоненттерінің бәрі де субъектінің О. ұстанымының объектілері болып табылады. Демек, сауап О. категориясына толық антитеза (немесе теза) бола алмайды.

Ғылыми еңбектерде О. субъект тарапынан жасалған жағымсыз іс-әрекеттің зардабын білдіретін жаманшылық атаулы, яғни, зиян, қиянат, жан күйзелісі сияқты мәнде қолданылатын сөз ретінде қарастырылып жүр. Біздіңше, мұндай көзқарас О. категориясының әуелгі дүниетанымдық және ғұрыптық болмысын парықтай алмаудың салдары болып табылады. Сан алуан этнографиялық, фольклорлық, этнолингвистикалық материалдардың өзара салыстырыла зерделенген қисынына сүйенсек, О. жоғарыда аталған және осы сияқты басқа да жағымсыз жайттардың тікелей өздерін емес, осы жайттарды *ата-баба жолына* мүлдем жат іс-әрекеттің салдарына байланысты «жауап» ретінде жіберетін ерекше тылсым күш иесінің атауы болса керек. Дәстүрлі қазақы мифологиялық пайым бойынша, әлгі тылсым күш – О. объектіге (адам, жан-жануар, жәндіктер, өсімдіктер және т.б.) субъектінің жасаған жаман іс-әрекеті үшін оған немесе оның жақындарына тиісті жаманшылық жібереді екен. Кезінде көшпелілер жасаған мифопоэтикалық ортаның

дүниенің жаратылысы туралы концепциясына сәйкес әлгі тылсым күш иесінің атауы болған О. кейін семантикалық эволюцияға ұшырап, өзінің бастапқы мифологиялық және әдет-ғұрыптық аталмыш «субъектілік миссиясынан» ажырап қалып, ұғым-сөз деңгейіне түсіп қалған сыңайлы. О.-дың ғұрыптық мәнді қолданысының қисыны тұрғысынан бұл категорияны адамды жаман пиғылдан, осы пиғылдың жүзеге асырылу үрдісі болып табылатын тиісті жаман іс-әрекеттен тежейтін мәнде қолданылатын ұстаным ретінде қарастыруға болады. Демек, О. *адал*, *арам*, *сауап* ұстаным-категориялары сияқты дәстүрлі қазақы ортадағы әлеуметтік қатынастың дағдылы нормалары мен принциптерінің (ұстанымдарының) бірі болып табылады (**к. Адал; Арам; Сауап**).

О. ұстанымы тек субъект-объектаралық байланысты ғана жүзеге асырылады. Бірақ, О.-дың да жоғарыда аталған *адал*, *арам*, *сауап* ұстанымдары сияқты субъектінің міндеттейтін, тіпті, субъекттердің құқықтық қатынасқа түскен сәтінде де оларды мәжбүрлейтін функциялары болған жоқ. Дегенмен, О. ұстанымын субъект тарапынан орындалу қажеттілігі әртүрлі *салт*, *ғұрып*, *жосын-жоралғы*, *ырым*, *тыйым* және көзқарас сияқты институционалдық қатынастың компоненттері арқылы қамтамасыз етіп отырылды (**к. Ғұрып; Жосын-жоралғы / Жоралғы; Салт; Тыйым; Ырым**). Мысал ретінде көшпелі ортада исі қазақ мойындаған «*малда тебу обал*, *киесі атады*» деген максима-қағиданы айтуға болады. Осы қағида-тұжырымның түпкі мәні *малды тепкен адамды оның киесі жазалайды, сөйтін, малдан құт кетеді* деген дәстүрлі қазақы ортада ежелден қалыптасқан наным-сенімді білдіреді. Бұл жерде аталмыш наным-сенім малды тебудің обал екендігінің ғұрыптық негіздемесі функциясын атқарып тұр әрі мұндай әбес әрекеттің субъекті үшін салдары ауыр болатындығының ескертпесі іспеттес.

Түптеп келгенде, субъектінің О. принципін ұстануы ең алдымен оның адамгершілік қасиеттері мен көзқарасына байланысты болды. Дегенмен, көшпелі ортада кез-келген адамның әлеуметтік қатынастың дағдылы нормалары мен принциптерін ұстану оның жеке отбасының бар тіршілік-тынысының ең басты шарты әрі кепілі әрі мәні екендігіне байланысты О. принципін де әрбір көшпелі жан ұстанып отырды. О.-ды дәстүрлі қазақы ортада адамның адамға (және адамдарға), күллі тіршілік иелеріне қатысты білінетін кісілік қасиеттерін, кісілік көзқарасын, осы қасиеттер мен көзқарас айғақталынатын әрі оларды айғақтайтын категория ретінде қарастыруға болады. О.-дың функциясы, ең алдымен, субъектінің өзі байланысқа түскен екінші бір субъектіге қатысты іс-әрекетінен көрінеді және осы іс-әрекет арқылы жүзеге асырылады. Жоғарыда аталған *адал*, *арам*, *сауап* ұстанымдарының субъектілері сияқты О. принципіне қатысты байланыстың да субъектілері белсенді және белсенді емес деген екі категорияға жіктелінеді. Екінші субъектінің белсенді субъектінің О.-ға байланысты іс-әрекетінің «игілігін» көруші немесе қабылдаушы деуге де болады. Осыған байланысты әлгі қабылдаушы, яғни, белсенді емес субъекті белсенді субъектінің көзқарасы

мен іс-әрекетінің объектісі ретінде қарастыру қажет. Жоғарыда О.-ды тек субъект-объектаралық байланыстың ғана ұстанымы деуіміз сондықтан.

Сонымен бірге, аталмыш іс-әрекеттің объектісіне айналған субъектінің осы объект болмысының шарттылық сипаты бар екендігін ескерген де ләзім. Себебі, белсенді субъектінің О.-ды ұстануы белсенді емес субъектінің адамгершілік қадір-қасиетіне және оның дәл осы байланысқа түскен сәттегі іс-әрекеті мен мінез-құлқының сипатына да байланысты болып келеді. Мысалы, белсенді емес субъектінің (яғни, объектінің) адамгершілік қасиеті төмен болып шықса немесе жаман іске бой алдырған болса, сондай-ақ, белсенді субъектіге байланысты қалыптасқан ахуалда өзін дұрыс адам ретінде ұстай алмаса, белсенді субъектінің О.-ды ұстануы неғайбыл болуы әбден мүмкін. Бірақ, бұл ұстанымның белсенді субъектінің іс-әрекетінен белсенді емес субъектінің ерекше қиын жағдайға тап болуына байланысты көрінуі көшпелі ортада сирек емес жайт. Мысал ретінде дәстүрлі қазақы ортада ауыр қылмыс болып есептелінген мал ұрлауға байланысты О. ұстанымының осы орайда атқаратын функциясы мен рөлін айтуға болады. Мұндайда, ұрының ұрлығы әбден ашкереленсе де оған жәбірленуші тарапынан зақым келтіруге дәстүр қоспады. Негізгі уәж – *обал болады*. Сөйтіп, әлгі ұрыға байланысты жәбірленуші тарапы «*бұл мұндар қанша иттік жасаса да, адам баласы ғой*», ал руласы болса, «*қалай дегенмен де бір атаның баласымыз ғой, обал-дағы*» десін аяушылық білдіріп, тіпті, ас-суын беретін. Егер, әлгі ұры адам кембағал немесе тұрмысы төмен мүсәпір жан болып шықса, обалсынып кешіре салу көшпелі ортада сирек кездесетін жайт емес еді.

Субъектінің О. ұстанымы жүретін объектілерін болмыс-бітіміне қарай а) адам (адамдар), ә) жан-жануарлар мен өсімдіктер және б) көшпелілердің ас-тағам жүйесін құрайтын элементтер деп жіктеуге болады. Бұл жайттан О. категория-ұстанымының объектілеріне көшпелінің өзін қоршаған ортадағы адамнан басқа барлық тіршілік иелері, сондай-ақ, өзінің биоәлеуметтік индивид ретіндегі күнделікті виталдық тұтынысын ғана қанағаттандыратын табиғи және антропогендік заттар ғана жататындығын бажайлауға болады. Мысалы, дайын ас-тағамынан басқа, су адамның күнделікті ішетін әрі әлгі ас-тағамға аса қажетті «шикізаттардың» бірі болғандықтан оған О. ұстанымы жүреді. Мысал ретінде дәстүрлі қазақы ортадағы дүниетанымның принциптеріне сәйкес, табиғи су көздері – *өзен мен көл суының ішіне дәрет сындыруға болмайды. Әйтпесе, обалына қаласың немесе су иесі Сүлейменнің кәріне ұшырайсың (киесі атады)* деген сияқты бүкіл жұртшылық мойындаған табу-ұстанымды айтуға болады (қ. *Су иесі Сүлеймен*). Бірақ, тас, құм, бұлт, жел, тіпті, «жаны шығып кеткен» қураған ағаш және басқа да табиғи объектілер мен құбылыстар тіршілік иелері болмағандықтан немесе көшпелілердің күнделікті виталдық

тұтынысы объектілерінің қатарына кірмейтіндіктен оларға О. ұстанымы жүрмеді.

Әдеб.: Адал // Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 1-том. Алматы: DPS. 2011. 59 б.; Арам // *Сонда*. 183 б.; Ас / Тамақ / Тағам // *Сонда*. 203-210 бб; Нұрсан Әлімбайдың қолжазбасы; ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ОБЫН – киіз үй ағашын балқытуға арналып жерден қазылып жасалған пеш. О.-ды жерден тереңдігі мен көлденені 40-50 см, ұзындығы 3,5 м келетін шұңқыр қазып дайындайды. Оның үстінен үш-төрт жерінен көлденең ағаш тасталады.



Обын түрі. ҚР МӨМ материалдары бойынша суретті салған Б.Досымов

Бұдан ары балқытатын үй ағаштарын көлденең ағаштардың үстіне ұзынынан жатқызып, үстінен шыммен бүркей жабады. Бір жағынан от жаққанда, екінші жағынан түтін шығады. Осы ыстық түтін шым астында жатқан ағаштарды жұмсартады. Осындай пештерге салып үй ағашын жібіту, балқыту жұмысын үйшілер *обын салу, мор салу, морлау* деп те атайды (қ. *Мор*).

Әдеб.: Райымжанова К.Н. Ата кәсіп: этнографиялық зерттеу. Алматы: Қазақстан, 2001; ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ОБЫР – халық түсінігінде ашқарақ, қомағай, мешкей, жебір деп танылып, адамға зиянкестік жасайтын мифтік бейне. О. өлген кісі тіріліп келіп, үйінің асын жалмап кетеді деген анимистік түсінікке байланысты қаскөй бейне түрінде де суреттеледі. Тілдік қолданыста О. сөзі *обырдай обу, сүліктей сору, жалмау* мағыналарында қолданылады. Ұғымның түптөркінін тіл зерттеушілер *обу* етістігінен шыққан деп түйіндейді. Мысалы, ашқарақтана қомағайланып, тамақты қылғытып жатқан адамға қарата – «*обыға жұтты*», «*оппасы түскен*» дейді. Сонымен бірге О. жем болу, талауға түсу деген де мағына береді. Парсы тілінде «*оубар*» сөзі «*жеп қою, жұтып қою*» мағыналарын білдіреді. Бірақ, О. сөзінің парсы тілінде сирек қолданылуына байланысты оның парсыларға басқа тілден, әсіресе, түркі тілдерінен ауысқан деуге болады. Бұл дәйекті нақтылай түсетін тағы бір деректе: *көрдің бір шеті ойылып түсіп кетсе, одан қансорғыш аруақ пайда болып, адамдардың қанын ішеді деп саналған. Татарлар арқылы «упыр» болып славяндарға тараған* деуі қисынға



келеді. Удмурт тілінде «убир» деп аталып, мағынасы зұлым күш дегенді, инғуш, курд тілдерінде тойымсыз мағынасын білдіреді. Қазан, сібір татарларында және башқұрттарда убыр (увыр) аталатын О. өзіп-өзі өлтірген адамның немесе сикыршының (*арбаушы*) аруағы көрден шығып тірілерге кастандық жасауына болады деген түсінік болған. Сондай-ақ, тірісінде адамдарға үнемі зиян келтірген адамның өлген соң аруағы осындай күй кешеді немесе ол жерлену рәсімі дұрыс атқарылмаған жағдайға да байланысты пайда болады делінеді.

Айта кететін жайт, көне атау ретінде сақталған адамда болатын қатерлі ісік ауруының аты да О. болған. Сондай-ақ, жаппай келетін жұқпалы дерт түрінің *оба* деп аталуы да жоғарыда аталғандай жалмап, жұтып кететіндігіне байланысты аталса керек (қ. *Оба*²).

Әдеб.: Бес жүз бес сөз. Алматы: Рауан, 1994; Сағындықұлы Б. Ғаламның ғажайып сырлары. Алматы, Ғылым. 1997; Қондыбай С. Қазақ мифологиясына кіріспе. Алматы: Арыс, 2008; Оспанов Е. Төрт мүшел. Графика. Шымкент, 2009; Хисамитдинова Ф.Г. Мифологический словарь башкирского языка. М.: Наука, 2010; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ОЖАУ – сұйықтық құюға арналып жасалған, басы шұңғыл келген сабы бар бұйым. О. жасалған материалына қарай *ағаш ожау*, *мүйіз ожау*, *темір ожау* т.б. түрге бөлінеді. Сабына қарай ұзын сапты, қысқа сапты болып келген. Қазақы ырым-тыйымдарға байланысты мұндай ыдысты ас-судан басқа мақсатқа пайдалануға (баланы ұру, сілтеу және т.б.) болмайды, ырысы кетеді деп бей-берекет тастамайды. Оны бос тұрған уақытында кастерлеп кереге басына, ашабақанға іліп қояды.

О.-лар қатты ағаштан жасалған. О. басы бір немесе қосбүйірлі етіліп әркелкі пішінде ойылып, сырты мұқият өңделетін болған. Одан кейін ағашы берік болу үшін, маймен майланып, сабы сүйектеліп, күмістеліп, оюмен безендірілетін болған. Кейбір О.-дың сабының басы аттың, қойдың, бұғының басы бейнесінде жасалатын болған.

О.-лардың шөмішке ұқсас болып келетін басының пошымына қарай алуан түрге бөлген. Мысалы, басы қосарланып, бүйірі шығыңқы болып келген түрі *бүйрек О.* деп аталған. Мұндай О.-лардың сабы ширатылған арқан тәрізді етіп сәндеп жасаған түрлері де кездеседі. О. басының қосбүйірлі болып келуі қымыздың жақсы сапырылуына үлкен ықпал еткен (қ. *Бүйрек ожау*).

ҚР MOM қорында сақтаулы бүйрек О. түрлерінің бірінің (КП 16934) ұзындығы (басы мен сабын бірге өлшегенде) 50 см, ал қос бүйірленіп келген аузының диаметрі 6 см. Бүтін ағаштан қос бүйірлі етіп ойылып, оған үш тармақталып келген сабына бекітілген. Саптың қолға ұсталатын тұсының басы, мойыны пішінін елестетеді. Онда аттың танауы, козі, құлағы, аузы, кекілі және жалы сияқты пішін ойылып жасалған. Сонымен қатар О.-ды іліп қою үшін ат езуіне ширатылған жіңішке темірден шығыршық өткізген. О.-дың сабы мен басына керегекөз өрнегі ойымшталып, оларды ширатылған сыммен жиектеп, орнек арасына сүйектелген.



Қос бүйірлі ағаш ожау. ҚР MOM қорынан (КП 16934)

ҚР MOM қорындағы келесі (КП 15291/2) қарақоныр түсті О.-дың басы бүйрек тәрізді етіп жасалған. Оның қос бүйірінің арасы сұйық арлы-берлі өтетіндей дөңгеленте ойылған. Ал, сабы бұрамалана ойылып жасалған. О.-дың басы мен сабын қоса өлшегендегі ұзындығы 50 см.



Ожау. ҚР MOM қорынан (КП 15291/2)

О. басы мен сабы бүтін ағаштан ойымшталып жасалған О.-дың жалпы ұзындығы 46 см (КП 6706). Басы төртбұрышқа жақын доғал. Оның ортаңғы көлденең жиегі жоғары қарай сүйірленіп келген. Сабы О. басынан көтеріңкі иіріле келген, яғни шанағының төменгі тұсынан басталады. Сабының қолға ұстайтын тұсының астыңғы жағында ыдыс жиегіне ілініп тұру үшін жасалған өрнекті *шынтағы* бар.



Ожау. ҚР MOM қорынан (КП 6706)

Мүйіз О.-лар берік әрі сәнді үлгілері арқардың мүйізінен жасалған. Оны жасау үшін алдымен мүйізді суға қайнатып ісіндіріп алған. Одан кейін ыстық қоламтаға көміп, артынан қалыпқа салып иетін болған. Ал, қалыпқа келтірілген мүйіз О.-ға өрнек салу кез-келген адамның қолынан келмеген. Ол үшін шебердің берік төзімі мен шыдамдылығы қажет болған. Оны арнайы ысқа қойып отырған. Оған ыс сіңгетіні соншалық мүйіз сарғыш тартып өңі ашыла түскен.

Сондай-ақ, темірден жасалған О. түрлері де қолданыста болған. Оның кейбірінің бетіне күміс, мыс жалатылатын болған. Сонымен бірге қорғасын, күміс ерітуге арналған ыдыс түрі де О. деп аталған.

ҚР MOM қорында темірден жасалған О.-дың бірнеше түрі сақтаулы. Солардың бірі (КП 23875) нөмірімен сақтаулы О. басы темірден шұңғыл етіп жасалған да, оған

жалпақтығы 2,2 см, қалыңдығы 1 мм болатын темір тұтка екі жерінен шегеленіп бекітілген. Тұтқаның басы ілуге арналып артына қарай иілген. О. теміріне мыс жалатылған. Оның жалпы ұзындығы 54 см, ернеуінің диаметрі 13 см, ал О. басының биіктігі 6 см.



Темір ожау. ҚР MOM қорынан (КП 23875)

ҚР MOM қорында (НВФ 5084) басы мен сабы біртұтас етіліп алюминийден жасалған О. түрі сақтаулы. О.-дың жалпы ұзындығы 38,5 см, ал ернеуінің биіктігі 5,5 см. О. сабының беткі жағына керегекөз, қошқармүйіз өрнегі шекіліп түсірілген. Саптың жіңішке сүйір келген бас жағы ілуге арналып артына қарай иілген.



Темір ожау. ҚР MOM қорынан (НВФ 5084)

Әдеб.: Хозяйство казахов на рубеже XIX-XX веков. Материалы к историко-этнографическому атласу. Алма-Ата: Наука, 1980; *Арғынбаев Х.* Қазақ халқының колонері. Алматы: Өнер, 1987; *Шойбеков Р.Н.* Қазақ зергерлік өнерінің создiгi. Алматы: Ғылым, 1991; *Жәнібеков Ө.* Уақыт керуені. Алматы: Жазушы, 1992; *Қасиманов С.* Қазақ халқының колонері. Алматы: Қазақстан, 1995; Қазақ дәстүрлі мәдениетінің энциклопедиялық создiгi. Құраст. А.Құралұлы. Алматы: Сөздік-Словарь, 1997; Маңғыстаудың дәстүрлі колонері. Алматы: Информ-А, 2001; *Шоқпарұлы Д., Дәркембайұлы Д.* Қазақтың қолданбалы өнері. Алматы: Алматыкітап, 2007; *Манкеева Ж.А.* Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері. Алматы: Жібек жолы, 2008; *Кенжеасметұлы С.* Қазақ халқының тұрмысы мен мәдениеті. Алматы: Алматыкітап, 2010; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ОЙМА / ОЙМЫШ – ағаш, сүйек, тас тәрізді қатты заттардың бетіне ойып түсірілген бедер, накыш, ою-өрнек. Қатты материал бетіне арнаулы құралдардың көмегімен ойып отырып бедер, накыш салуды *оймалау*, *оймыштау* дейді. Соған орай оймышталған бұйымдарды *оймалы қақпа*, *оймышты кебеже*, *оймышты сандық* деп, кейде *сүйектен оймыштаған төсекағаш*, *жезбен оймышталған есік*, *оймышталған әшекей сүйек* тәрізді сипаттап айту да қолданылады. Оймалап немесе оймыштап накыштауға қару, ұңғу, шабу, шеку, қашау сияқты өңдеу, әрлеу тәсілдері қолданылады. Бұл тәсілдерді іске асыру үшін арнаулы құралдар, атап айтқанда, *көзеутемір* немесе *қаламтемір*, *қуысқұлақ шот*, *қуысбалта*, *шапнашот*, *ұңғыру* немесе

ұңғуыр, *тетір пышақ*, *ақсақтемір*, *қашау*, *ою пышақ*, *асыл шапқы*, *қырғыш* және т.б. аспап түрлері қолданылады. Мәселен, қаламтемірді ағаш бетін қарып әшекейлеуге пайдаланады. Ол үшін қаламтемірдің ұшын отқа қыздырып, ағаш бетін белгілеп алған сызық, үлгі бойынша күйдіріп шығады. Күйдірілген, яғни ыстық темірмен қарылған сызықтың бойында ойық пайда болады. Қазақ шеберлері ертеректе кейбір ою түрлерін, ру таңбаларын, адам аттарын ағашқа қарып түсірген. Кейде жуан үскі біздің ұшымен де қарып өрнек салған. Осы әдіспен домбыраның шанағы мен мойнын және т.б. бұйымдарды әшекейлеген.

Ағашты ұңғып жонуға, қобылай шабуға немесе оя шабуға шоттың *қуысқұлақ шот* деп аталатын түрін, балтаның *қуысбалта* деп аталатын түрін (бұлардың жүзі ішіне қарай иілінкі, қуыс болып соғылады), шоттың *шапнашот* дейтін түрін (*шапнашот* – ағашты ұңғып, қобылап, шабуға арналған құрал), сонымен бірге *ұңғуыр* (ағашты ұңғып жонатын имек пышақ), *тетір пышақ* (ағашқа оймыштап өрнек салуға қолданатын, жүзі үшкір пышақ), *қашау* (ағашты оюға және тесуге арналған құрал) секілді құралдар қолданылады.

Сүйек, мүйіз, металл бетін оймыштауға *шот*, *ақсақтемір*, *қашау*, *біз*, *асыл шапқы*, *қырғыш* және т.б. аспаптарды пайдаланады. Мәселен, балқыған мүйізді шотпен, пышақпен еркін жона беруге, ақсақтемірмен оған өрнек түсіруге болады. Бір аяғы екіншісінен қысқа жасалған ақсақтемірмен ағаш, сүйек, мүйіз, түсті металл бетіне өрнек түсіріледі (**к. Ақсақтемір**), шот, қашау, шапқы қырғышпен сүйек пен металл беті шекі-леді, қашалады, жонылады, бізбен сызық, ойма бедерлер жүргізіледі. Қазіргі уақытта зергерлер металл бұйымды қышқылмен оймыштау тәсілін меңгерген. Қышқылмен оймыштау үшін: *Майынан арылтап, ағартылған металдың бетіне біркелкі етіп шіркеу жағу керек. Содан соң сызғышпен немесе тұртпемен бұйымды өрнектеп шығады. Сонда металл бетіндегі өрнек түскен жері шіркеуден аршылады, жалаңаштанады. Әрі қарай бұйымды қышқылға батырса, біраз уақыт өткенде қышқыл металдың өрнек салынған жерлерін ойып жібереді. Сол ойықтарды шұбарлап, басқа түсті металдармен оймыштауға болады. Күміс бұйымды азот қышқылына, мысты, жезді тұз қышқылына батыру керек*, – деп түсіндіреді осы тәсілмен жұмыс істеп көрген атақты зергер-ұста Д. Шоқпарұлы.

Тас қашап, қайтыс болған адамдарға ескерткіштер жасауды кәсіп еткен *тамшы* деп аталатын шеберлер тасты қашап бедерлеуге қашау, балға, қырғыш, біз, кескіш, шапқы, оймыш төгетін үлгі және т.б. құралдарды қолданады. Бұл жөнінде белгілі этнограф-ғалым Х. Арғынбаев: *Батыс Қазақстанда кездесетін толып жатқан тас ескерткіштердің ішінде қай тұрғыдан алсаң да, мінсіз, нағыз көркемөнер туындысы қатарына қосылатын ескерткіштердің жасалуына қарағанда, тас шеберлерінің құрал-саймандары өте күрделі болған деуге әбден негіз бар. Ал, шынына келсек, тас шеберлерінің өздері*



жасайтын құрал-саймандары өте қарапайым, сөны да шағын болды. Ол құрал-саймандар қатарына ара, балта, сүймен, шот, балға, тоқпақ, қашау, қырғыш, сүргіш, түрпі, шерпе, қалақ, біз, сызғыш, кескіш, шапқы, пышақ, кез, үйбұрыш, қылқалам, оймыш төгетін үлгі жатады, – деп, ою-өрнекті, марқұмның көзі тірісінде айналысқан кәсібін білдіретін түрлі заттың бейнесін (қылыш, найза, қайшы және т.б.), ру таңбасын, кісінің есімін, оның кім болғаны туралы жазуды өздері колдан жасап алған қарапайым құралдармен қашап түсіретінін айтады.

Колөнерінде оймалау, оймыштау тәрізді әшекейлеу тәсілдері қатты материалдардың бетін бедерлеуге, өрнектеуге байланысты ғана емес, кейде былғары, көн, киіз, кездеме тәрізді материалдардан киім тігуге, пішуге, матаны қиып үлгі жасап алуға қатысты да колданылады. Ал, оймыштау шеберлер тілінде заттың бетіне тігіп, сырып отырып ою салуды білдіреді. Соған орай заттарды оймышты тоқым, бүлішпен (пүліш) оймыштаған жона, оймышты бөрік және т.б. ажыратып айту қалыптасқан (**к. Ою; Ою-өрнек**).

Әдеб.: Қасиманов С. Қазақ халқының колөнері. Алматы: Қазақстан, 1969; Арғынбаев Х. Қазақ халқының колөнері. Алматы: Өнер, 1987; Шоқпарұлы Д., Дәркембайұлы Д. Қазақтың колданбалы өнері. Алматы: Алматыкітап, 2007; ҚӘТС. 11-том. Алматы: Арыс, 2009; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ОЙМА ЕР – негізгі бөлшектерінің (алдыңғы және артқы қас, екі қаптал, ортанбел ағаш) немесе ердің бір бөлек жуан ағаш кесіндісінен тұтас шауып шығарған түрі. Қазақ ершілері ер жасау барысында көптеген ағаш бөлшектерден құрастыру, негізгі бөліктерін жеке шауып құрастыру және бір бүтін ағаштан тұтас шауып шығару тәсілдерін колданады. Ердің қазақ ері, құранды ер, қозықұйрық ер, ойма ер, шошақбас ер деп жіктелуі ершінің колданған тәсілдеріне байланысты қалыптасқан. Айталық, қазақ ері екі қас, екі қаптал, ортанбел ағаш (орта ағаш) деп аталатын бес бөлек ағаштан жеке-жеке шабылып, қажетінше өңделіп, бір-бірімен қиыстырылып қосылады. Сондықтан ер шабу дегенді ер қосу деп колдана береді. Құранды ер 18-20 ағаш кесіндісінен, ортанбел ағаштың орнына көн тартылатын қозықұйрық ер 6-7 бөлек ағаштан, шошақбас ер 4-5 бөлек ойып шабылған ағаштан құрастырылса, ойма ер бір ғана жуан ағаш кесіндісінен шабылады. Нағыз ойма ерге бірнеше бөлек ағаштан құрастырылмай, тұтас шабылған ер түрі жатады. Алайда құранды ерден басқа ер түрлерінің негізгі бөліктері (олардың саны 4-5 не 6-7 болуы мүмкін) түзу шабу емес, ойып шабу тәсілімен дайындалады. Ал құранды ердің 20-ға жуық бөліктерінің әрқайсысына бұл тәсіл колданыла бермейді. Құранды ер деп аталатын ерден басқа түрлерін (қазақ ері, қозықұйрық ер, шошақбас ер) жасалу технологиясына қарай ойма ерге жатқызу осыған байланысты. Ойма ер кейде ойма қасты ер деп те аталады (**к. Ер; Ер шабу**).

Қазақ ершілік өнерін ең алғаш зерттеушілердің бірі, белгілі этнограф-тарихшы, өнертанушы Х.Арғынбаев ерді ағаштан тұтас шауып шығару Жетісу өңіріне тән

екенін айтады: Жамбыл және Алматы облыстарында шошақбас ерді бір бөлек қарағаш кесіндісінен тұтас шауып шығарады. Мұндай тәсіл қырғыз ершілерінен де кездеседі. Бұл үшін ердің ұзындығындай қарағаш кесіндісін бірнеше күн суға салып жібітеді; содан кейін өткір балтамен нобайлап шауып алады. Біраз уақыттан кейін әртүрлі шоттармен асықпай өңдейді. Әдетте, мұндай ерді бір күнде шауып болмайды. Сондықтан ағаш ылғи суда жатады. Оны жұмыс арасында, қол босағанда істейді. Өйткені күннің көзінде қалса, ағаш тез кеуіп, жарылғыш келеді, өңдеуге қиындықтар тугызады. Әбден шауып өңдеп болған соң ерді бір қазан тұзды суға салып, бие сауым қайнатады. Бұдан кейін екі-үш күн бойы самалға қойып дегдітеді де, түйе көнімен қаптап тастайды. Мұндай тұтас шабылған ердің беріктігі, ең алдымен, түйе көнінің мықтылығына байланысты. Тұтас ағаштан шабылған ердің артықшылығы сол, мұнда қас, қаптал, орта ағашты бөлек шауып, оларды құрастырып әуре болмайды. Көзі қағынып, қолы жаттыққан іскер мұндай ерді тез шабады, ағашын жеткілікті өңдемей-ақ көндей береді.



Ойма ер. Қазақстан в XV-XVIII веках (Вопросы социально политической истории) (Алма-Ата: Наука, 1969) атты еңбектен

Ердің жуан ағаш кесіндісінен тұтас шабылуы соған лайықты қатты ағаштың табылуына байланысты болады. Ал, бұндай материалдың табылуы барлық жерде мүмкін бола бермейді. Сондықтан ағаш сиректеу өсетін жерлерде ерді бірнеше бөлек ағаштан құрастырады. Тұтас шабылған немесе құрастырылған ердің беріктігін арттыру үшін көн, былғары, қайың тозы (қабығы) колданылады. Мәселен, ойма ерді көндейді, құранды ер мен шошақбас ерді тоздайды, тоздалған ерді бояп та қояды. Ауқатты адамдар көнделген ердің сыртын былғарымен қаптатып, сүйек, мүйіз, темір және алтын-күміспен әшекейлетеді.

Әдеб.: Арғынбаев Х. Қазақтың ер-тұрман жабдықтары // Қазақстан в XV-XVIII веках (Вопросы социально политической истории). Алма-Ата: Наука, 1969; Қасиманов С. Қазақ халқының колөнері. Алматы: Қазақстан, 1969; Тәжімұратов Ә. Шебердің қолы ортақ. Алматы: Қазақстан, 1977; Арғынбаев Х. Қазақ халқының колөнері. Алматы: Өнер, 1987; Бабалықұлы Ж. Ер-тоқым // Ер қанаты. Жинақ. Құраст. Ж. Аулбаев. Алматы: Қайнар, 1987. 259-287-бб; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ОЙМАҚ – колмен іс тіккенде иненің дүмі кірмеу үшін, саусақ басына киюге арналған құрал. О. негізінен

оң колдың сұқ саусағына және ортаңғы саусаққа (яғни балаң үйрек пен орган тереккке) киіледі. О. инені ары қарай өткізуді жеңілдету және саусақты қорғау үшін, көбінесе іс тіккенде, көрпе қабығанда қолданылады. О.-тың іші саусақ сиятындай қуыс болады. О.-тың түбі мен жан-жағына, иненің түбі тайып кетпеуі үшін, арнайы ұсақ бедер салынады. Кейде О.-тың түбі ашық келіп, алақан бетіне ғана бүдір салынады. Оны оймақтың қышыры деп атайды. О. күмістен, темірден, жезден, тығыз былғарыдан, теріден, көннен де жасалады. Осыған орай күміс оймақ, темір оймақ, жез оймақ, тері оймақ деген атаулары қалыптасқан.

О. жоғалмас үшін, баумен өткізіліп бесбілезікке жалғанады, кейде өңіржиекке, шашбауға да шынжыр арқылы бекітіліп қояды. Шынжырға не болмаса бауға байланбай бос жүрген О. жоғалып қалады. Осыған орай халық арасында күйеуі өлін, жесір қалған әйел де баусыз О. сияқты дейді. Осы тұрғыда «байсыз қатын, баусыз оймақ» деген мақал бар.



Былғары оймақ. Ұлы Петр атындағы антропология және этнография музейі (Кунсткамера) қорынан (1459-25)

Кунсткамера қорында сақталған (1287-26) оймақ - дөңгеленіп келген сарғыш-қоңыр былғарының ішкі бір шетіне таман саусақ сиятындай етіліп, доғалданып ойылып жасалған. О.-тың доға тәріздес ойығына саусақты кигізе отырып, иненің шүйдесінен басып тігуге пайдаланады (Оймақтың диаметрі 2 см. ойылған. Жиегіндегі ойықтың көлемі 5 мм.).

Қазақ зергерлері қыздар мен келіншектер, ісерлер, колдарын жарақаттап алмауы үшін оларға арнап әдемі оймақтар жасаған. О. қарапайым жасалумен бірге өрнектеліп те жасалған. Ине тоқтар жері көп шұқыланып бедерленген. Осыған орай халық арасында «Оймақтың себеі инеге тиеді, иненің себеі түймеге тиеді» деген сөз орамы бар. Халық әнінде:

*Дүние өтеді, дүние өтеді,
Қолынан оймақсыздың түйме өтеді.
Барында оралыңның ойна да күл
Қартайсақ қадіріңе кім жетеді –*

деген шумақтар кездеседі.

ҚР MOM қорында сақталған (КПД 40) жасыл түсті барқыттан тігілген өңіржиек аяқ көзді күміс шытыралармен көмкерілген. О. өңіржиектін төменгі тұсына шынжырмен бекітілген. О.-тың алақан бетіне иненің дүмі тайып кетпеу үшін арнайы бедер салынған. Ол саусақ басына киілуі үшін сақинаікі іспеттес егін бауырдақ жасалған. Бауырдаққа шынжыр ілуге арналған тойнақ бекітілген.



Өңіржиекке шынжыр арқылы бекітілген оймақ. ҚР MOM қорынан (КПД 40)

«Оймақ пішсең де ойлап піш» демекші былғарыдан, көннен оймақ жасау үшін, алдымен үлгі пішеді. Себебі ол шеберлікті талап етеді. Көннен оймақ дайындау үшін, көн тобарсып, кепкенше арнайы сүйірлей жонылған жұмыр ағаш сұғып қояды. Ол ағашты саусақ қалып деп атайды. О. қалыпта керіле келе, бабымен кепкен де саусаққа киюге ыңғайлы о. пайда болады. Осыған орай халық тілінде «көн қатса қалыбына тартады» деген сөз орамы қалыптасқан.


ҚР MOM қорында сақтаулы тағы бір О (КП 26725/7) күміс шашбауға бекітілген. Шашбаудың шынжырға жалғанған жалпақ шытырасына үш қатар етіп салпыншақтар бекітілген. Салпыншақтардың дөңгелек күміс тиындары озара тойнақтар арқылы бекітілген. Осы бөліктердің бірінің ұшына шынжырмен О. бекітілген. О.-тың басы бітеу емес. Астында саусаққа киюге арналған бауырдағы бар. О. алақан бетіне бедер салынған.



Шашбауға бекітілген оймақ. ҚР MOM қорынан (КП 26725/7)

Негізінен қыз келіншектер О.-ты қалың көрпелерді қабығанда, киіз бетіне ою бастырғанда пайдаланған. Дегенмен халықтық ортада «қара суда қаймақ болмас, қас шеберде оймақ болмас» немесе «қас шебер оймақ талғамас» дейді. Бұл ісерлердің жұмысты оймақсыз да тындыратынын көрсетеді. Іс тіккенде О.-ты көп

пайдаланатын, оймақпен іс тіккенді ұнататын әйелді *оймақшы*, *оймақшыл* деп атайды. Бұл тұрғыда «*олақ қатын оймақшыл*» деп жатады.



Көннен жасалған оймақ, Д.Шоқпарұлы «Қазақтың қолданбалы өнері». Алматы: Алматыкітап, 2007» атты еңбектен

Қазақ қоғамында қыз баланы ерте жастан қолөнерге, көрпе тігіп, киіз басуға баулығандығын Мәдәлі Жүсіпқожаұлы қазақ қыздарын

*«Қыздармен тоғызыңда тойға барды,
Қолыңа он жасыңда оймақ алдың ...»*

деп сипаттады.

О.-тың жинақы, әдемі пішісіне қарай әдемі, шағын, кішкентай, жинақы затқа *оймақтай* деп теңеу үрдісі қалыптасқан. Қас ару, сұлу қызды сипаттағанда, оймақ сөзі халықтық «өлшем» ретінде қалыптасып кеткен. Сонымен қатар кішкентай үйді де оймақтай дейді. Қазақ халқының талғамы бойынша, сұлу қыздың аузын немесе ернін оймаққа теңеу тілімізде жиі кездесетін құбылыс. Мысалы:

*...Екі ағашта бір алма,
Мен де алмаймын, сен де алма!
Анық достым сен болсаң,
Оймақ ауыз, қиғаш қас
Мен кеткенде сен қалма...*

Немесе

*...Екі гана жирен-ай,
Жал-құйрығын түйген-ай.
Оймақ ауыз, күлім көз,
Ер жігіттің сүйгені-ай.*

Сонымен қатар, О. сөзі балаларға арналған санамақтарда

*... Он дегенім оймақ,
Он бір қара жұмбақ –*

деген түрде айтылады.

Әдеб.: Путешествие на Восток Его Императорского Высочества Государя Наследника Цесаревича. 1890-1891. Автор-издатель Э.Э. Ухтомский. Т. III. 1897; Э.В. Севортян. Этимологический словарь тюркских языков. Наука, М. 1974. стр. 425-435; Ажигали С.Е. Архитектура кочевников феномен истории и культуры Евразии Алматы: Ғылым, 2002; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ОЙРАН ШАЛБАР – қызыл түске боялған киік терісінен тігілген шалбар. Байырғы қазақ тұрмысында қолданылған шалбарлар қой, ешкі, құлын терісінен ғана емес, қоңыр аңның бір түрі – киік терісінен де тігілген. Киік терісін ойраншопке бояған. Сұйықтау қызыл түсті қазақ жерінің шығысында *ойран қызыл* деп атайды. Ойран қызылға бояйтын бояуды *ойраншөп* деп аталатын шөптен алады (**к. Ойраншөп/Ләйлекшөп/Риян**). Боялған терінің түк жағы ішіне қаратылып тігілетін бұндай шалбардың түсі әдемі солғын қызыл түкті болады. О. - дың екі балағы мол пішіліп, ауына жеке пішіп алынған үшкіл салынады. Ышқырына жібек жіптен немесе қайыстан бау тағылады. О. - дың ішін

шытпен астарлап, сыртынан бізкестемен көбінесе өсімдік бейнелі өрнектерді, сонымен бірге *мүйіз*, *табақ* тәрізді оюларды кестелеп салады. Балақтарының бүйіріне қысқа жырым (тілік) салынып, айналасына ою жүргізіледі. Дерек берушілердің айтуына қарағанда, киіктің біршама жұқалау терісінен тігілген, кең балақ ойран шалбардан жаздың шыжыған күнінде де ыстықтамаған.



Ойран шалбар. Оңтүстік Қазақстан обл. 1886 ж. ҚР MOM қорынан (КП 7199)

ҚР MOM қорында сақтаулы (КП 7199) ойран шалбар ашыққоңыр түсті күдеріден тігілген. Оның балақтары төртбұрыш пішінді күдері қиықтарынан құралып, беттестіріліп пішілген. Балақтардың арасына салынған трапеция формалы бірдей екі үлкен қиық бір-бірімен қосылып аудың шалғайын құрайды. Шалбардың бүйірі мен балағы *көггеріс* өрнектермен кестеленген. Өрнектің композициясы *ирек* оюымен жиектелген *табақша* мен балақтың жырымын айналдыра тігілген *жарты шеңбер* мен алақұрт өрнегінен тұрады. Табақшаға көпжапырақты *гүл*, ұзын жапырақты *сабақ*, ашылмаған *гүл қауызы* бейнеленген. Өрнектің *суын* баран түсті жіппен жүргізіп, *өрісін* (ішін) түрлі түсті жіппен кестелеген. Ышқырындағы *қолқаға* сары түсті жібек жіптен ширатылған бау өткізілген. Жалпы ұзындығы 92 см, бел шеңб. 150 см, балақ ені 30 см, ау ұзындығы 54 см.

Әдеб.: Қазақ тілінің аймақтық сөздігі. Алматы: Арыс, 2005; КӘТС. 11-том. Алматы: Арыс, 2009; Қазақтың дәстүрлі киім-кешегі. Ғылыми каталог. Алматы: Өнер, 2009; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ОЙРАНШӨП / ЛӘЙЛЕКШӨП / РИЯН – қазақтың халықтық медицинасында, сондай-ақ қызыл бояу өндіруде қолданылатын көпжылдық шөптесін өсімдік. Оның *бояушөп*, *бояулыойран*, *ләйлекшөп*, *риян*, *қызылбояу* сияқты жергілікті атаулары да кездеседі. О., әсіресе, тері, мата және жүн бұйымдарын бояуға ертеректе ең көп қолданылған. О.-пен боялған қызыл түсті қымбат күдері шалбарлардың «*ойраншалбар*» деген ерекше атауы кездеседі (**к. Ойраншалбар**). О.-тің ерте кезде қызыл түске бояудағы маңызының зор болғаны соншалықты, бұл өсімдіктің кейбір жерлерде «*қызылбояу*», «*бояулыойран*» деп аталады.

О.-тен қызыл бояу алынатындығы, ерінді, тырнақты қызыл бояумен бояп қойғанды ұнатпаған үлкен кісілердің: «*Ернін ойрандай қылып бояп алыпты*», «*...тырнақтары ойрандай қып-қызыл...*» дейтінінде осы күнге шейін сақталып қалғанын көрсетеді.

Анилин негізінде өндірілетін арзан химиялық бояулардың енуіне байланысты XIX ғ.-дың соңында О.-тен өндірілетін бояулар тобы қолданыстан біржолата шығып қалды. Осыған байланысты ұғымның өсімдікпенен байланысты мағынасы көмескілене келе, тіпті «ойрандау» етістігі шөппен байланысыз қолданылатын болды. О.-тің тамырын келіге салып түйіп ұнтақ жасап, оны суға шылап дайындаған ботқа тәріздес біркелкі массаны пайдаланған. Қазандағы әлгі ботқаға жүнді немесе матаны кеспелтекпен ұзақ араластыру тәсілімен сіңіретін. Осыған байланысты мәлімет тілдік деректерде сақталған. Осыған байланысты пайда болған «ойран ботқа жасау», «ойрандау» және «ойран асыр қылу» деген тұрақты сөз тіркестері уақыт өте келе басқаша мағынаға ауысқан. Мысалы, жоғарыда аталған тіркестер езілін кеткен тамақ немесе бір нәрсені түбегейлі қиратып, бүлдіру сияқты мағынада да қолданылатын болды.

XIX ғ.-дың екінші жартысына шейін қазақ жерінде химиялық (анилин негізіндегі) бояулар тарамай тұрған кезде, қанқызылдан қызғылт түс аралығындағы реңді бояуларды О.-тен дайындайтын болған. Ол үшін О.-тің екі жылдық тамырларын жинап, көлеңке жерде кептіріп, келіге салып ұнтақтап түйіп алатын. Теріні қызыл түске бояу үшін қою қылып суға шыланған әлгі тамырды қажеттілігіне қарай дымқыл теріге жаға отырып укалап сіңіретін болған. О. қайнатындысымен жүн немесе мата бояғанда, ыстық тұзды суға, тамырдың ерітіндісін қажетті қоюлықта езіп алған соң ағаш кеспелтекпен ұзақ араластыра отырып, бояудың біркелкі жұғуын жіті қадағалайды. Күдеріні суға толығымен малып бояудың сіңуін қадағалай отырып, қызыл түстің қажетті реңіне келтірген соң сорғытып алатын болған.

Көне заманнан О. қызыл бояу өндірудің бірден бір козі болғанын, қазақ жеріндегі археологиялық қазбалардан табылған маталардың, киіз бұйымдардың бояуының құрамын зерттеу материалдарынан көруге болады. Мысалы шет елдерден әкелінген импорттық қымбат маталар көбінесе пурпурин, кошенильден өндірілген қызыл бояумен боялған болса, жергілікті өндіріс заттары О.-тен (орысша *Марена красильная*, латынша *Rubia tinctorum*) өндірілген бояумен боялғанын көруге болады.



Ойраншоен (*Rubia tinctorum*),

(Kohler Medical pflanzen 1887. кітабынан, Википедиядан)

XIX ғ.-дың екінші жартысында, Орталық Азияда, Қазақстан жерінде О.-тің орнына, анилин негізіндегі бояуларды қолдануға көшкеннің салдарынан, кілемдердің сапасы

төмендеп кеткендігін, тіпті қызыл түсті бояулар күнге тез оңып кететіндігін зерттеуші С.М. Дудин «Ковровые изделия Средней Азии» деген мақаласында атап көрсетеді.

Халықтық медицинада О. өт жолдарын тазарту үшін, қуық, бүйрек ауруларын емдеуде қолданылғандығы туралы мәліметтер кездеседі.

Әдеб.: Дудин С.М. Ковровые изделия Средней Азии // СМАЭ. Т.VII. 1928. С.71-166; Қалиев Б. Қазақ тіліндегі өсімдік атаулары. Алматы: Ғылым, 1988; Полосьяк Н.В. Костюм и текстиль пазырыкцев Алтая (IV – III в. до. н. э.). Новосибирск: Инфолио, 2005; Қалиев С. Емдік рецептер энциклопедиясы. Қазақ емінің рецептері мен Тибет медицинасының негіздері. Алматы: Арыс, 2010. ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ОЙРАТ – бір одаққа біріккен туыстас батыс монғол тайпалар тобының қазақ тіліндегі этникалық атаулары. Батыс монғолдардың бұл одағының атауы ретінде қолданылатын бұл үш этнонимнің мағынасы, пайда болу уақыты және қолданылу тарихы әртүрлі.

«**Ойрат**» этнонимі. «Ойрот» этнонимі солтүстік (халха монғол) және оңтүстік (өмне монғол) монғолдардан бөлектейтін батыс монғолдардың өзіндік атауы. Монғолша – *ойрод*. Қытай деректерінде оларды *элют* (*елем*) деп атайды, бұл ойрат сөзінің қытайланған нұсқасы. Зерттеушілер «ойрат» сөзінің этимологиясын түрліше түсіндіреді. XIX ғасырдағы орыс зерттеушісі Д.Банзаров ойрат атауын *ой* («орман») және *арад* («халық») деген сөзден құралған деп санады. Рашид ад-диннің «Жылнамалар жинағында» олар «орман адамдары» деп аталған. Мұны кейбір монғолтанушы ғалымдар да жақтайды. Халха монғол тілінде *ойн иргед* сөзі – орман тайпасы дегенді, *ойн ард* сөзі – орман халқы дегенді білдіреді. Кейбір зерттеушілер *ойрад-ойрат* атауы қоне түркі, қоне бұлғар тіліндегі «тайпалар одағы» дегенді білдіретін «оиур» сөзіне монғол тіліндегі көптік жалғау – «т» қосылуы арқылы қалыптасқан деп санайды. Белгілі синолог Н.Я.Бичурин (Иакинф) «ойрат» сөзі монғол тілінде одақтас, жақын дегенді білдіреді деп санаған. Қазіргі халха монғолдарының тілінде *ойр*, қалмақ тілінде *өор* – жақын, көрші тұратын дегенді мағыналайды. Бұл пікірді «Қазақстанның әскери тарихы» аты еңбекте К.Аманжолов пен А.Тасболатов та келтіреді.



1 Жоңғар қалмақтарының XVI-XVIII ғасырлардағы қару-жарағы (Ю.Худяковтан). Жақтың оқтары (1,2). Жақ (3). Қанжар (4). Семсер (5). Дулығалар (6-7). Найза жесбесі (8). Кіреуке сауыт (9). Оқтың жесбелері (10-15). Қорамсақ (16). 2 XVII ғасырдағы ойрат салт атты жасауыңгері (орыс ғалымы Л.Бобровтың суреті). 3 XVIII ғасырдағы жоңғар қалмақтарының әскербасылары (орыс ғалымы Л.Бобровтың суреті)



Ойраттар күрделі құрамды, көп этникалық көшпелі бірлестік болды, Кейбір зерттеушілер олардың ішіне кейбір түркі субэтностарын кіргізеді. Кезінде ойраттардың құрамында алтайлық тайпалар да болған. Сондықтан Кеңес одағы кезінде Алтай өлкесі Ойрат республикасы деп те аталды. Алтайлықтарда Ойрат есімі жиі кездесетін есім. Ертеректе Енисей қырғыздарының кейбір бөліктер де ойраттардың құрамында кірген болу керек. Ойраттар ерте заманнан Батыс Монғолияның жергілікті халқы болды. Бұл кезеңде ойраттар төрт негізгі тайпалардың – *торғауыт, хошоут, дербет, олет* тайпаларының және *батут, хойт* және *кэргуд* (бұл енисей қырғыздарының кейбір бөлігі болу керек) сияқты бірнеше ұсақ рулардың одағы болды. Бұл тайпалар атаулары алғашқы рет 1240 жылдан «Монғолдардың құпия тарихы» деп аталатын ортағасырлық монғол жылнамасында кездеседі. Бұл төрт тайпалар одағы «*дербен ойрат*» (монғ. «төрт ойрат») деп аталды. XIII ғ.-да Монғолия мен Оңтүстік Сібірдің таулы-орманды аудандарын мекен еткен ойрат тайпалары Шыңғысханның қоластына кірген алғашқы монғол тайпаларының бірі болды, олардың кейінгі тарихы монғол империясының қалыптасуымен және шапқыншылығымен тығыз байланысты. Шыңғыс ханның қол астына кіргеннен кейін ойраттар «*дербен түмен ойрот*» (төрт түмен ойрат) деп аталды да, жалпымонғол әскеріне төрт түмен жасақ шығаруға міндетті болған. Шыңғыс хан ойраттарды кейін Жошының билігіне берген болатын, сондықтан ойраттарды Жошы ұлысына кірген алғашқы тайпалардың да бірі деуге болады. Олардың жеке өздерінің саяси аренаға көтерілуі 1368 жылдан басталады, Ұлы (монғол) Ханының ұлысы – Юань империясының құлауымен басталған феодалдық ыдырау кезінде ойрат тайпалар одағы бүкілмонғолдық билеушілердің билігінен шығып, оларды өздерінің тайшалары басқара бастады. Бұл кезде ойраттардың иелігі шығыста Хангай тауларымен, оңтүстікте Гоби шөлімен, батыста Моғолстанмен, солтүстікте Ертіс және Енисей өзендерінің басымен шектелген территорияда орналасты. XIV ғ.-дың аяғы – XV ғ.-дың бірінші жартысы ойраттардың монғол даласында саяси беделінің артуымен ерекшеленеді. Бұл кезеңде Тогон-тайша (1334-1438), оның ұлы Эсена-тайшаның (1439-1455) билігі кезінде ойраттар орталық билік жүйесіне бағынған біріккен мемлекет құруға ұмтылып, шығыс монғол феодалдарымен, Моғолстанмен, Қытаймен күресіп, сыртқы саясатын белсенді түрде жүргізе бастайды. Бұл кезде «*дербен ойрат*» деп аталатын ойрат одағын төрт үлкен тайпалар – чорос, хошоут, торгоут, дербет тайпалар құраған болатын. Бұл тайпалар бір одаққа бірігіп, «чулған» деп аталған ортақ кеңеспен басқарылып, әр тайпа мұрагерлік билігі бар тайшалар басқаратын жеке ұлыс болды. «Чулған» үлкен маңызды мәселелер бойынша ғана жиналып, оны басқаруға «чулғандарға» сайланатын. XVI ғ.-дың басында Чорос тайпасын Хара Хула тайша, дербеттерді – Далай-Батыр тайша, торгоуттарды – Хо-Уюрлук, ал хошоуттарды – Гуши хан

басқарған. Бұл тайпалар жаңа көшпелі мемлекет – Ойрат хандығын құрды.

«*Жоңғар*» этнонимінің мәні. Шыңғыс ханның кезінде ойраттар Монғол империясы халқының сол қанатының құрамында болды. Сол қанат монғолша «*жуанғар*» деп аталғандықтан «жоңғар» атауы ойраттардың этникалық бір атауы ретінде де қолданылады. Монғол тілінен ауысқан бұл этноним орыс, түркі халықтарының, казактардың тілінде «ойрат» атауының орнына қолданылып кеткен. Ал олар құраған Ойрат хандығы «Жоңғар хандығы» деп аталды.



4) Еділ қалмақтары. XIX ғасырдағы суреттен. 5) Еділ қалмақтарының өмірінен көрініс. Қалмақ күресі. XIX ғасырдағы суреттен

XVI ғ.-дың аяғы – XVII ғ.-дың басында Жоңғарияда және көрші аймақтарда тұрған ойрат тайпалары үшке бөлінеді: бір бөлігі Кукунор көлінің маңына көпіп барды (Хошоут хандығы), екінші бөлігі өз орнында қалып Жоңғар хандығының халқын құрады, ал ойрат одағының құрамындағы дербеттер мен торгоуттардың біраз бөлігі солтүстік-батыс бағытта жылжып, Батыс Сібірдің оңтүстігі арқылы өтіп Еділ (Волга) өзенінің төменгі ағысында орын теуіп, Қалмақ хандығын құрады. Кейін олар Ресей бодандығын қабылдайды. Торғауттар мен дербеттердің Еділ бойына көшу себебін зерттеушілер әр түрліше түсіндіреді. Мысалы, Н.Я.Бичурин (Иакинф) қалмақтардың Орал мен Еділ өзендерінің бойына жылжуы «...қырғыз-казак ордасын тылдан орап алуға бағытталған, алдында ойластырған құйтырқы жоспар болған» деп санаған. И.Я.Златкин бұл – Жоңғарияда халықтың өсуінен, шығыс монғолдардың шапқыншылығы салдарынан жердің жетіспеуінен және ішкі феодалдық тартыстың күшейуінен туындаған, малшылыққа ыңғайлы жағдай бар жерге стихиялық қозғалыс деген пікір айтады. Зерттеушілердің көпшілігі осы пікірді қуаттайды. Ойраттардың үшке бөлінуімен «жоңғар» этнонимі Жоңғар хандығының халқын құраған ойрат тайпаларына ғана қатысты қолданылатын болды.

«*Қалмақ*» этнонимі. XVI ғ.-дан бастап ойрат-жоңғарларды мұсылман халықтары, түркі тілдес халықтар, орыстар және казактар «қалмақ» деп атай бастады. Орыс тілінде бұл атау «қалмық» нұсқасында қолданылады. Ойраттарға қатысты бұл этникалық атаудың қолданылуы алғашқы рет 1425 жылы жазылған Шариф ад-Дина Али Йазидің «Зафар-наме» шығармасының кіріспесінде

кездеседі. Зерттеушілердің көпшілігі бұл этнонимнің этимологиясын түркі тіліндегі «қал» етістігінен шығарып, «қалмақ» сөзі «қалған», «пұтқа табыну дінінде қалып қойған» деген мағына береді деп санайды. Бірінші рет бұл пікірді 1761 жылы, еділ қалмақ тайпаларының ортасында көп жыл өмір сүрген орыс чиновнигі және ғалымы В.М. Бакунин айтқан болатын. Ол: «Торғауыттар өздерін және хошоуттар мен зуунгарларды «қалмық» деп атағанмен, өз тілдерінде бұл сөздің жоқ екенін айтады... бұл «қалмақ» сөзінің татарлардан ауысканы көрініп тұр, үйткені татарлар оларды «қалмақ» деп атайды, бұл «қалған», «қалып қойған» дегенді білдіреді», – деп жазады. Бұған бұл атаудың ойраттарға түркі тілдес мұсылман халықтарынан келгені де дәлел бола алады. Үйткені монғолдардың өздерінде бұл атау қолданылмайды, монғол жазба деректерінде батыс монғолдар тек «ойраттар» деп аталады. «Қалмақ» этнонимінің түркілік этимологиясын П.С. Паллас, В.В. Бартольд сияқты ғалымдар да қолдаған.



6
б) Қалмақтар. XIX ғ.-дың басындағы сурет

Бірақ бұл атаудың түркілік тілден таратуға қарсы пікірлер де көп. Олар бұл түркі тілінен шығарылатын этимология – халықтық этимология, атаудың туындауы мен дамуын түсіндіре алмайды деп санайды. Зерттеуші В.П. Дарбакованың талдауы бойынша қалмақ этнонимі монғолдың «аралас» дегенді білдіретін *халимаг* ~ *халимог* сөзінен шыққан. Халха-монғолдардың тілінде «халимаг» сөзі көпэтникалық аймақтардың ұлттық құрамын сипаттауға қытысты қолданылады. Шынында да дербен-ойраттардың этнотайпалық құрамы аралас болып, бірнеше түркі-монғолдық ру-тайпалардан тұрған. Алтайдағы телеңгіт, теле (телеуіт) тайпалары да кезінде қалмақтардың құрамында болып, орыстар оларды «ақ қалмақ», казактар «құба қалмақ» деп атаған. Ал жоңғар қалмақтарын казактар, орыстар және басқа халықтар «қара қалмақ» деп атады. Қалмақтардың аралас сипаты олардың Ресей жеріне келгенде де сақталды. Зерттеушілер бұл кезде қалмақтардың этникалық компоненті әртүрлі болғанына назар аударады.

«Қалмақ» этнонимінің этимологиясы мен семантикасын түсіндірудің басқа версиялары да бар. Қалмақ зерттеушісі

Бембеев В.Ш. «қалмақ» этнонимінің пайда болуын ойраттардың бас киімге қызыл шашақ тағу дәстүрінің пайда болуымен түсіндірсе, қазақ зерттеушісі М.Ақанов монғолдардың шаш кою үлгісімен де байланыстырады.

Сонғы зерттеулердегі «қалмақ» этникалық атауының этимологиялық версияларының ішінде көңілге қонымдысы, шындыққа жақыны – орыс зерттеушісі И.И. Дремовтың пікірі. «Золотая Орда и возникновение этнонима «Калмак» атты зерттеуінде ол шығыс және орыс деректемелеріндегі бүгінге дейін ескерілмей келген мәліметтерге сүйене отырып қалмақ атауы Жошы ұлысын, Алтын Орданы, Дешті-Қыпшақты мекен еткен монғол тілді көшпелі тайпалардың атауы болғанын және бұл атау жазба деректерде XIV ғ.-дан кездесетінін жазады. XVI ғ.-ғы «Шаджарат ал-атрак» атты анонимдік еңбекте Дешті-Қыпшақтың монғолдық көшпелілерінің исламды қабылдауы туралы айтылып, исламды қабылдағандар «өзбек» аталып, түркілік тайпалармен араласып, кейін Мавераннахрға көшкенін, ал исламды қабылдамай Дешті-Қыпшақта, өз орнында өз дінінде қалғандар «қалмақ» деп аталғаны айтылған. Дешті-Қыпшақ халқының ішінде қалмақтардың ертеден, XIV ғ.-дан болғаны туралы мәліметтер Өзбек ханның биографиясымен байланысты Утемиш-хаджының «Чингис-наме» атты еңбегінде, Мухамед Хайдар Дулатидің «Тарих-и-Рашиди» атты еңбегінде және орыс жылнамаларында кездеседі. Орыстың 1487 жылғы Лихачевтік жылнамасында Алтын Орда әскері мен Орыс әскерінің 1480 жылы Угра өзеніндегі айкасында татарлар мен қалмақтардың болғаны айтылған. Бұл кезде әлі ойраттар Еділ бойына келген жоқ болатын, Батыс Монғолияда өз орнында отырған еді. Татарлармен бірге қалмақтар XVI ғ.-дың бірінші жартысында еуропа саяхатшылары Антоний Дженкинсон және Сигизмунд Герберштейннің еңбектерінде Орал-Жайық бойында тұратын халықтардың ішінде де аталады. И.И.Дремов осы және басқа да мәліметтерге сүйене отырып, кезінде XIII ғ.-да Дешті-Қыпшаққа келген монғолдар көпшілігі Жошы ұлысында түркі тілді ортаға сінісіп кетсе де, өз тілін, дінін, дәстүрін, мәдениетін сақтап қалғандары да болған, оларды жергілікті халықтар «қалмақ» деп атап кеткен деп дәлелдейді. «Қалмақ» этнонимімен түркі халықтары алғашқыда Дешті-Қыпшақтың монғол тілдес көшпелілерін атап, кейін ол атау Батыс Монғолия мен Жоңғарияның дербен-ойраттарына көшірілген.

Расында да орта ғасырлық жазба деректерде Өзбек ұлысының халқын құраған ру-тайпалардың ішінде «қалмақ» тайпасы да аталады. Т.И.Сұлтанов «Кочевые племена Приаралья в XV-XVII вв (вопросы этнической и социальной истории)» атты зерттеуінің Өзбек ұлысындағы тайпалардың этникалық құрамы туралы тарауында «92 баулы өзбек» аталған өзбек тайпаларының тізімі көрсетілген бірнеше жазба дереккөздерінің мәліметтерін береді. XIV ғ.-дың аяғы- XVI ғ.-дың басындағы тарихи оқиғаларды қамтитын, XVI ғ.-да тәжік тілінде жазылған Молла Сайф ад-дин Ахсикенти мен оның ұлы Нұр-Мұхаммедтің «Маджму



ат-таварих» атты шығармасында; Қокан хандығының тарихына арналған Аваз Мухаммад Молла Рузи-Мухаммад Суфи Аттардың «Тухфат ат-таварих-и хани» атты еңбегінде; орыс авторы А.Хорошихиннің «Народы Средней Азии (историко-этнографические этюды)» зертеуінде және басқа да еңбектерде Дешті-Қыпшақтың «92 баулы өзбек» деп аталған түркі-монғол тектес тайпалар тізімдерінің бәрінде де «қалмақ» тайпасы бар. Кейбір тізімде «ойрат» тайпасы да кірген. Жазба деректерде XV ғ.-да Дешті-Қыпшақтың билеушісі Абулхайр ханның қоластына қараған тайпалардың, кейін оның немересі Шейбанидің әскерінің құрамында да түркі-монғол тектес басқа тайпалармен бірге *ойрат*, *қалмақ* та аталады. Дереккөздерінде 92 «өзбек» тайпалары кейін «32 баулы өзбек» болып та аталды. «Тоқсан екі баулы өзбек», «отыз екі баулы өзбек» этноатаулар қазақтың ауыз әдебиетінде де айтылады.

Құрбанғали Халид та өз еңбегінде Шыңғыс хан жарты дүниені бағындырғаннан кейін оның қол астындағы халықтар (бұл жерде Жошы ұлысының халықтары айтылып отыр) мұсылмандықты қабылдағанда, қалмақтар ғана өз дінінде қалды деп жазады. Оларды «ешкім дінге зорламай, еркіне қойып, олар кеңесін көрейік деген соң уақыт белгілеген. Бір ай өткен соң жиналып қалай болы дегенде: «біз өз дінімізде қалмақ болдық» деген. Халық та, қалмақ та бұл оқиғаны жақсы біледі», – дейді.

Дешті-Қыпшақтың түркі тайпалары мен қалмақтардың ертеден келе жатқан тарихи байланысы қалмақтардың өздеріне де белгілі болған болу керек. В.А. Моисеев өз еңбегінде келтірген Қалдан Цереннің Кіші жүз ханы Әбілхайыр ханға жазған бір хатында былай делінеді: «...егер Әбілхайыр ақ патшаның алдында тізе бүксе, онда маған, Қалдан-Церенге жау болады. Біздер екеуіміз, қалмақтар мен қайсақтар – қаршығамыз, ол қарғаның (орыс патшасының) алдында тізе бүкпейміз, үйткені олар арбалылар, ал біздер өзбектерміз...». Бұл хатта Қалдап-Церен қазақ хандарын өз жағына тарту үшін, қорқытумен бірге қалмақтар мен қазақтардың ортақ тарихи өткені болғанын, көшпелі түркі тайпаларының этникалық атауы болған «өзбек» этнонимінің оларға да ортақ екенін тұспалдап отыр.

XVII ғ.-дан «қалмақ» этнонимі Еділ өзенінің төменгі бойында орныққан ойраттардың өзіндік атауы болып бекіп қалды. Бүгінде қалмақтар – Ресей Федерациясының субъекті болған Қалмық Республикасының халқы (қалм. *хальмг*). Бірақ «қалмақ» этнонимі Қытай мен Монғолияда тұратын бағыс монғолардың (ойраттардың) өз атауы ретінде қолданылмайды. Сондықтан бүгінде «қалмақ» атауы еділ қалмақтарын ойрат этносынан, және жалпы монғол этносынан бөлектейтін этнонимге айналған. Қалмақ халқының құрамында субэтнос ретінде ойраттардың барлық тайпалары – торғауыт, дербет, хошеут, хойт, өлет (элет), чорос кірген, «зуунғар» деп аталатын этникалық топ та бар. Бұл этникалық бөлік Жоңғар хандығы құлағаннан кейін қалмақтарға көшіп келген жоңғар ойраттардың ұрпақтары.

Қазақ-қалмақ (ойрат, жоңғар) қарым қатынасы тарихына қысқаша шолу. Қазақтардың ойраттармен тікелей қарым-қатынасы XVI ғ.-дың аяғы – XVII ғ.-дың басынан басталады. Алтын Орданың ыдырауының нәтижесінде Дешті Қыпшақ даласында халқының негізін түркі тілдес тайпалар құраған Ақ Орда мемлекеті құрылды. XV ғ.-да Ақ ордадағы билік Жошының ұлы Шибанның ұрпақтарының қолына көшеді де, 1428 жылы Абулхайыр Ақ Ордада хан тағына отырғаннан кейін бұл мемлекет «Өзбек ұлысы» аталып, тарихи әдебиеттерде «Көшпелі өзбектер мемлекеті» деп аталып кетті. Өзбек ұлысының көтерілуі мен күшеюінің нәтижесінде ойрат тайшалары мен Абулхайыр ханның арасында әскери қақтығыстар орын ала бастады. 1457 жылы Сығанақтың маңайында, Нұр-Тоқай деген жерде ойраттармен болған шайқаста Абулхайыр әскері үлкен жеңіліске ұшырады. Абулхайырдың әлсіреуін пайдаланып Орыс ханның ұрпақтары Керей мен Жәнібек сұлтандар Өзбек ұлысы халқының біраз бөлігін ертіп, Жетісуға көшіп кетеді. Ол кезде бұл өңірді билеп тұрған Моғолстанның ханы Есен Бұқа бұл келген көшпелі өзбектерді қол астына алып, оларды тимуридтер мен ойраттарға қарсы пайдаланғысы келді. Жетісуға келіп Шу және Талас өзендерінің бойына орын тепкен көшпелі өзбек тайпалары алғашқыда «өзбек-қазақ» аталып, кейін «қазақ» деп аталып кетті. 1640-1641 жылдары жазылған ортаазиялық жазба дереккөзі «Бахр ал-Асрар» атты шығарманың авторы Махмуд ибн Вали: «Олар қалмақтар мен қырғыздарға шапқыншылық жасап, олжа тауып өмір кешкендіктен бұл тайпаларды қазақтар деп атап кетті», – деп жазады. Кейін Керей мен Жәнібек сұлтандар жеке мемлекеттік құрылым – Қазақ хандығының негізін қалады. Қазақ хандығының этникалық негізі Керей мен Жәнібек сұлтандармен келген тайпалар – қыпшақ, арғын, қоңырат, найман және Жетісуды мекен еткен жергілікті тайпалар – қанлы, үйсін, жалайыр, керей тайпалары болды. Әбілхайырға қарсы болған кейбір рубасылары мен әскербасылар кейін де оларға келін қосылып отырды. Ортаазиялық тарихшы Махмуд бен Әмир Вали: «Әбілхайыр өлгеннен соң Дешті-Қыпшақта басталған ішкі тартыстан өзбек ұлысының көптеген қосындары қуатты хандалардың туының астына жиналды», – деп жазады.

Моғолстан мен ойраттардың шекарасында орналасқан бұл өзбек-қазақ тайпалары өзінің еркіндігін сақтау үшін ойраттарға қарсы тұруға мәжбүр болды. Туыстас көшпелі тайпалардың қосылуымен тез күш алған Қазақ хандығының алғашқы хандарының өз территориясын кеңейтуге бағытталған белсенді сыртқы саясаты ойраттармен қақтығысқа әкелмей қоймайтын еді. Қазақ билеушілері мен ойрат тайшаларының алғашқы әскери қақтығысы туралы мәлімет жазба дереккөздерінде XVI ғ.-дың ортасынан бастап кездеседі. Хақназар (1538-1580) ханның кезінде қазақ мемлекеттігінің күшеюімен ойраттардың батысқа жылжуы біраз тоқтаған болатын. XVI ғ.-дың аяғы – XVII ғ.-дың басында өзара әскери қақтығыстарда ойраттар мен



қазақтардың арасында екі жақ кезек жеңіске жетін отырды. XVI ғ.-дың аяғында Тәуекел ханның Мәскеуге жіберген елшісінің бірі сонда тұрып жатқан Оразмұхамет ханзадаға: «қазір сенің ағаң Тәуекел ханзада Қазақ ордасында таққа отырғызды, бәрі бір-біріне жақын және бірге көшін жүреді» деп хабар айтады. И.Я. Златкиннің зерттеуінше бұл кезде қалмақтардың тек қазақтармен шекаралас бөлігі ғана қазақтарға бағынған болу керек, кейін Тәуекел ханның қайтыс болуымен олар бағыныштан шыққан сияқты.

1640 жылы жалпы монғол съезінде Хара-Хуланың ұлы Хото-Хочин Тибеттегі Далай-ламадан Эрдене Батур-қонтайша титулын иеленін, ойраттардың басын біріктіріп Жоңғар хандығындағы билікті қолына алады. Чорос тайпасынан шыққан хандардың басқаруымен ойрат/қалмақ тайпаларының бір мемлекетке бірігуі оларға сыртқы саясатты белсенді жүргізуге мүмкіндік берді. Қалмақтар енді Қазақстан жеріне бірнеше шапқыншылық шабуылдарын жасай бастады. Қазақтар да мүмкіндігінше оларға тойтарыс беріп отырды. Мысалы, 1943 жылы Батур-қонтайшаның 50 мың әскермен Қазақстанға жорығы Орбұлақ бойында Жәңгір сұлтанның батыл әрекетінің арқасында сәтсіз аяқталған болатын. Жәңгір сұлтан мылтықпен қаруланған 600 жауынгермен жау әскерін тау шатқалында, Самарқандтың билеушісі Жалантөс баһадур 20 мың әскермен көмекке келгенше, көп шығынға ұшыратып тоқтатып тұрады.

Жоңғарлардың келесі жойқын жорығы 1646 жыл болды, бұл шапқыншылықтың нәтижесінде Жетісудың біраз бөлігі жоңғарлардың қоластына өтеді. Ойраттардың ең қуатты кезені Қалдан Бошұқты (1670-1697) және оның мұрагерлері Цеван Рабтан (1697-1727) және Қалдан-Цэрэннің (1727-1745) билігі кезі болды. 1680 жылдардың басында Қалдан бастаған жоңғар әскері Жетісуды, Оңтүстік Қазақстанның біраз жерлерін басып алды. Қазақ жасақтары да жауап ретінде Жоңғарияның шекаралас аймақтарына шабуыл жасап отырды. 1688 жылы халха-монғолдарға жасаған жорығында Цин әскерінен жеңіліс тауып, 1697 Қалдан Бошұқты хан өлген соң Жоңғариядағы билікті қолына алған оның немере інісі Цеван Рабтан Жоңғарияның қуатын қайта күшейтеді. 1698-99 жылдары жоңғарлар қазақ жеріне бірнеше ірі шабуылдар жасады. Қалмақтардың бір бөлігінің Еділ бойына орналасуымен қазақтарға қалмақтармен екі тарапта соғыс жүргізуге тура келді. 1702 жылы қазақ жасақтары жоңғарларға және еділ қалмақтарына бірдей соққы беріп отырды. 1703 жылы жоңғарлар мен қазақтар бейбіт келсімге келіп, бірнеше жылға әскери қақтығыстар тоқтаған болатын.

Бірақ бес жылдан кейін, 1708 жылы жоңғарлардың Қазақстанға шапқыншылығы қайта басталды. Тәуелсіздігін сақтап қалу үшін жауға бірігіп қарсы тұру керек екенін түсінген қазақтар 1710 жылы Қарақұмда бүкілқазақ кеңесін өткізіп, қазақтардың біріккен жасағы құрылып, оны басқару қанжығалы Бөгенбай батырға тапсырылады.

Қазақтар 1712 жылға дейін жоңғарларға қарсы бірнеше шабуылдар жасап, шекаралас аймақтарын шауып кетіп жүрді. Қазақтардың қалмақтармен ірі шайқасының бірі 1717 жылы Аяғөз өзенінің бойында өтті, Қайып және Әбілхайыр хандар басқарған 30 мың қазақ жасағы жоңғарлардың шекаралас аудандарына басып кіреді. Бірақ екі ханның өзара келіспеушілігінен бұл жорықтың соңы қазақтар үшін сәтсіз аяқталды. 1723 жылдың көктемінде жоңғарлар Ұлы жүз және Орта жүз жеріне қайтадан шапқыншылық жасап, Ташкент, Сайрам, Түркістан қалаларына дейін басып алады. Бұл соғыста көп жағдайларда қазақтар Жоңғар шыпқыншылығына ұшыраған басқа да Орта Азия халықтарымен – өзбек, қырғыз, қарақалпақтармен бірге отырып соғыс жүргізді. Жоңғарлардың 1723-25 жылдарындағы шапқыншылығының зардабы қазақ халқының есінде *«Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама»* деген атпен қалған.

1726 жылы Орда басы деген жерде үш жүздің өкілдері қайтадан бас қосып, үш жүздің біріккен жасағын құрып, оған Әбілхайырды бас қолбасшы етіп тағайындау туралы шешімге келеді. Ақсарбас шалынып, жауды қазақ жерінен қуып шығуға ант беріседі. Осыдан кейін жиналған үш жүздің жасағы Бұланты өзенінің жағасында қалмақтарға ойсырата соққы беріп, осы үлкен шайқас өткен жер *«Қалмақ қырылған»* деп аталып кетті. Бұл – қазақ-жоңғар соғысының тағдыры өзгерткен шайқас болатын. Соғыста инициатива енді қазақтарға көшті. Жоңғар мемлекетінде өзінде бұл кезде Цеван Рабтан өлгеннен кейін билікке тартыс басталды. 1729 жылы Балхаш көлінің маңында, Аңрақай аталатын жерде осы соғыстағы соңғы ірі шайқасы өтті. Бұл шайқаста да қалмақтар қатты жеңіліс тапты, бірақ Сәмеке, Абылмәмбет және Әбілхайыр хандардың үш жүздің ұлы ханы болуға таласынан жеңіс нәтижесін қазақтар толық қолдана алмады.

Қазақтарға жоңғар қалмақтарының шапқыншылығымен бірге қазақ жеріне шабуыл жасап отырған еділ қалмақтарына да қарсы тойтарыс беруге тура келді. 1723 жылы Жоңғарлармен бірігіп қазақтарға шабуылға тырысқан Аюке бастаған Еділ қалмақтарының әскери жорығының алдын алу үшін Әбілхайыр қарақалпақтар мен қазақтардан құралған 20 мың әскермен Аюкенің өзінің иелігіне шабуыл жасайды. Осының нәтижесінде жоңғарлар мен қалмақтардың әскерінің бірігуі жоспары іске аспай, еділ қалмақтарынан туған қауіп жойылды. 1726 жылы Аюке ханның өлімінен соң Еділ қалмақтарындағы ішкі тартысты пайдаланып Орта жүз ханы Семекен мен Барақ сұлтан және Кіші жүз ханы Әбілхайыр мен Есім сұлтан бастаған 10 мың адамнан тұратын қазақ қолы қалмақтарға шабуыл жасап, көп тұтқын, олжа алып қайтады. 1736-37-38 жылдары да қазақ жасақтары еділ қалмақтарына бірнеше әскери жорықтар жасайды. 1739-1741 жылдары жоңғарлар Орта жүз, Кіші жүз жерлеріне тағы да бірнеше ірі шапқыншылықтарын жасады. Жекелеген шайқастарда жеңіске жетін отырғанымен, Еділ қалмақтарымен де соғыс



жүргізуге мәжбүр болған қазақтар жоңғарларға нәтижелі тойтарыс бере алмады.

1745 жылы Қалдан-Церен өлгеннен кейін Жоңғар мемлекетінде тағы да ұзаққа созылған таққа талас басталады. Бұл кезеңде бірлігі күшейген қазақ билеушілері өздері жоңғар қалмақтарының ішкі ісіне араласып, көптеген саяси мәселелерге өз ықпалын жасай бастады. Бұл туралы А.И.Левшин: «жоңғарларда тартыс басталысымен, қазақтар оған белсенді түрде араласа бастады. Елінен қуылған нойондар мен зайсандарға өздерінен орын берін, олармен қосылып, олардың жауларына шабуыл жасап, ол бейбақтарға көмек желеуімен өздерінің ата жауларын шапқыншылықпен әлсірету үшін бір де бір мүмкіндікті жіберген емес», – деп жазады. Қазақтарға келін паналған нояндар Давақи мен Амурсананы және онымен еріп келген басқа зайсандарды Орта жүз сұлтаны Аблай сұлтан қолдады. Абылайдың мақсаты Жоңғарияда өзіне ыңғайлы ханды таққа отырғызып, қалмақтарды Цин империясынан қорған ретінде сақтау болатын. Оның бұл позициясын көптеген батырлар (Қайып, батыр, Бөкенбай батыр, Дауіт-тархан), Ұлы жүздің билеушісі Төле би де және т.б. қолдаған. Бұл кезеңде қазақ және қалмақ арасында сауда қатынасы да жанданады. Бірақ Давақидің, Амурсананың тақ үшін күрестеріне көмек ретінде қазақ жасақтарының жоңғар жеріне жасаған шабуылдары және ішкі феодалдық тартыстар ақыры Жоңғар мемлекетін әлсіретіп, оның құлауына себеп болды. Әлсіреген Жоңғарияны 1757 жылы Цин империясы басып алып, жоңғар қалмақтарын қырғынға ұшыратып, халық ретінде жойып жіберді. Бұл қырғыннан қашқан көптеген жоңғар қалмақтары Еділдегі Қалмақ хандығына барып пана тапқан болатын.

Жоңғар мемлекеті жойылғаннан кейін Еділ қалмақтарының феодалдары өздерінің ата-бабаларының мекені Жоңғария жеріне көшіп, Ресей бұғауынан босап Жоңғарияда Қалмақ хандығын қайта құрмақ болып үміттенді. 1771 жылы Убаши хан бастаған еділ қалмақтарының басым бөлігі қазақ жері арқылы өз отанына өтпекші болады, бірақ оларды қайтаруға күші келмеген орыс әкімшілігі Нұралы мен Аблайға хабарлап, қалмақтарға кедергі жасап, кері қайтаруды тапсырды. Еділден шыққан 200 мыңдай қалмақтар Кіші жүз ханы Нұралы, Орта жүз ханы Абылай, Ұлы жүз ханы Ералы басқарған қазақ жасақтарының жолшыбай жасаған шабуылынан адамдарының жартысынан айырылып, Жоңғар жеріне аз бөлігі ғана жетеді. Бұл соғыста қазақтардың қолына көптеген тұтқындар мен мал, дүние-мүлік олжа түседі. Қазақтардың есінде бұл оқиға «Шаңды жорық» деген атпен қалған. Қазақтармен соғыстан аман қалған қалмақтар Жоңғар шекарасына жеткенде оларды енді Қытай әскері күтіп тұрған болатын, сондықтан олар барған соң Қытай бодандығын қабылдауға мәжбүр болады, ал Еділ бойында қалған қалмақтар толықтай орыс боданында қалды.

Кеңестік-қазақ тарихнамасында ұзаққа созылған қазақ-жоңғар соғысының алғашқы кезеңдеріндегі қазақтардың

қатты жеңілісін жоңғарлардың техникалық басымдығымен, оларда мылтық пен зеңбіректерді көп қолдануымен түсіндіру стереотиптік тұжырымға айналған. Жазба дереккөздерінде жоңғарларға орыстарда жүрген швед офицері тұтқынға түсіп, оларды зеңбірек құюға үйреткені айтылады. Швед офицері Иоханн Густав Ренат орыстарда қызметте жүргенде 1716 жылы жоңғарларға тұтқынға түсіп, 1733 жылға дейін жоңғар тұтқынында болды. Орыс поручигі Д.Гладышевтің қазақтардың жоңғарлармен қарым-қатынасын анықтау мақсатымен 1742 жылы Кіші жүзге барған сапары туралы айтқан жазбаларында: «Қазір жоңғар иелігінде шынында да жорық зеңбіректері бар, түйеге артып жүретіні – үш мың, арбамен сүйрейтіні – елу, мортиралары – отыз, олардың артиллериялық қызметшілері жоңғарлардың өзінен. Бұл артиллерияны жоңғар иелігінде Ямышев қамалынан жоңғарларға тұтқынға түскен шетелдік капитан енгізген болатын, ол жоңғарларға артиллерия жасауды үйретті, кейбіреулерін өз тіліне үйретті және оларға артиллерия ғылымы туралы кітабын қалдырды, олар сол бойынша артиллерияны жасайды», – деп айтылған. Бұл мәліметке сүйенсек жоңғарлар қолданған қарудың көбі артиллерияның жеңіл түрі – түйеге артатын зеңбірек болғанын көреміз. Жоңғарлардың әскери стратегиясы мен тактикасы, ұрысты үлкен, жылжымалы атты әскер массасымен жүргізу әдісі қазақтардан онша айырықшалана қоймайтын. Осындай әскери тактикаға сәйкес жоңғарларда жылдам қозғалуға және жылдам атыс жүргізуге арналған жеңіл артиллерия түрі - түйеге артылатын зеңбіректердің (негізінде, ауыр мылтықтардың) көп жасалу да сондықтан. Бірақ білікті артиллеристердің болмауынан және де өздерінің соғысу өнеріне сай келмегендіктен болу керек, жоңғарлар оларды қазақтармен соғыста тиімді қолдана алмады. Орыс капитаны П.Рычков өзінің жазбаларында жоңғарлар туралы: «оларда қонтайшаның иелігінде тұтқында болған бір швед енгізген зеңбіректер де бар, олар әскери жорық кезінде түйелерге артылып жүреді, одан түсірмей атады, бірақ онша нәтижесіз болады, жауға шығын келтіруден гөрі көбіне қорқыныш туғызу үшін қолданылады» – деп жазуы ақиқатқа жақын. Ал мылтықты қалмақтар көбіне тосқауылда, түрлі бекіністерден атысуда пайдаланды. Жоңғарлардың да, қазақтардың да бұл соғыста мылтық қолдануында онша көп айырмашылық бола қойған жоқ. Қазақтың ауыз әдебиеті деректерінде, тарихи жырларда жоңғарлардың да негізінен пілте мылтық қолданғанын куәлейді. Сондықтан қазақ-жоңғар соғысында жоңғарлардың артиллериясы онша қолданыс тапқан жоқ, зеңбіректерді жоңғарлар негізінен жаяу әскерлері көп Цин әскерімен соғыста пайдаланды. Жазба және ауызша дереккөздерінде қазақтармен соғыста жоңғарлардың артиллерияны жаппай қолданғаны туралы мәліметтер жоқ десе болады. Қазақ-жоңғар соғысына қатысты бұндай фактілер болған болса тарихи дереккөздерінде қайткенде де көрініс табу керек еді. Тарихи зерттеулерде де авторлар жоңғарлардың артиллериясы болғаны туралы жиі айтқанымен, олардың

жоңғар артиллериясының қазақтармен соғыста қолданылуы туралы фактілер келтірмейді.

Қазақтың жоңғар шапқыншылығына қатысты қатысты ауыз әдебиетінде де – тарихи жырларда, дастандарда да қалмақтардың соғыста зенбірек қолданғаны туралы айтылмайды. Жазба дереккөздерінде де ол туралы мәлімет бір ғана рет – XVIII ғ.-дағы Турфандық автор Молла Абд ал-Алимнің «Ислам-наме» атты шығармасында кездеседі.

«Анаити атты франк зенбіректен атты

Бұл франк жоңғарлар арасында болды.

Амалсыз Эринджен мен қазақтар

Батыс жаққа ұмтылып жасырынды.

Дабаджи оларды қалмай қуып отырды,

Жеткен кезде зенбіректен атқылады.

Бірақ бұл дерек XVIII ғ.-дың ортасынан бастап қазақтардың жоңғарларды өз елінен қуып, жоңғарлардың ішкі ісіне енді өздері араласа бастаған кезеңге жатады. Бұл айтылатын оқиға – Жоңғарияның тағына отырған Давациға қарсы шыққан Амурсанаға көмек ретінде, 1754 жылы Абылайдың жоңғар жеріне жасаған жорығы. Оның алдында Давани әскерінен жеңіліс тапқан Амурсана Цин жеріне қашап кетеді де, Абылайға Давацимен өзі соғысуға тура келеді. Үзіндіде айтылатын Эринджен (Эринчин) Давацидан қашып, Орта жүзге келіп паналаған қалмақ нояны болатын. Яғни бұл дастанда жоңғар тағына күрескен жоңғар нояндары мен қазақ хандарының бірігіп жасаған жорықтарының бірі сипатталған.

Қазақ-жоңғар соғысында жоңғарлардың басты басымдығы осы кезеңде олардың саяси және әскери біртұтастыққа болуында және осыған байланысты соғыстың біртұтас стратегиямен, бір жоспармен жүргізілуінде, әскери әрекеттердің өзара келісім бойынша өтуінде, шабуылдардың қапыдан болуында. Ал қазақ руларының өзара алауыздығы, бөлектенуі, ұсақ хан-сұлтандарының сепаратизмге ұрынуы жоңғар шапқыншылығының бас кезінде қазақтардың қатты жеңілуінің басты себебі болды. Қазақтар мен жоңғарлардың соғысын сырттан бағып отырған орыстар қазақтарға тән бұл кемшілікті жақсы түсіне білді. Генерал-майор А. Тевкелев пен колл.кеңесші П. Рычковтың Кіші және Орта жүздегі істің жағдайы туралы Сыртқы істер коллегиясына 1759 ж. 22 январьда жіберген түсініктемесінде: «Олардың күші мен адамдары туралы дәл айту мүмкін болмаса да, бірақ сенімді түрде хабарлауға болады, егер олар өздерінің билеушілеріне бағынышты болса, олар бес мыңнан алпыс мыңға дейін, немесе одан да көп, жараған, жақсы аттарға мінген, отты қарумен қаруланған (садақ оларда аз қолданылады) адамдарды тез арада жинап алар еді. Соның өзінде олардың ұлыстары жұртсыз қалмас еді, оған мынадай дәлел айтуға болады, жоңғар билеушілері, әсіресе Қалдан-Черен ең жағдайы тәуір кезінде, ісқағаздар бойынша ол жүз мыңнан астам әскері болған, қанша оларды жаулап алуға тырысқанмен және қанша көп әскер жібергенмен, одан нәтижеден гөрі қиындық көбірек көрді. Олардың [қазақтардың] әлсіздігі сонда, еркіндікке ұмтылатын ескі әдеттеріне байланысты

оларды бір биліктің қоластына әкелу өте қиын», – деп хабарлайды. Астрахан губернаторы А.Волынский да 1725 жылы 10 июнде қазақтар мен Еділ қалмақтарының әскери күштерінің қатынасы туралы сараптамасында былай деп жазады: «Егер қазақтар шындап қатты қарсы тұрса қалмақтар, әрине, құруы мүмкін, үйткені олар қазақтардан қорқатыны сондай, мысалы, егер олар 5 не 6 жүз болса, қалмақтар бес не алты мыңмен оларға қарсы тұра алмайды, себебі қазақтарда садақтан гөрі мылтықтары көп».

Кезінде Кенесары хан да қазақтың сыртқы жауға алдырып жүргені осы алауыздық екенін жақсы түсініп, Балқожа би Жаңбыршыұлына өзінің соңына еріп, бірауызды болып орыс отарлығына қарсы күресуге шақырып жазған хатында осы сөзді айтады:

Кімнен таяқ жегендей,

Бір ауызға қараса,

Біздің қазақ баласы,

Быт-шыт болып жүргені –

Ауызының аласы.

Тек бастарына соққы әбден тиіп, мүлде жеңілу қаупі туғанда ғана қазақтар бірігіп, үш жүздің батырлары бас қоса қимылдап, Абылаймен мен Абылай сияқы белсенді және әрекетті хандардың басқаруымен жауға тойтарыс беріп, өз территориясын басқыншылардан азат етті.

Қазіргі заманның зерттеушілерінің ішінде орыс тарихшысы В.А.Моисеевтің де осындай көзқарасын айта кеткен жөн. Ол өзінің «Джунгарское ханство и казахи» атты зерттеуінде: «Жоңғарлардың Қазақстан мен Орта Азия халықтармен күресінде 1723-1725 жылдары, 1739-1741 жылдары соғыстардағы уақытша жеңістерінің басты себебі, мемлекеттік құрылымдары босаңдау болған қазақ, қырғыздармен, тіпті өзбектермен салыстырғанда олардың мемлекеттік билігінің жоғары деңгейде орталықтанғанымен байланысты болды», – деп жазады.

Қазақтардың халықтық санасындағы «қалмақ» бейнесі. Қазақ-қалмақ соғысының салдары қазақ халқының санасында өшпес із қалдырды. Жоңғарлар түгелдей құрып, Жоңғар мемлекеті жойылғаннан кейін де «қалмақ» бейнесі халық жадына сыртқы жаудың басты бейнесі болып көп жылдар бойы сақталды. Бұл соғыс әкелген қасірет халық жадында «ақтабан шұбырынды», «алқакөл сұлама», «Сауран айналған», «қайың сауған» деген аттармен сақталып қалған. Осы қилы кезең халық ауыз әдебиетінде көрініс тауып, басқыншы жаумен ұрыста ерен ерлік көрсеткен батырлар туралы, жұртты жауға қарсы бастаған кемеңгер хандар мен сұлтандар жайында көптеген аңыз, әңгімелер, тарихи өлең-жырлар пайда болды. Қазақ ауыз әдебиетінде қалмақтар «*төбесі шоқты қалмақ*», «*қыл жсалаулы қалмақ*» деген атаулармен аталады. XVIII ғ.-дағы оқиғалар жайында «Абылай туралы жыр», «Олжабай батыр», «Қабанбай батыр», «Бөген батыр», «Өтеген батыр», т.б. сияқты шығармалар туды. Әрине, бұл жырлар сол XVIII ғ.-дың өзінде бірден пайда бола қойған жоқ. Алғашқыда шағын өлеңдер мен әртүрлі аңыз, әңгіме түрінде шығып,



бүкіл елге тарады да, кейін жинақталып, тұтас тарихи жыр-дастандар болып қайта жырланды. Сол кезеңде туған көптеген халық өлендерінде қазақтардың бастан кешкен қасіреті айтылған:

*Мына заман, қай заман, қысқан заман,
Басымыздан бақ-дәулет ұшқан заман.
Шұбырғанда ізіннен шаң борайды,
Қаңтардағы қар жауған қыстан жаман.*

Осы күнге дейін жеткен Қожаберген жыраудың «Елім-ай» әні де сол заманның трагедиясының символы іспеттес. Бұл кезеңде туған тарихи өлендерде қасірет қана жырланған жоқ, олар халықты сыртқы жауға қарсы тұруға, батырларды жаудың бетін тойтаруға, ерлікке де шақырды.

*Қатын-бала бауырың жауда кетті,
Қаратауды қатал жау бермей өтті.
Қайдасыңдар қазақтың батырлары,
Жасақ бастап алсаңшы жаудан кетті.*

Қазақтардың тарихындағы қасіретке де, ерлікке де толы бұл кезең Қазақстанның топонимикасында да көрініс тапқан. Қазақстан территориясында көп жылға созылған осы соғыс кезінде түрлі шайқастарда қазақ батырларының қолынан қаза тапқан қалмақ батырлары мен қолбасыларының есімдерімен аталатын жерлер көп. Қазіргі Қаскелең, Шамалған, Кеген, Боролдай атаулары осылай қойылған. Орталық Қазақстанда қалмақтардың қатты жеңіліс тапқан жерлері ретінде аталып қалған «Қалмақ қырылған» деп аталатын бірнеше жерлер бар. «Қап қағылған», «Қалмақ қамар», «Қалмақ асқан», «Қалмақ кезі» сияқты топонимдер де қалмақтардың қазақтардан жеңіліс тапқан шайқастардың куәсі.

Бұл соғыстан кейін ауыз әдебиетінде, эпостық жырларда қазақтардың соғысатын ата жауының бәрі «жоңғар», «қалмақ» болып аталып кетті. Бұл негативті түсінік Кеңес дәуіріндегі тарихнамада да қатты қолдау тауып, күшейтіле түсті. Кеңестік Қазақстан тарихнамасында, жалпы кеңестік тарихнамада, қазақ тарихына қатысты тарихи зертеулердің көпшілігі осы қазақ-жоңғар соғысы тақырыбына арналып, бұл зерттеулерде қазақтар бұл соғыста құрып кетудің аз ақ алдында тұрды, оларды бұл қасіреттен Ресей боданына өтуі құтқарып қалды деген парадигмалық қағида негіз болды. Бұл көзқарас Кеңес заманында идеологиялық тұрғыдан Ресей империясының Қазақстанды отарлау саясатын ақтап, қазақтар Ресейге өз еркімен қосылды деген идеологияны насихаттаудан туындаған болатын. Бұл идеология сол кезеңдегі осы тақырыпқа арналған көркем әдебиет, өнер туындылары және кино шығармаларында да негізге алынды. Бұл парадигма Тәуелсіз Қазақстанда да тарихшылардың, әдебиетшілердің санасында әлі де жойыла қойған жоқ.

Қазақ-қалмақ соғысына мүмкіндігінше объективті карауға тырысқан тарихшылар болғанын да айту керек. Орыс тарихшысы В.А.Моисеев өз зерттеуінде «Кеңестік тарихнамада жоңғар қауіпінің ролі тым асыра айтылған, оған шет ел зерттеушілері назар аударған болатын», – деп жазды. Қазақстан тарихшысы И.В. Ерофова Кіші жүздің

ханы Әбілхайыр хан туралы зерттеу еңбегінде: «...барлық кеңестік тарихшылардың басты тезисі қазақ этносының өмір сүруіне төнген тотальды жоңғар қауіпі туралы мифологизацияланған версия болды», – деп, бұл мифтенген түсініктің шындықтан алшақ жатқанын жазады. Бірақ бұл пікірлер басқа тарихшылар тарапынан онша қолдау таба қойған жоқ. Дегенмен, көптеген зерттеушілер XVIII ғасырдағы Кіші жүз, кейін Орта жүз қазақтарының орыс бодандына кіру номинальды сипатта болғанын, шын мәнінде тек протектораттың бір түрі ғана болғанын мойындайды. Бірақ бұл орыс империясына кейін қазақтың қалған жерін отарлау ісін белсенді жүргізуге мүмкіндік берді.

С.А.Едилханова «XVII – XVIII ғасырлардағы қазақ-жоңғар қарым-қатынасы» атты еңбегінде екі жүз жылға созылған қарым-қатынас барысында қазақтар мен жоңғарлар арасында әскери қақтығыстарға қарамастан, достық, бейбіт қатынастар кезеңдері болғанына да назар аударады. Кейде олар бірігіп ортақ жаулары болған шет ел басқыншыларына қарсы тұрды. Тарихи зерттеулерде бұл жағы толық көрініс таппағанмен, оны қазақ, қалмақ ақын, жырауларының шығармалары куәлейді. Бұл қатынастар олардың мәдениетіне, дәстүріне, фольклорына ықпал етті. Бұрынғы кезде қазақтың кейбір хан-сұлтандары мен батырларының қалмақ қыздарына үйленгендері де аз болмаған. Қалдан-Церен кезінде өз нойондарының қыздарын Абылай сұлтан, Барак сұлтан, Сығай сұлтандарға әйелдікке берген. Кенесары ханның әкесі Қасым сұлтан Абылайдың осы қалмақ әйелінен туған болатын. Соғыста тұтқынға түскен қалмақ қыздарына қазақ батырларының үйленуі туралы деректер ауыз әдебиетінде көптеп кездеседі. М.Жұмабаевтің «Батыр Баян», С.Сейфуллиннің «Көкшетау» поэмасының негізгі сюжеттері осындай оқиғалардың желісіне құрылған. Қазақтар қалмақ қыздарын әйел ретінде жақсы бағалағанын Бұқар жыраудың толғауларындағы:

*Қалмақтан алсаң маһи бір зайып,
Сүйегіңді жоғалтпас.
Отының болсын жантақтан,
Қатының болсын қалмақтан*

– деген өлең жолдарынан байқауға болады.

Осы екі ғасырлық әскери қақтығыстар мен бейбіт қатынастардың барысында қалмақтардың қазақтар арасына сіңіп, қалмақ арасына қазақтар сіңген жағдайлар да болып отырды. Мысалы, арғын руының ішінде «бала қалмақ» деп аталатын атаның болуы осының бір көрінісі. Қазіргі Қазақстанда да Отан соғысын кезінде депортацияланған қалмақ халқының өкілдері өмір сүріп жатыр, Қалмақ республикасында да тұратын қазақ диаспорасы бар. Қазіргі уақытта қазақ-қалмақ қарым қатынастары бейбіт, достық деңгейге ауысқан.

Әдеб.: Аполлова Н.Г. Присоединение Казахстана к России в 30-х годах XVIII века. Алма-Ата: Издательство Академии наук Казахской ССР, 1948; Казахско-русские отношения в XVII-XVIII веках: (Сборник документов и материалов). Алма-Ата: Наука, 1961; Ахмедов Б.А. Государство кочевых узбеков. М.: Наука, Главная редакция восточной литературы, 1965; Материалы по истории Казахских ханств XV-XVIII веков (Извлечения из персидских и тюркских сочинений). Алма-Ата: Наука Каз ССР.

1969; *Алдаспан*. XV–XVIII ғасырлардағы қазақ ақын-жырауларының шығармалар жинағы. Алматы: Жазушы, 1970; *Ақсауыт*. Екі томдық. Алматы: Жазушы, 1977; *Златкин И.Я.* История Джунгарского ханства: 1635–1758. М.: Наука, Гл. ред. восточной литературы, 1983; *Бичурин Н. Я. (Иакинф)*. Историческое обозрение ойратов или калмыков с XV столетия до настоящего времени. 2-е издание. Элиста: Калмыцкое книжное издательство, 1991; *Моисеев В.А.* Джунгарское ханство и казахи (XVII–XVIII вв.). Алма-Ата: Ғылым, 1991; *Құрбанғали Халид*. Тауарих хамса (Бес тарих) / Ауд. Б. Төтенаев, А. Жолдасов. – Алматы, 1992; *Халид Құрбанғали*. Тауарих хамса (Бес тарих). Алматы: Қазақстан, 1992; *Хан Кене*. Тарихи толғамдар мен пьеса, дастандар. Алматы: Жалын, 1993; *Убушаев Н.Н.* Происхождение этнонима ойрат // Теегин герл. Свет в степи. №3 (апрель-май), Элиста, 1994; *Левшин А.И.* Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей (под. общ. редакцией академика М.К. Козыбаева). Алматы: Санат, 1996; *Галиев В.З.* Хан Джангир и Орбулакская битва. Алматы: Ғылым, 1998; *Аманжолов К., Тасболатов А.* Қазақстанның әскери тарихы. Алматы: Білім, 1999; *Ерофеева И.В.* Хан Абулхайр: полководец, правитель и политик. Алматы: Санат, 1999; *Едилханова С.А.* Казахско-джунгарские взаимоотношения в XVII–XVIII веках (Некоторые историографические аспекты проблемы). Алматы: Дайк-Пресс, 2005; *Дремов И.И.* Калмаки степей Казахстана XIV–XVI веков // Материалы III международной научной конференции «кадырбаевские чтения 2012» (14–15 ноября 2012 года). Актөбе, 2012. С. 277–282; *Дремов И. И.* Золотая Орда и возникновение этнонима «Калмак» // Вопросы истории. 2013. № 3. С.119–129; *Ақанов М.* «Қалмак» этнонимінің сыры // Қазақ тарихы. 2013. №3. 5–8 бб; КР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ОЙСЫЛҚАРА / ҚАУСЫЛҒАЗЫ – дәстүрлі түсінікте ең алғаш түйе баққан адам, түйе түлігінің атасы, желеп жебеушісі. Кейбір деректерде О. қазақ ұғымында айыр түйенің ең алғашқы бурасының атауы деседі. Ол туралы ел аузында мынадай сөз орамы сақталған:

*Ойсылқара – келенің бурасы екен,
Буралығын білдірген шудасы екен*

Яғни архаикалық сипаттағы түсінік бойынша, О. түйе түлігінің түпатаасы болып саналады.

Академик Ә. Марғұланның пікіріне қарағанда көнеде көшпелілер болмысындағы маңыздылығына байланысты ерте темір дәуірінің обаларынан табылған жартылай адам, жартылай хайуан түріндегі құймаларда бейнеленген түйе бейнесі мифтік түсініктің негізінен туындаған. Тіпті, зороастризмнің қонған жазбасы Авестада *түйе* өсіп-өнудің әлеуетті күшіне телінеді. Ал, сопылық аңыз, әпсаналарда адам бейнесінде суреттеледі. Тотемдік мәнге ие жануарларды қолға үйретумен сабақтаса олардың құтпандары культтік сипатқа көшкен және зооантропоморфтық бейнеге алмасқан.

Мұсылмандықтың кең өріс алуына байланысты ол біртіндеп персондалған тұлғаға айналған. Онда мал түлікке пір болуын агиологиялық аңыздармен байланыстыра түсіндереді. Ойсыл кара сөзінің шығуы – жалпы ислам әлеміндегі әулие Уайс Әл-Қаранидың айымен байланысты. Түйе пірін арабтар *Вайс Харра*, түркімендерде *Вейс баба*, *Вейсел гара*, қырғыздарда *Ойсулата*, өзбектерде *Сұлтан Вайс* аталады. Көптеген авторлар О. пірін түйе бағудың қыр-сырын шебер меңгерген жан түйе піріне айналып кеткен Мұхаммед пайғамбардың өзі жақын тартқан замандасы Уайс әл-Қаранидің есімімен байланысты қалыптасқандығын айтады.

Дәстүрлі түсінікте О. мал пірі ретінде түйе түлігін қауіп-қатерден және аурудан, пәлс-жаладан қорғаушы болып

саналады. Түйе өсірушілер О.-дан түлікке пана болуды, өсіп-өнуіне жәрдемші болуды сұрайды:

*Шаруаның бір пірі – Ойсылқара,
Түйені өсір жарылқан, болып пана!
Ит-құс, пәле, індеттен аман сақтап,
Топ-топ болып кобейсін аруана!
Және бір тілек тілейтін,
Бергеніңді білейтін,
Қотанға сыймас түйе бер,
Түйе берсең, үйе бер!
Жатқан жері даладай,
Азу тісі қаладай,
Екі өркеші баладай,
Қаршылдаған бурасы,
Жалбыраған шудасы,
Жібектен болсын бұйдасы*

Адамның шын тілегіне О. бет бұрып, пиғылы түссе ол адамға және ұрпақтарына көп түйе бітеді деп түсінген.

Қазақ арасында О. атауының басқа нұсқалары кездеседі: оңтүстік өңірінің қазақтары түйе пірін Қаусылқазы деп те атайды. Оны І.Жансүгіров былай деп жырға қосады:

*Қалмаған қайымаған бір тайлағы,
Келесін ие баққан Қаусылқазы*

Әдеб.: *Диваев А.* Этнографические материалы // СМССДО. Вып.5. Ташкент, 1896; *Потанин Г.Н.* Покровители домашних животных // Казак-киргизская и алтайская предания, легенды и сказки. Петроград: Тип. В.Д. Смирнова, 1917. №45. С.114; *Снесарев Т.П.* Реликты домусульманских верований и обрядов у узбеков Хорезма. М.: Наука, 1969; *Байлиева Т.Д.* Донсламские верования и их пережитки у киргизов. Фрунзе: Илим, 1972; *Аргынбаев Х.* Народные обычай и поверья казахов, связанные со скотоводством // Хозяйственно-культурные традиции народов Средней Азии и Казахстана. М.: Наука, 1975; Хайуанаттар туралы казак ертегілері. Алматы, 1979; Кондыбай С. Казахская мифология: краткий словарь. Алматы: Нұрлы әлем, 2005; *Тоқтабай А., Сейтқұлова Ж.* Төрт түліктің қасиеті (қазақтың мал шаруашылығына байланысты әдет-ғұрыптар). Алматы, 2005; *Сейфуллин С.* Көп томдық шығармалар жинағы. Алматы: Қазығұрт, 2007; Қазақ әдебиетінің тарихы. 1-том. Қазақ фольклорының тарихы. Жалпы ред. басқарған С. Қасқабасов. Алматы: ҚазАқпарат, 2008; КР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ОЙЫҚ – ыдыс-аяқ қою үшін сазбалшықтан, қыштан соғылған үйдің қабырғасынан жасалған қуыс орын; текше. Қабырғадан ыдыс-аяққа деп орын қалдыру оңтүстік аймақтарда көбірек кездеседі. Ойықтың сөресіз және сөрелі түрлері болады. Сөресіз түрі қабырғадан ойық қалдырып жасаған бір ғана текшеден тұрады. Ойықтың сөрелі түрін қыш текшеден кейін арасын 25–30 см кейде 30–40 см шамасында қалдыра отырып, екі не үш қатар тақтай қағып жасайды. Сонда ол ашық тұрған шкафтың сөресі сияқты болып көрінеді. Ел інінде осындай текшені *ойық* деп атаумен бірге *таууше*, *таууш*, *тәкше*, *таууш* деп атау кездеседі. Ыдыс-аяққа шыбын-шіркей қонбасын деп бетіне перде тұтып қояды.

Әдеб.: Қазақ тілінің аймақтық сөздігі. Алматы: Арыс, 2005; ҚӘТС. 11-том. Алматы: Арыс, 2009; КР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ОЙЫН¹ – күнделікті өмірде және ұлттық мерекелер кезінде топтық та, жекеше түрде де орындалатын көңіл-көтеру немесе бос уақытты өткізуге негізделген әрекеттер мен кимылдар түрі, мәдениеттің бір саласы. *Ойын-сауық* деп те аталады. Дүбірлі үлкен той-мерекелер бірнеше



күнге созылатын болған. Осындай тойлардағы негізгі салтанат пен тамаша ұлттық О. түрлері екендігін, оның бірнеше күнге созылатынын халық ұғымы шартты түрде *отыз күн ойын, қырық күн той* деген мәтелмен белгіледі. О. түрлерінде сөз, ән-күй, би сияқты өнер түрлері, спорт, дене шынықтыру сияқты кимыл-әрекеттері көрініс табады. Сондай-ақ, кейбір О. түрлері наным-сенімге байланысты туып, қалыптасқандықтан белгілі бір ғұрыптық мәнге ие болып келеді. Ұлттық ойын – көне замандарда ата-баба рухына, табиғат тылсымы мен құдіретіне бағыну, табыну (тотем) сияқты наным-сенімге байланысты атқарылатын. Жауынгерлердің айқасы секілді суреттер Орталық Қазақстандағы Хантаудан, Балқаштың Теректісай тауынан табылған. Суреттің бірінде бір шетте көрермен секілді бір әйел тұрады. Археологтардың пікірінше, бұл әйел – осы жарыстың басты сыйлығы болса керек (к. **Көкпар; Тайлақ тарту; Түйе тарту / Түйе иешу**).

О. күнделікті өмірде баланың ермегі болумен бірге ересектердің еңбек ету әрекеттерін бейнелейтін, яғни бала үшін еңбек бастамасының дайындығы іспетті қызмет атқаруымен ерекшеленеді. Мысалы, балалар құмалақ жинап, қойдың құмалағын «қозы» деп, түйенің құмалағын «қой» деп бөліп алып, «қойлы ауыл, қозылы ауыл» болып «көшіп қонып», «қой қоздатып», «қой қосақтап», «қозы жамыратып» ойнап, оларды бөлек қораға қамау сияқты әрекеттер атқаруы – шын мәнінде шаруашылық дағдыларын меңгеру, машық қалыптастыру еді. «Педагогика» деп аталатын еңбегінде Мағжан Жұмабаев О.-дарды *халық мәдениетінің бастау алар қайнар көзі, ойлау қабілетінің өсу қажеттілігі, тілдің, дене шынықтыру тәрбиесінің негізгі элементі* деп тұжырымдады. Аса көрнекті жазушы Мұхтар Әуезов: *Біздің халқымыздың өмір кешкен ұзақ жылдарында, өздері қызықтаған алуан ойын өнері бар ғой. Ойын деген, менің түсінуімше, көңіл көтеру, жұрттың көзін қуантып, көңілін шаттандыру ғана емес, ойынның өзінше бір ерекше мағыналары болған* – деп тегіннен-тегін айтпаса керек.



Бәйге. Суретші Е.Оспаңұлы

Заманына, өмір сүрген уақытына қарай ойындар да өзгеріске ұшырайды. Оның жарқын мысалын қыз қуу О.-ынан байқауға болады. Ергеректегі шартта қызды қуып жеткен жауынгер оның бұрымынан сипаған. Ал одан бергісі қыздың қанжығасына орамал байлаған. Келесісі қуып жетіп қызды құшақтаса, дәл қазіргі кездегі ойында жігіт қыздың бетінен сүю түрінде өзгерді. Ілкі замандарда О.-ның алғашқы түрлері еңбек, аңшылық және жауынгерлік (әскери) машығын қалыптастыру сияқты практикалық мәнге ие бола отырып, кейінгі даму сатыларында той-мереке кезінде бір жағы көңіл көтеру мәнінде, келесі қыры – тайпааралық, руаралық бәсекелестікті анықтау (*мықтылықты сыналту*), озып шығу сынды мәнге ие болды, яғни, О. түрлері қоғамдық сипатқа ие болып, жетіліп, белгіленген тәртіп, ереже тәңірегінде атқарыла бастады. Осыған сай О. – *жарыс, сайыс, күш таластыру, амал-айла сынасу, бәсеке, бақталастық* сияқты т.б. ұғымдарды да белгілейді. XIX ғ.-да ресей әкімшілігі тыйым салған ежелгі ойын түрінің бірі сайыс – шын мәнінде әскери жаттығулар жасап, жауынгерлік машық қалыптастыратын О. еді. О. осы тектес жағдайда қабілеттерді бекіту, шынықтыру қызметін атқаратын. Тінтен, уақыт өте келе жалпыхалықтық сипатқа ие ұлттық мерекелерді тойлау кезінде О. ойнау, яғни, О. ұйымдастыру жиын-тойлардың ажырамас бір бөлігі болып қалыптасты. Жоғарыда аталған және т.б. түрлі саяси-әлеуметтік жағдайларға байланысты дәстүрлі орта – ер жігіттің ептілігі сынға түсіп, топ ортасынан сыналып шығатын ойын түрлері ретінде – *жамбы ату* (*алтын қабақ, алтын табақ*), *күміс алу* (*теңге ілу*), *аударыспақ* және *күресу* (балуан) сынды т.б. негізгі О.-дарды бүгінгі күнге жеткізді (к. **Айқабақ, Жамбы ату / Алтын қабақ**). Бұл ойын түрлері арқылы жігіт жекелей түрде дене күші мен ақыл-ой ептілігін көрсетуімен даралана алды. Ал, топтық тұрғыда, яғни, ру немесе ауыл атынан бәсекеге түсіп, озып шығып, бәйге алуды көздейтін О. түрлеріне – *көкпарға* шығып *додаға түсу, жүйрік* пен *жорға* ұстау көшпелілердің негізгі тіршілік көзі болған жылқы малын ерекше қастерлеуден туған ат спорты түрлері еді. Той салтанатының өзі ондағы ұйымдастырылған О. түрлері мен оның ауқымына байланысты бағаланды. Әсіресе, той иесінің балуан мен ат бәйгесіне тіккен жүлдесінің алдын-ала жарияланған көлемі мол болған сайын той даңқы шартарапқа тарайды. Атағы мен дақпырты осылайша хабарландырылған үлкен тойларға *той десе қу бас домалайды және той тондынікі, ас аттынікі* деген бойынша естіген жұрттың барлығы ойын-сауық көріп, тамашалау үшін баратын (к. **Аламан бәйге; Ас беру / Ас; Бәйге**). Той кезінде ас-су ішіліп болған соң, О.-дардың басталғандығын білдіретін *мүше алып қашу* деп аталатын салт орындалатын. Бұл О.-ның басты мақсаты дастарқан басындағы жұрттың делебесін қоздырып сыртқа шақыру болатын (к. **Мүше алып қашу**). Көшпелі өмірдің өзі дене шынықтыру тәжірибесінің ең қолайлы түрлерін белгілеп алуға себепші болды. Оның негізгі түрлерінің бірі

– атқа салт мінін жаттығу, яғни, сайыс, аударыспақ, көкпар сияқты ат ойындарын көрсету ептілікті, шабандоздықты қажет етеді. Олардың тәсілдерінің бәрін жете меңгере білген жігіттерді халық «ат құлағында ойнаған» деп атаған. Осылайша, ат құлағында ойнау кішкентайынан машықтанғанда ғана бойға даритын қасиет. Халық тұрмысымен бірге жасасып келе жатқан ат ойындарынсыз өткен той-мереке өз сән-салтанатына жетпегендей болып тұрады (қ. *Ағаш аяқ*; *Ат жарыс*). Ат жалында туып, ат үстінде өскен дәстүрлі ортада ат десе ішкен асын жерге қоятын әдет қалыптасқан. Тіпті, сәби тілі де ең алғаш *ат* деп шықты. Атқа мінуге деген әуестік текпен жалғасатындығы соншалық, қазақтың жылап жатқан баласы «*атқа мінгізем*» десе жылағанын қоя қоятын.



Теңге Ілу. ОМЭЭ материалдарынан

Дәстүрлі ортада адамның тіршілік цикліне байланысты – жас ерекшелігінің әрбір кезеңі ғұрыптар арқылы аталып өгілетіні белгілі. Бала дүниеге келгеннен соң атқарылатын жосын-жоралғылар көптеп саналады. Мәселен, солардың бірі әрі алғашқысы – сәби дүниеге келгеннен кейін бір апта шамасында бесікке салып, ойын-сауық құрып *бесік той* өткізу. Осы той туралы: «*Қазақ халқы бөпені бесікке жатқызыған күні құнан бәйге өткізеді және думан үшін палуандармен бірге әйелдер де күрескен... Кейде ат жарыстың орнына әйелдерді жарыстыру сияқты күлдіргі бәйге де ұйымдастырған. Әйелдер ширек шақырымды айналып өтеді*» деп жазады Х.Кустанаев.

Сондай-ақ, бала аяғын апыл-тапыл баса бастаған кезде тез жүріс кетуі үшін магиялық ғұрып – *тұсау кесу* жосынын жасайды. Осы кезде де ауылдағы кілең кішкентай, ұсақ балаларды жинап алып, қысқа қашықтыққа жарыстырып, тойға қатысушыларды қызыққа батырумен бірге, ырымдық жағы бойынша бірінші келген баланың қолымен қосып ұстаған жасы үлкен ана баланың тұсауын кеседі. Ол осы озып келген баладай жүйрік болсын, жасы үлкен, қадірлі апаға тұсау кестіруі – апаның қадір-қасиеті жұқсын деген ырым еді (қ. *Тұсау кесу*). Әрине, осы жаяу жарысқа қатысқан барлық балаға сыйлық берілетіні белгілі. Осы

тұрғыда, той-домалақта ұйымдастырылатын О.-дардың сол жиын мен мерекенің ажырамас бөлігі ретінде қалыптасып, сіңісіп кеткенін байқауға болады.

О. ақыл-ой тұрғысында адамгершілікке, ұстамдылыққа, бағылдыққа, ұтқырлыққа, ептілікке, мергендікке үйретіп, ой-өрістің дамуына, қисынды ойлауға үйрететін қоғамдық мәні аса зор ұлттық мәдениеттің бір саласы. О. дене тәрбиесі тұрғысынан шымырлыққа, алғырлыққа, жылдамдыққа, ұшқырлыққа, төзімділікке баулиды. Мысалы, жас жеткіншектердің, бозбала-бойжеткеннің топқа бөлініп алып, айлы түнде ойнайтын *ақсүйек* О.-ында белгілі бір бағытқа қарай алысқа лақтырған сүйекті жүгіріп жүрін тез табу немесе тауып алғаннан тартып алу, жеткізбей мәреге дейін қашу сияқты дене шымырлығын ғана емес, қараңғыда бағыт-бағдарды айқын сезуді қажет ететін көзқарактылық, сезімталдық сияқты қасиеттерді дамытуда айрықша рөл атқарды. Бұл О. сонымен бірге, жастар арасындағы тату-тәтті дос-жарандардың жұп-жұбымен топқа бөлініп бәсекеге түсуі ғана емес, қыз-бозбаланың танысып, табысуына да зор мүмкіншілік туғызатын әлеуметтік қызметімен де ерекшеленді (қ. *Ақсүйек*). Қызметі мен мәні жағынан ақсүйек ойынына ұқсас *алтыбақан* О.-ы да жастардың бірлесіп ән салып, қара өлең айтып, жұмбақ айтысып жарастығы арта түсуіне ықпал ететін (қ. *Алтыбақан*). Яғни, О. дене тәрбиесі мен ақыл-ой және рухани қажеттілікті өтеу ғана емес, қарым-қатынасқа түсудің де құралы болды.

Дәстүрлі ортада ұлттық О.-дарды мақсаты мен мәніне байланысты әлеуметтік тұрғыдан өз ішінен төмендегідей топтауға болады:

- балалар мен ересектер;
- мерекелік және күнделікті;
- әдет-ғұрыптық;
- жекелей немесе топтық
- ахуалға байланысты
- қысқы және жазғы;
- үй ішінде және сыртта;
- күндіз және ай жарығында;
- ойын құралдарын пайдаланып немесе пайдаланбай ойнайтын О. түрлері деп бөлуге болады (қ. *Ойыншық*).

Сондай-ақ, жұмбақ жасыру, мақал айтып жарысу, жаңылтпаш айту, өлең, өтірік өлең айтысу, тобық тығу, қандай да бір қисынсыз қиын істі орындауға бәс тігу (*қымыз толы шара ішіне тасталған сөлкебайды тістеп алып шығу, қымыз ішіп жарысу, мешкейлер жарысы*), жілік сындыру (шағу) сияқты әртүрлі О.-дар көптеп саналады (қ. *Бәс / Бәс тігу / Бәстесу; Жілік сындыру; Тобық тығу*).

Балалар ойын түрлерін *ақыл-ой жетілдіру* және *іс-қимыл* ойындары деп екіге бөліп қарастыруға болады. Аталған мәселенің екеуі де ойын болғанымен алдыңғысы тек іс-қимылсыз, баланың таза ақыл-ойының жүйріктігімен, шешендігімен, қиялымен іске асады. Яғни, *ойын ретінде өлең шумақтарын айту, жұмбақ жасыру және оны шешу, тоғыз құмалақ, дойбы ойнау, санамақ, қолтұзақ, жаңылтпаш айту, мазақтамалар, қызықтамар,*



тәжікелесу, қаламақ (қ. Қолтұзақ², Қолтұзақ³). Ал, екіншісі ақыл-ой зеректігімен қоса, баланың ептілігін де талап етеді. Яғни, айгөлек (мылқау тотай), ақ серек-көк серек, ақ байпақ, айқұлақ, ақ сандық-көк сандық, жалғыз асық, жасасырынбақ (бұғынбақ, тығылмаш), жаяу көкпар, жаяу тартыс, атаман доп, қазан доп, жіптен секіру, жылман, ортеке, аңшылар мен қояндар, аңшы мен үйрек, аламан хан, доп ойны, жарысу, секіру, асық т.б (қ. Ай керек; Айгөлек¹ / Мылқау тотай / Ақ серек, көк серек;). Балалардың жасы өскен сайын ойын түрлері де күрделеніп, дамып отырды.

Балалар да үлкендер де ойнайтын О.-дардың ежелден кең тараған түрі – асық ойыны. Асық ойындары өз ішінен үш табан, шеңбер, шік-бүк (бүк-шік), ханталапай, сытырмай, түртпей, асық қағу, қаршу, алышы, шұбырту, ұпай ұтысу, қол жоң, ат жарыстыру, қошқар соғыстыру, мұз ойнақ, иірмекіл, қақпақыл, сасыр, хан ойыны, аламан хан, асық табысу, төрт шүкейт т.б. бөлінеді. Бұл ойын негізінен атысып, ұтысып ойналады.



Асық ойнаушылар. Суретші Есенгали Садырбаев

Мерекелік О.-дар жалпыхалықтық сипатқа ие болуына байланысты негізінен топтасып немесе жекелей түрде ел, ру-тайпа, ауыл атын қорғап жарысатын мақсаттарға құрылады (қ. *Ат жарысы; Балуан; Бәйге; Бұқа тартыс, Жаяу тартыс; Қатын жарыс; Қыз қуу*). Ал, той-жиында да, жайшылықта да ермек үшін топ болып ойнайтын О. түрлері ақсүйек, алтыбақан О.-ын атауға болады.

О. сонымен:

- тәрбие құралы ретінде ақыл-ойды кеңейтеді, тілді ұстартады, сөздік қорды байытады, өмірді танытып, сезімді кеңейтеді;
- ерік және мінез қасиеттерін бекітеді, адамгершілік сапаны жетілдіреді;
- ұжымдық сезім әрекеттері қалыптаса түседі;
- эстетикалық тәрбие беру құралы;
- еңбек тәрбиесін беру мақсаттарын шешуге мүмкіндік береді;
- дене күшінің жетілуіне көмектеседі.

Демек, О. адамның көңілін өсіріп, бойын сергітіп қана қоймай, оның өмір құбылыстары жайлы таным-

түсінігіне де әсер етеді. Балалар ойын арқылы тез тіл табысып, жақсы ұғысады, бірінен-бірі ептілікті үйренеді. Ойын үстінде дене кимылы арқылы өзінің денсаулығын нығайтады. Дәстүрлі орта О.-дарға тек балаларды алдандыру, алдарқату, ойнату әдісі деп қарамай, жас ерекшеліктеріне сай олардың көзқарастарының, мінез-құлқының қалыптасу құралы деп те ерекше бағалаған. Қазір бізге жеткен ұлт О.-дары – тоғызқұмалақ, қуыршақ, асық ойындары сияқты және т.б.-лар көне жыр- дастандарда балаларды тәрбиелеуде, олардың еңбек және жауынгерлік машықтарын қалыптастыруда ерекше орын алғандығы айқын көруге болады. Мәселен, «Қобыланды», «Алпамыс», «Ер Тарғын» сияқты эпостық жырларда елін сүйген батырлардың, жұртшылық сүйіспеншілігіне бөленген ер жігіттердің ең алдымен ұлттық ойындарда сайысқа түсіп, одан кейін көп адам қатысқан ойын-сауықтарда өздерінің мергендік, палуандық, шабандоздық шеберліктерін көрсеткендіктері айтылады (қ. *Ойын-сауық*).

Ұлттық О.-дар жөнінде қазақ даласында болған шетелдік ғалымдар, саяхатшылар көптеген мәліметтер қалдырған. XIII-XVIII ғғ. Орта Азия мен қазақ жерлерінде болған Европа саяхатшыларының еңбектерінде, атап айтқанда, Қазақстанның елі мен жері жайында көптеген ғылыми еңбектер қалдырған Европа саяхатшыларының ең алғашқылары Плато Карпини, Вильгельм Рубрук және Марко Пололарды атауға болады. Марко Поло Қазақстан жерінде болған кезде мереке-тойларға қатысып, олардың ойын-сауықтарын көргенін жазады. Мысалы, Қызбөрі ойыны жайлы айта келе, оның әлеуметтік мәнге ие екенін жазады. Сонымен қатар, Марко Поло шығыстың жүрдек адамдары мен жүйріктері жөнінде де жазады. Оның айтуынша жаяу жарысқа түсіп, жүгіруді кәсіп еткен адамдар болған.

Гильом Рубрук еңбегінде коньки (сойшаңғы – Д.Шокпарұлы) тебу көп тарағанын атайды. Олар «аяқтарына егелген сүйектерді байлап алып, қатып қалған қармен мұз үстіндегідей зырғыйды, тіпті құс пен аңдарды қуып жетіп, ұстап алады» – дейді. Осыған айғақ ретіндегі зат ҚР МОМ қорында сақтаулы (КП 25865\3). Қола дәуіріне, яғни б.з.д. 10-8 ғғ. тән, жіліктен әзірленген сойшаңғы 1969 ж. Көкшетау қаласы маңындағы Шағалалы қонысынан табылған. Көлемі: 2,3x47см. Осы экспедицияға жетекшілік еткен А.Оразбаев 1970 жылы шыққан «По следам древних культур Казахстана» деп аталатын іргелі еңбекте жариялаған «Поселение Чаглинка (Шағалалы): некоторые формы и типы жилищ» – деген мақаласында бұл табылымды коньки (сойшаңғы) деп көрсетеді.



Сойшаңғы. ҚР МОМ қорынан (КП 25865\3). Б.з.д. 10-8 ғғ (қола дәуірі)

А.Вамбери «Путешествие по Средней Азии 1861-1863 г.» атты еңбегінде қазақтар Жем не Арал теңізі жағалауларын немесе Балқаш не Алтай төңірегін мекендесе де ұлттық ойындары барлық жерде өзгеріссіз кездесетінін айрықша атап көрсетеді. *Қазақтағы бала тәрбиелеу ісіндегі үйрету мен тәрбиелеу түрлері біртіндеп күрделеніп, жылдан жылға жаңа жаттығулармен және ойындармен байытыла түседі. Ақыл-ой және денелік қабілеттердің артуымен бірге жаңа қимыл біліктіліктері мен дағдыларын меңгерудің алғы шарттары түзіледі, ал бұл күнделікті тіршілікте ауадай қажет* – дейді.

Ал, Маңғыстау өңіріндегі қазақ және түрікменнің тұрмыс-тіршілігін зерттеген Р.Карутц «Маңғыстау – балалардың жұмағы» дей отырып, балалар ойынынан халықтың тұрмыс-тіршілігін байқауға болады және болашақ өмірдің талаптарына дайындық сияқты көрінеді деген. Қазақ отбасында баланы ойыншықтар арқылы тәрбиелеуден гөрі, атқа міну және шабу, садақ тарту, белдесу сияқты рухани және спорттық тәрбиеге көбірек баулиды. Қыз балалар ағаштан қуыршақ жасап, оның үстіне неше түрлі шүберектерді байлап, басына орамал тартады. Ұл балалар болса, жылқының бейнесін ағаштан және тастан қашап жасайды. Қазақ халқы ұл балаларды жастайынан жауынгерлікке тәрбиелеп өсіреді. Ұлдардың құс ататын, нысана дәлдейтін саймандары – садақ, жебелері болады. Садақ жарты шеңберге жуық молшерде иілген ағаштан жасалады, оның мүізден жасалатыны да болады екен, әйтсе де мен ондайды қолға түсіре алмадым, тіпті, көре алмадым да, жебенің ұшына түйе құмалағы арқылы да көкімігін иені бекітіп жасайды. Ақсүйек ойынына да ерекше тоқталып, олардың ақсүйегі біздің футболға ұқсас: ол айлы түні далада ойналады; ойынға қатысушылар екі топқа бөлініп, әрқайсысы сүйекті алысқа лақтыруға тырысады. Сонымен қатар, автор топай ойынына балалармен қоса ақсақалдар да қызу кірісетінін, далада да, үйде де ойналатын қақпақыл, жармақыл, сасыр, бес тас, хан атты бірнеше түрлері бар екенін жазады (**к. Құмар**).

Ә.Диваев қазақ балаларының жас ерекшеліктерін зерттей келіп, балаларды төрт топқа бөліп қарастырады: бір жасқа дейін нәресте, бір жастан жеті жасқа дейін – сәби, сегіз жастан он беске дейін – жасөспірім, он алты жастан жиырма беске дейін – жігіт. Яғни, жас ерекшелікке байланысты, ойын түрлері және құрылымдық ерекшелігі күрделеніп өзгеріп отыратындығын да аңғаруға болады. Демек, бала өскен сайын оның ойынынан тәрбиелік қырынан тыс, сол халықтың көне тарихы, тұрмыс-тіршілігі, шаруашылығы мен әдет-ғұрпының нәрін аңғаруға болады.

Дәстүрлі ортада бала дүниеге келмей тұрып-ақ, оның болашақтағы денінің саулығына үлкен мән берілген. Ал, дүниеге келген күннен бастап, ақыл-ой қабілетінің қоршаған ортаға, өмірге деген көзқарасының дұрыс қалыптасуын реттейтін, белгілі бір жүйеге келтіретін балалар ойындарының маңызы зор болды. Ойын арқылы баланың логикалық ойлау қабілеті жетіліп, этикалық, эстетикалық талғамы қалыптасты.

О. тек қана уақыт өткізу тәрізді жай ғана ермек емес, керісінше балалардың рухани жетілуі мен табиғи өсуіне қажетті алғышарт болды. Осындай қажеттіліктен туындайтын баланың назарын жұмылдыруға бағытталған ойын түрлері бар. Мәселен, сәбиді уату-алдарқату – бала көңілін аулайтын ермек қана емес, үлкен тәрбие құралы да. Саусақтарды ретімен бүгіп, ретімен ашу бала ұғымын жүйелілікке тәрбиелейді. Осылайша сәби бірте-бірте санауға үйренеді:

Бірім – бір,

Екім – екі,

Үшім – үш, –

деп, онға дейін баланың саусақтарын жұма келіп:

Он бірім –

Оны тапшы, ай-күнім!

дейді. Санамақ деп аталатын осынау О. әрмен қарай жалғасады:

Бір дегенім – білеу,

Екі дегенім – егеу,

Үш дегенім – үскі,

Төрт дегенім – төсек,

Бес дегенім – бесік,

Алты дегенім – асық,

Жеті дегенім – желке,

Сегіз дегенім – серке,

Тоғыз дегенім – торқа,

Он дегенім – оймақ,

Он бір дегенім – қара жұмбақ, –

деп аяқтайды (**к. Санамақ**). Мұндағы дыбыстық үйлесімге құрылған ұйқасты сөздер баланы қызықтырып қана қоймайды, санды жаттауға да жеңілдік туғызады және санға телінген балама сөздер де баланың күнде көріп, қолына ұстап жүрген таныс дүниелері. Бұл тіл дамытады әрі баланың танымдық қабілетін арттырады. Баланы алдарқата отырып, санауға үйретудің мұндай тәсілі көп халықтарда бар.

Жалпы, халықтың көне наным-сенімдерінің жұрнақтары фольклордың басқа жанрларынан гөрі балалар ойындарында көбірек сақталған. Өйткені, балалар көне мифтік ұғымдарды шынайы қабылдап, өз ермектеріне айналдыра береді, оған өзгеріс елдіруге тырыспайды, көп ондеусіз өзінен кейінгі буынға үйрете беретіндігі аян.

Сәби сәл қара тұяқ болып, аяғы, тілі шығып, өз бетімен ойынға айнала бастаған уақытта баланың белгілі бір дене мүшесін пайдалана отырып, алдарқататын ермек-ойын өлеңдер басым бола бастайды. *Бала ойынмен өседі* деген бойынша мұндай ойындар халық арасында жаппай тарап, баланы ойнату әркімнің парызы ретінде қабылданды.

Саусақ ойынының негізінде саусақтардың неге ұзынды-қысқалы болып жаратылғандығы жөніндегі көне миф жатыр. «Алғашқыда адам саусақтарының ұзындығы бірдей болыпты-мыс. «Ұрлық істейік, – деп жамандыққа бастағаны үшін Құдай басбармақты ортасынан кесіп тастапты. «Істесек істейік», – деп қостағаны үшін сұқ саусақты да қысқарта кесіпті. «Құдайдан қорықпайсыңдар ма?» – дегені үшін ортан қолға тиіспепті. «Құдай не істейді?» дегені үшін





аты жоқ қолды да қысқартыпты. «Ұрлайық та, сояйық» дегені үшін шынашақты одан да қысқартыпты», – дейді ежелгі қазақ мифі.

Қазақ мәдениеті жөнінде көп материал жинаған Ә.Диваев өзінің «Қазақтар балаларын қалай жұбатады?» атты мақаласында қазақ халқы арасында кең таралған саусақ ойындарының бір түрін келтіреді. «Бақыра жылап отырған балаларды (жалғыз бала болса да) шебер алдандырып:

Бүлдіршінің сұқ саусағынан шап беріп: «Сойсақ сояйық»,

Ортан қолды ұстап: «Құдайды қайтеміз?»,

Аты жоқ қолды ұстап: «Құдай қайтеді дейсің?»,

Шынашақты ұстап: «Әжел бері, соямыз», –

дейді.

Одан әрі келесі қолдың саусақтарын алып, дәл сол ретпен саусақтарды санамалап шығады және әрбір санамалауды бірлән, шірлән, атыз, қатыз, отыз сөздерімен аяқтайды» дейді.

Қазақ арасында кең таралған сондай уату-алдарқату О.-дарының бірі – **Қуырмаш** (қ. **Қуырмаш**). Жылап отырған баланың алақанын алып: «Қуыр-қуыр, қуырмаш, тауықтарға бидай шаш», – деп, бидай қуырғандай етіп қытықтайды да:

Бас бармақ,

Балалы үйрек (сұқ саусақ)

Ортан терек (ортан қол)

Шылдыр шүмек (аты жоқ қол)

Кішкентай бөбек (шынашақ), –

деп, әр саусаққа ат қойып, бүгін шығады. Содан соң: кішкентай бөбектен бастап:

Сен тұр – қозыңа бар,

Сен тұр – қойыңа бар,

Сен тұр – жылқыңа бар,

Сен тұр – түйеңе бар.

Сен, қария –

Қазан түбін жалап,

Үйде жат, –

деп, әрқайсысына міндет жүктейді.

Балаға айтылатын бесік жырынан бастап, ұлттық ойындардың барлығы халықтық тәрбиенің қайнар көзі болып табылады. Онан ары оған түрлі бейнедегі қуыршақтар, ойыншықтар беру арқылы алдарқату кіреді. Мұндай жағдайда бала ойыншыққа көз жіберіп, оның не екенін білмекке ұмтылып ұстап көріп, тістеп көріп қызығушылығы артады. Осының барлығы баланың өзіндік ойлау қабілетін жақсартып, қоршаған ортадағы құбылыстарды танудағы құмарлығын арттырады.

Сондықтан да дәстүрлі ортада шүберектен, сүйектен, ағаштан, саз балшықтан күйдіріп жасалған т.б. ойыншықтарға сұраныс артты. Ойыншықтардың басым көпшілігі дәстүрлі шаруашылық негізінде, төрт-түлік пен үй жануарларының бейнесінде қалыптасты (қ. **Ойыншық**).

Ойын бұзау емізеді, бұзау таяқ жегізеді деген мақал бойынша халықтық тәрбие балалардың О.-ға аса беріліп кетуіне шектеу қойып, үй шаруасына да қолқабыс ету

міндетін ұмытпау қажеттігін ескертті. Дәстүрлі ортада 6-8 жас арасындағы балаларды *ойын баласы* деп атаса, *қозы жасы* деп аталатын 9-12 жас аралығындағы балалар аты айтып тұрғандай қозы жаюға (бағуға) қамтылатын еді (қ. **Жас; Ойын баласы**). Сондықтан, енді ойынды азайтып, алдағы ересею кезеңін бастағанын білдіретін – *асық ойнаған азар, бәрінен де қой бағып, көтен мүжіген озар* – деген мәтел туды.

Әдеб.: Древние игры киргизских молодежи // ТВ. 1907. №54. с. 346-347; *Каруц Р.* Среди киргизов и туркмен на Мангышлаке. СПб.: Изд. А.Ф.Девриена, 1911. *Гуннер М.* Краткий сборник казахских народно-национальных видов спорта. Алма-Ата, 1938; *Дүйсенбаев Ы, Хұсайынов Ш.* Қазақ әдебиеті және халық ойындарындағы театр-драмалық элементтер // ҚазССР ҒА хабаршысы. Көркемөнер зерттеу сериясы, 1950, №78; *Марко Поло.* Книга Марко Поло. – М.: Госиздат географ лит, 1955; *Тәңкеев М.* Қазақтың ұлттық спорт ойындары - Алматы: Қазмембас. -1957; *Оразбаев А. М.* Поселение Чаглинка (Шагалалы): некоторые формы и типы жилищ // По следам древних культур Казахстана. Институт истории, археологии и этнографии им. Ч. Ч. Валиханова Академии наук Казахской ССР; отв. ред. М. К. Кадырбаев. - Алма-Ата : Наука, 1970. С. 129-146; *Симаков Г.Н.* Общественные функции киргизских народных развлечений в конце XIX-начале XX в. – Л.: Наука, 1984; *Аунбаев Ж.* Ер канаты. – Алматы: Қайнар, 1987; *Берн Э.* Игры, в котором играют люди и люди, которые играют в игры. Москва: Прогресс, 1988; *Сағандықов Е.* Қазақтың ұлттық ойындары. Алматы: Рауан, 1991; *Мизамхан Ж.* Қазақтың ұлттық ойындары. Өлгей, 1990; *Диваев Ә.* Тарту. Алматы, 1992. 196-197-бб; Путешествия в восточные страны Платона Карпини и Гильома де Рубрука. Серия: Путешествия. Открытия. Приключения. – Алматы: Ғылым, 1993; *Ісламжанұлы К.* Рухани уыз (Қазақ балалар фольклоры). Алматы: Ана тілі, 1995; *Жұмабаев М.* Таңдамалы. Үш томдық. Алматы: Білім, 1996-1997; Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. 2-т.. Алматы: Арыс, 2005; *Ботяков Ю.М.* Игра в традиционной политической культуре туркмен // Игра и игровое начало в культуре народов мира. Отв. ред. Г.Н.Симаков. - СПб: МАЭ РАН, 2005. с. 140-155; *Белков П.Л.* Игра, праздник, ритуал // Игра и игровое начало в культуре народов мира. Отв. ред. Г.Н.Симаков. СПб.: МАЭ РАН, 2005. С.254-274; *Мұрабаева А.С.* Қазақ мәдениетіндегі ұлттық ойындардың ерекшелігі мен рәсімдік негіздері. Канд. дисс. қолжазбасы. Алматы, 2006; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ОЙЫН² / ОЙЫН ЕТУ / ОЙЫН ҚЫЛУ – сөз немесе әрекет түрінде орындалатын қалжың, әзілге негізделген қарым-қатынас түрі. О. жеңге-қайын-жезде-балдыз-күйеу сияқты туыстық жақындықтарға негізделген еркін қарым-қатынас бойынша жасалады. Сондай-ақ, құдалық жосындар кезінде жасалады. Мәселен, жақсы білетін құрдасын, замандасын, ауылдасын немесе, жеңге, жездесін, балдызын, қайынысын әңгіме арасында тілге тиек етіп, олардың кейбір мінез-құлықтарынан, басынан өткізген оқиғаларынан мысал келтіре айтуды ойнау, ойын ету, ойынға айналдыру деп атайды. Сондай-ақ, аса зиян келмейтіндей етіп өтірік айтып, алдап, босқа сандалтып, шырғалаңға түсіру сияқты т.б. О. түрлері құрдастар арасында көп жасалады. Яғни, бұл аталғандардың барлығы өзімісінген, өзім деген жақын адамына ғана қатысты жасалатын қарым-қатынастың ерекше түрін білдіреді. Ескертін бір жайт – балалар мен ересектердің той-думан кезінде және күнделікті өмірде ермек үшін, бос уақытын өткізу үшін ойналатын ойын сөзімен синоним болып келгенімен, мұнда белгілі бір ереже жоқ, болмайды да. Тек жас, жыныс және туыстық қатынастарға байланысты ежелден орныққан дәстүр-

салттағы ұстанымдарға сай атқарылды немесе белгілі шек қойылып, тыйым салынды. Алайда, ол шектеулердің өзі шартты түрде ғана екендігін – *әзілң жарарсса атаңмен ойна* – деген мақалдан көруге болғандай. Ойткені, ретіне, мәніне сай орнын тауып жасаған қарым-қатынастың, яғни іс-әрекет немесе ұтымды да, ұтқыр сөздің дәстүрлі ортада қалыптасқан белгілі бір нормалары болды. О. етуде әжуаға ұшыраған адамның абырой-беделіне аса нұқсан келтірмейтіндей жағдайда атқарылды (к. *Күлкі; Қалжың*).

Құдалық салты кезінде қонақтардың көңілін көтеріп, күлкі тудыру үшін әзіл-қалжың, қағытпалармен бірге іс-әрекет арқылы жасалатын О. түрлері мол. Олар көбіне қалыңдық ауылына келген күйеу жігіт жақтың құдаларын әжуалау, оспақтау түрінде атқарылады. Алайда, олар белгіленген нормалар деңгейінде, шектен шығып кетпейтіндей ғана. Олар – құдаларды суға салу, құда тарту, өгізге теріс мінгізу, құда жағының бірін еңбектетін қойып алты әйел аттай міну ишарасын жасайтын *алты қатын жортақай* және осы мәндес *құданы арбаға жезу* (к. *Алты (тоғыз) қатын жортақай*), отырған жерінен білдіртпей келіп артынан тігіп тастап, үйге сәлем беруге біреуі арнайы кіріп келіп, төс қағыстырып амандаспақ болып тұрғызып кезде шалқасынан түсуі, әйелдердің кимешегі сыпырылып кетуі, табаққа салынып, дәмдеуіш ретінде езілген құрт немесе айран қосылған құйрық бауырдан асата бере беті-аузына жаға салу сияқты О.-дары негізінде жұрт қыран-топан күлкіге қарқ болып қалатын (к. *Құйрық-бауыр асату*).



Құдаларға құйрық-бауыр асату. ОМЭЭ – материалдарынан

Ретін тауып, орайын келтіріп ойнамаса ондай жағдайды ойыннан *өрт шығады* деп сақтандырды. Яғни, әзіл-қалжыңды көтеретін, сырын білетіп адамыңмен ғана ойна дегенді ескертті. Сондай-ақ, әбден қытығына тиіп, мазасын алып қоймай, жеңілгенін білдіріп, түсіп беріп жатса немесе ойнап айтқан әзіл-қалжыңы, О.-ын жақтыртпаған жағдайда *ойының осылғыр, ойының қиылсын* деген зілсіз қарғыс айту бар.

Әдеб.: Дүйсенбаев Ы, Хұсайынов Ш. Қазақ әдебиеті және халық ойындарындағы театр-драмалық элементтер // ҚазССР ҒА хабаршысы. Көркемөнер зерттеу сериясы. 1950, №78; Мизамхан Ж. Қазақтың ұлттық ойындары. Өлгей, 1990; Сағындықов Е. Қазақтың ұлттық ойындары. Алматы: Рауан, 1991; Диваев Ә. Тарту. Алматы, 1992; Төтенаев Б. Қазақтың ұлттық ойындары. Алматы: Қайнар, 1994; Древние игры киргизских молодежи // ТВ. 1907. №54. С. 346-347; Кенжеахметұлы С. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. Алматы: Алматыкітап, 2004;

Мұрғабаяева А.С. Қазақ мәдениетіндегі ұлттық ойындардың ерекшелігі мен рәсімдік негіздері. Канд. дисс. қолжазбасы. Алматы, 2006; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ОЙЫН БАЛАСЫ – бес жастан он екі жас аралығындағы баланың аты. Дәстүрлі ортада аталмыш жас аралығындағы балаларды ойыннан бас көтермейтіндіктен О. б.-сы дейді. Бұл кезеңде ұл бала болсын, қыз болсын есіл-дерті ойын болып, басқа нәрсеге көп алаңы болмайды. Қазақ балалары ойыншықтарын көбінесе өздері қолдан жасап алатын. Мәселен, ұл балалар қойдың жақ сүйегінен жасалатын *түйе* деп аталатын ойыншықтарымен немесе ағаштан ат сияқты нәрселерді жасап алып ойнайтын. Арасындағы ересектері садақ, қылыш сияқты ойыншық түрлерімен бірін-бірі атып немесе екіге бөлініп алып, қуалап ойнайды. Ал, қыз балалар болса, көбінесе өздері матадан немесе киізден жасап алған қуыршақтарымен ойнайды (к. *Ойыншық*).



Ойын балалары. ҚР МОМ қорынан (ФКП 156)

Дәстүрлі ортада О. б. деген атау көбінесе, топтасып алып шауып жүретін *қара домалақ балаларға* қаратыла айтылған. Ойткені, олар күн ұзақ үйдің бетін көрмей, ойын қуалап кететін.



Ойын балалары. Дети в степи. Павлодар. 1930-е гг. Фото Д.П. Багаев. ЦГА КФДиЗ



Қазақ балаларының бір ерекшелігі қолдарына белгілі бір ойыншық алып ойнағаннан гөрі, еркін, ары-бері шауып жүрні ойнағанды жақсы көреді. Мәселен, олар ұзындау келген шыбықты немесе таяқты екі бұттың ортасына салып, оның басын қолмен ұстап, ат деп шауып ойнайды. Кейде жасы үлкен ұлдар інілеріне осы таяқтың басына бөлек ағаштан аттың басын келтіріп жасап, орнатып береді.

Осылайша, топтасқан ойын балалары қас қарайғанша асыр сала шапқылап, ағаш аттарымен жарысады. Олар өздерін жүйрік ат санап, естіген *қулагер*, *тайбурыл* т.б. деп ат қойып алып, бірінен бірі озуға тырысады.

Әдеб.: *Диваев А.* Древние игры киргизской молодежи // ТВ. 1907. №54. С.346-547; *Каруц Р.* Среди киргизов и туркменов на Мангышлаке. СПб.: Изд. А.Ф.Деврисна, 1911; *Диваев Ә.* Тарту. Құраст. Ф.Оразаева. Алматы: Ана тілі, 1992; ҚӘТС. 11-том, Алматы: Арыс, 2009; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ОЙЫН КӘДЕСІ – күйеу жігіттің қалыңдық жеңгелеріне әкелетін кәдесі. О. к. күйеу жігіт қалыңдық отауына кіргенде береді. О.к.-нің құны 20 лан күміс, бір мал (жылқы немесе қой), жыртыстардан тұрады. Халықтық ортада қалыптасқан әдет-ғұрып ережесі бойынша күйеудің әкелген кәделерін қыз жеңгелері басқа адамдармен бөліседі. Кейбір кәделерді ененің, үлкен жеңгелердің ұйғаруымен ет жақын біреуге түгелдей беріп те жатады. Сондықтан О. к.-інде қыздың әке-шешесінің ұйғаруымен ең жақын сыйласына немесе ескі құдаларына табыс етеді. Осыған орай О. к.-н алған үй ағайын туыстың басын қосып, өз үйіне қонаққа шақырады. Мұндай той-думанға ауылдың үлкендерімен бірге жастар да жиналады. Ән айтылып, құй тартылады. Той жастардың ақ сүйегіне ұласады. Бұл халықтың *«той-думан саған да жұғысты болсын»*, *«туыстығымыз, сыйластығымыз арта берсін»*, *«тойымыз тойға ұлассын, жалғассын»* деген тілеуінен туындаған болса керек.

ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ОЙЫН-САУЫҚ – дәстүрлі ұлттық ойындар ойналумен өтетін бас қосқан түрлі жиындардың жалпы атауы. Күзгі, қысқы шаруашылыққа байланысты әрбір іс-шараның табысты аяқталуынан кейін, сондай-ақ, сәтті аяқталған аңшылықтан соң немесе ел шетін басып кірген жауынан кек алып, жеңіске жеткенде және ас беру, үйлену тойлары сияқты т.б. халықтық мерекелер мен жиын-той кезінде түрлі О.-тар өткізіледі (**қ. Ойын!**). Яғни, О. – той-домалақ, мереке, жиынмен тығыз байланыста болатын, бірге жүретін егіз ұғымдар. О. жасау – той рәсімін атап өту деп қана түсінуге болмайды. Әсіресе, дәстүрлі ортада ол аса жоғары мәнге ие, халықтың бүкіл дүниетанымы мен ежелгі әдет-ғұрпына, салт-санасына лайық қалыптасқан күрделі ғұрыптық рәсімдер кешейі екендігін ескерген абзал. Өнер мен мәдениеттің дамып, қалыптасуында О. пен мерекенің рөлі зор болды.

Халық О.-қа бір киерін киін, сәнденіп, жасанып киінін, қыз-бозбала тең-теңімен топтасып, жұптасып барады. Жастар үкілі бөрік, оқалы бешмет, тұмсығы қайқы келген, биік өкшелі мықшима киіп шығады. Дәстүрлі ортада О.-тың қызатын кезі ел жайлауға қонған жаз мезгілі екені белгілі.

О. көбіне жастардың кешқұрым жиналып өткізетін *сауық кеші* кезінде ұйымдастырылады. О.-ты арнайы басқаратын пысық, сөзге шешен жігіттер болады (**қ. Күлкі; Қалжың**).



Ойын-сауық кезіндегі айтыс. Суретші Ералы Оспанұлы

О.-тарда алтыбақан басында ән салып, өлең айту (қара өлең), жұмбақ жасыру, жаңылтпаш айтқызу сияқты т.б. ұлттық ойын түрлері ойналған. Мәселен, жаңылтпаш жиналған жұртты күлдіру, тіл ұстартуды көздеумен қатар, ол өлең, ән білмейтін жастарға берілетін жаза есебінде де қолданылған. Кейін ел арасына кең тарап кеткен атакты айтыстар да осындай О. үстінде дүниеге келді (**қ. Айтыс; Жұмбақ; Жұмбақ айтыс; Қара өлең**). Осындай шақтарда өлең шығарып, әзіл-қалжың айтып, сауық құрудың соны қыз бен жігіттің бір-бірімен ұғынысып, табысып кетуімен аяқталған. Мұның мысалын қазақтың ескілікті өлең-жырларынан көптеп көруге болады.



Ойын-сауық кезіндегі күйші. Суретші Ералы Оспанұлы

Жүрген жері сауыққа толы сал-серілер, олардың қасына ерген түрлі өнерді менгерген жезтаңдай әнші, күйші, жыршы, термешілер, балуандар, тіпті әңгімешілер ауылға келген кезде О. тіптен қызып, бірнеше күнге жалғасады. О.-та жалғыздық сезім, арам ниет билей алмайды. Оған қатысушы ойыншылар үнемі ізденісте болады, жаңалыққа, жаңа ән-күй, жыр, қисса-дастандарды тындап, қағып алып жаттауға деген құмарлық дәстүрлі ортаға тән ерекшеліктер еді. Халық О.-ты адамға құдайдың берген сыйы, ол өмірді

сәнді де мәнді өткізетін бір жол деп таныды. Жас келіп қартайған шақта өкінін, опық жемеу үшін жастық шақта ретімен көңіл көтеру қажет деп есептеді. Ол қара өлең жолдарында, жыр-термелерде жиі айтылады:

*Оралыңның барында ойна да күл,
Өтіп кетер бұл жалған бір күндей-ақ...*

немесе:

*Ишелік те желік,
Мінелік те түселік,
Ойналық та күлелік,
Ойласаңдар, жігіттер,
Мынау жалған дүние
Кімдерден кейін қалмаған?!*

Әдеб.: Тәнікеев М. Қазақтың ұлттық спорт ойындары. Алматы: Қазмембас, 1957; *Ғабдуллин М.* Қазақ халық ауыз әдебиеті. Алматы, 1974; *Төтенаев Б.* Қазақтың ұлттық ойындары. Алматы: Қайнар, 1994; Кенжеахметұлы С. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. Алматы: Алматыкітап, 2004; ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ОЙЫНШЫҚ – балалардың ойнайтын заттары. Яғни, балалар ойнау үшін әр түрлі нәрселерден жасалатын заттарды О. деп атайды. Қазақ балаларының ойыншықтары өзінің өте қарапайымдылығымен ерекшеленеді. Ол туралы мәліметтер мен деректер Р. Карутц пен Ә. Диваев еңбектерінде жазылған. Ә. Диваев еуропалық балалардың арнайы станоктарда жасалған сырттан кірген дайын ойыншықтарын қазақ балаларының ойыншықтарымен төмендегідей салыстыра сипаттады: «*Дала тұрғындары балаларының ойыншықтары мүлде мұндай емес. Мұнда қазақтың қара баласы өз-өзіне түйе немесе ат түрінде ойыншықты балшықтан жасап алады, сондықтан да бұлар оның, балақайдың бүтіндей өнімі, шығармашылық қарекеті болып табылады*». Сонымен бірге ол қазақ балалары ойыншықтарын көбінесе өз қолдарымен жасайтындығын атап өтті.

Расында дәстүрлі ортада балалар өз қолдарымен алуан түрлі ойыншықтар жасап алатын. Ұлдар мен қыздардың ойыншықтары да әртүрлі болды. Қыздардың басты ойыншығы қуыршақ саналып, оны әркім өз талғамы бойынша қолдан жасап алатын (қ. **Қуыршақ**). Қуыршақты киіз немесе мата қиындыларын буып, түйе арқылы адамға, яғни қыз бала кейпіне келтіреді. Оның басын, қолын, аяғын жасайды. Басына қылдан, шашақталған матадан немесе жіптен шаш жасап тігеді. Сосын оның денесіне шақтап түрлі-түсті маталардан *көйлек, камзол, тақия, бөрік* тіпті аяқтарына *етік* немесе *мәсі* тігіп кигізеді. Қыздар кейде жаулық тартқан аналар мен кимешек киген әжелер кейпінде де қуыршақтар жасайды.

Мәселен, Кунсткамера қорындағы (1287-84) әйел кейпіндегі қуыршақ. Ол ағаш пен матадан жасалған. Қуыршақтың өзегі жоғарғы жағынан біріктірілген екі таяқшадан жасалған. Бас бөлігі жұмсақ келген, бетіне екі көзі салынған. Көйлек қызыл шыттан тігіліп, жені ұзын, матаның белден төмен бөлігі бөлек тігілген. Қара түсті матадан (ләстік) тігілген камзолы беліне жабылған.

Қуыршаққа кимешек кигізіп, өңіріне дөңгелектелген жылтырақтар таққан. Кимешек сыртын көгілдір жібек матамен және қызыл шытпен ораған.



Қуыршақ. Ұлы Петр атындағы антропология және этнография музейі (Кунсткамера) қорынан (1287-84)

Кунсткамера қорындағы келесі қуыршақ та (1459-39) әйел кейпін (*қатын қуыршақ*) береді. Ол ағаш пен шыттан жасалған. Айқастырылып байланған таяқшалардың бір ұшы басқа ұқсатылып, шүберекпен домалақталып оралып, сырты қызыл шытпен тігілген. Кеудесіне жені ұзын, етегі мол, шыт матадан тігілген көйлек киілген. Көйлегінің етегі бірнеше қатар көмкермемен жиектелген. Көйлек сыртынан қара түсті камқадан тігілген кеудеше (көкірекше) киілген. Басында екі орамалы бар. Оның бірі ақ шыттан тігілген, келесісі ақ жіппен жиектелген қызғылт сары түсті орамал. Бұл қуыршақтың ерекшелігі оның киімінің бөлшектері тігін машинасымен тігілген және ол қазақ әйелі киген киімнің шынайы пошымын қайталайды.



Қуыршақ. Ұлы Петр атындағы антропология және этнография музейі (Кунсткамера) қорынан (1459-39)

Ал, ұл балалар сүйектен немесе ағаштан түрлі жануарлар жасайды. Олар оздері күнделікті өмірде көріп жүрген төрт түлік малдың қой, ешкі, жылқы, түйе кейпін түрлі заттардан жасап алады. Мәселен, қойдың астыңғы жақ сүйегінен жасалатын *түйе* дейтін ойыншық ерекше болған. Ол үшін кәдімгі қойдың асылған, яғни піскен басы мүжілген соң, балалар оның астыңғы жақ сүйегін алып, оған түйе кейпін беру үшін мата орайды. Сосын оның жоғары қараған жағына түйеге жүк артқанда арқасына салатын *ашмайын*



немесе *ауытын* түйілген матадан немесе киізден жасап үстіне тігіп тастағанда кәдімгі түйеге ұқсас ойыншық болып шыға келеді. Балалар оған «*ауыл көшті*» деп неше түрлі ұсақ-түйек заттарды артып, түсіріп ойнайды.



Қазақ балаларының ойыншықтары.
XIX в. РГК. Ресей Санкт-Петербург

Сонымен қатар, ұл балалар ағаштан ат жасады. Ол ат ойыншық деп аталды (қ. *Ат ойыншық*). Кейде оған қозғалмалы аяқтар жасалды да, үстіне кішкене мата киындысынан ер тоқым салып, кәдімгі аттың қылынан күйрек жасады. Ат ойыншықты тек ағаштан ғана емес, сонымен қатар *саз балшықтан, сүйектен, тіпті тастан* да қашап жасады. Қолдарына әркім өзі жасаған аттарын ұстап, бәйгеге шапқандай жүгіре жарысты. Сонымен қатар, сары балшықтан илеп неше түрлі ойыншықтар жасады.



Ойыншық ұстаған сәби. Д.Багаев фотосуреті.
1928 жс. ПОТӨМ қорынан



Сүйектен жасалған ойыншық түйе және ағаштан жасалған ойыншық ат. Карутц Р. Среди киргизов и туркменов на Мангышлаке (СПб.: Изд. А.Ф. Девриена, 1911) атты еңбектен

Дәстүрлі ортада ұл балалар мен қыз балалар да ойнайтын ұсақ малдардың бақайшығынан жасалатын зырылдауық деген ойыншық болған. Аталмыш ойыншықты жасау үшін бақайшықты орта тұсынан арасын бір елідей қашықтықта екі тесік тесіп алады да, ұзындығы шамамен бір құлаштай болатын қайыс өткізді. Қайыстың ұштарын бір-біріне байлап бекітеді. Осы тұйықталған қайыстың екі жағын теңдей етіп қалдыра орта тұсына бақайшықты орналастырды. Қайыстың екі шетінен ұстап айналдырады да екі жаққа тартып қалғанда зырылдап дыбыс шығарады. Осылайша, босатып-қайта тартып қайталай берсе екі жақ бағытта алма кезек айналған бақайшық зырылдаған дыбыс шығарып отырды (қ. *Зырылдауық*).

Сонымен қатар, жазда жайлауға көшкенде балалар өздерінің жақсы көріп ойнайтын ойындарына кіріседі. Олар кәдімгі түйенің кепкен құмалақтарын жинайды. Сосын оны барлығы теңдей етін боліп алып, оларды қой, ешкі, түйе, жылқы, сиыр деп төрт түлікке телін алып, мал жасап ойнайды. Осылайша құмалақтарға кәдімгі мал деп қарап, оларды арнайы жайылымға жаяды. Олар бұл ойынды «*қой бағу*» деп атады. Түйенің құмалақтарын *қой* десе, қойдың құмалақтарын *қойдың қозысы* дейді. «*Кеш болды мал қоралаймыз*» деп, оларды жасап қойған қораларына айдап әкелін қамайды. Сосын улап-шулап қозыларын жамыратады. Көшіп-қонған болып, қойға қозыларын қосып бір жерден бір жерге айдап, қоныс аударып ойнайды. Осылайша, қазақ балалары қазақтың басты кәсібі саналатын малшаруашылығын кішкене кездерінен бастап көздеріне елестетіп, оған бейімделе бастайды.


Кейін уақыт өте келе, орыс пен қытай саудасы дами бастағанда қазақ жеріне арнайы өндіріс орындарында қаңылтырдан, ағаштан, балшықтан істелген ойыншықтар келе бастады. Аталмыш ойыншықтар көбінесе ауқаттылардың балаларында болмаса, кедей отбасында сирек болды. Мұндай ойыншықтарға қол жете бермегендіктен қазақы ортаның шеберлері оларға ұқсатып балаларға түрлі О.-тар жасап беретін болды. Осылайша қазақ балаларының О.-ның саны арта бастады. Бұрын ағаштан жасалған қолға ұстап ойнайтын ағаш атты енді 1-2 жастағы балалар мініп ойнайтындай етіп жасайтын болды. Баланың есту қабілетін жетілдіру, сонымен қатар дыбысты айыра білуі үшін музыкалық аспаптар *домбыра, сырнай, сыбызғы*, сондай-ақ екі қабат қамыстан жасалатын *көшінай* сынды дыбыс шығаратын аспаптар кішкене О. түрінде де жасалды. Балшықтан құйылып жасалатын су құятын құманға ұқсас, «*шүмек*», «*қошқарлық шүмек*», «*атты шүмек*», сонымен қатар «*без-бездек*», «*ат ойнағыш*» сынды О.-тар көптеп жасалатын болды. Сонымен қатар, баланы дыбысына елітіп қызықтыратын «*шақылдақ*» деп аталатын О.-тың сәбидің сыртқы дыбысты қабылдап, есту қабілетінің жетілуіне ерекше әсері болды. Аталмыш О.-тың құлағын айналдыра бұрағанда құлаққа жағымды шақылдаған дыбыс шығарады.

Осылайша, қазақ балаларының О.-ры дәстүрлі ортаның тіршіліккамын белгілі бір деңгейде сипаттады деуге болады.

Өйткені, олар өздері көрін жүрген төрт түліктен бөлек, күнделікті тұтынатын бұйымдардың түгелін дерлік қолдан О. етіп жасап алатын.

Әдеб.: Диваев А. Древние игры киргизской молодежи // ТВ. 1907. №54. С.346-547; Карутиц Р. Среди киргизов и туркмен на Мангышлаке. СПб.: Изд. А.Ф.Девриена, 1911; Топенаев Б. Казактын ұлттық ойындары. Алматы: Қазақстан, 1978; Диваев Ә. Тарту. Құраст. Ф.Оразаева. Алматы: Ана тілі, 1992; Ботякова О.А. Куклы народов Средней Азии // Кунсткамера. Этнографические тетради. Выпуск седьмой. Санкт-Петербург, 1995. 159-172 бб; Жүнісов А. Фөниден бакиға дейін (казактын байырғы тұрмыс-салт, әдет-ғұрыптары). Алматы: Жазушы, 2001; ҚӘТС. 11-том, Алматы: Арыс, 2009; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ОҚ¹ – жақтың бөлек жасалып, атылу арқылы жарақат салатын құралы, элементі. Оқ негізгі үш бөліктен тұрады. Оқтың түрлі материалдан жасалып, жарақат салуға арналған бөлігі – «жебе», жебе бекітілетін бөлігі – «сабы» деп аталады. Атқанда оқ түзу ұшу үшін саптың төменгі жағына орнатылатын құстың қауырсындары «қанат» деп аталады.



Оқтың конструктивтік бөліктерінің дәстүрлі атаулары. Қ.С. Ахметжанның суреті

Қазақтар жебесінің қызметіне, пішініне сәйкес оқтың бірнеше түрлері мен типтерін айырады. Ұшы жалпақ келген, екі қырлы, пішіні қозының жауырынына ұқсас, металдан соғылып жасалған жебе «қозы жауырын» деп аталып, мұндай жебелі оқ та «қозыжауырын оқ» деп аталды. Кейбір қозыжауырын жебенің ұшы айыр болып жасалды, мұндай кескір жебелі оқты адамның немесе аның дене мүшесін кесіп түсу үшін қолданды.

Атқан оғы өтеді


Басын жерге қалмақтың

Домалатып кетеді.

(Қарғабойлы Қазтуған)

Метал сауыттарды тесуге арналған, жебесі болаттан үш-төрт қырлы болып үшкірленіп соғылған оқтарды қазақтар «сауыт бұзар» немесе «көбе бұзар» деп атады. Мұндай жебелі оқты қазақ батырлары көбіне жекпе-жек атыста қолданған (қ. *Сауыт бұзар*). Тиғен оқтың жарасы ауыр болу үшін жебелердің ұшын кейде уға немесе зәрге суарған (қ. *Суару*). Қазақтарда металл жебелерден басқа сүйектен,

мүйізден, ағаштан жасалған жебелер де болды. Басы жұмыр болып, ағаштан, мүйізден және сүйектен жасалған жебелі оқтарды қазақтар «доғал оқ» деп атаған, оны аншылықта аңды, ал айқаста адамды өлтірмей, соғып құлату үшін пайдаланды. «Ер Тарғын» жырында Қарт Қожақ батыр жекпе-жекте жас Тарғынды аяп, өлтірмей, оның оқтар салған қорамсағын бір жалғыз доғал окпен атып, құлпара қылып уатып тастайды. Іші қуыс дөңгелек призма түрінде мүйізден жасалған, ұшқанда дыбыс шығаратын тесіктері бар «ысқырғыш» жебелі оқтармен соғыста дыбыстық сигналдар берілді. Сауыт бұзар, қозыжауырын және кескір оқтар, олардың темірден, мүйізден, сүйектен жасалған жебелері көшпелі халықтарда ғұн-түркі заманынан қолданылып келеді. Көне түркі тілінде мұндай жалпақ әрі кескір садақ оғы «кесмә» деп аталды. М.Қашқаридың XI ғ.-дағы түркі тілі сөздігінде ұшы уға суарылған оқ түрлерінің көне түркі тіліндегі «қатутлуг оқ», «агулуг оқ» деген атаулары келтіріледі. Ысқырғыш жебелер көшпелі халықтарда біздің дәуіріміздің басынан, ғұндарда қолданыла бастаған. Қытай жазбаларында көшпелі халықтарда ысқырғыш оқтардың пайда болуын ғұндардың атақты көсемі Мөде есімімен байланыстырады. Түркі заманындағы ысқырғыш оқтарда металл жебелердің түбінде мүйізден немесе сүйектен жасалған арнаулы тесігі бар ысқырғыштар орнатылды.



Қазақ оқтары қанатының түрлері мен сапқа салынған айыру белгілері.

1. ҚР МОМ қорындағы қазақ оқтарының қанатының пішіні. 2-5.

Ресейдің МАЭ коллекциясындағы қазақ оқтарының қанаттары (В.П.Курьлевтың еңбегінен). 6. Ш.Ш.Уәлихановтың суретінен, XIX ғ.

7. Оққа салынатын белгілердің түрлері мен түстері.

Қ.С. Ахметжанның суреті

Қазақ жебелері негізінен жетелі болып келеді. Жебе оқтың сабына жетесінен кіргізіліп, саптың бас жағы тарамыспен буылып, тозбен оралып, сыртынан шырыш жағылып, қойдың қарнымен оралды. Оқтың сабын әдетте ашық жерде, күннің астында өскен ағаш бұтақтарынан жонып жасады. Жонылған оқтың сабын әбден кептіріп, су өтпес үшін майға бөктіріп, бояумен (көбіне қызыл түспен) сырлап немесе қайыңның тозымен орап, жақсы ұшу үшін төменгі жағына аккумулят, бүркіттің, құмайдың, күшігеннің канат, құйрық қауырсындарын жапсырған.



Жасалуына байланысты ауыз әдебиетінде оқтың «қайың оқ», «тобылғы сапты оқ», «қу жебе» атауларын, қанат қауырсынына сәйкес «сары жүнді оқ», «күшіген жүнді оқ» атауларын, боялған, сырланған түсіне байланысты «сырлы жебе», «қызыл жебе» атауларын, ал тоздық сарғайған түсіне сәйкес «сармасақ», «сары жебе» атауларын, ал ұзындығына байланысты «сай кез оқ», «кез оқ», «он екі тұтам жебе» атауларын кездестіреміз. Бұл жерде ертедегі магиялық түсініктерге байланысты оқтың басының атауы – «жебе» сөзі кейде эвфемистік жанама атау ретінде оқтың өз атауының орнына да қолданылатынын айта кету керек. Жебесінің темірінің түсіне байланысты «сұр жебе», «көк жебе» те атайды.



Жақтың оқтарының түрлері. Оқтың жалпы көрінісі (1), сауытбұзар/көбе бұзар оқтар (2,3), қозыжауырын жебелі оқ (4), ысқырғыш жебелі оқ (5), ұшы мүйізден жасалған доғал оқтар (6,7), сүйек жебелі оқ (8)


Оқ қанаттарының арасында, оқтың әр түрін айыру үшін және меншік белгісі ретінде жауынгерлер қызыл, кара, жасыл бояумен түсті айыру белгілерін салды. Ертеде атакты жауынгерлер өз оқтарын алтын, күміспен, өз таңбаларымен де белгілеген. Қазақ ауыз әдебиетінде хандардың, атакты батырлардың осындай алтын, күміс оқтары жиі айтылады. Яғни, оқтың сабындағы түсті белгілер оқтың иесінің әлеуметтік статусын көрсететін белгі де болды.



Қазақтардың оқпен жолдың сәттілігін болжау ырымы. John Castle. Journal von der Ao. 1736 aus Orenburg zu dem Abul Geier Chan der Kirgis-Caysack Tartarischen Horda. (1736 ж. Әбілқайыр ханға барған сапары) атты еңбектен

Жақ пен оқ байырғы көшпелі халықтарда көшпелі социумын сипаттайтын рәміздік белгі болды. Жақ – патшаның, ал оқ – халықтың символдық белгісі саналды,

тұтастай алғанда жақ пен оқ көшпелі қоғамдағы патша мен халықтың арасындағы билік – бағыныштылық қатынасын символдады. Түркі қағанатында елді он аймаққа бөліп, қаған аймақ билеушілеріне алтын оқ беріліп, соған сәйкес ел «он оқ аймағы», халық «он оқ бұдын» аталды. Қытай жылнамаларында түргеш қағандарын да «он оқ қағандары» деп атаған. «Оғыз-намеде» жақ пен оқтың осы символдық мәні туралы Оғыз қаған былай дейді: «Бізден бұрын өмір сүрген халық жақты патшаға теңеп, өздерін оқпыз деп түсінген. Керілген жақпен оқты қалай қарай атса, оқ сол жаққа барар». Кейін алтын жақ тиген Оғыз ханның үш ұлынан тараған Бұзок нәсілі патшалық билікке ие болады да, күміс оқтарды иеленген үш баласынан тараған Үшөк нәсілі оның қарашасы, бағынышты халқы болады. Көшпелі халықтарда оқ патшалық биліктің символы ретінде патшадан берілген жарлықтың орнына да жүрді. Хан тарапынан оның елшілеріне, жаушыларына, хабаршыларына берілген арнаулы оқ хан жарлығының шартты белгісі ретінде қабылданды. Ол туралы «Оғыз-намеде» былай делінеді: «Қазіргі берілетін жарлық пен пайцзының орнына Оғыз заманында алтын жақ пен жебелер қолданылатын. Өзінің жеке белгісі ретінде Оғыз оларға (қаңлыларға) өзінің жағы мен екі алтын белгісі берді. Әр уалайет қаңлылар келгенде (шапқыншы ретінде жүрген қаңлы жауынгерлері) бұл белгіні көріп, оларға сый-құрмет көрсетін, оларды және аттарын азықпен және сусынмен қамтамасыз етіп отырды». Рашид ад-диннің «Жылнамалар жинағында» көшпелі халықтарда жақ – патша дәрежесіне тең, оқ – елші, хабаршы дәрежесіне тең екені айтылады. Монғол империясында Шыңғысхан кезінде биік дәрежелі сарай қызметкерлерінің ішінде маңызды хан жарлығын жеткізетін төрт адам «алыс және жақын оқтар» (монғолша хола және ойра) немесе «хабаршы оқтар» деп аталды. Хан қызметіндегі адамдарға, әскербасыларға, елшілерге берілетін пайцзаларда оқтың бейнесі салынды.



Монғол империясында патша жарлығының белгісі болған пайзадағы оқтың суреті. XIII-XIV ғғ.

Түркі халықтарында оқтар соғысқа шақырудың белгісі ретінде де қолданылды. Мұндай символдық хабарлар түрінде қолданылған оқтардың жебелері көбіне алтындалып

жасалды. Мысалы, Көшім хан әскер жинау үшін өз адамдарына осындай алтындалған жебе жіберетін болған. Мұндай алтындалған және күмістелген әртүрлі пішінді жебелер кейінгі ортағасырлардағы көшпелілер обаларынан табылған археологиялық материалдарда да кездеседі.

Дәстүрлі мәдениетте оқ әртүрлі ғұрыптық салттардың *рәміздік атрибуты* ретінде қолданылды. Кейбір халықтардың неке салтында жауынгердің өзі жоқ болған айырықша жағдайларда, метонимиялық символ ретінде, жауынгердің оғы адамның өзін ауыстыра алатын болған. Оғыздар заманында «жігіт үйленер болса, әуелі садақтан оқ атып, сол оқ түскен жерге қалыңдық шатыры тігілген». Бұрынғы кезде қазақтарда да садақпен атылған оқтың түскен жеріне жас жұбайлардың отауын құратын, яғни қарудың әрекеті арқылы отаудың құтты орны анықталған. Жазба деректер мәліметтері XVIII-XIX ғғ. дейін қазақтар мәйітпен бірге оның қару-жарағын жерлегенін көрсетеді. А.И.Левшин: «Кейде мәйітпен бірге қару-жарақты, ат әбзелдерін, марқұмның киімдерін жерлейді», «зираттарға жак, оқ, найза қойылады» – деп жазса, П.И.Рычковтың айтуынша: «Қазақтардың XVIII ғ.-дағы молаларында қадаулы тұрған найзалар мен қылшандағы оқтар өлген адамның батырлығының белгісі болды».

Қазақтар жақтың оғын *магиялық ырымдарда* да қолданды, мысалы, болжау магиясында оқ арқылы алыс жолға шыққанда жолдың оң, сәтті болуына болжам жасалды. Ағылшын саяхатшысы Дж. Кестль өзінің күнделік-кітабында қазақтардың жол жүруде болжам жасау үшін оқты қолдану салтының бір үлгісін келтіреді. «Бал ашу мына түрде өтті: екі қырғыз (казак), алдымен астарына киіз тосеп, бір біріне карама-қарсы тізерлеп отырды. Олар әр қолдарында ұшын өз денелеріне қаратып бір-бірден оқ ұстады да, оқтардың қауырсыны бар бөліктерін қарсы отырған адамның оқтарының қауырсынды бөліктерімен түйістірді, сонда олар екі ұзын оқтарды ұстап тұрғандай көрінді. Өздерінің оқтарын қатты ұстап тұрып, олар анық бір аяндардың түсуін күтіп, арабша бірденелерді айта бастады. Егер оқтар оңға қарай қозғалса біз жолымызды әрі қарай жалғастыруға тиісті едік те, ал егер солға қисайса біз кері қайтуымыз керек еді. Алынған болжамға сәйкес біз кейін қайтуға мәжбүр болдық». Дж.Кестль өз кітабында бұл болжау ғұрыпының суретін де береді. Болжау магиясының ғұрыптық мақсаттарының бірі – адамның күнәсін анықтау. Тува халқында адамның адалдығын тексеру үшін оған жақпен аспанға оқ атқызады, егер адам өтірік айтқан болса оқ оның төбесіне түседі деп сенген, егер оқ оның жанына түссе онда оның адалдығы дәлелденеді Аспанға оқ ату арқылы адамның кінәсін анықтау және жазалау салты қазақ ертегілерінде де жиі айтылады. Мысалы, «Қараүйрек» ертегісінде кейіпкер өзіне арамдық жасаған ағаларымен әуеге садақ атысады, нәтижесінде кара ниетті ағаларының өз оқтары да, Қараүйректің де оғы олардың төбелеріне түсіп өледі. «Желкілдек» ертегісінде Желкілдек батыр да, оған опасыздық жасаған Әзтемір де, жауы Телегей де «өзімді

өзім хакқа беремін, құдайға тапсырамын» деп төбелеріне оқ атады. Кінәлі болғаны үшін оқтары Әзтемір мен Телегейдің төбелеріне түсіп өледі Оқ ату арқылы адамның кінәсін тексеру салтының бірі – жазалы адамды «оққа байлау» салты, бұл салт қазақтың дәстүрлі заңында беріге дейін қолданылған болатын. Ол үшін кінәлі деп күдіктенген адамды екі жақтан атылатын садақтың оқтарының арасынан өткізеді, егер адам кінәсіз болса оған оқ тимейді, егер оған оқтар тисе, онда оның кінәлі болғаны. Бұл магиялық ырымдар қару жанды зат ретінде өзі әрекет етеді және қарудың әрекетін құдайлар, рухтар басқарады деген нанымға негізделген. Ал ырымның мақсаты – құдайлар бағыттап отыратын қарудың өзіндік әрекеті арқылы кінәліні анықтау және жазалау.

ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ОҚ² – қол от қаруының (мылтықтың, тапаншаның) атылатын құрамы. Ескі мылтықтардың оқпандары қолдан соғылғандықтан көлемі әртүрлі болды, сондықтан әр атарман өз мылтығының оғын өзі құйып отырған. Мылтық оқтарын қазақтар екі бөліктен тұратын, бірнеше оқтарды құюға арналған төрт бұрышты тас қалыптарда (қалыптаста) құйып жасады (**қ. Оққалып**). Қазақ мылтықтарының оғы екі түрлі болды – ірі оқтар және ұсақ оқтар – бытыра (**қ. Бытыра**). Ескі мылтықтардың оқтары оқпанның калибріне байланысты көлемі және пішіні жағынан әртүрлі болып келеді. Ірі оқтар домалақ немесе сопақша болып жасалса, бытыра кішкентай дөңгелек болып келеді. Қырлы ұңғылы оқпандардың пайда болуымен кейбір мылтық оқтары қырлармен құйылып жасалды.



Қазақтардың ескі мылтықтарының оқтары. Ірі оқтар (1-3) және бытыра (4)

Әдеб.: Рашид ад-дин. Сборник летописей. Т.1. Кн. 1. Л.: Издательство Академии наук СССР, 1952; Валиханов Ч.Ч. Вооружение киргиз в древние времена и их военные доспехи // Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений. В 5-ти томах. Алма-Ата: Издательство Академии наук Каз ССР, 1961. - Т.1; Ақсауыт. Екі томдық. Алматы: Жазушы, 1977; Қурышев В.П. Оружие казахов // Материальная культура и хозяйства народов Кавказа, Средней Азии и Казахстана. СМАЭ XXXIV. Л.: Наука, 1978; Қазақ халық әдебиеті: Көп томдық / Қаз ССР Ғылым академиясының М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты. Алматы: Жазушы, 1986. 6-том; Қорқыт ата кітабы. Оғыздың батырлық жырлары: Эпос / Орыс тілінен ауд. Ә. Қоңыратбаев, М. Байділдаев. Алматы: Жазушы, 1986; Қазақ халық әдебиеті: Көп томдық / Қаз ССР Ғылым академиясының М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты. 4-том. Ертегілер. Алматы: Жазушы, 1989; Әбілғазы. Түрік шежіресі (Халық қазынасы). Алматы: Ана тілі, 1991; Толғубаев А.Г. Реликты доисламских верований в семейной обрядности казахов (XIX-начало XX в). Алма-Ата: Ғылым. 1994; Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей (под. общ. редакцией академика М.К. Козыбаева). - Алматы: Санат, 1996; Прошлое Казахстана в источниках и материалах / Под ред. проф.



Асфендиярова С.Д. и проф. Кунте П.А. – 2-е издание. Алматы: Қазақстан, 1997. – Сб. 1: (V в. до н.э.–XVII в.н.э.); *Кэстль Джон*. Дневник путешествия в году 1736-м из Оренбурга к Абулхаиру, хану Киргиз-Кайсацкой Орды. Алматы: Жибек жолы, 1998; *Түркітер* (тужиө). Жуьжэндер / Құрастырған Қ.Салғараұлы. Алматы: Санат, 1999; *Ахметжан Қ.С.* Қазақтардағы садақ оқтарының жасалу әдістері – көне дәстүрдің жалғасуы мен дамуы (Орталық Мемлекеттік музей қорындағы қазақ жебелерінің бір топтамасын зерттеу нәтижесі бойынша) // Труды Центрального музея: музейное дело, история, этнология, фольклористика, антропология, историография, источниковедение, нумизматика. Алматы: Ғылым, 2004. 123-135 бб; Худяков. Символика стрел древних и средневековых кочевников Центральной Азии / ЭО. №1, 2004. С. 102-111; *Ахметжан Қ.С.* Қазақтың дәстүрлі қару-жарағының этнографиясы. Алматы: Алматыкітап ЖШС, 2006; *Насыров Ш.* Көне түркі ескерткіштеріндегі оқ және оның түрлерінің атаулары // Тілтаным, 2006, №1. 130 б; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ОҚ ҚАЛЫП – ескі мылтықтардың оқтарын құюға арналған тас қалып. Қазақтарда ескі мылтықтардың оқпандары қолдан соғылғандықтан калибрі әртүрлі болды, сондықтан әр атарман өз мылтығының оғын өзі құйып жасады. Оқтарды қазақтар екі бөліктен тұратын, бірнеше оқтарды құюға арналған төрт бұрышты тас қалыптарда (қалыптаста) құйып жасаған. А.И.Левшин: «Картечті қазақтар өздері қорғасыннан, 2-3-4 оқтарды құюға арналған, екі жарты бөліктен тұратын арнаулы қалыптастарда құйып алады». «Оқты аспидтен немесе басқа тастан жасалған формаларға құяды», – деп жазады. Қазақтар оқ құятын қалыптар жасауға қолданылатын тастарды «қалыптас» деп атаған. Ш.Ш. Уалиханов өз еңбегінде ондай тастардың Іле бойында бар екенін, бұл жерде қалыптастардың қызыл және сұр түстері табылғанын айтады.

Тас қалыптар төрт бұрыш формалы болып жасалған екі жарты бөліктен тұрады, әр жарты бөлігінде оқтарды құюға арналған, бір-біріне қиюласатын әртүрлі пішінді ұяшықтар ойылып салынды. Ұялардың шеттерінен қалыптың жиегіне дейін жеткен, жалпақтығы 3-4 мм құю каналы жасалынып, құюды жеңілдету үшін каналдың ұшы қалыптың шетінде сәл кеңейтілді. Қалыптың екі жарты бөлігі біріктіріліп байланып, беттестірілгенде олар дұрыс түсу үшін әр жарты бөлігінің бір бұрышында тесік жасалып, оған қалыптың бетінен ұшын шығарып қорғасыннан өзек салынды, ал оған қарсы екінші бұрышында осындай өзектің ұшы кіріп тұратын тесік жасалды. Сол арқылы қалыптың бөліктері бір-біріне дәл қиюластырылды. Оқтардың диаметрлері мылтық оқпанының калибріне байланысты болды. Бір тас қалыпта әртүрлі калибрлі оқтар құйыла берді. Кейбір қалыптарда ұңғысы қырлы оқпандарға арналған, арнаулы бағыттағыш қырлары бар домалақ оқтар құйылған. Ол үшін оқалыптардың жартысфералы ұяларының бір диаметрінің бойымен көлденең бір жырым немесе екі диаметрі бойымен крест түрінде қосымша екі жырым ойылып салынды. Домалақ оқтардан басқа, тасқалыптарда ұзынша келген оқтар да құйылды.

ҚР MOM қорында XIX ғ. аяғы–XX ғ.-дың басына жататын оқалып (КП 192) сақталған. Қалып қара және ашық қоңыр түсті тастардан қашалып жасалған екі жарты бөліктерден тұрады. Әр бөлігінде оқ құюға арналған, бір-біріне

қиюласатын жарты сфералар түріндегі үш ұяшықтары бар. Диаметрлері 1,7 см, 1,1 см, 1,2 см. Ұяшықтардың алғашқы екеуі домалақ формалы, үшіншісінің түбі жайпақтау. Ұяшықтардың шеттерінен қалыптың жиегіне дейін жеткен, ені 3-4 мм құю каналы жасалынған, каналдың ұшы қалыптың шетінде сәл конустана кеңейтілген. Қалыптың әр жарты бөлігінің бір бұрышында тесік жасалып, оған ұшын қалыптың бетінен шығарып қорғасыннан өзек салынған, ал екінші бұрышында ол өзектің ұшы кіріп тұратын тесік ойық жасалған. Бұл өзектер арқылы қалыптың бөліктері бір-біріне дәл қиюластырылады.

Сонымен қатар ҚР MOM қорында оқалыптың бір сынары (КП 3033) бар. Ол XIX ғ. аяғы–XX ғ. басына жатады. Қалып қоңыр-сұр түсті тастан қашалып жасалған. Үстіңгі жақ бетінде қорғасыннан оқтар құюға арналған екі домалақ ұяшығы бар, диаметрлері 1,6 см және 1,1 см. Ұяшықтардың бір шеттерінде қалыптың жиегіне дейін жеткен құю каналы жасалынған, каналдың ұшы қалыптың шетінде конустана кеңейтілген. Қалыптың астыңғы жағында тағы да үш домалақ ойық жасалған.



ҚР MOM қорындағы оқалыптар.
(1) КП 3036 (2) КП 3035 (3) КП 3033

Қалыптың шеттерінде үш тесіктер жасалып, оларға қорғасын өзектер құйылған. Тесіктердің біріндегі жінішке өзектің төменгі жағы жартылай сынған. Екіншісінде өзектің ұшы шығыңқы дөңес сфера түрінде жалпайтылған. Үшіншісіндегі қорғасын өзектің ұшы қалыптың бетіне дейін егеліп тасталған. Бұл өзектер қорғасынды құярда қалыптың жарты бөліктерін дәл қиюластыру үшін қолданылды.

Әдеб.: Уалиханов Ч.Ч. Собрание сочинений. В 5-ти томах. Алматы: Издательство Академии наук Каз ССР, 1961. Т.1; Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей (под общ. редакцией академика М.К. Козыбаева). Алматы: Санат, 1996; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ОҚА – зер жіптерден, кейде жібек жіптерден таспа тәрізді етіп тоқылған көмкерме. Алтын, күміспен қосып иірілген жібек жіптерді қазақ тілінде *алтындалған жіп*, *күмістелген жіп*, *алтын зер*, *күміс зер* деп атайтын, ондай жіптер дәстүрлі тігіншілікте жиі қолданылатын болған (**қ. Алтындалған жіп / Зерлі жіп**). Тігіншілер тілінде қолданылатын және халық арасына кең тараған *зер кесте*, *зерлеп тігу*, *зер төгу*, *зер шашақ*, *зер шегу*, *зер тоқу* және т.б. атаулар осымен байланысты қалыптасқан (**қ. Зерлеп тігу**). Зер жіптермен киімді кестелеп әшекейлеген. Оны *зер төгу*, *зерлеп тігу* дейді.

Киімді алтын, күміспен әшекейлеу үшін зер жіптерден жалпақтығы әртүрлі көлемдегі таспа сияқты ұзын тоқыма дайындайды. Осы тоқыма бұйым *зер*, *оқа*, кейбір өңірде

ноқа деп аталады. Қандай материалдан тоқылуына қарай алтын оқа, күміс оқа деп ажыратылады. Дәстүрлі қазақ қоғамында қазақ шеберлері бешпент, шапан, қамзол, тон тәрізді сырт киімдердің жағасын, жеңін, етегін, омырауын, шалбардың балағы мен жырымын, бас киімнің жиегі мен сай тігісін оқамен бастырып тіккен. Әшекейлеу үшін киімнің белгілі бір жерін (бөлігін) оқа, зермен бастырып тігуді оқалау, оқалап тігу, оқа басу, оқа жүргізу, зерлеу, зер басу, зер шегу деп атайды.



Бешпент өңіріне тігілген оқа. Фрагмент.
ҚР MOM қорынан (КП 11356)

Оқа бастырып тіккен сәнді киімдер оқалы байпақ, оқалы бөрік, оқалы тақия, оқалы өңір, оқалы жақ, оқалы шалбар, оқалы ішік, оқалы тон, оқалы шапан, оқалы киім және т.б. деп аталады. Киімді оқалап тігу, оқамен әшекейлеу – қазақ тұрмысында ертеден бері қолданылып келе жатқан дәстүр. Айталық, сай тігісін бастыра ұстаған, масатымен тысталып, құндызбен жиектелген қыздардың сәнді бас киімі – оқалы бөрікті «Қамбар батыр» жырынан кездестіруге болады:

... Қарындасы қасында,
Оқалы бөрік басында,
Көлденеңдеп тұр екен
Қамбардың қара қасқасы ...

Сол сияқты қазақ эпостарында:


... Арыстанымның барында
Оқалы байпақ кигенім
Оқасын жерге төгілтіп ...

гәрізді жыр жолдары ұшырасады (*Батырлар жыры*).

Халық жырларында кездесетін оқалы байпақ – балтырлығына, қонышының кенересіне оқа бастырылған, жібек шашақ тағылған, ақ киізден басылған жеңіл әрі сәнді аяккіім. Оқалы киімдер сәнді, бағалы болғандықтан, оларды тігіншіге арнайы тапсырыспен тіккізеді. Оқалы тон, оқалы шапан тәрізді асыл киімдерді құрмет белгісі ретінде сыйға тартады. Киімге бастырып тігетін оқа-зер сәндік қызмет атқарумен бірге қоғамдағы әлеуметтік ерекшелікті көрсететін белгі қызметін де атқарған. Осыған орай «шен алды», «сәнденді» деген ұғымдарда жұмсалатын оқалы киім киді тәрізді бейнелі сөз орамы пайда болған.

Әдеб.: Қасиманов С. Қазақ халқының колөнері. Алматы, Қазақстан, 1969; Тәжмұратов Ә. Шебердің қолы ортақ. Алматы: Қазақстан, 1977; Шойбеков Р.Н. Қазақ зергерлік өнерінің сөздігі. Алматы: Ғылым, 1991; Шойбеков Р.Н. Қазақ зергерлік өнерінің лексикасы. Алматы: Қазақстан, 1993; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ОҚАҒАШ – арба, шананың жетек ағашының атауы. Оны халық арасында *дәрте* (*тәрте*) немесе *арыс* деп те айтады (**қ. Арба**). Әдетте, арбаның немесе шананың О.-ының саны екеу болып келеді. О. ретінде ұзындығы жегілетін күш көлігінің тұрқына сай келетіндей екі-үш құлаш көлемінде болып келетін жұмыр ағаш таңдалады. Дәстүрлі көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан қазақы ортада жер жағдайына және әркімнің қолдағы бар материалына қарай арбаның екі аяқты (қос дөңгелекті) және төрт аяқты (төрт дөңгелекті) түрлерін қолданған (**қ. Көлік**). О. екі аяқты (қос дөңгелекті) арбада дөңгелектің арасын жалғап тұратын біліктің үстіне құрсауланып салынған *жастық ағашқа* бекітіледі.



Қос дөңгелекті арбаның оқағашы. Фрагмент.
ҚР MOM материалдары бойынша суретті салған Ж.Шәйкен

Ал, төрт аяқты (төрт дөңгелекті) арбаның О.-ы алдыңғы екі дөңгелектің арасын жалғап тұрған білігіне бекітіледі. О.-тың екі ұшы күш көлігінің мойнына кигізілген қамыттың құлақбауына тиектеледі (**қ. Білік; Доға; Қамыт; Мойынтұрық**). Төрт дөңгелекті арбаның оңға және солға бұрылуын қамтамасыз ету үшін, бір ұшы О.-қа, екінші ұшы арба дөңгелегінің сыртына шығып тұрған білікке *тәжбау* деп аталатын жұмыр сымтемір тағылады (**қ. Тәжбау**).

Сонымен қатар, күш көлігіне жегілетін шананың О.-шы иіле келген табанының иіліне қосымша шегеленген ағаштың немесе темірдің тесігіне білік темірмен бекітіледі (**қ. Шана**).



Шананың оқағашы. Фрагмент. ҚР MOM материалдары бойынша суретті салған Ж. Шәйкен

Сондай-ақ, жер жыртуға арналған шаруашылық құралы *жерағаштың* (соқаның) жетек ағашын да О. деп атайды (**қ. Жерағаш / Тисағаш; Жетекағаш; Жегін әбзелдері**).



Жерағашқа (соқаға) бекітілген оқағаш. ҚР MOM қорынан (ФКП 4884/269). Мелков экспедициясынан

Әдетте, мұндай жерағаштың О.-ы біреу ғана болып келеді. Оның екі жағынан мойынтұрықтың немесе камыттың көмегімен қос өгіз болмаса қос ат жегіледі.

Әдеб.: Досқараев Ж. Күршім, Зайсан, Тарбағатай, аудандарындағы казактардың тіл өзгешеліктері // Қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктері. Алматы: Қаз ССР ҒА баспасы, 1951. 28-80 бб; *Мұқанов С.* Халық мұрасы (тарихи-этнографиялық шолу). Таңдамалы шығармалар. XV том. Алматы: Жазушы 1979; *Хозяйство казахов на рубеже XIX-XX вв.* Алматы: Наука, 1980; *Арғынбаев Х.* Қазақ халқының қолөнері. Алматы: Өнер, 1987; *Казахи. Историко-этнографическое исследование.* Алматы: Казахстан, 1995; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ОҚБАҚЫР – басы шөміш тәрізді, ернеуінде суағары бар, металл қорытатын шағын ыдыс. О.-мен қорғасын, қола, алтын, күміс қорытылған. Оны темірден немесе күйдірілген сазбалшықтан жасаған. Темірден ожау тәрізді пішінде жасалған О.-дың шөмішінің сол жағында еріген металды ағызатын шүмек тәрізді суағары болады. Бұндай О.-дың ұзындау сабын темірден, саптың басындағы тұтқасын ағаштан сүйектен немесе мүйізден жасайды. Сазбалшықтан жасалған О.-дың тұтқасы болмайды, тек бір шетінде сүйірлеу пішінде суағары болады. Кейбір ұста-зергерлер сүйекті күйдірін, ұнтақтап, оны сазбалшыққа қосып илеп, әбден кептіріп те О. жасаған. Оған темірден ұзын сап бекітіп пайдаланған. Бірақ осындай қыштан жасалған О. тез сынғыш болғандықтан зергерлер оны көп қолданбайды.

Металл қорытатын ыдыстың О. деп аталуы ең басында онымен қорғасын қорытып, оқ әзірлегендіктен болса керек. Қорғасыннан оқ жасау үшін ұста-зергерлер ертеде камыстың буынын балшықпен сылап алып, О.-да қорытылған қорғасынды камыстың түтік тәрізді қуысына құйып суытады. Суыған соң камысты жарып, ішіндегі таяқша тәрізді пішінге келген қорғасынды алады. Қорғасын таяқшаны біркелкі етіп кеседі. Таяқша кесінділерін екі шойын табаның не осындай қатты темірдің арасына салып әрлі-берлі қозғап укалағанда, қорғасын кесінділері жұмырланып, шар тәрізді пішінге келеді. Осындай қорғасын оқтың ірілігі қорыған қорғасынды құятын камыс буынының жуандығына байланысты болады.

Әдеб.: *Шоқпарұлы Д.* Жетпіс өнер де аз // Пионер. 1981, №1.-31-б.; *Шоқпарұлы Д., Дәркембайұлы Д.* Қазақтың қолданбалы өнері. Алматы: Ғытпа, 2007; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ОҚПАН¹ – ердің, ашамайдың алдыңғы қасының астыңғы қуыс бөлігінің атауы. Ер О.-ы доғал пішінде келеді, ал ашамайдың алдыңғы, артқы қасы екі ағаштан айкасып келетіндіктен үшбұрышты пішінде болады. Ердің О.-ы аласа әрі екі қаптал ағашы кең болса аттың шоктығына, арқасына тиін жауыр болуына алып келеді. Сол үшін ерші ер шапқанда оның О.-ының ат арқасына тимеуіне ерекше көңіл бөлген. Ал, ер сәнді болу үшін О. жиегін күміс шегелермен өрнектеп шегелейтін болған. Мәлімет берушілердің айтуынша ердің О.-ы ат арқасына тимеу үшін, ерші ер шапқанда О.-ды екі қолымен ұстап бетіне тақап көретін корінеді. Егер мұрны О.-ның астына тимесе, онда ер де ат арқасына тимейді деп есептеген. Бұл мәліметті Д.Шоқпарұлының ер-тұрман туралы жазылған мына бір өлең жолдары да толықтырады:

*Оқпанға бет тақасаң, мұрын тимес,
Атыңа жалпақ өрген жырым тимес.
Жақсы ерді жасай алмас ешбір адам,
Қыры мен көкейіне сырын түймес.*

Атты ертегенде оның ішкілігі, тоқымы артынан ері салынады. Осы кезде оның О.-ының ат арқасына тимей тұруын байқайды. Ал, ер оқпаны ат арқасына тиісе онда ердің екі қаптал ағашының астына *желдік (жона)* салып, *қалтқы* қойып ерттеледі. Ат арқасы жауыр болып жазылмаған жағдайда О. астынан леп кіріп тез жазылу үшін *желқом* деп аталатын тоқым пайдаланылған.

ҚР MOM қорында сақтаулы (КП 1016) ердің алдыңғы, артқы қасы екі бөлек етіліп бүтіндей шабылып, белағашымен тұтаса шабылған қаптал ағашқа қондырылып, қайыс таспамен көктеліп ұстатылған. Ердің алдыңғы қасының биіктігі 27,5 см, артқы қасының биіктігі 21,5 см, қаптал ағашының ұзындығы 46 см. О.-ының биіктігі қаптал ағашымен қоса өлшегенде алдыңғы жағы 15 см, артқы жағы 11,5 см, ал, ер қаптал ағашының үстіңгі жағынан алғандағы О. алдыңғы биіктігі 6,5 см, арты 3,5 см.



Ер. ҚР MOM қорынан (КП 1016)

Әдеб.: *Қасиманов С.* Қазақ халқының қолөнері. Алматы: Қазақстан, 1995; КЭТС. 11-том. Алматы: Арыс, 2009; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ОҚПАН² – мылтықтың дәрі салып, оқ атуға арналған металдан соғылған негізгі бөлігі. О.-ның ішкі каналы – *ұңғы*, дәрі салынатын түп жағы – *қазына*, бас жағы – *ауызы* деп аталады. Ескі мылтықтардың О.-дары соғу және құю арқылы жасалады. Атқанда оқ нысанаға дәл тию үшін қазақтың ескі мылтықтарының О.-дары өте ұзын болып соғылған. XVIII ғ.-да Қазақстанда болған ағылшын саяхатшысы Джон Кэстль қазақтың мылтықтарының О.-дары ұзын, 2-3

аршын болатынын, бұл мылтықтардың өте алысқа және дәл ататынын, әр оқтың босқа кетпей нысанаға тиетінін жазады.

Дәрі от алғанда жарылмас үшін әдетте ескі О.-ның ауызы және қазынасы (түбі) сәл жуандатылып қырланып соғылды да О.-ның ортасы домалақ жұмыр болып жасалды. Музейлік материалдар көбіне О.-ның ауызы мен қазына бөлігі сегіз қырлы болғанын көрсетеді. О.-ның қырлылығы фольклорлық деректерде де мылтықты сипаттағанда айтылады. Қазақ ауыз әдебиетінде «алты қырлы ақ берен» деген атауларын кездестіреміз, соған қарағанда О.-ы алты қырлы мылтықтар да болған сияқты. Құндаққа бекіткенде жақсы жату үшін О.-ды көбіне үстіңгі жағынан ғана қырлап, құндаққа жататын астыңғы жағы дөңгелек жұмыр болып қалдырылды. О.-ның қырларының ұзын бойына әдетте алтынмен, күміспен қақтау арқылы өрнек салынып зерленіп, оюланып әшекейленді. Ауыз әдебиетінде оқпаны өрнектелген мылтықтар «ала мылтық» деп, ал О.-ы әшекейсіз мылтықтар «қара мылтық» деп аталды.

О.-ның ауызының үстіңгі жағында көздеуге арналған төртбұрышты немесе домалақ формалы «қарауылы» болды. Көк темірден соғылған О.-да көрінін тұру үшін қарауылды көбіне қызыл мыстан, не сары жезден жасаған. О.-ның қазына тұсында үстіңгі жағында тік орналасқан, төртбұрышты «көздегіш» орнатылды. Көздеуге ыңғайлы болу үшін, кейбір О.-ның үстіңгі бойында қарауылы мен көздегіштің арасын қосып тұратын сәл дөңес қыр салынды. Білте мылтықтарда О.-ның түп жағында, қазына бөлігінде оң жақтан тұтатқыш тесік жасалынып, тесік тұсында, ортасына тұтатқыш дәрі салынатын ойығы бар, жезден жасалған кішкене сөреше орнатылады. Бұл элементті қазақтар пішініне сәйкес «құлақ» деп атаған.

*Мылтықтың оғы от алмас
Құлақтан дәрі тұтанбай.*

(Кенесары–Наурызбай).

Шоктанған пілге тигенде құлақтың ойығына аздап себілген дәрі тұтанып, тесік арқылы от О.-дағы дәріні жандырып, мылтық атылады.

Шапқакты мылтықтарда бұл элемент (құлақ) тұтатқыш тесік тұсында, шүрінпе тақтасында бекітілді. Ал шиті мылтықтардың О.-ында тұтатқыш тесік тұсында капсюль кидірілетін түтікше өзегі бар сауытша орнатылды.

1

2

Мылтықтың оқпандары: 1 – пілте мылтықтың оқпаны (КП 1854); 2 – шиті мылтықтың оқпаны (КП 1855) ҚР MOM қорынан

ҚР MOM қорында білтелі мылтықтық О.-ы (КП 1854) сақтаулы. Ол XVIII ғ. жатады. О. темірден соғылып, сегіз қырлы жасалған, ұңғысының іші де сегіз қырлы. О.-ның ауыз

және қазына бөлігі жуандатылып соғылған. Қазынасының түбіне теміртегі бұралып орнатылған. О.-ның ауыз бөлігінде төртбұрышты қарауылы бар. Көздеуіші жоғалған. Қазына бөлігінде және ауызының ұшында екеуден күміс жарты белдеушелер салынған. О.-ның оң жақ қырында, қазына кесігінен 25-мм аралықта, тұтату тесігі жасалған, одан төмен тұтатқыш дәріге арналған сөре дәнекерленген. 1916 жылғы Жетісу көтерілісшілерінің қаруы.

Сонымен қатар, ҚР MOM қорында шиті мылтықтың оқпаны (КП 1855) да бар. Ол XIX ғ. жасалған. О. темірден соғылып, сегіз қырлы, ұңғысының іші алты қырлы. О.-ның ауыз және қазына бөліктері жуандатылып соғылған. Қазына бөлігі теміртегі бар қазына бұрандасымен бекітілген, теміртегінде шеге арналған тесігі бар. Жоғарғы қырында керткі ойыққа кіргізіліп орнатылған төртбұрышты жез қарауылы және ойықты темір көздеуіші бар. О.-ның үстіңгі жағында үш жерінде (қазына бөлігінде, ауыз жағында және ортасында) күміс қақтау әдісімен геометриялық ою өрнектер салынған. Төменгі жағында құндаққа бекітетін ілгектер орнатылған екі кертпе ойықтары бар. Капсюль кигізілетін өзекшесі бар тұтатқыш түтікше қазына бұрандасының оң жағына дәнекерленген. 1916 жылғы Жетісу көтерілісшілерінің қаруы.

Әдеб.: Будагов Л.З. Сравнительный словарь турецко-татарских наречий в двух томах. СПб.: Типография императорской Академии наук, 1869; Валиханов Ч.Ч. Вооружение киргиз в древние времена и их военные доспехи // Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений. В 5-ти томах. Алма-Ата: Издательство Академии наук Каз ССР, 1961. Т. 1. С. 464-466; Хан Кене: Тарихи толғамдар мен пьеса, дастандар. Алматы: Жалын, 1993; Кэстль Джон. Дневник путешествия в году 1736-м из Оренбурга к Абулхаиру, хану Киргиз-Кайсацкой Орды. Алматы: Жибек жолы, 1998; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ОҚТАУ – иленген камырды жаюға арналған ұзыншақ әрі жұмыр ағаш құрал. О. жасауға қатты ағаш пайдаланылады. Оны ағашты түзу жерінен кесіп алып қабығын аршып, одан кейін оның кем-кетігін жақсылап қырнап, тегістеп өңдейді. О. пайдаланылуына байланысты ұзындығы мен жуандығы әртүрлі пішінде болады.



Оқтаумен нан жаю. ҚР MOM қорынан (НВФ 5641/11)



О.-мен нан жайғанда камырды алдымен илеп алады. Одан кейін камырдың үстінен О.-ды қойып екі алақанмен ілгері-кейін жайлап басып дөңгелетеді. Осылайша камыр жұқарып, біртегіс болып жайылады. О.-дың кейбірінің бір басына кішкене бүлдірге тағылады. О.-ды пайдаланбаған кезде бүлдіргесімен кереге басына іліп немесе сүйеп қояды. Сонымен бірге О., *нантақтай* сияқты тұрмыстық бұйымдарды салып қоятын арнайы қаптар да болады. О.-ды бастың жағын ажыратқанда немесе жіпті, арқанды қатайту кезінде уақытша пайдаланған.



Оқтаумен нан жаю сәті. Жамбыл облысы. ОМЭЭ – материалдарынан

О. сонымен бірге балалар арасында ойналатын *оқтау тартыс* деп аталатын ойын кезінде жаратылған (бұл жерде О.-дың орнына жұмыр ағаш болса да жарайды). Ойын барысы бойынша алдымен жерге сызық сызылатын болған. Одан кейін сызықтың екі шетінен карама-қарсы екі бала тұрған. Ал, бір бала олардың қолдарына О.-дың екі ұшын ұстатады. Бұдан кейін белгі беріліп, екі бала екі жаққа тартысады. Қайсысы сызықтан екіншісін тартып өткізсе сол жеңіске жететін болған.

Сондай-ақ, О. тіп-тік немесе жұп-жұмыр дүниелерге теңеу ретінде қолданылады. Оны халық тілінде кездесетін, қайқайып, тіп-тік жүретін адамға қаратыла *«оқтау жұтқандай екен»*, жұп-жұмыр болып жараған атты *«оқтаудай жараған ат екен»*, өрілген шашқа қарай *«қолаң шашы оқтаудай екен»* – деген мысалдардан көруге болады.


Әдеб.: Қазақ дәстүрлі мәдениетінің энциклопедиялық сөздігі. Құраст. А. Құралұлы. Алматы: Сөздік-Словарь, 1997; *Кәмәлашұлы Б.* Қазақтың байырғы баспаналары, үй-жиһаздары. Ұлттық киім-кешек, ыдыс-аяқ, ас-сусын, тамақ-тағамдарына қатысты салт-дәстүрлері. Алматы: Өнер, 2006; ҚӘТС. 11-том. Алматы: Арыс, 2009; ҚР МММ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ОҚТЕМІР – арбаның екі дөңгелегін бір-біріне жалғастырып тұратын темірдің атауы. Оны *білік* деп те атайды. О. дөңгелектердің ортасындағы *күпшектеріне* сұғына кигізіліп, екі ұшы мұрындықталып бекітіледі (*қ. Арба; Білік; Күпшек*).

Әдеб.: *Мұқанов С.* Халық мұрасы (тарихи-этнографиялық шолу). Таңдамалы шығармалар. XV том. Алматы: Жазушы 1979; *Хозяйство казахов на рубеже XIX-XX вв.* Алматы: Наука, 1980; *Арғынбаев Х.* Қазақ халқының колонері. Алматы: Өнер, 1987; ҚР МММ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ОҚТЫҚ¹ – төрт аяқты арбаның алдыңғы және артқы дөңгелектерінің арасын жалғап тұратын сырық ағаштың атауы. Оны *белағаш* деп те атайды (*қ. Белағаш*). Ағаш ұқсатушы шебер арбаның жекелеген бөлшектері сияқты

О.-ғын да қайың ағашынан жасаған. О. ретінде ұзындығы екі құлаштай түзу жұмыр ағаш қабығынан тазартылып, көлеңкеде кептіріліп дайындалады. Сырықтың бір ұшы арбаның артқы *білігінің* ортасындағы тесікке сұғындырылса, екінші ұшы алдыңғы дөңгелектің *білігінің* үстіне ары-бері бұралып тұратындай етіп бекітілген *төсағаштың* (*жастыққағаштың*) тесігіне өткізіледі.



Оқтық. ҚР МММ материалдары бойынша суретті салған Ж. Шәйкен

Арбаның алдыңғы дөңгелегінің оңға, солға бұрылуын қамтамасыз ету үшін үстіңгі жағынан арнайы тесілген тесігінен *кіндіктемір* сұғындырылады (*қ. Арба; Кіндіктемір*). О.-тың беріктігін арттыру үшін жан-жағынан *білікке* қиғаштай тіреу ағаштар шегеленеді. Уақыт өте келе, темірдің қол жетімді болуына байланысты О. ретінде сырық ағаштың орнына жұмыр темірді қолдану кең өріс алды.

Әдеб.: *Арғынбаев Х.* Қазақ халқының қолөнері. Алматы: Өнер, 1987; ҚР МММ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ОҚШАНТАЙ – мылтық оқтарын салуға арналған тері қалта. Түркі халықтарының тілдерінде *«чонтой»*, *«шонтай»* теріден, матадан тігіліп жасалған қалта, қапшық дегенді білдірді, яғни *«оқшонтай»* – оқ қабы деген сөз. Мылтық оқтарын салатын арнайы қалта түріндегі бұл атарман жабдығы қазақтарда от қаруының қолданысқа кенінен енуімен бірге, XVIII ғ.-дан пайдаланыла бастады.

Мылтық атуда тұрақты қолданылатын жабдық болғандықтан қазақтар О.-ды кісе белдікке іліп жүрген. Әдетте, кіседе міндетті түрде қатар орналасқан екі О. болды. Олар көбіне бір-бірімен қайысбаумен байланыстырылды. О.-дың екеу болып келуі, пішінінің малдың еркегінің аталығының қабы – шонтайының формасын қайталауы, алғашқыда бұл жабдықтың ірі кара малдың осы мүшесінің терісінен тігілгенін көрсетеді. Белгілі этнограф Н.Әлімбаев О. тек оқ салатын қалта ғана емес, оның мәні өркендеу идеясымен байланысты, ер адамның еркектік күшінің символы да болған деп санайды. О. екі тері кесігінен тарамыс немесе жібек жінпен тігіліп жасалды. Терілердің шеттері жіңішке тері таспамен (әдетте, көксауыр терімен) жиектеліп тігілді. О.-дың қалталық бөлігі кендеу, ал ауызы жіңішке болып келеді. Ауызына қайысбау бекітілін, ауызы екі бүктелген теріден тігілген, ортасындағы тілігі арқылы қайысбаудың бойымен жоғары-төмен жылжып тұратын төртбұрыш пішінді қақпақпен жабылды. Қалталық бөлігі мен қақпағының алдыңғы беттері теріге бастырып салынған

бедерлі өрнекпен және жезден, темірден жасалған металл шытыралармен әшекейленді. Шытыралар әдетте күміс қақтау және қарала жүргізу әдісімен көркемделді. Кейбір О.-лар тастан (ақық, перуза) немесе түсті шыныдан көздер орнатылған металл шытыралармен де әшекейленді. Негізгі түрін сақтағанмен, О.-лардың пішіні мен әшекейі белдіктің өзімен және белдіктің басқа элементтерімен (әсіресе кісе қалтамен) сәйкестендіріліп бір стильде жасалды.

О. қазақтардың ұлттық кісе белдігінің тұрақты элементі болды. Қазақтарда кісе белдікке О.-ларды тағып жүру берік дәстүрге айналғаны соншалықты, ХХ ғ.-дың басында мылтықтарда оқ және дәрі ішіне бірге салынған унитарлық патронның қолданылуымен, оқ салатын қалтаның қажетсіздігінен қалта функциясынан айырылса да, О.-лар кісе белдікте дәстүрлі элемент ретінде кейін де өз орнында сақталып қалды. Қалталық қызметі қажет болмағандықтан О.-лар енді қалтасы жоқ салпыншақ түрінде жасала бастады, бірақ дәстүрлі қалта қызметінен туындаған пішінін өзгерткен жоқ. Салпыншақтарда О.-дың ауызын жауып тұратын қақпағы да сақталды. Алдыңғы беттері де, О. сияқты, теріге бастырып салынған өрнекті бедермен, темірден соғылып жасалып, күміс қақталып, қырнау және қарала жүргізу әдісімен көркемделген, кейде ортасына тастан көз орнатылған әшекей жапсырмалармен және басы домалақ жез, күміс шегелермен әшекейленді. Оқшантай-салпыншақ қазақтардың кісе белдігінде күні бүгінге дейін сақталған.



ҚР МОМ қорындағы оқшантай түрлері: 1 – оқшантай (КІП 1221);
2 – кісе белдікке тағылған қос оқшантай (КІП 3404)

ҚР МОМ қорында оқшантай (КІП 1221) сақталған. Ол ХІХ ғ. жатады. О. екі қабат теріден тігілген. Терінің беті бедерлі. О.-дың формасы мойны ауызына қарай жіңішкерген құмыра пішіндес. Шеттеріне ені 1,5 см қатты қара тері салынып тігілген. Бет жағында периметрі бойынша екі қатар жіңішке тігіс өтеді. Үстіңгі жағында екі бетінде үш тесіктен жасалып, белдікке ілу үшін олардан ені ұзындығы 7,5 см қайысбау өткізілген. О. қайысбауына

жіңішке қайысбаумен теріден тігіліп жасалған, пистон салуға арналған цилиндр формалы тері сауытша ілінген. Сауытша түбіне қарай сәл кенейтілген, ені ауыз тұсында 1,6 см, түбінде 2 см болып келеді, ұзындығы 4 см, ауыз тұсында екі тесіктен өткізілген қайысбауы бар. Түбі теріден сопақ етіп жасалып, корпусына тарамыс жінпен тігілген. Сауытшаның ауызының тығыны екі бөлік теріден жасалған. Тығынның басында екі шетіне қарай екі тесік жасалып, одан қайысбауға өткізіліп, тығын ашып-жабарда соның бойымен жылжып отырады.

Әдеб.: Валиханов Ч.Ч. Вооружение киргиз в древние времена и их военные доспехи // Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений. В 5-ти томах. Редкол: А.Х.Маргулан и др. Алма-Ата: Издательство АН Каз ССР, 1961. Т.1. С. 464-466; Кайдаров А.Г. Доспехи и вооружение война-батыра в казахском эпосе и их этно-лингвистическое объяснение // Известия АН Каз ССР. Серия общественных наук. 1973. № 6. С. 24-35; Х.Арғынбаев Х. Қазақ халқының қол өнері. Ғылыми-зерттеу еңбек. Алматы: Өнер, 1987; Шойбеков Р.Н. Қазақ зергерлік өнерінің сөздігі. Алматы: Ғылым, 1991; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ОҚЫРА / СӘЙГЕЛ / ШАНЫШҚАҚ – сиырдың сауыр, бөксе, жоны сияқты қалың әрі етті бөлігінің терісінің астына оқыра қоңыздың салған қуыршақ тұқымынан өсіп шыққан құрттан пайда болатын ауру атауы. Ауру атауының түрліше нұсқаларының қалыптасуының өзіндік себептері бар: *сәйгел* – ауруды тудыратын қоңызбен байланысты, ал *шанышқақ* ол аурудың сыртқы белгісіне, О. ауру тудыратын қоңыздан қашқан сиырдың қорғану кимыл әрекетіне байланысты айтылса керек.




Оқыралаған сиырлар. ҚР МОМ материалдары бойынша суретті салған Б.Досымов

Расында, О. тиюдің мәнін қазақ малшылары сәйгел қоңызының уыт шығарып, ет пен терісін жаралап, ашытып шаншып қатты ауыртатындығымен байланыстырады. Арқаның малшылары оны *шанышқақ* деп аталатын инелік тәрізді шыбыннан пайда болады деп санайды. Сиыр жайыла алмай, күн ұзақ арлы-бірлі жөнкіліп шаршаудан күйі кетеді, сауын сиырларының сүті тартылады.

О. қоңыз түсі қоңыр ала, қойдың құмалағына жетеқабыл, денесі бунақ болып келген түкті құрт түрінен орбиді. Бөксе жағында ине тәрізді. басында мұрты бар. Шапшаң ұшатын қоңыз сиырдың жұқа терісін тесіп ұя салады. Теріні тесіп тыныстаған соң құрт әбден жетілгенше уытын жайып, етті үнгіп жеп, теріні зақымдайды. О. құрты түсіп қалса да, орны тесік-тесік болып теңбілденіп тұрады. Ондай ауруға шалдыққан тері кейін өңделгеннен кейін де сол тұсы



тесіліп, немесе жұкарып қалады, яғни сапасы төмендейді. Сондықтан сиыршылар көктемде аталған түліктің терісін қолмен сипап білініп тұрған кедір-бұдыры болса оны анықтайды. Әсіресе, ерте көктемде О. құрты томпып тесілуге шақ қалған кезде құмыра тәрізді затты құрттан пайда болған томпаққа дәлдеп тұрып қатты ұрып түсіреді.



Оқыра құртын алудың бір тәсілі. ҚР МӨМ материалдары бойынша суретті салған Б. Досымов

О.-дан сақтанудың бірден бір жолы – ылғалды ой жерлерде тас, тезек арасындағы бөгелек көп жерге сиыр табынын жаймаған. Әсіресе, қанаттанып, ұшатын кезінде бөгелек құртын мыжып, тас топырақпен толтырып таптап құрту амалын жасайды.

Әдеб.: ЦГА РК. Ф.25, О.1, Д.4210, Св.390. Сведения о крупном рогатом скоте в Тургайской области (23.09.1893 г.- 2.06.1895 г.); Сейфуллин С. Шығармалар жинағы. 6-том. Әдеби зерттеулер, Алматы: Жазушы, 1964; Аргынбаев Х. Қазақтың мал шаруашылығы жайында этнографиялық очерк. Алматы: Ғылым, 1969; Бабалықұлы Ж. Мал ауруларының қазақша атаулары. Алматы: Қайнар, 1986; ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ОЛАҚ – жұмысқа икемі жоқ, ебедейсіз, епсіз адам. Қазақтағы «Жұт жетеу, содырмен сегіз, салақпен тоғыз, олақпен он» – деп содыр, салақ және О.-тың жеті жұтпен қатарласырыла айтылуынан-ақ олардың тұрмыстағы, қоғамдағы қаншалықты кесепатты саналғандығын көруге болады. Қазақта олақтық сонау бала кезден бастау алады деп санаған. Сондықтан да қазақ балаларын жастайынан шаруашылықтың қыр-сырына қанық, әр нәрсенің орнын білетін адам болып өсуіне баса назар аударған. «Жасында салақ болсаң, өскенде олақ боларсың» деп баланың жастайынан ұқыптылықты бойына сіңіріп, шеберлігін шыңдауына ерекше ынта жігерін арнаған. Халықтың педагогика бойынша «балаңды бес жасқа дейін патшадай сыйла, бес жастан бастап құлдай жұмса, он алтыдан бастап достай сырлас» – деп ұл-қыздарын бала күнінен-ақ шама-шарқына қарай шаруашылыққа қолғабыс тигізуге жұмсап, еңбекке ерте үйреткен.

Ұлдың олақтығы. Жанұяны асырау, оны керек-жарақпен қамтамасыз ету, қорғау еркектің міндеті болып табылады. «Олақ – сапсыз тоқпақ» деп еркектің олақ болуы

оның беделін түсіріп қана қоймай, шаруаны бітіруге ебі келмей, істеген істерінің қисыны келмей, өзінің жанұясын асырауына зор кесепатын тигізетін болған. Ондай адамға сеніп іс тапсырудан қашақпағандықтан не басқамен селбесіп жұмыс атқара алмай, не өз шаруасын алып жүре алмай көп жапа шегетін. Сондықтан «Кілең шебер жиналса, істер тез қызады, кілең олақ жиналса біткен істі бұзады» – деп ұлдарының еңбеккер, епті, шебер болуы үшін бала күнінен қозы-лақ, тана-торпақты бақтырып, іс жасағанда қасында бірге отырып көмектестірген. Ептілігін арттыру үшін алуан түрлі ойындар ойнауына, сайыстарға қатысуына мүмкіндік жасап отырған (қ. Ойын).

Елмен араласпай, көпшіліктің арасында болмай, сөз тыңдап, сөздің құдіретін бағалап өспеген сөзге шорпақ адамды да О. дейтін болған. Ондай сөйлесе сөздері қиыс кетіп, не айтқанын өзі білмейтін адамға қарата «олақтың сөзі орашалақ жамаудай» – дейді. «Алғыр жігіт ақылына қарай іс қылар, олақ жігіт оңай жұмысты күш қылар» – деп ұлдың жастайынан алғыр, ақылды болып өсуін әке-шешесі мен ата-әжесі міндетті болған. Баланы шаруашылықта жұмыс жасауға ғана үйретіп қоймай, рухани құндылықтарды жастайынан сіңіруіне мән берген. Алғыр да ақылды болуы үшін аңыздар-әңгімелерді, ертегілерді, жыр-дастандарды жаттатып, өлең айтып, күй тарту сынды алуан түрлі өнерге баулыған. Атасы мен әжесі немерелерін ертіп ел аралап, қонақ келсе қолдарына су құйғызып, әңгімелерін тыңдауына мүмкіндік жасап отырған (қ. Немеңге).

Қыздың олақтығы. Қазақта тұрмысқа қатысты істерді түгелге жуық әйелдер атқарған. Әйелдер ас даярлау, үй мен үйдегі барлық заттардың тазалығы, мал сауу, сүт тағамдарынан қор жинау, киім тігу, өрмек тоқу, киіз басу, ши тоқу және т.б. істердің барлығын уақытылы орындап үлгеруі керек болған. Әйел О. болса үйдің іші, ыдыс-аяқ, төсек-орын, киім-кешектің барлығы лас, оты жанбай үйдің іші түтінге толып, тамағы шикілі-пісілі дәмсіз, балалардың күтімі жоқ болып жүретін. Осыған орай «Олақ қатын нан пісіремін деп ұнды бүлдіреді», «Олақ қатынның пісірген сүті іріп кетер, илеген терісі шіріп кетер», «Олақ қатын ұл туса иә шүмегі жоқ, иә түбегі жоқ», «Олақ әйелдің тіршілігі бітік келеді» – деген сынды мақал-мәтелдер ел арасында кеңінен таралған. Яғни, жанұяда әйел адамның олақтығынан өткен қиындық жоқ деп саналған. Озінің олақтығымен танымал болған қыздарға жігіттер жар болуға ұсыныс жасаудан қашақтайтын да болған. Өз қыздарының тұрмыс құрғаннан кейін қиыншылықтарға тап болмауы үшін анасы мен әжесі жастайынан ісмерлікке, шаруашылыққа үйреткен. Сондықтан да қыз жастайынан кесте тігіп, жүн түтін, жіп иіріп, тоқыма тоқып, киім тігіп, алаша-кілам тоқып дағдыланатын болған. Тұрмысқа шығарды қарсаңында жеңгелерімен бірге үй шаруаларын толықтай атқаруға үйренуі үшін кейде жеке отау етіп шығаратын салт та кездескен. Мұндай дұрыс тәрбие көрген қыздар тұрмысқа шыққаннан кейін үй шаруасын оңай атқарып, олақтығымен аты шықпайтын болған. Ал

керісінше тым дұрыс тәрбиелемей, тым еркінсітіп жіберген қыздар тұрмысқа шыққаннан кейін де олақтығымен әкешесіне *сөз келтіретін* болған.

Орашолоак – қандай да бір іске немесе сөзге бейімі жоқ, епсіз, ебедейсіз, қырсыз адамды білдіретін ұғым. «*Орашолоақтың қолы шолоақ*» – деп олақтықтың бір түрі ретінде айтылғанымен, оның О.-қа қарағанда артықшылығы бар. Ондай адам істердің барлығына емес, тек кейбіреулеріне ғана олақтық танытады. Мәселен, ешкімге сөзбен дес бермейтін інешен болғанымен, қолмен істейтін іске келгенде *орашолоақтық* танытуы мүмкін. Керісінше қолынан бал тамған шебер бола тұра, сөзге келгенде орашолоақтық танытып, «*екі сөздің басын құрап айта алмайтын*» болуы да кездеседі. Сондықтан мұндай адамды кейде О. деп те айтқанымен, ол тура емес, жанама мағынасында қолданғандығы болып табылады. Сондықтан да *орашолоақтықтың* қарама қарсы жағы *шеберлік* ретінде сипатталады. Осыған орай, «*қас шебердің шанышқан инесі тоньына кіреді, орашолоақтың шанышқан инесі қолына кіреді*» – деген мақал ел арасында сақталған. Яғни, адам шеберлігімен аты шыққанмен де ол тек бір істің ғана шебері болып, өзге істерде «*елқатарлы*» болуы мүмкін. Сол сияқты орашолоақ істің барлығында орашолоақтық таныта бермейді.

Әдеб.: ҚӘТС. 11-том. Алматы: Арыс, 2009; *Қайдар* Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде (этнолингвистикалық сөздік). 1 т. Адам. Алматы: Дайк-Пресс, 2009; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ОЛБЫР ТОҚЫМ – кең пішіліп тігілген үлкен тоқым. Тоқымның бұл түрін қазақтың көне жырларынан кездестіруге болады. Мәселен «Едіге батыр» жырында Едігіге арнап дайындалған ат жабдығы, соның ішінде тоқымы былайша сипатталады:

... Күміс жүген патшалық
Бес алқалы таққаны.
Олбыр тоқым, құранды ер
Кеудеріден тартпалы.
Алтын тоға, үзеңгі
Ылғи алтын сап-сары...

(*Едіге батыр*).

Соған қарағанда ертеде О. т. көлемі үлкен, былғарымен қапталып, күміспен әшекейленген, жібек шашақты шок қадалған, хандардың, бекзадалардың атқа салатын сәнді тоқымы болса керек.

ҚР MOM қорындағы О.т.-ның (КП 26916/6) астары киізден жасалып, былғарымен қапталған. Былғарыға ою-өрнек батырылып безендірілген. Былғарының шеттеріне дөңгелек пішінді бетіне өрнек бастырылған күміс күймалар қондырылған. Ал төрт бұрышының да ұштары басы кошкармүйіз болып келген оюды бейнелейтін қанылтырмен безендірілген. Киізі қызыл түсті матамен қапталған. Тоқымның екі басына сары түсті шашақтар ұсталған.

Осы уақытқа дейін қазақ елінің батыс өңірінде тебінгісі тұтас жасалған үлкен тоқымды О.т. деп атайды. Кейбір зерттеушілердің айтуынша, көп жағдайда тебінгі жеке істелмейді, ол киіз тоқымға жапсыра тігіледі. Бұл әдіс

тоқымның үзенгі бау тиетін тұсының тез тозбауын қамтамасыз етеді. Ел ішінде тоқымға жапсырыла тігілген тебінгіні *тоқымның тебінгісі* дейді. Тебінгіні жапсыра тігіп, тоқымды тұтас жасағанда оны көлемі тебінгінің есебінен үлкен болып шығады. Оның сәнді түрі О.т., қарапайым түрі *жабасалма* деп те аталады.



Олбыр тоқым. ҚР MOM қорынан (КП 26916/6)

Әдетте, әйелдерге арнап тігілген тоқымның көлемі үлкен, ер адамдарға арналған тоқымның көлемі шағын, ықнам болады. Сонымен бірге әйел ерінің тоқымы мол әшекейлі болады. Демек, О.т. – ертеректе хан-сұлтандардың, лауазымы жоғары адамдардың, байлардың және олардың әйелдері мен қыз келіншектерінің мінетін атына салатын сәнді тоқымы болған. Соның ықпалымен үлкен тоқымның қарапайым түрі де О.т. деп атала берген тәрізді.

Әдеб.: *Аргынбаев Х.* Қазақтың ер-тұрман жабдықтары // Қазақстан XV-XIII ғасырларда (вопросы социально-политической истории). Алма-Ата: Наука, 1969; *Аргынбаев Х.* Қазақ халқының қолөнері. Алматы: Өнер, 1987; *Қасиманов С.* Қазақ халқының қолөнері. Алматы: Қазақстан, 1969; *Бабалықұлы Ж.* Ер-тоқым // Ер қанаты. Алматы: Қайнар, 1987; Едіге батыр. Алматы: Ғылым, 1996; Қазақ тілінің аймақтық сөздігі. XI том. Алматы: Арыс, 2009; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ОЛЖА¹ – соғыста жеңілген жаудың қару-жарағы, мал-мүліктері және тұтқынға түскен адамдары. Көне заманда соғыс көшпелі халықтар үшін табыс көзіне де айналып, соғыста түскен әскери олжа баюдың, меншік иеленудің басты жолы болды. Әскери әрекеттер барысында қарулы жауды жеңіп, оның мал-мүлкін, адамдарын, заттарын басып алғаннан кейін, бұл әскери олжа бөліске түсті. Әскери олжа мына тәртіппен бөлінді: олжа арабына «хумс» деп аталатын бес бөлікке бөлінді. Оның бестен бірі (әрине, ең жақсы бөлігі) ханның, әміршінің үлесі саналды. Кейде бестен бірі соғысты жүргізін, әскерді жеңіске әкелген қолбасшыға да берілген. Қалғаны әскерге тиесілі болды. Көрсеткен ерлігіне, атақ-дәрежесіне сай, жеңіске қосқан үлесіне қарай мал, қару-жарақ, қолға түскен тұтқындар әр жауынгерлерге бөлінді. Әрине, соғыста құрбан болған жауынгерлер де ескерілді. О.-ның дұрыс бөлінуіне қашан да үлкен мән берілген. О. бөлу заңы қатаң сақталып, ешқашан бұзылмайтын. Дұрыс бөлмеу, дұрыс өткізілмеуі, немесе олжадан біреудің шет қалуы шатаққа айналып, араздыққа, тіпті жауласуға да әкелуі мүмкін. Мысалы, оғыздың батырлық жырлары жинақталған «Қорқыт ата» кітабында О. бөлісуден шет қалуы сыртқы оғыздың ішкі оғыздармен жауласуына себеп болғаны айтылады.



О. бөлудің маңыздылығына байланысты орта ғасырларда түркі-монғол мемлекеттерінде онымен арнайы айналысатын «бақауыл» қызметі болған. Монғол империясында және оның құрамында болған мемлекеттерде, мысалы Алтын Ордада, әр әскер түменінде әскер бақауылының ерекше лауазымы болды. Бақауылдың міндеті ұлы диваннан бөлінетін әскер каражатын тарату, түркі-монғол дәстүріне сәйкес әскери О.-ны дұрыс бөліп, О. бөлу кезінде әскерде болатын ренішті және әділетсіздікті жібермеу болды. Түменбасы және мыңбасы әмірлер бұл салада бақауылға бағынуға тиісті болған. Хан сарайында тағамды бөлу, оны хан сарайында ас тартылғанда қатысқан адамдардың дәрежесіне сай дұрыс тарату қызмегімен айналысатын адам да «бақауыл» деп аталды. «Аз ғана асқа бақауыл болма, азғана елге бек болма» деген қазақ мақалы осыдан қалған.

Масуд бен Османи Кухистанидің XVI ғ.-дың бірінші жартысында жазған «Тарихи Абулхаир-хани» атты тарихи еңбегінде Дешті-Қыпшақтың билеушісі Абулхаир хан өзінің қарсыласы Махмуд-ходжа-ханды жеңгеннен кейін әскербасылар мен жауынгерлерге соғыста түскен әскери олжаны таратқаны былайша сипатталады: «Жаудың әскерінен Абулхаир ханның жауынгерлерінің қолына түскен әскери олжа мен байлықтың бәрін – алма бет тұтқын қыздар, жүйрік аттар, түйелер, шатырлар, сауыттар, әртүрлі қарулардан бастап аттардың сауыттарына дейін билеушілердің панасы Абулхаир ханның шатырының босағасының алдына жинап алып келді. Оның бәрін ол әмірлер мен жауынгерлерге таратуға бұйырды... Барлық жоғары мәртебелі сұлтандарды және даңқты әмірлерді ерекшеледі және заттармен, белдікпен және биік лауазымдармен марапаттады».

Әскери олжаға қару-жарақ, жиналған мүлік, айдаған малмен бірге қолға түскен адамдар да кірген. Соғыста тұтқынға түскен адамдар «жесір» және «жетім» деп аталған.

Екеуін сүйреп шықты екі жігіт,

Қылады екі пақыр неден үміт.

Жесірді қолға түскен аясын ба,

Қорқады кетеміз деп нарға мініп.

«Айман-Шолпан».

Шоқан Уалиханов қазақтардың «жесір» деп соғыста қолға түскен тұтқындарды, ал «жетім» деп сатып алған құлдарды атайтынын жазады. «Жесір» сөзі арабтың «тұтқын немесе тұтқынға түскен» деген мағынадағы «есир» сөзінің қазақшаланған тұлғасы. Түркі тілінен орыс тіліне ауысқан бұл сөз орыс тілінде «ясир» нұсқасында – «соғыста қолға түскен тұтқын» мағынасында қолданылды. Ауыз әдебиетінде «жетім» сөзінің де соғыста қолға түскен тұтқын, жас құл мағынасында қолданылуын да кездестіруге болады.

Бұл соғыстың ретінде

Ұстатармын қолыңа

Қос-қосынан жетімді.

«Кенесары-Наурызбай».

Яғни, түркі тілдерінде бұрын «жесір», «жетім» сөздері соғыста тұтқынға түскен қыздарды, әйелдерді және балаларды мағыналаған. Қазіргі тілімізде «жесір» сөзінің «ері өлген әйел» деген, ал «жетім» сөзінің «әкесі немесе шешесі, не екеуі жоқ бала» деген мағыналары ғана сақталған.

Батырлық жырларда қазақ батырларының соғыста олжаға түскен қалмақтың қыздарына үйленгені айтылады. Көкшетаудағы «Оқжетпес», «Жұмбақтас» атаулары Абылай хан заманында соғыстан кейін олжа бөлісуде батырлардың бір сұлға таласқан оқиғасына байланысты туған.

Әдеб.: Будагов Л.З. Сравнительный словарь турецко-татарских наречий в двух томах. СПб: Типография императорской Академии наук, 1869; Материалы по истории казахских ханств XV-XVIII веков (Извлечения из персидских и тюркских сочинений). Алма-Ата: Наука Каз ССР, 1969; Федоров-Давыдов Г.А. Общественный строй Золотой Орды. М.: Издательство Московский университет, 1973; Аксауыт. Екі томдық. Алматы: Жазушы, 1977. 1-том; Усманов М.А. Жалованное акты Джучиева улуса XIV-XVI вв. Казань: Издательство Казанского университета, 1979; Сыдықова Р. Сөздер сөйлейді (Сөздердің қолдану тарихынан). Алматы: Мектеп, 1980; Хан Кене: Тарихи толғамдар мен пьеса, дастандар. Алматы: Жалын, 1993; Батырлар жыры; Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / Жалпы редакциясын басқарған Т. Жанұзақов. Алматы: Дайк-Пресс, 2008; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ОЛЖА² – құт пен берекеге байланысты қалыптасқан ұғымның бірі. Дәстүрлі ортада *отбасында қашанда құт пен береке орнап, тек жақсылық болсын* деген ниетті білдіретін ұғымдар жетерлік. Соның бірі *олжа* деп аталады. Аталмыш ырым бойынша егер кішкене бала үйге кіріп келе жатып, босағада сүрінетін кетсе немесе құлап калса, «*олжа келді, олжасын көтере алмай келе жатыр*», «*құт келді, құт келетін болды*» деп баланы көтерін төрге апарып үш рет аунатып алады. Ол үйге келген *О. құт отбасына берік орнасын, береке бірлік болсын, ырыс пен байлық келсін* деген тілектерге саяды. Қазақта баланы жеті жасқа жеткенше періште санайтыны белгілі. Бала періште болғандықтан *О.* оның арқасына немесе мойнына мініп алғанда, бала оны көтере алмай сүрінеді, құлайды деп түсінген. Аталмыш ұғымның астарында үйге келген құт пен береке, байлық пен ырыс баламен бірге кіреді, баланы төрге аунатқанда сол отбасыға құт қонады, береке орнығып, молшылық болады деген ниеттің жатқандығы сөзсіз (**қ. Баланы сынау**).

Қазақы ортада бұл ұғымның үлкен кісіге де қатысы бар. Айталық, егер сырттан үйге кіріп келе жатқан адам босағада сүрініп кетсе, оны да жақсылыққа жорыған. Бұнда да жоғарыдағы сөздерді айтып, сүрінген кісінің басын төрдегі сандыққа тигізетін (**қ. Есік**).

Әдеб.: Уалиханов Ч.Ч. Вооружение киргиз в древние времена и их военные доспехи // Уалиханов Ч.Ч. Собрание сочинений. В 5-ти томах. - Алма-Ата: Издательство Академии наук Каз ССР, 1961. Т.1; Курышев В.П. Оружие казахов // Материальная культура и хозяйства народов Кавказа, Средней Азии и Казахстана. СМАЭ XXXIV. Л.: Наука, 1978; Казах: историко-этнографическое исследование. Алматы: Казахстан, 1995; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ОЛЖА САЛУ – байырғы кезде соғыстан, жорықтан қолға түскен қару-жарақ, мал-мүлікті, тұтқындарды; сондай-ақ атжарыс, палуан күрес, сүре айтыста жеңіп алған бәйгені ортаға салып, бөліске беру жосынының дәстүрлі атауы.



Әскери олжа. Соғыс жағдайында қарсы жақтың қолға түскен тұтқындарын, әйел-қыздарын, дүние-мүліктерін қолға түсірген сарбаздар оларды жеке өзі иеленбей, қолбасына, әміршіге тапқан олжасын өткізетін болған, яғни олжа салған (**қ. Олжа**).

Әскери тұтқындарды қарсы жақтағы өз адамдарын құтқару үшін айырбасқа қойған. Жазу білетіндерін, қолөнершілерін, ұсталарын өлтіртпей орда жұмысына ұстаған. Тұтқын алмасу болмаса, құн мөлшерін малмен есептеп, мал талап еткен. Қарсы жақтар бір-бірімен келіспеген жағдайда әскери тұтқындарды өлтіреді, я болмаса құл базарға айдатады (**қ. Құлбазар**). Ал хан, сұлтан, бек т.б. лауазымды, мәртебелі адамдардың әйел-қыздарын өздерінің дәрежесіне қарай әйелдікке алған. Қатардағы жай әйелдерді күндікте ұстаған.

Белгіленген ереже, тәртіп бойынша немесе жоғары билік иесінің жарлығы бойынша олжаның бір бөлігі ордадағы қазынашыға өткізілуге тиісті болған. Ал қалған бөлігі бөліске салынған. Бұндайда өзіне тиісті сыбағадан бөлек батырдың бес қаруы, мінген қазан атының сыбағасы деп олжадан арнайы сыбаға берілетін болған.

Сонымен, сарбаздар, батырлар жаудан түсірген олжаны әскери тәртіп, ереже бойынша жеке өзі иеленбей, олжа – салғаным деп, ортаға қойып, бөліске береді. Соғыс, жорық жағдайындағы тәртіп бойынша тапқан олжасын жасырып қалса, қатаң жазалауға ұшырайды.

Осы ретте айта кетер жайт, «Соғыс» концептісі этномәдени ұжымның санасында «майдан», «күш сынасу», «қарсылас», «жеңу» (тізе бүктіру), «жеңілу» (тізе бүгу), «олжа», «сый» (награда), «сыбаға» тәрізді т.б. мағыналық бірліктерді қамтиды (**қ. Майдан; Олжа; Соғыс; Сый**).

А т ж а р ы с т а ғ ы о л ж а. Дәл осы мағыналық бірліктер «ат жарыс», «палуан күрес», «сүре айтыста» да бар. Бұл да бір **майдан**: қарсыластарымен күш сынасады, жеңеді не жеңіледі, сый-сыйапат алады немесе даңққа бөленеді немесе салы суға кетіп, құр алақан қайтады.

Ат жарыста жеңіске жетіп, тігілген бәйгені ат иесі жеке өзі иемденбей оны руластарына олжаға салады. Ортаға салған олжаны жөн білетін, беделді, мәртебелі ру ақсақалы болады. Сол рудың игі жақсыларына, сондай-ақ аксүйектердің өкілдеріне деп, аты-жөндерін атап береді. Ат бәйгеден келе жатқанда ат иесінің руластары аруақ шақырады, сол рудың төрелері мен қожалары жақтас болады (**қ. Аруақ; Бәйге**).

Мысалы, Ақан сері өзінің атақты Құлагерін былай деп өлеңге қосады.

*Ор болып қалушы еді шатқан жерің,
Сүйсініп тұрушы еді қосқан елің.
Атығай, Қарауылға олжа салған,
Бота тіркес, қыз сағақ сандал керім.*

Ел-жұрты сүйсінген Құлагердің салған олжасын Атығай – Қарауылдың игі жақсылықтары иемденсе, атағы Ақан серінікі, даңқы Құлагердікі болып қала береді.

Өнер сайысындағы олжа. Қазақ танымында сүре айтыс та ат жарыс, палуан күрестен бір былай емес.

Елдік, ерлік, батырлық пен байлық, елге құт болған билер, игі жақсылары дәріптеліп, қарсы жақтың міні мен кемістігін бетке басады. Сөз майданында қарсыластар бірін-бірі тойтарып жатады. Ақынның қаруы – сөз. Сөз де ауыр алдаспан, алмас қылыш. Дәл сілтесе, тиген жерін алып түседі. Тауып айтылған тапқыр сөз жұрттың делебесін қоздырады, айызын кандырады.

Жауға шапқан сарбаз батырлардың пірі Баба Түкті Шашты Әзізге (**қ. Баба түкті Шашты Әзіз**), Ғазіреті Ғалиға сиынса, ақындардың да сыйынатын пірлері болады. Айтыста жеңген ақынға үш тоғыз, жеті тоғыз, тоғыз тоғыз деп аталатын бәйге тігіледі (**қ. Тоғыз**). Бірақ бәйгені ақынның өзі түгелімен иемденбейді.

Жамбылдың өмірінен кезінде деректі кітап жазған этнограф жазушы Сапарғали ақсақал Бегалин Шашубайдың Жамбылмен айтысына арнайы тоқталып, этнографиялық өрнегін айқын да анық көрсеткендіктен ақындар шайқасының мысалы ретінде осы айтысты атауға болады [Айтыстың болу себебі; басталуы; қызған шағы; аяқталып немен тынғаны жүйелі сипатта болғандықтан, мәтін сөздік мақалаға тікелей байланысты жағы біршама толық берілді – Ред.].

Жамбыл Шашубаймен кездесетін тұста өлеңді көп айта қоймай, тоқталып жүрген кезі болады. Осы кезде ел ішінде болған бір уақиғадан ағайын арасына өкпелеп, қысқы Балқаш теңізі қатқанда Арқадан бергі қабаққа өткен Шашубай Шу, Іле бойын әнімен аралап Алматы келеді. Алыста жүрген адамның ағайыншылы келетін әдетімен, сол кезде Алматы қаласындағы саудамен байыған Байбұлан, Баймолда дегенді жандаралға, уезге переводчик (тілмаш) болып тұрған найман жігіттері Бақия, Барлыбек деген Сырттан балаларын тауып алады. Барлығын Орта жүзден бауыр тұтып, осылардың қолына келіп өзінің Орта жүздігін айтып, олардың байлығын, бектігін айтып әрі әнші әрі ақын, гармоншы Шашубай өзі баурап әкетеді. Гармоншымен қосылып толықсып айтатын Арқаның әсем әнін аспандата шырқаған Шашубай Жетісу елін аузына қаратады.

*– Қызылжар, Қарқаралыдан келіп жүрмін,
Елдерін Ұлы жүздің көріп жүрмін,
Аузымда өлең деген мәлегім бар,
Әркімге сөйлеп-сөйлеп беріп жүрмін, –*

деп, тоқсан толқытып ән шырқаған екен.

Абай айтқан ертедегі ел ақындарының алыста жүріп ауылын мақтайтын, жерін, суын, елінің аты шыққан адамын дәріптейтін әдет Шашубайда да бар-ды. Ол Ұлы жүз жиындарында өз руын көтере мақтайды. Ұлы жүздің ішінде жүріп кісілікке ілінген, саудамен ауысып келіп байыған адамдарын жер-көкке сыйғызбай мақтан етеді. Шашубай мақтанының арқауы болған жсоғарыда аты аталған Байбұлан, Бақия, Барлыбек, Тұрлыбектер болады. Олардың намысына тиген сайын, өзімің бай, мақтан құмар шенеуніктер Шашубайға өздерін көтермелете түседі. Сол кездегі Ұлы жүз елінің, оның ішінде Шапырашты, Дулаттың Бақия, Барлыбек тұстас



кісілікті жігіттері, Байбұлан, Баймолда теңдес бай саудагерлері арқадан келген ақынға қарсы айтыстыратын ақын іздеп, сөз есесін қайтарып өздерінше қыр көрсетпекші болады

Алматы атырабы кісілігімен аты шыққан Шапыраштының бір белді ауылының баласы Мәңке болысқа хатар айтып, сол арқылы Жамбыл мен Шашубайды шайқастырмақ болады. Жамбылдың Алматыға келген хабары болған соң, Байбұлан: «Тамаша менің үйімде болсын», – деп, сол шақырмақ болады.

«Мен сол жылы 17 жаста едім, Мақыш деген ағам, кәдуелгі батыр Мақыш абақтыға түсіп қалып, соған азық апардым. Бұрын қаланы көрмеген және ағаш, балшық үйде болып көрмеген едім. Апарған азығымды абақтының алдынан бердім де, енді кешке қайда барарымды біле алмай, қаланың үйлеріне тамашалап келе жатыр едім, арт жағымнан біреу «Ыбырайым» деді, жалт қарасам, Қисыбай екен, «Мұнда неғып жүрсің?» – деп сұраған соң жәнімді айттым. «Енді қайда барасың, бүгін менің қасымда бол, атыңнан айрылып қаласың», – деп ертіп жүрді.

Қисыбайдың жатқан үйіне келіп, атымызды қораға байлап, үйге кіргеннен кейін, үй иесі: «Қисеке, сізге бір кісі келіп тұр», – деді. Ол кісі үйге кіріп, Қисыбайға бір хат әкеліп берді. Хатты оқып Қисыбай: «Жарайды», – деп, әлгі үйдің шайына қарамай, шақырған үйге келдік, мені де тастамай ертіп келді. Үй тамаша салынған үй екен. Көктебел деген, тақтайының бәрі сырлы. Есігінен төріне дейін жайып тастаған кілем, көрпе.

Біз келіп отырған үйде, бізден бұрын үш-төрт жас жігіт отыр екен. Олар Қисыбайға сәлем беріп амандасты. Үстінде ақ шалбар, ақ кемзаль бар, басында қара тақия бар жігіт үлкен сырнайы бар, соны алып құбылып, төңкеріліп отыра алмай отырды.

Желтоқсан іші, күн шыңылтыр еді, «Мына кісілер тоңып келді, шайды жаса!» – деп, дөңгелек жер үстелге шай жасалды. Менің екі көзім гармоны бар кісіде отыр. Бұрын гармонды, ондай қыс ішінде аппақ киім киген кісіні, сәнді адамды көрмегем, тіпті есім шығып отырмын. Бір мезгілде сырттан кісілер келіп қалды деп абыржып көп кісіні үйге кіргізді. Ол кісілер де төрге шықты. Бұл келген кісілердің ішінде Мәңке Самижан және Жамбыл бар екен, амандасып отырғаннан кейін ол кісілерге де шай әкелді.

Бағанағы гармонды жігіт ойнақтатып гармонды тартып, өлеңді қоя берді.

– Баласы Қошқарбайдың мен Шашубай,
Пәндесін артықты кем қылған құдай.
Саңлағын Алматының жиып алып,
Сыйлады қонақ қылып Байбұлан бай.
Шаһарым Троиңкі, Қарқаралы,
Барады кешкі базар тарқағалы.
Бірқатар тосын адам кіріп келді.
Уа, шіркін, ішінде бұл адамның

Жамбыл бар ма, Сол шіркін кеп отыр ма байқағалы,
– деп гармонымен төңкеріліп, әнін қосқанда, менің есім шығып кеткені сонша, өзім қасына таяу отырған

Қисыбайға басымды соғып ала жаздадым. Қисыбай байқап отыр деп түртіп қойды. Осыны бір айтып, әнін төңкеріпте бір қайтарып тастап, Жамбылға бір соқтығып, түрткі салып бір өтті де, әріптестік сөз барымтасының шекесін бір көрсетіп, Жамбылмен бірге келген кісілерге соқтыға:

– Бір көзі Самижанның қисық екен,
Байбатшаң Мәңкеменен нұшық екен.
Болғанда бірің ойқы, бірің шойқы
Бәрің де бап келісіп отыр екен, —

деп мазақтай бастады.

Төрте отырған Мәңке: «Жамбыл-ау, мына шіркін бізді өлтірді ғой, енді қашан», – дегенде, Жамбыл: «Айта түссін, айтқанымен қайда барар дейсің», – деп шай ішіп отыра береді. Тағы да Шашубай:

«Арқада мен айтамын салдығымды,
Мұнда келсем айтамын
Бақия, Барлыбек, Тұрлыбектей хандығымды,
Қалада осы үшеуі аман болса,
Бұзбайды жандаралдар жарлығымды, —

деп гармонын қайта құйқылжытты.

Жамбыл шайын ішіп болып, домбырасын алып кие жөнелді:

«Шашубай, сен бір Арқадан қашып келген жалаң аяқ,
Жел сөзді не қылайын сенен аяқ.
Тіліңді аңдап айтпа, байқап сөйле,
Тимей ме, бүйте берсең, саған таяқ.
Шашужан, сен Көкшетау,

Қызылжардан келіп жүрсің,

Дидарын жақсылардың көріп жүрсің,
Аузыңда өлең деген мәлегің бар,
Әркімге сөйлеп-сөйлеп беріп жүрсің.
Шашужан, мен алдынан жақсылардың өтуші едім,
Мендағы қуғаныма жетуші едім.
Ұлына Ұлы жүздің тіл тигізбе,
Жылыңда бір күн көріп кетуші едім.
Шашужан, мақтанбағың, Арқадан мен көрген арғын,
Бұл жерге бай боп жатыр келген арғын,
Келді де Жетісуға байып кетті,
Арқада без таба алмай жүрген арғын.
Шашужан, бастапта Байбұлан келіп еді,
Мінгесіп қарала атқа,

Қос тігіп Алматы Тастағында үш жыл жатты,
Елімнің кеңшілігін сонан байқа,
Алсын деп тері-терсек аралатты.
Мұнымен Байбұланның тиыш жатпай,
Қиқақтап қарала атпен отын сатты.
Жуындыммен бай болған Байбұланың,
Қойшысымен айтысқан байлар құсап,
Айтқаным жақсылығымды жарамас-ты.
Шашужан, мұнда келсе мақтайды Барлыбек,
Бақиясын,

Сайлауға шықсаң екі көзің төбеңде ақиясын,
Әсте жоқ мұсылманға жақындығың,
Орыстың баса киіп тақиясын.
Құдайдың өзі патша, өзі құдай,
Бір жерден алар тауып оқиясын,
Су орнына ішкенің арақ, боза,
Дозақтың ортасында отырарсың,
Дінің кесек атқин сұрқиясың», –

дегенде, ішіп, қызып отыр екен, орысша киінген жігіт Жамбылға тұра жүгіріп қона түскені. Мен қайдан білейін, Бақия деді біреу артынан сұрағанымда, оған Мөңке тұра жүгірді. Шартта-шұрт төбелес болды да қалды. Әлгі жасаулы тұрған шай, үстелі – бәрі тас-талқан болды. Қисыбай жылыстап далаға шықты, мен де ере далаға шықтым. Жанжал басылып, Байбұлан далаға шығып, Қисыбайды үйге кіргізді. Елді тиыштатып отырғызды. Енді айтыс тоқталды. Гармоны бар кісі, әлгі орысша киінген кісілер, олар басқа үйге барып даурығып жатты. Біз отырып тамақ ішіп, үйге қайттық. Ел тарқарда Байбұлан келіп: «Бір тамаша істелік деген соң шақырып едім, аяғы ұяттау болып кетті. Ұлы жүздің баласы үй менікі, жол сіздердікі», – деп Қисыбайдың алдына 40 сом ақша әкеліп қойды. Қисыбай – 40 сомның 25 сомын Жамбылға беріп, қалғанын отырған елге үлестірді. Сонда маған 50 тиын ақша берді. Ертеңінде елге қайттым. Осы өлеңді-сол айтқаннан ұғып, елге айта келдім», – дейді Ыбырайым Байсімбет баласы.

Ол кісі биыл 58 жаста. Сонда Жамбыл мен Шашубайдың айтысқаны 1904 жылы болғаны дәлелденеді. Мұны бізге Ыбырайым 20 желтоқсан күні 1945 жылы айтты. Үмбетәлі де, Өмірзақ та тап осы Ыбырайым айтқандай қысқа және жыл мөлшерін де осылай айтады. [...] Менің байқауымша, мынау адамдардың айтқаны дәл шындық. Өйткені бұлар көзімен көріп, ішінде болған адамдар.

Жамбыл мен Шашубай осы айтыстан кейін өте жақын болып кетеді. Екеуі достасып, Шашубайдың Арқадан ала келген өте соны, жақсы әні, әдемі жыры, Шортанбай ақынның, Дулаттың жырлары болады. Бұл жырлар Жамбылға өте ұнайды. Әсіресе Арқа елі кеңейтіп, әдемілеп айтатын Асанқайғыны жөніндегі әңгімелі жырлар ақын жүрегіне қозғау салғандай, ел мұңының, халық арманының түйіні тәрізді болады. Құтты қоныс іздеген сыршыыл, қияли ақын бетін терең сырға аударады. Жамбылдың ертерек ұғып ел айтуынан, Күсеп жырлап кеткен «Өтеген жырын» Асанқайғы сарынына салып жырлауға бейімдейді.

Жамбыл мен Шашубайдың айтысы – жай ғана сөз қақтығысы емес, ұзаққа сілтеген сүре айтыстың із-соқпағы. Бұндай сайыста қарсыластардың бірі жеңеді, бірі жеңіледі. Ал олжаны рулық қоғамның тәртібі бойынша жеңімпаз жеке өзі иеленбей, ортаға салады.

Палуан күрестегі олжа. Палуан күресте айкасқа түсіп қарсыласын тізе бүктірген палуан рулық қоғамның тәртібі бойынша да бәйгесін өзі иеленбей, руластарына олжа салады. Бұнда да ортаға салған олжаны жөн-жосыққа жетік ақсақалдардың бірі «сыбаға» ретінде елдің игі жақсыларына тарту етеді. Белдескен палуанға тиісті «сыбаға» тиіпті мардымсыз болып та қалуы мүмкін бірақ, бұндайда өкпе, реніш жүрмейді.

Атақты Молдабай палуан туралы дастан жазған Әлімбетұлы Сапарғали (1888 – 1956) ақынның шығармасында дастанға арқау болған уақиға – Қытай, Ресейдің қазақ жеріндегі шекарасымен, екі ел арасындағы

сауда-саттық алыс-беріс тәрізді келісіммен байланысты Шәуешек қаласында өкілетті жиыны болады. Ұлы жиынға Ресей, Қытай және күллі Орта жүздің ру-тайпаларының өкілдері қатысады. Бұл жиынды ұйымдастырушылар жиналған жұртқа қызық көрсету үшін палуан күрес ұйымдастырады. Қытай жұртынан қол-аяғына шынжыр салынған, алып денелі, ешбір пенде жықпас дейтін палуан шығады. Қазақтар жағынан найманның Байсық, Байыстан шыққан палуаны Молдабай шығады. Қытай палуаны қол-аяғы, кеудесін ораған шынжырын лақтырып, Молдабаймен ұстаса кетеді.

Жиналған жұрт сол тұста аруаққа сыйынып, ұран салады. Қаракерейлер «Қабанбай!», «Боранбайлап!» ұран көтерсе, Матайлар: «Қалыбай!», «Қаптағай!» деп ұран тастайды. Арғындар: «Қаздауысты Қазыбек!» деп, төрелер «Абылайлап!» палуанға дем береді. Ұран көтерілген сол кезде-ақ арқасы қозған Молдабайдың қытай палуанын жер қаптырған сәтін ақын былай деп сипаттайды:

*Денесті келтіріп, ап әнтек қырын,
Жер қапты бөксесінен басы бұрын.
Екі аяғы сабау боп шаң бұрқ етті,
Орта жүз сонда білді ердің сырын.*

Бір қолын сүбеге салып, бір қолымен қарсыласының жауырынан ұстаған Молдабайдың темірдей тегеурінді қолы Қытай палуанының қабырғасын қақыратап тастайды. Сөйтін, бәйгеге тігілген жамбы, құндыз, қысырақ және айғырымен он алты байталды Молдабай палуан жеңіп алып, күллі орта жүздің игі жақсыларына олжа салады. Молдабайдың олжа салған бәйгесі ақынның айтуынша, былайша бөлінген екен:

*Бәйгенің ең үлкенін арғын алды,
Бес байтал айғырымен, жібек жалды.
Керей, уақ, тобықты солар алып,
Байыс пенен байсыық бекер қалды.*

*Сендерге осы сый да жетеді, – деп,
Олжа алмай, атақ алсаң не етеді, – деп
Жұмақан Серікбайға шапан берді,
«Ағайын өкпе сақтап кетеді» деп.*

*Төре алды ақбас құндыз ақ жамбыны,
Бәйгенің ең жақсысын, ең жандысын.
«Қаракерей матаймен тұсытым» деп,
Төртуыл садыр да алды бір сандысын.*

Сөйтін, дүбірлі ұлы жиында Молдабай палуанның салған олжасынан жолы мен жөн-жосығына қарай әр елдің игі жақсылары ат мініп, жамбы албып, құндыз жағалы киім киіп қайтады. Ал Молдабай палуан мен оның руласы Байсақ, Байыстар олжа алмай, атақ алып қайтады. Бұл бөліс, сырт қарағанда, қисынан қиғаштау кеткендей болып көрінеді. Алайда ру-тайпалық қоғамның ата-баба жолымен қалыптасқан этикалық ереже-тәртібі бойынша олжа бөлісте әр рудың, тайпаның жолы мен жөн-жосығы мықтап ескерілген.

Олжа бөлуде, әсіресе үш жүздің игі жақсыларының басы қосылған атақты *ас беру*, *торқалы топырақ тойы* сияқты



ұлы жиындарда ат жарыс, сүре айтыс, палуан күрес тәрізді майданда салынған олжа субъективті көзқараспен емес, қоғамның тұрғыластық қағидасы бойынша бөлінеді. Қазақтың салт-дәстүріндегі тұрғыластық (к. **Тұрғаластық**) ұғымының мазмұнын татар халқының перзенті, қазақ елінің ардақты ұлы, тарихнамашы Құрбанғали Халид қазақты үш «Бет»-тен тарататын шежіренің бір нұсқасын келтіре отырып, былай деп ашып көрсеткен: *«Байғотан үш жүздің атасы осы. Үш жүзге Қара Келімбет, Сары Келімбет, Ақ Келімбет деп әрқайсысының аты Келімбет, ал мансабы жүзбен бөлінеді. Қара Келімбет Ұлы жүз, Сары Келімбет Орта жүз, Ақ Келімбет Кіші жүз дейді. Ұлы жүзден Үйсін, Кіші жүзден Алышын туады. Үйсін ұлдары ішінде аршындысы Жалайыр, Алышын балаларынан ақылдысы Жаппас болған соң, атағанда аталарымен қатарластыра «Үйсін-Жалайыр», «Алышын-Жаппас» деп қосарланып айтылады. Қазақта «құрбы, тұрғы», деген екі сөз бар, «құрбы» – жасы қатар, «тұрғы» – қарама-қарсы, тұтас, деңгейлес адамдар. Мысалы, Үйсін мен Алышын тұрғыда бірдей, ал Жалайыр Алышынмен бір жылда туып, туысқан болса, құрбы деп айтылады, тұрғылас демейді (анығырақ түсіндіру үшін мысалы: Үйсін мен Алышын бір жылда тумаса да тұрғылас, яғни үлкендік атақ дәрежесі бірдей, тіпті екеуінің арасы бірер жүз жылға айырма болса да тұрғылас. Үйсінге Жаппас тұрғылас бола алмайды, тіпті онан бұрын, я кейін туса да тұрғылас емес, демек әрбір тұрғылас құрбы болуы, яки керісінше әрбір құрбы тұрғылас болуы шарт емес, шарт үлкендік деңгейінде) (к. **Тұрғыластық**).*

Орта жүзден 6 ұл тарайды. Оны Алты Арыс дейді: Арғын, Найман, Қоңырат, Қыпшақ, Уақ, Керей соңғы екеуі кіші қатыннан». Сонда тұрғыластық қағидасы (принципі) руішілік, руаралық, тайпааралық, жүзаралық, яғни жалпы этникалық қатынасты институционалдык тәсілмен реттеудің ілкімді принциптердің бірі ретінде функция атқарды.

Сонымен байырғы қазақ қоғамында олжа салу институты қалыптасқан өзіндік ережесі бойынша руішілік, ру-тайпааралық, қоғамдық, саяси қатынастарды ата-баба жолымен реттеу қызметін (функциясын) атқарғаны байқалады.

Әдеб.: *Бегалин С.* Көп томдық шығармалар жинағы. 5-том. Жамбыл. 93-100 бб.; *Өмірбаяндық хикаят. Естеліктер мен естігендер.* Алматы: Балалар әдебиеті; *Халиди Қ.* Тауарих хамса: Бес тарих. Ауд.: Б.Төтенаев., А.Жолдасбеков. Алматы: Қазақстан, 1992; Қазақ қолжазбалары. Он томдық. Авторлық тарихи жырлар. 2-том. Құраст. Т.Әлібеков. Алматы: Дайк Пресс, 2010; КР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ОМАҚА¹ – жер телімдерінің шекарасын белгілеу үшін арнайы тұрғызылатын белгі (к. **Бөлік жүргізу**). Көшпелілер арасында мұндай белгілермен жер телімдерін межелеу кең тарала қоймаған. Қазақ даласында орыс мұжықтарының көптеп келіп, жерді бөлшектеп иелене бастаған кездері О.-лар жасау ерекше бел алған. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы өзінің өлен жолдарында мұны былай деп атап көрсеткен:

*Тұрғызып омақаны әрбір жерге,
Жер суды әкетті зой қазық қағып.*

(Мәшһүр-Жүсіп «Тіршілікте»)



Омақа. ОМЭЭ – материалдарынан

О.-лар жер иеліктерінің шектесетін жерлеріне мүмкіндігінше тастардан, болмаса топырақтан тұрғызылған. Оның сыртқы нішіні көбінесе дөңгелене әрі биік етіп жасалды. О.-ның сыртқы пошымының табиғи төмпешіктер немесе дөңдерден өзінің «жасандылығымен» ерекшеленетіндей және көзге бірден көрініп тұратындай болуына да назар аударылған.



Омақа. ОҚО. ОМЭЭ – материалдарынан

Осы орайда айта кететін жайт, О. сөзінің өз пошымымен ерекшеленетін құрылым немесе заттарды атауға қолданатындығы. Мысалы, Оңтүстік Қазақстанның кейбір өңірлерінде үйдің ішіне орнатылатын темір пеш, Орталық Қазақстанда астық, тамақ сақтайтын арнайы орын «Омақ» немесе О. деп аталады (к. **Омақа**²). Бұл екеуінің өзгелерден ерекшеленіп тұруы олардың О. аталуына себеп болған сияқты. Омақ сөзінің ерекшелікті, қораштықты білдіретін ұғым екендігінің тағы бір дәлелі, жан-жанурдың, адамның мойнын астына келтіре, жер сүзіп құлауына қатысты «омақаса құлау», «омақасып түсу», «омақасу» ұғымдарының қолданатындығы. Аталмыш ұғымдар бұлай құлаудың ебедейсіздігін көрсету мақсатында қолданылған болса керек. Яғни, «Омақ» түбірі мағыналық жағынан оғаштықты, әсіресе, епсіздікті көрсетіп тұр. Осыған орай,

жер телімдерінің шекарасын анықтауда көзге бірден түсетін жасанды белгіні де О. деп атап кеткен болуы керек.

Әдеб.: *Мәшһүр-Жүсіп*. Шығармалары. Павлодар, 2006; *Мауленов С. Үркер* // ҚӘТС, 11 т, Алматы: Тілтаным, 2009; *Ысқақов Ә.К.* Естеліктер. Абайдың өмір жолы. Абай туралы естеліктер. 1-ші кітап, Семей. Абайдың мемлекеттік қорық музейі, 2010; Нұрсан Әлімбаевтың қолжазбасынан; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ОМАҚА² – тамақ, астық сақтайтын шағын құрылым, үй. Әдетте О. кішкентай болса да жеке дара тұратын құрылым. О. сөзінің қолданылуы да осы жеке тұруына байланысты болса керек. Сөздің түп тамыры «*Омақа¹*» сөзімен мағыналас болуы мүмкін, яғни томпиып, көзге қораштау болып көрінетін жеке дара тұрған құрылым, жазық даладағы меже «*Омақа¹*»-ге ұқсап көзге бірден көрінуімен, ассоциативтік байланыста аталған болуы керек. Әдеб.: ҚӘТС. 11-том. Алматы: Арыс, 2009; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ОМАРТА – бал арасын асырап ұстауға арналған, арнайы жабдықталған жер. Әдетте омарта, араларға арнайы салынған бірнеше ұялардан тұрады. Мұндай бір ұяда аналықтың маңайына топтасқан бір үйір бал аралары мекендейді. О.-дағы ұядағы, үйір-үйір бал арасының күтуші, балын өндіруші маманды «*омарташы*» деп атайды.



Омарта. ҚР MOM жұмыс қорынан

О. ұстап, омарташылықпен айналысу ХХ ғ.-дың бас кезінде Мерке, Алтай өңіріндегі, орыстармен қатарлас қоныстанған қазақтар, кәсіп қылып айналысқан. Бұл кәсіп орыс халқынан үйренін, қазақ арасына енуіне байланысты омағашылық құрал-саймандардың атаулары көбіне орыс тілінде қалыптасып кеткен.



Омарташы. Жамбыл облысы, Мерке. 2008.
ОМЭЭ – материалдарынан

О. өнімдері бал мен балауыз ежелден сұранысқа ие, қымбат өнім болғандықтан Омарташылық кәсіп, ел арасында құрметке бөленетін салиқалы кәсіптердің бірі болған. Қазақ дастарқанында бал ерекше орын алатын жеңіс ас қатарына жатады, дәстүрлі медицинада да бал және бал арасының өнімдері кеңінен қолданылады (**к. Бал**). ҚР MOM материалдары; ОМЭЭ материалдары.

ОМАШ – егіншілікте қолданылатын жер жыртуға арналған шаруашылық құралы *соқаның* (жерағаштын) жергілікті атауы (**к. Жерағаш / Тіс ағаш; Соқа**). Ертеректе қолданыста болған соқаны О. деп атау Қазақстанның батыс аудандарына кездеседі.

Әдеб.: Хозяйство казахов на рубеже XIX-XX веков. Материалы к историко-этнографическому атласу. Алма-Ата: Наука, 1980; *Қасиманов С.* Қазақ халқының колөнері. Алматы: Қазақстан, 1995; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ОМЫРАУЛЫҚ – өмілдіріктің (ердің артка жылжымауы үшін ат омырауына тағылатын қайыс) Ресей қазақтары тіліндегі атауы. Түрікменстанда тұратын қазақтар өмілдірікті *омырау*, *айылған* деп атайды. Ер әбзелінің жалпыхалықтық тілде қалыптасқан атауы – **өмілдірік** (**к. Өмілдірік**).

Әдеб.: Қазақ тілінің аймақтық сөздігі. Алматы: Арыс, 2005; ҚӘТС. 11-том. Алматы: Арыс, 2009; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ОМЫРТҚА – адам мен жан-жануар және мақлұқаттардың тұлға қаңқасының негізгі сұлбасын құрайтын бастан құймышаққа дейін жалғасқан іші қуыс келген сүйектер тізбегі. О. халықтық білімде тіршілік негізін қамтамасыз етуші дене бөлігі ретінде бағаланады. «*Құлыным, омыртқа ішіндегі жұлыным*» немесе «*омыртқам*» деп келетін сөз орамы О.-ның тіршіліктегі ең маңызды мүшеге саналатын жұлынның «қорғаушысы» екендігін мензейді. О. түзу жігіт деген сөз орамы білімді әрі дені сау алғыр дегенді білдіреді.

О. тізбегінің зақымдануы немесе жаракаттануы өліммен парапар деп саналған. Бағзы замандарда көшпелі халықтар арасында өлім жазасының бір түрі – *омыртқасын* үзу. Оны ел арасында *қан шығармай өлтіру* деп те атаған. Кейбір жұрттарда мемлекетке опасыдық жасағандарға осындай қан шығармай өлтіру жазасын тағайындайды (мысалы, жоңғарларда). О. тізбегіне бас және қол мен аяқ қосылып қаңқаны түзеді. Басқа жалғасқан тұсын *мойын О.*, *арқа О* (кейде *көкірек О.* дейді), *бел О.*, *құйымшақ* деген ретпен жалғасады. Ұзынды-қысқалы, пішіні де әр алуан О.-ның ортасындағы тесікте жұлын ұзыннан тартылады. О. көлемі мойыннан бастап құймышыққа қарай кішірейе береді. О.-ның ұзыннан бойлай бұлшық еттер мен сіңір тарамыстар «бұйдалап» ұстап тұрады. Адам мен малға ортақ заңдылық мойын О. саны жетеу болатындығында. Соған байланысты мойны ұзын адам мен малға «*сегіз мойын*» деп әжуаласа, мойны қысқаларға «*алты мойын*» деп айдар тағады. Малдың бірінші мойын О. – *ауыз О.*, екіншісін *бауыздай О.* немесе *толғау О.*, ал ең соңғысын *жетім арқа* деп атайды. Өйткені 7-ші мойын, расында да мойыннан гөрі арқаға ұқсайды, бірақ олармен теңесе алмай, «жетім» тәрізді оғаш тұрады. Мал сойған, кезде қасапшыға ең үлкен машақат



тудыратын осы тұсты «қолкесер үздігі» деп аталатын сыбағаға қосып береді.

О.-ның келесі бөлігі – арқа О. саны қабырғамен парапар болады: жылқыда 18 (кейде 19. Ондай жылқының тұрқы ұзын болады), күйіс малында 13. Арқа О.-ның екі қырына қабырға мен бұғаналардың басы келіп түйісіп, көкірек қуысын құрайды. Сондықтан оны көкірек О. дейді. Арқаның кара қабырға мен сүбе қабырғалар түйіскендері сабақты О., ал бұғаналар бекігендерін сабақсыз О. деп атайды. Сабақты арқа тұсынан алдыңғы аяқ қаңқасы қосылады. Жылқыда 8 сабақты, 10 сабақсыз О. болса, күйіс малында ол тиісінше 8 және 5 дана.

Арқа О.-ның үстінгі жағында биік жота тәрізді өскініне байланысты арқа тізбегін жота деп атау қалыптасқан. Дәстүрлі ортада мойын мен арқа О.-лардың кәделі мүшеге саналмайды. Өйткені, олар жалаңаш, яғни еті жоқтың қасы, сүйектерінің жігін ажыратудың өзі екіталай. Тек қалжаға арнап сойған қойдың мойын О.-ларын үзбей тазалап, жұлындық өзегіне ағаш жүгіртіп, нәрестенің мойын бекігеніне сақтап қояды (қ. *Мойын омыртқа*).

О.-лар тізбегінің ең көрнекі тұсы бел О. немесе белдеме. Малдың беломыртқасының көлденең қанаттары жалпақтау, ірілеу, еті мол. Оны кәделі сыбағаларға қосымша ретінде тартылады (қ. *Белдеме; Ет; Ас-тағам*).

Белдемеден кейін жалғасқан құйымшақ О.-ның ту сыртынан жамбас сүйекпен түйісіп, артқы аяқ қаңқасын «көтеріп» тұрады. Ол көптеген жұлын тұға, бұлшық ет және тамырлардың түйісетін тұсы. Бұл тұсты шорта деп аталады (қ. *Шорта*). Онан кейінгі құйымшақ О.-лардың қанаттары бір-бірімен бірігіп кеткен. Сыртынан қарағанда сегіз дана ақтамырлар (жүйке тамыры) шығатын тесігіне байланысты оларды сегізкөз деп те атайды (қ. *Сегізкөз*).

Мысалы, О. негізінен мынадай бөліктен тұрады: О.-ның екі қырындағы өсіндісі О. қанаты, үстінгі жағына қараған өсіндісі О.шоқысы немесе қалағы, артқы жағындағы иірлене келген өсіндісін «шебердің ыңғыруы» деп атайды. Ал, басқа бөліктерін шеке, шүйде, иық, қолтық, қанат деген антропоморфтық атаулармен қатар, судың аңғары, таудың заңғары сияқты кеңістіктегі топопонимиялық ұғымдарға теңеген (қ. *Беломыртқа*).

Малдағы жаракат сынықтың ішінде ең қауіптілер қатарында О. жаракаттануы дауасы қиын болғандықтан мертіккен малды дереу сойысқа іліндіреді. Сайып келгенде, О. жанды организмнің ең маңызды оғандарында қатарында екендігі халықтық білім мен тілдік деректерде көрініс тапқан.

Әдеб.: Жақылов Ә. Түйе өсірушінің түсіндірме сөздігі. Алматы: Қайнар, 1989; Қинаятұлы Б. Өкпе сүйек емес, толарсақ // АТ. 1993, ит жылы, мамырдың 26-сы; Медеубекұлы С. Беломыртқа. АТ.1993, №26; Хинаят Б. Қазақтың дәстүрлі малдәрігерлік білім жүйесі (тарихи-этнологиялық зерттеу). Тарих ғылымдарының кандидаты дәрежесін алу үшін ұсынылған диссертацияның қолжазбасы. Ғылыми жетекшісі Нұрсан Әлімбаев. Алматы, 2001; ҚӘТС. 12-том. Алматы: Арыс, 2009; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ОМЫРТҚА ӨРНЕГІ – адамның, малдың омыртқа сүйегін елестететін өрнек түрі. Әдетте, мұндай өрнекті

тоқыма бұйымдарында – кілемнің, алашаның, қоржынның, басқұрдың, бетіндегі шаршы сияқты т.б. негізгі өрнектің ішіне теру үшін көптеп қолданылады (қ. *Кілем; Ою-өрнек*).



Омыртқа өрнекті терме алаша. ҚР MOM қорынан (КП 16470)



Терме алашадағы омыртқа өрнек. Фрагмент. ҚР MOM қорынан (КП 16470)

ҚР MOM қорында сақтаулы терме алашаның (КП 16470) ұзындығы 418 см, ені 220 см. Ол көп түсті (көк, қызыл, қызғылт, жасыл, сары, сұр) иірілген жүн жіштерден термелеу тәсілімен тоқылған алты қатар жолақтан құрастырылып тігілген. Жолақтар бойында аштархан теру, қармақ және омыртқа өрнектері алма кезек өрнектелген. Екі шеті жасыл түсті пүлішпен көмкерілген.

Әдеб.: Қасиманов С. Қазақ халқының колөнері. Алматы: Қазақстан, 1995; Өмірбекова М.Ш. Қазақтың ою-өрнектері. Энциклопедия. Алматы: Алматыкітап, 2005; Қазақ кілемдері мен тоқыма бұйымдары. Ғылыми каталог (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде). Ғылыми редактор және жоба жетекшісі Нұрсан Әлімбаев. Алматы: ICOS, 2012; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ОМЫРТҚАҒА ШАҚЫРУ – қыс кезінде кәделі асқа қонақ шақырудың Қазақстанның орталық өңіріндегі (Арқа) қазақтарда сақталған түрі. Омыртқаның мойыномыртқа, беломыртқа деген бөліктерінен соң, жамбасқа жалғасып тұтасып жатқан ең соңғы жалтақ омыртқа (6-7 буын) жамбастан кейінгі ең кәделі мүше болып табылады. Бұл жайтты жалпақ омыртқаның еті қалың әрі майлы болатындығымен түсіндіруге болады. Расында да, аталмыш сүбелі мүше піскенде өте дәмділігімен ерекшеленеді.

Оны беломыртқа деп те атайды. Жалпақ омыртқаны (немесе беломыртқаны) мүшелеп, яғни жеке-жеке «омыртқалап» бөлшектейді. Оны бөлгенде әрқайсысының еті тең болуы үшін пышақты үнемі омыртқа қанаттарының түйіскен жерінен салып, омыртқалардың өзінің қиылысқан буынынан тура кесу керек. Сонда жалпақ омыртқаның еті әрбір омыртқаға тең бөлінеді (қ. *Омыртқа*¹).

Дәстүрлі ас-тағам жүйесінде кәделі сыбағаға қосылып, қосымша мүше ретінде сый табақтарға тартылады. О. кәдесіне негізінен жылқының жалпақ омыртқасы жүреді, табак жасағанда бөлінген (екіге) жамбастың бір бөлігімен немесе қойдың жамбасымен бірге тартады. Малдың

сауыр жағын белгілейтін – ұша, жая ұғымдарымен қатар қолданылады. Көне дәуірлерде ұша (*құймышақ сүйегімен бірге*) қадірлі ас саналған (**к. Құймышақ**). Ұша – қойдың сүбесімен, құйрықпен тұтас алынған бел омыртқасы. Оның кәделі ас ретінде жүргеннің бір дәлелі – *біреудің төсін жесең, өзіңнің ұшаңды сайла* – деген мәтел сақталған. Сондай-ақ, жамбас, белдеме, арқа сынды күш-қуат беретін, негізгі сүйек бөліктері ретінде және оның өсіп-өнудің нышанына баланғандығына байланысты омыртқа сүйегі де қадірленеді.

Соғым сойғаннан кейін кәделі асқа – бас-сиракқа, шекеге шақыру ғұрпы жасалады. Жоғарыда аталған өңірдің жергілікті ерекшелігі бойынша – көрші-қолан, құда-жегжат, жас-кәрі демей, қонаққа шақырып, ет асып дәм тагтыруды О. ш. деп атай береді. Тіпті, қазан көтергенде омыртқа аспай, еттің басқа кәделі, сыбағалары мүшелерінен тартқан болса да ол қонақ күту бәрібір О. ш. деп аталады. Қысқы соғымнан сүрленген омыртқаны *«еске алсаң ескіден сақта»* бойынша арнайы сақтап, сыбағалап отырады (**к. Ет тағамдары; Сыбаға**).

Әдеб.: Қатран Д. Қазақтың дәстүрлі ас-тағам мәдениеті. Ғылыми редакторы және алғы сөздің авторы Нұрсан Әлімбаев. Алматы: ҚМОҒЗИ, 2002; *Кенжеасхметұлы С.* Қазақ халқының салт-дәстүрлері. Алматы: Алматыкітап, 2004; ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ОН ЕКІ МҮШЕ – дене мүшелерін топтап айтуға қолданылатын ұғым. Дәстүрлі ортада қандай да болмасын бір заттарды жалпылап, топтау, жіктеуде қолданылатын қасиетті, қадірлі сандар (үш, жеті, қырық және т.б.) болған. Осындай сандардың бірі *он екі* саны болып табылады (жыл он екі айға бөлінеді, он екі жыл бір мүшелді құрайды және *он екі жілік*, *«он екіде бір гүлі ашылмаған»*, *«он екіде бір нұсқасы жоқ»* деген ұғымдар бар). Адамның дене мүшелерін және малдың дене бөліктерін жіктеп айту мақсатында О. е. м. ұғымы қолданылады және оның ел арасындағы кездесетін нұсқалары бар.

О. е. м. ұғымы адамға қарата айтылғанда негізінен көзге көрінетін сыртқы мүшелерді топтастырады. Яғни, адамның жұмыс істеуінде аса маңызды, сырт бейнесінде кемістігін білдірмейтін мүшелерін айтады. Мұнда О. е. м. деп негізінен *бас*, *екі көз*, *екі құлақ*, *ауыз*, *мұрын*, *дене*, *екі қол*, *екі аяқты* айтады. Яғни, дәстүрлі ортада осындай О. е. м. аман-сау адам кез-келген жұмысқа, әрекеттерге жарамды деп танылады. *«Денсаулық зор байлық»* деп О. е. м. сау адамды нағыз бай адам деп санаған. Осыған орай *«Он екі мүшең сау болса, сәулет емей немене, он саусағың сау болса дәулет емей немене»* деген накыл сөз де бар. Ондай денсаулығы мықты адамдарға *«аяқ қолы балғадай»*, *«тепсе темір үзетін»* деген сияқты теңеулер қолданады.

Ал қандай да бір мүшесінің кемістігіне орай арнайы атаулар қалыптасқан. Ондай О. е. м.-сінің кемдігі бар адамға қатысты – *мүгедек*, *зағип*, *кәріп*, *кембағал*, *кемтар*, *мүкіс*, *мүскін* деген ұғымдар қалыптасқан. Сонымен қатар О. е. м. әрқайсысының кемшіндігіне немесе оның қызметінің бұзылуына байланысты да бірнеше ұғымдар бар. Мәселен:

– *бас кемістігіне орай* – *ауыс*, *делқұлы*, *бәңгі*, *есалаң*, *кеміс*, *таз*;

– *көздің кемістігіне орай* – *соқыр*, *ақиқоз*, *ақшам соқыр*, *аз*, *басыр*, *көр*, *қитар*, *қыли*, *суқараңғы*, *шапыраш*;

– *құлақтың орай* – *керең*, *саңырау*, *шұнақ*;

– *дене кемістігіне орай* – *бүкір*, *бүкіш*, *құныс*;

– *аяқ кемістігіне орай* – *ақсақ*, *маймақ*, *мұқыл аяқ*, *сылтық аяқ*, *шойнақ*, *шот аяқ*;

– *қол кемістігіне орай* – *қалтақ*, *қалтырауық*;


– *ауыз кемістігіне орай* – *мылқау*, *мақау*; *қасқыртаңдай*, *қоянжырық*

– *мұрынды кемістігіне орай* – *пұшық*;

О. е. м. ұғымы ел арасында малға, яғни, оның сойғаннан кейінгі дене бөліктеріне қатысты қатысты да қолданылады. Сондай мәліметтердің бірінде О. е. м. былай тарқатылады: *бас*, *омыртқа*, *екі жамбас*, *екі ортан жілік*, *екі асықты жілік*, *екі тоқпақ жілік*, *екі қары жілік*. Дегенмен, О. е. м.-ні басқаша талдайтындар да кездеседі. Көбінесе мал егін *он екі жілік* деп боліп, *табақ тартуда* олардың әрқайсысының өзіндік орыны болған. Он екі жілікке – *жамбас*, *ортан жілік*, *асықты жілік*, *жауырын*, *тоқпан жілік (тоқбас жілік)*, *домалас жілік*, *күң жілік*, *кәрі жілік (қары жілік)* жатады. Әрқайсысы екіден бұл жіліктердің қосқанда *он екі жілік* шығады (**к. Жілік**).

Әдеб.: Қатран Д. Қазақтың дәстүрлі ас-тағам мәдениеті. Ғылыми редакторы және алғы сөздің авторы Нұрсан Әлімбаев. Алматы: ҚМОҒЗИ, 2002; *Қайдар Ә.* Қазақтар ана тілі әлемінде (этнолингвистикалық сөздік). 1-том. Алматы: Дайк-Пресс, 2009; КӨТС. 11-том. Алматы: Арыс, 2009; ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ОН ЕКІ ӨРІМ – он екі таспадан немесе жіптен өрілетін жалпақ өрім түрі. Бұл өрімді өру үшін алдымен қайыстан он екі таспа тілініш алынады. Одан кейін таспаны алты-алтыдан екі қолға боліп алып оң жақтағы шеткі таспаны бес таспаның бірінің үстінен, бірінің астынан өткізіп келіп екінші қолдағы алты таспа қатарына қосылып тартылады.



Жалпақ болып өрілген он екі өрім. ОМЭЭ – материалынан

Ал бұдан кейін сол қолдағы ұсталған алты таспаның шеткісі де қалған алты таспаның (бір таспа оң қолдағы таспадан қосылған) бірінің үстінен бірінің астынан өтіп келін оң қолдағы таспаға қосылып тартылады. Осылайша кезекпен-кезек өрім жалғаса береді. Сонымен бірге, О. е. ө.-ді жіппен өргенде де дәл осы тәсіл қайталанып



отырады. Бұндай өрім түрі жалпақ болып түсетіндіктен мал әбзелдерін жасағанда оның кимауына, батпауына жақсы (к. **Өрім**).

Әдеб.: КӘТС. 11-том. Алматы: Арыс, 2009; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ОН ЖЕТІ – қалыңмалдың ең аз мөлшердегі түрі. Қалыңмалдың бұл түрі әл-ауқаты төмен, кедей адамдардың арасында болды. Он жетінің құрамында буаз малдың алдағы уақытта төлдәйтіні септеліп екі қараға жатқызылады. Бұны *бүкпе* деп атады. Ал құлынды бие болса, екі қараның бес қой бір қараның орнына жүрді. Бұны *балама* дейді. Алайда баламаға, бүкпеге жатқызылмайтын тәуір қара малдың саны жетіден кем болмайды.

Қалыңмалы он-жеті болған келіншек күйеу бір түйе, бір атпен, киім-кешегімен келеді. Әл-ауқаты төмен кедей адамдар ұлын үйлендіру үшін *алтысында жисаң асады, жетісінде жисаң жетеді* деп ерте бастан қам жасады.

Әдеб.: *Тәкежанұлы Қ.* Ежелгі қазақ әдет-ғұрыптары. Алматы, 2005; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ОН САН ОЙМАУЫТ / ОЙМАУЫТ – ортағасырлық монғол тайпаларының бірі. Қазақ ауыз әдебиетінде «оймауыт» этнонимі көбіне О. с. о. нұсқасында айтылады. Мысалы, «Ер Тарғын» жырында «он сан оймауыт», «тоғыз сан торғауыт» Қырым жұртының жауы ретінде аталған: «Ол уақытта Қырым жұртының арғы жағында он сан оймауыт, тоғыз сан торғауыт деген бір жауы бар еді: Олалай, Бұлалай деген екі ханның елі еді».

Өлгенім жақсы жүда деп,

Тоғыз санды торғауыт,

Он сандайын оймауыт,

Барабан соғып, шың қағып,

Алдымнан әскер жүргізіп,

Бұйым болды бұ да деп,

Аллалап батыр шабады ...

(*Ер Тарғын*)

Бұл тайпа атауы ортағасырлық жазба дереккөздерінде «уймаут» нұсқасында да кездеседі. XVII ғ.-дағы Хиуа ханы, тарихшы Әбілғазы Баһадур хан өз еңбегінде монғолдың «урмаут» тайпасы туралы айтып, ол тайпаның қазір «уймаут» деп аталатынын жазады. «Оймауыт / уймаут» тайпасы Жошыға еріп Дешті-Қыпшақ жеріне келген ойрат одағына кірген монғол тілді тайпалардың бірі болған. Ортағасырлық шығыс жазба деректерде «оймауыт (уймауыт)» тайпасы Өзбек ұлысының халқын құраған ру-тайпалардың ішінде аталады. Т.И. Сұлтанов «Кочевые племена Приаралья в XV-XVII вв. (вопросы этнической и социальной истории)» атты зерттеуінің Өзбек ұлысындағы тайпалардың этникалық құрамы туралы тарауында «92 баулы өзбек» аталған өзбек тайпаларының тізімі көрсетілген бірнеше жазба дерек көздерінің мәліметтерін береді. XIV ғ.-дың аяғы – XVI ғ.-дың басындағы тарихи оқиғаларды қамтитын, XVI ғ.-да тәжік тілінде жазылған Молла Сайф ад-дин Ахсикенти мен оның ұлы Нұр-Мұхаммедтің «Маджму ат-таварих» атты шығармасында; Қоқан хандығының тарихына арналған Аваз Мухаммад б. Молла Рузи-Мухаммад Суфи

Аттардың «Тухфат ат-таварих-и хани» атты еңбегінде; орыс авторы А.Хорошихиннің «Народы Средней Азии (историко-этнографические этюды)» зертеуінде және басқа да еңбектерде Дешті-Қыпшақтың «92 баулы өзбек» деп аталған түркі-монғол тектес тайпалар тізімдерінің бәрінде де монғол тілді «қалмақ», «ойрат», «турмаут (торғауыт)» тайпаларымен бірге «оймауыт (уймаут)» тайпасы да көрсетілген. XV ғ.-да Дешті-Қыпшақтың билеушісі Әбілхайыр ханның қоластына қараған тайпалардың ішінде, кейін оның немересі Шейбанидің әскерінің құрамында да, онымен бірге Орта Азия жеріне жылжыған түркі-монғол тектес басқа тайпалардың құрамында да «оймауыт» тайпасы болды. Ш.Ш. Уәлиханов та көшпелі өзбек тайпаларының ішінде «оймауыт» тайпасын атайды. Бұл деректердің бәрі «оймауыт» тайпасы Жошы ұлысы, Алтын Орда мемлекеттерінің халқын құраған, кейін түріктенген монғол тектес тайпалардың бірі болып, кейін ислам дінін қабылдап түркі тайпаларының ішіне сіңісіп кеткенін көрсетеді. Қазіргі кезде «оймауыт» этнонимі түркі тілді халықтарды құраған кейбір тайпалардың ішіндегі рулардың атауы болып сақталған. Екі арыс қарақалпақтардың құрамындағы кенегес тайпасының ішінде «оймауыт» руы бар. Қазақтарда «оймауыт» Ұлы жүздің Дулат тайпасының Жаныс руының ішіндегі бір ата ретінде аталады. XVII ғ.-да «оймауыт» тайпасының кей бөлігі ноғайлардың құрамына да кірген болу керек. «Оймауыт» тайпасының әр тарихи кезеңдердегі қалдырған ізінің куәсі болып қазіргі түркі тілдес халықтардың орналасқан жерлерінде «оймауыт» атауы ойконим (қоныстардың, елді мекендердің атауы) ретінде сақталған. Қырымда ноғайлардың ауылдарының бірі «Оймауыт» аталса, Батыс Қазақстанда да Маңғыстау облысында «Оймауыт» атты елді мекен бар.

«Ер Тарғын» жырында қырым жұрты мен ноғай тайпаларының оймауыт, торғауыт тайпаларымен қақтығысының айтылуы тарихи шындыққа негізделген. Ортағасырлық жазба деректерге сүйенсек Алтын Орда мемлекетінің және оның мұрагерлері Ноғай Ордасының, Өзбек ұлысының халқының құрамында болып, түріктенін кеткен монғол тектес және бір-бірімен туыстас ойрот, қалмақ, торғауыт, оймауыт тайпалары XIV-XV ғғ. ноғайлармен көршілес, олардан солтүстік шығыста, Каспий теңізінің маңайында, Еділ, Жайық, Ертіс өзендерінің аралықтарында көшіп жүрген. Оймауыт, торғауыт, қалмақ, ноғай, қырым татарларының Алтын Орда мемлекетінің құрамында бірге болғанын қазақтың ауызша тарихи деректері де куәләйді. М.Ж. Көпеев қазақ шежіресіне арналған «Бұл қазақ қай уақытта «Үш жүз» атанған» атты еңбегінде: «Қырық сан Қырым, отыз сан Рұм, он сан Оймауыт, тоғыз сан Торғауыт, қырық сан қара Қалмақ, он сан Ноғай бұлғенде, Орманбет би өлгенде, Ноғайлының елі алаша тайдан бүлінгіті», – деп жазады. Яғни, қазақ шежіресі бойынша да Орманбет ханның (Алтын Орданың соңғы ханы Ұлығ-Мұхаммедтің) кезінде XV ғ.-да бұл аталған тайпалардың бірге болғанын айтады. XIV ғ.-дың аяғында Алтын Орданың ыдырауымен Ноғай

Ордасы, Қырым хандығы құрылады. Ноғай Ордасының ыдырағаннан кейін, XVII ғ.-да ноғайлардың бір бөлігі Еділ бойына Монғолиядан көшін келген торғауыт қалмақтардың жаңа бөлігінің қысымына шыдамай Солтүстік Кавказға көшуге мәжбүр болып, бір бөлігі Қырым хандығының қол астына өтеді. «Ер Тарғын» жырында ноғайлы тайпаларының оймауыт, торғауыт, қалмақ тайпаларымен осы көп ғасырлық қарым-қатынастары барысында болған барлық әскери қақтығыстары жинақталып келіп, фольклорлық сипатта көрініс тапқан.

«Оймауыт» этнонимінің қазақ ауыз әдебиетінде «он сан оймауыт» аталуы бұрынғы кездерде қазақтарда ел, ру, тайпалардың атауларының алдына олардың қаншалықты көп екенін білдіретін «сан» сөзін қосып айту үрдісінен туындаған. Мысалы: «қырық сан Қырым», «тоғыз сан Торғауыт», «он сан Ноғай» деген сияқты. «Сан» сөзі халықтық тілде «көп» деген мағынаны берген. Ел, тайпа, ру атауларындағы сандық мағынадағы бұл сөздер кейін тілдегі тұрақты (тілдік) эпитеттер болып қалыптасты. Тұрақты эпитет – тілдегі фразеологиялық бірлік, тілдің фразеологиялық жүйесін құрайтын тілдік штамптар. Тұрақты эпитет міндетті түрде тұрақты фразеологиялық сөз тіркесі ретінде өмір сүріп, оның сыңарларының құрамы тұрақты болып, белгілі бір мағына берді, көбінесе ауыспалы мағынада жұмсалды. Тұрақты эпитеттер – ежелден қалыптасып, тілде әбден сіңісін кеткен бейнелік конструкциялар, сондықтан олар ешқашан өзгертіліп айтылмайды. Мысалы, «отыз сан оймауыт» деген тұрақты тіркестегі отыз сан сөзі қырық сан оймауыт болып айтылмайды. Алғашқыда халықтық тілде бұл эпитеттер нақты бір мағынаға, этникалық топтың алты немесе отыз ру-тайпадан құрылғанын көрсететін мағынаға қатысы болған болуы керек, бірақ, келе-келе бұл анықтауыштар тұрақты тіркес компонентін құрап, поэтикалық фразеологизмге айналған. Бұл тіркестердің пайда болуына тілдегі аллитерациялық заңдылық та негіз болған. Поэтикалық фразеологизм ретінде «он сан» сөз тіркесі ауыз әдебиетінде қазақтарға қатысты да қолданылуын кездестіруге болады. Мысалы, Бұқар жыраудың Абылайға айтқан толғауларында былай дейді:

*Он сан алаш баласын
Аузыңа құдай қаратып,
Жұсатып тағыз өргізіп,
Жұмсап бір тұрсың қолыңнан.*

(Бұқар жырау)

«Оймауыт» атауы қазақ ауыз әдебиетінде кейде «аймауыт» нұсқасында да кездеседі. Қазақ-жоңғар соғысына арналған тарихи жырларда ойрот-қалмақ жауынгерлерінің сауыттарын «оймауыт/аймауыт» деп атаған.

*Садақкердің белгісі,
Тоғыз қабат ақ сауыт,
Тоқсан торлы аймауыт,
Үскідей өтіп тескені.*

(Шақшақ Жәнібек батыр)

Қазақтарда «оймауыт/аймауыт» сөзі адамның есімі ретінде де кездеседі. Мысалы, Жүсіпбек Аймауытовтың әкесінің шын аты Оймауыт болған. Бұл айтылғандардың бәрі қазіргі ноғай, қазақ, қалмақ халықтарын құраған ру-тайпалардың тарихы көп ғасырлар бойы қаншалықты бір-бірімен тығыз байланысты болғанын көрсетеді.

Әдеб.: Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. Т.1. Алма-Ата: Издательство Академии наук Каз ССР, 1961; Востров В.В. Муканов М.С. Родоплеменной состав и расселение казахов (конец XIX- начало XX в.) Алма-Ата: Издательство «Наука» Казахской ССР, 1968; Ақсауыт. Екі томдық. Алматы: Жазушы, 1977; Султанов Т.И. Кочевые племена Приаралья в XV-VII вв (вопросы этнической и социальной истории). М.: Наука, Главная редакция восточной литературы, 1982; Бес ғасыр жырлайды: XV ғасырдан XX ғасырдың бас кезіне дейінгі қазақ ақын-жырауларының шығармалары. Үш томдық. 1-том. Алматы: Жазушы, 1984; Бушаков В.А. Тюркская этноэкономия Крыма. Диссертация на соискание ученой степени кандидата филологических наук. М.: 1991; Шақшақ Жәнібек батыр. Алматы: Отау, 1993; Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. 1-том. Алматы. ҚАЗАҚПАРАТ, 2007; Дремов И.И. Золотая Орда и возникновение этнонима «Калмак» // Вопросы истории, 2013. № 3. С.119-129; ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ОҢ – солға, теріске қарама-қарсы ұғым. О. қазақ ұғымында ерекше мәнге ие. Оны дене мүшесінің О. және сол болып бөлінуі, сонымен бірге халықтың іс бастарда, қарым-қатынаста, жосын-жоралғыларда т.б. О.-ға ерекше көңіл бөлуінен байқауға болады.

Мәселен, адам дене мүшесінің (көз, құлақ, қол, аяқ т.б.) О. және сол болып бөлінуі және олардың әрқайсысына ерекше мән беріліп ырым етілуін төмендегі мысалдардан көруге болады. Оң қабак немесе көздің тартуын халық қуанышты хабардың белгісі санаған; О. құлақ шыңылдағанда жақсылықтың нышанына санап, құлақ түбін О. қолдың бас бармағымен үш рет қаққан; Жолаушылап жолға шығарда, кішкене балаға аяғын көтерткізін, ол О. аяғын көтерсе жақсылыққа жорыған; Киім кигенде әуелі бисмилла деп, О. қол, О. аяқтан бастаған; Дәретханаға О. аяқпен кірмеген; О. қолымен тамақ жеу; Келе жатқан адамның О. жағынан көкек даусы естілсе – байлықтың нышаны санаған. Сонымен бірге, О. иық жаққа қарап түкірмеген. Оның мәнін О. иықтағы отырады делінетін періштемен байланыстырған; Жаман түс көрген адам жерге үш рет түкіріп, «түс-түлкінің боғы» деп үш рет қайталап, оны О. табанымен үш рет басатын болған. Тіптен дастарханға нан қойғанда да теріс қойма О. қой делінеді.

Сонымен бірге іске қатысты ісім оң болсын, істің оңы, ісі оңға басты, ісің оңға бассын, ал сөзге байланысты сөздің оңы, оң сөз, бата бергенде, бата алғанда оң бата, теріс бата деп келуінен О. алатын орнын көруге болады. Яғни, бұдан О.-ның адам өмірінде айтарлықтай өз орны барлығы аңғарылады. Егер ісі оң болмаса немесе теріс бата алса адам өміріне айтарлықтай кесірі тиеді.

Сондай-ақ, баланың белгілі бір жасқа келгеннен кейін ақыл тоқтатуын, ес білуін, жан-жағына қарауын оң мен солын айырды, оң мен солын таныды, оң мен солына қарады – деп келетін сөз орамдарынан көрініс береді.

Келін түскенде шашу шашылып, жігіт женгелерінің бірі келіннің О. қолтығынан ұстап отқа май құйғызып, босағаны



О. аяғымен аттатқызып кіргізген. Бетін де О. қолмен ашатын болған. Сонымен қатар үлкен кісілер аяғы ауыр келіннің табалдырықты аттауын байқаған. Егер табалдырықты О. аяқпен аттаса – ұл туады деп сенген.

Өмірге келген нәрестені қырқынан шыққаннан кейін ақын, батыр, шешен сияқты атақты адамдарға ұқсап өссін деген ниетпен О. жақ үзенгісінен өткізіп алатын болған. Ол үшін ат үстіндегі адам О. аяғын үзенгіден шығарады, осы кезде құндақтаулы сәбиді үзенгі таралғысынан өткізеді. Сонымен бірге бала асырап алғанда оның О. қолына асық жілік ұстатып, оны сандыққа салып сақтап қоятын да ырым болған.

Сондай-ақ, мал мүшелеріне де ерекше мән беріп кәрі жілікті «үй күзетеді» деп, О. жақ босағаға ілін қойған; Соғымға сойылған мал сүйегі «жұрт қуармасын, босаға майлы болсын» деп, қайнатып майы алынғаннан кейін, О. жақ босағаға көмген; «Қонаққа тартылған бастың О. құлағын «сөз тыңдайтын, жақсы бала болып өссін» деген ниетпен балаға берген.



Нәрестені оң жақ үзенгінің астынан өткізіп алу.
Суретші Ералы Оспанұлы

Сонымен бірге төрт түлік малды мінгенде, сауғанда т.б. оң, теріс жағына ерекше назар аударған. Мәселен, мініс көлігіне мінгенде терісінен мінбей О.-ынан мінген; Сауын малын сауғанда терісінен саумай О.-ынан сауған.

Ал адамдар арасындағы қарым-қатынаста да О. өзіндік орыны болған. Тіптен бұндай этикеттік норманы қарым-қатынаста сақтамау адамдар арасындағы өкпе-реніш, араздыққа да алып келетін болған. Оны адамға теріс қарамай, оң қарап тұру; Адам есінегенде ауыз О. қолдың сыртымен жауып есінеу; Ертенгілік ер адамға кезіккен әйел, оның «жолы бөгелмесін, қырсыққа ұрынбасын» деген ниетпен О. жағынан өту т.б.

Тіптен дүниенің төрт бұрышының бірінің О.-түстік аталуы, киіз үй ішінің оң және сол болып бөлінуінің өзінің халық дәстүрінде алатын орыны ерекше болды. Ал, осы кеңістіктегі ай, жұлдыз т.б. О.-нан келуіне де ерекше мән берілді. Оны, Айы О.-ынан туды немесе айы О.-ынан туыпты; Жұлдызы О.-ынан туды; Үй ішінің О. жақ босағасы, сол жақ босаға деп бөлінуі; Отау үйге тұс киіздің О. жақ керегеге ұсталуы т.б. көруге болады.

Сондай-ақ, айттырылып қойған қызды «О. жақта отырған қыз» – деген. Яғни, бұл жерде де қызды басқа жұрттың отын жағады, «қонақ» деп қараудан туған. Ал, «О. жақта отырып» екіқабат болып қалған қыз қалыңсыз берілген.

Сонымен бірге халықтың түсінігінде адам дүние саларын үш күн бұрын сезетін көрінеді. Оны ер адам О. иығынан, ал әйел адам сол иығынан сезінетін көрінеді.

Адам қайтыс болғанда оны өзі жатқан үйдің немесе арнайы тігілген киіз үйдің О. жағына шымылдық құрып соның ішіне жатқызған. Қазақ ұғымында киіз үйдің сол жағы үй иелерінікі, ал келген қонақтарға төр мен О. жағы тиесілі деп санаған. Демек, бұдан мәйітті О. жаққа жатқызуының себебінің де оны «қонақ» деп санағандықтан туған. Жаназасын шығармас бұрын мәйітті жуындырады. Оған белгіленген адамдар мәйітті дәкемен оралған О. қолымен жууға тиіс болған. Сонымен қатар өлік шыққан үйдің О. босағасында қырық күнге дейін шырақ жағылған.

Сонымен бірге о дүниедегі аруақтардың «тынышын алмас үшін» атпен келе жатқан адам бейіт қасынан шауып отпей, оған тоқтап атынан түсіп немесе ат үстінде әруаққа дұға бағыштап, бет сипаған. Тіптен асығыс болған жағдайда О. аяғын үзенгіден шығарып «қиямет жақын, қиямет жақын» деп тоқтамастан өте берген.

Әдеб.: Балаубаева – Голяховская А.М. Погребальные обряды у казахов Акмолинской губернии // Сборник научно кружка при Восточном факультете САГУ. Вып. 1. Ташкент, 1928. С.17-30; Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Алматы: Ғылым, 1977; Ескекбаев Д. Шығыс қазақстан облысы қазақтарының отбасылық әдет-ғұрыптары // Қазақтың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері: өткендегісі және бүгінгі. Алматы: Ғылым, 2001. 117-130 бб; Құдайбергенова А. Сырдарияның төменгі ағысында тұратын қазақтардың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүр ерекшеліктері // Қазақтың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері: өткендегісі және бүгінгі. Алматы: Ғылым, 2001. 143-156 бб; Тоқтабаев А.У. Қазақтың мал патшасы – жылқыға байланысты әдет-ғұрыптары мен наным-сенімдері // Қазақтың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері: өткендегісі және бүгінгі. Алматы: Ғылым, 2001. 201-221 бб; Аришабеков Т.Т. Жерлеу рәсімінің Сарарқа өңіріндегі ерекшеліктері // Қазақтың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері: өткендегісі және бүгінгі. Алматы: Ғылым, 2001. 317-323 бб; Ажигали С. Е. Религиозность и обрядность сельчан Казахстана в ближайшей ретроспективе: Жетысу, середина 80-х // Обычай и обряды казахов в прошлом и настоящем. Сборник статей. Алматы: Ғылым, 2001. С.35-98; Қайдар Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде (этнолингвистикалық сөздік). 1-том. Алматы: Дайк-Пресс, 2009; ҚӘТС. 11-том. Алматы: Арыс, 2009; КР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ОҢ БА, ТЕРІС ПА? – төлдей алмай қиналған қой-ешкі сияқты малға жасалатын шара. Дәстүрлі ортада халық мұның себебін: «малдың ішіндегі төлдің теріс келуінен», – деп біледі. Дегендей-ақ, төлі теріс келген жағдайда малдың төлдеуі қиын болады. Ондайда кейбір мал жайын білетін емсектер қол салып малдың жатырындағы төлді оңшап алады.

Ал аталмыш шарада малдың қиналысын білгеннен кейін оны жығып алып бір адам алдыңғы екі сирақтан ұстап, екіншісі артқы сирақтан ұстап шалқалай жатқызған күйде біресе оң, біресе сол жақ қапталына қарай аударып «оң ба, теріс па?» деп ары-бері аунатады. Бұдан кейін малды түргелтін жібереді. Кейде бұндай шара өз нәтижесін беріп артынша мал төлдейді.



Оң ба, теріс па? ҚР МОМ материалдары бойынша суретті салған Б.Досымов

Саулықтың қоздай алмауының бір себебі – қозысының іште өлуі. Мұндайда төлді суырып алады немесе бөлшектеп кесіп алады.

ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ОҢ ЖАҚ – киіз үйдің төрінен есік жаққа қарағандағы оң жақ бөлігі. Қазақ ұғымында бұл бөлік төрден кейінгі қонаққа тиесілі орын болып саналған. Себебі, келген қонақ алдымен торге жайғасса, ал торге сыймағандары аталмыш О.ж. бөлікке қарай айнала отырған.

Сонымен бірге, қазақтың бой жеткен қыз балаға, қайтыс болған адамға «қонақ» деп қарайтындықтан, бұл бөлік олар үшін де тиесілі болып саналған. Айттырылып қойған қыз «оң жақта отырған қыз делінген». Ал, кісі қайтыс болғанда оны үйдің оң жағына шымылдық құрып соның ішіне жатқызатын болған және мәйітті жерлегеннен кейін бұл бөлікте қырық күнге дейін шырақ жағылған (**қ. Жерлеу; Өлік; Оң**).



Киіз үйдің оң жақ бөлігі. ҚР МОМ экспозициясынан

Қазақтың О.ж.-ты қадір тұтатынын «үй күзетеді» деп кәрі жілікті О.ж. босағаға ілуіпен, сонымен бірге «жұрт қурамасын, босаға майлы болсын» деген ырыммен О.ж. босағаға көмуінен, ат байлайтын *мамаағашты* киіз үйдің О.ж. сыртына қарай орнатуынан да байқауға болады.

Әдеб.: Балаубаева – Голуховская А.М. Погребальные обряды у казахов Акмолинской губернии // Сборник научного кружка при Восточном факультете САГУ. Вып.1. Ташкент, 1928. С.17-30; Қайдар Ә. Қазақтар ана тіл әлемінде (этнолингвистикалық сөздік). 1-том. Алматы: Дайк-Пресс, 2009; ҚӘТС. 11-том. Алматы: Арыс, 2009; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ОҢ ЖАҚТА ОТЫРҒАН ҚЫЗ – балиғат жасқа жетіп, бой түзеген бойжеткен. Қазақы түсінік бойынша оң жақты қонақтың орны деп есептеген. Осыған орай халықтық ортада қызды оң жаққа жатқызып, өлікті де оң жақтан шығарады (**қ. Оң; Өлік**). Халық арасында қыз балаға «қонақ» деп қарап, оң жаққа төсегін салып, кейде бойжеткен қызды отау үйге шығарып, күтеді. Сондай-ақ, айттырылып қойған қызды да *оң жақтағы қыз* деп сыйлап, ілтипат корсетеді, қас қабағына кірбің түсірмеуге тырысады. «Қызға қырық үйден тыйым» десе де, оның өз шаңырағында еркін өсуіне жағдай жасайды. Қызды бөтен отбасыға тиесілі деп ерекше құрметтеп, қыз баланың назасынан қорқады (**қ. Бойжеткен; Қыз**). Әрбір қыз бала бір күні әке үйінің оң жақтағы қызық дәуренімен қоштасып, бір үйге келін болып, бір босағаны аттайтын. Халықтық ортада қыз бала өзге елде келін атанып, өз елінен жырақ кеткенде өз үйін, ерке кезін сағынып «*оң жақтағы күнім-ай*» деп сағынышпен әнге қосқан.

Жасы жетсе де тұрмысқа шықпай, кейде айттырған адамды қаламай күйеуге тимей қалған қызды – *оң жақта отырып қалған* дейді. Бұл әкесінің үйінде, оң жақта отырып қалды дегенді аңғартса керек. Халық арасында мұндай қыздарды *кәрі қыз* деп де атайды. Дегенмен, дәстүрлі қоғамда оң жақта отырып, тұрмысқа шықпай қалған қыздар ілуде біреу кездескен. Мұндайда:

Оң жақта қалған есікті болғай

Шүмегі алтын бесікті болғай –

деп тілеген. Бұл оң жақтағы қыз келін атанып, бесік тербеткен ана болсын деген тілекті білдіреді.

Ата заңы бойынша құда түсіп, қалың төленіп қойған қалыңдықтың яғни, оң жақта отырған қыздың жігітті қайтыс болса, әдет заңы бойынша оны оң жақтағы қалыңдық та жоқтайды.

– Отауың келді өзің жоқ,

Неге ермедің көшіңе.

Қурап қалған ақ үйдің,

Қуанайын несіне, –

деп келетін жоқтаудың бұндай түрін қазақ дәстүрінде «*ақтай жоқтау*» деп атайды (**қ. Ақтай жоқтау**). Қалыптасқан дәстүр бойынша қалыңдық қайтыс болған күйеуінің ауылына отауымен көшіп келіп, жылына дейін жоқтап, атастырылған жігіттің ағасына немесе інісіне әменгерлік салты бойынша қосылатын болған.

Әдеб.: Жақан Д. Салттардағы сабақтастық сыры // ҚР ҰҒА Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. 2003. №6; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ОҢҚА – асық ойыны. О. ойыны басқа асық ойындары сияқты көп асық ұту мақсатында ойналады (**қ. Асық ойыны**). Сондықтан ойыншылар қаншалықты көп болса, соғұрлым мол асық ұту мүмкіншілігі туатындықтан, ойынға қатысушылардың санына шек қойылмайды. Ол үшін балалар топтасып асықтарын алып, ашық тегіс алаңқайды тандап алады. Сосын алаңқайға белгілі бір арақашықтықты сақтап, екі сызық сызады. Сызықтың біреуіне әр ойыншы бір-бір асықтан тігіп, тізілген асықтардың дәл ортасына



бір асықты тұмсығын жерге қойып тігеді. Мұны асықты *оңқасынан* тігу деп атайды.

Сосын ойыншылар екінші сызықтың бойына тұрып, кезекпен тізілген асықтарды сақасымен атады. Ойын шарты бойынша кім оңқа тұрған асыққа тигізсе, сол бүкіл көңге тізілген асықтарды ұтып алады. Егер ойыншының сақасы оңқа асыққа тимей, басқа тізілген асықтарға тисе, өзі тигізген тиесілі асығын ғана ұтқан болып есептеледі.



Оңқа ойыны. ҚР МОМ материалдары бойынша суретті салған Б.Досымов

Ойынның мақсаты оңқасынан тігілген асыққа тигізіп, көндегі тізілген бүкіл асықты ұтып алуға негізделгендіктен О. деп аталған. Ойын барысында асық саны кемігенде ойыншылар қайтадан асықтарын тігіп, толықтырып отырады.

Әдеб.: *Тотенаев Б.* Қазақтың ұлттық ойындары. Алматы: Қайнар, 1994; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ОҢҚАЙ¹ – оң қолдың жұмыстың көбіне икемді болып келетіндігінен қойылған атау. Ал, керісінше негізгі жұмысты сол қолмен атқаратын адамдарды – *солақай* дейді. Адамдар арасында О. адамдарға қарағанда солақайлар аз кездеседі (қ. *Солақай*). Адамның О. не солақай екендігін тамақ ішкенде қасықты ұстауынан, домбыра тартуынан, қаламды ұстауынан, балғаны ұруынан, асықты атуынан т.б. осы сияқты шаруалар атқарғанда тез байқалады.

Әдеб.: Қазақ дәстүрлі мәдениетінің энциклопедиялық сөздігі. Құраст. А. Құралұлы. Алматы: Сөздік-Словарь, 1997; ҚӘТС. 11-том. Алматы: Арыс, 2009; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ОҢҚАЙ² – малдың оң жақ асықты жілігінен алынатын асықтың ерекшелігіне байланысаты атау. Ал, сол жақ жіліктен шыққан асықты – *солақай асық* немесе *солақай сақа* деп атайды.



Қорғасын күйылған оңқай асық. ҚР МОМ қорынан

Асықтың О. не солақай екенін оны мұртын алдыға қаратып алшысынан қойғанда, мұртының оң жаққа не сол жаққа бұрылып тұруынан байқауға болады. Егер асық мұрты

оңға қарай қараса онда ол – О. асық болғаны. Балалар асық ойынына сақа таңдағанда көбіне О.-ын таңдайды. Себебі О. сақа шиіргенде, асықты атқанда қолға ыңғайлы келеді.

Әдеб.: *Кеңесбаев І.* Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Алматы: Ғылым, 1977; *Кейкін Ж.* Қазақы атаулар мен байламдар. Алматы: Өлке, 2000; *Манкеева Ж.А.* Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері. Алматы: Жібек жолы, 2008; ҚӘТС. 11-том. Алматы: Арыс, 2009; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ОҢҚАЙ³ – сырмақ сыру кезінде оның жиегіне салынатын жиек жіптердің бірінің оңға қарай бұралып иірілуіне байланысты атауы. Яғни, жиекке салынатын жіптің бірі О., ал екіншісі солақай етіп иіріледі. Бұдан кейін ол жіптерді өзді-өзіне екі қабаттап қосып тағы иіретін болған. Артынша олардың мөлшерін білу үшін домалақтап орап, одан кейін қайта тарқатып бастау етіп шумактап, бояуға салынған. Боялған жіпті әбден кептіріп, кепкен жіпті О. мен солақайды бір ұшынан бастап алақанмен ысқылаған. Бұлайша ысқыланған жіптер жып-жылмағай болып әрленетін болған. Бұдан кейін О. және солақай жіптерді қосып бір домалақ жасап ораған. Бұл *бас* деп аталған. Дайын болған О., солақай жіптер қатарластырыла отырып сырмаққа бастырылған. Ал, бұлайша қатарласа түскен О. және солақай ширатылған тіннің иірімі әдемі *таңдай* өрнегін жасаған.

Әдеб.: *Муканов М.С.* Казахская юрта. Алма-Ата: Қайнар, 1981; *Қасиманов С.* Қазақ халқының колөнері. Алматы: Қазақстан, 1995; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ОП – қырмандағы астықты бастыратын бір топ өгіз немесе жылқы сияқты күш көлігінің атауы. М. Қашқаридың түркі халықтарына ортақ «*Диуани лугат ат-түрки*» еңбегінде «оп» – «*қырман басушы өгіздердің ортасындағы өгіз*» – деп көрсетілген. Ертеде қазақ қоғамында егін орылып, қырманға жеткізілген соң, дәнiн сабағынан ажырату жұмысы атқарылған. Ол үшін жаймаланған астық үстінен өгіз немесе жылқыны ет пісірім уақытқа дейiн ары-бері айдап өткен. Осы шара барысында өгіз айдаған балалар:

*«Отпыр майда, оп майда,
Майда болмай, болмайды,
Сабаны саған пайда,
Дәнi маған пайда»* –

деген, өлең жолдарын қайталап айтатын болған.

Әдеб.: *Кармышева Дж.* Земледельческая обрядность у казахов // Древние обряды, верования и культы народов Средней Азии. М.: Наука, 1986. С.181-208; *Алтаев Б.Ә.* Оңтүстік Қазақстан казактарының егiншiлiкке байланысты дәстүрлерi мен әдет-ғұрыптары. Тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесiн алу үшін ұсынылған диссертациясының қолжазбасы. Ғылыми жетекшi Нұрсан Әлiмбай. Алматы, 1994; *Қашқари М.* Түрiк тiлiнiң сөздігі. 3 томдық шығармалар жинағы. Қазақ тiлiне аударған, алғы сөзi мен ғылыми түсiнiктерiн жазған А.Егеубай. Алматы: Хант, 1997-1998; Қазақ әдебиетiнiң тарихы. 1-том. Қазақ фольклорының тарихы. Жалпы ред. басқарған: С. Қасқабасов. Алматы: ҚазАқпарат, 2008; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ОПА¹ – әйелдер бет күтiмiнде қолданылатын арнайы дайындалған майда ұнтақтың атауы. О. күн сәулесiнiң және желдiң әсерiнен қорғау мақсатында да қолданылады. Деректер О.-ның көне заманнан берi қолданыста болып келе жатқан әйелдердiң бет күтiмiне арналған әрлеуiш заттар қатарына жататындығын айғақтайды. Дәстүрлi қазақы



ортада қолданылған О.-лар көбінесе бидай ұны мен бұршақ тұқымдастардың ұнтағының қоспасынан жасалатын. Мұндай ұнтақ неғұрлым майда болса, О. соғұрлым сапалы болып есептелінді. Қазақ әйелдері О.-ның құрамына түрлі рең беретін бояғыш қоспаларды және хош иіс беретін ароматты майларды қосты. XIX ғ.-дың ортасында қазақ әйелдерінің қорғасынның тұздарынан өндірілген О. қолданғаны жөнінде деректер бар. Қорғасынның ақ ұнтақ тұздарын қолданудың зиянды екендігі анықталғанға дейінгі уақытта одан өндірілген О. барлық елдерде қолданыста болды. Сонымен қатар, қазақ әйелдерінің бет күтімін арналған бұйымдарының қатарына О.-дан басқа қына, осма, сүрме, далап сияқты заттар да кірді (к. *Далап; Қына¹; Сүрме*).

Әдеб.: Краузе И.О. О косметических средствах туземцев Туркестанского края // ТС (СПб, 1873). Т.52. С. 447; КР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ОПА² – жеке түрінде қамқорлық, шапағат, жақсылық, қайырымдылық, береке, мейірім, құт сияқты түрлі ұғымдарды білдіретін көп мағыналы категория. Тілші ғалымдардың дәйегіне қарағанда, араб тілінен енген.

О. тапты, О. болды, О. берді, О. қылды деген сияқты тұрақты сөз тіркестеріндегі *опаның* мағынасы сөйлемнің контекстіне қарай қамқорлық, қайырымдылықтан бастап құт, береке сияқты ұғымды қамтитын семантикалық өрісті құрайды. Мысалы:

«Кісі малын ала алмаймыз,

Дербісәліге она бермеген мал бізге де она бермес...»

(Т. Ахтанов, Қаһарлы күн).

Немесе

*«Қой бағып қасқыр қашан она қылған,
Көре бер озбетіңмен күніңді күніңді өлмес
Қайраған қолдан келмес іске әуре боп,
Қорлыққа, тілімді алсаң, болма кездес».*

(М. Дулатов)

Керісінше О. сөзі түбірі болып келетін – опасыз, опасыздық сөздері асқан қатыгездік, жалғандық, сатқындық сияқты негативті мағынадағы ұғымдарды білдіреді. Опасыздық жеке адамның іс-әрекетімен қатар, кең ауқымды философиялық категориялар болып табылады. Дүниенің өткіншілігін, өмірдің қысқалығын көрсететін «өмірзая, дүние жалған» максимасының екінші мағыналық параллелі болып табылатын белгілі «опасыз сұм дүние» деп келетін анықтама-категориясының мәні О. сөзін қолдану арқылы ашылады әрі айғақталынады:

*«Өлім үшін жсратқан
Әуелден-ақ адамды,
Опасыз деп білмедің
Мынау дүние жалғанды.»*

(Шортанбай // Мәшһүр Жүсіп)

*«Өкінгенмен пайда жоқ,
Құдайым басқа салған соң,
Мезгілді уақыт болғанда
Опасыз мынау жалғанда»*

(Махамбет)

Әдеб.: Мәшһүр Жүсіп, Қазақ ауыз әдебиет үлгілері, шығармалар 7-том, Павлодар 2006; 13-том. Павлодар 2008; ҚӘТС. 11-том, Алматы: Арыс 2009; КР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ОПАЙКЕ – бұзау терісінен жасалатын орысша «опоек» деп аталатын, ерекше сапалы былғарының қазақ тілінің фонетикалық заңдылығына сәйкес қалыптасқан атауы. О.-нің өңі онша жылтыр болмағанмен, мықты болады, көп киіс береді. Сондықтан, одан көбінесе етік тігіледі. Ондай етік *опайке етік* деп аталады. О.-нің өзі халық арасында *опайке былғары* деп те атайды (к. *Етік*).

Әдеб.: Қасиманов С. Қазақ халқының колөнері. Алматы: Қазақстан, 1969; Аргынбаев Х. Қазақ халқының колөнері. Алматы: Өнер, 1987; ҚӘТС. 11-том. Алматы: Арыс, 2009; КР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ОР ҚАЗУ – аңшылықта қолданылатын әдістердің бірі. Ор деп табиғи жолмен пайда болған немесе жерден арнайы қазылған шұңқырды айтады. Аңшылықта кездесетін О. к. арқылы аңды ұстаудың қарапайым және күрделі тәсілдері кездеседі. Қарапайым тәсілін *ұра, қамба* деп те атайды. Бұл тәсілді қолдану үшін алдымен аңдардың жиі жүретін, үйреншікті орындары анықталады. Одан кейін оның жүретін жолына (сүрлеуіне, жымына, соқпағына), жайылатын жайылымына, су ішетін суатына, жусайтын және ыстық-суықтан паналайтын жерлеріне, қонағына (жатағына) ор қазылады. Ордың тереңдігі түскен аң шығып кете алмайтындай болуы ескеріледі. Жердің мүмкіндігіне қарай аузын тарлау, түбін кеңдеу етін қазуға тырысады. Қазылған ордың бетін бұталармен жауып, оны шөппен, топырақпен бастырып бүркеп тастайды. Сирек те болса түбіне жоғарғы ұшы үшкірленген қазықтар орнатылтын жағдайлар болады (көбінесе аюға қарсы). Аша тұяқты аңдарды еті үшін аулағанда мұндай қазықтар тек аңды жарақаттайтындай, бірақ өлтіре қоймайтындай есеппен орнатылады. Өйткені, жараланған аң ордан шығып кете алмайды. Ал өлін қалса еті жеуге жарамсыз болып қалады.



Ор. ҚР МОМ материалдары бойынша суретті салған Б.Досымов

О. к. әдісі қасқырларға және басқа да қауіпті жыртқыштарға қолданылады. Мал үшін қатерлі жыртқыш қасқыр болғандықтан, бұл тәсіл негізінен қасқырдың азықтан қатты қиналып, қорадағы малға түсетін күз бен қыстың суық кездерінде қолданылған. Қасқырға арналған ор қыстау маңына қазылады. Ол үшін адам мен мал жүре қоймайтын жерге терең ор қазылып, беті жабылады. Қасқыр иісімен іздеп келуі үшін оның орта тұсына сойылған малдың өкпе-бауыр, қан-жыны, малдың өлексесі тасталады. Әбден



ашығып қора торып келген қасқырлар мұндай жемтікке ұмтылып, әлсіз етіп жамылған бұталармен бірге ордың ішіне құлайды. Орға түскен қасқырды сойышмен соғып, немесе басқа да тәсілдермен ұстап алады. Кейде О. к. ормандағы аю, сілеусіндерге де қолданылған.

Аң аулауда О. к.-ды өзге тәсілдермен бірге де қолданған. Мұндайда, тастан, ағаштан, шіліктен ұзынынан созылған қоршау жасап, оның кейбір тұстарынан терең ор (*анан, ұра, қамба*) қазылып, беті бүркемеленеді. Қуғынға ұшыраған киіктер қоршау жағалай қашып, осы ашық тұрған тұсынан өтіп кетпекші болып ұмтылғанда, беті бүркелген орға жығылады. Келесі бір тәсілі далалы жазық жерлерде ордан көлемі өте үлкен «*қалталар*» жасалады. Ол үшін ұзындығы бірнеше жүздеген метр ор қазылып, топырағы ішкі жағына қарай тасталып отырады. Ордан жасалған қалтаның ауызғы жағы кең болғанымен, біртіндеп тарыла береді де, соңында шағын қоршау болады. Киіктерді адамдар бірігіп, осы қалтаға қарай қуалайды. Жүйтікпен аңдар ордан секіріп өтемің деп орға құлайды. Орға түспегендері ор жағалай қашып, біртіндеп тар ауыздан өтіп, қоршауға тап болады. Қуғыншылар кірген ауызды бекітіп тұра қалады да, аңдардың арасынан тек жарамдыларын ғана аулап алады. Ұрғашылары, лактары арықтары қайтадан босатылып жіберіледі.

Әдеб.: *Левшин А.И.* Описание киргиз кайсацких орд. В 3-х частях. СПб., 1832; *Материалы для географии и статистики России. Собранные офицерами генерального штаба. Киргизская степь Оренбургского ведомства* // ТС. 1870. Т.XXII. СПб., 1865; *Жуков Ф.* Охота в Туркестанском крае // ТВ. 1872. №17; Г-ий. *Заметки охотника* // ТВ. 1888. №28; *Чорманов М.* Заметки о киргизах Павлодарского уезда // ЗССОИРГО. Омск, 1906. кн.XXXII; *Мұқанов С.* Халық мұрасы (тарихи-этнографиялық шолу). Таңдамалы шығармалар. XV том. Алматы: Жазушы, 1979; *Ягодина В.Н.* Стреловидные планировки Устюрта (опыт историко-культурной интерпретации). Ташкент: ФАН АН РУ, 1991; КР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ОРАЗА – мұсылман күнтізбесі, хижра жыл санауы бойынша, тоғызыншы айға тура келетін қасиетті ораза айында таңның атысынан күннің батысына дейін астан тыйылу арқылы орындалатын ислам дінінің бес парызының бірі. Сонымен бірге, О. деп мұсылман адамның кез келген күні астан тыйылу арқылы орындаған ғибадатын да айтады. Алланың ризашылығы үшін таң атысынан күн батысына дейін ас-су ішпей ғибадат қылудың жалпы аты – О. Мұсылман дінінде оразаның **парыз, уәжіп, нәпіл** сияқты түрлері бар. О. айында ініп-жеуден тыйылу барлық мұсылманға орындалуы міндетті шарт, яғни мұсылманның бір парызы болса, басқа күндері орындалатын ораза не уәжіп, не нәпіл болып саналады.

Уәжіп ораза – адамның осы күні ұстаймын деп нақты күнді белгілеп тұтқан атаулы оразасы немесе күнін белгілемей, бірақ оздігенен ниет етіп қойып кез келген күні өтеген оразасы. Ал **нәпіл** оразалардың ішінде сүннет, яғни Мұхаммед пайғамбардың орындаған түрлері бар, оларға күнара немесе әр аптаның дүйсенбісі мен бейсенбісінде ұстаған оразалар жатады. Бұлардың біріншісі, хадистер бойынша Дәуіт пайғамбардан қалған амал болса, екіншісінің негізіне хадистердегі Мұхаммед пайғамбардың «Адамның істері Аллаға дүйсенбі мен бейсенбі күндері тапсырылады», – деген сөздері алынған.



Ораза. Туркестанский альбом. По распоряжению Туркестанского генерал-губернатора К.П. фон Кауфмана 1-го 1871-1872 гг. Часть этнографическая. Туземное население в русских владениях Средней Азии. Сост. А.Л. Кун (СПб.: Тип. И. Мордуховского, 1872) атты еңбектен

Оразаның орындалу шарттары – мұсылман болу, балиғат жасқа жету (жасы 9-ға толған қыз, 12-ге толған ұл), науқас не ұзақ жолда болмау, ақыл-есі дұрыс болу, арақ іппеу. Ораза ұстау үшін ең алдымен ниет ету шарт, ал, әйел адамдарға бұған қоса етеккірден таза болу керек.

Оразаның орындалу тәртібі – таң намазынан бұрын ауыз бекіту, күні бойы ішіп-жемеу, тағы да басқа тыйым салынған іс-қимылдарды орындамау, ақшамның алдында ауыз ашу.

Ауыз бекіту – ораза тұтатын адамның таң қылаң бермей тұрған уақыттан күні бойы кеш батқанша Алланың ризашылығы үшін ең алдымен ас-су ішуден, сосын жаман сөз айту сияқты басқа да жаман әдеттер мен әрекеттерден тыйыламын деп ниет қылып, таңғы асын – сәресін ішіп, соңында «*осы ниетім қабыл болсын*» деп дұға жасауы. Ауыз бекіту ораза ғибадатының бастауы. Оның дұға, яғни сөз түріндегі; таңғы асты ішу, дұға соңында бет сипау, яғни кимыл ишарағ түріндегі ритаулдық белгілері бар. Бұлар бірімен-бірі тығыз байланысты, сондықтан олардың ауыз бекіту рәсімінде бірінің орындалмай қалуы ғибадатты тұтастықтан, толыққандықтан айырады. Осымен байланысты қазақ отбасында сәресіне ерекше мән берген. *Сәре* – түннің таң алдындағы соңғы мезгілі, ал *сәресі* осы мезгілде, таң атпай тұрып ішілетін ас. Тілімізде сақталып келе жатқан «*Сәресінде береке бар*», «*Сәресін ішпей үйден кетпе*» – деген нақты сөздер осының белгісі.

Ислам дінін қабылдаған қазақтар үшін ораза аса маңызды парыздың бірінен саналған. Сондықтан оның дұрыс өтелуі үшін ораза тұтушы адамға оның отбасы түгел тілектес болатын. Мәселен, отағасының немесе ораза тұтып жүрген үйдің қарияларының сәресін олардан ерте тұрып әзірлеп беру ерекше сауаптан саналатын, сондықтан үйдің келіндері сәресін дайындауға асыққан. Олар өздері ораза ұстамаса да, ораза тұтқан адамнан ерте тұрып, асын әзірлеп ерекше құрметпен күткен. Сәресіне ет-сорпа, тары-талқан, қатық-айран сияқты адамға күні бойы әл беретіндей қуатты тамақ ұсынған, шөлдетпейтіндей астың

тұзды болмауына мән берген, шөлдететін сүр тағамдарды сәресінің ас мәзіріне қоспаған.

Ауыз бекіткен адам күні бойы астан тыйылып, ауыз күнәсінан – ғайбат айту, ұрысудан, қоз күнәсінан – тыйым салынған нәрселерге қарау, құлақ күнәсінан – осек тыңдаудан, қол күнәсінан – жаман іс істеу, аяқ күнәсінан – жаман жерді басу, тән күнәсінан – төсек жақындығынан т.б. бойын аулақ ұстайды. Қазақтың қысы суық, жазы аптап ыстық табиғат ерекшеліктері мен тұрмысы ауыр көшпенді өмірінде ораза тұтушы адамға зор төзімділік қажет болған. Осымен байланысты бұл ғибадатты өтеп жүргендерге қоғамда ерекше сыйластықпен қараған. «*Оразаны қинауға болмайды*» деп көп күш жұмсауды қажет ететін үйдің, түздің шаруаларынан босатқан немесе күнделікті тұрмыста атқарып жүрген міндетті ауыр жұмыстарын жеңілдеткен, ал ораза ұстаушы қариялардың тынығуына, оңаша отырып, намаздарын оқып, таспик тартып ғибадаттарын атқаруға үй-ішінің барлығы жағдай жасаған.

Ораза күні ауыз ашумен аяқталады. **Ауыз ашу** да ауыз бекіту сияқты белгіленген рәсімдер арқылы орындалатын ораза ұстау тәртібінің ажырамас маңызды бөлігі. Ораза тұтқан адам ақшам намазынан бұрын аузын ашқан. Жалпы, ауыз бекітудің де, ауыз ашудың да уақытын қазақтар «*ала жіп көрінгенше*» деген сияқты белгілер бойынша анықтаған, яғни түннен таңға дейінгі мезгілде *ақ пен қараның түсі ажыратылғанға* дейін ішіп-жеуге болады деп сәрені белгілесе, күндізгі *ақ пен қараның түсі ажыратылғанға* дейінгі мезгілде ішіп-жеуге болмайды деп ауызашарға дейінгі уақытты анықтаған. Сөйтін, ақ пен қараның, ала жіптің түсі анық көрінбейтін уақытта ауызашар жасаған.

Ауызашар деп ораза тұтқан адамның бір күндік оразасы аяқталғандағы кешкі асын, ал ауыз ашу деп осы асты ішу рәсімін айтады. Ауыз ашуда ораза тұтқан адам «Алланың ризашылғы үшін ұстаған біркүндік оразадан ауыз ашуға ниет еттім, оразамды қабыл ете гөр» деп дұға етін, ас ішуді бастайды. Бұнда ауызашудың уақыты келе сала бірден тойып ас ішу міндетті емес. Егер, адам сол сәтте дастарқанға отыра алмаса, аузын қолда бар ас-сумен аша береді. Ауызашарға су, түрлі жемістер, әсіресе құрманы пайдалану сүннет, яғни Мұхаммед пайғамбардың істеген әрекетінен саналады. Қазақтарда ауызашарға сүт, айран, қымыз сияқты алдымен шөл кандыратын сусындар ұсынған. Су ішіп ауыз ашқан адамға бірден қою ас берілмейді. Ол алдымен бойына су сіңгенше жеңіл астан немесе жемістен алып отырады.

Дәстүрлі қазақы ортада, ораза ғибадатын өтеуге байланысты, ислам әдебиетімен орайлас, халықтың тұрмыс-салтына етене сіңіп, қалыптасқан игілікті дәстүрлердің бірі осы *ауызашарға* шақырысу. Ауызашар өткізу рәсіміне қазақтар ерекше ықтияттықпен қараған. Ораза ұстағандарды айнала ауыл-аймағы мен туыстары өз дастарқанынан дәм таттырып, ауыз аштыруға кезек-кезек шақыратын болған.

Ондағысы аузы ораза адамдардан бата алып, сауапқа қалу, өздері ораза ұстамаса, рамазан айында берілетін Алланың сауаптарынан мақрұм қалмау ниетінен туындаған еді. Ауызашардың дастарқаны мол болады: ет асылып, сорпа беріледі. Дастарқанның құрметті қонағы ауыз бекіткендер болса, оларды жалғызсыратпау үшін қастарына басқа ораза тұтқандарды, қатарластары мен туыстарын, көршілерін қоса шақыратын. Мұндай дастарқанда қонақтар әдеп пен ахлаққа үйрететін, имандылыққа шақыратын ғибраты мол саликалы әңгіме айтуға тырысады.

Парыз ораза уақытын анықтау үшін рамазан айының алдындағы сегізінші ай – шағбанның жиырма тоғызыншы күнінен бастап жаңа туған айды іздеу керек, сол сәттен ораза басталады. Ал Рамазан айының оразасы аяқталу уақытын білу үшін шәуәл айын іздеу керек, шәуәлдің айы туысымен ораза аяқталады. Қазақ қоғамында мұны әдетте, дін қызметкерлері – молдалар мен имамдар атқарып отырады. Ол үшін хижра жыл санауын білу, айдың фазаларын байқап отыру қажет болған. Себебі, біздің қолданып жүрген григориян жыл санауы мен мұсылмандардың хижра жыл санауында үлкен айырмашылық бар, григориян (христиан) жыл санауында айлардың басталу, аяқталу уақыты тұрақты болады, ал хижрада айдың фазаларына қарай өзгеріп отырады. Мысалы, егер біздің жыл санауымызға салса, қыркүйектің тоғызыншы күні басталған ораза, келер жылы да, сол ай, сол күнге тура келін жатар еді. Ал хижра жыл санауында айлар әр жыл сайын он күнге жылжып отырады, сөйтіп, бір жылы ораза ұстайтын рамазан айы біздің жыл санауымыз бойынша қыркүйектің 20-на келсе, келесі жылы 10-на сәйкес келеді, ал одан кейінгі жылы тамыздың 1-нен басталады. Сөйтін 36 жыл қатарынан ауыз бекіткен адам, әрбір жылдағы оразасын қосқанда, қыс, күз, жаз, көктем, яғни жылдың барлық мезгілдері мен күндерінде ораза тұтқан болып шығады. Мұның үлкен мәнісі бар. Бір жағынан, бұл адамның нәпсісін тиюы оңай болмайтын күндері ұзақ жаз айларында, күндері қысқа болғанымен, суық қыс айларында сыналуын көрсетеді, екінші жағынан, адам баласының өтеп отырған осы құлшылығының барлық маусым күндерін қамтып қалуына мүмкіндік береді. Осы сияқты хижра жыл санауында *мәуліт* – Мұхаммед пайғамбардың туған күні, тағы басқа атаулы күндер әр жылда ауысып, белгілі бір циклден кейін жылдың барлық күндерінде аталып өтетін болады. Демек, әлемнің мұсылмандары осы никлда жылдың барлық күнінде ораза ұстаған, Пайғамбарға салауат айтып, оның туған күнін атаған болып шығады.

Хижра жыл санауының ішіндегі һамар күн тізбесі бойынша, қайтыс болған адамның жасы 33 жастан бастап, жоғарғыларға 3 жас қосып, жаназасын шығарып отыратын болған. Бұндай діни жосын-жоралғы қазақтар да күні бүгінге дейін сақталып келеді.

Оразаның маңызы. Ораза араб тілінде «ас-саум» - өз нәпсісін тию, жаманнан алыстау деген мағынаны білдіреді. Ораза исламдағы бес парыздың ішіндегі намаздан кейінгі



үшіншісі. Оразаның қандай жағдайда қабыл болу-болмауы, қандай жағдайда бұзылады немесе бұзылмайтыны туралы шариғатта бекітілген. Ораза адам нәпсісін тиып, рухани өсуге, өз бойындағы жаман әдеттерден арылып, көркем мінезін тәрбиелеп қалыптастыруға мүмкіндік беретін құлшылық. Ораза ұстаған адам көз күнәсі, сөз күнәсі сынды нәпсіні қоздыратын құмарлық сезімдерден арылып, әрдайым ізгі амалдар жасап, Алланы еске алып, дұғатілекте болуы тиіс. Бос уақытында діни кітаптар оқу және бес уақытқы парыз намазынан сырт, нәпіл намаздарын оқып отырғаны дұрыс. Оразада істелген ғибадаттардың сауабы қаншалықты мол болса, күнәнің жазасы соншалықты аса ауыр болады деп саналады. Өйткені, діни түсінікте, қасиетті *рамазан айында адамның қас жауы, жер бетіндегі ібіліс шайтан атаулы бір айға кісенделеді*. Демек осы айда өткізген пенденің күнәсі шайтанның азғыруынан емес, тікелей өзінің себешілігінен болады. Сол үшін оның жазасы ауырлайды.

Сонымен бірлікте қазақы ортада оразада Құран аудару, қатым түсіру дәстүрі берік орын алған. Бұл исламдағы ораза айында оқылуы сүннет саналатын *тарауық* намазымен байланысты. Тарауық намазы рамазан айында құптан намазынан соң оқылатын сүннет намаз, тарауықта Құранның бірінші аятынан бастап соңғы аятына дейін оразаның әр күні сайын бөліп оқылып, Құран аударылып шығады. Бірінші күнгі тарауық намаздарының уақыты ұзақ болады, себебі Құранның алғашқы аяттары ұзын болғандықтан, кейде *қиямда* жарты сағаттан да тұрып тұруға тура келеді. Сөйтіп, әр күнгі тарауық намазында оқылған пара Құрандардың саны біртіндеп азайып, ең соңғы пара Құран соңғы аятпен аяқталып, намаз уақыты қысқарып қалады. Тарауық намазы мұсылман адамның төзімділігіне тағы бір сынақ іспетті, күні бойы ораза ұстаған адамның намазда ұзақ уақыт ұйып тұруы үшін де оның қанша нәпсісін тыю жігері қажет етіледі. Сондай-ақ, Құранның барлық сөздері, тіпті әрбір дыбысын түгел естіп түсінуге мүмкіндік туады.

Тарауықты әдетте, ораза ұстаған мұсылмандар ауызашардан соң мешітке жиналып оқиды. Тарауық намазына имам болуға молдалардың ішіндегі қарилері таңдалады. Себебі, қари дегеніміз – Құранды түпнұсқадан мақамға салып әдемі дауыспен бастан аяқ жатқа оқи алатын дін қызметкері немесе мұсылман адам. Мешітке бармаған жағдайда бұл намазды орындағысы келген мұсылман адам Құранды жатқа білмесе, оқып отырып та аударып шығып, *қатім түсіруге* болады.

Сонымен, ораза кезіндегі ғибадаттар, жалпы оразаның барлық өту процестері адамды ең алдымен имандылыққа тәрбиелесе, бұған қоса оның төзімділігін, сабырлығын, шыдамдығын шыңдайды. Бұл жеке-жеке көрсетілген оразаның қасиеттерінің басын бір арнаға қосқанда оның *қанағат* сияқты рухани-ахлақтық категорияны қалыптастырудағы рөлі айқын көрінеді. Қанағат әлемдік әділдікке, материалдық құндылықтардың баршаға ортақ

принциппен таралуына негіз болатын ұлы категория. Оразасыз қанағат толық қалыптаспайды. Қанағатсыз әлемдік баланс бұзылады. Қарапайым мысалмен түсіндірсек: қолда бар жарты нанды теңдей қылып он адамға бөліп беру керек, себебі оларда талғажау қыларлық түк жоқ. Бірақ олай болса, нанның мардымсыз оннан бір бөлігіне қарын тоя ма? Тояды, егер адам миы, ақылы арқылы нәпсісін басқарса. Ал бұндай дағды онда қайдан болсын? Әрине ораза арқылы болары сөзсіз. Сондықтан қазақ қоғамында ерекше детальдармен, өзіндік білімдермен толыққан, қырналып кемелдене түскен қанағат деген ұлы категория мен мұсылмандықтың парызы – ораза арасында тікелей байланыс жатыр. Оразаның зор мәнісін қанағатсыз түсіндіру мүмкін еместігі де осымен байланысты (**қ. Қанағат**).

Әдеб.: *Исаұлы М., Жолдыбайұлы Қ.* Ислам ғылымхалы, Алматы: Нұр – Мұбарак, 2008; *Исаева Ж.И.* паремиологиялық түсіндірме сөздік (қазақ мақал-мәтелдерінің этнолингвистикалық талдауы). Алматы: Нұрлы Әлем, 2009; *Ислам. Энциклопедиялық анықтамалық*, Алматы: Аруна, 2010; *О. Айтбаев.* Дітану. Қарағанды: Гласир, 2010; *Құрманбаев Қ.* Хадис ілімі. Алматы: Нұр-Мұбарак, 2010; *Сейітбеков С.* Иман негіздері. Алматы: Ислам мәдениеті мен білімін қолдау қоры, 2011; *Исаұлы М.* Мәңгі мұғжиза. Ислам мәдениеті мен білімін қолдау қоры, 2011; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ОРАЗА АЙТ – мұсылмандардың ұстаған оразасы отыз күнге (шәууәл айының бірінші күні) толғанда өткізілетін діни мереке. Ораза айт үш күнге созылады. Айттың бірінші күні тәнертен ерте мұсылмандар мешітке жиналып, жамағат пен екі рәкат намаз жария түрде оқылады. Азан мен камат оқылмайды. Үш күнгі ораза айтта, қаза болған оразаны ұстауға болмайды, үш күн өткен соң қаза болған оразаны толықтырып ұстауға болады.



Ораза айт. Туркестанский альбом. По распоряжению Туркестанского генерал-губернатора К.П. фон Кауфмана 1-го 1871-1872 гг. Часть этнографическая. Туземное население в русских владениях Средней Азии. Сост. А.Л. Кун (СПб.: Тип. И. Мордұховского, 1872) атты еңбектен

Ораза айтта жұртшылық тегіс тазаланып, әдемі киімдерін киін, ауыл аралап, дәм татып, шүйіркелесе әңгімелесіп, бірінің жағдайын бірі сұрап қуанышпен табысып жатады. Үлкендерге сәлем беріп, ауырғандардың қалың сұрайды. Ренжіскендер болса бір-бірінен кешірім сұрасып, достасады. Қайтыс болғандардың бейітінің басына барып құран оқиды. Ораза айт міне осындай ішіп-

жеудің ғана емес, рухани тәрбиенің, бірліктің мейрамы болып есептеледі.

Әдеб.: *Исаұлы М., Жолдыбайұлы Қ.* Ислам ғылымхалы. Алматы: Нұр-Мұбарак, 2008; Ислам. Энциклопедиялық анықтамалық, Алматы: Аруна, 2010; *Айтбаев О.* Дінтану. Қарағанды: Гласир, 2010; *Рифағий М.Ф.* Ислам мәдениеті. Алматы, 2007; *Сейітбеков С.* Иман негіздері. Алматы: 2011; *Құрманбаев Қ.* Хадис ілімі. Алматы: Нұр-Мұбарак, 2010; *Исаұлы М.* Мәңгі мұғжиза. Алматы: Ислам мәдениетін қолдау қоры, 2011; КР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ОРАЗАСЫН АШУ – таңғы дәм. О. а.-ды екіге бөліп қарастыруға болады: біріншіден, Рамазан айында, мұсылмандардың ішетін таңғы, яғни сәресі асы. Екіншіден, танертен ерте алыс жолға шығарда, үйден дәм ауыз тиіп, оразасын ашу. Дәстүрлі дүниетанымда, сәріде асығыс үйден шығарда, дастарқаннан дәм тату. Қазақтың дәстүрлі дүниетанымында, таңғы оразасын ашып, үйден дәм ауыз тиіп шықса, үйге аман-есен қайта оралуы үшін осылай ырымдаса, тағы бір жағынан таңғы аста береке болатынын таң сәреде періштелердің жерге түсуімен байланыстырып жататын наным-сенім бар. Осыған орай, қазақы ортада оразасын ашпай сыртқа шыққан адамға қарата айтылатын *астан әулие емессің, астың кесірі атады, ырызғы-несібеңнен айырыласың* деген сөздер қалыптасқан.

Әдеб.: *Исаева Ж.И.* Паремологиялық түсіндірме сөздік (қазақ мақал-мәтелдерінің этнолингвистикалық талдауы). Алматы: Нұрлы Әлем, 2009; КР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ОРАЙ – адам басының төбесінде болатын шаштың иіріле келген жері. О. дәстүрлі түсінік бойынша, шаштың бастау алатын жері, нысанасы. О. арқылы шаш жан-жаққа, әр бағытта бастау алып өседі. Осыған сай, жанның да бастау алатын жері деп есептелуіне байланысты киелі саналған болса керек. Сонымен бірге, балаға айдар қоятын болса, қырқынан шығарған соң, басқа жерінің шашын алғанымен О.-дың айналасынан алақандай шаш қалдырып өсіре бастайды. Ұзарып өсе бастағанда ұзын етіп өріп қояды. Ырым бойынша баланың құты саналғандықтан айдарға басқаның қол тигізуге болмайтындығы сондықтан (**қ. Айдар**). Шаш дәстүрлі ортада адам жанының орныққан жері, мекені деп саналады. Әйел адамдар сырт көзден шашын тасалап, көрсетпей жүруі қажет болса, ересек ер адамдар шашының ұзындығын бір еліден артық өсірмейтін салт орныққан (**қ. Бұрым; Жаулық; Кимешек**). Осыған байланысты ер адамдар мейлінше жеңіл бас киім (*тақия немесе шыт тарту*) киіп, оны басынан тастамауды әдетке айналдырды. Оның себебі, сырт көзден О.-ды жасыру мәнінде болса керек (**қ. Кекіл; Тұлым; Шаш**).



Орай. ОМЭЭ – материалдарынан

Кейбір адамдарда екі О. болатыны кездеседі – негізгісі төбесінде болса, келесісі маңдайында (кекіл қоятын жерде) немесе шүйдесіне таман және т.б. тұсқа бітуі мүмкін. Баланың төбесіндегі орайы екеу болса, ұл балаға – екі рет үйленеді немесе қыз балаға – екі рет тұрмысқа шығады деп жоритын ырым бар.

Әдеб.: *Кенжеахметұлы С.* Қазақ халқының салт-дәстүрлері. Алматы: Алматыкітап, 2004; КР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ОРАҚ – егін, шөп оруға арналған құрал. Орталық Азияда, Қазақстанның егіншілікпен айналысатын жерлерінде қолданылған орақтардың жүзі шалғы тәрізді, 30 см шамасында, сабының ұзындығы 40-60 см арасында, жүзі шындалатын, ору барысында мұқалған жүзі жануышпен жанылып отыратын болған.



Орақ. Ұлы Петр атындағы антропология және этнография музейі (Кунсткамера) қорынан (6701-2)

О. екінші түрі сауда-саттықпен қазақ жерінде кең тараған, орыс О.-тары. Бұл О.-тар ай пішіндес, бас жағы жінішке болып сабына қарай бірте-бірте жуандайды, сабы қысқа болып келеді, жүзі аранікі сияқты болады.

О.-ты шаруалар арнайы тапсырыспен ұсталарға жасатқан. О.-тың жарты ай тәрізді иіліп келген басы шамамен бір-екі қарыс, ал жалпақтығы екі-үш елі, сабы бір қарыс шамасында болып келеді. Оның кейбірінің жүзі тегіс болса, кейбірі ара жүзді болған. Ара жүзді О. егелмейді. Егіншілер О. орғанда егеуді етігінің қонышына салып қояды. О. *қолорақ* деп те аталады.

О. оратын адам – *орақшы* деп аталған. Диканшылардың О. пен орақшыны *Әзірет жалман* желеп жебеп жүреді деген сенімі болған (**қ. Әзірет жалман; Орақшы**).

Дәстүрлі ортада кейін өскенде дәулетті, ауқатты болсын деген ниеттен туған болуы керек *Орақбай* деген адам аты кездеседі. Сонымен бірге, сөзге дес бермейтін адамға О. тілді деген теңеу сөз қолданылған.

Сондай-ақ, О. тек егіншілік құралы ғана емес бақсылардың бақсылық ойыны кезінде пайдаланылатын қобыз, домбыра, камшы, пышақ сияқты құралдарының қатарына жатқан (**қ. Бақсы / Бақсылық**).

Әдеб.: *Арғынбаев Х.* Қазақтың мал шаруашылығы жайында этнографиялық очерк. Алматы: Ғылым, 1969; *Кеңесбаев І.* Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Алматы: Ғылым, 1977; Хозяйство казахов на рубеже XIX-XX веков. Алма-Ата: Наука, 1980; *Кармышева Дж.* Земледельческая обрядность у казахов // Древние обряды верования и культуры народов Средней Азии. М.: Наука, 1986; *Алтаев Б.Ә.* Оңтүстік Қазақстан қазақтарының егіншілікке байланысты дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. Ғылыми жетекшісі Нұрсан Әлімбаев. Тарих ғылым. канд. ғылыми дәрежесін алуға ұсынылған диссертациясының қолжазбасы. Алматы, 1994; *Төлеубаев Ә.* Қазақтағы бақсылық // Қазақ халқының



дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. 1-том. Біртұтастығы және ерекшелігі. Алматы: Арыс, 2005. 291-316 бб; Диалектологиялық сөздік. Алматы: Арыс, 2007; ҚӘТС. 10-том. Алматы: Арыс, 2009; *Кенжеахметұлы С.* Қазақ халқының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. Алматы: Атамұра, 2010; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ОРАҚ СУ – егіннің сарғайған уақытында яғни, орақ алдында үшінші рет суарылуының атауы. О. с.-ын жергілікті аймақтарда *сарын суы* деп те атайды. Әдетте, астық пісіп қалған уақытта жауын-шашын мол болып, егіс алқабы ылғалды болған жылдары О. с.-ын беру міндетті болмаған (**қ. Егіс / Егістік**).

Әдеб.: *Досқараев Ж.* Күршім, Зайсан, Тарбағатай, аудандарындағы қазақтардың тіл өзгешеліктері // Қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктері. Алматы: Қаз ССР ҒА баспасы, 1951. 28-80 бб; *Алтаев Б.Ә.* Оңтүстік Қазақстан қазақтарының егіншілікке байланысты дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. Тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған диссертациясының қолжазбасы. Ғылыми жетекші Нұрсан Әлімбаев. Алматы, 1994; Қазақ. Историко-этнографическое исследование. Алматы: Казахстан, 1995; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ОРАҚШЫ – егін оруды адам. Дәстүрлі ортада орақшылықты арнайы адамдар кәсіп етпеген. Жер жыртқып егін өсірген әрбір отбасы өздеріне тиесілі астықтарын піскен уағында орауға кіріскен. Піскен егінді жауын-шашынға, үсікке ұрындырмай орып алу үшін оған әйел, еркек, бала демей қолына орақ ұстай алатын жандар түгелдей атсалысқан. Халық сенімі бойынша О.-ны желеп-жебеп жүруші *Әзірет жалман* делінеді. Астық орудың басталғанын диқаншылар тілінде *астық ору, егінге орақ түсті* дейді. О.-лар егін орауға *орақ* пайдаланған (**қ. Орақ**).



Орақшылар. Әлімбет болысы. Ақтөбе губерниясы. 1926 ж. ҚР MOM қорынан (КП 27229/17)

Орақпен егін орудың өзіндік тәсілдері болған. О. сол қолмен егіннің шетінен шақтап уыстап ұстап, оң қолдағы орақты уыстап ұстаған сол қолдың астынан әрі сабақтың

сыртынан, ішке қарай тарта кескен. Сонымен бірге О.-лар егінді еңкейіп жүріп, тізерлеп отырып ору әдістерін де қолданған. Дегенмен, еңкейгеннен адамның белін тез талатындықтан О.-лар көбінесе тізерлей отырып оруды қолайлы санаған.

О.-лар орақ егіндерін шетінен *баулап* (егін бастарын біркелкі егін байлап) отырған. Егін ору науқанында оның артын жауын-шашынға ұрындырмай, үсікке шалдырмай тезірек аяқтауға дем беру үшін «тездетейік, қоян қашты жасайық» делінетін болған (**қ. Қоян қашты**).

Әдеб.: *Руденко И.С.* Очерк быта казахов бассейна Уила и Сағыза// Казаки. Антропологические очерки: Вып. 3. Материалы особого комитета по исследованию союзных и автономных республик. Под ред. С.Ф. Букейхана, С.И. Руденко. Л.: АН СССР, 1927. С. 7-32; *Аргынбаев Х.* Қазақтың мал шаруашылығы жайында этнографиялық очерк. Алматы: Ғылым, 1969; Қазақ совет энциклопедиясы. Бас ред. М.Қ. Қаратаев. 9-том. Алматы: ҚСЭ, 1976; Қазақ дәстүрлі мәдениетінің энциклопедиялық сөздігі. Құраст. А.Құралұлы. Алматы: Сөздік-Словарь, 1997; Диалектологиялық сөздік. Алматы: Арыс, 2007; ҚӘТС. 10-том. Алматы: Арыс, 2009; *Кенжеахметұлы С.* Қазақ халқының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. Алматы: Атамұра, 2010; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ОРАМА / ОРАМА ШЕЛПЕК – жайма қамырды бүктей орап әзірлейтін тағам түрі. Оның арасына ет немесе басқа тағамдық қоспалар салынып, қамырға оратылып, бұға пісіріледі. О. пісіру үшін ұсақтап туралған етке, пияз, асқабақ араластырып татымына қарай бұрыш, тұз қосып араластырып қоспа дайындап алады. Алдын ала піскен қамырды иленіп, тындырылып жайылған жайманың бетіне май жағып, оның үстіне ет қоспасын біртегіс етіп салып, нанды жалпақтығын үш-төрт елі колеміндей етіп орайды. Осылай оралған күлшені қасқанда немесе басқа ыдыста қайнаған судың буына пісіреді (**қ. Қасқан**).



Орама. ОМЭЭ – материалдарынан

О. пісірудің тағы бір тәсілі – табаға аз мөлшерде май құйып қыздырады да, үстіне салып, О.-ның үстіңгі бетінен асыра қайнаған су құйып бетің (қақпақ) нығыздап жауып, орташа отта бұқтырып пісіреді. Бұл жағдайда оттың жану сапасын жіті бақылауда болуы маңызды. Өйткені, от қатты болса ішіндегі қоспа піспей сыртқы наны күйіп кетуіне әкелсе, керісінше, баяу отта суы тартылып болғанша наны езіліп кетеді. Дайын болған О. туралып, дастарқанға ыстық күйінде қойылады.

О. етпен бірге, яғни, етке қосымша нан ретінде тартылатын жайт кездеседі. Ондай О. еті жоқ көкөніс

коспалардан дайындалады. О.-ның бұл түрі де табақтағы еттің астына салынып әкелініп, ет тураушылар кесектеп бөліп қояды.

Әдеб.: Жәнібеков Ө. Жолайырықта. Алматы, 1995; Қатран Д. Қазақтың дәстүрлі ас-тағам мәдениеті. Ғылыми редакторы және алғы сөздің авторы Нұрсан Әлімбаев. Алматы: ҚМӨҒЗИ, 2002; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ОРАМА БІЛЕЗІК – күмістен бұран, шиыршықтап жасалған жұмыр білезік. Білезік атауы оның жасалу тәсіліне байланысты қалыптасқан.



Орама білезік. ҚР MOM материалдары бойынша суретті салған Ж.Шәйкен

О. б.-тің екі басын кейде алтынмен аптап, сызықтар жүргізін әшекейлейді.

Әдеб.: Қасиманов С. Қазақ халқының қолөнері. Алматы: Қазақстан, 1969; Шойбеков Р.Н. Қазақ зергерлік өнерінің сөздігі. Алматы: Ғылым, 1991; ҚӘТС. 11-том. Алматы: Арыс, 2009; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ОРАМА КІЛЕМ – түксіз тоқылған кілем түрі. Бұл кілемнің басқа кілемге қарағанда ерекшелігі өрнектері екі жағына да (оң мен терісіне) бірдей түсіріледі. Мұндай кілемнің желісі боялмай, өрнек салуға арналған жібі көп түске боялып, кілем тоқу барысында өрнек салатын жібі қолмен оралып, арқау жібімен бекітіледі (қ. *Кілем*).




Орама кілем. ҚР MOM қорынан (КП 21016)

Әдетте, О. к. тоқу өнері Қазақстанның оңтүстік және Сыр өңірінде дамыған.

Әдеб.: Аргынбаев Х., Захарова И.В. 1958 жылы Оңтүстік Қазақстан облысына ұйымдастырылған этнографиялық экспедиция жұмысының қорытындысы // ТИИАЭ АН КазССР. Т.12. Новые материалы по археологии и этнографии Казахстана. Алма-Ата, 1961. С.92-118; Муканов М.С. Казахские домашние художественные ремесла. Алма-Ата: Казахстан, 1979; Тохтабаева Ш.Ж. Шедевры великой степи. Алматы: Дайк-Пресс, 2008; Қазақ кілемдері мен тоқыма бұйымдары. Ғылыми каталог (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде). Ғылыми редактор және жоба жетекшісі Нұрсан Әлімбаев. Алматы: ICOS, 2012; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ОРАМА МЫЛТЫҚ – оқпаны болат таспалардан оралып соғылған ескі мылтық түрі. Шығыста ескі мылтықтардың оқпандарын соғу әдісінің бір тәсілі – болат таспалардан орап соғу. Ол үшін жіңішке келген бірнеше болат таспаларды бір-бірімен иіріп бірнеше рет соғып, тұтас бір таспаға айналдырды. Сосын оның шеттерін ұрғылап сәл жұқалатып, білік темірге айналдыра орап, орағанда орамның әр айналымы алғашқысының шетін бастыра оралып, кейін шеттері ұсталық әдіспен пісіріліп, тағы да қайталап соғылды. Осы әдіспен жасалған оқпан өте берік болды.



Ескі мылтықтардың орама оқпандарының жасалу технологиясы: 1 – болат таспалардың дайындалуы; 2 – болат таспаны білік темірге орап соғу; 3 – дайын болған орама оқпан

Орама оқпандарды жасауға «дамаскілік» болат таспалар қолданылғанда оқпандардың беттері өзіндік дамаскілік өрнегімен ерекшеленді. Орыс тілінде мұндай оқпандарды «витой ствол» деп («оралған оқпан», «орама оқпан» деген сөз) атайды. Қазақтар қолданған мылтықтардың музейлік нұсқаларында кейбір О.-дар да осы әдіспен жасалған. Бірақ музейлердегі ондай оқпандарды қазақ шеберлері жасаған ба, әлде басқа халықтың шеберлерінің жұмысы ма, тап басып айту қиын. О.-ы осындай бірнеше болат таспадан оралып соғылып жасалған мылтықты қазақтар да «орама мылтық» деп атаған.

*Орама мылтық тарс ұрып
Жауға аттанар күн қайда.*

Махамбет

1965 жылы басылған Ш.Ш. Уәлихановтың шығармалар жинағының 1-томындағы «Исторические предания о батырах XVIII века» деген еңбегінде бұл атау «қорама қара мылтық» деп берілген. Бұл жерде араб әліпбиімен жазылған Шоқан жазбаларын кириллицаға аударуда қате кеткен болу керек. Араб жазуында «о» әрпін белгілейтін белгі «к» әрпінің белгісімен ұқсас, сол себепті қате оқылып кетуі мүмкін. Кейін бұл «қорама мылтық» сөзі кейбір ғылыми еңбектерге және сөздіктерге еніп, қазақ мылтығының бір түрінің атауы ретінде түсіндіріліп жүр. Тіпті кейбір сөздіктерде бұл сөзді «мылтықтың оғын құятын қалып» деп түсіндіру де кездеседі (мысалы, 2008 жылы жарық көрген «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде»). Ауыз әдебиетінде мылтықтың бұл атауы жоғарыда айтылғандай



«орам мылтық», «орам қара мылтық» түрінде айтылады. Шоқан шығармаларының бірінші томындағы Шоқан жазып алған «Абылай туралы жырдың» ауызша нұсқасында да бұл атау «орам қара мылтық» болып айтылған.

Қоңыраттың көп мерген...

Орама қара мылтықты

Тізеге ала отырды,

Аузын оққа толтырды.

Ауызша айтылғанда әріптердің ауысып айтылуы мүмкін емес, сондықтан ауызшада бұл атаудың тура нұсқасы сақталған. Яғни, дұрысы «қорам мылтық» емес, «орам мылтық». Қырғыз тілінде бұл мылтық атауының «урум мылтық» болып айтылуы да осыны дәлелдейді.

Әдеб.: *Валханов Ч.Ч.* Собрание сочинений. В 5-ти томах / Редкол: А.Х.Маргулан и др. Алма-Ата: Издательство Академии наук Каз ССР, 1961. Т.1; *Будагов Л.З.* Сравнительный словарь турецко-татарских наречий в двух томах. СПб: Типография императорской Академии наук, 1869; *Бесгасыр жырылайды: XV ғасырдан XX ғасырдың бас кезіне дейінгі қазақ ақын-жырауларының шығармалары. Үш томдық / жауапты шығарушы М. Байділдаев. 1-том Алматы: Жазушы, 1984; Абылай хан: тарихи жырлар / Қазақстан Республикасы Ғылым Академиясы М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты. Алматы: Жазушы, 1993; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.*

ОРАМА ТЕРУ – тоқыма өрмегінің көмегімен *кілем, алаша, басқұр* сияқты үй бұйымдарын тоқу тәсілінің бір түрі. О. т. тәсілімен тоқылған аталмыш бұйымдардың ою-өрнегі екі жағынан да айқын көрініп тұрады. О.т. тәсілімен тоқуға арналған заттардың желісіне арналған жібі боялмай бір түсті болып келеді. Ал, түрлі ою-өрнек теруге арналған жіптері көп түске боялып дайындалады. Өрмекпен тоқыма тоқу барысында керілген желінің *қарсы* (еркек) және *ерсі* (ұрғашы) жіптеріне өрнек салатын жіптері қолмен оралып, арқаумен бекітіліп тоқылады (**к. Кілем; Өрмек тоқу**).

Әдеб.: *Аргынбаев Х., Захарова И.В.* 1958 жылы Оңтүстік Қазақстан облысына ұйымдастырылған этнографиялық экспедиция жұмысының қорытындысы // ТИИАЭ АН КазССР. Т.12. Новое материалы по археологии и этнографии Казахстана. Алма-Ата, 1961. С.92-118; *Тоқтабаева Ш.Ж.* Шедевры великой степи. Алматы: Дайк-Пресс, 2008; Қазақ кілемдері мен тоқыма бұйымдары. Ғылыми каталог (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде). Ғылыми редактор және жоба жетекшісі Нұрсан Әлімбай. Алматы: ICOS, 2012; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ОРАМАЛ – әйел адамның басына тартуға арналған көлемді мата. О. адамның қалауына қарай әр алуан үлгіде болады. О.-дың шаршы, қиықша сияқты әртүрлі үлгілері бар. Сондай-ақ, О.-дың пішімі түрліше болады. Пішіміне, матасына қарай О. түрлері ілме О., түрме О., ақ О., шашақты О., шілтерлі О., шыт О., жібек О. деп аталады. Сонымен қатар, жыл мезгілдеріне қарай күннің ыстық уақытында жібек, торғын, шыт сияқты маталардан орамал таққан. Осыған орай «*Жақсы кісінің ашуы жібек орамал кепкенше, Жаман кісінің ашуы басы жерге жеткенше*», «*Қас жақсының өкпесі, торғын орамал кепкенше, Қас жаманның өкпесі басы жерге жеткенше*» деген мақалдар бар. Ал қыстың күндері бөкебай, шәлі, салы сияқты түбіттен қалындап тоқылған О.-ды қабаттап тартатын болған (**к. Бөкебай, Салы, Шәлі**).

Халықтық ортада О. тартудың жастық ерекшелігі қатаң сақталған. Қыз бала О. тартпаған. Қыз ұзатылып, келін болып түскенде бет ашылғаннан кейін үлкен ежелері басынан сәукелесін шешіп, ақ орамал салған. Сонымен қатар дәстүрлі ортада жас келінге сәукелесінің артында тұратын орамалын да салған. Оны *желек* деп атаған. Ж.-тің түсі көбінесе қызғылт, қызыл, қызыл күрең өңді болып келген. Жас келін үлкен кісілердің алдында бетін желегімен көлегейлеп сөйлесетін болған. Балалы болғаннан кейін келіншек желек орнына кимешек қиген (**к. Желек, Желек алу; Кимешек**). Сонымен қатар жас келіншектерге ашық түсті, гүлді орамал салуға рұқсат етілген. Әйел адамның басына тартатын ақ түсті орамалын *ақ жаулық* деп те атайды. Халық арасында бас киім сияқты О.-да киелі саналады. О.-ды бөтен адамға сыйға тартпайды. Аяқ астына баспайды. Араздасқан адамдар О.-дың киесіне тоқтайды. Айталық, алып қашып келген қыз көнбеген жағдайда әжелер алдына О. тастайтын салт бар (**к. Жаулық, Ақ жаулық**).

Әйел адамға О.-сыз жүруге тиым салынған. Діни түсінік бойынша О.-сыз жүрген әйелдің иманы басынан қырық қадам алыс жүреді деп есептеледі. Сонымен қатар, емізулі баласы бар әйел орамалсыз бала емізсе қайызғағын шайтан баланың аузына салып жібереді дейді. Ондай бала есейгенде мәңгірт болып, анадан безеді, қайрымсыз болады деген. Сондықтан қыз бала келін атанғаннан бастап басына О. салған.



Шілтерлі орамал. ҚР MOM қорынан (КП 14062)

ҚР MOM қорында сақтаулы (КП 14062) орамал - бөртпе шәлі ақ түсті жібек жіптен тоқылған. Жібек жіптен екі қатар етіп жолақтар түсірілген.

О.-дың ғұрыптық мәні зор. Ақ түсті О. қуанышты, жақсылықты аңғартса, қара О. қайғы-қасіретті білдірген. Отағасы қайтыс болғанда жиналған әйелдер марқұмның әйелінің, қызының басына қара орамал тартқан. Осыған орай Ә.Диваев: «*қайтыс болған адам егде болса әйелі қара О. салмайды. Орта жаста болса қара түсті, жас жігіт болса келіншегі қызыл түсті орамал салады*» дейді. Жөктаушы әйелдер қара О.-мен қатар екі ұшы кері қайтарыла байланған О. тартады. Мұны О.-ды кері тарту дейді (**к. Аза**). Сондай-ақ қайтыс болған әйел адамның ақырет киімінің бірі де О. деп аталады (**к. Ақырет / Ақырет кебін**).

Халықтық ортада ер балалар да сәндік үшін басына шыт О. байлаған. Мұны *байламыш* деп атайды. Оны қабақтап, төрт-бес елі етіп бүктейді де, маңдайынан орай келіп, екі ұшын қаракұс тұсынан, кейде бір жақ жанынан түйеді. Байламышаны атпен жарысқа түскен шабандоз балалар, жекпе-жекке шыққан палуандар, жалпы жас жігіттер байлаған (қ. *Атшабар бала, Байламыш*).

О. сыйлық, жол тарту ретінде де маңызды қызмет атақарады. Оны үлкен кісілерге көбінесе көйлектік бұлмен бірге қосып береді. Осыған орай халық тілінде «Орамал тонға жарамаса да жолға жарайды», «Орамал тон болмайды жол болады» – деген сөз орамы қалыптасқан.

Әдеб.: *Диваев А. О* свадебном ритуале киргизов Сыр-Дарьинской области // ИОАИЭКУ. Кн.4. 1900. С.1- 27. *Захарова И.В. Ходжаева Р.Д.* Казахская национальная одежда: XIX – начала XX в. Алматы, 1964; *Мұқанов С.* Халық мұрасы. Тарихи-этнографиялық шолу. Алматы, 1979; *Жүнісов А.* Бабалар дәстүрі. Алматы: Жазушы, 1992; *Фиельструп Ф.А.* Из обрядовой жизни киргизов начала XX века. М., 2002; Қазақтың дәстүрлі киім-кешегі. Ғылыми каталог (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде). Ғылыми редактор және жоба жетекшісі Нұрсан Әлімбаев. Алматы: Өнер, 2009; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ОРАМАЛ²– бет пен қол сүртуге арналған мата. О. қолдану аясына, пайдалану жағдайына қарай майлық, сулық деп бөлінеді. О.-дың пішімі шаршы, қиықша, ұзынша төртбұрыш болады. Оның түрі көп. Қолданылу ерекшелігіне қарай беторамал, колорамал, майлық, сулық О. деп аталады. Сонымен қатар, сүртінуге арналған орамалды *сүлгі* деп те атайды.

Халықтық ортада майлық пен сулықты кестелеп, әшекейлейді. Бірақ ауыстырып қолданбайды. Сулық О.-ды қолдың суын сүртуге пайдаланады. Қонақ келгенде ет тартпас бұрын балалар төрден бастап қонақтардың қолына су құяды. Су құюшы бала оң қолына леңг, сол қолына құмған ұстаса, сол қолына сулық О. іліп жүреді (қ. *Сулық*). Ет кесіліп, желініп біткеннен кейін қолдағы майды көбінесе қайыс арқан, жүген, ноқта басқа заттарға, етіктердің қонышына сүртіп біраз тазалап алады. Дегенмен, май қасиетті саналғандықтан кейбір бұйымдарға арнайы май жағып, майлау ғұрыптары да атқарылады. Май қайыс ағаш бұйымдарды кеуіп кетуден сақтап, қызмет ету кезеңін ұзартады (қ. *Майлау*). Құты кетеді деп майлық орамалды көп жумаған (қ. *Майлық*).

Шетінде шай орамал күміс жүзік,

Қуантқан сүйген жардың сөзі келді –

дегендей дәстүрі ортада қыздар өз сүйгендеріне кестелі бет О.-дар мен О. шетіне түйілген жүзіктерін тарту еткен. Ал ұзатылған қызынан О.-ға түйілген құстұмсық жүзік келсе ата-анасы қызының барған жерінде жағдайының жақсы екенін белгісі ретінде біліп, қуанған. Сонымен қатар, ұзақ жасап, бақдәулет қонған адам өмірден өткенде жыртыс, беторамал тарату салты бар. Кейде беторамалдың шетіне тиын түйіп те тарағады. Бұл, осы адамның жақсылығы жұғысты болсын деген тілекті аңғартады (қ. *Жыртыс; Тәбарік*).

Әдеб.: *Ареғибаев Х.А.* Қазақтың ер-тұрман жабдықтары // Қазақстан в XV-XVIII вв.: вопросы в социально-политической истории. Алма-Ата: Наука, 1969. С.171-202; *Мұқанов С.* Халық мұрасы. Тарихи-этнографиялық шолу. Алматы, 1979; *Жүнісов А.* Бабалар дәстүрі. Алматы: Жазушы, 1992; *Қатран Д.* Қазақтың дәстүрлі ас-тағам мәдениеті. Ғылыми редакторы және

алғы сөздің авторы Нұрсан Әлімбаев. Алматы: ҚМӨФЗИ, 2002; *Фиельструп Ф.А.* Из обрядовой жизни киргизов начала XX века. М., 2002; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ОРАМАЛ ТАСТАУ – жастардың дәстүрлі ойындарының бірі. О. т. ойыны жазда ауыл сыртындағы жасыл, көгалды алаңқайларда ойналады. Ойыншылардың саны неғұрлым көп болса, соғұрлым ойын қызықты өтеді. Ойынға орамал пайдаланылады. Аталмыш ойынның екі нұсқасы бар.

1-нұсқасы. Ойыншылар ұл, қыз болып араласып, шеңбер жасап отырады. Олар өзара келісім арқылы бір ойыншыны ойын бастаушы етіп тағайындайды. Ойын бастаушының қолында шиыршықтала оралған орамал болады. Отырған ойыншылар ойын бастаушыға назар аудармай, бірімен-бірі әңгіме дүкен құрып отырады немесе ән шыққайды. Ал ойын бастаушы болса, отырған ойыншылардың сыртын айнала бағдарлап жүріп, олар шуласып отырғанда байқатпай бір ойыншыны таңдап, оның артына орамалды тастап кетеді де, шеңберді әрі қарай айналып жүре береді. Ойын бастаушы шеңберді айналып келгенге дейін отырған ойыншы артындағы орамалды әлі байқамаған болса, оны орамалмен сабалайды. Ал, ойыншы артындағы орамалды байқап қалған жағдайда ойын бастаушыны тұра қуады. Ойын шарты бойынша ойын бастаушы шеңберді айналып қатты жүгіреді де, қуғыншыны алдай жүгіріп, оның орнына отырып алады. Орнынан айырылған ойыншы өзге ойыншылардың талабы бойынша белгіленген жазаны орындайды. Ән айтады немесе билейді. Сосын ойын бастаушы болып ойынды жалғастырады.



Орамал тастау. ҚР МОМ материалдары бойынша суретті салған Б.Досымов

2-нұсқасы. Ойыншылар теңдей екі топқа бөлінеді. Сосын арасы шамамен он қадамдай болатын жерге екі сызық сызылып, екі топ екі сызықтың бойына тізіліп, біріне-бірі қарама-қарсы бетімен қарап тұрады. Бұл жерде де ойын бастаушы шешімімен ойын басталады. Ол қолындағы орамалын өзі қалаған топтың інегінде тұрған ойыншысына береді. Орамалды алған ойыншы екі буыннан тұратын кез-келген сөздің тек бірінші буынын ғана дауыстап айтып, өзіне қарсы тұрған топтың ойыншысына орамалды лақтырады. Қарсы ойыншы орамалды қағып алған бойда айтылған сөздің екінші буынын табуға тиіс болады. Мәселен, бірінші ойыншы «ба» деген болса, екінші ойыншы «ла» немесе



«та» деп сөзді тез арада аяқтай сала, орамалды қарсы топқа лақтырады. Орамалды алған ойыншы және басқа сөзді айтып, қайыра лақтырады. Осындай тәртіппен ойын жалғаса береді. Ойын шарты бойынша орамалды қағып алған ойыншы айтылған сөздің жалғасын бірден тауып айта алмай, тосылып қалса, ортаға шығып ойыншылардың талабы бойынша өз өнерін көрсетеді.

Аталмыш ойын балалардың ой өрісін дамытып, тапқырлыққа тәрбиелейді.

Әдеб.: Төтенаев Б. Қазақтың ұлттық ойындары. Алматы: Қазақстан, 1978; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ОРАМАЛ ТОЙ – күйеу жігіт қалыңдықты әкелуге аттанарында жасалатын той. Бұл тойға жігіттің ет жақын ағайындары мен дос-жарандары жиналады. Тойға келгендер «бір кәдесіне жарар» деп шашуын, көйлектік матасы мен жағалы киімдерін ала келеді. Тойға арнайы мал сойылып, үлкендерден жолға аттанар балаларға бата сұралады. Ру ақсақалдары мен ауыл үлкендері батасын береді. Күйеудің қалыңдық ауылына барғанда беретін кәделері реттеліп, қоржын түйіледі. Осы тойда жігітпен бірге баратын жақын достары мен ақын-жыршылар, өнерпаздар, палуандар т.б. сайланады. Ел арасында бұл дәстүрді *ақылдасу шәйі* деп те атайды.

ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ОРАУЛЫ ШИ – өн бойына тұтастай емес, әр жерінен шүйкеленген жүн орап тоқылған шидің атауы (**қ. Колөнер; Киіз үй**). Әдетте, мұндай ши *шым шиге* қарағанда толық оралмай, өрнектер әр жерінен өрнектелін тоқылады (**қ. Ши тоқу; Шым ши**). О.ш.-дің көлемді тоқылған түрі киіз үйдің керегесінің сыртынан ұстау үшін қолданылса, шағын тоқылғаны үйдің ішіне *асадал, саба, күбі* сияқты ақ-тағам құйып сақтауға арналған сөренің сыртынан ұсталады (**қ. Өрше**).



Ораулы ши. Оңтүстік Қазақстан обл. 1985 ж.
ҚР MOM қорынан (КП 21976)

ҚР MOM қорында сақтаулы О.ш.-дің (КП 21976) ұзынд. 420 см, ені 136 см. Ол шидің сабағының түп жағы мен шашақ жағын алмастыра салып отырып, әр жерінен көп түске (қызыл, сары, қара, көгілдір) боялған шүйкеленген жүн оралып, тоқылған. Орта тұсына жиегі қос мүйіз, сыңар мүйіз өрнегінен тұратын сары, қара түсті екі *шаршы* өрнек тоқылған. Екі шетіне әр жерінен шүйке жүн оралған.

Әдеб.: Тәжімұратов Ә. Шебердің қолы ортақ. Алматы: Қазақстан, 1977; Қасиманов С. Қазақ халқының колөнері. Алматы: Қазақстан, 1995;


Райымханова К. Ата кәсіп: этнографиялық зерттеу. Алматы: Қазақстан, 2001. ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ОРДА¹ – киіз үйдің ең үлкен түрі. Дәстүрлі ортада ел билеген хандар әдеттегі киіз үйлерден көлемі, сыртқы түрі мен әсемделуі жағынан мүлде ерекше киіз үйді пайдаланған. Оны *орда* немесе *хан ордасы* деп атап, көбінесе *қорғанның* ішіне тігетін. Аталмыш киіз үй хан отырғандықтан О. аталуы түсінікті жайт. Десек те, О.-ның сыртқы түрі бірден көз тартатын етіп жасалған. О.-да хан елдің келелі мәселерін шешетін түрлі бас қосулар мен жиындар өткізген. Оның бір ерекшелігі қарапайым киіз үйлер сияқты қара жерге емес, көбінесе қорғанның ішіне тігілген. Алдымен О. тігілетін жер таңдалған соң оның көлеміндей жерге тас төсеп көтеріп, биіктетіп соның үстіне тіккен. О.-ға кіргенде арнайы жасалған 3 немесе 4 басқышты баспалдақ арқылы көтеріліп кіреді. Осындай күрделі құрылысты қажет ететін О.-ны жасаумен арнайы шеберлер айналысқан. Көлемі үлкен болғандықтан, оның уықтары ұзын, керегелері биік келеді. Аталмыш киіз үй туралы этнограф-ғалым Ө. Жәнібековтің *«Жолайырықта»* еңбегінде жан-жақты жазылған. Аталған еңбекте О.-ның көлемі мен құрылысы төмендегідей сипатталады: *«...Көлемі 130-140 шаршы метрдей келген, керегесінің биіктігі 240-250 сантиметрден, уығының ұзындығы 310-320 сантиметрден кем түспейтін құрылғы. Жабынына кәдуілгі ақ үйдегідей, өңдеуге оңай көнетіндіктен тығыздығы мығым төсем алуға болатын ақбоз қойдың күзем жүні жаратылған».*



Орданың ішкі көрінісі. ОМЭЭ – материалдарынан

Сонымен қатар, О.-ның аса жоғары әсемделу үлгісі жайында төмендегідей мәлімет келтірді: *«...Орданың сәндік қисыны белгілі бір деңгейде алты қанат ақ үйдікің қайталағанымен, қазақтың қолтума өнерінің үйлесімін тапқан ұқыптылығының арқасында ағашты, сүйекті, алтын-күмісті, әр түрлі тасты, былғарыны, киізді, иірілген жіпті кәдеге жаратуда мүлтіксіздікке жеткендігімен ерекшеленеді».*



Орда. Жәнібеков Ө. Жолайырықта (Алматы: Рауан, 1995) атты еңбектен. Реконструкция

Қазіргі таңда аталмыш киіз үйдің толық болмаса да көлемін қайталайтын үлкен түрлері кездеседі. Ондай киіз үйлер көп жағдайда үлкен мерекелік іс-шаралар өткізгенде тігіледі.

Әдеб.: Жәнібеков Ө. Жолайырықта. Алматы: Рауан, 1995; ҚӘТС, 11-том, Алматы: Арыс, 2009; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ОРДА² – жастардың ойыны. О. ойыны дәстүрлі ортаға кең тараған айлы түндерде ойналатын *ақсүйек* ойынына ұқсас келеді (қ. *Ақсүйек²*). Аталмыш ойын жазда кешкі уақытта мал қораланып болған соң, көбінесе күзет түндерінде көгалды алаңқайларда ойналады. Ойынға қатынасатын бозбалар мен бойжеткендердің санында шек болмайды. Ойынға ірі қара малдың (жылқы, сиыр) сүйегі, яғни жілігі керек. Жиналған ойыншылар тең екі топқа бөлініп, әр топ өзіне басшы сайлайды. Екі топ ойыншылары өзара келісіп, сүйекті бір топ иеленеді де бір жерге *көмбе* белгілеп, оны орда деп атайды. Сосын екі топтың ойыншылары белгілі бір арақашықтықта топталып, жиналып тұрады. Сүйекті алған топтың басшысы сүйекті құлаштап алысқа лақтырады. Екінші топтағылар жабыла сүйекті іздеуге кіріседі. Егер оны ойыншының бірі тауып алса, «сүйек менде» деп айқайлап, О.-ға қарай жүгіреді. Мақсат сүйекті О.-ға жеткізіп, жеңіске жету.



Орда ойыны. ҚР MOM материалдары бойынша суретті салған Б.Досымов

Қарсы топтың ойыншылары сүйек ұстаған ойыншыны О.-ға жақындатпауға тырысып, тіпті сүйекті тартып алуға әрекет жасайды. Ал, қарсы топтың ойыншылары сүйекті бермей, қолдан-қолға өткізіп жүгіре қашады. Егер сүйегі бар ойыншы ұсталып қалса, қарсы топқа өтуге мәжбүр болады. Осылайша, қай топта бір ойыншы қалғанша ойын жалғаса береді. Аталмыш ойын балаларды жылдам жүгіруге үйретін, денелерінің шымыр болып қалыптасуына зор ықпал етеді.

Әдеб.: Төтенаев Б. Қазақтың ұлттық ойындары. Алматы: Қазақстан, 1978; Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. 2-том // дүниеге келгеннен өмірден озғанға дейін. Құраст. С.Е. Әжіғали. Алматы: Арыс, 2006; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ОРДА ШҮЛДІК – ұлттық ойын түрі. Бұл ойын туралы деректер жоқтың қасы. Соған қарамастан қазақ ойындарын зерттеп, жинастырушы Н.Мелков орда шүлдік ойыны туралы Торғай облысы Ақтөбе уезі Қараторғай болысы №10 ауылдың тұрғыны Ғазиз Мұртазиннен жазып алған. Орда шүлдік пен қазан шүлдік ойындары ұқсас болғанымен өзіндік ерекшеліктері бар (қ. *Қазан шүлдік*). Орда шүлдік ойыны жазғытұрым жылы мезгілде ойналады. Ойынға бір топ бала қатысады. Барлық ойыншының ішінен жасының не бойының үлкендігіне байланысты екі жетекші сайланады. Топ басшылары ойынды *ұстасу* арқылы бастайды. Таяқты қолдарымен кезек-кезек ұстап, таяқтың сыртында кімнің қолы қалса, сол ойынды екінші бастайды. Ойын бастаудың екінші түрі – *шекісу*, яғни шүлдікті (таяқ) екі ойыншы да аспанға қатты лақтырады. Лақтырған шүлдікті жерге түсірмей, кім көбірек лақтырса, сол ойынды бастайды.



Орда шүлдік. ҚР MOM материалдары бойынша суретті салған Б.Досымов

Ойынды бастайтын басшы анықталғаннан кейін басқа ойыншылар жұп құрып, өздеріне жасырын есім қойып алады. Мысалы, біреуінің есімі Алтын болса, екіншісінікі Күміс. Осылайша қарама-қарсы есім қойған әр жұп жеңген басшыға барып, қай есімді тандайтынын сұрайды. Ол қай есімді тандаса сол адам оның тобына өтін, екіншісі келесі топқа кетеді. Осы тәртіппен екі топ құрылып ойын басталады. Ең алдымен тегіс жерден балалардың жасына қарай көлемі бас киіммен бірдей немесе одан да үлкен шеңбер сызылады, оны орда деп атайды. Ойыншылар



нешеге дейін ойнайтынын, мысалы жүзге дейін, алдын ала келісіп алады. Шенбердің ортасынан жеңген басшы ойынды бастап, таякпен шүлдікті алысқа ұрады. Құлаған жерінен екінші басшы кері қарай шенберге қарай ұрады. Егер ойыншы шүлдікті орда түсірсе, онда басшыны сол топтан ойыншы ауыстырады. Осылайша екінші, үшінші ойыншы ордаға ретімен келе береді. Ал қарсы топтың ойыншылары өз еріктерімен ауысып отырады. Егер шүлдік шенбер сызығының үстіне түссе, шүлдікті тігінен ұстап, шенберді бастыра таякпен жүргізгенде шүлдікке тисе, онда ордаға түсті деп есептеледі. Жеңу үшін таякпен ұрған шүлдік саны көп болуы тиіс. Таякпен шүлдіктің басын ұрып, кейін оны лақтыру 2 ұпайға саналады. Қай топ көбірек ұпай жинап, ұпай санын жүзге жеткізсе, сол топ жеңіске жетеді.

Әдеб.: Мелкова Н. Игры киргизов // ТООИКК. Вып. 1. Оренбург: Тип. М.Н. Махова, 1921. №167. С.41-74; КР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ОРМАН – үлкен алқапта тығыз өскен көп ағашты білдіретін ұғым. О. негізінен қарағай, шырша, қайың сияқты биік ағаштардың үлкен алқаптарда тұтаса өсуінен пайда болады. Қазақ даласының кейбір аймақтарында және таулы аймақтардың көпшілігінде О. кездеседі. О.-дағы өскен ағаштар шаруашылықта кеңінен пайдаланылады. Тұрғын үйлер, қоралар және басқа да баспана түрлерін жасау және т.б. көптеген қажеттіліктер үшін орманнан қажетті ағаштарды алып отырған. Осыған орай «Орман аралаған үйші болар» – деген мақал бар. Ормандағы қурап кеткен биік ағаштарды жығып және сынып түскен бұтақтарды жинап *отын* қорын жинаған (қ. **Отын**). Орманға жақын аймақтарда отын қыста үйді жылытуға және тамақ пісіру сияқты тұрмыстық-шаруашылық істер үшін от жағуға пайдаланған. Отын даярлау үшін орманға барып қураған ағаштардың түбінен балтамен шаба отырып жығады да, бұтақтарын *бұтап* шығады (қ. **Ағаш жығу / Құлату**). Осыдан кейін қарағайға *айналсогы* бар *сынаны* қағып, ол *бәлекке* байланады. Бәлектің екі жағына байланған арқан арқылы атпен жығылған ағашты үйге сүйеп жеткізеді. Үйге жеткізілген ағашты арамен бірнеше бөлікке бөледі де, оларды балтамен жарады.



Тау орманы. ОМЭЭ – материалдарынан

Пайдаланылатын ағаштардың көлеміне қарап көптеген атаулар қалыптасқан. Мәселен, үйдің төбесін жабу, көпірлер салу үшін ұзын әрі жуан ағаштардан *белағаш* дайындалған (қ. **Белағаш**). Жуандығы орташа есеппен бір қарыс шамасында болатын ағаштарды кесіп, бұтақтарын шауып тастау арқылы *бөренелер* даярланған (қ. **Бөрене**). Мұндай бөренелер үй, қора-қопсының керегелерін қиюластырып жасауға, үйлердің төбесін жабуға, тіреу бағана ретінде орнатуға, қоршаулар жасауға және т.б. мақсаттарға пайдаланылған. Жуандығы бірнеше елі тұзу әрі ұзын ағашты кесіп – *сырғауылдар* мен жінішке әрі ұзын ағаштардан – *сырық* даярланған (қ. **Сырғауыл; Сырық**). Жас қарағайды шауып алып кептірген, бір ұшы жуандау, екінші ұшы жіңішке келген ұзын ағаш – *шанжа* деп аталады (қ. **Шанжа**). Сырық – сойыл, найза, құрық, уық, кереге жасауға жиі пайдаланылған. Сырықтарды көлденең байлап қоршау, ақыр жасаған. Ал жіңішке және қысқалау – *таяқ* пен өте жіңішке – *шыбық* мал айдауға пайдаланылған. «*Ер елдің көркі, орман-тоғай жердің көркі*», «*Қазақта бір тал кессең, он тал ек*» – деп ағашты жөнсіз кесе беруге тыйым салып, орманды отап жіберуден қорғап отырған.

О. көптеген аң-құстардың өмір сүруіне, көбеюіне мүмкіндік жасайды. «*Дала малсыз болмайды, орман аңсыз болмайды*» – деп қазақтар О.-ға аңшылық құрған. О.-нан еті мен терісі, мүйізі үшін ірі аңдардан – бұлан, бұғы, аю, орташа аңдардан – қасқыр, түлкі, сілеусін, қабан шошқа және т.б. аулаған. Ал тиын, бұлғын тәрізді шағын аңдарды қымбат бағалы терісі үшін аулайды. Кейде О.-да өсетін өрік, шие тәрізді жемістерді теріп жейтін болған.

О. қиындық туғанда жауынан бас сауғалайтын орын ретінде жиі пайдаланылған. Өйткені, қалың өскен ағаштың көру қашықтығын шектейтіндіктен іздегенін тауып алу қиынға түсетіні белгілі.



Қайың орманы. ОМЭЭ – материалдарынан



Қазақы түсінікте орманда сөрел деп аталатын орман адамы мекендейді деп, оны алуан түрлі сипатта айтады. Ол жолыққан адамды қытықтап өлтіреді деп санаған (**қ. Сөрел**). Сонымен қатар кейде О.-да кісікіік, жезтырнақ та жүреді деген түсінік кездеседі.

О. қазақы түсінікте көптікті, тұтастықты, бірлікті білдіру үшін жиі колданылады. Мәселен «Халық – қалың орман», «Ел – ырыстың орманы, ер – ырыстың қорғаны», «Ынтымақ – орман, жау ала алмас қорған» деген мақал-мәтелдер сақталған.

ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ОРМАН АТА – орманның иесі. Отыншылар отын дайындар алдында «Бисмилла, О.а., қолдай гөр!» деп орман иесіне сиынатын болған. Осыдан кейін ғана барып ағашты шабуға кіріскен. Бұның мәні, ағаш шапқанда орман иесінің қаһарына ұшырап, өзіне, отбасы мүшелеріне жамандық келмесін деген ниеттен туған (**қ. Ағаш жығу / Құлату**).

Әдеб.: Жанұзақов Т. Қарағайға байланысты сөздер (қазақ тілінің түсіндірме сөздігі үшін материалдар) // Тилтаным. 2002, №2.; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ОРПА – аузы кең әрі тайыз болғандықтан сексеуілмен, таспен шегенделмеген құдық. Тайыз құдыққа байланысты бұл атау батыс өңір мен Түркіменстан қазақтары арасында колданылады. Дерек берушілердің айтуынша, орпаның тереңдігі көбінесе екі *сажын* болады.



Құмдағы орпа құдық. ТС. 552 том (Ташкент) атты жинақтан

О.-ны суы жер бетіне жақын жерден қазады. Осындай жерді *орпалық* деп атайды.

Әдеб.: Қазақ тілінің аймақтық сөздігі. Алматы: Арыс, 2005; Кошімова Б.Ә. Маңғыстау өңірі топонимикасының лингвистикалық және лингвокогнитивтік негіздері. Филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. Алматы, 2010; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ОРТА ТОЛСЫН! – бас қосып отырған ортаға кіргенде айтылатын тілек. Халықтық ұғымда үйде молшылық болсын, үй бақытқа кенелсін, отырған қараның саны көбейсін дегенді аңғартады. Тіпті қазақ баласы да көпшілікпен амандасқан кезде О. т.! деп, оң қолын жүрек тұсына қойып, басын иіп сәлем береді. О. т. деген тілек көбінесе киіз үйде өтін жатқан жиын, тойдың үстінен түскенде есіктен еңкейіп кіріп, шаңыраққа «Ассалаумағалейкум!» деп сәлем бергеннен кейін айтылады.

Сондай-ақ, халықтық ортада О.т. деген тілек ауқымды да күрделі жұмыстарды атқаруға көпшілік болып жиналғанда айтылады. Осы тілекпен қатар «*Іс ілгері бассын!*», «*Ігіліктің сәтін салсын!*» сияқты тілеулер айту өзінің ортақтастығын білдіру, ниеттестігін сездіру еженгі қазақ дәстүрі болып табылады. Мұндай тілекке «*Айтсын!*», «*Айтқаның келсін!*» деп жауап беріп әрі қарай жөн сұрасып кететін болған.

ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ОРТАН ЖІЛІК – жамбас пен асықты жіліктің ортасындағы жілік. Оны *тоқатай*, *кіші жілік* деп те атайды. Малдың саны үш жіліктен тұрады. Оған *жамбас*, *ортан жілік* және *асықты жілік* жатады. Бұлардың барлығы тұтасымен бұзылмай тұрғанда *сан жілік* делінеді. О. атауы да осы екі жіліктің ортаңғысы болғандықтан аталса керек (**қ. Жілік**). Мал сойылып оның санын бұзарда сандағы ойынды ет ойылып кесіледі. Одан кейін жіліктер ретімен шығарылады (**қ. Ет мүшелеу; Жамбас**). Ал жылқы малын сойғанда саннан алдымен жаясы мен қоң еті сылынып алынып, одан кейін асықты жілік, ортан жілік, жамбасы рет-ретімен шығады (**қ. Жылқы сою**). Қазақтың дәстүрлі ас-тағам жүйесінде мал мүшесінің әрқайсысының өз орны болғандықтан, мал сойғанда оның жілігін өз орнымен бұзуға, жаратуға аса мән беріледі. Сондай кәделі мүшенің қатарына аталмыш О.ж.-те кіреді. Оны табақ жасағанда кәделі мүше болғандықтан *бас табақ* пен *орта табаққа* салынады. Егер де табақ жасағанда бір жіліктің орнына екінші бір жілік ауысып тартылса отырған қонақтың шамына тиіп қалады. Мұндай кәделі жілікті қолына алған қонақ олардан кесіп жеп, турағаннан кейін шамалы етін қалдырып төргі табактан сыбаға ретінде сол үйдің келіндеріне, балаларына береді (**қ. Ет жесу**).

Сондай-ақ, қазақ дәстүрінде О.ж.-ті тек жасы үлкен сыйлы қонаққа ғана емес, қонақ болып келген жасы кіші балаға да тартқан. Яғни, асықты жілік, жауырын, қабырға т.б. бірге О.ж. салынып тартылған бұл табақ *бала табақ* деп аталған (**қ. Бала табақ**).

Майы ашыған О.ж., қазының қабырғасын, айран, көже сияқты ашыған тағамды бие байланған шақта қымызға ашытқы ретінде пайдаланған. Оны ашыту үшін, шақтап құйылған бие сүтіне салып, аратұра араластырып тұрған. Осылайша үш-төрт күн тұрғаннан кейін қымыз жаймен аши бастайтын болған (**қ. Қор**).



Қойдың ортан жілігінің етсіз және етпен тұрған кезі.

ОМЭЭ материалдарынан



Ерте кездерде соғымға сойылған малдың бүтіндей асылған жілігін әбден мүжіліп болғаннан кейін, жас жігіттер күш сынасу мақсатында оны ұрып сындырған. О. ж.-ті сындырған жігіт жілік майынан үлкен кісілерге ауыз тигізеді. Ал, үй иесі әлгі адамға кәде берген. Сонымен бірге, жілікті жайшылықта да бүтіндей тастамай, оны шағып ішіндегі майын алып жейді. Халық аузында «ортан жілік майына – он кісі, тоқпан жілік майына – тоғыз кісі, асықты жілік майына – алты кісі» тояды деген тәмсіл сөз қалған (**қ. Жілік сындыру; Май**).

Дәстүрлі ортада шеберлер төрт түлік малдың сүйегін босқа ысырап етпей кәдеге жаратуға тырысқан. Мәселен, қойдың асықты жілігінен – шүмек, сыбызғы сияқты заттар жасалынса, О. ж.-тен ұршықтың басын жасаған. Сонымен бірге, О. ж.-ті ақ сүйек ойынын ойнауға да жаратады (**қ. Ақсүйек²**).

Әдеб.: Салгарин Қ. Қасапшылық. Алматы: Қайнар, 1990; Қатран Д. Қазақтың дәстүрлі ас-тағам мәдениеті. Ғылыми редакторы және алғы сөздің авторы Нұрсан Әлімбаев. Алматы: ҚМӨҒЗИ, 2002; ҚӘТС. 12-том. Алматы: Арыс, 2010; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ОРТАНБЕЛ АҒАШ – ердің алдыңғы және артқы қасымен, екі қаптал ағашымен қиысып тұратын бөлшегі. О. а. қаптал ағаштың үстін жауып тұрады. О. а.-ты кейде *орта ағаш, бел ағаш, белдік ағаш* деп қолдана береді.

Ердің ортанбел ағашын дайындаудың екі түрі белгілі болған: 1) жеке ағаш кесіндісінен О. а.-ын шауып шығару; бұл тәсіл ер қапталын жасауға арналған ағаш жіңішке болғанда қолданылады; 2) О. а.-ты қаптал ағашпен тұтас шауып шығару. Жеке ағаш кесіндісінен ердің О. а.-ын дайындауға қайыңның бұтақсыз, түзу кесіндісін таңдап алады. Басқа да ер бөлшектеріне арналған кесінділермен бірге қабығын аршып, шотпен, балтамен шауып, жонып алып жел қаксын деп кептіруге қояды. Нобайлап шабылған ағаштардың тек өңдеу жұмысы қалғанда тұзды суға қайнатып, көлеңкеге қойып кептіреді, өйткені тұзды суға қайнатылған ер бөлшектері ешқашан жарылмайды. Ердің барлық бөлшегі дайын болған соң қалыпқа салып тексеріп, қас етектерімен екі қаптал ағаштың қиысатын тұстарын тесіп, шегемен бекітеді. Ал, О. а.-ты таспамен жан-жағынан көктеп орнатады. Кейде, О. а.-ты екі қаптал ағашқа ырып немесе мықпен (ағаш шегемен) шегелеп ұстатады.

Ортанбел ағаш



Ортанбел ағаш. ОМЭЭ – материалдарынан

Жетісу мен Семей өңірінде сырт пішіні жағынан аздап ерекшелену көрінетін ерлердің қасы етегінен жоғары қарай қушия көтеріліп, үсті түзуленіп, нығы бұрышталып шабылады. Алдыңғысына қарағанда артқы қас кейін қарай аздап көлбеу орналасады. Аздап болса да осындай ерекшелігі бар ерлер көп жерлерде қолданылатын бес бөлек ағаштан (екі қас, екі қаптал, бір ортанбел ағаш) емес, төрт бөлек ағаштан шабылады. Төрт бөлек ағаштан шабылатын ердің О. а.-ын қапталдығымен бірге шауып шығарады да, он және сол қапталдарын бір-бірімен таспа арқылы көктегенде, О. а. та дайын болып шыға келеді. Ердің бұндай бөліктерін бірге шауып шығаруға неғұрлым жуан ағаш кесінділері қолданылады. Сонымен қатар, бір бүтін жуан ағаштан тұтас шауып шығарылған ердің О. а.-ы да басқа бөліктерімен тұтас күйінде жасалады. Сондықтан, тұтас шабылған ердің бөліктері құрастырылмайды, тек түйе көнімен көнделеді ары қарай безендіру жұмыстары жүргізіледі.

Әдеб.: Қасиманов С. Қазақ халқының қолөнері. Алматы: Қазақстан, 1969; Арғынбаев Х. Қазақтың ер-тұрман жабдықтары // Қазақстан в XV-XVIII веках (вопросы социально-политической истории). Алма-Ата: Наука, 1969; Арғынбаев Х. Қазақ халқының қолөнері. Алматы: Өнер, 1987; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ОРТАНШЫ БАЛА – қазақ ұғымында бірге туған балалардың, яғни *тұңғыш бала* (үлкен бала) мен *кенже баланың* (кіші баланың) ортасындағы балалар. Отбасында үлкен балаға «үміт артылса», кіші баланы еркелетін өсіреді және *қарашаңырақ иесі* деп қарайды. Ал, О.б.-лар үлкен немесе кенже балаға қарағанда елеусіздеу болып өседі. Үлкен бала өзінен кейінгі іні-қарындастарына үлгі бола білсе, кенже бала алдындағы ағаларына қарап өседі. О.б.-ның арқа сүйер алдында ағасы, көмек берер артында інісі болғандықтан көп таршылық көрмейді. Осындай болса керек халық аузында «*ортаншыға оқ тимейді, оқ тисе де, боқ тимейді*» делінеді. Женгелері ат тергегенде ең кенже баланы *кенжестай, кенже бала* десе, ортаншысын *ортаншыым* дейтін болған.

Әдеб.: ҚӘТС. 12-том. Алматы: Арыс, 2010; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ОРТЕКЕ – домбыра тартқанда, ән, күй ырғағымен қозғалысқа келіп билейтін ағаш ойыншық. О. таутеке бейнесінде жасалады. Ортеке домбыра тартқанда тербеліп, орғып билеу үшін ойыншықтың бауырына тік бекітіліп, екінші ұшын саусаққа іліп алып тартады.

Ортекенің бірнеше нұсқасын жасап шыққан атакты ұста Д.Шокпарұлы, оның ел ішінде ауызекі әңгімелерде болмаса, ұмытылып бара жатқанын айта келін мынадай түсінік береді: «*Ортеке - бар тұлғасы он бөлшектен құралып, әр бөлшегі бір-біріне жіп арқылы түйіндеп жалғастырылған таутеке бейнесіндегі ағаш қуыршақ. Оны қимылға келтіретін ағаш тақтаға бекітілген қамыстың өзегіне кигізілген ағаш өзек (таяқша). Сол жіңішке таяқшаның төменгі басына жіп байлап, жіптің екінші ұшын қамыс буынының орта тұсындағы ойықтан өткізіп алып, оң қолдың (егер домбырашы солақай болса, сол қолдың) саусағына іліп тартқанда, жіп қамыстың ішіндегі таяқшаны жоғары-төмен қозғайды. Таяқшаның*

жоғарғы жағына бекітілген болат сымның екінші ұшы ортекенің бауырына бекітіледі.

Таяқша жоғары-төмен қозғалған сайын ортеке секеңдеп билей жөнеледі. Ортеке қозғалған оның аяғындағы тақтайға (оны «майдан» деп атайды) тиіп, көрерменге ортеке тақтайды теуіп, күй ырғағымен билеп тұрғандай әсер етеді.

Ортекені бала күнімізде домбырашы атамыз Алдамберді Ергожаевтан көріп қызықтағанбыз. Осыған ұқсас тағы бір ойыншық туралы деректі қарт журналист, еңбек ардагері Мұстафа Ысмағұлдан алдық. Ол кісінің айтуынша, Исатай батырдың ағайыны Қараұлы Богда деген күйші әрі қолынан әртүрлі өнер тамған кісі болыпты. Үйіне Исатай қонақ болып келгенде, Богда қатқан тулақтың үстіне ағаштан жасалған 8 лақты күй ырғағымен билетіп, Исатай батырдың көңілін көтерген екен».

Халық ақыны Кенен Әзірбаевтың айтуынша, ортеке аталатын ойыншықты сал-серілер алып жүрген. О.-нің басына қызыл-жасыл шашак тағып әшекейлеген. Бауырлас қырғыз халқында бұндай ойыншықты кобыздың сүйемелдеуімен билетеді екен. Қырғыздың сал қызы мен қазақтың Дәурен салы туралы естелігінде К.Әзірбаев: «Қыз-бозбалалар қаз-қатар атқа мінген. Арт жағынан ән-күй, сырнай, шаңқобыз тартып келеді. Мінген аттары өңкей біркелкі күрең қасқа, саба артқан түйе. Кілем жапқан бір түйелі жігіт ортеке ойнатып келеді. Бір асау қара биені төрт жігіт жұлқынтып жетелейді. Қырмызы сал екі жолдасымен аққудай шаңқан боз арғымақпен алда кетіп барады. Салтанатпен келіп Қырмызы қыз оларға жеміс-жидектер шашқызып, балдай тәтті күлкісімен қарсы алып жапырласып жатады. Бір жас жігіт тақпақтап елді күлдіріп жүр», – деп әңгімелейді.

О.-нің жаңғыртылған үлгілері бүгінде халық саз аспаптары музейінде сақтаулы. О. ойыншығы фольклорлық-этнографиялық ансамбльдерінде пайдаланыла бастады. Ерте замандардан қолданылған бұл құрастырмалы ағаш ойыншық қазіргі қуыршақ театрының байырғы, алғашқы үлгісі болған.



Ортеке. ҚР MOM қорынан (КП 1682)

ҚР MOM қорындағы (КП 1682) ортеке аяғының буындары, басы ойнап (қозғалып) тұратындай етіліп ағаштан жонылып жасалған. Сонымен бірге ол сырты оюланған шүберекпен қапталған «тұғырға» орнатылған. Ортекенің өлшемі 19х17 см, ал қалыңдығы 1 см.

Әдеб.: Әзірбаев К. Аңыздар сыры. Құрастырып, әдеби жағын өңдеген Н.Төрехұлов. Алматы: Қазақстан, 1969; Шоқпарұлы Д., Дәркембайұлы Д. Қазақтың қолданбалы өнері. Алматы: Алматыкітап, 2007; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ОРЫС ЕР – орыс жерінде арнайы станоктарда жасалған ердің дәстүрлі ортадағы ағауы. О. е. қазақтарды орыстардың отарлау саясаты күшейген кезеңде келе бастады. Аталмыш ерді алғашында Патшалық Ресейдің сойылын соғушы аткамінерлер мен шабармандары пайдаланды.



Орыс ерінің қарапайым түрі. ОМЭЭ – материалдарынан

О. е.-нің жасалуы, сыртқы түрі қазақы ерден өзгеше болды. Оның алдыңғы және артқы қасы көп жағдайда темірден жасалды. Екі қапталы қалың киізбен қапталып, оның сыртқы бетіне қалың былғары тігіледі. Белағашының орнына көп жағдайда берік мықты қайыс былғары кере тартылып байланады. Қанжығасы көп жағдайда артқы жағында ғана болады. О. е. қазақ ерге қарағанда аласа, жалпақ әрі ұзындау келеді. Оған мінгенде аттығының үстіне міндетті түрде ат көрпе салынады. О. е. өте берік әрі жеңіл болады. Сондай-ақ, көп жағдайда басқа да қосалқы әбзелдерімен толық өндіріледі.

О. е.-нің арнайы әскерилерге жасалған түрі де болды. Әскери ерлер қарапайым О. е.-іне қарағанда жайдақтау келіп, атқа ұзақ мініп жүруге қолайлы әрі сапалы етіп жасалды.



Орыс ерінің әскерилерге арналған түрі. ОМЭЭ – материалдарынан



О. е.-лері орыстармен сауда-саттық каркынды дами бастаған кезеңде көшпелі ортада кеңінен тарала бастады. Базар бағасы да айтарлықтай төмен болды. Аталмыш ер түрі қарапайымдылығымен, бүкіл әбзелдерінің толықтығымен, жеңіл әрі беріктігімен ерекшеленіп, көшпелі ортада кеңінен қолданыста болғанымен қазақ ерінің орнын баса алған жоқ. Өйткені, көне дәстүрді бойына сіңірген, күмістелген қазақ ерлері дәстүрлі ортада әркез жоғары сұраныста болды (**қ. Ат әбзелдері; Ер'; Ер-тұрман**).

Әдеб.: *Туркестанский сборник // Собрание сочинений о Туркестанском крае вообще. Краузе И. О косметических средствах туземцев Туркестанского края. Т. 52. СПб., 1873; Қасыманов С. Қазақ халқының колөнері. Алматы: Қазақстан, 1995; КР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.*

ОТ – жарық пен жылу беретін, наным-сенімде өзіндік орны бар табиғат құбылысы. О. – ағаш, тезек, шөп, май т.б. заттардың тұтанғаннан кейін жарық пен қызу шығара лапылдап жанған *алау, жалыны*. О. – табиғат құбылыстарының ішінде ертедегі адамдардың сыйынып, табынатын объектілерінің бірі болды. Оның өзіндік себебі бар. Ертедегі адамдар табиғат құбылыстарынан болатын апаттардан үнемі үлкен зардап шегіп отырған. Отты көргенде құдды қазіргі жан-жануарлардың оттан өлердей қорқатыны секілді қатты үрейленетін. Алайда, араға ұзақ уақыт салып ертедегі адамдар оттың сырын ұғып, оның пайдалы жақтарын да көре бастаған. Олар о баста табиғи О.-тарды пайдаланса, кейін келе өздері от шығарып, тұрмысқа жарататын болды. Сол кезде адамдар бір жағынан оттың қандай зат болмасын құртып, күлге айналдырып жіберетін қорқынышты күшін көріп үрейленсе, екінші жағынан оттың шикі азықтарды пісіретін, суықтан сақтап жылу беретін, жабайы жыртқыш аңдардан қорғайтын, қорқынышты қараңғы түнде жарық түсіретін пайдалы қасиеттерін байқап, оған деген шексіз құрмет көрсетті. Кейін оттың қуатымен металл қорытылып, түрлі-құрал-сайман, қару-жарактың жасалуына байланысты адамдардың отқа деген құрметі тіпті күшейді. Міне, осындай отқа деген қатынас пен сенімдер алғашқы адамдардың отты құдіретті күш, киелі құбылыс санауын туғызды. Осылайша, пәле-жаладан сақтап, жамандықты аластайтын қасиеті бар деп оған табынды. Өйткені, ілкі таным бойынша О. – жарық нұрдың, күн көзінің нышаны. Барлық бәле-жаладан арылтатын немесе тазартатын киелі құдірет деп қастерленуі сондықтан. Күн қараңғылықтан, яғни зұлым рухтардан, зиянкес күштерден қорғайтын қасиеті бар деп танылды. Мәселен, киіз үйдегі ошақ орнының да дәл ортаға орналасуы осы наныммен тікелей байланысты. Сонымен қатар, бұл жерде от пен күннің арасындағы мифологиялық байланыс та айқын көрініп тұр. Өйткені күн де от, от та от. Екеуі де жарық береді, екеуі де жылу береді. Оттың сәулесі аспанға жетеді, түтін жеті қат аспаннан өтеді немесе күн мен оттың жылуы жеті қат жер астына жетеді деген нанымдар кең таралғандықтан, күн де, от та киелі саналған (**қ. Күн**). Ошақ шеңберінің күн секілді дөңгелек болуы да жоғарыдағы нанымдармен байланысты.



Күнбасты адам кейінде салынған тастағы суреттер күн Құдайын бейнеледі. Таңбалы сайы. Марьяшев А.Н., Горячев А.А. Наскальные изображения Семиречья (Алматы, 2002) атты еңбектен

О. – жылу, күн, өмір-тіршілік, күндіз, жарық, яғни аспандағы күн. Осы аталғандардың барлығы күн ұғымына байланысты болғандықтан адам бойындағы қан да О. ұғымымен байланыстырылды. Яғни, қызыл және сары түстер де О.-қа және Күнге баланып, киелі өң саналды. Сондықтан, көшпелілердің жоғары әлем иелеріне, Құдайға, Жаратқанға арнап құрбандыққа шалатын мал өні де құла, жирен сияқты түстерден тандалды. Оған Берел, Пазырық қорғандарынан табылған құрбандық жылқыларының түстері дәлел. Тілеу, құрбандық үшін сойылатын *ақсарбас қой* – сол таным-түсішіктің қазірге дейін жеткен жұрнағы деуге болады.

Қазақы ортада О. барлық пәле-қазадан құтқаратын киелі күш, тазартатын қасиетке ие. Сол себепті малға ауру-індет келгенде және қыстаудан көшкен кезде малды отпен аластаған. Ежелгі түсінік бойынша ала қыстай отырған қыстау ластанады, онда адамға, малға зиянды кесірлер ұялайды. Жаңа қоныс-жайлауға шыққанда оны тазалап шығу керек (**қ. Жұрт**). Ол үшін жайлауға шыға беріс көш жолына екі жерден үлкен от жағып, жетектеген түйелі көшті, айдаған қой-ешкіні, сиырды осы екі оттың арасынан өткізіп аластаған. От басында «алас-алас, бар пәледен қалас» деп зікір айтып, ауылдың жасы үлкен әйелдері тұратын болған. Халық ұғымында төрт түлік мал ішінде жылқы «таза жануар», «киелі мал» саналады, сондықтан алас отының арасынан жылқы өткізілмейді. Оттың құдіретті күш, аластағыш қасиеті бар деп есептегендіктен, ауырған адамды, жолаушыны, жаңадан көшіп кірген үйді, жас баланың бесігін (бесіктің арқалық ағашын жеті жерінен отпен қарып қою салты бар), тіпті, кейде ауырған малды да «алас-алас, бар бәледен қалас» деп, зікір айтып аластайтын болған. Мұндай магиялық ырымдар қыстауға оралған кезде де, әсіресе, малшының үйі мен мал қыстайтын қора-қопсыны пәле-жаладан «тазарту» мақсатында қайталанып отырған.

О.-тын тазартатындығы туралы осындай көне түсінік әлемдік діндерде (ислам, христиан, будда) күнәға батқан адам о дүниеде *тозақ отына* түседі деген сеніммен орнықты. Исламда ондай адамның жаны отқа күйіп, не жанып кетпей қиямет-қайым күнін күтіп жатады, яғни тазарады деп саналады (к. *О дүние*).



Ұмай. Таулы Алтай, Кудыргэ аңғары. Көнетүріктер. 6-8 ғғ. Медоев А.Г. Гравюры на скалах. Сары-Арка, Мангышлак. Ч.1 (Алма-Ата: Жалын, 1979) атты еңбектен

Түркі мифологиялық танымы бойынша, от құдайының мекені ғарыш ортасы мен әлемдік вертикальдың бойында орналасқан деген наным қалыптасқан. Осы түсінік бойынша *Ұмай ана (Умай/Ымай ене/Май ана)* – ана мен баланың жарылқаушы иірі, өсіп-өну сияқты барлық игіліктердің және үйдің, ошақтың иесі деп танылды. Ойткені, Ұмай ананың басына кигізілген тәтідегі үшкір үш шошақ – от жалынын бейнеледі. Осыдан келіп от жағып қазан асуға арналған құрылғы – ошақ та үш бұтты болып, кастерленді (к. *Ошақ*). Отау иелерінен үлкен үйден шок алуға келетін де әйел адамның болуы, от жағып, қазан көтеретін адамның да әйел болуы әйел – *ошақ қасының* иесі деген сенімді дәлелдей түседі.

Дәстүрлі ортада ошақты қадірлеу – О.-ты кастерлеумен бірдей мәнге ие. *Ошақтың үш бұтындай* деп келетін теңеу – дәстүрлі мәдениетте ошақтың береке-бірліктің де нышаны екендігін айқындай түседі. Осы ұғым – алыстан тілендірмей, біреуге жалындырмасын деген тілекті білдіретін *отыңның басынан, ошағыңның қасынан берсін* деген батаны тудырды.

Екі жас үйленгенде ең әуелі оларды От Анаға сыйындырып тұрып, бас қосқан екі жастың, жас отаудың тағдырын От Анаға тапсырады:

*Оттай ыстық достық бер,
Жұбын жазбай ұзақ бер!
Жолдарын жарық, жарқын ет,*

*Ұлы пана өзіңсің,
От Ана жарылқа! –*

Сондай-ақ, келін болып түскен кезде атасының ошағына май құйып тұрып, келін сыйыну сөздерін айтып, О.-қа, ошаққа тәу еткен:

*От Ана, Май Ана
Жарылқа! –*

Май – дәстүрлі танымда береке-молшылықтың нышаны. Сондықтан, О., ошақ және май ұғымдары егіз, бірлікте қарастырылады (к. *Май; Ұмай*). Ошақты қадірлеудің тағы бір көрінісі – ас беру кезінде де орын алды. Мұндай үлкен жиынның басы – *ошаққазар* деп аталатын мәжіліспен басталды. Ас болардан 2-3 күн бұрын асты ұйымдастыру іс барысы осы жиында қаралып, талқыланады (к. *Ошаққазар*). Ас өткізуге арналған барлық дайындық жасалып болған соң қазылған ошақтың құрметіне шағын той өткізеді. Ас осылайша *жерошақ майлау* деп аталатын осы жосынмен басталады (к. *Жерошақ майлау*). Осы күні жерошаққа ат шаптырып, кішігірім той жасап, қызмет көрсетушілерді ынталандыру жосыны жасалады. Ол *жерошақ бәйгесі* деп аталды (к. *Жерошақ бәйгесі*). Сондықтан, О. орнын, ошақ орнын және осыған сай киіз үйдің жұрты да киелі саналды.

Қазақта отты ұрлап алу туралы мифтің жұрнағы ел аузында сақталған. Ол нұсқа шайтан көбелекпен байланысты: *«Ертеде адамдар отқа ие болған соң төменгі, қараңғы әлемнің патшасы от әкел деп шайтан көбелекті жұмсаған екен. Ол өз еліне жарық сәуле апарса, патшасы қызын беруге уәде етіпті. Содан кеш болса жынды көбелек от ұрламақшы боп шамды айналып ұшады. Бірақ отты қалай алудың айласын білмейді. Сөйте тұра пәруана сұлу қызға қызығып, көзсіздікпен отқа өртеніп өле береді-мыс».*

О.-тың адам баласына көрсетер қызметіне байланысты, яғни оны пайдалануына қарай, төмендегідей топтауға болады:

- күнделікті тұрмыста (тамақ пісіру, жылыну, жарық үшін т.б.)
- қолөнерде (балқыту, шыңдау, ыстау т.б.)
- наным-сенімде (тазарту, аластау)



От. ОМЭЭ – материалдарынан

Тұрмыс пен қолөнердегі О.-тың қолданылуы – тіршілік қажеттілігі үшін пайдаланылатын қарапайым тәсілдерге айналды. Осы негізде *«жаурасаң от жақ, қорықсаң от*



жақ, қарның ашса да от жақ» деген мақал қалыптасты. Адамға азық пен қуат, жылу берген қазақы ұғымдағы *от басы* және *ошақ* киелі саналды, қасиет тұтылды. Сондай-ақ, жаңа дүние, жаңа зат жасап шығаратын ұсталық өнермен шұғылданушы кәсіп иесі – *ұстаны* да киелі адам санады. Өйткені, ол адам отпен жұмыс жасайтындықтан таза деп есептелді. Ұста отпен шыңдалып, сомдалып жасалған жаңа зат, бұйым, құрал мен қару жаратты, яғни соқты. Осы түсінікке сай дәстүрлі ортада О.-ты қыздыратын *көрік* те, отпен шыңдалып, жаңа зат жасап шығаратын орын – *ұстахана* да, тіпті, отқа қыздырылып, балқытылған бұйымдар төселін, соғылатын *төс* те қасиетті саналды (**қ. Көрік; Ұстахана, Төс**). Күнделікті тұрмыста түнде үй ішін жарық етуге арналған *шырақ, шам* (майшам) және белгілі ғұрыптарды атқаруға арналған *шырағдандар* от культімен тығыз байланысты киелі заттар қатарына саналды. *Жарық, шырақ* сөздері *бала, ұрпақ* мағынасын берді, *от* сөзі *отбасы (жанұя)* мағынасын білдіретін ұғымға айналды. Сондықтан да, үлкен кісілер қайтыс болғанда қыркына дейін олік шыққан үйдің оң жағында бала-шағасы шырақ жағатын болған. Ол – артыңда түтініңді түтетін, отыңды жалғастыратын ұрпағың бар дегенді білдіретін (**қ. Жерлеу**).

О.-тың тіршілік арқауы, отбасы қамқоршысы, ырысы деп саналуына сай «менің үйім» деудің орнына *от жаққан жерім, түтеткен түтінім* дейді. Яғни, үй деудің орнына *түтін* деген тұрақты тіркес қолданылады. *Оты өшті, түтін түтетері қалмады* деген сөздер бір отбасының құрып бітуін, ер-азамат ұрпағының қалмауын білдіреді. Осы сияқты отпен байланысты қалыптасқан қазақ тіліндегі жеке сөздер мен тұрақты тіркестер біршама: *отаға* бұл сөз бастапқыда *от ана* деген сияқты қалыптасып, кейін келе *от* пен *аға* сөзі бірігін, *отағасы* болып үйдің иесі, отбасы, ақсақал мағынасын беретін сөзге айналған. Сол себепті, *отбасына қарап бала өседі, қарағайға қарап тал өседі* деген үлкендердің кішілер алдында үлгі болуын меңзеген мақал туындады. Сонымен бірге *отау* сөзі де қарашаңырақ-үлкен үйден *от алып* бөлініп шыққан отбасы деген мағына білдіретін ұғым. Өйткені, бөлініп шыққаннан кейін де әр таңда от жағатын шоқ үлкен үйден алынатын салт қалыптасқан. Осыған сай, отбасын құрып, үйленіп жатқандарға «*түтеткен түтіндерің тік ұшысын*» деген тілек айту – үй, ошақ, отбасы ұғымдарын мағына жағынан аша түседі. Тіпті, үйлену, үй болу, бас құрау ұғымдарын білдіретін – *о т а с у* сөзінің өзі-ақ, бірлесіп от жағып, түтін түтетін, отбасын құруды білдіретіндігі көп жайтты ашады.

Әкесінен (атасынан) кенже ұлына мұраға қалған шаңырақтың киелі саналуы да ата-бабасы жаққан оттың иесі сол шаңыраққа сіңгендігінен. Сондықтан да, бірнеше ұрпақтың қолданысында болып, от жалынына әбден ысталған қарашаңырақ ата-баба көзі. Киіз үйдің кереге, уық сияқты басқа бөліктерін түрлі жағдайларға байланысты ауыстыруы мүмкін, бірақ,

шаңырақты мейлінше ауыстыруға болмайды. Күтіп ұстауға тырысады. Алайда, сынып, қирап қалды дегеннің өзінде аяққа басылмайтын тау қуысына апарып тастайды. Мұның өзі жоғарыда аталған отбасы, ата-баба жаққан отты жалғастырып, түтінін түтету нышанымен тығыз байланысты түсіндіріледі (**қ. Қарашаңырақ; Шаңырақ**). Ал *отбасы* лексиконы ежелгі замандағы отты қасиеттеп, табынған наным-сенім мен салт-санадан дерек беретін қоғамдық-әлеуметтік даму тарихтың айнасы. Бұл ұғымның ауыздан-ауызға көшіп, қалыптасқан нұсқасы немесе синонимдік сыңары *от басы, ошақ қасы* фразеологиялық тіркесі.

О. сөзінің бастапқы мағынасы – жанған алау, жарық дедік. Алайда, бұл атаудың білдіретін мәні өте кең. Әдетте төрт түлік малдың азығына құнарлы, жайылымды жердің шөбін *от* дейді (**қ. От**). Тіліміздегі *суат* сөзіне этимологиялық талдау жасағанда, бірінші буыны – *су*, екінші компоненті – *от* екендігі хақ. Мұндағы *от* және *су* – малдың жайылу және суарылу арқылы алатын қажетті энергиясы. Қазақ тілінің үндестік заңына сәйкес сөйлеу дағдысында *суот* → *суатқа* айналғандығын көреміз. Біреудің жерін мекендеді деген мағына – *отын оттап, суын ішті* мақалы осыны айғақтайды. Осыдан ауыспалы мағынадағы *оттау* сөзі туындаған. От түбірінен жасалған *оталу*, яки қуаттану деген ұғымды береді. Сондықтан, О. – *топырақ, су, ауа* қатарында жаратылыстың төрт негізінің біріне саналуының тегін емес екенін аңғарамыз. Қазақы таным бойынша от та, су да тазартатын қасиетке ие болуы да сондықтан.

Ислам дінінде Алла Тағала адамды топырақтан жаратқанда пайдаланған төрт дүниенің бірі – О. Сондай-ақ, адамды жаратқан соң да төрт түрлі зат пайда етеді: ақыл, рух, нәпсі және көңіл. Осылардың әрқайсысы әр нәрседен алынған: көңілді судан, рухты самал желден, ақылды топырақтан, нәпсіні оттан алды. Осы себепті кімде кім нәпсінің жалынына түссе, оны машақат, әурешілік айналдырады, ақырында жазаға кіріптар болады деді. Сондай-ақ, Әзәзілдің пейіштен қуылуы туралы аңызда мынадай оқиға баяндалады: ... *Әзәзіл Адам алайһи с-саламға сәжде қылуды ар санады: «Мен оттан пайда болдым. Топырақтан жаратылған Адамға сәжде қыламын ба», деді. Сол мезетте періштелік мәртебесінен айырылып, дио суретіне енді. Әзәзілдіктен малғұндыққа айналды. Асыл тастан жасалған пейіштен қара жерге түсірілді...*

XIV-ғ. туындысы, Рабғузидың «*Қисас-ул анбийа*» кітабында «*Топырақ пен оттың айтысы*» деп аталатын аңыз былайша өрбиді: *От айтты,*

– *Менің сурет сипатым мынадай: жарығым қараңғы түнді күндіз сияқты сәулелендіреді. Жарық шығаратын гауһармын. Кеш сайын аспандағы жұлдыздар сияқты шырақ боп жанамын. От алатын шақпақпын. Қаһһар тағала отты ұлық етіп жаратқан, – деп өзін әлденеше мадақтап, жақсы жақтарын ауыз толтырып сипаттайды.*

Сол кезде топырақ басын көтеріп айтты:

– Ей, от! Сенің барлық ісіңнің өзегі – мекерлік, айла, арандату. Жалған сөздісің. Өзіңді ұлық санап, гиззаттымын, құрметтімін деп көкірек кересің. Менің ісім тәжді да, гиззатты да, қандай құдіретті болса да басқа қонған бақ-дәрежені де аяқ астына лақтыру. Құшылық жасаушылардың топыраққа бас қойып, Аллаға сүйіспеншілік білдіруіне мүмкіндік беру.

От айтты:

– Ей, топырақ! Мен айналасына нұр-шұғыла шашқан сауһармын. Таң сәулесімін.

Жарқыраған жарықпын. Тозақтың шыңырау құдығында кек алатын жалынмын.

Топырақ айтты:

– Ей, от! Көп сөзділікті қой! Және өзіңе зұлымдық, ахирет-жапа жасама! Ей, от, білемісің, гиззат кішкентайлықтан, рақат жомарттықтан шығады. Менің сүйкімділігім сонда, кішкентайлығымнан адамдардың жүздеріне қонамын. Тозаңдығым зор болуыма да себепкер. Барлық ғаламның ауырлығын көтерушімін... деп топырақ – адамдардың аяқ басқан мекен-жайы, табан астында болса да жан ұясы, рух көлігі, бүкіл өсімдік атаулыға нәр беретіндігін айтып т.б. дәлелдер келтіргені баяндалады. Бұл ретте ислам дінінің О. хақында беретін түсінігі мен қазақы ортада сипатталып, дәріңтелетін таным-түсініктерде айырмашылық бар екенін аңғаруға болады.

Осы тұрғыда, дәстүрлі ортада О.-тың адам бойындағы күш-қуаттың, әлділіктің нышаны ретінде сипатталуын Абай өлеңдері арқылы көруге болады:

Жастықтың оты жалындап

Жас жүректе жанған шақ...

дегенде жастыққа тән табиғи бұла күш-қайратты бейнелеген. Сондай-ақ, ұлы ойшылдың:

Қартаң тартқан адамнан от азаймақ,

От азайса, әр істің бәрі тайғақ –

деген өлең жолдарында О. ұғымы адам бойындағы әл-қуат, қан мағынасында нақтылана түскен.

Ал, «От» деп аталатын өлең жазған Мағжан Жұмабаевтың:

Шынында, менің өзім – от,

Қысылғанда қара көзім де – от,

Мен оттан, от менен.

Жалынмын, мен жанамын,

Оттан туған баламын.

Оттан басқа тәңірі жоқ –

деген жолдарының көне таным-түсініктерден бастау алып жатқанын аңғаруға болады.

О.-тың кез-келген пішінді бұзу мүмкіндігі мен тазарту қызметін атқаратын қасиеті төмендегідей. Күнделікті тіршілікте нәрестені ең алғаш бесікке саларда, жана шаңыраққа көінкенде, тағысын тағы жағдайларда отпен аластаудан көрінеді. Тілдік қолданыстағы ота сөзінің бақшаны арам шөптен тазарту мағынасында жұмсалатыны нақ осыған ұқсас. Оташы деуі де сырқатқа дем салып, бойындағы дертінен құлантаза айықтыратын емшілігіне орай айтылған. Көздің қарашығын орта ғасырда от қарақ

деп атаған (М.Қашқари). Адам көзінің қарашығы айнала қорнаған болмысты көру үшін сыртқы жарық көздері қуатымен нұрлануының нәтижесінде от боп жанады екен. Өйткені, адам көзі арқылы – ауа энергиясы, аяқтың табаны арқылы – жер энергиясы, биологиялық актив нүктелер арқылы ғарыштық энергия алынады. Көздің оты жарқ етті дегенде оқыстан тиген қатты соққының әсерінен қарашықта қалып қойған жарық толқынының тербелісін айтамыз.

О. күнделікті тұрмыста, шаруашылық пен қолөнер сияқты т.б. қолданыстық қызметтерінен тыс ерекше жағдайларда да пайдаланылды. Мәселен, жорықта, жаугершілікте түрлі белгілер беру үшін пайдаланылды (қ. **Отсерек**). Жауды алдау мақсатында түнде мол от жағу арқылы санын мол етіп, көбейтіп көрсетіп, үрейін ұшыру үшін пайдаланғаны туралы тарихи деректер мол. Сондай-ақ, түнде әр жерден от жағып тастап, түнімен тайып тұрып та қарсыластарына орнын сипатып кету сияқты әскери тактикаларда пайдаланды (қ. **Ұранот**).

Отпен, отқа байланысты атқарылатын жосын-жоралғылар, ырым-тыйымдар. От ұрпақ жалғастығының кепілі әрі кез келген үйдің немесе отаудың киесі, отбасы ырысының қамқоршысы саналғандықтан, жас баласы бар үйден нәресте шетінеп кетпесін деп, күн батқан мезгілден бастап, келесі таң атып, күн шыққанша сыртқа от алып шығуға қатаң тыйым салынатын болған. Бұл тыйым бұзылса, ұрпақ жалғаспай қалатындығына кәміл сенетіндіктің салдары болса керек, қазіргі қазақ тілінде белгілі бір отбасына байланысты қолданылып жүрген «оты сөнді» немесе «түтіні түтемей қалды» деген фразеологиялық тіркестер әлгі отбасының түгелдей опат болғандығын немесе оның тұқымының тұтас жойылып кеткендігін білдіреді. Ондайды болдырмас үшін түрлі жағдайларда ақ немесе сарбас қойды құрбандыққа шалу, ұрпақ әкелуге себі тиеді деген ниетпен жаңа түскен келінді отпен аластау немесе оған отқа май құйғызу, көпші-қон кезінде отбасының отын сондірмес үшін қоздаған шокты күлімен бірге жаңа қонысқа ала кету сияқты оң магияға жататын ырымдармен қатар қоздап тұрған отты үшкір затпен көсеуге, оттан аттауға, отынды тебуге, отқа шаш, тырнақ немесе лас нәрсе тастауға, отқа түкіруге, су шашуға, оттың орнын басуға, отты сабауға, отты (шамды да) үрлеп сөндіруге болмайды, от басында «қасқыр» деген сөзді атауға шек қою сияқты теріс магияға негізделген ырымдар мен тыйымдар да жиі кездесіп отырған. Олар адам санасына сіңіп кеткендіктен, қоғам өмірін реттейтін маңызды тетіктерге айналған.

О. жағуға байланысты қалыптасқан белгілі жосын-жоралғы бар. Ол салт – О.-тың тез жануын қамтамасыз етеді деген түсінікке сай атқарылады. Мұнда ұғымдарды қарама-қарсы қою, шендестіру, алмастыру тәсілдері қолданылатынын көруге болады. Мысалы, от жаққалы шокты үрлегенде қоян шабан, от жүйрік деген сөз айтылады. Шын мәнісінде, қоян – аса жүйрік хайуан. Бұнда шабан-жүйрік деген ұғым өзара шендестірілген.



Ежелгі адам анимистік наным бойынша отты тірі деп елестететіндіктен онымен тілдескенде *жүйрік* деп мақтап-мадақтап, ал, қоянды әдейі *шабан* деп төменшіктетеді. Өйткені, бұл мадақты естіген *от иесі* қоянмен бәйгеге түсіп, бәсекелесіп, тез жанады-мыс.

Отқа байланысты оң мағияға жататын іс-әрекеттер мен теріс мағияға негізделген тыйымдардың енді бірі төмендегідей. Орта ғасырларда түркі елінің ішіне бөтен елден келген адам бірден еніп кете алмаған. Олай етуге қатаң тыйым салынатын болған. Себебі ол заманда қалыптасқан мағиялық наным бойынша, бөтен елден келген адамдар ең алдымен отпен «тазартылып», тек содан кейін ғана ішке еруге рұхсат алған. Мына айғақ осы айтылғанның бұлтартпас дәлелі: ежелгі Рим империясының патшасы II Юстин 568 жылы Шығыс түрік қағанатының қағаны Істемиге Земарх бастаған елшілерін бейбіт шарт жасасу үшін жіберген кезде, түріктер оларды екі оттың ортасынан өткізіп, содан кейін барып қабылдаған. Яғни, әлгілер ел шетіне жеткен кезде, олардың алдынан бақсылар шығады. Олар бөтен елдің адамдарымен ілесе келген бәле-жала, сиқырлы арам пиғылдар болса, солардан тазарады деген түсінік бойынша, ең алдымен елшілер алып келген заттардың бірін қалдырмай оңаша жерге үйіп қойып, айналасына хош иіс шығаратын шөптерден түтін түтетіп, тоқтаусыз зікір салып, қоңыраулатып дабыл қаққан. Елшілердің өздерін де лаулап жанған екі оттың ортасымен жүргізіп аластаған соң ордаға әкелген. Орта ғасырда мұндай мағиялық тыйымдар мен рәсімдер татар ханына келген шетелдік елшілерге де жасалғаны туралы т.б. деректер бар.

Жоғарыда аталғандай көпті, малды екі оттың арасынан айдап өткізіп болған соң екі отты қосып жіберген. Бұл дертті, ауруды, зинкестерді алып қалған О.-тың өзі де әбден жанып тазаруы дегенді білдірген болса керек. От арасынан малды үркітін, айғай-шумен айдап өту топалаң ауруы келген кезде де пайдаланылған.

Сондай-ақ, жоғарыда айтылғандай от пен түтін кез келген жанұяның немесе отбасының бейнесі немесе баламасы ретінде қабылданғандықтан, қазақ тілінде отбасымен байланысты жоғарыда аталған фразеологиялық тіркестермен қатар *үй*, *отау* деген сөздердің орнына *түтін* немесе *от жаққан жер* деген сөз бен сөз тіркесі, бала, ұрпақ мағынасын білдіретін *шамшырақ*, *шырақ* сияқты ұғымдар еркін қолданыла береді. «Күлің шашылмасын!» деп – «үйінде от жағатын адам қалмай, бәрі өлсін, содан отың өшсін, сөнсін» деген қарғыс ең ауыр лағынетке жатады (**қ. Қарғыс; Лағынет**). Байқағанымыздай О.-қа қатысы бар түтін де, одан қалған күл де киесі бар заттарға саналды (**қ. Күл**). Сондықтан, түтінмен аластау да О. сияқты тазартатын қасиетке ие делінді (**қ. Аластау**).

Қазақ салты бойынша от алуға келген кісі от алғалы келгенін айтпайды. Отты алады да, үнсіз шығып кетеді.

Тек от алып жатып: «*От ана, сақтай гөр!*» деген тілек айтады. Жанып тұрған О. емес, шоқ алады, жалпы О. алу, О. беру жақсы әдетке саналмайды. Ырым бойынша от алушы басқалармен сөйлеспейді. Әсіресе, *отқа келген әйелдің отыз ауыз сөзі бар* деген бойынша өсекті лаулатып айтуға тыйым салады. Сондықтан, үйге кірген адам асығыс болып, отырмай кетуге ыңғайлана бастаса, тізе бүк, дәм ауыз тиіп кет дегенді меңзейтін – *от ала келіп не едің, от алуға келгендей* – деп сынау қалыптасты.

О.-тың тазалайтын киелі күш бар деген түсінікке сай кейбір ауруларды О.-пен емдеген. Бұл туралы Шоқан Уәлиханов былай деген еді: «*Қазақтар көптеген аурулар оттың киесінен болады деп түсініп, отпен емдейтін болған. Отпен емдеудің бір түрі: малдың жеті мүшесінен жеті жапырақ ет кесіп алып, отқа қақтап, ауырған жерді қыздырады, әсіресе осы тәсілді сары ауруда пайдаланады. Аурудан тазарту үшін отқа жез шөмішті қып-қызыл етіп қыздырады, сонан соң қызған шөмішке май құйып, көк шүберек салады, шүберекпен май тұтанып жанғанда, шөмішті аурудың бетіне жаққындатып, шөмішке суық су құяды, осы кезде шөміштен қатты бу шығады, емдеудің бұл түрін желұшық – желмен ұшықтау деп атады, яғни, емдеу гұрпының бір түріне саналды*» (**қ. Желұшық / Қазанұшық**).

Жанып тұрған отқа май тастап, соның лапылына қарап болашақты болжайтын ырым бар. Май тасталған оттың жалыны ашық түсте болса – жақсылықтың нышаны. Оттың жалыны қара қошқыл болса – жамандықтың белгісі.

Өртке қарсы ақ шашты. Өйткені мұндай алапаттың алдын киелі саналатын ақ (ақ тағам) тоқтата алады деп есептеген.

Кешкі астың алдында некеқияр салты жасалады. Ол үшін алаулатып от жағып, оны айналдыра жібек, шыт сияқты т.б. түрлі маталар төселеді. Қыздың әкесі су құйылған кесеге екі күміс тиын немесе екі сақина салып, молда дұға оқып болғанша кесені ұстап тұрады.

Алғаш ақ шыққанда отқа «арнап» ошақтағы отқа тамызады. Содан соң үйді, босағаны отпен аластаған. Ақтан алынған алғашқы сарымай сияқты өнімдердің де алдын бірінші отқа тамызған соң өздері ауыз тиетін болған. Алғаш күн күркірегенде айтылатын «сүт көп, көмір аз» дегендегі көмір жай түсуді (*найзағай*) білдіретін ұғым. Яғни, отпен байланысты туындайтын өрт шығу, зілзала болу сияқты т.б. апаттардың, құрғақшылықтың болмауын тілеп, О. құдіретіне арнап ақ шашып, ақтың, яғни, ырыс-құттың мол болуын Жаратқаннан жалбарынып тілеген жосын еді. Сондай-ақ, найзағай өрті – *көшпелі алтын* алдына ақ құйса ғана тоқтайды деп сенген. Отқа арнау – мал (қой) сойған кезде де жасалады. Мысалы, жайшылықта қонақ үшін немесе азық үшін сойылған қойдың бас-сирағын үйту кезінде төрт сирақтың үшеуін ғана үйтіп, біреуін отқа тастау қажет. Бұл – оттың «сыбағасы». Мал сойған кезде әдетте, қойдың артқы оң сирағын теріні іреп, ішек қарнын алып болғанша қалдырып қояды.

Басқа үшеуін іреуді бастамас бұрын кесіп алып тастайды. Артқы оң сирақты қалдыруы және оны кейін отқа тастап, жағып жіберу себебі – *мал бірінің артынан бірі өсіп, өнсіп, оң болсын, оңға бастасын* деген сияқты тілектерге байланысты атқарылатын еді.

Тілдік қолданыста отқа табынуға байланысты қалыптасқан тұрақты тіркестер көбіне белгілі жосындарға, ғұрыптарға негізделген болып келеді: *от аттайын, от соққан, отпен ойнау, от жаққан жер, отқа құяр, отқа қарау, оты өшті, түтінін түтету, ошақтың үш бұтынан сұраймын, от басын сабау* т.б.

От аттайын – ант берейін, қасам берейін, т.б. тұрақты тіркестер тікелей отқа табынуға байланысты қалыптасқан. III. Уәлиханов пікіріне қарағанда, «Қазақтар жан беру деп аталатын жосын бойынша уәде, серт беру үшін екі жерден от жағып, кінәсі бар адам сол екі оттың арасынан өтеді... Сонымен бірге олар отқа табынып, оттың қаһарынан қорыққан, сол оттың қаһарымен анттасқан».

Отпен ойнау – катерлі іске соқтығуды білдірді.

Отыма – *оттық* – жарымжан, сал балалар туғанда, пешек шыққанда айтылатын ырым.

Оты өре жанбау – жолы болмау, бағы ашылмау. Мәселен, «Араз болса ағайын, оты өре жанбайды».

Отпен ойнау – катерлі іске соқтығу.

От тастау – екі адамның өз арасынан кикілжің тудыру үшін үшінші біреудің арандату әрекетін жасауы, өсек, жел сөзді әдейі таратуы.

Отқа құяр – жаңа түскен келін мен алғаш босаға аттаған күйеудің жасайтын кәдесі.

Отқа күймеді – жамандыққа ұшырамады.

От соққан – жынданған, есі дұрыс емес.

Отқа қарады (отқа қарап отыр) – жоқшылыққа ұшырады, құдайдан тілеп қалды деген мәнде айтылады.

Оты жанбаған – үйленбеген немесе жолы болмаған деген мағынада.

Отын өшірді – отбасын ойрандады, отбасында адам қалмады.

Отқа оралып, суға сүрінбе – бір пәлеге ұшырама, жолың болсын, т. б. мәндегі тілек, бата.

О.-пен қатысы бар ошақты, оттың күлі мен түтінін кәдірлеп, оттың баламасы ретінде қараған. Оны төмендегі тіл фактілері дәлелдейді: *Ошақтың үш бұтынан сұраймын!* – үй ішімнің, бала-шағамның амандығын тілеймін.

Ошақтың үш бұтына берсін! – үй ішінің тілеуіне, несібесіне бұйырсын.

Отының қасынан, ошағының қасынан бер – алысқа тілендірме, біреуге жалындырма.

Күл шапты – артынан табалап, «шоқ-шоқ» деді, қарғады дегенді білдіреді.

Түтін басы – әрбір үй, от басы.

Түтін түтетті – шаңырақ көтерді, өз алдына үй болды, т. б.

Ырымдар: Қазақ салтында от жаққан орынды баспайды. Отта кие бар. Бұлай істесе оттың киесі атады деп, тыйым

салады. От жағушы адамның оты таңертең тез тамып, жанып кетсе, сол күні жақсылық болады, ісі оңға басады деп ырымдаған. Ал, өшіп, тұтап, бықсып жанбаса жайсыз болады деп ырымдады. Жас жігіттер, бозбалалар жорыққа, аңға шыққанда аңшыларға қосшы болып, О. жаға білуімен сыналатын болған. Сондықтан, О.-ты тез жағатын адамның ісі алға жүреді саналатын болған.

Отпен ойнамайды, жанып жатқан отқа бұтақ, ши салып *от шығаруға* болмайды. Түн ішінде сыртқа от шығармайды. Бұлай істегенде ауылға жау шабады немесе қораға қасқыр тиеді, апат болады, далаға өрт кетеді деп ырымдалады.

Оттың орнына отыруға болмайды. Оттың киесі ұрады. Ақыры отқа өргеніп өледі деп ырымдалады.

Отты және оттың басын сабамайды. Бұлай істеу күйзеліске түскен жағдайда болатын көңіл-күй дағдарысының көрінісі. Дәстүрлі ортада біреудің жасаған қорлығы әбден өтіп кетсе үйіне барып от басын сабап кетеді. Бұлай істелсе – үй ішінің құты қашады, шаңырақтың оты өшеді деп жаманға жориды.

Жаңа түскен келін отқа сәлем бергенде: «От-ана, Май-ана, жарылқа» деп тілеу тілейді. Басқа әйелдер отқа май құйып, жалынына алақандарын төсеп, қыздырып алып, келіннің бетін сипап, аптайды. Бұл – келіннің жүзі жылы, дидары ыстық болсын, тіл-көз тимесін дегені. Келіп болып түскенде отқа тағзым ету мен оған май құю бір жағынан оның жаңа ортаға келіп *«түтін түтетуін»* білдіреді. Өйткені, О.-та ата-бабадан жалғасын тауып келе жатқан құт бар. Осы отты жағып, оған май құйып құтты жалғастырушы өзі болғандықтан тәу етеді. Отқа тағзым етуінің келесі бір қыры жаңа түскен келіннің басқа ортадан келуіне байланысты жаңа ортаға енбестен бұрын тазаруы болса керек.

О.-қа түкірмейді, шалаға су құймайды. Отқа су құйса – пырылдап, үй ішін күл басады. Күл басса – нас басады. От киесі қашады. Оттай ыстық жалын суиды. Құштарлық сөнеді. Адам өледі. «От бар жерде – жан бар». От – тірліктің негізі. Отқа су құю – жамандықтың нышаны.

От айналмайды, айналса құт кетеді. Жалпы әрбір жанды да жансыз нәрсені айналуға болмайды деген түсінік бар. Ол айналудың объектісі болған дүниенің бойындағы жақсы да, жаман да ерекшелік айналушы адамның бойына көшеді деген түсінікке сай тыйым салынады. Сондықтан үйге кірген адам ортадағы отты айналмай келген ізімен шығуы керек. Ол О.-ты сыйлаудың ғана емес, осы шаңырақты сыйлау.

От басына түкірме. Олай ету – қорлаумен бірдей.

Ошақтағы отты, шамды үрлеп сөндірмейді. Керісінше отты үрлеп жағады. О.-ты өшірмеу тыйымы – үй (отбасы), ұрпақ ұғымдарымен бірге қолданылуына байланысты болып келеді. Өйткені, оттың өшуі – жоғарыда аталғандай ұрпақтың да өшуі деп түсіндірілді. Ал, шамды үрлемей, бас бармақ пен сұқ саусақ арасын түкірікпен дымдап алып,



шамның білтесін қысып сөндіру қажет. Ол бір жағынан майлы білтенің сөнген соң бықсыған түтіні жағымсыз иіс шығармасы үшін де жасалады.

От шашпайды. О. құт-береке ұғымымен байланысты болғандықтан шашуға болмайды. Ыстық күлді төкпейді. От ышша өрт шығады, күл төксе, бұрқырап көзді қармайды.

Түсінде от көрсе махаббатқа, ошақтағы отты көрсе ұрпақты боладыға жориды. Ал, О. өшіріп жатқан түс көрсе бастаған істі әрі қарай жалғастырмау керек деп жориды. От түтінін түсінде көрсе бақытсыздық болады деп, ал оттан қашып жүрсе ол да жақсылықтың нышаны емес деп жорыған.

Шашты *«оттай қаулап, оттай жайнап, жақсылық бер»* деген тілекпен отқа тастаған.

Әдеб.: Диваев А. Из области киргизских верований: Баксы, как лекарь и колдун (этнографический очерк) // ИОАИЭКУ. Т.XV. Вып.3. Казань, 1899; Маргулан А.Х., Акишев К.А., Кадырбаев М.К., Оразбаев А.М. Древняя культура Центрального Казахстана. Алма-Ата, 1966; Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. 5 томдық. Алматы: Атамұра, 1998-2010; Акишев, А.К. Искусство и мифология саков. Алма-Ата: Наука, 1984; Төлеубаев Ә. Қазақтың мал шаруашылығына байланысты кейбір көне сенімдері // ҚР ҰҒА Хабарлары.1984, №12. 58 б; Уәлиханов Ш. Таңдамалы. Алматы: Жазушы, 1985; Қоңыратбаев Ә. Қазақ эпосы және түркология. Алматы: Ғылым, 1987; Иванов В.В. Змей // Мифы народов мира. Энциклопедия в 2-х томах. Т.1. М.: Советская энциклопедия, 1988; Ғабитханұлы Қ. Өлгеннің тәні қастерлі, гірінің беті қанды жас немесе ертедегі ата-бабалар жерлеу дәстүрі қандай болған? //АТ. 1994. № 29; Ғабитханұлы Қ. Қазақ мифологиясының тілдегі көрінісі. Алматы: Арыс, 2006; Махмұд Қашқари. Түрік сөздігі. I том. Алматы: Хант, 1997; Сағындықұлы Б. Ғаламның ғажайып сырлары. Алматы, Ғылым. 1997; Янушкевич А. Дневники и письма из путешествия по казахским степям. Алматы, 2005; ҚӘТС. 2-т. Алматы: Арыс, 2006; Огонь // Энциклопедия символов, знаков, эмблем. Автор-сост. К.Королев. М: Эксмо, 2008. С. 395-398; Бурмистров К. «Ибо он как огонь плавильщика»: каббала и алхимия. М.: ИФРАН, 2009; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ОТ² / МАЛ ОТЫ – төрт түліктің жеуге жарамды жайылымдық шөптерінің азықтық құнарлылығы ең жоғары (уақытша) кезеңін білдіретін шартты атауы. Атаудың түптөркіні шөптің қаптап, жанған «оттай лаулап» қаулап шығуына байланысты поэтикалық сөз орамының семантикалық контоминацияға түсуіне байланысты қалыптасқан. Шөп ұзарып өскен соң, азықтық құнарлылығы азайған кезде ол пішен деп аталады (**қ. Пішен**). Атаудың түп төркіні көне түркі тілінен келген: иас от, от өнді, чор от, чівгін от, иылығ от, кара от, от ем (емдік шөп) сияқты атаулар сөздіктерде беріледі.

Малды өріс шығаруды *«отқа шығару»*, жайылымының шөбі тапталып, тұяккесті болып тозуын *«жердің оты қашты»* деп атау осыған байланысты орныққан. Жайылып тойған малды отқа қанды деп, оны ауылға немесе коралайтын жерге қарай беттетеді.

«Отын оттап, суын сулады» деген сөз орамының мәні теренде, яғни тіршіліктің көзі төрт түлік үшін біреудің жерінің жайылымы мен суын пайдалану, сайып келгенде біреудің жерінен нәпақа тапты, соны паналады дегенге саяды.

Өсетін жерлеріне қарай жайылым шөбін шартты түрде *ойдың оты* және *қырдың оты* деп бөледі. Жондау биік

жерде өсетін жыл бойы жеуге жарамды әрі жылдың коп маусымында малға жұғымды, оның қоңы мен күйін сақтауға септігін тигізеді деп саналады. Олардың кең тарағандары *аққаудан, ақселеу, көде, бозкөде, тарлау, ажсырық, мортқықбоз, ши, көкпек* сияқтылар **қыр отына** жатады. Қыр отының ішінде жылқының ерекше сүйсініп жейтін отына жылқышылар бетегені жатқызады. Сондықтан *«бетегелі белге бітем, найза ұстаған ерге бітем»* деген сөз орамын малшы қауым жылқының *«серті»* дейді (**қ. Ақ от (шөп); Жылқы**).

Ал, *ойдың оты* сулы немесе сазды жерде өсетіндіктен сүректі болып келеді, малға кенеуі аз, тек талғажау етуге жарайды. Бірақ, мұндай от сиыр түлігіне ерекше қолайлы. Жонды, адырлы жерлерінде қар суынан жиналған бидайық көлдер күзге қарай құрғап, оның орнына шыққан отты *шалу* деп атайды. Оған жылқы құмартып жайылады (**қ. Шалу**).



Шалғынға жайылған жылқылар. Интернет материалдарынан

Жайылымды неге қолайлы екендігіне (қажетіне) қарай (назначение) пайдалану – оттың биологиялық сипатына нұқсан келтірмеуден туындаған экологиялық талаптың бірі. Мысалы, казак малшысының пайымында отты тілімен орап жейді, жылқы маңдай тісімен «іскектеп» жейді, ал кой тұяғымен шөптің тамырын бүлдіреді. Демек, коралы кой ұзақ жайылған өріс тұякпен тозады, сиыр ұзын өскен алқапты ғана місе тұтады деген сияқты.

*Мыңтамыр, жуа, рауаш, жаузапырақ,
Балауса, сорғыш, селдір, ермен, бақбақ,
Сыбызғы, жалбыз, құлмақ, карақияқ,
Шоңайна, меңдуана, сора, шақпақ,
Ішінде сол курайдың сұлу солар,
Шырмауық, кендір, қылаша, жыланқияқ,
Қанжыға, қоға, сасық, аққой болып
Бөлінед жуалар мен таусарымсақ.
Тауқонақ, шәйшөп, манқа, құлынөмбес,
Сүттіген, еңлік мейіз, киізкіік,
Ақшатғын, көкемарал, бетеге, раң,
Жапырақтеңге, бұйра, қисық иық,
Балдырған, уқорғасын, атқұлақты*

*Елік жүр сонысында соны қиып,
Жұлжеуір, бәрні, шырыш, шытыр,
Сауыны биемшектің кеп тұр иіп*

(І.Жансүгіров «Жетісу суреттері»)

Жайылым шөбінің табиғаты мен басты ерекшелігіне, соның ішінде төрт түлікке азыққа жарамдылығына және кенеу боларлық сипатына (құрамына) қарай халықтық білімде оларды бірнеше топқа бөлін қарастырады: *ақ от, боз от, қара от және ащы от.*

Ащы от / ащы шөп – құрамында минералдық заттары мол, дәмі ащы немесе кермек болып келетін шөп түрлері. Ащы шөптер негізінен шөлейт құмды жерлерде көп кездеседі. Ащы отты жайылымды төрт түліктен түйе мен қой тез арада қоң жинап, семіреді. Қазақ этнографиясының әр саласы бойынша құнды мәліметтер жинап жариялаған Ә. Диваевтың Сырдария облысы, Жанақорған болысының Абдулла Ниязов есімді көзқаракты, қадірлі адамынан жазып алған дерегі бойынша *ащы отқа* мынадай шөптерді жатқызған: *сексеуіл, қарабарқын, қарасораң, жантақ, күйреуік, жыңғыл, жиде, торғайоты, балықкөз, кекіре, алабота, бозбота, жалмаң құлақ, боздыбас, көкпек, шыртылдақ, шытыр, қызғалдақ, теріскен, дүзген, ақбас және текесақал.*

Сол сияқты дәстүрлі халықтық білімде ащы отқа *баялыш, жусан, ермен, қарабатқыл, қызылша, итсигек, усойқы, ақ мия, ақбас, бұйырғын, қоянот, жуа, қымыздық, сексеуіл, бөргек, шайыр, шағыр* жусан тектес шөптерді жатқызады. Аты аталған шөптердің кейбірі бұта-бүрген тәрізді, ал қайсыбірі көктеген кезде малға улы (мысалы, *шытыр, кекіре, итсигек, усойқы, мия* және т.б.). Улы оттар күзге қарай тұшып, қара отқа айналады деседі.



Ащы от. ОМЭЭ – материалдарынан

Жалманқұлақ, сарысозақ, қараматау, көкпек, алабота мен *жусанның* түрлері өскен ащы отты жайылымға Үркер қайта көтерілгеннен кейін қой мен ешкіні ұзақ жаяды. Өйткені, халықтық тәжірибеде ащы отта ұзақ жайылған ащы малдың ішегінде кездесетін құрттар тудыратын аурудан осылайша сақтандыруға болады деп саналған (**к. Ішекқұрт**).

Ғалымдардың анықтауынша, мал жеуге жарамды шөптің (оттың) саны 800-ге жақын болса, оның 91-і жусан текті, яғни қазақтың халықтық біліміндегі жүйе бойынша олар оны ерекше от санатына қосады. Жусан түрлерінің дені көктеген кезде ащы кермек дәмі бар, малдың іш-құрылысы мен ағзасына жақсы әсері бар. Ал, күзгі суықтан кейін жусан түрлерінің нәрі басына қарай көтеріледі. Сөйтіп суық маусымда мал үшін таптырмайтын қара отқа айналады. Әсіресе қой жусан түрлерін сүйіп жейді, оның 46 түрі қойға азық екен. Ал, сиыр жусанның 24-ін, жылқы 39 түрін жейді деген дерек бар. Ал ащы оттан қой 132, жылқы 48, сиыр 39 түрін азық ететін көрінеді.

Мал азығында маңызы үлкен, қуаты мол, ащы шөптердің бір тобын *қара от* деп атайды. *Өған ермен, құмаршық, андыз, баялыш, изен, көкпек, кекіре, мия, сораң, текесақал, итсигек* және *жусан* сияқты шөптесін өсімдіктер жатады. Қара оттың ерекшелігі – қуаты күз ортасына қарай енеді, сөйтіп нәрін басына жинайтындығында. Тілші Т.Өмірзақовтың мәліметіне қарағанда, күз маусымында азық болатын оттар 7-9 буынды деген. Ал, қыста азық болатындары 9-12 буынды болса, ерте көктейтін тақырдың оты 1-3 буынды, ал жаз жайлауда мал семіруіне таптырмайтын азықтар 5-буынды деп пайымдаған.

Қар астынан шыққан *жусан, баялыш, мия, сораң итсигек, көкпек* сияқты отты жеген мал тез көтеріліп, семіреді деп санайды. Мұндай шөптер жаз уағында малға көбінесе улы болып келеді. Жылы маусымда мал онша ұната қоймайтын ащы оттар күздің алғашқы жаңбыр аралас суығы түскеннен (кейбір өңірде қазан амалынан соң) кейін қара отқа айналады. Дәлірегі күздікүнгі *қазан амалы* өткеннен кейін ащы оттардың бірқатары «тұшиды», яғни малға жеуге жарамды болады. Мұндай отты *қазан қаққан от* деп атайды (**к. Қазан қаққан шөп**). Әсіресе, *шағыр, сораң, жусан, көкпек, баялыш, кекіре, мия, сораң, текесақал, итсигек* тәрізді ащы оттардың улылығы азайып, нәрі басына қарай «өрлеп», пісіп толысады деседі. Сөйтіп қара от суық маусымда малға таптырмайтын құнарлы азыққа айналады. Күздің күні қара отты жайылымға қой мен түйе түлігінің күйін көтеру үшін жаяды. Қыстың соңына қарай қара оттың бойында нәр мен сөлі азайып кетеді.

Қара отты жер түйе мен қой түлігіне қолайлы. Ал, жылқы түлігі үшін шөлейт жерде өсетін *ермен, құмаршық, андыз, баялыш, изен* тәрізді қара от бір мезет ашылайтын шөптер деп саналады (**к. Жылқы**).

Халық ақыны Ж.Жантөбетовтің «Қызылқұм көрінісі» атты өлеңінде *құмда өсетін шөп түрлерін* былай жырлайды:

*Қызылқұмға біткен шөп:
Теріскен, дүзген, тәтелбек,
Қызыл жусан, ақ изен,
Қоянсүйек, итсигек.
Бүркеніп отыр көп адам
Адам десең көде, еркек.
Қол құсырып иілген
Сәукелелі келіншек,*



*Келіншек десең ол да шөп.
Мортықбоз бен үлгілдек,
Қылша менен қырықбуын,
Қалың біткен ебелек
Жөнеледі желге ұшып,
Боз жорғадай жебелеп.*



Шөлөйт құмды жердің оты. ОМЭЭ – материалдарынан

Ақ от – сүрегі мол, жұғымды, тауда, биік құмдақ, тасты, көгалды жерде өсетін тұщы деп саналатын шөптесін өсімдіктер. Оны төрт түліктің кез келгені (түйеден баскасы) сүйіп отайды. Халық ақыны К.Әзірбаевтың өлеңге қосқан шөп аттары қатарында **ақ от** түрлері көп аталады:

*Изен, жусан, малға жай,
Құмарта жейді талғамай.
Қысы-жазы бірдей ас,
Қой, жылқыға толған май.
Бетеге мен боз шөп бар,
Бес түлік мал көп тоқтар.
..Күйреуік пен бұйырған
Жеген малға көп жұғын.
... Қараматау, шағыр бар,
Жалпақ құлақ сағыз бар.
Жемеген малдар жерік боп,
Жүреді деген аңыз бар.
Тұрған отты саршөп бар,
Балыққоз, сасыр, сұршөп бар.
Қазтаңдай мен сүтқурай
Мал азығы әр шөп бар.
Жаужұмыр мен жауқазын,
Түбін бала көп қаздың.
Қаракей мен мұнанақ
Басына малды көп жайғын.
Балтасап пен балдырған,
Мал мейірін қандырған.
Бүлдірген мен бүрген шөп,
Түлік мал жеуге таң қылған.
Ермеке мен ебелек,
Басына қонар көбелек,
Мал жегенге көп керек.
Қырықбуын, жапырақ,
Жаңбыр жауса көлтарап,
Күреңсе, көде, тарақбоз
Малдар жейді жапырлап.*



Ақ отқа жайылған жылқылар. ОМЭЭ – материалдарынан

Сыр бойындағы қазақтар ақ отқа қамыс, мия, бидайық, жоңышқа, ажырық, көде, селеу, жауылыша, тарлау, жұмырқияқты жатқызған. Жылқы малын тарлау, райыш, қоянқарта, қаяқ, майқара, ебелек, зығыр, ергек, жусан, жүгерік, ақбас, көде өскен жерлерге жаяды. Сиыр жусан, боттауық, буын сүйек, селеу, ши, қамыс, көде, бетеге өскен алқаптарда жайылады.

Қой малының азығының құрамы мейілінше мол болды: шайыр, жирен, бозғанақ, қызғалдақ, жауқазын, балқурай, жантақ, жуа, жолкөк, қарпан, балауса, киікоты, майшөп, балыққоз, торғайоты, қара барқын, сары сораң, күштамыр, бұзаубас, шалғын, тоспашағыр, аққоңырау, шырмауық, қартұяқ, теріскен, сарысулан, тіксанар, қарабұршақ, ақбұршақ сияқты өсімдіктер қазақ жерінің барлық аймақтарында кездеседі.



Қыр отына жайылған жылқылар. Интернет материалдарынан

Бозот. Дәстүрлі халықтық білімде бидайық, қаудан, қияқ, тарлау, бетеге ебелек, қоңырбас, изен және көк шалғын, қияқ, балауса құрақ, майқара, беде, сияқты

өлеңшөп өскен жайылымды бозот деп атайды. Оны әсіресе, сиыр мен жылқы малы сүйсініп жейді. «Бозды жерде жылқы семіреді» немесе «жылқыны мыңдап өсірген арқаның тарлау, бозы екен» деген сөз орамына арқау болған боз от қатарына Ш.Уәлиханов жазғандай *бетеге мен тікенді ебелек, тарлау мен қаудан* сияқты шөптер енеді. *Ебелек қыркүйекте пісіп, құнарлы отқа айналады.* Бозоттың құнарлылығы жаз айларының басында жоғары болады (Кейбір зерттеулерде (мысалы С.А.Никитин) ерте көктемде малға жұғымды отқа саналған раң (*Рао bulbosa*) күзге қарай қураған соң боз деп аталған). *Боз отты* жеген жылқы етейе (ет алу) түседі, онан кейін жонданып семірген жылқыны жасық майын шыныландыру мақсатымен күзге салым мия бидайық жоңышқа өскен ақ отты өріске жаяды.

Бозоттың қатарына жататын өзен-судың жағасындағы сазды жерде өсетін *өлең шөптер* – сиыр түлігінің сүйікті азығы. «*Өлеңді жерде өгіз семіреді*» деген мәтел осыны меңзеуден туған. Осы топқа жататын *құмай, өлең, мысыққұйрық, шым* секілді өлең тектес шөптерді *жасық от* деп арнайы бөліп қарастырады. Өйткені, кенегі аз деп саналатын мұндай жасық отты жеген малдың жапасы көп әрі сұйық болады деседі. Яғни, семіріп қондылық алуына септігін тигізбейтіндіктен оны жеген қой мен түйе көкқарын болады. Сыртынан қарағанда кеуая тәрізді көрінгенімен қондылығы тезарада төмендеп кетеді.

Көк от – көк балауса, көкорай шалғын, көкмайса, көрпекөк іспетті жас шөптесін жерлер, көк отқа малды көктеу кезінде салған. Шалғын, сабат, балқаш сияқты қопалы жерді де осы қатарға қосады.

Әдеб.: *Паллас П.С.* Путешествие по разным провинциям Российской империи. Ч.1. СПб., 1809; *Загряжский Г.* Быт кочевого населения долин Чу и Сырдарьи // ТВ., 1874. №25, 27, 28, 30, 31,32; *Чорманов М.* Заметка о киргизах Павлодарского уезда // ЗВСО ИРГО. Кн.33. Омск, 1906. С.1-32; *Диваев А.* Из области скотоводческого хозяйства // ТС. Т.440. Ташкент. 1907. С.83; *Ларин И.* Введение в изучение естественных кормов Казахстана (Краткая характеристика кормовых свойств степных полупустынных и пустынных растений). Издание общества изучения Казахстана. Кызыл-Орда, 1927; *Арғынбаев Х.* Қазақтың мал шаруашылығы жайында этнографиялық очерк. Алматы: Ғылым, 1969; Древнетюркский словарь. Под ред.: В.М. Надеяева., Д.М. Наменова., Э.Р. Тенишев, А.М. Щербак. Л., 1969; *Мұқанов С.* Халық мұрасы (тарихи-этнографиялық шолу). Таңдамалы шығармалар. XV том. Алматы: Жазушы 1979; Хозяйство казахов на рубеже XIX-XX вв.: Материалы к историко-этнографическому атласу. Алма-Ата: Наука, 1980; *Өмірзақов Т.* Мал бақсан өрісін тап // БЖЕ. 1987. №10, 8-9 бб; *Қалиев Б.* Қазақ тіліндегі өсімдік атаулары. Алматы: Ғылым, 1988; *Соныкі.* Өсімдік атауларының түсіндірме сөздігі. Алматы: Сардар, 2012; *Севортян Э.В.* Этимологический словарь тюркских языков. Общетюркские и межтюркские лексические основы на букву «К». Выпуск второй. Отв. ред. Ф.Ф. Благова. М.: Индрик, 2000; *Әбутәліп О.М.* Ай аттарына қатысты лексикалық бірліктердің этномәдени негіздері // Тілтаным. 2005. №3. 56-60 бб; ҚӘТС, 12-том. Алматы: Арыс, 2010; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ОТАҒАСЫ – отбасының, шаңырақтың иесі, жасы үлкен ер адам. Дәстүрлі ортада үйдің иесін, балалы-шағалы ер адамды О. деп атаған. Яғни, О. отбасын басқарып отырған адам дегенді білдіреді. Көбінесе, отбасында ер адамды әйелі тарапынан атын тура атамай, О. деп атау орын алған. Бұл қазақ отбасындағы әйелдің ер кісіге деген құрметі мен ізеттілігін көрсетеді.



Оттағасы. ҚР MOM қорынан (КП 6485)

Кейбір деректерге қарағанда дәстүрлі ортада жасы үлкен ерлер мен қарттарды, сонымен қатар, қоғамға, ортаға сыйлы ер кісілерді көпшілік тарапынан О. деп атау орын алған. С.Мұқановтың пікіріне қарағанда, «...*туысқандардың, ағайынның, ауылдың, ұлылы-кішілі аталардың арасынан шыққан дау-жанжалды бітістіріп, төрелік айтып отыратын төрешілер яғни оттағасы, қосағасы, ауылағасы, елағасы дейтіндер*».

Әдеб.: *Мұқанов С.* Халық мұрасы (тарихи-этнографиялық шолу). Таңдамалы шығармалар. XV том. Алматы: Жазушы, 1979; ҚӘТС, 12-том. Алматы: Арыс, 2010; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ОТАМАЛЫ – наурыз айының алғашқы жартысында өтетін 5-7 күнге жалғасатын боранды суық болатын амал атауы. Ертректе Көкшетау өңірінде наурыз айының атын амал атауымен *отамалы* деп атаған. Өзара іргелес ұғым болғандықтан халық тілінде кейде амалдың атымен айдың аты, немесе айдың атымен амалдың аты атала береді. Шығыс қазақтарында (Семей, Жетісу жағында) *Көкек* деп «наурыз айын» айтқан. Академик жазушы М.Әуезов «Абай жолы» эпопеясын жазарда қазақ халқының байырғы өміріне қатысты этномәдени нышанды деректерге ерекше көңіл бөліп, көп жинаған. Солардың қайсыбірін көркем тіл кестесіне ендірген. Солардың бірі – Абай жолы романындағы Отамалы туралы аңыз.

«*Отамалы көкек айының он бірінде кіріп, он жетісінде шығады. Желсіз, борансыз өтпейді. Қыстың ең соңғы зәрі сонда. Отамалы деп атанғаны бір байдың Отамалы деген қойшысы болған екен. Сол бақыр күн қайырады екен-ау! Көкектің суығы басталған уақытта, әлгі қойды жайылысқа шығармайақ, боран болады. Қойдың қыстан титықтап шыққан кезі, малыңнан айрыласың десе, байы бір діні қатты кәпір екен. Сен тоғышарлық қып алдап*



отырсың деп, Отамалыны сабап-сабап қойды жайылысқа шығартады. Сол күні, құдай көрсетпесін, бір қатты боран басталып, тақ үш күн, үш түн соғып, бар қой ығып кетіп қырылыпты да, қойдан қалмаймын деп, Отамалы бақыр да үсіп өліпті. Көкектің суығы – «отамалы» атанғаны содан дейді».

Ескерте кететін жайт, - амалдың, айдың аты халық дәстүрінде кісі есімімен аталмайды, керісінше, кісі есімі сол айда, амалда туғандықтан айдың, амалдың атымен аталады.

Отамалы, аңызда айтылғандай, жай қойшы емес, есепші болған. Наурыздың алғашқы күндеріндегі алдамшы жылымықты байдан гөрі малшысы жақсы білген.

Наурыз айының әсіресе алғашқы он күні халық тілінде түске дейін мүйіз, түстен кейін киіз; ая мейіз алты күн, қырына алса қатты күн деп сипатталады. Қар күрт еріп, жер лайсаң тартып жатқанмен, артынша-ақ алай-түлей қар борап аласапыран болып кетеді. Наурыз айының 10-15-терінде өтетін бұл амалды халықтық метеорологияда отамалы деп атайды. «Қара жерге келсем, қар әкелемін, қарға келсем, қар әкетемін» деген отамалының серті бар дейді есепшілер.

Әдеб.: Әуезов М. Әдебиет тарихы. Алматы: Жазушы, 1969; Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Алматы: Ғылым, 1977; Уәлиев Н. Ай аттары асылымыз. Күнқайыру // АТ. Жылқы жылы 1991. №5, 8, 10, 12; Әуезов М. Абай жолы. Роман-эпопея. 1 - кітап. Алматы: Жеті жарғы, 1997; Уәли Н. Қазақтың бұрынғыдан қалған сөзі (қолжазба); ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ОТАРБА – паровоздың ХХ ғ.-дың басында қалыптасқан қазақы атауы. 1901-1906 жылдары салынған Орынбор–Ташкент теміржолының 1600 шақырымнан артық желісі қазақ жерімен өткені белгілі. Сол кезде, будың күшімен жүретін локомотивтердің, жүрген кезде бұрқылдаған түтінмен бұға орануына байланысты, ел арасында О. деген атау қалыптасса керек.



Отарба (Орынбор-Ташкент темір жолы)
ТС. 573-том (Ташкент, 1910) атты жинақтан

Сан алуан деректердің мәліметіне қарағанда, паровоздың бу қазандықтары көмір немесе ағаш отынмен қыздырылып жүргізілетіндіктері, мұржасынан қою қара түтіп шығаратыны, оның өкірген ашы дауысы қазақтарға қатты әсер еткендігі соншалықты, олар алыстан әлгі О.-ны

әдейілеп тамашалауға көптеп келіп отырды. Айта кететін жайт – О.-ның басындағы локомотивін қазақы ортада «қара айғыр» деп атаған.




Бірінші поезд. Суретші Әбілқан Қастеев. 1969 ж.
ҚР МОМ қорынан (КП 14117)

Кейін жанармаймен жүретін «тепловоздар», электр тоғының күшімен жүретін «электровоздар» пайда болған кезде О. атауы қолданыстан түсіп қалды. Бұл атау поэтикалық метафора ретінде сақталып қалды.

Әдеб.: Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 5-том. Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1998; Омаров А.Ж. Қазақстан теміржолдарының тарихы. Алматы, 2006; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ОТАУ – жаңадан құрылып, дербес бөлініп шыққан үй, отбасы. Дәстүрлі ортада үйленген ұлдарының кенжесінен басқаларына әкесі енші бөліп беріп, өз алдына жеке шығаратын (қ. *Отау көтеру / Отау шығару*). Жеке үй, түгін, шаңырақ ұғымдары ежелгі түсінік бойынша от ұғымымен байланыстырылатыны белгілі (қ. *От; Шаңырақ*). Осыған сай О. сөзінің шығу төркіні де түгін түтету деп келетін ұғымдарға сай *от* ұғымымен тікелей байланысты. Мәселен, күн сайын таңертен үлкен үйдің ошағынан келіндердің келіп шоқ (от) алуы бұлжымас тәртіп еді. Осындай от алуға байланысты белгілі жосыннан келін О., яғни от+алу сөзі қалыптасса керек. Бас қосып үйленуді *отасу, көп жыл отасқан* деген сияқты т.б. ұғымдармен айтады. Ал, үйленген, жеке шаруашылығы бар адамды *отау иесі* деп атайды.

Салт бойынша О. *қара шаңырақ* (үлкен үй) деп аталатын әке үйінің он жағынан тігілуі шарт. Қанша отауы болса, соншасы үлкен үйдің он жағынан үлкен отауынан бастап бірінен кейін бірі тізіле орналасуы тиіс. Ауылға келген қонақ О.-ға түспей, үлкен үйге түседі. Үлкен үй мен О.-ды сырт адам жоғарыда айтылғандай орналасуы мен басқадай белгілеріне қарай ажыратады. Мәселен, О. шағын әрі сәнді болады. Үйленгеніне көп болмаған екі жастың үйін мифопоэтикалық тұрғыдан жақсылықтың басы саналатын ақ түске тенең, *ақотау* деп атаған.



Отау. ҚР МОН материалдары бойынша суретті салған Н.Бектұрсынов

Жыл сайын соғым сойған соң әрбір О. үлкен үйге өз соғымынан сыбағалап соғымбасы арнап, оны апарған келін бір көйлек (мата) киіп қайтады. Үлкендердің көзі бар болса батасын алады. Әңгіме өзегі болып отырған О. иелері кейін балалы-шағалы, тіпті, немере-шоберелі болса да қара шаңырақ тұрғысынан бәрібір О. деп саналады (қ. *Қара шаңырақ*). Ал, осы О.-дың өзінен үйленген ұлдары бөлініп шыққан жағдайда осы қара шаңырақ енді немерелері отау болған кезде *үлкен үй* деп атала бастайды (қ. *Үлкен үй*).

Ескере кететін бір жайт – үлкен үйде отырған ерлі-зайыптылар өздерінің балалары үйленіп, О. болып бөлініп шықпайынша олардың негізгі кеңістігі оң жақ болып қала беретіндігі (төсегі және т.б. тыйым-шектеулерімен бірге). Яғни, үйленген баласын отау етіп шығарған соң ғана төсекті киіз үйдің сол жақ бөлігіне апарып орналастырады (қ. *Киіз үй*).

Әдеб.: *Арғынбаев Х.* Қазақ халқындағы семья мен неке (тарихи-этнографиялық шолу). Алматы: Ғылым, 1973; ҚР МОН – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ОТАУ ЖАБАР – күйеу жігіттің қалыңдықтың жеңгелеріне беретін кәдесі. Күндіз ат шаптырылып, ұзату той өткеннен кейін қалыңдықтың отауы әкесінің үйінің артына тігіледі. Отаудың жабындысы міндетті түрде ақ киізден жасалады. Оны күйеу жігіт қалыңдықтың ұзату тойына ала келеді (қ. *Отау*). Отаудың сүйегін көтергеннен кейін қалыңдықтың жеңгелері отауды жапқаны үшін күйеу жігіттен кәде талап егеді. Күйеу жігіт отаужабар кәдесіне бір мал беріп, оны отаужабар тойына сояды. Сойылған малдың етінен барлығы дәм татып, дастарқан басында *мойынтастар* ырымы жасалады (қ. *Мойынтастар*).

Әдеб.: *П.* Обычаи киргизов Семипалатинской области // РВ. М., 1878. №9. С.22-66; *Гродеков Н.И.* Киргизы и каракиргизы Сыр-Дарьинской области. Т.1. Юридический быт. Ташкент: Типо-Литография С.И. Лахтина, 1889; ҚР МОН – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ОТАУ ЖҮЗІК – алақаны жоғары қарай сүйірленіп, күмбезделіп соғылған жүзік түрі. Күмбезінің сүйірлеу болатын себебі: алақаны үшбұрышты торт бөліктен құрастырылады. Ол отауды бейнелейді. Бұндай жүзіктің отауын, яғни сүйірлеу пішінді күмбезін сірке салу тәсілімен әшекейлеп қояды. О. ж. дәстүрлі ортада айттырылған қыздың белгісі болған. Жүзіктің бұл түрі отау көтерсін деген

ырымнан шыққан. Дерек берушілердің айтуынша кей жерде отау жүзікті ырым етіп «*Отауың берік болсын, шаңырағың биік болсын*» деген тілек айтып енесі жаңа түскен келінінің қолына салады екен. Келін енесі сыйлаған жүзікті қымбатты бұйым ретінде ешкімге сыйламай өзіңде сақтаған. Жүзіктің О. ж. деп аталуына оның сыртқы пішіні мен ата-ананың тілегінен туған ырым негіз болған (қ. *Жүзік; Жүзіктің жасалу тәсілдеріне қарай аталуы*).

Әдеб.: Маңғыстаудың дәстүрлі колөнері. Алматы: Информ-А, 2001; ҚР МОН – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ОТАУ КӨТЕРУ / ОТАУ ШЫҒАРУ – ата-ананың үйленіп, отбасын құрған ұлдарын еншісін беріп, жеке үй етіп бөлек шығаруы. Әдетте, қазақ отбасында кенже ұлдан басқа ұлдарды жеке үй етіп, бөлек шығарады (қ. *Бөлек шығару*). Жас отауға еншісі ретінде жеке үй, мал-мүлік және жайылымдық, шабындық жер бөлініп беріледі (қ. *Енші; Ауыл; Қара шаңырақ*).

Дәстүрлі ортада жас отбасына арналған киіз үй, яғни отау, қыз ұзатыларға дейін әзір болып, қыз жасауымен бірге келтірілетін. Мұндағы ескеретін жайт – болашақ отаудың, яғни киіз үйдің сүйегі қыз тарапынан әзірленіп, оның жабын киіздері жігіт жағынан әкелінетіндігі. Ал, кейінгі кезде, атап айтқанда, ХІХ ғ.-дың соңғы ширегінен бастап қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық жағдайларға байланысты неке және үйлену салтында біршама өзгерістер орын ала бастады. Мәселен, қыз жасауына киіз үй беру қолданыстан шыға бастады. Тіпті, түрлі реформалардың салдарынан дәстүрлі шаруашылыққа өзгерістер еніп, көшіп-қону азайып, нәтижесінде киіз үй пайдаланудың азая бастады. Бірлі-жарым ауқаттылар арасында ғана қызды киіз үйімен ұзату ХХ ғ.-дың ортасына дейін жеткені болмаса, көпшілік жағдайда үйленгеннен кейін отау көтеріп, жеке үй етіп шығару орын алды. Бұл жағдайда жас отбасының ағайындары алдын-ала келісілген бойынша отау үйге қажетті бөліктер әзірлеуді бөлісіп алатын.

Көп құрсақ көтерген аналар отау тігуге кірісіп, ауылға сыйлы ағалар бақанға ақ мата байлап шаңырақты көтертеді. Жолы үлкен аналар *көтерген отауға береке мен құт майдай жұғымды болсын, көптің үйі болсын* деген тілекпен отаудың босағасына май жағып, *отаудың оты сөнбесін* деп отқа май құяды (қ. *Босаға майлау; Отқа май құю*). Құрылған отаудың ішіне тоғыз-тоғыздан келіннің жасауы – төсек-орын, жиһаз, кілем-текемет, киім-кешек, қазан-ошақ, ер-тұрман түгел орналастырылады (қ. *Қалыңмал*). Келіншектің отауына жасауын көру үшін жұрт түгел жиналады. Отауға кірген әйелдер шашу шашып, *құтты болсын, іші жанға, сырты малға толсын* деген тілекпен қуаныш білдіреді. О. к.-ге тойына мал сойылып, дастарқан жайылып, бүкіл жұрт дәм татады. Осы тойға арналып сойылған қойдың мойын омыртқасы мүжілген соң күйеу оны шүберекке орап шаңырақтан сыртқа лақтырады. Мойынтастар деп аталатын бұл жосын екі жастың түтіні түзу ұшып, жас



отаудың мойны тез бекісін деген ырымды білдіреді (к. *Мойынтас*)

Әдеб.: *Алтынсарин И.* Очерк обычаев при сватовстве и свадьбе у киргизов Оренбургского вѣдомства // ЗООИРГО. Вып.1. Казань, 1870. С.104-110; *Алекторов А.Е.* Основание брака и свадебные обычаи у киргизов // ОЛ. 1888. №11,12. С.185-195; *Кенжеахметұлы С.* Қазақ халқының салт-дәстүрлері. Алматы: Алматыкітап. 2004; ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ОТАУ ТІГУ – үйлену салты барысында қыз аулында атқарылатын салттардың бірі. Қалыңмалдың негізгі бөлігі төленген соң келісілген бойынша қызды ұзататын күн де келіп жетеді. Барлық жасау дайын болғанда қыз жақтың жеңгелері қалыңдықтың әкесінің үйінің артына отау тігеді. Күндіз ұзату той өткізіліп, ат шаптырылып, палуан күрестіріледі. Отау тігуде мән-мағынасы зор бірқатар ырымдар атқарылады. Мәселен, отаудың канқасын құрайтын кереге, уық, шаңырақ, босаға-табалдырық пен маңдайша асқан ұқыптылықпен, шеберлікпен жасалып, еңсесі биік, сымбатты болуына ерекше мән берілген.



Отау тігу. Суретші Е.Оспанұлы

Молшылық пен береке тілеп «бісміллә» айтып, есіктің қазан-аяқ жағынан бастап әйелдер керегелерді таңады. Қалыңдық ауылының көп құрсақ көтерген, сыйлы анасы шаңырақ көтерген баканды ұстап тұрғанда, қалғандары жұмылып, уық шаншып, отауды көтереді. Отау көтергені үшін қалыңдықтың жеңгелері күйеу жігіттен *шаңырақ көтерер* кәдесін алады (к. *Шаңырақ көтерер*). Әрі қарай күйеу жігіт әкелген ақ киізбен отаудың туырлық, үзігін, түндігін жабады. Бұл үшін де күйеу жігіт *отаужабар* кәдесін береді (к. *Отау көтеру / Отау шығару*).

Әдеб.: *Алекторов А.Е.* Основание брака и свадебные обычаи у киргизов // ОЛ. 1888. №11,12. С.185-195; *Аргынбаев Х.* Қазақ халқындағы семья мен неке (тарихи-этнографиялық шолу). Алматы: Ғылым, 1973; *Кенжеахметұлы С.* Қазақ халқының салт-дәстүрлері. Алматы: Алматыкітап, 2004; ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ОТАУҒА ТҮСУ – күйеудің қалыңдығымен қалыңдық отауында онаша кездесу гүрпы. О. т. гүрпы қалыңдық ұзатылардың алдындағы түні атқарылады Ол үшін ұзатылатын қызға арнап тігілген киіз үйге, яғни қалыңдық

отауына қыздың екі жеңгесі күйеу жігітті түн ортасы ауа ертіп келеді. Оларға арнап көп балалы, елге сыйлы келіншектердің бірі төсек салып қояды. Күйеу жігіттің ақ отауда қалыңдығымен онаша кездесуі қалыңдық туыстары үшін өте жауапты сәт болып табылады. Өйткені осы түнде қыздың пәктігі таразыға салынады. Сондықтан қалыңдық жеңгелері мен анасы тілеуін тілеп отырады. Егер қыз күйеуінің алдында пәк болса, қыз жеңгелері сүйінші сұрасып, өзара шүйіркелесіп, қуанып қалады. Ал керісінше болса арты дау-дамайға ұласады. Мұның соңы күйеу жігіттің қалыңдықтан бас тартып, әкелген қалың малын қайтарып алуына әкелген. Дегенмен «*қызға қырық үйден тию, қала берді есік алдындағы қара күңнен тию*» деген қағиданы берік ұстанған халық арасында мұндай маскаралыққа жол берілмеген (к. *Қыз; Қыз ұзату*).

Әдеб. *Гродеков Н.И.* Киргизы и каракиргизы Сыр-Дарьинской области. Т.1. Юридический быт. Ташкент: Типо-Литография С.И. Лахтина, 1889. ҚРМӨМ материалдарынан, ОМЭЭ материалдарынан;

ОТАУӨРНЕК – колөнер бұйымдарының бетіне салынатын өрнектердің жиегін айналдыра су ретінде жүргізілетін өрнектің атауы. Әдетте, мұндай өрнекті кілем және тоқыма бұйымдарының сондай-ақ, текемет, сырмақ, тұскиіз сияқты заттардың бетіне салынатын негізгі өрнектердің жиегіне айналдыра жүргізу үшін көптеп қолданылады (к. *Кілем; Ою-өрнек*).



Түкті кілем. XX ғ. 2-жартысы. Қызылорда обл. ҚР МӨМ қорынан (КП 27001)

ҚР МӨМ қорында сақтаулы қалы кілемнің (КП 27001) ұзындығы 303 см, ені 203 см. Оның көліне көк, қара түсті төрт *шатыргүл* өрнегі терілген. *Шатыргүл* өрнегінің ішіне *құсізі, тышқанізі, шаршы* өрнегі салынған. Жиегіне айналдырыла *отауөрнегі* ретінде жасыл, қызыл, ақ, қара түсті *тіс* өрнектерінен су жүргізіліп, үшкілдене жиектелген. Қолтықшаларына жасыл, қызыл түсті *тұмарша* өрнектерінен шаршы жасай орналасқан. *Көлінің* жоғарғы және төменгі жағына сарғыш түсті *жебе* өрнегі тоқылған. Жиегіне *тіс* өрнегінен екі қатар су жүргізіліп, арасындағы *қорғанына* сары, жасыл, қызғылт түсті *тұмарша* өрнегі айнала тізбектелген. Кілемнің ұзына бойы екі *көнересі*

коңыр түсті жүн жіптен *түксіз* тоқылған. Екі шетіндегі қызыл түсті *түксіз* тоқылған кенересіне коңыр түсті жіңішке жолақ жүргізіліп, желі жібінен шашақ шығарылған.



Текемет. 1978 ж. Алматы обл. КП 16237

Отауөрнек жүргізілген колөнер бұйымының келесі бір түрі – *текемет*. ҚР MOM қорында сақтаулы текеметтің (КП 16237) ұзындығы 185 см, ені 130 см. Ол текеметтің кара-коңыр түсті «*төсегіне*» (негізге) талдырма киізден кесіп түр басылған. Оның *көліне* (ортасына) екі қатар етіп, тең қабырғалы *шаршы* түрінде ақ, сары, коңыр түсті шүйкеленген жүннен *алақұрт* орнектеп, *су* ретінде *отауөрнек* бастырылған. *Шаршының* ішіне ақ, сары түсті *ебелек* өрнегі салынған. Жиегіндегі қорғанына *сыңармүйіз* өрнегі желісін үзбей айналдырыла бастырылған.

Әдеб.: *Кенжегалиева Қ.* Түкті және тақыр кілем // Жүннен жасалатын бұйымдар. Құраст. К.Мұқанов. Алматы: Қайнар, 1990. 56-64 бб; *Қасиманов С.* Қазақ халқының колөнері. Алматы: Қазақстан, 1995; Қазақ кілемдері мен тоқыма бұйымдары. Ғылыми каталог (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде). Ғылыми редактор және жоба жетекшісі Нұрсан Әлімбаев. Алматы: ICOS, 2012; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ОТАШЫ – дәстүрлі емшіліктегі арнайы құралмен кесу және отау жолымен емдеу шарасын жасайтын адам (**қ. Оташылық**). О.-ның басқа емшілерден айырмашылығы – олар адамның да, малдың ауруларын да емдеуге бірдей араласа берітіндігінде. Әрі, басқа емшілерге О. ауруға біршама оңды әрі тиімді көмек көрсете алатын маман ретінде дәстүрлі ортада жоғары бағаланады. Өйткені, О. халықтық білімнің әр саласынан жан-жақты мағлұматы бар мамандар. Себебі, анатомия мен ағзаның қызметі (физиологиясы) туралы тәжірибені мал сою және мал ауруларын емдеу жолымен игереді. Бұған қоса халық медицинасының түрлі салаларынан, этноботаника, минералогия сияқты салалардан мағлұматы бар. Әр өңірде аты шыққан О. емшілерге аумақтағы ел жүгінін, көмек сұрап отырған. Орта Азия мен басқа өңірдегі емшілік ілімін арнайы оқып келген мамандардың кәсіби біліктілігі мен емделу арсеналдары басқаларға карағанда озық болып келеді. О. қажетті құрал немесе аспапты арнайы тапсырыспен ұсталарға жасатып алады.

О.-ның басты емі ағзаның ауруға ұшыраған – *ісік, жара, шығу* сияқты ағзадағы әртүрлі *органикалық өзгерістер мен өскен «еттерге»* дауа жасайды. О. маман буын, тарамыс, сіңір, бұлшық еттердің ісіну, қабыну, құрттау, қанды ірің, жара және жарақат сияқты ұзақ уақыт бойы жазылмай *өлеттенген жараларды* айықтырған. Кесетін құралдың көмегімен қалыпты жағдайы бұзылған ағзаны *тілу* немесе *кесу* шарасын жасаған соң оны ары қарай толық айыққанша ем жасайды. О. үшін маңызды фактор – ота кезінде тазалықты мұқият сақтау қағидасы. Ол үшін оташы құралы мен ота жасалған тұсты түрлі емдік шөп пен химиялық дәрілермен жуып тазалайды немесе отпен немесе ыстық күлмен өңдейді. Бұл отадан кейін құралдан пайда болған жараның тез қалыпқа келуіне септігін тигізеді. Ота басында мұндай антисептикалық ережелерді мұқият сақтау «*кезеп алу*» деп аталатын отадан кейін болатын ауыртпалықтардың өршімеуіне бірден-бір септігін тигізетін маңызы бар деп санаған (**қ. Оташылық**).

Қазақ О.-ларының тағы бір жасай алатын емі – *жаралану, жарақаттану, сынық, мертігу, майып болу және миы шайқалу (қозғалу)* сияқты алуан түрлі жарақатты емдеу. Осыған қазақы ортада ми шайқалу мен мертігу сияқты жайтқа тап болғандарды емдейтін мамандарын әлі күнге дейін О. деп атайтын жайттар кездеседі. Шынтуайтында сынық түрімен айналысатындарды *сынықшы, жарықшы* деп атаған (**қ. Сынықшы**).

О.-лардың ерекше тобы мал пішумен айналасқан. Олар мал пішудің *ақтау, кесу, тарту, сығу, мыту, жаниу, байлау (буу) уызын ағызу; бездеу, күйдіру, мыту* сияқты шараларын меңгерген. Бұл тәсілдер екі түрге бөлінеді: оның бірі – кесетін құралдың көмегімен «қан шығара» отырып пішу; екіншісі жыныс мүшелерін кеспей-ақ ұма қалтасынан ту сыртынан зақымдау арқылы жыныстық қуатын үзу арқылы пішеді (**қ. Мал пішу**).

Ертеде көшпелі ортада ауыр науқас пен қатты жарақаттанған адамның жақындары уақыт оздырмай арнайы көлік әкеліп қолқа салып О.-ны алып кететін болған. Кейбіреуі көмекке мұқтаж болып келе жатқандығын сезіп отырады деген аңыз-әңгімелер бар. Яғни, О.-да осындай айырықша қасиеттің сипаты бар деп түсінген. О.-ға ауруға жасаған еміне сай «енбегінің өтеуі» деп мал, дүние мүлік берген. Қазақы ортада емшілікпен шұғылданғандардың кесімді бағасы, еңбекақысының арнайы белгіленген мөлшері болмаған. Ол көбінесе екі тараптың өзара келісуі мен қызмет көрсеткен адамның әл-ауқатына қарай төленетін (**қ. Ем / Емшілік**).

Әдеб.: *Васильев В.* О способах врачевания у туземцев Туркестанского края // ТС. Том 52 (вып.1, 2). СПб., 1873; ЦГА РК. Ф.25, О.1, Д.4199, Св.387. О коневодстве в Тургайской области (20.03.1892 г. - 10.10.1895 г.) 187 л.; *Кабеев Е.* Наши нужды в медицинской помощи // КСГ. 1896, №30; *Арғынбаев Х.* Шынайы емшіліктің жөні белек // Зерде. 1989. №12. 20-21 бб; *Очерки по истории народной медицины Казахстана.* Алма-Ата, 1978; *Оразақов Е.* Қазақ халық медицинасы. Алматы: Ғылым, 1989; *Ысмағұлұлы Ж.* Оташылық және оның емдеу тәсілдері // Халық емінің құдіреті. Жинақ. Алматы, 1993. 68-71 б.; Казахи. Историко-этнографическое исследование. Алматы: Казахстан, 1995; *Ruth Meserve.* The Surgical Instruments of the Animal Doctor in Central Asia // Proceedings of the 38th PIAC. Kawasaki. 1995. P. 243-258; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан



ОТАШЫЛЫҚ – халық емшілігіндегі ауруды емдеудің түрі, түрлі кесетін құралдарды қолдана отырып жасалатын күрделі емдік шаралардың жалпылама атауы. Атаудың түптөркіні кесу, тілу деген мағына беретін «ота» ұғымына байланысты қалыптасқан. Дәстүрлі ортадағы емдеудің мұндай күрделі шарасын емдеу практикасын қажетті деңгейде меңгерген *оташылар* шұғылданады. Олар халықтық медико-биологиялық білімдерден жан-жақты хабары бар емші ретінде ел ішінде жоғары бағалаған (к. *Оташы*).

Оташылықта қолданылатын құралдар ағзаның қалыптан тыс өскен, ісінген, жараға айналған немесе жарақаттанған бөлігін *шабақтау, отау, сылу және қанын ағызу* сияқты ота түрін жасаған. Кесетін құралдар пішімі мен үлкен-кішілігіне қарай *қандауыр, жыланбауыр кездік, қос жүзді кездік, пышақ* сияқты құралдың алуан түрлері қолданылады. Ел арасында оташы құралдарын баска кесетін құралдардан ажырату үшін *қандауыр* деп атаған. Олардың пішіні мен жүздері қолданысына қарай *тік, қисық, жебелі, үшкір* әртүрлі етіп жасалады. Сондай-ақ бауыры шығыңқы, екі жағында жүзі бар *қосжүзді* түрі оташылықта кең қолданылады. Көлемі де әртүрлі: ұзындығы 5,5 см, ені 0,4 см келетін түріне бастап ұзындығы 25 см-ге жететіндері бар (к. *Қандауыр*).

Сол сияқты жүзі бар *біз, ине, тебен* сияқты жебелі құралдар да ота жасауға қолданылады. Ота жарасын, әсіресе тері мен құйқаны тігуге малдың сіңірінен жасалған тарамыс, ешкінің ішегінен ширатып жасаған ішекжіп, сондай-ақ жібек жіп және шуда сияқты жіп түрлері қолданылады (к. *Тарамыс; Ішек; Шудажіп*).

О. құралдары, әсіресе қандауыр түрлері арнайы жолмен жасалады: бірнеше мәрте балқытылып құрыштандырылған соң мүсәтір ертіндісіне «суарып» төске салып шыңдайды. Сөйтіп «суы қанған» асыл темір ота жасалған кезде ағзаны, тері мен етті бүлдірмейді әрі уыты аз болады деседі. Егер, қандауырдың жүзін алтын немесе күмістің буына ұстап өндеген құрал тіптен сапалы бола түседі деседі.

Оташылар практикасында кейде жараны тесуге сүйекті де қолданған. Мысалы, шикан, сыздауық, шығу мен бігеу жараларды жаруға қайнатылған *жілікті* шаққан бойда үшкірлеу келген жарықшақ ұшын шаншып жарып жібереді. Мұндай сүйектің ұшы таза болғандықтан отадан кейін ешқандай ауыртпалық тудырмайды деседі.

Ота жасаған кезде бұзылған қан мен ірің соқтаны тазалауға және оған ем салуға *сорғыш, мүйіз түтік, қуыс жез түтік, орауыш, ағаш таяқ* сияқты көмекші құралдар қолданылады. Кейбір оташылар кеңірдекті тілген соң кәдімгі ұста көрігін пайдалана отырып өкпеге емдік заттың (көбіне күшлә) түтінін жібереді (к. *Құрт¹ / Құрт ауру*).

Оташылық тәсілдері: Хатка түскен этнографиялық мәліметтер мен тілдік, фольклорлық деректерде казак оташыларының жасаған О. –тын көптеген тәсілдері мен түрлері аталады. Мысалы, олардың қатарында мынадай О. тәсілдері бар: *шабақтау, жару, тілу, ақсита тілу, пісу, кесу, сылу, сыру, тесу* (тесудің бұрғылау, жонып тесу, пышақ ұшымен бұрап тесу т.б. түрі бар) *құйқа теріні сыдырып алу, терісін жапсыру, лоңқа төңкеру, қарықтық салу, анжылау, ысқылау, жылыту, мұздату, құрғату, жаңғырту, сөргызу, сынық салу, сүйек салу, сүйек жалғау* және т.б.

Отаның түрлері. Әртүрлі деректерде баяндалатын ота түрлерінің ішінде адам емдеуде қолданылатын өте күрделілеріне кезінде маманды дәрігерлер де лайықты бағасын берген. Мысалы, А.Г. Колосовтың айтуынша казактар қажетті жағдайда құрсақ қуысының қабырғасын тіліп *шемен* ауруын емдеген (к. *Шемен*). Адамның *демікпе, өкпеқұрт* тәрізді тыныс жолы ауруларына қарсы өте күрделі кеңірдегін тілу отасын жасаған. Халық медицинасына ден қойған дәрігер Ж.Ш. Оспановтың мәліметіне қарағанда, кәнігі оташылар ауруға шалдыққан адамның *мойын бездерін* (шамасы лимфа түйіндерін) сылып алуға ота жасаған. Мұндай күрделі ота қатарында босану кезінде қиындыққа тап болған *ананың құрсағын жаратын* жайттар орын алғандығын Жетісуда еңбек еткен дәрігер И.С.Колбасенко және Е.Кабекеевтер ерекше ден қойған. Қазіргі ғылымда *кесар тілігі* деп аталатын күрделі ота құрсақ қуысымен қоса жатырдың қабырғасын тілу арқылы жүзеге асады. Ал, саулық малдың «*үйі түсу*» деп аталатын жатырдың



Оташылық құралдары: 1-ілгек; 2-түтік; 3-қандауыр (жыланбауыр); 4-біз; 5-қандауыр; 6-мал пішетін сүйек біз; 7- «балта» қандауыр; 8-сапсазғы (қысқаш). ҚР МОМ материалдары бойынша суретті салған Ж.Шәйкен



сыртқа шығып ластанған жатырдың шіріп базданып кеткен бөлігін алмас кездікпен кесіп, жіппен буады да тотияйын ерітіндісімен жуып ем жасайды. Мұндай отадан мал шығынға ұшырамаған деседі.

Ота жасау. Ота жасарда кесетін құралдың жүзін оттың жалына ұстап немесе ыстық шокқа салып зарарсыздандырып алады. Өрі тілініп алынған кесірлі түйір мен аккан қан күлге көміледі. Осылайша асептикалық, гигиеналық талаптарға мән берген.

Ота жасаған соң қанды түрлі жолмен тоқтатады. Мысалы, ауыз қуысы, тіл және бастағы тамырлардан қан алған соң суық су, мұз немесе қар басады. Немесе *өрмекші торын, өлеңшөп* немесе *мендуананы* күйдіріп басады немесе мылтықтың қара дәрісін себеді. Кейбір жағдайда тамырдың жоғары жағынан бұрау салу немесе буындыру тәсілімен қан ағысын тежейді (**қ. Қан тоқтату; Меңдуана; Өрмекші**).

Ота жасалған соң оның жарасын күн сайын тазалап, тотияйын, ашудас, мүсәтір тәрізді химиялық заттардың ерітіндісімен жуып тазалайды. Кейде жараға қоян мен тышқанның жас терісін жапсырып қояды. Жарықтан сыртқа шығып салбырап кеткен ішекті сыртынан мата, киізбен басып байлап қояды

Адам мен жануарлардың денесіне жарақаттанған жағдайда ең алдымен *О.-ға* жүгінеді. Ондай жарақаттың *жаралану, сүйегі сыну, ісіп кету, сіңірі созылу, күю, ісу, үзілу, ет немесе тамыры жанышыл, буыны таю, шығып кетуі* деген сияқты түрлері кездеседі. Мертігу кезінде ет пен сүйек жарақатымен бірге жүйке тамыры немесе қан тамыры үзіледі. Мұндай ауыр жарақат түрлеріне ота жасау және жараларды емдеу тек оташылардың ғана қолынан келген.

Түйіскен сүйектерді бұйдаланып орап, тарамыспен тізгінделген мүше буынның бетін жылтыр шеміршек жабады, ішінде сұйық бар деп ұққан. Олар бұлтию, шодыраю, ішіне «сақарланған» сарысу ұялау, сіресу, буын дорбасы зақымдалудан жыртылу, тесілу жарақаттарға ұшырайды. Ал, асқынған аурудан буын іріңдеу, кемік басы желіну қатарлы қауіпке ұшырайды. Мұндайда қажет болған жағдайда буынға ота жасаған.

Жараны *жай жара, бітеу жара, олетті жара, асқынған жара, іріңді, соқталы, күйік, үсік* т.б. түрлерге бөледі. Жараның бетінің көрінуіне байланысты ашық және бітеу түрі бар. Тікен, шөгір жарғышак, тіс, тас, пышак, біз және басқадай үшкір заттар түсірген жара аузы бітелін уыты жайылудан болған бітеу жараны жарып, ішіндегі қанды, ірің соқтаны шығарып, ірің кеулеген қуысты жуып-шайып тазалайды. Көлемі үлкен жараның ірің кеулеген тұсынан екі бүйірінен тесіп ашық жараға» айналдырады. Екінші бір жолы қан-сөлі ағып тұру үшін тері астына қылды шүйкелеп немесе тарамысты өткізін қояды. Бұл тәсілді «анжылау» деп атайды. Ашық жараға *рауғаш үгіндісін, ұлар еті, май, кілегей* қатарлыларды үзбей жақса тез жетіледі деседі (**қ. Май; Рауғаш; Ұлар**). Ұзақ уақыт бойы жазылмай өлеттенген жараларды айналасын қанды-сөлді «тірі

етке дейін жеткізіп кездікпен сылып алып тастаған жөн деген ұстаным халық емшілерінің арасында қалыптасқан. Ішіндегі мандам, базданған іріңді тазалау үшін оның бетіне *құрбақа, сауысқан, тышқан, сарышұнақ, жылан, кесіртке* қатарлы жәндіктерді жараға тірідей тартып қойса, жараның уытын азайтып, оны өршітіп тұрған іріңді сіңіріп алады деп санайды.

Емдеу үрдісіне қарай жараның аузы біртіндеп жазыла бастайды: тобарсып, іріңінен тазарған соң «*қарақотырланып*» ұстасып, «*дәнекерленеді*» де ары қарай аузы *бүртіктеніп, «тыртықтанса»* жазылуға бет алғаны деп есептелінеді (**қ. Жара**). Қанды ірің, жара, жарақат, орнын сәл күйдіріп, *шылама және сылама* дәрі түрін жазылғанша жағумен болады. Мініс атында жиі арқа мен шоктықта өршіген асқынған жауыр ауруын емдеудің жолы өлетке айналған етті кездікпен сылып алып тастайды. Сонынан алуан түрлі еммен сауықтырады (**қ. Жауыр**). Жара аузы өзара ұстасып, тыртысып жетілуін «*дәнекерлену*» деп атайды. Ары қарай аузы бүртіктеніп, тыртық тәрізденіп біте бастаса толық айығудың белгісі деп саналады.

Ісіктің көкісік, қабару, уытты, қатерлі, шынжара қатарлы түрлерін ажыратып қарайды. Бітеу ісікті ағаш шокпармен ұрып тарқататын тәсіл де бар. Ісіктің *шығу* деп аталатын бітеу түрін емдеу үшін өткір пышақтың ұшымен піскілейді.

Халық оташыларының өзіндік ерекшелігі бар дауалаудың бір тәсілі – *түйреу, пісу* арқылы емдеу. Оған ұшы *домалақ, сүйір, шыңалған болат тебен және инелерді* отқа жасытып қолданады. Оның кең тараған түрі – арнайы *мүйізден* жасалған құралмен аурудың ошағын пісу тәсілімен емдеу. Оны төлде жиі кездесетін зәрі шықпай бөгелетін бұрташ, жылқының талақ, қой бақайының құндыздық сияқты ауруларды емдеуге қолданады (**қ. Бұрташ; Құндыздық; Талақ**).

Жарақат, күйік, ұсу кезінде сол жерге қару мен күйдіруді шок, козамен, шөп, ағаш, теміртекпен немесе басқадай аспаптармен жылу өткізген. Оны малдың аяқ, сирақ, шорта, белдемелері тұсында ет пен тері арасында байқалған өзгеріс кінәраттар мен жұқпалы індет кезінде өршіген ісіктерге қарсы қолданады.

Оташылықтың көп жасалатын түрі мал ауруларын емдеу саласы. Оны оташылар кәсіби біліктілігін арттыра түсу үшін машықтану мақсатында жасай берген. Мұндайда ауыртпалық туа қалған жағдайда малды арам өлтірмей бауыздап жібереді. Орынсыз аяқты мал мұндай жайтқа тап болса, оны көп болып «қызыл көтеріп», шығынның орнын толтырған (**қ. Қызыл көтеру**). Тентек болған қойдың құйқасын тіліп, сыдырып қойып, сүйегін тескен соң миды басып тұрған жылауықты асқан еппен *имек темірмен* алып тастайды (**қ. Жынды; Микұрт**). Этнограф Х.Арғынбаевтың мәліметіне қарағанда, күрделі отаның бірі «кенірдегін тесу» шарасын өкпеқұрт пен демікпе және бәйге атының түтігу, тұншығу жағдайында жасаған: кеңірдектің өндірішек тұсындағы екі шығыршығының ортасынан тіліп, өкпеге жиналған ақ көбіршікті ағызады. Мұны ғылымда



трахеатомия деп атайды. Шемен болған, іші кепкен сиыр, жылқының төсінің арты, сүбе қабырғаларының артына ала пышақпен тілген соң ұзын түтікпен іштегі жел мен құз (суды) шығарады.

Танау мен коз тұсынан өсіп шығатын *ногала* шеміршегін *көзілгекпен* іліп тұрып кездікпен сылып тастау көп оташының қолынан келген (қ. *Ногала / Ноқана*).

Жұқпалы індет салдарынан пайда болатын ісікті балта, семсер жүзімен күйдіру, қару шарасын жасаған. Қажет болса ісікті сылып алған. Оның *тегене*, *жамандат*, *қараталақ* ауруын осылай дауалаған (қ. *Жамандат; Тегене; Ошақ² / Қараталақ*).

Қан алу емі оташылардың практикасында кен тараған тәсіл. Ол өлкенің қытымыр қолайсыз күн райынан туындайтын желқұздан болатын әртүрлі адам аурулары мен мал (әсіресе жылқы) ауруларын емдеуде өте тиімді тәсілге саналады. Оташылықтың мұндай түрімен айналысатын қаншы деп аталатын емшілер сонымен бірге *қару күйгізу*, *қыздыру*, *булау* сияқты шаралар қатар жүреді (қ. *Қан алу; Қандауырлау; Қаншы*).

Әдеб.: Ягин А. Киргизско-кайсаңкие степи и их жители. СПб., 1845; Васильев В. О способах врачевания у туземцев Туркестанского края // ТС. Том 52 (вып.1, 2). СПб., 1873; Колбасенко И.С. Некоторые киргизский бытчай и поверья, имеющие акушерские значение // Протоколы заседаний Киевского акушерско-гинекологического общества. Киев, 1889. Год третий. Вып. 5. С.45-51; Кабеев Е. Наши нужды в медицинской помощи // КСГ. 1896, №30; Карутц Р. Среди киргизов и туркменов на Мангышлаке. СПб.: Изд. А.Ф.Девриена, 1911; Палкин Б.Н. Очерки истории медицины и здравоохранения Западной Сибири и Казахстана в период присоединения к России (1716-1868). Новосибирск, 1967; Аргынбаев Х. Мал ауруларын емдеудегі қазақтың халықтық тәжірибесі туралы этнографиялық очерк // ТИИАЭ АН КазССР. Т.16. Вопросы этнографии и антропологии Казахстана. Алма-Ата, 1962. С.3-35; *Соныкі*. Шынайы емшіліктің жөні бөлек // Зерде. 1989. №12. 20-21 бб; Очерки по истории народной медицины Казахстана. Алма-Ата, 1978; *Бабалықұлы Ж.* Мал ауруларының қазақша атаулары. Алматы: Қайнар, 1986; Қазақ емшілігінде ұдайы қолданылатын дәрілер. Құраст.: М.Қанапияұлы, А.Әнуарұлы. Үрімжі: ШҒТДСБ, 1988; *Радлов В.В.* Из Сибири. Страницы дневника. М.: Наука, 1989; *Оразақов Е.* Қазақ халық медицинасы. Алматы: Ғылым, 1989; *Алдашев А., Әлімханов Ж.* Қазақтың халық медицинасының құпиясы. Алматы: Қайнар, 1992; *Ысмағұлұлы Ж.* Оташылық және оның емдеу тәсілдері // Халық емінің құдіреті. Жинақ. Алматы, 1993. 68-71 б.; Казахи. Историко-этнографическое исследование. Алматы: Казахстан, 1995; *Хинаят Б.* Қазақтың дәстүрлі малдәрігерлік білім жүйесі (тарихи-этнологиялық зерттеу). Тарих ғылымдарының кандидаты дәрежесін алу үшін ұсынылған диссертацияның қолжазбасы. Ғылыми жетекшісі Нұрсан Әлімбаев. Алматы, 2001. ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан

ОТБАСЫ – әке-шеше, бала-шаға және үй іші. Яғни, қазақы ортада ері, әйелі, бала-шағасы және т.б. мүшелері бар жанұяны О. деп атайды. Адам өмірге ұрпақ әкеліп, оны тәрбиелеп өсіру үшін О.-н құрады. Яғни, О.-ның негізін еркек пен әйел арасындағы некелік одақ құрайды. О.-нда адам дүниеге келіп, ұрпақ жалғастығы орын алатындықтан ол кез келген қоғамда маңызды рөл атқарды.

Дәстүрлі ортада сәби дүниеге келісімен оны тәрбиелеуді О.-ның басты міндеті санаған. Өйткені, бала ең алғаш дүниеге келгенде О.-нда жан-жағымен танысып, мінез-құлық нормаларын игере бастайды. «Отбасы – тәрбие бастауы», «Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деген осыған байланысты айтылса керек. Адамның жақсы

адам болып қалыптасуы оның О.-нда алған тәрбиесіне байланысты болғандықтан, ұл бала мен қыз баланың тәрбиесі деп бөліп қарау орын алған. Мәселен, ұл балаларды жасынан игілікті істерге тәрбиелеу мақсатында бес жасынан атқа мінгізіп, бәйгеге шаптырады. Малды бағып-қағуға үйретеді. Ауыл арасындағы кішігірім дауларды шешу, екі арада татулыққа шақыру істерінде жасы үлкен ел ағаларының қасына қосады. Қыз балаларды да үй іші жұмыстарына ерте араластырады. «Қызға қырық үйден тыю» деп қыз баланы үй іші жұмыстарын игерумен қатар инабаттылыққа тәрбиелейді. Анасының тәрбиесін көріп өскен қыз бала тұрмысқа шығып, жеке отбасын құрғанда анасынан алған тәлім-тәрбиесінің арқасында күйеуіне адал жар болып, өмірге ұрпақ әкеліп, тәрбиелейді. Сонымен қатар, О.-ның иесі саналатын күйеуін *отағасы* деп атап, оған әркез құрмет көрсетеді. Өнегелі О. бола білгендерді ауыл-аймақ, туған-туыстары аса құрметтеп, үлгілі отбасы санаған. Қазақта «*Би болмасаң да би түсетін үй бол*» деген нақыл сөздің болуы *өнегелі отбасы бола біл* дегенді білдірсе керек. Осылайша, жасынан отбасы тәрбиесін бойына сіңіріп өскен ұл да, қыз да ертерек О.-н құрып, ұрпақ тәрбиелеуге талпынады. Қазақта «*Он үште отау иесі*» дегеннің болуы соны көрсетсе керек. Сонымен қатар, қыздың тәрбиесіне ана, ұлдың тәрбиесіне әке жауапты болған. Мәселен, «*Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер*», «*Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер*» немесе «*Баланың ұяты әкеге, Қыздың ұяты шешеге*» т.б. мақалдар осыған байланысты айтылса керек.



Қазақ отбасы. С.М. Дудиннің фотосы. 1908 ж.
ҚР МӨМ қорынан (НВФ 5289/17 в)

Дәстүрлі ортада О. мүшелерінің өзара қарым-қатынастарында жазылмаған заңдар мен қағидалар қатаң сақталады. Мәселен, *әке мен ұл, қыз бен ана, ата мен келін, келін мен ене, т.б.* туыстық қатынастар арасында белгілі бір тәртіп пен жүйелілік қалыптасқан. Бұл өнегелі тәрбиенің нәтижесінде қалыптасып, казак О.-ның өзге ұлтқа ұқсамайтын ерекшелігі болып табылады.

Ертеректе орта жүздің биі Қазыбек биге «*Айтыңызшы не жақын, не қымбат?*» – деген сауал қойылғанда би іркілместен былай депті:

«Тату болса – ағайын жақын,
Ақылды болса – апайың жақын,
Бауырмал болса – інің жақын,
Инабатты болса – келінің жақын,
Құт береке – атаң қымбат,
Айналайын – анаң қымбат
Мейірімді – ағаң қымбат».



Қазақ отбасы ас ішуде. Оңтүстік Қазақстан.
XX ғ. басы. ҚР MOM қорынан

Дәстүрлі ортада тату-тәтті О.-рын өнегелі отбасы немесе үлгілі отбасы деп өзге О.-на әркез үлгі етіп отырған. Әсіресе, О.-нда көпті көрген қариялар мен әжелер ұрпақтарының тәрбиесіне аса мән берген. Олар «Үй іші ала болса, кереге басы пәле болады» деп О.-ндағы ұрыс-керіс, алауыздық пен берекесіздікке жол бермей, ұлағатты ұрпақ тәрбиелеудің ұйтқысы болған. Яғни, өз отбасына өнегелі тәрбие беру арқылы, өзгелерге үлгі көрсеткен. Сонымен қатар, О.-ндағы ері мен жарының қатынасындағы татулықтың орны жөнінде халық поэзиясында төмендегідей өлең жолдары кездеседі:

Өз жарыңды жаттай құт,
Жат көрсін де тұңгісін.
Бір біріңді қадір тұт,
Жұрт үлгі асын, үңгісін.

Қазақта сонымен қатар, «Отбасы – бақыт пен байлықтың ұйтқысы», «Отбасы жоқ адам басқа да малға да жарымайды», «Үйі жоқтың күйі күйі жоқ», «Бас құралмай, мал құралмайды», «Жақсы отбасының күні де мереке, түні де мереке», «Өнегелі отбасының баласы өркөкіректік істемейді» деген мақалдар мен нақыл сөздердің астары адамды отбасын құрудың, өнегелі отбасы болудың, тәрбиелі ұрпақ өсірудің маңыздылығын дәріптеуге саяды.

Әдеб.: Нүсіпқасұлы А. Ағаш бесіктен жер бесікке дейін. Үрімжі: Шыңжан жастар-өрпендер баспасы, 2006; КЭТС, 11-том, Алматы: Арыс, 2009; Кенжеахметұлы С. Қазақ халқының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. Алматы: Атамұра, 2010; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ОТКИІЗ – көлемі шағын, бір кісілік киіздің атауы. Әдетте, О. ошақтың маңына төсеніп отыру үшін қолданылады. О. к.-дің бетіне текемет түрінде түрлі өрнек салып, көркемдеп басылады (**қ. Киіз; Киіз басу**).

ҚР MOM қорында сақтаулы дөңгелек пішінді екі бетті откиіздің (КП 21840) диаметрі 98 см. Оның кара түсті төсегіне көп түске боялған жүннен түр салып басылған. Бір бетінің орта тұсына қызғылт, жасыл түсті дөңгелек өрнек бастырылған.



Откиіз. ҚР MOM қорынан (КП 21840)

Оны айналдыра ақ, қоңыр түсті алақұрт өрнектеп екі қатар су жүргізіліп, аралықтарына қызыл, жасыл түсті қосмүйіз, сыңармүйіз өрнектері екі қатар етіп басылған. Жиегіне айналдырыла көк түсті су жүргізіле жиектелген. Екінші бетінің ортасындағы ақшыл түсті төсегіне төрт дана жасыл, қызғылт, қызыл-қоңыр түсті гүл өрнек бастырылған.

Әдеб.: Тәжімұратов Ә. Шебердің қолы орақ. Алматы: Қазақстан, 1977; Қасиманов С. Қазақ халқының колөнері. Алматы: Қазақстан, 1995; Райымханова К. Ата кәсіп: этнографиялық зерттеу. Алматы: Қазақстан, 2001. ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ОТҚА ҚОЮ – мініс атын жайылымға қою шарасы. Мініс аты мал жаюға, мал айдап келуге т.б. шаруашылықтағы оны-мұныға қажет болғандықтан үнемі қолда болады. Ал, оның жайылуы, су ішуі ат иесінің үнемі назарында болады. Мәселен, шаруа малын жайылымға айдап апарып немесе малын жайылымнан айдап келгеннен кейін, астындағы атының тартпасын босатып, қаңтарып байлап аз-кем суытады. Одан кейін оны керек кезінде қайта мінетіндіктен ерін алмастан, тек ауыздығын алып, тізгінін түріп үй маңына (тұсап, шідерлеп, немесе арқанмен арқандап) отқа қояды. Ал, кейде аяндап жүргендіктен ауыл маңына жақындаған бетте атынан түсіп, оны отқа қойып үйіне келеді. Атты отқа қойғанда тұсап, үшбұттап, арқандап қоюдың мәнісі оның алысқа ұзап кетпесін дегеннен туған шара. Себебі, бос қоя берген ат алысқа ұзап кетіп керек кезінде жақыннан табылмай қалады. Кейбір тұсамысқа үйренген аттар тұсаулы күйімен алыстап кетеді. Мұндай жағдайда атты шідерлеп, немесе үй маңына қағылған арқанға арқандап қояды (**қ. Шідер**).

Ұсақ мал жайып жүрген малшылар, салт күйінде немесе атынан түсіп ауыздығын алып, ердің тартпасын босатып шылбырынан ұстап отырып оттатып алады. Кейде ат



шылбырын ағашқа байлап немесе қурай, шөп түбін уыстай ұстап бекітіп қояды немесе жоғарыда аталған шаралардың бірін қолданады.

Жаз мезгілдерінде, кешқұрым мал қораланғаннан кейін мініс атының ері алынып, жүгені сыпырылып ауылдан алысырақ, жүргінші жолынан алыс, көзден таса, оты мол, суы бар жерге арқандалады. Арқан қазығына ат арандап қалмас үшін жерге сіңіріле қағылып, оған арқанның бір басы байланып, екінші басы ноқтаға, немесе аттың алдыңғы аяғының шашасына байланады. Егер мазасыз жылқы болса арқандаумен қоса тұсап та қояды. Бұл жердің оты таусылған кезде қазық шөбі желіпбеген жағына қарай ауыстырылып қағылады. Қазақ жылқы арқандағанда, арқанды аттың мойнына байламайды. Себебі, ат бір нәрседен үріккенде немесе ауаған жағдайда арқанға оралып мертігуі мүмкін болған.

Сонымен қатар дәстүрлі ортада қалыптасқан этикалық қарым-қатынастағы нормаға сай, келген қонақтың әлеуметтік дәрежесіне қарай күтіп алу, оны атынан түсіру, мініп келген атын суытып, О. қ. немесе жем салу үй иесінің міндеті болатын. Олай болмаған жағдайда қонақ жағынан өкпе тудырып, тіпті кейде айыпқа саналатын.

Әдеб.: ҚӘТС. 12-том. Алматы: Арыс, 2010; ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ОТҚА МАЙ ҚҰЮ – өсіп-өну, құт-береке тілеуге байланысты жасалатын ғұрып. *Май* береке мен молшылықты, ал *от* – шаңырақты (*отбасы, үй, түтін*) білдіретін символдық мәнге ие (**қ. Май; От¹**). Сондықтан, үйленуге қатысты жосын-жоралғылар кезінде О. м. қ. рәсімі атқарылатын болған (**қ. Отау; Отау тигу**). Яғни, жаңадан отау құрған жастардың болашақта ырыс-берекеге толы отбасына айналып, өсіп-өнісін деп ырымдаудан туындаған жосын. Бұл жосын күйеу алғаш қайын атасының үйіне ресми кіргенде және келін алғаш рет келін болып түскен үйінде және өзге де туыстары *отқа шақырғанда* атқарылады (**қ. Келін; Күйеу; Отқа шақыру**). Бұл жосынның мәні сол әулетке тағы бір шаңырақтың, яғни жаңа түтіннің қосылғандығын әйгілеу болған (**қ. Үлкен үй; Шаңырақ**).

Әдеб.: *Диваев А.* Из области киргизских верований: Баксы, как лекарь и колдун (этнографический очерк) // ИОАИЭКУ. Т. XV. Вып. 3. Казань, 1899; Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. 5 томдық. Алматы: Атамұра, 1998-2010; *Төлеубаев Ә.* Қазақтың мал шаруашылығына байланысты кейбір көне сенімдері // ҚР ҰҒА Хабарлары. 1984, №12. 58 б; Уәлиханов Ш. Таңдамалы. Алматы: Жазушы, 1985. Огонь // Энциклопедия символов, знаков, эмблем / Автор-сост. К. Королев. М: Эксмо, 2008. с. 395-398; ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ОТҚА ШАҚЫРУ – жат жұртқа келін болып түскен келінді жаңа түскен ауылымен, туған-туыстарымен таныстыру мақсатында атқарылатын дәстүр. Келін түсіп, той-томалақ аяқталып, алыс-жақындағы қонақтар тарағаннан кейін ауылдың жақын туған-туыстары, қалың малына көмектесіп, құдасын күтіскен ет жақын сыйластары келінді қонаққа шақырады. Келін отқа шақырған үйге құрқол бармай енесінің нұсқауымен өз бұйымынан арнайы сыйлығын ала барады. Халықтық ортада мұны отқа салар деп атайды (**қ. Отқа салар**). О. ш.-дың мақсаты келінді

жаңа жұртпен таныстырумен қатар, осы елге тастай батып, судай сіңуіне ықпал ету.

О. ш.-шы жас келінге арнайы мал сойып табақ тартады. Келін табағына тезірек балалы болсын деген ырыммен асықты жілік, төс салынады. Осы дастархан басында келінді үлкен-кішімен, бала-шағамен түгел таныстырып, әркімнің жолын айтады. Осы уақытта келін шақырған үйдегі қайын туыстарына (*қайынағаларына, қайын інілері, қайынапа, қайын сіңілілеріне*) ат қойып алады. Отқа шақырған үй келінді құр қайтармай, жас отауға қажетті дүниелерін беріп, риза етіп аттандырады. Келін бұл жолы сыпайылық танытып, өзінің өн бойындағы барлық әдептілігін, көргенділігін көрсетуге тырысады. Өйткені келінді О. ш. – келіннің ауыл ішіндегі күнделікті өмірге араласуы, яғни болашақта келіннің ауыл арасындағы әлеуметтік орны анықталады десе де болады. О.ш. аяқталған соң, ел ішінде келінге баға беріле бастайды. Көпті көрген көнекөз қариялар келіннің жүріс-тұрысына, сөйлеген сөзіне қарап келешекте қандай әйел болатындығын мөлшерлейді. Келіннің пысықтығын, не салақтығын сөз етеді. *«Қатын алма, қайын ал деген сөз бар, шыққан тегі жақсы ғой», «Шешесін көріп қызын ал, ыдысын көріп асын іш деген шешесі жақсы адам ғой»* десіп алған келіндерін жамандыққа қимай жақсы болғанын қалайды. Бетке басып тұрмаса аз-маз кемшіліктерін көзге ілмеуге тырысады. Ал келіндерінен кемшілік көрмесе *«Тұяғынан от жанады екен. Алтын асықтай бала екен!»* деседі. Ал жастар жағы жас келіннің көркіп көберек сөз етеді. Егер келген келін көркем болса, шашын, көзін айтып мақтанысады. Егер көріксіз болса *«Е, жерде қалмайтын тесік моншақтың бірі екен»* деп сөз қылады (**қ. Келін; Қалыңдық**).

О. ш.-дан кейін келін осы отбасына келіп-кетін жүруіне жол ашылады. О. ш. от жаққан жерді көрсету, от басымен таныстыру дегеннен шыққан. Бұл халықтық ортадағы отты құрмет тұту, отқа табынудан туындаған болса керек.

Әдеб.: *Алтысарин И.* Очерк обычаев при похоровах и поминках у киргизов Оренбургского ведомства // ЗООИРГО. Вып. 1. Казань, 1870. С. 117-122; *Диваев А.* О свадебном ритуале киргизов Сыр-Дарьинской области // ИОАИЭКУ. Кн. 4. 1900. С. 1- 27; *Уәлиұлы Н.* Әйелдердің мифтік санадағы бейнесінің паремиологиздердегі көрінісі (репрезенттелуі) // «Жалпы тіл білімі және түркі тілдерінің өзекті мәселелері» атты ғылыми конференция материалы. Астана, 2010. 266-274-бб; ҚР МӨМ – материалдарынан, ОМЭЭ – материалдарынан;

ОТҚАСАЛАР – келін түскеннен кейін арнайы отқа шақырған үйге келіннің алып баратын кәдесі. О. кәдесі ретінде келін бір көйлектік бұлмен (ерте кезде бір шаршы ақ мата болған) қоса өз жасауынан көңілі қалаған бір затын алып барады. Осы тұрғыда келіннің өз қолымен тіккен кестелі бұйымын немесе қайын жұртынан әкелген затын сыйға тартуы сол елдің ортасына тез сіңіп, өзара ынтымақ берекесінің артуына сеітігін тигізеді деп есептелген. Мұндағы мақсат алыс-берісті нығайту.

Әдеб.: *Уәлиұлы Н.* Әйелдердің мифтік санадағы бейнесінің паремиологиздердегі көрінісі (репрезенттелуі) // «Жалпы тіл білімі және түркі тілдерінің өзекті мәселелері» атты ғылыми конференция материалы. Астана, 2010. 266-274-бб; ҚР МӨМ – материалдарынан. ОМЭЭ – материалдарынан.

ОТПЕН АЛАСТАУ – оттың киелі қасиетіне байланысты ертеде қазақ арасында қалыптасқан ғұрып түрі. Бұл ежелден орныққан отқа табыну жосынынан бастау алады (қ. *От!*). Ғұрыптың түпкі мәні кез-келген ауру, пәле-жала, жамандық, зұлымдық атаулыны тудыратын жәдігөй немесе озбыр күштердің ықпалынан адам мен оған қызмет ететін игілігін (төрт түлік, тұтыну бұйымдары, баспасын, адамның өмір сүрген ортасын) құтқару болып табылады. Ол үшін ашық отты тұтата отырып, оның лаулап жанған алауын (жайшылықта күндіз от шығаруға тыйым салынады, бірақ мұндай ғұрыпты атқару кезінде рұқсат етіледі) жаман күштердің әсеріне тап болған адам, мал, бұйымды айналдырады (көбіне үш мәрте). Немесе жанып тұрған оттың арасынан өткізеді. Сан алуан мәліметтер мен деректерде О. а.-дың мынадай мәні бар:

– *тазарту* тәсілі. Адамдарды және төрт түлікті сондай-ақ тұтыныс бұйымдарын (әсіресе, өлікті жөнелту салтында қолданылған бұйымдарды) ғұрыптық тазалау шарасын О.а. арқылы жүріледі;

– *ұшықтаудың* бір түрі. Адам мен оның малының құты болып саналатын жорға ат, бәйгелі жүйрік, сүтті сиыр, осімтал құтпан сияқтыларға сұқтанып сөз айту, таңырқай қараудан тіл және көз тиген жағдайда оның бетін қайтарудың бір амалы – О. а.;

– *сақтандыру* тәсілінің бірі. Көп уақыт бойы қолданылмаған бұйымды қолданар алдында аластап жіберсе, оған жұққан пәле-жаладан арылтуға болады деген ырым қазақы ортада берік орын алған. О.а.-дың тазарту, ұшықтау, сақтандыру мақсатында жасалатын амал-тәсілдері сайып келгенде синкретті сипатта. Сондықтан О.а. дәстүрлі емдеу практикасында отпен аластауға ерекше мәнге ие.

Ертеде қазақы ортада О. а.-дың кең таралған түрі – көшкен сайын киіз үйді де, малды да, ауыл адамдары жанып тұрған екі оттың арасынан айдап жүк тиелген түйелерді жетектеп өту болған. Бұл шын мәніндегі О.а. ғұрпының жиынтық әрі ең көне тәсілі деуге болады. Оттың *сақтанудырушы* қасиетін арттыра түсу мақсатында мұндайда отқа тұз себе отырып, сартылдаған дыбыс шығараған. Ауылдың мал мен жаны түгелдей ғұрыптық тазарудан өткеннен кейін қыс бойы «меңдетін басып тұрған қаскүнем рухтар мен жын-шайтан тәрізді зиянкестер оттың арасынан өте алмай «қалып қояды» деп саналған (қ. *Көш*). Сол сияқты күн күркіреген сон үйдің іргесіне ақ тамызған соң отпен аластау пәле-жаланың толық арылғаны, яғни, періште оғынан қашқан жын-шайтанды толық «құрту» деп түсіндіріледі (қ. *Күн күркіреу; Найзағай*). Мұндай ырымдар тіршіліктің кез-келген жайттарында кең таралған. Мысалы, жамандықтың жаршысы деп санайтын байғыз деп аталатын құстың қонған шаңырағын отпен аластау жолымен жамандықтың бетін қайтаруға болады деген (қ. *Байғыз*).

Адамның тіршілік циклының ғұрыптарында О.а. жиі кездеседі. Баланы бесікке бөлердің алдында кез-келген уақытта «отпен» жаялық құндақтың «бісіміллә» деп бастап,

бесіктің бас-аяғын тегіс айналдыра үш рет аластап, барып мынадай арбау жолдарын айтқан соң ғана нәрестені бөлейді:

Алас, алас, алас!

Әр пәлеңнен қалас!

Көзі жаманның көзінен алас!

Тілі жаманның тілінен алас!

Уы жаманның уынан алас!

Қырық қабырғасынан алас,

Отыз омыртқасынан алас!

Алас, алас, алас!

Қыла гәр алла мың пәлеңнен қалас!

Демек, балаға келген барлық жаман әсер (тіл, көз, сұқ және т.б.) оттың әсерімен баладан алшақтайды деген. Ал, нәрестені бесікке алғаш бөлерде және бала тынышы кетіп, ұйықтамаған жағдайда қыздырылған темірмен бесіктің бала жатар тұсын, арқалығын және басын қариды. О.а. -дың бір түрі деуге болатын бұл «*бесік кертү*» деп аталатын рәсімнің мәні – балаға жын-шайтан жоламасын деп ырымдағаны (қ. *Бесік кертү*).

Сол сияқты, жас және жаңа босанған әйелдің тұтынатын бұйымы мен жатар орнын отпен ұдайы аластап тұру орынды деп саналған. Оның мәні әйел зағына және жаңа босанған адамға алуан түрлі зиянкестер өте жақын үйірсек болады деген мифтік танымның іздері қазақы ортадағы ғұрыптарда берік орын алуымен байланысты. Ондайда «*алас, алас*» немесе «*алас, алас, ауру-сырқаудан алас, тіл мен көзден алас*» деген сияқты магиялық мәнді сөздерді үш мәрте қайталуға тиіс. Сонда ғана оттың қасиеті мен сөз киесі екеуі қосыла отырып, пәленің бетін қайтарады деп сенген.

Балаға көзі тиген күмәнді адамның кім екенін білсе, оның бағалы киімінен өзіне білдірмей киіп алады да, адыраспан қосып түтетін аластайды. Егер адыраспан шатырлап жанса, балаға тиген көздің қайтқаны деп түсінген (қ. *Бала ауруы; Назаркерде*).

Ә. Диваевтың мәліметіне қарағанда, мәйітті алып кеткен соң үйді басқа жерге тігеді, ал мәйітті арулаған (жуған) жерді қопсытып, үстін басқа топырақпен көмеді немесе осы орынды от жағып өртеген». Ал, мәйітті арулаған тосекті сыртқа шығарып, отпен, шоқпен сырықтап «*тазалайды*», (қ. *Жерлеу; Жаққаның шырақ болсын, мінгенің пырақ болсын!*). Сонда ғана марқұмның рухы бар орынды айналып шықпай жүрген пәле, жын-перінің беті қайтады, марқұмның ауруы да адамға жұқпайды деп есептеген.

Адамға сыртқы күш ықпалымен келетін дерт (*ауру – тән азабы, дерт – жан азабы* деген) көбінесе көзге көрінбейтін тылсым күштерден, зиянкес жын-шайтандар әсерінен пайда болады дейді (қ. *Дерт*). Отпен тазарту шошындудан болған ауруды домдау үшін дәстүрлі емшілік практикасында отпен аластау жын-шайтан, албасты, эзезіл мен перілердің соғуынан пайда болған ауру-сырқауды арылтудың ондағы зұлым күш иелерінің бетін қайтарудың бірден-бір жолы О.а. деп саналған (қ. *Ем / Емшілік*). Ондайда О.а.ды қасиетті нөптерді көбінесе арша, адыраспан сияқты өсімдіктерді тұтағып үйді, қораны, зат-бұйымдарды аластаған (қ. *Емдік шөп*).



Жайшылықта далада ашық от шығару жамандыққа балаңады. Бірақ, мал індеті толастамаған кезде қоракотанға ашық от жағып арша, адыраспан тәрізді шөптермен аластап тазартқан жағдайда, індет толастайды деген. Сосын кесірлі жабысқан пәлеі толығымен аластау үшін мылтық атып үркітетін ырым да болған (к. *Адастыру; Индет*). Ертеде ешкіге келетін өте қауіпті індет кебенекке қарсы «сары лақ, қара лақ» айналдырып, мінәжат ғұрпын атқарған соң онан өлген ешкінің жемтігін жинап, өртеп, оның түтіні арасынан малды айдап өткізген, яғни отпен аластаған (к. *Кебенек*).

Қорыта келгенде, тұптамыры бағзы дүниетанымнан бастау алатын О. а. казак арасында ертеде кез келген салада (шаруашалық, тұрмыс, тіршілік циклі, халықтық білім және т.б.) кеңінен қолданылатын амал екендігі байқалады. Бұл ғұрыптың көшпелі ортада мал мен жанды түрлі ауру-індет пен пәле-жаладан, жамандық атаулыдан сақтандыратын, онан айықтыратын маңызы бар шара ретінде күні бүгінге дейін қазақы ортада өміршеңдігін жоймаған, әр түрлі реликтері сақталған ғұрып деуге болады.

Әдеб.: Ягшин А. Киргиз-кайсақкие степи и их жители. СПб.: Тип. Карла Крайя, 1845; Броневский С. Записки о киргиз-кайсаках Средней Орды // Отечественные записки. Ч.41. Кн.119. С.400-420; Алекторов А.Е. Скотоводство киргизов // ОЛ. 1888. №17-19. С.65-74; Диваев А. Этнографические материалы. Вып.VI. Ташкент, 1901; Карутц Р. Среди киргизов и туркменов на Мангышлаке. СПб., 1910; Аргынбаев Х. Қазақтың мал шаруашылығы жайында этнографиялық очерк. Алматы: Ғылым, 1969; Алексеев Н.А. Ранние формы религий тюркоязычных народов Сибири. Новосибирск, 1980; Валиханов Ч.Ч. Тенгри (бог) // Собрание сочинений в 5-ти томах. Т.1. Алма-Ата: Казахская советская энциклопедия, 1985. С.208-215; Бабалықұлы Ж. Мал ауруларының қазақша атаулары. Алматы: Қайнар, 1986; Жанпейсов Е.Н. Этнокультурная лексика казахского языка (на материалах произведений М.О. Ауэзова). Алма-Ата: Наука, 1989; Толубаев А.Т. Реликты доисламских верований в семейной обрядности казахов (XIX – начало XX вв). Алматы: Ғылым, 1991; Басилов В.Н. Шаманство у народов Средней Азии и Казахстана. М.: Наука, 1992; Әлімбай Нұрсан. Қазақтың өлікті жөнелтуге байланысты жосын-жоралғыларының этномәдени проекциясы // ҚР ҰҒА-ның хабарлары. Қоғамдық ғылымдар сериясы. 1994. №4. 36-48-бб; Бөкейхан Ә. Таңдамалы (избранное). Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995; Ахметов Ә. Түркі тілдеріндегі табу мен эфемизмдер (салыстырмалы этнолингвистикалық зерделеу). Алматы: Ғылым, 1995; Шаханова Н.Ж. Мир традиционной культуры казахов (этнографические очерки). Алматы, 1998; Хинаят Б. Қазақтардың рухани мәдениетіндегі магияның орны (төрт түлікке қатысты қырларынан) // ҚР БҒМ мен ҰҒА-ның хабарлары. Қоғамдық ғылымдар сериясы, 2007. №5; Қазақ әдебиетінің тарихы. 1-том. Қазақ фольклорының тарихы. Жалпы ред. басқарған С.Қасқабасов. Алматы: Қазақпарат, 2008; Тойшанұлы А. Түрік-моңғол мифологиясы. Алматы: Баспалар үйі, 2009; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ОТСЕРЕК – алыс қашықтықтан белгі беру құралы. Жорық кезінде немесе жаугершілікте алдын-ала келісілген шартты белгілер бойынша от жағып күндіз түтінімен, түнде от жалынымен белгі беру тәсілі болған. Ондай мақсат үшін әдетте, *қарауыл төбе* деп аталған биік жерлер таңдалынған (к. *Қарауыл төбе*).

О. орнату үшін жоғарыда аталған жерден немесе басқа да жағдайларда биік шоқы таңдалынады да, одан көз ұшындағы қашықтықта күзет, қарауыл қойылады. Осы биік шоқыға мол етіп, ағаш немесе тезек отын үйіп, шырпы салып, май құйып тұтатқанда лап ете түсетіндей етіп

дайындап қояды. Белгі беру қажет болған кезде жағады. Күндіз болса жана бере қайта сөндіріп, шоғына жас шөп немесе тезек салып бықсытып, түгін шығарады. Түнде болса лаулатып мол жалын шығарып, лапылдата жағады. Мұндай белгі берілген соң жортуылшылар немесе жауынгерлер алдын-ала келісілген бойынша тиісті әрекетке қошетін болған. Сондай-ақ, жіберілген шолғыншы, барлаушылар белгілі жағдайды хабарлау үшін белгіленген төбе (шоқы) көрінетіндей жерге келіп, от салып белгі беретін болған. Белгі берудің осындай тәсілдерінің бірі *ұран от* деп те аталады (к. *Ұран от*).



Отсерек. ҚР MOM материалдары бойынша суретті салған Б.Досымов

Тілдік қолданыста *серек* сөзі – сыриған ұзын, серейген деген мағыналар береді. Биік тауларды да *серек таулар* дейді. Жер атауындағы – биік, шоқы сөздерінің синонимі ретінде қолданылуына қарағанда от жағып белгі беретін арнайы биік тұрғызба, мұнара, қондырғылар да жасалған болса керек. Ал, дәстүрлі ортада қасқырдың *мықты, қайраттысын* С. деп атаған. Осы қасиетіне байланысты *мал қоритын сергек итті де – көксерек* деп атады. Сонымен бірге, қасқырды ит-құс деп тергейтін тыйымға (табу) байланысты кейде *серекқұлақ* деп тергейтін болған. Сондай-ақ балаларды серектікке, әр іске дайын болуға баудитын «*Ақ серек, көк серек*» деп аталатын ойын бар. Осыған орай жорық кезінде от жағып белгі берудің осы аталған амалы – жоғарыда аталғандай дайындық күйін білдіруіне байланысты аталса керек. Қалай болғанда да серек, сергек сөздерінің мағыналары әскери жорық және соғыс терминдеріндегі қолданыс аясына сай әрқашан дайын болуды, яғни жауынгерлік әзірлікті білдірсе керек.

Әдеб.: Уәлиханов Ш. Таңдамалы. Алматы: Жазушы, 1985; Ахметжанов Қ.С. Жараған темір кигендер (батырлардың қару-жарағы, әскери өнері, салт-дәстүрлері). Алматы: Дәуір, 1996; Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. 5 томдық. Алматы: Атамұра, 1998-2010; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ОТТЕМІР – жанып жатқан отты, не оттың шоғын қысып ұстауға, ауыстыруға арналған құрал. Қолданылу аясына қарай О.-дің сабы әртүрлі ұзындықта болады. О.-ді халық арасында *отқысқаш, қысқыш, шымыуыр* деп те атайды (к. *Қысқаш / Қысқыш*).

ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан

ОТТЫҚ¹ – от тұтатуға қажетті жабдық. Көшпелі ортада от жағу үшін шақпақтас қолданылған (қ. *Шақпақ тас*). Жолға шыққан жолаушы, жауынгер, аншы мен малшылар өздерімен бірге от жағуға қажетті О. ала жүретін болған. Ертеректе О. кісе белдікке тағылатын болған. О. былғарыдан қалташа түрінде жасалынып, ұзын қайысбаумен белдікке бекітілетін. Оның ішіне от жағуға қажетті темір *шақпақ* немесе *шақпақтас*, *пілте*, кейде құрғақ *шөпшек* те салынатын.

ҚР MOM қорындағы XIX ғ.-дың аяғына жататын былғары кісе белдіктің (КП 1204) ұзындығы 94 см. Оған қалта, оттық, мүйіз құты, екі тері қалташа оқшантайлар орнатылған. Оттық (14x8 см) әмиян түрінде теріден тігілген. Жоғарғы жағы мен жиектері металмен өрнектелген. О. белдікке қайыс баумен байлап бекітілген.



а) Оттық тағылған кісе белдік ә) Оттық. Фрагмент.
ҚР MOM қорынан (КП 1204)

Қолданысқа *сіріңке* (кейбір аймақтарда *шырпы*, *ши*, *кәуірт*, *күкірт*, *шақпақ* атанған) енгеннен кейін оның шиінің ұшындағы оталдыратын күкірті О. деп аталған. Кейіннін О. сіріңкенің бір атауы ретінде қалыптасып кетті (қ. *Сіріңке*).

ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ОТТЫҚ² – от жағатын орынды білдіретін атау. Қазақта отты кез-келген жерге жаға бермей, тек арнайы от жағылатын орында ғана жаққан. Өйткені көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан қазақ үшін оттың белең

алып кетіп, өрістің өртенуі алапат шығын әкелетіні белгілі. Сондықтан да өрт жеті жұттың қатарына жатқызылған. Осыған орай от тек қана арнайы О.-та ғана жағылған және одан *от шығаруға* тыйым салған. Қазақта О. түрлі жабдықтардың құрамдас бөлігі ретінде кездеседі.

Қазанның астынан от жағуға арналған *ошақтың*, *пештің* немесе өзге де мақсатта от жағуға арналған бөлігін О. деп айтады. Ошақ пен пештің О.-ғы тастан, кірпіштен, шымнан қаланатын болса, *жерошақтың* О.-ғы қазылып жасалады (қ. *Жерошақ; Ошақ; Пеш*).



Оттық. ҚР MOM материалдары бойынша суретті салған Б.Досымов

Ошақ пен пеш О.-тың көлемі қойылатын қазанның көлеміне сәйкестендіріп жасалады. О. қазандығының көлемі үлкен болса қазан О.-тың ішіне түсіп кетеді. О.-тың түбінен ернеуіне дейін тым биік болуы от жалынының әлсіз тиюіне байланысты қазанның қайнауын қиындатса, тым аласа болуы отын-қонді салуға қиындық тудырады. Сондықтан, О.-тың биіктігін қазанға от еркін тиетіндей мөлшерлеп жасайды (қ. *Ошақ; Пеш*). Самауырын қолданысқа ене бастағаннан кейін оның ішіндегі от жағылатын бөлігі де ел арасында О. деп аталып кеткен. Самаурын О.-ның астынғы жағы ауа өтетіндей және күл түсетіндей, бірақ отын тұратындай етіп жасалады. Отын самаурын О.-ның жоғарғы аузынан салынады және осы аузынан түтін сыртқа шығады. От жақсы жануы үшін О.-тың аузына *мұржа* кигізіледі (қ. *Самауырын*).

Көрікпен темір қыздыру, тері немесе ет ыстау және т.б. шаруашылық мақсатта от жағу үшін О. жасалады. *Саба*, *торсық*, *жан торсық*, *сүйретпе*, *көнек* тәрізді ыдыстар жасауға арналған теріні ыстау тәсілімен өндейді және жиі пайдаланылып жүрген ондай тері ыдыстарды ара-тұра ыстап отырады. Ол үшін теріні ыстауға қажетті от жағатын О. қазылған. О.-қа шөп шірінділері, тобылғы, қайың және т.б. түтін көп шығатын отын түрлері немесе олардың қабықтары бықсытыла жағылады. О.-тан шыққан жалынның табы теріге тимес үшін ысталатын тері ілінген орға түтін бірнеше құлаш мұржамен жеткізіледі (қ. *Ыстау*). Көшпелі ортада етті ыстау арқылы сақтау уақытын арттырып, өзіндік хош иіске енгізіп те отырған. Етті ыстау үшін арнайы шошала жасалып, оның ішіне еттерді ілетін арса мен от жағатын О. жасалады. О.



тастан, кірпіштен қаланып, жерден қазылып жасалуы мүмкін. Еттерді арсаға түгін еркін тиетіндей арасын ашықырап іледі де, О.-қа ағаш бықсытылып жағылады. Ет әбден ысталғаннан кейін ет үйге апарылады да, О.-тағы отты топырақпен көміп тастайды (қ. *Ет ыстау*). Сонымен қатар темірді қыздыру үшін де от жағатын арнайы О. жасалатын болған. Шаруашылықта темірді қыздыру арқылы көптеген істерге пайдаланғандығы белгілі. Мәселен малшылар темірді қыздырып таңба салған және малдарды емдеу ісінде қолданған. Ал ағаш ұсталары қыздырылған темірмен ағашты күйдіру арқылы әрлеп, ою-өрнектер салған, тесіктер тескен. Мұндай мақсаттағы темірді қыздыратын О.-тар өте қарапайым және уақытша жасалады. Ал ұсталардың бұйымдар соғу үшін темір қыздыратын О. біршама тұрақты етіп белгілі бір орынға ыңғайластырып жасалады. Ұстаның О.-ғы маңына қауіп төндірмейтіндей, айналасын тым қыздырып жібермейтіндей қолайлы орынға, яғни, арнайы ұстаханаға (дүкен) жасалады.

Тұрақты баспана түрлерін салғанда от жағылатын пеш, ошақ орнатылған бөлмені де ел арасында *оттық, оттық бөлме* деп атайды. О. бөлмеде орналасқан пеш үйді жылытып қана қоймай, сонымен бірге тамақ даярланатындықтан көбінесе *ас үй* деп те аталған. Тамақ даярлауға қолайлы болуы үшін О. бөлмеде *асадал* немесе үйдің қабырғасындағы арнайы жасалған *сөреге* ыдыс-аяқ, күнделікті пайдаланылатын азық-түлік түрлері қойылған. О. бөлмеде ұзынша келген бақанның екі ұшынан жіңішке бау байланып, төбеге бекітілетін. Оған дастархан, сүлгі, майлық сияқты заттар жайылатын болған. Мұндай тамақ әзірленетін О. үй кейде өзінше бөлек жасалатын.

Әдеб.: Жәнібеков Ә. Жолайырықта. Алматы: Рауан, 1995; ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ОТТЫҚ³ – малға жем-шөп салатын арнайы жасалатын орын, ақыр. Қазақта жайылым шөбінің *от* деп те аталатыны белгілі (қ. *От*). Сондықтан да малға шөп, жем беруге арналған ыдысты да осылай атап кеткен. О. қиуластырып, шегеленген бөрене-сырықтардан, тоқылған шыбықтардан, ағаш тактайдан және т.б. қолжетімді материалдардан жасалған (қ. *Ақыр*).

Әдеб.: ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ОТЫЗ ЖЕТІ – күйеу жігіт әкесінің қыз әкесіне беретін қалыңмалдың бір түрі. Қазақтардың дәстүрлі құдалық салтында өздерінің дәулеті, әл-ауқатына қарай құдаласушылар қалыңмалдың қырық жеті, отыз жеті, жиырма жеті, он жеті деген түрлерінің біріне тоқтасып, баталасады (қ. *Құдалық; Қырық жеті*).

Дәулеті орташа адамдар көбіне қалыңмалдың отыз жеті деп аталатын түріне тоқтап баталасады. Бұндай *баталы отыз жетінің* құрамында бүкпелері мен баламалары болады. Мысалы, буаз мал болса, болашақ төлімен екі қараға есептеледі. Немесе жеті бие келесі жылы құлындайтын болғандықтан он төрт қараға жатқызылады. Бұны *бүкпе* дейді. Ал бұзаулы сиыр болса, оны екі қараға есептеледі. Бұны *балама* деп атайды.

Қалыңмалды алуға келген қыз жақтың малтанушысы кейде баламаны жондемді қараға ауыстыруды талап етеді. Оған қыз әкесі араласа бермей, сырт тұрады. Мұндайда жігіт әкесі олардың талабын орындатуға тырысады. Екі жақтың арасында балама, бүкпеге байланысты келіспеушілік өршіп бара жатқан жағдайда ақсақалдар *«Жақсы құда ат орнына тай алар, Ең жақсы құда – азды көптей көрген құда»* деп, екі жақты келістіреді.

Қыз жақтағылар да тым өңештей бермей, өзінің қызға берер *себін*, – «буылып-түйілген жасауын», ойлап, райынан қайтады. Қалыңмалы отыз жеті болған келіншек отаусыз бір-екі түйеге теңделген жүгімен, бір ат, киім-кешегімен келеді. Ал аса дәулетті, асқан байлар беретін жақсылы қырық жетіде балама, бүкпе деген болмайды, ол жөнінде дау да жоқ. Қалыңмалы қырық жеті байталға түскен келіншек күйеу жұртына отауымен келеді.

Қалыңмалдың *қырық жеті, отыз жеті, жиырма жеті, он жеті* деп аталатын түрлерінде жеті санының қайталанып келуі зерттеушілердің түсіндіруі бойынша жетіні киелі сан деп түсінуден дейді. Ондай түсініктің болғаны рас, бұған қосарымыз, мысалы, отыз жеті, жиырма жеті, он жеті дегендегі жеті баламаға да, бүкпеге де жатқызылмайтын тәуір малдың саны болғандықтан деп пайымдауға болатындай.

Әдеб.: *Ибрагимов И.И.* Этнографические очерки киргизского народа // РТ. Сборник, изданный по поводу политехнической выставки. Вып. II. Статьи по этнографии, технике, сельскому хозяйству и естественной истории. М., 1872. С.120-152; Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. 1, 2-тт // Құраст. С.Е. Әжіғали. Алматы: Арыс, 2005, 2006; ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ОТЫН-СУ – үй жылтуға, ас-тағам дайындауға қажетті, яғни отқа жағуға жарамды ағаш, мал қиы сияқты т.б. заттар. *«Отын олжа, су-тозақ»* дегендей жыл он екі айда адам күнкөрісі үшін О.-с.-дың алатын орны ерекше болды. *«Қарның аиша – от жақ, мұздасаң – от жақ»* деп келетін тәмселге сай тамақтың пісуі, үйдің жылы болуына ең біріншіден отын керек. Ол үшін жер қара, күн жылыда алдын ала мол егіп отын, ки дайындалып отырды.



Отынға жиылған сексеуіл. ОМЭЭ – материалдарынан

Дәстүрлі ортада отындық ағашты алуға ерекше мән берілді. Отын керек екен деп өсіп тұрған ағашты қалай болса солай кеспей, тауда өскен қарағай, шетен, долана,

өзен жағалай өскен жыңғыл сияқты ағаштардың қурап өспей тұрғандарын немесе өсуін тоқтатқан «кәрі ағаш» жаратылды (қ. *Ағаш жығу / Құлату*). Сонымен қатар шолді аймақтарда *сексеуіл* де отын етілді (қ. *Сексеуіл*). Кейде өзен жағалай қонған ел тамызыққа өзен жағасынан *салынды* да тереді (қ. *Салынды*).



Кесілген отындар. ОМЭЭ – материалдарынан

Ал, ағаш отын негізгі тамызық болғандықтан оған қосымша төрт түлік тезегі де отынға пайдаланылды (қ. *Тезек*). Жаз жайлауда ірі қара тезегін теріп алса, қызуы мол қой-ешкі қиын ойып алып, кептіріп алды (қ. *Қи*). Мал қорада бопырап жатқан қой-ешкі бопыры да отынға жаратылды (қ. *Бопыр*). Сонымен қатар қыстай малдан қалған қашек, соя сабақтары да отын ретінде пайдаланылды. Бұл ағаш отын немесе мал қиына қарағанда «жалпылдап» тез жанғыш келді (қ. *Кәшек / Қашек; Жалпылдақ*).



Үй маңына жалдап жиналған мал қиы. А. Құранбектің фотосы

Кейінгі уақыттары қыстай ірі қара мал қиы бір жерге жиналып төгіліп, жазғытұрым оның үстіне су шашып атпен айдап (бұны *боқ айдау* дейді), оны шетінен алып қолмен шапактап немесе ескі тегештерге салып төңкеріп қалыпқа келтіріп, кепкеннен кейін отын етілетін.



Жарылған отындар. ОМЭЭ – материалдарынан

Дайындалған отын-су көлікпен сүйретіліп, артылып немесе арба-шанаға, сүйреткіге басылып тасымалданады. Жиналған отын-су құрғақ болуы үшін, жалданып жиналған қи болса үстің сиыр жапасымен сыланып немесе төбесі жабық жерлерге (қора, бастырма т.б. ішіне) жиналады.

Сонымен қатар, халық аузында отын-суға қатысты: «*Ағаштың бұр жарып кеткен кезде шаппайды*», «*Иен далада өсіп тұрған жалғыз ағашты, қасиетті ағаш, сетер ағаш деп тиіспейді*», «*Ел бір жерден екінші бір жерге көшіп жұрт жаңалаған кезде ескі жұртқа құр қалдырмай, бір құшақ отын тастап кетеді*», «*Келін отынды үйде ошақтың бұтынан асырып жинап қойса, күйеуінің көңілі басқа ийелге ауады*», «*Үйге кіргізген отынды далаға қайта шығармайды*» деп келетін ырым-тиымдар молынан ұшырасады.

Әдеб.: *Добросмыслов А.И.* Скотоводство в Тургайской области. Оренбург: Тургайский обл. стат. комитет, 1895; *Қазақ совет энциклопедиясы*. Бас ред. М.Қ. Қаратаев. 9-том. Алматы: ҚСЭ, 1976; *Қасиманов С.* Қазақ халқының қолөнері. Алматы: Қазақстан, 1995; *Жәнібеков Ө.* Жолайрықта. Алматы: Рауан, 1995; Қазақ дәстүрлі мәдениетінің энциклопедиялық сөздігі. Құраст. А.Құралұлы. Алматы: Сөздік-Словарь, 1997; *Шоқпарұлы Д., Дәркембайұлы Д.* Қазақтың қолданбалы өнері. Алматы: Алматыкітап, 2007; ҚӘТС. 12-том. Алматы: Арыс, 2010; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ОТЫНШЫ – отын дайындайтын адам. Адам күнкөрісінде отын-судың алатын орны ерекше. Сол себептен, тамызық ететін отын-су алдын ала дайындалып отырды. Отынға барған адам *отыншы* делінді. Оның отын шабуына, кесуіне қажетті балта, ара, сына сынды құралдар болды. О. отынды тамызық ретінде дайындаумен қатар, кейбір базары жақын жерлерде алған отынын шай-тұзға, үйге қажетті оны-мұныға айырбастап күнелтіп отырды (қ. *Отын*).

Әдеб.: ҚӘТС. 12-том. Алматы: Арыс, 2010; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ОТЫРУ – белгілі бір орынға жайғасу, орналасу. Қазақ қоғамында қалыптасқан этикалық-эстетикалық нормаларға сәйкес О.-ға да қатысты көптеген ережелер қалыптасқан. Әр адам өзінің отыратын орнын білуі тиіс болған және отырудың белгілі бір қағидаларын сақтаған. Үлкендер түрегелін тұрғанда жасы кішілердің отыруы әдепсіздік



саналады. Жастар тек үлкендер отырғаннан кейін ғана жайғаса алады. Отырғанда үлкендерге арқасын берін отыру оны сыйламаудың белгісі ретінде саналады. Әдетте отыру үшін адамдардың жолы мен жасы ескеріледі. Күнделікті жағдайда үйдің иесі төрде, өзгелері жолы мен жасына орай одан төмен отырады. Қазақтағы дәстүр бойынша «қыз – қонақ» деп, қыздарды дастарқан басына отырғанда жоғары шығаратын болған. Келіндер әдетте босаға жақта отырып, дастарқанға қызмет көрсетеді.

Үйге адам кіргенде жасы мен жолы кішілер отырған орындарынан тұрып амандасады және орын береді. Үйге келген қонақтың орны қашанда төр болып табылады. Қонақтың тек өз қалауы бойынша ғана төрге шықпай, өзіне ыңғайлы орынға жайғасуына қақысы бар. Бұрын келген қонақ кейін келген қонаққа ығысып төрден орына береді (**к. Қонақ**). Қазақта ертеректе киіз үйге кіргеннен кейін ер адамдар үйдің оң жағымен (есіктер кіргенде сол жақ) төрге қарай өтіп төселген төсеніштің үстіне жайғасады. Ал әйел адамдар сол жақ бөлікке (есіктен кіргенде оң қол жаққа қарай) өзіндік дәрежелеріне қарай отырады.

Отырудың түрлері. Қазақта О.-дың бірнеше түрлері мен соған сәйкес атаулары кездеседі. Мұндай отыру түрлерінің рұқсат етілген және тыйым салынған өзіндік айырмашылықтары болады.

Жамбасын (дүмін) басып отыру – жерге жамбасын тигізе отыру. Мұндайда көбінесе екі аяғын алдыға қарай созып отырады. Бұлай отырғанда бел ауырмас үшін өзге бір затқа арқасын сүйеп отырса ыңғайлырақ болып келеді. Әдетте екі аяқты алдыға созып отыру қолайлы болғанымен, дастархан басында және жұмыс істегенде қолайсыздық тудыратыны бар. Сондақтан бір немесе екі тізесін бүгіп отыруы мүмкін.

Бір жамбастан отыру – бір жамбасын жерге тигізе, қолтығының астына жастық жастана қырынан отыру. Екі аяғын тізесінен бүгіп екінші жамбасы жаққа қарай бұра отырады немесе бір аяғын созыңқырай, екінші аяғын бүгін отыруы мүмкін.

Тізерлеп отыру – тізесінен бүгілген аяғын астына төсене отыру. Ыңғайлырақ болуы үшін бір тізесін жоғары көтере, табанымен жер тірей отыруы да мүмкін. Кейде тізесі мен аяқтарының бүгілген ұшын ғана жерге тигізіп отыруы мүмкін. Тізерлеп отырудың нышандық сипаты да бар. Мәселен біреудің үстемдігін, билігін мойындағанда тізерлеп отырып, басын төмен еңкейте ұстау бағыныштылықты білдіреді.

Жүрелеп отыру – екі аяғын тізесінен бүгіп, жамбасын екі аяғының балтырына тигізе отыру. Бұл әдетте төсеніш жоқта жамбастан суық өтпеу үшін немесе киімді былғамас үшін сызды, суық жерлерде ғана қолданылатын отыру тәсілі болып табылады. Дегенмен бұлайша көпшілік барда өзге адамға қарап отыруға болмайды (**к. Жүрелеп отыру**).

Малдас құрып отыру – жамбасын жерге тигізе отырып, тізесінен бүгілген екі аяғын аяқастыра астына басып отыру. Әйел адамдарға малдас құрып отыруға болмайды (**к. Малдас құру**).



*Малдас құрып отырған қазақтар. Фрагмент.
Ұлы Петр атындағы антропология және этнография
музейі (Кунсткамера) қорынан (1199-43)*

Отырған адам денесінің ыңғайына қарай бірнеше сипаттамамен айтылады.

Еңкейіп отыру – басын төмен қарай баса, алдыға қарай иіліп отыру.

Шалқайып отыру – басын жоғары көтере, сәл артқа қарай көлбеулей отыру.

Сүмірейіп отыру – алдыға еңкіштей, басын төмен салбыратып отыру.

Қылқиып отыру – мойнын созып отыру.

Шалжыып отыру – аяқтарын екі арасын алшақ ашып алдыға қарай созып отыру.

Шоқиып отыру – екі тізесінен бүгіп жүресінен отыру

Қазақта тізесін құшақтап отыруға тыйым салынған. Тізені құшақтау ауыр жағдайда (қазаға) ғана қолданылатын болған. Осыған орай «*қу тізесін құшақтап қалды*» деген сөз орамы да айтылады. Сонымен қатар қазақта отырған адамға қарата – *жер таянып отырма, жақты таянып отырма, отырғанда табанды тартпа, аяқты ұстама* деген тәрізді тыйымдарды жиі ескертіп отырған.

Әдеб.: КӨТС. 11-том. Алматы: Арыс, 2009; ҚР МӨМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ОШАҒАН – (*лат. Carduus*) жапырақтары ірі тікенекті өсімдік. Бойы шамамен бір құлаш немесе одан да артық болады. Оның жапырағы мен сабағы да тікенекті болатындықтан, халық арасында *түйетікен, шағыртікен, шоңайна, түйежапырақ* деген атаулары қалыптасқан. О. таудың баурайларында, жазық жерлерде, көбінесе жол жағалауларында өседі. Ол маусым мен шілде айларында гүлдеп, жеміс салады. Жемісі сопақ ұзынша келген сыртын қыл жауып тұратындықтан жануарлардың жүніне, адамның киіміне де жабысқыш келеді. О. өте тығыз бітесіп өсетіндіктен гүлдегенде өскен жері қызыл-қоңыр

гүлімен әрленіп кетеді. Айталық, *Қамбар батыр* жырында кездесетін:

*Алтыннан неше түрлі қоңырау тағыз,
Түрленді жердің жүзі ошағандай. –*

деген тенеу жолдар соны көрсетсе керек.

Көшпелі ортада О. қой мен ешкінің сүйіп жейтін шөптер қатарына жатады. Әсіресе, ол жеміс беріп гүлдегенде оның гүлін ешкі теріп жейді. Халық ауыз әдебиетіндегі қой мен ешкі айтысының мазмұны аталмыш жайтты меңзейді

*«Менің жегенім ошаған
Сенің жегенің ошаған.
Неден болды ойтырма-ай
Сенің құйрығын шошайған...»*



Ошаған. ОМЭЭ – материалдарынан

Дәстүрлі ортада О.-ның тамыры, жапырағы, гүл тостағаншасы түгелдей емге қолданылған. Ол үшін күз айларының аяғына қарай тамырын жинап алады. Сосын оны белгілі әдіспен қайнатып тұнбасын алады. Аталмыш тұнбаны дене жараларына, әсіресе шиканды емдеуде кеңінен қолданды. Сондай-ақ, өкпе, жұтқыншақ ауруларын емдеуге де пайдаланған. Сонымен қатар одан сары түсті *илік және бояғыш* зат та алынды.

Әдеб.: *Искендірова Ә.* Қазақстанның дәрілік өсімдіктері. Алматы: Қазақстан, 1982; Қазақ емілігінде ұдайы қолданылатын дәрілер. Құраст.: М.Қанапиянұлы, А.Әнуарұлы. Үрімжі: ШҒТДСБ, 1988; ҚӘТС. 12-том. Алматы: Арыс, 2010; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ОШАҚ¹ – үстіне қазан асуға арналып темірден дәнекерленіп, тастан қаланып, жерден қазылып жасалған орын. О.-сыз қазан асылмайды. Сол себептен де халық тілінде қазан мен О. қосақтала «қазан-ошақ» деп қосарлана айтылады. Қазан мен О. қазақ ұғымында киелі, қасиетті бұйымдар қатарына саналды (**қ. Қазан-ошақ**). Сонымен бірге киіз үй кеңістігінен алып қарағанда күннің жердегі бейнесі және әлемнің кіндігі ретінде киіз үйдің дәл ортасынан қойылатын О. саналған. Ал, көшіп-қонған кезде О. көлікке артылған шанырақтың үстінен байланатын болған.

Темір О. көбінен киіз үйдің ортасында орналасса, тас О. пен жер О. есіктің алдында, сонымен бірге ас-ауқатқа арналып киіз үй қасынан тігілген *қара үй, қосалқы үй* деп аталатын қосымша үйлерде орналасқан. О. материалына, жасалу ерекшелігіне қарай пегізінен *темірошақ, тасошақ, жерошақ* деп үш түрге бөлінеді. Ал, отырықшы аумақтарда ошақтар көбіне кірпішпен қаланып жасалған.



Ошақ. С.М. Дудиннің фотосы. Ұлы Петр атындағы антропология және этнография музейі (Кунсткамера) қорынан (1199-267)

Темірошақ – темірден қазан түбі асылатындай шеңбер және оған үш аяқ дәнекерленіп жасалған О.-тың түрі. Темірошақтар көбіне шойыннан жасалатын болған. Дәстүрлі ортада темірошақ киіз үйдің ортасында тұрған. Оған от жағылып одан шыққан түгін түндік арқылы шығып кететін болған. Ежелден бірден-бірге өтіп, көп қолданыста болған осындай ошақ түрі – *қара ошақ* деген атаумен де аталған.



Ошақ. ҚР MOM қорынан (КП 22452/27)

ҚР MOM қорындағы (КП 22452/27) темірошақ түрі шәйнек қоюға арналып кішігірім етіп жасалған. Оның биіктігі 20,5 см, ал шеңберінің диаметрі 11,5 см. Бұл ошақ жалпақтығы 1,5 см, қалыңдығы 4 мм болатын темірден қазандығы шеңберленіп келіп оның екі ұшы жымдаса айкастырылып темірмен шегеленген. Оған арақашықтығы бірдей өлшемде үш аяғы (тағаны) бекітілген. Тағанның шеңберге бекітілген жері 3 см тұзу келіп, сыртқа қарай иіліп барып, төмен қарай тік түскен де жерге тиіп тұратын басы сыртқа қарай жантайтылған. Ал, қалған екі бұты да дәл осындай пішінде иілген.

Ал, ошақ шеңберінің ортасына шәйнек орнықты тұру үшін үшкір екі басы ішке қарай тікбұрыштала иілген екі темір ортан белінен айкастырылып ортасынан темірмен тойтарылып бекітілген де, ол шеңбердің ортасына нығыздалып қойылған.



Сонымен бірге, қазандықтың сырт жағына әлдебір қажеттілік үшін екі жерінен бунақталған (жіңпішке жіп өтетіндей) кішігірім жұқа темір үш жерінен (екі шетінен, ортасынан) тойтарылып бекітілген.



Ошақ, ҚР MOM қорынан (КП 22452/28)

ҚР MOM қорындағы (КП 22452/28) ошақтың тағы бір түрі кішігірім қазанға шақталып кейініректе жасалған. Оның биіктігі 20 см, ішкі шеңберінің диаметрі 21 см, ал сыртқы шеңберінің диаметрі 24 см. Ошақтың бұл түрінің жасалуы басқа ошақ түрлерінен қарағанда күрделірек болып келген. Оның қазандығы екі түрлі өлшемдегі (бірі 4 см жалпақтықта, ал екіншісі 2,5 см) жұқа темірден шеңбер етіліп иіліп ортасына жалпағы, ал сыртына жұқалауы келтірілген. Оған екі түрлі өлшемде сүйірленіп кесілген темірден қос қабатталып аяғы жасалып, оның бірі қазандықтағы шеңбердің ішкі жағынан ішкі шеңберге, ал екіншісі сыртқы шеңберге арасына темірден иіліп қалтқы қойылып дәнекерленіп ұстатылған.



Ошақ, ҚР MOM қорынан (КП 3259)

ҚР MOM қорындағы (КП 3259) тағы бір темірошақ түрі үлкен қазанға арналып темірден қарапайым етіп жасалған. Ошақ биіктігі 33 см, қазандығының диаметрі 52x53 см. Ал, жасалған темірінің қалыңдығы 7 мм, жалпақтығы 2x2,5 см аралығында. Ошақ қазандығы шеңберлене иіліп бір-біріне

айкастырылып үш бұтының бірімен қасыла екі жерінен тойтарылып бекітілген. Ал, қалған екі аяғы да екі жерінен тесіліп темір шегемен қазандыққа тойтарылып ұстатылған. Ошақ бұттарының жерге тиіп тұратын басы 2,5 см жерінен сыртына қарай тікбұрыштала иіліп жалпақталған. Сонымен бірге ошақ қазандығының қарама-қарсы екі жағында тесігі бар.



ҚР MOM қорынан (КП 11271)

ҚР MOM қорындағы (КП 11271) ошақтың тағы бір түрі үлкен қазанға лайықталып, сәнделіп жасалған. Оның биіктігі 42 см, қазандығының диаметрі 59 см. Ошақ қазандығы қалыңдығы 8 мм, жалпақтығы 3 см болатын шойын темірден шеңбер етіп жасалған. Оған ұзындығы 41 см болатын үш бұты шегеленіп бекітілген және оның қазандық тұсындағы орнектеліп жасалған сырт жағында үлкен шығыршық темірлері бар. Сонымен бірге ошақ түбін тіреп тұруға, басқа да кішігірім шәугім, шәйнек қоюға ыңғайлы болу үшін ошақ қазандығының ішкі жағынан әрі ошақ тағандарына бекітіле темірден гүл бенелі үш темір тетік ортасына бағытталып ұстатылған.



Темірошақ, оның кейбір тетіктерінің фрагменті және ошаққа қазан асылған кездегі көрінісі. ҚР MOM қорынан (КП 21819)



ҚР MOM қорындағы (КП 21819) ошақ шойын темірден үлкен әрі көрер көзге сәнді етіп жасалған. Оның биіктігі 41 см, диаметрі 57 см. Ошақ қазандығы жалпақтығы 3 см, қалыңдығы 1 см болатын шойыннан шеңберлене иіліп келген. Оның екі ұшы қиғаштала бір-біріне түйіскен де, дәл сол жерден және бірдей арақашықтықта екі жерден ошақтың үш бұты (төменгі және жоғарғы жағы төртқырлы, ал ортасы ортасы сегіз қырлы болып келген) қазандықтың сыртынан келтірілген. Ал, қазандықтың ішкі жағынан үш бұтына да беттестіріліп жыланның басы гәрізді иілген үш темір, ұштары ортаға бағытталып келтіріліп екі жерінен темірмен тойтарылып бекітілген. Сондай-ақ, қазандықтың төменгі жағынан ошақтың бұты мен ішінен келген темірге басында жалпақтау келген дөңгелек шығыршығы бар темір тетік өткізіліп, ішкі жағынан тойтарылған. Сонымен қатар ошақ бұты, қазандық және оған бекітілген шығыршық темір шауып салынған түрлі өрнектермен өрнектелген.

Тасошақ – қазан асылатындай, астына отын салынатындай етіп ірі-ірі үш-төрт тасты қойып жасалған ошақ түрі.

Бұл О. жасау ең қарапайым тәсіл болып табылады. Оны алғаш жайлауға көшіп барғанда тездетіп ас дайындап жіберу үшін жасауға өте қолайлы. Сонымен бірге, ірі-ірі тас табылмаған жағдайда күрекпен жерден қазып та О. әзірленеді.



Тасошақ. Ұлы Петр атындағы антропология және этнография музейі (Кунсткамера) қорынан (255-81)

Жерошақ – от жағып, қазан асуға жерден қазылған ошақ. Жерошақты жерден үш, төрт бұрыштап қазады. Жерошақ ашық алаңқайдан немесе жердің қабақтау болып келген жерінен асылатын қазан көлеміне шақталып қазылады. Оның қазан асылатын жері дөңгелек пішінде, ал оның алдыңғы жағынан от жағуға аузы, артынан түтіш шығатындай жырық жырылады (**қ. Жерошақ**).

Қазылған жерошақты көшкен жағдайда көміп кететін болған. Себебі, қазылған ор мен ошақ, қағылған қазық аттылы адамға қауіп деп білген.

Сонымен қатар қазақ тұрмысында темірошақ, тасошақ, жерошақтан өзге кірпіштен қаланып жасалған О. түрлері де болды. Оны есік алдына, сонымен қатар төбесі, жан-жағы жабылған арнайы орынға бір немесе бірнеше қазан асылатындай етіп әзірлейді. Оның от жағатын аузы, түтіні шығатын мұржасы болады. Мұндай О.-ты қалап жасағаннан кейін түтін шықпас үшін сырты шөп, сабан қосылған сарытопырақпен сыланады.



Жерошақ. ҚР MOM қорынан (ФКП 353)

О.-қа қатысты салт-дәстүрлер мен ырым-тыйымдар.

Дәстүрлі ортада ас беру кезінде бірнеше жерошақ қазылып, ет қоюға арналып қос дайындалатын болған. О. қазылып жатқанда бір-екі мал сойылып, ет қазылып жатқан О.-тың біріне асылып «құдайысы» тарқатылады. Одан кейін молда О. басында дұға бағыштаған. Артынша асқа сойылатын малдар айдалып келіш ішінен сойылатындары таңдалады. Бұдан кейін таңдалған жылқылар қасына келіп молда құран оқыған. Бұдан ары мал сойылып, ет қазанға салынған (**қ. Ас беру / Ас**).

Ы.Алтынсаринның XIX ғ.-дағы Орынбор қазақтары туралы жазылған деректерінің бірінде жана түскен келінді екі қолынан екі әйел қолтықтап атасының үйіне алып келіп табалдырықтан аттағаннан кейін, О.-қа жеткенше үш рет тізесін бүгіп сәлем бергізетіндігі туралы айтылады. Бұдан кейін О.-тағы жанып тұрған отқа май құяды (**қ. Келін**). Сондай-ақ, *отқа май құйғызу* салты күйеу жігітке де қатысты орындалады. Жігітті де жасы үлкен қыз жеңгелерінің бірі О.-тағы оттын жанына ертіп келіп, отқа май құйғызады.

Сонымен бірге, күйеу жігіттің қыз ұзату тойға келуіне қатысты ғұрыптар мен кәделердің бірінде отауға жиналған қыз жеңгелері күйеу жігітті ортадағы О. орнына отырғызып, ашық тұрған шаңырақтан қойдың мойын омыртқасын сыртқа қарай лақтыртқан. Егер лақтырған омыртқа шаңыраққа ілініп қалмай сыртқа шықса «түтіні түзу шығады екен» деп ырымдалған. Күйеу жігіт бұл үшін қыз жеңгелеріне *мойын тастар* кәдесін берген.

Ұзатылған қызға жасауын жасағанда қазан мен О.-ғын қосып берген. Ал, кейде О.-тың үш бұтына деп оның орнына



бүркіт берген. Мұның мәні бүркіт «қырық қырсықтың бетін кайтарады» деген ырыммен байланысты болса керек.

Дәстүрлі ортада малдан алғаш алынған маймен киіз үй есігінің жақтауын, табалдырығын, сонымен бірге қазан мен О.-тың құлағы мен тағанын майлаған. Бұның мәні «ақ мол болсын, аузымыз майдан арылмасын, береке-байлық, құт арылмасын» дегенді білдірген.

Сонымен бірге, ерте кездерде көктем шығып, наурыз айы туған шақта жерден О. қазылған. Оны халық *моғалошақ* деп атаған. Бұл О.-қа тұрмыста қолданылмайтын қажетсіз заттар тасталып, «жамандық атаулы ескі жылмен бірге кетсін» деп ырымдалып өртелетін болған. Бұны халықтың «жаман үйден қосым артық, сынық О.-тан мосым артық» деп келетін мәтелінен аңғаруға болады (**қ. Кетік аяқ сындыру (лақтыру); Наурыз**).

Сондай-ақ, «әйелдер О.-тың үш бұтынан асырып отын үймейді. Олай болғанда күйеуінің көңілі басқа әйелге ауып кетеді деп түсінген. Сонымен қатар халық арасында : Қазан-ошақты тебуге болмайды; Ошақтағы отты үрлеп сөндірмейді; О.-тың киесі, қазанның қарғысы атады делініп қазанды сүйеп қойғанда ауызын босағаға қаратпайды; О.-қа қазан асканда түзулеп асады, ернеуі босағаға қарай қисайса «несібе төгіледі»; О. орнын, күлді басуға болмайды; О.-тан от кетпесін, жын-шайтан иектемесін, пәле-жала аулақ болсын деген ниетпен жас отауды аластайды; Өмірге келген нәрестенің кіндігін үйдің құты болсын деген ырыммен О. түбіне көмген» - деп келетін ырым-тыйымдар жетерлік.

Дәстүрлі ортада кейбір мал ауруларын тұрмыста қолданылып жүрген бұйымдармен емдеу шаралары жүрген. Мысалы, мал денесіндегі ісінген ісікті балта, семсер жүзімен, істікпен, қышқашпен, сонымен бірге қараталақ, ошақ ауруына аталмыш О. бұтымен қару шарасын қолданған (**қ. Күйдіру / Қару; Ошақ**³).

Әдеб.: *Алтынсарин И.* Очерк бытчаев при сватовстве и свадьбе у киргизов Оренбургского ведомства // ЗОО ИРГО. Вып.1. Казань, 1870. С.104-110; *Плотников В.Н.* Поминки (Ас). Этнографический очерк из быта Зауральских киргизов // ЗОО ИРГО. Вып.1. Оренбург, 1870. С.137-150; Шанырақ. Үй-тұрмыс энциклопедиясы. Бас ред. Р.Нұрғалиев. Алматы: ҚСЭ, 1991; *Қасиманов С.* Қазақ халқының колөнері. Алматы: Қазақстан, 1995; Қазақ дәстүрлі мәдениетінің энциклопедиялық сөздігі. Құраст. А.Құралұлы. Алматы: Сөздік-Словарь, 1997; *Аргынбаев Х., Тоқтабай А., Сейітқұлова Ж.* Қазақтың мал шаруашылығына байланысты наным-сенімдері // Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. 1-том. Біртұтастығы және ерекшелігі. Құраст. С. Әжіғали. Алматы: Арыс, 2005. 73-94 бб; *Қыдыралын Ү.* Батыс Қазақстан қазақтарының ғұрыптарындағы ерекшеліктері // Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. 1-том. Біртұтастығы және ерекшелігі. Құраст. С. Әжіғали. Алматы: Арыс, 2005. 150-176 бб; *Кәмалашұлы Б., Ошанов О.* Монғолия қазақтарының салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыптарындағы ерекшеліктер // Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. 1-том. Біртұтастығы және ерекшелігі. Құраст. С.Е. Әжіғали. Алматы: Арыс, 2005. 226-245 бб; ҚӘТС. 12-том. Алматы: Арыс, 2010; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ОШАҚ² – халықтың үй іші, бала-шаға, отбасы дегенді білдіретін ұғымы. Бұны халықтың «*бәленбайдың ошағы*», «*ошаққа бас болар азамат*», «*өз ошағы*» деген ұғымдарынан байқауға болады.

Сонымен бірге сырттан біреулердің әлде бір отбасына ойран салуын «*ошағын талқандады*» деумен жеткізген. Ал, керісінше отбасының, ауыл-аймағының есен-саулығын амандығын білдіру үшін «*ошағының басы аман*» – деген тіркестер қолданылған.

Сондай-ақ, казакта «*от басы, ошақ қасы*», «*ошақ басы*», «*ошақ бұты*» – деп келетін ұғымдар да бар. Жеке үй болды, түтін түтетті дегенді «*ошақ құрды*» деген тіркеспен жеткізген. Өз алдына үй болып шыққан мұндай отбасына өзіне тиесілі еншісін бөліп беретін болған.

Үй ішінің амандығын тілеуде «*ошақтың үш бұты аман болсын!*» делінген. Яғни, О.-тың үш бұтының бірі болмаса О.-тың өз-өзін ұстап тұра алмайтындығын отбасының амандығымен теңестіре қарастырған. Ал, біреуге кіріптар болмай, іздегені өз үйінен табылсын дегенді «*ошақтың үш бұтына берсін!*» делінген. Үй ішінен айналшықтап шыға алмаған, үй тіршілігін ғана білетін адамға қаратылып «*ошақтың үш бұтынан шықпады*» деп айтылған.

Жігіт адам үшін өзінің үш жұрты О.-тың үш бұты, яғни үш тағаны іспеттес болған. Ал, осы үш жұртты теңдей ұстаған жігіт мына өмірде еш таршылық көрмеген. Бұған себеп жігіт адамның басына қиындық түссе бірі болмаса бірі қол ұшын беріп демеу болған (**қ. Жігіттің үш жұрты; Ошақ**¹).

Әдеб.: Қазақ дәстүрлі мәдениетінің энциклопедиялық сөздігі. Құраст. А.Құралұлы. Алматы: Сөздік-Словарь, 1997; *Кенжеахметұлы С.* Қазақ халқының салт-дәстүрлері. Алматы: Алматыкітап, 2004; ҚӘТС. 12-том. Алматы: Арыс, 2010; ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ОШАҚ³ / **ҚАРАТАЛАҚ** – төрт түліктің барлығында кездесетін аса қауіпті індетке саналған топаланның сиыр түлігіндегі кездесетін түрі. Ол жылқыда *жамандат*, түйеде *қарабез* немесе *ақшелек*, ешкіде *шек-шек* деп аталады. Дегенмен, қазақ арасында бұл індет көбінесе қойдағы атауымен *топалаң* деп жиі айтылады. Өйткені, аталмыш індет қойды қырып кетеді (**қ. Топалаң**). Бұл індет қағыну мен улану сипатымен білінеді, денеде әртүрлі ісік пен жара қаптап кетеді. Дәстүрлі ортада аталмыш дертті адамға да жұғады деп санаған. Оның адамдағы түрі – *күйдіргі* немесе *түйнеме*. Ғылыми атауы Anthrax деп аталатын бұл індет қауіпті таяқша қоздырғышынан пайда болады және оның ол топырақта жетпіс-сексен жыл бойы сақталып қала береді.

Індеттің атын атаса ол онан бетер зілі күшейіп, келетін шығыны көп болады деп түсінген ел эвфемизммен алмастырған: сөз болып отырған індеттің *қараталақ*, *қыз*, *сыйпар* және *ақбайпақ* сияқты бірнеше атауы кездеседі. Олар діни-мифологиялық сенім-нанымға және емдеу технологиясына, тіпті аурудың сипатына байланысты қалыптасқан. Байырғы мифтік түсінік бойынша қыз бейнесіндегі зиянкес түнде «*байпақшаң келгендей*» білдірмей келіп, малға індет жұқтырып, қырып (жусатып) салады деп түсінген. Соған байланысты О. індетін *қыз* немесе *ақбайпақ* деп атаған. Сол сияқты бұл індеттен өлген сиырдың талағы

ісініп қарайып кететіндіктен малшылар оны *қараталақ* деп те атаса керек.

О. індетін жұқтырған мал жүре алмай аяқтары шалынысады, аузы-мұрнынан қанды аралас көбік ағады, тынысы тарылып, аласұрады. Денесінде үлкенді-кішілі түйінді жаралар қаптап кетеді, дірілдеп құлап түседі. Өлген малдың дереу іші кеуіп ісініп кетеді, қан ағады, денесі іріп, қара түтек болып кетеді.

Мұрағат және жазба деректердегі мәліметтерге қарағанда, жылы маусымда шыққан мұндай індеттен үрейі ұшқан халық ерсілі-қарсылы көшіп-қонған (қ. *Лаң; Индет*). Суық маусымда шыққан О. жеңіл түрін емдеуге тырысқан. Дәстүрлі санитариялық-гигиеналық ұстанымға байланысты онан өлген малдың жемтігін көміп тастайды немесе өртеп жібереді.

О. атауы індетті «емдеу» үшін оның ісігін от жағатын ошақтың бұтымен (кез келген металмен емес) қарып күйдірсе, эффектісі жоғары болады деген ұстанымға байланысты туған (қ. *Ошақ¹*). Бұл тәсілдің мәні оттын киесіне байланысты қалыптасқан деуге болады (қ. *От*). Мұндай емнен кейін сиыр санының ортасында пайда болған бармақ батардай шұңқырға 2-3 елідей жалпақ темірді шаншып қояды.



Ошақ індетіне шалдыққан сиырды қыздырылған ошақпен қарып емдеу.
ҚР МОМ материалдары бойынша суретті салған Б.Досымов

Ертеде бұл індеттен мал топ-тобымен қырылып, ел экономикасына орасан үлкен шығын келген. Мысалы, 1883-85 жылдары Ырғыз бойын жайлаған О.-тан сиырлардың 80-90 пайызы қырылған. Осыған байланысты ғылыми

малдәрігерлік шараларды күшейте түскен. Бастапқыда оны коштамаған халық аталмыш індетті жасырып қалуға тырысқан. Сондай-ақ, болыстар да оны жасырын күйде ұстаған. Мысалы, 1889 ж. әскери губернатор Я.Ф. Барабин өзі жасаған ревизия барысында Түзтөбе және Мендіғара болыстарының басшыларын мал О. індетін жасырғаны үшін орнынан босатқан.

О. індетінен сақтану үшін індет шыққан қора, жұрт немесе көнге қоныс теппеген. Пәлелі деп табылған, яғни ауру қоздырғышының ошағы бар өріс, суаттарды ұзақ уақыт бойы пайдаланбаған.

Әдеб.: ЦГА РК. Ф.4, О.1, Д.3476, Св.464. Дело о борьбе с эпизоотией скота в Казахской степи (11.08.1847 - 9.09.1847.) 13 л.; Ф.25, О.1, Д.4210, Св.390. Сведения о крупном рогатом скоте в Тургайской области (23.09.1893 г.- 2.06.1895 г.) 235л; *Добросмыслов А.И.* Ветеринарный надзор в Тургайской области. Оренбург: Типо-литография П.Жаринова, 1897; *Аманжолов С.* Вопросы диалектологии и истории казахского языка. Алма-Ата: Наука, 1959; *Арғынбаев Х.* Қазақтың мал шаруашылығы жайында этнографиялық очерк. Алматы: Ғылым, 1969; Ветеринария в дореволюционном Казахстане // Ветеринария Казахстана. Сост. А.А. Казкенов. Алма-Ата, 1970. С.16-17; *Бәделхан Қ.* Халықтық мал емдеу тәжірибелерінен. Өлгий, 1977; *Радлов В.В.* Из Сибири. Страницы дневника. М.: Наука, 1989; *Ахметов Ә.* Түркі тілдеріндегі табу мен эвфемизмдер (салыстырмалы этнолингвистикалық зерделеу). Алматы: Ғылым, 1995; *Хинаят Б.* Қазақтың дәстүрлі малдәрігерлік білім жүйесі (тарихи- этнологиялық зерттеу). Тарих ғылымдарының кандидаты дәрежесіне үшін ұсынылған диссертацияның қолжазбасы. Ғылыми жетекшісі Нұрсан Әлімбаев. Алматы, 2001; ҚР МОМ – материалдарынан; ӨМЭЭ – материалдарынан.

ОШАҚ⁴ – ересек балалардың ойыны. Ойынға ересек ұл балалар мен қыздар қатынасады. Ойын екі топ арасында болатындықтан қатысушылардың санына шек қойылмайды. Ойын шарты бойынша ойыншылар саны жағынан тең болып екі топқа бөлінеді. Сосын тегіс, ашық алаң таңдап алады да, ол жерге бөлінген бір топтың ойыншылары түгелімен сиятындай етіп төртбұрыш сызық сызылады. Бұл сызық *ошақ* деп аталады. Ойынды бастау үшін екі топ ортаға жеребе тастайды. Жеребе түскен топ ұтқан болып есептеледі де, сызықтан қашықтау жерге барып тұрады. Ал, ұтылған топ ошақ деп аталатын сызықтың ішіне кіреді. Сырттағы ойыншылардың қолында сиырдың жүніне су бүркіп, уқалап, илектеу арқылы жасалатын *киіз доп* немесе *жүн доп* болады. Ойын шарты бойынша сызықтың сыртындағы топтың ойыншылары аталмыш доппен ошақтың ішіндегі ойыншыларды ұрады. Егер доп бір ойыншыға тисе, ол сызықтың, яғни ошақтың сыртына шығып тұрады. Ал, допты лақтырғанда ошақтағы ойыншының біреуі жерге түсірмей оны ұстап алса, сыртқа шығып қалған ойыншының біреуін қайыра кіргізіп алуға мүмкіндік алады. Осылайша, ойын жалғаса береді де, ошақтың ішінде жалғыз ойыншы қалғанда ұтқан топтың шешіміне орай ошақты он рет немесе жиырма рет жүгіріп айналып шығуға тиіс болады. Ойыншы қойылған талапты ойдағыдай орындап шықса, ошақ сыртындағы ойыншыларды түгел кіргізіп алуға мүмкіндік алады. Егер ошақты айналып жүтірген ойыншы белгілі бір себептерге байланысты құлап немесе шаршап ошақты айналып шыға

алмаса, өзі де сызықтың сыртындағы тобына қосылып, бұл топ жеңілгенге саналып, ошаққа қайыра кіруге мәжбүр болады.



Ошақ ойыны. ҚР MOM материалдары бойынша суретті салған Б.Досымов

Осындай тәртіппен ойын жалғаса береді. Кейде өзара келісім арқылы екі топтың орны алмасып отырады.

Әдеб.: Төтенаев Б. Қазақтың ұлттық ойындары. Алматы: Қазақстан, 1978; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ОШАҚ БӘЙГЕ – той, ас беруге дайындық кезінде «ошақ қазылып болғанша» өткізілетін жақын аралықтағы ат жарысы. Бұл бәйгеге күнделікті міністегі, яғни жаратылмаған аттар қосылған. Озып келген атқа шағын бәйге берілген (қ. *Бәйге*). О.б.-сі халық арасында *жерошақ бәйгесі*, *ошақ майлар бәйгесі* деп те аталады (қ. *Жерошақ бәйгесі*; *Ошақ майлау*).

Әдеб.: Смағұлов Е. Ас // Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. 1-том. Біртұтастығы және ерекшелігі. Құраст. С.Е. Әжіғали. Алматы: Арыс, 2005. 245-265 бб; Қамалашұлы Б., Ошанов О. Моңғолия казактарының салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыптарындағы ерекшеліктер // Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. 1-том. Біртұтастығы және ерекшелігі. Құраст. С.Е. Әжіғали. Алматы: Арыс, 2005. 226-245 бб; Қазақ тілінің аймақтық сөздігі. Құраст.: Ғ.Қалиев, О.Нақысбеков, Ш. Сарыбаев, А.Үдербаев және т.б. Алматы: Арыс, 2005; ҚӘТС. 12-том. Алматы: Арыс, 2010; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ОШАҚ МАЙЛАУ – асқа дайындықтың соңғы бірекі күні өткізілетін қорытынды мәжіліс. Қазақта аты елге танымал атақты адамдардың дүниеден өткеніне бір жыл өткен соң, оның аруағына арнап ас беру дәстүрі бар. Ал, бұған ағайын-туыс, ел-жұрт күні бұрын дайындық жасайды, сауын айтылады. Осындай ас беруге дайындықтың соңғы күндері оны пысықтау үшін жиын өткізіледі. Бұған арнайы мал сойылады. Онда дайындық жайы қарастырылады, асты ел намысына кір келмейтіндей ынтымақпен өткізу, бірауызды болуға бәтуаласады. Сонымен бірге бұл күні ошақ қазылып, «ошақ майлар» деп аталатын шағын бәйге ұйымдастырылады (қ. *Жерошақ майлау*).

Әдеб.: Руденко И.С. Очерки быта северо-восточных казахов // Казаки. Сборник статей антропологического отряда Казахстанской экспедиции АН СССР. Исследование 1927 г. Л.: АН СССР, 1930. С.1-72; Қатран Д. Қазақтың дәстүрлі ас-тағам мәдениеті. Ғылыми редакторы және алғы сөздің авторы Нұрсан Әлімбаев. Алматы: КМӨҒЗИ, 2002; Смағұлов Е. Ас // Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары.

1-том. Біртұтастығы және ерекшелігі. Құраст. С.Е. Әжіғали. Алматы: Арыс, 2005. 245-265 бб; *Кенжеахметұлы С.* Ата мұрасы – асыл қазына 1-к. Астана: Аударма, 2005; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ОШАҚ ПЕШ – пештің темірден дөңгелек пішінде жасалған түрі. Ошақ пешті ұсталар темірден жасайды. Ошақ пешке от жағып үй жылытады, қазан асып тамақ пісіреді (қ. *Пеш*).

Әдеб.: Қазақ тілінің аймақтық сөздігі. Алматы: Арыс, 2005; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ОШАҚҚАЗАР – ас берер алдында ел ағалары, ақсақалдар, туған-туыстың бас қосып кеңес өткізу шарасы. Бұл кеңесте қанша ел-жұртты шақыру, қанша мал сойылу, үй тігу мәселесі, сонымен бірге ошақтың да қай жерден қазылуы, яғни ас беру мәселесі жан-жақты талқыланады. Бұл іспен негізінен қайтыс болған адамның ет жақындары, ағайын-туыстары айналысады. Бұдан кейін ел астың қамына кіріседі. Асты ұйымдастырушылар ас асабасына апта сайын, ай сайын жүргізіліп жатқан жұмыс жайында мағлұмат беріп отырады. Осылайша барлық ел асты жоғары дәрежеде өткізуге атсалысады (қ. *Ас / Ас беру*).

Ошақ астың басталуына бір күн қалғанда қазылған және оның саны шақырылған адам санына қарай болған. Мәселен, В.Н. Плотников келтірген деректе Ақмола өңірінде өткен Ерден Сандыбайұлының асына 200 ошақ қазылса, Өскенбай асына 300 ошақ қазылғандығы айтылады.



Ошаққазар күні. ҚР MOM материалдары бойынша суретті салған Б.Досымов

М.Шормановтың келтірген дерегінде астың бірінші күні сәрсенбіге белгіленіп, ол күн *О.*, ал екінші күні *мал сояр*, үшінші күні *ұстаған*, төртінші күні *ат шабар* деп аталатындығы айтылады.

Әдеб.: Плотников В.Н. Поминки (Ас). Этнографический очерк из быта Зауральских киргизов // ЗОО ИРГО. Вып.1. Оренбург, 1870. С.137-150.; Шорманов М. Қазақтың халықтық әдет-ғұрыптары. Құраст. А.М. Қанафина. Қарағанды, 2000; Ибраев М. Сарыарқа казактарының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары // Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. 1-том. Біртұтастығы және ерекшелігі. Құраст. С.Е. Әжіғали. Алматы: Арыс, 2005. 141-151 бб; Смағұлов Е. Ас // Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. 1-том. Біртұтастығы және ерекшелігі. Құраст. С.Е. Әжіғали. Алматы: Арыс, 2005. 245-265 бб; *Кенжеахметұлы С.* Ата мұрасы – асыл қазына 1-к. Астана: Аударма, 2005; ҚӘТС. 12-том. Алматы: Арыс, 2010; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ОЮ-ӨРНЕК – ою мен өрнектердің жалпы атауы. Ою деп заттың бетіне түсірілген нақыш, бедер, өрнекті айтады. Оюлы бедерді, көркемдік түрді, әшекей нақышты *өрнек* деп қолдана береді. Ою мен өрнек атаулары халық тілінде мәндес (синоним) сөздер ретінде жұмсалады. Алайда ою мен өрнектің өзіндік өзгешеліктері байқалады (**қ. Өрнек**). Қазақ тұрмысында ою-өрнек төмендегідей эстетикалық функция атқарады:

– тұрмыстық заттар мен бұйымдарды (киіз үйдің жасау-жабдықтары, ер-тұрман, киім-кешек, әйел әшекейлері және т.б.) әшекейлеу;

– сәулеттік құрылыстарды (мазар, кесене (мавзолей), үй құрылыстары, құлпытас, монша және т.б.) көркемдеу;

– адам ойын бейнелі түрде жеткізу (ұзатылған қыздың ою-өрнек салынған сәлемдеме жіберу арқылы өз жағдайын ата-анасына білдіруі; жігіттің білезіктің ою-өрнегіне қарап қыз басының бос немесе бос еместігін білуі; *құдағи (кей жерлерде, құдағай) жүзік* деп аталатын жүзікте бейнеленген ою-өрнек арқылы қыз анасының құдағиына деген ризашылығын білдіруі; төркін жұртының қызына деген арман-тілегінің қыз жасауындағы ою-өрнектерде берілуі және т.б.);

– халықтың дәстүрлі дүниетанымдық көзқарасын білдірді (су, тау, ауа, от және т.б. жаратылысы жөніндегі, дүниенің пайда болуын бейнелейтін ою-өрнектер төрт бітімді бұйымға салынды немесе ол *төртмүйіз, шаршы* ою тәрізді төрт бітімді пішінде берілді; аспан әлеміне табыну (космогониялық өрнектер); табиғат құбылыстарына сыйынуды білдіретін зооморфтық және көгеріс өрнектер және т.б.);

– халықтың наным-сенімін білдіру (тіл-көзден сақтану – *тұмар, найзекі* өрнектері; киелі заттарды, киелі сандарды қастерлеу – *ботагөз, қошқармүйіз, бауырсақ, жетізгүл, қырықмүйіз* және т.б. өрнектер);

– әрқашан жақсылықтың нышанын аңарту (*мүйіз* оюлары тоқшылықты, молшылықты, *құсқанаты, құстұмсық* азаттық, еркіндікті білдіреді, *көгершін* – тыныштықтың символы және т.б.);

– халықтың тұрмыс-тіршілігін бейнелеу (*түйетабан, аттабан, текемүйіз* – мал шаруашылығын, *бидайық, арпабас* – егін шаруашылығын, *бұхар теру, кезім теру* және т.б. сауда-саттық, мәдени байланыстан хабар береді).

Сонымен, қазақтың ұлттық *ою-өрнегі* – тұрмыстық заттар мен бұйымдарды, құрылыс-сәулет ғимараттары мен ескерткіштерін көркемдеуде және ертеден айналысып келе жатқан шаруашылығын, қоршаған әлем туралы ұғым-түсініктері мен білімін, одан алған әсері мен арман-тілегін өзара композициялық, колориттік, технологиялық үйлесімділікте эстетикалық түрде жеткізетін нақыштар.

Қазіргі ғылыми-қолданбалы әдебиеттерде *ұлттық ою-өрнек өнері* деген термин қолданылады. Ол *қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнері салаларының барлық туындыларында кездесетін ою-өрнек түрлері мен өрнектеу әдістерінің кешені* дегенді білдіреді.

Ою - өрнектердің мазмұндық ерекшеліктері. Ою-өрнектің мазмұндық ерекшеліктері өз кезегінде семантикалық ерекшелікті (символ, дүниені тану ерекшелігі, салт-дәстүр және т.б.), бояу түсіне байланысты ерекшелікті (қазақ шеберлерінің ак бояу түсін жақсы көретіні, бояу түсінің идеялық мазмұны, эмоциялық әсері және т.б.), композициялық ерекшелікті (өрнектердің орналасу орындарындағы тұрақтылығы мен жүйелілігі), басқа халықтардың ою-өрнектерімен байланысты ерекшелікті (ою-өрнектердегі ұқсастықтар, кейбір бірдей өрнектердің басқаша аталуы), ою-өрнек жүргізу әдісіне қатысты ерекшелікті (*тұр салу, ойыстыру* және т.б. киіз басуда, *сыру, ою, қию, бастыру* және т.б. сырмақ сыруда, *тоқып тұрлеу, шалу, тегістеу* және т.б. кілем тоқуда, *бедерлеу, қапқаздау, сіркелеу* және т.б. зергерлікте, *сызу, қашау, оймыштау, сүйектеу* және т.б. ағаш шеберлігінде) қамтиды.

Ою - өрнектердің жіктелуі. Қазақ этнографиясы мен өнертану саласында ою-өрнектерді жіктеудің әртүрлі үлгілері кездеседі. Ө.Х.Марғұлан ою-өрнектерді *космогониялық, зооморфты, өсімдік тәрізді, геометриялық өрнектер* деп 4 топқа бөледі. Жіктеменің осы түрін көптеген зерттеушілер қолданады. Ө.Жәнібеков қазақ ою-өрнектерін *мақұлық атты, гарыш атты, нәубет атты, тіке сызықты* деп жіктеді. Кейбір зерттеушілер, мәселен, Т.Бәсенов, космогониялық өрнекті *магиялық өрнекке* жатқызды.

Ою-өрнектерді топтастыруда және жіктеуде олардың әртүрлі белгілері негізге алынады. Мәселен, Ө.Х.Марғұлан, Т.Бәсенов, М.Мұқанов және Ө.Жәнібеков ою-өрнектерді мотивтеріне қарай жіктесе, С.Қасиманов пен Ұ.Әбдіғабарова ою-өрнек атауларының мағынасына қарай қарастырады.

Ою - өрнектердің шығу негіздеріне (мотивтеріне) қарай жіктелуі. Ою-өрнектер аталған зерттеушілердің еңбектерінде зооморфтық (жабайы және төрт түліктің, құс, жәндіктердің символдық бейнесі), көгеріс (стильденген жапырақ, гүл, өсімдік дәні мен жемісі), геометриялық (сызық түрлері мен геометриялық фигуралар), космогониялық (аспан денелері мен табиғат құбылыстары) өрнектер деп бөлінеді. Бұлар ою-өрнектің классикалық түрлері мен жіктемелері болып саналады. Қазақ ою-өрнектерінің ішінде ең басым қолданылатыны – *мүйіз* пішінді өрнектер. Ол өте көне заманнан қолданылып келе жатқан өрнек түрі және ол көбінесе, зерттеушілердің дәлелдегеніндей, мал шаруашылығымен айналысқан көшпелі халықтардың қолөнерінде негізгі мән ретінде жиі ұшырасады. Оның нұсқалары мен түрлендірмелерінің ел арасында сақталған атауларының көптігі сондықтан. Қазақ қолөнерінде ғасырлар бойы қалыптасқан *қошқармүйізден* бастап *арқармүйіз, аймүйіз, қырықмүйіз, қосмүйіз, сыңарөкше, өркешмүйіз, сынықмүйіз, сырға, төртқұлақ, сыңармүйіз* және т.б. нұсқаларының ірі түрлері текемет, сырмақ,



кілем, алаша, ши, сондай-ақ сәулет ғимараттарында, ұсақ түрлері зергерлік, кестенілік, сүйек, мүйіз, ағаш өңдеу жұмыстарында қолданылады. Мүйіз өрнегі өзінің тұрпат-бейнесі арқылы қазақ халқының мінез-құлық ерекшелігін де (сыпайылық, қонақжайлылық және т.б.) байқағады.

Ою - өрнектердің аталу мағынасына қарай жіктелуі. Ою-өрнектердің аталу мағынасына қарай жіктелетін түріне зат, құбылыстың бейнесіне ұқсастығына байланысты атаулар және ұқсастығына байланысты емес атаулар жатады. Мәселен, *құсқанат, жұлдыз, алмагүл, кереге, тұмарша* және т.б. өрнектердің өзі бейнелейтін затпен ұқсастығын байқауға болады. Ал, *аштархан теру, шет ою, орта ою, бастырма, жүздеме ою және т.б.* өрнектерден ондай ұқсастықты табу қиын. Ою-өрнектің бейнелейтін затқа ұқсамайтын түрлеріне өрнек салу (түсіру) тәсіліне, ру-тайпа, халық атына, өрнектің зат бетіне орналасқан орнына байланысты аталатын түрлері жатады.

Әшекейлеу тәсілдеріне байланысты аталатын ою - өрнектер. Ою-өрнекпен әшекейлеудің тәсілдеріне байланысты қалыптасқан өрнек түрлері *терме ою, терме өрнек, шалма ою* (бұлар – кілем, алаша және тоқыма бұйымдарда қолданылатын тәсілдер), *текемет түр, қоржын түр, қақпа* (мәселен, тоқылатын алаша керілген түсті жіптерге тек қана шатыс түсіру арқылы арқау өткізіліп, қылышпен қағып тоқылады; өрнекті теріп шығармайтын болғандықтан, тергіш қатыспайды), *капказөрнек* немесе *қарабағдар, мүйіз мәнер, сырмақ өрнек* және т.б. деп аталады.

Этникалық белгісіне қарай аталатын ою - өрнектер. Этникалық белгісіне қарай ою-өрнектер *аштархан теру, түрікпен теру, керей үлгі, бүтін ай* (дулаттың бүтін ай таңбасынан), *тарақ* (жалайырдың тарақ таңбасынан), *жебе* (адай мен төленгіттің жебе таңбасынан), *қос әліп* (қыпшақтың қос әліп таңбасынан), *босаға* (қоңыраттың босаға таңбасынан) *шешенгүл* (шешен халқының ою-өрнегі үлгісіндегі мәнер), *адай шет* (оңтүстік аймақтағы қазақтар қарақалпақ жерінде тұратын қазақтардың тілінде айтылатын *орамал балдақ* оюын *адай шет* деп атайды), *қажары* (бұл өрнек ел ішінде *кежім теру, бұқар теру* деп те қолданылады; көршілес өзбек, түрікмен халықтарының кілемшілік өнерінен алынған) және т.б. деп бөлінеді.



Аштархан теру – қиықшаршылардың ішіне тісті шаршы, омыртқа бейнелері тоқып салынған өрнек.



Қажары – кілемнің көліне салынатын самаурынгүл тәрізді өрнек



Қорасан – қиықшаршы, шынжыр, қармақ, құсқанат, кереге бейнелері салынған өрнек



Түрікмен теру – ортасына балдақты тұмарша элементтері тізбектеле салынған өрнек

Орналасатын орнына байланысты аталатын ою - өрнектер. Ою-өрнектер, *орта ою, алақан ою, шет ою* деп жіктеледі. Өйткені ою-өрнек салынатын бұйымның беті *орта, бас, шет* деп ажыратылады. Ою-өрнектер зат бетінің ортасына, екі басына (екі басы *алақан* деп аталады), екі шетіне (екі жанына) салынады, яғни өрнек салынатын бұйымның беті бес бөліктен тұрады.

Орта ою – кілем, тұскиіз, текемет, сырмақтың ортасына міндетті түрде салынатын ою. Оны *табақ, көл, ортагүл, шаршы, төрқұлақ* деп әртүрлі атайды. Орта ою *қорған, қора* деп аталатын оюмен қоршалыады.



Орта оюына төртқұлақты 3 қиықшаршы салынған текемет. Суретші Р. Сәрсенбин. ҚР МОМ қорынан (КПД 3-4)

Алақан ою бұйымының екі басына (бас-аяғына), *шет ою* заттың екі шетіне (оң және сол жақ шеті) жағалата салынады. Оны шеберлер *жан ою, жиік өрнек, жиік ою, шетгүл* деп қолдана береді.



Сырмақтың алақан ою. ҚР MOM қорынан (КПД 112)



Шет ою. ҚР MOM қорынан (КП 24733)

Орта ою мен шет оюдың арасындағы үшкіл тәрізді орынға қолтық деп аталатын өрнек салынады. Оның халық тіліндегі басқаша атаулары – қолтықша, қолтық ою. Бүкіл ою тұлғасының қаңқасын, сабағын желі дейді. Ою-өрнек желісінен жүйелі ырғақ туындайды. Ырғақ – ою-өрнекте бір элементтің қайталанып отыруы. Желі тізбектелгенде – тұлғалас, беттескенде симметрия болып шығатын өрнек пайда болады. Желі інішініне қарай тізбе желі, үзбе желі, бұрыш желі, тік желі, сұлама желі және т.б. түрлерге бөлінеді. Ою-өрнектердің жігін (шекарасын) бөліп, айқындап көрсету үшін су деп аталатын ою жүргізіледі. Оны су өрнек деп те атайды. Су – өрнектің өзі мен өрісін (фонын) айқындау және екі түрлі түсті аша түсу үшін олардың арасына салынатын жолақ, ирек пішініндегі нақыш. Оюдың сыртын айналдыра жүргізілген өрнек те, бұйымның жиектеріне салынатын ою да су деп аталады. Екі өрнектің жік-шекарасын үшінші түспен бөлу тәсілін су жүргізу, шек салу дейді. Су жүргізілгенде қатар орналасқан өрнек әдемі үйлесім табады. Ою-өрнектердің бұйым бетіне осылай рет-ретімен орналасу принциптерінің тұрақтылығы, құрылым жүйесінің қатаң сақталуы нәтижесінде композициялық құрылым орнығады. Мысал ретінде халықтық ою-өрнектердің сыңар ою, теңдеме ою, жүздеме ою тәрізді композициялық құрылымының қалыптасқандығын айтуға болады. Бұндай оюларда орта, бас, шет (жан, жиек) бөліктерімен бірге симметриялық тепе-теңдік, орнықтылық, тұйықтық тәрізді композицияның классикалық категориялары сақталған. Олардан, мәселен, ирек, толқын, су, омыртқа, сыңармүйіз өрнектерінен қозғалыс, ал қошқармүйіз, сынықмүйіз, тарақ, қолтықша, балта сияқты өрнектерден орнықтылық байқалады.

Жоғарыдағы ою-өрнектерді жіктеуде және оларда қолданылған терминдерді саралай келгенде, ою-өрнектерді шығу негізі (мотиві) жағынан зооморфтық ою-өрнектер, көгеріс ою-өрнектер, космогониялық ою-өрнектер, геометриялық ою-өрнектер, жербедері пішінді ою-өрнектер, артефактілік зат пішінді ою-өрнектер деп қарастыруға, сонымен бірге ою-өрнектерді басты белгісі мен тәсілдеріне (гүлді, торлы, өрнекті таспа, терме өрнек және т.б.), этникалық белгісіне, орналасатын орнына, композициялық құрылымына және т.б. белгі-сипаттарына қарай қарастыруға болады.

I. Зооморфтық өрнектер.



Қошқармүйіз. Суретші Ә. Қастеев.
ҚР MOM қорынан (КПД 5/3)



Жұлдызды қошқармүйіз. Фрагмент. Суретші Ә. Қастеев.
ҚР MOM қорынан (КПД 5/14)



Сыырбас. Суретші Ә. Қастеев. ҚР MOM қорынан (КПД 5/20)



Түйетабан немесе жүрекіше. Фрагмент.
Суретші В.В. Теляковский.
ҚР MOM қорынан (КП 5794)

II. Көгеріс өрнектер.



Төртбұтақ. Суретші Ә. Қастеев.
ҚР MOM қорынан (КП 5/9)



Гүл, жапырақ. Суретші Ә. Қастеев.
ҚР MOM қорынан (КП 5/10)



Бұтақ. Суретші Р. Сәрсенбин.
ҚР MOM қорынан (КПД 238/11)



Ағаш, жапырақ, гүл. Суретші Р. Сәрсенбин.
ҚР MOM қорынан (КПД 3/5)



Сабақ, гүл, жапырақ. Суретші К. Қударов.
ҚР MOM қорынан (КПД 6/27)



III. Космогониялық өрнектер.



Жұлдыз. Суретші Ә. Қастеев.
ҚР MOM қорынан (КПД 5/15)



Күн өрнегі. Д. Шоқпарұлы бойынша



Жұлдызша. Д. Шоқпарұлы бойынша




Жұлдыз. Д. Шоқпарұлы бойынша

IV. Геометриялық стильдегі өрнектер.



Үшбұрыш (Үшбұрыштардан құралған геометриялық өрнек).



Толқын – желді, дауылды күндері бірін-бірі қуалай соққан судың толқыны тәрізді өрнек. Көк, көгілдір түспен тіршіліктің белгісі ретінде салынады.



Теңіз – жсай ғана толқып жатқан теңіз бетін бейнелейтін өрнек.

VII. Артефактілік зат пішінді өрнектер.




Керегемас – киіз үй керегесінің басын бейнелейтін өрнек. Оюды айналдыра жиектеуге қолданылады. Сырмақ фрагменті. ҚР MOM қорынан (КП 895).



Арамис // Тис – ағаш аралайтын құралдың (араның) тісі тәрізді, ою-өрнектерді жиектеуге, су жүргізуге қолданылатын өрнек. Текемет фрагменті. ҚР MOM қорынан (КП 13347).



Түндік – толқын, мүйіз, үшжапырақ оюларынан құрастырылған қиықшаршы пішінді өрнек.



Балдақ тұмарша – балдақ және үшбұрышты тұмарша тәрізді оюлардан тұратын өрнек.




Балта – сырт пішіні балта тәрізді өрнек. Киіз бұйымдар мен алаша, басқұрларда кездеседі.

Ою-өрнек түрлері мен жасалу тәсілдері. Ою-өрнектің қазақ қолөнерінің барлық саласында қолданылатын түрлері аса мол. Шаруашылық, аңшылық, балықшылық және шеберлер қолданатын құрал-саймандар болмаса тұрмыстық бұйымдардың барлығы дерлік ою-өрнекпен әшекейленеді. Атап айтқанда, киізден жасалатын бұйымдар (текемет, сырмақ, сандыққап, тұскиіз, дорба және т.б.), тоқыма бұйымдар (кілем, алаша, басқұр, қоржын және т.б.), ағаштан жасалатын жиһаздар (сандық, кебеже, төсекағаш және т.б.) мен ыдыс аяқтар, тері, көн, былғары, мата тәрізді материалдардан тігілетін бұйымдар, металдан соғылатын зергерлік әшекейлер мен қару-жарақтар, сол сияқты сүйектен, сазбалшықтан жасалатын әртүрлі заттар – бәрі де ою-өрнекпен көркемделген. В. Чепелевтің атап айтқанындай қазақ халқының ою-өрнек әлемінде өмір сүреді деуге болады. Соңғы жылдардағы зерттеу деректері

бойынша 500-дей ою өрнектің түрі белгілі болып отыр. Оларды бұйым түрлерінде қолданылуы жағынан арнайы қарастырудың маңызы ерекше. Өйткені зат, бұйым бетіндегі ою-өрнектер көркемдік әшекейдің осындай түрінің атқарған қызметін, қолданылатын орындарын, символдық нышанын, көркемдеудің аймақтық ерекшеліктерін және т.б. көрсетеді.

Тұрмыста қолданылатын әртүрлі бұйымдар мал өнімдері мен ағаш, темір, алтын, күміс, сазбалшық және т.б. шикізаттардан жасалады. Олардың бетіне ою-өрнек түсірудің технологиялық тәсілдері де әр алуан. Мәселен, киіз бұйымдардың бетіне *түр салу, ойыстыру*, кілем және басқа да тоқыма бұйымдарға *шалу, теру*, ағаш бұйымдарға *сызу, қашау, оймыштау*, сазбалшықтан жасалған бұйымдарға *батыру, сызу, қалыптау*, зергерлік бұйымдарға *бедерлеу, сіркелеу, капказдау* және т.б. тәсілдер қолданылады. Белгілі бір тәсіл барлық материалға қолданылмайды. Ою-өрнек түсірудің әдіс-тәсілдері заттың материалына байланысты болып келеді. Сондықтан оларды бұйымның материалына қарай жіктеп қарастыру нәтижелі болмақ.

Ою-өрнектердің киіз бұйымдарына салынатын түрлері мен жасалу тәсілдері. Киізден жасалған бұйымдардың бетіне ойыстырылып, бастырылып, сырылып, кестеленіп салынатын геометриялық (*шаршы, үшбұрыш, қолтық*), зооморфтық (*қошқармүйіз, өркеш, қырықмүйіз* және т.б.), көгеріс (*арпабас, шырша, құрайгүл*), және т.б.), космогониялық (*жұлдызгүл, шыққан күн, табақша* және т.б.), артефактілік зат пішінді (артефактілер – *балға, тұмарша, тарақ* және т.б.) деп жікелетін ою-өрнектің барлық түрі кездеседі.



Алағұрт – текеметке әр түсті (көбінесе ақ пен қара) жүннен түр салғандықтан алағұрт тәрізді болып көрінетін өрнек түрі. Алағұрт өрнегі салынған текемет. ҚР MOM қорынан (КП 9260).



Балдақ өрнегі ойыстырылған көш сырмақ. ҚР MOM қорынан (КП 9882)

Балдақ – таяныш ретінде қолданылатын балдаққа ұқсас сырмақ өрнегінің атауы. Бұл өрнек көбінесе бір не екі қатардан тұрады.



Ебелек/қаңбақ өрнегі салынған текемет. ҚР MOM қорынан (КП 16237)



Ебелек//қаңбақ – боз от түріне жататын қаңбақтың қураған кезде болмашы желдің өзінен-ақ домалай жөнелетін бейнесіне ұқсас өрнек атауы. *Ебелек* өрнегі иірілген “төрт құлағы” бар шаршы түрінде болып келеді. Бұл өрнек кейде *қаңбақ* деп те аталады.



*Итқұйрық өрнегі салынған текемет.
ҚР МОМ қорынан (КП 14134).*

Итқұйрық – ұшы жоғары қарай қайқайып тұрған иттің құйрығын бейнелейтін өрнек түрі. Аталмыш ою текеметтен басқа да бұйымдарда кездеседі. Кейде итқұйрық өрнегі жаны берік, денсаулығы мықты болсын деген ырым-тілекпен баланың киіміне салынады.



*Кебеже ою//кебеже өрнек ойыстырылып
салынған сырмақ, ҚР МОМ қорынан (КП 25556)*

Кебеже ою//кебеже өрнек – кебеже бетіне салынатын өрнек сарыны қайталанатын ою түрі. Бұл ою көбінесе сырмаққа салынады. Сырмақтың орта бөлігі үлкен, алақандары мен жиектері (екі жаны) бірдей болып келеді. Соған байланысты орта оюының композициясы кесек болып келеді әрі оюлар симметриялы түрде орналасады.



*Көгеріс өрнек кестеленген сандыққап.
ҚР МОМ қорынан (КП 11273)*

Көгеріс өрнек – өсімдіктің сабағын, жапырағын, гүлін бейнелейтін өрнек атауы. Киізден жасалған сандыққаптың матамен тысталған бөлігіне сабақ, жапырақ, гүл тәрізді өрнек элементтері кестеленіп салынады.



*Төртқұлақты қосмүйіз өрнегі салынған
сырмақ, ҚР МОМ қорынан (КП 6624)*

Төртқұлақты қосмүйіз – дүниенің төртбұрышына бағыттап қосмүйіз өрнегінен түрлендіріп салған өрнек түрі. Бұл өрнек сырмақтың орта оюына ойыстырылып, кілемнің «көліне» шаршы түрінде тоқылып салынады.

Ою-өрнектердің мол түрі әсіресе текемет пен тұскиізге, сырмаққа салынады. Киіз бетіне ою-өрнек салынбаса, ол сол киіз күйінде қалады. Оның бетін түрлендіріп, ою-өрнекпен көркемдеп жасағанда ғана *текемет*, *тұскиіз*, *сырмақ* деп аталатын жаңа бұйымдар пайда болады.

Текемет пен тұскиіз, сырмаққа ең көп, жиі салынатын ою – *мүйіз* өрнегі. Ол – өте көне заманнан келе жатқан өрнектің бірі. Көптеген зерттеушілердің тұжырымдауы бойынша негізгі (инвариант) *мүйіз* өрнегі мен оның *қошқармүйіз*, *сыңармүйіз*, *арқармүйіз*, *қосмүйіз* және т.б нұсқалары көбінесе мал шаруашылығымен айналысқан көшпелі немесе жартылай көшпелі халықтардың қолөнерінде қой, арқар, бұғы, сиырдың мүйіздерін бейнелеуден шыққан. Киіз бұйымдардың бетіндегі мүйіз оюларының көпшілігінің негізгі нұсқасы мүйіз тәрізді болып келгенмен, күрделене түсіп, тұтас бір композиция жасап тұрады. Мүйіз негізді *қошқармүйіз* оюының пішіні текеметте қойдың төбесі мен екі жаққа иіріле түскен мүйіз бейнесінде келін, кейде мүйіз қолтығынан қойдың құлағын елсстететіндей шолақ мүйіз сияқты екі буын байқалады. Байыптап қараған адамға қошқар тұмсығының бейнесі де аңғарылады. Текемет басылатын киізге *сыңармүйіз* өрнегін салу үшін қошқармүйіз оюының бір жақ сыңарын ғана келтіріп түр салады. Алайда мүйіздің сыңар екені оюшының шебер жасаған композициясында оқшауланбай, байқалмай тұрады. *Қырықмүйіз* оюы бірнеше тармақты, көп мүйізді өрнектердің бір-біріне қосылуынан жасалады. Оны көбінесе шеңбер немесе шаршының ішіне салады. *Қырықмүйіз* оюымен сәулет ескерткіштерін, сырмақ, мата беттерін безендіреді. Түйенің қос өркешін бейнелейтін ою *өркеш* деп аталады. Ол көбінесе текемет, сырмақ, тұскиіз беттерінде кездеседі. Осындай бұйымдардағы өркеш оюының этномәдени мәнін С. Қасиманов былай деп көрсетті: «*Бір түйенің қос өркеші, бір биенің екі емшегі қазақта береке, бірліктің, достықтың белгісін білдірген. Бір биеде екі емшек, бір түйеде екі өркеш*», «*екі көздің бірі, егіздің сыңары*» деп келетін сөз тіркестері осындай жайларды аңғартады. Қазақ өрнегіндегі «өркеш» оюының да осы айтылғандарды меззейтіні анық». Ал, М. Өмірбекованың пікірінше: «*Қазақ оюында мал мен аңның қос мүйізін, түйенің қос өркешін, биенің қос емшегін бейнелеу тек симметриялық тепе-теңдік үшін ғана емес, сонымен қатар береке-бірліктің, көбеюдің символын білдіреді*». Төрт түліктің жілік сүйектерінің негізінде пайда болған *жілініш*к өрнегі текеметке ұзынша келген, екі қатардан тұратын буынды сызық пішінінде салынады. Бұл өрнек киізден басқа алаша, басқұр тоқығанда да қолданылады. Жоғарыда аталған ою-өрнектер – *қошқармүйіз*, *қырықмүйіз*, *өркеш* тәрізді оюлар – тұскиізге де салынады.

Текемет, тұскиіз, аяққап, сырмақ тәрізді киізден жасалатын бұйымдарды *тұмарша*, *қосдөңгелек*, *сыңарөкше*,

бағанаөрнек (бұл өрнек ағаш бұйымдарда көбірек кездеседі), *балдақ*, *балта* тәрізді артефактілік зат пішінді (адам қолымен жасалған бұйымдар-артефактілер) ою-өрнектер сәңдей түседі. Үшбұрыш бейнесінде салынатын *тұмарша*, екі шеңбердің қосарланған пішінінде салынатын *қосдөңгелек*, ағаш діңгегінің бейнесін басқа өрнектермен ұластырып түсіретін *бағанаөрнек* текемет, сырмақтың ортасын көркемдеуде кездеседі. Текеметте орталық бөлігіне бірнеше *қиықшаршы* (ромб) немесе *шеңбер* (дөңгелек) түсіріліп, шеңбердің ішіне ұсақтау өрнектер салынады. Бірнеше ірі *қиықшаршы* (ромб) салынған текеметке жиек ою түсірілмейді. Текемет ортасындағы *қиықшаршы* өрнегін оңтүстік және шығыс аймақтарда *шаршы*, орталық аймақта *айшық*, солтүстік өңірде және Ресей қазақтары тілінде *екі көзді* деп аталады. Текемет бетіне жиектеп талдырмадан салынған оюлардың аймақтық ерекшелігі байқалады. Талдырмадан салынған ою жиектері айқын көрініп тұрады. Оюды талдырмадан салу әдісі қазақ елінің көпшілік өңіріне тараған. Алайда ондай ою барлық жерде пішіні, көлемі жағынан бірдей емес. Мәселен, Жетісу өңірінде *талдырма оюдың* батыс өңірдегі осындай оюдан айырмашылығы – Жетісу талдырма оюлары сырмақ оюлары тәрізді жалпақ болып келеді. Ою ерекшелігінің этникалық ерекшелігіне орай осындай жалпақ оюлы текеметті *жалайыр текемет* деп атау қалыптасқан. Текеметте көгеріс ою-өрнектер жеке әрі көлемді түрде кездеспейді, оларды тек ою арасында қосымша көркемдеуге қолданады. Екі бетіне (өңі мен астарына) ою-өрнек түсірілген жағдайда гүлді оюлар текеметтің теріс бетіне салынады. Алайда *гүл*, *жапырақ*, *анар*, *шырмауық* және т.б. өсімдік бейнелері сырмақ оюларында молынан қолданылады. *Тұскиіз*, *кесеқап* және т.б. бұйымдарды әшекейлейтін, Г әрпінің баспа нұсқасына ұқсайтын (Г) *балта*, мүйіздің бір сыңары шоңқайма етіктің басына ұқсап қайқайып, қайталанып келетін *сыңарөкше* тәрізді өрнектер әртүрлі киіз және тоқыма бұйымдарда да ұшырасады. Мәселен, кошқармүйіз элементінен жасалатын *сыңарөкше* оюының *қосөкше*, *өкшегүл* деп аталатын түрлері кілем, басқұр, шымши тәрізді бұйымдарға түсіріледі.

Киіз бұйымдарда, әсіресе тұскиізде көлөнерінің барлық саласында дерлік негізгі (инвариант) ою ретінде қолданылатын *гүл* және оның *үшгүл*, *төртгүл*, *бесгүл* тәрізді нұсқалары мен *арпабас* деп аталатын ою түрлері кестеленеді. *Арпабас* өрнегі дәнді дақыл - арпаның басы бейнеленген, сабақты қияққа ұқсайтын өрнек түрі. Кейбір зерттеушілер оны технологиясына байланысты өсімдікті бейнелейтін мүйіз өрнегіне жатқызады. Қазақ киіз үйінің *үшжапырақ*, *ирек*, *жұлдыз* және т.б. ою-өрнектер салынған туырлыққасы, *қошқармүйіз*, *қосмүйіз* оюлы үзігі тәрізді жабу киіздері мен *қосмүйіз*, *бітпес* өрнегімен безендірілген жержастық сияқты төсек-орын жабдықтары, *қошқармүйіз* өрнегімен көркемделген кесеқап, аяққап секілді ыдыстары және т.б. заттар ою-өрнектің киіз бұйымдарда өте көп қолданылғанын көрсетеді. Ескерте кету керек, қазақ

тұрмысында киіз аяққаптың кейбір түрін кілем, алашаның өрнекті тұсынан ойып алып та жасаған. Сондықтан аяққаптың ою-өрнегі текемет, алаша, кілем өрнектеріне ұқсас болып келеді.

Ою-өрнекпен безендірілуі жағынан қазақ тұрмысында сырмақ және оның түрлері ерекше орын алады. Бес бөліктен (екі бас немесе екі алақан, екі жан, орта) тұратын барлық бөлігіне тұтастай ою-өрнек салынады. Сырмақтың ортасы шаршы, таңдай, төртбұрыш, жүрекше пішінінде оюланады.

Кілемнің ортасындағы оюды *табақ* (кейде *көл* деп те айтылады) деп қолданатыны тәрізді сырмақ бетінің ортасына салынған қарапайым немесе күрделі дербес өрнек те *табақ* деп аталады. Сән үшін сырмақ ортасына аң немесе мал терілерін тұтастай жапсырған немесе тері мен киізді бір-біріне ойыстырып жасаған сырмақ түрлері де кездеседі.

Сырмақ түрлері мен оған салынатын ою-өрнектерді, оюлардың орналасу орны мен оның құрамдас бөліктерінің түрлерін, сырмақ табағын қатарластырып яки алма-кезек түсіру үшін үзілдірмей жалғастырып тұратын бүкіл ою тұлғасының қаңқасы, сабағы *желі* деп аталады. Сырмақ ою-өрнегі желі арқылы салынады. Өрнек желісінен жүйелі ырғақ туындайды; желі тізбектелгенде – *тұлғалас*, беттескенде симметриялы болып келетін өрнек үйлесімі қалыптасады (**к. Желі; Сырмақ**). Сырмақ оюлары орналастырылған соң ою шеттерін бастырып тігуге, екі түсті оюдың шекарасына сырмақтың жалпы төңірегін (шеттерін) жиып беріктеуге ширатылған немесе есіп дайындаған арнайы жіп пайдаланылады. Оны *жиек жіп* немесе *жиек* деп атайды (**к. Жиек**). Жиек жіптің сырмақ оюларының мәнерін бұзбауы қатты ескеріледі. Жиек жіп оюды дұрыс бастырса, сырмақ өрнегі айқындалып, құлпырып шығады. Жиек жіппен ою-өрнек те түсіріледі. Оны *жиек ою* дейді. Жиек оюы сырмақты ою-өрнекпен көркемдеуге қолданылады, бірақ текеметті өрнектегенде айнала жиек оюы жүргізілмейді.

Жиек жіппен тігу немесе жиек бастыру арқылы *қиықша* немесе, *қиықша жиек*, *ирек жиек*, *таңдай жиек*, *алағұрт жиек*, *бұзауіс жиек*, *шыраш жиек* тәрізді ою-өрнек түрлері жасалады. Мәселен, *қиықша* өрнегі екі түсті жіпті көлденендете салып, қысқалап қиып қатарлаған пішінде тізілте өрнек түсіру жолымен, *ирек жиек* жиек салу барысында бұрышты өрнек түсіру тәсілімен, таңдай жиек алты тал жіптен (үсті алты, асты алты жіптен) жасалады. *Алағұрт жиек* өрнегі жиектің тігіс жібінің осы жиекті үнемі белінен бастырып отыруынан жасалады. Оны ел ішінде *кемтір жиек* деп те атайды, өйткені алағұрт жиектің тігілуі өте қарапайым болып келеді. Халық тілінде жиектеудің осы түрі *алағұрттау* деп те қолданылады.

Жиек кілемшілер тілінде де қолданылады. Кілем тоқи бастағанда түксіз тоқылыстан кейін екі түсті түкті жолақ салынады. Бұны *жиек салу* дейді. Кейде оның *шеттік* деп те аталатыны бар. Ашамай кестенің бір түрі *бұзауіс* деп аталатыны белгілі. *Бұзауіс* жапсырылатын оюды бойлай түсірілетін жиек ою түріне жатады. Ол сырмақтың *оюлы сырмақ* және *жапсырма кестелі сырмақ* деп аталатын



түрлеріне бірдей қолданыла береді. Бұл *жиiek өрнек* көбінесе Іле өңірі қазақтарында қолданылады.

Сырмақ бетіндегі ою-өрнектерге баспа кесте тәсілімен түсірілетін *балыққабырға, пышақұш, жыланбауыр, көзеуше, ирек* оюларын, *жиiek басу* арқылы жоғарыдағылардан басқа *су; қошқармүйіз, сағатбау, ирек, мүйіз* өрнектерін жатқызуға болады. Кейде киіз, сырмақ шетіне жөрмеп тігілген *шыраш* (немесе *орайпек*), *сірге, асық, тарақ* тәрізді өрнектер де кездеседі.

Көптеген сырмақ атаулары олардың ою-өрнектеріне байланысты қалыптасқан. Мәселен, қазақ сырмақтары ою салу тәсілдеріне қарай *оюлы сырмақ, ойыстырылған сырмақ, жиiek сырмақ, кестелі сырмақ, бізкестелі төсек сырмақ, баспа кестелі сырмақ, ашамай кестелі сырмақ, жапсырма кестелі сырмақ, кілемше сырмақ, құрақ сырмақ, тік желілі сырмақ, сұлама желілі сырмақ, өрнек желілі сырмақ, тізбе желілі сырмақ, бұрыш желілі сырмақ, үзбе желілі сырмақ, күлте желілі сырмақ, тағабас желілі сырмақ, жыланбас желілі сырмақ, ілмекбас желілі сырмақ, жиiek батырған сырмақ, алағұрт жиieкті сырмақ, ал* оюларының түр-түсіне қарай *ақ ала сырмақ, сары ала сырмақ, көк ала сырмақ, қара ала сырмақ*, ою-өрнекте бейнеленетін заттардың түріне орай *кебеже оюлы сырмақ, шаршы оюлы сырмақ, жүрекше оюлы сырмақ, бесбас оюлы сырмақ* және т.б. деп аталады. Сырмақтардың бірсыңыра аймақтық атауларының қалыптасуына ою-өрнектердің айтарлықтай әсері болған. Айталық, *уақ сырмағы* аталатын сырмақтың оюлары ірі, ою сабағы созылыңқы болып келеді. *Керей сырмағы* мен *найман сырмағының* оюларының сабағы қысқа, оюдың өзі ұсақтау етіп салынады. *Торе сырмағының* оюлары ірі, кесек болғанмен, көбінесе *шұбыртпа* өрнегі қолданылады. Орта жиегі иіліп, бунақталып, жүрекшеленіп келеді, яғни ортадағы жиектер түзу болмайды. *Албан сырмағы* кесек оюларымен әрі байырғы, дәстүрлі оюларымен ерекшеленеді. Ою ұштары жалпайып, жайыла түседі. *Қызай сырмағының* ерекшелігі – ең алдымен киізі матамен қапталады. Ою-өрнек кездеменің үстіне басылады. Қызай сырмағы жапсырма кесте тәсілімен мата бетіне әртүрлі кездемелерден (олардың түсі де әртүрлі болады) ойып алып жапсырып, ою шеттерін *бұзаутиc, шыраш* кестелерімен өрнектеу тәсілімен жасалады. Сырмақ атауының қалыптасуына оның таралған, кездесетін аймағы себеп болған.

Киіз бұйым бетіне салынатын ою-өрнектердің материалы, түсі әртүрлі болады. Ою-өрнектің шикізаты ретінде қой жүні (жүнді шүйкелеп текеметке түр салынады), қойдың күзем жүнінен басылған талдырма немесе талдырма киіз (талдырмадан текеметке түр ойыстырып салынған), күміс (күміс талшығы– зер жіппен кестелеп өрнек салу), алтын (алтын зермен көмкеру, зерлеп тігу), ал өрнектің бояуына жоса (қызыл түсті топырақ), томарбояу, қына, рауғаш, қызылқат және т.б. өсімдіктер, бояу түсін ұзақ сақтауға септігін тигізетін тұз, тас шай, ашудас және т.б. қолданылған. Киіз бетіне ою-өрнек *түр салу, сырып тігу*

(кей жерде ол *сырма, сыру* деп аталады), *кестелеу* әдісімен салынады. Қойдың күзем жүнінен басылатын киіз екі түрлі болады. Оның ою-өрнексіз басылған түрі *киіз*, біріңғай түсіне қарай *ақ киіз, қара киіз* қалың-жұқалығына, ауыр-жеңілдігіне қарай *кесек киіз, талдырма* деп бөлінеді. Кесек киіздерді төсеніш ретінде, киіз үйді жабуға, кесіп алып әртүрлі бұйымдар жасауға пайдаланады. Талдырмадан кейбір киім түрлерін тігеді, ою салып сырмақ сырады және т.б. Киіздің ою-өрнек салып басылған түрін *текемет* дейді. Текеметке салынатын ою-өрнек *түр* деп аталады. Түрді жүннен алдын ала дайындап алады: яғни жүнді әртүрлі бояуға бояп кептіреді. Боялған кебу жүнді сығымдап отырып, ұзын-ұзын шүйке жасайды. Боялған жүннен ою-өрнек салуға арналған, шүйкеленген жүнді *түр жүн* деп атайды. Текемет басқанда боялған жүннен ою салуды *түр салу, түрлеу* дейді. Түр салудың *шүйкелеп түр салу* және *ойыстырып түр салу* (бұны кейде *түр ойыстырып басу* деп те атай береді) деп аталатын екі түрлі тәсілі қолданылады.

Боялған жүннен шүйкелеп алып киіз бетіне ою-өрнек салуды *шүйкелеп түр салу* деп атайды. Түр ретінде кейде бірыңғай ақ не бірыңғай қара жүнді де пайдаланады. Яғни, іріктеп алған табиғи ақ түсті жүннен қара текеметке, қара түсті жүннен ақ текеметке түр салып өрнектейді. Бояулы немесе табиғи ақ не қара жүннен түр салу былай орындалады. Алдымен шиге жүн тартылады. Жүн тартылған соң оның бетіне ыстық су сеуіп отырып шимен орайды. Орап бара жатқанда шидің сыртынан да ыстық су құйып отырады. Жүнді аяғына дейін орап шыққан соң, шидің орауын жазып, алдын ала дайындалған түр жүннен өрнек салып шығады. Бұл жұмыс тез орындауды қажет етеді. Түр салып бара жатқанда түрдің (оюдың) үстіне ыстық су құйып тұрады. Түр салынып болысымен шиге оралып, сыртынан жіппен байланады. Одан арғы жұмыстар киіз басу жолы бойынша орындалады. Бірақ текемет киіз сияқты қарпылмайды. Текеметке түрді ойыстырып салуға кейде бояулы жүннен жұқа етіп басылған талдырманы пайдаланады. Бұл тәсіл *түр ойыстырып басу* деп те аталады. Түрді ойыстырып салу үшін алдымен текеметтің түр салынбайтын төсегін кәдімгі киіз басқан сияқты етіп талдырма немесе талдырма киіз дайындап алады. Бұл әлі шала басылған киіз болып есептеледі. Дайын болған талдырманың бетіне бояулы жүннен басылған, басқа талдырмадан ойылып алынған өрнектерді рет-ретімен орналастырып шығады. Одан соң үстіне ыстық су сеуіп, шиге орайды да, киіз басу тәртібімен бірнеше адам (үш не алты адам) шиді ыспалайды. Текеметтің қылшығы шидің сыртына шыққанда орауын шешіп алады. Одан кейін оюларды саусақпен түзеп, алғашқы салған қалпына келтіріп, текеметті қайтадан орап алып білектейді. Біраздан кейін шиге орап, қайта басып пісіреді. Түр ойыстырып басу тәсілімен басылған текеметтің өрнегі біртегіс айқын болып шығады. Қазақ тұрмысында текеметтің көбінесе бір беті түрленеді. Алайда екі бетіне де (астыңғы және үстіңгі беті, яғни өңі мен теріскейі) түр салынған текеметтер де кездеседі. Текеметтің екі бетін түрлеу үшін ең алдымен

шидің үстіне бірден жүн тартылмайды, түр жүннен өрнек орналастырылады. Одан кейін оюларды қозғап алмау үшін епті қимылдап бір қабат жүн тартылады. Тартылған жүнді сабаумен шабақтап тегістеп шығады да, үстіне тағы да жүн тартады. Екінші рет тартылған жүннің үстіне бояулы жүннен шүйкелеп ою салып шығады. Үстіне ыстық суды молынан құя отырып, шиге орап буады да, киіз басу тәсілімен басып шығады. Кептірілген соң оюлардың түсі ашылып, екі беті де түрленген текемет дайын болады.

Киіз бетіне ою-өрнек *сыру*, *кестелеу* тәсілдерімен де түсіріледі. Қол тігісінің *сыру* тәсілі, негізінен, сырмақ дайындауға қолданылады. Сырмақ сыруда тігудің *жөрмеу*, *жапсырын тігу*, *ойыстырып тігу*, *жиiek басып тігу*, *кестелеу* және т.б. түрлері кездеседі. Қол тігісімен сырмаққа өрнек салудың әртүрлі тәсілдері болды. Тарихи жағынан алғанда сырмақ киізді өрнектеу *жиiek басу* тәсілі арқылы орындалған. Қазақтың сырмақшылық өнеріш зерттеуші Ә. Ысқаққызының айтуынша сырмақтың (**қ. Сырмақ**) пайда болуының өзі көнерген киіздерді қабаттап төсенуден, оның қобырай бермеуі үшін қабаттап көктеуден, одан әрі қабаттауды белгілі пішінге келтіріп көктеуден, одан кейін сырып тігуден пайда болған. *Сырулар кейін қабат киіздердің жиiekтерін жөрмеу, төрт шетін бойлап қабаттарын беріктеп, сырудан түскен сызықтарға сәйкесті сыру түсіру* арқылы сырмақ ортасынан табиғи төртбұрыш шығарылды. Мұндай сырмақ киіздер бір түсті (ақ не қара) болды. Осыдан кейін сырмақ шеттерін беріктей түсу үшін жуантық жіп есіп, сырмақ шетін жиio қалыптасты. Кейін ақ, қара жүндерді пайдаланып қарама-қарсы түстерді шабыстырып қолдану арқылы сырмақтың шетін жиiekтеу енгізілді. Ішкі жағына да сәйкесті жиiek басып, сулар тарту арқылы сырмақтың бетіне ішкі-сыртқы төртбұрыштар түсірілді де, осы жиiekтердің ара-арасы сырылып отырды. Кейін сырмақшылықтың дамуына байланысты оны берік етіп жасаумен бірге көркемдеу тәсілі қолданылып, сыру өрнектеуге өзгерді. Өрнектеу алғашқы кезде жиiek басу арқылы орындалды. Сонымен, сырмақты жиiekтеу арқылы сырып тігілетін зат (киіз, мата) киізбен берік беттесетін әрі бұйымның көкемдігі де көз тартатын болды. Сырмақтың *төсек сырмақ* аталатын түрі (**қ. Сырмақ; Төсек сырмақ**) біз кестелеу тәсілімен (**қ. Кесте**) нақышталғанымен, жиiek басылған, ойып жапсырылған, баспа кестелген және киізден ойыстырылған түрлері де дайындалған. Қазақтың дәстүрлі сырмақ үлгілерінің *оюлы сырмақ*, *ойыстырылған сырмақ*, *жиiek сырмақ*, *кестелі сырмақ* деп жіктелуі осындай тәсілдермен байланысты. Оюды *жапсырып тігу* тәсілі әртүрлі түсті матадан қиып алған ою үлгісін киіз бетіне сырып тігуге қолданылады. Осы тәсілмен жасалған сырмақты *оюлы сырмақ* дейді.

Ойыстырып тігу тәсілі ақ, қара түсті екі басқа киізден беттестіріліп ойылған оюды бір-біріне келтіріп, беттестіріп тігуге қолданылады. Ойыстырып өрнек салуды тек киіз материалға пайдаланады.

Жиiek салу тәсілі бойынша пішілген киіздердің әрбір бөлігіне жиiek басып өрнектеп алып, оларды өз орнына қойып тігеді. *Жиiek* деп киіз бұйымдардың шетін жиып

бекітуге және өрнектеуге қолданатын, ширатып, есіп жасаған жіп орамын айтады. Шеберлер бұндай жіп орамын *сыңар жиiek*, *қос жиiek*, *шалу жиiek* тәрізді топтарға және оларды қолдану мақсаты мен орнына қарай *қиықша*, *үшкіл*, *пышақ ұш*, *шұбарлау*, *таңдай*, *тұмарша*, *алағұрт* және т.б. деп жіктейді. Осындай жиiekтермен сырмаққа ою салу *жиiekтеу*, *жиiek бастыру*, *жиiek жүргізу*, *шұбарлау* деп, өрнектің өзін *жиiek өрнек* деп атай береді. Жиiek салып өрнектеу тәсілі іштей *сыңар жиiek бастыру*, *қос жиiek бастыру*, *қостаңдай жиiek бастыру*, *шалып жиiekтеу*, *қиықша жиiek бастыру*, *таңдай жиiek бастыру*, *ирек жиiek бастыру* деп ажыратылады (**қ. Сырмақ; Жиiek**). Жиiek салу тәсілімен сырмақтың шетіне *қошқармүйіз*, *су*, *ирек*, *сағатбау* тәрізді оюлар салынады.

Кестелеу тәсілі бойынша киіздің өзін немесе қалың матаны кестелеп алып, артынан киізбен астарлайды. Кестешілік өнерінде қолданылатын кестенің біз *кесте*, *баспакесте*, *ашамайкесте*, *шекпекесте*, *жапсырмакесте*, *шырашкесте* тәрізді түрлері сырмақ жасауға кеңінен қолданылады. *Баспакесте* тәсілімен *ирек*, *жыланбауыр*, *көзеуше*, *қабырға*, *пышақ ұш* және т.б. өрнектер түсіріледі. Кестелеу тәсілімен дайындалған сырмақты жасалу технологиясына қарай *кестелі сырмақ* деп атау қалыптасқан. Кестелеу тәсілі сырмақтан өзге сан алуан бұйымдарды көркемдеуге қолданылады. Басқаша айқанда сырмақ жасауда кестенің кейбір түрлері ғана кездеседі. (**қ. Кесте; Мата бетіне ою-өрнек түсіру тәсілдері**).

Суретші Е.А. Клодттың 1939 жылы Мәскеу қаласында жарық көрген «Казахский народный орнамент» атты еңбегінде киіз бұйымдарға салынатын бір топ ою-өрнектер кездеседі:



1-сурет. Үш шаршыдан тұратын орта оюына қошқармүйіз, үшгул, жұлдыз, жүрекше, құсқанат, тұмарша, шет, оюларына мүйіз өрнегі салынған сырмақ



2-сурет. Жапырақ пішінді ою элементтерінен құралған сегізтармақты күрделі оюдың дәл ортасына жұлдызша өрнегі салынған, табағының ішіне қара түспен су жүргізіліп, сыртына қазмайын өрнегі, қара түспен қорған салынып, асты-үсті төрт түсті жолақпен жиiekтелген сырмақ



3-сурет. Үш дана түсті қызыл қиықшаршының ішіне сары түстен стильденген мүйіз, оның ортасына қара түстен қиықшаршы сырылып, қиықшаршылардың арасы қара түсті көптармақты мүйіз оюмен, шет оюлары қызыл сары түсті көгеріс оюлармен көркемделген сырмақ



4-сурет. Орта ою ретінде үш жеріне қызыл түстен төртқұлақ түрінде стильденген қошқармүйіз, олардың арасына қара түстен құсмұрын, үш төртқұлақтың арасына қара түсті қанатты ою, шет оюларына екі қатар жасыл, қызыл түстен кезектестіріп сабақ, жапырақ оюлары салынған сырмақ



5-сурет. Түсі солғын жасыл түсті қиықшаршының ішіне төртқұлақ пішінде стильденген өмір ағашының бейнесі салынып, қиықшаршылардың арасына да осы бейне қолданылған сырмақ



6-сурет. Қиықшаршылардың ішінде қоңыр түстен мысықбас, ақ түстен өсімдік пішінді, айқыш (крест), геометриялық оюлар салынып, қиықшаршылар арасы қоңыр, көк, ақ түсті геометриялық өрнектермен безендірілген сырмақ



7-сурет. Орта оюна өсімдік бейнесі сырып тігілген, тік сызықты төртбұрышты қоршаудың сыртына ағаш оюы салынған сырмақ



8-сурет. Орта оюна стильденген өсімдік бейнесі сырып тігіліп, шетіне ұзынынан қызыл жолақ салынған сырмақ



9-сурет. Ақ түстен көгеріс ою салынған киіз бұйым бөлігі



10-сурет. Көгеріс ою салынған киіз бұйым бөлігі



11-сурет. Көгеріс өрнекпен ұласқан стильденген мүйіз оюлы сандыққап



12-сурет. Қызыл түстен салынған көгеріс өрнекпен ұласқан стильденген мүйіз, қара түстен салынған құсқанат, мүйіз оюлы сандыққап



13-сурет. Жасыл қызыл түстен стильденген мүйіз өрнегі салынған сандыққап



14-сурет. Көк түстен көгеріс ою салынған сандыққап



15-сурет. Үш қиықшаршы ішіне төрттармақты гүл, арасына қызыл түстен стильденген қошқармүйіз, жоғарғы жағына қызыл түстен ирек, жасыл түстен үшкіл, оның үстінен ақ түсті стильденген қошқармүйіз өренгі салынған сандыққап



16-сурет. Қиықшаршының іші-сыртына қызыл түстен өсімдік пішінді ою салынып, кенересі көк түспен қорған тәрізді жиектелген, шеті шашақпен көркемделген аяққап. Аяққап қақпағының қызыл өрісіне (фонына) көгеріс ою ақ түстен салынған



17-сурет. Қиықшаршының түріндегі орта оюына ақ түспен төрттармақты өсімдік бейнесі, төрт бұрышындағы қызыл өріске ақ түстен үшбұрыштанған көгеріс өрнек, айналасына толқын оюлары салынып, жиегі көк түсті матамен көмкерілген, орта бөліне ою-өрнектердің үстіне бастыра үш жерден ұзын жүнді тері қиындысынан шашақ қойып әшекейленген аяққап

Ою-өрнектердің кілем мен тоқыма бұйымдарына салынатын түрлері мен жасалу тәсілдері. Қазақ кілемі – ою-өрнекке аса бай үй мүліктерінің бірі. Кез келген қазақ үйінде кездесетін кілем және кілем тәрізді тоқып жасалатын бұйымдар – көшпелілер тіршілігінің туындысы. Ол қолданыстық маңызы жағынан киіз бұйымдардан кейінгі орында тұрады, өйткені бұл да ыстық-суықтан қорғайтын қызмет атқарады. Ал эстетикалық қызметі ерекше. Кілемдегі ою-өрнек композициясы қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан эстетикалық талғам-түсінігін бейнелейді.

Қазақ этнографиясы мен өнертану ғылымында кілемнің тоқылу тәсілдері, түрлері, ою-өрнектері туралы жазылған

бірсыпыра еңбектер бар. Алайда Нұрсан Әлімбайдың ғылыми жетекшілігімен және редакторлығымен 2012 жылы шыққан «Қазақ кілемдері мен тоқыма бұйымдары. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық музейі коллекциясынан (ғылыми каталог)» (Алматы: ICOS, 2012) деп аталатын көлемді еңбегіне дейін жоғарыдағы мәселелерге толыққанды сипаттама берілген емес. Ғылыми каталогта XVIII ғ. соңы – XX ғ. 70-ж. кезеңінде тоқылған дәстүрлі кілем, тоқыма бұйымдарының барлық түрлері (жалпы саны 265 сақтам бірлік) камтылған.

Нұрсан Әлімбайдың «Дәстүрлі қазақ кілемі мен шаруашылық және тұрмыстық тоқыма бұйымдар: түрлері, композициясы, семантикасы» деп аталатын мақаласы мен мұражай коллекцияларына берген ғылыми сипаттамаларында және «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» атты энциклопедияның 3-томындағы «Кілем» мақаласында қазақ кілемдерінің тоқылу тәсілдері, ою-өрнектердің түрі мен композициясы, олардың аймақтық ерекшеліктері, көне кілемдер мен кейінгі кезеңдердегі кілем түрлері, ою-өрнектердің идиоэтникалық семантикасы, сонымен бірге түскілем мен алашада және шағын тоқыма бұйымдарда қолданылатын ою-өрнек түрлері молынан камтылған, ғылыми талдаулар жасалған. Аталған еңбекте, мәселен, кілем бетіне тоқылатын ою-өрнектердің 100-ден астам түрі камтылып тиісті сипаттамалар берілген. Ол ою-өрнектер, атап айтқанда мыналар: *табақ, көл, су, қорған, шатыргүл, тышқанізі, шаршы, айшық, төртқұлақ, құс ізі, жұлдыз, жұлдызгүл, ирек, ирексу, кереге көз, сыңармүйіз, өрмекші, керегебас, гүл қауызы, тіс, қошқармүйіз, алағұрт, тұлғамүйіз, ашамай, жебе, қазмойын, сынықмүйіз, алағұрт, балдақ, тұмарша, қарғалізі, қарғатұяқ, иттабан, итқұйрық, самауыргүл, қармақ, аламоншақ, құмсағат, адалбақан, омыртқа, гүлқұмбезді табақша, сыңарөкше, өркен, шынжыр, құснұсқа, тауықнұсқа, тісті шаршы, аттабан, қалқан, қабырға, тұлкібас, құстаңдай, шаян, алабас, балықкөз, қостұмарша, егізжұп, қиықша мүйіз, аштархан теру, қолтырмаш, балықбас, қолтырмаш мүйіз, толқын, өркеш, бестаңба, жүзтеру, масақ, құманбау, таңдайша, түйеөркеш, жіліншік, қаңқа, тырнақ, торкөз және т.б.*


Осындай ою-өрнектердің ішінен 53 түрінің түрлі-түсті иллюстрациясы мен түсініктемелері камтылған. Ал кейінгі энциклопедиядағы «Кілем» мақаласында 40 түрлі ою-өрнектің суреті (түсініктемесімен бірге) берілген. Дегенмен, бір еңбекте және энциклопедиялық мақалада кілем және тоқыма бұйымдарға қатысты ою-өрнектерді түгел камтып, жаппай сипаттама беріп шығу мүмкін емес. Осымен байланысты халық шеберлерінің эстетикалық талғамының биіктігі мен өресінің кеңдігін көрсету үшін ел ішінде кездесетін кілем өрнектерінің кейбір түрлерін атап өткен жөн. Халық арасында жоғарыда келтірілген кілем мен тоқыма бұйымдарға салынатын ою-өрнек түрлерінен басқа *сұлама, алтыжіб мүйіз, қара үй, ақ отау,*



қыңырмүйіз, төртмүйіз, балдақ тұмарша, еспе, өткізбе, ілмек, бұтақ, пәтінісгүл, ақирек, қызылсу, шайтабақ, сегіз пәт, қостұмар, мақтагүл, лалагүл, алаша, сегізжапырақ, және т.б. ондаған түрлері мен атаулары қолданылады. Айталық, колөнерінде мүйіз оюы көп қолданылады. Кілемге мүйіз оюларының ішінде өзіндік ерекшелігі бар *арқармүйіз* оюы теріледі. Бұл өрнек *қошқармүйіз* өрнегіне ұқсас болғанмен, мүйіз сабағы шиыршықталып, тармақталып жасалады. *Арқармүйіз* кілемнен озге де тұскиіз, кесте, сырмақ беттерінде де кездеседі. Иіліп, дөнгеленіп келмей, тік бұрыш жасап барып кейін қайырылатын мүйіз өрнегінің бір түрі *тікмүйіз* деп аталады. Тік бұрышты мүйіз оюлары коршілес қарақалпақ ою-өрнегіне тән, казак оюларының аймақтық ерекшелігін көрсетеді. Ал қазақтың мүйіз оюлары дөнгеленіп, иіріліп келеді. Сондықтан мүйіз оюлары киіз бұйымдарға жиі салынады. *Тікмүйіз* оюы алашаны, құрдың шетін өрнектеуге қолданылады. Мақтадан немесе жүннен ширатылған, бұралған арқан тәрізді оюды *алағұрт*, *еспе* деп атайды. Бұл ою түсіне қарай *саралағұрт*, *қаралағұрт* деп қолданылады. Әдетте, кілем тоқығанда басталар басы мен бітер жеріне такта жүргізілген соң *саралағұрт* немесе қаралағұрт деп аталатын *алағұрт* түрі өткізіледі.

Кілем бетінде екі түрлі ою элементтерінің қосылуынан пайда болған өрнектер ұшырасады. Мәселен, *орамал* мен *балдақ* элементтерінің қосылуынан *орамал-балдақ*, *балдақ* пен *тұмаршаның* қосылуынан *балдақ-тұмарша* тәрізді күрделі өрнектер осылай қалыптасқан. Пішіні найзаны бейнелейтін *найзекі* өрнегі бау-құрлардың шетіш көркемдеуге қолданылады. Алаша мен құрға тұрмыстық және әшекей бұйымдардың бейнесінен алынған, *құманбау*, *сырға* немесе *сырға теру* тәрізді ою-өрнектер тоқылады. Ертеректе казак қыздары сәнді жасалған шашақты сырғалар такқан. Шашақтар сырғаның негізгі бөлімімен үшбұрышты тұмар арқылы жалғасқан. Осыған ұқсас оюлар *сырға теру*, *сырға нақыш* деп аталған.

Төменде Е.А. Клодттың жоғарыда аталған еңбегіндегі кілем, алашаға және тоқыма бұйымдарына қатысты ою-өрнектердің түрлері беріліп отыр:



18-сурет. Ортасына ұзынынан жасыл түстен тарақ, қара, көк, сары түстен қаңқа оюы түсіріліп, екі шетіне көк, сары түстен тіс өрнегі тоқып түсірілген алаша



19-сурет. Қоңыр түсті өрісіне сары түстен қошқармүйіз өрнегі салынып, екі шеті жасыл, қызыл түсті жолақпен жиектелген алаша



20-сурет. Қара өріске екі қатар болып түскен қызыл түсті қықшаршының ішіне сары, көк, жасыл түстен қошқармүйіз өрнегі салынған, арасы ұзынынан жасыл түсті жолақпен (жолақтың әр жерінде қықшаршы бейнесі бар) бөлінген, екі шеті сары, жасыл, қызыл жолақтармен жиектелген алаша



22-сурет. Геометриялық ою-өрнек тоқылған алаша



23-сурет. Ортасына терісбұтақ, бір шетіне ақ түспен қазмойын, бір шетіне қоңыр өріске ақ түстен стильденген сыңармүйіз оюы терілген, шеті қоңыр, қара қоңыр, ақ түсті жолақтармен жиектелген алаша

Сонымен бірге, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық музейі коллекциясында сақтаулы кілемдердің төмендегідей ою-өрнек түрлері кездеседі:



Жұлдыз // жұлдызгүл – сегіз бұрышты гүл түріндегі өрнек. Әдетте, мұндай өрнек кілемнің, коржынның, басқұрдың *көліндегі* негізгі өрнектің ішіне салуда және жиегіндегі *қорғанына* түрлі-түсті етіп айналдыра жүргізу үшін қолданылады. Фрагмент. ҚР МОМ қорынан (КП 17661).



Қабырға – малдың қабырғасын елестететін өрнектің атауы. Әдетте, бұл өрнек түкті кілемнің жиегіндегі *қорғанына* қиғаш таяқшалар түрінде тізбектеле салынады. Фрагмент. ҚР MOM қорынан (КП 892).



Қарақалпақ қошет – карақалпақ халқына тән өрнектің атауы. Әдетте, бұл өрнек *төртқұлақ* түрінде бұрыштары *балдақ* өрнектерімен тұйықталып салынады. Аталған өрнек түрі торкөзді кілемдердің ішіне салуда қолданылады. Көбінесе карақалпақ, қырғыз кілемдерінде кездеседі. Фрагмент. ҚР MOM қорынан (КП 892).



Керегекөз – *шаршы* өрнектерден киіз үйдін керегесіне ұқсас бірнеше қатар етін салынған өрнектің атауы. Әдетте, бұл өрнек кілемнің жиегіндегі *қорғанына* салу үшін қолданылады. Фрагмент. ҚР MOM қорынан (КП 13409).



Көгеріс – өсімдіктің сабағы, гүлі, жапырағы түрінде кездесетін өрнектің атауы. Әдетте, бұл өрнек қолөнер бұйымдарының барлық түрлерінде қосалқы өрнек ретінде және су жүргізу үшін қолданылады. Фрагмент. ҚР MOM қорынан (КП 21365).



Кілт – пішіні кілтке ұқсайтын өрнек түрі. Әдетте, бұл өрнек тақыр кілемнің «орама кілем» деп аталатын екі жағынан да өрнектің айқын көрінетін түрлерінде кездеседі. Кілт өрнегін кілем тоқымашылығы өнерінде XX ғ. 60-70 жж. кейін жиі қолдана бастаған. Фрагмент. ҚР MOM қорынан (КП 21016).



Қалқан – әскерлердің қорғаныс құралы қалқан тәрізді, сегіз бұрышты сопақша табақ түріндегі өрнектің атауы. Әдетте, бұл өрнек кілемнің көліндегі негізгі өрнектің ішіне немесе қолтықшаларына қосалқы өрнек ретінде

салуға қолданылады. Әсіресе, түркімен халықтарының кілемдерінде көптеп кездеседі. Фрагмент. ҚР MOM қорынан (КП 882).



Қаңқа – малдың қурап қалған сүйегіне ұқсас өрнек түрі. Әдетте, бұл өрнек кілем, алаша, басқұр, бау т.б. тоқыма бұйымдарында негізгі өрнек ретінде салынады. Фрагмент. ҚР MOM қорынан (КПД 152-10).



Қармақ – балық аулауға арналған қармаққа ұқсас өрнек. Әдетте, бұл өрнек кілемнің *көліндегі* (ортасындағы) *самауырғұл*, *шатырғұл* сынды негізгі өрнектердің қолтықшаларына үшкілдеп *тұмарша* түрінде салу үшін қолданылады. Фрагмент. ҚР MOM қорынан (КПД 181).



Құсқанаты – қалықтап ұшқан құстың қанатын бейнелейтін өрнектің атауы. Әдетте, мұндай өрнек тоқыма бұйымдарында қосалқы өрнек ретінде салу үшін қолданылады. Фрагмент. ҚР MOM қорынан (КПД 152-5).



Сыңарөкше – өкшесі биік сыңар аяқ киім түріндегі өрнек. Әдетте, мұндай өрнек кілемнің жиегіндегі *қорғанына* желісін үзбей айналдыра салу үшін қолданылады. Фрагмент. ҚР MOM қорынан (КП 18900).



Таңдай – мал таңдайының бедеріне ұқсас өрнек. Ол тоқыма бұйымдарының жиегіне су ретінде сүйірлене бірнеше қатар етін салынады. Түркі тілдес халықтардың ортақ қолданылатын өрнектерінің бірі. Фрагмент. ҚР MOM қорынан (КП 15097).



Тышқанізі – ағы айтып тұрғандай, тышқанның ізіне ұқсас өрнектің атауы. Әдетте, бұл өрнекті тоқыма бұйымдарының барлық түрлерінде – кілем, алаша, қоржын, керме, бау-басқұрлардың бетіндегі негізгі өрнектің ішіне салу үшін қолданылады. Фрагмент. ҚР MOM қорынан (КП 21365).



Шынжара – қосмүйіз өрнектерінің желісін үзбей бірі жоғары, бірі төмен қарай жалғасқан түрі. Әдетте, бұл өрнек кілемнің жиегіне шетою жүргізу үшін қолданылады. Фрагмент. ҚР МОМ қорынан (КП 13124-а).

Ою-өрнектердің шиге салынатын түрлері мен жасалу тәсілдері. Ши – ерте заманнан қолданылып келе жатқан тоқыма бұйымдардың бірі. Оның қарапайым түрі өрнексіз, сәнді түрі түсті жінтермен өрнектелін тоқылады. Ши бетіндегі ою-өрнекті **түр** деп те атайды. Шиге өрнек немесе түр салу үшін оны өлшеп, жін оралатын жерін белгілеп алады. Оны *сызу* дейді. Шидің жіп оралатын жерін пышакпен, қарындашпен немесе қарып белгілеп алған соң, түрлі-түсті жүннен орап нақыш салу, өрнектеп тоқу, *түр салу*, *жүз теру* деп аталады. Шидің бас жағына екі қатар су тарту арқылы жүргізілген өрнекті *ирек* дейді. Шидің кейбір түрінің атауы оның ою-өрнегіне байланысты қалыптасқан. Айталық, ою-өрнек салмай оралған шиді *ақ ши*, ал түсті жіппен өнебойы тұтас өрнектелген түрін *шым ши* дейді. Шым шидің *гүл ши* деген атауы да кездеседі. *Шым* деп түрлі түсті ою-өрнекті айтады. Бұл атаулар осыған байланысты шыққан. Ою-өрнекпен әсемдеп оралуына (немесе терілуіне) байланысты шымшиді киіз үйде ас-су тұратын орынды бөліп қоюға пайдаланады, кейде тұскиіздің орнына да тұтқан. Шымшидің киіз үй есігіне лайықталып тоқылған түрі *шым есік* деп аталады. Қырғыздар оны *эшик чий* дейді. Қазақтың шым есігінен олардың есік шийінің айырмасы: шидің жоғарғы бөлігі өрнекті болады. Ал қазақтың шым есігінде киіз есікке тігілетін жоғарғы жағы ою-өрнексіз тоқылады. Ертеректе аралас-құралас отырған қазақ немесе қырғыз үйін ою-өрнекті шидің осындай белгісіне қарап ажыратқан. Шиге тоқып салынатын ою-өрнектер кілем, алаша, басқұр тәрізді тоқыма бұйымдар мен әртүрлі тұрмыстық заттардың ою-өрнектерімен ұқсас болып келеді. Мәселен, қазақ қаракалпак, қырғыз халықтарында ертеден келе жатқан *иттабан* оюы кейбір аймақта көбінесе алашаға салынады, кейбір жерлерде шидің шетіне теріледі. Шаршы сызық тәрізді жарыса салынған қысқа немесе ұзындау сызықтардан тұратын *алаша* өрнегі ши тоқуда ғана емес, алаша, терме бау, кілем және т.б. бұйымдарда да қолданылады. Өз ішінде *қосөкше*, *сыңарөкше*, *өкшегүл* деп жіктелетін, киіз, басқұр, аяқпапта, кілемде кездесетін *сыңарөкше* оюын ши бетінен кездестіруге болады. Ши тоқуда қолданылатын ою-өрнектер аз емес. Мысалы: *омыртқа*, *құсқанат*, *сыңармүйіз*, *қарамүйіз*, *қошқармүйіз*, *қарғатұяқ*, *шыбынқанат*, *итқұйрық* тәрізді жануарлар дүниесімен байланысты ою-өрнектер; *құманбау*, *пышақұшы*, *табақ ою*, *тұмарша* сияқты тұрмыстық бұйымдармен байланысты ою-өрнектер; *қиықшаршы*, *шаршы*, *үшбұрыш*, *шаршыдағы жұлдыз*, *айқыш* (крест) тәрізді геометриялық ою элементтері және т.б.

Жалпы, ши тоқу онеріндегі бір ерекшелік – шидің ою-өрнектерінің пішіні көбінесе тік сызық, бұрыш (үшбұрыш, тортбұрыш, көпбұрыш), шаршы тәрізді болып тоқылады. Шидің қай түрі болса да халық оларды жоғары бағалап, күтіп ұстаған. Өйткені оны тоқуға көп уақыт кетеді. Шидің өрнектеп тоқылған сәнді түрлері қазақ әйелдерінің шеберлігі мен көркемдік талғамын көрсетеді.

Е.А. Клодттың жоғарыда келтірілген еңбегіндегі ши тоқуда қолданылатын ою-өрнек төмендегідей:



21-сурет. Ақ өріске қоңыр түстен қошқармүйіз, қызыл түстен геометриялық өрнек теріліп, екі шеті қызыл қоңыр түспен жиектелген шым ши

Ою-өрнектердің ағаш бұйымдарына салынатын түрлері мен жасалу тәсілдері. Қазақ тұрмысында күнделікті тұрмыста қолданылатын ағаш бұйымдар, әсіресе жиһаздар мен ыдыс-аяқтар, киіз үй есігі мен ағаш қақпалар түрлі ою-өрнекпен безендірілген. Ағаш бетін ою-өрнекпен әшекейлеу ежелгі заманнан бері қолданылып келеді. Көне замандарда пайда болған ою-өрнек элементтері қазақ елінің барлық дерлік аймақтарында күні бүгінге дейін сақталып отыр. Ағаш бұйымдарға салынған зооморфтық ою-өрнектерде көбіне-коп жануарлардың мүйізі, тырнағы, табанының іздері тәрізді сырт пішіні беріледі. Зооморфтық өрнектерде әсіресе төрт түліктің абстракциялық пішіні, атап айтқанда, *қошқармүйіз*, *қырықмүйіз*, *сыңармүйіз*, *арқармүйіз* тәрізді түрлері үй жиһаздарында кеңінен қолданылған. Ағаш бұйым беттеріндегі ою-өрнектердің орналасу орнына, бейнеленуі мен композициясына байланысты өзіндік ерекшеліктері байқалады. Мәселен, байырғы наным-сенімге байланысты молшылық, мал басының амандығының символы ретінде кең қолданылатын *қошқармүйіз* өрнегі үй жиһаздарында төрт тармақтан құрылып, кейде табак (розетка) түрінде тігінен немесе бұрышталып түсіріледі. Бұндай тәсілмен оймышталған зооморфтық ою-өрнектер бұйымның дәл ортасына немесе қатарластырылып беріледі.



Алдыңғы бетінің ортасына гүл оны айналдыра тұлғамүйіз өрнегі оймышталған абдыра. Фрагмент. ҚР МОМ қорынан (КП 3273)



Көгеріс өрнегі оймышталған асадалдың беті. Фрагмент. ҚР МОМ қорынан (КП 24107)



Екі шаршының орта тұсына төртқұлақ, оны айналдыра көлбеу етіп төбелмүйіз орнегі, тігінен тұлғамүйіз оймышталып, қызыл қоңыр түске боялған есік маңдайшасы. Фрагмент. ҚР MOM қорынан (КП 16333)



Мүйіз оюынан түрленген көгеріс өрнегі оймышталған жастықағаштың басы. Фрагмент. ҚР MOM қорынан (КП 22632)

Ботамойын өрнегі ағаш бұйымдардың дәл орта тұсына ботаның созылған мойны бейнесінде беріледі. Ол, шұбатылып, бірін-бір қуалай түскен бейнеде көрінеді. Пішіні түлкі, мысық, иттің басына ұқсас сопақша, дөңгелек немесе алмұрт бейнелі болып келетін *түлкібас* деп аталатын өрнек ағаш ою-өрнектерінің көпшілікке белгілі түріне жатады. Ағаш бұйымдардан *иттабан*, *итемшек*, *қарақұс*, *құстұмсық*, *шыбынқанат*, *көбелек*, *түйетабан*, *сыңармүйіз*, *қырықмүйіз*, *жыланбас*, *алағұрт*, *тіс* және т.б. өрнектер мен акку, кептер, қырғауыл, ұшып келе жатқан құс тәрізді бейнелерді жиі кездестіруге болады. Орындалу тәсілі жағынан аталып отырған және өзге де ою-өрнек элементтері ағаш бұйымға тілік, оймыш түрлерімен түсіріледі де, кебеже мен жастықағаштардың босағаларында көбінесе тігінен оймышталып, бос аралықтарды толтырып отырса, төсеқағаштарда белгілі бір ырғақпен біркелкі оймышталыды.

Ою-өрнектер арасында кездесетін жануарлар іздерінің пішіні өте ұсақ болып келетіндіктен, олар асадал, жастықағаш немесе кебеже тәрізді бұйымдардың көрнекті тұстарына салынған. Кейде оларды жиһаздардың жиектеріне де түсірген. Үй жиһаздарында геометриялық ою-өрнектер де көп кездеседі. Олар көбінесе түзу сызық, қисық сызық, толқын сызық, төркөз, үшбұрыш, шиыршық, қиықшаршы түрінде оймышталып, сандық, кебеже, әбдіре, жұқаяқ босағаларына салынады. Ағаш бетіне оймышталатын геометриялық ою-өрнектер зооморфтық және көгеріс өрнектермен қабаттасып, күрделі композиция жасайды. Геометриялық ою-өрнектердің элементтері жиһаз беттерінде тұтастырушы немесе бос кеністікті толықтырушы ретінде ұшырасады. Ағаш бұйымдардағы геометриялық ою-өрнектер текеметтің түрі мен сырмақ оюларында қисық сызық, сынық сызық пішінінде кездеседі.

Космогониялық ою-өрнектер ағаш бұйымдарда кенінен қолданылған. Әсіресе үй жиһаздарында *жарты ай*, *жұлдыз*, *дөңгелек* (күн символы ретінде), *төртқұлақ* (дүниенің төрт тарабы ретінде), *шұғыла*, *биттес*, *шимай* тәрізді ою-

өрнектер мол ұшырасады. *Жұлдыз*, *ай*, *шұғыла* элементтері жиһаздардың дәл ортасында берілген. Жиһаздардың ортасындағы күннің нұр шашқан бейнесі, немесе жұлдыз, жарты ай пішінінің сыртынан ғұл, жапырақтармен көркемделген *шұғыла* өрнегі өмір сүрудің қайнар көздерін аңғартады. Ағаш бұйым бетіндегі ою-өрнектер ырғақ заңдылығын сақтай отырып, бірнеше рет қайталанатын. Кейде негізгі элементтер терең тілік оймышпен екі-үш қайтара түсіріледі. Үй жиһаздары мен ыдыс-аяқтарда *сабақ*, *жауқазын*, *гүл*, *жапырақ*, *шырмауық*, *қызғалдақ* және т.б. Көгеріс ою-өрнектері тілік, үшқырлы оймыштармен түсіріледі. Оймыштап түсірілген бұндай өрнектер түрлі бояумен боялады. Кейде өрнекті оймыштап салмай-ақ, бірден бояумен де салған. Мәселен, адалбақанда кездесетін *гүл* өрнегі көбінесе ақ, сары бояулармен салынған. *Сабақ* өрнегі ағаш бұйымдарда тігінен де, көлденеңінен де симметриялы түрде беріледі. Аталған ою-өрнектер ағаштан басқа материал беттерінде де кездеседі. Мәселен, *жауқазын* өрнегі Маңғыстау өңіріндегі құлпытастарда, *гүл* матаны кестелеп тігуде қолданылған және т.б. көгеріс ою-өрнектер қоршаған табиғатты бейнелей отырып, мәңгі тіршілікті, өмірдің жалғасын білдіру үшін қолданылған. Ағаш бетіне салынатын ою-өрнектің небір түрлерін Қазақстан мұражайларында сақталған жиһаздар мен ыдыс-аяқтардан кездестіруге болады. Солардың кейбіреулеріне ғана шолу жасағанның өзінде бұйымдағы ою-өрнектер қазақ шеберлерінің жоғары көркемдік тәсілдері мен эстетикалық талғамын көрсетеді.

Қазақ тұрмысында әрбір отбасының ең басты үй жиһазы саналатын сандықтың көлемі мен безендірілуі және қолданыстық жағынан әлденеше түрі кездеседі (**қ. Сандық**). Сандық бетінде *гүл*, *сыңармүйіз*, *ирек*, *жұлдызша*, *арқармүйіз*, *түйетабан*, *толқын* және т.б. ою-өрнектермен бірге қос акку бейнесі, қырғауылдың қанаты тәрізді сурет-бейнелері де ұшырасады.

Ел ішінде сандықтың сүйектелген үлгілері де кездеседі. Ондай сандықтарға шегемен яки ырып ұстатқан сүйек такталарының бетіне күйдіру тәсілімен, *жұлдыз*, *ирек* өрнектері түсірілген. Кейбір сандықтар текеметке салынатын ою-өрнекпен безендіріледі. Сонымен бірге бетіне де, қақпағына да жалпақ бедерлі оймышпен жасалған, *түйетабан* өрнегі мен, қақпақ жиектеріне ұсақ *толқын* түсірілген және т.б. өрнектер жүргізілген сандықтың сан алуан көркем үлгілері кездеседі. Қазақ жерінің кейбір аймағында, *кемпірсандық*, кейбір өңірінде *кебеже*, *әбдіре сандық* деп аталатын әбдіренің (*әбдіре-сандық* тәрізді, бірақ төрт босағасы одан биіктеу (негізгі тұрқынан 10-15 см көтеріңкі), тақтайдан жасалған қақпағы мен құлып салатын ілмегі бар жиһаз) *қырықмүйіз*, *арқармүйіз*, *сыңармүйіз*, *жыланбас*, *қошқармүйіз*, *көсеубас*, *қазтабан* және т.б. өрнектермен көркемделген түрлері республикалық, облыстық, аудандық музейлерде сақталып отыр. Әбдіре беттерінде тілік оймышпен және бояумен түсірілген ою-өрнектерді кездестіруге болады.



Мәселен, Көкшетау тарихи музейінде сақталған әбдіренің босағасы мен белдеулеріне *су* өрнегі бояумен салынған, бетіне *қырықмүйіз* өрнегі бейнеленген.

Ағаш бұйымға салынатын ою-өрнектердің қалыптасқан орны бар. Мәселен, *сыңармүйіз*, *жыланбас*, *қазтабан*, *көсеубас* тәрізді өрнектер (мәселен әбдіреде) жиһаздың босағалары мен жоғарғы және төменгі бөліктеріне оймышталып түсіріледі. Үстіне жүк жиналғанмен киіз үй төрінде тұратын болғандықтан жұкаяқ та түрлі түспен боялып, ою-өрнектермен сәнді етіп жасалған. Жұкаяқ бетінде геометриялық және *жебе*, *гүл*, *қошқармүйіз*, *төртқұлақ*, *сыңармүйіз*, *жапырақ* тәрізді ою-өрнектер кездеседі. Олардың қолданылуында кейбір ерекшеліктер байқалады. Айталық, *қошқармүйіз* өрнегі кейбір жұкаяқтың сыртқы бетіне толық түсірілсе, кейбір жұкаяқтың төрт аяғының бетіне ғана түсіріліп, ал жоғарғы белдеуі геометриялық өрнекпен көркемделген. Сонымен бірге *гүл*, *жапырақ* бейнелері жоғарғы белдеуге, бетінің дәл ортасы мен жиектеріне түсірілген жұкаяқтар сақталған. Жұкаяққа түсірілген ою-өрнектер көбінесе қызыл қоңыр, көкшіл, қызыл, жасыл, сары түспен боялған. Ою-өрнекті бояп қою жұкаяқты көркемдеудің өзіндік ерекшелігін көрсетеді.

Музейлерде кездесетін адалбақандарда көбінесе геометриялық (қиықшаршы, үшбұрыш) және *жарты ай*, *гүл* тәрізді өрнектер мен арқардың бас бейнесі мен кептер бейнесі ұшырасады. Мәселен, бойына жапсырылған дөңгелек табақшалардың айналасына арқардың бас бейнесі ойылып, өрнегі жасыл түспен боялған адалбақан түрі Тараз қаласындағы, үш кептер бейнесі шабылған түрі Ақтөбе өлкетану музейінде кездеседі.

Асадалдардың (тағам мен ыдыс-аяқ қоятын кебезенің түрі) беті тұтас өрнектелген және әредік өрнектелген түрлері жасалған. Оймыштау тәсілімен асадалға *жыланбас*, *сыңармүйіз*, *қошқармүйіз*, *бағана*, *гүл*, *жапырақ* тәрізді өрнектермен бірге түрлі түсті бояумен *күн* бейнесі, кейбіреуінің қақпағына *ұшып келе жатқан құстар* бейнесі оймышталып салынса, *гүл*, *жапырақ* тәрізді оюлар бояумен түсірілген. Сүйекпен көркемделген кейбір асадалдардың арасынан сырмақ оюларымен бедерленгендері де ұшырасады. Асадал сүйекпен көркемделгенде, сырмақ оюларын сүйек бетіне қарып (күйдіріп) салған. Бұндай ерекшелік (ою-өрнектің әртүрлі бұйымдарда қайталанып отыруы) кебезеге салынатын өрнектерден де байқалады. Мәселен, Қазақстан музейлерінде сақталған текемет ою-өрнегі салынған, ақ түсті бояумен алдыңғы босағасына *сыңармүйіз*, бетіне *қырықмүйіз*, қақпақтарына *төртқұлақ*, *қошқармүйіз*, жиектеріне *алағұрт* тәрізді өрнектерді оймыштап немесе түсті бояумен бояп түсірген кебезелер ұшырасады. Қазақтың күнделікті тұтынатын ағаш ыдыстары да ою-өрнекпен безендіріліп, көркемділігі көз тартып тұрады. Оның нақты дәлелі ретінде мұражай қорларында сақталған, сәнді болу үшін ішкі бетінің дәл ортасына жеңіл тілік оймыш тәсілімен түсірілген, *қошқармүйіз*, төрт

жүрекше, *сыңармүйіз* оймышталған сәнді табақтарды, сыртқы бетінің айналасы күн шуағын бейнелейтін астауларды, сабы өрнекпен шабылған саптыаяқтарды, сабы *түйемойын* өрнегімен көркемделген ожауларды, сонымен бірге *бітпес*, *қошқармүйіз* өрнектері түсірілген күбі мен піспектерді және т.б. ыдыс, шаруашылық бұйымдарын келтіруге болады.

Қазақ үйшілері киіз үй сүйегін томарбояумен, жосамен бояумен бірге сәнді көріну үшін шаңырақ тоғыны мен күлдіреуіш табағына *кереге*, *қошқармүйіз*, *ырғақ*, *тіс* өрнектерін оймыштап, жармалы ағаш есігі мен маңдайшасын *түлкібас*, *иттабан*, *итемшек*, *кобелек*, *қарақұс*, *шыбынқанат*, *шақпақ*, *шеңбер*, *қазмойын*, *жүрекше*, *жұлдыз*, *үшжапырақ* және т.б. өрнектерден күрделі композиция құрып әшекейлеген.

Ағаштан тұрмыстық, шаруашылық бұйымдарын жасаумен бірге оларды мәнерлеп ою, ағаш бетін көркемдеп қашау, шабу тәсілдерімен ою-өрнек салу көне сақ дәуіріне жататын бұйымдардан белгілі болып отыр. Сондай оюлардың ішінен қазіргі кезде қолданылып жүрген *қошқармүйіз*, *атбас* тәрізді оюлармен өте ұқсас өрнектер кездеседі. Бұл оюлар қазақ қолөнер бұйымдарында жиі кездеседі. Ою өрнек ағаштың бетіне тікелей ойылады. Сонымен бірге оюды сүйек кесінділерінен киюластырып та түсіреді. Ағаш бетіне түсірілетін оюлар симметрия заңдылығын сақтап, сыртқы жиектің ортасына орналастырылып, бір жүйеге бағындырылады. Ағаш бетіне ойылған үлкен *шеңберлер* күннің шығуын, *ирек*, *толқын* оюлары өзен, көл, теңіз суларының қозғалысын символдайды және қазақ халқының ертеден келе жатқан ұғым-түсініктерін қамтиды. Ағаштың бетіне ою-өрнекті арнаулы пышақ, қашау, ұнғуыр тәрізді құралдарымен ойып, шауып, сызып түсіреді. Бұл жұмысты *ағаш ою* деп атайды. Ағаш ою, негізінде, ағаштың тегіс бетіне жүргізіледі. Оюдың тартымды болып шығуы үшін композициялық тұрғыдан жүйелеуге көп көңіл бөлінеді. Ағашты ойып өрнек түсіру ағаш ұқсату өнерімен тығыз байланысты. Қазақ халқы ағаш ұқсатуды кәсіп еткен адамдарды *үйші*, *балташы*, *оймашы*, *тоқушы* деп мамандығына қарай ажыратып айтқан. Мәселен, *үйші* деп киіз үй сүйегін жасайтын шеберлерді атаса, беті өрнектелетін кебезе, сандық, жұкаяқ, жастықағаш сияқты жиһаздар мен ағаштан табақ-аяқ, келі оятын ұсталарды *оймашы* кей жерде *қырғышы* деп, ал арба, шана, қайық, сонымен бірге ағаштан үй борайтын (ағаштан қиып ағаш үй тұрғызатын) мамандарды *балташы*, себет, шыпта, шарбақ тоқумен айналысатындарды *тоқушы* деп атаған. Алайда бұндай еңбек бөлінісі күнделікті тұрмыста қатан сақталмайды. Яғни, үйші балташылықпен, балташы оймашылықпен немесе оймашы тоқушылықпен қатар айналыса берген. Алайда оларды көпшілікке белгілі ортақ атаумен *ұста* деп, оның өзін жұмыс істейтін материал түріне қарай *ағаш ұстасы* және *темір ұстасы* деп ажыратады. Ағаш бетіне ою-өрнектерді ағаш ұстасы түсіреді. Ағаш бұйымдарының ішінде арба, қайық, ағаш күрек тәрізді және

т.б. қарапайым шаруашылық құралдарынан басқаларының барлығы дерлік ою-өрнекпен әшекейленеді. Айта кету керек, шеберлер кейде ағашты ойып жатпай-ақ оның табиғи өрнегін көркемдік тәсіл ретінде ұғымды пайдалана білген. Ағаштың табиғи өрнегін бұзбау үшін үйкелеп жалтыратпаған, бірнеше рет мал майымен ысқылаған. Бұл тәсіл, негізінде, саптыаяқ, табак, астау, тостаған, тегене тәрізді ыдыстарды жасағанда қолданылған, яғни шеберлер ыдыстарды табиғи өрнегі әдемі ағаш түрінен ойған. Кейде осындай бұйымдарды жосалап қойғанда ағаш бұйым қызыл қоңыр түске еніп, тартымды болып шыққан.

Ағаш бетін оюлап әшекейлеудің бірнеше тәсілі бар. Оларды *сызып өрнектеу*, *ойып өрнектеу*, *жапсырып өрнектеу*, *қарып өрнектеу*, *бояп өрнектеу* деп топтастыруға болады.

Сызып өрнектеу деп өткір пышақтың ұшымен бір бағытта сыза отырып ою түсіруді айтады. Бұл - ағашқа ою түсірудің әрі қарапайым, әрі оңай түрі. Алайда сызып түсірген ою да көзге өте әдемі көрінеді. Осы тәсіл шеберлер тілінде *тіліп ою*, *тілікше жасап ою* деп те аталады. Кереге басына, уықтың алақанына *тісті жонғы*, *ыру жонғы* деп аталатын жонғымен сызықтар жүргізіледі. Ол сызықтар *ыру*, *ыру сызық* деп аталады.

Ойып өрнектеу тәсілін *бедерлеп ою*, *бедерлеп оймыштау*, *оймыштау* деп те қолданады. *Бедерлеп ою* - ағаштың (тақтайдың) тегіс бетіне өрнек салу немесе одан сәл шығыңқы етіп мүсіндік бейнелерді жартылай көлеммен жасау, яғни ағашқа бедерленетін барельеф. Ағашты ою, оның ішінде бедерлеп ою *ойма пышақ*, *қуыс құрсақ*, *қашау* (тік жүзді қашау), *құрсақты қашау* (жүзі доға түрінде шенберленіп жасалған қашау), *қиғаш қашау* (жүзі қиғаш түрі), *шапашат*, *ыңғыру* тәрізді арнаулы құралдармен оймышталып жасалады. Ойып түсірілген өрнек бір-бірімен астасып, өткермеленіп жатқандай пішінде жасалады, көзге де бұдыр-бұдыр болып көрінеді. Сондықтан осындай тәсілмен түсірілген өрнек *бедерлі өрнек* деп аталады.

Бедерлеп ою орындалу тәсілдеріне қарай *жосықтау*, *қиып ою*, *кертіп ою* деп бөлінеді. *Жосықтау* – тақта бетіне өрнек ізін түсіру, *қиып ою* - қашаудың жүзін тік салып ою, *кертіп ою* - қашаудың жүзін көлбеу салып ою. Осындай тәсілдермен салынған оюды *ойма өрнек* дейді. Жалпы, ағаш бетін оюлауға байланысты шеберлер тілінде *қобылау* (ағаш ыдыстың ернеуіне ойық белдеу жүргізу), *қобыздап жасау* (ағаш ыдысты өрнекпен әшекейлеу), *бунақтап ою* (өрілген бұрым сияқты ою), *ою шабу*, *өрнектеп шабу*, *жапсырып өрнектеу* және т.б. атаулар қолданылады. *Жапсырып өрнектеу* – ағаш бетіне ырып қақтау немесе қалпақты күміс шегелермен бекіту арқылы сүйек қондырып әшекейлеу. Бұл тәсілмен кебеже, сандықтарды әшекейлегенде сүйектен құрастырылған оюдың астына (төсегіне) тұтасынан қызыл немесе кара, жасыл түсті масатыны қолданған. Осы тәсілдің нәтижесі ретіндегі өрнекті шеберлер *қондырма өрнек* деп атаған. Жапсырып өрнектеудің бір түрі *қоз қондырып өрнектеу*, *көздеп өрнектеу* деп аталады. Мәселен, кебенің бетіне бөлек орнатылатын шаршы пішінді табакшаларды

көз дейді. Оның бетіне көк, қызыл, жасыл түсті бояулармен гүл, жапырақтар өрнектеліп, айналасына нүктелі шенберлер жүргізіледі. Бұндай ою-өрнекті табакшаны ағаш бұйымның бетіне орнатады. Әдетте, көз салып өрнектеуге бірнеше табакша қолданылады. Ағаш бетіне көз қондырып өрнектеуге металл да (күміс, темір) қолданылады. Ағаш бетін ойып орналастырылған күмістелген темір әшекейлердің арасына жиек қалдырылып, күмістен стильденіп құйылған *қосмүйіз* оюы шегеленіп бекітіледі. Ол оюды *жиек басар* дейді. *Жиек басар* аталатын космүйіз немесе *сыңармүйіз*, *қошқармүйіз* бейнелі өрнек, мәселен, төсекағаштың екі басының айнала жиегіне жүргізіледі. Осындай тәсілмен әшекейлеу *жиек басу* деп аталады. Ағаш бетін әшекейлеуге кейде *қарып өрнектеу* тәсілі қолданылады. Ағаш жасалған бұйымдардың бетіне қатты қыздырылған металл қалыптармен немесе үскінің, біздің ұшымен қарып (күйдіріп) ою түсіруді *қарып өрнектеу* дейді. Қарып өрнектеу тәсілімен домбыра шанағын, қақпағын, мойнын әшекейлеген. Қазақ шеберлері ертеректе ағаш бұйымдардың бетіне адам аттары мен ру таңбаларын да қарып түсірген. Алайда ағаштан жасалған бұйымдар сынуға, отқа жануға, шіруге бейім болғандықтан қарып әшекейлеу өрнек түсірудің басқа тәсілдеріне қарағанда сирек кездеседі.

Ағаш бұйымдардың бетін оймыштап жатпай-ақ тек бояумен өрнектеу де кездеседі. Түрлі түсті табиғи бояуларды пайдаланып ағаш бетіне ою-өрнек салуды *бояп өрнектеу*, *бояулап өрнектеу*, ал өрнекті *бояу өрнек* дейді. Түрлі түсті бояулармен көбінесе көгеріс, геометриялық ою-өрнектер салынады. Өрнек салуға ақ, қызыл, көк, жасыл, сары түсті бояулар жиі қолданылған. Шеберлер әсіресе сары бояуды қызыл, кара бояулармен қатар қолдану арқылы бұйымға айрықша сән бере білген. Қазақ тұрмысында әсіресе жұкаяқ, әбдіре, сандық, асадал, төсекағаш, адалбақан сияқты үй мүліктері бояу өрнекпен әшекейленген. Мәселен, қазіргі мұражайларда сақталған кейбір әбдіренің босағасы мен белдеулеріне ақ түсті бояумен су өрнегі жүргізілген, кейбір сандық ою-өрнегінің төсегі қазақ даласының кең даласын көзге елестетіп жасыл түспен боялған, қайсыбір асадалдың бетіне түрлі түсті бояумен күн бейнесі түсірілген, ендігі бір төсекағаш түрлері толықтай қызыл түспен боялып, қызыл өріске (фонға) сары түспен *қошқармүйіз* оюы салынған және т.б. Сонымен бірге *ойма өрнектер* де кейде бояумен боялады. Алайда ол бояулап өрнектеу тәсіліне жатпайды, өйткені оның ою-өрнегі бояудан бұрын ойып түсіріледі. Бояуды алмастырып қолдану арқылы сол өрнектерді айқын көрсетіп, көркемдігін арттырады. Ағашты ою-өрнекпен әшекейлеуде кейбір ерекшеліктер байқалады. Мәселен, ағаш бетіне оймышталған оюды бояп қою оңтүстік аймақта жиі кездеседі. Ал арнаулы пышақпен безелген бояусыз оюлар мұнда сирегірек ұшырасады. Кебеже, киіз үй есігі тәрізді және т.б. үй жиһаздарының бетіне түсірілген оюды әртүрлі ашық түспен бояу заттың көркемдік сапасын күшейте түседі. Ағаш бетіне түсірілетін геометриялық ою-өрнектер түзу, қисық, толқын сызық, торкөз, спираль,



қиықшаршы (ромб) және табак түрінде оймышталады. Кейбір зерттеушілер қиықшаршы бейнесін жұқаяктарда кездесетін *жебе* оюына ұқсас екеніне назар аударып, оның (қиықшаршы немесе ромб) шығуын жебемен байланыстырады. Көлемі ұсақ болып келетін жануарлардың ізін жастықағаш, асадал, кебеже тәрізді жиһаздардың көрнекті тұстарына ояды. Мұндай ерекшеліктер ою-өрнекпен әшекейлеудің аймақтық және салалық сипаты болғанын көрсетеді.

Ою-өрнектердің мата, тері бұйымдарына салынатын түрлері мен жасалу тәсілдері. Мата, тері бетіне салынатын ою-өрнектердің үлкен бір тобы түрлі матадан тігілген немесе матамен тысталған *мұрақ, қасаба, сәукеле, тақия, кимешек* тәрізді ерлер мен әйелдердің бас киімдерінде, *көйлек, белдемше, шалбар* секілді бой киімдерде, *бешпент, камзол, шапан, тон* сияқты сырт киімдер мен *етік, мәсі, кебіс* сияқты аяқ киімдерде кездеседі. Дәстүрлі қазақ киімдеріне зооморфтық, көгеріс, артефактілік зат пішінді, геометриялық ою-өрнектер жиі салынады. Ал космогониялық ою-өрнектердің арасынан киім-кешектерге *жұлдызгүл, жұлдызөрнек, шоқжұлдыз* деп аталатын түрлері салынған. Олар сырт киімдерді әшекейлеуде қолданылған.



Ирексу өрнегі жүзгізілген сәукеле оқасы.
ҚР МӨМ қорынан (КП 495)

Ою-өрнекпен әшекейленетін бас киімдердің ішінде ер адамның барқытпен тысталған шошақ төбелі *мұрақ* деп аталатын және қалыңдықтың, жас келіншектің сәукелесі, әйел адамның қасабасы *жапырақ, сабақ, гүл* тәрізді көгеріс және *қошқармүйіз, қосмүйіз* сияқты өрнектермен безендіріледі. Кейде, *ырғақ, ілмек* деп те аталатын, малдың екі мүйізін бейнелейтін *қосмүйіз* өрнегі киіз қалпақ пен камзол, етікте де ұшырасады. Бас киімдерге ою-өрнек түсті жіптермен немесе алтын, күміс зермен кестеленеді. Ою-өрнекті кестелеп салу киімнің барлық түріне қолданылады.

Күмбез пішінді тақияның сайларына ширатпа зермен немесе түсті жіппен геометриялық және көгеріс өрнектер кестеленеді. Жайпақ төбелі тақияның төбесіне сары оқадан *айқыш* (крест) бастырылып тігілсе, кейде жапырақты *бұтақ* кестеленіп, керегесіне паршадан ойып алған *қошқармүйіз*

өрнегін, кейде *сағатбау* өрнегін тігін машинасымен сырып тіккен. Тақия керегесіндегі зооморфтық өрнекті моншақтап немесе ширатпазермен тігіп те түсірген.



Ширатпазермен көгеріс өрнек кестеленген тақия.
ҚР МӨМ қорынан (КП 503)

Кимешек маңдайына *қиықша, үшбұрыш, қиықшаршы* (ромб) тәрізді геометриялық өрнектер, бетойығына айналдыра *таңдай* (мал таңдайының бейнесі), өңіріне *тұмарша, гүл, жапырақ, кереге, сағатбау*, өңірінің етегіне *қошқармүйіз, керегекөз, ирек, су, шытыра, сыңармүйіз* және т.б. өрнектері қызыл, қызғылт, көк, кара, сары жіптермен және зер жіптермен кестеленген, сырылған.



Көгеріс және керегекөз оюлары кестеленген кимешек, фрагментімен.
ҚР МӨМ қорынан (КП 16855)

Әйел көйлегінің жағасы мен өңіріне, етегіне түрлі түсті жіптермен көгеріс өрнектер және *кереге, қошқармүйіз, қосирек* оюларын кестелеп түсірген. Әйелдің сәнді белдемшелеріне көгеріс өрнектер және *сағатбау, керегекөз, құманбау, сыңармүйіз, өркеш, су, шытыра* тәрізді алуан түрлі оюлар кестеленген немесе сыру тәсілімен салынған.

Шапан, бешпент, камзол тәрізді сырт киімдерді әшекейлейтін ою-өрнектер олардың өңірі мен етегіне, жең аузына, алдыңғы және артқы бойына, қалтаның айналасына кестеленіп, сырылып тігілген. Мәселен, шапанның өңірі мен етегіне *қошқармүйіз, қиықшаршы* (ромб), *гүл, жапырақ, төртқұлақ* және т.б. ою-өрнектер кестеленген. Ең көне ою деп саналатын *төртқұлақ* (көгеріс оюға жатады) өрнегі батырлар шапанының артқы бойына (жауырын тұсына), шалбардың тізе тұсына салынған. Сырт киімдерге қолданылған алуан түрлі ою-өрнектерді ел арасынан да, Қазақстанның Орталық музейінде сақталған киім үлгілерінен де кездестіруге болады.



Өңіріне және екі жеңіне қазмойын өрнегінен жүрекше пішінді өрнек түсіріліп, ішіне тұлғамүйіз оюы кестеленген бешпент. ҚР MOM қорынан (КП 623)



Етегіне гүл өрнегі кестеленген бешпенттің фрагменті. ҚР MOM қорынан (КП 13077/2)

Жарғақ шалбарлардың екі бүйірі мен балағын көркемдеп тігуге гүл, жапырақ, табақ, шеңбер, алағұрт, ирек, жапырақты сабақ тәрізді өрнектер қолданылған. Ою-өрнектер кестелеу әдісімен салынатындықтан, бұндай шалбарды кестелі жарғақ деп те атаған.

Қазақтың етік, мәсі, кебіс тәрізді аяқкиімдері ою-өрнекпен әшекейленген. Халық тіліндегі оюлы етік, кестелі мәсі, көксауыр етік, көксауыр кебіс деп аталатын аяқкиімдер олардың ою салынып тігілуіне байланысты қалыптасқан.



Былғары мәсінің қонышына ара тіс, жүрекше, басына көгеріс өрнектер салынған мәсі. ҚР MOM қорынан (КП 20968)

Етікке көбінесе геометриялық және қошқармүйіз, сыңармүйіз тәрізді зооморфтық оюлар салынады. Бұндай оюлармен етіктің қонышын, өкшесін сәндеп тігеді. Мәсінің қонышы мен өкшесіне салатын оюлардың етік өрнектерінен айырмасы – геометриялық өрнектің орнына көгеріс ою салынады. Ал зооморфтық ою етікке де, мәсіге де ортақ болып келеді. Кебістің оюмен әшекейленетін бөлігі – тұмсығынан бастап киер аузына дейінгі бөлігі,

киер аузының жиегі және сірөкшесі. Кебістің сірөкшесіне, сыңармүйіз, ал аузының жиегіне таңдайша өрнегі, ал барқытпен қаптап тіккен кебістің көгеріс және зооморфтық оюларды зер жіппен кестелеп тіккен түрлері кездеседі.

Мата бетін ою-өрнекпен әшекейлеуге кесте деп аталатын көркем тігіс түрлері қолданылады. Ою-өрнекті матаға кестелеп салудың кесте сөзімен тіркесіп айтылатын мынадай түрлері қолданылады: біз кесте (үшкір біз арқылы материал бетін тесіп, бізді сұғып жіпті іліп алу арқылы өрнектеу), маржандап кестелеу (жінке тізілген маржанды өрнек үстіне тігу тәсілі), бөртпе кесте (материалдың бетіне түк шығарып кестелеу; кестелеудің бұл түрі түкті кесте, төкпе кесте деп те аталады), жапсырма кесте (мата бетіне басқа матадан ою жапсырып тігу тәсілі), құрақ кесте (маталарды бір-біріне құрау арқылы кестелеу), ойма кесте (мата бетін торлап кестелеу), ашамай кесте (бір ізбен қарама-қарсы жөрмеп тігу арқылы айқыш-ұйқыш із шығарып кестелеу; оның бір түрі бұзау тіс деп аталады (қ. Сырмақ)), баспа кесте (оюдың үстіне немесе ішіне көлденең жін салып, үстін бастыра жөрмеп тігу арқылы яки жіпті ілгерінді-кейінді инемен шаншып алып өрнектің ішін толтыра кестелеу түрі. Кестенің мата бетіне тұтас немесе әр жеріне тігілуіне орай әредік кесте және шым кесте деп бөлінеді. Матаның бетіне толық түсірілмей, әр жеріне салынған кесте – әредік кесте, мата бетінде ашық жерді өте аз қалдырып, тіпті ашық жер қалдырмай тұтас кестелеу шым кесте деп аталады. Мата бетіне кестелеп ою-өрнек түсіру тәсілдері қазақтың көркем тігіс түрлерімен де аталады: бедерлеп тігу (мата бетіне бұдырлар түсіріп кестелеу), жұлдызша тігу (мата бетіне жұлдыз бейнесін кестелеп тігу), иректен тігу (ирек-ирек жол бейнесін кестелеп түсіру), шыралжын (біркелкі төртбұрышты етіп, бір жіптің үстінен екінші жіпті айқыш (қосу таңбасы тәрізді бейне) түрінде айқастырып тігу), көпіртіп тігу (гүл, алма, жүзім және т.б. көгеріс өрнек түсіргенде мата бетінде жіп селбеулерін қондырып тігу), түктен тігу (кесте жібінің үстінде бірер сантиметрдей бұлдірге қалдырып тігу; бұл тігіс түрі кесте атауымен қосылып айтылғанда түкті кесте, бөртпе кесте, төкпе кесте деп қолданылады), шынжыр тігу (екі қатар жіптің ортасынан шаншып алып тігу) және т.б. (қ. Кесте). Кестелеп тігу арқылы көркем нақыштармен әшекейлеу киіз, тоқыма, тері тәрізді жұмсақ материалдарға да қолданылады. Ертеректе қазақтың ұлттық баскиім, сырткиім, бойкиім, аяқкиім тәрізді киім түрлері мен сүлгі, төсекжапқыш, перде және т.б. мағадан тігілген бұйымдары мен киізден жасалатын сырмақ, түскиіз, тұсдорба, керме, қаршын, аяққап және т.б. заттар кестемен әшекейленген. Әрбір қазақ қыз-келіншегі кестелеп тігудің сан алуан тәсілдерін меңгерген.

Теріден жасалатын былғары, көн тәрізді бұйымдардың бетіне бедерлеп өрнек салу әдісі шеберлер тілінде бедерлеме, батырма, таптаурын деп аталады. Тері бұйымға бедерлеп өрнек салудың уақытын дәл анықтаудың айтарлықтай маңызы бар. Өйткені көн, былғары тым дымқыл болса



немесе қатты кеуіп қаудырлап тұрса, оған өрнек түспейді. Сондықтан шеберлер өрнекті көн немесе былғарының қоңыр құрғақ кезінде салады. Материал бетіне ою тереңірек түсіп, айқын көрінін тұру үшін батырғыны бірнеше рет қатты батырып, сырғытып сызады. Батырғының ұшы жеңіл сырғу үшін әлсін-әлсін майға малып алады. Бедерлеме жүргізілген соң бұйымды көлеңкеге қойып кептіреді.



Бүйіріне тұлғамүйіз өрнегі бедерленген торсық.
ҚР МӨМ қорынан (КП 23947)

Былғарыдан жасалатын тоқым, тұскиіз және торсық, кеукерін, көнек тәрізді көннен істелетін бұйымдарға ою-өрнекті батырып түсіруге *батырғы* деп аталатын құралды пайдаланады. Батырғының қаңылтырға бедерлі өрнек түсіретін түрі де болады. Ондай батырғы ұшын имек, сүйір немесе доғалдау пішінде болаттап соғып, ағаш, мүйіз немесе сүйекпен саптайды. Сабын ұзындау етіп жасайды, өйткені шебер қанылтырды өрнектеуге пайдаланатын батырғының сабын иыққа тіреп, екі қолымен бірдей жұмыс істейді. Кейбір шеберлер былғарыға ою-өрнек түсіру үшін материалды тақтайдың үстіне жайып, оның бетіндегі іздің бойымен ұшында шағын шеңбері бар қадаубасты ағаш тоқпақпен ұрып отырып түсіреді. Былғарыға, көнге өрнек түсіруге ағаш қалып қолданылады. Ағаш қалыпты шебердің өзі қолдан дайындап алады. Оның бетіне ою ойылады. Осы оюды былғары бетіне түсіру үшін былғарының оң бетін астына қаратып ағаш қалыпқа төсейді. Былғарының үстінен балғамен таптап ұрып шыққанда, бедерлі ою түседі. Кейде оюлы ағаш қалыпты дымқыл былғары бетіне бастырып, қысып, былғары деңдігенше қозғамайды. Былғары кепкенде бедерлі өрнек көрініп тұрады. Оны одан әрі айқындай түсу үшін оюдың ізін мүйіз аспаппен батырып сызады немесе өрнектің айнала жиегін тарамыспен қайып тігеді. Бедерлі өрнек уақыт өте келе жойылып кетпесін деп былғарының теріс жағынан ойыс жерлерін толтырып желім құйып кептіреді. Киізбен астарланғанда бедерлі ою бұйым (мәселен тоқым) тозғанша сақталады.

Қазақ шеберлері былғарыға бедерлі өрнек түсірудің басқа тәсілін де пайдаланған. Ол әдіс *өзек салып бедерлеу* деп аталады. Өзек салып бедерлеу үшін алдымен былғарыны жібітеді. Жібіген былғары бетіне мүйіз аспаппен өрнекті сызып шығады. Одан кейін өзекті (*өзек* деп темір сымын немесе жіңішке қайыс таспаны айтады, материалына қарай оны *темір өзек*, *қайыс өзек* дейді) өрнектің оймасына

салып, киіз астарға беттестіріп, тарамыспен жапсыра тігеді. Айта кету керек, темір өзек немесе темір талшықтар - геометриялық өрнек түсіруге, ал қайыс өзек әртүрлі өрнектерді мүйіздеп келтіруге қолданылады. Бедерлі өрнек түсірудің тағы бір тәсілі *із түсіру*, *із түсіріп бедерлеу* деп аталады. Із түсіруді темір безеубастарды былғарыға қатты батыра отырып орындайды. Осындай әдістермен былғары бетіне *қошқармүйіз*, *сыңармүйіз*, геометриялық өрнектерді үйлестіріп, тоғыстырып көркемдейді.

Былғары жұқа болса, оған бедерлі өрнектер түсірілмейді. Өйткені ондай былғарыға түсірілген ою-өрнек ұзақ сақталмайды, өрнекті түсіргенде де анық болмайды. Осыған байланысты жұқа, жұмсақ былғары бетіне оюды (ол оюды басқа түсті былғарыдан алдын ала дайындап алады) жапсырып тігеді. Ою-өрнек анық, ашық көрінін тұруы үшін былғары бетіне басқа түсті теріден, мәселен көксауырдан, қызыл шегіреннен немесе сарғыш опайкеден (тайынша терісінен) қиып алынған ою үлгісін бастырып қойып, тігеді. Кейде жұмсақ былғары бетіне мүйізбен өрнекті сызып алып, соның ізін қуалай отырып тарамыспен қайып тігеді. Сонымен бірге жұқа былғары бетін түсті жіппен тігіп ою-өрнек түсіреді. Бұл тәсіл *кестелі өрнек тігу*, *кестелеп өрнек тігу* деп аталады. Айталық, өкшесі биігірек, сірісі аласа, үшкір тұмсықты, қонышы тізеден аспайтын, қонышы екі жағынан жармаланып тігілетін *шоңқайма* аталатын етік түрінің оймасын, сол сияқты мәсі, кебіс, жарғақ шалбар және т.б. киімдерге кестелеп өрнек тігеді.

Төменде Е.А. Клодттың еңбегіндегі мата мен теріден тігілетін бұйымдарға салынатын ою-өрнектер автордың көрсеткен нөмірі бойынша беріліп отыр:



24-сурет. Екі шетінде гүл, табақ ішіндегі қызыл өріске сары түсті жіптен төрт тармақты қошқармүйіз, қара түстен көгеріс өрнек түсіріліп, ортасында жұлдыз бейнеленген, қара түстен екі рет су жүргізіліп, сырты ирек, толқын өрнегімен әшекейленген, екі табақ арасы жапырақ бейнелі оюмен кестеленген (мата)



25-сурет. Қызыл мата бетіне салынған табақтың ішіне түрленген мүйіз жұлдызгүл және төртгүл өрнектері кестеленген



26-сурет. Қызыл мата бетіне қара, ақ, сұр түсті жіптермен гүл, айқыш, қошқармүйіз, ирексу, жапырақ оюлары бейнеленген кесте



27-сурет. Жапырақ, гүл тәрізді өрнектер мен екі шетіне шиыршық жүргізілген кесте



28-сурет. Қара, қызыл түсті жіптерден жалғаспалы желілі құсқанаты және тарақ оюы түсірілген кесте



29-сурет. Мата бетіне шеңбер кестеленіп, ішіне көгеріс өрнек, ал сыртына қошқармүйіз, толқын оюлары түсірілген кесте



30-сурет. Ақ, көк және сары түсті жіптерден күн, ирек, тәрізді геометриялық және қазмойын өрнегі түсірілген кесте



31-сурет. Пердеге қызыл, көк, сары және қоңыр түсті жіптерден кестелеп және сырып түсірілген көгеріс өрнек



32-сурет. Әр түсті жіптерден көгеріс өрнек кестеленген перде

Ою-өрнектердің металл бұйымдарына және әшекейлерге салынатын түрлері мен жасалу жолдары. Қазақ жерінде металл өңдеу көне замандардан-ақ дамыған. Темірден түрлі шаруашылық құралдарын, қару-жарақ соғатын шеберлерді ұста, алтын мен күмістен әшекей бұйымдар жасайтын ұсталарды зергер деп атаған. Ұстаны кейде өңдейтін, зат дайындайтын материалына байланысты темір ұстасы, қара ұста деп те атаған. Ел ішіндегі зергерлердің бір тобы темір ұсталығын да, ағаш ұсталығын да, тері илеу мен өрімшілікті де толық меңгерген. Халық тілінде темір ұстасын, зергерді ұста деп те атайды. Зергер, ұсталардың ою-өрнек түсіріп жасайтын зат, бұйым түрлері – әшекей бұйымдар (сақина, білезік, сырға, өңіржиек, белбеу, түйме, әртүрлі пішінде жасалған шытыралар, салпыншақтар және т.б.), алтындалған, күмістелген ертұрман, күміспен әшекейленген үй жиһаздары мен ыдыс-аяқтар, қару-жарақтар мен сауыт-саймандар және т.б.



КП 13974/б. Сандық бетіне қаңлытырдан салынған кереге өрнек түрі

Ою-өрнек – зергерлік бұйымдардың ажырамас бөлігі ретінде барлық әшекейлерде кездеседі. Ою-өрнексіз зергерлік әшекейлерді (кейбір бөліктері болмаса) кездестіру қиын. Қазақ зергерлері жасайтын бес білезік, орама білезік, қос білезік, капказ білезік, көзді білезік, өрме білезік және т.б. түрлеріне жүргізілетін ою-өрнек үлгілері сан алуан. Ескеретін жайт: білезіктердің арасында өрнек салынбайтындары да ұшырасады. Мәселен, бұрама білезік күміс шыбықтарын қосып бұрау арқылы жасалады. Сондықтан оның бауыры өрнексіз болып келеді. Оның есесіне екі басына бедері бар бунақтар, бұршақтар келтіріліп, кейбіреуінің үстіне асыл тастан көз орнатылады.

Сыртқы бөлігінде бес сақинаны байланыстырып тұратын алтын не күміс шынжыры бар, бауыр сырты жалпақ бес білезіктің үстіңгі бетіне бөріқұлақ, құсқанаты, мүйіз, ирек тәрізді өрнектер жүргізіледі. Бес білезіктің саусаққа кие тін бес сақинасы да өрнектеледі. Әртүрлі бұйымдарда ұшырасатын ырғақ, сыңарөкше, көз, бұрма өрнектерімен бауыры жалпақ әрі тұтас, үстіңгі беті қатарласқан екі білезік түрінде жасалған қос білезіктерді әшекейлеген. Осындай өрнектермен әшекейленген қос білезіктер солтүстік өңірде жасалған. Белдік бейнелі жалпақ білезік орама білезік деп аталады. Орама білезіктің ортасына көгеріс, зооморфтық, геометриялық пішіндер түсірілсе, екі шетіне сызбалар жүргізіледі. Зергерлер кейбір білезіктің өзін де, өрнегін де қалыпқа құйып шығарады. Шығыр пішінінде жасалатын осындай жұмыр білезіктердің екі басында шытырман өрнегі кездеседі. Алайда, бұндай білезіктің екі басынан басқа жеріне ою-өрнек салмайды. Қазақ шеберлерінің



күміс, алтын шыбықтарын өріп, екі басын алақан сияқты тұтастырып жасаған өрме білезіктерінің алақанына қазтабан, жүрекше, қосырғақ және т.б. өрнектер салынған.

Ертеректе *кавказ білезік*, *кавказ сақина*, *кавказ жүзік* тәрізді зергерлік эшекейлер *кавказ өрнек* деп аталатын ою түрі болған. Бұндай эшекей бұйымдар мен өрнек атауы салынған оюдың кара ала түсті болып көрінуіне байланысты қалыптасқан. Сондықтан *кавказ* өрнегін *қарала* (*қара ала*) өрнек, *қарабағдар*, *қара алтын* деп те атаған. Кавказ өрнекті, әдетте, күмістің бетіне түсірген. Ол үшін алдын ала иректеліп ойылған күмістің бетіндегі өрнегіне арнаулы қоспаны құйып жапсырған немесе темірге қақталған күмісті терендетіп (кара темірге жеткенше) ойып алып тастау арқылы қажетті ою-өрнекті түсірген. Сонда ойылған ақ күмістің астындағы кара темірдің түсінің әсерінен өрнек кара ала болып көрінген. *Кавказ* өрнегі сырға, ердің қасы, қару-жарақ, сақина, жүзік тәрізді бұйымдарды эшекейлеуге де жиі қолданылған (қ. *Кавказ*).



Білезік бетіне салынған көгеріс өрнек. ҚР MOM қорынан (КП 6975)



Білезік бетіне салынған шеңбер ішіндегі төртқұлақ, сыртына салынған құсқанаты өрнегі. ҚР MOM қорынан (КПД 187/1,2)

Қазақ зергерлері соққан сырғаларда *жұлдыз*, *ай*, *жапырақ* тәрізді космогониялық, көгеріс оюлармен бірге таспа өру мәнерінен алынған *бұзаутас*, *жыланбауыр*, *қостіл*, *қостаңдай*, *бестемше*, *өткерме*, *алтытаспа*, *торкөз*, *шарбақ*, *төрттаспа*, *түйемұрындық*, *өрім өрнек*, *орақ-балға*, *ұштаспа* тәрізді ою-өрнектер ұшырасады. Бұндай өрнектер тек сырғада емес, білезік және ер-тұрманда кездеседі.



Сырға бетіндегі орақ, балға өрнегі. ҚР MOM қорынан (КП 6710)



Сырға бетіндегі көгеріс өрнегі. ҚР MOM қорынан (КП 3763/1,2)

Сақина, жүзіктердің бауырдағына салынатын ою-өрнектер ретінде этнографиялық еңбектерде *кавказ*, *ирек*, *ырғақ*, *қосалқа*, *құсмұрын*, кісе белбеулерге салынатын *құсжолы*, *құсқұйрық* және т.б. өрнек нұсқалары келтіріледі. Халық тілінде осындай ою-өрнегіне қарай олардың кейбір түрін *кавказ сақина*, *кавказ жүзік*, *ырғақ сақина* деп атау қалыптасқан. Алайда музей коллекцияларында сақталған сақина, жүзік, күмісті белбеу бөліктерінде осы аталғандарыдан басқа космогониялық оюлардан *күн*, *ай*, *жұлдыз*, көгеріс оюларынан *жапырақ*, *гүлқауызы*, геометриялық оюлардан *тұмарша*, *шеңбер* (*дөңселек*), зооморфтық оюлардан *итқұйрық*, *омыртқа*, *мүйіз*, *жүрекше* тәрізді және т.б. сан алуан ою-өрнек үлгілері кездеседі.



Жүзік алақанының бетіндегі жапырақ оюы. ҚР MOM қорынан (КП 9617)



Жүзік бетіндегі сіркелі тұмарша өрнегі. ҚР MOM қорынан (КП9442/1)



Итқұйрық өрнегі салынған жүзік қасы. ҚР MOM қорынан (КП 21077)



Түйме сыртына салынған гүлқауызы өрнегі. ҚР MOM қорынан (КП 7298)



Бетіне амыртқа өрнегі салынған түйме.
ҚР MOM қорынан (КП 21137)



Бетіне күн өрнегі салынған түйме.
ҚР MOM қорынан (КП 22915)



Стильденген мүйіз өрнегімен әшекейленген
белбеу қапсырмасы. ҚР MOM қорынан (КП 1200)



Жүрекше өрнегі салынған қапсырма.
ҚР MOM қорынан (КП 26995)

Күміс ер, алтын ер, күміс тұрман, күмісті ер-тоқым және т.б. деп түрліше аталатын ат жабдығының күміс әшекейлерінің беті көп жағдайда ою-өрнектерімен, атап айтқанда, *кавказ, құсқұйрық, құсжолы, ирек*, таспа өру мәнерінен алынған ою-өрнектердің жоғарыда аталған кейбір түрлерімен әшекейленген.

Қару-жарак жасауға ежелден қазақ жерінде өндірілетін темір, шойын, болат тәрізді кара металдар мен алтын, күміс, жез, мыс, кола, қорғасын, мырыш секілді түсті металдар және әртүрлі асыл тастар, ағаш пен сүйек, мүйіз, тері пайдаланылған. Қазақтың дәстүрлі ою-өрнектерінен қару-жарактарды әшекейлеуге ай сияқты құдіретті балта деген ұғымнан туған *айбалта*, төрттармақтан құралып, ортасы айқыш (крест) бейнесіндегі *қошқармүйіз* (бұны *төртқұлақ* деп атайды), ақ күмістің бетіндегі ою кара ала болып көрінетін *кавказ* немесе *қарабағдар*, шеңбер бейнесіндегі егізжүп, мәңгіліктің символы болып саналатын *тасбақа ою* (бұл халық арасында *тұйық ою* деп те аталады), мүйіз өрнегінің қошқармүйізден басқа *қосмүйіз* және *сыңармүйіз* тәрізді ою-өрнектер және қалқанның сыртына «әлем ағашы» өрнегінің түрлі нұсқалары қолданылған. Бұндай өрнектермен айбалтаның, найза жебелерінің басы мен сабы, қылыштың балдақтары мен қынаптың күміс қаптамалары әшекейленген. «Әлем ағашын», әсіресе, ғұрыптық айбалталарға арнайы салған. Қару-жаракқа салынатын ою-өрнектер оларды жасайтын материалға, жасалу технологиясы мен әшекейлеу тәсілдеріне, ұста-зергердің оған қолданатын құрал-саймандарына байланысты

болып келеді, сондықтан қару-жарактағы ою-өрнектер пішіні жағынан басқа бұйымдарға салынатын оюлардан өзгешеленіп тұрады. Ислам дінінің енуімен байланысты байырғы ою-өрнектерден тыс қару-жарактарға магиялық қызмет атқарған (жауынгерді қауіп-қатерден қорғау, қарудың күшін арттыру) Құран аяттары, он сегіз мың әлемді жаратушы Алла есімі, әртүрлі дұғалар жазыла бастады. Сонымен бірге мұсылман елдерінің қару-жарак жасау өнерінде қолданылған *ислими* өнерінің элементтері ене бастады. Алайда *Қазақ қаруларындағы ислими өрнегінің сипаты Орта Азия, Иран, Түрік қаруларында қолданылатын осы өрнектің сипатынан өзгешелеу, композициясы тым көп күрделенбеген, суреті ірілеу болып келеді*. Қару-жаракқа салынатын ою-өрнектер көпжақты қызмет атқарады. Оның магиялық қызметі ең алдыңғы орында тұрады. Ертеден қалыптасқан ұғым бойынша қару-жарактағы ою-өрнектер мен жыртқыш аң-құстардың символдық бейнелері қарудың күшін арттырады. Қару-жарак ою-өрнегі жауынгердің әскери дәрежесін айыру белгісі болды. Жауынгер статусы жоғарылаған сайын оның қаруының әшекейі де күрделене түсті, көркемдігі артты. Кейбір ою-өрнектер мен әшекейлер қарудың әртүрлі ғұрыптық және ресми, салтанатты жағдайларда қолданылатынын білдіреді. Ою-өрнектер қару-жарактың түрі мен пішініне, көлеміне сәйкестендіріліп салынып, оның композициясы қарудың осындай белгілеріне тікелей байланысты болды. Түркі халықтарындағы көркемдеу тәсілдері мен әшекей түрлеріндегі ұқсас, ортақ белгілер қазақ қару-жарактарының пайда болуының тарихы көне замандардан басталатынын көрсетеді (**қ. Қару-жарак жасау ісі**).

Металл бетіндегі *сіркелі ою, оймалы ою, оймалы өрнек, құймалы ою, сызбалы өрнек, безеу өрнек* және т.б. ою-өрнек түрлері ою түсірудің тәсілдеріне байланысты қалыптасқан. Мәселен, күміс бұйымдар бетіндегі өрнекті *безек* деп атау себебі *жорғабіз, шимайбіз, бізбілдік, асыл біз, бұрғуыз, мәнерлегіш, сызу пышақ, ою пышақ, ыңғыру біз, безеубас, безеубіз, безеуіш* тәрізді құралдармен сызып, батырып, қашап отырып *безек түсірудің* негізінде сіркелі ою пайда болған. Безек түсіру тәсілі *безеу* деп те аталады. Бұл құралдармен көбінесе геометриялық өрнектер жүргізіледі. Безеу әдісімен ою-өрнек түсірілген күмістің бетіне алтын жалатылады. Безеуді кейде *бедерлеу* дейді. Бедерленген күміс үнемі алтындала бермейді, оны өрнекті сүйектермен алма-кезек киюластырып та қолданады. Бедер, безек түсіруге қолданатын безеуіштің кейбір түрі *ырғақ* деп аталады. Мәселен, қазақ шеберлері *мыңғырақ, безеуөрнек* тәрізді оюлар жүргізуге ағаш сапты, алақанға ұстайтын жағы жұмырлана біткен, жүзі қашау тәрізді бір жағына қиғаш қайрылған *безеуішті* қолданған. Осы құралды *ырғақ* деп атайды. Бұндай безеуіштің ортасын егеп, өткір жүзін аша тәріздендіріп те жасайды. Безеуіштің бұл түрімен көбінесе *тышқаніз* өрнегін салады. Нүктелі оюды *батқы салу* тәсілімен орындайды. Нүкте тәрізді ою жасауға *батқы*



аталатын құралды пайдаланады. Батқымен тек күміс бетіне емес, ағаш, былғары беттеріне де ою түсіреді. Кейбір геометриялық өрнектер сіркелеу тәсілімен де жүргізіледі. Ол үшін алдын ала *сірке* деп аталатын өте ұсақ түйіршіктер дайындайды (**к. Сірке**). Күміс бетіне сірке қондырып өрнектеу үшін *бура*, *дәнекер* деп аталатын ақ ұнтақ себеді (**к. Дәнекер**). Оның үстіне сіркелерді қондыру арқылы өрнек салып шығады. Оны отқа қыздырғанда, күмістен жасалған сіркелер қондырылған орнында жабысып қалады. Мұны *сіркелі ою* дейді. Металл бетіне өрнек салуға шапқының арнаулы түрі қолданылады. Өйткені шапқы көбінесе металды қыздырып немесе құрғақтай кесуге немесе темірге күміс қақтау үшін шауып кертпектер түсіруге қолданылады. Ал оның өрнек салуға арналған түрінің жүзі жарты ай тәрізді имек болады. Шапқының бұл түрін *қуысқұлақ* деп атайды. Ою-өрнекті қуысқұлақтың сабынан балғамен соғып отырып түсіреді. Сонымен бірге металға *нақыс салғышпен* түрлі өрнектер салуға болады (**к. Нақыс салғыш**). Оны *нақыстау*, *нақыштау* дейді. Онымен көбінесе *жұлдызша*, *ай*, *жұлдыз* тәрізді өрнектер түсіріледі. Шапқы, қадаубас, нақыс салғышпен темірге сызық, бедер, ою-өрнек салып, түрпіленген бетін егеп өрнек салуды *әрлеу* деп те атайды.

Бұйымның бетін ою-өрнекпен безендірудің бір тәсілі *су жүргізу* деп аталады. Су жүргізу кесте ісінде, сырмақ сырғанда және зергерлік әшекейлерге көп қолданылады. *Су жүргізу* деп киізден жасалатын бұйымдарға және мата, былғарыдан тігілетін заттарға өрнек салғанда қатар түсетін екі түстің арасын бөлу үшін басқа түсті жіптен жінішкелеп сызық бастырып шығуды айтады. Сонымен бірге металл бетіндегі өрнек пен өрістің арасын бөлу үшін жүргізілген үздіксіз сызықты да *су жүргізу* дейді. Кейде үздіксіз сызықтың орнына жиілеп түсірілген ноқат (нүкте) желісі де қолданылады. Металл бетіне су жүргізу көбінесе *түртпе* аталатын құралмен орындалады. Оның өткір жүзі қиғаш соғылады. Сабынан балғамен ұрған сайын алға секендеп жылжиды. Өрнек салғанда сабынан саусакпен бұрап, ою ізіне қарай бағыттап отырады (**к. Түртпе**). Зергерлер түртпемен салатын өрнекті *су жүргізу* деп атайды. Темір мен күміс бетіне ою-өрнек түсірудің бір тәсілі – *қара ала жүргізу*. Қазақ зергерлері қақталған күміске қара ала түсті болып көрінетін ою салатын. Ол ою *қара бағдар*, *қара ала* деп аталатын. Қара ала оюмен әшекейлеу *қара ала жүргізу*, *қара алтындау*, *қара ала қапқаздау* тәрізді атаулармен белгілі болған. Зергерлер қара ала оюды екі түрлі әдіспен жасайды: а) оюды күміс бетіне бізбен, ал қақталған темір бетіне арнаулы қашаумен шауып түсіреді. Оны *жалған қара ала* дейді; ә) қара ала болып көрінетін оюға арнайы дайындаған қоспаны күміс бетіне еңіреді. Қоспаны *қара ала қоспасы* дейді. Қара ала қоспасын зергерлер мыс, қорғасын, күміс және күкіртті қосып балқыту арқылы дайындаған. Осы қоспаны қатырып, одан соң үгіп, ұнтақ күйінде қолданған. Қара ала қоспасымен түсірілген ою *нағыз қара ала* деп аталады. Ою-өрнек түсірудің алғашқы түрі *жалған қара ала жүргізу*, *жалған қаралау*, ал кейінгі

түрі *нағыз қара ала жүргізу*, *қара су жүргізу*, *қара алтындау* тәрізді атаулармен белгілі болған.

Күміске ою-өрнек түсірудің жалған қаралау әдісі өткір бізбен ойып алу арқылы жасалады. Әшекейлік темір бетін өрнектеу де ойып алу арқылы түсіріледі. Жалпы, қақталған темір, күміс бетін астына дейін ойып түсірген өрнекті *оймалы өрнек* дейді. Темір бетінің оймалы өрнегінен басқа жеріне күміс шабылады. Ал темірдің астына көк, жасыл түсті былғары, шұға тәрізді түсті материал салынғанда, материалдың түсі ойылған өрнектен айқын көрініп тұрады. Көксауырдан кейде көз салынады. Оймалы оюлар безеу тәсілімен жүргізілген оюлармен астастыра қолданылуы мүмкін. Ол туралы: «*Кейбір үй бұйымдарының, әсіресе, ердің алдыңғы және артқы қастарының бет жақтары қақталған таза күміспен қаптала көркемделгенде, оған оймалы оюлар ойылумен бірге сызу, безеу арқылы да ою-өрнектер жүргізіледі*, - деп атап өтті Х. Арғынбаев.

Күміс бетін өрнектеуге *қалыптау* тәсілі жиі қолданылады. Қалыптау, негізінде, затты белгілі бір пішінге келтіріп жасауға байланысты болғанмен, бірсыпыра ою түрлері арнаулы қалыптармен жасалады. Қалыптау тәсілінің екі түрі бар: оның бірі *қалыпқа құю*, екіншісі *қалыпқа соғу* деп аталады. Бұл тәсілдер қалыптың *құйма қалып* және *соқпа қалып* деп бөлінетін түрлерімен байланысты шыққан. Құйма қалып балқыған металды белгілі бір пішінге келтіруге және сол металға (күміске) салатын оюды құйып дайындауға қолданылады. Ал, соқпа қалып ою-өрнекті күміс бетіне (оның ұшында бедерлі өрнегі болады) балғамен соғып түсіруге пайдаланылады. Қалыптың түрлері өзі түсіретін ою түрімен аталады. Мысалы: жүзі араның тістері тәрізді бейнесі бар қалып – *бұзаутіс қалып*, құстың таңдайы сияқты бедер түсіретін қалып – *таңдай қалып*, *қошқармүйіз*, *арқармүйіз* өрнегі бар қалып – *мүйізді қалып*, құстың белгілі бір мүшесін бейнелеуге арналған қалып – *құстаңбалы күмбез қалып*, қызғалдақ бейнесін түсіруге қолданылатын қалып – *қызғалдақ қалып*, өркеш тәрізді бедер соғатын қалып – *түйеөркеш қалып*, күміс бетіне толқын тәрізді, иір-иір бедер түсіретін соқпа қалып түрі *ирек қалып* деп аталады. Қалыптау тәсілімен күміс бетіне бұлардан басқа *құстұмсық*, *нүкте*, *сүңгітізбе*, *тұмар*, *тұмарша*, *айшық*, *жұлдызша*, *көз*, *қарғатұяқ*, *қойқұрт*, *қостұмарша*, *тайтұяқ* және т.б. ою-өрнектер салынады.



Итқұйрық, үшқұлақ өрнегінің соқпа қалыбы.
ҚР MOM қорынан (КП 1288)



Гүл өрнекті шытыра қалып.
ҚР MOM қорынан (КП 1288/5)



Тамшы немесе құстұмсық өрнекті қалып.
ҚР MOM қорынан (КП 1288/6)

Ою-өрнектердің сүйек бетіне салынатын түрлері мен жасалу тәсілдері. Ағашқа ырып қақталатын немесе шегеленетін сүйек бетіне ою-өрнек түсіру үскінің, пышақтың, біздің ұшымен сызылып салынады. Сол сызықтың үстін *безеубас* деп аталатын шапқымен, *біз* тәрізді құралдармен терендете өндеп, *тышқаніз*, *мысықбас*, *түйетабан*, *жұлдыз*, *жапырақ*, *жүрекше*, *қосмүйіз*, *ирек* және т.б. өрнектер түсіріледі. Ағаш бетіне құрастырмай тұрып беті өрнектелген сүйекті *өрнектелген сүйек*, *өрнекті сүйек* дейді. Шеберлердің сүйек бетіне түсіретін ою-өрнектері түрі мен композициясы жағынан киізден жасалатын бұйымдардың оюларына ұқсас болып келеді. Ұқсастық ою-өрнектердің түсі жағынан да көрінеді. Текемет, сырмақ оюлары тәрізді сүйек бетіне түсірілетін өрнектер де бояумен боялады. Сүйек бетіндегі оюлар дәстүр бойынша қызыл не кара түспен боялады. Сүйекпен әшекейлеу жұмысы шеберлер тілінде *сүйектеу* деп аталады. Сүйектеу тәсілі, негізінде, ағаш бұйымдарды безендіруге қолданылады. Сүйектеу жұмысы ою-өрнекпен тығыз байланысты, өйткені сүйекпен әшекейлейтін шебер ою-өрнекті сүйектің өзінен киюластырып, құрастырып салады. Сондықтан кейде сүйек бетіне ою түсірілмейді. Алайда сүйектеу ісінің көркемдік дәрежесін арттыру үшін сүйек бетіне түрлі ою-өрнек жүргізіледі. Зерттеуші Ә. Тәжімұратовтың айтуынша сүйек кескінділерінен киюластырып ою-өрнек түсірушілерді *шебер* деп атаған. Бұл атау колөнерінің әртүрлі саласында қолданылып «құста», «он саусағынан өнері тамған» тәрізді ұғымдарды білдіреді. Сүйек кескінділерінен киюластырып ою салуды халық шеберлері *сүйектен ою салу*, *сүйекпен өрнектеу*, *сүйекпен оюлау* деп әртүрлі айтады. Ал оюды құрастыруға қажетті сүйекті *өрнек сүйек* дейді. Өрнек сүйекті белгілі бір ою түріне келтіріп, жонып дайындайды.



Өрнек сүйекпен әшекейленген кебеже.
ҚР MOM қорынан (BP 588/1)

Белгілі бір ою түрін бейнелейтін өрнек сүйек жөнінде көрнекті этнограф Х. Арғынбаев экспедиция материалынан мынадай дерек келтіреді: *Сүйектелген кебеженің тағы бір әдемі түрін Семей облысынан кездестірдік. Бұл кебеже бетінің айнала жиегіне нәзік ойылған сүйек әшекейлер тұтас жүргізілген. Кебеже бетінің ортасына қошқармүйіз, сыңармүйіз, өсімдік тектес, ұшқан құс бейнесіне ұқсас оюларды сүйектен ойып, кебеже бетіне күміс шегелермен шегеленген. Мұқият өңделіп, бірнеше қайтара өсімдік майы жағылған қайыңның табиғи түрі мен ақсары сүйек түстері өте жақсы үйлесім тауып тұруының өзі оны жасаған шебер талғамының жоғары болғандығын танытады. Кей жерде өрнек сүйектің астына қызыл шұға төселген. Ел ішіндегі кейбір кебеже үлгілері осылай әшекейленген. Жиһаздарда және т.б. бұйымдарда кездесетін *мысықбас*, *айшық* және т.б. оюлар да сүйектің өзінен кесіліп дайындалады. Сүйектен ою салып әшекейленген заттардың түрі сан алуан. Мәселен, сүйектің өзінен *айшық* бейнесін ойып алып, ерді әшекейлеуге қолданады. Кейде сүйектен жасалған *айшық* оюының беті геометриялық немесе көгеріс оюлармен көркемделеді. Ол үшін өрнектің түрін пышақ ұшымен сызып алады да, сол ізді оймалап терендетеді. Әсіресе қозықұйрық ердің артқы қасының үстінгі беті *сүйек айшық* аталатын әшекеймен безендірілген. Сүйектен ою салу жұмысы құрастырмалы іске жатады. Сондықтан бөлшектерді киюластырып алудың маңызы зор. Сүйек кесінділерін ағаш бетіне киюластырып орнатуға *шегемен бекіту* және *ырып қақтау* тәсілі қолданылады. Сүйекті ырып қақтау үшін ағаш бетіне ойық жүргізіледі. Ол ойықты *ыру* дейді. Ағашқа сүйек кесіндісін берік бекіту үшін ырудың (ойықтың) бетін тарылтыңқырап, түп жағын кеңірек етіп ояды. Ыруға сүйек бөлшегін бір шетінен сұғып орнатады. Оны *сұғынды ыру* деп атайды. Сүйектің өзінен құрастырылып салынатын өрнек түрлері көбінесе ағаш бетіне ырылып жасалады. Этнографиялық деректердің көрсетуінше, сүйектен ою салу тәсілі казак елінің барлық аймақтарында дерлік кездеседі. Алайда, Жетісу өңірінде сүйектен ою салу тәсілі ашық бояулы ағаш оюлау тәсіліне ауысқан тәрізді.*

Ою-өрнектердің тас бетіне салынатын түрлері мен жасалу тәсілдері. Тастан жасалатын бұйым, заттардың бетін безендіруге шеберлер ою-өрнектің бір ғана түрімен шектелмейді. Олар ою-өрнектің тұтас композициясын қолданған. Тас қашау өнерінде зооморфтық ою-өрнектер ішінен *қошқармүйіз*, *түйетабан*, *құстұмсық*, *құсқанат* және т.б. өрнектерді атауға болады. Алайда, С.Е.



Әжіғалидың атап корсетуі бойынша, тас қашау өнерінде *қошқармүйіз* оюы басым көрініс таба алмай, оның орнына космогониялық сарыны бар *түйетабан* өрнегі түр жасаушы мәнге ие болған.



Қару-жарақ, түйетабан және көгеріс өрнектері бейнеленген құлпытас

Тас бетінде геометриялық өрнектер *қиықшаршы* (ромб), *айқыш*, *торкөз*, *дөңгелек*, *табақ* түрінде кездеседі. Көгеріс гүл, жапырақ бейнелері тас ескерткіштің жиіктік композицияларында және бос орындарында қолданылады. Жиіктік композицияларда көбінесе көгеріс өрнектер геометриялық оюлармен алмасады. Көгеріс ою-өрнектерді қолдану «өмір ағашы» немесе «қайта жаңғыру» ұғымын беру үшін пайдаланылған. Тас бетіндегі өрнектер мен кілем бетіндегі оюларда ұқсастық, ортақ сарындар көзге түседі. Яғни, *тас бетін өрнектеу мен кілем тоқудағы тағы бір ортақ көрініс қазақ ою-өрнегіне тән бірегей сарындарды (жануар, өсімдік стилі, геометриялы кескіндер, тұрмыс заттары) пайдалану деуге болады.* Батыс Қазақстан аймағындағы сағана тамдардың, кесенелердің терезе - ойықтарын және маңдайшасын өрнектеу кілем, текемет тәрізді тұрмыстық бұйымдардың оюларынан алынған.



Мүйіз оюларынан ұластырылған көгеріс өрнектерімен ашекейленген сағанатам. Маңғыстаудың дәстүрлі қолөнері (Алматы: Информ-А, 2001) атты еңбектен

Тас бетіне ою-өрнек түсіру жұмысы беттері көлемді тақтатастарды өңдеуден басталады. Одан кейін тері, киізден (кейінгі ғасырларда қағаздан) жасалған үлгі-қалыптарды тас бетіне қойып, қалыпты сол қолмен ұстап тұрып, оң қолдағы өткір біздің немесе пышақтың ұшымен ою-өрнектің кескінін сызып алады. Одан кейін оюды қашаумен

қашап түсіреді. Оюдың немесе белгілі бір заттың кескіні (суреті) жасалған соң өрісті (фонды) қырғынын немесе арнаулы пышақтың көмегімен ойып алып тастайды. Алайда, арнаулы үлгі-қалыпты пайдаланбай-ақ өрнек оймыштайтын тәжірибелі шеберлердің болғандығы туралы деректер де ұшырасады.

Қазақтың дәстүрлі тас қашау өнерін арнайы қарастырған зерттеуші Р.А. Бекназаров тасты қашап оюдың қазақта мынадай әдістері болғанын атап көрсетеді:

- пішіндік ою тәсілі;
- жазықбедерлі қашау тәсілі;
- екі қырлы оймыш қашау әдісі;
- үш қырлы оймыш қашау әдісі;
- аумақты (немесе пластикалық) қашау тәсілі.

Осылардың ішінде *пішіндік ою* тасқа сурет салудың көне және ең қарапайым тәсіліне жатады. *Пішіндік ою* деп тастың бетіне суретті ойып түсіру тәсілін (техникасын) айтады. Пішіндік ою тәсілімен тасқа түсірілетін бейне доға, тікбұрыш немесе шаршы түрінде болып келеді. Осы тәсілді *пішіндеп ою* деп атауға болады. Қашаудың бір тәсілі *жазықбедерлі қашау* деп аталады. Өйткені шебер кейде бейне кескінінің айналасындағы өрісті (фонды) жіңішкелеп қана ояды. Өрістің (фонның) қалған бөлігін бұрынғы қалпында қалдырады. Қашалған өрістің (фонның) тереңдігіне орай оны *аласа бедер* және *биік бедер* деп бөлуге болады. Бұл тәсілді басқаша түрде *жазықбедерлеп қашау* деуге келеді. Аталған тәсілмен, мәселен, ертедегі құлпытастардың бетіне әртүрлі артефактілердің бейнесі сурет түрінде, атап айтқанда, қару-жарактың (найза, қайық, қылыш, мылтық, пышақ, дойыр қамшы), тұрмыстық бұйымдардың (қайшы, тарак және т.б.), бейнелері салынған. Ертедегі сурет түріндегі бейнелер *жазық бедерлі қашау* тәсілімен оймышталған, яғни бейнеленген заттың айналасындағы өріс (фон) алынып тасталған. *Кейінірек сурет салу оюдың алуан түрін қолдануға, ұсақ бөлшектерді айқын көрсетуге байланысты күрделене түскен.* Пішіндеп ою барысында екі қисық сызық кесіліп, соның нәтижесінде үш қырлы ойық салу *екі қырлы оймыш қашау* тәсіліне жатады. Кескіш, оймыш құралдарының ұштары әртүрлі пішінде жасалады. Бұның өзі тас бетін үш қырлы ойып қашауға мүмкіндік жасайды. Бұл тәсілді *үш қырлап ойып қашау* деп атайды. Өйткені бұл тәсілмен қашап ойғанда ойманың екі жағын тік немесе қобы (сай) түрінде кесіп, бүкіл өрісті (фонды) үшінші жақтан ойып алып тастайды. Ойма тік болса, жасалған пішін үшбұрыш, ал кесік қисық жасалса, пішін призма түрінде болады. Қашаудың түрі мен тереңдігін өзгертіп, жарық пен көлеңкенің белгілі бір әсеріне қол жеткізуге болады. Зерттеулердің көрсетуінше, *аумақты қашау* немесе *пластикалық аумақты қашау* әдісі кейінгі уақыттарда пайда болған. Тасқа түсірілген бедердің және өрістің (фонның) үшкір бұрыштарын жою арқылы пластикалық әсерін күшейтетін, өрнектерге жұмсақтық, нәзіктік сипат берілетін тәсіл *пластикалық аумақты қашауға* жатады.



Айта кету керек, XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасыр басында қазақ елінің батыс өңірінде құлпытас жасағанда *нәзік өрнекті қашау* (ажурная резьба) әдісі қолданылған. Зерттеу еңбектерінде бұл тәсіл жөнінде: *кесудің бұл түрі көбіне лобзик-араны қолдана отырып ағаш құрылымдарды өңдеуге пайдаланып келген еді. Тас ескерткіштерде шеберлер ұсақ детальдарды, жапырақшалар мен ойықтарды осылай жасаған,* – деп түсіндіріледі. Ел ішінде *тасшы, тамшы, тас қашаушы, ұста, шебер, нақышбанд* деп әртүрлі аталып, осы уақытқа дейін келіп жеткен тас өңдеуші шеберлер тас қашаудың түрлі тәсілдерін пайдалана отырып ескерткіштер мен тастан жасалған кейбір бұйымдарға зооморфтық (мәселен, *қошқармүйіз, құсқанат, түйетабан, құстұмсық* және т.б.), геометриялық (екі қырлы оймыш, үш қырлы оймыш, сызық айқыш, торкөз, дөңгелек және т.б.), көгеріс (*өмір ағашы, гүл, жапырақ*) және түрлі жазу мен ру таңбаларын түсірген. Тас бетіндегі бірсыпыра ою-өрнектердің кілем, текемет, сырмақ оюлармен ұқсастығы байқалады.

Тас бетіне ою-өрнекті *баяулап түсіру* әдісі де қолданылады. Мәселен, сағанатам тәрізді ескерткіштердің (*сағанатам* – ел ішінде *керегетам* деп те аталатын тас қоршаулар) кейбіреулерінің қасбетіне ою-өрнек бояу тәсілімен салынған. Бояу тәсілі XVIII-XX ғасырларда кең тарады. Бояулардың ішінде сары, жасыл, қызыл түстер кеңінен қолданылған. Бояумен нақыштауға қолданылатын бояулар өсімдік және минерал текті жергілікті шикізаттан алынған. Солардың ішінде қызыл түспен бояу үшін *жоса* деп аталатын саз жынысын, *қына, томарбояу* деп аталатын, өсімдіктен алынатын бояулар қолданылған. Сырттан тек *үндініл, көшеніл қырмызы* тәрізді бояу түрлері Иран мен Үндістаннан әкелінген. Тас қашау өнерінде материалды өңдеуде және ою-өрнек түсіруге ағаш өңдеуде қолданылатын тәсілдер пайдаланылғандығы бұлардың арасындағы ұқсастықты көрсетеді. Ол ұқсастық немесе ортақтық екі немесе үш қырлы оймыш түсіруден, ою-өрнектердің, пішіндердің бұрыштары мен қиықтарын жұмырлап жасаудан және ағаш ұсталары мен тамшылардың бірдей құралдарды қолданатындығынан көрінеді (**қ. Ағаш бетіне ою-өрнек түсіру тәсілдері**).

Тас бетінде эпиграфика мен таңбалардың (ру таңбалары) кездесуі тасқа қашалған ою-өрнектердің өзіндік ерекшелігін көрсетеді. Қазақ жерінде кездесетін табиғи тастан құрылыс-сәулет ғимараттарын тұрғызып, оны түрлі ою-өрнектермен безендіру қазақ елінің барлық аймағында кездеседі, алайда қабір басына жұмсақ тастардан ескерткіш орнатып, оларды әртүрлі ою-өрнекпен нақыштау батыс өңірде жақсы дамып, нағыз өнер деңгейіне жеткен. Оған батыс өңірде тас өңдеу өнерінің ертеден келе жатқан дәстүрлерімен бірге өңдеуге оңай көнетін тау жыныстарының мол болуы да ықпал еткен. Өйткені осы аймақтың солтүстігінде *құмтас, бортас* аталатын, оңтүстік жағында *әктас, ақтас, ұлтас* аталатын тау жыныстары мол ұшырасады.



Шеңбер ішіне жұлдыз өрнегі бейнеленген құлпытас. Маңғыстаудың дәстүрлі қолөнері (Алматы: Информ-А, 2001) атты еңбектен



Тұлғамүйіз, өңіржиек өрнектері қашалған құлпытас. Маңғыстаудың дәстүрлі қолөнері. Алматы: Информ-А, 2001 атты еңбектен



Күн, шұғыла, домбыра, тұлғамүйіз және т.б. ою-өрнектермен нақышталған Қашаған жыраудың кесенесі. Маңғыстаудың дәстүрлі қолөнері. Алматы: Информ-А, 2001 атты еңбектен

Ою-өрнектердің қыш (керамика) бетіне салынатын түрлері мен жасалу тәсілдері. Сазбалшықтан жасалған бұйымдар қазақ тұрмысында ежелден бері кеңінен қолданылған. Байырғы шаруашылық типіне сәйкес халықтың үлкен бөлігі көшпенді өмір сүрсе де, қыш бұйымдары әр кезде де көшпенді, жартылай көшпенді, отырықшы тайпалар арасында үлкен сұранысқа ие болып келген. Тұрмыстық бұйымдардың сазбалшықтан жасалған түрлері құймалы жолмен жасалған және дөңгелекте немесе көзешарықта қалыпталған түрлері ою-өрнекпен, түрлі бейнелермен көркемделген. Қыш (керамика) ыдыстар бетіне зооморфтық тұтас бейнелер және *нүкте, ирек, су, толқын,*

шұғыла, шаңырақ, айқыш, кереге, торкөз, қиықшаршы, тәрізді геометриялық оюлар, үшжапырақ, гүл сияқты және т.б. көгеріс ою-өрнектер салынған. Ал сәулет өнерінде қолданылған қаптама қыш беттерінде ою-өрнек түрлерінің бәрі ұшырасады. Айталық, Жамбыл облысындағы Айша бибі ескерткішінің ұсақ плиталарында 60-қа жуық ою-өрнек қолданылған. Бұл ескерткіштен XI-XII ғасырларда ою-өрнекпен әшекейлеуде көне замандағы стильдердің қайта жаңғыртылғаны көрінеді. Сәулет ескерткіштеріндегі ою-өрнектердің біразын кілемнің бетіндегі нақыштармен салыстыруға болады. Мәселен Алаша хан күмбезін Алаша ханың атына лайықтап, оның күмбезін алаша-кілем түрімен нақыштап шығарған. Бұл өрнекте қолданған үлгі түрлері: «таңдай», «қиықша», «үшкіл», «жұлдыз», «гүл». Әр түсті қиюластырып қалау арқылы геометриялық бейне жасалады, күмбездің барлық беттерін масаты кілемнің түріне ұқсатып өрнектеген. Күмбез қабырғаларының жоғарғы жиегінен дөдеге тартылған. Әрбір дөдеге 8 қырлы «жұлдызгүлмен» өрнектелген. Қыш (керамика) бетіне ою-өрнектер әртүрлі тәсілдермен салынған. Мәселен, көзешарығында қолмен қыш ыдыстарға күйдірілгенге дейін сызу тәсілімен ирек, ойма жолақтар мен түзу жолақтар, жылан бейнелі өрнектер түсірілген. Ою-өрнектер кейде таяқпен ішке қарай батыру арқылы бедерленген. Бедерлеу тәсілі – қола дәуірінен бері белгілі тәсілдердің бірі. Бұл тәсіл қола заманында жасалған қыш бұйымдар бетіндегі үшбұрышты бейнелерден көрінеді. Сонымен бірге көне замандағы қыш құмыраларға ан-құстың ізі, қиықшаршы (ромб) тәрізді бедерлер екі саусақпен қысып салынған. Бұл секілді *сықпалау* тәсілімен дәнді дақылдар яки су сақталатын хұм аталатын қыш ыдыстардың ернеуі ширатылған жіпке ұқсас етіп бедерленген.



Бүйірі табақ, шиыршық, балықкөз, астау, айшық, ирексу тәрізді өрнектермен нақышталған құмыра (фрагментімен). Ежелгі Отырар (Алматы: Рауан, 1997) атты еңбектен



Қыш табақтың шыңылтыр асты оюында бейнеленген көгеріс өрнегі (жапырақ, киіз үй, бақан) Ежелгі Отырар (Алматы: Рауан, 1997) атты еңбектен



Шыңылтыр астына түрлі түспен салынған көгеріс өрнекті қыш тостаған. Ежелгі Отырар (Алматы: Рауан, 1997) атты еңбектен



Тамшы, геометриялық өрнектермен айшықталған, шыңылтырланған қыш кесе. Ежелгі Отырар (Алматы: Рауан, 1997) атты еңбектен



Бақтағы құс бейнесі нақышталған табақ. Ежелгі Отырар (Алматы: Рауан, 1997) атты еңбектен

Қыш шеберлері сазбалшықты күйдірмей тұрып бедерлеп алуға *баспа қалыпты* (немесе *батырма қалыпты*) пайдаланған. Баспа қалыптың бір түрі - ұсақ тісті, қарапайым тарақ тәрізді құрал. Бұндай қалыппен қыш ыдыс бетіне батыру арқылы нүктелі сызық түріндегі бедер түсірілген. Нүкте түсіруге кейде тесу тәсілі қолданылған. Теспе нүктелер қиықшаршы пішінінің ортасында және т.б. орындарда кездеседі. Ойма өрнектер түсіретін баспа қалып (қыш бетіне басып ою салатын қалып) түрлері орта ғасырда көп болған. Яғни, *ойма өрнектерді баспа қалыптармен (штамп) салған*. Мұндай штамп дайындамалары көп кездеседі. Орта ғасырлар (VII – XII ғғ.) кезеңіне жататын ыдыстар антропоморфты және зооморфты болып келеді. Археологтардың (Г. Терновой) айтуынша мұндай формалардың көп мөлшері Талас аңғарынан табылған, осыған ұқсас формалар Шу, Іле бойынан да табылды.

Бедерлі ою, оймалы өрнектер жасайтын баспа қалыптар қолданыла бастаған уақытта қыш ыдыстарды көптеп шығару жолға қойылған. Сонау қола дәуірінде-ақ пайда болған баспа қалыппен көркемдеу тәсілі орта ғасырларда кенінен қолданылып, қыш өңдеу кәсіби өнер түріне айналған. Ертеде қыш ыдыстарға ою-өрнек немесе белгілі бір заттың бейнесі түсірілген соң олардың бетіне сапасын арттыру үшін жылтырап тұратын шыңылтыр жағылған. Шыңылтыр – қыш бұйымдардың іші мен сыртын жылтырату үшін қолданылатын шыны (әйнек) тәрізді қоспа. Шыңылтыр

жакканда заттың беріктігі де арта түседі. Бұндай коспаны ғылыми еңбектерде *эйнекей, жыланкөз* деп те атайды. *Шыңылтыр* орыс тіліндегі *глазурь* сөзінің баламасы ретінде қолданылады да, «шыны тәріздес жұқа қабықша, жылтыр сыр» дегенді аңғартады. Қыш бұйымдарға түсірілген ою-өрнек сыртынан шыңылтыр жағуды *шыңылтырлау* дейді. Онертану саласындағы еңбектерде бұл тәсіл *глазурь асты ою-өрнекпен әрлеу, шыңылтыр астын оюлау, шыңылтыр астын әшекейлеу*, ал оның астынан анық көрінетін ою-өрнек *шыңылтыр асты ою* деп аталады. Кейде бұндай оюды *жалтыр асты ою* (немесе сурет) деп қолдану да кездеседі. Ою-өрнек бетін шыңылтырлау әдісі орта ғасырлар мен одан кейінгі кезеңдерге жататын қыш бұйымдарда көп ұшырасады. Кейбір зерттеушілердің атап көрсетуінше, мәселен, Отырарда 15-16 ғғ. (әсіресе Тәуекел ханның тұсында) қала құрылысы қайта қолға алынып, ондағы қолөнер шеберханаларының мамандануы айқындала түскен. Металл қорыту, мыскерлік, зергерлік кәсіпшілігі, шыңылтыр пілентерлігі, темір ұсталығы, тас қашау, шыны өндірісі дамыған. Шыңылтырланған қышты *шынытас* деп атайды. Шынытаспен сәулет ғимараттарының күмбездері мен қабырғалары қапталған. Қыш бұйымдарға жапсырма өрнектер салу да ертеден келе жатқан тәсілдердің бірінен саналады. Жапсырма оюға мысал ретінде Талас аңғарындағы көне қала орнынан табылған құмыралардың бірін келтіруге болады. Бұл құмыра пішіні дөңгелектеу, төмен жағы қысыңқы, биік мойны алға созылған тұмсық бейнесінде. Қайсыбір құмыралардың сырты *бедерлеу, қалыптау* немесе *қалып басу және жапсырма ою салу* тәсілдерін аралас қолдану арқылы әшекейленген. Ғылыми әдебиеттердің сипаттамасы бойынша *Жапсырма оюлардан әдетте «ісікше» (ишичекки) дейтін жапсырмалар кездеседі. Бұлардың орналасу реті құдай кейініндегі кейіпкерлердің жынысын көрсетеді. Егер «ісікшелер» ыдыс денесінің алдыңғы жағында болса, онда бұл - әйел құдайы, егер тұтқада болса, еркек бейнесіндегі ыдыс.*

Ою-өрнек элементтерінің көлемдік өлшемдері зат пішінінің тектоникасын айқындайды, яғни олар заттың құрамдас бөліктерінің көлеміне сәйкес келеді. Мәселен, ою-өрнектің ең ірі бөлшектері заттың кең келген орта тұсына салынады. Ою-өрнектің алуан түрі қазақ жерінде күйдірілген қыштан салынған құрылыс-сәулет ғимараттарында молынан ұшырасады. Қазақ жеріндегі ортағасырлық қалалардың мәдени кеңістігінде сәулеттік қыш-керамиканың күйдірілген сазбалшық, ғаныш-тасқұм, гипс тәрізді сазды күйдіріп жасайтын байланыстырғыш заттың бірнеше түрі кездеседі. Ғимарат құрылысына пайдаланатын сәулеттік қыштар *құймалы қыш, ою-өрнекті қаптама қыш*, немесе *қаптал қыш* деп жіктеледі. Осындай қыштармен Қожа Ахмет Яссауи және Айша бибі күмбезді ескерткіштерінің беті кілем бетіндегі нақыштар тәрізді түгел жапқан ою-өрнекті, бедерлі әшекейлермен көзге түседі. Шикі балшықты ойып өрнектеу биік дәрежеде дамыған. Культтік құрылыстардың әрлену сипаты

осыны дәлелдейді. Сәулет-құрылыс ғимараттарының қасбеттерінің экстерьерлерінен өзге шикі балшықты немесе жартылай кепкен *сазды ойып әрлеу әдісі* Оңтүстік аймақтағы кешендердің ішкі интерьерлерін көркемдік тұрғыда ұйымдастыруда қолданылған. Ойып әрлеудің *терең ойып әрлеу, саяз ойып әрлеу* тәрізді түрлері болған. Күйдірілген кірпіш алғашында шикі кірпіштен тұрғызылған құрылыстардың беріктігін арттыру үшін қаптау жұмысында қолданылған. Кейінірек *кірпішті өрнектеп қалау* әдісімен сәндік портал (ғимараттың қасбетіне салтанатты сипат беру үшін қолданылатын сәулет элементтері) жасалған. Кейбір күмбезді ескерткіштердің қабырғалары *кереге* өрнегімен қаланып, жоғары тұсынан жылтыр плинфалармен (төртбұрыш, қиықшаршы пішініндегі жұқа кірпіш) қапталып, басқұр тәрізді әшекей жүргізілген. Оны *басқұр тарту* дейді. Басқұр тартуды бір түсті бояумен де жүргізген. Мәселен, батыс аймақтағы кейбір мазарлар әртүрлі бояулармен боялған. Ал, мазарды айналдыра қара түсті бояумен тартылған *басқұр*, ұшып бара жатқан құсты бейнелейтін өрнектер қаралы жағдайды, қаза болуды тұспалдаған. Өрнектеп қалауға кейде бедерсіз ашық, бір түсті кірпіштер қолданылған. Олар киіз үй керегесі мен ши өрнегін еске түсіретін кірпіш өрімінің түсті (мәселен, қоныр қызыл) фонында ерекше сәнді болып көрінеді. Кейде ою-өрнек түрлі түсті кірпіштерден өріліп жасалады. Шеберлер қышты әртүрлі түске өздері бояған. Мәселен, сазбалшықтан жасалған кірпішті сексеуілге күйдіріп қара қызыл түске, қамысқа күйдіріп сары түске бояп алған. Құрылысқа қолданылатын қаптал қыштар өрнекті немесе өрнексіз болып құйылады. Ғимаратты ою-өрнекпен безендіру үшін бет жағын ою-өрнекпен бедерленген, белгілі бір түске боялған қаптал қышпен қаптайды.

Орта ғасырдан бастап байырғы ою-өрнек мотивтеріне эмоционалды-бейнелі ұғым беретін каллиграфия (көркем жазу) келіп қосылды. Ислам дінінің таралып, қанат жаюымен бірге *Құран көшірмелері, араб тіліндегі немесе араб графикалы эпиграфтық жазулар әрлеу композициясымен табиғи түрде жымдасып кетеді. Мұсылман дінінің әсері мен араб каллиграфиясының таралуы ең алдымен қышта көрінді. Отырардан, Құйрықтөбеден, Тараздан табылған қыш бұйымдарда араб каллиграфиясын тұрмыстық мақсаттағы және салттық мазмұндағы бұйымдардың әрлеу композицияларының символдық-декоративтік шешімі ретінде пайдаланған. Каллиграфия, әдетте, ою-өрнекті әрлеудің бойына сіңіріледі, бірақ мұндай заттар көбіне импортталған. Бұл құбылыс оңтүстік аймақ қалаларында үнемі жергілікті қыш өндірісі болғанына қарамастан етек алған. Қазақ жеріндегі кейбір құрылыс қабырғаларының тік беттері қатпаршақтау тәсілімен бедерленген. Қатпаршақталған қалалық қамал қабырғалары Орта Азияда кең тараған.*

Ою-өрнектің идиоэтикалық семантикасы. Қазақ ою-өрнектерінің көпшілігінің мағынасы бүгінде ұмытылып қалғанмен, ертеректе әрбір ою белгілі бір ұғымды білдірген.



Белгілі бір ою адам ойын көркемдеп жеткізетін ақпараттық құрал түрінің қызметін атқарған. Сонымен бірге ою-өрнектер дүниенің жаратылысы, табиғаттағы нысандар, фауна мен флораның пайда болуы мен олардың қасиеттері жөніндегі байырғы ұғым-түсініктер сақталған қойма тәрізді. Ою-өрнектер наным-сенімдерімен бірге қазақтардың бұрынғы тұрмыс тіршілігін, жалпы, материалдық және рихани мәдениетін бейнелейді. Ою-өрнектердің идеялық мазмұнының байлығы мен композициялық құрылымдарының семантикалық ерекшеліктері оюдың барлық түрінде сақталған. Әрине, олардың бәрінің болмаса да көпшілігінің этномәдени семантикасын халықтың ұғым-түсініктері мен тәжірибелік білімдерін және қазіргі археология, этнография, мәдениеттану ғылымдарының қол жеткізген нәтижелерін пайдалана отырып ашып көрсетуге болады.

Зооморфтық ою-өрнектердің идиоэтикалық семантикасы. Қазақтың қолөнері, оның бір саласы – ою-өрнек өнері Қазақстан аумағын мекендеуші тайпалардың халық болып қалыптасып, біртұтас елге айналуынан кейін пайда болған жоқ. Қазіргі заманғы қолөнер түрлері ертедегі сақ, ғұн, үйсін, байырғы түрік өнерімен тығыз байланысты болып келеді. Зооморфтық бейнелерде, ою-өрнектерде ертедегі тайпалардың дүние танымы, әскери көшпелілердің эстетикалық талғам-түсінігі, эстетикалық идеялы бейнеленеді. Жаугершілік заманда қорғаныс пен шабуылға шығуға әрқашан дайын тұруға байланысты ерлікті, өжеттікті, әскери істі құрметтеу, оған бас ию салты келіп шықты. Міне, нақ осындай жағдайлардан келіп сақтардың сұлулық пен әсемдік туралы түсінігі, талғам-танымы нақтылы түрде көрініс табады. Сақ өнерінде көбіне-көп күшті, жыртқыш аңдардың, құстардың, жақсы қорғана білетін жануарлардың бейнеленуі тегін емес. Сөйтіп, ертеде зооморфтық бейнелердің магиялық күшіне деген сенім күшті болды. Сондықтан зооморфтық стильмен безендірілген кез-келген зат адамды сақтап, оған дем беретін *тұмар* қызметінде жұмсалады. Әсіресе қару – жарак пен жауынгерлердің ер-тұрманын осылай етіп жасауға ерекше мән беріледі. Оларды осылай көркемдегенде олардың ептілігіне, күштілігіне, сезгіштігіне, көргіштігіне т.б. қасиеттеріне жауынгер де ие болады, оның аты мен құралында да ерекше күш қасиеттер дарытады деген наным қалыптасады. Заттарды осылайша безендіру тәсілі белгілі бір дәстүрге, ережеге (канон) бағындырылды. Атап айтқанда, жыртқыш аңдар аузын ашып, алға атылайын деп тұрған кейіпте, бұғылар т.б. тұяқты жануарлар аяғын бүгіп бара жатқан күйінде, жыртқыш құстар (мысалы бүркіт) ұшып бара жатқан түрде бейнеленеді. Көбінесе мұндай аң-құстардың, жануарлардың символы ретінде тек дене мүшелері (аттың, қойдың, жолбарыстың басы, құстардың тұмсығы, қанаты және өткір тұяғы, жануарлардың да тұяғы немесе жыртқыш аң – құстардың табаны) алынды. Жануарлар мен аң-құстарды олардың тек дене мүшелерімен бейнелеу тәсілі реалистік және экспрессивтік образдардың

ою-өрнектерге айналуының (трансформациялануының) басы болды. Қазіргі *ат бас, қошқармүйіз, бөріқұлақ* т.б. оюларды нақ осындай жолдармен пайда болған. Алғашында жан-жануарлар мүсіні ағаш пен сүйектен жонылып, шабылып жасалуы, кейіннен қола, алтын күмістен құйып жасалуы ықтимал. Одан әрі бұл бейнелер рельеф, бедерлеу, ою-өрнек түрінде көрініс тапты. Мүсіндердің орнын түсті тастардан көз салу, бедерлеу т.б. тәсілдер қолданылатын, ғылымда полихромдық стиль деп аталатын әшекейлеу дәстүрі басады. Жануарлар бейнесі схемаға айналып, бай полихромдық өрнектеу тәсіліне сіңісіп, қазір өзіміз көріп жүргендей қолөнер туындылары пайда болады.

Қазақтардың арғы тектерінің негізгі шаруашылығы атам заманнан бері мал шаруашылығы болғандығы белгілі. Ежелден бері қазақтардың күш көлігі де мал болған. Мал өсіру негізгі күнкөріс көзі болғандықтан төрт түлік материалдық және рухани мәдениетіміздің дамуына, оның ішінде қолөнерінің дамуына белгілі дәрежеде ықпал етті.

Ертеден келе жатқан нанымға сәйкес қой, түйенің, жылқының адамдарды ауру-сырқаудан, тіл-көзден сақтай алатын қасиеті бар. Өйткені олар-киелі. Ертедегі бейіт басына қойылған *қойтас* (оның өзі арқар, қой бейнесінде тастан қашалады) аталатын тас мүсіндер осындай түсініктің белгісі деуге болады. Қазақ және Орта Азиядағы басқа түркі халықтарының қолөнер бұйымдарында кездесетін *қошқар мүйіз, түйе табан* және т.б. оюлар және түйе жүнін жас балалардан киіміне тұмар ретінде тағу сияқты салт – олардың арғы кездерде бұл малдарды киелі санағандығының көрінісі.

Қазақ салтында малды басқа теппейді, ұрып-соқпайды. Бұлай ету үлкен күнә болып есептелген. Өйткені қой, жылқы, түйе киелі болғандықтан, олардың қылын, жүнін, сүйегін, тіпті тұяғын да қасиетті деп ұғады. Сөйтіп оларды тікелей тұмар ретінде пайдалану салт болады. Келе-келе мұндай ұғымдар ою-өрнекке ауысты; кейбір заттар, олардың бөлшектері малдың, аң-құстың дене мүшелеріне ұқсатып жасалатын болды; уақыт өткен сайын олардың бұрынғы танымдық-деректік мәні жоғалып, зооморфтық стильдегі бұйымдар эстетикалық қызмет атқаратын болды. Тілімізде малға байланысты айтылатын ою-өрнек атауларының алуан түрі сақталған. Солардың бір тобы жылқы малына байланысты қалыптасқан. Ертеде тұлпар тұяғы жартастарға қашап салынған. Қазақтар бұндай тастарға табынған. Мұндай суреттер Орталық Қазақстанда, Қаратауда, Маңғыстауда мол болған. Жергілікті тұрғындар мұндай суретті *«тұлпартас»* деп атаған. Кесте тоқуда, сандыққап, аяққап сияқты бұйымдардың жиегінде, кейде сырмақ бетінде кездесетін *атауыз, атерін* деп аталатын өрнектер жылқының аузын, үстіңгі және астыңғы еріндерінің түйісіп тұрған бейнесін еске түсіреді. Сонымен бірге *тұлпарбас, атізі, тайтұяқ* дейтін өрнек атаулары бар; олар да аттың басын, тұяғын, ізін бейнелейді.

Зооморфтық ою-өрнектердің бір тобы *түйеге* байланысты қалыптасқан. Қазақстан жерін мекендеген

ежелгі көшпелі тайпалар түйені тотем санаған. Ежелгі түсінік бойынша түйе – мықтылық пен алып күштің символы. Археологиялық деректер түйе бейнесі салынған бұйымдардың сақ заманынан бері белгілі екендігін ашып отыр. Мәселен, Орталық Қазақстаннан табылған қола қапсырмада жолбарыс пен түйенің айқасы, Ақтөбе облысынан табылған шытырада екі бураның шайқасы суреттеледі т.б. Ертедегі әшекей бұйымдардағы аттардың, буралардың, бағырлардың айқасы және аң аулау көріністері М.Грязновтың, Ә.Марғұланның көрсетуінше түркі - монғол эпостарының кейбір мотивтерін бейнелейді.

Ерте заман шеберлері сол дәуірдегі адамзат пен жан - жануарлардың шындық образын бейнелеген. Үстіне адам отырған қос өркешті алып түйе бейнесі Оңтүстік Қазақстандағы Қаратау жотасының Арпаөзен аңғарындағы жартастан табылған. А.Медоев бұл пиктографиялық ескерткішті неолит дәуіріне жатқызып, б.з.б. IV-III мыңжылдықта салынған деп есептейді. Тұтастай алғанда жартастағы жан-жануарлар мен адамдардың суреттері көне дәуірдегі сол жерді мекендеген тұрғындардың кәсібін, құрбандық шалу ғұрпын, табиғатқа табыну көрінісін, сыртқы жаулармен айқасын, бір сөзбен айтқанда, тұрмыс-тіршілігін сипаттайды. Қазақтың ертеден келе жатқан ұғымында түйе – киелі жануар. *Түйелі бай – киелі бай, қойлы бай – қорлы бай*, немесе *есекті жолаушы – есепті жолаушы, Атты жолаушы – бапты жолаушы, Түйелі жолаушы – киелі жолаушы, Жаяу жолаушы – көңілі қаяу жолаушы* тәрізді мақалдарда түйе осылай дәріптеледі.

Қазақ тұрмысында түйеге байланысты бір сыпыра наным сенімнің сақталып келуіне оның көшелі тұрмыстағы орны (жүк көлігі) мен сүтінің, жүнінің шипалылығы себеп болса керек. Түйені қастерлеп, құрметтеудің ежелгі магиялық түсініктің із-сорабы колөнер бұйымдарынан да байқалады. Атап айтқанда, тұрмыстық және әшекей бұйымдар мен кейбір ою гүрлері түйенің дене мүшелерін білдіретін атаулардан және *бота* сөзінен жасалған.

Түйеге қатысты ою-өрнектерге *түйетабан, түйеөркеш, ботамойын, ботагөз* тәрізді оюлар жатады. Мәселен, түйенің басқан ізін, табанын бейнелейтін өрнек *түйетабан* деп аталады. Бұл өрнек көбінесе кесте тоқу мен зергерлік өнерінде қолданылады. Зергерлік әшекейлердегі *«түйетабан»* адамның өсіп өнуі, үрім-бұтағының көбеюі идеясын білдіреді. Тарихи, этнографиялық зерттеулер қазақтардың түйені қасиетті санау себебін бала табу, көбею туралы нанымна байланысты түсіндіреді. Ескі наным бойынша екіқабат әйел түйе етіп жемеу керек. Түйе етін жесе әйел 12 айда босанады-мыс деген сенім болған. Босану мерзімі түрлі биологиялық себептермен кешеуілдеген жағдайда, әйелді түйенің бауырынан яки алдынан өткізіп немесе жатқан түйенің мойнынан аттағып, оның тез босануына мүмкіндік жасаймыз деп сенетін. Кейде толғағы ауыр болған әйелге үлектің шудасын отқа күйдіріп іскететін әдет те кездесетін. *Т ү й е т а б а н* оюы – алыс сапардың белгісі. Ертеректе бұл ою Шығыс пен

Бағысты байланыстырған, қазақ даласының көп жерлерін басып өткен *Ж і б е к ж о л ы* деген ұғымды білдірген. Толқын тәрізді, түйе өркеші бейнесіндегі оюды *түйеөркеш* деп атайды. Түйеөркеш оюы кілем беттерінде кездеседі. *Ботамойын* – қазақ, қырғыз, қарақалпақ колөнерінде кездесетін ирек сияқты, латынның *S* әрпі тәрізді ою. Бұл ою - сақтар заманынан бері келе жатқан өте көне өрнек. *Ботамойын* оюы басқұрлар мен түкті және түксіз кілемдерде, киім-кешекте, ағаш бұйымдар мен зергерлік бұйымдарда қолданылады. Ботаны, әдетте, мал баққан шаруа туғаннан бастап ерекше қамқорлыққа алып, мәпелеп күтеді. Бота – қазақ ұғымында нәзіктік, сұлулық, пәктік, балғын жастық символы. Үлкен, әдемі көзді «бота көз» деп айту, қыздарға «Ботакөз» деп ат қою қызды сұлу болсын деген ниеттен туған. Түйе боталағанда, оның иесі ботаны екі аптаға дейін ешкімге көрсетпей, арнайы тіккен киіз үйде не жабық қорада жасырып ұстаған. *Б о т а м о й ы н, ө р к е ш, ө р м е к ш і, б о т а г ө з* секілді оюлар кейбір зерттеулерде киелі өрнектер ретінде түсіндіріледі. Олар, негізінен, «адамды қорғау» жолы ретінде саналатындықтан аяқ астына салынатын бұйымдарға қолданылмайды.

Жоғарыда айтылғандай, киелі түлік деп саналатын қой малына байланысты қалыптасқан *қошқармүйіз* және оның нұсқалары (варианттары) қазақ колөнерінде ең көп қолданылатын оюға жатады. *Қ о ш қ а р м ү й і з* оюы – молшылықтың, ырыс-берекенің нышаны. Ал, *м ү й і з* аталатын ою адамгершіліктің, мейірімділіктің символы. Зерттеушілердің айтуынша *м ү й і з* оюы – мағынасы жағынан қазақтың қонақжайлылығын білдіретін «Қош келдіңіздер» деген сөздің ою-өрнектегі баламасы. Сынықмүйіз өрнегінің астарында бұл дүние үнемі асыптасып тұрмайды, оның да ащы-тұщысы болады деген ой жатса керек.

Қолөнерінде аңшылық кәсібімен, құс салумен байланысты туған ою-өрнектер аз емес. Аң аулау дәстүрі сонау көне заманда адам баласының пайда болуымен қоса дамығандығы, күн көру қажетінен туғандығы белгілі. Табиғаттағы аң-құстар, жабайы хайуанаттар ертеде күн көрістің ең негізгі көзі болды. Адам баласы аңшылықтың арқасында өздерін қоршаған табиғат туралы түсінік алды, оның әртүрлі жұмбақ сырларын ашты, сөйтіп табиғаттың қолайсыз құбылыстарына, қауіп-қатерге қарсы күресуді үйренді. Ертедегі көшпелі тайпалардың аң-құстар туралы түсінігі, наным-сенімі қазақ халқының ХХ ғасырдың басына дейінгі әдет-ғұрпынан, ауыз әдебиетінен, колөнер бұйымдарынан байқалады. Олардың қатарына *бөріқұлақ, жыланкөз, жыланбауыр, құсмұрын, құсқанаты, қарғатұяқ* және т.б. осы тәрізді ою-өрнек түрлерін жатқызуға болады. Қазақтар бөріні киелі санаған. Мәселен, бесіктегі бала шошымасын деген ырыммен қасқырдың кептірілген етін шүберекке түйін, оны бесік басына іліп қою әдеті болған. Сол секілді қоздаған қойды желінсау (мастит) ауруына шалдықтырмау үшін магиялық «әдіске» сүйенген. Ол үшін отардағы ең алдымен қоздаған қойдың сүтін қойшы



қасқырдың кештірілген бас сүйегіне сауып, сосын қоранын төбесіне іліп қояды екен. Міне осындай желеп-жебейді, тіл-көзден сақтайды дейтін магиялық түсініктен пайда болған *бөріқұлақ* оюының этнографиялық мәні көмескіленіп, бүгінде ол көркемдеу үлгісі ретінде танылады.

Байырғы аңыз, ертегілерде ат басындай үлкен алтынның, аса мол алтынның көзі жер астында болатыны, оны жыландар (айдаһар) күзетіп жататыны әңгімеленеді. Таулы аймақтардағы жартастарда жылан суретінің ұшырасуы, жыланның мүшел аты болуы оны киелі деп санаудың көрінісі. Сондықтан қазақ ордалы жыланға тиіспеген, оны балаларға да ескертіп отырған. Жылан кездейсоқ бір себеппен киіз үйге кіріп кеткенде де оны өлтірмей, басына ақ құйып (айран, сүт) шығару салты болған. Өйткені үйге келген жылан – қазақтың ұғымында шаныраққа келген құт-береке; сол отбасының өсін-өнуіне тілектес мақұлық. Мұндай наным-сенім қолөнерінде де өз ізін қалдырды. Қолөнер бұйымдарындағы кейбір ою-өрнек аттары жыланның дене мүшелерімен аталады. Зергерлік өнердегі *жыланбауыр*, *жыланкөз* оюлары әйел-анаға бақыт, молшылық, үбірлі-шүбірлі ұрпақ тілеуден туған.

Қазақ жерінің барлық аймағында дерлік *құсмұрын жүзік*, *құстұмсық жүзік* деп аталатын жүзік түрлері мол ұшырасады. Атының өзі айтып тұрғандай мұндай жүзіктің үсті құс тұмсығындай сүйір болып келеді. Мұның үстіне құстың басқада дене мүшелерін тұспалдайтын қолөнер туындылары да мол. Мұның себебі құс ежелден еркіндік пен бақыттың, ізгіліктің, бейбіт өмір сүрудің символы болған. Қазақ қолөнерінде жалпылық ұғымды білдіретін құс атымен байланысты ою-өрнектер, мысалы, *құсмойын*, *құстұмсық*, *құсмұрын*, *құстаңдай*, *құсқанат*, *құсқұйрық*, *құсжолы* аса жиі қолданылады әрі бұлар қолөнерінің барлық салаларына тән. Белгілі бір құстың түріне байланысты қалыптасқан ою-өрнектер де аз емес: *қазтабан*, *қазмойын*, *қарғатұяқ*, *қарғатырнақ* және т.б. Бұл оюлардың бәрі аңшылық кәсіптен, құстарға байланысты ертеден келе жатқан әдет-ғұрып, наным-сенімнен туған.

Қазақ тұрмысында акку, қарқара, қарға, үкі, бүркіт киелі құсқа саналған. Сондықтан ертеректе сиқырлаушы аспап деп танылған кобызды аккуға ұқсатып жасаған, отау үйге бүркіттің тұяғын іліп қойған, бесікке үкінің аяғын байлаған, коққарғаның етін коқжетел болған балаларға жегізген және т.б. Құстарды киелі санау және соған сәйкес туған әдет-ғұрыптар барлық түркі халықтарының өткен дәуірдегі тұрмысына тән жағдай. Қысқасы, қолөнерінің ою-өрнек саласында құс бейнесі жай еліктеуден емес, белгілі бір ұғым-түсінікті тұспалдаудан туған.

Зерттеушілердің пайымдауынша аңшылық кәсібімен байланысты қалыптасқан *қ о я н құ л а қ*, *қ а р ғ а т ұ я қ*, *қ а з м о й ы н* тәрізді оюлар көркемдік таныммен байланысты қолданылады.

Қолөнер бұйымдарында жақын жердің белгісі, «ауыларасы» деген ұғым *и т қ ұ й р ы қ* аталатын оюмен беріліп, «*Айында ағайын*, *жылында жегжат*», «*Айында*

көрмесе ағайын жат, *Жылында көрмесе жегжат жат*», «*Араласпаса ағайын жат*», «*Ағайын тату болса ас көп*» дегендей, жақын жердегі туған-туыстың бауырмалдық сезіммен араласып, қатынасып тұруын құп көрген қазақы мінезді аңғаратады.

Ел ішінде сақталған ескі сөздердің бірінде «*Қаңқа омыртқа қатайса атқа қонып, халқыңа қызмет ет*» деген нақыл қалған. Халыққа қызмет студің бірі – туған елін, жерін қорғау. Ердің ерлік көрсетуі осындай Отан қорғау жолындағы күресте көрінеді. Ерліктің нышаны ретінде қолөнер бұйымдарында *о м ы р т қ а*, *қ а ң қ а* оюлары қолданылған.

Т а с б а қ а оюы мәңгіліктің нышаны деп саналады. Бұйымды тасбақа оюымен әшекейлеу «*өмірде бақытты бол*», «*ақ қасты, сары тісті болғанша (әбден қартайғанша) қиыншылық көрме*» деген тілектен шығады. Мәңгіліктің нышаны ретінде басқа оюлар да қолданылады. Ондай оюлар жөнінде зерттеуші Ү.Әбдіғапарова былай дейді: «*...тасбақа ою*», «*тұйық ою*» ...– *мәңгіліктің символы. Тасбақа ұзақ жасайды; көне заманнан көшпелілер кие тұтқан бейіт басындағы сынтастар көбінесе тасбақа бейнесіндегі тасқа қашап орнатылатын болған. «Тұйық» оюын батырдың, ханның киіміне, жауырынына, қалқанына салатын болған. Онысы – мәңгілік өмір мен бақыт тілегені. Мұнан кейін дамыған бітпес оюы да мәңгіліктің символы. Аты айтып тұрғандай, өмірдің тоқтап қалмайтынын, дүниедегі барлық құбылыстардың диалектикалық қозғалыста, дамуда болатынын білдіреді. Қарақалпақстандағы жергілікті қазақтардың тоқу өнерінде кездесетін «сұлама» өрнегі де мәңгіліктің символы. Сұлама «кең көсіліп жатқан жазықтық» деген мағынаны білдіреді. Бұл оюды тоқылу ерекшелігіне қатысты «басы, аяғы жоқ ою» деп те атайды. Олай дейтіні – өрнектің қай шетінен (басынан) бастап тоқыса да өрнек қате түспейді. Бас-аяғы жоқ, шексіз деген мағынаны береді».*

Қазақтың бұрынғы салтында жаңа туған балаға құтты болсын айтуға барғанда, құрқол бармай, «*бала жинағы*» деп аталатын бұйымдарға малдың, аңның бейнелерін оюлап салған. Мұның мәні – балаға жас кезінен айналадағы дүниені таныту. Өйткені бала көзін ашқаннан бұйымдардағы бейнелерді бірте-бірте танып өседі.

Сөйтіп, қазақ шеберлерінің ою-өрнектерді жан-жануарлар мен аң-құстардың, төрт түліктің белгілі бір дене мүшелеріне ұқсатып жасауынан зооморфтық стиль (бұрынғы әдебиеттерде жануарлар стилі, зооморфтық стиль, аңтабы стилі) тәрізді көркемдеу-тәсілі пайда болды. Оның шығу, даму тарихы мындаған жылдармен өлшенеді.

К о с м о г о н и я л ы қ о ю - ө р н е к т е р д і ң и д и о э т н и к а л ы қ с е м а н т и к а с ы. Аспан әлемін бейнеленетін *күн* (қазақ оюларында күн дөңгелек (шеңбер) пішінде бейнеленеді, дөңгелек пішін сонымен бірге ру таңбасы болып саналады), *айшық*, *жұлдыз*, *шұғыла* оюлары, негізінен, аспан денелеріне табыну сипатындағы наным-сенімдермен байланысты қалыптасқан. Ертеде

казактардың аспанға (көкке, тәңірге), күнге, айға, жұлдыздарға табынғаны белгілі. Оларды қасиет көрудің өзі, біріншіден, метеорологиялық, астрономиялық құбылыстардың сырын жете түсінбегендіктен, екіншіден, олардың тіршілік үшін маңызынан туған. Қазақтардың бұрынғы кезде қымыз ішуден бұрын бетін күнге қаратып, аяғындағы қымызын күншығысқа қарай шашып, күнге бас иіп барып ішетін әдеті күнге табынғанын, жаңа туған айды көргенде *Ай көрдім, аман көрдім, Ескі айда есірке, жаңа айда жарылқа* – деп бата қылып, шөп жұлып, үйдің босағасына әкелін тастау ырымы айды қасиет санағанын көрсетеді. Айсұлу, Күнсұлу, Жұлдыз, Айжарық, Шолпан секілді кісі есімдері де аспан әлемін дәріптеумен байланысты шыққан. Қазақ халқының материалдық мәдениетінде ай, жұлдыз, күнге байланысты түсініктерден қалыптасқан ою-өрнекпен әшекейленген ғимараттар, қару-жарақтар, сауыт-саймандар, тұрмыстық бұйымдар мен зергерлік әшекейлер аса мол. Кейбір бұйымдардың сыртқы көрінісінің өзі соларға ұқсастырылып та жасалады. Жалпы, колөнерінде айға байланысты туған өрнектер *ай, айшық, жарты ай* деп аталады және бұл ою басқа түркі халықтарының колөнер бұйымдарында жиі ұшырасады.

Ай, жартыай өрнектері шынында да аспандағы айды меңзеп жасалынған. Бұлар көбінесе діни орындардың архитектуралық безендіруінде, *мешіт-медреселердің* мұнараларында, *мазараттарда, жайнамаз* сияқты заттарда көбірек кездеседі. *Ай* өрнегінің ислам діні келуден көптеген жылдар бұрын шыққаны анық. Мұның себебі де жоқ емес. Бір замандарда көптеген қауымдар ай мен күнге, от пен жұлдызға табынған. Жаратылыс құбылыстарынан мағлұматсыз заманда ай да, күн де, жұлдыз да тәңірі болып көрінген. Осыған байланысты аспан әлеміндегі денелердің ең көрнектісі және құбылысы көп айды олар тәңірі тұтып жалбарынған, оған құрбандықтар шалған. Қазақтың тілек тілер, бата қылар жиындарда көк қасқа малды айтып союы да осы ескілік нанымнан қалған әдет. Көк дегенде, түсіне қарай аспанды, қасқа дегенде сол көктегі (аспандағы) айды тұспалдаған. Қазірде *ай, жартыай, айшық* өрнектері, әрине, бұл ұғымнан әлдеқашан тазарып, тек өрнектің, әдеміліктің бір түрі ғана болып қалған. Кейбір өрнектердегі дөңгелене келін түйіскен жарты айлардың қосындылары *табақ, тана* өрнектері сияқты әдемі түрлер жасайды. Ай өрнегі қазақтан басқа елдерде де кездеседі. Ағаш бұйымдарда кездесетін, *ортасында күннің нұр шашуы, жұлдыз, жарты ай белгілері бейнеленіп, сырт жағынан гүл, жапырақтармен өрнектелген «шұғыла» оюы-өмір сүрудің қайнар көзі осылар деген ұғымды аңғартады. Сонымен бірге ай, жұлдыз, күн элементтері наным-сенімге байланысты жол сілтеуші, ауа райын бағдарлаушы рөлін атқарған. Қазақта ай сияқты құдіретті балта деген ұғымнан туған *айбалта* өрнегі көбінесе ер-тұрмандарда, батырлардың қару-жарақтарында, киімде, зергерлік бұйымдарда кездеседі. Айбалтаның соғыс қаруы болғандығы, пішіні айға ұқсағандықтан қасиетті саналғандығы белгілі.*

Кестелі бұйымдар мен зергерлік бұйымдарда кездесетін ендігі бір ою түрі — жұлдыз атымен айтылатын *үркегүл* атты өрнек. *Үркегүл* — шок жұлдыздан құралған ою. Күміс бетіне салынады. Бұл оюдың этнографиялық мәні көк шөп көп болсын, молшылық, береке болсын дегенді аңғартады.

Қазақ колөнерінде *жұлдыз, жұлдызгүл* деп аталатын өрнектер қолданылады. Сонымен бірге жұлдыз бейнелі сырғалар да кең тараған. Қазақта ондай сырғаны *жұлдыз сырға* дейді, ал өзбектер мұны *юлдузли исирға* деп атайды. Сонымен бірге жұлдыз — өзбек тілінде ою-өрнек атауы. Жұлдыз оюымен әшекейленген сырғаның бұрынғы үлгілерін музейден, альбом кітаптардан көруге болады. Қазақ колөнерінде де жұлдыз, жұлдызгүл аталатын өрнек бар. Акад. Ә. Марғұлан ертедегі тас мүсіндерде ру таңбаларымен, қару-жарак бейнелерімен, жан-жануарлардың кескінімен бірге жұлдыз суреттері де ұшырасатынын көрсетіп, жұлдыз үлгісімен әшекейлеу әдісінің көне заманнан келе жатқанына көңіл аударады. Мұның өзі қазақтардың шариятқа қиғаш қарағанын көрсетеді дейді. Ою-өрнектерде күннің бейнесі шеңбер, дөңгелек түрінде кездеседі. Шеңбер, дөңгелек түрінде күннің бейнеленуі исламға дейінгі Тәңірлік діннің көрінісі болып табылады. Күн бейнесі қазақ киімдерінде орталық орын алады. Кестелеп түсірген күн белгісі — шеңбер хан-сұлтандардың, елге қадірлі адамдарының шапанының арқасына салынған. Кейбір зерттеушілердің айтуынша ол «асыраушы» мағынасын білдіреді. Акад. Ә.Х. Марғұлан аспан шырақтарының бірсыпыра халықтарға ортақ мынадай символикасын келтіреді: а) Күн — махаббат, әділет, ғашықтық белгісі. «Күнім» деу махаббаттың, сәби тазалықтың күшті түрі саналған; ә) Ай сұлулық, сана ишарасы болған; б) Жұлдыз мереке, ойын-сауық, жастық белгісі болған. Осындай ұғым-түсініктердің символы ретінде аспан шырақтары рухани мәдениетте - халық ауыз әдебиетінің үлгілері мен кейінгі халық поэзиясында, материалдық мәдениетте ою-өрнек және ою-өрнекпен көркемделген бұйымдар түрінде сақталған. Демек, космогониялық өрнектер, біріншіден, мифологиялық дүниетаныммен байланысты әлемнің құрылымдық жүйесін, екіншіден, мәңгілік қозғалыстағы табиғат пен табиғи құбылыстардың ырғағы туралы ертеден келе жатқан ұғым-түсініктерді камтиды.

К ө г е р і с о ю - ө р н е к т е р д і ң и д и о э т н и к а л ы қ с е м а н т и к а с ы. Қазақ тұрмысында өсімдік атауларымен айтылатын тұрмыстық, шаруашылық, колөнер бұйымдары, ою-өрнектер көп кездеседі. Оның себептерін өсімдіктің адам өміріндегі маңызды қызметімен және олардың қасиет-ерекшеліктері туралы қалыптасқан мифтік наным-сенімдерімен, тәжірибелік білімдерімен, көркемдік-эстетикалық талғам-танымдарымен байланыстыра отырып түсіндіруге болады.

Өсімдіктер сәнді жиһаздар мен тұрмыстық бұйымдар жасауға және оларды әшекейлеуге, мал және ауылшаруашылығы құралдарын, қару-жарак, аңшылық



саймандарын жасауға, қыз-келіншектердің бетін, қасын, тырнағын бояп сән түзеуіне, сән-салтанат құруына молынан қолданылды. Халық ұғымында елдің байлығы өсімдік дүниесімен бағаланады. Табиғаттың көркі де өсімдікпен өлшенеді: «*Дала көркі – мал, өзен көркі – тал*» деген мақал осы жайтқа байланысты қалыптасса керек. Шексіз-шетсіз кең далада табиғатпен тығыз байланыста бола отырып, қазақ қауымы одан өзіне керекті алумен бірге көп нәрсені үйренеді (бұл жалпы адам баласын тән жағдай). *Өзін қоршаған табиғаттан адамдар әсемдікті сезініп, сұлулықты байқайды.* Қазіргі кезде қолданылатын *Табиғат – суретші* деген канатты сөз осыған меңзейді. Қазақ жеріндегі өсімдіктер дүниесі ертедегі ата-бабаларымыздың эстетикалық сезімен оятып, өзінің құлпырған бояу-түсімен, хош иісімен, нәзіктік, мықтылық, зәулім биіктігімен, әдемі пішінімен және т.б. ерекшеліктерімен еліктіріп, тамсандырады; адам жанын рақатқа бөлейді; қиялын шарықтатып, асқақ армандарға жетелейді. Соның нәтижесінде халық шеберлерінде әсем табиғаттан алған әсерін, сезімін, ой-қиялын өз өнері арқылы білдіру қажеттігі пайда болады. Сөйтін өнер иелері табиғат сұлулығына саналы түрде еліктей отырып, ол әсемдікті өзі жасап отырған өнер туындысына көшіреді, бейнелейді. Бейнелеудің бір түрі ою-өрнек түрінде жасалады.

Көгеріс ою-өрнектердің этномәдени мазмұны табиғат туралы ежелгі мифтік түсініктерден, наным-сенімдерден және солардан туындайтын салт-дәстүрлермен байланысты болып келеді. Соларды бірі – ағашты киелі санау. Әсіресе айдалада өскен жалғыз ағашқа табыну, оған матадан *ақтық байлау* салты мен ағашты кеспеу тәрізді ырымдар осы уақытқа дейін сақталған.

Мифтік аңыздарда үш өлшемді әлем құрылымы (жер беті, көк, жер асты) Бәйтерек бейнесінде сипатталады. *Халық танымындағы әлем құрылымы бәйтерек түрінде көрініс тапқаны тәрізді әр шаңырақ, отбасы тамырын тереңге жайған, мәуелі бәйтерекке теңеледі. Яғни, бәйтеректің үш бөлігі – тамыры, діңі, жапырақтары, бұтақтары адам ұрпағының жалғастығын көрсетеді: ата – әке – бала – өткен ұрпақ – осы ұрпақ – келер ұрпақ. Осыған байланысты «Ата – бәйтерек, бала – жапырақ» дейді. Яғни, бәйтерек – өмірдің, өмір сүрудің символы.*

Қолөнер бұйымдарында көгеріс ою-өрнектердің қолданылуына ағаш, дәнді дақыл, гүл түрлері мен олардың бөліктерінің бейнелері (жапырақ, бұр, сабақ, масақ, қауыз және т. б.) негіз болған. *Бұтақ, тал* оюлары жер асты, жер беті және аспан әлемінің өмір – тіршілігінің байланыстылығына меңзейді. Бұл өрнектер – тіршіліктің символы. Өсіп-өркенде, үбірлі – шүбірлі бол деген тілекті осындай өрнектермен білдірген. Егіншілік кәсібімен байланысты пайда болған *арпа, арпагүл, масақгүл, дән, алмагүл* сияқты оюлар тоқшылықтың, молшылықтың нышаны деп саналады. *Бәйшешек* оюы көктемнің алғашқы нұрының, *жауқазын* оюы нәзіктік, сұлулықтың, сыйайылықтың белгісі. *Жапырақ, үшжапырақ* оюлары

жапырақша жайқалып ақжарқын, мейірімді болуды, гүлдей құлпырған өмірдің қадірін біл, өз қасиетінді біл дегенге меңзейді. Өрнектерді бір-біріне тұтастыратын шырмауық тәрізді *өткізбе* өрнегі аралас-құраластықты, ынтымақ, бірлікті тұспалдайды. *Қоңыраугүл* жастық шақ, пәле – қазадан аман болсын деген тілекпен байланысты жастардың киімдері мен отау үйдің жасау-жиһаздарына түсіріледі.

Қазақ халқының ертеден келе жатқан танымы бойынша гүл – көктемнің, жастықтың, өмірдің, сұлулықтың, махаббаттың, нәзік сезімнің, сүйіспеншіліктің символы. *Гүлдей жайнады, қызғалдақтай құлпырды, жауқазындай жайқалды* және т. б. фразеологизмдер гүл туралы жоғарыдағыдай халық таныммен байланысты қалыптасқан. Бір топ бұйымдарда *жапырақ* аталатын оюлар мен жапырақ бейнелі салпыншақ әшекейлер кездеседі. Жапырақ адам өмірін тұспалдайды. *Жапырақ – өмірдің нышаны. Қобыз, асатаяқ т. б. саз аспаптарында сылдырмақ ретінде ілінетін жапырақ және бір – біріне тұмсығын түйістіріп отырған қос кептердің бейнесіне ұқсас салпыншақтар жиі кездеседі. Әсіресе мұндай салпыншақтар ертеректе бақсылар тұтынған аспаптарда көп қолданылған.* Қысқасы, көгеріс ою- өрнек мәңгі тіршілік, өмірдің жалғасы деген ежелгі наным – сенімге байланысты туған. Бұндай оюлардың негізінде өркендеу идеясы жатады.

Геометриялық ою-өрнектердің идиоэтикалық семантикасы. Шеңбер, дөңгелек, қосдөңгелек аталатын оюлар жер беті дөңгелек деген ұғымды аңғартады. Сонымен бірге *шеңбер* – күннің де символы. «Дүниенің төрт бұрышы», «дүние төртбұрышты» деген ұғым *төртқұлақ* оюымен, «өмір толқыны», ал «адамның өмір жолы» тәрізді мағына *ирек, ирексу* секілді оюлармен тұспалданады. Шалбар, етік қонышына салынатын *ирек* оюы «қол-аяғың шандып байлаудан аман болсын, жолың қашан да ашық болсын» деген тілекті білдірсе керек. *Төртүшкіл* оюының мағынасы – «*төрт түлігің сай, айналаң (төрт тарабың) толық болсын*» деген тілекпен байланысты. Қазақ текеметтерінде кездесетін сынық сызықтар, зерттеушілердің айтуынша, өзен, найзағай, ішкі циклдағы қандай да болмасын үрдістердің мерзімділігі тәрізді қабылдануы мүмкін. Ғарыштық дене, жемістілік, өмірдің қайта жандануы жайындағы түсініктер де, жын-шайтандарға қарсы жасалатын әдет-ғұрыптар да осы таңба, оюмен байланысты. Зерттеушілер үшбұрыш пішінін халықтың ежелден әлемнің үш бөлікке бөлінегіні жайындағы түсініктерінің өнердегі үлгісі ретінде қарастырады. Басқаша айтқанда ол жер, су және аспан бірлігінің символы, молшылық пен гүлденудің нышаны деп тұжырымдалады. Ортағасырлық текеметтерде толық және қысқарған пішіндегі ромбыларды ғалымдар жемістілік (молшылық) магиясымен тікелей байланысты өмір ағашының ежелгі белгісі деп санайды. Бірсыпыра халықтардың наным-сенімі бойынша айқыш (қосу белгісі) тәрізді пішіндер ерекше сиқырлық мәнге ие. Айқыш-ежелден өмір нышаны, тіршілік пен бақыт әкелетін күн мен желдің белгісі.

А р т е ф а к т і л і к з а т п і ш і н д і
ою - өрнектердің идиоэтикалық семантикасы. Заттарды әшекейлеуде күнделікті тұрмыстық бұйымдарды бейнелейтін *балдақ, сырға, тұмар, орамал-балдақ, құманбау, кереге, түндік* тәрізді оюлар кездеседі. Олардың кейбіреуі магиялық ұғымдармен байланысты, қайсыбірі отбасының берік болуына, өсіп-өркендеуге тілектестіктің, жақсы қасиеттермен көріне білудің, сонымен бірге сұлулықтың нышаны. Мәселен, *сырға* оюы – сұлулықтың нышаны. *Балдақ* оюы – беріктік, мықтылық, іске сәттіліктің нышаны. Олай болса бұл ою екі жастың ынтымағы жарассын деген мағынаны білдіреді.

Шаңырақ көтерген жас отбасының бақытты өмір сүруін армандаған ата-ана мен туған-туыстың ақ тілегі ретінде отау үй бұйымдарына *кереге* (кереген сөгілмесін, ұрпағын көп болсын тәрізді мағынаны білдіреді), *балдақ-тұмарша* (екі жастың бір-біріне адал болуын, өсіп-өркендеуін тұспалайды), *түндік* (шанырағы берік, басы бүтін болсын деген түсінікті білдіреді), *құманбау* (әйел – отбасының ұйытқысы, оған төзімділік, шыдамдылық қажет дегенге мензейді) және т.б. ою-өрнектер қолданылады.

Пішіні үшбұрыш тұмар тәріздес ою киелі оюлардың біріне жатады. Оны *тұмарша* деп атайды. *Тұмарша* оюы магиялық наным-сенімге байланысты әртүрлі бұйымдарға салынады. Тұмардың өзі киелі затқа жатады. Ол қорғаушы, сақтаушы қызметін атқарады. Ертеде тұмардың ішіне туған жердің топырағын, тас қиыршықтарын салған. Сол арқылы алыста жүрген адам «*Жер ана желеп-жебейді, туған жерге қайтып ораламын*» деп ырымдаған. Тұмар тағу елде әлі де кездеседі. *Тұмарша* оюы халықтың осындай ырымынан, тұмардың кездейсоқ қауіп-қатерден, тіл-көзден сақтап жүретін киелілік қасиетіне сенуден шыққан. Сол сияқты халықтың байырғы түсінігі бойынша *пышақұшы* өрнегі бар киім, бұйым адамды жын-шайтаннан сақтайды, жамандықты жолатпайды.

Найза тәріздес ою *найзекі* деп аталады. Бұл ою жаугершілік замандағы қару түрімен байланысты туған. Бау-басқұрлардың шетіне салынатын *найзекі* ою ерлікті дәріптеудің белгісі болып саналған. *Қармақ* өрнегі пәле-жаладан сақтауды, алдына қойған мақсатқа жетуді ырымдаумен байланысты салынады. Ою-өрнектердің арасында етік бөліктерін бейнелейтін түрлері де кездеседі. Солардың бірі *сыңарөкше* деп аталады. Дерек берушілердің айтуынша, «*сыңарөкше*» оюының шығу тарихы былай болса керек. Бір үйде отырған шебер қыз екінші үйде отырған етікшінің балға ұрған дыбысын естіп отырып: «*Пәлі-ай, ана жігіт ертең сыңар өкше жүретін болды-ау!*» - депті. «*Оны қайдан білдің*» - деп сұрағандарға: «*Бір өкшесіне ылғи жаңа былғары қақты, екінші өкшесіне ылғи шіріген қасаң былғары қақты*», - дейді. Исмер адам алыстан-ақ балғаның бірде нық, бірде бос ұрылғанын аңғарып отырған екен. Қыздың әлгі сөзі рас болады да, кесте тігіп отырған қыздар тігіп келе жатқан «*қошқар мүйіздің*» бір тармағын тастап кетіп, оны «*сыңарөкше*» деп атайды. *Сыңарөкше*

өрнегі жас жігіттер мен қыздардың бұйымдарына түсіріліп, «үрім-бұтақ», «ізбасар» ұғымдарының символы ретінде танылады.

Орамал-балдақ аталатын оюдың семантикалық мәні жөнінде зерттеуші Ұ.Әбдіғалпаарова былай деп жазады: *Әрбір атау арқылы тал бойында жасасырын жатқан сырды, маңызды да мағыналы ойды ашуға болады. Мәселен, аталған аймақтағы «орамал-балдақ» аталуында да мағыналы мән жатыр. Орамал — әйелдер басына тартатын жаулық. Балдақ – шымылдықтың бау өткізетін шығыршығы, ілгегі. Яғни, орамал мен балдақ жаңа түскен келінге шымылдық тұту, басына жаулық салу сияқты қазақ салтының шартты бейнесі ретінде бейнеленген. «Орамал-балдақ» өрнегінің жан-жағына «тұмар», «гүл ою», «су» оюлары салынып, ақ құрға қызыл, жасыл, көк түспен тоқылады. Мұнысы – туған жердің тоқтамай мәңгі аққан суындай халқыңа аянбай, адал қызмет ет деген елдің жаңа түскен келінге айтатын арман-тілегі. Қысқасы, Босағаң берік болсын деген игі тілек орамал-балдақ оюы арқылы бейнеленіп, келіннің өзі де, үй іші мен істеген тамағы да таза болсын деген тілекті аңғартады.*

Көне заманнан келе жатқан өрнектердің бірі *егіз* (кейде *жұп* деп атайды) деп аталады. *Егіз* өрнегі шеңбер және шеңбердің іші бір балықтың қақ жарған екі жартысы сияқты болып бейнеленеді. Ол әлемдегі (дүниедегі) заттар егіз деген ұғымнан шыққан. Этнографиялық деректер бойынша бұл өрнектің мазмұны бойынша *ешбір дара, бір жақты сыңар нәрсе де, ұғым да жоқ. Мысалы, ай мен күн егіз, күндіз бен түн егіз, ақ пен қара егіз, өмір мен өлім егіз, баршылық пен жоқшылық егіз. Ер мен әйел, жақсылық мен жаманшылық, бақыт пен сор да егіз және бірінің орнын бірі басып ауысып отырады деген ұғымды білдіреді екен.*

Шеңбер бейнесіндегі оюлар кейбір зерттеу еңбектерінде таңбалық ою-өрнектер деп қарастырылып жүр. Осы жағынан алғанда *шеңбер* оюы ұлы жүз ішіндегі дулат тайпасының және кіші жүз ішіндегі табын руының, *тұмар* – ұлы жүз ішіндегі ошақтының таңбасы. *Балта* оюы – орта жүз ішіндегі балталы руының, *айшық* орта жүздегі сарыжомарт руының, *қосдөңгелек* орта жүз ішіндегі арғын тайпасының таңбасы ретінде түсіндіріледі.

Жербедері пішінді ою-өрнектердің идиоэтикалық семантикасы. Жер – су бейнесінен алынған ою-өрнектер адамның өмір жолы мен адамға тән қасиеттерді тұспалдайды. *Тау* аталатын ою — мықтылықтың, сабырлықтың символы. Өрнектің ел арасындағы мәні – *елге жасаған жақсылығын мәңгілік болсын, таудай күшті, құдіретті бол* дегенді білдіреді. *Қайнар* оюы өсіп-өркендеуді білдіреді. *Қайнар* – дарқандықтың, молшылықтың нышаны. Бұл ою суды киелі санауға байланысты қалыптасқан. *Бұлақ көрсең, көзін аш, суға түкірме* тәрізді аталар сөзі (нақыл, тыйым) «сауап болады», «киесі ұрады» тәрізді ертеден келе жатқан ұғым-түсінікті қамтиды. *Су, толқын, ирек, ирек су* тәрізді



оюлар адам баласының өмір жолын тұспалдайды. Осы ою түрлері арқылы өмір жолында кедергілер болмасын, суша ағып үлкен жетістіктерге жете бер деген тілекті аңғартады. Аталған оюлар ирек, кейде түзу сызықтардың сынықтары, кейде доғал сызықтардың ұштасуы арқылы да жасалады. *Су жүрген жер – шүлен* дейді халық даналығы. *Шүлен* – ырыс, молшылық, байлық. Судың жер бетіндегі тіршілік үшін қаншалықты маңызды екені осы бір ауыз сөзге сыйып тұр. *Сусыз өмір жоқ, өтсіз темір жоқ, Жер тоймай, ел тоймайды, Сулы жер – нулы жер, Бұлақты жер – тұрақты жер* т.б. осы тәрізді логика эталондары – тұрмыс-тіршіліктің көркем сөзбен өрілген нақтылы айғағы. Су тіршілік нәрі болғандықтан, аталарымыз оны қасиет тұтып, орынсыз ысырап етпей, шашып-тоқпей «судың да сұрауы бар» деп, ұқыпты пайдалануға айрықша мән берген. Халық қиялынан суға байланысты туған аңыз әңгімелер оте көп.

Аңыз әңгімелердің бірсыпырасында колөнерінің барлық саласында дерлік кездесетін, су атымен аталатын оюдың қалай шыққаны баяндалады. Халық аңызы бойынша, ертеде Сұмырай деген хан болыпты. Ен дәулетке көзі тоймаған хан байлық бастауы – су біткенді өзімдікі деп жар салып елді, малды, жан біткенді қырғынға ұшыратады. Суды өзіне ғана түсетін байлық көзіне айналдырады. Халық күреске шығып, ханның қолшоқпарларынан су бар жерлерді жасырып қалуға тырысады. *Сұмырай келсе, су құрыр* деген мақал содан қалыпты дейді. «*Су үшін болған күресте хан халық арасынан шыққан, он саусағынан өнері тамған шебер қыз Райханның бес саусағын шауып тастапты. Ақыры халық жеңіп, Сұмырайханды өлтіреді. Жер – ана Райханның бес саусағын бес тармақты гүл етіп, жер бетіне жайқалтып өсіреді. Жер-ана мұндай мирас-белгі жасағанда, ел анамыз да бос қалмапты. Ханға қарсы су үшін болған қырғынды ризық үшін болған қырғын деп атап, халықтың ою-өрнек, әшекей өнерінде де «су» деген өрнекпен мәңгі қалдырыпты»*

Суға байланысты ою-өрнек атаулары үлкен өзен бойын мекендейтін халықтың тілінде жиі ұшырайтыны да кездейсоқ емес. Мәселен, Сыр бойы қазақтарында *толқын, дария* т.б. атаулар бар. Бұл атаулардың нақтылы өмір тәжірибиесінен алынғандығы анық. Қазақ кілемдерінің ортасына терілетін көл аталатын ою-өрнек мотивтері көшпелілер тіршілігінің кеңістігін, судың тіршіліктің нәрі және қорғаныс қызметін атқарғандығын аңғартады. Нұрсан Әлімбайдың пікірінше, «*көл – мамыражай тоқ тіршіліктің, молшылықтың символы. Өркендеу идеясының жүзеге асуын білдіреді. Ал көлді қоршаған қорған (кейде қорғанның ортасы мен екі қапталына гүл өрнегі жалғаса теріледі), су қазақтардың тіршілік кеңістігінің тұтастығын және қорғанысының мықтылығын, мызғымастығын білдіреді. Ал осы үшеуі тұтасып «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман» дегеннің оюмен бейнеленген мазмұны болып шығады».*

Сонымен, ою-өрнектің шығу тарихы ерте замандарда адамдардың алғашқы қарапайым құралдармен еңбек ете бастауымен, тіршілікке икемделуімен, өзін қоршаған

әлем туралы мифтік наным-сенімдерімен, өмір сүріп отырған ортаны танып-білуімен, табиғи байлықтарды игеруімен, кәсіп түрлерінің (аңшылық, малшылық, егіншілік) шығуымен байланысты танып білгендерін, көрген-түйгенін тасқа, үңгірге, одан әрі ағашқа, теріге, матаға, темір мен түсті металдарға бейнелеп түсірумен байланысты қалыптасқан. Зат бетіне салынатын ою-өрнектер сәндік үшін қолданылуымен бірге ойды жеткізу, дүние туралы ұғым түсініктерін білдіру, наным-сенімдерді берік ұстап, оларды қастерлеу, кәсіп пен шаруашылық түрлерін бейнелеу және т.б. қызмет атқарған. Қысқасы, халықтың тәжірибелік білімдері мен әртүрлі болжамдары, пайымдаулары ою-өрнектерде көрініс тапқан. Алайда, ою-өрнектер ойды білдірудің ерте заманнан келе жеткен бейвербальды (тілдік емес), эстетикалық таңбалар жүйесіне жатады. Олардың этномәдени ортада, тілдік ұжымда сөзбен айтылып, ұрпақтан-ұрпаққа таралуы бейвербальды таңбалардың экспликациялануы (тілдік таңбаға айналуы) болып табылады. Ою-өрнектің композициялық құрылымы тәрізді оның түсі де белгілі бір ұғымның нышаны болған. Мәселен, көк – аспанның, ақ – шындықтың, қуаныштың, бақыттың, қызыл – оттың, жастықтың, сары – сабырдың, ақылдың, жасыл – көктем мен жастық шақтың, қара жердің символы ретінде қолданылған.

Ою-өрнектің сыр-сипаты туралы деректер ертегілер мен аңыз әңгімелерде, паремиологиялық қорымызда ұшырасады. Мысал ретінде төмендегідей мақалдарды келтіруге болады: *Өз үйінде ою оймаған кісі үйінде сызу да сыза алмас; Ою ойғанның ойы ұшқыр; Үлгісі көптің өрнегі көп, Өрнегі көптің ермегі көп; Ойсыздан оюшы шықпайды; Ою ойған сызу да сызады; Кестені көңіл сызады, қол тігеді, көз сынайды; Сызу сызғанның сиқыры бар; Өрнегіне қарай өрмегі және т.с.с.*

Әдеб.: *Радлов В.В.* Опыт словаря тюркских наречий. Т. I-IV. СПб., 1891-1911; *Дудин С.М.* Киргизская орнаментика // Восток. М., 1925. №4. С.164-182; *Шнейдер Е.Р.* Казахская орнаментика // Казахи. Антропологическое очерки. Под ред. С.И. Руденко. Л.: Издание АН СССР, 1927. С.135-172; *Чепелев В.Н.* Искусство советского Узбекистана. М., 1935; Казахский народный орнамент. Зарисовки художника Е.А. Клюдта (вводная статья и примечания к таблицам В. Чепелева). М.: Искусство, 1939; *Басенов Т.К.* Казахский народный орнамент. Алма-Ата: Художественная литература, 1958; *Марғұлан Ә.Х., Басенов Т., Меңдіқұлов М.* Қазақстан архитектурасы. Алматы: Қазмембас, 1959; *Масанов Э.А.* Казахское войлочное производство во второй половине XIX нач. XX вв. // ТИИАЭ АН КазССР. Т. VI. Алма-Ата, 1959. С. 104-126; *Муканов М.С.* Резьба по дереву у казахов // ТИИАЭ АН КазССР. Т. VI. 1959; *Оразбаева Н.А.* Искусство резьба по кости у казахов // ТИИАЭ АН КазССР. Т. VI. 1959. С. 144-158; *Масанов Э.А.* Кузнечное и ювелирное ремесло во второй половине XIX нач XX вв. // ТИИАЭ АН КазССР. Т. XII. 1961. С. 148-170; *Акишев К.А., Қушаев Г.А.* Древняя культура саков и усуней долины реки Или. Алма-Ата: АН КазССР, 1963; *Масанов Э.А.* Заметки о резьбе по кости и камню у казахов (вторая половина XIX нач. XX вв.) // ТИИАЭ АН КазССР. Т. XVIII. 1963. С. 103-122; *Захарова И.В., Ходжаева Р.Д.* Казахская национальная одежда: XIX-нач. XX в. Алма-Ата: Наука, 1964; *Марғұлан А.Х.* Казахская юрта и ее убранство. М.: Наука, 1964; *Қасиманов С.* Қазақ халқының колөнері. Алматы: Қазақстан, 1969; *Оразбаева Н.А.* Народное декоративно-прикладное искусство казахов. Л.: Аврора, 1970; *Айдаров Т.* Қазақ тілінің лексикалық ерекшеліктері. Алматы: Мектеп, 1975; *Тәжімұратов Ә.* Шебердің қолы ортақ. Алматы: Қазақстан, 1977; *Муканов М.С.* Қазақские домашние художественные ремесла. Алма-Ата: Казахстан, 1979; *Медоев А.* Гравюры

на скалах. Ч. I. Алма-Ата: Наука, 1979; *Муканов М.С.* Казахская юрта. Алма-Ата: Қайнар, 1981; *Сарыбаев Б.* Қазақтың музыкалық аспаптары. Алматы: 1981; *Галаннина Л.К., Доманский Я.В., Смирнова Г.И.* Скифы. Путеводитель по выставке. Ленинград: Искусство, 1981; *Джанибеков У.* Культура казахского ремесла. Алма-Ата: Өнер, 1982; *Ақпиев К.А.* Искусство и мифология саков. Алма-Ата: Наука, 1984; *Тохтабаева Ш.Ж.* Казахские ювелирные украшения. Алма-Ата: Өнер, 1985; *Марғұлан Ә.* Ежелгі жыр, аңыздар. Алматы: Жазушы, 1985; *Уәлиханов Ш.* Таңдамалы. 2-бас. Алматы: Жазушы, 1985; *Арғынбаев Х.* Қазақ халқының колөнері. Алматы: Өнер, 1987; Ахмед Ясауи сәулет ғимараты. Алматы: Өнер, 1988; *Марғұлан А.Х.* Казахское народное прикладное искусство. Т. I-III. Алма-Ата: Өнер, 1986-1990; Жүннен жасалатын бұйымдар (құрастырған Қ. Мұқанов). Алматы: Қайнар, 1990; *Нығмет М.* Қазақтың ұлттық колөнері. Өлгий, 1991; *Әбдіганбарова Ұ.* Оюмен ой айтқан елміз // Ана тілі, 1993, №13 (158); *Төленбаев С., Өмірбекова М.* Қазақтың ою-өрнектерінің жасалу жолдары. Алматы: Қазақстан – «Қағанат» ЛТД, 1993; *Шойбеков Р.Н.* Қазақ зергерлік өнерінің лексикасы. Алматы: Қазақстан, 1993; *Ибраева К.* Казахский орнамент. Алматы: Өнер, 1994; *Жәмекұлы М.* Орысша-қазақша өнертану сөздігі. Алматы: Ана тілі, 1994; *Нәлібаев А.* Ағаш ою. Алматы: Өнер, 1994; *Асанова С.Ж.* Қазақтың ұлттық киімдері. Алматы: Атамұра, 1994; *Әбдіганбарова Ұ.* Оюлы текеметті ойдыр, әже // АТ. 1994; №32 (11 тамыз); *Өмірбекова М.* Ою-өрнектің қолданылуы. Оқу құралы. Алматы, 1995; *Жәнібеков Ә.* Жолайырықта. Алматы: Рауан, 1995; *Ақайқызы З.* Ою-өрнек ой айтар. Алматы: Рауан, 1996; *Жәнібеков Ә.* Қазақ киімі. Альбом. Алматы: Өнер, 1996; Ежелгі Отырар, Альбом-кітап. Құраст.: Нұсбақайұлы Ж., Жәнібек Ә.). Алматы: Рауан, 1997; *Ақайқызы З.* Сырмақ // Қазақстан әйелдері. 1997, №6. 30-31 бб; *Нұрпейісов Ә.* Қазақ халқының ою-өрнегі. Алматы: Өнер, 2002; *Өмірғазин Қ.* Қазақ колөнері. Алматы: Дайк-Пресс, 2004; *Кажалилы А. Ою* и ой. Алматы, 2004; *Бекназаров Р.А.* Қазақтың дәстүрлі тас қашау өнері. Алматы: Типография ОП, 2005; *Өмірбекова М.Ш.* Энциклопедия. Қазақтың ою-өрнектері. Алматы: Алматыкітап ЖШС, 2005; Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: Аруна, 2005; *Байділдаұлы Ш.* Қазақтың ою-өрнектері. Альбом (1-кітап). Алматы: Өнер, 2006; *Ахметжан Қ.С.* Қазақтың дәстүрлі қару-жарағының этнографиясы. Ғылыми редактор және алғы сөздің авторы Нұрсан Әлімбаев. Алматы: Алматыкітап, 2006; *Байділдаұлы Ш.* Қазақтың ою-өрнектері. Альбом (1-кітап). Алматы: Өнер, 2006; *Шоқпарұлы Д., Дәркембайұлы Д.* Қазақтың қолданбалы өнері. Алматы: Алматыкітап, 2007; *Фокина Л.В.* Орнамент. Учебное пособие. Ростов-на-Дону: Феникс, 2007; *Қарабекова Р.И., Жұбаниязова Т.Қ.* Орта ғасырлардағы киіз басу, кілем тоқу, кесте тігу, шым ши тоқу өнері // Қазақ өнерінің тарихы. 3 томдық (орта ғасырлар дәуірі). II том. Алматы: Өнер, 2007; *Мұхамеджанұлы З.* Қазақтың кесте өнері. Алматы: Алматыкітап, 2008; *Ысқаққызы Ә.* Сырмақ өнері. Алматы: Алматыкітап, 2007; *Асанова Б., Птицина А.* *Әбдіганбарова Ұ.* Қазақ ұлттық ою-өрнектерінің тарихы және теориясы. Астана: Фолиант, 2008; Қазақстанның ежелгі көшпелілер мәдениеті: археологиялық коллекция. Ғылыми басылым. Жоба жетекшісі Нұрсан Әлімбаев. Алматы, 2009; Қазақтың дәстүрлі киім-кешегі. Ғылыми каталог. Ғылыми редактор және жоба жетекшісі – Нұрсан Әлімбаев. Алматы: Өнер, 2009; *Шайкеш Ж.* Орнамент в народном зодчестве средневекового Тараза // Тезисы докладов VIII конгресса этнографов и антропологов России. Оренбург, 1-5 июля 2009 г. С. 110; *Бесчастнов Н.П.* Художественный язык орнамента. Учебное пособие для студентов вузов, обучающихся по специальности «Дизайн». М.: Владос, 2010; *Плеубекұлы Т.* Қазақтың ою-өрнектері мен зергерлік бұйымдары. Оқу құралы. 2-басылым. Алматы: Фолиант, 2012; *Әлімбаев Н.* Дәстүрлі қазақ кілемі мен шаруашылық және тұрмыстық токыма бұйымдар: түрлері, композициясы, семантикасы // Қазақ кілемдері мен токыма бұйымдары. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық музейі коллекциясынан (ғылыми каталог). Алматы: ICOS, 2012. 5-31 бб; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ОЮШЫ – ою-өрнек салушы, өрнекші. Оюшы мен өрнекшінің мағынасы жақын болғанмен, аздап айырмасы бар. Кейбір өңірде ойып, жапсырып, сырып өрнек салумен шұғылданатын шебер *оюшы*, ал тігіп, кестелеп ою-өрнек салушыларды *өрнекші* дейді. Алайда бұл жеке кәсіп ретінде жіктелмеген. Тек ел ішінде түрлі матадан, киізден,

былғарыдан неше түрлі ою-өрнектің үлгісін мінсіз етіп жасайтын шеберлер болған. *Оюшы* деп осындай адамдарды атаған. Басқа шеберлер ою-өрнекті өздері жасаумен бірге кейде осындай дайын үлгілерді де пайдаланған (**қ. Ою-өрнек**).

Әдеб.: *Қасиманов С.* Қазақ халқының колөнері. Алматы: Қазақстан, 1969; *Нәлібаев Ә.* Ағаш ою. Алматы: Өнер, 1994; *Раимханова К.Н.* Ата кәсіп (этнографиялық зерттеу). Алматы: Қазақстан, 2001; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ОЯЗ - Ресей империясының қазақ өлкесінде орныққан отарлау жүйесіндегі басқару институттарының бірінің қазақы атауы. Орыс тіліндегі уезд терминінің қазақы түрленген нұсқасы. XIX ғ.-дың екінші жартысында Қазақстан территориясы Батыс Сібір, Орынбор, Түркістан әскери генерал-губернаторлықтардың құзырына бөлініп берілді. Аталған генерал-губернаторлықтардың құрамындағы қазақ өлкесі Орал, Торғай, Ақмола, Семей, Жетісу, Сырдария, Закаспий облыстарына, облыстар ояздықтарға бөлінді. О. әкімшілік, полицейлік, қазыналық басқарудың ең төменгі сатысындағы бірлік болды. Өз кезегінде ояздық өкіріктерге (округ), өкіріктер бірнеше болыстықтарға (волость) бөлінді (**қ. Өкірік**). Ал болыстықтар ауылдардан тұратын. Қазақ жеріндегі облыс әкімшілік құқық жағынан Ресей империясының ішкі аудандарындағы губерниямен тең болды. О. бастығын генерал-губернатор тағайындайтын орыс әкімдері басқарды. О. бастығының дәстүрлі қазақы ортадағы атауы – *оязнай* (**қ. Оязнай**). Ал өкіріктерді қазақтан шыққан аға сұлтандар басқаратын. Қазақ жеріне әкімшілік басқару жүйесін егізу барысында оязнайлыққа көбінесе, әскери қызметтегі адамдар тағайындалғаны белгілі. Сот, полицейлік, әкімшілік билік О. денгейінде шоғырланды. Тіпті О. – дағы әскери әскери күштер тікелей оязнайға бағынды. Әкімшілік басқару жұмысын білмейтін қазақтарды жау, жабайы һәм анайы санаған отаршыл пиғылдағы әскери О. бастығының паракорлығы, ашкөздігі, қатыгездігі оның қазақы ортада жағымсыз образының қалыптасуына алып келді. Мұндай жайтты тіпті орыс әкімшілігінің кейбір көзі ашық өкілдері де мойындады. Мысалы ретінде 1905 жылы Түркістан генерал-губернаторы Д.И. Суботичтің жоғарғы орыс билігіне жазған рапортынан төмендегідей үзінді келтіруге болады: «*Біз Түркістанды қырық жыл иемденгенімен, осы күнге шейін, әкімшілікте жергілікті тіл білетін адамдарды саусақпен санап алуға болады, сот ведомствосында одан да аз. Жағдай өте жаман. Жергілікті халықтың тілін білмей тұрып, түрлі соттасу, даулы мәселерді шешу түгілі, жалпы басқаруды қалай жүзеге асыруға болады?*».

Әдеб.: Сборник материалов по вопросу об изучении туземных языков служащими по военно-народному управлению Туркестанского края Ташкент, 1906; *Толыбеков С.Е.* Кочевое общество казахов в XVII-начале XX века. Политико-экономический анализ. Алма-Ата: Наука, 1971; Хозяйство казахов на рубеже XIX-XX веков. Материалы к историко-этнографическому атласу. Алма-Ата: Наука, 1980; Центральная Азия в составе Российской империи. Москва: Новое литературное обозрение, 2008; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.



ОЯЗНАЙ – оязды басқаратын басшының – уезд бастығының қазақша атауы. Яғни, «*уездный начальник*» деген орыс сөзінің қазақ арасында қолданыс барысында өзгерген түрі. Әдетте О.-лыққа патша өкіметінің қызметіндегі шенеуніктерді генерал-губернатор тағайындады. О.-ға ояздағы сот, полицей, пошта, оқу ағарту, сауда, баж қызметі бағынды. Сөйтіп, О.-дың қолына жергілікті басқару билігінің бәрі шоғырланды. О.-лыққа алғашқы кезде қазақ жерінде қызметін өтеп жүрген орыстың әскери шенділері тағайындалса, кейін биліктің нығаюына байланысты метрополиядан жіберілген шенеуніктер тағайындалатын болды. Қазақтың өзін-өзі басқару жүйесіндегі *ага сұлтан* және *болыс* сияқты қызметке сайлау негізінде өткізілгенімен, оларды аталмыш міндеттерге тағайындап бекіту О.-дың құзырында болатын. Тіпті, әлгі сайлаудың нәтижесін О.-дың өз бетімен жоққа шығарып, қайта сайлау өткізіп немесе бекітпей қоюға құзыры болған. Бұл үрдіс сайлаудың көзалдау үшін ғана өткізілгендігін айғақтайды. Мұндай жағдай парақорлықтың шектен тыс өрбуіне әкеліп соқтырғаны белгілі. Осыған байланысты О.-лар өз ояздығында «*өзі би, өзі төре*» болғандықтан, көптеген жағдайда оспадарлық мінез көрсетіп, парақорлықтарымен әйгілі болған. О. әкімдік аппараты тегіс дерлік жергілікті тілді білмейтін шенеуніктерден қалыптасып, екі ортада тілмаштық қызметті көбінесе татарлар және азды көпті орысша білетін қазақтан шыққан тілмаштар атқаратын. Тілмаштар институты парақорлықтың қосымша негізі болып, халыққа көптеген ауыртпашылық әкелді.

*«Өзі зальым зәкүниік,
Біліп алған талайды.
Көрмей тұрып түсерсің
Темір торлы сарайды...»* –

деген Абайдың әйгілі өлең жолдары осы жайтқа байланысты айтылса керек.



Оязноймен кездесу. ҚР MOM қорынан (КП 10438/165)

Дейтұрғанмен, О.-лардың арасында сирек те болса жергілікті халықтың тарихы мен мәдениетіне қызығушылық танытқан көзі ашық адамдардың да болды. Сондай О.-лардың бірі ретінде Жетісу облысының Лепсі оязының бастығы де Лазари Константин Николаевичты айтуға болады. де Лазари К.Н. О. болып тұрған кезінде 1997-1898 жылдары аралығында Ұлы Петр атындағы Кунсткамераға қазақтардың тұрмыс тіршілігі жайлы көптеген этнографиялық және фотоматериалдарды тапсырды. Қазір бұл материалдар Кунсткамера қорының қазақ этнографиясына қатысты елеулі коллекциясын құрайды.

Әдеб.: Толыбеков С.Е. Кочевое общество казахов в XVII-начале XX века. Политико-экономический анализ. Алма-Ата: Наука, 1971; Хозяйство казахов на рубеже XIX-XX веков. Материалы к историко-этнографическому атласу. Алма-Ата: Наука, 1980; Прищепова В.А. Иллюстративные коллекции по народам Центральной Азии второй половины XIX - начала XX века в собраниях Кунсткамеры. СПб.: Наука, 2011; Центральная Азия В составе Российской империи. М.: Новое литературное обозрение, 2008; ҚР MOM – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.